ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ МЕН ҚОЛДАНУДЫҢ
2011-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК
БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ШЫҒАРЫЛДЫ

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарылған 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» бойынша «Тілтаным» Бас редакция алқасы:

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД – *бас редакция алқасының төрағасы, министр*
Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ – *ф.ғ.д., проф., төраға орынбасары*
Өмірзақ АЙТБАЕВ – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Телғожа ЖАНҰЗАҚ – *ф.ғ.д., проф.*
Әбдуәли ҚАЙДАР – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Мырзаберген МАЛБАҚОВ – *ф.ғ.д., проф.*
Шора САРЫБАЕВ – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Рәбиға СЫЗДЫҚ – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Нұргелді УӘЛИ – *ф.ғ.д., проф.*
Көбей ХҰСАЙЫН – *ф.ғ.д., проф.*
Рүстембек ШОЙБЕКОВ – *ф.ғ.д., проф.*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ
ТІЛ КОМИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ

Он бес томдық

VIII том
К - Қ

АЛМАТЫ
2011

УДК 80/81(038)
ББК 81.2 Қаз-4я2
Қ 17

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті
«Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Жалпы редакциясын басқарған
Ахмеди Ысқақов, Нұргелді Уәли

Томның редакторы
О.Жұбаева

Сөздікті құрастырушылар:
Қ.Күдеринова (кешкіғұрым – килька), **О.Жұбаева** (киме – көйлекті), **М.Жолшаева** (көйлектік – көрікті), **Қ.Габитханұлы** (көріктік – күмістен), **Н.Әшімбаева** (күмістендір – кінәраташыл), **А.Үдербаев** (кінәраташылдау – қабақ[1]), **А.Иманғазина** (қабақ[2] – қазанат).

Арнаулы редакциялық топ:
А.Жаңабекова(жауапты шығарушы)**, О.Жұбаева, Қ.Күдеринова, А.Үдербаев, А.Фазылжанова** (жауапты шығарушы)**, Р.Шойбеков**

Қ 17 **Қазақ әдеби тілінің сөздігі.** Он бес томдық. 8-том / Құраст.: Қ.Күдеринова, О.Жұбаева, М.Жолшаева және т.б. – Алматы, 2011.
8-том. – К–Қ. – 744 б.

ISBN 978-601-7293-19-2

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген бұл сөздік – қазақ тілінің сөз байлығын молынан қамтитын «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты он бес томдық түсіндірме сөздіктің сегізінші томы.

Аталмыш томда сөздік бірліктер әліпби тәртібімен беріліп, олардың мағыналары ықшам түрде түсіндіріледі, грамматикалық, стильдік мағыналары сараланып, кейбір сөздердің қолданылу аясы мен саласы, этимологиясы көрсетіледі.

Сөздік негізінен көпшілік қауымға – баспасөз, ғылым, білім, мәдениет, оқу-ағарту қызметкерлеріне, ана тілін тереңірек білсем, қазақ тілін үйренсем деген жұртшылыққа арналады.

УДК 80/81(038)
ББК 81.2 Қаз-4я2

ISBN 978-601-7293-19-2 (Т. 8)
ISBN 978-601-7293-11-6

© Тіл білімі институты, 2007
© Тіл білімі институты, 2011

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

А а	**И и**	**Р р**	**Ш ш**
Ә ә	**Й й**	**С с**	**Щ щ**
Б б	**К к**	**Т т**	**Ъ ъ**
В в	**Қ қ**	**У у**	**Ы ы**
Г г	**Л л**	**Ұ ұ**	**І і**
Ғ ғ	**М м**	**Ү ү**	**Ь ь**
Д д	**Н н**	**Ф ф**	**Э э**
Е е	**Ң ң**	**Х х**	**Ю ю**
Ё ё	**О о**	**Һ һ**	**Я я**
Ж ж	**Ө ө**	**Ц ц**	
З з	**П п**	**Ч ч**	

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУ

а в и а ц. – авиациялық
а л ғ ы с. – алғыс сөз
а н а т. – анатомиялық
а н т р. – антропологиялық
а ң ш. – аңшылық
а р х е о л. – археологиялық
а с т р. – астрономиялық
а у ы л ш а р. – ауылшаруашылық
а у ы с. – ауыспалы мағына
а ф р и к а. – африка тілдері
ә д е б. – әдебиеттану
ә л е у м. – әлеуметтік
ә с к. – әскери
б а ғ. т е р. – бағалы терілер
б а л а т і л і – бала тіліне тән сөзқолданыс
б а т а. – бата
б е й н. – бейнелі сөзқолданыс
б е й п і л. – бейпіл сөз
б и о л. – биологиялық
б и о х и м. – биохимиялық
б о т. – ботаникалық
в е т. – ветеринарлық
г е о г р. – географиялық
г е о л. – геологиялық
г е о м. – геометриялық
г е о ф и з. – геофизикалық
г и д р. – гидрологиялық
д и п л. – дипломатиялық
д і н и. – діни
е г і н. – егіншілік
е л і к. – еліктеуіш сөз
е р к е л е т у. – еркелету
е с к і к і т. – ескі кітаби
е с і м. – есімдік
е т. – етістік
ж а ғ ы м с ы з. – жағымсыз
ж а қ т ы р м а у. – жақтырмау
ж а ң а. – жаңа сөз
ж е р г. – жергілікті сөз
з а ң. – заң
з а т. – зат есім
з е р г. – зергерлік
з о о л. – зоологиялық
и н ф. – информатикалық
к ә с. – кәсіби сөз
к е к е с і н. – кекесін

к е л е м е ж. – келемеж
к е н. – кен ісі
к о н т е к с т. – контекстік мағына
к ө л і к. – көлік қатынасы
к ө н е. – көнерген сөз
к ө т е р. – көтеріңкі стиль
к і т. – кітаби стиль
қ а р а п. – қарапайым сөз
қ а р ғ. – қарғыс сөз
қ а р ж ы. – қаржы термині
қ о ғ.-ә л е у м. – қоғамдық-әлеуметтік
қ о ғ.-с а я с и. – қоғамдық-саяси
қ о л ө н е р. – қолөнер
қ ұ қ ы қ. – құқықтық
қ ұ р. – құрылыс
л и н г в. – лингвистикалық
м а қ т а ш а р. – мақташаруашылық
м а л ш а р. – малшаруашылық
м а т. – математикалық
м е д. – медициналық
м е н с і н б е у. – менсінбеу
м е т а л л. – металлургиялық
м и н. – минералогиялық
м и ф. – мифологиялық
м о д. – модаль сөз
м у з. – музыкалық
м ы с қ ы л. – мысқыл
о д. – одағай
о й ы н. – ойын
ө н е р. – өнертану
ө с. – өсімдік
п е д. – педагогикалық
п о л и г р. – полиграфиялық
п о э т. – поэтикалық
п с и х. – психологиялық
р е н і ш. – реніш
р е с м и. – ресми
с а н. – сан есім
с а я с и. – саяси
с а я т. – саятшылық
с ә у л е т. – сәулет өнері
с и р е к. – сирек қолданылатын сөз
с о в е т. – советизм
с ө й л. – сөйлеу
с п о р т. – спорт
с т а т. – статистикалық
с у ш а р. – сушаруашылық
с ү й с і н у. – сүйсіну
с ы н. – сын есім
т а б у. – табу сөз
т а м а қ. – тамақ өнеркәсібі
т а р. – тарихи
т е а т р. – театртану
т е р м. – термин
т е х. – техникалық
т о қ ы м а. – тоқыма
т ү й е ш а р. – түйешаруашылық
т і л е к. – тілек сөз
ү с т. – үстеу
ш ы л. – шылау
ф и з. – физикалық
ф и з и о л. – физиологиялық
ф и л о л. – филологиялық
ф и л о с. – философиялық
ф о л ь к. – фольклор
х и м. – химиялық
ш а х м. – шахмат термині
э к о л. – экологиялық
э к о н. – экономикалық
э к с п р. – экспрессивті
э м о ц. – эмоциялық
э н е р г. – энергетикалық
э п о с. – эпостық
э т н. – этнографиялық
ағыл. – ағылшын тілі
ар. – араб тілі
голл. – голланд тілі
грек. – грек тілі
жапон. – жапон тілі
исп. – испан тілі
итал. – итальян тілі
қыт. – қытай тілі
лат. – латын тілі
малай. – малай тілі
моңғ. – моңғол тілі
нем. – неміс тілі
порт. – португал тілі
поляк. – поляк тілі
ор. – орыс тілі
тат. – татар тілі
франц. – француз тілі
эфиоп. – эфиоп тілі

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

[ ] тік жақша – ир., ар., лат., грек. т.б. тілдерден енген сөздің этимологиясы.

< > сынық жақша – терминдік мағынадағы сөздің латын, грек т.б. тілдеріндегі ғылыми баламасы.

[_ _ _] үзік сызықты тік жақша – дерексөздің қысқартылып берілуі.

≈ ықшамдалған түрде көрнекі материалдардың берілуі.

// грамматикалық мағынаның өзгеруі; сөз мағынасының басқа реңк алуы.

КЕШКІҒҰРЫМ үст. сөйл. ***Кешқұрым***. Аудандық автоклубтың шет отарларды аралағанына екі жетіден асып кетті. Бүгін *кешкіғұрым* Аршалыдағы шопандарға кинокартина көрсетті де, автоклуб қызметкерлері ертең ертемен ауданға тартпақшы еді (Б.Тәжібаев, Қараторғай).

КЕШКІЗ= ет. *Кештіру, суды тобығынан аса кештір*. Сәкен кейіпкерлері – көзі ерте ашылып, ауылдан ұзап, атқа ауыздығымен су ішкізіп, ерге етігімен саз *кешкізіп* жасалған бейнелер (Ф.Оразаев, Басты.).

КЕШКІЛ сын. жер г. ***Кескіл.*** Кең танау, *Кешкіл* маңдай, көкшиген көк (С.Бегалин, Таңд. шығ.). Боз адыр, сары шағылды Ауылым *кешкіл* деген. Бесігі пәк шағымның, Сәбилік ес білмеген (К. Сыдықов, Теңіз лебі.). Құл табан, *кешкіл* тұмсық, Бөстекбайым, Кісіге бөс берермін бір мін тапқан (Абай, Тол. жин.).

КЕШКІЛІК үст. *Кешкі уақыт, кешкі мезгілде*. Жалынды жастық... жұмыс күнін атқарып келген соң, *кешкілікте* үнемі өлең жазып, стол басында отыратынын, еңбекте үлгі, өнерде озат азамат дәрежесіне жеткенін көркем тілмен баяндап шығыпты (М.Мағауин, Ақша қар). Жай ғана көңілде жоқ қалағаным, *Кешкілік* бақты ұзақ араладым. Өбісіп те өлісіп екеу отыр. Өтіп кеттім, бұрылып қарамадым (М.Мақатаев, Шығ.). Салқын белден сары желді естіріп, Мезгіл екен күн еңкейген *кешкілік*. Бүркіт бастап кепті тойға оңшең жас, Әсем дауыс қырқа астынан естіліп (М.Айтхожина, Шығ.). Кетеді *кешкілікте* көкке өрлеп, Қосылып егіншінің әндері де (Ж.Молдағалиев, Шығ.).

Кешкілік ас. сөйл. ***Кешкі ас***. Күз еді. Жолдастардың қашты да әлі, Қармап жатыр *кешкілік астыбәрі*. Сары кекіл радист тәмпіш Петя Ұстай қойды эфирден Москваны (М.Мақатаев, Шығ.).

Күнде кешкілік. *Күн сайын кешкі уақытта*. Ойыннан өзге жоқ ойда, Болмаған әлі ес кіріп. Алаңға шығып, доп ойнап Жатамыз *күнде кешкілік* (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

КЕШКІР= ет. *Кеш болу, кеш тұсу*. Күн *кешкірген* сайын, оның жас жігіттің жалынды құшағын аңсаған құмарлығы күшейіп келеді (Ә.Әбішев, Найзағай). Күн *кешкіріп,* қараңғы тартып барады. Бір кезде біреудің келе жатқан дыбысы естіледі. Сөйтсем, Қасымхан екен (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

Кешкіріп қалды. *Кеш болуға жақындады, күн батып барады*. Күн *кешкіріп қалды*. Түнеп шығатын да жер жоқ (З.Ақышев, Ақбел.). Күн *кешкіріп қалғанын* Жұман жұрт тарай бастаған соң сезді (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

КЕШКІРТ= ет. *Күнді кешкірту, кеш қалу, кештету*. Әне қайтам, міне қайтам деп жүріп, күнді де *кешкіртіп* алдым (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

КЕШКІРТУ *Кешкірт етістігінің қимыл атауы*. Бос жүріп күнді *кешкірту* – жалқаудың ісі (Ауызекі).

КЕШКІРУ *Кешкір етістігінің қимыл атауы*. Күн *кешкіруге* айналды. Үйір-үйір қара бұлт лагерьдің үстіне қарай қонғалы келеді («Қаз. әдеб.»). Күннің *кешкіруін* Асқардың тілеу себебі – бүгін қалаға қонбақ, қызыққан жас қызды анықтап көрмек (С.Мұқанов, Ботагөз).

КЕШКІРІМ үст. сөйл. ***Кешқұрым*** (*кешке қарай, кешке жақын, кешкісін)*. Екі жас, жаңа өспірім Паркте жүрді *кешкірім*. Еріксіз сөзін естідім, Еркіндеу кетсем, кеш, жырым (Ж.Молдағалиев, Поэм.).

КЕШКІСІН үст. **1.** *Кешқұрым, кешкі мезгілде, кеш болғанда*. Алғашқы күні *кешкісін* бұған бала шақтан бірге өскен досы, мығым денелі, жалпақ бет, бадырақ көз Бәукен кірген (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Сөйтіп, әкесі өлген соң үш күннен кейін *кешкісін* Ұлтуған үйде жалғыз қалған (С.Мұратбеков, Жабайы.). Іштегі, тыстағы жайларды ойлап, қатты қиналған Тәңірберген *кешкісін* ауыл сыртына шығып, көз байланғанша жүрді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **2.** *Іңір қараңғысында, ұйықтар мезгілде*. Желбегей, шапан ескісі Жетеді маған, бауырым-ай, Есенсау жатып *кешкісін*, Ертесін түрсам ауырмай! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

КЕШКІТҰРЫМ үст. сөйл ***Кешқұрым.*** Жанақ сапылдап сөйлеп отыр еді, оның *кешкітұрымқарауыта көрінген қара тымақты, қара сақалды кескініне Жарбол елеңдей қарады (Ғ.Орманов, Жүрек.). Аман-есен асудан асып, олар кешкітұрым концерт қоятын ауылға да жетті. Ауыл жастары *кешкітұрым* алтыбақан тепкенде, оның ырғағына әнмен қосылды (А.Жұбанов, Құрманғазы).

КЕШҚАЛА зат. тар. *Қамал-қала, қорғаныс, бекіністер*. Ежелгі қамал-қалалар орнына берік бекіністер – қорғаныс орындары (*кешқалалар*) тұрғызылып, уақыт өте келе цитадельдерге айналды. Нәтижеде сырты қорғаныс қабырғалармен ортаазиялық шахиристандар пайда болды («Парасат»).

КЕШҚҰРЫМ үст. *Кешке таман, кешке қарай*. Күн сайын таңертең алған тапсырманың орындалуын *кешқұрым* келіп, өзіне баяндайтынбыз (Б.Момышұлы, Біздің генерал.). Керемет күш Кернеп шығып жер төсін Кесірлердің түп-тамырын өртесін! Деген оймен жатамын да *кешқұрым*, Тек сол оймен оянамын ертесін (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Дала жатыр. Дала – сал, Дала – керім. *Кеш-*

қ ұ р ы м, бейуақыт, алакеуім. Қосшы жігіт ағытып ат айылын, Отқа қойды Шоқанның қарагерін (М.Мақатаев, Шығ.). *К е ш қ ұ р ы м* ыстық тарап, сағым қашқанда терістікте сонау жер түбінен Қаратаудың шоқылары бұлдырайды (Ә.Кекілбаев, Дала.).

КЕШҚҰРЫН үс т. с ө й л. ***Кешқұрым.*** Отымның басын бермейді, іздеген жоғы табылып, Керейұлы Келмембет, Сендер де келдің сабылып. Киіз ілмес *к е ш қ ұ р ы н* Танымаушы едім ешбірін (Қамбар батыр). Көктем сайын ебелегін күйретіп, Сайға тайды тұсайтын бас үйретіп, Сол жылғадан шығушы еді *к е ш қ ұ р ы н,* Бота, бұзау арқандарын сүйретіп (Х.Ерғалиев, Біздің ауыл.). Бір күні *к е ш қ ұ р ы н* Жұмақұл қарт қойдан келгенде, көк қозының түрегеп тұрғанын көрді (С.Алдабергенов, Әңгім.).

КЕШ-МЕШ үс т. *Ертелі-кеш, ерте демей, кеш демей.* Өзі алған ойды-қырды байым Маман, Шалқып тұр шартарапқа несібесі. Ағылған уысына аймақ малы, Демейді келерінде *к е ш і-м е ш і* (М.Әуезов, Айман-Шолпан).

КЕШПЕ с ы н. *Кешіп өтетін, тобықтан келетін (су).* Он кісі Қыпшақпенен жолдас болып, Тоңқайма барды Шеген базарына, Дуанға жиналыпты жұрттың көбі, *К е ш п е* су болады екен төңірегі (Айтыс). Демалысқа дейін екі күн, бір түн бар, ол осы *к е ш п е* суда өтетін түн (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). // *Кешіп өтетін су.* Екі кісі бас қосып, су жайлы әңгіме қозғаса: – Бұл маңдағы үйрек-қаздан күн көрінбейтін, ағысы арынды *к е ш п е л е р* астымен ақ қайранды бауырлап, балықтар жосып жататын, – деп, ауыздарының суы құрып отыратын (А.Мекебаев, Жезтырнақ).

КЕШПЕК з а т. *Кешуге болатын, кешетін жер. К е ш п е г і* жоқ – Қалтылдақ қайық мініп ескегі жоқ, Теңізде жүрміз қалқып, кешпегі жоқ (А.Байтұрсынұлы, Шығ.).

КЕШПЕС с ы н. *Кешіруге болмайтын.* Бұрындықтың Қарашың батырға қарсы шықпасқа лажы жоқ-ты. Оған деген елінің кегінен де бөтен, өзінің де *к е ш п е с* өшпендігі бар-тын (І.Есенберлин, Алмас.). Соны біле тұра осы төңіректің игі жақсылары сіздер Нұржамал мен Еркебұланға адам түгіл, Құдай *к е ш п е с* күнә істегелі отырсыздар (І.Есенберлин, Қатерлі.).

КЕШПЕСТЕЙ үс т. *Енді кешіре алмайтындай.* Темірханның дөрекі қылығына *к е ш п е с т е й* ренжіген адамға ұқсайды. Әлде әлгі қалжыңнан секем алып, таза киінген, галстук таққан, әкесі ударник, өзі отличник Мансұрдан Сәлиманы қызғанып тұр ма?.. (М.Гумеров, Хазірет.). – Темірханды қара! – деді Әдеп күліп. – Әй, соны қойшы. Қу шолақ! – деді Рүстем. *К е ш п е с т е й* өкпелеген тәрізді. Темірхан жаққа қараған да жоқ (М.Гумеров, Хазірет.).

КЕШТЕЙ[1] с ы н. *Кеш сияқты, кешке ұқсап.* Қабағын *к е ш т е й* жапты түс, Күп-күңгірт түнек күнді ұрлап, Аспаннан жауып ақ күміс, Түскендей жерге сылдырлап (С.Мәуленов, Жаңа арна).

КЕШТЕЙ[2] үс т. *Кеш бойы.* – Нағжан қалай, ұната ма өзіңді?! – Ойбай, ыңғай бергендей болған. Бір *к е ш т е й* сырласқанымыз бар. Өйтпесе немене мен, қыз құрып қалып па... (Д.Досжанов, Тұлпар.).

КЕШТЕТ= е т. *Кешігу, кеш қалыңқырау.* Екеуінің біртүрлі жарастықтарын танығандай иштері бұлар *к е ш т е т і п* киноға барса да іштерін жимайтын (К.Сегізбаев, Ашылма. сыр.). Анада Сұлтанмұрат үйінен шығып, Қараталға *к е ш т е т е* жеткенде Ақан Құлагердің қайың қорасының алдына шөккен төрт нарды көзі шалып, тұрып қалған (С.Жүнісов, Ақан сері). Жүзіңнен толғану іздерін көремін, Анажан, ер жетті кешегі бөбегің. Бүгін де мен үйге *к е ш т е т і п* келемін, Күлсең күл, ал бірақ сұрама себебін (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жылытып жерді шуағы, Жан берер кезде ес кетіп, Ақынның күні туады, Туады-ау, әттең *к е ш т е т і п* (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

КЕШТЕУ үс т. *Соңдау, соңырақ, уақытын оздырып, қалыңқырап.* Бәрі жақсы, жаман дейтін жаман жоқ, Түсінерсің, жүрсең егер аман боп. Ерте емес, *к е ш т е у* ұқтым япыр-ай, Өкініш те, арман да көп, амал жоқ (М.Айтхожина, Шыңда.). О, заман! Кейін, *к е ш т е у* аяладың. Енді мен тоям десем тоя аламын. Есіме түссе бірақ аш кездерім, Ұйқымнан әлі шошып оянамын! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Не де болса, иә, *к е ш т е у* болса да, нақ осы шақта келгенің оңды боп тұр (С.Бақбергенов, Адам.). Күтсін десең, қонаққа да *к е ш т е у* бар. Күтсін десең, кешігіп бар тойға да. Күтпей сені, тойды бастап кетсе олар, Жалынамын, жаманшылық ойлама! (Т.Молдағалиев, Қош, көктем).

Кештеу жатты. *Күндегі мезгілінен кеш ұйықтады.* Анық бас та, Ақырын жүр – Ұраным. Алыс жерге апарады пырағың. *К е ш т е у ж а т а м* тынбаған соң жұмысым, Кеш жатқан соң Кешеуілдеп тұрамын (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

КЕШТІҒҰРЫМ үс т. с ө й л. ***Кешқұрым.*** Олар келіп қалатын *к е ш т і г ұ р ы м,* Келмес пе екен бүгін де? Еттім бөтен,– деп, жүргенде, Ойымды өткірлетем, Жақсы жырымды оқыса, келуші еді, Келмегені – жаза алмай кеттім бе екен? (Ж.Нәжімеденов, Мезгіл.). Түйсіз шыңырау қойыңнан күлші кәні, Маужыраған

сағатта *к е ш т і г ұ р ы м* (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.).

КЕШТІК[1] с ы н. *Кешке жететін, кеш көлеміндегі.* Енді оған жұмыс болды талай *к е ш т і к,* іс екен үкіметке мынау өштік, – Деді де, зерттей келіп, ойын салып, Жоспардан тапты сызықзиянкестік (Т.Жароков, Тасқын.). *Кештік* өмірің болса, түстік мал жи (Мақал). *// Кешке ішетін тамақ, ас.* Түстік қылуға бесін болды, *к е ш т і к к е* әлі ерте (С.Шарипов, Бекболат). Бір ауыл – сәскелік, бір ауыл – түстік, бір ауыл – *к е ш т і к,* – деп, көл-көсір қонақасы беретін (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Бір кештік. а) *Бір кешке жететін.* Онан соң әзілдеуге тырысып: – Барлық жәшіктерді тақырлап көріңдер. Ең болмаса бүгін тоя ішетін, *б і р к е ш т і к* ұн табылар, – деді (Ә.Әлімжанов, Отырар.). ә) *Ұзақ.* Мәмбеттің қызығы ақ байтал ғана емес, оның әңгімесі *б і р к е ш т і к* (Х.Есенжанов, Тар кезең).

КЕШТІК[2] з а т. *Кеш қалғандық, кешіккендік.* Ойлан. Әлі *к е ш т і к* етпейді. О да өз пешенесіне жазылғанды көрер (М.Сүндетов, Ескексіз.). Оқуға қашан түссем де, *к е ш т і к* ете қоймас (Ж.Молдағалиев, Самал.).

КЕШТІК[3] з а т. *Батыс жақ.* Шоқан көлдің жағасына күзетшілер балағаны жағынан күн *к е ш т і к к е* қарай ойысқан шақта ілікті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КЕШТІҚҰРЫМ ү с т. с ө й л. ***Кешқұрым.*** *К е ш т і қ ұ р ы м* жігіт іздеп қазармаға келмейді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

КЕШТІР= е т. *Кешкізу, тобығына дейін келтіріп, судан өткізу.* Нәпсіден бөлек бір қызулы ұшқын, ақ сәуле жанады ғой. Сол сәуле түніңді күндіз етеді, от көпірден қарғытып, белуардан дария *к е ш т і р е д і,* сол сәуле тірлігіңе тәубе еткізіп, өкінішіңді ұмыттырады (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Май топырақ дымқыл тисе, ми қойыртпаққа айналып, тізеден лайсаң *к е ш т і р е д і* (Бәйшешек). Жібек Нұржанды арқалап алып томарға қарай жүгірді. Келе салысымен балаға батпақты суды *к е ш т і р і п* қойды (С.Сауытбеков, Аққоңіл).

КЕШТІРУ *Кештір етістігінің қимыл атауы; батыру.* Ау, не сиқыры бар? Кітапқа осындай рақат *к е ш т і р у д е н* басқа қандай бөгде мақсат керек деп ойлаймын (Р.Тоқтаров, Терістік.).

КЕШУ[1] з а т. **1.** *Адамның өлер алдындағы қоштасуы, кешірім сөзі.* Тарам-тарам жолдардың таспалары Шақырады арманға асқаралы. *К е ш у л е р д і ң* беймаза бақытына Барлық сапар жүректен басталады (Т.Айбергенов, Мен саған.). **2.** *Кешірім.* Сол көп дінде шешу бар, Ол шешудің арты бар. Адасқанға *к е ш у* бар, *К е ш у д і ң* де шарты бар (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Кешу алысты. *Өлер алдында қоштасты, бақиласты.* Денесі суып бара жатқанын сезіп, Ұлдай соңғы сөзін айтады, *к е ш у а л ы с а д ы:* «Кешір мені ажалыңа ортақпын!» (С.Талжанов, Ұлдай.).

Кешу қылды. *Кешірді, кешірім жасады.* Сол ойменен Крезді босаттырды, Екеуі бір-біріне *к е ш у қ ы л д ы.* Дос болып шығыныңды төлеймін деп, Амандасып еліне қайта жүрді (Ш.Құдайбердиев, Өлеңд.).

Кешу қылысты. *Кешірім етісті, кешірісті.* Жампозынан жалғыздың Жалғыз қызы Жолайдың, істеп жатыр көп істі. Жатты ел қып, жауды – дос, Барды *к е ш у қ ы л ы с т ы* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Кешу сұрады. а) *Кешірім сұрады, өтінді.* Сәлемім: елден *к е ш у с ұ р а п,* Жалынып, тілеп, кеттім жылап, Жақын деп, жат деп талғамай (Шәкәрім, Өлеңд. поэм.). Кімде түйме көп болса, тілін алып, Оларға пальто әперіп, галош салып, Ісің түзу болса да, ол шытынса, *К е ш у с ұ р а п* алдына шұлғып барып, Не айтса да, «таптыңыз, құп, тақсырлап», Біліміне тұрғансып мейірің қанып, Кекесе, сөксе-дағы саңырау болып, ішіңнен тұрсаңдағы ызаланып, Өз көңіліңнің қалауын бір қыла алмай, Закон не айтады деп тұра қалып, – Әкім болсам, осындай қорлықтардың Басыма келетіні айдан анық (С.Торайғыров, Алаш ұраны). ә) *Қоштасты, қош айтысты.* Енді Ахмет өз ісінің қателігіне Қамардан *к е ш у с ұ р а п,* ең соңғы қоштасу хатын жазды (С. Торайғыров, Шығ.). Алдыңа *к е ш у с ұ р а й* келіп тұрмын, Көзге тірі болсам да өліп тұрмын, Қалқаман, осы саған қоштасқаным, Денемді емес, жанымды беріп тұрмын (Шәкәрім, Өлеңд. поэм.).

КЕШУ[2] *Кеш етістігінің қимыл атауы, кешіру.* Зәуде, сен теңіңді, не дұрыс жолыңды таппай, ренжітсең, аталық ақымды *к е ш у* маған өте қиын (F. Мұстафин, Жиырма бес.).

КЕШУ[3] *Кеш етістігінің қимыл атауы, суды тобыққа шейін келтіріп кешіп өту.* Қараңғыда ой-шұқырын көре алмай, тобықтан келер саз балшықты сылпылдата *к е ш у* жүрек айнытардай жиреніште еді (С.Мұратбеков, Көкорай).

Күн кешу. *Тіршілік ету, өмір сүру.* – Әзіршеңе рақмет. Бірақ ұзаққа созылып кете ме деп қорқамын. Әркімнің босағасында *к ү н к е ш у* де оңай емес (А.Байтанаев, Қансонар).

Қан кешу. *Қырғын соғыста, майданда болу.* Ұлы жорық басталды, Арыс-майдан *қ а н к е ш у,* Оқ боратып мылтықтан Дұшпанменен белдесу (О.Шипин, Дастан.).

Кешу бермеді. *Өткізбеді, кешкізбеді, жүргізбеді.* Сырдың суы тасып кетіп, *к е ш у б е р м е й* жүрмесе не қылсын!.. (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

Тар жол, тайғақ кешу. *Қиын-қыстау жағдай, азап-бейнет.* 1917–1918 жылдарда Қазалыда тұңғыш рет Совет өкіметі құрылғанда, Ғани Мұратбаев ревкомның мүшесі болып, белсене қызмет істеді. Әрине, бұл кез *тар жол, тайғақ кешуі* мол, ауыр кезең болатын (Ш. Өтепов, Ғани Мұратбаев).

КЕШУЛІ: тар жол, тайғақ кешулі. *Азапты, бейнетті, мехнатты.* Революциялық күрестің *тар жол, тайғақ кешулі* үлкен күрес жолынан өтіп, ірі революционер, талантты ұйымдастырушы болып қалыптасады (Ж. Арыстанов, Естен. кетп.).

КЕШУСІЗ[1] с ы н. *Кешіп өте алмайтын, кешуге болмайтын; өтуге қиын.* Ұшқыр ойым ұмтылды, Сонда да оған жетем деп, *Кешусіз* теңіз, асусыз Таудан да зырлап өтем деп (Жамбыл, Шығ. жин.). Күншығыс жақ қиырда, Тұп-тұнық, қара, бұп-бұйра *Кешусіз* қалың орманда Мың-мыңдаған аңдар бар (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

КЕШУСІЗ[2] с ы н. *Кешірілмейтін, кешіруге болмайтын.* Өзін-өзі өлтіруі – *кешусіз* күнә (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КЕШУІЛДЕ= е т. с ө й л. ***Кешеуілде***. *Кешуілдеп* іздедім білім кенін, Қырықты қылғынтқанда жасым менің; Қу кәрілік алдымнан тағы шықты, Білмеймін болар ма осы жеткен жерім? (Ә.Оңалбаев, Таң алды.).

КЕШІГУ *Кешік етістігінің қимыл атауы.* Енді *кешігудің* ақылға сыймайтынын пайымдаған ел айғырға қамшыны басып жіберіп, ұрлардың артын ала, қолына шоқпарын ұстады (Ә.Әлішев, Батыр.). Командирдің бізге берген уақыты да ойымызда. Бір минут *кешігуге* болмайды (С.Сейітов, Сөз сұра.). Одан әрі *кешігудің* лажы болмаған соң, өз киімімді шешіп тастап, қырық құрау шалбар, көйлек киіп алып комендатураға жалаң аяқ тартып отырдым (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Ұл байғұс жүрген шығар *кешігумен*, Даланың шимай жолы кесірінен, Деді де, теміржолға жақындаймын Қалаға көшіп барды кемпірмен (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

КЕШІГУШІ з а т. *Кешігіп келуші, кеш қалушы.* Сабақта көбірек сөйлеп отыратын Әбдіреевке *кешігушілер* мен сөйлеп отырушыларды бақылау тапсырылды («Халық мұғ.»).

КЕШІГУШІЛІК з а т. *Кеш қалушылық.* Ең көп *кешігушілік* бірінші сабаққа келеді екен («Қазақст. мұғ.»). Оқушыларға қарасаң кез келген машинаға ала өкпе болып жүгіріп жүреді. Осыдан барып сабақтан *кешігушілікке* ұшырайды («Лен. жас»).

КЕШІГІҢКІРЕ= е т. *Кешірек қалу, аздап кешігу.* – О, соңғы қонақ атын өзі байлайды деген. Неге кешіктіңіздер бұл? – деді ол әзілдей күліп. – Бекесі, жеткеніміз осы. Сәл нетіп... *кешігіңкіреп* қалдық (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Уысымды *кешігіңкіреп* ашып, саусақтар шерте алмаған сырды ауызбен ақтаруға кіріскендеймін (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). Бақшаға Гүлнар мен Байжан *кешігіңкіреп* барды (С.Мұқанов, Сырдария).

КЕШІК з а т. *Түркі мемлекеттері мен Шыңғыс хан империясындағы билеушінің жеке өзіне бағынатын жасақ, гвардия, күзет әскері.* Алғашқыда *кешік* әскер құрмындағы әртүрлі дәрежедегі туркаут (торғауыт), кебтеут, хорчи (мерген), даяшы (аспаназы, бауыршы), атбегі (ахташы) т.б. адамдар арасынан таңдап алынды (ҚҰЭ). 1206 ж. Шыңғыс хан бұрынғы түркі тайпаларынан бір орталыққа біріккен мемлекет құрғаннан кейін өз *кешігін* қайта жасақтап, адам санын 10 мыңға жеткізді (ҚҰЭ). Бақшада алтын хауыз, шешек өсіп, Әртүрлі алма, құрма жеміс пісіп. Ашылса неше түрлі күй тартады, Салады он түрлі әнге әлгі *кешік* (Әсет, Шығ.).

КЕШІК= е т. *Кеш қалу, мерзіміне үлгермеу.* Жас қыздың өтер күні де бүгін, өтер сағаты да осы. Бір минут *кешікпеуі* (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Көлдің ерке құстары, Жүрегімнің құштары. Келеді олар *кешікпей*, Кетісімен қыс қары (С.Мәуленов, Алыс кет.). Дүние бізге қарап... *кешіккендей*, «Түр-түрлар...» жаңғырығып, өшіккендей Қалшылдап тұратынбыз дір-дір етіп, Дауысын әзірейілдің есіткендей (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Өмір сүру мүмкін емес өшігіп, Орта жолда мүдірмесін көш – үміт, Ашуланба, ақылды жар, Азамат Анда-санда келсе үйіне *кешігіп* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Кешігіп барды. *Белгіленген уақытын өткізіп барды.* Ал медреседе нені азық қылам. Көп болса бір-екі, үш күн *кешігіп барам.* Оның есесіне екі-үш айлық азықтық ақшам жаныма қалады (С.Бегалин, Сәтжан).

Кешігіп қалды. *Кешікті, белгілі бір себептермен кешігіңкіреді.* – Қаладан Иван аға келіп еді. Солармен көлге түсемін деп, *кешігіп қалдым.* Әшекең ұрсып жатқан шығар (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). – Құрметті профессордың ондай ойы болса, менің білетінім, ол қазір *кешігіп қалды* (І.Есенберлин, Көлеңке.). Қасым жаңа ғана келген әскери уәкілдің бандыдан хабардар болып, өзінің оны хабарлаудан *кешігіп қалғанына* қысылғандай сөз бастап: – Сіз айыпқа қоя көрмеңіз. Оның жайын өзім айтып, соған тыйым салар шараны сізден сұрармын деп отыр едім. Сіз оның жайын кімнен хабарландыңыз? –

деп бір ыңғайсыз жайда қалған қабақ көрсетті (С.Бегалин, Замана.).

КЕШІКПЕЙ үс т. *Көп ұзамай, біраздан соң-ақ. К е ш і к п е й* бір кемпірді ертіп келді, Жібердім қуанғаннан сонда күліп. Шіркін-ай, сұлу қыздың пейіліне, Сүйегім, денем балқып тұрдым еріп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *К е ш і к п е й*, аз жылдан соң, Өмір мені шақырды. Сыр бойында туған соң, Сырбай қойды атымды (С.Мәуленов, Алыс кет.). *К е ш і к п е й* жарым келер деп, Төрінен сайлап орынды. Батысқа қарап елеңдеп, Ару жүр тосып жолыңды (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Көп кешікпей. *Көп ұзамай, шамалыдан кейін, сәлден соң, артынан-ақ.* Мен *к ө п к е ш і к п е й* бұл бригададан басқа дивизияға кеттім (С.Бақбергенов, Қарға там.). *К ө п к е ш і к п е й* кіші сержант Алтынбек Шенгісбаевтың бөлімшесінің жауынгерлері жайлы жазған көлемді очеркім «Қазақстандық қаһармандар» деген тақырыппен газет бетінде жарық көрді (Ә.Меңдібаев, От кешу). *К ө п к е ш і к п е й* жаздың қысқа таңы бозарды (С.Ләмбеков, Тайталас). *К ө п к е ш і к п е й*, қала жақтан үш боз атты жарқылдап, Жексенбай да көпірге шыға келді (І.Жансүгіров, Шығ.).

КЕШІККІШ с ы н. *Кеш қалғыш, кешіге беретін, кешігімпаз.* Арасындағы жалқаулар мен *к е ш і к к і ш т е р г е* әкімшілік тарапынан шара қолдану барлық уақытта бірдей дұрыс нәтиже бере бермейді («Лен. жас»).

КЕШІКТІР= е т. **1.** *Кідірту.* Рабиғаны ұзату мәселесін белгісіз уақытқа *к е ш і к т і р д і* (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Ұзату, уақыт оздыру.* Арқаттың сегіз жасқа толып, мектепке баруы Төлемісовтар семьясы үшін үлкен оқиға болған еді. Оны денсаулығына байланысты бір жыл әдейі *к е ш і к т і р і п*, қаланың орталығындағы ең тәуір деген мектепке берген (Қ.Жұмаділов, Саржайлау). **3.** *Кеш қалдыру, ұстау*. Парламенттің бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап отыз күннен *к е ш і к т і р м е й* шақырады (ҚР Конституциясы).

КЕШІКТІРМЕЙ үс т. **1.** *Лезде, артынша, көп ұзатпай, тезарада.* – Жоқ, кейінгіні уақытысында көре жатармыз, – деді Қақабай *к е ш і к т і р м е й* өткен малдарын қайырып алғысы келіп. – Балаңыздың ержеткенін айтып, сіз өткел сұрай келген болыңыз, мен рұқсат берген болайын және бала-шағаның сөзінен аулақ болу үшін көп кешіктірмей ұзатып жіберіңіз (Ә.Бектасов, Мәди). Дұшпанның әкеліңіз кесіп басын, Көзінен ағызыңыз қанды жасын. Дұшпаннан *к е ш і к т і р м е й* кек алыңыз, Қоймаңыз қасындағы бар жолдасын! (Ғашық-наме).

КЕШІКТІРУ *Кешіктір етістігінің қимыл атауы; кідірту, ұстау.* Картопты ерте пісетін дәнді дақылдармен бір мезетте отырғызған пайдалы, оны егуді осы мерзімнен он күннен астам уақыт *к е ш і к т і р у г е* болмайды (Б.Шағыров, Картоп.). Ас уақытын *к е ш і к т і р у д е* Шоқанның да, Зейнептің де өзінше есептері бар (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қолда ақша тұрып сіздердің ақыларыңызды ұстап *к е ш і к т і р у г е* бухгалтердің да басы екеу емес, – деп Мәукіл өзінің директорлық беделін пайдаланып, Қаумен мен Әбілмәжінге түсіндірген болды (С.Бегалин, Уақыт.).

КЕШІКТІРІЛ= е т. **1.** *Кідірттірілу.* Неге екенін, бізді қалаға түрмеге жөнелту *к е ш і к т і р і л е* берді (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Сайланған Сенат депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын сайланып отырады. Бұл орайда олардың кезекті сайлауы бұлардың өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі екі айдан *к е ш і к т і р і л м е й* өткізіледі (ҚР Конституциясы). **2.** *Асқындыру.* Ракты *к е ш і к т і р і л г е н* сатысында табудың себептерін зерттей келгенде, асқынған аурудың 30–35 процентінен астамы оның белгілерін халықтың білмегендігінен болатынын көрсетіп отыр (Р.Сәтбаева, Өңеш рагы). **3.** *Уақытты оздыру.* Тек гүлдер мен шоқ гүлдерді, әсіресе гүл жапырақтар мен корзинкаларды жинау ісі сәл *к е ш і к т і р і л с е,* кептірілгеннен кейін, төгілгіш келеді (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

КЕШІКТІРІЛУ *Кешіктіріл етістігінің қимыл атауы*. Еділ бойын суландыру мәселесінің ұзаққа *к е ш і к т і р і л у і н е* жол беруге болмайды (Ә.Кәкімжанов, Коммунизм.).

КЕШІ-КҮНІ үс т. к ө н е. ***Күндіз-түні.*** *К е ш і-к ү н і* көрмей ұйқы халықты бақты. Болған соң білімге бай, барлығын да Нәрсенің көпке керек ойлап тапты (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

КЕШІЛ з а т. к ө н е. *Ірі дәрежелі діни адамдар*. Бес қатар тепкішектің ортаңғысында Шонай зайсанның өзі, оның астында жолбарыс терісі. Екі жағында екі әйел, олардың қасында балалары. Алды-артындағы тепкішек-текшелерде келең, кеңку, *к е ш і л* секілді өңшең етегі жырық, қан қызыл шапан, қара тақия киген әр дәрежелі діни адамдар (Ж.Тұрлыбаев, Тамыз таңы).

КЕШІЛ= е т. *Кешірілу.* Сіз деп айтайын, сізге бәрі *к е ш і л г е н* (С.Бегалин, Уақыт.). Дәл бүгін бір айыбы болған жандай, Отырды айналаға қарай алмай, Бір *к е ш і л м е с* іс еткен кісідей боп, Ақырын дей береді... ай, ... ай! (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Отарба, аэроплан, трактордың, Жыр қылдым, ұялтсаң да, кекеп мені. Бірақ та *к е ш і л м е й т і н* қуыр күнәм, Бақылап жүре алмадым, досым сені!.. (С.Сейфуллин, Өленд.).

Қадырым қашты. Шер құштым. Шетқақпай көрдім. *Кешілмесімді* келмейді тақпақтай бергім. «Үріп ауызға салғандай». Оны айтар. Менше: «Үп десең, Ұшып кететін бақбақтай», – дер кім? (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

КЕШІМ з а т. с ө й л. ***Кешірім***. Бір-бірінің қабағына қарасты, Үйлеріне қиыса алмай тарасты. Қыбын тауып, қырын келсе біреуі, Екіншісі *кешім* сұрап жарасты (Қ.Жармағамбетов, Дәурен.). Ұлымның жанын алдың не үшін? – дейді, Алайын бұл күн сенен өшін,– дейді, Бір мың жаның болса да құтылмассың, Етпеймін енді саған *кешім,* – дейді (Батырлар жыры).

КЕШІН= е т. ***Кешіру***. Тіпті өзіміз де кейде дауыл іспетті шорт кетіп, артынша аянышпен *кешініп,* жүрек талабына бағына жүрдік (Х.Ерғалиев, Шындық.).

КЕШІР[1]= е т. *Бастан өткізу*. Жақсы-жаманы, ауыр-жеңілі аралас біраз ғұмырды ол екеуміз бірге *кешірдік* (З.Жәкенов, Таң самалы). Төсінде өзім қызық күндер *кешірген*, Дарқан далам кетпеді бір есімнен (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Басынан кешірді. *Басынан өткізді, көрді.* Тағдырының тартылған тың арнасы, Өзбекстан – Орта Азия ордасы. Қара түнді *басынан* бір *кешірген*, Қазақтардың қандыкөйлек жолдасы (С.Мәуленов, Алыс кет.). Бұл күнді әттең десеңші етті қанша арман Шевченко *бастан кешірген* түнек тар жалған... Қарайды менің төбемнен бүгін жақұтты көзбен жас қала! Қабырғалары қаланып түгел маржаннан (Т.Айбергенов, Мен саған.).

КЕШІР[2]= е т. **1.** *Кешірім ету*. Оның есесіне патша ағзам өткен қырқыншы жылы Кенесарының бар күнәсін *кешіріп*, амнистия берді (І.Есенберлин, Қаһар). Содан соң бейнебір менің кінәмді *кешірген дей* боп, мардымсы сөйледі (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Өмір өтіп, жылжуда көш ілгері, Өзің жаққан сәулеңді өшірмеді. Өзің жаққан сәулеңді өшір келіп, Өшір келіп... Сонан соң, *кешір* мені! (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Ғапу ету, кеш деген мағынада.* – Тек *кешіре* гөр, анашым, анашым сен де талай қорлыққа ұлың үшін төзгенсің (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). *Кешірші*, ақ сары қыз, *Кешірші* соның бәрін. Қайда сол достарымыз Тау-тасқа шағылған үн (Т.Молдағалиев, Қош, көктем). Дауа бар ма, дауа бар ма талғамға. Жақын тартып сырласымдай бұрынғы *Кешір*, қалқам, саған аштым сырымды (М.Шаханов, Ғасырлар.). *Кешіріңдер*, туыстар, Кешіріңдер, ағайын, Өркөкірек бейбаққа өкпеледің талайың. Кірсіз көңіл ақ туын Жоғары ұстап, ағайын, Ақ киімге оранып, Алдарыңа барайын. *Кешіріңдер*, жарандар, Қошақаның болайын (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** д і н и. *Пенденің Алла тағаладан күнәларымнан арылт деп жалбарынғанда айтатын сөзі.* Ауызашар дұғасы: «Жаратқан ием, сен үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризық несібеңмен ауыз аштым. Я, кешірімді Алла, менің алдыңғы және соңғы күнә-кемшіліктерімді *кешіре* гөр» («Ана тілі»).

Кінәсін кешірді. *Кінәлі емес деп тапты.* Бәлкім, маған кінәң да жоқ, *кінәмді* де *кешірдің*, Лаулап жанған өз отыңды, өзің қалай өшірдің? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

КЕШІРГІШ с ы н. *Кешірімпаз, кешіре беретін, мінезі жұмсақ.* Соның қадірін білмеген, Дер кезінде киімдерін ілмеген, Есіңде ме, сен едің? Адам едім темірден де төзімді, *Кешіргіш* едім (Ә.Тәжібаев, Өленд.).

КЕШІРЕК ү с т. *Соңырақ, кейінірек.* Бүгін бұлар жұмыскерлердің көбінен *кешірек* тұрды (С.Сейфуллин, Әңгім.). Әбдидің құлынды *кешірек* тауып, тоңазытып, алғаны да осы лайсаң жаңбырдың салдарынан еді (С.Бегалин, Таңд. өленд.). Ертеңіне мейманханаға *кешірек* оралған Арын ойында ештеңе жоқ, бөлменің есігін қаққан (Қ.Найманбаев, Үміт.).

КЕШІРІЛ= е т. *Кешірім берілу.* Күнәсі *кешірілген* әкесі мекеніне оралғанда, гимназияда оқыған қызы қалып қояды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Сенің күнәң *кешірілген* еді (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік).

Кешірілмес күнә. *Үлкен күнә, айып.* Сабыр, не істедің! Сені атып тастар адам жоқ! Неге біреу атып тастауы керек! Өз күнәңді өзің білмейсің бе, өзіңді-өзің жазалауға қолың бармай ма? Жоқ, баруға тиісті. *Кешірілмес күнәден* құтылу үшін бұл саған жалғыз жол! (І.Есенберлин, Алтын құс). Қарабет болып тұрып, күнәсіз жас нәрестеге аузымды тигізуім – *кешірілмес күнә* болар дедім (Б.Майлин, Тасболат.).

КЕШІРІЛУ *Кешіріл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Күнәсі *кешірілу*.

КЕШІРТ= е т. *Кешіргізу*. Ақбаянның Әлжанға алданып қосылғаны менің де оған деген өкпемді *кешіртті* (І.Есенберлин, Алтын құс).

КЕШІРУ[1] *Кешір етістігінің қимыл атауы, бастан өткеру*. Ақын боп өмір *кешіру* оңай деймісің, қарағым, Азуында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның. Көкірегіңе құйып ап әлемнің асқақ бар әнін, Қосудың арпалысы бұл – тоғыспас жолдар торабын (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Бастан кешіру. *Басынан өткізу, өзі куә болу.* Соның басынан өткерген қасіреттерді көзіммен көруім, *басымнан кешіруім* керек (С.Мұқанов,

Аққан жұлдыз). Сондықтан үлкенді-кішілі уақиғаны бұл ауыл да *бастарынан кешіруге* тиіс еді (Д.Исабеков, Мазасыз күн.).

КЕШІРУ[2] *Кешір етістігінің қимыл атауы, кешу, арылту, кешірім ету.* Өмір бойы қате ісімді *кешіруімен* келесіз (З.Қыстаубаев, Ақ түн). Ол өлең ойнап жазылған, тек өзіңе ғана көрсетілген еді ғой, егер ауыр алып қалған болсаң, мен *кешіруіңді* өтінемін (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Әйгілеген елге күшін, Сол ғаламат еңбегі үшін, Қиқарлығын *кешіруге* болмай ма?! Кешірмесек бетте таңба қалмай ма?! (М.Шаханов, Ғасырлар.). Адам болса надандау, Жарар, бәлкім, *кешіру.* Өткеніңді жамандау – Өзіңді-өзің өшіру (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

КЕШІРІМ з а т. **1.** *Басқа біреудің істеген қылмысына, әбестігіне, айыбына түсініспікпен қарау. Кешірімі,* мейірімі жоқ екенін Көкше неше жерде көрді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Өзгеге болса да, саған еш *кешірімім* жоқ! Маған титтей де болса жаның ашып, ар-абыройымды ойлайтын болсаң, мұның бірін де істемес едің (Ө.Қанахин, Жер бас.). Бассыздыққа қандай *кешірім* болады? (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **2.** *Сотталған адамдарды мемлекет басшысының немесе өкіметтің жоғарғы орнының жазадан және оның құқықтық салдарынан толықтай немесе жартылай босатуы, ақтауы.* «Мәртебелі мырзалар, ереуіл ұйымдастырып бас көтерген Қасым ұлы Кенесары сұлтанның осы жіберіп отырған хатынан, егер патша ағзам оған *кешірім* істесе, оның бізге мойынсынып бағынатынын өздеріңіз де көріп отырсыздар» (І.Есенберлин, Қаһар).

Кешірім берді [жасады, етті, қылды]. а) *Жоғарғы сот, мемлекет басшысы жазадан босатып, түрмеден шығарды.* Өкімет *кешірім береді,* босатады, ал сен оның атын дұрыс білмейсің, амнистия десеңші! (К.Тоқаев, Түнде.). Жеңілдік беріп, тұтқындарға *кешірім жасайды* (Ш.Байбатшаев, Бел-белес). ә) *Кешірді, жазадан босатты.* Шаһраманның өзі түгіл, түсіне кірмеген уақиға оған *кешірім бере* алмады (Мың бір түн). Бұл ауылға болыс *кешірім қылады,* – деп ойламаймын (І.Жансүгіров, Шығ.). Азған ұлға береді ме, *берме йді* ме *кешірім,* Қалың қауым бұл сұраққа айтар әділ шешімін (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қорыққанынан екеуі Жас баладай жылайды, Ағатайлап жалынып, «*Кешірім бер*» деп сұрайды (О.Шипин, Дастан.). *Кешірім берсем* мен саған Қастерлер менің ел немді?! Қамал ғып соққан барша адам Мазалай берме кеудемді (М.Мақатаев, Шығ.). б) *Түсініспікпен қарады.* Намысымды алмаймын ба жаралап, Не дейді әкем, бабам қалай қарамақ, Олар бұған *берер* ме екен *кешірім,* Жастық шағым, сен айт мұның шешімін?! (М.Шаханов, Ғасырлар.). в) *Ренжімеді, өкпелемеді.* Жастық шағым!.. *Кешірім ет,* мен сенің Назарыңды басқа жаққа аударам (М.Шаханов, Ғасырлар.). *Кешірім етіңіз.* Біздің қаламыз жас, азды-көпті құрылысын жаңа ғана қолға алған (С.Бегалин, Шоқан асу.).

Кешірім жасау. з а ң. *Мемлекеттік жоғары билік органдарының не мемлекеттегі ең жоғары лауазым иесінің сотталушыны қылмыстық жазадан толық немесе ішінара босатуы, не оған сот белгілеген жазаны жеңілдетуі.* Қазақстан Республикасы Конституцияның 15-бабының 2-тармағына сәйкес, ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін ең ауыр жаза – өлім жазасына кесілген адамға *кешірім жасау* туралы арыздану құқығы берілген (ҚҰЭ). Конституцияның 44-бабының 15-тармағына сәйкес азаматтарға *кешірім жасау* актісін Қазақстан Республикасы Президенті шығарады (ҚҰЭ).

Кешірім керек. *Түсініспік керек.* Білген жанға өмір деген мәңгі жарқын жаз емес, Жұмыр бастан кетіп жатар кемшілік те аз емес. Әрине, оған кейде-кейде *керек* шығар *кешірім,* Алайда оны кешірместен досша айтудың несі мін (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Кешіріммен қарау. *Түсініспікпен қарау.* Қалайы өтсе күмістің есімімен, Үйреніппіз *қарауға кешіріммен.* Соның бәрі асылдың аздығынан, Азға зорлық жасаудың кесірінен (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Кешірім өтінді. а) *Кешірім беруді сұрады, қолқа етті.* Білмеген адам у ішеді. Қателесті, онысына *кешірім өтінді,* жетпей ме сол? (М.Дүйсенов, Мейман.). Қарайлаңдар! Тағдырым ортақ менің талай жан бар. Менен *кешірім өтінер* інілер бар, Мен кешірім өтінер ағайлар бар (М.Мақатаев, Шығ.). Мазалағаным үшін *кешірім өтінем* (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

Кешірім сұрады. *Кешіруін өтінді, кешір деп жалынды.* Кезің еді балапан да балғын да Көп жүрмедік ойнап бірақ шалғында. Содан басқа кінәм да жоқ, *Кешірім сұрар* едім кінәм болса алдыңда! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Бірақ мені білесіз ғой... Алдыңызға *кешірімді* бұл әлі Еңбектеп кеп *сұрайды* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қатемді кейін аңғарып, командирден *кешірім сұрадым,* – деді ол (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

Кешірім сұрау. *Кешіргенін қалау, кешір деп жалыну.* Өз табалдырығын аттар алдында Қарақанның мұндайлық *кешірім сұрауы-*

н а н соңғы жерде Әуездің көңілінде бүкпе қалған жоқ (К.Оразалин, Абай.).

КЕШІРІМДІ с ы н. **1.** *Кешіргіш, кек сақтамайтын, мейірімді, кешіре білетін.* Көршім, маған келгенде, *к е ш і р і м д і*-ақ (К.Асанов, Сағыныш). Ақылың бар еді ғой, құлыным, әкеңе *к е ш і р і м д і* бол! (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). – Қызықсың өзің де, кесені сындырмай айтуыңа болмады ма? – Сен қашан менің ауызекі айтқаныма құлақ салып ең? Құлақ салсаң есітер ме едің. Қай ән еді, әлгі бір ән бар еді ғой? «Кей мінезді алмадың сен кешіре, қоштас күліп, қамығасың несіне», деуші ме еді? Сол айтқандай бір-бірімізге *к е ш і р і м д і* бола алмаған шығармыз (С.Мұратбеков, Жабайы.). **2.** *Кешірерлік, кешіруге болатын.* Жамандық екі түрлі: *к е ш і р і м д і* жамандық бар, кешірімсіз жамандық бар. Кешірімді жамандық тек кемшілік болады да, кешірімсіз жамандық айып болады (А.Байтұрсынов, Шығ.). **3.** д і н и. *Рақымды.* Я, *к е ш і р і м д і* Алла, менің алдыңғы және соңғы күнәларымды кешіре гөр («Ана тілі»).

КЕШІРІМДІК з а т. *Гафу ету, кешімдік. К е ш і р і м д і к* сұрауға тілім бармайды (С.Шарипов, Шығ.).

КЕШІРІМДІЛІК з а т. **1.** *Кешіре берушілік, кешірім, кешіруге болатындық. К е ш і р і м д і л і к т і ң* де шегі бар (Ә. Әлімжанов, Махамбет.). Біреулері жылап-еңіреп, бұл қорлықтың есесін қайыруға іштей бекініп кек түйіп, көкіректері ерімес мұз боп қатып, ашынып келсе, біреулері азаматтық кеуілді бетке ұстап, *к е ш і р і м д і л і к*, жақсылық дегендерді көлденең тартып, ағайын арасына бітім тілей келеді (С.Мұратбеков, Дос іздеп.). Бірінің кемшілігін екіншісінің *к е ш і р і м д і л і г і* толықтырып, екі жартының бір бүтін құрауынан шығар («Қаз. әдеб.»). **2.** п с и х. *Адам бойындағы пенде біткенге құрметпен, ізгілік тұрғыдан қарайтын жақсы қасиет, адамгершілік, имандылық сияқты гуманистік ұғымдарға мәндес категория.* Адамның оқыс істері мен қоғамға зиянды іс-әрекет жасағаны анықталғанда, оған адами тұрғыдан кеңшілік жасап, залалды істерінің мән-жайын түсіндіру, гуманистік қамқорлық жасау, кеңшілік көрсету – *к е ш і р і м д і л і к* болып табылады (ҚҰЭ).

КЕШІРІМПАЗ с ы н. *Кешіргіш, кешіре беретін, кекшіл емес, мейірімді.* Бір есептен, әйелге біткен жұмсақ, *к е ш і р і м п а з* мінез де бар, бұл да әсер етеді (А.Байтанаев, Дала сыры). Әйтеуір сол тұста Әбсаттар елден ерек *к е ш і р і м п а з*, жұмсақ еді (О.Сәрсенбаев, Жиде.). Адам баласы *к е ш і р і м п а з* келеді ғой, бәрін де кешірер, бәрін де ұмытуға тырысар (І.Есенберлин, Қатерлі.).

КЕШІРІМПАЗДЫҚ з а т. *Кешіргіштік, мейірімділік, жұмсақтық, кешіре бергіштік.* Бұ *к е ш і р і м п а з д ы қ* пен орынсыз адамгершілік саған қайдан пайда болған. Өмір сені еркелетпеп еді ғой (Ә.Әлімжанов, Отырар.). Мұның бойында да ұлы бабасы Шыңғыс ханның қаны бар-ды. Ал дүниежүзі әміршісінің ұрпағында біреуді аяушылық, *к е ш і р і м п а з д ы қ* болады деп кім сенеді (І.Есенберлин, Жанталас.).

КЕШІРІМСІЗ с ы н. *Қатал, мейірімсіз, кешірмейтін, кекшіл.* Қылғаның түз арамдық бұл емес пе? Сырттан аңдып, ішінен шалып жүрсің. Біреуді біреуге айтып шағыстырып, Күнәге *к е ш і р і м с і з* қалып жүрсің (Айтыс). Жау қатал, жау *к е ш і р і м с і з* (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Ондайда әркім өз айтқанын істемейді де, өзгенің сөзіне *к е ш і р і м с і з* келеді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

КЕШІРІМШІЛ с ы н. *Кешірімпаз, кешіргіш.* Әлгі бір кешірім сұрап, көзіне жас алғанына қарағанда маған емес, менен көрі ақкөңіл, елгезек, *к е ш і р і м ш і л*, жаны жақсылау шешесіне ұқсаған ба деп қалдым (С.Бақбергенов, Кентау). Кекшіл болу оңай, *к е ш і р і м ш і л* болу қиын. Әкең жарықтық досым еді. Әкеңнің аруағын шақырып сұраймын, иттің шақша басын қи маған (Р.Сейсенбаев, Аңсау). Әдетте жай өмірде екі түрлі кісі болады: оның бірі өзіне қатал болғанмен, өзгеге *к е ш і р і м ш і л,* кең, ал екіншісі өзгелерге ғана қатал (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

КЕШІРІМШІЛДІК з а т. *Кешіргіштік, кешірімпаздық.* Ожарбайдың кісі көңілін қалдырғысы келмейтін, ашуы тез басылатын *к е ш і р і м ш і л д і г і н* автор кітап соңында тағы бір детальмен дәлелдей түседі (Ф.Оразаев, Басты.). Қатаң майордың маған *к е ш і р і м ш і л д і г і н і ң* сыры осында екен. – Сен жолшыбай генералға соға кет, – деп бітірді майор сөзін (Қ.Исабаев, Жолдас.).

КЕШІРІС[1]= е т. *Көру, бастан өткізу, куә болу.* Талай қанды жорықты бастан бірге *к е ш і р і с к е н* отряд кейінде қалды (Ғ.Сланов, Замана).

КЕШІРІС[2]= е т. *Түсінісу, бір-бірін кешіру, кек сақтаспау.* Бұлар өздері бір-біріне *к е ш і р і с і п* үйренген (Т.Мәндібаев, Сыпыртқы.). Кел, молайтып алдыма ас-дәмімді, Ақ жүрегім тебіреніп ақтарылды. Дос пен қасқа қарайын *к е ш і р і с і п*, Боран, желде бұлқынған шақтарымды (К.Салықов, Жезкиік).

КЕШІРІСУ *Кешіріс етістігінің қимыл атауы, бір-бірін кешіру.* Біздің арамыздағы жәйттер – *к е ш і р і с у д і* көтермейтін жәйттер (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Күнде карта ойнау, күнде керісу, боқтасу, төбелесу, ақырында *к е ш і р і с у* (Т.Мәндібаев, Сыпыртқы.).

КЕЩЕ с ы н. *Мешеу, тоғышар, ұғым-түсінігі нашар, топас.* Демеймін жалпақ жұрттың бәрі *к е щ е*, мағынасын түсінетін бар да шығар (М.Дулатов, Шығ.). Ой, *к е щ е*, бұл заңды шығарған дума емес (М.Дулатов, Шығ.). *К е щ е*, миғұла, деп жүрген шығарсың (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Дарияның меспен тасып суын құртпақ, Демей ме, көрген адам «неткен *к е щ е*?» (О.Шораяқов, Шайыр). // *Мешеу, тоғышар адам.* Сабағын үлгіре алмай жүрген балаларға ұдайы ұрсу – *к е щ е с і ң*, меңіреусің, сенен түк шықпайды – деген сөздерді айтып, баланы кертарту зиянды әдістердің бірі (С.Көбеев, Шығ.). Асыранды қаздыкіндей қанатым, Бола ала ма қанаты жоқ жан ақын? Бір құшақ гүл сыйласа жұрт, *К е щ е м і н* Көк сиырға бере салатын (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

КЕЩЕЛЕУ с ы н. *Топастау, миғұлалау.* Жынды кісіше *к е щ е л е у* жымиып тұр (О.Әубәкіров, Сиқыр.). *К е щ е л е у* өссең, кей есер көріп, Әркімге даттап етпес пе жырдай: ... Оған берсе де көрік, Екен деп өзі ақылдан жұрдай (Т.Шопашев, Жастық).

КЕЩЕЛІК з а т. *Топастық, миғұлалық, нашар түсінушілік.* Бақытгүл Жеңістің *к е щ е л і г і н е* күйіп, ызадан жарылып кеткелі тұр (З.Шүкіров, Қиын түйін). Адам ұрлаған адам атқаннан ерсі боп па, адам атқаннан *к е щ е л і к* боп па (А.Сүлейменов, Бесін). Шыдамадым, оңбағандығын, жақсылықты білмес *к е щ е л і г і н* бейнелейтін сөздерді бетіне лақтырдым (М.Қабанбаев, Кермек.).

КЕЧУА з а т. *Америка құрылығындағы қазіргі үндіс халықтарының ең ірісі, Перу, Боливия және Экуадор халықтарының едәуір бөлігі. К е ч у а л а р* Аргентина мен Чилиде де тұрады (ҚСЭ). Оңтүстік Америка үндістерінің ортақ тіліне айналған *к е ч у а* тілінде бүгінде 10 миллионнан астам үндіс сөйлейді («Егемен Қазақстан»). *К е ч у а* тілі де агглютинативті тілдер тобына жатады («Егемен Қазақстан»).

КЕЮ *Кейі етістігінің қимыл атауы.* Шолпан да аңыра қарап қалыпты: «Есі дұрыс па? Не істейді-ей. Сағынай апай *к е ю д і ң* орнына... Күледі-ай»... – Шолпан, көзіңе қара... Қолыңдағы сүтті төгіп тұрсың, – деп қалды Ықсан (М.Сүндетов, Ескексіз.). Ондай кезде күйініп, Көрсетпейтін *к е ю і н*. Тұратұғын жымиып, Күлкі боп бір мейірім (С.Мәуленов, Таңд. шығ.). – Сіздің бұл келісіңіз маған ұнамайды, әке, – деді реңі бұзылып кеткен комиссар. – Манфред, ұлым, сәл нәрсе үшін *к е ю г е* бола ма? Манфред Иоахимге «тұтқынды әкет» деген белгі көрсетті. Иоахим бұйрықты көзді ашып-жұмғандай жылдамдықпен орындап, тұтқынды алдына салып шығып кетті (Қ.Исабаев, Соңғы.).

КЕЮЛІ с ы н. *Реніштті, уайымды, күйініштті.* Тағы да ұзақ қарады жұрт, Ымырт түсе тарады жұрт Әбден налып, *к е ю л і* еді, Ал Қалдыбай кейінде еді (Ә.Сәрсенбаев, Баспалдақ.). Даусындағы ызғардан әлденеге *к е ю л і* екенін Айгүл бірден түсінді. Шығыс құлан иектенгенде аттанып кеткен. Ертеңгі шайға неге кешіккенін сезді (Д.Жанботаев, Жер жылуы.).

КЕЮСІЗ с ы н. *Реңішсіз, налусыз.* Әкесін сол кездегі *К е ю с і з* бір көрмедік. Айша бірақ сезбеді Бесігінде тербеліп (Қ. Бекхожин, Ардагер.).

КИ = е т. **1.** *Киім кию.* Ол байдың өзімен тең баласы бар, Киімін *к и е й і н* деп үйге кірді. Сыпырып бар киімін *к и і п* алып, Зат алды үйден тағы неше түрлі (О.Шипин, Дастан.). Әжем қолдан илеген Аң терісі *к и г е н і*, Өлтірмей сондай күйменен, Атамның ғажап сүйреуі (С.Мұқанов, Замандас.). Көріну қызға – сол арман, Сезіліп тұрсын мейлі оның. Әскерден жаңа оралған Ағаның *к и і п* көйлегін (Т.Молдағалиев, Шақырады.). *К и г е н д е й* ауыстырып таза киім, Сүйгенін кетті ұмытып ала құйын Қанжардан өлерінде сол арыстан Қабыршақ қабығына қан жабысқан (Д.Әбілев, Алтай асу.). **2.** а у ы с. *Жағдайын жасау, киіндіру, қарау.* Туған күнің құтты болсын, сүйгенім, Сен жоқ кезде түспейтіндей үйге күн. Сен жоқ кезде сөз болып па күлгенім, Сөз болып па ішкен-жеген, *к и г е н і м*! (К.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Тек сол гүлдеп толыссын деп, Тек сол *к и с і н*, сол ішсін деп, Ештеңені аяған жоқ, бәрін бердім қолына (М.Шаханов, Ғасырлар.). *К и г е н і* асыл киім, қолда сағат, Астында мінген аты жүйрік, жорға (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Басқа түске ену, айналу.* Ай аспанда тағадай, Өзендер *к и г е н* көк көйлек. Жел бір мазаң баладай, Қатырған басты көп сөйлеп (С.Мәуленов, Алыс кет.). **4.** а у ы с. *Орану, жамылу.* Жасыл *к и д і* кең далам, Ырыс, бақыт бір келді (К.Әзірбаев, Шығ.). Қара мұрын, қасқа тау, Күңгірт, күйкі күн беті Қара мұнар *к и е д і* (А.Тоқмағамбетов, Сайра бұлбұл). Келіншектау Май айында көрікті. Бурыл бұлттан *К и і п* алған бөрікті. Енесіне Ентелеген ботадай Етегіне Тас төбелер шөгіпті (С.Мәуленов, Алыс кет.). Жаңбырға сулап жаз *к и е р* жаңа бешпетін, – Кешіктім біраз кештетіп жеттім кеш, жетім, – деп маған бір сөз айту керек қой жан әпкем, Біздің үйге бір кіру керек қой кештетіп... (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **5.** ау ы с. *Тұтыну, қолдану, ұстау.* Мен өзімнің нысабыма иемін, Мүше тілеп қышыған жоқ иегім. Халқым менің ішсе нені – Соны іштім, Халқым нені *к и с е*, Соны *к и е м і н* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Бар асылын [жақсысын] киді. *Жасанды, барын киінді, сәнденді.* Кеткен аспан жайдағыдан биіктеп, Даланың да көркі неткен сүйікті ед! Гүлдер-қыздар жұпар шашып тұрғандай Мына тойға *бар асылын киіп* кеп (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). – Жарайды, ең соңғы рет шығып қайтам,– Деді шал, – жетелеп тұр үміт сайтан. Үстіне *бар жақсысын киіп* алып, Көрінді тағы орнынан күндегі айтқан (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жиын-тойға киді. *Бір киерін киді.* Жанға барсаң, ағалар, Үстіңе сауыт, жарақпын, Асынсаң найза, садақпын, *Жиын-тойға киісеңдер,* Шүберек болсам манатпын, Тері болсаң – жанатпын. Қарның ашса ішетін, Аузыңа тәтті тамақпын (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

Кебін киді. *Басқаның көргенін көрді, сондай болды, аяғын құшты, ұқсады.* Кімде-кім бізге соқтықса, бүркітпен ойнаған ажалды қарғаның *кебін киеді,* – деген сенім көкіректе күшті еді (Ә.Әбішев, Майдан). Әнеугі Нұрқат «тамырдың» *кебін киейін* деп жүр ме бұ да? (З.Шашкин, Сенім). Мына артиллеристің *кебін киіп,* өзінен-өзі кете барады (Р.Хайруллин, Офицер.). Құс *кебін киген* көк жасыл перілер сынды, Алу үшін жүргендей менің есімді. Ағаш қылышпен шауып мен сарыбас мияны, Жағалаушы едім малтасы көрінер суды (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

Киер киім, ішер астан айырылды. *Жағдайы төмендеді, кедейленді.* Алты ауыз берекесіз түрді көріп, Көк бөрі езді алқымнан аямастан. Қазақтың осы күні көпшілігі *Айырылды киер киім, ішер астан* (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Киіп кетті. *Бір бүйірден тиісті, килікті, сөзін бөлді, қосылды.* Бәсекеге қызған жігіттер бір тұстан *киіп кетті* (Т.Ахтанов, Махаббат.). Абайдың сөзін тоспай, Есентай *киіп кетті* (М.Әуезов, Абай жолы). Әкелі-балалы Жұман мен Мұхаметжан жарыса сөйлеп *киіп кетті* (М.Әуезов, Шығ.).

Кие жөнелді. *Сөзін бөлді, килікті, киіп-жарды.* Қамбар сөзін айқындай түскісі келген Мырзаханды *кие жөнелін,* Әшім баса-көктеп омырау көрсетті (К.Оразалин, Ақ жазық). Құрышбай әрі айтқызбай *кие жөнелді* (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

Құл қамытын киді. п о э т. *Құл болды, бодан болды.* Дегендер тұтас туған тұлға бүтін, *Киместен* өткен жандар *құл қамытын,* Қашанда азаттықтың бір перзенті Бойында жатар тулап бұл халықтың (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Ноқта қып киді. п о э т. *Жамылды.* Шараң қанша енді соның бәрімен, Қоштасатын шақ келді. *Кимекпісің* қорқақ атын *ноқта қып,* Қалсын десең еркек атың сақталып, Есіңді жый, айнам менің, есіңді жый, қамықпа, Ел мазағын көтеруден өлім ауыр болып па?! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Тәуекелдің тонын киді. п о э т. *Тәуекелге бел буды, не де болса кіріспек болды.* Ол жігіт *«тәуекелдің тонын» киіп,* Жұмысқа созды қолын, сонша биік! Тұрғанда местің ауызын тәліп ашып, Дарияның кетті меске суы сыйып (О.Шораяқов, Шайыр).

КИБЕРНЕТИКА [грек. kyberntik] з а т. т е р м. *Басқару, байланыс жасау және ақпарат ісінің жалпы заңдылықтарын өңдеу туралы ғылым.* Бүгінгі физика, генетика, *кибернетика* саласындағы ғылыми тартысты, сан алуан ағымдардың, мектептердің айтысын арнаулы білімі бар адамдардың өзі әрең түсінеді (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Біз *кибернетиканың* жаңа ғана ашылған өте жас ғылым екенін білеміз (Ш.Қожахметов, Ғалам ғажап.). *Кибернетиканың* басқару процестерін ең алдымен ақпараттық жағынан, сонымен қатар басқару жүйесінің құрылымы және ақпаратты қабылдау және өңдеу қасиеттері тұрғысынан қарастырып зерттейді (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Кибернетикадағы* зерттелетін негізгі нысандар – кибернетикалық жүйелер дерексіз (абстракт) түрде, яғни олардың табиғаты физикалық мазмұнына байланыссыз зерттеледі (ҚҰЭ).

КИБЕРНЕТИКАЛЫҚ с ы н. *Кибернетикаға тән, кибернетикаға қатысты.* Автоматтық, *кибернетикалық* машиналардың да өздігінен жұмыс жасауға қабілеті жетеді (Е.Оразақов, Қайта соқ.). Қазіргі кездері біз адамның қатысуынсыз бөлшектер жасайтын *кибернетикалық* машиналардың жұмысына онша таңдана қоймаймыз (М.Бекбауов, Көгілдір.). *Кибернетикалық* жүйелерге әртүрлі автоматты техникалық реттеуіштер, электрондық есептеу мәшинесі (компьютер), тірі организмдердің нерв жүйелері, адамның мия, адамзат қоғамы, т.б. мысал бола алады (ҚҰЭ).

КИБРИТ з а т. ж е р г. ***Сіріңке.*** *Кибрит* әкелді (Ауызекі).

КИВИ з а т. ө с. *Қытайда және Қиыр Шығыстың басқа да елдерінде өсірілетін, сондайақ Францияда, Италияда, Жаңа Зеландияда жерсіндірілген өсімдік және оның ұсақ тұқ басқан, үлкендігі алхорыдай, қабағы күңгірт-қоңыр жемісі.* Бүлінбеген *киви* құрғақ, сырты бұжыр, қысып көргенде серпімді, хош иісті болуы керек (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Хош иісі болмаса – бүлінгені. Ең дұрысы сәл пісіңкіремегенін алып, екі тәуліктей жетілдіріп тұтынған жақсы. *Киви* негізі өнім емес, оны жеміс-кондитерлік дәмқосар ретінде пайдаланған тиімді (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КИВИТӘРІЗДІЛЕР з а т. з о о л. <лат. apterygiformes> *Құстардың қырсызтөстілер немесе жүгіретін құстар тобының бір отряды.* Қазіргі *к и в и т ә р і з д і л е р д і ң* иық белдеуі мен қанаттарының қаңқа сүйектері жойылған, сондықтан кивитәрізділерді кейде қанатсыздар деп те атайды (ҚҰЭ). Төс сүйегінде қыры болмайды. *Кивитәрізділер* – түйеқұстардың ішіндегі ең кішкентайы (ҚҰЭ).

КИГІЗ з а т. с ө й л. ***Киіз***. Ішіне кіріп, *к и г і з д і* бетіне үстап, сығалап отыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). *К и г і з* жамылған су болмас (Мақал). Ағылды ақ шөмшілер астық іздеп, Қой қалды қырмандағы жүздеп-жүздеп. Киім мен *к и г і з д е р д і* үстіне артқан Түйелер күн-түн келді көштей тізбек (О.Шипин, Дастан.). Есіктен төрге шейін *к и г і з*, кілем төсеген алты қанат ақ үйде жағалай отырған қыздар, оның араларында бірен-саран жас келіншектер әм күйеу мен төртбес жігіт (С.Сейфуллин, Шығ.).

Кигіз байпақ. *Кигізден тігілген, етіктің ішінен киетін, жылы аяққиім.* Мықшима аяғымда былғары етік, *К и г і з б а й п а қ* тоңдырмас ызғар өтіп, Үлкен кісе жанымда жез салдырған, Шақпағым, дәндәкуім жарқ-жұрқ етіп (Абай, Тол. жин.).

Кигіз бастырды. с ө й л. *Киіз бастырды.* Малтабар күзеп соятын қойлардың жүнінен *к и г і з б а с т ы р ы п*, ішкі Россияның қалаларына ылаулап жөнелтеді екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Кигіз кітап. с ө й л. ***Киіз кітап.*** Мынауың былтырғы қара блокнот қой. Саған бұдан басқа *к и г і з к і т а п* бітетін күн бола ма? – деп, Емберген Барбосынды қағытып қалды (Қ.Сатыбалдиев, Қараторғай). Ондай *к и г і з к і т а п т ы* біз де құшақтап көргенбіз (Х.Ерғалиев, Шындық.).

Кигіз үй. с ө й л. ***Киіз үй*** *(кигізден жасалған шаңырақты үй, қазақ үйі).* Әкелген адам басы күрек, кетпен, *К и г і з ү й*, мүліктерін тастап кеткен, Келер жыл кетпенменен егін екті Айында апрельдің кезі көктем (О.Шипин, Екі дастан). Күн бұрын күтініп, Танабайдың *к и г і з ү й і н* дайындап, төсеніш кілемдерін, тұсқа ұстаған кілем мен кестелі тұс киіздерін жайнатып, қып-қызыл шұбар қылып қойған еді (С.Сейфуллин, Шығ.). Күзде ел қора жағалап, *к и г і з ү й д е* отырған кешкі мезгілде біреу келіп аттан түсті (Б.Нұрпейісов, Бесқара).

Құрым кигіз. с ө й л. ***Құрым киіз.*** Біреулер осы *қ ұ р ы м к и г і з д і* күйдіріп, менің аяғыма басып жатты («Қаз. әдеб.»).

КИГІЗ= е т. **1.** *Кидіру.* Үстіне киім *к и г і з* (Луузекі). **2.** *Сұғындыру, салу.* Зеңбірек передоктан алынып, атыс басталған кезде Ермек оны апарып Ләйланың басына *к и г і з е* қояды (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). Олар орындарынан тұрып, тұтқынның қолына қайтадан кісен *к и г і з д і*, екі қолтығынан демеп тұрғызып, сыртқа алып кетті (Ә.Кекілбаев, Дала.). Шығырға қосты Жалбағай Қос өгізін күн ұзын, Көзілдірік *к и г і з і п*, Мойнына байлап шұжығын (О.Шипин, Дастан.).

Сәукеле кигізді. с т и л ь. *Үйленді, әйел алды.* Қанша сәулеңе сүйгізіп келдің. Қанша *с ә у к е л е к и г і з і п* келдің. Мына келісің Қызық-ақ келдің. Қанша тырнаны Тізіп ап келдің (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Торқа кигізді. *Малындырды, кенелтті.* Астыма жорға мінгізді. Үстіме *т о р қ а к и г і з д і*, Оқытып білім білгізді, Қызық дәурен сүргізді. Ақ түйғын беріп қолыма, Көлінен аққу ілгізді. Бай мен ханның баласы Бәрімен бірге жүргізді (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

КИГІЗДЕЙ с ы н. *Кигіз сияқты, киіз тәрізді.* Екі жағы бірдей түйелі адам көрінбейтін қалың қамыс. Қамыстан әрі *к и г і з д е й* боп тұтасып кеткен, тапал бойлы қарағаш пен жиде ағашы. Іші толған сан түрлі аң, құс (І.Есенберлин, Алмас.).

КИГІЗДЕН= е т. с ө й л. *Киіздеп* (*тұтасу, ұйысу).* Шашы ұйысып *к и г і з д е н і п* қалыпты (Саржайлау).

КИГІЗЕ-КИГІЗЕ: кигізе-кигізе салды. *Қалай болса солай кигізе қойды.* Ары, түбіне барып қораның ішін бақылап жатырмын. Міне, шешемнің аяғы көрінді. Сырттағы ашаның қадаларына етіктерді қоншынан *к и г і з е-к и г і з е с а л д ы* да, қораға кірді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

КИГІЗІЛ= е т. *Сұғындыру.* Ұста өз көзімен маховик дөңгелегінің валға *к и г і з і л е т і н і н* анықтап көрді (М.Мырзақұлов, Ақық.). Айналма бөренеңің бір басына темір шығыршық *к и г і з і л д і.* Бұл шығыршық бөренені ұстап тұруға қажет (Д.Досжанов, Жібек.). Белдіктің бір басына мынау жатқан дәу дөңгелек *к и г і з і л е д і* (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

КИГІЗУ *Кигіз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үстіне, аяғына киім кидіру.* Аяғына аяққиім табылмады. Етік *к и г і з у г е* әлі күн жылы (Ә.Әлішев, Бәйтерек.). **2.** *Сұғындыру, ілу.* Бұл шығыршықты мүйіздің түбіне дәкенің көмегімен *к и г і з у* керек (Ғ.Әбішев, Мал. жарақат.). **3.** а у ы с. *Жағдайын жасау, ішіндіру, киіндіру.* Оң-түсі қандай екені анық есте қалып жарымаған ата-ана бұған тек киім *к и г і з у* үшін ғана керектей көріп, жақсы киінген құрбы қыздардан көзін алмай қарайтын-ды (Ә.Байтанаев, Қансонар).

КИДІР= е т. *Үстіне киім кигізу.* Қара жабағының күзем құйрығынан сақал-мұрт жасап беріп, Оспанның киімін *к и д і р с е,* дәл Оспан (Ғ. Мүсірепов, Тула толқын.). Шоқпыт жарау жамауды Көктестіріп үйдірген Сөйтіп неше киім қып Сәрсенге бәрін *к и д і р г е н* (С.Сейфуллин, Шығ.). Бала қалды Айманның қастарына, Өлім берме жігіттің жастарына. Бала жалғыз қасында қалып еді. Жарғақ шалбар *к и д і р д і* үстеріне (Ы.Шөреков, Айман).

КИДІРМЕЛЕ= ет. **1.** *Итеру, тіреу.* Жазғанда тік отыр, көкірегіңмен үстелдің шетін *к и д і р м е л е м е* (М.Дулатов, Шығ.). Ьеш уақытта көкірегіңді, ішіңді (құрсағыңды) терезенің алдына не тақтайдың, үстелдің шетіне я болмаса басқа нәрсеге *к и д і р м е л е п* қыспа (М.Дулатов, Шығ.). **2.** *Итермелеу, алға ұмтылу. К и д і р м е л е п* қайда барасың (Ауызекі). **3.** а у ы с. *Сөздің аяғын тоспау, сөзді бөлу, өзінікін бастырмалату.* Алды-артына қарамай *к и д і р м е л е п* сөйлеп әкетіп барады («Қаз. әдеб.»).

КИЕ з а т. м и ф. **1.** *Қандай да бір заттың немесе тіршілік иесінің ерекше тылсым күшке ие қасиеті.* Ислам діні таралмастан бұрынғы дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасып, *к и е* деп саналған кейбір тотемдік наным-сенімдер жүрнағы қазіргі салт-дәстүрде де кездеседі (табалдырық баспау, айға қарап түзге шықпау, түтін түтету, аластау, т.б.). (ҚҰЭ). **2.** *Қазақы наным-сенім бойынша, өзен-көл, орман-тау, мал-құстардың қорғаушысы, пірі болады деген түсінік, қорғаушы, желеп-жебеуші.* Ақ бура таудың тағы түйесі деп, О-дағы қасиеті бар иесі деп, Тұқымы сотқар ханның оңбағаны жүрт айтад: «Сол түйенің *к и е с і»,*– деп (С.Сейфуллин, Өлең.д.). Алаңның алдында «Бурабай» аталатын шалқар көл, жан-жағында асуы қиын таулардың кезеңі. Таулардың бәрін қосқандағы аты – «Бурабай», жергілікті жұрттың ертегі ғып айтуынша, осы таудың *к и е с і* боп жүретін мифологиялық ақ бас қара бура бар деседі (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Мысалы, жылқының *к и е с і* – Қамбар ата, қойдікі – Шопан ата, түйенікі – Ойсыл қара, сиырдікі – Зеңгі баба, ешкінікі – Бәуадин әулие деген діни сенім болған (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **3.** а у ы с. *Қамқоршы, қожайын.* Қамқорым, ием, *к и е м*-ау, неге кешіктің, Сен келер-ау деп салғам жоқ кілтін есіктің. Сен келер-ау деп терезеңді ашып тастадым. Сен келер-ау деп бір жанып, қайта өшіппін (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Дастарқанның киесі. э т н. *Дастарқанның қасиеті бар деген мағынада.* Тегін емес, шырағым, *Д а с т а р қ а н н ы ң к и е с і.* Дәм ұрмаса, Ұрады Махаббаттың киесі (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Киесі атты. *Қарғысқа ұшырады.* Көш тоқтамай өтсе, *к и е с і а т ы п* кетеді, ат суытып алайық (Б.Нұржекеев, Бір ғана.).

Киесі кетті. *Дегбірі қашты, мазасы кетті, ыңғайсыздануды.* Мен сіздің маған бұлайша қарағаныңызға *к и е м к е т е д і,* сіз мені әйелге ыңғайы жоқ бір суық жан деп ойлайтын шығарсыз; бірден олай ойлауға жарамайды, адамшылықтың бір негізі – әдеп (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Киесі ұрды. *Қарғысқа ұшырады, кәріне тап болды.* Кәрі Сасықбайға бермек болмағаны үшін оны қасиетті Ақбозаттың *к и е с і ұ р д ы* ғой. Махаббат оның көзіне шел қаптатты ғой... (М.Жұмабаев, Шығ.). *К и е с і ұ р а р* Кемел ойға тостырман. Өнер үшін кейде тіпті дос құрбан. Оңашада жәудіреп бір жыр күтсе, Орындарға жүгірмедім бос тұрған (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Бұл қылығымды естіген аузы дуалы ақсақалдар: «Шырағым, ақ бура Көкшетаудың иесі еді, *к и е с і ұ р ы п* жүрмесе нетсін!» деп еді. Көкшетауымнан айырылғанымды сол қылығымнан көруші едім (І.Есенберлин, Қаһар).

Киесі түсті. *Құсы түсті.* Кебекбай, Қарабайлар әділ айт! – деп, *Т ү с і п* тұр екеумізге бар *к и е с і.* Халықтың қаны таза, жазығы жоқ. Жастарға «қаш» деп айтқан жазымы жоқ (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Киесін тартты. *Азабын көрді.* Қасқырлар жеп биесін Келтіріпті жүйесін. Талайларды сорлатқан *Т а р т т ы* кемпір *к и е с і н* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

КИЕДЕЙ с ы н. *Кие сияқты, кие тәрізді.* Қызыл ерні жаңа піскен шиедей, Қыз емес, бір қыз боп туған *к и е д е й,* Кеудесіне ағылады бүкіл үн, Бүкіл үнге жалғыз өзі иедей (Е.Ибраһим, Гәкку.). Ұлыма жалғыз айтар өсиетім: Ер болсын ақ жүректі ел сүйетін. Достықтың туын қолдан түсірмесін, *К и е д е й* қастер тұтып қасиетін (Т.Қажыбаев, Жол басы).

КИЕ-ЖАРА ү с т. **1.** *Кимелеп, иықтап, омыраулап, жарып өтіп. К и е-ж а р а,* омыраулап біз отырған төрге келді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Марқаба екеуміз топты *к и е-ж а р а* келіп тоқтадық (С.Сыматаев, Армысың.). Қара бәйбіше көштің қыр соңынан жөнелсе де, божы ұстаған жалақ Нөкені «Айда, айданың!» астына алып, жолдағы сиыршыларды *к и е-ж а р а,* арбаларды соқпырта, бұзауларды бүйірден түртіп домалата, қос құласын шаптыра желдіре, көштің алдына түспей көңілі көншімейтін (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Бастырмалата, үсті-үстіне.* Қалың күлкің *к и е-ж а р а* тіл қатты: – Тәйт, тұздай болса, сырқатыңа шипа. Шыжынаған шілдеде «белім

ауырады» деп жұмысқа шықпай жатып аласың (Т.Әлімқұлов, Сырлы наз).

КИЕЛЕУ з а т. к ө н е. *Дұғалау.* Қазақтар *к и е л е у*, арбау, дуалау дегендердің қандайын болса да жады деп атайды (Ш.Уәлиханов, Мақала. хат.).

КИЕЛІ с ы н. **1.** *Киесі бар.* Табиғатта ненің күші өзінен басым болса, қатерлі болса, соның бәрі иелі, *к и е л і* деп санап имандай ұйыған (Ж.Аймауытов, Таңд. шығ.). Заманында Ескендір Жеті ықылымды билеген. Асқан алып, *к и е л і*, Түссе де отқа күймеген (М.Жұмабаев, Шығ.). Дала деген *к и е л і* ер ананың Омырауын аймалап нәр аламын. Өкпе-наздан босаған көңілімді Күн нұрына толтырып ораламын (Қ.Мырзалиев, Домбыра). *К и е л і* деп санау, оларға сиыну, табыну дәстүрі ежелден қалыптасқан (ҚҰЭ). // *Киесі бар жан. К и е л і г е* қол көтерген жолығады бөгетке, Сауап бопты ойсыз, арсыз төбетке, – депті ұлы адам бойын дүлей ыза буып, қасарып, Досын аңсап, жанарына жас алып... Тіршіліктің иірімі неге мұнша көп еді, Арың өлсе, тәнің қатар өледі?! (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ауыртпас алғырлықтан хатқа басын, Айтар сөз ақыны да таппағасын. Аққудың көгілдірі депті ақыры Көлдегі *к и е л і н і ң* ақ баласын (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Көрсетем деп өзімше *к и е л і м е* көп қызық, Қарау үшін жиі өңіне тек қызып. Көктайғақта көп жүрдім, көгалалы суығын Сіңірімнен өткізіп, сүйегіме жеткізіп (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). // *Қасиет, құдірет.* Бізде ықылас болғанмен Ықыласы жоқ, – иесі. Ол қоштасып жалғанмен, Қобызда қалған *к и е с і* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** *Құдіретті. К и е л і* тау ел қиялын телітті, Сол құдірет жаудың күшін кемітті. Бабаларым басын қосып үш жүздің, Қиналғанда Ұлытауға келіпті (К.Салықов, Жезкиік). Жас Астана есімі елеңдетіп, Еңсем биік, Ұмтылдым өрем бекіп. Ол – кең дала, *к и е л і* ақ күмбезі, Көп үңілсем, тарихқа терең кетіп (К.Салықов, Жезкиік). Көзәйнекпен көркемделген жиегі Бір кітаптан – «Мұқтасардан» *к и е л і* Осындай бір сөз оқыды Нәнкеще – Күйші сұлтан, тарихшы бек жиені (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). **3.** а у ы с. *Ардақты, құрметті, қымбат, бағалы.* Тек шарапат күтсін сенен ізгі елің, Ең *к и е л і* борышыңды орында! Қалдырмайтын саусағының іздерін, Табиғаттың қолы болсын қолың да (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).Білмедім мен, сен әйтеуір ораласың көп тілге, *Киелі* сүт құдіретімен әлде есейіп кеттім бе! Ана десе, әйтеуір, мен өзге сөзді есітпен, Құлағыма үн келеді қоңыраулы бесіктен (Т.Айбергенов, Мен саған.). // *Ардақты, ардақ тұтқан нәрсе. Киелінің* табанына тастаған, ізеттісін тасқа ұрған, Онда нағыз безбүйрек, Онда нағыз хас надан. Сіз болдыңыз, тақсыр хан! (М.Шаханов, Ғасырлар.). **4.** а у ы с. *Ыстық, қадірлі,ерекше.* – Балаң болсын өлеңіңнің жолдары, Сол бейнеден көз жазба, – деп, – *к и е л і*. Мені Данте Алигьери қолдады, Франческа Петрарка сүйеді (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Ауызыма тосқан Сыр суын, Кәусардай мөлдір сусыным. Күлше нандай *к и е л і*, Жаныма ыстық Шиелі (С.Мәуленов, Алыс кет.). Нақ сол жылы көктемде Матай тауы маңындағы көк белге Қонып ұшқан сыңар аққу Петербордың төбесінен өткенде, Әлгі аққудың мұңлы әніндей Мұңлы хабар Федордың Құлағына жеткенде: – Шапағатқа суарылған сүйегі, Дос сезімде қасиет бар *к и е л і* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жолы киелі. *Қасиетті, киесі бар.* Құт қонар жылы қасыңа, Махаббат *ж о л ы к и е л і*. «Кет әрі!» деме досыңа, Ол сені көптен сүйеді (К.Салықов, Жезкиік).

Киелі алтын бесік. п о э т. *Туған жер.* Әлемге әйгі есімің, *К и е л і а л т ы н б е с і г і м*. Құт байланысын сенің асыл даңқыңа. Ер түрік белін буғанда, Ер қазақ қайта туғанда Рухани астанам боп жарқыра (К.Салықов, Жезкиік).

Киелі жануарлар. м и ф. *Шығу тегін белгілі бір жануарлармен байланыстыратын халықтар наным-сеніміндегі түсінік, айрықша қадірлейтін, пір тұтатын хайуандар.* Қазақ халқының дәстүрлі наным-сенімінде, әдет-ғұрпында *к и е л і ж а н у а р л а р* – жақсылықтың жыршысы, берекенің бастауы, бақыт әкелуші, ырыс-құттың нышаны (ҚҰЭ). *К и е л і ж а н у а р л а р д ы ң* кейбірін адам баласы өзінің шыққан тегі деп есептейді. Мысалы: Солтүстік Американың үндіс тайпалары өздерін құндыздан, қырғыздар бұғыдан, ал көне түркі халқы қасқырдан (көк бөрі) шыққанбыз деп, сол жануарларға табынады, құрмет тұтады (ҚҰЭ).

Киелі жер. *Түп тарихы бар, ежелден келе жатқан атамекен.* Осы болар рухани төр деген, *К и е л і ж е р* тарих ізін мөрлеген. Бұл құлыптас – Елбасының тартуы Ұста қолмен бүкіл халық зерлеген (К.Салықов, Жезкиік).

Киелі кен. п о э т. *Атамекен.* Ықыласы табиғаттың жауған саған, Ынтасы жамиғаттың ауған саған. Анамның ақ сүтіндей *к и е л і к е н*, Ақ кенім айналасын тау қоршаған (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Киелі күндер. *Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы аптаның қасиетті саналатын күндері (сенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма; айт күндері).* Күнделікті өмірлік тәжірибесінде әрбір күннің қыр-сырына қанық болған қазақ халқының *к и е л і* санайтын *к ү н д е р і* наным-сенім, ырым, жоралғыларға толы, әрі күнделікті тіршілігімен тығыз байланысты. Қазақтар үшін аптаның *к и е л і*

к ү н д е р і – сенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері (ҚҰЭ). Мұсылман қауымының діни ғұрыптарында айт күндері *к и е л і к ү н д е р* саналып, бұл күндер діни салт-дәстүрге сәйкес құрметтелген (ҚҰЭ).

КИЕЛІЛІК з а т. *Қасиеттілік, қадірлілік.* Жастарымыздың қанына туған жер топырағының *к и е л і л і г і н* сіңіруге тиіспіз (Ә.Мекебаев, Жезтырнақ).

КИЕЛІРЕК сын. *Қасиеттірек, құдіреттірек.* Ананың батасы алты молланың бәддұғасынан *к и е л і р е к* (Мақал-нама). Қайтеді, амал жоқ. Балтуғанды сылтау етіп сөйлесуге одан гөрі *к и е л і р е к* бір сезім бөгет жасап келе жатқан сияқты (Р.Тоқтаров, Жер. үлгісі).

КИЕҢКІ з а т. **1.** в е т. *Биеде болатын құрт ауруы, қарақаптал. К и е ң к і,* яғни қарақаптал, жылқының жыныс органы арқылы жұғатын құрт ауру (Ә.Әбішев, Мал санитары). *К и е ң к і н і ң* қоздырғышы деген қарапайым жәндік. Бұл аурумен бие ауырса *к и е ң к і,* ал айғыр ауырса қарақаптал деп атайды (ҚҰЭ). Жылқының кейде үстіңгі ернін бір жағынан қисайта тартып кетеді. Мұны қазақ *к и е ң к і* деп атайды (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). *К и е ң к і м е н* ауырған қасасы ісінген айғырды құшала беріп емдейді. *К и е ң к і м е н* ауырған биені 2-3 жыл өткен соң ғана айғырға қосады (ҚҰЭ). **2.** а у ы с. *Қырсық.* – Иә, оған қағаз апармаса, жай шақырғанға келмейді. Барып тұрған *к и е ң к і.* Қағазыңды бергіз, мен оның екі аяғын бір етікке кигізейін, – деп бір түйғын жігіт бола қалды (С.Бегалин, Замана.).

КИЕСІЗ с ы н. *Киесі жоқ, қасиетсіз, кепиетсіз.* Ерімді *к и е с і з* деймісің, Алты арысқа білдірмей, Басып жеймін деймісің?! (Алдаспан). Ел иесіз, жер *к и е с і з* емес, ата қонысқа қайта оралар шақ та туар (К.Ахметбеков, Сый орамал). Сол әулие кеткесін, ырыс қашпақ, Көрінген жын иектер жұртты ластап, Иесіз де *к и е с і з* ел болмайды, Жұру керек тек соны дұрыс бастап (Ғ.Қайырбеков, Алтын.).

КИЙ з а т. *Бильярд ойнау үшін жасалған, ұзын таяқ.* Ки дегенге Бильярдтың *к и й і* екен,– деп, жұрмеңдер; Ки дегенге Киетұғын киім деп те білмеңдер (А.Тоқмағамбетов, Шағала). Халел *к и й* таңдап алып жатыр, жүзінен ұтам ба, ұтылам ба?– деп, толқығандық байқалмайды («Қаз. әдеб.»).

КИКБОКСИНГ [ағыл. kickboxing] з а т. с п о р т. *Шығыс жекпе-жек түрлеріне (каратэ, таэквандо, тай боксы, у-шу) және ағылшын боксына негізделген спорт түрі.* Классик *к и к б о к с и н г* ережелері бойынша, жекпе-жек спортшылардың толық түйісу бойынша өтеді, яғни бас пен денеге берілетін соққы аяқпен де, қолмен де орындалады (ҚҰЭ). «*К и к б о к с и н г*» терминін айналымға осы спорт түрінен дүниежүзінің көп дүркін чемпионы, американдық киноактер Чак Норрис енгізген (ҚҰЭ).

КИКЕЛЕҢДЕ= е т. *Изеңдеу, изең-изең ету.* Есекке мінген біреу *к и к е л е ң д е п* келеді (Ауызекі).

КИКЕЛЕҢДЕТ= е т. *Изеңдету, изең-изең еткізу.* Сәтбай өзінің қызыл бояумен боялған домбырасын бос уақытта қолынан тастамайды. Бүйіріне айна салған, тақтайларын темір шегемен шегелеген, қаңсыған жаман домбырасын жаман қодастың жүрісіндей *к и к е л е ң д е т і п* қоймайды (С.Сейфуллин, Шығ.).

КИКЕҢ-КИКЕҢ е л і к. *Изең-изең еткен ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Кикең-кикең етті. *Изең-изең етті, изеңдеді.* Өк, көк өгіз, ошақ болғыр! Сүйкенбе, өк! Мүйізіңді нық қадап тұр икемдеп, Құлатасың *к и к е ң-к и к е ң е т е м* деп (І.Жансүгіров, Шығ.).

КИКІЛЖІҢ з а т. *Реніш, кейіс, өкпе.* Арамызда бір *к и к і л ж і ң,* ырың-жырың болды деп, жүз шайысып, бет жыртысып қайтеміз (Б.Тілегенов, Көктем.). Арамыздағы *к и к і л ж і ң* осы бір сәбиден басталған («Қаз. әдеб.»). Толып жатқан әңгімелердің ішінде Ғабит айтқан күрделі кеңестің біреуі, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы – Ғаббас Тоғжанов пен Сәкен Сейфуллин арасында біраз жылдан бері келе жатқан *к и к і л ж і ң н і ң* соңғы кезде тағы да өрши түсуі (С.Мұқанов, Есею жыл.). Бірталайдан бері ел ішінен айықпай жүрген *к и к і л ж і ң н і ң* аяғы осымен биыл жаңада ғана тоқтап еді (М.Әуезов, Шығ.).

Кикілжің сөз. *Ұсақ-түйек, реніш тудыратын, іліністіретін әңгіме.* Директормен екеуінің әңгімесі кенет *к и к і л ж і ң с ө з б е н* басталса да, парторг оған өкіне қоймаған. Әңгіменің осылай қозғалғанын да ол жөн көрген (І.Есенберлин, Көлеңке.).

Кикілжің туды [болды, кірді]. а) *Реніш пайда болды.* Екеуінің арасында жиі-жиі *к и к і л ж і ң т у ы п* қалатыны экрандағы кадрге ұқсап, көз алдынан өте берді (О.Дастанов, Мұрагер.). Егер үй іші қайғы құшса, бақытсыздыққа ұшыраса, *к и к і л ж і ң т у с а,* семья берекесіне деген сенің жауапкершілігің арта түсуі тиіс (М.Әлімбаев, Тәрбие). ә) *Ұрыс-керіс шықты.* Таң атқанша тағы бір *к и к і л ж і ң б о л а р ы н* сезіне қалған Көпей Талтаяққа қатал дауыспен зекіп қойды (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Шыңғыс пен Зейнептің арасында қатты *к и к і л ж і ң б о л ы п* қалды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). б) *Араздасты, бұрынғыдай болмады, араласпады, сөйлеспеді.* Алдында да әлденеше рет араларына *к и к і л-*

жің кіріп, араздасып қап, қайта табысып жүреді екен (Б.Аманшин, Жар мұңы). *Кикілжіңнің кіргеніне* бір жеті болып қалған (Б.Майлин, Шығ.). Отбасы, ошақ қасының жаяу ұрысы басталып, келін мен ене арасына *кикілжің кіріп,* қара мысық жүгіріп өтті (С.Сматаев, Алау).

КИКІЛЖІҢДЕС= е т. *Сөзге келісу, түсініспеу, ренжісу.* Бұл кезде ағалы-інілі Сапақовтар Шыңғыстан оңашаланыңқырап, ақырын, бірақ зілді үнмен *кикілжіңдесіп* тұр еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). – Жүрегі қазақпын деп соққан жан бүгінде Кафаркаға жол табады. – Ну и Леонид Алексеевич! Екеуміз көп *кикілжіңдескен* адам едік (Қ.Исабаев, Өткелде).

КИКІҢДЕ= е т. *Китің-китің ету, аздап изеңдеу.* Ырғай сапты қамшымен шабан торыны сол арада бір көсіп өтті. Ашумен атын қатты-қатты тебініп те жіберді. Торы *кикіңдеп* кішкене желіді де, қайта аяңдады (Т.Сағымбаев, Кездесу).

КИЛӘ з а т. а й м а қ. ***Банан*** (Б.Өтебеков, Ауғ. қаз. тілі. ерекшелік.).

КИЛО [франц. kilo] з а т. ***Келі.*** Колхозшылар еңбеккүніне 21 *килодан* бидай алды (С.Мұқанов, Шығ.). Биылғы нысанасы – әр жүз саулықтан жүз жиырма қозы алып, әр қойдан төрт *килодан* жүн алу (Ә.Әбішев, Замана.). *Кило* негізгі бірлікті мың есе арттыруды көрсететін өлшеу бірліктері атауының бастапқы бөлігі (ҚҰЭ). Бес *кило,* бес жарым *кило* жүн беретін қойдың санын да биыл молырақ айтуға болады (С.Бегалин, Ана.).

КИЛОВАТТ з а т. ф и з. *1000 ватқа немесе 1,36 ат күшіне тең қуаттың бірлігі.* Қазір қуаты 50 және 100 мың *киловатт* атом электр станцияларын салу жұмыстары қолға алынуда (С.Сейітов, Жылдар.). Машинаға жұмыс істеу үшін 4-5 к *киловатт* қуат, екі адам керек (Ж.Шәріпбаев, Тұқым себу.). Электр станциясының қуаты кемінде 3-3,5 *киловатт* болуға тиіс (Қ.Күленов, Қазақст. балық.).

КИЛОВАТТ-САҒАТ з а т. ф и з. *Бір киловатт қуаты бар мәшинені бір сағат бойы істейтін жұмысына тең келетін күш бірлігі.* Жылына 1,5-2 миллиард *киловатт-сағат* электр энергиясын үнемдеуге болатындығы анықталды (Е. Байзақов, Еңбек.). Ұлы Отан соғысынан кейін гидро-электр станцияларының жалпы қуаты 133 миллиард *киловатт-сағатқа* жетті (Ж. Жатқанбаев, Су.).

КИЛОВАТТЫҚ с ы н. *Киловатт болатын, киловатқа тең.* Декабрьде Шевченкодан Өзенге 110 *киловаттық* электр желісі тартылды (Ш.Есмұрзаев, Ильич хаты). Миллион *киловаттық* ГЭС-тердің зор, Қуатын осы сәтте сезінді қол. Тартылған Волга–Донның каналы боп, Көрінді бюллетеньде сызықша жол (М.Әлімбаев, Құрбыма).

КИЛОВОЛЬТ з а т. ф и з. *1000 вольтке тең болатын электр қуатының бірлігі.* Электр станциясының *киловольті* қанша екен? (Ауызекі).

КИЛОГРАММ з а т. ф и з. *Масса бірліктерінің халықаралық жүйесіндегі негізгі бірлігі. Килограмм* өлшемдер мен салмақтар жөніндегі халықаралық бюрода (Париж маңындағы Севрде) сақтаулы халықаралық прототиптің массасына тең (ҚҰЭ). *Килограмның* прототипі диаметрі мен биіктігі 39 мм цилиндр гирь түрінде платина-иридий қорытпасынан (платина 90%, иридий 10 %) жасалған (ҚҰЭ).

КИЛОГРАМДАЙ с ы н. ***Келідей*** (*килограмм шамасы, килограмға жуық).* Батырханның әйелі – дүниеқоңыздау адам еді, айнаны алды. Шамасы бір *килограмдай* ұн, бір табақ арпа салып берді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Құм қояны... Бұл қояндардың ішіндегі ең бір ұсағы, тірідей салмағы 2,5-3 *килограмдай* ғана болады (Х.Қыдырбаев, Дала көркі).

КИЛОЛА= е т. ***Келіле*** (*килограмдап өлшеу, таразылау). Килолап* емес, керегіңді шетпертілетіп жеткіздім (М.Сүндетов, Ескексіз.). Көңі түспегірді *килолап* өлшеп жүр деймісің, шырағым! Үлгергенше тасып жатырмыз (С.Алдабергенов, Алға).

КИЛОМЕТР з а т. *Метр жүйесіндегі бір мың метрге тең ұзындық.* Майдың аяқ кезінде өзеннің ені кейбір жерінде 20–30 *километрге* жетті (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). Көкшетау мен Қызылжар арасы – 180 *километр* (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КИЛОМЕТРАЖ з а т. *Километрді өлшейтін аспап.* Екі-үш рет көңілдес шоферына артық *километраж* жазғанын көріп, диспетчерді шырылдатып отырып, Күйгенбай директорға алып келді (Е.Домбаев, Ғашықтық.). Алғашында отыз цифрды көрсеткен *километраж,* міне, қырықтан асып, елуге де жақындай түсуде (Дала қырандары).

КИЛОМЕТРДЕЙ с ы н. *Километр шамасы, мөлшері.* Қызыл тулы Чапаев атындағы 25-інші дивизияға өздерінің орнын берді, барлығы күш қосып, 50 *километрдей* ішке кірді (Е.Естаев, Өмір.). Мақаш ауылы – бір *километрдей* жер. Жаяу аяңдады үшеуі (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

КИЛОМЕТРЛІК с ы н. *Километрге тең, километрге шендес.* Ставрополь газы 1300 *километрлік* жолды ұтып, асыға ұмтылып, Москваға жетті (С.Сейітов, Жылдар.). Өлшемдері үлкен аудандарды өлшегенде, өлшеуіш ретінде қабырғасы *километрлік* квадрат алынады (Геометрия).

КИЛОТОННА з а т. ә с к. *1000 тонна тротилге (сарғылт түсті қатты қопарылғыш затқа) тең ядролық қару қуатының шамасы* (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КИЛІГУ *Килік етістігінің қимыл атауы.* Кіжінуің көп, *килігуің* жоқ, мені қартайтқан өкініш осы еді (М.Әуезов, Абай жолы). Сәкеннің бірінші жолдасы әңгімеге көбірек *килігуді* шығарды (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

КИЛІГУШІ с ы н. *Киліғетін, тиісуші, соқтығушы.* Тек түйілсін де, *килігуші* де табылар (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

КИЛІК= е т. **1.** *Тиісу, соқтығу.* Әнеугүні егіс бригадиріне орынсыз *килікке* еді (Ж.Тілеков, Хинган асуы.). Мана бір әзірде олардың бір полкі келіп *килігіп* еді, біз оны да түгелімен дерлік түрткілеп тастадық (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). **2.** *Кезігу.* Орман ішіне тағы да қайта сүңгимін, сонсоң тағы да шетіне шыға келемін, бір жан *килікпейді.* Мен ұзақ сенделдім, әбден қалжырадым. Емен түбіне қисайып қалғып кетіппін. Денемді мұздатқан ызғарлы суық мені оятып жіберді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Сонау *килікке н* батпақтың ортасында жау оғының астында жалғыз қалып бара жатқандағы: «Маңғас! Маңғас!» – деп, шақырған жан даусы құлағыма келгендей болады (Т.Ахтанов, Боран). **3.** *Сөзге араласу, араға түсу.* Енді Бектемір өзінің денсаулығына шағым жасай бастады. Дәрігерлердің оған екі жылға шейін ешқандай ішкілік пайдаланба дегенін, сондықтан арақ түгілі сыраны да ауызға алмайтындығын айтты... Сонан соң, шай құйып отырған Кәмшат араға *киліктi* (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). «Мені қорлаған кім бар, Ыбеке? Қайдар ренжітті ме мені?» – деп, көлденең *килігіп* отырды Әлжан Ыбекең сөзіне (Е.Қалиев, Рудный.).

Киліге берді. *Қайта-қайта соқтықты, тиісе берді.* Осы бала *килігe бердi*-ау (Қ.Мұқаметжанов, Өзіме де.).

Килігіп [киліге] кетті. а) *Кірісіп кетті.* Егіншілер де қарбалас жұмысқа *килігіп кетті* («Соц. Қаз.»). ә) *Буйірден қосылды, тиісті.* Бір жағынан сержант Ғайнуллин де *киліге кетті* (Т.Бердияров, Солдат.).

Киліге кету. *Кимелеу, кіріске кету.* Әлі өзін адам екен деп елемегеніне іштей назаланғаны-мен, ойын бөліп, *килігe кетугe* батылы жетпей жасып, төменшіктей береді (З.Жәкенов, Таң самалы).

КИЛІККЕНДЕЙ ү с т. *Кездескендей, тап болғандай.* Шебердің қарапайым да әсерлі сөзін залдағылар ұйып тыңдап, бір бейтаныс дүниеге *килікkендей* сезінді (М.Хайрутдинов, Алғашқы.). Коридордан өтіп, ішкі бөлменің табалдырығынан аттай бере, терең орға кеп *киліккендей* тұрып қалыппын (Ш.Әбдіраманов, Көрінбес.).

КИЛІККІШ с ы н. *Тап болғыш, кездескіш.* Байқаусызда басын темірге соғып алып, біразға дейін шекесі сырқырап жүрді. Қырсыққанда, кісіге әр нәрсе *киліккіш* қой (С.Алдабергенов, Қанат.).

КИЛІКПЕ с ы н. *Соқтыққыш, киліккіш.* Өмірде бар осындай *килікпелер,* Арыңа арсыздықпен шүйліккендер. Секіріп көк төсінен түссе-дағы, Достарым, әсте оларға илікпеңдер! (Қ.Көпішев, Кезеңдер).

КИЛІКТІР= е т. **1.** *Араластыру.* Орып алса... Иә, орып алса... Сөйтем. Өзімдікіне өзгені *киліктірмеймін.* Бас қатыратын түгі жоқ (С.Сматаев, Ақжелең). **2.** *Ұрындыру душар ету.* Қандай күйкі тартысқа *киліктірерін* білмей, қиналған бала жігіт кеудесіндегі үрейлі күдік тұманын бүйірден шыға келген Үмбетбай сейілте бастады (А.Мекебаев, Жезтырнақ). Совет өкіметін қарулы қақтығысқа, Азамат соғысына *киліктірген* – оның жаулары болатын (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Ол өзін қалың сорға, қу бейнетке *киліктіргелі* отыр (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

КИЛІКТІРУ *Киліктір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Оқыстан *киліктіру.*

КИЛЬКА з а т. **1.** з о о л. *Кәсіптік маңызы бар майшабақтар (шпрот, тюлька) туысының жалпы атауы.* Түпкі бағытым – «Ералы» емес, «Нептун» кемесі. Бұл кеме жүз метрлік тереңдіктен электр жарығымен *кильканы* аулайды. Онда балық жүрісін байқайтын эхолот аппараты орнатылған (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Кәсіптік балықтарға қаракөз, көксерке, табан балық, *кильканы* және басқа көптеген балықтар жатады (Зоология). **2.** т а м а қ. *Осы майшабақтардан консервілеп әзірленген тағам.* Тоңазытылған және тұздалған *кильканы* әртүрлі басытқылар (жұмыртқа мен майонез, көк пияз салған килька, килька бутерборды), сұйық және қою тағамдар әзірлеуге болды (Шаңырақ энцикл.). Асханада макарон, тоңмай, *кильканы* басқа еш нәрсе жоқ екен, тұз да таусылыпты (Т.Бердияров, Солдат.).

КИМЕ с ы н. *Көлденең, жанама, қағытпа.*

Киме сөз. *Көлденең, қағытпа сөз.* Өзі қызу Баймақанды *к и м е с ө з д е р* жел көріктей қыздырды (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Байболдың *киме сөзіне* Танақыз өзі қайырды жауапты (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Жамыранды, *киме сөздер* өзінен-өзі барып, оған тікенше қадалып жатты (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

КИМЕЛЕ= е т. **1.** *Итермелеп алға ұмтылу, киіп-жару.* Көп қайыршы бір-бірін *к и м е л е й д і,* Бір тиынға таласып үймелейді. Қозғалмай тұрған жастан сүйтсе-дағы Бәрі қорқып азғана именеді (Абай, Тол. жин.). Автобусқа лап беріп *К и м е л е й м і з.* Кимелейміз, Басқаға тиме дейміз. Туфлиді сұға сап, Пальтомызды Үйге жете бергенде түймелейміз (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Жұмыстан қайтқан жұртқа толы трамвайға әрең іліндім де, ілгері *к и м е л е й* бердім (Ғ.Сланов, Замана.). Бірін-бірі *к и м е л е п,* Бірін-бірі сүйрелеп. Ақ қанаттың астына Жатты бәрі үймелеп (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **2.** *Сөзді бөлу, өзгені тыңдамай, өзінікін бастырмалату.* Делегаттар бірін-бірі *к и м е л е п,* айтып тауысар емес (М.Жұмағұлов, Қыран.). Жасы үлкен сөйлеп отырғанда, *к и м е л е й* берудің де орны жоқ (Ғ.Сланов, Домбыра.). Сен *к и м е л е й* бермей, мені тыңда! (Е.Қонарбаев, Түнгі от.). **3.** *Не болса, соған беталды араласа кету.* Ол *к и м е л е п* барады (З.Шүкіров, Менің дос.). Сен де бір жағынан *к и м е л е м е ш і!* (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Кимелей жөнелді. *Тиісе кетті, соқтыға жөнелді.* Осы сізді мен бұрын көрген сияқтымын. Сіз 1958 жылы Ташкент конференциясына қатысқан жоқсыз ба? — деп, *к и м е л е й ж ө н е л д і* (Т.Ахтанов, Үндістан.). Жақындап барған шақта, кесе-көлденеңдей тұра ғап, мылтығын безеп, жібергісі келмеген қарауылдарды әжем *к и м е л е й ж ө н е л д і* (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Өзімен-өзі болып отырған Нұрабек *к и м е л е й ж ө н е л д і* төтеден (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Сары келіншек Ақанға қарай мойнын созып, *к и м е л е й ж ө н е л д і* (С.Жүнісов, Ақан сері).

Кимелеп кетті. *Күшке басты, бастырмалатты.* Жоғал, көзіме көрінбе! – деп, Ысқақ *к и м е л е п к е т т і* (С.Ерубаев, Шығ.). Көңілде көп ойлар бірінен соң бірі жылт-жылт етіп көрініп, бірін-бірі *к и м е л е п к е т е д і* (С.Байжанов, Сыр.). Сайыстың жаңа басталғанын алыстан-ақ таныған Сарбалаң бірден *к и м е л е п к е т к е н* жоқ (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

КИМЕЛЕС= е т. *Итермелеп алға ұмтылысу, киіп-жару.* Кеудеден итеріп *к и м е л е с т і,* Аяқтан шалысты, шүйделесті, Жантақ оның бетін тырнады. Ол аздап етін тырнады, Тікенімен түйреді (Ө.Тұрманжанов, Бозша.). Жұмысшылар елеңдеп жүгіріседі. Келген ыңғайларында не екенін біле алмай *к и м е л е с е д і* (Б.Майлин, Шығ.). Жауынға сырттарын беріп тұрған аттар да *к и м е л е с і п* ілгері ұмтылды (Қ.Оразалин, Ақ жазық).

КИМЕЛЕТ= е т. **1.** *Үстемелету, бастырмалату.* Біріне-бірі тозаң толқынын *к и м е л е т п е й,* араларын аша, шұбалып келе жатқанда, арттарынан қуып жеткен Рыжов та арттағы Айдаркин машинасына жете, жолдың бір мүйісінде ақ ауыз шабдар реңін ыржита сәлемдесті (С.Бегалин, Уақыт.). **2.** *Не болса, соған беталды араласып, кірісе кету.* Есіктеріңді ашар емессіңдер ғой. Бір-бірлеріңді әбден сағынып қалған екенсіңдер, – деп, Ілияс амандық-саулық сұрау орнына *к и м е л е т і п* барады (Т.Тобағабылов, Тағдыр.).

КИМЕЛЕТУ *Кимеле етістігінің қимыл атауы, итермелеп алға ұмтылдыру.* Вокзалға сыймаған жұртты *к и м е л е т п е у* үшін есік-есіктерге милициялар қойылған (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

КИМЕЛЕУ *Кимеле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Итермелеп алға ұмтылу, киіп-жару.* Бұларда бірін-бірі *к и м е л е у* деген жоқ. Іркес-тіркес толқын қимылындай немесе бөгетсіз бұлдыраған сағымдай-ақ еркін сырғиды (Ә.Көшімов, Жас аңшы). **2.** *Топтану, топырлау, жиналу.* Жаймаға *к и м е л е у г е* ел жалыққан ба! Топтанып қалды лезде халық маңға. Қараймын мен де алтынға, Көз салғандай Аквариум ішіндегі балықтарға (Ж. Жақыпбаев, Ләйлә). **3.** *Қабаттасу, жағалау.* Шүпірлесіп тамақ алып жатқан солдаттардың үстінен *к и м е л е у г е* бата алмай, бір азырақ шетте күтіп отырды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). **4.** *Не болса, соған беталды араласып, кірісе кету.* Сұғыну, жұмыс кезінде рұқсатсыз *к и м е л е у д і ң* ыңғайсыз екенін түсінеді (С.Мұқанов, Сырдария).

КИМЕШЕК зат. э т н. *Омырауы мен арқасын жауып тұратын, беті ойылып жасалған, ақ матадан тігілетін әйелдердің ұлттық баскиімі.* Дәмеш жеңгемнің *к и м е ш е г і н* киіп алып, соның алыстағы төркінінен келген мылқау сіңлісі болып, сіздермен бірге жүргенмін (Ә.Әбішев, Найзағай). Ақ жақты *к и м е ш е к т і* қарт әжелер, қызыл жақты кимешекті келіншектер, сары жақты кимешекті орта жастағылар киеді (ҚҰЭ). Жаңа түскен жас келінге алғаш

кимешек кигізу әйелдің қонақасын беруімен бірге өтеді (ҚҰЭ).

КИМЕШЕК-ЖАУЛЫҚ зат.этн. *Әйелдердің кимешек, жаулық сияқты баскиімдері.* Басында өкшесіне түскен аппақ таза *кимешек-жаулық*, үстінде қима қара барқыт қамзол, төгілте киген көк шұбар көйлек («Қаз. әдеб.»). Қаю кілемдердің етек-жеңін, жағасын, тақияны, *кимешек-жаулықтарды*, аяққиімдердің күлшіндерін, кебістің шажамайын тігуге қолданылады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КИМЕШЕКТІ с ы н. *Кимешек киген, кимешегі бар.* – Екеуі баяғының құрдастарындай ойнайды, – деді. – Олар ақсақалдың бәйбішесі, ақ *кимешектің* арық қара кемпір Нұрия. Әңгімені басқа жаққа аударғысы келді (М.Мағауин, Ақша қар). Ана кіші келінім, – дейді төрде отырған *кимешекті* кемпір дауысын кілт төмендетіп (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Міне, мынау бурыл шашты, ақ *кимешекті*, қара ши барқыт пешпеті бар қария менің қарт әжем. Ол менің әкемнің шешесі (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз.). Көп ұзамай егіндікте кетпен шауып жүрген әйелдерді көрді. Дені – *кимешекті* келіншектер (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

КИМЕШЕКТІК с ы н. *Кимешек тігуге арналған.* Михаил Күлжекейге арнап әкелген *кимешектік* ақ матаны қанжығасындағы кенеп қаптан алып, жазып жіберді де, Жәукенің бетіне айқара жапты (С.Омаров, Дала қызы). Мақсат енесінің алдына екі жаз көйлектік мата, кебіс-мәсі, *кимешектік* шәйі қойды (Т.Беркімбаев, Ана мейірі).

КИМЕШЕК-ШАРШЫ зат.этн. *Әйелдердің кимешек, шаршы сияқты баскиімдері.* Ай-әже есікті жаба сап жерге төгілген ұзын әрі мол *кимешек-шаршысы* ағараңдап, ауыл ортасына таман беттеді (М.Мағауин, Бір ата.). Ауылдағы енелер мен абысындарға қосылып Ділдә келініне *кимешек-шаршы*, қалың жібек желек кигізіп жіберіпті (М.Әуезов, Шығ.). Таза көйлек, кәмзол киіп, көкбараздаған *кимешек-шаршы* тартқан келіншектер мен үкілі бөріктері бар қыздардың ажарында мереке күн белгісі сезіледі (М. Әуезов, Таңд.).

КИМЕШЕК-ШЫЛАУЫШ з а т. э т н. *Әйелдердің кимешек, шылауыш сияқты баскиімдері.* Ту сыртынан *кимешек-шылауыштың* шалғайы жалпылдайды, бөктеріп алған кемпірі болса керек (Қ. Ысқақов, Бұқтырма).

КИММЕРИЯЛЫҚ з а т. т а р. *Б.з.б. 8-7 ғасырларда Қара теңіздің солтүстік-батыс жағалауын қоныстанған ежелгі дәуірдегі тайпа атауы.* Кейбір зерттеушілер *киммериялықтарды* Орта Азиядан Қара теңіз жағалауына ертерек қоныс аударған сақ тайпаларының бірі деп есептейді (ҚҰЭ). Қара теңіз жағалауы мен Балқан елдеріндегі археологиялық қазбалар *киммериялықтардың* тұрмыс-тіршілігінен темір дәуіріне өту кезеңіндегі мәдениетпен байланыстырады (ҚҰЭ).

КИМОГРАФ [грек. kuma – толқын, grapha – жазамын] з а т. т е х. *Әртүрлі физиологиялық процестерді жазуға арналған құрал.* Рычагтың, сүйір ұшы *кимографтың* күйеленген мыс цилиндрінің бетімен жылжып отырады. Саусақтың қозғалуы ерекше тәсілмен *кимографтың* айналып тұратын барабанының қисық не түзу сызықтары түрінде жазылып отырылады (Адам анатом.).

КИМОНО з а т. **1.** *Жеңі кең, халат түріндегі жапонның ұлттық киімі.* Симпозиумды ашарда орта жастардағы, орта бойлы, қызыл ала *кимоно* киген әйелі екі шәкірт қызымен бірге икебана – гүл өру өнерін көрсетті (Ә.Кекілбаев, Тырау-тырау.). Әсеттің үстінде кең бел жоғарыдан тіке түскен жалпақ жолақты әдемі көгілдір *кимоно*. Аяғында жалпақ табан туфли (Ә.Тарази, Құйрықты.). Жаңа жылда әдемі *кимоно* киген жапон әйелдері мен еркектері бір-біріне шама-шарқынша сыйлықтар тартады (Ғалам ғажап.). **2.** *Жапондардың ұлттық киімі пішіндес етіп тігілген көйлек, халат.* Үстінде *кимоно* көйлек, басын шыт орамалмен таңып алыпты (М.Әбдіхалықов, Алыста.). Келіншек сүліктей денесіне тар қара *кимоно* киіпті («Қаз. әдеб.»).

КИНГ [ағыл. king] з а т. *Карта ойынының бір түрі.* Төргі бөлмеге жерге төселген көрпешелердің үстіне отырып алып, олар өз алдына *кинг* соғып отыр (Ә.Тарази, Құйрықты.). Қалай деріңіз бар ма? Қыдырады, карта ойнайды. Преферанс, *кинг*, күліс, алпыс алты... ойынның түрі аз ба?.. Шай қайнағанша *кинг* ойналды. (Ө.Күмісбаев, Ауыл.).

КИНЕМАТИКА [грек. kinema (kinematos)] з а т. ф и з. *Дене қозғалысын геометриялық жағынан қарастыратын механиканың бөлімі.* Механиканың денелер қозғалыстарын, олардың пайда болу себептерін қарастырып, зерттейтін бөлімі *кинематика* деп аталады (Физика.). *Кинематика* – дененің массасын және оған әсер етуші күшті есепке алмай, оның қозғалысының геометриялық қасиетін зерттейтін механика бөлімі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Механизмдер кинематикасы. ф и з. *Механизмдер қозғалысының геометриялық жағын зерттейтін механизмдер теориясының тарауы. Механизмдер кинематикасы* кинематикалық анализ және кинематикалық

синтез міндеттерін шешеді (Орыс.-қаз.түсінд. сөздік. Физика).

КИНЕМАТИКАЛЫҚ с ы н. ф и з. *Кинематикаға тән, кинематикаға қатысты.* Оларіс жүзінде су тартқыштың тек бір ғана *кинематикалық* схемасына сүйенді (Ә.Тәжібаев, Жайылым.). Денеде оның қозғалуының салдарынан болатын энергияны қозғалыс энергиясы немесе *кинематикалық* энергия деп атайды (А.В.Перышкин, Физика.).

Кинематикалық диаграмма. ф и з. *Қолданбалы механикада көп пайдаланылатын мәні бар арнаулы диаграммалар* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Кинематикалық дифференциация. к е н. *Магманың жарылымдар бойымен жер қыртысының жоғарғы гаризонттарына көтерілу жолында мүмкін болатын дифференциациясы. Кинематикалық дифференциацияға* мынадай бетбағыт тән: көтеріліп келе жатқан магмалық бағанның үстіңгі жағы SiO_2, AI_2O_3 және сілтілерге, ал төменгі жағы CaO, MgO және FeO-ға молығады (Қаз. тілі термин. Геология).

Кинематикалық тұтқырлық. ф и з. *Динамикалық тұтқырлықтың газ немесе сұйықтық тығыздығына қатынасы. Кинематикалық тұтқырлық* – динамикалық тұтқырлықтың газ немесе сұйық тығызды ғана қатынасы (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Кинематикалық энергия коэффициенті. к е н. *Жерасты қазбасының әр жеріндегі көлденең қиманың өзгеруіне байланысты ауа ағыны жылдамдығының біркелкі болмай бөлінуін есепке алатын коэффициент* (Қаз. тілі термин. Кен).

КИНЕМАТОГРАФ [грек.kinema (kinematos)] з а т. ө н е р. *Кинофильмді түсіріп, оны көрсететін өнер түрі. Кинематограф* адамдарға прогресті жолмен жүруді үйретуі керек («Лен.жас»). Бүгінгі таңда елдің, халықтың мәдениетіне баға бергенде оның *кинематографын* ауызға алмау ағаттық қана емсе, аңғалдық та болар еді («Соц. Қаз.»).

КИНЕМАТОГРАФИСТ з а т. ө н е р. *Кинофильмді дайындап, көрермендерге көрсететін адам, кинематографшы.* Үлкен драма театрының жас артистері қазір Ленинградтың *кинематографистері* жасап жатқан документті фильмнің басты кейіпкерлері болып отыр («Соц. Қаз.»). Ол – Қазақстан *кинематографистер* басқармасының бірінші секретары, кинорежиссер (І.Омаров, Серпін). 1944 жылдың январында Москва және Ленинградтың *кинематографистерінің* қатысуымен Алматыда қазақ киносының апталығы өткізілді («Қаз. әдеб.»)

Кинематографистер одағы. ө н е р. *Кино өнер қайраткерлерінің ерікті шығармашылық бірлестігі, кинематографияшылар одағы.* Қазақстан *Кинематографистер одағы* да творчестволық қызметкерлердің мектептерді, балалар мекемелерін қамқорлықтарына алып, эстетикалық тәрбие беруге атсалысуын нақты белгілеп отыр («Қазақст. мұғ.»).

КИНЕМАТОГРАФИЯ з а т. ө н е р. *Кинофильмдерді дайындап, көрермендерге көрсететін мәдениет пен өндірістің бір саласы.* Суретті қозғалыс түрінде көрсету өнері кино деп, оны жасап, халыққа көрсететін өндіріс пен мәдениет саласы *кинематография* деп аталатын болды (М.Құдайқұлов, Оқу киносы.). *Кинематография* қызметкерлерінің съездері болды («Қаз. әдеб.»). «Аманкелді» фильмі қазақ *кинематографиясаласының* тырнақалды тұңғышы еді (Қ.Тоғұзақов, Өнер өрендері). Алтын жүлде дамып келе жатқан жас *кинематографияның* таңдаулы фильміне – Перудің «Сельведе жұлдыздар жоқ» кинокартинасына берілді («Соц. Қаз.»).

КИНЕМАТОГРАФИЯЛЫҚ с ы н. ө н е р. *Кинематографияға тән, кинематографияға қатысты.* Бұл қаулы бойынша әдеби киносценарийлер жазу, *кинематографиялық* кадрлар даярлау, Алматыда кинематографияның техникалық базасын жасау туралы нақты шараларды жүзеге асыру үшін арнаулы үкімет комиссиясы құрылды (М.Құдайқұлов, Оқу киносы).

КИНЕСКОП [грек.kineo – қозғалыс,skopeo – көремін] з а т. ф и з. *Телевизиялық кескін көрсетуге арналған, магнитпен басқарылатын электронды-сәулелі түтік.* Бұл түтік (*кинескоп*) бейнені түсіру үшін телевизорда қолданылады. Электрон-сәулелік трубканы телевизия техникасында *кинескоп* деп те атайды (М.Бекбауов, Көгілдір.). 1933 жылы Америка Құрама Штаттарында инженер В.К.Зварыкин электрон-сәулелі телевизия жөнінде өзі жүргізген жұмыстардың нәтижелерін жариялап, *кинескопты* суреттеп жазды («Білім және еңбек»). *Кинескоп* ішіндегі торлы электродтардың ұштары үзілгенде немесе жарықтылықты реттеу тізбегінде, аңқаулық болса, экранның жарықтануы реттелмей қояды (М.Бекбауов, Көгілдір.). Қараша үйді жапқан ақ шымылдық Соған бір елес беріп жатты шындық. Олжасы Әлібидің саяхаттан *кинескоп*, фотосурет жалғыз мүлік (Қ.Бекхожин, Дала комисс.).

КИНЕТИКА [грек. kinetikos] з а т. ф и з. *Теориялық механиканың статика мен динамиканы біріктіретін бөлімі. К и н е т и к а* – динамика мен статикадан тұратын механика бөлімі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Физикалық кинетика. ф и з. *Молекулалық-кинетикалық теория негізінде заттағы тепе-теңдіктегі емес процестер қарастырылатын статистиканың физикалық бөлімі. Ф и з и к а л ы қ к и н е т и к а* – түрлі процестердің өту заңдары зерттелетін теориялық физиканың бір бөлімі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Химиялық кинетика. ф и з. *Химиялық процестер туралы, олардың уақыт ішінде өтуі, жылдамдығы және механизимдері туралы ілім. Х и м и я л ы қ к и н е т и к а физикалық химияның бір бөлімі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КИНЕТИКАЛЫҚ с ы н. ф и з. *Кинетикаға тән, кинетикаға қатысты.* Альфа бөлшегі радиоактивті ядродан бөлініп шыққанда с е к у н д ы н а 20000-25000 к и л о м е т р шапшаңдықпен ұша алады және осының нәтижесінде оның аса зор *к и н е т и к а л ы қ* қуаты болады (Б.Айдарханов, Атом қуаты.).

Газдардың кинетикалық теориясы. ф и з. *Молекулалардың қозғалу және бір-біріне әсер ету заңдары бойынша газдардың қасиеттерін түсіндіретін теория. Г а з д а р д ы ң к и н е т и к а л ы қ т е о р и я с ы* молекулалардың қозғалысы және өзара әсерлесу заңдары негізінде газдардың тепе-теңдіктегі емес қасиеттерін (энергияны, массаны, импульсты тасымалдау құбылыстары) түсіндіреді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Кинетикалық коэффициент. ф и з. *Температура, концентрация және т.б. градиенттермен физикалық шамалар тобын байланыстыратын тепе-теңдіктегі емес термодинамикадағы қандай да бір теңдеулердің пропорционалдық коэффициенті* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Кинетикалық қару. ә с к. *Дағдылы оқтұмсық немесе ядролық жарылыстан айырмашылығы қиратқыш күші нысанымен қақтығыстан пайда болатын қару* (Қаз. тілі термин. Әскери).

Кинетикалық момент. ф и з. *Қозғалыс мөлшерінің моменті* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Кинетикалық теңдеу. ф и з. *Статистикалық физикада жүйенің уақыт бойынша эволюциясын сипаттайтын көп бөлшекті жүйенің бір бөлікті таралу функциясына арналған теңдеу* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Кинетикалық энергия. ф и з. *Механикалық жүйе нүктелерінің жылдамдығы бойынша анықталатын энергия. К и н е т и к а л ы қ э н е р г и я* – материалдық нүкте үшін осы нүкте массасын оның жылдамдық шаршысына көбейтіндісінің жартысына тең механикалық, қозғалыс өлшемі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). Жіп тепе-теңдік маңайға келгенде, дененің потенциалдық энергиясы бітеді, бірақ оның есесіне енді жылдамдық *к и н е т и к а л ы қ э н е р г и я* пайда болады (К.Әбдіғапаров, Қызықты физика). Сонымен бірге радиоактивтік датчиктер радиоактивтік сәулелердің сәуле шығару көзінен алыстаған сайын бәсеңдеуіне, нейтрондардың *к и н е т и к а л ы қ э н е р г и я с ы н ы ң* жылжуға айналуына негізделіп жасалады (К.Айманов, Физика.).

КИНЖАЛ [ар. hangar] з а т. *Кесу, түйреу арқылы жарақат салуға арналған екі жүзді қару.* – Дұшпаннан кек алдың ба олар үшін? – Алмадым, зырқырап оқтай бірақ таудың ішін. Қаруым қылыш, *к и н ж а л* атып ұрып, Сары еттім өз жолыңа қуат-күшім (Үш ғасыр.). Екінші партизан келіп, *к и н ж а л д ы* бар күшімен кеудесіне екі рет салды (Т.Жанкелдин, Партизан.).

КИНО з а т. **1.** ө н е р. *Кинематографияның техникалық негізінде қалыптасқан көркем шығармашылық түрі. К и н о* – әдебиет пен театрдың, бейнелеу өнері мен музыканың көркемдік қасиеттерін және қазіргі аудиовизиялық мәдениеттің техникалық жетістіктерін өзінің ерекшелігіне орай пайдаланатын синтезді өнер (ҚҰЭ). Қазіргі *к и н о* – мәдениетпен қатар экономиканың, өнеркәсіптің маңызды саласы ретінде танылады (ҚҰЭ). **2.** с ө й л. *Кинофильмді түсіріп, оны көрсететін құрал.* Қармақтай жүдегеннен қалды қатып, Батпақты судан өтті белден батып.Жүргенде шетелдерде азып-тозып, Күн көрді *к и н о* құрып таңырқатып (О. Шипин, Дастан.). **3.** с ө й л. ***Кинотеатр***. Бұлар шынында осы жерден тура *к и н о ғ а* қарай бет алды (А.Байтанаев, Қансонар). Әсте жаны қыдыруға, қиялдауға тоймаған, Балалық-ай, алау оттың жалынымен ойнаған. Сарабына салмай жатып сезім менен ақылдың, Қолға аттестат алған күні *киноға* оны шақырдым (М.Шаханов, Ғасырлар.). Күзде Қорлан мектебіне кетеді. Ал оқушы қызды *к и н о ғ а* шақыруға мектеп директоры ұлықсат етпейді (Ж.Молдағалиев, Ескі дос). Міне, қызық, сол сәтте оның көздерінен от көрдім, Сонда есіме түсе кетті оқиғасы дәптердің. *К и н о д а н* соң Дариғаны әкеп салып үйіне, Қайттым шалқып, бұл алғашқы «табысыма» сүйіне (М.Шаханов, Ғасырлар.). **4.** с ө й л. ***Кинофильм***. Біз келген күннің ертеңіне колхоз

клубына *кино* көруге бардық (А.Хангелдин, Алғыс.). Көрер *кино*ң, ішетұғын бар асың, Тар бөлмеге қамаласың, қаласың. Қаласың да кезесің де жүресің Тоңазытқыш, теледидар арасын (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). **5.** *Кинематографиялық деген мағынада жұмсалатын, күрделі сөздердің алғашқы сыңары.* ≈*Кинорежиссерлер* байқауы.

Баламалы кино. *Кино өнеркәсібінен және прокат жүйелерінен тыс жасалып және таратылатын, шығармалар жиынтығын білдіретін, жиынтық түсінік. Баламалы кино* термині оның аз тараған синонимдері – маргиналдар немесе параллельді кинолар сияқты 60-жылдардың аяғында пайда болды (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика).

Ғылыми-көпшілік кино. *Жұртшылыққа жаратылыс пен әлеуметтік құбылыстарды ұғындыратын, ғылыми жаңалықтармен, зерттеулермен, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерімен, өнер сырларымен таныстыратын фильмдер жиынтығы.* 1947 жылы Парижде *ғылыми-көпшілік кино*, ғылыми-зерттеу және оқу киноларының дамуына жағдай туғызатын Халықаралық ғылыми-кино ассоциациясы (МАНК) (International Scientific Film Association – ISFA, Association international du cinema scienti-fique AICS) құрылды (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика).

Деректі кино. *Шынайы өмір деректерін, әртүрлі оқиғалар мен құбылыстарды баяндайтын кино өнерінің түрі, деректі фильм. Деректі кинога* мәні зор оқиғаларды баяндайтын фильмдер мен киножурналдар жатады (ҚҰЭ).

Документальды кино. ***Деректі кино***. *Документальды кино* кинематографияның шығуымен тығыз байланысты (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика). *Документальды кино* жаңа жолдар іздеуде 50-ші жылдардың ортасында теледидар ерекше рөл атқарады. Бұл *документальды кино* ақпараттық міндеттерді атқарудан біршама босап, өмірдің үрдістерін терең зерделеп, амалдар жасауға мүмкіндік берді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика). Қарапайым ақпараттық бағыттан алшақтай отырып, *документальды кино* адамдардың сипатына және өздерін қоршаған әлеуметтік ортаға үңілудің өзіндік тәсілдері мен амалдарын табу қажеттігі туды (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика).

Кино аспаптары. *Фильмдерді (бейнекескіндерді) жасауға, редакциялауға және қайталап көруге (жаңғыртуға) арналған аспаптық құралдар жиынтығы* (Қаз. тілі термин. Информатика).

Киноға түсірді. с ө й л. *Бейнекамераға түсірді.* Молдияр, Аностас Иванович Рысқұлов туралы көп біледі екен. Жарты сағат сөйледі. *Киноға түсіріп* алдық, – деді қуанышты үнмен, самырлай сөйлеп («Түркістан»).

Киноға түсу. *Көркем фильмнің кейіпкері болып ойнау.* Атырау облыстық әкімшілігі белгілеген Махамбет атындағы сыйлыққа лайықты деп танылған өнер шеберлері, композитор Ғ. Жұбанова, артист Т.Жаманқұлов, режиссер Ә.Рахымов өз еңбектерінің таза нәтижесін сезінгендей болды. Қойылым театр репертуарында үш жылдан астам табысты жүргені белгілі. Бертін келе, актерлердің бірінің *киноға түсуіне*, екіншісінің басқадай шығармашылық шаруаға (режиссердің айтуы солай) көшуіне байланысты «Өттің дүние» өзінің сахналық өмірін доғарған («Жас Алаш»).

Кино өнері. *Аудиовизиялық коммуникация құралдарына (телевизия, бейнекассета, бейнедиск, голография) негізделген шығармаларды қамтитын экран өнерінің негізгі бөлігі. Кино өнері* – Қазақстанда жаңа да жас жанр. Сондықтан да студия қызметкерлері жергілікті жерден сценаристер тәрбиелеп, өсіруге аянбай күш салуы керек (Ғ.Мұстафин, Ой әуен.). Совет Одағындағы көрнекті режиссерлер мен қазақ *кино өнерінің* шеберлерін көрермен қауымға таныстыру үшін қойылған бұл фотокөрме өте жақсы (Қ.Бадыров, Естен кетп.). Соңғы жылдарда ұлттық *кино өнеріне* келген жастар Шәкенді «менің ұстазым» деп айтуына негіз бар еді («Қаз. әдеб.»).

Кино өнеркәсібі. *Фильмдер жасау, оларды көрсету, көбейтіп басу ісінде қолданылатын техникалық аспаптар мен жабдықтар өндіретін өнеркәсіп саласы.* Бұрынғы КСРО-да *кино өнеркәсібі* кинотаспа жасап шығарумен қатар фотографияға, рентгендік түсіріске, медицинаға және ядролық зерттеуге қажетті арнайы таспалар, пластинкалар және фотоқағаздарды да өндіретін (ҚҰЭ). *Кино өнеркәсібінің* екінші саласы – алуан түрлі аппаратуралар шығаратын зауыттар, оларда кино түсіргіш, кино көрсеткіш, дыбыс жазу, дыбыс есіттіргіш және жарық бергіш аспаптар мен оптиканы, сондай-ақ түрлі түсті пленкалар мен фото қағаздарды өңдейтін, фильм даналарын көбейтетін машиналарды жасайды (ҚҰЭ).

Кино тарихы. *Кино өнерінің қалыптасу, даму жолдарын зерттейтін өнертану ғылымының саласы. Кино тарихы* кино өнері дамуының әлеуметтік-экономикалық заңдылықтарын, кино өнерінің пайда болуы мен дамуын және оның түрлерін, жанрларын, стилін, шығармашылық тәсілдерін, бағыттарын, мектептерін, фильмнің экрандық-көркемдік құрамдас бөліктерін, кино шеберлерінің шығармашылығын, сонымен қатар кино техникасы, фильм өндірісі, кинопрокат дамуын зерттейді (ҚҰЭ).

Кино теориясы. *Кинонын негізгі принциптерін, табиғатын және оның түрлерінің ерекшеліктерін зерттейтін өнертану ғылымының саласы. Кино теориясы* әлем кинематографиясының тәжірибесімен бірге кино өндірісі, кинопрокат, кино өнеркәсібі, кинобизнес технологиясының одан әрі жетіле түсуімен, телевизия мен тұтастай алғанда экрандық аудиовизия өнерінің қарқынды өріс алуымен бірге дамыды (ҚҰЭ).

Кино техникасы. *Кино түсірудің, көбейтудің және көрсетудің құрал-жабдықтарын, әдістері мен тәсілдерін жасайтын техника саласы, кинематографияда қолданылатын техникалық құралдардың жиынтығы. Кино техникасы* фототехника, оптика, механика, жарық техникасы, электроника, информатика т.б. салалардың жетістіктеріне негізделеді (ҚҰЭ). *Кино техникасы* кино өнерінің техникалық базасы болып есептеледі (ҚҰЭ).

КИНОАКТЕР з а т. *Кинода ойнайтын әртіс.* А. Шамиев *киноактер* ретінде С.Ходжиковтың «Біз Жетісуданбыз» фильмінде көзге түсті («Соц. Қаз.»). Әйгілі *киноактерлермен* кездесіп, үндінің классикалық би мектебі саналатын «Каркатада» болдық («Мәдениет және тұрмыс»). Біз күнімен сізді әңгімелеумен болдық. Верочка сізді Голливудтың *киноактері* Стайгерге ұқсатады (Р.Тоқтаров, Тұлпар.).

КИНОАППАРАТ з а т. *Киноға түсіретін, кино көрсететін құрал.* Уралаған овация, *киноаппараттардың* тынымсыз дырылдаған дауысы естіледі (М.Қаратаев, Далада.). Жоғары кластарда магнитофон, *киноаппарат*, медиаскоп сияқты техникалық құралдармен қатар программалап оқыту машиналары да қолданылады («Қазақст. мект.»). Мұнда фотосуретке түсіру үшін стробоскоптың рөлін *киноаппарат* «Украина» не КПИ атқарады («Қазақст. мект.»).

КИНОАППАРАТУРА з а т. *Кинематографияда қолданылатын түрлі аппараттардың жиынтық атауы.* Комбинат басында (250 орындық), Алгазы заводында (200 орындық) және флот қызметкерлеріне арнап салынған (150 орындық) үш клуб бар, бұлар жаңа *киноаппаратурамен*, кітапханамен жабдықталған (М.Тайыров, Балқаш.). Барлық бастауыш кластар үшін жылжымалы жаңа *киноаппаратура* болуы қажет («Қазақст. мект.»).

КИНОБАЙҚАУ з а т. *Киноға түсетін адамдарды кейіпкер бейнесіне лайық актерлік шеберлігіне қарай іріктеуге арналған байқау.* Сол күннен-ақ «актерлік» өмірім басталып кетті: лекциядан киностудияға, киностудиядан емтиханға, ол жақтан *кинобайқауға*, онан павильонға... («Лен. жас»).

КИНОБЮЛЛЕТЕНЬ з а т. *Кино жаңалықтары жазылатын мерзімді басылым. Кинобюллетеньнің* бірінші номері бүгін жарыққа шығып, киоскілерге түсе бастады («Соц. Қаз.»).

КИНОВАРЬ [грек. kinnabari] з а т. х и м. *Сульфидтер табының минералы.* Дүмше дәрігерлер көптеген кеуде ауруларын, сулеша сияқты препаратпен, ал басқа жіңішке ауруларды *киноварь* және сынап қосындыларымен емдейтін болған («Қаз. әдеб.»). Табиғатта сынап кені көбінесе *киноварь* дейтін қызыл минерал ретінде көп кездеседі («Білім және еңбек»). *Киноварь* төмен температуралы гидротермалық кендерде кездеседі. *Кинова рьдан* сынап, бояу заттар өндіріледі (Қаз. тілі термин. Геология).

КИНОГЕР з а т. *Кинематография қызметкері, киношы.* Бұл кинотеатр қазақ тіліндегі фильмдер жүретін, өнер адамдары, оның ішінде өз *киногерлеріміздің* жұртшылықпен кездесуін ұйымдастыратын орын болып белгіленген болатын («Егемен Қазақстан»). Терең мән-мағынасы жоқ, әрі өз-өзінен көбейе беретін айналар тудырған бейнелер табиғаты постомодернистік ойшылдар Деррида мен Барт түгілі бүгінгі күннің жетекші қаламгерлері, суретшілері және *киногерлерін* қатты алаңдатып, ойландырып отырғаны анық («Жас Алаш»).

КИНОГРАММА з а т. *Кинолық жазу, кинолардың жазылған реті, тізімі.* Айтушылардың сөзінің растығына сенсек, ол Лев Яшин ойнаған халықаралық ойындардың бар *кинограммасын* түгел жатқа біледі (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.).

КИНОДОКУМЕНТ з а т. ***Киноқұжат.*** ≈*Кинодокумент* дайындады.

КИНОДОКУМЕНТАЛИСТ з а т. *Құжаттарға негізделген кинофильм, құжатты кинокадр дайындаушы. Кинодокументалистер* революцияның экрандардағы шежіресін жасай бастаған еді («Соц. Қаз.»).

КИНОДРАМАТУРГ з а т. *Кинодраматургиясына арнап шығарма жазатын, сце-*

нарий дайындайтын адам. – Теңізде ғана көргем мұнайды. Қара теңіз бойында кином түсіріліп жатыр. Бірақ қала кені ғажайып... – деп жазушы әрі *кинодраматург* қостайды («Қаз. әдеб.»). Прозашы С.Нарымбетов кәсіби *кинодраматург* ретінде үлкен табыстарға жетті (ҚҰЭ).

КИНОДРАМАТУРГИЯ з а т. *Әдеби шығармашылықтың бір саласы, кино драматургиясы, киноға арнап сценарий жазу саласы.* Қазақстанда өнердің ең бір жаңа түрі болып табылатын *кинодраматургия* саласында да біраз жаңалықтар бар (Ғ.Мұстафин, Ой әуен.). Қазақ жазушыларының арасында *кинодраматургияға* ықылас білдіріп жүргендері баршылық («Қаз. әдеб.»).

КИНОЖУРНАЛ з а т. *Әлсін-әлсін шығарылып тұратын ақпараттық кинотуынды, кинохрониканың бір түрі.* Көрсетілетін документті-хроникалық фильмдер мен *киножурналдар* да мол («Соц. Қаз.»). «Бәрін де білгім келеді» деген *киножурнал* шығарылады (Семья тәрбиесі). Теледидар мен бейнефильмдер жасау технологиясының дамуына байланысты 20 ғасырдың 90-жылдарынан бастап *киножурнал* жанры басқаша сипат алды (ҚҰЭ).

КИНОЗАЛ з а т. *Кино көрсетілетін орын.* Торқалы тойға тарту ретінде селолық жерде жаңадан 50 мектеп, 75 клуб пен *кинозал,* 184 спорт алаңы, 44 дәрігерлік пункт, 36 балалар мекемесін салу көзделіп отыр (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Жаралғалы көрмеген еш ұмытылып, Қызыл әскер жүрді жауын сыпырып. Бір мезгілде *кинозалдан* бірнеше қыз бен жігіт шыға берді сытылып (А.Шамкенов, Түнгі жарық). Қызыл мүйіс, *кинозал,* бильярд ойнайтын бөлме алаңы, асхана, кітапхана, монша сияқты мәдени тұрмыстық ойындар қалтықсыз жұмыс істеуде (Ө.Шеденов,.. Бүгінгі ауыл.).

КИНОИСКУССТВО з а т. ***Кино өнері.*** *Киноискусство* қызметкерлерінің жазушылармен байланысын нығайту керек («Соц. Қаз.»).

КИНОКАБИНЕТ з а т. *Кино жабдықтары тұратын кабинет.* Педагогикалық институттар мен университеттерде кинолабораториялар мен *кинокабинеттер,* фильмотекалар ұйымдастырылды (М.Құдайқұлов, Оқу киносы).

КИНОКАДР з а т. *Фильм ішіндегі тоқтатылып көрсетілетін бір сәт, жеке сурет.* Жасыбайдың көркін, біздіңше, бірде-бір сурет немесе *кинокадр* сәтті бейнелеп бере алған жоқ (С.Хайдаров, Жүрек сыры). Фильмде Совет Одағының Батыры Зиямат Құсановтың Отан соғысындағы ерлігі баяндалады, өз кезінде танкаға түсірілген *кинокадрлардың* мүлде болмауы режиссерға көп қиындық келтіреді («Мәдениет және тұрмыс»).

КИНОКАДРДАЙ с ы н. *Кинокадр сияқты, кинокадр тәрізді.* Бала бір сәт тоқтап қалған *кинокадрдай* қалшиып тұрып қалды да сенімсіздеу, қайқаңдап жүріп барып қайта бұрылып, сасқанынан ыржалақтап күліп жіберді (Ә.Тарази, Құйрықты.).

КИНОКАМЕРА з а т. *Киноға түсіретін құрал, аспап.* Токио аэропортына мен түнгі он бір шамасында келіп түстім. Қасында жапон тілінің маманы Ирина Иоффе бар. Оннан астам *кинокамералар,* одан да көбірек фотографтар шолақ найзаларын жарқылдатып, сығылысып, сығаласып келіп қоршап алды (Ғ.Мүсірепов, Достық.). Тамашалап қараған туристер, әртүрлі сапармен келген меймандар, сытырлаған фотоаппарат, *кинокамералар* (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). Бұл *кинокамераның* көмегімен су астындағы әдемі көріністерді түсіруге болады («Лен. жас»).

КИНОКАРТИНА з а т. *Көркемсуретті фильм.* Ақын-жазушылар, искусство қайраткерлері жеке адамды дәріптеген күрделі романдар, сюжетті дастандар, *кинокартиналар* жазып таратты (Е.Ысмайылов, Ақындар). 1953-1954 жылдары Алматының киностудиясы Ш.Құсайынов пен В.Абызовтың сценарийі бойынша «Қыз бен жігіт» *кинокартинасын,* Ә.Тәжібаев жазған «Телғараның мерекесін», Фатуев жазған «Дала қызын» және басқа бірнеше *кинокартиналар* шығармақшы (Ғ.Мұстафин, Ой әуен.). Сенің есіңде бар ма, бір *кинокартинада* окоп қазып жатып екі солдат әңгімелескеді (Б.Бұлқышев, Адамзатқа хат).

КИНОКОМЕДИЯ з а т. *Әлеуметтік құбылыстар мен адамдардың өзара қатынасын әзіл, сықақ, мысқыл арқылы көрсететін кино өнерінің жанры.* Тұңғыш қазақ *кинокомедиясы* «Ақ раушан» 1942 жылы Орталық біріккен көркем фильмдер киностудиясында түсірілді (реж. Е.Е.Арын) (ҚҰЭ). «Мосфильмде» қазір бір топ *кинокомедиялар* да шығарылып жатыр («Лен. жас»). Ұлы Отан соғысы жылдарында түсірілген «Ақ гүл» *кинокомедиясында* Арон күлкілі жайларды дәл таба білді («Соц. Қаз.»).

КИНОКОНКУРС з а т. ***Кинобайқау.*** Бірқатар оқу кинофильмдері үлкен бір мәселені тұтас қамтитын *киноконкурс* деп аталады (М.Құдайқұлов, Оқу киносы).

КИНОҚОНДЫРҒЫ з а т. *Кино көрсететін аспап, құрал.* Клубтың көше жақ іргесінде жапсырыла салынған кішкентай қуыс бөлме бар. *Киноқондырғы* үшін өткен жылы салынған (С.Мұратбеков, Көкорай). 1913 жылы небары 20 шақты ғана *киноқондырғы* мен көшпелі кино жұмыс істеген болса, қазір республикамызда 4 мыңнан астам *киноқондырғы* жұмыс істейді (М.Құдайқұлов, Оқу киносы). Білесіз бе, аға, біздің ауылда клуб та, *киноқондырғы* мен кітапхана да жоқ, бар болғаны: ыдыс-аяқ, мата, қант-кәмпиті араласқан жалғыз дүкен, ол да сатушының екі үйінің бірінде үйіліп жатыр (О.Бөкеев, Ән салады.).

КИНОҚҰЖАТ з а т. *Құжаттарға негізделген кинофильм, құжатты кинокадр.* ≈ *Киноқұжат* көрсетті.

КИНОЛАНДЫР= ет. *Киномен қамтамасыз ету.* Оқу-тәрбие жұмысын *киноландырды* (Ауызекі).

КИНОЛАНДЫРУ *Киноландыр етістігінің қимыл атауы.* Ендігі жерде орта мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие жұмыстарын *киноландыру* ісі осы бағытта жүргізілетін болады (М.Құдайқұлов, Оқу киносы).

КИНОЛЕКТОРИЙ з а т. *Кино жөнінде лекциялар оқитын мекеме, орын, үй.* Фильмдерді насихаттау мақсатымен *кинолекторий* ұйымдастырды («Лен. жас»). Республикамыздың көптеген клубтары мен мәдениет үйлерінде әртүрлі тақырыптық кештер, театрланған мерекелер, *кинолекторийлер*, сұрақ және жауап кештері жиі өткізіледі («Мәдениет және тұрмыс»).

КИНОЛЕКЦИЯ з а т. *Киноға түсірілген, жазылған лекция; фильмде берілген лекция арқылы сабақ өту.* Оқу фильмдерін сабақта пайдаланудың тағы бір түрі — *кинолекция* (М. Құдайқұлов, Оқу киносы.).

КИНОЛЕНТА з а т. ***Кинотаспа***. Көз алдынан *кинолента* сияқты, Өтіп жатты өмір жолы шуақты. Жас ғұмыры көрмесе де көпті әлі; Бастан кешкен азын-аулақ сынақты (Ғ.Нұрмұқамедов, Аспан тау). Революцияның қуатты жаңғырығы, Азамат соғысының отты жылдары, ел тіршілігінің түйінін шешетін жауапты қызметтер көз алдыңнан *кинолента* сияқты өтіп жатады (С.Мәуленов, Жер нәрі). Қалтқысыз магнитофон – нәрі құлақ, Халқының жазып алған әнін тыңдап. Көне көз – көнермейтін *кинолента*, Бір ғасыр содан тапқан мәңгі тұрақ (М.Әлімбаев, Менің Қазақст.).

КИНОЛЕНТАДАЙ с ы н. *Кинотаспадай, кинотаспа сияқты.* Ел тіршілігінің түйінін шешетін жауапты қызметтер көз алдыңнан *кинолентадай* өтіп жатады (С.Мәуленов, Жер нәрі).

КИНОЛОГ з а т. *Ит өсіруші.* Кенет маскүнем *кинологтың* даусы құлағына келгендей (С.Шаймерденов, Сел.). Қазақ тазысының ең жақын атасы әлем *кинологтары* дүниедегі ең бекзат ит тұқымы деп бағалаған соң ауған тазысы болуы бек мүмкін (М.Құл-Мұхаммед, Тазының өмірі).

КИНОЛОГИЯ [грек. kyon-um, logos – ілімі] з а т. *Ит өсіру туралы ғылым. Кинология* ит анатомиясы мен физиологиясын, үй иті тұқымының шығу тегі мен эволюциясын, оларды өсіру, қолға үйрету, қоректендіру, шаруашылыққа пайдалану мәселелерін зерттейді (ҚҰЭ).

КИНОМАТОГРАФИСТ з а т. ***Кинематографист.*** Ақын-жазушы, суретші, *кинематографист* бәрі де тынымсыз, толғаныс, батыл барлау, іздену бағытын ұстанды (Х.Ерғалиев, Шындық.). Аталған екі роман бойынша совет *кинематографистері* бірнеше қайтара кинофильмдер мен көп сериялы телефильмдер қойылып, театр сахналарының көркіне айналды («Қаз. әдеб.»).

КИНОМАТОГРАФИЯ [грек. kinema – қозғалыс, gropho – жазамын] з а т. ***Кинематография.*** Сол таныстық, сол достықтың салдарынан каникулға келген Құрманбек қайтып оқуына бармай қалды. Бүкілодақтық *кинематография* институтында оқып жүрген оны көпе-көрнеу мен айттым (Қ.Байсейітов, Құштар.). Отандық кәсіпорында бұлардан басқа да арнаулы мақсаттарға арналған, *кинематография*, полиграфия үшін толып жатқан негативтік, позитивтік танкалар шығарады (Б.Тілекметов, Фотосурет). Тек қазақ *кинематографиясының* ғана емес, бүкіл совет *кинематографиясының* табысы болып отырған фильмнің бірі – «Көксерек» («Қаз. әдеб.»).

КИНОМЕХАНИК з а т. *Кино қоюшы, кинофильмдерді көрсетуші маман. Киномеханик* көрінесің... Осы мамандығыңа пайдалануды мақұл көрдік (С. Омаров, Өмір.). Шофер, *киномеханик* Р. Науырызов күндіз бірнеше бригадада автоклубпен кино көрсетіп үлгіреді («Мәдениет және тұрмыс»). Кейбір он бір жылдың политехникалық-кәсіптік-мамандық білім беретін еңбек мектептерінде

киномеханик мамандығы бойынша өндірістік оқу кластарын ұйымдастыру практикаға айналуда (М.Құдайқұлов, Оқу киносы). Әлдебіреулер қараңғыда сүзе үңіледі бұларға. «Ағатай, кіргізші» деп *киномеханикке* жалынып тұрған ұсақ балалар (Ш.Құмарова, Қос шынар). Осы кезде үйге керзі етігін сартылдатып ауылдың *киномеханигі* кірді (А.Сатаев, Аққу).

КИНОМУЗЫКА з а т. *Кино өнерінің құрамдас бөлігі, негізгі бейнелеу құралдарының бірі.* Фильм музыкасы дыбысты киноның тууынан бастап кадр ішіндегі *киномузыка* (кадрда көрсетілетін музыкалық аспаптың, әншінің, радионың т.б. музыка орындауы) және кадр сыртындағы *киномузыка* (фильм идеясын тереңдете түсетін, оқиғаны сипаттайтын, сюжет астарын жеткізетін *киномузыка*) болып бөлінді (ҚҰЭ). Қазақстанда *киномузыканың* пайда болуы қазақ кино өнерінің тарихымен тығыз байланысты (ҚҰЭ).

КИНОНОВЕЛЛА з а т. *Кино оқиғасының қысқаша баяны. Кинновелла* оқиға арнауын, негізін драмалық оқиғаны, бірнеше сөзбен ғана берілген басты кейіпкерлердің бейнесін, істің атмосферасы мен ортасын қысқаша сипаттап береді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет.).

КИНООПЕРАТОР з а т. *Киноға түсіруші маман.* Өткен жазда Қазақ телевизиясының *кинооператоры* Ескендір Тынышбаев әнші Ермек жайындағы фильмді, «Аққуды атпайды» деген новелланы осында түсірді (Б.Қожабеков, Көктөбе). Бір мезгілде тау басына ақ боз атты ақсақалды қойшы шыға келді, *кинооператор* Ф. Әпсәламовтың да аңдып тұрғаны осы екен. Екі иінінен дем алып, аппаратын арқалап, әбігер болды да қалды (С.Мәуленов, Жұлдыз.). Айналасы бір жетіге толмайтын аз күн ішінде Алматы киностудиясынан, қазақ радиосынан, республикалық газеттерден әлденеше тілшілер, *кинооператорлар* келді (С.Бақбергенов, Біздің колхоз).

КИНООЧЕРК з а т. *Өмір деректерінен құралған қысқаша киношығарма.* 1934 жылы Алматыда кинохроника студиясы құрылды. Бұл Бүкілодақтық киножурналдар мен «Советтік Қазақстан» киножурналдарын, ал 1936 жылдан бастап документтік *кинооочерктер* шығарды (М.Құдайқұлов, Оқу киносы). Ол менің кейіпкерім. Жуырда ғана үйінде болып, *кинооочерк* түсіріп қайтқанмын (Б.Қожабеков, Көктөбе). 50 жылда совет халқы нені басынан кешірмеді? Ол тарихи өмір оқушылардың өздері жасаған *кинооочерктерден,* олардың сахналық өнерінен де көрінді («Қазақст. мұғ.»).

КИНОПЛЕНКА з а т. *Киноның кадрлары түсірілетін таспа.* Ал *кинопленка* дегеніміз – жұқа, иілгіш, жіңішке ұзын лента (М.Құдайқұлов, Оқу киносы). Отандық кәсіпорын олар үшін арнаулы тар енді *кинопленка* шығарады (Б.Тілекіметов, Фотосурет). Оның сөзімен бірге *кинопленкада* көрсетілетіндей шексіз даланың үлкен панорамасы көз алдыңнан өтіп жатады (С.Мәуленов, Жер нәрі). Өмір дегеніміз жарамсыз жерін қиып тастайтын *кинопленка* емес қой (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

КИНОПОВЕСТЬ з а т. *Киноға негіз болған повесть желісі.* Сергей Герасимовтың «Көл жағасында» дейтін екі сериялы *киноповесін* айрықша атап көрсеткім келеді. Мұнда моральдық-эстетикалық проблемалар қозғалады («Соц. Қаз.»). «Наш современник» журналының өткен жылғы төртінші санында жазушының осы аттас *киноповесі* жарияланды. Фильм – соның экрандалуы (С. Абдрахманов, Елдік сыны).

КИНОПРОКАТ з а т. *Кинофильмдерді жалға беретін мекеме.* Баяғыда комсомол қызметкері, онан соң әр жерде аудандық партия комитетінің секретары болған, ал кейінгі жылдары Шымкентке орнығып, облыстық *кинопрокатты* басқаратын (Ә.Омаров, Асыл арман). Өзгені қойып, көшеде көрсетіліп тұратын кинолентaларының да ескілері келеді. *Кинопрокаттар* осындай әдеттен арыла алмай жүр (К.Баялиев, Жер тынысы).

КИНОРЕЖИССЕР з а т. *Киноға түсіруді ұйымдастыратын, басқаратын маман.* Ол туралы менің білетінім бір-ақ жай. Ол елін, халқын жан-тәнімен сүйген ұлы жүректі адам. Ол – *кинорежиссер* (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). Онкүндік кезінде республика жұртшылығы өздерінің көптен таныс сүйікті актерлері, *кинорежиссерлерімен* жүзбе-жүз кездеседі («Қаз. әдеб.»). *Кинорежиссер* Солодихин өзінің бірінші фильмін 102 жасында түсірді (Ғалам ғажап.). Мен сол бір сапарымда Сенегалдың атақты жазушысы әрі *кинорежиссері* Ұсман Сембинмен кездескен едім («Қазақст. комм.»).

КИНОРЕЖИССУРА з а т. *Белгілі бір көркем идеялық ойға құрылған кинофильмдер жасау өнері.* Екінші бір тұйыққа тіреліп тұрған мәселе – *кинорежиссура.* Белгілі режиссерлеріміз Шәкен Айманов, Мәжит

Бегалин таланттарының толысқан шағында арамыздан кетті («Қаз. әдеб.»).

КИНОРИНХА з а т. б и о л. *Теңіз түбіндегі қимда тіршілік ететін жұмырқұрттар типінің бір класы. К и н о р и н х а л а р д ы ң* тұрқы 0,2-1 мм-дей, денесі қалың кутикуламен қапталып, қозғалу үшін 13 жалған буынға (зонит) бөлінген (ҚҰЭ). *К и н о р и н х а л а р* бір жылдай тіршілік етеді (ҚҰЭ).

КИНОРОМАН з а т. *Киноға негіз болған роман. К и н о р о м а н* атауы термині әдебиеттану терминдерінің баламасы бойынша қалыптасқан (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет). *К и н о р о м а н* қатысушы адамдардың көптігімен, кейіпкерлерінің толығырақ сипатталуымен, әртүрлі фабулалық қатарлардың үндесуінің композициялық күрделілігімен ерекшеленеді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет).

КИНОСЕАНС з а т. *Кино көрсетілетін мерзім, уақыт.* Бір жерде отырмай, түрегеп жүріп кино көру қиын болғандықтан, ... *к и н о с е а н с т а р* 20–25 минуттық қана болады (М.Құдайқұлов, Оқу киносы). Ол *к и н о с е а н с т а н* жатақханаға құлшынған жігермен келді (Е.Домбаев, Ғашықтық.).

КИНОСТУДИЯ з а т. *Көркем шығармашылық және өндірістік-техникалық қызметтерді ұштастыра отырып, кинофильмдерді шығаратын кәсіпорын.* Әдейі Әлібаевты іздеп, Бүкілодақтық *к и н о с т у д и я* қызметкерлері де келді (С.Досанов, Қыран.). Айналасы бір жетіге толмайтын аз күн ішінде Алматы *к и н о с т у д и я с ы н а н*, қазақ радиосынан, республикалық газеттерден әлденеше тілшілер, кинооператорлар келді (С.Бақбергенов, Біздің колхоз). Дүниеге келгеніне небәрі екі-ақ жыл болған тәжік *к и н о с т у д и я с ы* «Зүмірет» фильмін жасап, оның бірінші категориямен бүкілодақтық экранға қабылдап алынғаны да жұртқа мәлім (Ғ.Мүсірепов, Суреткер).

КИНОСУРЕТШІ з а т. *Кинофильмдерді түсіруге қатысатын маман суретші.* Жас суретшілердің бүкілодақтық көрмесіне, театр мен *к и н о с у р е т ш і л е р д і ң* бүкіл дүниежүзілік «ЭКСПО-67» көрмесіне қатысты (І.Омаров, Серпін). Мен өз басым *к и н о с у р е т ш і с і* де бола қойған жоқпын. Жасымда әнші де, актер де болғым келді («Қаз. әдеб.»).

КИНОСЦЕНАРИЙ з а т. *Киноға түсірілетін уақиғаның жазылған желісі, көркем фильм түсірілетін әдеби-драмалық шығарма.* Олай болса, осы айтылғандардан айқын көрінетін бір нәрсе – біздің кино өнеріміздің кәдімгідей дамуына қажет басты мәселесі – *к и н о с ц е н а р и й* мәселесі (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Жақсы *к и н о с ц е н а р и й г е* конкурс жарияланды, бұл Қазақстан тақырыбына арналған *к и н о с ц е н а р и й* жазу ісіне үлкен қозғау болатындығы сөзсіз («Қаз. әдеб.»). Қазір «Сол бір күндерде» деген *киносценарий* жазып жатырмын («Соц. Қаз.»). *К и н о с ц е н а р и й* қазір түсіріліп жатыр («Қаз. әдеб.»).

КИНОСЦЕНАРИСТ з а т. *Киносценарий авторы.* Қазір бізде жақсы *к и н о с ц е н а р и с т е р* де, режиссерлар да, артистер де, операторлар да бар («Қаз. әдеб.»).

КИНОТАНУ з а т. *Кино өнерін, оның ерекшеліктерін, түрлері мен жанрларын зерттейтін ғылым саласы. Кинотануға* киноның тарихы мен теориясы, кино сыны, кинодраматургия мәселелері, кинорежиссура, актерлік шығармашылық және кино өнерінің қосалқы тарауы – фильмография және кинобиблиография жатады (ҚҰЭ). *К и н о т а н у* – қазақстандық өнертанудың ең жас саласы (ҚҰЭ).

КИНОТАСПА з а т. *Кино кадрлары түсірілген таспа. Кинотаспа* лирикалық дастан ретінде ойластырылған («Егемен Қазақстан») *К и н о т а с п а д а* еліміздің табиғаты әсем жерлерінің көріністерімен композитор Н.Тілендиевтің сырлы сұлу саздары барынша көркемделген («Егемен Қазақстан»).

КИНОТЕАТР з а т. *Кино көрсетуге арналған гимарат.* 1895 жылы 28 декабрь күні дүниежүзі бойынша тұңғыш рет кино (әрине дыбыссыз) халыққа Парижде салынған *к и н о т е а т р д а* көрсетілді (М.Құдайқұлов, Оқу киносы). *К и н о т е а т р* алды ығы-жығы, тап сеанс басталатын кез екен («Қаз. әдеб.»). Алматының сән-салтанатын асырып тұрған үйлер қатарында әрдайым аталып жүретін «Целинный» панорамалық *к и н о т е а т р ы* (Ә.Жәмішев, Дала.).

КИНОТЕЛЕСКОП з а т. *Кино өнеріндегі оптикалық құрал.* Сфера тәрізді шатырлары бар мұнараларда аса қуатты тіркеуші аппаратура: *к и н о т е л е с к о п т а р,* алуан түрлі локаторлар, кинотеодолиттер тұр, олар көзге көрінетін саңылауды да, көзге көрінбейтін саңылауды да дәл тіркеп отыра алады («Лен. жас»).

КИНОТЕХНИКА з а т. т е х. *Кинолық аспап. К и н о т е х н и к а н ы ң* тұңғыш туындысы камера-обскура деген аспап болып саналады. (А.Қалығұлов, Жарық.). *К и н о т е х н и к а* бір кескінді үлкейтіп, екінші жерге жеткізеді (А.Қалығұлов, Жарық).

КИНОТРИЛОГИЯ з а т. *Үш бөлімнен құралған фильм.* Петр Чернов... «Көтерілген тың» *к и н о т р и л о г и я с ы н д а* Давыдовтың образын сомдап жасаған еді («Соц. Қаз.»).

КИНОФЕСТИВАЛЬ з а т. *Кино өнері туындыларының байқауы.* Өнер шеберлері деген тақырыпта *к и н о ф е с т и в а л ь* өткізіп, атақты актер, даңқты художниктер, үлкен галереялар жайындағы кинофильмдерді көрсетіп, оларды талқылау керек (М.Құдайқұлов, Оқу киносы). «Ана туралы аңыз» фильмі Ленинградта өткен Бүкілодақтық *к и н о ф е с т и в а л ь д а* ана бейнесі үшін бірінші орынға ие болды («Қаз. әдеб.»). Бұл фильм [«Көксерек»] Бакудегі Бүкілодақтық *к и н о ф е с т и в а л ь* мен Локарнода өткен халықаралық кинофестивальдың бірінші сыйлықтарын алды («Қаз. әдеб.»).

КИНОФИЛЬМ з а т. *Бетінде кескін түсірілген, дыбыс жазылған фонограммасы бар, фотографиялық жолмен өңделген киноүлдір.* Біздің сценарийіміз бойынша он бестен астам *к и н о ф и л ь м* жасалды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). *К и н о ф и л ь м н і ң* аз уақыт аралығында бірінен соң бірі тез ауысып отыратын жеке-жеке кадрлардан тұратындығын білеміз (М.Бекбауов, Көгілдір.). Ал «Қойшының әнінде» баста «Алтын мүйіз» *к и н о ф и л ь м і н е* арнап жазылған бас жағы ешбір сүйемелсіз жеке дауыста айтылып келеді де, әннің ортасында толғау терме болып кетеді (А.Жұбанов, Мұқан Төлебаев).

КИНОФИРМА з а т. *Кино шығарумен айналысатын фирма, студия.* 1909 жылдан 1914 жылға дейін Ханжонковтың *к и н о ф и р м а с ы* жетпістен аса фильм шығарған, сөйтіп Россияның *к и н о ф и р м а л а р ы* арасынан ол бірінші орын алды (Қ.Сиранов, Кино тур.).

КИНОФОТОФОНОҚҰЖАТ з а т. *Киноқұжат, сурет құжат, фоноқұжат ғылымдарынан жинақталған атау. К и н о ф о т о ф о н о қ ұ ж а т* термині – кітапхана тәжірибесінде «аудиовизуалдық материалдар» ұғымының құрамды бөлігі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану.).

КИНОФРАГМЕНТ з а т. *Кино үзіндісі. К и н о ф р а г м е н т т е р м е н* жүйелі түрде қамтамасыз етіп отырса, – деген тілек бар («Қазақст. мұғ.»). 57 *к и н о ф р а г м е н т* қажет болса, оның бірде-біреуі жоқ («Қазақст. мұғ.»). Кабинетте аудиовизуальдік құралдар, диафильмдер, диапозитивтер, *к и н о ф р а г м е н т т е р*, үлгі сөздер жазылған («Қазақст. мект.»). «Брестская крепость», «Битва под Сталинградом», «Битва под Москвой», «Город-герой на Неве», «Штурм Рейхстага» атты *к и н о ф р а г м е н т т е р* көрсетілді («Қазақст. мект.».).

КИНОХИКАЯТ з а т. *Бір ғана оқиғаға ғана құрылып қоймай, бірнеше тізбекті оқиғаға құрылған, сюжеті жағынан күрделі туынды. К и н о х и к а я т* деп оқуға арнайы түрде қайта өңделген сценарийді атайды (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет).

КИНОХРОНИКА з а т. ***Киношежіре*** *(күнделікті өмірді көрсететін қысқа ленталы кино).* Шопандардың еңбектегі ерлік қажырын көрсеткен документті *к и н о х р о н и к а м ы з* бар (С.Бегалин, Уақыт.). 1934 жылы Алматыда *к и н о х р о н и к а* студиясы құрылды (М.Құдайқұлов, Оқу киносы).

КИНОШЕЖІРЕ з а т. *Күнделікті өмірдің өзекті мәселелерін баяндайтын жедел кинохабар. К и н о ш е ж і р е* экранда киножурнал, арнайы шығарылым немесе тақырыптық шежірелік фильмдер ретінде көрсетіледі (ҚҰЭ). *К и н о - ш е ж і р е* қазіргі күнде телевизияның дамуына байланысты бейнемагнитофондық түрге ауысты (ҚҰЭ).

КИНОШЫ з а т. с ө й л. *Кино қоюшы.* Мұнайшы, малшы, атомшы, *К и н о ш ы* мейлі болсын-ақ. – Адаммын! – деген атың ше? Емтихан саған бұл – сынақ (Х. Ерғалиев, Күн күмбез).

КИНОШЫЛ с ы н. *Киноқұмар, кинокөргіш.* Кейінгі уақытта Құдабай қабағына қарап, *к и н о - ш ы л* болып алды (Д.Досжанов, Тұлпар.). Күн сайын *к и н о ш ы л* болуы — жақсы өнер емес-ау (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Ал бірақ *к и н о ш ы л* жігіттер кідіруге уақытымыз жоқ, қанша сұрасаңыз да айттырып қыздың құнын төлейміз де, алып кетеміз деп тұрып алды осында (А.Жағанова, Еркежан). Содан киноға тиын бер десем, әйелі сен жынды-ақ *к и н о ш ы л* екенсің дейді (Қ.Сегізбаев, Жыл. күндері). *//Киноқұмар, кинокөргіш адам.* Бізді қонаққа шақырған Аббас, киномен тығыз байланысты болғандықтан, *к и н о ш ы л д а р д а н* іргесін бөлмепті (Т.Ахтанов, Үндістан.).

КИНОЭКРАН з а т. *Кино көрсетуге арналған экран.* Айталық, мұғалім қажет етсе, бір ғана тиекпен терезе қараңғыланып, *к и н о э к р а н* жайылады. Мұның бәріне 4 секундтай ғана уақыт кетеді («Қазақст. мект.».). Экранды кәдімгі *к и н о э к р а н н а н* немесе А.В.Постниковтың тәсілі бойынша мақта матадан да жасауға болады («Қазақст. мект.»). Қазақтың ұлттық профессионалдық опера, оның табиғи мүмкіндіктерін *к и н о э к р а н ы* арқылы танытқан бірден-бір композитор – Нұрғиса Тілендиев («Лен.жас»).

КИНОЭПОПЕЯ з а т. *Төрт бөлімнен құралған фильм....* Бұл *к и н о э п о п е я н ы ң* көрермендерге жасаған ықпалының өте әсерлі, керемет күшті болғанын дәлелдейтін бірер мысал келтірейік (Қ.Сиранов, Кино тур.).

КИОСК [франц. kiosgue] з а т. *Газет, журнал, кітап және т.б. ұсақ сауда жүргізілетін шағын дүкен, дүңгіршек.* Жаңа Тоқа *к и о с к і г е* соғып, біраз газет алған (Е.Домбаев, Ғашықтық.). Григорий Аксентьевич дереу киінді де *к и о с к і г е* барды. Ол Алтай өлкелік газетінің бірден бес данасын сатып алды (С.Мәуленов, Шыңда.). Билет тіркеу орнында да, газет *к и о с к і с і н д е* де, буфет пен ресторанда да, тіпті су сататын автоматта да асығыс (Ш.Мұртазаев, Интернат.). Газет сататын *к и о с к і* аузында бір топ қазақ әңгімелесіп тұр екен, Нияз аяңдап қастарына барды (З.Шашкин, Доктор.).

КИОСКЕР з а т. *Газет-журнал сатушы.* Газет пен журналдарды құшақтап, *к и о с к е р* Софокина вагондарды аралап өтеді (Ш.Мұртазаев, Интернат.).

КИПАРИС [грек. kyparissos] з а т. б о т а н. *Жылы жерлерде өсетін, мәңгі жасыл шырша ағашы.* Қырымда түскен сурет қой. Мына сұлу *к и п а р и с т і* көрмейсіз бе? – деді Айназар (С.Сейфуллин, Шығ.). Жас *к и п а р и с* әдемі екен, жігіт екен еш міні жоқ. Секем алып әлденеден жан досыма атыпты оқ (Б.Аманшин, Өлеңд.). Жер бетіндегі ең көп жасаған ағаш... *к и п а р и с* екен. Ол бес мың жыл жасаған (Ж.Әбиев, Биология.).

Кипарис тұқымдасы. б о т а н. *Қылқан жапырақтылар класының бір тобы. К и п а р и с т ұ қ ы м д а с ы н ы ң* Еуропа, Азия және Солтүстік Америкада қоңыржай жылы аймақта 19 туысқа жататын 130 түрі бар (ҚҰЭ). *К и п а р и с т ұ қ ы м д а с ы н ы ң* ең көп тараған түрі – кипарис туысы (ҚҰЭ).

КИПАРИСТЕЙ с ы н. *Кипарис сияқты, кипарис тәрізді.* Сондықтан күн де, мынау көгілдір аспан да, бесіндікте тұрған Ай да, тіпті осынау теректері *к и п а р и с т е й* жасыл желекті, ақ шатырлы селоны жарып өтетін кішкене күркіреуік өзенді совхоз орталығы да аса көрікті, келбетті, салтанатты (Е.Далбаев, Менің туыс.).

КИПРЕГЕЛЬ [нем. Kippregel] з а т. г е о л. *Геодезиялық бұрыш өлшеуіш аспап. К и п р е г е л ь* мензула деп аталатын арнаулы столға қойып, топографиялық түсіру жұмысын жүргізгенде пайдаланылуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Геология.).

КИПСЕК з а т. *Сәнмен көркемделген кітап, альбом* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет.).

КИР з а т. к е н. *Жер бетіне сыздықтай көтеріліп, субаэральдық жағдайда (ауа қабатымен беттесу жағдайында) өзіндік өзгерістерге ұшыраған аз шайырлы метанды-нафтенді мұнайлар есебінен қалыптасқан таушайырлар түрі. К и р л е р* тұтқыр сұйықтар мен омырылғыш қатты заттар аралығындағы кез келген күйде ұшырасуы мүмкін (Қаз.тілі термин. Геология.). Бұл қыртыстардың арасында буға айналып, ауаға ұшып кеткен мұнай қалдықтарынан пайда болған *к и р* және асфальт қабаттарының да бар екенін көруге болады (М.Маташев, Қара алтын.).

КИРАЛДЫҚ: киралдық тазалық. б и о л. *Өзінің айнадағы бейнесімен сәйкес келмейтін нысандар. К и р а л д ы қ т а з а л ы қ т ы* жасанды жолмен алу өте қиын. Өлі табиғатта химиялық реакциялар киралдық симметрияға – «сол» және «оң» молекулалардың бірдей мөлшерінің түзілуіне әкеледі (Қаз. тілі термин. Экология). Планета экосферасының биологиялық дамудың алдындағы фазасында флуктуация – «сол» немесе «оң» түрінің басым болуына (процестің өздігінен күшеюінің және өздігінен жылдамдауының мүмкін екендігі теориялық жағынан дәлелденген) әкелетін молекулалардың жиналуы, яғни флуктуациялық жүйелерді тұрақсыз жағдайдан тұрақты жағдайға ауыстыратын жергілікті тар *к и р а л д ы қ т а з а л ы қ* пайда болады (Қаз. тілі термин. Экология).

КИРАЯТХАНА з а т. е с к і к і т. ***Қирағатхана.*** Бір-екі ай мұнан бұрын, Семей қаласында, білімді, жүрегінде жалыны бар бірнеше азаматтар Абай құрметіне *к и р а я т х а н а* ашады деп естіп қуанып едік, сол хабардың жандануына тілектеспіз (М.Дулатов, Шығ.).

КИРГИЗ з а т. е с к і к і т. ***Қазақ.*** Айт *к и р г и з д і* жинап ап, Қайтыңдар деп бетіңнен, Қайтпаса олар жамырап, Ет кесермін етінен (О.Шипин, Дастан.).

КИРЕЛЕҢ с ы н. *Қисалаң, қиралаң, әлі кеткен, әлжуаз.* Батыр болу қалды бізге? Батыр, ер біз секілді *к и р е л е ң* шал болмайды (Д.Досжанов, Зауал.).

Кирелең етті. *Қиралаңдады, қисалаңдады.* Жерден жұдырықтай тасты ала сала жіберіп кеп қалдым. Тас жаралы құсқа тиген жоқ, бірақ содан жасқанған кекілік *к и р е л е ң е т і п*, өзінен-өзі құлап түсті (Ә.Көшімов, Лашын.). Бөксесі *к и р е л е ң е т е* қалды. Қас қаққанша Ақтөс құлақ шекені босатып жіберді де қасқырдың тамағынан ала түсті (К.Қазыбаев, Аманат). *К и р е л е ң е т е* қалған күзенді Ақтабан да бас салды (Т.Дәуренбеков, Шекісу.).

КИРЕЛЕҢДЕ= е т. *Қиралаңдау, қисалаңдау.* Белінен, жолбарыс ырғып өткен түйедей, *к и р е л е ң д е п* қаласыңдар (Д.Досжанов, Жібек.). Кейде сүйек-сүйегі сырқырайды, енді бірде жіліншігі қақ айырылып бара жатқандай,

белі *киреленделеп* бойын ала алмай қалатынды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қасқыр кетіп барады *киреленделеп*. Осы қыстан шықпаймын, бір өлем деп. Қыран келіп түседі аш қасқырға Омыртқаңды опырып жіберейін деп (Т.Молдағалиев, Хаттар.). *Киреленделеп* бел қалғанда тістің өскені мазақ сияқты көрініп еді (А.Сүлейменов, Бесін).

КИРЕЛЕҢДЕТ = е т. *Қиралаңдату, қисалаңдату.* Шайқалтып, теңселтіп, мазаңды алады. Үйренбеген адамның басын айландырып, *киреленделеді* де тастайды («Қаз. әдеб.»).

КИРЕЛЕҢ-КИРЕЛЕҢ е л і к. *Қиралаң-қиралаң, қисалаң-қисалаң еткен, қиқалаңдаған жай жүрісті бейнелеу үшін қолданылатын сөз.* Үйдегі кісінің астында кішкентай сұр есек *киреленг-киреленг*, тыпың-тыпың етіп жылжып барады (Д.Досжанов, Келіншектау.).

Кирелең-кирелең етті. *Қайта-қайта қиралаңдады, қисалаңдады.* Сонсоң азат етілгендіктерін аттардың өздеріне анығырақ сездіргісі келгендей, айдап орындарынан жылжытып жіберді. Артқы тіркестері бірінебірі соғылып, құйымшақтары *киреленг-киреленг етеді* (Т.Тілеуханов, Өзге.). Сабаудай созылған (жыланның) денесі өз айтқанына көнбей, *киреленг-киреленг етеді* (Қ.Әжікеев, Жылан.). Анау белі қайқаңдап, *киреленг-киреленг етіп*, бірекі адымдай алып жүретін бұны (С.Нарымбетов, Ассалау. Атлант.).

КИРЕҢ з а т. в е т. ***Шойырылма*** *(жылқының бел омыртқасы ауырғанда, киреңдеп жүре алмай, шойырылып қалуы).* Мұны халық *киреңнемесе* шойырылма деп атайды (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Сарбуын болған қозылар мен *киреңболған* жылқының ауру шалған буынына бидайдың үлкендігіндей тотияйын түйіршігін қоятын (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

КИРЕҢДЕ= е т. *Қисаңдау, қиқалаңдау.* Белге соққан жыландай, Амалың құрып *киреңдеп.* Маңдайыңа салған соң, Соған күнің қараған соң Әркімменен бірдей деп (Майлықожа, Нақыл.). Ерек пішінді, имек тұмсық қара қатын самайынан шыққан шашын жаулығына тығып, *киреңдей* басып балалардың арасына барып кірді (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Жылқының бел омыртқасы ауырғанда, *киреңдеп*, жүре алмай, шойырылып қалады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Саған бағжиып қарайтын, қанша бағжиғанмен, сені көрмейтін көз. Етектен *киреңдеп* көтеріліп келе жатқан Бейсембі көрінді (А.Сүлейменов, Бесін).

КИРЕҢДЕТ= е т. *Қисаңдату, қиқалаңдату.* Көз қадап, *киреңдетіп,* керіп бойын, Ысқырды ісіп-кеуіп толған мойын. Құйрығын екі-үш рет ұрып жерге, Жіберді тозаңдатып жатқан сайын (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

КИРЖАК з а т. с ө й л. ***Кержақ.*** Шетелден жуырда оралған *киржактар* әлі де дінді қатты ұстап, әдет-ғұрпынан арыла қоймапты (Б.Қожабеков, Көктөбе.).

КИРЗА [нем. Kiersei] з а т. с ө й л. ***Керзі*** *(мақта-қағаздан көп қабатты етіп, тығыздап, ширілген жіптен жасалған, тері орнына жүретін берік бұйым).* ≈ *Кирза* сұратты.

Кирза етік. с ө й л. ***Керзі етік*** *(қонышы кирзадан жасалған етік).* Қыздың аяғында балшық қатқан кең қонышты *кирза етік* (Қ.Исабаев, Жұмбақ үй). *Кирза етігін* суға салып шықты үйден, шинелінің жағасын да қайырмай (З.Шүкіров, Менің дос.). *Кирза етік* киген кішкене аяқтарын тыпың-тыпың басып, Заренкова жаралылардың артынан кетіп барады (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). Жаппаның ашық тұрған есігінен үп-үлкен *кирза етік* киген аяқ көрініп тұр (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

КИРИЛЛИЦА з а т. *Грек жазуының негізінде жасалған, славян әліпбиінің алғашқы екі түрінің бірі. Кириллица* славян ағартушысы Кириллдің атымен аталған (ҚҰЭ). *Кириллица* грек жазуы негізінде жасалған (ҚҰЭ). Бұдан 1100 жыл бұрын славянның атақты ағартушылары – ағайынды Кирилл мен Мефодий славян тілінің ерекшеліктерін ескеріп, грек алфавиті үлгісімен *кириллица* деп аталған шіркеу-славян алфавитін жасады (А.Собалақов, Математика.).

КИРКА [нем. Kirche] з а т. ***Киркі.*** Ауырды көтеретін ауыр крандар, алмас *кирка*, болат тасқашаулар. Олардың иесі жұмысшылар, шеберлер, мамандар. Тауды бұзып, тасты қашайтын – осылар (І.Жансүгіров, Шығ.).

КИРКІ з а т. *Жер қазу, тау-кен жұмыстарында пайдаланатын бір басы ұшкірленген, екінші басы жалпақтау жүзді құрал.* Азулап алтын, жезді, цинкілерді Кеміріп алмас қашау *киркі* жейді. Арадай балға қонған асыл бұрғы Бұлқынса жердің асты дүркірейді (І.Жансүгіров, Шығ.).

КИСАР з а т. м а л ш а р. ***Киссар.*** Қазақстанда әрқайсысының өз алдына ерекше қасиеті бар арқар меринос, дегерес, еділбай, шаранзы, *кисар* сияқты қойдың бірнеше түрі өсіріледі (Ш.Ерманов, Мәңгі жастық).

КИСЕЛЬ з а т. *Жеміс-жидек шырынын, тағы басқаларын крахмал қосып қайнату арқылы даярлайтын қоймалжың сусын.* Дұрыс ұйықтау үшін түнге қарай бір стақан тәтті компот не тәтті *к и с е л ь* ішкен жөн (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Қозының азықтану жағдайын барынша жақсарта беру үшін сұлы немесе арпа ұнынан (жақсы еленген) және мүмкіндік болғанда, күріш ұнынан әзірленген *к и с е л ь д і* пайдалануға болады (Шопан сырласы). Шетеннің бұлдіргенінен *к и с е л ь,* варенье, повидло, мармелад, джем, шырын, тәтті сироп жасауға болады (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Лимон шырынынан әртүрлі сусын жасалады, *к и с е л ь* әзірленеді, шырынды балықтан, тағы басқалардан жасалған тағамдардың тұздығына араластырады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

КИСЕТ з а т. *Темекі салатын қалташа, дорбашық.* Екеуі маған суынып, Қашанда қатал қарайды. Қалтадан *к и с е т* суырып, Махоркаларын орайды (Х.Ерғалиев, Күн күмбез.). Былғарыдан тіккен үлкен *к и с е т т е г і* махорканы алдына қойды (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Сақалдыға сақылдап, Күлсе-дағы басқа жұрт. Шіп-саламды ақтарып, *К и с е т і н* іздеп ол жым-жырт (Қ.Аманжолов, Тол. жин.). Иван қалтасынан *к и с е т і н* алып, шылымын тартып болғанша қазанға қарап ойлаумен болды (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім).

КИСТА [грек. kistis] з а т. м е д. *Әртүрлі патологиялық процестің нәтижесінде тіндер мен органдарда пайда болатын іші сұйыққа толы қуыс, қатерсіз ісіктің бір түрі.* Ұрық бездерінің ісігі де *(к и с т а)* ұрықтанудың қалыпты процесіне нұқсан келтіреді (К.Өтегенова, Бедеулік.). Өкпенің жай ауа қуыстары да кездеседі, оларды өкпе *к и с т а л а р ы* деп атайды (М.Сисекенов, Өкпе ауру.). *К и с т а* көбінесе әйелдердің аналық безінде және бүйрек, бауыр, қалқанша және ұйқы бездерінде (паренхиматозды организмдер) орналасады (ҚҰЭ). *К и с т а* – өте баяу өсетін ісік, сондықтан адам ісік әбден ұлғаймайынша ауырсынбайды (ҚҰЭ).

КИСТЬ о р. з а т. *Кішкене буда қылға ағаштан жіңішке сап жасап, бір затты бояуға, желім жағуға т.б. қолданатын құрал, боягыш.* Қолы да жылдам, көрген құбылысын *к и с т ь* ұшына іліп алып, тез сала қоятын (Т.Ахтанов, Махаббат.). Иероглифті ең әдемі түсіретін құрал ұшына шүлен қойдың түбітін байлаған *к и с т ь* болса керек (С.Мұқанов, Алып. адым.). Жеңіл-желпі құралдар да, қайшы, желім мен бояу үшін *к и с т ь,* бәкі, ине, балға, кішкене қысқаш, сым темір кесетін кемпірауыз да табылады (Семья тәрбиесі).

КИТ[1] [грек. ketos] з а т. з о о л. *Теңіз бен мұхиттарда тіршілік ететін ірі сүтқоректі жануар. К и т* уақ шаян тәрізділер мен моллюскаларды көп мөлшерде жұтып қоректенеді (Зоология). *К и т т і ң* суда жүзетіндігі, сыртқы түрі балыққа ұқсас екендігі рас. Мұғалім *к и т т і ң* ауамен дем алатынын, балаларын сүтпен қоректендіретінін айтып түсіндіргенде де, бала оны балықтың бір түріне жатады деп ойлайды (Қ.Жарықбаев, Психология). Атағым бар, Айбарым бар! Бар басқам. Асудамын сақал-мұртты қар басқан. *К и т* те болды жұтып қоя жаздаған, Ит те болды балағыма жармасқан! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

КИТ[2] з а т. ә д е б. *Таяу және Солтүстік Шығыс халықтар поэзиясының дара үйқасты жанрлық формасы.* Алғашқы *к и т* Рудакиде кездеседі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет).

КИТЕЛЬ [нем. Kittel] з а т. *Тік жағалы әскери киім және соның үлгісімен тігілген пиджак.* Үстінде еуропашыл ұзын *к и т е л ь,* басында ақ бөрік (М.Шоқай, Таңд.). Үстінде үлбіреген ақ жібек *к и т е л ь* (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Біз көріспеген аз уақыттың ішінде генерал арықтап, бұрынғыдан да кішірейіп, еңкіштеніп, *к и т е л і н і ң* жағасы мойнына кеңейіп қалыпты (Б.Момышұлы, Шығ.).

КИТЕЛЬДІ с ы н. *Китель киген, кителі бар.* Иығынан погон жаңа ғана түскен, қара көк *к и т е л ь д і,* ұзын бойлы, жас жігіт – летчик кабинадан қарғып түсті (Т.Ахтанов, Дала сыры). Ықылас доктордың ақ *к и т е л ь д і* формасы, алтын көзілдірікті ақ құба жүзі, бойшаң денесі көздеріне шалынды (Х.Есенжанов, Тар кезең). Бейқам отырған қара *к и т е л ь д і* тергеуші жігіт серпіле: – Асықпаңыз, ақсақал! – деді (М.Сүндетов, Ескексіз.). Сол денеге көрнеттің қызыл шалбары, көгілдір *к и т е л ь д і,* маңдайында алтын түсті комардасы бар жасыл фуражкелі, жылтыраған шегірек етікті, формасын киіп, белін күміс түсті жалпақ белбеумен қынай буынғанда тіпті сымбаттанған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КИТЕЛЬШЕҢ с ы н. *Китель киген күйде, жалаң кительмен.* Төргі бөлмеге кіріп, диванға барып, етік шешпей, *к и т е л ь ш е ң* жатсам, көзім ілініп кетіпті (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек).

КИТНАМА з а т. м и ф. *Ертегілерде кездесетін керемет кесе. К и т н а м а н ы ң*

ішінен, шай ішіп отырғанда, дүниенің бәрі көрініп тұрады-мыс (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КИТТӘЙ с ы н. ж е р г. *Өте кішкентай, титтей.* Олардың орталары — екінші қабаттың үсті – кәдімгідей алаң боп келеді. Сондай бір аралықта ақ мәрмәрдан салған *к и т т ә й* ғана екі сарай тұр (Т.Ахтанов, Үндістан). Менен де кішкентай Орынбай бар. Уау, ол қайдан келді? – Мамам доктордан сатып әкелді... *Киттәй*-ау, *киттәй* балапан (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз әуен.).

КИТТЕЙ с ы н. *Кит сияқты, үлкен.* Сенесіз бе? Қарыны цистернадай, Саны пілдің санындай, Майсыз жері жоқ-ау титтей, Ұзын тұрасы тура *к и т т е й* (М.Рашев, Бұйымтай).

КИТЧ [нем. Kitsch] з а т. *Бұқаралық мәдениет саласында, оның ішінде масс-медиада эстетикалық объекті қалыптастыру үрдісі.*

К и т ч сөзі XIX ғасырда Германияда алғашқыда мәдени оралымда таралып, бұқаралық талғам мен жаппай модалардың қажеттігіне үлгілес эстетикалық материалдарды өңдеуге бағытталған халықаралық терминге айналды (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика). *К и т ч* –көпшіліктің санасындағы мәдениеттің мәртебелі құндылықтары бұрмаланған, «әсемдіктің» сыртқы, сүйкімді, қарапайым фабрикацияланған формасы (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика).

КИТІМДЕЙ с ы н. ж е р г. *Кіп-кішкене, титтей. К и т і м д е й* детальдардан бастап, салмағы бірнеше тонна белдік темірді жонып жатқан неше түрлі станоктарды аралап келеміз: станок дегеніңіздің де небір түрлері болады екен (Т.Ахтанов, Үндістан.).

КИТІҢ з а т. **1.** *Кібіртік, мардымсыз, берекесіз жүріс.* Бірсыдырғы еті мен құлағы салпаңдап, *к и т і ң і н е н* жаңылмай жүреді де отырады (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі). Бұлар торы атты *к и т і ң* жорғасына салып, ымырт қараңғылығында ескі тас қыстаулардың арасынан өтті (С.Мұратбеков, Дос іздеп.). Тұңғыш-зәузатынан жүріссіз еді, осы бір *к и т і ң* өнер кебеже қарын енесінен ауысқандай (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк). Гали өлеңдерінің өре-өрісі, құйылыс-ырғағы ұзақ жолда талмайтын кәдімгі майталман жорғаның жүрісін елестетеді: тұғырдың *к и т і ң і* емес, тайпалған жорғаның төгілмесі сияқты («Қаз. әдеб.»). **2.** а у ы с. *Мардымсыздық, бірқалыптылық.* Сөз «Кертолғауға» берілді. Домбыра кеш бойындағы кербез *к и т і ң н е н* айырылып, аңырап қоя берді («Қаз. әдеб.»). — Нәке, бұл кімнің күйі? – деп сұрады Орынбасар. Түсіндіру ұзаққа созылатын, әйтеуір, бір *к и т і ң* ғой, – дей салды. – Китіңіз күңіреніп тұр ғой,— деп, сызданды бітене Бименде (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

Китіңге басты. *Китіңдеді, китің-китің етті.* Астындағы жаман жабысын екі өкпеге қанша тепкілесе де Байжан шалдың базынасына әбден еті үйренсе керек, борт-борт жаман желісіне салған болады да қайтадан *к и т і ң і н е б а с а д ы* («Қаз. әдеб.»).

КИТІҢДЕ= е т. *Китің-китің еткен мардымсыз жүріске салу. К и т і ң д е й* аяңдап келе жатқан мес торының жалына шұқшия қадалып, үнсіз отырып қалды (К.Сегізбаев, Ашылма. сыр). Асудың бұл тұсы тік шүңейт еді, жай аяңмен жүрмесе, домалап кетуі кәдік, ат еріксіз аршынын тежеп, *к и т і ң д е п* сирағын санап басты (Д.Досжанов, Жібек.). Біз бала кезде алыстағы мектепке түйе мініп *к и т і ң д е п* не өгіз арбада шайқалып, әрең жетуші ек (Ғ.Сланов, Домбыра.).

КИТІҢДЕТ= е т. **1.** *Китің-китің еткізіп, мардымсыз жүріске салу.* Ойбай-ау, ішің кепкірді соғымға соясың ба, бәйгеге қосасың ба? *К и т і ң д е т п е й,* бассаңшы қамшыны – деп, баж-баж етіп күйіп-піседі (Б.Тілегенов, Көктем.). Аттың жұлқынып тартпай, тым *к и т і ң д е т і п* басуы осыдан да болар. Қара гүжбан ұзын мұртын анда-санда бір сылап-сипап, ширатып қойғаны болмаса, селт етпейді (Б.Тілегенов, Ақ қайнар). **2.** а у ы с. *Асықпай, ақырын сөйлеу.* Шүкіман ілгері-кейін *к и т і ң д е т і п* сөз айтқан сайын сай-сүйегін сырқырата түседі (Д.Досжанов, Табалдырығың.).

КИТІҢДЕУ *Китіңде етістігінің қимыл атауы.* Тұяғың тозып, топас боп, *Китіңдеумен* қалдың ба? Бұл күнің әлі көп болар, Сағатың таяу алдында (Жамбыл, Шығ.).

КИТІҢ-КИТІҢ е л і к. *Кібіртіктеген, ебедейсіз, ретсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.* Кірпіштер қайтадан ауыр тарта бастады. Тұсаулы аттың *к и т і ң - к и т і ң* жүрісіндей құрылысшының кірпіш санаған күйкі қимыл-қыбыры тағы да мезі қып барады (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

Китің-китің етті. *Китіңдеді, ретсіз қимылдады.* Тағы да *к и т і ң - к и т і ң е т і п,* кішкене бөлмеге сыймай жүр (Б.Тілегенов, Аққайнар).

КИФАРА [грек. kithara] з а т. *Көне гректің ішекті, шертпелі көне музыкалық аспабы.* Өз басым оны Аполлонға ұқсатқым келеді. Иі түсіп, қыры сынбаған бешпет, шалбарының орнына Аполлонның тотасын кигізіп, қолына таяқ емес, *к и ф а р а* не алтын арфа берсе, жердегі Аполлонның өзі осы біздің педагогіміз тәрізденеді (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

КИХМАТ з а т. е с к і к і т. ***Хикмет.*** Мұның ар жағында бір *к и х м а т* барлығы... өзіне аян боларға керек (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Мұның бәрі *к и х м а т п е н* біліп істегендігіне дәлел емес пе? (Абай, Тол. жин.). Нендей *к и х м а т-т а р* естідіңіз (М. Иманжанов, Менің махабб.). Не *к и х м а т* Қамармен тап бетпе-бет келген уақытта, беті күйгендей ұялып, қызара бастаушы еді (С.Торайғыров, Қамар сұлу).

КИІЗ з а т. **1.** *Қойдың күзем жүнінен тығыз етіп басылған, үй тұрмысында пайдаланылатын бұйым.* Қар жауса да тоңбайды бай баласы, Үй жылы *к и і з* тұтқан айналасы. Бай ұлына жалшы ұлы жалыныштты, Ағып жүріп ойнатар көздің жасы (Абай, Тол. жин.). Киетін киімдерінің дені малдың жүні, малдың терісі, тоқыған шекпен, *к и і з* кебенек, илеген тон, жарғақ, отыратын үйі — жүннен істелген *к и і з* (С.Сейфуллин, Шығ.). Өйткені *к и і з д е н* алуан түрлі бұйымдар жасалады. Мыс., қой, ешкі, түйе жүнінен жіп иірген, ол жіптен өрмек тоқып, еденге төсейтін алаша, зат салатын қап, қоржын тіккен, *к и і з* үйдің түрлі бау, басқұрларын дайындаған. Сондай-ақ халық қой жүнінен *к и і з* басып, көп мақсаттарға пайдаланған – еденге төсеген, киіз үйдің туырлығын, үзігін, түндігін, ертұрманға қажетті тоқым, жабу жасаған; кейде *к и і з д е н* қалпақ тіккен, бетіне түрлі ою-өрнек салып, текеметке айналдырған (Қаз. тілі термин. Тамақ). **2.** *Малдың жүнінен қалың, тығыз етіп басылған төсеніш.* Айнала қалың *к и і з,* текемет, кілем тұтылған (М.Әуезов, Абай жолы). Кіреберіс жер аласа, құр тақтай, одан арғы жер төрдегі үлкен әйнектерге шейін, *к и і з,* алаша, көрпе, бөстек төсеулі биіктеу сәкі (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ол үйге *к и і з* төсер, кілем жаяр, Көрпе, жастық бәрі де болған даяр. Күтіп тұр деп, қояды спар жігіт, Бәрін тегін істейді, Аллаға аян (С.Торайғыров, Алаш ұраны.). Жарыса көкпен жабағы жөңкіп не түрлі, Жердегі жарық жердегі нұрды кетірді. Көлеңке түскен көркем беткейлер алыстан Қара түр басқан көкжасыл *к и і з* секілді (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). **3.** а у ы с. *Көктемге салым былжырап еріген қар.* Былтыр, көктем шағы. Түске дейін — мүйіз, түстен кейін *к и і з* болатын кез (Ұ.Бағаев, Дала.). Күндіз жылынғанмен, қыстың ызғары әлі кете қоймаған, түске дейін – *к и і з,* түстен кейін – мүйіз. Көктем түнінің кісіні тоңдырарлықтай салқын екенін енді байқап тұр (Ө.Қанахин, Жас жүрек). Апрель айында күннің бір жағы – *к и і з,* бір жағы мүйіз болып жататын әдеті емес пе? (С.Жүнісов, Жапанда.).

Ақ киізге көтерді [салды]. т а р. э т н. *Халық өзі қалап сайлаған адамын боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ киізге орап, той қылды, хан сайлау рәсімін жасады.* Қырым елі жиналып Ақжелекке той қылды. Талай малды сойдырды. Тойын үлкен мол қылды. *А қ к и і з г е к ө т е р і п* Ақжелекті хан қылды (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.). Сүтіне боз биенің шомылдырып, Алдымен ақ киізге ханды орады. *А қ к и і з,* аю тері, кілемге *с а п* Ер Қосай қосағасы қол жаяды (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Білекпен киіз басты. э т н. *Киізді білектеді, киіз дайындады. Б і л е к п е н к и і з д е р і н б а с п а д ы м* ба? «Көне жер» деп, қой қырықпай тастадым ба? Жүк артып, көшіретін мен емес пе? Не айтса, аяқты ұшынан баспадым ба? (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Жас киіз. *Жаңа басылған киіз, жаңадан дайындалған киіз.* Ыстық сумен пісіріп тастаған *ж а с к и і з д е н* бу бұрқырап шығып жатыр (Б.Майлин, Шығ.).

Жүрегі киіз болды. п о э т. *Меңіреу болды, мейірімсіз болды, елең қылмады.* Тас десеңіз, одан да үн шығады. Темір десеңіз, одан да шың шығады. Осы ханның *ж ү р е г і к и і з б о л а р,* Киіз ғана меңіреу тұншығады (Т.Әбдірахманова, Көгершін көңіл).

Киіз байпақ. э т н. *Киізден жасалған аяқ-киім.* Мықшима аяғымда былғары етік, *К и і з б а й п а қ* тоңдырмас ызғар өтіп. Үлкен кісе белімде жез салдырған, Шақпағым, дәндәкуім жарқ-жұрқ етіп (Абай, Тол. жин.). Қысты күні аттың аяғына *к и і з б а й п а қ* кигізіп, тырс еткізбей шығарып кететін (І.Жансүгіров, Шығ.). *К и і з б а й п а қ т ы ң* қонышы жыртық, қайырылып кетіпті (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Аяғыңыз қарап тұрып күйіп қалады, *к и і з б а й п а қ* кигеніміз сондықтан, бұл ыстық жібермейді (С.Камалов, Әңгім.).

Киіз басты. э т н. *Киіз жасады, дайындады.* Өнер түрлі болады. Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, *к и і з б а с а д ы,* ыдыс істейді (А.Байтұрсынов, Шығ.). Сап, сап қимыл, Сәлден соң бұлғындаса, Бұлт бүркеген жұлдыздай жылмыңдаса. Ақ көйлектің етегі еркеленсе, *К и і з б а с қ а н* Айжан қыз қылмыңдаса. Ер салғанда Елеңдеп қалтырағаң, Сәйгүліктей сондайда Қарқын алам. Еріп кетем, елігем төкпе күйге, Сүймес оны Сүймесе салқын адам (К. Салықов, Жезкиік).

Киіз басу. э т н. а) *Сабалған, шабақталған, біркелкі етіліп тартылған, бетіне ши салынған жүнге ыстық суды себелеп құя отырып, қатар отырған үш-төрт әйел шынтақтап жинап, білегімен ұрып, басып отырып жасайтын дәстүрлі қазақ қоғамындағы киіз жасау өнері.* Жұмабайдың ауқаты тәуір, әнеукүні *к и і з б а с у ғ а*

күзем алыпты («Айқап»). *Киіз басуға* тек қой жүні ғана жарайды (М.Ермеков, Қазақ. қой шаруаш.). Балалардың үйіндегі бір еңбегі *киіз басуға* араласу, киізді кім басады (әйелдер жүнді сабайды, шиге сабақтайды, қайнаған су құйылып аунатады, тебеді, басады, қарпиды) (Ж.Аймауытов, Шығ.). Малшаруашылығы өнімдерін өңдеу, оның ішінде жүннен алуан түрлі бұйымдар жасау белгілі бір өнерді, шеберлікті қажет етеді. Қазақ халқының тіршілігінде *киіз басу* кәсібінің маңызы зор (Қаз. тілі термин. Тамақ). ә) *Киізді білектеу, білекпен басу.* Қатарласып отырған киіз пісірушілер көлденең жатқан киізді өздеріне қарай көтере тартып, аударып, төңкеріп білегімен басады. Мұны *киіз басу* деп атайды (Х.Шобай, Қаз.ұранқай. қолөнері).

Киіз бөрік. э т н. *Киізден жасалған баскиім.* Бастарына төбесі шошақ не дөңгеленіп келген, тысталған *киіз бөрік,* аяқтарына өкшесіз жұмсақ етік киген (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Киіз білектеді. э т н. *Киізді білекпен басты, киіз дайындады.* Тебуі біткен *киізді* шиден ажыратып, үстіне тағы да ыстық су құяды да, оны орап шиыршықтайды, сонан кейін әр жерінен байлап, шидің үстіне салып *білектейді* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Киіз жабу. э т н. *Киізден жасалған жабу.* Ана аттың *киіз жабуы* қайда? Жаба салмаса, ер-тоқымы су болып қалар (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.).

Киіз жабын. э т н. *Киізден жасалған жабын. Киіз жабын* – туырлық-үзік (Ө.Жәнібеков, Жолайырықта).

Киіз жеңсе. э т н. *Жеңсенің киізден жасалған түрі.* Қалпақ, байпақ, *киіз жеңсе,* қол дорба сияқты заттарды арнаулы қалыпқа салып, бітеу басып шығаруға болады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Киіз есік. э т н. *Сықырлауықты сыртынан жауып тұратын, ортасы ши, астары жарғақ теріден істеліп, пісірілген ақ киізден жасалған есік. Киіз есік* сарт етіп босағаны соққанда, ұйытқыған түтін келіп Жұманның жүзіне соқты (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). *Киіз есікті* маңдайшаға байлап жатып, артына бұрылған (Қ.Мұқанбетқалиев, Жұлдызды.). Баскүр – *киіз есіктің* бас бауы, тастама (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Сыртқа шығып, ол итарқаның *киіз есігін* түре жапты (С.Талжанов, Сейфулла.).

Киіз етік. э т н. *Киізді қалыпқа салып, тігістеріне былғарыдан сыздық салынып, құсырыла тігілген етік.* Оқуға кетіп бара жатқан баласына шешесі өз қолымен сырып, *киіз етік,* сәтен тысты, жылы бөрік тігіп берді (Қ.Әміров, Жастық шақ.). Халық арасында киізді қалыпқа салып, басып шығару әдісі де ерте заманнан бар. Бұл әдіспен көбінесе *киіз етік,* ұйық (пима), қалпақ, байпақ сияқты заттар жасалған. Олар әрі жылы, әрі жеңіл, әрі әдемі келеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Алдына қалың көптің келдім жетіп, Жорғаның қарқынымен екпіндетіп. Өзімді күлкі қылды атты танып, Кигенім шоқпыт тон мен *киіз етік* (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.). Атымды қамшылаймын баурын осып, Келем жалғыз, әнімді желге қосып. Қоңыр тон, *киіз етік,* шоқпыт бөрік, Қаламын өз бейнемнен өзім шошып (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Киіз кебіс. э т н. *Киізден дайындалған кебіс.* Киінгені – *киіз кебіс,* көркі жіп, Бойшаң халат – ала жібек жер сызып (Х.Ерғалиев, Сенің өзенің).

Киіз кепе. э т н. *Киізбен жабылған үйшік. Киіз кепе,* киіз қос, ас үй ретіндегі құжыра — күн мен жауыннан сақтар баспана ғана («Қаз. әдеб.»).

Киіз көпшік. э т н. *Киіз жастықша.* Оның астындағы жарау көк биесі, басындағы кішкене қоңыр елтірі тымағы, үстіндегі ескі, арзан қолды ләңке шапаны, аяғындағы қонышы ескі, басы жаңалау бақа тамақ етігі, бұтындағы жамаулы ескі қара қоңыр шалбары, қолындағы жіңішке тобылғы сапты бұзау тіс қамшысы, сүйреткен кепкен қызыл қайың сойылы, желқом сияқты жыртылған киіз тоқымы, кішкентай ері, жыртылып, жырымдалған *киіз көпшігі,* ұзын қайыс қанжығалары, жіңішке темір үзеңгісі, өрген жүгені, қара қыл шылбыры жұпыны көрінгенімен, бәрі бір-біріне үйлесімді еді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Киіз күйдіріп басты. *Жарақаттанған жерден қанның ағуын тоқтату мақсатымен киізді күйдіріп, жараның аузына салды. Киіз күйдіріп бассам* да, қаны тыйылар емес (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Киіз кілем. э т н. *Ою-өрнек салынып, киізден жасалған кілем.* Киіз үйдің ішінен айналдыра кілем ұстап, еденіне тақтай төсеп, оның үстіне *киіз кілем* жайып тастапты (Н.Баяндин, Құм асты.).

Киіз кімдікі болса, білек сонікі. *Ұжымдасып атқарған шаруада әркім өз дүниесі үшін жанын салады, күшін аямайды.* Ұзақ уақыт қуалай тебілген жүн кіріге ұйысып болды-ау деген шақта оны шиден босатып ап жас әйелдер білектерімен нығарлайды. Бұл нығарлауда ең

ынталы киіз иесі болады. Қазақ *киіз кімдікі болса, білек соныкі* деп соған қатысты айтады (С.Мұқанов, Қазақ қауымы).

Киіз қалпақ. э т н. *Киізден жасалған қалпақ. Киіз қалпақтың* сыртынан сытырлатып барады (М.Әуезов, Шығ.). Ақ *киіз қалпағын* жүк үстіне тастай салып, төрде жаюлы жатқан көрпеше үстіне бір үлкен құс жастықты шынтақтап, қисая кетті (Н.Сералиев, Намыс). *Киіз қалпақ* қазақтар Мыс қайнатқан ақ сүттей. Қаһарлы қыс, жаз аптап Жүрмейтұғын тас тінтпей (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). *// Киіз қалпақ киген адам. Киіз қалпақтың* көрсеткен есігіне кіріп кеткен Сүлекең бір сағаттай кешігіп, жолдастарына күдіктендіре бастады (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

Киіз пісіру. э т н. *Киізді ыстық су құйып, ширатып нығайту*. Киіз кірігіп, шымырлана түседі. Киіз басудағы жұмыстың бұл жүйесін *киіз пісіру* деп атайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Киіз салығы. т а р. *Киізге салынатын салық. Киіз салығы,* кілем салығы, мал салығы, жан салығы деп ала берді, ала берді (Ғ.Сланов, Асау арна).

Киіз сумка. *Киізден жасалған дорба*. Мойнында *киіз сумка* ауылнайлар, Знагі омырауда, – күші айбар (Д.Әбілев, Таңд. өлең.д.). *Киіз сумкаларын* мойнына асынған бір топ балдырған балалардың қолдарынан ұстап келе жатқан ата-аналар (Т.Оразов, Қаныш.).

Киіз сырмақ. э т н. *Киізден дайындалған (сырылған) төсеніш*. Қалың киінген әйел денесі зілдей еді, Қашава шана үстіндегі *киіз сырмақ* әзер көтеріп ұрды (З.Шүкіров, Қиын түйін).

Киіз табан. *Киізден жасалған жылы, жұмсақ табан. Киіз табан* тапочкамды қайсың кидіңдер? (Ш.Құсайынов, Таныс адам.).

Киіз тебу. э т н. *Киізді тығыздау үшін жүнді ораған шиді аунатып теуіп басу*. Қазақ ғұрпында *киіз тебу* бір ауылға түгел ортақ, көпшіліктің ісі саналған. Сондықтан киіз тебушілер домалатқан киіздерін қадірлес отаулардың сыртына апарып: «Қой басты, қой басты», – деп, әзілдейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Киіз туырлық. э т н. *Киізден жасалған туырлық*. Осы тәтем *киіз туырлықты* қазақтың бәрінің қыстау, егін-жай, пішендік, арық, бау-бақша, бекітетін тоғамы мұжықтың суатының аузында ғана ма екен? (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Киіз үй *киіз туырлықты* қазақ халқы: үйдің түндігі ашық. Есігі жабық болуындағы мағына: түндік – жарық кіретін жол, есік – түрлі заттар кіретін жол дегендік; жарық жолы ашық, еркін болсын, түрлі заттар кіретін жол – есік еркін болмасын делінген еді («Қазақ»).

Киіз тығын. *Киізден жасалған тығын*. Ыңылдап шаңырақтан өтті боздап, Қорғасын бірінен соң бірі қоздап, Түседі торғайдай боп *киіз тығын,* Жалп етіп, жанып барып жерге маздап (Н.Ахметбеков, Жасауыл).

Киіз үйық. э т н. *Киізден жасалған үйық, шұлық*. Қалипа Берікбаева жолдастың былғары заводында қызмет атқарғанына 21 жылдан асыпты. Оның алдында *киіз үйық* шығаратын артельде жұмыс істеген («Соц. Қаз.»).

Киіз ұлтарақ. *Киізден жасалған ұлтарақ*. Оның ішкі табанына *киіз ұлтарақ* салып және байпақтың ішінен қалың шұлғау орайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Киіз ұлтарақты. *Киізден жасалған ұлтарағы бар, киіз ұлтарақ салынған*. Жауын-шашын бола қалса, кие қоятын астары бумазей, *киіз ұлтарақты* резина етігі бар (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап).

Киіз үй. э т н. *Сүйегі шаңырақ, уық, керегеден; жабыны түндік, үзік, туырлықтан; бау-шуы басқұр, құр, таңғыш, шалма, баудан тұратын, шаңырақка айнала уық қадалып, кереге басына байлана дөңгелентіп тігілетін жиналмалы үй. Киіз үй* ағаштық материалдардан – керегелерден, шаңырақ пен уықтардан, есіктен т.б. тетіктерден тұрады (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Әкелген адам басы күрек, кетпен, *Киіз үй,* мүліктерін тастап кеткен, Келер жыл кетпенменен егін екті Айында апрельдің кезі көктем (О. Шипин, Дастан.). – Төрлет!– деп бай-бәйбіше айтты қатар. – Жігітім, жүріпсіздер шегіп сапар. Тоятын ішпей-жемей ниетіне, *Киіз үй,* қара қазан аңқып жұпар. Кісі екен қара сақал үй иесі, Айтпай-ақ көрініп тұр әр жүйесі (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Киіз үй* (қазақ үй) – көшпелі дәуірге лайықты, ағаш керегелі, киіз туырлықты, жиналмалы баспана үй. *Киіз үйдің* ең үлкені – 18, 12 қанат болған (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Киіз үй сүйегі. э т н. *Киіз үйдің кереге, уық, шаңырақ, сықырлауықтан тұратын негізгі қаңқасы. Киіз үй сүйегі* – киіз үй қаңқасы – кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Киіз үйдің сыртқы әбзелдері. э т н. *Күн сәулесін түсіру және су өткізбеу, жылу сақтау және т.б. қызметтер атқаратын әбзел – туырлық, үздік, түндік, киіз есік т.б. жалпылама атауы. Киіз үйдің сыртқы әбзелдерін* бір-бірімен байланыстыру үшін – бау-құрлар (таңғыш, бас арқан, белдеу, шалма,

желбау, басқұр, туырлық бау, үзік бау), шаңырақты көтеруге арнаулы бақан қолданылады. Керегенің ішінен түрлі түспен боялған шилер тұтылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Киіз үйдің сыртқы әбзелдерін* пісірілген шаңқан ақ киізден (кей жағдайда киіз түсін ағарта түсу үшін бор қосатын болған) пішіп, ою-өрнектермен безендіреді (ҚҰЭ).

Киіз ілмес. *Қараңғы түскен кез. Киіз ілмес* кешқұрым Танымаушы едім ешбірін. Қайырлы болсын сапарың, Жөніңді келген сұраймын: – Жүрсіңдер, бала, нағылып? (Қамбар батыр).

Құрым киіз. э т н. *Күн қақтап, ыс сіңіп, қара қошқыл тартқан киіз.* Гүл белің тал шыбықтай бұраңдайды, Жан балқып, тән жібімей тұра алмайды. Жарасқан әзіліңе жар болмаса, Құндызға *құрым киіз* құралмайды (Ә.Найманбаев, Шығ.). Жүк астында тығындалған *құрым киіз* (Б.Майлин, Шығ.). Сыз еденге төселген *құрым киіздің* үстінде төрт көзіміз түгел, таңертеңгі шайды ішіп отырған мезгіл (Б. Соқпақбаев, Балалық.). Жамылып *құрым киіз*, жамау шоқпыт Тіршілікке не істетпеді амал жоқтық. Іздеген талғажауды табан асты Жүрдік біз жеген иттей «айналсоқтық» (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Өре киіз. э т н. *Үлкен киіз, үш құлаш шамасындағы ұзын киіз.* Астыңа *өре киіз* салып берсем, Сендерге жараспай ма қылған сыйым? (Айтыс).

КИІЗДЕЙ с ы н. *Киіз сияқты, киіз тәрізді.* Екі ортада қорым мен ауылды жарып түскен, ажырығы *киіздей* аңғаршының табанында қысы-жазы бұйығы бүлкілінен жаңылмайтын, момын тепкілі табақтай бұлақ бар – кішкене ауылдың мал-жанының таусылмас ырзығы іспетті (А.Сүлейменов, Бесін). Суы тартылған жерлердің былтырғы қалың шөбі *киіздей* тұтасып жатыр (З.Ақышев, Ақбел.). *Киіздей* қалың қара көк ағашты сол тастар әр жерден тілім-тілім ғылып бөлгендей; көк жасыл көріністің ортасынан түсіп, көрініп бұзып, тас шимайын салып, беттің түсін суытып, құбыжықтандырып тұр (М.Әуезов, Қараш.). Көл ортасында қара *киіздей* боп жайғасқан қараша қаздар ескі зеңбірек түтініндей будақтасып көтеріле бастады (Ж.Молдағалиев, Тыңдағы.).

КИІЗДЕН= ет. *Киіз сияқтану, ұйысу, тұтасу.* Біз қайдан білейік неге таласатындарыңды?.. – деді шашы алынбай, *киізденіп* кеткен Ерболат деген жігіт (І.Жансүгіров, Шығ.). Шашы ұйысып *киізденіп* қалыпты (Саржайлау). Мына түрінде алып таудай-ақ елестеп, төңіректің сәнін келтіріп тұр. Сәнінен гөрі сұсы басымырақ ұшып-қонба бұлттардың аяқ астынан *киізденіп*, бір төбені бір төбеге жалғастыра тапжылмай қалғаны Ботабаланы еленде тете берді (М.Қожахметова, Күннің алтын.).

КИІЗДЕНУ *Киізден етістігінің қимыл атауы.* Ыстық су жүннің талшықтарын буландырып жібітеді де, оның өзара кірігіп, тез *киізденуіне* жағдай жасайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КИІЗКИІК з а т. ө с. *Шөптің бір түрі.* Бозала таң, Боз тұман шың сірескен, *Киізкиік*, атқұлақ сыңсып өскен. Жақпар тасқа жабысып отыр мерген Бүйра бұлақ төменде шым-шым ескен (Қ.Дәрібаев, Серт.). Сүттіген, еңлік, мейіз, *киізкиік*, Балдырған, қорғасын, атқұлақты, Елік жүр сонысында соны қиып (І.Жансүгіров, Шығ.).

КИІЗ-КІЛЕМ з а т. *Киіз, кілем сияқты төсеніштер.* Салқын күз түскенде Атбасарға «жеңіспен» оралған қыраулы мұрт отрядтың азық-түлігі, көрпе-жастығы, *киіз-кілем*, мүлігі тиелген керуеннің басы қалаға кіргенде, құйрығы екі шақырымға кейін созылып жатты (М.Тлеков, Әділбек Майкотов). Киіз үйдің ішінен айналдыра кілем ұстап, еденіне тақтай төсеп, оның үстіне *киіз-кілем* жайып тастапты (Н.Баяндин, Құм асты.).

КИІЗКІТАП з а т. э к с п р. к е к е с і н. *Ойдан шығарылған, қисыны жоқ кітап* [*XVIII-XIX ғасырлардағы көнекөз қариялардың айтуынша, ислам діні енгенге дейінгі қазақ халқының дәстүрі, заңы, әдет-ғұрпы, жора-жоралғысы, тарихы жазылған, сырты киізбен қапталған кітап*]. Екіжүзділіктің *киізкітабында* жазылған масқаралық, сұмдық қағидалары құнсыз ортаның ақылшысының аузымен айтылған болады (М.Әуезов, Әр жыл.). –Шалқадан түсу болар, бірақ қатты ойланар шаруа екен бұл, – деп Саша *киізкітабына* шұқшиып отырда да қалды (С.Бердіқұлов, Аспан.). Кеңес берді *киізкітап*, Тас кітап, Кітап қалар, Қирағанмен ескі тақ. Бірі жырдың, Махаббаттың біреуі – Қалды менде бар болғаны қос бұтақ (Қ. Мырзалиев, Мәңгі майдан).

КИІЗҚАП з а т. э т н. *Киізден жасалған қап.* «Бұған не де болса алдын ала бөгет соғып көрейін» деген ой оған *киізқабына* қол создырып еді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Кеудесі *киізқап*, жалы бұлшық-өзек, сауыры сүйрік небір тұлпарлардың өзін шетелдік бапкерлер додаға өз орайында кезек салып отырды (Т.Бердіқұлов, Пердесіз.).

КИІЗҚАПТЫ с ы н. э т н. *Киізден жасалған қабы бар, киізқаппен қапталған.* Кәрлен аяқтарын *киізқаптың*, көп ұялы сандықтан Сәуле өте еппен шығарды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

КИІЗҚОТЫР з а т. *Тұтасып кеткен қалың қотыр.* Әкеден туа жетім қалған Күшікті төркініне көшкен шешесі ала кетеді. Сол кезде *к и і з қ о т ы р* деген ауру болады екен дейді. Күшік жастайынан соған ұшырап, «Қотыр күшік» атанған екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Басы *к и і з қ о т ы р* боп, Кигені көн қоңыр боп, Азды елден іздесе, Бұл сықылды жетім көп (С.Мұқанов, Шығ.). Осы азды-көпті өмірімде, – деді тоқтай қалған ойын сабақтастырғандай боп, Ахмет биге қырын қарап жатқан Барақ, – қазіргіден басқа бір-ақ мәрте сырқаттандым. Оның өзі де қотыр ғана еді. Жұрт шиқотыр, *к и і з қ о т ы р* дей ме, әйтеуір, үстімді түгел басып кетті, қаптап. «Қотыр болса қолыңды, ішің өтсе асыңды тый» – дейді ғой халық. Халық айтса қате айтпас («Жас Алаш»).

КИІЗҚҰРТ з а т. в е т. *Жылқы малында болатын ауру, өлі тиюдің бір түрі.* Өлі тиюдің құрттан да болатын түрін қазақтар қылқұрт, *к и і з қ ұ р т*, бөсір құрт деп атайды. Жылқы қарнының кежігесіне, тоғайрағына ілінген құрттарды қарын құрт, тоғайрақ құрт, кежіге құрт деп түрліше атайды (Эксп. матер.).

КИІЗ-ТЕКЕМЕТ з а т. э т н. *Киіз, текемет сияқты төсеніштер.* Кірлерді жуып, *к и і з - т е к е м е т т е р д і* қағып, күні бойы тынымкөрмеген, сондықтан «шаршадым» дегенді сылтауратып әке-шешесіне төсекті ерте салып берді (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Көнетоз нәрселер, ескі сандық, оның үстінде *к и і з - т е к е м е т*, құлайын деп шайқалып тұрған бақанға ілінген жыртық-жыртық ескі-құсқы киімдер (А.Сатаев, Дала.). Абысындары тігетін киім-кешектері, басатын *к и і з - т е к е м е т т е р і* болса, апаммен ақылдасатын («Қазақст. әйелдері»).

КИІЗШЕ ү с т. *Киіз сияқты, киізге ұқсап.* Ала қыстай басылып, *к и і з ш е* тұтасып, нығарланып қалған шөпті аршып алудың өзі қиямет-қайым еді (С.Мұратбеков, Көкорай).

КИІЗШІ з а т. э т н. *Киіз басушы.* Кіріккен киіз буланып, бөрттірген дән сияқты біраз ісінеді. Солай жабулы бетінде 1-1,5 сағат жатады. Бұл уақытта *к и і з ш і л е р* демалып, тамақтанады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Сармоллаға кеше қарсы болған *к и і з ш і* Сейсеке, қасапшы Қасен бүгін, әсіресе, ызаланған екен (М.Әуезов, Абай жолы).

КИІК з а т. **1.** *Ешкіге ұқсас, жабайы аша тұяқты тұз жануары.* Бәс тігем де қаласаң, жамбы атамын. Қиырға қой *к и і к т і* қандатамын. Шығаршы шымыр дене палуаныңды, Аяғыңның астына аунатамын (М.Мақатаев, Қарлығашым.). Қаңғырып шығып кетті елсіз жерге Кез болды осындай дерт қайран ерге. Адамнан аң сықылды көрсе қашып, Қосылды даладағы *к и і к т е р г е* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *К и і к* қайда ойнайды, Тауда тарғын болмаса. Балық қайда ойнайды Балдырлы су болмаса (Қабан жырау, Алтын қазық). Нұрланған шамшырақтың сәулесімен Таңырқап таудан келді құлан, *к и і к*. Қасында сайран еткен сансыз әскер, Патша да келді дереу хабар тиіп (О.Шораяқов, Шайыр). **2.** з о о л. *Жұп тұяқты, қуыс мүйізділер тұқымдасына жататын жануарлардың жиынтық атауы.* Ғылыми жіктелімде *к и і к* туысына тек гарна; қортық *к и і к т е р* туысына қортық *к и і к*; бұранда мүйізді *к и і к т е р г е* үлкен кудк, канна, нильгау, төрт мүйізді *к и і к т е р*; сиыр *к и і к т е р* тұқымдасына – бубал (каама), гну; қанжар мүйізді *к и і к т е р г е* ақ орикс, орикс-бейза, аддакс т.б. жатады (ҚҰЭ). Қазақтар аңшылықпен де шұғылданды. Қырда қарсақ, *к и і к*, қоян аулап кәсіп ететін (ҚазССР тарихы).

Бала киік. *Жас киік.* Құралай ізінде қаны қалды, өзі қашып, Барады *б а л а к и і к* қырдан асып; Неліктен аңшы жігіт бірге кетпей, Бармағын иегіне тұрды басып? (Х.Ерғалиев, Көбік шашқан). Оқ тиіп *б а л а к и і к к е,* Анасы оны қимайды. Көкірегін жарған күйік те Бүкіл дүниеге сыймайды, Аз көргенім жоқ мұндайды (Ж.Қыдыров, Жұлдыз.).

Киік емшек. *Сүтті емшек.* Кеудесі жазылған соң да, Зейнептің сүті аз боп, Шоқан жарымаған соң, *к и і к е м ш е к* аталған сүтті Күнтай, өз баласына қоса, Шоқанды кезек емізген (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Киік желін. *Тез иіғіш, бойындағы сүтін иіп беретін.* Күтпеген кесек олжа *к и і к ж е л і н* Қадишаның қиынға тыққанын шығарды: Кебеже түбінде жоққа санап тастаған сүр жаяның қалдығы, бір дорба ұн бар екен (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Киік кеней. э т н. *Киіктің асығы.* Крейгель қалтасынан ылғи тастамай жүретін *к и і к к е н е й д і* ширіп жіберді (А.Сүлейменов, Бесін).

Киік мүйізді. *Мүйізі киіктің мүйізіндей. К и і к м ү й і з д* і қызыл сиырға тарантас жеккен біреу артымыздан келіп, тіреле тоқтады (Б.Майлин, Шығ.).

Киік сирақ. э т н. *Сабы киіктің сирағынан жасалған (қамшы).* Аманкелді атына мінді де, *к и і к с и р а қ* қамшысын көтерді. От шаласының жарығында *к и і к с и р а қ* қамшыны көрген Ыбырайдың есіне тағы да Айтбай түсті, екі теке түсті (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Киіктің асығындай. *Кішкентай да, сүйкімді, оңтайлы. К и і к т і ң а с ы ғ ы н д а й* оңтайлы денесін үйіріп, қағылез ақ сұр жүзі құбылып,

қарға тамырлы жақын адамның кейпіне кірді (С.Омаров, Қайырлы жаз). *Киіктің асығындай* екен, қолайыңа жақса, қолыңа ал (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Киіктің матауы. э т н. *Қазан айының бас кезінде киік, ақбөкен, қарақұйрық текелерінің үйірге түсер шағында күн суытып, қар аралас жаңбыр жауатын кез.* Айдың соңғы, қазан айының бас кезінде киік, ақбөкен, қарақұйрық текелері үйірге түсер шақтағы бұл амал (он жеті тоғыс) – *киіктің матауы* (Ж. Кейкин, Қазақы. атау.).

Қызыл киік. п о э т. *Қолға түспейтін, жеткізбейтін арман.* Дүние қызықтырған *қызыл киік*, Бар адам соны қуған көңілі сүйіп. Көпшілігі далақтап жете алмай жүр, Азшылығы кенелген қолға тиіп (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Нар киік. п о э т. *Үлкен, кедергісі көп, қол жеткізбейтін арман.* Бұл шақта сен болып бейне *нар киік*, Зымырайсың самайларға қар құйып. Мендік сенім бірақ сенен қуатты-ақ, Айшылықты ағып өтер бір аттап (Т. Айбергенов, Мен саған.).

Ор киік. *Ірі, үлкен киік.* Мың-мыңдап өрген *ор киіктің* өрісі болған жер (Ө.Қанахин, Жер бас.) Есбатыр деген жігіт жергілікті Көш бастап көп ішінде көзге ілікті. Әлимен жас шағынан қатар өскен, Ұсынса ұшыратын *ор киікті* (О.Шипин, Дастан.).

КИІКОТЫ з а т. ө с. <лат. ziziphora> **1.** *Тауда өсетін хош иісті шөп. Киікотыкілем*, бозы төсек, жанбастап жатып жан саябытарлық (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Дымқыл тартқан жаялық, жөргектеріңді жуып, шайып құрғатып, *киікотынан* не қалампырдан қайнап шыққан жұпар суға шомылдырған соң жан анаң сені қымтай буып бөлеп тастайтын, – деді (Ғ.Сланов, Домбыра.). *Киікотын* теріп жеп, арқар құсап тауда өскен жануар қиынға талмай өрмеледі (Д.Досжанов, Жібек.). Мамық деген шөпке киік те, ешкі де жақсы семіреді. *Киікотыда* бар бізде («Қаз. әдеб.»). **2.** б о т а н. *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік немесе шала бұта. Киікотының* биіктігі – 30-90 см, көпшілігі бал шырынды. Құрамында эфир майлары бар. Жапырағы татымдық ретінде пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Тамақ). *Киікотының* барлығы дерлік – балды өсімдіктер (ҚҰЭ). *Киікотының* кейбір түрі медицинада дәрі жасау үшін пайдаланылады (ҚҰЭ).

Иісті киікоты. б о т а н. *Биіктігі 8-50 см, жуан тамырлы, тік сабақты ерінгүлділер тұқымдасына жататын жұпар иісті өсімдік. Иісті киікоты* маусым-тамыз айларында гүлдеп, жемістенеді (ҚҰЭ). *Иісті киікотыннан* парфюмерияда пайдаланылатын эфир майы алынады (ҚҰЭ).

КИІКТЕЙ с ы н. *Киік сияқты, киік тәрізді.* Өлдім-талдым дегенде, Артық туған Байшұбар, *Киіктей* ырғып жануар, Еміреніп жетіп барады (Батырлар жыры). Қасқыр көрген *киіктей* шошып кетті, Сейфүлмәлік мынадай халді көрді (Ғашықтық дастан.). Қиянда өскен *киіктей*, Қалжыңшыл келсе құдаша, Алқынып шыққан биікте Айналмай басың, Шыдаса, Бұл, достым, бақыт емес пе?! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Сұраусыз кетіп барады мерекелер де нелер көп, Күтіп ем сені гүл басқан 1 Майда келер деп. Кірпігімді ілмей тосып ем отызға толған күнімде, Қарақшы көрген *киіктей* ғайып болды ол да бүгінде (Т. Айбергенов, Мен саған.).

КИІКТЕУ с ы н. *Кісіге үйір емес, оқшау.* Денесі арық, түрі қан-сөлсіз, қара сұр, еріндері үнемі кезеріп жүретін, көзқарасы өткір, шашын иығына түсіре жалбыратып қоятын, шешіле сөйлеспейтін *киіктеу* бұл ақын тегі психикалық сырқаттан азап шегетін адам болуға тиісті (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КИІКШЕ ү с т. *Киік сияқты, киікке ұқсап.* Астында сары қасқа аты бар, шекіп тастап, *киікше* орғып келеді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Алға басудың *киікше* орғу, бақа қыбыр, қарыш адымы бар (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Астында ақ тарланы *киікше* ойнап, Ақ сойыл қақ қайыңнан алған сайлап; Әмірхан жеңіл киіп, ыңғайланып, Шымқаған орамалмен басын байлап (И.Байзақов, Ақбөпе). «Жазған-ау, қартайғанда *киікше* қарғымай жайырақ жүр» көк шалғын аяғынан шалады (Ш.Мұртаза, Мылтықсыз.).

КИІКШІ з а т. *Киік аулаушы.* Сыртқы елдің бірнеше садақшы жігіттері тартқан садақ оғы жан-жағынан жанап өтіп жамбыға дәл тимеді. Керей Тілеңгітте бірнеше мерген *киікшіадамдар садақты кезекпен алып сермеді* (С.Бегалин, Замана.).

КИІЛ= е т. **1.** *Кигізілу, сұғынылу.* Өңірі ашық ақ көйлектің *киілгеніне* де аз жыл болмаған сияқты (А.Тоқмағамбетов, Әке.). Тақия жазықысы бірдей *киілетін* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Екі сандық көйлек түгел ақтарылды, түгел *киілін* көрілді (Е.Домбаев, Жаман Жәутік). Күзгі дала көп *киілін*, оңып кеткен көнетоз киім сияқты (Б.Нұржекеев, Бір махаб.). **2.** *Іліну, ілгешектену.* Үлкен шортан бойындағы күш-қайратын тұмсығы мен құйрығына жұмсап, ауға қойып кетті. Сол

сәт аудың бір көзі шортанның желбезегіне *к и і л і п* қалды (А.Сарбөпин, Ала қарға). Тыңдаушылардың құлағына *к и і л г е н* радио арқылы айтылып жатқан аударма Қасекеңе естілмейді (С.Мыңжасарова, Замандас.).

КИІМ з а т. *Адам денесіне киюге арналып тігілген бұйым, жасанды жамылғы түрлері, баскиім, аяққиім, ішкиім, сырт киімдердің жалпы атауы.* Жарым жақсы *к и і м* киіп, Келді жанға жылы тиіп. Диуана болды бұл көңілім. Басылмай бір құшып сүйіп (Абай, Тол. жин.). Қоя қой енді, Шекешім! *К и і м і* түскір құрысын! Қоймағанда не дейін... Айтқаныңа көнейін, Сен өлген жерде өлейін, Қабағыңды көтерші... (Ж.Аймауытов, Шығ.). *К и і м* жаға-жеңімен жарасады (Мақал). Жаямын бірде қозы, бірде қойды, Іздеймін шілдехана, күнде тойды, Болғанмен *к и і м* жаман, әнім тәуір, Баламын жас өспірім, ұзын бойлы (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Киер киім, ішер астан айырылды. *Жағдай құрт нашарлады, кедейленді.* Алты ауыз берекесіз түрді көріп, Көк бөрі езді алқымнан аямастан. Қазақтың осы күні көпшілігі *А й ы р ы л д ы к и е р к и і м, і ш е р а с т а н* (Ә. Найманбаев, Шығ.).

Біркиер киім. э т т н. *Қымбат маталардан әшекейлеп тігілген, той-думандарға, жиындарға барғанда, жат елге сапарға шыққанда киетін сәнді киім.* Бара салайын десем *б і р к и е р к и і м і м* де жоқ (Ауызекі).

Жыртық киімін жаңартты. *Киімін бүтіндеді, жамады.* Үстеріне үй тігіп, *Ж а ң а р т т ы ж ы р т ы қ к и і м і н.* Кеусенді елге көп берді, Шақырып ілік-жілігін (О. Шипин, Дастан.).

Инеге ілім киім жоқ. *Дұрыс киімі жоқ, киімі әбден тозған.* Тұрады, бай бұйырып, елден ерте, *К и і м ж о қ и н е г е і л і м*, тоны келте. Бес жасар Есжан атты жалғыз ұлға Сарылып өмір өткен тимей көрпе (О. Шипин, Дастан.).

Киім булау. *Киім тазартудың бір тәсілі.* Дружиналардың көбінде қазақтар көйлек, штанды өз ақшаларына жудырады екен, *к и і м б у л а у* үшін өз алдына бөлме салған дружиналар да әлі аз (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

Киім киіс. *Киім кию сәні.* Жастайынан балағымен қаланың шаңын сыпырып өскен Мұхамәди мен Ұрқия бала қыздың көңілі талпынған әсемдік отауындай еді: олардың сөз сөйлесі, *к и і м к и і с*, жүріс-тұрысы, мінез-құлық – бәр-бәріне көңілі асық (Ә.Сараев, Тосқауыл). Әсіресе қыздың *к и і м к и і с і* ерек (Ә.Әбішев, Найзағай). Олардың кім екенін біле алмадым, бірақ әйтеуір *к и і м к и і с т е р і* өзгелерден ілгері, бұлаң тұрмыстағы бапты адамдар сияқты (Т.Ахтанов, Үндістан.). Тастай түйілген жинақылық, сергектік, сонымен қатар ұқыптылық та бұл адамның *к и і м к и і с і н е н* де аңғарылады (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Киім сай, тамақ дайын. *Жағдай жақсы, көңіл тоқ. К и і м с а й, т а м а қ д а й ы н* – бәрі алдында. Мейірінен ата-ананың нәр алдым да, Жайқалып жас жауқазын өсе бердім, Ол күннің қысқа екенін біле алдым ба? (F. Қайырбеков, Көнсадақ).

Киімнің ішкі бауындай. с ө й л. ***Тонның ішкі бауындай*** *(жақын, ымы-жымы бір).* Қасымбекпен құрдас шығып, *к и і м н і ң і ш к і б а у ы н д а й* араласуым ерекше жақсы болды («Қаз. әдеб.»).

Киімі көк. *Киімі жақсы, мұздай киінген. К и і м і м к ө к,* Тамағым тоқ, Бірақ жоқ істер ісім, Жұмыссыз күн нендей күн? (Ә.Ахметов, Өшп. жалын.).

Киімі шет. *Ерекше киінген, ешкімге ұқсамайтын.* Әр жерде қайыршы отыр қолын жайып, Тиынға қалатындай шала байып, Болған соң *к и і м і ш е т*, қыр қазағы, Бәзбіреу қарап жатыр одырайып (О. Шипин, Дастан.).

Қазақ халқының ұлттық киімдері. э т н. *Шапан, камзол, бешпет, тақия, күпі, кимешек, жаулық, кебіс, мәсі, көйлек, ішік сияқты т.б. жүн, жібек матадан, киізден, аң терісінен тігілген қазақ халқының ою-өрнегі, нақышы салынған киімдері. Қ а з а қ х а л қ ы н ы ң ұ л т т ы қ к и і м д е р і н д е* түрғындардың географиялық, ру-тайпалық ерекшеліктері де көрінеді және ол көбіне баскиім мен шапаннан байқалады (ҚҰЭ). *Қ а з а қ х а л қ ы н ы ң ұ л т т ы қ к и і м д е р і н і ң* ішінде аяққиім, соның ішінде етіктің биік өкше, жармақ қоныш, тіремелі, көксуыр, саптама, жұмсақ табан, үшкіл тұмсық, шоңқайма түрлері қымбатқа түскен (ҚҰЭ).

Оқалы киім. *Погоны бар, шенді киім.* Военный қызмет іздеме *О қ а л ы к и і м* киюге, Бос мақтанға салынып, Бекер көкірек керуге (Абай, Тол. жин.).

Үстінде [бүтін, тәуір] киімі жоқ. *Дұрыс киімі жоқ, үсті-басы жыртық-жыртық, албажылбасы шыққан.* Құдасының айтқаны: – Ей, құда, *ү с т і н д е ж о қ к и і м*, — деді. Табуын қалың малды қиын, — деді. Қызымды қу кедейге бере алмаймын, Байлауым осы соңғы түйін, — деді (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.). Астықтың әр түрінен алған тұқым, Жемеген көрсе де аштан, адам жұтын. Көзіне көрінгенді қорек еткен, Қашқанның көбінде *ж о қ к и і м б ү т і н* (О. Шипин, Дастан.). Балалары тағы жүр Күңкіл етіп ұрысып. Әкем сорлы үндемей, Төрде отыр құнысып; *Ү с т і н д е т ә у і р*

к и і м ж о қ, Қаудыр тоны құрысып. Құда келді демейді, Бай елей ме кедейді? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

КИІМДЕЙ с ы н. *Киім сияқты, киім тәрізді.* Қою түн қаралы *к и і м д е й* салбырайды (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Әуелгі қызықты көрінген бұл жігіттер айлар бойы қайталанақайталана жиі киілген *к и і м д е й* оңай ескірді (М.Ысқақбаев, Сұлутөр.).

КИІМДІ с ы н. *Киімі бар, киім киген, киінген.* Бұл өмірде мұндай *к и і м д і* кім бар? (І.Жансүгіров, Шығ.). Сыпайы *к и і м д і* жас жігіт – Құрымбай ыржиып күлді де, торы атты доғарумен болды (Б.Майлин, Шығ.). Бәрі де жақсы *к и і м д і* жас жігіттер (Ә.Нұршайықов, Алтын соқпақ). *// Киім киген, киінген, киімі бар адам.* Қабағы сәл түйілді, Деді былай тілге кеп: – Екі қара *к и і м д і,* Әкетті оны түнде кеп (С.Мәуленов, Алыс кет.). Ақ *к и і м д і,* денелі, ақ сақалды, Соқыр-мылқау танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды (Абай, Тол. жин.).

КИІМДІК с ы н. *Киім боларлық, киімге жарайтын.* Өндіріс бұйымдарына сусап отырған даланың қант-шайды, *к и і м д і к* нәрселерді алуында қисап жоқ (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Негізінде азықтық және *к и і м д і к* пайдасы жылқы және түйе түліктерінен артық (С.Мұқанов, Халық мұрасы). Дүкендер ішімдік, *к и і м д і к,* сыпайы жемдік нәрселерге, алтын, күмістен, қымбатты тастардан жасаған нәрселерге толып тұр (С.Шарипов, Шығ.).

КИІМ-КЕШЕК з а т. *Әртүрлі киім.* Баланың маңайындағы нәрсе қымбат болмасын, таза, ретті, тәртіпті болсын. Үйдің іші, *к и і м к е ш е к,* ыдыс-аяқ – бәрі таза болуға тиісті (М.Жұмабаев, Шығ.). Айқұлақты ойнау үшін кешке таман жұрт аяғы басылған соң, көп балалар жиналып, өздерінің арасынан үш баланы шығарады, бірін қасқыр, бірін қойшы, бірін ит қылу үшін, қасқыр болатын баланың екі шекесіне екі тақияны тікейтіп орамалмен маңдайынан байлап, арқасына *к и і м-к е ш е к т і* тығып томпитып, белін астынан буып, қасқыр қылып болған соң, балаларға жуытпай анадай бір бұтаның тасасына жатқызады (М.Дулатов, Шығ.). Сөйтіп таң атқанша берік қораның ішінде дүрілдесті. Таң сызат бергенде, *к и і м к е ш е к т е р і н* арқаласып, қақпадан шұбап жігіттер шығып кетті (І.Жансүгіров, Шығ.). *К и і м-к е ш е к* сыйғанмен, Керек қой бір жарасу. Зерлі аяққа құйғанмен, Қара су ол – қара су! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Киім-кешек пен аяқкиімді залалсыздандыру алаңы. ә с к. *Зақымдану ошағының шекарасынан тысқары жерге орналасқан алаң. Киім-кешек пен аяқкиімді залалсыздандыру а л а ң ы* лас және таза бөлік болып бөлінеді. Таза бөлік жел жақтан, лас бөлік ық жақтан орын алады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *К и і м-к е ш е к п е н а я қ к и і м д і з а л а л с ы з д а н д ы р у а л а ң ы н д а ғ ы* лас бөлікке ластанған заттар қоймасы және оны сұрыптау орны орналасады, ал таза бөлікке – кептіру орнын, сұрыптау алаңын және залалсыздандырылған заттар қоймасын жабдықтайды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КИІМ-САЛЫМ з а т. **1.** *Киім киіс.* Орынтайдың *к и і м-с а л ы м ы* да түзеліп қалған: қара сұр бешпет, шалбары мен етігі де жап-жаңа (Ғ.Орманов, Жүрек.). Әуелі көргенде, қыр-даланың шалғай түкпіріндегі жыпырайған бұл үйдің ауыл қазағында аз кездесетін қонақ сыйлауының тәрбиелілігіне, *к и і м - с а л ы м ы н ы ң* тазалығына таңғалған (Б.Аманшин, Көкжар). **2.** *Киім-кешек.* Бір ауылға қыдырып барып қайтқанда, әжесіне көрген-білгенін әңгіме қылған уақытта, ...үй ішінің ретсіздігі, *к и і м-с а л ы м ы н ы ң* не таза болмай, не үлгісі нашар болғандығы – барлығы да Жәміштің алдымен сөйлейтін сөздері еді (М.Әуезов, Қараш.).

КИІМСЫМАҚ з а т. *Киімге ұқсаған, киім секілді киім-кешек.* Вагонның біреуінде, үстіңгі орында *к и і м с ы м а қ* бірдемелерімді астыма төсеп, кенеп дорбамды басыма жастап, шалқамнан түсіп жатырмын (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Нарқызды кабинетте көргенде, Шоқан шошып кетті: ең алдымен, *к и і м с ы м а қ - т а н* үстіне ілгені жалба-жұлба жыртылған, әрі баттасқан кір, жалғыз кенеп көйлек, денесі әр жерінен жылтырап көрінген, оның ішінде не киім бары белгісіз (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бірдеекілі көрпе, жыртық-жәутік *к и і м с ы м а қ т ы* есекке артады да, Құрманқұл ереді соңынан (С.Байжанов, Сыр.).

КИІМСІЗ с ы н. **1.** *Киімі жоқ, киім кимеген. К и і м с і з* ғып қоғидай, Жаныма қаза жетіпті. Жендеттер мені есіркеп, Қоя берді өлтірмей (Қисса-дастан.). Етсіз, майсыз, сүтсіз, жылы *к и і м с і з* тіршілік қайда? (Ж.Тілеков, Қайнар). Сұлтаным, айтқан сөзіңе, Шарамыз жоқ, көнерміз, Бес жылға шейін бұл жерде Ас, *к и і м с і з* жалаңаш Қалайынша жүрерміз? (Көруғлы). **2.** *Жөні түзу киімі жоқ, үсті-басы алба-жұлба, азып-тозған. К и і м с і з,* алба-жұлба, тыр жалаңаш; жегені қатқан қалаш, тамақтан аш. Бір жерге көлеңкелеп біраз жатып, үйқысы қанған бала көтерді бас (О.Шипин, Екі дастан). *// Жөнді киімі жоқ адам, халі мүшкіл*

бейшара. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген *к и і м с і з д і ң,* тамақсыз аштық күй-жайы қандай болып жатыр екен деп, ойланып, дөңбекшитұғын мен (Абай, Тол. жин.). Топты ұйытып: «Тоқиық, деп, қардан бөз», *К и і м с і з г е* жаны ашымас жаннан без. Күн көзіндей жыланды да жылытқан Тап осындай мөлдір бейіл, аңғал көз (Ж. Жақыпбаев, Ләйлә).

КИІМШЕҢ[1] з а т. к ө н е. *Моншадағы киім шешетін бөлме.* Қазақ байлары төрт кішігірім киіз үйді тіркестіре тігіп монша жасайтын болған. *К и і м ш е ң* деп аталған бірінші үйде шешініп, қауыз деп аталған екінші үйде шомылып, тас булау деген үшінші үйде қыздырынып, бүйрек деген төртінші моншадан кейін тынығып, демалатын орны болған (Ә.Жәнібеков, Жолайырықта).

КИІМШЕҢ[2] с ы н. **1.** *Өгей, әйеліне еріп келген. К и і м ш е ң...* өгей бала, әйелмен еріп келген бала (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Нәфиса, мен саған *к и і м ш е ң* бала тауып әкелдім (С.Омаров, Дала қызы). Сөйтіп, үлес дауы кейінге қалды да, уақытша тыныштық үшін Кәкітай Оспан үйінде әрі бас-көз, әрі *к и і м ш е ң* бала боп кіретін болды (М.Әуезов, Таңд.)

КИІМШЕҢ[3] ү с т. **1.** *Киім киген күйінде, киімімен, киімін шешінбей.* Түн болса қойға қасқыр шабады деп, *К и і м ш е ң* жатқызады жалғыз шетке. Боқтайды балағаттап ата тектен, Өтпей ме таяқ еттен, сөз сүйектен (О. Шипин, Дастан.). Мамам *к и і м ш е ң* күйі өз төсегінде бір уыс болып, әрі қарап, бүк түсіп жатыр (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Едіге есікті іштен бұрап жауып, *к и і м ш е ң* күйі стол басына келді (М.Мағауин, Көкмұнар). Боз есік қағып бөлмеге кіргенде, мұғалім төсегінде кітап оқып *к и і м ш е ң* жатыр екен (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). **2.** а у ы с. *Дайын қалпында, білімді күйінде.* Біреудің жаңаша болғанның жөні осы деп ескі әдебиетті отқа өртеу керек деп жүрсеңдер, ескі әдебиетті, ескі мәдениетті отқа өртеп, енеден данышпан, енеден еңбекшіл болып туған кім болар еді? *К и і м ш е ң* туған қандай ұл? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қандай үлкен жазушы, ұлы ғалымдардың өміріне көз тіксек, әдебиетке, ғылымға бір күнде, *к и і м ш е ң* келе салған емес, сандаған себеп, оларға көптеген адамдардың ақыл-көмектерінің болғандығын көреміз (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

КИІМ-ШҰБЕРЕК з а т. *Киім-кешек, киім-салым.* Біреудің өздерінен артық дүниесіне, *к и і м - ш ұ б е р е г і н е* қызығып, күндеген де, кем адамдарға күлген де емес. Барымен базар дегендей тұра беріскен (Р.Райымқұлов, Суретші).

КИІМІЛГІШ з а т. *Киім-кешек ілуге арналған ілмешегі бар тағаң (сөре, сәкі).* Ана *к и і м і л г і ш т і ң* ішінен маған желең әперіп жібершi (Б.Қыдырбекұлы, Ешкімге айтпа.). Үй жапжарық. Есік жақта *к и і м і л г і ш.* Үлкен сары шкаф, айна (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Есіктің оң жағындағы сәнді *к и і м і л г і ш т е* атлас астары жарқырап, ақ сұр макентош ілулі тұр (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). *К и і м і л г і ш т і ң* бұрыш жағынан байпақ секілденген бір зат көрінді (Н.Ғабдуллин, Өмір.).

КИІН = е т. **1.** *Киім кию, жамылу.* Қыздар қуанып, шала-шарпы *к и і н д і* (І.Жансүгіров, Таңд.). Мәселен, жапондар жұмыста еуропаша *к и і н і п,* ал театр мен жиынға ұлттық киімдері – райфикуді киіп баруды, ежелгі бусидо мораліне тән үлкенді сыйлау, бастықтан сый, бағыныштыдан құрмет қағидаларын ұжымдық өмірдің тәртібіне айналдыруды сол кезде дағдыға енгізді (Ә.Кекілбаев, Үш белес). Бала теміржолшы формасымен *к и і н г е н,* пиджак-шалбарын, фуражкасы өте жарасып, тал бойына қонып тұр (М.Иманжанов, Адам.). Шаманша *к и і н і п,* Бұғы бабай жүрген жерге жұрты, әсіресе балалар көп жиналды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** *Киімін жаңарту, жақсы киімін кию, әдемілену.* Жазға жақсы *к и і н е р* қыз-келіншек, Жержүзіне өң берер гүл-бәйшешек. Қырда торғай сайраса, сайда бұлбұл Тастағы үнін қосар байғыз, көкек (Абай, Тол. жин.). Жержүзін көк шөп басып түрленгендей, Қызарып бәйшешектер гүлденгендей, *К и і н і п* қыз-келіншек жарқылдайды Бір түрлі жаңа тұрмыс түрге енгендей (С.Торайғыров, Шығ.). Ақ шәйнек, сары самауырын тұрса қайнап, Отырса қыз, бозбала күліп-ойнап, *К и і н г е н* қызғалдақтай қыз, келіншек, Сапырса сары қымыз құлан ойнақ (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** *Жасану, сайлану.* Самғай жүйрік жүгірер Аяқтан біреу шалмаса. Жау десе батыр *к и і н е р* Тоқталмас кегін алмаса (Сүйінбай ақын, Ақиық).

КИІНДІР= е т. **1**. *Киім кигізу.* Әкем көрпеммен бірге көтеріп, от басына әкеліп *к и і н д і р д і* (Б.Қожабеков, Көктөбе). Босатып, *к и і н д і р і п* сауыт-сайман, Міндіріп атқа үшеуін өңшең тайлан, Белдерін босаған соң бекем буып, Түйреді тұрандарды ашып майдан (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Ашулы ғой, көтерейік көңілінің күйін бір, Уәзір қайда? Жігітті алтын доқабамен *к и і н д і р*! (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Киімін ауыстыру, жаңа, жақсы киіммен жасандыру.* Мағышты *к и і н д і р і п,* мынау ауыз үйде отырған Әбішке көрсетпек болысты (М.Әуезов, Таңд.). Нұрлыбек бірер жерге барғандай болса «бері келші, қыздар қызыққандай қып *к и і н д і р і п* жіберейін өзіңді»

деп жарқылдап тұратын әйел емес пе еді? – деп, Тәлім оған елеңдей қарады (Б.Майлин, Шығ.). Құдайға шүкір, мұның қызы да ешкімнен кем емес қой. *Киіндіріп* қойсақ, көркімен де, өжеттілігімен де ешкімнен кем түспейді (Ә.Әлімжанов, Жаушы). **3.** а у ы с. *Малындыру, орандыру.* Көркіменен көңілді сүйіндіріп, Жерді жасыл гүлдермен *киіндіріп,* Күзде кеткен құстарды соңына ертіп, Көктем келді көгінен нұрын құйып (С.Мәуленов, Жаңа арна).

КИІНДІРУ *Киіндір етістігінің қимыл атауы.* Меніңше, бұл патриоткаларды әскерше *киіндіру* керек, бірақ әйелше әдемі *киіндіру* керек деп ойлаймын (Б.Момышұлы, Москва.). Тамақ беріп, *киіндіру* табыс тауып жүрмеген кісіге қиын ғой (Ш.Мұртазаев, Интернат.). Полковник Капиров шаруашылық бөлімінің адамдарын шақырып алды да менімен келген жігіттерді *киіндіру,* қаруландыру, тамақтандыру туралы бұйрық берді (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Күнде ертемен *киіндіруге* келетін қызметшілердің аузына жәудіреп қарағанмен, ешқайсысы ләм-лим демейді (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

КИІНДІРІЛ= е т. **1.** *Киім кигізілу.* Со... үстімен шахмат орнына шахмат фигураларына ұқсатып ауыр *киіндірілген* қызметшілер жылжып жүріп отыратын болған (Ә.Әлімжанов, Отырар.). **2.** *Жаңа киім кигізілу, жасандырылу.* Қазақша жұтындырып *киіндірілген* Шоқанды Мұса мырза қолынан ұстап келді (Б.Соқпақбаев, Қайда. Гауһар).

КИІНУ *Киін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Киім кию.* Жылы *киінуді* ұмытпа! (М.Иманжанов, Адам.). Олар сенің қалай *киінуіңе* үлкен мән береді (С.Мұқанов, Өсу жол.). Әбден есі шыға қорыққаннан, *киінуге* де мұршасы келмегенге ұқсайды (Ә.Әлішев, Батыр.). **2.** *Жасану, сәндену, малыну.* Лашыққа Жасағанберді кіреді. Үстінде – зерлі шапан, басында – айыр қалпақ, оң қарында – күрең түлкі, иығында – қыран. – Папа! Итіңнің *киінуі-ай*! (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

КИІНІП-КИІНІП= е т. *Түгел киіну, бар киімін киіну.* Қас қарая мұздай *киініп-киініп* алып (әрине, мұздай киінген Бәсер) екеуміз қызы бар ауылдың ту сыртында жатырмыз (С.Сматаев, Алау).

КИІНІП-ШЕШІН= е т. *Киімді ауыстыру.* Артистер *киініп-шешінетін* бөлмеге кіргенде, барлық еркек қауымы сонда жиналған екен («Қаз. әдеб.»).

КИІНІП-ШЕШІНУ *Киініп-шешін етістігінің қимыл атауы.* - Тек *киініп-шешінудің* өзіне адам ғұмырының төрт жылы кетеді екен, Ереке (Т.Иманбеков, Үлкен үй).

КИІНІС з а т. *Киім кию үлгісі, мәнері.* Киімі де Ақық көріп жүрген қазақтардың біреуінің *киінісіне* үйлеспейді (М.Мырзақұлов, Ақық.).

КИІНІС= е т. *Киімдерін киісу.* Екеуі де орындарына келіп, тез-тез *киінісе* бастады (Ж.Жұмақанов, Махаббат.). Жас өспірім бозбалалардың көбінде бір-бір қара көйлек пен бір-бір қайыс белбеу бар. Бұлар бұл киімдерін ымырт араларында ғана *киініседі* («Айқап»). Шай ішіп, ерте тұрып *киінісіп,* Жан тартар тізілісіп мектептерге. Қолына кітап салған шамданып тік жүрер тартқан сымдай барар жерге (Ғ.Мұштақ, Тумыш).

КИІҢКІ с ы н. *Киіп кеткіш, кимелегіш.* Тиыншыл билік, Берілсе сыйлық Жадағай қабақ, жақынсақ. *Киіңкі* көңіл, қу үміт, Пәреге басты бір сүңгіт (І.Жансүгіров, Шығ.).

КИІҢКІРЕ= е т. *Кимелеу, омыраулаңқырау.* Жұманның билер қақпақылына түссе, оңай ұтылатынын жақсы білетін Тұрсынбай оған бір арқа сүйеу айтқысы келіп, Қожекеңді *киіңкіреп* кетті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

КИІП-ЖАР= е т. **1.** *Күшке салып, омыраулай алға ұмтылу.* Бозбалалар Асылбек болысты боқтап, қамшы салуға айналды, оларға ақсақалдар ақырысып тұрысқан соң жігіттерден ешкім *киіп-жарып* болысты ұра алмады (І.Жансүгіров, Шығ.). Сөйткенше болған жоқ. Арт жағынан *киіп-жарып,* жолдағыларын қағып-соғып біреу келді (С.Жүнісов, Жапанда.). Бүгін – аванс беріп жатқан күн екен. Самат әйшай жоқ, шіретті (очередьті) *киіп-жарып* алға ұмтылды (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Сол-ақ екен, жұрт ауыздарын жиып алғанша, бір әйел ентелей басып келді де есікте тұрған балашағаны *киіп-жара* ішке кірді (Қ.Жұмәділов, Соңғы көш). **2.** а у ы с. *Сөзді бөлу, кимелеу.* Горбачевтің және бір «жаңалығы» – сөйлеп тұрған кісіге *киіп-жарып,* жарыса сөйлейді, болмаса тоқтатып қойып, ұзақ көсіліп кетеді (Д.Қонаев, Өтті дәурен.).

КИІП-ЖОЙ= е т. *Омыраулап жайпау.* Жерді қатты дүңкілдетіп, желе шоқытқан үш салт жігіт жолында тұрғандарды *киіп-жойып* осы топқа қарай жақындай береді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

КИІП-ШЕШ= е т. *Киімді сұғыну, қайта шешу.* ≈ Тез *киіп-шешті.*

КИІП-ШЕШУ *Киіп-шеш етістігінің қимыл атауы.* Бұлай етіп жасау әрі әдемі, әрі мәсіні кебіске, етікке *киіп-шешуге* қолайлы етеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КИІП-ІШ= е т. *Өмір сүру, тіршілік ету.* Қашан қалар күншілдік, бұл ант атқан, Өсек айтып, өтірік жала жапқан, Адал жүріп еңбекпен *к и і п-і ш п е й,* Бақытына біреудің көз алартқан (К.Әзірбаев, Шығ.).

КИІС з а т. *Киімнің тозымдылығы, шыдастығы.* Тігісіне қарай *к и і с і* (Мақал).

Көп киіс берді. *Ұзақ киюге жарады, шыдады.* Тамаша бәтеңке. Ағылшын бәтеңкесі. *К ө п к и і с б е р е д і* (М.Мағауин, Қиянда.). Қой терісінен жасалатын қыстық киімдер өте бағалы болады және *к ө п к и і с б е р е д і* (М.Ермеков, Қазақст.). Өндірісте жүннің ұзындығының да маңызы өте зор. Тоқылатын материалдардың біркелкі жазық болуы және *к ө п к и і с б е р і п,* мықты болуы жүннің ұзындығымен байланысты (М.Ермеков, Қой. жүні).

КИІС= е т. **1.** *Бірге киіну, қатар киіну.* Шинельдерін сілкісіп үстеріне *к и і с т і* (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.). **2.** *Жасанысу, әдемі киім кию.* Арыстанның барында Жорғасы болса, мінісіп, Торқасы болса, *к и і с і п,* Толғамалы қамшы алып, Толғай да толғай дәурен сүрмес пе? (Алдаспан). Кедейдің балалары олардың тәуір киімдеріне, аттарына, ат-тұрмандарына қызыға қарап, өздерінің барын *к и і с к е н* (С.Сейфуллин, Шығ.).

Қанды көйлек киісті. *Майдандас жолдас болды, бірге соғысты.* О, ғажап, адамға адам ұқсай береді екен-ау. Сіз менің *қ а н д ы к ө й л е к к и і с к е н* бір қымбат досыма ұқсайсыз, – деді Сайдақ кірпік қақпастан қойып (Ә.Әбішев, Сәуле.).

КИІТ з а т. э т н. *Құда-құдағиларға төрт түлік мал, алтын, күміс, киім түрінде берілетін кәде.* Жанын салып жақындастырған отағасылар ынтығып, болған құдаларынан *к и і т к е,* сый-сияпатқа ауыздарының суы құрып, «Айттым ба, бір Қамар тұрсын, жүз Қамарлық орын»,— деп, кеуілдесіп қайтысты (С.Торайғыров, Тол. жин.). Сүйін болған құдасын Сәрсенбай *к и і т к е* разы қылып қайтарды (М.Дулатов, Шығ.). Осыдан он жыл бұрын Алшынбай аулына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдәні Абайға айттырған уақытта бас құда Құнанбайға *к и і т* деп, Алшынбай ауылы күміс тартқан (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қысымын он екі айдың көргенбісің, Не жауыр, не қотырдан өлгенбісің. Етіңіз ата малға ұқсамайды, Не аза, не *к и і т т е н* келгенбісің?! (Шал ақын, Өлеңд.).

Бас киіт. э т н. *Құдаларды бастап барған үлкен адамға берілетін кәде.* Киіт *б а с к и і т,* аяқ киіт болып бөлінеді (ҚҰЭ).

Аяқ киіт. э т н. *Бас құдаға ілесіп келген құдаларға берілетін кәде.* Құдаларды бастап барған үлкен адамға бас киіт, қалған құдаларға екінші дәрежедегі *а я қ к и і т* беріледі (ҚҰЭ).

Киіт берді. э т н. *Құдаларына мал, ақша, алтын, киім түрінде сый-сияпат жасады, кигізді.* Көтібар сонша жанға *к и і т б е р д і,* Жарандар көрдіңдер ме мұндай ерді. Мен сізден өнерімді асырам деп Мың кісі мен Көтібарды ертіп жүрді (Айман-Шолпан).

Киіт кигізу. э т н. *Құдалықтың негізгі белгілерінің бірі – киітті беру.* Көбінесе бесжақсының өзі де *к и і т к и г і з у д і ң* есебінен күйеудің ата-анасына қайтарылып беріледі (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.).

Киіт киді. э т н. а) *Қыздың қалыңмалын әкелген құдалардан сый-сияпат алды.* Кәдірдің ескі құдалары Тінжан мен Серік: «Боранбайдың аулынан етке бір тоямыз және әсіресе Айшаның қалыңмалынан *к и і т к и е м і з»,* – деп, іштерінен көңілдеріне тоқ санап келе жатыр еді (С.Сейфуллин, Әңгім.). ә) *Жаңа құдандалы болған қарсы жақтан сый-сияпат (мал, киім, алтын түрінде) алды.* Шыпшықтың шылым шектім қу басынан, Атжалмен арқан естім шудасынан; Қырық қарға, отыз сона құда түсіп, Инелік *к и і т к и д і* құдасынан (Қаз. ертег.). Манағы Сары сыншы қарсы келді, Тіліне Қараманның нанбайды енді, «Құда түсіп, *к и і т к и і п* келіңдер», – деп, Отыз кісі құдалыққа жібереді (Батырлар жыры).

КИІТ-СИІТ з а т. с ө й л. *Құда-құдағиларға берілетін кәде-жоралғылар.* Қазақ ғұрпымен үлкендердің алдынан өт, *к и і т-с и т і н* апарып, баталарын ал, ұят болады! (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай).

КИІТТІК з а т. *Киітке берілетін зат, киім-кешек.* – Кешір... Ау, бірақ та жақсы інім, Қабылдай гөр *к и і т т і г і м д і!* – Сатулы емес жақсылығым, һәм кешірдім иттігіңді (Ә.Сәрсенбаев, Баспалдақ.). Майра жеңгей құдалыққа көптен бері дайындалуда. Құдаларға кигізетін *к и і т т і г і* молыға бастаған («Лен. жас»).

КИЮ *Ки етістігінің қимыл атауы.* Өзімізге берілген таза киім-кешекті *к и ю* үшін, алдымен, моншаға түсуіміз керек болды (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.). Жеміске жемпір әкелді. Онысы ер адамдікі болып шықты. Өзі *к и ю г е* және сыймады (Б.Аманшин, Көкжар). Киімді лайықтап *к и ю д е н* барып белгілі бір шамада ұнамды және ұнамсыз деген ұғымдар қалыптасады (Семья тәрбиесі).

КЛАВЕСИН [франц. clavecin] з а т. м у з. *Клавишалы-шертпелі ішекті музыкалық аспап.*

К л а в е с и н барлық еуропалық елдерде таралған; Ресейде 16 ғасырда пайда болды (ҚҰЭ). 18 ғасырда фортепьяноның пайда болуына байланысты *к л а в е с и н н і ң* рөлі төмендеді (ҚҰЭ).

КЛАВИАТУРА [нем. Klaviatur] з а т. м у з. *Клавиштік музыкалық аспаптардың және әртүрлі механизмдер (жазатын машинкалар, теруші мәшинелер және т.б.) клавиштерінің жиынтығы. К л а в и а т у р а* — баян, аккордеон, фортепьяно сияқты музыкалық аспаптардың тілдері (К.Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік).

КЛАВИР [нем. Klavier] з а т. м у з. **1.** *Клавишалы-ішекті музыкалық аспаптардың (клавиакорд, клавесин, фортепьяно) жалпы атауы (ҚҰЭ).* **2.** *Вокальді-симфониялық шығармалардың (опера, оратория, кантата т.б.) партитураларын фортепьяно мен дауысқа немесе тек фортепьяноға, балет партитураларын фортепьяноға түсіру. К л а в и р* – музыкалық шығарманың фортепьяноға жеке жазылған нұсқасы (К.Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік). Қ.Кенжетаев спектакльді қоймас бұрын, композитормен бірлесе отырып, опера *к л а в и р і н* қайта қарап, музыканың басы артық деген, бұрынғы оқшау тұрған кей жерін қысқартып, жетіспей жатқан жерлерін жаңалаған («Соц. Қаз.»).

КЛАВИШ [лат. clavis] з а т. м у з. *Дыбыс шығару үшін саусақпен басуға арналған, рояль және басқа музыкалық аспаптардағы пластинка, тіл.* Рояльдің *к л а в и ш т е р і н* басып ойнағанда, ішектердің тербелісі қақпақ арқылы таяқшаға беріліп, таяқшадан тіске, тістен жақ сүйекке жетіп, құлақтың ішкі жүйелеріне әсер еткен (К.Әбдіғапаров, Қызық. физ.). Басым мең-зең. Не тартып отырғанымды білмеймін. Он саусақ *к л а в и ш т е* лағып жүр. Полонездің бір нотасын ұстай алсамшы (И.Жақанов, Қайта орал.). Сүп-сүйір салалы саусақтары тиісті *к л а в и ш т і* анық та жеңіл басып, секіре ойнап кетті (Балдәурен). В.М. Моцарт төрт жасынан бастап *к л а в и ш т е* ойнап, бес жасында кішігірім музыкалар жазуға кірісті (Ғалам ғажап.).

КЛАВИШАЛЫ с ы н. ***Клавишті***. ≈ *К л а в и ш а л ы* аспап.

Клавишалы есептеу мәшинесі. и н ф. *Әрбір операцияға керекті бастапқы деректер мен бағдарламалар клавиатурадан қолмен теру арқылы іске асырылатын есептеу мәшинесі. К л а в и ш а л ы е с е п т е у м ә ш и н е с і н д е* аса күрделі емес, біртектес есептер (арифметиканың 4 амалы бойынша) шығарылады (Қаз. тілі термин. Информатика). Арнаулы *к л а в и ш а л ы е с е п т е у м ә ш и н е л е р і* болады. Ал кейбір түрлерінде информацияны перфонартада немесе перфолентада енгізу және шығару қолданылады. *К л а в и ш а л ы е с е п т е у м ә ш и н е с і* есеп жұмысын механикаландырудың қазіргі ең көп тараған құралы саналады (Қаз. тілі термин. Информатика).

КЛАВИШТІ с ы н. *Клавиші бар, клавиш орнатылған.* ≈ *К л а в и ш т і* құрал.

КЛАПАН [нем. Klappe] з а т. т е х. *Мәшинелер мен құбырларда газдың, будың немесе сұйық заттың өтетін тесігінің кеңдігін өзгерту арқылы оның ағынын реттеп тұратын бөлшек немесе тетік. К л а п а н* – гидротехникалық құрылыстарда суды ашып-жабуға арналып орналастырылатын тетігі арқылы артық суды бөгеттің жоғарғы ернеуінен төменгі ернеуіне ағызуға арналған ашпалы-жаппалы қақпақ (Қаз. тілі термин. Әскери). Мұқтар үлкен *к л а п а н д ы* мол ашып, серпіні күшті буды жүріс механизміне түйдектете жіберіп келеді (Ы.Тиқин, Жомарт.). Ал қысым төмендеген жағдайда, серіппенің әсерімен *к л а п а н* жанармай каналын жабады да, двигатель тоқтайды (Тракторист.). Шаршы ұялап себудің сапасы көп ретте шүмектердің *к л а п а н д а р ы н* ашатын механизмнің жұмысына байланысты болады (Ауылшаруаш. машина.).

Бөгеуіл клапан. т е х. *Құбырды ағытқанда, ішіндегі сұйықтық немесе газ ағып кетпес үшін, ұшын бірден бітеп тастау үшін қолданылатын клапан* (ҚҰЭ).

Дроссельдік клапан. т е х. *Желіде қысым айырмашылығын тудыру үшін қолданылатын клапан* (ҚҰЭ).

Енгізу клапаны. т е х. *Газ не сұйықтықты ішке кіргізуге арналған клапан* (ҚҰЭ).

Кері клапан. т е х. *Сұйықтықтың теріс ағуына тосқауыл ретінде қолданылатын клапан* (ҚҰЭ).

Реттеуіш клапан. т е х. *Газ бен сұйықтықтың ағымы мен қысымын реттеу мақсатында қолданылатын клапан* (ҚҰЭ).

Редукциялық клапан. т е х. *Қысымды төмендету немесе тұрақты ұстау үшін қолданылатын клапан* (ҚҰЭ).

Сақтандырғыш клапан. т е х. *Қысымды шамадан тыс өсуден сақтандыру үшін қолданылатын клапан* (ҚҰЭ).

Шығару клапаны. т е х. *Газ не сұйықтықты сыртқа шығаруға арналған клапан* (ҚҰЭ).

КЛАРЕН [лат. clarus] з а т. к е н. *Қазба көмірлердің жартылай жылтыр құрамдас бөлігі. К л а р е н* әркелкі көмірлерде қалыңдығы

әртүрлі жолақтар түрінде кездеседі, кейде тұтас көмір қабатын түзеді (Қаз. тілі термин. Геология). *К л а р е н* споралық, кутикулдық, шайырлы, фюзен-семифюзенді, споралы-фюзенді-семифюзенді болады (Қаз. тілі термин. Геология).

КЛАРНЕТ [франц. clarrette] з а т. м у з. *Клапандары бар цилиндрлі тұтіктен тұратын көп тілді үрмелі музыкалық аспап.* Оған өлең айтқызу үшін, Салауатов *к л а р н е т п е н* қоштауы керек болды. Ғалияның *к л а р н е т к е* қосыла шырқаған әні тыңдаушыларын таңғалдырды (Ж.Тілеков, От кешу). *Кларнет* – ағаштан жасалған көп тілді, үрлемелі музыкалық аспап (К.Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік.). Флейта мен *к л а р н е т* «Гүлдарай» әнін шырқатып, безілдетіп, ойнақшытып алып кетеді (А.Жұбанов, Мұқан Төлебаев). *К л а р н е т* жеке орындаудағы және ансамбльдік аспап ретінде қолданылады, симфониялық және үрмелі аспаптар оркестрлерінің құрамына кіреді (ҚҰЭ).

КЛАСАРАЛЫҚ с ы н. ***Сыныпаралық***. *К л а с а р а л ы қ* жарыстар жиі өткізіліп тұрады («Спорт»). Жаттығу, *к л а с а р а л ы қ* жарыстар уақтылы өтіп, жас ұландардың шеберлігі шыңдалып келеді («Спорт»). Биылғы оқу жылында біздің мектепте спорттың екі түрінен *к л а с а р а л ы қ* жарыс болып өтті («Спорт»).

КЛАСКОМ з а т. с о в е т. *«Класс комитеті» деген сөздерден қысқарған, сынып басқарушы деген мағынада.* Бірде бар-ау онымыз, Жабылдық та жайрадық... Ал жақында оны біз *К л а с к о м* ғып сайладық (Ж.Әбдірашев, Саяхат).

КЛАСС [лат. classis] з а т. **1.** п е д. *Әрбір оқу жылында берілетін білім мөлшері, дәрежесі.* Парталарда жиырма шақты қазақ қыздары отыр, олар Х *к л а с т ы* бітіретіндер (С.Мұқанов, Саяхат.). Бітірді бір *к л а с т ы*, Үздік баға алды да. Жиырма шақты баладан Жан салмады алдына (О. Шипин, Дастан.). *К л а с т а н к л а с т а р ғ а* тұрды көшіп, Қуанды көшкен сайын көңілі өсіп. Елеуреп ел мен жерді сағынбады Ойына әрнені ойлап қиял түсіп (О.Шипин, Дастан.). Енді Серік алты *к л а с с* бітірді (Ж.Молдағалиев, Бастаушы.). **2.** *Кабинет (мектепте балалар сабақ оқитын арнайы бөлме).* Әрқайсысы оқитын *к л а с ы н* жақсы біледі (Ж.Молдағалиев, Жыр.). Қағылды да қоңырау, Бала кірді *к л а с қ а*. Ата-анасы мейірмен Тұрды қарап бұл жасқа (О. Шипин, Дастан.). Ойларымыз кең *к л а с т ы ң* ауқымына сыя алмай, Әр қиырын дүниенің кезіп кеттік қиялдай (М.Шаханов, Ғасырлар.). Осы *к л а с т а ғ ы* мүліктерді күтіп ұстайық, мектеп мүлкі – қоғам мүлкі («Халық мұғ.») **3.** *Сапасына қарай жіктелген тұр, сұрып.* Бұл айғырдың тұқымдық сапасын бағалағанда, олжабай жылқысының элита *к л а с ы н а* жатқызылған (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы.). Ақан омырауына Бүкілодақтық көрменің күміс медалін тағып, «Қой өсірудің бірінші *к л а с с* шебері» деген диплом алып қайтты (Дала қырандары). Экстерьері және өлшемдері бойынша элитаға немесе бірінші *к л а с қ а* жататын түйелер ата тегі жақсы болса, осы тегі үшін оларға бір балл қосылады (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру.). **4.** б и о л. *Жүйеленім, жануарлар мен өсімдіктердің жүйеленіміндегі ең ірі таксономиялық категорияның бірі.* Жабайылар типі төрт *к л а с қ а* бөлінеді: тамыр аяқтылар, кірпікшелілер, инфузориялар және споровиктер (Зоология). Стандарт бойынша түйе жүнін төрт түрлі *к л а с қ а* бөледі: биязы, қылшықты, шуда және жабағы (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). Қойдың әр тұқымы өз ішінде тұқымына, өсіру бағытына қарай (тұқымдық және пайдаланатын) *к л а с қ а* бөлінеді (Қой өсіруші.). **5.** ф и л о с. *Тұтас деп есептелетін кейбір белгілері бойынша бөлінетін заттардың шекті немесе шексіз жиынтығы. К л а с т ы* түзуші заттар оның элементі деп аталады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия). *К л а с с* – жалпы сипаттама беретіндей бір немесе бірнеше белгілері бар объектілер жиынтығы. Бұл объектілердің ұқсас белгілерін осы *к л а с т ы ң* жалпы белгілері деп, ал *к л а с қ а* жататын объектілерді сол *к л а с т ы ң* элементтері деп атайды (ҚҰЭ).

КЛАССИК [лат. classicus] з а т. *Ғылымның, философияның, әдебиеттің, өнердің және т. б. жұрт таныған, үлгілі, ең көрнекті қайраткері. К л а с с и к т і ң* еңбектері халықтың мақтанышы болады, олардың маңызы ғасырлар бойы сақталады. Классикалық әдебиет жасау үшін, ең алдымен *к л а с с и к т е р д і ң* сөздерінен үйренуіміз керек (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Майлин – қазақ әдебиетінің *к л а с с и к т е р і н і ң* бірі. Бұл – бүгін ешкім дауласпайтын аксиома («Лен. жас»). Қазақ совет әдебиетінің *к л а с с и г і* С.Сейфуллин нақылдарына тоқталайық. «Асау тұлпар туралы» деген мақаласында Сәкен Сейфуллиннің өзі жанынан шығарған бірнеше нақыл сөзі бар: «Тұлпарды да жамандауға болады, көк есекті де мақтауға болады» (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Уланованың биіне Қызығушы еді сүйіне. *К л а с с и к т е р д і ң* бәрі де Жиналушы еді үйіне (С. Мәуленов, Алыс кет.).

КЛАССИКА [лат. classicus] з а т. ө н е р. *Әлемдік әдебиетте ең үздік болып саналатын жазушылардың әдеби мұрасы, классикалық шығармалардың жиынтығы.* Мұқан Иманжанов та, Баубек Бұлқышев сияқты, көп оқыған, мол ізденген азамат-жазушы еді. Оның үйренген әдеби мектебі – туған халқының ауыз әдебиеті мен орыстың *к л а с с и к а с ы* және Максим Горький бастаған совет жазушыларының озық шығармалары (Р.Ыдырысов, Отты жыл.). Сонымен қатар ұлттық әдебиеттің қазынасын көрсететін ұлттық *к л а с с и к а* болады. Ұлттық әдебиеттің классикалық кезеңі болып осы әдебиеттің заңдары мен дәстүрлерін құраған ірі дарынды өкілдері көбірек пайда болған кезең саналады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет.).

КЛАССИКАЛЫҚ с ы н. *Классикаға тән, классикаға қатысты.* Абай *к л а с с и к а л ы қ* өлеңдермен бірге артына тамаша әндерді де қалдырды (С.Мәуленов, Үркер.). Осы үйдегі *к л а с с и к а л ы қ* музыканың табақтарын жинастырса, тура бір чемодан болатын шығар (С.Қайдаров, Құрыш). Опера әншілерінің ішінде ән сөзіне мән бермей, өлеңнің туу кезеңіне сай романтикаға, халықтың творчество табиғатына ой салмай, *к л а с с и к а л ы қ* дауыспен әнді тұншықтырып жіберетін әншілеріміздің де бар екенін айта кетуіміз керек (І.Омаров, Шабыт.). Әрине, дүниежүзілік *к л а с с и к а л ы қ* асыл қазынасынан әсер алмай, дүниежүзілік жазушы болу да мүмкін емес (І.Омаров, Шабыт.).

Классикалық әдебиет. ә д е б. *Үлгілі, кемелденген, жоғары сапалы, қай заман үшін де идеялық, көркемдік мәні үлгілі, аса бағалы әдебиет.* Жазушы-классик – өз заманының алдыңғы қатарлы идеяларымен рухтанған, көркемдік қасиеттері жоғары, бүкілхалықтық ілтипатқа бөленген, халық мәдениетінің қазынасын байыта түскен шығармалар авторы. *К л а с с и к а л ы қ ә д е б и е т т і ң* негізгі көркем бейнелері халық санасында көркемдік шеберліктің үлгісі ретінде сақталады («Егемен Қазақстан»). Қазақ *к л а с с и к а л ы қ ә д е б и е т і н і ң* өкілдері: Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов т.б. («Егемен Қазақстан»).

Классикалық би. ө н е р. *Би өнеріндегі канонға айналған көркемдік тәсілдер жүйесі. К л а с с и к а л ы қ б и* сахналық кейіпкерді тұлғалауда поэтикалық принципке негізделеді (ҚҰЭ). *К л а с с и к а л ы қ б и д е* қаһарманның ой толғанысы мен сезім дүниесі пластикалық қимыл арқылы ашылады (ҚҰЭ).

Классикалық білім. п е д. *Басты пәндер ретінде ежелгі тілдер мен математиканың жүйелі түрде оқытылуын көздейтін жалпы орта білім. К л а с с и к а л ы қ б і л і м* берудің қазіргі заманғы теориясы бір салада алынған білімдер мен дағдыларды адам іс-әрекеттің басқа кез келген саласына көшіру тұрғысындағы психологиялық қабілеттілікке негізделеді (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Орта мектепте практикалық қарекет үшін керектінің бәрін үйрету мүмкін емес екенін тани отырып, *к л а с с и к а л ы қ б і л і м* беруді жақтаушылар негізгі мақсат ретінде оқушыларды жаңа білімдерді меңгеру қабілеттерін дамытуды ұсынады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Классикалық күрес. с п о р т. *Аяқтан ұстамай, қолмен ұстап белдесетін грек-рим күресі.* Қазіргі *к л а с с и к а л ы қ* делініп жүрген *к ү р е с* ол кезде французша деп аталатын. Бұл күрес шын мағынасындағы әділ айқас екен. Күші мен әдіс-айласы тең келген балуан, оқтатекте ғана болмаса, еш уақытта қапыда кеттім дей алмайды (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Осы жиналған 25 палуанның ішінде ең күштісі де, айлакері де Қажымұқан десем, артық айтпаған болар едім. Ол – *к л а с с и к а л ы қ к ү р е с т і ң* тамаша шебері. Палуандардың арасында еркін күреспен де, *к л а с с и к а л ы қ к ү р е с п е н* де, самбо күресімен де айналысып жүргендер көп («Лен. жас»).

Классикалық механика. ф и з. *Негізіне Ньютон заңдары жататын және жарық жылдамдығымен салыстырғанда аз жылдамдықпен қозғалатын макроскопиялық денелердің қозғалысын қарастыратын механика* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика.).

Классикалық осциллятор. ф и з. *Тұрақты тепе-теңдіктің маңайында тербеліс жасайтын механикалық жүйе* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика.).

Классикалық өнер. а) *Ежелгі дәуір өнері. К л а с с и к а л ы қ ө н е р г е* Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римде өркендеген мәдениет туындылары жатады (ҚҰЭ). ә) *Әртүрлі елдердің мәдени гүлдену кезеңдеріндегі мұралары. К л а с с и к а л ы қ ө н е р* туындылары ұзақ (мыңдаған жылдар бойы) уақыт бойы өз құндылығын сақтайды, басқа мәдениеттің туындап, өркен жаюына үлкен ықпал етеді (ҚҰЭ). Қазақ халқының *к л а с с и к а л ы қ ө н е р і* тамырын көне шумер, сақ мәдениетінен алады (ҚҰЭ).

Классикалық статистика. ф и з. *Классикалық физика заңдарына бағынатын көп бөлшектер жүйесін зерттейтін статистикалық механика бөлімі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика.).

КЛАССИКТІК с ы н. ***Классикалық.*** *К л а с с и к т і к* саяси экономия өнеркәсіптің практикасынан фабрикanттың көп айтылып жүретін... еңбегіне ақы төлейді, – деген түсінігін үйреніп алды (К.Маркс,.. Таңд. шығ.). Жазушы Ф.М. Достоевскийдің әсері орыстың *к л а с с и к т і к* әдебиетін Шоқанға таныстыруда зор болды (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.).

КЛАССИФИКАТОР [лат. classis – разряд; facere – жасау] з а т. **1**. т е х. *Өнімді өзіндік ерекшеліктеріне қарай сұрыптау үшін қолданылатын құрал.* Сұрыптау өтетін ортаға қарай классификаторлар мынадай түрлерге бөлінеді: механикалық *к л а с с и ф и к а т о р* (елеу, желпу, ұшыру), гидравликалық классификатор (суға тұндыру.) (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика.). Олар (машина жасаушылар) Шығыс Қазақстан халық шаруашылығы Советінің алдына төрт *к л а с с и ф и к а т о р д ы* мерзімінен бұрын жасап шығару жөнінде мәселе қойды («Соц. Қаз.»). **2.** *Әрқайсысына белгілі бір жеке шифр, код тағайындалған нысандардың, өнімнің, тауарлардың жүйеленген тізімдемесі К л а с с и ф и к а т о р* – әлдебір объектілердің жүйеге келтірілген тізбесі, *к л а с с и ф и к а т о р д ы ң* әрбір элементіне белгілі бір код берілген (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика.).

КЛАССИФИКАТОРШЫ з а т. ***Таптастырушы*** *(классификация жасайтын адам).* Өндіріс мектебін үздік бітірген Жылқыбай байыту фабрикасының ішіндегі екі секцияның *к л а с с и ф и к а т о р ш ы с ы* болып жұмысқа кірісті (Т.Қойшыманов, Қоңырат.).

КЛАССИФИКАЦИЯ [лат. classis – разряд, facere – жасау] з а т. ***Таптастыру*** *(табиғи байланыстарын ескере отырып, жалпы белгілерінің негізінде топтарға бөлінген іштей тәуелді ұғымдардың логикалық жүйесі).* Жалпылау арқылы шындықтағы заттар мен құбылыстарды белгілі принцип бойынша орналастыруды жүйелеу (систематизация) дейді. Жүйелердің жоғары түрі – *к л а с с и ф и к а ц и я* (Қ.Жарықбаев, Психология). Бір белгінің орнына екінші белгіні алғанда, *к л а с с и ф и к а ц и я* өзгеріп отыратын болды (Жалпы биология). Өсімдіктер мен жануарларды топтарға бөлу – *к л а с с и ф и к а ц и я* (Жалпы биология). Класс, топ, жүйе тізімі негізінде *к л а с с и ф и к а ц и я* жүргізіледі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану).

Ғылым классификациясы. *Ғылымдар байланысы, ғылыми білім жүйесіндегі орналасу тәртібі, нақты қағидаларға негізделген, объектілердің қасиеті және байланысы, әртүрлі ғылымдармен қарастырылатын, сондай-ақ оларды зерттеу үрдісі. Ғ ы л ы м к л а с с и ф и к а ц и я с ы* формальды немесе диалектикалы, мазмұнды деп бөлінеді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану).

КЛАССИФИКАЦИЯЛА= ет. *Таптастыру, жіктеу.* ≈ Түріне қарай *к л а с с и ф и к а ц и я л а д ы.*

КЛАССИФИКАЦИЯЛАУ *Классификацияла етістігінің қимыл атауы.* «Қазақ тілі» говорларын *к л а с с и ф и к а ц и я л а у* мәселесінде де бізде бірізділік жоқ (Қаз. тіл. жерг. ерекш.). Атомдар байланысының бұл тәртіптері заттарға тән белгілі бір химиялық қасиеттер беріп, оларды *к л а с с и ф и к а ц и я л а у ғ а* негіз болады (Органикалық химия). Жиырмасыншы жылдан бастап күні бүгінге дейін халықтың өткендегі мәдени мұрасы мен совет ақындарының шығармаларын жинау, *к л а с с и ф и к а ц и я л а у* істері еш уақытта кідіріс таппайды («Қаз. әдеб.»).

КЛАССИЦИЗМ [нем. Klassizismus] з а т. т а р. *Батыс Европада 17–18 ғасырлардағы өнер мен әдебиеттегі классикалық (ежелгі грек және ежелгі Рим) өнерді үлгі етіп алған бағыт. К л а с с и ц и з м г е* тән негізгі ерекшелік – көркем шығарманың құрылысын бір тәртіпке бағындыру (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теориясы). *К л а с с и ц и з м н і ң* жолы сол жазушы жазғанда, қылдан таймай, белгілі үлгімен жазады (С.Сейфуллин, Шығ.). 18 ғасырдың аяғы мен 19 ғасырдың басында *к л а с с и ц и з м* идеялық дағдарысқа ұшырады (ҚҰЭ). *К л а с с и ц и з м* XVIII-XIX ғасырдың басындағы өнер мен әдебиеттегі көркем бағыт, оған жоғары азаматтық тақырып, кейбір шығармашылық нормалар мен ережелерді қатаң сақтау тән. Бұдан *к л а с с и ц и з м г е* антикалық дәуірдің табынушылығы: көне классика онда өнердің кемел де үйлесімді үлгісі ретінде беріледі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет.).

КЛАСТАС с ы н. ***Сыныптас*** *(бір сыныпта оқитын).* Екеуі *к л а с т а с* болып оқиды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Менің Басқан дейтін *к л а с т а с* досым барды (К.Асанов, Сағыныш). Асау көңіл бұйдалаған ой шылбырын қашты алып, Қоштасудың қиындығын жаңа сезе бастадық, Сол күндердің жалыны әлі көзімде тұр, өшпепті, Бір күні үйге сырласқалы *к л а с т а с* бір дос кепті, Асау жылдар қырқасына сермей түсіп ескекті, Көп нәрсеге «көзімді ашты» бір нәрсені ол ескертті (М.Шаханов, Ғасырлар.). *//Бір сыныпта оқитын бала.* Міне, бір аяғын жоғары көтере, допқа тосқан аласа бойлы баланы зіңгіттей толық сары

к л а с т а с ы қағып кетуі мүң екен, әлгі ұшып түсті (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім).

КЛАСТАУШЫ с ы н. *Сұрыптаушы.* Транспортерден *к л а с т а у ш ы л а р ғ а* келіп түскен жүн таразыға тартылады да, класы анықталады (С.Тілеубергенов, Мал шаруаш.).

КЛАСТЕР[1] з а т. и н ф. **1.** *Диск кеңістігін бөлу кезіндегі оған жазылатын ең кіші көлемдегі мәліметтер бірлігі. К л а с т е р д е* әрбір мәліметтер бірлігі (том) үшін берілген секторлар саны тұрақты шама болады және бір кластер тек бір файлдың мәліметтерін ғана қабылдайды (Қаз. тілі термин. Информатика). *К л а с т е р* әдетте 512 байттан, бір немесе қатар орналасқан бірнеше диск секторларынан құралады (Қаз. тілі термин. Информатика). **2.** *Компьютер желілерінде – жоғары жылдамдықты байланыс арналарымен жалғасқан бірнеше компьютерден құралған жүйе.* Абоненттер үшін мұндай *к л а с т е р* бір бүтін (жүйе) есебінде қарастырылады (Қаз. тілі термин. Информатика). **3.** *Ортақ контроллері (жалғастыру құрылғысы) бар бірнеше құрылғылар тобы* (Қаз. тілі термин. Информатика). **4.** *Бірнеше секторлардан тұратын файлдарды жазуға пайдаланылатын магниттік дискідегі жад бірлігі. К л а с т е р* операциялық жүйемен бөлінетін дискідегі жадтың блок тобын құрайды (Қаз. тілі термин. Информатика). Бір *к л а с т е р г е* тек жеке файл немесе оның бөлігі жазылуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Информатика). **5.** *Дискідегі секторлар тобы.* Кез келген файл бүтін сандардан тұратын *к л а с т е р* құрайды (Қаз. тілі термин. Информатика).

Кластер контроллер. и н ф. *3270 терминал тобы мен мэйнфрейм арасына орналастырылатын, IBM компаниясы жасаған немесе онымен үйлесімді құрылғы. К л а с т е р к о н т р о л л е р* SDLC хаттамасын немесе бисинхрондық қарым-қатынастың хаттамасын пайдалана отырып компьютер мен терминал арасындағы әрекеттестікті жасақтайды (Қаз. тілі термин. Информатика).

КЛАСТЕР[2] з а т . э к о н. *Ұқсас заттар мен құбылыстардың арасынан ортақ белгілері бойынша ерекшеленетін нысандар тобы. К л а с т е р* – әрі ынтымақтастық, әрі бәсекелестік («Жас Алаш»). *К л а с т е р д і ң* жолын түсіндірсе, кез келген сала өздігінен кластерлік жолмен дами береді («Жас Алаш»).

КЛАСТЕРЛЕ = е т. *Ұқсас белгілері бойынша жинақтау.* ≈ Бірнеше жікке *к л а с т е р л е д і.*

КЛАСТЕРЛЕУ *Кластерле етістігінің қимыл атауы.* Экономиканы *к л а с т е р л е у* жаңа құбылыс болып табылады («Егемен Қазақстан»).

КЛАСТЕРЛІК с ы н. *Кластерге тән, кластерге қатысты.* Бағдарламаны жүзеге асыру үшін *к л а с т е р л і к* даму ғылыми жобасы таңдалып алынды («Жас Алаш»).

Кластерлік көбейткіш. и н ф. *Жадтағы жазбалардың физикалық тізбегі осы индекспен анықталатын жазбалардың логикалық тізбегіне жуық болатындай етіп индекстелетін жазбалардың физикалық орналастырылуын басқаруға пайдаланылатын индекс. К л а с т е р л і к к ө б е й т к і ш* – байт арқылы өлшенетін физикалық секторлардың саны (екінің белгілі бір дәрежесі) (Қаз. тілі термин. Информатика).

Кластерлік талдау. м а т е м. *Көпөлшемді талдаудың математикалық процедурасы. К л а с т е р л і к т а л д а у* бірқатар объектілерді сипаттайтын (мыс., сыналушыларды) көптеген көрсеткіштер негізінде оларды кластарға (кластерлер) топтауға мүмкіндік береді және бұлай топтағанда өзге кластарға кіретін объектілермен салыстырғанда бір класты құрайтын объектілердің біртекті, ұқсас болуын қамтамасыз етеді (Қаз. тілі термин. Педагогика). *К л а с т е р л і к т а л д а у* әдісі психолингвистикада көп қолданылады (Қаз. тілі термин. Педагогика).

КЛАСТЫ с ы н. *Сұрыпты, сұрыпқа тән.* Шаруашылық үшін егуге әдетте бірінші *к л а с т ы* тұқым пайдаланылады (Овощ өсіруші). Соғыстың төрт жылында олар мемлекетке 13 мың тоннадан астам бірінші *к л а с т ы* темекі мен махорка берді (Жаңарған өлке). Кейінгі жылдарда бірінші *к л а с т ы* саулықтардың жалпы саны; 70 процентке дейін өсті (Ш.Ерманов, Мәңгі жастық).

КЛАСТЫҚ с ы н. **1.** п е д. ***Сыныптық*** *(әрбір оқу жылында берілетін білім мөлшері нақтыланған).* Ардақты ана ... Ғаниды пансионаты бар төрт *к л а с т ы қ* орыс мектебіне орналастырды (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев). Артельдің мектебі төрт *к л а с т ы қ* қана болатын (С.Мұқанов, Бақташы.). **2.** *Сапасына қарай жіктелген, сұрыпты.* Бірінші *к л а с т ы қ* екпе пиязды пайдалану керек (Овощ өсіруші.).

Кластық құрылым. г е о л. *Сынықты шөгінді таужыныстар құрылымының жалпылама аты. Кластық құрылым* сынықтарының ірілігіне қарай псефиттік, псаммиттік, алевриттік, пелиттік түрлері бөлінеді (Қазақ тілі термин. Геология.).

КЛАСТЫЛЫҚ з а т. *Сапасына қарай жіктеушілік; тұқым асылдығының белгісі.* Сиырлардың *к л а с т ы л ы ғ ы* жағынан

Балқашин тұқым мал заводы жақсы табыстарға жетті (Жаңарған өлке).

КЛАУЗУЛА [лат. clausula – шешім] з а т. **1.** ә д е б. *Екпінді тілдердегі соңғы буыны басыңқы және одан кейінгі буындары басыңқы емес болып келетін буын тобы, қосымша. К л а у з у л а* өлеңнің соңғы буыны мужской екпін болатын («вода»), буын соңынан екінші буындағы женский екпін («воды»), дактикалық – буын соңынан төртінші буындағы адамның меншігі екенін білдіретін көркем орындалған этикетка (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет.). **2.** з а ң. *Халықаралық шарттағы не келісімдегі ерекше ереже. К л а у з у л а* айрықша ережелер мен жайттарды белгілеу үшін қолданылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия). **3.** з а ң. *Заң жиынтығы, бап, жағдай, заң статьялары, келісімі, шарт, өсиет.* Келтірілген баптары, құқығы немесе ерекше жағдайларын құжатта келтіруін, әдетте *к л а у з у л а* деп түсінеміз (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КЛЕЁНКА з а т. ***Асжаулық*** *(су өткізбейтін заттар қосып жасалған мата тәрізді нәрседен дайындалатын дастарқан жапқыш).* Жып-жылтыр күрең *к л е ё н к а* бетіне: аста-төк салынған аппақ бауырсақ пен мейіздей сары майды салғылаған кәрлен-кеселерден жіптіктей боп бу көтеріліп тұр (Ф.Дінисламов, Ұшқын). Ұзын залдың ішінде ұзын стол тұр. Оның үстіне әдемі *к л е ё н к а* жапқан (Ш.Ерманов, Мәңгі жастық). Стол *к л е ё н к а м е н* жабылған (Ә.Тарази, Құйрықты.).

КЛЕЙМС [ағыл. claims] з а т. э к о н. *Әкелінген тауардың сапасы немесе жай-күйіне сәйкес кемшіліктеріне байланысты тауар сатушыға тауар сатып алушының ұсынар тілегі, талабы, шағымы.*

КЛЕЙСТЕР [нем. Kleister] з а т. *Крахмалдан немесе ұннан жасалған желім.* Таза крахмал суық суда ерімейді, крахмал салынған суды ысыта бастаған болса, ішіндегі крахмалы ісініп қойыртпақтанады, оны *к л е й с т е р* немесе бат деп атайды. Крахмалға йод ерітіндісін тамызса, ол көгілдір немесе көк түске боялады (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Шаруашылықтардың жағдайында қойманы әдетте құрамында *к л е й с т е р і* бар гексахлоран дустының ерітіндісімен дезинфекциялайды (Агроном. анықтама.).

КЛЕЙСТОГАМИЯ [грек. kleistos – жабық, gamos – неке] з а т. б о т а н. *Ашылмаған гүлдердің өздігінен тозаңдануы.*

КЛЕММА [нем. Klemme] з а т. т е х. *Электр сымдарын бекіту үшін қолданылатын қысқыш.* Электр двигатель статор мен ротордан, жоғарғы және төменгі қақпақтан, яғни қыстырғыш ұяшығынан, қалып *к л е м м а с ы н а н* (клемма – ток келетін не ток беретін сымды жалғайтын жер) тұрады (Ш.Әбдіраманов, Шопан серігі). Бәрі дайын: рубильникті сілтей көтеріп, *к л е м м а ғ а* теліce, электр тогы саулайды, автомат аспа рельсті бойлай зырлап жөнеледі (Т.Нұртазин, Адам.).

КЛЕПТОМАНИЯ [грек. klepto – ұрлаймын, mania – құмарлық] з а т. *Психикалық ауру салдарынан пайда болаты ұрлыққа құмарлық. К л е п т о м а н и я* көбінесе психикасы тұрақсыз, көңіл-күйі құбылмалы тұлғаларда кездеседі. *К л е п т о м а н и я* барысында ұрлық материалдық қажеттіліктен туындамайды, ал жаза ұрлықты тоқтата алмайды (Қаз. тілі термин. Педагогика). *К л е п т о м а н и я* фетишизммен байланысты немесе оның алғышарты болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Педагогика).

КЛЕПТОПАРАТИЗМ [грек. klepto – ұрлаймын және паратизм] з а т. б и о л. *Бір дарақтың азығын басқа жеке ағзаның (көбінесе басқа түрдің) күштеп немесе ұрлап иемденуі. К л е п т о п а р а т и з м г е* мысал ретінде аюлардың ала тышқанның індерін бұзып, олардың қысқы қорларын жеп қоюын, шағала мен құрақтұмсық қоректі бір-бірінен тартып алуын т.б. алуға болады (Қаз. тілі термин. Экология).

КЛЕРИКАЛИЗМ [лат. clericalis] з а т. қ о ғ. - с а я с. *Шіркеудің саяси және мәдени үстемділігін күшейтуге ұмтылатын реакцияшыл ағым. К л е р и к а л и з м* – қоғамдық өмірдің әртүрлі саласында, шіркеуде дін позициясын күшейтуге әрекет ететін, дамыған капиталистік және дамушы елдердегі қоғамдық-саяси бағыт (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КЛЕТ з а т. **1.** *Тормен қоршалған орын, жай.* Он сегіз қотыр танасын көрсетпей, бізден жасырып, *к л е т к е* қамап қойыпты. Осының сірә, анық па? (Айтыс). **2.** *Үймен жапсарлас немесе бөлек салынған шолан.* Гудоктың зор даусы тына бастағанда, барақ старосталары мен солдаттар тәтті ұйқыны қимай жатқан тұтқындарды ұрып-соғып, *к л е т т е р і н е н* жерге сүйреп түсіре бастады (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). **3.** ***Клеть*** *(шахталарда кен көтеретін немесе адамдарды жоғары-төмен тасып тұратын арнаулы құрылғы).* Шахталардағы жоғары көтеріп не төмен түсіретін құрылыс *к л е т* деп аталады. Түп-тура сағат алты жарымда төмен түсу үшін, шахтаның аузында *к л е т ь* тосып тұрады (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Кен көтеретін, адам таситын *к л е т т е р і* де шағын-ды (І.Есенберлин, Алтын құс).

КЛЕТКА[1] [грек. kytos] з а т. б и о л. ***Жасуша*** *(барлық тірі ағзалардың құрылысы мен тіршілігінің негізі, жеке тіршілік ете алатын қарапайым тірі жүйе).* Барлық организмдердің дерлік құрылысы мен дамуының негізі, биологиялық құрылыс өлшем бірлігі – *к л е т к а* (Жалпы биология). *К л е т к а* – жануарлар және өсімдіктер организмдерінің құрылысы мен дамуының негізін құратын негізгі структуралық бірлік (Жалпы биология). Пробканың кесінділерін зерттей отырып, Гук бірінен-бірі қабырғалар арқылы бөлінген тор тәрізді ұсақ қуыстарды тауып, оны *к л е т к а* деп атады (Қ.Нұрматжанов, Гистология). *К л е т к а* денеден және ядродан тұрады. *Клеткаының* денесі протоплазма деп аталатын күрделі химиялық құрамы бар мөлдір заттан тұрады (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру).

Клеткадан тыс ас қорыту. б и о л. *Қоректік заттардың жасушалардан тыс қорытылып, жасушаға сіңірілу процесі. К л е т к а д а н т ы с а с қ о р ы т у д ы ң* қуыстық және жарғақтық ас қорыту түрлері болады (Қаз. тілі термин. Биология). *К л е т к а д а н т ы с а с қ о р ы т у* ішекте аяқталады (Қаз. тілі термин. Биология).

Клетка жарғақшасы. [лат. cytolemma] б и о л. *Жасушаның тірі заты – протоплазманы сыртынан қаптап, оны сыртқы ортадан бөліп және онымен байланыстырып тұратын жарғақша. К л е т к а ж а р ғ а қ ш а с ы* рецепторлық, тасымалдау, қозғалу, торшааралық байланыс, тосқауылдық қызметтер атқарумен қатар клетканың сыртқы пішінін анықтайды (Қаз. тілі термин. Биология). *К л е т к а ж а р ғ а қ ш а с ы* клетканы зақымданудан және сыртқы ортаның қолайсыз әсерлерінен қорғайды (Қаз. тілі термин. Биология).

Клетка қаңқасы. б и о л. *Жасушаның пішінін анықтап, оның қозғалысын қамтамасыз ететін құрылым. К л е т к а қ а ң қ а с ы* торшаның пішінін анықтап, тіректік қызмет атқарады (Қаз. тілі термин. Биология). *К л е т к а қ а ң қ а с ы* микротүтікшелерден, микрожіпшелерден және микрофиламенттерден құралған (Қаз. тілі термин. Биология).

Клеткалардың жіктелуі. б и о л. *Біркелкі (индефференттi) жасушалардың дамуы мен жетілуі нәтижесінде мамандanған әрекелкі жасушалардың түзілу процесі. К л е т к а л а р д ы ң ж і к т е л у і* интерфаза (кезеңаралық) кезеңінде жүзеге асады (Қаз. тілі термин. Биология). *К л е т к а л а р д ы ң ж і к т е л у і* онтогенездің ұрыққа дейінгі жыныс клеткаларында, ұрықтық және ұлпалық кезеңдерінде жүреді (Қаз. тілі термин. Биология).

Клетка теориясы. б и о л. *Барлық тірі ағзалар құрылымының негізі жасуша (клетка) екенін дәлелдейтін биология ғылымындағы іргелі қағида. К л е т к а т е о р и я с ы н ы ң* бұдан кейінгі дамуы протоплазма мен клетка бөлінуі ашылуына байланысты болды (ҚҰЭ). Қазіргі кезде *к л е т к а т е о р и я с ы* көп клеткалы организмдер бірлескен жеке клеткалардан тұрады және олардың өзара байланыстылығынан организмнің тұтастығы туады деп тұжырымдайды (ҚҰЭ).

КЛЕТКА[2] з а т. ***Торкөз*** (*шағын бөлшектерге бөлінген жер, орын).* Қора алдын ала бірнеше *к л е т к а л а р ғ а* бөлінеді (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.). Ыдырысов өзіне белгіленіп берілген жайылымды бірнеше *к л е т к а ғ а* бөлді (М.Ермеков, Қазақст.).

КЛЕТКААРАЛЫҚ с ы н. б и о л. ***Жасушааралық*** (*ж а с у ш а н ы ң а р а с ы н д а ғ ы).* Бұл топтың тканьдарында *к л е т к а а р а л ы қ* заттар көп мөлшерде болып, клеткалары бос орналасады (Қ.Нұрматжанов, Гистология). Ткань деп өздерінің шығу тегі, құрылысы мен функциясының орталығымен бірлестірілген клеткалар мен *к л е т к а а р а л ы қ* заттардың қосындысын айтамыз (Адам анатом.).

Клеткааралық байланыс. [лат. junctiones – байланыс, грек. intercellulares клеткааралық] б и о л. *Жасуша қабықшалары – плазмолеммалар арасындағы өзара жанаспа байланыс. К л е т к а а р а л ы қ б а й л а н ы с қ а* қарапайым, тығыз, десмосомалық, нексус, жалғама (синапстар) жатады (Қаз. тілі термин. Биология). *К л е т к а а р а л ы қ б а й л а н ы с* клеткалардың өзара механикалық берік байланыстарын, олардағы жүретін зат алмасу процесін қамтамасыз етеді (Қаз. тілі термин. Биология).

Клеткааралық заттек. б и о л. *Белгілі бір жасушалар топтары тіршілік әрекеттерінің өнімінен пайда болып, жасушалар аралықтарында орын тепкен құрылым. К л е т к а а р а л ы қ з а т т е к к е* коллаген, эластин, ретикулин талшықтары, негізгі (аморфты) зат, қан плазмасы, шеміршек, сүйек *к л е т к а а р а л ы қ з а т т е к т е р і* жатады (Қаз. тілі термин. Биология). *К л е т к а а р а л ы қ з а т т е к* дәнекер ұлпаларында беріктік, серпімділік және механикалық қызметтер атқарумен қатар, зат алмасу процесіне де белсенді қатысады (Қаз. тілі термин. Биология).

КЛЕТКАЛАН= е т. *Жасушалану, жасушаға бөліну. К л е т к а л а н б а ғ а н* өсімдіктердің дене құрылысы бір клеткалы өсімдіктердікімен бірдей болатын сияқты. Бірақ олардан едәуір

айырмашылықтары бар (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Көп клеткалы және *клеткалан-бағаннің* ірі балдырлардың, саңырауқұлақтардың денесінен кездейсоқ үзіліп қалған бөлігі де өзінше жеке өсімдікке айналып кетеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

КЛЕТКАЛЫ[1] с ы н. б и о л. ***Жасушалы*** *(жасушасы бар, жасушаға бөлінген, жасушадан құралған).* Микроорганизмдер – бір *клеткалы,* өте ұсақ, жай көзге көрінбейтін тірі организмдер (Н.Шоқанов, Микроорганизм.). Қою қанның құрамы *клеткалы* бірнеше элементтерден тұрады (А.Дайыров, Хирург.). Бір *клеткалы* организмге тән протоплазма да, ядро да өте тұрақсыз келеді (Т.Күлтебаев, Қой.).

КЛЕТКАЛЫ[2] с ы н. ***Торкөзді.*** *Клеткалы* қағазды (дәптер қағазын) пайдаланғанда, чертеж шрифтерін жазып үйрену едәуір оңайланады (Сызу).

КЛЕТКАЛЫҚ с ы н. *Жасушаға тән, жасушаға қатысты.* Өсімдік клеткаларындағы *клеткалық* шырын өзін қоршаған ортада суды тартады (Қ.Нұғматжанов, Гистология). Дәнекер тканьдардың *клеткалық* құрамы, саны және сапасы жөнінен де әртүрлі. *Клеткалық* элементтердің көп түрлілігі, әсіресе, болбыр дәнекер тканында кездеседі (Қ.Нұғматжанов, Гистология).

Клеткалық айналым. [лат. cyclus – cellularins] б и о л. *Жетілген жасушалардың тіршілік мерзімі. Клеткалық айналым* кезеңаралықтан және митоздан тұрады (Қаз. тілі термин. Биология).

Клеткалық инженерия. б и о л. а) *Адамға қажет заттектерді бос күйінде (ағзадан тыс) өндіре алатын өсімдік жасушалары мен ұлпаларын өсіруге негізделген биотехнология саласы. Клеткалық инженерия* тегі әртүрлі, денелік (сомалық) жасушаларды алдын ала жалаңаштап, яғни протопласт алып өзара будандастыру арқылы клетканың жаңа түрін алу. *Клеткалық инженерияда* жаңа, будан геномы түзіледі (Қаз. тілі термин. Биология). ә) *Өсімдіктерді жасушаларынан өсіріп көбейту арқылы олардың бағалы даналарының ұлпаларын өсіру. Клеткалық инженерия* заттектер арнайы өсірілетін немесе теріп жиналатын (көбіне өте сирек) өсімдіктерден алынатын негізделген биотехнология саласы (Қаз. тілі термин. Экология).

Клеткалық қосындылар. б и о л. *Зат алмасу процесіне(метаболизм) байланысты жасуша цитоплазмасындағы тұрақсыз құрылымдар. Клеткалық қосындыларға* трофикалық, секреторлық, экскреторлық және пигменттік қосындылар мен витаминдер жатады (Қаз. тілі термин. Биология).

Клеткалық сұрыптау. б и о л. *Жасушалар суспензиясын әртүрлі ортада өсіріп, ондағы мутант немесе сомаклонды жасушалардан бөліп алу. Клеткалық сұрыптау* клеткаларды арнайы ортада өсіріп, белгілі бір қолайсыз факторға бейімделген түрлерін іріктеу және регенерациялау (бүтін өсімдік алу) арқылы мәдени өсімдіктердің жаңа нысандарын жасау (Қаз. тілі термин. Биология).

КЛЕТКАСЫЗ с ы н. б и о л. *Жасушасыз, жасушасы жоқ. Клеткасыз* тірі организмнің формалары әртүрлі (Қ.Нұғматжанов, Гистология.). Табиғатта *клеткасыз* құрылысты тірі организмдердің де үлкен бір тобы бар. Бұл организмдер вирустар деп аталады (Жалпы биология).

КЛЕТКАІШІНДІК: **клеткаішіндік ас қорыту.** б и о л. *Жасуша плазмолеммасы арқылы қатты, тығыз және сұйық заттардың жасуша ішіне еніп қорытылуы. Клеткаішіндік ас қорыту* клеткаға өтетін заттардың табиғатына байланысты эндоцитоздың өзі пиноцитоз және фагоцитоз болып екі түрге бөлінеді (Қаз. тілі термин. Биология).

КЛЕТЧАТКА з а т. б и о л. ***Жасұнық*** *(ағза жасушасының қабығын құрайтын бөлік).* Өсімдік клеткасының жақсы қабығы болады, ол *клетчаткадан* құралады. Мұндай қабықтың болуы клетканың шекарасын айқын көрсетіп тұрады (Қ.Нұғматжанов, Гистология). *Клетчатка,* яки целлюлоза – өсімдіктер клеткаларының қабығы құрамының басты бөлігі (Жалпы химия). Табиғатта ең көп таралған күрделі углевод – *клетчатка,* яки целлюлоза. Өзінің құрылысы жағынан алғанда, целлюлоза – ұзын тізбек жасай созылыш жататын кәдімгі полимер (Жалпы биология). Целлюлоза латынның клетка деген сөзінен шыққандықтан, оны *клетчатка* деп те атай береді (Н.Нұрахметов, Синтетика.).

КЛЕТЧАТКАЛЫҚ с ы н. *Жасұныққа тән, жасұныққа қатысты.* Минералданған клетка қабыршақтарының қасиеті өзгеріп, олар *клетчаткалық* қасиеттен айырылады. Минералданған өсімдік органдары күйреуік болады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

КЛЕТЬ з а т. т е х. **1.** *Шахтадан вагонеткаларды, адамдарды, жабдықтар мен материалдарды көтеріп-түсіруге арналған құрылғы. Клеть* тік және көлбеу шахта оқпандарында қолданылады (ҚҰЭ). Шахта оқпандарында *клеть* бағыттаушы тіреулер

жәрдемімен, бағыттаушы өткізгіштер бойымен қозғалады және тоқтатқыш, парашюттік, аспалы қондырғылары болады (ҚҰЭ). **2.** *Станның қақтама біліктерінің ішпектері қызметін атқаратын екі құйма ұстыннан құралатын негізгі бөлігі* (ҚҰЭ).

КЛИВАЖ [ағыл. cleavage] з а т. г е о л. *Тау жыныстарының бір-біріне бойлама бағыттағы жарықтар бойымен жұқа қабыршақтарға бөлшектеніп жарылуы. К л и в а ж* бастапқы кливаж және кейінгі кливаж болып екіге бөлінеді (ҚҰЭ). Бастапқы *к л и в а ж* тау жыныстарының заттық құрамына, олардың қатаюы мен метаморфтану кезіндегі көлемінің өзгеруіне тәуелді (ҚҰЭ). *К л и в а ж* таужыныстардың қайтара тақтатастануы (қабат-қабат бөлінуі); қаттану жазықтығына қысымның бұрыш жасай түсуінен пайда болады (Қаз. тілі термин. Кен.).

КЛИВИЯ з а т. б о т. *Гүлдердің бір түрі. К л и в и я* лала гүлдер тұқымдасына жатады (Үй өсімдік.). *К л и в и я* ерекше күтімді керек етпейді (Үй өсімдік.).

КЛИЕНТ [лат. cliens] з а т. **1.** *Зат сатып алу, тапсырыс беру үшін дүкенге, ательеге т.б. тұрақты келіп тұратын адам.* Менен басқа да *к л и е н т т е р і* бар шығар (С.Сейфуллин, Шығ.). *К л и е н т т е р і н* көп бөгемей, тез атқарады (М.Мағауин, Көк мұнар). Шаштараз Қарекең ақырғы *к л и е н т і н* жөнелтті (Е.Оразақов, Дәрігер.). **2.** *Адвокат, нотариус, банк т.б. қызметіне жүгінген адам.* Бұдан былай оның тұрақты *к л и е н т і* болыңыз (К.Тоқаев, Түнде.).

КЛИЕНТ-СЕРВЕР [ағыл. client – server] з а т. и н ф. *Желідегі байланысқан компьютерлердің әрекеттесу технологиясы. К л и е н т - с е р в е р* бір компьютер басқа жердегі одан гөрі қуатты компьютерге белгілі бір әрекет орындау жөнінде сұраныс түсіреді (Қаз. тілі термин. Информатика). *Клиент-серверге,* керісінше, ақпарат қалай пайдаланатынын білудің қажеті жоқ; оған керек мәліметтерді іздеп-табу және қажеткерге жібере білу жеткілікті (Қаз. тілі термин. Информатика).

Клиент-сервер тектес желі. и н ф. *Құрамында жеке жұмыс бекеттерімен* (*клиент* деп аталатын) *байланысқан қуатты компьютері* (*сервер* деп аталатын) *бар желі. К л и е н т - с е р в е р т е к т е с ж е л і н і* басқару және желінің шалғай құрылғыларын бақылау арнаулы күрделі желілік программалық жасақтама арқылы жүзеге асырылады (Қаз. тілі термин. Информатика).

КЛИЗМА [грек. klysma] з а т. м е д. **1.** *Диагностика немесе ем жасау мақсатында тоқішекке жіберілетін түрлі қоспалары бар сұйықтық.* ≈ *К л и з м а* жасау. **2.** *Тоқішекке сұйықтық жіберуге арналған сыйымдылығы бар резеңке түтік.* ≈ *К л и з м а* қою.

Клизма жасату. м е д. *Іш жүрмей қалғанда, ауырғанда, әйелдер босанар алдында т.б. тоқішектегі нәжісті айдау үшін әртүрлі қоспасы бар сұйықтықты арнайы түтікпен жіберу.* Іш қатса, арнайы тағам ішу, *к л и з м а ж а с а т у* қажет (М.Исамбаев, Мед. анықтама.).

Клизма қою. *Жылы су жіберіп, ішекті тазалау.* Жылы сумен *к л и з м а қ о ю* өте жақсы көмек береді (С.Сыбанбаев, Мал қаны.). Дәрігердің рұқсатынсыз іш жүргізетін дәрі ішуге не *к л и з м а қ о ю ғ а* болмайды (К.Өтегенова, Аборт. зияны).

КЛИМАКС[1] [грек. klimax] з а т. **1.** м е д. *Әйелдердің аналық бездері гормоналдық қызметінің бірте-бірте тоқтауының физиологиялық кезеңі.* Соңғы кезде *к л и м а к с* терминінің орнына климактериалық кезең немесе перименопаузалық кезең деген ұғымдар жиі қолданылады (ҚҰЭ). *К л и м а к с* басталуына әйел организміндегі циклдік өзгерістерді реттеуші жүйе (орталық жүйке жүйесі және аналық без) қызметінің бұзылуы негіз болады (ҚҰЭ). **2.** э к о л. *Бір атырап жатқан экожүйе дамуының тұрақты, соңғы сатысы. К л и м а к с т ы ң* сипаты әдетте, климаттық, геоморфологиялық, топырақтық, биоталық және антропогендік факторлармен анықталады. (Қаз. тілі термин. Экология). *К л и м а к с* біршама тұрақты өсімдік қауымдастығының (фитоценоздардың) қалыптасуында көрінеді (Қаз. тілі термин. Экология).

КЛИМАКС[2] з а т. ә д е б. *Градация түрі, поэтикалық тілдегі стилистикалық фигура. К л и м а к с т а* бір затқа қатысты сөздер мен нақыштардың орналасуы ұлғаю ретімен интонациялық-мағыналық жағынан күшейе түседі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет.).

КЛИМАКСТЫҚ с ы н. э к о л. *Климаксқа тән, климаксқа қатысты.* Біріншілік сукцессия әртүрлі мекен ету орнында әртүрлі фазамен сипатталуы мүмкін, бірақ олардың барлығы сол бір *к л и м а к с т ы қ* қауымдастыққа келтіреді (Қаз. тілі термин. Экология).

КЛИМАКТЕРИЯ [грек. klimakter] з а т. м е д. *Әйелдердің аналық бездері гормоналдық қызметінің бірте-бірте тоқтауының физиологиялық кезеңі, климакс.* Бұл кезде *к л и м а к т е р и я* белгісі деп аталатын түрлі құбылыстар пайда болады: күтпеген жерден күніне бірнеше рет әйелдің бетіне, мойнына

аздап қан жүгіріп, терісі кенеттен қызарып кетеді, түсі қуқыл тартып, қатты терлейді (ҚҰЭ). *Климактерия* кезінде себепсіз мазасызданып, үрейлену, көңілсіздік, тым әсершілдік, жылауға бейімділік байқалады (ҚҰЭ).

КЛИМАКТЕРИЯЛЫҚ сын. мед. *Климактерияға тән, климактерияға қатысты. Климактериялық* өзгерістер негізінен өзінен-өзі жойылады, өйткені организм бірте-бірте жаңа физиологиялық жағдайларға бейімделеді (ҚҰЭ). Кей жағдайда (климакс ұзақ уақытқа созылғанда не кеш климакс түрінде) әйелдердің организмінде *климактериялық* синдром байқалады (ҚҰЭ).

КЛИМАТ [грек. klima] зат. геогр. *Географиялық орнына байланысты белгілі бір аймаққа тән көпжылдық ауа райы режімі. Климат* аумақтың географиялық ендігіне, теңіздер мен мұхиттардың алыс-жақындығына, мұхит деңгейінен биіктігіне, тау жоталарының орналасуы мен желдің соғу бағытына және т.б. тәуелді болады (Қаз. тілі термин. Су.). Баспанасын жергілікті жердің ауа райы, яғни *климат* жағдайы билейді екен (Т.Ахтанов, Үндістан.). *Климат* – географиялық орнына байланысты белгілі бір аймаққа тән көпжылдық статистикалық ауа райы режімі (Қаз. тілі термин. Геология). *Климат* туралы түсінік көпжылдық кезеңдегі метеорологиялық бақылауларды статистикалық өңдеу арқылы қалыптасады. *Климат* ауа массасының құрлық және мұхит үстінде болуына қарай (континенттік, теңіздік және мұхиттық) анықтау, ауаның ылғалдылығы немесе құрғақтығына қарай (қуаңшылық, мол ылғалдылық), географиялық белдемдер бойынша (тайга, тропиктік шөл, саванна климаты, т.б) жіктеледі (Қаз. тілі термин. Экология).

Климат ауытқуы. геогр. *Жер шарындағы немесе белгілі бір аймақтағы климат жағдайының өзгеруі. Климат ауытқуы* ондаған, жүздеген жылдарға, кейде геологиялық дәуір бойына созылады (ҚҰЭ). *Климат ауытқуының* астрономиялық, атмосфералық және геологиялық-геоморфологиялық себептері болады (ҚҰЭ).

Климатқа әсер. геогр. *Көмірқышқыл газының жиналуы, озонды қалқа тығыздығының өзгеруі, атмосфераның газдармен (метан, фреон) ластануы, энергияны тікелей шығару және т.б. салдарынан Жер энергетикасының ғаламдық өзгеруі. Климатқа әсер* жер шарының кейбір аудандарында соңғы жылдары биосфера үшін және адамның өзінің өмір сүруі үшін қауіпті болуға айналды (Қаз. тілі термин. Экология).

Климаттың антропогендік өзгеруі. геогр. *Жергілікті климат пен микроклиматтың адамдардың шаруашылық әрекетінен өзгеріске ұшырауы. Климаттың антропогендік өзгеруі* – Жер беті өзгеріске ұшырауының нәтижесі (Қаз. тілі термин. Су.). Қазіргі заманда *климаттың антропогендік өзгеруі* ғаламдық сипат алып отыр (Қаз. тілі термин. Су.). *Климаттың антропогендік өзгеруі* табиғи ортада антропогендік әсердің (негізінен оның ластануы) артуынан климаттық көрсеткіштердің (ауа температурасы, оның қозғалысының заңдылықтары және т.б.) ұзақ уақыт (10 жылдан артық өзгеруі) (Қаз. тілі термин. Экология).

Климаттың, мұздықтардың кезеңдік тербелістері. геогр. *Климаттың, мұздықтардың, сушаралардың жаға сызықтарының ұзақтығы мен қарқындылық дәрежесі әртүрлі, яғни бірнеше немесе ондаған жылдардан бірнеше мыңжылдықтарға дейінгі ырғақты өзгерістері. Климаттың, мұздықтардың кезеңдік тербелістері* орташа жылдық температураның, ылғалдық дәрежесінің, мұздықтар өлшемінің өзгерістерінде білінеді (Қаз. тілі термин. Геология). *Климаттың, мұздықтардың кезеңдік тербелістері* әртүрлі себептерге, негізінен жерден тыс – Күн радиациясының кезеңдік өзгерістері мен қарқындылығына, Жер орбитасы эксцентрисетінің ауытқуларыны байланысты (Қаз. тілі термин. Геология).

КЛИМАТИЗАЦИЯ зат. *Үй ішінде (кейде тек жұмыс орындарында ғана) жасанды климат болуын қамтамасыз ететін шаралардың, құрылғылар мен жабдықтардың жиынтығы.*

КЛИМАТИЗЕР [грек. klimatos] зат. тех. *Бір орыннан ылғалдандырғыш аппарат. Климатизерді* үй ішіндегі ауаны ылғалдандыруға, шаңнан тазартуға, ішінара салқындатуға пайдаланылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану).

КЛИМАТОЛОГ зат. *Климатты зерттеуші.* Орыстың белгілі *климатологі* А. И. Воейков 1878 жылдың өзінде былай деген еді: «Суландыру жұмыстарын кең көлемде жүзеге асырған кезде, ормандар зор пайдасын тигізеді» (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). Мұнда (туристік отрядта) ...*климатолог*... бар («Лен. жас»).

КЛИМАТОЛОГИЯ [грек. klimatos – еңіс, logos – сөз, оқу] зат. геогр. *Жер шарының климаттары, олардың түрлері, қалыптасу факторлары, географиялық таралу заңдылықтары мен мерзімдік өзгерулері туралы*

ғылым. Метеорологиялық қорытындыларға сүйенетін география ғылымдарының жүйесіне кіреді. *К л и м а т о л о г и я* жалпы немесе физикалық *к л и м а т о л о г и я* (климаттың генезисі мен оның физикалық себептерін зерттейтін) және климатография болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Су.). *К л и м а т о л о г и я н ы ң* қолданбалы салаларына биоклиматология, агроклиматология, курорттық *к л и м а т о л о г и я,* медициналық *к л и м а т о л о г и я* және т.б. жатады (Қаз. тілі термин. Су.). *К л и м а т о л о г и я* климат түзілу, өткен кездегі, қазіргі және келешектегі Жер климатының типтерін жіктеу мен сипаттау, климатқа антропогендік әсерлер, климаттың шаруашылыққа әсері мәселелерін зерттейтін ғылыми пән (Қаз. тілі термин. Экология).

КЛИМАТОП [грек. klima (klimatos) еңіс, topos – орын] з а т. г е о г р. *Ортаның (ауа немесе сулы ортаның, олардың газдық құрамының, температуралық режімінің және т.б.) және бұл ортада тіршілік ететін ағзаларға тән физикалық және химиялық сипаттамаларының үйлесімі. К л и м а т о п* терминін 1964 жылы В.Н.Сукачев (1880-1967) биогеценозды сипаттау үшін енгізді (Қаз. тілі термин. Экология).

КЛИМАТОФИЗИОЛОГИЯ [грек klima (klimatos) – еңіс physis – табиғат, logos – ілім] з а т. г е о г р. *Адам мен жануарлардың әртүрлі климаттық жағдайларға бейімделуін зерттейтін физиология саласы* (Қаз. тілі термин. Экология).

КЛИМАТТЫ с ы н. г е о г р. *Климаты бар.* Ыстық *к л и м а т т ы* жерден тараған өсімдіктер тұқымдарының өнуіне жоғары температура керек (Ботаника.). Жоғары сатылы өсімдіктердің қаулап өсіп, мол көк шөп беретін жерлері – тропикалық және қоңыр жай *к л и м а т т ы* аймақтар (Т.Таубаев, Жасыл әлем.). Ауруларды теңіз жағасындағы немесе биік таудағы салқын *к л и м а т т ы* курорттарда емдеген жақсы (С.Табынбаев, Жемсау.).

КЛИМАТТЫҚ с ы н. г е о г р. *Климатқа тән, климатқа байланысты.* Өнімнің кейбір түрлерін (жүзім, алма, дәнді дақылдар) егуге көптеген колхоздардың *к л и м а т т ы қ* жағдайы және топырақтың құнарлылығы мүмкіндік бермейді (С.Қаженбаев, Балық кәсіп.). Біздің республикамыздың табиғаты, *к л и м а т т ы қ* жағдайы әрқилы (Т.Сәрсенбаев, Шопан серігі). Бронх демікпесіне қарсы күресте *к л и м а т т ы қ* емдеу шаралары үлкен роль атқарады (Б.Айтқожина, Бронх демікпе). Жерді климаттық аудандау территорияны *к л и м а т т ы қ* жағдайы біршама жақын белдеулерге, зоналарға және аймақтарға бөлуге негізделген.

Климаттық белдем. г е о г р. а) *Климаттық аудандастырудың негұрлым ірі өлшемі: ендік ұзындығы көп не аз, климат қалыптасуының ерекше жағдайларымен сипатталатын Жер шарының кең аймағы. К л и м а т т ы қ б е л д е м* Жер шарының айналасындағы ендік сипаты жоқ белдеу немесе жеке контур түрінде болуы мүмкін. *К л и м а т т ы қ б е л д е м* климаттық өңірлерге және одан да ұсақ аумақтық бірліктерге бөлінеді (Қаз. тілі термин. Экология). ә) *Таудағы өзіне тән климаттық ерекшеліктері бар тік белдеу.* Әрбір *к л и м а т т ы қ б е л д е м* құрамында бірнеше климаттық атыраптар оқшауланууы мүмкін. *К л и м а т т ы қ б е л д е м* деген ұғым аймақтық түсінік ретінде де қолданылады. Мыс., таулы өңірлерге тән түрлі биіктік деңгейлерінің тек өздеріне ғана тән климаттық жағдайлармен сипатталуы осы деңгейлерді дербес *к л и м а т т ы қ б е л д е м д е р* ретінде даралауға мүмкіндік береді (Қаз. тілі термин. Геология).

Климаттық белдемділік. г е о г р. *Қаламшардың беткі жазықтығын климаттық өзгешіліктері тұрғысынан бірнеше белдемдерге бөлу ұстанымы.* Жер шарын тұтасымен орап өтетін *к л и м а т т ы қ б е л д е м д і л і к т е р д і ң* жиектері ендік сызықтармен (параллельдермен) орайлас бағытталған (Қаз. тілі термин. Геология).

Климаттық белдеу. г е о г р. *Жер бетіндегі негізгі метеорологиялық құбылыстары біртекті болып келетін аймақ* (ҚҰЭ).

Климаттық климакс. г е о г р. *Жергілікті жердің климаттық жағдайларына сай өсімдік қауымдастығы дамуының біршама тұрақты «финалдық» фазасы* (Қаз. тілі термин. Экология).

КЛИНГЕР з а т. ф и з. *Буының қысымы өте жоғары бу қазандарындағы судың деңгейін байқау үшін қойылған шыны. К л и н г е р* қазанның металл бөлігіне орнатылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КЛИНИКА [грек.klinike] зат.мед. **1.** *Науқас адамдарды емдеумен қатар педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстары бірге жүргізілетін емдік-профилактикалық мекеме.* Хирургия *к л и н и к а с ы н а* таяудағы бір ауданнан жарақаттанған отыз жастағы ер адамды алып келді (А.Рақышев, Бұл тур. біл.). Ұстазына *к л и н и к а д а ғ ы* жұмыс жағдайын қысқаша айтып берді («Қаз. әдеб.»). Кеше мен көмекей туберкулезінен емдеп жазғанда, *к л и н и к а* керек еді (З.Шашкин, Доктор.). *К л и н и к а*

белгілі бір бағытта жұмыс істейтін ғылыми-зерттеу институты жанынан ашылады (ҚҰЭ). **2.** *Аурудың өту кезеңі.* ≈Аурудың *клиникасын* емдеу.

КЛИНИКАЛЫҚ с ы н. *Клиникаға тән, клиникаға қатысты.* Өз пікірін дәлелдеу үшін *клиникалық* сынаудың қорытындысын келтірді (Е.Оразақов, Дәрігер.). Аурудың *клиникалық* ерекшеліктерін, патологиялық анатомиясын, таралу жолдарын анықтау жолында зор көлемді жұмыстар атқарылды (О.Сыбанбаев, Мал қаны.).

Клиникалық аурухана. м е д. *Емдеумен қатар педагогикалық дәріс беру, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізетін орын ретінде де пайдаланатын аурухана.* Егер аурухана педагогикалық дәріс беру орны мақсатында және ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізетін орын ретінде пайдаланылса, онда оған *клиникалық аурухана* деген мәртебе беріледі (ҚҰЭ).

Клиникалық өлім. м е д. *Адамның жүрек соғысы тоқтап, миы жансызданған күйі.* Жүрек соғуының тоқтағанынан бастап, мидың жансыздануына дейінгі адам халін *клиникалық өлім* дейді (А.Дайыров, Хирург.).

Клиникалық психология. м е д. *Медициналық психологияның аурулардың пайда болуы мен барысының психикалық факторларын, аурулардың тұлғаға ықпалын, емдік, шипалық ықпал-әсердің психологиялық аспектілерін зерттейтін саласы. Клиникалық психологияның* мақсаты мен міндеттері психиатриялық, неврологиялық, соматикалық клиниканың практикалық қажетсінулерімен анықталады (Қаз. тілі термин. Педагогика). *Клиникалық психология* патопсихология, нейропсихология, соматопсихология тарауларын қамтиды (Қаз. тілі термин. Педагогика).

КЛИНКЕР [нем. Klinker] з а т. **1.** *Құрылыста тас орнына пайдалану үшін шамадан тыс күйдірілген қоңыр немесе күңгірт қызыл түсті тастай қатты кірпіш. Клинкер* кәдімгі күйдірілген қызыл кірпіштен анағұрлым берік, күнге, суға, желге төзімді (ҚҰЭ). *Клинкерді* жолға, көшеге, еденге төсеуге, кейде үй іргесін қалауға да пайдаланады (ҚҰЭ). **2.** к е н. *Мырыш, қорғасын, қалайы рудаларын, олардың концентраттарын қорытудың қалдығы.* Қорғасын-мырыш өндірісінде мырыш қалдықтарын немесе қатты қождарды (шлактарды) вальцтеу процесі кезіндегі алынған бағалы шала өнім де *клинкер* деп аталады (ҚҰЭ). *Клинкер* – металлургияда мырыш, қорғасын, қалайы кендерін, олардың концентраттарын айналмалы құбырлы пештерде қорытқаннан кейін қалатын қалдық ретінде алынатын қиын балқитын күйе жентектелген масса (Қаз. тілі термин. Кен). *Клинкер* силикат құрастырушылары магнитсіз фракцияларға шоғырланып, құрылыс материалдары өндірісінде шикізат ретінде пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Кен).

КЛИП [ағыл. clip] з а т. *Музыка, эстрадалық ән, жарнама т.б. желісіне байланысты түсірілген бейнефильм.* ≈ *Клип* түсірді.

КЛИПМЕЙКЕР [ағыл. clip maker] з а т. м у з. *Бейнеклип түсіруші маман.* «Шоу-бизнес» дегеніміз – бірінші орындаушы, одан кейін композитор, ақын, өндеуші, жазу студиясы, теледидар, жарнамалық агенттік, стилист, *клипмейкер* тағысын тағы тізіліп кете береді («Егемен Қазақстан»).

КЛИРАНС [ағыл. clearance] з а т. қ ұ қ ы қ. *Кемелердің порттқа кіруі және одан шығу тәртібіне байланысты кеден органдары белгіленген заң талаптары.* Сонымен бірге елден жүкті, багаждарды шығару және әкелу де *клиранска* сәйкес жасалынады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану).

КЛИРЕНС [ағыл. clearance] з а т. ә с к. *Жер беті деңгейінен танк, бронетранспорттер, автомобиль, артиллериялық қару және т.б. құрылысындағы (қозғағыш элементтерін есептегенде) ең төменгі нүктесіне дейінгі қашықтық.* Жол саңылауы 1,5, 5 және 8-12 тонна жүк көтеретін автомобильдер үшін ең төмен *клиренс* 200, 260 және 270 мм етіп белгіленген (Қаз. тілі термин. Әскери). *Клиренстің* үлкен болуынан ұрыс және көлік машиналарын жолсызбен (батпақты жер, күртік қарлар, ағаш түбірлері және т.б.) өткіштігі артады (Қаз. тілі термин. Әскери).

КЛИРИНГ [ағыл. clearing] з а т. э к о н. *Тараптардың өзара талаптар мен міндеттемелерді есепке алуына негізделген қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесі.* Ол банк және валюта *клирингі* болып екіге бөлінеді. Банк *клирингінің* ерекшелігі сол, мұнда банктер бір-бірімен төлемдер сомасы мен келіп түскен ақша сомасы арасындағы айырма көлемінде есептесіп отырады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика). Ал валюта *клирингі* бірнеше елдің арасындағы сыртқы сауда немесе басқа да экономикалық байланыстар кезінде туатын халықаралық қолма-қол ақшасыз есеп жасауды реттеп отырады (Орыс.-қаз.түсінд. сөздік. Экономика). Қазіргі кезеңде халықаралық *клиринг* ең алдымен ұлттық валюталары айырбасталмайтын, СКВ (ЕАВ)

мен алтын қоры шектеулі елдерде қолданылады (ҚҰЭ).

КЛИРИНГТІК с ы н. э к о н. *Клирингке тән, клирингке қатысты. К л и р и н г т і к* палата (есептеу палатасы) – чекпен немесе басқадай төлем құжаттары мен өзара талап ету тәртібінде ақшасыз арнаулы банкаралық мекемелер арасында есеп ажырасу; тауар және фондық биржа мүшелерінің өзара есеп жүргізу механизмі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика).

КЛИСТРОН [грек. klyzo – соғу, толқынның ұруы, (элек) трон] з а т. ф и з. *Электродтардың және оған қоса тербелткіш контурдың қызметін атқаратын ерекше конструкциялы сезімтал электрон лампы. К л и с т р о н* радиолокация қондырғыларында электр тербелістерін тудыру және күшейту үшін пайдаланылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КЛИШЕ [франц. cliche] з а т. **1.** п о л и г р. *Иллюстрацияларды (суреттерді, фотосуреттерді және т.б.) полиграфиялық әдіспен, қағаз бетіне түсіру әдісі, шығыңқы баспа формасы. К л и ш е* – металдан жасалған фотография, сурет, чертеж немесе баспаға лайықталған материалдар (линолеум, пластмасса, ағаш) (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика). *К л и ш е* қолдан, фотомеханикалық немесе электромеханикалық әдіспен жасалуы мүмкін (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика). *К л и ш е* көбінесе мырыш пен жезден фотохимиялық немесе электрмеханикалық әдіспен дайындалады (ҚҰЭ). **2.** л и н г в. *Коммуникативтік жағдаятқа сай, дайын, тұрақты қалыптасқан, қысқарып қолданылған сөздер мен сөз тіркестері.* Ресми іскағаздар тілінде *к л и ш е* жиі қолданылады («Тілтаным»).

КЛОН [грек. klon] з а т. **1.** б и о л. *Вегетативті жолмен көбею нәтижесінде пайда болған, генетикалық табиғаты шығу тегімен бірдей жаңа ұрпақ* (Қаз. тілі термин. Биология). **2.** и н ф. *Пайдаланушы деңгейі бойынша басқа (қымбат) компьютерлерден ешқандай айырмашылығы жоқ компьютер, аналогы мен құрылымдық түрде үйлесетін дербес компьютердің көшірмесі* (Қаз. тілі термин. Информатика).

КЛОНДА= е т. б и о л. *Ағзаларды жыныссыз жолмен көбейту арқылы сол ағзаларға ұқсас ұрпақтар алу.* Сонан соң химерлі векторлар популяциясын түзу мақсатында фрагменттерді *к л о н д а й т ы н* векторға орналастырады (ҚҰЭ).

КЛОНДАЛ= е т. б и о л. *Ағзаларды жыныссыз жолмен көбейту арқылы сол ағзаларға ұқсас ұрпақтардың алынуы.* Құрамында *к л о н д а л а т ы н* ДНҚ фрагменттері бар вектор бактерияның клеткаларын кальций иондарымен өңдегеннен кейін ғана ішіне ене алады (ҚҰЭ). ДНҚ тізбегі негізінен бактерияларда *к л о н д а л а д ы* (ҚҰЭ). Бірақ *к л о н д а л а т ы н* клетка даму сатысының барлық кезеңдерінен өтуі керек, міне, сол кезде клеткаға сыртқы ортаның қалай әсер ететіні әлі толық анықталған жоқ (ҚҰЭ).

КЛОНДАН= е т. б и о л. *Жыныссыз жолмен көбейту арқылы ағзалардан өзіне ұқсас ұрпақтар алынуы.* Мұндай *к л о н д а н ғ а н* фрагменттер жиынтығын геном кітапханасы немесе гендер банкі деп атайды (ҚҰЭ).

КЛОНДАУ б и о л. *Клонда етістігінің қимыл атауы.* 20 ғасырдың 60-жылдарының басында кейбір жоғары сатыдағы өсімдіктер мен жануарларды *к л о н д а у* әдістері жете зерттелді (ҚҰЭ). *К л о н д а у* арқылы өте пайдалы өсімдік сорттарын алуға және мал тұқымын асылдандыруға болады (ҚҰЭ).

КЛОНДАУШЫ з а т. б и о л. *Клондау әрекетін жүзеге асырушы.* Бөгде ДНҚ-ы геномның инертті (сапалы) көшірілуіне мүмкіндік жасайтын болғандықтан, плазмиданы немесе фагты – *к л о н д а у ш ы* вектор деп те атайды (ҚҰЭ).

КЛОУН з а т. **1.** *Күлдіргіш-әртіс, күлкілі бейне (персонаж), күлкілі, әзілдік (буффонадалық) рөлдерді орындайтын цирк әртісі.* Циктегі *к л о у н д а р* ғана аттың басын кез келген жерінен іздейді (С.Сейфуллин, Шығ.). *К л о у н* көбінесе бүкіл бағдарламаны демеп, ұластыру мақсатын атқарады (ҚҰЭ). **2.** *Цирктегі күлкілі бейне жасау өнері, цирк жанры.* Цирктегі қиын жанрлардың бірі – *к л о у н* өнері («Лен. жас»).

КЛОУНДАЙ с ы н. *Клоун сияқты, клоун тәрізді.* Ол цирктегі *к л о у н д а й,* мен бұлқынған сайын, құлап кетер дей ме? Құшақтай түседі (Тұлпар).

КЛОУНША ү с т. *Клоун сияқты, клоунға ұқсап.* Цирктегі *к л о у н д а р ш а* ішін басып алып, үзіліп бара жатқан адамдай шиқылдады да қалды (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

КЛУБ з а т. **1.** *Ауылдық жерлерде мәдени-ағарту іс-шараларын жүргізетін, олардың мәдени деңгейін көтеретін, шығармашылық іс-әрекетін дамытатын мәдени-ағарту орны, мекеме, ғимарат. К л у б* мекемелеріне студенттік клуб, мектеп клубы, ауылдық, аудандық, қалалық клубтар жатады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Қуат — жас жігіт, совхозда *к л у б* үйінің меңгерушісі болып істейтін еді (З.Шүкіров, Қиын түйін). *К л у б* залы, шынында, алғаш қараған көзге алжа-алжа (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Алып-ұшқан қыз қиялы, сірә, тыным

тапқан ба? Бірде колхоз *клубында* диспут болып жатқанда: Алматыдан өкіл келді, желке шашы бір қарыс Аты – Оралхан, мамандығы – жазушы әлде журналист (М. Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Идеялас, мүдделес, әрекеті бір адамдардан құралған, демалу, қарым-қатынас жасау, үшін жиналатын қоғамдық үйым.* ≈ *Шахмат* клубы.

КЛУМБА з а т. *Бау-бақша, парктерде, көшелерде гүл егілген жер.* Алдымен мектептің төңірегін тазаладық. Участокта *клумбалар* жасадық та, негізгі жұмысымызға кірістік («Қазақст. мұғ.»). Гүлшешек атқан *клумбаларының* қасына келіп тоқтадық («Қазақст. мұғ.»). Мектеп территориясы бірнеше *клумбаларға* бөлініп, гүлмен өрнектелген («Қазақст. мұғ.»).

КНИДОЦИЛЬ з а т. б и о л. *Ішекқуыстылардың атқыш жасушаларының сезімтал талшығы (жіпшесі).* (Қаз. тілі термин. Биология).

КНОПКА з а т. **1.** *Қағазды, матаны қатты бір затқа бекітіп, іліп қою үшін пайдаланатын басы жалпақ кішкене шеге.* Қағазды чертеж тақтасына сол қолмен басып тұрып, екінші *кнопкамен* оның оң жақ төменгі бұрышын, содан кейін қалған бұрыштарын бекіту керек (Сызу). **2.** ф и з. *Электр сымдарындағы токты тоқтату үшін қолданылатын жылжымалы түймеше, тетік.* Бұл *кнопканы* басса, затвор босайды (Б.Тілекметов, Фотосурет). Ол байсалды жүріп келіп, сырттағы *кнопканы* басты (Т.Қойшыманов, Тынымсыз.). Оператордың *кнопканы* басып қалуы мүң екен, міне, карусель де айналып берді (Қ.Ұябаев, Қырда.).

КНЯЖНА з а т. *Княздің күйеуге шықпаған қызы.* Ол менің ойыма ғана емес, көз алдыма да келді... *княжна* Мэри... (Ғ.Мүсірепов, Достық.).

КНЯЗЬ з а т. т а р. **1.** *Бұрынғы Русьтағы әскер басшысы, феодалдық Русьта болған облыс билеушісі.* 1480 жылы өз еркін өзі алған, орыс елін билеген орыс *князьдерінің* содан кейін таққа таласып, жауласып шабысқан хандардың бір жағына көмек беріп жүреді (С.Сейфуллин, Шығ.). *Князь* Юсуповтың жерінде небәрі үш деревня болды. Мұнымен қатар балық аулау кәсібімен айналысқан жеті ватага болды (ҚазССР тарихы). **2.** *Князь ұрпақтарына берілген атақ.* Русьте, Литвада мемлекет билеушісі ұлы *князь*, қалғандары аймақтық *князьдер* деп аталды (ҚҰЭ). *Князь* атағы 1917 ж. 10 (23) қарашада Кеңес үкіметі декретімен жойылды (ҚҰЭ).

КНЯЗЬДІК з а т. т а р. *Князь билеген, қожалық еткен мемлекеттік бірлестіктер мен аймақтар.* Бұл өлке... моңғолдар *княздігіне* қарайды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Мустанг өлкесі — кішкентай ғана *князьдік* (Ғалам ғажап.). 1879-1908 жылдары Болгария да *князьдік* аталды (ҚҰЭ).

КОАГУЛЯНТ з а т. **1.** ф и з. *Ішінде майда жүзгін бөлшектері бар сұйықтыққа қосқан кезде бөлшектердің бір-бірімен ілінісу процесін тудыратын заттар. Коагулянт* – коллоидты түйіршіктердің электрлік қасиетін өзгертетін заттар (Қаз. тілі термин. Кен). *Коагулянттардың* иондарының валенттілігі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым күшті әрекеттеседі (Қаз. тілі термин. Кен). **2.** м е д. *Қанның ұюын арттыратын заттар* (ҚҰЭ).

КОАГУЛЯЦИЯ [лат. coagulatio – қоюлану] з а т. ф и з. *Дисперсті, әсіресе коллоидты жүйелер бөлшектерінің араласу, қозғалу кезінде бір-бірімен бірігіп іріленуі. Коагуляция* – табиғатта, техникада жиі кездесетін дисперстік жүйеде кеңінен таралған құбылыс (ҚҰЭ). *Коагуляция* табиғи және ақаба суларды тазартуда, өндірістік қалдықтардан құнды заттарды, латекстен каучукты бөліп алуда кеңінен қолданылады (ҚҰЭ). *Коагуляция* ерітінді ішіндегі ұнтақтың электрлік қасиеттерінің өзгеруі нәтижесінде бірігіп іріленуі (Қаз. тілі термин. Кен). *Коагуляция* – жоғары молекулалы заттардың коллоидты ерітінді жағдайынан гельдерге айналуы (Қаз. тілі термин. Геология).

КОАЛА з а т. з о о л. *Шығыс Аустралияның орман дарын мекендейтін қалталы аю.* ≈ *Коала* мекені.

КОАЛИЦИЯ [лат. coalitio] з а т. қоғ.-саяси. **1.** *Екі немесе бірнеше мемлекеттің басқа бір мемлекетке немесе мемлекеттер тобына бірлесіп қарсы шығуы үшін жасалған саяси, одағы, бірлескен қызметі. Коалиция* – партиялардың немесе мемлекеттердің ортақ мақсатқа жету жолындағы бірлестігі, одағы (Саяси сөздік.). Гитлершіл басқыншылардың шығынының 73 проценті совет-герман майданында болды. Фашистік *коалицияның* негізгі күші – 607 дивизиясы осы майданда жойылды (Қ.Аманжолов, Қасиетті борыш). **2.** *Екі не бірнеше саяси партиялар арасындағы өзара келісім.* Соғыстың барысында қуатты антигитлерлік *коалиция* қалыптасты («Соц. Қаз.»).

КОАЛИЦИЯЛЫҚ с ы н. қоғ.-саяси. *Коалицияға тән, коалицияға қатысты. Коалициялық* келісім негізінен партиялардың

парламентке көпшілік дауыс алуы мақсатында, яки осы партиялар өкілдерінен *коалициялық* үкімет құру үшін жасалады (ҚҰЭ).

Коалициялық қарулы күштер. ә с к. *Коалициялық соғысты жүргізу немесе бейбіт уақытта басқа құралдармен каолиция мақсатына қол жеткізу үшін бір басшылық қол астына біріктірілген екі немесе одан көп мемлекеттің қарулы күштері.* Әдетте, *коалициялық қарулы күштеріне* ұлттық қарулы күштердің бөліктері кіреді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Коалициялық соғыс. ә с к. *Бір мемлекеттер коалициясының екінші коалицияға немесе елге қарсы жүргізілетін соғысы. Коалициялық соғыста* әрбір мемлекет каолицияның жалпы мақсаттарымен қатар өзінің жеке мақсаттарына қол жеткізуге тырысады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Коалициялық соғысқа* жекелеген мемлекеттердің қатысуының нақты сипаты мен түрі олардың саяси мақсаттарына, мүдделеріне, әскери-экономикалық мүмкіндіктеріне, географиялық орналасуына және басқа шарттарға байланысты (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КОБАЛЬТ [нем. Kobold] з а т. х и м. *Темірден қаттырақ, топырақта аз мөлшерде (CO<n.10$^{-3\%}$) кездесетін физикалық және биохимиялық рөлі өте зор, күміс түстес микроэлемент.* Қазақстанның таулы және тау бөктеріндегі өсімдіктері мен топырағында *кобальт* пен йод жетіспейтіндігі байқалады (Мал азығын. өндеу). Топырағында *кобальт* элементі жоқ жерлерде қой, әсіресе жас қозы қираң ауруына ұшырайды (С.Омаров, Қой. бағу.). *Кобальт* тотығы қоңырқай жасыл түс береді (Н.Нұрахметов, Синтетика.). Өсімдікке *кобальт* жетіспесе, өнім төмендеп, оның сапасы нашарлайды. Жылжымалы *кобальт* қара және қара қоңыр топырақтың 1 кг-да 2,5... 5 мг-ға дейін, яғни жеткілікті мөлшерде болады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану).

Кобальт кентастары. к е н. *Құрамында экономикалық тұрғыдан тиімді мөлшерде кобальты бар, өндірістік игеруге жарамды табиғи минералдық шикізат. Кобальт кентастары* минералдық және химиялық құрамына қарай күшәлалы (мышъякты), күкіртті және тотыққан деп үшке бөлінеді (ҚҰЭ). Тотыққан *кобальт кентастары* да кешенді кентастар қатарына жатады (ҚҰЭ).

КОБАЛЬТИН з а т. х и м. *Сульфидтер класына жататын минерал. Кобальтин* жоғарғы температуралы жапсар метасоматоздық кендерде, кварцты желілерде, сазды тақтатастарда кездеседі, кобальттың кені (Қаз. тілі термин. Геология).

КОБАЛЬТТЫ с ы н. х и м. *Кобальт қосылған, кобальты бар. Кобальтты* қорытпалар – кобальттың басқа металдар қосылған қорытпалары (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану). Кобальтқа әдетте никель вольфрам, хром, молибден қосады. *Кобальтты* қорытпалар отқа төзімді және берік болады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану).

КОБАНАТ з а т. ә с к. *Қарулы қақтығысқа түскен тараптардың қарулы күштері құрамына кіретін және әскери әрекеттерге тікелей қатысуға құқылы тұлға.*

КОБЗАРЬ з а т. у к р. *Кобза мен бондураның сүйемелдеуімен дума және тарихи әндерді орындайтын украин халық әншісі.* Ұлы *кобзарьдың* музейімен Украин ССР-інің Мәдениет министрлігі үнемі байланыс жасап отырады («Мәдениет және тұрмыс»). *Кобзарь* казактарды ерлік жорықтарында сүйемелдеп отырған, олардың ерліктерін мадақтап, рух беріп отырған; қоғамдық өмірге белсенді түрде араласып отырған (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет). *Кобзарь* – Украинаның халық жыршысы, ел қыдырып, жыр, толғауларды қобзы атты музыкалық аспаптың сүйемелімен айтатын ақын (Ө.Күмісбаев, Тіршілік.).

КОБРА [португ. cobra] з а т. з о о л. *Ыстық жақты мекендейтін, басының артқы жағында теңбілі бар, аспидтер тұқымдасына жататын өте улы жылан. Кобра* деп аталатын жылан біздің Түркменияның, Тәжікстанның және Өзбекстанның оңтүстігінде де кездеседі (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Ташкент ғылыми-зерттеу институты... *кобра* жыланының уына қарсы дәрі жасауда (Естімеген елде көп). *Кобралар* қосмекенділермен, бауырымен жорғалушылармен, соның ішінде ұсақ жыландармен, сүтқоректілермен және құстармен қоректенеді (ҚҰЭ).

Көзілдірікті кобра. з о о л. *Мойнының желке жағында көзілдірікке ұқсас ашық түсті суреті бар, ұзындығы 160-180 см өте улы жылан. Көзілдірікті кобраның* уы бірден асқазан арқылы көздің шырышты қабығын зақымдайды (ҚҰЭ).

Патша кобрасы. з о о л. *Ұзындығы 5,5см-дей, өте ірі әрі улы жылан. Патша кобрасы* Үндістанның джунглиінде, Бирма, Үндіқытайда, сондай-ақ Малая топаралында кездеседі (ҚҰЭ). Кобралардың ішіндегі ең ірісі – *патша кобрасы* (ҚҰЭ).

КОБОЛ [ағыл. cobol] з а т. и н ф. *Экономикалық және коммерциялық мәселелерді*

шешуге бейімделген бағдарламалау тілі. К о б о л файлдарды анықтау мен өңдеудің дамыған құралдары, жабдықтар, ұқсастыру, мәліметтер мен процедуралар тауарларын бөлумен сипатталады (Қаз. тілі термин. Информатика).

КОБУРА [түр. kubur] з а т. *Тапанша, алтатар салып қою үшін былғарыдан жасалған қапшықша.* Пистолетімді *к о б у р а с ы н а* тықтым (Т.Бигелдинов, Аспан.). Оң жамбастағы *к о б у р а с ы н* ағытты (А.Сүлейменов, Бесін). Менде де дайын, оқтаулы Тұр *к о б у р а д а* пистолет. Шинель мен шлем сақтаулы, Қараймын кейде күлімдеп (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

КОВЕЛЛИН з а т. х и м. *Сульфидтер класына жататын минерал. К о в е л л и н н і ң* химиялық формуласы: CuS (ҚҰЭ). *К о в е л л и н н і ң* сингониясы – гексагондық, кристалдары табақ, агрегаттары топырақ, ұнтақ, күйе тәрізді (Қаз. тілі термин. Геология.). Түсі құлпырымды көктен қараға дейін, жылтырлығы – металдай, қаттылығы – 1,5-2, жіктілігі (0001) өте жетілген, меншікті салмағы – 4,6. *К о в е л л и н* мыс, полиметалл, қолчедан кендерінің сульфидке қайталама молаюы белдемінде тараған, мыс кені (Қаз. тілі термин. Геология.).

КОВЕРКОТ [ағыл. covertcoat] з а т. *Жүннен тығыз тоқылған асыл матаның бір түрі. К о в е р к о т* костюм көп киіс береді (Ауызекі).

КОВЕРНОТ [ағыл. covernote] з а т. э к о н. *Тәуекелге бой ұрған сақтанушылардың ұйғарымы мен сақтандырушының сақтандыру жөнінде келісім-шарт жасасқанын дәлелдеу мақсатында брокер беретін анықтама. К о в е р н о т т ы ң* ұйғарымы брокерді сақтық қоғамы полисін сақтандырушыға тапсыру міндетінен босата алмайды (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика).

КОГЕЗИЯ [лат. cohaesus] з а т. ф и з. *Белгілі бір қатты немесе сұйық заттың бөлшектері арасындағы бір-бірімен ілігісу (жабысу) қасиеті. К о г е з и я н ы ң* арқасында бұл бөлшектер біртұтас зат болып бірігеді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). *К о г е з и я* – сол бір ғана қатты дененің не сұйықтықтың бөлшектері арасындағы бұл бөлшектердің бір дене болып бірігуіне жеткізетін тартылыс (Қаз. тілі термин. Кен). *К о г е з и я* себептері – молекулааралық байланыс, сутектік байланыс немесе химиялық байланыс күштері. *К о г е з и я* күштері қатты денелерде неғұрлым зор (Қаз. тілі термин. Кен).

КОГЕРЕНТТІ с ы н. ф и з. *Бір-бірімен қосылған бірнеше тербелмелі не толқынды процестердің уақыт пен кеңістік бойынша үйлесімділігі. К о г е р е н т т і* толқындар қосылған кезде бір-бірін күшейтеді (ҚҰЭ). Бірдей жиіліктегі екі гармониялық (синусоидалық) тербеліс әрқашан *к о г е р е н т т і* болады (ҚҰЭ).

Когерентті тербелістер. ф и з. *Уақыт бойынша тұрақты фаза айырымымен және бірдей жиілікпен өтетін екі немесе одан да көп гармониялық тербелістер.* Егер тербеліс фазаларының айырмасы уақыт бойынша тұрақты әрі ол қосынды тербелістің амплитудасын анықтайтын болса, онда мұндай тербелістер *к о г е р е н т т і т е р б е л і с т е р* деп аталады (ҚҰЭ).

Толқындардың когерентті көздері. ф и з. *Уақыт бойынша тұрақты фаза айырымымен және бірдей жиілікпен тербелетін толқындар көзі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОГЕРЕНТТІК [лат. cohaerentia] з а т. ф и з. *Бір-бірімен қосылған бірнеше тербелмелі не толқынды процестердің уақыт пен кеңістікте үйлесімділігі. К о г е р е н т т і к* электрмагниттік толқындарда да байқалады (ҚҰЭ).

Когеренттік сәулелену. ф и з. *Тербелісінде уақытта тәуелсіз тұрақты фаза айырымы болатын электрмагниттік сәулелену* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОГЕРЕНТТІЛІК з а т. ф и з. *Қосылған кезде пайда болған бірнеше тербелмелі немесе толқындық процестердің кеңістікте және уақыт бойынша үйлесімді өтуі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОГЕРЕНЦИЯ: когеренция теориясы. ф и л о с. *Шликке қарсы о: Нейрат және Карнап дискуссиясы процесінде дамыған непозитивтік ақиқат теориясы.* Егер Шлик өзінің ақиқат туралы идеалистік түсінігіне «реалистік» бояу берсе, оның қарсыластары *к о г е р е н ц и я т е о р и я с ы н* енгізумен нақты ашық субъективті позицияға көшті (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КОГНИТИВТІК [лат. cognitio] с ы н. *Танымдық, санаға қатысты.* ≈ *К о г н и т и в т і к* бағыт.

Когнитивтік диссонанс теориясы. п с и х. *Адамның мінез-құлқына когнитивтік элементтер (сенімдер, пікірлер, құндылықтар, ниеттер және т.б.) жүйесінің ықпалын түсіндіретін батыс әлеуметтік психологиясы тұжырымдамаларының бірі. К о г н и т и в т і к д и с с о н а н с т е о р и я с ы н ы ң* бастау қағидасы: диссонанс деген субъектіде бір объект туралы бір мезгілде қарама-қайшы

екі психологиялық «білімдер» (пікірлер, ұғымдар) болатындай жағдаятта пайда болатын жағымсыз ынталандырушы күй (Қаз. тілі термин. Педагогика). Бүкіл когнитивистік бағдарға тән *когнитивтік диссонанс теориясының* басты кемшілігі – зерттеулердің субъектіге, оның сана әлеміне шоғырлануы, субъект қамтылған және оның қоршаған болмыспен негіз болатын заттық іс-әрекетті жете бағаламаушылық (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Когнитивтік карта. ф и л о с. *Айналаны қоршаған кеңістіктің таныс бейнесі. Когнитивтік карта* субъектінің өзін қоршаған дүниемен белсенді өзара әрекеттесуі нәтижесінде жасалады және өзгеріп отырады. Мұндайда *когнитивтік карта* ортақтығы, «ауқымы» және ұйымдасуы әртүрлі деңгейде болып қалыптасуы мүмкін. Мыс., кеңістіктік қатынастардың алға тартылуының толықтығына және есеп нүктесі болуына орай шолу карта немесе жол карта қалыптасады (Қаз. тілі термин. Педагогика). *Когнитивтік картаны* зерттеу үшін қазіргі кезде қарапайым нобай суреттерден бастап, картадағы нүктелердің арақашықтығын метрмен немесе реттілікпен бағалаудың нәтижесінде бейненің құрылымын қалпына келтіруге септігін тигізетін көпөлшемді шкалалауға дейін пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Когнитивтік күрделілік. п с и х. *Адамның танымдық (когнитивтік) саласының психологиялық сипаттамасы. Когнитивтік күрделілік* индивидтің санасының категориялық мүшелену (дифференциялану) дәрежесін бейнелейді, мұның өзі болмыс туралы әсерлерді таңдамалы сұрыптауға септеседі (Қаз. тілі термин. Педагогика). *Когнитивтік күрделілік* субъект қайсыбір мазмұндық саладағы объектілерді дифференциациялау кезінде ұғынып не ұғынбай пайдаланатын таптастыру негіздерінің санымен анықталады. Адамның санасы біртекті емес және әртүрлі мазмұндық салаларда әртүрлі *когнитивтік күрделілікпен* сипатталуы мүмкін (мыс., спорт саласында жоғары және тұлғааралық қабылдау саласында төмен когнитивтік күрделілік) (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Когнитивтік психология. п с и х. *Қазіргі психологияның жетекші бағыттарының бірі. Когнитивтік психология* XX ғасырдың 50-жылдарының аяғында АҚШ-та үстемдік етіп тұрған бихевиоризмге тән психикалық процестердің ішкі ұйымдастырылуы рөлінің теріске шығарылуына реакция ретінде қалыптасты (Қаз. тілі термин. Педагогика). Әуел баста *когнитивтік психологияның* басты міндеті – сенсорлық ақпараттың стимулдың рецепторлық бетке түскен сәтінн жауап алынғанға дейінгі өзгерулерден зерттеу болды. Осындай неғұрлым кең тұрғыдағы *когнитивтік психология* бихевиоризм мен психоанализм интеллектуалистік немесе менталистік позициялардан сынайтын барлық бағыттарды қамтиды (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Когнитивтік сәйкестілік теориясы. п с и х. *Адамның өзін ұстауындағы қисындылық пен қисынсыздықтың арақатынасын түсіндіріп беруді мақсат ететін когнитивтік бағыт аясында жасалған теориялардың бірі. Когнитивтік сәйкестілік теориясының* басты идеясы адамның когнитивтік құрылымы теңдестірімде, үйлесімде болуы керек; егер олай болмаса, дереу бұл күйді өзгерту, когнитивтік жүйенің ішкі үйлесімін қалпына келтіру тенденциясы пайда болады деп есептелетінінде(Қаз. тілі термин. Педагогика). Бұл идея түрлі *когнитивтік сәйкестілік теорияларында* түрліше берілген. Ресей психологтары бұл теорияның әдіснамалық кемшіліктері бар деп есептейді. Солай болса да, жинақталған бай тәжірибелік материал философиялық - әдіснамалық тұрғыда қайта ой тезінен өткізілуде (Қаз. тілі термин. Педагогика).

КОГОРТА [лат. cohors] з а т. т а р. *Рим армиясының бес жүз адамнан құралған тобы.* Осындай он *когорта* бір легион делінеді (Қаз. тілі термин.Әскери). *Когорта* манипулға бөлінген, ол – армиядағы рота аты (Қаз. тілі термин.Әскери).

КОД [франц. code] з а т. *Көбінесе телеграф арқылы дипломатиялық, коммерциялық, әскери және тағы басқа әртүрлі хабарларды беру үшін қолданылатын, қысқарған шартты белгілер мен атаулардың жиынтығы.* Машиналар белгілі ережелерге сәйкес текстті бір тілден екінші тілге аударады, айтылып тұрған сөзді машина тіліне, яғни *кодқа* айналдырады (Қ.Жарықбаев, Психология). Шартты белгілер жиынтығы *код* немесе шифр деп аталады. Морзе азбукасы да *код* болып есептеледі (Жалпы биология). *Кодтың* көмегімен қандай түрдегі болсын информацияны алысқа беруге немесе оны механикаландырылған, автоматтандырылған әдіспен өңдеуге ыңғайлы формаға келтіруге болады. *Код* таңбаларын жазуға көбінесе цифрлар немесе плюс (+), минус (-), нүкте (.) белгілері және т.б. қолданылады. *Код* есептеу

техникасында, телемеханикада, телеграфта пайдаланылады (ҚҰЭ). *К о д* әскерлерді (күштерді) ұрыстарда, операцияларда басқаруды ұйымдастыратын штабтарда дайындалатын, қатаң шектелген тар шеңбердегі тұлғаларға жеткізіледі. *К о д* белгілі бір уақытта енгізіледі (Қаз. тілі термин.Әскери). *К о д т ы* дер кезінде ауыстырмау құпия мәліметтердің жайылып кетуіне әкеп соқтырады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КОДА з а т. **1.** м у з. *Музыкалық шығарманың қосымша қорытынды бөлімі. К о д а* музыкалық шығарманың басты әуезін бекіте түседі, туындының өн бойындағы музыкалық дамуды жинақтайды (ҚҰЭ). **2.** ә д е б. *Қалыптасқан түрдегі поэзиялық шығарманың негізгі жобаланған құрылымының артық қосылған қосымша өлең, сондай-ақ туындының негізгі бөлігінен үйқастардың орнысуымен, жол санымен, басқа да белгілерімен ерекшеленетін күрделі шумақтың қорытынды бөлігі* (ҚҰЭ).

КОДЕИН з а т. м е д. *Наркоздық және ауру басатын, көбінесе жөтелді басу үшін қолданылатын дәрі. К о д е и н* – морфийден алынатын препарат. Жөтелді басатын дәрі ретінде қолданылады (Ғ.Қыдырниязов, Шопан.). Құрғақ жөтелді басуға *к о д е и н,* дионин және т. б. дәрілерді қабылдауға (дәрігердің рұқсатымен) болады (М.Исамбаев, Мед. анықтама). Бехтерев микстурасының құрамында адонс, бромды натрий, *к о д е и н* бар (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

КОДЕКС [лат. codex] з а т. ф и л о с. *Бір жүйеге келтірілген, заңды тұрғыдан да, логикалық тұрғыдан да тұтас, іштей үйлесімді болып келетін, тікелей қолданылатын, белгілі бір қоғамдық қатынастарды реттейтін заң актісі. К о д е к с* — бір белгілі жүйе бойынша тізілген правоның тиісті саласы жөніндегі заңдардың жинағы (Саяси сөздік). Ауыздарыңды толтырып, заң деген сөздің орнына *к о д е к с* деп айтып жүргендерің сыйымды ма екен? (С.Дөнентаев, Шығ.). Еңбек етпеген адам ішіп-жемейді. Бұл моральдық *к о д е к с т е* жазылған («Лен. жас»).

КОДИФИКАЦИЯ [лат. codificatio]. з а т. **1.** з а ң. *Құқықтың жеке тарауларына жататын мемлекет заңдарын бірыңғай жүйеге келтіріп біріктіру. К о д и ф и к а ц и я* нәтижесінде кодекс түзіледі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия). **2.** л и н г в. ***Қалыптану*** *(белгілі бір тілдің нормасына айналған, айту, жазу нормаларына түскен тілдік бірліктердің заң, сөздіктер арқылы бекітіліп, жүйеленуі, реттелуі).* ≈ *К о д и ф и к а ц и я* құбылысы.

КОДИФИКАЦИЯЛА= е т. **1.** з а ң. *Нормативтік актілерді біріктіру арқылы логикалық тұрғыдан тұтас, мазмұны өзгертілген бірыңғай заң актісі етіп жүйелеу.* **2.** л и н г в. ***Қалыптандыру*** *(тілдің нормаға түскен айтылу, жазылу тұрпаттарын заң, ереже, сөздік арқылы бекіту, реттеу).*

КОДИФИКАЦИЯЛАУ *Кодификацияла етістігінің қимыл атауы. К о д и ф и к а ц и я л а у* – есеп-статистикалық материалдары, мәліметтерді жөнге салу, ретке келтіру (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КОДОН з а т. б и о л. *Генетикалық кодтың өлшем бірлігі. К о д о н* – белгілі бір амин қышқылын кодтайтын немесе белоктық синтездің басталуы не аяқталуы туралы белгі беретін нуклеин қышқылдарындағы көршілес үш нуклеотидтердің кездесуі (Қаз. тілі термин. Биология).

КОДТА= е т. **1.** *Құпия мәліметтерді техникалық құралдар арқылы жіберуге арналған кәдімгі ашық мәтінді шартты белгілермен (бөлек сөздер, әріптер, сандар т.б. арқылы) арнайы кесте (кодтар) көмегімен ауыстыру.* **2.** *Мәліметтерді шартты белгілер, сигналдар, жиілік, импульстер саны т.с.с. арқылы жіберу* (Қаз. тілі термин.Әскери.).

КОДТАЛ= е т. *Құпия мәліметтердің техникалық құралдар арқылы жіберуге арналған кәдімгі ашық мәтінді шартты белгілермен арнайы кесте (кодтар) көмегімен ауыстырылуы.* Кодтық кесте бойынша берілетін жауынгерлік құжаттар *к о д т а л а д ы* және байланыстың электрлік құралдары көмегімен хабарласу жүргізіледі (Қаз. тілі термин.Әскери.).

Кодталған карта. ә с к. *Әскерлерді жасырын басқарудың арнайы картасы. К о д т а л ғ а н к а р т а* жергілікті жер өңірлері мен объектілерді шартты атаулармен жазылған ұрыс қимылдары ауданының топографиялық картасы түрінде болады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КОДТАУ *Кодта етістігінің қимыл атауы. К о д т а у* – мәліметтерді басқалардан жасырын сақтау мақсатында немесе компьютерді жылдам өңдеу үшін әріптерге цифрлар тізбегі түрінде балама тіркестер тағайындау (ҚҰЭ).

КОДТЫҚ с ы н. *Кодқа тән, кодқа қатысты. К о д т ы қ* кесте – *әскерді жасырын басқару құжаты* (Қаз. тілі термин.Әскери.). *К о д т ы қ* кестені құрама штабы жеке ұрыс немесе операцияға арнап дайындайды. Аса маңызды мәліметтерді беру үшін шифрлар қолданылады (Қаз. тілі термин.Әскери.).

КОДЬЯК з а т. з о о л. *Аюдың бір түрі.* Аляскада кездесетін *к о д ь я к* деген аюдың ұзындығы – үш метр, салмағы 700 кг-нан асады (Ғалам ғажап.).

КОЖВОЛОН з а т. х и м. *Жасанды былғары.* Былтыр аяққиімнің табанына химиялық материалдың бір түрі – *к о ж в о л о н* салынып шығарылды. *К о ж в о л о н* – ерекше төзімді, нағыз былғары түстес материал («Соц. Қаз.»).

КОЗА з а т. к е н. **1.** *Шахта забойларына қажетті заттарды (ағаш, релье және басқа көлемді нәрселер) жер астындағы теміржолмен таситын вагонетка.* (Қаз. тілі термин. Кен). **2.** *Әлдеқалай вагонетка ағытылып кетсе немесе тіркеуіш арқан үзілсе, вагонетканың шпалға тіреліп қалуы үшін сақтыққа оның алдына бекітілген тіреуіш* (Қаз. тілі термин. Кен).

КОЗИНАК з а т. т а м а қ. *Қант-сірне қою шырынына күнжіт, бадам және жаңғақтар қосып қайнатылатын тәтті тағам* (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОЗЛА о р. з а т. *Арба, шананың (экипаждың) алдыңғы жағында көлік айдаушының (көшірдің) отыратын орны.* Оспан қорапты сипалап, бишік қамшыны тауып алды да, жалма-жан *к о з л а ғ а* қонжиды (С.Омаров, Дала қызы). *К о з л а д а* божы ұстаған Кенжетай бұрыла қарап: – Болдық па, Мақмұт? Ал жүрдік!— деді (Д.Әбілев, Арман.). *К о з л а д а ғ ы* көшір божыларды бар пәрменімен шалқая тартса да болар емес (М.Әуезов, Абай жолы). Қос қара ат жеккен пәуеске бос келеді. Оның *к о з л а с ы н д а* жалғыз ғана делбеші отыр (Х.Есенжанов, Тар кезең.).

КОЗЫРЬ з а т. **1.** ***Көзір*** *(карта ойынындағы көңдегі картамен түстес қолдағы қарта).* ≈ *К о з ы р ь* түсті. **2.** а у ы с. *Дауда, күресте қажетті жағдайда пайдаланылатын артықшылық.* Бірден *к о з ы р ь г а* түсем деп едім (Р.Райымқұлов, Қыз-айна).

КОЙКА з а т. *Аурухана, мейманхана, жатақхана сияқты көпшілік жатын орындағы кереует.* Оң жақ қабырғада көне *к о й к а* тұр (Ж.Еділбаев, Тергеуші.). Астыңыздағы *к о й к а н ы ң* бір аяғы сынып тұр (С.Шаймерденов, Мінез). Арқалықтың мейманханасынан маған да бір *к о й к а* тиді (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз.). Бала күлімсіреп *к о й к а д а* жатыр (С.Төлешев, Түрлі. бас.).

КОКА [исп. coca] з а т. б о т. *Жапырақтарынан кокаин алынатын тропиктік бұта* (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОКАИН [исп. cocaina] з а т. б о т. *Кокаин бұталарының жапырақтарында болатын алкалоид. К о к а и н* медицинада қолданылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *К о к а и н н ы ң* есірткілік қасиеті бар (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Кокаин бұтасы. б о т. *Кокаинмен туыстас, қалың жапырақтарынан кокаин өндірілетін Оңтүстік Америкада өсетін бұта* (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОКА-КОЛА [ағыл. coca cola] з а т. *Сергітетін алкогольсіз сусын. К о к а-к о л а* көптеген елдерде кеңінен тараған кока мен қоладан жасалады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОКАРДА [франц. cocarde] з а т. *Формалы фуражкадағы белгілі бір үлгімен металдан жасалған белгі. К о к а р д а с ы* бар қартузын Әбіш бұл уақытта қолына алған (М.Әуезов, Абай жолы). Бөріктің маңдайында алтын *к о к а р д а* (С.Мұқанов, Ботагөз).

КОКИЛЬ [франц. coquilee] з а т. к е н. *Балқыған металды құятын және қайталап пайдалана беруге болатын металл қалып. К о к и л ь д і* пайдалану құйманың өте дәл болуын қамтамасыз етеді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану).

КОКОС [исп. cocos] з а т. б о т. *Кокос алынатын пальма ағашы. К о к о с т ы ң* қабығынан әртүрлі тоқарлық бұйымдар жасалады, талшықтарынан төсеніштер тоқылады, арқан есіледі (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *К о к о с т ы ң* ұлпасынан тамақтық және техникалық кокос майы алынады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Кокос сүті. *Кокос пальмасының шырынды жемісі.* Кеспеген жаңғақтарының шырыны *к о к о с с ү т і* – шөл қандыратын сусын (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОКС [нем. Koks; coke] з а т. к е н. *Таскөмірді, шым тезекті, мұнай қалдықтарын ауа кіргізбей, 900-1100° С температурада шала жандырудың нәтижесінде алынатын металлургиялық отын. К о к с* – қатты, түсі сұр, кесек, іші кеуек, қызуы күшті, көміртекті материал. Оны қасиеттеріне қарай домналық, генераторлық, мұнайлық, электродтық коксдеп түр-түрге бөледі (Қаз. тілі термин. Кен). *К о к с* – табиғи отындарды (негізінен таскөмірді), сондай-ақ кейбір мұнай өнімдерін кокстеу арқылы алынатын қатты қалдық. Таскөмір *к о к с ы* шойын қорытуда, мұнай *к о к с ы* электродтар жасауда және т.б. қолданылады (Қаз. тілі термин. Геология.). Домна пештерінде табиғи газды пайдалану *к о к с* шығынын кемітуге мүмкіндік береді (Орган. химия).

Кокс газы. х и м. *Таскөмірді кокстегенде алынатын жанғыш газ. К о к с г а з ы н ы ң* құрамында 55-60% сутек, 20-30 % метан, 5-7% көміртек тотығы бар (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану). *К о к с г а з ы* кокс және мартен пештерін қыздыру үшін және органикалық

заттарды синтездеу мен сутек алу үшін шикізат ретінде пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Кен).

Кокс итергіш. т е х. *Кокс пешінің камерасынан кесектелген кокстi итеріп, қағып шығаратын мәшине* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану).

Кокс пеші. т е х. *Таскөмірді кокске айналдыратын технологиялық агрегат. К о к с п е ш і* кокстеу камерасынан және отын (газ) жағылатын қуыстардан тұрады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану). Практикада бірнеше (ондаған) *к о к с п е ш і* батарея етіліп біріктіріледі. Отын ретінде домна, генератор немесе кокс газы және олардың қоспалары пайдаланылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану).

Кокстың лақтыру индексі. т е х. *Кокс беріктігінің сипаттамасы. К о к с т ы л а қ т ы р у и н д е к с і* металл плитаға тастаумен және одан кейін кесектерінің ірілік класын білумен анықталады (Қаз. тілі термин. Геология.).

Кокс химиясы. т е х. *Табиғи отындарды (таскөмірді) кокстеу әдісі арқылы өңдеумен айналысатын химиялық технология саласы. К о к с х и м и я с ы* өндірісі көмірді кокстеуге дайындау (байыту, үгіту, араластыру, кептіру), көмір қоспаларын кокстеу (көмір шахтасы), шыққан өнімді өңдеу сияқты жұмыстармен айналысады (ҚҰЭ).

КОКСТЕ= е т. х и м. *Кокс (70-80%), кокс газын (15-25%) және сұйық қосымша өнім (3%-тей) алу үшін түрлі отынды 900-1100^0 С температурада ауа кіргізбей химиялық жолмен өңдеу, кокс өндіру.* ≈ Таскөмірді *к о к с т е д і.*

КОКСТЕЛ= е т. х и м. *Кокстің өндірілуі.* Таскөмір ауа жібермей 900- 1100^0 С-қа дейін қыздырылып, ал мұнай өнімдері 420-560^0 С-та 0,65 МПа қысыммен *к о к с т е л е д і* (Қаз. тілі термин. Геология.).

КОКСТЕН= е т. х и м. *Кокс өндірілу. К о к с т е н е т і н* көмір – өнеркәсіптік кокстеу жағдайында техникалық жағынан бағалы кокс алуға болатын көмір (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану).

КОКСТЕНГІШТІК з а т. т е х. *Ауа өткізбей 900^0 С-қа дейін қыздырған кезде көмір түйірлерінің беріктігі, ірілігі және физикалық-химиялық қасиеттері бойынша өнеркәсіптік талаптарға сай кесек кокс беру қабілеті* (Қаз. тілі термин. Геология.).

КОКСТЕУ *Коксте етістігінің қимыл атауы. К о к с т е у* коксхимия өнеркәсібіндегі негізгі процесс саналады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану). *К о к с т е у* – кокс алу үшін табиғи отындарды өнеркәсіптік термикалық өңдеу әдістері (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану).

КОКСТЫ с ы н. х и м. *Коксы бар, кокс қосылған. К о к с т ы* көмір – көмірленудің нақтылы дәрежесіне сәйкес келетін, яғни метафорфизмнің IV сатысы жағдайында қалыптасқан таскөмір түрі; тығыздығы 1,18-1,24г/см^3; органикалық массасының меншікті салмағы 1,28-1,29г/см^3; жылу бөлу қабілеті 8500-8700 ккал/кг; біріккіштік мөлшері 10-25 мм (Қаз. тілі термин. Геология.).

КОКТЕЙЛЬ [ағыл. cocktail] з а т. *Түрлі сусындардың салқындатылған қоспасы.* **1.** *Дәмдәуіштер, сүт, жеміс шырындары және т.б. қосылған спирттi ішімдіктер қоспасы.* Кафеде шымшымдап *к о к т е й л ь* ішіп отырған («Лен. жас»). У сатып ішпекпісің *к о к т е й л ь д е н* (Қ.Жармағанбетов, Баллада.). *К о к т е й л ь* бар екені анықталды (Ғалам ғажап.). **2.** *Жеміс-жидек, сүт, қант қосып дайындалған алкогольсіз сусын* (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОКЦИДИЯ з а т. з о о л. ***Құртамыш.*** **1.** *Тең қанаттылар отрядына жататын, жыныстық диформизмі анық байқалатын ұсақ жәндіктер. К о к ц и д и я н ы ң* дене түрқы – 1-12мм (ҚҰЭ). *К о к ц и д и я* – жеміс-жидек және басқа өсімдіктердің аса қауіпті зиянкестері (ҚҰЭ). **2.** *Споралылар класына жататын бір жасушалы жануарлар отряды. К о к ц и д и я* табиғатта кең тараған, көптеген түрі бір организмде, кейбіреуі екі организмде тіршілік етеді (ҚҰЭ). *К о к ц и д и я* жануарлар (құс, балық, мал) мен адамдарда аурулар (кокцидиоз, токсоплазмоз, саркоспоридоз т.б.) таратады (ҚҰЭ).

КОЛА [лат. cola] з а т. б о т. *Тропиктік Африкада өсетін ағаш түрі. К о л а н ы ң* кейбір түрлерінің жемістері медицинада, сондай-ақ ликер және кока-кола сусынын жасауда қолданылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОЛБА [нем. Kolba] з а т. х и м. *Химиялық лабораторияларда қолданылатын, мойыны ұзын, түбі дөңгелек немесе жайпақ шыны ыдыс.* Бұл лабораторияда қолданылатын шыны ыдыстар: конус тәрізді тегіс түпті *к о л б а л а р,* реактивтер (Агрохим. крипто.). *К о л б а д а* тығынға дейін құйылған су бар (Химия). Ол – мойын жағы тез балқығыш шыныдан жасалған *к о л б а д а* ет сорпасын қайнатқан (Жалпы биология).

КОЛБАСА з а т. ***Шұжық*** (*ішекке немесе жасанды пленканың ішіне пісіріліп, тартылып салынған ет*). Олар кепкен нанды сырты бозғыл тартқан *к о л б а с а м е н* қосып жеседі (М.Әуезов, Таңд.). Ет комбинаттарында жылқы етін түрлі сортты *к о л б а с а л а р* мен

сарделькалар даярлауға пайдаланады (Қазақст. етті молайту.). Өт қабында тасы бар адамдар жұмыртқа, бауыр, ми, *колбаса,* семіз балық, қой еті, консерві жемеуге тиіс (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

КОЛЕНКОР [франц. colencar] з а т. *Киім астарына, кітап мұқабасына жарататын мақтадан тоқыған матаның бір түрі.* Ақ *коленкор* арасында ілулі тұр (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Сырты қызыл *коленкормен* қапталған қойын кітапша сусып жерге түсті де, оның арасындағы сурет анадай жерге ұшып кетті (М.Дүйсенов, Қалыңдық).

КОЛИБАКТЕРИОЗ з а т. в е т. *Мал төлдерінің (құлынның, бұзаудың, қозының, лақтың) және құс балапандарының сепсис, энтеротоксемия, энтерит түрінде өтетін жұқпалы ауруы. Колибактериоз* ауруының қоздырушысы – ішек таяқшасының энтерозардапты серотоптары болып табылады (Қаз. тілі термин. Биология).

КОЛИБАКТЕРИОФАГ з а т. в е т. *Ішек таяқшасын ерітіп жіберетін бактериофаг. Колибактериофагтар* ішек таяқшасы қоздыратын індетті (колибактериоз, эшерихоз) емдеу үшін немесе диагноз қою үшін қолданылады (Қаз. тілі термин. Биология).

КОЛИБРИ [исп. koleos] з а т. з о о л. *Қанаты әдемі, кейбіреуінің үлкендігі арадан аспайтын, көбінесе Оңтүстік Америкада мекендейтін кішкентай торғайдың түрі.* Жер жүзіндегі ең кішкентай құс – *колибри,* оны тіпті кейде көбелекке ұқсатып қаласың. Салмағы 2 грамдай (Шопан сырласы). Ол – Австралиядағы тропикалық ормандарда өмір сүретін кәдімгі *колибри* құсы (Т.Таубаев, Жасыл әлем.). *Колибри* – ұзын қанатты құстар отрядының бір тармағы. *Колибридің* қазіргі кезде бір тұқымдасқа жататын 321 түрі Солтүстік және Оңтүстік Америка өңірінде кеңінен таралған. Денесінің ұзындығы 5,7 см-ден – 21,6 см-ге дейін, салмағы 1,5 – 20 г-дай (ҚҰЭ).

КОЛИН з а т. б о т. *Жоғары сатыдағы өсімдіктерден бөлінетін және жоғары сатыдағы өсімдіктердің басқа түрлеріне басым әсер ететін органикалық заттектер.*

КОЛИТ [грек kolon] з а т. м е д. *Тоқішектің қабынып ауруы.* Кварты... *колит,* энтерит аурулары бар адамдарға ішуге болмайды (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Гастрит, энтерит, *колит* сияқты қабыныстар болса, соңынан күлкілдеп жараға айналады, кейде зәрлі ісіктер де пайда болады («Лен. жас»). Дәрігерлер адамда *колит* немесе дизентерия ауруы болған күнде, полиптерді анықтау үшін, зерттеуді өте мұқият жүргізеді (ҚҰЭ.).

КОЛЛ [ағыл. call – талап қою] з а т. э к о н. **1.** *Опционның қолданылу мерзімі өткенге дейін кез келген уақытта уағдаласқан баға бойынша тауардағы, бағалы қағазды, фьючерлік өзара шартты сатып алу құқы.* **2.** *Биржалық сессия уақытындағы қысқа кезең. Колл* кезеңінде мәміле жасау бір позициямен (жеткізілімнің бір айымен) шектеледі, яғни неғұрлым тиімді ұйымдастыруды енгізу мақсатында әрбір позицияға баға белгіленеді (Орыс.-қаз. түсінд. е сөздік. Ғылымтану).

КОЛЛАГЕН [грек. kolla] з а т. б и о л. *Склеропгеидтер тобына жататын фибриллалы ақуыз, жануарлардың дәнекер ұлпасының коллаген талшықтарының бір бөлігі.* Өсімдіктерде *коллаген* кездеспейді (ҚҰЭ). *Коллаген* жануарларда барлық белоктың үш бөлігіндей болғандықтан, ол дәнекер ұлпасының тарамыс, сіңір, шеміршек, тері, сүйек, балық қабыршағының маңызды құрамдас бөлігі, негізгі тірегі (ҚҰЭ).

Коллаген талшықтары. б и о л. *Адам мен жануарлардың дәнекер тінінің (ұлпасының) талшығы. Коллаген талшығының* негізі коллаген белогынан тұрады (ҚҰЭ). *Коллаген талшықтарының* серпімдігі нашар, олар шеміршекте болса – хондриондық, сүйектен табылса – оссейндік талшықтар деп аталады (ҚҰЭ).

КОЛЛАГЕНДІК с ы н. б и о л. *Коллагенге тән, коллагенге қатысты. Коллагендік* аурулар – дәнекер тінінің (ұлпасының) морфологиялық өзгеруіне байланысты пайда болатын аурулар (ҚҰЭ). *Коллагендік* аурулардың жалпы белгілері ұқсас болғанымен, пайда болу себептері әртүрлі (ҚҰЭ).

КОЛЛАЖ [фран. collage] з а т. ө н е р. **1.** *Бейнелеу өнеріндегі техникалық әдіс, кубизм, футуризм суретшілерінің шығармашылық ізденісі кезінде пайда болған бейнелеу өнерінің бір тәсілі. Коллаж* формальды эксперимент ретінде кубистер, футуристер және дадаистер енгізді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика.). *Коллаж* газеттерді, журналдарды және үлкен эмоционалды өткір басылымдарды және т.б. иллюстрациялау үшін қолданылады, суреттердің, фотографиялардың және фрагменттердің «мозайкалық желімденуін» аңғартады. *Коллаж* қазіргі уақытта компьютерлерде орындалады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика.). **2.** *Шығармаға өзге композиторлардың туындыларынан тың фрагменттерді енгізу тәсілі.* XX ғасырда музыкада орын алған тәсілді, шығармаға өзге композиторлар туындыларынан стильдік

тұрғыдан бөтен фрагменттер енгізуді де *коллаж* деп атайды (ҚҰЭ). **3.** б а с п а *Полиграфиялық безендіру ісінде әртүрлі фотосуреттерді біріктіріп, қажеті мазмұндағы әсерлі сурет жасау тәсілі* (ҚҰЭ).

КОЛЛАЙДЕР з а т. ф и з. *Қарсылас токты зарядталған бөлшектердің үдеткіші* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика.).

КОЛЛАПС [лат. collapsus] з а т. **1.** м е д. *Күретамыр мен көктамырларда, қан тамырларында қан қысымының күрт төмендеуінен болатын ауру. К о л л а п с* мида орналасқан қан тамырларының қызметін бақылап, реттейтін орталық жүйке жүйесі жұмысының әлсіреуінен пайда болады (ҚҰЭ). *К о л л а п с т ы ң* ең ауыр түрі – артериялық қан қысымының күрт төмен түсіп кетуі (ҚҰЭ). **2.** ф и з. *Тартылыс күші әсерінен болатын апатты құбылыс* (ҚҰЭ).

КОЛЛЕГА [лат. collga] з а т. ***Әріптес*** *(жұмысы, мамандығы, лауазымы немесе атағы жағынан бірдей адам).* Байқаңыз, *к о л л е г а,* ұнамайсыз маған! (З.Шашкин, Доктор.). Бастас – *к о л л е г а* екенбіз (З.Шашкин, Қызыл жалау). Қымбатты *к о л л е г а,...* ғылым шыңына тіке апаратын соқпақ жоқ. Сіздің ізденуіңіз маған өте ұнады (Е.Оразақов, Дәрігер.).

КОЛЛЕГИАЛДЫҚ [лат. collegium] з а т. ***Алқалық*** *К о л л е г и а л д ы қ* – талқылауға қатысушылардың жалпы ойын есепке ала отырып, алқалардың, топ адамдардың шешімдерін басқаруда қабылдануы және талқылау формасы (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика.).

КОЛЛЕГИЯ [лат. colegium] з а т. ***Алқа*** (*әкімшілік, мәжілістік ұйымды, мекемені басқаруға ресми бекітілген адамдардың тобы*). *К о л л е г и я д а* бірауыздық бола қоймаса да, бөгесінге жол жоқтығын көрнекті әдебиетші Молдағали Жолдыбаев бірден ескертті (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). *К о л л е г и я* облыс мектептерінде факультативтік оқу өткізу ісінде әлі де болса едәуір кемшіліктер бар екенін де атап өтті («Қазақст. мұғ.»). Есімбек қалтасынан бір қағазды алып: – *К о л л е г и я н ы ң* қаулысы, – деп, секретарьға ұсынды (Е.Оразақов, Дәрігер.).

КОЛЛЕГИЯЛЫҚ с ы н. ***Алқалық.*** Бірлесіп шешу, ақылдасу – *к о л л е г и я л ы қ* іс тәртібі жақсы-ақ-ау! (З.Шашкин, Сенім). Алқаның жұмысы түгелімен бас секретарьдың басқаруына берілгендіктен, *к о л л е г и я л ы қ* басқаруды, коллективті, жауапкершілікті бұлжытпай сақтау үшін, бұл қаулының маңызы өте зор еді (Ғ.Мүсірепов, Достық.). // *Коллегияның іс-әрекеті.* Редактордың жеке жауапкершілігіне ол *к о л л е г и я л ы қ т ы* ешқашан қарсы қойған емес («Соц. Қаз.»).

КОЛЛЕДЖ [ағыл. college] з а т. *Орта кәсіптік білімі бар мамандар даярлаудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.* 1895 жылы Америкадағы *к о л л е д ж д і ң* мұғалімі Вильям Морган волейбол ойынын ойлап тапты (Ө.Жарылғапов, Волейбол.). Университеттерде, әйелдер *к о л л е д ж д е р і н д е* лекция оқығанмын («Жетісу»). Медицина *к о л л е д ж і н і ң* дипломы қолға түспей қалды (А.Мархабаев, Ғарышта.).

КОЛЛЕКТИВ [лат. collectivus] з а т. ***Ұжым*** *(ортақ мақсат, мүддемен біріккен адамдар жиынтығы, қоғамның қоғамдық топтық және жеке адами мүдделер тоғысқан шағын ұясы). К о л л е к т и в* мүшелері рангасына қарай әркім жауаптылық сана-сезіммен өзінің орнын тапты (Е.Оразақов, Дәрігер.). Училищенің мұғалімдер *к о л л е к т и в і* сөйлегеннен кейін, кезекті Мақыштың шешесі алды (М.Қосшығұлов, Шындық.). Өткен жылы завод *к о л л е к т и в і*... шөп дайындау жоспарын үш есе асыра орындады (Қ.Серікбаев, Қастек.).

КОЛЛЕКТИВИЗМ [лат. colectivus] з а т. *Ұжымшылдық, еңбек, меншік ортақтығы, коллектившілдік.* Қоғамдағы еңбек – *к о л л е к т и в и з м н і ң,* өзара көмектесу мен ынтымақтың, жоғары дәрежедегі ұйымшылдық пен тәртіптің мектебі (Қысқ. саяси. экон.). Олардың бірі – балаларды *к о л л е к т и в и з м,* жолдастық, достық сияқты қасиеттерге баулу («Қазақст. мұғ.»).

КОЛЛЕКТИВТЕН= е т. т а р. с о в е т. *Жеке шаруалардың коллективтік шаруашылыққа, колхозға бірігуі.* Ауылшаруашылығы біртіндеп *к о л л е к т и в т е н е* бастады (Қаз. тарихы).

КОЛЛЕКТИВТЕНДІР= е т. т а р. с о в е т. *Жеке шаруаларды коллективтік шаруашылыққа, колхозға біріктіру арқылы ауылшаруашылығын өзгерту, жаңа коллективтік шаруашылық орнату. К о л л е к т и в т е н д і р г е н* жағдайда бірқатар нәрселерді ескеру қажет болды (Қаз. тарихы).

КОЛЛЕКТИВТЕНДІРУ т а р. с о в е т. *Коллективтендір етістігінің қимыл атауы.* Соған қарамастан күштеп *к о л л е к т и в т е н д і р у д і ң* ащы зардабын көріп, ыңыршағы айналған, аштықтан, індеттен аман қалған қазақтар жан-жақтан ағылып келіп, бұрын-соңды араласпаған шаруаға тәуекел жасап, жаңа өмірге құлшына бастады (Д.Қонаев, Өтті дәурен.). *К о л л е к т и в т е н д і р у* тұсындағы «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұран енді басқа

қырынан жүзеге асырылды (Д.Қонаев, Өтті дәурен.). Қолыңнан келсе, *коллективтендіру* кезіндегі ауыл өмірін ал (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). «Көтерілген тың» романы ауылшаруашылығын *коллективтендіру* кезеңін көрсететін асқар белес (С.Мәуленов, Жер нәрі).

КОЛЛЕКТИВТЕНДІРІЛ= ет. тар.совет. *Жеке шаруаларды коллективтік шаруашылыққа біріктіру арқылы жаңа коллективтік шаруашылықтың орнатылуы.* 1939 жылы республика шаруаларының 99%-і *коллективтенділді* (А.Дауылбаев, Қазақст.). Коммунистік партияның басшылығымен еліміз индустрияландырылды, ауылшаруашылығы *коллективтенділді* («Қаз. әдеб.»).

КОЛЛЕКТИВТЕНУ *Коллективтен етістігінің қимыл атауы.* Әлімбек елге барып, халықтың көңіл күйін зерттеп байқап жүріп, *коллективтенуге* шақырады (А.Байтанаев, Қайнар.).

КОЛЛЕКТИВТЕС= ет. тар.совет. *Жеке шаруалардың коллективтік шаруашылыққа, колхозға бірігуі.* Жеке шаруалар *коллективтесе* бастады (Қаз. тарихы).

КОЛЛЕКТИВТЕСТІР = ет. тар. совет. *Жеке шаруаларды коллективтік шаруашылыққа, колхозға біріктіру арқылы ауылшаруашылығын өзгерту, жаңа коллективтік шаруашылық орнату.* Барлық жерлерде де ауылшаруашылығын *коллективтестіре* бастау науқаны етек алды (Қаз. тарихы).

КОЛЛЕКТИВТЕСТІРУ *Коллективтестір етістігінің қимыл атауы.* Миллиондаған жеке шаруаны *коллективтестіру* қандай сын болса, қандай тарихи кезең болса, тың да сондай (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

КОЛЛЕКТИВТЕСУ *Коллективтес етістігінің қимыл атауы. Коллективтесу* идеясы кіргенше, Гремячий лог өзінің ежелгі шаруашылық тіршілігін жасап, дәурен сүріп жүр еді (І.Омаров, Шабыт.).

КОЛЛЕКТИВТІ сын. тар.совет. *Ұжымдасқан, біріккен. Коллективті* түрде жұмыс істеу процесінде мектеп оқушыларында жолдастық және өзара көмектесу сезімі дамиды (Семья тәрбиесі).

КОЛЛЕКТИВТІК сын. тар. совет. *Ұжымдық, ұжымға тән, ұжымға қатысты.* Біз *коллективтік* шаруашылықтың үлгісін, өнегесін өз өмірімізде ең алғашқы көрсеткендердің біріміз (С.Бақбергенов, Адам.). Жазушылар одағы – қоғамдық өмір мектебі *коллективтік* жұмыс мектебі («Қаз. әдеб.»). // *Ұжымшылдық, ауызбіршілік, бірлік.* Достық және жолдастық, *коллективтік* – өзара қатынастың өзегі (Семья тәрбиесі).

Коллективтік мердігерлік әдіс. тар. совет. *Жұмысшылардың еңбек ұжымдарын ұйымдастыру және ынталандыру әдісі. Коллективтік мердігерлік әдіс* белгілі бір оперативті шаруашылықтың тәуелсіздігімен, материалды мақсаттылығымен және коллективтің шаруашылық түпкі көрсеткішіне деген жан-жақты жауапкершілігімен сипатталады («Егемен Қазақстан»).

КОЛЛЕКТИВШІЛ сын. ***Ұжымшыл*** (*коллективті жақсы көруші, коллективке ұйір*). Мектепте оқып, балалармен араласу баланың коллектившілдік сезімін оятып, *коллектившіл* дағдыны жетілдіреді (Семья тәрбиесі). Бұл шығармада... *коллектившіл* жаңа адамның қалыптасуы туралы сөз болады («Қаз. әдеб.»). Баланы дарашыл етпей, көпшіл, *коллектившіл* етіп тәрбиелеу керек («Халық мұғ.»).

КОЛЛЕКТИВШІЛДІК зат. ***Ұжымшылдық*** (*коллективті жақсы көрушілік, коллективке ұйіршілдік*). Бұрын көк аспанды, кең даланы ғана көретін балалар енді *коллектившілдікке* үйренетін болды («Қаз. әдеб.»). *Коллектившілдіктің* негізі, жеке адамның мінезі сияқты, сонау балалық кезден еңбекшіл, татутәтті семья жағдайында қалыптаса бастайды (Семья тәрбиесі).

КОЛЛЕКТОР [лат. collector] зат. **1.** физ. *Электрондық немесе иондық тоқпен әкелінген зарядтарды жинауға арналған электр вакуумдық құралдағы электрод* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). **2.** сушар. *Жер астына орналастырған жабық құбыр немесе суармалы егістіктен қашыртқы суларын жинап, басқа жаққа ағызып жіберу үшін салынатын кәріздік жүйе. Коллектор* суармалы жердің ең төменгі деңгейімен жүреді (Қаз. тілі термин. Су.). *Коллектор* ылғалы артық жердің суын жер құрғатқыш элементтері арқылы реттеп, артық суын су жүргізгіш желілермен бұрып әкету үшін, ал топырақ қабаты арқылы ылғалдандыру немесе жер суландыру кезінде суды жеткізіп, оны кіші диаметрлі құбырмен бөліп тарату үшін қолданылады (Қаз. тілі термин. Су.). **3.** *Мекеме, кәсіпорын белгілі бір тауарды жинап және оларды тиісті адрес бойынша жіберуші.* Кітапхана *коллекторы* кітапханалар бойынша кітапты бөледі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану). Кітапхана *коллекторлары* да көпшілік кітапханаларын және жеке адамдардың меншікті кітапханасын жаңа әдебиеттермен толықтыруда көп жұмыс

істеді («Соц. Қаз.»). **4.** *Белгілі бір мамандығы немесе тәжірибесі бар кісіге я болмаса мекемеге коллекция жинауға көмек көрсетуші адам.* Біраз танысқан соң, *к о л л е к т о р* болып істеуге болады (А.Машанов, Жер асты.). Бас геологтың конторында тас жинаушы — *к о л л е к т о р* болып жұмыс істейтін әдемі келген қара торы жас жігіт қолын көтерді (І.Есенберлин, Айқас).

Жер құрғатудағы коллектор. с у ш а р. *Құрғату тораптарының реттегіш бөлігінен суларды қабылдап алып, оларды құрғатылатын атыраптан сыртқа алып кететін су ағызу құбыры немесе арна* (ҚҰЭ).

Шала өткізгішті приборлардағы коллектор. ф и з. *Базадан заряд тасушылардың басым бөлігі жиналатын шала өткізгіш прибордың (биполярлы транзистор т.б.) бір бөлігі* (ҚҰЭ).

Электрмәшине коллекторы. ф и з. *Электр мәшинесінің зәкірімен (роторымен) біртұтас жасалған жиілік түрлендіргіш механикалық құрылғы* (ҚҰЭ).

КОЛЛЕКТОРЛЫ с ы н. *Коллекторы бар, коллектор орналасқан. К о л л е к т о р л ы* кәріздеу желісі – жер асты суларын жинап, оны ашық сужинағыш пен су қабылдағышқа (канал, өзен, көл) апаратын су құбыры жүйесі (Қаз. тілі термин. Су.). *К о л л е к т о р л ы* кәріздеу желісінің құрамында суды реттеуші жүйе және суды жинап жүргізуші желілер болады (Қаз. тілі термин. Су.).

КОЛЛЕКЦИОНЕР [франц. colectinneur] з а т. *Коллекция жинаушы.* Жыл сайын «Советтік *к о л л е к ц и о н е р»,* ай сайын «СССР филателиясы» журналы шығарылып отырылады («Қазақст. мұғ.»). Совет Одағында эрин-нофилистер әзірге аз, *к о л л е к ц и о н е р л е р* қоғамы есепке алғандары – бірлі-жарым ғана адамдар («Лен. жас»).

КОЛЛЕКЦИЯ [лат. collectio] з а т. ***Жиынтық*** (*ғылыми, көркемдік, тарихи және т. б. маңызы бар, біртектес заттардың, нәрселердің жиынтығы*). *К о л л е к ц и я л а р* жинауға құмар еді ғой ол (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бізде барлық ауылшаруашылық өсімдіктерінің *к о л л е к ц и я с ы* Бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы институтында жиналған (А. Алманиязов, Қазақстан қауын.). *Коллекция* жинаушылармен кездессеңіз, ойда жоқ қызық дүниелерге тап боласыз (Ғалам ғажап.).

КОЛЛЕКЦИЯЛЫ с ы н. *Коллекциясы бар.* Химия үйірмесінде приборлар мен *к о л л е к ц и я л ы* таблицалар жасауға да баулып отырдық («Қазақст. мұғ.»).

КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ с ы н. *Коллекцияға тән, коллекцияға қатысты.* Филателистерге *к о л л е к ц и я л ы қ* материалды енді «Союзпечать» беріп отыратын болды («Қазақст. мұғ.»).

КОЛЛИЗИЯ [лат. collisio] з а т. ф и л о с. *Бір-біріне қарама-қарсы күштердің, ниеттердің немесе мүдделердің қақтығысы. К о л л и з и я* – қарама-қарсы күштердің, талап пен мүдденің түйісуі (Саяси сөздік). Мұнда шиеленіскен үлкен драмалық *к о л л и з и я,* қарама-қарсылық тартыс туғызатын жағдай» композициялық орын алмайды (А.Жұбанов, Мұқан Төлебаев). *К о л л и з и я* – қарама-қарсы мүдделер мен күштердің, көзқарастардың қақтығысы (ҚҰЭ).

КОЛЛИЗИЯЛЫҚ с ы н. *Коллизияға тән, коллизияға қатысты. К о л л и з и я л ы қ* норма – халықаралық сипаты бар азаматтық, отбасылық, еңбек қарым-қатынастарына қай мемлекеттің құқығы қолданылатынын көрсететін норма (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОЛЛИМАТОР [грек. kollodes] з а т. ф и з. *Параллель сәулелердің шоғын алуға арналған оптикалық құрылғы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОЛЛОДИЙ з а т. х и м. *Спирт пен эфирдің қосындысына коллексилин қосып жасалған ерітінді. К о л л о д и й* – желім сияқты мөлдір дәрі, өзін тығынды ыдыста сақтайды (Ә.Әбішев, Мал санитары). Химиялық жолмен өңделіп, медицинада қолданатын *к о л л о д и й* шығарылады (Ө.Орынбаев, Қазақст. орман.).

КОЛЛОИД [грек. kolla – клей, eidos –түр] з а т. х и м. *Топырақ құрамындағы өте майда (жоғары дисперсті) ұнтақталған (0,0001 мм төмен) органикалық және минералды қатты заттар. К о л л о и д* – дисперсиялық фаза бөлшектерінің өлшемі 10^{-7}-10^{-9} м болатын дисперсиялық жүйе (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). *К о л л о и д* табиғатына қарай органикалық және бейорганикалық болып бөлінеді (ҚҰЭ). Қатты *к о л л о и д қ а* бағалы тастар, түрлі түсті шынылар (мыс., рубин шынысы), қорытпалар т.б. жатады (ҚҰЭ). *К о л л о и д т а р* топырақтың қатты бөлігіндегі шаң-тозаң құрамына кіреді. *К о л л о и д т а р г а* минералдар бұзылуынан және өсімдіктер қалдықтары шіруінен босаған ыдыранды заттар (гумустік заттар мен сулы темір, алюминий, марганец, кремний оксидтері) мен егіншілік балшықты минералдар (аллофан, монтмориллонит, бейделит, т.б.) кіреді (Қаз. тілі термин. Су.).

КОЛЛОИДТЫ с ы н. *Коллоиды бар, коллоид араласқан.* Автор сонымен қоса *к о л л о и д т ы* күкірттің қой организміне қолайлы әсер ететінін де байқаған (С.Сыбанбаев, Сиыр.).

КОЛЛОИДТЫҚ с ы н. *Коллоидқа тән, коллоидқа қатысты.* ≈ *К о л л о и д т ы қ* жүйе.

Коллоидтық химия. х и м. *Дисперстік жүйелер мен фазалардың бөліну беттерінде болатын беттік құбылыстарды зерттейтін ғылым саласы. К о л л о и д т ы қ х и м и я* физикалық химияның күрделі бір бөлімі болып қалыптасты (ҚҰЭ). *Коллоидтық химияның* биология, геология, медицина т.б. ғылымдар үшін маңызы зор (ҚҰЭ).

КОЛЛОКВИУМ [лат. colloguium] з а т. п е д. *Оқушылардың білімін айқындау үшін оқытушының олармен әңгімелесуі; әңгіме-емтихан.* Күнделікті семинар, *к о л л о к в и у м ғ а* бірігіп дайындаламыз («Лен. жас»). Жалпы алгебра жөніндегі бүкілодақтық сегізінші *к о л л о к в и у м д а* Киевтен келген он бес жастағы оқушы Гриша Чудновскийдің баяндамасы, шын мәнінде, жұртты дүрліктірген оқиға болды («Соц. Қаз.»). Жоғары оқу орындарында *к о л л о к в и у м*, әдетте, лабораториялық жұмыстың, оқу практикасының алдында студенттердің сол жұмыстарды орындауға қажетті теориялық білімін байқау үшін жүргізіледі. Қазіргі оқу процесінде *к о л л о к в и у м д а* электрондық оқыту машиналарды жиі пайдаланылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану).

КОЛЛОФАН з а т. х и м. *Жасырын кристалды апатит, сырттай опалға ұқсас тығыз, қабатты, колломорфты жыныс. К о л л о ф а н* агрегаттары тасберіш, сферолит, ұнтақ, бүйрек тәрізді (Қаз. тілі термин. Геология). *К о л л о ф а н н ы ң* түсі – сұрғылттау ақ, сарғыштау, қоңырқай, жылтырлығы – шынытдай, қаттылығы – 3- 4, меншікті салмағы –2,5 – 2,9. Фосфориттердің басты құрам бөлігі (Қаз. тілі термин. Геология).

КОЛЛЮВИЙ з а т. г е о л. *Беткейлерде немесе өз салмағымен ысырыла келіп, етекке шоғырланған минералды сынық материал.* Төрттік дәуірдің жиылымдарының құрамы біркелкі емес, көбінесе тау етегінде «тасты өзендер» мен «шашыранды» жиылымға айналады. *К о л л ю в и й* кейде таулық делювиймен араласады да, делювий – коллювий шоғырлар құрады (Қаз. тілі термин. Геология). *К о л л ю в и й* – тау бөктерлері мен етектерінің мүжілуі салдарынан түпкі тау жыныстар есебінен түзілген шөгінділердің гравитациялық күш әсерінен төмен домалауы нәтижесінде қалыптасқан шоғырлар; гравитациялық немесе коллювийлік түзілімдер (ҚҰЭ).

КОЛОВРАТКА з а т. б и о л. *Жұмыр құрттар типінің бір класы. К о л о в р а т к а* көбінесе тұщы суларда тіршілік етеді (ҚҰЭ). *К о л о в р а т к а* жер шарында кең тараған (ҚҰЭ).

КОЛОМЫЙКА з а т. ә д е б. *Украин фольклорының жанры, частушка сияқты қысқа өлең* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет.).

КОЛОН [лат. colonus] з а т. ә д е б. *Дыбысталатын сөздің ырғақты-интонациялық бірлігі. К о л о н* көбінесе логикалық екпінмен біріктіріліп, кідіріспен көрсетеді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет).

КОЛОНАТ [лат. colanatus] з а т. т а р. *Көне Рим империясында ұсақ өндірушілердің ірі жер иелеріне кіріптар болуының бір түрі. К о л о н а т т ы ң* шығуы құл иеленушілік өндіріс әдісінің даму нәтижесі болды. *К о л о н а т т ы ң* шығуына адам айтқысыз қатал қанауға қарсы көтерілген құлдардың күресі де үлкен ықпал жасады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану). *К о л о н а т* системасы құл иеленушілік қоғамның ыдырап, жаңа феодалдық өндіріс әдісінің қалыптасуына жол ашты (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану).

КОЛОНИЯ [лат. colonia] з а т. **1.** *Жаулап алынған елде жеңген мемлекеттің қонысы; империалистік мемлекеттің жаулап алған, езіп және қанап отырған аумағы, елі.* Ағылшында мұндай тұтасқан қуат жоқ, – деді Шоқан екпіндеп, – оның *к о л о н и я л а р ы н* теңіздер, мұхиттар бөліп жатыр (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** *Қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін жазасын өтеп жүргендерге арналған мекеме.* 1920 жылы А.С. Макаренко право бұзушы жас балалар үшін Полтава түбінде *к о л о н и я* ұйымдастырды («Қазақст. мұрғ.»). Өз ұйғаруымды сұрасаң, еңбек түзету *к о л о н и я с ы н а* тапсырғаннан басқа лаж қалған жоқ (Ш.Құсайынов, Таныс адам.). **3.** б и о л. *Ағзалардың күрделі бірлестігі.* Микроорганизмдер бір жерге топталғанда, жай көзбен көруге болады. Мұндайда оны *к о л о н и я л а р* деп атайды (Н.Шоқанов, Микроорганизм.).

КОЛОНКА з а т. **1.** *Автокөлікке сұйық жанармай беретін құрал. К о л о н к а* – автотранспортқа жанармай беретін құрал (Қаз. тілі. сөздігі). **2.** *Жер астынан суды жоғары шығарып тұратын құбыр.* «Көшелердің бәрінде де жаңа көмілген олардың ізі жатыр. Әр жерде-ақ су *к о л о н к а с ы* («Қаз. әдеб.»). Жарайды, ендеше, жуынайық. Жақын жерде *к о л о н к а* бар. Бірақ біреу жуынғанда, біреу басып тұру керек («Лен. жас»).

КОЛОННА [франц. colonne] з а т. **1.** қ ұ р. *Ғимараттың ішкі бөлігіндегі тіреуіштің таянышы.* Архитектуралық тұрғыдан өңделген, әдетте, дөңгеленіп келетін бағана,

негізгі бөліктері, көбіне, өзегі, негізі және жоғарғы тұсынан тұрады. Әрқайсысы 10 мың тоннадан тұратын 52 болат *к о л о н н а* осы үйдің негізін құрайды (Естімеген елде көп.). **2.** *Бірінен соң бірі лек-легімен қатарласқан шеру.* Лек-легімен шеру тартқан *к о л о н н а* жолға шығады (Ш.Құсайынов, Үкілі Ыбырай). Демонстранттар *к о л о н н а с ы* бірінен соң бірі келе бастады (С.Досанов, Қыран.). Ұзыннан-ұзақ созылған *к о л о н н а н ы ң* адымдай аяқ басысынан көше солқылдап, үйлер теңселіп тұрғандай (Б.Момышұлы, Шығ.).

КОЛОНТИТУЛ [нем. Kolunentitel] з а т. п о л и г р. *Шығарманың аты немесе оның бөлімдерінің, тарауларының, сондай-ақ беттерінің, қатар санының жазылуы.* Әдетте *к о л о н т и т у л* кітаптардың, журналдардың жоғары жағына орналастырылып, мәтіннен жіңішке сызғышпен бөлінеді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика.).

КОЛОНЦИФРА [нем. Kolumnenzitter] з а т. п о л и г р. *Кітаптардың, журналдардың, газеттердің және т.б. әр бетіне жоғарыға немесе төменге қойылатын қатар сандары* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика.).

КОЛОРАД: колорад қоңызы. з о о л. *Жапырақ жегі тұқымдасына жататын жәндік, картоп және т.б. алқа тұқымдас өсімдіктердің зиянкесі. К о л о р а д қ о ң ы з ы* картоп жапырағының астыңғы жағына алты жүзге жуық сарғыш түсті ұрық салады. Ал осы қоңыздың личинкалары қызыл түсті болады (Б.Шағыров, Картоп). Әйгілі зиянкес – *колорад қ о ң ы з ы н* білетін боларсыңдар. Ол – әсіресе картоптың жауы (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). *К о л о р а д қ о ң ы з ы н ы ң* ұрпағы ауа райына байланысты жаз бойына екі дүркін дамып жетіле береді (Зоология).

КОЛОРИМЕТР [лат. color – түс, франц. metre – өлшем] з а т. *Заттың бояумен (реңмен) қанығу дәрежесін анықтау үшін қолданылатын аспап. К о л о р и м е т р* – түсті өлшеуге арналған құрал (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОЛОРИМЕТРИЯ з а т. ф и з. *Түсті сандық тұрғыда бере алатын және оны өлшеу тәсілдері туралы ғылым* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОЛОРИТ [итал. colorito] з а т. **1.** *Өнердің көп түсті шығармасында кездесетін бояудың және түстер қосындысының жалпы сипаты. К о л о р и т* суретте, гравюрада, орнаментте, үй жағдайында, бөлме әшекейінде және т.б. болады. Ол осы кездің өзінде ешкімге ұқсамайтын ашық бояуын, *к о л о р и т і н* іздей бастайды (І.Омаров, Серпін). *К о л о р и т* музыкалық аспаптың, әншінің жеке өздеріне тән дыбыс сазы (К.Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік). **2.** *Көркем шығарманың, сондай-ақ заманның, жер жағдайының өзіне тән ерекшелігі.* Дау жоқ, көркем шығармада ретіне қарай автордың өз туған жеріндегі еліне тән кейбір сөздерді пайдалануына болады. Бұл, біріншіден, авторға алып отырған объектісінің өзіндік, жергіліктілігін *к о л о р и т і н* беруге мүмкіндік туғызады («Қаз. әдеб.»).

КОЛОША з а т. к е н. *Шахталық пешке бір мезгілде тиелетін шахталық материалдардың (кокс, кентас, агломерат, флюс және отын) белгілі бір мөлшері.* Себебі әрбір *к о л о ш а* массасының аз не көптігіне қарай олардың пешке тиелу бұрыштары әртүрлі болып, шикізат пешке дұрыс салынбауы мүмкін (ҚҰЭ).

КОЛОШНИК з а т. т е х. *Шахталық пештің кентас, флюс, отын салынатын жоғарғы бөлігі. К о л о ш н и к* – металл қорытатын шахталы (мыс, домна) пештердің шикізат (колошалар) тиелетін жоғарғы жағы (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Колошник газы. ф и з. *Металлургиялық пештерде рудадан металл қорытылғанда шығатын әртүрлі газ. К о л о ш н и к г а з ы н* домна газы деп те атай береді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Колошник тозаңы. ф и з. *Домна пештерінің колошнигінен газбен бірге шығатын руданың, флюстің, отынның тозаң түріндегі қалдығы. К о л о ш н и к т о з а ң ы* сыртқа жіберілмей тұтқыш аппаратпен ұсталады да, күйдіріліп жентектеледі. Одан кейін қайта қорытуға жіберіліп, құрамындағы металдары алынады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОЛУМБИТ [лат. columbiut] з а т. х и м. *Күрделі оксидтер класының минералы. К о л у м б и т* пегматиттердегі гранитоидтардың метасоматикалық өзгеруінің нәтижесінде түзіледі (ҚҰЭ). *К о л у м б и т* – ниобий кентасының негізгі минералдарының бірі. *К о л у м б и т* ірі кен орындары Нигерияда орналасқан (ҚҰЭ).

КОЛУМБИТ-ТАНТАЛИТ з а т. х и м. *Оксидтер класына жататын изоморфты қатар құратын минерал. К о л у м б и т-т а н т а л и т т і ң* химиялық формуласы: колумбит (Fe, Mn) Nb_2O_6 - танталит (Fe, Mn) Ta_2O_6 Сингониясы ромбылық, кристалдары призма, тақта пішінді (Қаз. тілі термин. Геология). *К о л у м б и т - т а н т а л и т т і ң* түсі қарадан қоңыр қараға дейін, сызығы қызылдан қызғылт қараға дейін, жылтырлығы – шала металдай, қаттылығы –6-6,5, жіктілігі (010) жетілген, (100) жетілмеген,

меншікті салмағы – 5,2 –7,9 (Қаз. тілі термин. Геология).

КОЛУМБИЯЛЫҚ з а т. *Оңтүстік Американдағы Колумбия мемлекетінің байырғы халқы. К о л у м б и я л ы қ т а р* испан тілінің жергіліктідиалектісіндесойлейді(ҚҰЭ). *Колумбиялықтардың* рухани және материалдық мәдениетінен испандардың ықпалымен қоса зәңгілер мен үндіс мәдениетінің де әсері байқалады (ҚҰЭ).

КОЛХОЗ з а т. т а р. с о в е т. ***Ұжымшар.*** Кеше кешке *к о л х о з* басқармасында ұзақ бір жиналыс болған (Ғ.Орманов, Жүрек). Тек біз емес, басқа *колхоздар* да күріш егісін ұлғайтуға бағыштай бастаған (Ы.Жақаев, Менің бақытым). Қарт қойшы жасы алпыстан асып кеткен, Өсіріп қоғам малын өркендеткен. «Чкалов» *к о л х о з ы н д а* Күлен жолдас Көп жылдай табаны аумай еңбек еткен (О. Шипин, Дастан.). ...Өз жігерін өзі қайрап, өзін-өзі сүйрелеп, Ұяң жүзді жігіт кірді осы сәтте үйге кеп. Дариға оны таныстырды әзілменен бұрып кеп, – *К о л х о з д а ғ ы* ең бір «өжет» тракторист жігіт,– деп (М.Шаханов, Ғасырлар.).

КОЛХОЗАРАЛЫҚ с ы н. *Ұжымшар арасындағы.* Қарағайлы сайдан *к о л х о з а р а л ы қ* пионер лагері ашылғалы жатыр (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). *Колхозаралық* құрылыс бригадасын құрғыларыңыз келе ме? – Дәл солай (М.Мырзақұлов, Ақық). Осы жылы балықшы колхоздарды басқаратын Балқаш балықшы *к о л х о з а р а л ы қ* одағы құрылды (М.Тайыров, Балқаш.).

КОЛХОЗДАН= е т. т а р. с о в е т. *Бірлескен шаруалардың коллективтік шаруашылыққа біріктірілуі.* ≈ Еріксіз *к о л х о з д а н д ы.*

КОЛХОЗДАНДЫР= е т. т а р. с о в е т. *Бірлескен шаруаларды коллективтік шаруашылыққа біріктіру.* Совет үкіметінің алғашқы жылдарында ауылшаруашылықтарын жаппай *к о л х о з д а н д ы р а* бастады (Қаз. тарихы).

КОЛХОЗДАНДЫРУ *Колхоздандыр етістігінің қимыл атауы.* Биылша оқуынды доғара тұр да, ауылшаруасын жаппай *к о л х о з д а н д ы р у* науқанына аралас (С.Мұқанов, Есею жыл.). 1932 жылғы, 17 сентябрьдегі қаулы... өте төмендеген мал шаруасын көтерумен қатар *к о л х о з д а н д ы р у ғ а* үлкен база (тірек) жасайды (С.Мұқанов, Өсу жол.).

КОЛХОЗДАНДЫРЫЛ= е т. т а р. с о в е т. *Бірлескен шаруалардың коллективтік шаруашылыққа біріктірілуі.* 1930 жылдың есеп-санағын алғанда, ... Қазақстанды алсақ, сол жылы жеке шаруаларының 64 проценті *к о л х о з д а н д ы р ы л ғ а н* (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КОЛХОЗДАНУ *Колхоздан етістігінің қимыл атауы. К о л х о з д а н у* науқаны кедей-батырақтарға да оңай тиіп жатқан жоқ (С.Мұқанов, Есею жыл.). Орман белдеулерінде егін өіру ісін село шаруалары *к о л х о з д а н у м е н* қатар бастады (Көктем лебі).

КОЛХОЗДАС= е т. т а р. с о в е т. *Бірігіп колхоз болып ұйымдасу.* Ол өскенде, елі де өсіп, Жерге бақыт нұрын шашты; Қоныстанар жерге көшіп, Қанаттасты, *к о л х о з д а с т ы* (Т.Жароков, Шығ. жин.). Ал әкесі бұдан кейін алты жыл мөлшер шамасында *к о л х о з д а с а р* жылдың өткен күзі, орақ үстінде, көп науқастанбай қайтыс болды. (М.Мырзақұлов, Ақық). Ол жер *к о л х о з д а с қ а н* кедей шаруалардың егіндік, шабындығы болған (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.).

КОЛХОЗДАСТЫР= е т. т а р. с о в е т. *Бірлескен шаруаларды коллективтік шаруашылыққа біріктіру.* ≈ *К о л х о з д а с т ы р а* бастады.

КОЛХОЗДАСТЫРУ *Колхоздастыр етістігінің қимыл атауы.* Секер... *к о л х о з д а с т ы р у,* ауылдағы мәдени-көпшілік, комсомолдық, ұйымдастырушылық жұмыстардың бел ортасында болды (От ортасы.). Біздің ауыл *к о л х о з д а с т ы р у* кезінде «Сәуле» колхозы деп аталған екен (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). *Колхоздастырудың* алғашқы жылдарында жеті класс білімі барлардың өзі некен-саяқ еді. Қазір ауыл адамдарының көбі орта білімді («Қаз. әдеб.»).

КОЛХОЗДАСУ *Колхоздас етістігінің қимыл атауы.* Еңбекші шаруа өмірі *к о л х о з д а с у* сияқты ұлы бір асуға кездескенде, Шолохов «Тынық Донды» тоқтата тұрып, «Көтерілген тың» романына кірісті (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Нұрәлі баяғыда *к о л х о з д а с у д ы ң* әуелгі жылдарында Бөген ауданында қызмет істепті (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Алғашқы *к о л х о з д а с у д а* бірінші болып кетпен шаптым (М.Мырзақұлов, Ақық).

КОЛХОЗДАСУШЫ с ы н. т а р. с о в е т. *Колхозға мүше болып кіруші.* Көп ұзамай Омаровтың *колхоздасушылар* тізіміне бірінші адамдар өз еркімен жазылды (М.Мырзақұлов, Ақық).

КОЛХОЗДЫ с ы н. т а р. с о в е т. *Колхоздасқан, колхоз болып ұйымдасқан.* Қадалта оқтай қиырға Қарашығын көзімнің; Қарасам, дала қырында, *К о л х о з д ы* аулым өзімнің (Т.Жароков, Шығ. жин.). Мал өріп *к о л х о з д ы* ауыл қорасынан, Ағаштың ағытылар арасынан. Қалың ел қаптай шығып аттанысқан Алтын дән алып жатыр даласынан (С.Мәуленов, Дала.).

КОЛХОЗДЫҚ с ы н. т а р. с о в. *Колхозға тән, колхозға қатысты.* Мемлекеттік меншік пен *к о л х о з д ы қ* кооперативтік меншіктің халық шаруашылығы салаларында өздеріне тән ерекшеліктері бар (С.Қаженбаев, Балық кәсіп.). *К о л х о з д ы қ* атақ әлі де Әйгі боп, биік өссе бой. Колхозшының бәріне Ортақ осы абырой (С.Мұқанов, Замандас.). Күнжан... *К о л х о з д ы қ* комсомол комитетінің секретары еді (С.Мұқанов, Аспаз).

КОЛХОЗШЫ з а т. т а р. с о в е т. *Колхоз мүшесі.* Қазір *к о л х о з ш ы л а р д ы ң* үштен бірінің жоғары немесе арнаулы білімі бар (С.Ақтаев, Дала). Мен... Киров атындағы колхоздың *к о л х о з ш ы с ы м ы н* (Б.Тоқтаров, Қыран). Бригада *к о л х о з ш ы л а р* алдында көзге түсе бастады (З.Ақышев, Біздің шамш.). Жездем тіпті өзгермеген, баяғыша көрікті, *К о л х о з ш ы л а р* съезіне делегат боп келіпті (М. Шаханов, Ғасырлар.).

КОЛХОЗШЫЛЫҚ з а т. т а р. с о в е т. *Колхозға мүше болушылық.* Колхозшы тұрмысы Сағынай майданнан кейін өзінің туған колхозында еңбек жолын қатардағы *к о л х о з ш ы л ы қ т а н* бастайды («Қаз. әдеб.»).

КОЛХТАР з а т. *Көне грузин тайпаларының жалпы атауы.* Қара теңіз жағалауының оңтүстік-шығыс және шығыс алабын мекендеген гректер бүкіл грузит елін *к о л х т а р* деп атаған (ҚҰЭ).

КОЛЧЕДАН [франц. colcedoine] з а т. х и м. *Көбіне күкіртті (сульфитті) минералдардан тұратын рудалардың жалпы атауы. К о л ч е д а н* Cu, Zn, P_b айырып алатын, күкірт қышқылы алынатын шикізат (Қаз. тілі термин. Геология). Қалайылы *к о л ч е д а н* өте сирек кездеседі және айтарлықтай үлкен кен орындарын түзбейді (ҚҰЭ).

КОЛЬЕРЕТКА [франц. collerette] з а т. *Шөлмектің негізгі цилиндрлік бөлігіне емес, «мойны мен иығының» жалғаспасына жапсырылатын, ішіндегі сұйықтықтың сапасына қатысты қайсыбір анықтама беретін қосымша затбелгі. К о л ь е р е т к а н ы ң* болуының өзі-ақ өнімнің сапасы жоғары екенін көрсетеді (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Қатардағы өнімдерде болмайды. Негізгі жапсырмасы болмайтын, тек *к о л ь е р е т к а* ғана жапсырылатын өнімдер де кездеседі (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОЛЬМАТАЖ [франц. colmatage] з а т. с у ш а р. *Жеңіл топырақты мелиорациялау әдісі, олардың механикалық құрамындағы коллоидты түйірлердің мөлшерін көбейтіп, сіңіру қасиетін жоғарылатуға арналған шара.*

КОЛЬРАБИ [нем. Kohlradi] з а т. б о т. *Шаршы гүлділер тұқымдасына жататын екі жылдық шөптесін өсімдік туысы; көкөніс өсімдігі.* Тағамға *к о л ь р а б и д і ң* етті сабағы пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *К о л ь р а б и д і ң* өнімділігі гектарынан 100 ц және одан жоғары болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОЛЯДКА з а т. ә д е б. *Ескі әдет-ғұрпты өлең, мейрамдарда жақсы егін болу үшін, әдемілікке, батырлыққа, ақылдылыққа талпыну мақсатында олжалы болуы үшін айтылатын өлең* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет.).

КОМА[1] [грек. koma] з а т. ф и з. *Оптикалық жүйелердің аберрациясының бірі. К о м а* қиғаш шоқтан жасалынған нүктенің кескінін симметриялық емес дақ түрінде көрсетеді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика.).

КОМА[2] з а т. м е д. *Ауру адамның естен танған күйі.* Бүйрек, бауыр қабынуының созылмалы түрлері, жұқпалы сары ауру, шыжың (диабет), кейбір ми аурулары, безгек, улану т.б. адамның *к о м а ғ а* ұшырауына себеп болады (ҚҰЭ). *К о м а* кенеттен, кейде бірте-бірте пайда болады (ҚҰЭ).

КОМАЛЫҚ с ы н. *Комаға тән, комаға қатысты.* Егер осы уақытта дәрігерлік көмек көрсетілмесе, адам есінен танады, яғни *к о м а л ы қ* жағдайға ұшырайды (ҚҰЭ).

КОМАГМАТИТ з а т. к е н. *Көнелігі, петрохимиялық және геохимиялық ерекшеліктері тұрғысынан өте ұқсас, кеңістікте де бір-бірімен жапсарлас орналасқан, бүкіл болмыс-бітімі бір ғана магмадан жаралғандығы анық байқалатын ақтарылма тау жыныстар бірлестігі немесе тектес магмалық тау жыныстар жиынтығы* (Қаз. тілі термин. Геология).

КОМАНДА[1] [франц. commande] з а т. **1.** *Белгілі бір жұмысты, қызметті орындау үшін кем дегенде үш және одан да көп адамнан құралған топ.* ... Екіжүздік *к о м а н д а н ы*... жібердім (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **2.** *Капитан басқаратын спорт ұжымы.* «Қайрат» *к о м а н д а с ы* ойнайтын үлкен стадионнан қайтты (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Таяқшаны ол жүз метрден кейін өз *к о м а н д а с ы н ы ң* қолына ұстатуы тиіс («Спорт»).

Тимур командасы. т а р. с о в е т. *Үлкендерге, мүмкіндігі шектеулі адамдарға қамқорлық жасау, көмектесу мақсатында құрылған адамдар тобы.* Әнеки, *Т и м у р к о м а н д а с ы* келді (Тұлпар).

КОМАНДА[2] [франц. commande] з а т. **1.** ә с к. *Командирдің белгілі бір үлгідегі ауызша берілген қысқа бұйрығы. К о м а н д а* алдын ала орындау үшін де беріледі. Мысалы: «Взвод, шабуылға — алға!» деген сөйлемнің, «Взвод, шабуылға» дегені — алдын ала берілген *к о м а н д а,*

ал «алға!» дегені орындау үшін берілген *команда* болады. Әскер басшылары *команда* берді (І.Жансүгіров, Шығ.). Артиллерия командирінің корректировщиктерге: – Әзір, болыңдар! – деген *команда сы* естілді (С.Бақбергенов, Қарға там.). **2.** и н ф. *Электрондық есептеуіш мәшинесіндегі жеке операцияларды немесе есептеу процесінің бөлігін орындау кезінде қолданылатын амалдарды анықтауға арналған арнаулы код (нұсқау).* Белгілі бір жүйемен орналастырылған *командалар* тізбегі есептің шешу бағдарламасын құрады (ҚҰЭ). Жалпы жағдайда *команда* қандай операцияларды орындау, берілгендерді қайдан алу, есептеу нәтижелерін қайда жіберу және келесі *команда* туралы мәліметтер болады (ҚҰЭ).

Команда берді. ә с к. *Бұйырды, әмір етті.* Атыңдар! – деп, *команда бердім* (Б.Момышұлы, Офицер.). Тез! Алға ұмтылыңдар! – деп, *команда берді* (Х.Есенжанов, Тар кезең).

КОМАНДАЛАС с ы н. *Бір командадағы.* Орнымнан көтерілгелі жатқан мені *командалас* қыздарым бір-екі рет аспанға көтеріп-көтеріп тастады (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім.). Мен *командалас* құрбыларыммен бірге күміс медаль алдым (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім.).

КОМАНДАЛЫҚ с ы н. *Командаға тән, командаға қатысты.* Дивизияның *командалық* құрамы әралуан еді (Б.Момышұлы, Біздің генерал). *Командалық* біріншілікте жерлестеріміздің мерейі үстем болды («Спорт»). Жекелей және *командалық* жарыстарда елеулі табысқа жеткен 52 адамға – күміс, ал 19 адамға қола медаль тапсырылды («Спорт»).

Командалық пункт. ә с к. а) *Ұрыста берілген әскери тапсырмаларды барынша сәтті орындау мақсатында қарамағындағы бөлімдер мен бөлімшелерге басшылық жасауды жүзеге асыратын, әскерді басқаратын негізгі орын. Командалық пункт* қажетті байланыс құралдарымен қамтамасыз етіледі және ол жасырын орналасады (Қаз. тілі термин. Әскери.). ә) *Авиацияда бөлім (бөлімше) командирінің қарамағындағы бөлімшелердің ұшуы мен әрекеттеріне басшылық жасайтын басқару органы. Командалық пункт* көрші бөлімдер мен өзінен жоғары тұрған командирлермен және бір-бірімен байланысты бөлімдермен хабарласып тұрады б) *Ұрыс (оқу) кезіндегі жеке құрам әрекетін басқаратын кеме командирінің кеме ішіндегі орны (әдетте, арнайы бөлме). Командалық пункт* қарсыластарын, өз бөлімдері мен көрші бөлімдерді бақылап отыруға қолайлы жерде ұйымдастырылады (ҚҰЭ).

КОМАНДАРМ з а т. ә с к. *Армия командашысы.* Есенәлі қарт соғыста бір өзі мың сан армияны басқарған *командарм* секілді (Ж.Тілеков, Хинган асуы.). *Командарм*... бастаған соғыс майданындағы айқасулар толық көрсетілмеген, – деп, өзің айтып бересің (С.Сейфуллин, Шығ.). *Командарм* Торғай гарнизонына Ақтөбе майданына шығуды бұйырған екен (М.Жұмағұлов, Қыран.).

КОМАНДАСЫЗ с ы н. ә с к. *Команда алмай, команда берілмей.* Арнаулы *командасыз* оқ шығармайтын болыңдар (Т.Тобағабылов, Жазира). Бұл жолы екеуміз де ешбір *командасыз*-ақ жүрелеп отыра қалдық (С.Бақбергенов, Қарға там.). Шегінбе *командасыз* бір елі де (Д.Әбілев, Өлеңд.).

КОМАНДАШЫ з а т. ә с к. *Команда беруші, әскери бастық.* Мына медальды майдан *командашысы* ол кезде генерал, кейін маршал Еременко жолдас өз қолымен тапсырған еді (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.). Сырдарияның орта саласы мен төменгі саласының аудандары Сырдария әскери шебі *командашысының* қарауында болды (ҚазССР тарихы). 1919 жылдың 3 сентябрінен бастап В.В. Куйбышев XI армияның *командашысы* міндетін уақытша атқарып тұрды (Х.Ермұратов, Октябрь.).

КОМАНДИР з а т. ә с к. *Әскери құрамаларда, бөлімдерде немесе әскери мекемелерде әкімшілік қызмет атқаратын ресми атағы бар адамдар – генералдар, офицерлер, прапорщиктер, сержанттар.* Бұлар білім мамандары, қызу майдан замандары, Құрыш таға табандары, – Майданда ылғи *командир* (С.Сейфуллин, Шығ.). *Командирі* солдаттың Қолын алды батырдың, Тұрғанда аттың үстінен, Алты жүз солдат бастығы, Батырдың атын жетелеп, Пәтерге жақсы түсірді (О.Шипин, Дастан.). Айнала орман, алаң бір, Тоқтаған атыс белеңде... Жалт ете қалды *командир* «Мергендер келді...» дегенде (С.Жиенбаев, Алтын қалам.). *Командир* бейбіт уақытта және соғыс кезінде әскери құрамаларға, бөлімдерге, кемелерге, батальонға, ротаға, взводқа басшылық етеді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Командир шешімі. ә с к. *Нақты қалыптасқан ұрыс жағдайында командирдің ұрыстық міндеттің маңызы мен оны орындау тәсілдерін анықтауы. Командир шешімінде* мына жайттар қарастырылады: қарсыластың қай нысаналары аса маңызды, оны құрту үшін қандай құралдар және қай уақыт белгіленуі керек, күш пен құралдарды қай бағытта топтастыру керек, әскерді ұрыс

тәртібіне тұрғызу, қарамағындағылар мен қолдау көрсететін әскерге ұрыс тапсырмаларын беру, ұрыстық, материалдық және техникалық қамсыздандыру, сондай-ақ қол астындағы әскердің саяси жұмысына қажетті міндеттерді анықтау (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КОМАНДИРЛІК с ы н. ә с к. *Командирге тән, командирге қатысты. К о м а н д и р л і к* курс ашылған болатын (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.). Сіздің *к о м а н д и р л і к* еркіңіз, сіздің шешіміңіз сәтті орындалыпты. Бұл да жақсы (Б.Момышұлы, Москва.). Аяғында етік, үстіндегі сұр костюмінде ғана емес, сырт қимыл, қысқа сөздерінде де жауынгер, *к о м а н д и р л і к* әдеттері сақталған («Қаз. әдеб.»).

Командирлік даярлық. ә с к. *Қарулы Күштер бекіткен офицерлер, генералдар, адмиралдарды жауынгерлік және арнайы даярлықтан өткізуде жүргізілетін оқу іс-шараларының жүйесі* (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КОМАНДИРОВКА з а т. ***Іссапар*** *(қызмет, жұмыс бабымен тапсырылған істі орындау үшін басқа бір жаққа уақытша бару).* Қызмет бабымен *к о м а н д и р о в к а ғ а* келдім (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). *К о м а н д и р о в к а ғ а* келген уәкіл едім (С.Омаров, Өмір.). Әкемнің елде *к о м а н д и р о в к а д а* жүргені есімде (З.Шашкин, Доктор.). Екеуі мойны қашық бір ауданға *к о м а н д и р о в к а ғ а* келе жатыр (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

КОМАНДИРОВКАЛЫҚ с ы н. *Командировкаға тән, командировакаға қатысты.* Менің *к о м а н д и р о в к а л ы қ* куәлігімді көрген толықтау келген администратор әйел ала көзімен бір атып шықты да, «орын жоқ», – деді («Қаз. әдеб.»). Бір Үштөбенің өзі трестің бір тоқсанға деген *к о м а н д и р о в к а л ы қ* ақшасын алып бітірді (Б.Қыдырбекұлы, Ұры).

КОМАНДИРШЕ ү с т. *Командир сияқты, командирге ұқсап.* – Болды! – деп, *к о м а н д и р ш е* бұйрық беріп тұрмын (Т.Қойшыманов, Тынымсыз.). Бастық атаулының бәрі *к о м а н д и р ш е* қимылдауы керек (Ж.Тілеков, Шалғай шепте).

КОМАНДОС [ағыл. commandos] з а т. ә с к. *Ұлыбритания Қарулы Күштерінің арнайы (ерекше) тапсырмаларды орындайтын жасақтары (бөлімшелері). К о м а н д о с* қарсылас тылында барлау-диверсиялық әрекеттерді жүргізуге арналған (Қаз. тілі термин. Әскери.). АҚШ-та *к о м а н д о с* жасақтары рейнд-жерс деп аталады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КОМАТИИТТЕР з а т. к е н. *Ультранегізді эффузиялық таужыныс, перидотиттердің вулканогендік сыңары. К о м а т и и т т е р д і ң* түсі қарадан жасылдауға дейін. Бітімі – бадамшашты, құрылымы – порфирлі. Фенокристер оливин, арқауы серпентинденген шыны мен оливиннің дентриттерінен тұрады (Қаз. тілі термин. Геология). *К о м а т и и т т е р* пикрит, базальт, риолиттермен офиолиттік кешендерде бірге кездесіп, тасқындар, силдар, сығылымдар құрайды (Қаз. тілі термин. Геология).

КОМБАЙН [ағыл. combine] з а т. *Бір мезгілде бірнеше егіншаруашылық жұмыстарды атқара алатын жұмыс мәшинелерінен біріктірілген күрделі агрегат. К о м б а й н* – астық, майлы дақылдар, сүрлем, бақша өнімдері, жеміс-жидек және тамыр түйнекті жемістер жинауға, кен қазуға т.б. қолданылады (Қаз. тілі термин. Тамақ). Ағызып ән бұлағын таңдайынан, Жас жігіт келеді әне мал қайырған. Тігіліп сонша неге көп қарайды, Көз алмай қыз жүргізген *к о м б а й н н а н*? (Т.Айбергенов, Мен саған.). «СК-4» *к о м б а й н ы н* жасау үшін 6160 килограмм металл сынығы керек (М.Тоқбергенов, Жыл он екі ай). Астық жинауда *к о м б а й н д ы* қолдану еңбек өнімділігін 40 еседен аса көбейтті (А.Дауылбаев, Қазақст.).

Асүйлік комбайн. т а м а қ. *Ет тартуға, көкөністерді тураууға т.б. арналған электрлі мәшине. А с ү й л і к к о м б а й н н ы ң* неше түрі бар (Ауызекі).

КОМБАЙНШЫ з а т. *Комбайн жүргізуші.* Шофер, тракторшы, *комбайншы,* малшы жастар әр ауылда-ақ ондап саналады (С.Байжанов, Сыр.). Екі *к о м б а й н ш ы* түскі тамақтарын ішіп отыр («Лен. жас»). Мақұлбек 19 жыл *к о м б а й н ш ы* болып істеді (С.Мыңжасарова, Замандас.).

КОМБАТАНАНТ [франц. combattant] з а т. ә с к. *Халықаралық құқықта Қарулы Күштер құрамына кіретін және соғыс уақытында қарсыласқа қарсы ұрыс қимылдарын жүргізетін адам.* Өз ықтиярымен қару ұстап жау әскеріне қарсы шайқасушы халық, сондай-ақ ерікті жасақтардың адам құрамы, партизандар, айырым белгілері, қаруы бар, командир басқаратын, ұйымдасқан қарсылық қозғалысына қатысушылар *к о м б а т а н а н т т а р ғ а* теңестіріледі (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КОМБИНАТ [лат. combinare] з а т. **1.** *Әртүрлі өндіріс салаларын бірлестіретін өндірістік кәсіпорын, өндірісті шоғырландырудың бір түрі.* Самсаса *к о м б и н а т т а н* дала тұнып, Зауыттар зіркілдейді болат үгіп. Бір қаланың болғанша атын қойып, Басқа жерден жатады қала туып (Т.Айбергенов, Мен саған.). Өскеменнің

маңдайалды мақтанышы – қорғасын-мырыш *комбинаты* (Ж.Исмағұлов, Адам.). Бұл кеме осында біздің көмегімізбен салынып жатқан жаңа металлургия *комбинатына* керек-жарақтар әкелген екен (Т.Ахтанов, Үндістан). Тұрмыс *комбинаты* (шаштараз, сыртқы және ішкі киімдер тігетін, аяқкиім тігіп, оны жөндейтін мастерскойлар, фотография) бар (Қ.Серікбаев, Қастек.). **2.** *Түрлі деңгейдегі оқу-тәрбие мекемелерінің бірлестігі.* Оқу *комбинатының* жұмысын дұрыс жолға қоюда да Сұлтанбеков көп жұмыс істеді (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.).

КОМБИНАЦИЯ [лат. combinatio] з а т. **1.** *Белгілі бір тәртіппен тіркесу, қосылып бірігу. Комбинацияға* қатыстырылған әр сорт аналық компонент ретінде де, аталық компонент ретінде де пайдаланылады (Ш.Қабибуллин, Алхоры.). Амин қышқылдары бір-бірімен сан жағынан әрқилы *комбинацияларға* бірігіп, белоқтардың толып жатқан түрлерін жасайды (Адам анатом.). Алыстан басқарылатын объектілердің әрқайсысы ток сапаларының тек өзіне арналған *комбинациясын* ғана қабылдайды (К.Айманов, Физика.). **2.** с п о р т. *Шахмат, дойбы және спорт ойындарында қолданылатын айла-амалдар.* Тәжірибелі тренер қателеспеген екен: сәтті басталған *комбинациядан* кейін есеп 2:2 болды («Лен. жас»). Жалпы алғанда, сабақтың бұл бөлімін екі салаға бөлуге болады: біріншісі – белгілі бір *комбинацияны* не айла-тәсілді, сол сияқты допты қабылдаудың ерекшелігін жекелеп үйрену (О.Жарылғапов, Волейбол.). Кенет Мальцев суырылып алға шықты, жігіттер де ілесе жүріп, оның мына тамаша *комбинациясына* демеу болды («Лен. жас»).

КОМБИНАЦИЯЛА= е т. *Әртүрлі амал-тәсілдердің басын қосу, біріктіру. Комбинациялап* немесе біріктіріп қайталау күнделікті оқыту тәжірибесінде жиі қолданылады (М.Мұқанов, Пед. очерк).

КОМБИНАЦИЯЛАН= е т. ф и з. *Әртүрлі амал-тәсілдердің біріктірілуі, басы қосылуы.* Екі жерден шыққан екі түрлі тербелмелі қозғалыс бағыттас болып келсе, онда *комбинацияланған* қозғалыс тудырады (А.Қалығұлов, Жарық.). Юнг бірінші болып әртүрлі жиіліктегі (тондағы) толқындар тоғысқанда да өзара әсерлесетігін, осының нәтижесінде *комбинацияланған* тербеліс пайда болатынын ашып берді (А.Қалығұлов, Жарық.).

КОМБИНАЦИЯЛАУ *Комбинацияла етістігінің қимыл атауы.* Бұған (прогресшіл әдістерге) кәсіпорындарды арнаулы кәсіпке көшіру және кооперативтендіру, көптеп өндіру, *комбинациялау* істері жатады (Қысқ. саяси экон.). Мұндай системаларға сигналдың сапасын әртүрлі етіп өзгертіп беруге негізделген жай сапалық система мен сапаларды *комбинациялау* системасы жатады (К.Айманов, Физика).

КОМБИНАЦИЯЛЫ с ы н. с п о р т. *Комбинациясы бар, комбинациядан тұратын.* Газеттің 12-інші санында *комбинациялы* жүрістермен шешілетін дойбы есебі жарияланған еді («Спорт»).

КОМБИНАЦИЯЛЫҚ с ы н. ф и з. *Комбинацияға тән, комбинацияға қатысты. Комбинациялық* тербеліс – сызықтық емес тербелмелі жүйеге әртүрлі жиілікті екі немесе көп гармониялық тербелістер әсер еткен кезде пайда болатын тербеліс (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Комбинациялық жиілік. ф и з. *Сызықтық емес жүйе тербелісін тудыратын гармониялық тербелістер жиілігінің қосындысына немесе айырымына тең комбинациялық тербелістер жиілігі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Комбинациялық шашырау. ф и з. *Жарық көзінің сәулелену жиілігімен қоса, ығысқан жиіліктерде байқалатын жарық шашырауы.* Жарықтың *комбинациялық шашырауын* оқып зерттеудің күрделі молекулалар мен түрліше кристалл денелердің құрылысын анықтау үшін маңызы зор (П.Полатбеков, Оптика).

КОМБИНЕЗОН [франц. combinaison] з а т. *Ұшқыштар, тракторшылар, шахтерлер және т. б. киетін кеудешесі мен шалбары біріктіріліп тігілген киім, өндірістік кәстөм. Комбинезон* – арнаулы киімнің ең ыңғайлы түрі, ол өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының көптеген саласында қолданылады (Тракторист.). Қораның ішін немесе малдың ішін тазалағанда, күтуші адам үнемі арнаулы киім киіп (халат, *комбинезон* т. б.) жүруі керек, себебі мұндай киімнің иісіне ірі қара тез үйреніп, күтуші адамды жақсы ажыратады (Ғ.Әбішев, Мал. жарақат.). Бәрі де біркелкі *комбинезон* киген (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

КОМБИНЕЗОНДЫ с ы н. *Комбинезон киген, комбинезоны бар. Комбинезонды* біреуді Көре қалса дүзде егер, Дейді қойшы: – Түнеугі өзіміздің инженер (С.Мәуленов, Жолдас). Май сіңген көк *комбинезонды* жұмысшылар да, қоңыр беретті техниктер мен инженерлер де бар еді (Жастар эстрадасы).

КОМБРИГ ор. з а т. ә с к. *Бригада командирі.* Тасболат *комбриг* жатқан бөлменің есігіне бірнеше рет барып, тықылдата жаздап,

батылы бармады (Ж.Тілеков, От кешу). Егер *комбриг* отыра берген болса, оқ бұл кісіге тимек (Т.Жанкелдин, Партизан.).

КОМДИВ ор. зат. әск. *Дивизия командирі.* Қапаланбаңыз, *комдив,* – деді генерал, – мен бұл жерге қуанышыма сыймағандықтан келіп отырғаным жоқ (Б.Момышұлы, Москва.). Днестрден олар емес, Біз жасауға тиістіміз штурм! Қалай сонда? Осы сұрақ *комдивті* Өте қатты ойландырып тұрған да (Б.Ырзабаев, Қадірлі.).

КОМЕДИЯ [грек. komodia] з а т. **1.** ә д е б. *Драмалық жанрдың негізгі бір түрі, өмірдегі келеңсіз, жағымсыз құбылыстарды, адам бойындағы міндерді, оспадарлықты күлкілі етіп бейнелейтін сахналық шығарма. Комедия* әдебиеттегі комикалық нысанның ең ерекше түрі ретінде оның ең маңызды деген ерекшеліктері – юморды, иронияны, сарказмды, сатираны қабылдап, бере біледі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет). Жазушы, өз ұғымынша, керексіз деп тапқан бір өмір құбылысын не мінез, іс-әрекеттерді күлкі ету мақсатында сахнаға лайықтап жазған драмалық жанрдың бір түрін *комедия* дейді (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). *Комедияда* өмірдегі қайшылықтардың терең тамырын қазбаламай, жеңіл қақтығыстар арқылы аңғару басым келеді. Кейіпкердің бойындағы кемшілікті, осалдықты бейнелеу көбінесе жарасымды әзілмен, еріксіз күлдіретін тапқырлықпен астасып жатады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика.). **2.** *Күлуге, мысқылдауға лайық қоғам өміріндегі елеулі қайшылықтар, күлкі туғызатын оғаш мінез, іс-әрекеттер, келеңсіз, келіссіз жайлар, оқиғалар.* Егер бөгет жасаушылар жұрт алдында күлкі боп қалса, оның атын *комедия* дейді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Асылы, Батыржан бұл *комедияға* әбден шынығып, тіпті біте қайнап, үйреніп кетсе керек, дәнеме болмағандай, томпаңдап жалбақ қақты (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

Бетперде комедиясы. ә д е б. *Қайта өрлеу дәуіріндегі италиялық халықтық театрдың түрі, дельварте комедиясы. Бетперде комедиясы* XVI ғасырда Орта Италияда ұлттық театр негізінде пайда болған (Орыс.-қаз.түсінд. сөздік. Журналистика.). *Бетперде комедиясы* негізгі мазмұн қоғамның әртүрлі демократиялық топтарының өмірге қызығушылықтары мен еркін ойлылықтарын, олардың басталып келе жатқан католиктік әрекеттерге қарсылықтарын бейнелейтін сипатта болды (Орыс.-қаз.түсінд. сөздік. Журналистика.).

КОМЕДИЯЛЫҚ с ы н. ә д е б. *Комедияға тән, комедияға қатысты.* Шынайы *комедиялық* күйлердің қайдан туындап жатқанын, күлкі сырын ұқтым (Қ.Қуандықов, Серке Қожамқұлов). Крылов творчествосы сан түрлі. Ол жалғыз мысал өлеңдер емес, сонымен қатар *комедиялық* (күлкілі) пьесалар, сатиралық оты өртеп өтетін, уыты ойып түсетін повестер мен әңгімелер, нәзік сырлы лирикалық өлеңдер, театр жөнінде хаттар мен рецензиялар жазды (С.Мәуленов, Үркер.). *Комедиялық* шығармада шынайы тапқырлық, асқан зеректік танытатын жарқылдаған ашық көңілді күлкіден бастап, кейіпкердің аңғалдығы, епсіздігі немесе топастығына негізделетін, іштен шықпаған, сырттай ғана көрінетін жасанды күлкіге дейін кездесіп отырады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика.).

Комедиялық кейіпкер. ә д е б. *Комедиялық шығармадағы персонаж. Комедиялық кейіпкердің* бойында жиі кездесетін өткір тілділік, әзілқойлық, күтпеген жерден оқыс жауап беруге икемділік шығарманың тартымдылығын арттыра түседі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика.).

КОМЕНДАНТ [франц. commandant] з а т. **1.** ә с к. *Қаладағы, қорғандағы немесе бекітілген аудандағы нысанды қорғау үшін тағайындалған әскерлердің бастығы.* Омбы облысына жататын сырт округтердің Ақтау деген жерінде бекініс салынған. Бұл бекіністің бастығы – *комендант* етіліп полковник не подполковник шеніндегі адам тағайындалсын (І.Есенберлин, Қаһар). Қаланың *комендантты* орнынан тұрды (М.Жұмағұлов, Қыран.). Рамазан полк штабы жанындағы *комендант* взводына тағайындалған болатын (Б.Жетпісбаев, Жорық.). Көп ұзамай *коменданттың* тілмашы болып орналасады (М.Дүзенов, Ақәже). **2.** *Жеке тұрғын үйдің немесе бірнеше тұрғын адамдары бар қоғамдық үйлердің тәртібін бақылап, басқарушы.* Осындағы бес жатақханада бір *комендант* бар еді («Лен. жас»). – *Комендант* қайда? Орныңды көрсетпей ме? – Мана көрсеткен (М.Иманжанов, Адам.). Жаңа председатель жұмысты жаңаша ұйымдастыру мақсатымен жатақхана *комендантты* Н.М.Рассказова және тәрбиеші А.Ф.Безрядинамен ақылдасты (Е.Жәкенов, Тұғырлас.).

КОМЕНДАНТТЫҚ с ы н. *Комендантқа тән, комендантқа қатысты.* Ол соғыс басталғалы, майдан шебіне жақын тылда *коменданттық* қызмет атқарып келеді (К.Оразалин, Жексен.).

Коменданттық жол ауданы. ә с к. *Бірнеше әскери-көлік жолдары.* Бұл бөлім командирі *коменданттық жол ауданының* комендаты болады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Коменданттық жол бөлімдері. ә с к. *Коменданттық жол қызметтері мен қозғалысты ұйымдастыруға байланысты мәселелерді шешетін, әскери-көлік жолдарын іске қосатын, оларды жөндеп, күтетін жол әскері құрамы.* Комендантық жол ауданының негізінде *комендантық жол бөлімі* комендантық жол қызметін ұйымдастырып, жұмыс жасаған (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Комендантық жол қызметі. ә с к. *Әскери-көлік жолдарында әскери қозғалысқа үздіксіз басшылық жасау, тәртіптің, жол ережелерінің сақталуын бақылау үшін ұйымдастырылатын қызмет түрі. Комендантық жол қызметінің* негізгі міндеттері: қозғалысқа реттеушілік бақылау және оны реттеу; әскери-көлік жолдарын және ондағы объектілерді қорғау, күзету; бұған қатысты жеке құрам мен техникаға көмек көрсету; жолдардағы әскери-көліктің жағдайы туралы қозғалыс басқармасы органдарын, соған қатыстыларды уақытында хабардар етіп отыру (Қаз. тілі термин. Әскери). *Комендантық жол қызметі* жүзеге асыру үшін реттеу пункттері, реттеу постары, қызмет көрсету пункттері, азық-түлік, жанармай, техникалық және медициналық көмек, демалыс, жылыну пункттері ұйымдастырылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Комендантық жол учаскесі. ә с к. *Комендантық жол бөлімі, ал кейде басқа әскер түрлері, бөлім және бөлімшелері қызмет көрсететін әскери-автомобильдік жол қиығы. Комендантық жол учаскесінде* реттеу және бақылау-өткізу пункттері, қызмет көрсету пункттері орналастырылады, қозғалысты реттеу постылары қойылады (Қаз. тілі термин. Әскери). *Комендантық жол учаскесі* белгілермен және реттеу техникалық құралдармен жабдықталады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Комендантық қызмет. ә с к. *Әскерлердің белгіленген уақытымен жасырын қозғалысын, шоғырлануын, ұрыстық ретке орналасуын қамтамасыз ету, сондай-ақ жалпы тәртіпті сақтау мақсатында ұйымдастырылып, өткізілетін шаралар жүйесі.* Қарулы Күштерде *комендантық қызмет* әскерлердің жүріп өтетін маршруттарында, жиналатын, шоғырланатын, орналасқан және ұрыс қимылдарын жүргізетін аудандарында зақымданған аймақтардан, бөгеттерден, су кедергілерінен өткенде, теңіз десанттарын мінгізу (түсіру) пункттерінде, басқару жолдары мен олардың қозғалыс маршруттарында, сондай-ақ тылдағы бөлімдердің (мекемелердің) орналасқан аудандарында, тасымалдау және эвакуациялау жолдарында ұйымдастырылады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Комендантық қызметтің* негізгі міндеттері әскерлердің қозғалысын реттеу, әскерлердің ұрыс қимылдарын жүргізетін ауданда белгіленген тәртіп пен бүркемелеу шараларын орындауына бақылау жасау, жеке құрамынан қалып кеткендерді, әскери техника мен көлік құралдарын жинау және өз бөлімдеріне жіберу, маршруттарды күзету және диверсиялық-барлаушы топтармен күрес, әскерлер орналасқан және жылжитын аудандардағы маршруттарды тексеру, штабқа уақытында баяндау және маршруттардың жайы туралы әскерлерге хабарлау, маршруттарды радиациялық, химиялық және биологиялық жағдайды хабарлау болып табылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Комендантық сағат. *Белгілі бір мерзімге дейін ғана жүріп-тұруға рұқсат етілетін уақыт.* Түнгі уақытта *комендантық сағат* қолданылып отыр («Соц. Қаз.»).

КОМЕНДАТУРА [нем. kommandantur] з а т. ә с к. *Комендант басқаратын кеңсе.* Рудольф *комендатураның* жанында оны тосып тұрған жеңіл машинаға мінді де, Алтаймен қоштасып жүріп кетті (Ә.Шәріпов, Қапаста.). *Комендатура* құрамына өз ротаңызды алуыңызға қарсылығым жоқ (Ж.Тілеков, От кешу). Тоқаш *комендатурадан* салы суға кетіп шықты (З.Шашкин, Тоқаш Бокин.). Мені де біреу айтқан болу керек, бір күні *комендатураға* шақырды (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

КОМЕТА[1] [грек. kometes] з а т. а с т р. ***Құйрықты жұлдыз.*** Құйрықты жұлдыз астрономдар тілінде *комета*... болуға тиісті. Мен өмірімде көрген емен (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). *Комета* – ертедегі грек тілінен аударғанда, «шашты жұлдыз» деген сөз (В.А.Воронцов, Астрономия). *Кометаның* метеордан көп өзгешелігі бар. Метеорлар – құлама жұлдыздар («Лен. жас»). Метеорлар *кометаның* ыдырауынан пайда болады деп бекітіп айтуға болады (Х.Әбішұлы, Халық астрон.).

КОМЕТА[2] з а т. з о о л. *Аквариумда өсірілетін кішкене балықтың түрі.* Алтын балықтың бір тұқымы – *комета.* Оның құйрық-қанаттары ұзын келеді (Т.Мұсақұлов, Аквариум.). Алтын балықтарды қолдан іріктеудің нәтижесінде

шілтер құйрық *к о м е т а,* телескоп, тағы басқа тұқымдары алынды (Т.Мұсақұлов, Аквариум.).

КОМИЗМ зат.әдеб. **1.** *Көркем шығармадағы өмір құбылыстарының, мінез-құлықтың күлкілі жақтары. К о м и з м* тек комедиядан ғана емес, романнан да, трагедиядан да ұшыраспады («Қаз. әдеб.»). **2.** *Өмірдегі келеңсіз, жағымсыз құбылыстарды, адам бойындағы міндерді күлкілі етіп бейнелейтін шығарма.* Арман кейінгі жылдары *к о м и з м г е* ден қоя бастады. Қаламы күннен-күнге ұштала түсуде («Лен. жас»).

КОМИК [грек. komikos] з а т. **1.** ә д е б. *Комедия авторы. К о м и к* комедия авторы мәнінде ертеректе қолданылған (ҚҰЭ). **2.** ө н е р. *Күлкілі рөлдерді ойнайтын актер. К о м и к* – комедиялық күлдіргі рөлдер ойнайтын ақтер (ҚҰЭ). **3.** *Өзінің сөзімен немесе қылығымен күлдіретін адам.* Шын *к о м и к* үшін күлдіріп көңіл көтеру – мұрат емес, күлдіре отырып күйінту мұрат («Қаз. әдеб.»).

КОМИКАЛЫҚ з а т. *Өмір мен өнердегі күлкілі жағдай. К о м и к а л ы қ* болмысы өнерде айқын көрінеді, себебі ол суретші өз жанында сақтайтын және өзі бар деп санайтын әртүрлі өмірлік келеңсіздіктерді, нормадан ауытқушылықты, жоғары эстетикалық идеал тұрғысынан қарағанда қоғамдық кемшіліктерді суреттейді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика.).

КОМИКС [ағыл. comics] з а т. *Ойды алдандыру сипатындағы өтпелі хикаяны беретін, қысқа мәтіндері бар суреттер сериясы. К о м и к с* белгілі бір тақырыпта бірыңғай сюжетті және қысқа баяндалатын мәтінді, суреттер таралымы (юмористикалық, қырсықтылық, авантюрлық) бар шығарманың түрі (Орыс.-қаз. түсінд.сөздік. Журналистика.).

КОМИЛЕР з а т. *Ресей Федерациясы құрамындағы Коми Республикасында тұратын халық. К о м и л е р д і ң* өзіндік дәстүрлі мәдениеті олардың көп жанрлы фольклорынан, бейнелеу өнерінен, көркем әдебиеті мен ұлттық театрынан байқалады (ҚҰЭ). Қазіргі *к о м и л е р д і ң* ұлттық киімінде, тұрғын үйлерінде, тұрмыстіршілігі мен салт-дәстүрінде орыс халқымен ұқсастық басым (ҚҰЭ).

КОМИНТЕРН з а т. т а р. ***Коммунистік интернационал.*** *К о м и н т е р н* 1919 жылдан 1943 жылға дейін жұмыс істеді. Институт бағының саясында комсомолдар Москваға, *К о м и н т е р н г е* Ғаниды шығарып салуға жиналған (Ш.Құсайынов, Үкілі Ыбырай). *Коминтерн* – штабшашаджарлығын, Қозғамаққа жер табының барлығын (С.Сейфуллин, Шығ.). Насихатшы асықпай қарап алды да, аға механик Г. Зоткинге сөз берді. Ол ВКП(б) XVII съезі мен 1935 жылы Москвада өткен *к о м и н т е р н* конгресінің тарихи маңызына тоқталды («Соц. Қаз.»).

КОМИССАР [франц. commissaire] з а т. **1.** *Әртүрлі елдерде үкімет жүктеген ерекше немесе мәнді қызметтерді атқаратын өкіл.* Кипрдегі грек және түрік қауымдары арасындағы келіссөздерге, жалпы, аралдағы екі мемлекет арақатынасын реттеуге қатысушы БҰҰ Бас хатшысының төтенше өкілеттілік берілген өкілінің лауазымы да *к о м и с с а р* деп аталады (ҚҰЭ). **2.** т а р. с о в е т. *XX ғасырдың басында мемлекеттен қоғамдық-саяси немесе әкімшілік шаралар жүргізуге арнайы өкілдік алған басшы, қызмет бабындағы адам лауазымы.* Қаскүнем, қара жүрек, қаны бұзық, Ұрыспай Дутовпенен жатқан бұғып. Торғайға мен *к о м и с с а р* болмадым деп, Қайғырып қапаланып жүрді сұлық (О. Шипин, Дастан.). Орынбордан Оралға келе жатқан бетімізде жолдас Авдеев екеуміз, Әйтиевтің үйіне қонып едік. Әйтиев – Қазақстанның ішкі істерін басқаратын *к о м и с с а р* (С.Сейфуллин, Шығ.). Ресейде монархия құлағаннан кейін пайда болған әкімшілік органдар жер-жерге өз шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру үшін жіберген өкілетті қызметкерлерді *к о м и с с а р л а р* деп атаған (ҚҰЭ). **3.** ә с к. *Әскери бөлімнің командирімен қатар әскерлердің жауынгерлік, саяси, материалдық-шаруашылық жай-күйіне, олардың жауынгерлік міндеттерді орындауына жауапты адам.* 1942 жылдан әскери *к о м и с с а р* қызметін командирдің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары лауазымымен алмастырып, саяси жетекші деп бастады (ҚҰЭ).

Соғыс комиссары. т а р. с о в е т. *КСРО-дағы жергілікті әскери басқару органының өкілі.* 1918 жылы, январьда, Аманкелді Иманов Торғай уезінің *с о ғ ы с к о м и с с а р ы* болып тағайындалды (ҚазССР тарихы).

Халық комиссары. т а р. с о в е т. *КСРО-да министрліктер құралғанға дейін Халық комиссариаттарын басқарған үкімет мүшелері.* Қазақ әйелдерінен Сәрби Ықтысамова тұңғыш *х а л ы қ к о м и с с а р ы* болды (Б.Бөлтірікова, Аяулы жандар). Кеңестердің 2-съезінде (қазан, 1917) жекелеген салалардағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру үшін халық комиссариаттары құрылып, әр комиссариатты *х а л ы қ к о м и с с а р л а р ы* басқаратын болды (ҚҰЭ).

КОМИССАРИАТ [франц. commissariat] з а т. *Мемлекеттік және әкімшілік мекемелердің жиынтық аты.* СССР-да Халық *к о м и с с а р и а т ы* 1917–1946 жылдары болды (министрліктер құрылғанға шейін) (Қаз ССР тарихы).

Соғыс комиссариаты. т а р. с о в е т. *КСРО-дағы жергілікті әскери басқару органы.* Түркістан аудандық *с о ғ ы с к о м и с с а р и а т ы н а* арыз беріп, майданға жіберуді өтіндіңіз (С.Бақбергенов, Кентау). Облыстар мен уездерде *с о ғ ы с к о м и с с а р и а т т а р ы* ұйымдастырылды (ҚазССР тарихы). Дәрмен сол күні қалалық *соғыс комиссариатында* болып қайтты (А.Мұздыбаев, Тағдыр).

КОМИССАРЛЫҚ з а т. с ө й л. **1.** ***Комиссар.*** 1927 жылы Қазақстан өлкелік партия комитеті Төрекұловты Қазақстанға, Халық ағарту *к о м и с с а р л ы ғ ы* қызметіне шақырған еді (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). **2.** *Комиссар қызметі.* Істеп жүрген жұмысымыздың түбі жақсылық болмаса, бұлар бүйтіп жүрмес еді. Мәскеуінде *к о м и с с а р л ы ғ ы н* қылып отыра берер еді, түбі – жақсылық, – деп, ойланып, одан сайын қайраттанады (С.Шарипов, Бекболат).

КОМИССИОНЕР [франц. commissionaire] з а т. *Сауда келісіміндегі делдал: белгілі мөлшердегі сыйлық үшін, комитенттің пайдасы үшін соның есебінен, бірақ өз атынан делдалдық жасайтын адам.* Комиссиялық процент беріп, *к о м и с с и о н е р* (саудагер) арқылы сатады (В.И. Ленин, Шығ.).

КОМИССИЯ[1] [лат. commissio] з а т. **1.** *Арнаулы бір тапсырманы орындау үшін немесе мәселені шешу үшін белгіленген адамдар тобының уақытша немесе үнемі болып тұратын мәжілісі.* Қалалық *к о м и с с и я* тасқын зардабын жою үшін шұғыл шара қолдануда (К.Тоқаев, Тасқын). Техникалық *к о м и с с и я* не дерін кім білсін? (Ы.Тникин, Жомарт.). Екеуміз госпитальда дәрігерлік *к о м и с с и я д а н* бірге өттік. Ауыр жарақатты болғандықтан, оны да әскери қызметке жарамайды деп тапты (С.Мәуленов, Шыңда.). **2.** *Өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін, мәселені алдын ала талқылау, шешім, заң жобасын даярлау үшін құрылған алқалы орган. К о м и с с и я* – қайсыбір тапсырманы орындауға өкілеттік берілген адамдар тобы, яки мемлекеттік басқару аппараттарындағы немесе халықаралық ұйымдардағы мамандандырылған орган (мыс., адам құқықтары, әйелдердің жағдайы т.б. жөніндегі комиссиялар) (ҚҰЭ). Палаталардың бірлескен отырысында Парламент Палаталардың бірлескен *к о м и с с и я л а р ы н* құрады, олардың төрағаларын сайлайды және қызметтен босатады, комиссиялардың қызметі туралы есептерді тыңдайды (ҚР Конституциясы). Бүгін *к о м и с с и я* жолға шықпақшы (З.Шүкіров, Қиын түйін).

КОМИССИЯ[2] [лат. commissio] з а т. э к о н. **1.** *Комитенттің тапсырмасымен сыйақыға, комитенттің муддесі үшін және соның есебінен өз атынан мәміле жасауға міндеттенетін екі жақты шарт түрі. К о м и с с и я* шартты жазбаша түрде жасалады (ҚҰЭ). *К о м и с с и я* қызметіне комитент ақы төлеуге тиіс (ҚҰЭ). **2.** *Комиссионердің комитенттің тапсырмасымен сыйлық алу үшін өз атынан келісім жасағаны үшін берілетін төлем. К о м и с с и я* – несие ұйымдастырғаны, әртүрлі қызмет көрсетуге келіскені үшін делдалға берілетін төлем (Қаз. тілі термин. Экономика). *К о м и с с и я* – тапсырыскердің тапсыруымен және солардың есебінен орындалатын операцияларды жүргізгені үшін коммерциялық банкке төленетін төлем, яки комиссия шарты бойынша төленетін комиссиялық сыйақы (ҚҰЭ).

КОМИССИЯЛЫҚ з а т. э к о н. *Комиссияға тән, комиссияға қатысты.* Сыртқы сауда *к о м и с с и я л ы қ* операция барысында кәсіпорын (комитент) сыртқы сауда мекемесіне (комиссионерге) комитент есебінен, өз атынан келісім жасауды экспорттық-импорттық операцияға тапсырма береді (Қаз. тілі термин. Экономика).

Комиссиялық сараптама. э к о н. *Тергеушінің (соттың) қаулысы (үйғарымы) бойынша бір немесе бірнеше мамандықтағы сарапшылар комиссиясының жүргізетін сарапшылық зерттеуі. К о м и с с и я л ы қ с а р а п т а м а* күрделі, соның ішінде көп объектілі және кешенді зерттеу жүргізу қажеттілігі жағдайында, сондай-ақ сарапшылық зерттеудің объективтілік дәрежесін көтеру мақсатында тағайындалады. Сарапшылық комиссияның мүшелері қойылған мәселелер бойынша бірлескен қорытынды береді (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОМИТЕНТ [лат. comittens] з а т. э к о н. *Комиссионерге өз атынан, мәміле жасауға тапсырма беретін тұлға. К о м и т е н т* – басқа тұлғаға (комиссияшыға) белгілі бір келісім немесе бірнеше келісім жасауға тапсырма беруші адам, ол өз атынан, бірақ комитенттің есебінен келісім жасайды (Қаз. тілі термин. Экономика). *К о м и т е н т* – басқа тұлғаға (комиссионер) соның атынан, бірақ өзінің есебінен тауар, вексель, валюта, акция, облигация т.б. сатып алу немесе сату жөнінде белгілі бір мәміле немесе бірқатар мәмілелер жасауға тапсырма беруші тұлға (ҚҰЭ).

КОМИТЕТ [франц. comite] з а т. **1**. *Белгілі бір қызметті атқаратын мемлекеттік басқару органы.* Қазақстан Республикасының Президенті Парламент Сенатының келісімімен Республиканың Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік *к о м и т е т і н і ң* Төрағасын қызметке тағайындайды, оларды қызметтен босатады (ҚР Конституциясы). Республика Президентінің, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелерінің, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік *к о м и т е т і* Төрағасының кез келген отырыстарға қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар (ҚР Конституциясы). **2.** *Шаруашылық, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын сайланбалы коллегиялық орган.* Ата-аналар *к о м и т е т і н е* мүше етіңдер, халық арасында жұмыс істейін (С.Омаров, Өмір.). Киім-кешек, мүліктің бәрі әскер *к о м и т е т і н і ң* қарамағында (Х.Есенжанов, Тар кезең). Оқушылар *к о м и т е т і н е н* де, комсомол *к о м и т е т і н е н* де өкілдер болды (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

КОММЕНСАЛИЗМ [франц. commensal] з а т. б и о л. *Әртүрлі жануарлардың бір-біріне зиян келтірмей, бірге тіршілік етуі. К о м м е н с а л и з м* – организмдердің тарихи даму жолында пайда болған қарым-қатынастың бір түрі (ҚҰЭ). *К о м м е н с а л и з м* паразитизмге де, симбиозға да жатпайды (ҚҰЭ).

КОММЕНТАРИЙ [лат. commentarium] з а т. **1.** *Мәтінде, кітапта кездесетін бір жағдайды жолшыбай түсіндіре кету, ұғындыру; түсіндірмелі ескертулер.* Шығарманы бастырып шығарғанда, автордың ризалығынсыз оған алғы сөздер, соңғы сөздер, *к о м м е н т а р и й л е р* қосуға тыйым салынады (ҚазССР азаматтық кодексі). «Түрлердің тегі» жарыққа шыққан алғашқы жылдардың өзінде-ақ (Лондон, 1859) орыс журналдарында Д.И. Писаревтің, ол уақытта әлі жас И.И. Мечниковтың, т.б. Дарвин ілімінің мазмұны мен *к о м м е н т а р и й і* жазылған бірқатар құнды мақалалары шықты (Жалпы биология). Бұл өлеңге ешбір *к о м м е н т а р и й д і ң* керегі жоқ (С.Мұқанов, Алып. адым.). **2.** *Бұқаралық ақпарат құралдарында бір нәрсеге орай журналист баяндамасы немесе сын ескертпелер, пайымдау. К о м м е н т а р и й* – белгілі бір оқиға төңірегіне арналған (халықаралық, спорттық және т.б.) автордың шолу материалдары (көбінесе теледидар мен радиода) (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика).

КОММЕНТАТОР з а т. *Комментарий жасаушы, түсіндіруші. К о м м е н т а т о р л а р* үшін де арнаулы кабиналар жасалған (Ә.Жәмішев, Дала.). Спорт *к о м м е н т а т о р л а р ы* бөлімін ашу ойда бар («Мәдениет және тұрмыс»).

КОММЕРСАНТ [франц. commercant] з а т. **1.** э к о н. *Кәсіптік негізде кәсіпкерлік сауда қызметін жүргізетін адам. К о м м е р с а н т* коллективті және жеке басты болады. Коллективті саудагерге сауда серіктестері жеке саудагерге сауда қатынастарына өз атынан қатынасатын және өз бетінше әрекет істеп алатын қоғамның құқықты мүшесі жатады (Қаз. тілі термин. Экономика). **2.** ж а ғ ы м с ы з. ***Алыпсатар.*** Оңшең *к о м м е р с а н т т а р* жиналыпты (Ауызекі).

КОММЕРЦИЯ [лат. commercium] з а т. э к о н. *Қызмет және тауарды сатуға атсалысу немесе сатуға қатысу, саудааралық жұмыс және сауда.* Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше мемлекеттермен, әсіресе Совет Одағымен, сауда қатынасын жасау біздің еліміз үшін жай *к о м м е р ц и я* ғана емес, ол республикамыздың экономикасын нығайтып, өркендетудің аса маңызды шарты болып табылады («Соц. Қаз.»).

КОММЕРЦИЯЛЫҚ з а т. *Коммерцияға тән, коммерцияға қатысты.* Оқушыларға *к о м м е р ц и я л ы қ* арифметикадан біраз мағлұматтар берген дұрыс, – деп ойлаймыз («Қазақст. мұғ.»). Үнемі саудагерлер қоғамында және керуендер сарайында болу, – деп жазды ол (Шоқан), менің ортаазиялық саудагерлермен, олардың *к о м м е р ц и я л ы қ* түсінігі және экономиялық болжамдарымен жақсы танысуыма мүмкіндік берді (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов).

Коммерциялық атаулар. э к о н. *Тауар жеткізілімінің шарттарын (базисін) көрсететін атаулар, яки халықаралық келісім шарттарда өте жиі кездесетін коммерциялық терминдер мен сөз тіркестерін түсіндіру жөніндегі халықаралық ережелер* (ҚҰЭ).

Коммерциялық баға. э к о н. *Коммерциялық дүкендерде сатылатын мемлекеттің жоспарлы бағасының бір түрі. К о м м е р ц и я л ы қ б а ғ а* әрқашанда мемлекеттік қормен (мөлшерленген) жабдықталған бағадан қымбат, осы айырмашылық бюджеттік үстеме баға ретінде келіп түседі (Қаз. тілі термин. Экономика).

Коммерциялық банк. э к о н. *Лицензияға және қолданыстағы заңнамаға сүйеніп коммерциялық негізде банк операцияларын жүзеге асыру құқығы берілген заңды тұлға, яки кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, азаматтар үшін әмбебап банк операцияларын жүзеге асырушы ірі несие мекемесі. К о м м е р ц и я л ы қ б а н к* үлеспұлдық немесе акционерлік негізде

құрылады (ҚҰЭ). *Коммерциялық банк* операцияларды жүргізу үшін қажетті ақшалай қаражатты, негізінен, салымдар түрінде тартылған жинақ ақша, банкаралық несие, меншікті акциялары мен активтерін шығару есебінен жасақтайды, яки қаражат, сырттан тартылған қаражат түрлеріне бөлінеді (ҚҰЭ).

Коммерциялық білім беру. э к о н. *Ақылы білім беру.* Қазіргі кезде *коммерциялық білім беру* орта мектептен бастау ала отырып, арнаулы орта, жоғары, магистратура, бакалавр, аспирантура, докторантураларда жүзеге асырылады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Коммерциялық вексель. э к о н. *Жай немесе аудармалы вексель серіктестігі, мемлекеттік агент немесе банктік холдинг-серіктестігі, арнаулы қамтамасыз етілмейтін банктің несие лимитін қолдайтын және қысқа мерзімге берілетін несие* (Қаз. тілі термин. Экономика).

Коммерциялық есеп. э к о н. *Кәсіпорынның ісіне пайда түсіруді қамтамасыз ету мақсатымен, кәсіпкерлік іс-әрекеттерді тұрақты ақылай түрде шығын шығарып жүзеге асырып отыратын шаруашылықты басқару әдісі* (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Коммерциялық есепшот. э к о н. *Сатушының сатып алушыға жеткізіліп берілген тауарға тиісті көрсетілген төлемді төлегені жөніндегі талаптарды білдіретін құжат. Коммерциялық есепшот* негізінен есеп айырысу құжаты болып табылады (Қаз. тілі термин. Экономика). *Коммерциялық есепшотта* бір тауардың бағасы және есеп шоттың жалпы сомасы немесе төленуге тиісті сома көрсетіледі: жеткізілетін тауардың бастапқы жай-күйі; төлемнің тәсілі және есеп айырысудың түрі; төлем жүзеге асырылатын банктің аты-жөні; тасымал құнын төлегені туралы (қашан төленуге тиіс және кім төлейді) ақпар, сол сияқты сақтандыру сыйлығының («ССФ» талабына сәйкес тауар жеткізілген жағдайда) мөлшері көрсетіледі (Қаз. тілі термин. Экономика).

Коммерциялық кредит. э к о н. ***Коммерциялық несие.*** *Коммерциялық кредит* әдетте қысқа мерзімді болады, бұл капиталистік кәсіпорындардың арасындағы алысберісте өте көп қолданылады (Қаз. тілі термин. Экономика).

Коммерциялық қауіпсіздендіру ісі. э к о н. *Коммерциялық қауіпсіздендіру серіктестіктері – кәсіпкерлердің ісін түрлі апаттардан, табиғат зардаптарынан, коммерциялық қауіп-қатер және басқалай зияндардан қауіпсіздендіру жөніндегі іс* (Қаз. тілі термин. Экономика).

Коммерциялық құпия. э к о н. *Үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттық нақты немесе әлеуетті коммерциялық құны болып, онымен заңды негізде еркін танысуға болмайтын және ақпаратты иеленуші оның құпиялығын сақтауға шара қолданатын ретте коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат.* Құпияның сыртқа шығып кетуіне, *коммерциялық құпияның* кәсіпорынға келтірген зиянын, құпияны таратқаны жөнінде жауапты адамдардан талап ететін жүйе республика заңына сәйкес белгіленеді (Қаз. тілі термин. Экономика). *Коммерциялық құпияны* құрайтын ақпаратты заңсыз әдістермен алған адамдар келтірген залалды өтеуге міндетті (ҚҰЭ).

Коммерциялық қызмет. э к о н. *Пайданы шығару мақсатында шикізаттарды, бөлшектерді, дайын тауарларды және оны әрі қарай тұтынушыларға дайын етіп сату* (Қаз. тілі термин. Экономика).

Коммерциялық несие. э к о н. *Сатушылардың сатылған тауарға төлемді кейінге қалдыру немесе төлем мерзімін ұзарту түрінде сатып алушыға тауар ретінде берілетін несие. Коммерциялық несие* әдетте сатып алушыға рынокта есепке алынатын тратта көрсетіледі (Қаз. тілі термин. Экономика). *Коммерциялық несие* – сатушы сатып алушыға өткізілген тауарлар үшін төлем мерзімін ұзарту түрінде беретін несие (Қаз. тілі термин. Экономика).

Коммерциялық сарап. э к о н. *Несие беретін мекемелердің ақша қаражаттарының жағдайын, сонымен бірге келешектегі жоспарда берілетін несиені коммерциялық эксперттік қызметтегі банк-несие иесінің күшімен жүргізетін сарап* (Қаз. тілі термин. Экономика).

Коммерциялық сатып алу. э к о н. *Коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару қызметтерін атқаратын адамға заңсыз ақша, бағалы қағаздар немесе басқа мүлік беру (сондай-ақ заңсыз алу), сондай-ақ оның өз қызмет бабын сатып алушы адамның мүддесіне пайдалануы үшін оған мүліктік сипаттағы заңсыз қызмет көрсету.* ҚР ҚК-іне сәйкес, *коммерциялық сатып алу* коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыс болып табылады да, ҚР ҚК-нің 231 бабы негізінде қылмыстық жауаптылықты туындатады (Қаз. тілі термин. Экономика). Параға немесе *коммерциялық сатып алуға* арандату сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыс болып табылады да, ҚР ҚК-нің 349 бабы бойынша

қылмыстық жауаптылыққа тартылады (Қаз. тілі термин. Экономика).

Коммерциялық табу бонусы. э к о н. *Келісімшартта көрсетілген аумақтағы әрбір коммерциялық табу кезінде, оның ішінде кен орындарында қосымша бақылау жүргізу барысында табылған пайдалы қазбалардың бастапқы белгіленген запастарды ұлғайтқаны үшін жер қойнауын пайдаланушылар төлейтін тіркелген біржолғы міндетті төлем* (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОММИВОЯЖЕР [франц. commis voyageur] з а т. э к о н. *Зат иесінің тапсыруымен оның тауарларын сатып алатын адамды іздеп, рыноктан рынокқа ауысып жүретін өткізуші, зат иесінің тапсырмасын орындайтын адам.* Өткізуші делдалдың қолында насихаттайтын өнімнің үлгілері болады. Солардың көмегімен сатылған заттың көлеміне және тиімділігіне сәйкес зат иелерінен *к о м м и в о я ж е р* сыйлық алады (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОММУНА [франц. commune] з а т. т а р. **1.** *Еңбек, мүлік ортақтығы бойынша бірлескен адамдар ұжымы.* Комсомол ұясы бұл кезде оқу мен еңбекке, бүкіл *к о м м у н а* өміріне ұйытқы бола бастаса, бұл оның едәуір өскенінің айғағы еді (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). **2.** *Батыс Еуропаның ірі қалаларында өзін-өзі басқару еркіндігін алған қауымның атауы. К о м м у н а л а р д ы* қалалық *к о м м у н а л а р* деп атаған (ҚҰЭ). **3.** с о в е т. *1920-30 жылдардағы ауыл-шаруашылығын ұжымдастыру қозғалысының бір түрі.* Артельдік формадан *к о м м у н а ғ а* аттап өтіп, барлық ұсақ малды, үй құстарын және басқаларды... қоғамдастырушылық аз болған жоқ (КПСС тарихы). Қазақстанда Совет өкіметінің нығаю дәуірінде ең тұңғыш коллективтік шаруашылықтар ең алдымен *к о м м у н а* түріндегі шаруашылықтар пайда болды (ҚазССР тарихы).

Балалар коммунасы. т а р. с о в е т. *Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында панасыз балаларды тәрбиелеу мақсатымен құрылған мекеме.* Мені әкем қыстың басында Ақмешіт қаласындағы «жетім *б а л а л а р к о м м у н а с ы*» аталатын үйге апарып, орналастырмақ боп аттанды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

Париж Коммунасы. т а р. *1871 жылы пролетариат диктатурасын орнату үшін Парижде құрылған революциялық үкімет. П а р и ж К о м м у н а с ы* 1871 жылғы 18 марттан 28 майға шейін өмір сүрді. *П а р и ж К о м м у н а с ы* – пролетариат диктатурасын орнатудың алғашқы тәжірибесі (Қ.Тұрсынқұлов, Алыста.).

КОММУНАЛДЫҚ с ы н. *Қала шаруашылығына, өндірістік пункттерге қатысты. К о м м у н а л д ы қ* қажеттің өтелуі жақсара түсті («Лен. жас»). Тұрғын үйлердің жайлы, *к о м м у н а л д ы қ* және тұрмыстық қызметтердің жан-жақты, мәдениетті болуын талап етеді (Ш.Әмірәлиев, Жақсы мінез.). Орталық көшелердегі қазіргі зәулім болып өскен биік талдарды, саялы ағаштарды сондағы аудандық *к о м м у н а л д ы қ* шаруашылықтың қызметкерлері отырғызған еді (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.). Жергілікті атқарушы органдардың қарауына мыналар жатады: *к о м м у н а л д ы қ* меншікті басқару (ҚР Конституциясы).

Коммуналдық ағындылар. с у ш а р. *Елді мекендердің ақаба сулары.* Ортақ канализацияға тұрмыстық, өндірістік және жаңбыр сулары құйылады. Жеке канализацияға тек тұрмыстық ақаба су немесе олардың өндірістік сумен араласқан қосындылары төгіледі. Нөсер ақаба суларын *к о м м у н а л д ы қ а ғ ы н д ы л а р ғ а* қоспайды (Қаз. тілі термин. Экология). Елді мекендер аумағынан шығатын *к о м м у н а л д ы қ а ғ ы н д ы л а р д ы ң* барлық түрлерін бөліп, оларды бөлек тазарту және қайта пайдалануды жақтаушылар бар. Біршама оңай тазартылатын тұрмыстық ағындылар техникалық су алуда, кейде жалпы айналма сумен қамту үшін пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Су.).

Коммуналдық гигиена. э к о л. *Қоршаған орта факторларының халық денсаулығына әсерін зерттейтін гигиена саласы. К о м м у н а л д ы қ г и г и е н а* адамдарға әсер ететін жағымсыз химиялық, физикалық және биологиялық факторларды зерттейді, атмосфералық ауа, бөлме ауасының гигиенасының, су және сумен қамту, суқоймаларды санитариялық қорғау (соның ішінде жерасты суларын) гигиенасының, топырақ және елді мекендерді санитариялық тазалау гигиенасының т.б. санитариялық ережелері мен нормативтерін талдап белгілейді (Қаз. тілі термин. Экология).

Коммуналдық мәшинелер. *Елді мекендердің аумағында, қоғамдық үйлердің ішінде санитарлық тазарту жұмыстарын жүргізуге, кір жууға және химиялық әдіспен тазартуға пайдаланылатын, сондай-ақ су құбырын, газ, жылу және электр жүйелерін жедел жөндеуге қажетті әртүрлі мәшинелер мен құралдар. К о м м у н а л д ы қ м ә ш и н е л е р г е* санитариялық мәшинелер, көше және кір жуғыш және химиялық тазалауда пайдаланылатын мәшинелер, жол төсемін жөндейтін т.б. мәшинелер жатады (ҚҰЭ).

Коммуналдық төлемдер. э к о н. *Елді мекендердегі тұрғын үй қорының үйлеріндегі*

тұрғын жайды меншіктенушілерге мамандандырылған мемлекет және жергілікті кәсіпорындар көрсететін коммуналдық қызметтердің төлемақысы (ҚҰЭ).

Коммуналдық шаруашылық. *Қалалар мен поселкелердің тұрғындарының коммуналдық-тұрмыстық қажеттерін өтейтін кәсіпорындардың, қызмет көрсету орындарының кешені. Коммуналдық шаруашылыққа* жататындар: тұрғын үй шаруашылығы, энергетика шаруашылығы, қоғамдық жолаушылар транспорты, сумен жабдықтау және канализация жүйесі, санитарлық тазарту кәсіпорындары, қоқысты өңдеу және сыртқы ортаны көркейту орындары т.б. (ҚҰЭ).

КОММУНАЛЫҚ с ы н. сө й л. ***Коммуналдық***. Қызылжарда ол кезде *коммуналық* пәтер азғантай ғана (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КОММУНАР [франц. communard] з а т. т а р. **1.***1871 жылғы Париж Коммунасына қатынасушы.* Кейде азаппен өлген *коммунарлардың* тізімі беріледі (С.Мұқанов, Өмір мектебі). *Коммунарлардың* қанынан Сена қызыл толқын болып дөңбекшіген (С.Мәуленов, Шыңда.). Ұрлатпайды қолындағы француздар жейтін нанды, Өлтіртпейді ойындағы *коммунарлар* салған әнді (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.). **2.** *Коммуна мүшесі.* Мен жас *коммунармын* (С.Омаров, Дала қызы.). Балалар ұйымы – *коммунарлар* тәрбиелеп өсірудің ең жақсы жолы (Семья тәрбиесі).

КОММУНИЗМ [франц. communisme] з а т. т а р. **1**. *Өндіріс құрал-жабдықтарына жекеменшікті жоққа шығаруға, мүлік ортақтығы, әлеуметтік теңдікке негізделген утопиялық социализмнің бір түрі.* Коммунистік қоғамның екі фазасы бар: бірінші, төменгі фазасы – социализм және екінші, жоғарғы фазасы – *коммунизм.* Социализм мен *коммунизм* бір өндіріс тәсілінің екі баспалдағы, оны даму дәрежесінен ғана айыруға болады (Саяси сөздік). **2.** *Әлеуметтік теңдік пен мүлік ортақтығына негізделген қоғамдық-саяси құрылыс.* Қазір бүкіл адам баласында бір ғана арман бар, ол арман – адамзаттың нұрлы болашағы *коммунизмге* тез жету (С.Мәуленов, Шыңда.). Жасым алпыстан асқанымен, өмірімнің ақырына дейін өз қолыммен *коммунизм* орнатысқым келеді (Ы.Тникин, Жомарт.).

Алғашқы қауымдық коммунизм. т а р. *Алғашқы қауымдастықтың азық-түлік, меншік ортақтығына негізделген қоғамдық құрылысы.* Ежелгі дәуірдегі адамдар қауымдастығында еңбек бөлінісі материалдық игіліктерді жеке меншіктену пайда болғанға дейін орын алған дүние-мүлік ортақтығын жабайы, *алғашқы қауымдық коммунизм* деп атауға болады (ҚҰЭ).

Әскери коммунизм. т а р. с о в е т. *Кеңес үкіметінің 1918-1920 жылдардағы азамат соғысы кезінде бірыңғай еңбек, өнеркәсіп өндірісі мен еңбек бөлінісін орталықтан басқарып, артылған өнімді мемлекетке өткізуге міндеттеген экономикалық саясаты.*

Марксистік коммунизм. ф и л о с. *Таптық езгі мен қанаушылықтан тыс өзара көмек пен негізіндегі қоғамдық меншікке негізделген қоғамдық-экономикалық формация.*

Коммунизм елесі. т а р. *Адамдардың әділ және мұлтіксіз жетілген қоғамдық-саяси құрылысты аңсаған ғасырлар бойғы арманын бейнелейтін әлеуметтік-саяси ой нобайланған жорамал үлгі.* 500 миллион тұрғыны бар Қытай елінде *коммунизмнің елесін* асқындырды (М.Шоқай, Таңд.).

КОММУНИКАТИВТІЛІК с ы н. *Кейбір бинарлық логикалық және математикалық операциялар немесе функциялардың сол заттарға пайдаланылған операциялардың кейінгі ретпен алынған нәтижесі, қасиеті.*

КОММУНИКАЦИЯ [лат. communicatio] з а т. **1.** *Қатынас жолдары: көлік жүрісінің маршруттары, байланыс каналдары, қала шаруашылығының жер астындағы жүйесі және т.б. Коммуникациялар* айқыш-ұйқыш кесіп өтті («Жетісу»). Партизан отрядтары жаудың *коммуникацияларында* күшті әрекет жасаумен болды (КПСС тарихы.). Ұлы Отан соғысы жылдарында Әскери-Теңіз Флоты жаяу әскерлерге көмек жасап, олардың жағалаудағы және өзінің соғыс-теңіз базалары мен *коммуникацияларын* қорғады (Т.Алшынбаев, Қасиетті.). **2**. л и н г в. *Сөйлесу, тілдік қарым-қатынас жасау, ой, мағлұмат алмасу; танымдық-еңбек қызметіндегі адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын танытатын ерекше форма. Коммуникация*, негізінен, танымдық қызмет, тілдің көмегімен жүзеге асырылады (ҚҰЭ). Жануарлар арасындағы түрлі белгі байланыстыруды да *коммуникация* дейді (ҚҰЭ). Санадан тысқары, инстинкт арқылы қарым-қатынас жасайтын хайуанаттардың *коммуникациясынан* адамдардың *коммуникациясының* айырмашылығы – мұнда тіл басты қызмет атқарады («Қаз. тілі» энцик.).

КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ [лат.communications] с ы н. *Байланыстырушы, жеткізуші,*

қарым-қатынас орнататын. К о м м у н и к а ц и я л ы қ программа компьютер және модеммен қатынас құруына мүмкіндік беретін қолданбалы программа (Қаз. тілі термин. Информатика.). *К о м м у н и к а ц и я л ы қ* сервер-терминал, компьютер және принтер сияқты құрылғылардың жиегіне қосылуын және коммуникациялық хаттамасыз-ақ іске асыратын, байланысқа сәйкес программалық жасақтамамен қамтамасыз етілген компьютер (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Коммуникациялық бағдарлама. инф. <ағыл. communications program (software)> *Компьютер мен модемнің басқа компьютермен және модеммен қатынас құруына мүмкіндік беретін қолданбалы бағдарлама. К о м м у н и к а ц и я л ы қ б а ғ д а р л а м а* компьютерлер арасындағы байланыс түзілімін ұйымдастыратын телефон нөмірлерін ұйымдастыратын телефон нөмірлерін жадында сақтап, оларды автоматты түрде теруді жүзеге асырып, жалпы қатынас құруды оңайлатады (Қаз. тілі термин. Информатика.). Байланыс орнатылған соң, *к о м м у н и к а ц и я л ы қ б а ғ д а р л а м а* келіп түскен мәліметтерді дискіде сақтап, қажетті файлдарды дискіден әрі қарай жөнелтеді. Байланыс параметрлерін алғаш орнату кезінде осы компьютердегі модем сипаттамаларына сәйкес бейімделеді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Коммуникациялық хаттама. и н ф. <ағыл. communications protocol> *Қысқа мерзімде стандартты пішімді пайдаланып, мәліметтерді желінің бір торабынан (түйінінен) екіншісіне жеткізуді атқаратын мүмкіндіктер (спецификациялар) жиыны* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОММУНИСТ з а т. т а р. с о в е т. *Коммунистік партияның мүшесі.* Коммунистік партия әрбір *к о м м у н и с т е* оның қайда, қандай қызмет атқарып отырғанына қарамастан, жоғары талаптар қояды («Соц. Қаз.»). *К о м м у н и с т* сәулетті болашақ жолында аянбай күресуді өз өмірінің бар мәні, – деп, терең сезінген адам (Б.Мәдиев, Өрендер.).

КОММУНИСТІК с ы н. т а р. с о в е т. *Коммуниске тән, коммуниске қатысты.* Совет адамдарының еңбекке *к о м м у н и с т і к* көзқарасын тәрбиелеу *к о м м у н и с т і к* моральды тәрбиелеумен тығыз байланысты (Қ.Жарықбаев, Психология).

Коммунистік қоғам. т а р. *Өндіріс құрал-жабдықтарына меншікті жоққа шығарып, мүлік ортақтығы, әлеуметтік теңдік т.с.с. коммунизм принциптеріне негізделген қоғам.* Күрес жолымыз ортақ, құрып жатқан өміріміз бүгін социализм болса, ертең – *к о м м у н и с т і к қ о ғ а м* (М.Дүзенов, Әке.). Партияның ең жоғарғы мақсаты – *к о м м у н и с т і к қ о ғ а м* орнату (Б.Мәдиев, Өрендер).

Коммунистік Интернационал. т а р. *Жұмысшылардың халықаралық революцияшыл ұйымы, дүниежүзі коммунистік партияларының бірлестігі. К о м м у н и с т і к И н т е р н а ц и о н а л д ы ң* Атқару комитетіне ірі елдер компартияларының өкілдері сайланды және 5 адамнан Атқару комитет бюросы құрылды (ҚҰЭ). Осыған байланысты *К о м м у н и с т і к И н т е р н а ц и о н а л д ы ң* Атқару комитеті 1943 жылы 15 мамырда Коминтернді тарату туралы шешім қабылдады (ҚҰЭ).

Коммунистік партия. а) *Әлемнің бірқатар елдерінде құрылған марксшіл-саяси ұйымдардың ортақ атауы. К о м м у н и с т і к п а р т и я л а р* жалдамалы жұмысшылардың негізгі тапқа айнала басталуына және коммунистік дүниетанымның идеологиялық тұрғыда негізделуіне байланысты 19-ғасырдың ортасынан бастап пайда болды (ҚҰЭ). *К о м м у н и с т і к п а р т и я л а р* өз елдерін жоспарлы ұжымшылдыққа негізделген қоғамға алып баратын төңкерісшілдік өзгерістерді дайындау және жүзеге асыру мақсатында құрылды (ҚҰЭ). ә) т а р. с о в е т. *Коммунизм құруды мақсат етіп, марксшіл-лениншіл ілімді негізге алған, әр тарихи кезеңді айқындайтын бағдарламалары болған, ұйымдық құрылысы жарғысында көрініс тапқан бұрынғы КСРО-дағы билеуші партия. К о м м у н и с т і к п а р т и я н ы ң* жоғарғы органы – партия съездері болды, съездерде Орталық Комитеті (ОК – ЦК), Орталық тексеру комиссиясы (ОТК – ЦРК) сайланған (ҚҰЭ). *К о м м у н и с т і к п а р т и я н ы ң* негізі – бастауыш ұйымдар болды, олар зауыт, фабрика, ұжымшар, кеңшар т.б. кемі үш партия мүшесі бар кәсіпорындарда, мекемелерде, оқу орындарында, армияда ұйымдастырылды (ҚҰЭ).

КОММУНИСШЕ ү с т. *Коммунист сияқты, коммуниске ұқсап.* Ішкі мазмұнына, алған бағытына қарағанда, өлеңдері жалпы жақсы. Әлеумет өміріне *к о м м у н и с ш е* қараған. Барлық шығармаларында да ол қанаушы тапқа дұшпан боп, еңбекші таптың өкілі боп сөйлеп отырады (С.Мұқанов, Есею жыл.). *К о м м у н и с ш е* өмір сүр, Шұғылалы төккен нұр. Отан үшін, халық үшін Мен де айтамын ән мен жыр (К.Әзірбаев, Шығ.). Еңбеккесаналылықпен, *к о м м у н и с ш е* қарау дегеннің нағыз үлгісін көріп отырмыз (С.Бақбергенов, Өленд.).

КОММУТАТОР [лат. commutare] з а т. **1.** ф и з. *Электрлік тізбектің жалғанар ұшын таңдап алуға және оны өзге тізбекпен жалғастыруға, ажыратуға, ауыстырып қосуға арналған құрылғы. К о м м у т а т о р л а р* байланыс техникасында (оның ішінде әскери) абонент желілерін бір типті шеттік аппараттардан (телефон, телеграф, мәлімет беру және т.б.) және ақпаратты беру мен қабылдау үшін кедергісіз жолдар жасау мақсатында байланыс арналарын бір-бірімен электрлік жалғастыруға арналған (Қаз. тілі термин. Әскери.). *К о м м у т а т о р л а р д ы* сондай-ақ абонент желілері мен арналарының санына қарай да айырады (Қаз. тілі термин. Әскери.). Электрондық *к о м м у т а т о р* синхрондаушы генератор импульсімен басқарылады, кезектесіп, бірінен соң бірі берілетін түс айырмашылығы сигналдары арнайы сүзгіштер арқылы 1,5 млн герц жиіліктен аспайтын жиіліктегі түс тартқыш жиілік болып шығып, модуляцияланады (өзгертіледі) (М.Бекбауов, Көгілдір.). **2.** т е х. *Байланыс торабының екі және одан көп құрылғы арасындағы мәліметтер ағынының бағытын өзгертіп, жалғастырып тұратын құрылғы.* Бөлмеме келіп, Тимурға телефон соғайын деп трубканы көтердім. *К о м м у т а т о р д а н* жіңішке, сыбызғының үніндей әйел даусы естілді (Б.Момышұлы, Шығ.). Екі қатарлы мектеп үйі, үлкен стадион мен әртүрлі спорт алаңдары, кітапхана, қонақүй, радиоторабы мен телефон *к о м м у т а т о р ы* – осының бәрі еңбектің жемісі, зейнетті тұрмыстың сәнсәулеті (Ә.Жәмішев, Дала.). Ал *к о м м у т а т о р* алдында бірнеше адам үздіксіз қимылда. Олардың басқамен ісі жоқ. Бар көңілдері аппаратқа ауған («Лен. жас»).

КОММУТАЦИЯ [лат. commutatio] з а т. **1.** и н ф. *Байланыс торабының коммутациялық құрылғыларында электрлік қосындыларды, сымдарды, кабельдерді, байланыс желілерін, аппараттарды, аспаптарды әртүрлі ауыстырып қосу. К о м м у т а ц и я* – құрылғыларды бір-бірімен ауыстырып қосу арқылы керекті байланыстарды іске асыру; құрылғыларды сұрыптау және олармен байланыс орнату. Қаз. тілі термин. Информатика *К о м м у т а ц и я* – қашықтағы терминалды компьютерге жалғастыру (қосу) (Қаз. тілі термин. Информатика). **2.** л и н г в. *Тілдің екі белгісінің тұлғалық жағынан сәйкес келіп, мазмұны жағынан әртүрлі болатындығын білдіретін қатынас. К о м м у т а ц и я* ұғымының пайда болуы Л. Ельмолевтің есімімен тығыз байланысты (Қаз. тілі энцик.).

КОММУТАЦИЯЛАН= е т. *Уақытша қосылу, жалғастырылу. К о м м у т а ц и я л а н а т ы н* желі – тек уақытша қосылатын екі құрылғыны жалғастыратын байланыс желісі. (Қаз. тілі термин. Информатика). *К о м м у т а ц и я л а н а т ы н* желі алдын ала бекітілген ережеге сай телефон желісі арқылы ұйымдастырылады (Қаз.тілі термин. Информатика).

КОММУТАЦИЯЛЫҚ с ы н. и н ф. *Коммутацияға тән, коммутацияға қатысты.* Ол тұлғалық тұрғыдан да, мағыналық тұрғыдан да бөлшектеуге келмейтін ең кішкентай элементтердің (тексемдердің) операциясын – *к о м м у т а ц и я л ы қ* тест жасаған болатын (Қаз. тілі энцик.).

Коммутациялық модем. и н ф. <ағыл. dial-up modem> *Жұмыс істеу үшін немесе арендалық телефон желілерін пайдаланбай, қарапайым коммутациялау желісін пайдаланатын модем* (Қаз. тілі термин. Информатика).

КОММЮНИКЕ [франц. communique] з а т. қ о ғ.-с а я с и. *Халықаралық келісімдер туралы үкіметтік ресми хабар. К о м м ю н и к е* – мемлекеттер арасында болған дипломатиялық келіссөздер, жасалған келісімдер, соғыс операциялары және басқалары туралы ресми хабар (Саяси сөздік). *К о м м ю н и к е* қысқа да немесе көлемді, жан-жақты да болады (Саяси сөздік). *К о м м ю н и к е* – халықаралық сипаты бар құбылыстар туралы ресми хабарлау (ҚҰЭ).

КОМОД [франц. commode] з а т. *Киім және басқа да нәрселер салынатын бірнеше тартпалы жалпақ, тапал шкаф.* Зигмунд төрдегі үлкен *к о м о д т ы ң* тартпасын ақтарып, бірдеңе іздеп, жаңағы өнді әлі де қоңыр үнмен созып тұр еді (Х.Рақымов, Қызғалдақ). Үйленсем деп сақтаған азын-аулақ қорым бар еді, кілем деді ме, *к о м о д* деді ме? Қалтамның түбін тақырлап қақты (З.Шашкин, Доктор.). Бөлме сайын шифоньер, *к о м о д,* кілем дегендер бар (Е.Қонарбаев, Түнгі от).

КОМПАНИЯ [франц. compagnie] з а т. **1.** э к о н. *Заңды және жеке тұлғалардың сауда, өнеркәсіп, көлік, сақтандандыру немесе басқа нысандардағы бірлестігі; заңды тұлға.* Европа мен ТМД елдерінде *к о м п а н и я* «акционерлік қоғам» деп аталады, АҚШ-та оны корпорация деп атайды, Англияда *к о м п а н и я* деген термин қолданылады (ҚҰЭ). *К о м п а н и я* жеке капиталистердің үлес қосуы негізінде құрылған капиталистік кәсіпорын (Саяси сөздік). Басқа капиталистік елдердің өте ірі 200 *к о м п а н и я л а р ы* арасында мұндай (миллиард доллардан астам) айналымы бар фирма саны 21 болды

(Қысқ. саяси экон.). Нұртазаның үйі со жылы «Альфа Новель Бивалова» *компаниясынан* сүт сепараторын сатып алған (С.Мұқанов, Менің мект.).**2.** *Уақытын бірге өткізіп жүрген адамдар тобы; белгілі бір мақсатпен біріккен бір топ адам.* Ең бастысы — қысылма, *компанияда* күлкі болса қызық болады (Е.Домбаев, Ғашықтық). Араларына ешкімді кірістірмей: – Біздің *компания,* – деп, өздері бір бөлек отырды (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң).

КОМПАНЬОН [лат. compagnon] з а т. э к о н. **1.** *Саудалық немесе өндірістік кәсіпорынға қатысушылар.* Еріне еңбек, іздегенге ақша береді. Бірақ Ертістің ен байлығына озбырлықпен ие бола кеткен Ганшин сияқты *компаньондар,* Шәкір сияқты саудагерлер, Үсейін сияқты алыпсатарлар Ертіс ененің емшегіне ернін созған балаларына бөгеуіл болып, Мардандардың аузынан асын жырып жейді, жанталасады (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** *Бір адамның біреумен бірлесіп, серіктестікке, серіктік мүшесіне кіріп, бір нәрсе жөнінде іспен айналысуы* (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОМПАРАТИВИЗМ [лат. comparativus] з а т. ә д е б. **1.** *Әлемнің әртүрлі елдерінің әдебиетіндегі байланыстар мен әсерлердің ұқсастығы мен ерекшеліктерін қарастыратын әдебиет тарихының бөлімі. Компаративизм* – салыстырмалы әдебиеттанудың жеке әдеби фактілерді ұлттық тарихи контекстен, дүниетану жүйесінен, жазушы стилінен бөліп алып қарайтын бастапқы кезеңі (Орыс.-қаз.түсінд. сөздік. Әдебиет). **2.** *Әдебиеттану ғылымында орын алған салыстырмалы-тарихи әдіс. Компаративизм* әртүрлі халықтардың әдебиетіндегі ұқсастық, жақындықты көре білуге назар аударып, идеяларды, образдарды, характерлерді, сюжеттерді салыстырады (Орыс.-қаз. түсінд.сөздік. Әдебиет). *Компаративизм* түрлі халықтардың әдебиетін өзара байланыста дей келіп, әлемдік әдебиет арнасындағы құбылысқа балайды (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет).

КОМПАРАТИВИСТ з а т. ә д е б. *Компаративизмді жақтаушы, салыстырмалы әдісті ұстанушы.* Әдебиеттегі басқа халықтардың әдебиетімен салыстыра зерттеу сөзсіз қажет және пайдалы дегенмен, көркем шығарманы – сюжет пен характердің әртүрлі ортада тарихи кезеңде қайталанып отыруы деп қана есептейтін *компаративистер* пікірі қисынға келмейді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Әдебиет).

КОМПАРАТИВТІК с ы н. *Салыстырмалы ғылыми-зерттеу арқылы жалпы және ерекше құбылыстарды анықтау, қарастырылып отырған кезеңдегі даму үрдісін айқындау әдіс. Компаративтік* әдісіне жататындар: салыстырмалы әдіс (әртекті нысандарды салыстыра отырып табиғатын ашу), тарихи-типологиялық салыстыру (тууы мен даму жағдайлары бірдей, шығу тегі жағынан түрлі құбылыстардың ұқсастығын түсіндіреді), тарихи-генетикалық салыстыру (құбылыстардың ұқсастығы – олардың шығу тегі жағынан жақындығының нәтижесі) т.б. (ҚҰЭ). *Компаративтік* әдіс тарих ғылымында, тіл білімінде, этнографияда, социологияда, заң ғылымында, әдебиеттануда, мәдениеттануда кеңінен қолданылады (ҚҰЭ).

КОМПАРАТОР [лат. comparator] з а т. **1.** т е х. *Мәліметтердің екі көшірмесін салыстыра отырып, олардың дұрыстығын, ұқсастығын тексеру құрылғысы, өлшенетін шаманы эталонмен салыстыруға арналған өлшеу аспабы.* Қарапайым салыстырғыштардың шығысында екі санның теңдік («1») немесе теңсіздік («0») сигналдары құрастырылады. Күрделірек салыстырғыштар екі санның қайсысы үлкен екендігін де көрсетеді. *Компаратор* – өлшенетін шаманы өлшеммен немесе шкаламен салыстыруға арналған өлшегіш құрал (ҚҰЭ). *Компаратор* салыстырмақшы нақты мәндері бір-біріне жуықтау шамалардың айырымын өлшейді (ҚҰЭ). *Компаратор* метрологияда (ұз. 0,1-ден 4 м-ге дейінгі эталондарды салыстыру үшін), мәшине жасауда (детальдардың өлшемдерін тексеру үшін), геодезияда, картографияда қолданылады (ҚҰЭ). **2.** и н ф. *Компьютердегі уақыт өлшеу регистрі. Компаратормен* (теңеуішпен) салыстырғанда сағат көрсеткіштерінің жоғары болуы процессор жұмысын уақытша үзуді шақырады (Қаз. тілі термин. Информатика).

КОМПАРДОР [исп. comprador] з а т. э к о н. *Отар және тәуелді елдерде – шетел капиталы мен ұлттық нарық арасында делдалдық ететін жергілікті саудагер. Компрадор* – жергілікті буржуазия тобының империалистік мемлекеттердегі ірі және монополистік буржуазиямен тығыз байланысты өкілі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КОМПАС [итал. compasso] з а т. ***Тұсбағдар*** *(жердің бетінде бағдарлауға арналған магнитті тілі үнемі солтүстікке қарап тұратын, градустарға (румбтарға) бөлінген шкаласы бар бағытты бағдарлап, анықтауға арналған аспап. Компас* кеме және ұшақ жүргізуде, артиллерияда топографиялық, геодезиялық жұмыстарды жүргізу үшін, жергілікті жерде әскерлердің

бағдар жасауы үшін, жерасты галереяларын қою үшін, құбырлар мен тоннельдер салу үшін, акванавтардың суда бағдар жасауы үшін қолданылады (Қаз. тілі термин. Әскери.). Жұмыс істеу принципіне байланысты *компастар* магниттік, гигроскоптық, астрономиялық, радиокомпас болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Әскери.). Атқаратын қызметіне қарай магниттік, гироскоптық, астрономиялық *компастарға* және радиокомпасқа бөлінеді (ҚҰЭ).

Астрономиялық компас. г е о г р. *Аспан шырағының орнын үздіксіз қадағалап отыруға арналған тұсбағдар. Астрономиялық компаста* пеленгатор кейбір аспан шырағының (мыс., Күн) орнын үздіксіз қадағалап отырады, соның нәтижесінде географиялық меридианның бағыты анықталады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Магниттік компас. г е о г р. *Солтүстік-оңтүстік бағыты бойынша магниттік меридиан бойында орналасатын магниттелген меңзердің қасиеті пайдаланылатын тұсбағдар түрі.* Бұл компастардың ішіндегі көп тарағаны әрі ертеден қолданылып келе жатқаны – *магниттік компас* (ҚҰЭ). Жетілдірілген – *магниттік компас* кеме жүргізудегі негізгі құрал болды. 17-ғасырдан компастар пеленгатормен шыға бастады. *Магниттік компастар* күні бүгінге дейін қолданылып келеді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Гигроскопиялық компас. г е о г р. *Айналу осінің бағытын өзгертпейтін және оны белгілі бір жағдайда географиялық меридиан жазықтығында ұстап тұратын әрі өте жылдам айналатын гигроскоп роторының қасиетіне негізделген тұсбағдар. Гигроскопиялық компас* XX ғасырда пайда болды. Бұл электронды және электрмеханикалық қондырғының көлемі мен салмағы үлкен болғанымен, географиялық меридиан бағытын 0,1-0,2^0 дәлдікпен тұрақты көрсетеді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КОМПАУНД [ағыл. compound] з а т. ф и з. *Асфальт, парафин және түрлі майларды араластырып жасаған изоляциялық материал. Компаунд* еру температурасы жоғары; электртехникада ток жүретін кабельге, орамаларға және т.б. сіңіреді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Полимерлі компаунд. ф и з. *Полимерлер, олигомерлер немесе мономерлер негізіндегі композиция. Полимерлі компаунд* электр және радиоаппаратурада изоляция мақсатымен ток өткізгіш схемалар мен бөлшектер құюға немесе сіңіруге арналған (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОМПЕНДИУМ [лат. compendium] з а т. *Белгілі бір ғылымның, зерттеудің, тағы басқаларының негізгі ережелерінің тұжырымдалған, жинақталған мазмұны. Компендиум* – қайсыбір ғылымның, зерттеудің және т.б. негізгі қағидаларының қысқаша жинақтама мазмұны (Қаз. тілі термин. Педагогика).

КОМПЕНСАТОР [лат. kompensare] з а т. т е х. **1.** *Құрылыстардың, жүйелердің, мәшинелердің, аппараттардың, құралдардың күйіне және жұмыс істеуіне тиетін сыртқы факторлардың әсерінің орнын толтыруға немесе теңестіруге арналған құрылғы не толтырғыш зат. Компенсатордың* екі түрі бар: жылжымалы компенсатор – сына, серіппе және т.б., жылжымайтын компенсатор – шайба, аралық материал, сақина, толтырғыш заттар. *Компенсатор* – құбыр желісінде – температура немесе басқа да себептерге байланысты пайда болатын өзгерістерді ешбір кедергісіз қабылдайтын құрылғы (Қаз. тілі термин. Су.). *Компенсатор* жылжымайтын компенсатор (шайба, аралық материал, сақина, толтырғыш заттар) және жылжымалы компенсатор (сына, серіппе т.б.) болып бөлінеді (ҚҰЭ). *Компенсаторды* пайдалану өзара бірін-бірі ауыстыратын бөлшектерді кеңінен енгізуге, машиналардың жекелеген элементтерінің жұмыс істеу мерзімін ұзартуға ықпал жасайды (ҚҰЭ). **2.** *Бұрандалы өлшеу құралдары мен металл кесетін станокта жұмыс бұрандасы қадамының қатесін азайтатын құрылғы. Компенсатор* – айнымалы ток тізбегіндегі cos коэффициентін жоғарылатуға және электр торабындағы кернеуді реттеуге арналған құрылғы (ҚҰЭ). Арнайы жасалған тетіктер, атмосфералық кедергілерді жойғыш *компенсаторлар* арқылы біршама жақсы нәтижелер алынғанмен, атмосфера кедергісін толық жою мүмкін емес (М.Бекбауов, Көгілдір.). Жатқамен жұмыс істер алдында *компенсаторды* трактордың тіркемелі құлағында реттеп алу қажет (Тракторист.).

Акустикалық компенсатор. т е х. *Әртүрлі екі жолмен оң және сол құлаққа жететін дыбыс толқындары жүрісінің айырмасын өлшейтін құрылғы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Оптикалық компенсатор. т е х. *Өзара түйіскен екі сәуленің (немесе толқынның) арасындағы фазалардың айырмасын дәл өлшеуге арналған оптикалық құрылғы. Оптикалық компенсатор* – жарықтың екі сәулесіне белгілі бір оптикалық жүріс айырымын беретін құрылғы (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Температуралық компенсатор. т е х. *Ашық салынған құбыр желісі ұзындығының температураға байланысты өзгерісін қабылдау үшін орнатылатын құрылғы. Т е м п е р а т у р а л ы қ к о м п е н с а т о р* құбыр желісінің әрбір бөлігінде, анкерлі тірекке немесе олардың ортасына орнатылады (ҚҰЭ).

Фазаларды ығыстыру компенсаторы. т е х. *Электр қондырғылардың қуат коэффициентін жоғарылататын электрмәшине (синхронды мәшине, коллекторлы мәшине, электр конденсатор)* (Қаз. тілі термин. Су.).

Шөгінді компенсатор. т е х. *Құбыр желісінің негізгі бос және шөгінді топырақты болып келуіне байланысты байқалатын ұзындық өзгерісін қабылдайтын құрылғы.* Анкерлі тіркеудің бір жағына *ш ө г і н д і*, ал екінші жағына температуралық-шөгінді *к о м п е н с а т о р* орнатылады (ҚҰЭ).

Электрөлшеуіш компенсатор. т е х. *Нөлдік өлшеу әдісі арқылы потенциалдар айырмасын анықтайтын өлшеуіш құрал* (ҚҰЭ).

КОМПЕНСАТОРЛЫҚ с ы н. т е х. *Компенсаторға тән, компенсаторға қатысты.* Қуысы кеңейіп, еті гипертрофияға айналған жүректің *к о м п е н с а т о р л ы қ* қуатын қамтамасыз ету үшін оны жеткілікті қоректендіріп отыру керек (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Анализаторлар бірінің қызметін екіншісі атқара алуға да қабілетті. Мұны ми қабығының *к о м п е н с а т о р л ы қ* функциясы деп атайды (Қ.Жарықбаев, Психология.).

КОМПЕНСАЦИЯ [лат. compensatio] з а т. э к о н. ***Өтемақы*** *(орнын толықтыру, төлеуін беру, жоғалғанды орнына салу).* Жерді жаңадан пайдаланушы адам ақшадай *к о м п е н с а ц и я* төлейді, ол төлем тиісті аудандық атқару комитетінің комиссиясы белгілеген тәртіп бойынша анықталған мөлшермен төленеді (А.Әбішев, Ауылда.). Егер ешқандай *к о м п е н с а ц и я* болмайтын болса, жұмыс күнінің ұзаюының өзі еңбектің бағасын төмендетеді (К.Маркс, Капитал).

КОМПЕНСАЦИЯЛА= е т. *Өтемақы беру, орнын толтыру.* ≈Шұғыл *к о м п е н с а ц и я л а д ы.*

КОМПЕНСАЦИЯЛАУ *Компенсацияла етістігінің қимыл атауы.* Мүкістіктер белгілі бір дәрежеде азайып, түзетіліп келеді. Бұлармен бірге кемістіктерді *к о м п е н с а ц и я л а у* қалыптасады, яғни сау мүше ақаулығы бар мүшенің атқара алмайтын жұмысын орындайды (Семья тәрбиесі).

КОМПЕНСАЦИЯЛЫҚ с ы н. э к о н. *Компенсацияға тән, компенсацияға қатысты. К о м п е н с а ц и я л ы қ* баланс – коммерциялық несиенің бөлігін пайыз есебімен, заем иесі міндетті түрде банкіде депозит ретінде ұстауы (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОМПЕТЕНТТІ с ы н. *Құзырлы, белгілі бір саланы жетік білуші; өзінің білімі жағынан мәселені шешуге, ол жөнінде пікір айтуға құқы, уәкілдігі бар (адам).* Заңды ұйымдар болып саналатын мемлекеттік ұйымдар *к о м п е т е н т т і* мемлекеттік органдардың жарлығы бойынша жойылады (ҚазССР азаматтық кодексі). 1 июльде «Афиныдағы *к о м п е т е н т т і* топтардың» кезекті мәлімдемесі жарияланып, онда Кипрдің патриот қайраткерлерін жазалаймыз деп тура қыр көрсетілген («Соц. Қаз.»).

КОМПЕТЕНЦИЯ [лат. competere] з а т. **1**. ***Құзырет*** *(заңмен, жарғымен немесе өзге құжатпен берілген өкілеттіктер шеңбері).* Қазақ ССР министрлері Мемлекеттік басқару ісінің Қазақ ССР *к о м п е т е н ц и я с ы н а* кіретін салаларына басшылық етіп отырады (ҚазССР Конституциясы). Мировой судьялардың *к о м п е т е н ц и я с ы* кең болды, өйткені жалпы россиялық заңдарды бұзғандық жөніндегі істердің едәуір бөлігін осылар қарауға тиісті болды (ҚазССР тарихы). **2.** ***Біліктілік*** *(белгілі бір саладағы білім, тәжірибе).* ≈ *К о м п е т е н ц и я ғ а* ие болу.

КОМПИЛЯТОР [ағыл. compiler] з а т. и н ф. **1.** *Жоғарғы деңгейлі бағдарламалау тілінде жазылған алғашқы бағдарламаны мәшинелік тілге (алгоритмдік тілдер, түсіндіргіш, аударғыш) түрлендіретін компьютердің жалпы математикалық жасақтамасының құрамды бөлігі. К о м п и л я т о р* екі бөліктен тұрады: бірінші бөлігі – программалаушының программаны жазуы үшін пайдаланылатын алғашқы тіл, екіншісі – объектілік программаны машиналық тілде жазатын аударғыш (Қаз. тілі термин. Информатика). Қандай да бір жоғарғы деңгейлі тіл үшін *к о м п и л я т о р* жоқ болған жағдайда пайдаланылатын тілдің командаларын нақты компьютер үшін аударатын және олардың орындалуын жасақтайтын түсіндіргіш даярланады (Қаз. тілі термин. Информатика). **2**. *Жоғары деңгейлі тілде жазылған бағдарламаны мәшинелік кодқа түрлендіруші аударғыш. К о м п и л я т о р д ы ң* кірісіне түскен алғашқы модуль компиляциядан кейін объектілік модульге түрленеді (Қаз. тілі термин. Информатика). **3.** *Барлық бағдарламаларды олардың орындалуынсыз мәшинелік командаға аударатын аударғыш. К о м п и л я т о р* – программалау жүйесінің ажырамас бөлігі (Қаз. тілі термин.

Информатика). *Компиляторлардың* жұмыс істеуінің нәтижесінде орындалуға дайын емес жеке модульдер даярланады (Қаз. тілі термин. Информатика). **4.** *Бағдарламалық модульдерді құрастыратын бағдарлама-аудармашы. Компиляторлардың* түсіндіргіштен айырмашылығы – жоғары деңгейлі программалау тіліндегі программаны машиналық тілдегі программаға немесе машиналық тілге жуық программаға түрлендіреді, бірақ оның орындалуына қатыспайды (Қаз. тілі термин. Информатика). *Компиляторлардың* түрлері: алғашқы программаның әрбір жеке операторын тізбектік тәуелсіз құрастыруды жүзеге асыратын түсініктеме беруші компилятор, объектілік программаның тиімділігін арттыратын оңтайландырушы компилятор, мысалы, циклдар қайталанған кезде әрекеттің нәтижесі өзгермейтін командаларды циклдан шығару; пайдаланушыға программаны жөндеуді жеңілдететін жөндеуіш компилятор (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОМПИЛЯЦИЯ [ағыл. compilatio] з а т. и н ф. *Жоғары деңгейлі бағдарламалау тілінде әзірленген бағдарламаны немесе жеке бағдарламалық модульді мәшине тіліндегі бағдарламаға не мәшине тіліне жуық бағдарламаға аудару. Компиляция* процесінде программа аралық формаға түрленеді, яғни әрі қарай оны стандартты бағыныңқы программалар мен процедуралары бар кітапханалық құралдарға қосу керек (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Компиляция* нәтижесінде машиналық кодта құрылған программасы бар, алайда жеке программалық процедуралар арасындағы байланыс анықталмағандықтан, орындалуға дайын емес объектілік файл құрылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОМПИЛЯЦИЯЛА= е т. и н ф. *Кейбір алгоритмдік тілде жазылған бағдарламаны нақты бір процессордың мәшинелік командалардың тізбегіне аудару* (Қаз. тілі термин. Информатика).

КОМПИЛЯЦИЯЛАУ *Компиляцияла етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Компиляциялауға* жұмсалды.

Компиляциялау уақыты. и н ф. <ағыл. compiling time> *Компилятордың жұмысына жұмсалған уақыт. Компиляциялау уақыты* – компиляторлың алғашқы бағдарламаны объектілік модульге түрлендіруге (аударуға) жұмсаған уақыты (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОМПЛЕКС [лат. complexus] з а т. ***Кешен*** *(бір бүтін құрайтын заттардың немесе құбылыстардың жиынтығы).* Баланың жасын ескере отырып, дәрігер дене шынықтыру жаттығуларының *комплексін* белгілейді (Семья тәрбиесі). Лайлы өзені жағасындағы емхана *комплексі* аурухана қалашығы деп аталады («Соц. Қаз.»). Агротехникалық шаралар *комплексін* қатаң сақтау нәтижесінде кең көлемді участокта тамаша бітік өнім өсірілді («Соц. Қаз.»). Жем бұршақ пен жүгеріні қосып бергенде, жануарға қажетті амин қышқылдарының барлық *комплексі* болады (А.Байрашев, Қазақст. жембұршақ.).

КОМПЛЕКСОН [лат. complexus] з а т. х и м. *Құрамдарында НОО CCH_2 N атомдар топтасатын, металл атомдарымен ішкі комплексті қосылыстар түзетін лиганд* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОМПЛЕКСОНОМЕТРИЯ з а т. х и м. *Титрант ретінде белгілі компоненттің үлгісімен тұрақты еріметал комплексті қосылыс түзетін қосылыс ерітіндісі алынатын титриметриялық анализ түрі. Комплексонометрия* титриметриялық анализ, титранттар ретінде қолданылатын комплексондармен металдарды тұрақты қосылыстар түзуіне негізделген (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОМПЛЕКСТІ с ы н. ***Кешенді.*** Қазіргі таңда ауылшаруашылығын химияландырудың *комплексті* мәселелері күн тәртібіне қойылып отыр («Лен. жас»). Әрбір ауыспалы егіс *комплексті* бір бригадаға бекітіліп беріледі (М.Ерлепесов, Суармалы егін). Каналдардың көпшілігі *комплексті* пайдаланылады (Ж.Жатқанбаев, Су.).

Комплексті автоматтандыру. т е х. ***Кешенді автоматтандыру*** *(өндірісті автоматтандырудың аса маңызды түрі). Комплексті автоматтандыруда* өнімді тасымалдау мен бақылауды қоса есептегенде өндірістік процестегі жұмыстың бүкіл комплексін автомат машиналар мен технологиялық агрегаттар атқарады. Адам осы машиналар мен агрегаттардың жұмысын бақылаумен ғана шұғылданады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Комплексті жабдықтау. т е х. ***Кешенді жабықтау*** *(тұтастай өнеркәсіптік кәсіпорындарды, гимараттарды және басқа обьектілерді оған көрсетілетін қажетті техникалық көмек түрлері баяндалған құжаттарымен жеткізіп беру). Комплексті жабдықтау* өндірістің күллі жүйесін қамтамасыз ететін машиналардың, жабдықтардың және басқа механизмдердің барлық заттарымен қатар осымен бір мезгілде қажетті технологиялық білім мен тәжірибені сатып алады, инжиринг

тұрпатты қызмет көрсету қызметін белгілі бір ақыға сатып алады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Комплексті қосылыстар. х и м. ***Кешенді қосылыстар*** (*екі немесе бірнеше қарапайым молекулалардан құралған химиялық күрделі, заттар)*. Аммиакты мыс сульфатына қосқанда *к о м п л е к с т і қ о с ы л ы с т а р* түзіледі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Комплексті механикаландыру. т е х. ***Кешенді механикаландыру*** (*өндіріс процесі барысында орындалатын барлық негізгі және қосалқы жұмыстарға мәшинелер мен механизмдерді қолдану). К о м п л е к с т і м е х а н и к а л а н д ы р у* өндірістің тасқынды әдістерін дамытуға, машиналардың ең жаңа конструкцияларын пайдалануға негіз болуын тілейді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). *К о м п л е к с т і м е х а н и к а л а н д ы р у д ы ң* негізінде өндірісті интенсивтендіру іске асырылады, оны автоматтандыруға жағдай жасалады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Комплексті өткізгіштік. ф и з. ***Кешенді өткізгіштік*** (*электр тізбегіндегі айнымалы ток күшінің әсер етуші мәнінің оның қысқышындағы кернеудің әсер етуші мәніне қатынасына тең шама)* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОМПЛЕКСТІК с ы н. ***Кешенді*** (*кешенге тән, кешенге қатысты)*. Өкпе туберкулезін емдеу әдістері негізіне *к о м п л е к с т і к* емдер әдістері де алынуы керек (Ш.Көшербаев, Туберкулез).

КОМПЛЕКСТІК з а т. г е о л. ***Кешенділік*** *(микрорельефке байланысты топырақ жамылғысының кезектесе орналасуы, алалығы)*. Бірақ ғалымдардың көпшілігі топырақ *к о м п л е к с т і г і н і ң* негізгі себебі ретінде микрорельефті және соған байланысты ылғалдық пен тұздық тәртібіне байланысты топырақ және өсімдік жамылғысындағы алалануды атайды (Қаз. тілі термин. Геология). Топырақ *к о м п л е к с т і г і н і ң* айқын және кең тараған аумағына Батыс Сібір мен Каспий маңы ойпаттары жатады (Қаз. тілі термин. Геология).

КОМПЛЕКТ [лат. completus] з а т. ***Жиынтық*** *(бірін-бірі толықтыратын, белгілі бір құрал-саймандардың, заттардың т.б. толық жиынтығы)*. Малшыларға мың *к о м п л е к т* кішкентай кітапханалар сатылған («Лен. жас»). Керекті жабдықтың мыңнан астам *к о м п л е к т і с і н* сатып алу белгіленді (Қысқ. саяси экон.). Біз *к о м п л е к т і с і м е н* алынған сәнді мебельдері, қымбат гарнитуралары бар кейбір үйлерде де болдық («Соц. Қаз.»).

КОМПЛЕКТІЛІК з а т. т е х. **1.** *Кәсіпорынның атқаратын жұмысына керекті мәшинелермен, механизмдермен, жабдықтармен тиісті мөлшерде қамтамасыз етілуі*. **2.** *Тапсырыс берушілерге жіберілген өнімдердің техникалық нормалар мен ережелерде көрсетілгендей детальдармен, қосалқы бөлшектермен толық қамтамасыз етілуі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Өнімнің комплектілігі. т е х. *Өндірісте бұйымның барлық бөлшектерін көрсетілген мерзімде техникалық нормаға сәйкес біркелкі жасап, жинап, график бойынша шығару* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОМПЛЕМЕНТАРЛЫҚ з а т. ф и з. *Реакцияласатын молекулалардың бір-біріне стериялық сәйкестігі. К о м п л е м е н т а р л ы қ* – фермент пен субстрат, антиген мен нуклеин қышқылдарындағы қос спиральдағы гетероциклді негіздердегі антидене (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОМПЛЕМЕНТЕР з а т. э к о н. *Тікелей жауапты серіктестік. К о м п л е м е н т е р* форманың міндеттемелері бойынша өзінің бар мүлкімен жауап береді (ҚҰЭ).

КОМПОЗИТ з а т. х и м. *Әртекті химиялық құрауыштардан құралған материал. К о м п о з и т т е р,* әдетте, байланыстырушы негіз болатын матрицадан, сондай-ақ матрицамен біріктіруге және одан белгілі бір қажетті кескін алуға мүмкіндік беретін құрамдас бөліктерден тұрады (ҚҰЭ). Металдық матрицалы *к о м п о з и т т е р г е* бор, көміртек т.б. талшықтармен бекітілген құймалар жатады (ҚҰЭ).

КОМПОЗИТОР [лат. compositor] з а т. ***Сазгер*** *(музыка жазушы, музыкалық шығарманың авторы)*. Майра – асқақ әнші ғана емес, әрі ақын, әрі *к о м п о з и т о р* (Д.Әбілев, Арман.). СССР халық артисі Ермек Серкебаев қазақтың халық әні «Сұрша қыз», «Севиль шаштаразы» операсынан Фигароның каватинасын, *к о м п о з и т о р* С. Туликовтың «Отан» әндерін салады (Ә Шәріпов, Алыс.). Мен Нұрғиса Тілендиевтің шығармаларын тыңдаған сайын осындай ойға қаламын. Оған бірінен-бірін бөліп қарауға болмайтын, бірін-бірі толықтырып, байыта түсетін үш бірдей өнер қонған. Ол – әуелі *к о м п о з и т о р*, дүниеге қазақтың көзімен қарап, қазақша ойлайтын және сол үнде жазатын композитор (Д.Қонаев, Өтті дәурен.). Таппайды *к о м п о з и т о р* дайын үлгі, Ешкімнен тілемейді қайырымды. Айтпайды ешкім оған ешқашан да Қай жерден бастауды һәм қайыруды (С.Мәуленов, Алыс кет.).

КОМПОЗИЦИЯ [лат. compositio] з а т. **1.** ә д е б. *Әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкен-кішілі бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен қисынды түрде қиюластырылып, әртүрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық-бірлігі. К о м п о з и ц и я н ы ң* көркемдік қуаттылығы – әдеби шығармада не айтылғандығы қандай маңызды болса, нені қай тұста айту, әртүрлі жағдай, уақиғаның, іс-әрекеттің қайсысын бұрын, қайсысын кейінірек баяндау – бұлардың да үлкен мәні бар (Әдеб. теор.). Адамдардың сыртқы пішіні, кескіні, мінез-құлқы, іс-әрекеті, күйініш-сүйініші, сөйлеген сөзі, қысқасы, осылар тәрізді шығармада кездесетін оқиғаның, әр алуан бөлшектердің қалауын тауып, жазушы асқан шеберлікпен бір бүтін нәрсе етіп шығарады. Міне, осыны шығарманың *к о м п о з и ц и я с ы* – құрылысы деп атайды (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). Ал *композициясы* мен мәнінде, астарлап айтар ишараларында мін жоқ (Ә.Тәжібаев, Өмір.). *К о м п о з и ц и я* сюжетпен тығыз байланысты болғанмен, одан бірқатар айырмашылықтары бар (ҚҰЭ). **2.** ө н е р. *Композитордың немесе суретшінің шығармашылық еңбегінен туған шығарма (музыка, кескіндеме, мүсін немесе графика)* (ҚҰЭ). **3.** ө н е р. *Музыка шығару теориясы. К о м п о з и ц и я* музыкалық оқу орындарында (колледж, консерваторияларда) арнаулы пән ретінде оқытылады (ҚҰЭ). *К о м п о з и ц и я н ы* оқыту гармония, полифония, музыка, шығармаларды талдау, аспаптау сияқты музыкалық-теориялық пәндерді қоса үйретумен тығыз байланысты (ҚҰЭ). **4.** *Көбінесе көрермендердің, тыңдармандардың, оқырмандардың танымымен анықталатын, мазмұнымен, сипатымен, белгілеуімен, жанрмен шартталатын публицистикалық шығарманың құрамы.* Шындық әлемінің объективті заңдылықтары мен құбылыстарының өзара байланысын жинақтау және бейнелеуі *к о м п о з и ц и я* заңы болып табылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика). *К о м п о з и ц и я* сипаттарды, оқиғаларды және әрекеттерді, сюжеттен тыс элементтерді, жағдайдың егжей-тегжейлігін іріктейді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика). **5**. *Әртүрлі заттардың қоспасы. К о м п о з и ц и я* тағамның биологиялық қасиетін жоғарылату үшін жасалатын тағамдық заттар қоспасы (Қаз. тілі термин. Тамақ).

Кадрдың композициясы. ө н е р. *Фотокино және телебейнелердің соңғы қорытындыда біртұтас – линия, жарық әр түстің қатары бойынша – кескіндерін құру, оның кейбір бөліктерін (компоненттерін) табу. К а д р д ы ң к о м п о з и ц и я с ы* фигуралардың және картиналық жазықтықтағы заттардың орналасуымен, кадрдағы қозғалыстардың бағытымен және сипатымен, негізгі линиялардың және жарық түстері массасының, ритмдік қайталанымдардың, болашақ элементтердің және т.б. орналасуымен анықталады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика).

КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ с ы н. *Композицияға тән, композицияға қатысты.* Бұларға қоса шығарманың *к о м п о з и ц и я л ы қ* құрылысын белгілеуде елеулі орын алатын ерекшеліктер: уақиға автордың, автордан басқа баяндаушының атынан айтылуы немесе кейбір тұстарда болған жағдайлар шығармадағы кейіпкердің көзімен көрген қалпында алынып, соның ұғым-түсінігі арқылы берілуі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика). Әдеби шығарманың *к о м п о з и ц и я л ы қ* құрылысының ұтымдылығы сөз болатын мәселелерді, суреттелетін жағдайларды, кейіпкерлердің іс-әрекетін талғап, таңдай білу, оларды екшеп, сұрыптап алу, қисынын тауып қиюластыра білу шеберлігіне жалғас келеді және түптеп келгенде, бұл жазушының қандай шиеленіскен жағдай болса да түйінін тауып, ақ пен қараны ажыратып, не нәрсенің мәнді, маңызды екенін терең түсінетін көрегендігіне байланысты болады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика).

КОМПОНЕНТ [лат. componens] з а т. *Құрамына бір жай немесе күрделі зат кіретін жүйенің құрам бөлігі.* Күн мен көлеңке қазіргі сәулет өнерінің ең басты *к о м п о н е н т т е р і н і ң* біріне айналды («Лен. жас»). Екі *к о м п о н е н т* арасындағы жоғары және төмен ағыс жолдары арқылы қоректік заттар қозғалып, телінген *к о м п о н е н т* клеткалары қоректік заттар алатын болады (Т.Мұсақұлов, Ботаника). *К о м п о н е н т* – қандай да бір заттың, нәрсенің құрамдас бөлігі (ҚҰЭ).

Синтаксистік компонент. л и н г в. *Сөйлемнің немесе айтылымның бөліктері.* Ал құрмалас сөйлемнің құрамындағы негізгі синтаксистік *к о м п о н е н т т е р* жеке сөздер ғана емес, сол сөздерден құралған дербес сөйлемдер болады (Қазіргі қаз. тілі.).

КОМПОСТЕР [франц. composteur] з а т. т е х. *Бақылау немесе тіркеу кезінде құжаттарға (мысалы, теміржол билеттеріне, чектерге) белгі соғатын қысқыш тәрізді аспап немесе аппарат. К о м п о с т е р* – теміржол билетіне және басқа документке поездың номерін, билеттің берілген күнін тесіп жазатын қысқаш немесе аппарат (Қаз. тілі термин. Тамақ).

КОМПОТ [нем. Kompott] з а т. т а м а қ. *Қант салынған суға қайнатылған, жас немесе*

кептірілген жемістердің шырыны. Апельсиннің қабығынан *компот,* қант шырынын және кисель дайындау ұсынылады (Ж.Әбиев, Биология.). *Компот* құйылған басқа стакан әкеліп берді («Соц. Қаз.»). Дұрыс ұйықтау үшін түнге қарай бір стакан тәтті *компот* не тәтті кисель ішкен жөн (С.Сұбханбердии, Дәрі – дауа.). *Компот* дайындауда жеміс-жидектің барлық түрі пайдаланылады. Жуылып, тазаланған жеміс-жидектерге қантты шырын құйып дайындалады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОМПРАДОР [испан. comprador] з а т. э к о н. *Экономикасы мешеу дамыған елдерде шетел капиталы мен ұлттық рынок арасында делдалдық жасаушы жергілікті саудагер. Компрадор* негізінен, шетел капиталының саяси-экономикалық ықпалында болады (ҚҰЭ).

КОМПРАДОРЛЫҚ с ы н. *Компрадорға тән, компрадорға қатысты.* Оның үстіне Ыстамбұлдың космополиттік сипаты бар: әлі күнге дейін қала халқының едәуір бөлігін гректер, еврейлер, армяндар құрайды. Ол кезде Ыстамбұлда *компрадорлық* буржуазияның ұстанымы мықты еді («Егемен Қазақстан».).

КОМПРЕСС [франц. compresse] з а т. м е д. *Суға не дәріге малып, ауырған жерге, жараға тартатын бинт, мақта, шүберек сияқты заттар.* Үй жағдайында адамның ауырған буынына жылы судан немесе арақтан жасалған *компресс* қоюға болады (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Дәрігер келгенше, қарақұрт шаққан жерге қолма-қол *компресс* жасау керек (Ғ.Қыдырниязов, Шопан.). Терінің іріңді ауруларына жылы *компресс* пен сулы шүберек басуға болмайды (О.Сейкетова, Тері.). Сарбуынды ыстық сумен *компресс* жасап та емдейтін (Х.Арғынбаев, Мал ауру.).

КОМПРЕССИЯ [лат. compressio] з а т. ф и з. *Іштен жанатын қозғалтқышта, компрессорда және басқа құрылғыда ауаның, газдың сығылуы, қысылуы. Компрессия* нәтижесінде газтектес дененің алатын орны тарылады да, қысым күшейеді, сөйтіп температура артады. (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). *Компрессия* – сырттан түскен күштердің әсерінен газдың қысылуы; бұл кезде қысым мен температура жоғарылауы мүмкін (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОМПРЕССОР [лат. compressus] з а т. ф и з. *Ауаны, газды, буды тиісті қысымға дейін сығатын мәшине.* Қосарлы іс-әрекетті *компрессорларда* газ поршеньнің екі жағынан да сығылады. Қысымды 6-8 есе арттыру үшін көп сатылы поршеньді *компрессорлар* қолданылады. Оларда газ бірнеше цилиндрде сығылады (Қаз. тілі термин. Су.). *Компрессорлардың* цилиндрлері мен сатылар аралығында газ біршама салқындатып үлгереді, сондықтан компрессорларды жетектеуге энергия шығыны азаяды да, майлау майының тұтанып кетпеу қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі (Қаз. тілі термин. Су.). *Компрессор* – ауаның немесе газдың қысымын арттыруға арналған машина (ҚҰЭ).

КОМПРЕССОРЛЫ с ы н. ф и з. *Компрессор орнатылған, компрессоры бар. Компрессорлы* қозғалтқыш – іштен жанатын қозғалтқыш, дизель, оның цилиндрлеріне сұйық отын сығылған ауамен беріледі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). Салмағы ауыр, көлемі үлкен болғандықтан, иінді білік айналуының жиілігі әркелкі болғанда ауаның қысымын реттеудің қиындығынан *компрессорлы* қозғалтқыш транспортта (кемені қоспағанда) қолданылмайды (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОМПРЕССОРЛЫҚ с ы н. ф и з. *Компрессорға тән, компрессорға қатысты. Компрессорлық* стансы кәсіпорындарда, магистралды құбыр жолдарында және құрылыс объектілерінде қысылған ауаны немесе газды алуға арналған агрегаттар комплексі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). *Компрессорлық* стансыда қысылған ауа мен газ энергия таратушы немесе әртүрлі өнімдер алынатын шикізат (ауадан – оттек, азот-сутек қоспасынан – аммиак) ретінде пайдаланылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Мұнайды компрессорлық әдіспен өндіру. т е х. *Мұнай ұңғымаларын жасанды фонтандық әдіспен пайдалану. Мұнайды компрессорлық әдіспен өндіру* кезінде компрессормен скважинаның құбыр сыртындағы қуысына айдалған, қысылған ауа пайдалану құбырымен жоғары көтерілгенде мұнайды ала шығады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОМПРОМИСС [лат. compromissum] з а т. *Ымыра, өзара жеңілдік жасауға көну жолымен қол жеткен келісім.* Сонымен, «Искрадағы» заметка *компромисс* болып табылады (В.И.Ленин, Шығ.).

КОМПЬЮТЕР [ағыл.computer] з а т. и н ф. *Есептеу және ақпараттық мәселелерді шешу процестерінде ақпаратты автоматты түрде өңдеуге арналған техникалық құралдар жиынтығы.* Қазіргі кездегі *компьютерлер* 16-32 Мбайт шамасында мәліметтер сақтай алатын жедел жадпен және көлемі үлкен (5-10 Г байт) магниттік дискілермен, оған қоса магниттік таспалармен, лазерлік дискілермен жасақталады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютер – бағдарлама бойынша есептеу амалдарының күрделі тізбегін орындау арқылы электрондық түрде ақпарат қабылдауға, өңдеуге, сақтауға және беруге арналған машина (ҚҰЭ).

Жергілікті желідегі компьютерлер. и н ф. <ағыл. local area network (LAN)> *Мәліметтер жеткізу жылдамдығы 1 Мбит/сек шамасынан кем түспейтін компьютерлік желі түрі. Жергілікті желідегі компьютерлер* арақашықтығы шектеулі (бір немесе қатар тұрған бірнеше ғимараттарда орналасқан) бір немесе бірнеше жоғары жылдамдықты желі арналарымен байланысқан компьютерлер мен электрондық офистік жабдықтарды жалғастырып, принтерлерді, модемдерді, дискілерді ортақ пайдалану мүмкіндігін береді (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Жергілікті желідегі компьютерлер* электрондық көмейлер арқылы басқа кең ауқымды желілермен байланыса алады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютер атауы. и н ф. *Есептеу желісінде компьютерді (есептеу мәшинесін) шатастырмай табуға мүмкіндік беретін, ұзындығы 15 латын символынан аспайтын бірегей (өте сирек кездесетін) атау. Компьютер атауы* басқа есептеу машинасының немесе есептеу машиналары бірлестігінің атауларымен дәл келмеуі керек және оның құрамында бос орын болмауы тиісті (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютер буындары. и н ф. <ағыл. computer name> *Сәулеті мен элементтік негізінің түрлері бойынша біріктірілген, тарихи қалыптасқан компьютер топтары. Компьютер буындары* бір-бірінен элементтік негізі, құрылмалы-технологиялық орындалуы, логикалық ұйымдастырылуы, техникалық сипаттамалары, программалық жасақтамалары және пайдаланушы тарапынан компьютермен қатынас құру дәрежесі бойынша ажыратылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютер вирусы. и н ф. <ағыл. computer virus> *Орындалатын файлдарда, дискілердің жүйелік аймақтарында, драйверлерде, құжаттарда және т.б. орналасқан, өз көшірмелерін автоматты түрде басқа бағдарламаларға жазатын шағын көлемді арнайы жазылған зиянкес бағдарлама. Компьютер вирусы* алмалы-салмалы дискілер, желі арналары арқылы таралып, көптеген құжаттарға, программаларға зиян келтіреді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютердің көмегімен конструкциялау. и н ф. <ағыл. computer aideb desing> *Автоматты түрде жобалау мен құрастыруға арналған бағдарламалар кешені. Компьютердің көмегімен конструкциялау* әсіресе күрделі техникалық құрылымдарды жобалауда қолданылады (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Компьютердің көмегімен конструкциялау* сызбаларды дайындау процесін автоматтандырып, инженерлік есептеулерді жеңілдетеді. Мұндай жүйенің мысалы ретінде AutoCad программалық кешенін атауға болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютердің негізгі элементтері. и н ф. *Ақпарат түрлендіруді орындайтын қарапайым электрондық схемалар. Компьютердің негізгі элементтерінің* негізгі үш түрі атап көрсетіледі: логикалық элементтер – сигналдарды логикалық түрлендіру, мысалы, терістеуіш дизъюнктор, конъюктор; сақтайтын элементтер – ақпарат сақтау қызметін атқарады. Логикалық және сақтайтын элементтердің жұмыс істеуін жасақтау үшін қолданылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютердің разрядтылығы. и н ф. <ағыл. number of digitsper machine word> *Мәшинелік командаға бөлінген екілік разрядтардың санымен анықталатын компьютердің сипаттамасы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютердің шапшаңдығы. и н ф. <ағыл. computer speed> *Компьютер бір секундта орындайтын элементар операциялар саны. Компьютердің шапшаңдығы* негізінен элементтік базаға байланысты. Мысалы, электрондық шамдарға негізделген бірінші буындағы компьютердің шапшаңдығы секундына 10 мың операциядан аспады (Қаз. тілі термин.Информатика.). Аса төтенше үлкен интегралдық схемаға негізделген қазіргі заманғы *компьютердің шапшаңдығы* секундына ондаған миллион операцияға жетеді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютердің элементтік базасы. и н ф. *Компьютердің қызметтік құрылғылары схемаларын жасауға арналған негізгі электрондық элементтер (электрондық шамдар, транзисторлар, интегралдық схемалар). Компьютердің элементтік базасының* тарихи даму кезеңдеріне сәйкес компьютерлерді бірнеше (5) буындарға топтастырып жіктеу қабылданған (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютер жады. и н ф. <ағыл. memory> *Мәліметтерді жазуға, сақтауға және беруге арналған құрылғы. Компьютер жады* сыртқы және ішкі (оперативті, жедел жад) болып екіге бөлінеді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютер желісі. и н ф. <ағыл. computer network> *Желінің ортақ есептеу қорларын пайдалану үшін тұтынушылар қатынас құра алатын электронды есептеуіш мәшинелер мен абоненттік стансылар жиыны* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютер командасы. и н ф. *Компьютер жұмысының бір қадамын анықтайтын мәшине тіліндегі жарлық* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютер құрылымы. и н ф. <ағыл. computer structure> *Компьютердің құрамын және оған кіретін құрауыштарды анықтайтын (тағайындайтын) модель* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютер операторы. и н ф. *Компьютерде жұмыс істейтін және есептеу процесін жасақтайтын маман* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютер ресурсы. и н ф. <ағыл. resource of computer> *Мәселені шешу үшін пайдалануға болатын бағдарламалық және аппараттық құралдардың мүмкіндігі (*Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОМПЬЮТЕР-КЛИЕНТ з а т. и н ф. <ағыл. client computer> *Басқа компьютерге ұсынылатын мәліметтер мен бағдарламаларды пайдаланатын желі компьютері* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОМПЬЮТЕРЛЕНДІР= е т. и н ф. *Компьютерлік қызмет көрсету өнеркәсібінің даму процесі және оны қоғамда кеңінен пайдалану, кәсіпорындарды, мекемелерді және оқу орындарын компьютерлік техникалармен жабдықтау және оны қолдану саласында тұрғындарға жалпы білім берудің деңгейін арттыру* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОМПЬЮТЕРЛЕНДІРУ *Компьютерлендір етістігінің қимыл атауы.* Мектептерде 61063 компьютер болды, оның 20 пайызы тозғанын ескерсек, *компьютерлендіру* мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ («Егемен Қазақстан».)

КОМПЬЮТЕРЛІК с ы н. *Компьютерге тән, компьютерге қатысты. Компьютерлік* конструкциялау – типтік элементарлық объектілерден *компьютерлік* модель жасау принципі (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютерлік бірлестік. и н ф. <ағыл. computer family> *Бір немесе бірнеше тегі бірдей процессор мен архитектураның ұқсас элементтерінің негізінде құрылған компьютерлер желісі. Компьютерлік бірлестікке* сериясы бірдей процессорлары бар компьютерлер де жатады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютерлік вирус. и н ф. <ағыл. computer virus> *Орындалатын файлдарда, дискілердің жүйелік аймақтарында, драйверлерде, құжаттарда және т.б. орналасқан, өз көшірмелерін автоматты түрде басқа бағдарламаларға жазатын шағын көлемді арнайы жазылған зиянкес бағдарлама. Компьютерлік вирус* әрекетінен құтылу үшін антивирус программалары пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютерлік графика. и н ф. <ағыл. computer graphics> *Компьютер экранында мәтіннен өзге графикалық кескіндерді бейнелеу. Компьютерлік графикаға* кескіндерді қалыптастыру, бейнелеу және сақтау әдістері, диаграммалар мен графинктерді құру, кескіндерді өзгерту және оларды экранға шығару тәсілдері кіреді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютерлік желі. и н ф. <ағыл. bitnet, computer network> а) *Халықаралық Internet желісімен жалғастырылған үлкен желі.* Internet желісі институттарда пайда болғанға дейін Bitnet желісі *компьютерлік желіде* кеңінен қолданылды (Қаз. тілі термин. Информатика.) ә) *Ақпараттарды өңдеу, сақтау және жеткізуге арналған өзара байланысқан компьютерлер мен терминалдар жүйесі. Компьютерлік желі* – байланыс арналарының көмегімен ақпараттарды үлестіріп өңдеу талаптарын қанағаттандыратын, бірыңғай жүйеге біріктірілген компьютерлер мен терминалдардың жиынтығы (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютерлік қалыптау. и н ф. *Оператордың компьютерде редакция секретариатының алдын ала терілген мәтіндері, сондай-ақ иллюстрацияланған және графикалық материалдары бойынша жасалған макеті негізінде газеттер және журналдар алқаптарын құрастыру үрдісі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика).

Компьютерлік қарым-қатынастық орта. и н ф. <ағыл. computer communication mdium> *Компьютердің көмегімен адамдар арасында ақпарат алмасудың құралдары мен шарттарының жиынтығы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютерлік қылмыс. и н ф. <ағыл. computer crime> *Тиісті өкілдігі жоқ тұлғаның зиян келтіру мақсатымен компьютерлік жүйелерге заңсыз қатынас құруы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютерлік модель. и н ф. <ағыл. computer model> а) *Таңдалынған бағдарламалық ортаға бейімделінген ақпараттық модельді*

ұсыну формасы. ә) *Бағдарламалық ортаның құралдарымен жасалынған модель* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютерлік музыка ассоциациясы. и н ф. <ағыл. Computer Music Association> *Компьютерлік музыка бойынша халықаралық конференция ұйымдастыратын ассоциация* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютерлік ойын. и н ф. *Көңіл көтеру, оқу және жаттығу мақсатында адамның компьютермен белгілі бір ойын алгоритмі бойынша жұмыс істеуі. К о м п ь ю т е р л і к о й ы н д а р* ойын бағдарламасының басқаруымен сұхбат режимінде жүргізіледі (ҚҰЭ). Жақсы құрастырылып, қызығушылық тудыратын *к о м п ь ю т е р л і к о й ы н* бағдарламалары адамның танымдық және кәсіби мүмкіндіктерін жақсы жетілдіре алады (ҚҰЭ).

Компьютерлік революция. и н ф. <ағыл. computer revolution> *Дербес компьютердің жалпылама таралуы.* Ақпаратты өңдеу, сақтау және жеткізу тәсілдерінің өзгеру жылдамдығы өте жоғары болғандықтан *к о м п ь ю т е р л і к р е в о л ю ц и я* секіріс түрінде қаралады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютерлік сауаттылық. и н ф. <ағыл. computer literacy> *Практикалық жұмыстарда компьютерді қолдану біліктілігі. К о м п ь ю т е р л і к с а у а т т ы л ы қ* – компьютерді пайдалана отырып, мәліметтер оқу, жазу, есептеу, сурет салу және ақпарат іздеу жолдары (Қаз. тілі термин. Информатика.). *К о м п ь ю т е р л і к с а у а т т ы л ы қ* құрылымына ақпарат және есептеу техникасының негізгі түсініктері туралы білім; компьютерлік техниканың құрылымы мен қызмет мүмкіндіктерінің қағидаларын білу; жүйелері мен негізгі командаларын білу, бағдарламалар мен олардың қызметтерін меңгеру, бағдарламаның алгоритм, тіл дестелері туралы алғашқы түсінік, қолданбалы қарапайым бағдарлама бойынша бастапқы тәжірибеге үйрену әрекеттері енеді (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Компьютерлік технология. и н ф. <ағыл. computer technology> *Компьютерлік өңдеу базасындағы ақпараттық технология* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Компьютерлік томография. м е д. *Сәулелік диагностиканың жаңа түрі. К о м п ь ю т е р л і к т о м о г р а ф и я* әдісінің негізі – рентген сәулесі арқылы дененің қалаған деңгейдегі көлденең қимасын экранда бейнелеу (ҚҰЭ). Қазіргі уақытта *к о м п ь ю т е р л і к т о м о г р а ф и я* әдісі практикалық медицинада кеңінен қолданылады (ҚҰЭ).

Компьютерлік фанат. и н ф. <ағыл. geek> *Компьютер туралы өте көп білетін адам* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОМСОМОЛ з а т. т а р. с о в е т. **1.** *Кеңес өкіметі кезінде Кеңестік Социалистік Республикалар Одағында құрылған жастардың қоғамдық-саяси ұйымы. К о м с о м о л* 1918 ж. 29 қазанда Мәскеуде өткен жұмысшы-шаруа жастарының 1-съезінде құрылған (ҚҰЭ). *К о м с о м о л д ы ң* орнына ТМД елдерінде әртүрлі жастар ұйымдары пайда болды (ҚҰЭ). Санаторийде үш *к о м с о м о л* мүшесі бар екен (Е.Оразақов, Дәрігер.).//*Комсомол ұйымының мүшесі.* Ол кезде біз *к о м с о м о л* да болдық (Ауызекі). **2.** с ө й л. *Комсомол комитеті.* Мен қырманға орналастым есепші боп «айбарлы», Ал Танакөз *к о м с о м о л д ы ң* хатшысы боп сайланды (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Комсомол жастар бригадасы [фермасы]. т а р. с о в е т. *КСРО кезіндегі комсомол қатарына өткен, он жылдық мектепті бітірген жастардан ерікті, еріксіз түрде бригада, ферма түрінде жасақталған, негізінен ауылшаруашылық жұмыстарын атқаратын жастар тобы. К о м с о м о л ж а с т а р б р и г а д а с ы* ат қосты. Жарыс қорытындысы жаман болған жоқ (Ш.Есмұрзаев, Ильич.). *К о м с о м о л ж а с т а р ф е р м а с ы н ы ң* шаруасы да шалқи түсті (З.Ақышев, Біздің шамш.). Біз, *к о м с о м о л ж а с т а р б р и г а д а с ы,* колхоз малын өзіміз қамқорлыққа алуымыз керек (М.Дүзенов, Ақәже).

Комсомол комитеті. т а р. с о в е т. *Комсомол жұмысын басқаратын жергілікті ұйым. К о м с о м о л к о м и т е т т е р і н і ң* үйі жастарға толды (Көктем лебі). Мәселе әділ шешіліп, *к о м с о м о л к о м и т е т і* бюросының қаулысын жалпы жиналыс бұзды да, жігіт ақталып шықты (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). Аудандық *к о м с о м о л к о м и т е т і н і ң* жолдамасын жанбайтын жәшікке қастерлеп салып қойды (С.Омаров, Хантағы). *К о м с о м о л к о м и т е т і н е* мүше боп сайланды (М.Дүзенов, Әке.).

Комсомол ұйымы. т а р. с о в е т. *Комсомол жастардың басын қосатын орган.* Стол басында... *К о м с о м о л ұ й ы м д а р ы н ы ң* өкілдері отыр (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Партия, кәсіподақ, *к о м с о м о л ұ й ы м д а р ы* бұл міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етулері керек («Соц. Қаз.»).

КОМСОМОЛДАЙ с ы н. т а р. с о в е т. *Комсомол сияқты, комсомол тәрізді.* Ақынның сөзі шекер, тілі балдай, жүрекке әр сөзінен бал тамғандай. Ұлы көсем Лениннің ұрпақтары Октябрят, пионер мен *к о м с о м о л д а й* (Айтыс).

КОМСОМОЛДЫҚ с ы н. т а р. с о в е т. *Комсомол мүшесіне тән, комсомол мүшесіне қатысты.* Кеудесінде жайнаған *к о м с о м о л д ы қ* значек (Т.Жароков, Қырда.). Сол жолы бір *к о м с о м о л д ы қ* тойда болғанымыз бар (С.Қайдаров, Құрыш.). *К о м с о м о л д ы қ* және партиялық саяси оқу жастардың білімін жетілдіріп, сана-сезімін кеңейтті (Т.Бейісқұлов, Әкелер.).

Комсомолдық жолдама. т а р. с о в е т. *Белгілі бір тапсырманы, жұмысты атқаруға ерікті, еріксіз түрде жіберілетін комсомол жастарға берілетін жолдама.* Өзі *к о м с о м о л д ы қ ж о л д а м а м е н* келіп отырып, жіберген жеріңе бармаймын деп, қалай айта алар? (С.Омаров, Өмір.).Мектептен соң алыпты да *к о м с о м о л д ы қ ж о л д а м а*, Сауыншы болып келіпті осы ауылдағы фермаға (М.Шаханов, Ғасырлар.).

КОМСОМОЛЕЦ зат. тар. совет. *Комсомол мүшесі.* Мына жігіттер Харьковтан келген *к о м с о м о л е ц т е р* (С.Бегалин, Жеткіншек). Оқушы *к о м с о м о л е ц т е р* мектепті де елеусіз қалдырған жоқ («Халық мұғ.»). *К о м с о м о л е ц т е р* ауылшаруашылық дақылдары мен мал шаруашылығы өнімдерін молайту жолында көтеріңкі міндеттемелер қабылдап, айтарлықтай табысқа жетті («Лен. жас»).

КОМСОМОЛИЯ з а т. т а р. с о в е т. *Комсомолдың жалпы атауы. К о м с о м о л и я,* мұның өзі қандай тамаша саяси мектеп десеңізші! Ол біздің бәрімізге де қаншама көп нәрсе берді десеңізші! («Қазақст. мұғ.»).

КОМСОРГ з а т. т а р. с о в е т. *Белгілі бір ұжымдағы, мекемедегі комсомол ұйымының секретарі.* Біздің полктің *к о м с о р г і н* таныдым (Б.Момышұлы, Шығ.). Кейіннен жігіттер әділ, еңбек сүйгіш жолдасын *к о м с о р г* етіп сайлады (Ғ.Тәшімбаев, Топжарған.). Бұл кезде Ақтан тәжірибелі командир еді. Ол дивизионда *к о м с о р г* және полк партбюросының мүшесі болады, әрі батарея партия бюросының секретары (С.Қайдаров, Азамат сыры.).

КОМСОСТАВ ор. з а т. т а р. с о в е т. *Команда беруші құрам. К о м с о с т а в* киімін (костюмін) жазғы демалысқа қарсы түзетіп алғанмын (Б.Момышұлы, Жауынгер.).

КОМУЗ з а т. м у з. ***Қомыз*** (*үш ішекті, музыкалық аспап, қобыз*). *К о м у з,* қомыз – қырғыз халқының үш ішекті музыкалық аспабы. Қазақтың домбырасына ұқсас (К.Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік.). Әлгі қыз *к о м у з ы н* ақ саусағымен қағып тартады екен (К.Әзірбаев, Аңыз.).

КОМУЗШЫ з а т. м у з. ***Қомызшы*** (*комуз тартатын адам*). Полкімізде әнші мен биші, тақпақшы мен әңгімеші, баянист пен домбырашы, гармонист пен *к о м у з ш ы* көп екен (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

КОМФОРТАБЕЛЬДІ [ағыл. comfortable] с ы н. *Қолайлы, жайлы.* Кемеде метеорологиялық, океанографиялық зерттеулерге арналған 27 лаборатория және *к о м ф о р т а б е л ь д і* каюталар бар («Лен. жас»).

КОН з а т. *Карта ойынындағы ортадағы карта.* Дерягин сусылдаған атлас картаны араластырып жіберіп: – стук! *К о н* – 400 сом, – деді (С.Жүнісов, Жапанда).

КОНВЕЙЕР [ағыл.conveyer] з а т. **1.** *Сусыма, кесек жүктерді, санаулы нәрселерді жақын арада таситын, үздіксіз жұмыс істейтін мәшине. К о н в е й е р* жұмыс істеу принципіне, атқаратын жұмысына қарай толып жатқан түрге бөлінеді (мысалы, ленталы *к о н в е й е р*, шөмішті *к о н в е й е р*, роликті *к о н в е й е р* және т.б.) (Қаз. тілі термин. Геология). Өнеркәсіптің көптеген салаларында пайдаланылады, *к о н в е й е р* өндірісті механикаландыру мен автоматтандырудың басты құралдарының бірі (Қаз. тілі термин. Геология). Қозғау және жүк тасымалдау тетіктері бойынша *к о н в е й е р* бірнеше түрге топтастырылады (ҚҰЭ). Не шыдар шабыттанған кілең ерге, Тоқтаусыз бүлкілдеген *конвейерге,* Күрекпен түйдектеліп түскен көмір Тасқындап кетіп жатыр көлбей өрге (Ә.Көшімов, Көңіл). **2.** и н ф. *Екі бағдарлама арасындағы байланыс тәсілі. К о н в е й е р д е* бір программаның шығысының жұмыс нәтижесі бірден екінші программаның кірісіне беріледі (Қаз. тілі термин. Информатика.). *К о н в е й е р* – тізбекшесінің бір элементінің шығыстық мәліметтері басқа элементтің кірісіне келіп түсетін параллель жұмыс істейтін процестер тізбешесі немесе процессорлар (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Күрекшелі конвейер. т е х. *Науадағы немесе құбырдағы жүктерді қалақшалармен жылжытатын қондырғы. К ү р е к ш е л і к о н в е й е р д і ң* науасы үйкелістен тез тозады, сондықтан *к ү р е к ш е л і к о н в е й е р* абразивті және ұнтақталған материалдар тасымалдауға пайдаланбайды (ҚҰЭ).

Пластинкалы конвейер. т е х. *Горизонталь не көлбеу (35^0-қа дейін) жазықтықта ауыр (500 кг және одан да ауыр), дара, ірі кесек жүктер, сондай-ақ қыздырылған заттар тасымалдайтын қондырғы. П л а с т и н к а л ы к о н в е й е р д і ң* қозғалу жылдамдығы 0,3-10 м/с, жұмыс өнімділігі 2000 м/сағ-қа дейін жетеді (ҚҰЭ).

Таспалы конвейер. т е х. *Сусымалы, кесек және дара жүктерді тасымалдауға арналған*

қондырғы. Таспалы конвейердің жұмыс өнімділігі бірнеше т/сағ-тан мыңдаған т/сағ-қа дейін жетеді (ҚҰЭ).

КОНВЕЙЕРЛЕНДІР = е т. и н ф. *Процессордың бірнеше ішкі құрылғысын бір-біріне тәуелсіз және қатарласа жұмыс істету* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОНВЕЙЕРЛЕНДІРУ *Конвейерлендір етістігінің қимыл атауы. Конвейерлендіру* 286 және 386 процессорларда қолданылған. Сондықтан жадты алдын ала адрестеуге және мәліметтерді алдыңғы команда орындалып бітуі бойынша тасымалданатындай етіп дайындап қоюға болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОНВЕЙЕРЛІК с ы н. *Конвейерге тән, конвейерге қатысты.* Жадқа *конвейерлік* қатынас құруда алдыңғы команда орындалып жатқан сәтте келесі орындалмақшы команданың адресі көрсетіледі (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Конвейерлік жүйе. и н ф. <ағыл. pipeline system> *Мәліметтерді конвейерлік өңдеуді жасақтайтын компьютер. Конвейерлік жүйеде* физикалық деңгейде командалардың орындалу процесін параллельдеу кезінде логикалық деңгейде олардың тізбектік атқарылу принципі сақталады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Конвейерлік өңдеу. и н ф. <ағыл. pipeline processing> *Конвейерлік өңдеу* негізінде конвейер принципі жататын мәліметтерді өңдеу (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОНВЕКТИВТІ с ы н. ф и з. *Конвекциялы, конвекция қатысқан.* ≈ *Конвективті* қозғалыс.

Конвективті жауын-шашын. м е т е о р. *Жер бетіндегі жылынған ауаның жоғары өрлей қозғалуы (конвекция) барысында қалыптасатын, будақ-жаңбырлы бұлттардан жауатын, қысқа мерзімді, бірақ өте қарқынды нөсер түріндегі (кейде бұршақ аралас жауатын) жаңбыр.* Конвекция нәтижесінде *конвективті* бұлттар мен *жауын-шашын* қалыптасады (Қаз. тілі термин. Су.).

КОНВЕКТОР [лат.convecto] з а т. т е х. *Бір орталықтан жылыту жүйесінің жылытқыш аспаптарының бір түрі. Конвекторда* жылытылатын орынға (үйге) жылу түгелдей конвекция арқылы беріледі (мысалы, үйдегі жылу батареялары) (Қаз. тілі термин. Су.). *Конвекторлың* кең қолданылатын түрі бойымен ыстық су немесе бу қозғалысқа түсетін көлденең қабырғалары бар, металл қабықтың ішіне бекітілген құбырлар; құбырлардың төменгі және үстіңгі жақтарында ауа өтетін саңылаулары болады (ҚҰЭ).

КОНВЕКЦИЯ [лат.convectio] з а т. **1.** ф и з. *Ортаның (газдың, сұйықтықтың) макроскопиялық бөлшектерінің, массалардың, жылудың және т.б. физикалық шамалардың тасымалдануына себепші болатын қозғалысы. Конвекция* – сұйықтың немесе газ қабатының астыңғы және үстіңгі жапсарларындағы бөлшектердің температурасы мен тығыздығындағы айырмашылықтар әсерінен осы бөлшектердің жоғары-төмен қозғалуы (Қаз. тілі термин. Геология). *Конвекция* – сұйықтықта, газда немесе сусымалы ортада зат ағынымен жылу тасымалдау (ҚҰЭ). **2.** с у ш а р. *Мұхит сулары араласуының маңызды механизмі.* Еркін *конвекция* кезінде қозғалыс сұйықтықтың түрлі бөлшектеріндегі қысым өзгешеліктерінен, ал ырықсыз конвекция сұйықтыққа механикалық немесе сыртқы күштердің әсерінен пайда болады (Қаз. тілі термин. Су.). **3.** м е т е о р. *Жер бетінен ысыған тығыздығы төмен ауа массасының атмосферада жоғары көтеріліп, салқын (тығыздығы жоғары) ауа массасының төменге түсуі. Конвекция* нәтижесінде конвективті бұлттар мен жауын-шашын қалыптасады (Қаз. тілі термин. Су.). *Конвекция* әсерінен, мыс., Жер атмосферасында бұлттар түзіледі (ҚҰЭ).

Амалсыз конвекция. т е х. *Сорғылар, компрессорлар немесе араластырғыш әсерінен жүретін конвекция* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Еріксіз конвекция. ф и з. *Сыртқы механикалық әсерден пайда болатын конвекция түрі. Конвекция* табиғи (еркін) және *еріксіз* болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Су.).

Табиғи [еркін] конвекция. ф и з. *Ортаның біртексіздігіне температура мен тығыздық градиенттерінің әсері. Табиғи конвекция* ортаның біртексіздігінен (температура мен тығыздық градиенттерінің әсері), ал еріксіз конвекция ортаға сыртқы механикалық әсерден пайда болады (ҚҰЭ). Ортаның әртектілігінен туындайтын *табиғи (еркін) конвекция* және ортаға сыртқы механикалық ықпалдан туындайтын ырықсыз конвекция деп аталатын түрлері бар (Қаз. тілі термин. Су.).

КОНВЕКЦИЯЛЫ с ы н. т е х. *Конвекция қатысқан, конвекция араласқан. Конвекциялы* ток – электрмен зарядталған денелердің қозғалысына байланысты электр тогы (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). *Конвекциялы* ток – сұйық зат пен газдың әркелкі қыздырылғанда

тығыздығының әртүрлі болуынан туатын салмақ күшінің әсерімен сұйық заттың немесе газдың қозғалуы (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНВЕКЦИЯЛЫҚ с ы н. т е х. *Конвекцияға тән, конвекцияға қатысты. К о н в е к ц и я л ы қ* ток – макроскопиялық зарядталған дененің орын ауыстыруымен жүзеге асатын электр зарядтарын тасымалдау (Қаз. тілі термин. Су.).

Конвекциялық ағыс. т е х. *Сұйық немесе газ бөлшектерінің температурасындағы айырмашылықтар әсерінен туындайтын, сол бөлшектердің жоғары-төмен қозғалуымен сипатталатын ағым.* Бірқатар тектоникалық тұжырымдарға сәйкес *к о н в е к ц и я л ы қ а ғ ы с т а р* тау қалыптасуының (орогенез), мұхиттағы терең шұңғылдардың, арал доғаларының, геосинклинальдардың пайда болуына байланысты туындайды (Қаз. тілі термин. Су.).

КОНВЕНТ [лат. conventus] з а т. қ о ғ.-с а я с. *Кейбір елдерде конституцияны өзгерту үшін шақырылатын заң шығару органы. К о н в е н т* – кейбір елдердегі саяси партиялар, ұйымдар атының құрамдас бөлігі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия). Бүгінгі ең демократияшыл ел саналатын АҚШ-тың конституциясы шын мәнінде ең әділ заң деп айта аламыз ба? Әрине, жоқ. Ата заңды қабылдаған конституциялық *к о н в е н т т і ң* өзі демократиялық жиын болған жоқ («Егемен Қазақстан»).

КОНВЕНЦИОНАЛДЫ с ы н. ф и л о с. *Келісімшартқа сай. К о н в е н ц и о н а л д ы* – қалыптасқан дәстүрге сай келетін шартты қабылдау (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КОНВЕНЦИОНАЛИЗМ [лат. conventio] з а т. ф и л о с. *Материалдық және жаратылыстану ғылымы ілімі негізіне еркін келісім жататын, ғылымның философиялық талқылауындағы идеалистік бағыт. К о н в е н ц и о н а л и з м д е* таңдау тек қана жайлылықты ойлау мен жан-жақтылық, «ой экономиясы қағидасымен» және т.б. реттеледі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КОНВЕНЦИЯ [лат. conventio] з а т. **1.** *Сауданың, ақша айналысының, еңбек қатынастарының, салықтар мен баж алымдарын өндіріп алудың, экспорт-импортқа баға белгілеудің т.б. ортақ ережелерін сақтау көзделетін көп жақты халықаралық келісімшарт.* Герман Демократиялық Республикасы адамның правосын қорғау саласындағы бірсыпыра халықаралық *к о н в е н ц и я л а р ғ а* қосылуға әзір екендігін хабарлады («Соц. Қаз.»). *К о н в е н ц и я* – экономикалық, техникалық, соғыс, заңдық т.б. сипаты бар халықаралық келісім (Қаз. тілі термин. Педагогика). *К о н в е н ц и я* – арнаулы мәселе жөніндегі халықаралық шарт (Қаз. тілі термин. Педагогика). **2.** э к о н. *Мекемелер мен ұжымдардың бір-бірімен тапсырысты бөлу, өткізу және реттеу мәселесі бойынша экономикалық келісім.* Өндіріс, бөлісу және т овар өткізу мәселелерін реттеу жөнінде *к о н в е н ц и я* шаруашылық ұйымдардың арасында да жасалады (Қаз. тілі термин. Педагогика).

КОНВЕНЦИЯЛЫҚ с ы н. э к о н. *Конвенцияға тән, конвенцияға қатысты.* Әдетте *конвенциялық* алымның мөлшері мемлекеттік біржақты дәстүрлі кедендік тарифтен төмен болады (Қаз. тілі термин. Экономика).

Конвенциялық баж салығы. э к о н. *Мемлекеттер арасындағы келісімшарт бойынша белгіленген кедендік алымдар* (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНВЕРГЕНТТІ с ы н. ф и з. *Конвергенция нәтижесінде жуықтаған.* ≈ *К о н в е р г е н т т і* бөлшектер.

Конвергентті жұп. ф и з. *Тангенциалдық қозғалыстардың шеткі аймақтардан орталыққа қарай жылжуы нәтижесінде қалыптасқан қатпарлы егіз жүйенің (әдетте миогиосинклиндер) бір-бірімен тоқайласу пішіні* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНВЕРГЕНТТІК з а т. ф и л о с. *Бір нәрсеге бейімділік, бір нәрсемен жақындасу.* Жаратылыстану ғылымында *к о н в е р г е н т т і к* дегеніміз – объективті деп қарастыруға болатын нақты соңғы мәнге зерттеу нәтижесінің біртіндеп жақындауы; әртүрлі есептеу әдістерінің біреуіне мақсатқа жетелеушісіне жақындауы, өзінің жарамдылығын дәлелдейтін барлық теориялық жүйенің бір жүйеге жинақталуы (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КОНВЕРГЕНЦИЯ [лат.convergere] з а т. **1.** б и о л. *Ағзаның сыртқы не ішкі құрылысындағы, шыққан тегінің бірлігіне емес, ұқсас тіршілік жағдайына бейімделуге байланысты пайда болған белгілердің ұқсастығы.* Системалық жағынан алғанда, бір-біріне жақындығы жоқ өсімдіктердің белгілі бір ортада өсіп-өнуінің нәтижесінен өзара бір-біріне ұқсас болып кетуін *к о н в е р г е н ц и я* деп атайды (Т.Мұсақұлов, Ботаника). *К о н в е р г е н ц и я* – ағзаның ішкі және сыртқы құрылысы белгілерінің шығу тегінің бірлігіне емес, белгілі бір тіршілік жағдайына бейімделушілік қасиеттеріне байланысты ұқсас болуы (ҚҰЭ). *К о н в е р г е н -*

ц и я – әртүрлі ататектен таралған организмдерде қолдан сұрыптау немесе табиғи сұрыпталу нәтижесінде ұқсас белгілердің дамуы (ҚҰЭ). **2**. ф и з и о л. *Бақыланатын нысанның бейнесі екі көзге бірдей мейлінше жақсы көрінетін алаңға келетіндей етіп көздердің қиысуы.* Бақыланатын нәрсе неғұрлым жақын болса, *к о н в е р г е н ц и я* да көз осьтерінің қиысуы соғұрлым айқын болуы, демек, екі көз объекті түрған нүктеден бірдей қашықтықта болып, конвергенцияланады (Қаз. тілі термин. Педагогика). Қашықтық пен заттардың көлемін қабылдауда көздің *к о н в е р г е н ц и я с ы,* яғни екі көздің көрілетін затқа бір көздей болып әрекет етуі қажет болады. Бұл құбылыс жақындағы нәрсені ажыратуда байқалады (Қ.Жарықбаев, Психология). *К о н в е р г е н ц и я* нәтижесінде әртүрлі эфференттік (орталық жүйке жүйесін эффекторлармен жалғастыратын) талшықтармен қабылданған импульстар белгілі бір аралық немесе эфференттік нейрондарға тоғысуы мүмкін (ҚҰЭ). Осылай, *к о н в е р г е н ц и я* біз бақылайтын нәрсенің көзден алыс-жақындығын көрсететін қызмет атқарады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). **3**. л и н г в. *Тілдің тарихи дамуы барысында әртүрлі екі дыбыстың (фонеманың) бір дыбысқа айналуы. К о н в е р г е н ц и я* – тілдің тарихи даму барысында әртүрлі екі дыбыстың (фонеманың) бір дауысқа айналуы (ҚҰЭ). Көне түрік тіліндегі баш, құш, аш деген сөздердің құрамындағы ш дыбысының қазақ тілінде с дыбысына айналуы нәтижесінде бас, құс, ас деген етістік сөздермен бірдей дыбысталып, омонимдік мағынаға ие болып отыр. Әдетте, *к о н в е р г е н ц и я* айтылуы (артикуляциясы) жағынан қиындау дыбыстардың айтылуы оңайлау дыбыстарға қарай өзгеру нәтижесінде пайда болады (Қаз. тілі энцик.). **4**. к е н. *Әртүрлі петрогендік процестер нәтижесінде қалыптасқан құрамы мен құрылысы жағынан ұқсас таужыныстар.* Металлогенияда *к о н в е р г е н ц и я* жаралу тегінің түрліше болуына қарамастан, рудалы кендердің басты-басты белгілерінің (құрамы, құрылысы, геологиялық жағдайы) бір-біріне өте ұқсас болуы (Қаз. тілі термин. Кен.). Геоморфологияда *к о н в е р г е н ц и я* – әртүрлі жағдайларда түрлі жолдармен қалыптасқан жербедер пішіндерінің өзара ұқсастығы (Қаз. тілі термин. Кен.). Аймақтық геологияда *к о н в е р г е н ц и я* – әртүрлі географиялық формациялардың жаралу тегінде айтарлықтай айырмашылықтар болуына қарамастан, олардың құрамы мен құрылысында байқалатын ұқсастықтар (Қаз. тілі термин. Кен.). **5**. ф и л о с. *Қоғам дамуына байланысты туындаған бір-бірінен тәуелсіз өзара ұқсас немесе бірыңғай мәдени құбылыстар. К о н в е р г е н ц и я* – бір-бірінің кейбір белгілерін қабылдай отырып, жақындасу, біртұтас қоғамға айналу (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия). *К о н в е р г е н ц и я* – қоғам дамуының жалпы заңдарының ықпалымен бір-бірінен тәуелсіз туған өзара ұқсас немесе бірыңғай мәдени құбылыстарды білдіру үшін қолданылатын термин (ҚҰЭ).

Конвергенция теориясы. п с и х о л. *Преформизм (нативизм) мен сенсуалистік теория (эмпиризм) біржақтылығын болдырмауға тырысудан туған баланың психикалық дамуы туралы теория. К о н в е р г е н ц и я т е о р и я с ы* өзінің мәні жағынан биологияланған болып табылады (Қаз. тілі термин. Педагогика). Сыртқы ортаға катализатор рөлі беріледі, дамудың қарқынын айқындайтын, ал психикалық дамуға сапалы жаңалық әкеле алмайтын, сыртқы әсерлер, соның ішінде білім мен тәрбие, жабдықталу, қызмет бәрі қосылып *к о н в е р г е н ц и я т е о р и я с ы* бойынша психиканың мазмұны мен ерекшеліктерін қалыптастырмайды, тек ол баста негізі қаланып, ішкі детерминденген қасиеттердің дамуына жағдай жасайды (Қаз. тілі термин. Педагогика).

КОНВЕРСИЯ [лат.conversio] з а т. **1**. э к о н. *Бұрын шығарылған мемлекеттік заем шарттарының өзгеруі. К о н в е р с и я* көбінесе бұрынғы бекітілген заем процентін кеміту, қысқа мерзімді заемның төлеу мерзімін ұзарту және бұрын шығарылған заемдардың өтеу әдістері мен мерзімдерін өзгерту сияқты мемлекеттік шаралар жатады. **2.** и н ф. *Мәліметтерді өңдеудің бір әдісінен екіншісіне немесе мәліметтерді өңдеудің бір жүйесінен екіншісіне өту үрдісі* (Қаз. тілі термин. Информатика.). **3**. ф и з. *Кейбір газдарды жоғары температурада өңдеу процесі.* Мысалы, сутек алу процесі *к о н в е р с и я ғ а* жатады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). **4**. ә с к. *Азаматтық және әскери салалар арасындағы қаражаттық, еңбек және материалдық ресурстардың бөлінуіндегі тепе-теңдіктің бұзылуы.* **5**. б и о л. *Бактерия вирустары зақымдағанда, бактерия белгілерінің өзгеруі* (Қаз. тілі термин. Экология). **6**. л и н г в. *Ешқандай қосымшаның көмегінсіз түбір не негіздің басқа сөз табына алмасуы арқылы жаңа сөз жасайтын сөзжасам тәсілі. К о н в е р с и я* қосымшасыз сөзжасам әдісі ретінде аффиксацияға қарсы қойылады (ҚҰЭ). *К о н в е р с и я* нәтижесінде пайда болған жаңа мағына басқа сөзбен тіркескенде, өзінің толық

мағыналық қалыбымен айқындалады (ҚҰЭ). *Конверсия* – ешқандай аффикстің көмегінсіз-ақ түбірдің не негіздің басқа сөз табына алмасуы арқылы жасалатын сөзжасам тәсілі. *Конверсия* аффикссіз сөзжасам әдіс ретінде аффикацияға қарсы қойылады («Қазақ тілі» энцик.). *Конверсия* – зат есім мен етістік, зат есім мен сын есім, сан есім мен үстеу арасында үзілмей болып отыратын табиғи тілдік процесс («Қазақ тілі» энцик.).

Қарыз конверсия. э к о н. *Бұрынырақ шығарылған қарызды оның мерзімі мен қарыз пайызының мөлшерінің өзгеру мақсатымен байланысты жаңа қарызбен алмастыру* (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНВЕРСИЯЛАН= е т. э к о н. *Бір елдің валютасын екінші елдің валютасына айырбастау мүмкіндігі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика).

Конверсияланатын валюта. э к о н. ***Еркін айналатын валюталар***. *К о н в е р с и я л а н а т ы н в а л ю т а* ағымдағы рыноктық баға бойынша барлық жерде төлемге қабылданатын валюта. Тым болмағанда ағымдағы операциялар бойынша валюталық шек алып тастаған елдердің валютасы *к о н в е р с и я л а н а т ы н в а л ю т а* деп саналады; толық конверсияланатын валюта (қаржы операцияларының емін-еркіндігін қоса) валюта 20-ға жуық қана жетекші капиталистік елдерде, ағымдағы операциялар бойынша 60-тан астам елде бар (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика).

КОНВЕРСИЯЛАНУ *Конверсиялан етістігінің қимыл атауы*. Яғни *к о н в е р с и я л а н у* кезінде қандай мемлекет болмасын айналым функциясын орындайтын валютаны атайды (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика).

КОНВЕРСИЯЛЫҚ сын.э кон. *Конверсияға тән, конверсияға қатысты. К о н в е р с и я л ы қ* валюта айналымдағы құны бойынша бір валютаны басқа бір валютаға айырбастау (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНВЕРТ [нем. Kuvert] з а т. *Белгілі бір жаққа жіберу үшін (хат, кітап т.б. нәрселерді) төрт бұрышты не үш бұрышты етіліп қағаздан жасалатын пакет*. Әлібек шешесінің қолынан хатты ала сала, *к о н в е р т і н* ашып жіберді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Төс қалтасынан *к о н в е р т к е* төрт бүктеп салған қағазды алып, маған ұсынды (М.Дүзенов, Ақәже). Қазынада сатылған әртүрлі *к о н в е р т т е г і* маркалар 13614 болыпты («ТУГ»). Ешкім ашып оқымапты, Жазып ем сыр он бетке. «Жоқ» деп сені әлдебіреу Қол қойыпты *к о н в е р т к е* (С.Мәуленов, Алыс кет.).

КОНВЕРТЕР [ағыл. converter] з а т. г е о л. *Балқытылған шойынды ауамен немесе оттекпен үрлеу арқылы болат алуға (мысалы, қалайы, мыс-қалайы штейндерін алуға) арналған металлургиялық агрегат*. Болат қорытылатын *к о н в е р т е р л е р* оттектік, бессемерлік, томастық конвертерлер болып бөлінеді (ҚҰЭ). *К о н в е р т е р* – алмұрт немесе цилиндр пішіндес ыдыс (ҚҰЭ).

КОНВЕРТЕРЛІК с ы н. *Конвертерге тән, конвертерге қатысты.* ≈ *К о н в е р т е р л і к* қосылыс.

Конвертерлік процесс. ф и з. *Балқыған шойынды конвертерде оттек бар газдармен немесе техникалық таза оттекпен үрлеудің нәтижесінде болатқа айналдыру процесі*. Шойындағы қоспалардың (көміртектің, кремнийдің, марганецтің, фосфордың) тотығуы нәтижесінде *к о н в е р т е р л і к п р о ц е с с* кезінде металды сұйық күйде ұстарлықтай жеткілікті қызу пайда болады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНВЕРТОР [ағыл. convertor] з а т. и н ф. **1.** *Сигналдар деңгейін түрлендіруге, мәліметтерді жеткізу жылдамдығын және бір тасуыштан екінші тасуышқа өтуін өзгертуге арналған құрылғы*. **2.** *Мәліметтерді бір пішімнен басқа пішімге түрлендіретін бағдарлама* (Қаз. тілі термин. Информатика).

КОНВОЙ [гол. konvoi] з а т. *Қылмысты адамды бақылап айдап жүруші, қарауыл, қарулы бақылаушы*. Жаманке деген адам Қаракөл абақтысында қаза тапты.Басқаларын Жаркент абақтысына *к о н в о й м е н* жөнелтіп еді (С.Шарипов, Бекболат). Июнь жарлығына байланысты ұсталғандар Ордада аз емес екен. Солардың ішінен ең қауіпті деп саналған үш адамды төрт *к о н в о й м е н* Астраханьға жөнелтпек болды (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Үш жігіт айдап келе жатқан *к о н в о й д ы* тонап алды да қойды (І.Жансүгіров, Шығ.).

КОНГЛОМЕРАТ [лат. conglomeratus] з а т. **1**. к е н. *Жұмырланған сынық тастардың өзара табиғи шеменделуі нәтижесінде пайда болған тығыз жыныс. К о н г л о м е р а т т а р* табиғатта кең тараған, құрлық қыртысында зор қабаттар құрады, әсіресе, алма-кезек көтерілу және төмен опырылу процестері дамыған аумақтарда жақсы байқалады (Қаз. тілі термин. Кен.). *К о н г л о м е р а т* – жымдаса дәнекерленген тасмалталар жиынтығынан тұратын таужыныс. Мөлшері 1-10 см аралығында болып келетін тасмалталар өзінің құрамы жағынан әртүрлі болуы ықтимал (Қаз. тілі термин. Геология). *К о н г л о м е р а т*

дөңбектас, малтатас, құм, қиыршықтастың темір оксидімен, карбонатпен, сазды материалмен, кейде кремний қышқылымен бірігіп цементтелуінің нәтижесінде түзіледі. Кейбір *конгломерат* қабаттарында алтынның, платинаның кендері кездеседі (ҚҰЭ). **2.** эк он. *Әртүрлі салалардағы фирмаларды бірлескен қаржылық және цйымдастыру бақылауымен біріктірудің бір түрі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика).

КОНГЛОМЕРАТ-БРЕКЧИЯ з а т. г е о л. *Құрамындағы тасмалталар (жұмырлана өңделген кесектер) мен үшкір кесектердің мөлшері бір-бірімен қарайлас, конгломераттар мен брекчиялардың аралығына сәйкес келетін ірі кесекті шөгінді таужыныс* (Қаз. тілі термин. Геология).

КОНГЛОМЕРАТТЫҚ с ы н. *Конгломератқа тән, конгломератқа қатысты. Конгломераттық* қосылу – екі немесе одан да көп серіктестіктердің бірігуі, олар бір-бірімен бәсекеге түспейді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика).

КОНГОЛЫҚТАР з а т. *Банту тобына жататын халық. Конголықтардың* негізгі кәсіптері – пальма, кофе, какао плантациялары (ҚҰЭ). Сонымен қатар *конголықтар* кен өндіру орындарында (алмаз, мыс, алтын т.б.) жұмыс істейді (ҚҰЭ).

КОНГРЕСС [лат. congressus] з а т. **1.** *Халықаралық қоғамдық немесе ірі ғылыми жиналыс.* Жақында Москвада антропология мен этнография ғылымдарының Халықаралық VII *конгресі* болып өтті («Қаз. әдеб.»). Өткен жылы Москвада болған математиктердің дүниежүзілік *конгресіне* қатысқан 4000-нан аса математик 15 топқа бөлініп, баяндамалар жасады («Қазақст. мұғ.»).Шығысты зерттеушілердің халықаралық XXV *конгресі* өтті (Ә.Жәмішев, Дала). **2.** *Америка Құрама Штаттарында, Латын Америкасының елдерінде және басқа кейбір мемлекеттерде заң шығарушы парламенттің бір палатасы.* Олар (ашынған адамдар) лек-легімен Вашингтонға кетіп бара жатыр. 19 июньде олар үкімет пен *конгреске* үзілді-кесілді талап қояды («Лен. жас»). Оңтүстік Африка Республикасының жергілікті халқының *конгресінің* Атқару комитетінің мүшесі есебінде жазушы Алекс Ла Гума бірнеше рет қуғын-сүргінге ұшырады («Қаз. әдеб.»).

КОНГРУЭНТТІЛІК [лат. congruens] з а т. г е о м. *Элементар геометриядағы кесінділердің, бұрыштардың, үшбұрыштардың және басқа фигуралар мен денелердің теңдігін белгілеу үшін қолданылатын бірлік. Конгруэнттілік* – элементар геометриядағы негізгі ұғымдардың бірі (ҚҰЭ).

КОНГРУЭНЦИЯ з а т. б и о л. *Түрішілік қатынас барысында пайда болатын дарақтардың өзара бейімделуі. Конгруэнция* – көбею кезінде аталық пен аналықтың мінез-қылығының, мүшелерінің функциясының сәйкес келуі және т.б. (Қаз. тілі термин. Экология). *Конгруэнция* тіршілік ортасының популяциялық-түрлік бөлігін құрайды. Бұл терминді 1836 ж. С.А. Северцов (1891-1941) енгізді (Қаз. тілі термин. Экология).

КОНДЕНСАТ [лат. condensatum] з а т. ф и з. *Будың салқындатылуынан пайда болған өнім. Конденсат* – дененің газ тәрізді күйден сұйық күйге айналуы (Орыс-қаз. түсінд. сөздік. Физика.). *Конденсат* – газдың немесе будың конденсациясы нәтижесінде түзілетін сұйықтық және қатты зат (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). *Конденсат* мотор отыны ретінде пайдаланылады, химия өнеркәсібі үшін құнды шикізат болып табылады (ҚҰЭ).

Газды конденсат. х и м. *Молекуласында көміртек атомдары 4-тен жоғары болып келетін сұйық көмірсутек қоспасы. Газды конденсат* – табиғи газдан бөлінетін өнім (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). Конденсат – *газды конденсаттың* тез қайнайтын (300°С-қа дейінгі температурада), көмірсутектерден тұратын бөлігі (ҚҰЭ).

КОНДЕНСАТОР [лат. condensare] з а т. **1.** ф и з. *Екі немесе одан да көп металл пластинкалардан құралған, электр күшін жинайтын аспап.* Анодпен экран арасында біріне-бірі перпендикуляр екі пар ауытқытушы пластинкалар (қалақшалар) орналасқан. Бұл пластинкалар *конденсаторлар* болып табылады (М.Бекбауов, Көгілдір экран). Косинусты *конденсаторлар* еліміздің химия өнеркәсібі орындарында кеңінен қолданылуда («Соц. Қаз.»). Кілтті ажыратқан кезде *конденсатор* (С) кедергі (R) арқылы разрядталады да, лампа сеткасының потенциалы төмендейді. Бұл анодтық токты арттыра түседі (К.Айманов, Физика.). **2.** т е х. *Заттың газ тәрізді (бу тәрізді) күйден сұйық затқа немесе кристалды затқа айналуын жүзеге асыратын аппарат. Конденсатор* химиялық технологияда, жылу және салқындатқыш қондырғыларда, буландыру қондырғыларында пайдаланылады. *Конденсатордың* екінші бір түрі – электр конденсаторы (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). Пайдаланылған бу *конденсатор* деп аталатын айрықша құрылымға жіберіледі.

Бұл бу осы жерде ақпа сумен суытылатын труба арқылы өтіп, өзінің ішкі энергиясының бір бөлігін жоғалтады да, осы жерде тазарады (А.В.Перышкин, Физика.). *Конденсаторлар* мен тоңазытқыштардан өткенде, су өнімді салқындатып қана қоймайды («Лен. жас»).

Электрлік конденсатор. ф и з. *Диэлектрлік (қағаз, слюда, ауа т.б.) қабатпен бөлінген екі не одан көп қозғалатын немесе қозғалмайтын электродтар жүйесі. Электрлік конденсатордың* электр зарядын жинақтағыш қасиеті бар (ҚҰЭ).

КОНДЕНСАТОРЛЫҚ с ы н. т е х. *Конденсаторға тән, конденсаторға қатысты. Конденсаторлық* пісіру – екі металл бұйымды электрмен пісіріп жалғастыру әдістерінің бірі; мұнда электр конденсаторларынан алынатын өте қысқа мерзімдік қуатты ток импульсы пайдаланылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНДЕНСАТТАН= е т. *Газ күйіндегі заттың суыту немесе сығу арқылы сұйық не қатты күйге ауыстырылуы.* ≈ *Конденсаттана* бастады.

КОНДЕНСАТТАНУ *Конденсаттан етістігінің қимыл атауы. Конденсаттану* реакциясының бұл типіне кротондық *конденсаттану,* Вюрц реакциясы т.б. реакциялар жатады (ҚҰЭ).

Конденсаттану реакциясы. ф и з. *Екі және одан көп жай заттардан күрделі қосылыстар түзілуі.* Реакцияға түсетін заттардың табиғатына және химиялық өзгерістердің түріне байланысты *конденсаттану реакциясына* жаңа көміртегі байланысы түзілетін процестер жатады (ҚҰЭ). Сонымен қатар, органикалық химияда гетероциклді қосылыстар түзілу процесінің бәрі де *конденсаттану реакциясына* жатады (ҚҰЭ).

КОНДЕНСАЦИЯ [лат. condensatio] з а т. ф и з. *Заттың газ қалпынан сұйыққа айналуы не қатаюы, булануға қарама-қарсы үрдіс. Конденсация* белгілі бір шектеулі температурадан төмен жағдайда ғана болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Су.). *Конденсация* температураның төмендеуінен немесе қысымның өзгеруінен болады (Қаз. тілі термин. Су.). *Конденсация* құбылысы кезінде түзілетін сұйық конденсат деп аталады (ҚҰЭ).

Альдольді конденсация. х и м. *Сілтілік катализатордың әсерінен алифатикалық альдегидтің екі молекуласынан альдоль молекуласы түзілетін химиялық реакция* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Бензоинді конденсация. х и м. *Көгерткіш қышқылдың тұздары қатысуында ароматикалық альдегидтердің екі молекуласынан ацилоин молекуласы түзілетін химиялық реакция* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Дикман конденсациясы. х и м. *Екі негізді карбон қышқылдарының күрделі эфирлерінің молекулаішіндік конденсациясы. Дикман конденсациясының* нәтижесінде декарбоксилдену жолымен циклдік кетондарға айналатын циклдік – кетоэфирлер түзіледі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Капиллярлы конденсация. х и м. *Берілген температурада сұйықтықтардың жазықтық бетіндегі қаныққан будың қысымынан төмендеу қысымда болатын адсорбенттің тар құыстарындағы будың сұйылуы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Клайзен конденсациясы. х и м. *Негіздік сипатты катализаторлар қатысында өтетін құрамдарында активтелген метилен топтары бар қосылыстар мен күрделі эфирлер арасындағы химиялық реакция. Клайзен конденсациясының* нәтижесінде жаңа көміртек-көміртекті байланыс түзіледі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Кротон конденсациясы. х и м. *Альдегидтің екі молекуласынан суды айырып алу нәтижесінде қаныкпаған C (R R') = C (R''') – C (O) пішінді альдегид түзетін химиялық реакция* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Күрделі эфирлі конденсация. х и м. *Сілтілік ортада құрамдарында активтелген метилен немесе метин топтары бар карбон қышқылдары эфирлерінің екі молекуласының арасында жүретін химиялық реакция. Күрделі эфирлі конденсацияның* нәтижесінде спирт молекуласы бөлініп, жаңа көміртек-көміртекті байланыс түзіледі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Лигнин конденсациясы. х и м. *Қайнатқыш ерітіндіде лигниннің еру қабілетін жойып жіберетін химиялық реакция* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Молекулаішіндік конденсация. х и м. *Бір молекула құрамындағы функционалдық топтар арасында әрекеттесетін химиялық реакция* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Фракциялық конденсация. х и м. *Газдық қоспаларды салқындатып бөлу әдісі. Фракциялық конденсацияның* нәтижесінде біртіндеп қоспалар құрамына кіретін компоненттердің конденсирленген фазалары түзіледі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНДЕНСАЦИЯЛА = е т. х и м. *Заттың газ қалпына сұйыққа айналдыру не қайталау.* ≈ Үздіксіз *конденсациялады.*

КОНДЕНСАЦИЯЛАН= е т. *Заттың жинақталуы, қатуы не сұйылуы.* Конденсация кезінде *к о н д е н с а ц и я л а н ғ а н* заттың кебуіне жұмсалған жылу мөлшері бөлініп шығады (ҚҰЭ).

Конденсацияланған су. г е о л. *Таужыныстардың қуыстарындағы (мысалы, ыстық лаваларда) және тау-кен қазбаларындағы атмосфералық ауада болатын су буларының конденсациялануы жолымен пайда болатын жерасты суы* (Қаз. тілі термин. Геология).

КОНДЕНСАЦИЯЛАНУ *Конденсациялан етістігінің қимыл атауы.* Жаңбыр, қар, шық, қырау тәрізді табиғи құбылыстар – атмосферадағы су буының *к о н д е н с а ц и я л а н у ы н а н* пайда болады (ҚҰЭ).

КОНДЕНСАЦИЯЛАУ хим. *Конденсациялау етістігінің қимыл атауы.* Конденсатор жылу және салқындатқыш қондырғыларда (жұмыс денесін *к о н д е н с а ц и я л а у* үшін) буландыру қондырғыларында (дистиллят алу, бу қоспасын айыру үшін) қолданылады (ҚҰЭ).

КОНДЕНСАЦИЯЛЫ с ы н. х и м. *Конденсация қатысқан, конденсациясы бар.* ≈ *К о н д е н с а ц и я л ы* қосылыс.

Конденсациялы турбина. х и м. *Электр стансысында электр энергияны ғана шығаратын (тұтынушыларды жылылық энергиямен қамтамасыз етпейтін) бу турбина. К о н д е н с а ц и я л ы т у р б и н а н ы ң* жұмыс циклі буды конденсациялаумен аяқталады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНДЕНСАЦИЯЛЫҚ с ы н. ф и з. *Конденсацияға тән, конденсацияға қатысты.* Ол *к о н д е н с а ц и я л ы қ* ЖЭС-тердің бу турбиналарында қолданылады (ҚҰЭ).

Конденсациялық қондырғы. ф и з. *Құрамында конденсаттор және оның жұмысына қажетті сорғылар, вакуумды демеп тұратын қондырғы, су құбырлары, арматуралар, реттеуіш және өлшеуіш құрылғылары бар қондырғылар жиынтығы. К о н д е н с а ц и я л ы қ қ о н д ы р ғ ы* ең ірі қондырғылар қатарына жатады (ҚҰЭ).

Конденсациялық су. ф и з. *Бу түріндегі ылғалдың қоюлануынан түзілетін су. К о н д е н с а ц и я л ы қ с у* ауада да (бұлт, тұман, жаңбыр), жер бетінде де (шық, қырау), топырақ арасында да пайда болады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНДЕНСОР [лат. condensare] з а т. ф и з. *Нәрсеге жарықты шоғырландырып түсіретін ерекше линза. К о н д е н с о р д ы* микроскопта, проекция аппаратында, фотоүлкейткіште т.б. пайдаланады. (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). *К о н д е н с о р* оптикалық құралда қарастырылатын немесе проекцияланатын затты жарықтандыруға қолданылатын қысқа тоғысты линза немесе линзалар жүйесі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНДИЛАРТР [лат. condylarthra] з а т. б и о л. *Негізінен өсімдіктермен қоректенетін, тез жүгіруге бейім, ертедегі тұяқтылар отрядының бір тобы. К о н д и л а р т р д ы ң* дене тұрқы жылқылардың мөлшері шамасында болған (ҚҰЭ). *К о н д и л а р т р д ы ң* аяқтары қысқа, бес башайлы, тұяқтары өткір болған. Ортаңғы башайы жақсы дамыған (ҚҰЭ).

КОНДИТЕР [нем. Konditor] з а т. **1.** *Тәтті тағам. К о н д и т е р* фабрикасының бірінші кезегі өнім бере бастады (Т.Бейісқұлов, Әкелер). Балық қалдықтары желім жасауға, *к о н д и т е р* тағамдарына қосуға пайдаланылады (Ғалам ғажап.). Инсулині мол қара андыз өсімдігі бірқатар тағам өнеркәсібі – консерві мен *к о н д и т е р* кәсіпорындары үшін бағалы қанттық шикізат болып табылады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). **2.** *Тәтті тағамдар дайындайтын маман және сол тағамдарды сатушы. К о н д и т е р* тәтті тағам өнімдерін дайындап, сатады («Егемен Қазақстан»).

Кондитер өнеркәсібі. т а м а қ. *Жете механикаландырылған, автоматтандырылған кәсіпорындары бар тамақ өнеркәсібінің ірі саласы. К о н д и т е р ө н е р к ә с і б і н і ң* өнімі (Қаз. тілі термин. Тамақ).

Кондитер өнімдері. т а м а қ. *Құрамында қанты көп өнімдер. К о н д и т е р ө н і м д е р і* – жоғары калориялы тағам (ҚҰЭ). *К о н д и т е р ө н і м д е р і н* өндіруде қанттан басқа бал, құрамында қанты бар әртүрлі тағамдық өнімдер, жеміс-жидек, майлы дәндер (күнжүт, жаңғақ т.б.), ұн, сүт, жұмыртқа, май (сарымай, маргарин, т.б.), хош иісті заттар (ванилин, эфир майы, эссенциялар), спирттік заттар (спирт, коньяк, ликер, шарап) және тағамдық бояулар пайдаланылады (ҚҰЭ).

Қантты кондитер өнімдері. т а м а қ. *Карамель, кәмпит, шоколад, жеміс-жидекті кондитер өнімдері.* Барлық *к о н д и т е р ө н і м д е р і қ а н т т ы* немесе ұнды болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Ұнды кондитер өнімдері. т а м а қ. *Печенье, пряник, торт, кекс, орама (рулет), вафли т.б. өнімдер. Ұ н д ы к о н д и т е р ө н і м д е р і н е* арналған майдың түсі сарыдан сұрғылтқа дейін өзгереді (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОНДИТЕРЛІК с ы н. *Кондитерге тән, кондитерге қатысты.* ≈ *К о н д и т е р л і к* тағам.

Кондитерлік майлар. т а м а қ. *Табиғи майлардан немесе майлардың өңделген түрлерінің қоспасынан дайындалатын майлар. Кондитерлік майлар* печеньеге, вафлиге, сергіткіш салмаларға, шоколадты өнімдерге арналған, кәмпиттерге арналған қатты майлар болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Кондитерлік майлардың* құрамында фосфатидтер мен антитотықтырғыштар және т.б. болады. Барлық *кондитерлік майлары* (печеньеге арналғанынан басқасы) түсі ақтан ашық сарыға дейін өзгереді, кейде сұрғылт немесе қоңырқай түсті болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОНДИТЕРШІ з а т. *Тәтті тағамдар дайындайтын маман және сол тағамдарды сатушы.* Біздің *кондитершілер* украиндық тәттілердің бізге екі есе арзан демпиингтік бағамен сатылатынын алға тартуда («Егемен Қазақстан»). Импорттаушылар мен *кондитершілер* арасындағы осы дауға байланысты өткен баспасөз мәслихатында Алматы кәсіпкерлері қауымдастығының президенті отандық өндірушілер сұраныстың 40 пайызын қанағаттандыра алады деген уәж айтқан еді («Егемен Қазақстан»).

КОНДИЦИОНЕР [лат. conditio] з а т. т е х. *Үйдің ішінде, көлікте ауаның температурасын, ылғалдылығын, тазалығын, құрамын тиісті нормаға келтіруге және сол нормада ұстауға арналған агрегат.* Оның түрлері: дербес *кондиционер* (салқындатқыш және ауаны жылытатын электр машиалары бар), дербес емес *кондициционер* (салқынды және жылуды сырттан алады), жеткізгіш *кондициционер* (ауаны орталық кондиционерден, жылуды сырттан алады) (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). *Кондициционер* – бөлме ішінде, көлікте (ұшақта, вагонда, автомобильде т.б.) ауаның температурасын, ылғалдығын, құрамын тиісті қалыпты жағдайға келтіруге және сол қалыпты жағдайда ұстап тұруға арналған агрегат (ҚҰЭ).

КОНДИЦИЯ [лат. conditio] з а т. *Белгілі бір өнімнің қасиеттері (сапасы, мөлшері, ылғалдылық көлемі т.с.с.) туралы шарттар. Кондиция* шарттарын не келісім жасаған жақтар белгілейді, не норматив арқылы (мысалы, мемлекеттік стандартта – ГОСТ) белгіленеді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия). Біздің міндетіміз совхоздың тұқымдық бидайын тазалап, егу *кондициясына* жеткізу («Жетісу»). *Кондиция* – малдың қоңдылығы, ол қойылған талапқа сай болуға тиіс (Р.Әбуғалиев, Қой.). Тұқымның класын анықтау үшін, бастырылған тұқымды егістік *кондицияға* жеткізеді (М.Ерлепесов, Тұқым.).

КОНДИЦИЯЛА= е т. *Тауардың, материалдың, өнімнің және т.б. белгілі бір нормаға сай болуы, қажетті сапа қалыбына келуі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНДИЦИЯЛАУ *Кондицияла етістігінің қимыл атауы.* Астықты *кондициялау* – ұнның сапасын жақсарту үшін диірменде тартылатын астықты сумен және жылумен қажетті мөлшерде алдын ала өңдеу (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Газды кондициялау. ф и з. *Газды қажетті тұрақты құрамға және температураға келтіру. Газды кондициялау* үшін оның құрамындағы керексіз элементтерді ажырату немесе құрамына керекті элементтерді қосу, газдың ылғалын кетіру немесе ылғалын көбейту т.т. (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНДИЦИЯЛЫҚ с ы н. *Белгілі бір талапқа жауап беретін, шартты нормаларға, стандарттарға сай келетін, тиісті сапасы бар.* ≈ *Кондициялық* өнім.

КОНДОМИНИУМ [лат. condominium] з а т. қ ұ қ ы қ. **1.** *Екі немесе бірнеше мемлекеттің белгілі бір аймақты өзара келісім бойынша бірге иемденіп, бірлесе басқаруы.* Рим құқығында *кондоминиум* екі немесе көп адамдардың ортақ меншігі деген мағынаны білдіреді (ҚҰЭ). *Кондоминиум* белгілі бір аумаққа көз алартушы мемлекеттердің арасындағы жанжалдың толық шешілмеуі салдарынан туындайды. Франция мен Ұлыбритания өздерінің отаршылдық империяларын орнатқан кезеңде Африка мен Океаниядағы бірқатар иеліктерге *кондоминиум* белгіледі (ҚҰЭ). **2.** *Тұрғындардың үйге, жер телімдеріне бірлесіп иелік етуі. Кондоминиум* – Ұлыбритания мен АҚШ-та тұрғын үйді, жер телімдерін ортақ иелену пішіні, яғни кооперативтік меншікке ұқсас (ҚҰЭ).

КОНДОР[1] [исп. condor] зат.зоол. *Өлексемен қоректенетін, ірі жыртқыш құстардың тегіне жататын үлкен құс, тазқара. Кондор* Оңтүстік және Орталық Американың тауларында өмір сүреді, құстардың ішіндегі ең көп жасайтыны – қарға (Ж.Әбиев, Биология.). Қарға 69 жыл тіршілік етеді. 50 жылдан артық жасайтын құстар мыналар: пеликан мен *кондор* – 52 жыл, үкі – 68 жыл, бүркіт – 56 жыл. Ал қолда асыраған құстардың ең көп жасайтыны – тоты (Ж.Әбиев, Биология.).

КОНДОР[2] з а т. *Кейбір Оңтүстік Америка елдерінде алтын стандартын жоюға дейінгі айналымдағы испан алтын монетасы. Кон-*

д о р 1851 ж. Чилиде бірінші рет шығарылған (ҚҰЭ).

КОНДУИТ [франц. conduite] з а т. э к о н. *Биржада құнды қағазды шығару кезінде, оны тарқату алдында халыққа жарияланбауына байланысты банк пен треске байланыстылығы* (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНДУКТОМЕТРИЯ [ағыл. cohductivity] з а т. х и м. *Түрлі ерітінділердің электр өткізгіштігін анықтауға негізделген физикалық-химиялық анализ әдісі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНДУКТОР[1] [лат. conductor] з а т. **1.** т е х. *Металл өңдейтін станоктың жонатын аспапқа дұрыс бағыт беріп, оны берік ұстап тұратын тетігі.* Деталь *к о н д у к т о р д ы ң* өзіне не оның төменгі жағына орналастырылады (ҚҰЭ). *К о н д у к т о р д ы ң* құралымы детальдың пішіні мен қолданылу мақсатына, саңылауларының мөлшеріне, олардың санына және орналасу ерекшелігіне сай жасалады (ҚҰЭ). **2.** т е х. *Күрделі пішінді бұйымдарды жинап, дәнекерлегенде, өзара нақты орналасуын қамтамасыз ететін құрылғы (мыс., кеме корпусының секциялары және блоктары, вагон рамалары т.б.)* (ҚҰЭ).

КОНДУКТОР[2] з а т. *Теміржол пойызы мен қалалық көліктерде жолаушыларға қызмет ететін адам.* Ең соңғы поезд. *К о н д у к т о р* жүруге белгі беріп те қойды (Б.Мәдиев, Өрендер). Біреу космонавт болады, біреу домна салады, ал біреу трамвайда *к о н д у к т о р* болып істейді не болмаса кірпіш қалайды (І.Есенберлин, Ғашықтар). «Титан-магний комбинаты, соңғы аялдама» деген *к о н д у к т о р д ы ң* даусы шықты (С.Тәжіғұлов, Асау Ертіс.). *К о н д у к т о р д ы ң* айтуынша, бұл екі баланың трамвайға мінгеніне жарты сағатқа жуық боп қалғанға ұқсайды (Ә.Көпбаев, Мақтаныш.).

КОНИМЕТР з а т. т е х. *Ауадағы тозаң мөлшерін анықтайтын аспап. К о н и м е т р д і ң* соңғы түрлерінің бірі – фотоэлектрлі кониметр (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНКАТЕНАЦИЯ з а т. *Нысандарды бір тізбекке жайғастыруға не байланыстыруға қатысты ортақ термин.* Бұл тұрғыдан сөйлемді де сөздердің *к о н к а т е н а ц и я с ы* деп қарастыруға болады (Қаз. тілі термин. Педагогика).

КОНКОРДАТ [лат. concordare] з а т. *Белгілі бір мемлекеттің үкіметі мен Рим папасының арасындағы келісім. К о н к о р д а т т а* сол елдегі Католик шіркеуінің мемлекеттік шіркеу ретіндегі артықшылық жағдайы белгіленеді (ҚҰЭ).

КОНКОРРЕНТ з а т. э к о н. *Банктің клиентпен барлық операциялары ескерілетін бірыңғай шот, несие шотының ағымдағы шотпен тіркесімі. К о н к о р р е н т т і ң* дебет немесе кредит сальдосы болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНКРЕТТІ [лат. concretus] с ы н. *Анық, ақиқат, нақты.* Отан деген ұғым – елмен, жермен байланысты *к о н к р е т т і* ұғым (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Әр адамның мінез-құлқы, сана-сезімі де белгілі және *к о н к р е т т і* ортада ғана өсе алатын жеміс (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КОНКРЕЦИЯ [лат. concretio] з а т. к е н. *Шөгінді тау жыныстары мен тұнбаларда кездесетін жұмыр пішінді минералдық түзілімдер. К о н к р е ц и я* тау жыныстарындағы шашыраған заттардың кристалдануы немесе қайта кристалдануы кезінде түзіледі (ҚҰЭ). *К о н к р е ц и я л а р* құрылысына қарай концентрлі (қабатты, жолақты) және радиальді (сәулелі, глобулярлы) болады (ҚҰЭ).

КОНКУРЕНТ [лат. concurriens] з а т. ***Бәсекелес.*** ≈ *К о н к у р е н т т е р д і ң* көптігі.

КОНКУРЕНЦИЯ [лат. concurrentia] з а т. ***Бәсеке*** *(өнім өндірушілер арасындағы мүдделерін қанағаттандыруда және тұтынушыларға өз өнімдерін, істелген жұмыс, көрсетілген қызметтерін ұсынудағы бақталастық). К о н к у р е н ц и я* – өндіріс құрал-жабдықтарының жекеменшікте болуына байланысты туатын жеке капиталистер және капиталистік елдер арасында шикізат қорлары, өндіріс тауарларын сататын рыноктар және күрделі қаржы жұмсайтын жерлер үшін, пайдадан мол үлес алу үшін жүргізілетін кескілескен күрес (Саяси сөздік). Өндіріс *к о н к у р е н ц и я с ы* мен анархия заңы күшінен айырылған және дамудың жоспарлы, пропорциялы заңы әрекет еткен социалистік қоғамда ұлттық табысты өндіру мен бөлу стихиялық түрде емес, жоспарлы түрде жүзеге асырылады (Халық бақыты үшін).

КОНКУРС[1] [лат. concursus] з а т. э к о н. **1.** *Несиегерлердің талабын қанағаттандыруда, қарызын өтей алмайтын қарыздар және арыз тәртібі* (Қаз. тілі термин. Экономика). **2.** *Келісімшарт жасауда, тапсырманы алуға, тауарға ие болуға, мүлік құнын жекешелендіруге, қызмет алуына барлық қатысушылар ішінен үміткерлер шағын санын таңдау* (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНКУРС[2] [лат. concursus] з а т. ***Байқау*** **1.** *Үздік шығып, сыйлық, награда алу үшін, оқу орындарына оқуға түсу т.б. үшін жарысу.* Ой, *к о н к у р с қ а* қатысып, бәйгеге ілігу қандай жақсы! (С.Шаймерденов, Болашақ.).

Енді бір абитуриентті *конкурс* елегінен өткізу керек (Бәйшешек). *Конкурста* үздік шыққан коллективтер қалалық байқаудың дипломдары және грамоталарымен наградталды («Лен. жас»). *Конкурс* – қатысушылардың қатарынан таңдаулыны анықтау мақсатындағы жарыс. Мысалы, БАҚ-тардағы бос лауазымдарға орай жұмысқа қабылдау, жарияланған материалдардан таңдаулысын іріктеу және т.б. («Қаз. әдеб.»). **2.** *Балалар арасында ғылым, әдебиет, өнер және т.б. салалар бойынша өткізілетін жарыс. Конкурс* балалардың белсенділігін, білімі мен шеберлігін арттыруға белгілі салаларға бейімділігі мен қабілетін айқындауға жәрдемдеседі (Қаз. тілі термин. Педагогика). **3**. *Мемлекеттік лауазымға іріктеу тәсілдерінің бірі*. Қазақстанда *конкурс* әкімшілік-мемлекеттік лауазымға орналасу үшін мына мақсаттарда қолданылады: а) азаматтардың мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу құқығын қамтамасыз ету; ә) неғұрлым білікті мамандарды іріктеуді қамтамасыз ету. Ол бос тұрған әкімшілік-мемлекеттік лауазымға орналасуға арналған *конкурсты* өткізудің арнайы Ережесімен реттеледі (ҚҰЭ).

КОНКУРСТЫҚ с ы н. *Байқауға тән, байқауға қатысты*. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында *конкурстық* негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар (ҚР Конституциясы).

Конкурстық комиссия. ***Байқау комиссиясы*** *(бос тұрған мемлекеттік-әкімшілік қызметті лауазымына орналасуға үміткерлерді іріктеуді жүзеге асыруға уәкілдік берілген алқалы орган). Конкурстық комиссия* конкурсты ережелерге сәйкес құжаттарды, тестілеудің нәтижелерін қарау арқылы өткізеді, конкурсқа қатысушылармен әңгіме жүргізіледі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия). *Конкурстық комиссия* қорытынды іріктеуді жүзеге асырады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОННЕКСИОНИЗМ з а т. л о г и к а. *Когнитивистикада танымдық процестерді зерделеуге қатысты көзқарас тұрғысы. Коннексионизм* жүйесі тораптар желісінен тұратындай болып әрекет етеді, бұлардың әрқайсысында белгілі бір уақыт сәтінде белсенудің белгілі бір деңгейі болады деген ұйғарымға негізделеді (Қаз. тілі термин. Информатика). *Коннексионизм* жүйесіне тітіркендіргіштер түсіп тұрған уақытта жүйе тиісті белсенділік деңгейін сақтайды және тораптар арасындағы әртүрлі байланыстарды күшейтеді деген мағынада бүкіл жүйе динамикалық деп есептеледі (Қаз. тілі термин. Педагогика).

КОННЕКСТЕР з а т. б о т. *Шіріген ағаштарда, жануарлардың өлексесінде, экскременттерінде тіршілік етуге бейімделген ағзалар тобы. Коннекстерге* микроценоздар мен микропроценоздар жатады (Қаз. тілі термин. Экология).

КОННЕКТОРЛАР зат. биол. *Вегетативті көбею арқылы биоценоз қабатын түзетін басым түрлер. Коннекторларға* мезофилдер (55%), сусүйгіштер немесе гигрофилдер жатады (Қаз. тілі термин. Экология).

КОННОТАЦИЯ [көне. лат. connotare] з а т. л и н г в. *Тіл бірлігінің эмоциялық, бағамды немесе стилистикалық рең білдіруі. Коннотация* сөйлеушінің тәжірибелік, тарихи, мәдени, танымдық біліміне, олардың сөз болып отырған нәрсені ұнату не ұнатпауына, бағалауына, стильдік деңгейге, тіл қызметінің саласына, олардың әлеуметтік қатынасына және т.б. байланысты болатын құбылыс («Қазақ тілі» энцик.). *Коннотацияның* субъектілігін бір сөздің қарама-қарсы мағынада қолданыла алуынан байқауға болады («Қазақ тілі» энцик.).

КОНОДА з а т. ф и з. *Күй диаграммасындағы іліктес фазалардың күйін бейнелейтін нүктелерді қосатын сызық* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНОДОНТ з а т. б и о л. *Құрып біткен жәндіктердің фосфор-қышқылды кальцийден тұратын тіс тәрізді ұсақ түзілімдер түріндегі қалдығы. Конодонттар* табиғаты күні бүгінге дейін беймәлім: кейбір ғалымдар оларды алғашқы балықтардың тіс сүйектері деп жорамалдаса, екіншілері сақиналы құрттардың жақ сүйектері немесе өзге жәндіктер қалдығы деп есептейді (Қаз. тілі термин. Геология). *Конодонттар* негізінен палеозой эрасында түзілген ұсақ түйірлі таужыныстар арасында ұшырасады, сондықтан да осы палеозой тобына тән кейбір жүйелер мен жіккабаттар көнелігін анықтауда, яғни палеонтологиялық зерттеулерде шешуші рөл атқарады (Қаз. тілі термин. Геология.).

КОНОСАМЕНТ [франц. connaissement] з а т. э к о н. *Теңіз тасымалы шартының талаптары баяндалған, тауар бөлуге арналған құжат*. Қолында *коносаменті* бар адам жүктің иесі ретіндегі құқықпен пайдаланады. *Коносамент* сыртқы саудада кең таралған (Қаз.тілі термин. Экономика). *Коносаментті* көрсету қажеттілігі келісімнің әдеттегі талабын қатаң сақтамай болмайды, өйтпесе сатушы банктен тауардың құнын ала алмайды (Қаз. тілі термин. Экономика). *Коносамент*

жүк құжаты мен жүк тасымалдау туралы шарт қосақталған, жеткізушінің тұтынушыға беретін құжаты болып табылады (ҚҰЭ).

КОНОСКОП: коноскоп мүсіні. ф и з. *Кристалдарды ажыратқыш микроскоп арқылы жекеленген сәулелердің тоғысу нүктесінде зерттеу нәтижесінде алынатын арнаулы оптикалық кескіндер атауы* (Қаз. тілі термин. Геология).

КОНОСКОПИЯ з а т. ф и з. *Поляризациялық микроскопта байқалатын интерференциялық суреттің көмегімен кристалдардың оптикалық қасиетін оқып-зерттеу* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНСАЛТИНГ [ағыл. consulting] з а т. э к о н. *Шаруашылықты басқарушыларға және түрлі ұйымдардың басқарушы қызметкерлеріне кәсіби көмек көрсету, кеңес беру, оқыту жөніндегі серіктестіктің жұмысы*. Жаңа мекемені құрғанда құрушы құжат пакеттерін дайындауда *к о н с а л т и н г* құрылу көмегінің болуы (Қаз. тілі термин. Экономика). *К о н с а л т и н г* қызметі шетелдерде экономиканың жеке саласы ретінде өткен 20 ғ-дың 60-жылдары қалыптасты (ҚҰЭ).

Консалтинг қызмет пен фирмалар. э к о н. *Экономика, медицина, құқық және т.б. сияқты белгілі бір саладағы әлдеқандай практикалық мәселелер бойынша мамандардың кеңестерін пайдаланып көрсетілетін қызмет түрлері* (Қаз. тілі термин. Экономика).

Оқыту консалтингі. э к о н. *Кеңесші идеяларды жинаумен, шешімдерді талдаумен айналысып қана қоймай, сонымен бірге осы идеялар мен шешімдердің пайда болуы үшін негіз әзірлеп, клиентке лекциялар, семинарлар, оқу құралдары нысанында тиісті теориялық және практикалық ақпарат беретін консалтинг* (ҚҰЭ).

Процестік консалтинг. э к о н. *Кеңесші жобаның барлық жасалу кезеңдерінде клиентпен өзара белсенді іс-қимылда болып, оның өз идеяларын, пікірлерін, ұсыныстарын айтуына, кеңесшінің көмегімен проблемаларға талдау жүргізіп, шешімдер әзірлеуіне көмектесетін консалтинг* (ҚҰЭ).

Сараптамалық консалтинг. э к о н. *Кеңесші диагностиканы, шешімдер талдамасын және оны енгізу жөніндегі ұсыныстарды дербес өзі жүзеге асыратын консалтинг. С а р а п т а м а л ы қ к о н с а л т и н г т е* клиент негізінен, консалтингінің ақпаратқа қол жеткізіп, нәтижелерді бағалауына мүмкіндік жасайды (ҚҰЭ).

Ішкі консалтинг. э к о н. *Белгілі бір ұйымның құрамында істейтін, ұйымның талдамалы, «штабтық» ішкі жүйесін құрайтын экономика мен басқару жөніндегі мамандар жүргізетін консалтинг* (ҚҰЭ).

КОНСАЛТИНГТІК с ы н. э к о н. *Консалтингке тән, консалтингке қатысты*. Кеңес беру жұмыс көрінісінде жекелеген мамандарған *к о н с а л т и н г т і к* фирма болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Экономика).

Консалтингтік компания. э к о н. *Өндірушілерге, сатушыларға, сатып алушыларға сараптамалық, техникалық және экономикалық қызмет саласында ақыл-кеңес беру қызметін көрсететін арнаулы компаниялар. К о н с а л т и н г т і к к о м п а н и я* (фирмалар) аймақты, салалық т.б. принциптер бойынша мамандануы мүмкін (ҚҰЭ). Нарықтық экономика жағдайында Қазақстанда арнаулы *к о н с а л т и н г т і к к о м п а н и я* құрылып, консалтингтік қызметтер көрсетуде (ҚҰЭ).

КОНСЕНСУС [лат. consensus] з а т. ф и л о с. **1**. ***Пәтуа*** *(пікірдің, ойдың бірлігі, адамдардың өзара келісімі)*. Әлеуметтік мағынада *к о н с е н с у с* – индивидтердің нормаға және олардың өздері мүшелері болып саналатын әлеуметтік қауымның мақсатына қатысты келісім, ал сондай-ақ қауым ішіндегі марапаттау және қатысты рольдерін бөлу (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия). *К о н с е н с у с* – индивидтердің осы немесе басқа да құндылықтарға, дәстүрлерге ынтымақтастық және қатыстылық сезімін бейнелейтін ұғым (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия). Жер туралы болсын, басқалар болсын, өзімнің көзқарасыма сай келмейтін, бірақ *к о н с е н с у с* арқылы қабылданған көптеген мәселелердің басы-қасында болдым («Жас Алаш»). **2**. *Халықаралық, мемлекетішілік т.б. келісімдерді, құжаттарды ортақ келісімге келе отырып, зерттеп дайындау және қабылдау әдісі. К о н с е н с у с* бұдан әріде халықаралық шартқа қол қойылуына негіз болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Педагогика). *К о н с е н с у с* мәселе шешілуде «пакет» әдісі бойынша қабылданатын мәселесі жеке-жеке емес, толығымен шешілуі мүмкін (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия). *К о н с е н с у с* барысында талқыланатын мәселе дауысқа салынбай, келісіліп қабылданады, келіссөздерге қатысушы барлық мемлекеттердің өздеріне қолайлы шешімдерді іздестіруіне мүмкіндік беріледі (ҚҰЭ). **3.** *Халықараралық конференцияларда, кеңестерде және халықаралық ұйымдарда осы форумға қатысушылардың бірдебіреуі оған қарсы шықпаған жағдайда ресми дауыс беруді өткізбей-ақ, қатысушылардың*

ортақ келісуі негізінде шешімді немесе шарт мәтінін қабылдау. К о н с е н с у с сондай-ақ талқыланатын мәселелер бойынша дауыс беруді өткізуге дейін мемлекеттер айқындамаларының бірлігін қамтамасыз ету құралы ретінде қолданылады (ҚҰЭ). *К о н с е н с у с* әдісі БҰҰ-ның бірқатар органдарында және БҰҰ шеңберінде өткізілетін халықаралық конференцияларда пайдаланылды (ҚҰЭ).

КОНСЕРВАТИВТІ сын. филос. *Қоғамдағы дәстүрлі институттарға иек арта отырып, әлеуметтік процестерді тұрақтандыруға тырысатын, адамзат дамуындағы прогрестің мүмкіндіктеріне күдікпен қарайтын.* ≈ *К о н с е р в а т и в т і* ағым.

Консервативті жүйе. ф и з. *Барлық сыртқы күштерді стационар және потенциалды, ал барлық ішкі күштері потенциалды механикалық жүйе* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Консервативті күш. ф и з. *Жұмысы тұсу нүктесінің бастапқы күйінен соңғысына дейін өтетін жолға тәуелсіз күш* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНСЕРВАТИЗМ [франц.conservatisme] зат. қоғ.-саяси. *Тарихи қалыптасқан саяси және қоғамдық өмірді өзгеріссіз сақтауға тырысатын әлеументтік-саяси көзқарастар жүйесі. К о н с е р в а т и з м* 1789 ж. француз революциясына қарсы реакцияға қатысты Англияда туады. Оның негізін салған – Э.Берк. (ҚҰЭ) *К о н с е р в а т и з м* дамуына айтарлықтай үлесті XIX ғ. С.Колридж, А.Токвиль, А.Мюллер, Ж. де Местр, Ф.Ламенне, Л.Бональд және басқалар қосты (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия). «*К о н с е р в а т и з м*» терминін 1818 жылдан «Консерватор» журналын шығарып тұрған француз жазушысы Ф.Р. де Шатобриан (1768-1848) алғаш қолданған (ҚҰЭ).

КОНСЕРВАТОР [лат. conservator] з а т. **1.** *Ескі тәртіптерді сақтауды жақтайтын, прогреске, жаңалықтар мен өзгерістерге қарсы адам.* Оларға сондай кері тартпа – *к о н с е р в а т о р* бол, – деген ешкім жоқ (А.Машанов, Жер асты.). Соңғы кезде кім жақпаса, сол *к о н с е р в а т о р* бола қалатын әдетке айналды ғой, – деп, тыжырынып, сөйлеспей қойғаны өтірік пе еді? (З.Шашкин, Теміртау). **2.** қ о ғ.- с а я с и. *Консервативтік партияның мүшесі.* Онан сайын созылған инфляцияны «ауыздықтауға» және экономикалық қиыншылықтарды жұмысшы табының өмірлік мүдделері есебінен жеңуге тырысқан *к о н с е р в а т о р л а р д ы ң* жоспарларын батыл айыптаған кәсіподақ бұқарасының ынтымағы мен бірлігі *к о н с е р в а т о р л а р* үкіметінің «антиинфляциялық саясаты» дейтінді талқылаған уақытта ерекше айқын көрінді («Соц. Қаз.»).

КОНСЕРВАТОРИЯ [итал. conservatorio] з а т. *Жоғары дәрежелі музыкалық білім беретін оқу орны. К о н с е р в а т о р и я* – музыканттар даярлап шығаратын жоғары оқу орны (К.Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік). 1944 жылы Алматыда мемлекеттік *к о н с е р в а т о р и я* құрылды (С.Мұқанов, Саяхат.). Абат *к о н с е р в а т о р и я н ы* бітіргенін, қазір осы мекемеде қызметте екенін айтты (Б.Тәжібаев, Қараторғай). *К о н с е р в а т о р и я д а* музыкалық шығармаларды кәсіби орындаушылар (ішекті, үрлемелі, халық аспаптарында ойнайтындар, әншілер, дирижерлер), композиторлар, музыка мәдениетінің тарихшылары мен теорияшылары, музыка зерттеушілер даярланады (ҚҰЭ).

КОНСЕРВАЦИОНИЗМ з а т. ф и л о с. **1.** *Биосфера мен оның барлық бөліктерін өзгермеген, алғашқы күйінде толық және сөзсіз сақтауға шақыратын батыстық экологистік ағым* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия). **2.** *Табиғатты бастапқы күйінде сақтау (немесе сол күйге қайтару) мүмкін дейтін утопиялық экологиялық түсінік. К о н с е р в а ц и о н и з м* элементтеріне егіншіліктің биологиялық жүйесі, депопуляция, экожүйе тұжырымдамасы жатады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия). *К о н с е р в а ц и о н и з м* идеясы тек ерекше сақталатын табиғи аумаққа тән (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КОНСЕРВАЦИЯ [лат. conservatio] з а т. **1.** т е х. *Қозғалтқыштарды, станоктарды т.б. жұмыссыз тұрған кезде немесе оларды ұзақ уақыт сақтау кезінде тот басудан қорғайтын техникалық шаралар.* **2.** а р х и т. *Сәулет өнері ескерткіштерін мезгіл мен кейінгі жаңғыртулар салдарынан бұзылған бейнесін қалпына келтірмей сақтауға пайдаланылатын әдістер мен құралдардың жиынтығы.* **3.** х и м. *Антисептикалық дәрілермен өңдеу, сырлау арқылы ағашты және ағаш өнімдерін шіруден сақтау амалдары* (ҚҰЭ).

КОНСЕРВАЦИЯЛА= е т. *Басталған құрылысты немесе кәсіпорынның жұмысын белгілі бір себеппен тоқтатып тастау.* ≈ Станоктарды *к о н с е р в а ц и я л а д ы.*

КОНСЕРВАЦИЯЛАУ *Консервацияла етістігінің қимыл атауы.* Мәшинелерді *к о н с е р в а ц и я л а у* – ұзақ уақыт сақтағанда немесе тасымалдағанда мәшинелердің бүлінбеуін қамтамасыз ететін техникалық шаралардың комплексі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). *К о н с е р в а ц и я л а у ғ а* әртүрлі сақтық жабулар

мен заттың төзімділігін күшейтететін арнаулы қосындылармен қанықтырылған жапқыштар пайдаланылады (ҚҰЭ). *Консервациялау* температураны бірқалыпты ұстау, ауаның дымқылдығын, желдеткіш пен жарықты дұрыс пайдалану, шаң-тозаңнан, шыбын-шіркейден таза ұстауды қамтамасыз ету т.б. шараларды қамтиды (ҚҰЭ).

КОНСЕРВІ [франц. conserves] з а т. т а м а қ. *Арнайы өңделген және тұмшаланған герметикалық қалбырда сақталатын көкөніс, жеміс-жидек және жануар тектестердің өнімінен жеуге дайын және жартылай дайын азықтар.* Макарон, *к о н с е р в і,* кондитер, ет-сүт өнеркәсібі кең көлемде өркендетіледі («Лен. жас»). Шарап пен *к о н с е р в і л е р д і* стол үстіне дайындап жүріп, Айназар өзінің жазу столына келіп, аударма календарьдың сол күнгі бетіне қызыл қарындашпен бірдемені жазып кетіпті (С.Сейфуллин, Шығ.). *К о н с е р в і л е р* (герметикалық ыдыстағы жартылай фабрикаттар мен дайын азықтар) шығарады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Консерві өнеркәсібі. т а м а қ. *Өсімдік және жануар тектес өнімдерді (жемістерді, көкөністерді, сүтті, етті, балықты) өңдейтін тамақ өнеркәсібінің саласы* (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Консервілердің қампаюы. т а м а қ. *Консерві қалбырларының қампаюы: консервідегі микроағзалардың көбеюіне байланысты газдардың пайда болуы. К о н с е р в і л е р д і ң қ а м п а ю* себептері – өндірістік процестердің дұрыс жүрмеуі, яғни шикізат сапасының төмен болуы, өнімдердің дұрыс жуылмауы, өндірістегі санитариялық жағдайдың нашар болуы, сақтаудың температуралық режімдерінің бұзылуы, ыдыстың дұрыс жабылмауы, консервілердің дұрыс зарарсыздандырылмауы (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОНСЕРВІЛЕ= е т. т а м а қ. *Тамақ өнімдерінің сапасын ұзақ сақтау үшін өнімдегі ферменттердің әсерінен жүретін биохимиялық процестерді тоқтататын, өнімдегі микроағзаларды жоятын тәсілдермен өңдеу.* ≈ *К о н с е р в і л е г е н* тағамдар.

КОНСЕРВІЛЕУ *Консерві ле етістігінің қимыл атауы.* Тамақ өнімдерін *к о н с е р в і л е у г е* қаңылтыр сыйымдылықтар және қаңылтыр қақпақпен жабылатын шыны сыйымдылықтар пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Асептикалық консервілеу. ф и з. *Өнімді жұқа қабатта жылдам, жоғары температурада зарарсыздандырған соң жылдам суытып, зарарсыздандырылған ыдыстарға құйып жабу. А с е п т и к а л ы қ к о н с е р в і л е у* жеміс-жидек шырындарын, көкөніс шырындарын, езбелерді, томат пасталарын консервілеуде қолданылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Консервілеу тәсілдері. ф и з. *Микробтарды құрту және ферменттерді бұзу немесе олардың әрекетіне қолайсыз жағдай туғызу мақсатында өнімдегі ашытқы, зеңдерді, бактерияларды жою үшін өнімді қажетті уақыт бойы 75-100 °С аралығындағы температурада өңдеу.* Тамақ өнімдерін *к о н с е р в і л е у д і ң* бірқатар *т ә с і л д е р і* бар (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОНСИГНАНТ [ағыл. consignatio] з а т. э к о н. *Белгілі бір мерзімде тауарды сақтайтын делдалдың қоймасына тауарды жеткізуші. К о н с и г н а н т* – шетел комиссонер арқылы жол тауып, сатылатын тауардың иесі (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНСИГНАТОР [ағыл. consignatio] з а т. э к о н. *Қызметін атқару үшін қажетті бөлмелері мен жабдықтары, өткізілетін тауарлары бар делдал. К о н с и г н а т о р д ы ң* қызметі белгілі бір дәрежеде бізде қабылданған мағынадағы жалгерлік қатынастарды еске салатын көзқарастарға негізделеді. Оның қызметтеріне ақы, әдетте, комиссиялық негізде төленеді (Қаз. тілі термин. Экономика.).

КОНСИГНАЦИЯЛА= е т. э к о н. *Шетелге апарып комиссиондық формада тауар сату. К о н с и г н а ц и я л а ғ а н д а* тауар иесі (консигнант) тауарын комиссионерге (консигнаторға) сату үшін тауар партияларын жөнелтіп отырады (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНСИЛИУМ [лат. consilium] з а т. *Сыры белгісіз бір ауруды табу және оны емдеу әдістерін белгілеу үшін жүргізілетін дәрігерлердің кеңесі.* Тағы *к о н с и л и у м* өткізілу үйғарылды («Лен. жас»). Сырқаттың нышандарын бақылап дағдыланған дәрігер Күләнда жөнінде аңғарғанын *к о н с и л и у м д а* отырғандай ашық айтты (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Консилиум жасады. *Консилиум өткізді, кеңесті.* Енді бірде дәрігерлер *к о н с и л и у м ж а с а п,* күтпеген жерден бір жан түршігер шындықтың бетін ашты: Сардардың ішінде асқынғалы тұрған зиянды ісік бар, оны емдейтін құрал – тек пышақ қана (З.Қабдолов, Жалын).

КОНСИСТЕНЦИЯ [лат. consistere] з а т. ф и з. *Заттың қоюлық шамасы, тығыздық деңгейі. К о н с и с т е н ц и я* – қоймалжың заттардың қоюлық немесе жұмсақтық дәрежесі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНСИСТЕНЦИЯЛЫ с ы н. *Консистенциясы бар, консистенциядан тұратын.* Май түйірлері түрпілеу (үлгілі) *к о н с и с т е н ц и я л ы* болған жағдайда шаюға құйылған судың температурасы арттырылады. Ол қаймақтан май шайқаудағы температурадан 1–2 градус жоғары болғаны жөн (С.Сейітов, Сүт. өндеу.). Май қатаңдау *к о н с и с т е н ц и я л ы* келеді, нанға нашар жағылады, ылғалды ұстап қалу қасиеті нашар болады. Әрі товарлылық сапасы да төмен деп есептеледі (С.Сейітов, Сүт өндеу.). Жақсы кефир ұйытқысы жеңіл ғана көпіршіп, сүйкімді дәмді және хош иісті, қою *к о н с и с т е н ц и я л ы* болуы керек (С.Сейітов, Сүт. өндеу.).

КОНСИСТОМЕТР з а т. ф и з. *Ерітінді, езінді, қоймалжың денелердің қоюлық дәрежесін (консистенциясын) өлшейтін механикалық немесе электр аспан. К о н с и с т о м е т р* тамақ, химия, қағаз-целлюлоза, құрылыс материалдары өнеркәсібінде және т.б. қолданылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНСОЛИДАЦИЯ [лат. consolidatio] з а т. **1.** қ о ғ. *Адамдарды, әлеуметтік топтарды, қоғамдық ұйымдарды белгілі бір ортақ мақсат үшін біріктіру. К о н с о л и д а ц и я –* екі және одан көп фирмалардың немесе компаниялардың қосылуы немесе бірігуі (ҚҰЭ). **2.** э к о н. *Түскен пайданы негұрлым сенімді акцияларға салу, елдің сақтаулы валюта қорындағы ұлттық валютаны жаңа халықаралық ақша активтеріне айырбастау. К о н с о л и д а ц и я –* жиынтық есептемені дайындау кезінде қолданылатын бухгалтерлік есеп әдістемесі (ҚҰЭ). *К о н с о л и д а ц и я –* бірнеше борышты (қарыз) пайызын өзгертіп, неғұрлым ұзақ мерзімді бір борышқа (қарызға) біріктіру (ҚҰЭ).

КОНСОЛИДАЦИЯЛА= е т. э к о н. *Қысқа мерзімге шығарылған мемлекеттік заемдарды ұзақ мерзімді заемға айналдыру, бірнеше ескі мемлекеттік заемдарды ұзақ мерзімге шығарылған жаңа бір заемға біріктіру* (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНСОЛЬ [франц. console] з а т. **1.** қ ұ р ы л. *Үй құрылысында темір-бетон арқалықтың қабырғадан біраз шығып тұратын бөлігі.* Әдетте *к о н с о л ь д і ң* үстіне балкон, қалқа және т.б. жасайды (Қаз. тілі термин. Экономика). *Консоль –* тұрғын үй бөлмелерінде қабырғаға бекітілген, белгілі бір жүк (гүл және басқа да бұйымдар) көтеріп тұру үшін жасалған зат (ҚҰЭ). **2.** и н ф. *Мәліметтерді компьютердегі қолданбалы бағдарламаларға енгізу мен одан нәтиже алуды қамтамасыз ететін құрылғы. К о н с о л ь* мәлімет енгізуде – пернетақта, ал нәтиже алуда – дисплей болып келетін, осы екеуін біріктіретін шалғай құрылғы ұғымын білдіреді (Қаз. тілі термин. Информатика). Көппайдаланушылар жүйесінде *к о н с о л ь* терминалдың синонимі болып табылады, бірақ *к о н с о л ь* термині есептеу машинасының операциялық жүйесінде пернетақта мен дисплейді көрсету үшін пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Информатика).

КОНСОЛЬДІ с ы н. *Консолі бар, консоль қолданылған. К о н с о л ь д і* кран – жүк көтеретін кранның бір түрі; оның жүкті жоғары көтеретін немесе көлбеу бағытта жылжытып қоятын *к о н с о л ь д і* формасының (негізгі тетігі) бұрылмалысы және бұрылмайтыны да болады (Қаз. тілі термин. Информатика).

Консольді сорғы. қ ұ р ы л. *Жұмыс атқару қағидасына және жұмыс органдарының құрылымына қарай динамикалық, камерадағы жұмыс процесіне байланысты қалақшалы, жұмыс доңғалағы қалақшаларының ағынды сұйықтыққа тигізер әсеріне байланысты ортатепкіш түріне жататын сорғы. К о н с о л ь д і с о р ғ ы* көлденең білікті, бір сатылы, тік жазықтықтағы корпусы ажырамалы, температурасы 105° С-қа дейінгі суды және басқа да жемір емес сұйықтықтарды көтеріп тасымалдауға арналған (Қаз. тілі термин. Су). *К о н с о л ь д і с о р ғ ы л а р д ы ң* өнімділігі – 1,25-100 л/с, арыны – 8,8-98, ПӘК-і – 45-80% аралығында (Қаз. тілі термин. Су).

КОНСОНАНС [франц. consonance] з а т. м у з. *Музыкалық дыбыстардың құлаққа жағымды үндестігі, дыбыстардың өзара үйлесуі, диссонансқа қарама-қарсы ұғым.* Бұлардың құлаққа жағымдыларын *к о н с о н а н с,* жағымсыздарын диссонанс дыбыстар дейді (Қ.Жарықбаев, Психология.).

КОНСОНАНСТЫҚ с ы н. м у з. *Консонансқа тән, консонансқа қатысты.* Қысқа мағынасында *к о н с о н а н с т ы қ* 2 дыбыстық (интервалдың) үндесуін, ал кең мағынасында 3 және одан да көп дыбыстардың (аккордтың) өзара үндесуін консонанс деп атайды (ҚҰЭ). *К о н с о н а н с т ы қ* интервалдар, үш дыбыстылықтар және оның айналымдары гармонияның негізі болып табылады (ҚҰЭ).

КОНСОРБЕНТ [лат. consortio] з а т. б и о л. *Консорцияның едәуір көп мүшелері, ценотиптің бір түрі* (Қаз. тілі термин. Экология).

КОНСОРТ [ағыл. consort] з а т. ф и з. *Консорция мүшесі.* Инконсорттар – консорцияның өнімді ядросы (автотрофты, гетеротрофты және миксотрофты), инконсорттардың ішінде болатын эндокосорттар

к о н с о р т т а р д ы ң денелерінің бетінде болатын эпиконсорттар және *к о н с о р т т а р д а н* қашықта мекендейтін, бірақ олармен мезгіл-мезгіл қатынасып тұратын экзоконсорттар болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Экология).

КОНСОРЦИУМ [лат.consortium] з а т. **1.** *Мақсатты ірі бағдарламалар мен жобаларды, оның ішінде ғылыми-техникалық, құрылыс, табиғат қорғау және басқа бағдарламалар мен жобаларды шешу үшін ерікті түрде уақытша бірлестік ретінде құрылған кәсіпорындар.* Алға қойылған міндет орындалғаннан кейін *к о н с о р ц и у м* өзінің қызметін тоқтатады немесе шарттық бірлестіктің басқа бір түріне өзгертіледі (Қаз. тілі термин. Экономика). *К о н с о р ц и у м* өзіне құрылтайшылар берген мүлікті, тиісті мақсатты программаны жүзеге асыру үшін бір орталықтан басқа да көздерден түсетін қаржыны жұмсап, пайдаланады (Қаз. тілі термин. Экономика). *К о н с о р ц и у м* заңды тұлға ретінде тіркелмейді (ҚҰЭ). **2.** э к о н. *Бір топ монополистер арасында монополиялық жоғары пайда табу үшін мемлекеттік және жеке заемдарды, акция және басқа да бағалы қағаздарды таратуға байланысты, сондай-ақ белгілі бір коммерциялық әрекетті жүзеге асыру мақсатында жасалатын келісім. К о н с о р ц и у м* қысқа мерзімге де, ұзақ мерзімге де жасалады (Қаз. тілі термин. Экономика). Оның басында әдеттегідей ірі банк монополиясы тұрады. Ол *к о н с о р ц и у м г а* кімдерді қатыстыру керек, заем және акция жөніндегі мәселелерді қалай қою керек т.б. шешіп отырады (Қаз. тілі термин. Экономика). Сондықтан әр мемлекет басшылығы бұл *к о н с о р ц и у м* өздеріне қандай пайда әкелетінін пайымдап, білуі тиіс («Егемен Қазақстан»).

КОНСОРЦИУМДЫҚ с ы н. э к о н. *Консорциумға тән, консорциумға қатысты. К о н с о р ц и у м д ы қ* келісімде: бірлескен қызмет түрі (бірлесіп бақыланатын өндіріс немесе бірлесіп бақыланатын активтер немесе бірлесіп бақыланатын заңды тұлға нысаны), келісімнің күшіне ену мерзімі, қатысушылардың үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерді, басқару, шешімдер қабылдау тәртібі, қатысушылар салымының (жарнасының) сипаты, табысты бөлу тәртібі, бухгалтерлік есепті жүргізудің кімге тапсырылатыны қамтылады (ҚҰЭ).

КОНСОРЦИЯ [лат. consortium] з а т. б и о л. *Өзара тығыз байланысқан және қауымдастықтың орталық мүшесіне тәуелді әр текті ағзалар жиынтығы. К о н с о р ц и я н ы ң* орталық мүшесі рөлін эдификатор-түрлер атқарады. Шындығында, кез келген дарақ жеке *к о н с о р ц и я* болып табылады (Қаз. тілі термин. Экология). *К о н с о р ц и я* мүшелері консорбенттер деп аталады (Қаз. тілі термин. Экология).

КОНСПЕКТ [лат. conspectus] з а т. п е д. *Белгілі бір шығарманың, дәрістің, сөйлеген сөздің және т.б. қысқаша жазылған мазмұны.* Бір сапарының өзінде алған әсерлерінен *к о н с п е к т* түрінде бес блокнот толтырыпты (М.Әлімбаев, Тәрбие тур.). *К о н с п е к т* – жазудың күрделі түрі. Сондықтан оқушы жоспар құру дағдыларын меңгерген соң ғана *к о н с п е к т* жаздыруға ауысуға болады (Қаз. тілі термин. Педагогика). «Бастауыш класта отыз жыл бойы сабақ беріп келем, мен сияқты майталманға *к о н с п е к т* не керек» дейді ол (З.Ақышев, Достар.).

Конспект жазды. *Кітап, дәріс, баяндаманың мазмұнын қысқаша жазды, конспектіледі.* Студенттер бір мезгіл ішінде лекция тыңдайды, түсінгенін жазып отырады, кітап оқып отырып, *к о н с п е к т ж а з а д ы* (Қ.Жарықбаев, Психология). Сырттанбай сабаққа *к о н с п е к т ж а з ы п*, жоспар жасап көрген жан емес – тәжірибеге сенеді. (З.Ақышев, Достар.).

КОНСПЕКТІЛЕ= е т. *Кітаптың, дәріс, баяндаманың немесе мақаланың мазмұнын, негізгі тұжырымдарын қысқаша түрде жазу.* Кейде жоспар сұрақ түрінде тақырыпты *к о н с п е к т і л е п*, жауап жазу үшін де жасалады («Қазақст. мект.»). Машиналарды конструкциялау, күш-қуатын есептеу, беріктігін сынау жөнінде жазылған бір топ мақаланы оқып, *к о н с п е к т і л е п* шықпақ ойы барды (Е.Мырзахметов, Медет). Бүгін емтиханға қажетті әдебиеттердің бірсыпырасын *к о н с п е к т і л е п* көңілді тұрған (Ә.Әлішев, Бәйтерек.). Білім алушылар оқу процесінде берілетін білім мазмұнын қысқаша қағазға түсіріп, жазып отырады, яғни *к о н с п е к т і л е й д і* (Қаз. тілі термин. Педагогика).

КОНСПЕКТІЛЕУ *Конспектіле етістігінің қимыл атауы.* **≈**Кітапты *к о н с п е к т і л е у.*

КОНСПИРАЦИЯ [лат. conspiratio] з а т. *Астыртын жұмыс істейтін ұйымның және оған қатысушылардың жұмысын құпия сақтауға мүмкіндік беретін шаралар.* Сіз, Ай апа, нағыз *к о н с п и р а ц и я н ы ң* адамысыз (Қ.Исабаев, Айқыз). Бұл – өмірінде мұндай жағдайға ұшырап көрмеген, *к о н с п и р а ц и я* дегеннің иісі мұрынына бармайтын қарапайым адам (Қ.Исабаев, Соңғы.).

КОНСПИРАЦИЯЛА= е т. *Астыртын жұмыс істейтін ұйым мен оған қатысушылардың*

жұмысын құпияда сақтауы. Сіздің де барлаушы болғаныңыз шамалы-ау деймін, жаңа ғана *конспирацияла*п түр едіңіз, енді ол конспиранцияның күлі көкке ұшпай тұрғанда жүріп кетелік (Р.Сейсенбаев, Сағынтып жет.).

КОНСПИРАЦИЯЛАУ *Конспирацияла етістігінің қимыл атауы.* ≈Ұзақ уақыт *конспирациялау.*

КОНСТАНТ [лат. constans] з а т. ф и з. ***Константа.*** Физиканың барлық тұрақты өлшемдері – *константтар* (қайнау, балқу шегі және т.б.) белгілі бір жайлар үшін біржолата белгіленген кезеңдер, бұл кезеңдерде сан өзгерістерді сапалық өзгерістерге өте бастайды (А.Қасымжанов, Диалектика.).

КОНСТАНТА [лат. constans] з а т. ф и з. *Математикалық, физикалық т.б. процестерде кездесетін тұрақты шама.* Шаманың тұрақтылығы х былай жазылады: х=const. *Константа* әдетте К және С әріптерімен белгіленеді (ҚҰЭ). *Константа* ұғымы тар мағынада белгілі бір сандық мәні бар тұрақты шама ретінде қарастырылады (ҚҰЭ).

Диссоциация константасы. ф и з. *Диссоциациялану реакциясының тепе-теңдік константасы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Комплекстің тұрақсыздық константасы. ф и з. *Комплекстің диссоциациялану процесінің тепе-теңдік константасы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Реакцияның жылдамдық константасы. ф и з. *Реакцияласқыш заттардың концентрациясы бірге тең болғанда реакция жылдамдығына тең болатын дифференциялдық кинетикалық теңдеудегі пропорционалдық коэффициенті* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Седиментация константасы. ф и з. *Седиментация жылдамдығының центрден тепкіш үдеуге қатынасы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Тепе-теңдік константасы. ф и з. *Стехиометриялық коэффициенттерінің дәрежесімен алынған бір реакцияның тепе-теңдік активтерінің көбейтіндісінің осы реакцияның бастапқы заттарының сондай көбейтіндісіне қатынасы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Тұрақтылық константасы. ф и з. *Комплекстің тұрақсыздық константасына кері шама* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНСТАНТАН [лат. constans] з а т. ф и з. *Құрамына 39-41% никель, 1-2% марганец кіретін мысқа негізделген құйма. Константан* өлшегіш құралдардың резистивті элементтерін жасауда қолданылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНСТАНТТЫЛЫҚ з а т. *Тұрақтылық, қалыптылық, өзгермеушілік.* Қабылдаудың *константтылығы* балаларда 2 мен 4 жастың арасында қалыптасып болады (Қ.Жарықбаев, Психология). Қабылдаудың *константтылығы* адамның өткен тәжірибесіне де байланысты (Қ.Жарықбаев, Психология).

КОНСТАТАЦИЯ [франц. constatation] з а т. *Мәлімдеме, анықтама, негіздеме.* Бәлкім, автор туындысында әлгіндей жайлар әсерлі де образды қозғалыс түрінде бейнеленіп, аудармада салқынқанды *констатация* түрінде айтылуынан шығар? («Қаз. әдеб.»).

КОНСТИТУЦИЯ[1] [лат. constitutio] з а т. с а я с и. *Мемлекеттің негізгі заңы, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жариялайтын, оларға кепілдік беретін, елдегі әлеуметтік құрылыстың негіздерін, басқару мен мемлекеттік құрылымның нысанын, орталық және жергілікті билік органдарының негіздерін, олардың құзыреті мен өзара қарым-қатынастарын, мемлекеттік рәміздерді және астананы айқындайтын өкімдік акт, актілердің немесе конституциялық рәсімдердің жиынтығы, атазаң.* Әркім Қазақстан Республикасының *Конституциясын* және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті (ҚР Конституциясы). Өзге нормативтік-құқықтық актілердің бәрі *Конституцияға* сай келуге, оған қайшы келмеуге тиіс (ҚҰЭ). 1936 жылы СССР-дің жаңа *Конституциясы* бойынша Қазақ АССР-і Қазақ ССР-і болып құрылды (ҚазССР тарихы). *Конституцияда* ел тағдырын өз қолына алған еркін халықтың ғажайып жетістіктері заң жүзінде баянды етілген (С.Қайдаров, Азамат сыры).

Аралас тұрпаттағы конституция. құқық. *Парламенттік заңдар мен соттың үлгі істәжірибелерімен қатар конституциялық рәсімдер мен қағидалық түсіндірулерді де қамтитын конституция. Аралас тұрпаттағы конституцияның* бірі, әдетте, конституцияның негізгі мәтінін құрайды, яки ішінара сараланған құқықтық актілер болып табылады (ҚҰЭ).

Заң жүзіндегі конституция. құқық. *Әлеуметтік қатынастар шеңберін реттейтін құқықтық нормалардың айқындалған жүйесі* (ҚҰЭ).

Конституция күні. *Конституция қабылданған күн.* Республикалық референдум бойынша 1995 жылғы 30 тамызда Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданған күні – Қазақстан Республикасының *Конституциясы күні* деп жарияланды («Егенмен Қазақстан»). Республика Президентінің 1995 жылғы 18 қазандағы Заң күші бар Жарлығымен *Конституция күні* жұмыс істемейтін күн деп жарияланды («Егенмен Қазақстан»).

Сараланған конституция. құқық. *Конституциялық сипаттағы барлық негізгі мәселелерді реттейтін бірыңғай құқықтық акт. Сараланған конституция* барлық басқа заңдарға, нормативтік-құқықтық актілерге қатысты жоғары заңи күшке ие болады және ұлттық құқық жүйесінің бастау көзін құрайды (ҚҰЭ).

Сараланбаған конституция. құқық. *Айқындауға тиіс мәселелері жекелеген бірнеше заңнамалық актілермен реттелетін конституция.* Ұлыбританияда, Жаңа Зеландияда, Израильде *сараланбаған конституция* қолданылады (ҚҰЭ).

Тұрақты конституция. құқық. *Ұзақ жылдар қолданылып келе жатқан құқықтық нормалар жүйесі.* Керісінше, *тұрақты конституцияның* қолданылу уақыты өте қысқа болуы мүмкін (ҚҰЭ). Оңтүстік Африка Республикасында 1994 ж. уақытша конституция қабылданып, кейін 1996 ж. *тұрақты конституциямен* ауыстырылды (ҚҰЭ).

Уақытша конституция. құқық. *Елдің түпкілікті конституциялық құрылымын әзірлеу қажет болатын өтпелі кезеңде қабылданатын конституция. Уақытша конституцияда* билікті ұйымдастыру туралы негізгі қағидалар ғана мазмұндалады (ҚҰЭ). Кейде *уақытша конституция* көптеген жылдар бойына қолданыста болады (ҚҰЭ).

Іс жүзіндегі конституция. құқық. *Нақты қолданыстағы қатынастар* (ҚҰЭ).

КОНСТИТУЦИЯ[2] [лат. constitutio] зат. биол. *Дене құрылысының бітісі.* Жалпы организмнің және оның жеке бөлшектері мен органдарының құрылысын, сол организмнің өмір сүруі мен өнімділігіне байланысты жағдайын *конституция* дейді (А.Сыздықов, Жылқы.). Малдың *конституциясы* жақсарады және организмнің түрлі ауруларға қарсы тұру қабілеті күшейеді, сол сияқты малдың жемшөп жеуі жақсарады (Ғ.Әбішев, Мал. жарақат.). Көшім жылқысының *конституциясы* тығыз, мускулдары жақсы жетілген дене бітісі де сымбатты (Қазақст. етті молайту.). Аяқтары мен сіңір - буындары қаңқасының мықтылығы адай жылқысы *конституциясының* беріктігін дәлелдейді (А.Иманғалиев, Адай жылқысы).

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ[1] сын. құқық. *Конституцияға тән, конституцияға қатысты.* Қазақстан Республикасының Президентін *конституциялық* заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы жеті жыл мерзімге сайлайды (ҚР Конституциясы). Республиканың *конституциялық* құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді (ҚР Конституциясы). Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің *конституциялық* өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар (ҚР Конституциясы). Ол әділдікті дәулетті адамдардың өзі құсаған оқыған балалары орнатады, ендігі жерде патша империясы жеке билеуін қойып, бұқараға *конституциялық* жолмен еркіндік беруі керек деп ойлаған (Б.Аманшин, Көкжар.).

Конституциялық билік. қоғ.-саяси. *Белгілі бір іс-қимылдардың, құқықтық актілердің конституцияға сәйкестігін қамтамасыз ететін билік.* Джон Локк пен Шарль Лун де Монтескье бұрынғы сакралды биліктің орнына *конституциялық билік* қисындамасын ұсынды («Егемен Қазақстан»).

Конституциялық Кеңес. құқық. *Конституциясының сақталуын, нормаларының бұзылмауын бақылайтын ерекше сот органы. Конституциялық Кеңес* өкілеттігі алты жылға созылады (ҚР Конституциясы). *Конституциялық Кеңестің* екі мүшесін Президент, екі мүшесін Сенаттың төрағасы және екі мүшесін Мәжілістің төрағасы тағайындайды. *Конституциялық Кеңес* мүшелерінің жартысы әрбір үш жыл сайын жаңартылып отырады (ҚР Конституциясы). *Конституциялық Кеңес* белгілі бір заңның, әкімшілік актінің немесе өзге шараның Конституцияға сәйкестігі туралы мәселені сот рәсімдемесінің ережелері бойынша талқылау жолымен емес, кеңестің бір мүшесінің осы мәселе бойынша баяндамасын талқылау арқылы қарайды (ҚҰЭ).

Конституциялық Кеңес актілері. құқық. *Конституциялық Кеңестің отырысында*

қабылданатын шешімдер. Конституциялық Кеңестің актілері Конституциялық өкілеттілікпен және Конституциялық Кеңестің өзге де өкілеттіктерімен жүзеге асырылатын қорытынды шешімдері қаулылар, соның ішінде Қазақстан Республикасының қолданылатын құқықтардың құрамдас бөлігі болып саналатын нормативтік қаулылар, қорытындылар мен жолдаулар нысанында болады (ҚР Конституциясы). *Конституциялық Кеңестің актілері* оның мүшелерінің көпшілік даусымен алқалы түрде қабылданады және оларға Төраға қол қойғанға дейін Конституциялық Кеңестің мәжілісіне қатысқан мүшелерінің қолымен бекітіледі (ҚР Конституциясы).

Конституциялық Кеңес мүшелерінің иммунитеті. құқық. *Конституциялық Кеңес мүшелерінің өз құқықтары мен міндеттерін ешбір кедергісіз әрі тиімді қамтамасыз етудің бірден-бір құралы. Конституциялық Кеңес мүшелерінің иммунитетіне* сәйкес Конституциялық кеңестің Төрағасы мен мүшелерін тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды (ҚР Конституциясы). *Конституциялық Кеңес мүшелерінің иммунитеті* бойынша, Конституциялық Кеңестің мүшелері тәртіптік жауапкершілікке тартылмайды. Конституциялық Кеңестің мүшесін ешкімнің де Конституциялық Кеңестің отырысынан шеттетуге хақысы жоқ (ҚР Конституциясы).

Конституциялық сот. құқық. *Бірқатар елдердегі конституциялық бақылау бірден-бір немесе басты міндеті болып табылатын ерекше орган.* Конституциялық бақылау жасаумен қатар *конституциялық соттың* конституцияны түсіндіруге, саяси партиялар қызметінің конституцияға сәйкестігі мәселесін шешуге, құзырет туралы дауларды қарауға т.б. құқығы бар (ҚҰЭ). 1995 жылғы Конституцияға сәйкес *конституциялық соттың* орнына сот жүйесіне кірмейтін Конституциялық Кеңес құрылды (ҚҰЭ).

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ[2] сын. *Конституцияға тән, конституцияға қатысты.* ≈ *Конституциялық* түзілім.

Конституциялық су. геол. *Минералдардың кристалдық торына иондары түрінде кіретін су.* Сондықтан судың өзі минерал 400° С-тан аса температурада толық ыдырағаннан кейін ғана бөлініп шығады. *Конституциялық су* бар минералдар жер қыртысында жоғары қысым жағдайында пайда болған (Қаз. тілі термин. Геология). *Конституциялық суды* көбінесе химиялық байланысқан, ал гигроскоптық және жарғақ суды физикалық байланысқан су деп атайды (Қаз. тілі термин. Геология.). Олардың құрамында су үнемі кездесіп отырады. Ол суларды *конституциялық су* деп атайды (Ж.Жатқанбаев, Су.).

КОНСТРУКТИВТІ сын. *Құрастырылымдық, алмалы-салмалы, бөлшектенетін. Конструктивті* әдіс туралы идея XX ғ. басында пайда болды және математика және логиканың аксиомалық негізделінуінің қиындықтарын жоюға ұмтылыс жасаған (Орыс.-қаз. термин. сөздігі. Философия).

КОНСТРУКТИВТІК сын. *Құрылымды, құрастырылымды.* Фарабиді белгілі дәрежеде қазіргі *конструктивтік* геометрияның негізін салушы болды деп айтсақ, артық болмайды (А.Көбесов, Сөнбе. жұлдыз.).

КОНСТРУКТОР зат. *Жасаушы, құрушы.* Жергілікті *конструкторлар* жасаған бұл сағат уақытты, күнді және аптаның қай күні екенін, айды және тіпті ауаның температурасын да көрсетіп тұрады (С.Мұқанов, Есею жыл.). Құмартпайынша осы күні *конструктор* болу да қиын (Т.Нұртазин, Мұрат.). Жаңа алып трактор Алтай трактор заводы *конструкторларының* қолынан шыққан туынды («Лен. жас»).

КОНСТРУКТОРЛЫҚ сын. *Конструкторға тән, конструкторға қатысты.* Осыған орай завод жанынан қоғамдық *конструкторлық* бюро ашылған («Қаз. әдеб».). Бас инженер бұрын *конструкторлық* бюрода істеген (Т.Нұртазин, Үлкен жолда).

КОНСТРУКЦИЯ [лат. constructio] зат. **1.** тех. *Мәшине, құрылыс механизмдерінің құрылысы.* Троллейбус *конструкциясына* пластмасса кеңінен қолданылған (Ғалам ғажап.). Біздің заводтар шығаратын сепараторлардың *конструкциясында* өзара ұқсастық бар (С.Сейітов, Сүт. өңдеу.). Біздің завотдар шығаратын сепараторлардың *конструкцияларында* өзара ұқсастық бар (С.Сейітов, Сүт. өңдеу.). **2.** лингв. *Сөздердің грамматикалық құрылысы.* Сөздердің *конструкциясын* зерттеу грамматиканың синтаксис саласына жатады («Қазақст. мұғ.»). Көптеген спектакльдерімізді халықтың ауызекі әңгімесінде атымен ұшыраспайтын қолдан жасаған *конструкциялар* орынды-орынсыз көп ұшырасады (І.Омаров, Серпін). Қазақ

тілінде мұндай *конструкция* кездеспейді (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

КОНСТРУКЦИЯЛЫҚ с ы н. *Конструкцияға тән, конструкцияға қатысты.* ≈ *Конструкциялық* тетік.

Конструкциялық материалдар. *Мәшинелер мен механизмдердің, үйлердің, транспорт құралдарының, гимараттардың, аспаптар мен басқа техникалық объектілердің бөлшектерін жасауға пайдаланылатын материалдар.* Қазіргі заманғы техникада *конструкциялық материалдар* ретінде болат және түрлі қорытпалармен бірге пластмасса, керамикалық материалдар, бетон, шыны, ағаш, резина, кейбір тас жыныстары да пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Геология).

Конструкциялық үйлесім. и н ф. *Алмалы-салмалы элементтерді, блоктар мен құрылғыларды механикалық ауыстыруды жасақтауға арналған дербес компьютердің түзілістік элементтерінің жиынтығы. Конструкциялық үйлесім* шарттарын жалғастыратын элементтердің типтері (ұңғы, штеккер және жалғастыру элементтерінің ішіндегі байланыс желілерін үлестіру), тақша, қаңқа, таған құрылмасы, кабельдік жалғастыру құрылмасы анықтайды (Қаз. тілі термин. Информатика).

КОНСУЛ [лат.consul] з а т. **1.** д и п л. *Басқа мемлекетте белгілі бір міндеттерді (өз мемлекеті мен оның азаматтарының заңдық және экономикалық мүдделерін қорғау істерін) орындау үшін тұрақты өкіл ретінде тағайындалған лауазымды адам. Консулды* тағайындаған мемлекет оған жеке басын куәландыратын патент береді және ол өзі қызметке келген мемлекеттің рұқсатынан (экзекватура) кейін ғана міндетіне кіріседі (ҚҰЭ). *Консул* тағайындалған елінде өз мемлекетінің заңды тұлғалары мен жекелеген азаматтарының экономикалық және құқықтық мүдделерін қорғайды, төлқұжаттар мен кіру-шығу рұқсатнамаларын береді, нотариалдық қызметтер, т.б. атқарады (ҚҰЭ). *Консул* Алматыдан байланыс жасап, Алматы Қарлығашпен жалғасты (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). 1928 жылы Совет өкіметі Н.Т.Төрекұловты Сауд Аравиясының Хеджас, Неджде және соларға қосылған облыстарға алдымен бас *консул,* кейін 1930 жылдың басынан 1936 жылға дейін Совет Одағының өкілеттік елшісі етіп тағайындайды (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). **2.** тар. *Ежелгі Римде болған жоғарғы мемлекеттік лауазымдардың бірі. Консул* бір жылға, алғашында тек ақсүйектерден ғана (патриций) сайланған (ҚҰЭ). Кейін ақсүйектер мен кедейлердің күресі нәтижесінде плебейлер де *консулға* сайлана алатын болған. Онда *консулдар,* негізінен, ақсүйектер мен бай көпестер арасынан сайланып, әкімшілік, қаржы, сот, ішінара заң шығару билігін өз қолдарында ұстады (ҚҰЭ).

КОНСУЛДЫҚ с ы н. қ ұ қ ы қ. *Консулға тән, консулға қатысты.* ≈ *Консулдық* қызмет.

Консулдық заңдастыру. с а я с и. *Халықаралық байланыстардағы құжаттардың құқыққа сәйкестігін, осы құжаттарды берген, құрастырған не растаған мекеменің құзыреттілігін растау* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

Консулдық патент. *Консулдық мекеменің басшысы ретінде тағайындалғаны жөнінде тұлғаға берілетін құжат* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

Консулдық экзекватура. *Сыртқы істер ведомствосы арқылы берілетін консулдық мекеменің өз функцияларын консулдық округ шегінде атқаруға жол ашатын қабылдаушы мемлекеттің рұқсаты* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КОНСУЛЬТАНТ [лат. consultans] з а т. **1.** *Кеңес беруші, ақыл айтушы адам.* Бұл кісі осы айналадағы мал баққан жұрттың *консультанты* көрінеді, айтқаны екі болмайды (З.Ақышев, Біздің шамш.). Практикалық ақылшы, кеңесшісі, *консультанты* – Өтеміс (С.Қалиев, Еңбек). **2.** ***Кеңесші***, (*кітапхана, мұражай т.с.с. келушілердің сауалдарына жауап беріп, анықтама беретін адам).* Егер анықтама қажет болса, бұл жөнінде библиографиялық кабинеттегі кезекші *консультант* кітап алушыға көмектеседі («Лен. жас»).

КОНСУЛЬТАЦИЯ [лат. consultatio] з а т. **1.** *Белгілі бір маманның тарапынан берілетін кеңес.* Ойым — кейбіреулерін үлкен ғалымдарға көрсету, *консультация* алу (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). *Консультация,* қаржы-көмек атаулының талайын соқты (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Мен *консультацияға* келіп отырмын (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.). Есенәлі екінші рет *консультацияға* келді (Ж.Тілеков, Қайнар). **2.** *Науқастарды қабылдайтын, емдейтін, кеңес беретін мекеме.* Жас баланы айына бір рет балалар *консультациясына* апарып, көрсетіп, дәрігердің берген нұсқауларын бұлжытпай орындап отыру керек (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Бала туған күннен бастап үш жасқа дейін аудандық балалар *консультациясы* дәрігерінің бақылауында болады (Семья тәрбиесі).

КОНСУМЕНТТЕР [лат.consumo] з а т. б и о л. *Тұтынушылар қоректік тізбекте фотосинтез немесе хемосинтез жүргізетін өндіргіштер түзетін дайын органикалық заттарды пайдаланатын ағзалар.* Барлық гетеротрофты организмдер *к о н с у м е н т т е р* болып табылады (ҚҰЭ). *К о н с у м е н т т е р* тобына барлық адам, жануарлар түрі, микроорганизмдердің біраз тобы, паразит және жәндік жегіш өсімдіктер жатады (ҚҰЭ).

КОНСЮМЕРИЗМ з а т. э к о н. *Сатып алушылардың азаматтар мен үкімет бұйымдарының сатушыларға деген ұйымдасқан азаматтардың үстемдік құқығы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КОНТАГО з а т. э к о н. **1.** *Сатып алушының акцияны немесе барлық тауар партиясын сатып алуды кейінге қалдырғаны жөнінен бағаға қосымша төлем төлеуі.* **2.** *Сауда жұмысының есебін кейінге қалдыру* (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНТАКТ [лат. contactus] з а т. *Түйіскен, жалғасқан жері, жанасқан тұсы. К о н т а к т і с і н е* су құйылған екен (А.Тоқмағамбетов, Жазғы жапырақ.). Атыз бұрығанда, дөңгелек бұрылады да, бұрылыс берілісінің электрлік *к о н т а к т і с і н* қосады («Халық мұғ.»). *// Жалғасқан, түйіскен.* Генератордың *к о н т а к т* сақинасы мен оның щеткасының қоздырғышқа тығыз тиіп тұрғанына көз жеткізу керек (Ш.Әбдіраманов, Шопан.).

Электр контакті. и н ф. *Электр тізбегінің құрамды бөліктерінің электр тогын өткізетін жанасқан жері (беті) немесе осылай жанасуды (жалғасуды) қамтамасыз ететін тетігі.*

КОНТАКТОР [лат. contactus] з а т. т е х. *Кернеуі төмен электр тізбектерді дистанциялық әдіспен коммутациялайтын (қосатын, ағытатын) аппарат.* Тұрақты және айналмалы ток *к о н т а к т о р л а р ы* болады (ҚҰЭ).

КОНТАКТ-СХЕМА [ағыл. the contact circuit] з а т. и н ф. *Жалғасқан рельелік, жалғасқан схема. К о н т а к т - с х е м а* логика алгебрасының функциялар жүйесімен сипатталуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОНТАМИНАЦИЯ [лат. contaminatio] з а т. **1.** п с и х о л. *Әртүрлі сөздерге қатысты буындарды бір сөзге біріктіріп жіберуден болатын сөзді қате айту. К о н т а м и н а ц и я - г а* сөздердің мағыналық және фонетикалық жақындығы әсер етеді (Қаз. тілі термин. Педагогика). Патологияда *к о н т а м и н а ц и я* жадтың түрліше бұзылуы кезінде байқалады (Қаз. тілі термин. Педагогика). Есте сақталуға тиісті материалдық-семантикалық ұйымдасуы әдетте *к о н т а м и н а ц и я н ы ң* шығуына тосқауыл болады (Қаз. тілі термин. Педагогика). **2.** л и н г в. *Екі элементтен үшінші жаңа тілдік бірліктің жасалуы.* Негізінен екі синоним тіркескен *к о н т а м и н а ц и я* арқылы үшінші жаңа тіркес жасалады (Қаз. тілі энцик.). *К о н т а м и н а ц и я* құбылысы сөйлеу тілде де, көркемсөз шеберлерінің қалам ұшынан да сындарлап шығып, тілдің коммуникативтік те, эстетикалық та қызметін атқаруға үлес қосады (Қаз. тілі энцик.).

КОНТАМИНДЕНУ [лат. contaminatio] з а т. г е о л. *Магманың өзі кіріккен таужыныстарды балқытып, олармен сіңісуі және кіріктіруші таужыныстар балқымаларымен араласып құрамдық өзгерістерге ұшырауы* (Қаз. тілі термин. Геология).

КОНТЕЙНЕР [ағыл. container] з а т. *Әртүрлі көлік түрлері мен жүктерді ыдыссыз тасымалдауға арналған стандартты сыйымдылық. К о н т е й н е р* көлік түрлеріне (автомобиль, вагон, кеме, ұшақ т.б.) жүктиеу мен түсіру және оны басқа көлікке ауыстырып тиеу жұмыстарын механикаландыруға икемделген. *К о н т е й н е р д і* пайдалану көлік ағыны айналымын жылдамдатады, жүктің бүлінбеуін жақсартады, көлік кідірісін азайтады (ҚҰЭ). *К о н т е й н е р л е р д е г і* картоп табиғи желдетілетін қоймада сақталады (Б.Шағыров, Картоп.). Бүйрек сақталған *к о н т е й н е р д і* реактивтік самолет мұхит асып жеткізді (Е.Оразақов, Қайта соқ.). Хайуандар отырғызылған *к о н т е й н е р д і* жерге қауіпсіз түсіруді қамтамасыз етуге арналған система ешбір мүлтіксіз жұмыс істегенін ғалымдар қатты сүйсініп, риза болып мәлімдеді (Б.Айдарханов, Атом қуаты.).

КОНТЕКСТ [лат. contextus] з а т. л и н г в. *Сөйлемдегі не мәтіндегі ойдың нақты айқындалатын көрінісі болып табылатын ауызша не жазбаша үзінді.* Бір ой немесе мәтін құрамының *к о н т е к с і* алдыңғы немесе соңындағы өзге бір ой немесе мәтін болып шығады (Қаз. тілі термин. Педагогика). Әр сөздің астына сол сөздің дәл осы *к о н т е к с т е г і* мағынасы жазылады («Қазақст. мұғ.»). *К о н т е к с т* шығармадағы ой-пікірлердің өзара жалғастығын, тығыз байланыстылығын, шығарманың біртұтастық сипатын танытады, соның негізінде текстті біріктіретін желіде, жалғастық тұрғыда жеке сөздердің мағынасын дұрыс, анық түсінуге жағдай туады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика). Сондықтан тілдік *к о н т е к с п е н* қатар тілден тысқары тұратын контекс (сөйлеу кезіндегі әртүрлі жағдайлар) те бар (Қаз. тілі энцик.).

КОНТЕКСТІ с ы н. *Контекске қатысқан, контексі бар. К о н т е к с т і* жад – кез келген уақытта тапсырманы қайта іске қосуға рұқсат ететін тапсырма мәтінінің мағыналық бөлігін сақтауға арналған жад (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Контексті меню. и н ф. <ағыл. context menu> а) *Белгіленген объектінің командалар жиынынан тұратын меню. К о н т е к с т і м е н ю* тышқанның оң жақ батырмасын басқанда шақырылады (Қаз. тілі термин. Информатика). ә) *Ағымдағы объектімен байланысқан командалар жиынынан тұратын арнайы меню.* Windows 95/98 операциялық жүйесінде *к о н т е к с т і м е н ю* – мағыналық мәтіндік меню объектіде тышқанның оң жақ батырмасын басқанда ашылады (Қаз. тілі термин. Информатика).

КОНТЕКСТІК с ы н. *Контекске тән, контекске қатысты.* ≈ *К о н т е к с т і к* әдіс.

Контекстік іздестіру. и н ф. <ағыл. context searching> *Құжаттардың (түсініктемелердің) мәтіні бойынша іздестіру. К о н т е к с т і к і з д е с т і р у* «мәтін бойынша іздестіру» шартын таңдаған кезде орындалады (Қаз. тілі термин. Информатика).

Контекстік мағына. л и н г в. *Белгілі бір контекске тән, сол контекст негізінде ғана анықталатын мағына.* ≈ *К о н т е к с т і к м а ғ ы н а л а р д ы* табу.

Контекстік оқыту. п е д. *Болашақ кәсіптік еңбектің пәндік және әлеуметтік мазмұнының біріктіріліп оқытылуы. К о н т е к с т і к о қ ы т у* арқылы студенттің оқу іс-әрекетін маманның кәсіптік іс-әрекетіне көшіру жағдайлары қамтамасыз етіледі (Қаз. тілі термин. Педагогика). *К о н т е к с т і к о қ ы т у* кәдімгі оқу іс-әрекетінен (мысалы, дәріс түрінен) кәсіптік ойын және кәсіптік оқу іс-әрекеттері арқылы нағыз кәсіптік әрекетке көшіріледі (Қаз. тілі термин. Педагогика).

КОНТЕНТ-ТАЛДАУ [ағыл. contend] з а т. *Әлеуметтік ақпараттар мазмұнын сандық зерттеу әдісі. К о н т е н т - т а л д а у* үрдісінде әлеуметтік ақпараттардың белгілі бір әлеуметтік көлемінде зерттеушіні қызықтырған құбылыстар немесе үрдістер, олардың мәні, ерекшеліктері мен сипаттары қалай көрсетілгендігі жөнінде есеп жасалады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика). *К о н т е н т - т а л д а у* объектісінде белгілі бір газеттердің, журналдардың, кітаптардың және т.б. баспа өнімдерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, кинофильмдердің, әртүрлі құжаттардың, анкеталардың және т.б. мазмұны болуы мүмкін (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика).

КОНТИНГЕНТ [лат. contingens] з а т. **1.** *Белгілі бір жағдайда бірыңғай топ, категория құратын адамдар жиынтығы.* Техникум жанында ауылшаруашылығы кадрларының мамандығын жетілдіру курстары жұмыс істейді, оның бір жылдағы *к о н т и н г е н т і* 300 адам («Қазақст. мұғ.»). **2.** э к о н. *Белгілі мақсат үшін үйғарылған шектеулі мөлшер. К о н т и н г е н т* – сыртқы саудада шетелден әкелетін немесе сыртқа шығаратын белгілі бір тауардың мөлшерін ресми түрде белгілеу (баға немесе салмақ тұрғысынан) (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНТИНГЕНТТЕ= е т. э к о н. *Экспорттық және импорттық квоталар қою көмегімен сыртқы сауданы мемлекеттік реттеу.* ≈ Бірыңғай *к о к т и н г е н т т е д і.*

КОНТИНГЕНТТЕУ *Контингентте етістігінің қимыл атауы.* Эмиссиялық *к о н т и н г е н т т е у* – ретке келтіру мақсатында эмиссиялық банкноттың заңды түрде тежелуі (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНТИНЕНТ [лат. continens] з а т. **1.** г е о г р. *Материк, жан-жағы мұхитпен қоршалған құрғақ құрлық жер бөлігі.* Әзірге түгел бөлініп болмаған *к о н т и н е н т* – Азия (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жүгеріні тағамға көбірек қолданатын Африка *к о н т и н е н т і н д е,* сондай-ақ Италияда, Испания мен Бразилияда халықтар рақпен, басқа елдермен салыстырғанда, едәуір аз ауырады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). **2.** *Аралары алшақ әртүрлі елдер, мемлекеттер.* Әртүрлі *к о н т и н е н т т е р д е г і* көптеген адамдар лаң соғыстың өршітілуін тоқтатуды талап етуде («Соц. Қаз.»).

КОНТИНЕНТТІК с ы н. *Континентке тән, континентке қатысты. К о н т и н е н т т і к* баурай – материктік баурай терминінің синонимі (Қаз. тілі термин. Геология).

Континенттік түзілімдердің генетикалық типі. г е о л. *Денудацияның, тасымалданудың және қираған таужыныстар өнімдері аккумуляциясының бір немесе бірнеше динамикалық өзіндік түрлері білінімінің нәтижесінде жаралатын түзілім. К о н т и н е н т т і к т ұ з і л і м д е р д і ң г е н е т и к а л ы қ т и п і* екіге бөлінеді: 1) қарапайым тип – бір процесс білінімінің нәтижесінде (беткейлердің гравитациялық опырылуы, беткейлердің шайылуы, өзендердің, мұздықтың әрекеті, жел әсері т.б.) пайда болады; 2) күрделі тип – екі және одан да көп процестер нәтижесінде жаралады (Қаз. тілі термин. Геология). Қарапайым *к о н-*

тиненттік түзілімдердің генетикалық типі – коллювий, делювий, морена, эолдық түзілімдер т.б.; күрделі *континенттік түзілімдердің генетикалық типіне* делювий-коллювий, делювий-аллювий, делювий-солифлюксий және т.б. кіреді. Генетикалық типтер парагентикалық топтар мен топшаларға және парагенетикалық қатарларға бірігеді (Қаз. тілі термин. Геология.).

КОНТИНУУМ [лат. continuum] з а т. г е о м. *Түзу кесіндісінің барлық нүктелерінің немесе түздің барлық нүктелерінің жиынтығы. Континуум* барлық нақты сандар жиынтығының эквиваленті болады (ҚҰЭ).

КОНТОКОРРЕНТ [итал. conto corrente] з а т. э к о н. *Кез келген несиелік және есеп-қисап жүргізіле беретін клиенттің банктегі бірегей ағымдық және қордағы есебі.* ≈ *К о н т о к о р р е н т* көлемі.

Контокоррент есебі. э к о н. *Банктердің несие және есеп-қисап жұмыстарын жүргізу үшін өздерінің клиенттеріне ашатын бірыңғай күнделікті және қарыз есебі. К о н т о к о р р е н т е с е п т е р і н і ң* системасы өз клиенттерінің жұмыс жағдайын толық біліп отыруға мүмкіншілік береді (Қаз. тілі термин. Экономика). Ұзақ мерзімді кредиттер *к о н т о к о р р е н т е с е б і* арқылы өтеді, бұл счет монополия банктеріне өнеркәсіп орындарының жұмысын бақылап отыруына мүмкіндік береді (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНТОКОРРЕНТТІ с ы н. *Контокоррентке тән, контокоррент қатысқан* ≈ *К о н т о к о р р е н т т і* операциялар.

Контокоррентті есепшот. э к о н. *Банктің клиентке ашатын бірдей ағым есепшоты. К о н т о к о р р е н т т і е с е п ш о т т а* банктің несиеге беретін саудасы, сонымен бірге ссуда қаржысын орналастыру және қайтару т.б. клиенттермен жұмыстарды тіркейді (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНТОМАТ з а т. э к о н. *Пластикалық карточканың көмегімен ақшаның автоматтан қолма-қол берілуі* (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНТОР [лат. contra] з а т т а р. с о в е т. *Кеңсе, кәсіпорын мен мекеменің әкімшілік бөлімдерінің жалпы аты.* Ауданмен *к о н т о р г а* барып, сөйлесе қойыңыз (М.Мырзақұлов, Ақық). Ертеңіне Ержанов *к о н т о р г а* келді (І.Есенберлин, Айқас). Сәду *к о н т о р г а* тұра жүгірді (С.Ерубаев, Менің құрдас.).

КОНТР... *Бір нәрсеге қарсылық, қарсы тұру мағынасындағы күрделі сөздің бірінші сыңары.* Әскери құрам *к о н т р а т а к а ғ а* шықты («Лен. жас»).

КОНТРАБАНДА [итал. contrabando] з а т. э к о н. *Тауарларды, валютаны, құндылықтарды немесе өзге де заттарды, солардың ішінде зияткерлік меншік заттарын кеден шекарасы арқылы заңсыз ірі көлемде алып өту. К о н т р а б а н д а* – жеке тұлғаның (фирма-өндіруші емес) өзгенің программасының көшірмесін заңсыз сатуы (Қаз. тілі термин. Информатика). *К о н т р а б а н д а* кеден бақылауынан тыс немесе жасырын не құжаттарды немесе кедендік сәйкестендіру құралдарын алдаушылықпен пайдаланып не кеден шекарасы арқылы алып өтуге тыйым салынған немесе шек қойылған тауарларды, заттарды және алып өтудің арнаулы ережелері белгіленген құндылықтарды мағлұмдамада көрсетпей немесе өтірік көрсетіп жасалады. *К о н т р а б а н д а* экономикалық қылмысқа жатады (ҚҰЭ).

КОНТРАБАС [итал.contrabasso] з а т. м у з. *Ысқымен тартылатын қыл ішекті музыкалық аспап.* Университетке келген соң да, Есен өнерін тастаған жоқ... Енді прима, альт, аккордеон, *к о н т р а б а с,* тіпті барабан соғуға дейін үйреніп алды («Лен. жас».). Өткен жылдарға қарағанда құралдары едәуір түрленген: қобыз, бас домбыра, *к о н т р а б а с,* дауылпаз бар («Қаз. әдеб.»). Көлемі үлкен (2 м-ге жуық), дыбысы жағынан ең төменгі дауысты скрипка типтес, 4 ішекті, кварта бұрауымен бұралады. *К о н т р а б а с т ы ң* 3 және 5 ішекті түрлері де болады (ҚҰЭ).

КОНТРАГЕНТ [лат. contrahens] з а т. *Келісім бойынша өзіне міндеттемелер алған адам немесе мекеме. К о н т р а г е н т* – шарт жасасушы тараптардың бірі (ҚҰЭ). *К о н т р а г е н т* – шарт бойынша белгілі бір міндеттемені мойнына алған жеке немесе заңды тұлға (ҚҰЭ).

КОНТРАДИКТОРЛЫҚ [лат. contradictorius] с ы н. *Қарама-қайшы, аумалы-төкпелі. К о н т р а д и к т о р л ы қ* пайымдау, бірінбірі жоққа шығаратын қарама-қайшы пікір, олардың бірі жалпы, екіншісі жалқы болуы мүмкін (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КОНТРАКТ [лат. contractus] з а т. *Нақтылы мерзімге келісілген екі жақтың міндеттемелері.* Жұмыс күшінің бағасы, пәтерақы тәрізді, кейін төленетін болса да, *к о н т р а к т* жасалған кезде белгіленеді (К.Маркс, Капитал). *К о н т р а к т* бұрын жасалған келісімдерге қарағанда, алға қарай қадам жасағандық («Соц. Қаз.»).

КОНТРАКТАЦИЯ з а т. э к о н. *Ауылшаруашылық өнімін өндіруші өзі өсірген өнімін ұқсату немесе сату үшін дайындаушы тұлғаға беруге міндетті болатын сатып алу,*

сату шарттарының бір түрі. ≈ *Контракция* талаптары.

КОНТРАКТУРА [лат. contractura] з а т. м е д. *Буындардағы қимыл, қозғалу құбылыстарының шектелуі салдарынан аяқ, қолдың немесе олардың бөліктерінің бір қалыпта тырысып қалуы. К о н т р а к т у р а* буын аумағындағы жұмсақ тіндердің әртүрлі өзгерісі салдарынан пайда болады (ҚҰЭ). *К о н т р а к т у р а н ы ң* алдын алу үшін тудыратын ауруларды мезгілінде емдеу қажет (ҚҰЭ).

КОНТРАМАРКА [франц. contremargue] з а т. *Билеттің орнына жүретін талон.* Әрбір *к о н т р а м а р к а н ы* нанға айырбастайды («Қаз. әдеб.»).

КОНТРАРГУМЕНТ з а т. *Аргументке қарама-қарсы пайымдау.* ≈ *К о н т р а р г у м е н т т е р і* көп.

КОНТРАСТ [франц. contraste] з а т. *Айқын көрінетін қарама-қарсылық.* Бұндағы жарық пен сәуленің астасуы, шешімді қолданылған бояулар *к о н т р а с ы,* ілкі нюанстар, ұлттық талғамның шығармадан басты орын алуы суретті жандандыра түскен («Мәдениет және тұрмыс»). Түйсіктердің өзара байланысының өте айқын көзге түсетіні *к о н т р а с т* (қарама-қарсылық) құбылысы (Қ.Жарықбаев, Психология). Рим – Италияның әкімшілік, саяси және мәдени орталығы. Мұнда үш миллиондай халық тұрады. Қалада ескі мен жаңаның, молшылық пен тапшылықтың *к о н т р а с ы* анық байқалады («Қаз. әдеб.»).

КОНТРАТАКА [франц. contre-attague] з а т. ә с к. *Қорғанып жатқан әскерлердің жаулардың шабуылын тойтару мақсатымен қолданатын қарсы шабуылы.* Батальонның міндеті бірнеше бағытта дұшпанның шабуылы бола қалса, соған *к о н т р а т а к а* жасау еді (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Нұржан батальон командирінің үстіне жаңа кіре бергенде, немістер он бес танкінің сүйеуімен екі ротаның қарсысынан *к о н т р а т а к а г а* шықты (Ә.Нұрпейісов, Курляндия).

КОНТРАТИП [лат. contra – қарсы, грек. tupos – үлгі] з а т. ф и з. *Алғашқы негативтен түзсіз фотоматериалға түсіріліп жасалған негатив немесе аралық позитив* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНТРАТИПТЕУ з а т. ф и з. *Негативте контрасты (қарама-қарсылық) күшейту үшін бір негативтен бірнеше контратип жасау әдісі. К о н т р а т и п т е у* құжаттарды зерттеуде, дактилоскопияда пайдаланылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНТРИБУЦИЯ [лат.contributio] з а т. э к о н. *Жеңген елдің жеңілген елден бітім шарты бойынша алатын салығы. К о н т р и б у ц и я* шын мағынасында жеңілген елді салық төлеуге күшпен көндіру, тонау болып табылады (ҚҰЭ). Қазіргі халықаралық құқық *к о н т р и б у ц и я г а* тыйым салған (ҚҰЭ).

КОНТРМӘДЕНИЕТ з а т. т а р. қоғ.-саяси. <лат. contra – қарсы, cultura – мәдениет> *60-70 жылдары батыс елдерінің жастары арасында таралған қазіргі буржуазиялық мәдениетке рухани қарсылық көрсету формасы. К о н т р м ә д е н и е т* әлеуметтік құндылықтан, моральді нормалар және тұтынушылық қоғамның құлықтық идеалдары, стандарттары мен жалпы мәдениет стереотиптері, өмір салтынан ашық бас тартуымен танымал (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КОНТРОЛЕР [франц. controleur] з а т. *Қоғамдық орындарда (көлік, театр т.с.с.) билет тексеруші адам.* Біз жоғарғы қабаттағы көпшілік бөліміне өте бергенде, төменгі залда отырған *к о н т р о л е р* әйел бізге қолын созды. Біз билетімізді ұсындық (Ғ.Мүсірепов, Кездесу кет.). Осы спектакльде айтпай кетуге болмайтын бір бедерлі бейне бар: ол – *к о н т р о л е р* балапан («Қаз. әдеб.»). Мына түріңе қарап, жай ғана *к о н т р о л е р* деп кім айтар сені (А.Шамкенов, Қызыл жалау).

КОНТРОЛЛЕР [лат. controller] з а т. и н ф. **1.** *Компьютердің жеке құрылғыларының жұмысын басқаратын электрондық схема.* **2**. *Бір немесе бірнеше құрылғыны басқаруды, ал кейбір жағдайларда компьютерге қосылған интерфейстердің сәйкес болуын орындайтын дербес компьютер блогы.* **3**. *Оған қосылған құрылғылардың жұмысын басқаратын, бірақ әдеттегідей одан өтетін ақпараттар ағынын өзгертпейтін бағыныңқы жүйе.* **4.** *Компьютерге қосылған құрылғыларды басқару қызметін атқаратын бағдарламаланатын аралық-құрылғы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Контроллердің қалып-күй блогы. и н ф. <лат. status controller block> *Компьютерлердің бірыңғай жүйесінде – контроллер жайында динамикалық мәліметтері бар операциялық жүйенің кестесі. К о н т р о л л е р д і ң қ а л ы п - к ү й б л о г ы н* басқарушы программа енгізу, шығару құрылғысының драйверінде пайдаланады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОНТРОЛЛИНГ [ағыл. controlling] з а т. и н ф. **1.** *Кәсіпорында фирмадағы хабарламаны өңдеуде және компьютерлік шешім қабылдауға, есепке алу жағдайын талдаудағы және жоспарлау құралы.* **2.** *Германия, АҚШ-та өнеркәсіп кәсіпорындарында қабылданғандай, фирма бөлімшелерінің аты* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОНТРОЛЬ [франц. controle] з а т. **1.** *Тексеру, байқау, бақылау.* Протоколды жазамын, *К о н т р о л і н* қазамын. Ықтиярымен бергенді аламын, Бірақ параға оразамын (І.Жансүгіров, Шығ.). Биыл *к о н т р о л ь* күшті болды (М.Гумеров, Сүйе ме?). **2.** э к о н. *Заңды қаралған, ереже бойынша, нұсқамен, басқадай мәлшерленетін актілермен, сонымен бірге бағдарламамен, жоспармен, келісім шартпен, жобамен, келісіммен керекті жағдайдағы және қажетті объектінің жағдайын қадағалауға сәйкестігін тексеру мақсатында, объектіні бақылауда қорытындылаушы, процеске және экономикалық объектілерді басқарудың құрамы.* (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНТРОФЕРТА з а т. э к о н. *Бастапқы ұсыныста көрсетілген шарттарды өзгерте отырып келісім жасау туралы ұсыныс акцепті.* (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОНТРРЕВОЛЮЦИЯ [франц. contre-revolutionnaire] з а т. т а р. ***Керітөңкеріс*** *(мемлекетте болып өткен революциялық қозғалыстарға қарсы бағытталған саяси қозғалыс немесе бұрынғы биліктен айырылған күштердің ескі жүйені қалпына келтіру үшін жүргізген қарулы қарсылығы).* Батыс Еуропа елдерінде (Франция, Ұлыбритания, Германия, Италия, т.б.) болған 18-19 ғасырлардағы революциялар *к о н т р р е в о л ю ц и я* күштері арқылы басылды (ҚҰЭ). Сен *к о н т р р е в о л ю ц и я ң д ы* әрмен алып кет (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Ішкі *к о н т р р е в о л ю ц и я ғ а* Антанта күш қосты (С.Мәуленов, Жұлдыз.).

КОНТРРЕВОЛЮЦИОНЕР з а т т а р. ***Керітөңкерісші.*** ***≈*** *К о н т р р е в о л ю ц и о н е р л е р д і ң* әрекеті.

КОНТРРЕЛЬС з а т. *Негізгі рельстің ішкі жағынан қарама-қарсы тартылған рельс. К о н т р р е л ь с т і* стрелка ауыстырылатын крестовиналарда, жолдың қисықтау тұстарында доңғалақ негізгі рельстен тайып кетпеуі үшін қояды. («Егемен Қазақстан»).

КОНТРСТАЛИЯ з а т. *Кемеге жүк тиеу-түсіру жұмыстары кезінде теңіз тасымалының шартында көрсетілген мерзімнен тыс тұрған уақыт* (ҚҰЭ).

КОНТРТИТУЛ з а т. б а с п а. *Бүтіндей алғанда көптомдық немесе сериялы басылымдарға қатысты мәліметтерді немесе аударма басылымдарда түпнұсқа тілінде титул мәліметтері бар қайырмалы жазық парақтың сол жақ бөлігі* (ҚҰЭ).

КОНТРФОРС [франц. contrefort] з а т. с ә у л е т. *Ғимараттың негізгі құралымын нығайту үшін қабырғаға тігінен немесе көлденеңінен жапсыра жасалатын тіреу. К о н т р ф о р с т ы ң* төменгі жағы аумақты болып басталады да, жоғары қарай бірте-бірте сатыланып, яғни біркелкі жіңішкере береді (ҚҰЭ). Бұл готикалық құрылыстың негізгі элементтерінің бірі болған, *к о н т р ф о р с* архитектурада көне ескерткіштерді қайта қалпына келтіру жұмыстарында көп пайдаланылады (ҚҰЭ).

КОНТРЭСКАРП [франц. contreescarpe] з а т. ә с к. *Жергілікті жердің өз жағына қарай бағытталған биік құлама ылди түріндегі танкіге қарсы жер бөгеті. К о н т р э с к а р п* қарсыластардың ылдиға қарай жүруі мүмкін болатын бағытқа қорғаныс есебінде орнатылады және жардан түскен кезде танк аударылып түсетіндей болып жасалады (Қаз. тілі термин. Геология.). *К о н т р э с к а р п* қабырғасының биіктігі 2 м және одан да жоғары болады. Қарсыластар құламаның арғы бетінде орналасатындықтан, *к о н т р э с к а р п қ а* қарағанда байқаусыз болады әрі оған қарағанда қауіптірек (Қаз. тілі термин. Геология.).

КОНТУЗИЯ [лат. contusio] з а т. *Дененің ұрылуы, зақымдануынан ағзаның мең-зең болып қалуы. К о н т у з и я* боп қалған жандай көзіміз бақырайып, бір-бірімізге қарап, үн-түнсіз қатып қаппыз (С.Бақбергенов, Қарға там.). Ауыр *к о н т у з и я д а н* кейін есінен айырылған (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Медицина ғылымы *к о н т у з и я н ы* ауыр жаралылармен пара-пар санайды (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). Денеге қатты соққы тиген кезде (негізінен, жарылыс әсерінен болатын ауаның соққы толқыны) организм толықтай не жеке органдар *к о н т у з и я ғ а* шалдығады (ҚҰЭ).

КОНТУР [франц. contour] з а т. ***Кескін*** *(бір нәрсенің нобайы).* Егістік, шабындық, бау-бақша және басқа ауылшаруашылығы жері участоктарын *к о н т у р* деп атайды (А.Әбішев, Ауылда). Алып пирамидалардың *к о н т у р л а р ы* бір-бірлеп көзге ілінді («Лен. жас»). Резонатор – тербелісті қабылдағыш *к о н т у р* («Халық мұғ.»).

Контур карта. г е о г р. *Құрлықтар мен су айдындарының атауы көрсетілмей, кескіні ғана берілетін географиялық карта.* ***≈*** *К о н т у р к а р т а* әкелу.

Байланысқан контурлар. ф и з. *Бір контурдағы электр тогының өзгерісі басқа контурда электр қозғаушы күштің пайда болуына әкелетін қасиеті бар электр контурлары.* (ҚҰЭ).

Контур ішіне су айдау. с у ш а р. *Мұнай шоғырына және оның контур маңы бөлігіне тікелей су айдау жолымен мұнайлы горизонттағы*

қысымды бірқалыпты ұстап тұру әдісі. Контур ішіне су айдау нәтижесінде мұнай өндіру қарқыны артады (Қаз. тілі термин. Су.).

КОНТУРЛЫҚ с ы н. *Контурға тән, контурға қатысты. К о н т у р л ы қ* сулар – мұнайлы қабаттағы мұнайды астыңғы немесе үстіңгі жағынан қоршап тұратын жерасты сулары (Қаз. тілі термин. Су.).

КОНУРБАЦИЯ [лат. con – бірге, urbs – қала] з а т. *Экономикалық және мәдени-тұрмыстық байланыстары, жалпы ірі инженерлік гимараттары нәтижесінде біртұтастық құрайтын, бір-біріне жақын орналасқан және өзара байланысқан қалалар тобы. К о н у р б а ц и я* – елді мекендер агломерациясының бір түрі (Қаз. тілі термин. Су.).

КОНУС [лат. conus] з а т. г е о м. *Тік бұрышты үшкілдің катеттерінің біреуінің айналасында айналу арқылы жасалған геометриялық дене.* Архимед тік цилиндрдің, тік дөңгелек *конустың* бүйір беттерінің аудандарын табу әдісін көрсетті (О.Жәутіков, Математика.). Пирамида мен *к о н у с т ы ң* көлемдері табандарының ауданы мен биіктіктерінің көбейтінділерінің үштен біріндей болатындығын алғаш рет осы Демокрит тағайындаған (М.Ысқақов, Математика.). Элементар геометрияда дөңгелек *к о н у с* деп бағытталған шеңбері бар, дөңгелек *к о н у с т ы ң* бетімен және оның осіне перпендикуляр жазықтықпен шектелген геометриялық денені айтады (ҚҰЭ).

Конус тәрізді жанартау. г е о л. *Конус пішінді орталық типті жанартау. К о н у с т ә р і з д і ж а н а р т а у* жиі атқылау нәтижесінде пайда болады (Қаз. тілі термин. Геология).

Конус түріндегі су тұндырғы. с у ш а р. *Судың тұну процестері. К о н у с т ү р і н д е г і с у т ұ н д ы р ғ ы* кезінде: 1) қалқымалы бөлшектер мен тұнатын судың коллойдтары молекулалық және электрстатикалық күштердің әсерінен қалқымалы заттардың бетіне жабысып тазаланады; 2) Қалқымалы бөлшектер өте жіңішке толассыз өзгергіш қуысты жарықшақтан өтіп, механикалық түрінде сүзіліп тазаланады (Қаз. тілі термин. Су.). *К о н у с т ү р і н д е г і с у т ұ н д ы р ғ ы н ы ң* нормативтілігін ҚНжПЕ-31-74 (құрылыс нормасы және пайдалану ережелері) арқылы есептейді (Қаз. тілі термин. Су.).

Мах конусы. ф и з. *Ұйытқудың нүктелік көзінен шығатын дыбыс толқындары жинақталған газдың дыбыстан жоғары ағын облысын шектеген конустық бет* (Қаз. тілі термин. Су.).

КОНУСТЫҚ с ы н. г е о м. *Конусқа тән, конусқа қатысты. К о н у с т ы қ* бет – белгілі бір сызықтың (бағыттаушы) барлық нүктесін кеңістіктің берілген нүктесімен (төбесімен) қосатын түзулердің (жасаушыларының) геометриялық орны (ҚҰЭ).

Конустық қима. г е о м. *Дөңгелек тік конусты оның төбесі арқылы өтпейтін жазықтықпен қиып өткенде шығатын сызық. К о н у с т ы қ қ и м а л а р* Ежелгі Грекия математиктерінде белгілі болған (мыс., б.з.б. 4ғ., Менехм). *К о н у с т ы қ қ и м а л а р* теориясы 17 ғ. жасалған жаңа геометриялық тәсілдерге байланысты дамыды (ҚҰЭ).

КОНФАБУЛЯЦИЯ [лат. confabulo] з а т. п с и х о л. *Естің бұзылуы кезінде байқалатын жалған естеліктер.* Әдетте *к о н ф а б у л я ц и я д а* аурудың кәсібіне байланысты оқиғалар көрінеді (Қаз. тілі термин. Педагогика). *К о н ф а б у л я ц и я л а р* әдетте ойлаудың бұзылуларымен, амнезиялармен қабаттасады және мидың кейбір бөліктері зақымданғанда, психоздар кезінде байқалады (Қаз. тілі термин. Педагогика).

КОНФЕДЕРАЦИЯ [лат. confederatio] з а т. қ о ғ. *Саяси, әскери, экономикалық және т.б. мақсаттарды жүзеге асыру үшін құрылатын мемлекеттердің уақытша одағы, мемлекеттік құрылым формасы. К о н ф е д е р а ц и я* құрушы мемлекеттер өздерінің тәуелсіздігін толығымен сақтап қалады, әрқайсысының өзіндік мемлекеттік билік жүйесі және басқару органдары болады (ҚҰЭ). *К о н ф е д е р а ц и я г а* мүше елдердің бәріне бірдей ортақ заң шығарушы орган, ортақ азаматтылық, территория, әскери күштер, салық жүйесі болмайды (ҚҰЭ).

КОНФЕРАНСЬЕ [франц. conferencier] з а т. *Концерттік бағдарламаларды, эстрадалық ойын-сауықтарды жүргізуші әртіс. К о н ф е р а н с ь е* ойын-сауыққа қатысушыларды көрермендерге хабарлап әрі оларды ойын-сауық арасында уытты әзіл-оспақ, күлкілі қалжыңмен көңілдендіріп отырады. *К о н ф е р а н с ь е* өнері орындаушыдан мәнерлі үнді, қиыннан қиыстырар тапқырлықты, өткір тілділікті талап етеді (ҚҰЭ). Кенет *к о н ф е р а н с ь е* жымың қағып, микрофонға келіп: – Біздің институтымыздың жұлдызы – әнші Мұқтар Асқаровтың орындауында «Әкеме», – деді («Лен. жас»). Күндебай таптырмайтын *к о н ф е р а н с ь е* болғалы тұр (О.Бодықов, Бұлбұл).

КОНФЕРЕНЦИЯ [лат.conferentia] з а т. **1.** *Мемлекеттер мен қоғамдық ұйым өкілдерінің, ұйым мүшелерінің белгілі бір тақырыпқа байланысты басқосуы, ғалымдардың жиналысы, мәжілісі. К о н ф е р е н ц и я г а* біздің үкіметіміздің

жоғары лауазымды мүшелерінің және Қазақстан мұнай-газ саласы басшыларының қатысуы Батыстың іскер топтары тарапынан үлкен қызғушылық тудыруда («Егемен Қазақстан»). Қазір әлемде қауымдасу, одақтасу Еуропалық, Ислам *конференциясы* ұйымы және т.т. процесі жүріп жатыр. Егер біз түбі бір, тегі бір, менталитеті де аса жақын, мұндас, мүдделес түркі халықтары өзара жақындаса, одақтаса алмасақ, өзге халықтармен қалай одақтаспақшымыз? («Жас Алаш»). **2.** *Айтулы күн, белгілі бір ғылыми тақырып бойынша шақырылған ғалымдар мен зерттеушілердің, педагог, оқытушылардың мәжілісі.* Бір *конференция* шақыратын уақыт жетті (С.Мұқанов, Өсу жол.).

Оқушылар конференциясы. п е д. *Белгілі бір тақырыпқа арналған, оқушылар баяндама жасап, пікір алысатын конференция.* Белгілі бір тақырыпқа кітап *оқушылар конференциясына* жиналғандардың көпшілігі қанал құрылысынан келгендер екен (К.Оразалин, Ақ жазық.).

Студенттер конференциясы. п е д. *Студенттердің белгілі бір тақырып бойынша баяндама жасап, пікір алысатын конференциясы.* Жақында *студенттердің конференциясы* өтуге тиіс еді (М.Дүйсенов, Меймандар).

КОНФЕСКЕ з а т. т а р. с о в е т. ***Кәмпеске.*** Әрқилы лақап, сыбыс бар, Көрер зат көп қой көзділе. Оқыды бірде дыбыстап *«конфеске»* деген сөзді де (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Албай 28 жылы *конфескеге* ілінген соң бұл байғұс басына бостандық алып, босап шығыпты (С.Шаймерденов, Мезгіл.). Байлардың әрекеті аз болды ма? Алдында бай тұрғанда өлім бесік, Ерте-ақ құлақтанып *конфескені* қамауға бет түзеген сөзді кесіп (Б.Бұлқышев, Адамзатқа хат).

КОНФЕСКЕЛЕ = е т. т а р. с о в е т. ***Кәмпескеле*** *Конфескелеген* дәлелдеріміз: 1) Оспан жеті атасынан аузы арылмаған бай (Б.Майлин, Шығ). Шалима! Ғани біздің үйді *конфескелеймін* дейтін көрінеді ғой (Ш.Хұсайынов, Таныс адамдар).

КОНФЕСКЕЛЕН= е т. т а р. с о в е т. ***Кәмпескелен.*** Өткен жылы Бозанбай *конфескеленгенде*, оның түйесі тобымен колхозға алынды (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). Жаңа өкімет орнап, байлар *конфескеленіп*, ағайын-туысты іздейтін жағдай болмай кетті емес пе? Тірі болса бір дерегі шығар деген үмітте жүре бердік (Д.Исабеков, Тіршілік).

КОНФЕСКЕЛЕУ *Конфескеле етістігінің қимыл атауы.* Мысалы, бұл істеріңнен дым шықпайды деп кейбіреулер сенбеген қазақ аулында жербөлу, сауатсыздықты жою, байларды *конфескелеу* тағы сол секілді көптеген істер жүргізілді (І.Есенберлин, Қатерлі өткел). – Байдың жұмысын істесем, мал-мүлкін *конфескелеуді* де білдім, тыққан алтын-күмісін ел қазынасына сала да білдім (Ә.Әбішев, Замана.). Мұнан кейінгі бір топ өлең сол дәуірдің ең ірі саяси мәселесі – ірі байлардың мал-мүлкін *конфескелеу*, өздерін жер аудару жайына арналған (Р.Бердібаев, Гүлстан.).

КОНФЕССИЯ [лат. contessio] з а т. *Басқаға тәуелсіз дербес діни бағыт, ағым. Конфессия* басшыларының әр салада жиі-жиі ұшырасып, ортақ мәмілеге келуі соның тікелей жемісі («Егемен Қазақстан»). *Конфессиялар* арасындағы үнқатысудың кең көлемде өрбіп отырғандығы осының айқын дәлелі («Егемен Қазақстан»).

КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ с ы н. қ о ғ.-саяси. *Конфессиялар арасындағы.* Қазақстанда бүгінгі қалыптасқан *конфессияаралық* қарым-қатынас әлемнің көптеген елі үшін үлгі («Егемен Қазақстан»). *Конфессияаралық* үнқатысу қазір өркениетаралық үнқатысудың құрамдас бір бөлігіне айналды («Егемен Қазақстан»).

КОНФЕССИЯЛЫ с ы н. қ о ғ.-с а я с и. *Конфессиядан құралған, конфессиядан тұратын.* Қазақстан – көптеген ұлт пен ұлысты, соған орай бірнеше дін мен *конфессиялы* ел («Егемен Қазақстан»).

КОНФЕССИЯЛЫҚ с ы н. *Конфессияға тән, конфессияға қатысты.* ≈ *Конфессиялық* ілім.

Конфессиялық мектептер. <лат. confessionalis> *Белгілі бір діннің қағидаларын насихаттауды мақсат ететін шіркеудің қарамағы мен бақылауындағы оқу орны. Конфессиялық мектептер* ең алғаш рет орта ғасырда Батыс Еуропа елдерінде пайда болды (ҚҰЭ). *Конфессиялық мектептер* АҚШ, Англия т.б. елдерде қазіргі кезде де өз мәнін жоғалтқан жоқ (ҚҰЭ).

КОНФЕТ [итал. confetto] з а т. т а м а қ. ***Кәмпит***. Жауап бердім: – *Конфет* қанша тәтті болса, нан сонша тоқ (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). Оны *конфетке* араластырса, конфет хош иісті болып шығады (С.Мұқанов, Естім. елде.). Ризамыз біз байғұс азға да тым, Бөбектейміз *конфетке* мәз болатын. Жайраңдаймыз жымиып қараса адам, Желепжебеп жайғандай жаз қанатын (Ж.Молдағалиев, Қызыл қайың).

КОНФИГУРАЦИЯ [лат. configuratio] з а т. и н ф. **1.** *Белгілі бір жүйені, аппараттық*

жабдықтарды, оның нақты параметрлерін, құрылғылар құрамын, өзара байланыстарын анықтай отырып орналастыру. Конфигурация белгілі бір тұтыну кезеңі ішінде пайдаланылатын есептеу жүйесіндегі аппараттық құралдар мен олардың арасындағы байланыс параметрлерін бекітеді (Қаз. тілі термин. Информатика). **2.** *Дербес компьютерді пайдаланушының белгілі бір мәселелерді орындауына арналған қызметтік құрылғылардың жинағы. Конфигурация* – есептеу жүйесіндегі аппараттық құралдардың және олардың арасындағы жалғастырулардың белгілі бір жиынтығы (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Конфигурация диспетчері. и н ф. <ағыл. configuration manager> *Жүйенің пішімүйлесімі жайындағы мәліметтерді сақтауды және таңдап алуды жеңілдететін бағдарламалық құрауыштар жиыны. Конфигурация диспетчері* CONFIG.SYS, AUTOEXEC. BAT және әртүрлі INI файлдарын қолдану қажеттігінен босатады (Қаз. тілі термин. Информатика). *Конфигурация диспетчерінің* құрамына пішінүйлесім тізілімі, тізілімнің бейнесызбалық редакторы және жабдықтарды ажырата білетін (оның ішінде жадта тұрақты сақтайтын құрылғыларда жүзеге асырылған) құралдар кіреді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Конфигурация тізілімі. и н ф. <ағыл. configuration registry> *Есептеу машинесінің конфигурация жайындағы ақпарат сақталатын мәліметтер базасы. Конфигурация тізіліміне,* мысалы, орнатылған аппараттық құралдар мен программалық жасақтама, жұмыс істейтін ортаның параметрлері және жүйені пайдаланушылардың енгізген басқа да мәліметтері жатады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Конфигурация файлы. и н ф. <ағыл. configuration file> *Операциялық жүйені жүктеу кезінде автоматты түрде орындалатын оның файлы. Конфигурация файлы* операциялық жүйенің стандартты параметрлерін өзгертуге және стандартты емес құрылғылардың драйверлерінің атауын беруге арналған (Қаз. тілі термин. Информатика).

Молекула конфигурациясы. х и м. *Циклдік немесе хираль дық элементтің қос байланысқа орай алғандағы орын басушыларының кеңістіктік орналасуы* (Қаз. тілі термин. Информатика).

КОНФИГУРАЦИЯЛАУ [ағыл. configuration] з а т. и н ф. *Дербес компьютердің ақпараттық жабдықтарын, жеке құрылғылары немесе қолданбалы бағдарламаны дербес компьютердің нақты құрамына бейімдеп, оның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету процесі. Конфигурациялау* әрбір жолында конфигурация комадасы бар CONFIG.SYS мәтіндік файлы арқылы орындалады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОНФИГУРАЦИЯЛЫҚ с ы н. и н ф. *Конфигурацияға тән, конфигурацияға қатысты. Конфигурациялық* кеңістік – фазалық кеңістіктің астындағы кеңістік болатын жалпыланған координатаның көп өлшемді кеңістігі (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Конфигурациялық файл. инф. *Операциялық жүйе жүктелген мезетте «config.sys.» файлын оқып, онда жазылған барлық командаларды орындайтын файл. Конфигурациялық файл* бір мезгілде ашылатын файлдардың санын мүмкіндігінше көбейту, жедел жадты басқару CD-ROM драйверлерін жүктеу және т.б. командаларды орындайды(Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОНФИРМАЦИЯ [лат. confirmatio] з а т. э к о н. *Сатып алушы өкілінің конфирмациялық экспорттық үйлерінің түрі. Конфирмация* үшін өздеріне өндірушінің атынан берілетін несиелер бойынша тәуекелді өзіне алу тән («Егемен Қазақстан»).

КОНФИРМАЦИЯЛЫҚ с ы н. *Конфирмацияға тән, конфирмацияға қатысты. Конфирмациялық* үйлер сатып алушыдан несие қабілеттілігінің дәлелін талап етпестен, жеткізілімнің толық құнына және экспорттық несиенің бүкіл сомасына тәуекелге бара алады («Егемен Қазақстан»).

КОНФИСКА зат. тар. совет. ***Кәмпеске.*** [Бірмағанбеттің] былтыр *конфиска* малынан 2-3 қара тиіп, содан былай ғана басы босады (Б.Майлин, Шығ.). Бай Қондыбай қалай *конфискаға* ілініп жер аударылды. Ол зауалдан байдың жалғыз ұлы сықылданған мырза Барлыбай қалай аман қалды (З.Шүкіров, Қиын түйін).

КОНФИСКАЛА= е т. т а р. с о в е т. ***Кәмпескеле.*** Бұл тартыс 1928 жылы ауылдағы жеті жүз ірі бай-феодалды *конфискалап*, жер аударған соң елді индустрияландыру, коллективтендіру арқылы социалистік шабуыл күшейген соң тоқталды (Ғ.Мұстафин, Ой әуен.).

КОНФИСКАЦИЯ [лат. confiscatio] з а т. т а р. с о в е т. ***Кәмпескелеу*** *(XX ғасырдың 20-жылдарындағы Кеңес өкіметі әкімшілік органдарының уәкілі немесе сот шешімінің келісімімен іске асырған ірі меншік иесінен басы бүтін дүниесін күшпен тәркілеп айыру процесі).* Жол серігім келгеннен-ақ қыңыр сөйлеп, менің кім екенімді, әсіресе, *конфискация* туралы өлең жазғанымды естіген,

жауындай көріп, тіпті жиіркенгендей кескін білдіргені несі? (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Заман да қауырт өзгеріп сала берді. Кеше ғана бұл өлкені ұлы *конфискация* науқаны дір сілкіп өткен (С.Шаймерденов, Жыл құсы). Бұл күрестің әсіресе өршіген, имеленіскен шағы 20-жылдардың аяғында *конфискация* науқанына да байланысты еді («Лен. жас»).

КОНФИСКЕ зат. тар. совет. ***Кәмпеске.*** Үкіметтің мына *конфиске* науқаны орынды жүргізіліп отыр, – деді (Б.Майлин, Шығ.).

КОНФИСКЕЛЕ = ет. тар. совет. ***Кәмпескеле.*** [Жәкен] Тұрсынды биыл өзін *конфискелеп*, жер аударып жібердік (Б.Майлин, Шығ.).

КОНФИСКЕЛЕН= ет. тар. совет. ***Кәмпескелен.*** Сөйтіп үш-төрт сағатта Танабай *конфискеленіп* бітті... (С.Сейфуллин, Шығ.). *Конфискеленіп*, жер ауып бара жатқанда қанша жалынса да, қызы ермей, шешесінің қасында қалып қойды (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Бұлар Баянауыл жақтан Мысқазғанға жиырма сегізінші жылы *конфискеленіп* келген-ді (І.Есенберлин, Алтын құс).

КОНФИСКЕЛЕУ *Конфискеле етістігінің қимыл атауы.* Газеттегі: «Қазақстан ірі байлардың, жарым феодалдардың малдарын, мүліктерін *конфискелеу* туралы» хабарды оқып отырды (С.Сейфуллин, Шығ.). Бұл жолы да сол мықты қорғанына сеніп еді, болмағанындай-ақ *конфискелеуге* келген комиссияның маңдайы тасқа тіреліп, кері қайтты (Ә.Сараев, Тосқауыл). Ал комиссия мүшелері, Мәжелдің өз сипатын міне, көріп отырсыңдар. Мына түсімен мынаны *конфискелеу* күлкі болар (С.Бегалин, Замана.).

КОНФЛИКТ [лат. conflictus] зат. **1.** *Бір-біріне қарама-қарсы мүдделердің, көзқарастардың, ұмтылыстардың соқтығысуы; тартыс, дау-жанжал, келіспеушілік. Конфликт* екен деп металлург байғұсты кіммен жанжалдастырасың (Ә.Омарбаев, Кәрлен.). **2.** әдеб. *Тартыс, шиеленіс.* Қазақ әдебиеті үшін толғағы жеткен мәселе – шығармаға лайықты тартыс *(конфликт)* табу және кейіпкерлерді ірілендіру, типтендіру проблемасы болып табылады («Қаз. әдеб.»). Бейімбет шаруалардың өмірін жақсы біліп қана қойған жоқ, ол сол өмірге үңіле қарап, өмір романтикасын, неше алуан *конфликтілерін* тапты (І.Омаров, Серпін.).

КОНФОРМАЦИЯ [лат. conformation] зат. физ. *Органикалық қосылыс молекуларының, олардың жеке бөліктерінің жай көміртек – көміртек байланыстарын айнала еркін қозғалуы кезінде қабылдайтын геометриялық пішіндері. Конформацияларды* пайда болуына атомдардың, олардың ішінде сутек атомдары мен атомдық топтарының өзара әрекеттесуі, тебілісі себеп болады (ҚҰЭ). *Конформация* – атомдардың немесе атомдар тастарының жай байланыстар, байланыстардың иілуі және басқа деформациялар айналасында ішкі айналуы нәтижесінде молекула конфигурациясын өзгертпейтін молекулалардың кеңістіктік құрылысы (пішіні) (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). *Конформация* валенттік байланыстардың ұзындығын және валенттік бұрышты сақтау кезіндегі макромолекуланың мүмкін болатын әртүрлі кеңістіктік құрылымының біргуі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОНФОРМАЦИЯЛЫҚ сын. физ. *Конформацияға тән, конформацияға қатысты. Конформациялық* изомерлердің тұрақтылығы зерттеудің физикалық әдістері (рентген – құрылымдық талдау, термодинамикалық есептеу, термохимиялық зерттеу, дипольдік моменттерді өлшеу, спектрлерді зерттеу) негізінде айқындалады (ҚҰЭ). *Конформациялық* талдау органикалық молекуладағы тікелей байланыспаған атомдар мен топтардың әрекеттесуін сандық бағалауға жол ашты, барлық органикалық қосылыстардың (стероид, белок, көмірсу, алкалоид т.б.) стереохимиялық қасиеттерін түсіндірді және реакциялардың кеңістіктегі бағыттылығын болжауға мүмкіндік беріп, *конформациялық* реакцияласу қабілетін анықтады (ҚҰЭ).

КОНФОРМДЫЛЫҚ [лат. conformis] зат. псих. *Адамның төңірегіндегі топтың ықпаләсеріне берілгіштігі. Конформдылық* көпшіліктің бастапқыда өзі қостамайтын ұстанымдарына сәйкес өзінің мінез-құлық ұстанымдарын өзгертуінен көрінеді (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Сырттай конформдылық. псих. *Қасындағы адамдардың көңілін тауып, сынап-мінеуінен құтылу үшін олардың талап-тілегін орындаған кейіп танытқандық. Сырттай* (жұртшылыққа жария) және іштей (өзі ғана білетін) *конформдылық* сараланады (Қаз. тілі термин. Педагогика). *Сырттай конформдылық* топтағы адамдардың мақұлдауына жету не сынап-мінеуінен, ал кейбір жағдайларда одан да қатаң әрекеттерінен құтылу мақсатында топтың талап-тілегін орындап жүргенін анық көрсетуге саяды (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Іштей конформдылық. псих. *Айналасындағы адамдардың сөздері дұрыс екеніне көз*

жеткізіп, шын мәнінде өзгеруге тырысушылық. Іштей конформдылық төңірегіндегілердің ұстанымы өзінің көзқарасынан гөрі неғұрлым негізді және орынды екенін іштей ұғынып, өз ұстанымын шын мәнінде өзгерту болып шығады (Қаз. тілі термин. Педагогика).

КОНФОРМИЗМ [лат. conformis] з а т. п с и х. ***Конформдылық.*** Айырмашылықтары қаншалық болғанымен, *конформизмнің* бұл екі түрі де адамның жеке пікірі мен топтағы үстем пікір арасындағы ұғынылатын кереғарлықтың топтың пайдасына шешілуінің тән сипатты әдісі болып табылады (Қаз. тілі термин. Педагогика). *Конформизммен,* яғни индивидтің топтың ыңғайына бейімделуімен қатар, кері құбылыс – көпшіліктің не оның бір бөлігінің индивидтің дегеніне бейімделу жағдайлары да кездеседі (Қаз. тілі термин. Педагогика).

КОНФРОНТАЦИЯ з а т. ф и л о с. *Әлеуметтік жүйе, мүдделер мен сенімдердің қайшылығы, қақтығыс.* ≈ *Конфронтация* ұстанымдары.

КОНФУЦИЙШІЛДІК зат. филос. *Ежелгі Қытайдағы басты идеялық ағымдардың бірі, ежелгі дәуірден бастау алатын философиялық жүйе, саяси-этикалық ілім. Конфуцийшілдіктің* негізін қалаушы – Конфуций (б.з.б. 551 – 479), оның көзқарасын ізбасарлары «Лунь ой» («Әңгімелері мен ой-пікірлер») кітабында баяндап берген (ҚҰЭ).

КОНЦЕНТРАТ [лат. concentratio] з а т. **1.** т а м а қ. *Сақтауға және одан жылдам тамақ әзірлеуге ыңғайлы кептіріліп престелген тағам өнімдері мен жартылай фабрикаттар.* Бір мл витамин (гр) витамин «А» *концентратында* 8000–20000 халықаралық өлшем болады (Ә.Әбішев, Шопан серігі.). **2.** а у ы л ш а р. *Құрамында қоректілігі жоғары заттары бар дәнді азық, құрама жем, күнжара, кебек т.б. мал азығы, құнарландырылған жем. Концентрат* ауылшарушылығындағы барлық жануарлардың жемшөп құрамына кіреді (ҚҰЭ). Тұтам емшек, дәу, ала бие де жеке. Алдында сұлы, *концентрат* (Ғ.Мұстафин, Миллионер). – Әне, келе жатқан *концентрат.* Оны айдап келіп осы сарайға кіргізеді. Мұнда ол *концентраттыны* кептіреді (І.Жансүгіров, Әңгім.). Бұрын осы колхоздың басшылары сүрлем, *концентрат* дегенге мән бермепті (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). **3.** к е н. *Кенді байыту нәтижесінде алынатын өнім, яғни кен құрамынан керексіз құрамбөліктерді ажырату нәтижесінде алынған пайдалы құрамбөліктер жиынтығы.* Осы байып шыққан майда металды *концентрат* дейді (А.Машанов, Жер асты.»). *Концентраттарда* пайдалы құрамбөліктер мөлшері бастапқы шикізаттағыдан көп болады (Қаз. тілі термин. Кен). *Концентрат* – жер қойнауынан алынған пайдалы қазындыны байытудың нәтижесінде алынған өнім, оның құрамындағы бағалы минерал мөлшері алғашқы шикізаттағыдан көп болады (Қаз. тілі термин. Кен). *Концентрат* құрамындағы бағалы минерал мөлшері алғашқы шикізаттағыдан көп болады (ҚҰЭ).

Кондицияланған концентрат. к е н. *Пайдалы құрамбөліктер мен қоспалар мөлшері, ылғалдылығы, түйіршектерінің іріліг жөнінен белгілі бір стандарттық талаптарға сай келетін концентрат. Кондицияланған концентрат* байыту фабрикасынан тікелей пайдалануға жіберіледі (мыс., графитті, қабаттасты, талықты, көмірлі концентраттар), не металлургиялық өңдеуге қабылданады (Қаз. тілі термин. Кен).

Концентрат сапасы. к е н. *Концентраттағы пайдалы құрамбөлік пен қоспалардың құрамы. Концентрат сапасы* – негізгі металдың және кірме заттардың пайыздық үлестері (Қаз. тілі термин. Кен).

Концентрат сапасын жетілдіру. к е н. *Кендегі негізгі құрамбөліктің пайыздық үлесін арттыру.* Көпшілік жағдайда *концентрат сапасын жетілдіру* концентраттарды тазалау операцияларының санын көбейту арқылы іске асырылады (Қаз. тілі термин. Кен).

КОНЦЕНТРАЦИЯ [лат. concentratio] зат. **1.** х и м. *Қоспа, ерітінді, қорытпа құрамындағы заттардың салыстырмалы мөлшері. Концентрация* ұғымы ерітінділердегі еріген зат молекулаларының салыстырмалы мөлшерлерін сипаттау үшін қолданылады (ҚҰЭ). Ерітіндінің белгілі мөлшерінде болатын еріген заттың салмақ мөлшері ерітіндінің *концентрациясы* деп аталады (Химия). Жаз айларында көлдердің суы көп буланғанда, ондағы тұздардың *концентрациясы* мүлде көбейеді (Ж.Жатқанбаев, Су.). Теңізде мекендеуші жануарлардың көбі судың тұздылығы артуына біржақты бейімделген болады да, тұз *концентрациясының* кемуі оларды өлімге соқтырады (Жалпы биология). **2.** э к о н. *Бірнеше фирманың немесе рыноктың бір қолда немесе капиталдың өндірісте бір жерде шоғырлануы.* ≈ *Концентрацияға* түсу.

Бөлшектер концентрациясы. х и м. *Қандай да бір көлемдегі бөлшектер санының осы көлем шамасына қатынасы* (ҚҰЭ).

Жұмысшы концентрациясы. х и м. *Уақыттың кез келген сәтіндегі масса алмастырғыш аппараттағы кез келген нүктеде алынған әрекеттесуші фазалардағы компоненттер концентрациясы* (ҚҰЭ).

Көлемдік үлес концентрациясы. х и м. *Еріген зат көлемінің ерітіндінің жалпы көлеміне қатынасы. Көлемдік үлес концентрациясы* да процентпен сипатталады (ҚҰЭ).

Массалық концентрация. х и м. *Компоненттің массасы арқылы өрнектелген концентрация* (ҚҰЭ).

Массалық үлес концентрациясы. х и м. *Еріген зат массасының ерітіндінің жалпы массасына қатынасы. Массалық үлес концентрациясын* процентпен сипаттауға болады (ҚҰЭ).

Молекулалар концентрациясы. х и м. *Компоненттің молекулалар саны арқылы өрнектелген концентрация* (ҚҰЭ).

Моляльдік концентрация. х и м. *Ерітіндідегі еріген зат мөлшерінің ерітіндінің массасына қатынасы (моль/кг)* (ҚҰЭ).

Молярлық концентрация. х и м. *Еріген зат мөлшерінің ерітіндінің көлеміне қатынасы (моль/м³).* Эквиваленттің *молярлық концентрация* – ерітіндідегі зат эквивалентінің зат мөлшерінің ерітіндінің көлеміне қатынасы (моль/л) (ҚҰЭ). *Молярлық концентрация* – компоненттің моль саны арқылы өрнектелген концентрация (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Молярлық үлес концентрациясы. х и м. *Еріген зат мөлшерінің ерітіндідегі барлық заттардың мөлшерінің қосындысына қатынасы* (ҚҰЭ).

Тепе-теңдік концентрациясы. х и м. *Термодинамикалық тепе-теңдікте болатын фазалардағы компоненттердің концентрациясы* (ҚҰЭ).

Шекті концентрация. х и м. *Ерітіндідегі ерітілген заттардың максималь концентрациясы* (ҚҰЭ).

Шекті-мүмкін концентрация. х и м. а) *Технологиялық, экологиялық, санитарлық т.б. нормалар тұрғысынан алғанда асуға болмайтын қоспадағы кез келген компоненттің концентрациясының шартты мөлшері.* ә) *Күнделікті өте ұзақ уақыттар бойында әсер етсе де ағзаға зиян келтірмейтін, тұқымына кесір келтірмейтін заттың ауадағы, судағы, тағамдық өнімдердегі т.б. максималды концентрациясы* (ҚҰЭ).

КОНЦЕНТРАЦИЯЛЫ с ы н. *Концентрациясы бар, концентрация қосылған.* Қант пен күкірт қышқылының *концентрациялы* ерітінділері тамызылған белок қызғылт түске боялады (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Егер ерітіндіде еріген зат көп болса, мұндай ерітінді *концентрациялы* ерітінді деп аталады (Химия). Жартылай өткізгіш қалтаға *концентрациялы* қант ерітіндісін құйып, оны таза су құйылған ыдысқа салғанда, ыдыстағы су жартылай өткізгіш қалта ішіндегі қантқа қарай өтіп, оның ішін керней бастаған (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

КОНЦЕНТРАЦИЯЛЫҚ с ы н. *Концентрацияға тән, концентрацияға қатысты.* ≈ *Концентрациялық* күш.

Концентрациялық лагерь. ә с к. *Мемлекеттердің, саяси режімдердің т.с.с нақты немесе ықтимал қарсыластарын күштеп оқшаулап, бір жерге бөлектеп жинауға пайдаланатын орын.* Әскери тұтқындар мен босқындарға арналған түрмелер мен әдеттегі лагерьлерден айырмашылығы – *концентрациялық лагерь* соғыс кезінде не саяси күрестің шиеленісіп асқынуы барысында айрықша декреттермен құрылып отырған (ҚҰЭ). *Концентрациялық лагерьлерде* қамауда отырған Орталық Азия мен Кавказдан шыққан соғыс тұтқындарына М.Шоқай үлкен көмек көрсетті (ҚҰЭ).

КОНЦЕПЦИЯ [лат.conceptio] зат. филос. ***Тұжырымдама.*** Халық педагогикасынан әлгіндей мәнді мағыналы ақыл-кеңесті көптеп табамыз. Бізде, әттең, халық педагогикасының қағидалары, көнермес *концепциялары* әлі толық зерттелген жоқ (М.Әлімбаев, Тәрбие тур.). Ғылыми талас-тартыссыз, *концепциялар* қақтығысынсыз дамымақ емес (М.Мағауин, Ақша қар). Шексіз әлемде дүние шексіз деген *концепция* ақиқат дүниенің кеңістік формалары мен сандық қатынастар туралы ғылымның, яғни математиканың дамуына ылғал жол ашты (О.Жәутіков, Математика.). *Концепция* – белгілі бір құбылыстардың түсіндірілуі, көзқарастың негізгісі, оларды жарыққа шығарудың басты идеясы, әртүрлі іс-әрекеттің басты шарты, конструктивтік принципі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КОНЦЕПЦИЯЛЫҚ с ы н. *Концепцияға тән, концепцияға қатысты.* Бұл деректердің бәрін жинақтап, екшей отырып, белгілі бір *концепциялық* жүйеге келтіру үшін нағыз қаламгерге тән алғырлықтың, шеберліктің қажет болғаны сөзсіз («Қаз. әдеб».).

Концепциялық модель. и н ф. <ағыл. conceptual model> а) *Ғылым саласын талдау*

нәтижесінде анықталған ақпараттық объектілердің, олардың атрибуттары мен объектілердің арасындағы өзара байланыстардың жиынтығын қамтитын модель. ә) *Негізгі ұғымдар мен тілден тәуелсіз және кейбір пән саласының мағыналық құрылымы болып саналатын ұғымдар топтамасын құрастыру ережелерінің жүйесі* (Қаз. тілі термин. Информатика).

Концепциялық модельдеу. и н ф. <ағыл. conceptual simulation>. *Мәліметтер базасын басқару жүйесінің терминдерінде мәліметтер моделін даярлау мен оңтайландыру. К о н ц е п ц и я л ы қ м о д е л ь д е у д і ң* ақпараттық-логикалық модельдеуден айырмашылығы – ол нақты мәліметтер базасын басқару жүйесімен байланыспаған (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОНЦЕРН [ағыл. concern] з а т. *Өнеркәсіптің түрлі саласындағы кәсіпорындардың, сауда фирмаларының, банктердің, көлік және қауіпсіздік комиссияларының бірлестігі.* Трестер мен синдикаттар көп ретте онан да ірі монополия бірлестігіне – *к о н ц е р н г е* бірігеді (Қысқ. саяси экон.). Капиталистік елдерде трест, *к о н ц е р н* аталып, өндіріс істерінде капиталистердің басын қосатын, пайданы әр капиталистің қосқан жарнасына қарай бөліп беретін ұйымдар болады (С.Мұқанов, Алып. адым.). *К о н ц е р н* – ғылыми-техникалық және өндірісті дамытудағы, сонымен қатар инвестициялық қаражат, сыртқы экономикалық және басқа да қызметтерді ерікті орталықтандыру, кәсіпорындарда шаруашылық есеп айырысу бойынша қызмет (көрсету) етуді ұйымдастыру негізінде бірігіп қызмет істейтін кәсіпорындар бірлестігі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия). *К о н ц е р н* – өндірісті араластыру және әртараптандыру негізінде өнеркәсіп орындарын, көлікті, сауданы, ғылыми-зерттеу мекемелерін, оқу орталықтары мен сынақ полигондарын бірлестірудің ең кең таралған қазіргі заманғы түрі, қаржы жөнінен бірыңғай бақылаудағы түрлі салалар кәсіпорындарының монополистік бірлестігі (ҚҰЭ).

КОНЦЕРТ [итал. concerto] з а т. **1.** *Алдын ала арнайы жасалған бағдарлама бойынша көпшілік алдында орындалатын музыкалық, әдеби-хореографиялық және сахналық шығармалар. К о н ц е р т* тарай үйіріне қосылған күйшілердің айтуынша, оларды патша өзі отырған бөлмеге шақырып алған да екеуінің де қолдарын қыса құттықтап, әлде не төресі кеуделеріне алтын медель қадаған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** *Жеке музыкалық аспап, кейде 2- 3 жетекші музыкалық аспап пен оркестр үшін сонаталық циклді формада жазылған музыкалық шығарма.* Жеке орындаушы мен оркестрдің өзара жарысын көрсете отырып, оларды салыстыру *к о н ц е р т і н і ң* негізгі мақсаты болып табылады. Алғашқы *к о н ц е р т т е р* 16 ғасырда Италияда пайда болды (ҚҰЭ). *К о н ц е р т* – симфониялық оркестр сүйемелдейтін жеке аспапқа арналған ірі шығарма (Музыка жанры.). **3.** а у ы с. *Қызық дәурен, думан.* Қыз – өріс те, ұл – мирас. Әулет жолы қып-қиғаш, Алысқан қол – айтқан серт. Дүние деген бір *к о н ц е р т*, Мәз боламыз – боп аң-таң, Көп соғамыз алақан, Өмір көшсе алаңсыз, Ақырғы рет бір шолып, Сонда біздер қалармыз, Қол емес-ау сан соғып... (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Концерт берді. *Әнші, биші, күйші т.б. көпшілік алдында өнерлерін көрсетті.* Бір күні ертемен екі-үш мыңдай кісі жиналды, Алматыдан келген уәкілдер 1916 жылғы патшаға қарсы көтеріліс туралы баяндама жасады. Соңынан қазақ артистерінің бастығы Әміре болып *к о н ц е р т б е р д і* (И.Байзақов, Құралай.).

Концерт қойды. а) *Өнерпаздар көрермендергеөнерінкөрсетті.* Өткен күз *концерт қоямыз* деп келген бір-екі артист ауыл активтеріне ғана өнер көрсетіп, ет пен араққа тойғансоң тайып отырысты (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). ә) м ы с қ ы л. *Аяқ астынан бұрын білдірмеген оғаш қылық, ерсі мінез көрсетті.* Ол кеше *к о н ц е р т қ о й д ы* (Ауызекі).

КОНЦЕРТМЕЙСТЕР [нем. Konzertmeister] з а т. м у з. **1.** *Жеке скрипкаға жазылған партияны орындайтын, кейде репитиция кезіндегі дирижердің орнын ауыстыратын оркестрдегі бірінші скрипкашы.* 18 ғасырда *к о н ц е р т м е й с т е р* аспаптық капеллаларда дирижер қызметін атқарды (ҚҰЭ). **2.** *Симфониялық немесе опера оркестрінің ішекті аспаптар (альттер, виолончельдер, контрабастар) тобына жетекшілік ететін музыкант.* Тіпті болмай бара жатқан соң біз Күләш екеуміз өз үйімізге де адамдар тұрғыздық. Украин ССР-інің халық артисі, әнші Иванов, *к о н ц е р т м е й с т е р* Саксонский әйелдерімен және дирижер Рахлин екі жылдай біздің үйімізде болды (Қ.Байсейітов, Құштар.). **3.** *Концерт кезінде жеке әншілерді сүйемелдейтін және олардың жаңа репертуарын меңгеруге жәрдемдесетін пианист. К о н ц е р т м е й с т е р д і ң* орындаушылық әдісі, алған шығармасын терең сезініп, тебірене жеткізуі, тақырыпты одан бетер кеңейтіп, байыптай түсуі оның ізденгіш, ойшыл екенін аңғартады

(«Қаз. әдеб.»). Бас қобызшы әрі *концерт-мейстеріміз* жоқ (Ж.Дәуренбеков, Уақыт.).

КОНЦЕРТТІК с ы н. м у з. *Концертке арналған, концертке қатысты.* Хор, би, жеке ән, жеке би, жеке күйшілері болғандықтан, ансабльдің *концерттік* программасы әрі кеңейіп, әрі искусствоның әр саласын қамтып жататын сияқты (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). // с ө й л. *Концерт қоюға арналған зал.* Бұл қалада [Қашқар] әзірге театр жоқ екен, бірақ театрға беріспейтін *концерттік* бар екен (С.Мұқанов, Алып. адым.).

Концерттік зал. *Концерт өтетін, концерт қойылатын зал.* Бір аптадан кейін Латиф оркестр мен әншілердің алғашқы әңгімелеріне келді. Радиокомитеттің *концерттік залында* оркестр де, әншілер де Латифты жылы қарсы алды (И.Жақанов, Екі жирен).

КОНЦЕССИЯ [лат. concessio] з а т. **1.** қ ұ қ ы қ. *Табиғат байлықтарын, кәсіпорындарды және мемлекетке тиесілі басқа да шаруашылық нысандарды шет мемлекетке, шетел фирмасына, компаниясына т.б. тұлғаларға белгілі бір мерзімге пайдалануға беру туралы шарт.* Табиғат ресурстарына мемлекеттің егемендігінен мемлекеттердің өз азаматтары мен шетелдіктерге *концессия* беру құқығы да, *концессияның* күшін өзгертуі және қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату құқығы да туындайды. *Концессияның* тоқтатуы туралы мәселе халықтар құқық қағидаттарына сәйкес, ең алдымен, ішкі заңнама негізінен шешіледі (ҚҰЭ). **2.** э к о н. *Құқық иесі екінші тарапқа (пайдаланушыға) сыйақы үшін құқық иесіне тиесілі айрықша құқықтар кешенін, соның ішінде фирмалық атауға немесе құқық иесінің коммерциялық таңбаларға құқығын, қорғалатын коммерциялық ақпаратқа, тауар белгісіне, қызмет көрсету белгісіне т.б. құқықты белгілі бір мерзімге немесе мерзімін көрсетпей кәсіпкерлік қызметте пайдалану құқығын беретін құқықтық қатынастар.* Құқық иесі пайдаланушыға *концессия* нысанын не оның қайсыбір бөлігін басқа тұлғалардың пайдалануы үшін рұқсат беруі (қосымша *концессия* құқығы) мүмкін (ҚҰЭ). Кейбір жағдайда белгілі бір тұлғаларға белгілі бір мерзімге қосымша *концессия* шартымен белгілі бір құқықтар кешенін пайдалану құқығын уақытша беруге пайдаланушыларды міндеттейді, бұл рыноктарды жаулап алудың бір түрі (ҚҰЭ). XIX ғасырдың аяқ шені мен XX ғасырдың басында император әулетінің кабинетін басқаратын алпауыттар өздері кеңірдектеп біткен соң, шетел капиталистерімен ауыз жаласып, кен орындарын бірінен кейін бірін *концессияға* өткізе бастайды (Д.Қонаев, Өтті дәурен.).

КОНЦЛАГЕРЬ з а т. *Концентрациялық лагерь, мемлекеттердің, саяси режімдердің, т.с.с нақты немесе ықтимал қарсыластарын күштеп оқшаулап, бір жерге бөлектеп жинауға пайдаланатын орын, түрме.* Шынында да, немістердің *концлагері* – адамның бар күшін сығып алып, майы таусылған шамдай ақырын өшіруге арналған орын болатын (Т.Ахтанов, Дала сыры).

КОНЪЮГАЦИЯ [лат.conjugatio] з а т. б и о л. *Екі генеративті (жыныстық) ядроның қосылысы. Конъюгация* – құрылысы бірдей балдырлардың вегетативті екі клеткасындағы заттардың біріне-бірі құйылып қосылуы (ҚҰЭ). Төменгі сатыдағы саңырауқұлақтарда *конъюгация* – сыртқы пішіні ұсақ екі талшықсыз клеткалардың қосылуынан болатын жыныстық процесс (ҚҰЭ). *Конъюгация* – екі ядроның қосылуы (инфузориялардың жыныс жолымен көбеюі) (Қаз. тілі термин. Биология.)

Хромосома конъюгациясы. б и о л. *Гомологтық хромосомалардың уақытша жұптасқан айқасы. Хромосома конъюгациясында* хромосоманың гомолоктық бөліктерінде алмасу жүреді (ҚҰЭ).

КОНЪЮНКТИВИТ [лат.conjunctivus] з а т. м е д. *Көздің дәнекер қабығының қабынуы, қабақтың ішкі үстіңгі жағын және көз қарашығының алдыңғы бөлігін жауып тұратын шырышты қабықтың қабынуы. Конъюнктивит* көз қарашығының қызаруы, шырышты немесе шырышты-іріңді заттардың бөлінуі, жас ағуы, жарықты ұнатпау, көздің түйіліп ауыруы сияқты белгілерден білінеді (ҚҰЭ). *Конъюнктивиттің* асқынған және созылмалы түрлері бар (ҚҰЭ).

Асқынған конъюктивит. м е д. *Көздің дәнекер қабығының ауру тудыратын микробтар мен вирустардың әсерінен қабынып, тез өршитін сырқаты. Асқынған конъюнктивит,* әдетте, ауру тудыратын микробтардан (кейде дифтерияның немесе көз ауруының қоздырғыштары арқылы) және вирустардан пайда болып, тез өршиді; іріңді заттар бөлінеді, ұйықтағанда кірпікті бір-біріне жабыстырып тастайды (ҚҰЭ).

Созылмалы конъюнктивит. м е д. *Көздің дәнекер қабығының ұзақ та баяу түрде қабынып ауруы. Созылмалы конъюнктивиттің* пайда болуына нашар желдетілген үйлердегі тозаң мен түтін, сондай-ақ организмнің кейбір жалпы аурулары, тамақтану тәртібінің бұзылуы

ықпал етеді (ҚҰЭ). *Созылмалы конъюнктивит* дәрігер тағайындаған көзәйнекті пайдаланбаудан да болады (ҚҰЭ).

КОНЪЮНКТУРА [лат. conjunctura] з а т. э к о н. *Экономикалық циклдің әрбір кезеңіндегі өндіріс процесі мен айналыстың нақты жағдайы. Конъюнктураға* циклдің әрбір фазасындағы, ол фазаның әрбір кезеңіндегі ұдайы өндіріс процесі жағдайының барлық белгілері кіреді (ҚҰЭ). *Конъюнктура* – белгілі бір мезгілдегі экономикалық жағдайды сипаттайтын жиынтық белгісі: бағаның қозғалуы, пайыз, құнды қағаз құны, еңбекақы, дивиденттер, өнімнің көлемі т.б. (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика). Сырт елдермен сауда жөніндегі келісімшартта – алдын ала болжау және *конъюнктураға* баға беру – негізгі және маңызды мәселе, яғни *конъюнктураға* баға беру мәселесі сауда жүргізу ісіне тікелей байланысты да, өйткені *конъюнктура* өз талабын орындатуы мүмкін (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика).

Әлемдік рынок конъюнктурасы. э к о н. *Әлемдік тауар рыноктарындағы сату жағдайы, халықаралық сауданың ағымдағы жағдайы* (ҚҰЭ).

Биржалық конъюнктура. э к о н. *Биржада қалыптасқан жағдай. Биржалық конъюнктура* материалдық өндіріс пен қызмет көрсетуге мұқтаждық аса өткір сезіліп отырған салаларға қаражатты қайта бөлуге жәрдемдесетін табиғи нарықтық реттегіш болып табылады (ҚҰЭ).

Жержүзінарығының коюъюнктурасы. экон. *Жержүзіндегі тауарлы рыноктағы сауда шарты* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика.).

Нарық конъюнктурасы. э к о н. *Рыноктағы сұраным мен ұсынымның арасалмағымен, баға деңгейімен, тауарлардың босалқы қорымен, тапсырыстар қоржынымен сипатталатын жағдай* (ҚҰЭ).

Рынок конъюктурасы. э к о н. ***Нарық конъюнктурасы*** *(белгілі бір уақыт аралығында және белгілі бір регионда қалыптасқан тауар өткізудің әлеуметтік-экономикалық сауда ұйымдастырушылық және т.б. шарттарының жиынтығы). Рынок конъюнктурасына* сипаттама берер кезде ең әуелі ондағы сұраныс арасындағы тепе-теңдікке көңіл бөлінеді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика). Жалпы, *рынок конъюнктураны* оқып үйрену рыноктің өн бойын, басқаша айтқанда, бүкіл жұмыстарын жүйелі түрде бақылап отыруға және сұраныс пен ұсыныс арасындағы ауытқулардың қаншалықты дәрежеде екенін анықтап отыруға мүмкіндік жасайды (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика).

Тауар рыногының конъюктурасы. э к о н. *Тауар рыногіндегі сұраным мен ұсынымның құрылымын, серпінін, арасалмағын айқындайтын факторлар мен жағдайлардың өзара әрекетінің нәтижесі* (ҚҰЭ).

Экономикалық конъюнктура. э к о н. *Әлемдік шаруашылықтың, ел, аймақ шаруашылығының, тауарлар рыногының белгілі бір кезеңдері жағдайын бейнелейтін көрсеткіштердің жиынтығын сипаттайтын уақытша ахуал* (ҚҰЭ). *Экономикалық конъюктура* – қалыптасқан экономикалық жағдай (ҚҰЭ).

КОНЪЮНКЦИЯ [лат.conjunctio] з а т. **1.** ф и л о с. *Логикалық байланымдар, екі пікірдің бірігуінен логикалық «және» жалғауы арқылы пікір құратын логикалық операция. Конъюнкция* оған енетін барлық пікірлер ақиқат болғанда және тек сол жағдайда ақиқат, ал қалған жағдайлардың бәрінде жалған болады (ҚҰЭ). **2.** и н ф. *«Және» операциясының символы. Конъюнкция* – тек екі аргументінің мәні бір мезгілде «ақиқат» болған кезде ғана мәні «ақиқат» болатын екі айнымалының функциясы (Қаз. тілі термин. Информатика).

Конъюнкцияны терістеу. и н ф. <ағыл. nonconjunction> *Кем дегенде бір логикалық айнымалы жалған болғанда ақиқат мәнін қабылдайтын, ал барлық логикалық айнымалылар ақиқат болғанда жалған мәнді қабылдайтын логикалық функция* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОНЬКИ з а т. *Мұз үстінде шапшаң жүгіріп өту, мәнерлеп сырғанауға арналған, болаттан жасалған жұз жағы табанға жапсырылған аяққиім. Коньки* салынған чемоданы мен малақайын төсек үстіне бірін-біріне соғып, лақтырып тастады (Б.Соқпақбаев, Жекпежек).

Коньки спорты. с п о р т. *Конькимен мұз үстінде шапшаң жүгіріп өту және мұзайдында мәнерлеп сырғанау, қысқы спорт түрлерінің бірі. Коньки спорты* Қазақстанда алғаш Петропавл қаласында қолға алынды (ҚҰЭ). Қазақстанда *коньки спортының* дамуына Медеу мұз айдынының салынуы үлкен ықпал етіп, көптеген дүниежүзілік рекордтар жасалды (ҚҰЭ).

Коньки тепті. *Конькимен сырғанады.* Ағалары інілерін қолтықтап, Мұз айдында қатар *коньки тебеді.* Сағынғандай сары аяз да, қытықтап, Балалардың беттерінен өбеді (Қ.Мырзалиев, Көктем). Нұрғали үйінде тұратын гимназия оқушылары Ертістің қара суына барып *коньки тебеді* (С.Бегалин, Замана.).

КОНЬКИЛІ с ы н. *Коньки киген.* Бүркітбай кеткесін Асқар Балтабектің үйіне беттеп еді, жолда қолтығына *к о н ь к и л і* бәтеңкесін қыстырып, көлге қарай кетіп бара жатқан Алексей ұшырады (С.Мұқанов, Ботагөз).

КОНЬКИШІ з а т. *Конькимен сырғанаушы, коньки жарысына қатысушы.* Сусадым, шөлім қанбай, ернім кеуіп, Сауыққа бардым, әнге бердім де ерік. *К о н ь к и ш і л е р* жарысын кеттім іздеп, жүйрікті озып келген көргім келіп (А.Бақтыгереева, Ақ қанат). Керемет бар деп мұндай кім ойлапты, – Алатау төсіндегі мұз ойнақты. Экран алға әкелді. *К о н ь к и ш і* қыз көтеріп Отан даңқын жұлдызша ақты (М.Әлімбаев, Құрбыма).

КОНЬЯК [франц.cognac] з а т. *Виноград спиртінен алынатын уытты спиртті ішімдік. К о н ь я к* негізінен, құрғақ ақ жүзім шараптарын айдау арқылы алынады да, емен бөшкелер мен цистерналарда бабына келгенше сақталады (ҚҰЭ). Дайындау технологиясы бойынша *к о н ь я к* ординарлық, маркалы және коллекциялық болып сараланады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Карта тоқталып, ортаға үйілді. Жүніс жеңгейдің жұмсауымен закуска, рюмкаларды үстеп дайындап, *к о н ь я к т ы ң* тығынын суыруға кірісті (Б.Майлин, Азамат.). Арменияда шығаратын, дүниежүзіне атағы жайылғанын, Парижде болған дегустацияда алтын медаль алғанын естіген боларсыз?... Одан артық *к о н ь я к* жер шарында жоқ (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КООПЕРАТИВ [лат. cooperatio] з а т. **1.** *Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін адамдардың үлеспұлдық негізінде ерікті бірігу жолымен құрылған кәсіпорын, ұйым. К о о п е р а т и в* заңи тұлға болып табылады және өзін-өзі қаржыландыру, өзін-өзі басқару негізінде жұмыс істейді (ҚҰЭ). *К о о п е р а т и в* қаражаты үлеспұлдық және мүшелік жарналардан, шаруашылық қызметтен алынған пайдадан құралады (ҚҰЭ). **2.** т а р. с о в е т. *Тұтыну кооперациясының дүкені.* Аудан орталығында тұс-тұстан жұрт ағылады: біреулер арызбен келеді, біреулер астығын, малын әкеліп, *к о о п е р а т и в к е* сатып, базарын базарлайды (Б.Майлин, Шығ.). *К о о п е р а т и в*, әне, ашық Базарға және бар астық, Сатарманды сақтамай, Тұтасынан төгеміз (І.Жансүгіров, Поэм.). Сөйтіп жүріп, Совет келіп – Саудагерлерге әлек келіп, Сөнген шамдай бақ етті. Үш-төрт жылда қайта оралып «Өлмегенге өлі балық» *к о о п е р а т и в* сап етті (С.Дөнентаев, Шығ.).

Ауылшаруашылық кооперативі. *Ауылшаруашылық тауарларын өндірушілердің материалдық және басқа қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында олардың мүліктік үлеспұлдық жарналарын біріктіру жолымен бірлескен өндірістік немесе өзге шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін ерікті мүшелік негізде құрылған ұйым* (ҚҰЭ).

Бағбандық кооператив. *Өсімдік және мал өсірумен айналысатын шаруашылықтың өнімін өндіру, ұқсату және өткізу жөнінде кешенді қызмет көрсету үшін құрылған ұйым* (ҚҰЭ).

Бақша кооперативі. *Өсімдік және мал өсірумен айналысатын шаруашылықтың өнімін өндіру, ұқсату және өткізу жөнінде кешенді қызмет көрсету үшін құрылған ұйым* (ҚҰЭ).

Жабдықтау кооперативі. *Өндірушілерге ауылшаруашылық тауарларын жеткізіп, қажетті тұтыну тауарларымен қамтамасыз ету үшін құрылған ұйым. Ж а б д ы қ т а у к о о п е р а т и в і* ауылшаруашылығында өндіріс құрал-жабдығын, тыңайтқыштарды, әктас материалдарын, жемшөп, мұнай өнімдерін, жабдық, босалқы бөлшектер, химикаттар сатып алу және сату мақсатында, сондай-ақ ауылшаруашылығы өнімін өндіру үшін қажетті кез келген басқа да тауарларды сатып алу мақсатында; сатып алынатын өнімнің сапасын сынақтан өткізіп, бақылау; тұқым, мал төлі мен құс балапанын жеткізу; шикізат пен материалдар өндіру және оларды ауылшаруашылық тауарларын өндірушілерге жеткізу; ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерге қажетті тұтыну тауарларын (азық-түлік, киімкешек, отын, медициналық және мал дәрігерлік дәрі-дәрмектер, кітаптар т.б.) сатып алу және жеткізу мақсатында құрылады (ҚҰЭ).

Қызмет көрсетуші кооператив. *Мелиоративтік, көлік, жөндеу, құрылыс, экологияны қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп, малдәрігерлік қызмет көрсету, кеңес беру т.с.с. қызметтер көрсету үшін құрылған ұйым. Қ ы з м е т к ө р с е т у ш і к о о п е р а т и в* ауылдық жерлерде мелиоративтік, көлік, жөндеу, құрылыс, экологияны қалпына келтіру жұмыстарын, мал дәрігерлік қызмет көрсету, мал тұқымын жақсарту жұмысын, тыңайтқыштар мен улы химикаттар енгізу жұмысын жүзеге асырады, тексеріс қызметін жүргізеді, ғылыми кеңес беру қызметін, ақпараттық, медициналық санаторийлік-курорттық қызметтер көрсетеді (ҚҰЭ).

Мал өсіру кооперативі. *Өсімдік және мал өсірумен айналысатын шаруашылыққа өнім өндіру, ұқсату және өткізу жөнінде кешенді қызмет көрсету үшін құрылған ұйым* (ҚҰЭ).

Несие кооперативі. *Құрамына енген мүшелерін несиелендіру және олардың ақшалай қаражатын жинап, сақтау үшін құрылған ұйым* (ҚҰЭ).

Өндірістік кооператив. *Қайсыбір істерді ортақтасып жүргізу мақсатымен бірнеше кәсіпкер тұлғаның ерікті түрде бірігуі негізінде құрылған ұйым. Өндірістік кооператив* өнім өндірумен, жұмыстарды орындаумен, кәсіпорындарға, ұйымдарға, азаматтарға, ақылы қызметтер көрсетумен шұғылданады (ҚҰЭ). Ұйымдық-құқықтық нысан бойынша *өндірістік* (коммерциялық) *кооператив* және тұтыну (бейкоммерциялық) кооператив түрлеріне бөлінеді (ҚҰЭ).

Өткізу [сауда] кооперативі. *Ауылшаруашылық өнімдерін сатып алып, сақтау, өткізу мақсатымен жарнамалау үшін құрылған ұйым. Өткізу (сауда) кооперативі* ауылшаруашылығы өнімін сатып алады, оны сақтайды, сұрыптайды, кептіреді, жуады, қалталайды, тасымалдайды, мәміле жасасады, өткізу рыногін зерделейді, аталған өнімді жарнамалайды т.б. (ҚҰЭ).

Сақтандыру кооперативі. *Жеке басты сақтандыру, медициналық сақтандыру, мүлікті, жерді, егістікті сақтандыру жөнінде алуан түрлі қызметтер көрсету үшін құрылған ұйым* (ҚҰЭ).

Тұрғын үй-құрылыс кооперативі. *Азаматтар жаңа үйлер салу үшін, жаңа немесе күрделі жөндеуден өткізілген үйлерді не күрделі жөндеуден өткізілуге, жаңғыртылуға тиіс үйлерді сатып алу үшін, өз қаражатына жөндеп, кейіннен пайдалануға беру т.б. үшін біріккен ұйым* (ҚҰЭ).

Тұтыну кооперативі. *Азаматтардың материалдық және басқа қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен олардың мүліктік үлеспұлдық жарналарын біріктіру жолымен құрылған ұйым. Тұтыну кооперативі* бейкоммерциялық тұтыну қоғамдары түрінде, ауылшаруашылығы өнімдерін сатуға, дайындауға және ұқсатуға, халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуге, саяжай, автотұрақ салуға маманданады (ҚҰЭ).

КООПЕРАТИВТІК с ы н. *Кооперативке тән, кооперативке қатысты. Кооперативтік* ұйым – дербес және тәуелсіз ұйымдастырылған мекеме, олардың жекеменшігі кооператив мүшелерінің жарнама төлемін төлеумен ұйымдастырылған, оларды басқаруда қолданылатын негізгі шешім (ҚҰЭ).

КООПЕРАЦИЯ [лат. cooperatio] з а т. **1.** *Жеке тұлғалардың ұжымдық кәсіпкерлік үшін ерікті мүшелік негізінде құрылған бірлестігі. Кооперация* нашар, жай саудагерлер елді соруда (С.Сейфуллин, Шығ.). Әр түйесінің басына ақ қаңылтырдан шляпа кигізген. Ол шляпалардың маңдайына: «*Кооперация* – социализм көпірі», – деп жазылған (І.Жансүгіров, Әңгім.). Ет піскенге шейінгі кеңесіне қарағанда, Байтөбет бергі шеті Қызылжарға, арғы шеті Омбыға барып қайтпақ екен, жұмысы *кооперацияға* товар алу (С.Мұқанов, Ботагөз). *Кооперация* – жұмысшылардың, техникалық инженерлердің, ғылыми қызметкерлердің, шаруалардың, қызметкерлердің бірлесуі негізінде материалды немесе ақша қаражатын, жарнаны бірлесіп дайындықпен ұйымдасқан форма (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия). **2.** *Бір не бірнеше елдегі шетелдік серіктестері қатысуымен бірлескен немесе өзара келісілген өндірісті ұйымдастырудың әмбебап нысаны. Кооперация* өнім өндіруді бөлісуге, тәуекелдіктердің өзара кепілдігіне, инвестициялар мен өнеркәсіптік секторды ортақтасып қорғауға негізделген (ҚҰЭ). *Кооперация* өз мүшелерінің мүдделері үшін дайындау, сауда, өндірістік, делдалдық және Қазақстан заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызметтерді жүзеге асырады, әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымның дамуына барынша жәрдемдеседі, қайырымдылық қызметін жүргізеді, халықаралық кооператив қозғалысына қатысады (ҚҰЭ).

Ауылшаруашылық кооперациясы. *Ауылшаруашылық тауарларын өндірушілер өздерінің экономикалық және өзгедей қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен құрған түрлі ауылшаруашылығы кооперативтері мен олардың одақтарының жүйесі* (ҚҰЭ).

Еңбек кооперациясы. *Бірыңғай еңбек процесінің түрлі операцияларын орындайтын көптеген жұмыскерлердің осы процеске бірлесіп қатысуы негізінде еңбекті ұйымдастыру, жұмыстарды орындау нысаны* (ҚҰЭ).

Несие кооперациясы. *Ұсақ тауар өндірушілердің несиеге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бірігуі* (ҚҰЭ).

Өндіріс кооперациясы. *Кәсіпорынның біразы белгілі бір өнімді өндіруге, сонымен бірге өздерінің шаруашылық еріктілігін сақтай отырып бірлесуі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

Тұтыну кооперациясы. *Үлеспұлшылардың ақшалай және материалдық жарналар есебінен өздерінің тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге деген қажеттіліктерін*

қанағаттандыру мақсатында жарғы негізінде әрекет ететін ерікті қоғамдарының, олардың бірлестіктерінің жиынтығы (ҚҰЭ).

КООПТАЦИЯ [лат. cooptatio] з а т. *Белгілі бір уақытта сайланатын органның жаңадан сайлау өткізбей-ақ өз шешімімен толықтырылуы. К о о п т а ц и я* – белгілі бір сайлау органының құрамына жаңа мүшелер мен кандидаттарды осы органның қарарымен, сайлау өткізбей-ақ енгізу (Саяси сөздік).

КООРДИНАТ [лат.co(n) – бірге, ordinatus – реттелген] з а т. **1.** м а т. *Жазықтықтағы, кез келген беттегі не кеңістіктегі нүктенің орнын анықтайтын сандар.* XVII ғ-да Р.Декарт *к о о р д и н а т т а р* әдісі арқылы геометрия мен математикалық анализдің арасындағы өзекті байланысты ашты (ҚҰЭ). Кеңістіктегі біртекті *к о о р д и н а т т а р* жазықтықтағы *к о о р д и н а т т а р* сияқты енгізіледі (ҚҰЭ). **2.** *Мекен, орын.* Сен рубқаңа барып, сол корабльмен тілдесші. *К о о р д и н а т т ы* тағы да анықтап бер, Шатастырып жүрмесін (Ә.Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Айтылған уақытта даяр болған үндеулерді самолетке салып, подполковник партизандар тұратын орман *к о о р д и н а т ы н* ұшқыштарға көрсетіп, 6.00. сағатта ұшуды бұйырды (Ә.Шәріпов, Партизан қызы).

Координат өлшеуіш. г е о л. *Топографиялық картаның координаттық торы бойынша объектілердің тік бұрышты координатын дәл анықтауға және бұрышы бойынша координаттары белгілі объектілерді картаға түсіруге арналған аспап.* Қарапайым *к о о р д и н а т өлшеуіш* шаршы ойығы бар целлулоидты мөлдір пластикадан тұрады, оның шеттерінде ұзындығы километр тордың шаршылары қабырғаларының ұзындығына тең шкалалар белгіленген (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Координаттар каталогы. г е о л. *Жер бетінің ерекшелігі, ойы мен қыраты, жазығы баяндалған жазба* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Реакция координаты. ф и з. *Өлшемсіз параметр жүйенің компоненттері реагенттер болып келетін күйінен, компоненттері өнімдер болып келетін күйге қарай жылжу дәрежесін сипаттайтын шама* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КООРДИНАТА з а т. ***Координат*** *(кеңістікте жатқан нүктенің жағдайын анықтайтын шамалар, мөлшерлер).* Қазіргі математика тілімен айтқанда, тік бұрышты *к о о р д и н а т а л а р* системасында бұл қисықтың теңдеуі y2= x3 2 a -x , ? полярлық координаталар системасында T=a 1 cjs G cos G болады (О.Жәутіков, Математика.).

Жалпыланған координаталар. м а т. *Механикалық жүйенің күйін бір мәнді анықтайтын кез келген өлшемді тәуелсіз параметрлер* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КООРДИНАТАЛЫҚ с ы н. м а т. ***Координаттық*** (*координатаға тән, координатаға қатысты*). *К о о р д и н а т а л ы қ* сан – кристалдағы белгілі бір атомға (ионға) ең жақын атомдар (иондар) саны (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Координаталық тор. г е о л. ***Координаттық тор.*** *К о о р д и н а т а л ы қ т о р л а р* байланыс энергиясының биік дәрежесімен және балқу температурасының жоғары көрсеткішімен сипатталады (Қаз. тілі термин. Геология.).

КООРДИНАТТЫ с ы н. *Координаты бар, координаты көрсетілген.* ≈ *К о о р д и н а т т ы* сан.

КООРДИНАТТЫ-ЖОНҒЫШ: координатты-жонғыш станок. т е х. *Қосымша арнайы құралдарды пайдаланбай-ақ өзіндегі әмбебап құралдармен қажетті бөлшекті аса үлкен дәлдікпен сапалы өңдей алатын металл жонатын станок. К о о р д и н а т т ы-ж о н ғ ы ш с т а н о к* өңделетін бөлшекті қажетті бағытта қозғай отырып, өзі де аспабын қажетінше жылжытып отырады, яғни координатын өзгертеді – станоктың аты осыдан шыққан (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КООРДИНАТТЫҚ с ы н. *Координатқа тән, координатқа қатысты. К о о р д и н а т т ы қ* индекстеу – ақпаратты дәлірек іздестіруді ұйымдастыруға қажетті кез келген қатынастарды көрсету үшін дескрипторлар байланыстырылатын немесе құрамдастырылатын құжаттарды индекстеу жүйесі (Қаз. тілі термин. Информатика).

Координаттық сызғыш. и н ф. *Word жүйесінде азатжол шекарасын тағайындауға арналған, сантиметр немесе дюйммен таңбаланған, экранның горизонталь не вертикаль жолы* (Қаз. тілі термин. Информатика).

Координаттық тор. г е о л. *Құрам бөліктері нақтылы бағыттарда не координаталарда орналасқан және олар бір-бірінен ылғи да бірдей қашықтықтардан көрініс беріп отыратын кристалды тор. К о о р д и н а т т ы қ т о р* картада бейнеленген объектілердің тікбұрыштық координатын анықтауға, нысаналарын дәлелдеуге, сондай-ақ картаға тік бұрыштың координаттары бойынша артиллерияның ұрыстық ретін, бағдарын, нысаналарын түсіруге арналған. Қазіргі топографиялық карталарда *к о о р д и н а т т ы қ т о р* бастапқы меридианнан санай отырып, бойлық бойынша әрбір алты градустық аумақта жекелей

салынады. (Қаз. тілі термин. Әскери). *Координаттық тор* сызығы картада аумақтың орта меридианның бейнесін және экватор бейнесіне көлденең түрде 1:25000 масштабты картада 4 см сайын, 1:200 000 масштабты картада 5 см сайын сызылады. *Координаттық тор* сызығын кейде километрлік сызық деп, ал координаттық торды километрлік тор деп атайды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Координаттық іздеу. и н ф. *Координаттық индекстеу әдісін пайдалануға негізделген құжаттарды іздестіру* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КООРДИНАЦИЯ [лат. co(n) – бірге, ordinatio – реттеу] з а т. *Ұғымдардың, іс-әрекеттің және т. с.с. ретке келтірілуі, үйлестілуі, сәйкестігі.* Бес айда көз бен қолдың *координациясы* (үйлесімі) қиюласады да, бала төңірегіндегі нәрсенің бәріне ұмтылады, оны аузына апарады (Қ.Жарықбаев, Психология). Үшіншіден, жұмысшы күштерін орналастыруға келсек, олдағы жоғарыдағы айтқан бір мәселеге тіреледі, яғни *координация* мәселесіне (М.Әбдіхалықов, Қара тасқын).

КООРДИНАЦИЯЛА= е т. *Үйлестіру, сәйкестендіру.* ≈ Күні бұрын *координациялау.*

КООРДИНАЦИЯЛАУ *Координацияла етістігінің қимыл атауы.* Ғылымды бүкіл еліміз бойынша *координациялаудың* және басқарудың жүйесі жасалған (М.Әбдіхалықов, Қара тасқын).

КООРДИНАЦИЯЛЫҚ с ы н. ф и з. *Координацияға тән, координацияға қатысты. Координациялық* есептеу орталығы – космостық ұшқыш аппараттардың ұшырылуын жүзеге асырумен байланысты есептерді жүргізуге арналған командалық-өлшеуіш комплекстің бір бөлігі (ҚҰЭ).

Координациялық байланыс. хим. *Донорлы-акцепторлы байланыс – кешенді қосылыстарға тән химиялық байланыс түрі. Координациялық байланыс* түзілгенде бөлінбеген электрондар жұбы донор мен акцептор үшін ортақ болады (ҚҰЭ). Алғашқы екеуі *координациялық байланысты* коваленттік байланыстың бір түрі деп қарастырса, үшіншісі электрстатистикалық әсерлесу күші деп есептейді (ҚҰЭ).

Координациялық сан. ф и з. *Кристалдық тордағы әрбір атомның (ионның) айналасында бірдей қашықтықта орналасқан ең жақын атомдардың (иондардың) саны.* Анион мен катион радиустарының айырмашылығы азайған сайын *координациялық сан* артады (ҚҰЭ). Керісінше, иондардың радиустарының айырмасы артқан сайын *координациялық сан* азаяды. 2-ге тең *координациялық сан* бір валентті күміс, алтын, мыс, т.б. кешенді қосылыстарда кездеседі (ҚҰЭ).

КОПАЛ [исп. copal] з а т. б и о л. *Қазып алынатын өсімдік шайыр. Копалдар* жоғары сапалы майлы лактар алуда қолданылады (ҚҰЭ).

КОПАЛОК з а т. з о о л. *Улы жыланның бір түрі.* Ал ахадилбанкх, *копалок* және патрос дейтін кобралардың уыты бір сағаттан кейін тарай бастайды. Жылан аттары ғылыми емес, оларды жергілікті халық солай атап кеткен (С.Мұқанов, Естімеген.).

КОПЕЛЬ з а т. х и м. *Құрамында 42,5-44,0% никель, 0,1-1,0% марганец кіретін негізі мыс болып келетін құйма. Копель* терможұптар жасауда қолданылады (ҚҰЭ).

КОПЕР [нем. Köpfer] з а т. **1.** қ ұ р ы л. *Жүк көтеруге, түсіруге арналған және т.б. механизмдері мен жабдықтары бар шахта оқпаны үстіндегі техникалық құрылыс. Копер* ағаштан, металл мен бетоннан салынады (ҚҰЭ). *Копер* – шахта оқпанының үстіне орналасқан бағыттаушы дөңгелекті ұстап тұратын инженерлік құрылыс (Қаз. тілі термин. Кен). *Копер* білдегіне көтерілген жүктің ыдысын бағыттайтын бағыттауыш бекітіледі. Металдан жасалған бұл құрылыстың биіктігі 60 м-ге дейін болады (Қаз. тілі термин. Кен). **2.** қ ұ р ы л. *Жуан бағаналарды (діңгектерді) жерге қаққанда пайдаланылатын қарапайым немесе әмбебап, өздігінен жүретін немесе тіркелетін электр, дизель және бу мәшине.* **3.** т е х. *Ірі металл сынықтарын қайтадан қорытуға жіберу үшін ауыр шойын тоқпақпен ұрғылап ұсақтайтын құрылғы.* Ол үшін *копер* сыналатын бұйымдардың бір үлгі данасын әдейі ұрғылап көреді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОПИР [нем. Kopierschablone] з а т. т е х. *Бұйымдарды берілген үлгіден айнытпай жасап шығаратын көшірме станоктың фигуралы профилі бар негізгі бөлшегі (фасонды сызғыш, жұдырықша, шайба және т.б.)* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОПИЯ [лат. copia] з а т. ***Көшірме.*** Бару қиын, - дедім мен айттым жайын, – Адам аман қайтпаған барған сайын. Ақыры болмаған соң *копия* бердім, Жол планы бар еді менде дайын (Дастандар). Екі расписка, *копия*, Мен тексерсем, .. ия, .. ия ... Тартамын сотқа, Бітпесеңдер құпия (І.Жансүгіров, Шығ.). Писарыңызға айтқам. Қабарландырудың *копиясы* өзімде (С.Мұқанов, Ботагөз).

КОПРОЛИТ з а т. б и о л. *Топырақтағы биологиялық жаңа жарандылар жауынқұрты (шұбалшаңдар) бойынан өтіп, түйіртпектелген органикалық-минералдық қорда. К о п р о л и т т е р г е* бай топырақтарда қарашірік пен азот қоры алмаса алатын негіздер мөлшері өседі де, қышқылдылық төмендейді (Қаз. тілі термин. Биология). Сонымен жауын құрты *к о п р о л и т і* арқылы топырақтың түйіртпектігі мен физикалық қасиеттері, оның химиялық құрамы жақсарады (Қаз. тілі термин. Биология).

КОПРОФАГ з а т. з о о л. *Негізінен сүтқоректі жануарлардың қи, тезектерімен қоректенетін жануар. К о п р о ф а г т а р ғ а* көбіне жәндіктер (қи қоңызы, көптеген шыбындардың дернәсілдері және т.б.) жатады (Қаз. тілі термин. Биология).

КОПТЫЛАР з а т. *Христиан дінін ұстанушы мысырлықтар.* Арабтардың *к о п т ы л а р д ы* жұтып қойғаны, сіңіріп жібергені, олардың бәрі дерлік мұсылман дініне баяғыда көшкені, араб тілінде сөйлейтіні рас (С.Абдрахманов, Елдік сыны). Египеттің ежелгі жұрты – *к о п т ы л а р.* Египеттіктер деген атау коптыктар дегеннен шыққан, орысша айтылатын египтяне – коптяненің сәл бұрмаланған түрі (С.Абдрахманов, Елдік сыны). Соңғы кезде *к о п т ы л а р* қалалы жерде біршама жинақы қоныстанып, қолөнермен, саудамен айналысады (ҚҰЭ).

КОПЧУР з а т. т а р. *Шыңғыс хан империясында қолданылған салықтың бір түрі. К о п ч у р* термині 13 ғасырда Шыңғыс хан империясында тараған салық түрлерінің («жайылым төлемі»), «мал басынан алынатын алым») атауына айналды (ҚҰЭ). Олар Орта Азияны, Иранды және басқа елдерді жаулап алған соң, *к о п ч у р* отырықшы егінші және көшпелі халықтардан жаппай жинайтын заттай және ақшалай сыйлықтың атауына айналды (ҚҰЭ).

КОРАБЛЬ [грек. karabos] з а т. **1.** ***Кеме*** (*теңіздер мен мұхиттарда жүзетін желкенді қайық*). Теңіздер мен мұхиттар түбінен ондаған *к о р а б л ь д е р д і ң* әр кездерде қалай көтерілгені туралы ЭПРОН хабарларын ынтыға оқып, академик Орбелидің мақалалары мен оның Бут Челнін тапқан тарихымен, су түбін зерттеушілердің тапқандарымен танысты (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Радио арқылы басқа қалалармен сөйлесіп, шұғыл шаруамызды шешеміз, теңізде жүзіп жүрген *к о р а б л ь д е р м е н*, аспанда ұшып бара жатқан самолеттермен байланыс жасаймыз (Ә.Қарағұлов, Баспасөз.). Өсу, даму жолында автомобиль, самолеттің, мұхит *к о р а б л ь д е р і н і ң* шыққаны да аян (Қ.Ұябаев, Қырда). **2.** а с т р о н. *Ғарышты зерттеуге арналған бір немесе бірнеше адамдық Жер серігі.* Олары кімдер – үй салушылар ма әлде әуе кеңістігіне *к о р а б л ь* жіберіп жатқан конструкторлар ма, тың игерушілер ме – оны Сергали білмейді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Тыныстап жатыр баяудан дала, Дана дала төсінде даралана Бір *к о р а б л ь* ғарышқа Байқоңырдан көтерілген сияқты жаңа ғана (Қ.Жұмағалиев, Өленд.). – Міне, біздің атағына сай өңір – Планета иығындай Байқоңыр. Гагариннің *к о р а б л і* отымен Батырлықты дастан етіп жайды өмір... (М.Әлімбаев, Жүрек лүпілі). Циферблаты жер шарын бейнелеп тұр. Оның төңірегінде өте кішкентай етіп жасалынған ... Космос *к о р а б л і* айналып жүреді (С.Мұқанов, Естімеген.).

Корабльден басқарылатын ракеталар. ә с к. *Су үстіндегі, әуедегі, жағадағы және жердегі нысаналарды жою үшін қолданылатын ракеталар. К о р а б л ь д е н б а с қ а р ы л а т ы н р а к е т а л а р* «корабль-әуе», «корабль-жер» және «корабль-корабль» болып әртүрлі кластарға бөлінеді (ҚҰЭ). *К о р а б л ь д е н б а с қ а р ы л а т ы н р а к е т а л а р* жаудың жағадағы тактикалық және оперативті-стратегиялық объектілерін қиратуға арналған. «Корабль-корабль» класты ракеталар жаудың су бетіндегі соғыс корабльдерін, жағадағы объектілерін және жүк кемелерін қиратуға арналады (ҚҰЭ).

КОРАБЛЬДЕЙ с ы н. *Корабль сияқты, корабль тәрізді.* Бейне алып *к о р а б л ь д е й* қалықтаған «К701»-ді машина жанына тоқтатып, кабинадан түскен орта бойлы, жасы қырықтар шамасындағы толықша әйел Валентина Александровнамен қол алысып амандасты (Ф.Оңғарсынова, Біздің Кәмшат).

КОРАБЛЬДІК с ы н. *Корабльге тән, кораблье қатысты.* ≈ *К о р а б л ь д і к* жол.

Корабльдік артиллерия. ә с к. *Әскери кораблье орнатылған қарулар. К о р а б л ь д і к а р т и л л е р и я* әртүрлі болады. Теңіз бетіндегі жау кемелерін және жағадағы объектілерді жою үшін соғыс корабльдерінде, көмекші кемелерде *к о р а б л ь д і к а р т и л л е р и я* болады (ҚҰЭ). *К о р а б л ь д і к а р т и л л е р и я н ы ң* негізгі калибрлері мыналар: ірі калибрлі (200-406 мм), орта калибрлі (85-180 мм) және кіші калибрлі (20-76 мм) (ҚҰЭ).

КОРАЛЛ[1] [грек. korallion] з а т. **1.** з о о л. *Теңізде мекен ететін ұсақ жәндік.* Жердің миллиондаған жылдар бойы даму дәуірлері барысында теңіздерде сан алуан жәндіктер (моллюск, *к о р а л л* және т.б.) өмір сүрген

(М.Маташев, Қара алтын.). **2.** *Маржан* (теңізден алынатын тас түрі).

КОРАЛЛ[2] з а т. *Күркетауық мойнының ашық жері.* Күркетауық мойнындағы жалаңаш жері *к о р а л л* делінеді, – дейді (ол) (Құс өсірушІ.).

КОРД [франц. corde] з а т. т о қ ы м а. **1.** *Мақта-мата талшығынан немесе химиялық талшықтан есілген аса берік жіп. К о р д ты* резина-техникалық заттар жасауға пайдаланады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). **2.** *Ерекше әдіспен тоқылған жұн мата. К о р д* киім тігуге, сондай-ақ жеңіл автомобиль орындықтарын қаптауға пайдаланылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Арамидті корд. х и м. *Арамид негізінде жоғары модульді беріктігі жоғары талшықтан жасалған корд* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Текстильді корд. х и м. *Химиялық немесе мақта талшықтардан жасалған корд* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОРДАИТ [лат. cordaitales] з а т. б и о л. *Палеозой заманының карбон мен пермь кезеңінің аралығында қаулап өсіп, мезозой заманының триас кезеңінің бас кезінде құрып біткен, тек қазба қалдықтарын зерттеудің нәтижесінде ғана белгілі болған жалаңаш тұқымдылар класына жататын өсімдіктер. К о р д а и т* кезінде биіктігі – 30 м, ені 1 метрге жететін биік ағаш түрінде өскен. Сұлбасы діңінің ең ұшында орналасқан (Қаз. тілі термин. Биология). *К о р д а и т т е р д і ң* қазба қалдықтары тропиктік белдеуден көбірек табылған (Қаз. тілі термин. Биология).

КОРДЕБАЛЕТ [франц. corps de ballet] з а т. ө н е р. *Балет, опера, оперетте, басқа да қойылымдарда көпшілік биін, бұқаралық көріністерді орындайтын биші-өнерпаздар ансамблі, билеушілер тобына арналған хореографиялық шығарманы орындайтын ұжым.* ...Еліміздің атағын бірнеше рет алған спортшысы Татьяна Немецова солистка болмас бұрын төрт ай *к о р д е б а л е т т е* болды («Лен. жас»). Бірнеше рет Үлкен театр спектакльдеріндегі *к о р д е б а л е т т е* билеген қараторы қазақ баласы мамандар назарына ілігіп, ол [Рамазан Бапов] 1966 жылы өміріндегі алғашқы конкурсқа қатысады (С.Абдрахманов, Елдік сыны.). Қазақ балет өнерінде көпшілік сахнасын кең пайдалану *к о р д е б а л е т* рөлін біршама арттыра түсті (ҚҰЭ).

КОРДИЕРИТ з а т. х и м. *Силикаттар класының оқшауланған тетраэдрлі типіне жататын минерал. К о р д и е р и т* сингониясы – ромбылық, кристалдары призма, агрегаттары түйірлі, бұрыс пішінді шоғырлар құрайды (Қаз. тілі термин. Геология.). *К о р д и е р и т* гнейстерде, тақтатастарда, мүйізтастарда кездеседі (Қаз. тілі термин. Геология.). Түсі әдемі, мөлдір. Ақаусыз *к о р д и е р и т* зергерлік өнерде қолданылады (ҚҰЭ).

КОРДИЛЬЕРА [исп. cordillera] з а т. г е о л. *Геосинклиндік жүйенің толысқан кезеңінде түзілген енсіз ішкі геосинклиндік көтерілім. К о р д и л ь е р а* морфологиялық тұрғыдан опырылма материалмен көмкерілген тізбектеле созылған аралдар қатары немесе ұсақ аралдардың созылыңқы архипелагы түрінде көрінеді (Қаз. тілі термин. Геология.).

КОРДОН [франц. cordon] з а т. **1.** ә с к. *Белгілі бір шеп немесе мемлекеттік шекара бойында созыла орналасқан жасақтар. К о р д о н д а р* – шекара күзетшілерінің жасағы немесе бөгеуші жасақтар (Қаз. тілі термин. Әскери). **2.** әск. *Шекаралық сақшылар, күзетшілер немесе бөгеуіл бөлімшесі. К о р д о н* атауы Франция армиясы мен басқа да кейбір елдер армиясында 1835 жылдан бері сақталып қалды (ҚҰЭ). **3.** *Орман қорғау және қорық бекеттері. Кордон* – орман күзетіне арналған тұрғын үйлер мен құрылыстар (ҚҰЭ).

КОРЕЙ з а т. *Кореяның байырғы халқының өкілі.* Сөмкемді аша бердім келмей тілге, жақыннан үрейлі екен өзі мүлде. *К о р е й* ме, жапондық деп ойлады ма? Кім білсін ұқсатқанын мені кімге? (А.Шамкенов, Түнгі жорық). Дариға жеңешем бітік көз, нағыз *к о р е й* тәрізді болса, биік қабақты, құс мұрын, ақсары Қамқа әжем Европа елінің әйелдеріне ұқсас (Т.Ахтанов, Шырағың.). Алматы облысында қазақ, орыс, украин, ұйғыр, *к о р е й,* татар т.б. халықтар тұрады (ҚСЭ). *К о р е й л е р* ежелден егін шаруашылығымен айналысқан (ҚҰЭ).

Корей жазуы. л и н г в. *Корейлер қолданатын әріпті буын жазуы. К о р е й ж а з у ы* қытай иероглифтерінен шыққан (ҚҰЭ). Бұрын *к о р е й ж а з у ы* жоғарыдан төмен, оңнан солға қарай жазылса, қазір горизонталь бағытта солдан оңға қарай Еуропа дәстүрімен жазылады (ҚҰЭ).

Корей тілі. л и н г в. *Корей Халық Демократиялық Республикасы мен Корея Республикасында, Қытай, Жапония, АҚШ және Қазақстан мен өзге ТМД елдерінде тұратын корейлердің тонға негізделген тілі. К о р е й л е р т і л і* туыстық тегі жөнінен ешқандай тілдік топқа қосылмайды (ҚҰЭ). *К о р е й л е р т і л і н д е* 40 фонема бар. Екі дауыссыз қатар келмейді (ҚҰЭ).

КОРЖИНСКИТ з а т. х и м. *Бораттар класына жататын минерал. К о р ж и н с к и т* кристалдары призма, агрегаттары ұя, желіше, жапырақ тәрізді, түссіз, жіктілігі жетілген (Қаз. тілі термин. Геология.). *К о р ж и н с к и т* жапсарлық метасоматоз кендерінде кальцитпен, кальциборитпен, сибирскитпен бірге кездеседі (Қаз. тілі термин. Геология.).

КОРЗИНА ор. з а т. ***Себет*** *(бірдеңе салу үшін тоқылып жасалған ыдыс).* Әйел *к о р з и н а с ы н* алды да әлгі екі адамға қарай беттеді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Балалардың гаршогі, бақыр-шелек, асығыс буылған ала-құла көрпелер, азық салған *к о р з и н а л а р* (Т.Ахтанов, Шырағың.). Награда алған он үшіміздің де бөлмемізде бір-бір *к о р з и н а* гүл ерекшелене қалыпты (Қ.Байсейітов, Құштар көңіл). Кемпірдің қолында *к о р з и н а с ы* бар шеттеңкіреп жүріп, жұмыртқа сатып, корзинкасын жапқан шүберекті көлегейлеп,жайлап қана алып береді де, жан-жағына алақ-жұлақ қарап алады (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі).

КОРЗИНКА з а т. *Себеттің кішкене түрі.* Себет гүл немесе *к о р з и н к а.* Мұның гүл кіндігі немесе негізгі осі етженді болып, үстіңгі беті жазық та, ойыс та және дөңес те болуы мүмкін (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Қол боста, демалыс күндері *к о р з и н к а л а р ы н* толтырып теріп әкелмек болған жеміс-жидектің, саңырауқұлақтың иісі де сезілмейді (Б.Соқпақбаев, Өлгендер .). Бір уақытта қайдан пайда болғаны белгісіз, осынау бір шоқ ағаштың тұсынан қолында ақ *к о р з и н к а с ы* бар, бір жас қыз шыға келмесі бар ма! (С.Сейітов, Сақшылар).

КОРИДОР [нем. Korridor] з а т. ***Дәліз*** *(кеңсе, пәтер бөлмелерінің арасын қосатын ұзынша бөлме).* Баспалдақтан өтсең, *к о р и д о р*: онда да қоңырсып жатқан мүлік, шаң-топырақ боп, тақтайға аунап, ойнап жатқан балалар (Б.Майлин, Азамат.). Мен оның көзіне түспей, коридордың екінші басына кеттім де, *к о р и д о р д ы ң* бұрылма бұрышына тасаланып тұрып, алыстан бақыладым (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Үйге кірсем, үзіліс жаңа ғана жарияланып, *к о р и д о р г а* шыққан жұрт гу-гу етеді (С.Мұқанов, Өмір мект.).

КОРИНЕБАКТЕРИЯ з а т. б и о л. *Пішіні мен тіршілігі жағынан микробактерияларға өте жақын тұратын бактериялар тобы. К о р и н е б а к т е р и я* – полиморфты таяқшалар, түйреуіш тәрізді, барлық тобы қозғалмайды, спора түзбейді, қышқылға төзімсіз, валютин дәні анық көрінеді (Қаз. тілі термин. Биология).

КОРИОЛИС: кориолис коэффициенті. ф и з. *Кез келген уақыт аралығында берілген жазық қимыл қимадан өтетін сұйықтық массасының кинетикалық энергиясының қарастырылып отырған қимыл қиманың барлық нүктелеріндегі жылдамдық шамалары бірдей және орташа жылдамдыққа тең деп ұйғарылып есептелінген сұйықтықтың осы массасының шартты кинетикалық энергиясына қатынасына тең өлшем бірлігінсіз шама. К о р и о л и с к о э ф ф и ц и е н т і* а–ні кейде кинетикалық энергияның түзетушісі деп атайды (Қаз. тілі термин. Су). *К о р и о л и с к о э ф ф и ц и е н т і* Бернулли теңдеуіне кіреді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Кориолис күші. ф и з. *Кориолис үдеуімен шартталған және инерциалды жүйеге қатысты ілгерілемелі емес, қозғалатын инерциалды емес санақ жүйесіндегі материалдық нүктеге әсер ететін инерция күші.* Жердегі *к о р и о л и с к ү ш і* жердің тәуліктік айналысымен түсіндіріледі және жерге еркін құлаған денелер вертикальдан шығысқа қарай ауытқиды; көлбеу бағытта қозғалған денелер Солтүстік жартышарда қозғалыс бағытынан оңға, Оңтүстік жарты шарда солға қарай ауытқиды (Қаз. тілі термин. Су). *К о р и о л и с к ү ш і* ауа массаларының, теңіз ағыстарының қозғалыс бағыттарын өзгеріске ұшыратып, өзен жағаларының шайылуына себеп болады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Кориолис үдеуі. ф и з. *Бір тасымал жылдамдықты облыстан басқа тасымал жылдамдықты облысқа нүктенің орын ауыстыруымен шартталған, нүктенің абсолют үдеуінің құраушысы. К о р и о л и с ү д е у і* ұғымы кинематика және динамика есептерін шешу негізінде пайдаланылады (ҚҰЭ).

КОРИФЕЙ [грек. koryphaios] з а т. *Ғылымның, көркемөнердің және т.б. белгілі бір саласында жетекші, бастаушы, бәрі сөзсіз мойындаған аса көрнекті қайраткер.* Әлемдік эстетикалық ойдың *к о р и ф е й л е р і* Аристотельдің, Гегельдің, Чернышевскийдің зерттеулерінде де әдеби әдіс деген термин қолданылмайды (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Психикалық әрекеттің материалдық негізін ғылыми түрде түсіндіруде жаратылыстану ғылымының *к о р и ф е й л е р і* И.М. Сеченов пен И.П. Павлов ілімдерінің қағидаларын студенттердің зердесіне құйып отыру қажет («Қазақст. мұғ.»). Мен қазақ әдебиетінің негізін қаласқан барлық *к о р и ф е й л е р м е н* жай таныс қана емес, солармен тізе қосып, бірге жұмыс істеген адаммын («Қаз. әдеб.»).

КОРНЕР [ағыл. to corner] з а т. э к о н. *Кейіннен қайта сату мақсатымен қайсыбір*

тауарды сатып алу үшін заңды және жеке тұлғалардың бірігуінің (келісуінің) ең қарапайым нысаны. К о р н е р акциялар мен контрактілерді сатып алу, қайсібір компания (акционерлік қоғам) акцияларының бақылау пакеттерін сатып алып, қайта сату үшін қор биржасында да құрылуы мүмкін (Қаз.тілі термин.Экономика). *К о р н е р* нарықты ұсынысты толық немесе тіпті толық бақылау үшін тауар немесе акция сатып алады (ҚҰЭ).

КОРНЕТ[1] [франц. cornette] з а т. т а р. *1917 жылға дейін Ресей армиясында қолданылған алғашқы офицерлік шен.* Илья Николайды 1813 жылы қазақ-орыс балаларынан офицерлер даярлау мақсатымен Омбыда ашылған училищеге оқуға береді, Николай ол оқуды 1816 жылы жиырма жасында *к о р н е т* чинімен бітіреді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). – Батыс Сібірдің генерал-губернаторы, сібірлік ерекше корпустың бас командирі генерал-лейтенант Густаф Християнович Гасфорттың жеке басының адъютанты *к о р н е т* Чоқан Чингисович Валиханов (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ана жас *к о р н е т* Шоқан Шыңғысовичтің бірге болғаны сондай жақсы болды. Ол өзінің туып-өскен елінің өмірін, тілін жақсы біледі (С.Бегалин, Шоқан асу.).

КОРНЕТ[2] [франц. cornet] з а т. м у з. *Үрлемелі оркестр тобындағы көлемі трубадан кішірек аспап* (ҚҰЭ).

КОРОЛЕВА з а т. **1.** т а р. *Корольдің әйелі; феодалдық немесе буржуазиялық мемлекеттің басшы әйелі.* **2.** с п о р т. *Шахмат тасы.*

КОРОЛЬ з а т. **1.** *Феодалдық немесе буржуазиялық мемлекеттің басшысы.* Таңдағына... «*К о р о л ь*» және «патша» аталатындардың бәрінің бұған дейінгі салтында, король я патша өлсе, оның жылы толмай, мұрагері тақка отырмайды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Россия бұрын патша билегенде де мемлекет еді. Енді патша жоқта да мемлекет. Президенті бар Франция да мемлекет. *К о р о л і* бар Англия да – мемлекет. Сұлтаны бар Түркия да – мемлекет (Д.Әбілев, Арман.). Соңғы *к о р о л і* III Августың тұсында жан-жағын күшті мемлекеттер қоршаған Польша әлсірейді (С.Мұқанов, Саяхат.). **2.** о й ы н. *Король суреті салынған карта.* Андрей мен Сәдірбайдың екеуінің де кескін, бітімдері аумаған шербидің *к о р о л і н е* ұқсас (С.Мұқанов, Менің мектеп.). **3.** с п о р т. *Шахмат ойынындағы басты тұлға.* Қарсымын мен байлық деген көшкінге, Құмар бірақ соған *к о р о л ь*, Пешкің де! Пәтер сұрап кірмедім мен үлкенге, «Волга» сұрап бармадым мен ешкімге (Қ.Мырзалиев, Мәңгі.). **4.** а у ы с. *Майталман.* – Сізді театр сахнасына шығаруға да болар еді!.. Оқыған да боларсыз: бір кезде орыс сахнасының *к о р о л і* атанған Федор Иванович Шаляпин ешқандай жоғары музыкалық білім алмай-ақ дүниеге даңқы жайылған!.. (Б.Тәжібаев, Қараторғай).

КОРОНАВИРУС [лат. coronaviridae] з а т. б и о л. *Құрамы күрделі, сыртында шығып тұрған тікенекшелері тәжге ұқсас вирустар. К о р о н а в и р у с т а р д ы ң* вириондары орташа келген, көлемі 80-130 нм, пішіні сфера тәрізді, геномы – бір клеткаларының цитоплазмасында көбейеді (Қаз. тілі термин.Биология). *К о р о н а в и р у с т а р* адамда, малда, құста респираторлық ауруларды, гастроэнтериттерді қоздырады (Қаз. тілі термин.Биология).

КОРОНКА з а т. т е х. *Бұрғының кескіш бөліктерінің жиегі, ұш жағы.* ≈ *К о р о н к а н ы ң* жанында.

Бұрғылау коронкасы. к е н. *Үңғыма бұрғылайтын бұрғы қашауының бір түрі, бұрғының жер астындағы тау жыныстарын тесетін негізгі бөлшегі. Б ұ р ғ ы л а у к о р о н к а с ы н ы ң* ең көп тараған түрлері: қатты қорытпадан және алмастан жасалған (Қаз. тілі термин. Кен). *Б ұ р ғ ы л а у к о р о н к а л а р ы* үлкен диаметрлі коронкалар геологиялық-барлау мақсатындағы бұрғылауда, шағын коронкалар тұтас бұрғылауда пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Кен).

КОРОНОГРАФ [лат. corona – тәж, грек. grapho – жазамын] з а т. т е х. *Күн тәжін бақылап, зерттеуге арналған телескоп.* Алматы обсерваториясында диаметрі 53 см-лік *к о р о н о г р а ф* орнатылған (ҚҰЭ).

КОРПОРАТИВТІК с ы н. *Корпорацияға тән, корпорацияға қатысты.* ≈ *К о р п о р а т и в т і к* нысан.

Корпоративтік желі. и н ф. <ағыл. enterprise – wide networks> *Корпорацияның барлық бөлімшелеріне қызмет ететін есептеу желісі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КОРПОРАЦИЯ [лат. corporatio] з а т. **1.** *Кәсіби немесе мақсат-мүдделері ортақтығымен біріккен қоғам, одақ, бірлестік.* Алты күн бойына бүкіл дүниежүзінің кәсіподақ ұйымдарының өкілдері көпұлтты *к о р п о р а ц и я л а р д ы ң* ықпалының күшеюіне және осы монополиялардың бүлдіру әрекеттеріне қарсы ойдағыдай күрес жүргізу үшін барлық елдердің еңбекшілерінің күш-жігерін біріктіруге байланысты проблемаларды талқылады («Соц. Қаз.»). Көп ұзамай телефон байланыс құралы ғана емес, күзетшінің де, бизнесмен кеңесшісінің де, үй қызметшісі

көмекшісінің де міндетін атқаратын болады, жақында Жапонияның телефон-телеграф *корпорациясы* осындай мәлімдеме жасады (С.Мұқанов, Есею жыл.). Қазір ол миллиардер (Юнь И.Жэнь) – үкіметпен бірігіп қызмет атқарып отырған зор *корпорацияның* бір мүшесі (С.Мұқанов, Алып. адым.). **2.** э к о н. *Меншіктің акционерлік нысаны, меншікті ұжымдасып иелену, кәсіпорынды басқару міндеттерін кәсіпқой басқарушылардың (менеджерлердің) жоғары тұрған буындарының қолына шоғырландыру, заңға қайшы келмейтін мақсатқа қол жеткізу үшін кәсіптік және басқа мүдделер сәйкестігі бойынша біріккен қоғам, одақ, тұлғалар тобы. Корпорация* банкрот болған немесе төлем төлеуге қабілетсіз болған жағдайда өз міндеттемелері бойынша қатысушылардың мүлкімен емес, тек *корпорация* мүлкімен ғана жауап береді (ҚҰЭ). 1964 жылы Америкадағы өте ірі 500 *корпорацияның* ішінен 55 корпорацияда қаржы айналымы бір миллиард доллардан асты (Қысқ. саяси экон.).

КОРПОРАЦИЯЛЫҚ с ы н. *Корпорацияға тән, корпорацияға қатысты.* ≈ *Корпорациялық* бірлестік.

Корпорациялық топ. *Тұлғааралық қарым-қатынас топ мүшелері үшін өзара жеке мәнді сипатта жүзеге асырылатын топ. Корпорациялық топ* әлеуметтік тұрғыда жағымды не жағымсыз болуы мүмкін. *Корпорациялық топ* мүшелерінің мүдде, қажеттіліктері тар аяда шектеледі (Қаз.тілі термин.Педагогика). *Корпорациялық топқа* бейресми топтар да қосылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КОРПУС [лат. corpus] з а т. **1.** *Кеменің, механизмнің сыртқы тұрқы; қабы.* Машинканың *корпусы* барлық механизмдерді біріктіріп, ұстап тұру үшін қажет (Ш.Әбдірахманов, Шопан.). *Корпус* – машинаның барлық негізгі механизмдері орнатылған басты бөлегі (Қаз. тілі термин. Кен). **2.** [ағыл. case] и н ф. *Жинастырылған тақтаға орнатылатын тақшаны механикалық ұстап тұруды жасақтайтын қатты қабат. Корпустың* құрылмасы оның қақпағына дисплейді тағанымен орналастыруға мүмкіндік береді. (Қаз. тілі термин. Информатика). **3.** ә с к. *Бірнеше дивизиядан тұратын әскери құрама.* Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында армиялық (жаяу әскер) және атты әскер *корпустары* барлық елдердің армияларында болды (ҚҰЭ). Күндіз үгітші келіп әңгіме өткізіп кетті. Ол 3-атты әскер *корпусының* сонау Наревтен Балтық теңізіне дейінгі даңқты жолын қамти сөйлеп, картадан көрсетті (С.Сейітов, Сөз сұра.). Бізде бұрынғы саяси қызметкерлердің полк, дивизия, *корпус* командирі болып жүрген мысалы аз емес (Б.Момышұлы, Шығ.). Янцелевичтер келіп шыққан мотомеханикаландырылған *корпустың* бас штабы бұл кезде Днепрге шабуыл жасаудың мықты бір әзірлігін жасап жатыр еді (Қ.Қайсенов, Жау тылында). **4.** *Жабық әскери оқу орындарының аттары.* Енді Шоқанды кадет *корпусының* оқушысы дей беруге болады (С.Бегалин, Бала Шоқан). Бұған Қаражанның кадет *корпусында* оқып жүргенде сол қаладағы қазақ жастарының жасырын жиналысына қатысқаны біреулердің есіне түседі (І.Есенберлин, Қатерлі өткел). **5.** *Шетел державалары уәкілдерінің жиынтығы.* Дипломатиялық *корпустың* мүшелері қатысып отыр («Лен. жас»). **6.** б а с п а. *Типографиялық шрифт-кегль. Корпус* – баспа ісінде өлшемі 10 пунктке (3,76 мм) тең шрифт (металл қорытпадан құйылған әріп) (Қаз. тілі термин. Кен). **7.** *Жекеленген гимарат немесе үлкен гимараттың ерекшеленген бөлігі.* Кітапхана *корпустың* бас жағында (Ауызекі).

Корпустық артиллерия тобы. ә с к. *Ядролық шабуыл құралдары, қарсыластың артиллериясы және резервтерімен күрес үшін, негізгі бағыттағы артиллерия мен дивизияның атысын күшейтуге арналған топ. Корпустық артиллерия тобына* бірнеше артиллериялық бөлім, көбінесе зеңбіректік бөлімдер кіруі мүмкін (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КОРПУСКУЛА [лат. corpusculum] з а т. ф и з. *Классикалық физикадағы материя бөлшегі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОРПУСКУЛАЛЫҚ с ы н. ф и з. *Корпускулаға тән, корпускулаға қатысты. Корпускулалық* сәулелену – атом ядролары және космос денелері шығаратын нейтрондар және зарядталған бөлшектер ағыны (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Корпускулалық оптика. ф и з. *Электр және магнит өрістерінде зарядталған бөлшектердің қозғалыс заңдарын оқып-зерттейтін физика бөлімі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОРПУСТЫҚ с ы н. *Корпусқа тән, корпусқа қатысты. Корпустық* бригадада ОРНД-тың барлаушы батареясының командирі Косоевті білмейтін адам кем де кем (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). Тіпті кейде мезі ғып та жібереді: дивизиялық, *корпустық*, армиялық, майдандық... Бұлар азшылық ететіндей

орталық газеттердің тілшілері, фотографтар (Ә.Сәрсенбаев, Батыр. ізі.). Хабарды жоғарғы штабтан бір уақытта алған *корпустық* және дивизиондық бригада бар зеңбіректерінен түгелдей атты (Ә.Нұрпейісов, Курляндия).

Корпустық артиллерия. әск. *Армиялық корпустың командиріне тікелей бағынатын артиллериялық бөлімдер мен бөлімшелер. Корпустық артиллерияның* қару-жарағы: алысқа ататын артиллериялық жүйелер, реактивтік артиллерияның ұрыс машиналары, танкіге қарсы зеңбіректер және ТҚБР (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Корпустық артиллерия* корпустың басты топтарының мүддесіне атыс тапсырмаларын орындауға, қарсыластың артиллериясымен күресуге және басты бағытта әрекеттегі дивизияларды күшейтуге арналады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КОРРАЗИЯ [лат. corradere] зат. физ. *Әртүрлі көшкін орта (су, жел, мұз т.б.) тасымалдап әкелетін кесек жыныстардың жер бетінде түрлі тау жыныстарын үйкеуі, үңгуі, мұжуі және өздерінің қайралу, қажалу процесі.* Шөлдердегі тау жыныстарын күшті соққан жел көшірген құм, т.б. ұсақ жыныстар мүжіп тілгілейді, қуыстар мен үңгірлер жасайды. Тау беткейлеріндегі *коррозия* өз салмағының әсерінен жылжып көшкен жыныстардан пайда болады (ҚҰЭ).

КОРРЕАЛДЫҚ: корреалдық міндеттеме. экон. *Міндеттемені орындау үшін жауапкершілікті борышқорлардың бәріне бірдей және олардың әрқайсысына бөлек-бөлек жүктейтін ынтымақтастық міндеттеме* (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОРРЕКТИВ [франц. correctif] зат. баспа. *Түзету, ішінара жөндеу немесе өзгерту.* Чертеждерге түрлі *коррективтер* енгізіп отырады («Лен. жас»).

КОРРЕКТИРЛЕУ зат. баспа. *Жоспарлау қателіктерін қолма-қол жөндеу, нақты шаруашылық процестердің болжамнан ойламаған жерден ауытқуын қадағалайтын механизмі. Корректирлеудің* рөлі – реттеу мен жоспарлаудың арасындағы байланыстарды іске асырады, бұл байланыс жоғарыдан, сол сияқты төменнен басқару шешімдерінің оптималды және үйлесімділігіне мүмкіндік туғызуды қамтамасыз етеді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика).

КОРРЕКТИРОВЩИК ор. зат. әск. *Оқты нысанаға дәлдеп түзетуші, дұрыстап көздеуші.* Әркім өзіне тиісті участок алды. Бір байланысшы жауынгер мені полковой артиллерия жауынгерлері тұрған жерге әкелді. Олардан бір адам ертіп, түнгі төрттен өте бергенде, *корректировщиктерді* тауып алдым. Жайды түсіндірдім (С.Бақбергенов, Қарға там.). Позицияда қалатын *корректировщик* офицер осы ма? (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). Және сенімді бір комбатты *корректировщик* есебінде жау әскерінің ішіне жіберу керек деп ашып жазған екен (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

КОРРЕКТОР[1] [лат. corrector] зат. баспа. *Терім немесе газет, журнал, кітап беттерін қалыптау кезінде жіберілген графикалық, орфографиялық қателерді түзететін редакцияның, баспахананың, типографияның қызметкері.* Кітаптың сыртына *корректор* деп аты жазылады екен (С.Бегалин, Уақыт.). Мен әдеби қызметкер деген лауазымым бар *корректор* едім (F.Мүсірепов, Кездес. кет.). Газеттің көзді үйіріп, көрікті шығуы редакторынан бастап, *корректорына* дейінгі көп қызметкерлерінің білім дәрежесіне, ой-өрісіне, творчестволық қабілетіне байланысты (С.Мәуленов, Жұлдыз.).

КОРРЕКТОР[2] зат. техн. *Электр өлшеуіш аспаптың көрсеткішін шкаланың нөлдік таңбасына қоюға арналған тетік* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика).

КОРРЕКТУРА [лат. correctio] зат. баспа. **1.** *Баспа теріміндегі қателері тексеріліп, жөнделген, басылар алдындағы соңғы түзетулер салынған баспа өнімінің бір данасы.* Кітабыңыздың *корректурасын* қарап шығыңыз (І.Есенберлин, Айқас). Ендігіде *корректурасын* өзің ғана оқығайсың, – деді. – Сапарымыздағы көрген жайлар мен түйген ойларыңды тартымды жазыпсың, – деп арқадан қаққандай да болды (М.Әлімбаев, Қалам.). **2.** *Әріптік, сандық, белгілік, таңбалық, емлелік, полиграфиялық-техникалық қателіктерді жөндеу жұмыстары.* Оларға бірнеше *корректуралар* керек болар (Б.Момышұлы, Шығ.). *Корректураға* баспа терімін түпнұсқамен салыстырып оқып, қателерден арылту, мәтіндердің тілдік, стильдік ұғымдылығына назар аудару, терминдерді, атауларды, қысқарған сөздерді бірыңғай жүйеге келтіру, тақырып, бөлім, тарауларының, суреттерге берілген түсініктеме мәтіндердің өз орындарына орналасуын қадағалау, баспасөз басылымдарының полиграфиялық-техникалық жағынан сауатты шығуына және дұрыс безендірілуіне көмектесу т.б. жұмыстар жатады (ҚҰЭ).

Баспалық корректура. баспа. *Авторлың, редактор мен техникалық редактордың түзету-*

жөндеулері. Корректура баспаханалық корректура, түпнұсқалық макеттік басылымы корректурасы, *баспалық корректура* және репродукциялық баспа қалыбының корректурасы түрлеріне бөлінеді (ҚҰЭ).

Баспаханалық корректура. б а с п а. *Теру, беттеу, қалыптаудың барлық сатыларындағы терімдік қателерді жөндеу жұмыстары. Баспаханалық корректура* мен түпнұсқалық-макеттік басылым корректурасына теру, беттеу, қалыптаудың барлық сатыларындағы терімдік қателерді жөндеу (ҚҰЭ).

Репродукциялық баспа қалыбының корректурасы. б а с п а. *Көшірілімдерді түпнұсқамен салыстырып, жазба көрсетулер мен түзетулер енгізу жұмыстары. Репродукциялық баспа қалыбының корректурасына* бірыңғай түсті немесе көп түсті бояулы көшірілімдерді түпнұсқамен салыстыру және оларға жазба көрсетулер (арнаулы таңбаларсыз) мен түзетулер (қалыптағы баспа элементін күшейту не әлсірету) енгізу жатады (ҚҰЭ).

КОРРЕКТУРАЛЫҚ с ы н. б а с п а. *Корректураға тән, корректураға қатысты.* ≈ *Корректуралық* қателік.

Корректуралық белгілер. б а с п а. *Терімді түзетуде жазба, ауызша нұсқауларды ауыстыратын, корректуралық оттискідегі техникалық бұлтарыстарды және корректура жасағанда жіберілетін қателерді түзетуге қызмет ететін шартты белгілер* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика).

КОРРЕКЦИЯ [лат. correctio] з а т. ф и з. *Мәшинелер мен механизмдердің қателері мен кемшіліктерін, олардың жұмыс өлшемінің нәтижелерін, қозғалыс траекторияларын және т.б. түзету* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОРРЕКЦИЯЛА= е т. *Түзету, шама өзгерісінің сипатын жөндеу, процестің қажетті арнаға өтуі.* ≈ Кемшіліктерін *коорекциялады.*

КОРРЕКЦИЯЛАУ *Коррекцияла етістігінің қимыл атауы.* Қозғалысты *коррекциялау* – космоста ұшып жүрген аппараттың орбитасын (траекториясын) өзгерту (түзету) (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). Қозғалысты *коррекциялау орбитаның кейбір учаскелерінде тиісті импульстер беру арқылы істеледі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОРРЕЛЯЦИЯ [лат. correlatio] з а т. **1.** б и о л. *Ағзаның дамуы және тіршілігі кезіндегі жасушаларының, тіндерінің, органдарының және жүйелерінің құрылысы мен атқаратын қызметтерінің бір-біріне сәйкестігі, үйлесімділігі немесе ұғымдардың өзара қарым-қатынастары, шарттастық, байланыстылық. Корреляция* – өсімдіктегі бір органның немесе оның бір бөлігінің жетілуі екінші бір органға байланысты немесе тәуелді болуы (Т.Мұсақұлов, Ботаника). *Корреляция* организмнің тіршілік жағдайына бейімделуінің нәтижесі (ҚҰЭ). Жануарлар селекциясы жөніндегі жұмыстар кезінде түрлі белгілер арасындағы *корреляцияны* (байланысты) еске алудың маңызы үлкен (Жалпы биология). **2.** г е о л. *Бір-бірінен шалғай аймақтарда тараған тау жыныстары топтарының өзара қатынасы бойынша олардың геологиялық жасын анықтау.* Шағын аймақтардағы шөгінділерді бір-бірімен салыстыру жергілікті *корреляция*, шалғай аймақтар мен бірнеше құрлықтардың жыныс қабаттарын өзара салыстыру жалпы *корреляция* деп аталады (ҚҰЭ). **3.** м а т. *Шамалар арасындағы ықтималдық немесе статистикалық тәуелділік. Корреляция* – құбылыстардың, процестердің арасында болатын байланысты көрсететін және олардың шамаларын сипаттайтын ұғым (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). Сызықтық *корреляцияда* регрессия сызықтарының екеуі де түзу сызық болады (ҚҰЭ). Аз шашырау *корреляция* тәуелділігінің күшті, кей жағдайларда олардың арасында функциялық тәуелділік бар екендігін көрсетеді (ҚҰЭ). *Корреляцияда* кездейсоқ бір шаманың өзгеруі басқа шаманың болжалды орта мәнінің өзгеруіне апарып соқтырады (Қаз.тілі термин.Экономика).

Корреляция коэффициенті. м а т. *Корреляция тығыздығының дәрежесін көрсететін сан* (Қаз.тілі термин.Экономика).

Геномдық корреляция. б и о л. *Көптеген тұқым қуалау қасиеттері, сондай-ақ өзара тығыз байланысты гендер әсерінен болатын байланыс* (ҚҰЭ).

Морфогенетикалық корреляция. б и о л. *Ағзаның жеке дамуына ішкі әсерлердің өзара бір-бірімен байланысынан туатын сәйкестік. Морфогенетикалық корреляция* онтогенездік дамудың басынан аяғына дейін организмнің дұрыс қалыптасуына әсер етеді (ҚҰЭ).

Стратиграфиялық корреляция. г е о л. *Жер тарихын анықтау және оның жалпы мәселелерін шешу үшін қолданылатын корреляция түрі* (ҚҰЭ).

КОРРЕЛЯЦИЯЛЫҚ с ы н. *Корреляцияға тән, корреляцияға қатысты.* Екі шаманың арасындағы мұндай тәуелділік *корреляция-*

л ы қ кесте арқылы беріледі (ҚҰЭ). Екінші мәселе – *к о р р е л я ц и я л ы қ* байланыстың тығыздығын (күшін) анықтау – у-тің х-тен *к о р р е л я ц и я л ы қ* тәуелділігінің тығыздығы у мәндерінің шартты орта ($у_х$) айналысындағы шашырауы бойынша бағаланады (ҚҰЭ).

КОРРЕСПОНДЕНТ [лат. correspondant] зат. **1.** *Газет, теледидар, радио редакцияларында, ақпараттық агенттіктерде штатта немесе штаттан тыс қызмет ететін және олардың басшыларының тапсырмаларын орындаушы журналист.* Күтпеген жерден залға бір топ *к о р р е с п о н д е н т т е р* кіріп келді (Б.Момышұлы, Шығ.). Ақыры басқаша болып шықты-ау. «С.Қ.»-ның фронтта военный *к о р р е с п о н д е н т т е р і* бар ма, қазақ жігіттерінен. Әрине, мен құсап, стройда жүргендерінің қолы тие бермейді ғой (Б.Бұлқышев, Адамзатқа хат). Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері де, біреумен хат алысып тұратын адам да *к о р р е с п о н д е н т* деп аталады (Қаз. тілі термин.Экономика). **2.** *Белгілі бір аймақта редакцияны таныстыратын және болып жатқан оқиғаны газеттерде, теледидарда немесе радиода жариялаушы журналист-қызметкер.* Күн төбеден ауа бере өзімнің *к о р р е с п о н д е н т* екенім есіме түсті (Ж.Молдағалиев, Тыңдағылар). **3.** *Жергілікті жерден редакцияға хабар беруші жеке тұлғаның аты.* Оларға меншікті *к о р р е с п о н д е н т*, ұжымдық *к о р р е с п о н д е н т* және басқалары жатады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика). **4.** э к о н. *Банк немесе басқадай қаржы ұйымдары, олар сол өңірдегі өзі секілді ұйымдардың есебінен мүддесін ұсыну және де олардың қаржылық әрі коммерциялық тапсырмаларын орындаушы. К о р р е с п о н д е н т* – басқа тұлғаның тапсырмасын немесе мекеме үшін берілген коммерциялық тапсырманы соның есебінен орындаушы жеке немесе заңды тұлға (фирма, банк) (Қаз.тілі термин.Экономика).

Корреспондент банк. э к о н. *Мәлімет беру шарты негізінде төлемдер мен есеп айырысу бойынша бір-біріне берілетін тапсырмаларды арнайы ашылған шоттар арқылы орындайтын банк* (Қаз.тілі термин. Экономика).

КОРРЕСПОНДЕНТ-МҮШЕ з а т. *ТМД елдеріндегі және Польша, Румыния сияқты елдердегі академиялық атақ. К о р р е с п о н д е н т-м ү ш е* өзі сайланған бөлімдерінде барлық мәселелер бойынша шешуші дауыс құқығына, басқа бөлімдерде және академияның жалпы жиналысында кеңесші дауыс құқығына ие болады (ҚҰЭ). Біреуі – СССР Ғылыми академиясының *к о р р е с п о н д е н т-м ү ш е с і* көрінеді (С.Сейітов, Жылдар.). Қазақ ССР Ғылым академиясының *к о р р е с п о н д е н т-м ү ш е с і*, профессор Есмағамбет Ысмайыловтың барлық өмірі ауыз әдебиетін жинау, бастыру, зерттеу ісіне арналғаны мәлім (Қ.Сүйдеханов, Қаһарман ғалым). Қазақ ССР Ғылым ақадемиясының *к о р р е с п о н д е н т-м ү ш е с і*, профессор А.Машановтың ғылыми фантастика жайлы еңбегі өз алдына бір төбе (Т.Сүлейменов, Қиял әлемі.).

КОРРЕСПОНДЕНТТІК [лат. correspondare] с ы н. *Корреспондентке тән, корреспондентке қатысты. К о р р е с п о н д е н т т і к* қатынас екі немесе бірнеше кредиттік мекемелердің арасында, біреуінің тапсырманы және басқа біреудің есебінен белгілі бір операцияны жүзеге асыруы туралы корреспонденттік шартпен бекітіледі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика).

Корреспонденттік есеп. э к о н. *Тапсырма бойынша және өзгелердің есебінен корреспонденттік шарт негізінде бір кредиттік мекеме жүргізген есеп айырысулар көрсетілетін есеп түрі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика).

Корреспонденттік шарт. э к о н. *Бірі екіншісінің төлемдері мен есеп айырысу жөніндегі тапсырмаларын орындайтын ел ішіндегі және одан сырт жердегі банктер арасындағы келісім. К о р р е с п о н д е н т т і к ш а р т т а* банктер өзара есеп айырысу қандай шоттар бойынша жүзеге асырылатынын уағдаласады, лауазымды адамдардың қойылған қолдарының үлгілерін және комиссиялық сыйақы тарифтерін алмасады (Қаз.тілі термин.Экономика).

Корреспонденттік шот. э к о н. *«НОСТРО» (біздікі) және «ЛОРРО» (олардікі) тұрпатындағы шот. К о р р е с п о н д е н т т і к ш о т* бойынша бір банктегі «НОСТРО» шот екінші банктегі «ЛОРРО» шот болып табылады (Қаз. тілі термин. Экономика).

КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ з а т. **1.** *Газетте немесе журналда жариялану үшін жергілікті жерлерден келген хабарлар.* Әлгі почтальон әкеліп берген «Социалистік Қазақстанның» сандарында майданнан қандай хабар басылды екен? Соны бір шолып көрейік те... Газеттің 28 марттағы санында «Қазақ жігіттері» деген *к о р р е с п о н д е н ц и я* жарияланыпты (От ортасы.). Газет, журнал беттерінде мақала, *к о р р е с п о н д е н ц и я л а р м е н* қатар көркем туындылар да жарияланып отырды (І.Есқожин, Сәбит Мұқанов.). Сөйтіп, соғыс жайындағы ең соңғы *к о р р е с п о н д е н ц и я н ы* «Правдаға» Борис Полевой

жазады (Р.Ыдырысов, Отты жыл.). *Корреспонденция* – автордың оқиғаның дамуына болжам жасап, әлде пайда болған оқиғаларды шешуде өз әдісін ұсынып, болып жатқан жағдайлардың себебі мен салдарын өз түсіндірмесін беріп, оқиға болған жерден жан-жақты хабарлама жасау (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика). **2.** *Хаттар, почта-телеграф материалдары.* Жаяу әскерлерден түсетін *корреспонденциялар* тасқыны күрт кеміді. Бұл кезеңде біз байланысшылардан, саперлер мен артиллеристерден хат алып тұрдық (Ә.Меңдібаев, От кешу). **3.** *Жеке адамдардың немесе мекемелердің өзара жазысқан хаттары.* Есік сыртында кішкене жәшік ілініпті. Сыртында «*корреспонденция* үшін» деп жазылыпты. Мен «корреспонденциясы» несі, сірә, хат салатын жәшік болар деп жобаладым (Қ.Сәрсекеев, Кілт). Хат тасушы тағы бір топ *корреспонденция* әкелді. Оның біріне жазушыға Мәриям жеңгей мен немересі Бақытжан көмектесіп жүр (Н.Әбуталиев, Құрдастар).

КОРРОЗИЯ [лат. corrosio] з а т. **1.** ф и з. *Қоршаған ортаның әсерінен металдардан жасалған бұйымдардың өздігінен бүліну процесі және құбылысы, тот.* Желдің ұшырып әкеткен материалдарының жәрдемімен жасалатын бұзылуды *коррозия* деп атайды (С.Орынбаева, Геогр. ғажайып.). *Коррозия* салдарынан металл бірте-бірте желініп, өзінің бастапқы қасиетін жоғалтып, бұзылады (ҚҰЭ). *Коррозия* кезінде металдардың бет жағы коррозия өнімдерімен қапталып, тотығады (тоттанады) (Қаз. тілі термин. Кен). Бетон және темір-бетон *коррозиясы* сыртқы жебір ортаның әсерінен бетонның және темір-бетонның босап бұзылуы (мүжілуі, жемірілуі). Су және су ерітінділері бетон арқылы өткенде, бетон құраушылары мен арматуралар өзара әсерлесуінен, бетон мен темір-бетон *коррозияға* ұшырайды (ҚҰЭ). **2.** г е о л. *Геологиялық жыныстардың химиялық агенттердің әсерінен және заттектердің су алып кетуінен өзгеруі.* Геологиядағы *коррозия* сыртқы ортаның әсерінен, ішінара шайылудың, мұжылудың, ерудің салдарынан тау жыныстарының үгітілуі (Қаз. тілі термин. Экология). *Коррозия* су ағыны, жел күші, мұздың қозғалысы және т.б. әсерінен қозғалыстарға ұшыраған тау жыныс кесектері мен түйірлерінің үйкелістер әсерінен қажалуы және өздерімен тоқайласқан өзге де тау жыныстарды тоздыруы (Қаз. тілі термин. Геология). *Коррозия* – тау жыныстардың жер бетінде судың химиялық әсерінің нәтижесінде еруі (Қаз. тілі термин. Экология).

Атмосфералық коррозия. г е о л. *Атмосфералық факторлардың әсерімен өтетін коррозия* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Геология).

Бетонның және темір-бетонның коррозиясы. ф и з. *Әрекетті сыртқы ортаның әсерінен бетонның және темір-бетонның бүлінуі. Бетонның және темір-бетонның коррозиясына* қарсы көптеген әдістерді қолданады (ҚҰЭ).

Газдық коррозия. ф и з. *Қоршаған ортаның газ тектес компоненттерінің әсерінен жүретін коррозия* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Геология).

Жалпы коррозия. ф и з. *Бүліну бұйымның барлық бетінде өтетін коррозия*(Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Геология).

Жергілікті коррозия. ф и з. *Бүліну беті жеке бөлігінде ғана өтетін коррозия* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Геология).

Жоғары температуралы газдық коррозия. ф и з. *Жоғары температураларда қақ түзе жүретін газдық коррозия* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Геология).

Контактілі коррозия. ф и з. *Ортада әртекті металдардан жасалған бұйымдардың түйісуінен туатын жергілікті коррозия, электролит.* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік Геология).

Коррозияға төзімді болат. х и м. *Қоршаған ортаның әсерінен металдың жаңа химиялық қосылыс түзіп, күйреуіне төзімді болат. Коррозияға төзімді болат* өздерін қоршаған күкірт және тұз қышқылдары ортасында коррозияға аса төзімді емес (Қаз. тілі термин. Кен).

Коррозияға төзімділік. ф и з. *Материалдардың коррозияға төзімділік қасиеттері. Коррозияға төзімділік* белгілі бір өлшеулі уақыт ішінде әрекетті ортаға түскен материалдың белгілі бір өлшеулі көлемінен коррозия өніміне айналған заттың массасымен, сондай-ақ бір жыл ішінде бүлінген қабаттың (мм есебімен) мөлшерімен анықталады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Коррозияға төзімді материалдар. ф и з. *Әрекетті ортаның: қышқылдың, сілтінің, тұздың, газдың және т.б. әсеріне төзімді металдар мен металл емес заттар. Коррозияға төзімді материалдар:* темірдің хром қосылған қорытпасы, титан, цирконий, молибден, тантал. Газ тәрізді және көптеген сұйық ортада платина, алтын тотықпайды. Табиғи (ащы, тұщы) суларда немесе 100° С температурада мыс пен оның қорытпалары (қола, жез) *коррозияға төзімді материалдарға* жатады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). Органикалық емес *материалдар-*

дан графит, алюмосиликаттар, таза кремнезем *коррозияға төзімді* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Кристаллитаралық коррозия. ф и з. *Кристаллиттердің беттік шекарасында пайда болатын коррозия* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Геология).

Металл коррозиясы. ф и з. *Металдардың сыртқы (коррозиялық) ортамен химиялық немесе электрхимиялық реакцияға түсуі салдарынан бұлiну процесі. Металл коррозиясын* болдырмау мақсатында металл құрамына коррозияға ұшырамайтын құраушылар енгізіледі (ҚҰЭ).

Талғамды коррозия. ф и з. *Құйманың бір компоненті (мысалы, жездегі мыс) күштірек бұліне жүретін коррозия* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Геология).

Питтингтық коррозия. ф и з. *Беттің бұлінген нүктесінен басталып, ішіне қарай тереңдеп, кішкене тесікке айналдыратын жергілікті коррозия* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Геология).

КОРРОЗИЯЛЫҚ с ы н. ф и з. *Коррозияға тән, коррозияға қатысты. Коррозиялық* сынау – белгілі бір металл бұйымының әрекетті ортада коррозияға төзімділігін сынап көру (Қаз. тілі термин. Геология.).

Коррозиялық керіш. ф и з. *Сынықты түйірлердің жарым-жартылай желініп, олардың орнын керіштеуші материал басатын процесс* (Қаз. тілі термин. Геология.).

Коррозиялық құрылым. г е о л. *Таужыныста бұрынғы минералдың кейінгі минералмен желінуі негізінде байқалатын процесс. Коррозиялық құрылым* метасоматиттерге тән (Қаз. тілі термин. Геология.).

КОРРУПЦИЯ [лат. corruptio] з а т. қ о ғ. ***Жемқорлық*** *(мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері). Коррупция* – мемлекеттік құрылымдардың қылмыстық дүние құрылымдарымен біте қайнасуы (Қаз. тілі термин. Экономика). *Коррупция* – мемлекеттік және саяси қайраткерлердің параға сатылуы (ҚСЭ). *Коррупция* – мемлекеттік билік иелері мен лауазымды адамдардың параға сатылуы, сатылғыштығы, парақорлығы, яғни лауазымды адамдардың жеке басының баюы мақсатымен өзінің лауазымымен байланысты құқықтарын тікелей пайдалануы (Қаз.тілі термин. Экономика).

КОРСЕТ [франц. corset] з а т. м е д. *Құнысты түзету үшін, омыртқа жотасы түрлі ауруға шалдығып қисайғанда не жарақаттанғанда қолданылатын арнайы ортопедиялық құрал.* Омыртқа мен ұршық буынындағы туберкулез ауруы әбден тоқтаған соң адамның тұруына, аздап жүруіне болады, бірақ бірден көп жүруге болмайды. Сондықтан медицина заңы бойынша, оларға *корсет* (тұтар) кигізіледі (Е.Оразақов, Туберкулез.). Егерде ауырған кеуде мен белді *корсет* кигізіп емдесе, науқас тұлғасы бұзылмай сымбатты дұрыс өседі, қисығы түзеледі, сынығы мінсіз бітеді (Е.Оразақов, Дәрігер парызы). – Онысы несі? – деп сұрағам Тоқтардан. – Кеудесіне *корсет* киеді, – деді. – Ол не? – Темірден жасалған кеудеше (С.Мұратбеков, Жабайы алма). *Корсет* гипстен, былғарыдан, целлулоидтен, пластикалық материалдардан жасалады (ҚҰЭ).

Бекітуші корсет. м е д. *Омыртқа туберкулезінде, құяңда, спондилолистез (омыртқаның жая сүйектен жамбасқа қарай тауы) ауруының қатты асқынған кезінде, омыртқа сынғанда не орнынан тайғанда, омыртқа жотасына хирургиялық операция жасағаннан кейін оны қозғалдырмау үшін қолданылатын құрал. Корсет бекітуші* және түзетуші болып екіге бөлінеді (ҚҰЭ).

Түзетуші корсет. м е д. *Бел омыртқа, қабырға сүйектері жарақаттанып қисайғанда емдеу әдісінің бірі ретінде, сондай-ақ, жеңілдік беріп көтеріп тұру үшін пайдаланылатын құрал. Түзетуші корсет* науқас адам денесінің пішініне сәйкестендіріп қатырылған гипс негізінде жасалады және дәрігердің кеңесі бойынша пайдаланылады (ҚҰЭ).

КОРУНД [нем. Korund] з а т. х и м. *Оксидтер класының минералы, табиғи тұзілімдер ішіндегі ең қатты заттардың бірі.* Көбінесе, түйірлі агрегаттар күйінде кездеседі. Табиғи *корундтың* түсі рентген сәулесінің әсерінен де өзгереді (ҚҰЭ). *Корунд* – көгілдір не сарысұр, жасыл және басқа түсті кристалдар, түйірлі массалар түзеді (Қаз. тілі термин. Геология.). *Корунд* – қышқылға төзімді. Абразив және отқа төзімді материал ретінде пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Геология.).

КОРЯКТАР з а т. *Ресей Федерациясындағы Коряк автономиялық округінің байырғы халқы.* Антропологиялық жағынан *коряктар* моңғол нәсілінің солтүстік азиялық тобына жатады (ҚҰЭ). *Коряктар* шамандық сенімдерін ұстанады. Негізгі кәсіптері – бұғы өсіру, балық аулау (ҚҰЭ).

КОСЕКАНС [лат. cosecans, co(mplementi) secans] з а т. м а т. *Тригонометриялық функциялардың бірі.* Тікбұрышты үшбұрыштың

сүйір бұрышының *косекансы* – гипотенузаның сол сүйір бұрышқа қарсы жатқан катетке қатынасы (ҚҰЭ).

КОСИНУС [лат. cosinus, co(mlementi) sinus] з а т. м а т. *Тік бұрышты үшкілдің үшкір бұрышының туйіскен катетінің гипотенузаға қатынасы.* А бұрышына іргелес жатқан катеттің гипотенузаға қатынасы сол бұрыштың *к о с и н у с ы* деп аталады (Геометрия). Х класта өтілетін «екі бұрыштың айырмасы мен қосындысының *к о с и н у с ы*» деген күрделірек тақырыпты өткенде, Cos (А – В) өрнегінің неге тең екенін жеңіл әдістердің бірімен (мысалы, үшбұрыш әдісі) дәлелдеуге болады («Қазақст. мект.»). Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышының *к о с и н у с ы* – сол сүйір бұрышқа іргелес жатқан катеттің гипотенузаға қатынасы (ҚҰЭ).

Косинустар теоремасы. м а т. *Үшбұрыштың екі қабырғасы мен сол екі қабырғаның арасындағы бұрышы бойынша оның үшінші қабырғасын анықтауға арналған теорема. К о с и н у с т а р т е о р е м а с ы* былайша тұжырымдалады: үшбұрыштың кез келген бір қабырғасының квадраты былайғы екі қабырғасы квадраттарының қосындысынан сол қабырғалар мен олардың арасындағы бұрыш косинусының екі еселенген көбейтіндісін азайтқанға тең (ҚҰЭ).

КОСМЕТИКА [грек. kosmetike] з а т. *Адам терісін күту үшін қолданылатын (әртүрлі сүргі, далап, опа, ұісмай т.б.) заттар.* Ғалымдардың айтуына қарағанда, бұл заттар *к о с м е т и к а* құралдары болуы тиіс (С.Мұқанов, Естімеген.). Ақ пигментті резина өнеркәсібінде жұмсақ резинаның салмағын арттыру үшін қосады, *к о с м е т и к а* және медицинада қолданылады (Қ.Нұрымбетов, Метал. хим.). *К о с м е т и к а* өсімдіктері мыналар: шытыр, көкнәр, жалбыз, қозылошаған, жолжелкен, қалақай, шайқұрай, шашыратқы, ақтұяқ, емен қабығы, қияр, сәбіз (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). *К о с м е т и к а* көне заманнан бастап дамыған. Ежелгі мысырлықтар, римдіктер, арабтар бетін, кірпігін, қабағын бояп, шашын бұйралап, әтірдің орнына хош иісті майларды пайдалана білген (ҚҰЭ).

КОСМЕТИКАЛЫҚ с ы н. *Косметикаға тән, косметикаға қатысты.* Сәндік *к о с м е т и к а л ы қ* препараттарға қас пен қабақты бояуға арналған қарындаш, опа, ерін далабы, түрлі витамин қосылған майлар, иіс су, әтірлер т.б. жатады (ҚҰЭ). Бұл *к о с м е т и к а л ы қ* препараттар лабораториялар мен клиникаларда тексеруден өткеннен кейін санитарлық инфекция мекемесінің рұқсатымен сатуға жіберіледі (ҚҰЭ).

КОСМЕТОЛОГИЯ [грек. kosmetike– әдемілеу өнері, logos – ілім] з а т. м е д. *Терінді күту, адамның сыртқы келбетін әсемдеу, әртүрлі аурулардың әсерінен және туа біткен немесе жас өзгерісіне байланысты пайда болған ақауларды жасыру, емдеу әдістерін зерттеумен айналысатын клиникалық медицина саласы. К о с м е т о л о г и я* дерматология, хирургия, онкология, эндокринология және медициналық генетикамен тығыз байланыста дамиды (ҚҰЭ).

Дәрігерлік косметология. м е д. *Терінің түрлі ақауларын болдырмау және жою әдістерін, сондай-ақ, шаш, ауыз іші (тісті күту), маникюр, педикюр күтіміне байланысты гигиеналық емдік шараларды қарастыратын косметология саласы. Д ә р і г е р л і к к о с м е т о л о г и я* гигиеналық, профилактикалық емдік және хирургиялық бөлімдерге бөлінеді (ҚҰЭ).

Сәндік косметология. м е д. *Адамның сыртқы келбетін әрлеп, беттің кейбір кемістіктерін білдірмей, әдемілігін айқындай түсетін косметология саласы.* Косметология өзінің атқаратын қызметіне қарай: дәрігерлік және *с ә н д і к к о с м е т о л о г и я* болып ажыратылады (ҚҰЭ).

КОСМЕТОЛОГИЯЛЫҚ с ы н. *Косметологияға тән, косметологияға қатысты. К о с м е т о л о г и я л ы қ* (эстетикалық) хирургияның негізгі міндеті оперативтік жолмен ақауларды жою, көбінесе, мүшелердің қызметін қалпына келтіру, сонымен қатар адамның сыртқы көрінісін жақсарту (ҚҰЭ). *К о с м е т о л о г и я л ы қ* операцияларға ринопластика, отопластика, ерінге жасалатын пластикалық операциялар т.б. жатады (ҚҰЭ). *К о с м е т о л о г и я л ы қ* емдер мен көмек арнайы емханалар, кабинеттер және салондарда жүргізіледі (ҚҰЭ).

КОСМО... *Сөзге ғарыштық, ғарышқа тән деген мағына үстейтін күрделі сөздің бірінші сыңары. К о с м о физика, к о с м о орталық т.с.с.*

КОСМОГОНИЯ [грек. kosmogonia] з а т. а с т р о н. ***Ғарыштану*** *(астрономияның ғарыштық денелер мен олардың жүйелерінің пайда болуы мен дамуын зерттейтін саласы).* Планеталар, жұлдыздар, тұмандықтар, галактикалар сияқты дүниелік объектілердің қалай пайда болуын, қалай дамуын (эволюциясын) зерттейтін ғылым *к о с м о г о н и я* деп аталады (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). *К о с м о г о н и я...* турасындағы ғылымдар бар (М.Әуезов, Абай жолы). Екінші жағдай – теорияның даму аумағы заттың өзіндегі өзгерістердің аумағымен немесе сол өзгерістер болған уақытты қамтитын тарихи

дәуірлермен теңеуге келмесе, бұл – геология, *космогония*, физика, механика (А.Қасымжанов, Диалектика.). Бұл осы заманғы жұлдыздар *космогониясының* бастамасы болды (ҚҰЭ).

Жұлдыздар космогониясы. астрон. *Жұлдыздардың, сондай-ақ жұлдыздық жүйенің пайда болуы әрі эволюциясын зерттейтін астрономия саласы* (ҚҰЭ).

Планеталар (ғаламшарлар) космогониясы. астрон. *Ғаламшарлардың пайда болуы мен даму жолдарын зерттейтін астрономия саласы. Планеталар космогониясы* ғылымының негізін И.Ньютон қалады (ҚҰЭ).

КОСМОГОНИЯЛЫҚ сын. астрон. *Космогонияға тән, космогонияға қатысты.* Аспан әлеміндегі Күн, Ай, жұлдыздар туралы халықтың қарапайым *космогониялық* ұғымдары осылай туып қалыптасты (М.Елеусізов, Ш.Уәлиханов). Өрнектердің негізгі элементтері *космогониялық*, зооморфтық тақырыптардан, өсімдік және геометриялық пішіндерден тұрады (Қаз ССР тарихы).

КОСМОГРАФИЯ зат. астрон. *Аспандағы жұлдыздарды есепке алудың, жазудың астрономия мен физикалық география бойынша жалпы мәліметтері.* XV ғасырда *космографиядан,* астрономиядан кітаптар орыс тіліне аударыла бастайды (О.Жәутіков, Математика). Астрономия, геометрия, математика (арифметика), акустика, оптика, механика, химия, минералогия, география, геология, *космография,* ботаника, медицина, логика, риторика, лингвистика, поэзия, саясат, философия, музыка – Фараби ғылымдарының тізбегі осылай келеді («Қазақст. әйелдері»).

КОСМОДИДАР зат. астрон. *Космостық кеңістікте немесе басқа ғаламшардың үстіңгі қабатындағы ғарыштық аппараттың бортынан теледидар хабарларының бейнелерін желі бойынша қабылдау және тікелей хабар тарататын космостық теледидар. Космодидар* космостық станцияның бортты аппаратурасынан жіберілген радиобелгіні радиобайланыстың жердегі станциясы қабылдайды, одан кейін телеорталыққа беріледі, одан теледидар желісі бойынша ТМД, Еуропа мен Америка елдеріне таратылады. (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика). *Космодидар* 1962 жылы теледидар бейнесін көрсетуден басталды (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Журналистика).

КОСМОДРОМ [kosmos – ғарыш, drorros – жүгіру орын жайы] зат. ***Ғарышайлақ*** (*ғарыштық ұшқыш аппараттарды құрастыруға, ұшыруға, дайындауға және ұшыруға арналған құрылыстардың, жабдықтардың және жер учаскелерінің кешені).* Бұл аймақ бір кездегі қаза құшқан Жұлдызға *космодром* – ғажапстан. Міне, дос, парасатты адамзаттың Қолымен қайта туған Қазақстан! (Т.Айбергенов, Мен саған.). Ұшса – алыс ұшатын оқ ұшқалы керемет «Жер серігі» қонбай жүр, тез ұшқаны не керек. Кораблі қонбайтын *космодром* болғаннан, ізден қонар құстарға ұя болғым келер ед (Ж.Нәжімеденов, Мен туған.). *Космодром* кемінде, сен бөлмеде, Жатқаныңда болашағыңды ойланып. Жүрдім мен де көрінбестен өзгеге, Жарығыңды көбелек боп айналып (Ә.Тәжібаев, Кеше.). Жыр еткен атақ-даңқын қыр бұлбұлы, *Космодром* – ел мақтаны, ақын жыры. Жататын планеталарды жалғастырып, Мен білсем, бұл Байқоңыр – жер кіндігі (Т.Рақымжанов, Күн.).

КОСМОЛОГИЯ [грек. kosmos – ғарыш, logos – ілім] зат. астрон. *Ғаламның біртұтастығы және оның астрономиялық бақылаулар арқылы танылған бөлігі жайлы ілім, астрономияның бір бөлімі. Космологияның* тұжырымдары (Ғаламның модельдері) физиканың заңдары мен астрономиялық бақылаулардың деректеріне, сондай-ақ адамзат қоғамының әртүрлі дәуірлеріндегі философиялық принциптерге сүйенеді (ҚҰЭ). Ол атақты Пифагордың музыка теориясы мен *космологиясын* аяусыз сынға алады: «Планеталар мен жұлдыздардың қозғалысы дыбыс туғызады, олар біріменбірі үндес және үйлесімді болады деген пифагоршылардың пікірлері қате, олардың бұл гипотезиясының мүмкін еместігі физика ғылымында дәлелденген» (А.Көбесов, Сөнбе. жұлдыз.). – Ол рас, тарихтың айтуынша, әуелгі халықтардан космогония, *космология* жайлы ақылға негізделген, ғылымға жуық аңыз-ертектер жасаған дравилер-шумерлер ғана болған... (Б.Кенжебаев, Асау жүрек). Галактиканың алшақтауы – *космология* ашқан кеңістік өлшемінің тұрақты емес екендігінің айқын айғағы (З.Серіққалиев, Ақыл.).

КОСМОЛОГИЯЛЫҚ сын. астрон. *Космологияға тән, космологияға қатысты.* Алғашқы *космологиялық* түсініктер өте ерте заманда адамдардың дүниедегі өз орнын анықтау, түсіну әрекеттерінен шыққан (ҚҰЭ). Бәрінен гөрі Демокриттің, Пифагордың, Аристотельдің (б.з.б. 5-4 ғ-ларда) ежелгі дәуірдегі философиялық мектептерінің *космологиялық* көзқарастары қатаң логикалық талаптарды қанағаттандырды (ҚҰЭ).

КОСМОНАВТ [грек. kosmos – ғалам, nautes (теңіз) саяатшы] з а т. а с т р о н. ***Ғарышкер*** *(ғарышқа ұшу кезінде ғарыштық техниканы сынақтан өткізетін әрі оны пайдаланатын адам).* Гагарин сияқты ер жүрек *к о с м о н а в т а р* осындай тынымсыз, ізденімпаз, талапты жеткіншектерден шықпай, қайдан шығады? (С.Байжанов, Сыр.). *К о с м о н а в т а р* көк жүзіне көтеріліп, жұлдыздар өлкесін шарлап, аспан жұмбағын ақтарып, тарихи сапардан аман-есен оралды (С.Мәуленов, Жұлдыз.). *К о с м о н а в т* әлі кабинада. Ол ұйқысынан оянып, асықпай киінді де самолеттің Алматыда қанша тұратынын білгісі келді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Таулыққа тән асау ой қанатында Жайсаң күліп қоштасты дара тұлға. Үш жылдан соң *К о с м о н а в т* Севастьянов Таныстырды қайтадан мені ақынға (М.Шаханов, Ғасырлар.).

КОСМОНАВТИКА [грек. kosmos – ғалам, nautike – кеме жүргізу] з а т. а с т р о н. *Ғарыш кеңістігіне ұшу туралы ғылым; жерден басқарылып ұшатын әртүрлі ғарыштық аппараттарды пайдаланып, ғарыштық кеңістікті игеруді қамтамасыз ететін ғылым мен техника салаларының жиынтығы.* Сізді Калугада, *к о с м о н а в т и к а н ы ң* отанында, күтеміз («Соц. Қаз.»). *К о с м о н а в т и к а* заңын еш ұшқыш бұзып көрген емес (Т.Шақанов, Көгілдір.). *К о с м о н а в т и к а* – космос кеңістігінде ұшу, ғылым мен техниканың Жерден басқарылатын немесе пилоты бар түрлі космостық ұшқыш аппараттарының көмегімен адамзаттың қажеті үшін космос кеңістігі мен Жерден тысқары объектілерді зерттеуді және игеруді қамтамасыз ететін салаларының жиынтығы (ҚҰЭ).

КОСМОПОЛИТ [грек. kosmopolites] з а т. *Бүкіл Жер шарына таралған, яғни ғаламшарымыздың кез келген өңірінен ұшырасатын ағзалар (жәндіктер мен өсімдіктер). К о с м о п о л и т* – бүкіл Жер шарында таралған жануарлар мен өсімдіктер түрлері. Әдетте, бейімделгіштігі жоғары, экологиялық валенттілігі жоғары дарақтар кіреді (Қаз. тілі термин. Геология). *К о с м о п о л и т к е* дақылдар, суда және судың жағасында өсетін көптеген өсімдіктер (қант қамысы, қамыс, қоға және т.б.), арамшөптер, жәндіктер (қоңыр тарақан, бөлме шыбыны және т.б.), сондай-ақ адамға жақын жүретін жануарлар (үй тышқан, сұр егеуқұйрық т.б.) жатады (Қаз. тілі термин. Геология).

КОСМОПОЛИТИЗМ [грек. kosmopolites] з а т. *Әр ұлттың төл мәдениетін дамытудан гөрі жаһандану процесі арқылы бүкіләлемдік бірегей мәдениет қалыптастыруды артық көретін шектеулі дүниетанымдық бағыт. К о с м о п о л и т и з м* халықтардың ұлттың суверенитеті мен тәуелсіздігі жолындағы күрестен бас тартуын талап етеді, «бүкіл дүниежүзілік үкімет» құруды жақтайды (Саяси сөздік). *К о с м о п о л и т и з м* – ұлттық дәстүрлер және мәдениеттің басқа елдер және халықтардың дәстүрлері мен мәдениеттері алдында барлық адамзат құндылықтары және бірдей мүдделері адам санасының қолдануы формасында әртүрлі патриотизмнің пайда болуына қатысты басылымдықтан бас тартуға негізделген көзқарастар жүйесі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Философия).

КОСМОПОЛИТТІК с ы н. *Космополитке тән, космополитке қатысты. К о с м о п о л и т т і к* таралу аймағы – су айдынының немесе құрлықтың кең ауданын (кемінде үштен бірін) қамтитын түрлердің немесе басқа жүйелік топтың таралу аймағы (Қаз. тілі термин. Геология). Өз ұлтының тілінен және басқа да рухани құндылықтарынан ашықтан-ашық іргесін аулақ сала бастаған осы *к о с м о п о л и т т і к* ағым қазірдің өзінде қазақ халқын екіге бөліп үлгерді (М.Шаханов, Жүз сөзді.).

КОСМОС [грек. kosmos] з а т. а с т р о н. ***Ғарыш.*** Шаһмардан Есенов екеуміз совет павильонының үшінші қабатына көтерілдік. Күмбезі кең сарайдың сол жақ бұрышында – шар тәрізді *к о с м о с* бөлімі (Ә.Шәріпов, Алыс жағалау.).

Космос кеңістігі. а с т р о н. ***Ғарыш кеңістігі***. *К о с м о с к е ң і с т і г і* – барлық объектілерін қоса алғанда жер айналасындағы, планетааралық, жұлдызаралық және галактикааралық кеңістіктер (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Космос кораблі. а с т р о н. ***Ғарыш кемесі*** *(адамның космосқа ұшуына арналған космостық ұшқыш аппарат). К о с м о с к о р а б л і н і ң* ерекшеліктері мынада: экипаждың тіршілік етуіне жағдай жасалған герметикалық кабинасы, экипажды Жерге қайтаруға арналған аппараты, космоста маневр жасау және аппаратты қондыру үшін ұшудың орбитасын өзгертуге мүмкіндік беретін ұшуды және қозғалтқыш қондырғысын бағдарлау мен басқару жүйелері бар (ҚҰЭ). Жер айналасындағы орбитамен ұшатын *к о с м о с к о р а б л ь д е р і н* кейде спутник-корабльдер деп те атай береді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). Жұртты қазір Ақсақ Темірдің тұсындағы кірпіштен гөрі *к о с м о с к о р а б л ь д е р і* көп қызықтырады, – деп Жомарт

сыпайы ғана шегініс жасады (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

Космос нөсері. астрон. *Ғарыш сәулелері. Жалпы тегімен байланысты және космос сәулесі бөлшегінің Жер атмосферасы бірнеше есе электромагниттік және ядролық өзара әсерлесуі нәтижесінде пайда болған микробөлшектер тобы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Космос сәулелері. астрон. *Әлемдік кеңістіктен Жерге келетін жоғары энергиялы бөлшектер ағыны, сонымен бірге олардан Жер атмосферасында туған қайталама бөлшектер немесе гамма-сәулелену* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОСМОСТЫҚ сын. *Космосқа тән, космосқа қатысты.* ≈ *Космостық* кеңістік.

Космостық биология. астрон. ***Ғарыштық биология*** (*ғарыш кеңістігі және космоста ұшу жағдайында ағзалардың тіршілік ету ерекшеліктерін зерттейтін биологиялық ғылымдар кешені*). *Космостық биология* сонымен бірге космос кораблі экипажының тіршілік етуін қамтамасыз етудің биологиялық жүйелерін жасау принциптерін және басқа планеталардағы ықтимал тіршілік формаларын да зерттейді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Космостық медицина. *Адам ғарышқа ұшқанда және корабльден ашық космосқа шыққанда, тіршілігіне қажетті оптималды жағдайлар жасауға және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қамтитын ғылымдар кешені. Космостық медицинаның* бірнеше бөлімі бар (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Космостық ракета. астрон. ***Ғарыш зымыраны*** (*Жердің жасанды серігінің орбитасындағы космос кеңістігіне және басқа аспан денелеріне ұшқыш аппараттар жіберуге арналған ракета*). Басқа планеталарға жіберу үшін *космостық ракеталар* әуелі Жер айналасындағы орбитаға шығарылады, сонан соң ол осы орбитадан басқа планетаға ұшырылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). Қасында нөкерің бар көп күніңдей, Сөзіңде серпін күштері серт тіліндей. Келдің сен айға қарай аттандырған *космостық ракетаның* екпініндей (С.Сейітов, Жаңғырық). Қазіргі ою, кестелерден, кілем бетіндегі оюлардан еліміздің картасын алып, құрылыстардың бейнесін, перспективалы жоспарлардың диаграммаларын, *космостық ракеталарды* және т.б. суреттерді көруге болады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Космостық байланыс. астрон. ***Ғарыштық байланыс*** (*ғарыштық ұшқыш аппараттар арасындағы, осы аппараттар мен жердегі стансылар арасындағы байланыс және жердегі стансалардың арасында Жердің жасанды спутнигі арқылы жасалатын байланыс*). *Космостық байланыс* жүздеген миллион километрге кетеді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). *Космостық байланыстардың* жердегі және ұшқыш аппараттағы құралдары осы заманғы ең жетілген және ең қуатты құралдар болып табылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Космостық жылдамдық. астрон. ***Ғарыш жылдамдығы*** (*ғарыш аппараттарының космос кеңістігіндегі қозғалысының траекториясын белгілейтін орбитаға шыққандағы жылдамдығының ең жоғарғы мәні (мөлшері)*. Бірінші, екінші, үшінші *космостық жылдамдығы* бар (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). Сөз әдемісі де, ән шұрайлысы да сонда тәрізді. Әттең не керек, сол күйінде осы бүгінгі мәдениеттің *космостық жылдамдықтың* әсері молынан тиер ме еді! (І.Есенберлин, Алтын құс). Ұшамын *космостық жылдамдықпен*, Келмейді аялдағым, баяулағым. Түлетіп жатыр жүрек жалынымен («Қаз. әдеб».).

Бірінші космостық жылдамдық. астрон. *Жердің гравитациялық (тартылыс) өрісінде ғарыш аппараты Жердің жасанды серігі бола алатын минималды жылдамдық (ягни 7,91 км/сек).*

Екінші космостық жылдамдық. астрон. *Ғарыш аппараты Жердің әсері шеңберінен шығып, Күннің жасанды спутнигіне айнала алатын минималды жылдамдық (ягни 11,186 км/сек).*

Үшінші космостық жылдамдық. астрон. *Жерден ұшырылған ғарыш кемесінің Күннің тартылыс күшін жеңіп, Күн жүйесінен асып кетуіне керекті жылдамдық (ягни 16,67 км/сек).*

Космостық ұшқыш аппарат. астрон. *Ғарышқа ұшуға арналған аппараттардың жалпы атауы (жеткізгіш-ракеталар, космостық ракеталар, космос корабльдері, планетааралық автомат стансылар, орбиталық тұрақты стансылар, Жердің жасанды серіктері және т.б.). Космостық ұшқыш аппараттардың* көпшілігінің ерекше өзгешелігі мынада: космоста ұшу жағдайында ұзақ уақыт жұмыс істей алады; бұл үшін аппараттың бортында белгілі бір жылу режимі сақталуы керек, борттағы аппаратураның электрмен қоректендірілуі қамтамасыз етілуі қажет,

Жермен радио байланысы болуы тиіс т.т. (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика). *Космостық ұшқыш аппараттың* ұшуы 2 учаскеге бөлінеді: біріншісі – орбитаға шығару учаскесі, мұнда аппаратқа белгілі бір бағытта ұшуға қажетті жылдамдық беріледі, екіншісі – орбиталық учаске, мұнда аппарат аспан механикасының заңдарына сәйкес негізінен өз инерциясы бойынша ұшады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОСМОХИМИЯ [грек. kosmos – ғалам. лат. (al)chimia – химия] з а т. х и м. *Химиялық элементтердің бүкіл әлем ауқымында (әлем кеңістігінде, жасынтастарда, жұлдыздарда, ғаламшарларда және олардың жекелеген бөліктерінде) таралу ерекшеліктерін зерттейтін ғылым саласы* (Қаз. тілі термин. Геология).

КОСТАДИАН [лат. custadio –] з а т. э к о н. *Тапсырыскерлердің бағалы қағаздары мен ақшалай қаражатын костадиандық шарт негізінде сақтап, есепке алатын бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушысы. Костадиан* қызметі лицензияланады және, әдетте, оны инвестициялық банктер жүзеге асырады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

КОСТЕР з а т. *Ошақсыз жазық жерде, алаңда, далада әдейі жағылған от.* Бір топ бала *к о с т е р* жағып, орамға тұрып, лаулаған отты айналып, билеп жүрміз, күліп жүрміз (Н.Сералиев, Қаңтар). Бұл – студенттер жаққан кешкі *к о с т е р* еді («Лен. жас»).

КОСТЮМ [франц. costume] з а т. ***Кәстөм*** **1.** *Пиджак пен шалбар немесе жакет пен юбкадан құралған сырт киім.* Жаңа *к о с т ю м* киген, Жаңа көйлек жарасқан. Бала көңіл – бал көңіл, Бүгінгі өмір бір дастан (О.Шипин, Дастан). Көңіліне күй өрлеп Су жаңа осы *к о с т ю м* Тапсырды маған әкеліп, «Келген соң кием» деп, Бірақ ол келмеді, Айырғандай мені барлық қызықтан (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ана *к о с т ю м д е р д і* көрсетіңіз (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Мен ақ *к о с т ю м і м д і* киіп, қоңыр *к о с т ю м д і* әлгі жігітке беріп, қаланы саяхаттауға жүріп кеттік (Ә.Шәріпов, Қапаста.). **2.** т е а т р. *Режиссерлік ойға сәйкес актердің сахналық образ жасауда пайдаланатын киім-кешегі, түрлі әшекей т.б. заттары. К о с т ю м* – спектакльді көркемдеудің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі (ҚҰЭ).

КОСЫНКА ор. з а т. *Әйелдің басына байлайтын немесе мойнына орайтын ұшкіл, кішкене орамал.* Жаннаның жасыл *к о с ы н к а с ы н ы ң* астынан жіңішке жібек шаштары желбірейді (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Айнымаған *к о с ы н к а с ы* жеңгемнің – Айналама толды, толды түрлі гүл менің (І.Мәмбетов, Тұңғыш.).

КОСЬВИТ з а т. г е о л. *Ультранегізді таужыныстар тобына жататын пироксениттердің рудалық минералы мол түрі. К о с ь в и т т е* дұрыс пішінді пироксендердің аралығын магнетит пироксен түйірлерін керіштеп қана қоймай, кейде жеке шоғырлар, желішелер құрайды (Қаз. тілі термин. Геология). *К о с ь в и т* құрылымы сидеронитті болады (Қаз. тілі термин. Геология).

КОТАНГЕНС [нем. Kotangens] з а т. м а т. *Тік не үшкіл бұрышта түйісіп жатқан бір катеттің басқа бір катетке қатынасы.* Сол бұрышты 90°-қа дейін толықтыратын бұрыштың тангенсін білдіреді. Тангенс, *к о т а н г е н с т е р д і* математикаға енгізген Хорезмидің замандасы Ахмед Марвази (Мерв шаһарынан) (О.Жәутіков, Математика). А бұрышына іргелес жатқан катеттің қарсы жатқан катетке қатынасы сол бұрыштың *к о т а н г е н с і* деп аталады (Геометрия). Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышының *к о т а н г е н с і* – сол бұрышқа іргелес жатқан катеттің сол бұрышқа қарсы жатқан катетке қатынасы (ҚҰЭ).

КОТЕКТИКАЛЫҚ: котектикалық қисық. ф и з. *Физикалық-химиялық жүйелердегі фазалық тепе-теңдіктердің диаграммаларында балқыманың қатарына екі қатты фазаның тепе-теңдігіне сай келетін сызықтар* (Қаз. тілі термин. Геология).

КОТЕЛОК з а т. *Тамақ пісіру және соның өзінен ішу үшін қолданылатын кішкене ыдыс.* Шынында да, қара *к о т е л о к т е н* қол үзген соң, не істерімді білмей сұлқидым да қалдым (К.Баялиев, Дегелек). Ол азық-түліктен босаған жәшіктің үстінде, қолына *к о т е л о к* алып, капуста сорпа ішіп отыр (Б.Момышұлы, Шығ.). Плита үстіндегі *к о т е л о к* шыжылдай бастады («Соц. Қаз.»).

КОТИРОВКА [франц. se coter] з а т. э к о н. *Ұйымдастырылмаған нарықта немесе биржалық тауарларға баға қою, шетел валюта курсы деңгейін белгілеу. К о т и р о в к а* – шетел валюталары мен бағалы қағаздарына баға белгілеу. Валюта *к о т и р о в к а* жасаудың екі әдісі – тікелей және жанама әдісі болады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика). Мысалы, АҚШ-та басқа елдердің валюталарына доллармен *к о т и р о в к а* жасайды (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика). *К о т и р о в к а* – құнды қағаздардың, шетел валюталарының бағамын немесе биржалардағы тауарлардың бағасын белгілеу (ҚҰЭ).

Котировканың тікелей әдісі. э к о н. *Шетел валюталарын белгілі бір ел өз ақша өлшемімен белгілеу. К о т и р о в к а н ы ң т і к е л е й ә д і с і* – белгілі бір елдің өз валютасына басқа елдердің валюталары арқылы котировка жасауы (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Экономика).

КОТЛЕТ [франц. cotelette] з а т. т а м а қ. *Етті, балықты, үй құстарының, сондай-ақ аң мен еті жеуге жарамды жабайы құстардың етін ет тартқыштан өткізіп, пияз қосып, қуырып, бұқтырып, су буына пісіретін тағам.* Машинаға тартылған еттен *к о т л е т,* пудингтерді жасап жеуге болады (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Сиыр етінен асханада неше түрлі жақсы тағам – қуырдақ, *к о т л е т,* сорпа, борщ т.б. жасалады (Ш.Бөрібаев, Сиыр.). Теңіз капустасы, шаянның неше түрлерінен жасалған *к о т л е т т е р,* балықтан пісірілген тағамның көп түрлері столда тұр (І.Омаров, Серпін). *К о т л е т т е р* қоспасыз таза, жаншылған және туралған еттен жасалған болып бөлінеді. (Қаз.тілі термин. Тамақ.).

КОТТЕДЖ [ағыл. cottage] з а т. *Жекеменшік тұрғын үйлердің сәулетті үлгісі. К о т т е д ж,* негізінен, екі қабатты болады, кейде жартылай жер астындағы бөлмелерімен үш қабатты болып саналады (ҚҰЭ). Алғашқы *к о т т е д ж д е р* 16 ғ-дың аяғы 17 ғ-дың басында Ұлыбританияда салынды. Қазақстанда *к о т т е д ж* құрылысы 20 ғ-дың аяғында кең етек жайды (ҚҰЭ).

КОФЕ [ағыл. coffee] з а т. **1.** *Тропикалық өсімдіктің, яғни кофе ағашының дәні (тұқымы, ұрығы). К о ф е н і ң* шыққан жері – Африка. Ол Оңтүстік Эфиоп провинциясы Каффа дегеннен барып, «кофе» деп аталған. *К о ф е* Африкадан Арабияға әкелінген, кейін ол Оңтүстік-Шығыс Азия аралдарына таралған (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). *К о ф е* дәнінде: клетчатка, азотты заттар, кофеин, қант, май, минералды тұздар бар. Құрамында кофеин мөлшерінің көптігіне байланысты табиғи *к о ф е д е н* жасалған сусындар орталық нерв жүйесін қоздырады және сергітеді (Қаз.тілі термин. Тамақ.). **2.** т а м а қ. *Кофе дәнінен жасалған сусын.* Сағат сайын қаншама көк тапалар! Қанша шашын ағартады апалар! Арасында шумақ пенен шумақтың Қанша кесе, Қанша шәйнек *к о ф е* бар! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Гипертониямен ауырып жүрген кезде, ет пен балық сорпасын және тұздық, қою шай мен *к о ф е* ішуге болмайды (Р.Сәтбаева, Гипертония.). Соя тұқымынан май, ірімшік, қаймақ, сүт, ұн, нан, печенье, *к о ф е,* конфет, шоколад, торт сияқты көптеген тамақтар пісіреді (Т.Таубаев, Жасыл әлем). Нерв жүйесі өте сезімтал, жүрегі ауыратын, қан қысымы жоғары, нашар ұйықтайтын адамдарға тым қою *к о ф е* ішуге болмайды (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Кофе ағашы. ө с. *Салпыстар тұқымдасына жататын аласа жасыл ағаш не биік ірі бұта. К о ф е а ғ а ш ы н ы ң* қолдан өсірілетін түрлерінің биіктігі 3 – 6 м. жапырақтары қалың, түсі қою жасыл, гүлі ақ, хош иісті (ҚҰЭ). *К о ф е а ғ а ш ы н ы ң* жемісі – қызыл не қара көк, үлкендігі шиедей қосарланған дән. Осы дәндері не оның ұнтағы кофе деп аталады (ҚҰЭ).

КОФЕИН [нем. Koffein] з а т. м е д. *Кофе бұршақтарында, шай ағашының жапырақтарында және басқа кейбір өсімдіктерде болатын, медицинада жүйке жүйесі мен жүректі әлдендіру үшін қолданылатын дәмі ащы, ақ ұнтақ дәрі.* Ми тамырына жақсы әсер ететін дәрілердің бірі – *к о ф е и н* дейтін дәрі (Б.Омаруұлы, Жүрек.). 1 шай қасық ұнтақ кофеде 0,07 - 0,1 г *к о ф е и н* бар (Қаз.тілі термин. Тамақ.). *К о ф е и н* шайда, кофеде болады (Б.Омаруұлы, Жүрек.). Эмоция жағынан тұрақсыз және тез азатын ауру адамдарға *к о ф е и н* аралас бром береді (Р.Сәтбаева, Гипертония).

КОФЕҚАЙНАТҚЫШ з а т. т а м а қ. *Кофені бабына келтіріп, қайнатуға арналған жабдық. К о ф е қ а й н а т қ ы ш* плита үстіне қоятын және электр *к о ф е қ а й н а т қ ы ш* болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Плита үстіне қоятын кофеқайнатқыш. т а м а қ. *Әртүрлі қыздырғыш аспаптарында қыздырылатын әдеттегі, гейзері бар арнайы кастрөлдер түріндегі кофеқайнатқыш* (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Электрлі кофеқайнатқыш. т е х. *Қуаты 700-1200 Вт құбырлы электр қайнатқыш элементі бар, жылу ажыратқыш құрылғымен немесе әзірленген кофені ыстық күйінде (кемінде 60°С температурада) сақтауға арналған тетікпен жабдықталған кофеқайнатқыш. Э л е к т р л і к о ф е қ а й н а т қ ы ш т ы ң* сүзгілі және гейзерлі түрлері шығарылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Э л е к т р л і к о ф е қ а й н а т қ ы ш т а р д ы ң* сыйымдылығы 0,8; 1,2 және 1,5 л. Кофені әзірлеу уақыты – 12-25 минут (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОФЕҰСАТҚЫШ з а т. т а м а қ. *Кофенің дәнін жармалауға арналған аспап.* Үйде пайдаланылатын *к о ф е ұ с а т қ ы ш т ы ң* негізгі артықшылығы – қайнату алдында тікелей майда кофе алу мүмкіндігі, мұның өзі

оның хош иісін және дәмдік қасиетін сақтайды (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Кофенің екі-үш адамға арналған дәнін жармалағаннан кейін, *кофецсатқыш* механизмі қызып кетпес үшін (15 – 20 минут) үзіліс жасалады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Қолмен айналдырылатын кофеұсатқыш. *Ағаш немесе металл корпусы, тұтқамен қозғалысқа түсетін диірмені, ұнталған дәннің майдалану дәрежесін реттеп отыратын тетігі, майдаланған кофе түсетін шағын жәшігі бар кофеұсатқыш. Қолмен айналдырылатын* және электр *кофеұсатқыш* бар (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Электр кофеұсатқыш т е х. *Екі бөлікті пластмасса корпустан құралған, бірінде электрқозғалтқыш, ал екіншісінде – түбінде саптамамен бекітілген дәнге арналған бункер орналасқан, кофе дәні шапшаң айналатын саптаманың (қалақшасы бар диск) көмегімен ұсақталатын кофеұсатқыш. Электр кофеұсатқыш* бункеріне, әдетте, 3 шай қасық дән салынады, олар майдалау түріне қарай 1-2 минут бойы ұнтақталады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Электр кофеұсатқышын* сондай-ақ аздаған мөлшерде қантты, кепкен нанды және басқа да азық-түліктерді ұнтақтау үшін де пайдалануға болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Электрлі кофеұсатқыш. т е х. ***Электр кофеұсатқыш.*** *Электрлі кофеұсатқыштың* салмағы, әдетте, 1 кг-дай, тұтынатын қуаты – 100-150 Вт (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КОФТА [швед. Kofta] з а т. *Әйелдер киетін жұқа немесе жылы кеудеше.* Жұқа жібектен желбегейлеу *кофта* киеді (С.Мұқанов, Алып адым.). Жеңіскүл өзінің ең әдемі көйлегі мен көкшіл түсті *кофтасын* киіп келді (С.Баязитов, Айдарлы.). Гүлсара күннің қатты шыжғырып тұрғанын енді ғана аңдады. Жылы *кофтасын* шешіп алды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

КОЭСИТ з а т. х и м. *Оксидтер класына жататын минерал. Коэсит* сингониясы – моноклиндік, кристалдары призма, тақта пішінді. Түссіз, қаттылығы – 7,5 жіктілігі жетілген, меншікті салмағы – 2,93 (Қаз. тілі термин. Геология). *Коэсит* жоғары температура мен қысым жағдайында қалыптасады. *Коэсит* метеориттік кратерлерде, гранитте, туфтарда табылған (Қаз. тілі термин. Геология).

КОЭРЦИТИВТІ: [лат.coërcitio] **коэрцитивті күш.** ф и з. *Бастапқыда қанығуға дейін магниттелген ферромагнитті үлгі толығымен магнитсізденетін магнит өрісінің кернеулігі* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КОЭФФИЦИЕНТ [лат. coefficiens] з а т. м а т. *Ауыспалы немесе белгісіз шаманың көбейткіші болатын, тұрақты немесе белгілі шама.* Сәуле жолдарының таңбасының алдына әлгі алынған заттың қасиетін білдіретін белгімізді *коэффициент* етіп жазайық (А.Қалығұлов, Сан.). Сан көбейткіштің арнаулы аты бар, ол *коэффициент* деп аталады және өзі әдетте бірінші орынға қойылады (Алгебра). Заттар формуласының алдына қойылған сандар *коэффициент* деп аталады (Химия). *Коэффициент* – әріптік өрнектегі сандық көбейткіш, белгісіздің кез келген дәрежесіндегі белгілі көбейткіші немесе айнымалы шаманың тұрақты көбейткіші(ҚҰЭ).

Беттік керілу коэффициенті. ф и з. *Тұрақты температура кезіндегі екі ортаның бөлу бетін құрауға жұмсалатын жұмыстың осы беттің ауданына қатынасы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Диффузия коэффициенті. ф и з. *Диффузия процесіндегі бөлшектің орын ауыстыруының орташа шаршысы мен уақыт арасындағы пропорционалдық коэффициент* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Жарықтылық коэффициенті. ф и з. *Қандай да бір нүктедегі және берілген бағыттағы дене жарықтылығының, жарықтылығы барлық бағытта бірдей, ал шағылысу коэффициенті 100%-ға тең, сондай жағдайда жарықталынатын шашыратқыштың жарықтылығына қатынасы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Жылу өткізгіштік коэффициенті. ф и з. *Жылу ағынының және заттағы оны тудыратын температура градиенті арасындағы пропорционалдық коэффициент* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Жұтылу коэффициенті. ф и з. *Монохроматты сәулелену ағыны затта жұтылуынан екі есе әлсірейтін, қашықтыққа кері шама* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Модуляция коэффициенті. ф и з. *Модульдаушы белгі амплидудасының амплитудалық модуляция кезіндегі модульданушы тербелістер амплитудасына қатынасы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Өзара индукция коэффициенті. ф и з. *Бір контурдағы ток күші өзгерген кездегі байланысқан контурдың екіншісіндегі индукция электр қозғаушы күшін анықтайтын коэффициент* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Өту коэффициенті. ф и з. *Сынған және түскен толқындар интенсивтілігінің қатынасы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Өтімді коэффициент. э к о н. *Несие алушының қысқа мерзімде төлей алатындығын көрсететін міндеттеме. Ө т і м д і к о э ф ф и ц и е н т* өтімді активтің қатынасы және қысқа мерзімдегі міндеттеме шаруашылық органының критерийі ретінде құралады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Өшу коэффициенті. ф и з. *Тербелістің өшу жылдамдығын сипаттайтын шама* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Пропорционалдық коэффициент. ф и з. *Бір-біріне пропорционалды өзгеретін, екі физикалық шаманың қатынасына тең өлшемді немесе өлшемсіз шама* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Сызықтық ұлғаю коэффициенті. ф и з. *Денені қыздырған кездегі дененің өлшемдерінің біреуінің өзгерісінің осы өлшемнің бастапқы шамасына және температураның өзгеру аралығына қатынасы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Сырғанау үйкелісінің коэффициенті. ф и з. *Сырғанау үйкелісі күшінің, бір денені екіншісіне қысатын жүктемені түсірген кезде пайда болатын және олардың тиісу бетіне перпендикуляр бағытталған реакция күшіне қатынасы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Температура өткізгіштік коэффициенті. ф и з. *Жылу өткізгіштік коэффициенті мен зат тығыздығы көбейтіндісінің, оның меншікті изобаралық жылу сыйымдылығына қатынасына тең, стационар емес жылу процестеріндегі зат температурасының өзгеру жылдамдығының сипаттамасы* (Орыс.-қаз. түсінд.сөздік. Физика).

Тыныштық үйкелісінің коэффициенті. ф и з. *Тыныштық үйкелісі күшінің, бір денені екіншісіне қысатын жүктемені түсірген кезде пайда болатын және олардың тиісу бетіне перпендикуляр бағытталған реакция күшіне қатынасы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Шағылу коэффициенті. ф и з. *Шағылған және түскен толқындар интенсивтілігінің қатынасы* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Ішкі үйкеліс коэффициенті. ф и з. *Сұйықтың немесе газдың түйіскен қабаттарының бірлік ауданына әсер ететін ішкі үйкеліс күші мен осы қабаттар қозғалысының жылдамдық градиенті арасындағы пропорционалдық коэффициент* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

КӨБДІК з а т. **1.** *Тоқты болған арамза.* Жаз болса, көк суы — айран, қымыз бен бір *к ө б д і к,* қыс болса, бір омыртқа – қазақ халқының бөлінбеген еншісі емес пе? (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). *//Әлжуаз, әлсіз.* Салған соң өңкей надан *к ө б д і к* күшке, Қалыпты қайран Бабам қиын іске, «Бір Алла, өзіңе аян жүрегім», – деп, Байлапты өлтірмекке ертең түсте (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Арам пиғылды, теріс ниетті.* Бал беріп асыраса да, адам болмайтын бір *к ө б д і к* шығарсың, сірә? (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Шырағым, сіздер – *к ө б д і к,* біз – бір кебе (Айтыс).

КӨБДІКТЕЙ с ы н. *Көбдік сияқты, көбдік тәрізді.* Көкеш бар кезде, сабақты сылтау ғып, Зейнеп оны күндізгі кездерде көгендеген *к ө б д і к т е й* тырп еткізбей қоятын еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Денесі де күйкі еді, Жұтта туған *к ө б д і к т е й;* Кескіні де сиқы еді, Күнге жайған терліктей (С.Мұқанов, Замандас.).

КӨБЕ[1] з а т. **1.** а н а т. <лат. cuticula> *Тырнақтың айналасындағы жиек еті. К ө б е д е г і* күбіртке тырнақ айналасында немесе оның астында өршиді (О.Сейтекова, Тері ауру.). Одан әрі үйілген балшықты қазайын десем, *к ө б е с і н е н* сөгілген тырнақтарым қол тигізбей зыр-зыр етеді (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Осы түрмеден бір рет қашып шыққан әдісіне салып абақтының астын теспекке әрекет жасап, қараңғыда іргеге тырнақ салып көріп еді, *к ө б е с і* сыдырылып түсе жаздады (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе). Зар жылап тұрдым шөптің төбесінде Үрлеймін тырнағымның *к ө б е с і н е.* Басыма көп бәлені іздеп алдым, Тоям деп залым байдың көжесіне (К. Әзірбаев, Таңд.). **2.** *Бір нәрсенің жиегі, шеті.* Өзеннің ортасы сары қар да, екі *к ө б е с і* жібіп қатқан көкшіл мұз (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Қатты соққан қара дауыл мұз *к ө б е с і н* қақыратып ашып жіберді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қыз көзіндей мөлдір көл – Алатаудың *к ө б е с і,* Мұнарланып көрінген Бұйраланған төбесі (Қ.Жапсарбаев, Жай қоңыр). **3.** к ө н е. *Бүкіл кеудені қорғау үшін тырнақ көбесіне ұқсас қола не мыс, кейде алтын мен күміс табақшаларды қатпарлап тізіп немесе металл шынжырларды біріктіріп, көйлек тәріздес етіп жасаған қорғаныш киім.* Үстіне баса киіп ал Алтынды сауыт *к ө б е н і* Жау дегенде жайнатып Толғамалап қолыңа ал (Батырлар жыры). Ер Баян сол кеткеннен кете барды, Мініп ап белдеудегі көк тұлпарды. Дулыға, қалқан, *к ө б е* қалған ұмыт, Белінде жалғызақ бір садақ бар-ды (М.Жұмабаев, Шығ.). Ажалдың оғы келгенде, Қорғаны болмас *к ө б е н і ң.* Түсі суық келеді Төрт қырлы көк жебенің (Жамбыл, Шығ.). Зырқырап оғы кетеді, Қалмаққа таман жетеді, Көкірек қысқан *к ө б е д е н,* Қалмады қапыл жебеден,

Зырлауменен өтеді (Ер Тарғын). **4.** к ө н е. *Батырлардың атының арқасын, қабырғасы мен мойынын түгелдей жауып тұратын жамылғы.* Батырлар мінетін аттың арқасын, қабырғасы мен мойынын түгелдей жабатын *к ө б е л е р* де жасалған (Қаз. тілі термин. Әскери).

Жебесі көбе бұзды. *Жебе көбеден өтті, көбені сөкті. Ж е б е с і к ө б е б ұ з ы п,* жүректі үзіп, Найзасын ылғи дәлдеп сермеп еді. Бірін айт, бәрін айт та – Батыр Баян. Туғаннан «Алашым!» – деп еңіреп еді (М.Жұмабаев, Шығ.).

Көбелер шарқ-шұрқ болды. *Көбелерден оқ өтіп, көбелер сөгілді.* Шаңқылдаған шықты шу. *Ш а р қ-ш ұ р қ б о л д ы к ө б е л е р,* Далдұл болды денелер, Айқай-ұйқай, ызы-шу (М.Жұмабаев, Шығ.).

Көбесі [көбесінен] сөгілді. а) *Басы бірікпеді, құраспады.* Көкейдегі көп сөзімнің *к ө б е с і с ө г і л і п,* біреуі аузыма түспейтін (С.Досанов, Қыран.). ә) *Құрыды, жоқ болды. К ө б е с і н е н с ө г і л і п,* Көріп, біліп сезгендей; Төбесінен үңгірдің Төнді бұлар төгіліп (Ү.Кәрібаев, Таңд.). б) *Ыдырады, быт-шыты шықты.* Егер жылдар саты болса, достық оның шегесі, Шеге сынса сатыңыздың *с ө г і л е д і к ө б е с і* (М.Шаханов, Ғасырлар.). в) *Тігісі сетінеді. К ө б е с і с ө г і л г е н* жерін әр жерден бір іліп қойыпты (Ауызекі).

Көбесін сөкті. *Құрытты, жоқ қылды.* Бірге армандап, бірге қайғырған жолдаспен мәңгі қоштасу оның *к ө б е с і н с ө г е* жаздады (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы).

Көк тырнақ көбесінен кірді. *Тырнағы денден кірді, батты.* Қан шығып, қыздың тәні ауырмайды, *К ө к т ы р н а қ к ө б е с і н е н к і р д і* дейді Сасқаннан өлдім ғой деп қыз оянып, Шошынып ұйқысынан тұр дейді (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Қар көбесі сөгілді. *Қар ери бастады.* Бұл кезде қыс бойы тоңы ойылмай, бітеуленіп жататын Сібір *қ а р ы н ы ң к ө б е с і с ө г і л і п т і* (Ә.Найманбаев, Шығ.). Содан көкек айында *қ а р к ө б е с і с ө г і л і п,* көктемнің шеті жылт етісімен, көшпелі ел қыстаудан қайта көтеріліп, жыл құсымен бірге енді терістікке қарай бағыт алады (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

Таң көбесі сөгілді. *Таң ата бастады, түн қараңғылығы ыдырай бастады.* Бригадир *т а ң к ө б е с і с ө г і л м е й* жатып, аяғымыздан жұлқып алып, жұмысқа алып кететін («Айқап»).

Түн көбесі сөгілді. *Таң ата бастады, түн жарымынан асты. Т ү н к ө б е с і с ө г і л і п,* Шолпан жұлдыз батқанда, Қара қырға кездестік Таң сарғайып атқанда Темірқазық – бетіміз, Үркер – оң жақ қапталда (О.Шипин, Дастан).

КӨБЕ[2] з а т. с а я т. *Бүркіттің құйрығындағы әлді қауырсын.* Бүркіттің бітімі де ерекше. Шалғайына (керілген қанаты) ең үлкен ұшақ та жетпейді. Қанаттың шеткі қауырсындарын – шалғысы, ал құйрығының ортасындағы екі қабат әлді қауырсынды – *к ө б е с і*, қалғандарын жебесі дейді (Ж.Бәлшенов, Туған жер).

Көбе құйрық. с а я т. *Бүркіттің құйрығының дәл ортасында болатын екі тал қауырсын құйрық. К ө б е қ ұ й р ы қ* пен жебе құйрық бірінің үстіне екіншісі айқасып түседі: Үстіңгісі – *к ө б е қ ұ й р ы қ,* астыңғысы – жебе құйрық, – деді құсбегі (М.Етекбаев, Алатау).

КӨБЕ[3] з а т. с ө й л. ***Кепе.*** Еркін өсіп ержеткен Ерекше туған *к ө б е ң м і н*, Ен дәулеттің ішінде Еркін жүріп тел емдім (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

КӨБЕБҰЗАР з а т. э т н. *Берік сауыттарды, көбесауытты бұзу үшін жасалған мықты жебе.*

Көбебұзар [қозыжауырын] жебе. э т н. *Арнайы көбе бұзу үшін қолданылатын жебе.* Садақ оғы көбені бұза алмаған соң *к ө б е б ұ з а р қ о з ы ж а у ы р ы н ж е б е н і* шығарған (Қаз. тілі термин. Әскери.). Астына көп жүгірер күлік бар, Көн сабақтың ішінде *К ө б е б ұ з а р* жебе бар. Көрінгеннің бәрін де кісі демеңіз, Күпе-күндіз тал түсте тараңдап түзге кетер кісі бар (Шалкиіз ақын, Шығ.).

КӨБЕГЕН с ы н. ***Кепе.*** Базарбайдың Төлеген Ерте туған *к ө б е г е н*, Сексен жігіт қосшы алып Он бес жігіт басшы алып Ақ Жайыққа жөнеген (Батырлар жыры). Қодар мен тоқсан алып тұрған шақта *к ө б е г е н* таз сендерге керегі не (Батырлар жыры). Атын он жеті досына беріп, өзі сорға аунап бір таз *к ө б е г е н* болып шатырға барды (Едіге //Халық эпосы). Алтыннан бесік ойдырып, Ақ торғынға бөленген. Өлгенде көрген *к ө б е г е н* Ел тілегін тілеген (Батырлар жыры).

КӨБЕЖАБЫН з а т. ***Көпежабын.*** *К ө б е ж а б ы н* шатырдың да қызметін атқаратындықтан, итарқасының ылғалы жиналмайтындай көтеріңкі болу үшін төрт қабырғаның аздап биіктетілген кесе-көлденең еніне әрбір бөлменің өн бойына жететіндей етіп қақ ортасынан қары қоятын болған (Ө.Жәнібеков, Жолайырықта).

КӨБЕЖЕКТЕ е т. с ө й л. ***Күбіжікте.*** Сапақтың томырық мінезін де жақсы түсінеді ол. Осы екі оттың ортасында қысылған Қошан *к ө б е ж е к т е п* үндей алмайды (С.Талжанов, Ұлдай.).

КӨБЕЙ= е т. *Молаю, өсу, ұлғаю.* Я, пірім-ау, дәл осы істен не файда бар? *К ө б е й е р* күн-

күн сайын фітнәлар (М.Дулатов, Шығ.). Мал мен бақтың дұшпаны – кеселді пысық *көбейді* Күшік иттей үріп жүр, Кісіден кеммін демейді (Абай, Тол. жин.). *Көбейіп* шартараптан жолдас-жора, Басынан дұшпандардың секіргенім, Ән шырқап, жолдастарды қасыма ертіп, Байларға қарсы тұрып өкімдедім (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Көбеймесе* көбеймесін мал басы! Қарсыласың жалдаптарын жалдасын! Қолында ма сол баяғы алмасың? Алмасыңның жүзін тозаң шалмасын! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Айдар [бағар, байлар, сауар, көгендер] көбейсін. э т н. т і л е к. *Малың көп болып, өсіп өнсін, молайсын, дәулетің артсын.* [*Жылқыға қатысты айдар көбейсін, қойға байланысты бағар көбейсін, желідегі биеге байланысты сауар көбейсін т.с.с. түрінде айтылады*]. «*Айдар, бағар (байлар, сауар, көгендер) көбейсін!*» т.б. сәлем орнында жүретін этноинъективалар экономикалық қатынас өзегінің табысты болуын нышандаумен қатар шаруашылықтың қалыпты ырғағын үнемі ескертеді (Қаз. әдет-ғұрып.).

Дауыс көбейді. *Шулады, абыр-сабыр болды.* Қызғыштың *дауысы көбейді* Көлден аққу сырылып; Қайырымы кеткен соң, Мырзадан қоңсы жырылып (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Сөз көбейді. *Дабыра күшейді, абыр-сабыр болды. Сөз көбейді,* ұлғайды, Мақтанның көті көрінді, Қазақты жеген қайратты «ер». Ұрынды да берінді (Абай, Тол. жин.).

КӨБЕЙГІШ с ы н. *Көбейе, ұлғая беретін, көбейімпаз, ұлғайғыш.* Организмдердің өсуге қабілеті жетіп, *көбейгіш* келетін клеткаларының тобынан да жаңадан пайда болуы мүмкін (Т.Мұсақұлов, Ботаника). // м а т. Көбейтілетін сан қосынды *көбейгіштен* аз (Арифметика).

КӨБЕЙТ= е т. **1.** *Молайту, арттыру.* Қонағына өлшеткен, Төрт қанат үй уығын. Кісі бойы қол жетпес Биіктігі сұлының, Жалбағай мен қостастар *Көбейтті* сауын сиырын (О.Шипин, Дастан.). Әсіресе мал шаруашылығын *көбейтпекпіз* (Т.Ахтанов, Үндістан.).Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды *көбейтсек* керек, бұл жанның тамағы еді (Абай, Тол. жин.). Шаруа болсаң, тұқым шаш *Көбейтіп* берер өзіңе, Құдай десең ақынды Адам түгіл жер жемес (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** м а т. *Бір санды еселей арттыру үшін қолданылатын амал.* Көбейтілетін санды көбейгіш, *көбейтетін* санды көбейткіш, көбейткеннен шыққан нәтижені көбейтінді деп атаймыз (Арифметика).

Даңқын көбейтті. *Даңққа бөледі, танымал етті, атағын шығарды.* Батырлық атпен жасты, елім, Ерліктер жасап сан түрлі, Көңілді менің әскерім *Көбейтсе* болды *даңқыңды*! (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

Сан көбейтті. *Адам санын арттырып, босқа жүрді.* Сай-сай болды сызықтары маңдайдың, Кейде өзімді-өзім көтере алмаймын. Қаншаға да келгенімді білмеймін. *Сан көбейтіп*, босқа жүрген жандаймын (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

КӨБЕЙТКІШ з а т. м а т. *Белгілі бір санды еселей көбейтетін сан.* Көбейтілетін санды көбейгіш, көбейтетін санды *көбейткіш*, көбейткеннен шыққан нәтижені көбейтінді деп атаймыз (Арифметика). Көбейтіндіні *көбейткіштің* ешқайсысымен қосуға болмайды, бірдей өлшемді шамаларды ғана қосуға және азайтуға болады (О.Жәутіков, Математика.). Екі вектордың қосындысын үшінші векторға векторлық көбейту үшін оған әрбір *көбейткіші* жеке-жеке векторлық көбейтіп, нәтижелерін қосу керек (О.Әмірбаев, Аналит. геом.).

КӨБЕЙТТІР = е т. *Арттыру, молайттыру.* ≈Жылдан-жылға *көбейттірді.*

КӨБЕЙТТІРУ *Көбейттір етістігінің қимыл атауы.* Пенсиямды *көбейттіру* үшін осында – облысқа келдім (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

КӨБЕЙТТІРІЛ= е т. *Арттырылу, молайттырылу.* Мәлімет машинаға басылып, дайын болды. Неше дана етіп қайта *көбейттірілді* (З.Шүкіров, Қиын түйін).

КӨБЕЙТУ з а т. м а т. *Бір санды берілген көбейткіш қанша болса, сонша рет қайталап қосуды талап ететін арифметикалық төрт амалдың бірі.* Бақтыгүл екінші класта оқиды. Оқуын оқиды-ау! Бірақ әлі күнге *көбейту* кестесін де жөнді білмейді (Ә.Қалдыбаев, Шаншар атай).

КӨБЕЙТУ *Көбейт етістігінің қимыл атауы.* **1.** м а т. *Белгілі бір санды берілген көбейткіш қанша болса, сонша рет еселеу.* Бізде жеті аспап бар, сондықтан мынаны да жетіге *көбейту* керек (Қ.Исабаев, Соңғы.). Екі сандарға *көбейтуден* қате жіберген («Халық. мұғ.»). **2.** *Бір нәрсенің сан-сапасын өсіру, молайту, арттыру.* Әрқайсысының міндеті азды *көбейту,* көпті қуып жету, арта түсу (Б.Тоқтаров, Қыран.). Колхоз басқармасы сиыр санын *көбейтуге* тиіс (Ә.Жәмішев, Дала.). Мал басын *көбейтуіміз* керек (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Тек қана бақыт шапағын, Тек қана достық аңсаған. Қолымның сонау қатарын *Көбейту* үшін жан салам (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

Қуатын көбейту. *Күшейту, әлдендіру.* Тиісі қазақтың қағидасын жиып, қағида бойынша билерге іс еттіру еді, оны істеуге болмаса, билердің *қ у а т ы н к ө б е й т у* емес, азайту керек еді (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам).

КӨБЕЙТУШІ з а т. *Молайтушы, арттырушы,* Түсінуімше, одан жас революционерлерді қамтиды. Бұлар үлкен жорықтың қара *к ө б е й т у ш і л е р і* ғой, – деді Ғани (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы).

КӨБЕЙТІЛ= е т. *Арттырылу, молайтылу.* Әр вариантқа тән белгілердің сандық мәні вариант санына *к ө б е й т і л е д і* (К.Әбдіғаппаров, Қызық. физ.). Штаттан тыс инспекторлар екі есе *к ө б е й т і л і п,* олардың саны алпыс адамға жеткізілді («Қазақст. мұғ.»). Көмір, темір, мұнай өндіру *к ө б е й т і л е д і* («Халық мұғ.»). Қазіргі балалар бақшасының саны 25 есе *к ө б е й т і л і п,* мұғалімдер үшін 600 тұрғын үй салынады («Халық мұғ.»).

КӨБЕЙТІЛУ *Көбейтіл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Екі есеге *к ө б е й т і л у.*

КӨБЕЙТІНДІ з а т. м а т. *Екі не одан да көп санды көбейткенде шығатын нәтиже.* Егер салмақ пен күш ыдыстың табан ауданына түсіп тұр десек, оның қысымы меншікті салмақ пен су деңгейі биіктігінің *к ө б е й т і н д і с і н е* тең болады екен (К.Әбдіғаппаров, Қызық. физ.). Осы *к ө б е й т і н д і н і* бір-бірімен қосып, оны вариациялық қатардың жалпы варианттары санына бөледі (Жалпы биология).

КӨБЕЙТІҢКІРЕ = ет. *Көбейте тұсу, молайыңқырату.* ≈ Табысы *к ө б е й т і ң к і р е д і.*

КӨБЕЙТІҢКІРЕУ *Көбейтіңкіре етістігінің қимыл атауы.* Ендігі мәселе үй санын *к ө б е й т і ң к і р е у д е,* себебі он мың гектар жерді алпыс үйлі Жаманшұбар игере алмайды (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КӨБЕЙІҢКІРЕ= е т. *Көбейе тұсу, молайыңқырау.* Оқытушылар да *к ө б е й і ң к і р е д і* (С.Көбеев, Орынд. арман.). Іштерінен қорқыныштары *к ө б е й і ң к і р е с е* де, Танабайдың қатыны мен Мияш, Әбділда – үшеуі, екінші жағынан, сәл жайланыңқырап демалып қалды (С.Сейфуллин, Шығ.). Әкесі ұзақ ауырмаса да, соңғы екі-үш айдың ішінде қыңқыл-сыңқылы *к ө б е й і ң к і р е п* жүрген (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

КӨБЕЙІҢКІРЕУ *Көбейіңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Мал санының *к ө б е й і ң к і р е у і.*

КӨБЕЛЕ= е т. *Жағалап жүру, жиектеу.* Қасқыр қырдың астын *к ө б е л е п,* басқа отарға ойысты (Қ.Әжікеев, Саят). Керей, қайда барасың, Сырдың бойын *к ө б е л е п?* Сен қашсаң да, мен қойман, Арғымағым жебелеп (Үш ғасыр.). Күн төбеден ауғанда, Жаудың тобын қашырды; Балқаш көлін *к ө б е л е п,* Талай белден асырды (К.Әзірбаев, Шығ.). Мұны естіп батырлар, Қаптай атқа мінеді. Буырқанып, бұрқанып, Қаруын бойға іледі. Ат-тұрманын беріктеп, Тәуекел деп жүреді. Тау мен тасты *к ө б е л е п,* Ну орманға кіреді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

КӨБЕЛЕК з а т. з о о л. <лат. lepidoptera> **1.** *Түрлі түсті, жұқа қанатты, көгерісте ұшып жүретін кішкене жәндік.* Түйе боздап, қой қоздап, қорада шу, *К ө б е л е к* пен құстар да сайда ду-ду. Гүл мен ағаш майысып қарағанда, Сыбдыр қағып бұлаңдап ағады су (Абай, Тол. жин.). Ләйлі қыз үйде отырып күйіп-жанды, Айналды бір *к ө б е л е к* жаққан шамды. Шам менен көбелекке мұңын айтып, Өткізді кірпік қақпай ұзақ таңды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ебелек ұшпас елсізден, *К ө б е л е к* ұшпас көлсізден. Құла мидай шөлдерден Адам жүрмес жерлерден (Батырлар жыры). Қуалап кешке дейін *к ө б е л е к т і,* Мініп ап ағаш атқа зуылдайсың. Көңіліңде дәнеңе жоқ, қарның тойса, Өзіңе падишаның ұлындайсың (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жеңілтек, ұшқалақ, тұрақсыз.* Сен: «Сүй!» – дедің, талайды сүймедім бе? *К ө б е л е к* боп көп отқа күймедім бе? Тірілгенім болмаса, өлгеннен соң Мен талай күлден кебін кимедім бе? (М.Жұмабаев, Шығ.) Бұл дүние диірмендей бір дөңгелек, Бұрқырап өте шығар әлек-шәлек. Үмітпен «ханның қызын алармыз» деп, Өлетін отқа күйіп біз *к ө б е л е к* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қыздың көңілін *к ө б е л е к* көретін мінезден аулақ болыңыз (Ә.Әбішев, Пьесалар.).

Көбелек торғай. *Ергежейлі торғай.* (С.Қасиманов, Алтай.).

Көбелек түсті. *Көбелек өңдес, ала-құла.* Әне бір екеуі бірдей *к ө б е л е к т ұ с т і* көйлек киген (Ж.Өмірбеков, Замандасым).

Көзсіз көбелек. *Еш нәрсені аңғармайтын, ессіз.* Ебелек емес, ел едім Көр көз, *к ө з с і з к ө б е л е к.* Құғынның қуып тыққаны жырасы қысаң бір өзек (І.Жансүгіров, Шығ.). Жақсы мен жаманды әлі еркін айырып болмаған бала *к ө з с і з к ө б е л е к* сияқты ғой (М.Хасенов, Тұлпар.). Біреудің алдауына көніп, уысына түсе қалатын мен сонша немене, *к ө з с і з к ө б е л е к п і н* бе әлде есім жоқ па? (З.Ақышев, Жесірлер).

Қан көбелек ойнады [айналды]. *Шыр айналды.* Аңшының делебесін қоздырып, бүркіт көлеңкесі тіпті жуықта, бұталар басында, көз алдында *қ а н к ө б е л е к о й н а п* тұрып алды (М.Жұмағұлов, Қыран.). Үлкен бір

паркетті залда қыздармен *қ а н к ө б е л е к а й н а л ы п* билер ме еді? (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

Шыр көбелек айналды. *Дөңгеленіп айналды; біреудің не бірдеменің айналасынан шықпады, айналшықтап жүрді.* Қилы, қилы заманды Заманға сай адамды Салыстырып қарасам, Су мүйіз болған танадай *Ш ы р к ө б е л е к а й н а л а м* (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Ұзақ шауып, еті қызып, еліріп алған кері ат есік пен төрдей қарлы қылтадан өтпей үркіп, ауыздығымен алысып, *ш ы р к ө б е л е к а й н а л а д ы* (С.Жүнісов, Ақан сері).

Шыр көбелек айналдырды. *Шыр айналдырды.* Ұршықты алақанымен демеп қалады да, зулатып *ш ы р к ө б е л е к а й н а л д ы р а д ы* (С.Омаров, Дала қызы.).

КӨБЕЛЕКТЕЙ с ы н. *Көбелек сияқты, көбелек тәрізді.* Сынық қанат *к ө б е л е к т е й* отқа қалай күйермін (Т.Жароков, Шығ.). Баланың жаны қылдай нәзік, *к ө б е л е к т е й* ойнақы, оған әр нәрсе әсер еткіш (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Қазаннан қараңғыда Әли шығып, Белдерден бөденедей өтті бұғып, Көп жерді *к ө б е л е к т е й* жебеледі, Түлкідей түнде жортқан сайды қуып (О.Шипин, Дастан.).

Отқа ұмтылған көбелектей болды. *Жылтыраған қызығып елірді, есерленді.* Тоқта, балам, қызбаланба онда сен, *О т қ а ұ м т ы л ғ а н к ө б е л е к т е й б о л м а* сен. Таяз су да ерке өзенмен жарысқан Тым жарқырап көрінеді алыстан (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көзсіз [көзін алған] көбелектей. *Байыбына бармай, есерсоқтанып. К ө з с і з к ө б е л е к т е й* ұрынушы болма, бар сырыңды, бар күшіңді ішіңе жина (З.Ақышев, Ақбел). Саламат Достан, Сәруар, тірі жүрсең, Жылатпа жетімдердің ығын есіп. Сендер де *к ө з і н а л ғ а н к ө б е л е к т е й*, қалдыңдар қайғы суын белден кешіп (О.Шораяқов, Шайыр.).

КӨБЕЛЕКШЕ ү с т. *Көбелекке ұқсап, көбелек сияқты. К ө б е л е к ш е* ұшып-қонып жүрген біреу шығар (С.Омаров, Өмір.). *К ө б е л е к ш е* шыр айналуын көрдің бе? (С.Шаймерденов, Мінез). Жарық көрсе *к ө б е л е к ш е* қалбаң қағып бұрылған, Әлгі жігіт жұбайына ынтық еді Көріктің, Қайсар оның құрған торын тани кетті қырымнан (М.Шаханов, Ғасырлар.). Оның ноқта кимеген құлындай алаңсыз кісінеген жастығы, жазылмастай жараланған... жарыққа ұмтылған *к ө б е л е к ш е* тағат таппай шыр айналады (О.Бөкеев, Ән салады.).

КӨБЕЛІ с ы н. к ө н е. **1.** *Көбесі бар.* Бір жиырма мал беріп, Жалғыз өркеш нар беріп, Қиғыр қылыш, найза өткір Сатып алды арзан деп, *К ө б е л і* сауыт-сайманды (Ы.Шөреков, Исатай–Махамбет). **2.** а у ы с. *Мықты, берік.* Бұдырайған екі шекелі, Мұздай үлкен *к ө б е л і;* Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті Адырнасы шайы жібек оққа кірісті (Алдаспан). Сол топтан қалса Мәйке қыз, Тартып ап көшіп кетеді; Ақылға дария кең едің, Асқар таудай *к ө б е л і* (Айтыс).

КӨБЕЛІК з а т. *Жиек, жағалық.* Балықшы Ян мен үш бала жігіт кең, қара жолдың *к ө б е л і г і н* ала жатыр (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Есін жиса, өзі жолдың *к ө б е л і г і н д е й* арықта жатыр екен (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

КӨБЕН с ы н. *Аздап семірген, біраз оңалған.* Келіпті құдық басына Оны да от, шөл қуалап. Көмпісті *к ө б е н* дуадақ (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Мінген де атың дөнен-ді. Көкке тойған *к ө б е н*-д і Біз білмейміз Қаршеке-ау Төлеген мырза дегенді («Қыз Жібек»). *// Аздап семірген, оңалған адам.* Тесік өкпе, топырыш, Көрпілдеген *к ө б е н б і з;* Күйттесе келеді тоқып іш, Біз сайраған өнерміз (Б.Майлин, Шығ.).

КӨБЕНДЕ= е т. **1.** *Аздап семіру, оңала түсу.* Көбең көкке аузы тиіп *к ө б е н д е г е н* жылқы (ҚҰЭ). **2.** а у ы с. *Өз-өзінен ісініп-кебіну, мақтану.* Ақымаққа ақыл айтсаң, өлең дейді; Беймаза жанға жақпас өнер дейді. Кейбіреу үйінде зор, далада қор; Отырып от басында *к ө б е н д е й д і.* Мысалы, бұрынғыдан қалған мақал «Ат жүйрік жалғыз шапқан» деген дейді (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

КӨБЕНДЕЙ с ы н. *Көбен сияқты, көбен тәрізді.* Аудандық жер бөлімінің уақытша бастығы, көкке тойған *к ө б е н д е й,* біресе үркіп, біресе осқыра қарады битаныс бухгалтерге (Ж.Тілеков, Хинган асуы.). *// Көбен сияқты адам.* Қайтсең де маған, шырақ, теңелмейсің; Мен тұлпар, сен ғой торы *к ө б е н д е й с і ң.* Тартуым төрт құбыламда тұрғанында, Қалайша мені, Болман, жеңем дейсің? (Айтыс).

КӨБЕНҚҰЙРЫҚ з а т. ө с. <лат. cousinia> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын бір, екі және көпжылдық өсімдік. К ө б е н қ ұ й р ы қ т ы ң* Қазақстанның барлық жерінде кездесетін 56 түрі бар (ҚҰЭ). *К ө б е н қ ұ й р ы қ т ы ң* сабақтары жалаң немесе бұтақты. Шеті иректелген, тұтас жапырақтары кезектесіп орналасқан. Гүлдері қос жынысты, аталық жіпшелері бос жатады, тозаңқаптары түтік тәрізді өседі (ҚҰЭ).

КӨБЕҢ с ы н. **1.** *Аздап оңалған, азғана ет алған; көбен.* Күзден бері *к ө б е ң* семіріп, қоң біте бастаған бие қатты қиналып келеді (З.Ақышев, Ақбел). Кәрі-құртаңды сояды немесе *к ө б е ң*

тойыны бар, еті ояз малды сирек сойып, әр нәрсені аужал етеді (М.Әуезов, Ақын аға.). Енді жер кепті. Жазғытұрғы көкпен *к ө б е ң* семірген желқуық айғырлар қайта мінілді (М.Әуезов, Көксерек). **2.** *Тез семірген, еті бос.* Талғамай сөздің сауырын, Жайлайсың ылғи жауырын; Құр атқа қашан мінбексің, Қол үзіп қоңсыз *к ө б е ң н е н?* (К.Райбаев, Жаңа толғау). // *Еті бос тез семірген ат. К ө б е ң* мініс көтермейді, Мәстек жүріс көтермейді (Мақал). Мінгенде атың дөнен-ді, Көкке тойған *к ө б е ң-д і* (Қыз Жібек). **3.** а у ы с. *Әлсіз, әлжуаз, пысық емес.* Сөзімнің ошағына: «Уай!» демеңдер, Құр жүрген көптен бері *к ө б е ң* едім (Т.Ізтілеуов, Назым). Өзің тасымасаң, мына *к ө б е ң* жастарың мені лайға жарытатын емес (С.Талжанов, Сейфулла.). Дұрыс жетілмеген *к ө б е ң* ат әлсіз келеді (Шопан сырласы). Сыздық деген *к ө б е ң* кедей бар (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). **4.** а у ы с. *Борпылдақ, босаң.* Борпылдақ, *көбең* жер болғасын шығар: мына жарықшақтары алысқа ұшпады (С.Бақбергенов, Алтын).

Ала көбең. а) *Таң атар-атпас кез, алагеуім.* Самат ұйықтап кеткен екен. *А л а к ө б е ң н е н* оянып, дереу қағаз-қарындаштарына жармасты (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы). ә) *Ымырт жабылып, қараңғы түсе бастаған кез.* Кешкі *а л а к ө б е ң* уақыт еді, жар жағасынан фашистердің таңбасын көзім шалды (А.Лекеров, Түз гүлі).

Көбең кезі. *Малдың көкке еркін жетіп, қыс ауыртпалығынан сергіп, ішегі жел-құзы мен қалдық жынын тастаған шағы. К ө б е ң к е з і н д е* қойдың жүні шуаштанып, қылшығы майдаланып білінеді, малдың қылығы да өзгереді (Эксп. матер.).

Көбең қараңғы. *Күн батқаннан кейінгі кез.* Көк бөрінің *к ө б е ң қ а р а ң ғ ы д а ғ ы* жортуы бұл (Б.Аманшин, Жар мұңы).

Көңілі көбең. *Жадау, тұнжыр, жабырқаңқы. К ө ң і л і к ө б е ң,* көтермес сіркесі суды, Кісіқиіктей күнсізден іркесің сырды. Кеудесі қаптай жазғыштың ниеті жаман, Жазбаханасы етікші күркесі-сынды (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

Таң ала көбең тартты. *Таң атып келе жатты, таң сыз берді. Т а ң а л а к ө б е ң т а р т қ а н д а,* оларды (дүкенші мен қарауылшыны) үйлеріне қайтарып, Әмір дүкеннің орнына келді (С.Сарғасқаев, Сынған тіс).

КӨБЕҢДЕН= е т. *Сергу, жеңілдену.* Бір қонып, кір-қоңымызды жуғызып, аунап-қунап, Қарасазға *к ө б е ң д е н і п,* қайта қайтып келеміз (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

Таң ала көбеңденді. *Таң сыз бере бастады. А л а к ө б е ң д е н і п* келе жатқан таң сәулесін көк ала түтін, көтерілген тозаң бүркеді (А.Лекеров, Түз гүлі.).

КӨБЕҢДЕУ с ы н. *Семіздеу, оңалған.* Қарамыз қалай екен? Өзін биыл *к ө б е ң д е у* атап жүр еді ғой (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

КӨБЕҢДІК з а т. **1.** *Семіздік, ет алғандық.* Мінгенім астымдағы қоңыр дөнен, Азырақ *к ө б е ң д і г і* сұлы жеген, Танбайды сондадағы шабысынан, Әдейі жарысуға келген сеніменен (Айтыс). **2.** а у ы с. *Босаңдық, әлсіздік, осалдық. К ө б е ң д і г і ң* көрінді көлденеңнен (Қазақ. әдеб. хрестом.). Бұрын топ алдына түспеген тұмса жүйрік *к ө б е ң д і к* білдіріп тосырқап отыр (Қ.Жармағамбетов, Әнші–азамат).

КӨБЕҢСУ *Көбеңсі етістігінің қимыл атауы.* Көтермейді көлкуді, *к ө б е ң с у д і* Қаһарлы ойдан өрілген өлең сырлы; Қатал заманнан шыққан қайырымды жан Қара тасқа көктеген емен-сынды (Ж.Нәжімеденов, Мезгіл.).

КӨБЕҢСІ= е т. *Оңала бастау, ет алу, семіру.* Мінгеніміз ылғи кебек-ұшыққа *к ө б е ң с і г е н* шолақтардың тәуірі ғой (І.Жансүгіров, Шығ.). Көктемде *к ө б е ң с і п* қалған желқабыз тың тұяқтар жер дүбірлетіп, құйрық-жалымен жел ескенде, бағанағы қажығандық та, көкті шарлаған түз қыраны — қара бүркіт те біржола естен шығып кетті (Ә.Көшімов, Қарт аңшы). Қысылған жерде менің де Үмітім көп сендерден қалмас деп шылбыр тарта алмай, Көре алмай халқым сендерді – Көптен бері *к ө б е ң с і п,* қалыппын тоғым шайқалмай, Кешіріңдер кемісін Алжасы болса сөзімнің Ағат кеткен байқалмай (Базар жырау, Шығ.).

КӨБЕҢСІН= е т. *Өзін көбең санау.* Күн сәскеге келгенде, *К ө б е ң с і н г е н* төрт нарды Бабай түсте қашырды, Қашқаннан-ақ шоқ болды (Батырлар жыры).

КӨБЕРСІ= е т. *Ісініп көтеріле бастау, ісу.* Беті, қолы *к ө б е р с і п* ісінгендерге жарты тілім нан татырмады (М.Мырзақұлов, Ақық).

КӨБЕШІК з а т. *Үйілген кішкене шөп, кішкене шөмеле.* Олар (құм тышқандар) шөп жинап, әуелі *к ө б е ш і к т е р* жасайды, ондағы шөп құрғап кебісімен, індеріне тасиды (Б.Мұханов..., Қазақст. өсімдік.).

КӨБЕЮ *Көбей етістігінің қимыл атауы. К ө б е ю* аймағы – түрдің таралу аймағының дарақтар көбейетін бөлігі (мыс., жыл құстарының ұя салу аймағы, балықтар уылдырық шашатын өңірлер т.б.) (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Биология).

Көбею инерциясы. б и о л. *Популяциядағы дарақтар санының артуы. Көбею инерциясы* әдетте, бұдан соң популяциядағы дарақтар санының апатты түрде азаюына апарып соғады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Биология).

Көбею коэффициенті. б и о л. а) *1 мың жеке ағзаға немесе 1 мың аналыққа, не көбейетін дарақка шаққандағы туған дарақтар саны.* ә) *Өсім коэффициенті немесе табиғи өсімнің өзгеше жылдамдығы. К ө б е ю к о э ф ф и ц и е н т і* – шектеуші факторларды, негізінен, қоректік тізбектегі «жыртқыш – құрбан» немесе «паразит – паразит иесі» сияқты қатынастарды ескеріп, популяция мөлшерінің өсімі математикалық теңдеумен көрсетіледі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Биология).

КӨБЕЮШІ с ы н. *Молаюшы, ұлғаюшы. К ө б е ю ш і* клеткалардың тіршілігінің ұзақтығы интерфазаның ұзақтығына, яғни бөлінудің аралық кезеңдерінің ұзақтығына байланысты (Жалпы биология).

КӨБІК з а т. **1.** *Сұйық зат қайнағанда, шайқалғанда көпіріп бетіне шығатын жеңіл нәрсе.* Жер жүзін қан басқанда, *К ө б і г і* шығып аспанға, Жын жолдас боп адамға, Туралық, теңдік ұмытылып (М.Жұмабаев, Шығ.). *Көбігін* алып, уыз етті шымырлатып баптап қайнатып, енді бір қазанның басында қатындар палау басып жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көршіқолаң әйелдердің бірі шай демдеп, бірі қазанның *к ө б і г і н* алып жатыр (С.Мұратбеков, Жабайы.). **2.** *Малдың аузынан көпіріп шығатын сілекей.* Кебенек болған ешкінің аузынан *к ө б і к* ағып, бүкірейіңкіреп тұрып, бақырып-бақырып өліп қалады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Торы аттың аузының *к ө б і г і* Құрымбайдың жібек көйлегінің әр жеріне ақ таңба салыпты (Б.Майлин, Шығ.). **3.** *Ағын судың бетіндегі ақ түсті көпіршік.* Ақ Еділ, түсіме енген ақ шабыттай, А қ *к ө б і к* толқындары ақша бұлттай. Бозарып боз тұманнан кей кездерде Жатады жағасында тас мамықтай (С.Мәуленов, Алыс кет.). Мен суға сүңгігенде, ақ *к ө б і к* шықса, жақсы болғаны (Қаз. ертег.).

Ақ көбік. *Тез, қатты жүргенде, тердің сыртқа көпіріп шығуы.* Жігіттер едәуір ұзап кеткен екен. Қарынбай оларды Қостөбенің тұсында қуып жетті. Жирен қасқаның омырауы *а қ к ө б і к.* Еті енді-енді қызған-ау (М.Қуанышбаев, Кек қылышы). Суыт жүрістен астындағы атының *а қ к ө б і г і* шыққан (Ә.Әлішев, Батыр.).

Ақ көбік шашты. *Өзен, бұлақтар буырқанып ақты.* Ту төменде жан біткеннің асықтырып тағатын, *А қ к ө б і г і н ш а ш ы п* т ұ р ы п, Ақсу күліп ағатын (М.Шаханов, Ғасырлар.). Күзде теңіз *а қ к ө б і к ш а ш қ а н ы н д а й* Шұбарланса, Көк толқын астарындай. Қолдан бұғау, аяқтан кісен ашса, Құрманғазы түрмеден қашқанындай (К.Салықов, Жезкиік).

Аузынан [ақ] көбігін шашты. а) *Аузынан көпіріп сілекейі атқылады.* Ол қасқыр өтіп кетті қашуменен, *А у з ы н а н а қ к ө б і г і н ш а ш у м е н е н.* Бастаған малың шығар шығасыға, Мерт қылар біреуіңді ашуменен (О.Шораяқов, Шайыр.). Онан өтіп Төлеген Атқа қамшы басады, Тұлпардан туған көк жорға ат *А у з ы н а н к ө б і к ш а ш а д ы* (Қыз Жібек). ә) *Буырқанды, көбік атты.* Өне бойда шымырлап қаным тасып, Қоя берді жүрегім удай ашып. Анау жақта мені іздеп Тобыл жатыр, Ашуланып *а у з ы н а н к ө б і к ш а ш ы п* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). б) *Көп сөйледі, зіркілдеді. А у ы з д а р ы н а н к ө б і к ш а ш а д ы* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Ақырып *а у з ы м н а н к ө б і к ш а ш т ы м* (Ғ.Орманов, Сәт сапары).

Аузынан [аузы-мұрнынан] ақ көбік ақты. *Аурудың салдарынан қатты қиналды. А у з ы н а н а қ к ө б і к а ғ а д ы,* күйісі нашарлайды. Құрсағын ұстағанда, ол қолға тастай болып тиеді (Т.Телеуғалиев, Ет. эксперт.). Аттар қатты пысқырынып қояды. *А у з ы н а н,* танауынан *а қ к ө б і к а ғ ы п,* жерге мұз боп түседі (С.Бақбергенов, Адам.). Жұрынбай бір түн ішінде жынданып, *а у з ы н а н а қ к ө б і г і а ғ ы п* шыққан (С.Алдабергенов, Асу). Төрт бұрышты керменің арасында *а у з ы - м ұ р н ы н а н а қ к ө б і к а ғ ы п*, шала-жансар жатты (Б.Тоқтаров, Тауда.).

Аузынан нар бурадай көбік шашты. *Малдың аузынан көпіріп сілекейі атқылады.* Жолықты бір қасқырға атты қашқан, *А у з ы н а н н а р б у р а д а й к ө б і к ш а ш қ а н.* Жалынып жағдай айтып жылай берді, Басына баратқандай ұлап аспан (О.Шораяқов, Шайыр).

Езуінен көбігі ақты. *Діңкесі құрыды, әлсіреді, қалжырады.* Міне, ғажап, сорлы Енжарлық жерді тіреп төсімен, *Е з у і н е н к ө б і г і а ғ ы п,* талып жатыр есінен. – Біттім,– деді ол есін жиып,– көп мазалай бермеңдер, Мүмкін болса енді мені осы араға жерлеңдер (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көбік атты. *Көбік шашты, көбіктенді.* Қарғалы – қалың құйқа жердің аты, Шатқалы су замғаған өрдің аты. Ырысты, береке, құт ала келген Көгілдір әупілдегі *к ө б і к а т т ы* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көбік ауыз. *Көп сөйлейтін мылжың, көкіме.* Мақтаншақ, *к ө б і к а у ы з* көкіме қыз, Түсіңнің жаңа білдім сары екенін (Айтыс). Есі дұрыс адам Әйкен тәрізді көкдолы, *к ө б і к а у ы з,* өсекшіл қатынмен сырлас болар ма? (С.Бақбергенов, Кентау). Көбі – *к ө б і к а у ы з,* көз құрты тойғанша, аспандағы айды да алып берем дейді (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). *//Көп*

сөйлейтін мылжың, көкіме адам. Қарада оңбаған, қарда оңа ма? – деп, «Қызылқия» мектебін сырттан келеке етіп жүрген *көбік ауыздарды* да көрдік (С.Омаров, Өмір асу.). Шолпан оған білдірмей басын шайқады да: – Жоқ. Мен сөйлескенім жоқ. Сөйлесуге реті келмеді, үйінде ағайынды *қос көбік ауыз* отыр (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Көбік езу. *Көп сөйлейтін мылжың, көкіме.* Айнытпастан танығаң ақ-қараны, Осы бір жан өзіміздей боп барады. Неден секем алды екен, сақтанады?! Көңіліне көлеңке түсірді ме, *Көбік езу* біреудің даттағаны?! (М.Мақатаев, Шығ.). Көз алдымда тұр менің, Көріп тұрмын... бесігінен баланың, есігінен түрменің, Көріп тұрмын қара свастика. Иегінен *көбік езу* шешеннің, жиегінен мінбенің (М.Мақатаев, Шығ.).

Көбікке көмілдірді. *Көбік шашты, көбік атқылады.* Әлде жорған тайпалтар көшке мініп, Күміс тұрман *көбікке көмілдіріп*? Әлде алдынан келмей ме жел жетпесің, Ұлы топта ұрандап дүсір қылып? (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Көбік қар. *Жаңа жауған, әлі қата қоймаған, жұмсақ, үлпа қар.* Мына *көбік қармен* біраз қыр асып, бой жазып қайтпаймыз ба, балам? (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). Кеше ғана түскен *көбік қар* енді соқталанып, ауыр тартады (С.Шаймерденов, Өмір нұры). *Көбік қар* тіпті қалың түсіп қалған екен (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Шаттанды соны жерге жеткеніне, Құлаштап қойларының тепкеніне, Қой айтты деген сөз бар «*көбік қармен* Бір тойдым көктеменің көктемінде» (О.Шипин, Дастан.).

Көбік май. *Жаңа пайда болған, көбіктенген май.* Алдағы ұзақ сапарға жетер күш-қуат, май жинайды. Бірақ ол да біледі бірдеңені. Бойына біткен *көбік майдың* әбден қатуын күтеді (М.Тоқбергенов, Жыл он екі ай).

Көбік өкпе. *Ештеңеге икемі жоқ, шалағай, ісіп-кеппе адам.* Жақсы оқып, зеректігін танытқан, Жолдас түгіл молданы ақыртқаны. Піскен бас, *көбік өкпе* бай баласын, Таң қылды сөйлесе естен жаңылтқаны (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Көбік сөз. *Бос сөз; мылжың, пәтуасыз сөз.* Сені өсектеп, жұрт оны айтып, мұны айтып, Қайдағы-жайдағыны молайтып; Әйдай келіп, көпіртеді *көбік сөз,* Содан сен бір кететіндей өліп тез (М.Әлімбаев, Көңіл күйі). Сен көп *көбік сөзді* қайтесің? Бәрін де уақыт көрсетеді ғой («Лен. жас»).

Көбік шашты. *Көбік атты, буырқана атты.* Тілдесетін тек қана аспан, Құлап сонау биік құздан; Тентек өзен *көбік шашқан,* Тудым, – дейді, – көкше мұздан (Қ.Жармағамбетов, Дәурен). Төменде көк толқындар *көбік шашқан* (Т.Жароков, Таңд. шығ.).

Көзінен көбік атты. *Ағыл-тегіл жылады. Көзінен көбік атып* жасын құйып, Тәкаппар тау біткенге басын иіп. Жасылкөл тербеледі, теңселеді, Жағаның жатқан ұйықтап тасын сүйіп (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Көпсіме көбік қар. *Жаңа жауған, әлі жел қағып қатпаған еспе қар.* Қалсын есте: ақ түтек басылғаны Бұлт жер ауып, аспанның ашылғаны, Көл-көсір ғып *көпсіме көбік қарды,* Бу аттырып күннен нұр шашылғаны, Ақ отауға ақ сәуле асылғаны. Түңілікті жеңешем түріп тастап, Көлеңкені төрінен қашырғаны. ...Арымағай-ашпағай, асылдарым!!! (М.Мақатаев, Шығ.).

Қанды көбік. *Қан араласқан көбік.* Ауыр жаралы екі езуінен *қанды көбік* көрініп, өкпесі сырылдап, демін екі иінінен алып, қиналып жатыр екен (Ж.Тәшенов, Алғашқы.). Тұлпар туған құлаша ат Аяғын топ-топ басады, Аузынан жануар *Қанды көбік* шашады (Батырлар жыры).

Қанды көбік жұтқызу. *Қанға бөктіру, қан қақсатуы.* Олар да көп ұзамай жетті келіп, Жауларды танып қалды Есет көріп. Сол жерде жөнеп берді қолды бастап, Жауларға *жұтқызуға қанды көбік* (О.Шипин, Дастан.).

Майлы көбік. *Май араласқан көбік. Майлы көбік,* қара қошқыл, шуда жал, Тепловоздың жүрген жолы суда бар (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.). Күрпілдеген сүттің *майлы көбігі* Күлдірейді, дөңгелейді иірім (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

КӨБІКСІЗ с ы н. **1.** *Көбігі жоқ.* ≈ *Көбіксіз* су. **2.** а у ы с. *Еш нәрсе қоспай, әсірелемей.* Қарапайым айтсын, қадалып айтсын ол, әйтеуір, көңіліндегісін *көбіксіз* жеткізеді («Қаз. әдеб.»). Сергей Петрович кең тұрып, *көбіксіз,* бұлдырсыз жұмыс тілімен жағдайды дәл ескертті де, сағатына тағы бір қарап, орнына отырды (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

КӨБІКТАСТЫ: көбіктасты конус. г е о л. *Негізінен көбіктастан тұратын конус пішінді шағын жанартаулық құрылыс.* Кейде *көбіктасты конуста* көбіктас қабаттары жұқа күл қабаттарымен астасып жатады. *Көбіктасты конустың* мысалы: Тиррен теңізіндегі Липар аралының Пелато жанартауы (Қаз. тілі термин. Геология.).

КӨБІКТЕ= е т. *Өсіру, дандайсыту.* Әкем дертінен ғана айықпай, осы Таңатар асуының үстінде көкірегін *көбіктеген* мансап желігі – пендешіліктің көп-көп ыртың-жыртыңымен де қоштасқан екен-ау (О.Бөкеев, Қайдасың.).

КӨБІКТЕЙ с ы н. **1.** *Көбік сияқты, көбік тәрізді.* Бәрі де *к ө б і к т е й* семіп, түтіндей сейілді (К.Туғанбаева, Алтын.). Толқынды толқын қуалап, Жарысар бейне еліктей, Жүзеді қалқып домалап, Бетінде судың *к ө б і к т е й* (К.Шілдебаева, Қыз көңіл). Аспанды теңіз десеңіз, Ақ бұлттар жүзген *к ө б і к т е й;* Тауларға жиі келсеңіз, Тұрмайсың бір күн желікпей (Х.Талғаров, Шыңда.). **2.** а у ы с. *Бос, мәнсіз. К ө б і к т е й* көп уәдеден тобықтай тындырымды іс артық (Ә.Жәмішев, Дала.).

КӨБІКТЕН= е т. **1.** *Судың көбіршіктеніп, көбік атуы.* Бекеттің арқасын қауып қалған толқын екі жағынан ақ *к ө б і к т е н і п,* бұрқ-бұрқ шашырайды (Тұлпар). Сырдария ақ *к ө б і к т е н і п* шалқып жатыр (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). **2.** *Тер басу, зорығу, титықтау, діңкелеу.* Аттар Көкшенің шоқтығына ақ *к ө б і к т е н і п* әрең көтерілді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Перісі әбден түсіп беріктеніп, Өзіне аруақ қонып желіктеніп, Жазылып жауырыны, қолы ұзарып, Қан төгіп қалай қырса еріктеніп. Бурадай ақпандағы тісін қайрап, Ағарып омырауы *к ө б і к т е н і п* (Ә.Найманбаев, Шығ.).

КӨБІКТЕУ с ы н. *Мәнсіздеу, маңызсыздау.* Әр ақын сөзін зор зейінмен тыңдап, қошеметшіл, *к ө б і к т е у* сөзді қабағымен тыйып тастаңқырап отырды (І.Омаров, Шабыт.).

КӨБІКТІ с ы н. *Көбігі бар, көбіктенген.* Қара қасқа атты Қамбар-ай, Қара атыңда жал бар-ай; Біздің үйге түсе кет, *К ө б і к т і* саумал іше кет (Қамбар батыр). *К ө б і к т і* күміс бір селмін, Кетер сені сел соғып, Сасықты сендей басармын, Басыл, жаным, көпірме (М.Жұмабаев, Шығ.). Тұрмыс – дауыл тербетеді кемені, Не көрсе кемедегі көнеді; Арпалысқан ақ *к ө б і к т і* теңізден Әлде шығад, әлде батып өледі (М.Хакімжанова, Таңд.). Алатау да, оның етегіндегі тұнған алма бақ та, ақ *к ө б і к т і* буырқанған Бүргендінің суы да сен екеумізге қызыға қарап, тамашалап тұрғандай (Ш.Құмарова, Қос шынар).

КӨБІКШЕ[1] з а т. а н а т. *Көбік тәрізді ұсақ қуыстар.* Өкпе *к ө б і к ш е л е р і н* өте ұсақ капилляр орап жатады (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

КӨБІКШЕ[2] ү с т. *Көбікке ұқсап, көбік секілді.* Ар мен ұятты аяғына таптап, *к ө б і к ш е* көпіріп, жыланша жиырылады (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

КӨБІНЕ ү с т. **1.** *Көбінесе, көпшілігінде, көбісінде.* Қарт айтты:– Балам, жеке жүрме,– деді, – *К ө б і н е,* әсіресе, түнде,– деді. – Бұл иттің ұры-қары жолдасы көп, Ағашқа я қамысқа кірме,– деді (О.Шипин, Дастан.). Адамбыз ғой, сондықтан да қателесіп жатамыз, Кейде түн боп түнереміз, кейде таң боп атамыз, О, тәйір-ай, жасты қара, жасты қара көздегі, *К ө б і н е* біз кінәлауға бейімдеуміз өзгені (М.Шаханов, Ғасырлар.). Бар ішінде жүйкесі тозғандары, Әділетке саусағын созғандары. Бірақ, бірақ... *К ө б і н е* өз шаруасы, Бірақ, бірақ... Көбіне өз қамдары! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Суы мол жерде еркін өскен тұқымды Бетпақдалаға әкеліп еккенде, ол *к ө б і н е* жергілікті жағдайға төзімсіз болады (А.Балтабаев, Шөлде). **2.** *Көпшілігіне, бір қатарына.* Білместігімнен қылдым дегеннің *к ө б і н е* нанбаймын (Абай, Тол. жин.).

КӨБІНЕКЕЙ ү с т. с ө й л. *Көбінесе, көбіне. К ө б і н е к е й* үлкендер қанша жұмыс істесе, олар да сонша жұмыс істеді («Халық мұғ.»). Мақал-мәтелдер *к ө б і н е к е й* қос тармақтан құралады (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Мақал-мәтел жинақтары *к ө б і н е к е й* осы тақырыптық принциппен топталады (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

КӨБІНЕ-КӨП ү с т. *Көбінесе, көбіне, көптен-көп.* Тілді *к ө б і н е-к ө п* өмірден, халықтан үйрен, қазақша кітаптарды көп оқы (С.Омаров, Өмір.). *К ө б і н е-к ө п* өз құлағының тыныштығын ойлайды (А.Жақсыбаев, Бозарал). Жабайы мысық – мәлін *к ө б і н е-к ө п* жыңғыл арасында, сулы да қоғалы жерлерде жиі ұшырасып отырады, мәлін бұта-бұта шишоқпыт арасымен жасырынып келіп, тоқтыторымға шабудан да тайынбайды, ал қозы, лақ секілді ұсақ малды алып қашудан да айылын жимайды («Қаз. әдеб.»).

КӨБІНЕСЕ ү с т. *Көбіне, көпшілігіне, көбінекей. К ө б і н е с е* ән басы келеді ашы, «Кел, тыңда!» деп өзгеге болар басшы. Керім толғап, тауысар қоңыр-күңгір Сол жеріне ойыңмен араласшы (Абай, Тол. жин.). Талаптың ішінде адам баласы *к ө б і н е с е* басына кәдір іздеп, сол талапта болады (Абай, Тол. жин.). Сенің қоңыр қодығың *к ө б і н е с е* жекерек жүреді (С.Бегалин, Уақыт.). *К ө б і н е с е* жаңа ойындар ойналады (С.Омаров, Өмір.).

КӨБІНШЕ ү с т. *Көбінесе, көбінекей. К ө б і н ш е* түн ішінде ай жарықта ойналады (М.Дулатов, Шығ.). Өмір құбылыстарын Бейімбет *к ө б і н ш е* адам арқылы береді (І.Омаров, Шабыт.). *К ө б і н ш е* оған аса көңіл бөлмейсің, Бөлсең де онын терең сырын көрмейсің. Сондықтан да көп жағдайда қасында Жан сыры мол жан жүргенін білмейсің (Т.Айбергенов, Мен саған.). Өйткені Құнанбай ауылынан Қарқаралыға қарай шығатын топ-топ жылқы, түйе *к ө б і н ш е* осы Алшынбай ауылына барушы еді (М.Әуезов, Абай жолы).

КӨБІР з а т. к ө н е. *Көң, қи.* Егер жер қыртысы тозса, оған малдың *к ө б і р і н* (көңін) салып, құнарландырған дұрыс («Айқап»).

КӨБІРЕК с ы н. *Молырақ, толығырақ, көптеу.* Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңілді пысықтандырмақ үшін залалды емес, *к ө б і р е к* бахас адамды түземек түгіл, бұзады (Абай, Тол. жин.). *К ө б і р е к* білу үшін, ең әуелі жаныңдағы жақыныңды танудан бастаған жөн шығар (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Сағыныш! *К ө б і р е к* жүріп кеттім-ау деймін көшеңнен, Көбірек тартып кеттім-ау деймін кесеңнен. Артық та болар ма екен-ау осынау зымыран жылдар ішінде Күн сайын сені жүз рет көрдім десем мен! (Т.Айбергенов, Мен саған.). Жағдайды салмақтап, Жолдасқа шағынбай, Жосықсыз жалбақтап, Жаманға жағынбай, Көзіңді ісірмей, Күнәңді жасырмай, Құныңды түсірмей, Бағаңды асырмай, Өліспей, Беріспей, Дүние құрамай, Кеміне келіспей, *К ө б і р е к* сұрамай, Жүруге бола ма? Меніңше, болады! Көңілге қона ма? Меніңше, конады! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

КӨБІРЕКТЕУ с ы н. *Молырақтау, көптеу.* 35-пен емес, басқа статья бабымен сегіз жылға кеттім. Әрине, бұл *к ө б і р е к т е у* (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Шабуылшы жақтың тастап кететіндері *к ө б і р е к т е у* (І.Есенберлин, Қаһар).

КӨБІРСІ= е т. *Шамалы құрғау, кебу.* Жәкеннің даусы қарлығыңқырап, таңдайы *к ө б і р с і г е н д е й* жарықшақтана естілді (А.Сейдімбеков, Ақиық).

КӨБІРШІК з а т. *Көпіршік, көбік.* Су бетінде тербетіле қалқыған *к ө б і р ш і к т е р* құлама жарға соғып, гүр-гүр еткен күйі қорылдаған иірімге сүңгиді де, әп-сәтте ғайып болады (О.Бодықов, Бұлбұл).

КӨБІРШІКТЕН= е т. *Көбіктену; көпіршу.* Сарғыш түсті шампан ақ *к ө б і р ш і к т е н е* тасып жатты (С.Алдабергенов, Қанат.).

КӨБІСІ з а т. с ө й л. ***К ө б і.*** Қазіргі психология, педагогика ғылымдары да адамның мінез-құлық, белгілерінің *к ө б і с і* жас кезінде қалыптасатынын дәлелдеп отыр (Ш.Әмірәлиев, Жақсы мінез). *К ө б і с і н* машина жуғызуға алып кетті (Т.Тобағабылов, Тағдыр.). Бұлт көшіп, жел кеулеп, Күз түсіп келеді... Кеп-кеше... келгенде – Достарым көп еді. *К ө б і с і*... бөктерде.. Көбісі жаралы... Күздегі шөптердей Азайып барады... (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Түсіндім көп нәрсеге, жетті көзім, *К ө б і с і* көлгірсітіп, етті мезі. Енжарлық пен егделік қарайды, әне, Нұрсыз, түссіз тұнжырап етті көзі, Түсіндім, елегізер кетті кезім (М.Мақатаев, Шығ.).

КӨГАЛ з а т. **1.** *Көк шөпті шалғын жер.* Шырылдауық шегіртке Ыршып жүріп ән салған. *К ө г а л д ы* қуып гөлайттап, Қызықпен жүріп ән салған (Абай, Тол. жин.). Ол жылы Бақтыбай да, Жақсыбай да өліп, былтыр Марияның шешесі және өліп, Әділдің ұрын бара алмай жүргені сол болатын, – деп кәрі Шыңғыстау үнсіз сөзін аяқтады да, Әділ мен Марияның қосылғанына бойы балқып, қолтық шабы сияқты *к ө г а л* өзектерін дымқыл шық басып, тершіп, көзі бұлдырап, мұнар тартқандай болды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Тарбағатай жотасынан созылып түскен әрбір салалардың арасы сайын сарқырап аққан бұлақ жағасындағы *к ө г а л* жер, жырақтарда ақ боз үйлі қазақ ауылдары еді (С.Торайғыров, Шығ.). Сен барсаң таңғы шығында барлық *к ө г а л д ы ң,* Аяулым менің, аспандай дарқан кең алдың! Сен болып бүгін күркірейді асқақ даусымен Толқыны Ганга, Неманның. Көзімнің алды мұнартып жүрген кезде мен Сені оқып қанша дем алдым! (Т.Айбергенов, Мен саған.). **2.** *Сәндік, спортық немесе арнайы (аэродромдар т.б.) мақсатта өсірілетін шөп жамылғысының үлескісі. К ө г а л* эстетикалық және фитомелиоративтік рөл атқарады (атмосфера құрамын жақсартады – ластанудан тазартады, оттек пен фитоциттерді бөледі, ылғалдылықты жоғарылатады) (Қаз. тілі термин. Биология). **3.** ө с. <франц. gazon> *Елді мекендерде егілетін жасанды көпжылдық шөп.* Сапасы жоғары *к ө г а л* өсіру үшін шөптің арнайы сорттары қажет (Қаз. тілі термин. Биология).

КӨГАЛА з а т. *Адам денесіне көк таңдақ болып шығатын ауру.* ≈ *К ө г а л а м е н* ауырды. *// Көгала ауруы келсін деген мәндегі қаратпа.* Ойбай-ай, *к ө г а л а-а й!* Тағы неменеге соқ болғасың! (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Әй, *к ө г а л а,* кімнің үйі ол, айтшы қарыспай! – деп, – бір жағы ыза болып, бір жағы күйе сұрайды (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

КӨГАЛАЛЫ с ы н. *Алуан түрлі, әртүрлі (жылқы туралы).* Бір қырында қалып бара жатқан *к ө г а л а л ы* көп жылқы қосында жүрген екі-үш жылқышының бірі бөлініп шығып, бұларға қарай көлденеңдей құлаған (К.Сегізбаев, Беласқан).

КӨГАЛДАЙ с ы н. *Көгал сияқты, көгал тәрізді.* Жан дүниесі құйын үйірген *к ө г а л д а й* үйпа-түйпа, бейберекет (А.Мекебаев, Жезтырнақ). Құйын соққандай ұйтқып, шалғы жүрген *к ө г а л д а й* жусады (А.Лекеров, Қырда.).

КӨГАЛДАН= е т. *Көк шөп өсу, жасылдану.* Кейбір *к ө г а л д а н ы п* жататын саяндарынан,

қырдың аңы суды тұяғымен тарпыған шұқанақтан да іше береді деседі (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

КӨГАЛДАНДЫР= е т. *Көк шөп өсіру, жасылдандыру.* Әнеугүні бәріміз де көшемізді *көгалдандырайық* дестік (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Су сеуіп *көгалдандырып* тастаған сияқты («Лен. жас»). Жастар завод пен ферма орталықтарын *көгалдандырып,* ағаш егуде де көп жұмыстар жүргізуде (Қ.Серікбаев, Қастек).

КӨГАЛДАНДЫРУ *Көгалдандыр етістігінің қимыл атауы.* Қала маңын *көгалдандыру* мәселелері күн тәртібіне қойылып отыр (Е.Жамалбеков, Суармалы). *Көгалдандыруға* жұмсалған қаржы халыққа, оның денсаулығына зор пайда келтіреді (Ө.Орынбаев, Қазақст. орман.). *Көгалдандыру* ісі қолға алынды (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.).

КӨГАЛДАНДЫРУШЫ з а т. *Орта сапасын жақсарту үшін елді мекендегі және оның айналасындағы бос жерлерге мәдени не жабайы өсімдіктер өсіруші.* Жол бойын *көгалдандырушылар* үшін қазір ең қарбалас шақ болса керек еді («Лен. жас»).

КӨГАЛДАНДЫРЫЛ= е т. *Орта сапасын жақсарту үшін елді мекендегі және оның айналасындағы бос жерлерге мәдени не жабайы өсімдіктер өсіру.* Курорттарды, демалыс үйлерін, балалар лагерьлерін орманның ішіне не *көгалдандырылған* жерге орналастырады (М.Ахметов, Егін.). Колхоз *көгалдандырылған* (С.Қаженбаев, Балық кәсіп.). Бізде ағаш егілмеген, *көгалдандырылмаған* бірде-бір бұрыш жоқ деуге болады (Ж.Жанарыстанов, Бұзақылық.).

КӨГАЛДАУ с ы н. *Көгалы молдау. Көгалдау* бір төбенің етегіне қойымды қайырып тастап, шалқамнан түсіп, көшкен бұлтқа қарадым (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ). Бір мезетте ол атыз жиегіндегі *көгалдауға* жерге отырды (С.Алдабергенов, Алға.). *Көгалдау* жер екен (Е.Домбаев, Ғашықтық.).

КӨГАЛДЫ с ы н. *Көгалы мол.* Түйетабан *көгалды,* сазды жерге шығатын көп жапырақты, тікенекті, ортасында үлпілдек мамығы бар өсімдік бейнесінде берілетін өрнек (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Тау қоршаған *көгалды* ойпаңның ортасына оя тігілген он шақты ақ үйдің айналасы ығы-жығы адам (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). *Көгалды* шалғын, жалбыр жапырақты ағаштар табиғатқа рең беріп, көз тартардай (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім.).

КӨГАЛЖЫМ с ы н. *Көкшіл.* Тарасенко мені *көгалжым* көзімен бір ғана шолып өтті де: – Қайда болса да өзіміздің бөлім емес пе? – дей салды (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты).

КӨГАРШЫН з а т. с ө й л. ***Көгершін.*** Біздің үйдің төбесінде бір күндері қос *көгаршын* пайда болды («Қаз. әдеб.»).

КӨГАРЫШ з а т. *Көк шөп, көгеріс.* Күй боп енер сезімге Көл жағалай *көгарыш;* Мұндай жердің өзінде еңбек ету – демалыс (А.Асылбеков, Көкорай.).

КӨГАШ з а т. *Ашық түсті кірді әрлендіру үшін пайдаланылатын көк бояу.* Ақ кірді жуып, шайқап болғаннан кейін, *көгаш* араласқан суға малып алады (Ауызекі).

КӨГАШТА= е т. *Көк бояуға салу; көк бояуға малу. Көгаштап* жуған боз көйлегінің етегі аттың қапталдығында ағарады (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл.).

КӨГӘЛЖІМ с ы н. с ө й л. ***Көгалжым.*** Қабақтары түюлі, үсті-бастарына қарамай, *көгәлжім,* сарғылт бояулар жұққан, шалбар тізелері бұлтиып кеткен жұмыскерлер мана, күн шықпай, өткен (Ғ.Мүсірепов, Достық.). *Көгәлжім* судың стақаны үш тиын болатын не жөні бар? (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

КӨГЕБАЙ с ы н. *Көкшіл, көгалжым.* Шабданбектің судыраған *көгебай* шапанының қара ала жібек патсайы әдібі қайырылып, қара шұға бешпеттің қара ала күміс түймелері жалтырап тұрды (С.Сейфуллин, Шығ.). Үстіндегі *көгебай* шапанын желбегей салып, ала бешпентінің қара ала күміс түймелерін жалтыратып, астындағы шабдар атын омыраулатып, Жантайлардың тобына кірді (С.Сейфуллин, Шығ.).

КӨГЕН з а т. **1.** *Қой, қозы-лақтарды мойындарынан байлау үшін бұршақтар тағылған, бір ұшы түйілген, ұзын жіп, арқан.* Қой-қозының беймаза ызыңы басылып, *көген де* жалғыз-жарым лақтар ғана шырылдайтын мезгіл болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Көген* – жерге керіп байланып, бірнеше бұршақтар өткізілген, лақ, қозы байлайтын (көгендейтін) жіп, арқан (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). *Көгенінен* ағытылған бөрте лақ-қошақандарымды айдап, бау жаққа таман жүремін (Ж.Аяшев, Алақан). Ауылдың қозылағы *көгеніне* қарай жүгірді (Қ.Сәрсекеев, Кілт.). Қораға қой толтырды ма? Қозы да көп *көгенде.* Жоғарыда жел тұрды ма, Дауыл болмақ төменде! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** а у ы с. *Бұғау, қыспақ.* Жанарымнан Өмір деген *көгеннен,* Жаңа түгіл, Тыс қалған жоқ көнеңде! Ұлдарымның маңдайынан сипайтын Уақытты да арнадым мен өлеңге! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Көгенін үзді. *Басымдық етті, жеңді.* Бағына Базартөбенің Базарлы екен совхозы. Жоқтықтың *үзген көгенін* Майталман еңбек – бақ, кезі (Ж.Молдағалиев, Шығ.).

Көген көзденді. *Телмірді, байлаулы жандай қолға қарады.* Сатай Бұзаубаққа: – Сен жазықсыз бүйтіп ұра берсең... қатыннан айырыласың, сонсоң *көген көзденіп* (С.Сейфуллин, Шығ.).

Көгеннің бұршағын мойынға салды. э т н. м и ф. *Тәңірге жалбарынды, Тәңірден тіленді.* Ұлы Қорамсадан көпке шейін бала болмаған соң, Жарқынбай бәйбішесі һәм тоғыз қызымен *Көгеннің бұршағын мойынына салып* Тәңірден немере тілейді (М.Жұмабаев, Шығ.).

Көген тастам. х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. *Көген бойы, жақын.* Қайтып еңсе жиғанша, туысқандары қорқыныштан есі кеткен киіктерге *көген тастам* төніп барған-тын (К.Ахметбеков, Сый орамал).

Көген көз. *Өңкей қыршын, өрім жас.* Тәнеке қолымен жігіттерді көрсетіп: Міне, мен! Мына тұрған *көген көздің* бәрі мен! Жылап келген тағы мен, жылатушы тағы сен, Қыдырбай (М.Әуезов, Шығ.). *Көген көзді* қосақтап, Қалай қиып береміз (Жамбыл, Шығ.). Ауылда жаутаңдап күтіп отырған *көген көздерім* аз емес (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

Көгендерің көбейсін! э т н. *Қой қоздап, ешкі төлдеп жатқан кезде көгенің қозылы болсын деген мағынада айтылатын ізгі тілек.*

КӨГЕНБАС з а т. э т н. *Күйекте ең алғаш туған марқа қозы, лақтың атауы.* Күйекте алғаш туған төл – *көгенбасының* терісі де, жүні де киелілер қатарына саналады. Қойдың алғаш қырылған жүнін алып, балалардың мойынына тағатын болған (Қаз. әдет-ғұрып.).

КӨГЕНДЕ= е т. **1.** *Көгенге байлау, көгенге ілу.* Сауар алдында қойды *көгендейді* де, үш тәсілмен сауады (Р.Әбуғалиев, Қой өсірушіі.). Жатарда бір жағына ешкілерімізді *көгендеп* қоямыз (К.Әзірбаев, Аңыз.). **2.** а у ы с. *Қатарластыра тізу, қатар отырғызу.* Қалған көп баланы қой қылып *көгендеп* қояды (М.Дулатов, Шығ.). Көз алдында *көгендей* тізіліп отырған әншілерді кісіге есептеп отырған ол жоқ. Бірақ асқақтық мінездер де көрсетіп жіберді (М.Тоқжігітов, Ән атасы.). **3.** а у ы с. *Бірге тізімдеу, тіркеу.* Жұрт жанымен қайғыланып жылап жатқанда, әй, жалмауыздар-ай! Осындай күнде де қақсатқанын қоймады-ау! Өңкей жасты *көгендей* тізіп әкеткенде елді жетістірер! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көгендеген қойдай [қойға ұқсап]. а) *Тізіп байланғандай.* Біз *көгендеген қойға ұсап,* мұрынды тарта түсіп, Әйтелес үйінде надан молдадан надандық оқып отырмыз (Ғ.Мүсірепов, Тол. шың.). ә) *Сыпыра, тұгелдей. Көгендеген қойдай* қырып салыпты (Ауызекі).

КӨГЕНДЕЙ с ы н. *Көген сияқты, көген тәрізді.* Әрбір оқиғаны *көгендей* ағытып отыр (М.Дүзенов, Әке.).

Көгендей көзі жаудыраған. *Жаутаң-жаутаң еткен, жаутаңдаған (жас).* Бұл *көгендей көзі жаудыраған* жарлы ауылдың қара домалақтарын қиды ма? (С.Ақтаев, Дала.).

КӨГЕНДЕЛ= е т. **1.** *Шырмалу, босай алмау.* Жігіт жаңа, Нұрғайша келердің алдында, бір қиын формулаға *көгенделіп* отырып, ақыры, ілгері оқи бастап еді (Т.Нұртазин, Адам.). Сол үмітпен жүргенде *көгенделіп,* Бір жағынан жәрдемге өлең келіп, Қайта алып ұшады мені аспанға, Үйірілгенде кейде бір төбемде бұлт (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** *Тізімге алыну.* Жасалып жатты көп тізім Бай мырзасы шет қалып, *Көгенделіп* мойнынан Кедей, жалшы топталып (О.Шипин, Дастан.). Үйінде бағар малы жоқ, Барар жер, басар тауы жоқ, *Көгенделген* бар кедей Жазылған қара жұмысқа, Кәрі демей, жас демей (О.Шипин, Дастан.). Әлсіздердің балалары қозыдай *көгенделіп,* қан майданға еріксіз айдалатын болып жатты (Ә.Әбішев, Армансыз.).

КӨГЕНДЕН= е т. *Тағылу, қадалу.* Алтын кесте неше қиян зерленіп, Армандардың асыл кейпі мөрленіп; Көмкеріліп, *көгенденіп* жатады; Бар сұлулық бір саусақта жөрмеліп (Е.Ибраһим, Гәкку).

КӨГЕНДЕС= е т. *Бірге көгендеу.* Әжем балалармен қосылып, қозы-лақ *көгендеседі* (Ө.Қанахин, Жер бас.).

КӨГЕНДЕТ= е т. *Көгенге тіздіру, көгендегі бұршаққа байлату.* Кебекбай қозыны *көгендетіп* қояды (К.Әзірбаев, Аңыз.).

КӨГЕНДЕУ *Көгенде етістігінің қимыл атауы. Көгендеу* – көгендегі бұршаққа байлау, қатар-қатар тізіп байлау (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Лақтарды ертерек *көгендеу* керек (К.Қазыбаев, Ызғар).

КӨГЕНДЕУЛІ с ы н. **1.** *Көгенге байлаулы, көгенге ілулі. Көгендеулі* төлдей домаланып жатқан қауындар бұға түседі (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Үй іргесінде *көгендеулі* қозылар мойындарын қайырып, қаннен-қаперсіз ұйықтап жатыр (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Қадірімді білсең қай кезде әжетіңе мен дайын *Көгендеулі* марқаңдай. Опасы жоқ бұл дүние Өте шығады бір күні Әуелі қызық, ақыры Ат шапқан

жиын тарқардай (Базар жырау, Шығ.). **2.** а у ы с. *Шырмаулы, тығыз байланысты.* Ойын-сауық, Той-тамаша. Ғұрыптар. Ғұрыптарға *көгендеулі* ырықтар. Адам сорлы ағайынға, Алысқа, Дүшпан түгіл, Досына да кіріптар! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

КӨГЕНДІ с ы н. *Көгендеулі, көгенге байлаулы. Көгенді* қой, қосақты жылқыларды, тіркеулі түйелерді лек-легімен әкеліп жататын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КӨГЕНСАБАҚ з а т. ө с. *Түйнектен өсіп тараған сабақ.* Жақсы жылытылған топырақта әрбір түйнектен 4–5 рет *көгенсабақ* алуға болды (Б.Шағыров, Картоп).

КӨГЕНТАМЫР з а т. ө с. *Тамыр қабығы, тамыр түгі мен жапырақтары болмайтын жер астындағы сабақ. Көген тамырдың* қосалқы тамырлары мен бүршіктері болады (Мақта).

КӨГЕНТҰП з а т. э т н. *Қозыға ен салған күні үлкен үйдің отауларға, балаларға беретін қозысы.* Ұзағыңа *көгентұп* болсын деп, қозымызды бердік (М.Дүзенов, Ақ әже). Үш-төрт-ақ кісіні *көгентұпке* алып қалып, өзгесін қоя берген екен (С.Сейфуллин, Тар жол.). *Көгентұп* – жақын, ілік, жұрағат адамдар арасындағы дәнекер мен құрмет ретінде ертіп жүрген балаларға атайтын сыйы (С.Кенжахметов, Тышқан.).

КӨГЕНШЕ з а т. *Кішкене көген, шағын көген.* Сол күні Бадырақ екі саулық, екі ешкіні қырқып шықты. Ертеңіне Жеңсік онан үш арқан, бір тең жіп, екі таңғыш есті. Қалған шет-пұшпағынан азғана төліне бүлдіршіндей, бұршақтай *көгенше* де есіп алды (І.Жансүгіров, Әңгім.).

КӨГЕР[1] з а т. с ө й л. *Гагар үйрек.* Жанқұтты бір топ *көгер* кездестірді. Аппақ бауырын аспанға қаратқан *көгердің* бесеуі орнында қалды (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

КӨГЕР[2]**=** е т. **1.** *Көк түске ену, көк рең алу, көкшілдену.* Құрсаған бұлт ашылмай, Аспанның жүзі *көгермес.* Үрпейген жүрек басылмай, Талапты көңіл елермес (Абай, Тол. жин.). Қараңғы үй терезесі – тұтқын орны, *Көгерген* көктің жүзі ескі формы. Азат құстар аспанда ойнап ұшса, Ұялып қарай алмас, мендей сорлы (Абай, Тол. жин.). Сахна. Орта кезде, әнтек оңға таман есік көрініп тұрсын, екі жақ ашық дала, алыстан *көгерген* аспан көрінсін, есік алдында оң босағада бір кішірек үстел, бір-екі орындық тұрсын (Ж.Аймауытов, Шығ.). Салқын жайлау, самал жел, саумал бұлақ, Жатар ма екен көпіршіп, таудан құлап? Биыл жазда тағы да *көгере* ме, Былтыр күзде қуарып қалған құрақ? (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Көк шөп басу.* Ал қарағай сұлу сындардай Сымнан тартқан сымбалдай, *Көгерген* бүрі қуармай, Шөлде өссе де суармай, Бойы сұлу болғанмен, Көлеңкесі талша жоқ (Д.Бабатайұлы, Замана.). Жауған күнмен жаңғырып, Жер *көгеріп,* күш алар; Аққан жасқа қаңғырып, Бас ауырып, іш жанар (Абай, Тол. жин.). Қызғалдақ па ең сен әлде *Көгеретін* көктемде? Қасқалдақ па ең сен әлде Көлбеңдеген көк көлде? (Т.Айбергенов, Мен саған.). Көп кешікпей көктем де келер енді, Көгеретін тіршілік *көгереді.* Құ бұтағы арса-арса кәрі еменге, Келер көктем, білмеймін, не береді? (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** *Бүліну, шіру.* Жарты қапқа жақын бауырсақ *көгерді* (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа). **4.** а у ы с. *Адамның әртүрлі көңіл күйіне байланысты өңінің өзгеруі.* Ерні *көгеріп,* өңі бозарып барады екен (М.Әбдіхалықов, Алыста.). Тілін тістеп, *көгере* қалды (С.Омаров, Дала.). **5.** а у ы с. *Өсіп-жетілу, өсіп-өну.* Дейсіңдер ме ол да *көгерсін,* Жүргесін жерді мекендеп, Үндері не болса, о болсын, Түрлері ұқсайды екен деп (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **6.** а у ы с. *Жайнау, құлпыру, дегеніне жету.* Сенің өмірің бір-ақ рет *көгерер* де суалар (С.Ерубаев, Шығ.). Қопарып қолмен құлаттым, Өзімді-өзім жылаттым; *Көгерер* күнің болар ма Қайтадан, қалқам, қарағым?! (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Ел еңбекпен *көгерер* (Мақал). Айналайын Алматым, Айналайын немерем. Сен ыстықсың жанға тым, Сеніменен *көгерем* (С.Мәуленов, Алыс кет.). **7.** а у ы с. *Оңу, жетісу, мақсатына жету.* Дұғамен ерлер *көгерер,* ізгінің алма қарғысын. Тәуекел қылып әрқашан Сапар етсең жолдысың (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Арамды адал куғанда Алдымен момын *көгерді.* Мұсаның күні туғанда Мұстафа көрге жөнелді (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Антұрғандар ешқашан *көгермейді.* Көгермейді, Ал асыл көнермейді! Шоқтан шыққан қып-қызыл құрыш-болат Шынығардың алдында не көрмейді! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Екі жас көгергін. т і л е к. *Өсіп-өнсін, көбейсін деген мағынада.* Құрақпай алға түсіп, жорта берді, *Екі жас көгергін* деп бата берді. Қоштасып қос жеңгесі ақыл айтып, Олар да амандасып қайта берді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көсегесі көгерді. *Кенелді, молшылыққа батты, өркені өсті.* Нағыз *көсегесі көгеретін* жігіт қой («Қаз. әдеб.»). Біздер Қаратау шоқыларының етегінде қой бағып, егін егіп, *көсегесі көгерген* үлгілі совхозда тұрамыз («Лен. жас»). «Бір жеңнен қол» деген бір Бәтуә сөзіңді есіңе ал! *«Көсегең* сенің *көгерер»* Десе, бізге несі бар! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

КӨГЕРЕҢ с ы н. *Көгіс, көкшіл.* Сәл сепкіл басқан жұқалтаң өңі таңғы буалдыр жарықта тарғылданып, *к ө г е р е ң* тартып, тыныс алған сайын, өне бойы ауырсынып, діріл қағатын тәрізді (С.Мұратбеков, Отау.).

КӨГЕРМЕГІР = е т. қ а р ғ. *Оңбағыр, өсіп-өркендемегір.* Һә, *к ө г е р м е г і р,* осыдан келгесін, жоныңнан таспа алмасам ба? (С.Нарымбетов, Тентек). *К ө г е р м е г і р,* балаң мен келініңді тыйып ал! (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

КӨГЕРТ= е т. **1.** *Көк түске бояу, көк түске ендіру.* Сақал-мұртын *к ө г е р т і п* қырып тастаған (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). Тіпті тісіңді *к ө г е р т і п,* темекіні тартпа дейміз (С.Керімбеков, Өлеңд.). **2.** *Көк шөп өсірту.* Көктем бейне *к ө г е р т т і* сары белді (К.Әзірбаев, Тойбастар). Арықтан артылған су сыртқа теуіп, *К ө г е р т т і* күндік жерді қалған кеуіп. Борбасты бұйрат құмға шалғын шығып, Аймаққа тұр жайқалып, жұпар сеуіп (О.Шипин, Дастан.). **3.** а у ы с. *Оңдыру, жетілдіру.* Ағаңның бұл шыны: Қисаймас қылшығы. Халықты *к ө г е р т п е с* Қаламның күншілі! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Анау жазық, Анау адыр-төбелер Жаңбыр жауса, жайнап өзі-ақ көгерер. Ел көңілін *к ө г е р т е т і н* өзіңсің, Қарны тойса, Қамсыз жата береді ел (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **4.** а у ы с. *Адамның әртүрлі көңіл күйіне байланысты өңін өзгертуі.* Жұмыстан қайтқан қыздардың қоңыр әні кеп, Күлдірлейді-ау бір құлынның қоңырауы боп, Су құмар жетеу толқынды «Аһпішулетіп», Ернін *к ө г е р т і п,* күміске шомылады кеп (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

Басқан ізін көгертті. *Жүрген жері береке болды, ісі оңға басты.* Жерде қанша жол жүріп, *Б а с қ а н і з і н к ө г е р т і п.* Қойған бүгін төрге іліп, Көз тартады көне етік (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Көзін көгертті. *Еркінен айырды, азапқа салды, қинады. К ө з і ң д і к ө г е р т і п* жұмысқа салайын (А.Хангелдин, Өткен күн.). Атқа байлап *к ө г е р т е й і н к ө з і ң д і,* Ғазаппенен сарғайтайын жүзіңді, Төрт аяққа төрт қазықты қақтырып, Алдап айтып маған достық сөзіңді (Батырлар жыры).

Көсегесін көгертті. *Шаттыққа, қуанышқа бөледі.* Талайдың *к ө с е г е г е с і н д е к ө г е р т і п* жатқан сол ғасыр. Бүгініңді ал да есіне, Ертеңің жайлы толға сыр... (Т.Айбергенов, Мен саған.).

КӨГЕРТКІШ с ы н. *Түсін көк етуші, көкке бояушы.* Швед фармацеві Карл Шееле... лимон, алма, *к ө г е р т к і ш* қышқылдарды бірінші болып зерттеді, глицеринді тапты (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

Көгерткіш қышқыл. х и м. *Жаппай улайтын улағыш, ащы бадам иісті, буы ауадан жеңіл, тез тарайтын сұйықтық. К ө г е р т к і ш қ ы ш қ ы л* адам организміне тек тыныс алу мүшелері арқылы өтеді, орталық нерв жүйесіне әсер етеді (Қаз. тілі термин. Әскери). *К ө г е р т к і ш қ ы ш қ ы л д а н* қорғанудың сенімді құралы – газтұмылдырық (Қаз. тілі термин. Әскери).

КӨГЕРУ *Көгер етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көк түске ену.* Уланудың белгілері бас айналу, жүрек айну, жиі жүрек соғуы, әлсіздік, қара терге түсу, дене бөрту және *к ө г е р у* (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). **2.** а у ы с. *Даму, жетілу.* Енді кеп сол оқудың пайдасын білу-білмеуде емес, жалпының қалай пайдаланып тегіс *к ө г е р у і н д е* (С.Дөнентаев, Шығ.). Бостандық арқасында *к ө г е р у* жолына жұмсау керек (Д.Әбілев, Арман.).

КӨГЕРШІН з а т. *Көкшіл сұр түсті, ақ қауырсынды, үлкен жемсаулы құс.* Аңшыдан алды сатып киім беріп, Мәжнүннің кетті киік соңына еріп. Ұстаған бір *к ө г е р ш і н* және біреу Жолықты қарсы алдынан кездей келіп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Айнасы Алатаудың төбесінде, Жүзі ді жасыл көлден көресің бе? Көл жасыл, күз де жасыл, мұз да жасыл, Әне бір көкке ұмтылған *к ө г е р ш і н* бе? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Алыстап кеткен, не дерсің?! Аяулы құсым, азапта мүмкін өлерсің. Тырнады-ау ескі жараны, Тобынан жырақ, жаралы мынау *к ө г е р ш і н* (М.Мақатаев, Шығ.). Жарқылдайтұғын қанаты көгілдір отпен, Қонса олар жарға қонатын көңілге көктем. ...Көк жасыл құстар – жабайы *к ө г е р ш і н д е р-а й,* Түсетін еді тікелей өмірге көктен (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

КӨГЕРШІНДЕЙ с ы н. *Көгершін сияқты, көгершін тәрізді.* Әрбір цифр еліміздің елдігін жария етіп, көкірегімізге *к ө г е р ш і н д е й* ұялады (С.Мәуленов, Жер нәрі). Көк *к ө г е р ш і н д е й* қонақтай қойыпты (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Көзің қайда кешеден мені іздеген, Сөзің қайда жанымыз егіз деген? ... Терезеңнің алдына келіп тұрмын, *К ө г е р ш і н д е й* Қысты күн... жем іздеген... (М.Мақатаев, Шығ.). Татутәтті *к ө г е р ш і н д е й* гулейді (М.Хұсаин, Мен. перзент.).

КӨГЕРШІНШЕ үс т. *Көгершінге ұқсап, көгершін сияқты.* Сол номерін қолына *к ө г е р ш і н ш е* қысып, ентіге қуанып, Жапаш кіріп келді (Д.Әбілев, Арман.).

КӨГЕРІҢКІ с ы н. *Көкшілдеу, көктеу.* Ауыр жарақаттың зардабынан *к ө г е р і ң к і* тартқан қуқыл бетіне біресе болмашы қан жүгіріп, біресе қуара қалып, әудемде әлденеше құбылды (С.Омаров, Дала қызы).

КӨГЕРІҢКІРЕ= е т. *Көгере түсу.* Көзінің алды *көгеріңкіреп* кеткен (С.Сейітов, Сөз сұра.). Бет әлпеті қуаң тартып, *көгеріңкірейді* (Б.Айтқожина, Бронх демікпесі). Көк сәнді көйлектің қос шынтағы ыдырай бастаған екен, қос қолдап бетін басып өксіп отырғанда, шынтақтары *көгеріңкіреген* қызғылтым картоптай боп көрініп-көрініп қалды (Ш.Мұртазаев, Шығ.).

КӨГЕРІП-САЗАРЫП үс т. *Бозарып-безеріп, боп-боз болып.* Міне, бұған мана Ахметті қуып жібермегендігіне өкініп, *көгеріп-сазарып* отырған Нұрым қайтты дейсіз? (С.Торайғыров, Мағынасыз.). Құсайын *көгеріп-сазарып* қалды (С.Жүнісов, Ақан сері). Ашуланса, *көгеріп-сазарып,* булығып қалатын көк долы әйел көрінді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Абыржыған Есен *көгеріп-сазарып* тұрып қалды (М.Етекбаев, Алтын.).

КӨГЕРІП-СҰРЛАНЫП үс т. *Құп-қу болып, көк сұр тартып.* Оның түрі *көгеріп-сұрланып* бұзылып кеткен екен (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ).

КӨГЕРІС з а т. *Көк шөп, бау-бақша.* Африка жерінің *көгерісі* мол бір кең алқабын мекендеген сансыз хайуанат бір кезде жер ауды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Ұмытпайды ол *көгерістің* күтімін (Ж.Қыдыров, Жұлдыз.).

КӨГЕРІСТЕН= е т. *Көгеріп кету.* Қызыл шырайлы жүзі құқыл, көзінің алды *көгерістеніп* кетті (С.Мәуленов, Таңд. шығ.).

КӨГЕРІШ з а т. с ө й л. ***Көгеріс.*** Өркеш тастың алды құмайт, *көгеріш* жазық (Д.Рамаданов, Тас түлек.). Көлдің *көгерішіне* іргесін тақап, төгіле қонған ауыл отыр (І.Жансүгіров, Шығ.). Көктем *көгеріші* әлі жетіле құлпырмағанмен, алыс атыраптан мұнарыта көк буалдырға бөленген өзек, өлкелер жасыл өрмек желісіндей жолақтанады (С.Бегалин, Уақыт.).

КӨГЕРІШТЕН= е т. *Көгеру, көгерістену.* Судың ызғарымен *көгеріштеніп* саздауыт болған екен (І.Жансүгіров, Шығ.).

КӨГЕРІШТІ с ы н. *Көгерісі мол.* 16 гектар жеміс бауы отырғызылып, *көгерішті* көркем парктің іргесі қаланды (Е.Тұрысов, Келіншектау.).

КӨГЖІЛТІМ с ы н. с ө й л. ***Көкшілтім.*** Күн батып, қас қарайған тәрізді. Қою боз тұман қарауытып, *көгжілтім* тарта бастады (М.Мағауин, Көк мұнар).

КӨГӨРІМ з а т. с ө й л. ***Көк өрім***. Шыр-қаңдар жеңімпаз әндеріңді. Көкшенің *көгөрім* түлектері, лапылдап жанған от кезде, абзал ерлерім (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.).

КӨГІЛДІР[1] с ы н. *Көкшіл, көк түсті.* Көк суда *көгілдір* үйректер отыр (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Толқыны аспан сынды *көгілдір* көк Аймағын ат шаптырым алған бөгеп, Әлі тұр қызметінде елдің қойған Атақты сол жыл салған Албар бөгет (О.Шипин, Дастан.). Қып-қызыл неге тау бүгін, Қып-қызыл қалай таң бүгін. Өзені неге қып-қызыл *Көгілдір* сулы Талдының (С.Мәуленов, Алыс кет.). Көктем де келер, Құстар да жетер ән салып. Көктер де шығар, *Көгілдір* нұрға тамсанып. Сулар да тасар, Кетпесе екен деп тіле, Мұхиттар көлге қарсы ағып (М.Мақатаев, Шығ.).

Көгілдір көкшіл. *Көгілдір, көкшіл түстердің араласып келуі.* Атмосферада шашыраған күн сәулесі түсі *көгілдір көкшіл* болады, сондықтан күн ашықта аспан ұдайы көгілдір түсті болып көрінеді (П.Болатбеков, Оптика).

Көгілдір күлгін. *Көгілдір, күлгін түстердің араласып келуі.* Паразиттің прото-плазмасы *көгілдір күлгін* түске енеді (С.Сыбанбаев, Мал.). Тауға дейін көсіліп жатқан дала *көгілдір күлгін* көрінді (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

Көгілдір тартты. *Көкшілденді, көгілдірленді.* Өңі *көгілдір тартты* (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Ұзақ қыс бойына даланы тапжылтпай басқан қалың қардың бетінде *көгілдір тартты п,* асты жібіскектеген қырат жерлерден қарауытқан ойдым-ойдым алаңдар көрінеді (С.Бегалин, Жеткіншек.). Жараланып жапанда, Ақса қаның тамшылап, Көктің күні батарда, *Көгілдір тартсаң* қансырап (С.Мәуленов, Таңд. өлеңд.).

Көгілдір түлкі. з о о л. *Терісі бағалы, жыртқыштар отрядына жататын жыртқыш аң.* Соңғы жылдары халқымыздың бағалы аңдар терісінен тігілген немесе әдіптелген киімдерге талап-тілегі өсіп келеді. Осы талапақа сай республикамызда «жұмсақ алтын» қорын молайту үшін терісі құнды кейбір аң түрлерін арнаулы фермаларда өсіру әдісі кең етек жайып отыр. Мұнда күміс қылшықты қара түлкі, саз қамшаты (нутрия), қоңыр күзен (норка), *көгілдір түлкі* (песец) сияқты аса бағалы аңдар өсіретін тоғыз ферма бар (ҚҰЭ).

КӨГІЛДІР[2] з а т. *Аққудың балапаны.* Таудан Тарлан ақырса, Тас мұрынын ару сұңқар сыңғыры *көгілдірін* ерітіп, Көлден қулар ұшар ма? (Батырлар жыры). Түн жауарға ұқсайды! *Көгілдірін* еріткен көлді қулар шулайды (Батырлар жыры). Сайраған құшағында бұлбұл Күләш, Күләшті кім сағынбас елден сұраш?! Аққудың *көгілдірі* секілденіп, Тамсанта дүниеге жайған құлаш (М.Хакімжанова, Гүл.). Жаз келгенде қаз, үйрек, *Көгілдірін* ертіп,

Мамығын төгер көліне (Құбала (Сұлтанғали) Қуанышқалиұлы // Ақберен.

КӨГІЛДІРДЕЙ с ы н. *Көгілдір сияқты, көгілдір тәрізді.* Аққан бірге ағыспен *Көгілдірдей* көлдегі. Кетесің бе алыс сен Мұңға көміп кеудені? (С.Мәуленов, Таңд. шығ.). Мылтық даусынан шошынған *көгілдірдей* үркітіп алармын деп сескенді (К.Ахметбеков, Сый орамал). Сен келдің сонымен таласым жоқ, *Көгілдірдей* көркейдің жарасым боп. Ертістен Ақ Жайықты бір құшақтап, шүкірлік, сүйетұғын қарасын көп (С.Баймолдин, Қызыл іңір).

КӨГІЛДІРЛЕН= е т. *Көкшілдену, көгілдір тарту.* Қаны көп кеткен жағдайда, малдың әлі кетеді; ауыз, танау, көздің кілегей қабықтары *көгілдірленеді* (Ғ.Әбішев, Мал. жарақат). Самат іштей жымың етті де, терезеге еңкейіп, қарауыта *көгілдірленген* көшеге көз салды (Т.Нұртазин, Адам.). Қаймақтай еріндері *көгілдірленіп* дір-дір етеді (Н.Қазыбеков, Тұсаукесер). Саржан шамды өзі алып, күкірт сасып, *көгілдірленіп* кеткен қораға қайта шықты (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

КӨГІЛДІРЛЕУ с ы н. *Көкшілдеу, көгілжімдеу.* Апама, – деп *көгілдірлеу* шарқат алды (М.Сүндетов, Ескексіз.). Жақын маңдағы мұз шыңдары *көгілдірлеу,* солғын хрусталь сарайға айналған (Ә.Сәрсенбаев, Капитан ұлы). Жуаның жұмыры жіңішке, сабағы жуан және биік болады. Жаз ортасында ұшар басына *көгілдірлеу* түйін тастап (дәні сол түйінде болады) піседі (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КӨГІЛДІРЛІ с ы н. *Көгілдірі мол.* Көкше жері *көгілдірлі* көлге, жайқалған қарағайлы орманға, жайқалған жасыл баққа толы («Қаз. әдеб.»). *Көгілдірлі* көлге төніп, Ұясына күн асығар; Ай жүзеді дөңгеленіп, Оның да өз шаруасы бар (С.Мәуленов, Таңд. шығ.). Кемерінде Нұраның, *Көгілдірлі* көлінің Көрдім жұрттың тұрғанын, Көтеріп шат көңілін (Т.Жароков, Қырда.).

КӨГІЛДІРЛІК з а т. *Көкшілдік.* Ал мынау олардың бәрінен де өзгеше, мұның *көгілдірлігі* олардың бәрінен де қою, жалтылдай құлпыруы олардың бәрінен де артық (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КӨГІЛДІРІК[1] з а т. ***Көкжиек.*** Алыстағы үш-төрт труба болмаса, табиғаттың шырқын бұзар еш нәрсе жоқ. Сонау армандай тәтті, алыс *көгілдірікке* астасып жатқан бақ (Т.Ахтанов, Үндістан.).

КӨГІЛДІРІК[2] з а т. с ө й л. ***Көгілдір.*** Қос қанаттының қаса сұлуы — кер мойын аққулардың әсіресе *көгілдірігін* ертіп, кілең сол тұста жүретінін Толқын кішкентайынан біледі (Ө.Қанахин, Жас дәурен). *Көгілдірік,* ендеше *көгілдірік,* Көк дөненге жарасар өмілдірік; Осындай бірме-бірге кез келгенде, Айта гөр өлеңіңді төгілдіріп (Айтыс).

КӨГІЛДІРІКТЕЙ с ы н. с ө й л. ***Көгілдірдей.*** Қызға, әсіресе аққудың *көгілдірігіндей* боп өсіп келе жатқан Катеринаға, таңдаған күйеуі табылады деген сенімдегі ол – әйелі айтқан өсекке қынжыла да қойған жоқ (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КӨГІЛЖІ = е т. *Көк түске ену, көкшілдену.* Ысқырынған жел бір сәт толастай қалса, әлгінде ғана әлем-тапырық тұлан тұтып жатқан күзгі дала дел-сал маужырап, бірде қоңырқай, бірде сарғылт, бірде қызыл күрең адырлар *көгілжіп,* дір-дір еткен сағым пердесінің астында ойға батып, мәңгі тыныштық көксегендей бүк түсіп, бүрісіп жатады (О.Бөкеев, Қайдасың.). *Көгілжіп* күн лебінде гүлдедің сен, Дәл менше ізденбедің, жүрмедің сен; Өзіңді өзімдей деп жақын тартып, Жұлдым мен, иіскедім, біл мәнісін (І.Жансүгіров, Шығ.).

КӨГІЛЖІМ с ы н. *Көгілдір, көкшілтім.* Қорғасынның жаңа кесілген орны ақшыл *көгілжім* түсті жылтырақ болады. Қорғасын ауада тез қышқылданып, жылтыраған жойып, күңгірт *көгілжім* болады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Бейне мамық үлпілдек, Ырғалады алуан гүл; Түйнегін салған үлпілдеп, *Көгілжім,* қоңыр, ал қызыл (Ж.Сыздықов, Асулар). Қараған кезде *көгілжім* көзін төңкеріп, Қызғалдақ далам жатқандай бейне өртеніп, (Өртеніп деуім еркелік) Міне, мен, айнам, сол шақта, Шадыман оймен шат күліп, Гүлдерден алқа тақтырып (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көгілжім тартты. *Көгілдірленді, көкшілденді.* Шам күңгірт *көгілжім тартады* (Ш.Құсайынов, Үкілі Ыбырай). Ақтоты бір теректің түбінде ай сәулесімен *көгілжім тартқан* тау жаққа қарап, жалғыз өзі алаңсыз тұрған-ды (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). Әуелгі кезде *көгілжім тартып,* енді бірден-бірге қарауытып бара жатқан батыс аспанынан күрілдеген мотор даусы естіледі (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Иі сіңіп, ісінген тері тазарғанымен *көгілжім тартып,* шикілігі білініп тұрады (Г.Н.Раймханова, Ата кәсіп).

КӨГІЛЖІМДЕН= е т. *Көкшілдену, көгілдірлену.* Қанипаның жүзі *көгілжімденіп* сазара қалды (С.Омаров, Қызыл арай.). Күн жылынып, қар іріген сиядай *көгілжімденіп* ери бастаған кезде, әкем ауруханадан келді (Н.Сералиев, Қанат.).

КӨГІРЕК с ы н. *Көктеу, ашық көкшілдеу.* Республикам Европадан кеңірек, Аспаным да басқа аспаннан *к ө г і р е к,* Бірақ өзім туғаннан соң әлсіз боп, Өлеңім де шыға бере нәрсіз боп (Ә.Тәжібаев, Поэм.). Көкше көктен гөрі *к ө г і р е к* (С.Мұқанов, Жұмбақ жалау).

КӨГІС с ы н. *Көкшіл, көгірек.* Жақ жүні үрпиіп, көзінің астына *к ө г і с* көлеңке үйірілген (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). *К ө г і с* өң енді сарыға ауған («Лен. жас».). *//Көгі мол жер.* Біледі көріп өссе кім де нарқын, *К ө г і с т е* көркі бөлек бүлде бар-тын. Бүлденің бетіндегі алқадай-ау, Сары бас жоңышқаның гүлдері алтын (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). *К ө г і с і м* бұйра секілді көгісі сенсең, Көгістің сұлу тәңірдей перісін көрсем, Жылайды жүрек аққұба мұңына қарап; «Сен үшін өлсем, арман не, сен үшін өлсем» (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

Көгіс тартты. а) *Көкшілденді, көгілжім тартты.* Терезе *к ө г і с т а р т т ы* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). ә) *Көгерді, көгере түсті.* Тап-таза қырынып, сәл *к ө г і с т а р т қ а н* сақал орнына пудра жақты да сұлулап қана қойған ағылшын мұртты, келісті қасты, оң жағына жыққан қоңыр шашты иісті сумен сылап өтті (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

КӨГІСТЕН= е т. *Көгеру, көкшілдену.* Құмдауыт даланың күнгейі *к ө г і с т е н і п,* ерте көктемнің жас өскіні өрбіп бара жатыр (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Төбенің күнгей бөктері *к ө г і с т е н і п* қалғанға ұқсайды (С.Қайдаров, Құрыш.). Әуелбайдың иіні түсіп, беті *к ө г і с т е н і п* барады (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.).

КӨГІСТІК з а т. *Көкшілдік, көгілжімдік.* Бір қарағанда, кекіліктің жұмыртқасындай, *к ө г і с т і г і н е н,* көгіс шұбарлығынан басқа міні жоқ (А.Сүлейменов, Бесін).

КӨДЕ[1] з а т. ө с.<лат. stipa> *Сұлы тұқымдас өсімдіктердің бір түрі.* Сиыр *к ө д е н і ң* басын шалып, аузына түк түсіре алмай, жүйткіп олай да, бұлай да кетеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). *К ө д е* қара, қара-қоңыр топырақты, мұқ жусан таз-тақыртақты, көкпек ащыны жайлайды (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Уақытын құр босқа шығындайтын, Бейтаныс жан өтетін, бұрылмайтын. Бір бозторғай *к ө д е д е н* көтеріліп, Көз алдында апайдың шырылдайтын (М.Мақатаев, Шығ.). Тынығып тұлпар, таң асып, таза суысын, Таңертең қылыш сабына толып уысым, Тағы да шығам тарылған қазақ жерінің Бір уыс *к ө д е,* бір ұрттам жылтыр суы үшін (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

КӨДЕ[2] з а т. *Бір байлам, бір буда бау; үйілген шөп, мая.* Үйілген шөпті, пішенді *к ө д е* деп те айтады (Ауызекі).

КӨДЕДЕЙ с ы н. *Көде сияқты, көде тәрізді.* Олардың білек, қол, аяқтың сырты *к ө д е д е й* түк басқан (Ж.Аймауытов, Шығ.). Додаланып кимешегінің шажамайынан шыққан шаштары да көк бурыл, қу *к ө д е д е й* реңсіз (А.Жұмаділдин, Сең). Құлағыңның түбіндегі *к ө д е д е й* бакенбардыны да құрт! (Т.Бердияров, Солдат). Қәрі көздері шырағдандай сығырайған, құраған ақ шаштары күзгі *к ө д е д е й* жапырылған, ашаң жүзді, арық кемпірлердің арасынан бірнеше бүлдіршіндей жас қыздарға көзім түсті (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

КӨДЕК [ир. كودك] з а т. **1.** *Сәби, бала.* Жас артты ақ Пайғамбар екі көзін, Қамығып қатты, тыңдады айтқан сөзін. – Емізсін *к ө д е к т е р і н,* – деді, – жібер, Болайын келмегіне кепіл өзім (Бабалар сөзі). Жас *к ө д е к* жарық көрген жаңа ғана, Көрсеткен жарық дүние менмін ана. Көре алмай сол жарығын суға кетсе, Демей ме обалымды сен арқала (С.Керімбеков, Бес мылтық). Жаман емес талабы Тәуекелдеп барып жүр; Жас *к ө д е к* балам ержетті Бекхожа батыр келбетті (Қамбар батыр). **2.** *Жасөспірім, жеткіншек.* Бал Ғиратым тұлпар асқан, Айшылықты алты басқан; Екі *к ө д е к* шықтық жастан, Алайық кекті дұшпан-қастан (Көруғлы). «Сегіз жүз сексен екі» жасаған хан Рахымың *к ө д е г і ң е* түсер болса, Аттайтын күн болар ма босағаңнан (Бес ғасыр.). *//Ебедейсіз, икемсіз.* Батыр аңқау, ер *к ө д е к* (Мақал).

КӨДЕ-КӨДЕ з а т. *Көп көде.* Алыстан *к ө д е-к ө д е* боп жиналған жоңышқа көрінеді (А.Байтанаев, Қайнар.).

КӨДЕКСІ= е т. *Икемге келмеу, әдеттен жаңылу.* Денесі *к ө д е к с і п,* көблігіп қалыпты (М.Сұлтаниязұлы, Ұрпақ тағдыры).

КӨДЕКТЕ= е т. Ол мені биігіне бастай жүрер! Ебім жоқ *к ө д е к т е й т і н,* көлгірситін (І.Қажытай, Тасжарған).

КӨДЕКШЕ ү с т. *Көдек сияқты, көдекке ұқсап.* Орынсыз сөзің, Жүсіп, – деп, айтпаймын, Жақтасқан жанжал күтіп жар, көмекше; Жазбай-ақ ондай сөзді қойсаң қайтед, Тоқтатып жарыместігің жас *к ө д е к ш е?* (Айтыс).

КӨДЕЛЕ= е т. *Көде жасау.* Орылған шөпті тезірек *к ө д е л е г е н* жөн (Ауызекі).

КӨДЕЛЕУ *Көделе етістігінің қимыл атауы.* Ору, жинау, *к ө д е л е у* кезінде шөптің ең құнды жас сабақтары мен жапырақтары түсіп, уатылып қалады да, малға тек ірі сабақтар мен жапырақтар беріледі (С.Әбдірайымов, Шөл.).

КӨДЕЛІ с ы н. *Көдесі бар, көде біткен, көде өскен.* Үйден аулағырақ *к ө д е л і* жерге барып отырғаннан кейін, Ержан Жаппейіске Асқардың

мән-жайын жасырмай түгел айтты (С.Мұқанов, Ботакөз). Бауыр сыртының шымы тұтас *к ө д е л і* жер (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Айнала көз тоқтатар бұдыры жоқ, сары *к ө д е л і* жазық еді (Қ.Исабаев, Арман.). *К ө д е л і* жазық, жусаны қалың бозы бар, Қазақтың жері көгерген сайын созылар. Көктеулеріңе бетеге шығып көккасқа, Толды ма тойған қозылар? (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

КӨДЕЛІЛЕУ с ы н. *Көдесі молдау, көделірек.* Төлебай екеуміз қыраттау, *к ө д е л і л е у* жерді қуалап, ілгері аяңдай түсеміз (С.Мұқанов, Менің мектеп.).

КӨДЕРІ с ы н. ***Күдірейген***. Бауыры жазық, сауыры *к ө д е р і,* жалпақ жая, ақтөс ақ бақай (Ж.Орманбаев, Тұзақтал).

КӨДИ-СӨДИ з а т. қ а р а п. с ө й л. *Ұсақ-түйек, анау-мынау.* Осыны алысымен толық етіп, ұзақ етіп, *к ө д и-с ө д и і н* түгел тізіп хат жаз («Қаз. әдеб.»). Адам мінезіне таңба басатын өмірдегі ұсақ-түйектен, *к ө д и-с ө д и д е н* аулақта тұратын сияқты (З.Шашкин, Теміртау). *К ө д и-с ө д и д і* ойын қылып, көңіл көтереміз (З.Иманбаев, Нажағай.).

КӨДІК з а т. к ө н е. *Жабайы өскен, қалың жыныстық қорыс, ну ағаш.* Қарағайлы *к ө д і к* бойында Қамшым қалды ойында. Бүлдіргісі бұлан терісі, Өрімі құнан білдің қайсысы Шырмауығы алтын, сабы жез, Бей Азының бойында Күзен, қарсақ жер ме екен!.. (Доспамбет жырау, Алдаспан).

КӨДІРЕ з а т. с ө й л. ***Күдері***. *К ө д і р е д е н* бау тағып, Сауыт киер күн қайда? Күмбір-күмбір кісінетіп, Күреңді мінер күн қайда? (М.Өтемісов, Өленд.). *К ө д і р е д е н* жасалған тиекті ағытады (О.Бөкеев, Үркер.).

КӨДІРЕҢ с ы н. *Егілмей, жабайы шыққан, қодыраң.* Бес жүз түйелік керуен әуелі түстікке, сосын батысқа бұрылып, апта жүргенде, көлік сауырын сабалаған *к ө д і р е ң* көде сиреп барып, Ұлы Жібек жолына қосылған (Д.Досжанов, Жібек.).

КӨЖЕ з а т. **1.** т а м а қ. *Еттен, ұннан, дәнді дақылдардан сұйық етіп пісірілген ас.* Кеспе *к ө ж е* күн батқанша, Бидай *к ө ж е* ел жатқанша, Тары көже таң атқанша (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Байдың малына сатылып бір, *к ө ж е - с і н е* сатылып екі адасасыңдар (М.Дулатов, Шығ.). Зар жылап тұрдым шөптің төбесінде Үрлеймін тырна ымның көбесіне. Басыма көп бәлені іздеп алдым, Тоям деп залым байдың *к ө ж е с і н е* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** с ө й л. *Тамақ, азық.* Біледі жайын бар үйдің, Секілді бәрі мойнында. *К ө ж е с і* болса сәбидің, Көңілі де оның орнында (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

3. а у ы с. *Былық, былапыт.* Әділбек ана екеуінің аузынан шыққан сөзді қағыс жібермей, бір нәрсе түсінуге тырысады. Әрі-беріден соң миы *к ө ж е* болып кеткендей (З.Шүкіров, Қиын түйін).

Бидай көже. т а м а қ. *Келіге түйіліп кебегі алынған, аздап жармаланған бидай дәндері етпен бірге қайнатып пісірілетін көженің түрі* (Қаз. тілі термин. Тамақ).

Кеспе көже. т а м а қ. *Жұқа жайылған қамырдан жіңішкелеп тураған кеспе салынатын көженің түрі* (Қаз. тілі. термин. Тамақ).

Көже буаз қылды. *Болымсыз нәрсеге қанағаттандырды, сәл нәрсеге риза етті.* Халықты *к ө ж е б у а з қ ы л ы п* алдастыру хазіретке ұнар ма екен? («Айқап»).

Көже қымыз. т а м а қ. *Қымыз араласқан көже.* Ол қайнап шыққан соң, сабаға немесе меске аударылып құйылады да, оған бие сүті қосылады, оны *к ө ж е қ ы м ы з* дейді (Қымыз және шұбат).

Көже мас. *Болымсыз нәрсеге дандайсыған, босқа дардиған.* Кейде көңілі түскен шақтарда *к ө ж е м а с* кісіше тіпті лепіріп кететіні де бар (Б.Аманшин, Көкжар.).

Көженің қатығы. *Көже жасауға нәр болатын ет, сүт, май т. б. К ө ж е н і ң қ а т ы ғ ы* аздау екені рас (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

Көкірегіне көже пісті. *Дандайсып, босқа мақтанды. К ө к і р е г і н е к ө ж е п і с к е н* Немесің ғой киген бөрік! Көріп алдым кеудеңді іскен, Тиіп көрші, кәні келіп! (Ә.Оңалбаев, Таң алды.).

Қара көже. *Қатығы, нәрі аз көже.* Сонда қыз үндемей, тұзы жоқ *қ а р а к ө ж е* құйып берді (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). Қараң-құраңы қасыққа әзер ілінетін *қ а р а к ө ж е* мен қатықсыз кеспе әбден жалықтырып жібергендіктен, бір күні ол шешесіне: – Апа, қатықсыз қара кеспені іше-іше ішіміз кебетін болды... – деді (Қ.Әміров, Жастық). Сорпасы – қатықсыз *қ а р а к ө ж е,* өзі сұп-сұйық (С.Мұқанов, Өмір мект.). Қайғың *қ а р а к ө ж е* болсын деген екен (Б.Тілегенов, Аққайнар). Баяғыда бір жұт жылы ел осы сүйек майын *қ а р а к ө ж е г е* қатық етіп, жан сақтаған (С.Жүнісов, Ақан сері).

Қонақ көже. т а м а қ. *Дайын тарының сөгін сорпаға, сүтке қайнатып, біраз бұқтыру арқылы дайындалатын көженің түрі* (Қаз. тілі термин. Тамақ).

Салма көже. т а м а қ. *Жайылған қамырдан төрт бұрыштап дайындамалар кесіліп салынатын көженің түрі* (Қаз. тілі термин. Тамақ).

Тары көже. т а м а қ. *Ақталған тарыны сорпаға, сүтке, сүт қатқан суға бөктіріп*

жасайтын көженің түрі. Тары көжені ашытып немесе салқын күйінде де ішуге болады (Қаз. тілі термин. Тамақ).

КӨЖЕДЕЙ с ы н. **1.** *Көже сияқты, көже тәрізді.* Еламан... неше түрлі шөп арасынан ашыған *көжедей* аңқыған өзгеше бір қышқыл иісті қуана таныды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **2.** а у ы с. *Өте көп, мол.* Командировкаға бөлінген *көждей* көп ақшаны біз қайда жұмсап қойдық? (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

КӨЖЕК з а т. **1.** *Қояннық баласы.* Бұл араның қояны, біздің жақтың қоянының *көжегі* сияқты, кіп-кішкене (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Келіп күнгі кезегі Кетіп еді мал бағын. Бір қоянның *көжегін* Атам үйге келді алып (Т.Молдағалиев, Шақырады.). *Көжек* қызыл шақа, көзі жұмылып туады, өздігінен қорек тауып жей алмайды, жүре алмайды (Зоология). Қоянның *көжегіндей* аппақ келіншек төбесінің тақыры дәл осы тоғайдағы алаңнан айнымайтын ұзын бойлы сары кісінің қолтығына кіріп тұрды (С.Адамбеков, Атылған қыз.). **2.** а у ы с. *Бала.* Мен үшін қам жеме, *көжегім!* (М.Хасенов, Алғашқы ән). Қандай әке өз баласын отқа итереді, ойлан, шырағым?! Соңыңнан ерген мына бес-алты *көжек* бар (А.Жолдасбеков, Әке.).

Көжекке ұқсады. *Қорықты, жүрексінді.* Қыр көрсетіп, Құр бекер текке өжектеп, *Ұқсап* жүрміз көбіміз кек *көжекке.* Бұғып жатып атыспай, Шындық үшін Өліп кеткің келеді жекпе-жекте! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

КӨЖЕКЖАРЫС з а т. э т н. о й ы н. *Балалардың жарысып ойнайтын ойыны.* Бала кезінде ақсүйек, бестемше, соқыртеке, сырнай, жұмбақағаш, *көжекжарыс,* қозыжарыс, тағы талай ойындарды өте қызыға ойнайтын Ілияс (Қ.Шөкенов, Біздің Ілияс).

КӨЖЕ-КӨКІР з а т. *Көже, тағы сол сияқты сұйық ас; көже-мөже.* Қалған-құтқан, *көже-көкір,* нан-пан да болса жеткізіп тұрам ғой деп, шықпадым ба? (М.Сүндетов, Ескексіз.).

КӨЖЕ-КӨПСІК з а т. *Көже т.с.с. сұйық тағам. Көже-көпсікке* шақырды десем!.. (Қ.Ысқақов, Қараорман).

КӨЖЕКТЕ= е т. *Көжек туу, көжекті болу.* Ор қоян екінші рет май – июньде *көжектейді* (Х.Қыдырбаев, Зиянкес кеміргіш.). Ақ қоян да басқа қояндар сияқты жылына 2–3 рет *көжектейді* (Х.Қыдырбаев, Дала.).

КӨЖЕКТЕЙ с ы н. *Көжек сияқты, көжек тәрізді.* Жылан арбаған *көжектей* қалтырап-дірілдеп мен тұрмын (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк). Қайнап тұрған жүз градус суым жоқ. Түкіретін, Шағатұғын уым жоқ. Ең болмаса, Қауіп төнген кезінде Көк *көжектей* бас сауғалар нуым жоқ! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). *//Көжек сияқты адам.* Мен торға түскен *көжектеймін* (Тұлпар).

КӨЖЕКТЕУ *Көжекте етістігінің қимыл атауы.* Қоян тұқымы өсімтал. Жақсы күтіп-бапталған аналық қоян жылына 5–6 рет *көжектеуі* мүмкін («Лен. жас»).

КӨЖЕКШЕ ү с т. *Көжекке ұқсап, көжек сияқты.* Ақлима аңшының сыбдырын естіп, кеуекте құлағын жылмитқан *көжекше* бұғып қана жатыр (Б.Аманшин, Көкжар.). Иегін жерге төсеп, *көжекше* бұғып жатыр (С.Елубаев, Ойсыл қара). Ақбөпе: «Енді атам ұрсатын болды», – деп, қауіптеніп, бір уыс боп, тоңған *көжекше* бүкшие бастап еді (Н.Сералиев, Ақбөпе).

КӨЖЕЛІ с ы н. *Ішім-жемі, азық-түлігі бар.* Көрді ақын қайыршыны ауыл кезген, Азабын жеткізе алмас айтып сөзбен, Күзетіп босағасын *көжелі* үйдің Айтатын алғысын да мұңлы көзбен (Қ.Жармағамбетов, Баллада.). Сусыны бұл шаруагер кең даланың, *Көжелі* елдің ошақтары тозбасын. Шіркін көже – мұрасы ғой бабамның, Ашымалды жақсы көрем өз басым (Т.Бердияров, Дауыл.).

КӨЖЕЛІК з а т. *Көже жасауға жетерлік азық.* Бір-екі *көжелік* болса да күріш апарасыңдар (Н.Сералиев, Қаңтар). Жоқ, мен бала болсам да, *көжелікке* зар күнді ұмытпаппын (С.Шаймерденов, Сыбызғы). Дегенмен қыс бойы тарыдан боза ашытып сатады. *Көжелігі* үзілмейді (М.Қуанышбаев, Кек.).

КӨЖЕ-ПӨЖЕ з а т. *Көже және басқа тағам, ас.* Неге бедірейе қалдың-ей. *Көже-пөжең* бар емес пе? (Т.Иманбеков, Үш ай.).

КӨЗ[1] з а т. **1.** *Көру мүшесі.* Алғашқыда олар маған ұнап жүрді, *Көзінің* көктігімен, бетінің ақтығымен, Мүләйім қылығымен – көбінесе жаңалығымен: Бергеніне шүкір, сырын білдім кешікпей олардың, Мен жұғысу обал екен, байқасам, Тірліктен нысап жоқ – қуыршақ өңкей балауыз... Біздікін айтсаңшы!.. Бер қара, осы араны Шырамытам, танидың ба осы жерді? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бір байдың қызына шешек шығып, бетін тыртық қылғандықтан, ешкім алмай, аяғында екі көзіне ақ түскен бір соқырға беріпті. Сол кезде Үндістан жағынан *көздің* ағын сылып жазатын бір дәрігер келгенін есітіп, әлгі байдың бір досы байға келіп: «Сондай дәрігер келіпті, күйеуіңіздің *көзін* неге қаратпайсыз», – десе, бай айтыпты: «Күйеуімнің *көзі* ашылған соң, қызымның бетіндегі тыртығын көріп, шығарып жібереді

ғой» (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Көп заманнан бері басымыздан кешірген зорлық-зомбылық, кедейлік, надандық мұра қылып біздерге мерез, құрт, қотыр, *к ө з* ауруы сықылды пәлелерді қалдырған (М.Дулатов, Шығ.). Алпыс бала ата деп Алдыңа түсіп бастаса, Тәңірі нұрлы жаратқан Маңдайдағы *к ө з* болмас (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** а н а т. <лат. oculus> *Адамда, барлық омыртқалы жануарларда және кейбір омыртқасыз жануарларда жарық әсерін қабылдайтын мүше.* Адам және омыртқалы жануарларда *к ө з* – жұп мүше (ҚҰЭ). *К ө з д і ң* анатомиялық қалыпты құрылысына атаулар: көз алмасы (ағы), бұлшығы, қалтасы, пердесі, қылауы, қиығы, жиегі, ет, майы, құйрығы, тағаны, (кәрілік белгісі) бұршағы, томпағы, тасы (бұршағы), қарашығы, жанары, мөлдірі, жарығы, сағымы, ұясы, үсті, түбі, ағы, қарасы, жалтыры, көз алды шұңқыры, қылшығы т.с.с. (Ж.Бабалықұлы, Төрт түлік.). **3.** а у ы с. *Әсемдеп жасалған дөңгелек, ою-өрнек, шеңберлі әшекей.* Қазақстанның Орталық музейінде сақталған бір ғана әйел ерінің өзінде отыз бір *к ө з* орнатылған (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.). Бұған ердің маңдайына бірден үшке дейін *к ө з* орнату ісі жатады (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.). Сақиналар да өрнектеліп, тастан *к ө з* орнатылып әсемделеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **4.** а у ы с. *Нәрсенің өзі.* Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға, Бермек болған айғырдың *к ө з і* қайда? *К ө з д і* көрсең – бересің, тайсаң – танып Алдамшы атанғанның несі пайда? (Абай, Тол. жин.). Нанбасаңдар, сұраңдар мына Омардан. *К ө з і* тұр ғой, айтсын, – деді Сәду даусын қаттырақ шығарып (Б.Тілегенов, Аққайнар). Куәларым бар, тексеріп атымды алып беріңіз деймін. Атымның *к ө з і* осы қорада тұр (С.Шарипов, Бекболат). Германияның бұл қылығы Европа *к ө з і н е* кем кешілмес зор кінә (Ә.Бөкейханов, Шығ.). **5.** а у ы с. *Адам, жан. К ө з д е р* бар, мені көрсе жылымайтын, Соны да сезгендеймін бүгін айқын. Басымды бір сипасаң мейірленіп, Барлық бұлт тас төбемнен ыдырайтын (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **6.** а у ы с. *Өткеннен қалған, өткеннің тұсында болған нәрсе.* Боздақтардың желкесін шайнап кетті, Қалған малды қайтадан айдап кетті. Қанжығаға байланған қыз-келіншек, Бозторғайы шырылдап сайрап кетті. Хас батырдың *к ө з і* еді қара жорға, Қара жаудың астында ойнап кетті (М.Мақатаев, Шығ.). Сен керексің дәл осынау кез үшін, Көріп жүріп, Сезген шығар өз ішің. Кәріңе де, Жасыңа да ие бол, Осы жердің енді қалған *к ө з і с і ң!..* (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Қызын қойшы, тірі Абайдай өзі еді, Адам жанын айтқызбайақ сезеді. Ауылнай ел Бас молдасы саналған, Аймақтағы дін, мұсылман *к ө з і* еді (К.Салықов, Жезкиік). Бар бояуды жинағандай жер-көкте, Қошқар мүйіз толып талай өрнекке. Тұр анамның *к ө з і* болып сол кілем, Шақырғандай мені сондай еңбекке (С.Мәуленов, Алыс кет.). **7.** а у ы с. *Ақыл, ес, сана.* Білімдіден шыққан сөз Талаптығы болсын кез Нұрын, сырын көруге Көкірегінде болсын *к ө з і* (Абай, Таңд. жин.). **8.** а у ы с. *Жемістің өніп шығатын жері, бұртік кіндігі.* Мария өстіп налып жүргенде, академик Лысенконың картоп *к ө з і н* қалай егіп өсіруге арналған мақаласы газетке жарияланды (Ж.Тілеков, Шалғай шепте). **9.** а у ы с. *Иненің жіп өткізетін тесігі.* Кесте тігетін инелер молтақ, *к ө з д е р і* кең болғаны жөн (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **10.** а у ы с. *Кереге және торлы заттардың тесігі.* Керегенің босаға жағындағы *к ө з д е р і н* пайдаланатын болған (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Үйдің ішінде отырып керегенің *к ө з і н е н* сыртқа көзін қадайды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Сол сәт аудың бір *к ө з і* шортанның желбезегіне киіліп қалды (А.Сарбопин, Ала қарға). **11.** а у ы с. *Белгілі бір нәрсенің алынатын орны, қоры.* Май алмасу жөнінде өте мәнді мәселенің бірі – денеге май болып бітетін майдың қайдан алынатын *к ө з і н* білу (Т.Күлтебаев, Қой төлі). Қарапайым сөздер әдеби сөздердің сарқылмас *к ө з і* болғандықтан, әдеби тіл өз қорын қарапайым сөздерден алып отырады (Қазіргі қаз. тілі). **12.** а у ы с. *Алды, көз алды.* Дұшпанның *к ө з і н д е* болсаң да, көңілінде болма (Мақал-мәтел). **13.** а у ы с. *Бұлақтың су қайнап шығып жатқан жері, қайнар тесігі.* Оралып адам мен мал жүре алмайтын, Түйенің шудасындай қалың қияқ. Бұлақтың *к ө з і* шыққан қайнар жері Бұрқылдап аспанға атып тұр шымырлап (О.Шипин, Дастан.). Ол екі қолымен жер тірей еңкейіп, *к ө з* суынан ғана ішті (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл.). Бұлақтың *к ө з і* ашылып, Бұлдырап келді жылғаға. Құнанның жалына асылып, Қуанып, күліп тұр бала (М.Мақатаев, Шығ.). **14**. а у ы с. *Тұрғы, көзқарас, ұстаным.* Неше жүз жылдан бері Ломоносовтың атын орыс халқы көңілінде һәм тілінде сақтап келеді, мұнан соң мың жылдар өтсе де оған көрсетілген қадір, құрметтері артпаса кему жоқ. Біз де Абайға сол *к ө з б е н* қарауға керек (М.Дулатов, Шығ.).

Ай десе – аузы бар, күн десе – көзі бар. *Аса сұлу, өте көркем.* Баласы сұлу, *а й д е с е – а у з ы, к ү н д е с е – к ө з і б а р* (С.Көбеев, Қалың мал). Бағдад, Мысыр шәһәрінің бірінде бір ер жігіт, Хасен деген, бір *а й д е с е – а у з ы б а р, к ү н д е с е – к ө з і б а р,* ай маңдайлы, жұлдыз көзді сұлуға ғашық болған (С.Сейфуллин, Шығ.).

Адырақ көз. *Ала көз, бадырақ көз. А д ы р а қ к ө з* қара бала, тұлғасы үйге сыймайтындай (Б.Майлин, Азамат.). Қара торы, *а д ы р а қ к ө з,* талдырмаш жігіт кіріп келді (С.Мұқанов, Өсу жол.). Қыраубай деген *а д ы р а қ к ө з* балықшы ғана күлмеді («Лен. жас»).

Айнам көз. *Сұлу, шырайлы, сүйікті, сүйкімді.* Айтпа өкпе, *а й н а м к ө з і м,* Алаңдама мұңды ойға (М.Әлімбаев, Таңд. өлең.).

Ақылы көзінде. *Байыбына бармайтын, ақыл-парасаты төмен.* Бұл істердің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бар *а қ ы л ы к ө з і н д е г і* ақымақтарға «Бәрекелді» дегізбек (Абай, Тол. жин.).

Ақын көзбен үңілді [қарады]. б е й н е. *Ізгі ой, игі ниетпен байыптады.* Міне, міне, асыл досым, қарашы. Тым тереңде шын байлықтың бағасы. Егер Гитлер ұлы ақын бабасы Гете рухын өз бойына сіңірсе, Тағдырына *а қ ы н к ө з б е н ұ ң і л с е,* Пенделігі айнала төр құрса да Қаныпезер болар ма еді мұншама? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Ала көз. *Қарасынан ағы мол үлкен көз.* Жанарлы *а л а к ө з і* ұшқын шашты (С.Талжанов, Сейфулла.). Алғашқы кіргенімде мейірім білдірген капитан қазір маған жалбыр қасын тас түйіп, *а л а к ө з д е н* от шаша қарайды (Ә.Сәрсенбаев, Капитан.).

Ала көзбен атты [қарады]. *Жақтырмай, ұнатпай көз тастады.* Жұрттың бәрі Қаңқа *а л а к ө з і м е н а т қ а н* есік жақ бұрыштағы қара пешке қарап еді (Ә.Нәбиев, Шолпан). Үйіші болып енді бас көтерер жалғызымыз – Сейсенге *а л а к ө з і м і з б е н қ а р а д ы қ* («Қаз. әдеб.»). Жаңағы Қияқбай тәтемнің қойған аты, – деп Тоғызбекке *а л а к ө з і м м е н қ а р а п* тұрмын («Қаз. әдеб.»). Логвиненко сүп-сүр болып, Елинге *а л а к ө з і м е н* бір *қ а р а д ы* да, үн қатпады (Майдан).

Көзбен анық көрді. *Расына, шын екеніне көзі жетті, анығын байқады. А н ы қ к ө з б е н к ө р г е н* соң, Солдат екенін білген соң, Қамшы басып шу деді, Топтан озған жүйрік ед Астындағы тұлпары, Ұшқан құстан озатын. Құтылад деп жіберген, Жау болса егер қуатын (О.Шипин, Дастан.).

Аңғал көз. *Аңқау, арамдығы жоқ адам.* Топты ұйытып: «Тоқиық, деп, қардан бөз», Киімсізге жаны ашымас жаннан без. Күн көзіндей жыланды да жылытқан Тап осындай мөлдір бейіл, *а ң ғ а л к ө з* (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

Бадана [бадырақ] көз. *Бадырайған үлкен көз. Б а д а н а к ө з* бастық Мақыжан мен Әуелбектің бетіне кезек қарап тұрып: «Кездесіп қалғанымыз дұрыс болды, тиянақты түрде кеңесуіміз керек қой», – деді (Ә.Көшімов, Лашын.). Ысқырымпаз жігіт Дәуренге тек осы тұста ғана бет бұрып, *б а д а н а к ө з і н* төңкере қарады (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Бойы тапал, басы үлкен, ши бақай, *б а д ы р а қ к ө з* қара бала әліне қарамай шақар еді (С.Бақбергенов, Қайран шешем).

Бадана көз сауыт. к ө н е. *Әшекейлі тастар не құйып жасалған металл көзшелері бар сауыт.* Күрең тісін қасқайтып, Сұлу сүйер ме екенсің? *Б а д а н а к ө з,* тоғыз тор *С а у ы т* киер ме екенсің? (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Бармақ басты, көз қысты. *Қулық-айласы аралас, ымырашыл.* Жаны, ары таза Құнбаланы *б а р м а қ б а с т ы, к ө з қ ы с т ы* әрекетке итермеледі (С.Омаров, Қызыл.).

Бас жоқ, көз жоқ. *Еш нәрсеге қарамай, бірден.* Мен саған түсінбей тұрмын. *Б а с ж о қ, к ө з ж о қ,* алып кет дейсің (С.Омаров, Өмір.).

Бота көз. *Әдемі, мөлдіреген қара көз.* Сүйтсе де *б о т а к ө з і* өзінің қарауына тұрарлық, бір нәрсеге түскендей жайраңдай, ойнақтап, оймақ аузына күлімсіреу пайда болады (С.Ерубаев, Шығ.).

Екі көзі бұлаудай болды. *Ағыл-тегіл жылағаннан көзі ісіп кетті.* Қапа боп Амангелді қайтты үйге, Төседі қиял ойлап әрбір күйге. Жылаумен *е к і к ө з і б ұ л а у д а й б о п,* Жүгіріп жетіп келді Төлегенге: – Ала алмай бір шортанды әуре болдым, істеп бер деді садақ талдан и де (О.Шипин, Дастан.).

Екі көзі добалдай. *Көзі ісіп кеткен.* Бәрекелді,– деп алғысын жаудыруда Қоғамбай, Зеркүл екен, жылаған ба, *е к і к ө з і д о б а л д а й* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Екі көзі төрт болды. *Сарғая, сарыла, зарыға күтті.* Дәурені де өтті ғой серіліктің, Ұмытпайтындарды да мен ұмыттым. Сенің, сенің әкеңді күткенімдей, *Е к і к ө з і м т ө р т б о л ы п* сені күттім (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Апам ауылда *е к і к ө з і т ө р т б о л ы п,* мені сағынып отыр ғой, ә? (Ә.Көшімов, Лашын.). Шайхызан! *Т ө р т б о п* ж үрме *е к і к ө з і,* Папаңның почта арқылы күтіп сөзін? Туралық – тәуекелден, маслихат жоқ, Таза жүр тәрбиелеп өзіңді-өзің (О.Шораяқов, Шайыр).

Екі көзін төрт қылды. *Әбден күттірді, зарықтырды.* Бұрын ұзап шықпаған Ғанидың бұл сапары *е к і к ө з і н т ө р т қ ы л ы п,* балаға деген мейірбандығын тереңнен тебірентіп еді (Ж.Арыстанов, Таңд.).

Ескі [кәрі, көне] көз. *Көпті көрген, мағлұматы мол, көп білетін.* Ел аузында, *е с к і*

көз қарттар арасында атақты сері Ақан жайлы айтылып жүрген таңдай қақтырып, көзге жас шақыратын талай әңгімелер бар («Қаз. әдеб.»). Нағашы атасы, ауылдың *көрі көз*, кәнігі диқаны – Өтеке сияқты ақсақалдар күріш еккен кезде, Орынқұл әлі жұмысқа араласа қоймаған (Тоғызыншы шежіре).

Ел [жұрт, көп] көзі. *Көптің, ортаның ой-пікірі.* Көрінбе *ел көзіне* әсте қорқақ, Жанды жан демейтұғын жан шығып бақ (Абай, Тол. жин.). *Көп көзіне* көріне айтпа, Біздің сөзге ерсеңіз (Абай, Тол. жин.). Айтсадағы айныман, Көлденеңнің сөзіне. Әшкере болған ісім бар Жиылған *жұрттың көзіне* (Махамбет, Өлең.).

Есік көзі. *Есіктің алды. Есік көзінде* көп тұрмай ішке кірдім (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап).

Жай көз. *Қарапайым адам.* Өлімге сан жақын бардым Қорғансыз боп көрінсем де *жай көзге* Шындықты айтқан ақындардың Бірақ жолы болып еді қай кезде? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жалтаң көз. *Жалтақ адам.* Жат елде жадап жүргенше, *Жалтаң көз* боп тірі боп, Кім ермейді соңымнан, Көрнекке шықсам ірі боп (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жәудір [жаудыр көзі]. *Мөлдіреген сұлу көз.* Естіртпей сөйлеп сөзінді асқарға, Шалқытып бұла сөзімді аспанға. Шашыңа іліккен бір тал шөпті алып, Танадай *жәудір көзіңді* ашқанда (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Желмен шашын тарайды, Қызғалдақтар желбіреп. Жасқанып шық қарайды, *Жаудыр көзі мөлдіреп* (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жаутаң көз. *Дәметуші, үміт артушы.* Ақ тоқал бүйрек, сирақ, шеміршектерді екіге, үшке бөлшектеп *жаутаң көздерге* жағалай таратты (Ә.Көшімов, Лашын.).

Жүзіктің көзінен өткендей. *Жып-жинақы, әдемі, сұлу, көрікті. Жүзіктің көзінен өткендей* өзі талдырмаш, өзі нәзік, өзі сүйкімді жас келіншек... (З.Шашкин, Сенім). Оның қарап тұрсаң, көз тоймас, суреттей сұлу, әрі жүйрік, *жүзіктің көзінен өткендей* қос жирен аты бар (С.Жүнісов, Жапанда.).

Жылан көз. *Өткір, жылтыраған шұңірек көз.* Мынау ығатын емес, сеңсең тымақ астынан кірпік қақпай қадалған кішкентай *жылан көзі* тесіп барады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Көз ағартты. *Көрінбеді, үшті-күйлі жоғалды, ат ізін салмады.* Сөйтіп тамам «бақты» тауып алдым да, өзімнен төмендегілерді «бақпен» көзге ұрып, *көзін ағартып*, алдыңғыларға, аяғынан алсам да, жетпек болдым (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Көз адасты. *Шатасты, таба алмады.* Жылылық пен салқыннан жаратылған, Ойласам, оның түбі жердің буы-ау. *Көз адасты*, ой тапты, көрдіңіз бе? Ақылмен сыналмаған іс бұлдырлау (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Көз айырмады. *Көз алмай, қадалып ұзақ қарады.* Академик ту сыртынан *көзін айырмай* қарап тұрғандай болды (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Қожақов Сағатовтың бет-әлпетінен *көзін айырмады* (З.Шашкин, Ұядан ұш.). *Көз айырмай* қарасып, Шыдай алмай жамырап. Бір-бірімен таласып, Бір-бірінен қағып ап (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Қарайды *көз айырмай,* іздейді ақын жақынын. Қасым менен Тайыр да Барады өтіп ақырын (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Көз алартты. а) *Ашу көрсетті, теріс мінез білдірді.* Қырғи қабақ болды, қастасты, өштесті. Алдымен маған *көз алартқан* – жақын ауылдың бір-екі байы (Ж.Саин, Жол үсті). ә) *Қастандық істеді, зиян келтірді.* Мен облыстың тұтынушылар қоғамының председателі болып тұрғанда саған ешкім *көз аларта* алмайды... (С.Адамбеков, Көсе.). б) *Қызықты, иемденіп кетуге тырысты.* Филипп өлді, Ескендір патша болды. Жасы әрең жиырма бірге толды. Өз жұрты аз көрініп, көршілерге *көз алартып* қарады (Абай, Тол. жин.). Намысына шоқ түсіп кетпесе, малға *көздерін алартпас* (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Оның бер жағында бұл жабдыққа кім *көз алартпады,* кім қырына алмады (М.Қаратаев, Далада.). Салихан апамдай сенің пенсияңа да *көз алартпаймын,* денім сау болса, мен сендерге ауыртпалығымды түсірмеймін (С.Еркебаев, Алғашқы.).

Көз аларту. *Қастандық істеу, зиян келтіру.* Әрине, дүниежүзінде капитализм құрып бітпей олардың бізге қарсы *көз алартуы* да болмай тұрмас (Ө.Қанахин, Ауыр күн.).

Көз алартысты. *Өштесті, жауласты, аңдысты.* Біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына күндестік қылып я көрсеқызарлық қылып, *көз алартыспақ* лайық па? (Абай, Тол. жин.).

Көз алдады. *Алдамсыратты, арбады, алдап-сулады.* Айттым деп ол ойлады Құдай сөзін, Айтты ма, *алдады* ма жұрттың *көзін.* Түсіндірмей, сынайша, құр әндет деп, Құдай қашан сайлапты оның өзін (С.Торайғыров, Шығ.). Ішіне сақтап қулығын, Ептеп барып барлайды. Бұлғақтатып құйрығын Қарғаның *көзін алдайды* (Абай, Тол. жин.). Бөрене емес, бөшке емес, *Көз алдаған* бір елес (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

Көз алдау. *Жалған, алдамшы, өтірік.* Шәкен былтыр Тоқабайды жалдап, үлкен мектептің қабырғасын қалатқан. Бұнысы әншейін *көз алдау* екен. Сол мектеп сол күйінде қалып қойды (Ғ.Мүсірепов, Таңд.).

Көз алдынан. *Қарсы алдынан, бет алдынан.* Қаншама рет таңға да, Тілек айтып отырдым. *Көз алдымнан* сонда да Сен кетпедің, ақылдым (М.Шаханов, Ғасырлар.). Елестеп *көз алдымнан* өтіп жатыр, Секілді сол өмірлер көрген түсім. Тілден басқа денемнің бәрі өзгеріп, Түсе-түсе таусылды отыз тісім (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Өтіп жатты көп жолдар, *Көз алдынан* жүгіріп, Сайын дала сағымы Ойнап жатты құбылып (О.Шипин, Дастан.).

Көз алдына келді [елестеді]. *Есіне түсті, елестеді.* Жеті-сегіз атты жақындағы кішкене қораға қарай келе жатыр, Райханның *көз алдына келді,* Асқар есіне түсті (М.Әуезов, Таңд.). Абайдың *көз алдына* Ойке деген жеңгесі де, Байтастың былтыр жаздағы әншіл, сауықшыл жолдастары да толық *елестеді* (М.Әуезов, Таңд.). Сені айтсам – *көз алдыма* Арқа *келер,* Қарындас қара шашты қалқа келер (Ғ.Қайырбеков, Алтын.).

Көз алдына [көзге] келтірді [елестетті]. *Бұрын көрген нәрсені сол күйінде елестетті, еске алды.* Абай жол бойында бар дүниені ұмытып, бір Тоғжанның елесін *көз алдына келтіріп,* нелер ыстық қиялға батты (М.Әуезов, Таңд.). Бір қарағанда, кеуде жағы жуан, бөксе жағы жіңішкелеу көрініп, арыстанды *көзге елестеткендей* (Қ.Жұмалиев, Қырда). Жастайынан балықшы өмірінің сырына қанып өскен жігіт бір сәт өз өткенін де *көз алдына келтіреді,* еске алады («Лен. жас»).

Көз алдынан кетпеді. *Елестей берді, ұмытылмады.* Абайдың *көз алдынан* сол Тоғжанның жүзі *кетпеді* (М.Әуезов, Таңд.).

Көз алдынан қайтадан өткізді. *Бұрын көрген нәрсені сол күйінде елестетті, еске алды.* Кейін төсекте жатқанда, осы ұзақ тұрмыстың әр сәтін *көз алдынан қайтадан өткізіп,* қоштасарда қысқан Нияз қолының саусағына батқан ізін сезініп, мейірленіп жатады (Т.Ахтанов, Шырағың.).

Көз алдында. *Қарсы алдында, бет алдында, көзінше.* Дуанның екі бастығы, Майыр мен Құнанбай, бұдан әрі сөйлессе, ұрысқа кететін түрі бар. Ол орынсыз. Алшынбай өз *көз алдында* бұған ырық беруге болмайды (М.Әуезов, Таңд.). Сағынып сан жарысты алаңдаушы ем, Дүбірден денем қызып қала алмаушы ем, Ұршықтай дөңгеленіп жөнелгенде, Даланың ойшұңқырын қаранбаушы ем. Жер билеп, *көз алдымда* көк теңселіп, Сағымды көсілуші ем көктей сөгіп, (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Күлгенде денең мен, қасыңмен Қызуын тежеуді қойды аптап. Жүрсің сен, ақ бота, жас інген, *Көзімнің алдында* ойнақтап (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). ...Сол кеткеннен мол кеттім, оралмадым, Жерді аңсаймын... Жалғыз-ақ сол арманым. Қиын екен қимасың екі бірдей, *Көз алдында* ғайып боп жоғалғаны... (М.Мақатаев, Шығ.).

Көз алдында тұрды. *Ұмытылмады, естен кетпеді.* ...О, қайран жастық күндерім! Достарым – үзілмеген гүлдерім... Сендерден айырған кім мені? Қарғыс атқан қара свастика Көз алдымда тұр менің, *Көз алдымда тұр* менің... (М.Мақатаев, Шығ.).

Көз алмады [аудармады, жазбады]. а) *Ұзақ қадала қарады, тесіле қарады басқа жаққа бұрылмады.* Сөзінің өз тыңдаушысына әсер еткенін байқағандай, Тұрағұлдан *көз алмай* қарап отыр (М.Әуезов, Таңд.). Ол ойға шомған қалпы, туған қаласынан *көзін ала алмай* әлі күлімдеп тұр еді (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Ей, мынау ғажап қой! – деді ол қарсы алдынан *көз алмай* (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Сағымға бойын жуған жас киіктен, Әлі тұр *көзін алмай* Құрманғазы (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). Алыс тұрып, ақырды қыр басынан: «Берекесін бұл жердің кім қашырған?..» Өңім бе, түсім бе деп таңданады, Көз алмай орамалды ұрғашыдан, *Көз алмай* сүле-сопа тұлғасынан (М.Мақатаев, Шығ.). Абай үлкен столдың жанына қойған екі үлкен жастыққа көлденең түсіп, шынтақтап жатып, Есбергеннен *көз алмайды* (М.Әуезов, Таңд.). ә) *Жіті назарында ұстады, қалт жібермеді.* Қырық пышақпен қыржыңдап тұрған түлкі, Ол да – осал жау емес қыран паңға. Сегіз найза қолында, *көз аударма*й, Батыр да аял қылмайды ертең таңға (Абай, Тол. жин.).

Көз алмасы. а н а т. <лат. bulbus oculi> *Пішіні шар тәрізді, алдыңғы бетінен артқы жағына қарай сәл қысыңқы келген көру мүшесінің негізгі бөлігі. Көз алмасы* – көру талдағышының құрылысы күрделі шеткі мүшесі (Қаз. тілі термин. Биология). Адамның көзі миға көру жүйесі арқылы жалғасқан домалақтау келген *көз алмасынан* және бұған қосымша қабақ, көз жасы бездері, көз алмасын қозғалтатын бұлшық еттерден тұрады (ҚҰЭ). Бұл шеміршек өскен сайын *көз алмасына* батып, қарашықтың ортасына байланған ақ шелді қалыңдата түседі (Қ.Нұғматжанов, Гистология.)

Көз арбады. *Көңіл бөлді, алаңдатты.* Еріндер – еңлік гүл жапырағы, Шәрбатын

ауа арқылы татырады. Қос балтыр жолды кескен жезкиіктей *Көз арбап,* ерсіл-қарсыл қатынады (К.Салықов, Жезкиік).

Көз асып кетті. *Көзден таса болды, көрінбей кетті.* – Ешқандай хабар жоқ. Жер бетіне айдап әкетті емес пе. – Иә, сабаз ер, ақыры ат жетпес, атан жетпес жерге *көз асып кетті* ғой. Жоқ болды ғой (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Көз асырды. *Таса қылды, көрсетпей қойды.* «Қап, не қыласың! Алысқа *көз асырып* жіберу керек-ақ екен», – деп екілене түсті де, кенет ол «әй, мейлі!»... деп ойлап, қолын бір сілтеді (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Көз ашқанша. *Тез арада, лезде.* ...Қамалып қалды өзі де *көз ашқанша,* Найзамен болат үшкір найзаланып, Ер князь ыңқылдайды қатты сонша (І.Жансүгіров, Поэм.).

Көз ашпады [ашқан жоқ]. *Құтыла алмады; арылмады.* Бүгін күні бойы жауыннан *көз ашпадық* (С.Байжанов, Жастық). Тұздыбайлар Аманбайдың қасына келгелі қонақтан *көз ашқан жоқ* (І.Жансүгіров, Шығ.). Оспан мен Ысмағұл алысу мен төбелесуден *көз ашпайтын* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Мінекей, келіп қалдым біраз жасқа, Құрбылар қатын алды менен басқа, Жалғанда *көз ашпадым* жалшылықтан, Ағарды мехнатпен сақал-шаш та! (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Көз ашқызбады [аштырмады]. а) *Бет қаратпады.* Жер бетін, тау-тасты да кісі бойы қар басып, түтеген ақ шұнақ боран *көз аштырмай,* сықырлаған қызыл аяз қалтыратып аяқ бастырмады (М.Ермеков, Тарту). ә) *Мазасын алды, дамыл бермеді.* Әкесі өлетіндей, анасы да, мынасы да ішкізуден *көз ашқызды* ма екен, түге! – деді Шәкір (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Көз ашты. а) *Дүниеге келді, туды.* Білмейтін – Туысы кім, Туғаны кім, Көрмеген *көз ашқалы* бір бауырын, Келеді балапанның дауыстары Астынан Тахияташ құмдарының... (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Естігенім жоқ әлі Жамандықтан басқаны. Миллион жыл болады Мен *көзімді ашқалы* (С.Жиенбаев, Алтын қалам). *Көзімді ашып* көрген бөбек Сәруар еді жалғыз ұлым, Папаң тірі келеді деп, Жабырқатпай бетін сүйген (С.Керімбеков, Еңбек – ата.). ә) *Хат таныды, сауаттанды, әр нәрседен хабардар болды.* Еліміз қараңғы, *көзін ашатын* мектеп жоқ, – деді Ыбырай (М.Ақынжанов, Ыбырай.). Әсіресе, орыс оқуы *көздді ашып,* көңілді ағартса керек (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Миллеттің, кел майданға, талиптары, Дерті бар, дәрмені жоқ ғарыптары! Оқыған жастарының арқасында, *Көз аштыы* көрші жұрттың халықтары (С.Торайғыров, Алаш ұраны). б) *Сергіді, дүниеге жөнделе қарады.* Азамат сестенбе, *көзіңді аш,* жүрме бос, Ұран сал, алға бас, Бірігіп тізе қос (С.Сейфуллин, Шығ.).

Көз ашып, жүрек жуды. *Көңілді оятты, жүректі тазартты.* Ойлану – ескек жылы жел, Көңілдің алтын жүрегі. *Көз ашады, жүрек жуады,* Бұлт қуа, тұман түреді (І.Жансүгіров, Поэм.).

Көз ашырмады. с ө й л. *Тыным таптырмады, маза бермеді.* Алдыруға болады, бірақ онда ала жаздай жаңбыр *көз ашырмайды* («Лен. жас»).

Көз байлады. а) *Сиқырлықпен адам нанғысыз нәрселерді жасады. Көз байлаған* бақсы неше түрлі керемет нәрсе көрсетеді: ішіне пышақ сұғып, арқасынан шығара ма керек, ине жұта ма керек, қолының қырымен киізді тіліп жібере ме керек, өгіздің аузынан кіріп, артынан шыға ма керек, аю, жылан, қасқыр қаптата ма керек... толып жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). ә) *Алдады, арбады.* Бірақ мына болып тұрған Европа соғысы бүкіл жұрттың *көзін байлап,* Мечниковтің 70 жастық тойы болмай өтті (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

Көз байланды. *Ымырт жабылды, қас қарайды, қараңғы түсті.* Бұл *көз байланып* қалған мезгіл еді (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.). *Көз байлана* сып етіп шал да келді (Абай, Шығ.). *Көз байланған* қараңғы кез еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Көз байланып,* дүние қараңғы тартқандықтан, маңайдағы көп нәрсе көрінбеуге айналды (М.Әуезов, Қараш.).

Көз байлау. а) *Алдап, арбау.* Түн, бұғау, алдау, арбау, дін, шариғат, Қан құйып, халық *көзін байлаумен* (Жамбыл, Шығ.). ә) *Сиқырлықпен адам нанғысыз нәрселерді жасау, фокус. Көз байлау* қолдан жасалған ұйқы деуге жарамайды. *Көз байлау* неден болатын қызық. Қарапайым адам бақсылардың *көз байлауын* оның қасиетіне, жыны барлығына жориды (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Көз байлау* біркелкі әсерлердің күшінен пайда болды, мәселен, жарқыраған бір ноқатқа сарылып отырсаңыз, аздан соң, көзіңіз талып, әлденелер көрінеді; онан соң адамды сендіру деген нәрсе бар, біреудің мысы жеңу деген нәрсе бар, сондай мысы күшті, табиғатында бір түрлі қуаты бар адам өзгелерге үлкен әсер береді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көз барда. с ө й л. *Қараңғы түспей тұрғанда.* Жарықта, *көз барда* сол молаға жетіп алайық, аяғыңды тезірек бас (Ә.Әбішев, Найзағай).

Көз байлаушы [баушы]. *Әртүрлі айламен адам нанғысыз нәрселер жасаушы, сиқыршы, фокус маманы. Көз байлаушылар* мен сиқыршылар кереметтері басталғанда мен Рамо залындағы екінші қатарда отырған едім («Лен. жас»). Мұның өзі баскесер немесе *көз баушы* (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Сарөнжав бар ғой, нағыз *көз баушы* (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Тотан келіп, сәлем беріп амандасады. Жай-мәнісін түсінеді. Бұл адам *көз байлаушы* адам екен (Қаз. ертег.).

Көзбен атты. *Жақтырмай қарады, көзін алартты, көзімен атты.* Бүтін көше бойы азан-қазан. Таяқ жесе де, Елена Павловна жылаған баланы уатып, алдында қарусыз елге қожаңдап тұрған Хитровты *көзімен атып* тұр (Ә.Шәріпов, Шығ.).

Көзбен жеді [ішіп-жеді]. *Тесіле қарады, көзін алмады.* Папамның мекемесінде істейтін бір жылпостау жігіт те, байқаймын, менде көңілі бар. Әр келген сайын қаймақ көрген мысықтай, мені *көзімен жеп* болады (Ө.Қанахин, Шығ.).

Көзбен жер шұқылады. *Басын жерден көтермеді, көңілі құлазыды.* Талабымды алғандай шоққа сұғып, Алдан жабық, мейірімсіз қақпа шығып Тұрып қалдым *көзіммен жер шұқылап,* Тасып кірген көңілім сап басылып (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көзбен көрген анық, құлақпен естіген танық. *Естіген өтірік, көрген шын деген мағынада.* Өтірік пен шынның айырмасы ес емес пе? *Көзбен көрген анық, құлақпен естіген танық* емес пе? (Шешендік сөздер).

Көзбен көрді. *Өзі көріп білді, көзін жеткізді.* Жас Ұлықпан барлығын *Көрді көзбен* анықтап. Алматыға кеп жетті Ұшқан құстай шарықтап (О.Шипин, Дастан.). Есет айтты Әлиге: – Жап-жас қана баласың, *Көрген* дейсің сен *көзбен* Жер мен көктің арасын (О.Шипин, Дастан.).

Көзбен тінтіді. *Қарап шықты, аралады.* Вокзалдың бір үй жалдап нақ қасынан, Күзетті стансаның қақпасынан, Есігін сан пойыздың *көзбен тінтіп,* Сұрады әр жүкшіден қап тасыған... (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ.).

Көзбен ұзатты [шығарып салды]. *Көзін алмай, соңдарынан қарап тұрды, көрінбей кеткенше қарап тұрды.* Одан басқа еш нәрсені сезбеген, Тек екеуі кейін қалды өзгеден. Басқа жылқы қырға беттеп барады. Бұл соларды *ұзатып* тұр *көзбенен* (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Жақия оларды күдікті *көзбен шығарып салды* (Е.Өтетілеуов, Бос шелек).

Көзбен шолды. *Жаппай шолып қарап, бағдарлады. Көзбен шолып* егін орған алаңын, Әбіш пенен тұр басқарма қара мұрт (Т.Жароков, Өленд.).

Көз болды. *Ие болды, бас-көз болды, басықасында жүрді, қорыды.* Біз *көз болып* отырмасақ, апам картопты қазанға қабығымен салып жіберуге бар (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Халқыңа *көз бол,* адам бол, Құрдасым, Балта, аман бол (Манас). Біздің малға *көз болатын* кісіміз жоқ деген сайын тақаты қалмайды (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Көз бояды. *Алдады, өтірік айтты, шындықты жасырды.* Әлі көзі түгел жоғалып болмаған ескі адам мынадай момын колхозшының момындығы арқасында қағаберісте отырып *көз боя п,* ескі қырсық мінездерін жасайды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *Көз боя п* «рапорт» берген – зәлімдер ме? Подхалим, – екіжүзді тәлімдер ме? Өтірік цифр беріп өкіметке, – Колхоздың малын құртқан «мәлімдер ме?» (С.Сейфуллин, Шығ.).

Көз бояу. *Алдау, шындықты жасыру.* Марал халықтың *көзін боя у* үшін екінші бір жол тұтты («Айқап»).Ол бұлардың қазіргі қылығы тек *көз боя у* екенін түсінді (І.Есенберлин, Қатерлі.). Біреуден көшіріп *көз боя удың* керегі не еді? (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Көз бояушы. *Көзбояушы.* а) *Алдаушы, шындықты бұрмалаушы.* Жай талап етілумен іс біткен жоқ, *көзбоя ушылар* сотқа тартылды (М.Қосшығұлов, Шындық.). Жақсы көрсе молданы, *Көз боя ушы* зұлым деп, Көпшілік неге қарғаған (Айтыс.). ә) *Сиқыршы, фокус маманы.* Ташкент барып, *көз боя ушы,* даршы, мейрампаз дегеннің, күллісін көргем («Лен. жас»).

Көз бұлдырады. *Жан-жағын анық көре алмай қалды.* Осы сәтте – бүкіл денем шымырлап, *Көз бұлдырап,* кетті басым шыңылдап. ...Мен кетерде, бауырларым егіліп, Дәл осылай... қалып еді шырылдап (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Ең алғаш *көз бұлдырап,* бой шымырлап, қозғалып жүрек орнын таба алмады. Талғардың төбесінде тіккен ту бар, Ол-дағы бұлаң қағып төмен қалды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көз бұқасын көрсетті. *Жақтырмай қарады, ала көзімен атты.* Зорька бұрыштағы қара саулыққа да *көз бұқасын көрсеткен* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Көз бұршағы. а н а т. *Пішіні сопақша келген, екі беті дөңес линзаға ұқсас мөлдір құрылым. Көз бұршағы* кірпікті денеге кірпікті белдеудің көмегімен бекиді (Қаз. тілі термин. Биология). *Көз бұршағы* жарық сәулелерін сындырып,

олардың торлы қабыққа түсуін қамтамасыз етеді (Қаз. тілі термин. Биология).

Көзге айтты. *Ойын жасырмай, ашық бетіне айтты.* Кемісін халқым *көзіме айт,* Кеңесім менің жақпаса. Кем көрмеймін көңіліме Ат мініп, шапан кигендей «Пәлі!» деп жұртым мақтаса (Базар жырау, Шығ.). Мінезі шәлкес, бетің бар, жүзің бар демей ойындағысын тура *көзге айтатын* жан еді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Саған айтсам, әкеңнің өз *көзіне айтқаным!* Татуластық, табыстық деп ек кеше тамам Арғынның тобында. Сол татуласқан сиқым осы ма? – деді Байдалы Абайға (М.Әуезов, Таңд.). Мен бір жан *көзіне айтар* көңіл жықпай, аға мен ініге де, келінге де (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).

Көзге алмады. *Елемеді, көзге ілмеді.* Шешесінің қайғысынан ба, әлде, жеке үйренгендіктен бе, біреуін адам екен деп *көзге алмады* (С.Дөнентаев, Таңд. шығ.).

Көзге басылды. *Көзге түсті, ұшырады, көрінді.* Сонда да тіп-тік қиядан Мұнар боп *көзге басылды* (Ж.Сайн, Таңд. шығ.).

Көзге елестеді. *Елес берді, көз алдына келді.* Осыдан кейін бұл хабар Батырға барып жетеді, Бойына сыймай ашуы Денесі дір-дір етеді, *Елестеп* ердің *көзіне* Зылиқаның мұң-зары (О.Шипин, Дастан.). Тағы... Тағы... Талайлар *Елестеді көзіме.* Қайран туыс ноғайлар Он сан болған бір кезде (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ.). *Елестейді көзіне* Жиырма сегіз достары, Төртеу тұрып қарусыз Жаудың қыруар танкісін Кеудесімен тосқаны (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). *Елестейді көзіне* колхоз малы бес түлік (З.Қалауова, Кавказ.).

Көзге жас оралды [келді]. *Жылағысы келді, көңілі босады.* Көлгірсіп сұрама халді, *Көзге жас орала* қалды. Сөздің бір сүңгісіменен Сен мені жаралап алдың (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). «Мұң-қайғы мойытпады әсте мені», Дейтұғын ұлың да бір қас төре еді. Әкем жоқ, сен аурусың, соны ойласам, *Көзіме* екі тарам *жас келеді* (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

Көзге жылпың, сыртқа қылпың көрінді. *Өтірік мәймөңкеледі, көнгірсіді (бояма бет, жағымсыз адам туралы). Көзге жылпың, сыртқа қылпың көрінген.* Күн көрісі емізікті емінген, Табылар ма, танылар ма қасыңнан Күн бұзылып, бұлт айналса көгіңнен («Қаз. әдеб.»).

Көзге жылы [оттай] көрінді [ұшырады]. *Жақын, үйреншікті сезілді, ыстық тартты. Көзге жылы көрінген* өздеріңді сағындым (Жамбыл, Таңд. шығ.). Алыстан тағы бір жаулық кіріп келеді екен. Мақпалдың *көзіне жылы ұшыраған дай* болды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Есік алдында *көзге жылы ұшырайтын* украинкалар жоқ (Т.Ахтанов, Махаббат.). Қызыл күрең дидары *Көзге жылы ұшырап* (С.Мәуленов, Жолдас). Ауылға да таяп қалдық, алыстан *көзге жылы ұшырайды* («Қаз. әдеб.»). *Көзге жылы көрінген* Өздеріңді сағындым (Ақын жырлары.). Осы аста табақ көтеріп жүрген баяғы қашқан етігім анадайдан *көзіме оттай ұшырады* (Қаз. ертег.).

Көзге көрінбеді. а) *Істеген ісі, жақсылығы бағаланбады.* Алты ай жаз қылған жұмысы шалдың *көзіне көрінбеді* (Ауызекі). ә) *Көзіне аз көрінді, қанағат қылмады.* Үйімде ішуші едім шекер мен бал, *Көзіме көрінбеген* осынша мал (Айман-Шолпан).

Көзге көрінді. а) *Көрінді, алдынан шықты.* Өзен боп *көрін көзіме,* кезең боп көрін, Қиялыма еріп кейде мен кезем көк терін. Балаларыма сенемін, балаларыма Биікке алып шығар деп өз еңбектерің (Т.Молдағалиев, Шақырады.). *Көрінді көзге* сымбатты Мұсабектің тұлғасы... Қасында Тәтті сырласы – Толғатып бір күн ұл туды, Үшеу болды бір басы (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). ә) *Жолықты, кездесті.* Анда-санда *көзіме* бір *көрінсең,* Қарға аунаған түлкідей қалам жайнап (Ақын жырлары). б) *Жұрт көзіне түсті, ауызға ілінді.* Бірден-бір ауысып болмай кезбе, Еңбек қыл елің үшін, *көрін көзге,* Жатыпішер жалқаулар, қисық-қыңыр, Заң бойынша түзелмек түсіп көзге (Шашубай Қошқарбайұлы).

Көзге күйік болды. *Жеккөрініштi болды, көзге шыққан сүйелдей болды, жексұрын көрінді. Көзге күйік болып,* бос сенделіп жүргеннен қиын болмас, – деді Асан (Т.Ахтанов, Шығ.). Қамар осындай әркімнің *көзіне күйік болған* қалпымен күннен-күнге құлпырып, он бес жасына жетті (С.Торайғыров, Қамар сұлу). *Көзіне күйік болған* күйші кетсе, Осымен қыз арманын тауыса ма? (І.Жансүгіров, Таңд.). Жарқырап су түбінде жатыр екен, *Болғандай* небір асыл, *көзге күйік!* Жарбиып жар жағада отыр «күйеу», Дарияның барлық суын меске құйып (О.Шораяқов, Шайыр).

Көзге қағыс жер. *Көрінбейтін, қалтарыс жер.* Бар өнерім қырағылық, жердің астыүстіне де менің *көзіме қағыс жер* жоқ, қандай нәрсе болса да, анықтап қарасам, бәрін де көремін (Қаз. ертег.).

Көзге қамшы тигендей. *Істер амалы таусылды, соққы көрді, лажы құрыды.* Қайғы болды күйгендей. Ол қуатым еді, рас. *Көзге*

қамшы тигендей Жыр айналды артқы жас (Абай, Тол. жин.).

Көзге қораш. *Сырт кейпі келіссіз деген мағынада. Көзге қораш* бойым бар, Теңізден тере ойым бар, Шынардан биік санам бар, Атан өгіз ағызған Ақылдан алпыс салам бар (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Әйгілі алпыс екі елге Торғай, Сең жүрген әрбірінен асқар таудай. Кішкентай *көзге қораш* құрдым соры Торғайға алпыс екі қалад толмай (О.Шипин, Дастан.). Осы кеште Киров ауданының секретары *көзге қораш,* кішілеу, арықша болса да, қатты өркештеніп көтеріле сөйлеп отыр (М.Әуезов, Өскен өркен). Әсия бұл тұста филармонияларда болатын топтарға қарағанда *көзге* сонша *қораш* екенін ойлап ыза болатын (М.Әуезов, Өскен өркен).

Көзге мақтады. *Бетіне мақтады, көзінше мақтады.* Ризамын тыңдаушым *Көзіме мақтан,* артынан Ат қойып, айдар тақпаса. Ашылып сөздің тоғаны Әл бермейтін бөгеуге Сарқырап селдей қаптаса (Базар жырау, Шығ.).

Көзіне нұр ұйыды. б е й н е. *Шаттанды, қуанды.* Сезімдерге бөленгенде ең керім, Жүзімізге, *көзімізге нұр ұйып,* Мұнар мен гүл, кемпірқосақ еңбегін Бағалаймыз жылай жаздап жымиып (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

Көзге оттай [шоқтай] басылды [ұшырады]. а) *Бұрыннан таныс, жақын кейіппен қуанышты кездесті.* Екі қара домалақ бала *көзіне оттай басылды* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Жұмабек суретке қайта қарағанда, ұялы үлкен көзді, жұқа өңді қара торы қыз *көзіне шоқтай басылып,* көңілі жылып қоя берді (Т.Ахтанов, Шығ.). ә) *Өте жылы ұшырап кетті.* Тек келесі күні бір газетте: «Қазақстандықтардың ішінде Олег Түсімханов жақсы нәтиже көрсетті» деген екі жол *көзіне оттай басылды* («Қаз. әдеб.»).

Көзден салмады. *Сыртқа теппеді, жатсынбады.* Жақсыны *көзден салмаңыздар,* Жақсыдан қапы қалмаңыздар, Өзі болған жігіттің Аяғынан шалмаңыздар (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Көзге сап ете түсті. *Бірден көріне кетті, көзге басылды.* Шын толқып, шын балқып, жүректен шыққан табиғи өлеңдер екені оқығанда *көзге сап ете түседі* (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

Көзге сынық келді [көрінді]. *Әдепті, тәртіпті болып көрінді.* Керек іс бозбалаға талаптылық, Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық. Кейбір жігіт жүреді, мақтанкөйлеп, Сыртқа пысық *келеді, көзге сынық* (Абай, Тол. жин.).

Көзге тоқ. *Көрер көзге мол, денелі.* Содан шығар, осы *көзге тоқ,* көңілге сенімді, байсалды солдатқа қарайлай берді (Т.Ахтанов, Шығ.). Оттың басында астына көрпе төсеп, түлкі тымақ киген, бұғағы салбыраған, *көзге тоқ,* ақ, сұлу қыз отыр (І.Жансүгіров, Таңд. шығ.).

Көзге түрткі. *Көзге күйік, жексұрын.* Тастан қаланған дүние жаман салынса, ғасырлар бойы *көзге түрткі,* көңілге қаяу («Қаз. әдеб.»).

Көзге түрткі болды. *Көзге шыққан сүйелдей болды, жеккөрінішті болды, шеттетілді. Көзге түрткі* болғанымша мүлде кетем (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Сәулем-ай! Сорға туған екенсің! Тірі жетім болуға, Сен де арналған екенсің! Елде кімге жалынып, *Көзге түрткі болар сың?..* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көзге түрткі қылды. *Көзге шыққан сүйелдей етті, шетқақпай қылды. Көзге түрткі қылмаймын,* Бала үшін қайғырма (Ж.Аймауытов, Шығ.). Барлық Ырғызбай Дәркембайды содан бері *көзге түрткі қып,* шетке қағып, қырына ала беретін (М.Әуезов, Абай жолы).

Көзге түртсе көрмейтін [көргісіз, көрінбейтін]. *Тас түнек қараңғы, ештеңені көріп болмайтын, тұқ көрінбейтін.* Біз жүгіре басып келе жатырмыз. Оның арасында түн *көзге түртсе көрінбейтін* қараңғы (М.Дулатов, Шығ.). Түн. Жаңбыр құйып тұр. *Көзге түртсе көрмейтін* қап-қара түн (С.Сейфуллин, Шығ.). Далада арба дыбысы, адам даусы естіледі. Түн *көзге түртсе көргісіз* қараңғы. Найзағай оқтын-оқтын жарқылдап қояды (Ғ.Мұстафин, Таңд. шығ.). Түнерген асты да бұлт, үсті де бұлт, *көрінбес көз түрткісіз* айнала сырт (А.Тоқмағамбетов, Дастан.). Қараңғы түнде, *көзге түртсе көргісіз* кезде жылқыға жақындап келе жатса, алдарынан қалың мола шықты (К.Әзірбаев, Аңыз.). *Көзге түртсе көргісіз* қараңғыдан олардың көзге алғаш шалынғаны біреу еді, енді екеу, онан үшеу болып кетті (Ә.Әбішев, Найзағай.).

Көзге түскіш. *Өзіне назар аударғыш, байқалғыш; назарға ілінгіш.* Көңілде жеке тұрған адамның *көзге түскіш* келетіні қандай, Сәуленің көзі есіктен кіргеннен Темірге түсті (Ә.Әбішев, Шығ.).

Көзге түсті [шалынды, ілікті]. а) *Көрінді, байқалды.* Сол күйінде жатыр әлі ақ айдын, Ақ айдынды жалғыз саған балаймын. Көк орамал *көзге түспес* пе екен деп, Арғы бетке жаутаң-жаутаң қараймын (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Ол қыздың *көзге түсті* жүдегені, Басқа емес, жалғыз тамақ тілегені,

Бес елі бетіндегі беттің кірі, Түйенің секілді үсті түлегені (О.Шипин, Дастан.). Жем іздеген бір түлкі кездей келді сорына. Ағаштан төмен түспеген, ірімшікті тістеген Қарға *тұсті көзіне* (Абай, Тол. жин.). Жоқ қараушы осылай ой әбігеріне түсіп келе жатқанда, дәл Қоспан тұсында бір топ қараң-құраң етіп, алыстан *көзге шалынды* (С.Адамбеков, Көсе.). ә) *Кездесті, ұшырасты.* Желпініп жаңа ғана жаны күліп, Өленді қара терге малындырып, Ілияс жетті-ау бүгін ортамызға, Көп жылдар *көзге түспей* сағындырып (С.Мәуленов, Алыс кет.). б) *Жақсы таныльды, ерекшеленді.* Әсіресе, бүгін қайратпен, ерлікпен *көзге түскендер:* Жігітекте – Абылғазы, Бөкеншіде – Марқабай (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Құрылысты құрғызды, Барлық істі жүргізді. *Көзге түсер* көрнекті, Неше алуан өрнекті, Той болатын алаңға Биік сөре тұрғызды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). в) *Көңіл аудартты, көз тартты.* Шырайлымның *көзге түсіп,* жұрттың аузының суын құрытып жүрген кезі (Б.Майлин, Таңд. шығ.). О, жасаған, қыз боп *көзге түстім* бе? (С.Адамбеков, Көсе.). Шалқадан жатқан қалпында екі қонақтың да сақалдары күйектей боп, ерекше *көзге түсті* (М.Әуезов, Абай жолы).

Көзге ұрды [ұрынды]. *Ерекше көзге түсті, ерекшеленді.* Өзіңде бармен *көзге ұрып,* Артылам деме өзгеден. Күндестігін қоздырып, Азапқа қалма езбеден (Абай, Тол. жин.). А.К. әпенді жағынан жазылып Түркия газеттеріне басылған мақалаларда кейбір большевиктерге «жолдас» сөзін қолдануынан тұрпайылық пен балалықтың белгілері *көзге ұрынып* тұрады (М.Шоқай, Таңд.).

Көзге шұқыды [түртті]. а) *Анықтап көрсетті. Көзіне шұқымасақ,* көрмейтіндер бар, құлағынан тартпасаң, тыңдамайтындар бар («Лен. жас»). Оларға *көзге шұқып* тұрып көрсетіп, мынау ақ шіркеуді көрсетеді деді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). ә) *Бетіне басты, бүкпесіз ашып айтты. Бүкпесіз ашып айтты.* Нені болса *көзге шұқып,* басқа сабап айтатын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Абай нені болса да *көзге шұқып,* басқа сабап айтады. Және соны ашулы қазы, әділ би түсінде қатты зекіп, зілмен айтады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Әлімжан сынды атаңның Сөзін қабыл алыңдар! Әлімжан айтар сөзден тартынбады, Айбаты найзағайдай жарқылдады, Сұлтанның бар жаласын ашып салып, Зұлымды *көзге шұқып* қарқындады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). ә) *Көзге күйік етті.* Мал жияды мақтанып білдірмекке, *Көзге шұқып,* малменен күйдірмекке, Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлап, Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке (Абай, Тол. жин.). Келген кісім сен болсаң, *көзге тұрте* бермеңіз (Шернияз Жарылғасұлы).

Көзге шыққан [түскен] сүйел [сүйелдей] болды. *Жеккөрінішті көрінді, елден ерекше жексұрын болды.* Ержан жұмыс істеп жатқан адамдардың қасында *көзге сүйел болып* көп тұра алмады (Т.Ахтанов, Шығ.). Егер, бізде намыс болса, қолдан кеткен туды қалай да қайырып аламыз, не қасиетті еліміздің *көзіне шыққан сүйел болмай,* өзіміз жоғаламыз, – деді Сәденов (Ә.Әбішев, Найзағай). *Көзге шыққан сүйелдей* қатардан ешкім қала алмай әрбір кезекті көтерілісте амалсыз ерді (М.Иманжанов, Көк белес). Оның *көзге шыққан сүйелдей* жеке қалуы бойына үлкен мін болып, намысқа тиді (М.Иманжанов, Көк белес). Дәл осы тұста мен өзімнің *көзге шыққан сүйелдей* тым ыңғайсыздық халімді айқын байқаған едім (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

Көзге ыстық [оттай] көрінді. *Өте жылы ұшырап кетті, көзге оттай басылды.* Шешесінен қалған, *көзіне ыстық көрінген* аты болған соң, Көркемтай оны қорғаштап... кілтін өз қалтасына салып алатын болған (С.Дөнентаев, Шығ.). *Көрінді көзіме ыстық оттай* болып, Кездерім октябрят, пионерлік (Қ.Ұябаев, Дархан.).

Көзге ілмеді [ілсін бе?]. а) *Елемеді, қарамады.* Ол бұларды *көзіне ілетін емес,* шалқасынан жатқан күйі қалды (Ә.Әбішев, Найзағай). Ылғи бір абыр-сабырдың астында қалған Игілік мұны *көзіне іле* қоймағанына ренжи де алған жоқ (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). ә) *Менсінбеді, міне тұтпады.* Темір осында келіп, сені сұрастырып жүрген көрінеді. Сенен басқаны *көзіне ілетін емес,* – деді Перизат Сәулеге (Ә.Әбішев, Найзағай). Дүниенің қызығына, ойынына Бір түкіріп, бұршақ салып мойныма, Кетер едім бір пендені *көзге ілмей,* Көзге ілмеуге ғұмыр мені қойды ма?! (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Есітіп шаһы Қатур буып белді, Әскерін қарсы алдынан алып келді. Көңілі өсіп келатқан соң *көзге ілмей,* Оларды алды ірандар ортаға енді (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Талайлар ұнатпайтын мінезіңді, Талайлар өмірлік бақытына Балайтын бір өзіңді... Ешқайсын *көзіңе ілмейсің!* (Қ.Жұмағалиев, Айнамкөз). Бай құданы бейілі жоқ, *Көзге ілсін* бе кедейді, Ұрсып күші жете ме, Қартайған шал не дейді? Керегі байға қалынмал, Қызының қамын жемейді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). б) *Керек қылмады, қажет етпеді.* Өмір, өлім, не нәрсе ұжмақ, дозақ, Білмейді бақ күндеу мен табалауды. Қайғы, қызық не нәрсе, дәмін білмес. Байлық, бақыт дегенді *көзіне ілмес* (С.Торайғыров, Шығ.).

Көзге ілмеу. *Менсінбеу, елемеу.* Күйеу-ау, жарым риза дегендей жайланыпсың, жеңгені *көзге ілмеуге* айналыпсың (Б.Майлин, Шығ.).

Көзге ілінді. а) *Көрінді, байқалды, көзге түсті.* – Мына маймыл – шыр айналып жүгірген, Үсті-басы бұтақ жырып тілінген,– Осылардың ішіндегі әккісі, Ерте келіп, кештеу *көзге ілінген* (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Жетпейді даусым іздеген кезде, Жетпейді содан маған да бір күй. Бір жақын бейне *ілінбей көзге,* Жүремін соған алаңдап ылғи (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Орынсыз жатқан заттар *көзге ілінді* («Халық мұғ.»). ә) *Кез болды, кез келді.* Қияға мен бір қыран көз жіберген, Құрбыға айта бермен *көзге ілінген* (Үш ғасыр.).

Көзден бұлбұл [бұлттай, бір-бір] ұшты. *Көзден ғайып болды, жоғалды, көрінбей кетті.* Сағымнан шәйі жамылған, Қырмызы тоты құстар-ай. Аулақтап жастық бағымнан, *Көзімнен бұлбұл ұшқаны-ай!* (М.Мақатаев, Шығ.). Байғұс шал жете беріп, ұшты мұрттай, Жүгірді баласы да із суытпай, Құшақтай жығылды әке үстіне кеп, Не керек, дүние *көзден ұшты бұлттай* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Көшпеліліктен айырылсаң, ағайын, сапырулы сары қымыз *көзден бір-бір ұшады* (М.Ақынжанов, Ыбырай).

Көзден ғайып болды. *Көрінбей кетті, зым-зия жоқ болды.* Деді де «уағдаңнан жүрме тайып» – Сол пері *болып* кетті *көзден ғайып.* Болса да іштен құса Ебнсалам Бұл сырын жанға айтпады елге жайып (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Он бесте қыз зарлады шашын жайып, Қарақат көз шарасын жаспен шайып, Аулақта жігіт салған ән жылады, Махаббат күнде *болды көзден ғайып* (Х.Ерғалиев Таңд. шығ.). Не де болса есен-аман сақтағай, Сұқбаттасар тусын сәтті шақ талай. Қапияда *көзден ғайып болмасын,* Аққан жұлдыз сияқты бір тоқтамай (К.Салықов, Жезкиік). Тұрмын қарап бір әдемі сезіммен Тырналардың келген осы кезін мен. Көк аспанды сыбағама қалдырып, Бір топ ноқат *ғайып болды көзімнен* (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Көзден жасы бұршақтады. *Егіліп жылады, көзден жасы парлады.* Сол ағайды құшақтап, *Көзден жасым бұршақтап.* Егілдім де төгілдім, Тыя алмадым өзімді, Жия алмадым көзімді, Қуанғаннан бөгелдім (І.Жансүгіров, Өлеңд.).

Көзден жас кетпеді. *Өмірі жылаумен өтті.* Былай тұрсын шалдығы, Үш қатынның үстіне Менің басым қор болмақ, *Екі көзден жас кетпей,* Тартқаным қалың сор болмақ (О.Шипин, Дастан.). *Кетпейді* ел сағынып *көзінен жас,* Бір жағы оқу қиын, тамақтан да аш, іңірде отын бұтап жатқанында, Жанынан жанталасқан өтті бір мас (О.Шипин, Дастан.).

Көзден жас парлады. *Ағыл-тегіл жылады.* Шолпан сөніп барады аспандағы, Шоқан төніп барады, жасқанбады. Жерде Шолпан – қамыстың қасқалдағы, Үн қата алмай *көзінен жас парлады* (М.Мақатаев, Шығ.).

Көзден жас мөлтілдеді. *Көзіне жас толды.* Киіктін екі лағы дала кезген Мұңым ең, қайғым ең ғой бала кезден. Бізді аяп сая болған адамдар бар *Жасымыз мөлтілдесе* қара *көзден* (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Көзден жасын төкті. *Ағыл-тегіл жылады.* Әли ер сонда білді өз баласын, Шыдамай *төгіп жіберді көзден жасын.* Төлеуін бауырына қысып тұрып, Сипады бір қолымен қара шашын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Нұрбай да елді жаман қанап еді, Елдегі қатын-бала жалаңашты. Оқ тиіп оң жақтағы топшысынан *Төгеді* моншақ-моншақ *көзден жасты* (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Көзден жасыл ұшты. *Жанарынан ұшқын атты, алауланды.* Сол кезде айтты Әли ашу қысып, Жалын боп *көздерінен жасыл ұшып:* «Көргенмін орыстың да кедейлерін, Жатқанын туған жердің тасын құшып» (О.Шипин, Дастан.).

Көзден жасы сорғалады. *Ағыл-тегіл жылады.* Балаға төрде жатқан қарап алып, Қоржынға жатыр түрлі тағам салып. Алысқа кетеді-ау деп ертеменен, *Көзінен сорғалайды жасы* тамып (О.Шипин, Дастан.).

Көзден жасын сықты. *Жылады, көзіне жас келді.* Пар атпен арындатып кетті жүріп, Бәйбіше қалды *көзден жасын сығып.* Үнімді сағынарсың дегендей-ақ Шығарып салды Мойнақ үріп-үріп (О.Шипин, Дастан.).

Көзден кетпеді. *Ұмытылмады, естен кетпеді.* Сүйіп едім, сүйемін деп жар салам, Раушан жүзі *көзден кетпей* тамсанам. «Желсіз түнде жарық айды» басташы, Дертті жүрек дәру тапсын шаршаған (К.Салықов, Жезкиік). Қалқаның кербез еді сымбат, сәні, Бір көру қол жеткізбей, қымбаттады. Көңілден кетсе дағы *көзден кетпей,* Назқоңыр ән толқыны сырғақтады (К.Салықов, Жезкиік).

Көзден қан ағызды. *Қатты қамықты, қайғырды.* Түзу-түзу тілінген таспадайын, Аңызыма неге нәр тамызбайын. Қара өлеңі қазақтың қаза болса, *Қара көзден* неге *қан ағызбайын* (М.Мақатаев, Шығ.).

Көзден нұр тайды. *Әлсіз, көмескі көре бастады, анық көре алмады.* Есіл *көзден нұр*

тайса, бір көруге зар болар (XX ғ. қаз. ақын.). Жетпіс беске жеткенде жер таянып, Тамақты бітеу жұтып қылғынғайсың. Сексенде қара *көздің нұры тайып,* Көзіңді ұрмай жылап сығымдайсың (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Көзден от жалындады. б е й н е. *Жанары алауланды, жанарынан от шашты.* Анаң маркұм ол дегенде *от жалындап көзінен,* Тамсанатын, Нақ бір бақыт табардай әр сөзінен, Ұлы ақынға деген іңкәр сезімін Көрге бірге ала кетті ол өзімен (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көзден от көрді. б е й н е. *Жанарынан ұшқын байқады.* Міне, қызық, сол сәтте оның *көздерінен от көрдім,* Сонда есіме түсе кетті оқиғасы дәптердің. Кинодан соң Дариғаны әкеп салып үйіне, Қайттым шалқып, бұл алғашқы «табысыма» сүйіне (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көзден өткізді. *Өз көзімен көрді, айғағы болды.* Жазда Ахмет салған лашынның неше түрлі тамаша қызықтарын *көзден өткіздім* (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Жидебаев қазір де уақыт ерте болғанмен, іс басына алдымен өзі барып, жұмыс жабдықтарын *көзінен* бір-бір *өткізіп* шықпай тынбайтын әдетіне басып тұр (Б.Тоқтаров, Қыран.).

Көзден от шашты. б е й н е. а) *Жанары алауланды.* Түрегелді орнынан Амангелді бұрқанып, *Көздерінен от шашты* Мұздай темір құрсанып: – Менің сөзім – ел сөзі, Жандаралға айта бар, Берер жан жоқ патшаға, Болсақ тағы күнәкар!.. (О.Шипин, Дастан.). ә) *Ашу-ыза төкті, ызбар шашты. Көзінен отын шашып,* деді ұлықтар, ісім түссін, патшағар, сеніменен (Ақын жырлары).

Көзден сақта. т і л е к. *Көз тимесін, аман болсын деген мағынада.* Сүйсініп сонда шешем күлімдейтін *Сақта* деп *көзден,* тілден күбірлейтін («Майдан»). Жасағаң, *көзден сақта,* тілден сақта (Ә.Тәжібаев, Жартас).

Көзден сәуле төгілді. *Жанары нұрланды, алау шашты.* Деді де, қошқыл *көзінен* Мұңды бір *сәуле төгілді.* Кәдімгі қазақ, сөзінен Айырмасы жоқ көрінді (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Көзден тайды. *Көрінбей кетті, көзден таса болды. Көзден тайса,* көңілден ұмыт болғаны ма? («Лен. жас»).

Көзден [екі елі] таса қылмады [тайдырмады]. а) *Аяғын қия бастырмады, маңынан бір елі алысқа жібермеді.* Көрмеге қойды байлап Құлагерді, Маңайдан жан жүрмесін, – деді сері, *Көзінен* неге *таса қылсын* Ақан, іргені ат жақтағы түргіздірді (І.Жансүгіров, Шығ.). Сүйікті немересін ендігі жерде *көзінен* екі елі *таса қылмасын* айтып, Райдың қолынан қысып жабысып алды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Түнде түгілі күндіз *көзден таса қылмайды* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). ә) *Жіті бақылады, қадағалады.* Қален Райды *көзінен таса қылмай* жүр еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ауылға барып жетсем бір, *Тайдырман* енді *көзімнен.* Мен оны қайда кетсем де, Әкетем бірге өзіммен!.. (С.Жиенбаев, Алтын қалам). *Көзден таса қылмаушы* едім оны аяп, Өзі пысық, тынымсыз да желаяқ. ... Жамырасып жатыр, міне, қой-қозы, Бірін-бірі жылдап көрмегендей-ақ (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Жылбек орман жиегіне шығып, алдындағы шағын ғана деревняны бақылап, өткен-кеткеннің бәрін *көзден таса қылмай* аңдып отыр (Ә.Шәріпов, Партизан).

Көзден таса болды. *Көрінбей кетті, жоқ болды.* Ол киімдерін асығып киіп далаға шыққа, қыздар *көзден таса болған* екен (С.Мұқанов, Ботакөз). Ол жүгіріп барған бойы өзенге сүңгіп жөнелді де, *көзден таса болды* (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

Көзден ұшқын ұшты. б е й н е. *Жанары алауланды, нұрға толды. Көзіңнен* бір *ұшқын Ұшты* ма, білмедім. Әйтеуір нұр құштым, Әйтеуір гүлдедім (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Көзден ұшты. *Бастан өтті, келмеске кетті.* Өткенде одан жүз жыл арада ауыр, Қаптады дала үстінде қара дауыл, Басыңа Азаттықтың арқан түсті, – Еркіндік *көзден ұшты* қайран дәуір (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Шіркін-ай, қайта келсе жастық дәурен, *Көзіңнен* бір-бір *ұшар* өткен әрең, қасыңа қартайғанда бір келмейді Кетпейтін төңіректеп талай сәулең (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бір-бір *ұштың көзімнен* қайран жастық Асық атып жас күнде тайраңдастық. Сабау қамшы таяқты ат қып мініп, шаңмен ұшып желменен біз жарыстық. Қайран жастық-ай! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көзден үміт жылтылдады. *Үміттенді, үміт артты.* Бөркің не, Сенің өзің не Бұрқана соққан дауылға?! *Жылтылдап үміт көзіңнен* Оралсам дейсің ауылға (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Көзде ұстады. *Ескерді, естен шығармады. Көзде ұстайды.* Бұрын суландырылған алқаптардағы істен шыққан су жүйелерін жөндеп, іске қосуды көзде ұстайды (М.Шоқай, Таңд.). Троцкий Гогольдің әйгілі шығармасы «Ревизорды» *көзде ұстаған* еді (М.Шоқай, Таңд.).

Көзді алды. *Өзіне еріксіз қаратты, қызықтырды; телміртті.* Күлгенде *көзіңді алып* кірсіз тісі, Қайнамас оны көріп кімнің

іші? Алмас қылыш жүзіндей аударылған, Сүйгізіп көлеңкесін әрбір ісі (С.Торайғыров, Шығ.).

Көзді ашып-жұмғанша. *Лезде, қас пен көздің арасында, әп-сәтте.* Бір заманда даңқы жер жарып дүниені тітіретіп тұрған Түркия бүтін ғаламға масқара болып, жайлауын жауға алдырып, ар-намысын сақтай алмай неше жүз жылдай сүрген дәуренің *көз ашып-жұмғанша* жоқ болды (М.Дулатов, Шығ.). Алдындағы оқ бойы озық өңшең құла ат мінген күзет сарбаздарынан тау-тау шағылдың беткейінде шашырап қалып із *көзді ашып-жұмғанша*-ақ ғайып болады (Ә.Кекілбаев, Шығ. жин.). Қызықпен ерлер гулетіп, *Көзді жұмып ашқанша,* Білдірді бір-ақ келгенді (О.Шипин, Дастан.). Өнер-білім бар жұрттар Тастан сарай салғызды, – Айшылық алыс жерлерден *Көзді ашып-жұмғанша* Жылдам хабар алғызды (Ы.Алтынсарин, Шығ.). *Көзді ашып-жұмғанша,* Асан машинаның астынан кесе-көлденең екі бөрене өткізіп, байлап тастады (Т.Ахтанов, Шығ.). Ұзақты күн далада қой бағып үйренген адамға жиырма минут деген не, *көзді ашып-жұмғанша* өте шықты («Қаз. әдеб.»). Тіл білмейтін адамды *көзді ашып-жұмғанша* тауып әкеледі (С.Шарипов, Шығ.).

Көзді ашысымен. *Үйқыдан тұрысымен, ояна салысымен.* Өзгені ақыл-ойға қондырады, Біле алмай, бір Тәңіріні болдырады. Талып ұйықтап, *көзіңді ашысымен,* Талпынып тағы да ойлап зор қылады (Абай, Тол. жин.).

Көзді жайнатты. *Қуанышқа кенелтті, шаттандырды.* Кеш жарық, – деп, Миллион *көзді жайнатқан,* Бойда жігер қайнатқан, Бұлшық етті ойнатқан... (Қ.Аманжолов, Өлең д.).

Көзді жұмып жіберді. *Алды-артына қарамай, нар тәуекел етті.* Перизат, сен не айтқалы келесің? – деді Сәуле. Мұндайда *көзді жұмып жіберетін* әдетімен: – Темірді аға көрсең, мені жеңге көруіңді өтінгелі келдім, – деп Перизат ойындағысын айтып салды (Ә.Әбішев, Найзағай).

Көздің болатын салды. ж е р г. *Сұқтанды, көзін сатты.* Біреудің бір нәрсесіне қызығып, *көзіңнің болатын салушы* болма! (Қазақ тілі. аймақ сөздігі).

Көздің бұлдырлануы. мед. *Көздің оптикалық жүйесінің немесе оның сәуле сындыру қабілетінің кемшілігі. Көздің бұлдырлануын* емдеу үшін арнайы көзәйнек пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Биология).

Көздің жасы. а) *Адамның әртүрлі көңіл күйіне байланысты көзден шыққан мөлдір тамшы.* Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол, Қаза көрген жүрегі жаралы – ол. *Көзінің жасын* тыймай жылап жүріп, зарланып неге әнге салады ол? (Абай, Тол. жин.). *Көзінің жастары* моншақтап домалай берді (С.Дөнентаев, Таңд. шығ.). Жырлап өту қиылған қыздың қасын Деп ұғады кей ақын біздің кәсіп. Жанарыма қарама... Нағыз өлең – Сөзге айналған мөп-мөлдір *көздің жасы*! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). ә) *Біреуден көрген зорлық-зомбылық, қиналыс, азап.* Түнеу күнгі қаланы күңірентіп, қан жылап кеткен керейдің көп жігітінің *көз жасы* Жексенбайларды қалай аман жібере қояды...– деді Мәмбет (І.Жансүгіров, Шығ.). *Көз жасы,* бейшараның маңдай тері Жиылып, байытпай-ақ қойсын мені. Мал біте ме адамды малдай қылмай, Малдан басқа көрмейтін дәнеңені (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Ер жігіттің маңдай тері, Арулардың *көз жасы* мен күлкісі Абырой мен атақ-даңқтың түр-түсі, Әлемдегі асу бермес ең ұлы іс, Күнделікті жеңіс пен жеңіліс Елге деген махаббаттың безбенімен өлшенер Безбен сынса безбүйректік белсенер. Алдыменен өз жаныңның қайшылығын жеңіп ал Биік ұшқың келсе егер (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ойлаған жастайынан елдің қамын, Көксеген шұғылалы өмір таңын, Ұғынған тар қапаста талықсымай, Халқының *көз жасы* мен көңіл зарын (О.Шипин, Дастан.). б) *Арман-тілек, ізгі ниет.* Солайша кетті қырсық өз басымнан, Аз күнде көп қорқытқан «ол жасымен». Қалдым мен аман-есен, ел тілегі, Жар және балалардың *көз жасымен* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Барсың, анам, күлкімде, *көз жасымда,* Өмір бойы жүресің өз қасымда. Сенің арқаң арақтан азбасым да, Сенің арқаң атақтан тозбасым да (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Жаңа ашылған гүл едім, Көріне түсіп солам ба? Сізден жәрдем тілеймін *Көз жасыммен,* ағажан, Күлімдеп көкте жұлдызым Атар ма екен маған таң?.. (О.Шипин, Дастан.).

Көздің жасындай. а) *Тап-таза, мөп-мөлдір. Көздің жасындай* мөлдіреген түнгі шық... құлпырып, неше түрлі от шашып ойнайды (С.Сейфуллин, Таңд. шығ.). ә) *Өте аз, болар-болмас, бір тамшы. Көз жасындай* әредік көл көремін, Көл жағалай отырған ел көремін. Қолдан келсе, қошалақ құмдарыңды Адам танып болмастай емдер едім, Шашпау тағып орманнан, өңдер едім (М.Мақатаев, Шығ.).

Көздің жасын көлдетті [бұлады]. *Егіліп қатты жылады.* Кім сендерді, балалар, тербететін, Еркелетіп, ойнатып, сергітетін? – Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң, Қамқор

анаң *көз жасын көлдететін* (М.Дулатов, Шығ.). Келеді мұңлы дауыс құлағыма, Япырмай, бір сорлы әйел жылады ма? Сағынып әлде қымбат бір адамын Көл қылып *көздің жасын бұлады* ма? (С.Сейфуллин, Өлең.). Сонда тұрып жылайды, *Көзінің жасын бұлайды* (Алпамыс). Жалғыз сен емес, сендей шерлі, мұңлы, *көзінің жасын бұлаған* қазақ қызы көп (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Көздің жасын сел [көл] етті. *Ағыл-тегіл жылады, еңірегенде етегі толды.* Ажал, аштық, жауыздық Даланы кезіп құйындай, *Көздің жасын етті сел* (Жамбыл, Таңд. шығ.). Аттай жүріп өмірдің баспалдағын, Бірі менмін қайғыдан қашқан жанның, *Көзім жасын көл етсем* сөнер ме екен, Көмейімнен лапылдап шашқан жалын?! (М.Мақатаев, Шығ.).

Көздің жауын алды. а) *Өзіне еріксіз қаратты, қызықтырды; телміртті. Алғандай екі көздің жауын* бұрып, Жымиып, езу тартып, қойса күліп. А, дүние, ойнар ма едім, жиылғанда Бас қосып, бозбалалар дәурен сүріп (С.Торайғыров, Алаш ұраны). *Көздің жауын алға* құлпырған бұл кілемнің жібіндегі түйін сайын тоқушы шебердің талғампаздығы, көркемдікті танығыштығы, білгірлігі жатыр («Қаз. әдеб.»). Керемет қой көктем, жаздың, жамалы! *Көздің жауын алмайтын* гүл шамалы. Еркелетіп әрбір талын шашыңның, Ереді де отырады самалы! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). а) *Жайнады, құлпырды.* Қызым сұлу бой түзеді, ой түзеді жайдары, Ой түзеді *көз жауын ап* қызғалдақтай майдағы, Алды болды құрбысының бірге өскен (М.Шаханов, Ғасырлар.). Бірақ қайдан мән бермейсің алдыңда әсем гүл түрса, Көктемнің шуағындай *көз жауын ап* құлпырса, Мен жеңілдім, тұңғыш рет қыз алдында жеңілдім, Жеңілмейміз дегеніміз желігі екен көңілдің (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көздің қарашығы. *Өмірінің мәні, бары.* Сімірдім мен сенің мәрмәр кесеңнен, Бұл тасқынмен әлі талай көшем мен. Осынау келді, артық болар ма екен-ау, Өз *көзімнің қарашығы* десем мен (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Көздің қарашығындай сақтады. *Жоғалтпады, берік қорғаштады.* Әрбір малды біз жаудан, жұттан *көздің қарашығындай сақтаймыз!* – деді Қалқаман (С.Мұқанов, Тол. жин.). Колхоздың малын *көздің қарашығындай сақтай* білетін адам бағуға тиісті (М.Тиесов, Алтын шынар). Ләззаттың ұзақ жыл үміт артып, алтын деп *көзінің қарашығындай сақтап* жүргені бақыр болды. Ендеше, о бастан-ақ алтын болмағаны ғой (Т.Ахтанов, Шығ.). Тана өлең дәптерін *көзінің қарашығындай сақтайды* (Р.Әутәліпов, Алтын.).

Көздің құрты. *Қызықтырып әкететін, құмарыңды арттыратын нәрсе т.б.* Ақ – *көздің құрты* ғой (М.Әуезов, Таңд.). Білдірместен астыртын, Алдап едің *көз құртын,* Құр бояма қызыл бет (С.Торайғыров, Шығ.).

Көздің құртын жеді. *Қызықтырды, өзіне еліктірді, шыдамын кетірді.* Сыртта жіп кермеде қақтаған балықтар тұр. Алыстан жалтылдап, *көз құртын жеп,* қызықтырып барады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Көздің сұғын қадады. *Көңіл аударды, қызықты.* Қайтсін олар *көзінің сұғын қадап,* Тұрмағасын адамға күні қарап... Шайылды ғой көңілі құстардың да, Көрмегесін пендеден жылы қабақ... (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Көздің шарасы. *Көздің цясы, көз алмасының орны.* Сипатына қараса, Бұрынғы қыздан өзгеше: Алтын шыны кеседей, Екі *көздің шарасы* (С.Сейфуллин, Шығ.). Жергілікті жерлердегі түсінікте, ноғала *көз шарасының* ішінде көз алмасын қоршап тұрған жұқа ет қабатының арасындағы ұзынша шеміршектің қалпынан ұлғаюы... (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Жас болып *көздің шарасы,* Киімін буып жинаған (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

Көзді тарс жұмды. *Алды-артына қарамай, нар тәуекел етті.* Енді ойлап қараса, жаза басу деген қандай оңай. Сезімге берілсең, *көзді тарс жұмып* алып, орға ешкім итермейақ, өзің-ақ барып қойып кетеді екенсің, – деді Бағила (М.Иманжанов, Шығ.). Кесесінен тұрмыстың ішеміз *көзді тас жұмып,* Ернеуін алтын ыдыстың Көзден аққан жас жуып (М.Әлімбаев, Таңд. өлең.). Білуге де тырысқам жоқ себебін, Өйткені мен бас емеспін, денемін, Бұйырдыңыз – орындадым, *Тас жұмдым* да *көзімді.* Әділеттің жолындамын Деп санадым өзімді (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көзді шел қаптады. *Надандыққа басты, надан болды.* Танымассың, көрмессің, *Қаптаған* соң *көзді шел.* Имансыздық намазда – Қызылбастың салған жол (Абай, Тол. жин.). Тағдырмен адам кектесіп, *Қаптаған* соң *көзді шел,* Тайталаста тапталып, Қор болды-ау бейуақ момын ел (С.Бегалин, Таңд. шығ.).

Көз жазбады. а) *Көз айырмай, қадала қарады.* ...Өздеріңіз *көз жазбай* байқап отырғандай... чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып алып, ойына не келсе соны істеді... (М.Дулатов, Шығ.). ә) *Аңдыды, қадағалады.* Бір ноқатын қалдырмай маған жеткізу үшін, оны аңдып, *көз*

ж а з б а д ы (М.Ақынжанов, Ыбырай.). б) *Соңынан ілесті, ізімен жүрді.* Айқын, сен бізден *к ө з ж а з б а й,* батысқа қарай бетте (Ә.Әбішев, Шығ.).

Көз жазды. *Алыстады, жырақтады.* Шандатқан ішін сан қала, қалашықтардың, *К ө з ж а з ы п* жаудан, жаурынмен бал ашып та әр күн. Жаутаңдап қалған нояндай Сені ойлап жүріп, Бар мақсат, арман-мүддемнен адасып қалдым (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

Көз жаздырды. *Адастырды, таптырмады, ізім-қайым жоқ болды.* Сынаптай сусылдаған мына қара ешкілер құм төбеден бір асса, *к ө з ж а з д ы р а д ы* (С.Бегалин, Шығ.). Жаңылыс салса қу үйрек, *К ө з ж а з д ы р ы п* кетуші еді Алғыр құстың талайын (Манас).

Көз жазып қалды. *Ізінен адасты, қарасынан қол үзді, қапелімде айырылып қалды, жоғалтты.* Ержан жаңағы өзі шырамытқан «ерекше» жауынгерден тағы да *к ө з ж а з ы п қ а л д ы* (Т.Ахтанов, Шығ.). Надя мен Тайман кинодан шыққан бетте әлгі үшеуінен оп-оңай *к ө з ж а з д ы д а қ а л д ы* (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Алдауын-ай гүлдердің, алдауын-ай, Жауын алып жанардың лаулауын-ай! Әсіреге алданып, Алда Құдай, Қырандардан *к ө з ж а з ы п қ а л г а н ы м-а й!* (М.Мақатаев, Шығ.). Қара бұқа маяны бір айналып өткен баладан *к ө з ж а з ы п қ а л д ы* (М.Сүндетов, Балық аула.). Рациямен безілдеп әуе толқынын қармап бір полктан хабар алса, екіншісінен *к ө з ж а з ы п қ а л а д ы* (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Көз жанарының уытын төкті. *Телміре қарады; тесіле, сықтана қарады.* Сіз сияқты жан ашырым болса, түбі менің халім жаман болмас, – деді Жұмабек *к ө з ж а н а р ы н ы ң у ы т ы н т ө г і п,* қызға күлімсіреп қарап (Т.Ахтанов, Шығ.).

Көз жанары суалды. *Қартайды, әлі кетті.* Қыздың берген жауабы: – Құдай не үшін жаратқан, Емес пе екен қыз пенде? Мен жыламай қайтейін, Сақал-мұрты қуарған, *К ө з ж а н а р ы с у а л ғ а н* Баймағамбет деген шал Айттырып мені мал берді (О.Шипин, Дастан.).

Көз жасы жібермегір! қ а р ғ. *Көрген азабы, азаппен төккен жасы жолыңда тұрсын, алдыңнан шықсын.* Жетімдердің жылаған *к ө з ж а с ы ж і б е р м е г і р.* Неге жылатасың оларды?! (Ауызекі).

Көз жасы жуылды. *Ағыл-тегіл жылады, еңіреді.* Құшақтап сүйді жиенін, *К ө з і н і ң ж а с ы ж у ы л д ы.* Жылаған естіп дауысын, Жатақтар тегіс жүгірді (О.Шипин, Дастан.).

Көз жасы ағылды. *Егіліп қатты жылады.* Қырғызбай жөнін айтқанда, Жас баладай кемсеңдеп, *К ө з ж а с ы* кетті *а ғ ы л а.* Бұл баяғы Әлімжан Құшағын жайып жүгірді. – Дауысыңа болайын. Болаттан берік жігерлі (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көз жасы ағыл-тегіл еңіреді. *Көз жасы көл болды, көп жылады.* – Ал енді өгіз тұрып мөңірейді, *К ө з ж а с ы а ғ ы л - т е г і л е ң і р е й д і*: Қиянат кісі ақына қылман деуші ем, Азғырды шайтан залым мені, – дейді (А.Байтұрсынұлы, Шығ.).

Көз жасы бездері. а н а т. *Маңдай сүйегінің бет өсіндісіндегі көз жасы шұңқырында орналасқан, тұтікшелі-көпіршікті без, көздің қорғаныш мүшесі. К ө з ж а с ы б е з д е р і н е н* бөлінетін көз жасы қасаң қабықты жауып, көздің ішкі бұрышындағы көз жасы көліне жиналып, көз жасы тесігі мен өзегі арқылы көз жасы қапшығына өтеді де, мұрын-көз жасы өзегі арқылы мұрын қуысына құйылады (Қаз. тілі термин. Биология).

Көз жасы бетті жуды. *Көз жасы көл болды.* Деуші едік ұрлық малды «түнде туған», Жігітті «батыр» деуші ек оны қуған. «Қой» деген ақыл сөзді құлаққа ілмей, *К ө з ж а с ы* енді мынау *б е т т і ж у ғ а н* (М.Дулатов, Шығ.).

Көз жасы жібермеді. *Біреуге істеген қиянаты алдынан шықты, сазайын тартты.* Талайдың малын алып қан қақсатқан, Жазасын әбден тартар кепті кезі. Басынан мұның дағы қан боп ақты, Жібермей *ж а с ы н т ө к к е н* көптің *к ө з і* (О.Шипин, Дастан.). *Жібермес,* Құдай білер, *к ө з д і ң ж а с ы* (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

Көз жасы көлдей ақты. *Ағыл-тегіл жылады, еңіргенде етегі толды.* Алжыған шалға:– Қолың тарт Зылиқадан!– демекке. Батыр шауып жөнелді Жаңғырта қырдың тау-тасын, Жылаған қыздың тыймаққа *К ө л д е й а қ қ а н к ө з ж а с ы н* (О.Шипин, Дастан.).

Көз жасы көлдей болды. *Көп жылады, ағыл-тегіл жылады.* Россияда әскерлік қызметін өтейтін халықтардың үй басы неше адамнан майданда қару ұстап, қан төгіп, біреу жалғызынан, біреу аяулысынан айырылып, шаруа болса күйзеліп, қатын-бала, кемпір-шалдың *к ө з ж а с ы к ө л д е й б о л ы п* отыр (М.Дулатов, Шығ.).

Көз жасы қабыл болды. *Тілегіне жетті, мақсаты орындалды, тобасы қабыл болды.* Жан едім жұртқа зиянсыз, Қалдым жалғыз тоғайда. *К ө з ж а с ы м қ а б ы л б о л м а с а,* Бибі Фатима, Қадиша Жақсылық назар салмаса (Мұңлық-Зарлық). Тілекті тәңірім берді ме, *К ө з і м н і ң ж а с ы н к ө р д і м е* (Мұңлық-Зарлық). *К ө з д і ң ж а с ы қ а б ы л б о л м а с ы н* ба? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көз жасымен бұлады. *Зар еңіреді, әбден жылады.* Мұңын, зарың білем бірге. Бірге екеуміз жылайық. Қарық болсын жауыз дүние *Көз жасымен бұлайық* (Б.Күлеев, Шығ.).

Көз жасы мөлтілдеді. *Жанары жасқа толды.* Келді ме сенің дәуренің Енді бір мұңнан серпілмек, Көріп ең әппақ сәулені *Көзіңнің жасы мөлтілдеп* (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Көз жасына булықты. *Ағыл-тегіл жылады, булығып жылады.* Күрілдеп бәрі шықты қыр басына, Жақсылық қашан болар бір басыма? Ыза боп әкем сорлы шыдай алмай, Еңкілдеп *булығады көз жасына* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көз жасына қалды. *Орынсыз обалына қалды, бекер күйдірді.* Нашарларды жылатып, Байлардың сатпа малына. *Көз жасына қалармысың,* Қарамасаң зарына (М.Дулатов, Шығ.). Ақсақалдар ақылгөй – Бәрінде ми, бәрінде ой; *Көз жасына қалармысың,* ізіңше қайта бар! – деді (Б.Майлин, Шығ.). Біздің «анау» да барамын деп еді, *көз жасына қалармысың* деп мен жібермедім, – деді (Б.Майлин, Шығ.). Бұлардың *қалды* сөйтіп *көз жасына,* Кім білер қорлық келмей өз басына? Арыстанның бұл хақында ниеті сол – ілгері қадам басып озбасына (М.Дулатов, Шығ.). Темірді қызуында соқпай қалып, Нәсіліңнің *көз жасына қаласың* ба? (М.Дулатов, Шығ.).

Көз жасына қарады. *Жылатпады, мұңзарына құлақ асты.* «Әлпештеген баламыз еді», – деп, олар қайбір сенің *көз жасыңа қарап* отыр! (М.Дулатов, Шығ.).

Көз жасынан қорықты. *Обалына қарады, қиянат жасамады, жылатпады.* Ендігі сөзді бастайын, Ардақты елім тыңдасын Аман келді деп сұлуды, *Көзінің қорқып жасынан,* Жаламенен шатылған (О.Шипин, Дастан.).

Көз жасына суарды. *Өзін қайғымен ширатты, қайраттанды.* Сәуле: – Мені кейде еркектен бетер қатал дейді, жұрт. Мүмкін мен өзімді *көз жасыма суарып,* қатайған шығармын (Т.Ахтанов, Шығ.).

Көз жасын [көл қылып] бұлады. *Ағыл-тегіл жылады, зар еңіреді.* Бекер, босқа, шешеке-ау, *Көзіңнің жасын бұлама* (Қыз Жібек). Кім тыңдайды қыз сорлы жылағанмен? *Көздің жасын көл қылып бұлағанмен?* Әлди-ай! Шыңырауға түскен соң, шығу қиын, Жалбарынып тәңірден сұрағанмен! Әлди-ай! (С.Сейфуллин, Таңд. шығ.).

Көз жасын иді. *Мейірімі түсті, мүсіркеді, аяды.* Айнымас менің сүйгенім, Сөнбес жанып-күйгенім. Бетіңнен сонда сүйгізсең, *Көз жасымды игенің* (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Көз жасын көлдей төкті. *Ағыл-тегіл жылады зар еңіреді.* Назгүл... дір-дір етіп, *көзінің жасын көлдей төге берді* (Ә.Әбішев, Найзағай).

Көз жасын көрді. *Тілегі қабыл болды, дегеніне жетті.* Жол тауып саған беретін, *Көзіңнің жасын көретін,* Соңынан соның еретін Қалмады елде адам да (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Шықпайтын тайып түссе тұңғиығың, Көздері барып қайтты өткеліне. «Жылаған *көздің жасын көрдіме?*» – деп, ойлап ем: «Бетім бір беттеді ме» (О.Шораяқов, Шайыр). Құдай бар болса, үкімет бар болса, *көрсін* міне *көз жасымды,* – деп, шал еңірегенде көз жасы көк сақалына құйылып кетті (F.Мұстафин, Дауыл.).

Көз жасын көрсетпеді. *Қиналғанын білдірмеді, сездірмеді, мұң-қайғысын жасырды.* Көзіңнің жасын көрмесем екен мен сенің, *Көзіңнің жасын көрсетпе* маған, еңселім. Қайғыру саған — Қара теңіз боп теңселу, Қайғыра көрме, темірден соққан семсерім! (М.Мақатаев, Шығ.).

Көз жасы сүйегі. а н а т. <лат. os lacimale> *Жануарлар бас сүйегі бет бөлімі құрамына кіретін жалпақ сүйек. Көз жасы сүйегі* бет және көз шарасы бөліктерінен тұрады (Қаз. тілі термин. Биология).

Көз жасын төкті. *Егіліп қатты жылады.* Неғұрлым залымдықтың күші басым Болып, артық көп *төксе көздің жасын,* Соғұрлым сағындырып әділдікті, Соғұрлым көбейтпей ме өш пен қасын? Әділ болып байқадым, не өндірдім? Бұл басым залым болып бір байқасын! (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Кесір болып кедейлік, Қолын бір-ақ бөгеді. Қорлық көріп байлардан, *Көздің жасын төгеді* (О.Шипин, Дастан.). Жаңыл жатыр безектеп, *Көлдей төгіп көз жасын.* Жангелді тұр от жағып, Көрем деп күн шұғыласын (О.Шипин, Дастан.).

Көз жасын тыйды. а) *Жылағанын қойды, жұбанды.* Әкемнің көңілін тауып, *көз жасын тыя йын* деп, әкеме қалыңмалымды өзім айтамын дедім (Қаз. ертег.). Мен емес туған жерді қимайтұғын, Кетерде *көз жасымды тыймайтұғын.* Бейнеттен туған жерде көз ашқам жоқ, Жанымды нем бар, қимай, қинайтұғын?! (С.Торайғыров, Алаш ұраны). ә) *Арманын орындады, дегеніне жеткізді. Көз жасын* сөйтіп қана *тыйсам* деймін. Зұлымнан жапа көрген жан қарғаның (Ж.Саин, Таңд. шығ.). Сатылған мал орнына сорлы қыздар,

көз жасын теңін тауып, қашан *тыяр* (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). *Көз жасымды тыятын* арысым қайтты (М.Әуезов, Абай жолы).

Көз жасы төгілді. *Ағыл-тегіл жылады.* Нешелер *көз жасы төгілді.* Нешелер қабырғасы сөгілді. Қанша аянбай талпынсаң да, Ақырында тағдырға тез шөгілді (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Көз жасы тыйылды. *Дегеніне жетті, арманы орындалды.* Жанжалсыз сонда жұмыс тынар еді, Шариғат пен низамға ұнар еді. Мүсәфірдің *тыйылып көз жастары,* Халық арасы тыныштықта тұрар еді (М.Дулатов, Шығ.).

Көз жететін жер. *Жай көзбен қарағанда ажыратуға болатын, кісі шолып көре алатындай арақашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Темір түн пердесі жаңа ғана көтеріле бастаған даланы көзімен шолып та келеді. Бадьяның маңында жүрген кісілерден басқа *көз жететін жерде* қыбыр еткен жан жоқ (Ә.Әбішев, Найзағай). Ондағы ойы өзі жасырынып, *көзі жетер жердегі* бардың бәрін көріп алу (Ә.Әбішев, Найзағай).

Көз жеткісіз [жетпейтін]. *Ұшан-теңіз, шексіз.* Мағрифлі озып кетіп милләтләр *Көз жетпейтін* арамыздың алысы. Надандық шәрбәтіне мас болдық Зарарға дос, файдамызға қас болдық (М.Дулатов, Шығ.). Керіліп *көз жеткісіз* жатыр дала, – Бұл менің Қазақстан деген елім (І.Мәмбетов, Сыр). Кең пейілді болсын деп, *Көз жеткісіз* даладай Туғанында далада Қойыпты атын Далабай (С.Мәуленов, Магниттау.). *Көз жеткісіз* көк майдан теңіз де, көк те қара көк (С.Бегалин, Таңд. шығ.). Сай еді жел жақтағы Тобылғылы, Көлемі *көз жетпейтін* шөбі соны. Аралас майшағыр мен ерек жусан, Көрінбейд қияғынан қойдың жоны (О.Шипин, Дастан.). Торғайдың ұйысқан ел суын сорып, Жайындай жарды соқты толқын ұрып, Көлемі *көз жетпейтін* ақ тақырға, Еріксіз өсірді егін су құйдырып (О.Шипин, Дастан.). Құстар келді тізіліп, *Көз жетпейтін* алыстан, Мал да, аң да құлпырып, Асыр салып жарысқан (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көз жетпеді. а) *Шеті көрінбеді.* Балхаштың *көз жетпейді* теңізіне, Балықтың көз тояды семізіне. «Алакөл — ит ішпейтін» деп аталған, Халықтың қойған аты негізінде (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). ә) *Сенімді оймен қарамады, ақылы иланбады.* Ah, не пайда, есіл сөзім өтпесе, Ойдағыма оның *көзі жетпесе,* Мақсатымның бар жобасын жоғалтып, Суық түспен бір қайрылып, «Жоқ!» десе! (Б.Күлеев, Шығ.).

Көз жоқ. *Жүрекжұтқан, қайтпас қайсар.* Оспанның ерлігіне қайран қап: –Туу, сарамас. Мынау неткен *көз жоқ* бетпақ деді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Көз жұма қарады. *Немқұрайдылық істеді, мән бермеді.* Егер біз кемшіліктерге, шешілмеген проблемалар мен олқылықтарға *көз жұма қарасақ,* коммунист бола алмас едік («Қаз. әдеб.»).

Көз жұмды. а) *Қайтыс болды, дүниеден өтті, өлді. Көз жұмғанша* дүниеден Иманын айтып кеткені-ай «Бейсенбі ме бүгін?» – деп, Жұмаға қарсы өткені-ай (Абай, Тол. жин.). Жол-жөнекей дүлей боранға кезіккен ол бағдардан адасып: «Ғали, Ғали, қиналды жаным, қайдасың?» – деген дауыспен жер жаңғыртып, аянышпен *көз жұмады* (М.Дулатов, Шығ.). Қызылбастың елінде, Бенде болып жатырмын. Жазым болып *көз жұмсам,* Бетімді жабар кебін жоқ (Қобыланды батыр). Шаршатпаған арман шіркін, арман ба? Әне, солай қайсар ақын *көз жұмды* (М.Шаханов, Ғасырлар.). ә) *Еш нәрсемен санаспады, сенді.* Сәрсенбай өзі надан, «молданың өкшесі қисық деген кісі де күнәлі болады» деп жүрген кісілердің бірі болғандықтан, тек молда есімін көтерген кісі болып, біліп-білмей айтса да, мынау шариғат деген сөзге *көз жұмып* нанушы еді (М.Дулатов, Шығ.). *Көзін жұмып* отыр ғой көре-біле... Сыңар езу сыншының керегі не, Сыңарымның үңілдім өлеңіне. ...Тағдыр маған тағдырлас дос сыйлапты, Егіз жүрсін екеуі дегені ме? (М.Мақатаев, Шығ.). Жататұғын жан қайда мұны жұптап! Жақұттардың алдында қыбыжықтап, Күндей сұлу қыздарың кей кездері *Көзін жұмып* шығады құбыжыққа! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). б) *Тәуекелге басты, партәуекел етті.* Біздің тілек кім жағында, белгілі, Дұшпан туын сұрау хақтан құларын. Көздеген оқ, сермеген қылыш болса да, Тәуекел деп қасқайып *көзді жұмарым* (М.Дулатов, Шығ.). Күнбатыс, күншығыстан бір белгі жоқ, Кемпірге ере бердім *көзді жұмып.* Тағы да әртүрлі ойды көп ойлаймын, Бір жерге кете ме деп мені «жығып» (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ол жайында керегі не сөз қылып, Болмақ емес менде онан өзге үміт. Сол бойжеткен махаббатын сыйласа, Ойланбастан үйленер ем *көз жұмып* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Алдымдағы өлімнен, Міндім қайық *көз жұмып.* Адастым қазір жөнімнен, Қайығым да һәм сынық (С.Торайғыров, Алаш ұраны). в) *Тұқ көрмедімге басты, мойындамады.* Олай болса, ертең Ташмағамбетов «сені қайда көрдім?» деп, *көзін жұмып* шыға келсе, тұтылатын Нұрман (З.Шашкин, Шығ.).

Көзі жұмылды. *Қайтыс болды, о дүниелік болды.* «Ұлы көсемнің» *к ө з і ж ұ м ы л ғ а н* соң, темір құрсаудың түндігі аз уақытқа түрілген «жылымық» кезде... Х.Досмұхамедұлы туралы мақала жарық көрді. Бірақ еріп келе жатқан тоң қайта қата бастаған соң, есімдер «ағармай», еңбектер «ақталмай» қалғаны белгілі (Р.Сыздықова, Х.Досмұхамедұлы // Алғы сөз).

Көз жүгіртті. а) *Тез қарап шықты, шолды.* Ол айнала *к ө з і н* бір *ж ү г і р т і п* алды да, беліндегі шаппа шотын қолына ала қасқырға ұмтылды (Қ.Әбдіқадыров, Мақташы.). – Осы бала ма? – деп сұрады да, жаратпаған пішінмен бас-аяғыма жылдам *к ө з ж ү г і р т і п* өтті (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Бір топ адамның ортасында папирос тұтатқан болып, айналасына *к ө з ж ү г і р т і п* тұр екен (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). О не, кәне? – деп Өтеш те қабаттаса бұтақтап бойлай, жартастың өне бойына *к ө з і н ж ү г і р т т і* (С.Бегалин, Шығ.). ә) Еске түсірді, ой жіберді. Бүгін таң алдында барлық өткен өміріме *к ө з ж ү г і р т т і м,* – деді Ержан (Т.Ахтанов, Шығ.).

Көз жіберді. а) *Шолып қарады, барлады.* Дулат келсе бермейді Төрден орын сырыла. Толғанып, төрем, *к ө з ж і б е р* Ойың менен қырыңа (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *К ө з ж і б е р ш і* мына тауға тұлғалы, Қанша ғасыр, ол асқақтап тұрғалы. Биік таулар бақытты ғой, әйтсе де, Өзіне тән болады екен мұңдары (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жетісу жері де бай, елі де бай. Жемісі қырық түрлі, кені де бай. Алыстан асқарына *к ө з ж і б е р с е м,* Арманым басылмайды ән шырқамай (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *К ө з ж і б е р с е м* алысқа Көпті көрдім дегенім – Көп зарыққан ел екен, Шексіз дала дегенім – Ұлтарақтай жер екен (Жамбыл, Таңд. шығ.). Дәрібек айналаға *к ө з ж і б е р і п* қарап тұр (С.Омаров, Шығ.). ә) *Назар салды, мән берді, ойланды.* Әфәндім, хата қандай, анық қандай? Бұл күнде *к ө з ж і б е р с е ң* халық қандай? Ілгері басқан аяқ кері кетіп, Хафада жәрдем таппай тарыққандай (М.Дулатов, Шығ.). б) *Ой жіберді, еске түсірді.* Шоқанның артықшылығы сонда, – ол халық тұрмысына *к ө з ж і б е р д і* (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Сол күнге әлі *к ө з ж і б е р і п,* Құлағымды тосамын (Қ.Жұмағалиев, Айнамкөз.).

Көз көмілді. *Көрмеді, байқамады.* «Баспаққа» деген жай бір сөз, *К ө з к ө м і л д і* қаспаққа. Четушкалап арақты Жастайтын болдық бас жаққа (М.Жұмабаев, Шығ.).

Көз көрді. а) *Өз көзімен көрді, көз жеткізді.* Майданда өлсек арман жоқ, *К ө з і ң к ө р д і* ерлерім, От басында өлгенді (О.Шипин, Дастан.). Айнуды, азғындықты молда бастар, Сөзі оңды, ісі жауыз, арам настар. Басқаға «пәлен ет» деп бұйырғанын Өз басы өмірінде қылмай тастар. Молданы ол секілді *к ө р д і к ө з і м,* Бұзатын өзі айтқан бата сөзін (С.Торайғыров, Алаш ұраны). ә) *Бетпе-бет кездесті, көрісті.* Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға Бермек болған айғырдың көзі қайда? *К ө з д і к ө р с е ң,* бересің, тайсаң танып, Алдамшы атанғанның несі пайда? (Абай, Тол. жин.). б) *Көрді, нәсіп болды.* Тапсырдым, ақырында аққа, қозым, Кетем бе бұл арманды *к ө з і м к ө р м е й*? (О.Шораяқов, Шайыр.).

Көз көрмеді. *Көре алмады, байқамады.* Жан-жағына қаранды, Көзін тігіп қадалды. Есет жатыр жаны жоқ. Өзгені *к ө з і к ө р м е д і,* Көрсе де көңіл бөлмеді. Есетсіз қырдың сәні жоқ (М.Дулатов, Шығ.). Телеграф және шықты сым темірсіз, Иланып болған іске жұрт сенерсіз. Үстіңнен жүргенменен *к ө з к ө р м е й д і,* Әлбетте, қалайынша сіз білерсіз (М.Дулатов, Шығ.).

Көз көрмес [құлақ естімес]. *Аяқ жетпейтін алыс-қиян, қашық жер.* Екенсің ән салуға сендағы епті Сен біраз әтеш әнін үйрен, – депті. Бұл сықылды сыншының сөзін естіп, *К ө з к ө р м е с к е* бұлбұл да ұшып кетті (Абай, Тол. жин.). Сырым – *к ө з к ө р м е с, қ ұ л а қ е с т і м е с к е* сені әкетті (М.Әуезов, Қараш.). *К ө з к ө р м е с, қ ұ л а қ е с т і м е с* бір жаққа қашып кетпек те болам (Ө.Қанахин, Жер бас.). Есіктегілер өстіп байыған деседі. Олар бірінікін жасырып, бірінікін *к ө з к ө р м е с, қ ұ л а қ е с т і м е с* жерге асырып тұрады екен (С.Төлешов, Түрлі. бас.).

Көз қадады [қадалтты]. а) *Қадала қарады, тесіле қарады.* Өзімшіл, нәпсі, жайдары-ай! Көгенде қойың бірталай. Күңгіртке *к ө з і н қ а д а л т т ы ң,* Анықка қарап ол қалай? Бастағы миға қол жетпес (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Нияз бен Отар аттарына мініп, *к ө з д е р і н қ а д а п* ауыл жаққа қарай жүрді (С.Сейфуллин, Таңд. шығ.). Базаралыға ентелей түсіп, көзіне *к ө з қ а д а п,* «осынымды ұмытпа» дегендей етіп, Оразбай салмағы ауыр, мәні көп бір сөздер айтып кетті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қара судың жағасы бозқарағаң, Бозқарағаң бұтағын қозғама, адам, Бозқарағаң ішінде бойжеткенге, Бозбалалар бозарып *к ө з қ а д а ғ а н* (М.Мақатаев, Шығ.). ә) *Көңіл аударды, назар салды.* Он жыл бұрын. Егіз қозы секілді еңдер онда да. Жұрттың бәрі екеуіңе *к ө з қ а д а й т ы н* таңдана (М.Шаханов, Ғасырлар.). б) *Болашаққа көз жіберді, ойланды.* Адам ойы шарқ ұрып, Алысқа *к ө з і н қ а д а д ы* (М.Әлімбаев, Өлеңд.).

Көз қаранды. *Бояма, сырты жылтыр.* Болады кейбіреулер *көз қаранды*, Ұғымсыз, мағынасыз сөз қаранды. Үйретсең жаман әдет жастайынан, Өскенде тыя алмайсың өз балаңды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көз қарау [көз қарасы]. *Көзқарас, назар.* Мұнан кейін Ғали Сәрсенбайдың үйіне бірекі мәрте келіп кеткен уақытта, Ғали мен Жамалдың бір-біріне *көз қарауларын* байқап тұрған кісі болса, екеуінің де көздерінде: «Мен сені жаным-тәніммен сүйемін», – деген жазуды оқығандай болар еді (М.Дулатов, Шығ.). Сөйлесуге халі жоқ меніменен, Құлауға тұр құздағы берік емен. Қоштасқандай соңғы *көз қарасымен,* Қоштасқандай соңғы алған деміменен (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Көз қарықтырды. *Күнге шағылысып қаратпады.* Жылдар жылжыған сайын қара тоттан аршылып, ай астындағы күміс таудай сонадайдан *көз қарықтырып* жалтырап жатпақ («Лен. жас»).

Көз қашты қылды. *Көз үйренді, үйреншікті болды.* Жаралғалы *көз қашты қылған,* қайталана беретін мезгілдің әртүрлі мінез-қылықтары (О.Бөкеев, Үркер).

Көз құмары ауды. *Қызықты, құмартты.* Көргеннің *көз құмарын ауып* тұрған, Ойы тілеп, көңілі шауып тұрған. Өзіне деп жұлқынған жүрек күшін Сыртқа шашпай, ақылмен тауып тұрған (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Көз қиығымен қарады. *Бетіне тіктеп қарамады, қырындап, көзінің астымен қарады.* Басын төмен салып, терең ойдың түбінен өзіне керегін теріп отырған Темірге Қазыбек *көз қиығымен* бір *қарап алды* (Ә.Әбішев, Шығ.).

Көз қиығын аудару. *Ақырын байқатпай қарау, көз тастау.* Көк майсаға шынтақтап қисайған қонағының ашаң жүзіне *көз қиығын аударуда* (Р.Әутәліпов, Қыр әңгім.).

Көз қиығын [қырын] тастады. *Көзінің ұшымен қарады, көзін қиғаштай қадады.* Мұхаметжан тізесінде жатқан жазуына *көз қиығын тастап* отырып, барлық Татьяна хатын іркілмей айта берді (М.Әуезов, Таңд.). Түрегеп тұрған Майыр Құнанбайға *көз қиығын* бір *тастап* байқап өтті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Өткелді, Жарғақ қалта, қиған қағаз, махорка орай бастады, Тұрған жанға тұңғиықтан *көз қиығын тастады,* Қайдан жүрсің, кім едің деп сұрамады, саспады (М.Мақатаев, Шығ.). Көкшенің күмбез жарына, *Көз қиығын тастаған* Әңгіме шертіп тағы да Жанымда отыр жақсы адам (Ж.Сыздықов, Асулар). Дина қалың қабағын көтеріп, *көз қырын* Тұрағұлға *тастап* қояды (С.Бақбергенов, Күй). Төмен қарап тұрған Бану басын сәл елеусіз жоғары көтеріп қап, Жақыпбекке *көз қырын тастап* жіберді (М.Иманжанов, Көк белес).

Көз қиығын салды [тікті]. а) *Көзінің ұшымен қарады, көзін қиғаштай қадады.* Жолға қыз *салды* неге *көз қиығын* (Т.Жароков, Өленд.). ә) *Қырындай, тесіле қарады.* Төргі үйдің жартылай ашық қалған есігінен сығалап: «Бұл не істеп отыр екен» деген адамша, Тойтық *көз қиығын* Жақыпбекке *тікті* (М.Иманжанов, Шығ.).

Көз [қиығын, қырын] салмады. а) *Назар аудармады, көңіл бөлмеді, менсінбеді.* Жан, тәнімді, иманымды – Асылымды бойдағы, Аямадым жиғанымды, Сонда да *көз салмады* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Мен қойшыны байдың қызы, Мазақ етіп алмайды, Жанына оның жетіп барсаң, *Көз қиығын салмайды* (О.Шипин, Дастан.). Жолдар-ай, адамның жолдары-ай жалғасқан, Өтеді көшеден құрбылар қолдасқан. Әйтсе де кей қыздар маңғазсып, паң басқан, Ыза ғып кетеді *көз қырын салмастан* (М.Шаханов, Ғасырлар.). ә) *Елең қылмады, мән бермеді.* Ұрысқа өзімен бірге кірген жолдасына *көз қырын салмағаны* былай тұрсын, тіпті оның тағдырын да ұмытып кеткеніне назаланды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Қазақ тілін жүргізетін комиссия болсын, өзге мекемелер болсын, мұндай сорақы іске *көзінің қырын салмаса,* әрі-беріден соң «қазақшаң мынау болса, орыс болып-ақ кетелік» – деушілер табылмай ма. Сонда не бетімізді айтамыз?! (М.Дулатов, Шығ.).

Көз қуаныш. *Алданыш, жұбаныш.* Ата-анаға *көз қуанышы,* Алдына алған еркесі, Көкірегіне көп жұбаныш Гүлденіп ой өлкесі (Абай, Тол. жин.).

Көз құны. э т н. *Көз шығарған адамға салынатын айып. Көз құнының* шарты бойынша, біреудің бір көзін шығарса, құнның төрттен бірін (25 мың), екі көзін шығарса, жарты құн (50 мың) төленеді (Эксп. матер.).

Көз құны жоқ. *Өткізіп қойған ештеңесі жоқ, алты аласы, бес бересі жоқ.* Неге бермейді? Бермейтін әкесінің *көз құны жоқ,* бірдеңе өткізіп қойып па? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көз құны қалғандай. *Ақысы кеткендей.* Әкесінің *көз құны қалғандай* онысы несі (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Көз құрғатты. *Жылағанын қойды, жасын тыйды. Көз құрғатып* екі карт, Арсаланып сүйегі, Кемсең қағып иегі, Сүйеуім тыңда ер деді (Жамбыл, Шығ.).

Көз құрышын қандырды. *Көріп, мейірі қанды.* Біз мұнда *көз құрышын қандырып* жүрсек те, көңіліміз Украинада болды («Лен. жас»).

Көз қызартты. *Құмартты, әуестене ынтықты.* Қасеке, амансыз ба, жақсы күйде, *Көз қызартпай* қонақ бол біздің үйде (Шашубай Қошқарбайұлы). Бірақ балаңа сәлем айт, ендігі жерде Мезгілбайдың қарындасына *көзін қызартса,* сирағын сындырамын («Лен. жас»).

Көз қылды. а) *Қыр көрсетіп, әдейі істеді.* Құнанбай... дәл сол жиынға *көз қылып,* Тәкежанға қалаға шап, – деді. Отряд әкеп, қырғын көрсін бұл тентек ел, – деп бұйырған-ды (М.Әуезов, Таңд.). Қисық сержант әдейі *көз қылғанын* жасырмай, «тез қимылдаңдар» – деп, солдаттарына дауыстап қойды (Т.Ахтанов, Шығ.). ә) *Қарауыл қойды, айғаққа қойды.* Кемпір аңдаусыз болсын деп, жас баланы *көз қылып* қойды (Ауызекі). б) *Өтірік көз бояды, алдаусыратты.* Десе де кеңес үкіметі екіжүзді саясат ұстанды; қаржылай көмекті *көз қылып* беруін бергенмен, Екі Досты Саратовқа тұтқындап, ол ақшаларын қайта алып қойды (Р.Сыздықова,... Х.Досмұхамедұлы // Алғы сөз). Ол тек берегірек келгесін ғана мұның бәрі Ақбаланың жұртқа *көз қып* істейтін қайраты екенін байқады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Мен дінді сөккенде мұғалімге *көз қылып* қана айтушы едім (Б.Майлин, Шығ.). Болыс жұртқа әдейі *көз қып* отыр ма? (М.Әуезов, Қараш.).

Көз қырына алды. а) *Бақылады, назарынан тыс қалдырмады.* Басқалардан бұрын қарындасын *көзінің қырына* қаттырақ *алып,* суық қабақ астынан бағады да отырады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Қамқорлық жасап, қолға алды.* Спорт жұмысы да – совхоз комсомол комитетінің *көз қырына алып* отырған межелі істерінің бірі («Лен. жас»).

Көз қырын салды. а) *Бас-көз болды; назарын салып жүрді.* Айтқайсың жолдас жарыма, Жас бала қалды қолында. *Көз қырын салар* ерлер көп Еңбекші тап жолында (С.Сейфуллин, Шығ.). Соған *көз қырын* көбірек *сал* (М.Иманжанов, Шығ.). Теміржолды бойлап жүргенде, бөлінген жері жоқ па екен деп ылғиына *көз қырын сала* жүру – бұлардың машықты ісі (С.Омаров, Шығ.). ә) *Көмектесті, себін тигізді, қол ұшын берді. Көзің нің қырын салшы,* Балуан аға, Даңқыңыз талай елге барған, аға, Бала едім жаңа талап ақынәнші, Әніңді үйренейін алуан, аға (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Нашарға *көзіңнің қырын салсаң,* қатарыңнан қалдырмасаң – менікі сол (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жетім деп аяп, жаны ашып, *Көзінің қырын* кім *салар?* (С.Сейфуллин, Шығ.).

Көзінің [оң] қырын салды. *Қамқорлық етті, қол ұшын берді.* Жалғыздан тірі айырылған шешем қалды, Тапсырдым *көзіңіздің оң қырын сал* (Батырлар жыры).

Көз қыспайы бар. *Ым-жымы бір, өзара келісіп алған.* Миронов Есейдің иығына қолын салып, бетіне бетін тақап тұра қарап: «Білсемші, өзің біздің санинструктор қызбен *көз қыспайың* бар ма еді», – деп, әзілдей сөйледі (Ә.Нұрпейісов, Таңд. шығ.).

Көз қысты, бармақ басты. *Келісті, алыс-беріс жасады.* Біздің тілімізде алудың әрі тиімді, әрі сыйымды түрі – *«көз қысты, бармақ басты»* деп осыны айтады (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

Көз майланды. *Көз тойды, көз тұшынды.* Жасауға үйге жиған көз байланды, Жібекке алтын, күміс, *көз майланды.* Қыдырып күйші көзі түскен кезде, Айдаһар алдындағы қызға айналды (І.Жансүгіров, Шығ.).

Көз майын ағызды. *Егілді, елжіреді.* Жылайын, жырлайын, *Ағызып көз майын,* Айтуға келгенде, Қалқама сөз дайын (Абай, Тол. жин.).

Көз майын тауысты [сарғайтты]. *Көп оқыды, сарыла ізденді.* Ермектің көп шыбынның бірі емес, тінтінектеп, *көз майын тауысып,* бойына нәр жинап жүгенін Жұмабек кейінірек білді (Т.Ахтанов, Шығ.). Он бес жыл *көз майын тауысқандағы* білімдерің бұған жетпегенде әрі оқып қайтесіңдер, түге! (Ш.Әбдіраманов, Көрінбес.). Училищеде *көз майын сарғайтып* оқып, әбден жетік үйренген технологиялық процесс болғандықтан, тіпті қайсыбір слесарьдың істеген жұмысы көңіліне қонбайды да, ұнамайды да («Қаз. әдеб.»).

Көз нұры. б е й н е. *Бары, асылы, ардақтысы.* Ардақтаған жалғызын, әйтпесе, адам болар *көз нұрын* ата-анасы жасынан сұрамшақтыққа үйретеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Атаға бес жасыңда құлындайсың, *Көздің нұры,* көңілдің буындайсың. Он жаста ми қатпаған ақылсыз кез, Жақсылық, жамандыққа ұрынбайсың (Ә.Найманбаев, Шығ.). *Көзімнің нұры* жастарым Еркелеп мінген мойнымда. Көңіліме қуат жігерім, Жырлайын шаттық тойында. Елімнің өңкей қыраны Жігерім сендер бойымда (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Көзімнің нұры,* шырағым, Ашылмаған құрағым, Сен кеткен соң болар ма, Менің бір хасыл мұрадым? (Ғашықнаме).

Көз ойдым. *Көздің көлеміндей ойдым-ойдым.* Тек бір шалғайына бастырған *көз ойдым* бөз жамау сұр шекпенді аламыштап тұр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Көз өнімділігі. т е х. *Уақыттың бір өлшемінде бұлақтан, бұрғылау ұңғымасынан, құдықтан және т.б. түсетін су мөлшері. Көз өнімділігі* уақыт бірлігіндегі көлем бірлігімен көрсетіледі (Қаз. тілі термин. Су).

Көз салды. а) *Қарады; көзін тікті.* Көзге бүкір, қайраты – болат қырлы, Сақтап жүрген секілді бұл бір сырды. Шайтанның суретіне есіктегі Бірқатар *көзін салып* қарап тұрды (Абай, Тол. жин.). Шыдай алмай қыз Құртқа және де ашты жабықты Жабықтан *көзін салыпты* (Батырлар жыры). – Деді де батыр қырандай, Жан-жағына *көз салды,* Өңкей ерлер талассыз Батырдың сөзін құп алды (О.Шипин, Дастан.). Аянбай мен түсейін намысыма, Қырымнан *көз сала* бер шабысыма. Жүлде алып келе берген жүйрігіңді, Қоса бер, аш, тоқ демей шабысына (Шал ақын, Өленд.). ә) *Назар аударды, мән берді, көңіл бөлді.* Күнбатысқа *көз салмай,* Күншығысты еске алмай, Бізді алатын жау жоқ деп, Бізден мықты жау жоқ деп, Алды-артыңды байқамай, Маған не бар дескенсің (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Үміт, арман – барлығын келер күнге артамыз, Келер күнге *көз салсақ* кеңи түсер арқамыз (М.Шаханов, Ғасырлар.). Тыпырлап жұлқынады Көкшолағым, Тартамын тізгінімді «тәк, шолағым», Қарасам күнбатысқа *көзім салып,* қаптаған қалың халық жоңғар жағым (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Көз салып* кейінгіге, ертеңіме, Қараймыз өркениет көркеміне. Әлемде барлық елмен сыйласамыз, Бағыттас жел тілеген желкеніме (К.Салықов, Жезкиік). б) *Қызықты, көңілі ауды.* Хан қызына *көз салғанын* қайтерсің, Осындағы он әйелін жарытпай (М.Шаханов, Ғасырлар.). в) *Қол ұшын берді, қарайласты, көмектесті.* Ғани болсаң мақтанба, *Көзіңді сал* малы азға. Ризық берер бір Құдай, Жарлы болсаң тағы азба (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Ерен бол, есі болса, болма қырпу, Жаһанда арам істен абзал «қорқу». Қолыңды қолайсызға соза бермей, Кемтарға *көзіңді сал,* уәлә һұл у! (О.Шораяқов, Шайыр). Сізді Құдай жаратты Нашарға *көзін салсын* деп (Айтыс). Өзің сақта, жасағаным, Жетімдерді қайғылы! Бер бұларға ақыл-халді, *Көзіңді сал* әр күні (Б.Күлеев, Айтшы.). г) *Мән берді, көңіл аударды.* Бір айтпадым көп айттым керек һүнер, Бұл айтқанға халықта көп пе көнер. Бұл заманда, *көз салсаң,* бір мінез бар: Дұрыс сөзге табылмас кісі сенер (М.Дулатов, Шығ.). Ғақлы кәміл жігіттер, Заманның *көз сал* халына. Халықыңның ойла файдасын, Өзің үшін налыма (М.Дулатов, Шығ.).

Көз сүйегі а н а т. *Көзді қоршаған сүйек.* Бұл – адам *көз сүйегі,* – деді ханға, Тоя ма адам көзі мың мен санға? Жеміт көз жержүзіне тоймаса да Өлсе, таяр көзіне құм құйылғанда (Абай, Тол. жин.).

Көз сүзді. а) *Тесіле қарады, көзбен шолды.* Надя жан-жағына алақтап, әлдекімді іздегендей асхана ішін *көзімен сүзіп* шықты («Қаз. әдеб.»). Аулым жайлап отыр көк сеңгірді, *Көз сүзіп* сіздің жаққа еңсем құрыды (Жамбыл, Шығ.). ә) *Телмірді, жалынышпен қарады; тілемсектенді.* Құлық саумақ, *көз сүзіп,* тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі (Абай, Тол. жин.). Жасымнан жетім едім көңіл сынық, Өнерім артық емес ондай ұлық. Еңбекпенен *көз сүзбей* күн көремін Харекетім – суретші, бояушылық (Абай, Тол. жин.). Сұлуды сылаңдаған көзде сүрме, Қашанда ұмыта алман жүр есімде. Іздейін рұқсат берсең атажаным, *Көз сүзіп* жылағанша әлдекімге (Ғашықнаме). б) *Дәмеленіп қызықты, сұқтанды.* Басында сәлде, Аузында – Алла, Молдаларда не ғамал? *Көздеріп сүзіп,* Жүздерін бұзып Алдап жұртты жинамақ мал. Жұмақ молда қолында сауда-саттық жолында (А.Байтұрсынұлы, Шығ.). Сүйіп-құшып екі ғашық Мауқын басып жатқанда, Сүйек күткен иттен жаман, *Көзін сүзіп* отырған жан Нағыз бір Құдай атқан да! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Молданың басында үлкен ақ сәлдесі бар, сыртынан буынған ала шапаны бар. *Көзін сүзіп* сәлем береді (М.Дулатов, Шығ.). *Көзін сүзіп* маңайға Отырасың тарығып. Қадірі бар Алайда Қауқары жоқ кәрілік! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Әлде сендер менің баламдайсыңдар, тоқалыма *көз сүзіп* жүрмеңдер дегені ме екен (Ә.Әбішев, Найзағай.). *//Тәуелді, бағынышты.* Біз оларға *көз сүздік* кірмеміз (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Көз сүздіртті. *Жалыныштыетті, кіріптар қылды.* Өзіммен-өзім жүз жыртып, Өзіме-өзім мұз бүркіп, Өзімнен өскен палуанға Өз мойнымды үздіртіп, Табынтқан мені тағдыр-ай, Өзгеге *көздік сүздіртін*!.. (М.Мақатаев, Шығ.).

Көз сүзу. *Жалыныштыкіріптар болу.* Шет адамға босағадан *көзін сүзу* оңай ма? (Б.Күлеев, Айтшы.).

Көз сүрінді. а) *Өте көп, шексіз мол; көптігінен айыра алмай, шатасты.* Самсаған балалардан *көз сүріледі* (М.Иманжанов, Көк белес). ә) *Әдемілігінен көз жаңылысты.* Нелер

ғажап бұйымдарға көргендердің *көзі сүрінеді* екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Көз сүрініп* үйге биік, Қарай берем бейне ғашық (Т.Әлімқұлов, Өлеңд.).

Көз сүріндірді [тұндырды]. *Көптігінен көз жақылыстырды.* Игіліктің жұрт *көзін сүріндірер* тағы бірдемені шығарғанын көрді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Той-тамаша... Дуылдасып дүрлікті ел, Желбіреді жібек баулы түндіктер. *Көз тұндырып*... Кетті бір кез бәйгіге Кілең жарау жел қанатты жүйріктер (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Көз сіңді болды. *Әбден көзі үйренді.* Көп көріп, *көз сіңді болған* алюминий 150 градуста балқып кететіні мәлім (Н.Нұрахметов, Дархан хим.).

Көз сірісі. м е д. *Көздің қасаңдануы.* Көз кінараттарына қатысты тіліміздегі атаулардың көп болуы оның құрылысын ғана танып білмей, көз сырқаттарын айыра білгендігін қуаттай түседі. Бұған қатысты төмендегідей көз ауру атауларын кездестіреміз: ноғала, сас, шел (басу), қарық (қарағу), көз суалу, қараю, көз сүйелі, көзге кір (ақ) түсу, көзге таған түсу, көз (жанары) суалу, суқараңғы, көз пердесі, *көз сірісі* (қасаңдануы), көз бұлты (қал), көзді шел (май, ет) басу (Эксп. матер.).

Көз тайдырып. *Көзді ала бере, лезде.* Жалт берді *көз тайдырып,* Қалды енесі айырылып. ...Төрт балапан тұр енді Қозғалуға қаймығып (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Көз талдырып, көңіл қалдырды. *Көп зарықтырды, көңілден кетті.* Амансың ба, Ақан... *көз талдырып, көңіл қалдыра* жаздап, әрең оралдың-ау, Ақан... (Ғ.Мүсірепов, Тол. шығ.).

Көз таңдады. *Көзді қызықтырды.* Етіндей жас баланың білегі бар, Ажымсыз ақ саусағы іске ыңғайлы. Қолаң қара шашы бар жібек талды, Тұрғандай толқын ұрып *көз таңдайды* (Абай, Тол. жин.).

Көз таразы. *Көз дәлдігі, көз өлшемі.* Қақталған етінің бір жарым, не екі кило екенін жобалайсың, одан кем ойлауға *көз тарazы* еш жібермейді (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.).

Көз тартты. а) *Көзге түсті, көзді алды, көңіл аударды.* Дүние бай емес, небары беті сүйекпен өрнектелген әдемі ағаш кереует, көздің жауын алатын сары ала сандық пен көнетоз болса да *көз тартатын* ала сырмақ (Ә.Әбішев, Шығ.). Балқия *көз тартар* көрікті болмағанмен, заманымыздағы қазақ қыздарының ішіндегі еркін мінездісі, өткірі болды (Т.Ахтанов, Таңд. шығ.). Құс кепті пері болып көкте қалқып, Алатау үстінде ұшсаң көз алартып. Іздесем мына қызды ойдан, қырдан, Көрінсе жерден бір күн *көзім тартып* (І.Жансүгіров, Шығ.). Ұясы ұшқан құстың ін болмайды, Өтірік өрге баспас, шын болмайды. Көркі бар *көз тартатын* кейбір сұлу, Ар-ұят, адамдықтан дым болмайды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). ә) *Ғашық етті, құмартты, елітті.* Сайранбайдың танасына *көзің тартты* амал не? Енді бірақ ақылыңды тартқызба! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көз тасалады. *Байқатпады, білдіртпеді, сездірмеді.* Қайыспай, дәу бұрғысын тік ұстаған, тіресіп, әлі тастап тұр Степан. Иығын *көз тасалап* қозғап қойып, Ақан да құдіретті бұл іске тан (Қ.Бекхожин, Үш кезең).

Көз тастады. а) *Қарады, көз салды, көзін тікті. Асығыс назар аударды.* Машинада отырған мосқал жігіт те осы кезде жан-жағына жаутаңдай *көз тастап,* жанында отырған сары өңді, қыр мұрынды қартқа сұрақты жүзбен қарады («Лен. жас»). Кіріп келген Болатбекке қипақтай *көз тастай ды* («Қаз. әдеб.»). ә) *Назар аударды, мән берді, көңіл бөлді.* Қайран тірлік, бақ пенен сор қырқысқан Түлкі сайға, Қыран өрге тырмысқан. Екеуіне алма-кезек *көз тастап,* Ұзақ, үнсіз, ойға шомды Шыңғысхан (М.Шаханов, Ғасырлар.). б) *Қызықты, көңілі ауды, құмартты.* Жек көргені жақын келсе қуып-теуіп тістепті, Содан аяқ шідерленіп, бастан жүген түспепті. Бозбалалар сымбатына *көз тастайтын* табына, Қарияның ай дидарлы қызы бопты тағы да (М.Шаханов, Ғасырлар.). Шынтағыңда қос жастық, манаурайсың, Біреуіңді іздеген таба алмайсың. Кіріп-шығып жүрген бір құдашаға Бұрынғыдай *көз тастап* қадалмайсың (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Көз тигіш. *Сәл нәрсеге ауырып қалғыш.* Жаңа бастаманың жас ботадай *көз тигіш,* кінәмшілдігі бар. Сол жас ботаны аман өсіріп, жампоз атан дәрежесіне жеткізу үшін көп күтім, еңбек қажет (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Көз тиді [өтті]. *Біреудің назары түсіп, ауырды.* Құлагер, қуанышпен қосып едім, Алдыңнан үмітпенен тосып едім, Жиылып арғын, найман қарағанда, Тіл мен *көз тиер* ме деп, шошып едім (І.Жансүгіров, Шығ.). «Ең болмағанда, *көзі тимесе* жарар еді» – деп қорықты жұрт (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Желінсаудың себептері анықталмағандықтан, халық арасында мұны *көз,* тіл *тигендіктен* деп есептеген (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Көгершініме *көз тиді* (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Құдаша, *көз тиер* күмәндансаң, Тезірек молдекеңнен дуа алып тақ (Айтыс). Келіндері сұлу болса *көз тиеді,* болмаса кейін сондай

адам болып кетеді (Б.Қанарбаева, Қаз. нанымсенім.).

Көз тойды. а) *Қанағаттанды, көңілі толды, нысап етті. Көз тойып*, көңіл толмақ пенде де жоқ, Болады айырылған соң со да арманда. Адамды, санай берсең, көп арманда, «Мінсіз бақ, сансыз дәулет» деп арманда. Жанның бәрін жалмайтын күш те керек, Айлакеске алдайтын еп арманда (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бұл – адам көз сүйегі, – деді ханға. *Тоя ма* адам *көзі* мың мен санға? Жеміт *көз* жержүзіне *той-маса* да, өлсе, тояр көзіне құм құйылғанда (Абай, Тол. жин.). Қоғам малы жайлауда, салқын жайда, Ертелі-кеш жел соғар қоңыр майда. Көктөбенің басынан қарап тұрсаң, *Көз тоярр* бітік өскен ақ бидайға (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Балхаштың көз жетпейді теңізіне, Балықтың *көз тоядысемізіне*. «Алакөл — ит ішпейтін» деп аталған, Халықтың қойған аты негізінде (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). ә) *Қызықты, көңілі ауды.* Тойына дүйсенбі күн малын сояр, Жігіттің сұлу қыздар көзін ояр. Сол тойға аттоныңды тәуірлеп кел, Сені де көрген қыздың *көзі тояр* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көз тоймады. а) *Қараған сайын қызыға түсті, көзін ала алмады.* Ондағы ою-өрнектер мен әшекейлерге *көз тоймайды,* қайта-қайта қарай бергің келеді («Лен. жас»). Өзенде ағып сылдыр су, Қызыққа *көзің тоймаған.* Тракторлар гүрілдеп, Далада еңбек қайнаған (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). ә) *Қанағат тұтпады.* Бұлар ылғи қарын байлар – жеуге *көзі тоймаған,* Қайыршыдан көп ұрласа: мал таптым деп ойлаған (С.Сейфуллин, Шығ.). Оның *көзі* мынау мол дәулетке *тоймайды* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Көз тоқтатты. *Көз алмай біраз қарады, анықтап қарады.* Дұрыс айтасыз, Рақа, – деп Сұлтанмахмұт қасындағы төртеуінің жүзіне де жеке-жеке *көз тоқтатты* (Д.Әбілев, Ақын.). Беті бүркеулі күйде ешкімге *көз тоқтатты,* іркіліп қарай алмаған Мәкен (М.Әуезов, Таңд.). Семен Степанович Нұрбайдың хатын алып оқи алмаса да, *көз тоқтатып* қарап өтті (Т.Нұртазин, Үлкен жол.).

Көз тұтты. *Аңдыды, бақты.* Тоқтамады кідіріп, Өте шықты қарғытып, Сөйлесе алмай Қамбарға Тағы да қалды орманда, *отырған* сұлу *көз тұтып* (Қамбар батыр).

Көз тікті. а) *Қадала, тесіле қарады.* Үндемей бүкір жүрді арғы шеттен, От жалындай сол бойға көзін тіккен Жай отындай жарқылдап, қарауы өзге, Ызасы қозғалған ба ішке бүккен? (Абай, Тол. жин.). Дәрмен әуелі азғантай бір үзіліс жасады. Жан-жақтан бұған *көз тігіп* отырған достар жүзін барлап шықты (М.Әуезов, Абай жолы). *Көзін* алға *тіге* елең-елең етті (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Кигені ұзын шапан жігіттердің, Айтысып қыз, бозбала іріктелді. Тұсынан керегенің *көзін* тігіп, Қағады қызға жігіт кірпіктерін (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). ә) *Назар аударды, көңіл бөлді.* Біз өмірден іздемедік оңай бақ, Кеудемізден достық нұры атқан сайын арайлап Туысқандар қызғанысып, Таңданыса *көз тігетін* бар аймақ, Біз әрқашан жан байлығын адамның, Болашағы деп қарадық ғаламның (М.Шаханов, Ғасырлар.). Күллі Азия *көз тігетін* таңдана Құм астынан көрінбейді пан қала. Сол қалаға арнаған бұл жырымды, Оң қабақпен қабылдай көр, жан баба! (М.Шаханов, Ғасырлар.). б) *Болашаққа көз жіберді, ойланды.* Біз ауыл мәдениетін көтеруге, ауылдың келешегі жолында қызмет етуге жіберілген адамдармыз. Оның ертеңгі күніне *көз тікпей* отыра алмаймыз (М.Иманжанов, Шығ.).

Көз ұшына кетті. *Алысқа ұзады, қашықтады.* Абай *көз ұшына кетіп* ұзап алып, ылғи жап-жалғыз шауып отырған (М.Әуезов, Абай жолы).

Көз ұшынан ғайып болды. *Көрінбей кетті, көзден таса болды.* Қозғалған отарба жүрісін бірте-бірте шапшаңдатып, демде алыстап, *көз ұшынан ғайып болғанша,* жолына телміре қарап мен тұрдым (М.Иманжанов, Шығ.).

Көз ұшынан көрінді. *Алыстан байқалды, жырақтан көрінді.* Құйғытып желді құйындай, *Көрініп көздің ұшынан,* Киіктер кейде бұрылмай Өтеді зымырап тұсынан (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Көз ұшында. *Алыста, жыраққа; әрең көрінетін жерде. Көз ұшында* бұлдырап көрінген адамдардың әйел екенін, еркек екенін айыра алмаймыз (Б.Майлин, Шығ.). Айдалған астың аты алыс жерге, Болар ма қыз қашқанды жақын дерге, Шықты шаң *көз ұшында* ақ шүйке боп, Құлдырап ат ойысты Құсақ көлге (І.Жансүгіров, Шығ.). Жастық қалды *көз ұшында* бұлдырап. Жетті елуім... Жеңіл емес бұл бірақ. Қыр басынан құлап кеткен күбідей Қалған күндер барады енді құлдырап! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Қақаған қандай қысыңда Қайтпайтын мұнда бір аң бар. Ол – сонау *көздің ұшында* Қалықтап жүрген қырандар (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Көз үйренді. *Қанық-танық болды, бойы үйренді.* Үлкен қалаларға *көзі үйренген* адамға бұрынғыдан үйлері аласарып,

аумағы кішірейіп кеткен тәрізді (Т.Ахтанов, Шығ.). *Көз үйренген* көңілдің қызылшылығай, Қояр емес қызыл гүл қызықтырмай. Біздің ауыл бір қызы сондай еді, Қан ойнаған жүзінде қызыл шырай (К.Салықов, Жезкиік). Тілегені ата-ана осы емес пе? Бұл заманда барша жұрт дос емес пе? *Көз үйренген* балалар көшкен шақта, Кемпір, шалдың көңілі бос емес пе? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көз үйір. *Үйреншікті, таныс.* Киресің бейқам, жатсынбай, Жайлауға таныс *көз үйір.* Жиғаныңның жартысындай, Досыңның үйі – өз үйің (К.Салықов, Жезкиік).

Көз шағылыстырды. а) *Тіктеп қарай алмады.* Шықтыл күнде ширыға аяңдаған топ, қара бурыл орманды кейін тастап, ақша қарына *көз шағылыстырып,* жазыққа шықты (Ж.Жұмақанов, Жинақ). ә) *Қызықтырды, есін алды.* Сонымен ақша фетишінің жұмбағы – *көзді шағылыстыратын* әйгілі товар фетишінің жұмбағы ғана (К.Маркс, Капитал).

Көз шалды. *Көріп қалды, көз қиығы түсіп кетті; байқады.* Раушан адамын түстей алмады, ерні қызарған бір әйелді ғана *көзі шалып* қалғандай болды (Б.Майлин, Шығ.).

Көз шалымынан ұзады. *Көрінбей кетті, алыстады, ұзап кетті.* Балалар кетіп, бұл ана жалғыз қалды, Қайдағы қасіретті ойына алды. Балалар *көз шылымынан ұзаған* соң, Зарлана бар даусымен айқай салды (Бабалар сөзі).

Көз шарасы. а) а н а т. <лат. orbita> *Көз алмасы орналасқан бас сүйек шұңқыры. Көз шарасын* самай, маңдай, бет сүйектерінің өсінділері мен көз жасы сүйегі құрайды (Қаз. тілі термин. Биология). *Көз шарасында* қан тамырлары, жүйкелер шығатын тесіктер болады (Қаз. тілі термин. Биология). ә) *Көз мөлшері, көз қарамы.* Оң бе, түс пе, әйтеуір, таласуда, Өлі менен тірінің арасында. Отырғандай Жетім көл жағасында, Аққу жатыр *көзінің шарасында.* Аунап түсіп атынан, үйіне енді, Есіне алып ерін де, баласын да. Өліп жатқан ұлына қарасын да, Қалсын ана Жетім көл жағасында, Өлі менен тірінің арасында (М.Мақатаев, Шығ.). Ақбұлақтың отырып жағасына, Алатаудың мас болып ауасына, Серуендеп немесе қырға шығып, Қаласына қарар ең, даласына. Жәннат сыймай *көзіңнің шарасына* (М.Мақатаев, Шығ.).

Көз шарасы жетпеді. *Көре алмады, толық көрінбеді.* Теңізге мынау қарашы, *Жетпейді көздің шарасы.* Кеткендей боп тұр астасып Аспан мен жердің арасы (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Көз шығарып, бас жарды. *Төбелесті, жанжалдасты.* Жатамын ба сол үшін *Көз шығарып, Бас жарып?!* Болсын тыныш ел іші! Таңы нұрлы, Кеш жарық! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Көздің шырымын алды. *Азырақ мызғып алды, сәл ғана ұйықтады.* Қазақтар үйде болмаған кезде Нұрғайын маған ептеп орысшалап қояды. Азырақ *көздің шырымын алып,* шай іштік (С.Сейфуллин, Шығ.). – Қали, *көздің шырымын алмыз* ба?— деді Қалжан (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). *Көз шырымын алмай* жүдейді, Азасын жүктей жарының (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап.). Тұрамын мен дірілін Дүниенің бақылап. *Алмайды көз шырымын* Құс ұйқылы жапырақ (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Көз шырымын алу. *Азырақ мызғып алу, сәл ғана ұйықтау.* Сонан соң тыныығып, бір сәт *көз шырымын алуға* бет ала берген шағымызда, бұл өңірге әлі мәлім бола қоймаған бір нәзік әуен түнгі тыныш ауаны қайта жаңғыртып, қалықтай жөнелді («Лен. жас»).

Көзі ағарды. а) *Ботадай боздап, зар жылады; еңіреген етегі толды.* Бет-аузыма қарашы, Мендей *көзің ағарсын,* Жолдасыңды сабайсың, Жақсылық қайдан табарсың (Қамбар батыр). ә) *Соқыр болды.* Мұндай сұмдық болар ма? Ақ сұңқар құстың баласы, Қасқыр тартқан жемтікке *Ағармай көзі* қонар ма? (Махамбет, Өлең д.). Жыла, жас ойып *көз ағарсын,* Шыда, жаспен күнің тазарсын. Сыпыра кедей түсті соңына, Сірә, көрінді өзің қазарсың (Б.Майлин, Шығ.).

Көзі ағып түсті. *Көзі шығып кетті.* Шықшыты сынып, екі *көзі* алдына *ағып түскен* қасқыр қылжиып жатып ұлиды (С.Қасиманов, Сиқырлы.).

Көзі айтты. *Не ойы барын қас-қабағынан, көз қарасынан білдірді.* Кластарымыз сізге ұнамайды ғой деймін, шамасы, – деді Бану күле сөйлеп. – Оны қайдан білдіңіз? – деді Жақыпбек те күлімсіреп. – Бет пішініңіз, әсіресе *көзіңіз айтып* тұр (М.Иманжанов, Шығ.). Түріңнен білдім көңілін кеткендігін, Сипаты қыздың сарсаң еткендігін, ішіңде не барлығын *көзің айтып,* Сабырыңның білдіріп тұр кеткендігін (М.Сералин, Гүлқашима).

Көзі ақиды. *Ашуланды, ренжіді.* Ашулы *көзі ақиып.* Хан уәзірмен кеңесті, Кеңескенде не десті: «Тұқымын мұның құрталық» (М.Жұмабаев, Шығ.).

Көзі ақты. *Соқыр болды.* Сызық арқылы балықтар судың ағысын, су ішіндегі өзгерістерді сезеді. *Көзі аққан* балық суда дұрыс жүзеді.

Жан сызығы кесілген балық суда дұрыстап жүзе алмайды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

Көзі алақандай [шарадай, атыздай, шаңырақтай] болды. *Не істерін білмей, қатты састы, үрейі ұшты.* Бай *көзі алақандай болып,* қорқып кетеді (Қаз. ертег.). Генералдың *көзі шарадай болып* кетті (І.Есенберлин, Таңд. шығ.). *Көзі атыздай боп,* кемпірге шошына, жалт қарады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Үш қабат заңғар ғимараттың қай бөлмесіне аттап басса да, *көздері атыздай болады* (Ә.Кекілбаев, Шығ. жин.). Саламат *көзі шаңырақтай болып* кеткен-ді (Ғ.Сланов, Шығ.). Мектеп терезесі сыртылдап, ағаш үйдің керегесі жаңғырықты, балалардың *көздері алақандай болып* сыртқа қарадық (Б.Қожабеков, Көктөбе).

Көзі [аларып] ұясынан [шарасынан] шықты. *Сасқалақтады, абдырады, не істерін білмеді.* Қара *көздері ұясынан шығып,* біресе олай, біресе бұлай жүгіреді (Ж.Жұмақанов, Жинақ). Қасымдағы жолдасым орысша білмейді. Екі *көзі шарасынан шығып,* зәресі қалмай отыр (С.Сейфуллин, Шығ.). *Көзі аларып ұясынан шығып,* менің әлгіде ғана жалығып, кірбеңдеп келе жатқан тұла бойым бірден-ақ қуанды (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). *Көзі аларып ұясынан шығып* бара жатқан тәрізді (Б.Майлин, Таңд.).

Көзі ауды. *Назары түсті, көрді.* Әдейілеп көгіңнен өткенімде, *Көзім ауды* төсінде көп белгіге. Жатыр қазақ даласы жайып тастап, Көз алдыма бүгінгі, өткенді де (М.Мақатаев, Шығ.).

Көзі ашық. *Әр нәрседен хабары бар, білімді, саналы.* Бір жұрттан жиылған ақша сол жұрттың өз қажетіне түгел жұмсалмаса, бір жұрттың *көзі ашық,* білім иесі адамдары, сол жұрттың кемшілігіне көз салмаса, қазақ жері мұжық қаласы түгіл, Мысыр шаһарына айналса да, пайдасы аз (М.Дулатов, Шығ.). Ойласам, барласам, надан сахарадан, қараңғы қауымнан шығып, *көзі ашық* адам болғанымды мен енді ұмытсам керек, – деді Абай (М.Әуезов, Таңд.). *Көзі ашық* адамдарға жақын жүрсе, Олардың әрбір сөзін үлгі көрсе, Естіген сөз, көргенді бос тастамай, Құлақ тігіп, көз салып, жиып-терсе (М.Жұмабаев, Шығ.). *Көзі ашық,* көкірегі ояу данышпандар, Оянсын, ұлға, қызға дауыстаңдар, Бостандық бірдей болсын қалыспаңдар (Б.Күлеев, Шығ.).

Көзі ашықтық. *Білімділік, әр нәрседен хабардар болушылық.* Оның оқығанын, *көзі ашықтығын* сандықшасында жатқан «Қыз Жібек», «Біржан мен Сара», «Айман-Шолпан», «Шәкір-Шәкірат» сияқты сол кезде басылған қазақ кітаптары мен Ақмолла, Нұржан, Әбубәкір сияқты ақындар жинағы дәлелдейді (М.Дулатов, Шығ.).

Көзі ашылды. а) *Сордан арылды, азаптан құтылды.* Өтірік ұрлық, Үкімет зорлық құрысын *көзің ашылмас* (Абай, Тол. жин.). Күн шығып, ай да туып, *көз ашылып,* Бұл қайғы қыз сорлыдан қашан кетер? (М.Дулатов, Шығ.). Несін айтасыз, Абай аға! Үш-төрт жылдың ішінде ол балалардың өздері де оңкиіп, зіңгіттей жігіт боп алды. Сонымен *көзім ашылды* ғой, – деді Рахым (М.Әуезов, Таңд.). Жыл сайын, ай сайын, кейде, тіпті, күн сайын көргеніміз бір тепкі. *Көз ашылар* бар ма сірә, бұл дерттен, – деді Әбді Абайға (М.Әуезов, Таңд.). ә) *Бір нәрсенің тиегі ағытылды; жолы ашылды, қолайлы жағдай туды.* Пештің алдына жайғасып алған соң, әңгіме *көзі ашылып,* сөз де еркін шыға бастады (Ғ.Мүсірепов, Таңд.). Сіздің ұсынысыңыз бағалы екендігіне шек келтіріп жатудың ешбір жөні жоқ. Бұл пікіріңіз көп ойдың *көзін ашып* салды, – деді Жақыпбек (М.Иманжанов, Шығ.). б) *Сауаттанды, білім алды.* Биік төбеге шықсаң, *көзің ашылады,* жақсымен сөйлессең, көңілің ашылады (Мақал). *Көзі ашылсын* ұлы қуаң даламның, Хан басынмен айнып кетсең, еркіңде, Тұрар болсаң сертіңде (М.Шаханов, Ғасырлар.). Бірен-саран оқып, *көзі ашылған* әйел болмаса, көпшілігі әлі күнге ошақтың үш бұтынан шыға алмай отыр (Б.Майлин, Таңд.). Бұл үйде соғылып жыр сөзі асылдан, Қараңғы көрсоқырдың *көзі ашылған.* Көп болды мұнда Абайдың кезі ашулы, Көп болды мұнда Абайдың кезі ашынған (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Көзі бадырайды. *Қатты қорыққаннан не таңғалғаннан көзі үлкейіп, бақырайды.* Бұл адам кемпірді ғана шошытып қойған жоқ, үйдегілердің де *көзі бадырайып* қалды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Көзі бар. *Назары ауыр.* Мейлі қандай туысқаны болса да, *көзі бар* адамды құдалыққа жібермеген (Б.Қанарбаева, Қаз. наным-сенім.).

Көзі батты. *Біржола құрыды; жоқ болды.* Кім дейсіз әр халықты тентіреткен? Әуелгі үш түрлі оқу түпке жеткен. Бұл үшеуі *көзі батып* көмілгенде, Кейінгі жалғыз мақсат көкке жеткен (С.Торайғыров, Таңд.).

Көзі бозарды. *Қатты састы, ұнжырғасы түсті.* Көк шөп жайқалып, шабындықты гүл жапқан сайын Текебаевтың *көзі бозарып* барады (С.Адамбеков, Қожанасыр). Гусев *көзі бозарып,* қабағын жабады (Б.Момышұлы, Офицер.).

Көзі бұлаудай. *Көп жылағаннан көзі ісіп кеткен.* Екеуміз жылап-жылап, *көзіміз бұлаудай,* бір бұрышта жатырмыз («Лен. жас»).

Көзі бұлаудай [білеудей, добалдай] болды. *Көзі, көз еті күп бопісті. Көзі бұлаудай болып* барған баланы бикеш құшағына ала берді («Қаз. әдеб.»).

Көзі бұлдырады. *Басы айналып, көзі қарауытты, анық көре алмады.* Енді бір сәт *көзі бұлдырап,* қарсы алдындағы ару әйел алыстап бара жатқан сияқтанды (Ж.Тілеков, От кешу.). Қараса *көзі бұлдырап,* Дөңгеленіп дүние Аударыла береді (Н.Байғанин, Шық. жин.). Нұрғалидың *көзі бұлдырап,* дүние айналып тұрған сияқты еді (Б.Майлин, Шық.).

Көзі бітелді. *Су ақпай қалды.* Балығы, батпағы шайқалмаған көлдің *көзі бітеліп* құрып кетті (С.Қасиманов, Сиқырлы.). Іздеп жүріп, бір кішкентай *көзі бітелген,* қаңбақ басқан бұлақ тауып, екеуі қатты қуанды (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Көзі жайнады. а) *Қуанышқа бөленді, бақытқа кенелді.* Элге кек, жұртқа намыс іс кез келсе, Жақұттай шығушы едің *көзің жайнап.* Уай әрден энді тумас сендей көзел, ішінен Бағаналы сендей қайнап (Ы.Алтынсарин, Қырғыз. хрест.). Шалыңның екі *көзі жайнап* жатыр, Кеудемде нәпсі шіркін қайнап жатыр, Байлаулы арқаным жоқ, қазығым жоқ. Қайтейін, кәрілік шіркін байлап жатыр (Шал ақын, Өлеңд.). Екі қолын артына ұстап, *көзі жайнап,* сызылып тұр (С.Омаров, Өмір.). ә) *Жалыныштыболды, кіріптар болды.* Қолымды арт жағыма қойды байлап, Зар жылап мен отырмын *көзім жайнап.* Қалғандар әрқайсысы бір тебеді, Жалтақтап жалынамын ағатайлап (К.Әзірбаев, Таңд. шық.). б) *Құтырынды, алып-ұшты.* Қаз-қатар жақын келді *көзі жайнап,* Ұрымтал жерін көзден көрді ойлап. Сақадай сайлап қойған жұмыр таспен Көкжалын қос өкпеден атты бойлап (О.Шипин, Дастан.). Жайшылықта құп-қу сұрғылт жігіт, бүгін екі бетіне қан жүгірген, *көздері жайнаған,* күннің әлі қыс екенін де ұмытқандай (М.Дулатов, Шық.).

Көзі [оттай, шырадай] жанды. б е й н е. а) *Қуанышқа бөленді, көзі жайнап сала берді.* Босанып аман-есен Қалампыр жас, Болашақ батыр сонда дүние көрді. Баланы шомылдыра қолына алса, Қып-қызыл *оттай жанған екі көзі* (О.Шипин, Дастан.). Жалындаған жас батыр, Қамал бұзған қас батыр, *шырадай көзі жанып ты* (Батырлар жыры). Менің сыпайы құлақтағысым көңіліне жағып кетті білем, *көзі шырадай жанып:* – Хұзырыңдамын, мұғалім, қарағым! – деді (С.Омаров, Қайырлы.). Ұшырсам қырдан асасың. Қасқыр, құлан, түлкіні Бауырыңа басасың. Көргенде *көзім жанады,* Құмарым менің қанады (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). ә) *Ызғар шашты, ашуланды.* Баланың сонда ашумен айтқан сөзі: «Мен кетем қосқа отынның келер өзі!» Дірілдеп тұла бойы қалш-қалш етіп, Қызарып *оттай жанды екі көзі* (О.Шипин, Дастан.). ә) *Жаны кірді, рақаттанды.* Бұ шерің «ә» дегенде аттай салар, Жүгірсе жүйрік *көзі оттай жанар.* Ордаңа осы күйде кіріп барсам, Жақтырмас, ханымның да қаны нашар (Шернияз Жарылғасұлы).

Көзі жарқ ете түсті. *Жаны рақат тапты.* Астына қанатының бізді тығып, Қуанып табылғандай қалағаны. Қырандай түлеп ұшқан тұғырдағы, Тартқанда *көз жарқ етті* томағаны (К.Әзірбаев, Таңд. шық.).

Көзі жасаурады. а) *Көзінен жас шықты, көзіне жас алды.* Өртеді білем өзекті, *Жасаурай* кетті *көзі* отты (Ж.Өмірбеков, Ана мейірі). Отырғандардың бірі *көзі жасаурай,* бетін басып қалысты (М.Әуезов, Абай жолы). *Жасауырағанкөзін* анда-санда бір сүртіп тастап, айдап келеді (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Келеді ат шауып, ауыздықпен алысып, Келемін мен де жалынан ұстап жабысып. *Көзім* кетті *жасауырап,* Қолдарым қалды қарысып (Т.Молдағалиев, Шақырады.). ә) *Қартайғаннан көзі суланатын болды.* Бізге де біреу бас арнап, Бөбектер кірді құшаққа. Көршімнің *көзі жасаурап,* Жетпістен асты бұ шақта (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Көзі [екі көзі] жаудырады [жәудіреді, мөлдіреді, мөлтілдеді]. *Қиылып қарады.* (Көбіне күнәсыз, адал қарас туралы айтылады). – Қайтейін, ол кісі сізше сұраған жоқ, – *Көзі жәудіреп,* – жұрттың бәрі анталап тұрған соң, – деп қыз, да күлімсіregендей болды (М.Дулатов, Шық.). Әшім осы «Шақпақ» тұсында Жалтыр станциясына барса, қасынан бір кішкентай бала қалмай, орала берді. Айтар сөзі жоқ, құр *көзі жаудырап,* бірдеме дәметіп, ілесе береді (М.Әуезов, Таңд.). Ұзақ күтті. Алған жары ақ сүлгісін салқын суға батырып маңдайына жапсырып, қол-аяғын уқалап, *екі көзі мөлдіреп,* күні-түні отырғаны қасында (Ж.Аймауытов, Шық.). Басындай жас баланың Құлжа алмасы Айналып кете алмайды дәмін татқан. Қарағай, қайыңы мен түрлі жеміс, Сұлудай *мөлдіреп көз* кірпік қаққан (К.Әзірбаев, Таңд. шық.). «Жезкиіктей» жанымның дәру әні, Ол – гүл, дала перзенті,

ару әні. Мойылқара *көздері мөлтілдесе,* Жүрегіме отты ұшқын дарығаны (К.Салықов, Жезкиік).

Көзі [екі көзі] жаутаңдады. *Жалына, өтіне қарады, телмірді.* Осы келгеннің өзінде де Тымақбайдың атын сұрап жегіп келіп отырмыз, – деді *көзі жаутаңдап* (Б.Майлин, Шығ.). *Екі көзі жаутаңдап,* әкесінің шоқпыт күпісіне орана түсіп, 8–9 жасар бала Таңсық жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Қызының *көзі жаутаңдап* әкесінен ғапу өтінгендей, үйде отыру айыбы өзінен емес екендігін білдіргісі келгендей пішінмен (Б.Майлин, Шығ.). Байқаса қойлар қандай, қозы қандай, Базардың *жаутаңдаған көзі* қандай. Ұл болмас ұрыспайтын ағайында, Солардың қу бас дейтін сөзі қандай (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көзі жетті. а) *Анықтап айырып көрді, ажыратты, таныды.* Сүлеймен төре, құлақ сал Дулатты төккен жырына, Үңілсе *көзің жетер* ме Теңізден терең сырыма? (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Жассың ғой, шырағым, *көзің жете* ме, қарашы, анау мұнартқан қойнаудың бергі тұсын ала қара! (Ауызекі). ә) *Анық-қанығын білді, ақиқатына қанды.* Дәмелендің Шығарар деп төріне. *Жетті көзің,* Ол үмітің құр елес. Опасыздық жасадың ба еліңе Ертең саған мені сату түк емес (М.Шаханов, Ғасырлар.). Түсіндім, көп нәрсеге *жеттікөзім,* Көрдім де, көп нәрсеге еттім төзім. Жамандықты қарғыстап қайтейін мен, Жақсылықтың өзі де етті мезі, Түсіндім көп нәрсеге, *жеттікөзім* (М.Мақатаев, Шығ.). Біреуді көркі бар деп жақсы көрме, Лақылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме! Әйел жақсы болмайды көркіменен, Мінезіне *көз жетпей,* көңіл бөлме (Абай, Тол. жин.). Қазірде ауылдан былай бес-он шақырым шыққан соң, арттарынан қуған ешкімнің дыбысы жоқтығына *көз жетіп*, тағы да ақылдасып, сол әуелгі планы бойынша жүз жиырма шақырым жердегі қалаға тартпақшы болды (М.Дулатов, Шығ.). б) *Кәміл сенді, берік тоқтамға келді.* Соққан дауыл сияқты өмір өтер Қайғырмаймын, білемін, *көзім жетер.* Кеудемде осы жүрек тұрған шақта жақсылық жоқ өзіме мен дәметер (Абай, Тол. жин.). Жаз елге келдің, ерігіп жүріп Зейнеппен таныстың. Сүйдім дейсің. Кәне бір айдан соң Мәскеуге барады екеміз, сонда әрі-беріден соң сабақтың қызуына түскен соң Зейнебің ойыңнан шығып кетуіне менің *көзім жетеді* (М.Дулатов, Шығ).

Көзі жүгірді. *Тез шолып шықты, қарады.* Айтып келіп ақыры, Бір нәрсеге кідірді. Ұлықпанды бір шолып, Өткір *көзі жүгірді* (О.Шипин, Дастан.).

Көзі көл жасқа толды. *Қайғымен зар еңіреді.* Мүсәпір болып қаңғырып, *Көзім толды көл жасқа* (Мұңлық-Зарлық).

Көзі көр. *Соқыр.* Жарқырап жанған жұлдыздай Ұқтырып айқын һәр ісін. Көңілі жабық, *көзі көр* Білсін қайдан мәнісін? (М.Дулатов, Шығ.).

Көзі көрді. *Көрді, байқады.* Адам тіктеп көре алмас күннің көзін, Сүйіп, жылап тұрады жан лебізің. Қызыл арай, сары алтын шапағына Күннің кешке кіргенін *көрді көзім* (Абай, Тол. жин.).

Көзі көр [соқыр] болды. *Мүлде көрмейтін болды, әз болды.* Көретін *көзім көр болды,* бір перзенке асық боп, Аққан жасым тыя алмай, Перзенттің дағы өтеді (Алпамыс батыр).

Көзі көрген. *Көрген, таныс.* Қалмақты шабысуға Матай келген, Босап қалған Шыңғысты *көзі көрген.* Барған соң Жеті момын жақсысына, «Хан Шыңғыс босады» деп хабар берген (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Көзі күлді. *Күлімдеді, күлімсіреді.* Керіліп кер маралдай *көзі күліп,* Жұмбағын жүрегімнің өзі біліп, Жаудырап қоштасарда қараушы еді Жаныма көктем нұрын сезіндіріп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Көзі күліп,* өз күшіне сенгендей, Әзіл сөзге әтір қосып, дем бермей, Тірі классик Әбдіжәміл отырды Бефлиемге папа Римский келгендей (К.Салықов, Жезкиік).

Көзі қанды [қанықты]. *Үйренді, дағдыланды.* Бала кезінен ауыл өміріне *көзі қанығып* өскен жас қыз мамандық таңдауға келгенде, ауылшаруашылығы саласында еңбек етуге бекем бел байлады («Лен. жас»). Қарауытқан көк жиектен әрі не тіршілік, не сиқыр керемет бары *көзі қанықпаған* жас балаға аса бір құпия жұмбақ есепті (С.Шаймерденов, Мінез).

Көзі қанталады. а) *Көзі қызарды.* Таңменен таңға кірпігін қақпай Дөңбекшіп, Тулап, Бір тыным таппай, Жасаған емі қонбапты. *Қанталап көзі* қабынып ісіп, Артынша жерді қармапты (М.Шаханов, Ғасырлар.). ә) *Ашу қысты, ыза кернеді.* Жетесіз туған, ант ұрып кеткір, зәнталақ! -Булығып тұрды, баланың *көзі қанталап.* Қоқилана келіп, басына қамшы үйірді, Ақсақалдар да, көксақалдар да анталап (М.Мақатаев, Шығ.). Сұмдық болғанына әбден көзі жеткен хан жұдырығын түйіп ап, *көзі қанталай* орнынан атып тұрғанын өзі де байқамай қалғандай (Ж.Рсалдин, Ахмет Жұбанов.).

Көзі қанық. *Жете білетін, білгір кісі.* – Осың дұрыс! – деп қоштады Темірхан. – Сонда қай заводқа бармақшысың? – Соны *көзі қанық* сендерден сұрағалы тұрған жоқпын ба? – деді Қалихайдар («Лен. жас»).

Көзі қарайды. а) *Қарны ашты, ашықты.* Әли қарны ашқанда, *Қарайып көзі* сасқанда, Отырған жоқ Әбіжан («Лен. жас»). Таусылып *көзі қарайса* азық-түлік, Кеулесе неше жерден жанжал-бүлік, Тіл шалып, ой болжамас шеберлікпен, Қозғаса бір капитан жөнін біліп (І.Жансүгіров, Өлең.). ә) *Әлі кетті, әлсіреді, талықсыды, нашарлады.* Сол кезде екі бетім дуылдап, *көзім қарайып,* басым айналғандай болды (Б.Момышұлы, Москва.). Үңіле бай үйінен бала кетті, Сұм өмір, сұрқия өмір тентіретті, іңірде *көз қарайған* өлімсіреп, Үңірейген ескі көрдей үйге жетті (О.Шипин, Дастан.). б) *Аңсары қатты ауды, есі кетті.* Ол менің қанымды қарайтқан жауым емес пе еді. *Көзімді қарайтқан* сол ғой (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Әйел таба алмай, *көзі қарайып* жүрген жігіт түс көрген кісідей мәз, әсіресе, үлбіреген сұлу қызбен қатарласып шіркеуге кіргенде, төбесі көкке жетті (Ә.Нұрпейісов, Шығ.). Ұлы ханды жәбірлеуге соншама, Кім берді оған билікті? Кеткен екен тіпті *көзі қарайып* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көзі қарақаттай. *Мөп-мөлдір, сұйкімді қара көз.* Ойпырмай, жан сәулем, Ғалия, қабағың, Күндей аппақ тамағың, *Қарақаттай көзіңе* Құмарлана қарадым (С.Мұқанов, Таңд.).

Көзі қарақты. *Хат таныған, білімді, оқыған адам, сауатты.* Орта жүзі ойсырап, Сұм қалшақтан езілу «Сорлатам» деп қазақты, Қазақтың бар *көз қарақты* Азаматын қырам деп, Атаман Ринов желігу, Кеше бір туған жарық күн, Көріне түсіп шегіну (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ол жай қазақтан анағұрлым *көз қарақты,* жердің домалақтығын, күн мен түннің неден болатынын, бұлт, жел, жаңбыр, найзағай - бірін сұрастырып, бір-бір жағынан тәжірибемен білген (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тоқсанбай елдегі *көзі қарақты* молдалар мен тәуіптерді үсті-үстіне шақырып ем-дом істетіп жатыр (С.Омаров, Қайырлы.). Жантас Жүніске: Біз сені ермейді ғой дедік, *көзі қарақты* адамсың. Біздей надан емессің, басқа бір жарыққа шығып кетсең, күн көруің де оңай. Біздікі енді тар жол, тайғақ кешу ғой (М.Әуезов, Таңд.).

Көзі қарауытты. *Қатты шаршады, әлсіреді, басы айналып, көзі көрмеді.* Абай жүрейін десе, *көзі қарауытып,* басы айналып құлап қалады (М.Әуезов, Таңд.). Ілгері жүрерін, не кейін кетерін біле алмай, Раушан ағашқа жабысып тұрды да қойды. Бір сәтте басы айналып, *көзі қарауытып* кеткендей болды (Б.Майлин, Таңд.). Жылдар ғой құрап кеткен егісің де. Болмайтын біздің елде жеміс мүлде! *Көзіміз қарауытып,* Бас айналып, Қанша рет құладық біз жол үстінде! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Көзі қарықты. *Көзі шағылысып, қарай алмай қалды.* Қара жерге қар жауса, Нұрлы *көзі қарығар,* Туысқанын қорлаған Жалғыздықтан зарығар (Шешендік сөздер).

Көзі қарылды. *Көрмей қалды.* Ағарған қарда көп жүрсең, *Көзің* бір күн *қарылар* (Қырғыз өлеңд.).

Көзі қиды. *Дәті шыдады, қолы барды.* Атаңа лағынет, Бекежан, Көрсетпе маған түсіңді, Бітіріпсің ісіңді, Қайтып *көзің қиды* екен Сол секілді мүсінді («Қыз Жібек»). Көзіндей құралайдың жәудіреген Көмді екен қандай адам *көзі қиып* (Халық әндері). Қыз Меңеш, қозыңды сой *көзің қиса,* Қозың тұрып тұсақты мен жемеймін (Айтыс). *Көзің қиып* қалай өлтіресің (Қаз. ертег.).

Көзі қимады. а) *Бергісі келмеді, іштей қызғанды.* – Мейлің, – деді Ақаш қолын сілтеп, өзі *көзі қимағандай* құсқа қарай берді (С.Баязитов, Шығ.). ә) *Дәті жетпеді, қолы бармады.* Қазар деген дарияға тастайын деп келеді, тастайын десе, *көзі қимай,* тастамайын десе, алпыс табақ ділләні қимайды (Мұңлық-Зарлық).

Көзі қызды. *Қызықты, құмартты.* Баланың мына ойыншыққа *көзі қызды* білем, бере сал, тағы істеп аларсың (Ауызекі).

Көзін қызықтырды. *Әуестендірді, құмарын арттырды.* Бұ қыздың үйінде мынау көргені көп кешегі бай кемпірдің *көзін қызықтырған* жасау да мол деген болатын (М.Әуезов, Өскен өркен).

Көз ілді. *Сәл ғана мызғыды, азғана ұйықтады.* Әнді тыңдап ойға шомып *көз ілдім,* Ойсыз өткен күндерімнен безіндім (Қ.Жұмағалиев, Айнамкөз.). Барлауға шығып неше күн, Тыныққан жоқ-ты әлі бір. *Көз ілгені* шағы осы еді... Басталып кетті шабуыл (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Сонау жасық, сонау отты кезімнен Күнім бар ма сені ойламай *көз ілгені?* Соным үшін шошындым мен басқадан, Соным үшін шошындым мен өзімнен (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Түнде көпке дейін *көз іле* алмады ол («Қаз. әдеб.»).

Көз ілдірді. *Мызғып алды, сәл тыныгып алды.* Сен одан бәрін табасың, Қалайсың нені, өзің біл. Жұмыстан шаршап барасың?– Жантайып біраз *көз ілдір* (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Тербеліп тұрған егінге Толықсып тұрған күн кіріп. Аялдап менің жерімде Алады *көзін ілдіріп* (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Аға, ұйқыңыз ашылмаса, мая басына барған соң, *көз ілдіріп* аларсыз («Лен. жас»).

Көз ілеспеді. *Тез, жылдам істеді, қас қаққанша жасады.* Елемес қайланы ұрғанда *көз ілеспейді,* тістеніп бар күшімен ұрады (С.Ерубаев, Шығ.). *Көз ілеспеді,* стол үсті мейіз, алма, түрлі жеміске толды (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Неше түрлі бұйым *көз ілеспей* электр күшімен әзірленуде (Қ.Әбдіқадыров, Әңгім.). Бір кезде құмай керіліп тұра қалған қасқырдың өкпе тұсынан зуылдап барып, оның бауырынан сып етіп өткендей болды да, қайтқанына *көз ілеспей,* үстінен қарғып, бері өтті (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.).

Көз ілмеді [ілген жоқ]. а) *Ұйықтамады, кірпік ілмеді.* Бұл түнде таң аппақ атқанша, Абай бір секунд та *көз ілген* жоқ. Күн шығарда ғана аздап мызғыды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Теңселіп талдар бірге өскен, Түнеріп үнсіз тұрды құз. *Көзін* де бір сәт *ілместен* Күзетті мәңгі көлді қыз... (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Мен сақпын. Күзеттемін, *Көз ілмеймін.* Өзіңнен, Отанымнан безінбеймін. Өзіңсіз, Отанымсыз өмірді мен, Сірә да, өмірім деп сезінбеймін (М.Мақатаев, Шығ.). Менімен бір кірпік қақпай, Түндер бойы *көз ілмедің.* Кіп-кішкентай болсаң да өзің, Шіркін қандай төзімді едің (С.Мәуленов, Алыс кет.). Аққу келді аймаққа, аққу келді, Ән толқытты ақ дала, алтын белді. Ұмыттырар бір күнім туар ма екен *Көз ілмеген* көп жылдар ақ түндерді (К.Салықов, Жезқиік). ә) *Тыным таппады, байыз көрмеді.* Ұзақ түн итпен бірге қой күзетіп, Киім жоқ, күзгі суық дірілдетіп, Таң атқанша айғай сап, *көз ілмеймін,* Бай жатыр ақ үйінде пыр-пыр етіп (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Ат арықтап, тон тозар мезіл емес, Қадырқанға не болды, хабар бермей?! Топырақ сала алмадым сабазыма, Есіткенде жыладым *көзімді ілмей* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көзімен атты. *Ұнатпаған пішінмен тесіле қарады.* Шомбал мырс-мырс күліп еді, балдызы оны қыли *көзімен* бір *атты* да, қолындағы картаны лақтырып тастап тұрып кетті (Ә.Әбішев, Найзағай). Елена Павловна жылаған баланы уатып, алдында қарусыз елге қожаңдап тұрған Хитровты *көзімен атып* тұр (Майдан). Иә, заман сендердікі ғой, – деді Дербісәлі екіұшты етіп. Содан кейін Мұратты *көзімен атып* жіберердей оқталып қалды (Т.Ахтанов, Шығ.). Қызының қылығын шешесі ұнатпай, бір шайды *көзімен ата* жүріп, зорға берді (Т.Нұртазин, Ауыл.).

Көзін ала бере. *Назардан тая бере, білдірмей, тез, жылдам, көз ілестірмей.* Соны айтып, қонақтардың *көзін ала бере* тоқалына ызғарлана бір қарап алып Шомбал кетті (Ә.Әбішев, Найзағай). Ал Ақмадия онан бұрынырақ үйден шығып үлгіріп, аттан түсіп жатқан солдаттардың *көзін ала бере* сиыр қораға кіріп кетті, оның қараңғылау бұрышына барып бой тасалады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Ол Ебейсінге ырза болып, жұрттың *көзін ала бере,* оған жылы шыраймен күлімсіреп, басын изеп қойды (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

Көзін алайтты. *Ашу көрсетіп, қорқыта қарады.* «Айта ғой, қандай мінез көрсеттім», – деп, Тән тұрып жанға *көзін алайтады* (С.Дөнентаев, Шығ.).

Көзін аппақ қылды. *Алдап кетті, ізін таптырмай кетті, ұстатпады.* Шиырдан-шиырға соғып із жоғалтып құғыншының *көзін аппақ қылатын* Есімбек сияқты жырындылар өміріне жымын білдірмейді (І.Жансүгіров, Шығ.).

Көзін ашқалы [ашқаннан, ашқаннан бері]. *Туғаннан, ес кіргелі.* Аштан өліп, көштен қалмайтыны аян. Бірақ *көзіңді ашқалы* ермек еткен кәсібіңнен қол үзіп кету қиын екен (О.Сәрсенбаев, Шығ.). Есей әкесінің балықшы екенін әңгіме қылғанда, Эрика да өз әкесін әңгімелеп, *көз ашқаннан бері* балықшы деді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.).

Көзін ашпағыр! қ а р ғ. *Жақсылық көрмегір деген мағынада.* Таң атқан соң қарасам, *көзін ашпағыр!* – май жағылмаған етігім өкпелеп, түнде қашыпты да кетіпті (Қаз. ертег.).

Көзін ашты. а) *Оқытты, білім берді, сауаттандырды.* Әкем қолынан келген жәрдемін аяп жүрген жоқ. Мен Зейнепті алсам, әкем менен безе ме? Зейнепті мен оқыта алмаймын ба, хат танытпаймын ба, *көзін ашпаймын* ба? Не керегі бар (М.Дулатов, Шығ.). Еліміз қараңғы, *көзін ашатын* мекен жоқ (М.Ақынжанов, Ыбырай.). ә) *Көкірегін, санасын оятты.* Дәркембай-ай! Жоқшылық пен жалшылық ел ішін кеулеген ғой. Сенің *көзіңді* қыран көзіндей етіп сол *ашқан* екен. Өз көзің ашылумен бірге, менің де *көзімді* қоса *ашып* отырсың десем керек қой! – деді Абай Дәркембайға (М.Әуезов, Таңд.). Арқылы газет-журнал һәр тарафтан, Хабармен халықтың *көзін ашатұғын* (М.Дулатов, Шығ.). б) *Ойландырды, назарын аударды.* Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың *көзін ашады* (Абай, Тол. жин.). в) *Ес жиды, сергіді, жадырады. Көзіңді аш,* есіңді жи, енді ойнама, Мені сен өз діндесің деп ойлама Мен отқа шоқынамын, дініме көн. Менде бардың бәрінен қауіп ойлама (Абай, Тол. жин.). г) б е й н. *Масаттанды, шаттанды,*

даңқы өрледі. – Даңқың қайда төске өрлеген? Екі жүз мың әскерменен Алты ай бойы кіп-кішкентай Отырарды ала алмау Алты ай бойы Отырардың осал тұсын таба алмау Ойы – дауыл, Сезімі – аспан, Тек жеңіспен *көзін ашқан* Менің алғыр ұрпағымның сүйегіне зор таңба, Намысыма сызат түсті мына сенің арқаңда,– деп Шыңғысхан Шағатайға оқты көзін қадады (М.Шаханов, Ғасырлар.). ғ) *Бұлақтың су қайнап шығып жатқан жерін аршып, тазалады.* Құлпыртып Сарбұлақтың *көзін ашып,* Бөгет сап суын тегіс тоғандады, Жер жыртып соқаменен егін салды. Бидай мен қатар өсіп шөп аңдады (О.Шипин, Дастан.). «Егінжай, аспанға атқан суы тәтті, Мен көрдім бір бұлақты біздің жерде, Бұл жерді Бектас тартып алған жоқ па, Зорлық пенен сындырып біздің белді, Тоғандап *көзін ашып* егін салса, Қоныс қой қарық етер кедейлерді»... (О.Шипин, Дастан.).

Көзін ашу. *Оқыту, білім беру, сауаттандыру.* Мұның төртеуі де азуы алты қарыс коммунистер, ортақшыл партияның, кеңес хүкіметінің газеттерін таратуға өзгелерден артық жанын сала қимылдауға лайық ортақшылдар, надан қара халықтың *көзін ашуды* өздеріне борыш деп санауға лайық азаматтар... (М.Дулатов, Шығ.). Бізге ең алдымен не керек? Білім жарығы керек. Өзіміз надан өтсек, ендігі нәсілімізді болса да тез оқытып, дүние танытып, *көзін ашуымыз* керек, – деді Абай (М.Әуезов, Абай жолы).

Көзін ашып қарады. а) *Бажайлады, анықтап қарады.* Тында, жолдас, сөзімді, *Ашып қара көзіңді,* Қырғауыл ұшып, қаз қонған, Аққу келіп жаз болған, Алтайға қара маралды (Жамбыл, Шығ.). Ташкеннен бергі жердің бәрі дала, Бір Дулат он бір ояз ұлты ғана, Алдыңнан Майкөт ағаң тура келді, *Көзіңді* аспандатпай *ашып қара* (Айтыс). ә) *Сақтанды, абайлады, істің артын ойлады.* Ей, *аш көзіңді!* Бұл күшті кім берді саған (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Көзінен тізді. *Көптеп, лек-легімен деген мағынада.* Атаңа нәлет, Жәңгір хан, *көзінен тізіп* айдады-ау, Орынбор деген қалаға (Махамбет, Өлеңд.). Ақ патшаны да, сол патшалық Россияның отарлық саясатын жүргізіп, бұқараны қанап жатқан «Жаңа закунның» ұлықтарын да – жандарал, майыр, князь, тілмаш, – бәрін де *көзінен тізді.* Солардың жемтіктесі – би, болыс, ауылнайларды аямаған Шортанбай олардың өзін де сілтейді (С.Талжанов, Шығ.). Мұндай жағдайға кезіккен мұғалім кейде екілерді *көзінен тізіп* қоя бермей, аздап шегініс жасайды («Халық мұғ.»). Кириллов мінетін көк арғымақты бас етіп ең жақсы деген аттарды *көзінен тізіп,* жетектеп кетіпті (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Көзін жеткізу. *Кәміл сендіру, ұландыру.* Сол күнге жету өзімізге арман, *көзімізді жеткізу* саған да, маған да, бәрімізге де қарыз (Ә.Әбішев, Шығ.). Сонда адалдығына *көзін жеткізу* ме? (З.Шашкин, Ұядан ұш.).

Көзін жоғалту. *Құрту, жоқ ету.* Қай жылы деп еді, Құдай-ау, берген жақсылықтарын қайырып алған патшаның *көзін жоғалту* керек деген секілді сөздерді сөйледі (М.Дулатов, Шығ.).

Көзін бақырайтып қойып. *Көпе-көрнеу, ашықтан-ашық. Көзімді бақырайтып қойып* жерімді аламыз дейді түге (С.Омаров, Қайырлы.). Не деген сұмдық! *Көзін бақырайтып қойып,* біреудің жерін тартып алмақ (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Көзіндей көрді. *Дәл өзіндей санап, қадірледі.* (*Көзі көрген заты ретінде қымбат, қадірлі етіп санау жағдайында айтылады*). *Көзіндей көріп* ұста дейді (С.Омаров, Өмір.). Өз шешесінің *көзіндей көріп* жүрген үлкен айнасын да күл-талқан қып қиратты (К.Оразалин, Ақ жазық). Қарағым-ай, қаза тапқан жалғызымның аты еді, *көзіндей көруші* ем, – деді (Ж.Тілеков, Шығ.).

Көзінде нұр ойнады. бейне. *Көзі жайнады, құлпырды.* Мұрат! Тағдырына өкпе айтып мұңаймаған, Құрбы қыздың *көзінде нұр ойнаған* Екеумізге ортақ бір бақыт бар деп Кім ойлаған, ол кезде кім ойлаған (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көзіне бақты [қарады]. *Абайлады, алдына қарады, сақтанды.* Иілтіп, екі басын ұстаған хақ. Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ, Құлап кетпе, тура шық, *көзіне бақ* (Абай, Тол. жин.). Өшір, үніңді! *Көзіңе қара!* Маңдай алдыңда қасқиып мықтының өзі тұр. Көрдің ғой, – деді Есен Ғаниға (М.Иманжанов, Көк белес). Ой, ойының осылғыр, алаңғасарланбай *көзіңе қара* (С.Жүнісов, Жапанда.).

Көзіне басты. *Айып, мінін бетіне баттита айтты.* Жиналыс соңында Қайдар сөйледі. Нұржанның бақайшағына дейін шағып, соңғы айдағы шәлкес мінезін *көзіне басты* (З.Шашкин, Шығ.).

Көзіне жас алды [ірікті]. *Көңілі босады, жылап жіберді.* Жүрегі елжіреп, Буындар босанып, Рахатпен әлсіреп, *көзіне жас алып* (Абай, Тол. жин.). Ойбай-ау, мынанікі не? – деп, өтірік мырс еткен болса да, артынан баласының жастығын, жабдығының сай еместігін, жоқшылығын айтып, өзі де қамығып, *көзіне жас ірікті* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Олардың шешелері қуанғаннан *көздеріне жас алды* (С.Бегалин, Мектеп). Біздің жақтың

бір батыр жауынгерінің қаза болған тұсын көрген бойда Тұрсын *көзіне жас алды* (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек.).

Көзіне көк [көк ала] шыбын үймелетті. *Қорлады, зәбірледі, азапқа түсірді. Көзің е көк шыбынды үймелетер,* Көргенің өле-өлгенше ылғи сор боп (Жамбыл, Шығ. жин.). Бұл оқиға біраздан бергі көтеріңкі елдің жағасын түсірді. Болыстың көмегін көріп, *көзіне көк ала шыбын үймелетіп,* жүз елу кісісінен айырылып, Ырғайты елі ұлардай шулады (І.Жансүгіров, Шығ.). *Көзімізге көк шыбынды үймелеттің* ғой!.. Не жазығым бар еді? – деп, үйді айналып, кесек үнімен Абайды жерлеп келе жатқан Ділдә болатын (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Көзіне қан құйылды [толды]. а) *Ыза кернеп, ашу биледі, ызадан көзі қарауытты. Қан құйылып көзіне,* Тартылып алқым демікті. Желігіп те, демігіп Екеуі жетіп келіпті (Н.Байғанин, Шығ. жин.). Қараменде: – Ағайын, *көзіңе қан толып,* түгіңді сыртыңа теуіп, бүгінгі сөзге осынша түйіліп отырсың (М.Әуезов, Таңд.). *Көзіне қан толып* кетіп, жүгірген бойы есік жақтан келіп Есіркейдің белінен басымен қошқарша сүзіп жіберді (М.Қаратаев, Далада.). ә) *Қанқұмарланып, зұлымдық істеді.* Шетелдің сұмырайлары *Көзіне қан толып,* Алдында жатқан қанша өлік, Адам болып көрінбейді (А.Тоқмағанбетов, Шағала.).

Көзіне құм құйылды. *Өлді, о дүниелік болды.* Бұл – адам көз сүйегі, – деді ханға, – Тоя ма адам көзі мың мен санға. Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да, Өлсе, тояр *көзіне құм құйылғанда* (Абай, Тол. жин.).

Көзінен аққан сорасы сақалын жуды. *Ағылтегіл жылады, зар еңіреді.* Әсіресе, әкесі қызына өлердегі сөзін айтады, *көзінен аққан сорасы сақалын жуады* (М.Дулатов, Шығ.).

Көзінен жас ытты. *Көзінен жас шығып кетті.* «Теріскей, серенада» бойды билеп, Еріксіз *көзімнен жас ытып* кетті (І.Қажытай, Тасжарған).

Көзінен кешірді. с ө й л. *Бастан кешірді, көрді.* «Күн мен түн – таразының тең күні» ... кісі басы десятина ... күллі хүкімет мекемелеріндегі жұмыстар орыс тілінде болы. *Көзінен кешірген* ... көздей жерге көлдей ақша Көк бұйра Көк дулыға Кәміл хақиқат. Бұл өткен қырық-елу жылды *көзінен кешірген* қазақ бауырларымыз аз фәһім жіберсе, бұл сөзді аңғарар (М.Дулатов, Шығ.).

Көзінен қан ағызды. *Зар илетті, жылатты.* Бихабар мағрифаттан саңырау қазақ Мәз болып жүргеніне сақтап жанын. *Көзінен қан ағызып* қойған жоқ па, Қазақ ұғлы ұраны алаш барын? (М.Дулатов, Шығ.).

Көзінен оты жанды. б е й н е. *Жанары нұрға толды, алаулады.* Қыз абайлап қараса, қасындағысы үсті алба-жұлба, бет-аузы кір-кір, бірақ *көзінен оты жанған,* орта бойлы жас жігіт (Қаз. ертег.). Түсі жарқын, Бетінде нұр, Қос *көзінен От жанып тұр* Ақ сақалды бір адам (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.).

Көзінен от төгілді. б е й н е. *Айбат шекті, кәріне мінді.* Ұлы қиқу шыққанда, *Көзінен от төгілген* (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын.).

Көзінен [көзінің] сорасы ақты [сорғалады]. *Көзінен жас ағып былшықтанды; қиналды, қор болды.* Орта жастағы әйелдер, *көзінен сорасы ағып,* күпісіне қымтана түсіп, қымыз саудасын істеп отыр (Б.Майлин, Шығ.). Жанбала кемпір шүңірек *көзінен сорасы ағып,* арық қойдай бүрсеңдеп, қылқыңдап қойды (С.Омаров, Қайырлы.). Анау шал *көзінен сорасы ағып,* жылап сөйлеп, жанжағына жалт-жалт қарап отырды. Бірақ ол қанша зарласа да, қанша қараса да, даусын естіген құлақ жоқ (І.Жансүгіров, Таңд. шығ.). Соқыр *көзінің сорасы сорғалап,* тұншығып келеді екен (Қаз. ертег.).

Көзінен тамшы шықпайды. *Жылаумен жасы таусылды деген мағынада.* Жырлауға жыр, жылауға бір *Тамшы шықпай көзінен* (Б.Күлеев, Шығ.).

Көзінен түсінді. *Көзіне қарап, мән-жайды ұқты.* Сырыңды айтпа, *көзіңнен-ақ түсінем,* Мен сырласпын көңіліңнің құсымен. Тау баласы бұлтты кешіп жүреді, Адаспайды қалың тұман ішінен (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Көзіне от ұрынды. *Ашу қысып, сес көрсетті.* Иә, сен не дейсің бұған, Комиссаров? Механик *көзіне от ұрына* қарады (М.Қаратаев, Шығ.).

Көзіне сенбеді. *Көріп тұрғанының шын екеніне сенімі болмады.* Тұрды қарап *сенбегендей көзіне,* Бір нәрсені сезгендей еді өзі де. Алтын емес, күміс теңге салыпты, Ақ патша да тұрмапты ғой сөзінде (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Көзіне топырақ шашты. *Жамандық істеді.* (*Көбіне, көзі жоқ кісі, не марқұм кісіге жасалған қиянатқа байланысты айтылады*). Досының жақсылығын ұмытып, *көзіне топырақ шашып жүрме* (Ауызекі).

Көзіне үйқы тірелді [тығылды]. *Үйқы қысып, кірпігі байлана бастады. Көзіне үйқы тіреліп,* ат үстінде қалғып келе жатқанда, көде түбінде қонақтаған боз торғайлар дәл осылай аяқ астынан пыр ете қалатын (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Көзіне шел бітті. *Дандайсыды, әдейі көргісі келмеді, дұшпандық етті.* Пролетариат әдебиетінің бұл сықылды жетістіктерін не тап дұшпаны көрмейді, не *көзіне шел біткен* оңшылдар көрмейді (С.Мұқанов, Өсу жол.).

Көзіне [ізіне] шөп салды. *Жақын деген адамына теріс пиғыл көрсетті.* (*Ерлі-зайыпты жандардың арасындағы адалдық бұзылып, бірінің жасырын опасыздық жасауына орай айтылады*). Өткен өміріне я жастық қылып, я мастық қылып, *көзіне шөп салып* көрген емеспін, – деді Раушан (Б.Майлин, Таңд.). ...Текешті қанша жек көрсе де, оның *көзіне шөп салғысы* келмей, тілегін қабылдамайды (Ә.Әбішев, Найзағай.). Опасыз боп, *көзіңе шөп салғаным* жоқ, нан маған (С.Бегалин, Таңд. өлеңд.).

Көзіне [ештеңе] ілінбеді. *Еш нәрсе көрінбеді, шалынбады.* Дала тастай қараңғы. Жел бұрынғысынан қатая түсіпті. «Мұзды қуып кетпесе қайтсін?» – деп ойлап, Еламан теңіз жаққа қарады. Қара түнектен *көзіне ештеңе ілінбеді* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Көзін жасқа толтырды. *Жылады, еңіреді.* Не болса да өзімді Тапсырдым сізге налынып. *Толтырып жасқа көзімді,* Есірке деймін жалынып (Абай, Тол. жин.).

Көзін жеткізді. *Әбден сендірді, шүбә қалдырмай нандырды.* «Алтын адамның» қай елге барса да Қазақстанның даңқын асыратынына, біздің даламызда ежелгі замандарда өзіндік өркениет қалыптасқанына кім-кімнің де *көзін жеткізбей* қоймайтынына мынадай мысалдың өзі-ақ жеткілікті дер едік (С.Абдрахманов, Елдік сыны). Өзі өлсе де, тірілсе де жігіттермен болатындығына жігіттердің әбден *көзін жеткізді* (І.Жансүгіров, Шығ.). Сонда адалдығына *көзін жеткізді* ме, жоқ, Райханның алдағанына сенді ме? (З.Шашкин, Темірқазық.).

Көзін жоғалтты [құртты]. а) *Құртты, жоқ қылды.* Жеті бірдей атымды алып барып, көрінеу *көзін жоғалтты,* – деді Дәркембай (М.Әуезов, Абай жолы). Кіші іні, үлкен аға, осы сөзім, Абайлап, ақыл салып, ойлашы өзің. Тартсам мен жарты тиын тамағыма, Ризамын олда-білде *жоғалт көзін* (С.Торайғыров, Шығ.). Бүгін ояз бен Нұрқан өз қолдарымен тізген сендердің списогің!.. Мә, мынаның *көзін жоғалт* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Мақсұттың *көзін құртпасам* Қалдыбай аталып, жер басып жүргенім бекер болар (А.Байтанаев, Асан.). Мына аюдың түрі жаман. *Көзін құртпаса* болмайды енді («Қаз. әдеб.»). ә) *Қарасын батырды, алыстатты, кетірді.* Егер де менен құтылғыларың келіп, мені қатыны өлген Боранбай баласына бермек болса, мен өзім-ақ *көзімді жоғалтайын* (С.Сейфуллин, Шығ.). «*Жоғалтам* деп *көзіңді,* Жер аударып қаңғыртып», Батырға әбден өшікті. «Түрмеге мұны жапқыз» деп, Әкімге берді бұйрықты (О.Шипин, Дастан.).

Көзін жоғалту [құрту]. *Құрту, жою, жоқ қылу.* Өз қағазы өз *көзін жоғалтуға* жарайды. Тауып алып жалғанын қылмысыңды санайды (Абай, Тол. жин.). Енді тезірек мынаның *көзін құрту* керек («Лен. жас»).

Көзін жойды. *Құртты, жоқ қылды, өлтірді.* Сол жас ару, әкесіне былай депті бір күні: – Әке, сенің дарқандығың шақырады күлкіні, Қиқар, тентек мына атыңды мәпелеуді қоймайсың, Айырбастап, сатып, сойып неге *көзін жоймайсың?* (М.Шаханов, Қасырлар.). Күнтүн қатып Әверсман: – Ұстап әкел қолыма Амангелді батырын, Соның *көзін жоялық* Еппен тауып ақылын (О.Шипин, Дастан.). Сондықтан ол Жиреншенің *көзін жойып,* құрту амалын қарастырады (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

Көзін жылытратты. *Еркінен айырды, тәуелді етті, сазартты.* Милиция апарып, *көзіңді жылтыратып* қамап қойсын (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

Көзін көгертті. *Қорлық көрсетті, зәбірледі, қорлады.* Жұматай Әшімді тыңдауды былай қойып, даусын суытып, қатайып алып: – «А, келдің бе, ұры! Көрің қазылған, кулактың баласы. *Көзіңді көгертермін*», – деп, беті шімірікпестен қарсы алды (М.Әуезов, Таңд.).

Көзін көрді. *Білді, жақсы таныс болды.* Әкешешемнің *көзін көрген* еңіліз (К.Әзірбаев, Аңыз).

Көзін қарайтты. а) *Қаталдық етті, түңілтті.* Сүгір менің қанымды қарайтқан сол ғой, – деп Айша зар еңіреді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). ә) *Қарнын ашырды.* Күнімен тамақ бермей, мына сараң әйелің *көзімді қарайтты* (Ауызекі).

Көзін [көз] қысты. а) *Қуланды, көзімен ишара етті, келісімге белгі берді, көзімен ымдады.* Ол әдеттегіше оң *көзін қысып* қалды да, Төлегенге елу сомдықтың шетін көрсетті (Ө.Қанахин, Мұрагер.). Петька дода-дода шашын бір қолымен жөндеген боп Тамараға *көзін қысты,* тағы да қосымша сорпа құяйын ба дегендей ым қақты (Ә.Шәріпов, Шығ.). Төлеген үндемей қалды да, «айтушы болма» дегендей, Жұмажанға *көзін қысты* (М.Ғабдуллин, Ел намысы). // *Ым-жымы*

бір, келіскен. Е, бұлардың *көз құсты* шаруалары бар, бөлек жібере бер (Ауызекі). ә) *Көз салды, көңіл аударды.* Немене үлде менен бүлдеге оранып, қасын керіп, қабағын шытқан алма мойын аруыңа *көз құстым* ба?! (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Көзін малмен асты. *Көрген-білгені мал болды. Көзін малмен ашқан* жандар да осындай орашолақ қимыл жасайды екен-ау? («Лен. жас»).

Көзін ойды. *Қорлық көрсетті, сорлатты; басына әңгір таяқ ойнатты. Көзіңді ойып* барады, Күнде тесіп төбесін, Ақсақалдан әл кетті, Болмаса Тәңірім демесін (Шортанбай Қанайұлы).

Көзін сатты. *Телмірді, тіленді, мөлиді.* Тыныш жатып, *көзін сатып*, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек, ол – арлы адамның ісі (Абай, Тол. жин.). Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман, Шошимын кейінгі жас балалардан. Терін сатпай, телміріп *көзін сатып*, Тептегіс, жұрттың бәрі болды аларман (Абай, Тол. жин.). Босағада нашарлар, Одан әркім қашарлар – *Көзін сатып* телміріп, Кәсіп қылмай жасарлар; «Бай несие берді,– деп, – Мені жақсы көрді»,– деп, Абы Ніддей тасарлар; Бір екі-үш ай өтпестен, Жыл уағы жетпестен, Борыш басын басарлар (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Жүреді екен телміріп Аспанға қарап *көз сатып* (С.Бегалин, Таңд. шығ.).

Көзін сату. *Телміру, тілену, мөлию.* Підие, зекет, пігірге қапшық болып, Миллетке микробтігі тие отыруға? Бұлардын бар тапқаны – *көзін сату,* Кім өліп, кім жіткенін андып жату; Білмесе де алхамнын ғибарасын, Жемтік көрсе, молдамын деп, тістей қату (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Көз суарды. *Мауқын басты, құмарын тарқатты.* Бүгін мен өзіме-өзім той қылмақпын, Сандық сайын алдына шырақ жағам. Тептегіс сандықтарды ашып қойып, Қазынама жарқыраған *көз суарам* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тәтті тілек, үміт бір көл, *Суарамын көзімді* (А. Жұмағалиев, Өшп. жалын).

Көзін сулады. *Жылаған болды.* Ай, Көк төбет! *Көзін сулап*, айғырын ала қоймақ. Жылағанды көріппін бе сірә?..(Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көзін тапты. *Істің ретін, қисынын келтірді, жолын тапты, орайын келтірді.* Майданда сіз... шалағай баласыз. Еш нәрсенің *көзін таппай,* кібіртіктей жүріп, жоқ жерде оқыс кетуіңіз де мүмкін, – деді Қаржас Медешбековке (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). Құдықтың көп күн қазып *көзін тапқан,* Бұрқылдап бұлақтан су аспанға атқан. Күнімен жұмыс істеп, түн күзетіп, Сол жерде мыңғырған бай малын баққан (О.Шипин, Дастан.). Міне, республикамыздан тысқары жердегі мекемелер осылай істің *көзін таба* білгенде, бізге қандай жағдай кедергі болып отыр деген ой келеді («Қаз. әдеб.»).

Көзін тартып алды. *Кілт сескенді, шошып кетті деген мағынада.* Аққемпір келініне бұрылып қарап еді, төсегінен жылан өткендей, тұла бойы тітіркеп кетті. Екі елі аласа маңдай мен қалақ қара бетінде рақымның ізі жоқ екен. Аққемпір *көзін тартып алды* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Көзін тесті. *Аңсарын аударды, ынтық етті.* Кигендей торғын шапан, жасыл жібек Қадалып қарағандар көзін сатқан. Жігіттің *көзін тескен* қыз секілді Жамылып атлас шайы, түйме таққан (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көзін төмен салды. *Төмен қарап, ойланып қалды. Көзін төмен* салып, аз үнсіз тұрды да, маған жанары ұшқын шашқандай ширақ көзімен тура қарады (Қ.Исабаев, Жұмбақ үй.).

Көзін төңкерді. *Қылмыңдады, қылымсыды.* – Әй, еншілес, Исақайды шақыршы! – деді де, нәуетек қабағын бір шытынып, тұңғиық *көзін* бір *төңкеріп,* бәтес көйлектің етегін бұлаң етқізіп қайта кірді (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Немене? – деп, шешесі құсап *көзін төңкеріп* қылымсып, Мұсатайдың бетіне қарады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көзін тырнап ашқалы. *Ес біліп, етек жапқалы. Көзін тырнап ашқалы* еңбектен қол үзбей, соның ыстық-суығына бірдей төзген адамға жазаның ең үлкені – жұмыссыз қалдыру (Д.Қонаев, Өтті дәурен.). *Көзін тырнап ашқалы* техникамен айналысып келе жатқан көрінеді («Лен. жас»).

Көзін шел қаптады [басты]. *Асқақтады, дандайсыды.* Танымассың, көрмессің, *қаптаған* соң *көзді шел.* Имандылық-намазда – қызылбастың салған жол (Абай, Тол. жин.). Тағдырмен адам кектесіп *Қаптаған* соң *көзді шел.* Тайталаста тапталып, Қор болдыау бейуаз момын ел (С.Бегалин, Таңд.). Кейбір бастықтар бір қадалса, қайтып іші жібімейді, сол пікірін өзгертпейді, нендей жақсылық істесең де көрмейді. *Көзін шел басады* (З.Шашкин, Шығ.).

Көзін шоқ қарыды. *Көзіне оттай басылды, ыстық көрінді.* Ауылдың жаны бұлақта Жүрсіңдер, әне, топтанып. Отырмын қарап қыратта, *Көзімді менің шоқ қарып* (М.Мақатаев, Шығ.).

Көзін шығарды. *Көзін ағызды, соқыр етті.* Тасада тұрып садақпен атып, бір баланың *көз-*

з і н ш ы ғ а р ғ а н ы бар (Ж.Тілеков, Шалғай шепте).

Көзін іздеді. *Ізін, табылар орнын қарастырды.* Сейфолла жылқыны аманында бағып, ұры алғанда, *к ө з і н і з д е п* табатын «жырынды жылқышы» атанды (С.Талжанов, Сейфолла.).

Көзінің ағы мен қарасы [ақ пен қарашығы, ағы-қарасы]. *Бары, асылы, ардақтысы.* Ата-анам әлпештеген баласымын, *К ө з і н і ң а ғ ы м е н е н қ а р а с ы м ы н,* Аға жоқ, бауыр да жоқ жалғыз басым, Көрілер сүйеу көрген дарасымын (М.Әуезов, Таңд.). Ана сорлының қайғысы қара тұман, іштен шыққан баласы – *к ө з і н і ң а ғ ы м е н қ а р а с ы:* «Керманға» барса да, жоқ бармай... «шейіт» болса да, сорлы анаға оңай тимейді (С.Сейфуллин, Шығ.). Нелер *к ө з д і ң а қ п е н қ а р а ш ы ғ ы н д а й* біреудің жалғызы талай үйде қайтыс боп жатыр (М.Әуезов, Таңд.). Ата-ананың сен-дағы Әлпештеген баласы ең, Ата-ананың *к ө з і н і ң А ғ ы м е н е н қ а р а с ы* ең (С.Сейфуллин, Шығ.). Мен кемпір-шалдың ортасындағы *к ө з і н і ң а ғ ы м е н е н қ а р а с ы н д а й* жалғыз перзентімін (Қаз. ертег.). Тарығып көрген Құбақұл *к ө з і н і ң а қ п е н қ а р а с ы* (Батырлар жыры). Бір айлық жол түйеге Торғай-Тобыл арасы. Жалбағайдың жиені, *К ө з і н і ң а ғ ы - қ а р а с ы* (О.Шипин, Дастан.).

Көзінің алды көлеңке тартты. *Көзі бұлдырады, анық көре алмады.* Тұяқпен турап, көлденең жатқан көк белді, Кермені үзіп сәйгүліктер де жеткен-ді. Көре алмай Түке баласы менен күреңін, *Көзінің алды көлеңке т а р т ы п* кеткен-ді (М.Мақатаев, Шығ.).

Көзінің астымен қарады [бақты]. *Бетіне тіктеп қарамай, именіп, қабағының астымен қарады.* Күрең биеге қасапшы Есім *к ө з а с т ы м е н қ а р а д ы* (М.Әуезов, Таңд.). Майбасар Ұлжанның тасасына бұғыңқырап отырып, қуланып көзін қысып: «Ондай да бар ма еді? – деп тоқтай қап, Жұманды *к ө з і н і ң а с т ы м е н б а ғ ы п о т ы р*» (М.Әуезов, Таңд.). Бала *к ө з і н і ң а с т ы м е н* бір *қ а р а п* алды да, әлдене айтуға ыңғайланғандай... (С.Бақбергенов, Менің досым).

Көзінің баһары тойды. *Көңілі толды, көзінің жауы тойды.* Тамаша қылған адамның, *Т о й д ы к ө з і н і ң б а һ а р ы,* Қисабы жоқ дүние, Қисапталық несіне (Қыз Жібек).

Көзінің еті өсті. *Менменсіді, асып-тасыды, дандайсыды. К ө з і н і ң е т і ө с е й і н* деген екен (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). Өз бақытымды қорғаймын. *К ө з і н і ң е т і ө с к е н* жігітке өз намысын қыздың қалай қорғайтынын көрсетемін, – деді Күлше (М.Иманжанов, Менің махабб.). Өзге мінін көргіш әулиеге біз де бірдеңе айта алады екенбіз. *К ө з і н і ң е т і ө с к е н* өзімшілдікке сот құрамын, әділет сотын құрамын, – деді Кәшкен (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Көзінің жасы кеппеді [құрғамады]. а) *Жылаудан көз ашпады.* Жорғаның тері кеппес, Еркенің *к ө з ж а с ы к е п п е с* (Мақал). *К ө з д е р і н і ң ж а с ы к е п п е й,* өздері егіл-тегіл болып отырғанда, мазаларын алмай, жөндеріңе кетіңдер! – дейді (Қаз. ертег.). *К ө з і н е н ж а с ы к е п п е г е н,* Кет десе де кетпеген (Шөже ақын, Жыр.). ә) *Қиындықтан құтылмады, ренжумен өмірі өксіді. К ө з і н е н ж а с ы к е п п е г е н,* Кет десе де кетпеген, Жаман шолақ шапаны Дізесіне жетпеген (Үш ғасыр.).

Көзінің жасы көл болды. *Ағыл-тегіл жылады, әбден жылады.* Амангелді сол кезде Жиырманың ішінде, Ақ сұңқардай түлеген, Жаңа өспірім ер еді, Қыз ұзатқан бір тойда, *К ө з і н і ң ж а с ы к ө л б о л ғ а н* Зылиқаны көреді (О.Шипин, Дастан.).

Көзінің жасын бұршақтай домалатты. *Ағыл-тегіл жылады.* Шешесі зарлап, қарғапсілеп жатқанда, Күнікей де қынжылды, іргеге қарап *к ө з і н і ң ж а с ы н б ұ р ш а қ т а й д о м а л а т т ы* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көзінің жасын көл қылды. *Егіл-тегіл болып қатты жылады.* Тез басып демігіп келсем, өзеннің жағасында бір түп талдың түбінде *к ө з і н і ң ж а с ы н к ө л қ ы л ы п,* егіліп, зар жылап отырған Мүслимажан екен (С.Сейфуллин, Әңгім.). Шымылдығың серпе сал — Көрсін әкең жар-жар-ау! *К ө з і н і ң ж а с ы н к ө л қ ы л ы п,* Төксін әкең жар-жар-ау! (Айтыс). *К ө з і н і ң ж а с ы н к ө л қ ы л ы п* төге берді (Ә.Әбішев, Терең тамыр.).

Көзінің қарасы [қарашығы]. *Ең қымбаттысы, бағалысы, асылы.* Алтын оты үміттің, *К ө з і м і з д і ң қ а р а с ы* Балапаны бүркіттің Біздің совет баласы (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). *Қ а р а ш ы ғ ы к ө з і н і ң* – Қасында ұлы Көбеген (С.Мұқанов, Замандас.).

Көздің қарашығындай [қарасындай, қарашығы секілденген]. *Өмірінің мәні, бары. Қ а р а с ы н д а й к ө з і м н і ң,* сәулем едің, Бастан кешкен баяғы дәурен едің. Күндіз естен кетпейсің, түнде түстен, Не сиқырмен басымды әуреледің? (Ә.Найманбаев, Шығ.). Осы боп тұр бас қайғым. Білесіңдер өздерің *Қ а р а ш ы ғ ы н д а й к ө з і м н і ң,* Жарасымындай жарқын, жалын кезімнің, Қажығанда болған қайрат, дәрменім, Сүйенішім – жалғыз қызым бар менің (М.Шаханов, Ғасырлар.). *Қ а р а ш ы ғ ы с е к і л -*

денген көзімнің, Жайық қалқам, қызым қалып барады. Егер тағдыр қосам десең, өзің біл, Ал әйтпесе, қарындасың болады (М.Шаханов, Ғасырлар.). Өзенін, елін қорғаған *Қарасындай көзінің.* Арқадан қағып ардақтап Сүйді Тобыл өз ұлын (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Көзінің қарашығын суалдырды. *Зар илетті; жылай-жылай, көз жасы ада болды.* Басында екі бүйірін таянып, ақ шашын жайып, кәрі, шандыр бетін жоса-жоса қылып тырнап тастаған шүйкімдей қара кемпір: – Атаңа нәлет, хан Кене, Басыңа түссін ойран-ай! *Суалдырдың көзімнің қарашығын* ойбай-ай! – деп қарлыққан дауыспен зар еңірейді (І.Есенберлин, Шығ.).

Көзінің құйрығы. *Көзқарасы, көзінің қиығы.* Тұйғыным-ай, дегенде тұйғыным-ай! Болдым ғашық *көзіңнің құйрығына*-ай! Мал бердім деп бір жаман алып кетсе, Шара бар ма Алланың бұйрығына-ай! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Елеусіз *көзінің құйрығымен* «төренің» кесесіне қарап қалды да, дереу қымыз құйды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көзінің құртын салды. *Қызықты, телмірді, сұқтанды. Көзінің құртын салған* қу тіленші, аш иттің к...ін сұқ ит жалаптының кері болып отыр ғой, болмаса, сен сұғыңды қадарлық менде не көрдің, жазған (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Көзінің қырымен қарады. *Жайлап назар салды, көз қиығын тастады.* Сіресіп отырған Әлібек құшақтаған дізесін жазбастан шкаф толған томдарға *көзінің қырымен қарады* (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Көзінің нұры [оты] сөнді [өшті]. *Өлім исінді, алдында тұрды; өлімсіреді.* Қозғалар халі жоқ. Баяу ғана бүйірі солқылдайды. *Көзінің нұры сөніп,* сұлық тұр (Т.Ахтанов, Шығ.).

Көзінің оты бар. б е й н е. *Өткір, жігер-қайратқа толы, алғыр.* Жетімдіктен өтіпсің, сонда да *көзіңнің оты,* талағыңның биті *бар* бала екенсің (Шешендік сөздер).

Көзінің отын жарқ еткізді. *Көзге бір нәрсе қатты тиді. Көзінің отын жарқ еткізіп,* аттан қалпақтай ұшырды (Ж.Тілеков, Шалғай шепте).

Көзінің сұғын қадады [атты]. *Тесіле, сұқтана қарады.* Неге шабандап отырсың? – деді Нұртай *көзінің сұғын қадап* (С.Омаров, Қайырлы.). Деген ол, сөзін ұғып жатқаным жоқ, *Көзінің сұғыменен атқаным* оқ. Жатырмын жаңа біліп, ойша ақтарып, Дүниенің адам ашпас қатпары көп (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Көзі [аққыр, желкеден] шыққыр! қ а р ғ. *Көзің ағып түсіп, көрмей қалғыр, көзің теріс біткір деген мағынада.* Ат қоса Ерейменге барғанымда, Бір сыншы *көзі шыққыр,* көріп еді (Ақан сері). Оралбике [Лекерге]: – *Көзің желкеңнен шыққыр,* желкеңнен шықсын. Кеудеңе сайтан ұялағандай, саған не көрінді, ойбай! – деді (Қ.Қуанышбаев, Әңгім.).

Көзіңе құм құйылсын! қ а р ғ. *Өліп кет, қарақ батсын деген мағынада.* Жиырмаға келгенше, Маған қолын бермеген, Тең құрбымдай көрмеген. *Құм құйылсын көзіңе,* Осы екен саған сыбаға (Қыз Жібек). Тіріде сыйласпаған туыс, *көзіңе құм құйылсын.* Өлгенде жылама (Шешендік сөздер).

Көзің жамандық көрмесін! т і л е к. *Жамандыққа душар болма, кездеспе.* Көкжалды соғып алып, біз кері қайттық. Содан кейін, *көзіңіз жамандық көрмесін,* қасқыр атаулы маңымызға да жоламай кетті (Қаз. ертег.).

Көзің көріп, қолын ұстамағыр! қ а р ғ. *Өзіңе бұйырмасын; алдыңдағыны ала алмағыр деген мағынада* (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Көзің ойылғыр! қ а р ғ. *Көз жасың тыйылмай, көзің көр болсын.* Ырылдатпа, ырылдатпашы, анау *көзің ойылғыр* жетімекті (М.Әуезов, Таңд.).

Көзі ойнақшыды. *Құмартып, ішіп-жеп қарады.* Жас жігіт *көзі ойнақшып,* Раушан мен Дәметкенге кезек-кезек қадалумен болды (Б.Майлин, Шығ.).

Көзі оттай [шырадай] жанды [жайнады]. б е й н е. а) *Көзі нұр шашты.* Ажарың сенің тайған жоқ, Екі ай жаттың түрмеде, Тұтқын болып неше күн, *Көзің оттай жайнаған,* Қабағың қалың бурадай, Арыстан, аю, бөрісің! (О.Шипин, Дастан.). Бұ шерің «ә» дегенде аттай салар, Жүгірсе жүйрік *көзі оттай жанар.* Ордана осы күйде кіріп барсам, Жақтырмас, ханымның да қаны нашар (Шернияз Жарылғасұлы). ә) *Қуанды, шаттанды.* Тәтті қиялдың әсерінен *көздері оттай жайнайды,* беттері албырт күлімсірейді («Лен. жас»). – Келеді, – деді Шәкираның *көзі оттай жайнап.* – Жүріңдер, шығайық, шығайық. – Қамардиннің алақаны сол сәтте-ақ тершіп сала берді («Қаз. әдеб.»).

Көзі өңменінен өтті. *Қаһарлана, тесіле қарады.* Шай құйып отырған Шолпан бетіне қарауға ұялатын қартына жалт қарағанда, *көзі өңменінен өтіп* кете жаздады (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Көзі соқыр. *Тұқ білмейтін, надан, топас. Көзі соқыр,* көңілі мұз, От жауса да, жанбайды. Маған біткен қиын құз Лаулап жанып, қаулайды (І.Жансүгіров, Шығ.).

Көзі сүзілді. *Телміріп ұзақ қарады.* Шар айнасын қолға алып, Сұңқардай *көзі сүзіліп*, жыламай көңілі бұзылып Айнаға көзін түр салып (Батырлар жыры).

Көзін тайдырып әкетті. *Назарын басқа жаққа аударды, көзін тасалады.* Бұл өңірдің балықшылары Федоровтан қорқатын. Еламан да кездескен жерде оған тура қарамай, *көзін тайдырып әкететін* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Көзі тайды. а) *Назары басқа жаққа ауды, көзі тасаланды.* Аманның қабағы салыңқы, ауыр. Столында түтеленген қағаздар көп. Бәрі ауылдан түскен арыздар. Арыз сайын кемі бір қиянат ұрлық, не зорлық бар. Біреуді біреу, *көзі тайса,* ұрлап, әлі жетсе, зорлап жатқан тәрізді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). *Көзің тайып* кетсе бүлдіреді (М.Иманжанов, Менің махабб.). ә) *Жоғалды, құрыды, жоқ болды.* Бірақ Серімбек пен Мұқажанның *көзі тайғаннан* бері екеуінің жолы екі бөлінді (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Көзі талды. *Қараудан шаршады, қажыды, жалықты, зарықты.* Көк тұман – алдындағы келер заман, Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған. Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр, Сипат жоқ, Сурет те жоқ, *көзім талған* (Абай, Тол. жин.). «Қарай-қарай *көзім талды*» дегенде яки «Сұрай-сұрай мезі қылды» дегенде, көздің талуының, мезілеудің себебіне көбірек назар түсіру үшін «қарау» мен «сұрау» қайта-қайта айтылып тұр (А.Байтұрсынов, Шығ.). Жұмыс уақытында *көзің талса,* жұмысыңды қой да көзің дем алғанша (талғаны қойылғанша) терезеге қара (М.Дулатов, Шығ.). Қарайып қара көлде қамыс қалды, Ауылы ғашық жардың алыс қалды. Ауылы ғашық жардың алыс қалып, Сағынғаннан қараумен *көзім талды* (Майлықожа, Нақыл).

Көзі тартты. а) м е д. *Көз еттері әлсін-әлсін жыбырлады.* Айталық көз ауруларының сипатына қатысты атаулар: *көз* талу, түйілу, қышу, *тарту,* қызару, ағару, май басу, ойылу, шапыраш, шегір шелдену, кәрілік белгісі ретінде көзге таған, ақ сақиналар пайда болу т.б. (Ж.Бабалықұлы, Төрт түлік.). ә) э т н. ы р ы м. *Көз еттерінің жыбырлауын қуанышқа (оң көз), ренішке (сол көз) жорыды. Көзі* түскір неге *тартып* отыр, қуанам ба, жылаймын ба! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көзі таса болды. *Көрінбеді, жоқ болды, көзге түспеді.* Енді сенің *көзің таса болған* соң, олардың не қылып жүргенін саған шаққалы отырмын (М.Дулатов, Шығ.).

Көзі тесті. *Тесіле қарады, көз айырмады.* Отырдық күліп-ойнап әзілдесіп, Барады Ханзаданы *көзім тесіп.* Ақтарды жүрек сырын терең жатқан, Етін жеп, қайнап тұрған шайын ішіп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көзі тойды. а) *Көңілі толды; құмары тарқады.* Көргеннің *көзі тойғандай,* Топты ортадан ойғандай, Сәулетіңнің сағымы, Бұтағына шынардың Күнді әкеп іліп қойғандай (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Тойына дүйсенбі күн малын сояр, Жігіттің сұлу қыздар көзін ояр. Сол тойға ат-тоныңды тәуірлеп кел, Сені де көрген қыздың *көзі тояр* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жер астының жұмысын көріп, *көзің тойған* ғой, батыр! – деп, Әзімханға қарап күліп, қалжыңдай қажады (С.Сейфуллин, Шығ.). ә) *Қанағат етті.* Бұлар ылғи Қарымбайлар Жеуге *көзі тоймаған,* Қайыршыдан көп ұрласа: «Мал таптым» деп ойлаған (С.Сейфуллин, Шығ.). *Тоя ма* адам *көзі*мың мен санға. Жеміт көз жержүзіне тоймаса да, Өлсе тояр, көзіне құм құйылғанда (Абай, Тол. жин.).

Көзі тоқтады. *Назар аударды, көңіл бөлді.* Бәрінің ішінде Омардың *көзі тоқтайтыны* – қыздардың портреті (Т.Нұртазин, Мұрат).

Көзі толды. *Қанағаттанды.* Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме, Мұны бір өзге сөздің бірі деме. Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін, Тоймас *көзің толар* деп қайғы жеме (Абай, Тол. жин.).

Көзі томсарды. *Жабырқады, мұңайды.* Таппадым ешбір теңеу келбетіңе, Сен көрік бергендейсің жер бетіне. Жол тосып мойыл *көздер томсарғаны* Апарар мені іздетіп, ел шетіне (К.Салықов, Жезкиік).

Көзі тұздай. *Көзі көкпеңбек.* Қолтықтасқан бір әйел мен еркек бұлардың тұсынан өте беріп, таңырқаған адамдай тұра қалды. Тырнадай сорайған, мұрны ілмиген, *көзі тұздай* әйел екен (Б.Майлин, Шығ.).

Көзі тұздай болды. *Күте-күте зарықты, сарғайды.* Біз де келдік, күте-күте *көзіңіз тұздай болған* шығар ә? – деп күлді ол (Ж.Тәшенов, Шығ.).

Көзі тұнды. а) *Сұқтанды, дүниеге қызықты.* Өзінің құлқыны үшін осы айтқаныңды істетпеймін деп анталап, қолымыздағы азын-аулаққа *көзі тұнып,* соны бөліп алуға асығады, – дейді кемпір (М.Әуезов, Таңд.). ә) *Көзі қанығып, көңілі толды.* Біздің жатақхананың 68-бөлмесінде он қыз тұрады. Сіз осында кіре қалсаңыз, бөлме тазалығына *көзіңіз тұнады* («Лен. жас»). б) *Құмары*

артты, қызықты. Ұқса да өзінің құлқыны үшін осы айтқаныңды істетпеймін деп анталап, қолымыздағы азын-аулаққа *көзі тұнып,* соны бөліп алуға асығады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қайдағы Үшбиік көшесіне кірсең, *көзің тұнар* кәдімгі әсем қала («Лен. жас»).

Көзі түсті. а) *Назары ауды, көрді, қарады.* Мысалы астындағы ат о дағы ұшты, Ескендір де атының жалын құшты. Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге Патшаның ат үстінде *көзі түсті* (Абай, Тол. жин.). Раушан да бүктеуін жазып, ортасын ашып еді, екінші жағындағы бір суретке *көзі түсті* (Б.Майлин, Шығ.). Не деген балажанды құрғыр еді, Киіз үйге бір шығып, бір кіреді. ...Шопанның шаңыраққа *көзі түссе,* Шарасы таусылғандай ділгіреді (М.Мақатаев, Шығ.). Бөлекбас өз сөзіне өзі елігіп, әлденені айтуға оңтайланып еді, Сәуленің отты көзіне *көзі түсіп* кетті де, жүрегі зырқ етті (Ә.Әбішев, Шығ.). ә) *Аңсары ауды, ынтық болды, қызықты.* Ел ішінде тілді бозбалалардың *көзі түсе* бастап, шетелдерге де «Сәрсенбайда бек көркем бір ақын қыз бар» деген лақап жайыла бастады (М.Дулатов, Шығ.). Жо, болмайды! Атыңа менің *көзім түсті!* – деп, бір жігітін түсіріп, торы атты шештіріп алды. Бұл Құсайынның жанына онан сайын батып кетті (І.Жансүгіров, Таңд.).

Көзі түспеді. а) *Байқамады, мән бермеді. Түспеді көзің* оған да, Саған да бірақ жоқ өкпем, Сол күні соққан боранда Қар басып қалған кенеттен (С.Жиенбаев, Алтын қалам). ә) *Көзі жетпеді, көрінбеді.* Бұтақшалар сидиып, Салбырап тұр ілмиіп. Адам *көзі түспейтін* Табылмады бір биік (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Көзі тірі. *Аман-есен, сау-саламат.* Қәмшат өліпті. Және таңертең өлген баланы сол күні түс ауа қойып та бітіріпті. Керек десе, Құнанбай аулына, Айғыздай *көзі тірі* шешесіне хабар да айтпапты (М.Әуезов, Таңд.).

Көз тіріде [тірі тұрғанда, тірі кезінде, тірі күнінде]. *Ажал жетіп өлмей тұрғанда, аман-сау күнінде.* Базаралы кеткен соң, сол Көркембай өлер шағында, ылдидан, орыс ішінен, Дәркембайға сәлем айтқан екен «*Көзім тіріде* бір көрісіп қалайық» – депті (М.Әуезов, Таңд.). Бүгінгі таспих тартқан молдалар да Қалады оқи берсең орта жолда, Көрейін қызығыңды *көз тірі де,* Қондырып ұшырайын өзім қолға... (О.Шипин, Дастан.). Х.Досмұхамедұлы *көзінің тірі кезінде* алдына жан салмас ғажайып лингвист, фольклорист, тарихшы-этнограф, аудармашы болған. Жан-жақты, көлкөсір әмбебап білімінің арқасында ол биология, зоология, медицина салаларында да көп еңбек қосқан ғалым (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Тұқымы көптік қылад дәйім маған. Шығын келсе алдымен маған салад, Ол тұқым жеті түндік, мен жалғыз-ақ Тым болмаса *көзімнің тірісінде,* Бір жұлқысып, састырсам маған мұрат! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сіздермен бірге *көзімнің тірісінде* қабірімді тұрғызу үшін шақырып отырмын (Қаз. ертег.). Қуанбасаң қамықпа, Менің *көзім тіріде* (Қобыланды батыр). Есептеулі шығысың, Кірісің де. Қайғырмайсың, жаныңның сірісінде. Қуанамын Жалаулы мақсатына Жетсе талант *көзінің тірісінде*! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Көзі ұйқыға барды. *Ұйықтап кетті.* Байдың *көзі ұйқыға барды-ау* деген кезде Алдар орнынан тұрып, қазандағы етті сүзіп алып, орнына тулақты салып қойды (Қаз. ертег.). Ауылдың *көзі ұйқыға барған кезде,* іргенің шиін сытырлатып, бір қол керегенің көзінен өтті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көзі ұялды. *Тәнті болды, құмары ауды, сүйсінді.* Дидарын көрген адам *көзі ұялар* Жігітті ғашық қылмай ерікке қоймас (Батырлар жыры).

Көзі ұясынан [шарасынан] шықты. *Таң қалып, толқығаннан не үрейі ұшқаннан көз шарасы үлкейді.* Демде жүрегі мұздап, *көзі ұясынан шығып* кете жаздады (М.Иманжанов, Көк белес). Сапар бар демесінді Жарқыннан күтіп, *көзі ұясынан шығып* барады (М.Иманжанов, Көк белес). Оның *көзі шарасынан шығып,* тіпті шанышқыдағы тұзды балығы жерге түсіп кете жаздады (Т.Бердияров, Фарида). Губернатор өзіне-өзі сене алмай құлағын шұқылап сәл ойланып еді, *көзі шарасынан шыға,* қашқысы келгендей мүлдем шатынап кетті (Ә.Әбішев, Найзағай).

Көзі шайдай [шырадай] ашылды. а) *Ұйқысы тез тарап кетті, сергіп сала берді.* Әп-сәтте Манас батырдың *шырадай көзі ашылды* (Манас). Оны біреу қолмен жұлып алғандай, *көзі шайдай ашылды* («Лен. жас»). Жол бойы қалғып келе жатқан бала, аты үркіп *көзі шайдай ашылып,* ұйқысы қашып кетті (Қаз. тілі фразеол. сөздігі). ә) *Тез есін жиды, өзін-өзі тез биледі.* Екі *көзің шайдай ашылады,* шаршауың тарайды (Е.Оразақов, Қайта соқ.). Дем барысымен *көзі шырадай ашылған* құла тай сегіз өрмемен тартып қалғанда атып түрды («Лен. жас»).

Көзі шалғыш. *Байқағыш, көргіш.* Кетпесін шайып барлығын, Жүргенде солай жанды сап... Қашанда мына тағдырдың Сондайды *көзі шалғыш-ақ* (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Көзі шалды. *Байқап, көріп қалды.* Біз ойнаймыз торғайды ұрып алып, Оны да қалып па еді *көзің шалып.* Сендағы азаптанып аң қумасаң, Мойныңа неге жүрсің кескек салып? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Арыстан туған батырды Құртқаның *көзі шалады* (Қамбар батыр). Арнаулы пәле келгенде Алыстан *көзі шалады.* Бір оқтан біреу өлгенде, Он оқтан аман қалады (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Көлқамыста құжынаған, Отрядты *көзі шалады.* Айла-әдісін ойланып, Көпке ақыл салады. Түн көрпесін жамылып, Ел қыстауына барады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көзі [шарасынан шығып] шатынады. *Көзі аларды, ашу қысты, ызаланды.* Айшаның шашы талданып, бетіне түскен. Екі *көзі шарасынан шығып шатынаған,* иегі дір-дір етіп, тістері сақылдайды (М.Әуезов, Таңд.). Жасағанбергенге бір-екі рет ашулы *көзі шатынап* осқырына қарады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Сақыптың тістері ақсиып, *көзі шатынап,* өз бетін өзі жұлқылап, сұлық түсіп жата кетті (Қ.Оразалин, Ақ жазық). Бәрі ду күліп жіберді. Тәуке *көзі шатынай* бәріне сыпырта бір қарап өтті (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Көзі шүңірейді. *Арықтап жүдеді, азды.* Дәмежанның айтуынша, індет ауруымен ауырғанның *көздері шүңірейіп,* иекмұрны шошая береді (М.Әуезов, Абай жолы).

Көзі шықты. а) *Соқыр болды, әз болды.* Жас кезінде таяқ тиіп, *көзі шыққан* еді (Ауызекі). ә) *Үміт, жарығы сөнді.* Сен бетіңді ары бұрсаң, *Шықты көзім,* болды көр. Жанды аларсың разы болсаң, Біздің орын қара жер (Абай, Тол. жин.). Адам *көзі шығады,* Ақиқатқа тас атсаң. Талант тулап жығады, Тізгініңді босатсаң (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). б) *Белгілі бір нәрсемен айналысып қана күн көрді.* Жастайынан жылқы бағумен *көзі шығып* келе жатқан жылқышы қысқы жолдың сырына да кәнігі (С.Жүнісов, Жапанда.). Отыз жыл бойы колхоз малын бағып келе жатқан, тіпті айта берсең, *көзі* малмен *шыққан* Шарынбаев Ырыскелді деген қартымыз бар еді (З.Ақышев, Біздің шамш.).

Көзі тігілді. *Назары ауды, көңілі бөлінді.* Сарыны жеп, мен болсам, байдың өзі, Аузында тамам жанның болдым сөзі. Пәленшеден бір нәрсе алсақ-ау деп *Тігілер* жан біткеннің маған *көзі* (Абай, Тол. жин.).

Көзі ұйқыға кетті. *Ұйықтап кетті, шаршады.* Солдат үшін бір сәлем хат – бір дастан, Келсе және ол күтіп жүрген қимастан. Оқиды оны *көзі ұйқыға кеткенше,* Оқиды оны төсегінен тұрмастан (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Көзі [ұйқыға] ілінді [ілікті]. а) *Ұйқыға кетті, ұйықтап кетті.* Жылап жатып Қобыланды Ортасы түннің болғанда *Көзі ілікті ұйқыға* (Қобыланды батыр). Алысып ауру түнімен, Жатса да *көзім ілінбей,* Мен сені жердің түбінен Шақырам жалғыз пірімдей (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Жылытайын деп құлақты, Алып киді тымақты. Қазақтың бойы жылынды: *Көзі ұйқыға ілінді* (Ж.Аймауытов, Шығ.). ә) *Азғана тыныгып алды, мызғыды.* Ержан ұйықтап алмақ болып жатып еді, азғана *көзі ілінгеннен* кейін, ертеңгі дымқыл салқынға бойы тоңазып, оянып кетті (Т.Ахтанов, Шығ.).

Көрер таңды көзбен атқызды. *Таң атқанша ұйықтамады, көз ілмеді.* Бала кірпік қақпай *көрер таңды көзбен атқызды* (М.Иманжанов, Таныс қыз).

Көрінеу көзге. *Көпе-көрнеу, ашықтан-ашық.* Бұл – зоотехникалық, малдәрігерлік шараларды *көрінеу көзге* бұзды деген сөз («Лен. жас»).

Күлім көз. *Күлкі табы білініп тұратын сүйкімді, сұлу көз.* Гармоны, домбырасы сайрап тұрса, Тағылған түзу келіп пернесінде. *Күлім көз,* оймақ ауыз жары болса, Лайық жақсы жауап сөйлесуге. Ас қазан, орта шарқы жақсы үй болып, Шақырса ерік қоймай келмесіңе (Ә.Найманбаев, Шығ.). Шегірлеу *күлім көзі* жылтыңдап, әрқайсысына бір қарап, қызыл шырайы күреңітіп отырды (Ғ.Сланов, Домбыра.). Аққумен аспандағы ән қосамын Желдей есіп, *күлім көз* күндей шалқып (С.Мұқанов, Шығ.). Жылы үйде жеңіл костюммен қара торы, *күлім көз* Балжан отыр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Күннің көзі. *Күннен тарайтын сәуле, жарық.* Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы, Масатыдай құлпырар жердің жүзі. Жан-жануар, адамзат анталаса, Ата-анадай елжірер *күннің көзі* (Абай, Тол. жин.). *Күн көзін* көрсетпей жіберген қараңғылық бозамықтана бастады (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Шағылып *күн көзіне* қару-жарақ, Шаң асты шағылдардан қардай бұрқап, Ұзамай он бес күннің шамасында Ташкенттің қаласына келді жанап (О.Шипин, Дастан.). Көрінген жаңа *күн көзі,* Түтінге батпай тұра тұр. Өртемес сені өрт топан, Жұта алмас соққан сұрапыл (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Қара көз. а) *Қарақат көз, сүйкімді.* Ғашық болған *қара көз* Қашан тарқар күйігі (Қаз. әндері). Сен сонда ұқпайсың ба оның сөзін, Көмір деп ойлайсың ба *қара көзін*? Мағыналы

сол қара көз бір жалт етсе, Жанданбауға етерсің қалай төзім? (С.Торайғыров, Алаш ұраны). *Қара көзің,* қара шашың төгілген, Қара көзің не жылаған, не күлген. Толған өтті менің тұла бойымды, Бала кезден саған ғашық едім мен (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Құрбым, жан құрбым, бала кезімнен Бақыт көріп ем *қара көзіңнен.* Кеттің ұмытып, мәңгі ұмыттың, Жібін үздің ғой нәзік үміттің (Т.Молдағалиев, Шақырады.). ә) *Сұлу қыз. Қара көз,* кірпігіңмен тұсадың ба, Екі аяқ жарамай тұр үш адымға. Ыстық көл қайығындай тербетілдім Толқыған қырғыз әні құшағында (К.Салықов, Жезкиік). Ақша бет ауырғанда албырарсың, *Қара көз* жан берерде жаудырарсың. Қаламға атша шапқан он саусағым, Астында қара жердің саудырарсың (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Қарақат көз. *Қарашығы қап-қара көз.* Мөлдіреген *қарақат көздері* жаутаңдап, Жақын тартып, арқаланып қарайды (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Көргенім *қарақат көз* қырғыз құрбы, Түсіме түнде түгіл, күндіз кірді. Мені ойлап күрсінгенде жаңғырыққан Тау іші мекен-жайын білгіздірді (К.Салықов, Жезкиік).

Қас пен көздің арасында. *Өте қысқа мерзімде, лезде, тез, жылдам. – Қас пен көздің арасында* қайда барасың? – деді («Қаз. әдеб.»). *Қас пен көздің арасында* мынаған не көрініп қалды («Лен. жас»). Қалтасынан автомат қаламы мен жазу кітапшасын *қас пен көздің арасында* жып еткізіп ала қойды («Қаз. әдеб.»).

Қой көз. *Қоңыр түсті әдемі көз.* Кішілеу, өткір *қой көзінің* жанарында ойнақы бір тереңдік байқалады («Қаз. әдеб.»).

Құмай көз. *Құмайдың көзі сияқты әдемі көз.* Оймақ ауыз, *құмай көз* іздеген ерге табылды-ай... Қыз Жібекті Төлеген Ақылымен танып тұр. Көз мейірі қанып тұр (С.Сейфуллин, Шығ.).

Құралай көз. *Құралайдың көзі сияқты әдемі көз. Құралай көзін* тоңкерсе, Көзінен нұр жанғандай (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын.).

Құралайды көзге атқан мерген. *Қас мерген, атқыш.* Мен деген *құралайды көзге атқан мергенмін* ғой (М.Мағауин, Көк мұнар). Жас бала Амангелді мерген деген Атағы талай жерді кетті жарып. Қатасыз *құралайды көзге ататын Мерген* деп Амангелді шығарды атын (О.Шипин, Дастан.).

Қырағы көз. *Өткір, мерген.* Кезінде оны Шу бойына беттеген, Атты мерген бұлтартпайтын оқпенен. *Қырағы көз* нысанадан мүлт кетпей, Қорғасын оқ қадалды қос өкпеден (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Қыстың көзі қырауда. *Ақ қар, көк мұзда, қақаған суықта. Қыстың көзі қырауда* әдейі қырғын тапсын деп сені сатып алған болар (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

Мұңлы көзбен қарады. *Мұңая қарады, мұңдана көз тікті.* Бейнеткөр шаруа ғой дала нағыз, Ойласа *мұңлы көзбен қарамаңыз,* «Еңбексіз алаяқ» деп санамаңыз, Күз – біздің қадірменді жан ағамыз (М.Мақатаев, Шығ.).

Ой көзімен тыңдады. *Зер сала байыптап тыңдады, зейін қоя түсінді.* Өмірдің алды ыстық, арты суық, Алды – ойын, артқы жағы мұңға жуық. Жақсы әнді *тыңдасаң ой көзіңмен,* Өмір сәуле көрсетер судай тұнық (Абай, Тол. жин.).

Ойлы көз. а) *Ойға батқан, терең ойға шомған жанар.* Аррия ару Транзейге *ойлы көзін* ойната, Жүзін гүлдей жайната, Күле қарап, түрдыдағы қанжарын, Жүрегіне сұғып алды бойлата (М.Шаханов, Ғасырлар.). ә) *Зейін, зерде.* Не болады *ойлы көзбен* қарамасақ ғаламға Шүкір, шүкір, жан байлығы саяздардан бақ қайтты. Халық барда өнерге кім өкпе айтты? Сухе-Батор ескерткіші алдындағы алаңда Маған моңғол космонавты өз жырымды жатқа айтты (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Оқты көзімен атты. *Ашулы, кекті ызамен қарады.* Мәжікен бәрімізді *оқты көзімен атып* тұр (С.Омаров, Қайырлы.). Қазақ-орыстар да, бұрынғы төре, чиновниктер де, қазақтың бай-болыстары да бізді көргенде *оқты көздерімен ататындарын* көріп жүрсіңдер («Лен. жас»).

Оң көзі. *Сенімді адамы, сүйеніші, тірегі.* Жер, жесірдің дауы, Маған тиіс сұрауы, Мен үкімет адамы, *Оң көзі,* омырауы (І.Жансүгіров, Шығ.). Сот басқарған – шонжардың ең кезебі, Патшаның қанпезер *оң көзі* еді (Ә.Нілібаев, Болашақ.).

Отты көз. *Жалын атқан өткір көз.* Оның осы сәттегі оқыс қимылында, тура қараған *отты көзінде* батыл жігер бар еді... (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Кекті жүрек, *отты көз,* Жалғыз ауыз айтты сөз, Түксиіп төнген бурадай (Н.Баймұратов, Ер Төлеген). Жас жігіттің *отты көздері* көпшілік ішінен оларды алабөтен тінте қарап, өңмендерінен өтіп барады («Қаз. әдеб.»).

Көзінен от ойнады. *Бейне. Жанары жалын атты, жанары нұрға бөленді.* Жақсы көріп бәйбіше, Айырылмайды өзімнен. *Ойнайды* бір *от көзімнен,* Махаббат ыстық сезіммен (О.Шипин, Дастан.).

Өз көзі. *Өзіндік ерекшелік, көзқарас.* Ол сабақты әр жазушының *өз көзі* болу керек дегеннен бастап еді (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

Өз көзімен [қарады]. *Өзіндік ерекшелігі, өзіндік көзқарасы болды.* Көз жеткізейін, өзім көрейін. Һәр елді *өз көзіммен көрейін* деп, Себеп боп мұталиғам ашылатын. Үлгілі жақсылардан өрнек алып, Мақсұдпен арттыруда мәғрифатым (М.Дулатов, Шығ.). Көппен бірге дауыс қосқан ағымға, Жалтақ, көнбіс телпектердің өнер ашқан шағында, Сол қулардан зиян келіп жатқан кезде қоғамға, Ойға тартып талайды олар, *Өз көзімен қарайды* олар ғаламға (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Өткір көз. *Отты, қырағы көз.* Үйретсем иман адамға, Әлімге, мейлі наданға. Қолы жүйрік, *көзі өткір*, Көңілі соқыр шабанға (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Өткір көз,* өр мінезді, қыран қабақ, Ақындық әлеміне жайды қанат (С.Мәуленов, Жасыл орман). Батырдың арыстандай айбатымен, Отырды жалғыз ауыл жапан түзде. Қырағы дүрбіден де *көзі өткір,* Көреді айсыз бұлтты қара түнде (О.Шипин, Дастан.).

Таңды көзбен атырды. *Тақ атқанша көз ілмеді, түні бойы ұйықтамады, көрер таңды көзімен атқызды.* Ақ гүлдей көңілі елеңдеп, Ақ *таңды көзбен атырар* (Т.Шопашев, Көңіл.).

Төрт көз. *Көзінің үстінде екі дағы бар.* Шеткі үйдің көлеңкесінде *төрт көз* қара ит жатыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Төрт көзі түгел. *Бәрі осында, барлығы тегіс көз алдында.* Бұл кезде совхоз басшыларының *төрт көзі түгел* екен (С.Жүнісов, Жапанда.). Міне, енді біздің *төрт көзіміз түгел,* бригадада тоғыз азаматпыз («Лен. жас»).

Үріккен тананың көзіндей. *Үлкен, бадырақ көз.* Жер жағдайын пайдаланса, ол бізді ұтпай ма? – деді Краев *үріккен тананың көзіндей* көзін алақтатып (Б.Момышұлы, Москва.).

Шүңгіл [шүңірек] көз. *Көз сүйегі ойыс орналасқан. Шүңгіл көз,* мұртты қара Тұрсынды қамшымен нұсқап, зілді үнмен: – Мына дудар бас сенімді ақтай ма? – деді (Ә.Көшімов, Лашын.). Тікен мұрт, *шүңірек көз,* шоқша сақал, Қалың қасты, жар қабақ, бойы тапал. Қырылдап тамағынан дауысы шығып, Кейпінен білініп тұр нағыз мақар (Е.Бердин, Екі ойшыл.). Ортасындағы дүмбіл қабақ, *шүңірек көз* жігіт бөсіп келеді («Лен. жас»).

КӨЗ[2] з а т. *Аяқтың (ыдыстың) ең кішкене түрі; кішкентай ыдыс. Көз* дейтұғын бар аяқ: Көздей ғана шара аяқ (М.Әлімбаев, Бал дәурен).

КӨЗАЙЫМ: көзайым болды. *Көп күткен адамы келіп қуанышқа бөленді, шаттанды.* Бауырыңыз келіп, *көзайым болып* жатырсыз ба? (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Келіншек, күйеуің келіп, *көзайым болдың* ба? (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Баласы келіп, шал мен кемпір *көзайым болып* қалды (М.Дүйсенов, Қалыңдық.). Бауырыңыз келіп, *көзайым болып* жатырсыз ба? (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Жаннамен көрісіп, *көзайым болдыңыз* ба? (С.Омаров, Дала қызы.). Сарыкемпір, балаң келіп, *көзайым болдың* ба? (Н.Серәлиев, Қаңтар).

Көзайым етті. *Қуантты, қуанышқа бөледі.* Талас жағасындағы аулына әке-шешесін *көзайым еткелі* асығыс апара жатқан таудай қуанышы мен тағы бір үлкен жаңалығы бар (Ы.Тникин, Жомарт.).

КӨЗАҚЫ з а т. э т н. *Алғаш көргені үшін жақын-туыстардың беретін кәдесі.* Нең бар ед жабысарлық Кімің едім *Көзақы* көрінгеннен сұрағандай? (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Сәулет өнерінің мінсіз туындысы осындай-ақ болар, бірақ *көзақы* төлемесең, маңынан бастырмайды («Қаз. әдеб.»).

КӨЗАПАРА үс т. *Көпе-көрнеу, әдейі, қасақана.* Ал тап сондай сұлулық, сондай жарасымды адам *көзапара* қолдан жасап тұрғандығын көріп тұрғандары осы (Ә.Кекілбаев, Шығ. жин.). АҚШ өзін *көзапара* өзгеріп кеткен дүниенің жеке-дара әрекеттерге көшіп жатқандығын әркім-ақ көріп отыр («Егемен Қазақстан»).

КӨЗАЯҚ з а т. *Кішкене ыдыс.* Ту биелер сойдырып, Қазысын үйіп қойдырып, Кішкене *көзаяқтан,* Шөкімдеп тамақ татқызып (Манас).

КӨЗӘЙНЕК з а т. с ө й л. ***Көзілдірік***. Ол әжем сол орнында *Көзәйнегі* мұрнында. Манағы жыртық кітапты Оқып та біткен сияқты (Қ.Ыдырысов, Аршында.). Деп әжем мені әзілдеп Құшақтап құшып сүйеді. Төнеді маған *көзәйнек,* Төнеді етсіз иегі (Қ.Ыдырысов, Аршында.). Бұл *көзәйнек* киген үлкен мұрынды кішкентай сұр кемпір (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

КӨЗБЕ-КӨЗ үс т. *Бетпе-бет, жүзбе-жүз.* Олармен *көзбе-көз* әңгімелесуге екінің бірінің сәті болған жоқ (М.Жұмағұлов, Қыран.). Шоқан Свинягинге тез арада қамалға барып, халжағдайларымен *көзбе-көз* танысатындығын айтты (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Екі жылдан кейін Алексей Максимовичті *көзбе-көз* көрдім («Қаз. әдеб.»).

КӨЗБОЯУШЫ з а т. *Сиқыр көрсетуші, көзді арбаушы.* Ақсаусақтар ұқсайтұғын

сүлікке Арқан тастап, Болады ие күлікке. Безбен ұстап тұрған адам – Сатушы *Көз бояушы* бола алады циркке! Түрлі тағдыр – Түрлі тірлік талабы. Теңселеді таразының табағы. Қара тер боп түк таппайсың, Кейбіреу Түк істемей сенен артық табады! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

КӨЗБОЯУШЫЛЫҚ з а т. *Алдаушылық, шындықты бұрмалаушылық. Көз бояушылыққа* қарсы болып жатқанымызды білмейсің бе? (І.Жансүгіров, Шығ.). *Көзбояушылыққа* жаны қас («Қаз. әдеб.»).

КӨЗГЕЛДЕК[1] з а т. ж е р г. *Кішкентай, көздей ыдыс, тостаған. Көзгелдекпен* су іштім, Зәмзәм іштім Геолог — бәдәуилер саулығы үшін (О.Сүлейменов, Атамекен.). Кемпір үлкен қарыннан *көзгелдектің* жартысына дейін айран, қалған жеріне су құйып, біраз араластырып баласына берді (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Сауын малдың ағы азайып, бұрын аузынан шығып пыршып тұратын күбілер қазір өңезденіп, түп жағында бір *көзгелдек* ағарған зорға табылатын кез тап келді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

КӨЗГЕЛДЕК[2] з а т. м е д. *Көз ауруы, трахома.* Троцкіде біраз сандалып жүріп, аяғында Махмұт «Яушев» медресесіне кірді. Сол медреседе оқып жүргенде, көзіне *көзгелдек* (траком) ауруы пайда болып, жазылғанша келмейтін болып, медреседен шығып қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨЗГЕНЕК з а т. ж е р г. *Араның цясы.* Рамалардан жарқ етіп көрінген ара *көзгенегі* көздің құртын қоздырады (К.Баялиев, Нөсер.).

КӨЗГӨРЕКІ ү с т. ж е р г. *Көріне көзге, көпе-көрнеу, ашықтан-ашық.* Содан бері *көзгөрекі* жасалған зорлық-зомбылықты маштанталау деп атайтын Доңызтауда (Ж.Тәшенов, Алғашқы.).

КӨЗДӘРІ з а т. ө с. <лат. euphrasia> *Наурызгүлдер тұқымдасына жататын бір, екі жылдық шөптесін өсімдік.* Қазақстанның орталық және оңтүстік аймақтарындағы өзен бойларында, тоғай мен шалғындықтарда, тастақты тау беткейлерінде, бұталар арасында *көздәрінің* екі түрі өседі (ҚҰЭ).

КӨЗДЕ= е т. **1.** *Нысанаға алу, дәлдеу.* Ақылменен ел билеп, Алдынан халық тараған. Байқаған күшін сан адам, Құралайды *көздемей*, Көзіне оғын қадаған (О.Шипин, Дастан.). Жұма *көздеп* тұрып олардың аяқтарынан атты (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Мына Бестауда батырдың жорыққа шыққанда дүркін-дүркін жауды *көздейтін* биік жері болыпты (Ғ.Сланов, Замана.). – Исатайды бақ, – деді оған қарауыл, – сауытын бұза алмас оғың. Атын *көздеде* (Б.Аманшин, Жар мұңы.). **2.** *Қарау, байқау, бақылау.* Ол күнде көз жетпесті көп *көздеген,* Түгел білем қайда екен деп іздеген. Сол үшін осы күнгі қазақтың іске жарамаймын дегені өзінің азды-көптісін біреуге қоса салып, «көре жүр, *көздей* жүр» деп басын босатып алып, сөз аңдып, тамақ аңдып, ел кезуге салынады (Абай, Тол. жин.). Күнде *көздеп,* мінезді тексерелік! Айланы, ақыл демей, сескенелік! Адалдың жолында өлсек, арман бар ма? Ақты анықка шығарам деп көрелік! Кісіге оны бұрған өкпелелік! Тіл алса, «мұны қой» деп ақыл айтып, Тыңдамаса, жау көріп кектенелік! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). – Қасымжан, кешке дейін көрінбедің ғой?.. – Мал *көздеді м.* Қымыз әкел! – деді... (З.Жәкенов, Таң самалы). Ербол Сүйіндік қыстауының жанында, төбе басына шығып, биесін *көздеп* жүрген қойшыны көрді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Белгілі бір нәрсені мақсат ету.* ...Я су түбіне кетуге я *көздеген* кемерге жетуге серт айтып шыққан еді (М.Дулатұлы, Шығ.). Ол бар оқушының барша пәннен сауатты болып шығуын *көздейді* (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Бар азамат *көздегені* – Татулық, бостандық, бақыт! (Ө.Тұрманжанов, Таңд. шығ.). Ешкі айтты сонда, қасқыр дос! Өз тамағың *көздеген.* Қамқорсыма бекер бос Жалған бекер сөзбенен (Ө.Тұрманжанов, Таңд. өлеңд.). **4.** а у ы с. *Белгілі бір бағытқа бет алу.* Атының өзі-ақ шақырып тұрған карьерді *көздеп* екі басшыға ере жөнелдік (Ғ.Сланов, Замана.). Бұл қоңыр қаз жапанда Қонар жерін *көздейді* (Ш. Иманбаева, Өлеңд.). Бұлар *көздеген* жеріне күн еңкейе әрең жеткен (Ә.Тарази, Асу-асу). **5.** а у ы с. *Ұнату, қалау, таңдау. Көздеп* жүрген қызың бар шығар! – деді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Мүмкін өзінің *көздеп* жүрген біреуі бар шығар (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Сырыңды жасырмай айт, замандасым, Менің де өзің едің *көздегенім* (Е.Қандеков, Өлеңд.).

Дүниені көздеді. *Дүниені мақсат етті, арман қылды.* Ғылымды іздеп, *дүниені көздеп* Екі жаққа үңілдім (Абай, Тол. жин.). Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар сипатында жаратпай, бұл гүзәл сипатты беріп, екі аяққа бастырып, басын жоғары тұрғызып, *дүниені көздерлік* қылады (Абай, Тол. жин.).

Түбін көздеді. *Ақырын бақты, әліптің артын бақты, кейінгісін ойлады.* Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме. Қызық келсе, қызықпа, оң ғаққа ерме. Жүрегіңе сүңгі де *тұбін*

көзде, Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме (Абай, Тол. жин.).

КӨЗДЕЙ[1] з а т. ж е р г. *Кішкентай ыдыс, көзгелдек тостаған.* Ертеңіне көзімді тырмалап ашар-ашпастан әжем кішкентай *к ө з д е й і м е* салып алдыма түннен қалған суық етті қойып жатады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Әжем *к ө з д е й і м д і* толтырып қаспақ салады (Ө.Қанахин, Жер бас.).

КӨЗДЕЙ[2] с ы н. *Көз сияқты, кішкентай.* Әр жерінен *к ө з д е й* тесік – құрқылтайдың ұясы көрінеді (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Қалаған атым мен нарымды бермедің деп басы кемпір назы, аяғы *к ө з д е й* сөз көлдей болып, соңы дау-шарға айналады («Айқап»).

Көздей жерге көлдей ақша беру. *Аз нәрсеге көп қаржы жұмсау. Б е р у д е н к ө з д е й ж е р г е к ө л д е й а қ ш а* құмары келе жатыр бір басылмай (М.Дулатов, Шығ.).

Қызыл көздей. *Қырсықты, кесірлі, кесепатты. Қ ы з ы л к ө з д е й* пәле жоқ, Қарсыласпай күштіге, Қашты тастың үстіне (Т.Шопашев, Бәйтерек).

КӨЗДЕЛ= е т. **1.** *Нысанаға алыну, дәлдеу. К ө з д е л г е н н е н* көзге көркем, көңілге жағымды болып істелген нәрселер: алдыңғы нәрселер адамның мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан нәрселер, соңғы нәрселер адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселер (А.Байтұрсынов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Мақсат етілу.* Шабарман арқылы үзбей хабарласып тұру *к ө з д е л д і* (М.Жұмағұлов, Қыран.). Еңбек шартты жасасу Екі жаққа тиімді, Екі жақтың пайдасы *К ө з д е л е д і* сыйымды (С.Сейфуллин, Шығ.). Опера театрларының репертуарына туысқан республика композиторларының шығармаларын енгізу *к ө з д е л д і* (Р.Мылтықбаев, Түбі бірге.).

КӨЗДЕЛУ *Көздел етістігінің қимыл атауы.* Көк мылтық көкірекке оқ дарытқан, Қашан дәл *к ө з д е л у д е н* ол жалыққан (Т.Шопашев, Көңіл.).

КӨЗДЕН: ақи көзденді. *Көзі алардды, қорықты, шошыды*. Мойын бұрар емес, Үрейленіп ұшып барады. *А қ и к ө з д е н і п* кеткен (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Жылан көзденді. *Тұксие, суық қарады.* Адам мен адам ұшыраса қалғанда, әдетте, біріне-бірі *ж ы л а н к ө з д е н б е й,* жылы ұшырай қараса керек еді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Ит көрген ешкі көзденді. *Зәре-құты кетті, үрейленді, қорықты, шошыды. И т к ө р г е н е ш к і к ө з д е н і п,* Енерме жынды сөзденіп. Жасынан үлгісіз шіркін, не қылсын өнер ізденіп (Абай, Тол. жин.). Қараманның қара ұрысы, ат десе албастысы бар Аманжолдың ала ұрысы атанғандардың талайы *и т к ө р г е н е ш к і к ө з д е н і п* қалып еді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Тұз көзденді. *Құты қашты, үрейлене бастады.* Шұбар беті күлгінденіп, *т ұ з к ө з д е н і п* барады (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

Төрт көзденді. *Көзін баттастыра боялы деген мағынада.* Көзіне сүрме сүртіп *т ө р т к ө з д е н е д і* де жүреді (Б.Майлин, Таңд. шығ.).

Тұлкі көзденді. *Тіміскілене қарады.* Жемтік іздеген *т ұ л к і к ө з д е н і п* төре келеді. Өсегін айтып, парасын жинап ол кетеді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

КӨЗДЕСТІР= е т. *Кездестіру, жолықтыру.* Асыл нағашыңа *к ө з д е с т і р і п* кетейін деген (Н.Серәлиев, Ыстық күлше). Кештете келіп Жолмұқан нағашысының *к ө з д е с т і р і п* кеткен үйіне келді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Ай, Жәке-ай, әбден қажап-ақ болдың-ау, *к ө з д е с т і р с е ң* көздестір (Н.Оразов, Достар.).

КӨЗДЕТ= е т. *Көрсету, таныстыру.* Ербосын қызбен сөйлесіп жүр дейді, немен тынарын кім білсін. Талайын *к ө з д е т і п* көріп едім (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

КӨЗДЕУ *Көзде етістігінің қимыл атауы. К ө з д е у* алыстығы – мылтық қарауылы арқылы қанша жердегі нысананы алуға болатындығы (Қаз. тілі. термин. Әскери.).

Көздеу аспаптар. ә с к. *Қаруды нысанаға көздеуге арналған аспаптар. К ө з д е у а с п а п т а р* негізгі дәлдеу қондырғыларының әрекет принципі бойынша: механикалық, оптикалы-электрондық (оптикалық, түнгі, лазерлік, теледидарлық) аспаптарға жіктеледі (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КӨЗДЕУШІ з а т. *Көздейтін адам, нысанаға алушы.* Командир «кім екен» деп қараса, зеңбірек *к ө з д е у ш і с і* қатардағы жауынгер Зейнолла Уәлиев деген жігіт екен (С.Сейітов, Сөз сұра.). Ол *к ө з д е у ш і* бола жүріп, расчет командирінің қызметін де үйренуде (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Шынында да, танк экипажында жүргізуші-механик болмаса, немесе артиллерияда *к ө з д е у ш і* жоқ болса, оны соғысқа дайын деп айту қиын (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.).

КӨЗДІ[1] с ы н. *Көзі бар; көз орнатылған. К ө з д і* сақинадан бөлек соғып, қалыпқа салып өрнектеп алады да, балдағына дәнекерлеп бекітеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). *К ө з д і* шолпылардың да алақандары екеу, үшеу, төртеу болып, олар әртүрлі сопақша табақшалардан құралады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Бадана көзді. э т н. *Батырлар киетін сауыттар мен ер-тұрман әбзелдеріне салынған әшекейлі тастар не құйып жасалған металл*

көзшелері бар. Бадана көзді кіреуке, Шар айнасы бес қабат, Тоғыз қабат көк сауыт, Саған арнап соқтырып, Будырып кеттім кілемге, Оны үстіне киерсің (Қыз Жібек). Тоқсан баулы ноғайлыдан, Бір жан оған ермеді. *Бадана көзді* берік сауыт, Үстіне баса киеді (Батырлар жыры).

Көзді білезік. э т н. қ о л ө н е р. *Бетіне түрлі түсті тастан көз салынған білезік. Көзді білезік* жасағанда, жұмыр немесе жалпақ күмістің бетіне бедерлі ернеулі ұя жасалып ақ, көк, қызыл, жасыл түсті асыл тас көздер орнатады (Х.Шобай, Қаз. ұранқай. қолөнері).

Қой көзді. *Қоңыр түсті әдемі көзі бар.* «Ат жақты» екен, *қой көзді* екен деп сипаттау адамның көзінің, бетінің белгілі бір түріне айтылатын болып қалыпталған (С.Сейфуллин, Шығ.). Жар қабақ, *қой көзді*, қара шашты балаң жігіт емтихан тапсырып отыр («Лен. жас»).

Қызыл көзді. *Қырсықты, кесірлі, кесепатты.* Қозысы мен Баяны бар өлеңнің *Қызыл көзді* Қодары да бар екен... (Қ.Мырзалиев, Бұлбұл.).

Теке көзді. *Ежірейген көзді. Теке көзді* Темір... суф! суф! – деп сыпылдады («Қаз. әдеб.»).

Темір көзді. *Темірмен қоршалған тор көзді.* Өзі залым закупшік, Танып алды талайды. Көрмей тұрып құсамын, *Темір көзді* сарайды (Абай, Тол. жин.).

КӨЗДІ[2] с ы н. *Көп білетін, көзі ашық.* Қаратаев әм Мамановтар секілді *көзді* қазақтардың соңынан еру мінәсіп («Айқап»).

Ақ көзді. *Тұқ білмейтін, бейхабар, надан.* Оқыған «білер» әр сөзді, Надандай болмас *ақ көзді*. Надан жөндіге жан келмей Білер қайдағы шәркезді (Абай, Тол. жин.).

Көкірегі көзді. *Сезгіш, саналы, сезімтал.* Қарны тоқ қаса надан ұқпас сөзді, Сөзді ұғар *көкірегі* болса *көзді*. Қадірін жақсы сөздің білер жанға Таппай айтпа оған да айтар кезді (Абай, Тол. жин.).

КӨЗДІК з а т. с ө й л. ***Көзілдірік***. Жанарын от шалмасқа Киген қара *көздігін* (Т.Жароков, Қырда.). Телефон кенет үзіліп, Жігіттің өңі бұзылып, Мұрнынан құлап *көздігі* Құлақта қалды ілініп (Ә.Сәрсенбаев, Миллиард.). *Көздіктің* ар жағынан көзі жайнап, Жүзінен мың құбылған сұмдық ойнап (Т.Жароков, Таңд. шығ.).

КӨЗДІК с ы н. *Көзге тән, көзге қатысты. Көздік* құрылым – майда түйірлі масса қоршаған бір немесе бірнеше түйірден тұратын көзге ұқсас дөңгелек не линза тәрізді оқшау бітімдері бар таужыныстар құрылымы (Қаз. тілі термин. Геология). *Көздік* құрылымдар порфиробластар мен порфирокластар болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Геология).

КӨЗДІ-ҚАРАҚТЫ с ы н. *Көп білетін, құлағы тұрік, көзі ашық.* Ел басына, ер басына күн туды, бұл жақтағы ағайындарды өзгеден көрі *көзді-қарақты* санап, білелікші, не қылып жатыр екен деп келдік (М.Дулатов, Шығ.).

КӨЗЕ [ир. كوزه] з а т. *Сұйық зат құю үшін балшықтан, құмнан, қыштан күйдіріліп жасалған ыдыс.* Шарап емес, нұр толсын *көзелерге*, Кезек-кезек берілсін сөз өнерге. Ақын шығып алдыңа, еркелесе, Айналайын ағайын, безе көрме?! (М.Мақатаев, Шығ.). Тарихшы А.Келімбетов оқушылардан экспедиция құрып, «Күйік қаланы» қазғанда, көптеген құнды *көзелер,* теңгелер, қылыш тапқан («Лен. жас»). Қираған алабажақ *көзелерді* тауып алып, әрлі-берлі аударыстырып көреді (О.Сәрсенбаев, Сағым.).

Көзе сауыт. э т н. *Дәстүрлі қазақ қоғамында батырлар киген сауыттың бір түрі, садақ, найза, қылыш өтпейтін киім. Көзе сауыт*, көбінесе, бас киім, қалқан, кеудеге қақтаған шар айна, білекке, тізеге жабатын қыш қоруыштар түрінде жасалады (ҚҰЭ). Кейде темір шығыршықтардан үзбеленген көк сауытты да *көзе сауыт* деп атаған (ҚҰЭ).

КӨЗЕ= е т. *Жөн сілтеу, бағыт көрсету.* Балаға болжам көрсетіп, *көзеп* отырудың өзіне де көп білім керек қой («Қазақст. мұғ.»). Саятшының аушы құсын ұшырғанда дем берді. Саятшы тазысын «айтақ» десе, құсын «кеу» деп *көзейді* (Ел аузынан). Ғалиасқардан көп-көп сәлем, отағасы. Аманшылық. Сіздің үйді сырттан *көзегең* сол (Х. Есенжанов, Тар кезең).

КӨЗЕЛ[1] з а т. *Жұмсақ былғары.* «Ататай! Жаза менде емес, қызыңыздың ерні тым қызыл болғандықтан, мен байғұс дәулетім аздығынан тапшы сапиян *көзелдерді* тістеп созып қалыпқа тартушы едім. Қызыңыздың ернін сорып жатқанда қызыл сапиян есіме түсіп, сол екен деп тістеп сорып жібердім (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Қолы толы білезік пен сақина, аяғында сықырлауық *көзел* етік, ақ сары толық келген би қатын қырық сақина күтуші әйелдерге әмір етіп отыр (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар). Ұзын етекті қоңыр көйлек, қолдан тоқыған жасыл жүн кеудеше, қызыл *көзел* мәсі, биік галош киеді екен (С.Омаров, Өмір асу.).

КӨЗЕЛ[2] з а т. *Кішкене көзе, ыдыс.* Жұпыны үй ішіне тағы бір жан қосылғандай қуанып, екі *көзел* сүт ішіп, нан жеді де, Ықсан орнынан тұрды (М.Сүндетов, Ескексіз.). Ауырмаймын

дедім ғой, нанбасаң бір *к ө з е л* айран берші, кәні ішіп салайын (М.Сүндетов, Балық аула.).

КӨЗЕЛ[3] с ы н. *Көркем, сұлу, сүйкімді.* Элге кек жұртқа намыс іс кез келсе, Жақұттай шығушы едің көзің жайнап. Уай әрден әнді тумас сендей *к ө з е л* ішінен Бағаналы сендей қайнап (Ы.Алтынсарин, Қырғыз хрест.). Шілденің дәл осындай бір *к ө з е л* таңы әлі есімде (Х.Әбішев, Аспан сыры). Қаза болып *к ө з е л і м,* Халім қиын менің де (Жамбыл, Шығ. жин.). Түз кезіп, үйден безіп күш құраған Өр елдің өжет туған *к ө з е л д е р і* (Ғ.Орманов, Таңд.).

КӨЗЕЛ= е т. *Ашылу, айқындалу, жадырау.* Бұл күнге дейін арылмай келген көңіл кірбеңі, түннен бері, дәл осы сәтте, өз-өзінен *к ө з е л і п* жадырап кеткендей (М.Әуезов, Абай жолы). Көмескі ой *к ө з е л е* түскендей, іштен біреуі, «солай, солай»-деп қостағандай болды (Ж.Арыстанов, Жалын.).

КӨЗЕЛЕК з а т. *Кішігірім көзе.* Алматының эксперименттік керамика станциясы жасаған құмыра *к ө з е л е к т е р* қазірдің өзінде кең тарай бастады («Соц. Қаз.».). Екеумізге екі стакан ыстық қара шай мен бір *к ө з е л е к* бал әкеліп қойды да, ізінше жоқ болды (Х.Ерғалиев, Шындық.). Таңертең Жаңыл екеуміз бір тостағаннан тары жеп едік. Әне түр үлдірікте сол *к ө з е л е к* (Б.Аманшин, Көкжар).

КӨЗЕЛІК с ы н. *Көзе жасауға арналған, көзе дайындалатын. К ө з е л і к* саздар – қыштан жасаған бұйымдар (ыдыс-аяқ, ойыншықтар және т.б.) дайындауға пайдаланылатын тез балқығыш және қиын балқитын саздар жиынтығы (Қаз. тілі термин. Геология).

КӨЗЕМЕЛ: **көземел ине**. *Жасуы үлкен ине* (С.Кенжеахметұлы, Ана тілі).

КӨЗЕМЕЛДЕ= е т. *Меңзеу, жанамалап жеткізу.* Татар байын түпкі ойына *к ө з е м е л д е п* қойды да, осы рұқсат қағазды онан оп-оңай алып қайтып еді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең.). Епті жігіт бұлардың басына келмей отырған бір ойды *к ө з е м е л д е й* қойды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

КӨЗЕМЕЛДЕУ *Көземелде етістігінің қимыл атауы, жөн сілтеу, бағыт беру.* Ал қақпаймен өскен бала көбіне өзге жұрттан өмір бойы *к ө з е м е л д е у д і,* көш бастар кісіні қажет ететіндей (А.Мекебаев, Жезтырнақ).

КӨЗЕМШЕК з а т. *Жеміс ағашының бүршік салатын, бүршік өсетін жері. К ө з е м ш е г і* көп екен (Ауызекі).

КӨЗЕМШЕКТІ с ы н. *Көземшегі бар.* Жеті сегізіне жеткенде ару анадай *к ө з е м ш е к т і* боп, өсу шарқына жетіп, ыңырана бастаған анайы жеміс ағашы аталады (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КӨЗЕУЛІ с ы н. *Бағытталған, көзделген.* Жүрістері тездетіп, межелеген уақытта *к ө з е у л і* нысанаға да ат басын тіреуге айналды (С.Әбілқасымұлы, Оспан батыр).

КӨЗЕШІ з а т. *Көзе жасауды кәсіп еткен адам.* Бірінен-бірі қалысқысы келмеген ісмер ұсталар мен *к ө з е ш і л е р* осы көше бойында тұрып-ақ темір илеп, қыш күйдіріп, нелер әдемі бұйымдарды жасап жатады (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

КӨЗЖАҚСЫ с ы н. *Көңілдес, пікірлес.* Бұл қай *к ө з ж а қ с ы ң?* — деп Ызбаркүл шымшып, бұрап үзіп алды (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

КӨЗЖЕТПЕС с ы н. **1.** *Алыс, қиыр шет.* (*Жай көзбен қарағанда ажыратуға болмайтын арақашықтық*). *К ө з ж е т п е с к е* бұлбұл да ұшып кетті (Абай, Тол. жин.). Атақты Ақмоланы көріп өттік, *К ө з ж е т п е с,* шексіз дала желіп өттік. Келеді Сәбит айтып ел мен жерді, Біржан сал, Ақан серіні елестетіп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бәрінің құяр жері Балхаш көлі Өзендер үлкен-үлкен басын қосқан. *К ө з ж е т п е с* көк мұздары ызғар есті, Күн мен Ай, Шолпан жұлдыз сәуле түсті (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Кең далаға *к ө з ж е т п е с* Тұлпарымды ұшыртсам, Қалқашыма мойнымнан, Айырылмастай құштыртсам (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** а у ы с. *Білмейтін, таныс, түсініксіз.* Азулысы алыптың Ашуланса тістеген; Айласына *к ө з ж е т п е с,* Астына жанның түспеген (І.Жансүгіров, Өлеңд.). *// Таныс, түсініксіз нәрсе.* Ол күнде *к ө з ж е т п е с т і* көп көздеген, Түгел білем қайда екен деп іздеген. Жапа-жалғыз білімнен бақ шықпайды, Өлшеусіздің сыймасын бір сезбеген (Абай, Тол. жин.).

КӨЗЖЕТПЕСТЕЙ с ы н. *Ұшы-қиыры жоқ, ұшан-теңіз, өте көп.* Көк ала тұлпар ат мініп, Көк ала желек көтеріп, Көкше көлді жолменен, *К ө з ж е т п е с т е й* қолменен (Манас).

КӨЗЖҰМБАЙ з а т. *Тәуекел.* Көлбеңдеген ит пе, құс па? Көп тұруға уақыт қысқа, *К ө з ж ұ м б а й ғ а* көнген басым, Шықты дауыс, деді – ұста (Б.Майлин, Шығ.).

Көзжұмбайға салды. а) *Тәуекел етті.* Мұғалім шырағым, ләкин, сен оқыған, зиялы азаматсың ғой. *К ө з ж ұ м б а й ғ а с а л ы п,* қисық кетпесең жарар еді (С.Омаров, Қайырлы.). ә) *Немкеттіге басты.* Берекесіз бала, істің итін шығарып, *к ө з ж ұ м б а й ғ а с а л ы п* істейді (Ауызекі).

Көзжұмбайға салыну. *Көргенін ашып айтпау, кемшілікті көпе-көрнеу бүркеу.* Ал сол күлкінің реңдерін белгілеуге келгенде, *к ө з ж ұ м б а й ғ а с а л ы н у* бар («Қаз. әдеб.»).

КӨЗЖҰМБАЙЛЫҚ з а т. *Мән бермеушілік, салдырлық, салақтық, ескермеушілік.* Университет басшыларының *көзжұмбайлығына* қайранмын («Егемен Қазақстан»).

Көзжұмбайлық жасады. *Мән бермеді, салғырт қарады, ескермеді.* Осының бәріне Мәдениет министрлігіндегі жолдастар неліктен *көзжұмбайлық жасап* келе жатқанын түсіне алмадық («Лен. жас»).

КӨЗ-КӨЗ с ы н. *Көп көзді, ұя-ұя.* Аралардың бал жинайтын *көз-көз* балауыз тақтасын көргенде таң боласың (Ж.Әбиев, Биология.).

КӨЗКӨРГЕН с ы н. *Бұрыннан білетін, етене таныс.* Жолдасы едім жасынан, Дәм татысып, *көзкөрген.* Қиын-қыстау кездерде Серік болған сөзбенен (О.Шипин, Дастан.). Мұғалімдер мен тәрбиешілердің де *көзкөргендерінен* бірі де жоқ (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Ehe! Сары ала түйме, сары жаға, *көзкөрген* ескі достар екенсіңдер ғой (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Аралары онша жақын болмаса да, Уәли қанша айтқанмен, *көзкөрген,* ертеректен таныс адам еді (Т.Ахтанов, Шығ.). *//Бірін-бірі білетін, таныс адам.* Шаттық хабар қуандырып, *көзкөргеннің* талайын, Ақ тілегін айтып жатты алыс-жақын ағайын (М.Шаханов, Ғасырлар.).

КӨЗКӨРЕКІ с ы н. *Маздаған, маздап жанған.* Қойдырды от, түн болған соң Зүһақ залым, Тоғай ед айналасы өте қалың. Бабайдың сиырменен қоса қабат. Күйдіріп *көзкөрекі* кетті жалын (Т. Ізтелеуов, Рүстем.).

КӨЗКӨРІМ с ы н. **1.** *Көз жететін жер.* Қараулар қалың кездесті Айналасы *көзкөрім.* Қара бұлттай қап-қара Қаратау тұрды көлденең (О.Шипин, Дастан.). Өшпесін сәуле *көзкөрім,* Қара аспанды төндірме. Өзіңнен күткен өзгенің Үмітін сен де сөндірме (К.Салықов, Жезкиік). Биенің басын әзер тоқтатып, қайта барып түсіп, қамшымды алып мінгенше, алдыңғы аттар тобы *көзкөрімге* барыпты («Жұлдыз»). *// Жақын жер.* Бір жақсылық сезгендей *көзкөрімде,* Үміт үзбей жүрсің-ау өздерің де. Мен көшпеймін, Дәл бүгін құлап түссем, Ұйықтап қана жатармын өз жерімде (К.Салықов, Жезкиік). **2.** *Тап атып, айнала анық көрінетін, жарық түскен кез.* Біз *көз көрім* болғанша «тіл» алып та, жауды барлап та үлгеруіміз керек (Ә.Нәбиев, Ауыр.).

Көзкөрім жер. *Жай көзбен қарағанда ажыратуға болатын, көрінетін арақашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Күннің астында *көз көрім* жерде жалтыраған бір нәрсе көрінеді (Қаз. ертег.). *Көз көрім жер* де сағымданып, әп-сәтте құбылады (К.Тоқаев, Тасқын.).

КӨЗКӨРІМДІК с ы н. *Көзбен көрерліктей, көз жететіндей, шағын.* Көлді күтуші бас техник – Жань-Фу-Тайдың айтуынша, көлемі *көзкөрімдік* қана болатын бұл шағын көлдің суы қақпаны жапқан кезде 50 текше метр болды (С.Мұқанов, Алып. адым.).

КӨЗҚАБАҚ: көзқабаққа сиынды. *Көз шағылыстырды.* Айдынымa шыдамай, ай бұлтқа сиынған. Көруіме шыдамай, *Көзқабаққа сиынған* (Ш.Уәлиханов, Шығ.).

КӨЗҚАМАН з а т. *Өз ұлтының мүддесіне теріс пиғылмен қарайтын адам.* Ал *көзқамандар* ақыл-есі ауысқандар емес. Бұлар мектеп, университетті бітірген, жоғары лауазымды қызмет атқарғандар болуы мүмкін («Түркістан»). Мәңгүрттер есінен айырылған міскіндер болса, *көзқамандар* еліміздегі саналы түрде қарсы шығатын қаскүнемдер деп қорытындылайды («Түркістан»).

КӨЗҚАМАНДЫҚ з а т. *Өз ұлтының мүддесіне жат көзбен қараушылық.* Ендеше, Құдайым *көзқамандықтан* сақтасын. Алыс пен жақынды, ағайын мен жатты ажырата білу үшін туыстас түркі халықтары арасындағы сабақтастықты тереңдеп саралауымыз керек («Түркістан»). Мәңгүрттік пен *көзқамандық* бір-бірінен айырмасы бар екі түрлі құбылыс екенін айта келіп, ғалым Р.Бердібай: «Жау қолында тұтқын болып қорлық-зомбылық атаулының бәрін көріп, миына жазылмастай зақым келген, қай елден шыққанын, кімнен туғанын білмейтін, тек кеудесінде жаны бар, ішіп-жеуге, қарадүрсін жұмыстарды атқаруға ғана қабілетті мәңгүрттер халі аянышты», –деді («Түркістан»).

КӨЗҚАМАНШЫЛДЫҚ з а т. *Өз ұлтының мүддесіне немқұрайлы қарайтындардың әсіре ойпікірлері мен әрекеттері.* Туған елінің тарихын білмеу, білгісі де келмеу – *көзқаманшылдыққа* тән. Арамызда дүниедегі жақсылықтың бәрін өзімізден емес, өзгеден іздеп, халқымызда мақтаныш тұтарлық, үлгі аларлық еш нәрсе жоқ, деп есептейтіндер көптеп кездеседі. («Түркістан»).

КӨЗҚАРАС з а т. **1.** *Пікір, ой, ұғым.* Көздің қаралуына қарай, *көзқарас* орнықты, қыдырма болуға мүмкін. Орнықты *көзқарас* бір деректі нәрсеге не ойға қадалғанда болады (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). **2.** ф и л о с. *Адамдардың өздері өмір сүріп жатқан қоғамдағы немесе бұрын болған оқиғалар мен құбылыстарға, жеке тұлғаларға, идеяларға т.б. қарым-қатынасы және содан туындайтын*

иланымы, басшылыққа алатын ұстанымы. Көзқарас білім алу, еңбек ету, қоғамдық жұмыстарға араласу, ғылыммен шұғылдану т.с.с. адамның теориялық және тәжірибелік таным әрекеті барысында қалыптасады (ҚҰЭ). **3.** психол. *Адамның, әлеуметтік топ не қоғамның айналада болып жатқан процестерге, құбылыстарға қатысын айқындайтын дүниетанымдық категория. Көзқарастың* қалыптасуы үшін философиялық, ғылыми, діни білімдердің және қоғамдағы үстем идеологияның әсері мол (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Нағыз ғылыми *көзқарас* ғылыми білімдер мен демократиялық ұстанымдар орнағанда қалыптасады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

КӨЗҚОРҚАҚТЫҚ з а т. *Малдың көзін қардан, күннің ащы нұрынан қарыгудан сақтайтын қара киізден не бұлдан, матадан ортасын тесік көзілдірік тәрізді пішінді, екі ұшында бауы бар құрал.*

КӨЗ-ҚҰЛАҚ з а т. *Хабарды жеткізуші, құлақтандырушы, хабар таратушы.* Ол кезде «Қазақ» газетін, қазақ елінің көбі *көз-құлағындай* көретін (М.Дулатов, Шығ.).

Көз-құлақ болды. а) *Хабар тарапты, жеткізді, құлақтандырды.* Бұл газет шығарудағы мақсат мынау еді: Жұртшылыққа *көз-құлақ болу* ... (М.Дулатұлы, Шығ.). ә) *Баскөз болды, қарайласты, назар салды, көңіл бөлді.* Жақын жерге барсам, Ержан да *көз-құлақ болар* (С.Мұқанов, Шығ. жин.).

КӨЗЛЕ [ор. к о з л ы.] з а т. *Тарантас делбесші отыратын орын.* Тоқыма қораптың ішіндегі «халық» мүлкін жазып жатқанда, қораптың алдынан, *көзленің* астынан бір бала шықты (М.Жұмабаев, Шығ.). Былай шыға көсілейін десең, *көзленің* астынан бір жұмсақ нәрсе аяғыңа былқ ете түседі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨЗМӨЛШЕРМЕН үст. *Шамамен, жалпы нобаймен.* Тау басында тұрып, *көзмөлшермен* жасаған бір межесі бар еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *Көзмөлшермен* түсірудің мәні – жерді анықтау мен өте қажетті заттарды, жер бедерінің нысандарын қағазға түсіру, сондай-ақ құрылған сызбаның мақсатына қарай қажетті бөлшектердің белгілерін түсіру (Қаз. тілі термин. Әскери). Екі ауылдың арақашықтығын *көзмөлшермен-ақ* айтуға болар (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

КӨЗОТАҒА з а т. қолөнер. *Патшалар мен ханзада, ханшалардың баскиімінің маңдайына тағылатын асыл тас.* ≈ *Көзотаға* тағынды.

КӨЗСІЗ с ы н. **1.** *Көзі жоқ.* ≈ *Көзсіз* жігіт. **2.** а у ы с. *Жүрекжұтқан, ержүрек, қорқуды білмейтін.* Сатайдың өзі затында *көзсіз* батыр, еш нәрседен қорықпайтын жүректі жігіт («Қаз. әдеб.»). Ол бір жүрген *көзсіз* батыр екен («Қаз. әдеб.»).

Көзсіз басшылық. *Алды-артын ойламай басқару, іске жауапсыз қарау.* Бозабайдың *көзсіз басшылығының* салдарынан бас бухгалтердің орынбасары да кетті (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

Көзсіз ерлік [батырлық]. *Қауіпті жол, қатерлі іске бастаған әрекет.* Бала баста жақсы көрген албырт жүрек қыз көзінше қадірлі болып көріну үшін, Байтабанды кейде *көзсіз ерлікке* де жетектеген жоқ па? (І.Есенберлин, Шығ.). Содан Әбілқайырдың *көзсіз батырлығы* мен құралайды көзден атқан мергендігі ел арасына жайылып жүре берген-ді (Ә.Кекілбаев, Үркер).

Көзсіз көбелек. *От пен суға түсерін білмейтін адам жайлы айтылады.* Сен деген қазір *көзсіз көбелек сің*... өзіміздің түсінікті тілмен айтқанда – массың. Араққа емес, сұлу қыздың буына массың (М.Иманжанов, Шығ.).

Көзсіз көбелектей. *Еш нәрседен тайынбайтын.* Қызының намысын қорғап, *көзсіз көбелектей* отқа түсер жерде әлгі бейкүнә, аңқау, бейшара жанды аяйсың, жанның ашиды («Қаз. әдеб.»). Соның жөнін, жолын таба алмай, армандары ащы зарға айналып, *көзсіз көбелектей* етекбасты бола берді («Қаз. әдеб.»).

КӨЗТАМЫР з а т. *Бұрынан таныс, араласып жүрген адам.* Адамның *көзтамыры* алған жардан Қызықты болмаушы мед он есе арман (М.Дулатов, Шығ.). Ойнастың әйелі ғой. Сыры маған аян ғой. *Көзтамырлар* бұрынғы, Жағаласа жаман ғой. Ойнас қылса қатыны, Ол бір қырсықты адам ғой... (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨЗТАНА з а т. *Бетіне асыл тас орнатқан қымбат бағалы түйме, тана. Көзтана* – сәндік үшін тағатын үлкен жарқырауық түйме, көзіне (ортасына) тас орнатқан тана (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КӨЗТАНЫС з а т. *Жете білмейтін, кездесіп қана, көрісіп жүретін адам.* Бірақ *көзтаныс* болмаса да, көңілі жақын болып шыққан сол жұрттың Мәдидің атын аспанға көтерген айғайы бұлардың ешқайсысының құлағынан кетер емес (Ә.Әбішев, Найзағай). Жолымда жолдасым

жоқ жол сілтейтін, *Көз таныс* жұлдыздардан басқа менің (Т.Айбергенов, Өленд. жин.). Екі жақ бүйірден шыққан екі банды бұл кезде Бекболды қоршап, тақап келіп еді. Бекбол бір-бір қарап алды. Бірақ олардың ішінен *көз-таныс-ты* ұшырата алмады (М.Әуезов, Шығ. жин.). Ойлап ем бұндай сөзден сізді алыс деп, Ұят-ау жауаптассақ біз шалыс кеп, Қызыққан, таңдаған да жігітім жоқ, Не деймін, көрмей жатып *көз таныс* боп (М.Әуезов, Шығ. жин.).

КӨЗТҮРТКІ с ы н. *Жеккөрінішті, жексұрын.* Бүкең-бүкең байым жүр, Сырғанап аяқ тайып жүр, Қайда барса *көзтуртті,* Күлкіні таза қойып жүр (Б.Майлин, Шығ. жин.). Жексұрын жеккөрінішті адам. Күні кеше ғана екеуінің алдында қатарымызға қостық, бұрынғы *көзтуртпікке* бұдан былай жол бермейміз деп Құран ұстап анттасқан үш арыстың игі жақсылары олардың сөзін бүгін кеп жерге тастай қояр дейсің бе? (Ә.Кекілбаев, Үркер).

Көзтүрткі болды. *Жеккөрінішті болды, жексұрын болды, отырса – опақ, тұрса – сопақ болды.* Ұлдар анам, амал не, өлген жылы, Ағайындар арулап көмген жылы. Жеті жаста жалтақтап *көзтуртпікі бол,* қала берді апалап жалғыз ұлы (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Көрінген кісіге *көзтуртпікі болып,* қырдан келген қойдай тосырқап, мүгедек болып қалады (І.Жансүгіров, Шығ.). Көл – өлік, қаз, қуы жоқ дауыстаған, Қалған құс – қарға, шөже сауысқаннан Көтеріп көтеремін, *көзтуртпікі бол,* Арсыз жоқ азық-шөбін тауысқаннан (І.Жансүгіров, Шығ.). Күрсініп Күнсаңила кетті жылап, *Көзтуртпікі болып* жүрдім ел ішіне (Е.Ысмайылов, Ақындар).

КӨЗІК[1]= е т. *Жолығу, кездесу, көзіне түсу.* Сөз басы басталса да, «сезіктенбе», Деп тұрды көзіне көз *көзіккенде* (А.Тоқмағамбетов, Күзетте). Заманның кезікті ме желгіріне, Адамның *көзікті* ме көлгіріне (Қ.Жұмағалиев, Сақара). Қайтіп *көзіккенімді* білмеймін (А.Сүлейменов, Бесін).

КӨЗІК[2]= е т. *Көз тию, көз өту.* Сіздің тасыңыз, рас, қасиетті тас екен. Бірақ екі жылдан соң қасиеті бітеді. Тасыңыз *көзіккен* екен («Аяз би»).

КӨЗІЛДІРІК з а т. *Көздің оптикалық кемістігін түзету, күн сәулесінен, шаң-тозаңнан, химиялық заттар әсерінен қорғау үшін қолданылатын құрал.* Мұндайда екі *көзілдірік* кимеу үшін жоғарғы бөлігімен алыстағыны, төменгі бөлігімен жақындағыны көруге болатын шыныдан жасалған құрама көзілдірік беріледі (ҚҰЭ). *Көзілдірік* киген біреу бір конвертті әкелді де, Дәуқараға ұстатты (Б.Майлин, Шығ.). Жазып отырған қағаздарын жауып, көзінен *көзілдіріғін* алды (М.Әуезов, Абай жолы). Ол *көзілдіріғін* киіп, телеграммалар мен хаттарды кезегімен аша бастады (М.Иманжанов, Менің махабб.).

КӨЗІЛДІРІКСІЗ с ы н. *Көзілдірік кимеген, көзілдірігі жоқ.* Атасы *көзілдіріксіз* кітап оқи алмайды (Ө.Тұрманжанов, Менің кітап.). Енді көрсем, жетпіске таянған шал жаңағыдай жарықта кітапты *көзілдіріксіз* оқиды (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

КӨЗІЛДІРІКТЕН= е т. *Көзілдірік кию.* Ертеңіне құспромның адамы түгіл қорасындағы әтешіне дейін сол магазиннің қоймасына барып, жаппай *көзілдіріктеніп* қайтты (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш.).

КӨЗІЛДІРІКТІ с ы н. *Көзілдірігі бар, көзілдірік киген.* Жөкебайдың торы атын ана бір *көзілдірікті* бұжыр жігіт айдалаға шауып көрінеу зарықтырып өлтірді, — деді Сағындық (М.Дулатов, Шығ.). Өзі тәрізді ұзын бойлы, *көзілдірікті,* толықша қара кісі баяндама жасап тұр (Х.Рахимов, Қарлығаш.). Есіктен ұзын бойлы, арықтау, *көзілдірікті* адам енді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). *//Көзілдірігі бар адам.* Жолдас Омаровпысыз?— деп маған қарсы жүрді *көзілдірікті* (З.Шашкин, Өмір.).

КӨЗІНШЕ үст. *Көрсетіп тұрып, көз алдында, көпе-көрнеу.* Кісімсі қайда жүрсең олжаға тоқ, Шұқыма халық *көзіншеқарғаша боқ.* Жұрт – бала, еш нәрсесін тартып алма, Білдіртпей ептеп алсаң, залалы жоқ (Абай, Тол. жин.). Менің *көзімше* екі кемпір мен бір жас жігітке ол жаңағыдай қызмет көрсетті (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай.). Енді оның *көзіншемынаны* қалай қуарсың (Қ.Исабаев, Соңғы.). Қызметкер жанның шат бәрі, Көңілсіз менің *көзімше* (Х.Ерғалиев, Күн күмбез).

КӨЗІР [ор. козырь] з а т. *Карта ойынында бір түсті картаның ұтыс жағынан басқа түстілерінен басым болуы, артықшылығы.* Қап! Сен қарғадан жүргенде мен *көзірмен* қиып кететін едім (Т.Ахтанов, Дала сыры). Карта ойнайтын жігіттердің тілімен айтқанда, сіздердің қолдарыңыздағы жалғыз *көзір* осы болатын (С.Бақбергенов, Кентау).

Көзір етіп тартты. *Артықшылық, басымдығын ерекше ескертті.* Совет футбол мамандарының *көзір етіп* көлденең *тарта* беретіні «Динамо» еді («Лен. жас»).

Көзір ойнады. ж е р г. *Карта ойнады.* Жұма сайын бір үйге жиналып, қона жатып, көптен салып *көзір ойнайтын* (Б.Аманшин, Көкжар).

КӨЙ з а т. к ө н е. *Шаруа, іс, жұмыс.* Мақала авторы Түркия *к ө й л е р і н д е* (шаруаларында) кемализм саясаты нәтижесінде туылуы тиіс «таптық жіктелуді» көрсету үшін көп күш салады (М.Шоқай, Таңд. шығ.).

КӨЙГЕЙ з а т. с ө й л. ***Көйгой.*** Бәзікен тағы да өзінің белгілі *к ө й г е й і н е* басты. Тағы да со бықсық сөз (С.Мұратбеков, Көкорай). Бейуағына жеткен әженің өмірлік *к ө й г е й і* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Туған өлкесінің жансыз шөп-шөлеңі ғана жанашырлық білдіріп, өзін бір сарын *к ө й г е й і м е н* жұбатқандай болады (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

КӨЙГӨЙ з а т. *Үйреншікті ескі сарын.* Ойбайыңнан *к ө й г ө й і м* жақсы (Мақал). Теріскейдің, батыстың әні мұңды, зарлы, шерлі, желдірме, *к ө й г ө й* боп келеді (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

КӨЙГӨЙЛЕ= е т. *Бірсыдырғы мұңлы әнге басу.* Көзіне көп жас ала бермейтін Шайзада үйдің күн жағында киіз жамап отырып, *к ө й г ө й л е п* ыңырситын-ды (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

КӨЙКІЛДЕТ= е т. *Күйге басу, күйді тоқтатпай сазына келтіріп тарта түсу.* «Бес төре», «Сарыжайлау», «Былқылдақтар» бірінен кейін бірі тартылды. Енді жұрт бұрын қанша жабылып сұраса да, «Қосбасардың» өзі еш уақытта түгел тартпайтын тарауларын кезек-кезек *к ө й к і л д е т і п* отыр (Ә.Көшімов, Лашын.). Мұның соңынан Тәттімбеттің... толғауларын тартты *к ө й к і л д е т і п* (Ә.Көшімов, Лашын.).

КӨЙЛЕ= е т. *Қалпына түсу, бабына келу.* Тұтыққан тілі, аяғынан кісені алынған жүйріктей көсіліп, *к ө й л е п,* шешіле сөйлеп кетті (Д.Әбілев, Арман.). Арыстандар келгенге, Бар мәзірін жегенге Лю көңілі *к ө й л е п т і* (І.Жансүгіров, Шығ.).

КӨЙЛЕК з а т. *Денеге шақталып тігілген жеңіл, жұқа киім.* Қалыңдық құшып сүюге Күйеуіне ынтазар. Келісімен тиюге Дайындалған ойы бар. *К ө й л е г і н* ақтан тіккіштеп, Күні-түні дем алмай, Бітіруге жүр күштеп, Асыққансып, тоқталмай (Абай, Тол. жин.). Шифон *к ө й л е к* кигендей Келіншектей жайнайды (М.Рашев, Бұйымтай). Аяғында шарық, үстінде жалғыз *к ө й л е к* еді (Ә.Тәжібаев, Жартас.). Қыздар мен әйелдер *к ө й л е г і н* бүрмелі, тік етек, қос етек, үш етек, көп қатарлы деген бірнеше түрге бөледі (ҚҰЭ).

Бір [бірер] көйлек бұрын тоздырған. *Жасы үлкен, тәжірибесі мол.* Тың даласын көтеруде сіздерден аз да болса *б і р к ө й л е к б ұ р ы н т о з д ы р г а н* тәжірибеміз бар (С.Жүнісов, Жапанда). Екі жасты жақындастыруға жанын салып жүрген, *б і р е р к ө й л е к т і б ұ р ы н т о з д ы р г а н* досы әмән жылы хабар әкелетін (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Дүрия көйлек. *Дүрия матадан тігілген көйлек.* Сол қыздың сұлулығын мен айтайын Үстінде *д ү р и я к ө й л е к* шаймен бүрген (Қаз. әндері).

Жүсіптің көйлегі. *Көзге ыстық, көңілге жақын.* [*Діни аңыз бойынша, Жүсіп пайғамбар – «Жүсіп – Злиха» дастанында баяндалатын Жақып пайғамбардың ұлы. Ағалары Жүсіптің көйлегін қанға бояп алып, әкелеріне Жүсіпті қасқыр жеп кетті деп алдайды*]. Шымкенттен поштаменен бір хат келді, Саналы жас сағынбақ жұрт пен елді. *Ж ү с і п т і ң к ө й л е г і н і ң* исін танып, Сайрамақ көзі ашылып Жақып енді (М.Ж. Көпеев, Шығ.).

Көйлегі көк, тамағы тоқ. *Тұрмысы жақсы.* Оның *к ө й л е г і к ө к, т а м а ғ ы т о қ,* жүріп жатыр («Айқап»). *К ө й л е к к ө к, т а м а қ т о қ* дегеннен өзге не қызық бар («Лен. жас»). *Т а м а ғ ы м ы з т о қ, к ө й л е г і м і з к ө к,* заманымыз сәулетті, еңбегіміз еселі, мақсатымыз алда («Лен. жас»).

Қанды көйлек. *Ең жақын, жанқияр. Қ а н д ы к ө й л е к* достарым, Болыңдар енді қош аман (А.Лекеров, Өмір.). *Қ а н д ы к ө й л е к* серіктерін батырдың Жатыр, — деді, шартараптан іздетіп (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар).

Қанмен көйлек жуды э т н. *Қиындық көрді, азап тартты.* Біздер сонда каторгада туғанбыз. Қараңғыда *қ а н м е н к ө й л е к ж у ғ а н б ы з* (О.Сүлейменов, Атамекен).

Қос етек көйлек. э т н. *Екі қатар желбіршек салып тігілген көйлек.* Оның келбеті, жүріс-тұрысы менің көз алдымда айқын, ашық, әне оның *қ о с е т е к к ө й л е г і* көлең-көлең етеді (Ж.Саин, Жол үсті.).

Шытырма көйлек. э т н. *Әшекей тағылған көйлек. Ш ы т ы р м а к ө й л е к* етінде, Нұр сәулеті бетінде, Бұралып кетіп барады, Перінің қызы секілді (Қыз Жібек).

КӨЙЛЕК-ДАМБАЛ з а т. *Жалаңаш денеге киетін ішкиім.* Аякеңнің үстінде етек-жеңі кең, кіршіксіз аппақ *к ө й л е к-д а м б а л* (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Асанның *к ө й л е к-д а м б а л ы* бар, Үсен тек көйлекшең ғана (М.Әуезов, Абай жолы). Үстінде қазақы ақ *к ө й л е к-д а м б а л* (І.Есенберлин, Қатерлі.).

КӨЙЛЕК-ДАМБАЛШАҢ үс т. *Іш киіммен ғана, сырт киімсіз.* Осы үнді тосып жатқандай, *к ө й л е к-д а м б а л ш а ң* қоңылтаяқ Тайжан да серең етіп қарсы шықты (З.Шашкин, Сенім.). *К ө й л е к-д а м б а л ш а ң.* Көйлегінің

жеңін, дамбалының балағын түріп алған (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). *Көйлек-дамбалша* Қожан масаханадан шығып, алақтап айналасына қарап тұр (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

КӨЙЛЕК-КӨНШЕК з а т. *Киім-кешек, жеңіл-желпі жұқа киімдер.* Олар сонда отырып, тойға *көйлек-көншектер* тігуде (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Қанша айтқанмен бір үйдің ерке өскен кенже қызы емес пе? *Көйлек-көншегі* де бір басына жетерлік болатын (С.Алдабергенов, Қанат). Гүлсімнің *көйлек-көншегі* мен сырт киімдері қала үлгісінде болатын («Лен. жас»).

КӨЙЛЕКСІЗ с ы н. *Көйлегі жоқ, көйлек кимеген. Көйлексіз,* жеңсіз күртеше тонды жалаңаш етіне киіп алып, Айранбай ескілеу етікті бастап жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Екеуі де *көйлексіз,* дамбалдарының балақтарын тізесіне шейін түріп алған (С.Шарипов, Шығ.).

КӨЙЛЕКТЕН= е т. *Көйлекті болу, киіну, көйлек кию.* Бұл бригаданың бір маусымдағы еңбегімен алты миллион адам *көйлектенеді* екен (Самғау).

КӨЙЛЕКТІ с ы н. *Көйлегі бар, көйлек киген.* Ақ көйлекті, таяқты Ақсақал шығар бір шеттен: Малыңды әрі қайтар деп, Малшыларға қаңқылдап (Абай, Тол. жин.). Ақ *көйлекті* қыздар еске түседі, Қыстан озып көктеміне асыққан (Т.Молдағалиев, Қош.). Көзіне ауыл адамдары ұзын *көйлекті,* алқымына шарт байлаған жаулықты әйелдер елестеді (Б.Қожабеков, Көктөбе.). // *Көйлегі бар, көйлек киген адам.* Ортадағы ақ *көйлектісі* – жаңағы ән салған қыз (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

КӨЙЛЕКТІК с ы н. *Бір көйлек тіктіруге жетерлік.* Әкем кеше Ташкенттен маған *көйлектік* жібек алдырды (М.Дүзенов, Астана.). Маған сыйлыққа деп екі қап бидай, *көйлектік* мата берді («Қаз. әдеб.»). Екі *көйлектік* панбарқыт сатып әкеліп едім, соның біреуін мамама берейін (С.Омаров, Өмір.).

КӨЙЛЕКШЕҢ с ы н. *Көйлек қана киген.* Бал татыған бағыланның етін шайнар, Қымызға алғаннан соң әбден қанып: *Көйлекшең,* ақбоз үйдің арт жағында Бай жүрер маң-маң басып, маңғазданып (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Қорада анадай жерде *көйлекшең* Мәулен тұр екен (Р.Райымқұлов, Қыз – айна.). // *Көйлек киген күйде.* Ең алдымен *көйлекшең* шыға келген Өтел Ізтұрғанды құшақтап, құттықтап жатыр (С.Хайдаров, Теңіз.).

КӨЙЛЕК-ЫСТАН з а т. ж е р г. ***Көйлек-ыстан.*** Нәфиса апайдың берген жаңа *көйлек-ыстанын* киіп алдым (С.Омаров, Дала қызы). Бір қабат *көйлек-ыстанымен* қалған Күреңбай суық суға батып шыққандай қалшылдап отыра кетті (С.Омаров, Қайырлы.).

КӨЙЛЕК-ЫШТАН з а т. *Ішкиім, көйлек-дамбал.* Ішкі *көйлек-ыштанын* да шешіп бұрап жатыр еді, бір нәрсе күрс етті (Б.Шалабаев, Өмірде.).

КӨЙНЕК з а т. с ө й л. ж е р г. ***Көйлек.*** Баламның *көйнегін* жуып қойып едім (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨЙІНБОТА з а т. к ә с. *Улек пен кердері маядан туылған бота. Көйінбота* тықыр, көбіне қоңыр қара бұйра жүнді, аласа, сидаң аяқ, имек мойын, тұтас өркеш, тоқпақ бас, жатса өте ұзақ жататын, тұрса кезбе мінезі бар түйе түрі (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

КӨЙІНШІК з а т. ж е р г. *Улек пен кердері арасынан алынған түйе тұқымы. Көйіншік* қартайса, қарт болады (Қазақ. тілі аймақ. сөздігі).

КӨЙІТ[1] з а т. *Алым, қарыз.* Шоқан ұтты: *көйітін* де қайтарды, біреулерге ұпай да салды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Анау не?! – деп үрейленгенмен, ойында ұтылып біреуден *көйіт* алып, енді «ұтам ба» деген дәмемен қызу ойнап жатқан Шоқан мойын бұрмады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КӨЙІТ[2]**=** е т. *Сөйлей беру, тоқтамай көп сөйлеу.* Саусақтары жазық төмен салбыраған қол да бізге талай әңгімені *көйітеді* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көршілер әңгімені *көйітіп* әлі отыр (Ә. Кекілбаев, Бір шөкім.). Жадаулау ұзын бойлы, кішіпейіл Иван Лукьянович жайды тізгін қақпай *көйіте* айтады (Т.Нұртазин, Адам.).

КӨЙІТКІЗ= е т. *Сөйлете беру, көп айтқызу.* Бірдемені іркіп кетсең, Құдай алдында мойыңа қарыз деп отырып, Манасты көп *көйіткізген* болатын (М.Әуезов, Абай жолы). Ақшолақ пен Жүгенбай екі жақтан, оны еркіне қоймастан, ақыр аузына келгенін *көйіткізді* (К.Оразалин, Көктем).

КӨК[1] с ы н. **1.** *Ашық аспан тәрізді (түс).* Қараса: тау ішінде біраз қала, Бақшалы, *көк* шатырлы үй бар жаңа. Жасында ойнағаны түсті есіне, Бір қызбен Мария деген жап-жас қана (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Көкала аспан түнерсе, *Көк* теңізге не жорық? Дауыл өрлей жіберсе, Толқыр теңіз сел болып (О.Шипин, Шығ.). **2.** *Жасыл (түс).* Сайраған көкте торғай есіңді алып, Күн де жоқ – әлдеқашан кеткен батып: *Көк* шөпті қызыл, жасыл жапырақ басқан, Артында қызыл шапақ нұры қалып. Қарасаң бойыңды

алып, көңіл ашқан, Бейне бір өзендей-ақ толып тасқан (С.Торайғыров, Алаш ұраны). // *Көгеріп шыққан өсімдік, көк шөп.* Қары қалың қатты, қыстың артынан *к ө г і* қалың, көні мол жақсы жаз келмеуші ме еді? (Абай, Тол. жин.). Мінгенде атың дөнен-ді, *К ө к к е* тойған көбең-ді (Қыз Жібек). *К ө к* шығып, жердің жүзі жайнағанда, Басына бұлбұл қонып сайрағанда. Қойдан қатық, сиырдан айран ұйытып, Тыста құрт, үйде ірімшік қайнағанда (Ә.Найманбаев, Шығ.). // *Жеміс-жидек, көкөніс.* Ал сол балалар қауын ұрласа, үшеумізді де тақырға отырғызғаны. Оларға да кінә жоқ. Бала болған соң, *к ө к к е* құмар болады (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.).

Ақ қар, көк мұз. *Қыстың қақаған аязды кезі.* Теке деген таудың бөктерінде отырған біздің ауылға *а қ қ а р, к ө к м ұ з д а* ат сабылтып мың басының атқосшысы келіп жетті (Ж.Жұмақанов, Қаракөз.). Хабарын естіп, тірлігіне қуанып, осындай *а қ қ а р, к ө к м ұ з д а* зыр жүгіріп жүріп, колхозда жұмыс істедім (Ә.Нұршайықов, Жомарт.).

Аузынан ақ ит кіріп, көк ит шықты. *Ретсіз сөйлеп, аузына келгенін айтты, балағаттады.* Ақ үйдегі көзі кемтар «пірәдар» да *а у з ы н а н а қ и т к і р і п, к ө к и т ш ы ғ ы п* жындана берсін (С.Сейфуллин, Шығ.). Сәлкен *а у з ы н а н а қ и т к і р і п, к ө к и т ш ы ғ ы п* Елемеске тиісе бастап еді, қолыммен кес-кестеп сөйлетпей қойдым (С.Омаров, Қайырлы таң).

Жұтпа қара көк. ж е р г. *Ал қара көк, көкбарқын.* Жердің оты *ж ұ т п а қ а р а к ө к* қой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Көзіне көк [көк ала] шыбын үймелетті. *Азапқа салды, қорлады, қинады. К ө з і н е к ө к ш ы б ы н д ы ү й м е л е т е р,* Көргенің өлеөлгенше ылғи сор боп (Жамбыл, Шығ.). Бұл оқиға біраздан бергі көтеріңкі елдің жағасын түсірді. Болыстың көмегін көріп, *к ө з і н е к ө к а л а ш ы б ы н ү й м е л е т і п,* жүз елу кісісінен айырылып, ырғайты елі ұлардай шулады (І.Жансүгіров, Шығ.).

Көк азық. м а л ш а р. *Малдың жемі ретінде қолданылатын шөп.* Бір жылдық бұршақ тұқымдас дақылдарды *к ө к а з ы қ* және сүрлем үшін де пайдаланған дұрыс (Қ.Боранғазиев, Жемшөп.). Бұршақ тұқымдас шөптерден басқа Қазақстанда *к ө к а з ы қ* пен пішен үшін соя, жасымық, жем бұршақ, екпе ноғатық, пелюшка т.б. өсіріледі (Т.Сарбасов, Мал. азық.). *К ө к а з ы қ қ а* арналған жүгерімен бірге себілетін бұршақ тұқымдас дақылдар: соя, ас бұршақ, жембұршақ және сиыр жоңышқа (Қ.Құсайынов, Жүгері.).

Көк айран. *Майсыз, сұйық айран.* Есіңде ме көке-әкей бастығымыз? Түскі дамыл, *к ө к а й р а н,* ашты қымыз. Сырдың суын сиректан келтірмейтін, Шіркін біздің, о, қайран жастығымыз!.. (М.Мақатаев, Шығ.).

Көк ала. *Көк пен ақ түс аралас.* «*К ө к а л а* сақал Әлмембет, Күрең сақал Келмембет, Сен қалайсың Жолайға, Жығып мерей алғанға, Жығылып құры қалғанға!» Олар қалды жер шұқып, Онан өтіп Ер Қосай Көкжал Барақ, Көбікті, Қанкелдіге барады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *К ө к а л а* ат жаратып, Көк дабылды байлатып, Байлар ұғлы шаралар Көл жағалар жаз күні (Бұқар жырау, Шығ.).

Көк ала жамшы жабылды. *Батырдың киімін киді, жауға аттанды.* Тең, тең үшін, тең үшін, Көк кептер ұшар жем үшін. *К ө к а л а ж а м ш ы ж а б ы л ы п,* Ерлер жортад ел үшін (Халық әндері).

Көк ала қойдай етті [қылды]. *Денесінің сауттамтығын қалдырмай ұрды, әбден соққылады.* Оны *к ө к а л а қ о й д а й е т і п* сабады (А.Жұбанов, Замана.). Арасына түсіп, арашашы болған Қасеннің өзін *к ө к а л а қ о й д а й қ ы л ы п,* басын жарды (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). *К ө к а л а қ о й д а й ғ ы п* сабап-сабап қуып жіберді (С.Омаров, Қайырлы.).

Көк ала сақал болды. ж е р г. *Егін сарғайып, пісе бастады.* Тарыны *к ө к а л а с а қ а л б о л ғ а н д а* ормасаң сақалыңды сипап қаласың дейді тарыны көп егетін Шығанақ Берсиевтің елі (Х.Әбішев, Аспан сыры). Тары *к ө к а л а с а қ а л б о п* қалғаннан бастап торғайдан қорғау керек (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

Көк ала торғайдай қылды. *Ұрып-соғып, денесін көгертті, бет-әлпетіне дақ салды.* Басқа кісі болса, қазіргідей реніште кезде әйелін *к ө к а л а т о р ғ а й д а й қ ы п* сабар еді (Ә.Нұршайықов, Шығ.). Зәуде бір қатар-құрбысы қасына еріп ойнаса, қайтарында *к ө к а л а т о р ғ а й д а й қ ы л ы п* сабап жіберді (З.Шүкіров, Сарша.).

Көк ала шұбар. *Көк пен ақ түстің араласып, әр жерінде дақ болып түскен, шұбарланған.* Айылтұрман бек тартып, Құйысқанын қысқартып, *К ө к а л а ш ұ б а р* ту байлап, Жолдың шықты басына Барды шалдың қасына (Т.Манашыұлы, Ақсауыт).

Көк асық. *Жасық, шыныққаған, кемелденіп жетпеген.* Қу түлкі өзінің зәресін ұшырған зор денелі тазының әлі күйіне жетпеген *к ө к а с ы қ* екенін білмеген... (М.Мағауин, Ақша қар.).

Көк атыз болды. ж е р г. *Атыздағы күріш дән алды.* Күрішіміз қазір *к ө к а т ы з б о л ы п,* дән алып тұр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Көк балдақ. э т н. *Болаттан соққан қылыш.* Сандықта бар *к ө к б а л д а қ* Темір мен тасқа қарымас (Батырлар жыры).

Көк бөрі. а) *Үлкен арлан қасқыр.* Дарвин маймылдан шықты, мен *көк бөріден* жаралдым (Б.Момышұлы, Шығ.). ә) *Қайсар батыл, азулы, адуынды, дегені болатын.* Бірақ оған шейін Әбілқайыр *көк бөрілері* бізді талап қан етпек қой (І.Есенберлин, Алмас.).

Көк бурыл. а) *Көкшіл тартқан, ағара бастаған.* Көктемнің *көк бурыл* бозына қар суымен өрістеген жылқылар шоқ-шоқ, үйір-үйір болып жайылуда (С.Бегалин, Бала Шоқан). Кемпірдің *көк бурыл* тартқан бұрымдары алқымында селтеңдеп, басы қалтаңдап – «жоқ, жоқ» –деп тұрғандай еді (Ғ.Мүсірепов, Белдерде.). ә) *Көкшіл түсті (ат, жылқы).* Рүстем қолды даттап ызаланды, Бауырлап *көк бурылды* осып қалды. Жете алса жон асырмай килігуге Көш өткен өткелге әкеп қолды салды (І.Жансүгіров, Шығ.). *Көк бурыл* тұлпар бар, Былтыр құлын, биыл тай Мінетұғын бас атың қарағым, саған сайма-сай (Қыз Жібек).

Көк бұйра. а) *Бұйралана бітken жасыл жапырақты.* Картоптың *көк бұйра* сабақтары жамырап гүл жаруға кіріскен (Б.Соқпақбаев, Қайдасың?). Жасыл шыққа боялған *көк бұйра* бүрлі қарағайлар, бар сырын ішіне жинаған жанша үнсіз ғана жалбыраған бүрлерін төгілтеді (С.Бегалин, Уақыт тынысы). ә) *Насыбайдың жақсы түрі.* Кеңсірігіңді тіліп түсетін *көк бұйраның* нағыз өзі, – деп бас бармағының тырнағына үйіп, екі танауына кезек тосады (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Қызылдатып қыранын, Өзі де басып құмарын – *Көк бұйраны* атқанын. Аң байлана ергендер, Қызық көре келгендер Таласып жолға қалғанын (М.Дулатов, Шығ.). **Көк гүлкекіре**. ө с. <лат. centaurea cuanusl> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын, мамыр, қыркүйек айларында гүлдейтін, жемісі маусым, қазанда пісетін, биіктігі 25-100 см бір жылдық шөптесін өсімдік. Көк гүл кекіре* жөтел, іш ауруын, қатпа, қызба ауруларын емдеу үшін қолданылады (Ә.Исамбаев, Халық мед. өсімд.). *Көк гүлкекіреден* көк бояу алынады, гүлі бал береді (Ә.Исамбаев, Халық мед.).

Көк долы [дауыл]. а) *Ашуы қатты, ашушаң.* Бір ашуланып алса, көпіріп болмайтын *көк долы* екен ол (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). О да бір *көк долы* екен («Қаз. әдеб.»). Зәржан Қыпшақ Ыбырайдың қызы – *көк дауыл* бәйбішенің маза бермесін білгенсін, бойдақ малдарды бөлек қарауылдау сылтауымен, Майраның отауын ауылдан оқшау қондырады (А.Жұбанов, Замана.). ә) *Бет қаратпас, қарқынды.* Әлгіде ғана баяу ағып жатқан көгілдір өзен әлденендей ашуға мініп, *көк долы* толқындарын көкке көтере тулайды (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

Көк есек. *Жұмсауға қолжаулық адам, көнбіс.* Суық тас әкем тәні қара кесек, Жаншылған шешем жаны балшыққа есеп, Көлігі көз ашқаннан көрінгеннің, Жаны елік, жүрегі өлік, бір *көк есек* (І.Жансүгіров, Шығ.). Көк темір қайраумен алмас болмас, *Көк есек* құрдас болып, мұңдас болмас. «Жаман дос – қара жылан» деген мысал, Жар болып шұбар жолдас болмас (Ақмолла, Шығ.). Ақырып-бақырып *көк есек*, Сөйлепті дүйім жиында. Мынадай пікір айтыпты, Төрт түлік мал жайында (Ш.Смаханұлы, Тотияйын).

Көк есекке теріс мінгізді. *Масқара етті, әбүйірін тұсірді, мазақ қылды.* Жұрт алдында *көк есекке теріс мінгізді* (Ауызекі).

Көк есекке теріс мінді. *Орынсыз қылық көрсетті, жөнсіз іс істеді.* Жаман қызды, *көк есекке теріс мініп* жатса да, көздеріне ілмейді... (Ө.Қанахин, Жас дәурен.).

Көк есекпен саудасы жоқ. *Ертеңгі күнімен ісі жоқ.* Ертеңгісін ойламас *Көк есекпен саудам жоқ.* Есепте жоқ удай мас, О да менен ауған жоқ (Б.Күлеев, Шығ.).

Көк етті, көн терілі. *Азып-тозған, арық. Көк етті, көн терілі*, көніп қалған, Сықса да шыдай беру – жұрт жарылмай (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Көк етік. э т н. *Көксауырдан оюлап тіккен жеңіл, ұшкір тұмсық етік. Көк етіктің* қонышы, ойындысы, күлшіні оюланып, кестеленіп жасалады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). *Көк етікті* көбіне серілер, батырлар, салдар киетін (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Көк етікті кездеспеді [келмеді], көн етіктіні көзге ілмеді [менсінбеді, бармады]. *Ауқатты, сауаттысы кезікпеді, қарапайым адамды өзі міске тұтпады, керек қылмады.* Сонымен *«көк етікті кез келмей, көн етіктіні көзге ілмей»* жүрген хал Гайшаның басына бүгіннен көп бұрын туып еді (М.Әуезов, Қараш.). Аузыңның салымы бар екен, *көк етікті кездеспей, көн етіктіге бармай*, толықсып пісіп отырған сұлу қыз ақыры саған бұйыратын болды (С.Омаров, Өмір.). Әнәпия *көк етікті кездеспей, көн етіктіні менсінбей*, отырыңқырап қалған қыз екен (А.Хангелдин, Өткен күн.). Сөйтіп, *көк етікті кездеспей, көн етіктіге бара қоймай* жүргенде, Варвара қартамыш болып қалады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Көк жалқау. *Мейлінше еріншек, жұмысқа бойы жар бермейтін.* Әрине, біздің арамызда *көк жалқаулар* да жоқ емес («Қаз. әдеб.»). Әлгі Смайыл бір түс жұмысқа шықпай қалып едім, мені *«көк жалқау»* деп қабырға газетіне жазыпты («Лен. жас»). Мен көргем жоқ, ондай досты... Тоқтай тұр, Нұрлан, кімнің *көк жалқау*

екенін білерміз әлі!.. Асықпа! (Н.Ғабдуллин, Шығ.).

Көк жамбас. а) *Сызда жатып, жамбасы суланған, үсті сатала, тым жүдеу.* Лай суға сүңгіп шыққан кісіге ұқсап сүмеңдеп, жылы, дымқыл қорадан шыққан *көк жамбас* қойша үсті-басымнан сасық су бұрқырап, жүгіріп казарма қайдасың деп, салып келемін (С.Сейфуллин, Әңгім.). Өзге мәдениетке қолым жетпесе де, мен қыстап шыққан қорада бір қой *көк жамбас* болған жоқ (М.Тиесов, Дала.). ә) *Берекесі кеткен, төсек тартып жатып қалған дәрменсіз, сал ауру.* Інім көптен бері *көк жамбас* болып, тұралап қалған шалды күтті (Ауызекі).

Көк жасық. а) *Жілігі татымаған арық (ет).* *Көк жасық* ет, ит болмаса, адам жерлік емес (С.Мұқанов, Өмір мект.). ә) *Толып жетілмеген, шалағай.* Соның нәтижесінде бүгінгі замандас бейнесін сүреңсіз, сұрқай суреттейтін *көк жасық* повестер көбейіп бара жатқаны құпия емес («Қаз. әдеб.»). Қарай гөр бөз құтыртқан *көк жасықты* Еліріп тентек судай бұл тасыпты (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Көк желке. а) *Нақ желке, қақ желке.* Бірақ *көк желкемнен* түйгіштей түскен салмақты жүк мені жерге алып ұрды (Ә.Көшімов, Лашын.). Халқым тілеп әперген Көркем едің, *Көк желкеме* көтерген еркем едің. «Мұндар қу бас» атанып жүргенімде, Елу беске келгенде көрген едім (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). ә) *Сырт жағы, ту сырты.* Айласын тауып жаудың *көк желкесінен* соққы берді («Лен. жас»). Еңсеп қара үңгірдің *көк желкесінен* оба үйді де, соны нысана қылып жолға шықты (Ә.Кекілбаев, Шығ. жин.).

Көк желке болды. *Әбден шаршап, шалдығып қалжырады. Көк желке боп* салбырап екі иығың, Өмір бойы жүрдің сен құлдырықтап (С.Мұқанов, Шығ.).

Көк желкесінде. *Өте жақын жерде, нақ артында, дәл сыртын ала.* Бұл жолы дауыс оның нағыз *көк желкесінде* тұрып сөйлегендей естілді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). *Көк желкесінде* булыға шыққан түтінін қазақ елінің ашық аспаны мен өр намысына бүркіп, ағылшындар салған заводтың қара түрбасы тұр (Ә.Әбішев, Замана.).

Көк желкесіне мінді. *Ырқына көндірді, бағындырды, басынды.* Сығанақ, Сайрам, Яссы, Созақ, Отырар тәрізді мықты бекіністері бар қалаларды қолға түсіресің, Әбілқайырдың *көк желкесіне мінеміз* (І.Есенберлин, Шығ.).

Көк жұлын. *Артық еті жоқ, тарамыстанған (жылқы).* Ертеден салса кешке озған, Ылдидан салса төске озған, Қой мойынды *көк жұлын,* Томаға көзді қасқа азбан. *Көк жұлынды* жетелеп, Қисық жерден төтелеп, Қабырға, қол сөктіріп Арғымақ ат бүгіліп, Әзіреттен ант ішіп, Ақыретті жанға байланып Талай жүрдік далада (Махамбет, Өленд.).

Көк жұлын болды. *Азып-тозды, титықтады.* Ата қонысынан айырылып, *көк жұлын болып* шұбырғанды да көрді олар (Ә.Әбішев, Замана.). Ит жанды жау сонша өлермен *көк жұлын боп,* дымы құрып жатса да, әлі көктен, жерден соққылап түр («Лен. жас»).

Көк жұлын болу. *Азып-тозу, сүлдері қалу.* Тәуке таяқтан *көк жұлын болуға* айналды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Көк жұлын қылды. *Азып-тоздырды, сүлдерін ғана қалдырды.* Сен бала тапқанша өзіңді де *көк жұлынқып* өлтірермін. Қалипаның көрген қоқайы жалғыз сен емес (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көк жібектей созылды. *Жібек сияқты сусылдап толқындануды, ырғатылды.* Нұра өзенінің көк мөлдір суы толқыған *көк жібектей созылып,* иреңдеп, сумаңдап ағады (С.Сейфуллин, Шығ.).

Көк ине. *Ине атаулы.* Қатын болып *көк иненіқолыма* ұстаған жан емен (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Сол дала төсін қақ жарып жатқан тура жол әлгі зер барақ кілемге бірте-бірте сіңе түскен *көк иненіі* еске түсіргендей (Р.Райымқұлов, Құрылыс.).

Көк инені көзге түрте білмейді. *Іс тіге алмады, олақ болды.* Рақия *көк иненіі көзге түртте білмейтін,* ең аяғы, көйлек-көншектің үзілген түймесін де қадап ала алмайтын жан (С.Мұқанов, Шығ. жин.).

Көк иық болды. *Әбден титығы кетті, болдырды, шаршады.* Шырағым, жүйрік атты *көк иық болғанша* міне берсең, жүгірмейді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Мыжғылап соғып, *көк иық болып,* екі қарың салдырап, жүрегің қарайып, үсті-басың лай суға сүңгіп шыққандай боласың (С.Сейфуллин, Әңгім.). Аттары да сенделді. Көйлекке шейін сорғалап су өтті. Су болмаған түк қалмады. Екі министр әбден сүмірейіп, *көк иық болды* (С.Сейфуллин, Шығ.).

Көк иық қылды. *Әбден мазасын алды, мезі етті.* Апталап жауатын ақ жауын секілді сол бір күй көңілдің өзін *көк иық қып* бітіп еді (Ж.Молдағалиев, Самал.).

Көкке ауыз ілікті [тиді]. *Жерге шөп шығып, тойынар шақ келді.* Қыстан азып шыққан мал аруақтай ербиіп, *көкке ауыз ілікkенше,* төңіректе сынық шөп қалдырмай жайпайды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Қыстан жүдеу шықса да, *көкке ауыз тиген* соң,

мал, жайлауға беттеген адам еліре бастапты (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Көк қарын. *Бойына май бітпеген арық, жүдеу.* Тамақты беріп-беріп балаңды қарнын қабақтай, бұтын таяқтай *көк қарын*, ши борбай қылма (М.Жұмабаев, Шығ.). Ертедегілер жазда жадырап, қымызды сіміріп, қыздырудан сасық кеңірдек болса да, көктемде көк ала шыбын көзіне үймелеп, көкөзек – *көк қарын* шақты да көрген («Қаз. әдеб.»).

Көк қауырсын. а) *Құс балапанының қауырсыны қатқанға дейінгі кезі; елу күн толған балапан.* Балапандық өмірдің өзі қызыл шақа, ақ үрпек, қара қанат, *көк қауырсын*, қанаты қатқан деп аталатын бес кезеңге бөлінеді емес пе? Кейде балапандық дәуірді сары ауыз деп те атайды. Оның себебі бір жылға дейін біздің тұмсығымыздың жартысы сары болады (С.Қасиманов, Алтай.). Балапандық өмірдің кезеңі бәрін қосқанда бір-ақ жыл. Жиырма шақты күнге дейін – қызыл шақа, отыз күнде ақ үрпек, қырық күнде қара қанат, елу күнде *көк қауырсын* аталамыз да, алпыс күнде қанатымыз қатып ұядан ұшамыз (С.Қасиманов, Алтай.). ә) *Жас, пісіп жетілмеген. Көк қауырсын* бидайық, Ер жетсе кімге лайық. Жатсынбайық жақындап, Пікірін тартып сұрайық (М.Дулатов, Шығ.).

Көк құрыштай. *Сапалы болаттай, мықты.* Сол қырлардан *көк құрыштай* құйылып, Сан тұлғасы жасалғандай халқымның (С.Мәуленов, Шығ.). Күшті білек, Батыр жүрек, қазірден-ақ *көк құрыштай* алақан (С.Сейфуллин, Шығ.).

Көк құс. м и ф. *Көктемді қанатына ілестіріп әкелетін Көк Тәңірінің құсы.* Самалық! Самалық! *Көк құс* көзін ашты ма? Аяғын жерге басты ма? Самалық! Самалық! Самарқанның көк тасы жібіді ме, көрдің бе? Қап тауының *көк құсы* жүгірді ме, көрдің бе? Самалық! Самалық! (М.Жұмабаев, Шығ.).

Көк майдан. п о э т. *Айдын шалқар.* Астында дария – *көк майдан*, Үстінде – сәуле, алтын күн. Қарашы, ол бүлік, құдайдан сұрайды дауыл күні-түн (Абай, Тол. жин.).

Көк майса. *Жасыл шалғынды шөбі мол, жайсаң жер.* Асқар таудың сәні жоқ – Төрт түліктен қонысы, Басылмайтын сонысы *көк майса* белі болмаса (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Өрт шарпыған молдаван даласының *көк майсасына* көкірегімізді төсеп жатырмыз (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

Көк малта. а) *Малтаның қатып-семіп қалған түрі.* Балам, қоржынында *көк малтаң* бар ма еді (З.Иманбаев, Нажағай.). ә) *Көп сөйлейтін, көпірме, сөз құмар көбік ауыз.* Мен ерлік істесем – даңғаза, әпербақан атандым, мырзалық істесем – ысырапқор болдым, тіл алғыш болсам – қорқақ деді, шешен-ақ едім – *көк малта* «мылжың» – деді (С.Талжанов, Сейфолла.).

Көк малтасын езді. *Көп сөйледі, мылжыңдады.* Тентекті алым салып айдап жібер, Деп шулап, *көк малтасын* тұрмай *езіп* (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

Көк мөлдір. *Өте тұнық, тап-таза.* Көкпеңбек, *көк мөлдір* көл тау ішіне әкеп қолдан орната қойған үлкен кесе тәрізді (З.Шашкин, Өмір.). *Көк мөлдір*, көгіс тартқан, Тулай тұман, Буылдыр, бұп-бұрқас былжыраған (А.Тоқмағамбетов, Дастан.).

Көк мұзға отырғызды. *Алдап, сан соқтырып кетті.* Оспан Қожа мен Рабиу-Сұлтан-Бегім ханды *көк мұзға отырғызып* кетті (І.Есенберлин, Алмас.).

Көк мүйізденді. *Саусақ, алақан, табан т.б. терісі сүйелденіп қатты.* Қара кемпірдің көзін ала бере астындағы кілемнің мап-майда түгін ескек қажап *көк мүйізденіп* қалған алақандарымен абайлап сипады («Лен. жас»).

Көк найза. *Найзаның сапалы, асыл түрі, болат найза.* Қару-жарақ *көк найза*, Бәрі даяр саптаулы (Батырлар жыры). Қан ішкішке, Тісін қайрап, *Көк найзаның* ұшын безеп, Майданға сап күшін жиып, Капиталмен сынасад (С.Сейфуллин, Шығ.). Патшаның ұры қанды балақтары, Жалаңдап жалмауыздай жалақтады. Үйіріп *көк найзасын* қара түнде Қатын мен балаларды шабақтады (О.Шипин, Дастан.). Көлтоғай адыра қалғыр көрген жерім, Бұлағай – ойран, әлек салған жерім. *Көк найза*, қара санай атылса да, Қайтармай қайтқаным жоқ аттың терін (Үш ғасыр.).

Көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен. *Күштеп, айбат көрсетіп бағындыру.* Одан да өз кегіңді өзің *көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен* тартып ал (І.Есенберлин, Қаһар). Күнбатыстың жұмыскерлері, Күншығыстың ұсақ ұлттары бірлесіп отырып бостандыққа жетеді. Бостандық *көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен* келеді («Түркістан»).

Көк нөсер. *Желдетіп жауған қатты жаңбыр.* Кейде бұршақ, кейде қар, Кейде жауын, *көк нөсер*. Ә дегенше ашылып, Аптыққан желі басылып (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жаз айында құяды-ай көп, құяды-ай *көк нөсер*. Осы бір шақ, бақытты шақ өз басымнан мен кешер (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Көк орды. *Өмірден ерте кетті, өмірі қыршынынан қиылды.* Көп жасамай, *көкорған*,

Жарасы үлкен жас өлім Күн шалған жерді тез орған, Күншіл дүние қас өлім (Абай, Тол. жин.).

Көк өрім. а) *Жаңадан көктеген, көкпеңбек.* Көктемге де келіпті *Көк өрім* боп сол шынар (С.Мәуленов, Торғай.). Шыбық бөбектей болып көрінсе, бөбек сол өзі қадап жүрген *көк өрім* шыбықтай болып көрінеді (М.Иманжанов, Менің махабб.). Итмұрынның *көк өрім* бұтасын жапырып, одан да шығып, кетіпті. Қақпаным сенімді еді (М. Юсупов, Табиғат.). ә) *Уылжыған жас, жасөспірім.* Өңкей *көк өрім,* көген көз, жан мен жан асырап жүрген сорлылар (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ой, *көк өрім* жастар-ай! Көкірегіңді жылы жүректі, бауырмалдықты кім берді саған? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Интернатта оқып жүр. Талай қазақ баласы Жаңа өспірім, *көк өрім*, Бейне қолдың саласы. «Балам закон білді» деп, Қуанар ата-анасы, Ойында жоқ олардың Шариғатқа шаласы (Абай, Тол. жин.).

Көк сабан болды. *Дән байламады, егін басына тұк шықпады.* Осы Бағдад шаһарының патшасы мен менің қол астымдағы елім егін салады, бірақ егіндері *көк сабан болып* кетеді де, басына дән бітпейді (Қаз. ертег.).

Көк сабақ. *Әлі пісіп жетілмеген, дымбіл.* Күнгей тұстағы тау беткейлерінің астығы әлі дәні толыспаған, *көк сабақ* қалпында тұрғанды (Б.Тоқтаров, Қыран.).

Көк сақал. *Сақалына ақ түсе бастаған, орта жастағы ер адам.* Мардандар да үйден жүгіре шықты. Шаңқылдап жатқан Күркімбай деген *көк сақал* екен. Бұл сақал ел ішінде «саным көп, сойыл соғарым көп» деп ісініп жүретін, пәле қуған шал еді (І.Жансүгіров, Шығ.). Әңгүдік, әкірең қаққан, албыт сөзді, Көк ешкінің жыртық көзді. Алтайдың кәр жынындай бақылдаған, *Көк сақал*, азбансынған, бұл кім өзі? (І.Жансүгіров, Таңд. шығ.). Мойнында жез қарғыдай үлкен теңге салбыратқан *көк сақал* Уәйе отыр (М.Әуезов, Өскен өркен).

Көк салпақ. *Жердің жауын-шашынның салдарынан лайланып, балшықтанып жатуы.* Қар еріп, қорадан тамшылар ағып жатқан нағыз *көк салпақтың* кезі еді (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Сені осы *көк салпақта* алып келем, неге әкелем (С.Мұқанов, Өмір мект.).

Көк сауыт. э т н. *Сапалы болаттан жасалған көбенің түрі.* Береңгілі бес сауыт, шығыршықты *көк сауыт* (Төрехан Шынтасұлы). «Бадана көзді кіреуке, Шар айнасы бес қабат, Тоғыз қабат *көк сауыт*, Саған арнап соқтырып, Будырып кеттім кілемге, Оны үстіне киғейсің» (Қыз Жібек). Айбалта, оқ, найза да, сом қанжар да, Ешбірі саған залал қыла алмайды; Атына *көк сауыттың* жара түспес, Қорғаушың көрінбейтін бар бір сайлы (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Көк семсердің жүзі. п о э т. *Қайтпас қайсар батырлық, өркөкіректік, жастық шақтың жалынды лебі.* Немене, көрген қызық көрмегендей, Жас дәурен – жауар бұлт өрлегендей. Жастық шақ *көк семсердің жүзі* емес пе, Қайрап ап, қалың жауға сермегендей! (Мәди//Екі мыңжылдық.).

Көк сең. *Қатты тоң жер.* Жер *көк сең,* малдың аяғын қызыл жосын қылып, қиып тастады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көк сеңгір. *Биік шың.* Қара құс қонбас *көк сеңгір,* Басына құсты қондырмас (Махамбет, Өлең д.). Асқарымыз бұлтқа ұласқан *көк сеңгір,* Аспанымыз бір тұтасқан мөпмөлдір, Ақ шуақтар – ақ сыныптар дірілдеп, Күлімдеп бір үзіледі көктен нұр (С.Мәуленов, Алтын.). Сонау бір мұз құрсанған, аспан төсіне найзадай шаншылған *көк сеңгірлер* бар емес пе (О.Сәрсенбаев, Бақыт). Сонау алыстан бұлдырап көрінген *көк сеңгір* тауларға қарап тұрды (А.Жүнісов, Өмір ізі).

Көк солық. *Жете піспеген, шикілеу, дымбіл.* Сонсын қамшы сабымен сабандарды араластырып жүріп бидайдың жартықеш басын тауып алды, *көк солық* екен (Н.Қазыбеков, Тұсау кесер).

Көк сұр. *Көгі-сұры аралас, көкшілдеу сұрғылт.* Өткел бермес көктемде, Бір кезгі *көк сұр* дария (Т.Әлімқұлов, Боз жорға.). Қызыңызға лайық болмас па екен? – деп *көк сұр* қаракөл, түлкі түрлерін көрсетті (Ө.Қанахин, Дәмелі). Деп ойларсың таба алмай бұл немене? Таба алмасаң, айтайын, ол таз – кене! Түйе кене атанып қанға тойса, *Көк сұр* болып кетеді күрең дене (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Көк сүт. *Майынан ажыратылған, қаймағы алынған сүт.* Отыққан бұзауларға аздап *көк сүт* береміз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Жылқышы асау биенің шабына жақындап сауынға үйрете біледі, ішті айдар *көк сүтті* сары қымызға айналдырар бапкер қолы қажет (Д.Досжанов, Зауал).

Көк темір ф о л ь к. *Қару-жарақ, сауыт-саймандардың жиынтық атауы. Көк темір* көрсе көзің қамасқандай, Аттары арқырайды таң асқандай. Білмейсің алды қайда, арты қайда? Ішіне араласқан адасқандай (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Көк темір құрсанды. п о э т. *Мұздай қаруланды, барлық қаруын түгел асынды.*

Бұйырды, ертең Көкім елші кетті, Құсанның ауылына келіп жетті, *Қ ұ р с а н ғ а н к ө к т е м і р м е н* он қалмақты Көргенде ауылдың да есі кетті (Н.Байғанин, Өлең.).

Көк теңбіл. *Әр жерінде көгі бар, көк сұр.* Тап болды ақыры теңізге, Теңіз бен аспан егіз бе? Оның да беті *к ө к т е ң б і л,* Аумайтын түсі көктен бір (Қ.Мұқышев, Бала.). Ең алдында Шағатайта белгісіз бір *к ө к т е ң б і л* атты жас жігіт («Лен. жас»).

Көк теңгедей. *Кішкентай теңге тәрізді.* – Мен туғанда, мынау көк аспан *к ө к т е ң г е д е й* ғана еді де, жер кеседей еді, – деді (Қаз. ертег.).

Көк терге түсті [көк тер болды]. *Ағыл-тегіл терледі, қара суға түсті.* «Қиын» солдатпен әуре болып Қасболат та біраз шаршады, бірақ анау тіпті *к ө к т е р г е т ұ с і п т і.* Аяп кетіп, қасына шақырып алып темекі ұсынды (Т.Ахтанов, Боран). Сиқыры қыруар ырғақтар байлап көзіңді, Алдына келіп дөңгеленеді Жер деген. *К ө к т е р г е т ұ с і п* айта да алмайтын сөзіңді Айтады ол он бір пернемен (Т.Айбергенов, Мен саған.). Өзі әкелген кәмпитті тістеп, өзі әкелген шайға *к ө к т е р б о п* қанып алды (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Көк тиын. *Тұқ те, дәнеңе де (ең болмаса бір тиын да).* Арасында ашып-ақ кетті миым. Бірі – жомарт: Шашатын миллионды, Бірі – сараң: Шығармас *к ө к т и ы н д ы* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Ел арасында «оралмандар ауылы» атанып кеткен жаңа мекенге квотасыз көшіп келген ағайынның *к ө к т и ы н ы* шыққан жоқ («Егемен Қазақстан»).

Көк тиын болмады. *Мүлде ақшасы болмады.* Кеткен шақта ізгілік заңға айналып, Жомарттықты тұсаулау қандай набыт. Үнсіз қалдым. Қалтамда нақ сол сәтте *К ө к т и ы н б о л м а й* қалып (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көк тиын беделі болмады. *Қадірі болмады, абыройсыз болды.* Қап, тәңірі-ай, не дедің? Қызға тіпті *б о л м а п т ы К ө к т и ы н* да *б е д е л і ң* («Лен. жас»).

Көк тиыны жоқ. *Мүлде ақшасы жоқ, құралақан.* Қалтаңда *к ө к т и ы н ы ң ж о қ,* көрінген малға саудаласасың (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Көк тұйғындай. *Көк тұйғын секілді шапшаң қимылдау.* Бұлтарып, бұлтқа қарай жалтарсаң да, сыпырып *к ө к т ұ й ғ ы н д а й* бір-ақ ілем (Айтыс).

Көк тұқыл. а) *Таза қырынған, қырынғанда иегі көгіс тартқан.* Бірі сақал-мұртты, бірі *к ө к т ұ қ ы л* боп қырынған екі шал шайды сораптап отырып, әлденеше қайтара ішті (М.Мағауин, Ақша қар.). Шәкеңнің сақалын қырған-қырмағаны өмірі аңғарылмайтын *к ө к т ұ қ ы л* өңі де бұрынғысынша сынық (М.Иманжанов, Шығ.). ә) *Ештеңе шықпаған, көсе.* Бармағымен *к ө к т ұ қ ы л* иегін сипады («Лен. жас»). Иегінде тым болмаса бес тал сақалы жоқ *к ө к т ұ қ ы л,* көсе шалға қарап отыр (С.Досанов, Қыран.).

Көк тұман. а) *Қалың тұман, айналаңды көре алмайтын қою тұман.* Темірмен қаптап милықты. Жау жақын. Енді жоқ шыдам. Арман килікті. Алды-арты түтін, *к ө к т ұ м а н* (М.Мақатаев, Шығ.). Жарып өтер *к ө к т ұ м а н,* сағым белді. Ерлік қылар құс қанат шағың келді. Тағын берді демеймін, бабың келді. Бәсеке мен тайталас заңын берді (К.Салықов, Жезкиік). ә) *Алды белгісіз, бұлыңғыр. К ө к т ұ м а н* – алдындағы заман, Үмітті сәуле етіп кез көп ...ған, Көп жылдар, көп күнді айдап жатыр, Сипат жоқ, сурет те жоқ, ...талған (Абай, Тол. жин.).

Көк түйнек. а) *Пісіп жетілмеген, кәмек.* Әлі піспеген, жаңа өсе бастаған *к ө к т ұ й н е к т е р* (А.Алманиязов, Қазақст. қауын.). Жаз шыға қара сирақ балаларына *к ө к т ұ й н е к* кезінен-ақ біртіндеп тасығыштап жүрді. Бір күндері исін бұрқыратып әңгелек әкелетін болды. Қауындар да келе бастады (Т.Нұрмағамбетов, Тұнық су). ә) в е т. *Ішті бұріп ауыртатын ауру.* Қи түйнек – мал ауруы. Қи түйнек, қара түйнек, *к ө к т ұ й н е к* деген 3 түрін қазақтар ажыратып қарайды (Б.Хинаят, Төрт түлік.).

Көк түйнек келгір. қ а р ғ. *Көк тұйнекпен ауырсаң еді деген мағынадағы сөзқолданыс. – К ө к т ұ й н е к к е л г і р л е р* әбден мазамызды алды ғой, – деді (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

Көк шалап. *Суы көп айран қосылған сусын (айран, қымыз т.б.).* Бізде қымыздың не *к ө к ш а л а п,* не шақырайған ащы, көбікті іркіт, көн иісті татымас болып жүргені осыдан («Лен. жас»).

Көк шалғын. *Қалың өскен биік шөп.* Және төсеп *к ө к ш а л ғ ы н* Жаз еркелеп жүр қонып, Көкірегінде жастардың Шалқи ескен жыр болып (Ғ.Орманов, Ой қанаты.). *К ө к ш а л ғ ы н* барқыты, даланың бар құты. Жанардың түбінде, Жігіттік сарқыты (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). *К ө к ш а л ғ ы н* айналасы, сырты сабат, Шырайлы сыр бойының жаз бен күзі. Тоқсанның толқындатып қатуында, Көрінер көзге сұлу мұз теңізі (О.Шораяқов, Шайыр). Сен жүрген жер сол қалпы, жатыр әлі... Сағындым ғой, саялы тау арасы, Сағындым ғой, жанымды дауалашы! Көрсетпестен, *к ө к ш а л ғ ы н,* көміп таста. Қарағайлы қалың ну, қамалашы! (М.Мақатаев, Шығ.).

Көк шираз. ж е р г. *Көк түсті қаракөл елтірісі.* Қара бағанадан гөрі *к ө к ш и р а з д ы* көп қадірлейміз (Қазақ тілі. аймақ сөздігі).

Көк шұбар. *Әр жерінде көкшіл дағы бар.* Әуелі бұлар жұдырықтай-жұдырықтай *к ө к ш ұ б а р* жұмыртқа еді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Мәжерлі *к ө к ш ұ б а р* ұзын халатты Мәдине көрінді (С.Шаймерденов, Болашақ.).

Көк шыбықтай солқылдады [иілді]. *Көк шыбық секілді жіңішке, майысты, иілді.* Аш белі *к ө к ш ы б ы қ т а й с о л қ ы л д а й д ы,* Қолаң шаш бейне жібек толқындайды (С.Сейфуллин, Шығ.). *К ө к ш ы б ы қ т а й и і л і п,* Ерлік қылған жасынан (Жамбыл, Таңд. шығ.).

Көк шымшықтай [етіп, қылып]сабады. *Көкпеңбек дақ тускенше ұрып-соқты. К ө к ш ы м ш ы қ т а й е т і п с а б а д ы* [ұрды] (С.Қасиманов, Алтай.). *К ө к ш ы м ш ы қ т а й қ ы л ы п с а б а д ы* (С.Қасиманов, Алтай.).

Көк шыныдай. *Шыны тәрізді қатты, жылтыр.* Жалтырайды төменде *К ө к ш ы н ы д а й* мұз шатқал (С.Мәуленов, Шығ.).

Көк ішек болды. *Ішек-сілесі қатып күлді.* Бергені сол жұртының, Бәрекелді десеңші, Мәзбін соған, күлемін, *Б о л ғ а н ы м ш а к ө к і ш е к* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Көлденең [жүрген] көк атты. *Кездейсоқ кездескен кісі, бөгде адам.* Айдаладағы *к ө л д е н е ң ж ү р г е н к ө к а т т ы ғ а* баламды ертіп жібере алмаймын (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Әмірхан ағаның бұл пікіріне алармыз жоқ. Ел байлығы *к ө л д е н е ң к ө к а т т ы л а р д ы ң* тақымында кетуге тиісті емес («Жас Алаш»). Жұрт жаласынан жасқанбаймын! *К ө л д е н е ң ж ү р г е н к ө к а т т ы ғ а* сынататын жайым жоқ (М.Әуезов, Шығ.).

Көлденең түскен көк ине көрінгендей. *Анық, айқын, алақандағыдай.* Қатарынан жанған электр шамдарының оты осы бір орманды алаң ішін жап-жарық етіп, *к ө л д е н е ң т ү с к е н к ө к и н е к ө р і н г е н д е й* (Т.Қойшыманов, Тынымсыз.).

Самарқанның көк тасы жібіді. *Күн жылып, ызғар кетті.* [*Әйгілі астроном Ұлықбек (1394 – 1449) растханасындағы көк тасқа күн мен түн теңелгенде (жыл басында) 22 наурызда күн сәулесі түсетін болған. Сол сәуледен түскен жылу тасты жібітеді-мыс*]. *С а м а р қ а н н ы ң к ө к т а с ы ж і б і п,* сары даланың суы сарқырасын (І.Жансүгіров, Шығ.). «Сұлудан сүйген сұлу» деген сөз бар, Әркімнің басында бар соның кері. *К ө к т а с ы С а м а р қ а н н ы ң ж і б і г е н д е,* Ұшады Қап тауынан дию-пері. Қартайғанша қажымай «Бес балқандай» Ән шығарып отырған Шашаң сері (Шашубай, Жыр.).

Тамағы тоқ, көйлегі көк. *Тұрмысы жақсы; жегені алдында, жемегені артында.* Сол мол дастарқан үстінен ақ нан үзілмесе, халқымыздың *т а м а ғ ы т о қ, к ө й л е г і к ө к* (С.Хайдаров, Азамат.). – *Т а м а қ т о қ, к ө й л е к к ө к* маған басқаны ойлап не керек, – дедім (Бал дәурен). Үй іші тегіс амандықта. *Т а м а қ т о қ, к ө й л е к к ө к* (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

КӨК[2] з а т. **1.** *Әуе, аспан.* Мана көкті қаптап еді қара бұлт, Күн күркіреп қорқытып, ұшырып құт. *К ө к* тұнжырап, мұңайып қабақ жауып, Көз ашқанда аспанда жарқылдап от (М.Жұмабаев, Шығ.). Қабағын түйіп, Қаһарын жиып, *К ө к т і* бұлт торлады. Жаңбыр жаумай, жауса қар, Жұрт жұтайтын түрі бар (А.Байтұрсынұлы, Шығ.). Қадалды сүп-сүр болып *к ө к к е* қарап, Зәйіт жүр не болды деп жанасалап. Ләйлінің жаны келіп шақырып тұр, Қасында бірталай жан жүр анталап (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жандырдың, міне, жанымды. Қараған *к ө к т е н* хор едің, Көбірек көрсем деп едім, Көк есігі жабылды... (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Шың, биіктік.* Қайта бір нәрсеге құлшынған, құмартқан адам іс жүзінде тапқыш, зерек адам – адамшылықтың *к ө г і н е* өрмелеген адам болып табылады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Ақ сүтін көкке сауды. *Назаланды, аналық қарғысын айтты.* Егер бұл арманымды орындамаса, *а қ с ү т і м д і к ө к к е с а у ы п* өтем (І.Есенберлин, Шығ.).

Аяғы [бұты] көктен келді. а) *Шалқасынан түсті, қатты құлады.* Ол шап берген кезде былжыр Жүсіптің қимылына көз ілескен жоқ. Ырысмағамбеттің *а я ғ ы к ө к т е н к е л е,* тыраң ете түсті, шаң бұрқ етті (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). ә) *Масқара болды, ұятқа қалды.* Анда апарып бір соқты, мұнда әкеліп бір соқты. Бұзау басым, өктем, келді, Бұқаның *б ұ т ы к ө к т е н к е л д і* (О.Әубәкіров, Жасыр.). Желігем деп, орынсыз секірем деп, Жатқандар бар *а я ғ ы к ө к т е н к е л і п* (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Көрсек көрерміз, сақ бол. *А я ғ ы ң к ө к т е н к е л і п* жүрмесін (М.Сүндетов, Балық аула.).

Бөркін көкке лақтырды. *Қатты қуанды, қуанышы қойнына сыймады.* Біреу *к ө к к е б ө р к і н л а қ т ы р с а*-ақ болғаны, оның артынан сары ала қаздай ала тақиялар, бүркіттей сеңсең тымақтар, аққудай айыр қалпақтар аспанға ұшады (Ж.Арыстанов, Шығ.).

Бір ернімен көк тіреп, бір ернімен жер тіреп тұрғандай. *Бәрі қолынан келетіндей, бәрін де жасай алатындай.* Мен жігерсіз Салтыбай әулетін *б і р е р н і м е н к ө к т і р е п, б і р е р н і м е н ж е р т і р е п т ұ р ғ а н д а й* көремін ғой (С.Бердіқұлов, Шығ.).

Зеңгір көк. *Ашық аспан.* Орман арасынан баупылдап елік бақырады. *Зеңгір көкте* баяу қалықтап жүрген бүркіт пыштақтайды (Ж.Тұрлыбаев, Тамыз таңы). Жарқырап баурайында жұлдыз күліп, Дірілдеп *зеңгір көкте* ұшты сүйіп. Нұры мен шұғыласы шомылдырған Алтын күн, мөлдір аспан оны сүйіп (Т.Жароков, Таңд. шығ.). Баурымен ұшамыз біз *зеңгір көктің* Мен өткен жерден бауырым сен бір өткін. Жау бізді жеңбейді әсте, жер шары Сия ма өңешіне зеңбіректің (Р.Ниязбеков, Келер күн).

Көк жүзі. п о э т. *Аспан. Көк жүзінде* көп жұлдыз бар, Бірі сөніп, бірі қалар (С,Мәуленов, Таңд. өлеңд.). Түн тынық – тапжылмайды ай мұңайып, шет-шексіз *көк жүзінің* айдыны анық (Ж.Өмірбеков, Батыр.). Қаптайсың түн болғанда *көктің жүзін*, Сорлымын қатты тартқан қайғы сызын. Сендерге дүниеде таса жер жоқ, Мәжнүннің тым болмаса көрсетші ізін! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Көк кәріне ұшыра [ұрын]. қ а р ғ. *Алла тағаланың қаһары келсін.* О, Құдай, *көктің кәріне ұшыра*, Жәңгір хан. Қорқау қасқырға жем болғыр, сұлтандар (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

Көкке атылды. *Биікке шапшыды, аспанға ұмтылды.* Астындағы *көкке атылған* күрең аты Ойнақтай ойқастаған, өрге шапқан. Үштөрт күн осы жерде түйіспек боп, Артына көз жібере хабар баққан (С. Мәуленов, Өлеңд.).

Көкке бақты. *Аллаға сиынды, құлшылық етті. Көкке бақтым* «Алла» деп. Тамаша етіп құдіретін. Рахматы оның онда көп, Бізге түк жоқ тиетін (Абай, Тол. жин.).

Көкке бойлады. п о э т. *Биіктеді, жоғарылады, ұзарды. Көкке бойлап* тәкаппар Жағада тұрды биік шың (Ж.Саин, Таңд. шығ.). Суретте *көкке бойлап* өскен әдемі екі қайың, бір шырша, қарағай бейнеленген (М.Иманжанов, Көк белес.). Әне, қаланың шығысында самсап, *көкке бойлаған* қалың вышка – мұнай вышкалары (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).

Көкке көтерді. *Құрметтеп, қадірледі, абыройын асырды, қолпаштап жоғары бағалады.* Большевиктер барлық жағдай жасап, академикті *көкке көтерді* (С.Ерубаев, Шығ.). Жікшілдік дертіне шалдыққандар жақсыны жаман деп те, ал нашар нәрсені *көкке көтере* мақтап та жүре беруден шімірікпейді («Қаз. әдеб.»).

Көкке көтерілді. а) *Аспанға шарықтады, жоғарыға ұшты.* Кең аспанның төңкерілген күмбезі, Ыстық тартты көрінгенде күн көзі, *Көкке* сайрап *көтерілді* бұлбұл құс, білер ме едің мадақтады кімді өзі (Х.Ерғалиев, Шығ.). ә) *Мерейі асты, елге даңқы жайылды, ауызға ілікті, жұрт сыйлайтын кісі болды.* Кейде, көзіңнен тасалауға қимайтын Гүлжаһан сияқты аяулы қарындастар мен батыр бауырлар, ағалардың артта қалып бара жатқанына налисың. Кейде солардың *көкке көтерілген* даңқына шаттанасың (Ә.Әбішев, Шығ.).

Көкке қарады. *Менсінбеді, менменсіді, дандайсыды, паңсынды.* Сорлы сені қатарға қашан алды, Сайлауда *көкке қарап* ақиясың (Жамбыл, Шығ. жин.). Бидайлар басы толық иіліп тұр, Дән берген қожасына сиынып тұр. Басында бұл Бидайдың дәні болмай. Кекіреййп, *көкке қарап* бүлініп тұр (А.Байтұрсынов, Ақ жол.). Толығып еді мал айдап, Төрт түлік дәулет – қара айдап. Бұл да *көкке қарады*, Қазына жинап сарайлап (Ақберен).

Көкке құлаш ұрды [созды]. *Биікке ұмтылды.* Қырандайын *көкке құлаш ұрайын*, Көкті кешіп, бұлтты тесіп, Айға өрлеп, Күнге барып тілегіңді сұрайын (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Торда отырып тарықпай, талпынады лашын. Бидайықты үміт қып, *Созады көкке құлашын* (М.Дулатов, Шығ.).

Көкке самғатты. *Ойын, қиялын шарықтатып, үміттендірді, армандатты, қиялдатты.* Ойды ой қозғайды. Ол бірде тұңғиығына батырса, енді бірде шарықтап *көкке самғатады.* Шығарманың эстетикалық мәнімен қатар, көкірек көзін ашып, көңіл көкжиегін кеңейтер танымдық маңызын оқырман жақсы түсінді («Егемен Қазақстан»).

Көкке шапшыған. *Дамыған, өркендеген, байыған.* Шілдеде сауырына қол тигізбей *көкке шапшыған* «Петро-Қазақстан» компаниясы сатылып кеткеніне қарамастан облыс басшылығының күш салуымен 1 тонна мазутты 48 долларға беруге шешім қабылдады («Егемен Қазақстан»).

Көк көбесі сөгілді. п о э т. *Найзағай жарқылдап, жалт-жұлт етті.* Қорғасын бұлтқа көміліп, тал түсте батты күз күні, *Көбесі көктің сөгіліп*, Кеткендей босап тізгіні (Ж.Молдағалиев, Шығ.).

Көк күмбезі. п о э т. *Аспан.* Қайда менің өз көктемім, өз күзім, қайда менің *көк күмбезім*, жұлдызым! Мен қалайша ұжмақ жерге аспаннан Түсірмеймін жарқыраған үр қызын (Ә.Тәжібаев, Жартас.). Сол көктемгі көкжиек қоп-қою жалқынды сағым іркілеп барып, әлгі *көк күмбезімен* көмкерілген («Лен. жас»). Сөнеді, біресе лапылдайды, біресе тұңғиыққа батады, біресе батар айдай бір тегіс нұрланады, біресе жарқ еткен нажағай отындай *көк күмбезін* замат жарық қып жібереді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Рудный қаласы алыстан бозамық пердеге

оранып, мұнартып көрінеді. Кен шоғырларын қорытатын комбинаттың трубаларынан еріне, баяу көтерілген ақшуда түтін *көк күмбезіне* сіңіп кетіп жатыр («Егемен Қазақстан»).

Көк соққыр. қ а р ғ ы с. *Құдай атқыр, жай түскір, Тәңір соққыр*. Келіншек әлгі *көк соққыр* Қаудыр шалдың төртінші тоқалы көрінеді (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Көкке таласқан [астасқан, тірескен]. *Өте биік, бәрінен жоғары*. Қыс қыстауы Қараспан, Қараспан *көкке таласқан* (Қобыланды батыр).

Көкпен тілдесті. *Мейлінше шарықтады*. Ал «Бозторғайдан» сол қойшылықтан құтылуға ұмтылған, *көкпен тілдесіп* шырқаған, бойға пәрмен беретін құйқылжыған құдіретті әуездің күшін сеземіз (Қ.Әзірбаев, Шығ.).

Көкте тұрған жұлдыз. *Қол жетпес арман. Көкте тұрған жұлдызбын*, суда жүрген құндызбын, Хақтан белгі алғанмын, Нұрдан үлгі алғанмын, Таяғыңды қолға алып, мені іздесең керек-ті (Бозжігіт).

Көктен ақты. *Аспаннан түсті, биіктен құлады, жоғарыдан құйылды*. Енді ол *көктен аққан* қара лашынша түйілді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Көктен сұрағаны [тілегені] жерден табылғандай. *Көптен күткен арман-тілегі бірден орындалып, іздегені аяқ астынан кезіге кеткендей*. Механизаторлардың *көктен сұрағаны жерден табылғандай* кең адымды керемет техника бар («Лен. жас»). *Көктен тілегені жерден табылғандай* болған Таңжарық ақын жаңа орнаған демократияшыл, прогресшіл үкіметті барынша қолдай қуаттайды («Қаз. әдеб.»).

Көктен түскендей. *Күтпеген жерден, ғайыптан пайда болғандай*. Ай жоқ, шай жоқ, *көктен түскендей* бірден батальон командирінің өзіне сөгісті сарт дегізген (Б.Момышұлы, Біздің генерал.).

Көктен түскен періштедей. *Ерекше, айрықша*. Жаратылысында нәзік жан сүзектен кейін аппақ қағаздай болып, қала қауымының ортасында *көктен түскен періштедей* көрінді (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Көктен түскен тастай жарқ етті. *Кенеттен, күтпеген жерден пайда болды*. Қайдан келгені белгісіз, кереге қанат ақ иық қыран *көктен түскен тастай жарқ етіп*, айдаһардың үстіне құлады (І.Есенберлин, Шығ.).

Көк тігілгір! қ а р ғ. *Көк соққыр, Құдай атқыр деген мағынадағы қолданыс,* О, *көк тігілгір*! О, қара байланғыр! Есіз қалғырдың мүлкі, түге! Тап жаңа ғана тап-түйнақтай ғып, орын-орнына жинап қойып едім (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Әлгі маңдайыңа *көк тігілгір* қайда кетті екен!? (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

Көк тіреді. *Өте биік болды, аспанмен таласты*. Жоғары қарасаң – *көк тіреген дей* боп көрінетін шыңдар (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Екі-үш қабатты болып біркелкі салынған бұл көшедегі қарағай және тас үйлердің төбесі маған *көкті тіреп* тұрған сияқты (С.Мұқанов, Өмір мект.).

Көкті тіреп отырғандай. *Бүкіл дүниені өзі билеп тұрғандай бәлденді*. Жіберген Кей-Қысыраудың хатын оқып, боп қалды *отырғандай көкті тіреп* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Көңілі көкке ұшты. *Көңілі өсті, шаттанды. Үш, көңілім көкке*, кергі енді! Көңілде қайғы қалың зар, Айтатұғын Сезім бар, Салсын құлақ ұққандар! (Абай, Тол. жин.).

Көңілі көкте. *Пақ кеуде, менмен, өркөкірек. Көңілдері көкте*, көздері аспанда, адалдық, арамдық; ақыл, ғылым, білім – еш нәрсе малдан қымбат демейді (Абай, Тол. жин.).

Күлі көкке ұшты. *Тас-талқан болды, құрыды, жойылды*. Крюководағы жау жатағының *күлі көкке ұшып* жатыр (Майдан).

Күлін көкке ұшырды. *Тас-талқан етті, құртты*. Қара тулы қас жаудан Алмай қайтпа кегіңді. Дұшпанның *күлін көкке ұшыр*, Қуандыр туған еліңді (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Күні көкте жүзсін. т і л е к. *Бақыты ашылсын, бағы жансын, дегеніне жетсін*. Су ішсем де, суан ішсем де халқыммен бірге боламын. Тек соның *күні көкте жүзсін*, соның ғана сәулесі жарқырай түссін (І.Есенберлин, Ғашықтар).

Мұрнын көкке көтерді. *Тәкаппарланды, өзін басқадан артық санады, мұрнын шүйірді*. Сонда бұл *мұрнын көкке көтереді*. Адамсып маңғазданып жөнеледі (Ы.Алтынсарин, Шығ.). Бай сонда көтермес пе *мұрнын көкке*, Етер ме *көтердің* деп оларға өкпе, аурусыз «ақтүпә» деп құр жөтеліп, паңдықты байқатпас па төңірекке (С.Торайғыров, Кедей).

Танауымен көк тіреді. *Ешкімді менсінбеді, дандайсыды*. Бұрын терісіне сыймай, екі иығынан дем алған бай да, бармақ басқан болыс та, тілін безеген шешен билер де, *танауымен көк тіреген* төре де, түкірігі жерге түспейтін сылқым мырза да осындай үлгі, мәдениет көрген жоқ (М.Ермеков, Тарту).

Төбесі көкке жетті. *Қуанышында шек болмады, шексіз қуанышқа бөленді*. Әсіресе, үлбіреген сұлу қызбен қатарласып шіркеуге кіргенде, *төбесі көкке жетті* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Дүкендердің маңдайындағы ірі жазуларды Мишқаның дауыстап тұтыға-тұтыға оқығанын тыңдай, *төбесі көкке жеткен-*

д е й болатын (М. Жұмабаев, Шығ.). Кім сендерді сағынар шетке кетсең, Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең? – Бетін жуған жасымен сорлы анаңа Хат жазып тұр, *т ө б е с і к ө к к е ж е т с і н* (М.Дулатов, Шығ.).

Төбесі көкке тигендей [тиердей] қуанды [риза болды]. *Бар арманы орындалғандай, ойындағы ісі жүзеге асқандай қуанды, мәз болды.* «Шұға шақырады» деп бір күні Есімбектің түйешісі келді. *Т ө б е м к ө к к е т и е р д е й* болып *қ у а н д ы м* (Б.Майлин, Шұғаның белгісі). Өзіме-өзім *р и з а б о л ы п, т ө б е м к ө к к е т и г е н д е й* қаланың орталық көшелерімен жүремін (Қ.Әміров, Жастық.).

КӨК[3] з а т. э т н. *Киіз үйдің керегесін т.б. көктейтін, кереге ағаштарын бір-бірімен байланыстыру үшін қолданылатын, иі қанбаған қайыстан тілінген таспа.* Таспадан түйген кереге *к ө к т е р і* әрі иіккіш, әрі берік болады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Қыз Жібектің беттерін Кереге *к ө г і* жырады (Қыз Жібек). Мұны керегенің *к ө г і* дейді (С.Жүнісов, Ақан сері).

КӨК[4] з а т. *Найзағай, жай оты, жасын.* Ат байлаған ақырды. *К ө к* түскен жер тақырды, Шеттегі отау ішінде, Жаңа түскен жеңешең Қарағым сені шақырды (Қ.Жүсіпбеков, Өлеңд.).

КӨК[5] с ы н. ж е р г. *Қиқар, қыңыр.* Ол өзі – бір *к ө к* бала (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨКАЙЫЛ с ы н. **1.** *Долы, бетбақ, ашушаң, ұрысқақ.* Үйінде мұның бір *к ө к а й ы л* қатыны бар. (Кекетіп) «Әкесіндей кісіге баламды аштан өлсем де берерім жоқ деп кергитін көрінеді», – дейді (М.Дулатов, Шығ.). Тағдыр үкімі ерте көндірген өлшеусіз бейнеттің бәрін де *к ө к а й ы л* долы әйелдің жазықсыз ұратын зәбірі жас жетімнің жанын жаралады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *К ө к а й ы л,* зәрі бетіне шапшыған долы қатынсың-ау деймін. Әрине, іштей ойлаймын (О.Бөкеев, Қамшыгер). **2.** *Мықты, күшті, күші ерен.* Болмайтын Батыраш бір *к ө к а й ы л* шал, он жігітіне жел қайысар тентек, ер тұқымынан теріс азу, Алтайда адам пішінді аю шығар (І.Жансүгіров, Шығ.). // *Мықты, күшті адам.* Ежелден құлаш мойын *к ө к а й ы л м ы н,* ылауға жеті күнге талмайтұғын. Болатпын екі жүзді жетем құрыш, Күйсеуін шапқан түйе танбайтұғын (Айтыс).

КӨКАЙЫЛДАН = е т. *Долдану, ашулану.* Тағы да қаңғырып-қаңғырып, ақылың кіргенде, жарамсақтанып келіп тұрғаның болар, – деп Тоқбибі *к ө к а й ы л д а н ы п* кете барды (Б.Тілегенов, Шығ.). – Қан жауғыр, өтің жарылып кетті ме, бет албаты *к ө к а й ы л д а н ы п* тантымай, әуелі мен не айтамын, соған құлақ ассаңшы (З.Жәкенов, Шығ.).

КӨКАЙЫЛДЫҚ з а т. *Бетбақтық, долылық.* Онда Алтынайдай *к ө к а й ы л д ы қ* жоқ қой, шіркін, жібектей есіліп тұрғаны (Ж.Мусин, Қанат.).

Көкайылдыққа салды. *Бетбақтанды, бет қаратпады, безерді.* Дәл өзі. Елді хан, ханды әйелі билейді. Ұлдайдың етегі қанамаған кісі. Бірақ жасырақ кезінде *к ө к а й ы л д ы қ қ а с а л ы п,* ханға екінші әйел алғызбайды да, берегірек келгесін, әлде не оймен, ханға жас әйел алуға лұқсат етеді (Қ.Жұмалиев, Қырда.).

КӨКАЛА з а т. м е д. *Науқастың мұрнынан, құлағынан, кіші дәрет, үлкен дәрет жолдарынан, тіс тұптерінен тоқтаусыз қан кететін, кенеден жұғатын ауру. К ө к а л а* – кенеден пайда болатын ауру. Оның сыртқы белгілері адамның улану түрінде байқалады («Ана тілі»). *К ө к а л а н ы ң* малмен ілесе келіп, адамды шақ-қан кенеден жұғатыны анықталды («Ана тілі»).

КӨКАУЫЗ с ы н. **1.** *Беталды сөйлей беретін, сөзуар, мылжың.* Бұл *к ө к а у ы з* мылжыңның жер-жебіріне жетуге бірнеше жол болса, қандай жақсы болар еді («Лен. жас»). Ел ішінде атаққа шыққан *к ө к а у ы з* келін Зейнеп... (Б.Майлин, Таңд. шығ.). **2.** *Шатақ, ұрысқақ.* Ол кісінің өзі *к ө к а у ы з,* долы болса керек (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Келін мен баланың арасын біріктірудің орнына іріткі салатын *к ө к а у ы з,* долы шешелердің әлі де кездесіп қалатыны өкінерлік-ақ («Лен. жас»).

КӨКАЯЗ с ы н. **1.** *Шикі, шала піскен, борсыған.* Бізге түрменің беретін асы – сырты күйген, іші иленген, *к ө к а я з,* шикі қап-қара қара нан мен қара су болды (С Сейфуллин, Тар жол.). **2.** *Тоңазыған, дымқыл тартқан.* Жұмағали *к ө к а я з* топырақты алақанына уқалап көрді де, шәкіртіне қарап қойды (Т.Құрманғалиев, Теңіз.).

КӨКБАҚА с ы н. **1.** *Арық, жеп ауыз тұшымайтын, майсыз (малға қатысты).* Е, ит жей ме, *к ө к б а қ а* немені (М.Сүндетов, Ескексіз.). Етке өткізген малдарды *к ө к б а қ а* деп сынайды (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). **2.** *Тырбиған арық, сидиған жүдеу (адам).* *К ө к б а қ а* арық әйелдің қан-сөлсіз кескіні қара сұр тастай қатып қапты. Қасы, кірпігі үйітіліп қалғандай, құр құйқасы шығып тұр (Ә.Нұрпейісов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Тұкке тұрмайтын, мардымсыз.* Әдеби сынымызда баз біреудің *к ө к б а қ а с ы н* көтере қолдау, біреудің саф дүниесін кемсітіп байқау сияқты фактілер ұшыраса бермегенмен, түбінде әр зат өз ныспысымен аталатыны анық («Лен. жас»).

КӨКБАЛАУСА з а т. *Өсіп жетілген шөп, шөптің балғын кезі.* Малға жүгері сүрлемі, оның *к ө к б а л а у с а с ы* мен дәні беріле бастағаннан

кейін рационның жалпы жұғымдылығы да көп көтерілді (Қ.Құсайынов, Сабан.). *К ө к б а л а у с а н ы* бырт-бырт үзген қалың қой... (М.Сатыбалдиев, Шопан.). Әр гектардан 550 центнерден сүрлемдік *к ө к б а л а у с а* жинады (М.Ерлепесов, Суармалы егін.).

КӨКБАЗАР з а т. *Жеміс, жидек, көкөніс сатылатын сауда орны.* Шынын айтсам, ол *к ө к б а з а р д а н* қияр, алма орап әкелуге алып шыққан газет еді (Е.Домбаев, Fашықтық.). Барлық жаяудан басып озып, *к ө к б а з а р ғ а* кіріп келсем, жанның бәрі бір жерге үймелеуде екен (F.Мүсірепов, Белдерде.).

КӨКБАРАЗДА= е т. *Тап-таза етіп крахмалдап жуу. К ө к б а р а з д а ғ а н* аппақ, тап-таза кимешек-шаршысын сәнді етіп тартқан Дәмежан, үлкен таза самауырдың қасына отырды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Таза көйлек, камзол киіп, *к ө к б а р а з д а ғ а н* кимешек-шаршы тартқан келіншектер мен үкілі бөріктері бар қыздардың ажарында мереке күн белгісі сезіледі (М.Әуезов, Шығ.).

КӨКБАРДАЙ с ы н. с ө й л. ***Көкпардай***. Ер Қамбар өзін үйіріп, *К ө к б а р д а й* қылып көтеріп, жөнеліп кетіп барады, Жолбарысын өңгеріп (Батырлар жыры).

КӨКБАРҚЫН с ы н. *Қара көк.* Ол да бұл шақта *к ө к б а р қ ы н* мұнарға оранып, тұтасып барады (М.Әуезов, Абай жолы).

КӨКБАРМАҚ с ы н. *Қолынан іс келмейтін, олақ.* Инесі өткен жерінен жібі өтпейтін *к ө к б а р м а қ,* әңгімесінің не тысы, не астары жоқ жалаңқабат бейшара (О.Әубәкіров, Сиқыр.).

КӨКБАС[1] [лат. eryngium] з а т. ө с. *Жапырақтары жұқа болып келетін көпжылдық шөптесін өсімдік. К ө к б а с т ы ң* бірінші жылы тек тамыр жапырақтары шығады, екінші жылы гүлдейді (Ә.Іскендіров, Қазақст. дәрілік өсімд.). Бұдайық, көде, *к ө к б а с* жусан, басқа шөптер айтыпты: «Сенderден біздің пайдамыз адамға аз тимейді» (А.Байтұрсынұлы, Оқу құралы).

Көкбас беде. ж е р г. *Таулы жерге шығатын жоңышқаның бір түрі. К ө к б а с б е д е н і* ем үшін асқазан, ішек ауруына қолданады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨКБАС[2] з а т. з о о л. <лат. diptychus> *Денесінің түсі тіршілік ортасына сәйкес өзгеріп отыратын, уылдырығы улы болып келетін тұқы тұқымдас балық.* Қазақстанда *к ө к б а с т ы ң* екі түрі бар. *К ө к б а с т ы ң* уылдырығы мен құрсақ қуысындағы көк шандыры шикі күйінде улы (ҚСЭ).

КӨКБАСГҮЛ з а т. ө с. <лат. echium> *Далалы аймақтарда, жол жағаларында өсетін сабағы тік және тікенек қылтанды екі немесе көпжылдық шөптесін өсімдік. К ө к б а с г ү л д і ң* көк, көгілдір немесе күлгін түсті гүлдері сыпыртқы гүлшоғырына топталған, сабағының ұшына орналасады (ҚҰЭ).

КӨКБАСШӨП з а т. ө с. <лат. nepeta> *Биіктігі 5-40 см болатын, маусым-шілде айларында гүлдейтін, еріндігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. К ө к б а с ш ө п т і ң* жапырағы айқын жасыл, бүтін жиекті, қандауыр пішінді, ал гүлі ақ не көк, гүл шоғы шатырма немесе сыпыртқы тәрізді болып келеді (ҚСЭ). *К ө к б а с ш ө п* көпжылдық өсімдік, құрамында эфир майы, ментол болғандықтан, медицинада пайдаланылады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімд.).

КӨКБАУЫР з а т. а н а т. <лат. lien> *Қан тұзу мен зат алмасу процесіне қатысатын мүше.* Жұмсақ тканьдар (бұлшық ет, бауыр, бүйрек, *к ө к б а у ы р* т.б. органдар) сәулелерді шамалы өткізеді (Р.Сәтбаева, Өңеш рагы). Адам жазыла бастағанда бауыр мен *к ө к б а у ы р д ы ң* іскені қайтады, кейде сол қалпында қалады (А.Даиров, Хирург. кеңесі). Ақ түйіршіктер бөліну арқылы көбейеді, оның бөлінуі *к ө к б а у ы р д а,* лимфа түйіндерінде және сүйек майында жүреді (Адам анатом.). Жеті жүз шегесі сол шегелеген, Үш жүз тамыр сусындар *к ө к б а у ы р д а н,* Жұмбақтың несі қалды мен шешпеген (Айтыс).

КӨКБЕК з а т. ө с. ***Көкпек***. *К ө к б е к т і* мен баялышы Қуырдақ пен қымыздық, Қылша шөп пен уыздық, Сарымсақ жуа, ырғаушы, Мал жегенде бір қызық (К.Әзірбаев, Тойбастар). Ел бауырға алғаш келген кезде ащы сағынған мал тарлау, жусан, *к ө к б е к,* жалмаңқұлақ сияқты ащылы шөпке әбден қанып, жазыққа түсіп тыраңдап шандыаяққа аулап жетісіп қалса да...сентябрь туған соң-ақ бұрынғы жайлаудағыдай жұма сайын салы қонысқа қона алмай...ауылдың маңы шаңдақ тартып, тақырлана береді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жылқы бозды, қой қара отты, сиыр өлеңді, түйе *к ө к б е к т і* жайлайды (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

КӨКБЕРЕН с ы н. *Алғыр, мықты.* Енді бетпе-бет шабысып, қайыра қайнасып қалған әлді, шапшаң қыран мен *к ө к б е р е н* арлан итті Қордабай ат үстінен ол екеуінің бірін мерт етпей айыра алмасына көзі жетті (Ә.Көшімов, Екі бүркіт.).

КӨКБЕТ с ы н. *Ашушаң, ызақор, долы, бетпақ.* Ол әлгі сіз айтқандай *к ө к б е т* емес (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Бет-аузын түк басқан *к ө к б е т* Керімберді сұмдық тұлданды («Қаз. әдеб.»). Қызына ақыл айтып көріп еді, бірақ ана *к ө к б е т* илігетін емес, сазарып отырып алды (Қ.Жұмалиев, Соңғы көш).

КӨКБЕТТЕН= е т. *Тас-талқан болып ашулану, ызаға булығу, долдану.* Шәріптің ақ сары өңі қошқыл күреңденіп, ұзын мұрты едірейіп, *к ө к б е т т е н і п* Угарға шабылды (С.Ләмбеков, Тайталмас). Кешегі *к ө к б е т т е н і п,* атырынып тұратын кекселік белгісі өшіріліп, бір аңқау сәбилік сымбат оянып келеді (Р. Тоқтаров, Ертіс.). Әбден *к ө к б е т т е н г е н* долы бала енді өзін ешкім елемей қойған соң, шалқасынан құлап ықылық атты (О.Тәжиева, Жетім қыз.).

КӨКБИІК з а т. ө с. *Қырға, қуаң жерге шығатын шөп. К ө к б и і к,* алабота, быртылдақ сияқты шөптер қатаң жерлерге, ащы қара жусан оян жерлерге, бозкөде, киікоты сайларға шығады («Айқап»).

КӨКБОЗАТ з а т. а с т р. *Темірқазық пен Жетіқарақшының аралығындағы қос жұлдыздың бірі.* Ақбозат та, *К ө к б о з а т* та Арқандаулы, байлаулы. Алыс па арал? Қоңыр самал Бұлытты жүріп айдаулы (І.Жансүгіров, Шығ.). Ай сүттей жарық... Темірқазық бақырашының төңкеріліп қалғанына қарағанда түн ортасынан ауып кетіпті. Ақбозат пен *К ө к б о з а т* та алыста жайылып жүр (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Қазақ Темірқазықтың екі жағындағы Ақбозат, *К ө к б о з а т* деп атайтын жұлдыздардың қай жерде тұрғандарынан жер тұсын айырады, жолды табады (І.Есенберлин, Қаһар.).

КӨКБОЯУ з а т. ө с. *Жемісі дәмді, хош иісті жидекті дақыл.* Шілденің ішінде сиыр бұлдірген, *к ө к б о я у* тіл үйірген жемісін берсе, тамыз орталай таңқурай қып-қызыл боп пісіп, қарақат пен қызылқат бұтақтарын көтере алмай иіліп тұрғандары (Ә. Асқаров, Мұнар тау.).

КӨКБӨРІ з а т. ж е р г. *Көкпар ойыны. К ө к б ө р і* ойыны қазір бұрынғыдай көп бола бермейді ғой (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

КӨКБҰТА з а т. ө с. <лат. calluna> *Биіктігі 30-70 см болатын, бұталы, жапырақтары ұсақ, мәңгі жасыл бұта. К ө к б ұ т а* Қазақстанда Көкшетау өңірінің қарағайлы ормандарында өседі (Қаз. тілі термин. Биология).

КӨКБҰЛДІРГЕН з а т. ө с. *Раушан гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік, жидекті дақыл.* Биіктегі қылқан жапырақты орман алаңқайынан *к ө к б ұ л д і р г е н* мен итбұлдірген теруге болады (Ә. Асқаров, Мұнар тау.).

КӨКГҮЛ з а т. ө с. <лат. gentiana> *Жапырағы сопақша, гүлі көк, кейде сары түсті келетін біржылдық шөптесін өсімдік. К ө к г ү л д і ң* тамырында алкалоид, глюкозид, жапырағында аскорбин қышқылы бар (Л.К.Сафина.). *К ө к г ү л д і ң* гүлі ірі сабақтың ұшына және жапырақ қолтықтарына қоңырау тәрізді орналасқан, ол шілде-тамыз айларында гүлдейді (ҚСЭ).

КӨКДАҢҒЫЛ з а т. *Самал жел.* Отауды келіп түргенде, *к ө к д а ң ғ ы л* келіп ұрады (Қаз. эпос.).

КӨКДӘРІ з а т. ж е р г. **1.** *Тотияйын. Әсіресе бірге бітірген достары есіне түссе, к ө к д ә р і* жұтқандай жан дүниесі ойран-топан болады (Е.Домбаев, Ғашықтық.). Қазақстанның кәсіпорындарында дайындалатын тұзға аздап *к ө к д ә р і* қосылмақ (Ә.Әбішев, Шопан.). **2.** а у ы с. *Бетпақ, долы, ұрысқақ. К ө к д ә р і* Күлдәріге басынан сөз асыру қайда! (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

КӨКЕ[1] з а т. **1.** *Баланың үлкен ағаларын не әкесін құрметтеп айтатын, туыстықты білдіретін сөз. К ө к е м* үйде болғанда, Бұзар ма еді кентімді (Қобыланды батыр). *К ө к е м* майданға кеткелі сағыныштың не екенін білгендеймін (Н.Сералиев, Қаңтар.). Күндегі сол таласы, Күндегі сол шатағы. *К ө к е с і* мен баласы, Керілдесіп жатады (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** *Жасы үлкен ер адамды құрметтеу мағынасында айтылатын қаратпа атауыш.* Бар болғаны *к ө к е, к ө к е* деп тыпырлай беретін. Әкемді ол «*к ө к е*» дейтін еді-ау (Ж.Аяшев, Алақан.). **3.** а у ы с. *Бәрінен асқан, ең мықтысы.* Кереметтің *к ө к е с і н* ол қонақ үйіне келгенде бір-ақ көрді (М.Дүзенов, Әке.). Дін – ғылымның анасы, Дін – ғылымның әкесі. Ғылым – діннің баласы, Дін – ғылымның *к ө к е с і*!!! (М.Мақатаев, Шығ.). Біреулерің сөзі толы кекесін... Кекесіннің естіп жүрміз *к ө к е с і н*! Ұл-қызыңмен, жұлдызыңмен тіл таппай, Жер бетіне кейде сыймай кетесің (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Көкесін танытты. *Сыбағасын берді, жазалады, көресіні көрсетті.* Айтатын сөздің төтесін Дүнияда дауа жоқ Тәңірі жаман қылса жетесің Жұрт жиналған алқалы Топта көрсең жаманның *Т а н ы т а р с ы ң к ө к е с і н* (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Қоңырқұлжа қаһарлана қалды. Басынған екен әбден! *К ө к е с і н т а н ы т а р м ы н* мен әлі (І.Есенберлин, Шығ.).

Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің. *Бұл, бұл ма, мұның зоры әлі алда деген мағынада.* Тіптен, тегі, дұрыс айттық, інім... Сендер ме, сендер *қ у ы р д а қ т ы ң ә к е с і н* әлі *т ү й е с о й ғ а н д а к ө р е с і ң д е р* (М.Иманжанов, Шығ.).

КӨКЕ[2]: көке жасық. с ө й л. ***Көк жасық*** *(жілігі татымаған, арық).* Айтамын білгеннен соң, көзім ашық, Билерім, кеп отырмын дидарласып. Тау басына жиналған тазқаралар Жемей ме қарны ашса, *к ө к е ж а с ы қ*?! (Сүйінбай ақын, Ақиық).

КӨКЕЗУ с ы н. *Сөзге жар бермейтін, қолынан іс келмейтін мылжың. К ө к е з у*

пысықтарды қын демей-ақ қылғи салады (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

КӨКЕЙ з а т. *Жады, ой, ес, ақыл.* Еңбек елдің жаршысы-ау, жанымды бір жадырап, *Көкейіме* қондыра, Тәтті, тәтті әңгіме айт, жаңа өмірді жыр қыла (І.Жансүгіров, Шығ.). Бұл нұсқаны ойласаң, қылып парық, Милының *көкейінде* көзі жарық. Ақымақтың белгісі адыр мінез, Білімдінің даңқы зор, өзі ғариф (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Көкейге қонды [енді]. *Көңілге қонды, ойдан шықты, ұнады.* Осы бір сөзің *көкейге қонып*, тайлы-таяғымыз қалмай келіп едік (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Егер сөзім *қонбаса көкейіңе*, Жығатын дәлеліңді айт ақылменен. Ар, ынсапқа не жауап берер едің, Түзу істі қисайтсаң ақылменен (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Айқын аққа сенбейді, Теріс деп дәлел бермейді. *Көкейіне енбейді* Құлағына құйғаным (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Көкейде сайрап тұр. *Ішкі дүниеде бәрі айдан анық, айтылуға дайын тұр, ой жүзінде орындалып тұр.* Дегенмен, *көкейде сайрап тұрған* сан ойым, көп толғатқан, көңілімді алаң еткен жайларды басқалар да құптар деген, қолдар деген ниет мені ақтарыла сөйлеуге мәжбүр етті (М.Әуезов, Шығ.). Сұраудың не үшін қойылатыны оқырманға өзінен-өзі түсінікті, әр сауалдың жауабы тыңдаушының *көкейінде сайрап тұр* (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

Көкейінен кетпеді. *Ойынан шықпады. Көкейінен кетпеді* Қос мүйіздің бейнесі. Өзіне-өзі күбірлер, Ауысқан жандай кейде есі (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Көкейіне сақтады. *Санасына мықтап енді, әрдайым ұмытпайтындай болды.* Ол тәжірибесіне ұмытпай, *көкейіне сақтап*, жас келіншек трактор тетігіне көп қинала қойған жоқ (С.Бегалин, Шығ.).

Көкейіне түйді. *Жадында ұстады, ойынан шығармады, зердесіне түйді.* Отырмыз біз дәл осындай үйде бір, жаны жарқын көрме екен, сый көңіл, өзі жасап, бастан өткен сан жылдың Көп сырларын *көкейіне түйген* бұл (Ғ.Қайырбеков, Шығ.).

Көкейін тесті. а) *Жан-тәнімен арман етті, құмартты.* Сенің де *көкейіңді* мал *тесіп* отыр ғой! – деді Айша (С.Сейфуллин, Шығ.). Сондықтан осы күйден, ұлы күштен, Көңіл шат, көкейге үні қана түскен. Жалғыз үн, жарық қобыз, Молықбай шал, Тартар ма керек күйді *көкей тескен*? (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Көптен бері жүзеге аспай, көңілге ұялап, ойды мазалап жүрді.* Өздері де үш ғасырға жуық қол астында болған Шыңғыс хан ұрпақтарынан даладағы билікті алып, оны басқаруға неғұрлым икемді жаңа рубасыларына беру, М.Әуезов алғашқы мақалаларында дәл аңғарғандай бұрынғы ұлттық мемлекет жүйесіне балта шабу – патша әкімдерінің *көкейін тескен* шешім («Егемен Қазақстан»).

КӨКЕЙ: көкей жасық. с ө й л. ***Көк жасық*** *(жілігі татымаған, арық ет).* Айтамын білгеннен соң, көзім ашық, Төрелер, кеп отырмын дидарласып. Тау басына жиналған тазқаралар, Жемей ме, қарны ашқан соң, *көкей жасық* (Үш ғасыр.).

КӨКЕЙКЕСТІ с ы н. *Ойда жүрген, діттеген, маңызды (мәселе).* Сұлтанмахмұт шығармаларында да өз дәуірінің ең *көкейкесті* озық мәселелері айтылады (Р.Бердібаев, Гүлстан.). Бұл сөзді естіп құланнан зәресі ұшты, Ұмытпастай сөз болды *көкейкесті.* Енді құлан қумасқа олда-білдә, Ант етіп, қайтып келіп үйге түсті (М. Көпеев, Шығ.). Сол ерте заманнан бері қарай шешуі табылмай келе жатқан *көкейкесті* проблемалардың бірі – Күн системасының қозғалысы еді (О.Жәутіков, Жаратылыстану.). Бірақ қазақ әйелдерінің бас бостандығын ту етіп көтерген Міржақып шығармасындағы проблема – сол кезеңдегі ең *көкейкесті* мәселе еді (М.Дулатов, Шығ.).

КӨКЕЙТЕСТІ с ы н. *Шешілмей жүрген, ойды мазалайтын, толғандыратын (сұрақ).* Адам азса ғашықтықтың жоқтығынан азады. Ғашық жыры – тіршіліктің *көкейтесті* өлеңі. Ешбір геометриямен Өлшенбейтін көлемі (М.Шаханов, Ғасырлар.). Тақырыптық кештер өткізіп, көпке ортақ *көкейтесті* мәселені жастардың өз талқысына салады («Қазақст. мұғ.»).

КӨКЕК[1] з а т. з о о л. <лат. cuculidae> *Тұмсығы мен қанаты ұзын, тікше біткен айдары бар сарала түсті, «көкек-көкек» деп дыбыс шығаратын құс.* Саралақаз оралды сазға тағы, Ақ тырналар аспанды боздатады. Сұқсыр *көкек* тоғайдан сұңқылдаса, Қай-қайдағы мұңымды қоздатады (М.Мақатаев, Шығ.). Естілер *көкектің* де үні өзгеше (Қ.Көпішев, Кезеңдер.). Жарайды, ерім. *Көкек* өз атын өзі шақырады дегендей, екеуін де біріңді-бірің мақтап алыңдар (Б.Момышұлы, Шығ.). Аты жоқ құс болады *көкек* деген, Алдында терезенің секектеген (Қаз. әндері.)

КӨКЕК[2] з а т. *Қазақ халқының дәстүрлі күнтізбесінде жылдың 30 күндік наурыздан кейінгі айы; сәуір.* Туғанда *көкек* айы құстар

келіп, Сүңгиді көл түбінен маржан теріп, Су шайған түбіндегі қайрақ тастар, Тас емес, аңтарылған алтын дерлік (Д.Әбілев, Шалқыма.). *К ө к е к* айында қар ұзақ жатпайды. Бір шай ішімнен кейін-ақ еріп сала бергенін көресің (Т.Жармағамбетов, Екі жүрек.). *К ө к е к* айы көгілдір мен туған ай, Көңілдің көк жиекке ұмтылғаны-ай, Қиын жолдың біразын жүрдім тағы Биыл солмын, болсам мен былтыр қалай (Т.Молдағалиев, Шақырады.). *К ө к е к* айы – көкек құс келетін ай, Қайталайды өз атын неге тынбай. Көңілімді қалайда бұрды өзіне Жарқ-жұрқ өтіп өтетін әуе отындай (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Көкек жалынгүл. ө с. <лат. coronaria flos cuculi> *Қалампыр тұқымдасына жататын, мамыр-шілде айларында гүлдейтін, биіктігі 30-100 см көпжылдық шөптесін өсімдік. К ө к е к ж а л ы н г ү л д і ң* шөбін май сияқты демдеп, әйелдер бедеулігін емдеуге ішеді, түрлі сыртқы жараларға жағып, сылап жазады (Ә.Исамбаев, Халық мед. өсімд.). *К ө к е к ж а л ы н г ү л* препараттары әсер етіп, қан ағуын тоқтатады (Ә.Исамбаев, Халық мед. өсімд.).

КӨКЕКТЕ= е т. *«Көкек... көкек» деп ұн шығару*. Көкек құс қонып *к ө к е к т е п,* Көкпек қана өсетін (О.Шипин, Өмір өрнегі.). Үш-төрт вагонды ерсілі-қарсылы сүйреген мына бір кішкене паровоз да *к ө к е к т е п* құлақты жеп барады (Т.Дәуренбеков, Шығ.).

КӨКЕКТЕЙ с ы н. *Көкек сияқты, көкек тәрізді*. Ярославна зарлайды Даусы мұңды *к ө к е к т е й* (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Өз жұмыртқасынан жеріген *к ө к е к т е й* сұңқылдайды (С.Бақбергенов, Адам.).

КӨКЕКШЕ ү с т. *Көкекке ұқсап, көкек сияқты*. Ол қолдарыңнан келмейді екен, *к ө к е к ш е* көкілдей берудің керегі жоқ, – деді де үй артындағы отарға жүріп кетті (Б.Тоқтаров, Тауда.).

КӨКЕКШӨП з а т. б о т. <лат. gymnadenia> *Гүлшоғыры қалың әрі хош иісті сүйсіндер тұқымдасына жататын сабағы бұдыр, жапырақтары кезектесе орналасатын көпжылдық шөптесін өсімдік. К ө к е к ш ө п,* көбінесе, батпақты жерлерде, қайыңды-қарағайлы тоғайлардың алаңдарында, қияқ, өлеңді томарларда өседі (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

КӨКЕЛЕ= е т**. 1.** *«Көке-көке» деу*. Осы кезде *к ө к е л е п,* Тура тартып, Тұра ұмтылды баласы, Тұра ұмтылды анасы (А.Асылбеков, Алатау.). Інілерім шапқылап Қасымда жүр *к ө к е л е п* (Н.Сүлейменов, Жолда.). **2.** *Аға тұту*. Көкше батыр сен едің, *К ө к е л е п* ерген мен едім (Манас).

КӨКЕЛТАШ з а т. т а р. к ө н е. *Алтын Ордада, Қазақ хандығында ханға жақын қызмет атқарған адамның лауазымы. К ө к е л т а ш* мемлекеттің сыртқы және ішкі саясат жағдайы, билеушіге қарсы дұшпандық әрекет жасаушылар туралы мәлімет жинастырып, оларға қарсы шара қолдану жолдарын іздестірді (ҚСЭ).

КӨКЕМАРАЛ з а т. б о т. <лат. ziziphora> *Емге пайдаланылатын, жуан тамырлы, көпжылдық дәрілік шөп. К ө к е м а р а л д ы ң* сарғыш гүліне жасыл ара қайта-қайта қонады («Қаз. әдеб.»). *К ө к е м а р а л,* бұғының мүйізі, адыраспан, уқорғасын деген секілді не ғаламат дәрілер бар (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Сан шөптің түгесерсің атап қайсын: Шымуыр, *к ө к е м а р а л,* уқорғасын. «Ah!» ұрған Алатауда аруларың Үнімен тыяды екен ыстық жасын (М.Жұмабаев, Шығ.). Жаужапырақ, жалбызды, *К ө к е м а р а л,* сағызды Көкпекті мен баялыш Арық малға таяныш (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

КӨКЕМБАС з а т. ж е р г. *Шақша бас*. Міне, бір тарғақ аяғымыздың астынан ата жөнелді. Егер мұның шидей аяқтары мен кішкентай *к ө к е м б а с ы* алынып тасталса, денесі қос жұмырықтай резинка доп болып шығар еді (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

КӨКЕН з а т. б о т. <лат. thymelaea> *Желісі жаңғақша тәрізді болып келетін, жапырақтары бүтін, қарама-қарсы орналасқан дәрілік қасиеті бар улы шөптесін өсімдіктер тұқымдасына жататын көпжылдық бұта ағашы. К ө к е н н і ң* жапырақтары бүтін, тегіс жиекті, кезектесіп немесе қарама-қарсы орналасқан (Қаз. тілі термин. Биология).

КӨКЕНЕ з а т. ж е р г. *Ауыз үй*. Соғыстан бой тасалап, өтірік жынды боп қалған Шөмішбай деген бір қу хатты жұрттың қолына бермей, қара қағаз болса былдырлап-былдырлап *к ө к е н е д е н* сүңгітіп жіберіп тайып отырады екен (Ө.Күмісбаев, Тіршілік).

КӨКЕТ з а т. а н а т. <лат. diaphragma> *Ішек-қарын мен өкпе-бауырды бөліп тұратын жұқа көк шандыр, бауыр ет*. Кеуденің *к ө к е т і н і ң* кенет жиырылып, оның құрысуы не бүрілу салдарынан ықылық тиеді (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Бағыма қарай *к ө к е т* қана жыртылыпты, – деді Ольга (Бәйшешек.). Қарын *к ө к е т т е р і н* дағдыландыру қажет (Б.Айтқожина, Бронх демікпе.).

КӨКЕТАЙ з а т. **1.** *Еркелету мәнінде айтылатын атауыш*. Салмайын отқа Шекетай! Айтпайын енді *к ө к е т а й*! Тарылмашы Жанкейім! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тәтетайым-ау, *к ө к е т а й ы м* келіп қалған

ба? (Ә.Әбішев, Ғаламат.). Мына бір шекерді *көкетайыма* апарып берейінші, – деп атекең дастарқан үстінде селдіреп қалған азғана қанттың екі түйірін әкетті (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). **2.** *Жалыныш мәнінде қолданылатын атауыш.* Ең болмаса, Боранбы аулын сілтеп жіберіңдерші, *көкетайларым?* (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

КӨКЕТАЙЛА= е т. *Көкетай деп жалынып-жалбарыну.* Қайдан келгені белгісіз, әйтеуір қораның бір бұрышынан жүгіріп шыққан Байғазы *көкетайлап* Құрманғазыға тұра ұмтылды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Сандырақтап осылай үш күн сайрап, Әлдекімге өшігіп, тісін қайрап. Жатты да, кеп жалынды әкесіне Мені-дағы ала кет *көкетайлап* (Т.Әбдірахманова, Көгершін.).

КӨКЕШ з а т. **1.** *Еркелету мәнінде айтылатын атауыш.* Тиген кім саған, *көкешім?* Танытайын көкесін (Ш.Смаханұлы, Көріп жүр.). *Көкешім*! Мұңайып не етесің?! Сен бүгін тағы да ұшасың, кетесің! *Көкешім*! Әкеңнен әкеңе жетесің! Мұңайма, *көкешім* (М.Мақатаев, Шығ.). Күн бата үйден шығасың, қайда кетесің? Жұлдызға барып қондың ба, айда ма екенсің? Шешең де қалды жуасып, ойла, *көкешім,* Онсыз да ауырап жүрегін майдан етесің (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** *Құрметтеу, сыйлау мәнінде айтылатын атауыш.* Қару-жарақ асынып, Майданда жүр *көкешің* (Пернедегі терме.). **3.** *Жалынып-жалбарыну мәнінде айтылатын атауыш.* Көке, *көкешім,* мені кімге тастап кеттің, – деп шырылдағанда күйзелмеген адам болмаған шығар (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім.).

КӨКЖАЛ з а т **1.** *Қасқырдың арланы.* Сүйір тұмсықтары кере-қарыс, мойындары күжірейген үш *көкжал* дөң асып жоқ болды (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.). Түлкі қатты қуанды мұны көріп, Қасқырды ертіп келді хабар беріп. Семіз жылқы жемтігін көргеннен соң, Ауызды *көкжал* батыр салды келіп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Күндерде бір күн Кендебай аң аулай жүрсе, Қаратаудың ойында, терең құздың бойында арыстандай *көкжал* бөрі бір буаз биені жаңа ғана жарып, жегелі жатыр екен (Қаз. ертег.). **2.** а у ы с. *Өзгелерден өктем, бет қаратпас, озбыр адам.* Тұранның теңіз дерлік көлдері бар, Шалқыған шегі-шексіз Теңіз, Арал. Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдің Бауырында дүние көрген түрік *көкжал* (М.Жұмабаев, Шығ.). «Комитетке сайлайтын кісіңізді көрсет!» дегенде, отырған жұрт *көкжалдарын* атай бастады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ұлының бәрін жек көрген Ұстасам қырттың өзімен. Өзімді ондай сәттерде, Әрине, *көкжал* сезінем! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Кесел де меңдеп барады Келісер емес – байқаймын. Алыстап қалды артымда Күндері қызу айқайдың. Дәме көп те, дәрмен жоқ, Еріксіз басты шайқаймын. Қанаты сынған сұңқардай, Тұғы тозған тұлпардай. Кешегі – *көкжал,* қартайдым, Бүгінгі – мұңлық Нартаймын (Нартай//Екі мыңжылдық.).

Көкжал бөрідей. *Көкжал бөрі секілді озбыр, қайсар.* Никон Ушаков – қазақ даласын көптен бері *көкжал бөрідей* кезіп жүрген адам (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

КӨКЖАЛБЫЗ з а т. ө с. <лат. nepeta> *Биіктігі 27–32 см болып келетін, майда бозғылт түк басқан жапырақтары бар көпжылдық дәрілік өсімдік. Көкжалбыз* құрамындағы эфир майы парфюмерияда және кондитер өнеркәсібінде пайдаланылады (Биология). Халықтық медицинасында *көкжалбыз* қайнатындысын асқазан, тыныс жолы және нерв жүйесі ауруларына қарсы пайдаланады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

КӨКЖАЛДАЙ с ы н. *Көкжал тәрізді, көкжал сияқты.* Енді оны өлген *көкжалдай* көріп біз де қасына сескенбей жақындаймыз (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.). Одан сайын төбе шашы тік тұрып, құйқа еті шымырлап, желке еті күржиіп жалын тікірейткен *көкжалдай* түгін сыртына теуіп, өзімен-өзі арпалысып, айбат шегеді (Б.Тілегенов, Ақ қайнар.).

КӨКЖАЛДЫҚ з а т. *Озбырлық, өктемдік, азулылық.* Ағасының *көкжалдығынан* інілері де шошынады (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Анау-мынау жігіттермен белдесіп, ұстаса кетуден де тайынбайтын *көкжалдығы* тағы бар-тын (Р.Ниязбеков, Өркен).

КӨКЖАУЛЫҚ з а т. ө с. <лат. veronica > *Сабынкөк тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік. Көкжаулықтың* гүлі шашақ тәрізді топтасқан, жапырағы түкті, қауынын тілімді болып келеді, оның биіктігі 5-25 см болады, сәуір, мамыр айларында гүлдейді (ҚСЭ).

КӨКЖЕЛІК з а т. **1.** *Малдың көктемде түлеген жүні.* Көкке тісі іліне бастағаннан-ақ өріске жібер. Тойына келе шілде қақты боп қатып қалған сары жүні түлейді. Бұл *көкжелік* деп аталады («Лен. жас»). **2.** *Көктемде түлеген мал.* Тулаған оңшең *көкжелік,* Үйірін іздеп барады. Қайыру берсе болмады, Ойнақтап олай, былай бір, Сорпасы шығып сорлады (М.Мақатаев, Шығ.).

КӨКЖЕНДЕТ з а т. **1.** *Қаршығаның қазуйректі, дуадақты т.б. баудай түсіретін, жайпап салатын түрі.* Қаз, үйректі *көкжен-*

д е т і ң қырып жүр екен! Әне тастады. Түйді дабылды (Ж.Аймауытов, Қартқожа). **2.** а у ы с. *Жаудан беті қайтпайтын, тайсалмайтын жаужүрек жігіт.* Бақтығұл жолдастарына тақап келгенде, – Уа, *к ө к ж е н д е т т е р,* жол болсын! – деп, шапшаң ғана саңқ етіп қатты айтты. Уа, әлей болсын, Әлей болсын! (М.Әуезов, Қараш.).

КӨКЖИДЕК з а т. ө с. *Қоңыржай және суық белдеулерде өсетін итбұлдірген тұқымдас бұта. К ө к ж и д е к* құрамында қант, органикалық заттар, 25% С витамині, каротин (А провитамині), бояғыш заттар бар (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КӨКЖИЕК з а т. <грек. horizon> *Көз ұшындағы жер мен көктің түйіскен жері.* Қырағы көз аңсайды *к ө к ж и е к т і,* Қыдырма аяқ аңсайды айдау жолды (Қ.Мырзалиев, Домбыра.). Күн *к ө к ж и е к т е н* көтеріле бастапты (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Бұлдырап *к ө к ж и е к т е н* сағым құлап, Секілді тоқтамайтын арын-бұлақ (Ө.Нұрғалиев, Ақ нөсер.). Келсе екен көктем, Көк жасыл шұғыла тартылса, *К ө к ж и е к* барып, көкжиектерге артылса, Көктем де келер, көрерміз әлі жазды да, Осылай өмір, түрса екен тылсым қалпында (М.Мақатаев, Шығ.).

Көкжиек көтерілді. *Тан ата бастады, қараңғылық сейілді, таң сыз берді.* Құбақандап бозара, *К ө т е р і л д і к ө к ж и е к* Нұр сәулесі көк жара берді аспанға таң қылаң (І.Жансүгіров, Шығ.).

КӨКЖОН з а т. з о о л. *Жоны көк болып келетін балықтың түрі. К ө к ж о н* теңізде оқтатекте болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨКЖОРҒА з а т. в е т. *Түйе малында кездесетін ауру.* Түйедегі тізесін баса алмай қалатын *к ө к ж о р ғ а* дертіне қарсы «сарыүйек» деген улы жыланды өлтіріп, жұтқызса, сауығып кетеді деген мәлімет бар (Х.Арғынбаев, Мал ауру.).

КӨКЖӨРЕ з а т. з о о л. <лат. gypaetus barbatus> *Тауларда мекендейтін басы ақшыл, тамағына таяу «сақалы» бар жыртқыш құс. К ө к ж ө р е* тасбақамен, тауық тұқымдас құстармен, қоянмен, суырмен, тұяқты жануарлардың жас төлімен т.б. қоректенеді (ҚСЭ).

КӨКЖӨТЕЛ зат. мед. <франц. cogueluche> *Тез таралатын, үсті-үстіне жөтелдіретін ауру қоздырғышы қысқа таяқша тәрізді бактерия болып келетін жұқпалы ауру.* Республикамызда санитарлық-тазалық шараларын жүргізіп отыруға да зор мән беріледі. Сол *к ө к ж ө т е л* сияқты аурулар тіпті азайды десе де болады («Білім және еңбек»). Егер дәрігеріңіз келмей қалса, өзіңіз балалар консультациясына барып хабарласыңыз. Қайткен күнде де *к ө к ж ө т е л г е* қарсы екті ру ді ұмытпаңыз (Х.Нұрғалиев, Жас ана.). Жастайынан атастырған күйеуі *к ө к ж ө т е л* ауруына шалдығыпты деп естимін (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.).

КӨКЖӨТЕЛДЕЙ с ы н. *Көкжөтел сияқты, көкжөтел тәрізді. К ө к ж ө т е л д е й* тиетін сенімді берденке бұл уақытта құлағы қайырылып, нысанаға құрылып қалып еді (М.Әуезов, Қараш.).

КӨКЖІЛТІМ с ы н. с ө й л. ***Көкшілтім***. Алғашқы найзағай, алғашқы жауыннан соңғы көктемнің алғашқы күнінің ауасы әдепкі күнгі ауадан мүлдем өзгеше, *к ө к ж і л т і м* түсті, аспан иісті еді («Лен. жас»).

КӨКЗЕҢГІР с ы н. *Мөлдір, көкшіл түсті. К ө к з е ң г і р* «Волганы» Алмакүл бірден таныды (Н.Габдуллин, Өмір.).

КӨКЗЕҢГІРЛЕН = е т. *Көкшіл тарту.* Ал көк жүзі мөп-мөлдір, *к ө к з е ң г і р л е н і п* түптұнық болып жатқан-ды («Лен. жас»).

КӨКИ= е т. *Мақтанып, масаттанып тұмсығын көкке тіреу, мұрнын шүйіру, кеуде көтеру.* Қара бүркіт – мен, – деді, – Бидайық құс – сен, – деді, – Көтерілме *к ө к и і п* Бұл ісің болмас жөн, – деді (Қамбар батыр). Ақылды көрінбекке болады ызбар, *К ө к и і п* әңгіленсе беті мұздар (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Сен жоғарылап *к ө к и і п,* Адамдықтан кете бардың (Ж.Өмірбеков, Ана.). Жайсанбек құсырулы екі қолы, Кеудесі керіскедей кекке толы. Бас иген сәлемін де қажы алған жоқ. *К ө к и і п* көрмегендей болып оны (Сара. Тордағы.).

КӨККЕПТЕР з а т. з о о л. <лат. columba livia> *Бел тұсында ақ, қанатының үстінде көлденең екі қара жолағы бар асыранды кептердің түрі. К ө к к е п т е р л е р* ұя баспаған кезде бірнеше жүзі бірігіп колония құрайды. *К ө к к е п т е р д і ң* саны азайып кеткендіктен аулауға тыйым салынған (ҚСЭ). Тастардан әрі аса алмай етектегі, Тауларға таңдай қаққан көкектері, Байғұсты ажуалап күлетіндей, Биікте үілдеген *к ө к к е п т е р і* (С.Мәуленов, Жаңа арна.). Қырат беткейде *к ө к к е п т е р* көлбеңдейді (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап.). *К ө к к е п т е р* ұшар жем үшін Баданамды баса бөктеріп, Қасыма жатқан жолдас ертіп Күнтүн қатып жортқанмын (Ер Тарғын).

КӨККҚАРҒА з а т. з о о л. <лат. coracias garrulus> *Ағаш кеуегінде, қора-жайда мекендейтін көгілдір құстар табына жататын жыл құсы.* Сол достарды жолықтырған мен едім. Кездерде бір тағдыр көзі аларған, Демеу тапсын деп едім мен солардан. Ал сен өзің бейіл болдың бар уақта, *К ө к қ а р ғ а д а н* бүркіт жасап алмаққа (М.Шаханов, Ғасырлар.). *К ө к қ а р ғ а* тұрқы 35 см, қанатының ұзындығы 18-20см болады, түсі жасыл көк, ол 2-7 жұмыртқа салып, 18-19 күнде балапан шығарады (ҚСЭ).

КӨККАСҚА[1] з а т. **1.** э т н. *Құрбандыққа сойылатын ерекше нышаны бар жылқы.* Міне, осындай ішкі есептермен Шұбар жүз қаралы атқамінерді *к ө к қ а с қ а* сойып, қонақ еткен (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** *Маңдайының қасқасы бар, қара көк түсті ат.* Мінгенім көшке *к ө к қ а с қ а.* Саламын қамшы жамбасқа, Бөрі де қастық қылмайды Жанындағы жолдасқа (Қобыланды батыр).

Көккасқа айтты [айтысты]. д і н и. *Ниет, тілектер орындалсын деген оймен құрбандық шалуға жылқы (мал) атады.* Қыстау алып, мал алған ру басылар енді елдеріне осы жеңістерінің өзін де қуаныш деп қайта таратты, мол таратты. Арада тағы да әлденеше *к ө к қ а с қ а а й т ы п,* күндіз-түн көл-көсір қып мал сойып, қалжыңға, күлкі, айғайға, ән-жырға бөленіп, ұзақ қызық көріп жатты (М.Әуезов, Абай жолы). Арада он күн өтті. Қимылсыз, қаракетсіз жым-жырт он күн. Ана жақ: Құнанбайдың тауы шағылды, тауаны қайтты – деп, масайрап, жымырасып жатыр. Бір-біріне қонаққа барысу, ақсарбас, *к ө к қ а с қ а а й т ы с ы п* баталасу, тамырласып достасу көп (М.Әуезов, Абай жолы).

КӨККАСҚА[2] з а т. ө с. *Бетеге тұқымдас шөп. К ө к қ а с қ а* – түйе сүйіп жейтін шөп (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨККАСҚА[3]: **көккасқа бұлақ.** *Сай-жырадан жарып аққан, таза мөлдір су көзі.* Екі жақтан да, кез келген сай-жырадан құлап аққан *к ө к қ а с қ а б ұ л а қ т а р* жарыса келіп үлкен өзенге қосылып жатыр (Т.Мәмесейіт, Хантәңірі).

КӨККҰС з а т. з о о л. <лат. myophonus coeruleus> *Орманды, аршалы алқапты мекендейтін қауырсыны қара көк, тұмсығы сары торғай отрядына жататын жыл құсы. К ө к қ ұ с* тау бөктерінің жапырақты орман өскен жерлерін, өзен бойларын мекендейтін (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Кейде аңғармен келе жатып өзен сарынына құлақ қоятының бар. Сонда да сол өзен сарынымен сыбызғы үні жетеді. Таңданасыз, бұл сыбызғы үні *к ө к қ ұ с* салған ән, онжылдығында ғана әкелінген екен (С.Парманқұлов, Альпі белдеуі). Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген қорықтың жанжануарлары – Тянь-Шань аюы, Орта Азия сілеусіні, барыс, арқар, қарақұйрық, *к ө к қ ұ с,* су бүркіт ешбір қауіпсіз тіршілік етеді (Алматы қорығы).

КӨККҰТАН з а т. з о о л. <лат. ardea cinerea> *Қамысты тайыз суларда мекендейтін, ұзын сирақ көк түсті құс.* Ойнақы мінез ақ шағала, байбалам, сарыуайымшыл сабаз – қызғышқұс, қамыс сирақ бейкүнә құс – *к ө к қ ұ т а н,* ши борбай, әнші құс – жылқышы... (Ө.Қанахин, Жер бас.). Қыста – *к ө к қ ұ т а н,* адамда сен – сирақтысың ғой, – деді бурыл сақалды, бұғақты семіз қара шал кеңкілдеп күліп (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Көккұтан* мен қарабай көтеріліп қашқанша Белінен басып асады (Қобыланды). Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын, Асығыстық оларда болмайтұғын. Қомағай *к ө к қ ұ т а н д а р* секілденіп, Жалп беріп жағаға кеп қонбайтұғын. Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын. Ақ мүсін айдынға кеп орнайтұғын (М.Мақатаев, Шығ.).

КӨККҰТАНДАЙ с ы н. *Көккұтан сияқты, көккұтан тәрізді; сидиған, тырбиған.* Әлден соң *к ө к қ ұ т а н д а й* тырбиған арық, көзі жырбиып, жыпылықтаған сары бала есік ашты (Б.Тілегенов, Ақ қайнар). Немістің *к ө к қ ұ т а н д а й* сорайған арық офицері бастаған тоғыз барлаушы қолға түсті (А.Жолдасбеков, Әке.). Мойнын созған алып *к ө к қ ұ т а н д а й* домнаның мұржасы аспанды тіреп жерге түсірмей тұрған сияқты (З.Шашкин, Теміртау.).

КӨККҰТАНША ү с т. *Көккұтанға ұқсап, көккұтан сияқты.* Лектор жігіт еңкіштеу ұзын бойын *к ө к қ ұ т а н ш а* алға созып, үйге қарай арбаңдай қадам басты (К.Баялиев, Дегелек.).

КӨКМІ с ы н. *Түкке тұсінбейтін, алжасқан, айтқан сөз басына қонбайтын, ессіз.* Нұрлан Иван үйінде көк көз Валя атты қыз барын, керемет *к ө к м і,* мылжың екенін айтыпты (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Миы ашыған бір *к ө к м і* екен (М.Әуезов, Абай жолы.). *К ө к м і* қылып жібермесе неғылсын (Ғ.Мұстафин, Көз көрген.). Толықсыған заманға, Қаратылған амалға, Елден ауып кеткен соң, Ұшырап сапар шеккен соң, Не демес *к ө к м і* надандар? (М.Дулатов, Шығ.).

КӨКМИЛЫҚ з а т. *Ақылсыздық, ессіздік.* Өзімнің *к ө к м и л ы ғ ы м* болмаса, тәуір-ақ орысша білетін жерге жібердің ғой (М.Әуезов, Ақын аға). Мен де сендердей ақымақ болған екенмін. Енді міне, соған көзім жетіп отыр, – деді Сәду күрсініп. – Әйтпесе, Омардың малы бізге мал болушы ма еді. Бәріміздің де түбімізге жететін осы *к ө к м и л ы ғ ы м ы з* ғой (Б.Тілегенов, Ақ қайнар).

КӨКМОЙНАҚ з а т. **1.** *Адай жылқысының ерекше тұқымы.* Әнеки, өңшең асыл *к ө к м о й н а ғ ы* Орғыды, қисық қылыш көкте ойнады (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). **2.** а у ы с. *Мінезді, өз дегенінен қайтпайтын адам.* Соның да намыс пен ардан не кісі өлтіріп, не кісіден өлетін, құрық жетпес *к ө к м о й н а ғ ы* ұшырасады (Ж.Ахмади, Дүрбелең).

КӨКМОЙЫН с ы н. **1.** *Әдемі, сұлу, көрікті.* Аманшылық боп каникулға келсең,

Қызылжардан қасыңа еріп шығам да, нендей *көкмойын* қыздардың бірінен соң бірін көрсетем (С.Мұқанов, Есею жыл.). **2.** *Ығыры шыққан, қажыған.* Жөнелді төреге еріп бәрі аттана Біз де ердік, қаламыз ба бой сақтана. *Көкмойын* ат баспады, үш аяқтап, Көбімен жүргеннен соң көбік шаша (Батырлар жыры). // с ө й л. *Арақ. «Көкмойынның» төбесі* көрініп тұрмаса, оның көңілі толмайды («Қаз. әдеб.»). Ұршық иіріп отырған әйел орнынан баяу тұрып барды да, төсектің астында тұрған жәшіктен бір *«көкмойынды»* суырып алып, карташылардың ортасына қоя салды («Қаз. әдеб.»).

КӨКМҰЗДАҚ з а т. *Қар бетіне қатқан жұқа қабыршақ мұз.* Жануарлардың *көкмұздақ* қарды босқа тепкілеп, тілерсектері жараланғанын көргенде іші удай ашиды (С.Қалиев, Еңбек.).

КӨКМҰЗДАҚТАН= е т. *Қар бетіне жұқа қабыршақ мұздың қатуы.* Адамды жалықтыратын ұзақ жол *көкмұздақтанып* қатып жатыр (З.Иманбаев, Дала.).

КӨКМЫЛЖЫҢ с ы н. *Көп сөйлейтін, сөзге құмар, сөзуар.* Ал мына бір сап-сау *көкмылжыңның* дәптершесіне жазып алған медициналық терминдері таусылар емес (Е.Оразақов, Қайта соқ.). *Көкмылжың* істей бергін білгеніңді, Бәрібір қызармадың, ұялмадың (Е.Қандеков, Өлеңд.). Тілеубайға *көкмылжың* деп ат қойды (З.Шашкин, Ұядан ұш.).

КӨКНАЙЗА з а т. ж е р г. *Қара бидай.* Бір жерге бидай, бір жерге *көкнайза* жақсы шықпақ (Ә.Бөкейханов, Шығ.). *Көкнайзаның* піскеніне көп болды ғой (Қаз. тілі фразеол. сөздігі). Сол жылы ауданда *көкнайза* көп егілді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨКНАРПАЗ с ы н. *Көкнәрқұмар, көкнәршіл. Көкнарпаз* болсаң, қадірің қалмас (Д.Досжанов, Тұлпар.).

КӨКНАРШЫ з а т. *Көкнәрші, көкнарпаз.* ≈*Көкнаршының* түрі.

КӨКНӘР з а т. ө с. <лат. papaver> **1.** *Сүт тәрізді ақ шырышты, дәрілік, тағамдық, әсемдік үшін өсірілетін, жемісі домалақ көпжылдық шөптесін өсімдік.* Құдабай жанқалтасынан қол орамалын алып, кесеге түнімен жібітіп қойған *көкнәрін* сүзе бастады (Д.Досжанов, Тұлпар). Гүлжан еңкейіп, Жетісудың көгілдір *көкнәрін* жұлып алды (З.Шашкин, Шығ.). **2.** *Көкнәр өсімдігінің қауашағын қайнатқанда шығатын сөл.* Шырағым, *көкнәрді* несіне ішесің осы? (Д.Досжанов, Тұлпар.). Дәрігүлдің арманы қалайда колхоз бастығының әйеліне *көкнәр* ішуді үйрету болып жүр (С.Адамбеков, Өмір тойы.).

Көкнәр тұқымдасы. өс. <лат. papaveraceae> *Қос жарнақты шөптесін өсімдіктер. Көкнәр тұқымдасының* көптеген түрлері, гүлдері әдемі болғандықтан, сәндік үшін өсіріледі (ҚҰЭ).

КӨКНӘРШІ з а т. *Көкнәр ішетін адам.* Көше бойы еріп, үй қабырғалары шөліркеп кеп шайға бас қойған *көкнәршілер* шалдай шыпшып терлеп сүмектеп кетіпті (Д.Досжанов, Тұлпар.). Ауыл бойынша мұның жақсы көретіні, іздеп, айызы қана әңгіме тыңдайтыны Жүзбай *көкнәршілер* еді (Д.Исабеков, Шығ.).

КӨКНӘРШІДЕЙ с ы н. *Көкнәрші сияқты, көкнәршідей тәрізді.* Мансапқа құмарлығы *көкнәршідей,* Қызғаншақ, мақтау сүйгіш адам болды (К.Райбаев, Жаңа толғау.).

КӨКОРАЙ з а т. *Қалың көкмайса, шөп, шалғын.* Ауылдың қонған жері *көкорай,* сондықтан малдың бәрі ауылдың қасында (С.Шарипов, Бекболат). Бір топ әйел асханадан шықты да, көлеңкедегі *көкорайды* жапыра, алқақотан отыра қалды (Б.Майлин, Шығ.). *Көкорайға* қонғанда, Қозылар ойнар дүркіреп. Жаздың күні болғанда, Жаңбыр жауар күркіреп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Май туа *көкорайға* қонған елім, Ақ орда, қара саба, сыртта желім. Төрт түлік еркіменен тыраңдайтын, Қойыны кең, көз жетпейтін сары белім. Ең ауыр, ауыр қотан, ақтылы қой, іздеген салтанатым осы менің (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Көкорай шалғын. *Көк майса, жайқалған шөп.* Адам аз келетін болғандықтан шығар, отау үйдің төңірегіндегі *көкорай шалғын* әлі жығылмапты (С.Бақбергенов, Қоянкөз.). Талас өзенінің жағасындағы *көкорай шалғын* жайылымға жылжып көше салған (І.Есенберлин, Алмас.). Қырмызы кілемдей шалқыған *көкорай шалғын* көз алдыңнан бұлаңдап өтеді (Ә.Шәріпов, Қапаста.).

КӨКОРАЙЛАН= е т. *Көк шалғынға бөлену.* Кіші Көктал өзенінің суымен зейнеттеніп *көкорайланып* отыр (Т.Нұртазин, Адам.).

КӨКОРАЙЛЫ с ы н. *Көкмайсалы, көк шалғынды.* Бірге шапты патшамен Жаңгір хан атты арамың. *Көкорайлы* жерді алды, Ағынды өзен суды алды (Жамбыл, Шығ.). *Көкорайлы* көк шөптен Көрінді маған малы көп (Д.Әбілев, Өлеңд.). Кең өлке, *көкорайлы* тауып егіс, Сол күні кеш болған соң қонды тегіс. Қалайда қаны қашып қалған екен, Патшаның түрі, түсі әлі кеміс (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

КӨКӨЗЕК з а т. *Қысқы азық таусылып, көктемдегі көк шалғынның өсіп, жетіле қоймаған кезі. Көкөзек* уақыт «жасық та болса жас сорпа ғой» деп, Әмірбектер сиырдың ет

терісін тастамайды (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Ертедегілер жазда жадырап, қымызды сіміріп, қыдырудан сасық кеңірдек болса да, көктемде көк ала шыбын көзіне үймелеп, *көк өзек* – көк қарын шақта көрген («Ақ желкен»).

Көкөзек болды. *Әбден ашықты, арыды, жүдеді.* Сендерге сол ұннан болса да нан пісіріп берейін. *Көкөзек болып* біттіңдер ғой («Қаз. әдеб.»).

КӨКӨНІС з а т. *Тамаққа пайдаланылатын сәбіз, капуста, қызылша сияқты бақша дақылдарының жалпы атауы.* Осы жетінің аяғында *көкөніс* тиеген алғашқы малшылар да жетіп үлгерді (І.Есенберлин, Шығ.). «Бала жоқ – сен жемегенде кім жейді» – деді де қойынқоншын *көкөніске* толтырып берді (О.Бөкеев, Ұйқым.). Көбінесе құс етін жейтінді шығарды. *Көкөніске* құмар боп алды. Жаяу жүргенді үдетті (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Көкөніс дақылдары. *Көкөніс алу үшін өсірілетін өсімдіктер.* Ас қызылшасы – тамаққа пайдаланылатын *көкөніс дақылдарының* бірі (ҚСЭ).

Көкөніс турағыш. *Көкөністерді әртүрлі пішінде кесіп, турайтын роторлы, дискілі пышақтары бар құрылғылар. Көкөніс турағышпен* сәбіз, пиязды ұсақтап, салат жасадық (Ауызекі).

Көкөніс шаруашылығы. а) *Көкөніс өсірумен айналысатын өсімдік шаруашылығының бір саласы. Көкөніс шаруашылығының* басқа өсімдік шаруашылығынан ерекшелігі – мұнда көкөніс дақылдары ашық және қорғалған жерлерде өсіріледі (ҚҰЭ). ә) *Көкөніс дақылдарының биологиясын, көкөніс сапасын жақсартудың оның технологиясын зерттейтін ғылым.* ≈ *Көкөніс шаруашылығын* дамыту.

КӨКПАР з а т. э т н. *Бауыздап, ішек-қарнын алған малды (көбіне ешкі, лақ) ат үстінде тартысатын ұлттық сайыс.* Соғыс бітті. *Көкпар* тартты жігіттер, Жұрттың бәрі жақсылықтан үміткер (Т.Молдағалиев, Қош.). Ат шабыс, *көкпар* тарту жұма сайын, Танисың айтқызбайақ кедей, байын (И.Байзақов, Құралай). Қобыланды батыр *көкпар* тартып, аударысып ойнаушы емес пе еді (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Жабыла кергілессе, апасы тірілетіннен жаман ауылдың біткен еркек, әйелі *көкпарға* тартқан серкедей созғылап, илеп, жұлқылап, керіп, әбден есеңгіретіп, әлсіретті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көкпарға түспеген. *Күш сынаспаған, айтыстартысқа түспеген.* ≈ *Көкпарға түспеген* жас.

Көкпар қылды. *Әбден азаптады, қинады.* Не жазығым бар еді *Көкпар қылып* шапқандай (Батырлар жыры).

Көкпар [лағы] болды. *Әркімнің жұлқуында болды, сүйретпесі болды.* Тақымға салып сүйретіп, *Болдым* ба *көкпар лағың* (Мұңлық-Зарлық).

Мәре көкпар. э т н. *Екі жақ кең жазықтың екі шетімен мәрелі жер белгілеп, серкені әр жақ өз мәресіне апарып салатын көкпар түрі.*

КӨКПАРДАЙ с ы н. *Көкпар сияқты, көкпар тәрізді.* Жерден *көкпардай* іліп алды да, көзімнің жасын аю алақанымен сүртіп, маңдайымнан иіскеді (О.Бөкеев, Үркер.). Алмалы бақтар бүршігін жарып ақ қардай, Дүркіреді әлем көсіліп тартқан *көкпардай* (Т.Айбергенов, Құм. мұнара.). Жүремін алып кетіп *көкпардай* ғып, Осал қыз ер жігітті шақырар ма? (Айтыс).

КӨКПАРКЕШ з а т. *Көкпаршы, көкпар тартатын адам.* Жалғыз ешкі жүз лақ табатын ба еді? Мырза атанамын деп лақты *көкпаркешterге* бердің, – деді әйелі Мақұлбекке (Д.Досжанов, Шығ.).

КӨКПАРЛА= е т. *Көкпар ету. Көкпарлай* сілкілесіп бір кеткенде, қос қорқау қатарласып та қалды (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

КӨКПАРЛАУ *Көкпарла етістігінің қимыл атауы.* Қаңқиған құр кеуде *көкпарлауға* келе ме, осыны ескерген алдыңғы аттылар легі өзге қотандардан оқшауырақ, тепсеңге таман орналасқан жеке ауылға қарай ойысты (Ә.Көшімов, Жас аңшы.).

КӨКПАРЛЫ с ы н. э т н. *Көкпар тартып сайысатын. Көкпарлы* қазақтар, Шерлі қазақтар, Жерлі қазақтар, Құмды қазақтар, Мұңды қазақтар, Сендер неткен данышпан ең (Е.Ибраһим, Жас.).

КӨКПАРША үс т. *Көкпар сияқты, көкпарға ұқсап.* Әрі денесіне қамшы тиіп, әрі мына *көкпарша* сүйреген ит қорлыққа шыдамай ол түтеп кетті (Х.Есенжанов, Тар кезең). Осыны айтты да, Моулади іргеде жатқан құлыпсыз ағаш сандықты *көкпарша* сүйрелеп әкеп алдына қойды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Шалабекті шауып келе жатқан ат үстінен *көкпарша* лақтырып тастадым (С.Бақбергенов, Қарға там.). Қанжығаға *көкпарша* бөктеріңдер, Сөйтіп менің алдыма ап келіңдер! Алып келді. Әйел тым ажарлы екен (М.Шаханов, Ғасырлар.).

КӨКПАРШЫ з а т. э т н. *Көкпар тартатын адам, көкпардың шебері. Көкпаршы* серкешті алдына кесе-көлденең тастап жіберіп, кейін оралды (М.Дүзенов, Әке.). Дәл ескі қазақ аулының *көкпаршылары* сияқты

(Ә.Нұршайықов, Тың астығы.). Аста жүздеген ордалар, киіз үйлер тігіліп, үш жүзеге бірдей сауын айтылады. Бұған әр елден есімі белгілі ақсақалдар, батырлар, ақындар, палуандар, әнші, жыршылар, *көкпаршылар*, мергендер арнайы шақырылып, жүйрік аттар келеді. Асқа өте мол қаржы, мал жұмсалған. Жеңімпаздарға зор бәйге тиген («Егемен Қазақстан»).

КӨКПАРШЫЛ с ы н. э т н. *Көкпарқұмар, көкпарды жақсы көретін.* Жігіт дәуірімде ат құмар, *к ө к п а р ш ы л* едім, – деді дәу қара (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). Қыз ағасы Сәлімбай, Өткір жігіт жалындай. Өзі сері, *к ө к п а р ш ы л*, Талай салған салымды-ай (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

КӨКПАРШЫЛА= е т. *Көкпар іздеу, көкпардың соңына түсу.* Жаман тымағы жалбақтап бұл сабазың әлі *к ө к п а р ш ы л а п* жүр (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

КӨКПЕК з а т. ө с. <лат. atriplex> *Шөлді жерде өсетін ащы, қатты шөп. К ө к п е к* пен жусан – қойдың сүйсіне жейтін шөбі (Б.Жамалов, Торғай.). Шөл далада өсімдіктердің жусан, селеу, *к ө к п е к* сияқты тек қана шөлге төзімді түрлері өседі (Ж.Жатқанбаев, Су.). Күз болса қонушы едік Қаракөлге, Ащылы екі жағы жайлы жерге. *К ө к п е г і н* іргесінен сүйреп жағып, Мол дәулет бітіп еді біздің елге (Мұрат Мөңкеұлы). Жалманқұлақ, сарысозаң, қараматау, *к ө к п е к*, алабота, жусанның түрлері. Бұл шөптер тұзды өзендер мен көлдер маңында өсіп, көбінесе түйелер мен қойлар жейді. Сиырлар мен жылқылар бұл шөптерді сирек жейді, оның өзінде ащылағанда тұз орнына (Мұса Шорманов).

КӨКПЕКТЕН= е т. *Көкпек басу.* Сонда мына жазың – ұзақ жылдар су көрмей, тұзданып, *к ө к п е к т е н і п* жарылып кеткен аймақ су түсе салысымен қалай көктер екен! – дейміз біз (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.).

КӨКПЕКТІ с ы н. *Көкпек мол өскен, көкпегі көп жер.* ≈ *К ө к п е к т і* жер.

КӨКПЕҢБЕК с ы н. *Ашық көк, тым көк.* Абақты ылғи тастан керегесі, *К ө к п е ң б е к* темір екен терезесі. Апарып қылмыстыны қамайтұғын, Бұйырған патшаның ережесі (Ә.Найманбаев, Шығ.). Арынды суға қадала қалшы сырттан кеп, Сиқырмен суға айналып кеткен көктем боп. Көктемдей боп сұйық ағады таудың өзені, Тотияйын құйып тұрғандай біреу *к ө к п е ң б е к* (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Мұндай ғажапты күтпеген Тарағай ақырып тұрды да қалды: алдарынан теп-тегіс, *к ө к п е ң б е к* дөп-дөңгелек алқап ашылыпты (Ә.Тарази, Бұлтқа сал.).

КӨКСАҒАЛ с ы н. *Әлі пісіп жетілмеген, сарғыш тартқан (егін).* Егіске тұқым себу мерзімі кешіктірілсе, ол егіннің піспей, *к ө к с а ғ а л* болып қалуына әкеліп соқтырады (К.Боранғазиев, Жем-шөп.). Масақтың шалабурыл піскен *к ө к с а ғ а л* сабағы орғасын дестеде жатып піседі, жетіледі (Х.Мұстафин, Ақ тары.).

КӨКСАҒАЛДАУ с ы н. *Шикілеу, әлі піспеген (егін).* Кеше егінді аралап едік, тары әлі *к ө к с а ғ а л д а у* екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Күріш әлі *к ө к с а ғ а л д а у* екен (Қаз. сөзд.).

КӨКСАҒЫЗ з а т. ө с. <лат. tarahacum koksaghus> *Гүлі сары түсті, тамырының қабығында сүт шырындас каучук талшықтары бар көпжылдық шөптесін өсімдік.* Зығыры мен *к ө к с а ғ ы з* бір жақтан алаңдатады (Т.Иманбеков, Үш ай.). Мысқа ең құмар өсімдік ертеректе каучук алуға пайдаланған *к ө к с а ғ ы з* екен (Н.Нұрахметов, Дархан. хим.). Көтерілді егін қаулап, Оранды *к ө к с а ғ ы з* гүлге (Бейбітшілік.).

КӨКСАҚАЛ з а т. *Орта жастағы елдің сыйлы азаматтары.* Сондықтан ителінің Әкеш, Дүкенбай сияқты зәңгілері өзі ақсақал, *к ө к с а қ а л ы н* жинап, Қазыбектен қайтып есемізді аламыз деп маслихаттасқан (Б.Құсбегин, Зұқа батыр).

КӨКСАЛ з а т. с ө й л. ***Көксауыр***. Қақ қылдырған бүлдіршін, Сыртына *к ө к с а л* қаптатып, Сап қылдырған бүлдіршін, Тайбурылдың санына (Манас).

КӨКСАЛДА= е т. с ө й л. ***Көксауырла***. Көрген ел бір жағынан күлсе, бір жағынан бастықтың етігіне қызығады: қонышын оюлап, *к ө к с а л д а п* тастаған (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

КӨКСАЛПАҢ с ы н. *Лайлы, лайсаң.* Қар еріп жатқан *к ө к с а л п а ң* шақ еді (С.Ақтаев, Дала.). Даланың қары сөгіліп, *к ө к с а л п а ң* лайсаң болғанмен, әрі жер қарайған жоқ (С.Жүнісов, Жапанда.).

КӨКСАРЫ з а т. з о о л. <лат. buteo rufinus> *Шөлді жерде, кейде жазық дала мен тау баурайында кездесетін төбесі қошқыл қара, арқасы мен топшысы сарғыш, құйрығы көлденең қара жолақша болып келген жыртқыш құс. К ө к с а р ы* – қаршыға тұқымдасының бір түрі, тұрқы 60 см, арқасы қоңыр, бауыры ақшыл сарғылт, құйрығы көлденең қара жолақты, ауылшаруашылығына зиян келтіретін кемірушілерді жеп пайда келтіретін құс (ҚСЭ). Тянь-Шаньның биік тау жоталарындағы құздарда, жартастарда бірсыпыра құстар, қара

дегелек, көккептер, кекілік, ителігі, күйкентай, кезкұйрық, жұртшы, қозықұмай, қырғи, *к ө к с а р ы*, жыланжегіш, үкі, көк торғай мекен етеді (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

КӨКСАУ з а т. в е т. <лат. emphysema pulmonorum> *Тыныстытарылтып, тез ентіктіретін, көбінесе, жылқы малында ұшырасатын өкпе ауруының бір түрі. К ө к с а у* малды үнемі ауыр жұмысқа пайдаланудан, ыстық, тымырсық қорада ұзақ ұстаудан, суық тиюден, құнарсыз шіріген азықтан болады (ҚҰЭ). // *Көп жөтелетін, өкпесін суық шалған.* Отағасы Колчақтың халі – күркілдеген *к ө к с а у* шалдың халі (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл.). Жетпіске келген *к ө к с а у* Нұртазаны сен түзетейін деп пе ең? (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Бұл күндер әкем анау жасқа жеткен, Аурулы, өзі *к ө к с а у* күрк-күрк еткен. Екі інім бар болмаған мал-түлігі, Бәрі тоқ мен асырар деген ниетпен (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

КӨКСАУДАЙ с ы н. *Көксау сияқты, көксау тәрізді.* Кеудесіне суық тиген *к ө к с а у д а й* даусы қарлығып, көбінесе мұңды музыканы зарлатып тұрғаны (Ә.Тарази, Құйрықты.). Ілкіде бірі *к ө к с а у д а й* күркілдесе, екіншісі өкпесін никотин қабынтқан кәдімгі шылымқорлардай қиқылдады (С.Еркебаев, Алғашқы.).

КӨКСАУЛАН= е т. *Көп жөтелу, көксауға айналу.* Кешегі жауынды кештен кейін Айман *к ө к с а у л а н ы п* қалыпты («Лен. жас»).

КӨКСАУЛЫҚ з а т. *Көксау болушылық, көп жөтелушілік.* Осы бір *к ө к с а у л ы қ* итше еріп арылмады (О.Бөкеев, Үйқым.).

КӨКСАУЫР с ы н. *Көк бояуға боялған сапалы көн, былғары.* Елшінің аяғындағы биік қонышты, *к ө к с а у ы р* саптама етік те жарасымды (М.Мағауин, Аласапыран). Уақытымен ораза ұстап, намаз оқып, тақуалық етіп жатпаса да, аяғына *к ө к с а у ы р* кебіс пен жұмсақ мәсісін қабаттап киіпті (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Бойжеткеннің басындағы үкілі сәукелесі, аяғындағы *к ө к с а у ы р* етігі әркімге әртүрлі әсер етті (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

КӨКСАУЫРЛА= е т. *Көксауыр былғарымен әшекейлеу, ою-өрнек салу.* Кигені саптама етік санға жеткен, Балық көз *к ө к с а у ы р л а п* шалып тіккен (И.Жылқайдаров, Жастар.). Аяқ киімді *к ө к с а у ы р л а п* тігетін етікші, темір мен ағаштан түйін түйетін ұста болыпты (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Оның қонышын, өкшелігін *к ө к с а у ы р л а п,* тұмсығына қатырғы салады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері.). Ал жержастық дегенің тіпті көп. Жаңағы жағыпандарын жай ою емес, *к ө к с а у ы р л а п* күмісін әр жерге биязы қып көз-көз етіп оюлаған (М.Әуезов, Шығ.).

КӨКСЕ[1] с ы н. *Асқан, шарықтаған, керемет дарынды.* Майлин шығармаларының қарапайымдылығы кейбір жазушыларда болатын қарадүрсіндік, ой мен суретке шорқақтық емес, сөз парқын білген, көркемдік табиғатын түсінген *к ө к с е* шеберлік (Т.Ахтанов, Көшбасы).

КӨКСЕ[2]**=** е т. *Аңсау, арман ету.* Ойлаған жастайынан елдің қамын, *К ө к с е г е н* шұғылалы өмір таңын, Ұғынған тар қапаста талықсымай, Халқының көз жасы мен көңіл зарын (О.Шипин, Дастан.). Бақыт, сені *к ө к с е й м і н*, көрсем деймін, Құрақ ұшып, құмарта бір қарасам. Арманымды құшақтап өлсем, мейлі, Амалым не, өр бақыт, тыңдамасаң (М.Мақатаев, Шығ.). Ардақты ер! Ұмытылмас еткен ісің. Күні ертең айбынды Алаш жинап есің, *К ө к с е г е н* көп заманнан тілегіңді Жарыққа шығаруға жұмсар күшін (М.Жұмабаев, Шығ.). Кел, мырзалар! Замана ыңғайы шалғырт, шенқұмарлықты *к ө к с е п*, қартая бозқыдық шығара бермей, өткенге қанағат қылып, кешу алып, келешекте түзеліп, жанды олжа көріп, «тік жүрсек, тоқ жүреміз» (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көксеген күнді көрді. *Аңсаған күнге жетті, арманы орындалды.* Көбелек-шыбын өрді Көк құндақ көлдер толып, *к ө к с е г е н к у н д і к ө р д і* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Тұрғысын көкседі. *Қатар-теңін іздеді.* Сән-салтанат жас жүректі, кім де болса *т ұ р г ы с ы н к ө к с е м е к-ті*, мезгілі өткен дәуренді қуалаған, неғылсын бір қартайған қу сүйекті (Абай, Тол. жин.).

КӨКСЕҢГІР з а т. *Биік шың, асқар тау.* «Темірқазық» тәрізді Адастырмас *к ө к с е ң г і р* (А.Сұлтанов, Уақыт.). Көкірегімнің *к ө к с е ң г і р* мұзы бұзылса, сонда бұзылды (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Сонда сен, кәрі Шыңғыстау! Жазғытұрымдай, қабағыңды түйіп көрлене қарамай, шалқая сүйеніп: «Барыңдар, барыңдар! Анау көгеріп тұрған *К ө к с е ң г і р*, Шақпақ, Ақшатаудан да асыңдар», – дегендей күн жақтағы жылы жүзіңмен жымия қарадыңау! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

КӨКСЕРЕК[1] з а т. к ө н е. *Асыл, болат найза.* «Жалғыздың жары – Құдай» – деп, батыр Жабай зулады. Қолында бар *к ө к с е р е к*, Дұшпанда бар зеңбірек, Бұрынғы қырғын сияқты, Басқа кеңес не керек!? (Сүйінбай ақын, Ақиық).

КӨКСЕРЕК[2] з а т. э т н. *Ұлттық спорт ойындарының бір түрі. К ө к с е р е к т і* ұл мен қыз аралас ашық алаңда ойнайды. 50–60 м қашықтықта екі топ қарама-қарсы тұрады (ҚСЭ).

КӨКСЕРЕК[3] с ы н. *Жас қасқырлардың ең мықтысы.* Биіктің иек артпасынан қараған *к ө к с е р е к* менің ерге отырысымнан бастап, атымның аяқ алысына дейін байқап, кім екенімді көріп-біліп отыр (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). Мен даланың *к ө к с е р е к,* көкжал бөрісімін, білсеңдер (М.Сатыбалдиев, Шула. толқын.).

КӨКСЕРКЕ з а т. з о о л. <лат. luciopercа> *Алабұға тұқымдасына жататын жыртқыш балық.* Мұнда жергілікті балықтан теңіз *к ө к с е р к е с і н* жыл бойы кездестіруге болады (К.Күленов, Қазақст. балық.). Мә, іш, батыр! Тұздық *к ө к с е р к е* шөлдетпей қояр ма? (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Жас жігіт қармаққа ілінген *к ө к с е р к е н і ң* ауадағы арпалысына қызыға көз тастады («Қаз. әдеб.»).

КӨКСЕТ= е т. *Аңсату, ынтызар ету.* Күл қылып шаңырағын талқандайын, *К ө к с е т і п* шығар күнді, атар таңды. Батырдың айғай салған дауысымен Қаптады қара ағаштай өңкей жарлы (О.Шипин, Дастан.).

КӨКСЕТУ *Көксе етістігінің қимыл атауы.* Біз тәрізді қазақтың оқыған азаматтарының ең қадірлі міндеті – халқын ұлт тәуелсіздігіне шақыру, жеке ел болуды *к ө к с е т у* деп ұққан едім, ал бүгін... (І.Есенберлин, Қатерлі.).

КӨКСЕУ *Көксе етістігінің қимыл атауы.* Күндерден күн асқан сайын, Ақбілек күйеуін *көксеуі* толғақша жиілене берді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨКСОҚҚАН с ы н. *Құдайұрған, бұзақы, тентек.* Кесім әділ! Бас бұрмасын, ана *к ө к с о қ қ а н* Майсорға осыны жеткіз! (Д.Әбілев, Арман.). Өй, *к ө к с о қ қ а н*! Жеңгеңді сабатып қойып неге тұрсың деді Қайыр (С.Адамбеков, Шығ.).

КӨКСОҚТА з а т. *Қар еріп, жердің жүйесі босап, тоңы жібіп жатқан кез. К ө к с о қ т а* көктемнің келгенінен хабар беріп тұр («Жас Алаш»). Жазға салымғы *к ө к с о қ т а* кез болатын («Қаз. әдеб.»). Бүгін күннің көзі қылтиып еді, түнде жауған жапалақ қар еріп, жер *к ө к с о қ т а,* ілгері бастырмайды (З.Ақышев, Ақбел.).

Көксоқта болды. *Қар қатты еріп, қарлы су жинала бастады.* Биыл ерте кете бастаған қар Аягөзден Семейге шейін *к ө к с о қ т а б о п,* ақсақ ойылып, жүргіншілерді қатты бейнетке ұшыратты (М.Әуезов, Шығ.). Күн ұзаққа жер беті *к ө к с о қ т а,* лайсаң *б о п* жатып, күн бата қатқақ, қабыршық пайда болды (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.).

КӨКСОҚТАЛАН= е т. *Былжырап еру, сулану.* Күршім өзенінің беті *көксоқталанып,* бір жері қатып, бір жері қатпай, айналып аққан иірімдер үйдей сеңді өңешін кең алып, қылғып жұтып жатты (Б.Тұрсынбаев, Ауылдан келген.). Атты жетектеп ішке кіргізіп, шапшаңдап доғара бастаған Марфа божының *к ө к с о қ т а л а н ы п* қалғанын көрді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

КӨКСОҚТАЛЫ с ы н. *Көксоқтасы шыққан.* Бұрқанған нөпір нөсер тоқтады тез, Маған таныс осы *к ө к с о қ т а л ы* кез (Ғ.Қайырбеков, Сарыарқа.).

КӨКСУЫР з а т. з о о л. <лат. marmota menzbieri> *Кеміргіштер тобына жататын тиін тәрізділер тұқымдасының өкілі болатын сүтқоректі. К ө к с у ы р* қысқы ұйқыдан наурыздың аяғы мен сәуірде оянады (Қаз. тілі термин. Биология). *К ө к с у ы р д ы ң* дене тұрқы – 40-49 см, арқасы сарғыш қызыл, кейде қара болып келеді, оның терісі, майы бағалы болғанымен, сирек кездесетін аң болғандықтан аулауға тыйым салынған (ҚСЭ).

КӨКСҰЛТАН з а т. ө с. *Бойы 3-4 метрге дейін өсетін, жемісі ірі болатын, алшаның бір түрі. К ө к с ұ л т а н н ы ң* кепкен жемісінің бір стаканын 3 литр суға бір асқасық бал салып қайнатады («Егемен Қазақстан») *К ө к с ұ л т а н* миуасының сүйегін ұнтақтап, оның бір қасығын 300 грамм ақ сірке суына салып, ауық-ауық шайнап бір ай ұстайды («Егемен Қазақстан»).

КӨКСҰҢГІ[1] з а т. э т н. *Асыл, берік, мықты найза, батырлар бес қаруының бірі.* Қылпылдаған *к ө к с ұ ң г і н і ң* ұшы оның қос жауырының қақ ортасынан қадалыпты (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Аруаққа көрсеткен, талай жауға мақтатқан. Төрт қырлаған *к ө к с ұ ң г і,* Жау ішінде жалданып (Батырлар жыры). Тебінгілер терге шіріп, Мұқалды ұшы *к ө к с ұ ң г і н і ң* (Д.Әбілев, Өлең.). *К ө к с ұ ң г і л е р* қиқулап ұрды қанат, Кезқылыштар ысқырды жай отындай, Хан ордасын қалың қол түрды қамап, Жау селт етсе, жұтып-ақ қоятындай (Ж.Набиуллин, Таныс әуен.).

КӨКСҰҢГІ[2] з а т. *Жаңбыр аралас қар жауып, шөп басына мұз қатуы.* ≈ *К ө к с ұ ң г і* кезі.

КӨКСІ= е т. *Ұшу, түлеп ұшу.* Алма мойын, сам үйрек, ана Еділден *к ө к с і г е н* (Айтыс).

КӨКСІЗ сы н. *Жеміс-жидексіз, көкөніссіз.* Цинга ауруы *к ө к с і з,* тұзсыз тамақ жегендіктен болады (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

КӨКСІЛ з а т. **1.** *Алғыр қыран.* Қос *к ө к с і л* таудан ұшып талпынғанда, Көлде айдын ақ шағала шалқығанда, Күн күліп ақ жібек таң белдеуінен, Балбырап бар табиғат балқығанда (Т.Жароков, Тасқын.). **2.** а у ы с. *Кажымас, қайсар адам.* Шыным сол – қайтпас *к ө к с і л м і н* (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). Әй, *к ө к с і л - д е р і м - а й,* қапияда тауып кететіндерің бар-ау

(С.Шаймерденов, Жыл құсы). – Өзім де келіп қаларсың деп жүруші едім, жарадың, *к ө к с і л і м*, – деді Алшағыр, әйелін ардақтайтын тағы бірдемелер айтқысы келіп еді, аузына сөз түспеді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

КӨКСІЛДЕЙ с ы н. *Көксіл сияқты, көксіл тәрізді.* Дабылдатқан *к ө к с і л д е й* Көкірегімді ашайын, Күркіреген суыңа Құмарымды басайын (Ж.Сыздықов, Белестер.).

КӨКСІМ с ы н. *Көктулақ, сіліmтік.* Ат басына күн туса, *к ө к с і м д е г і* күй болар (Бес ғасыр.).

КӨКСІРЕ = е т. *Көк жегісі келу, көкке құмарту.* Үш ай бойы қыр жайлап, малдарын семіртіп *к ө к с і р е п* қайтқан қойшылар қайтар жолындағы пісіп тұрған қауын, қарбыздарын жеп қаужаңдап, рақаттанып қалады екен (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

КӨКСІРЕУ з а т. *Тұтасқан қалың мұз.* ≈ *К ө к с і р е у д і ң* үсті.

КӨКСІТ= е т. *Бір нәрсенің шетін шығарып сөйлеу.* Әй, әр нәрсені бір *к ө к с і т п е й*, айтатыныңды жөндеп айт (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨКТАБАН з а т. э т н. *Тәйке жағына қорғасын құйылған асық, сақа.* ≈ *К ө к т а б а н ы н* алды.

КӨКТАЙҒАҚ з а т. *Жердің жалтыр мұз жамылып, жауын-шашыннан, қардан кейінгі суықтан болған жылтыр сырғанақ.* Таңертең далаға шықсақ, дала *к ө к т а й ғ а қ*. Ой да, қыр да, тау да көк шойын жамылыпты (М.Тиесов, Дала.). Жер бетіндегі қар көктемнің алғашқы жылуына ерігенмен, артынан қарасуық түсіп, қатып қалған маңай *к ө к т а й ғ а қ* (Т.Жармағамбетов, Екі жүрек.). Бұл да түк емес, тек *к ө к т а й ғ а қ* болып қалмаса екен, – деді апам (М.Тиесов, Дала.). Жол ғана тайғақ емес, аяқ басар шөп те жауын суымен жылпылдап, *к ө к т а й ғ а қ* боп жатыр (М.Әуезов, Шығ.).

КӨКТАЛ з а т. ө с. <лат. salix pentandra> *Биіктігі шамамен 6-16 метрдей болатын күңгірт жасыл бұта тектес ағаш. К ө к т а л д ы ң* қабығында 5,67-10,33 кг зат болады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). *К ө к т а л д ы ң* жапырағы элипс тәрізді, ал гүлінен ара бал жинайды, қар тоқтату, көгалдандыру үшін өсіріледі (ҚСЭ).

КӨКТАЛАҚ з а т. в е т. *Түйе желінін ісіндіріп, талақ секілді көгертіп жіберетін ауру.* Ертеде *к ө к т а л а қ п е н* сауын түйелер көп ауырған (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨКТАМЫР з а т. а н а т. <лат. vena> *Адам және жануар ағзаларының қанды мүшелер жүйесінен жүрекке келетін қан тамыры. К ө к т а м ы р л а р д ы ң* (веналар) қабырғасы артерияларға қарағанда жұқа, ішкі қабығы интима қақпақшалармен жабдықталған. Жануарлар денелерінде *к ө к т а м ы р л а р* беткей және тереңде орналасып, көптеген жалғамалар (анастомоздар), өрімдер, доғалар, торлар түзеді (Қаз. тілі термин. сөздігі. Биология).

Көктамыр қақпақшасы. а н а т. <лат. valvula venosae> *Қанды бір бағытқа қарай айдайтын талшықты борпылдақ дәнекер ұлпа. К ө к т а м ы р қ а қ п а қ ш а с ы* ішкі жағынан эндотелиймен астарланған (Қаз. тілі термин. Биология).

КӨКТАМЫРША з а т. а н а т. <лат. venula> *Кіші қан айналымының қылтамырларымен түзілетін, жұқа қабырғалы ұсақ қантамыры. К ө к т а м ы р ш а л а р* бір-бірімен өзара қосылып, көктамырды құрайды (Қаз. тілі термин. Биология). *К ө к т а м ы р ш а л а р д ы ң* кең арнасы арқылы қан төмен қысыммен баяу ағып, оның қуысында қанның қоры сақталады және жұқа қабырғасынан қоршаған ұлпаларға лейкоциттер өтеді (Қаз. тілі термин. Биология).

КӨКТАС[1] з а т. *Көмір қышқылды, мыс тұзынан құралған ашық жасыл түсті минерал (малахит).* Күрек тісі кетпендей, *К ө к т а с қ а* да өткендей (Қ.Мырзалиев, Шығ.).

КӨКТАС[2] з а т. *Қайтыс болған адамның басына қойылатын құлпытас.* Күнменен шағылысқан *к ө к т а с ы н ы ң* Сынығы сыр тартады көктегі айдан (Д.Әбілев, Таңд. өлең.). – Ой, мен сені қадірлеп, басыңа осы малдың бәрін шығарам, атағыңды жержүзіне өлген күні шығарып, ел шақырып, ас берем, үстіне күмбезден мола салдырам, басыңа атыңды жаздырып *к ө к т а с* қойғызам, – дейді, ортаншы баласы (М.Дулатов, Шығ.). Жалғыз бие қоса жоқ, Кемпір шаршап қарап жүр Мынау іске құса боп, Бір жерлерге келгенде Басына құ бас шаншылған, *К ө к т а с қ а* жазу жазылған, Бір моланы көреді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бұл жақтан қытай барар Самарқанға, *К ө к т а с қ а* харуж қылар тірі пенде. Көктен Иса түседі, жерден – Маһди, Шығады сол мезгілде Шаһизинда (Діни дастан// Қисса-и Шаһизинда).

КӨКТЕ[1]= е т. **1.** *Көгеріп, шөп шығу.* Ақсу екі тасып өтті, қырлар екі *к ө к т е д і*, Бұл өмірден менің ғазиз, асыл анам кеткелі (М.Шаханов, Ғасырлар.). Орта мерзімде пісетін қауын тұқымы жер бетіне *к ө к т е п* шыққаннан піскенге дейін 88–92 күн өтеді (А.Алманиязов, Қазақст. қауын.). Бәрінде жапырақ *к ө к т е п* тұр (Ғ.Сланов, Замана.). О, менің тұтас алты бет толы Шыңдығым – Күн сайын тауысар бір

мектеп! Сен есік қақсаң, қызғалдақ атып, қыр *көктеп*, Кетеді дүние дүрмек боп (Т.Айбергенов, Мен саған.). Көрмей сая көлеңке, Жатқан сусап шөл өлке, Десең *к ө к т е п*, жаңарсын, Жылуын бер жаныңның, Өйткені сен адамсың! (С.Мәуленов, Алыс кет.). **2.** а у ы с. *Өсіп-өркендеу, өну.* Табылған барлық өнер, ілімменен, *К ө к т е й д і* адам өсіп білімменен. Бұл жерде нендей істі бітірмекші Шапқылап бірге ойнаса құлынменен (О.Шипин, Дастан.). Қанат, құйрық болмай, сүйеуші тіреу болмай жұмыс *к ө к т е м е й д і* (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Өкпелеттім... Не дейін, өкпелеттім, Өкпелетіп қалайша *к ө к т е м е к п і н*? Сенің қойған межеңнен аттадым да, Шекараңнан шықтым да, шетке кеттім. Өкпелеттім, амал не, өкпелеттім (М.Мақатаев, Шығ.).

КӨКТЕ[2]= е т. **1.** *Әр жерден бір іліп, сирек етіп тігу.* Үйіне барсам көрпе *к ө к т е п* отыр (О.Әубәкіров, Көктайғақ.). **2.** *Керегенің көгін қайыс таспамен бекіту.* Кереге *к ө к т е п* отырған Жұмағұл селт ете түсті де, таспасын соза тартқан күйінде тұрып қалды (М.Мағауин, Ақша қар.). Шырпу, *к ө к т е й* байлау, тұқылдау сияқты шараларды жүзеге асыру да мол өнімнің кепілі (Б.Сланов, Жүзім). Олар тез басып, уық жонып, кереге *к ө к т е й* ала ма? Немесе үзік пішіп, түндік тігіп, туырлық тебендеуді білмеген әйел істі қайбір орнынан келтіре қояды дейсің (Ә.Ысқақбаев, Жетекші шопан). **3.** а у ы с. *Турасынан кешу, көлденеңнен өту.* Қаңтарға Жыланшықты қыстау еткен, Жайлауға Торғай суын *к ө к т е й* өткен (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Тура бұрыл да, Есілден *к ө к т е й* өт (М.Иманжанов, Таныс қыз.). Ат терлете *к ө к т е п* өтіп шатқалды Біраздан соң қуғыншылар кеп қалды. Қыз бейшара тұманданып көз алды. Бір қызарды, Бір сұрланды, Бозарды, Әбден қанып ұғысқан соң мән-жайға Қияқ мұртты қыз ағасы сөз алды (М.Шаханов, Ғасырлар.). Байқара, Жамбыл таудан *к ө к т е й* өтіп, Поезда құстай ұшқан, кеңес шеріп, Әне-міне дегенше келіп қаппыз, Балқаштың теңіздерін тамаша етіп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Сөз сабағын көктеді. *Өсиет, өнеге айтты, ақыл берді.* Көп кісінің көреміз, Бірлігінің кеткенін. Айбат шегіп өтеді, Жылтыратып еттерін. Әркім ғибрат алсын деп, *С ө з с а б а ғ ы н к ө к т е д і м.* Намаһрамға қарауға, Көзім сен де епті едің (Ақмолла ақын, Күндер.).

КӨКТЕГІШ с ы н. *Тез көктеп кеткіш, көктеуге бейім.* Ерте мерзімде отырғызылған тұқымдық тамырлардан алынған тұқым жақсы *к ө к т е г і ш,* неғұрлым салмақты, әрі жақсы құрамды келеді (М.Ерлепесов, Тұқым өсіру.).

КӨКТЕГІШТІК з а т. *Тез көктеп кеткіштік.* Бір дәнді қызылшаның *к ө к т е г і ш т і г і* 60 процентten кем болмауы керек (М.Ерлепесов, Тұқым өсіру.).

КӨКТЕЙ[1] с ы н. *Көк сияқты, аспандай, зеңгір.* Жазда балауса пішен сыңсып, қыста зеңгір *к ө к т е й* көкше мұз үстінде қарағайдай қалың қамыс сіресіп тұрушы еді (М.Қаназов, Жер).

Жер мен көктей. *Айырмасы тым өзгеше, бір-бірінен өзгешелігі өте үлкен.* Бірінен екіншісінің айырмашылығы *ж е р м е н к ө к т е й* (Қ.Жарықбаев, Психология). Ол заман мен бұл заманның арасы *ж е р м е н к ө к т е й* демейсіңдер ме өздерің (Ә.Әлішев, Батыр.). Сырт көзге сұлу Әсила мен колхоз шөбінің күзетшісі Жолбай арасындағы айырмашылық *ж е р м е н к ө к т е й* көрінеді («Лен. жас»).

КӨКТЕЙ[2] ү с т. **1.** *Көк күйінде, жаңадан шығып келе жатқан.* Бірақ білімдар бағбан, диханшы шырмауықты көрсе *к ө к т е й і н е н* отап, түп тамырына дейін жұлып тастап отырады (М.Рашев, Бетің қисық.). Сидераттар дегеніміз – қолдан егілген шөптерді *к ө к т е й* тыңайтқыш ретінде пайдалану (А.Ажкеев, Қант қызылша.). **2.** *Шикідей, пісіп жетілмеген күйінде.* Біз бидайды *к ө к т е й* оруға обалсынамыз (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Сені сабағыңнан ерте үзіп, *к ө к т е й* солғызған соғысқа ылғи да көзім жасқа толып лағнет айтамын (С.Мұратбеков, Дос).

Көктей сол [солғыр] қ а р ғ. *Қыршыныңнан қиылғыр, жастай өсіп-өнбей қал, көктеп көгермегір.* О, *к ө к т е й с о л!* Қыз іздесең, қызыл пәлеге жолық! (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). *К ө к т е й с о л ғ ы р л а р* қайда жүрсіңдер? («Лен. жас»).

Көктей солды [қиылды, орылды]. *Жас кетті, қыршынынан қиылды.* Арманымның биігіне қанатымды қағар-қақпаста *к ө к т е й с о л ы п* не бопты маған? (Д.Әбілев, Арман.). Аз еді біреуіңнің *к ө к т е й с о л ғ а н ы ң,* – деді шал (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Қайран *к ө к т е й қ и ы л ғ а н* қыршын десеңші (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Бәрінен де Нәзигүлді айтсайшы, он екіде бір гүлі ашылмай, *к ө к т е й о р ы л ғ а н ы* қандай аянышты («Лен. жас»).

КӨКТЕКЕ з а т. з о о л. <лат. sittidae> *Тұмсығы ұзынша, ұшкір, құйрығы шолақтау келген көктеке тұқымдасына жататын сайрауық құс. К ө к т е к е* ұшып кетті (Ауызекі).

КӨКТЕМ з а т. *Қыстан кейін келетін жылдың төрт мезгілінің бірі (наурыз, сәуір, мамыр). К ө к т е м* – ол қуаныштың ізгі лебі, Қызғалдақ қыздарға арнап үзіледі. Аспанда жақсылықтың атын жазып, Тырналар қатар-қатар тізіледі (Т.Айбергенов, Мен саған.). Наурыз той – *к ө к т е м* тойы, көңіл тойы, жақсылық болсын дейді өмір бойы. Аянбай Наурызға арнап шалып жатыр, Бар болса қорасында кімнің қойы (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Көлде аққу, көкте қаз, Орманда бұлбұл сайраған, Көптен күткен *к ө к т е м* кеп, Құлпырып дала жайнаған (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *К ө к т е м* кетті, күз, міне, жуықтады. Бармысыңдар, бауырлар, қырықтағы? Бәрің тірі қалдың ба, қарығанда Қырқыншы жылдардың суықтары (М.Мақатаев, Шығ.).

КӨКТЕМГІ с ы н. *Көктем кезіндегі.* Көлдерін көптен көрмеген *К ө к т е м г і* қаздай оралып, Аулыма тартып мен келем, Ақ жібек бұлтқа оранып (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Мынау *к ө к т е м г і* ауаға, сонау көгілдір бақытқа мәз болғандай ырғала басады (Т.Ахтанов, Боран.). Мәлік демалып жатқан кезде, Раушан ыдыс-аяғын жинады да, есікті білдірмей жауып, кеңсесіне барды да, *к ө к т е м г і* егістің жоспарына үңілді (З.Шашкин, Сенім). Арнасынан тасып шығып, құйылатын сайларға, Сөйтіп жұртты қалдыратын әрі-сәрі ойларға, Ерке және қызба тілмен сөйлеген, Қайсар, тентек *к ө к т е м г і* өзен секілдімін кейде мен (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көктемгі жанаргүл. ө с. <лат. adonis vernalis> *Биіктігі 12-40 см болатын, шөп сабақтас, көпжылдық өсімдік. К ө к т е м г і ж а н а р г ү л д і ң* толық жетілуіне 40-50 жыл керек. (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). *К ө к т е м г і ж а н а р г ү л* ерте заманнан бері дәрі-дәрмектік өсімдік ретінде таныс (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

КӨКТЕМДЕЙ с ы н. *Көктем сияқты, көктем тәрізді.* Көңілі *к ө к т е м д е й* достарым! Сендерсіз өмірде жоқ сенім (Ә.Тәжібаев, Өлең.). Дей ме екен сонда – *к ө к т е м д е й* Амал жоқ, күнім өткесін, Жастығым бойдан кеткенмен, Жігіттік бойдан кетпесін!.. (С.Жиенбаев, Алтын қалам). *К ө к т е м д е й* қыс көрінер сәт келіссе, Жауған қар ұқсап кетер ақ жеміске. Алдыма Құдай оңдап келе қалдың Аққудай алыстағы ақ періште (К.Салықов, Жезкиік).

КӨКТЕМДІК з а т. *Көктемде көшіп-қонып жүретін жер.* Оның *к ө к т е м д і к* және күздік қоныстары да өте берік жерде (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Басқа ауылдар сияқты Қараша ауылы да Елпан мен Оралбайдың құнарлы жерінің едәуірі еншілеріне тиген соң, өз қыстауларының маңындағы құнарсыз жерлеріне қол тигізбей, *к ө к т е м д і к к е* жаппай көшіп шықты (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Көктемдік біржылдық өсімдік. б о т. *Жазғытұрым қысқа мерзімде өсіп-өнетін өсімдіктер. К ө к т е м д і к б і р ж ы л д ы қ ө с і м д і к т е р г е* мезгілде құрлық өсімдіктері жатады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨКТЕМЕ[1] з а т. с ө й л. ***Көктем***. Сүйеді екем, сүйеді екем, сені мен, Артың көріп *к ө к т е м е н і ң* лебінен (Т.Молдағалиев, Қош.). Он алты жас қыз үшін нағыз *к ө к т е м е н і ң* көріктеп бір құлпыратын шағы іспетті ғой (О.Бөкеев, Үркер.). Қыстың күні күлмейді *К ө к т е м е д е* күлмеген. Жақындықты білмейді Қашықтықты білмеген (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Көктеменің көгіндей. *Көктемгі құлпырған көгал секілді, жасарған. К ө к т е м е н і ң к ө г і н д е й* Кәрі өмірім өзгерді (Жамбыл, Тол. жин.).

КӨКТЕМЕ[2] с ы н. *Топсалап жалғастырған.* Қозы жауырын *к ө к т е м е* оқ ұзындығы кез еді (Батырлар жыры). Тастан өткен жебесін Толған-толған қолға алды. Саржаға орын кереді, Қозы жауырын *к ө к т е м е* оқ (Батырлар жыры).

Көктеме білезік э т н. қ о л ө н е р. *Ортасын топсалап жасаған білезік* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КӨКТЕМСІЗ с ы н. *Көктем келмей, көктем шықпай-ақ. К ө к т е м с і з* көктеп гүл ашқан Шыланған шыққа тұманы, Бұлағы шырқап шыңға атқан, Су іздеп келсе құланы (А.Тоқмағамбетов, Шағала.).

КӨКТЕМШЕ ү с т. *Көктем сияқты, көктемдегідей.* Кептерлі жұрттан жыр тыңдап, *К ө к т е м ш е* көңілің жаңарар (Т.Әлімқұлов, Боз жорға.). *К ө к т е м ш е* гүл атады күзі өлкенің, Ол өлке – өз Отаның, өз өркенің (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес.).

КӨКТЕМШІЛ с ы н. *Көктемді жақсы көретін, көктемқұмар.* Тоғысты алшы армандар, Қысты мен талақ етем. Самайын қар шалғандар *К ө к т е м ш і л* болады екен (Ә.Ахметов, Жерұйық.).

КӨКТЕН= е т. *Көк түске айналу, көк болып көріну.* Дәрігер бір тамшы қан алып шыны пластинкаға жағып еді, көп ұзамай әлгі қып-қызыл қан әуелі сия *к ө к т е н і п,* сосын күлгін түске еніп жүре берді (Ә.Кекілбаев, Тырау-тырау.). Терезелер сия *к ө к т е н і п,* қараңғылыққа бой сұғына түскен (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

КӨКТЕРЕК з а т. б о т. <лат. populus tremula> *Биіктігі шамамен 35 метрдей болатын бұтақты ағаш. К ө к т е р е к т і* сүрегі

қағаз, сіріңке, әртүрлі ағаш бұйымдар жасауға пайдаланылады (ҚСЭ).

КӨКТЕС[1] с ы н. *Көктеуі бір, бір-бірімен тығыз байланысты.* Керегең *к ө к т е с* көптен сен, Көңілге қуат дем болдың, Тау арқасын жайлаған қаптап мол қайыңдай (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

КӨКТЕС[3] с ы н. ж е р г. *Ұқсас, сәйкес.* Осы екі сөз *к ө к т е с* келіп отыр, сен баланікі дұрыс болар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨКТЕС[2]= е т. *Әр жерден іліп тігісу.* ≈ Бірге *к ө к т е с т і.*

КӨКТЕСТІР= е т. б е й н е. *Құрау, байланыстыру.* Шоқпыт жырым жамауды *К ө к т е с т і р і п* үйдірген, Сөйтіп неше киім қып, Сәрсенге бәрін кидірген (С.Сейфуллин, Шығ.).

КӨКТЕСІН з а т. *Көгал шыққан, көгерген жер. К ө к т е с і н г е* оңаша тігілген киіз үйдің төңірегі шағын-шағын топқа бөлініп, шоғырлана жайылып жатқан мал (Самғау). Мен ана бір алақандай *к ө к т е с і н г е* аунап, біраз демалайын (Ә.Әбішев, Ғаламат.). Табиғи жайылым үнемі *к ө к т е с і н* болып тұрмайды, шілденің сарша тамыз ыстық кезінде шөбі құрап, оның малға жұғымдылық қасиеті өте төмендеп кетеді (Тарту).

КӨКТЕТ= е т. **1.** *Өсіру,* Көк көлден іздедім мен, Көк жасыл гүл *к ө к т е т і п,* Көктемнен іздедім мен, Көк бұлақ дірдектетіп (Т.Айбергенов, Мен саған.). Дәмем де зор үлбіреген гүліңнен, Оны сенен қаламадым бүгін мен. Қажетіңді аша алмасам егер де, Қиып таста *к ө к т е т п е й*-ақ түбімнен (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** а у ы с. *Өркендету, дамыту.* Әлемді нұрың *к ө к т е т к е н* көктегі жарық күн едің. Шаруаларды ұйытып, ұйымдастырдың білегін (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.). Асқар туған жерін көгертсем, *к ө к т е т с е м,* ауыл тұрмысын жақсартуға үлес қоссам деп қуанулы (Ф.Оразаев, Басты.).

КӨКТЕУ[1] з а т. *Көктемдегі жайылым, көктемде көшіп шығатын аймақ.* Торайғыр тауының қойнауы – қыстау да, етегі – *к ө к т е у* (Б.Қожабеков, Көктөбе.). Қыстан түлеме құйрық болып шыққан бойдақтары ерте есейіп *к ө к т е у г е* де ерте көшіп қонды (С.Бегалин, Жеткіншек). Маусымды жайылымдардың төрт түрі бар; бұлар: қыста – қыстау; жазда – жайлау; көктемде – *к ө к т е у,* күзде – күзеу (ҚазССР тарихы.). *К ө к т е у д е* отырғанда-ақ жал-құйрығы күзелген тойнақы құлын-тайлар бүйірлері жылтыңдап айдынды кешіп барып, кенет аяқтарының астынан шоршып түскен ақ шабақтан ...безіп барады (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

КӨКТЕУ[2] з а т. *Жазының жондығын, шыбығын, етегін реттеп ұстап тұру үшін тігілген жуан жіп. К ө к т е у г е* ең қолайлысы түйе мойнағының терісінен тігетін қайыс (С.Мұқанов, Қазақ қауымы).*К ө к т е у г е* жүнін ұстарамен алған (жидітіп алуға болмайды), қыртысы бүтін, иленбеген, яғни көн, қайыс таспа пайдаланылады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КӨКТЕУ[3] *Көкте етістігінің қимыл атауы; әр жерден бір іліп сирек етіп тігу.* Жеке ағаштардан, талдан немесе теректен жонылған, бір-біріне біріктіріп, байлауды *к ө к т е у* дейді (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Киім пішілгеннен кейін бөлшектерді долбарлап құрастыруды *к ө к т е у,* тігісті ірілеу етіп шаншуды қабу, ұсақтап шаншуды тепшу, қаю, жаға-жеңін әшекейлеуді кестелеу дейді (С.Мұқанов, Қазақ қауымы).

КӨКТЕУ[4] *Көкте етістігінің қимыл атауы; өсімдіктің алғашқы өсіп-өнуі, ағаштың бүр жаруы.* Нәрлеу қажет мынау өмір көктемін, тамашалап бүр жаюын, *к ө к т е у і н* (Т.Қызықбаев, Алтын). Ол үйлерге жарасыңқы Қырында гүл *к ө к т е у і* де, Көл басында сұлу сиқы Салынды орта мектебі де (Т.Жароков, Шығ.). Інгендер жайылымның жақсы *к ө к т е у і н е н,* яғни өрістің отаюынан екі-үш апта бұрын жаппай боталағаны жөн (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру).

КӨКТЕУЛІ с ы н. *Көктеу салынған, көктелген.* Тігісі басылмаған тек *к ө к т е у л і* тұрған күнделік ішіндегі менің өз басымнан кешкен оқиғаларды кейін тағы бір қарап шығуға уақыт табармын деп, әзірге өзіме-өзім қойған «бес шартты» орындауға талаптандым (Қ.Сәрсекеев, Кілт.).

КӨКТЕУЛІК з а т. *Көктем кезінде мал жаятын жер.* Бұл ауылдың қазіргі қонысы қыстаулық, *к ө к т е у л і к к е* де бірдей (Т.Рыскелдиев, Ұлы көш). Содан Заңғар аулы жабағы жүнді түсіріп, төлдерін әбден аяқтандырып дегендей жайлауға үдере көшер уақыт болса да, биыл ерекше мінез танытып, *к ө к т е у л і к т е н* әбден кеш көтерілген (Қ.Сегізбаев, Беласқан). ...Жайлаудан түсерде *к ө к т е у л і г і м* мен күзеулігім деп әкесі осы құтты қонысына келіп жайғаса кететін (Қ.Сегізбаев, Беласқан).

КӨКТОРҒАЙ з а т. з о о л. <лат. merops superciliosus> *Көккарға отрядының бір түрі, басы, арқасы, бауыры, қанатының үсті көк жасыл болып келетін құс. К ө к т о р г а й* жыл құсы, сәуірде дала, шөл, шөлейт жерлердегі теңіз, көл жағалауына ұшып келеді (ҚСЭ). Бірсыпыра құстар өздері ұя жасамай басқа бөтен құстардың ұяларын пайдаланады. Мысалы, қаршыға, қарғалардың, сапсондардың, *к ө к т о р г а й,* ара жегіштердің ұясын тартып алып пайдаланады (Р.Әлімбаев, Құстар.).

КӨКТӨБЕТ з а т. ө с. *Дәрілік улы қасиеті бар, маңқа ауруына қарсы қолданылатын шөп. К ө к т ө б е т* әкеп берді (Ауызекі).

КӨКТҮБІТ з а т. з о о л. *Алты жастағы бұркіт.* Бүркіт – бір жаста бала, екі жаста – қан түбіт. Үш жаста – тірнек. Төрт жаста – түлек. Бес жаста – мұзбалақ. Алты жаста – *к ө к т ү б і т.* Жеті жаста – қана. Сегіз жаста – жана деп аталады. Одан әрі қайрат, қуат қосылмайды. Қартайған кезін мола дейді. Ол кезде әлі кетіп моладай мүжіледі, әрі аяздан ығып молаға мекендегіш келеді (Ж.Бәлшенов, Туған жер).

КӨКТЫШҚАҚ з а т. в е т. *Төрт түлік мал оттыға бастаған кездерде шығатын ауру. К ө к т ы ш қ а қ* кезінде төлді жарты, бір күндей енесіне емізбей ашықтырады да, май ерітіп жұтқызып, балауса, құнарлы көк шөпті теріп береді («Тургайская газета»).

КӨКТІК з а т. **1.** *Көк түсті бояу. К ө к т і г і* шымқай көк барқыттай (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Ызақорлық, долылық.* Қайсар *к ө к т і к п е н* қадала түсті (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

КӨКТІЛІ с ы н. *Көк түс аралас. К ө к т і л і,* көкалалы төске толған (И.Байзақов, Таңд. шығ.). Қара арғымақ қатырған, Қара лашын шақырған, Көк бөртені жайлаған, *К ө к т і л і* жылқы айдаған, Сары қазы шайнаған (Дәуіт).

КӨКҰЛАР з а т. з о о л. *Тауық тәрізділер о т р я д ы, қ ы р ғ а у ы л д а р т ұ қ ы м д а с ы н а ж а т а т ы н құс.* Іргедегі жартас жақтан таңдай тақылдатқандай үн шығып еді, сол үн әр тұстан қайталанды. – *К ө к ұ л а р,* – деді менімен бірге сыртқа ере шыққан Манарбек, сіздер оны Алтай ұлары деп орысша айтып жүрсіздер (Ә. Асқаров, Мұнар тау.).

КӨКҮЙЕК с ы н. *Көгеріп жайнаған, құлпырған.* Мынау өздері шоқтығына шығып тұрған қоңыр адырдың сай-саласы *к ө к ү й е к,* сарбалақ болған, ақ селеулі кең өлке күмістей жарқырайды (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

КӨКШАҒЫР з а т. ө с. <лат. artemisia marschalliana> *Жусан тұқымдас шөптесін өсімдік. К ө к ш а ғ ы р д ы* жаз бойы қой мен түйе жақсы жейді, сиыр мен жылқы онша жемейді (ҚСЭ). *К ө к ш а ғ ы р д ы ң* биіктігі 30-70 см, тұрқы тықыр, жасыл не сұрғылт жасыл, тамыры жуан болып келеді (ҚСЭ).

КӨКШАЙ з а т. *Шөлді тез басу үшін ішілетін шайдың түрі. К ө к ш а й* – еліміздің күні ыстық өлкелерінде таптырмайтын сусын (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Алғашқы үшеуі палау артынан *к ө к ш а й* алдырды, жалғыз кесені қыдыртып үшеуі асықпай ұрттап отыр (С.Шарипов, Шығ.). Палауымен, *к ө к ш а й ы м е н* сыйлады, Отырып ап тұт ағаштың түбінде (С.Мәуленов, Жаңа арна.).

КӨКШЕ[1] з а т. г е о л. <лат. abramis ballerus> *Көгілдір түсті, орташа салмағы 600 грамға жететін балық. К ө к ш е* республиканың батыс облыстарындағы су қоймаларында кездеседі, орташа салмағы 600 грамға дейін жетеді; негізінен алғанда бір орында болатын тұрақты балық, тек кейбір көлдерде уылдырықтау үшін өзендерге көтеріледі (Д.Күленов, Қазақст. балық.) Туысынан жомарт, байлығы мол, қойнауы толы асқақ Алатау сай-саласынан жеті өзенді бірдей қатарластыра ағызып жіберіп, *К ө к ш е* көл балығын аштық апатынан аман алып қалыпты (Н.Баяндин, Атамекен).

КӨКШЕ[2] з а т. м е д. *Буынға түсетін құрт ауруы.* Ата-бабаларымыз тістің құрты ғана емес, денедегі басқа сырқат түрлерін де осылай қуып шығуға болады деп сенген. Мәселен, *к ө к ш е* деп аталатын аурудан құтылу үшін мынадай арбау айтатын: *К ө к ш е* десем *к ө к ш е с і ң,* Ақша десем ақшасың, Қонар жерге қонбассың, Қонбас жерге қонып сың (Б.Абылқасымов, Телқоңыр).

КӨКШЕ[3] с ы н. *Көгілдір тартқан, көкшіл.* Мөлдір су, *к ө к ш е* құрақ таудың маңы Маужырап тәтті ұйқыда жанның бәрі (С.Машақов, Жылдарым.). Шыңылтыр *к ө к ш е* күз мұзы үлкен кісілерді көтермейді («Қаз. әдеб.»). *К ө к ш е* мұздың балығына қарық боламыз (Т.Ахтанов, Дала сыры).

КӨКШЕГҮЛ з а т. ө с. [лат. polemoniac] *Маусым-шілде айларында гүлдейтін көпжылдық өсімдік.* Сапониндер мия, патриния, *к ө к ш е г ү л* т.б. өсімдіктерде көп болады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). Шикізат ретінде көкшіл *к ө к ш е г ү л д і ң* тамыры мен көген тамыры дайындалады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). Мысалы, шоңайна тамырын, *көкшегүл* тамыры мен көген тамырын, ал кейбір сүйсін түрлерінің түйінін тездетіп жуып алған мақұл (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

КӨКШЕШЕК[1] з а т. ө с. <лат. echium> *Мал жемейтін, бірақ омарта шаруашылығы үшін маңызы зор, екі жылдық шөптесін өсімдік. К ө к ш е ш е к* кейде бұта түрінде өседі, гүлі сыпыртқы тәрізді топтанып, сабағының ұшына орналасады (ҚСЭ). Кәдімгі *к ө к ш е ш е к* – дәрілік өсімдіктердің бірі (ҚСЭ).

КӨКШЕШЕК[2] з а т. **1**. *Денені қаптап кететін іріңді бөртпе, қызамықтың асқынған түрі.* Ойбай-ай, *к ө к ш е ш е к* шыққыр, жалмауыз, есалаң неме (Ә.Көшімов, Екі бүркіт.). **2.** *Ұрысқан кезде балаларға айтылатын зілсіз қаратпа.* Сен *к ө к ш е ш е к к е* сот жоқ қой, сот... (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Алда ғана *к ө к ш е ш е к-а й!* Өрмегімді үзіп кеттің-ау! (Қаз. ертег.).

Ой, қағынды! Ой, түйнеме келсін! Добалдай боп көзің шығып кетті ме? *Көкшешек*, – деп жаман қарғысты соғып жатқанда Ақбілек кіріп келеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ой, *көкшешек*, сенің-ақ қалжыңың таусылмайды екен. – Ой, *көкшешек*, құлмақ, ойының осылсын! Ойлауға тақ ұзақ, жетеді, әуелі өлең айтқызбайсың ба? (С.Жүнісов, Жапанда.).

КӨКШИ= е т. *Көкшілдену, көгеру*. Қарашы мұның, көзі *көкшиіп* алып «мама» деп мөлиюін (Ж.Нәжімеденов, Ақшағыл). Жаңа атып жібергенде көзің *көкшиіп* жататын едің! (Т.Жармағамбетов, Екі жүрек). Айдарынан жел есіп, көңілі тасыған жігіттің көзі қашан да алдымен көзі *көкшиген* таксиге түседі (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

КӨКШОЛАҚ з а т. ө с. *Жайылымдық шөп*. Тарғақ шөппен бірге арпабас, бидайық, *көкшолақ*, су бидайық, қарабас шалғын сияқты көптеген жайылым злактары да өседі (Қазақст. өсімдік.).

КӨКШУЛАН[1] с ы н. **1.** *Көкшіл тартқан, бурыл*. Осы кезде Мақан иегіндегі *көкшулан* сақалын алып жатты (М.Дүйсенов, Мейман.). Осы бетінде түгі *көкшулан* тартып, сұс жинап тұратын (К.Ахметбеков, Сый орамал). Шынында, ор түбінде жүресінен түсіп бір *көкшулан* қабан жатыр (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.). // *Бурыл, көкшілдеу қасқыр*. Бөртені жеген *көкшулан* болса керек, – деді жылқышы (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Қайта тебініп жалт қараған аңшы бортаңдай безіп бара жатқан *көкшулангa* қапталдай қосылу үшін құйындата жөнелді (Ә.Мейірбеков, Аспантау). **2.** а у ы с. *Тіс қаққан, айлалы*. Ие, бір кездегі жас жолбарыс, бұл күндегі кәрі *көкшулан*. Көтібар батыр осы екен ғой (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.).

КӨКШЫБЫН з а т. з о о л. <лат. calliphoridae> *Қос қанатты жәндіктердің бір тұқымдасы, тұрқы 5-15 мм, жасыл не көк жылтыр. Көкшыбынның* көптеген түрі адам мен жануарлардың ішек-асқазан ауруларын таратады (ҚСӘ).

КӨКШІЛ с ы н. *Ашық көк, көгілдір*. Тақиядай әп-әдемі, іші мамық ұяда жеті *көкшіл* жұмыртқа жатыр (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.). Есілдің бойы бірде *көкшіл* ойпат, бірде батпақ болып, ғимаратты қай жерде саламыз деп көп кеңесті («Жас Алаш»). Ғажап қызық мінезі бар *көкшіл* сарғыш дәу дуадақтар кезікті (М.Әуезов, Шығ.). // *Көгілдір, ашық көк түрі*. Асқабақтың да қызылы, ағы, сарысы, *көкшілі* көз тартып домаланып жатыр (Д.Досжанов, Жібек.).

Көкшіл күлгін. *Бозғылт көк*. Бүкіл өңірге *көкшіл күлгін* түсті бояуды баттастырмай суреткердің қолымен үнемдеп жаққан сыршыл табиғат құбылысы Нұрлан көзіне ілінбейді (З.Шашкин, Сенім).

КӨКШІЛДЕН= е т. *Көкшіл тарту*. Тау қазір түсі *көкшілденіп*, көлеңкеленіп сұп-суық боп апты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Көзінің асты *көкшілденіп* күлдіреп кетіпті (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Мәңгілік жұмылды ма қара көзің, Барады *көкшілденіп* нұрлы жүзің (М.Хакімжанова, Таңд.). Тау қазір түсі *көкшілденіп*, көлеңкеленіп сұп-суық боп апты (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КӨКШІЛДЕНУ *Көкшілден етістігінің қимыл атауы; көкшіл тарту*. Ұшасын тексергенде құстың қоңдылығына, терісінің *көкшілденуіне*, буындарының ісінуіне және етінің тазалығына баса назар аударады (Т.Тілеуғалиев, Ет. эксперт.).

КӨКШІЛДЕУ с ы н. *Көкке жақын, көгілдір, көк түстес. Көкшілдеу* жұқа ернін жымқырып алыпты («Лен. жас»). Жұлдыздар аппақ, кейбірі сәл *көкшілдеу* (Р.Тоқтаров, Терістік.). Қабыққа жалғас *көкшілдеу* келген қыртысы болады (А.Алманиязов, Қазақст. қауын.).

КӨКШІЛТІМ с ы н. *Көкшіл тартқан, көгілдір*. Кенет бүкіл әлемді *көкшілтім*, жарық сәуле қаптады да, аспан қақ айырылды (М.Мағауин, Ақша қар). Жоғарыда баяндалған оқиғаның шын екендігіне дәлел ретінде ол бетін *көкшілтім* эмаль бояу қаптаған шағын полотноны көрсетіп, ант-су ішті («Қаз. әдеб.»). Денесіндегі қылшықты қою жүні *көкшілтім* түске боялғандай. Оның себебі – мүк ұнтақтары жүніне жабысып қалады да, сонымен қоректенетін ұсақ құрттар денесінде өріп жүреді (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

КӨКІ = е т. *Әр нәрсені бір шатып-бөсу, мақтану*. Алда талай жылым бар, – деп *көкіпті* баласы (М.Әлімбаев, Балдәурен.). «Мен саған ғашықпын» деп *көкиді* (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Қаскелеңнің атаманы Андрей Малышев базарда *көкіп* отырды (З.Шашкин, Тоқаш Бокин.).

КӨКІГІШ с ы н. *Әр нәрсені бір шатып-бұтып бөскіш, масаттанып лепіргіш*. ≈ *Көкігіш* әйел. // *Бөскіш, лепіргіш адам*. Дәл осындай *көкігішті* Тыңдау қандай өкініште (Ш.Смаханұлы, Көріп жүр.).

КӨКІЛ з а т. *Ау тоқуға арналған, фабрикада дайындалған жіп*. Бір *көкілден* үш ау шығады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Көкіл ау. ж е р г. *Тордың әлі ау жасамай тұрғандағы дайын түрі.* Бір *к ө к і л а у д а н* үш ау шығады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨКІЛДЕ= е т. *Бекер, бос сөйлей беру.* Ол қолдарыңнан келмейді екен, көкекше *к ө к і л д е й* берудің керегі жоқ, – деді де, үй артындағы отарға жүріп кетті (Б.Тоқтаров, Тауда.).

КӨКІЛТАШ з а т. к ө н е. э т н. *Хан-сұлтандардың мұрагерін тәрбиелеуші.* Расиу сұлтан Бегім алдымен сізден Саянды Сүйінішке *к ө к і л т а ш* етуді өтінбек болған (І.Есенберлин, Алмас.).

КӨКІМЕ с ы н. *Бөсіп сөйлей беретін, мылжың.* Түу, *к ө к і м е* екенсің ғой. Ұйқы бер адамға (Т.Тобағабылов, Тағдыр.). Ат жақты, албырт ауыз, *к ө к і м е* қыз, Өңіңнің жаңа көрдім сары екенін («Қаз. әдеб.»). Сәулешім, Желкілдегім-ай, сенің Ұйықтай алмай жатқаның көршідегі *к ө к і м е* қатындардың тілі-ау (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

КӨКІР[1] з а т. к ө н е. *Сусын ішетін саптаяқ.* Қойны-басын кескілеп, Қауындай қарнын тесіңдер, Қояндай санын жұлғылап, *К ө к і р г е* қанын құйыңдар (Ауыз әдеб.).

КӨКІР[2] с ы н. с ө й л. *Жексұрын, сұйкімсіз.* Сен бір *к ө к і р* Сабаз ең, Болмады ылаңың Мықтап құладың. А, не дейсің? Жетеді, болды, отыр! (М.Рашев, Бұйымтай.).

КӨКІРЕК з а т. анат. <лат. pectus>. **1.** *Адамның немесе жануардың мойнынан бастап қарнына дейінгі денесінің алдыңғы бөлігі.* Қазақ жылқысының дене тұрқын шамалы деп айтуға болмайды, өйткені оның шабы қысқа, алды мен арты бірдей тұтасқан, *к ө к і р е г і* кең, тынысы мол, денесі етті келеді (Д.Кәрімбаев, Қазақст. жылқы.). **2.** *Омырау тұс, кеуде.* Жырлап тұрам, тұрған жерім тар болса да, Қорықмим сүйген халқым, бу татар болса да, *К ө к і р е к* керіп қарсы тұрам, мина миллет, Қазіргі күн мылтық, оқ атар болса да (М.Дулатов, Шығ.). Долы жел қарттың етектей сақалын ортасынан екі айырып жіберіп, *к ө к і р е г і н е н* қайта-қайта итереді (Х.Ерғалиев, Таңд. шығ.). Қайда сенің қанжарың? Міне, менің *к ө к і р е г і м* (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Көңіл, көкей.* Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге, *К ө к і р е г і н д е* болсын көз (Абай, Тол. жин.). Дуся құрбысына *к ө к і р е г і ң д е г і* біраздан бергі жиналған сырын, басынан кешіргендерін әңгімеледі (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). Сен келдің, өлерде айтар сыр тыңдауға, Ризамын келгеніңе бұл тыңдауға. *К ө к і р е к* жеңілткенім маған жақсы, Сөзімді керек болса, кім тыңдауға (А.Байтұрсынов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Ақыл, сана-сезім.* Ойлап, талдап шықпаса да Нәсіпбай осыны *к ө к і р е к п е н* сезді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Осындай біз де жамғият ашсақ, көзі ашық, *к ө к і р е г і* ойлы алаштың азаматы бұл іске ынта-көңілімен кіріссе, қазақтың байлары кесек жәрдем етсе, мұқтаждардың бәріне түгел жетпесе де, бірсыпырасына жәрдем беріліп, үлкен пайда келтірген болар едік (М.Дулатов, Шығ.). Мұндай тереңдеп ойлаған ол бірден адамның *к ө к і р е г і н* оятып, ақыл көзін дүниеға жайнатып ашқызады («Абай»). **5.** а у ы с. *Менмендік, өзімшілдік, кеудемсоқтық.* Мен бейбақ, баяғы *к ө к і р е к п е н* сол сен айтып отырған жайға үйрене алмайтынымды білемін (С.Бақбергенов, Кентау). Бір *к ө к і р е к* әйтеуір, Басылмай жүрген баяғы, Қолы жетпеске ұмтылад, Байқап баспай аяғын (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Жыпықтың «ақ сұңқарым» дегенін іштей ажуалап, дәмесін, *к ө к і р е г і н* қарай көр мына көсенің (З.Жәкенов, Таң самалы).

Ақ көкірек. *Ақпейіл, ақкөңіл, ашық, мейірімді, адал ниетті.* Мұнысын өзгеден гөрі өзі біліңкіреп, өзге емес өзі бағалап, өзін оп-оңай *а қ к ө к і р е к т е р,* әулиелер, керек десеңіз, Қожанәсірлер санатына қосып жүреді (З.Қабдолов, Жалын).

Бала көкірек. *Албырт, нанғыш, жас адамның бала көңілі.* – Біздің Еркежан ұнай ма саған? – Ұнамастай несі бар? – деп күлді Серік. – Әлі *б а л а к ө к і р е к* біздің осы («Жұлдыз»).

Жар көкірек. *Тоң мойын, бірбет.* Сынатар жаратылған жүйрік аттай, Жүргізіп өзін-өзі дөңеспенен. Жаманды *ж а р к ө к і р е к* жан деп білме, Құр кеуде көпті жеңген өңешпенен (Т.Ізтілеуов, Назым.).

Жел көкірек. *Не болса соған желігіп кететін желөкпе.* Бүтін үй, бүтін асты кеттім тастап, Ғашықтық қиын екен отын баспақ. Осындай бір Мұсаға мінгізуге, Жаратты *ж е л к ө к і р е к* Тәңірім бастан (Қаз. әдеб. хрестом.).

Зор көкірек. *Өр кеуде, менмен.* Тәкаппар Дағыстанда Жүсіп батыр, Бақыты асып құрбысынан келе жатыр. Екі сөзді көтермес *з о р к ө к і р е к,* Соқтығып бұған ешкім тимейді ақыр (Үш ғасыр.). Руы Кебек ердің Жуантаяқ, Ел үшін жанын салған аянбай-ақ. *З о р к ө к і р е к,* ер сөзді адам еді, Сол ерлігі түбіне жетті бірақ (Дастандар). Тоқтамады тұрмады, кетті ортадан асылым. Тәкаппар, *З о р к ө к і р е к т і* көтере алмай басылдым. Тиянағым, тұрлауым, Енді кімге асылдым (Абай, Тол. жин.).

Көкірегі ашық. *Білімді, саналы, оқыған, сауатты.* Әлгі *к ө к і р е г і а ш ы қ* азаматқа көп нәрсені аңғартатын жыр, аналардың анасының дауысы (М.Дүзенов, Ақәже). Сауаты жоқ,

көзі қараңғы болғанмен, *көкірегі ашық*, аса әділетті адам (Қ.Әміров, Революция.). *Көкірегі ашық*, көпке ғашық, Анық менің құмарым (І.Жансүгіров, Шығ.).

Көкірегі байлаулы. *Көңілі бір нәрсеге орнығып, қорытындыға келген, алаңсыз беріле ден қойған.* Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп керек: әуелі *көкірегі байлаулы* берік болмақ керек (Абай, Тол. жин.).

Көкірегі бітеу. *Білімсіз, надан, ештеңенің мәнін түсінбейтін.* Ол «туған жерді» жамандап жүргендердің шайнап бермесе, жұта алмайтын, *көкірегі бітеу*, тайыз жандар екенін білді (Т.Ахтанов, Боран).

Көкірегі даңғыл. *Ойы анық, айқындалған.* Арғымақ аттай аңқылдап, Қыран құстай саңқылдап, Жыршылар топта сөйлейді, *Көкірегі даңғыл* болған соң (XVIII– XIX ғғ. қаз. ақын.).

Көкірегі дария. *Ақылы мол, ойлы. Көкірегі дария,* жан екен бір шежіре. – Сөйле, – дедік, – қария. Құмар болып сөзіне (С.Мәуленов, Жазерке.).

Көкірегі жарылды. *Қатты қайғырып, күйінді.* Өзен жоқтап күйшісі өкіреді, Құстар да безек қағып өкінеді. Жоқтайды жан баласын анадағы, *Жарылып* кете жаздап *көкірегі* (С.Әлімқұлов, Қыран.).

Көкірегі жаулы өссін. көне тілек. *Ержүрек болсын, дұшпанға қаһарлы болсын. Көкірегі жаулы өссін* деп, қашқан жауды қуғыздым (Батырлар жыры).

Көкірегі жүйрік. *Сезімтал, түсінігі мол, ойы ұшқыр.* Бізге қарағанда, көзі ашық, *көкірегі жүйрік*. Біз де оқып, жетілерміз, Сәлмен ағай тегіс оқисыңдар деп жүр ғой. Бірдемесі болар (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Көкірегі жылады. *Ет жүрегі езілді, егілді.* Білегіме әлдене сарт еткенде, саусақтарым еріксіз жазылды. Әкемнің таяғы екен. Көзім қанталап, *көкірегім жылап* тұр (Т.Иманбеков, Бұлақ.).

Көкірегі кең. *Кеңпейілді, дарқан.* Құдаеке қолың жетті көк сұңқарға, Шарқ ұрып таныс болдың жақсыларға, Көңілі өскен, *көкірегің кең,* биік жансың, Сөйлесер сізбен менің күшім бар ма? (И.Байзақов, Таңд. шығ.). Ақ жолда жүрген азамат, *Көкірегің кең* сарай. Білімнің нұры қайнаған, Заманға туған жас жүрек (Қаз. сов. әндері).

Көкірегі көзді [көкірегінің көзі бар]. *Көзі ашық, зерделі, сезімтал.* Қарны тоқ қаса надан ұқпас сөзді, Сөзді ұғар *көкірегі* болса *көзді.* Қадірін жақсы сөздің білер жанға, Таппай айтпа, оған да айтар кезді (Абай, Тол. жин.). Әлімхан оқымасадағы, *көкірегінің көзі бар* кісілердің бірі еді (Ж.Жұмақанов, Махаббат.).

Көкірегі көтеріңкі. *Көңілді, қуанышты.* Түрі бар адамының қуанғандай, Еместі түрі олардың бұрын мұндай. Қуаныш *көкірегі көтеріңкі* Жарқырайд қабағы ашық жанған шамдай (Қаз. сов. әндері).

Көкірегі күйге толды. *Көңілденді, көңілі қуанышқа бөленді.* Құрылысшы жолдасымның *көкірегі күйге толып,* жұмыстан әндетіп оралатын еді (Ө.Күмісбаев, Жапырақ.). Жігіт болдым *күй толы көкірегі,* Ықыластардың тербейді оты мені. Мен сендердің жалғыз тал қауырсының, Көп тағдырдың көтерген ауыр сынын Рақмет, адамдар, жасарыңдар, Бауырың ем, жүрек қып жасадыңдар! (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Көкірегі қара. *Надан, топас.* Асқар, асқар, асқар тау, Асқардың түбінде болар саясы. «Шариғатты» білмеген – *Көкірегінің қарасы* (Шешендік сөздер).

Көкірегі қара майдан. *Ойы арам, қара ниетті.* Тіл тиді барша ата – Қарақызға, Бар шығар жақсыңыз да араңызда. Жапаны қайссың қылсаң, соған айтам, *Көкірегі қара майдан* қараңызға (Ақмолла ақын, Шығ.).

Көкірегі қарс айырылды. *Уайымдады, қайғырып-күйінді.* Мен білемін, шын махаббатпен сүйген ғашығына қосыла алмай, сарғайып «уһ» дегенде, *көкірегі қарс айырылып* жүрген қазақ қызын (С.Сейфуллин, Шығ.). Жалқаулығының үстіне, «өсекші, ұры» деген ат байлағалы тұр бұл ел. Осы үш пәледен құтылсам дегенде, *көкірегі қарс айырылады* Бейсеннің (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Қонақ үйдің жанына келіп азғана тұрып, *көкірегі қарс айырылғандай,* қатты «у-уһ!» деп барып үйіне кірді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Көкірегін ашты. бейне. *Кеудесін айқара ашты.* Көп кешікпей күншығыстан келіп, *көкірегін ашты* маған тау керіп. Қарай қалдым келбетіне сол таудың, Өзім таудан келсем-дағы таң көріп (С.Мәуленов, Қызыл арша.).

Көкірегін басты. *Көңілін басты, бетін қайтарды.* Құдай сәтін түсірді. Сөйтіп көзін ашайын, Кесапатты кесірдің *Көкірегін басайын!* (Манас).

Көкірегін [ешкімге] бастырмады. *Ешкімнің сөзін басынан асырмады, бағынбады.* Керей жалғыз атты кедей болғанымен *көкірегін ешкімге бастырмайтын* өр мінезді, от жанды жігіт еді (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

Көкірегі нұрға толды. *Ақылы асты, санасы артты, көзі ашылды.* Қара бәйтік жеткен соң он жетіге, Қаріп пенен жесірге болдың қорған,

Дыбысыңды сыртынан естуші едік, Оқымай *көкірегің нұрға толған* (Шөже Қаржаубайұлы).

Көкірегі ояу. а) *Ұйқыға кетпеген, ұйықтамаған.* Ол қалғып отырған сияқты. Мезгілдің де тәтті ұйқының кезі екені рас. Бірақ Рақымның көзі жұмулы болғанмен, *көкірегі ояу* (Қ.Исабаев, Айқыз). ә) *Жақсы-жаманды түсіне білетін, сауатты, саналы.* «Жерлерің де жақсы, адамдарың да жақсы...» деген сөздің соңында *көкірегі ояу* адамға арналған көп мағыналы сөздер тұр (М.Дүзенов, Ақәже). Біздің болысымыз ауыл-ауылға тыңшы жіберіп, Қоқыбай, Талдыбай, Жетікбай сияқты кедейлер арасындағы беделді, көзі ашық, *көкірегі ояу* адамдардың соңына түсті (Ш.Байбатшаев, Бел-белес). Көзі ашық, *көкірегі ояу* ма десем, су қараңғы екен. Мұндай адаммен мен де отаспаймын («Қаз. әдеб.»).

Көкірегі таза. *Ниеті ақ, көңілі ашық. Көкірегі таза* болмаса, Көз тазасы не керек (Шешендік сөздер).

Көкірегі тасыды. *Көңілі көтерілді, шаттанды.* Көргенде *көкірегім* кетті *тасып,* Толғанып тоқсан түрлі ой мен сана, Қызығып келбетіңе қарай бердім, Жыр болып көкірегіме нұрың тола (М.Хакімжанова, Таңд.).

Көкірегі шайдай ашылды. *Көңілі көтерілді, денесі сергіді.* Бас қосудың алды осы болар, – деп шүкір айтып темекінің ащы түтінін жұтып отырғанымда, *көкірегім шайдай ашылып,* ойым орнына түскендей болды (Ол күндер). Түндіктен мол кірген салқын самалға бойым сергіп, *көкірегім шайдай ашылып* кетті (С.Омаров, Қайырлы). Денесі сергіп, *көкірегі шайдай ашылған* Жұмабек рахаттанып, ылдида көк торғын көрпеге оранып, ұйқыдан жаңа ояна бастаған қалаға, сонау көкжиектегі мөлдір мұнарға қарайды (Т.Ахтанов, Махаббат.).

Көкірегі шат болды. *Қуанды, көңілденді, мәз-мәйрам болды.* Жатырмысың, перзентім, *Көкірегің шат болып,* Басыңа үлкен бақ қонып (Ақберен).

Көкірегі шерге толды. *Қайғырды, уайымға салынды, қасірет шекті. Көкірегі шерге толған* Ақмолда ақ жамылып, тұмшаланып алған баланың қасына келіп, өңкілдеп жылай берді (С.Төлешов, Түрлі. бас.).

Көкірегі шерлі. *Көңілі қайғылы, қасіретті, мұңды.* Көзі жасты, *көкірегі шерлі* бейшаралардың ермегі көбінесе ақ пен қызыл туралы әңгіме болады (С.Омаров, Әңгім.). Шешесі ауру, өзі жас, *Көкірегі шерлі,* көзі жас, Жылайды жалғыз отырып, Табылмай кейде ішерге ас (Қ.Ыдырысов, Аршында).

Көкірегінде жазулы. *Ойда бар, есінде сақтаулы.* – Менің, – деді ол, – колхоз бастығы Сарыбаевқа айтатын сөзім *көкірегімде жазулы* (Х.Ерғалиев, Шындық).

Көкірегінде сайрады. *Ойға анық, көңілге айқын байқады.* Осы жайлар екеуінің бірдей *көкірегінде сайрап* келе жатқан Еңсебай мен Құлжатай енді қатарынан бұл түннің бірінші, ең алғашқы суық сүреңін салып қоя берді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Оны қара папқадан қайта алып көрмесе де, хат мазмұны *көкірегінде сайрап тұр* (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). Оның бұл жолғы оқитын лекциясы кенді Алтайда Совет өкіметінің орнауы жайлы болатын. Бәрі де көз алдында, *көкіректе сайрап тұр* («Соц. Қаз.»).

Көкірегіне жазды. *Зердесіне сақтады, есте ұстады.* Ол бәрін өшпестей етіп *көкірегіне жазып* алғысы келетін кісі сияқты (С.Сейітов, Жылдар.).

Көкірегіне кірмеді. *Айтқанды түсінбеді, санасына дарымады.* Білгендердің айтқаны *Көкірегіне кірмейді,* Өз пайдасын білмейді, Сүйегі жаман болған соң (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын). Достық қылсаң жаманға, *Көкірегіне кірмейді,* Жамандығын білер ол, Ақыретке барған соң (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын).

Көкірегіне қонды. а) *Көңіліне ұнады, ойына дәл келді.* Аужанның мынау айтқан әдісі *көкірегіне қона кеткен,* тіпті, еті ауыр Ықылас: – Біз де барып көрелік, – деп Шыңғысқа қарады (С.Бегалин, Бала Шоқан). Ал ел *көкірегіне қона кететін,* оның сана-сезімше я мұңының, я шаттықтың ұшқынын тастайтын күйлер ән-әуезі әдемі, жанды елжіретіп, жаңа бір қуатқа талпынатын лирикалық жыр болып туады (Ә.Тәжібаев, Өмір.). ә) *Ұқты, түсінді, зердесіне ұялады.* Ақылсызға сөз айтсаң, *Көкірегіне қонбас*-ты, Рақымсызға сөз айтсаң, Не қылсаң да болмас-ты (Боз жігіт).

Көкірегіне құйды. *Ойына тоқыды, зердесіне түйді, түсініп ұғынды.* Оның (журналист) ойынан түні бойы қайта-қайта оқып, қайта-қайта *көкірегіне құйып* алған газет жолдары кететін емес (С.Мәуленов, Жұлдыз.). Сондықтан Жәкеңнің көп жырлары «Бар күшті майданға!» деген, мағынасы үлкен үш сөзді *көкірегіне құяды* (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Болғаннан соң дәл өзіндей болсақ деп, Шегінбедік, көп кедергі көрсек те. Даусыңды естіп, даналықтың дауысын, *Көкірегіме құйып* алдым сол сәтте (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Көкірегіне нан пісті. *Өзін жоғары санап, өз-өзінен ісініп-кебінді, мақтанды.* Мұрныңды

неге шүйіресің! Әкем бастық деп *көкірегіңе нан піспесін!* Мен ешкімге ақымды жібере қоймаспын, білдің бе? (М.Иманжанов, Көк белес). Бұл колхозды көтеремін деп *көкірегіне нан пісіп* келгендердің көбінің-ақ тауы шағылып, беті қайтқан (С.Бақбергенов, Адам.). Айтпап па едім, *көкірегіне нан піседі,* – деп қарсы өкіректеді (Ж.Арыстанов, Сұңқар.).

Көкірегін кернеді. *Қатты толқытты, толғантты.* Кейде ақынды қиял буып, *Көкіректі кернейді,* Қалам алып қозғалғанда Ойға өлең келмейді (О.Шипин, Туған жер). Шаттық жыры жүрегімді, *Көкірегімді кернейді,* Көңіл құсы шарықтайды, Күнге қарай өрлейді (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Есіме алып өткен ауыр кездерді, *Көкірек кернеу* қиялыма сөз келді. Құлазыған құба жондар кешегі. Бүгін, міне, аунап түсіп өзгерді (А.Нұртазин, Орман.).

Көкірегін күйдірді [өртеді]. *Ішін удай ашытты, қайғыртты.* Қаншайымның алқына алған тынысы Қосымның *көкірегін күйдіріп,* жан сезімін апиындай елітті (Ө.Қанахин, Бақыт).

Көкірегінде желі бар [көкірегі желсіз емес]. *Көңілі көтеріңкі, мақтан құмар.* Тілші үндеген жоқ, Ал ішінен болса, басқаша ойлайды. «Бастықтың *көкірегінде желі бар,* мақтанғысы келіп отыр», – деп түйді ол (С.Бақбергенов, Адам.). Ал расына келгенде, Нұрмолданың *көкірегі желсіз емес-ті* (С.Бақбергенов, Адам.).

Көкірегінде оты бар. *Саналы, еті тірі, жігерлі.* Қара басқан қаңғыған, Қас надан нені ұға алсын! *Көкірегінде оты бар,* Құлағын ойлы ер салсын (Абай, Тол. жин.). *Көкірегінде оты бар* ауыл жасы қалаға қарай ағылады (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

Көкірегінен орын тепті. б е й н е. *Көңіліне ұялады.* Жаз бен қыс *көкірегімнен орын тепкен,* Жазықсыз жаным жырдың қорын төккен. Қанымның мыңнан тамшы уын татқан Кей қаскөй шабытыма өш шалқып жатқан (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).

Көкірегіне от жандырды. *Сезімін оятып, көңілін көтерді, үміт ұялатты.* Тамсантып ауызға бал алдырғандай, Күйдіріп *көкірегіне от жандырғандай* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Көкірегіне тоқыды [түйді]. *Есте мықтап сақтады, зердесіне тоқыды, ұғып алды.* Жер тарихы мен ел шежіресін *көкірегіне тоқып* алыпты совхоз директоры (С.Омаров, Әңгім.). Сырларын *көкірегіне түйіп* алып, Көк теңіз дөңбекшиді ыңырanып. Тентегім, тынба деймін, тула деймін Тәкаппар кеудесінде тұрып алып (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Апасының бұл сөзін *Көкірегіне тоқыды* ол, Ауылдағы мектептің Шәкірті боп зейінді Бірнеше жыл оқыды ол (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Көкірегіне ұялады. *Көңіліне қонды, есінде қалды.* Қыран құс қалқып ұшқан қиядағы Көңілге өрлік сезім құя алады. Сөзі де Махамбеттің сол құстай боп Құрманның *көкірегіне ұялады* (Ж.Набиуллин, Таныс әуен). Мүмкін, естіген де болар. Бірақ дәл бүгінгідей *көкірегіне ұялamaса* керек (Ж.Еділбаев, Бүгінгі ауыл.).

Көкірегін керді. *Менменсіді, ширенді, кеудесін көтерді.* Бала болдың, жас болдың, Жалғандыққа ермедің. Төре болдың, бас болдың, *Көкірегіңді кермедің* (Абай, Тол. жин.).

Көкірегінің көзі бар [болды]. *Саналы, зерделі.* Білімдіден шыққан сөз Талаптыға болсын кез. Нұрын-сырын көруге, *Көкірегінде болсын көз* (Абай, Тол. жин.). Ел тілегін, күн талабын тез ұғар, Зерек еді *көкірегінің көзі бар.* «Ұлт дәстүрі Заңнан биік» деп түйген, Зерделі еді мәңгі жасар сөзі бар (К.Салықов, Жезкиік).

Көкірек ауру. м е д. ***Өкпе ауруы*** *(туберкулез)*. Өзім сол жақта *көкірек ауруға* ұшырап, денсаулығым әбден нашарлады (І.Жансүгіров, Шығ.). Жасынан тек күтіммен жүрген *көкірек ауруы* бар байғұс әскерге де жараған жоқ... (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Оның үстіне бұл келгелі совхоздың бас зоотехнигі Сағынбай да көп жылғы *көкірек ауруы* қозып, дәрігерлердің айтуымен курорттан курорт қоймай, жан сауғалап далбасалап жүргенін жақсы біледі (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш).

Көкірек бітті. *Менмендік пайда болды, менменсіді.* Содан кейбір оқуы шала әйелдерге *көкірек бітіп,* аяқ астынан шайпау мінез тауып ала қояды (Т.Ахтанов, Боран). Тұрғандайсың «данышпансып» көк тіреп, Кітап сөзін жатқа соғып көп күреп, Бойыңа бір қарап қойшы қаршадай, Қайдан ғана *біткен* саған *көкірек?* (М.Рашев, Бұйымтай).

Көкірек жасушасы [клеткасы]. а н а т. *12 пар қабырға мен қабырға шеміршектері және төс сүйектері. Көкірек клеткасында* жүрек, өкпе, ірі қан тамырлары орналасады (А.Елеманов, Қой шаруаш.). *Көкірек клеткаларынан* рентген сәулелерін өткізіп қарасаң да өкпе күңгірт жерден ашық көрінеді (Р.Сәтбаева, .. Өңеш рагы).

Көкірек жүзбеқанаттар. з о о л. *Балықтың екі бүйірінде, желбезек саңылауларының артқы жағына өте жақын орналасқан жұп жүзбе қанаты. Көкірек жүзбеқанаттарының,* әдетте базалиялары (негіз) болмайды, қауырсындары бірден иық белдеуіне бекиді. (Қаз. тілі. термин сөздігі. Биология). Бұлардың *көкірек жүзбеқанаттары* ұзын, балықтар солардың жәрдемімен тіпті құрлықта жүре де алады (Қ.Қайымов, Суасты.).

Көкірекке дем берді. *Бойын жеңілдетті, ойын сергітті, көңілге қуат, бойға күш берді.* Қалаға келді Сүйініш *Көкірекке дем берді.* Қарулы жатқан орларды Қалмақтың басты қаласын (Батырлар жыры).

Көкірекке оралды. *Ойға келді, еске түсті.* Сенім деген жақсы өмірдің өзі екен, сол – анық. Адам жолға шығар оны сауыт қылып оранып. Сенімсіздік – көздегі от, кетер кейде жоғалып, Бірақ кейде қуантатын *көкірекке оралып* (Ж.Нәбиуллин, Таныс әуен).

Көкірек керу. *Өр көкіректену, менменсу, тәкаппарлану.* Военный қызмет іздеме, Оқалы киім киюге, Бос мақтанға салынып, Бекер *көкірек керуге* (Абай, Тол. жин.).

Көкірек көзі. *Ой, сана-сезім.* Бұрын ұйықтар ұйқы мен ішер тамақты ғана ойласа, енді әр нәрсеге *көкірек көзін* жүгірткісі келеді (К.Қазыбаев, Ызғар).

Көкірек көзі ашық. *Зерделі, ойлы, ақылды. Көкірегінің көзі ашық* жас батырды Кенесары өзі келіп құшақтап бауырына қысты да: Байтабыным, шын мерген екенсің! – деді... (І.Есенберлин, Қаһар). Сұңғат: *Көкірек көзі ашық* болмаған соң, құралай көзден не пайда? (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.). Орысша да, қазақша да, өзбекше де еркін сөйлей білетін ақжарқын батыл мінезді, *көкірек көзі ашық* Зүлфия оған бірден ұнап қалды (К.Сейдеханов, Түркістан.).

Көкірек көзі ашылды. *Сана-сезімі ояндy, түсінігі молайды.* ... Олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең *көкірек көзің ашылады* (Абай, Тол. жин.). Егер оны шеше алсаң, *көкірек көзің ашылады* (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Сен оның тілін білсең, *көкірек көзің ашылады* («Қазақст. мұғ.»).

Көкірек көрсетті. *Менмендік мінез білдірді, дандайсыды.* Шәлкенді шағыстырып, айдап салып жүрген Шелпек екенін Бәтігүл қайдан білсін. Шелпек те бұрынғыдай емес, енді тіптен *көкірек көрсетіп* барады (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

Көкірек көтерді. а) *Ел қатарына қосылды, еңсесін көтерді.* Бірте-бірте *көкірегін көтерді* (Ауызекі). ә) *Мақтанып, дандайсыды.* Бірақ менің аңғаруымша, ол өкпешіл офицер еді. Ал *көкірегін көтергенде* ешкімге дес бермейтін (Б.Момышұлы, Москва.).

Көкірек қағу. *Паңдану, тәкаппарлану.* Шопан жүрегінің лебізіне оның да жаны жайлау. Сонда да болса, «Иә, біз тындырдық бұны» деп *көкірек қағудан* аулақ (С.Байжанов, Сыр.).

Көкірек қақты. *Паңсынды, тәкаппарланды.* Баяғы бір кезде: «Мына өңгімені жазған кім?» деп сұрағанда «Жазған мен!» деп *көкірек қаққан* жас жазушыға Горькийдің тыжырына қарағаны есіне түсті (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Міне, осындай шырқау биікке көтерілген жігіт еш уақытта *көкірек қағып,* менменсінген жан емес (Ғ.Тәшімбаев, Топжарған).

Көкірек қуысы. а н а т. <лат. cavum thorcis> *Жүрек, өкпе сияқты тіршілік үшін өте маңызды ағзаларды қоршап тұратын орын; кеуденің ішкі бөлігі.* Біріншіден, ауаға толып тұрған өкпенің, екінші жағынан, *көкірек қуысындағы* тығыз тканьдар мен төс сүйектерінің қосылған жеріндегі көлеңкелері рентгенде қарама-қарсы айрықша көрінеді (А.Тұрғанбаев, Рентгенология). *Көкірек қуысында* жүрек және одан таралатын ірі тамырлар, өкпе, өңеш орналасқан (Адам анатом.). Тауықтың, күркетауықтың, мысыр тауығының, көгершіннің өңеші *көкірек қуысына* кіре берісте кеңейіп, жемсау құрайды (Құс өсіруші).

Көкірек маңқа. в е т. *Жылқыда болатын жұқпалы ауру.* Бұл аурумен ауырған жылқы көп пысқырынып, азап шегеді. Халық маңқаның өкпеге түсетін ауыр түрін «*көкірек маңқа*», танауға түсетін жеңілдеу түрін «боз маңқа», «танау маңқа» деп атайтын (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). *Көкірек маңқаға* шалдыққан жылқының танауынан ірің ақпайтындықтан, бұл ауру жуыр маңда білінбейтін, көбінесе дерт әбден асқынған кезде ғана байқалып, мал тез өлетін (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

Көкірек сарайы. б е й н е. *Көңіл күйі, ішкі дүниесі.* Шөптің үстінде шалқасынан жатқан Елжас тәтті қиялға берілді. Машина баяу тербегендей болады. *Көкірек сарайы* ашылып, бойы жеңілейін деді (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң).

Көкіректе қаяу жоқ. *Көңілі таза, арамдығы жоқ, адал.* Кей құрбы бүгін тату, ертең бату, Тілегі, жақындығы – бәрі сату. *Көкірегінде қаяу жоқ,* Қажымас, қайта айнымас қайран тату (Абай, Тол. жин.). Барлағалы айтып ем, ей, ағеке-ау, *Көкіректе қаяу жоқ,* куәм – Құдай (Қозы Көрпеш.).

Көкіректе сайрады. *Ойында тұғел сақталған, бәрі көз алдында. Көкіректе сайрап тұр,* тілді Құдай байлап тұр (Шешендік сөздер).

Көкіректе ұстады. *Есте сақтады, зердесіне түйді.* Осылайша, бояу сыры өзге жанға өмір бойы құпия болып қала бермек. Кереметі, бұл құпияны еш зергер қағазға түсірмейді, серт секілді көкейде, *көкіректе* ғана *ұстайды* (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Көкіректі қарс айырды. *Уайымға батырды, қайғыртты.* Таяуырақ тыңдағанда ызыңнан *көкіректі қарс айырған* жасырын күйініш, ащы қасірет естіледі (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Көр көкірек. *Еш нәрсенің парқын білмейтін санасыз, надан.* Насиқат бұрынғының айтқан сөзі. Ақылдының көкірек болар көзі. *Көр көкірек* білмейді жығылғанын, Мақұл болып тұрады өзіне-өзі (Майлықожа, Нақыл). Бір жағынан, осы Бақыт пен Жанар, екінші жағынан, *көр көкірек* шеше, Заманбаев және оның ұлы Естай арасындағы қайшылықты ашуға, тартыс жібін ширата өруге автор шебер көркемдік тәсіл қолданған («Лен. жас»).

Қара көкірек. *Пиғылы жаман, арам ниет.* Есімі елге тарады тағы сол шақта, Қуанышты едік *қара көкірек* болсақ та (Т.Молдағалиев, Хаттар.).

Қау [құр] көкірек. *Қолынан еш нәрсе келмейтін, бос кеуде.* Ана бір жылдары *қау көкірек* қайратсымақтың, дәйексіз дәме, дәлелсіз жобаның кей-кейде өмірден орын алған сәттері өткен («Лен. жас»).

Қу көкірек. *Бос дәме, құр кеуде.* Қызға барған ел білсін атағыңды, Түзетіп ки мұнан соң шапаныңды. Қыздан көңілі қалмаған *қу көкірек,* Қырғызсаңшы бір қап жүн сақалыңды (Айтыс).

Қыңыр көкірек. *Кежір, қырсық, кертартпа, қисық.* – ...Өйткені кейбір *қыңыр көкіректер* бар. Олар қаскөйлікпен, зорлықпен, арамдықтың есебінен басқаны ойлап көрген емес, барлап барған емес (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Мал көкірек. *Надан, топас.* Бір дарақы *мал көкірек* пенде болмаса, жақсы арман кімде жоқ. Жеке адам дүниеге келеді де кетеді. Бірақ оның есесіне үзілмей жалғаса беретін улы өмір бар (Ә.Көшімов, Лашын.).

Шер көкірек. *Қайғылы, қасіретті, мұңды.* Бәрі өліп жолдасымның, жалғыз қалдым, Боп жүрген *шер көкірек* серік едім (Айтыс). Бала айтты: Мен сөйлейін падишам, Жетіммін *шер көкірек,* жоқ ата-анам, Сізге баян етейін мен сырымды, Сөзіме егер ханым құлақ салсаң (Мұңлық-Зарлық).

КӨКІРЕКСУ *Көкіректі етістігінің қимыл атауы.* Атақ-дәрежесі өскен сайын *көкіректі су,* паңсыну сияқты жағымсыз әдеттер қалыптасады екен («Жалын»).

КӨКІРЕКСІ= е т. *Кеудесін көтеру, дандайсу. Көкіректсіген* көр көбеш Кең – қолда шапты көшімді, Жас жетімді арқалап, Енекемді қалқалап, Алмай кеттім өшімді (Манас).

КӨКІРЕКСІЗ с ы н. *Еш нәрсені сезбейтін, жетесіз.* Жазығым – жақсылығым жанға ойлаған, Күнім жоқ алдарыңа дәм қоймаған, Барыңды жоқ дейтұғын *көкіректсіз* Көрсоқыр, көкежасық бар ғой надан (Ғ.Қайырбеков, Алтын.). Орның бар еткен биден, еткен ханнан, Озып жүрген тұлпар бар мың мен саннан. *Көкіректсіз* көзімен ой ойлайды, Бұ күнде бірлік кеткен мұсылманнан (Орынбай//Екі мыңжылдық.).

КӨКІРЕКСІН= е т. *Дандайсу, көкірек керу.* А, ноғайлым, ноғайлым, *Көкіректсінген,* ноғайлым, Көбеңсінген, ноғайлым, Қайрат қылып, қан татпай, Шайқасып жаумен оқ атпай, Көргенін жайпап қиратпай, Кегіңді қалай аласың (Батырлар жыры).

КӨКІРЕКТЕ= е т. *Күшке салу, өзгеру.* Көзі шыққа, *көкіректегеннен* тартқан сазайы емес пе (С.Бегалин, Бала Шоқан). О баста санкция беруге қобалжығанда Медет *көкіректеп* қоймап еді. Енді, міне, прокурордың қобалжуы тегін болмай шықты (К.Баялиев, Дегелек).

КӨКІРЕКТЕН= е т. *Дандайсып, көкірегін көтеру.* Қанша *көкіректеніп,* маңғазсығанмен Рақымбектің көзінде мына шақырылмаған қонақтардың ыңғайынан сескенген нышан бар екенін Ыбырай сезіп қалды (М.Жұмағұлов, Қыран.). – Ойбай-ау, *көкіректтеніп,* ішімдегіні тап дейтін біреу білем, Үстіне шаң жуытпайтын сырбаз екен («Лен. жас»).

КӨКІРЕКТЕУ[1] с ы н. *Менмендеу, тәкаппарлау.* Қайдан білейін, Ереке... мақтаншақ адам өзімшіл келеді ғой. Менмен, *көкіректеу* болады (Ғ.Сланов, Домбыра.).

Өр көкіректеу. *Бірбет, менмен, тәкаппарлау.* Өте кекшіл, әрі сезімтал және *өр көкіректеу* Заңғипаға Шолпанның сөзі табанға басқан шоқтай тиді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

КӨКІРЕКТЕУ[2] *Көкіректе етістігінің қимыл атауы.* Алматыда үлкен іс бітіріп, мықты жұмыс жасап жүргендей ауылға келіп *көкіректеуін* қоймапты («Қаз. әдеб.»).

КӨКІРЕКТІ с ы н. **1.** *Кең кеуделі.* Ортадан жоғары бойы бар *көкіректі* кісі (Ә.Кекілбаев, Таңд.). **2.** а у ы с. *Көзі ашық, есті, тәжірибелі.* Бәрін болжап білетін *көкіректі* қарттар бар (С. Тұрғынбеков, Өлеңд.).

КӨКІРЕКТІК с ы н. *Менмендік, тәкаппарлық, зорлық.* Амандық *көкіректік,* қазанбұзарлықтан да сау емес (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Егер осындай жағдайларда бала тәрбиесіне дұрыс бағыт беріп отырмаса, оның жаңағы әдеті бірте-бірте сүйегіне сіңіп, ынжықтық, құр босқа ұялшақтық, не керісінше *көкіректік,* басқаны сыйлауды білмейтін паңдық қасиеттердің де қалыптасып кетуіне себепші болады (Қ.Жарықбаев, Психология). Шақырғанға бармау – *көкіректік* (Е.Қалиев, Рудный).

КӨКІРЕКШЕ з а т. э т н. **1.** *Костюм т.б. сырт киімдердің ішінен киетін, жағасы мен жеңі жоқ киім.* Алайда ол да зиян шеккен жоқ; *Көкірекшесі* сау қалды. Көкірек өзінікі: шет тиынға тұрмайды – *Көкірекшесі* жыртылса, жаңаны қайтып алмас ед (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Мақта салмай, астарлап тігілген қыздардың жаз айларында көйлек сыртынан киетін жеңі жоқ, қысқа, жеңіл киімі, желетке.* Жібек көйлек, көк барқыт *көкірекше* киіпті (Ә.Тарази, Асу). Жауһазын күпәйкесін, түбіт орамалын шешті. Кеудесін қысқан, тар қара барқыт *көкірекшесі* бар екен (Ә.Тарази, Құйрықты.). Киіп ап үстеріне бар асылды, Күн мейрам. Шықты қыздар жарасымды, Көкжасыл, көз сүрінер *көкірекшелер* Қиылған сидаң белге ұнасымды, Қояды шолпылары сылдыр қағып Жүздері гүл жайнаған дала сынды («Қаз. әдеб.»). **3.** *Ішіне жүн салып, астарлап тігілген, жағасы мен жеңі жоқ киім кеудеше.* Ішіне мұның жылы *көкірекшесін,* құлынның жарғағынан қонышы қара санына жеткізіп тігілген саптама етігін салыпты (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Ал жалпыға тән еркек киім-кешегінде көйлек-дамбалдан басқа бешпет, *көкірекше,* шапан, шалбар (кей жерлерде оны сым деп те атайды), сондай-ақ бөрік, қалпақ, тақия секілді бас киімдер, көксауыр, саптама етік, кебіс-мәсі болған (Ө.Жәнібеков, Қазақ киімі).

КӨКІРЕКШІЛ с ы н. *Өзімшіл, менмен, тәкаппар.* Теректей тентек кеуде *көкірекшіл,* Мінезі кейбіреудің кісі кейір Әр кезде сөзі жылы, өзі көпшіл, Білімді адам келеді кішіпейіл (А.Тоқмағамбетов, Өмір.).

КӨКІТ= е т. *Дандайсытып, сөйлетіп қою, еркіне жіберу.* Күшікті басқа секіртті, Кедей итті *көкіттті* Құтырған мынау, мұндар құл (М.Жұмабаев, Шығ.). Досай ағай үйде жоқ шығар. Әйтпесе дәл Маржанға оның осылай *көкіттіп* қоюы мүмкін емес (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Алдыңда не күтіп тұрса да, бақыт, ұқ!.. Топасты *көкіттің,* Сопыға зекітіп, – Екеуін екі ұтып, кете бер, кете бер (Х.Ерғалиев, Күй.).

КӨКІТУ *Көкіт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бос *көкіту.*

КӨЛ[1] з а т. *Айналасы табиғи не жасанды түрде тұйықталған, дөңгелек не сопақша біткен су айдыны.* Бала көтерген анамен Бурабай *көлінің* шығыс жақ жағасында екінші рет ұшырасып тұрмыз (М.Иманжанов, Адам.). Қызыл көбік, ақ айдынын, Жағаны ұрса тербетіле, Алтын тілмен жалайды күн, Жарқыраған *көл* бетін де (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Ант бердің сен, сол антыңды қабылдап, Үнсіз тұрды тапқандай тау жаңа ырғақ. Өзен, *көлің,* орман, шөлің – бәрі де, Мына тұрған дәл өзіңдей сабырлы-ақ (Т.Молдағалиев, Шақырады.). *Көлде* аққу, көкте қаз, Орманда бұлбұл сайраған. Көптен күткен көктем кеп, Құлпырып дала жайнаған (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). // *Мол, көп, астатөк.* Сеніскен досым да жоқ, асығым да, Ақыры өлең қылдым, жасыдым да. Көрмеген көп дүние *көл* көрінді, Кірлемеген көңілдің ашығында (Абай, Тол. жин.). – Мұнай өндіру де сиыр сауу секілді ғой, – деді Тайман миығынан күліп, – біздің өнім де бірде *көл,* бірде шөл (З.Қабдолов, Жалын). Сахнасы ашылды кең өрістің, Толқынына түсті жастар *көл* істің Қызуымен бұл өлкеңді қыздырып, Бастап кетті жырын тыңның, жеңістің (А.Хангелдин, Қыз жүрегі). Тамшыдан тасып дария, Көп түкіріп, *көл* болды. Таудан аққан бұлағым, Телегей теңіз сел болды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Айдын [шалқар] көл. *Ұшы-қиырсыз мол су, көл-дария.* Қайырымды байдың белгісі – *Айдын шалқар көлмен* тең. Қайырымсыз байдың белгісі – Жапандағы шөлмен тең (С.Сейфуллин, Шығ.). Туа сала тәй-тәйсіз-ақ жүреді, Қорықпастан қамысқа да кіреді. Керек десең *айдын көлдің* төсінде Суға сүңгіп, малтуды да біледі (Т.Әбдірахманова, Білесің бе?). Сый қандай, мінез қандай, сымбат қандай? Ойласаң арзан қандай, қымбат қандай? Қызығы қыз, бозбала ұмытылмас, Аңдып кеп *айдын көлдегі* қу атқандай (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жаны көл. *Көңілі дария, пейілі кең.* Дос дегенде өртеніп өл, жанып өл, Өзің үшін жолдасыңның *жаны көл.* Бір жақсылық болса маған, өзіңнен Үлгереді сүйіншісін алып ел (Қ.Мырзалиев, Домбыра.).

Көзінің жасын көл етті [қылды]. *Көп, ұзақ уақыт егіліп жылады, мұң-зарға батып, ағыл-*

тегіл жылады. Қаншама әйел жесір қалды, қаншама бала жетім қалды, қаншама шеше жалғызы мен жайсаңынан айырылып, *көзінің жасын көл етті* (М.Жұмағұлов, Қыран.). Жас ботаның терісінің ішіне қоға тығып, қауқитып қойған. Боз інген тұлыпты иіскеп, қайта-қайта иіскеп, маған қарайды да, ыңырсиды, *көз жасын көл етіп* жылайды кеп (С.Бақбергенов, Қарға там.). Тез басып, демігіп келсем, өзеннің жағасында, бір түп талдың түбінде *көзінің жасын көл қылып*, егіліп, зар жылап отырған Мүслимажан екен... (С. Сейфуллин, Тол. жин.).

Көл ағындысы. с у ш а р. *Көлден ағып шыққан өзен. Көл ағындысы* суының өте мөлдірлігімен және жүзбе тасындылардың аздығымен ерекшеленеді (Қаз. тілі. термин. Су.).

Көл иесі Қамбар. м и ф. к ө н е. *Жер-судың, таудың, шөлдің, көлдің иесі, сондағы жан-жануарларды желеп-жебеп жүретін пірі.* Аллаға әуел қарағым, Екінші пірге тапсырдым, *Көл иесі Қамбар*-ай, Жол иесі Қамбар-ай, Қарағыма көз сал-ай (Қыз-Жібек). Егіз туған көк бура О да сенің жолыңа *Көл иесі Қамбар*-ай Шөл иесі Қамбар-ай (Қобыланды батыр).

Көл террасасы. г е о л. *Соқпа толқын тегістеген көл жағаларындағы алаң. Көл террасасының* беті әдетте көл ойпаңына қарай еңістеу, биіктігі көл деңгейінен бастап анықталады (Қаз. тілі. термин. Геология).

Көл шайқады. б е й н е. *Дәурен сүрді, дүниені белшесінен көлбей басып, қызықтады.* «Кезінде *көл шайқаған* Әлима едім» Құрысын, айтатын несі бар, қысқа өмір ит жыртқан қара терідей ырым-жырым боп өтті ғой. Кезінде қай қыз *көл шайқамады* дейсің (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Көл шөгіндісі. с у ш а р. *Көл түбіне тас, құм, саз балшықтардың шөгуімен пайда болған органикалық немесе химиялық материалдардан құралған шөгінді.* Түрлі үлгідегі *көл шөгінділерінің* құрамы климаттың белдемділігіне тәуелді (Қаз. тілі. термин. Су.). *Көл шөгінділері* механикалық (құм, саз, лай, малта, қиыршық тас), химиялық (көл боры, ас тұзы) және органикалық (шымтезек) болып бөлінеді (ҚСЭ).

Көл шұңқыры. с у ш а р. *Көл суы жиылатын жер бетінің ойысы. Көл шұңқырының* су ең көп жиналатын деңгейіне дейінгі бөлігі көл табаны немесе көл ыдысы деп аталады. *Көл шұңқыры* жер қойнауындағы (эндогендік) және жер бетіндегі (экзогендік) процестердің әрекетінен және адамдардың шаруашылық әрекетінің нәтижесінде қалыптасады (Қаз. тілі. термин. Су.).

Көлінен құсы ұшты. *Сәні кетті, құты қашты. Құсы ұшып көлінен*, Құты кетіп жерінен, Саба құрсақ билерден, Еңіреген ерлерден, Айырылып, адыра қалғанға (Шәңгерей Бөкеев).

Қоғалы көлдің құрағы. п о э т. *Жайдары, ашық, биязы мінезді.* Жас желектей жайқалған Қыз Жібектің дидары – *Қоғалы көлдің құрағы* (Қыз Жібек).

Ұшар көлін, қонар көгін тарылтты. *Мекен еткен жері тарылтты, жерінен айырды. Ұшар көлін, қонар көгін тарылтқан* бір жағдай, ол – дәл хандық жерінің ортасында, Торғай өзені мен Ұлытауда, патша үкіметінің үлкен бекіністер сала бастағаны еді (І.Есенберлин, Қаһар).

КӨЛБАҚА з а т. **1.** *Қоңырқай, жасыл түсті үстінде күңгірт дақтары бар бақа.* Түйелер ұйықтап мойнын жерге салып, Күйсеп сиыр, ыңырсып демін алып, *Көлбақаларға* үн қосып лақ-теке Жардан төмен құлайды домаланып (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Түн жамылып, жалғыз түрмын. Үй іргесіндегі көлден *көлбақалардың* мың-сан құбылта салған үндері құлақ тұндырады (С.Досымов, Жаңғырық). *Көлбақалар* құрылдап, Әупілдейді әупілдек. Көлді айналып балалар Біраз жүрді еркіндеп (О.Шипин, Дастан.). **2.** з о о л. *Құйрықсыздар отряды, бақа тұқымдасына жататын түрі. Көлбақалар* балықтың жас шабақтарын қорек етеді және олардың азық қорларына да ортақ болады (К.Күленов, Қазақст. балық.).

КӨЛБАҚАДАЙ с ы н. *Көлбақа сияқты, көлбақа тәрізді.* Дүниедегі жек көретін адамымның бірі еді өзі. Түрі де оңбаған неме еді, бойы *көлбақадай* тырбиып, сөйлегенде езуінен ақ көбігі ағып тұрғандай көпірініп, тым жексұрын көрінер еді (Б.Майлин, Шығ.). – Мырза жауап берген жоқ. Оның орнына Токио толқынына дәлдеп қойылған радио қабылдағыш қасқырдай ұлып қоя берді. Содан соң диктор аптырып *көлбақадай* қырқылдады: «Зілзәла... ойран... сойқан...» (Ж.Тілеков, Хинган асуы). Хазовтың жексұрын бейнесі құмыраға салған *көлбақадай* бұлқынып, көзімнің алдына келіп тұра қалды (С.Омаров, Қайырлы.).

КӨЛБАҚАША ү с т. *Көлбақаға ұқсап, көлбақа сияқты.* Қарасай ұра ішіндегі күрекке қолын тіреп, зорға дегенде *көлбақаша* тырбаңдап сыртқа шықты (С.Жүнісов, Жапанда.).

КӨЛБАР з а т. *Мойынға асып жүретін қалта, көннен тігілген дорба.* Көтеріп *к ө л б а р ы н а* оны салды, жарарлық нәрселерін және де алды. Көздерін кәжбен сылап бәрінің де, «Қош бола тұрыңдар», – деп кетіп қалды (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Ол «сізден қалмаймын» деп *к ө л б а р ы н* (көннен тігілген дорбасын) мойнына салып, қалқанын қолына алып, атының алдына түсіп, құландай жортып кете берді (Мың бір түн). Оларды үйе сала қойды өртті, Қалмастан күйіп-жанып күл боп кетті. Күлдерін *к ө л б а р ы н а* салып алып, Үрледі оқып әпсүн үшті-төртті (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

КӨЛБЕ= е т. **1.** *Бір жамбастай қисаю, жантаю.* Арба болса әйтеуір қисайып жатасың, *к ө л б е й с і ң* дегендей, құйрығыңнан шаншылып отырмайсың ғой (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Шындықты айтайын, біздің көбіміз көрпеге шыққанда *к ө л б е й* түсіп, жастыққа жармасамыз (Ә.Омаров, Асыл арман). **2.** *Көп жерді алып созылу.* Дәу қара қазанда ақ қара бас қойдың басы..., пісе бастағанда оңтүстік батыста *к ө л б е п* жатқан Алатау үстінен ала бұлт көтерілді (Ә.Тарази, Асу). Ұша алмадым, көкпеңбек *К ө л б е д і* аспан төбемде. Көңілімде көп тербеп, Қостым сені өлеңге (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

КӨЛБЕГЕЙЛЕ= е т. *Күн нұрынан, сәуледен қалқалау, көлеңкелеу.* Қарт та қолын *к ө л б е г е й л е п,* көзінің қиығын аспанға атты («Лен. жас»).

КӨЛБЕГЕЙЛЕУ *Көлбегейле етістігінің қимыл атауы; қалқалау.* Алдыңғы қолдың мақсаты – жаудың бетін *к ө л б е г е й л е у,* тойтарыс беру («Лен. жас»).

КӨЛБЕК з а т. *Көлбең, көлбеңдеген жүріс.* Қыз болып көрмеген қызығын *к ө л б е к т і ң.* Шыққалы мұқтаждық ішінен жөргектің (С.Дөнентаев, Таңд. шығ.).

Көлбек қақты. а) *Көлбеу-көлбеу етті, көлбеңдеді.* Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек, Ұрлық, қулық қылдым деп *қағар көлбек.* Арамдықтан жамандық көрмей қалмас, Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек (Абай, Шығ. жин.). ә) *Аспай-саспай жүрді.* Жіберді мені сізге бер деп хабар, Сіздерге жай қалмады *к ө л б е к қ а ғ а р* (І.Жансүгіров, Поэм.).

КӨЛБЕКТЕ= е т. **1.** *Қолайсыз қимылдау, ебедейсіз әрекет жасау.* Айтшы, жаным, не болды? Тым *к ө л б е к т е п* кеттің ғой. Жасырмашы (Е.Қонарбаев, Түнгі от). Қашты қалмақ еңбектеп, Былғанып жерге *к ө л б е к т е п,* Бұтаны жүр тасалап (Батырлар жыры). **2.** *Көлбек-көлбек етіп көзге түсу.* Екеуі келе жатса, алдынан бір аң шықты да, *к ө л б е к т е п* жүре берді (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). Көзінен ғайып болсаң да, көңілде тұрсың *к ө л б е к т е п* (ХХ ғ. қаз. ақын.).

КӨЛБЕКТЕТ= е т. *Ебедейсіз, ыңғайсыз әрекет жасату.* ≈ *К ө л б е к т е т і п* қойды.

КӨЛБЕЛЕКТЕ= е т. *Көлбең-көлбең ету, қалықтау.* Кәнеки, мықты болсаң көр бөлектеп, Көбелек бұлт жүзін жүр *к ө л б е л е к т е п,* Самал өпсе жиекке толқын ығып, Безіп бара жатқандай көл дедектеп (М.Айтхожина, Шыңда.).

КӨЛБЕЛЕҢДЕ= е т. *Көлбең-көлбең етіп көрінү.* Ауру болса жатпай ма, көзге *к ө л б е л е ң д е п* түсе беру жанға батады (А.Байтанаев, Қайнар.). Екеуі танысып, ілгері жүріп келе жатса алдарынан бір аң шықты да *к ө л б е л е ң д е й* басып жүре берді (Қаз. ертег.).

КӨЛБЕЛЕҢДЕУ *Көлбеленděу етістігінің қимыл атауы.* ≈ *К ө л б е л е ң д е у і н* қоймады.

КӨЛБЕМЕ з а т. г е о л. *Таужыныстарының көлбеу жазық бетімен бірнеше жүздеген шақырымға жылжып кеткен бастырмасы. К ө л б е м е* өзін құрайтын таужыныс кешендері қабатының біршама қалыңдығымен, ауқымдылығымен және құрылысының мейлінше күрделілігімен сипатталады (Қаз. тілі термин. Геология).

КӨЛБЕҢ е л і к. *Екі жаққа кезекпе-кезек толқынданып ырғатыла қозғалған қимылды, бір ырғақпен майысып жүруді, етектің желбеңдеуін бейнелейтін сөз.*

Көлбең қақты [етті]. а) *Көлбеңдеді, еріксіз көз тартты.* Бәденді бәйбіше *к ө л б е ң қ а ғ ы п* Сары шаянға ұсталмаған ақ түбіт сүлгі ұсына берген еді (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк). Сол қақпадан *к ө л б е ң е т к е н* қызыл ала халаттың шалғайы көрінгенше, төзім де таусылып бітеді (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз). Анадайда жарқырап жатқан жалпақ дария бетінен дірілдеп бу көтеріліп, ақ торғындай *к ө л б е ң қ а ғ а д ы* (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). ә) *Елестеді, көз алдына келді.* Қайран менің ақ пейіл досым, өмір бойы сол бір қалпың *к ө л б е ң қ а ғ ы п* көз алдымнан кетер ме?! (С.Ғаббасов, Ана.). Осы жолдар Аманкелді айтып отырғанда тыңдаушының құлақ құрышын қандырып, көз алдынан *к ө л б е ң қ а ғ ы п* өтіп жатады (С.Мәуленов, Жер нәрі). Өмекең айтқан бір белгі тағы да көңілінде *к ө л б е ң е т е қ а л ы п,* еріксіз жетелеген-ді солай (М.Сәрсекеев, Туған жер.).

КӨЛБЕҢДЕ= е т. **1.** *Көлбең-көлбең ету, әрлі-берлі жүру, қозғалу.* Ахмет бай тойға киген сәнді шапанын шешкісі келмегендей, үйіне бір кіріп, бір шығып, *к ө л б е ң д е п* жүр (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Төбе бар таудан аумаған, Таулар

бар қалған төбе боп. Сүйкімді кейде қарғадан, *Көлбеңдеп* ұшқан көбелек (Т.Айбергенов, Мен саған.). Әнбісің төсі алқынған, Таңбысың көкке шарпылған, Көгілдір үйрек көп қаздар *Көлбеңдеп* өткен алдымнан (Т.Айбергенов, Мен саған.). Мені көрдің бе дегендей, көз алдында *көлбеңдеп* жүргені несі екен? (Д.Исабеков, Таңд.). **2.** *Еске түсу, көз алдынан өту, елестеу.* Сізбен жолықтыратын соңғы түн өтер емес, Көңілім жақсылықтан кет әрі емес. Бәрі де бала күн боп, баяғы боп, *Көлбеңдеп* көз алдымнан өтеді елес (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

КӨЛБЕҢДЕТ= е т. *Әрі-бері жүргізу, ырғату, тербету.* Желбіреуік салған қыз көйлегін *көлбеңдете* киді (З.Шашкин, Ұядан ұш.). Жас әйел көк көйлегін *көлбеңдете* басындағы жасыл желегін кері бір серпіп тастады (Ә.Әбішев, Найзағай). Киіз үйдің түрулі есігінен көз жіберген Қанағатқа көршіқолаң тіршілігі анық көрінеді. Ұзақ есік алдынан *көлбеңдетіп* құла биесін жетектеп өтті (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

КӨЛБЕҢДЕТУ *Көлбеңдет етістігінің қимыл атауы.* Жасы келген әйелге көпшілік орындарда көйлегін *көлбеңдету*, секіріп билеу ерсілік болар («Жалын»).

КӨЛБЕҢДЕУ *Көлбеңде етістігінің қимыл атауы.* Ерқожаның торысы аяқшыл-ақ екен, алдымды орап, құйрығымен жер сызып, *көлбеңдеумен* келеді (Ғ.Сланов, Домбыра.). Ауылға асығып келе жатқаны мынау, ал өзі қар басып қалған тар жолда алдағы машинаның *көлбеңдеуі* мынау (Ә.Қалмырзаев, Ар.).

Көңілі көлбеңдеуде. *Көңілі алып-ұшты, толқыды.* Сарылып сары таңда осы сүремен Тентіреп күйші *көңілі көлбеңдеуде* (І.Жансүгіров, Шығ.).

КӨЛБЕҢКІ с ы н. *Көлбей жайылған, бір жағына қарай майысқан.* Тамыр системасын әзірше үш типке бөлуге болады, олар: тік тамыр, *көлбеңкі* тамыр және *көлбеңкі* – тік тамыр (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Өсімдіктің негізгі тамыры солып, жанама және қосалқы тамырлары жер бетімен жарыса, көлбей өсетін тамыр түрлерін *көлбеңкі* тамыр деп айтады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

КӨЛБЕТ= е т. **1.** *Қулату, қисайту.* Дүниеден көп ұзамай енді өтермін, Кеудемді, жұмып көзді, *көлбетермін.* Ұмытсаң осы айтқан үгітімді, Өкпелеп соңырағы күн мен кетермін (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Асфальт жолмен машина, Ағады сырға тербетіп, Мейлің қалғып, есіне, Мейлің аяқты *көлбетіп* (С.Мұқанов, Замандас). Шіркін, Ертай! Қалай-қалай қимылдайды өзі. Таяуды *көлбете* салып, күрей еседі (З.Шүкіров, Ғажайып.). **2.** *Сұлату, жайрату.* Сіркіреп қалың жаңбыр селдетеді, Қоғаны жермен-жексен *көлбетеді* («Қаз. әдеб.»). Ұрысып осылайша кешке дейін, «Келсе әлім» – деген оймен, – *көлбетейін.* Бірі ұрып, бірі тұрып, жеңісе алмай, Күн бата қостарына қайтты кейін (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Найзаменен шаншысып, Балтаменен шабысып, Шоқпарменен қағысып, Талайларын *көлбетті* (К.Әзірбаев, Шығ.).

КӨЛБЕТУ *Көлбет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Көлбетуін* қоймады.

КӨЛБЕТІЛ= е т. *Көлбеңдеу.* Қап, мына біреу қара бу ма, бұлт па? *Көлбетіле* кеп Мырзашты көрсетпей қойды (Самғау). Мен саған есік ашып, төр деп кірдім, Жетелеп, әрмен қарай өрлеттірдің. Шетінен етегіңнің сүйейінші, Шешемнің көйлегіндей *көлбетілдің* (А.Сұлтанов, Уақыт.).

КӨЛБЕТІЛУ *Көлбеті етістігінің қимыл атауы.* Табаншаларды, олардың жұмыстың бетінің горизонтқа қатысты *көлбетілу* шамасына қарай, түрліше қайрайды (Ауыл шаруаш. машина.).

КӨЛБЕУ[1] с ы н. *Көлбеңкі, сұлама, еңкіш. Көлбеу* жардан бір қыз, бір келіншек ылдиға түсіп, өзенге беттеді (Б.Майлин, Шығ.). Мұнда ол, мәселен, бұрыннан белгілі дөңгелек денелердің көлемімен қатар *көлбеу* конустар, цилиндрлер т.б. толып жатқан қуыс денелердің көлемін табуға көңіл бөлінген т.б. шығыстың сәулет өнеріне тән элементтері бар құрылыстарға қатысты геометриялық есептеулер жүргізеді (А.Көбесов, Математика.). Жыл мезгілдерінің жыл сайын ауысу себебі – жер білігінің айналу орбитасының жазықтығына тік болмай, *көлбеу* (еңкіш) болып және орбита бойымен айналу кезінде Жер білігі бағытының өзгермейтіндігінен (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.). // *Көлбей жатқан жер, орын.* Дөң *көлбеуін* түтін тартуға пайдалану үшін мұржасын биік төбелердің басынан шығарып, кен қорытатын ескі пештердің құлаған жұртын талай көрген (Шарапат). Егер ЖРБ 4,9 жатқасы қалбағайсыз жұмыс істесе, платформаның *көлбеуін* өзгерту керек (Тракторист). Жердің үстіне мейлінше жақындауы (перигейінде) 500 километр; орбитаның *көлбеуі* – 65 градус («Соц. Қаз.»).

Көлбеу қашықтық. ә с к. *Тік зеңбіректен әуедегі нысанаға дейінгі негұрлым қысқа қашықтық* (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Көлбеу тірлік. *Жайбарақат, бірқалыпты тіршілік.* Кәдімгі қазақ ауылының көз үйренген *көлбеу тірлігі* (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

КӨЛБЕУ *Көлбе етістігінің қимыл атауы.* ≈ Созыла *көлбеу.*

КӨЛБЕУЛЕН= е т. *Көлденең түсіп жату, созылу.* Орман алқабының өзінде қардың қалыңдығы бір метрден аспайды, ал үрінді қар 150–200 метр жерге дейін *көлбеуленіп,* толқындана жатады (М.Ахметов, Егін қорға.).

КӨЛБЕУЛІК з а т. г е о м. *Көлбей түскен қиғаштық.* Бөгеттер аралығының қашықтығын белгілегенде жер бетінің *көлбеулігімен* қатар, судың жоғарғы бөгетке жетуін де еске алған жөн (М.Сабыров, Жасанды.). Машинаның кескіш аппараты оң жағына орналасқан және ол саусақты брустың *көлбеулігін* реттейтін тетікпен жабдықталған (Ауыл шаруаш. машина.). Ұлықбек обсерваториясында экватордың эклиптикаға *көлбеулігі,* бес планетаның орташа жылдық қозғалысы, жұлдыздың жылдық ұзақтығы жөнінде дәлдігі өте жоғары өлшеулер жүргізілді (Шарапат).

КӨЛБЕУІТ з а т. *Өзеннің адам, мал кешіп өтетін көлбей түскен жері.* Көк өзек құдды құрдымға сіңіп бара жатқандай... Әуелі әншейін *көлбеуіт* басталған ойпат күрт тереңдей түсті (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

КӨЛБІ= е т. *Шұбатыла қалқу, сағымдану, бұлдырлану.* Тау бөктері түнімен мүлгіп, Көктем айы сықылды. Желсіз түнде түтін *көлбіп* ерінеді, бықсиды (Б.Майлин, Шығ.). Күн астынан шілтердей жайылып жер бауырлай шөге бастаған шаң-тозаң көзіне *көлбіп,* тынып жатқан теңіз бетін елестетеді (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр).

КӨЛБІРЕ= е т. *Үлбіреу.* Бір сәрі еді-ау маман құрбы келді деп, Қолын қысса жас алақан *көлбіреп,* Амалың не, қызға тәжім етті шал Аппақ шашы, ақ сақалы желбіреп (Х.Ерғалиев, Біздің ауыл.).

КӨЛБІРЕТ= е т. *Үлбірет.* – Ой, азамат, азамат, – дейді Дәкеннің иығынан жұлқылаған Әбен аға арсаңдай күліп. Жеңешем тіпті шашақты сәукелесін *көлбіретіп* киіп алыпты (О.Тәжиева, Жетім қыз).

КӨЛБІРЕТУ *Көлбірет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көз алдында *көлбіретуу.*

КӨЛБІРЕУ *Көлбіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Көлбіреумен* болды.

КӨЛБІРСУ *Көлбірсі етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Көлбірсуін* қоймады.

КӨЛБІРСІ= е т. *Ақ пейілді болып көрінү, адал адамсыну.* Жайдары бүгін Қален бола қапты, *Көлбірсіп* көп алдында қылмаң қақты. Сұрасып шаруа жайын жылы жүзбен Түлкідей мың құбылып жылмаң қақты (А.Лекеров, Өмір оты). *Көлбірсімен* сықырлықпен мүләйім, Бұл мінезден марқұм еткен Құдайым ...Туған жердің сүйем Жарық жұлдызын, Мен сүйемін ашық аспан, күн-айын (Қ.Мүсірепов, Раушан).

КӨЛГЕКТЕ= е т. *Бұлталаққа салу, жалтару. Көлгектейтін* не бар. Көмейіңді буып, қылғынып сөйлеуіңді қой. Әкесінің өлгенін де есіттірет деген (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

КӨЛГЕКТЕУ *Көлгекте етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Көлгектеуі* жаман еді.

КӨЛГЕЛЕ= е т. с ө й л. ***Көлегейлеу***. Жасқанып күнді *көлгелеп,* Көлеңке тастап қашқан-ды. Кең қанат үйлер өрмелеп, Барады тіреп аспанды (Т.Нұрмұхамедов, Аспан.).

КӨЛГЕЛЕУ *Көлгеле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қолымен *көлгелеу.*

КӨЛГІР с ы н. *Мұләйім.* Енді ол көңілденіп, *көлгір* сыпайылыққа ауысты (С.Омаров, Қиыр жол). *Көлгір* жігітті көздеріңе ілмеңдер («Мәдениет және тұрмыс»). // *Мұләйім адам. Көлгірдің* көзі жасты (Мақалнама).

Көлгір көз. *Ойнақы, сықырлы көз.* Үйпалақ қасын қағып *көлгір көзбен,* Тұрғандай айланы бір тосып сірә! (Қ.Бекхожин, Мариям.).

Көлгір күлкі. *Мысқылды, кекесін күлкі.* Шарапат өзінен-өзі қуыстанып Мәдидің бұл сөзіне не дерін білмей, *көлгір күлкімен* аз кідірді де, улы тілін салып алды (Ә.Әбішев, Найзағай). Сол екіжүзділіктің, *көлгір күлкіні,* аярлықты, менменшілдікті жек көреді («Лен. жас»).

Көлгір сөз. *Жуып-шайған, мұләйім өтірік сөз.* Абыз... *көлгір сөзбен* көлденең болғың кепті ғой (М.Әуезов, Таңд. шығ.). «Жау жоқта ер көбін қайтейін. Қойыңдар, әрі!» – деп ақырып, көлденең кісілердің *көлгір сөзін* тыйып тастады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Әлдекімдер *көлгір сөзді* көпіртіп тост көтеріп жатыр (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

КӨЛГІРЛЕН= е т. *Мұләйімсу, құлық сақтау.* Әміреш *көлгірленіп* түсін суыта қойды. – Ей, патшаға неге тіліңді тигізесің (С.Сейфуллин, Шығ.). Досбол *көлгірленбе* енді (М.Ақынжанов, Ыбырай.). «Есебіңді ептеп отырып табамын» деп күле қарап, *көлгірленген* түлкі көзге көздеріңіз түскені бар ма? (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны.).

КӨЛГІРЛЕНУ *Көлгірлен етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Көлгірленуін* қоймады.

КӨЛГІРЛІК з а т. **1.** *Бір нәрсені біліп тұрып білмеген болушылық, мұләйімсушілік.* – Қазір жағдай қиын. Уақытша үкімет халық алдындағы

көлгірлігін қойып, ашық қимылға кетті, – деді Ознобин сөзінің соңында (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Көрмедіктің *көлгірлігіне* аңшы ашуланды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). **2.** п е д. *Жеке тұлғаның жағымсыз моральдық қасиеті. Көлгірлік* бағамдаулардың көбеюі қоғамның адамгершілік құндылықтары жүйесіндегі дағдарысты көрсетеді. Жеке тұлғаны тұмшалаудың әртүрлі нысандары тұсында *көлгірлік* етек алып, адамдарды бейжай енжарлық дендейді (Қаз. тілі термин. Педагогика). *Көлгірлік* адамгершілікті, бір жағынан, көзбояу салауаттылыққа, салт-жора сақтағансушылыққа, жалтақтаушылық пен сөз жүгіртушілікке, басқаның жеке өміріне дөрекілікпен араласушылықты ақтауға айналдырады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Көлгірлікке салды. *Көлгірсіді, мұләйімсіді.* Бірақ сөз төркінін сезетіндей ақыл бәрінде де бар екен, *көлгірлікке салып*, жылмиып өтірік күле бастады (Ә.Әбішев, Найзағай).

КӨЛГІРСУ *Көлгірсі етістігінің қимыл атауы.* Өтірікті, *көлгірсуді,* екіжүзділікті білмейтін, ойына келген сөзді тура айтатын, іске шебер, сөзге алғыр, уәдеге берік... ар-ұяты таза, намысқор адам еді (С.Мұқанов, Саяхат.). Оны төрелеріміз тартып алғаннан кейін осы сіздің маңайды ықтырмалап келеміз ғой... – деп көптен бері бойына сіңісіп кеткен *көлгірсуін* қоса жауап берді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

КӨЛГІРСУШІЛІК з а т. *Жасанды қылық көрсетушілік.* Сондай-ақ, «рәфғәтті» (көтеру, жоғарылату) – «қорғау» деп түсіндіріпті, «риясызды» – «ысырапсыз, шығынсыз» депті. Арабтың «рия» сөзі бізше, монжанылық, екіжүзділік, көзбояушылық, *көлгірсушілік* («Қаз. әдеб.»).

КӨЛГІРСІ= е т. *Жасанды қылық көрсету, мұләйімсу. Көлгірсіп* сұрама халді, Көз жас орала қалды. Сөздің бір сүңгісіменен, Сен мені жаралап алдың (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Ешқайсыңнан мән көрмедім татырға, Ұқсап өлу керек еді батырға. Ақыл, сен де кеңес салып *көлгірсіп*, Қысталаңда басты бекер қатырма (М.Шаханов, Ғасырлар.). Осы сіздің маңайды ықтырмалап келеміз ғой, – деп *көлгірсі* жауап берді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). *Көлгірсіп* көрген жерде жылмаң қақты, Ат қойып «ағаеке» деп айдар тақты (С.Сейфуллин, Шығ.).

КӨЛ-ДАРИЯ з а т. *Телегей-теңіз су.* Онан беріректе балық тоңдататын үлкен мұз қала бар. Балықшылар мұз қалаға кірді, іші *көл-дария* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *// Мол, ағыл-тегіл. Көл-дария* боп жатқан Құдайдың қымызы да бұйырмады (С.Мұқанов, Ботагөз). Көкжиектен көк егін, *Көл-дария* көп егін Буаз бопты бас алып (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.)

Көл-дария болды. *Жер бетін алып кетті, су-су болды (ақтарылған, төгілген су (сұйық зат) туралы).* Даудырлап жүріп Өтембай аяқастында тұрған шәйнекті көрмей сүрініп, етпетінен түсті. Шәйнектің суы ақтарылып, үй іші *көл-дария болды* (С.Досанов, Шығ.). Жан-жағына қараса, өзі отырған төмпешіктен басқа жердің бәрі *көл-дария болып* кеткен (Б.Тоғысбаев, Асыл адам).

Көңілі көл-дария. *Ақжарқын, кеңпейіл.* Бұл жолы *көңілі* бір *көл-дария,* Жолы сол қозы жейтін қонақтардың (Қ.Әзірбаев, Тойбастар).

КӨЛ-ДАРИЯДАЙ с ы н. *Көл-дария секілді мол, ағыл-тегіл.* Кісі қиялы жетпейтін *көл-дариядай* байлық пен бақыт, һүр қызы, ғашық жар тек осы түрік патшалығының топырағына бұйырмас деп ойлаушы еді (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

КӨЛДЕ= е т. **1.** *Судың, сұйықтықтың т.б. бір жерге көп болып жиналуы.* Өсербек қарсы алдында *көлдеп* жатқан қышқыл ерітіндісіне қараған жоқ, кешіп кетті (Ә.Ибрагимов, Нағыз.). **2.** а у ы с. *Көбею, молаю.* Тасып, толып, төгіліп, Сөзің *көлдеп* ағады. Кетсе бүрмең сөгіліп Кім аузыңды қағады? (Қ.Тоғызақов, Таңд.). Машина тау бетіне өрмелеген, Теңселіп көк жорғадай дөңгелеген. Қырманға төккен бидай асқар белдей, Теңіз боп жерім бар ма *көлдемеген!* (Пернедегі терме.). Желіні жертіп, толықсып, Сауса сүті *көлдеген* (Б.Қартқожақов, Майдангер).

КӨЛДЕЙ с ы н. **1.** *Көл тәрізді, көл сияқты.* Кең даланың төсінде *көлдей* болып сағым ғана ойнайтын (С.Мәуленов, Жер нәрі). Өтті қарлы соңғы ұшқын, Кетті көлкіп жер *көлдей*, Соңына еріп сол құстың, Көктем суыт келгендей (С.Мәуленов, Алыс кет.). Япырай, мен қайтсем екен мінезіңді сен қыздың!? *Көлдей* тұнып жатыр едім, тыныштымды сен бұздың (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ембінің бүгінгі-ертеңгі бар құпиясы Сардар көкірегінде *көлдей* толқып тұрғандай (З.Қабдолов, Жалын). **2.** а у ы с. *Үлкен, көлемді.* Әйткенмен *көлдей* болып жатқан мақаладан гөрі осы сегіз жол өлең ыстығырақ көрінген (М.Мағауин, Ақша қар). Кешегі Жантық айласын көрмей, Болар ма ертең адамдар дана? Конформизмнің... пайдасы *көлдей*, Қоғамға емес, наданға ғана (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Екінші әйел – қыналы бармақ дейтін: аз нәрсені көптей қылады; көп нәрсені *көлдей* қылады, киіміне кір жұқпайды, асына қылшық тұрмайды, дүниесінің бәрі таза болады (Шал ақын, Өлеңд.). Қара қыпшақ

Қобыланды, Атасы мұның – Тоқтарбай, Көзді *көлдей* жайлаған; Қалың қыпшақ жағалай; Қыс қыстауы – Қараспан, Қараспан көкке таласқан, «Әліп таңба» қыпшақтың Атағы озған Алаштан... (Қобыланды батыр).

Көңілі көлдей болды [шалқыды]. *Көңілденіп, қуаныш кернеді.* Аздан кейін жымиып, көзінің астымен бір қараса, Мәукеңнің ашуы басылып, *көңілі көлдей болып* жүре беретін (З.Ақышев, Жесірлер.). Көкірегін қуаныш кернеген Ғанидың *көңілі көлдей шалқып,* бұл қуанышын досы түгіл дүшпанына да сездіргенше асығып... кетті (А.Хангелдин, Ғани).

КӨЛДЕН= ет. *Кеңжайылу, кеңею.* Жайларың, жеке қоныс құтты болсын, Өріске мал, қоймаңа алтын толсын. Көшелерің *көлденіп,* көркемденіп, Саясына сандуғаш бұлбұл қонсын (К.Әзірбаев, Тойбастар).

КӨЛДЕНЕҢ с ы н. **1.** *Кесе-көлбеу, тік емес.* Аралары жиырма метрдей жақындағанда Әмина жолға *көлденең* құлады да, көзін жұмды (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Тигендей төбем тұнық бұлтты көкке, көрінед *көлденең* бел сонау шетте. Солдаттай сапқа тұрған қарағайлар, Мелшиіп қара тастар жатыр текке (М.Мақатаев, Шығ.). Төтеп бере алмас көшкінге, *Көлденең* жатқан жарық тас. Бойымнан менің ешкімге, Көлеңке түсіп жарытпас (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Сапарланып жол кештім Дүшпанға жатқан *көлденең.* Дұғада болсын ел-жұртым, кек жаудан мен келем! (Едіге) *//Белгілі бір заттың ені.* Осы жағдайда кездесе кеткен Сілекеевті Бисекең жоғары-төмен ұзыны мен *көлденеңін* бір өлшеп алды да: – Сенің көріп тұрғаның ғой тек қана авария? Содан бастап ұзындығы он екі метр, *көлденеңі* бес метр үй соғылды (Б.Қожабеков, Көктөбе). Кері бұрыла қашып беруге болмайды, өзектің *көлденеңі* өте тар (Т.Бигелдинов, Аспанда.). Қаңлыларда бұрыннан ху жазуы бар деп жазылса, «Жаңа Таңнамада» («Шын таң шу»): «Қаңлылар жазуы *көлденеңінен* жазады», – деп анық айтқан (Парасат). **2.** а у ы с. *Тосын, кездейсоқ, аяқ астынан.* Сайла деп дұрыс тамақты Ескерттім жолдың ауырын. Тосар мүмкін сұм тағдыр *Көлденең*от пен дауылын (О.Шипин, Дастан.). Өмір жайлы не түсінем мен деген... Өмір жайлы сұрай берме сен менен. Өмір жайлы білгің келсе, қартқа бар, Өміріне кегі кеткен, өлмеген, Жалған айып таңылғанда *көлденең,* Ақиқаттың аппақ туын бермеген (М.Мақатаев, Шығ.). *Көлденең* кеселге килікпесе, Төлеутайым апаттан аман алып та қалатын еді. Бірақ, амал қанша, Құдай оған жеткізбеді ғой (Қ.Жұмаділов, Шығ.). Сұлулықтың белгісі Көргендер аңсап шөлдеген. Жігіттіктің белгісі – Мезгілсіз жүрген *көлденең.* Екіталай болғанда, Айқын жүйрік терлеген. Кейбір жаман жыршылар, Әншейінде ақтарып, Сатып жүр жырын теңгеден. Менің сөзім аяусыз Аға менен жеңгеден... (Ақтан Керейұлы). **3.** а у ы с. *Бөтен, бөгде, жат.* Газет шығару, баспахана ашу секілді істер *көлденең* адамға сауда-саттық ісі секілді көрінсе ғажап емес, ақшаң болды – алдың, қаламың болды – жаздың, бірақ бізге олай емес (М.Дулатов, Шығ.). Ендеше мен тамағыма *көлденең* жұртты ортақ қылып жынданыппын ба? (Қ.Исабаев, Соңғы.). Нең бар, *көлденең* жұртта? Неге килігесің өзгенің дауына? – деп тіксіне қалды (Б.Аманшин, Жар мұңы). *// Бөтен, бөгде жат адам.* Жылқыны Сәттің бай-жуан інісі – Сәлмен алғызыпты. Бұны Жараспайдың сол елдегі достары анықтап отыр. *Көлденеңнің* алдында жарыққа шығып айтпақшы болып, жүрекжардысын да алыпты (М.Әуезов, Қараш.). **4.** а у ы с. *Қосымша.* Шаһар мекемесі рұқсат алса да, дәл осы кезде *көлденең* көмексіз, әсіресе қазақ халқынан жәрдем болмаса, гимназияны ашып жіберуге жалғыз шаһардың өзіне өте ауыр (М.Дулатов, Шығ.).

Көлденең билік. *Күтпеген жерден киліккен шешім.* Серғазы отырып Қарақұлға: – Жеңгең ұната ма екен? Әйелдің бір *көлденең билігі* болатын, білдің бе? – деді (С.Көбеев, Қалың мал).

Көлденең кәріз. с у ш а р. *Жерасты суларын жинап ағызатын, қолдан жасалған жабық жер, құрғатқыш. Көлденең кәріз* жерасты суларының деңгейін реттейді, онша терең орналастырылмай, белгілі бір еңкіштікпен жасалады (Қаз. тілі термин. Су.).

Көлденең кәсіп. *Негізгі қызметінен басқа қосымша пайда табатын қызмет.* Көліктерін, сауындарын тар жерде қасарыса ұстап, *көлденең кәсіптіде* көздеп отырған көрінеді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Көлденең кескін. с у ш а р. *Су шаруашылығындағы арналардың көлденең қимасының пішіні. Көлденең кескін* трапеция, тік бұрышты, үш бұрышты, дөңгелек пішінді болып келеді (Қаз. тілі термин. Су.).

Көлденең көбік ауыз. *Арада от тастап, адамдардың шырқын бұзатын, тосыннан келген бәдік.* Сөйтсе, әлгіндей әңгімені бықсытып жүрген жергілікті адамдарға бес қайнаса сорпасы қосылмайтын, *көлденең көбік ауыздар* болып шығыпты («Егемен Қазақстан»).

Көлденең көз. *Бөтен кісі, сырт адам.* Әзмұратовтың *көлденең көзге* зорға бас иіп,

амалсыз икемге келген өр көкірек мінезі көрініп тұр (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). – Мен сынағалы келген *көлденең көз* емеспін, халық жүрегіне жол таба білу керек дедіңіз (Д.Әбілев, Арман.). Шебер де он екі мүшесіндегі ең сұлулықты шәйімен қымтап, *көлденең көзді* оқыс жалт еткен ай дидарымен ынтық қып қоятын кермиық кербез сұлудай, кез-келген тіміскі көзге сыр шаша бермесе керек (Ә.Кекілбаев, Шығ. жин.).

Көлденең көк атты. *Кездейсоқ адам, әйтеуір біреу. Көлденең көк аттыжаяу жігітті де таяна танығысы келді, алайда «құдайы қонақ» тіл қатпады, тыңдай берді (С.Талжанов, Ұлдай.). Әншейінде дастарқаны кедей Күнімжан жеңгеміздің көлденең көк аттыға неғып мейірімі түсе кеткенін қайдам (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Қайтейін, өтсін деп ем еленбеумен, Мықтырақ болып шықты менен кеудем. Мен бе деп жүрмісіңдер әлде сендер Көлденең көк аттыға елеңдеумен (Т.Айбергенов, Мен саған.).*

Көлденең кісі. *Былайғы адам, іске қатысы жоқ кісі.* Содыр болысқа сырттан жұдырық түйіп, шоғырланып жинала бастап еді, Кәлен: «Жау жоқта ер көбін қайтейін. Қойыңдар әрі!» – деп ақырып, *көлденең кісілердің* көлгір сөзін тыйып тастады (Ә.Нұрпейісов, Шығ.). *Көлденең кісінің* көзі қарсы алдынан сұқталса, көкірегінді кірш еткізіп өте шығар көк найзаның ұшындай (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Ол ол ма, тіпті Қабен өзін осы көшедегілердің ортасында тек бүгінше ғана жүрген, ертең жоғіне кететін, бұлардың арман-мүддесі де, қуаныш-қайғысы да бөлек *көлденең кісі* – жолаушы сезіне қалыпты (З.Қабдолов, Жалын). Сол екі ортада *көлденең кісіге* белгісіз нешеме кезеңдер, шатқалдар, асулар қалды екен? (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

Көлденең қашықтық. әск. *Траекторияның ұшып шығу нүктесінен зеңбіректің көкжиегімен қиылысқан нүктесіне дейінгі арақашықтық* (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Көлденең қонақ. *Күтпеген жерден, аяқ астынан келген мейман.* Қатты тосылған жігіт *көлденең қонақты* үйіне қарай бағыттады (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк).

Көлденең өткен көк аттыны жібермеді [күр өткізбеді]. *Жезөкшелікістеді.* Балуанның көңілін суытамыз ба деген оймен: «Атбасардан қайтқан соң Ғалия күйеуі Біржаннан айырылысыпты. Содан кейін ол бұзықтық әдетке салынып, *көлденең* кездескен *көк аттыны құр өткізбейтін* боптьі», – деген өсек таратты (С.Мұқанов, Шығ.).

Көлденең сөз [әңгіме]. *Бұралқы, қыстырма, бөтен сөз.* «Біржан мен Сараның айтысы» ақылмен өлшеніп шыққан, ішінде *көлденең,* артық *сөз* жоқ, жазба әдебиетінің жақсы үлгілері сияқты (С.Мұқанов, Халық мұрасы). Өз міндетім былай қалды да, енді аузыма *көлденең сөздер* қыстырыла берді (І.Жақанов, Қайта орал.). Ендеше *көлденең сөз* былай қалсын, Қызықсыз, қысыр сөре кім айналсын. Көңілін көркем таудың жайлауына шығарып сері салтаң кете барсын (І.Жансүгіров, Шығ.). Тамақ үстінде *көлденең әңгіме* болған жоқ (С.Бегалин, Уақыт.).

Көлденең су тұндырығы. сәулет. *Тік бұрышты болып келетін темір бетоннан жасалған суды тұндыратын камералы астау. Көлденең су тұндырығы* камера санына сәйкес: бір камералы және көп камералы болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Су.).

Көлденең сұрақ. *Тосын сұрақ.* – Сіз негізгі баяндамаңызға кіріспес бұрын, бірер *көлденең сұраққа* жауап беріңіз, – деді бастық (Ж.Жұмаханов, Махаббат.). Тақпақ бітіп, әлгі адырақ көзім жұртты қошеметтей басын ие бергенде, *көлденең сұрақты* қойып қалдым (Е.Қонарбаев, Түнгі от).

Көлденең табыс [ақша]. *Еңбексіз табылған пайда, кіріс.* Арнаутовқа бір, Шварцманға бір қарап қойып, көзін қысып қалды. Бұл – жемқорлардың таразыдан тапқан бүгінгі *көлденең табысының* құпия «паролі» деп біліңіз (М.Рашев, Бетің қисық.). Жылқыдан басқа. *Көлденең ақша* тапса, Шалданның Сылқымбикесі Босап буын-жүйкесі (Ш.Смаханұлы, Ұр.). Егер, олар шектен шыққан тәкаппарлық пен бюрократиялық мінез көрсетсе, жеке азаматтарға мейірімсіздік танытып, парақорлық пен жемқорлыққа бейім болып, арамзалық жолмен *көлденең табыс* табуға жақын болса, ал жоғары лауазымды тұлғалар ештеңе білмеген болып, жағымсыз жағдайды түзеуге ниеттенбесе, онда мемлекеттік иерархияның ең төменгі шенінің мұндай әрекеттері мемлекеттік органдардың қызметін жағымсыз жағынан сипаттап қана қоймай, сонымен қатар халықтың билікке деген сенімсіздігін тудырады («Егемен Қазақстан»).

Көлденең тартты. а) *Білдірді, сездірді.* Иә, Ордада оқимын. Қазір үйдемін. Мектеп жабылып қалды, – деді ол шапшаңдап, өзінің оқушы екенін *көлденең тартып* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Айлар қанша алыстатты десе де, Біздер кейде кездесеміз көшеде. Жолықтырғыш мінезге бай жол деген, Көп сырларын *тартады* алға *көлденең*

(М.Шаханов, Ғасырлар.). Аталған ұйымдар кедейшілік шеңберінде өмір сүріп жатқан адамдар санының айтарлықтай азайғанын, ұлттық байлықтардың бұрын күтілгендегіден ауқымдырақ және жылдам бөлініп отырғанын *көлденең тартады* («Егемен Қазақстан»). ә) *Арнады, сыйлады.* Әкең Дарқан соңғы рет шарға түскен жылы мал-мүліктерінің жанарлысымен қоса ұлыққа бүлдіршіндей жас қызы – сені де *көлденең тартты* деп естіп едім, рас болар (Ә.Көшімов, Қысталаң.). б) *Ұсыну, көрсету.* Қазір Ынтызар Айбалов, таксимен-ақ кетемін ғой дегеніне қоймай, бір дос-жараны *көлденең тартқан* жеңіл машинаның үстінде, Домодедоваға баратын ұзақ жолда ой толғайды (А.Нысаналин, Алыста.). – Танылар тұлпар желіден, Ер танылар бесіктен. Таңдап алған тайыңды Көрсет, – деді атасы, – *Көлденең тартып* есіктен (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Көлденең тұрды. *Қарсы келді, кедергі, бөгет жасады.* Мұның үстіне әлгі айтқан арыз дегендер тағы бір кедергі болып *көлденең тұрып* алды (С.Бақбергенов, Адам.). Ағабек ешкімге дұшпан емес еді. Ол тек жолына *көлденең тұрғандарға* ғана дұшпан (О.Сәрсенбаев, Сағым).

Көлденең тұру. *Қарсы келу, бөгет болу.* Қиянатқа *тұру* қиын *көлденең*. Бірақ, бірақ... Шындық сөзге шөлдеген Жарлылардың жоғын жоқтап Жыр жазып Жүрер ме едім Итжеккенде әлде мен?! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Көлденеңі күректей. *Жуан, ені үлкен. Көлденеңі күректей* мұқыл тырнақты саусақтары келінің сабындай жұп-жуан (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

КӨЛДЕНЕҢДЕ= е т. **1.** *Кес-кестеу, көлденең тұру, алдын бөгеу, алдынан ербеңдеп қарсы шығу.* Кенет алдан атты адам ербелендеп Тұра қалды хан жолын *көлденеңдеп*. Бұл кім өзі? Бұл кімнің мұзбалағы? (М.Шаханов, Ғасырлар.). Біз-дағы келіп қаппыз елулерге, ілгері көз саламыз керуенге. Алпыс барсаң жетпіс тұр *көлденеңдеп*, Шақырар замандас жоқ бері кел деп (Шал ақын, Өленд.). Ер Есет келе жатқан кім екен деп, Көргенше тағат таппай жүр елендеп. Қасына солдаттарын жинап алып, Тұрды ол жолды тоса *көлденеңдеп* (О.Шипин, Дастан.). «Ақ бата», ақ қой қаны» деген атақ, Әрқашан *көлденеңдеп* алда жатад. Дегенде-ақ: «Құдай», «Құран» құл боласың, Қайсыңның бұл қамалға қолың батад (Сара, Тордағы.). **2.** а у ы с. *Кездесу, ұшырасу.* Алайда ол елдердің тарихы мен танымдық әлемі біздікімен сай келе ме? «Ол бағытты таңдағаннан біздің ұтарымыз не, ұтылатын жеріміз қайсы?» – деген сұрақтардың да *көлденеңдейтіні* бар («Егемен Қазақстан»).

КӨЛДЕНЕҢДЕТ= е т. *Алдынан кес-кестету, бөгету.* Қыңыр тастан ыққан жылқының беті осы болса, осынау жерлерден жылқыға кездесіп қалармын деп, *көлденеңдетіп* жүрмек болды (І.Жансүгіров, Шығ.). Топтың басында есік пен төрдей кер атты *көлденеңдетіп* Пендебай жүретін (О.Бөкеев, Үркер).

КӨЛДЕНЕҢДЕТУ *Көлденеңдет етістігінің қимыл атауы; алдын кес-кестету.* ≈ Алдынан *көлденеңдету.*

КӨЛДЕНЕҢДІК з а т. *Қарсылық, келіспеушілік.* Қызыңды әрі жас, әрі бай біреуге атастырарсың ғой, бәрібір Аманкелді *көлденеңдік* жасайды (М.Жұмағұлов, Қыран.).

КӨЛДЕНЕҢНЕН ү с т. *Аяқ астынан, күтпеген жерден.* Оның үстіне *көлденеңнен* Балташтың кешіккені қызық болды. Бармаймын десем, көңілі қала ма деп ойлаймын (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әйтсе де түсіну ұзаққа бармады, тағы бір оқиға *көлденеңінен* кез болып, оның қайта қабағы жабылды (М.Иманжанов, Адам.).

КӨЛДЕНУ *Көлден етістігінің қимыл атауы.* ≈ Есік алдының *көлденуі.*

КӨЛДЕТ= е т. **1.** *Суды арнасынан асыру, тасыту, жою.* Бір жетіден соң тағы бір өткінші жауын Көкөзекті *көлдетіп* өте шықты (С.Адамбеков, Атылған қыз.). Шамасы арықтан асып кеткен болу керек, мына бір көше *көлдетіп* жатыр (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.). Әлем дамыл алып бір, Басылды күн желдетіп. Құйып өтті көк жаңбыр Жер-дүниені *көлдетіп* (С.Мәуленов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Көбейту, молайту.* Ғажап болды-ау, еңбектен Осындай да ер шығып! Байлықты солай *көлдеткен,* Ерінде бар ма, кемшілік (С.Мұқанов, Алдабергенов тур.). Табысты тасқындатып селдетейік, Мыс, көмір, молибденді *көлдетейік* (Айтыс).

Көзінің жасын көлдетті. *Ағыл-тегіл жылады.* Күнбала сонда *көзінің жасын көлдетіп,* шешесіне жалынды (С.Омаров, Қызыл.). Олардың да бірталайы *көздерінің жасын көлдетіп* қала берді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Зипа *көзінің жасын көлдете* отырып, Естайға өзінің Жолбарыспен бірге кетуге бел байлағанын мойындады (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Көлдетіп суару. е г і н ш а р. *Егіннің атызын суға бастырып суару, суға қандыру.* Бұл аймақ жайылымдарының ішінде жыртуға жарамды жерлер, сондай-ақ *көлдетіп суаруға* болатын участоктар да кездеседі (Агроном

анықтама.). Топырақта кездесетін кейбір ауылшаруашылық дақылдары зиянкестерімен (тышқандар, кейбір құрттар) күресте, бұл жерлерді *к ө л д е т і п с у а р у* әдісі жақсы нәтиже береді (Б.Жамалбеков, Суармалы.). Алайда, осылай бола тұрса да, *к ө л д е т і п с у а р у ғ а* көп жерде жете көңіл бөлінбей келеді (С.Ысқақов, Табиғат.).

КӨЛДЕТУ *Көлдет етістігінің қимыл атауы; суды жаю.* Өткен ғасырларда егін суды жайып, *к ө л д е т у* әдісімен суарылатын болса, қазір негізінен су жүйектер арқылы...жүргізіледі (С.Ысқақов, Табиғат.).

Көз жасын көлдету. *Ағыл-тегіл жылау.* Әлі де жұрт *к ө з ж а с ы н к ө л д е т у д е,* Әлі де үрей келеді елге түнде. Әлі де бар соғыстың алапаты, Әлі де бар қанқұмар жер бетінде (Б.Алдамжаров, Нұр.).

КӨЛДЕТІЛ= е т. *Су жайылу.* Бірінен соң бірі толтырылатын, қатар жатқан сатылы көлтабандар. Бұл көлтабандар судың жұқа қабатымен *к ө л д е т і л е д і* (Е.Жамалбеков, Суармалы.).

КӨЛДЕУ з а т. *Өзен мен көлдің суы жайылған жер, ойпаң жерге жиналған қар суы, көлдеуік.* «Құдай көптен жарылқай ма, аздан жарылқай ма, о да белгісіз; дегенмен көп бала *к ө л д е у д е* ойнаса, жалғыз бала жар басында жүреді дегенді де ұмытпау лазым», – деп бір өтті (Ә.Кекілбаев, Дала.). Ол кез еді-ау жадыраған жаз болып, *К ө л д е у л е р д е н* аққу ұшып, қаз қонып, Ағатайдың Аққызының тойы еді, Жиек елі дүбірлеген мәз болып (Қ.Сыдықов, Теңіз лебі).

КӨЛДЕУІК з а т. *Су жайылып кеткен жер.* Ұлы Некрасов жырлаған ағынды шалқар Еділдің сонау Балдай жотасынан тамшылай ағып, *к ө л д е у і к* шалшықтарға айналған бастаулары да шабуылдар жолды кілкітіп жатыр (Ә.Сәрсенбаев, Батырлар.).

КӨЛДЕУІТ с ы н. *Суы мол, ылғалды, сыздауыт.* Онсыз да ылғалы мен көлеңкесі мол да шуағы тапшы *к ө л д е у і т* өлкенің буалдырмұнар табиғаты жауынгер жағдайын тым-ақ ауырлата түсуде (Ә.Сәрсенбаев, Батырлар.).

КӨЛДІ с ы н. *Көлі көп.* Дедім мен күліп айғайлап, Арыла алмай тәтті ойдан. Көңілді аймақ, *к ө л д і* аймақ Қалайша бәрі қап қойған (Т.Молдағалиев, Алатау.).

КӨЛДІК з а т. *Су жиналған ойпаң жер.* Біраздан кейін көгалды *к ө л д і к т е р* кезікті (Е.Домбаев, Шығ.).

Көлдік қаумал. с у ш а р. *Көлдің бір бөлігінде немесе бүкіл ауданында, кейде көлге жақын жатқан құрлық бөлігінде жасалған қоршау, ойпат* (Қаз. тілі термин. Су.).

КӨЛДІЛІК з а т. с у ш а р. *Бөгендерді қоса алғандағы көлдің жалпы ауданының елді мекеннің, аумақтың жалпы ауданына қатынасы. К ө л д і л і к* пайызбен есептелінеді (Қаз. тілі термин. Су.).

КӨЛДІРЕ = е т. с ө й л. **1.** ***Күлдіре***. Бір жерге келгенде, бет-аузын сипалап көрді. От шарпыған жерлері шала күйіп, *к ө л д і р е п* қалыпты (Тұлпар). **2.** *Көлкілдеу, ісіну.* Көзінің алды *к ө л д і р е п* көлеңкеленген. Жүзі мұңды, жүдеу. Анадайдан қарайды да тұрады (Ә.Тарази, Үлкен ауыл.). Ондай жан асты да құлықсыз ішеді, Көзінің асты *к ө л д і р е п* іседі. Жаулайтын жалғанды жыр ғана құралым, Оңаша қалғанды тілеп-ақ тұрамын (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

КӨЛДІРЕУ *Көлдіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көзінің асты *к ө л д і р е у.*

КӨЛДІРЕТ= е т. *Көлкіту.* Ауылға ақылшы еді. Өлді. Кетті. Үй ішін ол қызыл қан *к ө л д і р е т т і.* Шошынған келін бала «шешем-айлап», Жас тұнып жанарларын мөлдіретті (Ф.Оңғарсынова, Асау.).

КӨЛЕГЕЙ с ы н. *Көзден таса, қалқалау.* Бұрын көзден *к ө л е г е й* тұрған нәрселердің бойлары көріне бастады (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Көлегей қабақ танытты. *Ұнатпады, жақтырмады.* Күніме жетіп қыз тудым. Жұрт жиып, жиын таратып, жөн-жосығымен жөнелтіп жатқанмен, ата-енем де, Жақып та керегі қыз емес еді ғой дегендей *к ө л е г е й қ а б а қ т а н ы т а д ы* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Көлегей тартты. а) *Күңгірттенді, көмескіленді.* Көз алдың *к ө л е г е й т а р т ы п,* сахараның сағымы тәрізді бұлдырайды да тұрады (С.Бақбергенов, Қоянкөз.). ә) *Жасырды, қалқалады.* Шоқан үндемей қалды. Айсары тағы да қызарып, бетін *к ө л е г е й т а р т т ы* (С.Бақбергенов, Қоянкөз.).

КӨЛЕГЕЙЛЕ= е т. **1.** *Тасалау, қалқалап бүркемелеу.* Көк Неваның қара бұлт басқан жүзін, *К ө л е г е й л е п* алыпты аспан жүзін. Қарай берем тастарға, қарай берем, Табам ба деп бауырымның басқан ізін (С.Мәуленов, Алыс кет.). Көктөбенің басына шығып, алақанын күнге *к ө л е г е й л е п,* жаулығының ұшын тістеп қалып бара жатты (А.Нысаналин, Алыста.). Жамал апай дауысы дірілдеп, есікке бұрылды да, көз жасын Нәдиядан жасырғандай, көйлек жеңімен *к ө л е г е й л е й* берді (Ә.Сәрсенбаев, Батырлар.). Жоғарыда көбіне елемей ме? Жүрек шіркін сыздайды неге кейде?! Көңіл күнін кеш шығып, ерте батар Мұңның бұлты ұстайды *к ө л е г е й л е п* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** *Бірдеңеден*

қорғау, сақтау. Тастаңдар қаруларыңды! – деп Шынғали сұлтан бетін жел мен қардан *көлегейледі* (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Бекеннің қолы дірілдеп, аптығып шамға от қойды да, өшірмеске тырысып дауылданептеп *көлегейлеп* тұрды (М.Қаназов, Сонар). Бір сарыннан таймай желіп келе жатқан аттың тұяғынан түйдек ұшқан соқта қар үстіне түсіп, маза бермеген соң, ол қара тұлыбын *көлегейлеп,* бір қырындау отырды (М.Дүзенов, Әке.). **3.** ауыс. *Жасырып, жабу.* Әрине, ғасырлар *көлегейлеп* кеткен өмір көштерінің әр асуында мақал, мәтелдер туған (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Амал не, көңіліндегі шындықты көлгір сөзбен *көлегейлей* алмады (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

Көңілін көлегейледі. *Ойға қалдырды, қайғыртты.* Мың батпан сағынышым жасырам ба, Өртенген кеудем оңай басылар ма? *Көңілімді көлегейлеп* жүрген бір мұң, Жарқырап жаз күніндей ашылар ма? (Н.Бәдіғұлов, Бәйтерек.).

КӨЛЕГЕЙЛЕН= е т. *Тасалану, бұлыңғыр тарту.* Бүркіттің де арманы осы сағым емес пе? Құр алыстан *көлегейленеді,* ал қолыңа ұстайын десең дым да жоқ (І.Есенберлин, Қатерлі.). Көз алды *көлегейленіп* түн боп барады, тоса-тоса тағатымыз таусылған соң, қасымызға сол үйдің баласын ертіп тойға өзіміз беттедік (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Қараңғылық қоюланып, жұлдыздардан құйылған жарық сәуле *көлегейленіп,* талмаусырап барып әзер жетеді (Т.Шаханов, Жоғалған.).

КӨЛЕГЕЙЛЕНУ *Көлегейлен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бір қырының *көлегейленуі.*

КӨЛЕГЕЙЛЕТ= е т. *Тасалату.* Үй іші лық толы адам. Сол жақ ағаш кереует үстінде кебінге оралған Қасымның денесі. Үстін ақ шүберекпен *көлегейлете* жауып қойыпты (І.Есенберлин, Қатерлі.).

КӨЛЕГЕЙЛЕТУ *Көлегейлет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бетін *көлегейлету.*

КӨЛЕГЕЙЛЕУ *Көлегейле етістігінің қимыл атауы; тасалау, жасыру.* Түбінде сенің *көлегейлеуің* түпке жетіп жүрмесе... (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Әр қырымен бір көрініп, өз сырын *көлегейлеуге* келгенде Қаратай алдына жан салмаушы еді (А.Жүнісов, Өмір.).

КӨЛЕГЕЙЛІ с ы н. *Күннің көзі түспейтін, жарығы аз, күңгірт.* Келеді *көлегейлі* кеш те түсіп, Тұр құз тас жалын қызды төске қысып, Жүрегің ауырғандай шымыр етіп, Сенің де жастық шағың еске түсіп (С.Мәуленов, Шалқар.). Қызығам ба, қызғанам ба, білмеймін. Суретшіні кейде ішімнен күндеймін. Мен жатқанда *көлегейлі* күңгіртте, Ол жүріпті бөктерінде күнгейдің (Ә.Тәжібаев, Жартас.).

КӨЛЕМ[1] з а т. **1.** *Белгілі бір заттың аумағы, мөлшері.* Мұның жөні былай, жолдастар! – деді Бөрібай, – Егістің *көлемін* арттыру, шығымын өсіру біздегі ең күрделі жұмыс болу керек (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Сол поэма 1957 жылы өлеңмен жазылған романға айналып, *көлемі* бес мың жолға жетіп, қайтадан шықты (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Күннің диаметрі Жердің диаметрінен 109 есе үлкен, ал Күн өзінің *көлемі* жағынан Жерден 1 300 000 есе үлкен, массасы (яғни салмағы) жағынан Жер массасынан 330 000 еседей ауыр (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.). Торғайдың ұйысқан ел суын сорып, Жайындай жарды соқты толқын ұрып. *Көлемі* көз жетпейтін ақ тақырға, Еріксіз өсірді егін су құйдырып (О.Шипин, Дастан.). **2.** *Бір нәрсенің шегі, аясы.* Осы кештің тәрбиелік мәні зор болды. Кеш «Шопан мамандығы» әңгімесінің *көлемінен* асып, патриоттық, Отан сүюге ұласып, саяси мәні зор оқиғаға айналып кетті («Қазақст. мект.»).

КӨЛЕМ[2] з а т. *Маңай, ауыл-аймақ.* Бар күшіңді сынамай, Балуандармен күреспе, Таң боларсың әлемге Сөз боларсың *көлемге* (Қазтуған // Алдаспан).

КӨЛЕМДЕН= е т. *Үлкею, ұлғаю, кеңею.* Таяу үйлерде де әлдене бір ғажайып сыры бар күмбезді сарайлардай *көлемдене* түседі де, бірте-бірте көмескілене бастайды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Көзі *көлемдене,* бет сүйегі шыға, мұрны қырлана түскен (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Совхоздың буыны бекіп, бұғанасы қатқан сайын орталығы да өсе түсті, көркейе, *көлемдене* берді («Соц. Қаз.»).

КӨЛЕМДЕНДІР= е т. *Ұлғайту, кеңейту, үлкейту.* Гауһар екі көзі тостағандай, ұзын кірпіктері көзін *көлемдендіре* түскен (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

КӨЛЕМДЕНУ *Көлемден етістігінің қимыл атауы.* ≈ Біраз *көлемдену.*

КӨЛЕМДІ с ы н. *Көлемі үлкен, аумақты.* Сазарған салқындығынан аумаған Шыңғыстың Шоқанға қатты ұнаған бір жері, Науаннан қалғаны бар, өзінің жинағандары бар, ауыл жағдайында *көлемді* кітапхана жасап алған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бір кезде Шығыс Қазақстан өлкесін үлкен баз етеміз деп *көлемді* жоспар жобалап жүрген Әбдіжан ол ойдан оралып, мына баздағы малдың болашағы жайына көшті (С.Бегалин, Уақыт.). Деген екен бір жаман. Сол айтқандай-ақ Саған мақтанбағанда, Енді кімге мақтанам?! Мақтануға тұрғандай, *Көлемді* екен өзі де (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Аралдан соң ең *көлемді*, ең ұзын Аққөл, менің алғаш көрген теңізім. Артық емес теңесем де айнаға, Айдалада жарқыраған көл жүзін (С.Мәуленов, Алыс кет.).

КӨЛЕМДІК с ы н. *Көлемге лайықты, аумақтық, мөлшерлік. Көлемдік* өлшемдер ретінде «Му» және «Цинь» дейтін өлшеуіштер пайдаланылатынын көрсетеді Шоқан (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов). Әсіресе, балықтың *көлемдік* салмағын білудің ерекше зор маңызы бар (К.Күленов, Қазақст. балық.). «Миллион мен миллиардты» көз алдымызға елестетіп, мағынасын түсіну үшін олардың ұзындық, салмақтық және *көлемдік* мағыналарын қарастырайық («Білім және еңбек»).

Көлемдік атыз. г е о л. *Сынамаға сызық бойынша үздіксіз орналасқан нүктелер қатарынан көлемі бірдей материал алудың тәсілі. Көлемдік атыз* тәсілі, көлем тұрақтылығын қамтамасыз еткенімен, қосымша операция – көлемді өлшеу жүргізілуіне байланысты ыңғайсыз (Қаз. тілі термин. Геология).

КӨЛЕМДІЛІК з а т. *Қомақтылық, ауқымдылық.* Біздің әдебиет оқулықтарындағы екінші бір үлкен кемістік – олардың тым *көлемділігі* («Қаз. әдеб.»). Рауғаш пен қымыздықтың жапырағын салыстыра отырып, ол рауғаштың жапырағы *көлемділігіне* қарамастан, қымыздықпен туыстас өсімдіктер деп жүйелейді («Білім және еңбек»). Шығарма аса *көлемділігіне* қарамастан, қызық оқылады. Романхамса әлі де зерттеле жатар. Біз бұл шығармаға реңк қосатын кейбір фабулалық желілер мен тарихи психологиялық тұжырымдамалардың қаншалық нанымдылығына қысқаша көз салайық («Егемен Қазақстан»).

КӨЛЕМДІРЕК с ы н. **1.** *Үлкенірек, кеңірек, аумақтылау.* Төбенің үстіне шығып, түстікке көз салғандар жалғыз атты арбамен кеткен қалашының қайтардағы қарасы *көлемдірек* боп көрінер деп үміттенеді (Қ.Исабаев, Айқыз). Өзектегі тоғайдың бас жақ қойнауы аласа, бірақ жасыл жапырақты бұтақтары *көлемдірек,* бір-екі түп ағаштар өскен (Ә.Көшімов, Қысталаң.). **2.** *Ауқымырақ, күрделірек.* Оны басқару әлдеқайда қиын. Міндеттері де *көлемдірек,* әрі қиын (От.).

КӨЛЕМСІЗ с ы н. *Көлемі аз, аумақсыз, кішірек.* Жүйткиді, жүйткиді алға қара күйме, *Көлемсіз* көкжиекте дара күйде (Ғ.Қайырбеков, Дала.).

КӨЛЕҢ[1] с ы н. *Ерке, шолжың.* Мінгені жолдасымның жирен дөнен, Өнерді жаман екен үйренбеген. *Көлең* қыз келмей жатып сөзін айтып, Бала екен бір дәріпсіз сүйреңдеген (Айтыс).

Көлең берді. *Елестеді, елес берді.* Осы ой *көлең беріп* санасын бір қозғағанда өткен өмірі күйін сияқты боп лезде өтті көз алдынан (Е.Қонарбаев, Түнгі от.).

Көлең етті. *Көлбең етті.* Көзімді ашып қалғанымда, есіктен *көлең етіп* шығып кеткен әйел көйлегінің етегін көріп қалдым (Д.Исабеков, Бекеш.). Бөлмеге *көлең етіп* Ділдәш кірген. Уыздай жап-жас, балғын (С.Мұратбеков, Көкорай). Әр қадам – қазылған ор... келем өтіп, Қажыдым өкінішті өлең етіп. Шаттықтың шалқар жырын төгер едім, Алдымнан шыға келсе, *көлең етіп*... (М.Әлімбаев, Өшпес от.). Ғажайып тосын үнге елең етіп, Құс-арман көбелектей *көлең етіп,* Тасыған дариядай астан-кестен, Сезімді ыстық, отты керек етіп (Е.Ибраһим, Гәкку.).

Көлең қақты. *Көлбең қақты.* Әлгіде ғана сылаң қағып, сымдай ширатылып тұрған сұлу тұлғалы жас денесі босап, *көлең қағып* күлімдеп келе жатқандай, көгілдір гүл төккен күрең жібек көйлегі де уқалана қалыпты (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Бүлдіршіндей бүйрек бет қыздар айналаңда *көлең қағып,* шымши жұлып бақыт құсынша қолыңа қонады (С.Төлешов, Түрлі. бас.).

КӨЛЕҢ[2] ү с т. *Сәл қиғаш, бір қырындап.* Қалжыңы жарасып қасымда ғана қыз отырды. Жылы мейірін жасыра алмай күле бір *көлең* бұрылғанда, құшағым аңсап, көкірегім күйіп кетеді (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Ала көлең. *Қараңғылық тарай бастаған, таң атар кез, елең-алаң.* Олар *ала көлеңнен* жолға жиналды. Суыт жүріп кету керек («Лен. жас»). Балық жұмысы асығыс жұмыс және *ала көлеңмен* жиналатын бір қауырт кәсіп қой (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Кешкі көлең. *Қараңғы түсе бастаған кез, қара көлеңке.* Маң даланың ықтасынға қарай дөңгелеген ербең ебелегіндей, *кешкі көлеңде* күржең қаққан көп жасақшы жығылған сай сағасына тығылды (Х.Есенжанов, Тар кезең).

КӨЛЕҢДЕ= е т. **1.** *Көлбең-көлбең ету, желбіреу.* Көп кешікпей есіктің алдына ақ көйлегі *көлеңдеп,* ырғала басып Мәрукей шықты (І.Есенберлин, Қатерлі.). Елбеңдеп, етекжеңі *көлеңдеп* жүгіріп кеткен Алтынгүл аздан соң Бейпіл қасқаны оятып әкелді (А.Нұғманов, Құлан.). **2.** *Қараңдау, қарауытып көріну.* Ауыл жақтан күбірлесе сөйлеп келе жатқан жылқышылар *көлеңдейді* (А.Сатаев, Дала.). Басынан кешірген жарқын, ыстық сәттері мен

жәбір көріп, жапа шеккен шақтарын есіне алса, алыстан бұлдырап, әртүрлі адам тұлғалары *көлеңдейді* (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті.). Бекет малдас құрып отырып алды да, кітапты тізесінің үстіне қойып, жылдам-жылдам ақтара бастады. Неше түрлі сурет, әріптер *көлеңдейді* (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Дәрменнің көз алдынан жапан түзде желдей ескен жүйріктер *көлеңдеп* өтіп жатыр (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

КӨЛЕҢДЕС= е т. *Көлбеңдесу, көлбең-көлбең етісу.* Тұрған қол кенелмекке өлеңді естіп, Толқыды көлге қарап елеңдесіп, Қараса ойран болып жұбай аққу Заулап жүр көл үстінде *көлеңдесін* (С.Сейфуллин, Өлең.).

КӨЛЕҢДЕТ= е т. *Желбіретү, көлбеңдету.* Там үй мен үйдің екі ортасында, қос етек көйлекті *көлеңдетіп* Зейнеп дейтін қара сұр әйел жүр (Б.Майлин, Шығ.). Тез кимешегін басына іле салып, бүрмелеген ұзын етек қызыл көйлегін *көлеңдетіп,* жалаң аяғына ештеңе кимей жер басып, Айшаның қасына келіп үңіле қарады (С.Сейфуллин, Әңгім.). Қазір де сол әдетіне салып, далаға шығар алдында тағы да бір рет айнаға қарамақ болып, көгілдір көйлегін *көлеңдете* төргі бөлмеге қарай бара жатты (І.Есенберлин, Қатерлі.).

КӨЛЕҢДЕТУ *Көлеңдет етістігінің қимыл атауы. Көрсету.* Кейіпкерлерді қашан да болса өзгеріссіз қайта *көлеңдету* идеяны да, характерді де тереңдетпейді («Қаз. әдеб.»).

КӨЛЕҢДЕУ *Көлеңде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көйлегінің *көлеңдеуі.*

КӨЛЕҢКЕ з а т. **1.** *Белгілі бір заттың сәуле түсіп тұрған жағынан қарама-қарсы түсына түсетін сәуле тоскауылының қараңғылығы.* Екі кісінің *көлеңкесі* шатырлы үйдің есігіне түсті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жаздың сүйкімді таңдарының бірі. Күн көкті өрмелеп, *көлеңкелердің* бойын қысқартып келеді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Анау *көлеңкеде* отырған Мылқау қараның әлгі істегенін көрмеді дейсіңдер ме? – деп оларға ұрсып тастады (М.Дүзенов, Әке.). **2.** *Күн көзінен саялап отыратын пана.* Түс кезінде әйелдер бір жерге жиналып, бастарына *көлеңке* жасап, сусындарын ішуге отырды (С.Мұратбеков, Жабайы.). Мен ертең желіні жаңа жерге ауыстырып, бір амалын тауып, күнгей жағынан *көлеңке* жасау керек деген ойға келдім (М.Хасенов, Тұлпар.). **3.** а у ы с . *Уақытша тұратын баспана, үй. Көлеңке* – болымсыз баспана, киіз үй, балаған (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері.). Қазір Карл Казимировичке айта барайын, басына *көлеңке* орнатып берсін (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз.). **4.** а у ы с. *Үйдің берекесі, саясы.* Жақсы әйел – жан рахаты, жаман қатын. Сөйлейін ажыратып араларын, Адамның жақсы қатын *көлеңкесі,* Үйінде өскен нудың берекесі. Көрініп күнде көзге шырын жандай, тарқасам таң атқанша мерекесі (Ақмолла ақын, Күндер.). **5.** а у ы с. *Кемшілік, олқылық.* Бірақ адамның күншуақ жақтарына көңіл бөлмей, *көлеңке* жағына көбірек көз салатын Зайкүл сияқтыларға не дауа (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). **6.** а у ы с. *Қайғы, уайым, реніш.* Дараның аппақ жүзіне *көлеңке* түспесе деймін (Ө.Күмісбаев, Жапырақ.). Рас, Бота, өткен өмірдің *көлеңке* жағын сөйлесек мұңаятын (С.Талжанов, Ұлдай.). Көрген шаттық, Қайғыны, *Көлеңкені,* Күнгейді. Өзінің тек қай күні Өлетінін білмейді (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Жаздың түні барқыт еді әдемі, Ашық еді бүкіл аспан әлемі. Ай сәулесі түсіп тұрды жүзіңе, Қабағында сәл *көлеңке* бар еді (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жанды көлеңке. б е й н е. *Тұралап, құр сүлдесі қалған адам.* Тұтқындардың жартысындайы ауру. Күнде бестен, оннан кісі өліп тұрады. Қыстайғы суық, аштық шыңдарына жетіп қалған. Көбі сондағы делбе, *жанды көлеңке* (С.Сейфуллин, Шығ.).

Көлеңке басты. *Қайғы, уайым басты.* Бәсе, Қайырдың жүзін *көлеңке басып,* күңгірт тарта бастағаны сол екен-ау? (З.Шашкин, Доктор.). Жүзіндегі қуаныш сәулесін лезде ұнамсыз ой *көлеңкесі басып* барады (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Көлеңке басын ұзартты. *Бесін ауып, күн еңкейді. Көлеңке басын ұзартып,* Алысты көзден жасырса, Күнді уақыт қызартып, Көкжиектен асырса (Абай, Тол. жин.).

Көлеңке қылды. *Күн түспейтін сая жасады. Көлеңке қылып* басына, Кілем төсеп астына, Салтанатты байлардың самауырыны бұрқылдап (Абай, Тол. жин.). Денені арқалап ап тоғай кірді, Ашумен бәйгі атынан оңай кірді. Бөз жауып, бір ағашқа *көлеңке қып,* Аллаға аманат қып үйге келді (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Көлеңке салды [түсірді]. *Уайым-қайғыға ұшыратты.* Жүгіріп вокзал басына барғым келді. Бірақ жігіттің бақытты жүзіне *көлеңке салмайын шы* деп тоқталамын (Ө.Күмісбаев, Жапырақ.). Шаңырақтың басқалығы көңілге *көлеңке түсіреді* де тұрады (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Мейлі, ол қарамасын, түсінбесін, Осылай асқақ болсын, кішірмесін. Бастан ауып баратқан тал түсіме, Тағдырым *көлеңкесін түсірмесін* (М.Мақатаев, Шығ.).

Көлеңке үйірді. *Бет-беделіне нұқсан келтірді.* Қай кезде де мұғалімдер зиялы қауым

өкілдерін, қоғамның ең прогресшіл, ой-өресі кең тобын құрап келсе, бүгінде оның осындай айрықша мәдени келбетіне *көлеңке үйіретін* күнкіл сөздер жиі айтылады («Егемен Қазақстан»).

Көлеңкесінде жүрді. *Біреуді паналап, күн көрді.* Несі бар, біреудің *көлеңкесінде жүріп,* төбесін көкке жеткізгеннен де, айқасып жүріп маңдайын тасқа ұрса өкінер ме еді (Ш.Хұсайынов, Таныс адам). Ұнамды бейнелер бай *көлеңкесінде жүріп,* таптың мүддесін біртіндеп таниды (С.Қирабаев, Октябрь.).

Көлеңкеде қалды. *Елеусіз, ескерусіз қалды.* Баланікі дұрыс! Тың игереміз, егін саламыз деп, мал бағуға жөнді көңіл бөлмей, *көлеңкеде қап* келе жатқаны өтірік пе (З.Шашкин, Сенім).

Көлеңкесінен қорықты. *Жоқтан өзгеден үрейленді, шошыды.* Мұнан бұрын Омар: «Әне келіп қалды... міне, әкетеді Қамарды» деп *көлеңкесінен қорқып* дегендейін елегізіп, үйінің ішімен түн бойынша үрпиісіп, көрер таңды көзімен атқызушы еді (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). – Сендердің мені тас бауыр, қатыгез, өз *көлеңкесінен* де *қорқатын,* қоян жүрек қорқақ, өз туысына да сенбейтін сорлы көріп отырғандарыңды сеземін (Ә.Әбішев, Замана.).

Көлеңкесін саялады. *Медеу санады, тірек етті, паналады.* Қаладағы үлкен бір ағасының *көлеңкесін саялап* көшіп келіп жатқан жігіт қой («Лен. жас»).

Қай шырағына көлеңке болып еді. *Қандай зияны болып еді, кімге кесірі тиді деген мағынада.* Бірақ хан дәл бұл сәтте өзінің Махмед-қожаның баласына істегенін есіне түсірмеді. Бәсе, үш жасар нәрестe Махмед-қожаның ұлы Әбілқайыр ханның несін бүлдіріп еді? *Қай шырағына көлеңке болып еді*! (І.Есенберлин, Қаһар).

Қара көлеңке. *Қараңғылық түсіп, айнала көмескі тартқан кез, апақ-сапақ мезгіл.* Кештің *қара көлеңкесінде* заулап жанған оттың сәулесі үйдің ішін тегіс жарық қылды (Б.Майлин, Шығ.). Тоқтап жалт қарасам, *қара көлеңкеде* артымыздан бір әйел жүгіре басып келе жатыр (С.Мұқанов, Өсу жол.). *Қара көлеңке* болса да, қабағының астымен оның түсінің суып кеткенін көріп отыр (Т.Ахтанов, Боран).

Қара көлеңке тартты. *Қараңғыланды, қараңғы түсті.* Күн кешкіріп, ағаш іші *қара көлеңке тартып* барады (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

КӨЛЕҢКЕДЕЙ с ы н. *Көлеңке сияқты, көлеңке тәрізді.* Жарға түскен *көлеңкедей* қараңғыда сырт мүсіні ғана көрінеді (Т.Ахтанов, Боран). Сүйсінтері жоқ болса, өнер де өгей. Игіліктің нұрына бөленгеней. Бір топ бала қасынан Бейсен қарттың, Қалмайтынбыз ілесіп *көлеңкедей* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Бірақ бала кезде бастан кешкен сол бір күн менің көңілімде қасымдағы *көлеңкедей* ерді де жүрді (С.Мәуленов, Жер нәрі). *Көлеңкедей* тал түскі жоғаларсыз, Жалғандардың бәрі де болады арсыз. Туыстар да көп емес, ту ұстауға, Қолым әлсіз, жүрегім одан да әлсіз (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

КӨЛЕҢКЕЛЕ= е т. **1.** *Қалқалау, көлегейлеу.* Басындағы етекті үлкен қоңыр қалпағы оның бетін қанша *көлеңкелесе* де, жанап өткен адамдар оның түзу қыр мұрынды... айқын пішінді сұрғылт торы бетін анықтап көрер еді (С.Сейфуллин, Шығ.). Жасынан құстың неше түрлі салу әдісін жадына жаттаған Серікбай, ителгіні шақыртпай, су жақтан *көлеңкелеп* өзінің ығына ұстап, үйректерден ителгіні жасыра бастады (С.Бегалин, Уақыт.). **2.** *Күннің көзі түспейтін жерді саялау.* Өздері әбден шаршайды. Содан *көлеңкелеп* кешке дейін ұйықтайды (С.Елубаев, Ойсыл қара). Ағашты *көлеңкелеп,* ойнап отырған балалардың үстінен түсіп қалса айқайлап, шала бүлінеді (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Киімсіз алба-жұлба тыр жалаңаш, Жегені қатқан қалаш, тамақтан аш, Бір жерге *көлеңкелеп* біраз жатып, Ұйқысы қанған бала көтерді бас (О.Шипин, Дастан.). Таулардың шоқысында ұлар ұшып, Қойшылар салқындайды суға түсіп. Түбінде бір ағаштың *көлеңкелеп*, Дем алып отырушы ек, сусын ішіп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Жасыру, білдірмеу.* Орта бойлы, келбетті жас жігіт ішкі сырын *көлеңкелей* алмай, студентті қолдау тұрмақ, сықақ етуге дайын тұрған-ды (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Аллоу, аллоу, мырза, аппаратыңыздың соңғы қасиетін *көлеңкелемей* ашып айтыңыз (Т.Сүлейменов, Жұлдыз.).

КӨЛЕҢКЕЛЕН= е т. *Қараңғылану, күңгірттену, тасалану.* Біз қоңыр *көлеңкеленген* үйде отырдық (С.Сейфуллин, Тар жол.). Ай жарық, ала бұлт аспанда Ақбет таудың биігі *көлеңкеленіп* көрінеді (І.Жансүгіров, Шығ.). Тау қазір түсі көкшілденіп, *көлеңкеленіп* сұп-суық боп апты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қойманың күн жағындағы терезелері әктеліп немесе қалқан арқылы *көлеңкеленіп,* күн сәулесі тура түспейтіндей болуы керек (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

КӨЛЕҢКЕЛЕНУ *Көлеңкелен етістігінің қимыл атауы.* – Айжан үйде ме? – дей кірді ол, іші *көлеңкеленуге* айналған балағаннан,

Ақпан төсегінің ығында шөкесінен жатқан Айжанды абайлай алмай (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КӨЛЕҢКЕЛЕТ= е т. **1.** *Қараңғылату.* Ақлима қонақтарын ауыз үйге енгізіп, терезе жапқыштың бірін аздап ысырып, үй ішін ала *көлеңкелетіп,* әлсіз сәуле түсірді (Б.Тілегенов, Көктем.). **2.** *Қалқалату, тасалату.* Ыстық күндері отарды *көлеңкелетіп* немесе жел соратын биік жерге иіріп, күннің аптабы басылған кезде, түнде, әсіресе, ертеңгілікте жаю керек (Шопан сырласы).

КӨЛЕҢКЕЛЕТУ *Көлеңкелет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Көлеңкелетумен* болды.

КӨЛЕҢКЕЛЕУ[1] с ы н. *Күннің көзі аз түсетін, салқындау.* Керісінше күн сәулесі жетімсіз түскен немесе *көлеңкелеу* жердегі өскен өсімдіктердегі бағаналы ткані онша жақсы жетілмей де қалады (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Мерген бір *көлеңкелеу* жерге отырып демалды (С.Омаров, Өмір.). Қызыл неон – Рио-Негроның жоғарғы саласында шағын ормандағы суда мекендейтін, дене тұрқы 4-5 см әдемі балық. Неондар көбінесе *көлеңкелеу* жерлерде ұзақ тұрады (Қ.Қайымов, Суасты.). // *Таса, қалтарыс.* Көптен бері *көлеңкелеуде* қала беретін біраз әңгімелердің беті ашылып, қалтқысыз ұғыныстық (Ғ.Мүсірепов, Достық.).

КӨЛЕҢКЕЛЕУ[2] *Көлеңкеле етістігінің қимыл атауы; көлегейлеу, көрсетпеу.* Юпитердің тұтылуы дегеніміз – оның серігінің Күн жақ бетін көлегейлеп *көлеңкелеуі* ғой (А.Қалығұлов, Жарық.).

КӨЛЕҢКЕЛІ с ы н. **1.** *Күн түспейтін, көлеңкесі мол, саялы.* Қонысбай дегенің мына *көлеңкелі* баспананың астында ағаш шауып отырған бурыл сақал (Б.Майлин, Шығ.). Аман болса от бітер, Ел жайлаған жер артық. Жолың түссе тоқтарсың, *Көлеңкелі* жер артық (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Енді Көккасқа өзеннің *көлеңкелі* қабырғасына қарай жақындап келіп, артқы көшті тосып қалды (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). **2.** а у ы с. *Көңілсіз; кемшілікті, олқылықты.* Осы уақытқа дейін көп реттерде өмірдің *көлеңкелі* жағын көрсетпей, тек қана асыра дәріптесумен, бояумен сырлап келгеніміз де рас (С.Мәуленов, Жер нәрі). Кейбір жазушылардың өмірді терең көрсетуді тек *көлеңкелі* жайлар мен кемшілікті қазбалау деп түсінетіні байқалады (С.Қирабаев, Октябрь.).

Көлеңкелі экономика [бизнес]. э к о н. *Тауар-материалдық құндылықтар мен қызмет көрсетулерді мемлекеттің бақылауынан тыс өндіру, бөлісу және тұтыну. Көлеңкелі экономика* бұл, – азаматтардың, әлеуметтік топтардың арасындағы мемлекеттік меншікті жеке бастың пайдакүнемдік немесе топтық мүдделеріне пайдалану жөніндегі мемлекеттік басқару органдары мен жұртшылықтан жасырылатын әлеуметтік-экономикалық қатынастар (Қаз. тілі термин. Экономика). Қазір еңбек етуге қабілетті 7,5 млн адамның 2,5 млн-ы ғана зейнетақы қорларына тұрақты түрде ақша аударып отырады, яғни *көлеңкелі экономика* көрініс беріп қалды («Түркістан»). Сондықтан да импорттаушылардың сойылын соғушылар сан-саққа жүгіртіп жатқандай, бұл қаулы кәсіпкерлердің *көлеңкелі бизнеске,* заңсыз жолмен тасымалданатын өнімдердің көбеюіне және кедендегі сыбайлас жемқорлықтың өсуіне әкеледі дейтін сәуегейлігіне негіз бола алмайды («Егемен Қазақстан»).

КӨЛЕҢКЕЛІК[1] с ы н. *Көлеңке боларлық.* Қораның бір жағы үй тәрізді, қазандығы бар, жазғы жағдайға бейімделген *көлеңкелік* баспана ғана (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.). Мен бұрын Қармақшыны көрген едім, Өзінше тұрсын былай шөлдегенім. Ауданнан *көлеңкелік* тал таба алмай, Ойпырмай, естен кетпес терлегенім (Айтыс).

КӨЛЕҢКЕЛІК[2] з а т. *Жазғы жағдайға бейімделіп жасалған баспана.* Киіз үйдің жанындағы *көлеңкеліктің* ішінде жүрген шопан біздің келгенімізді байқамай қалды (Ж.Ертілесов, Туған жер.).

КӨЛЕҢКЕСІЗ с ы н. **1.** *Көлеңкесі жоқ, көлеңке түспейтін.* Алматы қаласының *көлеңкесіз* көшесі бар ма? (С.Бегалин, Уақыт.). **2.** а у ы с. *Ашық-жарқын, бүкпесіз, құпиясыз.* Кәрия жүзінде мысқыл бар. «Сенбей тұрған шығарсыз... Сізге деген құрметім шексіз, көңілім *көлеңкесіз...».* Осы бір қызыққа бой алдырған ұлының балаң сезімін іштей түсініп, оның сергек те албырт жүзінен өзгеше бір *көлеңкесіз* құмарлықты аңғарды (А.Сейдімбеков, Ақиық). Күткен кім бар тағдырдың қас қыларын, Күткен кім бар жанарға жас тұнарын. *Көлеңкесіз* көңілі көлдей шалқып, Армансыз құшып тұрды жас қыранын (М.Айтқожина, Аққу.).

КӨЛЕҢКЕШЕ үс т. *Көлеңкеге ұқсап, көлеңке тәрізді.* Әр бұрышқа бір жабысып оның соңында *көлеңкеше* еріп келе жатқан Көпен (Б.Аманшин, Жар мұңы). Жабысып *көлеңкеше* қабырғаға Түнімен көше кезді Әли-баба (Б.Аманшин, Өлеңд.). Күнде соңынан қалмай, *көлеңкеше* еріп жүретін Ермек мынау (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

КӨЛЕҢ-КӨЛЕҢ е л і к. *Екі жаққа ырғатылып, шайқатылып, көлбеңдеп, толқынды ырғақпен қозғалған қимылды бейнелейтін сөз.* Үй қыдырған *к ө л е ң-к ө л е ң* ақ жаулық. Жаз шықса, пароход, паром, жол қайық, жасыл арал, қалың орман (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көлең-көлең етті. *Көлбең-көлбең етті, көлбеңдеді.* Солардың арасында Тоняның жасыл көйлегі *к ө л е ң-к ө л е ң е т т і* (Х.Рахимов, Қызғалдақ). Келіп жатқан қонақтардың ішінде сәйгүлік ат мініп, қызыл-жасыл киініп, *к ө л е ң-к ө л е ң е т к е н і* не сән (О.Бодықов, Бұлбұл).

КӨЛЖҰТАР з а т. м и ф. *Аңыз-әңгімелердегі көлді жұтып қоятын кейіпкер.* Кейде жағымды кейіпкерге неше түрлі таусоғарлар, *к ө л ж ұ т а р л а р,* желаяқтар, саққұлақтар жолдас болып, жақсылық жасайды (М.Габдуллин, Қаз. ауыз. әдеб.).

КӨЛИТ= е т. с ө й л. *Көбейту, молайту.* – Қалаға келсең, осы енді! – Баукеспесі бар! – деп жатыр біреулер. Махамбет сағатына қарады: –Бәрекелді! *К ө л и т і п п і з* ғой компанды. Орынбордан келген төреге барушы ем... (Б.Аманшин, Жар мұңы).

КӨЛКЕК е л і к. *Көлк-көлк етіп толқыған, көлкілдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

Көлкек қақты. *Көлкілдеп толқыды, көлкектеді.* Содан олар бірсыпыраға дейін үндемеген күйлері *к ө л к е к қ а қ қ а н* көл бетінен көздерін алмай отыра берді (С.Ғаббасов, Ана.).

КӨЛКЕКТЕ= е т. *Көлкілдеу, толықсу.* Оның жібектей сусылдаған көк шашақ селеуі мен бусана шаңытқан боз көдесінің көгілдір нұрға малынып *к ө л к е к т е п* тұрған шағы (С.Ғаббасов, Қыран.).

КӨЛКЕШТЕ= е т. *Буркеу, жасыру, көлегейлеу, тасалау.* Құныс түйе жүн шекпенінің жағасын көтеріп, бетін күннен *к ө л к е ш т е п* қойып, шалқасынан түсіп ұйықтап жатыр дейді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Салақ солдаттың шинелінің шалғайындай сатпақ-сатпақ ноябрь аспаны айналаны бір уыс қып *к ө л к е ш т е п* алған (Ә.Кекілбаев, Таңд. шығ.). Бала жігіт жүрегі лүп-лүп етіп, асыға аяңдады. Қалың ши төңіректі *к ө л к е ш т е п* алған (Ә.Кекілбаев, Үркер).

КӨЛ-КӨСІР с ы н. *Өте көп, ағыл-тегіл, мол.* Х.Досмұхамедұлы көзінің тірі кезінде алдына жан салмас ғажайып лингвист, фольклорист, тарихшы-этнограф, аудармашы болған. Жанжақты, *к ө л-к ө с і р* әмбебап білімінің арқасында ол биология, зоология, медицина салаларында да көп еңбек қосқан ғалым (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Бірақ өзіме ғана аян, деректерім тың емес, жаңалық деп ұсынатын *к ө л-к ө с і р* материалдардың ешқайсысы да соны емес (М.Мағауин, Бір ата.). Қилы өмірдің сыйы мен күйін құпта, Келген бізге *к ө л-к ө с і р* кейін құтта. Ақырында шығарған адам қылып, Тағзым етіп, бас ием, қиындыққа (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Бәрі де таныс маған жер бетінің, Бәрімен бір бесікте тербетілдім. Көрдім мен ақ аспанда мамық ұшып, *К ө л-к ө с і р* ақ жауынның селдетуін (М.Мақатаев, Шығ.).

КӨЛКУ *Көлкі етістігінің қимыл атауы.* Көтермейді *к ө л к у д і,* көбеңсуді, Қаһарлы ойдан өрілген өлең сырлы; Қатал заманнан шыққан қайырымды жан, Қара тасқа көктеген емен сынды (Ж.Нәжімеденов, Мезгіл.).

КӨЛКІ= е т. **1.** *Судың ойпаңда көлдей жайылуы, сел болуы.* Тәжіктер осы күнге дейін *к ө л к і г е н* сулы саз күріш егіндіктеріне арықтан су жіберіп жүріп, жыл сайын сол Зарафшан алабынан қанша арқар құлжаның сүйегін, қабанның сойдиған-сойдиған азуларын тауып алысады деседі (М.Жұмабаев, Шығ.). Тау ортасындағы жазықтың ортасы терең шұқат болғандықтан, оған сарқылған қар суы *к ө л к і п,* кей жылдары тартылмай жатады (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Бір топ бала ауладағы *к ө л к і г е н* шалшықты шашырата жалдап жүгіріп жүр (С.Сматаев, Армысың.). Жаса, Орал, жаңа Орал, жасыл Орал, Қара бұлт қайта келмес басыңа, Орал. Көгіңнен *к ө л к і п* жатқан көлге үңілем, Жібектей аруыңның жасы болар (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Астың бетінде майының қалқуы.* Дастарқанда бауырсақ, құрт, май, ірімшік. Ортадағы табақта майы *к ө л к і г е н* қуырдақ (С.Байжанов, Сыр.). **3.** *Жұқа матадан тігілген бұйымның төгіліп тұруы.* Басында төбесіне үкі таққан, барқытпен тыстаған дөңгелек құндыз бөрік, сыртында өңірін оқалаған кең етек, қынама бел пүліш қамзол, оның ішінде *к ө л к і г е н* қос етек жібек көйлек (С.Мұқанов, Есею жыл.). Дей тұрғанмен, анау *к ө л к і п* жатқан көк шымылдықтың арғы жағы құр болмауы да ықтимал-ау... (З.Қабдолов, Жалын).

КӨЛКІЛДЕ= е т. **1.** *Күлтілдеп ісіну.* Бет-аузын сақал баспаған, үсті-басы батпаққа батпаған, екі көзі *к ө л к і л д е п* іспеген солдат пен офицерді көрмейсің (Р.Хайруллин, Офицер.). Бас ауған жаққа барамын. Көзімнің асты *к ө л к і л д е п.* Ақ сақалым желпілдеп, Кәрі басым селкілдеп, Көкірегім күркілдеп, іздесем кімді табамын? Бағыт сілте, әулие! (М.Мақатаев, Шығ.). *К ө л к і л д е п* ісіп кеткен бет пішіндерден бұлардың көптен бері бүйірі шығып, ыстық ас ішпегендері көрініп тұр (Қ.Жұмаділов, Соңғы

көш). **2.** *Жиналу, іркілу.* Құлахмет ағайдың *көлкілдеген* көз жасы көбесіне сыймай, самайға ағып, жастыққа тамшылады (Д. Исабеков, Қара шаңырақ). **3.** *Киімнің кеңдеу болып, желпілдеуі.* Ақ дамбалының *көлкілдеген* кең балағы сидиған арық сирағын жаба алмай тұр (Б.Тілегенов, Көктем.). Бүгін ол үстіне салтанат кезіндегідей екі өңірі етек-жеңіне қырғауыл бейнесі зерленген, *көлкілдеген* қызыл сары жібек желең киіп, басына қызыл жақұт тасы бар алтын зерлі, шошақ төбелі, айыр қалпақ қондырып алған екен (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

КӨЛКІЛДЕК с ы н. **1.** *Көлк-көлк еткен, көлкілдеп тұратын.* Асқақ арманымның көл жиегіндегі *көлкілдек* көбіктей желге ұшып кеткені ме осылай? (Ө.Қанахин, Жүрек.). Үдей келіп, қырдың... желі ескен шақта көл жағасын *көлкілдек* ақ көбік көме бастады (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** *Ісінген, көлкілдеген.* Бұрынғы сұлу мұрты салбырап, аузын көміп тұр. Көзінің алды *көлкілдек.* Беті мыж-мыж ісінген (Ш.Мұртазаев, Шығ.).

КӨЛКІЛДЕТ= е т. *Киімді төгілдіріп кию.* Омар үстіндегі ақ көйлектің кең етегін *көлкілдетіп* дамбалының сыртынан бос шығарып жіберіпті (Б.Тілегенов, Аққайнар).

КӨЛКІЛДЕТУ *Көлкілдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көбігін *көлкілдету.*

КӨЛКІТ= е т. **1.** *Ағыл-тегіл су қылып жіберу.* Сен ғой осы жерді *көлкіткен!* – деп Бауыржанға қаһар төктім (Ә.Қалдыбаев, Су тасушы.). Уақастың үсті-басынан сорғалаған су әп-сәтте бұл араны да *көлкітіп* жіберді (М.Мағауин, Ақша қар). Жазғытұрым шабындықтың үстіне оқтын-оқтын *көлкітіп* алса, жайқалған көк шалғын тізеден келіп өседі (Б.Соқпақбаев, Балалық.). **2.** а у ы с. *Молайту, судай ағызу.* Батпан қолды ерлер көшті, Құрып құрыш құрылыста, Көш Балқаштай *көлкіттті* әне, Жауға ажал ғып, қызыл мысты! (Т.Жароков, Шығ. жин.). Телегей-теңіз етіп *көлкітейін,* Халқымның өлең болса сұрағаны. Ардақты малшылардың арқасында, Шалқымай жаным қайтып тұра алады (Айтыс).

КӨЛКІТУ *Көлкіт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Теңіздей *көлкіту.*

КӨЛМЕК з а т. ж е р г. **1.** *Көлшік, тоспа. Көлмек* жасатып, мініс аттарын суаратын (М.Дәулетбаев, Қызылжар.). **2.** *Бір жерге жиналған ағысы жоқ су.* Барыстың басында екі *көлмек* бар, екеуі де күзге қарағанда тартыла бастайды (Ауызекі).

КӨЛМЕКШЕ з а т. ж е р г. *Шағын көлмек.* Саулықтарын дәрі қосқан *көлмекшеге* тоғытып алмай қалған (М.Дәулетбаев, Қызылжар.).

КӨЛП е л і к. *Тұнып тұрған сұйықтыққа жеңіл зат тосыннан келіп түскенде пайда болатын дыбысты бейнелейтін сөз.* Көлге майда тас лақтырғанда, *көлп* деген дыбыстар шығады (Ауызекі).

Көлп етті. *Күп етті, бұлк етті.* Көбелек келіп *көлп етіп,* Көбігін ішіп ол кетті. Жапалақ келіп жалп етіп, Жартысын ішіп ол кетті (С.Адамбеков, Көсе.).

КӨЛПАЛ с ы н. ж а ғ ы м с ы з. *Бос, көпірме, лепірме.* – Ә, бәсе, қаланың қу сирақтары, сендер біздің діңкемізді сондай *көлпал* сөзбен құртасыңдар ғой (Ә.Көшімов, Жас аңшы.). Көзі кафе жаққа түсті, ашық екен. Демек, Әсемкүл де келіп қойған. Отбасында *көлпал* Әсемкүл сауда үстінде мүлдем басқа (Е.Әлімжанов, Тарғыл.).

КӨЛПАЛДЫҚ з а т. ж а ғ ы м с ы з. *Лепірмелік, көпірмелік, көпсөзділік.* Шетелдік мырзаларды Хантауының төріне талтаңдатып қойғанына жүрегіміз қарс айырылады. *Көлпалдықтың* да жөні бар емес пе? Әлде қалталы шейхтардың өтіп кеткен бірдеңесі бар ма? («Жас Алаш»).

КӨЛПЕК с ы н. *Жаңа жауған үлпек (қар).* Жерде, *көлпек* қарға кіріп жатып қарағанда, трактор көк аспанның төрінен құлап келе жатқандай сұмдық үрейлі, үлкен боп көрінеді екен (С.Мұратбеков, Көкорай). Құлипа жылап жүріп айналадан тас іздей бастады. Анадай жердегі қарақ-құрақ етіп жатқан жақпарлардың арасынан *көлпек* қарды тепкілеп тас жиып алды (С.Мұратбеков, Дос.).

КӨЛПІ= е т. *Көлп ету, күп ете түсу.* Сондай-ақ басқа мекемелердің қызметкерлері де келіп мұнда көз жұмып қойып кетті. Сүтке түскен көбелектей *көлпіп* жатты (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

КӨЛПІЛДЕ= е т. *Жұп-жұмсақ боп үлпілдеу.* Түні бойы қылаулаған болу керек, кеше ғана айнадай ғып сыпырып, күреп тастаған есік алдында жаздағы көк теректің басынан төгілген ақ үлпек сияқты боп жұлықтан асар-аспас қылау қар *көлпілдеп* жатыр (С.Мұратбеков, Дос.).

КӨЛПІЛДЕУ *Көлпілде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қардың *көлпілдеуі.*

КӨЛСЫМАҚ с ы н. *Көлшік.* Қар суынан пайда болатын *көлсымақ* қаңтарды жыл сайын көктемде бұлар да жағалайды (Ә.Көшімов, Қарт аңшы). Сонда осы *көлсымақтың* жаға жиегіне жақын жердегі түбінің сұр сазы қасқаланды (Ә.Көшімов, Қарт аңшы).

КӨЛСІЗ с ы н. *Көлі жоқ.* Төңірек елсіз, ормансыз, *көлсіз,* өзіме мәлім жазық дала (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Ауыл сыртындағы бір қой тасқашыға келсем сондай көз ұшында, дөңгелек тоғай көрінеді, бұл жақта тоғай маңы *көлсіз,* томарсыз болмайды, ендеше құстар да

сонда (Ж.Саин, Жол үсті.). // *Көлі жоқ мекен.* Ебелек ұшпас елсізден, Көбелек ұшпас *көлсіздең,* Құла мидай шөлдерден, Адам жүрмес жерлерден (Батырлар жыры // Дуадақ шөлсізде, қаз-үйрек *көлсізде* тұра алмайды (С.Мұқанов, Шығ.).

КӨЛТАБАН з а т. **1.** *Суы тартылған көлдің орны.* Ол орнынан тұрып, ақ тымық *көлтабан* бетіне, иреленіп жатқан арна бойына, әріректегі бел ортадан суға батқан аралдарға бір нәрсе іздегендей жағалай қарады (Ә.Сараев, Қараша.). Жол *көлтабанға* қарай ойысады (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). – Танабы тартылған ескі *көлтабан*ғой, суы тайыз шығар, – деп болжам айтады Қарашаш (А.Мекебаев, Жезтырнақ). **2.** с у ш а р. *Еріген қар суы мен тасқын суларды бөгейтін жағасы ирек әрі аласа созылыңқы келген шығанақ. Көлтабанның* тұрқы созыңқы келген, жағасы ирек әрі аласа болады немесе оны көктемгі еріген қар суы деп атайды (Қаз. тілі термин. Су.).

Көпсатылы көлтабан. с у ш а р. *Су тоқтатқыш бөгеттшелері бір-біріне қатарласып, сатылы түрде келетін көлтабанның түрі* (Қаз. тілі термин. Су.).

КӨЛТАБАНДА= е т. *Суды жазық жерге жайып жіберу*. Егер жергілікті жерлердегі барлық уақытша ағымдар тиімді пайдаланылса, республикамыздағы *көлтабандап* суарылатын жер көлемі 4–5 млн. гектарға жетер еді (Е.Жамалбеков, Суармалы.).

Көлтабандап суармалау. с у ш а р. *Агротехникалық талапқа сай топырақ ылғалдылығын арттыру үшін еріген қар суы мен жаңбыр суын пайдалану әдісі. Көлтабандап суармалау* – көбінесе жер бедерінің еңістігін пайдалану арқылы арна, тау бөктері мен баурайларына көлденең жал, топырақтан саты жасап, тасыған өзен суларын, қар, тағы басқа суларды ұстап қалу нәтижесінде 1,5:2 метрге дейін топырақ ылғалдығын ұстайды (Қаз. тілі термин. Су.).

КӨЛТАБАНДАН= е т. *Судың жазық бетімен жайылуы.* Лықылдаған арна кей жерлерде жардан асып, мал жайылатын кең жазықтарға жайылып, *көлтабандаңып* кеткен (Ә.Сараев, Қараша).

КӨЛТАБАНДАУ с ы н. *Жазықтау, тегістеу.* Қыс болса да көгалы кетпеген бір *көлтабандау* жерге қонақтарға арнап аппақ шағаладай төрт киіз үй, оның оң жағындағы өзек басына екі үй мен үлкен бір шатыр тіктіріп қойыпты (Н.Баяндин, Құм асты).

КӨЛТАНУ з а т. ғ ы л ы м. *Құрлық гидрологиясын зерттейтін ғылым саласы, лимнология. Көлтану* көл қазан шұңқырларын, олардың жағаларының геологиялық құрылысын, түп шөгінділерін, судың физикалық және химиялық қасиеттерін т.б. зерттейді (ҚСЭ).

КӨЛТЕКТЕ= е т. *Көлгірсу, бұлтақтау.* Саған зиян емес қой менің мұным, Күнделікті өміріңе сабақ болар, *Көлтектемей,* көзіңе айтқансынам (Айтыс).

КӨЛТЕКТЕС= е т. *Бұлтақтасу.* Халыққа сыймай жүрген сұмырайлар, Қарсы алып, ханға барды *көлтектесіп* (Н.Ахметбеков, Жасауыл.).

КӨЛТЕКТЕТ= е т. *Бұлтақтату* – Е, дұрыс оныңыз. Ал бірақ мұны неменеге айтып келе жатқаныңызды ұқпадым. *Көлтектетпей,* тура келсей (М.Жұмағұлов, Қыран.).

КӨЛТЕКТЕУ *Көлтекте етістігінің қимыл атауы.* Мүмкін сіз өкпелерсіз, бірақ біз *көлтектеуді* білмейміз. Сондықтан жалған уәде бере алмаймыз (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.).

КӨЛТІЛДЕ= е т. *Ісіну, күлтілдеу; бұлкілдеу.* Молла есіктен кіріп келгенде, сөйлегісі келіп оқталып еді, ісік кернеп тұрған алқымы *көлтілдеп,* үн шығармады (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.).

КӨЛТІЛДЕТ= е т. *Желбіретy.* Шұбат тосар ерніне мөлтілдетіп, Қарық қылып тастайды өр тіл жетік. Жабдықтан сығалайды қыз-келіншек, Әжелер жүр жаулығын *көлтілдетіп* (Ө.Күмісбаев, Ақ шолпан).

КӨЛТІЛДЕТУ *Көлтілдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Алыстан *көлтілдету.*

КӨЛШЕ з а т. қ ә с. *Егістік жердің атыздан кішірек бөлігі.* Жерің тегіс екен, бекер *көлшеге* бөлгенсіз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨЛШІК з а т. *Көлдің кішкене түрі.* Саяндардың бәрі көз немесе *көлшік* сияқтанып жап-жалтыр боп жатады (С.Мұқанов, Туған жер.). – Айт, балам, Арманыңды айт, жасқанбағын, Көріп тұрмын, көзіңнен шашқан жалын. Не айтам саған, көл едім, *көлшік* болдым, Көзі бітіп, суалған бастауларым. Тыңдайын, арманыңды айт, жасқанбағын (М.Мақатаев, Шығ.). Сарқынға мәз, сарала қаз, *Көлшіктен* ап талшықты. Сая болмай самала жаз, Сай аңқасын қаңсытты (М.Мақатаев, Шығ.).

КӨЛШІКТЕЙ с ы н. *Көлшік сияқты, көлшік тәрізді.* Егерде алысқа бармай-ақ, алдағы он жылды ойласаң, біздің бүгінгі жеткеніміз теңіз қасындағы *көлшіктей* боп қалады (Ақ бидай). Кешегі мектеп жөнінде жазғаның Саяз *көлшіктей.* Арыз бар. Тіпті менің де Көңілімді қойдың көншітпей (Х.Ерғалиев, Дәуір.).

КӨЛШІКТЕН= е т. *Су жиналу, көлдеу.* Жауын жауғанда, оның іші *к ө л ш і к т е н і п* езіліп жатады (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Цемент қырманның жиектеріне, ойқы-шойқылау жерлеріне жиналған жаңбыр суы *к ө л ш і к т е н е* қалыпты (Р.Райымқұлов, Қыз – айна).

КӨЛШІКТІ с ы н. *Көлшігі бар, сулы.* Бұл ауру, әсіресе, *к ө л ш і к т і,* сазды, ылғал жерлерде көбірек кездеседі (Шопан серігі).

КӨЛШІМЕК с ы н. *Ойпаң жерге жиналған судың орны, көлшік.* Қазір енді, Гуля әкелген *к ө л ш і м е к* суымен Бұзаубақтың пұшық құманынан беттерін жуысып жатыр (С.Сейфуллин, Шығ.). Суы жиналып көлдеп жататын суы молдау кейбір *к ө л ш і м е к* жерлерге өлең де шығады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Сұлу қара аттың лекіте аяңдағаны, жылан қырқа, ойпаң *к ө л ш і м е к т е р* көңілді сергіте бастады (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

КӨЛІК з а т. <нем. Transport>. **1.** т е х. *Жолаушыларды немесе жүкті бір жерден екінші жерге жеткізетін қатынас құралы, мәшине.* Екі *к ө л і к т і ң* бірін таңдауды жер иелері өз ықтиярымызға салды: бірі – автомашина, ...бірі – самолет. Биыл М.Тынышбаев атындағы *К ө л і к* және коммуникация академиясына мемлекеттік грант бойынша оқуға түскен еді («Ана тілі»). *К ө л і г і м д і* бірдемеге ұрып алмасам жарар еді дегендей, үнемі сақтық істеп, екі көзін жол бойынан бір алмайды (І.Есенберлин, Қатерлі.). Анасы Дәулетке: «*К ө л і к* тауып, құрымаса жарты жолға апарып сал-дағы», – деді. Дәулет «*к ө л і к* қайнап жатыр, біреуіне ілігер» деді де, түс қайта жұмысына кетті (Ә.Сараев, Қараша.). **2.** *Әртүрлі жұмыс пен жол қатынасына пайдаланылатын мал.* – Жауынбай аға, бүгіннен бастап жұмыс *к ө л і г і н е* сіз жауаптысыз (Б.Майлин, Шығ.). Бұрын қала көшелеріндегі басты *к ө л і к* түйе немесе ат жеккен арба болса керек (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Ол тоғайдан колхоздың ұста дүкеніне көмір жағуға келуші еді. *К ө л і г і* – мүйізі абажадай, дөңкиген үлкен арық қызыл өгіз (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Сере, сере, сере қар, Асты кілең, үсті мұз. Күн-түн қатса жібімес, Мен *к ө л і к к е* қосымды артқамын, Көмбідей ару жаларға Күректей мұзды тоңдырып, Кірмембес ауыр қолға бас болып, Күңіреніп күн түбіне жортқанмын (Доспамбет жырау).

Көлік дәліз. *Шетелдерге көлікпен қатынас жасау үшін салынған ұзындығы мен ені барынша кең жол, трасса.* Мемлекеттер басшылары өзінің географиялық орналасуы жағынан зор транзиттік әлеуетке ие болып отырған Орталық Азия өңірі континентаралық *к ө л і к д ә л і з д е р і н і ң* құрамдас бөлігі болуы тиіс деп атап өтті («Егемен Қазақстан»).

Көлік күші. *Жолаушы немесе жүк таситын қатынас құралы. К ө л і к к ү ш і* жеткілікті, адам күшін таба алмай, Жәрдем сұрап шапқылайтын бригадир Қоғамбай. Осынау бір тынымсыз жан қамшылаған торы атын Әзілқой-тын, әрі менің жақын жездем болатын (М.Шаханов, Ғасылар.).

Көлікке басты. с ө й л. *Жүк артты, тиеді.* Бір қап ұнды *к ө л і к к е б а с ы п* жібердім (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Көлік нөпірі. *Бір жолдың бойында болатын көлік кептелісі. К ө л і к н ө п і р і н* азайту мақсатында былтыр Сайын мен Райымбек көшелері қиылысындағы автокөпір салынған болатын («Түркістан»).

Көлік құралдары салығы. э к о н. *Заңнамалық актілермен белгіленген тәртіп бойынша есепте тұрған көлік құралдары бар жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардан алынатын салық. К ө л і к қ ұ р а л д а р ы с а л ы ғ ы н ы ң* сомасын салық төлеушілер салық салу объектілерін, әрбір көлік құралы бойынша салық мөлшерлемесі мен түзету коэффициенттерін негізге ала отырып, дербес есептейді (Қаз. тілі термин. сөздігі. Экономика.). *К ө л і к қ ұ р а л д а р ы с а л ы ғ ы н* бесінші шілдеге дейін төлеу мерзімі белгіленді («Егемен Қазақстан»).

Көлік майы. к ө н е. э т н. *Көлікті пайдаланғаны үшін төленетін ақы, салық.* Қанаудың ол түрлерінің қатарына сауын, *к ө л і к м а й ы* деп аталатын салық түрлерін жатқызуға болады (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов). Үш мың жылқы деген үш қора қой емес қой, *к ө л і к м а й ы* деген болады (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Көлік малы. к ө н е. *Күш-көлік ретінде пайдаланылатын мал. К ө л і к м а л ы* ойқастауға жоқ. Қамыттан мойны босаса болды, төрт тағандап басын оттан алмайды («Қаз. әдеб.»).

Көлік тарифі. э к о н. *Көлік қызметі үшін алынатын ақы төлеу мөлшерлемесінің жүйесі. К ө л і к т а р и ф т е р і* жолаушыларды, жүктерді жолжүк пен поштаны жеткізу кезінде орындалатын тасымал үшін, сондай-ақ тасымалдауға байланысты қосымша операциялар үшін белгіленеді (Қаз. тілі термин Экономика.).

Көлік шығыны. э к о н. *Шикізаттар мен дайын өнімдерді өндіріс орнымен тұтылу орнына тасымалдауға байланысты шығыстар.*

Көліктің жүк айналымы. э к о н. *Көлік өнімінің көрсеткіші. К ө л і к т і ң ж ү к*

а й н а л ы м ы тонна-километрімен, теңіз көлігінде тонна-мильмен өлшенеді (Қаз. тілі термин. Экономика). *К ө л і к т і ң ж ұ к а й н а л ы м ы* көлік түрлері, қозғалыс пен жүктің тегі, басқа да белгілері бойынша топтастырылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

КӨЛІК-МӘЛІК з а т. с ө й л. *Көлік және сол сияқты нәрселер.* Небір көмек қажет болса, қызметіңізге әзірміз. *К ө л і к-м ө л і к* керек болып жатады (С.Бердіқұлов, Егеулі найза). – Бізде 400-дей жылқы бар, екі жылқышы бағады. Биыл 67 бие құлындады. *К ө л і к-м ө л і к* болсын деп өсіреміз («Лен. жас»).

КӨЛІК-САЙМАН з а т. *Көлік және оның жабдықтары.* Кішкене қорасына *к ө л і к-с а й м а н д а р ы м е н* зорға сыйды (М.Әуезов, Тол. шығ.).

КӨЛІКСІЗ с ы н. *Көлігі жоқ, жаяу.* Азықсыз, *к ө л і к с і з* жаяу алыс жол жүріп, арып-ашып Москваға жетіп, өзі іздеген оқуына тұяғын іледі (С.Бегалин, Бала Шоқан). Күншілікке *к ө л і к с і з* айлап жүріп, Қолда бардан дастарқан жайған күліп. Қамқор болып қарасқан қарындасқа, Келі түйіп, қол диірмен айналдырып (С.Мәуленов, Алыс кет.).

КӨЛІКТЕТ= е т. *Көлікке міну, көлікпен жүру.* Жаяулатып, *к ө л і к т е т і п* аудан орталығына да жеттім-ау! (Т.Бердияров, Солдат.).

КӨЛІКТІ с ы н. *Көлігі бар, көлікке мінген.* Маңайынан *к ө л і к т і,* жаяулы, тысыр-тысыр етіп жүрт өтіп жатыр (Д.Досжанов, Тұлпар.). Ақмоланың қақ іргесінде, Есіл өзенінің жағасында өскен талдың қалыңдығы соншалық, *к ө л і к т і* адам көрінбейтін еді (Ә.Қалмырзаев, Ар). *// Көлікке мінген, көлігі бар адам.* Ылғи *к ө л і к т і л е р* бастары қайқайып-қайқайып жан-жаққа кетіп барады (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

Көш көлікті болсын! т і л е к. *Көш берекелі, салтанатты болсын деген мағынада.* – Уа, байеке, *к ө ш к ө л і к т і б о л с ы н!* Қай жердегі жайлауыңа көшкелі жатырсың? (С.Омаров, Қайырлы.). Бәрінің әжеме айтатыны: – *«К ө ш і ң к ө л і к т і б о л с ы н,* жаңа қоныс құтты болсын» (М.Тиесов, Дала.).

КӨЛІКТІК с ы н. *Көлік болуға жарарлық.* Жылқының *к ө л і к т і к* маңызы да күні бүгінге дейін жойылған жоқ (К.Дүйсенбаев, Жылқы.). Қалада өте жоғары шоғырланған жергілікті капитал, шетелдік инвестицияларды тарту үшін жеткілікті ырықтанған валюталық режим, дамыған және сапалы инфрақұрылымдар (қаржылық, *к ө л і к т і к,* телекоммуникациялық және басқа) бар («Егемен Қазақстан»). Алғаш зерттеулерде аталғандармен қатар *к ө л і к т і к,* экологиялық және химиялық кластерлер келтірілген болатын, бірақ кейін олар жоғарыда аталған тоғыздың құрылымдық бөлімдері ретінде қарастырылатын болды («Егемен Қазақстан»).

Көліктік мәшинелер. ә с к. *Әскери қызметтер үшін қолданылатын автомобильдер мен тракторлардың жиынтығы. К ө л і к т і к м ә ш и н е л е р* құрамына: күнделікті қызметте қолдануға арналған әскери бөлімдердің жеңіл автомобильдері, шаруашылық қызметке арналған штаттық жүк автомобильдері, әскери бөлімдер мен бөлімшелердің күнделікті шаруашылық, тұрмыстық, дәрігерлік, техникалық т.б. қызметтеріне арналған арнайы автомобильдер, әскерлердің шаруашылық іс-әрекеттерін қамтамасыз ету, тасымалдау және басқа жұмыстар жүргізуге арналған тракторлар кіреді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Көліктік ракета тасушы. ә с к. *Бір немесе бірнеше оқтұмсық жеткізетін кіші зымыран.* Көптеген нысаналарды тәуелсіз көздейтін барлық ракеталар және бір оқтұмсығы бар кейбір ракеталар *к ө л і к т і к р а к е т а т а с у ш ы м е н* жабдықталған (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КӨЛІКШІ з а т. *Көлік жүргізуші. К ө л і к ш і* кейін бұрылды (Д.Әбілов, Шығ.).

КӨМ= е т. **1.** *Қайтыс болған адамды жерлеу.* Ұрыс кеште толастап тынғанында, Екі өліктің достары тұрды алдында. Құсты қойып солдаттың кеудесіне, *К ө м д і* екеуін апарып бір қабірге (С.Мәуленов, Алыс кет.). *К ө м е р* болса егер де, Қазсын көрді кеңірек. Қатты жандар өлерде, Қиналады көбірек (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). «Әкеңнің өлгенін жасырасың, *к ө м г е н д е* қайтесің» дегендей, не ойы барын ашып алған жөн (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). **2.** *Бастырып жауып тастау.* Сол асыл жұртымыз өз еңбегімен біздің жанымызға жақсы мақта сортының, жақсы жүгері, бидай сорттарының ұрықтарын *к ө м і п,* дәндерін егеді (М.Әуезов, Шығ.). Қарашаның қары еріп, Қырау *к ө м д і* шөп басын. Мұз жарылып көлдерде, Жібітті жер көк тасын (О.Шипин, Дастан.). Сонда менің шешем қалжаға күлге *к ө м г е н* картоп жеп, әкемнің ерінің айылымен белін буыпты (О.Бөкеев Қамшыгер.). **3.** *Тұтіннің не шаңның астында қалдыру, тұк көрсетпей жауып кету.* Сиыр екеш сиыр да Жоламайды маңына. Бір машина жуырда *К ө м і п* кетті шаңына (Қ.Мырзалиев, Ақ отау). Кіркір газет қағазына жуан етіп махорка орадым да, төңірегімді көк ала түтінге *к ө м і п,* ащы

темекінің түтінін жұта бердім (С.Бақбергенов, Қарға там.). Жігіттер де бір танкіні қара түтінге *көміп* үлгіріпті (М.Хасенов, Алғашқы ән). **4.** *Бір затты екінші бір затқа батыру, шомдыру, салу.* Аспазшылар бұрқылдап қайнап жатқан қазанға ожауды *көміп* жіберіп, солдаттарға толтыра-толтыра ботқа үлестіріп жатыр (Б.Момышұлы, Москва.). Тоған қаңылтыр қасығын табаққа *көме* беріп, тағы да бір тамсанып қойды, – қуырдақ иісі мұрнымды жарып барады (Ә.Сәрсенбаев, Капитан.). Айсұлу да ақ күрегін *көміп* жіберіп, үйіліп жатқан қызыл дәнді бұрқырата жөнелді (Ә.Әбішев, Замана.). **5.** а у ы с. *Аяққа басу, бас тарту.* Біреу бай, біреу төре, біреу жарлы, Көбі зарлап төгіп жүр жас пен қанды. Атаңды жау шапқанда бірге шауып, Борсықтар семіріп жүр, *көміп* арды (С.Торайғыров, Алаш ұраны). **6.** а у ы с. *Жасыру, құпияда сақтау.* Ауырғандай қараймын бейне басырдай, жанары жаңа нұр көрген. Сүлдер де көне ғасырдай, Қойнына небір сыр *көмген* (Ж.Молдағалиев, Қызыл қайың).

Арулап көмді. э т н. *Ардақтап, құрметтеп жерледі.* Ұлдар анам, амал не, өлген жылы, Ағайындар *арулап көмген* жылы. Жеті жаста жалтақтап көзтүрткі боп, Қала берді апалап жалғыз ұлы (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Марқұмды ел болып құрметтеп, ақ жуып, *арулап көмді* («Қаз. әдеб.»). Он жеті досым өлсеңдер Жаназаңды шығарып. Баялыштан от жағып, Таза *арулап көмейін.* Бәрін айт та, бірін айт: Мен тіріде өлмессің, Он жеті досым кедейім! (Батырлар жыры).

Көміп жіберді. *Үсті-үстіне салып жіберді, үрды.* Кейіндеу келе жатқан Ахметбек атын борбайға *көміп жіберіп* қатарласа түсті (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Нан көмді. *Нанды табаға салып, күлге көміп пісірді, нан жапты.* Өзіміз *көмген* нанның дәмі де, түрі де басқа болады (Қазақ тілі аймақ. сөздігі). Келгендер қолда барын бөліп беріп, Жеп отыр соңғы *нанын* отқа *көміп*, Кетпесе завод жүріп бүгін-ертең...Ажал сұм аялдамақ нені көріп? (Д.Әбілев, Алтай).

Тірідей көмді. *Масқара етті, жерге қаратты, цятқа қалдырды.* Тілеубайды *тірідей көміппіз.* Бұл не қылған масқара (З.Шашкин, Ұядан ұш.). [Ақбике] Екі оттың ортасында өртендім ғой. Еркем-ау, жаңа мені *тірідей көміп* кетті (С.Адамбеков, Көсе.).

КӨМБЕ[1] з а т. **1.** *Жасырып тыққан қымбат заттардың қоймасы.* Жұма белгілі *көмбедегі* алтын-күмісті қазып алып, орнын қайта жауып, тегістеп үйге кірді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Нұрыштар атын алысқа тастап, тал арасымен тасаланып, *көмбе* қазып жатқан жерге бұлар да келді (Б.Майлин, Шығ.). Көп жасаған *көмбенің* үстінен шығар (Мақал). Дала табиғаты мен құбылысын игерген қазақтың ойшыл тапқырлары мұндай жаңалықтарды әрқашан ойлап шығарып, ел-жұртына пайдалы істер істеп отырған. Айталық жерқазанды, *көмбені* ойлап табу, шөлдегенде су көзін барлау, ауа райын күні бұрын болжау сияқты қиын да күрделі табиғат жұмбақтарын ақылға салып шешуде дала қазақтары қашан да ұтымды жолдар тауып отырған («Парасат»). **2.** *Жер астындағы байлық, кен.* Сағынай бұдан бұрын Төлес, Қара арна, Көшкімбет разведкаларында да болып, талай *көмбелерді* ашты (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Маңғыстаудың *көмбелері* түгіл, күнге шағылысқан күмбездерінде не ғаламат барын ұғудың өзі қиын (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Қияға құлаш сермеген, Тасытты табыс бұлағын, Көзін ашып *көмбенің*, Мұнайымның толқыны, Жерді қозғап кернеген (С.Жанғабылов, Тоқсан.). **3.** *Астық, жеміс т.б. заттарды сақтау үшін жерді қазып жасалған қойма, ұра.* Көрмейсің бе, Елпанның *көмбесін* іздеген жігіттердің бос қайтқанын. Ал Елпан өлсе де өздігінен бір түйір дән беретін емес (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Тамыр жемістерін шұқырда не *көмбеде* сақтағанда алғашқы ауа райы жылы кезде бетін жұқалап топырақпен жауып, кейін суық түсуге қарсы топырақты қалыңдата береді (И. Жұмағұлов, Қой шаруаш.). Күні бүгінге дейін станция жанындағы пункттерде 300 мың тоннадан астам астық *көмбеде* жатыр («Соц. Қаз.»). **4.** *Отқа, қоламтаға көміп пісірілген нан.* Мен дастарқан үстіндегі Алматының қызыл апортындай тырсиған қызыл күрең бауырсақтарға, аппақ *көмбе* нандарға қызыға да қуана қараймын (Ақ бидай). Ал бәтер, қатырма, қаттама, *көмбе*, бауырсақ, бармақ, күлше, жайма, қарыма, таба нан түрлері – қазақтардың таза өз тапқырлығы болған (Ғылым бұлағы). **5.** *Отты екінші рет қайта тұтандыру үшін шоғын сақтау мақсатында қоламтаға көмілген тезек.* Қазанның астындағы тезек *көмбені* ашып, от жақтым (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.). **6.** *Көміп кететін қалың, омбы қар.* Мына *көмбе* сонарда қуып бетін қайтармаса, сірә, қосқа маза бермес деп келіп тұрмын, – деді (С.Бегалин, Шоқан асу.). **7.** а у ы с. *Құпия сыр.* Жұртпен жақындасып көңіл танытпаса, сырты бүтін көрінгенмен, іштегінің бәрі – жабық *көмбе* (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Көкірегінде пәлекеттің *көмбесі* бар сақтаулы, Көлбақадай

болса да ойы сүйеді тым мақтауды (О.Шипин, Шығ.).

Көмбе су. г е о л. *Таужыныстары шөгу кезінде қалыптасып, әртүрлі тереңдікте көміліп қалған жерасты қазба суы* (Қаз. тілі термин. Геология).

Қара көмбе. к ө н е. *Тұрақты мекен, жай.* – Мен бұл өңірде ешкімнің қолынан келмейтін он бөлмелі атамекен салдым. Ал Абай *қ а р а к ө м б е с і н е н* кеткелі жатыр (К.Оразалин, Абай.).

Қарын көмбе. э т н. *Жіліктеп бұзылған етке дәмдеуіштер қосып, түгі сыртына қарағаң қарынға тығып, көміп пісіретін тағам* (Эксп. матер.).

Қой көмбе. э т н. *Етті ешқандай су құймай, сойылған теріге салып, жер ошаққа көміп пісірген тағам* (Эксп. матер.).

Сылама көмбе. э т н. *Малдың терісін сыпырмай, тек бауырынан іреп, терінің жүн жағын қоймалжың батпақпен сылап, алдын ала қыздырған ұраға салып, үстінен от жағып пісірген тағам* (Эксп. матер.).

КӨМБЕ[2] з а т. *Меже, мәре, ат жарыстағы қарақшы*. Ат Шортанкөлдің сағасынан жіберіледі. Бұл арадан Көкөзек бойындағы *к ө м б е г е* дейін екі көш жер (З.Ақышев, Достар.). Аттар күн ысымай тұрып *к ө м б е д е н* аттанбақ (Ә.Кекілбаев, Дала.). Көкбалақ бірден-ақ жер топылта, ырғы зымыраған және *к ө м б е д е н* қарақшыға дейінгі аралықта әуелгі қарқынынан танбаған тегеурінді тұлпарды сипаттайды (М.Мағауин, Өмір жыры).

КӨМБЕҚОНАҚ ж е р г. ***Жүгері***. Колхоз биыл *к ө м б е қ о н а қ т а н* мол өнім алып отыр (Қаз. тілі. диал. сөздігі).

КӨМБЕЛІ с ы н. *Қазыналы, байлықты, кенді.* Ұмтылғанға бермей жатыр жер нені, Тауларды да арқалап тұр *к ө м б е л і*. Әрбір тасын шағып, асыл жасасам, Жер ашынып: таусыз қалдым, – дер ме еді (Ә.Есмырзаев, Дала).

КӨМБЕШ з а т. с ө й л. ***Көмеш*** *(табаға пісірілген нан)*. Кедеймін, келсе мейман жөнелтетін, Кішірек күймей піскен *к ө м б е ш п е н е н* (Т.Ізтілеуов, Сүлеймен.). Қайдан үлгіргенін кім білсін, шай әкелді. Дастарқанда екі-үш үзім *к ө м б е ш* нан (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Молдалар мен үй іші жақтырмайды, Жейтінін жеп, *к ө м б е ш і н* кесе бердік (К.Әзірбаев, Тойбастар).

КӨМБІЛЕ= е т. *Көрсетпей көмескілеу*. Қара тұман машинаның сәулесін ауық-ауық *к ө м - б і л е п* кетеді, үмітін *к ө м б і л е г е н* дүлей ой оған машинаның өзі көмілсе де сездіретін емес (Ә.Әбішев, Ғаламат.).

КӨМБІС с ы н. с ө й л. ***Көнбіс***. Соның өзі *к ө м б і с* әйелді қайдан таба қойған (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.). Саған өмірлік серік болу үшін менен гөрі асқақ, менен гөрі *к ө м б і с* керек-ау, жаным («Лен. жас»).

КӨМБІСТІК з а т. с ө й л. ***Көнбістік***. Қазіргі күзгі өңірдің қоңыржай келбеті мен Ағатай қоңыр тірлігінің арасында үлкен бір ұқсастық бар секілді. Ол ұқсастық көбіне-көп үнсіздікке, жуастыққа әрі *к ө м б і с т і к к е* саяр еді (О.Бөкеев, Шығ.).

КӨМГІЗ= е т. *Көмдірту, жерлету*. Айламенен жүргізіп, Жазатайым іс болса, Өліп кетсем, апеке, Кеткізгейсің *к ө м г і з і п* (Батырлар жыры).

КӨМДІР= е т. *Жауып тастау*. Тек өлмес етіп, иегіне шейін *к ө м д і р д і* де, жалаңбас басын, жүзін көмілген топырақтың сыртында қалдырды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бұл қулықты сезген армия бастықтары өлген атты жеуге бермей, қасақана *к ө м д і р і п* тастаған екен, жігіттер қазып ап жепті (С.Мұқанов, Ботагөз).

КӨМДІРУ *Көмдір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Терең *к ө м д і р у*.

КӨМЕЙ з а т. **1.** *Асөтетін мүше, жұтқыншақ.* Сұлу көрсе, ақын қалмас үндемей, Шыдай алмас бүлкілдеген бұл *к ө м е й*. Беттен сүйсем, Жақсылыққа жорыңдар, Беу, арулар! Өзгелерің күндемей, Бір ауыз сөз арнамасам сұлуға, Жарамас ем Сауық-сайран құруға (К.Салықов, Жезкиік). Сусыны қанып, шай ішіп, Тәуір тамақ жемейді. Құдағи жүр күбірлеп, Бүлкілдетіп *к ө м е й д і*, Ұстап алар дегендей, Қасына адам келмейді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Деген дұрыс, Деген дұрыс. Демей не?! Бір асыққа татымаса кеней ме?! Талай улы сөзді жұтып үлгердім Түйдек-түйдек кептелгенде *к ө м е й г е* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Келсем бір күрең түлкіні *к ө м е й і н е* қамшының сабын тығып бүктеп салып өлтіріп жатыр (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны.). **2.** а н а т. <лат. larungeus> *Ауыз қуысын өңешпен жалғастыратын мүше*. Адамның тыныс алу жолдарына, біріншіден, мұрын, жұтқыншақ, *к ө м е й,* кеңірдек және оның өкпеге қосылатын тарамдары, екіншіден, өкпенің альвеолдары (ұсақ көбікшелер тарамдары) жатады (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Бұршақтың көлеміндей мұсатырды қаймаққа орап, құстың *к ө м е й і н е* тығып жіберді (С.Қасиманов, Сиқырлы.). **3.** а у ы с. *Іші қуыс заттың түп жағы*. Столдағы хатты алып, төрт бөліп жырттым да, ауыз үйдегі жанып тұрған қазандық пештің *к ө м е й і н е* тығып жібердім (С.Омаров, Өмір.). ...Нұрбай бұзылған *к ө м е й д і*

бітеп әлі жатыр (Б.Тоғысбаев, Асыл адам). *Көмейде* жатқан кесек шымды күрекпен аунатып жіберіп еді, барлық су лақ етіп мұның арығына қарай құлап, қарсы жаққа бір тамшы да су ақпай қалды (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). **4.** а у ы с. *Мол судың жан-жаққа бөлінетін жері, алқымы.* Бірнеше адам *к ө м е й д і* бекіту үшін ағаш, шөп алып жоғары кетті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **5.** а у ы с. *Адамның көкейіндегі өзгелерге белгісіз сыры, ойы, көңілі.* Былай орағытып байқап едім, менің *к ө м е й і м д і* түсініп қуанып кетті (Т.Ахтанов, Дала сыры). *К ө м е й г е* келген сөз болса, жұп-жұқа, әдемі ерні оны сыртқа шығармай, бөгеп қалатын секілденеді (С.Сейітов, Сөз. сұра.). Ернің емеуріне зорға келіп, әлі *к ө м е й і н д е* күлкұл бар ма? Неге атаспайсыңдар? – деді (М.Әуезов, Тол. жин.).

Айыр көмей. *Шешен, ділмар. А й ы р к ө м е й,* бал таңдай, Әндетіп бақты бұлбұлы, Сайрайды жырын сарқа алмай, Күйге ұласып түнгі үні (Д.Әбілев, Уақыт.). *А й ы р к ө м е й,* жез таңдай, қаусырма жақ Алты арысқа білінген әкең менмін. Сөз тамырын байқармыз тартысқанда, Жығылмай түзу кетсең, ақын дермін (Қаз. әдеб. хрестом.).

Бұлбұл көмей. *Нәзік үнді, дауысы бұлбұлдай сайраған, асқан әнші.* Ел ішінде талай бармағынан бал тамған күйші, *б ұ л б ұ л к ө м е й* әнші әйелдер болған («Қаз. әдеб.»). Отты көз, жалын келбет, нажағай қас, Толқын шаш, тоты көйлек ғажаби жас. Маржан тіс, *б ұ л б ұ л к ө м е й,* сықыр сыбыр, Көргенде көңіл ойран, азады бас (Ғ.Қайырбеков, Көсем.).

Күміс көмей. *Асқан шебер әнші.* Нағыз бір *к ұ м і с к ө м е й,* жез таңдай дерсің (І.Есенберлин, Қатерлі.). Дауыс мүмкіндігі мол, дарынды, *к ұ м і с к ө м е й* әншіге Абай партиясы әлі де төмендеу сияқты (Б.Қыдырбекұлы, Мазда.). *К ұ м і с к ө м е й,* бұлбұл үн әншілеріміз Алматы ғана емес, әлемнің небір үлкен қалаларында ән шырқап жүр (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.).

Көмейі былпылдады. *Сөз майын тамызып, ағыза сөйледі, лыпыл қақты.* Ал енді шіркін *к ө м е й б ы л п ы л д а с ы н,* Сөзімді Әммесіз кім тыңдасын?! Ішінде арғын, найман салдым айқай. Не қылып шіркін көмей жыртылмасын (С.Сейфуллин, Шығ.).

Көмей суырды. *Дәмі тіл үйірді, тәбет ашты.* Әкелген тамағының дәмі өзгеше, *к ө м е й с у ы р а д ы,* бұрынғы ішіп-жеп жүрген тамағына ұқсамайды (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Көмейдегі көмескіні болжады. *Біреудің ойындағысын, айтпағын шамалады.* Сенің қаншалықты жұмсағаныңды біз де көреміз, түбінде *к ө м е й д е г і к ө м е с к і н і б о л ж а й т ы н* табаны бұдырлы би сенсің, біз үлгіні сенен аламыз ғой (М.Әуезов, Шығ.).

Көмейі белгілі болды. *Ішкі сыры, ойы, көздегені, көкейін тескен мақсаттары айқын болды.* Директордың *к ө м е й і б е л г і л і б о л д ы.* Баймырзаға. Сонда мыңқ еткенге былқ ете түсуге бола ма (Е.Қонарбаев, Түнгі от).

Көмейі босады. *Көңілі босады, елжіреді.* Мана Жапсарбайларды көргеннен *к ө м е й і м б о с а п,* екі көзіме жас үйіріліп, ағыла бергем (С.Досымов, Жаңғырық). Мәди жеңгесіне басу айтқан болғанымен, «тор дөненнің иесі-ай Оралбек» дегенде өзінің де *к ө м е й і б о с а п,* не айтарын білмей састы (С.Досымов, Директорлар).

Көмейін босатты. *Ашуын басты, бетін бері қаратты.* Төренің *к ө м е й і н б о с а т т ы м* білем. Тілін біліп сөйлесе жылан да іннен шықпай ма? – деп тілмаш жігіт жымың-жымың етеді (А.Тоқмағамбетов, Жыр.).

Көмейі бұлкілдеді. а) *Шешен сөйледі.* Бітегенеден соң, ала сақал тәсбиғын сыртылдатып, оң қолына ала жабағының ала жібін ұстап, ерні ғана қозғалып, *к ө м е й і б ұ л к і л д е п,* «Тәлел» оқи бастады (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Омар орысша сөйлегенде, *к ө м е й і б ұ л к і л д е й д і* дейтін (С.Сейфуллин, Шығ.). ә) *Біреуден бірдеңе дәметті. Б ұ л к і л д е п* тұрса *к ө м е й і м,* мақұл демей, не дейін. Қағып сап едім екі жүзді, бойым балқып, етім қызды (Ш.Смаханұлы, Ұр.). б) *Бірдеңе айтқысы келді, ішіндегісін сыртқа ақтармақ болды.* Мен білсем, сенің *к ө м е й і ң д е* бірдеңе *б ұ л к і л д е п* тұрған сияқты (А.Байтанаев, Шығ.).

Көмейі былқылдады. *Ақтарыла ағызып шешен сөйледі.* Ал енді шіркін *к ө м е й б ы л қ ы л д а с ы н* сөзімді әшиесіз кім тыңдасын (Кемпірбай).

Көмейі жыбырлады. *Бір нәрсеге құмартты.* Олар аузымен айтқанмен де, *к ө м е й і ж ы б ы р л а п* ішкісі келіп тұрады-ау шіркіндердің («Мәдениет және тұрмыс»).

Көмейі көрінді. *Ішкі пікірі айқын болды, не дегісі келгені айтпай-ақ белгілі болды.* Дұрысырақ айтқанда, Қазақстан деңіз, *к ө м е й і ң і з к ө р і н і п* тұр, – деді Тарас (Ө.Қанахин, Таңд.).

Көмейін байқады. *Не дегісі келетінін білді.* Сендер бәрің жабылып, мені аластауға бекінген екенсіңдер! Осы үйде мен артық жан болсам көзімді жоғалтайын, – деп Қалдыбай балаларының *к ө м е й і н б а й қ а м а қ* боп, сәл кідірді (А.Байтанаев, Шығ.).

Көмейін бітеді. *Аузын майлады, парамен бетін бері қаратты.* Қоспан нағашысынан бір құнанын әперіп, Жұмаштың *к ө м е й і н б і т е д і* де Жаңылды алып кетті (Т.Ахтанов, Дала).

Көмейінде бірдеңе тұр. *Бірдеңе айтқысы келіп тұр. Көмейінде бірдеңе тұр* ғой, – деді Есенбек Жақыпбектің бетіне қарап (М.Иманжанов, Шығ.).

Көмейінен бал тамды. *Тамылжытып ән салды.* Кейде шарлап кең даланы, Бұлбұлындай даланың, *Көмейінен бал тамады* Баяулап ән саламын (З.Қабдолов, Жалын).

Көмейіне бірдеңе тығылды. *Айта алмады, ішкі сырын ақтара алмай булықты.* Көзі жасаурап, *көмейіне бірдеңе тығылғандай* жұтына алмай тығылып қалған Гүллахра шешесіне көзінің жасын көрсетпей құшақтай алды (С.Жүнісов, Шығ.).

Көмейіне көлденең тұрды. *Ішіп-жегені желкесінен шықты, көлденең тапқан пайдасы бойына дарымады.* Қасқырбайдың өлтірген жантас емес, халық қарғысы. Кешегі набор кезінде ел-жұрттан жеген парасы кере болып, *көмейіне көлденең тұрған* ғой (Ә.Сәрсенбаев, Шығ.).

Көмейіне құм құйды. *Үнін өшірді, дыбысын шығартпады.* Құдай қосса, бүгін кешегі комендантты *көмейіне құм құямыз,* – деді Артемов (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Менің де тамағым тесік жанмын ғой. Ат, тон айыбынды төле де, *көмейіне құм құй* (С.Адамбеков, Көсе.).

Көмейіне құм құйылды. *Дыбысын шығармады, үні өшті.* Оның үстіне Мұхамед Шайбани тәрізді арыстан іспеттес ханмен жақындассам, қазақтың батырларының *көмейіне құм құйылады* (І.Есенберлин, Алмас.).

Көмейіне өткізіп қойды. *Пара берді.* Осының *көмейіне* бірдеме *өткізіп қойсам* қайтеді, – деді Жақып Шәкенге (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Көмейіне тас тығылды. *Аузын ашпады, үндемеді.* Содан *көмейіне тас тығылғандай* болып қалған ұлық қайтып оның үстіне шыбын қондырмай, алыстан абалап үріп, өзгенің қарсылық қылықтарын бұның басына дарытпайтын (М.Әуезов, Қилы заман).

Көмейі түсінікті. *Құлқы, ойы белгілі.* Сіздің де *көмейіңіз* енді *түсінікті* болды. Мұныңызды білгенде, әнеугүні Тасболатов жолдастың өзіне біржола жолыға келетін едім ғой. Сіз ғой менің обалыма қалған, – деді Батырбай Кәдірге (М.Иманжанов, Шығ).

Қызыл көмей. п о э т. *Құлаққа жағымды, сыңғырлаған ашық, нәзік, табиғи дауыс.* Жаным-ау, Әйгерімнің үні, осы *қызыл көмейінің* үні ме, жоқ бейіс үні ме? (М.Әуезов, Абай жолы).

КӨМЕЙҚҰРТ з а т. в е т. *Малдың көмейін құрттататын ауру.* Халықтың түсінігінше, түйенің өкпе құрт ауруын *көмей құрттың* асқынған түрі деп санайды (Х.Арғынбаев, Мал ауру.). *Көмейқұрт,* құмыр, мұрын біту – мал ауруы. Олар шын мәнінде бөгелек таратын бір ғана цефалофиноз сырқаты («Лен. жас»).

КӨМЕЙЛЕТ= е т. **1.** *Көмейіне тығу, жеу.* Манағы үш күзетші жау шауып келгендей, етті *көмейлете* асап отыр (М.Гумеров, Хазірет.). Кейде аузына май мен бауырсақты *көмейлетіп* жіберсе, тығылып сөйлей алмай қалады (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.). **2.** а у ы с . *Толтыру, кептеу, нығарлау.* Астарын қазанға салып, тезекті жер ошаққа *көмейлете* бастайды (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

КӨМЕЙЛЕТУ *Көмейлет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үсті-үстіне *көмейлету.*

КӨМЕЙЛІ с ы н. **1.** *Көмейі кең, үлкен.* Шең *көмейлі* кобра жылан (Қ.Сатыбалдин, шығ.). **2.** а у ы с. *Зор дауысты, асқақ үнді.* Ақ тауықтар көбейді, Үй маңында жайылған, Әтеш қандай *көмейлі* Әнін әсем қайырған (Ә.Тәжібаев, Шығ.). Алатауды асқақ үнмен жаңғыртты Кең *көмейлі* көкшетаулық жылқышы (Қ.Бекхожин, Дала комисс.).

Бал көмейлі. *Созыла, ырғатыла, тербетіле шығатын жұмсақ дауысы бар, нәзік үнді. Бал көмейлі* әншілер Ағызыпты ән бұлағын. Азанымен өлеңнің Ашылыпты құлағым (С.Мәуленов, Таңд. өлең.).

Бұлбұл көмейлі. *Бұлбұлша сайраған, сылдырлаған, құлаққа жағымды, тамылжыған сүйкімді үнді.* Өнеріңді көрсе, әншінің *бұлбұл көмейлі* небір әулиелері мен нағыз дүлдүлдері шыққан алты алашты да аузыңа қаратасың (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

Жез көмейлі. *Ашық зор дауысты. Жез көмейлі* жасы бар Құлақ құмар әніне Дейсің: ертеңгі осылар Жүсіпбек пен Әміре (С.Машақов, Сапарда).

Күміс көмейлі. *Сыңғырлаған дауысты.* Ән мен жырдың Семейі. Ән мен жырдың мерейі. Қызың келді тойыңа Күмбір *күміс көмейлі* (Қ.Ыдырысов, Жолық.).

КӨМЕЙСІЗ с ы н. *Көмейі жоқ, ештеңе алмайтын, дәметпейтін.* Ертеңіне пақырды Жолбарыс шақырды: «Ешкім де *көмейсіз* демейміз. ...Бірақ Арыстанға не дейміз?» (М.Әлімбаев, Жүрек.).

КӨМЕК з а т. *Қолғабыс, көрсетілетін жәрдем.* Білімі де, білігі де көп еді, Көңілі түссе, көл-көсір-тін *көмегі* (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Бәрі де көп кедейдің мақұл деді, Әкеме бұл айтқаның ақыл деді. Бір қозы,

бір-бір қойдан бермек болды, Болсын деп *көмек*, жылу пақырға енді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жүгіріп жүр есі шығып жан-жағына алаңдай, *Көмек* сұрап, ал өздері тәуекелге бара алмай (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жедел көмек. м е д. *Жедел жәрдем, тез берілетін дәрігерлік көмек.* Иренғайып дәрігер шақырған екен, кешікпей *жедел көмек* келді (Р.Тоқтаров, Тұлпар.).

Көмегі тиді. *Жәрдемі, пайдасы, септігі болды.* Әдебиетіміздің рухани баюы мен идеялық-көркемдік ізденістеріне аударма ісімен қатар, озық әдебиеттен оқудың, үйренудің көп пайдалы *көмегі тиді* (С.Қирабаев, Октябрь.).

Көмек берді. *Қолғабыс берді, көмектесті жәрдем жасады.* Кетеді оларды алса, дәулет бізден, Дәулеттің кетпейтұғын қамын іздеп, Бұл жерден кідірместен Көбіге бар, Кімім бар *көмек берер* бөтен сізден (Т.Ізтілеуов, Шайыр). Есейдім мен білмеймін кімге еркелеп, Биігіме шығарды кім жетелеп. Біреуі де келмеді үшеуінің, Қиналғанда *бермеді* маған *көмек* (Т.Молдағалиев, Шақырады.)

Көмек болды. *Демеу болды, жәрдем көрсетті.* Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек, Көп ит жеңіп көк итті, күнде жемек. Ғадәләт пен мархамат – көп азығы, Қайда көрсең *болып* бақ соған *көмек* (Абай, Тол. жин.). Ел бұзылса, табады шайтан өрнек, періште төменшіктеп, қайғы жемек. Өзімнің иттігімнен болды демей, Жеңді ғой деп шайтанға *болар көмек* (Абай, Тол. жин.).

Көмек көрсету. *Жәрдем беру, көмектесу, қолғабыс ету.* Тек есіңде болсын, соның бәрі достық сын ретінде, маған *көмек көрсету* мақсатында айтылды (М.Мағауин, Бір ата.). Академияның геологтары республиканың минерал байлықтарын ойдағыдай ашу ісінде геологиялық барлаушыларға және рудник геологтарына *көмек көрсетуде* (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.). ...Биыл Қазақстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы мемлекеттерінің өзара келісім шеңберінде кедендік қарым-қатынас және бір-біріне *көмек көрсетуді* жақсарту мақсатында көршілес жатқан кеден мекемелерінің кездесуі дәстүрге енді («Қаз. әдеб.»).

КӨМЕКЕЙ зат. сөйл. **1.** ***Көмей***. Қасен жуан қамшының сабын Көксеректің *көмекейіне* тығып жіберді (М.Әуезов, Қараш.). Тамағын кенеп алып, *көмекейі* бүлкілдеп сөзін түйді (С.Омаров, Дала.). Ермек те өз саласында, опера өнерінде нақ сондай *көмекейі* көсілген әнші (Б.Қыдырбекұлы, Мазда.). Инфекция тамақпен бірге асқазанға түсіп, *көмекейдің* бадамша безіне еніп, әртүрлі ауру тудыруы мүмкін (С.Сейтекова, Тері ауру.). **2.** а у ы с. *Адамның ішкі ойы, көңілі.* Қу шалдың *көмекейі* белгілі болды (Қ.Мұханбетқалиев, Тоғай.). Сіздің *көмекейіңізде* әлі де болса көп мәселе бар тәрізді көрінеді де тұрады маған (Ж.Еділбаев, Тергеуші.).

Көмекейі бос. *Бірдеңе алудан бас тартпайтын.* Дәл айтуға менің де батылым жетпеді. Оспақтай айтқаныма түсінген-түсінбегенін шамалай алмадым; басы жұмыр пенде емес пе, *көмекейі бос* сияқты (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Көмекейі көрінді. *Ойы белгілі болды. Көмекейі көрініп-ақ* түр-ау... Әттең меңіреу болып қалған құлағы құрғыр жақсы сөзге жаттыға алмай жатыр (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Тоба қазығын көмекейіне таяды. *Жанын алқымына келтірді, қинады. Тоба қазығын көмекейіне таяғанда* білерсің, сен мұның кім екенін (М.Дүзенов, Ақ әже.).

КӨМЕКЕЙЛЕ= е т. *Көмекейге тығып жіберу.* Тастап-тастап жіберді де, етті *көмекейлей* асады. (С.Шаймерденов, Сыбызғы.).

КӨМЕКЕЙЛЕУ *Көмекейле етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Көмекейлеумен* болды.

КӨМЕКСІЗ с ы н. *Жәрдемсіз, қолғабыссыз.* Студент кезінен Хасен, тың астығын сырттан келер *көмексіз* жинап алуға болмайтынын білетін (І.Есенберлин, Көлеңке.). Талаптансаң, ешбір *көмексіз* өзің-ақ оқуға түсіп кетерсің (С.Жүнісов, Өшп. іздер.). Ешқандай *көмексіз* бүгін осы шепті қолға ұстап тұруға жаңа ғана бұйрық алдым (Ә.Нәбиев, Ауыр апта.).

КӨМЕКТЕС= е т. *Жәрдем беру, көмек көрсету, қолғабыс тигізу.* ... Текке сенделіп жүргенше, қора жасап, үй жөндеп, шопандарға *көмектессін* (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Жас офицер шабуылдаушы батальонның алға басуына осылай *көмектесіп,* өзіне жүктелген ұрыс міндетін ойдағыдай орындады (С.Сейітов, Сөз сұра.). Рудакидің адамдық, ақындық, ойшылдық келбетін тануға *көмектесетін* нағыз қымбатты куәгер – оның шығармалары (Р.Бердібаев, Гүлстан.).

КӨМЕКТЕСТІР= е т. *Жәрдем бергізу.* Мұғалім жақсы оқитындарға *көмектестіре* отыра, басты назарды нашар үлгеретіндерге аударады («Қазақст. мұғ.»).

КӨМЕКТЕСУ *Көмектес етістігінің қимыл атауы.* Өзінің артиллерия полкы Карпов полкына қалқан болып *көмектесуде*

(Б.Момышұлы, Москва.). Алды он алтыға енді шығып, соңы он төрт-он бес маңында жүрген бір топ бала колхозға *көмектесуге,* жер жыртуға қуана келісті («Қаз. әдеб.»). Шетелдегі қазақ диаспорасына *көмектесудің* ең басты әрі маңызды жолдарының бірі – ондағы қазақ мәдени орталықтарына жан-жақты қолдау жасау («Қаз. әдеб.»). Құралдың мақсаты – қазақша түпнұсқаны түсініп оқи алмайтын қазақ жастарының ұлттық таным-түсініктерінің қалыптасуына, қазақы болмысқа және тілдік ортаға енуіне *көмектесу* («Жас Алаш»).

КӨМЕКШІ з а т. *Жұмыста қолғабыс тигізуші, жәрдем беруші.* Үлкен баласы жаңағы айтқанындай ер жеткен, өзіне *көмекші* болып комбайн штурвалында істейді екен (С.Шаймерденов, Сыбызғы.). Бастықтың *көмекшісі* ақ құба, талдырмаш жігіт те Ермекті қуанып қарсы ала қоймады, Тіпті бұрынғысынан да бетер бұйығыланып, өзгере қалғанға ұқсай ма қалай? (А.Шамкенов, Толқын). Кімді аласың *көмекші* ғып, хатшы ғып? Бара жатыр ғұмыр шіркін, апшырып! Қалжыратар, қан жылатар түрі бар Сағат түгіл, секундтарға тапшы ғып (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). // *Қосымша.* Қазірде құрылысшылар қоймалар мен цех аралығы жалғастыратын галерея және *көмекші* объектілер салумен шұғылданады («Егемен Қазақстан»).

Көмекші авиация. ә с к. *Әскери істерді жүзеге асыруда қолданылатын, әскерлерді, оқ-дәрі, жаралы аурулардың тасымалдайтын авиация. Көмекші авиация* көліктік авиациядан, байланыс авиациясынан және санитариялық авиациядан тұрады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Көмекші есім. л и н г в. *Толық лексикалық, мағынасы жоқ, негізгі есім сөздерге тіркесіп, көмекшілік қызметте қолданылатын сөздер. Көмекші есімдерге* «алды», «арты», «асты», «үсті», «шеті», «маңы», «жаны», «іші», «беті», «тұсы» сияқты сөздер жатады (ҚСЭ).

Көмекші етістік. л и н г в. *Лексикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық мағына үстеу қызметіне ауысқан етістіктер. Көмекші етістіктер* екіге бөлінеді: лексикалық мағынасынан толық айырылып, жеке қолданылмайтын, тек атауыш сөздермен тіркесіп, оларға грамматикалық мағына үстейтін мәнсіз *көмекші етістіктер*; мәнді *көмекші етістіктер*, лексикалық мағынасы бар, өз алдына сөйлем мүшесі бола алатын етістіктер (Қаз. тілі энцик.). Грамматикаланудың нәтижесінде дербес етістіктер *көмекші етістікке,* дербес есімдер көмекші есімге айналады (ҚСЭ).

Көмекші жауапкершілік. э к о н. *Заңда немесе шартта белгіленген міндеттемелер тиісті дәрежеде орындалмаған кезде жүктелетін қосымша азаматтық жауапкершілік түрі.* Кәмелетке толмаған балалар келтірген зиян үшін ата-аналарға, кооперативтің міндеттемелері бойынша оның жарнашыларына *көмекші жауапкершілік* жүктеледі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Көмекші құрал. п е д. *Мұғалімдер мен оқушылар үшін немесе белгілі бір мамандықтың иелеріне сол мамандығынан қосымша түсінік беру мақсатында жазылған кітап.* Біздің «өкпе аурулары» жөніндегі әңгімеміз тек жалпы өкпе аурулары жөнінде түсінік беріп қою ғана емес, соның ішінде, әсіресе, туберкулезбен ауырған адамдарға да бұл кітап *көмекші құрал* болсын дегенді көздеп отырмыз (М.Сисекенов, Өкпе ауру.). XI ғасырда ағылшын тілі сөздіктері пайда бола бастағанмен, олар да негізінен латын тілін терең үйренуге септесу мақсатын көздейтін *көмекші құралдар* еді («Парасат»).

Көмекші шаруашылық. э к о н. *Негізгі шаруашылықтан басқа қосымша, қосалқы шаруашылық.* Менің *көмекші шаруашылық* ұйымдастыру керек деген ұсынысымды темір-жол бастығы қолдады (Е.Оразақов, Дәрігер.). Бұл мәліметтерден азаматтардың материалдық қажеттерін өтеуде олардың *көмекші шаруашылықта* мал ұстауы қандай маңызды рөл атқаратындығы айқын аңғарылады (Ә.Стамқұлов, Үй іргесі.).

КӨМЕКШІЛ с ы н. *Көмек беріп тұратын, қайырымды.* – Қалайша жолың болмайды, *Көмекшіл* достар тұрғанда, – Деп шофер алға зырлайды Бөгелмес енді бұл маңда (Ә.Дүйсенбиев, Қайырлы таң).

КӨМЕКШІЛІК з а т. *Көмек берушілік, жәрдемшілік.* Атқыштар дивизиясына қарасты артиллерия полкінде штаб бастығының *көмекшілік* қызметін атқарды (С.Мәуленов, Шыңда.). Әуелі сүт құйып, ыдыс тазалайтын *көмекшілік* міндетін атқарған, бірер жұмадан соң бүкіл ферманың сүт-қаймағының билігі өз қолына көшті (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай.). Бекасыл бір отарға қожа болғанда, оған *көмекшілікке* Күләйім көшіп барған-ды (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

КӨМЕЛЕ= е т. с ө й л. *Көмейіне жеткізу, алқымдату.* Күндізде де, түнде де, *Көмелей* шауып балталар. Тоғайды тұрған іргеде Толтыратын жаңқаға (Д.Әбілев, Таңд. өлең.).

КӨМЕС с ы н. с ө й л. ж е р г. ***Көмескі.*** Көкшулан мрамордай қаластырған, Құбылып

кейде жарық, кейде *көмес* (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.). Қос әйнек-шыны да емес, темір де емес, Жан адам түзете алмас болса *көмес* (Айтыс).

КӨМЕСКІ с ы н. **1.** *Бұлыңғыр, бұлдыр, күңгірт.* Біржолата қараңғы болмасын деп, *Көмескі* сәуле берер ай мен жұлдыз. Жүрісі шатаспайды, шаршамайды, Дыбыс жоқ, кідіріс жоқ, не қылмайды із (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Әкесінің күн өткен сайын *көмескі* тартып бара жатқан бет-бедерін көзіне елестетеді (З.Қабдолов, Жалын). **2.** а у ы с. *Айқын емес, анық емес, түсініксіз.* Жоқ, көзім *көмескі* болса да, бәрін көріп отырмын! (М.Жұмабаев, Шығ.). Қате басылған әріптерді байқамай, сөздің жүйесімен дұрыс оқып кетеміз. Анығында біз сөзді аз есітеміз, *көмескі* етеміз (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сол *көмескі* ойлар... ел аралап жер кезіп жүргенде де қаза болған борыштай маза бермейді (Т.Ахтанов, Боран). Аңдаспай жүрген мәселенің көбі анықталды, ашылды, әлде болса бүркеуірек *көмескі* тұрған сауал бар («Қазақ»).

КӨМЕСКІЛЕ= ет. *Күңгірттеу, бұлыңғырлау, солғындату.* Жалаңаш кеудеден бұрқыраған бу, қайла көтерген тозаң, будақтаған шам түтіні тұтасып, өзі сарғылт сәулені *көмескілеп* барады (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Бұл не, апырым-ау, елес пе екен, Жоқ, әйтпесе *көмескілеп,* Жас басты ма көзімді? (Ә.Тәжібаев, Шығ.). Есік көзіндегі масаға салынған түтін үй ішін бұлдыр тартқызып, босағадағы стол үстіне қойған ондық шамның жарығын да *көмескілеп* тұр (Н.Серәлиев, Қаңтар).

КӨМЕСКІЛЕН= е т. *Солғындану, көмескі тарту.* Араларының алшақтығымен қатар, Есенейдің көзі де аздап *көмескілене* бастаған, құлағы да аздап мүкістене бастаған шақ (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жиденің қып-қызыл шоғы *көмескіленіп,* жылтылдап өше бастаған. Сол ұлы шайқастар мұның қасында *көмескіленіп,* елеусіз көрінгендей болып кетті (Ғ.Сланов, Замана.). Рас, көктің күмбезі бірден-бірге тартып, күміс безектер де *көмескіленіп* барады, селдіреп барады (Ә.Сәрсенбаев, Офицер).

КӨМЕСКІЛЕНДІР= е т. *Солғын, көмескі тарттыру.* Ашық аспанда жеке-дара жүзіп бара жатқан, шарасына толған айдың жарығы жұлдыздарды *көмескілендіре,* көзден қашықтана түскен тәрізді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Кей тұстарда жол өресін су шайып, құм басып *көмескілендіріп* тастаған (Д.Қасенов, Ауыл.).

КӨМЕСКІЛЕНУ *Көмескілен етістігінің қимыл атауы; солғын тарту.* Кейде минералдардың түсі беткі жұқа қабатының қосымша түсінен бүркемеленіп *көмескіленуі* мүмкін (К.Сапарбайұлы, Геология.).

КӨМЕСКІЛЕУ[1] с ы н. *Бұлыңғырлау, күңгірттеу.* Әлкей осы үйдің екінші этажындағы терезесі қораға қараған, жарығы *көмескілеу* кішкене бөлмесінде тұрады екен (С.Мұқанов, Есею жыл.). Ал қазір осы бағыттан *көмескілеу* бір-ақ мұнар байқалады (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Бұл тұстың жарығы *көмескілеу* (Т.Ахтанов, Адам.).

КӨМЕСКІЛЕУ[2] *Көмескіле етістігінің қимыл атауы.* Жас бала жақсы ұйықтау үшін үйдің ішіндегі шамды *көмескілеу* керек (Ауызекі).

КӨМЕСКІЛІК з а т. **1.** *Буалдыр тартқан күңгірттік, бұлыңғырлық.* Және ешбір көрініс-қимылда болмыстан тыс *көмескілік,* тұманды тұспалшылдық жоқ (М.Әуезов, Әр жыл.). Бойжеткен, онда да қара *көмескілікті* пайдаланып, кірпігі арасынан, анықтап байқап алайыншы дегендей, жігітке жасырына көз тастады (Ө.Қанахин, Жас дәурен). **2.** а у ы с. *Кұмәнділік, шүбәлік, күдіктілік.* Әлдебір салыстырмалармен әсірелей айтылған бұл сөздерде ешқандай *көмескілік* жоқ (А.Байтанаев, Асан.). Мәселен, қазақ, я алаш, қалай да болса, бір кісі – ру басы емес екені рас-ау, әйтпесе біріне-бірі қайшы келе берсе де көптен халық аузында сөйленіп, ертегі болып жүргеніне қарағанда, «қазақ», «алаш» сөздерінің түбінде бір *көмескілік* бар ғой дегізетін (М.Дулатов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Түсініксіздік.* Егер белгілі бір жерінің *көмескілігі* байқалса, оқулықты пайдаланды («Қазақст. мект.»). Ән сөзінде бұлдырлық, күңгірттік, *көмескілік* атымен болмауы шарт екені бесенеден белгілі («Қаз. әдеб.»).

КӨМЕСКІСІЗ с ы н. *Анық, айқын; күңгірт емес.* «Әлемнің бар асылын саған жидым» Дегендей өнегесі саналы үйдің: Естілер елжіреткен жақсы әуені Көкейде *көмескісіз* қалар күйдің (Ж.Өмірбеков, Ана.).

КӨМЕСТІК з а т. с ө й л. ж е р г. ***Көмескілік.*** Игнатпен екеуінің арасындағы қатынас-достықтың тым күңгірт *көместігін,* ымжымдарының бірлігін бұл маңдағы екінің бірі біледі (Б.Тілегенов, Аққайнар).

КӨМЕШ з а т. **1.** *Күлге көміп пісірген нан, көмбе. «Көмешті* күл-қылтанымен талғамай жұта берудің артында зардабы болады – асқазан бұзылады», – деген едіңіз өзіңіз (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.). Сояның ұнынан пісірілген *көмеші,* қоянның еті баяғыда бітті (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Тентіреп тіленбей

жүр, болсаң есті, Күнің жоқ қаңғырмайтын ерте-кешті. Біздің ел болмағанда өлер едің, Кетеңнен көрдің бе жеп бір *к ө м е ш т і?* (Айтыс). **2.** *Үйілген астық, дән.* Дарқан дүние, астықтан тау тұрғызған, Қиясы алтын, миллиард жасап жұлдыздан. Ұлан-байтақ кең даласы қазақтың, Жасай берсін алып *к ө м е ш* туғызған (А.Тоқмағамбетов, Алтын.).

Көмешіне күл тартты. *Құлқынына тартты.* Ол кезде әркім өзінің *к ө м е ш і н е к ү л т а р т қ а н* кез еді ғой (Ауызекі).

КӨМЕШТЕЙ с ы н. *Көмеш сияқты, көмеш тәрізді.* Оларды да *к ө м е ш т е й* күйседі (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КӨМКЕР= е т. **1.** *Заттың шеті мен жиегін қайырып қабаттап тігу.* Ауқатты адамдар тоқымның айнала жиегін шұға және барқыт сияқты қымбат маталармен *к ө м к е р і п,* тоқымның сыртын түгелдей қалың былғарымен де жабатын (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.). **2.** *Киімнің шетін екінші түсті мата не терімен жапсыра тігу, жиектеу.* Күләйға деген бір жылылық бар бойында. Бірақ ол мына алдындағы шетін *к ө м к е р г е н* ақ орамалдай кіршіксіз іш тарту (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Қонышты жұқа былғарымен оюлап *к ө м к е р е д і* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Көк барқытпен *к ө м к е р г е н* байпағы одан да ұзын (С.Шаймерденов, Жыл құсы). Райханның үстінде шетін ақ шүлен қойдың терісімен *к ө м к е р г е н* тон (С. Жүнісов, Жапанда.). **3.** *Қоршау, орау.* Жан-жағын бірдей ағаштар мен қалың шабындық *к ө м к е р г е н* Көкшетау... округі Сибирь даласының ең бір бай округі болып саналады (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Бабаларымыздың бала кезінде Атырау айдыны осы шыңды *к ө м к е р і п* жатады екен (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Осы жақ етегін ағыны күшті, арнасы кең Енисей өзені *к ө м к е р е д і* (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). *К ө м к е р і п* маусым біткенде қырқаны гүлмен, Кек суы – қымыз көп ішіп, жұрт әрі кірген (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

КӨМКЕРМЕ з а т. *Үйге немесе басқа да нысандарға су кірмес үшін айналасын қоршап үйілген құм не топырақ.* Кемпір далаға көп шықпайтын. Үй іргесіндегі *к ө м к е р м е г е* көпшік тастап, таяғына сүйеніп еді (Қ.Бөкеев, Қамшыгер.).

Көмкерме жасушалар. а н а т. *Асқазанның кілегейлі қабығы тақташа қабатында орналасқан қарын сөлі құрамындағы тұз қышқылы тұзілетін хлоридтерді бөліп шығаратын безді жасушалар. К ө м к е р м е ж а с у ш а л а р* негізгі жасушаларға қарағанда ірілеу келеді, олардың цитоплазмасы қызыл түске (оксифилді) боялады, дөңгелек келген ядросы жасушаның орталық бөлігінде орналасады (Қаз. тілі термин. Биология).

КӨМКЕРМЕЛІ с ы н. *Көмкерілген, кері қайырылған.* Клетканың сыртқы бөлімінде қорғаныштық маңызы бар *к ө м к е р м е л і* ерекше кутикула түзіледі. (Қ. Нұғматжанов, Гистология). Сондықтан кейбір ғалымдар бұл эпителийді *к ө м к е р м е л і* шек эпителийі деп атайды (Қ.Нұғматжанов, Гистология.).

КӨМКЕРТ= е т. *Жиектеп тіккізу.* Жақыман қалпағының жиегін қызылмен *к ө м к е р т і п,* сумкасының бауын түрлі-түсті шүберекпен қаптатып тастапты (К.Оразалин, Көктем.). Түлкі тымақтың бір құлағын қайырып киіп, жағасын күрең сәтенмен *к ө м к е р т к е н* түйе жүн шекпенді желбегей салып... шекесінен қарайды (З.Ақышев, Ақбел.).

КӨМКЕРУ[1] з а т. *Төсекжапқыш.* Он бес қатардай жібек *к ө м к е р у д і ң* үстіне құс төсек, үлкен ақ жастықтар, шаңы көрпелер жиналыпты (М.Әуезов, Абай жолы). Үстін *к ө м к е р у м е н,* қара кілеммен тегістеп... сол төсекке Бөжейдің сүйегін әкеп салғызды (М.Әуезов, Абай жолы).

КӨМКЕРУ[2] *Көмкер етістігінің қимыл атауы; жиектеп тігу.* Әр машинаның атқаратын қызметі мынау: *көмкеру,* қусыру, қаю, ысқылау, құрастыру, керу, қалыптау, шегелеу, ұлтандау сияқты ұсақ істер (С.Мұқанов, Саяхат.). Бұған киім үлгісі, *к ө м к е р у і,* оюы куә еді (І.Есенберлин, Алмас.). Тұскиіз шетін *көмкеру* үшін қызыл пүліс, шұға торғынмен көмкеріп, машинамен мүйіздеп немесе түйін салып тігеді (Х.Шобай, Қаз. ұранқай. қолөнері).

КӨМКЕРУЛІ с ы н. *Көмкерілген, жиектелген.* Оңтүстік жағы тас жағамен *к ө м к е р у л і* (Қ.Исабаев, Шығ.).

КӨМКЕРІЛ= е т. **1.** *Жабылу, бастырылу.* Жалын төңірегі лезде орланып үйінді топырақпен *к ө м к е р і л е* берді (З.Қабдолов, Жалын). **2.** *Қапталу.* Бас киімнің маңдай тұсына орнатылған теке мүйізді, қанатты қос аттың бейнесі – символ. Мүсіндер алдымен ағаштан ойылып, одан кейін алтынмен *к ө м к е р і л г е н* («Парасат»). **3.** *Жиектелу, қайырылу, әдіптелу.* Шанағынан мөлдір бұлақ орғыған, Ою, нәшпен *к ө м к е р і л г е н* жиегі Мен кеткенде жоқтар ма екен домбырам? Ол да сондай болар ма екен киелі (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Ноқтаның өзі де, бауы да кілем тәрізді тоқылған құрдан жасалып, құндызбен *к ө м к е р і л е д і.* Салпыншақтары қымбат тастармен, күміспен әшекейленеді (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Екеуінің басында да үстін төрт салалы көгілдір барқытпен

әдіптеген, қырдың қызыл түлкісінің терісімен *көмкерілген,* қандай түрге болса да көрік берер Арқаның сұлу бөркі (І.Есенберлин, Қаһар). **4.** а у ы с. *Бейнелеу, астарлау, толықтыру.* Әсілі, шешендіктің барлық тектері мен түрлеріне ортақ белгі – көркемдік, стильдік құралдар десек те, әрбір түрдің өзіне тән жүйелілік, тілдік, стильдік бояумен *к ө м к е р і л г е н* айшықты негіздері болады («Парасат»).

КӨМКЕРІЛУ *Көмкеріл етістігінің қимыл атауы; безендірілу.* Жұбайлар мінген көлік ерекшеленіп тұрғаны жөн. Ол ақ гүл не лентамен *к ө м к е р і л у і* тиіс («Лен. жас»).

КӨМҚАП з а т. к ө н е. *Шапан, тон, жақсы сырт киім* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КӨМП е л і к. *Ауырақ затты терең суға тастап жібергенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.* Домалап барып суға түскенде, *к ө м п* деген дауыс қана байқалды (Ауызекі).

Көмп етті. *Күмп етті.* Пар атпен жетіп келді жар басына, Делбесін тарта байлап арбасына, Шықпыртып шыбыртқымен жібергенде, *К ө м п е т і п* қарғыштүстідарияға (Н.Ахметбеков, Амангелді).

Көмп еткізді. *Күмп еткізді, тастай салды.* Пай, пай, Мирошниченко, осыларды мамыққа қарғып түскен баладай мүлік ішіне *к ө м п е т к і з і п* тастай салғаны-ай (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

КӨМПЕЙ = е т. с ө й л. ***Көмпи***. Жарық көзінен осылайша шыққан сәуле шоқтары жол ұзарған сайын көрікше *к ө м п е й і п* молая бермек (А.Қалығұлов, Сан сырлы.).

КӨМПЕК с ы н. *Денесі шынықпаған бос, етті, семіз (туйе).* Жүгімен жүріп жүдетер, Айыр өркеш *к ө м п е к т і.* Арғымақ аттың белгісі, Салыңқы кеуде, еңкекті (Үш ғасыр.).

КӨМПЕҢ с ы н. *Шыныққан, шымыр.* Өмірі көрік басып, балға соққандықтан болса керек, көбік дене емес, *к ө м п е ң* шымыр (А.Хангелдин, Ғани.).

КӨМПИ= е т. **1.** *Қампию, көтерілу, үлкею.* Қырмызының қолында жас баланың бетіндей *көмпиіп* жаңа піскен табан (Б.Майлин, Шығ.). Оның жүрегі желді күнгі жапырақтай дірілдеп, өкпесі көріктей *к ө м п и і п,* танауы делдең-делдең етті (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Кенжекүл жайласып тіреудің түбіне отырып алған соң *к ө м п и г е н* ескі шапанының қойнынан ұршық суырды (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). **2.** *Томпайып ісіну.* Көз қиығымен бір қарағанда, Тәшеннің үстіңгі ерні *к ө м п и і п* ісіп кеткенін байқады да аяп кетті (М.Дүйсенов, Ант). Көз еті *к ө м п и і п* өсіп, қарашығы ішіне түсіп кетіпті, жылтырап қана көрінеді (Д.Досжанов, Жібек.). *К ө м п и г е н* ісік пайда болып, әрі ыстық болса, ол уақытта құс ауру, ал бұл белгілер байқалмаса құстың сау болғаны (Құс өсіруші.). **3.** а у ы с. *Ісініп-кебіну, қораздану, тәкаппарлану. К ө м п и і п* теріңе сыя алмай, Отырсың мені әлі қия алмай. Балаңдай адамға сөз айтып, Әппақ боп сақалың ұялмай... (Б.Майлин, Таңд. шығ.). *К ө м п и і п* көптің күшін менікі деп, Бет бұрып, белгі соқпа беделіме (Айтыс). Сөзіңді бір-екі ауыз міндет етіп, *К ө м п и м е* көн етіктің ұртындай боп (Қаз. ақын. шығ.).

КӨМПИТ= е т. **1.** *Қампайту, қобырайту.* Бойы аласа жандар нар бөрікті де, қалпақты да жапырмай *к ө м п и т і п* киеді, – дедім (Ғ.Сланов, Домбыра.). **2.** *Бұртиту.* Ұртымызды бір *к ө м п и т е* қалып, қайта ашып жібереміз (Ә.Қалдыбаев, Су тасушы.).

КӨМПИТУ *Көмпит етістігінің қимыл атауы.* ≈ Барынша *к ө м п и т у.*

КӨМПИЮ *Көмпи етістігінің қимыл атауы.* Көкпектің қарап тұрып *к ө м п и ю і н е* жөн болсын? (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

КӨМПІС с ы н. с ө й л. ***Көнбіс***. Бағаның бойынан *к ө м п і с* жаны әлі шыққан жоқ еді (О.Бөкеев, Үркер.). Оның бер жағында, табиғаттың ыстық-суығына *к ө м п і с* боп, қатып алған баршын емес пе (А.Сейдімбеков, Ақиық).

КӨМПІСТІ с ы н. с ө й л. ***Көнбісті***. Түйедей түзбен ашына, *К ө м п і с т і* көзбен дуадақ. Келіпті құдық басына, Оны да өт шөл қуалап (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес.).

КӨМПІСТІК з а т. с ө й л. ***Көнбістік***. Ер-азаматтың жоқтығынан шығар, әлде еркек кіндіктіге бағынып, табынып үйреніп қалған әйел жұртының *к ө м п і с т і г і* ме, қаулысына қаттап, лауазымын бермесе де үндемей жүріп бригадирдің орнын басты (Қ.Ысқақов, Тұйық.).

КӨМУ *Көм етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бастырып жауып тастау.* Тоқ ұрған адамды кейбіреулер топырақ*қа к ө м у* керек дейді, әрине, ол қате (Е.Оразақов, Дәрігерлік.). **2.** *Сақтау, жасыру.* Бұл комплекске жерасты инженерлік құрылыстарын жүргізу, қоймалар салу, өндірістің зиянды қалдықтарын *к ө м у,* жерасты зерттеулері мен салынулары үшін пайдаланылатын жер қойнауы учаскесін қорғау мәселесі де кіреді (Т.Қалыбеков, Экология.). **3.** *Қайтыс болған адамды жерлеу.* Бір күні шал ауырып қаза тапқан. Кенже баласы үстіндегі шекпеніне орап, жер ошаққа *к ө м у г е* ақ шамасы келіпті (М.Дулатов, Шығ.). Олар «адамды *к ө м у г е* болмайды — жерді бүлдіреді, отқа жағуға болмайды — ол қасиетті және суға

тастауға да болмайды» деп түсінген. Сондықтан да, зороастрийліктер өлген адамды арнайы салынған биік мұнара басына қалдырады («Жас Алаш»).

Жерге көму. *Ысырап ету, рәсуалау.* Осыншама астықты ысырап қып, *жерге көмуге* бола ма? Өкімет пайдасына аламыз, – деді Сәлмен (Б.Тілегенов, Аққайнар).

КӨМУСІЗ с ы н. *Жерлеусіз.* Бірақ сонау *көмусіз* қалған Садық есімнен бір шықпайақ қойды (І.Есенберлин, Алтын құс). «Көптен бөлек жүрген *көмусіз* қалар» – деген халық мақалы бар еді ғой, – деп, кетуге ыңғайланып есікке барып қалған жерінде бұрыннан отырған екеуі қамажаулап сүйреп әкеліп, етегінен басып Нұғымановты отырғызып қойды (Б.Қыдырбекұлы, Мысық тұтқыны).

Таба көму. э т н. *Шоққа нан пісіру.* Алпыстан асқан ауру кемпірдің қолынан бар келетіні – сиырын сауып, сүтін пісіру, отқа *таба көму,* пеш тұтатып, плитаға шәйнек қою (З.Ақышев, Жесірлер).

КӨМУШІ з а т. *Өлген адамды жерлеуші.* Ырсиған қатты күлді ажал – *Көмушілер* емес пе? – Мейлі, әйтеуір тірі олар (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

КӨМІЛ= е т. **1.** *Бастырылу, жабылу.* Сонан су ағысы айнып, су арнасы болған арықтар *көмілін* құрғап қалған (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Биылғы қыста жусаны да, бұталары да қалың қардың астында қалыпты да, сексеуіл мен дүзгені, қоянсүйегі де белден *көмілінті* (Ғ.Сланов, Замана.). Үскірік аяз өтінде, Үйілген қарға *көмілген* Жабырдың шығыс шетінде, Жайсыз бір қыстау көрінген (М. Мақатаев, Шығ.). Бүгінгі палуандардың белдесуі қиқу құмар жұрттың кеу-кеулеуі мен айғайына *көмілді* («Лен. жас»). **2.** *Жерлену.* Ұлы Қытай қорғаны «Әлемдегі ең ұзын бейіт» дегенде осыны айтады. Қорған қабырғаларында... 400 мың адам *көмілген* көрінеді (С.Абдрахманов, Елдік сыны). Бір шақта әлгі жайға келді Сәмен, Арада қыз өлгелі неше заман, Өлген жерін, *көмілген* көрін көріп, Қуанды көріскендей есен-аман (Ә. Найманбаев, Шығ.).

Жерге көмілді. *Масқара болды, ұятқа қалды.* Жүз рет *жерге көмілін,* Тірілген қайта жүз рет (Қ.Баянбаев, Шапағат.).

Көмілетін жер. *Құритын, масқарасы шығатын орын.* – Келдік, – деді дүр қара серіктесім. – Қайда? – *Көмілетін жерімізге,* – деп оның көзі жаман ақшиып кетті (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

Көміліп отырды. а) *Ешкіммен араласпады.* Жоқ-ау, қашанға дейін үйге жалғыз мола болып *көмілемін* де *отырамын,* ермек қылатын балам да жоқ (А.Хангелдин, Өткен күн.). ә) *Жұмысбасты болды.* Әбіштің қолы тиетін емес. Жұмысқа белшесінен *көміліп отыр* (Ауызекі).

Күлкіге көмілді. *Күлкіге батты, қарық болды, қыран-топан күлкі болды.* Бәріміз де әрең тұр екенбіз, кәне, *күлкіге көмілдік* (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Қаһарынан қан тамған Байсал *күлкіге көміліп,* аттан ауып түсіп қала жаздайды (С.Бердіқұлов, Егеулі найза.). 4–5 жігіт пен 5–6 қыз-келіншек бұдан әрі шыдап тұра алмай, көңілді *күлкіге көміліп,* келе жатқандарға қарсы жүрді (Д.Исабеков, Мазасыз күн.).

Қағазға көмілді. *Қағазбасты болды.* Оның білетіні – өз үйі мен кеңсе арасындағы жол. Ал сонан соң *қағазға көміліп* кетеді (М.Рашев, Бетің қисық.). Кирилов содан бері Самарада. Содан бері мынау айлапат бөлмедегі айлапат столдың жанынан бір елі аттап шығып көрген емес. Келді де – қалың *қағазға көмілді* де кетті (Ә.Кекілбаев, Елең-алаң).

Қайғыға [уайымға, мұңға] көмілді. *Ауыр қасіретке батты, басына уайым-қайғы түсті. Қайғыға* әбден *көмілген* Балымды Терісбұтаққа әкелді (М.Жұмағұлов, Қыран.). Енді кәрілікте құшақ-құшақ *қайғы, уайымға көміліп* отырғаны мынау (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Тілсіз *мұңға көміліп* от талабым, Өзімді-өзім аяусыз ноқталадым. Осы шыққан биікте қалу үшін Қоштасудан басқа амал жоқ, қарағым (М. Шаханов, Ғасырлар.).

Ойға көмілді. *Қалың ойға шомды, ой басты.* Мұнысының не екеніне түсіне алмаған Жайнақ: «Апырау, осы Айжанды шын сүймегей де!» – деген *ойға көмілді* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бәрі жерге үңілді, Бәрі *ойға көмілді,* Сақалдары салбырап. Машайығы сүмпиіп, Молдалары мөлиіп, Бере алмады бір жауап (М.Жұмабаев, Шығ.).

КӨМІЛДІР= е т. *Тұтастай жабу, басып қалу.* Сыртынан ақ торғын шәліні *көмілдіре* жамылған (І.Есенберлин, Қаһар). Әлде жорғаң тайпалтар көшке мініп, Күміс тұрман көбікке *көмілдіріп*? Әлде алдынан келмей ме жел жетпесің, Ұлы топта ұрандап дүсір қылып? (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

КӨМІЛТ= е т. **1.** *Тұтастай төгілте жабу.* Жұрттың көзі тиіп кетер дегендей жабуын тым *көмілте* жауыпты (Ә.Кекілбаев, Дала.). Айтқандай аспанынан ашуланып, *Көмілтті,* көлбей ұшып жердің бетін (Т.Жароков, Шығ. жин.). **2.** *Дендей ендіру, бойлату.* Ой, Сандықтас, Сандықтас – Атамның қонған жайлауы! Қайнардан суық қайнауы Шалғынға жонын *көмілті*п, Құлынды қазақ байлауы (Дулат Бабатайұлы, Замана).

КӨМІЛУ *Көміл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бастырылу, жабылу.* Каустобиолиттер-биогендік жолмен жаралған, өсімдіктер мен жануарлар организмдері қалдықтарының *к ө м і л у і* және кейінгі өзгерулері есебінен пайда болған қазба жанар жыныстар (К.Сапарбайұлы, Геология.). **2.** *Жерлену.* Өзім көміліп көрмесем де тірідей *к ө м і л у* адам баласы көрмеген азап екенін сезем (Ә.Әбішев, Жас түлек.).

КӨМІНТАС з а т. ж е р г. *Егін бастыратын сұйретпе тас.* Біз *к ө м і н т а с қ а* екі ат жегіп, астық басамыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨМІП-КӨМІП ү с т. *Үсті-үстіне сабалап, қамшы жаудырып.* Тұржан енді оны қолындағы қамшымен тулақты сабағандай *к ө м і п-к ө м і п* алды да, тағы да тепті-ай кеп (С.Мұратбеков, Көкорай). Селт ете дауыс шыққан жаққа қараған Сейіт және де қатты тебініп қалып, атқа қамшыны *к ө м і п-к ө м і п* жіберіп зытып берді (Р.Райымқұлов, Болат.).

КӨМІР з а т. **1.** *Жерден қазылып алынатын, өсімдік қалдықтарынан түзілген, жанғыш, қара түсті, органикалық қатты зат; шоғінді таужыныс.* Мұнда мыс пен *к ө м і р* жер бетіне жақын жатты, ол таяз шахталар салуға мүмкіндік берді (Ж.Дүйсекеев, Гүлден.). Атағы зор Донбасым, Сарқылмас қор *к ө м і р г е*, Ұлы Отанға қайрат-күш, Таусылмайтын өмірге (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Орталық Қазақстан мен Жезқазған ауданында Жезқазғанның мыс кендерінен басқа темір, темірлі марганец рудалары, *к ө м і р*, пирит бар, 1935 жылы тұңғыш рет табылған фосфорит бар (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.). **2.** *Ағаш шоғының сөнген түрі.* Асығыс кететін жолаушыға сексеуілді жағып, *к ө м і р* қып сататын керуен табылды (А.Тоқмағамбетов, Жыр.). Үйде тобылғы томарының *к ө м і р і* бар екен. Ол самауырынды бажылдатты да тұрды (М.Тиесов, Дала.). **3.** а у ы с. *Қызығы кетіп, өмірден тұңілген адам.* Әйел өлмес соқпа дерттен, Сауыға алмас сынған ер. Мен – *к ө м і р м і н* қалған өрттен, Енді рұқсат бізге бер (Абай, Тол. жин.). Келген соң сексен төртке бітіп өмір, Жайнаған жалын сөніп, болды *к ө м і р*. Еңіресіп еркек, әйел аза тұтып, Болғандай болды елі ебір-жебір (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Ағаш көмір. *Тұрмыста отын ретінде қолданылатын, қатты, кеуекті өнім.* Мүлгіген самаурынға *а ғ а ш к ө м і р і н* салып, жандыра бастады (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Белсенді көмір. х и м. *Пайдалы қазбалардан немесе ағаш көмірінен алынатын дамыған кеуекті құрылымды заттек. Б е л с е н д і к ө м і р* адсорбент ретінде вакуумды техника, медицина т.б. қолданылады («Зерде»).

Көмір геохимиясы. г е о л. *Көмір туралы ғылымның бір саласы. К ө м і р г е о х и м и я с ы* бірқатар ғылым салаларымен (ботаника, биохимия, микробиология, шымтезектану, геология, көмір петрографиясы) тығыз байланысты (Қаз. тілі термин. Геология).

Көмірді жер астында газдандыру. к е н. *Көмірді жер астында жатқан орнында газға айналдырып, пайдалану әдісі. К ө м і р д і ж е р а с т ы н д а г а з д а н д ы р у* идеясын тұңғыш рет Д.И. Менделеев ұсынды. (ҚҰЭ). Бұл *к ө м і р д і ж е р а с т ы н д а г а з д а н д ы р у* әдісін қолданғанда шахтерлер жер астының ауыр және қауіпті жұмыстарынан құтылады (ҚСЭ).

Көмірдің біріккіштігі. г е о л. *Кокстенгенде пластикалық күйден өткен көмір түйірлерінің өзара біріккен монолиттер түзу қасиеті. К ө м і р б і р і к к і ш т і г і н* тигельден сынама бойынша бағалауға, ал сандық көрсеткішін пластиметриялық әдіс арқылы анықтауға болады. (Қаз. тілі. термин. Геология). Тас *к ө м і р л е р д і ң* халықаралық жіктемесінде көмір *б і р і к к і ш т е р і н і ң* кокстелгіштіктен айырмашылығы – жылдам қыздыру жағдайында анықталады (Қаз. тілі термин. Геология).

Көмірдің графиттелуі. г е о л. *Көмір құрылымының өзгеру процесі. К ө м і р д і ң г р а ф и т т е л у і* жазық көміртек торының біртіндеп реттеліп, үш өлшемді графит кристалл құрылымына өтуінен болады (Қаз. тілі термин. Геология).

Көмірдің қаттылығы. ф и з. *Көмірдің қырау деформациясына қарсы тұру қабілеті. К ө м і р д і ң қ а т т ы л ы ғ ы*: бөгде қатты денелермен (болат ине, алмас, басқа материалдар) сызған кезде қарсыласуы; 2) жылтырлау әрекеттеріне қарсылық (абразиялық қаттылық); 3) шариктің немесе алмастың енуіне қарсылық (Виккерс әдісі) және т.б. (Қаз. тілі термин. Геология).

Көмірдің меншікті салмағы. ф и з. *Көмірдің қатты бөлшектері массасының көлеміне қатынасы. К ө м і р д і ң м е н ш і к т і с а л м а ғ ы* табиғи күлді және органикалық массасының (күлсіз заттың) меншікті салмағына жіктеледі (Қаз. тілі термин. Геология).

Көмірдің морттығы. г е о л. *Көмірдің сынғыштық қабілеті. К ө м і р д і ң м о р т т ы ғ ы* – тұтқырлыққа кері ұғым. Қоңды және кокстi көмірлердің жылтыр түр өзгешеліктері көбінесе морт келеді (Қаз. тілі термин. Геология).

Көмірдің өздігінен жануы. х и м. *Кесектерінің кейбір жағдайларда оттекпен тотығу нәтижесінде өздігінен тұтану процесі.* Шахталарда өрт шығудың бірден-бір себебі – *көмірдің өздігінен жануы* (ҚҰЭ). *Көмірдің өздігіненжануы* көмір қабатының тотығу бейімділігіне, жылу өткізгіштік қасиетіне және алмасу дәрежесіне байланысты болады (ҚСЭ).

Көмірдің ылғалдылығы. г е о л. *Көмірдегі w индексімен белгіленетін ылғалдылық мөлшері. Көмірдің ылғалдылығының* түрлері: 1) сыртқы (кеніштік, таужыныстық) ылғалдылық – көмірден ағып кетеді және t = 20 ± 5^0С-та ауадағы құрғақ күйге жеткенде жоқ болады; 2) ішкі (гигроскоптық, адсорбциялық) ылғалдылық – көмір затымен байланысты, талдау кезінде оны аналитикалық (W^a) немесе лабораториялық ($W^л$) деп атайды. (Қаз. тілі термин. Геология). Сыртқы және ішкі *көмір ылғалдылығы* жұмыстық ($W^ж$) немесе жалпы ылғалдылықты құрайды (Қаз. тілі термин. Геология).

Көмір кені. к е н. *Көмір қоры өндіріске пайдалануға жарарлықтай дәрежеде шоғырланған кенорны.* Көмір қабаттарының қалыңдығына қарай *көмір кені* көмір қабаты біршама тұрақты және тұрақсыз болып бөлінеді (ҚСЭ). Ал Қарағанды *көмір кенін* 1833 жылы Байжанов Аппақ деген кедей малшы қазақ ашқан (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

Көмір қабаты. г е о л. *Бірнеше физикалық, химиялық белгілері бойынша ажыратылатын көмір қабаттарының бөлігі.* Қарағандыда *көмір қабатының* қалыңдығы 8 м, ал Екібастұзда ол 160 м-ге дейін жетеді (ҚСЭ). *Көмір қабатына* жапсарлас сазды тау жыныстар мору агенттерінің әсерінен ақ сазға айналып, іздеу белгілері рөлін атқарады (Қаз. тілі термин. Биология).

Көмір қабатының тотығу белдемі. г е о л. *Көмір қабатының оттегімен еркін әрекетінен тотығып, күлге айналатын, физика-химиялық қасиеттерін жоғалтатын жерге жақын жатқан бөлігі. Көмір қабатының тотығу белдемінің* тереңдігі ондаған метр болады (Қаз. тілі. термин. Геология).

Көмір қара. *Қап-қара.* Иығы қайқайып, *көмір қара* сақалы шоқтай жалтырап, қарқ-қарқ күліп қалжың айтатын да сол («Лен. жас»).

Көмір қойнауқаты. г е о л. *Бір-біріне бойлас екі жазықтықтың табаны немесе жабыны арасындағы көмірлі заттар шоғыры. Көмір қойнауқаты* құрамында көмір шөгінділер де ұшырасуы ықтимал (Қаз. тілі. термин. Геология).

Көмір қышқылы. х и м. *Көміртек қос тотығы суда ерігенде түзілетін екі негізді әлсіз қышқыл ($H_2 CO_3$).* Суда жақсы еритіндігіне қарамай, *көмір қышқылының* молекулалары өте аз түзіледі (ҚСЭ).

Көмірлердің метаморфизмі. х и м. *Қазба көмірлердің химиялық құрамының, физикалық қасиеттері мен ішкі құрылымының өзгеруі нәтижесінде көміртек мөлшері біртіндеп артатын бір бағытты процесс.* Көмірлену терминіне қатысты алғанда, *көмірлердің метаморфизмі* жекеше термин саналады, себебі ол шымтезектің қоңыр көмірге айналу процесін қамтымайды (Қаз. тілі термин. Геология).

Көмір маркасы. г е о л. *Көмірдің өндірісте қолданылу бағытын анықтайтын шартты белгілер жиынтығы* (ҚСЭ).

Көмір өнеркәсібі. *Ауыр индустрияның аса маңызды салаларының бірі.* Республикамыздың *көмір өнеркәсібінің* өркендеуіне Екібастұз үлкен үлес қосуда (ҚСЭ).

Күлкің көмір болсын! қ а р ғ. *Қайғы-қасіретке душар болғыр мағынасындағы сөзқолданыс.* Раушан: *Күлкісі көмір болсын* (Күлжікен ысқырады). – Кәмила: Сұмдық-ай, мұның кім еді (Күлжікен келеді, басында тымақ) (Шағын пьесалар).

Қоңды көмір. г е о л. *Көмірленудің нақтылы дәрежесіне сәйкес келетін, яғни метаморфизмнің III сатысы жағдайында қалыптасқан тас көмір түрі. Қоңды көмірдің* жану жылуы 8400-8600 ккал/кг; біріккіштік мөлшері 15-35 мм (Қаз. тілі термин. Геология).

Қоңыр көмір. г е о л. *Қазба көмірлердің дәрежесі тұрғысынан жүйеленген ең бастапқы, яғни шымтезек пен тас көмір аралығындағы мүшесі.* Екібастұз – көмір қоры жөнінен Қарағандыдан кем түспейтін алып. Оның құт қойнауында жатқан *қоңыр көмірді* 1876 жылы тапқан Қосым Пішенбаев деген кісі (Д.Қонаев, Өтті дәурен.). Австрияның Шендорф қаласы маңынан жас шамасы 25-67 млн. жыл бұрынғы үштік кезеңінен *қоңыр көмір* қабатынан табылған қолдан өңделіп жасалынғаны айқын байқалатын металл бұйым – «Зальцбург параллелипипеді» табылды («Зерде»).

КӨМІРДЕЙ с ы н. *Көмір сияқты қап-қара. Көмірдей* болған екен жүзікара, Алдына әрең келді таппай шара, Шеризат патшаға назар

салды, «Осы ма қыз әкесі, хас масқара!?» Баяғы бар екен ғой екі жендет, Оларды алып келді, тартты дарға (Ә. Найманбаев, Шығ.). Орта бойлы, *көмірдей* қара шашын қарсы қайырып тастаған сом денелі жігіт екен (Ә.Шәріпов, Алыс.). Егер шығынсынбасаңыз, еш жерінде меңі жоқ *көмірдей* қара қой табыңыз (С.Жүнісов, Өшп. іздер.). *Көмірдей* қара қос бұрымы желбіршекті ақ көйлегінің етегімен егесе жер соғады (М.Дүзенов, Ақәже).

КӨМІРЖАРАЛУ з а т. г е о л. *Өсімдік затының көмірге айналуының екі сатыдан тұратын процесі. Көміржаралудың* бірінші сатысы – өсімдік затының жиналуы және шымтезекке айналуы; процесс биохимиялық факторлар ықпалынан шымтезекті жабын таужыныстары жапқанға дейін жүреді. Екінші саты – жер қойнауында шымтезектің қоңыр көмірге және қолайлы геологиялық жағдайларда қоңыр көмірдің тас көмірге, антрацитке айналуы (Қаз. тілі термин. Геология).

Көміржаралу белдеуі. г е о л. *Белгілі бір кезеңде көмірлі тұзілімдер мен көмір массасы мол жиналған жер бетіндегі белдемдер*. Ең көне белдем – девон *көміржаралу белдеуі* карбонда 3 *көміржаралу белдеуі*: турне-визе, серпухов, вестфаль-стефан (осы белдеуде Қарағанды көмір алабы орналасқан) (Қаз. тілі термин. Геология).

Көміржаралу теориясы. г е о л. *Көмір субстанциясының бастапқы материалы мен оның көмірге айналу процестері туралы ұғымдар*. (Қаз. тілі термин. Геология).

Көміржаралу түйіні. г е о л. *Көміржаралу белдеулері ауқымындағы көмірқанықтылығы жоғары жекелеген алаңдар*. Мыс., турне-визе белдеуінде екі *көміржаралу түйіні* бар: Қарағанды және Мәскеу түбі (Қаз. тілі термин. Геология).

КӨМІРҚЫШҚЫЛ: **көмірқышқыл газы**. хим. *Көміртек қостотығы суда ерігенде тұзілетін әлсіз қышқыл; ауа құрамында болатын, түссіз, аздап қышқылтым дәмі бар газ (CO_2)*. Өсімдіктер дүниесінің басты ерекшелігінің бірі – олар өзінің өсу, даму жолында ауадан *көмірқышқыл газы* мен күн сәулесін пайдаланып, органикалық заттар түзеді (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). Суда оттегінің көбірек болуына су өсімдіктері көп әсер етеді, өйткені су өсімдіктері жарықта судан *көмірқышқыл газды* сіңіріп, оттегін суға бөледі (Қ.Қайымов, Суасты.). *Көмірқышқыл газы* негізінен тамақ өнеркәсібінде, өрт сөндіруде, газдандырылған су, емдік көмір қышқыл ванна дайындауда, химия өнеркәсібінде, сода өндіруде қолданылады (ҚҰЭ).

КӨМІРЛЕН= е т. *Көмірге айналу*. Ал үйге тиген жалын ондай өткір емес, ағаштар *көмірленіп* қана күйген, – деді (К.Тоқаев, Түнде.). Сөйтіп, азық әбден *көмірленеді* де, ондағы минералдық заттар ешқайда ұшып кете алмайды (М.Қарсыбеков, Микроэлемент.).

КӨМІРЛЕНУ[1] з а т. х и м. *Шымтезек көмірге айналу және көмірдің геологиялық факторлар әсерінен одан әрі өзгеру процестерінің жиынтығы. Көмірлену* процесі өзінің сапасы жағынан түрліше сипатталатын көмір түрлерінің қалыптасуын қамтамасыз ететін бағдарлы сатылар тізбегін құрайды (Қаз. тілі термин. Геология). *Көмірлену* процесімен ұштаса өтетін химиялық өзгерістерде көміртек мөлшері молайып, оттек пен ұшпа заттар мөлшері азаяды (Қаз. тілі термин. Геология).

КӨМІРЛЕНУ[2] г е о л. *Көмірлен етістігінің қимыл атауы. Көмірлену* кезінде көмірдің органикалық массасы тығыздалады және төмен молекулалы заттардың бөлініп шығуынан оның массасы азаяды (ҚҰЭ).

КӨМІРЛІ с ы н. *Көмірі көп*. Қазір Екібастұз – республикамыздың Қарағандыдан кейінгі екінші *көмірлі* ауданы (М.Бакенов, Қазақст. ресурс.). «Қарағанды» романы *көмірлі* қаланың онон бес жыл тарихын қамтиды («Қаз. әдеб.»). Алтын алқап егінді, Қорғасынды, *көмірлі*, Кен қопарып, мал баққан Қазақ елі көңілді (Қаз. әндері).

Көмірлі аймақ. г е о л. *Шөгінді тұзілу процесіне ұқсас ауқымды алқап*. Қарағанды Қазақстанның *көмірлі аймағы* болып табылады («Түркістан»).

Көмірлі алап. г е о л. *Көмір қабаты бар тұзілімдер. Көмірлі алаптың* шекаралары генетикалық, тектоникалық, эрозиялық белгілері бойынша анықталады. (Қаз тілі термин. Геология). Көмір қабаттары терең жатқан жағдайда барлаудың, шахтамен немесе карьермен өндірудің техникалық мүмкіндігіне қарай *көмірлі алап* шекарасы шартты түрде қабылданады (Қаз. тілі термин. Геология).

КӨМІРСУЛАР з а т. х и м. *Ақзаның тіршілік қарекетінде маңызды рөл атқаратын, көміртегі, оттегі және сутегіден тұратын химиялық құрамы табиғи органикалық қосылыстар ($C_m H_2 O)_n$. Көмірсулар* өсімдік организмдерінің 80 пайызына жуығын және жануарлар организмдерінің 2 пайызына жуығы болып келеді (Қаз. тілі термин. Химия). Органикалық молекулалардан бірінші *көмірсулар* мен азотты молекулалар пайда болған. Олар кремнийлі гельдерде сүзіле отырып кремнийлі тетрфэдрлермен

байланысып, алғашқы нуклин қышқылдарын түзген («Зерде»). Фотосинтез нәтижесінде атмосферадағы сумен көмірқышқыл газынан түзілген *көмірсулар* табиғи айналымда болады (ҚҰЭ).

Көмірсулар алмасуы. х и м. *Тірі ағзаларда жүретін көмірсулардың қорытылу, ыдырау, сіңірілу, сондай-ақ, олардың басқа қарапайым заттардан биологиялық түзілу процестерінің жиынтығы* (ҚҰЭ).

КӨМІРСУТЕК з а т. х и м. *Көміртек пен сутектен тұратын органикалық қосылыс. Көмірсутектер,* негізінен, мұнай айдау процесі кезінде алынады, сондай-ақ көміртек оксиді мен сутекті катализатор қатысында қыздырғанда, қалыпты парафиндер мен тармақталған парафиндер қоспасы түзіледі (ҚҰЭ). Осының арқасында Қазақстан *көмірсутегі* шикізаты жөнінен әлемдегі жетекші державалардың қатарына енеді, ал болашақта мұнайды сыртқа шығарушы елдердің алдыңғы қатарынан орын алмақ («Егемен Қазақстан»). Атмосфера, негізінен, қызғылт сары түтін секілді, құрамында *көмірсутегі* қоспасы бар азоттан тұрады («Зерде»). Каспий қайраңының Қазақстан жағындағы *көмірсутек* қоры жөнінен Құрманғазы кеніші Қашағаннан кейінгі екінші орынды алады («Жас Алаш»).

КӨМІРСУТЕКТІ с ы н. х и м. *Құрамында көмірсутегі бар.* Әлемдегі мұнай-газ саласын зерттеу орталықтарының мәліметінше, *көмірсутекті* кенорындарын толассыз игерудің тиімді мерзімі орташа есеппен 40–45 жыл («Егемен Қазақстан»). *Көмірсутекті* отындардың жануы қазіргі кезде жер шарында қолданылатын күшті энергия көзінің маңызды түрі болып есептеледі («Зерде»).

КӨМІРТЕК з а т. х и м. <лат. carboneum> *Бүкіл органикалық заттардың ең маңызды құрамы болатын, элементтердің периодтық жүйесінің IV тобындағы химиялық элемент (С).* Термоядролық бомбаларды жару және жер шарында минералдық отындарды өте көп мөлшерде жағу нәтижесінде *көміртегі* қос тотығының мөлшері көбейді (Т.Қалыбеков, Экология.). Өндірістің энерготиімділігін арттыру үшін жаңа технологияларды қолдану, сыртқы энергетикалық рынокта елдің экономикалық мүдделерін қорғау үшін *көміртегі* кредиттерін сату жөніндегі перспективаларды ашады («Егемен Қазақстан»). Қатты отын, сұйық отын деп бөлмей-ақ, ол кісі құрамында *көміртегі* бар барлық отын түрлеріне бір ғана теория арнаған тәрізді («Зерде»). Қлорополға түскен сәуле сөніп, жарық болудан қалды; бірақ құрып кеткен жоқ, сәуле қышқыл туым ішіндегі оттегі мен *көміртегін* екіге айырды (А.Байтұрсынұлы,.. Оқу құралы).

Көміртек айналымы. х и м. *Табиғатта көміртектің үздіксіз айналу құбылысы.* Тірі *көміртек айналымы*, оның Жер қыртысындағы жинақталуы мен таралуы, едәуір дәрежеде атмосферадағы көмірқышқыл газының фотосинтез кезінде ассимиляцияға ұшырайтын өсімдік организмдерінің өмір сүруімен тығыз байланыста өтеді (ҚҰЭ).

Көміртек қаңқасы. х и м. *Органикалық қосылыстың молекуласындағы көміртек атомдарынан тұратын қалдық* (ҚҰЭ).

Техникалық көміртек. х и м. *Жартылай жағылған немесе термиялық ыдыраған көмірсутектердің жоғары майдалы (дисперсті) өнімі. Техникалық көміртек* резеңке, пластмассалардың белсенді толтырғышы ретінде қолданылады (Қаз. тілі термин. Химия).

КӨМІРТЕКТЕЛ= е т. *Көміртекпен қанықтырылу.* Суды тазалаудағы адсорбент ретінде металлургиялық өндірістердің қалдықтары, жергілікті саз балшық, ауылшаруашылығы мен тау жыныстарының қалдықтары қолданылады. Осы *көміртектелген* сүзгіштер арзан, сорбциялық қасиеті жоғары және қайта қолданыла алады («Зерде»).

КӨМІРТЕКТЕНДІР = ет. кен. *Қаттылығын арттыру үшін болат бұйымдардың бетін көміртекпен қанықтыру* (ҚҰЭ).

КӨМІРТЕКТЕНДІРУ к е н. *Көміртектендір етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Көміртектендіру* процесі.

КӨМІРТЕКТЕНДІРІЛ= ет. ***Көміртектел.*** Осы тұрғыда кафедра студенттерінің қатысуымен Жану проблемалары институтының зертханаларында әртүрлі экологиялық таза *көміртектенділген* сүзгіштер дамыту жұмыстары алға қойылған («Зерде»).

КӨМІРТЕКТІ с ы н. х и м. *Құрамында көміртек бар, көміртек негізді.* ...Мұнайдың бензинді және басқа фракцияларын ароматтау реакцияларында *көміртекті* алып жүргіштері бар (бұрынғы түрлерінен арзан алынатын) катализдік жүйелерді жасау мен пайдалануға арналған («Зерде»).

Көміртекті болат. х и м. *Құрамында 0,04-2% көміртек, 0,1-1% марганец, 0,4%-ке дейін кремний, 0,08%-тен аспайтын күкірт және 0,09% шамасындай фосфор бар болат. Көміртекті болат* мартен, бессемер пештерінде, конвертерде және электр пештер-

інде қорытылады (ҚСӘ). Тұңғыш рет аз *көмірті болатты*ң беріктігінің теңдеуі жасалды («Егемен Қазақстан»).

КӨМІРТЫҒЫЗДЫҚ з а т. г е о л. *Көмір алабының 1 км² ауқымына тиесілі көмір қоры. Көміртығыздық* көмір алабының жалпылама қорын есептеу барысында анықталады (Қаз. тілі термин. Геология).

КӨМІРШІ з а т. **1.** *Көмір дайындаушы, көмір қазушы.* Ұлбала қайтыс болғалы үш ай өтті де, қазір ол бөлмеде *көмірші* әйел Ақлима тұрады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет). Сонсоң хан балаға: Ертең барып *көміршілерден* бір қап көмір алып кел, – деп бұйырады (Қаз. ертег.). Дайындап біреу алтын, біреу күміс, Әзірлеп біреу болат, біреу мырыш. *Көмірші*, егінші мен ғалым, жыршы – Тындырмай отырмайды біреу бір іс (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** к ә с. *Көмір қазатын шахтада жұмыс істеуші.* Екібастұз *көмір-шілері* мұнда моторлы, желкенді қайықтармен серуендеп, балық аулайтын болады («Қаз. әдеб.»). Әлқисса, әкей Энгельстен Кировке, одан Калинин ұжымшарының *көмірші* бөлімшесіндегі сегізжылдық мектепке, ата-бабасының мекені болған сол ауылға тұрақтап қалды («Түркістан»).

КӨМІС з а т. *Көму салты.* Өлісіне қарай *көмісі* (Мақалнама).

КӨМІС= е т. *Жерлесу, бірге көму.* ≈ Үнсіз *көмісті.*

КӨМІСУ *Көміс етістігінің қимыл атауы.* ...Қасына Ерсары, Жантас және Балабек үшеуін ертіп, қаза тапқан сарбаздарды қастерлеп *көмісу* үшін жотаға қарай жүрді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

КӨН з а т. *Ірі қараның терісінен иленген қатты былғары. Көннен* көн етік, көнек, көнжарғақ, торсық, саба істелетін. Кейде көнді кереге көктеуге де пайдаланған (ҚСӘ). Қоспанның домбығып кеткен қара қошқыл бетіне бейне *көн* қаптап қойғандай (Т.Ахтанов, Дала сыры). Әлмолда етікші әскерге кетпей тұрып *көннен* тігіп берген етік (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.). Бірақ «*Көн* қатса, қалыбына түседі» дегендей, шылымнан туған алдамшы жігер, көтеріңкілік ұзаққа созылмайды, тез сөнеді (Е.Оразақов, Қайта соқ.).

Көн бет. *Сөз өтпейтін арсыз, ұятсыз.* Қандыбалақ жендеттер, Қара жүрек, *көн беттер,* Жеріме келіп қол салды, Соғысқа қанды жол салды Халқымның таптап даласын, Бомбылап тыныш қаласын (Т.Жароков, Шығ. жин.).

Көн етік. *Көннен тігілген ескі, нашар етік.* Дәуқараның аяғында *көн етік,* үстінде бұрқырап мақтасы шығып тозған фуфайка (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). *Көн етігі* тарпылдап, қақпаға жақындағаны сезіледі (С.Омаров, Дала қызы).

Көн етікке құрым шұлғау. *Әр нәрсе өзіне лайығымен, әркім өз теңімен деп, кеміту мағынасында.* Ағаш атқа жіп құйысқан дегендей, ескі-құсқыңа не деуге болады: *көн етікке құрым шұлғау,* әр нәрсе орнымен (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Көн етікті. *Кедей-кепшік, жарлы-жақыбай. Көн етікті* демесең көпті бұзар сөзім бар (Ш.Смаханұлы, Шығ.).

Көн көңілді. *Тас бауыр, қатыгез.* Абай «сорлы бауырым, жазықсыз бауырым» деп, зар шегер болса да, мынадай іші дұшпандықтан қатып қалған *көн көңілді* жандардың алдында оны істесе, адасқаны (М.Әуезов, Абай жолы).

Көн табан. *Жалаң аяқ көп жүріп, қарайып қалыңдаған табан.* Суға түскен сәт сүйек-сүйегі сырқырап жүре беріп еді, тереңіне қарай барған соң, қара шал бұлақтың табанындағы қылша тастарға *көн табанын* жанып-жанып алды (А.Сүлейменов, Бесін).

Көн тақым болды. *Көлікпен жүруге әбден үйренді, дағдыланды.* Ол сендей үнемі ат үстінде жүріп, *көн тақым болған* дейсің бе (С.Әлжіков, Дала.).

Көн тулақ [болды]. а) *Көнбіс, төзімді болды.* Қандыбалақ хан, алаш, ақ, Қанды банда Анненков. Ел бір жатқан *көн тулақ,* Әйдей түсті сабауға (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Қор болды.* Кім көрінгеннің аяқ астында тапталып *көн тулақ боп* келгеніміз жетер енді (Ө.Қанахин, Жас дәурен.).

Көн шалбар. *Көннен тігілген шалбар.* Өзім үміт еткен айдын көлдің аққуы басқаға, тіпті басқа болғанда *көн шалбары* бұтына жабысқан, күні кешегі қара табан құлыма, ата жауым Дөйқараға бауыр басса (З.Жәкенов, Таң самалы). Сондадағы оңбауым, *Көн шалбар* түспей бұтымнан. Қыс болса тапшы қызылдан, Жаз болса шола жұтымнан (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Көн шарық. а) *Өгіз терісінен тігілген жеңіл аяқкиім, шәрке. Көн шарықты* қайта киіп алып: – Рахмет, ағай! – дедім де, жүріп кеттім (Х.Ерғалиев, Шындық.). Ыссыға неғып күйерміз, Суыққа неғып тоңармын, Көк арбаға мінерміз, *Көн шарықты* киерміз (Қалнияз Шопықұлы). ә) *Күні қараңғы.* Оқығанның беті жарық, Оқымағанның беті *көн шарық* (Мақал). б) *Қара күйе, жаманат.* Қоя бермес еркіңе, Қарқыны күшті бұл халық. Қуып шығар колхоздан Бетіңе жамап *көн шарық* (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

Көн шоқай. *Жылқы, сиыр малдарының бас терісінен бүріп тігілген, шандып байлайтын жібі бар, жеңіл аяқкиім.* Бай мұны үстіне күпі киген, аяғынан *көн шоқайы* түспейтін жас қойшысын келекелеп айтқан болатын (С.Бақбергенов, Адам.). Анадай жерде су жағасында дорба, кәдімгі қайыршы дорбасы, ұрты дүрдиген *көн шоқай* жатыр (А.Нұрманов, Құлан.). Болыскей кереуетте жатқан старшын басын көтерместен ыңыранып: «Қыр қазағы екендеріңді *көн шоқайларың* айтып тұр. Руларың кім?» – деп сұрады («Қаз. әдеб.»).

Көні жібімей, топалаң келгір. қ а р ғ. *Көңілің көтерілмей қалсын, ауру келсін деген мағынада.* Әй, *көндері жібімейтін, топалаң келгірлер,* сол! Қайт былай. Малына ұрсып жүрген қойшының осы бір қарапайым ғана сөзін естіген жолаушының бүкіл тұла бойын ыстық ағын шаршып өткендей күйге түскен (К.Сегізбаев, Беласқан).

Көні кепті [қурады]. а) *Қатты шөлдеді, сусады.* Ағады бұлдыр қағып, нұр балбырап, Еркелеп нұр кәусарын қанып ішті Ежелгі *көні кепкен* құтопырақ(С.Керімбеков, Өлеңд.). Жанып тұрған оттай ыстық жазира шөлде *көнің кеуіп,* қуырдақтай қуырып, жан алқымға таянып, тамшы суға зар болып, кез шүңірейіп, кеңірдек үңірейіп, жүрегің сазарып, толықсисың (Ө.Тұрманжанов, Шығ.). – Уһ, *көнім кеуіп* қалыпты ғой! – деді Тоқыш (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл.). ә) *Бір нәрсені аңсады.* Көшеде үйіліп-төгілген жұрт мүлдем *көні кеуіп,* сауық сағынып қалса керек, қыбыр етпей қызықтап отыр (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Көнін жібітті. *Терлеп-тепшіп, көңілі жадырады.* Маңдай терлеп, *көнімізді жібітер* күн қайда онда (С.Әлжіков, Дала.). *Көндерін* қатқан *жібіткіп,* Қайғы ашуды ұмытып, Терлері қара атылды (Дастандар.). Ет жеп болған соң сарала тұздық, құрт езген қышқыл сорпа ішіп, *көнімізді* әбден *жібіткі*п, әңгімені көбейте түстік (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

Көнін сүйретті. *Титығы құрып, шаршап-шалдықты, қажыды.* Кім құлақ асты онына. Енді кеп *көнін сүйретіп* көрге кірер халге жетті (А.Байтанаев, Қайнар.).

Көнін сүйреуден босатты. *Еркіндік берді, азат етті.* Деді де жастар *босатты Көнім ді* күнде *сүйреуден.* Жата алмай жүрдім үйде мен Жұмысты тастап үйренген (Ә.Тәжібаев, Шығ.).

Көнің кепкір [қурағыр]. қ а р ғ. *Шөлден қаталап қалғыр деген мағынада.* Шілденің күні ғой, кісі жемес. *Көнің кепкірдің* әзер көні кеуіп қалса да! – деп қайтадан бұрынғы орнына барып жатқысы келді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). – *Көнің кепкірдің* көні кеуіп қапты ғой, – деп, местің басына шөмішпен салып қалды (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КӨН= е т. **1.** *Мойынсыну, көндігу; біреудің ыңғайына көшу.* Тоғжан басында өз бақытына қол созу, ұмтылу жоқ, байырғы әдетпен *көне* кету, көндігіп кету бар... (F.Мүсірепов, Суретker.). – Осыған бағанадан бері тырыспай-ақ *көне* салсаң да болатын еді ғой (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Төртінші еркек қажет шақта тәуекелге бармады, Жарты жолға жеткен кезде сөніп қалды арманы, Қазір қайсар тағдырына қарсылықсыз *көнеді* (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Шыдау, төзу.* Талапсыз, бақсыз мен сорлы, Еріксіз аттап ұяттан. Қорлыққа *көндім* бұл құрлы, Байқалар халім бұл хаттан (Абай, Тол. жин.). *Көнетін* менде бұған тілек жоқ па, Бақыт іздеп тулаған жүрек жоқ па? Ауыл иесі қалайша, көніп отырар, Бейнеттен басқа алдында үміті жоқ па? (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Қорлыққа *көнбей* жиырмада Түн ұйқымды қашырдым. Қайратым қаулап дауылдай, Қаружарақ асындым (О.Шипин, Дастан.). Адам жанған сексеуілге ұқсайды, Бар қызуын беріп барып сөнеді. Күз келсе де *көнеді,* Қыс келсе де *көнеді,* Бар қызуын беріп барып сөнеді (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Тілге көнді. *Айтқанды істеді, тіл алды.* Қартаң бай, қатты сақ бол, *тілге көнсең,* Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсең. Тіпті оңбассың, Өзіңе өзің мәз боп, Дастарқан мен қатынды мақтан көрсең (Абай, Тол. жин.).

КӨНБІС[1] з а т. ө с. *Топырақ пен суды талғамайтын, суға оттегі бөлетін өсімдік.* Оттегі онша көп болмайтын салқын судағы балықтардың аквариумда жақсы өсуі үшін дұңгіршек, *көнбіс,* жебежапырақ, қосалақан, бақаоты тәрізді өсімдіктерді аквариумға егудің пайдасы зор (Қ.Қайымов, Суасты). *Көнбіс,* жебежапырақ, бейсағақ және басқа өсімдіктер аквариумның артқы қабырғасына таман орналастырылса, сәнін келтіріп, адамға эстетикалық әсер етеді (Қ.Қайымов, Суасты.).

КӨНБІС[2] с ы н. **1.** *Айтқанға көнетін, көнгіш.* Кешегі күнге дейін көп *көнбістің* бірі атанып келген Нағима ананың жүзінде бүгін жаңа бір нұр, жаңа бір күш жалыны бар (F.Мүсірепов, Өмір.). Көппен бірге дауыс қосқан ағымға, Жалтақ *көнбіс* телпектердің өнер ашқан шағында, Сол қулардан зиян келіп жатқан кезде қоғамға, Ойға тартып талайды олар Өз көзімен қарайды олар ғаламға (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Төзімді, шыдамды.* Ол кездегі қазақ арасында арбаға *көнбіс* жылқы кемде-кем (С.Мұқанов,

Аққан жұлдыз). Оның үстіне, ғаскерге арзан һәм *к ө н б і с* аттар қазақ жылқысынан шығатынын еске түсірсек, мал шаруасының патшалыққа келтіретұғын пайдасын санап бітірерлік емес (М.Дулатов, Шығ.).

КӨНБІСТЕН= е т. *Көндігу, шығығу.* Ондайда терушi белдің, қолдың, тізенің талғанын, ауырғанын ұмытады я елемейді. Сөйтіп жүріп ол *к ө н б і с т е н і п* алады (Жарық жұлдыздар).

КӨНБІСТЕУ с ы н. **1.** *Айтқанға көнгіштеу.* Далаға шыға, қасыма ерген солдаттардың тамырын басып байқап, *к ө н б і с т е у* біреуін алдап, бір күні Әбілқасым Досымжанов деген жолдастың пәтеріне бардым (С.Мұқанов, Ботагөз). **2.** *Төзімділеу, шыдамдылау.* Қазақ жұмысшыларының ағылшындарға тағы бір тиімді жері – олар тұрмыс жағдайын талғамады, *к ө н б і с т е у* келеді (М.Дүйсекеев, Гүлден.).

КӨНБІСТІ с ы н. с ө й л. **1.** ***Көнбіс*** *(айтқанға көнгіш).* Оның үстіне сен Әділжандай *к ө н б і с т і* емессің, жұқасың (Х.Есенжанов, Көп жыл.). **2.** *Шыдамды, төзімді.* Қоспан келіп айылын қыса тартқанда *к ө н б і с т і* жануар міз бақпады, тек құйрығымен шабын бір сипады (Т.Ахтанов, Боран). Жазда да жердің бетінде Болмайды содан гүл нәзік. Күн менен желдің өтінде *К ө н б і с т і* болған бұл жазық (С. Жиенбаев, Алтын қалам).

КӨНБІСТІК з а т. *Шыдамдылық, төзімділік, көне берушілік.* Не деген тұрмыс, не деген шыдамдылық, не деген *к ө н б і с т і к* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ала бұртқан көңілім *к ө н б і с т і к* деген үлкен күшке мойын ұсынған еді сол сәт (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.). Тек үйреншікті дағды, үй тұрмысында болашақтан еш жарық күтпеген *к ө н б і с т і к* қалған тәрізді (А.Сатаев, Аққу.).

КӨНБІСТІЛІК з а т. с ө й л. ***Көнбістік.*** Семья қатынасы *к ө н б і с т і л і к т і,* өмір шайқастарына төтеп бере аларлықтай шымырлықты керек етеді (І.Омаров, Серпін). Жылқыңыздың беріктігіне, күтімге *к ө н б і с т і л і г і н е* және жүрдектігіне дау жоқ (Ж.Тілеков, Хинган асуы.). Адам организмінің табиғатында өзіне тән зор мүмкіншілік, ұшан-теңіз жігер, шексіз *к ө н б і с т і л і к* бар (Е.Оразақов, Қайта соқ.).

КӨНГЕЖІП з а т. ж е р г. *Ау торын арқалық, табанды жуан арқандарға жалғастырып тұратын жіңішкелеу жіптер* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨНГЕЙЛЕ= е т. ж е р г. *Қоршау.* Кішкене баламын ба, онымды айнала тіккенді бұтамен *к ө н г е й л е п* тастадым (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨНГІШ с ы н. **1.** *Айтқанды орындағыш, тіл алғыш.* Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға *к ө н г і ш,* уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш (Абай, Тол. жин.). Шошына қарасаң, қайсар, көзіне қарасаң, *к ө н г і ш* бір адам пайда болуы мүмкін ғой (І.Есенберлин, Ғашықтар). **2.** *Көнбіс, төзгіш.* Барға да, жоққа да *к ө н г і ш* асыл мінезді, артық кісі (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Келгенде өзді-өзіңе мықтыақсыңдар, Қайтейін, өзге десе *к ө н г і ш і ң д і.* Сықылды сынық бұтақ төмендесең, Кім жұлмас оңайдағы жемісіңді?! (А.Байтұрсынов, Шығ.).

КӨНГІШТІК з а т. *Тез көнушілік, көнбістік.* «Шөк!» – деп еді, ... алдыңғы қос тізесін еріне бүгіп, *к ө н г і ш т і к п е н* шөге бастады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Тәлім-тәрбиеге *к ө н г і ш т і к,* айтқан ақылды қаз-қалпында қабылдау – сәбиге тән қасиет («Қаз. әдеб.»).

КӨНДЕ= е т. *Бір нәрсені көнмен тыстау.* Біздегі деректерге қарағанда, *к ө н д е г е н* ерді сіңірлемейді де, сіңірлеген ерді *к ө н д е м е й д і* (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.).

КӨНДЕЙ с ы н. *Көн сияқты, көн тәрізді.* Уқалаған *к ө н д е й* бір жақ беті мыж-мыж боп жапырылып қалыпты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Біздің сол жағымызда төрде отырған *к ө н д е й* құрысып қалған арық қара шал сөз бастап кетті (Т.Ахтанов, Үндістан.). Ала жаздай ескі *к ө н д е й* саудырап құрап жатқан тобарсы жерге аспаннан тырс етіп жаңбыр тамған жоқ (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

КӨНДЕЛ= е т. *Көнмен тысталу.* Бірақ *к ө н д е л г е н* ердің сыртын қалың қара былғарымен қаптап, екі жақ етегін қысқа тоқым тәріздендіріп, бос түсіріп, оның бетін оюлы өрнектермен безендіру тәсілі басқа жерлерде кездеспейді (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман).

КӨНДЕН= е т. *Қатып, қалыңдау.* Насыбайды ұзақ уақыт атып жүрген адамның еріні мен тісінің немесе тіл астының кілегей қабығы *к ө н д е н і п,* әр жері ақтаңдақтанып күлбіреп тұрады, кейде тіпті ойылып жара болып кетеді (С.Баймақанова, Ауыз рагы.).

КӨНДЕНУ *Көнден етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сыртының *к ө н д е н у і.*

КӨНДЕУ *Көнде етістігінің қимыл атауы.* Сіңірлеу де, *к ө н д е у* де ердің беріктігін арттыру үшін қолданылатындықтан, бұлардың бірін пайдаланса, екіншісін керек етпейді (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман).

КӨНДІГУ *Көндік етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мойынсыну, көну.* Бірақ басқа барар жері жоқ ол, іштей бұған да *к ө н д і г у г е* бекінді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Алғашқы кезде

бұл араға *к ө н д і г у* оған өте қиынға түсті (І.Есенберлин, Қатерлі.). **2.** б и о л. *Ағзаның тіршіліктің жаңа немесе өзгерген жағдайына үйренуі және сол ортаға төзімді ұрпақ беруге бейімделуі, жерсіну.* Жануарлардың *к ө н д і г у і* кезінде тек климаттық жағдайлар ғана емес, сол сияқты жаулары, бәсекелестері, маусымдық баспаналары және т.б. маңызды орын алады (Қаз. тілі термин. Биология).

КӨНДІК з а т. ж е р г. *Аттарды бағып-қағатын жұмыскер.* Ал колхоз аттары қазір *к ө н д і к т е* көрінеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨНДІК= е т. *Мойынсыну, көну, үйреніп кету.* Бірер ай өтер-өтпестен-ақ «Көктерек» аулының байлары да *к ө н д і г е* бастады (Б.Майлин, Шығ.). ...Олар Натальяны қолдаса, колхоздың тәртібіне *к ө н д і г і п* үйренген Сырбайға көнбей болмайды (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Төрехан қазір майдан қиындығына әбден *к ө н д і г і п,* бойы үйреніп алған (С.Сейітов, Сөз сұра.). Адам көзі үйрене ме сұмдыққа?! Адам жаны *к ө н д і г е* ме құлдыққа?! Көндікпейді! Менің үшін ендеше, Соңғы шумақ жақындайды шындыққа (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Талайдың қамқоршысы қайтқан мендей, Артында қайғылы жас қалған сендей. Жүрерсің көпке дейін *к ө н д і г е* алмай, Қолайсыз дастарқанға жыртық жеңдей (О.Шораяқов, Шайыр).

КӨНДІККІШ с ы н. **1.** *Төзгіш, көнбіс.* «Адамнан *к ө н д і к к і ш,* адамнан төзгіш мақлұқ жоқ болар бұл ғаламда» – деп, өзіне-өзі қуат беріп қалды (Д.Әбілев, Ақын.). **2.** *Бейімделгіш, икемделгіш.* Кекіре – аквариуда өсіруге тез көндігетін, дене тұрқы 9 см, Орталық Европа, Каспий, Қара теңіз, Амур өзені алқаптарында тіршілік ететін өте *к ө н д і к к і ш* балық (Қ.Қайымов, Суасты.). Ауа райы жағдайына *көндіккіш,* қатты суықтарға төзіп, қыста жайылымда бола алады (Қ.Серікбаев, Қастек.).

КӨНДІКТІР= е т. *Үйрету, көндіру.* Жылқышылар биелерді бір-екі рет байлап, *к ө н д і к т і р і п* берсе, әйелдер сауа бермей ме? (М.Хасенов, Тұлпар.).

КӨНДІКТІРУ *Көндіктір етістігінің қимыл атауы.* Түз бүркітін қолға түсіргеннен кейін оны *к ө н д і к т і р у,* үйрету едәуір қиын жұмыс (Саятшылық.). Асау биелерді, құлындарын ұстап байлау, сауға *к ө н д і к т і р у* өте қиын («Лен. жас»).

КӨНДІМБАЙ с ы н. қ а р а п. *Көне беретін, көнгіш, көнбіс.* ...Маңдайға бітпеген бақ. Дәулетке саламат дейтін *к ө н д і м б а й* кейіп көрсете, ыстық алақанымен Оспанның жазық маңдайын аялап сипай берді (С.Омаров, Қызыл.).

КӨНДІМБАЙЛЫҚ з а т. қ а р а п. *Көнгіштік, көнбістік.* Қазақ тәжірибесінде жаз бойы байланған құлын жер отына көбірек иек артып, *к ө н д і м б а й л ы қ қ а* ерте үйренеді (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

КӨНДІР= е т. **1.** *Айтқанын істету, тіл алдыру.* Жақындап келген кәрілік, Жайып қойған тормен тең. Жақсы қатын алсаңыз, жақсылығын білдірер, Ерін жөнге *к ө н д і р е р,* Анық осы бозбала, Жұмсақтан шыққан хормен тең (Шал ақын, Өлең.). Екеуі де бір дәуірдің ақыны ғой, Дегенмен, Бірін Орал, Бірін Кавказ тауларынан көрем мен, Жыр тойында, Екеуін бір табыстырсам деген ем, Екеуін де *к ө н д і р е* алмай, Әуре болып келем мен (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Мойынсұндыру, бағындыру.* Халықты жаңа дінге қаратып жүргендерінде Құтайба атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты исламға *к ө н д і р г е н д е,* бұлар да мұсылман болдық депті (Абай, Тол. жин.). Қартайғанды сен, өлең, жасартасың, Ауыр-ауыр арқама тас артасың. Шырағымды сөндірмей мөлитесің, Қиындыққа *к ө н д і р м е й* қасартасың (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Көнбегенді *к ө н д і р і п,* Байларды басып табанға, Иледі саздай тентекті (О.Шипин, Дастан.). Еріксіз Ақжан ұмытты, Еріксіз өзін *к ө н д і р г е н.* Жылтырап жанған үмітті, Жата алмай талай сөндірген (М.Мақатаев, Шығ.).

КӨНДІРЕРЛІК с ы н. *Мойынсындырарлық, айтқанын істететіндей.* Енді мұндай халықты еріксіз қорқытып *к ө н д і р е р л і к* күш-қуат ешкімге бітпейді (Абай, Тол. жин.). Ол баланы қазақтың бәрін паралап *к ө н д і р е р л і к* дәулет бір кісіге бітуге мүмкін де емес (Абай, Тол. жин.).

КӨНДІРТ= е т. *Иландырту, айтқанды істету.* Жеңгем еді жеті жылдай Күндіз-түні жол күткен, Жас өмірдің бар тілеуін Жесірлікке *к ө н д і р т к е н* (Е.Ибраһим, Оқжетпес).

КӨНДІРТУ *Көндірт етістігінің қимыл атауы.* Голландия өкілінің Израиль агрессиясына *к ө н д і р т у* үшін арабтарға қысым жасағанына делегаттардың қаншама зор ашу-ызамен қарсы шыққанын көріп отырған Голландия делегациясының басшысы Ван-Уик мырза сөз алды (Ә.Шәріпов, Қапаста.).

КӨНДІРУ *Көндір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Айтқанын істету, иландыру.* Қазақты я қорқытпай, я параламай ақылменен не жерлеп, не сырлап айтқанменен еш нәрсеге *көндіру* мүмкін де емес (Абай, Тол. жин.). Басқарма мүшелерін *көндіруге* күш салайын (М.Гумеров, Хазірет.). **2.** *Мойынсұндыру, бағындыру.* Сені дауласуға жібермей, өз байламына күштемей *к ө н д і р у* – ол талант күші, көркемдік логиканың күші (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Өзіне айтып *көндіру,*

сосын беру керек еді... (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). **3.** *Бейімдеу, икемдеу.* Бұл жөнінде жүргізілген тәжірибелер полярланған сәулені «иә» және «жоқ» деген арифметикалық амалдарға *к ө н д і р у* оңайырақ көрінеді (О. Жәутіков, Жаратылыстану.).

КӨНДІРІЛ=ет. *Бағындырылу, икемдендірілу.* Оның мінез-құлқы класс тәртібіне осылайша *к ө н д і р і л д і* («Халық мұғ.»).

КӨНЕ с ы н. **1.** *Тозығы жеткен, ескі.* Оның аяғы тұсында бетін қабырғаға қаратып *к ө н е* киімді тағы біреу отыр (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Жерде қанша жол жүріп, Басқан ізін көгертіп. Қойған бүгін төрге іліп, Көз тартады *к ө н е* етік (С.Мәуленов, Алыс кет.). Кере қарыс маңдайы, Басында *к ө н е* далбағай. Секілді екен көздері Жарқ-жұрқ еткен найзағай (О.Шипин, Дастан.). **2.** *Бір кездерде болған, өтіп кеткен; бұрынғы, ежелгі.* Құлпырған сағым құм арасынан *к ө н е* замандағы адам мекендерін көтеріп шығарады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Осы *к ө н е* дауды қоздырушыларға Сталин өзі және «Правда» газеті егжей-тегжейлі жауап берді (М.Шоқай, Таңд.). Қазақтың *к ө н е* салтында текеметті тек қана жұмсақ қозы жүнінен басқан, өйткені қозы жүнінің қылшығы болмайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **3.** а у ы с. *Көпті көрген, тәжірибелі.* Қожабай көпті көрген *к ө н е* адамның аталы сөзінің астарына көп үңіледі (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Бес жүз әскер ауыр қол, Бастығы Ақпан батыр сол. Көпті көрген *к ө н е* де, қараңғы тұман түнде де (Бес ғасыр.). // *Көпті көрген адам.* Саған әйтеуір *к ө н е* керек болса, ана Елпанның бәйбішесін ал (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). *К ө н е л е р д е н* сұрасам, Сөзін жинап құрасам, Сауысқандық Түркістан – Сенің туған жерің сол екен (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Көне араб тіл білімі. л и н г в. *Арабтар мен Араб халифатының қол астына қараған мұсылман елдерінде қалыптасқан тіл білімі. К ө н е а р а б т і л б і л і м і н і ң* бастапқы ізі ежелгі мәдени өлке – Месопотамиядағы (қазіргі Ирак) Басра мен Куфа қалаларында 7-8 ғасырда салынды, ал 9-10 ғасырдағы тіл білімі дамыған жер – Халифаттың астанасы Бағдат қаласы болды (Ислам энцикл.). *К ө н е а р а б т і л б і л і м і н і ң* бастапқы негізгі зерттеу объектісі араб тілі болғанымен, оның ғылым боп қалыптасуына өзге мұсылман елдерінен шыққан оқымыстылардың қосқан үлесі орасан зор (ҚСЭ).

Көне дүние өнері. т а р. *Б.з.б. 1-мың жылдық пен б.з-дың 1 мың жылдығын қамтитын құлдық қоғам кезінде дамыған ежелгі гректер мен римдіктер өнері.* Балқан түбегінің оңтүстік бөлігі мен Эгей архипелагы аралы және Кіші Азияның батыс жағалауында пайда болған *к ө н е д ү н и е ө н е р і* көп жерлерге тарады. Әсіресе Жерорта және Қара теңіздермен шектескен елдерде, Алдыңғы Шығыста кең өріс алды (ҚСЭ).

Көне заман қоныстары. а р х е о л. *Көне заманда гректер мен римдіктер шет жерлерде негізін қалаған қоныстар. К ө н е з а м а н қ о н ы с т а р ы* егіншілік немесе егіншілік сауда-саттық сипатта және метрополиядан тәуелсіз, өз алдына мемлекеттік құрылымы, заң шығаратын органдары, юрисдикциясы, өздері соққан теңгелері бар полистер сипатында болды (ҚСЭ).

Көне құлақ [құлақты]. *Көп жасаған, көп нәрсені естіген, әртүрлі әңгімені көп білетін (қария).* Елдің *к ө н е қ ұ л а қ* қөриялары: «Бұл жидені Сыр бойына баяғыда Жидебай әкеліп екен екен», – деп сөз бастайды (Ө.Тұрманжанов, Адам.). *К ө н е қ ұ л а қ т ы* шалдардың айтуы бойынша, осы ара бұрын «Қарашегір ауылы» деп аталыпты («Қаз. әдеб.»).

Көне қыпшақ жазба ескерткіштері. л и н г в. *11-16 г-да көне қыпшақ жазба ескерткіштері тақырыбына, мазмұнына қарай хроникалар, деректемелер, іскағаздары, жылнамалар, насихаттар, филологиялық зерттеулер (грамматика, сөздік, анықтағыш) және дастан, проза түрінде қыпшақ тілінде жазылған еңбектер. К ө н е қ ы п ш а қ ж а з б а е с к е р т к і ш т е р і* төрт түрлі жазумен жазылған: готикалық көне жазу («Кодекс Куманикус»), ескі армян жазуы (Армян колониясының іскағаздары), араб жазуы (қалған ескерткіштердің бәрі де) және көне ұйғыр жазуы (араб жазуымен жазылған бірліжарым ескерткіштердің кейбір көшірмелері) (Қаз. тілі. энцик.). *К ө н е қ ы п ш а қ ж а з б а е с к е р т к і ш т е р і* – орта ғасырда жасаған қыпшақ тайпаларының сөйлеу тілі мен әдеби тілін көрсететін қазіргі қыпшақ тілдерінің тарихи тамырын және қазақ тілінің жалпы халықтық тіл болып қалыптасу тарихын танытатын аса құнды мұралар (ҚСЭ).

Көненің көзі. *Өткен өмірдің куәгері.* Сәттіғұл... ақын-жыраулар мұрасын жадында сақтап келген *к ө н е н і ң к ө з і* ғой, – деп қариялардан жөн сұраған кезі болды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). *К ө н е н і ң к ө з і* – өнерпаз аналар әлі де бар («Қаз. әдеб.»).

Көне обалар. а р х е о л. *Ежелгі дәуірлерден сақталған археологиялық ескерткіштер, жерлеу орындары. К ө н е о б а л а р д ы ң* көмегімен көне мәдениеттердің жерлеу ғұрпын анықтау, әсіресе, Еуразия далалық тайпаларының ескерткіштерін зерттеуде өте маңызды орын алады (ҚҰЭ).

Көне өсиет. д і н и. *Інжілдің ең ескі бөлімі, әр заманда айтылып, жазылған және мейлінше өзгертіліп, бұрмаланған ертедегі еврей әдебиетінің және фольклорының жинағы. Көне өсиет* ертедегі жылнамалардың, аңыздардың, діни поэзиялардың үлгілері, өсиеттері, заң жинақтары, ақыр соңында «пайғамбарлардың» әлеуметтік-саяси тақырыптарға сөйлеген сөздері мен памфлеттері кірген (ҚСЭ). *Көне өсиет* – йудаистер мен христиандардың қасиетті діни кітабы (ҚСЭ).

Көне тамыр. *Көп жасаған, жуан тамыр.* Жалпая өскен *көне тамыр* жусанның үстіне мылтығын қойып, патронтажын ашып көрді (Ж.Тәшенов, Алғашқы).

Көне түркі жазуы [әліпбиі]. л и н г в. *Азия, Қазақстан жерін бағзы заманнан мекендеген түркі тілдес тайпалардың тұңғыш әріп жазуы.* Ал орыс шығыстанушысы Н.А.Аристов түркі руналарын ешбір бөгде әліпбидің ықпалынсыз, түркі руна таңбалары негізінде туған төл жазу деп санайды. *Көне түркі жазуы* жөнінде басқа да пікірлер бар, бірақ олардың ешқайсысы жазба таңбаларының нақты ұқсастығын аша алмады (Қаз. тілі. энцик.). *Көне түркі әліпбиінің* о бастағы түпкі негізі б.з.д. 3-2-мыңжылдықтағы беймәлім логографиялық немесе әліпбилік ішінара ұқсастықтар олардың арғы тегіндегі бастауы бір екендігін көрсетеді. *Көне түркі жазуының* шығу тарихы жалпы әліпбилік жазудың шығу тегімен ұштасады (Қаз. тілі. энцикл.).

Көне түркі тілі. л и н г в. *Көне дәуірде Азияны мекендеген, қазіргі түркі халықтарының арғы негізі саналатын халықтар тілі. Көне түркі тілінің* кейбір материалдары топонимика мен ономостика тарихында, көршілес елдердің жылнама жазбаларында кездеседі. Басты мәліметтер көне түркі жазба ескерткіштер (V-VIII ғғ.) мен көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде (VXIII ғ.) сақталып қалған (Қаз. тілі. энцик.).

Көне шұңқыр мәдениеті. а р х е о л. *Қорған астындағы жерлеу шұңқырына байланысты аталған энеолит дәуірінен сақталған ескерткіштердің жиынтық атауы.* Б.з.б. 3-мыңжылдықтың 2-жартысы мен 2-мыңжылдықтың басын қамтиды. *Көне шұңқыр мәдениетінің* белгілі бір тайпаға немесе этникалық қауымдастыққа жататын өзіндік ерекше нұсқалары – мәйіттің охрамен бояулы, жанында түбі дөңгелектеу келген өрнекті қыш ыдыстардың болуы (ҚҰЭ).

КӨНЕДЕЙ с ы н. *Көпті көрген адамдай.* Құрыш болат, жау жүрек Жаудан қайтып жасқанбас. Көп жасаған *көнедей*, Елдің жайын тапқан жас (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

КӨНЕК[1] з а т. э т н. *Іріқара малдың басынемойын терісінен жасалған, бие саууға не құдықтан су алуға арналған шүмегі бар ыдыс. Көнек* – иленбеген жас теріні шелек тәріздендіріп тігіп алып, ішіне құм кептеп қатырған бие сауатын тері шелек (көн шелек) (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Биенің сүтін сауатын ыдысты – *көнек*, құдықтан су тартатын көншелекті – қауға; шеберлік аспаптарын салатын сірікөнді – талыс т.б. дейді (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Қазақтың ғұрпында жылқышының құрығынан, желіден аттамайды, бие сауатын *көнекті* теппейді, жылқыны басқа ұрмайды, ат сойса жүгенімен соймайды (Т.Әлішеров, Өнерпаз.). // *Үлкен, ірі.* Манағы *көнек* қызыл ала сиыр ақырын аяңдап келеді (Т.Ахтанов, Дала сыры.).

Көнегі жібіді. *Арқа-басы кеңейді, тойынды.* Сенің де кепкен *көнегің жібитін* болды (С.Досымов, Жаңғырық).

Көнегі керегеге ілінген. *Азық-түліксіз қалған, жұтаған. Көнегі керегеге ілінген* жұтап қалу деген мағынаны білдіреді (С.Мұқанов, Қазақ қауымы).

Көнегін қайта киді. *Таз қалпына түсті, бұрынғы күйіне көшті.* Өзіміз аттанбасақ, бұлардың қолынан түк келетін емес, күндіктің *көнегін қайта киетін* біз, жеңеше (Ә.Әбішев, Терең тамыр.).

Көнек желін. *Сүтті, сүті көп.* Шаңдатып көк жал айғыр, ала бие Салпы ерін алдын бастап ала-бөле. Сусылдап үйірімен жайлауға асты Кісінеп *көнек желін* мама бие (Т.Жароков, Шығ. жин.).

Көнектен өткен. *Тәжірибесі мол, ысылған.* Мүшірәлі – көпті көріп, *көнектен өткен* көкжал (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

Көнекті сырттан салды. *Жалтарып бойын аулақ ұстады, жақындамады, жоламады.* «Әлгі тонның ішкі бауындай» боп кеткен ең аяғы Әукен мен Нұржамалдың *көнекті сырттан салып,* жалт бере қойғаны да сондықтан еді (С.Досымов, Директорлар.). Ол мені үйрететін болған. Бірақ күнде бір сылтау айтып, *көнегін сыртқа сала* береді («Қаз. әдеб.»).

Көнекті сырттан сұрады. *Мінез білдіріп, қыр көрсетіп жақындамады, жоламады.* Сондықтан жиналысқа шақырғаныңа рахмет айтуға тура келеді, – деді Әлібек, көріспей жатып *көнекті сырттан сұрай* сөйлеп (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Сұраншының «ертең көшем» деп *көнекті сырттан сұрап* отырғаны да сол белгілі «Қаратау», баяғы қыр көрсету (С.Талжанов, Ұлдай.). *Көнекті сырттан сұрап* бұртыңдауың жаман еді (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар.).

КӨНЕК[2] з а т. м е д. *Ісіп кететін ауру.* Маңайдағы ел аштықтан ісініп, *к ө н е к* ауруына шалдығып, жаппай қырап жатқанда, бұлардың өзегі тала қоймаған (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Күзге қарай қаланы ашаршылық жайлап, әр тұстан *к ө н е к* ауруының белгілері біліне бастады (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Көнек жара. *Асқынып тұйыққа тірелген мәселе.* Көптен *к ө н е к ж а р а* болып шешілмеген түйінді шешіп, Шоқанға қырғыз, қазақ ақсақалдары үлкен алғыс айтты (С.Бегалин, Шоқан асу.).

КӨНЕК[3] з а т. э т н. *Той-томалақта құдаларға табақ тартқанда алынатын кәденің түрі.* Тартылған табаққа құдалар ризашылығын білдіріп, көйлек-көншегін, яғни *к ө н е г і н* қайтарады (Ауызекі).

КӨНЕКӨЗ с ы н. *Көп жасаған, көпті көрген, тәжірибесі мол.* Кей адам көзге былай, сыртқа былай, Жоқ емес іш ақтарар жырындылар «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында», Деп айтады *к ө н е к ө з* бұрынғылар (Қабан жырау, Алтын қазық). Әйтеуір Айназарды көріп едік, білетін едік дейтін *к ө н е к ө з* көрілердің сөзіне қарағанда, бет әлпеті орыс бітімдес, көк көз, сары кісі болса керек (С.Омаров, Қиыр жол). Өзгелердің оғы айдалаға қаңғып жатқанда, *к ө н е к ө з* мергеннің атқан оғы дәл тиді (Ә.Әлішев, Батыр.). Қилы күнде жаралған басқа бәсі, Нүкіс көркем – қазіргі астанасы. Ішымбай сыйлы *к ө н е к ө з* қарт секілді, Қарақалпақ ұлтының бас қаласы (К. Салықов, Жезкиік).

КӨНЕ-КӨСКІ з а т. *Тозығы жеткен, ескі-құсқы.* Сен туғалы көйлек жаңалаудан қалдық, шырағым. Вова, әкеңе *к ө н е-к ө с к і ң д і* сен ауысарсың, – деп әзілдеді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

КӨНЕКТЕЙ с ы н. *Көнек сияқты үлкен, қомақты.* Екіншіден, мама биелерінің жалпақ сауырына адам төсек сап жатқандай, *к ө н е к т е й* желіндерінің емізігі жарты қарыс (С.Мұқанов, Есею жыл.). Ұзақ-сонар ізге түсіп келе жатып, қабақтағы биік ақ селеулер арасынан жолшыбай тұра жөнелген *к ө н е к т е й* қызыл сары түлкіні сары ала қаншық алдымен дөңгелетті (Ә.Көшімов, Екі бүркіт.).

Көнектей болды [қылды]. *Күп боп ісіп-кеуіп кетті.* Үлкені басын көтерді, бет-аузы соққыдан *к ө н е к т е й б о п* ісіп кетіпті, бірақ үндеген жоқ (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Келіп қараса бет-аузы *к ө н е к т е й б о п* ісіп кеткен бір әйел (Т.Ахтанов, Боран). Көзі-басың *к ө н е к т е й б о л ы п*, шекең шодырайып ісіп кетсе де құдай салды, мен көндім деп отыра бересің (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай.).

КӨНЕКТЕП ү с т. *Көнек-көнек етіп, көптеп.* ...«Алатау» тұқымдас ақбас сиырлар, сүт бұлағын шелектеп те, *к ө н е к т е п* те беріп жатыр (Ғ.Сланов, Замана.).

КӨНЕКТЕУ с ы н. *Дүрдиіңкіреген, көнектеу.* Тоғжанның көнтерілікті танытарлықтай *к ө н е к т е у* келген үстіңгі ерні сезімталдықты байқатарлықтай нәзіктеу келген астыңғы ерніне алма-кезек тиіп қайтады (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

КӨНЕКІ с ы н. с ө й л. ***Көне.*** Ескі ақын-жыраулардың сөздерінде *к ө н е к і* ескі атаулар, кейбір ақындарда Шығыс әдебиетінен ауысқан сөздер де кездеседі («Қаз. әдеб.»).

КӨНЕЛЕ= е т. *Ескірту, тоздыру.* Сан заманды қарытып, Сан тұлпарды арытып, Сан соқпақты *к ө н е л е п,* Сан қияны көнелеп (С.Бегалин, Өлеңд.).

КӨНЕЛЕН= е т. *Ескіру, ескілену.* Сырбайдың шыдамы – көпті көріп *к ө н е л е н г е н,* төзуге үйренген шыдам (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Етістік түрлерінен *к ө н е л е н і п* шыққан үстеулер көбінесе көсемше формалармен түрлес келеді (Қазіргі қаз. тілі.).

КӨНЕЛЕУ с ы н. **1.** *Тозыңқыраған, ескілеу.* Гүлжан басына ағасының *к ө н е л е у* қоңыр бүйра бөркін киді (Х.Мұстафин, Қыр жігіті). Біздің келе жатқанымыз жалғыз аяқ *к ө н е л е у* соқпақ жол (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Бояуы солғын, өзі *к ө н е л е у* көрінсе де, сәнін сақтап қалған мүлік өте-мөте көрікті (М.Дүзенов, Ақәже). **2.** *Бұрын болған, ежелгі.* Оның кейбір қазақ сөзін айтуында бұл өңірдің елінен *к ө н е л е у* бір тілмен қазақылап сөйлеп қоятыны бар (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КӨНЕЛІК з а т. **1.** *Тозғандық, ескіргендік.* Үй құралдарының қайсысы болсын, *к ө н е л і г і* болмаса, кемшілігі жоқ, бәрі де орын-орнында (Қ.Жұмалиев, Айқас.). **2.** *Бұрынғы өткеннен қалған қалдық, ескілік.* Міне, осының нәтижесінде олардағы *к ө н е л і к* сарынның негізі қиял-ғажайып ертегілерінде сақталуына мүмкіндік туған-ды (Т.Сүлейменов, Қиял.). Олар жоқ енді сап құрып, Заводтарды бастаған, *К ө н е л і к т і* лақтырып, Жаңарыпты жас қалам! (Қ.Бекхожин, Ардагер.). Теуіп тағын ұшырып *к ө н е л і к т і ң* Өр кеудені таптаған аяғымен (М.Рашев, Қанатты.). **3.** *Көп жасап, ысылғандық, тәжірибесі молдық.* Сол қатерден Аякең көпті көрген *к ө н е л і г і м е н* аман қалды (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

КӨНЕР= е т. **1.** *Тозу, ескіру.* Хамит жардың су бетін ала көтеріліп баланың үстіндегі ұзындау, *к ө н е р г е н* түйе жүн шекпенінің етегін баса келіп, қасына отырды (Қ.Жұмалиев, Жайсаң

жан.). Антұрғандар ешқашан көгермейді. Көгермейді, Ал асыл *көнермейді*! Шоқтан шыққан қып-қызыл құрыш-болат Шынығардың алдында не көрмейді! (Қ. Мырзалиев, Мәңгі майдан). Саяхат... сапар... көбейіп, Арада жылдар өткелі, Сырты да біраз *көнеріп*, Таусылып қалды беттері (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **2.** *Беттің әжімденіп, әрі кетуі.* Барады жылжып боз дәурен, Шаңдатып сары жолдарды. *Көнеріп* бетім тозғанмен, Тозатын емес ол мәңгі! (С. Жиенбаев, Алтын қалам). Жүрерге баяғыда-ақ жол кесілген, Бір арман оны аялап он бесінен. *Көнерген* қарттың жүзін көрмеймін – деп Жөнелген құс боп ұшып кеудесінен (Т. Молдағалиев, Шақырады.). Беті біраз *көнеріп*, сызат түсіпті (О.Сәрсенбаев, Шығ.).

Көнерген сөздер. л и н г в. *Қазіргі тілде белсенді қолданылмағанмен, тілдің сөздік қорында сақталған, сол тіл өкілдеріне түсінікті сөздер. Көнерген сөздер* жинақталып келіп тілде құрылымы жағынан көнелену дәрежесі, көнелену себебі мен қолданылуы әртүрлі сипатталатын көнерген лексика жүйесін құрайды (Қаз. тілі. энцикл.). Алайда қазіргі қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа арналған әр жанрлы шығармаларда жазушы байырғы шындықты көркемдік жинақтау мақсатында *көнерген сөздерді* де орағытып өте алмайды (Әдебиеттану термин.).

КӨНЕРТ= е т. *Тоздырту, ескірту.* Мен мына үстімдегі солдат шинелін, мына шлемді Сібір өлкесіндегі азамат соғысы арпалысында *көнерткен* қызыл жауынгермін (С.Бегалин, Замана.). Жылдар озды, Ескі тозды, Көнерді, Озған жылдар *көнерте* алмас өнерді. Бір кез Омбы түрмесінің тұтқыны Федор даңқы шарлап кетті әлемді (М.Шаханов, Fасырлар.). Уақыт әлденелерді *көнертіп* өшіреді, әлденелерді кеңейтіп өсіреді (М.Әлімбаев, Тәрбие.).

КӨНЕРУ *Көнер етістігінің қимыл атауы; ескіру, тозу.* Ол негізінен малға қамыттың, құрал-сайманның, ер-тоқымның дұрыс салынбауынан, яғни олардың тар немесе кең жасалуына, сондай-ақ *көнеруіне* де байланысты болады (F.Әбішев, Мал. жарақат.). Күтсе, майласа, баптаса, трактор қартаю, *көнеру* дегенді білмейтін көрінеді (Ақ бидай). Ол халық шаруашылығының құрылымында тұтыну заттарын шығаратын және қызмет көрсететін салалардың аздығы, халық тұтынатын тауарлар өндіретін өнеркәсіптің өндіріс қуатының мардымсыз дамуы, жабдықтардың *көнеруі*, ...еңбек өнімділігінің тұрғындардың ақша қаражатымен салыстырғанда артта қалуы және басқалары (Б.Жүнісов, Нарық. эконом. негіз.).

КӨНЕСІН= е т. *Көнеге саналу, ескі деп есептеу.* Бір кезде *көнесініп* көңге итеріліп тасталған айтыс өнерін киелі санап, мәндайымызға тигізіп, аспандата қайта көтеріп әкетуімізге қалтқысыз қызмет еткен... замандастарымыз бен іні-қарындастарымыздың өнеріне бүгін мақтанғанымыз парыз (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

КӨНЕСІНУ *Көнесін етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тым *көнесіну.*

КӨНЕТОЗ с ы н. **1.** *Ескірген, көнерген, тозған, киілген, ұсталған.* Көбісінің үстінде ақтың жібіне әзер ілініп тұрған *көнетоз* шапан-шалбар (Ә.Шәріпов, Қапаста.). *Көнетоз* шолақ қара бешпентінің қалтасын ұзыншақ ақ қалбырын алып, ептеп ашып қолына қойып жатып: – Рахмет!.. Мен өз темекімді тартпасам, қанбаймын, – деп орысша бір-екі сөз қыстырды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сол киіз үй, сол *көнетоз* кереге, Мен шыққанмен, жоқсың енді далада. Өкінгенмен өткен қайтып келе ме?! Бір жоғалтқан жүрек жоғын таба ма? (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). **2.** а у ы с. *Шаршаған, жүдеген.* Гайни дидары біртүрлі *көнетоз* сияқты (О.Бөкеев, Қамшыгер). *Көнетоз* сыртым, бірақ Кеудем жарық (Ә.Тәжібаев, Гүлден дала).

КӨНЕТОЗДАУ с ы н. *Ескілеу, көнергендеу. Көнетоздау* көк тымақ, Қарны толған боқ тымақ. Сөйлей алмай «пып» деді, «Ы-ы-ы-ық» деді. Жаман тымақ шамданып: «Ұр мынаны, ұр!» – деді, «Жолдан былай тұр», – деді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Парторг *көнетоздау* көзілдірігін киіп, алдында жатқан қағаздарын ақтарды (Ә.Ибрагимов, Нағыз қайнар.). Гүлсім бұл жолы да өзінің жақсы көретін *көнетоздау* көк көйлегін киіпті (Н.Баяндин, Ертіс.).

КӨНЕУ з а т. с ө й л. ***Кенеу.*** Қаңсыған *көнеуі* кеткен кемпір-шалдың ортасында жалығатын да болар... (F.Қайырбеков, Қарқаралы.). Қайтарып халық көңілін осындайлар, Кемітіп келтірмейді *көнеуіне* (Айтыс).

КӨНҚАУҒА з а т. ж е р г. *Түйенің тұтас көн терісінен жасалатын айрықша үлкен шелек сияқты, елу-алпыс литрлік көн тұтқалы ыдыс.* Қазір *көнқауға* да, басқа қауға да жоқ (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨНҚОТЫР з а т. *Мал терісінің жүні түсіп, беті қабыршақтанған кезі.* Біраздан соң ондай орындардың бетін тұтасқан қабыршық басып, жүні түсіп, көнтеріленеді, сондықтан мұны *көнқотыр* деп те атайды (С.Омаров, Мал терісі.).

КӨНПІ= е т. *Ісіну, көтерілу.* Молдекең бастап ортаға таман жатқан *көнпіп* піскен

шелпекті сүйреп алып ортасынан қақ айыруы мүң екен, дастарқан үсті жыпыр-жыпыр қол боп кетті (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл.).

КӨНПІС с ы н. с ө й л. ***Көнбіс***. Соның орайына өкпесі тесілгенше еңбекке қадалған *к ө н п і с* (М.Әуезов, Индия очерк.). Қанипа айтқанмен көпті көрген, *к ө н п і с* кісі ғой, күйіп-пісіп шыжалақтай қойған жоқ (С.Омаров, Күншуақ.). Соншама қайсар бола тұрып, кейде аңғал, *к ө н п і с* мінезі де бар (А.Байтанаев, Асан.).

КӨНПІСТІ с ы н. с ө й л. ***Көнбіс***. Даңқты Неплюевтің, Гурьевтің, Перовскийдің ыстық-суыққа бірдей *к ө н п і с т і* жауынгерлері! (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

КӨНПІСТІК з а т. с ө й л. ***Көнбістік***. Бар өмірін солардың жолына көр соқыр *к ө н п і с т і к п е н* пида етіп адасқан аңғал кедейлер аз емес (З.Жәкенов, Таң самалы). Жабы тұқымы ет, сүт өнімдерін мол берумен қатар оның төзімділігіне, *к ө н п і с т і г і н е,* күштілігіне ешбір жылқы тұқымы пар келмейді (М.Ермеков, Тарту).

КӨНСІ= е т. *Ындыны құрғау, шөлдеу*. ≈ Ыстықтан *к ө н с і д і*.

КӨНТАБАНДЫ з а т. з о о л. <лат. tylopoda> *Табанында сүйелді қалың тері қабаты бар, аяқтары екі саусақты және ұшы мүйізді тырнақты болып келетін денелі сүтқоректілер. К ө н т а б а н д ы л а р д ы ң* бәріне ортақ белгі табанында жастық тәрізді сүйелді қалың қабатының болуы (Қаз. тілі термин. Биология).

КӨНТАҚ з а т. в е т. *Мал терісінде болатын ауру.* Тері қотыр-псороптоздың қойдағы түрінің суық маусымда арық әлсіздерінің дымқыл терісінде өршіп, эпидермисті қалыңдата түсетін *к ө н т а қ* ауруына ұқсайтын тұстары көп (Эксп. матер.).

КӨНТАҚА з а т. **1.** в е т. *Қойдың арқасына иә құйрығына түсетін қотыр.* Құлынтайдың ноғаласын, сақауын, бұзаудың қылауын, қос кіндігін, қойдың *к ө н т а қ а с ы н* емдейді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Қой терісі қышыма, *к ө н т а қ а,* қотыр түсу салдарынан бұзылса, жүнінің сапасын қалпында сақтап қалу қиынға соғады (С.Омаров, Мал терісі.). *//Көнтақа түскен, күстенген.* Көктемгі сылпылдақта... жұтаған даланы көрдің, қожыраған *к ө н т а қ а* көтерем саулықтай мыжырайған лашықтарға кезіктің (С.Талжанов, Ұлдай.). **2.** *Терінің қажалуынан болатын сүйел, күс.* «Сүт бүріксең де жібімейтін *к ө н т а қ а ғ а* тиісіп нең бар еді» деп... келіншегі күйеуінің санын шымшып алды («Лен. жас»). *// Кепкен, мүлдем құраған.* [Оған] Шынар айқыш-ұйқыш шытынаған *к ө н т а қ а* алақанын тосты (Н.Сералиев, Ыстық күлше).

КӨНТАҚАЛАН= е т. *Қажалып сүйелдену, мүйіздену.* Дәрігерлер бұған оны бергізбей қойды: «Тізе көндіксін, жара *к ө н т а қ а л а н с ы н,* тері қалыңдасын» дегенді желеу қылды (А.Тоқмағамбетов, Жазғы.).

КӨНТАҚАЛАНУ *Көнтақалан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Арқа жағының *к ө н т а қ а л а н у ы.*

КӨНТЕ: **көнте белбеу**. *Көн теріден жасалған қалың, жалпақ күдері белбеу.* Көкала жорға ат мін деді, *К ө н т е б е л б е у* бу деді (Едіге).

КӨНТЕЙ= е т. с ө й л. ***Көнти***. Аяғыңды аттап басқан сайын табанымнан қытық кетіп, көктің нілі жабысып, *к ө н т е й і п,* табаным қалыңдай береді (С.Бақбергенов, Қарға там.).

КӨНТЕК[1] з а т. в е т. *Малдың терісінде болатын қышыма, қотыр.* Қышыманы қойда *к ө н т е к,* жылқыда қыршаңқы деп атайтын (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Әсет, сен менің қышыған жерімді дөп басқаның сонша, *к ө н т е к* болған қотыр тайлақтай жауырынымды тоса бергім келеді (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Бір малым шығын болмайды, Қотыр мен *к ө н т е к* жарадан (Айтыс).

КӨНТЕК[2] с ы н. *Ісіңкі, шығыңқы, көмпиген.* Жидек тәрізді жемістердің экзокарпийі қалың, қатайыңқы және *к ө н т е к* болып келеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника.). Содан кейін *к ө н т е к* болған тізелерін бүгіп, жамбастай жатып, ыңқ деп бір күрсінеді (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

Көнтек ауыз. *Борбиған, салпы ерінді, томпақ ауыз.* Жақыптың *к ө н т е к а у ы з,* жуан бөксе әйелі өгіз айдап келеді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). *К ө н т е к а у ы з,* көсе, ашаң жігіттің қақпан құшағында қалған жеңешем тұншығып бара жатқандай (Қ.Сәрсекеев, Кілт.). Көбік ауыз емеспін, *К ө н т е к а у ы з* емеспін, Тентек ауыз да емеспін, Нағыз қу маңдай ауызбын (С.Кенжахметов, Қуырдақ).

Көнтек ерін. *Қалың, дүрдиген ерін.* Алақанымен аузын қалқалап, арасы әсте қиюласпайтын *к ө н т е к е р н і н* әйелінің құлағына төндіре сыбырлады (З.Жәкенов, Таң самалы). Аққошқар *к ө н т е к е р і н,* аузы-басын тырбиған келте сақал-мұрт жапқан, толық денелі қара торы кісі екен (І.Есенберлин, Қаһар.). – Бағдагүл! – дегенде Шүйкенің май басқан бадырақ көзі күлімдеп, *к ө н т е к е р і н д е р і* түріле түсті (Ө.Қанахин, Дәмелі).

КӨНТЕКТЕЙ с ы н. *Көнтек сияқты, қалың.* Табанымды ертерек қалыңдату үшін жаңа шыққан көкке бір, шаңдақ топыраққа бір үйкеймін, қап-қалың, *к ө н т е к т е й* болады (С.Бақбергенов, Қарға там.).

КӨНТЕКТЕУ с ы н. *Көнтегірек, қалыңдау.* – Апырай, ә, келетін қонағы түскірдің де кілтипаны боп тұр-ау?! – деп оның *к ө н т е к т е у* ерні дірілдеп, бет-әлпеті аса аянышты түрге енді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Тасболаттың қалыңдығы бойжеткен екен. Қара бұжыр, мыртықтау әйел, ерні *к ө н т е к т е у* (Б.Майлин, Таңд. шығ.).

КӨНТЕРЛІ с ы н. с ө й л. ***Көнтерілі***. Кесек қалжың, ажуаға да Ұлжан *к ө н т е р л і*, созымды, тапқыр болған (М.Әуезов, Әр жыл.). Расында да, қазақ елі *к ө н т е р л і*, сан қорлыққа шыдаған қауым еді (І.Есенберлин, Алмас.). Қош, Сарыарқа, *к ө н т е р л і*, қозы момын, еркін ел, Қош, туысқан ағайын, кінәм болса кешіңдер (Қ.Дәрібаев, Серт.). Мінезі де *к ө н т е р л і* көрінеді, мұғалімге ең керегі осындай сабыр ғой («Қаз. әдеб.»).

КӨНТЕРІ з а т. **1.** *Жуні қырылып, күнге қақталған тері.* Әбден сіреу болған *к ө н т е р і* суға қанша салғанмен жібімейді (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Ал қыл тұзаққа шыдай алған *к ө н т е р і л е р і н* бір-бірлеп іштеріне тартады (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Көкірек екеуіне төсек қатар салынды. Кіршіксіз ақ простыня жыртық көрпеден шықпаған *к ө н т е р і с і н* ағартса ағартқандай еді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). *// Тотыққан, күнге, желге тиіп қарайған.* Кенжеғұлдың көзі өрттен шыққан ұшқындай, *к ө н т е р і* беттен қара су тамшылайды (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Жұмысқа пісіп, *к ө н т е р і* болған жуан жұдырығымен өзіне ентелеген Әпілді кеудеден нұқып жіберді (К.Баялиев, Дегелек.). *Көнтері* көне жөргектен Көтеріп алдым басымды (Ғ.Жұмабаев, Жомарт.). **2.** а у ы с. *Әбден шыныққан, көнбіс адам.* Бәтима да аналардай шаршау білмес *к ө н т е р і н і ң* біреуі (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Ол кешелі-бері өзін-өзі жегідей жеп, әбден *к ө н т е р і* боп қатып қапты (А.Байтанаев, Қайнар.). Ол өз қатарынан озып жүрмесе, өмірі артта қалып көрмеген нағыз *к ө н т е р і* жігіттің өзі болатын («Лен. жас»). Көп жыл мал бағып әбден *көнтері* болып алған екен (Ғ.Жұмабаев, Жомарт.).

КӨНТЕРІЛЕН= е т. с ө й л. *Төзімді болу, көнбістену.* Тың күшінде делбені де қозғалтпайтын аттар бишік жеуге айналды. Біраздан соң *к ө н т е р і л е н і п,* ұрса да жүрмеді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КӨНТЕРІЛІ с ы н. *Шыдамды, төзімді, салмақты.* Осының бәрі қаншалық көмпіс, *к ө н т е р і л і* болғанмен, шаруа баққан малшы қауымның көңіліне қонбайтын-ақ нәрселер еді (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр, Түнерген төбемізден бұлт арылмай. Кек атты, *к ө н т е р і л і*, көніп қалған, Сықса да шыдай беру – жұрт жарылмай (А.Байтұрсынов, Шығ.). Сенека данышпанның сориты: «Есті адам қанағатты, қанағатты адам тиянақты, тиянақты адам көнтерілі, *к ө н т е р і л і* адам қайғысыз, қайғысыз адам бақытты, ендеше кім есті адам – сол бақытты» (М.Жұмабаев, Шығ.).

КӨНТЕРІЛІК зат. *Шыдамдылық, төзімділік, көнбістік.* – Жассың, бірақ комсомолсың. Ауырлықтан жалтаруға болмайды. Күрес жолы *к ө н т е р і л і к т і* тілейді (А.Лекеров, Түз гүлі.).

Көтерілікке салынды. *Шыдады, төзді.* Қалабай мұндай әңгімені естісе де, естімегенсіп *көнтерілікке салынып* жүр (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

КӨНТИ= е т. **1.** *Ісу, томпаю.* Шіркей шаққан жер *к ө н т и і п* ісіп кетеді (С.Омаров, Мал терісі.). Жұдырық тиген бір жақ шекесі *к ө н т и і п* ісіп шыға келіпті («Лен. жас»). *К ө н т и г е н* ерні дүрдиіп, сыздана жұмарланып кетіпті (Қ.Толыбаев, Қайдасың.). **2.** *Дүрдию, қампию.* Кейде ең жақсы матадан тігілген костюм де *к ө н т и г е н* тігістен өтпей қалып қоя береді («Соц. Қаз.»). Киім тіксе ол қатын Жағасы кетер *к ө н т и і п*, етегі кетер салпиып, Үлгі болмас пішерге (Алдаспан).

КӨНТИТ= е т. *Дүрдиту, қомпайту, томпайту.* Тайжан қалың ернін *к ө н т и т і п,* оңі алаулап қызара қалып, айқаса кетіп, қашан кегін қайтарғанша шегінбейтін (Н.Ғабдуллин, Өмір.). Сары масалар бет-аузымның сау-тамтығын қалдырмай *к ө н т и т і п* ісіріп жіберді (М.Рашев, Бетің қисық.).

КӨНТУЛАҚ з а т. *Илеп кептірген мал терісінен жасалған төсеніш.* Қыс ортасы ауа Дәмелінің өз үйінде соғымға сойылған ешкі-лақ, тоқты-торымдардың *к ө н т у л а ғ ы* ғана қалды (Ө.Қанахин, Дәмелі). *// Арық, сартап (мал).* Мың аунаса да ыңыршағы шыққан *к ө н т у л а қ* аттан жерге қылтан түсер түрі байқалмайды (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.).

КӨНТУЛАҚТА= е т. *Әбден кептіру, қуратып жіберу.* Ауа райы қанша дегенмен жер екеш жерді *к ө н т у л а қ т а п* шор-шор ғып, беріштеп тастайтын («Лен. жас»).

КӨНТІК с ы н. с ө й л. ***Көнтек***. Шай үстінде Ақмамыр жеңешем: – Күйеу бала өлгенін күні бұрын білген екен-ау! – деп, *к ө н т і к* ернін бір сылп еткізді (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы.).

КӨНТІРСЕК с ы н. *Аш-арық, жарымаған.* – Тұра тұр, бұдан да қызығы бар. Мен көргенде, ауылдың *көнтірсек* қыздарынан көрдім ғой қорлықты, – деді Апақ («Лен. жас»).

КӨНУ *Көн етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Айтқанды істеу, мойынсыну.* Зейнеп үндемей қалды, онысы – баласының өтінішін орындауға іштей *көнуі* еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Дәлел орынды болған соң Жантуардың *көнуіне* тура келді (С.Шаймерденов, Өмір.). **2.** *Шыдау, төзу.* Неге болсын керек еді-ау *көнуің,* Елмен бірге керек еді-ау өлуің (М.Әлімбаев, Көңіл.). Әрине, шыдар-ақпын өлуге мен, Баспаспын жаман жолға *көнуге* мен. Ақтармын оқып – жетім адам атым, Басқаға жоқ ықылас бөлуге мен (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Ауыр жаза – тірі қалып, өзінің Тауысып бар төзімін, Қателігін өз көзімен көруде, Және оны түзетуге Қолда билік жоқтығына *көнуде* (М. Шаханов, Ғасырлар.).

КӨНШІ: **көңілі көншіді.** *Разы болды, көңілі жай тапты, орнықты.* Кемпірдің ойы күн ұзақ Болады әуре осымен, Үміті серік жалғыз-ақ Бір соған *көңіл көншіген* (Ғ.Қайырбеков, Тау.). Сүңгісе көкала үйрек көлшігінде, О, *көңіл,* көріп соны *көншідің* бе? (Қ.Мырзалиев, Ақ отау.). Аққолді бір арман көріп өтті Асан, Палуан, жүйрік түсті мұнда топқа сан. Еш уақытта *көншімейді көңілім,* жылда айналып Аққолге бір соқпасам (С.Мәуленов, Алыс кет.). Дүз қыраны даланы шарламаса, *көңілі көншімейді* (Ә.Әлішев, Батыр.).

КӨНІГУ *Көнік етістігінің қимыл атауы; бейімделу, икемделу.* Қалемшенің төменгі жағындағы бүрлер нашар дамыған, сондықтан олар нашар *көнігуі* мүмкін (Ш.Хабибуллин, Алхоры.).

КӨНІК= е т. *Жаңа бір жағдайға бейімделу, икемделу, дағдылану.* Ас үстінде күнде Есет (Бүйтуді ноғай білмес ед), Бүркітті алып жүреді, Қаяусыз енді *көнігіп,* Иесіне елігіп, Әкесіндей көреді (М.Дулатов, Шығ.). Аманкелді жігіттері ат қаруы – сойылды сілтей білетін кілең бөрі, айқастың әдісіне әбден *көніккен* (М.Жұмағұлов, Қыран.). Жануарларда болатын инстинкт – организмнің белгілі тіршілік жағдайына, өскен ортасына әбден *көніккенін* көрсететін мінез-құлықтың түрі (Қ.Жарықбаев, Психология.). Көлің не теңіз қасында, Кезгенбіз талай көлікпен. Түк емес сонау басында, Атамыз қазақ *көніккен* (Ж.Тоғашев, Атырау.).

КӨНІККІШ с ы н. *Бейімделгіш, икемделгіш, дағдыланғыш.* Өріктің бүрлері *көніккіш* және көз сабақтары мықтап өседі (Ш.Хабибуллин, Алхоры.).

КӨНІКТІ с ы н. *Бейімделгіш, икемді.* Даланың ептеп айдау көрген, суық сорған *көнікті,* желең, асау тұлпары бұғалықталып, тізгінделіп ұсталды, ер салынды («Қаз. әдеб.»). Кішімен кішіше, үлкенмен үлкенше тіл тауып сөйлесетін көнтерлі *көнікті* мінезден табылыңыз (Д.Досжанов, Шығ.).

КӨНІКТІР= е т. **1.** *Жаңа жерге бейімдеу, жерсіндіру.* Шабдал дақылын *көніктіріп* өсіру жөніндегі тәжірибе жұмыстары Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарында жүргізіле берді (Ш.Хабибуллин, Алхоры.). **2.** *Икемдеу, дағдыландыру.* Қасына ап Мамақанды үйіне кеп, Сұлуды *көніктіріп* еліктірмек (Ж.Өмірбеков, Батыр.).

КӨНІКТІРУ *Көніктір етістігінің қимыл атауы; икемдеу, дағдыландыру.* – Біздің ең басты міндетіміз – студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына *көніктіру,* соның методологиясын үйрету ғой (С.Шаймерденов, Болашақ.).

КӨНІМДІ с ы н. *Төзімді, шыдамды, көнгіш.* Сен Бұхара кезінде, Бәтуа бар сөзінде, Келелі биің сенімді. Қара бір халқы *көнімді,* Тыныш еді еліміз, (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Жылқы жарықтық пышаққа қандай *көнімді,* жарақаттары құрттамайды да («Лен. жас»).

КӨНІМПАЗ с ы н. *Көнгіш, келісімшіл, келіскіш.* Тыңдаушы *көнімпаз,* ұғымпаз болса, сөйлеуші шешен болар (С.Бақбергенов, Қайран шешем). Қараңғы ел зорлыққа, құлшылыққа *көнімпаз* болады (М.Ақынжанов, Ыбырай.).

КӨНІМПАЗДЫҚ з а т. *Көнгіштік, келісімшілдік, төзгіштік.* Ниеті адалдық, *көнімпаздық,* аңғалдық кішкентай қызметкер Ережепке жұрт біраз күледі («Лен. жас»). Қойшылар қысқы ысқаяқ суықта, ызғарлы борандарда табандылық, *көнімпаздықтың* талай үлгісін көрсетеді (С.Омаров, Шабыт.).

КӨНІМСІЗ с ы н. *Көнбейтін, көнбес, төзбес.* Өз дегені болмаса, айтқанға *көнімсіз* біреу болатын (Ауызекі).

КӨНІМСІЗДІК з а т. *Көнбейтіндік, төзбейтіндік.* Осы бір түйін – сонау ата салтын қуған тоқ мойын, *көнімсіздіктің* бір тірегі (С.Бегалин, Шоқан.).

КӨНІМШІЛ с ы н. *Көнгіш, төзгіш.* Жалқау – дәмешіл келеді, жасқаншақ – *көнімшіл* келеді (Қ.Әбдікәдыров, Әңгім.).

КӨНІС з а т. *Көнгендік, мойынсұнғандық.* Қыздың әке ақылына оңай *көнісіне* соғыстың басталуы мен елде еркектің азайып бара жатуы да себеп болған (Қ.Исабаев, Соңғы.). Жоқ, жоқ, *көнісім* де, келісімім де жоқ! – деді әйел кішкене

басын қатты-қатты шайқап (Т.Жармағанбетов, Сентябрь.).

КӨНІС= е т. *Көндігісу, мойынсыну.* Алланың әміріне *к ө н і с е л і к*, Көздің қыры түскенін көріселік (Батырлар жыры).

КӨҢ[1] з а т. *Қордаланып қалыңданған мал қиы.* Баздың төбесіндегі сірескен *к ө ң д і* шалдар айырмен қопарып, қопсыта берді (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). *К ө ң* – жердің қорегі, әсіресе, бұл ескірген жерге өте қажет (Ы.Жақаев, Менің бақытым).

Көң аударды [ойды]. *Қора тазалады.* Анадайдан қолына күрек ұстап күйбеңдеп *к ө ң а у д а р ы п* жүрген Таутан қайнағасын көрді (О.Сәрсенбаев, Бақыт құсы). Кемпірі екеуі *к ө ң о й д ы,* үлкен үйіндіні сыртқа шығарып, қора ішіне құрғақ қи төкті (С.Алдабергенов, Асу.).

Көң төгу. *Егіс даласына топырақты құнарландыру үшін қи төгу (шашу).* Кейбір шаруашылық басшылары мен мамандар *к ө ң т ө г у* ісіне жете мән бермей келеді («Соц. Қаз.»).

КӨҢ[2] з а т. *Қалып қойған қоныс, жай, жұрт, қыстау.* Көкек келіп, жаз әбден шыққанда біздің ауыл Нұрпейіс *к ө ң і н і ң* түбіне келіп қонды (Қ.Сәрсекеев, Кілт.). Өрттей қаулап тиген соң, Намаздыгер кезінде, Солдаттар кейін шегінді, Күн батып ымырт болған соң, Мырза ишанның *к ө ң і н е* Тобымен барып тығылды (О.Шипин, Дастан.). Ескі *к ө ң* көрдей – албары, іздері құрып жоғалған (С.Мәуленов, Жаңа арна.). Арна болып оралған Түбек-түбек иірім, Сандыбайдың *к ө ң і н д е* Биік жарға кез келді (О.Шипин, Дастан.).

КӨҢГЕ з а т. к ә с. *Ау жиегі.* Балық жалғыз *к ө ң г е г е* ілінсе болғаны, тырп етпейді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Көңге жіп. к ә с. *Ау торын арқалық пен табандыққа керіп байлайтын жіптер.* Арқалық пен табанға *к ө ң г е ж і п* тартып байлайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨҢГЕЙ з а т. к ә с. *Аудың табандық, арқалықтарының жуан жіптермен жалғастырылған жіңішке жіптері.* Аулау құралдарының сапасы да жақсарды, бұрын *к ө ң г е й* сетка болса, енді капрон сетка болды (С.Хайдаров, Теңіз.). Сонау алғаш колхоз құрылатын жылдары жалғыз сұр биесін жегіп, *к ө ң г е й* сеткімен, жалғыз залды ұятты болмай, арлы азамат, сөзіне берік жігіт деген атаққа жаңылыс келтірген жоқ (Т.Құрманғалиев, Теңіз.).

КӨҢГЕЙЛЕ[1]= е т. *Көлегейлеу, бүркеу, тасалау.* Елден ұзап эшелон аса берді, Көк орман *к ө ң г е й л е д і,* таса жерді (С.Баймолдин, Монолог). Бұлт *к ө ң г е й л е п,* батса да күн ертерек, – Өзің болып елестейді біздерге (Қ.Жұмағалиев, Перзент.).

КӨҢГЕЙЛЕ[2]= ет. *Тордың аудың табандығына жалғастырып байлау.* Жұрт торларын *к ө ң г е й л е п* болып, ауылға қайта баспады (Ауызекі).

КӨҢДЕЙ с ы н. *Көң сияқты, көң тәрізді.* Ол келген алғашқы сәтте-ақ Балжанның беті отқа түскен *к ө ң д е й* тырысып сала берді (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). Сексен асып, тоқсанға келгеннен соң, Күнге күйіп қураған *к ө ң д е й* болдым (Ақын жырлары).

КӨҢДІ с ы н. *Көңі бар, көңі көп.* Жазғы ыстықта осындай *к ө ң д і* қотанға көп үйездеген қойлардың танауы көңге толып пысқырауық болады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Қардың суымен ту өсіп кететін *к ө ң д і* жердің бидайығы бас жарып, үлпілдегі шашақтана бастапты (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

КӨҢ-КӨПСІ з а т. *Көң-қоқыр; көң аралас қиқым-сиқым.* Қыс айларында қи, *к ө ң - к ө п с і н і* қорландырып, атызға қалқанмен қар ұйыстырса да, әйтеуір қарап жатпауға іштей берік бекініп алды (Х.Ерғалиев, Шындық.).

КӨҢ-КҮЛІМСІ з а т. с ө й л. *Көң араласып, ұйтенген көң-көпсі.* Ендеше, үйге кіріңіздер! – деп, *к ө ң - к ү л і м с і* сасыған тапал қорасына қарай бастады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨҢҚАРҒА[1] з а т. к ө н е. *Жайлаудағы елдің ескі жұртына көшу кезі.* Ертеде шаруалар қыстауға қарай ойысарда, *к ө ң қ а р ғ а с ы* түскір кеп қапты ғой деуші еді (Т.Әлімқұлов, Туған.).

КӨҢҚАРҒА[2] з а т. з о о л. *Көң-қоқыр, қоқысқа қонып қоректенетін қарға.* – Ей, шал, бері кел, *к ө ң қ а р ғ а ғ а* ұқсап неғып отырсың шоқиып айдалада? (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). Сол ортада өңкей *к ө ң қ а р ғ а* қамалаған жалғыз ақ көгершіндей қанатымен жер сабалап, талпынып ұша алмай, ұмтылып жете алмай, жан азабын тартып жүр ме? (Б.Аманшин, Көкжар.).

КӨҢҚАРҒАДАЙ с ы н. *Көңқарға сияқты, көңқарға тәрізді.* Тұлпардың мауқын басу Далаға тән, *К ө ң қ а р ғ а д а й* жабысу жалаға тән, Терең жатып көпірмеу ақылға тән (Ө.Күмісбаев, Ақ Шолпан).

КӨҢ-ҚОҚЫР з а т. **1**. *Қи аралас бықырсыған, шіріген шөп-шалам.* – Алеша, – деді ауыр дем алып, – арбаның дәл астында қобдиша сиятын кішкене ғана жәшік жасап қойдым, соған саламыз да үстіне *к ө ң - қ о қ ы р* тастай саламыз (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Әр жерде қадау шоқ талдар, ыбырсыған *к ө ң - қ о қ ы р* (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Сонда жұртта, *к ө ң - қ о қ ы р д ы ң* арасында елеусіз жатқан көрлен кесенің сынығындай Қадиша жалғыз қалмақ (С.Жүнісов, Ақан сері).

2. а у ы с. *Ескі-құсқы, бағасыз нәрселер.* Кемпірі «Құдай-ай, не боп қап еді» деп, үйдегі *к ө ң-қ о қ ы р ы н* буа бастады (М.Қуанышбаев, Кек.). Басы киіз қотыр боп, Кигені *к ө ң-қ о қ ы р* боп, Азды елден іздесе, Бұл секілді жетім боп (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Теріс ой, арам ниет.* Біздің сыншылар көңілдегі *к ө ң-қ о қ ы р г а* ауыздан шығара ажар берем деп тырыспасын (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Мұраттың үстіне *к ө ң-қ о қ ы р д ы* ақтара салуға дайынсың (Т.Нұртазин, Мұрат.).

КӨҢ-ҚОҚЫРЛЫ с ы н. *Көң-қоқыры бар, көң-қоқыр араласқан. К ө ң-қ о қ ы р л ы* топырақ – өсімдік қалдықтарынан, асханалардың жуынды және түйір қалдықтарынан араластырылып істелген топырақ («Халық мұғ.»). Ол кезде есіз дүзге тең, *К ө ң-қ о қ ы р л ы* осы маң (Қ.Бекхожин, Ардагер.).

КӨҢ-ҚОҚЫС з а т. *Түрлі заттың иістенген сыпырындысы, қалдығы.* Кейін бұл алаң *к ө ң-қ о қ ы с* төгетін жерге айналды (Қ.Әміров, Революция.). Құр қалқайып тұрғанымен, айналасы *к ө ң-қ о қ ы с т а н* арылмайды («Лен. жас»). Рас, көшелерінен шым, саман үйлер мен *к ө ң-қ о қ ы с* ұшыраса қоймайды («Қаз. әдеб.»).

КӨҢ-ҚОРДА з а т. *Көң төгілген үйме жер.* Екеуі тағы да өзімен-өзі болып, ой құшағына берілді. Сол күйі «Красный Октябрьдің» егістігіне таяу үйілген *к ө ң-қ о р д а г а* жетті (Ж.Бектенов, Қызылшашы.). Сәрсенкүлдің звеносы әйтеуір *к ө ң-қ о р д а н ы* мол төкті («Лен. жас»).

КӨҢСІ= е т. *Күлімсі иістің шығуы.* Қойдың ба, киіздің бе иісі *к ө ң с и д і* (Т.Тілеуханов, Өзге.).

КӨҢІЛ з а т. **1.** *Адамның мінез-құлқына байланысты жалпы эмоциялық сезім (сана, ой, зерде, назар т.б.).* Көкірегі, *к ө ң і л і* тірі болса соны айтады, ақыл табуға сөз ұға алмайсың (Абай, Тол. жин.). Әйтсе де, сол тойтарқар түнгі оқиға күн ауа жоғалар ірге көлеңкесіндей *к ө ң і л - д е н* ұмытылса да, Күлшығаш көкейіне салқын сызын қалдырған (Д.Досжанов, Зауал). *Көңіл* – қазы, көз – таразы (Мақал-мәтел). Не үшін десеңіз, екеуінің де сол ойын болған түндегі сөздері *к ө ң і л д е р і н е н* кетпей һәмән бірін-бірі ойлайтын болды (М.Дулатов, Шығ.). – Жоқ, Бәкір, маған ол керек емес, маған керегі сенің *к ө ң і л і ң* (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). **2.** *Ынта, ықылас, ниет.* Сонан бері рақымсыз көп жыл өтті, Ортақ келер, орылар мезгілі жетті. Жылы менен суықтың бәрін көріп, Қайран *к ө ң і л* қайыспай қайрат етті (Абай, Тол. жин.). Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас *к ө ң і л*, босанбас буын керек екен (Абай, Тол. жин.). *К ө ң і л і м* – Ақбалада. Балташты оның қасында қораш көрем (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Қиял, арман. К ө ң і л* жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе? (Мақал-мәтел). Тіл – бұлбұл, ақыл – дария, *к ө ң і л* – жүйрік, Шығады шешеңнен сөз талданып. Құдайым өзі рақым айдамаса, Жан сақтар ғаріп пенде қайда барып? (Қабан жырау, Алтын қазық). Азаттықтың, жарық күннің үміті, Онсыз өмір – өлген *к ө ң і л*, құр сүлде (Ж.Аймауытов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Пейіл, ниет, ілтипат.* Үйіңе тату құрбың келсе кіріп, Сазданбасын қабақпен имендіріп. Ері сүйген кісіні о да сүйіп, Қызмет қылсын *к ө ң і л і* таза жүріп (Абай, Тол. жин.). Адам сәні барлық шақта, Абырой, бірлік, ынтымақта. Шында ғана тұрақтылық. Күйе жұқпас *к ө ң і л і* аққа (С.Торайғыров, Алаш ұраны). – Рахмет, ата, *к ө ң і л і ң і з г е* рахмет, пальтом жылы (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

Адал көңіл. *Таза ниет, ақ пейіл.* Инештің осы хал-сезімін өз күшінде түсінген Женя оған *а д а л к ө ң і л і н і ң* аяушылығын білдірді (С.Шаймерденов, Болашақ.). Ақыры ол Сиқымға келіп жетті, Ұлпанды да көретін кезі кепті *А д а л к ө ң і л* әрқашан табыспақ қой, Кездесті екі тілек ақ ниетті (Е.Бердин, Екі ойшыл).

Албырт көңіл. *Алып ұшпа, жастық қарқын.* Қайтейін, сорға тағы жаңылыстым, қапыда жөні басқа жолға түстім. Асығыс *а л б ы р т к ө ң і л* ағат кетіп, тағдырдың бал орнына уын іштім (Б.Күлеев, Шығ.).

Арам көңіл. *Жаман пиғыл, зұлым ой.* Аңдыған *а р а м к ө ң і л* екі досты, Бір бұзық шыға ма деп арасынан (М.Көпеев, Тірлікте.). – Сенің *а р а м к ө ң і л і ң* енді мәлім болды ғой, – деді ол ызаға булығып (С.Сейфуллин, Таңд. шығ.).

Ғаріп көңіл. *Қайғылы, мұңды көңіл.* Перзентім көріп тіріде, *Ғ а р і п к ө ң і л і м* толар ма? (Мұңлық-Зарлық).

Ер көңіл. а) *Мойымайтын, ашық-жарқын ниет.* Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен, Менмен, кердең, қайғысыз *е р к ө ң і л м е н* (Абай, Тол. жин.). Ер не көрмейді, *Е р к ө ң і л* есе бермейді (Мақал). ә) *Бірбеткей, өр мінезді.* [Кәлен] Ат аяғы жететін жерге жалғыз жортатын *е р к ө ң і л* кісі (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Поэзия шегініп барады, Адамның қанынан, Әлемге қажет бұл іске жаңа бір лепті сен де қос, Орыстың қыран ақылы *е р к ө ң і л* Евтушенко дос (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жас көңіл. *Балауса қиял, ой.* Бір кездерде уылжыған жігіт еді, – «Жаңарыпты», *Ж а с к ө ң і л і н* қайғы жепті, Сақал-шашы ағарыпты (А.Жұмағалиев, Өшпеген.). Жарқырады *ж а с*

көңілім Жаным нұрға малынып (Ш.Смаханұлы, Тотияйын).

Жылы көңіл. *Ілтипатты сезімге толы, елжіреген көңіл.* Өлеңге көңілің құмар, даусың жытар, Созылтып ән мұржасы созсаң зытар. Ән сүйгіш, *жылы көңіл*, сөзге таңсың, Жылпыңдар жылы сөзді неге ұмытар? (І.Жансүгіров, Өлең.д.).

Көңіл азды. *Жадап-жүдеу мағынасында.* Ат басына күн туса, Көксімдегі күй болар. *Көңіл азып*, тон тозса, Берген көйлек кез болар (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Көңіл айтты [айтысты]. э т н. *Адам қайтыс болғанда, оның ағайын-туғанына жұбаныш білдірді, қайырлы болсын айтты.* Райхан амандық сұрап, Кәміштің келініне *көңіл айтты* (С.Жүнісов, Жапанда.). «Сабыр етіңіз, бұ да бір уақыт шығар...» десіп, Мамырбайға тоқтау, *көңіл айтысқан* болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл іске кеткеннен соң бір жұма өтіп, Үйіме бір жандарал келді жетіп, Мен сіздің байыңыздың досы едім деп, Мұңайып, *көңіл айтты* әдеп етіп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Көңіл айту. а) э т н. *Қазақтың ертеден келе жатқан дәстүрі бойынша, жалпы ру, ауыл-ел, жеке үй немесе кісі басына түскен қайғы-қасірет, күйзеліс-шығын, өлім-жітімге байланысты көңілін білдіру салты.* Қазақтың дәстүрінде қара сөзбен де, өлеңмен де *көңіл айтуға* болады. Ауыз әдебиетінде *көңіл айтудың* өлең-жыр түріндегі үлгілері көбірек сақталған. Қазақ қайғыға байланысты алдымен естірту айтылады да, содан кейін *көңіл айту* басталады (ҚСЭ). ә) э д е б. *Дәстүрлі халық поэзиясының тұрмыс-салт жырлары тобындағы мұң-шер өлеңдерінің бір түрі. Көңіл айтудағы* мақсат – кісі қайғысына ортақтасу, оны жеңілдету, серпілту, жаны ашығандық, күйінгендік, көңіл білдіру (ҚҰЭ).

Көңіл алданарлық. *Ермек етерлік, алданыштық.* Клуб меңгерушісі Бибайша Ықтиярова уақтылы ашады, бірақ ішінде *көңіл алданарлық* ештеңе жоқ («Лен. жас»).

Көңіл аударды. *Назар, зер салды.* Әсіресе, малдың сүтінен жасалған асқа *көңіл аударған* жөн (Ә.Дайыров, Малдан.). Ең алдымен желбезектің іш жағы мен сыртын жақсылап тексереді, оның түсіне *көңіл аударады* (Т.Тілеуғалиев, Балық ауру.).

Көңіл аудару. *Назар аударып, зейін қою.* Кәсіпорынның жұмысын шұғыл нәтижеге емес, ұзақ мерзімді нәтижеге бейімдеу, ал ол, тиісінше болжамды зерттеулерге және жаңа тауарлар жасауға *көңіл аударуды* талап етеді (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.). Ақиқат кеңістіктің қасиеттерін айқындау үшін тәжірибеге *көңіл аударуымыз* керек (О. Жәутіков, Жаратылыстану.).

Көңіл ашты. а) *Қуантты, сүйсіндірді.* Жатасың қорыққандықтан қазып көрді. Күлдірдің болмасты айтып, мендей ерді. Күлдіріп, *көңіл ашқан* ақын үшін. Азат қылдым деді де, қоя берді (С.Торайғыров, Алаш ұраны). ә) *Сана-сезімді оятты.* Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, *көңілін ашпақ*. Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер, Думан-сауық ойда жоқ әуел бастан-ақ (Абай, Тол. жин.).

Көңіл берді. а) *Берілді, бой ұрды, ден қойды.* Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға *көңіл берсеңіз* (Абай, Тол. жин.). ә) *Иланды, сенді.* Біреуді көркі бар деп жақсы көрме, Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме! Әйел жақсы болмайды көркіменен, Мінезіне көз жетпей, *көңіл берме*! (Абай, Тол. жин.).

Көңіл бөлді. *Назар аударды, зер салды.* Сәулең болса кеудеңде, Мына сөзге *көңіл бөл* (Абай, Тол. жин.). Жан-жағына қаранды, Көзін тігіп қадалды, Есет жатыр жаны жоқ, Өзгені көзі көрмеді, Көрсе де *көңіл бөлмеді*, Есетсіз қырдың сәні жоқ (М.Дулатов, Шығ.). Білмекке талап етіп көрейін деп, Шын сөзге *көңілімді бөлейін* деп, Надан болып қорлықты көргенімше, Естінің айтқанымен өлейін деп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Өле алмадым сонда мен өлемін деп, Тірі қалдым, енді не көремін деп? Ойлағалы көп болды, өлмеген соң, Өлгенше қаңғып *көңіл бөлемін* деп (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Көңіл бөлу. *Бір нәрсеге назар аударып, мән беру.* Мемлекетіміздің Ауыл жылы бағдарламасы аясында ауыл мектептеріне ерекше бір *көңіл бөлуі* өте орынды («Қаз. әдеб.»).

Көңіл бұрды. *Назар аударды, зейін қойды.* Дегенге «доспын» тез нанба: Сырын біліп, *көңіл бұр*. Аяғыңды байқап бас, Кез келмесін қазулы ор (М.Дулатов, Шығ.). Қазақта екі қатын алған. Кісі көп қой ойлап тұрсаң, Беттен қайтсаң қатуланған... Раушанға да *көңіл бұрсаң*... (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көңіл білдірді. а) *Сезімін білдіріп, ойындағысын айтты.* Осында лебедкада істейтін Дуся деген қызға әлгі жігіттердің біреуі кетерінде *көңіл білдірсе* керек (А.Жақсыбаев, Менің дос.). Ой, шіркін-ай, осы соғыстан аманесен елге барсам, өзім ұнатқан қызға қосылмайақ, *көңілімді білдірер* едім (Қ.Исабаев, Соңғы.). ә) *Басу айтты.* «Қой» деп *көңіл білдірсе,* өкси түсетін әдеті бойынша, Раушан жып-жинақы қыр мұрнын жиі-жиі тартып ұзақ егілді (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

Көңілге алды. а) *Өзіне мақсат етті, ниет етті.* Уайым аз, үміт көп, Ет ауырмас бейнетке, «Бүгін-ертең жетем» деп, *Көңілге алған* дәулетке (Абай, Тол. жин.). ә) *Ескерді, еледі.* Алтынды ал да көрсет жұртқа апарып, Менің сөзім шын болса, тәңірі оңғарып. Сонау бақша ішінен табыламын, Егер мені іздесең, *көңіліңе алып* (Абай, Тол. жин.). *б) Өкпелеп қалды ренжіп қалды.* Жетім боп өскен неме ғой, қит еткенді *көңілге алады* (Ауызекі).

Көңілге ауыр алды. *Сөзді көтере алмады, ренжіді.* Жақып жасы үлкен болса да, директордың танысып-біліспей жатып, «сен» деп сөйлегенін *көңіліне ауыр алып* қалды (М.Иманжанов, Шығ.). Ақбалтыр бұл сөзді *көңіліне ауыр алды* (З.Шашкин, Шығ.).

Көңілге бекіту. *Есте сақтау, жадында ұстау.* Үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, *көңілге бекіту* керек (Абай, Тол. жин.).

Көңілге жақты. *Ұнады, ойынан шықты.* Әуелде кірдің түсіме, Ортақтасып өміріме. Толғау салып ішіме, Сол күнде-ақ, *жақтың көңіліме* (Абай, Тол. жин.).

Көңілге келді. а) *Ауыр тиді, жанына қатты батты.* Ат жараттық, Сән тараттық, Әуейлік күйлестік. *Көңілге келер*, Кім жолар, Кім көнер? (Абай, Тол. жин.). *Көңіліне келсе* де айтайын, сондағы басшылық жұмысқа көңілім толмайды (М.Иманжанов, Шығ.). ә) *Ойына түсті, тіліне оралды. Көңілге келіп* бір сөз қалғаннан соң, Тынар ма айтып өтпей қу қызыл тіл (Жамбыл, Шығ.).

Көңілге қарады. *Ренжіткісі келмеді, сыңайымен санасты.* А, тазша, әлі *қарап* тұрмын *көңіліңе* (Қозы Көрпеш.).

Көңілге қонды. *Нанымды, орынды болды, ойдан шықты.* Жағыпардың айтқандары қыз *көңіліне қона* қалды білем (А.Жүнісов, Өмір ізі.). Осындай үлкен денесіне сай келген оның аусар мінезі де *көңілге қонып* тұрған жоқ (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап). Даулы сөздің көрдім де, елеп көбін, Дұрыс пенен бұрысты бөлектедім. Қаншалықты күдікпен қарасам да, *Көңіліме қонады* көбі өкпенің (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан.).

Көңілге қуат қылды. *Жұбаныш етті, сүйеу етті.* Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың, Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным тырқың? Қай жеріңнен *көңілге қуат қылдық*, Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың (Абай, Тол. жин.). Не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, *көңілге қуат қылуға* жаратсам керек еді, ондайым жоқ (Абай, Тол. жин.).

Көңілге қылау [дақ, дық, кірбің, қаяу ілінді] түсті. *Ренжіді, реніш тапты.* Еленам мейлінше адал жан, *көңілге қылау түспесе* дейді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Туған жерге қайтып оралып, жақын-жарандарымен қауышқан қуанышты Қоспанға сондағы *көңілге түскен дақты* ұмыттырып жіберіп еді (Т.Ахтанов, Шығ.).

Көңілге медет [медеу] болды. *Жұбаныш, таяныш болды; дәтке қуат болды.* Ұзақтың дауысы жарықшақтанып, әрең шықты. Ол да *болса көңілге медет* (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Әлем жүзін көрсетпестей боран түтеп алған. *Көңілге медеу болар лық*, оң мен солды ажырататын бір белгі жоқ (Ж.Бозымбеков, Шопан.).

Көңілге нұр құйылды. *Шаттанды, бақытқа бөленді.* Біздің азат анамыз Ана атанды өмірге, Біз бақытты баламыз *Нұр құйылған көңілге* (М.Хакімжанова, Өлеңд.).

Көңілге салқын, көзге жат. *Көзге қораш сүйкімсіз.* Бір қарағаннан-ақ молда екендігі байқалады: *көңілге салқын, көзге жат* (Б.Майлин, Шығ.).

Көңілге тоқ санады. *Өзіне-өзі күш беріп, демеу етті.* Азғана малын көптей көріп *көңілге тоқ санайды* (С.Омаров, Қайырлы.). Олардан балам сау ғой, – деп, *Көңілге тоқ санадым.* Келе жатқан жау ғой, – деп, Қаһарланып аламын (Б.Майлин, Шығ.).

Көңілге тоқыды. *Жақсылап түсінді, мықтап ойға сақтады.* Біз машинаның әйнегінен көз алмай маңайдағы көрген-білгеннің бәрі-бәрін *көңілге тоқып* келеміз (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Сондықтан да қақым жоқ оқымасқа, Оқымасқа *көңілге тоқымасқа.* Ағайындық бір бөлек, ашуласпыз, Себебіміз болса да екі басқа (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Көңілге тік келді. *Ауыр тиді, қарсы келді.* Ойымнан ой бөліп, Қозғадың тамырды. *Көңілге тік келіп*, Кетірдің сабырды (Абай, Тол. жин.).

Көңілге ұялады. *Ұнады, орынды көрінді.* – Айтқаныңның бәрі көкейге қонып, *көңілге ұялап-ақ* тұр, әйтсе де, алғашқы арының басылмай, жуық маңда қабағымды бермедім (С.Жүнісов, Өшп. іздер.). Гитарыңның шектерінде Жатыр алыс өткен күн. *Көңіліме ұялаған* Көлеңкесі кептердің (С. Мәуленов, Алыс кет.).

Көңілге шайтан кірді. *Бұзылды, бүлінді. Көңілге шайтан кіріп,* нәпсі қалқып, Айырылдым патшалықтан бала жастан (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Көңілде бәрі сайрап тұр. *Бәрі есте сақталған, өткеннің барлығы көз алдында, әлі есінде.* Ол Бірлікбайдың әлі есінде. Күні кешегідей *көңілінде бәрі сайрап тұр* («Лен. жас»).

Көңілдегі жерінен шықты. *Ойлағанындай, діттегеніндей болды.* Бөрібай кемпірдің *көңілдегі жерінен* бір-ақ *шықсы* келіп, әдейі жерін айтпай, руын айтты (Т.Ахтанов, Шығ.).

Көңілдегі кірді тапты. *Ойындағы сырды білді.* Айтшы маған сырыңды, Тірі болсам *табамын Көңілдегі кіріңді* (Қыз Жібек).

Көңілде көлеңке қалмады [қалған жоқ] *Ойда күдік болмады күдігі сейілді.* Тағы да қозы көш жер көштік. Жылқышы өлі ме, тірі ме, – *көңілімізде көлеңке* де *қалған* жоқ (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Көңіл делбеді. ж е р г. *Көңіл тоқтатты, көңіл қойды.* Оның да тіпті *көңіл делбейтінде й* еш нәрсесі жоқ (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Көңілден кір [дақ, дық, кірбің] арылды [кетті]. *Көңілде жүрген реніш, өкпе-наз тарқады.* Қарағым, сені көрген соң, *көңілден кірім арылды* (Мұңлық-Зарлық). Киімнің кірі жуса кетеді, *көңілдің кірі* қуса *кетеді* (Мақал).

Көңілдері бітісті. *Біріне-бірінің көңілі толды, риза болысты.* Бір-бірін түгел көрген соң *көңілдері бітісті* (Мұңлық-Зарлық).

Көңілді алаң етті. *Көңілін, ойын бөлді; мазалады.* Дегенмен, көкейде сайрап тұрған сан ойым, көп толғантқан *көңілімді алаң еткен* жайлардың басқалар да құптар деген, қолдар деген ниетпен миы ақтарыла сөйлеуге мәжбүр етті (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Көңілдің көлеңкесі. *Көңіл күйі, көңілдің сазы, хошы.* Салған ән – *көлеңкесі* сол *көңілдің,* Тақтысына билесін ол құлаққа (Абай, Тол. жин.).

Көңілдің күні өшті. *Үміт үзілді, қызығы таусылды.* Қараңғы түнде қапалық, Жүректі басты, шықпас күн. Қолдан келген қайратым – Барымды айтып шыққан үн. *Көңілімнің күні өшкен* соң, Қайғылы қара болар түн (Абай, Тол. жин.). Жалтыр құздан құладым, Қолымнан кетіп сүйеніш *Көңілімнің күні өшкен* соң, Жалғанда болмас жұбаныш (Абай, Тол. жин.).

Көңіл жазды. *Көңілде дық қалдырмады, бой сергітті.* Енді Құнанбай, тым құрыса Ұлжанмен арыздасып, *көңіл жазып* кетпек (М.Әуезов, Абай жолы).

Көңіл жұбатар. *Демеу болар, алданыш етер. Көңіл жұбатар* алдағы үлкен үміт бұлттан шыққан айдай, кейде ол қуанып, дем беріп, қанат бітіріп қалғандай болады (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Көңіл жіберді. *Ықылас қойды, ілтипат етті.* Қой жатыр, қойшы тыңдап тұрды елбіреп. Көзім қып-қызыл боп жас мөлдіреп. Тал соқпай, құс шуламай, бәрі жым-жырт, Әнге *көңіл жіберіп* тұрды елжіреп (Абай, Тол. жин.).

Көңіл көгіне үйірілген. *Ойға бекем жиналған.* Тек, көптен бері *көңіл көгіне үйіріліп* келген күдіктің бұлты айығып, үміт шұғыласы орын тепті (Ә.Әбішев, Шығ.).

Көңіл көзі. *Ой, парасат, сана.* Қабірдің қарап тұрсам түсі суық, Балаша мәз боп жүрміз ойын қуып. Ойласам, *көңіл көзім* сондай ойсыз, Қас қаққан екі тамшы судан тойып (Мәшһүр-Жүсіп, Шығ.). Бірақ *көңіл көзі* соқыр, құр көкірек дала әкімдері зиялы жастың сөзіне құлақ аса қоймайды (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Айуанда да ақыл бар адамдайын, Десең ойлап ондайдан сыр табайын: *Көңіл көзін* аш-тағы ақылға сал, Құр құлақпен тыңдама, қалқатайым! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Көңіл [көңілін] көтерді. *Жадырады, ойын сергітті, көңілдендірді.* Ертең кірпіш басуға кірісеміз. Бозбаларды көңілдендіру үшін, өзім де бірге істеспекпін. Демалыс уақыттарында газет, кітап, өлең оқып, *көңілдерін көтерейін* (Б.Майлин, Шығ.). Көшімбек Аманкелдінің *көңілін көтермек* болды (М.Жұмағұлов, Қыран.). Мұңайып келді Володя: – Әжеме барып келейік, *Көтеріп көңілін* одан да (Қ.Ыдырысов, Өлеңд.). Күлкімен төгіп мейірін, Дегендей енді жасқанба, Жас жігіттердің *көңілін Көтерді* бір-ақ аспанға (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Көңіл көтерерлік. *Көңіл толарлықтай, риза болатындай, жаның сүйсінетіндей.* Ол маған қазақ жауынгерлері жайлы *көңіл көтерерлік* көп әңгімелер айтып, талай адамдардың есімін мақтанышпен атады (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер).

Көңіл күй [сазы]. *Ішкі сезім, жан дүние, зауқы.* Халықтың қайғысы мен қуанышы ақынның *көңіл күйін,* өлеңнің үн ырғағының бүкіл құрылысын белгілеп отырады (М.Қаратаев, Туған. әдеб.). Тек сен жалғыз көтересің Қалжыраған *көңіл күйін* (С.Мәуленов, Шалқар). (Ол) Ел жағдайын, халықтың *көңіл сазын,* тұрмысын сұрап жатыр («Қазақст. мұғ.»).

Көңіл күй лирикасы. ә д е б. *Ақынның тебіренсін толғанысын, сезімін білдіретін лириканың түрі. Көңіл-күй лирика-*

сының үздік үлгілерін қазақ поэзиясында Абай, Мағжан сияқты ақындардан тапсақ, орыс поэзиясында Пушкин, Лермонтов творчествосынан табамыз (Әдеб. термин. сөздігі). Бұл ақындардың *көңіл күй лирикасы* автордың өз тағдырын, қуаныш-қайғысын қоғамдық өмір, заман, дәуір туралы ой-толғаныстарымен терең қабыстырып ұштастыра білуімен құнды (Әдеб. термин. сөздігі).

Көңіл күйін күйттеді. *Өз жайын, жан рақатын ғана ойлады.* Оның масайрап, *көңіл күйін күйттегеннен* не рақат? («Қаз. әдеб.»).

Көңіл кірі. *Ойда жүрген реніш, өкпе.* Қалқатай, бір өзің деп сабыр қылсаң, Көз жаспен *көңіл кірін* жуам-дағы (Ақан сері, Шығ.). Киім кірі жуса кетеді, *Көңіл кірі* айтса кетеді (Мақал). Мен өзім нақ күнәсі көптің бірі, Айтпаса – ашылмайды *көңіл кірі.* Жазықты-жазықсыз деп талғамадым, Кетпеді тырнағыма түскен тірі (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Көңіл қазы, көз таразы. *Адал ниет, әділ іс мағынасында.* Ей, хазірет! Оғыңды кімге қадағалы келесің?! *Көңіл – қазы, көз – таразы,* жабысқан жала көп те, кінә жоқ еді ғой Ақанда (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Көңіл қойды. *Зер салды, назар аударды.* Әр алуан үй мүліктерінің ішіндегі бір *көңіл қуярлық* нәрсе, ерте кездегі аяқ-табақтар (ҚССРТ). Жақсы сөз, жақын үміт тәрттілікті Кемітер, *көңіл қоймас*, кекеңкірер (Абай, Тол. жин.). Препаратқа *көңіл қойып* қарағанда, оның шоқтары көзге бірден топ-топ болып шоғырланып көрінеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

Көңіл қос айтты. эт н. жер г. *Кісісі қайтыс болған үй ішіне көңіл айтты; қайғы-қасіретіне жұбаныш айтып, ниеттес көңілін білдірді.* Балаңыз... Унгри түбіндегі ұрыста хабарсыз жоқ болды деп бастап, үй ішіне *көңіл қос айтты* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Көңіл қосты. *Бір-бірін ұнатты, жарасты, қосылды; ерлі-зайыпты болды.* Олар секілді бір жігітпен *көңіл қосып* қашсам, пәленшенің қызы қашып кетіпті деген сөз болып, атамның сүйегін сындырғандай боламын (М.Дулатов, Шығ.). Оқытқан молда қыздың – Мишу аты, Француз жұрты еді оның заты. Сол қызбен Троекуров *көңіл қосып,* Жасырын болған екен махаббаты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Көңіл қосып* сол жанмен, Жүргені рас көмескі. Өзгеге өсек болғанмен, Өзіне өсек еместі (М.Мақатаев, Шығ.).

Көңіл қошы. *Көңілдің жай-күйі, шаттығы.* Сұрады неше күндей Сағат досты, Кетіпті ғәйім-ғишарат *көңіл қошы* (Ғашықтық дастан.). Ас ішпес, ұйқы ұйықтамас, дертім осы, Басылмас мұны іздемей *көңлім қошы* (Қисса-дастан.). Шөп шауып, *көңіл қошын* сақтағандар, Шаттанды күннен-күнге гүл-гүл жайнап. Жәтшілдің жалқаулардан бағасы артық Әрқашан іс істеген артын ойлап (О.Шипин, Дастан.).

Көңіл құсы. *Арман, қиял.* Толғау, қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, *көңіл құсының* сайрауы, жанның тартатын күйі, ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ықылас назарың сал, перде тартып, Уақытымда *көңіл құсы* тудың артып (Ақан сері, Шығ.). Түспей жүрмін төбеден, *Көңілдің құсын* ұшырып. Барымды базар етпесем: «Еттің, – дерсіңдер, – кісілік» (О.Шораяқов, Шайыр).

Көңіл назы. *Көңілдің қалауы.* Аңшылық бір-ақ күндік *көңіл назы,* Мұныңа болар ма екен ақыл разы. Көп ел жүр малын қойып, жанын тілеп, Мақшарда құрылғандай тас таразы (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Көңіл өксігі. *Өкініш, реніш.* Көз кемерін жас толқынынан арылта тұрса да, *көңіл өксігін* баса алмаған екен (Ә.Сәрсенбаев, Капитан.).

Көңіл салмады. *Мән бермеді, ықыласы аумады.* Сөзімде, ей, патша, жоқ-ты жалған, Диюға өлсем дағы *көңіл салман* (Ғашық-наме). Осындай кемшілікті жоюға колхоз бастығы жақсы *көңіл салмай* отыр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Көңіл соғу. *Қалау, ұнату.* Өмірден ләззат алу, *көңіл соғу,* Жалғыз-ақ еркекке адал, бізге арам ба? (М.Дулатов, Шығ.).

Көңіл соқырлығы. *Білімсіздік, надандық; сезімсіздік.* – Есіңде болсын, көз соқырлығынан *көңіл соқырлығы* жаман... – деді Мирон қарт Сәулеге (Ә.Әбішев, Замана.).

Көңіл сүйер. *Ең жақын, жақсы көрер, ұнатар адам, дос-жар.* Бұл кезде бала жігіт шын *көңіл сүйерін* өз жүрегімен таңдап ала да бермейді (Т.Ахтанов, Махаббат.).

Көңілін хош алды. Риза болды, Көңіл көтерді. Ішіп *көңілімізді хош алып* отырсақ депті (Қаз. ертег.).

Көңіл хошы кемеліне келді. Риза болды, көңілі жай тапты. Шіркін-ай, жан қиярлық болса досың, *Келмей* ме *кемелінe көңіл хошың* (Қ.Жармағамбетов, Шығ.).

Көңілі ала. а) *Ниеті, пиғылы дұрыс, түзу емес.* Ала деп, бұл *ала көңіл* неше айналдырған бес үйді алтыға бөліп қарайды (Қаз. фразеол.

сөздігі.). ә) *Ойы сан саққа жүгірген, әр нәрсені ойлаған. ...Көңілі ала,* ұйқысы шала, батпандай арқалаған қойшы жүрегінің жарасын, көкірегінің шерін, жалшылық мұң-зарын ен далада жалғыз өзі баяулатып әнге қосқан (М.Ермеқов, Тарту).

Көңілі алабұртты. *Әрі-сәрі ойға қалды, дәйек таппады. Көңілі алабұртып,* ойы онға бөлініп жатқан Жарқын бір мезгілде, сол көңілді досымен ең алғаш танысқан күнді есіне түсірді (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Соңында қызығы, қызуы мол Отырар. *Көңілі алабұртып* алып ұшады. Жүрегін сағыныш кернейді («Лен. жас»). Алды да күн бұзылды, *Алабұрттты көңілім.* Ардақтап дәм-тұзымды, Аясаңшы мені, ұлым (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Көңілі алаңдады [алаң болды]. *Қобалжыды, бірдеңені күтумен болды.* Әлде біреулер газеттен қате тауып, редакцияға асығыс хабарлап жата ма... *Көңілі алаңдап,* ойы әр саққа жүгірді (С.Мәуленов, Жұлдызды.). Отынға келуін келсе де, ауыл жаққа жалт-жалт қарап, *көңілі алаң боп,* едәуір кешігіп қалған («Лен.жас»). Ол кісі ойланып, ойына түскен бір ісін: «менің сүйткенімді айтамысың?» дегенде, ол қыз көрінбей кетуші еді. Сондықтан ол кісінің *көңілі алаң болып* тиышсызданып түні бойы ұйықтай алмушы еді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сағынышты *көңілім болды алаң,* Саған жетпес болса да қандай бағлан. Малсыз, бақсыз, себепсіз сіздің дертің, Бұған шипа, япырмау, қайдан табам? (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Көңілі алып-ұшты. *Қатты қуанды, тебіренді.* Қайын атасының үәделі күннен бұрын келгеніне қуанып, жас балаша *көңілі алып-ұшып* барады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Көңілі ауды [құлады]. *Ниеті, ықыласы түсті.* Осы балдыздың аузынан соны да естігеніміз жоқ, – деп Шыңғыс Көкбестіге *көңілі ауайын* деген сырдың шетін шығарды (С.Бегалин, Бала Шоқан). Сөйлестім оңашалап соны тауып: – Өзіңе келдім, – дедім, – *көңілім ауып.* Көмек ет, сен де кедей, мен де кедей, Алсаң да дүниемнің бәрін шауып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қайдасың сол кездегі Түрген аулы, Сен жаққа *көңілім* менің күнде *аудың.* Мынау бір атқа мінген сәбилерге, Үміті Тұманбайдың тұр байлаулы (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Елдің түрі көрінді Етек-жеңін жинаған. Шаруасына көрінеп Көбінің *көңілі құлаған* (І.Жансүгіров, Өленд.). Ол келіншекке бір кезде Тәңірберген ағаңның *көңілі құлап,* ауаланып жүрген (Ә.Нұршайықов, Сергелдең).

Көңілі ашық, көзі өткір. *Сауатты, білімді. Көңілі ашық, көзі өткір* інілерім, Хәр түрлі мұһим істен файда алатын. Базары һүнер ғылым ашылғанда, Лайық емес сіздерге құр қалатын (М.Дулатов, Шығ.).

Көңілі ашылды. *Ой сергіп, шаттанды. Көңілім* хисса жазсам *ашылады,* Латафат фахри гүл шашылады. Қиссасын Сейфүмәлік талап етіп, Жазуға көңіл қоштап асығады (Ғашықтық-наме).

Көңілі бар. *Жақсы көреді, ұнатады.* Шоқанның он бір жасында сүйгені бар: одан кейін байқағаны – Катеринаның өзінде *көңілі бар* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Оның да Алтыншашта *көңілі бар* секілді. Қыздың әрі кет демейтінін өзіңіз көрдіңіз (К.Тоқаев, Түнде.). «Балаңыздың Күләйда *көңілі бар.* Сізге айтуға ұялады», – дедім, сен ат жайлап жүргенде (Т.Дәуренбеков, Біз.).

Көңілі басылды. *Жаны жай тапты, тыныштады.* Кел, сүйгенім қасыма, Сүй мойныма асыла, Жас баладай жұбанған, Қалсын *көңіл басыла* (Б.Күлеев, Шығ.). Қызып келген *көңілі басылып* қалғандай неміс инженері Карл Бернер барып қайтқан сапарының жайын салқын баяндады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Көңілі бекіді. *Ойы орнықты, жай тапты.* – Ойлана келе «төреге» де айтып көрген теріс болмас еді деп *көңілімді бекітіп* те едім (Б.Майлин, Шығ.).

Көңілі босады. *Мұңайды, қатты қобалжыды, жылағысы келді.* Кент қаласынан таң ата өтеміз. Әр кез осы қаладан өтерде жастық шағым есіме түседі... *Көңілім босайды* (Б.Қожабеков, Көктөбе.). Ашушаң қарттың *көңілі босай* берді (Ж.Рсалдин, Ахмет Жұбанов). Жақаң жүзі қоңырқай тартып, қаршыға көзі бұлыңғырланып кірпігі жиі қағылады. *Көңілі босап* отыр («Қаз. әдеб.»).

Көңілі бөтен емес. *Бойын алыс салмайды.* Есімбек Рабиғамен сонда танысқан-ды. *Көңілдері бөтен емес,* ойлары да бір секілді (Е.Оразақов, Дәрігер.).

Көңілі бұзық. *Ойы арам.* Екіншісі, қымбат нәрсе көңіл деген, *Көңілі бұзық* адамнан түңіл деген (Ақмолла Мұхамедияруллы // XIX ғ. қаз. поэз.).

Көңілі бұзылды. а) *Ниеті бұзылды, бөтен ойға келді.* Күндіз сопы болса да, *Бұзылар көңілі* қонаға. Арызға келген әйелден Сұрайды шеттеп шолада (Құлыншақ Кемелұлы). ә) *Қамықты, елжіреді, қобалжыды.* – Әншейін, Мақашты ойлап *көңілім бұзылғаны.* Қартайғанда кедейлік басып, қажыпты, сабаз (Ғ.Мұстафин, Дауылда.). Мұны көргенде Естібайдың да *көңілі бұзылып* кетті

(Ө.Қанахин, Ауыр күн.). б) *Ниет қылды, шешімге келді.* Мінген атым қызылды, іс тағдырға сызылды, Жол қылмаққа дұшпанға, Батырдың *көңілі бұзылды* (Қобыланды батыр).

Көңілі білді. *Сезді.* Екенін періштелер *көңілім білді.* Дем алғызбай кеудеме келіп мінді, Қолында күрзісі бар, түсі суық, Жаныма бір шыбалдай қысым қылды (Шортанбай ақын, Өлеңд.).

Көңілі бітті. *Риза болды.* Баласының ісіне *көңілі біткен* Байжан суыр терілерін алып, кереге басына іліп қойды (А.Хангелдин, Алғыс.).

Көңілі дауаламады. *Батпады, батылы жетпеді.* Бес жасар баланың батырлығын жалаңаш кезікке құлатып сынай ма екен кісі? Жазым болса қайтеді? ...Жоқ, баланың *көңілі дауаламас* (І.Есенберлин, Шығ.).

Көңілі елеуреді. *Қиялы көтерілді, үміті артты.* Қыз *көңілі елеуреп,* Үйден шықты ымыртта, Уәделі жерге келер деп, Жігітін күтіп тұр сыртта (С.Сейітов, Бетпе-бет).

Көңілі елжіреді [еріді]. *Жан-дүниесі босады.* Ана көзін кілең «5» кетті тартып, Ана *көңілі елжіреп* кетті шалқып! (М.Хакімжанова, Ана.). Балалар да «тырна, тырна» деп жоғары жалт қарап, көздің ұшында тізбектеліп оңтүстікке шеру тартып бара жатқан тырналарды көріп, *көңілдері елжіреп* қалды (Х.Әбішев, Аспан.). Мұңды қыз, зарлы жүзін көрген шақта, Кетеді шыдай алмай *көңілі еріп* («Айқап»).

Көңілі енжар [қаяу]. *Уайымы бар, жабырқаулы.* Өлеңде менің, сірә, нем бар еді. Сұм дәурен мен дегенде кемтар еді. Көрсетем қандай сиқын, қай тұрпатын. Тілде тұсау, *көңілім енжар* еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Базарда біреу атты, біреу жаяу, Азы шат, көбі жүдеу, *көңілі қаяу* (Д.Әбілев, Өлеңд.).

Көңілі жабырқады [жабықты, қамықты]. *Қайғырды, көңілсізденді, көңілін кірбің шалды.* Онан басқа бала жоқ әлгі байда, Оны қыз деп еш адам айту қайда. Байдың *көңілі жабырқап* қала ма деп, Жұрт жүрді құда болам дей алмай да (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Кей күні *көңілім жабығып,* Басса бір тұман еңсені, Тордағы құстай сабылып, іздеймін, анам, мен сені (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Көңілі жадырады. *Көңілденді, шаттанды.* Қыс өтіп, жаз басталғанда ел демін бір алып, *көңілі жадырап,* қуаныш қылатын (С.Сейфуллин, Шығ.).

Көңілі жай [тоқ]. *Қамсыз, уайымсыз, қайғысыз.* Ішкені мас, жеген тоқ боп – кедейдің *көңілі жай* («Қаз. әдеб.»).

Көңілі жай тапты [дауланды, демдеді, жайланды, орнықты, орнына түсті, сая тапты, тойды, тынды, тыншыды]. *Дегені болды, ойындағысы болды.* Елес беріп, қонды түзге қарлығаш, Егіндерге босатты орын қалың тас. Соның үшін жас *көңілі жай тауып,* Бұл орыннан түрды бір кез қарындас (Х.Ерғалиев, Таңд. шығ.). Шахтерлерге мереке, Серпе күрек сермесе, *Көңілі* көншіп *жай табар,* Көш қопарып терлесе (Қ.Айнабекұлы, Өлеңд.). Айым да сен Ғалия, күнім де – сен, Оң қабағым тартады, күлімдесең. Менің *көңілім даулансын* Ғалия, ауған түйе секілді бейімдесең (Балуан Шолақ, Шығ.). Баланды таратып, *көңілің дідемдедің* бе, мұғалім (Б.Майлин, Шығ.). Дұшпаннан құтылып, *Көңілдері жайланды,* Жөнелтуге Құртқаны Көктем аймақ ойланды (Қ.Бекхожин, Шығ.). Сілке киініп тымақты, насыбайды Бір атасың *көңілің жайланғанда.* Таудан жиде тергендей ала берсе, Бір жасайсың құмарың әр қанғанда (Абай, Тол. жин.). Алып-ұшқан, толқымалы *көңіл орнығып,* берік сенімге ие болды (М.Иманжанов, Шығ.). Сырым сөйлесе, шеттігіне іліндіріп сөйлейді-ау! Өрге айдамаса, *көңілі көншіме?* – деді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бір ұрмай, *көңілі көншімейтін* болғандықтан, Айдарбек құшырланып... Зейнепті желкеге қойып кеп қалды (Б.Майлин, Шығ.). Жәнібек бас жауы Көк орда ханын жеңгеннен кейін, *көңілі* азырақ *сая тапты* (І.Есенберлин, Тол. жин.). Сансызбайды көрген соң, Жібектің *көңілі тоярды* (Қ.Жармағамбетов, Шығ.). ...Аман Ақмолаға тек сүйсінумен, қызығумен болды. Кірпіш үй сыртынан қораш еді, ішіне енгенде, бұған да *көңілі тойып* қалды (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Өне бойдан сіркедей мін таппадым, Көрмеген жаным екен, *көңілім тойды* (Қозы Көрпеш.). Киінген Ақбөпе де жігіт болып, Өңіне шырай біткен нұры толып. Әмірхан туыстарын таныстырып, Бәрі мәз, қуанышта *көңілі толып* (И.Байзақов, Өлеңд.). Жұрттың *көңілі тынды,* Екпіні қатты дауылдай ерлігін әбден сынады (Қамбар батыр).

Көңілі жақын [жақындау]. а) *Көңілдес.* Хатшы бала мен Раушанның *көңілі жақын* деген рас па екен? – деп бір қатын Күлзипаға төне түсті (Б.Майлин, Шығ.). Ұшбыр таптап тұратын бір ұстаның менімен *көңілі жақындау* бір сұлу қызы бар еді (С.Сейфуллин, Әңгім.). ә) *Ниеттес, сырлас, пікірлес.* Балалардан құлақтанысымен *көңілі жақын* көршілердің бірі қалмады, кемпір-келіншектер дабырласып келіп, құтты болсын айтты (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш.).

Көңілі жаңғырды. *Шаттанды, шалқыды.* Елдің басы қаңғырсын, ердің *көңілі жаң-*

ғ ы р с ы н деп ойладым айтқан сайын (Абай, Тол. жин.).

Көңілі жарасты. *Бір-бірімен түсіністі, сыйласты, пікірлес болды.* Майданда жүргенде ол қорқақ жігіт болмайтын. Сонымен екеуміздің *к ө ң і л і м і з ж а р а с ы п* кетпеді (Т.Ахтанов, Боран). Жаман айтпай, жақсы жоқ, күндердің күнінде екі бала балалық жасап, *к ө ң і л д е р і ж а р а с ы п* қалса, Гүлжанның әкесі Бақытжанға өмір бойы сор болып жабыса ма деп қорқады (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Көңілі жарым [сынық], көзі жасты. *Қайғы-қасіретті, уайымды.* Болған соң *к ө ң і л і ж а р ы м , к ө з і ж а с т ы,* Сарғайып күнненкүнге түсі қашты. Адамдай ауру болған «ah-yh» деп, Жамбастап жатып алды татпай асты (Т.Ізтілеуов Рүстем.). Шерлі... Байқан молда *к ө ң і л і ж а р ы м* болып үйіне келсе, екі қара домалақ баланы екі жерде жылатып, бурадай бұрқылдап қатыны жүр (Б.Майлин, Шығ.). Сейтек шерткен қоңыр сарын Көз жетпесті топшылар. Демеп жұртты *к ө ң і л і ж а р ы м,* Соқталыға соқтығар (Т.Әлімқұлов, Бозжорға.). Айтады текке отырмай мақтаншылық, Болмайды батыл істен *к ө ң і л і с ы н ы қ* (XX ғ. қаз. ақын.).

Көңілі жасыды. *Мұңайды, уайымға батты.* Бірақ неге екенін білмеймін, бір түрлі жабырқап, *к ө ң і л і м ж а с ы п* кетті (Ғ.Орманов, Жүрек.). Ай өтті, күндер өтті зырлап асып, Балалар азып-тозып, *к ө ң і л і ж а с ы п* (Т.Жароков, Шығ. жин.). Жетімсіреп *к ө ң і л і ж а с ы п,* тынысы тым тарылғандай (Ғ.Орманов, Жүрек.). Аңқитып балапандар аузын ашып, Аузына жем түскенше болып асық. Арсаңдап анасына еркелеп жүр, Ер Төстік көріп отыр, *к ө ң і л і ж а с ы п* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көңілі желдей есті. *Масаттанды, тасыды, шаттанды.* Күнтуардың *к ө ң і л і ж е л д е й е с і п,* серпіле сөйлеп кетті (С.Омаров, Әңгім.).

Көңілі желікті. *Көңілденді, жүрегі алып-ұшты.* Автомобиль, самолет Болғанмен көптеген көлігім, Жылқы десе елеңдеп *Ж е л і г е д і к ө ң і л і м* (С.Мұқанов, Замандас.).

Көңілі жер [жердей] болды. *Тауы шағылды, беті қайтты.* Сол күнде атасының көзі көр болып, *к ө ң і л і ж е р б о л ы п*, Төлегенді сағынып, қасіретпен қан жұтып жатады екен (Қыз Жібек). Әттеген-ай! Өзім жиырма бестегі жігіттей едім, *к ө ң і л і м н і ң ж е р д е й б о л ғ а н ы н* қарашы (Ш.Смаханұлы, Шығ.).

Көңілі жетер. *Сыйлас, ет жақын.* Қалта ақшаға толғалы, *к ө ң і л ж е т е р* жолдастарды бір сыйлап қою өзімнің де ойымда бар еді (З.Шүкіров, Ізгілік). *К ө ң і л і ж е т е р* ағайын он шақты қой сойды. Недәуір үлкен той болды. Жұрт сабалап қымыз әкелді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көңілі жетік [жетігірек], көзі ашық [ашығырақ]. *Көңілі жетігірек, көзі ашығырақ. Саналы, көкірегі ояу.* Бұған... *к ө з і а ш ы қ, к ө ң і л і ж е т і к т е р* көптен иман келтірген (М.Дулатов, Шығ.). Жақсыларымыз алаштың ары үшін, асыл істің қамы үшін... әдіс іздеген болса, бұл күнде *к ө ң і л і м і з ж е т і г і р е к, к ө з і м і з а ш ы ғ ы р а қ* болар еді (М.Дулатов, Шығ.).

Көңілі жұбанды. *Көңілі орнықты, жай тапты.* Жесірдің қамын ойласу, жетімнің *к ө ң і л і ж ұ б а н а р*, Екі мұңды бас қосса, Тарқатып шерін шығарар (Б.Өтемісов, Өлең.д.). Егескен жауын мұқатпай, Ер *к ө ң і л і ж ұ б а н б а с.* Білмегеннің бәрі қас, Арлы жерің кез келсе, Атасы басқа болса да, Түсінген жақсы ұрандас (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Көңілі жұқарды. *Уайым басты, қайғырды.* Таныстардан айырылғанға *к ө ң і л і ж ұ қ а р ы п* келе жатқанда күмістей жалтырап, сарқырап аққан арық сулары мен шуақ күннің көзі бізді жұбатып, адымдап келе жаттық («Айқап»).

Көңілі жүдеді. а) *Уайымдады, қатты мұңайды.* Соңғы күндері қыздың *к ө ң і л і ж ү д е п* жүр (А.Тоқмағамбетов, Шығ.). ә) *Ренжіді, көңілі қалды.* Омар Колосовты білгір инженер, іскер басшы, шебер ұйымдастырушы деп жоғары бағалайтын, қазір оған да *к ө ң і л і ж ү д е п* қалды (Т.Нұртазин, Шығ.).

Көңілі жүдеп, жаны жадады. *Өмірден торықты, жаны қажыды.* Көп жүрген *к ө ң і л і м ж ү д е п, ж а н ы м ж а д а п*, Жабыққам, жатырқағам, тартқам азап. Сонау күй жүрегімді тыныштпаған пышағын кейде салып, кейде қадап (І.Жансүгіров, Шығ.).

Көңілі жүдеу. *Көңілсіздеу, мұңайған.* Жолын алса, мәз болып ол кетеді, Бермесе, қамыққандай *к ө ң і л і ж ү д е у* (М.Дулатов, Шығ.). Өзіңмен кетпей қайда қалды шынар, Тез тозған, *к ө ң і л і ж ү д е у*, жарлы шығар. Тай жарыс керегі жоқ, тұлпарларға Жаратып қос та мені, жанды шығар (К.Салықов, Жезкиік).

Көңілі жүйрік. *Зерделі, білгір, алғыр.* Базаралы мен Дәркембай бірі үлкен, бірі жас болғанмен, екеуі бірдей өр және *к ө ң і л і ж ү й р і к* адамдар болғандықтан, кездессе, шұрқырасып табысады екен (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *К ө ң і л і ж ү й р і к* шал бірдеңені сезіп қалғандай (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Көңілі жібіді [жылыды, иіді]. *Мейірі түсті.* Асан Бануға шын ықыласымен елжіреп қарады. Содан кейін қайтадан *к ө ң і л і ж і б і п,* Бануды құшақтады (Т.Ахтанов, Махабб.). Жұмабек

басын көтеріп алып, суретке қайта қарағанда, ұялы үлкен көзді, жұқа өңді, қара торы қыз көзіне шоқтай басылып, *көңілі жылып* қоя берді (Т.Ахтанов, Шығ.). Шықты Рауза, Қош! Қош! Баура! Көрдіңдер ме сүйсін! Жаз-жаз заула, Жайлауда ауна, Қазақтың *көңілі иісін* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Көңілі келді. *Қалады, ықыласы түсті. Көңілі келсе* көлдей, Көңілі келмесе шөлдей (Мәтел).

Көңілі керең [бітеу]. *Сезімсіз, сезім-түйсіксіз деген мағынада.* Ағат айтсам, ғапу етіңіз! Бірақ аса бір *көңілі керең* кісі болмаса, өлеңді сүймейтін жан болар ма? Менің әкемнің де сүйетін өлеңі бар (М.Әуезов, Шығ.).

Көңілі кетті. *Ықыласы ауды, ұнатпты.* Оның осы мақпал қараның үйірін қалауға да *көңілі кетті* (F. Мүсірепов, Оянған өлке). Жыл жарым мұнан бұрын әлеуметім, Бір қызға көзім көріп *көңілім кетті* (XIX ғ. бас. қаз. ақын.). Бұлақтың бұл жердегі анық жайын, Біреуден білмек болды түгел сұрап. Батырдың Сарбұлаққа *көңілі кетті*, Жиып ап бар кедейді қоныс қылмақ (О.Шипин, Дастан.).

Көңілі көкте, басы жерде. *Менменсігін, өр көкірек.* Жаманның *көңілі көкте, жерде басы,* Алыс қой аңғарғанда екі арасы, Жақсының өзі кішік, ойы биік, Бірдей ме екеуінің мәртебесі (Жамбыл, Шығ.).

Көңілі көншіді. *Жаны жай тапты, жүрегі орнықты.* Бір сүт пісімдейден соң *көңілі көншіп,* жуаси түрегелді Бәдігүл (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Өңкей өзіңдей қазақты, олардың күле қараған көздерін, ажар – жылы шырай берген жүздерін көріп *көңілі көншіп* кетті («Жалын»).

Көңілі көтерілді. *Шаттанды, қуанды.* Ананың *көңілі көтеріле* түсті, ал әке іштей мүжіліп, еңсесі түсе берді («Лен. жас»). Ат үстіндегі кісінің көкжиегі қашан да кең, *көңілі көтеріліп,* еңсесі биік болады (З.Қабдолов, Шығ.).

Көңілі көтеріңкі. *Көңілді, шат.* Ташкенттің түзу, кең көшесімен келе жатқан Сақаның *көңілі*тым *көтеріңкі* (З.Шашкин, Шығ.). Ал, сайра, жас бұлбұлдар мұңды үнмен, *Көңілің көтеріңкі* көгілжімнен. Еркін таң маңайға жан көз тігіп жүр, сайра әнмен, сайра күймен, сайра мұңмен (І.Жансүгіров, Өлеңд.).

Көңілі күпті. а) *Сенімі аз, күмәнді.* Мұны айтса да, Жүсіптің *көңілі күпті,* Өзінде де үрей жоқ жаман тіпті (XIX ғ. қаз. ақын.). Қодарсыз Қарабайдың *көңілі күпті*, Жылқыға тазша барса, қайтар депті (Батырлар жыры). ә) *Реніште, мұңды-шерлі.* Жолың болсын, жолбарысым, жортқанда, Өзіңнен өзге ойы жоқ, Жас тілеуін жат жолына сарып еткен, *Көңілі күпті*, көзі жасты Құртқаң да (М.Әуезов, Шығ.).

Көңілі қайтты [қалды, суыды, суынды]. *Ренжіді, тауы шағылды, өкпеледі.* Өтті өмірім, *Қайтты көңілім* Бұл дүниенің ісіне (Абай, Тол. жин.). *Көңілім қайтты* достан да, дүшпаннан да Алдамаған кім қалды тірі жанда (Абай, Тол. жин.). Жетсем деймін алдағы алыс күнге. Бейнем менің бейтаныс, таныс кімге. *Көңілім қалды* дос көріп жүргеннен де, Әзір ғашық емеспін, мен ешкімге (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Жанға *көңіл қалып* тұр, Жан бұл күйге салып тұр. Тәнге көңіл қалып тұр, Тән шыдамай арып тұр. Жұртқа көңіл қалып тұр (А.Байтұрсынов, Шығ.). [Жақын] алыс болар, *көңіл қалса,* Алыс жақын болып Көңілге алса (Бозінген). Ақан әбден *көңілі қалып, суынып,* шығынып, шеттеп кетеді («Қаз. әдеб.»). Итаршысы көп, таты жоқ, тұяқсанағанбос өмірден *көңілі суынған* Көпей алыс-жақынға бірдей қарайтын (F.Мүсірепов, Оянған өлке).

Көңілі қамсыз. *Ештеңе ойламайтын.* Қатерден ешбір хабарсыз, *Көңілі қамсыз*, өзі шат Жымиып күледі жас бала. Балдырғандай жас қолдарын (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көңілі қарайды. *Түңілді, торықты, күдер үзді.* Жақындап ажал тұрса да, Жаныңа қылыш ұрса да, Қалжырап, *көңілі қарайып,* Үмітін қоймас адамзат (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Англишанның патшасы соғысқа араласпаймын деп жазып жіберген сөзін түрік есітіп, *көңіл-дері* қатты *қарайып* кетті («ТУГ»).

Көңілі қараңғы тартты [қарап болды]. *Іш құса болды, қатты қамықты. Қараңғы тартып көңілі,* Қыз Назымның ішіне Қапалығы сыймайды (Қамбар батыр). Жүгірді Сағит жылап ханға қарап, іштері қайғыменен алап-жалап. Ханға кеп естігенін мағлұм қылды, Ah айлап, ханның *көңілі болды қарап* (Ғашық-наме).

Көңілі қарау. *Арам ниетті.* Жігітке қисық мінез мінменен тең, Жараспас жас бойына сынменен тең. Қолы сараң надан бар, *көңілі қарау,* Ақ жүрегі қараңғы түнменен тең (XVIII–XIXғғ. қаз. ақын.).

Көңілі қаяу [қаяулы]. *Көңілінде жайсыздық, алаңдаушылық бар.* Жаңа жылда жаңа тілек тілелік, Ескі жылды ескере де жүрелік; Кеп жүрмесін қайта айналып түнеріп, Көзің жасты, *көңілің қаяу,* алашым! (М.Дулатов, Шығ.). Көкіректе толған шер, *көңілім қаяу,* Ермейсің деп елім жау, досым баяу. Сүйер кісім, сүйенер жақыным жоқ, Бір

өзіңе сиындым, бар Құдай-ау (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Көңілсізсің, *көңілің қаяулы* ма? Түнерген аспандайсың жай алдында, Жаным-ау, саған қатер таянды ма?! ...Тіршіліктің тынысын бағып тұрған, Кім екен тіл тигізген аяулыма?! (М.Мақатаев, Шығ.).

Көңілі қорықты [мұздады]. *Іштей шошыды, үрейленді.* Ыңғайы жаман аурудың, Жаманнан *көңілім қорықты,* Артқы қалған жалғызға, Бір қасірет жолықты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Қоспанның да *көңілі мұздап* қоя берді (Т.Ахтанов, Шығ.).

Көңілі құлазыды [ойсырады, үңірейіп қалды]. *Бәрінен айырылғандай көңілсізденді, тұңілгендей болды, жалғызсырады.* Шолпанның *көңілі құлазып,* жан-жаққа қаранып далада жүр (F.Мұстафин, Дауыл.). Құрыстап денең дел-сал боп, Буының сыздап сырқырар. *Құлазып көңіл* енжар боп, Бұзылар ойдың шырқы бар (С.Мәуленов, Алыс кет.). Ауыр салмақ бойын басып барады. Оның үстіне үй іші аңғал-саңғал, көшкен ауылдың жұртындай, *көңілі құлазып* кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Аса қадірлі, қымбатты қазынадан айырылғанын жаңа сезгендей, Серәлі *көңілі ойсырап* барады (Т.Ахтанов, Шығ.). Тереңіне сақтап жүрген соңғы бұйымын суырып алғандай, Ләззат *көңілі үңірейіп қалды* (Т.Ахтанов, Шығ.).

Көңілін аққа берді [ұйытты]. *Адал ойлады, адалдыққа жорыды.* Көктаймен келіп едім бір жыл желіп, *Көңілімді* сіздер үшін *ақ қа беріп* (Қозы Көрпеш.). Осы дүниенің тірлік қамынан басқа, алдында ана дүние барын аратұра да болса ойлап, *көңілін аққа ұйытып,* тәубеге кеп тұрса, басындағы бір тұтам тірлікте күнәға бұншалық белшеңнен батпас едің ғой (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Көңілін алды. *Ойынан шықты.* Жақсы білгенді жорғалықпенен *көңілін алсам* екен деген надан әке-шешесін, ағайын-жұртын, ділін, адамшылығын жауырынан бір қаққанға сатады (Абай, Тол. жин.).

Көңілін аулады [алдады]. *Көңілін тауып, жұбаныш болды.* Кей-Қысырау анасының *көңілін аулап,* Қонақтай жатты екі-үш күн ордада аунап (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Бұлт секілді жел күнгі Біз баспаған тау бар ма, Сенің жүдеу *көңіліңді* Мұңлы әуенім *аулар* ма? (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Көңілін ауыртты. *Қатты қынжылтты, ренжітті.* Келместей түндегі үйқы, батпастай ас, Тағдырға бас иген соң шын гауһар тас. Көп жазып, *көңіліңізді ауыртпайын,* Сонда да достың сыры досыңа паш (С.Торайғыров, Өлеңд.).

Көңілін ашты. *Сана-сезімді оятты.* Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, *көңілін ашпақ* (Абай, Тол. жин.).

Көңілін басты. а) *Желігін басты, бетін қайтарды.* Ажуаға, қорлауға тілі орамды Не түрлі тұзақ құрып *көңілін басқан* (Абай, Тол. жин.). ә) *Көңілін тыншытты.* Нағиманың да көңілі бұзылып: – Жылама, қарағым, көзіңнің жасы ағайыныңа болсын деп, баланы алдандырып, *көңілін басып* жұбатты (С.Дөнентаев, Шығ.).

Көңілін бекітті. а) *Іштей тебіренуі басылды, жайланды.* Кірердегі лоблығын *көңілі басылып,* Айша енді өзін-өзі билеп алды (Т.Ахтанов, Шығ.). ә) *Тоқтамға келді.* Апырмау, мені неге қуады? Келіп отырған «төреге» бір нәрсе айтады деп ойлай ма? Ойлана келе, «төреге» де айтып көрген теріс болмас еді деп, *көңілімді бекітіп* те едім (Б.Майлин, Тол. жин.).

Көңілін биледі. *Өзін-өзі ұстады, тежеді.* Рай тіпті тіл қата алмай ернін тістелей берді. Ақбала *көңілін* ту *биледі* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Көңілін бір демеді. *Тыныштады, көңілі орнықты.* Генерал ісін тындырып, жер-ананың «күлін көктен келтіріп» болған соң барып *көңілін бір демеді* («Қаз. әдеб.»). Алматылықтар алты кездесудің алтауын да жеңіспен аяқтап, *көңілдерін бір демеді* («Лен. жас»).

Көңілінде бір дық кетті. *Өкпе-ренішін ішінде сақтап, өзімен ала кетті.* Судыр Ахметтің *көңілінде бір дық кетті.* Басқа кісі болса бір сәрі (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Көңіліндегі діті. *Ойындағы арманы, айтпақшы болған сыры. Дітіңді көңілің-дегі* білтелемей, білдіре айтшы, Саласың қандай қолқа тегі маған (Жамбыл, Тол. жин.). Қайта биікті шалған сағыммен *көңіл дітін* шарып та, шаншып та өтті (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.).

Көңілінде сайрап тұр. *Бәрі жадында, есінде тұгел сақталған.* Бұған дейін [мен] арба дөңгелегі мен ат тұяғынан түскен талай жолдарды көргем, олардың қалай жасалуы *көңілімде сайрап тұр* (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Ол Бірлікбайдың әлі есінде. Күні кешегідей *көңілінде сайрап тұр* («Лен. жас»).

Көңіліне ақтық салды. *Көңіл жұбатты, көңіл аулады.* Біз барып Ақаңның *көңілін е ақтық салып* қайттық (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Көңіліне арамдық түсті. *Қастық ойлады, жаман ойын ішінде сақтады.* Билердің ақылы

бұрын да *көңіліне арамдық түсіп* жүрген ханға ұнайды (Қаз. ертег.).

Көңіліне дық [қаяу, кір, жара] түсірді, [салды]. *Ренжітті, наразы қылды.* Биыл қонақжай Алматының *көңіліне дық түсіргісі* келмей, кеңпейілдік көрсетіп баққан алтын күз аяқ астынан мінез шығарды («Лен. жас»). Әділін айтқан Мейрам жау түгілі кейде жақынның да *көңіліне қаяу салды* (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Көңіліне діт сақтады. *Реніші ойынан кетпеді.* Қанша іш тартса да, *көңіліне діт сақтаған* жас бала илікпей қойды («Лен. жас»).

Көңіліне жел берді. *Рух, қайрат беріп, желпінтті.* Теңіздің бойы ноғайлы, Ел екен өскен жағасы. Жарлыны байға теңгерді, *Көңіліне* халықтың *жел берді* (Қамбар батыр).

Көңіліне жел бітті. *Шаттық пайда болды.* Екі қары талып, бұлшық еті созылған сайын кеше көзіне жас келсе, бүгін *көңіліне жел бітетін* болыпты (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

Көңіліне желік енді. *Қуаныш пайда болды, масайрады. Көңіліне желік енеді,* Шыдамай Есет келеді, Жеткенше биік басына. Бір уақытта тамаша... Бұрылып Есет қараса, Баймырза келед қасына (М.Дулатов, Шығ.).

Көңіліне күдік алды. *Бірдеңеден секем алды, күмәнданды.* Соңғы кезде Қасболаттың өзі де байқады, *көңіліне күдік алып* аудан жағдайы туралы уайымдаса-ақ, со кісі көз алдына келеді (Т.Ахтанов, Боран).

Көңіліне кір сақтамады. *Кек тұтпады.* Ақыр аяғында ол бар қазақтың түбі бір еді ғой, береке іздесең, дұған қабыл болсын десең, өзара қырғиқабақ болма, *көңіліңе кір сақтама* дегендей ақыл айтады (Ы.Дүйсенбаев, Шығ.).

Көңіліне қара шапты. *Арам ой келді, қастандық ойлады.* Сөйтіп жүргенде, ағаларының *көңіліне қара шауып* «Бәріміз бір тудық, осы Асан бізден қалай артық болып жүр» деген пікірге келеді (Қаз. ертег.).

Көңіліне қондыру. *Сенімін ұялату, сендіру.* Ол жол – сайлауды талас емес, сайлау деп халыққа түсіндіру, құлағына сіңіріп, *көңіліне қондыру* (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам).

Көңілінен шықты. *Ойынан табылды, ұнады.* Ойлан кедей, би-болыстың ағасы, Ақылгөйі, тайдырмайтын тағасы. Көлбең қағып *көңілінен шықпасақ,* Сендейлердің жыртылады жағасы (Қ.Жармағамбетов, Баллада.). Төрегелді өз ісіне тыңғылықты қарап, қайтсе де халық *көңілінен шыға* беруге тырысады («Лен. жас»).

Көңіліне түйді [тоқыды]. *Санасына мықтап сіңірді.* Талайынан тамаша *көңіліме түйдім* сыр (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Көңіліне түйін түсті [қайғы толды]. *Жүрегіне дерт, құса ұялады; жүрегіне дерт байланды.* Билеген Мысыр атты елі жиын, *Көңіліне* патшаның *тұсті түйін.* Ата-ана, тату достар естен шықты, Адамға ғашық дерті қандай қиын (Ғашық-наме). Қатының жаман болса... *Көңілің қайғы толар* (Ш.Смаханұлы, Шығ.).

Көңіліне ұнады [жақты, үйлесті]. *Жаратты, жақсы көрді, ойына сай келді.* Алдарында аянбай, Шынымменен сөйлесем, *Көңіліне* бектер *ұнармын* (Б. Өтемісов, Өленд.). Толғау салып ішіме, Сол күнде-ақ *жақтың көңілімде* (Абай, Тол. жин.). Өзі бойдақ жігіт болған соң, *көңіліне ұйлескен* бір бойжеткенге құдаласып, «аяқ шырмап» кетуде де ниеті болады (Қаз. ертег.).

Көңіліне шаттық орнады. *Қуанды, көңілін қуаныш кернеді. Көңіліне шаттық орнады,* Тасыған Іле суындай, Батырдың көңілі толады (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Көңілін жай таптырды. *Қуантты, риза етті.* Байқамаппын, мен оны байқап тұрып, Әзәзілге алыппын шайқаттырып. Аз күн болып аспаннан жерге түстім, Күншілдердің *көңілін жай таптырып* (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Көңілін жұбатты. *Тоқтау айтты, басты.* Бұл ретте де Айранбай көптен үйреніскен қалыптың бірі ғой деп *көңілін жұбатайын* деді (Б.Майлин, Шығ.). Оның барып халін біліп, *көңілін жұбататын* адам жоқ (С.Дөнентаев, Шығ.).

Көңілін жықпастық. *Көңілін қимаушылық, көңілге қараушылық.* Айтбай кісі *көңілін жықпастық* биязы мінезімен жайлап қана тіл қатты (Б.Қожабеков, Көктөбе.).

Көңілін жыртпады [жықпады]. *Ренжітпеді, қапа етпеді, бетін қайтармады.* – Апырай, Дәмеш-ай, енді *көңіліңді жыртпайын* деп сонша білгенсіп қашып едім, болмадың ғой, – деді Рақыш (М.Әуезов, Қараш.). *Көңілін жыртпай* шулағанды «сенді» деп, Нені көрсе соған ерген балалық (С.Дөнентаев, Шығ.). Біліп отырам: келмейді естігісі, Құр айтты деп, «ие» дейді, «үлкен кісі». «Солай дұрыс» дей салар *көңіл жықпай,* «Мазаны алды, қойса екен» десе де іші (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Көңілін жібітті. *Мейірлендірді, мейірін түсірді.* Жаңылтып өзге тілегін, Қайрымсыз *көңілін жібітсін* (XX ғ. бас. қаз. ақын.).

Көңілін көншітті. *Жанын жай таптырды, тыныштандырды, тыныштыды.* Бағамды дүниеден озған ұқты, *Көңілін көншітпеген* солардың да (І.Қажытай, Тасжарған).

Көңілін күпті қылды. *Күдік тудырды, мазаланды.* Үлкен мазасыздықтың сыры осы жерде жатқанын Сейіл түсіне бастады. Қаладан шыққаннан бері *көңілін күпті қылатын* күдіктің бірі – осы («Лен. жас»).

Көңілін қимады. *Ренжіткісі келмеді, меселін қайтармады.* Алтыбақанға барғаным рас. Күлпаш, Маржандар қонақ, әрі құрбы, солар қиылған соң, *көңілдерін қимай* бардым да, аздан соң қайтып кеттім, – деді Шолпан (F.Мұстафин, Тол. жин.). Қыз емес қыздың аты қызыл бидай, Қыз үшін түнде жүрмін *көңілін қимай,* Қалмады баста бөрік, белде белбеу, Жеңгесіне қызды ауылдың сыйлай, сыйлай (Қаз. әндері).

Көңілін суытты. *Тауалын қайтарды, айнытты. Көңіліңді* бос *суытпа* біздей қыздан, Сізге уәде біздерге тәңірі айтқызған (Абай, Тол. жин.). Шешесі «...өз отаныңнан, өз қауымыңнан безсең, мен де сенен безем, аналық ақ сүтімді екі дүниеде де кешпеймін!» деп екі ескертіп, не керек, қақпайлап-қаумалап, көптеп-көмектеп, жаңағы қыздың қытай жігітінен *көңілін суыта* алған ғой («Жас Алаш»).

Көңілін сап қылды. *Риза етті, ойындағысын тапты, көңілін жай таптырды.* ...Шах жөнелтті алыс Румға шапқыншы: «О, суретшім, шахтың *көңілін сап қылшы*» («Жұлдыз»).

Көңілін сұрады. *Науқастың жай-күйін білді, хал-жайынан хабар алды.* Қазақта науқастың *көңілін сұрайтын* әдет бар. Аурулы болған кісінің көңілін аулаған жақсы десек те, жұқпалы аурулардың көңілін сұраймын деп ауырған кісінің қасына бару жарамайды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Ертеңінде паң қыз *Көңілін сұрай* кепті (М.Әлімбаев, Өленд.). Неше күндей ауырып жатқанымда, *көңілімді сұрауға* бір кісі жібермедіңіз, тым болмаса, жолдас ақын үшін, өзіңіз келіп халімді білмедіңіз, – деп өкпе айт, – деді (Қаз. ертег.). Ұлжан әл үстінде жатқанда, Майбасар *көңілін сұрап* отырып, өрескел сөйлеп пе? (М.Әуезов, Таңд. шығ.). «Сапекеңнің бәйбішесі сырқат, *көңілін сұрайын*», – деп шықты (F.Мұстафин, Шығ.).

Көңілін табу. *Ойынан шыға білу, көңілін аулау.* Сайлау болғаншаолардың қас пен қабағына қарап, *көңілін табуға* тырысады (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам). Ақылды дос, алдарқатпай сөйлегін. Айдан жарық бола алмайды кейде күн. *Көңіліңді табу* үшін келіншек Шығар киіп қылықты қыз көйлегін (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Көңілін тар ұстады. *Ниеті, пейілі тарылды.* Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар, Әр жерде су ішетін басқа көл бар, Үш бөліп, енші қылып алысайық, Жер жетер, *көңіліңді ұстамар* (Шешендік сөздер).

Көңілін тындырды. *Разы қылды, тілегін орындады.* Мұңды, шерлі жоқ-жітік, Аңсап алдын кернепті. Бәрінің *көңілін тындырып*, Біреуін ала көрмепті (Абай, Тол. жин.).

Көңілін ұйытты. *Сөзіне сендірді, көндірді.* Нұрбай көпірме сөзбен колхозшылардың, жоғарғы орындардың *көңілін ұйытып* қойған екен (Т.Нұртазин, Шығ.).

Көңілі өсті. *Шаттанды, жадырады, марқайды.* Сарыбастауда бөтен біреудің үйінде жүргендей емес, нағашым үйіне келгелі *көңілім өсіп,* қоқайып қалдым (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Мал семірер, ақ пенен ас көбейер, Адамзаттың *көңілі өсіп,* көтерілер (Абай, Тол. жин.). Көк ауа, мөлдір аспан бейне жібек, Көргеннің *көңілі өсер*, ойы түлеп. Ай бауыры, көкорайдың қойнында, Сырласар сыбырменен сүйген жүрек (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Көңіліпәс. а) *Көңілсіз, алаңдаулы, қобалжулы.* Ойым алаң, *көңіл пәс,* сауық қашқан. Осылай ма, жай жүріп, анық басқан? Осы екен ғой намысты шағып тастап, Суырдайын күн кешу жалықпастан (М.Мақатаев, Шығ.). Тойға бара жатқан бір топ балалардан бөлініп Назарбек бері беттеді, *көңілі пәс* («Қаз. әдеб.»). Асығады неге өзен аласұрып? Неге қыран самғайды, Ана сырғып? Неге *көңілі* келіннің *пәс* жүреді? Неге жүзі жабыңқы баласының? (М.Мақатаев, Шығ.). ә) *Арам ойлы, пікірі теріс.* Мен сенің самалыңнан күй аңдаймын, Қиял боп қиырыңа қияндаймын! Ал кейбір *көңілі пәс* адам көрсем, Оңтүстік, оған сені қия алмаймын (Қ.Жұмағалиев, Айнамкөз.).

Көңілі сап болды *Ойындағысы орындалды, көңілі орнықты.* Сонда бір *көңілім сап болар,* Жалғыз жатып күңіреніп, Қазаны ойлап толғаудан (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.).

Көңілі селт етпеді. *Көңіл күйі жоқ, көңілі көтерілмеді, еш нәрсеге зауқы болмады.* Шалымнан айырылғалы *көңілім* бір *селт етпеді.* Білмеппін, қайғы өткізбес болат қалқаным екен ғой! (F.Мұстафин, Дауыл.).

Көңілі сергіді. *Бой жазып, жадырады, көңілденді.* Барлық үйлердің шал-кемпірлерін, жас-желеңін түгел жиып әкеліп, бұлардың әнсауығын бірге тыңдаңдар. Олардың *көңілі сергіп* қалсын, – деді Абай (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ат жақты, қызыл шырайлы жігіттің

бетіне қайтадан қан жүгіріп, *көңілі сергіп* сала берді (С.Адамбеков, Атылған қыз.).

Көңілі соқпады. *Ұнатпады, немқұрайлы болды.* Сайланған кісілер, қызмет қылуға *көңілім соқпайды,* атына ие боп қана жүргім келеді демесе, білмегендігімнен басқара алмай отырмын деуіне орын жоқ (С.Дөнентаев, Шығ.).

Көңілі соқыр. *Еш нәрсені аңдамас, ойсыз, мақсатсыз.* Алымды момын кедейге аударып бай болатын мырзалар көзі соқыр емес, *көңілі соқыры на* салып жүр ғой (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Аңдыған оны қастар тұр, *Көңілі соқыр* мастар тұр, Атайын деп толтырған Қойындарында тастар тұр (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Құдайым, жолдас қылма жамандарға! Көзі тар, *көңілі соқыр* надандарға! Жақсылық етсең де бір, етпесең де, Жақпайсың кей ақымақ адамдарға (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Көңілі сөгілді. *Аһ ұрды, қатты өкінді.* Осы әйелге істеген өзінің қаттылығына қиналып, *көңілі сөгіліп* бара жатты (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Көңілі судай [дариядай] тасыды. *Шектен тыс рақаттанды, масаттанды.* Бақ туын тұрғанда ұстап, бүгін қазақ, *Көңілі судай тасып,* оттай маздап (І.Жансүгіров, Таңд. шығ.). Бас қосты жолдас Мұсабек, Әрбір аудан ерімен, *Көңілі судай тасыды,* Ойнап құрбы, теңімен (Қ.Жапсарбаев, Жайқоңыр.). Айырылды осылай деп екі ғашық, Сөздері біреуінен біреуі асып. Жігіт те қызға риза болғаннан соң, Қыздың да *көңілі* кетті *судай тасып* (Ә.Найманбаев, Шығ.). *Көңілі тасып дариядай,* Қайтты батыр еліне, Он сегізінші жылында, Даңқы кетті батырдың, Петроград, Мәскеу мен Бұхар, Кавказ, Қырымға (О.Шипин, Дастан.).

Көңілі су сепкендей басылды. *Алабұртқан көңілі бірден тыйылды құлазып сала берді.* Балқияның сайқы-мазақ жігіттерді өткір қалжыңмен бетке ұрғандай тойтарып, жұртты ду күлдіргенін көріп, Көжектің *көңілі су сепкендей басылатын* (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн). Содан өрекпіген *көңілі су сепкендей басылып,* Сәуен үйіне шаршап қайтқан («Лен. жас»). Алдында ғана көтеріңкі *көңілім су сепкендей басылды* («Лен. жас»).

Көңілі сынды. *Жабырқады, налыды.* Поезд алыстаған сайын Есімбектің *көңілі сынып,* көзіне жас келді (Е.Оразақов, Дәрігер.). – Жә, жә! Сендер құрлы пайдамды, намысымды білемін! – деді Мақамбетше. Ол қабағын шытқанда, өзгесінің *көңілі сынды* (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Көңілі тасыды [шалқыды]. *Шаттанды, қуанышқа бөленді.* Қызықпен отырғам жоқ, *көңілім тасып,* Қайғыны қуам деймін өзім басып (М.Әуезов, Таңд. шығ.).... Атқа мініп алған соң *көңіліміз тасып,* судай көпіріп, желдей есіп, қиқуды салып, жолға қарай жарысты жібердік (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бай болып, мал алғандар жата тұрсын, Қызыққа қымыз ішіп бата тұрсын. Қыз өсіп, қымыз ішіп, *көңіл тасып,* Аузына келген сөзін айта тұрсын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Көңілі шалқып* енді Әшімнің бүгінгі Қуатына тоғанның ол жүгінді (Қ.Боранбаев, Жаңарған.). Қуаныш кернеп кеудені Шаттана *көңілім шалқыды.* Таусылмас күндер көп еді, Еске алам соны әр күні (Ш.Мұхамеджанов, Ана.).

Көңілі тоймады. *Қанағат етпеді, риза болмады.* Ескендір елде алмаған хан қоймады, алған сайын *көңілі* бір *тоймайды.* Араны барған сайын қатты ашылып, Жердің жүзін алуға ой ойлады (Абай, Тол. жин.). Бұған *көңілің тоймаса,* Алдыңа салып берейін Тоғайда жатқан малымды (Мұңлық-Зарлық). Арызым бар жылдарыма Аңғармаған жыр заңын. *Көңіл тоймай* ұлдарыма, Келіндерге ырзамын (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Көңілі тоқ. *Алаңсыз, бейқам күйде болды.* Сыйластыққа *көңіліміз тоқ* болды, Қырғы мінез қырғын сөз де көп болды. Тәуба деймін, Құдай оңдап қазақты Жүзге бөлу осы жолы жоқ болды (К.Салықов, Жезкиік). «Анау жоқ та, мынау жоқ», Жоққа жетпес күшің де, Болса болды *көңіл тоқ,* Ылғи «жоқтың» ішінде (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Көңілі тоқырамады. *Бірдеңеге қанағаттанбады, көңілі көншімеді.* Айналаны көзіммен қыдырта шолғаным болмаса, ... жайдары көріністердің біріне де *көңілім тоқырамады* (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

Көңілі толды. *Разы болды.* Олай-бұлай жүріп, өзіне-өзі *көңілі толған* кісіше айнаның алдына орындыққа отырып омырауынан медальонын алып қарайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бір аяқты беріп едім соғысқа, Бар байлықты досқа төгем жолықса. Кең үйлерді заманында көрдік қой, *Көңіл толды* Алматыда қонысқа (К.Салықов, Жезкиік). Тұрғанда Түлкі сөйлеп сауап жолды, Қайғыға естігеннің *көңілі толды.* Аштыққа шыдай алмай үш балапан, Ағаштан төмен жерге түсіп қонды (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Көңілі торықты [тарықты]. *Қам көңіл болды; тұңілді.* Бөтен елдің адамы Тынбаған соң арманы, *Көңілі* әбден *торықты* (Абай, Тол. жин.). Осы баласы отыздан асқанда көргелі отырған жалғыз үміті жарық шырағындай са-

нап жүр еді, қазір ол шырағы да жанбай жатып сөнгендей боп, *көңілі торығып* келеді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Мейлі гүлдеп, мейлі *көңілің тарықсын*, Ұрпағыңмен ұлан-асыр халықсың. Әкем мені жақсы көруші еді-ау деп, Балаң ертең еске алғанда қамықсын (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Көңілі түзу. *Ықыласы дұрыс, ниеті оң.* Құдайменде жас жігіттің қара мұрты қиылған сұлу жүзіне таңдана қарады. Шынында, енді ойлап қараса, інісінің айтқаны рас: баяғы *көңілі түзу* кезде Кәленді бұл ауыл көп пайдаланды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Көңілі түршікті. *Зәресі ұшты, қорықты.* [Карпов] Өзінің көзі көріп, *көңілі түршіккен* ішкі сезім, жанымен қиналып ойлап қорытқан біраз шындықтарды анда-санда партия алдына әкелетін шыншыл-батыл ниетке бекініп, сөз сұрады (М.Әуезов, Өскен өркен).

Көңілі түсті. *Ойы болды, ниет етті, қалады.* Уақыт жылжып өте берді, Жағыпар *көңілі түссе,* әр жұмыстың басын шалып, көңілі түспесе үйде шалқасынан түсіп жатып алатынды шығарады (С.Жүнісов, Өшп. іздер.). Байғұс қазақ бас көтеріп тұрар ма? *Көңілі түсін*, басы-мойнын бұрар ма? Күні туып оң жағынан, солдан – Ай, оқуменен жайнатып дүкен құрар ма? (М.Жұмабаев, Шығ.). Қызыл тіл – *көңіл түссе,* сайрағандай, Бұлақтың көлін тауып қайнағандай. Бәйгеден күнде озған жүйрік аттай, Дүбір көрсе ойқастап ойнағандай (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көңілі тынды [тыншыды]. *Ойындағысы болып, сабасына түсті, жаны жай тапты.* Білген соң хатын оқып *көңілі тынды* Сөзінен таба алмады ешбір мінді. Ләйлінің, жайын енді сөз қылайық, Тоқтатып қоя тұрып Мәжнүнді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Қызды көріп хан *көңілі тынды* дейді, Көрісіп жұрты атқа мінді дейді (Батырлар жыры). Ойнаушы ек мен де бала, ол да бала, Ұқсатушы ем жүйрікке, жорғаға да. Жылқы ішінен құлыным кісінесе, *Көңілім тыншитұғын* сонда ғана (М.Мақатаев, Шығ.).

Көңілі хош болды [көңілдің хошы түсті]. *Жақсы көңіл күйде болды, көңілі жай тапты, риза болды.* Елге келген соң, Ақша хан таранып, тыныштанып, *көңілі хош болған* соң, тағында отырып, хан үкім қылды (Ер Тарғын). Келіннің ісі түссе, *көңілдің хошы түседі*, – депті бір қайнағасы (А.Тоқмағамбетов, Шығ.).

Көңілі шайлықты. *Беті қайтты, жүрегі тыршікті.* Арты – өкініш, басы – мең-зең, жүрек тұнып, көз тұнжырап, *көңілі шайлығып* шығады («Лен. жас»). Бәрі ұмыт: бақытың да, байлығың да, Күлкі шаттық, күйзелткен қайғы, мұң да. Жетім көл жетімсіреп қалып қойды, Бір өлі, бір тірі аққу айдынында... Бар өмірден *көңілі шайлығуда*, Байғұс ана еркінен айырылуда (М.Мақатаев, Шығ.).

Көңілі шапты. а) *Қызықты, құмартты.* Көргеннің көз құмары ауып тұрған, Ойы тілеп, *көңілі шауып* тұрған, Өзіне деп жұлқынған жүрек үшін, Сыртқа шашпай ақылмен тауып тұрған (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). ә) *Тәбеті тартты.* – Не ішкің келеді, не жегің келеді, қандай асқа *көңілің шабады*, – деп мен пәрмене болдым (С.Қасиманов, Сиқырлы.).

Көңілі шат. *Көңілі көтеріңкі, қуанышты.* Кісінің дені сау болса, *көңілі шат*, уайымы жоқ болады (М.Дулатов, Шығ.). Ұлықпан деген балаға, Ата-анасы қойды ат, Жас баланы аялап, Ата-ананың *көңілі шат* (О.Шипин, Дастан.).

Көңілі шер болды. *Көңілі қайғыға толды, уайымға батты.* Майданнан қайтпаған жалғыз ұлын ойлай-ойлай анасының *көңілі шер болды* (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). Көген көзді қосақтап қалай қиып бererміз? Көздің жасы моншақтап, *Көңіл шер боп* өлерміз (Жамбыл, Шығ.).

Қара көңіл. а) *Қайғылы, шерлі, қам көңіл.* Жарқ етпес *қара көңілім* не қылса да, Аспанда Ай менен Күн шағылса да, Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ, Саған жар менен артық табылса да (Абай, Тол. жин.). Қайғың болар шермен тең, *Қара көңілім* жермен тең. Сенсіз маған жат төсек, Болар бейне көрмен тең (Абай, Тол. жин.). ә) *Надан, пасық.* Ойласаң таза менен сасық тең бе? Ғалымға *қара көңіл* пасық тең бе? Неге, неге көрмейсің, соқыр молда, Байқасаң асыл менен жасық тең бе? (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

КӨҢІЛАШАР с ы н. *Сергітер, шаттандырар.* Файзолла сол күні-ақ екі жасты құттықтап, сырнайын құлаштай созып, *көңілашар* ән де салып кетті (І.Есенберлин, Қатерлі.). *Көңілашар,* шер тарқатар ән мен жырдың бәрі ақындардан қалған ғой (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). *Көңілашар* тотымсың, Жайнаған шоқ, отымсың. Кең дүниені көре алмай, Тар қапаста отырсың (С.Дөнентаев, Шығ.).

КӨҢІЛДЕЙ с ы н. *Көңіл сияқты, көңіл тәрізді.* Қазіргі күн райы да күңгірт *көңілдей* (М.Әуезов, Абай жолы). Мөлдіреп енді ағасың, Толқының толы *көңілдей,* Жайнатып колхоз даласын, Шалқисың біздің өмірдей (Ж.Молдағалиев, Теңіз.).

КӨҢІЛДЕН= е т. **1.** *Шаттану, қуанышқа бөлену.* – Уа, Болат, жігітсің! Жауабым ұнап кет-

се керек, капитан *көңілдене* күліп, арқамнан қақты (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз әуен.). Осы түнгі ұрыс жайына тоқтағанда, Зейнолла біртүрлі *көңілденіп,* серпіп сөйледі (С.Сейітов, Сөз сұра.). Қылығың жас күндегі еске түсіп, Соны ойлап ғашықтықпен *көңілдендім* (Бозінген). **2.** *Жадырау, көңілі көтерілу, жайраңдау. Көңілденіп* ішкен шай Әміржанды көтере түскендей болды (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Отқа жылынып, Өміртайдан қалған көжені ішіп, Әсия да *көңілденді* (С.Мұқанов, Аспаз.). Ауыр ойдан арылған Раушан енді *көңілденіп,* шешіле сөйледі (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Көңілденіп сала берді. *Бірден жадырай түсіп, жайраңдады.* От жағып, қазан көтергесінақ қонақ күткен үй *көңілденіп сала берді* (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Енді ана бұрынғыдай емес, *көңілденіп сала берді* (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Вагон ішіндегі жігіттер станциядан шығысымен-ақ *көңілденіп сала берді* (Ә.Әлішев, Батыр.).

КӨҢІЛДЕНДІР= е т. *Шаттандыру, көңілін көтеру.* Шолпан өзінің отырған жерін думандатып отыратын әдетінше жұртты *көңілендіре,* күлдіре бастады (А.Хангелдин, Қараторғай). Кейбірін қауіптендір мінін тауып, Кейбірін жылы сөзбен *көңілендір* (Абай, Тол. жин.). Домбыра, шіркін, құйқылжып, Екпіндей шығар күйіңді, *Көңілендір,* тыңдаушы, Жалшы әлеумет жиынды (С.Сейфуллин, Шығ.). Су кешіп, тауды айналған, Келеді қолым жер керіп. Жылқы ұрлап емес, жайлаудан, Шопанды *көңілендіріп* (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

КӨҢІЛДЕНДІРУ *Көңілдендір етістігінің қимыл атауы.* – Сол жолғың жарады, – дейді Қалдарбай Зәкіржанды *көңілендіру* үшін (Б.Майлин, Шығ.). Бұл бізге риза болатын-ақ шығар, – деп Асқар досын *көңілендіруге* тырысты (С.Баязитов, Күтпеген.). Кешке жиналған халықты *көңілендіру* мақсатында қарт Беркімбай бақсыны ойнатқан (К.Оразалин, Абай.).

КӨҢІЛДЕНУ *Көңілден етістігінің қимыл атауы; қуану, шаттану.* Өзі де білмейді, бұл өзгеру *көңілдену* ме әлде қайғыру ма, әйтеуір бойына өзі білмейтін тағы бір жаңа сезім пайда болған тәрізді (І.Есенберлин, Қатерлі өткел). Құдайберген елуде, әлі де қызық көруге, көңілі бір кез кетеді, Тоқал ап *көңілденуге* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

КӨҢІЛДЕНІС= е т. *Көңілдерін көтерісу.* Сирегірек пісірілетін бауырсақ пен исі андасанда ғана сезілетін ет – осы қорадан байқалып-ақ қалып еді. Қария атаулы *көңілденісіп* кетті (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

КӨҢІЛДЕС с ы н. **1.** *Ниеттес, тілегі бір, көңілі жақын.* Қазақ, қырғыз басынан көршілес ел, Араласып бір жүрген еншілес ел. Қыз алысып, қыз берген құда сүйек, Басынан-ақ аралас, *көңілдес* ел (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Олар Ақбалаға ақылдаспай, қонақтармен бірге болады деген осы ауылдың *көңілдес* кісілерін алғыза бастады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Дегенмен сол бір оңаша Толастың өзі – батпан сор: *Көңілдес* жанның тамаша Күлкісі жетпей жатқан соң (Қ.Мырзалиев, Домбыра.). **2.** *Пікірлес, сырлас.* Осы спектакльден кейін мен Қалибек қартпен жақын танысып, *көңілдес* болып кеттім (С.Шаймерденов, Сыбызғы.). Жаңабектің үйінде бүгін қонақ көп. Көбі – өзімен бірге жұмыс істейтін *көңілдес* достары («Лен. жас»). **3.** а у ы с. *Көңілі жақын, ашына.* Тепсе темір үзетін тегеурінді, әрі өзімен *көңілдес* Қоңқақтың өзге біреуге өлердей құмартқаны ақ тоқалдың қытығына тиді (З.Жәкенов, Таң самалы). Қуатпен *көңілдес* екенін Мақпалдан қалай жасырмақ Бибі (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Енді баяғы... қыздан күйеуін қызғанып жүрген әйел мына ер адаммен өзі *көңілдес* бола бастайды (Қ.Тұрсынқұлов, Алыста.).

КӨҢІЛДЕСТЕУ с ы н. *Көңілі жақындау.* Аз үйдің ішіндегі шекшығар пысықшалауы Ақылбай. Ол – Балуан Шолақпен *көңілдестеу* адам (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

КӨҢІЛДЕСТІК з а т. **1.** *Ниеттестік, тілектестік, пікірлестік.* Соны Ақылбайдан Әзімбай сұрап алған. Ал былтыр жайлауда Әзімбайдан Оразбай аулы құдалық, *көңілдестік* жөнінен қолқа салып сұратып алған-ды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Галия Тоқпанға бірге өскендігін, *көңілдестігін* айта кеп, меңдуана жайын баяндады (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Ашыналық, көңіл жақындық.* Ол жасы елуді еңсеріп қалған Ерахметтің соңғы әйелі жиырмадан жаңа асқан Айбарша сұлу мен Сарбас балуанның арасындағы *көңілдестікті* жақсы білетін («Таң нұры»).

КӨҢІЛДІ с ы н. **1.** *Қуаныштың, шат-шадыман.* Нені көрді, нені сезді, не білді? Неге ақылды ақымақтан жеңілді? Біреу жылап, біреу неге *көңілді?* Содан сұра, содан сұра өмірді (М.Мақатаев, Шығ.). Сәкен өте *көңілді* екен. Қарқылдап күліп қарсы алды (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Қоңыр қаздай болса-дағы, Қадыр сол шақ өмірлері Болса ірімшік, болса ағы, Қараша үйлер *көңілді* еді (С.Мәуленов, Алыс. кет.). Балқүміс *көңілді,* күйеуінің келуіне қарсы оттың басын сыпырып, балығын асып, шайын қайнатып қойыпты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

2. *Қызықты, сауықты.* Сұлтанмахмұттың жаңа пәтердегі алғашқы кеші *көңілді* болды (Д.Әбілев, Арман.). Қызды ауыл – *көңілді* (Мақал). Бүгінгі жексенбі де бұрынғыдай *көңілді* өтетініне Сәлима күдіктенбеді (Е.Қалиев, Рудный.). **3.** *Жан дүниені тербетер, әсем, сазды.* Кешке жақын бұл жатақханалардан *көңілді* күй мен әсем ән естіледі (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз). Күмбірледі *көңілді* күй Тамылжыған таңсәріден (Ж.Өмірбеков, Мың терезе.). Бір қара көз тұрғандай қолын бұлғап, Кеулеп кетті кеудемді *көңілді* ырғақ. Шықты алдымнан көкпеңбек көл, Қайта шықты алдымнан көгілдір бақ (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Ер көңілді. *Бірбет, батыр мінезді.* – Ана сағадағы көп балықшыдан бастап *ер көңілді* жігіттің бәрін атқа мінгізу керек (Х.Есенжанов, Тар кезең). Бұл өңірде Досжанның да аты бар, *Ер көңілді* палуан сүйек – заты бар (Қ.Сыдықов, Теңіз.). Құрақбай туғаннан-ақ жарлы еді, О-дағы қолы қысқа зарлы еді. Өзі әнші, өзі батыр, өзі сері, Намысқой, *ер көңілді*, арлы еді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жат көңілді. *Бөтен ойлы, арам пиғылды.* Сансызбай: *Жат көңілді* екі адамды тауып алдық (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Өр көңілді. *Тік мінезді. Өр көңілді* әйелі Қатша болса, бұлар әбден титықтап, тұралап қалғандарынша «береріміз жоқ, ішеріміз таусылды!» деп сыр бермейтін (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КӨҢІЛДІК з а т. ***Көңілділік***. Көзбояушы сиқыршының әрекетіндей сол сыртқы алдамшы *көңілділіктің* мен үшін қияметтің күшіне түсіп, жүрегім қан жылап тұратынын қайдан сезсін! (Е.Мырзахметов, Әңгім.).

КӨҢІЛДІЛЕУ с ы н. *Қуанышты, жайдарылау.* Хасен комиссардың бөлмесінен *көңілділеу* шықты (І.Есенберлин, Қатерлі өткел). Көктем еңсені көтеріп, *көңілділеу* келгенмен, төңіректен, орман арасындағы қоймалжың батпақтан дымқыл сыз иісі әлі арылған жоқ (С.Бақбергенов, Қарға там.). Күндегідей емес, күндізден Үміт *көңілділеу* жүрген (Б.Аманшин, Жар мұңы).

КӨҢІЛДІЛІК з а т. *Қуаныштылық, жайдарылық.* Абай мұның сол *көңілділігіне* қызыға қарап қалды (М.Әуезов, Абай жолы). Сауыға бастаған бала өңінде сергектік, *көңілділік* бар (С.Шаймерденов, Мінез). Келген ақ таң тіріні алдамайды, *Көңілділік* жайлайды бар маңайды. Оятады тауықтар күннің өзін, Құйқылжыған даусымен жаңға жайлы (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Балаға қайырымдылықты, қаттылықты, кішіпейілділікті, үлкен *көңілділікті*, әдептілікті, әдепсіздікті, шыдамдылықты, күйгелектікті, шыншылдықты, өтірікшілікті беретін кім? Ол, әрине, ата-ананың тәрбиесі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨҢІЛДІРЕК с ы н. **1.** *Жайдарылау, көңілділеу.* Жағыну, жалбақ қалады қашан сол әдет, Құтылсақ содан *көңілдірек* болар ек (Т.Молдағалиев, Ескерткіш). **2.** *Қызықтырақ.* Қамқа төсек тартып жатқан түкпір бөлме қонақ үйден гөрі *көңілдірек* еді (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Қайта шолақ тонды сыпырып тастап жұлқына жұмыс істеуге декабрь аязы *көңілдірек* болады (Х.Ерғалиев, Шындық.). Ақсүйексің, атақты жолың бөлек, Ал мен жақсы көремін өмірді ерек. Кең сарайда мен сендей тумасам да, Сенікімен өмірім *көңілдірек* (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

КӨҢІЛЖЫҚПАС с ы н. *Ренжітпейтін, бет қайтармайтын.* Есті сұлу көрі демес мендейді, *Көңілжықпас* ақ ниетпен емдейді. Пайғамбардың келсем дағы жасына, Құдашалар оңашада сенбейді (К.Салықов, Жезкиік).

КӨҢІЛЖЫҚПАСТЫҚ з а т. *Көңілін қимаушылық.* Біз ...қай мәселені де көршімен ақылдасып отырып шешетін *көңілжықпастық тан* арыла алмай отырмыз («Түркістан»).Сондықтан да жас композиторлар бізге, жазғанымызға *көңілжықпастықпен* қарамай, көрегендікпен қарап, көптің мүддесіне қарай тартқаны абзал («Қаз. әдеб.»).

КӨҢІЛСІЗ с ы н. **1.** *Зауқы жоқ, ықылассыз.* Аса бір *көңілсіз,* жүдеу кескінмен бояушылар шашылып жатқан бұрышқа қадалған (Т.Ахтанов, Боран). Нақ осындай бір *көңілсіз,* ойлы шақтың кезінде ауылдан Көбен келді (С.Бақбергенов, Адам.). *Көңілсіз* кезінде бетінің қорасан дақтары айқындала түседі (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **2.** *Қызықсыз, сауықсыз.* Соғатын аңқып таудағы, Секілді қазір жел үнсіз. Думанды қала бау-бағы Өзіңсіз неткен *көңілсіз* (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **3.** *Жабырқау, шабытсыз, жадау.* Ертеңінде Бекет күнұзын жоғалып кетіп, *көңілсіз* оралды (Р.Тоқтаров, Ертіс.). – *Көңілсіз* неге, жігіт, Жас адамға жарай ма бұл? Ойға шолып көзін тігіп, Сайын түзге қарайсың құр (Т.Әлімқұлов, Бозжорға.). Қараңғы түкпір жерде жат, Жылжыды күндер *көңілсіз.* Көз жасым, шабыт, махаббат, Тәуірімсіз және өмірсіз (К.Салықов, Жезкиік)//*Жабырқау ұнжырғаған адам. Көңілсізсің,* көңілің қаяулы ма? Түнерген

аспандайсың жай алдында. Жаным-ау, саған қатер таянды ма?! Тіршіліктің тынысын бағып тұрған Кім екен тіл тигізген аяулыма? (М.Мақатаев, Шығ.).

КӨҢІЛСІЗДЕН= е т. *Жабырқау, ұнжырғасы түсу, еш нәрсеге зауқы болмау.* Жылқының ішінде аз тұрған соң, бірқалыпты айнала *көңілсізденіп,* Дарқанның іші пыса бастады (І.Жансүгіров, Әңгім.). Аз уақыт қолы бос жүрген күндерінде Дәулетқан өте *көңілсізденіп* кетті (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.).

КӨҢІЛСІЗДЕНДІР= е т. *Жабырқату, ұнжырғасын түсіру.* Кейде көп қызықтырып, кейде *көңілсіздендіретін* кездесулер осында өтеді (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Капиталистік құрылыс еңбек адамдарын рухани және дене пішіні жағынан жүдеу тартқызады, адамды *көңілсіздендіреді* (Семья тәрбиесі).

КӨҢІЛСІЗДЕНУ *Көңілсізден етістігінің қимыл атауы.* Мысалы, бір нәрсені жек көру, *көңілсізденудің* арғы атасы кейін қозғалудан шыққан. Ілгері қозғалу көңілденудің, бір нәрсеге ұмтылудың, мақсатты қозғалыстың түп атасы: ту басы бір таянышқа я тамаққа соқтығудан, соларға талпынудан туған (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨҢІЛСІЗДЕУ с ы н. **1.** *Ықылассыздау, немқұрайдылау.* – Қой, жәй, тек... – дей берем мен ішіме бір сыр бүккен адамша күмілжіп, *көңілсіздеу* дауыспен (Б.Аманшин, Жар.). Кертиіп *көңілсіздеу* үн қатады: – Апыр-ау, Жатыр неге Сәмен келмей (З.Шүкіров, Арал.). **2.** *Жабырқау, жадау.* Ал Мұраттың жүзі сынық, *Көңілсіздеу* ол неге? – Мұнда кел, – деп ертіп кірді Мені шеткі бөлмеге (М.Шаханов, Қасырлар.). *Көңілсіздеу* күдікті Қарғып өтпе, күте тұр, Сенімсіздеу үмітті Алғы беттен күте тұр (Ж.Нәжімеденов, Мезгіл.).

КӨҢІЛСІЗДІК з а т. **1.** *Ықылассыздық, немқұрайдылық.* Әке-шешесінен қалайда бір *көңілсіздік* байқаған ол көпке дейін кірпік іле алмады (А.Жүнісов, Өмір ізі). Көпшілігінің күткені болмай, *көңілсіздікке* бой алдыра бастаса, бәлен жыл жанкүйер болып үйренгендер: «Маусымның басы емес пе? «Қайрат» қыза келе қайрат көрсетпесе нағыл де», – десіп жатты («Жас Алаш»). **2.** *Жабырқаулық.* Балғын гүлдің шаттығын өмірсіз ғып, Қайдан шықты бұл мимырт *көңілсіздік*? Танымастай өзгертіп жіберді елді, Жастық шаққа жасалған сенімсіздік (М.Шаханов, Қасырлар.). Олардың осы күйі өзгелерге де әсерін тигізіп, ауыл-үй адамдарында ойын-күлкіден *көңілсіздік* басым (А.Хангелдин, Қараторғай).

КӨҢІЛШЕК с ы н. *Кісі көңілін жықпайтын, көңіл қимас, көңілі бос.* Бой түзеген, боркемік. Күлкігой, күйшіл, *көңілшек*! Қарт басқанның белгісі – Жексұрын саған көрінсек. Алармаңың алтау-ақ Алпысқа болдың берімсек (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Көңілшек* әке Шоқанның ұйқыда жатқан кезінде оятпай, жүріп кетуді ойлап еді (С.Омаров, Дала.). Ұрыншақ ат арық болар, *Көңілшек* жігіт жарлы болар (Мақал-мәтел). // *Кісі көңілін жықпайтын адам. Көңілшектің* жүрегі жаз – іші мұң, Тоздырмайды жақсылықтың ішігін. Есікте де елеусіз боп қалғам жоқ. Нәсіпте де Құдай берген кісімін (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

КӨҢІЛШЕКТЕУ с ы н. *Көңіл жықпайтын, көңілі бостау.* Судырлаған тергеуші жігіт те *көңілшектеу* жан екен, келгендегі тепсінген ызғарлы райынан лезде қайта қойды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш.). Ақыл сорлы ежелден *көңілшектеу,* Өтінішті қиын ғой қабыл етпеу (Б.Майлин, Таңд. шығ.).

КӨҢІЛШЕКТІК з а т. *Көңіл бостық, көңіл қимастық.* Сонымен бірге ол менің *көңілшектігімді* жазғыратындай (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.). Ал қызмет жөнінде Әнуар жолдастарына *көңілшектік,* ымырашылдық жасамайтын («Лен. жас»). Тәрбие мәселесіне еш уақытта *көңілшектікпен* қарауға болмайтынын айрықша атап көрсетті («Лен. жас»).

КӨҢІРКЕ= е т. ж е р г. *Бықсу, көңірсу.* Самаурыныңда шала бар ғой деймін, *көңіркеп* кетті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨҢІРСЕК с ы н. *Жағымсыз, иісті.* Ошақтағы оттың алауы есік алдын жарық етіп тұр, мұрынға сүттің *көңірсек* иісі келеді (Ө.Қырғызбаев, Әңгім.).

КӨҢІРСІ= е т. **1.** *Қоңырсып жаман, жағымсыз иіс шығу.* Кейде мұрныңды *көңірсіген* май, күкірт иістері тіліп өтеді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Төңіректегі ала көлеңке. Жер исі, *көңірсіген* шірінді исі бар (Х.Рахимов, Қызғалдақ.). *Көңірсіген* көң қыстап, Тау жырасын ел қыстап (Үш ғасыр.). **2.** *Босаңсу, бусану.* Қар кетіп, қара жер *көңірсіп,* күншуақтап тұр (І.Жансүгіров, Шығ.). Ол қалтыраған қолымен *көңірсіген* дымқыл топырақтың бір уысын алып бетіне басады (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Қар түспеген, құп-құрғақ болып *көңірсіп* жатыр екен, жұмсақтығына қызығып, жанбастап отыра кетті (С.Әбілқасымұлы, Оспан батыр). **3.** а у ы с. *Құлпыру, жайнау, жарасу.* Есігі өз алдына шағын ғана бөлмеге кіріп келгенде, Дәрмен, үйдің іші тым жұпыны емес, тап-түйнақтай әпәдемі, *көңірсіп* тұрғанын көрді (Ө.Қанахин,

Жер бас.). Ақыл-ой, ұшқыр қиял, қанатты арман, тайталас әңгімемен шартарапты осындай бір *көңірсіген* көңілді кеште солар шарламағанда кім шарламақ (Ө.Қанахин, Жүрек.). *Көңірсіген* көп дүниеден көз жазып қала бересің. Қызыңның көргенділігін көршіңнен сұра деген сол (О.Бөкеев, Үркер.).

КӨҢІРСІК с ы н. *Қоңырсыған сасық, бықсық (иіс).* Өртенген шөп, жусанның *көңірсік* иісі көзді ашы имтып, танауды қышытып, тыныстыны тарылтып барады (М.Жұмағұлов, Қыран.). Жақсы қатын жігіттің – Адам қылар жаманын, Ұшқыр қылар шабанын, Қойдың орны *көңірсік* (Майлықожа, Нақыл.). Қанша жүгірсе де, көк шоғыр жеткізер емес, ал мұрындарына *көңірсік* иіс те сезілер емес (Нан иісі).

КӨҢІРСІТ= е т. **1.** *Отты бықсыту, қоңырсыту.* Ана жақта шешесі *көңірсітіп* бауырсақ пісіріп, шай қойып жатыр (А.Нұрманов, Құлан.). **2.** а у ы с. *Орынсыз сөзді бастау, бірдеңенің шетін шығару.* Қарт Сандыбайдың тағы бірдеңені *көңірсітіп* келе жатқанын алдын ала сезіп, тыжырынып қалды (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

КӨҢІРСІТУ *Көңірсіт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әр нәрсені айтып *көңірсіту.*

КӨП ү с т. **1.** *Мол, қыруар.* Жамағаты жоқ мешіт – жетім, *Көп* наданның ішінде ғалым – жетім, *Көп* ғалымның ішінде надан – жетім (М.-Ж. Көпеев, Шығ.). *Көп* аруақ келді кіріп, *Көп* қиянат қылғаным. Кетті бетке бір түкіріп, Қақырықпен сулатып (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бұлардан басқа есепсіз *көп* залымшылық қылыпты (М.Дулатов, Шығ.). Естімеген – елде *көп* (Мақал). // *Халық, көпшілік, жұртшылық.* «Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемес» деген, қатын өсек сықылды быш-быштаған ұсақ күңкілдер *көптің* көмегіндегі жұмысты тоқтатып, елдің ілгері басқан аяғын кейін кетіре алмас (М.Дулатов, Шығ.). Жиған дүние *көпке* ортақ, жұртқа несіп (М.-Ж. Көпеев, Шығ.). О не дегенің, *көптің* тілегі көл емес пе? (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Көп* құлағы мақтаменен тығулы, Қасқыр қуып үріккен қойдай ығулы. Құбыжық бар десе, қорыққан баладай, Су жүрек боп сорлы қазақ бұғулы (М.Дулатов, Шығ.). Ерлерім – үздік өренім, Көрсетті *көпке* өнерін; Аяқтап боп зор істі, Тудырды шаттық жеңісті (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** *Едәуір, бірсыпыра.* Дос азайып, *көбі* сенен кетеді, Алдың сиреп, арттағылар жетеді. Жетпейді ешкім сол аңсаған тойына Өйткені ол той өлген күнінде өтеді (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Тойшының *көбі* тарап кетті (М.Әуезов, Қараш.). Жиналыста *көп* адам сөйледі, көп кемшілік айтылды (Адам және химия). Аз пұлменен *көп* қайрат Көрсеттің ерлік, сырттаным! Қазақтан шыққан жүйріктер Көрсетті көзге шабысын (М.Дулатов, Шығ.). **3.** *Ұзақ, талайға дейін. Көп* ізденіп, *көп* зерттедім ерінбей, *Көп* жыл бойы қалдым елге көрінбей. «*Көп* күттік», – деп жүрген шығар оқушым, *Көп* толғандым оқысын деп жерінбей (М.Хакімжанова, Аялы жан.). Кешіктім, *көп* отырдым тас қамауда Қарамен дәурен өтті күн санауда (Қаз. әндері). Аңсап жолыққан екі асық тар төсекте не айтысып, не қойыспайды; таң атқанша, іш-пыш-мыш... деп *көп* сыбырласты. Ол сыбдырды жазуға орман – қалам, аспан – қағаз, теңіз – сия болу керек... (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дүрсілі жүрегімнің басылмады, *Көп* тұрдым кеткендей боп салым суға. Ұялдым өзге жұрттан қасымдағы, Өзіңе жақын барып танысуға (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Азды көпке, ашты тоққа теңгерді. *Жағдайы төмен кем-кетіктерді ел қатарына қосты.* Отырып енді екеуі қосып басты, Халықтың қуандырып көңілін ашты. *Теңгеріп азды көпке, ашты тоқ қа* Жоқ қылды деген сөзді «алды, қашты» (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Иттен көп. *Толып жатыр.* Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза *иттен көп* (Абай, Тол. жин.).

Көп арналы байланыс. ә с к. *Арнайы аппаратура көмегімен байланыстың бірсымды сызығы арқылы бір мезгілде бірнеше сөйлесуді жүзеге асыратын байланыстың түрі* (ҚҰЭ).

Көп болса. *Мықтағанда, әрі кеткенде.* Сен айтпасаң, өзім айтам. *Көп болса,* келін осындай кісі екен деп кетер. Бұл не? Не өзіңнің тыныштығың жоқ, не балаңның тыныштығы жоқ... (М.Дүйсенов, Мейман.). – Мейлі, *көп болса,* бір жығылармын, – деп Сәрсен жайраңдап ортаға шықты (Т.Ахтанов, Дала сыры). Қайтыңдар, аттарыңды әуре қылмай, *Көп болса,* жеген шығар бір танаңды (Айтыс).

Көп жағдайда. *Көбіне-көп, көбінесе. Көп жағдайда* машинаны енгізу қоғам үшін пайдалы болғанымен, капиталист үшін пайдалы болмай шығады (Қысқ. саяси сөздік).

Көп жаса! а л ғ ы с. *Ұзақ өмір сүр, өмірлі бол. Көп жаса,* қарағым, өркенің өссін! – деді Ақәжем оған (М.Дүзенов, Ақәже). *Көп жаса,* ұмытпайтын жігіт екенсің! – деді Есенбек оған (М.Иманжанов, Менің махабб.). Сәлем айтқан Кенен атаң, *Көп жасаңдар*, берген батам. Баршаңызға сәлем айтам, балалар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көп жасады. *Ұзақ өмір сүрді.* Қобыланды *көп жасап,* мұратына жетіпті (М.Ғабдуллин,

Қаз. ауыз. әдеб.). Өмірден алған сыйлы сыбағаны, Қарт малшы *көп жасауға* құмар әлі (С.Сейітов, Бетпе-бет). *Көп жасаған* білмейді, көпті көрген біледі (Мақал).

Көп [көпті] көрген. *Өмірдің жақсы-жаманын басынан кешірген.* Бірақ осы жалығу деген, әрнені көрем деген, *көп көрген,* дәмін, бағасын, бәрінің де баянсызын біліп жеткен, ойлы адамнан шығады (Абай, Тол. жин.). Бар мен жоққа жасап бірден қанағат, Жапан дүзде қараша үйді паналап. Тоғыздағы ұл, тоқсандағы қарт тұрды, *Көпті көрген,* кең дүниені аралап (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Көпке топырақ шашты. *Көпшілікке қарсы шықты. Көпке топырақ шашасың ба,* Құдайдың салғанына көндік те отырдық (Б.Майлин, Шығ.). Шәріпхан, дегенмен, ақылды жігіт қой, *көпке топырақ шаша алмайтын ын* тез түсінді (Д.Еркінбеков, Шығ.).

Көп нүкте. лингв. *Айтылмай, түсіп қалған ойды, аяқталмай қалған сөйлемді т.с.с. білдіру үшін қойылатын тыныс белгі.* Сөз орнына қоямын мен *көп нүкте, Көп нүктенің* көп айтары көбірек (Қ.Мырзалиев, Шығ.)

Көппен көрген ұлы той. *Көпшілікпен болу, жұртпен қатар нәубет көру.* Ендігі жұбаныш – жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, *көппен көрген ұлы той,* көппен бірге болса, болады да дегенді жұбаныш қылады (Абай, Тол. жин.).

Көптің дүрмегімен. *Көптің ықпалымен, көпшілікпен бірге. Көптің дүрмегімен* шауып келе жатқан Балуан Шолақ бір кезде жан-жағына қараса, әркімдер айналасында басып озып кетіп бара жатыр (С.Мұқанов, Шығ.).

КӨПАЯҚТЫЛАР зат. зоол. <лат. myriapoda> *Буын аяқтылардың бір класына жататын, дене пішіні құрт тәрізді бунақты, бірнеше аяғы бар жәндіктер.* Жер қыртысынан табылған тас қалдықтарға қарағанда, ең ертедегі құрлық жануарлары – шаяндар, *көпаяқтылар* және қанатсыз насекомдар болған (Жалпы биология).

КӨПБАЛАЛЫ сын. *Туған баласы көп үбірлі-шүбірлі. Көпбалалы* анаға, Күнің, түнің бәрі бір (Партия тур. жыр). Өз ақылын қойған адам күзетке Бәрін ұғар, Бәрін байқар мезетте. Перзенті жоқ ата-ананың алдында *Көпбалалы* үй жөнінде сөз етпе! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

КӨПБУДАНДЫЛЫҚ зат. биол. *Бірбірінен бірнеше белгілер бойынша ерекшеленетін дарақтарды жұптастыру нәтижесінде алынған гетерезиготты будан* (ҚҰЭ).

КӨПБҰРЫШ зат. геом. *Кез келген түйық сынық сызық.* Мәселен, берілген шеңберге іштей алдымен квадратты сызып, содан кейін оның қабырғаларын екі еселеп сегізбұрышты, онан кейін оналтыбұрышты сыза берсе, яғни бұл процесті әрі қарай да орындай берсе, іштей сызылған *көпбұрыштар* тізбегі шығар еді (О.Жәутіков, Жоғары математика.). Мысалы, егер шеңберге іштей сызылған *көпбұрыштың* қабырғаларының санын шексіз арттырсақ, онда әр қабырғаның ұзындығы шексіз аз шама болып шығады да, шеңбердің ұзындығы мен көпбұрыштың периметрлерінің айырмасы шексіз аз шамаға айналады (О.Жәутіков, Жоғары математика.). Мәселен Лю Хуэй (б.з. III ғ.) дөңгелекке іштен және сырттай 3072–бұрышты *көпбұрыштар* сызу арқылы π=3,14159 мәнін табады (А.Көбесов, Математика).

КӨПВЕКТОРЛЫ: көпвекторлы саясат. саяси. *Бірнеше бағыт-бағдарды, көпжақты бағытты ұстанатын саясат.* Біз нағыз *көпвекторлы саясат* жүргізуіміз керек. Себебі ол – Қазақстанның басындағы қалыптасқан жағдай («Жас Алаш»). Оның үстіне біз олардың еңбегін, білімін пайдаланамыз. Сондықтан ұлт жөнінде *көпвекторлы саясат* жүргізуге мәжбүрміз («Түркістан»).

КӨПДАУЫСТЫ сын. муз. *Бірнеше дауысты, бірнеше музыканы қамтыған.* Мен Ахмет Қуанұлының *көпдаустыұлттық* оркестрді құруы – аса елеулі, сонымен қатар тарихи еңбек деп санаймын (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

КӨПЕ зат. жер г. ***Көпене.*** *Шөмеледен кішілеу астық, шөп үйіндісі.* Жүз гектардан артық жердің астығы жаңбырдың астында маялаусыз *көпеде* шіріп жатыр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨПЕЙ сын. **1.** *Кеш туылған, кенже туылған (төрт түлікке қатысты).* Жем жеп шыққан *көпей* қозының біреуін алдыра ғой (С.Мұқанов, Ботагөз). Итемген үлкен өгіздің қасында мұрнын шүйіріп, қорқып тұрған *көпей* торпақ секілді (Ғ.Мүсірепов, Тула. толқын.). Жалғыз-ақ, жүні түспеген *көпей* тайынша құсап, қойшы-малшылар ғана жалбажұлба тері тон мен жабағы күпісін тастай алмайды (Ғ.Мүсірепов, Ананың анасы). **2.** *Әлжуаз, әлсіз.* Сыртын май балшықпен сылаған қараша үйлер күзгі жауыннан зәрезап болғандай құнысып, мықшиған *көпей* күшіктер тәрізді (С.Жүнісов, Ақан сері).

КӨПЕЙІРЕК с ы н. *Кенжелеу, кішірек.* Бұзау болыстың алдына барып едім, Ол байлады бір *к ө п е й і р е к* құла құнан (Айтыс).

КӨПЕК с ы н. *Тапал, ұсақ.* Көшені шаңдатып мына *к ө п е к* сиырлар келе жатқанда, өзінің туып-өскен деревнясы есіне түсіп, Галяның көңілі бір селт етеді (Т.Ахтанов, Дала.). Әлгі бір анадайдан кәукілдеп, жүгіріп шығатын шабалақ *к ө п е к* иттер болушы еді ғой (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Сен ауылда үрген *көпек* ит. Мен – азулы арлан бөрі едім (Ақберен). Табалдырықтың астында тығылып жатып тақымынан алатын *к ө п е к* иттей бір-бір шөпжелкенің бауырына кіріп ап, бұтымен бақан сермеген өңшең пышанамыз-ау! (Қ.Ысқақов, Түйық).

КӨПЕ-КӨРНЕУ ү с т. *Көз алдында, ашықтан-ашық, көрінеу көзге.* Аңдысқан екі жақ әуелі бірін-бірі ықтырып тастағысы кеп, *к ө п е-к ө р н е у* даудан бастады (Ә.Кекілбаев, Дала.). Арбаң сынып қалғаны болсын себеп, Айтуға кешіккенім сол үшін деп. Тік жолмен жүре алмадым деген сөзің, Емес пе *к ө п е-к ө р н е у* алдаған еп? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). «Қош, Баба, бата бер!» – деп тұра келді, «А, Құдай, сақтай көр...», – деп бата берді. Жөнелді күрең атпен сырылдатып, Ажалға *к ө п е-к ө р н е у* байлап белді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Талант – *к ө п е-к ө р н е у* аңғыртсыну, Аңғыртсыну, әдейі – салғыртсыну («Қаз. әдеб.»).

КӨПЕНЕДЕЙ с ы н. *Көпенеге жуық, көпене сияқты.* Беткейде қарамы *к ө п е н е д е й* ғана көмір үйіндісі жатыр (F.Мұстафин, Қарағанды). Таңдайлай жапқан әдемі қызыл күрең черепицаның сынын бұзып, бір *к ө п е н е д е й* сабан үйіпті төбеге (F.Мұстафин, Миллионер).

КӨПЕНЕЛЕ= е т. *Шабылған шөпті кішігірім етіп ұю, шөмелелеу.* Сыздық шалғышы жігіт, әйелі кеше шабылған шөпті жинап, *к ө п е н е л е п* жүр (F.Мұстафин, Дауыл.). Кішкене трактор аран тістерімен кепкен кірені жеңіл *к ө п е н е л е п* барады («Лен. жас»).

КӨПЕНЕШІ з а т. *Шөпті үйіп, шөмеле жасайтын адам.* Комбайнер Алексей Конопольченконың агрегатына келіп, оның адамдарымен танысқанымызда ол өзінің штурвальный Владимир Цыганюк деген Ленинград медицина институтының III курс студенті, *к ө п е н е ш і* Валя Ефимова, ол да сол институттың сол курсының студенті екенін айтты (Ә.Нұршайықов, Жер тур.).

КӨПЕС ор. з а т. т а р. *Жекеменшігінде сауда жасау үшін өнім беретін кәсіпорны бар ірі саудагер.* Революцияға дейінгі Қостанайда әйгілі татар *к ө п е с і* Наримановтың екі қабат дүкені көзге түсетін (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). – Керекуден Қарабай *к ө п е с* келген екен, – деп ол тұра жүгірді (Д.Әбілев, Арман.). Доңған, үйғыр, ілеуде бір қытайды көреміз. Ептеп баяғыда өтіп кеткен орыс *к ө п е с т е р і* де тұрады (О.Бөкеев, Өз отың.).

КӨПЕСШЕ ү с т. *Көпеске ұқсап, көпес сияқты.* Енкидзе бай *к ө п е с ш е* киінген, Қолында кіршіксіз ақ биялай (Т.Әлімқұлов, Бозжорға).

КӨПЕСІМСІ= е т. э к с п р. *Көпес екенін мақтан ету, көпес болғансу.* Қарабай төргі бөлмесіне бұрынғы қалпымен *к ө п е с і м с і п* көпсіп енген еді (Д.Әбілев, Арман.).

КӨПЖАҚ з а т. г е о м. *Бірнеше шектеулі көпбұрыштан құралған бет.* Лука Пачолидің «Тәңірлік пропорция туралы» кітабында сәулет өнерінің, математиканың «алтын қима», дұрыс көпбұрыштар, *к ө п ж а қ т а р* т.б. мәселелері баяндалады (А.Көбесов, Математика.). Пифагор және пифагоршылар геометрияны тек қана практикалық қажеттіліктен туған есептерді шешу әдістерін баяндайтын практикалық геометриядан бүтіндей бөліп қарап, оны үшбұрыш, төртбұрыш, *к ө п ж а қ т а р* сияқты абстракциялық (дерексіз) фигуралардың қасиеттерін жан-жақты да жүйелі түрде зерттейтін ғылым дәрежесіне көтереді (А.Көбесов, Математика.).

КӨПЖАҚТЫ с ы н. *Жан-жақты.* Бағзыдан келе жатқан қазақи құндылықтар – екіжақты, *к ө п ж а қ т ы* процеске таптырмайтын негіз («Жас Алаш»).

КӨПЖАҢҒАҚША з а т. бот. <лат. multinucula> *Бір-бірімен бірікпеген, ұсақ жаңғақшалардан құралған, қақырамайтын құрғақ жеміс.* Итмұрынның жеке жаңғақшалары – құмыра тәрізді кеңейген гүлтұғырының ішіне орналасқан *к ө п ж а ң ғ а қ ш а* (Қаз. тілі. термин. Биология).

КӨПЖАПЫРАҚША з а т. б о т. <лат. multifolliculus> *Өзара бірікпейтін бірнеше жапырақ пішінді жемісшелерден тұратын, бауыр жігінен ашылатын құрғақ жеміс.* Қытай лимоннигі өсімдігінің *к ө п ж а п ы р а қ ш а* жемісі жидек тәрізді шырынды болады (Қаз. тілі термин. Биология).

КӨПЖЫЛДЫҚ с ы н. б о т. *Екі жылдан артық тіршілік ететін, жыл сайын гүлдеп, жеміс беретін ағаш, бұта, шөптесін өсімдіктер. К ө п ж ы л д ы қ* өсімдіктерді, тамыр, көген тамыр түйінін немесе тіпті үшінші жылдың күзінде қазып алу керек (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). Дала қырықбуыны *к ө п ж ы л д ы қ*

өсімдіктер қатарына жатады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Алоэ – лалагүлдер тұқымдасына жататын *көпжылдық* шөптесін өсімдіктердің бірі («Халық мұғ.»).

КӨП-КӨГІЛДІР с ы н. с ө й л. *Ашық көк.* Аспан шайдай ашық, *көп-көгілдір.* Сылдырап күміс бұлақ ағып жатыр (Р.Тоқтаров, Тұлпар.). Жасыл желек табысқандай, *Көп-көгілдір* аспан ашық (Қ.Жармағамбетов, Сырлы тал).

КӨП-КӨПТЕН ү с т. *Молынан, көбінен.* А.Твардовский, Н.Тихонов, М.Исаковский, тағы басқалардың лирикаларынан *көп-көптен* оқимыз (Ә.Тәжібаев, Өмір.). Олар Қалидың наны тәтті екендігін білгеннен кейін *көп-көптен* сатып алғыш болады (Қаз. ертег.).

КӨП-КӨРІМ с ы н. ж е р г. *Әжептеуір, жап-жақсы.* Өзі бір кезде Мәскеуде болған екен. Біздің мәдениеттен *көп-көрім* хабары бар (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай.). Кино деген теп-тегін, Болып тұрар күнара. Бақшасы бар *көп-көрім* Парк сынды бұл ара (Ә.Дүйсенбиев, Көңілді.). Босаға, бөстегін, Меншік қып *көп-көрім.* Бір күшік өскелі, Балағым жоқ менің (Ж.Нәжімеденов, Ұлым.).

КӨПҚҰДАЙЛЫЛЫҚ з а т. *Әртүрлі заттар мен құбылыстарға табынушылық.* Сенім бар халықта бірдей, тек фольклорлық өрнек әрқилы, ол *көпқұдайлылықтың* айшықты дүниесі, адамзаттың балалық шағын сипаттайды («Қаз. әдеб.»).

КӨПҚҰДАЙШЫЛ с ы н. *Түрлі заттар мен құбылыстарға табынғыш.* Ислам орнаған дәуірде бұл қатарға мұсылман қауымына іштей қарсы бұрынғы *көпқұдайшыл* мүшіріктер мен діннен шыққан мүртеттер сыналап кіргені байқалады («Жас Алаш»).

КӨПМҮШЕ з а т. м а т. *Қосу не азайту белгілері арқылы берілетін бірнеше бір мүшеден құралған алгебралық өрнек.* Ол әуелі бүтін алгебралық *көпмүшенің* экстремумын табудың жалпы ережесін тұжырымдайды (А.Көбесов, Математика).

КӨПНОҚАТ з а т. з о о л. *Дене түрқы 7–9 см болатын, басын төмен салып жүзетін балық. Көпноқат* судың химиялық құрамын онша талғамайды, су түбіне түскен кез келген жемді қорек етеді (Қ.Қайымов, Суасты.). Ұрпақ салуға дайындық кезінде *көпноқат* кәдімгі балықтарша суда түзу жүзеді (Қ.Қайымов, Су асты.).

КӨППАЛАТАЛЫ с ы н. қоғ-саяси. *Бірнеше палатадан тұратын.* ≈ *Көппалаталы* парламент.

КӨППАЛАТАЛЫЛЫҚ з а т. қоғ.-саяси. *Көп палатадан тұратындық.* Кейін *көппалаталық* қоспалаталықпен ауысты («Егемен Қазақстан»).

КӨППАРТИЯЛЫ с ы н. *Екі немесе одан көп партиядан тұратын.* Әрбір азаматтың ой-пікірі тегеурінді парламент, еркін баспасөз, *көппартиялы* жүйе, үкіметтік емес ұйымдар арқылы жұртшылыққа жететіндей жағдай жасалып отыр («Егемен Қазақстан»).

КӨППАРТИЯЛЫЛЫҚ с ы н. қоғ.-саяси. *Екі немесе одан да артық партиядан тұратын.* Сірә да саяси пікір әралуандығы мен *көппартиялылық* жағдайында 1937-1938 жылдары бүкіл елді жайлаған шектен шыққан жүгенсіздік, жаппай құғын-сүргін, атып-асу болмас еді ғой (Д.Қонаев, Өтті дәурен.). Бізде партия көбейіп, ертең мемлекетіміздің ішкі тұрақтылығы бұзылып жатса, *көппартиялықтан* не пайда? («Жас Алаш»).

КӨППЕ с ы н. *Мақтаншақ, бөспе, күпсіме. Көппе* тентек болсаң да, көпке тентек болма (Мақалнама). // *Мақтаншақ, бөспе адам.* Осындай өр кеуде *көппелер* бір халықты екіншісімен өшіктіріп келеді (А.Сатаев, Дала.). Меніменен айтысқан, Сендей талай *көппенің* көкірегі басылған (Жамбыл, Тол. жин.).

КӨППОЛИПЛОИДТІЛІК з а т. б и о л. *Агза жасушаларында хромосома жиынтығының артуынан пайда болатын, тұқым қуалайтын өзгергіштік. Көпполиплоидтерді* автополиплоидия (бір түрге жататын организмдердің хромосома жиынтығының еселеніп артуы) және аллополиплоидия (әріден будандастыру негізінде хромосома жиынтығының еселеніп өзгеруі) деп екіге бөледі (Қаз. тілі термин. Биология).

КӨПСАЙЫС з а т. с п о р т. *Спорттық ойынның бірнеше түрі (жүгіру, секіру т.б.) біріктіріле, бірден өтілетін жарыс. Көпсайыстан* күш пен өнер сынасу – жас өспірім қыздар, жас өспірім жігіттер топтары бойынша жүргізілді («Спорт»). Людмила Титованың *көпсайыс* қорытындысында қолы жеткен табысы жанкүйер қауымды қатты қуантқандай («Спорт»).

КӨПСАЛАЛЫ с ы н. *Әр жақты, жанжақты.* Колхоз шаруасы бір жүйемен ғана өсудің орнына әр жүйемен *көпсалалы* болып көркейе бермек (Ж.Саин, Жол.).

КӨПСАТЫЛЫ с ы н. *Бірнеше сатыдан тұратын.* ≈ *Көпсатылы* салық.

Көпсатылы құлама. с у ш а р. *Су жоғары деңгейінен төменгі табанына дейін бірнеше бөлшекке бөлінген су құламасы.*

Көпсатылы ракета. ә с к. *Әрқайсының жеке отынды қозғалтқышы мен басқару тетігі бар*

бірнеше жекелеген бөліктен тұратын ракета. Отынның жану шамасына қарай *көпсатылы ракеталардан* керек емес болып қалған сатылары бөлініп қалады да, шыққан газдың пайдалы жұмысы қолданымдағы немесе алдағы уақытта қолданылатын ракета бөліктерінің ғана жылдамдығын арттыруға жұмсалады (Қаз. тілі. термин. Әскери.).

КӨПСӨЗДІ с ы н. *Көп сөйлейтін, сөзуар, мылжың.* Қадес *көпсөзді* болғанмен, аузының желімі күшті адам (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Мінезі жеңіл-ақ, біздермен әзілдесе береді, әрі *көпсөзді* жігіт (С.Еркебаев, Алғашқы.).

КӨПСӨЗДІЛІК з а т. *Оңды-солды көп сөйлейтіндік, бөспелік.* Саясаттағы жаңа бетбұрыс пен тенденцияға өріс ашу керек болса, сонда ғана сөйлейтін. Бөспелікке, *көпсөзділікке* ұрынбайтын, оған үйір емес болатын («Егемен Қазақстан»).

КӨПСҰЙЕКТІ с ы н. б о т. <лат. multidrupa> *Өзара бірікпейтін бір гүлдегі жеке орналасқан аналықтан түзілген, ішінде бір ғана тұқымы бар сүйекті жемісшелерден тұратын.* ≈ *Көпсүйекті* жеміс.

КӨПСІ= е т. **1.** *Көтерілу.* Қамыр ашып, *көпсіді,* одан пісірілген нан сіңімді де, дәмді де болады (Т.Таубаев, Жасыл әлем). **2.** *Қопсу, күпсек болу.* Қары *көпсіп* жататын бұйра құмда мал өте күйлі болады (С.Бегалин, Очерк). Лайы өткен жылдың *көпсіп* жатыр. Жүніндей арық қойдың жұлған жүндеп (Айтыс). **3.** *Бөрту, ісіну.* [Сөкті] ыстық суға жібіте қойса, *көпсіп* жарты табақ сөк боп шыға келеді деп шамалады (А.Байтанаев, Қайнар). **4.** *Күлтелену, ұлпалану, ұлпілдеу.* Күнге *көпсіге ен* бір уыс мақтадай, сұлудың денесі бір арба көмірдің астында қалғандай көзден ғайып болды (Мың бір түн). **5.** *Көпіршу, шым-шым ету.* Жата қалып тісіммен де, қолыммен де көк шөпті жұлғыладым. Тырнағымның арасынан *көпсіп* қан шықты (Қ.Сәрсекеев, Кілт). **6.** *Бұрқырау, борпылдау.* Шаңытып жатқан боз даладан шаңы *көпсіген* қара жол шықты (Ә.Тарази, Асу). Анадайда қара күрең болып *көпсіп* жатқан аңыздың ішінде қарғалар қаптап жүр (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). **7.** *Бусану.* Енді құла айғырдың қалың жалдары төгіліп, ұзын кекіл мен күлте құйрық бәрі де қырауытып, шаңыта түсіп, *көпсіп* тұр (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Үстім *көпсіп,* терлеп барам. Жаңа киімдерімді сонда да шешкім келмейді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Осы кезде қара суық жаланып шыға келеді. *Көпсі* бастаған жер тоңын келесі күннің шуағына жеткізбей ширата түскендей екіленіп қатая береді (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.).

КӨПСІК с ы н. *Көпсіген, ұлпаланған, борпылдақ. Көпсік* қалың қар басып, аппақ боп созылған жазық жер бетінен дәрі түтіні бұрқ-бұрқ етті (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Отар жатқан ойпаң *көпсік* қармен көмілініп қалыпты (С.Әлжіқов, Дала.). Шіл жапырлай жер бауырлап, сайдағы *көпсік* қарға сүңгіп кеп кетті (С.Бегалин, Уақыт.).

КӨПСІН= е т. *Көп көру, артық деп санау. Көпсінгенің* мен болсам, өлтірерсіз, Мақсаттарыңды орнына келтірерсіз (Ғашықтық дастан.). Аз білгенін *көпсінсе,* Көп қазаққа епсінсе, Кімге тиер панасы (Абай, Тол. жин.). Ғасырлар, дәуірлермен өтсін мейлі, Сендерді намыс үшін кекшіл дейді! Алысқан Отан үшін ардагерлер, Сендерді өмір мәңгі *көпсінбейді* (М.Мақатаев, Шығ.). Күндер-ау, күндер, көктемдер, Қасымнан менің кетпеңдер! Әуелде неге жараттың, *Көпсінсең* мені, көк пен жер?! (М.Мақатаев, Шығ.).

КӨПСІНУ *Көпсін етістігінің қимыл атауы.* ≈Бергенін *көпсіну.*

КӨПСІНУШІ зат. *Көп көруші, көп деп санаушы.* Бірақ сол үшеудің өзін *көпсінушілер* биыл көбейіп кетті (Т.Әлімқұлов, Туған.).

КӨПСІТ= е т. **1.** *Аударып, қопару, қопсыту,* Бағылан соны айтты да, кеше өзі *көпсітіп* тастаған топырақтың үстіне от жаға бастады (Ә.Әбішев, Ғаламат). **2.** а у ы с. *Асыра айту. Көпсітіп* өзіңді-өзің мақтағанда, Етегің мол жайлаудай кең боп жүрсін (Айтыс).

КӨПСІТУ *Көпсіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Аудару, қопару, қопсыту.* Өйткені топырақты *көпсіту* арам шөпті құртумен ғана байланысты емес (А.Балтабаев, Жасыл орман.). **2.** а у ы с. *Асыра сөйлеу.* Сөзбен *көпсіту,* созбалау бұған да жатпайды (М.Әуезов, Абай жолы).

КӨПСІТІЛ= е т. *Аударылу, қопсытылу.* Тұқымдар аралығындағы жарыса шыққан арам шөптері жұлынып, тұқым түптері *көпсітіле* бастайды (А.Балтабаев, Жасыл орман).

КӨПТЕГЕН ү с т. *Бірқыдыру, бірталай, едәуір.* Бүгінгі шабуыл да сәтті болды. Жаудан *көптеген* селоларды тартып алдық және көшжер ілгері барып қалдық (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Бұл бөлмеде Чеховтың жазушылық жолын баяндайтын *көптеген* суреттер, материалдар, кітаптар тұр (Ә.Нұршайықов, Алтын.).

КӨПТЕЙ ү с т. *Көпке балап, көп секілді.* Ардақты ағалар, ақ ниетпен ұсынған азғана асымды *көптей* көріп татыңдар, – деді ол (Ә.Әбішев, Терең.). Рай аздүниеңөзін *көптей* көріп, қолындағы барды басқа кісілермен бөліскісі кеп тұрады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Кейбіреу аздың өзін *көптей* тұтып, ісімен разы етер бар маңайын (М.Әшірбеков, Белестер).

КӨПТЕН үс т. *Баяғыдан, ертеден, ежелден.* Ақан Райханды *көптен* көрген жоқ, сағынады, жүрегі тулап алып қашады (З.Шашкин, Өмір.). *Көптен* тату қимасың, Басыңа жұмыс түскен күн, Татулықты бұрынғы, Не қылып ол ойласын (Абай, Тол. жин.).

КӨПТЕНГІ үст. сөйл. ***Көптен бергі*** ***≈ Көптенгі*** арманы.

КӨПТЕП үс т. *Молынан, көп етіп.* Нұркеннің сол арманы – көк маржанды *көптеп* табу ісі орындалды, – деді жігіт, Қадиша берген орамалды алып (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). ...Москвада оқып жүрген Қазақстан жастары *көптеп* саналады («Лен. жас»).

КӨПТЕП-КӨЛЕМДЕП үс т. *Жабыла кірісіп, бас қосып.* Қыс ерте түскендіктен, қырда тасылмай қалған қырық шақты маяны *көптеп-көлемдеп* баз басына тасып алуды ұйғарған (Самғау). Кешегі қара суықтан кейін сабалап жауып кеткен алғашқы қармен араласа қимылдап жүріп, *көптеп-көлемдеп* жерқазба салып алды («Лен. жас»).

КӨПТЕП-КӨМЕКТЕП үс т. *Баршасы бірігіп, қауымдасып, көптеп-көлемдеп. Көптеп-көмектеп,* Қарағөзді жазсақ не етеді (М.Әуезов, Қараш.). Олай болса, *көптеп-көмектеп,* қауым болып омарта шаруашылығының кең өрісін ашу керек («Лен. жас»). Шешесі «...өз отаныңнан, өз қауымыңнан безсең, мен де сенен безем, аналық ақ сүтімді екі дүниеде де кешпеймін!» – деп екі ескертіп, не керек, қақпайлап-қаумалап, *көптеп-көмектеп,* жаңағы қыздың қытай жігітінен көңілін суыта алған ғой («Жас Алаш»).

КӨПТЕС= е т. *Көп болысу, бірлесу.* Ағайын, дос-жора қолда барымен *көптесіп,* мал сойып, тойлады (Б.Серкебаев, Өткенде). Осы Балзияны *көптесіп,* Асайынға қоссақ қайтеді деп бір ойлады (С.Омаров, Өмір.). Ұрандасып, *Көптесіп,* Білектесіп, күш қосып Еңбекке қол қойған кім (І.Жансүгіров, Шығ.).

КӨПТЕУ с ы н. *Молырақ, көбірек.* Осы қалпына қарап, шал арбаға шөпті *көптеу* тиеп жібердім бе?.. деп ойлады (Т.Нұрмағамбетов, Қош бол.). Бергенінен беретіні *көптеу* ме деген оймен киімін молдау етіп алуыма тура келді (С.Шаймерденов, Өмір.).

КӨПТЕУІЛ з а т. к ө н е. ә с к. *Түнгі қарауыл.* Оны түн болған соң алдына салып айдап алып, соның көмегімен *көптеуілде* тұрған жүз қалмақтың қаруын сыпырады (Б.Қыдырбекұлы, Шығ.).

КӨПТОМДЫ с ы н. *Бірнеше томнан тұратын.* ***≈ Көптомды*** шығарма.

КӨПТОМДЫҚ з а т. ә д е б. *Бірнеше томнан тұратын шығармашылық еңбек, шығармалар жинағы.* Көп кешікпей, отызыншы жылдары айдалып кетіп, сүйектері жат жерде қалған құрбан классиктеріміздің алдымен қалың-қалың біртомдықтары, іле-шала *көптомдықтары* жарық көре бастады («Жас Алаш»). Мәскеуде басылған «Көпұлтты кеңес әдебиетінің тарихы» атты *көптомдық* авторларының бірі болды («Түркістан»).

КӨПТІ-АЗДЫ үс т. с ө й л. ***Азды-көпті.*** Жауабын осы хаттың былай жазды, «Сен ондай қайдан таптың өнерпазды?». Күшіңді күні ертең мен көрейін, Жинай бер әскеріңді *көпті-аздыы* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Қызы бар Ұлдай деген Жазылбектің Сөйлесе құрбысымен әзілге епті. Бір күні хат жазыпты сегіз салға, Өкпе-наз, әзіл айтып *көпті-аздыы* (Айтыс).

КӨПТІК з а т. *Молдық, баршылық.* Ата-енесінің, байының ізінен шығайын деген секілденіп келіншек те: – Жұмысының *көптігінен* ағаш жарып беруді де қойды, – деп бір түйреп өтті (Б.Майлин, Шығ.). Ауылыңды тағы қалған түгел жина, *Көптікті* көрсететін іс ойласаң, Сыя алмас уысыңа барлық Қыпшақ. Жауап сол, саған айтар тіл алмасаң (И.Байзақов, Құралай.). *Көптік* қайда болса, тоқтық сонда (Мақал-мәтел).

Көптік жалғау. л и н г в. *-Лар -лер... аффикстері арқылы жалғанған, сөзге көптік мағына үстейтін қосымша. Көптік жалғау* жалғанған сөз өзіне тікелей қатысы бар басқа, сөзбен бір жағынан қиыстыру үшін, бір жағынан, дараландыру үшін қолданылады (Қазіргі қаз. тілі). Сын есім зат есімге: – Тоқтат! – деді, Мұныңнан кім сескеніп қорқат, деді, Еншіңе *көптік жалғау* тиген емес, Бұл – біздің бәрімізге ортақ, – деді (Т.Жабаев, Із).

КӨПТІЛДІЛІК з а т. *Бірнеше тілді қамтушылық, бірнеше тілде сөйлеуіштік.* Сонымен бірге, екінші сыныптан бастап шет тілі мен информатика негіздерін зерделеу, оқу процесіне *көптілділікті,* ықпалдастырылған курстарды, таңдау бойынша курстарды енгізу көзделіп отыр («Егемен Қазақстан»).

КӨПТІР= е т. *Түймедейді түйедей етіп, молайтып, асырып айту.* Тоғызов қайталап сұрағанда Ешберген істелген жұмысты ылғи өсіріп, *көптірін* айтты (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Үлкен орындағы төре екен! Орынборда қызмет қылады екен! – деп *көптірді* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бейбіт өмір – игілікке біз құштар, Тоқтата алар бізді тежеп не күш бар? Бірақ «соғыс» деген сөзді *көптірін,* Сумаңдап жүр соғысқұмар жыртқыштар (М.Әлімбаев, Биікке.).

КӨПТІРМЕ с ы н. *Бос сөзді, бөспе.* – Сол *к ө п т і р м е* сөз неге керек? – деді Нұрбай (Т.Нұртазин, Мұрат.). Әйелі Ақсүйрік өсекші, мақтаншақ, *к ө п т і р м е* болды (Б.Майлин, Шығ.).

КӨПТІРМЕЛЕУ с ы н. *Бөспелеу, бос сөзділеу.* Өз басыңды білмеймін, ал сенің әкеңді көріп едім... Тақыр *к ө п т і р м е л е у* болатын. Қызыл сөзді желге шашқан, дуасыз ауыздың нағыз өзі еді ғой, – деп, кеудесін көтеріп, кеңкілдеп қойды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

КӨПТІРУ *Көптір етістігінің қимыл атауы; асыра айту.* Серкештің мінезі бұрыннан белгілі, даңғойлау, құлағы шалғанды *к ө п т і р у г е* құмар, сондықтан мұндағы жұрт оның кей сөзіне сенсе, кей сөзіне сенбейтін (А.Нұрманов, Құлан.). Бұл кісінің шын аты – Ақбура, ...соның бірі ауыл үйдің қаңқу сөзіне, біреуді екеу қылып *к ө п т і р у г е* әуес (С.Талжанов, Ұлдай.).

КӨПҰЛТТЫ с ы н. *Бірнеше ұлт өкілдерінен құралған.* ≈ *К ө п ұ л т т ы* мемлекет.

КӨПШЕ с ы н. *Көптікке тән, көпке қатысты.* Ол кемшіліктерді *к ө п ш е* ұғымның жекеше тармақтарынан іздеген лөзім (І.Омаров, Серпін).

КӨПШЕЛЕН= е т. л и н г в. *Көптік форманы қабылдау.* Тұйық рай дербес қалпында етістік есім болып ұғынылады да, есімдерше септеледі, *к ө п ш е л е н е д і* (Қазіргі қаз. тілі).

КӨПШІК з а т. **1.** *Ішіне жұн, мамық салынған, өрнектелген төртбұрышты жұмсақ жастық.* Қойшы бала оны шақыруға кетті де, Есенәлі, үлкен мамық *к ө п ш і к т і* шынтақтай қисайып, әңгімесін жалғастыра берді (Ж.Тілеков, Шалғай шеп.). Диванда томпиған, томпиған кішірек кестелі *к ө п ш і к т е р* ... көзге ілінетін басқадай зат жоқ (З.Шашкин, Доктор.). Аштым деп бір жаңалық ерлеп шықтым, Қане, дос, жантаяйын, бер *к ө п ш і к т і.* Тапқаным, жаңа деп ем жан баспаған – Талайлар таптап кеткен жер боп шықты (Ж.Нәжімеденов, Қызғалдақ.).

Көпшік қойды. *Өтірік дәріптеді; дем берді.* [Мүслім] Телефонның құлағын көтеріп, әуелі қалалық партия комитетінің номерін теріп, Базаровтың көмекшісіне *к ө п ш і к қ о я* мақтап алды (З.Шашкин, Теміртау). Оларды бүгін осы өңірдегі «ең жақсы», «ең қадірлі», «ең тамаша өжет жандар» деп, Есентай *к ө п ш і к қ о й ы п* алдаусыратып, қолтықтап дем берген болатын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). «Біздің Қартекең күлістің Құдайы ғой» деп, әлсін-әлсін *к ө п ш і к қ о й ы п,* көтермелеп те алады (С.Әлжіков, Күле көрме.).

Көпшік қыстырар. э т н. *Күйеу атына балдыздардың біреуін мінгізген әйелдің алатын кәдесі, алымы.* Күйеуді алып келу үшін барған жеңгесі күйеудің атына балдыздардың бірін мінгізерде ат көрпенің астынан *к ө п ш і к қ ы с т ы р а р* алады. Бұл кемінде көйлектік матадан кем болмауы керек (А.Жүнісов, Бабалар.).

КӨПШІК-КӨРПЕ з а т. ж е р г. *Көрпе-жастық, төсек-орын.* Керек десеңіз, олардың *к ө п ш і к-к ө р п е с і* де жоқ (Қазақ. тілі. аймақ. сөздігі).

КӨПШІКТЕ= е т. *Көтермелеу, дәріптеу.* Әкесі Сарыбаланы *к ө п ш і к т е п,* Айдарбекті қағытып отыр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). – Нұрекесі, *к ө п ш і к т е м е й*-ақ қой. Саятшы деп дәріптерлік менде не бар. Тек сапарымыз қайырлы болғай! (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

Көпшіктей сөйледі. *Көтермелей, дем бере сөйледі.* Жоғарыда келтірілген мысалдардан байқалатын тағы бір нәрсе – қаза үстінде де үстем таптың өкілдері бірін-бірі тұлпарға, сұңқарға, ерге, нарға теңеп, көтермелей, *к ө п ш і к т е й с ө й л е д і* (Б.Адамбаев, Халық дана.). – Мә, Егеу сияқты ебі барлардың болмаса, басқаның қолынан келе қояр дүние сияқты емес, – деп Медеубек *к ө п ш і к т е й с ө й л е д і* (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

КӨПШІКТЕЙ с ы н. *Көпшік сияқты, көпшік тәрізді, әжептәуір.* Аз күнде Сатылғанның үстінен қалыңдығы *к ө п ш і к т е й* іс қозғалды да, жазықсыз жанның шарадай басы шақшадай болды (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

Көңілі көпшіктей көпсіді. *Масаттанды, шаттанды.* Хан иенің *к ө ң і л і к ө п ш і к т е й к ө п с і п,* орныға бастаған еді (О.Сәрсенбаев, Сағым).

КӨПШІЛ с ы н. **1.** *Халықшыл, қауымшыл ұйірсек.* Баурап алғыш адамды, *көпшіл* еді, Өзін де өрге жеткізді көп тілегі. Махаббаттың ұлғайтты-ау у мен балын Отелло боп булығып, өксігені (К.Салықов, Жезкиік). Есті кісі ерегіспейді, *К ө п ш і л* адам бөлек ішпейді. Қатты адамда ұят жоқ, Қайда барса мият жоқ (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Болмасын кекшіл, Болсайшы *к ө п ш і л,* Жан аямай кәсіп қыл (Абай, Тол. жин.). **2.** а у ы с. *Жеңіл жүріске әуес, ойнасшыл.* Шу дегенде көрінер сұлу артық, Көбі *к ө п ш і л* келеді ондай қаншық. Бетім барда бетіме кім шыдар деп, Кімі паңдау келеді, кімі тантық (Абай, Тол. жин.).

КӨПШІЛДЕУ с ы н. *Тасқындау.* Есіл облыс орталығынан екі жүз елу, Обаған жүз шақырым жерде. Апрельдің басында екеуі де тасиды. Обағанға қарағанда, Есіл мінезі – *к ө п ш і л д е у* (Ж.Молдағалиев, Самал.).

КӨПШІЛДІК з а т. *Адамға үйір болушылық, бұқарашылдық, қауымшылдық.* Жүсіптің ұйымдастырғыш та *көпшілдік* қасиеті ерекше еді (М.Қаратаев, Даладағы.). Мұндай жағдайда намысшылдық та, негізінен елшілдікке, *көпшілдікке* құрылды («Егемен Қазақстан»). Қалекеңнің *көпшілдігі* сондай, қолдары сәл босап кетсе-ақ, Қалекеңнен әңгіме тыңдауға келіп, қаумалап алатын («Қаз. әдеб.»). Ішкі сезімдер тағы екіге бөлінеді: өзімшілдік (эгоизм) ішкі сезімдері һәм *көпшілдік* (альтруизм) ішкі сезімдері (М.Жұмабаев, Шығ.).

КӨПШІЛІК з а т. *Халық, жұртшылық, қауым. Көпшілік* үнсіз тұрып құптағандай, ұйып тыңдап қалды (М.Әуезов, Абай жолы). Абайдың өліміне қайғырумен қалың *көпшілік* алдына шыққан Атамбай Есіркептен отыз үй әзірлетті (К.Оразалин, Абай.). Бірақ колхоз белсенділері сағынып отырған адамша бірден шолп ете түспейік деп сыр бүксе керек, көп кешікпей *көпшілік* жиналысы шақырылды (С.Шаймерденов, Сыбызғы.). Баспасөз арқылы жалпы бұқара жұртшылыққа, *көпшілікке* жеткізгелі отырған осы бір ой өзімді біраздан бері мазалап жүрген еді («Егемен Қазақстан»).

Көпшілік асхана. *Жұртшылық тамақтанатын орын.* Ал болашақта барлық колхозшы *көпшілік асханада* тегін тамақтанатын... болады (Қ.Шайбеков, Колхозда.).

Көпшілік дауыспен. *Көптің қолдауымен, қостауымен.* Егер Мәжіліс нақ сондай *көпшілік дауыспен* Сенат енгізген өзгертулер мен толықтыруларға қарсы болса, Палаталар арасындағы келіспеушілік келісу рәсімі арқылы шешіледі (ҚР Конституциясы).

Көпшілік жағдайда. *Көп ретте, көбіне. Көпшілік жағдайда* оқушы алдына мақсат етіп қойған талапты ішкі ниетпен орындайды (М.Мұқанов, Педагогика очерк.). Ыдырау реакциясы *көпшілік жағдайда* энергия бөліп шығарады (Жалпы биология). Мұндай есептердің мазмұны дерексіз болғандықтан, ондай есептер *көпшілік жағдайда* оқушыларды қызықтыра қоймайды («Халық мұғ.»).

Көпшілік кітапхана. *Әртүрлі мамандыққа арналған кітаптарды оқып таныстыратын орын. Көпшілік кітапханасының* алдына бесон қадам қалған кезде ғана ол жүрісін баяулатты (М.Мағауин, Көк мұнар). Әулиеатадағы жалғыз *көпшілік кітапханасы* со көшеде (М.Қуанышбаев, Кек.).

Көпшілік орын. *Жұртшылық жиі баратын жер.* Қысқасы, бұл – кеншілердің бос уақыттарында спортпен айналысатын *көпшілік орындарының* бірі (Ж.Жанарыстанов, Бұзақылық.).

КӨПШІЛІККӨЛДЫ с ы н. *Жұртшылыққа керекті, көпшілікке арналған.* Соның нәтижесінде жаппай тұтынатын *көпшілікқолды* зергерлік бұйымдар молынан шығарылатын дәрежеге жетті (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері.). Алдыңғы жылға қарағанда қосалқы бөлшек өндіру 1,4 есе, *көпшілікқолды* товарлар шығару 1,6 есе артты («Лен. жас»).

КӨПШІЛІКШЕ ү с т. *Жұрт секілді, жұртқа ұқсап.* Кез келгенді *көпшілікше* Бұл тәкаппар сүймейтін, Көңілі шын сүймегенге Менмен басты имейтін (С.Сейфуллин, Шығ.).

КӨПШІЛІКШІЛ с ы н. *Көпқұмар, бұқарашыл.* Д.Бедный өлеңдерінде *көпшілікшіл* қасиеттерінің алғашқы сәтті адымдары бар еді (Ф.Оразаев, Басты.).

КӨПШІР з а т. к ө н е. *Хан пайдасына жиналатын арнайы салық.* Бар ұққаны – өзі жесір, алты баласы бар, жалғыз сиыры осы жақында ғана кеуіп өлген, енді жалғыз торпақты *көпшірге* әкетіп барады. Әйтпесе, хан хазіреті құт болып келген жылғы барлық алым-салық сияқты, *көпшір* де кешірілген (М.Мағауин, Шығ.). Ханкермен уәлаятының халқын екі жылға *көпширден*, шүлен мен қаланнан – алым-салық атаулыдан тегіс босататынын хабарлады (М.Мағауин, Шығ.).

КӨПІР[1] з а т. **1.** *Әртүрлі кедергілерден (өзен, сай, жол т.б.) өту үшін арнайы салынған құрылыс нысаны.* Тез жөндейді қираған *көпірді* кім, Қаулады ғой кер заман, нөпір жүгің. Абылай де, Ағыбай, «А, Құдай» де, Ту түбінде қазағым отыр бүгін (К.Салықов, Жезкиік). Шоқанның «өзім де барам» деуіне болмай Айжан оны Қылшақты *көпіріне* дейін алып барды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жауынгерлер аттанды, Түнде алуға *көпірді.* Жалын шашты зеңбірек, Сол нажағай секілді (С.Мәуленов, Алыс кет.). **2.** а у ы с. *Бірдеңені жалғастырушы, байланыстырушы.* Бала неғұрлым өскен сайын, ертегі мен шындық өмірдің арасындағы *көпір* ұзара береді (Семья тәрбиесі). Толқындар шулап көшеді, Көкірегімді *көпір* ғып, Жүректе желдер еседі, Түседі бұлттан от ырғып (С.Мәуленов, Қызыл арна.).

КӨПІР[2] **=** е т. **1.** *Көбігі шығу, көбіктену.* Кермек суда сабын нашар *көпіреді,* көбіктенбейді (Химия). Сабаны күмпілдетіп құйды қойып, *Көпірген* сары қымыз бір тегене (Қ.Бекхожин, Мариям.). Күшіне қарамай көже де *көпіреді* (Мақал-мәтел). **2.** *Көбік атып көпіршу, тасып толқындау.* Тілеш Күркіреуіктің басына барып, көкке кемзалын

қақты, етігін сүртті. Өзі *көпірген* меруерт суға жуынып-шайынды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Сеңгер тастан секіріп, Көкке шапшып *көпіріп*, Сай аузына шыққанда, Сарқырады шешіліп (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** э т н. *Сабалған жүнді екінші рет сабаулап, шаң-тозаңынан арылту.* ≈ *Көпірте* сабаулау. **4.** а у ы с. *Мақтану, бөсу, масайрау.* Белорус майдандарының әскерлері немістердің көптен *көпірін* мақтаған бекіністерінің тас-талқанын шығарып, бұзып өтті (С.Сейітов, Сөз сұра.). Ең жаман өтірік – *көпіріп* отырып, Дастарқан басында айтылған өтірік (Қ.Мырзалиев, Домбыра.).

Аузы көпірді. *Тынбай, дамылсыз сөйледі.* Даладан *аузы көпіріп*, Мәуия сөйлеп келеді. Соңында Айтқұл бар (З.Ақышев, Жесір.). *Аузы көпіріп*, Үйді басына көтеріп, Үкінің көзін, Қораздың желбезегін Тіліне тиек етті (С.Сейтенов, Бойжеткен.).

Аузынан жыны көпірді. *Едіреңдеп, ашу шақырды.* Қарт бурадай шабынып, *Аузынан жыны көпірді*, Жендеттердің жанына Батыра қатты зекірді (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

Екі езуі көпірді. *Бұлқан-талқан болды, тасыды.* Студенттің қара шинелін желбегей жамылған Наурыз жарқабақты қиялай түсіп, *екі езуі көпіріп*, шірене шалқып жатқан өзеннің жиегіне жақын келді (Ө.Қанахин, Жас дәурен). *Көпіріп екі езуі* жарды сүзіп, Күркіреп Дунай жатты жауар күндей (Қ.Жұмалиев, Қырда.).

КӨПІРДЕЙ с ы н. *Көпір сияқты, көпір тәрізді.* Жаңбырдан кейін аспанды белуарлап алтын *көпірдей* жермен жалғап жатқан кемпірқосақтардың сыры да белгісіз (С.Мәуленов, Жер нәрі). Апрель келер айналып, Айлардың биік көркіндей. Елімнен мәңгі арналып, Жұлдызға салған *көпірдей* (Ғ.Қайырбеков, Көсем.).

КӨПІРЛЕ = е т. *Көпір, өткел салу.* Жеңіпті қазір оны еңбек, Жетекке көніп көк тентек. *Көпірлеп* үстін шегендеп, Қойыпты оны атша ерттеп (Ғ.Орманов, Ой.). Қым-қуыт қиқу нөпірлеп, Көк өзеннің ақ білегін *көпірлеп*, Ұлы дүбір бұл маңда (Е.Ибраһим, Жас ғұмыр.).

КӨПІРЛІ с ы н. *Көпірі, өткелі бар. Көпірлі* көлі қос арал Дірілдеп жатыр қоса оған, Жүзіңді желпіп тұр самал Тынысы жібекке ұсаған (Ғ.Орманов, Көгілдір.). Тар *көпірлі* тайғақ кешу кезінде, Данышпанды тап жаулары таппады, Халық оның өзі түгіл сөзін де Жүрегінің түкпірінде сақтады (М.Рашев, Тоғыз.).

Көпірлі өткел. ә с к. *Әскерді өзен, жырадан жаппай өткізу үшін арнайы жабдықталған, айналасындағы жермен қоса алынған көпір. Көпірлі өткел* әскердің үздіксіз өтуіне оңтайлы және өткелдің басқа түрлерімен салыстырғанда өткізу қабілеті зор (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КӨПІРМЕ с ы н. **1.** *Көпіріп жатқан, көбік атқан.* Бапылдыр күнмен түлеп, күліп аққан, Қосылып «Күшатамен» бірге шапқан, Көктемде *көпірме* су көбейгенде, Бұрқырап бірін-бірі іздеп тапқан (А.Тоқмағамбетов, Шағалалы.). **2.** а у ы с. *Бос сөзді, бөспе.* Көлденең қараған көзге оның бұл *көпірме* көрінісі, мәз-мәйрам тірлігі мен асқақ асаулығы аса қызығарлық, таңдай қақтырар тамаша еді (О.Бөкеев, Қамшыгер). Ауыл өтірікшілері неғұрлым қараңғы болса, соғұрлым *көпірме* келеді (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Болаткомның сондағы хатшысы Абылан Сыздықов деген жігіт еді. Көп сөйлейтін *көпірме*, тарқылдаған мақтаншақ неме еді бір (Б.Майлин, Шығ.). **3.** а у ы с. *Бос, құр, мылжың.* Ашуланса пәле жаппақ, Лузын алсаң, алмақ ақтап. *Көпірме* сөз көсіледі, іркілмей-ақ бойға шақтап (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

КӨПІРМЕЛІ с ы н. *Көпіртіп, асырып айтқан.* Құнсыз өлең, нашар сын, *Көпірмелі* көп сөзді, – Көрсетуге ұялсын Кейбір кесір керауыз (Қ.Аманжолов, Шығ.). *Көпірмелі* көп сөз жоқ. Бұл сияқты шебер жазылған жырлар Сәду поэзиясында баршылық («Қаз. әдеб.»).

КӨПІРСЫМАҚ с ы н. э к с п р. *Көпір тәрізді, өткелсымақ.* Кейбір жыраға *көпірсымақ* бірдемелер де салыныпты (Ә.Әбішев, Терең.). Керексіз заттар төгілген шаңдақ көше, көшені бойлай арық қазылған не *көпірсымағы* жоқ салынған («Лен. жас»).

КӨПІРСІЗ с ы н. **1.** *Көпірі жоқ, өткелсіз.* Томнан жер алып, Семей хатында боламын деген, *көпірсіз* суға арба салғанмен бірдей, мұнан түк пайда шықпайды, босқа арам тер болғаннан басқа (Ә.Бөкейханов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Байланыссыз, аралассыз.* Тек *көпірсіз* болмасын Екі адамның арасы (Қ.Баянбаев, Ақ шағала.).

КӨПІРТ = е т. **1.** *Көбігін шығарту, көбіктендіру.* Жылқы өсірсең ызғытып. Құлын-тайын шұбыртып, Қымызы дәрі адамға, Сабадан құйсаң *көпіртіп* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жарты сағаттан соң қораның ішінде басын жуып, иіс сабынды аямай *көпіртті* (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Жуынды ақ білегін жең сыбанып, Тарқатты қара шашын шолпыны алып. *Көпіртіп*

жұпар сабын бұрқыратып, Жуынды саумал суға мойнын керіп. Аққудай көлде жүзген, жүз толғанған (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Қалың етіп төсеу.* Жайдақ шананың үстіне *к ө п і р т і п* шөп төсесек, мамыққа бергісіз болады (Б.Майлин, Шығ.). **3.** а у ы с. *Асыра айту.* Ертек-жырда күші көп батырлардың ісі өнеге болса, әуезе жырда өнер, білім, қайрат, жігер сияқты сипаттарымен көзге түскен адамдардың ғамалдары өнеге болады. Мұнда да уақиғадағы істерге өзінше өң бере, көркейте айту бар, бірақ өте *к ө п і р т і п* дәріптеу жоқ (А.Байтұрсынов, Шығ.). Мақаш Боранбайдың ауруханаға көңіл сұрай бармағанын, парктегі оқиғаны *к ө п і р т е* сөйледі (К.Баялиев, Дегелек.).Түтін қарып көзіңді, Тезекпен, қимен алысып. *К ө п і р т у ш і* едің сөзіңді; Жауынмен, қармен салысып (С.Бегалин, Өлеңд.).

Көпіртіп тігу. қ о л ө н е р. *Кестелеп тігудің көркемдей тігу әдісі.* Кестелеп тігу ісіндегі әдемілік пен көрнектілік жағынан өте ұнасымдыларының бірі – *к ө п і р т і п т і г у* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері.).

КӨПІРТПЕ с ы н. с ө й л. *Көпірме, қолпаш.* Еліре сөйлеген *к ө п і р т п е* сөз емес, жансыз былжыр сөз емес, жас жүрегін жүз бұрап шыққан ойына орай оралымды тілі бар (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

КӨПІРТУ *Көпірт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үсті-үстіне *к ө п і р т у* .

КӨПІРТІЛ= е т. *Көп сөйлеп, асыра айтылу.* Көбі *к ө п і р т і л г е н* өтіріктер шығар, бірақ бәрі де қисынды (С.Шарипов, Бекболат.).

КӨПІРУ *Көпір етістігінің қимыл атауы бөсу, мақтану.* Ол іске маман, *к ө п і р у д і* білмейді (К.Қазыбаев, Дәуір.). *К ө п і р у д е н* қу жақ қожа жалғанда, Жауап күтіп бір сәт тынам алғанда, Тіл қатты әкей: «Құлатсаң да аспанды, Жауыздыққа көне алмаймын жалғанда!» (Қ.Жармағамбетов, Дәурен.).

КӨПІРШЕ з а т. *Кішкентай көпір, өткелше.* Сүйек заттары сүйектің қабаттарын түзгенде, бірде пластинкалы, бірде дөрекі талшықты сүйекке тән *к ө п і р ш е л е р* түрінде пайда болады (Қ.Нұғматжанов, Гистология). Жүріс *к ө п і р ш е с і н е,* мұржаға, үстіңгі қондырғыға, экипаждың каюталарына түскен бес снаряд кемені тесіп кеткен («Соц. Қаз.»).

КӨПІРШЕКШЕ: көпіршекше без. а н а т. *Қуықтың жоғарғы жағына орналасқан түтікшелі-көпіршікті жұп қосалқы жыныс безі. К ө п і р ш е к ш е б е з* қою жабысқақ секрет бөледі. (Қаз. тілі термин. Биология). *К ө п і р ш е к ш е б е з* жыныстық қатынастан кейінгі шәуеттің аналық жыныс жолынан кері төгілмеуін қамтамасыз етеді (Қаз. тілі. термин. Биология).

КӨПІРШІ з а т. *Көпір салушы, жөндеуші.* Белуардан су кешіп, сыбай қаққан *к ө п і р ш і л е р* үш тәулік бойы белдерінен арқандаулы тұрып, көпірді солай салып жатыр (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

КӨПІРШІ = е т. **1.** *Көбіктену, көпіру.* Апасы әудем жердегі көрші үйден қарызға тұз сұрауға кеткен болатын, қазан *к ө п і р ш і п* қайнап жатыр (С.Нарымбетов, Тентек.). Бозарып күлі, быртылдап арша, от жанып, Отырсаң, шіркін, тигендей жарты патшалық. Пысықтау жеңгей піспекті барып қозғаса, *К ө п і р ш і п* кетіп, сабадан саумал жатса ағып (М.Мақатаев, Шығ.). Ар жағында тағы да асу, адыр бел, Адырды ассаң *к ө п і р ш і г е н* Сабынкөл (С.Мәуленов, Шалқар.). **2.** а у ы с. *Бұрқырау, қобырау.* Не қолында былайғы... үлкен билік жоқ, не қалтасында *к ө п і р ш і г е н* көп ақша жоқ – әйтеуір қоңылтақсытқан қоңыр тұрмыс өтіп жатыр (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). **3.** а у ы с. *Ісіп-кебу, мәз болып мақтану.* Бұл жазғанның өлең оқығаны да бір түрлі. Есірік тигендей, аузы *к ө п і р ш і п* айқайлап береді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Мына Қадақовтың өзі бір мырза жігіт екен ғой деп, аузы майға толған соң мақтау айтып, *к ө п і р ш і п* отырғандар да жоқ емес мұнда (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

КӨПІРШІК[1] з а т. *Сұйық заттың бетіндегі көбік.* Су беті толқынданып, *к ө п і р ш і к* атты (А.Сарбөпин, Ала қарға). Дария бұралаңдап, толықсып ағып жатыр. Су бетінде *к ө п і р ш і к* толқын бар (О.Бодықов, Бұлбұл.). *К ө п і р ш і г і н* күнде қалқып байқады, Дәмін татып ең тәуірін таңдады (Шығыс жұлдыздары).

КӨПІРШІК[2] з а т. б и о л. *Іші қуыс, пішіні сопақ немесе қапшық тәрізді құрылым. К ө п і р ш і к т е р* аралығындағы қылтамырлармен ағатын вена қаны мен *к ө п і р ш і к т е р* альвеолоциттері арқылы, оның қуысындағы ауа арасында газ алмасу процесі жүреді (Қаз. тілі термин. Биология).

КӨПІРШІК[3] з а т. э т н. *Тостағанға жартылай қымыз құйып, үстіне ешкінің сүтін көбіктенгенше сауып дайындайтын көпіршіген ашымық. К ө п і р ш і к* ішкізу – балаларға өте пайдалы (Эксп. матер.).

КӨПІРШІКТЕЙ с ы н. *Көпіршік сияқты, көпіршік тәрізді.* Аздан соң қайнап жатқан қазаннан шыққан *к ө п і р ш і к т е й* аспан төрінде ақ сел құжынайды кеп (З.Қыстаубаев, Ақ түн.).

КӨПІРШІКТЕН= е т. *Көпіршікке айналу, көбіктену.* Аяқтардың қимылы дұрыс жасалған

кезде судың бетінде өкше ғана көрініп, су біркелкі *көпіршіктенеді* (Б.Елқондиев, Жүзу.). Тас төбеде Құс жолы созылып жатыр, *Көпіршіктеніп* қайнап жатқан қазандай, ойға сыймас тұңғиық («Қаз. әдеб.»).

КӨПІРШІТ= е т. **1.** *Көбіктендіру.* Кастрюльдегі қарақұрым майы жүзген қымызды кемпір ағаш шөмішпен *көпіршітіп* сапырады (А.Нұрманов, Аққу.). Бұл күні аурулар да ұйқыларын ертерек ашып, беті-қолдарын *көпіршіте* сабындап, ұзақ жуынысты (З.Шүкіров, Ізгілік). **2.** а у ы с. *Ісіп-кеуіп мақтану, масайрау.* Сыбанып сайлау десе сөйлейтіндер, Жұлқынды тыным алмай көрмей түндер. Озып жүр зиялыдан қиялилар Көшеде *көпіршітіп* сөйлейтіндер (К.Салықов, Жезкиік).

КӨПІРІК зат. **1.** *Көпіршік, көбік.* ≈ *Көпірік* атты. **2.** а у ы с. *Бос сөз, бөспелік.* Бір жазғаны – шындық емес, Бір жазғаны – өтірік. Бір жазғаны – күлді көмеш, Бір жазғаны – *көпірік* (Қ.Мырзалиев, Домбыра.).

КӨПІРІС= е т. *Сөзді судай сапырысу, ісіп-кеуіп мақтанысу.* Алаңды қоршап алған купецтер, тиірмен иелері, саудагерлер, офицерлер. Күжілдесіп-күжілдесіп, *көпірісіп* алады да, жабылып кетіп тұтқындарды сабайды (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Сүт тұрды сауған сайын, малдан ағып, Ешкім жоқ азаптанған, оны бағып. «Ет, ет» деп, қымыз ішіп, *көпірісіп,* Қазақтар тек жүрмекте сандал қағып (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

КӨР[1] [ир. گور] з а т. **1.** *Қайтыс болған кісіні жерлеу үшін арнайы қазылған орын, мәйітті көметін жер.* Өңшең шірік, пасықтар! Ажалына асықтар, *Көрді* көрмей қазулы!.. Олар – менің азығым (М.Жұмабаев, Шығ.). Қаскен, қалқам, мені осы арада өз қолыңмен өлтіріп кет. Бұл дүние маған қараңғы *көрмен* тең (М.Дулатов, Шығ.). Армансыз барып *Көрімнің* аузын жапқасын, Дүниедегі тірілер, Жамандық іздеп бақпасын (М.Мақатаев, Мавр.). Екі елдің келесі күн басын қосты, Не дер екен деп ұлық аузын Бөкен тосты. Баланың *көрін* ашып көрмек болып, Бәрі де мола жаққа шұбырысты (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Адам тұрғысыз, сиықсыз мекен, жай.* – Менде не күй болсын, Еламан аға, – деді жасын тыйып, – Барым сізге мәлім емес пе? Үйім – *көр,* төсегім – тас, ішкенім – у... (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.).

Әкесінің көріне тықты. *Құртты, жойды.* Қайратты біздің қызыл ер, Германия жерінде – *Тығып* жатыр немісті *әкесінің көріне* (Айтыс).

Басын көрге сүйреді. *Қиыншылыққа душар қылды; құлдыратты; өлімге апарды.* Қиян-кескі дүрбелең біреудің басын өрге сүйресе, біреудің *басын көрге сүйрейді* (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Бір аяғы жерде, бір аяғы көрде. а) *Жаны қыл үстінде.* Төлеу мен Махираның азғыруына ерген Раяның анасы Әйнек *бір аяғы жерде, бір аяғы көрде* отырған Мұратбектің шешесіне тыныштық беруді қойды («Лен. жас»). ә) *Жасы ұлғайған, өмір мен өлімнің арасында.* Мен болсам, сайраған тілімнен басқа түгім қалмаған, қайратым қайтқан, *бір аяғым көрде, бір аяғым жерде* тұрған бір кемпірмін, – деді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). – Гимай, менің жасымды сұрама енді. Елу беске келдім, *бір аяғым жерде, бір аяғым көрде* енді менің (М.Гумеров, Хазірет.).

Кебіні жоқ, көрі жоқ. *Айдалада көмусіз қалды.* Айтып-айтпай немене, сол секілді асылдар, *Кебіні жоқ, көрі жоқ,* Ит пен құсқа жем болып, Мұратына жете алмай, Арманда болып кетіпті (Қыз Жібек).

Көр азабы. д і н и. *Қайтыс болған соң о дүниеде көретін ауыр бейнет, қорлық.* Сенің Жармола түрмесінде *көр азабын* тірі тартқан қайғы-мұң аралас әніңді осы жастар жатқа айтады (Б.Тәжібаев, Қараторғай). Жаза! ... Қандай? Өліп пе? *Көр азабын* көріп пе? (Б.Майлин, Шығ.). Жол азабы – *көр азабы* (Мақал).

Көр аузында. *Өлім халінде, әл үстінде.* Ұшыраған мұндай күйге сорлы Ақбөпе, Жазықсыз жаза тартқан мұңды Ақбөпе. Бақыты бір-ақ түнде күл боп ұшып, Күрмеліп *көр аузында* жатқан бөпе (И.Байзақов, Шығ.).

Көр ауыз. *Тісі түсіп, ұңірейіп қалған ауыз.* Уыздай жас байыңды тастап кетіп *Көр ауыз,* кебіс танау шалмен қаштың (Ә.Тәңірбергенов, Ұмытпа.).

Көр бәйге. э т н. *Жерлеу рәсімінің соңында өткізілетін ат жарысы.* Жерлеу рәсімі халықтың есінде ұзақ сақталу үшін *көр бәйге* деп аталатын ат жарысымен аяқталады. *Көр бәйгеге* сыйды марқұмның тұрмыс жағдайына қарай ауқатты адамдар тағайындайды (Эксп. матер.).

Көрге бірге ала кетті. *Тіс жарып ешкімге айтпады, ішінде сақтады.* Бұл менің *көрге бірге ала кететін* құпиям болатын шығар (Ауызекі).

Көрге кірді. а) *Көмілді, жерленді.* Бұл өмірдің қызығы махаббатпен *Көрге кірсең* үлгілі жақсы атақпен (Абай, Шығ. жин.). Ажал

қарсы келгенде, Қараңғы *көргe кіргендe* Қасында тұрар жан бар ма? (Махамбет, Өлеңд.). ә) *Бейнет шекті, қиыншылық көрді.* Қалғанымыз үшеу едік Өлмей тұрып *кірді көргe.* Екі інімді жер жұтты да Тек мен қалдым жансыз кеуде (Л.Жұмағалиев, Өшп. жалын).

Көрге кірсін. қ а р ғ ы с. *Жоқ болсын, көзі жойылсын.* Құрысын, жойылсын, жауыздар өрем қапты, өшсін-өлсін Құрталық қалдықтарын, *көргe кірсін* (И.Байзақов, Таңд. шығ.).

Көрге салды [тықты]. а) *Өлтірді, көзін жойды.* Қалмақтың қарсы шапқанын Найза ұшына аламын. Өлім болса баққаның Жайратып *көргe саламын* (Батырлар жыры). Қап-қара туын жығайық, Тезірек *көргетығайық* (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Бұрын ол жекпе-жекке шықпады ма, Талайдың басын *көргe тықпады* ма (Ғ.Малдыбаев, Қалдырған). Алаштар тоспақ болған Құлакөлде, Бекініп Қырым керей берік жерге. Айқаста ақ әскері қашып кетіп, Біразын Амангелді *тықты көргe* (О.Шипин, Дастан.). ә) *Көмді, жерледі.* Үй ішің егіз болсын, туыс болсын, Өлген соң бағаң болмас, *көргe тығар.* Мал болсын, адам болсын, жәндік болсын Өлімге тегі болмас ешкім құмар (Қабан жырау, Алтын қазық).

Көрде бір аунап түсті. *Аруақ риза болған шығар деген мағынада.* Естісең мына дүбірді *Түсер*ең, *көрде бір аунап* (Ж.Молдағалиев, Жесір.). Жайына қалып өлі аруақ пен тірі аруақ, Келеді бала есімін өзі ұрандап. Тірілер шошып, жағасын ұстап тұр аулақ. Өлгендер *көрде тұскен* де болар *бір аунап*, Келеді қыршын есімін өзі ұрандап (М.Мақатаев, Шығ.).

Көрден жаңа тұрғандай. *Адам қарайтын сиқы жоқ, ұсқынсыз, жадау. Көрден жаңа тұрғандай* кемпір мен шал, жалбаңдасар өзінің тұрғысымен (Абай, Тол. жин.).

Көрден көрге тығылғандай. *Жасырынып, қашып-пысып, сырт беріп таптырмай қою мағынасында.* Сөйтіп, Базаралыға көмек етер деген болыс *көрден көрге тығылғандай* (М.Әуезов, Абай жолы).

Көрден шыққан кісі сияқты. *Ұсқынсыз, әбден жүдеп-жадаған.* – Қағынды келгірдің қайсысы екен? Yh! Сұмдық-ай, құдды *көрден шыққан кісі* сияқты (Шағын пьеса.).

Көр қазды. *Жамандық ойлады.* Семқа маған *көр қазып* жүр (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Рас, мең-зең бас нені білуші еді. Әйтпесе өзіне-өзі *көр қазар* ма еді? (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

Көр құшты. *Өлді, сазайын тартты.* От пен темір сайысқан Келдім майдан төрінен; Жер құшам деп *көр құшқан* Жауды жеңіп келдім мен (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

Көр нұрлы болсын. д і н и. т і л е к. *Жерлеп жатқан кезде «марқұмның жатқан жері жарық болсын» деген мағынада айтылатын тілек.* Бейіт бейішті болсын, *көр нұрлы болсын* деген тілектер айтылатын (Эксп. матер.)

Көр тамұқ. *Азап-бейнет, әділетсіздік.* Қалай түстім дәл осындай күйге мен? Өмір, сенің кей ісіңнен жиренем. Ақиқат деп еміренген жүректі, *Көр тамұққа* салындыдай сүйреген (Қ.Сыдықов, Теңіз лебі).

Көр шеге. *Қолдан соғылған тойтармасыз шеге.* – Жұмыр жуан ағаштан дөңбек жасап, оның сыртына айқыш-ұйқыш жаңағы сіз айтқан *көр шегелердің* бірнеше онын қағып, дөңбекті атқа жегіп жүргізсе, еңбек өнімді де, жеңіл де болмас па еді? – деп сұрақ қойды (М.Мырзақұлов, Ақық.).

Көр шегедей. *Көр шеге сияқты мықты.* Заманның қайран қалып пысығына, Шыдадым *көр шегедей* қысымына (І.Қажытай, Тасжарған).

Көрі қазылды. *Жамандыққа ұрынатыны алдын ала белгілі болды, анық сезілді.* Мал ішінде жүрген Нұрышқа Қуандық келді. Жүзі жайдары: – Поповтардың *көрі қазылды,* – деді (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Ол: – Оның да *көрі қазылды* дeседі (Б.Қыдырбекұлы, Ешкімге.).

Көріңде өкіргір [өкір]! қ а р ғ. *Өлгенде де жақсылық көрмегір, азапта болғыр.* Жақып жұртты бір күлдіріп алды да, Қалқаның сыбағасын берді. – *Көріңде өкіргір,* өкіріп те жатқан шығар, ашадды еді-ау (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). –Түгін қалдырмапты иттің балалары... жібек, масаты, барқыттан түк қоймапты, *көріңде өкіргірлер!* – дейді бір әйел (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ). Бетіне шіркеу болды сұмпай күйеу, Шернияз *көріңде өкір,* өлсең етті (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Қорқыттың қазулы көрі. м и ф. *Қайда барса да, бейнет пен азап, итқорлық.* Неғылса да мені бір қырсық айналдырды биыл. Қайда барсам да, *Қорқыттың қазулы көрі* үңірейіп, алдымнан шыға келеді (А.Нұрманов, Құлан.). [Ол] Қайда барса да, алдынан *Қорқыттың қазулы көрі* шығады (Қаз. ертегі.).

Өзі қазған көріне көмілді. *Жамандығы өзіне болды, өзін өзі орға құлатты.* Әлемге өрт салуға қамданғандар, *Көріне өзі қазған көміледі* (К.Әзірбаев, Өлеңд.).

Төрінен көрі жақын [жуық]. *Жасы келген, ұлғайған, қартайған.* Менің *төрімнен көрім жақын* кезінде сендер мені ауыр нәрсені

шеш деп шақырып отырсыңдар, – деп шал тағы бір күрсінді (Б.Момышұлы, Таңд.шығ.). Қалған шақта *Көрім жақын төрімнен.* Топырақ бұйырт, Топырақ бұйырт. Тек қазағым жерінен (Қ.Мұқышев, Құзар.). *Төрінен көрі жұық* ғарып адамның жан түкпіріне, сезім тереңіне үңілдім (С.Омаров, Қайырлы жаз.). Үш қатының аз болып, Сермедің бе қызға қол. *Төріңнен де көр жақын,* Осы ма екен саған жол (О.Шипин, Дастан.).

Тірідей көрге тықты. *Әбден өлімші етті, азапқа салды.* Қаһары қатты хан Темір Қарсыласқан адамды *Тірідей көрге тығады* (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

КӨР[2] с ы н. **1.** *Суқараңғы соқыр.* Көзі *көр* ол құлдың да екен болған, Араб та емін істеп келген қолдан. Дауасы бәрінен де болмаған соң, «Етем, – деп, – қалайынша?» халықтан сорған (Т.Ізтілеуов, Назым). **2.** а у ы с. *Ештеңе түсінбейтін, түйсіксіз.* Шәрбану: Бүкпе, әке, тізеңді. Име басыңды. Тырнағыңның кірінен садаға кетсін мұндай *көр!* (Ш.Құсайынов, Қызыл.). Сүйінбай: – Жаманның көкірегі – *көр,* көзі – соқыр, – деген (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз). **3.** а у ы с. *Қараңғы, меңіреу.* – Сенсіз күнім – *көр,* күлкім – көмір, өмірім – ойран, – депті жігіт хатында (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны.). Бұл ғана емес, сан рет, Мезгілсіз жортып үйренген. Кездескен талай *көр* түндер, Көзге инедей түйрелген (С.Мұқанов, Замандас тур.). Сен жоқ болсаң, қарағым, Дүниежүзі маған *көр.* Барлық бақыт, талайым... Цифры жоқ, сенсіз ноль (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Әкетай, анау не үй түсі суық? Жанына жібермейді жанды жуық? Терезесі темірлі, *көр* – есігі, Қабырғасын қойған ба қанмен жуып? (М.Жұмабаев, Шығ.).

Көр болғыр! қ а р ғ. *Тұк көрмей қалғыр. Көр болғыр* көзге жас алмай, Жас алмай қалар қай кісі?! Үлкен бе еді қашаннан, Кішкене жұрттың қайғысы?! (Қ. Мырзалиев, Көш.).

Көр болды. *Соқыр болды.* Көретін көзім *көр болды,* Бір перзентке асық боп (Алпамыс жыры). Сол күнде атасының көзі *көр болып,* көңілі жер болып, Төлегенді сағынып, қасіретпен қан жұтып жатады екен (Қыз Жібек). Атаң жылап *көр болды-ау,* Тауысып көздің мөлдірін (Әсет, Шығ.).

Көр кеуде. *Тукке түсінбейтін, еш нәрсені ұғынбайтын, мигұла.* Бұның (Дәркембайдың) сөзі әкемнің Құдай алдында жауап беретін сөзі. Нені ұғып, нені ойлаушы еңдер сендер! *Көр кеуде* арсыздар! – деді Абай (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Барып тұрған дым сезбейтін надан, *көр кеуде,* әлгі алтын үшін анасын да өз қолымен о дүниеге аттандыратын дүлей екеу болса бірі, біреу болса нақ өзі көрінеді (З.Жәкенов, Таң самалы). Амал жоқ безгім келсе айырылмайды, *Көр кеуде* іші сасық, түрі жаман (Айтыс). Бабаларым, рақмет сендерге! Балаларым болмасын деп *көр кеуде,* Қобызыңмен қосып ән мен тіл бердің, Өмірге мен мылқау болып енгенде (М.Мақатаев, Шығ.).

Көр көзін ашты. *Зердесін оятты, білмегенін білдірді.* Қашан келдім бұл араға, *Көр көзімді ашқан* кім? Әлде менің түсім бе бұл, Айтыңыз шын астарын (С.Машақов, Жыл.).

Көр көкірек. *Еш нәрсеге түсінбейтін, бос кеуде.* Кейбір *көр көкірек* құрдастарымның көп-көп одағай пиғыл, қимылдары, сөз жоқ, қыздарды белгілі мөлшерде қияңқы етпей қоймайды («Лен. жас»). Қойнауында көз жасының көлі бар, *Көр көкірек* кеуде керген төгіп ар, Тас түйелер маған мойнын созады, Деп тұрғандай: «Біз бейбақты көріп ал» (Ә.Жәмішев, Сағым.).

Көр мылқау. *Екі сөздің басын құрай алмайтын, надан. Көр мылқау* Салдудай емес, Самарханның ептеп әңгіме айтатыны бар (Б.Аманшин, Көкжар). Біз сол *көр мылқау* күйімізде бақташы болып қала береміз бе? – деді ол (А.Байтанаев, Асан.).

Көр ошақ. *Ешқайда шықпаған, от басында қалып қойған.* Мына баламды оқуға алыңдар, біз болсақ *көр ошақ* болып өттік қой, – деді Қошмәмбет баласына бір, мұғалімге бір жалтақтап (М.Қуанышбаев, Кек).

Көр соқыр. а) *Су қараңғы, соқыр.* Аты Кет екен, көз орнында үңірейген тесік қана бар. – Не шаруамен, келдің, *көр соқыр,* – деді Шыңғыс хан (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Ел – Отаным барда... мен көзімнен айырылып, *көр соқыр* болдым деп өкінбеймін, қапаланбаймын (С.Омаров, Қызыл арай). Жігітше киінген Қосан да, ал оның қасындағы – көз жасын төгуден *көр соқыр* болып қалған Сарының анасы (Б.Тәжібаев, Қараторғай). Алатауым көрінбесе, онда мен де *көр соқыр.* Тауды сүйген ұлан болсаң, онда маған көрші отыр (Т.Молдағалиев, Шақырады.). ә) *Еш нәрсеге парық беріп ойламайтын, білмейтін.* Білімді он қырқаның астындағыны шалады, білімсіз, *көр соқыр,* көз алдындағыны да көре алмайтын кезі бар (К.Сегізбаев, Ашыл. сыр). Жазығым – жақсылығым жанға ойлаған, Күнім жоқ алдарыңа дәм қоймаған, Барыңды жоқ дейтұғын көкірексіз, *Көр соқыр,* көке жасық бар ғой надан (Ғ.Қайырбеков, Алтын бесік).

Көр тоғай. *Қалың жынысты орман.* «Не боп қалды» деп жарбаң етіп ұшқан жапалақтар

көздері бақырайып, *көр тоғай* ішінде кезіп жүр (С.Жүнісов, Ақан сері).

КӨР[3] с ы н. *Өнбей, жарылмай қалған (дән).* Бір қапқа көп мөлшерде салып, өндіргенде, дәннің өнбей, *көр* боп қалу қаупінен сақтану керек («Жас Алаш»).

КӨР= е т. **1.** *Көзбен байқау, бағдарлау, байыптау.* Биік жақпардың қуысындағы саусқанды (Құсбек) *көрді* (К.Оразалин, Ақ жазық). Абайла, адамзаттың ісін қара, Сүйінбе сыртын *көріп*, ішін қара. Жақсы, жаман дейтұғын мақалдар бар, Сыртың ағың оңбайсың, ішің қара (Ә.Найманбаев, Шығ.). Алқына шапқан Әлмағанбет тас үйдің басқышында тұрған Көкітайды *көрді* (М.Әуезов, Абай жолы). Жез қанат, күміс бауыр киік *көрдім*, Дәруі сол ма дерсің күйік-шердің. Жез марал жүреді екен арасында, Қаптаған Бетпақтағы киіктердің (К.Салықов, Жезкиік). **2.** *Қарау, көзбен шолу.* Әзімбай кешелер өзі де жалғыз шолып, егінді *көріп* қайтқан (М.Әуезов, Абай жолы). Өткен демалыстан бері қорасының ішіндегі ағаштарын да *көріп* шықты (С.Бегалин, Ана.). Жігітім, қапа болма келгеніме, Сендерді шаттанамын *көргеніме* (Ж.Жамхаев, Өлеңмен өрілген.). **3.** а у ы с. *Байқау, тырысу.* Арман, ұнатсаң, менің бір ойым бар. – Айт, *ақылдасып көрейік,* – деді Арман (Н.Оразов, Дос.). «Ал, кәне, председатель жолдас, өзің жауап беріп *көр*» деген түрмен Алханбек жымия қарады (Б.Тоқтаров, Қыран). **4.** а у ы с. *Бастан кешу, өткеру.* Дәмін татып байдың да, жарлының да, Даусын естіп арсыздың да, арлының да. Ердік біздер жақсыға, жаманға да, *Көрдік* біздер бәрін де, барлығын да (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Арғымақты азынатып ер мінген, Азабын да шектім талай жердің кең. Бірер жылда-ақ жұмыр басты пенденің, Бір ғасырда көретінін *көрдім* мен (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Тепкі емей немене, он жеті ауылдың *көргені* (М.Әуезов, Абай жолы). Обал жоқ, осы байларға мал қызығын *көрмеген* (Абай, Тол. жин.). **5.** а у ы с. *Айыптау, жазғыру, кінәлау.* Қозыбақ ауылы жақында бір топ мал жоғалтып, соны тағы келіп Бақтығұлдан *көріп,* қадала бастайды (М.Әуезов, Қараш.). Аудан көлеміндегі ағайын-туыстары Тайжанның үй тұрмысының жүдеулігін қызынан – Раушаннан *көреді* (З.Шашкин, Сенім). **6.** а у ы с. *Есептеу, санау, білу, тану.* Сылқы қонақ, қош келдің, Жоғары шық, бар дайын. Ақын ұлы дос елдің, Бауырыңдай *көр* дәйім (І.Мәмбетов, Өсиет).

Азап [азар] көрді. *Бейнет шекті, қорлықта қиналды.* – Майра, бұлай *азап көргенше* жүр үйге, – дедім әкпеме (С. Досымов, Жаңғырық). – *Азап көріп* жүрген жанымның сенен тілейтін тілегін айтуға көшейін (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). Қараға жауап бергеннен Аққа берген серт артық, Жаманнан *азар көргеннен* Құдайдың берген дерті артық (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Аз да болса көптей көрді. *Берген сый-көмекті азырқанбай, қанағат етті; қош көріп алды.* – Мынау біздің үйдегі «оқымыстының» ағасының тойына қосқаны. *Аз болса да көптей көрерсіз.* Далабай жақсы көретін балам еді, – деді карт (Д.Досжанов, Зауал).

Ар көрді. *Ұят санады, лайық емес деп ұғынды, намыстанды.* Жинады ауыл адамын, Барамын, – деді, – Ханға мен. Көрмейін жасын баланың, Жатуды үйде *ар көрем* (С.Сматаев, Астана.). Жапарға мазақ болуды өзіне *ар көрді* (А.Байтанаев, Қайнар). Болмадым ғой сұм Нұрбай Елді шауып алғанда, *Ар көріп* түрмын осыған Бір килікпей қалғанға (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Артық көрді. а) *Ерекше бағалады, жоғары санады.* Неге сүйсін ол мені, Өзім ақымақ, алмадым. *Көрдім артық* бір сені, Рахматынан Алланың (Абай, Тол. жин.). ә) *Көп деп санады.* Бір жілік бесеуара асып беріп, Өзіңді кем көрмедің «шабылғаннан». Оны да *артық көріп*, әйеліңе – Дауысың қатты шықты қоқырланған (О.Шораяқов, Шайыр).

Әбес көрді. *Ерсі деп ұғынды, орынсыз деп тапты.* Жасағанберген Ебейсіннің қылығын *әбес көрсе* де, жұрт көзінше үндей алмады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Әйел көрмеді. *Әйелмен жыныстық қатынаста болмады.* Жеңеше-ау, сөз айтайын көңіл сүйіп, Көз жасты көрер ме екен Тәңірім иіп. Бір асқан бір тосқанға дегендейін, Үш жылдай *әйел көрмей* тарттым күйік (Айтыс).

Әуес көрді. *Қызықтады, таңсық көрді.* Оңшең бестен жауаптың сап еткені, Кенеттен бір қызыққа тап еткені: – Неше балаң бар? – деп ем *әуес көріп,* Кідірмей: «бесеу» деген тақ еткені (Қ.Көпішев, Ақмарал). *Әуес көріп* жүгірген жас балалар, Беті-қолы домбығып, үсік шалды (Абай, Тол. жин.).

Бала көрді. *Баласынды, кішісінді, жассынды.* Бір кездерде мен оны *бала көрдім,* Қылығына қызығып қала бердім. Мен іздеген жақсы жар осы екенін, Білмеймін ғой ол кезде жаңа көрдім (З.Шүкіров, Жас қанат).

Бала көрмеді. *Баласы болмады, нәресте сүймеді.* Бүгінге дейін *бала көрмеген* Бүркіт пен Ольга Павловна біріне-бірі қарады (І.Есенберлин, Қатерлі өткел). [Қаматай] Менімен бірге болған соғысқа дейінгі алты

жылда *бала көрмегенін* де... қазір енді іштей арман ететін тәрізді (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек).

Бас көрді. *Ақылшы санады, басшы етті.* «Жалшының желі дауылдай – Балақтың биті басқа өрді». Шатыраш Ораз ауылнай, Құл-құтан соны *бас көрді* (Ж.Молдағалиев, Жесір.).

Бейнет көрді. *Мехнат шекті, азап тартты, қиналды.* Хош, қыз алсын қойнына, *Бейнет көрмей,* дәулет жоқ. Әлі барып кетерге, Онымен бойыңа Иман, дәулет бітер ме? (Абай, Тол. жин.). Жолықтырып дұшпанның бір жауызын, Ағаң сорлы *көрді бейнет* ауырын. Тәңіріден ерте-кеш те тілей көр, Жан жүрегім, қарашығым, бауырым! (М.Жұмабаев, Шығ.). Қайырымды, нашар десе жанын берген, Шын сүйіп, солар үшін *бейнет көрген.* Халықты құрметтегіш, жас та болса Атақты және болды өте мерген (О.Шипин, Дастан.).

Бетін көрмеді. *Бармады, жоламады.* Осы өткен үш жыл ішінде, біз тексерген елдердің бірде-бір ауру адамы дәрігер *бетін көрмепті* (С.Омаров, Қызыл.). Мақсат... үш жарым ай бойы кафедраның *бетін көрмепті* (М.Мағауин, Көк мұнар).

Болып көрмеген. *Бұрын-соңды болмаған, кездеспеген.* Колхоздың жері бұрын-соңды *болып көрмеген* табыстарды бере бастады (А.Дауылбаев, Қазақст.). Бұрын бұл аймақта *болып көрмеген* осындай қатты қыстан Бөрібек өзі білетін тәжірибесін қолдана отырып, шопандардың отарларындағы қойларды аман сақтап қалғызған еді (Б.Тоқтаров, Қыран.).

Бөтен көрмеді. *Іштей ұнатты, бөтенсінбеді.* Бірақ сонда да ар жағы іздеуші табылғанын *бөтен көрмеді* ме, жалтақтап Қасболатқа қарай берді (Т.Ахтанов, Дала.).

Бұйым көрмеді. *Қиынсынбады, көзге ілмеді, менсінбеді.* Үпілмәлік ішсең де, Үмбетәлі, мен жеңемін сөзіңді *бұйым көрмей,* (Жамбыл, Тол. жин.).

Бір көрмеге. *Алғаш көзге түскенде, әдегенде, бір қарағанда. Бір көрмеге* тәп-тәтті, Қазаны мен қалбаңы (Абай, Тол. жин.). Қанипаның *бір көрмеге* сұлулығы Жәукеге де, Оспанға да жайлы тиген жоқ (С. Омаров, Дала.). Қара көзінің сұғын Нарботаға қадады. «*Бір көрмеге* тәп-тәуір жігіт екен, Құдайдың маған ендігі бұйыртқаны осы шығар!» деп тұр мөлдіреген жанары (С.Омаров, Қиыр жол).

Дым көрмегендей. *Тұқ сезбегендей, ештеңе көріп-білмегендей.* Мың сан адам мен аттың өлігін қойнына тығып алып, қар жамылған кең жазық *дым көрмегендей* тым-тырыс болып жарқырап жатыр («Лен. жас»).

Екі дүниеде жамандық көрме! а л ғ ы с. *Өмір бақи қорлық көрме, жапа шекпе.* Шырағым-ай, өркенің өссін. *Екі дүниеде жамандық көрме!* – деп ол бар алғысын айтты (С.Бегалин, Мектеп.).

Ерсі көрді. *Ағаш санады, жақтырмады.* Арыны басылмаған жас, ағасындай адаммен кеше айтысып қалған-ды. Сонысын *ерсі көргендей* қызарып кетті («Лен. жас»).

Есейіп көрген. *Жасы ұлғайғанда туған. Есейіп көрген* жалғыздың Елбеңдеп жүрмей қасында, Таппаған тағат жан біздің, Бұл жолы сабыр қалсын ба? (Х.Ерғалиев, Күн.).

Есік көрген. *Бұрын тұрмысқа шыққан, күйеуден қайтқан.* Сен білесің бе, осы қыстақта *есік көрген* бір қыз бар, – деді Мәжит жолда (Қ.Нұрғалиев, Екінші.).

Жақсы көрді. *Ұнатты, сүйді.* Сені *жақсы көрмесе,* Сенер ме еді сөзіне (Абай, Тол. жин.). Қайыңшы Сейілдей қаланың толып жатқан еңбек соңындағы адал, момын кәсіп иелері Абайды аса *жақсы көреді* (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жақын көрді. *Туыс, ағайын санады; жақын тұтты.* Дегенмен де, әділетке келсек, талғампаз оқытушы өз шәкірті ішінен кейбіреулерін өзгелерінен анағұрлым *жақын көреді* ғой, – дейді Зейін (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

Жанындай жақсы көрді. *Қатты ұнатты, жанына балады.* Вячеслав жалғыз спорт емес, музыканы да *жанындай жақсы көретін* болып шықты («Лен. жас»).

Жапа көрді. *Біреудің қиянаты мен озбырлығынан қорлық шекті, әбден қиналды.* Жүністен *жапа көргендер,* жанжал сүймейтін момын адам, момын аталарға дейін ру намысына қызды («Жұлдыз»). Көз жасын сөйтіп қана тыйсам деймін, Зұлымнан *жапа көрген* жан-қорғаның (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Жарық көрді. а) *Дүниеге келді.* Жас бөбек *жарық көрген* жаңа ғана, Көрсеткен жарық дүние менмін ана (С.Керімбеков, Шығ.). ә) *Басылып шықты, жарияланды.* Ал республиканың мерзімді баспасөз орындарында бір рет жарияланып, қайтадан *жарық көрмеген* шығармаларды жабулы күйінде қалдырмауымыз керек («Қаз. әдеб.»).

Жау көрді. *Дұшпан санады, қас деп білді.* Сәкен... барлық ұлттың еңбекшілерін бауыр көреді, барлық ұлттың буржуйларын *жау көреді* (С.Мұқанов, Өсу жол.).

Жек көрді. *Ұнатпады, жақтырмады, іштей тыжырынды.* Жалаңқая жат мінез жау алады, Бермей жүрсең мен сені *жек көрем* деп (Абай, Таңд. шығ.). Адамша біткен шашы бар, Залалды киік тұқымын Осы арада алады. Адам киік алған соң, ішінен тұр *жек көріп* (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Жер көрді. *Көп жерді аралады. Жер көресің,* ел көресің деді, таза ауада денсаулығыңды көтересің дейді... әйтеуір көндірді (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

Жүген-құрық көрмеген. *Мінілмеген, ұсталмаған, қолға үйретілмеген, асау.* Оразбай жылқылары... өмірі *жүген-құрық көрмеген* шу асаулар болады (М.Әуезов, Ақын аға).

Зәбір көрді. *Біреуден қорлық, қиянат шекті. Зәбір көрген* немесе өлген адамның кегін бүкіл ру болып жоқтайтын (ҚазССР тарихы).

Кем көрді. *Төмен санады; тең деп есептемеді.* Жақсыңнан мені *кем көрдің,* Жаманыңмен тең көрдің (Ш.Тілемісұлы, Өлеңд.). Елімді аралап жүр асыл әнің, Береді әркім жүртқа қолда барын. Өзімнің өзегімді жарып шыққан, Қызымнан *кем көрмеймін* сені, жаным (М.Әшірбеков, Белес).

Көз көрмеген, құлақ естімеген [көз көрмес, құлақ естімес]. *Бұрын болып көрмеген, таныс емес. Көз көрмеген, құлақ естімеген* іс істедіңіз, Ыбеке! – деді (О.Бодықов, Бұлбұл). – Мен ертең кетем. *Көз көрмес, құлақ естімес* жерге кетем, – деді ол (Н.Серәлиев, Қаңтар).

Көрген жерде [бойда]. *Қолма-қол, іле-шала, сол бойда.* Асылбек ойыншыққа *көрген жерде* жабысады («Балдырған»). Теңізшіні *көрген бойда* бала жүгіріп келді қасына («Лен. жас»).

Көрген замат. *Көрген бойда, көре сала.* Қайтты алып қару-жарақ, ат пен басын, Қуанып *көрген замат* халық қарасын, Жүгірді шүйіншілеп шулап бәрі, Отыр ед Қию қорқып төгіп жасын (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

Көрген көресі, кешкен соры. *Тіршілігі, бейнеті.* Атасы туыс емес, тірлігі туыс. *Көрген көресі, кешкен соры* менімен туысқандар өңшең, – дейді Дәркембай (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Көрген күн. *Өмір, тіршілік.* Мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың *көрген күні* не? (Абай, Тол. жин.).

Көрген күнді итке берсін. *Қиындығы, қияметі көп болған, ауыртпашылық, қайғы бастан өткен кез.* Бір жылдан соң қайғылы «қара қағаз» келді. Сондағы *көрген күнімді итке берсін* («Қаз. әдеб.»).

Көргеннен көзақы алды [сұрады]. *Тілемсек, сұраншақ болды. Көргеннен көзақы алатын* қандай баласың? («Балдырған»).

Көрген түстей. *Ізсіз-түзсіз, нәтижесіз.* Дүкен жарнамасы жабылды. Бәрі *көрген түстей* лезде тып-типыл бола қалды (Р.Әутәліпов, Алтын.). *Көрген түстей* күн өтті, Болған соң солай азалда. Қуанышыңды көрсетіп, Тартқызған қайғы жазаңда (М.Дулатов, Шығ.).

Көр де тұр. *Байқа да тұр, біліп қой.* – Әй, Күнназия, ертең сені айттыруға кісі жібермесем, *көр де тұр!* – деді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Фашист итті жеңгесін, Өзіңе ұшам, *көр де тұр* (Ж.Қыдыров, Нұр жаусын.).

Көре алмады. *Іштарлық жасады, күндеді.* Біздер мықты болғанға достарымыз сүйсінсін, Даңқымызды жер жарған *көре алмаған* күйінсін (М.Мәуленов, Шығ.) Аяз бидің мұндай дәрежеге жеткенін *көре алмаған* уәзірлер оған қастық ойлайды (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз. әдеб.).

Көре алмау. *Қызғану, ішітарлық жасау, даттау.* Біреудің бағалы жағын *көре алмау,* біреудің жетістігіне іші күю, бармағын тістеу – асқынған ауру (З.Қабдолов, Өмір.).

Көре білді. *Тани алды, болжады.* Фирдоуси өз елінің еркіндікке ұмтылған қуатты қозғалысын *көре білді* (С.Мәуленов, Үркер.).

Көре жатармыз. *Алды-артын байқармыз.* – Бергісі келмейді десеңші, – деді батыройланып, – жақсы, *көре жатармыз* (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Көрейін де өлейін. *Бір көргеннен жабысу, айырылмай қою мағынасында.* Сағит... *көрейін де өлейін* деген тәрізді Айсұлудан бет бұрмай қойды (М.Әуезов, Өскен өркен).

Көре қал. *Байқа да тұр.* – Ау өзектің ішкі бетінде болғасын, *көре қал,* қамыстың ығы жел жібермейді, – деді балықшы (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Көрер көзге. *Ашықтан ашық, көзін бақырайтып қойып, көз алдында.* Осы сияқты *көрер көзге* ашушаңдықтан аулақ, жұмсақ реңді жігіт іштей өте биік (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Қазақ жігіттерінің жуастығын пайдаланып... *көрер көзге* зорлық істейді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Көрер таңды көзімен атқызды. *Үйқы көрмеді, көз ілмеді.* Ұзақ түн ойға малтығып, *көрер таңды көзбен атқызды* (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Қамардың... *көрер таңды көзімен атқызатын* уақыттары да болып жүрді (С.Торайғыров, Тол. жин.).

Көре тұра. *Біле тұра, сезе тұрып. Көре тұра* қаскүнемдер көрмейді, Жалқаулар

да жылау күйін тербейді (С.Ерубаев, Шығ.). Достарымнан жақсылық күтпес едім, *Көре тұра* мінімді сынамаса (Қ.Мырзалиев, Домбыра.).

Көре тұрып көз жұмды. *Біліп, сезіп тұрып білмегенсіді, мән бермеді.* Біле тұрып айтпасақ, *көре тұрып көз жұмсақ* – сонда не болмақ (Т.Ахтанов, Дала.).

Көрсе де көрмеген болды. *Әдейі назар аудармады, байқамаған болды.* Писарь үстіне кірген адамдарды *көрсе де көрмеген болып*... отыра берді (Ә. Нұрпейісов, Курляндия).

Көрсем, көзім шықсын! қ а р ғ. *Білсем соқыр болайын, көрген жоқпын деген мағынада.* – Неге мені қинайсың, *көрсем, көзім шықсын!* (А.Тоқмағамбетов, Шығ.). Бұдан былай менің әкем де жоқ, ағаларым да жоқ! Енді сендерді қайтып *көрсем көзім шықсын* («Лен. жас»).

Көріп алармыз. *Бір іс-әрекеттің артын күту мағынасында.* Елуін үшке бөліп алып, енді Темірге қарай аса бермейміз бе? – деді ол. – Мінез шығарғандарын *көріп аламыз* (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Күн көрді. *Әр нәрсені амалдап тірлік етті, күнелтті.* Ал Әділбекке келсек, біреуден артық *күн көрері* өзінің он саусағының шеберлігі (І.Есенберлин, Қатерлі өткел). Жалбарынып *күн көріп,* Жақынын сатып жөн көріп, Қалтаң-құлтаң амалдар (Абай, Тол. жин.).

Қарасын көрді. *Алыстан көзі шалды, нобайын таныды.* Ауылдың *қарасын көргенде* тоқтаңдар (М.Әуезов, Абай жолы). Отарда жатқан жылқының *қарасын көрді* тағ ата (Қобыланды батыр).

Құп көрді. *Мақұлдады, қостады, құптады.* Жарасымды жосығы, жалғастықты сезіне. *Құп көріпті* осыны Табиғаттың өзі де (С.Сейітов, Бетпе-бет).

Қуғын көрді. *Қуғындалды, құдаланды.* Көш келеді, көш келеді үдеріп, Алды-арты бұлдырайды түнеріп. *Қуғын көріп* жасырынып қартая, Өте берді күн артынан күн еріп (Қ.Көпішев, Ақмарал).

Қиын көрді. *Қиын санады, қиынсынды.* Көзің салдың тұрғыға, Бейнетін *қиын көрмедің.* Бірге оқыған құрбыға, Бас бәйгені бермедің (Абай, Тол. жин.).

Қызығын көрмеді. *Еш рахатын ала алмады.* Мен оның айтқан тілін алармын ба? *Қызығын көрмей* қатын, баланың да, Баққан малым емес пе? Жоғалмай бір, Тайым мен алдымдағы жабағым да (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

Қызық көрді. *Таңырқады, әуестенді.* Әкесі топ шыбықты бөліп-бөліп, Бір-бірден ұлдарына бөліп беріп, Ал енді сындырыңдар! – деді тағы, Балалар сындырысты *қызық көріп* (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш).

Қызыл көрген құзғындай үймеледі. *Ашкөзденіп, қомағайлана бас салды, жармасты.* – *Қызыл көрген құзғындай* үймелеп сендерге не болған? – дейді Жантақ (С.Омаров, Қайырлы.).

Лайық көрді. *Орынды деп білді, дұрыс санады.* – Сізді баруға *лайық ты көріп* отырмыз, – деді ол (С.Бегалин, Ана.).

Мақұл көрді. *Құптады, қолдады.* Жұдырық осыны айтып атын бұрды, Батырдың мінгенін де *мақұл көрді* (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Мін көрді. *Қате санады, келіспеді.* Ағайын тынышын кетірді, Шораның сөзін *мін көрді.* Әншейін бір сөз ғой деп, Батыр да болса сеніпті (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Не көрмеді. *Нені басынан кешпеді, өткермеді деген мағынада.* Ер жігіт *не көрмейді,* Ер көңіл не бермейді (Мақал).

Өзіңдей көр. *Өзіңе бала, тең сана.* – Жарайды!.. *Өздеріңіздей көріңіздер* (С.Сейфуллин, Шығ.).

Өзінен көрді. *Өзін кінәлі деп есептеді.* – Неғыл дейсің? *Өзіңнен көр!* Семья – кеме. Дұрыс ұстай алмадың рулін (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). – «Қой, қой!» деп араға түсіп, соларды бетімен жіберген *өзіңнен көр* (Д.Исабеков, Қара шаңырақ).

Пайда көрді. *Олжа санады, табыс деп ұқты.* Кәкір-шүкір, көр-жерді, *Пайда көріп* ептейтін (Абай, Шығ. жин.).

Сөйлесіп көрді. *Әңгімелесіп, пікірін байқады, тіл тартты.* Оны мұнда шақыруға болмай ма? *Сөйлесіп көрсек,* – деді [Ыбырай] (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Сөкет көрді. *Ерсі деп білді.* «Шығар ақшаңды», «Бер белбеуіңді»,... десіп кезексіз дуылдасқан дауыстарды *сөкет көрген* осы Жанай ғана («Қаз. әдеб.»).

Сүргін көрді. *Қуғындалды, қашып-пысты.* Бұрынғы тау мен тасты паналап, *сүргін көрген* көшпелі ел, кедей-кепшіктер бұл күндері көп қатарлы сәулетті үйлерге қоныс аударуда («Лен. жас»).

Танысып көрді. *Жүздесіп байқады. Танысып көрсем,* Төрегелдин қызық адам боп шықты (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Таңсық көрді. *Қызықтады, әуес көрді.* Жігіттер жұмыс істеп жатқан жерге *таңсық көріп,* кейде ауылдың қыз-келіншектері де ойқастап барып қайтады (Н.Оразов, Дос.).

Тәуір көрді. *Ұнатты, жақсы көрді.* Ішім *тәуір көрсе* де ашып айта алмай, Қаситын ем күлімсіреп желкемді. – Айт, Ақтөре шын ойыңды тайсалмай, Қыз дегенге болу керек белсенді (А.Тоқмағамбетов, Шағала.).

Тең көрмеді. *Бәрінен де артық санады, ешкімге баламады.* Мен сені *тең көрмеймін* ешбір жанға (С.Сейфуллин, Шығ.).

Теріс көрді. *Қоштамады, қолдамады.* Өз бөліміңнің ісі туралы ойыңды түсіндірген боласың. Ол кісінің мақұлдауын немесе *теріс көрген* пікірін күтесің (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал).

Тиын құрлы көрмеді. *Қымбат санамады, менсінбеді.* Қызыл құлжа Серікбектің ең қымбат дүниесі еді, Марат, керек десең оны бір *тиын құрлы да көрмеді* (Ә.Қалдыбаев, Көк дөңгелек).

Түк көрмегендей. *Еш нәрсені байқамағандай, ештеңе болмағандай.* [Оспан] *Түк көрмегендей* ыржақтап күліп, екі беті нарттай жанып тұр (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Түс көрді. *Ұйықтап жатқанда неше түрлі іс-әрекет, уақиғаларды бастан кешірді.* Күн көтеріле оңаша бөлмеге жатқан Байжан, көзі іліне сала әдемі бір *түс көрді* (С.Мұқанов, Сырдария). [Қарабай] *Түс көрсе,* менің жылқымнан басқаны көруді қойыпты бұл ел (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Тыныштық [тыным] көрмеді. *Дамыл таппады.* Жас бала... не көрсе соған талпынып... *тыныштық көрмейді* (Абай, Тол. жин.). Барлауға адам табанды, Салмақтай сом болаттан, *Тыным көрмей* командир Үйқыны ол жоғалтқан (Қ.Көпішев, Ақмарал).

Тізе бүгіп көрмеді. *Демалып, тыныстауды білмеді, жұмыссыз отырмады.* Кішкентайынан ауыл маңына *тізе бүгіп көрмеген* ол бар қайратын жиып, сайға қарай ұшып келеді (А.Мекебаев, Жезтырнақ).

Ұйқы көрмеді. *Дамыл алмады, тыным таппады. Ұйқы көрмей,* бел шешпей, Сұңқары боп елімнің Шығарып жүрсін пайдасын (Жамбыл, Тол. жин.).

Үй көрмеді. *Өз үйінде болмады.* Бүгін жиырма жеті күн болды *үйді көрмегелі,* – деді Байкен (Ә.Нұршайықов, Тың астығы.).

Хош көрді. *Жақсы ниетпен қарсы алды, мақұлдады.* Безесе кәрі Жамбыл қызыл тілін, *Хош көріп* қазақ, қырғыз мадақтаған (Жамбыл, Тол. жин.).

Шам көрді. *Көңіліне дық алды, ренжіді.* Өзімшіл болғаным жоқ, бірақ өзгенің де қамын ойлап жарытпадым. Өкіл ұрысса, *шам көретін* түгі жоқ («Қаз. әдеб.»).

Шопақ [шыбын] құрлы көрмеді. *Ауырлығын, салмағын сезбеді.* Аяғымның ұшы қолдауына сәл тиіп кетсе, еліктей орғи жөнеледі, мені *шопақ құрлы көрмей,* ала жөнеледі (С.Омаров, Қайырлы.).

Ыстық көрді. *Көзіне оттай басылды.* Сылдыр бұлақтың жанындағы қоңыр ауылымды ерекше *ыстық көремін* («Лен. жас»).

Іш-шай деп көрмеді. *Ешбір ұрысып-керіспеді, көңілі қалыспады.* Бұрын *іш-шай деп көрмеген* екеуі, соңынан бір-бірінен кешірім сұрады («Лен. жас»).

КӨРАНА з а т. ж е р г. *Жерді қазып жасаған үй, жертөле.* Шөп *көрана* күн санап шөгіп, бара-бара төбесінен құм шұбыратын болды (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Тоқымның етегінен айнала ақ көбік. Екі бүйірі солқ-солқ етеді. Сейсіметтің шақырымдай жердегі *көранаға* бұрғанына қонбей, жирен айғыр қыстауға, қораға тартты (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

КӨРБАЙ-ЖЕРБАЙ з а т. с ө й л. *Көр-жер, кәкір-шүкір, оны-мұны.* Күл-қоқыс төгетін жәшікте *көрбай-жербай,* қиқым-сиқымның бірте-бірте үйіліп, жиналып қалатыны секілді («Қаз. әдеб.»). Сен демалыс күні жұбайыңның үйінде жоқтығын пайдаланып *көрбай-жербайыңды* буып алып, қашқан қыздай тайып тұрдың («Лен. жас»).

КӨРБАҚ з а т. м и ф. *Көрдің иесі.* – Рас, рас айтам, ата! Әлде *көрбақ,* әлде жын, әйтеуір Жұмағұл ағамды молаға сүйреп алып кетті (А.Мекебаев, Жезтырнақ). Сол қапталдағы қалың қара шеңгелдің әр бұтасы маған тарпа бас салғалы келе жатқан албасты, не *көрбақ* боп елес береді (Ө.Қанахин, Жер бас.).

КӨРБАЛА с ы н. **1.** *Өмірден ештеңе ұға қоймаған, балаң.* Ол кез менің жаманшылықтың қай жақтан қалай келіп, қалай соғатынын жөнді білмейтін *көрбала*, көзсіз шағым ғой (Ә.Әбішев, Найзағай). Емес пе бір тұрлаусыз жас күн деген, Жас жүрек албырт асау бас білмеген, *Көрбала*, көргені кем, көрсе ұнаған, Қобызды шалға, күйін мастірлеген (І.Жансүгіров, Поэма.). Біздің үйде мен ғана Жұмысқа жарар еркегі. Бұған дейін *көрбала* Далаңдаған еркегі (С.Мұқанов, Замандас.). // *Өмірден көрген-түйгені аз жеткіншек.* Бұрынғы аға болған аман қалды. Бұрын мүйізделіп жүрген көп *көрбала* күңіренді де ол қалды (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** *Өмірді түсіне білмеген, шорқақ.* «Ойы – әлі күнге дейін *көрбала,* бұл ел басқарып оңбас» деп, біреулер қарсы шықты (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Бәрі де кезінде Сымайылға сеніп кеткен *көрбалаға* ғой өңшең (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Біз тіпті *көрбалаға* екенбіз-ау (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Тәжірибесіз *көрбалаға* ақыл бұл істі құр ғана ашумен шештік. *Көрбалаға*, аңқау ел...(М.Әуезов, Абай жолы). **3.** а у ы с. *Қараңғы, надан.* Текестің суы мен тоғайынан өзге түк көрмей, ауыл арасының өсек-аяңынан басқа түк естімей *көрбалаға* болып өскен біздің көзімізді кең дүниеге тұңғыш ашқан адам осы Сағатбай (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

КӨРБАЛАЛЫҚ з а т. **1.** *Ұға білмеушілік, түсінбеушілік.* Ағай басын шайқай отырып: – Жанболатты жаман жігіт деп есептемеймін, бірақ бойында *көрбалалығы* көп болатын (А.Жұмаділдин, Сең.). Олардың *көрбалалық тарын* сонша, өздері толық түсінбей-ақ әлдеқандай, мардымсыз тақырыптарды ғасыр бойы қайталап жырлай береді (Ә.Тәжібаев, Өмір.). **2.** а у ы с. *Қараңғылық, артта қалғандық, надандық.* «Серіктік» дегеніміз – аспандағы жұлдызды қолдан жасап, аулымызға орнату. *Көрбалалықты* жойып, зерделі, өнер-білімді жас қауым тәрбиелеу (Д.Әбілев, Ақын арманы). Ал қазіргі ел бұрынғы *көрбалалық тан*, нашар, момындықтан сейіліп, көзін ашып келеді (М.Әуезов, Абай жолы). XIX ғасырдағы қазақ қоғамының *көрбалалығы* кесірінен Абай сынды данышпан ақынның өзі бүкіл қазақ еліне түгел таныс емес-ті («Қаз. әдеб.»). Мұздағандар жалыныңа жылыр ед, *Көрбалалық* көзден шелін сылар ед (М.Әлімбаев, Жүрек.).

КӨРБАН з а т. *Бейітті қарап, құтуші адам.* Манат қыз, назарың сал хатқа мына, Кедейге жұпты болған Дұқтариша. Малы жоқ! Патша қызын *көрбан* алған, Тиерсің мендей шалға жазса құда (Молда Мұса).

КӨРБІЛТЕ[1] з а т. қ о л ө н е р. *Сырылған тігістердің арасынан өткізілетін білте. Көрбілте* – машинамен қатар-қатар сырып алып, сол тігістердің арасына жүннен, мақтадан өткізілетін білте (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КӨРБІЛТЕ[2] с ы н. *Көмескі, анық емес (жол, соқпақ).* Осы жұлдыз туа шаруа тағы да жалғыз аяқ *көрбілте* жолға түсіп, орманға беттейді (О.Бөкеев, Қайдасың.). Менің көзім соқыр, сіздің кеудеңіз соқыр. Екі соқыр біріксе, *көрбілте* соқпақты тез табады, менімен болыңыз (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). *//Бұлдыр, бұлыңғыр ой.* – Кемшілік кімде болмайды, – деп Әлібек көңіл жықпас, көйлек жыртпас *көрбілтеге* басты (С.Омаров, Күншуақ). Осындай *көрбілте,* көмескілікті Битабар ұнатпайды (С.Шаймерденов, Жыл.).

КӨРБІЛТЕЛЕН= е т. *Көмескілену, ұмытыла бастау.* – Айналайын, төрем-ай! Сөзді естуге ғана үйреніп, айтуға хұқың қалмаған заманда, көңілде *көрбілтеленіп* жатқанға шоқ тастадың-ау, – деді алып адам (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

КӨРБІЛТЕЛЕУ с ы н. *Болар-болмас, көмескілеу.* Әдемілік, сұлулық, сәулеттілік секілді ұғымнан жырағырақ өскен Тиыштық *көрбілтелеу* тұрмысты артқа тастағансын, өз басына да қарай бастаған шағы (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

КӨРГЕН: көргені жақсы. *Қөңіліне түйгені, көрген-білгені көп, ізгілікті, парасатты жан (адам). Көргені жақсы* көш бастар (Мақал).

КӨРГЕН-БАҚҚАН з а т. *Бар білгені.* Осы жасқа дейінгі *көрген-баққаны* – осы (Ауызекі).

КӨРГЕНДІ с ы н. *Өмірден көрген-түйгені мол, салт-дәстүрді білетін.* Тәрбиенің ең әсерлісі, ең өнегелісі – өзіңнің тәрбиелі, *көргенді* болуың ғой (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). – Бақыт қайда барасың? – Өсірген жақсы баласын, Сыйлаған ата-анасын, *Көргенді* ұлға барамын (Қабан жырау, Алтын қазық). *Көргенді* кісі көргенін айтар, Көргенсіз кісі бергенін айтар (Қаз. мақал. мәтел.).

Көргенді жердің баласы. *Тәрбиелі отбасынан шыққан ұрпақ.* Келінімізде мін жоқ. *Көргенді жердің баласы* жаман бола ма? (С.Шаймерденов, Жыл құсы).

КӨРГЕНДІЛІК з а т. *Өнегелі тәрбиеленгендік, қанға сіңген адамгершілік, ізгілік, тектілік.* Соған қарағанда, олар әдептілік, *көргенділік,* сыйлау-сыйласу дегеннің мәнін теріс түсінбейтін тәрізді («Лен. жас»).

КӨРГЕНСІ= е т. *Көп нәрсені білетінсу, білгірсу.* Осы арада әркім әртүрлі пікір білдірісіп, кейбіреулері тіпті «Құдайберген мырза жат елге қаша қоймас, осы дүрліккеніміз соңыра ұят болып жүрмегей», – деп *көргенсіді* (З.Жәкенов, Таңд.).

КӨРГЕНСІЗ с ы н. *Әдепсіз, ізетсіз, тәрбие көрмеген.* Оған себеп Гүлжаһанның ожар ағасы Ақылдың оқыс *көргенсіз* тентектігі (О.Сәрсенбаев, Сағым). *// Әдепсіз, ізетсіз, тәрбие көрмеген адам.* Беліме жіп буындым белбеусізден, Жігіттер, қатын алма *көргенсіздең*, Қатынды алар болсаң *көргенсіздең*, Газиз басың қор болар тергеусізден (Шал ақын, Өлеңд.). Ат жетім өрен жүйрік шабылмаған, Мал жетім дұрысымен бағылмаған. Ер жетім *көргенсіздең* әйел алған, Көтермей көңіліңді тақымдаған (Бозінген). Маған «сен»

деп сөйлеме! Семіп қалғыр, шешеңдей кісінің бетінен алатын неткен *көргенсіздің* өзің? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨРГЕНСІЗДІК з а т. *Әдепсіздік, тәрбиесіздік, көрген-түйгені жоқтық, тексіздік.* – Еркектердің ісіне араласпаңдар, шырақтарым. Бұл – *көргенсіздік* болады (М.Тиесов, Дала.). Елдің бәрін жинадық, Алпыс күндей сыйладық. Ауылға келген қонаққа, *Көргенсіздік* қылмалық (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бірақ, бірақ масайрап *көргенсіздік*, Жұлып ала жаздайды ерден Сізді! Ниет бар да, Қолында құдірет жоқ, Ит қылады-ау апырм-ай дәрменсіздік! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

КӨРГІЗ= е т. *Көрсету.* Өр қайратты ер жігіт Сол өлеңнен туады. Көрінбесті *көргізіп*, Жасаймын әм қырағы (Ж.Өмірбеков, Ана.). Қалмамбеттей елшінің Көрмегенін *көргізді* (Қамбар батыр).

КӨРГІЗУ *Көргіз етістігінің қимыл атауы.* Әңгіме түстің келу, келмеуінде емес, оған түс *көргізуінде* (Қ.Жұмалиев, Қаз. эпосы).

КӨРГІСІЗ с ы н. *Көрмей кететін, араласпайтын.* – Айша-ау, шынымен-ақ туған-туысқанды *көргісіз* болып кетесің бе? (С.Сейфуллин, Әңгім.). Содан бас тартқаныма әке-шешем қатты өкпелеп *көргісіз* болып алды (С.Бегалин, Шоқан асу.). Кетесің кейде ұрт беріп, Баратын жолың белгісіз. Досыңа жақын сырт беріп, Қайта айналып *көргісіз* (А.Лекеров, Достар).

Адам көргісіз. *Кісі қарағысыз, ұсқынсыз, кір-қожалақ, танып болмайтындай.* Шахтадан шыққанда жұмыскерлердің түсі *адам көргісіз* болады екен (С.Сейфуллин, Таңд. шығ.). Ондайда әсіресе екі жеңіміз *адам көргісіз* халге түседі (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Көзге түртсе [шұқыса], көргісіз. *Ештеңе көрінбейтін, қап-қараңғы.* Дала *көзге түртсе, көргісіз.* Жауын сабалап құйып тұр (С.Жүнісов, Жапанда.). Дала *көзге түртсе, көргісіз,* құрылыс алаңынан бөтен жер түпсіз үңгірдей тұтасып алған қараңғылық (М.Дүзенов, Әке.). *Көргісіз көзге түртсе* түнде үндемей, Қолымды қысқан достар, сен кім демей (Қ.Жармағамбетов, Баллада.). *Көзге шұқысаң, көргісіз* қараңғы түнде оны әудем жерден көздемей-ақ атып жібергенде, жалпасынан түсірді (З.Жәкенов, Таң самалы).

КӨРГІШ с ы н. *Танығыш, сезгіш, қырағы.* Бір кезде таң сарғайып, машұрықтан Ағаштың арасына сәуле енді. Үкілер күндіз соқыр, түнде *көргіш* Есекең іс мәнісін білмей ергіш (А.Байтұрсынов, Шығ.). Бүркіттің көзі алыстан *көргіш,* қараңғы, алыстағы құс-аңды көріп ұмтылып талпына береді (Ш.Айманов, Қыран.). Бағып тұр *көргіш* көзі алыстарды, Танып тұр алысқанды, жарысқанды (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.).

Күн көргіш. *Күнделік тірлікке жарап тұрған.* Үйінде азын-аулақ *күн көргіш* малдары болса да, Әзімхан әр жерге жүріп үйренген еді (С.Сейфуллин, Таңд. шығ.). *Күн көргіш* малың бар, үйің бар, – деді кемпір баласына қалтқысыз сеніп (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

КӨРГІШСІ= е т. *Сезгішсіну, білгірсіну.* Тап сондай шақырылып Горкиндер де, Бұйрықпен бір шабарман кетті демде. *Көргішсіп* көлденеңнен сынампаздар, Ерденнің бұл қимылын «теріс» дер ме? (Ғ.Игенсартов, Тың дала).

КӨРГІШТЕ= е т. *Көре беру, қайталап қарай беру.* Қыз қайтадан кітабын ақтарып, жапырақтардың суреттерін *көргештеп* кетті (М.Мағауин, Көк мұнар). Біз кезек-кезек кіріп, аты аңызға айналған сарбаздың төсегін сипалап, қайта-қайта *көргештеп* шықпай қойдық (Ә.Бектемісов, Майдангер.). Туристер жайы белгілі: Жол шықтық жиі, сирек те. *Көргештеп* арғы-бергіні, Жаздық та, бастық суретке (Х.Ерғалиев, Күн күмбез).

КӨРГІШТІК з а т. *Байқампаздық, қырағылық.* Сонымен бірге қайратына сай беттілігі, жүректілігі, қиырдағыны тез сезетін *көргештігі* де өзге құстарға қарағанда бүркіттің ерекшелігін көрсетеді («Лен. жас»). Әр автордың дәрежесі, *көргештігі* әртүрлі болады («Әдеб. искусство»).

КӨРГІШІРЕК с ы н. *Көбірек сезетін, байқампаздау.* Біз болыстың айласы мен салмағы арқамызға аяздай батқан елміз. Сондықтан *көргішірек* болған шығармыз (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КӨРДЕЙ с ы н. **1.** *Көр сияқты, көр тәрізді.* Түңіле бай үйінен бала кетті, Сұм өмір, сұрқия өмір тентіретті, іңірде көз қарайған өлімсіреп, Үңірейген ескі *көрдей* үйге жетті (О.Шипин, Дастан.). Алдында бейіттің іші тіпті қап-қараңғы болып, *көрдей* азынап тұрған соң, алғашқы кірген жерде кішкене етім сескеніп еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Қараңғы.* Әлдене гүрс ете түскенге шошып оянсам, вагонның іші *көрдей* қараңғы (С.Мұқанов, Есею жыл.). Әуелінде маған *көрдей* көрінген бөлме іші бірте-бірте сейіліп, көзім үйрене бастады (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Ізгілігін зұлымдыққа талатқан, Аққу құсқа оқ атқан. Барлық алтын уақытының жиһазын Пенделіктің орманында тонатқан, *Көрдей*

қара тұман жапқан көңілін Ең сорлы жан мен болайын, Ең соңғы хан мен болайын, Тәңірім?! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

КӨРДЕМШЕ з а т. ж е р г. *Көлденең (некесіз) тапқан жас нәреске.* «Сен мұны жолдан таптың, *к ө р д е м ш е ң д і* ел көрмесін, жұрт сезбесін, мен оны жерошаққа көмейін, не суға тастайын», – деп отыр (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк). // *Некесіз туған.* Бәйбіше: – Ой, *к ө р д е м ш е* ит! – деп жерден көтеріп алып жатып, баланың бүйіріне қолын батырып жіберді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

КӨРЕ-БІЛЕ ү с т. *Біле тұра, көріне-көзге.* «Біз де жанбыз ғой. *К ө р е - б і л е* өлімге қолдан неге береміз, қорғаймыз», – деп барлығы да қара бұлттай қаптап осы құзғынның маңайын торлап келген-ді (А.Сарбөпин, Аспалы.). Бірақ жоғарыдағыдай қожырап отырған істі *к ө р е - б і л е* жанды қимыл, шұғыл шара жүргізілмеуі қынжылтады («Лен. жас»).

КӨРЕГЕН с ы н. **1.** *Көргіш, қырағы, байқағыш.* Ол өзі қартая бастағанымен көзі әлі *к ө р е г е н,* жақсыны айыра білгіш еді (А.Байтанаев, Асан.). Ит бөріден, ұры-қарыдан сақтайды, Иттің көзі – *к ө р е г е н,* құлағы – сақ (Тарту). Жылқы баласы түнде де *к ө р е г е н* келеді (І.Есенберлин, Қаһар). Көптің көзі – *к ө р е г е н* (Мақал-мәтел). **2.** а у ы с. *Алдағыны күні бұрын болжай алатын, сезімтал.* Қазір мысқылшыл, алғыр ойы оянған Абай, шабытты күйде шешен де, *к ө р е г е н* (М.Әуезов, Абай жолы). Ақсақ Темір *к ө р е г е н,* Азуын айға білеген, Дүшпанын саздай таптаған, Досын майдай сақтаған, Алтын діңгек секілді Патша өткен Тұранда (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

КӨРЕГЕНДЕУ с ы н. *Байқағыштау, сезгіштеу.* Сонда *к ө р е г е н д е у* біреуі Төрекеңді, әлгі алтын иық көк көзге айырбастауды айтпайды деймісің (А.Сүлейменов, Бесін.).

КӨРЕГЕНДІК з а т. *Алдағы болатын істі болжағыштық, білгіштік, сезімталдық.* Ақындық сезімталдықты, *к ө р е г е н д і к т і,* талғамдылықты керек етеді (І.Омаров, Шабыт.). «Ағаш көркі – жапырақ» деп халқымыз *к ө р е г е н д і к п е н* айтқан (А.Балтабаев, Шөлде.). Жазушы өмір талабын түсінуде *к ө р е г е н д і к* жасады («Қаз. әдеб.»).

КӨРЕГЕНДІЛІК з а т. с ө й л. ***Көрегендік.*** Бұл міндеттерді дер кезінде күн тәртібіне қойып отыру... *к ө р е г е н д і л і к т і,* жан-жақты дайындықты қажет етеді («Қазақст. мұғ.»).

КӨРЕГЕШ с ы н. с ө й л. ***Көреген.*** Түнеугүні Сарыбайұлы қой біткеннің кемдігін *к ө р е г е ш* боп пысықтық жасағаны тегін емес (Қ.Исабаев, Айқыз).

КӨРЕК з а т. с ө й л. **1.** ***Қорек.*** [Әкібайдың] Малы қорасында қылтанақтап *к ө р е к* еткенде, иесі анда-санда аузына бір құрт салады, оған тісі өтпейді, құр қажалайды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Мал, мысығын түгендеп, Бітірген соң түгел жеп, Ашықты Әли, *к ө р е к* жоқ (І.Жансүгіров, Поэма.). Ырзығы дүниенің дән емес пе? Адамның әл-дәрмені нан емес пе? *К ө р е г і* көздің нұры көзіміздің Өмірдің бір топ бидай нәрі емес пе? (Айтыс). **2.** а у ы с. *Рухани ләззат, жан азығы.* Жалғыз нан керек емес, достым. Адам *к ө р е г і* – жақсы поэзия, музыка (З.Шашкин, Сенім). *К ө р е к* жиып санасына сонымен, Қаудыраған жалба-жұлба тонымен (Д.Әбілев, Өлеңд.).

КӨРЕКТЕН= е т. с ө й л. ***Қоректен.*** Адам тек етпен ғана *к ө р е к т е н б е й д і,* Нан да, тұз да, балық та қажет (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

КӨРЕКТЕНДІР= е т. с ө й л. ***Қоректендір.*** Ал Еркебаевтың звеносы егістігін тыңайтқышпен *к ө р е к т е н д і р і п* болды (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.).

КӨРЕКТЕНДІРУ с ө й л. *Көректендір етістігінің қимыл атауы; қоректендіру.* Одан қысқы суаруы тағы бар. Үстеп *к ө р е к т е н д і р у* бір жағынан күтеді (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.).

КӨРЕКТІК з а т. с ө й л. ***Қоректік.*** *К ө р е к т і г і* және организмге сіңімділігі жағынан маргарин сары майдан кем түспейді (Орган. химия).

КӨРЕКТІЛІК з а т. с ө й л. ***Қоректілік.*** Ғылыми орындардың арнаулы зерттеулері бойынша жылқының қара етінің *к ө р е к т і л і к* қасиеті сапалы сиыр етімен тең (Тарту).

КӨРЕНДІЛІК з а т. ж е р г. *Сұраншақтық, тіленшектік.* Мен *к ө р е н д е л і к* етпеймін (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨРЕНЕУ ү с т. с ө й л. ***Көрінеу.*** Зіл батпан жүк көтеріп қол-аяғы сарылғандай, денесі езіліп барады. Шақшабайдың *к ө р е н е у* қиястығы шымбайына батып кеткендей еді (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.).

Көренеу көзге. *Көрінеу көзге, көрер көзге, әдейі.* Омардың мына сөзі, *к ө р е н е у к ө з г е* өтірігі Мұқажанның шымбайына батып, қытығына тиген сияқты (Б.Тілегенов, Аққайнар). Әрі арқасын кеңге салып, *к ө р е н е у к ө з г е* кемшілік жіберген Х.Ағыбаев сияқты шаруашылықтың шалағай басшылары тиісті жазасын алды («Лен. жас»).

КӨРЕРМЕН з а т. *Көруші, байқаушы, тыңдаушы.* Ширек ғасырға жуық уақыт ішінде бұлар қазақ *к ө р е р м е н д е р і н і ң* сүйікті қаһармандары болып кетті (Қ.Қуандықов,

Серке Қожамқұлов). Алдымен ән салуға ақыл керек, Ырғақтың мағынасына болар тірек, Ой бар ма, жүрек бар ма, лебіз бар ма *К ө р е р м е н,* тыңдарманға олар керек (Б.Момышұлы, Таңд. шығ.). Абайдың психологиялық мінездемесі, музыкалық образы *к ө р е р м е н н і ң* көкейінен шықты («Қаз. әдеб.»).

Көрермен қауым [жұртшылық]. *Кино, театр спектакльдерін, әртіс ойындарын, концерт, спорт жарыстарын көруге келген жұртшылық.* Мереке алдында *к ө р е р м е н қ а у ы м* қазақ халқының ұлы перзенті, тұңғыш ағартушы ғалымы Шоқан бейнесімен тағы да дидарласады («Қаз. әдеб.»). Арада 40 секунд өткенде Асан таза жеңіске жетті. *К ө р е р м е н қ а у ы м* ду қол шапалақтап, ризалық кейіппен қошемет көрсетті («Лен. жас»). Астананың талғампаз *к ө р е р м е н ж ұ р т ш ы л ы ғ ы* сонда Зәбираның бұралған биіне де қатты қуанған еді («Қазақст. әйелдері»).

КӨРЕРМЕНДІК с ы н. *Көрушіге тән, көрушіге лайық.* Ол ашқан ескі, қатал би бейнесі менің *к ө р е р м е н д і к* дүниеме ауыр тиіп, әдеби герой мен актер арасындағы жасалған бейне шындығын ажырата алмағанмын (І.Омаров, Серпін).

КӨРЕСІ з а т. *Қорлық, қиыншылық, азап.* Бар екен осындай бір *к ө р е с і ң* де, Қалмайды өткен күннің көбі есімде, Күрсініп қарай бердім, қарай бердім, Сабалақ сары шаштың төбесіне (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

Көресімнен көргенім көп. *Көргенінен көрмегені аз қалды.* Өрім кетіп, ылдиым қалды. *К ө р е с і м н е н к ө р г е н і м к ө п.* Күн өткен сайын о дүние бір табан жақын сияқты маған (Б.Қожабеков, Көктөбе).

Көресіні көрді. *Біреуден қорлық көрді, жапа шекті.* Жүн қырқарда да осы Қасымбектен *к ө р е с і н і к ө р і п*-а қ болды («Қаз. әдеб.»). – Осы сендер не ойлайсың, түге? Ал, мен *к ө р е с і н і* мына Қаленнен *к ө р і п* жүрмін ғой (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қырғи жолдас бола алмайды кептермен, Себебі ол кептер етін жеп көрген. Қой қоралас бола алмайды қасқырмен, Қасқырдан ол *к ө р е с і н і* көп *к ө р г е н* (М.Мақатаев, Шығ.).

Көресіні көрсетті. *Қорлыққа салды, қинады.* Кейін қарай бір ыршып түскен кәрі арлан, мен де саған *к ө р с е т е й і н к ө р е с і н і* дегендей, долдана қайта ұмтылды (Ә.Жылқышиев, Айтолқын). «Қалыңдығың Құралаймен тілдес. Әйтпесе сен итке *к ө р с е т е м і н к ө р е с і н і»,* – дейді-ау шамасы (А.Әлсеров, Ауыл.).

КӨРЕШЕК з а т. *Көретін нәрсе, бастан өткізер іс-әрекет, көретін жарық дүние.* Мына бір балалардың *к ө р е ш е г і* шығар, аяғы қайырмен бітті ғой, әйтеуір (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Сөйтіп жұмылған жұдырықтай шашау шықпай, таласып-тартысумен келе жатқан қалмақтың *к ө р е ш е г і* алда екен (К.Сегізбаев, Беласқан). Көрер-ау жаңбыр жауса, *к ө р е ш е г і н*! Бірақ неткен мезгілдің төресі едің?! (І.Қажытай, Тасжарған).

КӨРЕШІК з а т. с ө й л. ***Көрешек***. Бұзаубақ: –... Бұл да жасынан мен құсап *к ө р е ш і к т і* көріп баққан екен, – деді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Дүние осы күні тынып тұрды, Ертеңгі *к ө р е ш і к т і* кім ұқтырды. Ып-ыстық, жайлы төсек, жар құшағы, Құдайын жігіттердің ұмыттырды (С.Тұрғынбеков, Қобыз).

КӨР-ЖЕР з а т. **1.** *Ұсақ-түйек, көкір-шүкір.* Жалпы бақылау деген жас балаға жат нәрсе. Оның ілтипаты көбінесе *к ө р-ж е р д е* болады, әрбір ұсақ нәрсе оған қуаныш береді. Жалпыны шолып бақылауға *к ө р-ж е р д е н* мұршасы келмейді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сол күні әжем түйесін жазылап, *к ө р-ж е р і н* үстіне артты (Ө.Қанахин, Жер бас.). Демалыс болса екеуі, кейде үшеуі базар аралап кетеді, үй ішінің *к ө р-ж е р і н,* киім-кешекті арқалап қайтады («Қаз. әдеб.»). **2.** *Оны-мұны, болмашы бірдеңелер.* Қадірбек ұсталатын жылы біз де басымызбен қайғы, қалада *к ө р-ж е р* істеп жүргенбіз (З.Шүкіров, Қиын түйін.). Жемі уақ балық, шаян, *к ө р-ж е р* болады (М.Дулатов, Шығ.). Шойбек те оған қорытынды жасамай, Сылтау көп-ақ *к ө р-ж е р д е н* қол босамай (А.Тоқмағамбетов, Ауыл.). **3.** *Жоқтан өзге, уақ-түйек іс-әрекет.* Алайда екеуінің сөзі де уақ-түйек, *к ө р-ж е р,* ошақ бұты боп келеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ауа райын, анау-мынау *к ө р-ж е р д і* әңгімелеп сәл отырған соң Шәрипа орнынан тұрды (М.Мағауин, Бір ата.). Ақындары ақылсыз, надан болып, *К ө р-ж е р д і* өлең қыпты жоқтан қармап (Абай, Тол. жин.). Бір мектепте оқып жүрген құрбыммен қыдырып келіп, подъезд алдында *к ө р-ж е р д і* әңгіме ғып мылжыңдасып тұрғанбыз («Лен. жас»).

КӨРКЕЙ= е т. **1.** *Қылпыру, көріктену, ажарлану.* Асылдың үш бөлмелі үйі аз да болса реттей жиналған мүлікпен *к ө р к е й г е н* (Т.Қойшыманов, Тынымсыз.). Арқалықта жапжақсы құрылыстар салынды, қала бірте-бірте жасыл желекке бөленіп, *к ө р к е й е* түсуде («Лен. жас»). **2.** *Әлдену, тұрмысы жөнделу.* Медетбек те үй ішімен Шымкентке көшіп келді, осы жерден тапжылған емес. Өсті, өнді, *к ө р к е й і п,* көсегесі көгерді (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал.). Құлнияз ағам жаңа үй салды. Енді бұлардың тұрмысы жаңарады, *к ө р к е й е д і* (С.Омаров, Қиыр жол).

КӨРКЕЙТ= е т. **1.** *Көріктендіру, ажар беру.* Алаулаған электр шамы зал ішін *көркейтіп,* құбылтып көрсетеді (Ә.Шәріпов, Қапаста.). **2.** *Жетілдіру, жандандыру.* Еңбекші елде еңбек күшті. *Көркейтеді* еңбек істі (И.Байзақов, Құралай.). Талапкер азаматтар, көзі ашық байлар һәм мырзалар «Азамат» серіктігіне молырақ кірісіп, газет һәм баспахана ісін тағы да *көркейтер* деген үміттеміз (М.Дулатов, Шығ.).

КӨРКЕЙТТІР= е т. *Ажарландыру, қылпырту.* Жомартқа Жақып жеңдіріп, лезде колхозды *көркейттіреді* (Ф.Оразаев, Басты.).

КӨРКЕЙТУ *Көркейт етістігінің қимыл атауы дамыту, жетілдіру жандандыру.* Қазір Қазақстан баспасөз үмесі жарияланып отыр. Екінші сөзбен айтқанда, баспасөзді күшейту, *көркейту* жолында істелетін шаралар қандай болу керек, соларды жобалап, ұйғарған шараларды тезінен жүзеге асыру үшін жарияланып отырған үме бұл (М.Дулатов, Шығ.). Тәрбиенің мақсаты – денені күшейтіп, ұлтшыл қылу болса, бұның жақсы жағы да, жаман жағы да болу керек. Жақсы жағы: бір халықтың ұлтшыл адамдары көбейсе, ұлты үшін жанын салып, сол ұлтты *көркейтуге* тырыспақ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Алаш туы астында, Куә болсын арымыз. *Көркейтуге* Алашты Құрбандық біздің жанымыз! (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

КӨРКЕЙТІЛ= е т. *Көріктендірілу, ажарландыру, сән берілу.* Сәулетшілер жасаған жоспар бойынша қаланың орталығы... бұрынғыдан әлдеқайда *көркейтілмек* («Білім және еңбек»).

КӨРКЕМ с ы н. **1.** *Әдемі, ажарлы, әсем, сұлу.* Тоты қыз бұрынғы *көркем* ажарынан арылмапты (О.Сәрсенбаев, Сағым). Ел ішінде тілді бозбалалардың көзі түсе бастап, шетелдерге де «Сәрсенбайда бек *көркем* бір ақын қыз бар» деген лақап жайыла бастады (М.Дулатов, Шығ.). Тіліне қу түлкінің тез алдандың, Ойламай таңдағыны, тез құп алдың. Тап-таза ат, *көркем* көрік – бәрі кетіп, Өміріңше құтыла алмас отта қалдың (М.Жұмабаев, Шығ.). Көздің жауын алар *көркем* астананың әр таңы, Сонда әсем өміріңді алдыңа әкеп тартады (Ғ.Қайырбеков, Құрдас.). **2.** *Жанға жайлы, рақат, сүйкімді, сәнді.* Ақырын ғана *көркем* сыңқыл, әсем үнмен Әйгерім күліп қызарады (М.Әуезов, Абай жолы). Ғали домбыраны әкеліп ұстатқанның соңында: «Менің өлең айту әдетімде жоқ еді, білмеуші едім, – деп күлімсіреп отырып: – Қайыр, енді көңілдеріңіз қалмасын», – деп *көркем* әнмен домбыраға дауыс қосып сөйледі (М.Дулатов, Шығ.).

Көркем аударма. әдеб. *Бір тілден екінші тілге аударылған әдеби шығарма. Көркем аударма,* оның ішінде халықтар даналығын аудару – бір жағынан ғылыми жұмыс (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). – Біріншіден, бұл *көркем аударма* есебінде тәп-тәуір екен, – деді Қабира (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). Жекен Жұмаханов *көркем аударма* саласында да недәуір еңбек еткен жазушы («Қаз. әдеб.»).

Көркем әдебиет. әдеб. *Әдеби шығарма.* Алды ауызша боп басталған қазақ *көркем әдебиетінің* түп тамыры алысқа кетеді (С.Мұқанов, Саяхат.). Мен тайганың заңын *көркем әдебиеттен* оқып білгенмін (Б.Момышұлы, Офицер.). Рахмет *көркем әдебиеттің* көмескі соқпақты жолымен штрикте жүргендей боп жүретін (С.Ерубаев, Менің құрдас.).

Көркем әңгіме. әдеб. *Шағын әдеби шығарма.* – Уәу, Қапан-ау, сенің мынауың бір *көркем әңгіме* іспетті боп кетті ғой өзі, – деймін мен оның сөзін бөліп (Ә.Нұршайықов, Алтын.).

Көркем гимнастика. спорт. *Небір нәзік, әдемі де қиын қимылды орындайтын спорт түрі.* Ортаға *көркем гимнастикадан* қыздар тобы шықты («Лен. жас»).

Көркем образ. әдеб. *Әдеби шығарма кейіпкерінің тұтас тұлғасы.* Ломоносов бір маңызды ғылыми болжауында жер қабаттарының құрылымын тамаша *көркем образдар* арқылы бейнеледі (Е.Байзақов, Еңбек.). Біз жазушылардан өмірдегі диалектикалық қайшылықты *көркем образ* арқылы бейнелеуін талап етеміз («Қаз. әдеб.»).

Көркем оқу. *Әдеби шығарманы мәнерлеп оқу өнері.* Ресейде *көркем оқу* М.С.Щепкин творчествосы арқылы тарады (ҚСЭ).

Көркем очерк. әдеб. *Өмірде болған істі баяндап, әдеби тілмен суреттеле жазылған шығарма.* Жанр жағын сөз еткенде, біз бұларды *көркем очерк* деп қарастырамыз («Қаз. әдеб.»).

Көркем поэма. әдеб. *Өлеңмен жазылған сюжетті әдеби шығарма.* «Топжарған» – тарихи реалистік – *көркем поэма* (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

Көркем проза. әдеб. *Қара сөзбен жазылған әдеби шығарма.* Екінші, Сәкеннің қазақ прозасындағы орны,... Сәкен *көркем прозада* поэзиядағыдай шебер болмады (С.Мұқанов, Өсу жол.).

Көркем тіл. *Әдеби шығарма тілі.* Жазушылар адам образын да, көркем сюжетті де, жеке адамға тән мінезді де, күйініш-сүйінішті де, табиғаттың әдемі көріністерін де *көркем тіл* арқылы жасайды (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.).

Көркем шығарма. ә д е б. *Әдеби шығарма.* Өте нақтылы, шыншыл, дәлшіл үлгіні көрсететін реалистік шеберлікпен толық шыққан *көркем шығарма* болсын, өзінің әрі мазмұны, әрі көркемдігімен бағаланады (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). Бояуды сүртіп, Өлеңді жыртып, жүз рет, Жазамыз әлі талай біз *көркем шығарма* (Қ.Баянбаев, Ақ шағала).

КӨРКЕМДЕ= е т. *Әдемілеу, көріктендіру, сәнге бөлеу, ажарландыру.* Кісі киімді *көркемдемесе,* киім кісіні көркемдейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Қолында бар қаруы қалам ғана, Әттең-ай, жазушы боп жаралғанда, *Көркемдеп* көргенін де жеткізе алмай, Кейде бір қиналады жаны арманда (З.Шүкіров, Арал.). Жанбаймын да, күймеймін, өртенбеймін, Мен бәрібір дүниені *көркемдеймін.* Шуы азайған бүгінгі көңіліммен – Суы азайған өзімнің өлкем дейін (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Тірлік сәнін *көркемдеген,* Төңірегім кіл сыйлы адам. Алғаш рет еркем деген Аяулыма гүл сыйлағам (Ө.Жайлауов, Жарқын.).

Көркемдей оқу. *Әдеби шығарманы мәнерлеп оқу.* Бір ескеретін нәрсе – *көркемдей оқу ды* дамыту, оқу техникасын үйрету, дикцияны саралау («Қазақст. мект.»).

КӨРКЕМДЕГІШ с ы н. *Сәндендіргіш, безендіргіш.* ≈ *Көркемдегіш* сөз.

Көркемдегіш құрал. ә д е б. *Көріктеу құралдары (ойды әсерлі, мәнерлі етіп жеткізу үшін қолданылатын құралдар).* Енді мақал-мәтелдердегі *көркемдегіш құралдардың* компоненттерін қарастырып көрелік (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Біз бұл арада диалог үшін емес, диалог шығарманың тұтас тұлғасын құрайтын *көркемдегіш* құралдың бірі болсын демекпіз («Қаз. әдеб.»).

КӨРКЕМДЕЛ= е т. *Әдемілену, ажарлану.* Бес жүз кісілік клуб іші барынша *көркемделген* еді (С.Алдабергенов, Әңгіме). Құмы – қыстау, Сусамыр – жайлауы боп, *Көркемделген* көк майса шалғын шапқан (К.Әзірбаев, Тойбастар.). Қазақтың сәндік қолданбалы өнер туындылары орта ғасырларда шеңбер мен ромб пішініндегі ою-өрнектермен (ішінара құс пен маймыл кескінделген) *көркемделсе,* XVIII-XIX ғасырларда ұлттық дәстүрде дамыды. XX ғасырдың екінші жартысында көптеген шеберханалар ашылуына байланысты ою-өрнек өнері жаңа түр, жаңа мазмұнға ие болды («Парасат»).

КӨРКЕМДЕЛУ *Көркемдел етістігінің қимыл атауы; ажарлану.* Мұқабасы алуан түсті суреттермен әсем безендірілген, *көркемделу* сапасы өте жақсы (Ә.Шәріпов, Алыс.).

КӨРКЕМДЕН= е т. *Құлпыру, әдемілену.* Металлургтар мен құрылысшылар қаласының орталығы Ленин атындағы алаңнан ашылып *көркеменіп* барады («Қаз. әдеб.»). Алматы күннен-күнге *көркеменіп,* Қарасаң бүгін кетіп, ертең келіп, Бос жерге орнап қалған биік үйлер, Бойына ең сұлуды тұр теңгеріп (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

КӨРКЕМДЕНДІР= е т. *Құлпырту, әдемілендіру.* Бұлттан көрінген ай да, сансыз жұлдыздар да, ... қара мақпал аспанды ерекше *көркендіріп* жіберді (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КӨРКЕМДЕНДІРУ *Көркемдендір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қаланы *көркендіру.*

КӨРКЕМДЕТ= ет. *Құлпырту, ажарландыру.* Шаруашылықты өркендетіп, Өндірісті *көркемдетіп,* Жарысқа түсіп жарысайық (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

КӨРКЕМДЕУ *Көркемде етістігінің қимыл атауы; безендіру.* Оқушыға қабырға газетін *көркемдеу* тапсырылады (Семья тәрбиесі). Жібектің той көйлегін *көркемдеу* үшін әдемі мата таппай әуреге түскенбіз («Түркістан»).

КӨРКЕМДЕУШІ з а т. *Ажарлаушы, әдемілеуші, бейнелеуші. Көркемдеуші* цехтың суретшісі Людмила Кононова қазіргі таңда алдағы бесжылдықтың есебіне еңбек етіп жүрген көрінеді («Қазақст. әйелдері»).

КӨРКЕМДІК з а т. *Әдемілік, көріктілік, ажарлылық, сұлулық. Көркемдік* сипатынан табылғандай, Даусың да болса керек шырын-балдай. Көптен-ақ дабысыңды естісем де, Болған соң келе алмадым жерім шалғай (А.Байтұрсынов, Шығ.). Көзің – аспан, *Көркемдікті* шарасына тартып ап, Толқындарды, Теңіздерден тартып алмай қоймаған (А.Тоқмағамбетов, Көгілдір.).

КӨРКЕМДІЛІК з а т. *Ажарлылық, сұлулық.* Дәмелінің сүйкімділігі, *көркемділігі* – қуанышты өмір, бақыт еткен (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Күнде ме, түнде ме, әлде *көркемділік,* Күйде ме еліктірген ерке күліп, Гүлде ме сыбырласқан тан самалда, Қараған бақ ішінен ертеңгілік (Ж.Смақов, Мың махаббат).

КӨРКЕМӨНЕР з а т. **1.** э с т е т. *Қоғамдық сананың көркемдік ойлау тәсіліне негізделген, өмір құбылыстарын бейнелеп көрсету құралы. Көркемөнер* – адамның екінші өмірі, сезім дүниесінің көркем бейнелер арқылы

табиғи жаратылыстан тыс өзгеше өмір сүруі (Әдебиеттану термин. сөздігі). **2.** *Әуесқой ұжымның орындауындағы өнер шығармалары.* Бұл аудан *көркемөнерді* де көп қадірлейді (М.Әуезов, Шығ. жин.). Жалғыз *көркемөнер* ғана емес, дойбы, шахмат сияқты басқа да өнермен шұғылданам деушілерге көңіл бөл (М.Иманжанов, Жастық.).

КӨРКЕМӨНЕРПАЗ з а т. *Әуесқой ұжымның орындауындағы халық шығармашылығының бір түрі.* Онан соң ақын мерейтойы құрметіне халыққа облыстың жетекші шығармашылық және *көркемөнерпаздар* ұжымдары мен жеке орындаушылардың концерті, «Мағжанның жұлдызы» атты театрландырылған көрініс ұсынылды («Жас Алаш»).

КӨРКЕМӨНЕРПАЗДЫҚ с ы н. *Көркемөнерпазға қатысты, көркемөнерпазға тән. Көркемөнерпаздық* үйірмелер мен ұжымдар мәдениет үйлері мен сарайларынан, клубтардан, мекемелер мен кәсіпорындардан, оқу орындары жанынан ұйымдастырылды (ҚҰЭ).

КӨРКЕМСӨЗ з а т. ә д е б. *Ақиқат дүниені эстетикалық тұрғыдан тілдік құралдар арқылы бейнелейтін шығарма.* Бейімбет – *көркемсөздің* көрнекті шебері. Ол көптеген пьесалар жазды (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз). Дауысың дабыл қағып желдей есті, *Көркемсөз* көкіректің кілтін шешті (Айтыс). *Көркемсөзді* әрі сүлде, әрі сурет – екі жағынан да тексеруге тиіс болғандықтан, оның сынында мынадай сұраулар боларға керек (А.Байтұрсынов, Шығ.).

КӨРКЕМСУРЕТ з а т. ө н е р. *Ақиқат дүниені эстетикалық образдар арқылы бейнелейтін сурет өнері, көркемөнер.* Шевченко академик Бэрдің кеңесі бойынша, Россия *көркемсурет* академиясының вице-президенті граф Ф.П.Толстовқа өзінің тағдыры туралы хат жазады (Е.Жамалбеков, Түлег.).

КӨРКЕМСУРЕТТІ: көркемсуретті фильм. ө н е р. *Әдеби жанрда шығарылған фильм.* Сол сияқты «Менің туысқаным» деген *көркемсуретті фильм* де Ғаниға арналған (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев). 1924 ж. «Қыз мұрасы туралы аңыз» атты сериялы тұңғыш *көркемсуретті фильм* жарыққа шықты (ҚСЭ).

КӨРКЕМШЕ[1] з а т. з о о л. *Дене тұрқы 27 см, Африка суларында кең таралған балықтың түрі.* Көбею мүмкіндігі туса, аналық *көркеме* 400-600 мөлдір уылдырық салады (Қ.Қайымов, Су асты). *Көркеме* – жыртқыш балық, аквариумда басқа балықтармен бірге өсіру қиын, тіпті олар бірін-бірі жейді (Қ.Қайымов, Суасты.).

КӨРКЕМШЕ[2] с ы н. *Әдемі келген, ажарлы, көрікті.* Үрия – талдырмаш бойлы, *көркеме* қыз (З.Иманбаев, Солма.). Ішіміздегі ең естиярымыз – Жаңыл. Ол шешеме тартқан ат жақты, аққұба, жүзі *көркеме* (Б.Аманшин, Көкжар.).

КӨРКЕМШІЛІК з а т. к ө н е. *Әдемілік, сәнділік.* Қазаға бір мұсылман душар болса, Көңіл айту *көркемшілік* жігіт ерге (Үш ғасыр.). Ағайын жүзін көріп амандаспақ, Емес пе *көркемшілік* сәлеметта (XX ғ. қаз. ақын.).

КӨРКЕМІРЕК с ы н. *Көркемдеу, әдемілеу.* Ғалияның көзі үлкейіп кетті. Гүлнар одан гөрі *көркемірек* еді (Ж.Молдағалиев, Тың. дала). Мінезің көркіңнен де *көркемірек,* Айнусыз ақыл-айлаң оған тым еп (Б.Күлеев, Таңд. шығ.).

КӨР-КЕМІС с ы н. *Болмашы жылтыры бар, әрең-әрең көрінетін.* Жаңа ғана аязда қалған шойын бетіне жыпырлап қатқан су тамшысындай *көр-кеміс* суық жұлдыздар енді таңғы шықтай мөлтілдеп тұнып тұр (Ә.Тарази, Құйрықты.).

КӨРКЕСТІ с ы н. ж е р г. *Егде, кексе.* Асылбек сізге қарағанда *көркесті* кісі ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨРКЕУ с ы н. с ө й л. ***Қорқау.*** Ұлып *көркеу,* өлік сасып қара жер. Орамдарды кернеп, кеулеп нала жер. Шаһдаттардың табанында аһ ұрып, Күңіренді ғой азалы жар, жаралы ер (Қ.Шаңғытбаев, Арма.).

КӨРКЕЮ *Көркей етістігінің қимыл атауы; ажарлану, құлпыру.* Бейімбет өз парасатын ауыл бейнесінен бөліп алмайды, өз *көркеюін* ауыл дәрежесімен жырлайды (І.Омаров, Серпін). Адамның өз басының *көркеюімен* ұлты көркеймейді, ұлты көркейсе, өзі көркейеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨРҚАП з а т. м и ф. *Кебін киген, көрден шыққан өлі аруақ.* Баяғыда *көрқап* болып Жәуке батырды шошытпаққа әрекет еткен Қарға ұрының әңгімесі де есіне түсе қалды (А.Нұрманов, Құлан.). Гитлер деген бір пәле кебін киген Көрген пенде *көрқап* дер мынау нағыз (Қ.Аманжолов, Тол. жин.). Бұрын да талай қулық баққан едім. Молаға ақ киініп жатқан едім. *Көрқап* боп көрден шығып, елді үркітіп, Көп олжа қорқақтардан тапқан едім (Н. Ахметбеков, Амангелді).

КӨРҚАРА з а т. ж е р г. *Қара түсті, ұсақ бұтақты, басы бұршікті болып келетін, кебірлеу жерге шығатын ащы шөп* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨРҚАУ з а т. с ө й л. ***Қорқау***. Хан емес, кегін оған *көрқау* кешті. Сол бір сәт төнген қатер тарқап өшті. Өлімі емес енді Ханзаданың Еркін күй даласында дарқан есті (Қ.Бекхожин, Ардагер.).

КӨРЛАТ с ы н. ж е р г. *Еш тәрбие көрмеген, тәрбиесі аз, көрбілте адам.* Ол бір жүрген *к ө р л а т* неме, ненің ретін біледі дейсіз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨРМЕ з а т. *Белгілі бір қоғамның не жеке адамның материалдық және рухани жетістіктерін көпшілікке көрсететін орын.* Халықтың он саусағынан өнері тамған шеберлері Суретшілер одағына мүше болып, шығармалары сурет *к ө р м е л е р і н е* қойылып отырды (Қазақст. бейнелеу.). Сол жылдың жазында Әміре Германияның Майндағы Франкфурт қаласында болатын жержүзілік музыкалық *к ө р м е г е* жіберілді (А.Жұбанов, Замана.). ...Азия және Африка елдері жазушыларының V конференциясына арналған кітап *к ө р м е с і* ашылды («Жетісу»). Жаңа заман *к ө р м е с і* орын берді өлеңге. Кел, ақындар, жолдастар, Тиейік өлең вагонға (Ә.Тәжібаев, Өлең. поэм.).

Ауылшаруашылық көрмесі. *Ауылшаруашылық жетістіктерін көрсететін орын.* Дарвин өзі кептерлер өсіріп, *а у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы к ө р м е с і н е* қатысып отырды (Жалпы биология). Козин Бүкілодақтық *а у ы л ш а р у а ш ы л ы қ к ө р м е с і н е* бұрын да қатынасқан болатын (Т.Нұртазин, Адам.).

Өнеркәсіп көрмесі. *Өнеркәсіп жетістіктерін көрсететін орын.* Москвадағы *ө н е р к ә с і п к ө р м е с і н д е* ауыр, суда пайдаланатын реактор макеттері бар (Ж.Жатқанбаев, Су.).

Уақыттың көрмесі. б е й н. *Заман, кезең.* Ұшқыр ой, жүйрік қалам, өмірге өрлеп, *У а қ ы т т ы ң к ө р м е с і н е н* оза берді (С.Мәуленов, Жолдас.).

КӨРМЕНДІ с ы н. ж е р г. *Көп көрген, өнегелі, үлгілі.* – Көрші-қолаңға сый-құрмет көрсете білетін біз де *к ө р м е н д і* ауылдың қызы болғанбыз (І.Есенберлин, Ғашықтар).

КӨРМЕСЫМАҚ с ы н. *Көрме секілді, шағын көрме.* Реваншистік пиғылға құрылған бұл *к ө р м е с ы м а қ т ы ң* сырт көрінісінің өзі жексұрын (І.Омаров, Шабыт.).

КӨРМЕШЕ ү с т. *Көрме сияқты, көрмеге ұқсап.* Миллионер колхозым бар бірнеше, Табыстары арта түскен сан есе, Тұрмысында бар керегім жайнап тұр. Әдейілеп жасақталған *к ө р м е ш е* (Айтыс).

КӨРНЕК з а т. **1.** *Белгілі бір заттың үлгісі қойылатын жер.* Әбілқасым *к ө р н е к к е* қойған қуыршақ киім үлгісіндей сіресті де қалды (С.Омаров, Қиыр жол). **2.** *Көрік, бейне, ажар.* Елу жас ердің мінсе еңсесіне – Күннен-күн кемиді екен күй мен *к ө р н е к* (Т.Ізтілеуов, Назым).

КӨРНЕКСІЗ с ы н. *Көріксіз, сиықсыз.* Барлық топ *к ө р н е к с і з* молаға әлі де таңырқай қарайды (М.Әуезоз, Абай жолы). Қаланың сырты да, іші де Хакімге *к ө р н е к с і з,* сәнсіз, тартымсыз көрінді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

КӨРНЕКТЕ= е т. *Әдемілеу, сәндеу, көркемдеу.* Маржандай тізіп өрнектеп, әдемілеп *к ө р н е к т е п,* Бұрышты қалай жайнатқан, суреттен мәнер сап (Ж.Саин, Бақыт.). Қысқасы, ойды өрнектеп, *к ө р н е к т е п,* суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма? (А.Байтұрсынов, Шығ.).

КӨРНЕКТЕН= е т. *Сәндену, көркемделу; оқшауланып көрінү.* Ол өзге қошақандардан ірі, жүні де өскелең болып, *к ө р н е к т е н е* берді (С.Бегалин, Мектеп.).

КӨРНЕКТІ с ы н. *Белгілі, танымал, әйгілі.* Қазақтың *к ө р н е к т і* педагогы С.Көбеев бір еңбегінде педагогияның қандай ілім екендігін төмендегіше түсіндіреді (Қ.Жарықбаев, Психология). Аса *к ө р н е к т і* философ, математик және астроном ретінде Омар Һайям артына өшпес мұра қалдырған (Р.Бердібаев, Гүлстан). // *Танымал, әйгілі тұр.* Біздің міндетіміз – өткенді аударып, ішінен *к ө р н е к т і л е р і н* аршып ала білу, кешегі милы қазақтың «Ескісіз жаңа болмайды» деген мәтелін киімнің қолтығына ғана қамап коймай, балапан әдебиетімізге де қабыстыру (М.Жұмабаев, Шығ.).

КӨРНЕКТІЛІК з а т. *Көрнекті болушылық, нақтылық.* Нақтылылық, сондай-ақ сезімдік құндылықтың, *к ө р н е к т і л і к т і ң* синонимі (А.Қасымжанов, Диалектика.). Біріншіден, ол сабақтың *к ө р н е к т і л і г і н* арттырды («Қазақст. мект.»). Кестелеп тігу ісіндегі әдемілік пен *к ө р н е к т і л і к* жағынан өте ұнасымдыларының бірі – көпіртіп тігу (С.Қасиманов, Каз. қолөнері).

КӨРНЕКІ с ы н. *Көзге анық, әдемі көрінетін.* Үлкен көшедегі өзге *к ө р н е к і* тас үйлерден үлгісі, архитектурасы да сәндірек, сыпайырақ жасалған обком үйі (М.Әуезов, Өскен өркен). Жаңарқа өңірі қазақ елінің бүгінгі мәдени, рухани өсуінің *к ө р н е к і* межесі, шырқау шыңы іспеттес (А.Сатаев, Ақын ізі).

Көрнекі құрал. п е д. *Сабақ өткізуде әсерлілік, тартымдылық үшін қолданылатын қосымша құрал. К ө р н е к і қ ұ р а л* жоқ жағдайларда тақтаға әр түсті боялған бормен схемасын сызып көрсетуге болады («Халық мұғ.»). Оқытуды көрнекі ету үшін қолданылатын сурет, тұрпат, үлгі (модель), карта, глобус, тағы сондайларды *к ө р н е к і қ ұ р а л д а р* деп атайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). *К ө р н е к і қ ұ р а л д а р ы* қанша көп болса да, оларды мұғалім дұрыс қолданып, пайдалана алмаса, балаға еш нәрсе ұқтыра

алмайды. Көрнекі оқытудың да мәнісі бар. Көрнекі оқытудың мақсұты түбірлеу, асылдау, басқаша айтқанда, мағлұматты бөлшектеп түпкі тегін, асылын, мүшесін табу (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨРНЕКІ-БЕЙНЕЛІ: көрнекі-бейнелі ойлау. п е д. *Жағдаят пен ойдағы өзгерістерді елестету мен байланысты ойлау түрі. Көрнекі-бейнелі ойлау* арқылы заттың іс жүзіндегі әртүрлі сипаттамаларының бүкіл сан алуандығы неғұрлым толық қалпына келтіріледі (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Көрнекі-бейнелі ойлаудың* маңызды ерекшелігі заттар мен олардың қасиеттерінің әдеттен тыс, «ерекше» ұштасуларын анықтау болып табылады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

КӨРНЕКІЛЕЙ ү с т. *Көзіне көрсете, әдейі, арнайы.* Бізге қастық жасағандардың бәрінің де көретіні осы екенін көрсету үшін *көрнекілей,* әдейі істедім (Ә.Шәріпов, Орманда.).

КӨРНЕКІЛЕУ с ы н. *Көрнектілеу, тартымдылау.* Төрт-бесеудің нән біреуі анадай жердегі *көрнекілеу* сандықтай текше тастың үстіне секіріп шықты да, аңырып тұра қалды (Қ.Қазыбеков, Тұсау кесер). Қимыл, әрекетің *көрнекілеу* болмаса, қай күн есте қалады дейсің (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

КӨРНЕКІЛІК з а т. п е д. *Оқытуда пайдаланатын сабақ тақырыбына қатысты құралдар.* Автоматика мәселелерін баяндауда әрқашан *көрнекілік* толық пайдаланылуға тиіс (К.Айманов, Физика.). Бұл демонстрациялық панельді қолдану сабақтың *көрнекілігі* мен сапасын арттырады («Қазақст. мект.»).

КӨРНЕКІРЕК с ы н. *Көрнектілеу, анығырақ.* Кронштейн техникалық сурет түрінде алдыңғыдан гөрі *көрнекірек,* кәдімгі деталь сияқты әсер беретіндей болып кескінделген (Сызу).

КӨРНЕУ ү с т. **1.** *Көрер-көзге, ашықтан-ашық.* Ойлансын ұлан болса сөз ұғарлық, Ақылдың шолғыншысы – ойқұмарлық. Таза талап талпынып ойды айдаса, Байқалар – *көрнеу* таса, жоқ пен барлық (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Мен Ноғайбектің *көрнеу* өтірік айтқанына күйініп кетсем де әңгімелеріне араласпадым (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). *Көрнеу* олжадан құр қалып ол бауырын әлі батпаққа төсеп, жайланып, рақаттана жылжып аунай түсті (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.). // *Көрінетін, көзге түсетін жер.* Мылтық дауысы өшіп, көтерілісшілердің көбі бейғам күйде *көрнеуге* шыға бастады (С.Әбілқасымұлы, Оспан батыр). **2.** *Әдейі, қасақана.* Билердің жүзі *көрнеу* қиянатты әдейі арсыздыққа жеңгізіп, арамды ақтың үстіне не айламен болса да шығарамыз деп жұмыла қарайып алған (М.Әуезов, Қараш.). «Дүниеде өзіменөзі болып, дербес рахаттанудың мал қорасына кіруден басқа жолы жоқ!» – деп *көрнеу* үгіттейді (С.Талжанов, Адам тур.).

Көрнеу зорлық. *Ашықтан-ашық қиянат.* Кіріспей енді қайтейін. *Көрнеу зорлық* қылған соң... Өзің дағы кіріспей, Қарап жатқан шығарсың (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көрнеу көзге. *Біле тұра, ашықтан-ашық.* Тынышбай біліп, көріп тұрса да, *көрнеу көзге* жаңа ғана шырамытып, енді ғана танығандай шытжаңа бола қалды (Б.Тілегенов, Аққайнар). Арттан өсек сөйлеме, *Көрнеу көзге* жылпыңдап (І.Жансүгіров, Шығ.).

КӨРПЕ[1] з а т. **1.** э т н. *Жамылып жату не төсену үшін матаның арасына мақта не жүн салып, қабып тіккен төсек-орын мүлкі.* Төргі бөлмеде көнетоз сәнді *көрпенің* үстінде екі еркек, екі әйел отырды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). *Көрпесі* үстен кетті ұшып, Зу етті қалып ысқырып, Жалаңаш жаурын түсті ыршып (Д.Әбілев, Алтай). Қарлы қыста терезеден жел үріп, Екеуара бір *көрпеге* көміліп, Жатушы едік жатақханада біздер Сол қысқы таң атпайтындай көрініп (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Жаманның *көрпесінің* өлшеуі жоқ, Әлбетте, артын білмей паңданады. Әман жұрт бір айыптан табылар ма, Ақыл көзбен қарасақ хан-қараны. Білімдінің аздығы – шикі надан, Оқымай қайдан жазсын бұл жараны?! (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Бірдеңенің бетін тұтас жауып алған нәрсе.* Қыс *көрпесін* сыпырып тастап, жасыл пүліш жамылған жазық дала көздің жауын ала мың құбылып, әлдеқайда көкжиекпен барып астасады (Сауыншы.). Бірақ Ай жоғалғанмен, кең даланы түннің жалпақ *көрпесі* айқара жаба алған жоқ (С.Мұқанов, Есею жыл.). Уа, Есіл, тасып ақ! Мұз *көрпе* бүркеніп Жатпа сен! Ырғы, атыл тасырлап! (Т.Исмаилов, Есіл.).

Ақ көрпе. п о э т. *Жерді түгел жапқан қар; қыс кейпі.* Азалы *ақ көрпесін* сілке тастап, Жер күлімдер өзіне шырай беріп (Абай, Тол. жин.). Енді жер беті түгелдей *ақ көрпе* жамылып, бес айға созылатын ұзақ қыс күшіне кіреді (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Қысананың *ақ көрпесін* жайғаны, Дегені де тынықсын жер аймағы. Ырыс құтын жайқайды екен кең дала, Тұна қалып бетіне аппақ қаймағы (З.Ыбыраев, Замана.).

Көрпені бойына шақтап жамылу. *Әліне қарай шамалап, шақтап іс істеу.* – Сендер... Ертеңгі күнде, тіпті одан да арғы болашақта

нелерің бар осы. *Көрпені бойларыңа шақтап жамылу* керек емес пе? – деді Мырқал (Ә.Әбішев, Замана.).

Көрпесіне қарай көсілді. *Өз әлінше, шамасына қарай іс қылды.* — Студент үйленгісі келсе, *көрпесіне қарай көсілсін,* – деді ол («Лен. жас»). *Көрпеңе қарай көсіл* дейтін бе еді халық. Орнынан қозғай алмайтын жүкті шың басына шығарамын деп текке арамтер болып жүргенің жоқ па? – деді Ришад («Лен. жас»).

Құрақ көрпе. э т н. *Түрлі матаның қиындыларынан құрап жасалған көрпе.* Төрдегі кішкене *құрақ көрпенің* үстіне тізе бүккен жолаушылар шұбат толы сырлы зеренді еріндеріне ғана тигізіп кері қайтарды («Лен. жас»). Шешем тіккен *құрақ көрпе* Отағасын тосып жатыр Төр алдында төсеулі (З.Көшкенов, Алтын орақ).

Сырыған көрпе. *Айқыш-ұйқыш жиі тігілген көрпе.* Бой-бой боп бұл біткен Жыртысы, жер кебе, Ұқсайды сұр жіппен *Сырыған көрпеге* (С.Сейітов, Бетпе-бет).

Тері көрпе. *Теріден жасалған көрпе.* Төр алдындағы сабалақ жүнді *тері көрпенің* үстіне отырып, омырау қалтасынан көзілдірігін алып киді (Б.Майлин, Шығ.).

Түйе жүн көрпе. э т н. *Ішіне түйе жүні салынған көрпе.* Айдарханұлының есіне баласы түсті. *Түйе жүн көрпені* ол аяғымен баласына қарай ысыра берді (М.Дүзенов, Әке.).

Түн көрпесін жамылды. *Қараңғы түсті.* Орманда жел құбылтқан сыбырласып, Әр жерден көрінеді сағымдалып. *Жамылған түн көрпесін* ауыл торып, Аш қасқыр кез болады ұры-қары (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Шайыкөрпе. э т н. *Шайыматаментысталған көрпе.* Баяғыда бөгде ауылға қыз көрмекке барған бір жігіт жатар алдында ұсынған *шайы көрпені* ысырып тастап, өзінің қасқыр ішігін теріс айналдырып жамылған екен («Лен. жас»). Кіріп барып баурына Ашып *шайы көрпесін,* Сүйе бердім, сүйе бердім Қызтоты – өмір еркесін (А.Жұмағалиев, Өшпе. жалын.).

КӨРПЕ[2] з а т. ж е р г. **1.** *Кенже туған қозы. Көрпе* еріп келеді (Ауызекі). **2.** *Кенже бала.* Мына отырған бала – біздің *көрпеміз* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨРПЕДЕЙ с ы н. *Көрпе тәрізді, көрпе сияқты.* Құжынаған қалың мал екі дөңнің үстін алып, қалың *көрпедей* жауып жатыр (Ғ.Мүсірепов, Тула. толқында). Шуда бұлт көшкен аспан да ажарсыз: дал-дұлы шыққан жыртық *көрпедей* алба-жұлба (Х.Әдібаев, Таңбалы.). Бейне бір жеңіл *көрпедей* болып, Тыныштық басты қаланы (Достық.).

КӨРПЕ-ЖАСТЫҚ з а т. *Жатар орынның мүлкі; төсек-орын жабдығы.* Қызыл ала, торы ала сисамен тысталған *көрпе-жастық* шын байлықтың ауылы алыстау екенін көрсетеді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Шал... еңкейіп қонышынан шақшасын суыра беріп, тағы бір дүркін нар үстіндегі қобыраған *көрпе-жастыққа* көз жіберді (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.). Далада жатқан бұлар *көрпе-жастықтарын* көтеріп үйге кірді (Ә.Тарази, Асу.). Киізге орап тіктім. Уһ! Шәрбанжан, *көрпе-жастық* бердің бе? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨРПЕКӨК з а т. *Жаңадан өскен көк балауса шөп.* Дәнді дақылдар жинап алынғаннан кейін сары аңызға қойды жаяды, шабындыққа жаңадан өскен *көрпекөкке,* сол сияқты бос жатқан жерлерге жайып бағады (А.Елеманов, Қой шаруаш.).

КӨРПЕҚАП з а т. *Кірлемеу үшін көрпені қаптап қоюға шақтап тігілген тыс.* Мойындағы жіпті *көрпеқаптан* жыртып алып, базарға сататындай біркелкі етіп әдемілей ескен екен (Т.Әбдіков, Ақиқат.).

КӨРПЕҚИМЫЛДАТАР. з а т. э т н. к ө н е. *Ескі дәстүр бойынша күйеу жігіттің қалыңдығымен алғаш кездесуінде қыз жеңгелеріне беретін ырымы, жоралғысы.* – Сен, Нұрым, қызбен таныс екенсің, ең болмаса, *көрпе қимылдатарын* өзің алып қал, – деді ол (Х.Есенжанов, Тар кезең). Жеңгетайым: «Қол ұстатарым, шаш сипатарым, *көрпе қимылдатарым*» – деп атай атап, Әлидің қалтасындағы барлы-жоқты ақшасын... сыпырып алды (С.Омаров, Дала қызы). Қол жуды, бақан салды, ит ырылдап, Өтірік кемпір өліп ұйқысырап. *Көрпені қимылдатар,* ірге тебер, Қалтасын қағып алды осы ырымдар (С.Керімбеков, Өленд.).

КӨРПЕЛДЕС з а т. *Ерте туған, ет алған қозы.* Жетім қозы... семіріп, *көрпелдес* әдемі қозы болып алды (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Көк *көрпелдестің* беліне аттай мініп, мойын жүнінен алға итермелеген Майданбек бір мезетте: «Жоғары қараңдар, жоғары!» – деп кенет дауыстады (Ә.Көшімов, Лашын.). Ісек шығып есіред *Көрпелдес* көнтек көк тоқты (І.Жансүгіров, Шығ.).

КӨРПЕЛДЕШ з а т. к ө н е. ***Көрпелдес.*** – Еу, *көрпелдешім,* жәутігім, әңгімеге құмар болғаның жақсы. Көп естіп, көп білсең, ел қадірін білетін ер-азамат боласың, – деп мақпалдай жұмсақ кішкене алақанымен маңдайымыздан сипайтын (Е.Тұрысов, Келіншектау).

КӨРПЕЛЕН= е т. *Көрпеге ұқсап жайылу, қопсып-қобырау.* Іргесінен басталатын көкпеңбек шым шалғын *к ө р п е л е н і п* жатыр («Қаз. әдеб.»).

КӨРПЕЛІ с ы н. **1.** *Көрпесімол.* Жидебайдағы қыстаудың ең үлкен бөлмесі осы. Кілем, текеметті, алашалы, *к ө р п е л і,* меймандос мол үй (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** *Көрпесі бар.* Жалғыз көйлек, бір *к ө р п е л і* шақта да Жаурамастан қатқыл таңды атырдық (Қ.Ыдырысов, Арабстан).

КӨРПЕЛІК с ы н. *Көрпеге жетерлік.* Осындай кездерде біреу ешкісін, біреу қойын дегендей әкеліп беріп, біздің үйден *к ө р п е л і к,* көйлектік кездеме алушы еді (Саятшылық).

КӨРПЕСІЗ с ы н. **1.** *Көрпесі жоқ, көрпе жамылмай.* ≈ *К ө р п е с і з* жатты. **2.** а у ы с. *Жамылғысы жоқ, жалаңаш.* Ноябрь өтті, Жер қара, Бойына мұны ар көрмей, *К ө р п е с і з* жатты кең дала, Декабрь кетті қар көрмей (С.Машақов, Сапарда).

КӨРПЕТАРЫ з а т. е г і н ш а р. *Мезгілінен кеш пісетін тары.*

КӨРПЕ-ТӨСЕК з а т. *Жатар орынға қажетті мүліктің жалпы атауы.* Мұнда шәйі, атлас *к ө р п е-т ө с е к т і* әйнекке салып, шаң тигізбей қойған екен (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі). Бүгін Бәтима үйде еді, *к ө р п е-т ө с е к т і* жинастырып, еденді жуып бола бергенде Беркін кіріп келді (М.Дүйсенов, Ант.).

КӨРПЕШ з а т. *Мезгілінен кешірек туған қозы. К ө р п е ш* қозы деп әдетте мезгілінен кенже туған қозыны айтады (Е.Домбаев, Шығ.).

КӨРПЕШЕ з а т. э т н. *Жерге төсеп, үстіне отыруға арналған ұзынша көрпе.* Ол төр алдындағы *к ө р п е ш е* үстіне барып малдас құрды (Н.Серәлиев, Қаңтар). Домбырашы келіншек күндегісінше үй іргесіне текемет, *к ө р п е ш е* төсеп, жайымен толған отыр («Лен. жас»). Жаңыл бәйбіше сабақтап отырған жуалдызын жаулығының шетіне түйреді де, ширақ көтеріліп, төрге *к ө р п е ш е* салды, босағаға сырғып, сары самаурынға жармасты (Д.Досжанов, Шығ.).

КӨРПІЛДЕ= е т. *Көрп-көрп ету, кең болғандықтан, жүрген кезде көрп-көрп еткен дыбыстың шығуы.* Күпісінің етегі делдеңдеп, үлкен етігі *к ө р п і л д е п,* әр кеңсеге бір барып жүрген ел қазақтары (Б.Майлин, Азамат.). Былғары етік кидім деп Бұлаңдама, келіншек, Көн етігің *к ө р п і л д е п,* Ел қыдырма келіншек (Бозінген). Қара шалғын, аю жүн, Аяқпен бассаң *к ө р п і л д е п* (Д.Берсүгірова, Шипагер).

КӨРПІЛДЕК с ы н. *Көрп-көрп еткен. Көрпілдек* қарға көміліп, пар атқа жеккен ауыр шана қара жерді қабумен келеді (Б.Майлин, Азамат.). Үшінші әйел – ашып атар, жатып ішер. Саптама етік *к ө р п і л д е к,* сиыр жапасы сырпылдақ, сормаңдай ерге жолығар (Шал ақын, Өленд.).

КӨРПІЛДЕТ= е т. *Көрп-көрп еткізу.* Жолкелді резина етігімен суды *к ө р п і л д е т е* кешіп барып, тұтқаны басты (Н.Серәлиев, Ақбөпе). Ол ойға қарай өкшесі қисайған көн етігін *к ө р п і л д е т е* құлдилайды (А.Мекебаев, Жезтырнақ).

КӨРПІЛТ= е т. *Көрп-көрп еткізу; көсілте шабу.* Бір кездегідей бауырын еркін жазып, көсілте, *к ө р п і л т е* алмайды (К.Ахметбеков, Сый орамал).

КӨРСЕБАСАР с ы н. *Көрген нәрсені бас салатын, көрсеқызар.* ≈ *К ө р с е б а с а р* жігіт.

КӨРСЕБАСАРЛЫҚ з а т. *Көрсеқызарлық, қызыққыштық.* Төлен: бұларың *к ө р с е б а с а р л ы қ* болады. Қампияз: – Балалар, істен қалмаңдар! Жігіттер қайтадан шөп шабуға кірісіп кетеді (Б.Тәжібаев, Қараторғай).

КӨРСЕҚЫЗАР с ы н. *Бірдеңеге ойланбай берілуші, құштарланушы, әр нәрсеге қызыққыш.* Біреуді көркі бар деп жақсы көрме, Лапылдап *к ө р с е қ ы з а р* нәпсіге ерме (Абай, Тол. жин.). Жақынсып жүртқа тегіс сене берме, Білдің бе, досың қандай, қасың қандай? Болмаңыз *к ө р с е қ ы з а р* көрінгенге. Байқаңыз: пасық қандай, асыл қандай? (М.Дулатов, Шығ.). *К ө р с е қ ы з а р* маймылдан ілгері ме, Түбін көрмей қызықпақ білгені ме? Адам қайтсе, сүйтемін дейді маймыл, Мен де маймыл болам деп жүргені ме? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сұлулықтың сәні жоқ – *К ө р с е қ ы з а р* күлкі ғой, Шаруа істемей сылап бой, Жол саудаға жолдаса (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

КӨРСЕҚЫЗАРЛАУ с ы н. *Қызыққыштау, құмарлау.* Пыхалов Владимир – әйел десе үйіріле қалатын *к ө р с е қ ы з а р л а у* адам (Т.Қойшыманов, Қоңырат.).

КӨРСЕҚЫЗАРЛЫҚ з а т. *Қызыққыштық, құштарланушылық, қызығушылық.* Кейбір қыздардың бойында *к ө р с е қ ы з а р л ы қ* басым болады да, өз киімінен гөрі өзгенің үстіндегісі әдемі көрінеді («Қазақст. әйелдері»). Махаббатқа байыптылық керек. Ақыл керек. Онсыз ол қызбалықтың, *к ө р с е қ ы з а р л ы қ т ы ң* құлы болады («Лен. жас»). *К ө р с е қ ы з а р л ы қ п е н* мұндай нәрсені журналға басу, кітап қылып халыққа таратудың лайығы болмаса керек (М.Дулатов, Шығ.).

КӨРСЕТ= е т. **1.** *Көз салдыру, көргізу, қарату.* Лягөзді жағалай бітер қайың, Оқып болған Баянды уатайын. Қарабайдың ауылын *к ө р с е т* сана, Біратола атымды суытайын (Қозы

Көрпеш.). – Әнеугі қызға менің хатымды *көрсетің,* оқыпсың ғой? – деді Аян (С.Сейфуллин, Шығ.). *Көрсетсең* күйеуіңді өзің ап кел, Аулыңда ол келгенше отырады (Ақын жырлары). **2.** *Білдіру, байқату, аңғарту.* Бұл мәліметтер түйе жүнінің сапасы жоғары екенін *көрсетеді* (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). Жақындап келді сөзім тамамына, Ұсындым сынаушының назарына. Орынсыз қатам болса *көрсетіңіз,* Ғибрат еске түсіп аларыма (М.Дулатов, Шығ.). Бұл философ айтқандай, өзіміз осы күнде иланбайтын, бақсы-күшнаштың сандырағына иланғандықтан *көрсетеді* емес пе? (М. Әуезов, Таңд.). **3.** а у ы с. *Жасау, істеу.* Жақсылықты досыңа *көрсет,* Досыңнан асса, өзіңе *көрсет* (Мақал-нама). Сондай анаға кеше не *көрсеттім* (К.Баялиев, Дегелек). **4.** а у ы с. *Жала жабу, үстінен арыз түсіру.* Сол жылы Абайды астыртын *көрсетіп* отырған – тағы да бүлік, бұзық рубасылары, сатымсақ болыстар (М.Әуезов, Әр жыл.). Ұрысы Қуандықтың шетке шауып, Айдаған қалың жылқы олжа тауып, Соңынан жедегабыл құғын келсе, *Көрсеткен* Әмірханды жала жауып (И.Байзақов, Ақбөпе). **5.** а у ы с. *Кіжіну, айбат шегу, қорқыту, қоқан-лоққы жасау.* Абылаевтың түсі бұзылып кетті: – Мен сен бұзыққа *көрсетейін*...(Х.Есенжанов, Тар кезең). Ол бөлімдегінің әрқайсысының жанына барып жеке-жеке төнді: – Мен әлі сендерге *көрсетемін.* Бәріңнің үстіңнен қызыл судай жүріп кетем (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). – Оңбағандар, мен сендерге *көрсетермін,* – деп ол өзінен-өзі столды ұрды (С.Ерубаев, Шығ.).

Атап көрсетті. *Дәлдеп, саралап айтты.* Қоғамның алға басуымен бірге барымта мәнінің өзгергенін Ш.Уәлиханов өз еңбектерінде *атап көрсетеді* (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

Аузың қайсы десе, мұрнын көрсетті. *Еш нәрсе түсінбеді, ұқпады.* – Е, пәленше! Әкеге тартып ұл тумайды, шешеге тартып қыз тумайды деген рас екен. Осы екі баланың әкесі *аузың қайсы десе, мұрнын көрсететін* жарықтық еді, – деді ол («Лен. жас»).

Әкесін көрсетті. *Бұрынғыдан да зорын істеді.* Маған қарап жұмырығын түйіп: «Ұрғанның *әкесін көрсетермін»,* – дейді ол кіжініп («Қаз. әдеб.»).

Бағыт көрсетті. *Жолға салды; жөн сілтеді.* Тұрсын трактордың алдына түсіп *бағыт көрсетіп* келеді, оның соңынан трактористі қыз қара жердің жонын тіліп келеді (Д.Қасенов, Ауыл.).

Бас көрсетті. *Барып қайтты, көрініп кетті.* Аулына *бас көрсетіп* қайту керек. Сол себепті келесі күні бие байлар уақытта Байдәулет төртбес адаммен атқа қонды (Қ.Исабаев, Өткелде). – Бұрын ай сайын басшылардың біреуі *бас көрсетіп* кетуші еді, биыл оған да зар болдық қой, – деді Құлбатыров (Ш.Дәрмағанбетов, Менің замандас.).

Бой көрсетті. а) *Қараңдап көрінді.* Ағаштардың арасында жерге төгілген маржандай қызғылт тартып бұлдіргендер де жасыл жапырақ арасынан қылтиып *бой көрсетеді* (С.Бегалин, Жеткіншек). Әр тұстан *бой көрсетіп* қызыл гүлі, Көктемде көрсетеді жүзін жылы... Арасы толған құдық, тұнған байлық Қазақтың қасиетті қызыл құмы (С.Асанов, Алматым.). ә) *Көрініп қалды, көзге ілікті.* Ол өз орнына жайласа бергенде, есіктен бір жас қыз *бой көрсетті* (Ә.Көшімов, Лашын.). Сол бір жылдары Сібір өлкесінде творчестволық таланттары тасыған прозаиктер мен ақындардың үлкен бір тобы *бой көрсетті* («Қаз. әдеб.»). б) *Біліне бастады, пайда болды.* Бесжылдықтың төртінші жылында тағы бір бастама *бой көрсетті.* Ол – Сыр бойы қыз-келіншектерінің механизаторлық мамандық алуға бет бұруы (Ұ.Бағаев, Дала.). Совхозда жаңалықтар *бой көрсетіп,* жаңа бастамалар туа бастады (Ұ.Бағаев, Дала.). Кіршіксіз осы сенің ақ халатың, Қатайды ішінде өсіп жас қанатың. Өмірдің өрісінен *бой көрсетіп,* Әр үйдің төрінде тұр жаққан отың (Қ.Рысбайұлы, Азамат).

Ерлік көрсетті. *Батырлық істеді.* Жауынгерлердің ағасындай болған абзал адам қиын-қыстау кезеңде *ерлік көрсетіп,* қаза тапты (Ә.Әлішев, Батыр.). Сталинградты қорғауда қазақстандықтар тағы да тамаша *ерлік көрсетті* (ҚазССР тарихы).

Жанын көзіне көрсетті. *Қыспаққа алды, жанын шығарды.* Талғат қолымды босатпайды, қыса береді, кейде қатты қысып қалғанда *жаным ды көзіме көрсетеді* (З.Ақышев, Жесір.).

Жат қылық көрсетті. *Оғаш мінез жасады.* Жақсы деген адамы осындай бір оқыстан *жат қылық көрсетіп* демін демімен, ернін ернімен араластырып, басып, жаншып, күйдіріп барады (Ж.Жұмаханов, Махаббат.).

Жол көрсетті. *Баратын сапарын, жүрер жолын анықтады; бағдарын сілтеді.* – Он бес күн ішінде талай жерге барып қаларсыңдар, – деп приставтың өзі *жол көрсетті* (С.Шарипов, Бекболат). Бұларға *жол көрсетіп* Бейсен бастап келеді екен (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.).

Жігіттік көрсетті. *Азаматтық, ерлік жасады.* – Жақын бола жүре саған салған бір салмағым. Сен маған бір *жігіттік көрсет.*

Мен де тірі жанмын ғой. Ұмытпаспын, – деді ол (С.Мұқанов, Ботагөз).

Көз жасын көрсетпеді. *Уайым-қайғысын білдірмеді. Көз жасын көрсетпедім* жасырып, Өр көңілі қала ма деп басылып, Сен бір маған құзар шыңдай көріндің Кеудесіне жатқан теңіз асылып (Г.Сейілжанова, Білезік).

Көкесін [көресіні] көрсетті. *Көресісін көрсетті, тәубасына келтірді.* Біздің осындай зеңбіректеріміз болса ғой, *...көкесін көрсететін* едік, – деді Борис (Қ. Қайсенов, Жау тылы.). – Тұра тұрыңдар, бәлем! *Көресілеріңді көрсетемін!* – деп айғай салды (М.Гумеров, Хазірет.). – Әй, Нартай! Әй, Әлжан! Тек Үрмәш үшін... әйтпесе... *көрсетер ем көресілеріңді!* – деп кіжініп жүр Ерден (О.Бодықов, Бұлбұл).

Көмек көрсетті. *Жәрдем берді, көмектесті, қолғабыс етті.* – Мен бір рет саған *көмек көрсеткенмін,* – деді Манфре (Қ.Исабаев, Соңғы.). Енді не істемек? Қайда, кімге барады? Ақыл айтып осындай кезеңдерде *көмек көрсететін* адамы да жоқ (Т.Шаханов, Көгілдір.).

Күн көрсетпеді. *Тыныштық бермеді, мазасын кетірді.* ... Үшінші рет қашып кетіп, тоғайда ес жияйын десем, мұнда да шікірейгендер... *күн көрсетер* емес (М.Гумеров, Хазірет.). *Күн көрсетпей* күйеуім, Қойды, – дейді, әйелі, – Өзім де соны сүйгемін Әңгімесі әуелі (С.Сейітов, Жаңғырық).

Қайрат көрсетті. *Күш салып, бейнет етті.* Ерден атасына болысып, үйдің керегесін жайысып, уық шаншысып, кигізін тасысып, ширақ *қайрат көрсетті* (С.Бегалин, Жас бұтақ). Суворов даңқын көтерді. Суворов батыр әкең деп, Суворовша іс еткен Ұрыста *қайрат көрсеткен* (Ақын жырлары).

Қара көрсетті. а) *Көзге түсті.* Көп жылқыны әрең аудартып-төңкеріп, Сарысу, Шу өзендерін сағалап, қозғалыстың артқы көшіндей алыстан *қара көрсетін* отырды (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). ә) *Әйтеуір серік болды.* Кенжеғұл *қара көрсетін* қатар жүргені болмаса, әлі бір әрекет көрсеткен жоқ (Р.Райымқұлов, Болат.).

Құрмет [қошемет] көрсетті. *Сыйлады, құрметтеді, сыпайыгершілік білдірді.* Ол хатшыны көріп, сасып қалды да, біреу төбеден ұрғандай отыра берді. Басқалары сыпайы ғана орындарынан тұрып, *құрмет көрсетті* (З.Шашкин, Өмір.). Қол шапалақтап *қошемет көрсеттік,* Ханшайым аз сөйледі (М.Дүзенов, Ақәже).

Құдай көрсетті. д і н и. *Алла басқа салды.* Ойлап-ойлап патшаның мойны түсті, *Құдайым көрсетті* деп бұл бір істі (Абай, Тол. жин.).

Қызмет көрсетті. *Жұмыс істеді.* Тәкен сияқты коммунаның ересек балалары енді елге *қызмет көрсетсін,* күреске түссін деп отыр (Ә.Нәбиев, Шолпан.). Өткен жылы коммуналдық моншалар 23,5 миллион адамға *қызмет көрсетті* («Лен. жас»).

Қыр көрсетті. *Айбат білдірді, қоқан-лоққы жасады.* Байсал, Құлыншақ дәл бүгінгі күні, құр амандасу емес, Бөкенші, Борсаққа *қыр көрсете* келіп тұр (М.Әуезов, Абай жолы). Әуелі: біздің келінімізді үйіңде тығып отырсың, – деп маған біраз *қыр көрсетті* (Ж.Жұмаханов, Махаббат.).

Мінез көрсетті. *Оғаш қылық, жағымсыз әрекет жасады.* Шай үстінде де «ақсүйектік» *мінез көрсетті.* Бір шынтақтап жастыққа қисайып жатып, шайын ақырын ұрттап қойды (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Не көрсетпеді. *Көп бейнет шеккізді деген мағынада.* Шіркін, жалған, опасы жоқ, Әттең сұмырай, зар заман, *Не көрсетпеді,* не қылмады, Не қылмады ол саған (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.).

Омырау көрсетті. *Кеудесін көтеріп мықтысынды.* Қамбар сөзін айқындай түскісі келген Мырзаханды қие жөнеліп Әшім басакөктей *омырау көрсетті* (К.Оразалин, Ақ жазық).

Өзін көрсетті. *Өзін-өзі жақсы жағынан таныттты.* «Әзір өзіміз сынап көреміз, лайықты болсаң ғана аламыз, *өзіңді көрсете* біл жақсы жігіт ретінде» деген еді (Ә.Әбішев, Батыр.). Реті келіп-ақ тұр. *Өзімді көрсетіп* қалатын жер – осы (Бәйшешек).

Өмір көрсетті. *Уақыт өте келе анықталды, көз жеткізді.* Қайтып бұл ауылға Райхан орала ма, жоқ па, оны *өмір көрсетер* (З.Шашкин, Өмір.). Иван Павлович осы ойын әйеліне айтқысы келіп бір оқталды да, қойшы, қалғанын *өмір көрсетер* деп тоқтап қалды (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Кімнің қандай қызмет атқарып жүргенін, жолдастар, *өмір көрсетеді* (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Пейіл көрсетті. *Ниетін білдірді, байқатты.* – Бойым үйреніп келеді, адамдар да жақсы *пейіл көрсетіп,* көмектерін аямайды, – деді Зайра, не айтарын білмей сасып қалды (А.Байтанаев, Қансонар).

Пішін көрсетті. *Пиғылын аңғартты, таныттты.* Көз алдында бұрын көрмеген сұлу сестра тұр. «Қайдан келген жан?» деп таңданғандай *пішін көрсетті* (Х.Есенжанов,

Тар кезең). – Жәке, ол қандай атаңа нәлет? – деді таңданған *пішін көрсетіп* (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Сенім көрсетті. *Сенетіндігін білдірді, сенім артты.* Сырдақ: Кішіпейілдігіңіз ұстап тұр-ау. Сізге үлкен *сенім көрсеткелі* тұрмыз, жолдас Нарымбетов (Т.Ахтанов, Дала.). Жақында болып өткен жергілікті Советтердің сайлауында қатардағы мұғалім Розиға Бахтияроваға Қапал селосының тұрғындары зор *сенім көрсетті* («Қазақст. мұғ.»).

Сес көрсетті. *Қоқан-лоққы жасады, қорқытты.* Ыстығы мен суығына, Шыдап бақтым, болдым күйіп, Аш қасқырдай анталасса, *Сес көрсетіп,* келдім тыйып (Қ.Сыдықов, Теңіз лебі).

Табандылық көрсетті. *Тұрақтылық жасады, шыдамдылық көрсетті.* Жауынгерлер шыдамдылық, *табандылық көрсетті,* мен олардың командирімін (Б.Момышұлы, Ол күндер.). Тап күресінде үнемі *табандылық көрсете* алмаса да, еңбекші бұқара көбінесе ашық түрде күреске шықты (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

Төбе көрсетті. *Көрініп, кездесіп тұрды. Төбе көрсеткен* осы Ораз болғасын, Галия оған мұңын шақты (Т.Ахтанов, Дала.). Фельдшер әйел бар. Ұшынған, шошынған науқастарға *төбе көрсетіп* тұрады (Д.Досжанов, Зауал.).

Түр көрсетті. *Ниет білдірді, ынғай таныттты.* Байкин төмен қарап, кепкасының күнқағарын сипалап, қабағы түсіп, қиналғандық *түр көрсетті* (К.Тоқаев, Түнде.).

Ұйқы көрсетпеді. *Ұйықтатпады, тынышын кетірді.* – Маған өткен түнде *ұйқы көрсетпеген* де тап осы жай еді, ағасы (Ғ.Сланов, Әңгім.).

Үлкендік көрсетті. *Жасының үлкендігін білдірді.* Ыржия күліп кіріп келген жолдасымның бас-аяғына барлай қарап тұрып мен де жымидым. Өзімнен жасы кіші болған соң *үлкендігімді көрсете* сөйледім (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

Уақытын көрсетті. *Мерзімін белгіледі.* – Мына қағазды алыңыз, мына қағазға қол қойып, *уақытын көрсетіңіз,* – деді Мәукіл (С.Бегалин, Уақыт.).

Шаңын көрсетпеді. *Үздік озып шықты, қарасын көрсетпеді.* Осы жолы Құлия мінген Құланкөк басқаға *шаңын* да *көрсетпей,* бәйгеден бірінші болып келіп еді-ау (Н.Әбуталиев, Құрдастар). О, бұл түбектің астында не жоқ. Мұнайдың шын дариясы ғой. Баку дегеніңе *шаңымызды* да *көрсетпейміз* («Қаз. әдеб.»). Тезек терген бәйгенің атындай ғып, *Шаңымды* да *көрсетпей* жөнелемін (Жамбыл, Тол. жин.).

Ізет көрсетті. *Сыпайылық жасап, құрметтеді.* Барлығымыз орнымыздан тұрып, оған әскери дәстүр бойынша *ізет көрсеттік* (Б.Момышұлы, Ол күндер.).

Істе көрсетті. *Шамасын жұмыста, еңбекте байқатты.* Енді өзін *істе көрсетсін.* Махметке жауапты міндет жүктеу, бір жағынан оған қойған сынағымыз болады, – деді мастер (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен).

КӨРСЕТКІШ з а т. **1.** т е х. *Мөлшер дәрежесін білдіретін құрал.* Осыны ескеріп, үйді желдеткенде термометрдің *көрсеткіші* 16 градустан төмен түспеуін қадағалау керек (Б.Хабижанов, Бала.). Одан төмен температурада май бағанының көлемі кішірейіп, май өлшеуіштегі *көрсеткіш* төмен болады (С.Сейітов, Сүт өңдеу.). **2.** *Алдын ала жоспарланған белгілі бір табыс өнімінің орындалуға тиіс тиянақталған мөлшері.* Еліміздің өнеркәсібі үстіміздегі жылдың алты айлық жоспарын негізгі *көрсеткіштері* бойынша орындап шықты («Қазақст. мұғ.»). **3.** *Орындалған істің, жұмыстың нәтижесі.* Өткен жылы әр сиырдан 2400 литр сүт сауып, жақсы *көрсеткішке* ие болған («Соц. Қаз.»). *Көрсеткіші* жүз сексен шофер Яков, Жарыста көрген емес тайқып, шеттеп (Айтыс).

Еңбек көрсеткіші. *Еңбек жетістігін көрсететін мөлшер.* Бұл жігіттің *еңбек көрсеткіші* 200-ден бір төмендеп көрген емес, – деді (Д.Досжанов, Тұлпар.). Бижамалдың озат сауыншы екені рас, бірақ *еңбек көрсеткіші* жағынан Жаңабек те кем түспейді (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

Жол көрсеткіш. *Жол бойындағы шартты белгі.* Бағанаға ілінген *жол көрсеткішті* көріп, мен өз көзіме өзім сенбедім (Ә.Шәріпов, Алыс жаға.). Айнала жазу, белгілер, *Жол көрсеткіш* таңбалар, Жасаған сымнан шытырман, Қорған есік, қақпалар (Қ.Аманжолов, Тол. жин.).

Көрсеткіш тақта. *Еңбек нәтижесін көрсететін тақта.* ...Шеберханадағылар *көрсеткіш тақта* жасап, оны әдемілеп бояды (Самғау). Қос басында жауынгерлік беттер шығарылып, *көрсеткіш тақта* қойылды («Халық мұғ.»). Қой қырқудың әр күнгі нәтижесі *көрсеткіш тақтада* сайрап тұр («Лен. жас»).

КӨРСЕТКІШСІЗ с ы н. *Көрсеткіші жоқ.* – Не істедік? Мына борасында бағыт *көрсеткішсіз* жүре беруге біздің хақымыз жоқ, –

дедім мен телелокатордан әбден күдерімді үзіп (Т.Шаханов, Көгілдір.).

КӨРСЕТУ *Көрсет етістігінің қимыл атауы, білдіру, байқату.* Дариядай шалқып жатқан көңілді, *К ө р с е т у і м* керек екен арынды (Н.Жанаев, Жаным.). Мақаланың негізгі пафосы – ұлт тіліне, мәдениетіне, дәстүріне төнген қауіпті атын атап, түсін түстеп *к ө р с е т у г е* барған сайын қарқын алған орыстандыру саясатын әшкерелеуге арналған болатын («Қаз. әдеб.»). Жек көрген адамын балаларға жақсы кісі ғып *к ө р с е т у г е* болмайды (С.Мұқанов, Ботагөз).

Арқаны көрсету. *Сырт айналу, қашу.* Не болса да тәуекелге бел байлап, алысқан жауға *а р қ а н ы к ө р с е т п е у і м і з* керек болды (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

Бас көрсету. *Кіріп-шығып, көзге түсіп жүру.* Оразбай мен оның әр үйде отырған балалары, бауыр-туыстары, қатын-қалаштары *б а с к ө р с е т у* былай тұрсын, іннен-інге тығылды (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КӨРСЕТУШІ з а т. **1.** *Көрсететін адам.* Тыңдайтын құлақ, көретін көз болса, осында айтушылар да, *к ө р с е т у ш і л е р* де жеткілікті (Т.Ахтанов, Үндістан.). **2.** *Жасырын бірдеңені, біреуді нұсқаушы; ұстап беруші.* Өзінің Қаражан секілді *к ө р с е т у ш і с і* барында, аман қалам деп ол тақа дәмеленбейді (І.Есенберлин, Қатерлі өткел). Астарлай Зинахметке – мені *к ө р с е т у ш і л е р* осында отыр, – дейсің ғой деп түйді Бәкен (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

Жол көрсетуші. *Бағыт беруші, жолға салушы, бастаушы.* Сол үшін бір взвод командиріне бұйрық беріңіз, оған мен *ж о л к ө р с е т у ш і* болайын (Ж.Тілеков, От кешу). Сотник жасағының көзі ашылды, *ж о л к ө р с е т у ш і л е р* енді осы жігіттер болып алды (І.Есенберлин, Қаһар).

КӨРСЕТІЛ= е т. **1.** *Бейнелену, айтылу, айқындалу.* Қасым поэмасын жете ұғынғың келсе, мұнда көп нәрсенің дұрыс бейнесі *к ө р с е т і л г е н* (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Алдабергеновтың ойынша, арызда *к ө р с е т і л г е н* жайлардың бірде-бірі дәлелденген жоқ (С.Бақбергенов, Адам.). **2.** *Берілу, қамтамасыз етілу.* Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін *к ө р с е т і л е д і* (ҚР Конституциясы).

КӨРСЕТІЛУ *Көрсетіл етістігінің қимыл атауы, бейнелену, айқындалу.* Онда қай күні, қай отарда болатындығы *к ө р с е т і л у і* қажет (Ж.Еділбаев, Бүгінгі ауыл.).

Қамқорлық көрсетілу. *Көмек көрсету, қолдау, жәрдемдесу.* Міне, осы игі *қ а м қ о р л ы қ* ең әуелі шопандар қауымына *к ө р с е т і л у і* тиіс (Н.Айдаров, Жазылбек.).

КӨРСЕТІЛІМ з а т. *Көрсету, жұртшылыққа таныстыру.* Мұнда менің сценарийім бойынша түсірілген фильмдердің *к ө р с е т і л і м д е р і* мен түркі тіліне аударылған қітаптарымның көрмесі болып өтті («Қаз. әдеб.»).

КӨРСЕТІНДІ с ы н. с ө й л. *Анықтама, мәлімдеме, нұсқау.* «Өкімет менікі!» – деп жатқан кедейлер *к ө р с е т і н д і* қағаз түсірмей, тек жатуға қисын жоқ (К.Оразалин, Көктем.). ...Юсуб бекті айыптайтын жазбаша *к ө р с е т і н д і* алуға көп әрекеттенді (М.Шоқай, Таңд.).

КӨРСЕТІС= е т. *Әрқайсысын көрсету; бірге көрсету.* Ат шабыс, атпен ойнап, күміс алу, Сынасып, *к ө р с е т і с і п* ру, Теңге атып мергендері бәсекелеп, Би билер қыз бен жігіт әсем, ару (И.Байзақов, Құралай.).

КӨРТ з а т. к ә с. ж е р г. *Түйенің кердері тұқымынан тараған, нашар тұқымды еркек будан.* Жауыр *к ө р т т е р д і ң* пышақ жүзіндей қыр арқасы, қоңдарын ойып тастапты (Ә.Кекілбаев, Дала.). Түйе жаманы – *к ө р т,* шөп жаманы – керт (Мақал). Алты тұтқынды арқасы қырдай *к ө р т* түйеге қомсыз мінгізіп алып жүрді (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

КӨРТҰМАН з а т. ж е р г. *Қою, қалың тұман.* Осындай *к ө р т ұ м а н д а* кісі адасып та кетеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨРТЫШҚАН з а т. **1.** з о о л. <лат. talpidae> *Жер астында тіршілік етіп, жәндіктермен қоректенетін сүтқоректі жануар.* Қазақша *к ө р т ы ш қ а н* аталатын мақұлықты орыстар крот дейді екен (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). *К ө р т ы ш қ а н* – крот – жәндіктермен қоректенетіндердің отрядына жататын аң, дене тұрқы құйрығымен қоса алғанда 55 сантиметрге жетеді, түсі қарақөк, жүні тығыз, барқыт сияқты (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). Соқыртышқан мен *к ө р т ы ш қ а н* жер қазып тіршілік ететін жануарлар, бірақ көртышқан жерді алдыңғы аяқтарымен қазады (Жалпы биология). **2.** а у ы с. *Бас сауғалағыш, ұйқышіл адам.* – Ә, тылдың *к ө р т ы ш қ а н ы,* тұрсың ба?.. – Ойбай, көпірдің астына тығыл, жау келе жатыр – колхозға барып пішен шап қатындармен ... (Т.Бердияров, Солдат.). – Бұған үйлену керек, – деп көбігін шашыратып отыр, – семіріп кетесің. – Өй, *к ө р т ы ш қ а н* ... (Т.Иманбеков, Үш ай).

КӨРТЫШҚАНДАЙ с ы н. *Көртышқан сияқты, көртышқан тәрізді.* Періштедей аппақ болсаң, сен қызылқайың ну жынысында *к ө р т ы ш қ а н д а й* неғып бұғып жүрсің? (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Басын көтерместен ініне қарай қашқан *к ө р т ы ш қ а н д а й*

кереуеттің астына барып тығылды (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). Ініне су кеткен *к ө р т ы ш қ а н д а й* малтығып Мамай келді. Жылқы қайырып жүрген жерінен нөсер астында қалып, үсті-басы малмандай болған (Ш.Мұртазаев, 41-ші жыл.).

КӨРТЫШҚАНША үс т. *Көртышқан тәрізденіп, көртышқанға ұқсап.* Жер астынан ін қазған *к ө р т ы ш қ а н ш а* тынымсыз еңбектенсең, ақыры қажетті қазынаның үстінен түсерің хақ (М.Мағауин, Бір ата.).

КӨРУ *Көр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қарау, көз тігу.* Ұлы Москваны биіктер биігінен ғана түгел *к ө р у г е* болады. Ойда тұрған адам оны көре алмайды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). *К ө р у г е* тым қашықтан, Дағдыланған көзі ұдай. Енесіне асыққан. Ол дағы бір қозыдай (С.Мәуленов, Алыс кет.). **2.** а у ы с. *Қызықтау, қасында болу.* Асыға көшті кірекеш, Тройцкінің со бір кеш. *К ө р у г е* қызық базарын. Өткенінде Торғайдың, Көп тұрып өтті керуен (О.Шипин, Дастан.). Аман бол өзің! Не дейін саған өзге мен, Өзіңді бүгін *К ө р у* де қиын көзбенен. Құдірет-күшің өлшенер барлық тілдегі «Миллиард!» деген жалғыз-ақ сөзбенен (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **3.** а у ы с. *Кездесу, жолығу. К ө р у д і* қайта жазбаған Жалғадым солар арманын, Күл болып кете жаздаған Көтердім қара шаңырағын (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Бір көру арман болды. *Көргісі келді, бір көруге зар болды. Б і р к ө р у* енді *б о л д ы а р м а н,* Жүзіңді ыстық, әз әкем (Ө.Жайлауов, Жаз.).

Бір көруге зар [мұң, құмар, құштар, ынтызар, іңкәр] болды. *Жүздесіп көрісуге, кездесуге ділгір болды, зарықты.* Кең дүниенің нұр дидарын *б і р к ө р у г е з а р б о л ы п,* қайғышермен күн кешіпті сорлылар (С.Омаров, Өмір.). Қара көзден нұр тайса, *б і р к ө р у г е м ұ ң б о л а р* (Қаз. мақал.). Зейнепке «пәленшенің болыс баласы сені *б і р к ө р у г е қ ұ м а р* екен» деп, ... жеңгелері де келіп-кетіп жатқан-ды (І.Есенберлин, Қаһар). Қиықшаның баласын Қазынакүл... *б і р к ө р у г е қ ұ ш т а р-а қ* (С.Досымов, Жаңғырық.). Аңсамаса, іздей ме, *б і р к ө р у г е ы н т ы з а р* (М.Әлімбаев, Балдәурен.).

Көру жітілігі. *Мүмкіндігінше жақын, бірақ бөлек орналасқан нәрселерді анық көру қабілеті. К ө р у ж і т і л і г і* бірнеше қатар етіп жазылған әріптерден немесе бір жақ шеті кертілген дөңгелектерден тұратын арнайы кесте арқылы анықталады (Биология).

Көру мүшелері. а н а т. *Жан-жануаралардың, адамдардың жарық әсерін қабылдайтын органы. К ө р у м ү ш е л е р і н і ң* жетілген түрі адамда, барлық жыртқыш жануарларда (әсіресе құстарда) т.б. кейбір омыртқасыздарда басаяқты моллюскілер болады (ҚҰЭ).

Көру өрісі. т е х. *Оптикалық аспаптардың кеңістікті қамту шеңбері.* Телескоппен қарағандағы аспанның көрінетін аймағын *к ө р у ө р і с і* дейді (Х.Әбішұлы, Халық астрон.).

Көру сезімдері. а н а т. *Айналасындағы заттардың пішінін, көлемін, түсін сол қалпында санада бейнелеуге мүмкіндік беретін сезім мүшелері.* Әр адамның *к ө р у*, есту *с е з і м д е р і* әртүрлі болады. Мәселен, кейбіреу көзін жұмса, бір түсті нүкте, я дөңгелек сәуле көреді, кейбіреудің құлағында бірдеме шуылдап тұрған іспетті болады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көру шебі. ә с к. *Ұшу аппараттарының айқындалған және кімдікі екені анықталған кездегі олар тұрған әуе кеңістігіндегі жазықтық. К ө р у ш е б і* әуе, ғарыштық, су үсті және жер үсті нысаналарымен күрес құралдарының ұрыстық дайындық дәрежесін анықтау мен реттеу үшін қызмет етеді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Күн көру. *Күнелту, тіршілік ету.* Тетігін тауып темір соқ, Қысқаш пенен балға бар. Өнеріңе үйлесіп, Темірсіз болмас, таңдап ал. Бір қылыштан басқасы, *К ү н к ө р у д і ң* құралы (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

КӨРУШІ з а т. с ө й л. ***Көрермен***. Залда, *к ө р у ш і л е р* арасында, емшектегі баласын ала келген әйелдер де бар (М.Әуезов, Индия очерк.). Ән-күйсіз драмаға қазақ *к ө р у ш і л е р і* алғашқы кезде сирек барды (С.Мұқанов, Саяхат.). Е.Рахмадиевтің «Қамар сұлу», С.Мұхаметжановтың «Айсұлу» операларын, Ғазиза Жұбановаңың «Аққұс» балетін *к ө р у ш і* қауым аса жылы қабылдады (І.Омаров, Серпін).

КӨРУШІЛІК: **жақсы көрушілік.** *Ұнатушылық, іш тартушылық.* Ата-ананың нағыз махаббаты – балаға орынды талап қоя отырып, жоғары мақсатқа жеткізетін *ж а қ с ы к ө р у ш і л і к* (Семья тәрбиесі).

Күн көрушілік. *Күнелтушілік, тіршілік етушілік.* Жемшөп өндіруді ұйымдастыру барысында осы уақытқа дейін орын алып келген басқаға мұқтаж болу немесе басқадан *к ү н к ө р у ш і л і к* тәжірибелері мүлдем жойылады (Қ.Нұрғалиев, Сүт өндіру.).

КӨРХАНА з а т. к ө н е. д і н и. *Мәйіттері жер астына қойылған бөлме.* Ясауидің денесі жатқан *к ө р х а н а* атты бөлмесі «Әулие орын» деп аталған (О.Дастанов, Әулиелі.). Оған

қабырғалары 12 кезге тең, әр қабырғасында төрт қуысы бар, төбесі қосарлы күмбезбен көмкерілген төрт бұрышты бөлме – *көрхана* жайғасуы керек-тін. Бұл бөлменің еденіне тавриз мәрмәрі төселуі тиіс еді (Т.Бәсенов, А.Ясауи мавзолейі.).

КӨРШИҚАН з а т. м е д. <лат. carbunculus> *Мойынға, арқаға, бетке шығатын шиқанның асқынған түрі. К ө р ш и қ а н* дегеніміз – бір-біріне таяу жатқан бірнеше шиқандардың өзара қосылып, тұтасып кеткен түрі. *К ө р ш и қ а н* көбінесе желке мен мойынға, арқа мен белге шығады (О.Сейкетова, Тері. күту.). Революциядан бұрынғы Қазақстанның территориясы топалаң мен *к ө р ш и қ а н* ауруынан еш уақытта да арылып көрген емес (Жаңарған өлке). Асқынған кезде шиқан, сыздауық, *к ө р ш и қ а н*, теміреткі, сүйелге ұласып өршитіндіктен дер кезінде қарсылық шараларын қолданатын. («Қаз. әдеб.»).

КӨРШІ[1] з а т. *Көршілес, есіктес немесе үйме-үй тұратын адам, қоңсы.* Біздің *к ө р ш і м і з* – Серік, Бақыт, Жанат, Озат деген балалар да баратын болды. Іргелес екі үйде тұратынымыз сияқты, поезда да қатар екі купеге орналастық (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Айтушы еді-ау әңгімені жандырып, *К ө р ш і л е р д і* жинап алып таң қылып. «Біздің Нұркеш аспандағы Құдайды Күнде көріп жүреді», – деп нандырып (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Мырзатай үйі мен Күлән үйі *к ө р ш і,* Күлән бұл үйге келіп-кетіп жүреді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

КӨРШІ[2] с ы н. *Кеңістіктегі немесе жазықтықтағы екі объектінің басқалардан гөрі бір-біріне жақын орналасуы.* Болмаса егер бұл төбе, *К ө р ш і* ғой ауыл тым жақын. Кеште де, мейлі, ерте де Өзіңді көріп тұратын (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Құда болып жегенше құйрық-бауыр, *К ө р ш і* ауылда қыз күтіп жүрген тәуір. Кішіліктің көшесін ұнатсам да, Үлкендікке жеткізді мені тәңір (Т.Молдағалиев, Шақырады.). *К ө р ш і* бөлмеден генералға мән-жайды баяндап жатқан Гофманның қоңыр даусы естіледі (Б.Момышұлы, Москва.). Ресторан иесі түрегеліп, *к ө р ш і* столда отырған бір қызбен өзі билеп кетті (Қ.Исабаев, Соңғы тәулік).

КӨРШІ-КӨЛЕМ з а т. с ө й л. *Қатар, іргелес отырған, ауылдас ағайын-туыс.* Жиналған *к ө р ш і-к ө л е м,* ағайындар Асайынға сойылған тоқтының жарты етін тік көтере жеп, үйді-үйлеріне тарап кетті (С.Омаров, Өмір.). Үй иесі *к ө р ш і-к ө л е м,* ағайын-туысқа рахметін жаудырып, жаңа үйіне кірді (Ж.Нәжімеденов, Шағыл). Тоқтамай үш күн, үш түн соқса боран, Қалады қар астында үйің, қораң, Төбеден тесіп түсіп аршып алар Таңертең *к ө р ш і-к ө л е м,* жақын-жораң (Қ.Тоғызақов, Таңд.).

КӨРШІ-КӨРШІ з а т. э т н. *Бір жігіт, бір қыз болып жұп құрап ойнайтын ұлттық ойын. Көрші-көрші* ойнап отырмыз, құшағымда Дәмелі, сол баяғы үнсіз қалпы (Бәйшешек). Екі ауылдың қыз-бозбалалары «Белбеусоқты», «*К ө р ш і-к ө р ш і*», «Хан көшін» ойнады, енді бір кезде алтыбақан тепті («Лен. жас») *К ө р ш і-к ө р ш і* ойнаған тұста бұларды ажыратқысы келген адамдар болып еді, өзін джентельмен санайтын Қосайдар қызды беріп жіберуді нәмәрттік көрді (М.Мағауин, Өмір жыры).

КӨРШІ-ҚОЛАҢ з а т. *Ауылдас, іргелес отырған ағайын-туыстың, көршінің жиынтық аты.* Барлық ауылдың үлкен-кішісі, *к ө р ш і-қ о л а ң ы,* ет бауыр жақыны – бәрі де Абайдың жүзіне тура қарай алмады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Далаға қашып шыққан шошқалар тобын жан-жақтағы *к ө р ш і-қ о л а ң д а р* жабыла қуып, қамап әкеліп, қақпа алдына үйірді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КӨРШІ-ҚОЛАҢДЫҚ з а т. *Көрші отырушылық.* Ол баяғыда бес-алты үйлі ағайынның көшу-қону кезінде түндік түйістіріп, қанаттаса кеткен *к ө р ш і-қ о л а ң д ы ғ ы* да емес («Қаз. әдеб.»).

КӨРШІ-ҚОЛАҢШЫ з а т. с ө й л. ***Көрші-қолаң.*** Иесіз қорада қуатсыз, қорғансыз үш әйел құлазып зарлап қалғанда маңайына жиылған *к ө р ш і-қ о л а ң ш ы* ғазиздерінің сүйегін суық қабірге салғанын ойлағанда әрқашан Ғазизаның жүрегі шаншып, өңі қашып, көзінен ыстық жас тамшылап кетуші еді (М. Әуезов, Қорғансыздың күні).

КӨРШІ-ҚОҢСЫ з а т. с ө й л. *Көрші-көлем, көрші-қолаң.* Ішердей тыныш порциясын Шажада бірақ шама жоқ, Көрмейді *к ө р ш і-қ о ң с ы с ы н* Ұйқысы қатты шала боп (Қ.Шаңғытбаев, Аққу.).

КӨРШІЛЕС с ы н. *Көрші тұратын, іргелес, қатар орналасқан.* Тағы бір рет *к ө р ш і л е с* Керей мен Найманның осы жаздағы аттаныстарын, бір-бірінен барымта алысып, шабысып қалғанын айтысты (М.Әуезов, Шығ.). Сессияда сөз сөйлеген Сенат депутаты қандастарымыздың ұлы халықтармен, үлкен ұлттармен ғасырлар бойы іргелес, *к ө р ш і л е с* өмір сүріп келе жатқандығын, мұның өзі маңызды әрі бағалы тәжірибе екендігін, оның Ассамблея жұмысын жүргізуде де іске асып жатқандығын жиналған қауымға әсерлі жеткізеді («Қаз. әдеб.»). Шетелдегі қазақ диаспорасына ол елге *к ө р ш і л е с* облыстардың әкімшіліктері де жан-жақты көмек жасап отыруы керек. Бұл жөнінде Құрылтайда жасаған

баяндамасында Елбасы облыс әкімдеріне нақты тапсырма берген еді («Қаз. әдеб.»).

КӨРШІЛЕСТІК з а т. с ө й л. ***Көршілік***. *К ө р ш і л е с т і г і н* айтып Жүсіп неше рет адам салса да, Тәпен ықпады (Б.Майлин, Шығ.). Оның ойы мына өзімен іргелес отырған қазақ руларымен *к ө р ш і л е с т і к* жағдайға келісім істеу, әсіресе, сол Бұғы қырғыздарының «Сарыбағыш», «Солты» руларының арасындағы дау-шарларын тыныштандыру болатын (С.Бегалин, Шоқан асу.).

КӨРШІЛІК з а т. *Көрші тұрушылық, қоңсылық.* Ол туыстығынан гөрі *к ө р ш і л і г і* жақын жеңгесінің бір сөзді екі қылатын аузы жеңілдігін жақсы білетін (Ә.Сараев, Бозқырау). Жарайды, *к ө р ш і л і к* үшін бір бөлтірікті байладым, енді арланын аулап байқайық (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). *К ө р ш і л і к к е* мұрындық болсын деген жақсы ниеттің жауабы сол болған соң, «сен тимесең, мен тимен...» деп сайдың түкпірінде жатыр едім (Қ.Жүсіпәлиев, Шопан серігі).

КӨРІ ш ы л. *Толық мағыналы сөздің жетегінде қолданылатын, күшейтпе, салыстыру мәнді шылау сөз.* Гүлсімге Әлиден *к ө р і* Тұрар көбірек ұнады (З.Шашкин, Өмір.). Басқа сөзімнен *к ө р і* де әлгі «буржойлардың қарнын тілу керек» дегенім Досжан күйеудің үрейін ала түскендей болды (Б.Майлин, Шығ.). Кітаби лексика ауызша сөйлеуден *к ө р і* күрделірек те, көркемірек те болып келетіндіктен жалпы жазу тіліне ұқсас болады (Қазіргі қаз. тіл.).

КӨРІБАҚ з а т. жағымсыз. *Көрсоқыр, дүлей, құбыжық.* – Көзі ашылсын! Балаларыңды өздеріңдей *к ө р і б а қ* қылмақсыңдар ма? (Ө.Қанахин, Жер бас.). Адам емессің! Үлкенді сыйлау, кішіні қадірлеу, балаларыңның анасына аяушылық дегеннің не екенін білмей өскен төрт аяқты ит екенсің, ар-ұяттан жұрдай *к ө р і б а қ* екенсің! (Ө.Қанахин, Жер бас.).

КӨРІК[1] з а т. **1.** қ о л ө н е р. *Ұста дүкеніндегі темір балқытатын пештің отын үрлеп тұру үшін былғарыдан немесе теріден жасалған желдеткіш құрал. К ө р і к* – темір ұсталарының көмірді үрлеу үшін жасап алған желдеткіш құралы. *«К ө р і г і ң* желді болса, көлігің жемді болар» деген мақал бар (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Шал дағы дереу дайын бола қалды, Бір дорбадан көмір мен *к ө р і к* алды, Екеуі сәлемдесіп болғаннан соң, – Мысың қайда, балам, – деп дігір салды (Абай, Тол. жин.). Машиналар тонналап бидай тасып, Күні-түні тоқтамай зауласын да. Ұсталарым, *к ө р і к т і* қыздыра соқ, Дайын тұрсын жөнделіп арбасы да (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** т е х. *Металл мен қорытпаларды қыздыруға, балқытуға, керамикалық бұйымдарды күйдіруге арналған пеш.* Күміс, алтын және басқа металдарды қорытатын *к ө р і к* Махмұд Қашғаридың сөздігінде құйда деп аталған (ҚазССР тарихы). *К ө р і к* көбінесе үсті ашық болып, кірпіштен қаланып, сырты болатпен қапталған қорап түрінде жасалады (ҚСЭ). Теңіз де бір аспандай, Шыққандай от *к ө р і к т е н*, Нұрын түнде шашқандай, Жұлдыз жағып көбіктен (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Көрігі басылды. *Ашуы тарқады, аптығы басылды.* Зікірденнің енді *к ө р і г і б а с ы л а т ы н* шығар деп күтіп едік, онымыз бекершілік екен, бұл әлі балпылдап отыр (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

КӨРІК[2] з а т. **1.** *Өң, келбет. К ө р к і ң е* тоймай, көгілдір құдай құлпырған, Қолымнан жүген, шылымым түсіп ұртымнан, Қара алмас көзден «қарағым» дегенді оқып қап, Алтайы көрген шөгелдей төте ұмтылған (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). **2.** *Сән, ажар.* Үйің, үйің үй екен, Үйдің *к ө р к і* – ши екен, Саба көркі – бие екен, Сандық көркі – түйе екен (С.Сейфуллин, Шығ.). Жердің *к ө р к і* – бұлақ, Көлдің *к ө р к і* – құрақ, Ердің *к ө р к і* – пырақ, Бұлағымды суалттың, Құрағымды қуарттың, Пырағыма жүк арттың (С.Мәуленов, Алыс кет.). Шәйі сиса, асыл қылыш – ердің *к ө р к і*, Ер жігіт жауға аттанған елдің көркі. Жарасар әрбір нәрсе өз сәнімен, Аққу құс – айдын шалқар көлдің көркі (Шал ақын, Өлеңд.).

КӨРІКСІЗ[1] с ы н. *Көрігі жоқ, көрік-саймансыз.* Ұстаның көрігі жыртылса, көмірді *к ө р і к с і з,* ауызымен үрлеп қыздыра алмайды ғой (Қ.Толыбаев, Қайдасың.). Көсеусіз ұста – қолы жоқ ұста, *к ө р і к с і з* ұста желі жоқ ұста (Мақал).

КӨРІКСІЗ[2] с ы н. **1.** *Ажарсыз, келбетсіз. К ө р і к с і з,* сиықсыз адамды «сұлу» деушілік – керісінше айту, кекету (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). **2.** *Сәні жоқ, сиықсыз.* Төрде үстінде жалаңаш ескі матрацы ғана бар, сыры шытынаған, *к ө р і к с і з* темір кереует (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). **3.** а у ы с. *Мәнсіз, орынсыз.* Тегі, Ғали қысқа өлеңге шеберленген ақынымыздың біреуі ғой, оның өлеңінде мағынасыз, *к ө р і к с і з* сөздер аз болады (С.Мұқанов, Өсу жол.).

КӨРІКСІЗДЕН= е т. *Ажарсыздану, өңсіздену, сұрықсыздану.* Мүсінді қара лакпен бояу көп жағдайларда мүсін ескерткішіне көрік бере алмайды, керісінше, монументтің жансызданuына немесе *к ө р і к с і з д е н і п,* көнеріп кетуіне апарып соғады («Қаз. әдеб.»).

КӨРІКСІЗДЕНУ *Көріксізден етістігінің қимыл атауы; ажарсыздану.* Дирижер фортьені

көрсеткенде мөлшерден тыс күшеніп, дірілдеп, қалтырамауын, *көріксіздеңбеуін,* ал жай үнділікті (пиано) көрсеткенде солғын, әлсіз болмауын қадағалап отыруы қажет (Хормен жұмыс).

КӨРІКСІЗДЕУ с ы н. *Ажарсыздау, өңсіздеу, келбетсіздеу.* Сақыпжамал ханша одан жастау да *көріксіздеу,* қазақы, дөңгелек жүзді, мұрны шолақтау қара торы әйел; қасында бес-алты нәрегей бала ойнап жүр (Б.Аманшин, Жар мұңы). Жаулығы көзіне түскен *көріксіздеу* кішкентай әйел мойнын ішіне тығып, шай құйып отыр (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

КӨРІКСІЗДІК з а т. *Ажарсыздық, кескінсіздік, қораштық.* Тұлғаның *көріксіздігі* бірден пайда болмайды; ол аңғартпай келеді де, адамды өмір бойы көріксіз кейіпке душар етеді. Бала бұны түсініп аңғара алмайды, сондықтан ата-анасы үнемі қадағалап, көңіл бөліп, қамқорлық жасауы тиіс (Семья тәрбиесі).

КӨРІКТЕ= е т. *Көркейту, ажарлау, сәндеу, көрік беру.* Көгертіп гүлдің тамырын, *Көрікте* ердің қабірін. Танытсын солай бейбіт күн Өмірдің ыстық қадірін (Ө.Жайлауов, Шопан).

КӨРІКТЕУ *Көрікте етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жан-жағын *көріктеу.*

КӨРІКТЕЙ с ы н. *Көрік сияқты, көрік тәрізді.* Адам демін ішіне тартқанда сырттағы ауа өкпеге кіріп, оны үрген *көріктей* толтырады, ал демін сыртқа шығарғанда, өкпе жиырылады (Е.Оразақов, Туберкулез.). – Әкеңнің құны бар ма бұл балада, Шұғыл тірі ғой, – деді Нұрым ентігіп; оның екі иығы бір жоғары, бір төмен *көрікте й* көтерілді, жүгірген үстіне ашу қысып, дем ала алмай булығып кетті (Х.Есенжанов, Тар кезең). Қылтаңы жоқ құба жон, көктен күйдірген күн, *көрікте й* үрген ыстық жел, дариядан бұрылған су да лайлы, ішсең таңдайыңа топырақ дәмі тұрып қалады (І.Есенберлин, Алмас.).

Өкпесі көріктей. *Кеудесі мықты, тынысы кең.* Дені сау, *өкпесі көріктей,* жүрегі таза Семен Зонин болу керек, біреуі қатты қорылдайды (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

КӨРІКТЕЛ= е т. **1.** *Ажарлану, құлпыру.* Ақынның бұл кітабында суреткерлік пен сыршылдық жарасымды келісім тауып, *көріктеле* түседі (С.Мәуленов, Жер нәрі).

КӨРІКТЕН= е т. **1.** *Ажарлану, рең кіру.* Айқыз әлі лавкасын жуып жүр: өзі күн санап өңденіп, *көріктеніп* бара жатқан сияқты, көрген сайын ішің күйеді (Қ.Исабаев, Айқыз). **2.** *Көркею, әдемі күйге ену.* Бір сенің жалыныңнан еріп дене, Көрінді-ау төбешік те болып төбе. Биіктеп бұрынғыдан таулар бүгін, Көлдер де түсті-ау бүгін *көріктене* (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Өмірдің әр минуттың тынысынан Сеземін бақытымды, біл осыдан. Нәр алып көк емендей *көріктенем* Туған жер топырағының ырысынан (М.Әлімбаев, Құрбыма). Жаңарды, жасылданды жердің беті, Құс келіп *көріктенді* көлдің шеті. Мал төлдеп, баулар гүлдеп, көктеді егіс, Гажап қой табиғаттың құдіреті (М.Хакімжанова, Таңд.).

КӨРІКТЕНДІР= е т. *Көркейту, көрік беру.* Отыз жыл бойына қазақ сахнасын *көріктендірген* адамның бірі болып келген Құрманбек кейінгі жылдарда консерваторияның педагогтық қызметіне ауысты (С.Мұқанов, Есею жыл.). Одан кейін бір ескеретін жәйт, тілімізді *көріктендіре,* қорландыра түсетін әдіс – туысқан халықтар тілінен ауыс-түйіс жасау, жақсысын алу (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Жазғытұрғы шуақ санаторийді қоршаған биік алма ағаштарына дейін жан бітіріп, *көріктендіріп* жіберген (Е.Оразақов, Дәрігер.).

КӨРІКТЕНДІРУ *Көріктендір етістігінің қимыл атауы; көркейту.* Балалар алаңын *көріктендірудің* және оны тәрбие жұмысын жүргізуге қажеттінің бәрімен қамтамасыз етудің зор маңызы бар («Қазақст. мұғ.»). Жерінің ауа райы қатал Қарағандының өзінде қаланы ағашпен *көріктендіруге,* көшелерді көгалдандыруға көп көңіл бөлінген (С.Мәуленов, Жер нәрі). Сонымен, аударманы сан-саққа жүгіртіп, әр алуан қырынан танылатын нәзік мағыналар арқылы *көріктендіруді* ойладық (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

КӨРІКТЕНДІРІЛ= е т. ***Көркейтілу.*** Мұнда жұрттың жанына сая боларлық хош иісті жасыл парк бар. Жалпы көлемі 600 гектарға жететін парк XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырдың алғашқы жартысында *көріктендірілген* (Б.Мәдиев, Өрендер.).

КӨРІКТЕНДІРІЛУ *Көріктендіріл етістігінің қимыл атауы.* Театр – өмірдің айнасы болсын деген қағидаға алғы шарттардың бірі болып оның безендірілуі, оқиға мазмұнына орай *көріктендірілу* де кіреді («Лен. жас»). Олар мекеме үйлері мен тұрғын үйлердің орналасуына, көшелердің *көріктендірілуіне* үнемі назар аударады («Мәдениет және тұрмыс»).

КӨРІКТЕНУ *Көріктен етістігінің қимыл атауы; көркею.* Колхоздың қанат жаюы, ауылдың көркеюі, *көріктенуі,* жасыл желекке бөленуі, кейбір тентектің түзелуі, суық қолды ұрының дер кезінде әшкереленуі тікелей Қалиға байланысты (Е.Естаев, Өмір.).

КӨРІКТЕУ *Көрікте етістігінің қимыл атауы; көркемдеу.* Әуезовтің қайта-қайта шұқшия қараған, *көріктеу,* ажарлауға ерекше мән берген драматургиялық шығармасы – «Шекарада» (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). «Қыз Жібек» жырында сан алуан әсірелеу, *көріктеу,* ұқсатулардан басқа кейбір жеке-жеке сөздердің шеберлігі де сұлу, жатық (М.Әуезов, Әр жыл.). Теңеу – жан, құрылыс – қолқа, оқиға – азық, Бұралған қисын аса белі нәзік. Бейнелеу – бейне жүрек қан жүргізген, *Көріктеу* – көзді тартқан мықты қазық (Д.Еркінбеков, Шығ.).

Көріктеу құралдары. ә д е б. *Ойды әсерлі, мәнерлі етіп жеткізу үшін қолданылатын құралдар.* Гали әрбір сөзге, теңеуге, эпитетке, осылар сияқты өлеңді *көріктеу құралдарына,* өлеңнің өлшеулі ұйқастарына өте ұқыпты қарайды («Соц. Қаз.»).

КӨРІКТІ с ы н. **1.** *Ажарлы, сұлу.* Сұлу деп қазақта *көрікті* әйелді айтады. Ал көркінің үстіне ақыл-парасаты мол әйелді ару деп атайды. Өмірде сұлу көп те, ару аз. Ауыз әдебиетінде ару бейнесінде Құртқа, Қарашаш, Меңдісұлу сияқты қыздар ғана суреттеледі (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). Жездем тіпті өзгермеген, баяғыша *көрікті,* Колхозшылар съезіне делегат боп келіпті (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Сәнді, көз тартатын, көркем.* Алматының осы заманға сай, сәнді, сәулетті, архитектуралық жағынан *көрікті* болғанын, үйіп-төгіп үй толтыра бермей, көшелері оқтай түзу, айдын дариядай болғанын аңсаймыз (М.Әуезов, Өскен өркен).

Көрікті өлең. *Келісті өлең, жыр.* Әсем тау, әнші дала тербе мені, Көңілдің қозғалсын бір пернелері, Төгілсін көкіректен *көрікті өлең,* Елге де сол емес пе ең керегі (Ғ.Орманов, Көгілдір.).

КӨРІКТІК з а т. с ө й л. ***Көріктілік.*** Баяғы *көріктік* із-түзсіз жоғалған. Күнара айран құйып жуғандықтан, ылғи жылтырап тұратын қап-қара самай шашы қазір үкі-түкі («Лен. жас»).

КӨРІКТІЛЕУ с ы н. *Ажарлылау, әсемдеу, сәнділеу.* Еріксіз – болсам дейді еріктілеу, Көріксіз – болсам дейді *көріктілеу* (Қ.Мырзалиев, Көш.).

КӨРІКТІЛІК з а т. **1.** *Ажарлылық, сұлулық, тартымдылық. Көріктілігім* үшін сүйді ол мені. Мен оны көріксіздігі үшін сүйдім (Ж.Қыдыров, Шынарым). Сізге, сіздің жүзіңізге қызығып бірер мадақ сөз айтсақ, оған өзіңіздің *көріктілігіңіз,* күн жүзіндей нұрыңыз айыпты, – деп, Ақан сәл ғана езу тартты (С.Жүнісов, Ақан сері). Сырт сұлулығына сай оның ішкі жан дүниесінің *көріктілігі* де мол екен («Лен. жас»). **2.** *Көркемділік, әсемдік, сәнділік.* Бұл өлкенің *көріктілігін* сөзбен айтып жеткізу қиын (А.Сатаев, Дала.).

КӨРІКТІРЕК с ы н. **1.** *Ажарлырақ, әсемірек, сымбаттырақ, сұлуырақ.* Әйтеуір күн озған сайын көзіне қыз бұрынғысынан да *көріктірек* көріне түсті (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Кішісінен гөрі басқа бір жерге атастырылып, жартылай қалыңмалы алынып қойылған үлкен қызы *көріктірек,* қылықтырақ болса керек (Б.Аманшин, Көкжар). **2.** *Көркемдеу, сәнділеу.* Көктемнің көркемдігін көріп түлеп, Келеді көк жиектен батсайы таң, Дүние күндегіден *көріктірек,* Желегін жамылғандай ақ шайыдан (С.Сейітов, Жаңғырық).

КӨРІКШЕ ү с т. *Көрікке ұқсап, көрік сияқты.* Аз болмағанда омырауындағы ақ гүлді мыжып тастағандай екем, гүлді шайқап, қыз көкірегі *көрікше* басылады (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Әннің әр буынының ара-арасында домбыраны шертіп-шертіп жіберіп, кеудесі *көрікше* бір көтеріліп, бір басылған жігіттің даусы үдей-үдей соғады (С.Жүнісов, Ақан сері). Содан солығын баса алмай кең кеуде *көрікше* көтеріліп-басылып, көпке дейін тыным таппады (Ш.Мұртаза, Қара маржан).

КӨРІКШІ з а т. **1.** *Ұстаның қасындағы отын жағып, көрігін басушы адам.* Көз ашқалы еңбекте піскен қайратты әке жаңа қоныста да ата кәсібіне ойысып, ұсталыққа көшеді де, ұлы Секер *көрікшісі* болады («От ортасы»). – Батыр, осы «су», «от» дегеніңді қойшы, мен бір *көрікші* ме едім (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бәрінен соның ерекше Бурыл мұртты Жоламан, Темірге ұста, *көрікші,* – осы маған ұнаған (Т.Жароков, Шығ. жин.). Беркінбай колхоздың ұстаханасында *көрікші* боп істеді (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.). **2.** а у ы с. *Ұйымдастырушы, өндіре жасаушы, еселей түсуші.* Төрт-бес тонна отын, 700–800 килограмм металл, жиырма килограмдай талшық, әртүрлі машина, бұйым қажет. Еңбекпен жасалатын бұл дүниенің *көрікшісі* өзіміз ғой (С.Хайдаров, Азамат.).

КӨРІЛ = е т. *Көзге көріну, іліну, байқалу.* Қашықтық пен заттардың көлемін қабылдауда көздің конвергенциясы, яғни екі көздің *көрілетін* затқа бір көздей болып әрекет етуі қажет болады; бұл құбылыс жақындағы нәрсені ажыратуда байқалады (Қ.Жарықбаев, Психология). Бұл көзге *көрілген,* көңілге сезілген ғаламды қандай хикметпенен жарастырып, қандай құдіретпенен орналастырған, ешбір адам баласының ақылы жетпейді (Абай, Тол. жин.). Ата жауым –

дұшпаным, Талай қанды құсқаның Көз алдымда *көрілсін* (Н.Баймұратов, Ер Төлеген).

Шара көрілді. ж е р г. *Шара қолданылды.* Үрмәш Серікбай ақсақалға Жұмабекті комсомол ұясында талқылайтынын, тиісті *шараларін* айтып, қарияны үйіне дейін шығарып салды (Ә.Әлішев, Батыр.).

КӨРІМ[1] з а т. **1.** *Көресі, көрешек, өмір.* Гүлбаршынды алам деп, Сенің де бітсін *көрімің* (Алпамыс). Біздің аузымызға ас әкеп салам деп-ақ титықтап болдың-ау, мынау – не *көрім!* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). **2.** *Пәле, жаманшылық, құбыжық, елес.* Түсім бе осы, өңім бе, Көрінген маған *көрім* бе? Неше жылдай қылдым зар, Білмеуші ем өлі, тіріңді (Н.Нысанбайұлы, Сауда ишан). Өлтіруге қимапты, қолынан қылды *көрімді,* құлағын кесіп құнтитты, Мұрнын кесіп шұнтитты (Қамбар батыр).

Бір көрімі. *Бір қызығы, бір кереметі. Бір көрімі,* біз туған кезде сол өріп жүрген аюлардан із де қалмапты (С.Мұратбеков, Жабайы.).

Ит көрімді көрді. *Азап шекті, көресісін көрді.* Су тиген соң жарам ұшықпасын ба, көпке шейін іріңдеп, түнде жатқанда дамбалым жабысып қалып, *ит көрімді көрдім*-ау (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Көрмеген көрімді көрді. *Көп азап тартты, көрмеген көресісі қалмады.* Осы шырағым туарда төрт балам өліп, зар илеп, *көрмеген көрімімді көріп,* жасым отыздан асқанда су түбіне кеттім-ау деп жүргемін ғой (К.Баялиев, Дегелек.).

Көрімді көрсетті. *Азап тартқызды, көресісін көрсетті, басына зобалаң туғызды.* Әй, Құдайай, *көрсеттің-ау көрімді,* Көрім қылмай берсең еді өлімді. Бүгін үйде жататұғын екенмін, Мырқымбаймен жіберіп-ақ келінді (Б.Майлин, Таңд. шығ.). *Көрсетемін* мен ол Шұғылдың баласына *көрімді,* ол шапса, мен шапқан шөбін тасып аламын, жалғыз мен емес, бүтін Сағадағы елді ертіп шығып, мен оған көрсетемін көресісін (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Көрім көрінгір. қ а р ғ. *Бәле келгір, қара басқыр. Көрім көрінгір,* сенің мына пиғылың жаман екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

КӨРІМ[2] с ы н. ж е р г. *Әдемі, жақсы, сүйкімді, керемет.* Даланың неше түрлі егіндері, Тұқымның асыл сортты *көрімдері,* Табысын таңғаларлық көрсетіп тұр, Колхоздың қара барқыт жеріндегі (Қ.Тастайбеков, Өленд.). Ербол: Мынауың *көрім* екен, жаңа ән ғой? Бондир: Жақсы ән екен. Шынтас: Өзі қандай тәтті еді («Әдеб. майданы»). Бәйекең: – Өз бәйгесіне өз атын қоспас болар, – деп, ақтанкерді алып қалғаны, әйтпегенде ырсылдақ қарамен *көрім* бір айқас болатын еді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.)

Көрім болды. жер г. *Дұрыс болды, жөн болды. Көрім-ақ болар* еді оларға Сәлем айтып қойсаңыз (Қазақ. тілі. аймақ. сөздігі..).

КӨРІМ[3] с ы н. ж е р г. *Кескінсіз, көріксіз, ұсқынсыз, нашар.* ≈ *Көрім* адам. *// Кескінсіз, ұсқынсыз адам.* Әкімгерей орнынан тұрып, есікті құнттап жапты да, Жағынарға бұрылып: – Жәке, мына *көрімің нен* түк шығар емес, – деді Барлыбайды нұсқап (Ө.Қанахин, Дәмелі). Болсаң да өзің тәуір, жарың жаман, Жолдас боспсың оңбаған *көрімменен* (Айтыс). Өлтірсеңдер де бармаймын, Ол *көрімнің* жанына, өлгенім артық! – деп сіресіп алды (Б.Майлин, Шығ.).

КӨРІМДІК[1] з а т. э т н. *Жас нәрестені, жаңа түскен келінді т. б. бірінші рет көргендігі үшін қонақтың, дос-жараның үй иелеріне не олардың жақын-жуықтарына беретін сыйлығы.* Жаңа түскен келінді үйге ендіріп, атасына көрсетіп, *көрімдік* сұрайтұғын рәсім болған («Айқап»). Бұрынғының бір жолы – келінді көрген адамнан *көрімдікке* мал алар, қайын енеге бір сәлемі (М.Әуезов, Қараш.). Күлжәмила жас нәрестені тастай ғып орап, келген-кеткеннен *көрімдік* сұрап отыр; осы балаға іші біртүрлі елжірейтін сияқты (Қ.Қазыбаев, Ызғар). Ал сен енді, маған қандай *көрімдік* берер екенсің, жаралың жазылып, өлгеніміз тірілгенін көрсетсем, не бересің, кәне? (Ғ.Сланов, Домбыра.).

КӨРІМДІК[2] з а т. *Көрініс, көркемдік.* Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті *көрімдігіне* және қандай лайықты жарастықты законімен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмайтұғынын көресің (Абай, Тол. жин.).

КӨРІМПАЗ с ы н. *Көргіш, сұңғыла, аңдағыш, байқағыш, қиядағыны көзі шалатын. Көрімпаз* жан сұрампаз, Ұғымпаз, зирек, талапты, Жұрт сүйеді сондықтан, Болса да тентек Маратты (С.Мұқанов, Таңд. өленд.). – Үйез ұстамай ма оны, сурет оның қолында жоқ па? – Уа, қайдан білсін үйез, біз сорлы ғой *көрімпаз,* үйез көрсе де танымайды (С.Мұқанов, Ботагөз).

КӨРІМПАЗДЫҚ з а т. *Көргіштік, байқағыштық, аңдағыштық.* – Бізде күш, ықылас жеткілікті, жолдастар, іскерлік, тек іскерлік жетсін, оған сезімпаздық, *көрімпаздық* қосалық, – деді Мейрам (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

КӨРІН з а т. ж е р г. *Арба дөңгелегінің ішінағашы, тоғын.* Мұқаштың қарындаш арбасының *көрініі* сынып тұр екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Ыстықта арба *көрінінің*

құрақтары ашылып кетеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨРІН= е т. **1.** *Көзге түсу, көзге шалыну, байқалу.* Артқан қамыс тірліктің белгісі боп, Демеу жасап, жылымға бергісі жоқ. Ақ айдыннан екі бас *к ө р і н е д і*, Адамның да, аттың да өлгісі жоқ. Күрең жүзін барады, өлгісі жоқ (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Кезігу, ұшырасу.* Егер осы сөз бойына лайық кісі *к ө р і н с е*, ақылы жоқ болса да, қайратыменен-ақ кісі айбындыратұғын адам болғаны ғой (Абай, Шығ. жин.). **3.** *Жолығысу, көзбе-көз сөйлесу.* Жүріп кетті Қамбар ер, *К ө р і н б е к* болып Назымдай қатар өскен теңіне (Қамбар батыр). **4.** а у ы с. *Көзге түсу, мәлім болу, танылу.* Леонов Шығыс тарихын жете білетін ғалым ретінде де *к ө р і н д і,* ол, әсіресе, Шоқан мен Абайдың есімін жеке атап, зор құрмет көрсетіп отырды (І.Омаров, Сөртін). Қазағым оқу оқы, жатпа босқа, *К ө р і н і п* оқуменен дұспан-досқа. Дүнияға жаңа келген адамдай-ақ, Салыңыз надандықты таптап асқа («Айқап»). Бурабайдың баурында ақ патшаның таққа отыруына арналған ұлан-асыр той болады, соны Шоқан басқарады дейді. Сен оған ұлы думанда *к ө р і н,* алты дуанның игі жақсысы бас қосады, олар да көрсін, сонда атағың мұқым қазаққа тегіс жайылады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **5.** а у ы с. *Саналу, есептелiну.* Сенен аяр түгі жоқ, Бүгін сыйлас *к ө р і н і п*, Бүгін жалын, ертең шоқ. Сөзі мен өзі бөлініп (Абай, Шығ. жин.). Ата-анасынан мал тәтті *к ө р і н е т ұ ғ ы н* антұрғанның жанынан да малы қымбат екен (Абай, Шығ. жин.). **6.** а у ы с. *Әшкере болу, сыры ашылу.* Төлептің малына қызығып, арам ниетің *к ө р і н і п* қап, одан ұтылып едің, енді қызына қызығып, топ жинап кеп қорлық көрсеткендей не жазығым, не кінәм бар (Ш.Хұсайынов, Таныс адам). **7.** а у ы с. *Байқалу, білiну.* Күнделіктен мектеп оқушысының мінез-құлқының қандай екені де *к ө р і н е д і* (Семья тәрбиесі).

Көрініп [бір көрініп] қалды. *Өзін әлдекім етіп көрсетті, әдейі көзге түсті, бағасын арттырды, бұлдады.* Бұл жолы да алғашқы сөзді Бекше бастады: аңғарып жетпесе де, *к ө р і н і п қ а л у ғ а* тырысқан түрі бар (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Әлібек пен Әшімнің аралығында «болыссынып» күжірейгенсіп отырған Аққіржік түбінде жұмысы жоқ, осы тұста *б і р к ө р і н і п қ а л ғ ы с ы* келді (Д.Әбілев, Арман.).– Жүр екен ол қай маңда, Қайтып қабыл алмақшы? Мына түрмен Айжанға *Б і р к ө р і н і п қ а л м а қ ш ы* (А.Шамкенов, Сырларым.).

Басыңа [өз басыңа, қара басыңа] көрінгір! қ а р ғ. *Өзінің көрген қиындық азабын ашуландырып, күйіндірген адамы да көрсін деп айтылатын сөз қолданыс.* – Бұ қай иттің баласы зарлап отырған, ой, *ө з б а с ы ң а к ө р і н г і р!* – деген ақырған дауыс шықты (С.Мұратбеков, Көкорай). – Топырақ үйіп ойнаған жаман ырым, – деп, құм үйшігімді бұзып, Ұлсары дейтін кемпір, – *қ а р а б а с т а р ы ң а к ө р і н г і р,* өңшең құм үйіп ойнайтындарың не! – деп ауылдан асыра қуғаны есімде (Қ.Сәрсекеев, Кілт).

Бит шаққан ғұрлы көрінбеді. *Елең қылмады, әсер етпеді, қиналмады, тарықпады.* – Біздің бұл жақта шаршап-шалдығып, қан түкіріп жүргеніміз саған *б и т ш а қ қ а н ғ ұ р л ы к ө р і н б е й д і*-ау, ә! – деп қырман басындағы бригадир Айдарға қамшысын үйіріп-үйіріп алды (Қ.Нұрғалиев, Екінші.).

Бірдеңе [бірдеме, бір нәрсе] көрінді. *Бәлеге ұшырады, жын қақты, жамандыққа душар болды.* – Бүгін бәріңе *б і р д е м е к ө р і н г е н* ғой деймін. – Өзіңе көрінген шығар, біз аманбыз (Ж.Молдағалиев, Сарарқа.). Бұл кәрі немеге *б і р н ә р с е к ө р і н е р,* жап-жас қызға үйленем дегені несі, бұған тыйым салу керек (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Дәрігерге көрінді. *Дәрігерге қаралды, тексерілді, емделді.* Әзима брошюра тауып беруге уәде етті, таныс дәрігерлерінің аттарын да атады: – *Д ә р і г е р г е к ө р і н,* емдел! Саулықтан қымбат не бар? – деді (Д.Әбілев, Арман.). Аурудың асқынған себебі – бұл адам кезінде *д ә р і г е р г е к ө р і н б е г е н* немесе рентгендік зерттеуден өтпеген (А.Тұрғанбаев, Рентгенология.). Егер адам аза бастаса және кекірік, лоқсу, құсық сияқты белгілер басталса, тез *д ә р і г е р г е к ө р і н і п,* ауруханада жатып емделуі керек (А.Дайыров, Хирург кеңесі).

Жай [басқа] көзге көрінді. *Сырттан өзі ойлағандай емес, басқаша болып қабылданды, бір көрген кезден басқа да нәрселер байқалды. К ө р і н с е ң* де шап-шағын, *К ө з д е р і н е б а с қ а н ы ң.* Мінгенсің тартып ат жалын, Ыстықсың бейне жас шағым (С.Мәуленов, Алыс кет.). Өлімге сан жақын бардым Қорғансыз боп *к ө р і н с е м* де *ж а й к ө з г е* Шындықты айтқан ақындардың Бірақ жолы болып еді қай кезде? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жаны көзіне көрінді. *Қатты қысылды, жаны қиналды, жаны мұрнының ұшына келді.* Айта бар, болсын жылдам, бесінге шейін бір жалғыз оқты мылтықты қалай да бері жөнелтсін, Найманның *ж а н ы к ө з і н е к ө р і н д і* (С.Шарипов, Бекболат). Тұрыскелді қарт әлсіз үн қатты: – Балам, жүгір «Бірлікке». Жөтел қысып *ш ы б ы н ж а н ы м к ө з і м е к ө р і н і п* жатыр («Лен. жас»).

Көзге түртсе, көрінбеді. *Қап-қараңғы, тастай қараңғы болды, тұк көрінбеді.* Алдарында тоғай бар екенін Айша біледі, соған жетсем деп келе жатыр, түн *көзге түртсе, көрінбейтін* қараңғы, мұны да ойына алып келеді (С.Шарипов, Бекболат). *Көзге түртсе көрінбес* қараңғыда жүріп келеміз, шамның жарығына бір ақбөкен іліне кетті («Қаз. әдеб.»). Түнерген асты да бұлт, үсті де бұлт, *Көрінбес көзге түртсе* айнала сырт (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

Көзіне жан көрінбеді. *Көзіне ешкім түспеді, ешкімді таппады.* Патша Құдай сиындым Тура баста өзіңе, Жау жағадан алғанда, *Жан көрінбес көзіме* (Абай, Шығ. жин.). Ерік тимей өзіме, *Жан көрінбей көзіме,* Солып жүрген сұм көңіл, Толды деген осы да (Ш.Иманбаева, Өлеңд.).

Көзіне көрінбеді. *Көзіне түспеді, ілтипатқа ілінбеді, адам құрлы саналмады.* Қырық шаһарлы қызыл бас, Қырық кісідей батырдың *көрінбеді көзіне* (Қобыланды батыр).

К ... і көрінді. б е й п і л. *Арты ашылды, абыройы төгілді.* Сөз көбейді, ұлғайды, Мақтанның *к . . і көрінді* (Абай, Шығ. жин.).

Қара көрінді. *Қара басты, жаманшылыққа душар болды.* Байдан кедей бөлініп, Байға *қара көрініп,* Кедей ашу етпесін (Жамбыл, Шығ. жин.).

Көзіне жан тиындай көрінбеді. *Адам баласын менсінбеді, менменсіді.* Бәрі де өңшең бөрі, ішкендей қан, *Тиындай көрінбейді көзіне жан* (М.Сералин, Топ жарған).

Не көрінді. *Не пәле болды, нендей жаманшылық келді, соншалықты не болды? деген мағынада.* – А, балам, *не көрінді,* жөндеп отыр! – деп, алдында тұрған Ақылбай тағы зекіді (І.Жансүгіров, Әңгім.). Пайғамбардың жасынан асқанда мешітті тастап саған *не көрінді?* (К.Баялиев, Дегелек.). – Байтасқа қағаз жазып берсең жағдайластырар, *не көрініпті,* осында екі бірдей баласы оқып жүрген жоқ па? – дейді (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.).

Төбесі көрінді. *Елес берді, көзге шалынды, қылт етті.* – Біз *төбесі көрінген* мүмкіндіктің бәрін пайдаландық: қары кеткен участоктардың топырағы кезінде өңделіп, ылғалды сақтап қалуға бар күш салынды («Лен. жас»).

Шыбын ғұрлы көрінбеді. *Бұйым болмады, тұкке тұрмады.* Фәни жалған қайғының дертке айналғанынан сақтасын: ол уақытта өзіңе-өзің қастық етесің, дүние көк *шыбын ғұрлы көрінбей* кетеді (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Ыстық көрінді. *Көзіне оттай басылды, жылы ұшырады.* Ұзаған сайын Қостанай көзіме *ыстық көрінді* (С.Көбеев, Орынд. арман). Нұрға шомылған туған жердің көрінісі Тілегенге айрықша *ыстық көрінеді* (М.Иманжанов, Таныс қыз). Ардақты ұстазымның осынау сенім қағазға өрнектеп сызған таныс қолтаңбасы бір түрлі *ыстық көрінеді* (С.Омаров, Қайырлы жаз.).

КӨРІНГЕН з а т. с ө й л. *Кім болса, сол, әркім, кез келген адам.* Осынша ақымақ болғаным, – *Көрінгенге* қызықтым, Ғаділетті жүректің Әділетін бұзыппын (Абай, Шығ. жин.). Мен шықсам тіл-міл біліп, оқуды үзіп, Қошқарша *көрінгенді* қойсам сүзіп (І.Жансүгіров, Шығ.). Ел бүлігі – Тобықты, Көп пысыққа молықты. Малдының малын көре алмай, Борышын түгел бере алмай, *көрінгенге* обықты (Абай, Шығ. жин.).

Көрінгенге көз сүзді. *Әркімге бір телмірді, дәме етті.* Еңлік: Аз сөзіме көңіл бөл. *Көрінгенге көз сүзген* әлдеқандай дәме. Кебек: Шынымды айтсам, түсінер деп келем (М.Әуезов, Еңлік – Кебек).

Көрінгенге көзтүрткі болды. *Жаманатты болды, жеккөрінішті болды.* Ертең мына алған мал таусылған күні жазған кемпір *көрінгенге көзтүрткі болады,* – деп ауыр күрсінді (С.Адамбеков, Өмір тойы).

Көрінгенге қол созды. *Әркімнен үміт күтті, дәмеленді.* Ашкөзсің, жалмауызсың, тойымың жоқ, Болды деп мың алсаң да қойымың жоқ, Қызығып *көрінгенге қол созасың,* Болсын деп сөзіңді тек гіл қызыл шоқ (Б.Күлеев, Өлеңд.).

Кім көрінген. *Әркім, кез келген адам, әлдебіреу.* Ресторанда, отельде, автобус пен поезд үстінде, шаруаның үйінде, гросбауердың сарайында *кім көрінгенмен,* кездескен адаммен сөйлестім (Қ.Исабаев, Соңғы.). Түрдің *кім көрінген* киетін қалпақ емес екенін осыдан тағы қоруге болады (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Елгезек жылқы малын *кім көрінген* баға алар ма? (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен).

КӨРІНГІШ с ы н. *Көзге түскіш, танылғыш, назарға ілінгіш.* Алға басып, жұмысымыз жақсарған сайын кемшілігіміз де *көрінгіш* болып кетті (Қ.Ұябаев, Қырда.). Ішіндегі небір пәлелерін ізім-қайым сездірмейді, жұрттың бәріне жақсы *көрінгіш,* онысын көлденең жұрт қайдан білсін (Б.Аманшин, Жар мұңы). Әсіре қызыл – *көрінгіш* (Мақал).

КӨРІНГІШТІК з а т. **1.** *Көзге түскіштік, назарға іліккіштік, көз тартушылық.* Сенің осы бастық біткенге *көрінгіштігің* –

аса мақтарлық қасиет емес, ол – іскерліктен гөрі жағымпаздыққа жақын («Лен. жас»). **2.** ф и з. *Көріну, байқалу қасиеті.* Көріну күші басым сәуленің энергиясы *к ө р і н г і ш т і г і* нашар сәуленің энергиясынан кем болады (А.Қалығұлов, Сан сырлы.).

КӨРІНЕ ү с т. *Ашықтан-ашық, көрер көзге; қасақана, әдейі.* Көп көзіне *к ө р і н е* айтпа, Біздің сөзге ерсеңіз (Абай, Тол. жин.). Нақ большевик болып *к ө р і н е* шыққандар қашып кетті, жаздай іздеп қолға түсіре алмадық (С.Шарипов, Бекболат). Әділ кісі ғой, жарлы-жақыбайға *к ө р і н е* болысады, – деп шаруа Хакімді сырттан мақтай бастады (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Отаншыл ұлы ақынды патша өкіметі *к ө р і н е* өлімге айдады (М.Қаратаев, Туған. әдеб.).

Көріне көзге. *Көзбе-көз, көрер көзге, ашықтан-ашық.* Андрейдің диірмені тұрған тоғаннан өтіп келе жатқанда Жұмабек *к ө р і н е к ө з г е* суға қойды да кетті (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). *К ө р і н е к ө з г е* бұл күнде, Нашарды ешкім жемейді (С.Сейфуллин, Шығ.). Тепкісінде басқаның Қор боп, жүдеп барамыз. *К ө р і н е к ө з г е* азапта Мәңгі қайтып қаламыз, Ойыңды енді азат қыл, Қалсын былай балалық (С.Торайғыров, Шығ. жин.).

КӨРІНЕР-КӨРІНБЕС с ы н. *Көмескі, сәл көрінетін, солғын, болар-болмас.* Ауада әлдебір ұшқын сияқты *к ө р і н е р-к ө р і н б е с* қылау бар («Лен. жас»). Көзге көрінбейтін немесе *к ө р і н е р-к ө р і н б е с* паразиттерді тексеру үшін компрессор әдісі пайдаланылады (Т.Телеуғалиев, Балық ауруы). Құдықтан басы ғана *к ө р і н е р-к ө р і н б е с* боп тұрған Сейітті анық тірідей көмдіріп салды (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КӨРІНЕУ ү с т. *Көрер көзге, ашықтан-ашық, жұрт көзінше, көзбе-көз.* Ей, жұрт, мынау *к ө р і н е у* қиянат қой (М.Әуезов, Абай жолы).– Әй, жігіттер, ойланыңдар, осынша *к ө р і н е у* қарсы шыққан бізге не жақсылық көрсетер дейсің, – деді Тасжан баласы (С.Шарипов, Бекболат). Байқаған кісіге *к ө р і н е у* тұр емес пе? (М.Дулатов, Шығ.). Осыны біле тұра Зейнепті оған беріп қоя беру басын *к ө р і н е у* өлімге байлаумен бірдей емес пе? Бұдан жаман нәрсе бар ма? (М.Дулатов, Шығ.).

Көрінеу көзге. *Көпе-көрінеу, көз алдында.* АЗТМ болатының маркасы *к ө р і н е у к ө з г е* көтеріле бастады (Халық бақыт.). Шоқан «Ақ үйге» барса, кірпіштері жеміріліп, қарайған бөренелері *к ө р і н е у к ө з г е* шіріп, бір жағына қарай қисая қыңырайып тұрған бірдеме (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Мен одан қашпасақ едім, бірақ *к ө р і н е у к ө з г е* бос жұмыс қой (Т.Жармағамбетов, Нәзік бұлт.).

КӨРІНУ *Көрін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көзге шалыну, көзге білінү.* ИЛ-62 жиырма мың метр биікке көтеріледі, екі қаланың оттары қатар *к ө р і н у і* де сол биіктігінен болар (Т.Ахтанов, Үндістан.) **2.** *Назарға ілігу, басқаларға сырт жағын ғана байқатып, пікір қалыптастыру.* Мәселе басшы болып *к ө р і н у д е* емес, басшы бола білуде (І.Омаров, Шабыт.). Кәріліктен кәдімгідей қорқатұғын шығарсың: Құлын жас боп *к ө р і н у г е* құмарсың, Алып-ұшпа қызбалықтан қорқатұғын шығарсың: Сабырлы боп көрінуге құмарсың (Қ.Мырзалиев, Көш).

Көріну бұрышы. г е о м. *Қиылысу нүктесі. К ө р і н у б ұ р ы ш ы* тек бір градустан артық болғанда ғана адамның көзі көре алады (Геометрия).

Көріну формасы. т е р м. *Көзге түсу, танылу жолы, амалы.* Елеулі форма жөнінде баяндалған нәрселердің бәрін *к ө р і н у ф о р м а л а р ы* жөнінде қайталап жату орынсыз болған болар еді (К.Маркс, Капитал).

Көріну шамасы. ф и з. *Көзге шалыну мөлшері.* Белгілі бір бағытта тараған жарық ағынының байқалуын жарық көзінің жер бетіне *к ө р і н у ш а м а с ы* дейміз (А.Қалығұлов, Сан сырлы.).

КӨРІНІМ с ы н. *Көзге көрінетін, көз ұшындағы, едәуір.* Көш тізбегінен *к ө р і н і м* жер алда бір топ ауыл ақсақалдары жай аяңдап келеді («Лен. жас»). Астраханьнан шақыртқан мұз омырғыш су тайыз болғандықтан, *к ө р і н і м* жерде қалып қойды (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). // *Алыс, қашық, көз жетер жер.* Жалғыз аты мен інісін айдаған конвойды *к ө р і н і м н е н* жанасалап, Жайық бойын күңіренте қоштасып қала берді (Ғ.Сланов, Дөң асқан).– Тәйт әрі! Жер мешіттің алдынан *к ө р і н і м г е* дейін төгілген қызыл қан не? – деп Рахмет бабай жекіріп тастады (Ә.Сәрсенбаев, Отан).

Бір [көз] көрінім [жер]. *Көз жетер, көз ұшындағы қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Бірінші жүздік бел асқанша келесі жүздік сап түземек, онан кейін үшінші жүздік аттанбақ, аралары – *б і р к ө р і н і м ж е р* болуға тиісті (Х.Есенжанов, Тар кезең). Егер тоғанды су жырмаған күнде, *к ө з к ө р і н і м ж е р д е г і* сай алқабына біраз су жиналар түрі бар (Т.Жармағанбетов, Нәзік.). // Жұмысқа жаңа бағыт жігерменен Бір белең *к ө з к ө р і н і м* асып едік (Ақын жырлары).

КӨРІНІС з а т. **1.** *Адамның және оны қоршаған жанды-жансыз заттардың, яки болмыс дүниесінің көзге шалынатын кескін-*

кейпі, бейнесі, сыны. Малдары күншуақта, көк шалғында, Ажарланған, тойынған Қыдыр дарып. Кешкі аспанның арайында Арал жатыр алаулап. Сұлулықтың сарайында Бұл *көрініс* санаулы-ақ (С.Мәуленов, Алыс кет.). Адамның сыртқы *көрінісіне* оның тек киімі ғана емес, жүріс-тұрысы, өзін ұстай білуі, киіну үлгісі де кіреді («Қазақст. әйелдері»). Ташкенттегі тағы да көзіме бірден түсе кеткен *көрініс* – қолтықтарына кітап қысқан өзбек, тәжік, қарақалпақ, түрікмен, қазақ, қырғыз қыздары болды (Қ.Әміров, Өшпес жұлдыз.). Қаланың кіреберісіндегі дөңесте тұрған будда храмы – Кау Мода пагодасының сыртқы *көрінісіне* көз тоқтатып қарасаңыз, әйелдің емшегіне ұқсайды (Ә.Шәріпов, Алыс жағалау.). **2.** а у ы с. *Дерексіз, абстрактілі заттардың, ұғымдардың белгісі, нышаны.* Жанған жүректі тамаша *көрінісіне* қызығып, халық қуанып, қайрат бітіп жүгіріп отырды (М.Жұмабаев, Шығ.). Күй желісінің сол бір өреде сарнауы шын да, тарихи заңды да *көрініс* еді (А.Жұбанов, Құрманғазы). **3.** ө н е р. *Көркем әдебиетте, бейнелеу өнерінде суреттелетін біртұтас оқиғалардың, театр, кино драматургиясы шығармаларының жекелеген бөлімдері, үзік-үзік яки дербес эпизодтары.* Шығармада дұрыс әдіспен суреттелген қазақ колхозының типтік жағдайлары мен жеке *көріністері* сонымен бірге орыс, украин, латыш, тәжік колхоздарының да типтік жағдайлары болып шықпайды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Кейде сахнада декорация жиі ауыстырылады; пьесаның бұл қысқарақ бөлімін *көрініс* деп атайды (Қ.Жұмалиев, Әдеб.теор.). «Егер сен өз үйіңді ардақ тұтсаң...» деген документті кинофильмде Смоленск шайқасынан бірнеше әсерлі *көрініс* берілген (Т. Ыдырысов, Жалынды жыл.). Фонвизиннің «Тоғышар» («Недоросль») пьесасынан берілген *көрініс* қатысушыларды қатты көңілдендірді («Халық мұғ.»). **4.** *Зерттеу нысанының белгілі бір аймағы, тексерушінің назарын аударған құбылыс, тұр, пішін.* Беттің бақылаушы қарағанда көрініп тұрған бөліктерінің кескіндері *көріністер* деп аталады (Сызу). Айдың әртүрлі *көріністерін* фазалары деп атайды (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). Өңеш рагының клиникалық *көрінісін* өңештегі ісіктің қай жерінде болуына байланысты осы органның мойнында, орта шенінде, төменгі жағында деп бөліп-бөліп атайды (Р.Сәтбаева, Өңеш рагы). **5.** с ө й л. ***Көрме***. Ә.Қастеевтің, Х.Наурызбаевтың, А.Ғалымбаеваның, Х.Телжановтың және басқаларының творчествосы кеңінен *көрініске* қойылған («Соц. Қаз.»). Әйелдер тыста жіп иіріп, алаша тоқып, жас қыздар қырындай жүріп иінағашпен су тасып, балалар есігінің көзінде ойнап, бәрі де әдейі *көрініске* қойған жанды картиналар секілденеді (Р.Тоқтаров, Терістік.).

Көрініс берді. *Бой көрсетті, көзге түсті, байқалды, сезілді.* Елден пристав кеткен соң ауылдың біреуі хабар қылады, ол үшін биіктеу жерге келіп, маған *көрініс беріп,* алыстан атой салады (С.Сейфуллин, Тар жол.). Арқаттың ең биік тұсы оқшау біткен жылтыр құз текшедей бөлініп, аспанға шаншылып, қызық *көрініс береді* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Әр үйде жайған өре, қайнатқан құрт, Бай, кедей, қатын-қалаш тегіс қарық, Қиғаш қас, бидай өңді сұлулар да Әр жерден *көрініс берер* жұрқ-жарқ (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Көрініс тапты. *Көрінді, бейнеленді, қиюласты.* Сәкен өлеңдері арқылы халықтың бостандықты аңсаған жауынгерлік жырлары жаңаша *көрініс тапты* (С.Қирабаев, Октябрь.). Халқымыз басынан кешірген қилы-қилы тарихи кезеңдер, өзіміз өткен бел-белестер мақалдарымызда айқын *көрініс тапқан* (М.Әлімбаев, Сөз.).

КӨРІПКЕЛ с ы н. *Болашақты күні бұрын болжайтын, сәуегейлігі бар, көреген.* Жасы сол кезде жүзге таяған Аңғал батырдың әкесі Бабаназар Абылайдың әрі батағөйі, әрі *көріпкел* сәуегейі болған екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).– Ал мен өзімді халыққа *көріпкел* әулие етіп көрсету үшін бір сорлының алқымын сықтырып тұрғаным мынау!– дейді бақсы ішінен (Н.Қазыбеков, Тұсаукесер.). Оны асқан білгір, *көріпкел* тәуіп санаған адамдар Ташкент, Самарқант жағынан да келіп емделген және ауырған адамды мүлде жазбай тынбайды деп дәріптеген (Е.Оразақов, Қайта соқ.).

Көріпкелі бар. м и ф. *Алдын ала болжай білетін.* Апырай, тақсырым-ай... *көріпкелі бар* нағыз әулиенің өзі екенсіз ғой, – деді ол (Ә.Әбішев, Найзағай). Әй, сендердің *көріпкелдерің бар* ма? – деді ол (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа).

Шаруаға көріпкел. *Епті, ыңғайлы. Шаруаға* да біртүрлі *көріпкел.* Тамақты қандай ғып пісіреді! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨРІПКЕЛДІК з а т. п с и х. *Адамның қоршаған ортадағы объективті құбылыстар жайлы бес сезім мүшесінің қызметімен түсіндірілмейтін, ақылдан тыс ақпарат қабылдау мүмкіндігі.* Осындай қабілет иелерінің өздері де, ғылыми зерттеулері де *көріпкелдік*

жайлы әзірге нақтылы бір тоқтамға келген ғылыми тұжырымды түсінік бере алған жоқ (ҚҰЭ).

КӨРІС з а т. *Көру қабілеті.* Темекіні көп тартқан адамның көз *к ө р і с і* төмендейді, заттың түсін айыра алмайды (Е.Оразақов, Дәрігерлік.).

КӨРІС= е т. **1.** *Бірге көру, байқау.* –Алланың әміріне көніселік, Көздің қыры түскенін *көріселік,* Ұл туар да, қыз туар заман болса, Уағдамен қалыңсыз беріселік (Қозы Көрпеш.). Екі қанат, бір құйрықты қос-қостап мүйізің шықпас, құс қызығын бөле *көрісейік,* қи маған «Қосбармағыңды» (А.Сейдімбеков, Ақиық.). Мылтық даусы құлаққа тиісімен іркілместен тұра ұмтылған жігіттер сөйткенше болмай ат жетелеген біреудің қырқадан аса бергенін *к ө р і с і п* қалды (Б.Тұрсынбаев, Айнымас дос). **2.** *Біреумен кездесу, жолығысу, жүздесу.* Өткеннің жай-жапсарын жайып бүгін, Отырмын. О, не деген байыпты күн!... *К ө р і с п е д і к,* көп болды *к ө р і с п е д і к,* Айтшы, досым, айтшы өзің, айыпты кім? (М.Мақатаев, Шығ.). Мақсұтым хатымды, Аз уақыт болса ермек, Сөзім жоқ татымды, Хошлықпен *к ө р і с п е к* (Абай, Шығ. жин.). Ұзынқұлақтан амандығын ғана естігеніміз болмаса, соғысқа келгеннен бері Мұқаңмен *к ө р і с к е н* емес едік (Б.Момышұлы, Москва.). **3.** *Амандасу, сәлемдесу.* Анау үйде жатқан Серікбай бұлардың дауысын есітіп, түн ішінде келген Мықтыбай ма, басқа біреу ме, деп жүгіріп келсе, Әділ! О да: – Өңім бе, түсім бе? – деп келіп құшақтасып *к ө р і с т і* (Ш. Құдайбердиев, Шығ.). Жәуке қазақшалап *көріспек* боп, Құрымбайды біразға шейін құшағынан босатпады (Б.Майлин, Шығ.). Байғара Субайдың қолын алып амандасты, адвокат та жылы жүзбен қос қолдап *к ө р і с т і* (І.Жансүгіров, Шығ.). Еліне демалысқа келіп жатыр екен, маған *к ө р і с е* келіпті (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). **4.** э т н. *Жақын туыстардың қайтыс болған адамды жоқтап, дауыс шығаруы.* Ауылынан келген екі жігіт бірінен соң бірі *к ө р і с і п,* кеңкілдеп, Күмсінайдың жаман үйін басына көтерді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Отырған әйелдердің алдына жылап келген еркектер тізе бүгіп отыра кетіп, құшақтасып *к ө р і с і п* жылайды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Алқаның Хасенмен *к ө р і с і п,* күңіреніп айтқан зарын естіген ел ұмытпайтын болған-ды (І.Жансүгіров, Шығ.). **5.** э т н. *Ұзатылатын қыздың төркін жұртымен қоштасып, жылауы, сыңсу айту.* Ешкіммен *к ө р і с п е д і* де, үнін де шығармады, көріспекші болып ұмтылған жеңгелерін ақырын, қолымен тоқтатып төмен қараған қалпы, ұзату көші жүргенше орнынан қозғалған жоқ (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Жүз [бет, дидар] көрісті. *Жүздесті, жолықты, амандасты, кездесті, дидарласты.* – Ол Ағарту министрімен, Денсаулық министрімен, Мәдениет министрімен де *ж ү з к ө р і с і п,* ұзақ-ұзақ сөйлесіп шықты (М.Әуезов, Өскен өркен). Ал, олай болмаған күнде өздерің сияқты *б е т к ө р і с і п,* бірге жүрген жігіттер қалайша менімен бірікпейді, – деді Жұма жігіттерден сыр тарта (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Туған апасы Кәмиламен *д и д а р к ө р і с п е г е н і н е* отыз жылдың жүзі болыпты (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

Жылап көрісті. *Сағынып жолығысты, зарығып кездесті.*– Ау, Өмірбекпісің? Айхай, замандас, сені көргенде *ж ы л а п к ө р і с е р м і н* деп ем... (Б.Майлин, Шығ.) Тоңып жаураған, бүрісіп бүгілген біз жып-жылы қыстаумен *ж ы л а п к ө р і с к е н д е й* боламыз (Ө.Қанахин, Жер бас.).

КӨРІСТАН з а т. к ө н е. *Қабірстан, үлкен зират. К ө р і с т а н д ы* көргенде, Көңіліңе ғибырат алсайшы, Ауаламай көңілдің, Әуесі сірә қансайшы (Майлықожа, Нақыл).Үйіңдүр перзенттің гүлістандай, Перзентсіздің мекені шірістандай. Тұяқсыз мен падиша болғанымша, Жасымда жатсам еді *к ө р і с т а н д а* -ай (Бабалар сөзі).

КӨРІСТІР= е т. *Амандастыру, жолығыстыру; жоқтау айтатын адамдарды жүздестіру.* Үлкендердің аттарын ұстап, иелерін қолтықтап түсіріп, еркектерге *к ө р і с т і р г е л і* жетектеп әкетіп жатқан көп-көп ықшам жігіттер (М.Әуезов, Абай жолы). Жақындай бере аттан домалай түскенімді білем, әлдекім қолтығымнан сүйеп жүртқа қаз-қатар *к ө р і с т і р і п* келеді (Т.Иманбеков, Үш ай.). Дариғаны бас қылып, келіншектерін қаз-қатар отырғызды да, көңіл айтуға келген қатын-қалашты соларға *к ө р і с т і р д і* (О.Бөкеев, Үркер.).

Әкесіне [көкесіне] көрістірді. *Көресісін көрсетті, соққыға жықты.* – Мен барып сыр тартып, ұрлық пен астықтың қағазын білмек болып едім, оңашада жолығып, *ә к е м е к ө р і с т і р і п* жіберді, – деді Ниязбек (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). – Ендеше, мені *к ө к е м е к ө р і с т і р е д і* ғой, – деп Құмар таң атқанша көз ілмей, дөңбекшіп шыққан (А.Нұрманов, Аққу.).

КӨРІСУ *Көріс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Амандасу, сәлемдесу.* – Ассалаумағалайкүм, Мәке! – деп ол атының тізгінін тежеп, тосын жолаушыға жанамаласа кетті де, *к ө р і с у г е*

қос қолын созды (Х.Есенжанов, Тар кезең). **2.** *Жолығысу, кездесу.* Н-жан, көрмегелі көп ай болды. Сағындым, жүрегіме қасірет толды. Ең соңғы *көрісуім* бақшада еді, қыс болды – бақша да өлді, гүлдер солды (М.Жұмабаев, Шығ.). Тар соқпақпен үнсіз келе жатқан Бералының да, Жайнақтың да іштей тілегі – Шоқанмен тірі *көрісу* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **3.** э т н. *Ұзатылатын қыздың төркін жұртымен қоштасып жылауы, сыңсу айту.* Кейінгі пәуескеден түсіп жатқан Зейнепті көріп Әжібай: – Әне, Зейнеп ханым апасына жаяулап барып *көрісуге* түсті, кәрі қыздардың сыңсып көріскендерін тыңдасаң дүниенің қызығы, – деп салға қарап күлді (С.Бегалин, Бала Шоқан).

Бет [жүз] көрісу. *Дидарласу, амандасу, жүздесу, жолығысу.* Өзімізбен бірге туысқан көрші елдің өнерімен жақын танысып, достық пікір алысу, *бет көрісу* соңғы жылдарда тамаша дәстүрге айналған (С.Талжанов, Ұлдай.). Прасатпен кездесу көп жандардың бір-бірімен *жүз көрісуіне,* танысуына арналған сағат болды (М.Әуезов, Индия очерк.).

Көрісуге жазбады. *Кездесе алмады, жолықпады.* Поезд ішінде: «Фрунзеге барып, ата-анамды, туысқандарды, дос-жарандарды көремін» деп жүрегім асыға алып ұшып еді, бірақ бұл сапар *көрісуге жазбаған* екен (Т.Бигелдинов, Аспан.).

Көрісуге жазсын! т і л е к. *Тағдыр бізді көрістірсін, тағы кездесуге жазсын, алда тағы душарластырсын деген мағынада.* Қош, сау бол, аман *көрісуге жазсын* деп тіле, хат жазушы Құдай қосқан қосағың Нәлқара Сабалақ баласы деп білерсің (С.Бақбергенов, Қарға там.). – Досеке, сау болғайсыз, жақсылығыңыз бұл дүниеде есімнен шықпас, қайтарармын есесін, тек, қайта бір *көрісуге жазсын* (Д.Досжанов, Құм жұтқан.).

КӨС = е т. **1.** *Қолды шеңгелдеп немесе қолындағы аспабын, құралын мол нәрсеге батыра, бойлата салу, батыру.* Шынтас өз ойын пәтуалады да, шүпірлеп, су сабалап жатқан балыққа сүзгіні *көсіп* ап, қызулана кірісіп кетті (Т.Ахтанов, Дала сыры). Бұл – міндеттемені жүз елу процент орында деген, – деді Жалтай майлы қуырдаққа қасықты *көсіп* жатып (Б.Шаханов, Ғашық.). Оспан қойдың жабағысындай туырылған қазотыны қолымен *көсіп* алып, өзенге лақтырып жіберді (С. Омаров, Қызыл.). **2.** с ө й л. *Ұру, соғу, осып жіберу.* Ол Жүгенбайдың қолындағы ағашты жұлып алып, оның өзін жауырын тұстан *көсіп* өтті («Қаз. әдеб.»). Баяғыдай тұмсықты *көсіп* жіберіп, қылқылдата жұтатын қан жоқ (Қ. Әжікеев, Жылан.). **3.** а у ы с. *Үсті-үстіне жаудыру, төпелеу.* Тұқымды бұрқылдата *көскен* Рысжан қойманың ішін шаңдатып жіберген (С.Мұратбеков, Жабайы.).

Аяғын көсті. *Көсілді, аяғын созып жіберді.* Нұрқасым Болысбектің кабинетіне кірді, жұмсақ орындыққа екі *аяғын көсіп* жіберіп, жағын таяна отырды (М.Рахимқұлов, Тас түлек.). Бөрібасар дәл есік алдында құлағын түріп, алдыңғы екі *аяғын* ілгері *көсіп,* сақ жатыр (М.Дүйсенов, Мейман.). Апам кәдімгі әдетінше бәйек болғанымен, әкем тіс жарған жоқ, сол бойы *аяғын көсіп* жіберіп, жастыққа жантайды (Т.Иманбеков, Үш ай.).

Қамшы көсті. *Қамшымен үсті-үстіне төпеледі, соққыға алды.* Қорғанға тұлпар салып *қамшы көсті,* Атылып сонда тұлпар аспанға ұшты, Қорғаннан жеті қабат қарғып өтіп, Қырық аршын ар жағына барып түсті (Көрұғлы).

КӨСЕ[1] [ор. коса] з а т. **1.** *Теңіздің, айдынды көлдердің табанын жал-жал етіп көтеріп тұратын су түбінің шөгінділері, дөңес аралдар.* Біз тұрған жердің мұзы жарыла қояр ма екен, мынау ұсақ мұз шоқылар *көсеге* жабысып жатуға тиісті (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Таныс жотасы, шоқтығы биік қыры болмаса да, іздеген *көсе* маңын дәл танып, біліп келіп тұрғандай: қазір балық *көсе* қойнауында 1,5–2 метр тереңдікте жүр (Т.Құрманғалиев, Теңіз.). Теңізден ақбалық аулауға шыққан балықшылар сонау Шағала *көсе* тұсында тұрғанда, түнде жел көтерілді (Бал дәурен). **2.** ж е р г. *Жағадан суға қарай сүғынып жататын қайраңды енсіз жер.* Ағын айдаған құм үйіле келе, теңіз астынан *көсе* пайда болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Суға сүғынған тар *көсенің* басында о жер, бұ жерде қалқиып-қалқиып тұрған түрікпендердің желқайығынан басқаештеңе көзге түсе қоймады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨСЕ[2] с ы н. *Жарытып сақал-мұрт шықпайтын, бет-аузы жылмағай.* Ол тілі майда, жүзі жылы, сақал-мұрты жоқ, *көсе* жігіт екен (С.Шарипов, Шығ.). Оңашарақ тұрған бозғыл үйден иегіне ғана бес-алты қылтанақ шыққан *көсе* адам шыға келді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). // *Көсе адам.* Бет-аузына қылтанақ бітіп көрмеген *көсе* осы үйге жеткенше сақал-мұрт шығып қалмады ма екен дегендей иегін, шықшытын, самайын сипай берді (З.Ақышев, Ақбел.). Оларға жақын жуанды-жіңішкелі, ұзынды-қысқалы сақалдысы, *көсесі,* қырықпасы, қырмасы аралас бақа көзденген, жылан көзденген билер, ауылнайлар, елу басылар, атқамінерлер отыр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨСЕ[3] з а т. ж е р г. *Егеуқұйрық, атжалман.* Тауықтың бір балапанын *к ө с е* жеп кетіпті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨСЕ[1]= е т. **1.** *Жанған отты, жанып жатқан отынды, шоқты, күлді көсеумен қағыстыру, оттың көзін ашу.* Шырынкүл пештің алдында отырып, сөніп бара жатқан оттың шоғын шыпшамен *к ө с е п,* тағы бір жайнатып қойды (Б.Майлин, Шығ.). Тұтатам деп отымды құр *к ө с е м е.* Бүкіл шөлім сыйып тұр бір кесеге. Мұңаймадым, Уайымға берілмедім, Бір жинағым жоспарға кірмесе де! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). От басында еңкіштеу кемпір отыр Мәстемірмен бойлата *к ө с е п* күлін (Қ.Жұмалиев, Қырда.). **2.** *Көпсіту, қампиту.* Вагонға жүк *к ө с е п* салған жүндей бұрқырап үйіле берді (Қ.Әбдікадыров, Әңгім.). **3.** *Құралын батыра салып, мол етіп қамту.* Шекер күрегін көмірге *к ө с е й* түсті (Ә.Әбішев, Жас түлек.).

Біреудің [басқаның, өзгенің] қолымен от көседі. *Жанын қинамады, істелетін істің азабын, бейнетін басқаға тартқызды.* Құдайберген мырза *о т т ы ө з г е н і ң қ о л ы м е н* көп *к ө с е п,* игілігін өзі көріп үйренген тақыс, ебін таппаса, қалың кедейді пана тұтқан Дөйқара оңай алдырмасын біледі (З.Жәкенов, Таң самалы.). Барлығы жер сүзіп үнсіз қалды, тек Айдаров: – Жолдастар, досқа дос, жолдасқа жолдас боларлық бізде қасиет жоқ, *о т т ы б і р е у д і ң қ о л ы м е н к ө с е й м і з,* жалтақпыз! – деді (М.Рахимқұлов, Тас түлек.). Жаудың жаулығы бірден көрінсе, ол ақымақ жау болар еді, ал Демесін ізін байқатпас, бірақ *б а с қ а н ы ң қ о л ы н о т қ а к ө с е п* үйренген, алыстан арбайтын абжылан (Б. Қыдырбекұлы, Мазда.).

Қолымен күл көседі. *Отымен кіріп, күлімен шықты, бар бейнетін тартты.* Ыңырсып жатып иттердей, өткіздім қыстың ақпанын. *Қ о л ы м м е н к ү л к ө с е п,* Байдың отын жаққаным (О.Шипин, Дастан.).

Шабыт көседі. *Шабыт шақырды, шабыттанды.* Тастай батып жамбасқа мамық төсек, Сондықтан да ой қуам, *ш а б ы т к ө с е п.* Мен жайында әркімдер айтатұғын Айтылмастан әртүрлі қалыпты өсек (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

КӨСЕ[2] = е т. ж а ғ ы м с ы з. *Көстию, состию, сораю.* Көсеудей тұлғасы оның *к ө с е й* біткен (С.Бегалин, Таңд. өлеңд.).

КӨСЕГЕ з а т. к ө н е. **1.** *Шымылдық.* «*К ө с е г е*» сөзі «көсегең көгерсін» деген тіркесте «шымылдық, жастардың төсек-орны, өздеріне меншікті бөлме, отау» деген мағынадан ауыса келе, жалпы үй ішін, бала-шаға, бау-шарбақты, тіпті, адам баласының жалпы өмірін сипаттап тұр (ҚСЭ). **2.** а у ы с. *Құтты орын, киелі мекен, өркен.* Ол халықтың қамы, елінің *к ө с е г е с і,* ұлтының ар-намысы үшін басын өлімге байлаған өжет жандар жайлы жазылғандардың бәрін дерлік оқып шықты (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Көсегең көгерсін! а л ғ ы с. *Өркенің өссін*! Шырағым, *к ө с е г е ң к ө г е р с і н,* өркенің өссін, көп жаса! (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Көсегесі көгерді. *Өркені өсті, дегеніне жетті, бағы ашылды, кемеліне келді.* – Адам жер бетінде туды, оның бар өмірі жер үстінде өтеді, адамның *к ө с е г е с і* тек жермен *к ө г е р е д і,* – деген ой менің есімнен шыққан емес (Ы.Жақаев, Менің бақытым.). Бүкілодақтық радионың микрофонынан ақын Қ. Шаңғытбаев қайта түлеген қазақ жері туралы, өз халқының *к ө с е г е с і к ө г е р і п,* өркен жайған мәдениеті мен өнері туралы толғауын оқыды («Соц. Қаз.»).

Көсегесі көгермеді. *Жолы болмады, өсіп-өнбеді, дегеніне жете алмады.* Шешесі әлпештеп өсіргенін, ақсүтін емізгенін, дос аз, дұшпан көп, жұрт алдында масқара қылса, пәленшенің қызы кетті деген атаққа ұшыратса, екі дүниеде разы еместігін, «ақ батаны бұзса, *к ө с е г е с і к ө г е р м е й т і н і н*» айтады (М.Дулатов, Шығ.).

Көсегесі көк. *Өркені өскен, гүлденген.* ...Терезесі тең, *к ө с е г е с і к ө к* алтын ұям – мекенім – менің Қазақстаным (Ж.Ысмағұлов, Адам.).

Көсегесі қиылды. *Дегеніне жетпеді, мерт болды.* Бірақ бұдан *к ө с е г е с і қ и ы л ы п,* Бермек бәрін сұм ажалдың сыйы қып, Жас командир аз тұрды да ойланып, Қопаруға тұрды жарды бұйырып (Қ.Көпішев, Кезеңдер.).

Көсегесін көгертті. *Ырысқа кенелтті, бағын ашты.* Соп-соп! Үй, мың болғыр! Жарықтығым осы көк өгіз ой *к ө с е г е м д і к ө г е р т е т і н* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨСЕГЕЛІ с ы н. *Құтты, құт дарыған, киелі.* Санап жұлдыз батырған, Ұйықтамай таңды отырған. *К ө с е г е л і* жерлерден, Көсілтіп жылқы құдырған. Құлынын жолда тудырған (Дәуіт// XIX ғ. қаз. поэз.).

КӨСЕК[1] з а т. *Мақта өсімдігінің өнім беретін түйнегі, ұлпа болып ашылатын шанақ, қауашақ.* Мақтаның су мен қоректік заттарды көп талап ететін кездері – гүлдеу кезі, өсімдікке көптеген жапырақтар, шанақтар және жас көсектер пайда бола бастаған кездері; мақтаның *к ө с е г і* – мақтаның жеміс беретін мүшесі, ол гүлдің түйінінен пайда болады (М.Майлыбаев, Қаз. мақта шаруаш.). Ай жарықта аяғымызға шәркей орап, қарды кеше *к ө с е к* жұлуға шығамыз (О.Тәжиева, Жетім қыз.).

КӨСЕК[2] з а т. с ө й л. ***Кәсек.*** Терезе мен *к ө с е к т і ң* арасынан жылу шығып, шоқпақтай

мұздар терезені бітеген балдырды ұстап қалған (Ғ.Мүсірепов, Тула. толқын.).

КӨСЕК[3] з а т. ж е р г. ***Көсеу***. От өшіп қалған ба, *к ө с е к* қайда? (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі)

КӨСЕКТЕ= е т. а у ы л ш а р. *Мақта өсімдігінің басына көсек байлану, түйнектелу.* ≈ Мақта *к ө с е к т е д і.*

КӨСЕКТЕУ а у ы л ш а р. *Көсекте етістігінің қимыл атауы.* Сөйтіп, температураның 36 градусқа шейін көтерілуі мақтаның *к ө с е к т е у і н,* көсектердің пісіп, ашылуларын тездететіндігі белгілі болды (М.Майлыбаев, Қаз. мақта шаруаш.).

КӨСЕЛ= е т. **1.** *Қазылу, ойылу.* Көп ұзап кеттік ол жерден, Тек іздер қалды *к ө с е л і п.* Есімде бірақ сол мерген, Сол күнгі сонар, қос елік (Қ.Мұқашев, Дүбір.). **2.** *Көсеумен аударыстырылу, қозғалу.* Қарт кочегар Дүрімбет, *К ө с е л і п* пеші дүрілдеп, Қомданған қыран бүркіттей, Қарайды отқа күлімдеп (Д.Әбілев, Таңд. өлең.). Көсеу қисық болса, от *к ө с е л м е с* (Қаз. мақал.).

КӨСЕЛЕ= е т. к ө н е. *Кесе-көлденеңдеу, кес-кестеу.* Кемпір тағы сөйледі. Айналайын, жас бала, *к ө с е л е м е* алдымды, Басыма күн туады, Үйге барсам сабалап, Қалмақ қатын қуады (Батырлар жыры).

КӨСЕЛЕУ с ы н. *Сақал-мұртты селдірлеу.* Өзі жалаң бас, жұқалау келген, орта бойлы, *к ө с е л е у* қара мұрты мен бес-алты тал сақалы бар, шамасы отызға жетпеген-ау деймін (С.Шарипов, Бекболат). Жасы қырықтар мөлшерінде, бір жеті шамасында бір рет қыратын *к ө с е л е у* сақалының нақ қазір өскендеу кезі (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек.). Сақал-шашқа мүлдем жарымаған, *к ө с е л е у* көсеу иегі тершіп, жылтырайды да жүреді (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

КӨСЕЛІК з а т. *Көсе адамға тән кескін-келбет, сақал-мұрт жоқтық.* Өзімнің де олардан өзгешелігім шамалы, бар айырмам – түктен тазамын, осы жолы *к ө с е л і г і м е* де бір сүйсініп қалдым (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Бапан, сен менің *к ө с е л і г і м д і* айттың, жақсы айттың, бірақ сен ұнатпайды екен деп иегіме күйек байлап келе алмадым; сақал ешкінің иегінде де жүрген жоқ па, билікті әдемі сақал айтпай, әдепті, ақылды ауыз айтпаушы ма еді? (А.Хангелдин, Қараторғай.). Баланікі – бала, ал сіздікі не, әлде мені әлі жас көресіз бе, *к ө с е л і г і м* болмаса, өкшеңізді басып жүрмін мен (Н.Сералиев, Қаңтар).

КӨСЕМ[1] з а т. **1.** т а р. *Әр алуан саяси-әлеуметтік топтардың, ұйымдардың, ағымдардың жетекшілері, дем берушілері.* Қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топ өкілдерін, бұқараны ұйымдастыру қабілетін әбден меңгерген, жалпы жұртты соңына ерте алатын топ бастаушы *к ө с е м* атағаны ие болған (Саяси сөздік). Саяси тұлға көпшілік халықтың мақсат-мүддесін дөп басып, ойынан шығып, ол мүдделерді мақсатты түрде қажырлылықпен іске асырған жағдайда ғана *к ө с е м* саналады (Саяси сөздік). **2.** к ө н е. *Тайпалық одақтарды билеушілер, ру басылары.* Қазақ хандығын құрған заманда сөз бастаған шешендер, топ бастаған *к ө с е м - д е р,* нелер жүйрік ақындар болған екен («Абай»). Ел ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің білігі, шешендерінің сөйлеген сөзі, *к ө с е м д е р і н і ң* істеген ісі, үлгілі сөздер, ұнасымды әзілдер, мақалдар, мәтелдер сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен (А.Байтұрсынов, Шығ.). Сақ тайпалары одақтарының басында *к ө с е м д е р* тұрған, грек авторлары оларды патшалар деп атайды (ҚазССР тарихы). Ұлы Жібек жолының үшінші мықты шаһары Испиджабты әуелде қаңлы *к ө с е м д е р і* салғызған (Д.Досжанов, Жібек.). **3.** *Жөн-жосықты білетін, қиын-қыстауда ақыл табатын кемеңгер. К ө с е м* адам ел бастар. Ай мүйіз серке ой бастар. Торқалы тойды кім бастар? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жолға сіз *к ө с е м,* сөзге һәм шешен, Оның менде бірі жоқ! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Қартайып бұл уақытта Толстой тұр өзіне мәселәктес ерлерді ертіп. Қазақта бұлар теңдес бар ғой шешен, Халықтан мойны озып болған *к ө с е м* (М.Дулатов, Шығ.). Төлеген сонда сөйледі: – Елімнің ақын *к ө с е м і* Батыр Шеге дер еді, Ақылға дарқан кен еді, Олай-бұлай боп кетсем, Сансызбайға басшы боп, Еліңізге жетіп келеді (Қыз Жібек). **4.** *Алдына ат салмай оза жүретін мықты ат.* Тығылмай әм сүрінбей жүрдек *к ө с е м,* Иек қағып, еліріп жүрсе әсем. Шапса, жүйрік, мінсе, берік, жуан, жуас, Разы емен, осындай ат мінбесем (Абай, Тол. жин.). **5.** а у ы с. *Шебер, сара, мәшһүр адам.* – Өзі істемей, өзгенің ісіне керемет баға берудің *к ө с е м і* ғой ол, сонысымен соқыр тиын тұрмайтын бағасын да арттырады (Ж.Молдағалиев, Самал.). Мәшһүр-ау, жұрттан асқан шешенсің бе, Сөйлейтін әр орында *к ө с е м - с і ң* бе, Қайрылмай, қанат-құйрық, бағаласам, Данышпан бұлбұл-көсем екенсің де (Ақан сері, Шығ.). Батыр мен балуан ру ішіндегі қара күштің *к ө с е м і* болса, шешен би, тақ-тақ жігіт тілдің, білімнің *к ө с е м і* болған (С.Сейфуллин, Шығ.).

Басы көсем. *Бағасы артық, өз қатарының алды.* Сонда Қобылан сөйледі: Артықша туған қыз Құртқа, қызыл тілім шешен-ді, қатардан *б а с ы м к ө с е м-д і...* (Қобыланды батыр).

Көңілі көсем. *Ықыласы мол, ынтасы ерекше, артық.* Ағатай, тілің артық шешен екен, *К ө ң і л і ң* жүйрік сөзге *к ө с е м* екен, Сыр берме болмашыға халайыққа, Деп кетер: «жел қыдырған есер екен» (Айтыс).

Көсем айғыр. *Үйірді бастап жүретін үйірсек айғыр.* Көбінесе кейбір жершіл, *к ө с е м а й ғ ы р л а р* үйірін ертіп, асықпай тарта беретін (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

Көсем ат. а) *Тіркестіре жеккен аттың алдыңғысы, жол бастайтыны, тұпкі аттың алдына жегілетін ат.* Оған көліктің екі түрі: түпке пар өгіз, алға ат жегіледі, осы *көсем атты* айдаушылар – ат басына мінген балалар (Ж.Мусин, Үміт.). Шана артында жыландай ирелеңдеп *к ө с е м а т т ы ң* құнты шұбатылып келеді (F.Мүсірепов, Оянған өлке).

Көсем әдебиет. б е й н е. *Публицистика, көсемсөз туындысы.* Біздің ойымызша, көбінесе Достоевский *к ө с е м ә д е б и е т т і ң* (публицистиканың) шеңберіне қарай бұра жөнеледі; бұлардың әдіс, стиль жағынан айырмасы да осы арада байқалады (С.Талжанов, Ұлдай.).

Көсем басты. *Бабымен жүрді, аяғын әсем басты.* Жасы келіп қалса да еңкіш тартпаған, жіңішке биік кеудесін шалқақ ұстайды, оң қолын кеудесіне қойып, сақалын көтеріп, *к ө с е м б а с ы п* келе жатты (Т.Ахтанов, Үндістан.).

Көсемге салынды. *Көсем ат ретінде жегілді.* Колхоз басқармасының қос көгі екен, үлкені – түпке, кішісі – *к ө с е м г е с а л ы н ы п т ы* (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

Көсем қылды. а) *Көсемге салды, көш бастатты. К ө с е м қ ы л ы п* көшіне, Асыл артып үстіне, Алтын зерлі жабуын, Арғымаққа жаптырды («Манас»). ә) *Үлгі, өнеге етті.* Тыныш ұйықта қабіріңде, уайым жеме: «Қор болды қайран сөзім босқа!» – деме. Артыңда қазақтың жас балалары Сөзіңді *к ө с е м қ ы л ы п* жүрер жөнге! (М.Жұмабаев, Шығ.).

Көсем ой. *Көреген, алғыр ой. К ө с е м о й д ы ң* көзімен, қарап бәрін біліп ал, Жерде жүрген кезіңе Көкте жүріп күліп ал (Қ.Мырзалиев, Ақ отау.).

Көсем салды. *Көсемдеп жекті, тұпкі аттың алдына тағы бір ат салды.* Апақтың атын арқанмен амалдап *к ө с е м с а л ы п,* қайрақтай қар басып қалған көрбілте жолмен шұбалған керуен Қарағандыға бет алды (F. Мүсірепов, Оянған өлке). Жегілген бірі – арттан, бірі – алдан, іркілмес қос жануар *к ө с е м с а л ғ а н* (F.Қайырбеков, Дала.).

Көсем топ. *Бастауыш топ, ұйымдастырушылар.* Түтін ішінде тағы біреулер қан көбелек ойнады. *К ө с е м т о п* ыдырай бастады. Бір-екеуі жығылғандарға айналақтап, өзгесі кейін жалт берді (Ж. Аймауытов, Шығ.)

Көсем түсті. *Көсемдік етті, топ бастады.* Азамат *к ө с е м т ұ с к е н* топ бастап, Ескіліктің бәріменен қоштаспақ, Соның бірі – қызды ауылға қырындау, Ағайындар арасына от тастап (Е.Ибраһим, Жас ғұмыр).

Көсем тіл. *Сара, шешен тіл.* Зарла да жібер жыр жырлап, Қиялдың шиі шешілсін, Бұлбұлша сайра зар зарлап, *К ө с е м т і л і ң* көсілсін (XX ғ. қаз. ақын.).

Салт көсем. *Арбаның жетегіне жегілетін аттың жанындағы жол бастап, басқа аттарды жүрісімен еліктіріп жүретін, жол салып отыратын, жолдан жаңылмайтын жүрісі қарымды ат.* Қаладан шығарда ол *с а л т к ө с е м і* бар төрт-төрттен сегіз атты қатар жектірді де, қасына тек әйелін ғана отырғызды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КӨСЕМДАР с ы н. *Ақылгөй, басшы, көсем іспетті.* Нағыз ғылым иесі *к ө с е м д а р* болғанда, жетекке жүрмей отырған қазақ жоқ («Айқап»). Жігіттің қайраттысы – десең «нары». Жол бастар ақылы дана *к ө с е м д а р ы,* Көңілге көсемдігі қона қалса, Сабазға сенім артар жас пен кәрі (Халық ақындары).

КӨСЕМДЕ= е т. *Көсем қылып жегу, көсем салу.* Томар атын ол былтыр естіген: «Жұртты қан қақсатады екен, атты *к ө с е м д е п* жегіп, екі жағына екі бай қызын отырғызып, ел қыдырады екен» деген сияқты гу-гу сөз (А.Нұрманов, Құлан.). Шоқтықты, кеуделі келген, құлаш мойын, қамыс құлақ, ботакөз, төрт аяғында бір мін болсайшы! Шіркін-ай, жаздыгүні қатарлап, қыстыгүні *к ө с е м д е п* жегіп жүрер ме едің! (F. Мүсірепов, Ұлпан). Енді бір сәтте сапқа тізілген солдаттар, *к ө с е м д е п* бірнеше ат жеккен зеңбіректер, атты әскерлер қаланың батыс жағына қарай ағылып өте бастады (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

КӨСЕМДЕУ с ы н. *Көсемдігі бар, жөнжосықты білетін, бас көтерер, тіс қаққан.* Ондай молдаларды орнынан түсіріп, жер-суларын, дүние-мүлкін қазынаға алып, өздерін Риза шаһ жер аударады, *к ө с е м д е у і н* дарға асып өлтіреді (С.Шарипов, Бекболат). *К ө с е м д е у* біреуі: – Жігіттер осы сөзге тоқтайық та, бір ауыздан мақұл дейік, – деп еді, басқалары: «Мақұл, мақұл»,– десті (Ә.Әбішев, Найзағай).

КӨСЕМДІК з а т. **1.** *Көсемге тән іс-әрекет, мінез-құлық.*– Ел бастайтын *к ө с е м д і г і м* болмаса да, көш бастайтын серкелігі бар Серкебай дейтін шал едім (Ә.Әбішев, Найзағай). Әркім-ақ сөзді алдымен және тауып, орынды бастап кетуге тиіс, мұндай *к ө с е м д і к т е н*

дәмесі бар кісі тостағандағы қымызды жұрттан бұрын тауысып, аузын жұрттан бұрын босатуға тырысады (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Не шайырлар өткен екен жарықтық, Жырларымен жан саясын жарық қып, Адамдарға түзу сәлем беріпті, *К ө с е м д і к п е н,* есендікпен қарық қып (Ө.Күмісбаев, Ақ Шолпан). **2.** *Бастама, инициатива.* Азды-көпті *көсемдігі* (инициатива), тапқырлығы, қызметке құнты, батылдығы, тәуекелшілдігі, ұстамдылығы, шыдамдылығы болмаса, жақсы басшы да бола алмайды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Көсемдік етті [жасады, құрды, қылды]. а) *Жөн-жосық көрсетті.* Әңгіме былай, жігіттер,– деп, Сапақ *к ө с е м д і к е т е* бастады (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). – Өй, арыстаным, өй, алтын арысым, өйтпесең Шақшақ Жәнібек бабаңның ұрпағы боламысың!– деп, тағы да Оспан *к ө с е м д і к ж а с а п* тұр (Д.Әбілев, Ақын.). *К ө с е м д і к қ ұ р ы п,* ел басқарып кетуге сауаты жетпеді, қырда мал өсіріп, байып алуды о баста ниет тұтпаған (А.Байтанаев, Қайнар). ә) *Көргенділік, тәрбиелілік көрсетті.* Бәкеннің келіншегі *к ө с е м д і к қ ы л д ы:* – Өздеріңіз де аманесенсіздер ме, – деді (С.Сейфуллин, Шығ.). Жүрермең құрбы ішінде *к ө с е м д і к қ ы п,* өзіңе мұқтаж келіп асылғандай, Артылып достарыңның махаббаты, Болмасын дұшмандарың басынғандай (М.Дулатов, Шығ.).

КӨСЕМСӨЗ з а т. ә д е б. <лат. publicus> *Публицистика,* (*әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын саласы*). *К ө с е м с ө з б е н* жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма байымдама деп аталады (А.Байтұрсынов, Шығ.). *Көсемсөздің* мақсаты – саяси, экономикалық, әлеуметтік, өзекті мәселелерді көтере отырып, қоғамдық ой-пікір қалыптастыру (ҚҰЭ). Қазақ тіліне *көсем сөз* ұғымын А. Байтұрсынов кіргізген (Әдебиеттану термин.).

КӨСЕМСӨЗШІ з а т. ә д е б. *Көсемсөз жазушы, публицист.* Бір таңданарлық жай – белгілі Ресей саясаткері, *к ө с е м с ө з ш і* Виталий Третьяков бұл соғыстың өзін де, тоқталуын да түсініксіз қызық санайды («Егемен Қазақстан»). Бір таңданарлығы – төрт сағат бойы саяси партиялардың парасаты жайында пікір таластырған мемлекеттік комиссия құрамындағы *к ө с е м с ө з ш і* шешендердің тарапынан ұсыныс айтылған жоқ («Жас Алаш»).

КӨСЕМСУ *Көсемсі етістігінің қимыл атауы.* Баяғы көкшолақ, баяғы ағаш арба, бірақ Мырқымбай көтеріңкі, тіпті, *к ө с е м с у* де пайда болған (І.Омаров, Шабыт.). Анасы сөзуар, шешен адам емес-ті, біреуге ақыл беріп, *к ө с е м с у д е н* де аулақ болатын («Қаз. әдеб.»). Бұрын да сөзге олақ Текебай бұл жолы да *к ө с е м с у д і ң* әдісін таба алмады ма, әлде есеңгіреуден есін әлі де жиып болмады ма, ештеңе дей қоймады (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

КӨСЕМСІ = е т. м ы с қ ы л. *Көсем боп көріну, көсем болғансу.* Өз берер адамы жоқ байлар халыққа: «Беріңдер сұраған азаматтарын, тартынбаңдар» деп *к ө с е м с і г е н м е н ,* ол сөзді жел болмаса, ел тыңдаған жоқ (С.Мұқанов, Ботагөз). Моулади досым енді *к ө с е м с і п,* көшелі кісіге ұсап сөйлеп отыр (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас.). Ешкім мұны дастарқан басы етіп сайламаса да, осындайда *к ө с е м с і п* шыға келетін ежелгі әдеті (К.Ахметбеков, Сый орамал). *К ө с е м с и т і н* көпті көрген кәрідей, Жақсы адамдай әрі жұмсақ, әрі дөй, Жала жауып жазығы жоқ басыма, Жазыпты-ай кеп хат танитын әруей (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

КӨСЕМСІЗ с ы н. **1.** *Көсемі жоқ, көсемінен айырылған.*– Тау-қырқасыз жер жоқ, ханпатшасыз ел жоқ, *к ө с е м с і з* ру – тұл, аң екеш аң да серкесіз маңбас,– деп Баймағамбет сұлтан мақамдап жөнелді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **2.** *Басшысыз, жетекшісіз.* Жоқ жерден *к ө с е м с і з* қалған жаңа шаруашылық бірлестігіне жұмысты қалай ұйымдастыру керек екенін айтып, Хасен мен Бүркіт бұл ауылда тағы да екі-үш күн аялдады (І.Есенберлин, Қатерлі.).

КӨСЕМСІН= е т. м ы с қ ы л. *Білгішсіну, ақылдымсыну.* Мықтымсынған, *к ө с е м с і н г е н* немені Қасымбек айдап апарып абақтыға қаматты (З.Ақышев, Ақбел.). Майлаусыз сықырлаған ағаш арба, Көкшолақ мықшыңдайды тартып зорға, Шаңырағын таңып алып жүк үстіне, Мырқымбай *к ө с е м с і н і п* барады алда (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Жол енді құдалардан басталсын деп, Сөйледі *к ө с е м с і н і п* Үркия әне (И.Байзақов, Құралай.).

КӨСЕМШЕ[1] з а т. **1.** *Кішігірім ел билеуші, көсемсымақ.* Ел болып бірігіп патшаға қарсы тұруға тек ата салты, ел дәстүрі бөгет болып жүрген жоқ, әр рудың, әр болыстың өз *к ө с е м ш е л е р і* бар, біріне-бірі көнбейді (І.Есенберлин, Қаһар). **2.** *Бастаушы, жетекші.* Нағыз ғылыми сынның кейде көмекші ғана емес, әдебиетті белгілі бір нысанаға жетелейтін *к ө с е м ш е* болып кететін кездері әдебиет сынының тарихында көп ұшырайды (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

КӨСЕМШЕ[2] з а т. л и н г. *Тұлғалық, мағыналық жағынан тиянақсыз болғандықтан, өзінен кейін тиянақтаушы етістікті қажет етіп тұратын, кемінде екі сыңардан құралып жаңа мағына түзетін күрделі етістік жасауға негіз болатын, өзіне тән синтаксистік қызметі мен морфологиялық тұлғалары бар дербес категория. К ө с е м ш е л е р* етістіктің амалдық жанама түріне жатады, олар істің қайтіп болу амалын, тәсілін білдіреді (Қазіргі қаз. тілі). Ел құлағы үйренгені «тозбай» сөзі болса да, ақын ұйқас үшін «тозылмай» деген жаңа *к ө с е м ш е* жасайды, алайда мән-мағынаға залал келтірмейді (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

КӨСЕМШЕ[3] ү с т. *Көсем сияқты, көсемге ұқсап.* Жиырма бес қана жастағы Сөйлесе қазақ, несі ерсі, Толғанып тұрып *к ө с е м ш е* Тыңдатып өсті басқаны (С.Оразаев, Дала.). *К ө с е м ш е* көзбен шолып туған жерді, Құттықтап өскен елді – өсер елді, Риза болғандай ол кең алаңнан Өткізді не маманды, не шеберді (Т.Жароков, Шығ. жин.). Жалықпады, талмады, Топ бастады *к ө с е м ш е,* Үгітін елге жайғалы Сөз сөйледі шешенше (Б.Майлин, Шығ.).

КӨСЕМШЕЛЕУ с ы н. с ө й л. *Көсемдеу.* Ол дағы бір ауылдың еркесі еді, Халқының *к ө с е м ш е л е у* серкесі еді, Тайсалмай шаршы топта сөз бастаған, Өлеңнің өңірдегі өлкесі еді (Халық ақындары). Үйсін Қылышбай, қара Оспан батырлардың жанында албан-суаннан шыққан бірнеше заржақ, ділмар, шешен, *к ө с е м ш е л е у* адамдар келген (І.Есенберлин, Алмас.).

КӨСЕМШІЛ с ы н. *Көсемді жақтағыш, көсемге табынғыш.* Адам өлер кезінде – әулие, күйер кезінде – *к ө с е м ш і л* болып кетеді, Уркварт та сөйтті, мұнда жатып Англия парламентінің басына келмеген жайларды ойлады (Р.Тоқтаров, Терістік.).

КӨСЕМШІЛДЕУ с ы н. *Көргенділеу; білгіштеу, ақылдылау.* Мінезі сол жігіттің тымақ шәлкес, Басылмас бір даурықса аптығы тез, Әншейін жасы үлкенді сыйлаған боп, *К ө с е м ш і л д е у* көрінер жүртқа әркез (Айтыс).

КӨСЕМШІЛДІК з а т. **1.** *Көсемсінгендік.* Автономиясы жарияланбай, «үкіметі» сайланғанды естігенінде: «Үйірсіз айғырдай азынап не бітірмек?» – деп, Жайылқановтың *к ө с е м ш і л д і г і н е* Сұлтанмахмұт күлген (Д.Әбілев, Арман.). *К ө с е м ш і л д і к* көбейсе, көп малыңнан жұтарсың, Есепшілдік көбейсе, еншілесіңді ұтарсың (Қаз. мақал.). **2.** с а я с и. *Қатаң орталықтандырылған, идеологияландырылған қоғамдарға тән, жоғары билікке ие адамға бас иіп, тағзым етуге негізделген билік қатынастарының түрі* (Саяси сөздік). **3.** с а я с и. *Патриархалды-тайпалық және ерте феодалдық Шығыс пен Африкадағы билік институты* (Саяси сөздік).

КӨСЕҢКІРЕ= е т. *Көсей түсу, одан әрі көсей беру.* «Қонақ жігітті ұялтпайық» – дегендей Жарты отты *к ө с е ң к і р е п* қойып:–Қарақтарым, ол былай ғой, – деді (Б.Қожабеков, Көктөбе.). Балқысын мыс, қорғасын, шойын, болат, Кочегар, пеш көмейін *к ө с е ң к і р е!* Домнадан кемімесін жойқын қуат, Маздатып тас көмірді төсеңкіре (Халық ақындары). Күлзипа отты *к ө с е ң к і р е п* жіберіп, әңгімесін қыздыра соқты (Б.Майлин, Таңд. шығ.).

КӨСЕП-КӨСЕП: **көсеп-көсеп жіберді [қалды]**. *Отты үсті-үстіне көседі, бірнеше рет көседі.* Пештің шойын қақпағын салдыратып ашып жіберді де, қолын білегіне дейін көмейіне бойлатып, *к ө с е п-к ө с е п ж і б е р д і* (Б.Тілегенов, Көктем.). Шоқтың беті қарауытқан кезде, қолына шымшуырын алып, *к ө с е п-к ө с е п ж і б е р е д і* де, ақ құманды қайта қояды (З.Ақышев, Ақбел.). Бізге қабағын түйіп, түнеріп бір қарады да, жүресінен отыра кетіп, шыпшамен пештің отын *к ө с е п-к ө с е п қ а л д ы* (Б.Майлин, Шығ.).

КӨСЕТ = е т. *Біреуге көсеумен отты қағыстырту.* ≈ Үздіксіз *к ө с е т і п* отырды.

От көсетті. а) *От жақтырды.* Ел жаңа, жерім жаңа, жаңарды адам, Заводқа келіп жатыр өңкей маман, Техникалық тетікке *о т к ө с е т і п,* Көріктен күл-көмірсіз қызу алған (Халық ақындары). ә) *Сан соқтырды, жер соқтырды, сазға отырғызды.* – Билер соты қарайтын іс емес бұл, округтік приказ шешеді, шешіп те болды, Үмбетейлерге *о т к ө с е т т і ң д е р* (Ж.Молдағалиев, Самал.). Қайырымшыл қол ұшын берсе, опасыз *о т к ө с е т е р* (Қаз. мақал.).

КӨСЕУ[1] з а т. **1.** *Отты көсейтін құрал; істік ағаш, имек басты темір, шымшуыр.* Тепкілеп үйден шық деп шаштан алған, *К ө с е у м е н* шыдай алмай о да салған. Ханымның ұрған *к ө с е у* басын жарып, Жығылып сол соққыдан талып қалған (Ш.Құдайбердиев, Шығ.) Ақсақ бала қу *к ө с е у д і ң* басын отқа жағып алып, бақырға жарық қылады,– Гүлия етті аударыстырып қояды (С.Сейфуллин, Әңгім.). Асқарды иығынан құшақтап, еркелеткен жұмсақ үнмен: – Әттең, аз да болса, оқыған болсам,– деп жалын шарпыған *к ө с е у* ағашпен

отты аударыстырып қояды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). – Ыстық жалыннан екі беті қызыл күреңденіп кеткен ол сөнуге айналған отты *көсеумен* қопсытып, тезек-қиды мәстемірмен ұсақтап қалап жатыр (М.Сүндетов, Ескексіз.). **2.** т е х. *Металл балқытатын домна пештерінің көзін ашатын ұзын темір сырық, сүймен.* Көзілдірікті, комбинезон киген, қолына *көсеу* ұстаған құрыш қорытушы да қарсы жүріп келе жатыр екен (З.Шашкин, Алғы шеп.). Қолында ұзын сапты темір *көсеу*. Қызуына жан шыдамас пештің жан-жақтары есіктеріне кезек барып, көсіп-көсіп жіберіп, іштегі балқыған металды араластырып тұр (Ғ.Сланов, Замана.). Таскөмірді қазанның аузына толтыра асатып, сойылдай темір *көсеуін* пештің көмекейіне жүгіртіп-жүгіртіп қояды Боқай (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Көсеу сабақ. *Бұтақсыз, сояу сабақ.* Кочанды капустаның жуан келген қысқа сабағы болады, оны капустаның *көсеу сабағы* деп атайды (Ботаника). Пияздың түбіртегі, капустаның *көсеу сабағы* сияқты түрін өзгерткен, қысқарған сабақтардан да көптеген қосалқы тамырлар өсіп шығады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

Көштен қалып, көсеу мінген. *Құр алақан қалған, есесі кеткен, артта қалған.* Бұл мінезден кемдік көріп, жәбір шеккен ешкім жоқ, *көштен қалып, көсеу мінген* де болмаған (С.Бақбергенов, Кентау).

КӨСЕУ[2] *Көсе етістігінің қимыл атауы; шоқты қағыстыру, қозғау.* Ұстаның машақаты әлденешеу, Қиын іс – көрік басып, күлін *көсеу*, Балқытып көк темірді соққан шақта Көрінер балға-төсі төртеу, бесеу (Халық ақындары).

От көсеу. *Өршіту асқындыру, асқындыру.* Қаныбет кеше ғана Барлыбай үйіне екі қонып келіп отыр, Әділбек сонан қорқады, әйтпесе *от көсеуден* өз басы қашпайды (З.Шүкіров, Қиын түйін).

КӨСЕУДЕЙ с ы н. *Көсеу тәрізді, қап-қара; сидиған, сыриған.* Жалғыз өзгермегені – өлі сүйегі, жарлауыт қабағы, пышақ жанығандай жағы, қошқар тұмсығы, өрт сөндірген *көсеудей* өңі, түйедей тұлғасы (І.Жансүгіров, Шығ.). – Қарағым, үш арманым бар еді, – деді Әсер *көсеудей* боп қатып қалған әлсіз тарамыс қолымен ұлының басын сипай отырып (Ә.Нұршайықов, Батыр). Астыңа мінген атың еті семіз, Қалың жал, қабан құлақ жабы болса, *Көсеудей* ұшын сүйір етіп жонған, Тобылғы қамшысының сабы болса (Үш ғасыр.).

КӨСЕУЛЕ= е т. *Отты, қоламтаны көсеумен қозғау, көсеп жіберу.* Пештің ішіне көмір тасып жалындатып *көсеулеп* жатқан бір жұмысшы: –Неғып тұрсыз, ішке кіріңіз, – деді (С.Камалов, Әңгім.). Нүсіп селк ете түсті, бірақ сыр бермеске бекініп: – Е, түнделетіп, көктемір *көсеулеп*, сен неғып жүрсің? – деді (Д.Әбілев, Арман.).

КӨСЕУЛІК с ы н. *Көсеу етуге жарамды, соған лайық.* Бізде *көсеулік* көк бұтақ өспеген жапан жазықтар бар (С.Бегалин, Жас бұтақ).

КӨСЕУШЕ з а т. **1.** *Шағын көсеу.* ≈ *Көсеушесін* тапты. **2.** *Сояу, өсімдіктің келте сабағы.* Капустаның қабыршақтарын аршығаннан кейінгі қалатын *көсеушесі* де қысқарған сабаққа жатады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

КӨСЕУШІ з а т. *Зауыт, фабрика пештерін жағушы, ыстық су қазанын қайнатушы адам.* Ол заводта *көсеуші* (кочегар) боп қызмет істейтін, өзі қазақша шығатын газет-журналдарды көп қарайтын, жап-жақсы сауаты бар адам еді (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КӨС-КӨС о д. *Түйе малын шақырғанда айтылатын сөз.* Кәуіс-кәуіс яки *көс-көс* деп түйені ботасына я ботаны енесіне шақыру үшін айтылады («Лен. жас»). Малды өзіне шақыру үшін: жылқыға – құрау-құрау, ірі қараға – ауқау-ауқау, түйеге – *көс-көс* сияқты сөздер айтылады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

КӨС-КӨСТЕ[1] **=** е т. *«Көс-көс» деп түйені, ботаны шақыру.* Малшы *көс-көстей* жүріп жас ботаны ноқталады (Ауызекі).

КӨС-КӨСТЕ[2] **=** е т. с ө й л. ***Кес-кестеу.*** Сонау ерте дүниеге көз жіберейікші, көз алдыңнан *көс-көстеп* көп көріністер өтеді (А.Қалығұлов, Жарық.).

КӨСПЕ с ы н. с ө й л. *Домбыраны көсілте тартатын.* Қазіргі түрін қанша әрекеттенсе де елестете алмады: «Ол қазір *көспе* домбырашы болған шығар!» (Б. Шаханов, Ғашық.).

КӨСТЕК[1] з а т. *Кеспелтек ағаш, жуан таяқ, келтек.* Қақпанның қанды аузына байланған білектей *көстек* (ағаш) екіге бөлініп қалған, қаны шұбырған қасқыр таң алдында ғана бөлініп, ұзап кеткен (З.Иманбаев, Солма. гүл.).

КӨСТЕК[2] з а т. ж е р г. *Тұсамыстың түймеленіп салынатын түрі, тұсау.* Атқа бұл үйде *көстек* жоқ, арқандай салың (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨСТЕК[3] с ы н. *Көстиген, сорайған.* Көшенің екі өңірін Шалады *көстек* аяғы (С.Сейтенов, Өңеш). Жаялы, үсті орнықты, аппақ бөстек, Кең тыныс, омыраулы алшақ төстек, Отты көз, қамыс құлақ, шоқпар кекіл, Азулы, күрек тісі біткен *көстек* (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

КӨСТЕКТЕ= е т. с ө й л. ***Көстеңде***. Айғыры қызып алған, Тәңірберген қос тізгінді қарысып тартқанда, жолдан шығып кетіп, бүйірлеп

жүріп отырады, қалған уақытта *көстектеп,* керіліп аяңдап кеткенде, соңында келе жатқан аттылар ілесе алмай, амалсыз желіп отыратын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

КӨСТЕНШЕ үст. жер г. *Елден ерекше, айрықша.* Қамза күнделікті нормасын *көстеншеартық* орындап отырады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨСТЕҢДЕ= е т. **1.** *Көстең-көстең ету, аяғын ебедейсіз басу, орданду.* Үсен жасы үлкеннің сақалына жармасады, іні-ағаның жағасынан алады, келін, ата-ененің алдында жалаңаяқ, жалаңбас *көстеңдеп* жүргені (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш.).– Мынау Қалибайдың қызы, ескі үйдегі көрші ше? – деген бір қызды нұсқап,– қайда барса, кескестеп алдыңнан жолығады, денесі, бас бітімі кішкентай, тек *көстеңдеген* аяғы ұзын (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Бірақ ең үлкен шаруаны бітіріп едім ғой деп, аяқты алшақ тастап *көстеңдей* жөнелмей де, не қай ісімнен жазып қалдым деп екі бүктетіліп елпең де қақпай, зерделі жас адамға тән бір жарасымды әдемі ибамен алдына кеп, жер тізерлеп отыра кетті (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Қара қашар *көстеңдеп* барлық сиырдың алдын бермей келеді екен, Ақылбай оп-оңай қораға бұра қойды (Қ.Әжікеев,Саят.) **2.** ауыс. *Сүйреңдеу, сөзбермеу.* Тиыш отыр, ұрысқақ қатындардай *көстеңдемей,* сен араласатын сөз емес! (К.Оразалин, Көктем.). Үйренген ауыз *көстеңдегенін* қоймайды, іс тындырып жүр деймісің, әмірші боп балалардың қитығына тиіп жүр де бұ пәруадар (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

Көстеңдей басты. *Орданған-орданған етіп жүрді.* Мен оған (өкілге) қарамадым. Аяғымды кирза етікпен *көстеңдей басып,* машинаны итеріп жатырмын (С.Шаймерденов, Шығ.).

КӨСТЕҢДЕТ= е т. *Аяғын көстең-көстең еткізу.* Аяғыңды *көстеңдетпе,* ұят болады (Ауызекі).

КӨСТЕҢ-КӨСТЕҢ е л і к. *Сораң-сораң, орданған-орданған еткен, көстеңдеген қимылды бейнелейтін сөз.* Аяғын *көстең-көстең* басып біреу келе жатыр (Ауызекі).

КӨСТИ= е т. **1.** *Оқшию, одыраю.* Ұзын қара атқа мініп, *көстиіп* келе жатқан елтірі тымақты, қызыл шырайлы жігіт Айшуақпен шөбере, Бектің кіші баласы Әли (С.Сейфуллин, Шығ.). Мысықбектің қисықтау келген көзі *көстие* біткен қабағының астында ойнақшып тұрды (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес.). **2.** *Сораю, сопаю.* Тырнағы құрғыр да өскіш-ақ, бүгін алып тастасаң, ертең *көстиіп* шыға келеді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

КӨСТИТ= е т. **1.** *Ақситу.* Махмұт тісін *көстите* күлді (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). **2.** *Сорайту, сопайту.* Өмірі амандасып та, қоштасып та көрмеген адамдарыңа *көстітіп* қолыңды созу ұят екен (М.Гумеров, Хазірет.). **3.** *Көсілту.* Хадиша әлден соң салфеткаңы алуға ерінгендей оң қолының сыртымен аузын *көстите* бір сүртті (Е. Мырзахметов, Туған күн). **4.** *Соғу, қонжиту.* Қазақтың жырынды сойылшылары бас пен білек, тізені көздесе, бұның ондай тақыспен жұмысы жоқ, тек кез келгенді белуардан *көстите* береді (М.Әуезов, Абай жолы). **5.** ауыс. *Төпеп айта беру.* Құсбек балдағын кеудесіне тіреп қойып, одан арман аузына түскенін *көстите* берді (К.Оразалин, Ақ жазық).

КӨСТІ з а т. ж е р г. *Матаның қисық кесілгенінен пайда болатын қиық жері* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨСТІК з а т. с ө й л. ***Көстек[1]***. – Тәуекел, енді түсіп қарайық та, Қайыңнан бір-бір *көстік* шабайық та (Батырлар жыры). Жұбайменен екеуміз кейін қалдық, Қайыңнан тағы *көстік* қиып алдық, Қуғыншылар қамалып шықпасын деп, Жүктей-жүктей тастарды үйіп алдық (Батырлар жыры).

КӨСУ *Көс етістігінің қимыл атауы.* Қопарылған кенді шөмішін толтыра *көсу* – алып экскаваторларға бұйым емес (Біздің оттар).

КӨСІ= е т. **1.** с ө й л. ***Көс***. – Күректі былай ұста, былай *көсі,* былай сал деуге тура келеді (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

КӨСІК[1] з а т. ө с. <лат. daucus carota> *Жабайы сәбіз (далалықта, құмдақ жерлерде өсетін тамыржемісті, сәбіз тәрізді жабайы өсімдік).* Тұздыққа ол таулық жерде ғана өсетін тау жуаны, құмда өсетін *көсікті* араластыра турап, ыстық сорпаға бұқтырып қойып жасаған екен (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Мүмкін осы уақытта жетім жүрек жалаңаяқ жүгірген, ащы жуа, сүйір *көсік* терген Қайдауыл құмдарын аңсады ма, кім білсін? (С.Мәуленов, Жер нәрі). Биік көкпекпен, кейде жуан шағыр, бойшаң сағызбен тайталаса, ақсұрлау алашабыр сабағын жан-жағына тармақтай еркін жайып жіберген дала *көсігінің* дәмі ерекше бал татиды, өзі көгеннің қазығындай үлкен болады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Бала кезден құм *көсігін* суырып, Қыр арқасын қуырып Бір жұтып ең жусан дәмін даланың, Бір кезіп ең іңкәр өлке танабын (М.Шаханов, Ғасырлар.).

КӨСІК[2] з а т. с ө й л. ***Кәсек***. – Архитектор жолдас, – деді ол кездескен бойда кенет,– терезелердің *көсігін* дұрыс жобаламағансыздар

(Е.Қалиев, Рудный). Есіктің *к ө с і к т е р і н* шеберлерге қондыртып алайын деп едім (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨСІКТЕЙ с ы н. **1.** *Көсік тәрізді; көсік сияқты.* Аға жылқышы Досқазы Бекайдар үйінің қасына *к ө с і к т е й* көк бестіні әкеліп байлады (Ж.Молдағалиев, Айналайын). Нәзікеттің тәтті ойын есік алдына зу етіп келіп тоқтаған *к ө с і к т е й* қаракөк машина бөліп жіберді (А.Лекеров, Түз гүлі). **2.** *Жұп-жұмыр.* – Аха, бері қарашы: белі қылдырықтай, төсі жұдырықтай, саны бесіктей, балтыры *к ө с і к т е й* мына бір бойжеткенді-ай, хор қызы дерсің (Ө.Қанахин, Жүрек.).

КӨСІЛ= е т. **1.** *Тегіс жерге т.б. отырғанда, шалқасынан жатқанда, тізені бүкпей, аяқты созып жіберу.* Өзі бір аяғын *к ө с і л і п,* бір аяғын астына басып алыпты (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). **2.** *Малдың, негізінен жылқының, бауырын жаза, құйғыта шабуы.* Кербесті де өлі жүнін тастап, басын жерден көтеріп, оқтаудай боп ширатылып, созылып, аяғын пысық басып, *к ө с і л е* бастады (Қаз. ертег.). Түнқатар тізгінді босатып, тақымын қысып-қысып жіберіп еді, Сұржебе жіңішкере созылып, өкпесі тесіліп, қолтығы сөгілгендей мүлде *к ө с і л і п* кетті (М.Хасенов, Тұлпар.). Қатар түзеп, біріне-бірі қарайлай *к ө с і л і п* бара жатқан екі жануардың бірі – добал дене айғыр, екіншісі – еліктей жинақы сүлік қара жас бие (Ә.Тарази, Асу.). Жұлдыздай ағып жирен жеке келді, *К ө с і л і п* көп алдынан өте берді, Екпіні ел көшіріп, тау жыққандай, Тербетті төрт тұяғы қара жерді (А.Нұртазин, Көк тоғай). **3.** *Жосылу, зымырау, зулау, қарқындау, қарыштау.* Будақ-будақ көк түтіні есіліп, Экспресс екпіндей кеп *к ө с і л і п,* Тоқтай қалдық бір вокзалға аялдап, Машинистке қарай бердім тесіліп (Қ.Көпішев, Кезеңдер). Алтын самал күнге талас Комбайн да *к ө с і л д і,* Шалқар шалғын бидайды орып, Алдынан жел есілді (Т.Жароков, Шығ.). **4.** а у ы с. *Арқа-басы кеңею, денесі жайылу, емін-еркін жайлану.* Тыңдасаң бұлар мені өсірмейді, Тасалап күннің көзін түсірмейді. Осылар тұрғаннан соң жер тар болып, Еркінше тамырларым *к ө с і л м е й д і* (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ата, бала, немере – Бәрі бір кез қосылып, Еркін дем ап *к ө с і л і п,* Бес-алты күн қоныпты (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Мұнда қалған екі бақташы да төсегінде қаннен-қаперсіз *к ө с і л і п* жатпайды: үй қасындағы бойдақ қара мал мен тайынша-торпақтарды түгендеп, табынға қосу– солардың міндеті (С.Омаров, Қызыл арай). Көбейді енді төрі де Қарияның *к ө с і л е р* (Т.Иманбеков, Бұлақ.). **5.** а у ы с. *Шешіліп, желпініп сөйлеу, шешендікке салу.* Сондай біреу болмаса, өзінен біреу именетін ауыл-отан кісілерімен *к ө с і л і п* сөйлесе ала ма? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл екі ортада Бақдәулет сөзін бастады... «Аяқ алысың дұрыс,– деді Білісбай ішінен,– жазушы осылай *к ө с і л е р* болар!» (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). Топ жарып сөйлеп ортада, Шешен болды бұл Бәкең, Көп алдында *к ө с і л г е н,* Көсем болды бұл Бәкең (С.Кенжахметов, Қуырдақ.). Жас ғашық Асанбай Есіркегенов, былай *к ө с і л е д і:* «Базардан алып келген қызыл құман, Жігітті адастырған қалың тұман...» (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). **6.** а у ы с. *Шабытына міну, шабыттану, шалқу.* Екі келін түсірдім, Көңілімді өсірдім, Екі дүркін той жасап, «Келінжан» деп ән шырқап, Жүйрік аттай *к ө с і л д і м.* Байлаулы малдай шешілдім (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Төлеген Момбеков домбыраны асықпай тартады: қарабайыр жұмыс істеп үйренген мұғал саусақтары да бірден *к ө с і л м е й,* өнерін ішке бүгіп, ынталы көңілдерді сынағандай ыңғай көрсетеді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Біздің байқауымызша, көп ақындарымыз ескіні жазса, еркіндеп, *к ө с і л і п* кетеді (С.Ерубаев, Шығ.). Бала домбырашы ішекті ылғи ұяң қағып, салқын сабырлылық шегінен шыға алмайды, еркін *к ө с і л і п* кетерлік шаққа әлі жете қоймаған (М.Сатыбалдиев, Жартас). **7.** а у ы с. *Белгілі бір алқаптың, өзен-судың, ұзын-сонар жолдың көз ұшында созылуы, шетсіз, шексіз мол аймақты қамтуы.* Арқадан *к ө с і л г е н* сайдың желі ең алдымен Үстіктасқа келіп соғып өтіп, бұрынғысынан бетер қатайып, Арыстандыға қарай ағытылатын болса керек (Ғ.Сланов, Замана.). Жолдың екі жағы бірдей *к ө с і л е* созылған жасыл егін (С.Байжанов, Жастық). Көк күмбез шатыр киген Зайсан көлі, Арудай *к ө с і л е д і* шалқып селі, Толқыны кестеленіп толықсиды, Суына тисе нудың қоңыр желі (И.Байзақов, Құралай.). Кең табиғат гүлден алқа таққанда, Көз алдымда *к ө с і л е д і* кең өлкем. Апам мені өлең жазып жатқанда Нанға жұмсап жібереді таңертең (М.Шаханов, Ғасырлар.). **8.** а у ы с. *Дәуірлеу, асқақтау.* Жорамалдар мен лақаптар да барынша дәуірлеп, бір *к ө с і л і п* қалысты (К.Оразалин, Ақ жазық). Құдайға шүкір, дүние жетеді, осындайда бір *к ө с і л і п* қалмаса, Зәлу деген атына кір келетіндей көрінеді (М.Дүйсенов, Ант.).

Алыс көсілді. *Әріге сілтеді, тереңнен қозғады, ұзаққа меңзеді.* Шынында да, шал ақырын бастап, *а л ы с к ө с і л д і* (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

Жазыла [кең, кеңінен] көсілді. а) *Кең жайылды.* Өркеш-өркеш тау бөктерін құлдилап келіп, *жазыла көсілген* алма бағы, байтақ жазира бейне жасыл ала биқасап секілді (С.Омаров, Қиыр жол). Құйғытып кете барды қарагерді, Жалғыз үй жау қолында қала берді. Осынау ерлік жайлы дуылдап сөз, Жөнелді *кең көсілген* далада енді (І.Мәмбетов, Дос көңіл.). ә) *Өзін еркін ұстап ұзақ сөйледі. Кеңінен көсіліп,* күлдіргі сөздер айтып отырған Алшынбай сияқты (М.Әуезов, Абай жолы).

Көрпеңе қарай [өлшеп] көсіл. *Әліңді біл, шамаңа қара, асып-таспа, артық кетпе, шалқыма.* Шындықтан жалтарма, ақ сөйлеп, турасын айт, құр мақтанба, *көрпеңе қарай көсіл* деген де ғибрат шығады мұнан (Ж.Ертілесов, Туған жер.).

Көрпесіне қарамай [өлшемей] көсілді. *Аяғын аңдап баспады, әлін білмеді, шамасына қарамады.* – Біләл, неден есірдің. Біреудің алып жесірін? *Көрпеге,* Бегей, *өлшемей,* Аяғыңды *көсілдің* (Б.Адамбаев, Ақбөбек). – Мен қашан аяғыңды *көрпеңе өлшемей көсіл,* әліңді білмей, әлектен деп едім? – деп Мырқал даусын көтерді (Ә.Әбішев, Жас түлек.).

Көсіле айту. *Шешіле сөйлеу, егжей-тегжейлі баяндау.* Революциядан көп жыл бұрын тұңғыш кездескен осы қазақтың біраз нәрселерді *көсіле айтуына,* шешіле сөйлеуіне хақысы да бар еді (С.Мәуленов, Жер нәрі).

Көсіле ақты. *Шалықтай тасыды. Әрбір* ақынның өз орны, өз даусы, өз бояуы бар; соның әрқайсысы кең даланы жарып *көсіле ағып* жатқан өзендердей поэзия мұхитына құяды (С.Мәуленов, Үркер).

Көсіле желді. *Тайпалта сар желіске салды, еркінше желді.* Терең ойдан ояна келсем, астымдағы жирен қасқа жануар тағалы тұяғын сартылдата, *көсіле желіп* келеді екен (Б.Момышұлы, Жауынгер). Қара көк ат *көсіле желіп,* көлденеңдей берді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Сары жорғаны жосылта жөнелгенімде, *көсіле желген* кербауыр мені озғызбады (А.Лекеров, Қырда.).

Көсіле жөнелді. а) *Ағыза жөнелді, зулады.* Көп бөгеліс, бұралаңнан кейін биік басындағы жазыққа шыққан машина *көсіле* кеп *жөнелген* (Ә.Нұршайықов, Алтын.). ә) *Шешіле сөйледі.* Осы сөзім қартты қытықтағандай болды да, Әділбек серпіле түсіп, *көсіле жөнелді:* – Балам, – деді ол маған үңіле қарап,– сөзімнің бәрі дұрыс демеймін, керегін өзің таңдап аларсың (С.Талжанов, Ұлдай.). Осы кездесу оған қанат бітіргендей еді: «әп» десе-ақ дауыс ырғағының кең жазықтай *көсіле жөнелетіні* рас, бірақ ұшар қанатқа да демеуші керек қой («Мәдениет және тұрмыс»).

Көсіле көлбеді. а) *Ұзаққа, көп жерге созылды, қаптады, көленкеледі.* Ауыл үстіне *көсіле көлбеген* көленке төніп, айнала қоңыр тартып келе жатқан кез (С.Бегалин, Жас бұтақ). ә) *Ұзынан ұзақ созылып жатты.* Тас бұлақтар таңдайынан үн сыңқылдайды, Көк бүйра дала *көсіле көлбеп* ән тыңдайды (Д.Әбілев, Ой толқын.).

Көсіле қашты. *Алды-артына қарамай безді, зыта жөнелді.* Осы сәт төбені айнала көп түлкі *көсіле қашқандай* болады (Т.Иманбеков, Үш ай.).

Көсіле құлады. *Созыла, ұзынынан түсті, жалп етті.* Ерсілі-қарсылы *көсіле құлаған* ақ теректердің күміс жапырақтары әлі дір қағып жатыр (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Көсіле самғады [салды, сермеді]. *Бауырын жазып, құйғыта шапты, бар екпінімен зымырады, ұшты.* Алдынан ұшқан құс өткізбес, Шындаса желге де жеткізбес, Сұңқардай, Қырандай, Тұлпардай, Құландай, *Көсіле самғайтын* түзде кең, Желаяқ боламыз біз деген! (Ж.Әбдірашев, Саяхат). *Көсіле салған* төрт атты көргенде Ақанның арқасынан мұздай тер шып-шып шықты (С.Жүнісов, Ақан сері). Дәл осы кезде Церен-Доржи тұрған төбеге қарай басында үкілі камшат бөркі бар ақбоз атты бір қыз бала «Қабанбай!» деп ұран тастап, суырылып шыға берді; ақбоз ат *көсіле сермеп* келеді (І.Есенберлин, Жанталас).

Көсіле сөйледі [көсіліп]. *Жан-жақты етіп, қыза сөйледі; шешіле сөйледі.* Таңсықбай осылайша *көсіле,* шешіле *сөйлеп* тұрғанда: – Мынауының өзі ақпа ғой, – деген келемеж күлкілер естіле бастады (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Бекдар *көсіле сөйлеп:* Мен білсем, қоятын сауалымызды, беретін жауабымызды іріктеп алайық (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

Көсіле сұлады. *Ұзынынан созылды.* Мұғалжардан Маңғыстауға қарай *көсіле сұлап* жатқан өңкей бір өлі белдер, сыры жұмбақ құба жондар, бірінен-бірі өтеді (З.Қабдолов, Жалын). Ойдағы *көсіле сұлаған* Прокопьевканың тоғайларына телміре қарап қалыпты (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Көсіле сілтеді. а) *Бар екпінімен шапты, қарыштады, зымырады.* Терлеп қызып келе жатқан ат аяғын *көсіле сілтеп,* ауыздықты сүзіп тастап, мұрнынан бу құшақ-құшақ шығып, дедектеп тартты (С.Мұқанов, Ботагөз). ә) *Шешіле сөйледі, қызбалана сөйледі.* Байсақал

азырақ әзілге қарай бұра сөйлеп, тоқалын қытықтағысы келіп еді, мекерліктің мектебін бітірген Ұмсындық айылын жимастан *көсіле сілтеді* (С.Талжанов, Ұлдай.).

Көсіле тартты. а) *Емін-еркін самғай, құйындата жөнелді.* Алып комбайндар да загонның басына түсіп алып, *көсіле тартып* кете алмайды (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). ә) *Зымырап қашты.* Біршек енді бұдан әрі жақындатудың қауіпті екенін сезіп, *көсіле тартты,* кер дала, кең дала, хан тауына барып бір-ақ тірелді (С.Ақтаев, Дала.).

Көсіле тастады. *Сілтей тастады, аяғын алшаң басты.* Қашаннан қамшы салдырмай үйренген «Көкшолақ» сырлас саяткерінің осы сәттегі мұңды күйін сезгендей ұзын мойнын ілгері созып, аяғын *көсіле тастап* келеді (Б.Момышұлы, Шығ.). Соғыстан бұрын кемтар адам бір бишара жан сияқты еді ғой, бұл күндері Микола тоқпақтай ағаш аяғын *көсіле тастап,* тық-тық басады (К.Тоқаев, Көмескі із). Айғай шыққан сайын екілене түскен торы ат *көсіле тастап,* Қажыбектің кертөбелімен қатарласа берді (С.Ғаббасов, Ана жүрегі).

Көсіле түсті. а) *Созыла түсті, көсіліңкіреді.* Әжемнің белінен қапсыра құшақтап, бауырына кіріп, аяғымды *көсіле түстім,* оның көз жасы бетіме тамды (А.Жақсыбаев, Бозарал). Жауын құрттары қызыл-шақа күйі жаңбырдың астында рахаттанып *көсіле түседі* (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). ә) *Екпіндей, қарыштай түсті.* Қайшы ұстаған қырықтықшы жігіттер де айқай шыққан сайын *көсіле түседі* (Жүлдегерлер.).

Көсіле шапты. а) *Ат басын ірікпеді, бар пәрменімен шапты, шарықтады.* Азынаған керней даусы ма, *көсіле шапқан* ат тұяғының дүбірі ме әлде қуанышты жүректің соғысы ма? Әйтеуір бір үндер келіп жатты (Ғ.Сланов, Замана). *Көсіле шауып* келе жатқан құла атты Абылаев тізгінін тежеп шоқыраққа салды да, кителінің жағасын ағытты (Х.Есенжанов, Тар кезең). *Көсіле шауып* көне мекенге жетті, қалың сайды дүрліктіріп ұлып, шарқ ұрды (С.Елубаев, Ойсыл қара). ә) *Еркінсіді, емін-еркін жүрді, өзін ештеңеден шектемеді.* Көлденең табысы жоқ пендеге *көсіле шабу* қайда, мына жарық дүниеге келген екенсің, жалғанды жалпағынан бас (С.Досанов, Қыран).

Көсіле шертті. *Желдіртеқақты.* Күмбірлетіп домбыра, Алсам сені қолыма, *Көсіле шерт* екі қол, Кетсін шегі бұлдырап (Жамбыл, Шығ.).

Көсіле шырқады. *Құйқылжыта, тамылжыта, асқақтата ән салды.* Өзі қалап қатарға қосқан жас әншінің көңілдегідей *көсіле шырқағанына* риза болған Мұхтар толқи тыңдады (С.Бегалин, Замана.).

Көсіліп аяңдады. *Еркін, бауырын жазып асықпай жүрді.* Тәңірберген ақ арғымақты тебініп қап, әшейіндегі бауырын керіп тастап, *көсіліп аяңдап* отыратын әсем жүрісіне салды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Отардағы малшыларды еркін аралаған екі почташы бірде бүлкіл-бүлкіл желсе, бірде *көсіліп аяңдап* кетеді (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл.).

Көсіліп жатты. *Көлбеп, кең жайылып, ұшы-қиыры көрінбей жатты.* Арменияда *көсіліп жатқан* талай жазық алқаптар бар (І.Омаров, Серпін). Көкжиекке дейін көлбеп, *көсіліп жатқан* аппақ қар ұшы-қиырсыз үлкен шақпақ қанттан аумай қалған (М.Қаратаев, Далада.). Төрт тараптың бәрінде де *көсіліп жатқан* шалқар жайлау (Ғ.Сланов, Домбыра.).

Көсіліп жіберді. *Аяғын созып жіберді, ұзыннан созылды.* Аяғын *көсіліп жіберіп,* қалтасындағы былғары сауытты алдына қойып, махоркадан шылым орай бастады (Б.Майлин, Шығ.). Күміс қарғылы тайдай тазы тұрып алып, алдыңғы екі аяғын *көсіліп жіберіп,* төсін жерге тигізе керілді (С.Бегалин, Бала Шоқан). Құрман мен Ықыш *көсіліп жібере,* көрпелері басына жетіп, аяғына жетпейтін, бірде бар, бірде жоқ адамдар еді (З.Ақышев, Ақбел асуы).

Көсіліп сала берді. а) *Желе, жосыла жөнелді, бабына келді, қыза түсті.* Көсегенің көк жонына жеткен соң бозтарлан баяғыша *көсіліп сала берді* (С.Бақбергенов, Қарға там.). Күрең домбыраның қос ішегін сағынған саусақтар енді *көсіліп сала берді* (А.Сатаев, Дала.). ә) *Ұшы-қиырсыз боп, кең жайылып жатты.* Көрмейсің бе, *көсіліп сала берді,* Ақ көрпесін төсек қып жайған далам (Н.Оразов, Көңіл көктемі).

Көсіліп сөйледі. *Шешіліп, желдей есіп сөйледі.*– Күнім-ау, қалай тез алғансың, *көсіліп сөйлеп* кеттің ғой, – дейді Зейнеп апай (С.Омаров, Өмір.). Ол қазір шабытты шақтағы арқалы ақындай; көптен бері *көсіліп сөйлегені* осы еді (С.Досанов, Қыран.).

Көсіліп тастады. *Аяғын созып жіберді, кеңінен созылды.* Інісі кіргенде Қанипа *көсіліп тастап* жүн түтіп отырған (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай).

Көсіліп түсті. *Молынан жатты; баттиып түсті.* – Мә! – деп мұғалім чертежды алдыма тастай берді, істің мәнін мен қызыл қарындашпен көлденеңінен *көсіліп түскен* «бестікті» көргенде бір-ақ білдім (К.Асанов, Сағыныш).

Көсіліп ұшты. *Самғап ұшты.* Ұшқаны жаңа ғана болса да талайдан қанаты жазылып төселіп, *көсіліп ұшып* келе жатқан жеңіл құстай самғай жөнелді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Көсіліп шаба алмады. *Өндіре жаза алмады, шабыты келмеді.* Соңғы жылдары қатты сырқат болып, Қасым ақын кең *көсіліп шаба алмады* (С.Мәуленов, Үркер).

Көсіліп шығындады. *Көп күш, қаржы жұмсады, шығынға белшесінен батты. Көсіліп шығындайтындай* шаруасы болмағанымен, Дүйсенғали кедей, жомарт кісі екен, жас-желеңнің басын қосып, Әтікені үйіне үш күн аялдатты (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

Ұзынынан көсілді. *Ұзыннан-ұзақ созылды.* Мұндағы тұрғын үйлер, әкімшілік, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін мекемелер *ұзынынан көсілген* бір көшенің бойында («Мәдениет және тұрмыс»).

КӨСІЛДІР= е т. **1.** *Желдіру, жосылту.* Ақбоз атын қол алдында *көсілдіре* салып келе жатқан жігітті көргенде жоңғарлар: «Батыр Баян!» – деп шу ете түсті (І.Есенберлин, Жанталас). **2.** *Ұзынынан жатқызу.* Әп-сәтте-ақ киімдерін шешіндіріп, Жатқызды алдына әкеп *көсілдіріп* (Қ.Мұқышев, Бала). **3.** а у ы с. *Малындыру, бөлендіру.* Тау сұлу *көсілдіре* жасыл киді, Ақша бұлт ақ торғындай басын иді (И.Байзақов, Құралай.).

КӨСІЛДІРІҢКІРЕ= е т. *Үдете түсу, үдетіңкіреу, екпіндетіңкіреу.* Аманқұл ысқырықты үдетіп, шабысты *көсілдіріңкіреген* сайын ол бір мал түгіл, адамды үркітерлік дию-перінің өзі болды да кетті (Х.Есенжанов, Тар кезең).

КӨСІЛМЕ с ы н. *Желдірген, еркін жосылған.* Айқасқа ауылға бет алғанын сезгендей тізгінді екі-үш рет сүзе тартып, басын шұлғып тастады да, *көсілме* аяңға салды (С.Бақбергенов, Адам.).

КӨСІЛМЕЛІ с ы н. *Созылыңқы, ұзыннан-ұзақ.* Мектепке арнап жаңадан салған 960 орынды *көсілмелі* қос қабат үй сабақ сапасына қойылып отырған қазіргі талаптарды толығынан ақтайтындай («Қазақст. мект.»).

КӨСІЛТ= е т. **1.** *Аяқтарын созу, көсу.* Зәулім биік ағаштардың түбіндегі көлеңкеде аяқтарын *көсілтіп* қойып отырған балалар (Ә.Шәріпов, Қапаста). **2.** *Құйғыта шабу, жосылту.* Таймас сұлыға піскен жарау күрең төбелмен *көсілтіп* барады (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Астындағы атын аямастан әлі *көсілтіп* келеді (А.Мекебаев, Жезтырнақ). Құланкер қара үзіп кейін қалып қойды, енді менің алдағы ағама да, оның артындағы маған да қатер жоқ; алаңдамастан емін-еркін *көсілте* береміз (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Көк бестіні *көсілте* салған, зілдей найзасын оң қолымен ойната көтерген Наурызбай өзі жігіттерінің алдында келеді... (І.Есенберлин, Қahар). **3.** а у ы с. *Құлашын кең жаздыру, қарқындату, шабыттана шалқи түсу, барынша еркін қимылдау.* Көк шалғында *көсілтіп* шалғы тартқан бір кезде, Құрбыларды есіртіп әзіл айтқан бір өзге. Өте шықты барлығы, өмір дейтін сынап қой, Өте шықты сағымдай, өте шықты ілезде (М.Мақатаев, Шығ.). Калмыковтан асып, Дендерге қарай еңкейгенде басталады екен бір ғажап! Домбыра жатса, кез келген біреу көтеріп алып, *көсілтіп* жөнеледі екен (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы). **4.** а у ы с. *Шарықтату, шабыттандыру, жігерлендіру, қанаттандыру, рух беру.* Сәбит Мұқановтың «Аттан, қазақ!» аталатын өлеңі жауынгерлердің жігерін тасытып, көңілін *көсілтті,* майданға аттануға шақырды (Ә.Бектемісов, Майдангер). П.Шубин майдангерлердің нағыз сүйікті ақыны болды, жан-жүрегімен ақтарыла, *көсілте* жырлады, үнемі солдаттар арасында түнейтін (Ә.Бектемісов, Майдангер). Солдаттардың көтере мадақтайтын, *көсілте* жырлайтын, әрі мамық төсеніш, әрі жылы көрпе, жұмсақ жастық – сұр шинелі жауға оңай алғыза қоймайды (Х.Әдібаев, Таңбалы адам.). **5.** а у ы с. *Желдей есіп сөйлеу, кеңінен толғау.* Қаршығадай қара бала қай-қайдағыны айтып *көсілткенмен,* айтып отырғанына өзі мән беріп жатпайды, лекітіп төге беретін (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Мұхаң мінбеге шықты; оның жүзінде толқу бар, сөзін жайлап бастаған шешен бара-бара шешіліп, *көсілте* жөнелді (Ә.Омаров, Асыл арман). – Туған жеріңе сенің жаның ашымаса, біз кімге керекпіз, айтшы? – деп, Тайжан бір басып өтті де, түйдек-түйдек *көсілте* сөйлей берді (З.Шашкин, Сенім).

Аяғын көсілте [көсілтіп] тастады. а) *Аяғын созып жіберді, көсілді.* Исахмет Бақанның қай қалжағын түсініп жатыр, қазір де сол бейқам қалпы, *аяғын көсілте тастаған,* жуық маңда қозғалатын жан сияқты емес (М.Сүндетов, Ескексіз.). Басына тоқым жастады, *Көсілте аяқ тастады* (Қ.Нығыманов, Алпыс батыр). ә) *Үдете түсті, құйғыта шапты.* Еті қызып алған тай *аяғын көсілтіп тастап,* құстай ұшып келе жатты (Н.Сералиев, Қанат).

Көсілте жазды. *Бүге-шігесін қалдырмай жазды.* – Бауырым, Шайбай, бұл хатым қысқа, оған айыпқа бұйырма! Хал-жайымды соңғы бір хатымда *көсілте жазып,* көкірегімді біраз ақтарғанмын саған (Д.Әбілев, Арман.).

Көсілте жазылды. *Көстите, сойдақтата жазылды.* Арыз тор көзді дәптердің парағына адуын әріппен *көсілте жазылған* екен (К.Тоқаев, Тасқын).

Көсілте жеді. *Көп жеді, обырлана соқты, жұтты.* Ана бір мұртты Жарас мылжың екен, сөзден аузы бір босамады, тамақты да *көсілте жейді* екен дөдең (Ш.Құмарова, Қос шынар).

Көсілте жорғалатты. *Тайпалта, тізгінін тежемей жорғалатты.* Қоңыр үйдің ішін қуаныш күлкісі кернеп жатқан шақта өрістегі мал шетінен көк дөненін *көсілте жорғалатып* Айдекең де жетті (Е.Тұрысов, Келіншектау).

Көсілте көсіп-көсіп жіберді. *Көсеуін бойлата салды, қозғап-қозғап қойды.* Сүйеулі тұрған көсеуді алды да, құмыққан қалың көмірдің астын *көсілте көсіп-көсіп жіберді*... қып-қызыл шоқ жайнап кетті («Лен. жас»).

Көсілте қуды. *Тым-тырақай қуды.* Тазысы қалың қорық ішінен қоянды айдап шығып, жазыққа шығарып *көсілте қуғанда* да Абай аңырып, түсінбегендей боп сілейіп қарап тұрып қалады (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Көсілте созды. *Серейте созды, созылды.* Шөгіп жатқан атан орнынан қозғалмады, *көсілте созып* жіберген мойнын жимайды (Н.Оразов, Достар).

Көсілте соқты. *Қылаштай соқты, аямай ұрды.* Тамаша қолындағы білемдеп бұрап алған сүлгі орамалмен «өз обалың өзіңе, ерке қыз» деп *көсілте соғады* (С.Шаймерденов, Қарғаш).

Көсілте сілтеді. *Қылаштай сілтеді, өндірте қимылдады, қарыштады.* Жанымен сен де бірге тербетіліп, *көсілте сілтейсің* бір жыр құлашын (Ғ.Игенсартов, Тың дала).

Көсілте тартты. *Келістіре соқты, аямай салып жіберді, оңдырмай ұрды.* Апам шыдай алмай кеткен болу керек, Ырысбекті қамшымен *көсілте тартып* жіберді (С.Мұратбеков, Жабайы.).

Көсілте шапты. *Ат басын ірікпей, ағыза шапты.* Шегір көзінде жалт-жұлт құмарлық оты ойнағандай, әлде мынау далада өзінің де *көсілте шапқысы* келетін шығар... (З.Шүкіров, Жесір.). Не өлермін, өлмесем тауып алып қайтармын деген ашу-ызамен қамшы сүймес жиренді *көсілте шауып* жөнелдім (Е.Тұрысов, Ақбақай). Әттең, қазір әкемнің қасынан мен де шалғыны бекем ұстап, *көсілте шауып* шөпті бара жатсам (Тұлпар).

Көсілте шерту. *Домбыраны еркінше шерту, құйқылжыта тарту.* Тауман ағайдың еппен ғана сызылтқаны енді түсінікті болды; домбыраның он саусақпен *көсілте шертуге* мүлде жарайтын түрі жоқ (Ғ.Сланов, Домбыра.).

Көсілтіп айдады. *Жосылтып айдады, сар желдірді.* Арбамен жүргенде, шіркін, даланың қара жолы болса, аттарды *көсілтіп айдап,* зымыратып келе жатсақ (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

Көсілтіп айтты. *Майын тамызып айтты; таратып, баппен айтты.* Әңгімені *көсілтіп айтып* отырған Қараштың бармаған жері, баспаған тауы жоқ сияқты (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

Көсілтіп алды. а) *Ат басын қоя берді, желе жортып алды.* Ондайда серіктеріне сыр бермеу үшін байталын *көсілтіп алады* (Ж.Молдағалиев, Торғай.). ә) *Шабытына мінді, көңілі тасыды.* Әр үйдің ауласында шағын-шағын алма бағы бар, Қалекең қай дастарқаннан да жеміс көрсе, көңілін *көсілтіп алады* (М.Сатыбалдиев, Жартас). Тихов ақынның асқақ ойын ертең жолға шыға, кең далада еркін *көсілтіп алғысы* келді (Б.Тоқтаров, Тауда).

Көсілтіп барады. а) *Ызғытып, сар желдіріп, жосылтып барады.* Бижамал артына қайрылмастан *көсілтіп барады,* астындағы көкбесті құлаштаған сайын баурын жазып, құлдырап қағады (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). ә) *Екпіндей түсті, шабыттана сөйледі.* Артқы қатарда отырған мысық мұртты бір жапырақ біреу: – Мына шалың, қайтеді-ей, *көсілтіп барады* ғой! – деп қалды (А.Бекбосынов, Ауылым.).

Көсілтіп жүзді. *Заулатып, барынша ағындады.* Көккаска келер күні кешке жақын тағы *да көсілтіп жүзіп* кетіп еді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Көк шалғында *көсілте жүзіп* келіп, Қымыз ішіп жатамын қызық көріп (М.Мақатаев, Мавр).

Көсілтіп жіберді. *Еркіне жіберді, тежемеді.* Енді малды *көсілтіп жібермей,* қыстау төңірегінде бағып, етек-жеңді жинақы ұстаған жөн (Қ.Исабаев, Өткелде).

Көсілтіп кетті. а) *Құстай ұшырып, зымыратып кетті. Кетейік* көк белесте *көсілтіп* бір, О, жігіттер, қайда әлгі сәйгүлігің (М.Айтқожина, Аққу.). ә) *Құйқылжыта тартты.* Енді ол бүкіл топқа бұрылып, домбырасын *көсілтіп кетті* (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

Көсілтіпшырқады. *Әнді тамылжыта, нәшіне келтіре айтты.* – Жамал Омарова секілді әнді

көсілтіп шырқайтын бір қыз келіпті, дауыс ырғағы да, мәнері де со кісіден айнымайды, – деп жұрт гулесіп жүрді («Мәдениет және тұрмыс»). Хакима. Шаһар ма? Иә, иә, үйлері үлкен, көшелері кең, онда да біздей *көсілтіп* ән *шырқайды* (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

КӨСІЛТЕ-КӨСІЛТЕ үс т. **1.** *Барынша, бар әлінше, өндіре, опырып-опырып.* Бұл – арланның бөлтірік кезінен келе жатқан байырғы әдеті, қыста *көсілте-көсілте* қар обады (Қ.Әжікеев, Жылан). **2.** *Құлаштай сілтеп, есіп.* Ескегімді *көсілте-көсілте,* Жүзіп келем көк айдынды есілте (Жастар даусы).

КӨСІЛТІП-КӨСІЛТІП үс т. *Үсті-үстіне желдіртіп, қайта-қайта көсілтіп.* Бituған бөктерлі жазық тауда күреңді *көсілтіп-көсілтіп* алып, желе шоқытып келеді (С.Әлжіков, Дала).

КӨСІЛУ *Көсіл етістігінің қимыл атауы; еркін қимылдау.* Иірім-иірім жыралар көлденең кезігіп, машинаның еркін *көсілуіне* ырық бермейді («Лен. жас»). Көкжиек *көсілуге* тар боп қалып, Космосқа бой жазып ол бара жатыр (Ж.Молдағалиев, Қызыл қайың).

Көрпесіне қарай көсілу. *Шамасына қарау.* Аяғыңды *көрпеңе қарай көсілуді* бір білмей кеттің-ау! (Ә.Әбішев, Терең тамыр.).

КӨСІЛІҢКІ с ы н. **1.** *Кең көсілген, ұшықиырсыз, ұзыннан-ұзақ, көз жеткісіз.* Қиял шіркін – көңілдің көк дөнені, Әп-сәтте алдыңа әкеп әлденені, Шаршамай шартарапты кезіп қайтар, Жатса да *көсіліңкі* көлденеңі (Үш ғасыр.). **2.** а у ы с. *Шалқыған, көтеріңкі.* Міне, тағы да алтын дәнді сапырып жатырмыз, қамбамыз толы, көңіліміз *көсіліңкі* («Мәдениет және тұрмыс»).

КӨСІЛІС з а т. *Аяқтарын созып, созыла жатыс.* Суырыңыз нағыз арамтамақ сияқты: қыс бойы інінде жатып-жатып, жазда шығып күншуақта *көсілісі* мынау (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз).

КӨСІЛІС = е т. **1.** *Жөңкілісу.* Арудай қараторы *көсіліскен,* Қаратау етегіне құлап түскен, Ақ торғын қалықтайды қойнауында, Гүлдердің көбелектер сөлін ішкен (И.Байзақов, Құралай.). **2.** а у ы с. *Бәрін ақтара айтысу.* Жүре отырған құр отырмас. Жүгініскен ұғынысар, *көсілискен* шешілісер (Мақал).

КӨСІРІЛ= е т. с ө й л. ***Көсілдір***. Артқан түйе шөгеріп *көсірілді,* Жылы-жұмсақ жиынға пісірілді. Батырын баласындай баурына алып, Ел бойына ерліктің күші кірді (Н.Ахметбеков, Амангелді).

КӨСІТ= е т. **1.** *Қозғалту, қопсыту.* Мына күнде қаншама жерден сіресіп келген шөптің жігін тауып, *көсіте* жұлып әперу қайда? (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **2.** *Қарбыту.* Майға шылаған талқанды *көсіте* асап, ыстық шайға бойы бусанған қарт біздің сөзімізге құлақ салмайтын (С.Мұратбеков, Көкорай).

К.. з а т. қ а р а п. **1.** а н а т. *Зәр шығаратын органдардың, сондай-ақ жыныс мүшелерінің жалпы атауы.* Басы мүйіз, *к . . і* киіз бір мыстан кемпір келді (Алпамыс). Біреулер *к . . іне* құрым киізді тұзға малшып тыққан соң, есі шығып, еріксіз кім болса соған талтайып емізіп жүр (Абай, Тол. жин.). **2.** *Адамның бөксесі, май құйрығы. К . .ке* теуіп бәрін де, үйден қуып, Төрт адамзат бәрі де қалды дейді (Батырлар жыры). Көлікке *к . . і* тимеді (Алпамыс). **3.** *Аттың арты, бөксесі, сауыры.* Етек кеткен жайылып, Ат *к . . іне* жалпылдап, Оязға жетсін деген боп, Боқтап жүрмін барқылдап (Абай, Тол. жин.). Ауылдың қатын-қалаштарына дейін жабылып:– Ат*к . .іне* байландар, қабырғасын сөгіп, бүйірінен өтін жарып алыңдар! – деп, жамырап жатты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). **4.** а у ы с. *Райы, ыңғайы.* Бұл өзі күннің *к . . іне* қарап, мал бағып, шаруа істеп отырған нағыз қазақ сықылды елдің қолы екен-ау (Ж.Аймауытов, Шығ.). Шай ішіп бой жылынып күннің *к . .іне* қарап келген соң, бес-алты арық сиырға сырмақ алаша, ескі туырлық жауып, өмілдіріктеп, құйысқандап шандып алып, артқы аяқтарын сілкіндіріп мамырлатып қорадан айдап шығамыз (Ж.Аймауытов, Шығ.). **5.** а у ы с. *Соңы, ақыры, шеті, түбі.* Мен көрдім дүние деген иттің *к . .ін,* Жеп жүр ғой біреуінің біреу етін (Абай, Тол. жин.).

Есектің к...ін жусаң да, мал тап. *Жұмыстың жақсы-жаманына қарамай, арланбай кәсіп істе.* Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас, Еңбек қылмас еріншек адам болмас. *Есек к ...ін жусаң да, мал тауып* кел, Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас (Абай, Тол. жин.).

Көк инені к...іне түрте алмайды. *Қолынан іс келмейді.* Мәкен дегенің әрі тігінші өзі, көбісі *көк инені к...іне тұртпейді,* бұл бәрін біледі (М. Жұмағұлов, Қыран.).

К...іңді көрем. *Бір нәрсені істемеске шарап жоқ деген мағынада. К... іңді көрем* бәйге бермей қойған, Тартылар өз табағың астан, сойдан. Шыдап көр қонысында тыныш отырып, Есемді ел шапсам алмай қойман! (І.Жансүгіров, Шығ.).

К...і ашылды. *Абыройы төгілді, ұятқа қалды.* [Біреудің] жорғалықпен көңілін алсам екен деген надан әке-шешесін, адамшылығын

жауырынынан бір қаққанға сатады, тек майдың күлгені керек деп, *к..і а ш ы л с а* да қам жемейді (Абай, Тол. жин.).

К…і бос. *Берік емес, баянсыз, орнықсыз, тиянақсыз, тұрақсыз.* Сыяздан соң елімді, Қысып алып кетпеймін. Әуелде *к … і б о с* кәпір, Мықтыға не қып беттеймін (Абай, Тол. жин.).

К…і белгілі. *Шамасы, жайы анық, өрісі тар, мардымы шамалы.* Айдекеңнің *к . . і б е л г і л і,* аузымен орақ орғаннан басқа түк бітірмейді (Ауызекі).

К…ін жерге тигізбеді [жер иіс кетпеді]. *Тыным таптырмады, отырғызбады.* Көсені үйге кіргізбе, *К…і н ж е р г е т и г і з б е* (Қаз. мақал).

К…і жоқ. *Табан тірері жоқ, бәтуасыз, табанының бүрі жоқ.* Жатқа қарар беті жоқ, Жалынбай тұрар *к.. і ж о қ.* Ісі кетер шалысқа, Кім шабады намысқа? (Абай, Шығ. жин.).

К…і көктен келді. *Аяғы аспаннан келді, ұшып түсті, ісі сәтсіз болды.* Кей надан сөз сөйлейді өктем келіп, Бірлік жоқ, бәтуа жоқ шектен келіп, Тұмсығы тасқа тиіп бір заматта, Құлайды ақыр *к . . і к ө к т е н к е л і п* (Айтыс).

К…ікөрінді. *Сыры ашылды, мән-жайы белгілі болды.* Сөз көбейді, ұлғайды, Мақтанның *к . . і к ө р і н д і* (Абай, Тол. жин.). Егесушілердің *к…і к ө р і н е т і н і н,* жер таянғанын бәрі сезулі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

К…і көпірді. *Қарық болды.* Көзге ілмей қалың нөпірді, Байлардың *к . . і к ө п і р д і,* Жарлының жеп еңбегін, Құрсағы тойып кекірді (Үш ғасыр.).

К…імен бал ашты. *Сәуегейсіді, қисынсыз болжам айтты.* Жақсыға жақсы жанасар, Арлымен арсыз таласар. Білімсіз надан білгірсіп, *К …і м е н е н б а л а ш а р* (Үш ғасыр.).

К…ін ашты. *Масқара қылды, абыройын төкті.* Көзі барлар ойының Күлер *к . . і н а ш қ а н ғ а,* Қасиетін бойының Бекер төгіп шашқанға (Абай, Тол. жин.).

К…іне бақпас. *Қырсық, қиқар.* Сен де бір отырған *к…і н е б а қ п а с* екенсің (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

К…іне қарасын. *Әлін білсін, шамасына қарасын, асып-таспасын.* – Ұрғаның үшін Әлжан соттатып жібереді,–деді Таймас. – *К…і н е қ а р а с ы н!* Мырза оны тескентау өткізіп жіберер! – деді Қазанғап (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

К…іне қыстырмады. *Елемеді, ескермеді, пысқырып та қарамады.* Шапқанда жаудың өтіне, Жан келмеді-ау бетіне, Қардай жауған қалың оқ Қадалса да етіне, Шыбын шақты демеді, *Қ ы с т ы р м а д ы к . .і н е* (Батырлар жыры).

К…інен кейін кетті. *Кері шегінді, артқа кетті.* Мінеки, естісеңіз елдің жайын, *К … і н е н к е й і н к е т т і* басқан сайын, қайран елім, қазағым, қалың жұртым. Көп айтып, ah дариға, не қылайын (Шәкәрім, Өлеңд. поэм.).

К…інен пысты. *Қатты қорыққандықтан, өзінен-өзі жым болды.* Шуылдаған көп дұшпан *к…і н е н қ о р қ ы п* пысады (Ауыз әдеб.).

К…ін қыздырды. *Желіктірді, айдап салды.* Бұзақылар: «кім озса, мен соған керек боламын деп», – деп *к..і н қ ы з д ы р ы п* алып, өзін бір азғана азық қылайын дейді (Абай, Шығ. жин.).

К…ін қысты. *Жым болды, үндей алмай қалды.* Жаман көзбен қарады Вадим сонда, Ертіп жүрген екеуге байды жолда. Көзіне шыдай алмай, *к… і н қ ы с ы п,* Жым-жырт болып екеуі, болды молда (Абай, Тол. жин.).

К…ін сауды. *Жалынып-жалпайды, тіленді, қиылып сұрады.* Тайсақтап тағдырыңнан қылма қауіп, Ұстараның жүзіндей тұрса да ауып, Ақ жарыл, аяғыңды айнымай бас, Күн көрме көрінгеннің *к. . і н с а у ы п* (Айтыс).

К…ін шөмейтті. *Тұралатты, бұрсеңдетті, құрыстатты.* Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең. Адалдыққа бар елдің зоры Бәкең. Ұрықары көбейіп, *к … і н ш ө м е й т і п,* Неге болды бар елдің қоры Бәкең (Абай, Тол. жин.).

К…і шөмейді. *Діңкесі құрыды, тұралады, бүрісті, құныспы.* Ақылы жандар қамалап, Кептірді сонда ерінді. Арызшылар көбейді, Болыстың *к… і ш ө м е й д і,* Қайтсін байғұс демейді (Абай, Тол. жин.).

К…АЙНАЛҒЫШ с ы н. с ө й л. *Жалт бергіш, табансыз.* Қуаты қызық қызмет тойларының Қос қыртысын кетірмес ойларының, Лап бергіш, *к … а й н а л ғ ы ш,* қайта ойланғыш, Тиянақ оты сөнген бойларының (Абай, Тол. жин.).

К…АЛАҚШЫ с ы н. *Сатқын, екіжүзді, бәтуасыз.* Үріккен «үркер» ұшқан арқар, Ол да біздей адасқан, «Жеті қарақшы» – *к… а л а қ ш ы.* Кімге тауып жол ашқан? (І.Жансүгіров, Шығ.).

К…БАСАР з а т. *Көкпаршының артын алушы, торуылшы.* Тартуға бірінші боп іліну шарт емес, құнанның күші үзіліп қалады, ал бірақ *к .. б а с а р* боп ілінуге және болмайды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Әжібектікінен Тілеш *к .. б а с а р* болып шықты… мүйіз шақшаны қисық табан етігінің жалпақ өкшесіне ұрып жатып: – Шіркін, Сарыарқа! Құлагер, Қарашегірлердің аруағы қолдай гөр! – деп бір қойды (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

КӨТЕК[1] з а т. ж е р г. *Шабылған егіннің, пішеннің орнында қалған тұқылы, түбіртегі.* Мал ашыққан екен, жусанның *к ө т е г і н* де жеп қойды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Балам, бақылап жүр, аяғыңа *к ө т е к* кіріп кетіп жүрмесін (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨТЕК[2] з а т. ж е р г. *Қайықтың адам отыратын көлденең тақтайы.* Қайықтың *к ө т е г і* жоқ болғаннан ба, есуге тым ыңғайсыз болды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨТЕК[3] о д. қ а р а п. *Ойламаған нәрседен, оқыс қимыл-әрекеттен, орынсыз айтылған сөзден, ерсі көріністен т. б. шошынғанда не соларға таңырқағанда әйелдердің айтатын сөзі.* Дәмегөй: – *К ө т е к* ! – деп селк ете түсті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қаннен-қапersіз отырған Ұлпан шошып кетіп, *«к ө т е к!»* деп қалды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бойға біткен баланың іште бұғып қалмайтынын түсіндіріп: – Шешініңіз, тексеріп көрейін, – деп едім ол селк етіп: – *К ө т е к!* Шешінгені несі? – деп орнынан атып тұрды (Е.Оразақов, Қайта соқ.). Ақ матаның ішінен бір адам шыға келгенде Жолмағамбеттің үйіндегі келіннің: *«к ө т е к !»* – деп тұра қашпасы бар ма? (Қ.Сәрсекеев, Қараша қаз.).

Әбеу көтек. қ а р а п. *Шошынғанда әдетте әйелдер айтатын сөз.* Қонақ: –Бүйткен шайы бар болсын! – деп, қонышынан пышағын суырып алған еді, *«Ә б е у к ө т е к!»* – деп, кемпір де жөнеді (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

Көтегің құрсын! қ а р а п. *Ісің бар болсын, Құдай сақтасын!– К ө т е г і ң қ ұ р с ы н,* таста әрі, ойбай, тасташы мына басыңдағы пәлені – деді әйелі Қабеске (Е.Домбаев, Ол осындай.).

Ойбай, көтек! қ а р а п. *Ойбай, не сұмдық, сақтай гөр деген мағынадағы әйелдердің шошынғанда айтатын сөзі.* [Тасбике халат киген Кенжебекті көріп шошып кетеді] – *О й б а й, к ө т е к,* мынаусы кім, әйелсің бе, еркексің бе? (О.Бодықов, Қанжар.). Мені ойбайлата отырып, құлағыма бірдеңе жүгіртіп еді, бір кезде: – *О й б а й, к ө т е к!* Құлағың құрттап кетіпті ғой! – деп ыршып түсті (Ө. Қанахин, Жер бас.). Тана көз жапалақ сары қыз: *«О й б а й, к ө т е к!»* – деп дауыстап жіберіп, арғы бетке қарай жүзе жөнелді (І.Есенберлин, Қаһар).

КӨТЕЛЕУ с ы н. ж е р г. *Екіжүзді, арамза.* Ол өзі *к ө т е л е у* жігіт екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі.).

К…ЕН з а т. **1.** а н а т. [лат. perineum] *Ұлы дәрет жолы.* Ат үстінен Қозыкем лақтырғанда, Алты құлаш түсіпті құл *к . .е н і* (Қозы Көрпеш.) **2.** *Бөксе, май құйрық, дұм; малдың сауырсыны, құйрығы.* Мына біздің Бірмәмбет қойға барып еді, ағыл-тегіл газеттер жазып жатады, қазір қой бағып, *к . . . е н* жеген озады (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз әуені). Бәйбішеге ұрыспадың, *к . . . е н* тапқызып бермедің дейсің, қазір *к . . . е н* таппақ түгіл, көжесін аяқ толтырмай беріп тұрса да, өкпелейтін малай жоқ (С.Шарипов, Шығ.). Өкпелеген *к ... е н г е* Құлдарша қашқың келе ме? – Сонда Еспембет сөйлейді: – Сен – атам, мен – шөберең, Алдымда талай асу бар, Бақыт па, сор ма, не көрем? (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Әуелі сыбағалы *к ... е н і ң е* ие бола алмай Жаңылға жегізіп отырып, сен билік қылғанды не қыласың (Ж.Аймауытов, Шығ.).

К…ен зорлық. *Орынсыз қиянат, көріне жасалған қиянат.* Көрпебайды күйт-күйттеп, байға істейтінін бізге де істегісі келеді; мұнда бай-құлақ жоқ, ол *к . . . е н з о р л ы ғ ы ң а* кім көнеді! (А.Нұрманов, Құлан.).

К…ен ішек. а н а т. *Тоқішекке жалғасып, айналшықпен ұштасатын тік ішек.* Сары інгеннің түрегеп тұрған бойында *к . . е н і ш е г і н* қасқырдың қалай суырып кеткеніне таңмын (Ә.Көшімов, Қарт аңшы).

К…ЕНДЕСТІРІЛ = е т. э т н. *Халықтың ғұрпында бір уақытта босанған әйелдердің (босанған соң) бір-біріне ұшырасып, арқаларын түйістіріп, жүзін теріс қаратып, түйіншек алмастыруы. К . . е н д е с т і р і л м е г е н* әйелдердің баласына шілдеқотыр шығатындықтан сақтанады (Эксп.матер.).

КӨТЕНДІК[1] з а т. *Құйысқандық.* Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы. Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы. Күлте құйрық қыл түбі әлді келіп, *К ө т е н д і г і* шығыңқы ала майлы (Абай, Тол. жин.). *К ө т е н д і г і* шығыңқы, келбеті артық әр аттан, Қос жұдырық сыйғандай үңірейген сағақтан (Н.Байғанин, Төрехан батыр).

К…ЕНДІК[2] з а т. *К...еннің түсы, сырт аумағы.* Бір уақыттар болғанда, Қарсы келген дұшпанды, Көтеріп жерден алады, Аяғын жерге тигізбей, *К ө т е н д і к т е н* шалады (Батырлар жыры).

К…ЕН-МӨТЕН з а т. *К...ен және сол сияқтылар.* Біліп қойып, омыртқа-сомыртқа шопандікі, *к...е н - м ө т е н* қойшынікі, жауырын-мауырын шөлдікі (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Молда харам, бай сараң, Қимайды астық бөтенін, Жолаушыға береді, Өкпе, *к...е н м ө т е н і н* (Халық өлең.). Баянды ойлап Қозыке болды ғариф, Тазша болып қой бақты іздеп барып *«К...е н - м ө т е н* тарттың» – деп, бәйбішенің, Табақпенен жіберген басын жарып (Қозы Көрпеш.).

КӨТЕР= е т. **1.** *Жанды, жансыз затты, нәрсені, әр алуан денелерді қолмен немесе*

айыр, күрек т. б. құрал-саймандармен, жүк тиегіш кран, лифт, түрліше автоматты тетіктермен тұрған не жатқан жерінен, деңгейінен жоғарылату, тасымалдау, тиеу. Үстіне екі құлағын дірілдетіп бас салған бір табақ *к ө т е р і п* поштабай келе жатыр (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Байжан сексеуілді құлаштап тасқа соқпақ түгіл, жерден әрең *к ө т е р і п* алды (С.Мұқанов, Сырдария). Бір адамның аяулы қызын алып қарақұс аспанға *к ө т е р і п* кеткен екен (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). **2.** *Қару не құралды басынан асыра не белгілі биіктікте ұстау. К ө т е р д і* ақ шоқпарды сермеп көкке, Дүйсенді ұрмақ та еді тұрған шетте (Қ.Бекхожин, Мариям). Ол Смайылға сілтемек болған қамшысымен күшікті бір тартып жіберіп, қайта *к ө т е р е* берді (Т.Дәуренбеков, Біз әлі.). Байрақтай тулар *к ө т е р г е н,* Алтыннан қалған жарқылдап (Қамбар батыр). **3.** *Дене мүшелерін дағдылы қалыптан қозғап, жоғарылату, қомдау, биіктету.* Басын төмен, аяғын жоғары *к ө т е р і п* ішін басыңдар, – деп Кермаханов директорының басында жылап отырған қыздарға айқай салды (С.Адамбеков, Қожанасыр). Шофер сәл жүрісін бәсеңдетсе, ол ұйқысынан тез оянып, басын *к ө т е р і п* алады (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Бір дегенде өкшені *к ө т е р і п,* ақырын ғана отыру қажет («Халық мұғ.»). **4.** *Қолына алу, ұстау.* Дайыров иегін сипалап отырды да, қасындағы көп телефондарының бірінің трубкасын *к ө т е р д і* (К.Тоқаев, Түнде). **5.** а у ы с. *Киімнің олпы-солпысын жөндеу, қымтану.* Ол макентошының жағасын жоғары *к ө т е р д і* де, кеудесін қаусырынып, ең жоғарғы түймесін салды (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Бекбосын түлкі тымағының бір жақ құлағын *к ө т е р і п* алған болатын (К.Оразалин, Ақ жазық). Әзімбай сонда сөйледі, Беті оттай қабынып, Омырауын *к ө т е р і п,* Бөрі ішігін жамылып (Қамбар батыр). **6.** а у ы с. *Ұшыру.* Долдана соққан жел жабуды жол бойы жұлқып-тартып келе жатқан еді, бір бұрылыста – қайда екені белгісіз – *к ө т е р і п* алды да кетті (И.Салахов, Көкшетау). **7.** а у ы с. *Әуелету, асқақтату.* Батыс жақ шетте жалауын аспанға *к ө т е р і п* аэропорт тұр (Ғ.Сланов, Замана). Шықты ол мұнараның төбесіне, Ешбір оқ дарымады денесіне. *К ө т е р і п* Азияның болашағын, Тапсырмақ ойы бардай келесіге (Ғ.Жұмабаев, Жомарт күз). **8.** а у ы с. *Қызметін, дәрежесін жоғарылату; бағасын өсіру, мәртебесін өсіру, мадақтау.* Раушанды жұрттың бәрі мақтап *көтерген* соң, Бәкеннің төбесі көкке тигендей болды (Б.Майлин, Шығ.). – Ондай мысалдар толып жатыр, – деді Потанин, – бүкіл Европаны Наполеон құлдығынан құтқарған Кутузовты, ұлт азаттығы мәселесін бірінші көтерген Николай Новиковты тиісті дәрежесінде *к ө т е р е,* пайдалана алмаймыз (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Нағыз достық жомарт та, талап қоя да алады, ол достарды жоғары *к ө т е р і п,* беделді етеді (Семья тәрбиесі). **9.** а у ы с. *Шығу, төзу, көну, төтеп беру.* Сонымен қыз жігіттің қолын қағып жіберді, бірақ ғашық жан бәрін де *к ө т е р е д і,* жігіт көтерді (М.Мағауин, Көк мұнар). **10.** а у ы с. *Шығынын мойнына алу.* Көкшетау дуанына қарайтын алты руда Шыңғыстың қанша қонағы болса да жалғыз өзі *к ө т е р е т і н* дос байлары көп (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Айыбын [айып-қиыбын] көтерді. *Біреудің айып-қиыбын өз мойнына алды, шығынын өтеді.* «Антқа отырмаңыз, *а й ы п-қ и ы б ы н ы ң* бәрін өзім *к ө т е р е м*» – деген Ақшолақтың сөзі бар, соған итере салыңыз дейді ұры (Б.Аманшин, Көкжар).

Аруағын көтерді. *Рухын, беделін арттырды.* – Бәкеңнің тілмаш болғаны оның *а р у а ғ ы н к ө т е р е* түседі жамиғат алдында, – деді Жүніс Хакімге (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Жас күнің өнер іздер – нақ дер шағың, Халқыңның ойлай берші оңар жағын. Бата – сол бізден сізге, ғазиздерім, Зор қазақ *к ө т е р е* бер *а р у а ғ ы н* (XX ғ. қаз. ақын).

Ауыртпашылығын көтерді. *Қиындығын бөлісті, көмектесті.* Жұмабек, сен енді жас емессің, атқа мініп, ел *а у ы р т п а ш ы л ы ғ ы н* бізбен бірге *к ө т е р е т і н* мезгілің жеткен сияқты (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Бағасын көтерді. *Бәсін арттырды, құнын асырды.* Әділ сын жазушы идеясының да, шығармасының да *б а ғ а с ы н к ө т е р е д і* (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

Бала [құрсақ] көтерді. *Аяғы ауырлады, екіқабат болды.* Үйленгеніне бес-алты жыл болса да, Күлғанша *б а л а к ө т е р м е й* жүр (Т.Дәуренбеков, Біз әлі.). – *Бала көтермедім,* бар мінім – сол, Сәлімханмен сыбай екен, маған бітпеген бала, соған бітіпті (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Көшенге қосылғалы көп жыл өтсе де, Жаңыл әлі *құ р с а қ к ө т е р м е п т і* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Баланы төсегімен көтерді. *Баланы емшек сүтімен көтерді.* Зәбила *б а л а н ы т ө с е г і м е н к ө т е р д і* де, жыл аралатпай дүниеге бір баладан әкеліп, ұлы бар, қызы бар, он шақтыны туды (Б.Тоқтаров, Тауда.).

Бас көтерді. *Ереуілдеді, наразылық білдірді, қыр көрсетті, қарсылық білдірді.* Бұл – қазақ

феодалдары мен патша әкімшілігіне қарсы Қазақстан халық бұқарасының XIX ғасырда *бас көтерген* ең ірі қозғалысы болды (ҚазССР тарихы).

Бас көтерген. *Қарсы шыққан, наразылық білдірген адам.* Июнь жарлығына қарсы тұрғандарды түрмеге, *бас көтергендерді* қаторгаға айдаған (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Бас көтерер [көтеретін]. *Естияр; ел бастайтын. Бас көтерер* адам деп бастық сайламағанмен, жұмыстың ең жауапты жеріне колхоз соны жіберіп отырды (С.Ақтаев, Дала). Ол ауылға баруға болмайды, *бас көтеретін* жан жоқ (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Бас көтермеді. *Бас алмады, тыным таппады.* Салду дастарқаннан *бас көтермей,* нан мен пиязды соғып отыр (Б.Аманшин, Көкжар.). Бұл әп-әдемі бір қызбен қатар түсіпті, екеуі алғашқыда мақтаны *бас көтермей* жинады да, басқа балалардан ұзап кетті (З.Қыстаубаев, Ақ түн).

Бастама көтерді. *Жаңалыққа басшы, мұрындық болды, жаңа іске үндеді.* Бірінші болып *бастама көтерді* (Ауызекі).

Басына көтерді. а) *Төбесіне шығарды, қадірледі, дәріптеді.* Әй, Абылай, Сен өкпеңменен қабынба, Өтіңменен жарылма, *Басына* мұнша-ақ *көтерген,* Жұртыңа жаулық сағынба (Бұқар жырау, Жыр.). ә) *Үйді, көшені, тауды т.б. у-шу, азан-қазан қылды, даусы қатты шықты.* Қыста атасы мен енесі мал жайып кеткенде Қаншайым үйді *басына көтере* шарықтата ән салатын (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Ауыл азаматтарының қабағы салыңқы, көшені *бастарына көтеріп* көңілді жүретін балалар да ойындарын қойып, тыйыла қалған (Ы.Кененбаев, Лабасы.).

Бокал [тост] көтерді. *Мерекеде, жиынтойда қолына бокал ұстап, құттықтады, тілек айтты.* Жаңа жылда еліміздің Еске алып ерлігін, *Бокалдарды көтерейік,* Келші, сәулем, кел, күнім! (С.Мәуленов, Таңд. өлең.д.). Орындыққа жүз жиырма, жүз елу офицер орналасты, Сангес қонақасыны ашып, сөйлеп *тост көтерді* (Б.Момышұлы, Шығ.). Мынау *тосты* Асанның денсаулығы үшін *көтерелік,* жолдастар! (Ә.Тарази, Асу).

Білімін көтерді. *Білімін жетілдірді, біліктілігін арттырды.* Ауданымыздың 230 мұғалімі Қызылорда облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында болып, өз *білімдерін көтерді* («Қазақст. мұғ.»). Ол қажымай-талмай жұмыс істеп, күнделікті өмірді жете біліп, өз *білімін* тынбастан *көтеріп* отырады («Халық мұғ.»). – Ех, сен о бастан-ақ сауатсыз едің, саяси *білімің де көтермеген* екенсің, – деді Қодаров (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

Бір-ақ көтерді. *Қағып салды, сілкіді.* Гүлжан қымыз құйған кесені басына *бір-ақ көтерді* (З.Шашкин, Ұядан ұш.).

Даңқын [аспанға] көтерді. *Абыройын арттырды, атақ-даңқын жайды.* Аға ұрпақтан өнеге алып, туған ауылдың *даңқын көтеріп* жүрген жастың бірі – Құмар Мұқанбеталиев, ол 1969 жылы бағымындағы 780 саулықтың әр жүзінен 143 қозы алған (Н.Әбуталиев, Жаңарған ауыл). Лепсі аймағындағы рулардың айбынды батыры Барақтың *даңқын аспанға көтеріп,* нелер майталман жыраулар сайрап өтіпті («Қаз. әдеб.»).

Даусын көтерді. а) *Қаттырақ дауыстады.* – Сөйтіп, қазақ әдебиетінің асыл қазыналарының бірі мына біздің Уфамызда, Ақеділ жағасында туған, – деп *даусын көтере* сөйлейді Сайфи ағай (С.Мәуленов, Үркер). Қасқыр *даусын көтере* сөйлеп: – Құдағи дұрыс айтасыз, мен тұрғанда ешкімге кегің кетпес! – деді (Б.Тұрсынбаев, Айнымас дос). ә) *Зекіді, ұрысты.* – Бүркітбай! – деді *даусын көтеріп,* – не керек сондай сөз, басқа сөз жетпей ме? (С.Мұқанов, Ботагөз).

Дәм көтерді. *Қазан асып, ас әзірледі.* – Ойбай-ау, Әлти байдың үйінен ұрын келіп, қызын алмақ түгіл, *көтерген дәміне* қарамай, берген асын төгіп, кесесін қиратып кетіпті (С.Шаймерденов, Жыл құсы).

Денсаулығы көтермеді. *Науқасы мүмкіндік бермеді, денсаулығы жарамады.* Бәрібір мен мұнда қала алмаймын, *денсаулығым көтермейді* (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.).

Елді [жұртты, топты] көтерді. а) *Елдің тұрмысын жақсартты, көпшілікті белгілі бір іске жұмылдырды, бұқараға бас болды.* Ауылдың жайын қайдан білсін, «барған соң қазақ азаматтарының арасында жұмыс жүргіз, *елді көтер*» – дейді, әрине, айтуға оңай (Б.Тілегенов, Аққайнар). ә) *Орындарынан тұрғызып жіберді.* Қымбат *жұртты* дүрк *көтерді* де, дастарқан мен самауырды көрші үйге шығарып жіберді (Ғ.Сланов, Әңгім.).

Еркелігін [назын, сөзін] көтерді. *Базынаға, боспаға шыдады, көңіліне ауыр алмады.* – Байқа, байқа, бала! Еркежан *көтерген еркелікті* Нұра көтермеуі мүмкін, – деді бір жігіт (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Арызымды сізге айтайын *Көтерсең* менің *назымды,* Саусағы алтын сұңқарға ілдірейін деп келдім Көлдегі үйрек, қазыңды (Қамбар батыр). Тағы ойлады:

«Тірлігің бекер!» – десем, – Шыбын жаным бұл жерден кетер ме есен? – Мұны айтпаса, Махамбет пе, Хан болам ба бір *сөзін көтермесем*? (Ж.Қабиуллин, Таныс әуен.).

Жаза көтерді. *Айыпты болды, кешірім сұрады, жазасын тартты.* Содан жата жабысып кешірім сұрап, жаздым-жаңылдым деп *жаза көтеріп,* айып тартып, табақтай бетіммен жер басып қалдым (О.Әубәкіров, Сиқыр).

Жаңа сатыға [белге, шыңға] көтерді. *Дамытты, өрбітті, тағы бір соны белеске шығарды.* Абай сияқты ұлы адамның айналасындағы бай өмірдің іші-сыртын түгел алып, әрі кең, әрі терең көрсету оңай іс емес; Мұхтар мен Соболев драматургиямызды *жаңа* бір *белге көтеріп* тастады деуіміз керек (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

Жүрегін көтерді. *Жүрегі айныды, лоблыды, ішкен асы бойына сіңбеді.* Кілегей іштім, кілкіді, *Жүрегімді көтерді* (Халық өлең.).

Тың көтерді. *Тың жатқан жерді игерді.* Тұңғыш трактористің, алғашқы *тыңды көтергенбіз* – деп мақтанады осы күні (С.Омаров, Өмір). Келгеміз жоқ науқан іспен аптығып, Келдік мұнда ауыр жолды жақсы ұғып, *Тың көтеріп,* тың өмірді жасаймыз Талай қыс пен талай көктем, жаз шығып (Н.Шәкенов, Толқындар).

Кеуде [көкірек] көтерді. а) *Менменсіді, тәкаппарлық көрсетті, ісініп-кебінді.* – Әй, кет, *кеуденді көтермей,* жолың ашық, әне! – деді Нұрым қызынып Жартайға (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Симкаға керегінің өзі де сол... *көкірегін көтеріп* кердең-кердең етуші еді, бүгін аздап, тәубасына келген сияқты (И.Салахов, Көкшетау.). ә) *Қайта жаңғырды, жаңарып бой түзеді.* Станция – Назия, Кішкене өзен – Назия, Қайта *кеуде көтерді,* Бүгілген бел жазыла (С.Мәуленов, Таңд. өлең.).

Көкке көтерді. *Дәріптеді, аспанға көтерді, асыра мақтады.* Сен ойласаң мәз боламыз соған біз, Сендер аман болсаңдар, біз – аманбыз, Сендер *көкке көтергесін,* дүние-ай. Аман-сауын ойламайтын адамбыз (С.Баймолдин, Қызыл іңір).

Көңіл көтерді. *Көңіл сергітті, демеді.* Ауылында аз күн жатқан Шоқан *көңіл көтергісі* келсе, осы маңнан нелер әнші, күйшілер де, аңшылар да, басқа қызық иелері де табылатын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Глафира науқас баламен әзілдесіп, *көңілін көтерді* (З.Шашкин, Ұядан ұш.).

Көтере мақтады. *Асыра, артық мақтады.* Раушан Әбдішті *көтере мақтап,* ақша шығарушы екен, өте оңды жігіт екен, – деді (Б.Майлин, Шығ.).

Көтере сату. *Тонтап сату, көп етіп сату.* Өзі алыс бір орыс шаһарларынан байлықтың күшімен арбалап алдыртып әкеп, *көтере сатуға* жеткен ақылы одан тоя бір жеп рақатын көруге жетпегендей (Ж. Ахмади, Жүрек қартайса.).

Көтере тасымалдау. *Жүк жеткізу тауқыметін түгелдей өз міндетіне алу.* Қорытынды: оның қолында товар фондысы мен оны *көтере* (теміржолмен) *тасымалдау* ісі бар («Лен. жас»).

Көтер қолыңды! әск. *«Бағын, беріл, қарсыласпа, қаруыңды таста!» дегенді білдіретін әскери бұйрық. Көтер қолыңды!* (Қасымбек қолын көтерді) қозғалма орныңнан, қозғалсаң атып тастаймын! (З.Ақышев, Ақбел.). Оразымбет: *Көтер қолыңды!* – деп ақырды; офицер орнынан атып тұрып, қолын ербитіп көтере қойды (С.Сейітов, Сөз сұра.).

Көтеріп әкетті. *Жалғастырды, одан әрі өршітті, қолдап кетті.* Бірдің қуанышы көпке ортақ болатын бұл заводта бір әдет бар-ды; сол әдеттеріне басып, Лиданың кішкене қуанышын көпшілік *көтеріп әкетті* (Ә.Шәріпов, Қапаста.).

Көтеріп қойды. *Ішімдікті ішіп қойды, алып жіберді.* Дауыстар: – Жоқ, ойбай, болмайды! Өзіңіз *көтеріп қойыңыз,* осы дастарқан басындағы жасы үлкен адам сіз! Алдырып қойыңыз (Ә.Тарази, Асу.). Келешекте жар сүйіп, өзінің бақытын тапсын деген адам мына рюмкадағы азғана, небары жиырма бес грамм коньякті *көтеріп қоюға* тиіс (М.Мағауин, Көк мұнар).

Көтеріп [көтере сатып] алды. *Үстемелеп сатып алды, бәрін бірден сатып алды.* Момын қазақтардың іші-бауырына кіріп, әбден басын айналдырып, есін кетіргеннен кейін әлгі приказчиктер айдалып келе жатқан малды түгелімен *көтере сатып алады* (Б.Аманшин, Көкжар.). Баян төңірегінің, Өлеңті, Шідерті, Сары інген, Тарақты елдерінің жәрмеңкеге салған малын *көтеріп алатын* орыста – Зайцев, қазақта – Әліпбек (З.Ақышев, Ақбел.).

Қалжыңды көтере алмады. *Әзіл-қалжың сөзге ренжіп қалды.* Сен көксоққан, *қалжыңды* да *көтере* алмай, ашуланып масқара боларсың (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Қалтасы көтереді. *Ақшасы жетті, мүмкіндігі болды, жағдайы көтерді.* Жеміс түскен жылы қыста бір күні ертемен екеуі мал базарына барды: шамаға соқса, *қалта көтерсе,* ойлары – соғым алмақ (Б.Аманшин, Көкжар).

Қол көтерді. а) *Тоқта немесе бір істі баста деп белгі берді.* Кенет артымыздан тағы бір машина көрінді, жол жиегіне шығып *қол көтерген* едім, тоқтай қалғаны (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.). Петр Федорович танап жаққа қарай бет алған машинаны *қол көтеріп* тоқтатты да, оған отыра сала агрегат басына тартты (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Манағы шетте тұрған қара кісі, *көтеріп қолын* биік белгі берді (Қ.Ұябаев, Дархан.). ә) *Жиналыста, сайлауда ашық дауыс берді.* – Камал сияқты өздерің тіленіп колхозға көмектесетіндерің *қол көтеріңдерші* (М.Иманжанов, Менің махабб.). б) *Қол жұмсады, ұрды, соқты.* Ағаңды біреу сабап жатса, қайсың қарап тұра аласың! Бірақ дәл сол сәтте ол Шәкірмен төбелесе қалса, болысып *қол көтермеспін* дедім өзіме-өзім (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.).

Қолдан көтерді. *Қызмет бабында өз қолынан өсірді, өзі баулып жоғарылатты.* Бәріңді өз *қолымнан көтерсем* де, сырларың маған мәлім, ертең тексеру басталғанда бірінің жағаңнан бірің аласыңдар (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

Қорлықты көтерді. *Шыдады, төзді.* Үрпектің өз басы мұндай бірнеше *қорлықты* үндемей *көтеріп* еді (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Құран көтерді. д і н и. *Діндарлық, тақуалық жолға түсті, Құранды уағыздады.* Елден алғыс алмайсың, *көтеріп* кітап *Құранды*. Меніменен ұстасып, Білмейсің Құдай ұрғанды (Айтыс).

Мәселе көтерді. *Ұсыныс жасады, талап-тілегін ортаға салды, мәселе қойды.* – Адьютант, – деді қасында тұрған аға лейтенантқа, жауынгерлердің сұрақтарын, *көтерген мәселелерін* жазып отырыңыз; кәне, кімде қандай сұрақ бар? (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Құдышты білмейтін бе едің: «Сол кісі шпион, тексеру керек» – деп ауылдық Советтің председателіне барып *мәселе көтеріпті* (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Мұрнын көкке көтерді. *Менменсіді, дандайсыды, шамадан тыс көкірегін керді, паңданды.* Бай сонда *көтермес* пе *мұрнын көкке.* Етер ме «көтердің» деп оларға өкпе, Аурусыз «хақ-туүфә» деп құр жөтеліп, Паңдықты байқатпас па төңірекке (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

Мініс көтермеді. *Күш-көлік ретінде пайдалануға жарамады, мініп-түсуге келмеді, тез болдырды, арыды.* Көбең *міністі көтермейді,* Мәстек жүріс көтермейді (Мақал).

Өлеңді көтерді. *Әннің көтеріңкі, асқақ жерлерін шырқата айтты; басқа әншіні сүйемелдеді.* Тек Ақынғұл мен Жұма ғана өлеңге қосылған жоқ, Ақтай мен Михаил *өлеңді* бастап, *көтеріп* отыр (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Пышақ көтермеді. *Союға жарамады, көкбақа, арық шықты.* Мал тапсаң кіре сал да Бұқарға бар, Молдеке қозы жесең, сояйын мен, *Пышақты көтермейтін* бір қозым бар (Айтыс).

Сын көтерді. *Сынға төзді, шыдады; сынауға жарады.* Әнуарбек *сын көтеріп* үйренгендіктен, көп қысыла қойған жоқ (Ғ.Сланов, Әңгім.). Қырғызбаев *көтерсін* айтқан *сынды,* мал өлді, салақтықтың салдары көп (Ақын жырлары).

Ту [қылып] көтерді. *Ұрандады, жар салды, ту тікті.* Жиналдық та, *ту көтерді к,* бірақ бұдан былай қарай қайда бастап, қайда апаратыны өзіме де айқын емес (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Сын жалпы поэзияның, қазіргі өмірдің адамдарын көрсететін келелі поэзияның *туын көтерді* (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

Үн көтерді. *Ұран тастады, үндеу тастады, дабыл қақты.* «Февральдан бастап таси аққан су терістікке қарай ұзай шырқап, сорларға, құмдарға сіңеді: бір тамшысын жібермей көгендеу керек!» – деп Әбдірәсіл *ұн көтергелі* қашан (Абзал жандар).

Хан [хандық дәрежеге] көтерді. а) э т н. *Ақ киізге отырғызып, хан етіп сайлады. Хан* қылып халқы *көтерді* Есебі жоқ көп елге (Алпамыс). Кеше ғана арғын әскері Оспанды *хан көтеріп* той жасап, ең жақсы шапан кигізіп, ақ киізге көтеріп, астына ең жүйрік ат мінгізген, арғынның ұлы ханы деп атаған (М.Жұмағұлов, Қыран.). Ақырында халық ертегісі Аяз биді *хандық дәрежеге көтереді* (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

Шаңырақ [отау, ірге] көтерді. а) *Отбасылы болды, үйленді, үйлі-баранды болды.* Жеңіс жылы Әбілез үйленіп, *шаңырақ көтерді.* Айгүл екеуін еңбек табыстырды («Қаз. әдеб».). ә) *Ұйымдастырылды, ашылды.* Комвуз атты оқу орындары 1930 жылдар тұсында ірі қалалар мен республикаларда, сондай-ақ Алматыда *шаңырақ көтерген* еді (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). Өз алдына *отау көтерген* Баянауыл орман шаруашылығын ұйымдастырушы және оның бірінші бастығы Яков Петрович Бернацкий болды (А.Балтабаев, Шөлде.).

Шу көтерді. *Айқай шығарып, дау туғызды.* Бірақ осы істерге бола *шу көтеріп* және оларды бойкүйездікпен түсіндіріп, тыныншсыздықтың тууына айыпты болды («Лен. жас»).

КӨТЕРГІЗ= е т. *Көтерту.* Балаларын күйеулеріне *көтергізіп* қойған әйелдердің шат күлкісінен жан-жаққа сәуле тарап жатқандай еді (Ш.Мұртазаев, Қара маржан).

Қазан көтергізді. *Ет астырды, тамақ істетті.* Шопан қарт қонақжай жан екен, алыстан көптен күткен қонақтары келгендей қуанып, қалбаңдап қалды, бір қойын алып ұрып, *қазан көтергізді* (Қ.Салғарин, Сол бір.).

КӨТЕРГІШ с ы н. **1.** *Жүк көтеруге, тиеуге немесе түсіруге арналған аспап, мәшине не сондай жұмыс атқаратын техникалық тетіктер.* Балықты төменгі ағыстан жоғарғы ағысқа жеткізу үшін әдейі *көтергіш* аспаптар жасалады (К.Күленов, Қазақст. балық.). Қырдағы *көтергіш* машина тұрып қалыпты (F.Мұстафин, Қарағанды). **2.** а у ы с. *Нені болса да көтере беретін төзімді, шыдамды, көнбіс.* Дедім: – Қысқарт, жөнсіз де жөн тойыңды, Өмір деген *көтергіш* еркелікті, Қойған жақсы онымен енді ойынды (Қ.Жармағамбетов, Сырлы тал). Сүйсең сен егер де күн нұрын, Сондай сүй еліңді, бауырым. *Көтергіш* көне бол күн сайын, Өмірдің дауылын, жауынын (А.Лекеров, Өмір оты).

Бала көтергіш. *Баланы жиі табатын (әйел).* Төрәйім үй шаруасына өлермен, еңбекшіл де, *бала көтергіш* те болған (Ж. Арыстанов, Жалынды.).

Көтергіш кран. т е х. *Жүкті көтеру және жылжыту (тасымалдау) процесін циклмен атқаратын жүк көтергіш мәшине. Көтергіш кран* көпір, ферма, мұнара, платформа, діңгек, жебе не таған тәрізді металл құралымдардан; шығыр, тельфер, шток, рычаг сияқты көтергіш механизмінен; ілгек, траверса (көлденең тірек), қысқыш не шөміш секілді жүк қармағыш жабдықтардан тұрады (ҚҰЭ). Кәрім құрылыс бригадирі де, Қайролла соның қарамағында *көтергіш кранды* басқарады (Е.Мырзахметов, Туған күн).

Көтергіш күш. т е х. *Сұйық не газ ішінде қозғалған денеге сол орта тарапынан әсер ететін күш.* Дене қозғалысына перпендикуляр және ауырлық күшін теңгеретін *көтергіш күш* ауада одан әлдеқайда ауыр дененің (мысалы, ұшақтың) ұшуына мүмкіндік береді (ҚҰЭ).

Көтергіш құралым. қ ұ р ы л. *Ғимараттар мен құрылыстардың беріктігін әрі орнықтылығын қамтамасыз ететін және салмақ әсерлерін қабылдайтын негізгі құрылымдық элемент (арқалық, ферма, жақтау, арка, күмбез, қабырға т.б.). Көтергіш құрылым* сыртқы механикалық әсерлерге қоса өзінің салмағын да табанына түсіреді (ҚҰЭ).

Кір көтергіш. *Кірлегені білінбейтін.* Тобығына түсетін *кір көтергіш* ұзын көйлек, жеңсіз қынама бел көк мауыты қамзол киіп жүретін (Ө. Қанахин, Жер бас.).

КӨТЕРЕМ с ы н. **1.** *Әбден арықтап, аяғын әрең басып тұратын (мал).* Мұның мұнда бір *көтерем* тайға дүниенің қазынасын алатындай Иванның үйінен шықпай сандалып жүргені мынау деп кейіп, артынан ат базарына мен де келдім (М.Дулатов, Шығ.) Қыстан шыққан *көтерем* сиырлар аяғын әрең басады, бәрі де сарып ауруынан жазылғандай (С.Адамбеков, Атылған қыз). Арықтаған *көтерем* малдың да жілігі мен жүрегінің басында жылтыраған май болады (Қ.Жұмаділов, Көкейтесті). Ырыскелдінің қорасы кең, жылы болғандықтан жиырма шақты *көтерем* қой сонда тұратын (С. Жүнісов, Өшпе. іздер). **2.** а у ы с. *Қажыған, шаршап-шалдығып, күші қайтқан.* Соңғы жылдары ақысыз-пұлсыз қызмет көрсетіп, бел шешпей күн-түн қатуды көтере алмай, ол *көтерем* болды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Көтеремге айналдырды. *Шаршатты, діңкелетті.* Сексендегі шалды қолқанат көреді, «өзің сүйте сал» деп, көкесін *көтеремге айналдырмайын* болды (А.Жолдасбеков, Әке.).

КӨТЕРЕМДЕЙ с ы н. *Көтерем сияқты, көтерем тәрізді.* Қыстауда қалған *көтерем-дей* өзіңді жалғыз тастап, жылқыға тартып отырайын ба? (М. Хасенов, Тұлпар.). Теңізге шығысымен көкке іліккен *көтеремдей* түзеліп кетуші еді (Ә. Сараев, Тосқауыл).

КӨТЕРЕМКІЛ з а т. э т н. *Ұтылған баланың ұтқан баланы біраз уақыт арқалап көтеретін асық ойынының бір түрі. Көтеремкіл* ойнап, кеней атып, ұтқаны ұтылғанын арқалатып мәресәре болып жатқан көп шуылдақ қай іргеден қай шешенің қарап отырғанын не қылсын (Ә.Кекілбаев. Шығ.).

КӨТЕРМЕ[1] з а т. **1.** *Суды жоғары шығару үшін ағын судың жолына салынатын бөгет, тосқауыл, үйілген топырақ.* Каналға толған су *көтерменібұзып*, қой отарына қарай лап қойды (Қ. Салғарин, Ақмаржан). *Көтерме* биік екен, табанда өзен үсті жалтырап, Сөгеті қарауытып көрінді (Б. Дәулетбаев, Парыз). Мен *көтермелерді* әрі биік, әрі мықты етіп соғамын (Ы. Жақаев, Менің бақытым). **2.** *Жол салу үшін көтеріп, жерден биіктетіп төккен топырақ, құм аралас тас.* Екібастұз бен Ермак селосының арасын қосып жатқан бұл жол *көтер-*

м е с і н қазақ халқының өзі салған (Қ. Исабаев, Арман.). *// Тіреу арқылы көтеріп қойылған.* Көне каналдардан, сайлардан, терең жыралардан өткенде *к ө т е р м е* құбыр пайдаланылған (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). **3.** а у ы с. *Асыра мақтау, жел сөз.* Көптің *к ө т е р м е с і н е* желді күнгі түндіктей делебем қозып, арқам қыза түскен еді (Ө. Қанахин, Жер бас.). Жетесінде жігіттің түк болмаса, Керегі не беталды *к ө т е р м е н і ң* (Айтыс).

Көтерме жап [жол]. ж е р г. *Екі жағын биіктетіп, өсіріп жасаған арық. К ө т е р м е ж а п* арқылы егінге су таратылады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.). Мәшине *к ө т е р м е ж о л м е н* бірқалыпты шапшаңдықпен жүріп келеді («Лен. жас»).

КӨТЕРМЕ[2] з а т. **1.** *Арба не шананың жетегін (тертесін) аттың арқасынан асып, көтеріп тұратын қайыс тартпа.* Хажының үйіне жақындағанда *к ө т е р м е с і н* ғана босатып, отқа қойған бірнеше шаналы аттарды көрді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Жігіт аттың *к ө т е р м е с і н* тартып, божысын байлады (Х.Мұзапаров, Қаби қарт.). **2.** ж е р г. *Құлақ тесігінен өткізіліп, сырғаны ұстап тұратын жіп.* Құлақты жырмас үшін сырғаға *к ө т е р м е* байлап, құлаққа саламыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КӨТЕРМЕ[3] з а т. *Әлденіп алу үшін уақытша алатын қарыз, несие.* Күнім жоқ *к ө т е р м е* алмас көрінгенмен, Өзіңдей болмаған соң өрісі ұзақ (Айтыс). Жанынан жарып айтар қиялы жоқ, Әркімнен Жиенбай жүр *к ө т е р м е* алып (Айтыс).

КӨТЕРМЕ[4] з а т. *Қабығы алынған, ұзындығы 1 метр 50 сантиметр шамасындай 3 ағаштың басын буып, шай қайнатып, ас пісіруге арналған зат, мосы.*

КӨТЕРМЕ[5] з а т. ж е р г. ***Көтерем***. Анау *к ө т е р м е н і* үйде алып қалып, қалғанын далаға айда (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

КӨТЕРМЕ[6] з а т. *Қарақшыға жақындап қалған бәйге атын шаужайлап сүйреп көрсететін көмек.* Көмбеге таяп қалғанда Жүйрікке керек *к ө т е р м е* (Үш ғасыр.). Әр жерде *к ө т е р м е* үшін тұрғандар қамшыларын бұлғақтатып, бақырып-шақырып көш жерде қуып тастайды (Ә.Кекілбаев, Дала.).

КӨТЕРМЕ[7] з а т. *Шағын киіз үй.* Біреулер бітеу жасалған көк күймеден әлдеқайда кіші, әйткенмен, орта дәулетті бір ошақ жан еркін сиярдай, *к ө т е р м е* деп аталатын шағын киіз үйлерін көршілердің, жолаушылардың көмегімен төрт доңғалақты шаршы арба үстінен көтеріп алып, сол қалпында қалың шалғынды жапыра ойпатқа апарып тігісті (М.Мағауин, Аласапыран.).

КӨТЕРМЕ[8] с ы н. *Көбірек мөлшердегі, көтеріңкі, үстеме.* Мәселе көп ұзамай шешілді: қазір фабрикада *к ө т е р м е* еңбекақы бар («Лен. жас»). Ол бүгін еңбекақысын алды, оған қоса артық орындаған нормасы есептелініп, *к ө т е р м е* сыйлық та берілді (С. Хайдаров, Құрыш.).

Көтерме баға. э к о н. *Өнімді көп мөлшерде сатып алған субъектілер үшін қойылатын жеңілдетілген баға.* Мемлекетке ауылшаруашылығы өнімдерін жоспардан тыс *к ө т е р м е б а ғ а м е н* сату колхоздың ақшалай табысының артуын қамтамасыз етті (Н. Ғабдуллин, Өрлеу.).

Көтерме базар. *Өнім көп мөлшерде, топтап сатылатын базар.* Бүгінгі базар бағасы билеген кезеңге сай қолданыстарды алайықшы. Бедекші, жайма базар, *к ө т е р м е б а з а р*, көтек базар, қара базар, майда-шүйде дүкені, айырбас дүкені, есеп-қисап деген сөздерді күнделікті әңгімелеуде сіңісті етіп пайдаланып жүрміз бе? («Жас Алаш»).

Көтерме сауда. э к о н. *Өнімді (тауарды, бұйымды) көтере өткізу (сату), яғни көп мөлшерде, ірі топпен өткізу (сату) тәсілі. К ө т е р м е с а у д а* – өнімді (тауарды) көтере өткізу (сату, яғни көп мөлшерде, ірі топпен өткізу) тәсілі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Көтерме сауда бағасы. э к о н. *Босату бағасы; кәсіпорындар (фирмалар) және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілер бағыныштылығы мен меншік нысанына қарамастан, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнім мен халық тұтынатын тауарларды сатып алушыларға өткізетін (босататын, сататын) бағасы.* Нарықтық қатынастар жағдайында *к ө т е р м е с а у д а б а ғ а с ы* тараптардың (сатып алушы мен сатушының) келісуі бойынша, сұраныс пен ұсынысты ескере отырып белгіленеді (Қаз. тілі термин. Экономика). Әрекет етуші *к ө т е р м е с а у д а б а ғ а с ы* 1991 жылдың қаңтарынан бастап енгізілді (К.Оразалин... Орыс.-қаз. экон. сөздік).

Көтерме сауда делдалдары. э к о н. *Дайындаушы кәсіпорындардың өнімін көтере сатып алатын және тауарды тұтынушыларға немесе сатушылар мен сатып алушыларға (тұтынушыларға) өткізуші тәуелсіз коммерциялық кәсіпорындар мен жекелеген тұлғалар. К ө т е р м е с а у д а д е л д а л д а р ы н ы ң* негізгі міндеттері: тауарлардың сұрыпталымын көтере сатып алу және қалыптастыру, сауда қызметкерлерін даярлау, өнімді сатып алушыларға жеткізу, олардың нарықтық ақпаратын қамтамасыз ету, коммерциялық несие беру, коммерциялық тәуекелдікті көтеру (Қаз. тілі термин. Экономика). Екінші жағдайда тауарларды тікелей тұтынушыларға немесе

бөлшек сауда сатушыларына сатушы *көтерме сауда делдалдары* ретінде әрекет ететін жеке және заңды тұлғалар арқылы өткізеді (Қаз. тілі термин. Экономика).

Көтерме сауда жәрмеңкесі. э к о н. *Тауарларды көтере сатып алу және сату нысандарының бірі; нарықтық экономика жағдайында өнімнің барлық түрлерінің жеткізілімі жөнінде шаруашылық шарттарын жасасатын орын. Көтерме сауда жәрмеңкесі* құнды тауардың бағасына келісімшарт арқылы өзара келісіп, көрмедегі тауарлар арқылы бір келісімге келеді (К. Оразалин, Орыс.-қаз. экон. сөздік.).

Көтерме сауда үстемесі. э к о н. *Айналыс саласының көтерме сауда буынында құралатын үстеме ақша. Көтерме сауда үстемесі* тараптардың жабдықтау-өткізу, көтерме сауда кәсіпорындары мен басқа да кәсіпорындар атынан жасасылған келісімі бойынша белгіленеді және тауар қозғалысымен байланысты шығынның орнын толтыру, осы операциялардан пайда алу мақсатын көздейді (Қаз. тілі. термин. Экономика.).

КӨТЕРМЕЛЕ= е т. **1.** *Сүйемелдеу, көтерісу.* Дәл осы сәтте әлденені *көтермелеп* кетіп бара жатқан бес-алты адамның қарасын көзі шалды (О. Сәрсенбаев, Таңбалы тас.). Енді бір шақырым шапқанда көретін еді, үзеңгіден *көтермелеп* әрең жеткізді емес пе (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Үш жас жігіт алдынан шығып, аттан түсірді де, төбеге дейін *көтермелеп* әкелді (М. Жұмағұлов, Қыран.). **2.** а у ы с. *Дем беру, қолдау, рухани көмек көрсету.* 10 жыл ұлтына еткен зор қызметінің қадірін білушілер табылды: былтырдан бері түс-түстан жәрдем қолын созушылар *көтермелеп* тұр (М.Дулатов, Шығ.). Көңілді топ шебер домбырашыны мезгіл-мезгіл *көтермелеп* қояды (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.). Сабақты нашар оқитын баланы да *көтермелеп,* оның жақсы оқуға талаптана түсуіне жағдай жасау қажет (Қ. Жарықбаев, Психология). Төлеген бар жағдайды баяндап, көрші колхоздарды *көтермелей* түсу керегін айтты (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). **3.** а у ы с. *Мақтау, астына көпшік қою.* Өзгелерден өзін артық санаудың негізі, тек өзін-өзі *көтермелегеннен,* өзіне мардымсығаннан болу керек (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨТЕРМЕЛЕУ *Көтермелеетістігінің қимыл атауы; мақтау, мадақтау.* Фабрикада озаттарды *көтермелеу* ісіне көп көңіл бөлінеді (Жарық жұлдыз). Жаңалық авторларын *көтермелеу* жөнінде екі ауданда да елеулі жұмыстар жүргізіледі (А. Байболатов, Жарыс.).

КӨТЕРМЕЛІ с ы н. *Көтермесі бар, көтерме орнатылған.* Малды тиеп түсіретін *көтермелі* және жылжымалы қондырғы да жұмысты мықтап оңайлатуда (А.Байболатов, Жарыс.). Шахтаға кірер ауыздағы *көтермелі* тетік тыным көрмей забойға түсіп қайтып тұр («Лен. жас»).

КӨТЕРМЕШІ[1] з а т. **1.** *Шаршап келе жатқан бәйгі атын шылбырынан ұстап тартатын көмек беруші адам.* Аттар 40 шақырым жердегі қарауыл төбеден айналады да, арада төрт жерден *көтермешілер* тұрады (Ә. Кекілбаев, Дала.). Түптеп тартуға келген *көтермешілер* белгіге қызыл жалау тігіп қойған бір қыраттан аса алмай қалды (Т. Әлімқұлов, Ақбоз ат). *Көтермешісі* жоқ болса, құлагер де оза алмайды (Қаз. мақал.). **2.** а у ы с. *Демеуші, қолдаушы, қостаушы.* Әншінің екі жағында телмеңдеп екі *көтермеші* отыр. «Өлтіре соқ! Сүмірейт!» деп қояды (Ж. Аймауытов, Қартқожа).

КӨТЕРМЕШІ[2] з а т. *Көтерме саудамен кәсіп етуші алып-сатар адам, саудагер.* Ел аралаған алыпсатар *көтермеші* саудагер болмаса, жуық жерде ала қоятын қағаз да жоқ (Б.Тұрсынбаев, Ауыл.). Көше жақтан арба сықыры мен *көтермеші* саудагердің әлдене деп айқайлаған даусы естіледі (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

КӨТЕРТ= е т. *Қолына ұстату, көтергізу.* Дәрі-дәрмек, аспаптарын салған қорабын Төлегенге *көртіп,* өзі Аманның үйіне қарай жөнелді (Ж.Жұмақанов, Махаббат.). Атшыға гармонын *көртіп,* өзі соның артынан жүріп отырды (Д. Әбілев, Арман.). Тоқтарға бір тегеш қымыз *көртіп,* ол үйге қайта кірді (Т. Дәуренбеков, Біз әлі.).

КӨТЕРТКІЗ= е т. *Көтергізу, көтерттіру.* Жетіге жетпеген қыз балаға қозы *көрткізіп* қойған - ды (Т. Бердияров, Солдат.). Көзі тірісінде ешкімге қол тигіздірген жоқ, тіпті шелек *көртқызбеді* (М. Қаназов, Жер кіндігі).

КӨТЕРТУ *Көтерт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жоғары *көртту.*

КӨТЕРУ *Көтер етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жоғары ұстау, түсірмеу.* Алпамсадай мына денемен мойнына асылғанды *көруоңай* жұмыс емес (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). **2.** а у ы с. *Сөз ету, ұсыныс жасау.* Баяндамада қазіргі зор міндет – екінші тың деп аталған мал шаруашылығын *көру* ісі кеңінен сөз болды (Т.Ахтанов, Боран). **3.** а у ы с. *Көбейту, молайту, арттыру.* Бұл *еңбек өнімін* анағұрлым жоғары *көруге* мүмкіншілік туғызады (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.).

КӨТЕРУЛІ с ы н. *Жоғары көтерілген, тұрулі.* Алаң. Исатайдың кірпіш үйі. Төрде жүк: әбдіра, сандық, төсек, жабдық. Жерде құба төбел

төсеніш, алаша, сырмақ, оң жақта *көтерулі* шымылдық. Кішірек бір-екі терезе, есік біреу (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨТЕРІЛ= е т. **1.** *Ұзару, өсу.* Жас егін өлең шөптей қаулап өсіп, күннен-күнге *көтеріле* берді (С. Жүнісов, Жапанда.). **2.** *Жоғарылау, биіктеу.* Жаздығүні күн өте жоғары *көтеріледі* де, 22 июньде ең жоғары қалыпта болады (Астрономия). Біз үшеуміз тауға біраз *көтерілін,* етектегі екі қабат үлкен ағаш үйге қарап тұрдық (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **3.** а у ы с. *Ілгерілеу, алға шығу, даму.* Б.э.д. VI – II ғасырларда Балқан түбегінде, Жерорта, Қара теңіз жағалауында өнер, білім, өндіріс дамып, ауылшаруашылығы бір саты жоғары *көтерілді* (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.). **4.** а у ы с. *Қымбаттау, құны арту.* Малдың, жердің, судың бағасы бұл күнгісінен он есе *көтерілмек,* сауда істері де үлкен өзгерер, ілгергі хәлдерін ойламаушылар хәләк болашақ (М.Дулатов, Шығ.).

Көңілі көтерілді. *Көңілі жадырады, шаттанды.* Ақсақалдың *көңілі* манағыдан бетер қарыс *көтерілді* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨТЕРІЛУ *Көтеріл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Орнынан тұру.* Дүзген сындырып әкеп, от жағу керек, бірақ Қаншаға орнынан *көтерілу* оңай болмады (Т. Ахтанов, Боран). **2.** *Жоғарылау, биіктеу.* Бұлардың көпшілігі денесі қатаймаған теңіз құрттары, балдыр шөптер, кембрий дәуірінің ең көзге түсетін басты жәндігі – денесінің ұзындығы 3 сантиметрден 70 сантиметрге дейін келетін трилобиттің түрі көп, бұлар су түбінде болған, құрлықтың ең алғашқы судан *көтерілу* кезеңі де осы дәуір ақырында басталған (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.). **3.** а у ы с. *Өсу, даму.* Қазір еліміз көп аурудан тазарды, оған халқымыздың мәдениеті *көтерілуі* арқылы қол жетіп отыр (М.Сисекенов, Өкпе ауру.) **4.** а у ы с. *Атақ-абыройы арту.* Көзге түссең жиында, *Көтерілу* қиын ба (Айтыс).

КӨТЕРІЛІҢКІ с ы н. с ө й л. ***Көтеріңкі.*** Елден Ертіске түскен ер азаматтардың бірсыпырасы еңсесі *көтеріліңкі,* ержүректі болып шықты (І. Жансүгіров, Шығ.).

КӨТЕРІЛІҢКІРЕ= е т. *Көтеріле түсу.* Шаншар атай жастығын биіктетіп, *көтеріліңкіреп* отырды (Ә. Қалдыбаев, Қос тентек). Рүстем сәл *көтеріліңкіреп,* жатаған бұталардың арасынан сығалап қарады (М.Гумеров, Хазірет.). Өлең айтуға ыңғайлы болу үшін, орнынан *көтеріліңкіреп,* бір тізерлей отырды (А. Хангелдин, Қараторғай).

КӨТЕРІЛІС з а т. т а р. *Бұқара халықтың немесе әлеуметтік-саяси топтардың билік жүйесінің саяси, экономикалық саясатына қарсы наразылығының бір түрі; саяси мәні бар қарулы күрес, ереуіл.* Өмір толқынданды, ол толқын он алтыншы жылдың қозғалысы еді де, оның тоғызыншы толқыны Аманкелді бастаған *көтеріліс* болды (F. Мүсірепов, Суреткер.) Дүниеде бай-кедей болмасын, жұрттың бәрі бірдей болсын, – деп *көтеріліс* жасағалы жатыр екен (Д. Әбілев, Арман.). Қала халқы билеушілерге қарсы *көтеріліске* шықты (Д. Досжанов, Құм жұтқан.).

КӨТЕРІЛІСШІ з а т. т а р. *Көтеріліске қатысушы адам. Көтерілісшілер* абақтыдағы большевиктерді босатып алыпты (С. Мұқанов, Өмір мектебі). Ақмола уезінде *көтерілісшілер* полиция әкімдерін өлтірген (Ш. Өтепов, Өшп. жалын). *Көтерілісшілер* қаруларын құшырлана мығым ұстап алған (Ә.Шәріпов, Қапаста.)

КӨТЕРІМДІ с ы н. с ө й л. *Көтере беретін.* Шайбай әзіл-қалжыңға шебер әрі *көтерімді* жігіт екен (Д. Әбілев, Арман.).

КӨТЕРІҢКІ с ы н. **1.** *Биіктеу, жоғарырақ.* Жалпы алғанда өзен жайылмасы өзен арнасынан *көтеріңкі* жатады (Н. Баяндин, Өзен.). Бір қасы бір қасынан сәл *көтеріңкі,* ұшуға ұмтылған қыранның қанатындай (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз). Биік дөңнің үстіне шыққандай жирен аттың үсті де *көтеріңкі* еді (С.Мұратбеков, Көкорай). **2.** а у ы с. *Әдеттегі мөлшерден, шамадан артығырақ, биігірек, асқақтау.* Қаншайымға аспан да, айнала да түгел көгілдір тартқандай *көтеріңкі* әсер пайда болды (С. Мыңжасарова, Қыр қыз.). *Көтеріңкі* нотаны алған даусы бірқалыптан айныған жоқ, кей жерлерде үдей түсті (А.Шамкенов, Толқын.). **3.** а у ы с. *Көбірек, молырақ.* Жылқышылардың еңбекақылары басқа малшылардан *көтеріңкі* болуы керек (Д. Керімбаев, Қазақст. жылқы шар.).

Көңілі көтеріңкі. *Көңілі шат-шадыман, қуанышты, сергек.* Шаруашылық күйіміз шалқыған, *көңілі* жаз, *көтеріңкі* кез еді (С.Бегалин, Уақыт.). Үйге кіріп келген Лизаның *көңілі көтеріңкі* еді (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Жиналған жұрттың да *көңілдері көтеріңкі* болатын (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Жыланның жүрген жері у болады, Түлкіден кейбір адам қу болады, Тапқандар тегін олжа еңбек етпей, *Көңілі көтеріңкі* бу болады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көтеріңкі ақы. э к о н. *Аяқталған жұмыстың бір жолғы кесімді ақысы.* Әдетте, *көтеріңкі*

а қ ы жұмысты жедел орындау керек болатын және тапсырыскер ол үшін көтеріңкі тариф бойынша төлеуге дайын тұратын жағдайларда қолданылады (Қаз. тілі. термин. Экономика.).

Көтеріңкі қайтарым. г и д р. *Жоғарғы ірікіліске және қашыртқыға қарсы сызық тарамдарын босату және толтыру тарамдары аралығында орналасатын аймақ.* Реттеу тереңдігі азайып, су тұтынушы қондырғылардың максималды өнімділігі көбейген сайын *к ө т е р і ң к і қ а й т а р ы м* аймағы өлшемдерінің маңызы да арта түседі (Қаз. тілі. термин. Су.).

Көтеріңкі міндеттеме. *Жоспардан артық алынған міндеттеме, шарт, үәде.* Астығымыздың шығымына қарай жаңадан *к ө т е р і ң к і м і н д е т т е м е* алдық (F. Сланов, Замана.).

Көтеріңкі өлке. г е о л. *Қабаттары көбіне көлбеу жатысты және жер бедерінде үстіртер мен биік жазықтар басым ауқымды аумақтар* (Қаз. тілі термин. Геология.).

КӨТЕРІҢКІЛЕУ с ы н. *Сәл көтеріңкі, биігірек, дөңестеу.* Табанымыздан су арылар емес, біз *к ө т е р і ң к і л е у* жерлерді басып тұрамыз; судан көтеріңкілеу басқыштары жоқ жерлерде аяғымыз шалшық суға шылп-шылп етеді (С.Сейфуллин, Шығ.). Әдемі қыр мұрынының үсті сәл ғана *к ө т е р і ң к і л е у* көрінеді (Ә. Нұршайықов, Махаббат.).

КӨТЕРІҢКІРЕ= е т. **1.** *Бойын жазыңқырау.* Ана бүгіле, еңкіш тарта бастаған кеудесін *к ө т е р і ң к і р е п,* шөберелерін жетектеп, ағаш үйге қарай жүрді (Б.Қожабеков, Көктөбе). Ол еңсесін *к ө т е р і ң к і р е п* алып, тездеп сөйлеп кетті (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **2.** *Жиырыңқырау, жинаңқырау.* Бір қолымен алдыңғы жағынан *к ө т е р і ң к і р е п* алған көйлегінің етегін тізесінің арасына қысып алыпты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

КӨТЕРІС= е т. **1.** *Бір мезгілде, бірге көтеру.* Кенет жырақтан аттылы адам шауып өткендей болды да, Ақзейнеп пен Нұрлан бастарын *к ө т е р і с і п* алды (Ж. Молдағалиев, Торғай.). **2.** *Көтеруге жәрдемдесу.* Нұрай қыздардың алып шыққан ауыр нәрселерін *к ө т е р і с п е к* екен (Ө. Қанахин, Жүрек.). Көппен бірге Баршагүл де мектеп іргесін *к ө т е р і с к е н* болатын (F .Сланов, Шалқар).

КӨТЕРІСУ *Көтеріс етістігінің қимыл атауы; көтеруге жәрдемдесу.* Біздің қолымыздан келері – осы ауылдың ауырын бірге арқалап, жеңілін бірге *к ө т е р і с у* (Ж.Бектұров, Қызылшашы). Ол өз иығына түскен ауыртпашылықты Әнуарбектің де *к ө т е р і с у і н* қалайтын (Т.Қаупынбаев, Жазира).

КӨТКЕНШЕК с ы н. *Тартыншақ, қырсау, кежір; кертартпа.* Қытайдың жауынгер ел болуы, саясаты қайта құрылуы Жапанның арқасы еді – олар оқымыстылар тобын, *к ө т к е н ш е к т е р* атаулыны қуып, олардың орнына итіншек төрелерді отырғызды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨТКЕНШЕКТЕ= е т. *Кейін қарай шегіну, шегіншектеу, ілгері қадам баспау.* Жолаушының аты *к ө т к е н ш е к т е п,* тек қамшының күшімен өтті (Т. Әлімқұлов, Кертолғау). Ерлік пенен байлықтан сөз қозғасам, *К ө т к е н ш е к т е п* қашарсың байғұс бала (Айтыс).

КӨТМАЛДЫ с ы н. к ө н е. *Жөнсіз, ұзаққа созылған (дау туралы).* Әлі жайлауға көше алмай отырған алты ауыл Сибанның қайсысында болса да *к ө т м а л д ы* болып жатып алған дау иелері аз емес (F.Мүсірепов, Ұлпан).

К...СІЗ с ы н. *Арты жоқ, жыныс мүшелері жоқ.*

Көңілсізден к...сіз бала туады. *Ынтасыз адамның ісі шала болады.* Енжардың ойы дала, ісі шала, *Т у а д ы к ө ң і л с і з д е н к . . с і з б а л а* (Айтыс).

КӨТТІК з а т. ж е р г. *Аяқ киімнің сірісі.* Етіктің *к ө т т і г і* мықты болса, өкше қисаймайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Шекер ауылды қыдырып жүріп, *к ө т т і к* тақа, сірі ішпек тәрізді жабдығын тауып алды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КӨТШОҚАЙ з а т. ж е р г. *Түйенің құйымшағы мен өркешінің арасы.* Кейде балалар түйені қызықтап, *к ө т ш о қ а й ы н а* отырып алады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

КӨТІКҰЛ з а т. *Әлсіз, аяғы шидиген, көбіне іннің аузында отыратын құс.* Торғайдың жауы – қырғи мен к ө т і қ ұ л. *К ө т і қ ұ л* аяқ-қолы шидиген әлсіз құс, бірақ оның құлдырап ұшып, құр қорқытуға шамасы келеді, торғайды тұмсықпен қағып түсіре алмайды (О. Сәрсенбаев, Ыбырай түбегі).

КӨШ з а т. *Үй ішін, дүние-мүлкін күш көлігіне тиеп, малын алдына салып, қоныс аударған бір не бірнеше ауылдың тізбегі, керуені.* Сыртқы биік жотадан *к ө ш* үңірейген көр сияқты терең асуға құлай бергенде, Әділ артына қарап, жотада біраз кідіргенде, Қарақойтастан аса көрініп құлазып қалған Көксеңгір, Шақпақ, Ақшатаулар өкпелеп, наз қылған әйел пішінденіп мұнартып мұңайып: «Қап! Бізді тастап барғандарыңды да көрерміз» деген сияқтанды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бұл жолы да Ордабайдың үлкен баласы Омардың *к ө ш* алдына түсіп, көрші Көшербайдың жырық кемпірі күндігі қайқайып, ала биені тебініп, жырық сары атанды қарсы алдына салып, шуда қақтырып, жеткізбей келеді екен (Ж.Аймауытов, Шығ.). Осы кең жолдың үсті үздіксіз ағылған *к ө ш ;* Мейрамның *к ө ш т і* көріп, көңілі бөлінді (F. Мұстафин, Қарағанды).

Аштан өліп, көштен қалды. *Елден, жұрттан, өз қатарынан кейін қалды, мұқтаждық көрді.* Біреуден сабақты жіп сірә да алман, Жерім жоқ аштан өліп, *к ө ш т е н қ а л ғ а н* (Айтыс).

Көш аман [көлікті] болсын. т і л е к. *Жүгін артып болып, көшіп бара жатқанда айтылатын қоныстайтын жерлеріңе аман-есен жетіңдер деген мағынадағы тілек.* Бір бүйірден Жетібай сумаңдап: – Уа, Бай-еке, *к ө ш к ө л і к т і б о л с ы н,* қай жайлауыңа көшкелі жатырсың, – дегені (С.Омаров, Әңгім.). Алла жар болсын, *к ө ш к ө л і к т і б о л с ы н* («Қаз. әдеб.»).

Көш [бойы] артық [ілгері]. *Анағұрлым, әжептәуір озық, алда.* – Әбден дұрыс айтасыздар, Алматы былай тұрсын, Алматының айналасындағы колхоздардың өзі бізден *к ө ш і л г е р і* (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.). Жарман жынды қарындасынан сескенетін де сияқты; оның қос келінінен Жаңыл *к ө ш а р т ы қ* (М.Дүзенов, Ақәже). – Бірді-екілі мал шығыны бізде де ұшырасты, дегенмен қоңсылас қостардың қай-қайсысынан да *к ө ш і л г е р і* шықтық, – деді Науқан («Лен. жас»). Рас, баяғымен салыстырғанда біздің еңбекші бұқара *к ө ш б о й ы і л г е р і* кетті (С. Мұқанов, Өмір мектебі).

Көш бастады. *Жетектеді, басшылық етті, соңынан ілестірді.* Сөйткенмен, қазақ *к ө ш і н* оңға *б а с т а п,* Жүруді өздігінен тағы білмес. Мейлің көн, мейлің жыла соңғыларға, Қайтсынай, қамықты-ау деп, көзіне ілмес (М.Дулатов, Шығ.).

Көш бойы. *Жаңа қоныска жеткенге дейін.* Жолшыбай *к ө ш б о й ы* жүрт қасында, Өзгеменен жұмыс жоқ, Атты теуіп адамды тістесе де сөгіс жоқ (Абай, Тол. жин.).

Көш жер. *Көш жолының бойымен өлшенетін қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Басыңнан суық, мұздай мөлдір бұлақ, Күрілдеп, көбік шашып, төмен құлап, Мың түрлі әнге қосқан сарыңды, *К ө ш ж е р д е н* құрышы қанып естір құлақ (С. Сейфуллин, Шығ.) Қазақтың: «осы жер» дегені – *к ө ш ж е р* (Мәтел).

Көш жүре түзеледі. *Кемшіліктер, кемістіктер жүре-бара жойылады. «К ө ш ж у р е т ұ з е л е д і»* деген халық, Көздеген нысанаға жетеді ақыр (Қ.Айнабеков, Өленд.).

Көшке ілесті. *Дүрмектен қалмады, көпшілікпен бірге болды.* Куәсі ғасыр Жамбыл қарт, Көз салған дүние шегіне Ұлы *к ө ш к е і л е с т і.* Тұлпар атпен тебіне (Жамбыл, Шығ.).

Көш құлаш. *Сала құлаш, ұзын.* Сәуірдің ала шабыр бұлты арылмай-ақ Баянауыл, Қызылтаудағы қалың сүйіндік атандарын алқынтып, бүйдасын *к ө ш қ ұ л а ш* созып, Бөкембай, Арқалық, Жаманадыр, Желдіадырдан асып, Шідертіге қарай ағыл-тегіл құлай бастайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Шіркін, бұл мүйіздей сірі тақтай әр жерін сүйектеген *к ө ш қ ұ л а ш* жіңішке сабы барда қандай дүмбірлеуші еді (Ғ.Сланов, Домбыра.).

Көш сырмақ. қ о л ө н е р. *Көшкенде артылған жүктің үстінен жауып жүруге арналған үлкен сәнді сырмақ.* Көлемі жағынан қазақ сырмақтары негізінен төрт түрге бөлінеді, мұның ең үлкені *к ө ш с ы р м а қ.* Оны көшкенде жүк артылған түйенің үстіне жабады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Көш тартты. *Алдыңғы түйені бұйдасынан жетелеп, көшті бастап отырды; сапар шекті, жол жүрді.* Ақмаңдайы жарқылдап, Танадай көзі жалтылдап, *К ө ш т і т а р т ы п* барады Жібектің тапқан шешесі (Қыз Жібек). Батыр туған Қобыланды, *К ө ш т і т а р т ы п* келеді, Тоқтарбайдың жанына Отауды әкеп тігеді (Қобыланды батыр).

Көш төмен. *Анағұрлым артта, кенже қалған.* Қайсыбіреулер Абайдың творчествосының идеялық-әлеуметтік бағытын нысана еткенімен, оның көркемдік принциптерінен *к ө ш т ө м е н,* аласа жатты (С. Қирабаев, Октябрь.).

Қозы көш жер. *Қашықтығы қозы жайылымдай жердің мөлшерін білдіретін халықтық өлшем.* Совхоз орталығына *қ о з ы к ө ш ж е р* қалғанда біз шағын шопандар аулының үстінен кеп түстік (Ә. Әлжіков, Дала.).

КӨШ= е т. **1.** *Мекенжайды, отырған орнын өзгерту, ауыстыру.* Алатау алабында туып-өстік, Қайнардың тасып аққан суын іштік. Халық үшін қайғы тартып, азап шегіп, Патшаның зорлығынан босып *к ө ш т і к* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Оқуын, қызметін, жұмысын ауыстыру.* – Сен жаңа оқу жылынан бастап ИКТ-ның әдебиет бөліміне *к ө ш,* ол айына 250 сом стипендия береді және жақсы жатақхана береді, деген (С.Мұқанов, Есею жыл.). **3.** а у ы с. *Сыры кету, бояуы тұсу.* Ісләм бәрі оқып жүрген уақытта жас шәкірт қыздың қолында жүретін қызыл тысты құран осы еді, қазірде бояуы *к ө ш і п,* тысы қуарған (М.Әуезов, Қараш.). **4.** а у ы с. *Біреудің қолына тию, өту.* Енді өткел партизандар қолына *к ө ш т і,* екі сағаттың ішінде бүкіл отряд Днепрден өтіп шықты (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **5.** а у ы с. *Жаңа жағдайға ауысу, жетістікке жету.* Осы айналада ауқатты тұрмысқа *к ө ш к е н* алуан түрлі колхоз, дәулетті совхоздар бар (І.Жансүгіров, Әңгім.). **6.** а у ы с. *Амал-тәсілді өзгерту, басқаша әрекет ету.* Түс ауа Карпов ротасы шабуылға *к ө ш т і,* Үрмәштар жер бауырлап еңбектеп келеді (Ә. Әлішев, Батыр.). Үлкендердің тікелей көмектесуімен

өткізілетін іс-әрекеттен бала енді өз бетімен іс-әрекет жасауға *көше бері* (Семья тәрбиесі). Естігенін айтқанша асығатын кейбір әйелдердің әдеті емес пе, ол да дереу сыбырға *көшті* (О.Дастанов, Мұрагер.). **7.** ауыс. *Сөздің желісін, әңгіменің тақырыбын өзгерту, ауыстыру.* Зейнеп Шыңғыспен үшеуі оңашаланғанда Шоқанға берген уәдесін, оған ерінің көнбей отырғанын айтып берді. Саққұлақ сабырмен екі жағын да тыңдап алды да, өз сөзіне *көшті* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ендігі әңгімемізде әзілді тыйып, білмекші жайыма *көшті м;* білмегім – әлгі кітапта айтылған Мәденов деген фамилия тұрғысында болатын (Ғ. Сланов, Замана.). – Білмесең екінші сұрағыңа *көш,* – деді (С. Жүнісов, Өшп. іздер).

Ауанына [ығына, ыңғайына] көшті. *Ығына жығылды, дегеніне көнді, қарсы келмеді.* Алаңы жоқ адамның *ауанына көшкендей* күй де қоңыр ғана сөйлейді (Ә. Сәрсенбаев, Толқында.). Күйеуім де сол кісінің [жеңгеміздің] *ығына көшіп* алған, қит етсе, маған қосыла ұрсады (Ә. Сатыбалдиев, Ақмарал). Ал сен маған «оның *ыңғайына* неге *көшпедің,* осқырған неменің маңдайынан неге сипамадың» дейсің (Х. Есенжанов, Ақ Жайық).

Бұлт көшті. *Бұлт жоңкіді, әуе кеңістігінде жылжыды.* Жоңкіле *көшті* жел үрлеп, Төсіне қонған қою *бұлт,* Жамылғаны көк жібек, Алдымызда – Қазықұрт (А.Тоқмағамбетов, Дария.). Бірі жолда шалқайып, Боз аспанға қарады, Қанаттарын кең жайып, *Бұлттар көшіп* барады (Қ.Мырзалиев, Күміс қоңырау). Бір кезде батыс жақтан қара *бұлт* көтерілді де, шығысқа қарай жоңкіп *көше* бастады (Б.Жамалов, Торғай.).

Дәурені [бастан] көшті. *Заманы өтті, бақыты бастан тайды.* Бұл күнде ол төреден *дәурен көшкен,* Төреден дәурен түгіл атақ та өшкен (С. Бегалин, Таңд. шығ.). Ол *дәурен* кенет *бастан көшті,* батырақ пен кедей нартәуекелге бел буып, бай шаруасын тастап, атқа қонды (М. Жұмағұлов, Қыран.).

Дүниеден [өмірден, жалғаннан] көшті. *О дүниелік болды, қайтыс болды.* Атақты ақын Ғабдолла Тоқай фәни *дүниеден* бақи дүниеге *көшті* («Айқап»). *Көшер* мәнгі *дүниеден,* Кері оралмас көшкен жан. Сағымданар, алыстар, Қалар тозып қайран тән (Ә. Жұмағалиев, Өшп. жалын). Кемпірбай бұл *дүниеден көшіп* кетсе, Білемін енді өзімдей ұл тумасын (Ақын жырлары). Осыны «қайран өмір» десетұғын, Осылай сол *өмірден көшетұғын* (Т. Әбдірахманова, Көгершін.). *Жалғаннан* бұл да *көшіп* кеткен болса, өлігін көзімменен көре алмадым (Ж.Жамхаев, Өлеңмен өрілген.).

Жөніне [шынына, түзуіне] көшті. *Бұрмаламай шынын айтты, дұрысын айтты.* Әй, сор түртіп тұрмаса, *жөнінде көш* (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). – Жәнібек сасайын деді, ұялғанынан *шынына көшті* – Кешіріңіз, білмеуші едім (Қ. Жұмаділов, Көкейтесті). – *Түзуіне көшкен* дұрыс, не керек бұрмалап, – десті көпшілік (Қ. Сақабаев, Өткел.).

Көш, бәдік, көш. э т н. *Бәдікті аластау, аурудың иесін қуу үшін айтылатын сөз.* – *Бәдік, бәдік,* – деседі, Бәдік желдей еседі, Асқар-асқар тауларға, Айнала соққан құйынға, – Әй, *көш,* – десе, көшеді (Айтыс). Үлкен таудың *көш, бәдік,* тасына *көш,* Сұлу жігіт қаламдай қасына *көш,* Одан көшер жайыңды мен айтайын, Шүйдесі үлкен жігіттің басына *көш* (М. Исқақов, Соқыр сенім.).

Үдере көшті. *Дамылсыз, суыт көшті, жаппай көшті.* Қас жақсыда кек болмас, Қас жаманда тек болмас, Көлік артсаң, атан арт, *Үдере көшсек,* мұңаймас (С.Сейфуллин, Шығ.) Қысты Сырда, не болмаса арғы Қызылқұмда өткеріп шыққан қалың отарлар *үдере көшіп,* айлап жүріп, Қарақұмға жетеді екен (С.Шаймерденов, Мінез). Хан жорыққа шықты, жер қайысқан қол ертіп, руымен *үдере көшіп,* үздіксіз соғысты (Қаз. ертегі.).

КӨШБАСТАР з а т. *Ел бастаған көсем, бастаушы.* Үстіміздегі ғасырдың 10-20-жылдарында халқына қалтқысыз қызмет еткен «алыптар тобының» көрнекті өкілі, қазақ елінің тәуелсіздігі жолында күрес майданына шыққан «Алаш» қозғалысының *көшбастарларының* бірі, жан-жақты ғұлама ғалым, ірі ұстаз, белгілі ағартушы, қоғам қайраткері Халел Досмұхамедұлы артына мол мұра қалдырған (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

КӨШБАСШЫ з а т. <ағыл. leader> *Қоғамдық ұйымның жеке ықпалы әлеуметтік процестерде және жағдайларда, ұжымдағы, топтағы, қоғамдағы қарым-қатынастарды реттеуде маңызды қызмет атқаратын кез келген әлеуметтік топтың беделді мүшесі; сол қауымдастықтың мүдделерін қанағаттандыру бағытталған ортақ іс-әрекетті ықпалдастыру мақсатында әрекет жасауға қабілетті тұлға. Көш-басшы* – ол жеке қасиеттері, қабілеттері сол қоғамның қажетіне жарайтын, соның арқасында қызметі пайдаға асатын жеке тұлға (шеберкәсіп иесі, талантты зерттеуші және

т.с.с.) (Саяси сөздік). *К ө ш б а с ш ы ғ а* тән белгілер нақтылы топтағы адамдар мүдделерін қанағаттандыратын ондағы айқын бағыттың барынан білінеді: танымалдық, адамдарға ұнай білу қабілеті; күшті ерік, өзіне жауапкершілікті жүктей білу, өткір ой мен сыршыл сезім иесі; ұйымдастырушылық дарыны, шешендік өнері; «атына затының» сай болуы (Саяси сөздік). Қазақстанда роман жанрының дамуына *к ө ш б а с ш ы* болды (М.Дулатов, Шығ.). Бұл жұмысқа Қазақстанның барлық азаматтары, көрнекті тұлғалар, қоғамдық пікірдің *к ө ш б а с ш ы л а р ы*, ел дегдарларының өкілдері тартылуға тиіс деп білетін, мұның өзі оған барынша ашық әрі бұқаралық сипат берер еді («Егемен Қазақстан»).

КӨШБАСШЫЛЫҚ з а т. *Көсемдік, бастаушылық, басшылық.* Нұрсұлтан Назарбаев өзінің ерекше тұлғалық әрі *к ө ш б а с ш ы л ы қ* қасиетімен барлық ұлттар мен діндерді бір мақсатқа топтастыра білді («Егемен Қазақстан»).

КӨШБАСЫ з а т. **1.** *Көшті бастаушы адам, керуенбасы.* Кетуші ед *к ө ш б а с ы л а р* ілгері озып, Жарасып өз форымынша саясаты. Жарысып жас балалар жүруші еді Жарасқан үкі тағып жүйрік аты (М.Дулатов, Шығ.). Бұл кезде *к ө ш б а с ы л а р* да қайтып оралған еді. Ат сабылтқандардың алды боп көшке жеткен Жанболат Жанқыздың жақсы ілтипатына бөлене алмады (А. Хангелдин, Қараторғай). *К ө ш б а с ы* болу оңай, көшті бастау қиын (Мақал). **2.** а у ы с. *Үлгі-өнеге берер адам, жетекші, жаңа ағымның, бағыттың бастаушысы.* Мен өз басым сені келешекте бүкіл Сартабан атамның балаларына *к ө ш б а с ы* болады деп сенем. Әлі сен осы колхозды басқаратын боласың... (С.Мұратбеков, Көкорай). Целиноград динамошылары он ойыннан кейін он тоғыз ұпай жинап, *к ө ш б а с ы* тізгінін берік ұстады («Спорт»).

КӨШЕ з а т. *Қатарласа тізілген үйлердің т.б. арасындағы адамдар мен көліктердің жүруіне арналған жол, кеңістік.* Абайлап *к ө ш е л е р і н* біліп алмай, Азабын оқымаған қатты тарттым, Аралап Алматыдай кете алмаймын, Басқаны Кремльден байқамаппын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қаланың басты-басты көшелеріне тас төселген, машина тек сол *к ө ш е л е р м е н* ғана жүреді (М. Дүйсенов, Гүлжан.). Көктем мезгілі; біз сол жүргеннен ұзын *к ө ш е н і* бойлап жүріп келеміз (К. Асанов, Сағыныш).

Көшеге сыймай жүр. *Ісін-кеуіп, мақтанып жүр.* Қазір сотта болмашы ғана бір қызметте. Сонан келе нағыз сот өзі секілденіп *к ө ш е г е с ы й м а й ж ү р е д і* (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Көшені басына көтерді. *Айқай-шу, азан-қазан қылды.* Саңқылдған күлкіге бажылдаған гармонь даусы қосылып, олар *к ө ш е н і б а с ы н а к ө т е р д і* (А. Хангелдин, Қараторғай). Көшеге шығып алған соң үйден шыққандар одан бетер еркінсіп, *к ө ш е н і б а с т а р ы н а к ө т е р і п,* «Сырсұлуға» басты («Лен. жас»).

КӨШЕДЕЙ с ы н. *Үлкен, кең, көсіліп жатқан.* Мектеп үйі кесектен қаланып салынған, шатырлы, терезелері *к ө ш е д е й* еді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). *К ө ш е д е й* шахталардың кең ішінде, Жүгірер машиналар кеңісінде (Қ. Бекхожин, Үш кезең).

КӨШЕК[1] з а т. ж е р г. ***Бота***. Түйе қартайса, *к ө ш е г і н е* ереді (Мақал).

КӨШЕК[2] з а т. ж е р г. ***Көшет***. Парникте овощ өсімдіктері екі түрлі кезеңде өсіріліп, егістік жерге *к ө ш е к* түрінде жеткізіледі (Д.Әбілев, Помидор.). Машинаның оралып қайтуына келмейтін өте шағын жерде *к ө ш е к т е р* қолмен отырғызылады (Д.Әбілев, Помидор).).

КӨШЕ-КӨШЕ= е т. *Қайта-қайта көшіп, көшіп-қонып жүріп. К ө ш е - к ө ш е* талай жер барып қалды, Барғанменен барқадар таба алмады (Қозы Көрпеш.).

КӨШЕЛЕН= е т. *Дұрысталу, реттелу.* Әуелі жасқаншақтап шыққан жаңа күй бірте-бірте ширығып, серпіліп, *к ө ш е л е н і п* келеді (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

КӨШЕЛЕС с ы н. с ө й л. *Бір көшеде тұратын. К ө ш е л е с* бар, көрші бар, қызметтес те, сабақтас бар (Ж. Арыстанов, Естен кетпе.). Жайнаған жалын жастар-ай, Бүгінгі *к ө ш е л е с т е р-а й,* Кешегі ауылдастар-ай (Ә. Жәмішев, Сағым.).

КӨШЕЛЕТ= е т. *Үйлердің арасында көше қалдыру, көше, жол салдыру.* Жер тарпып, ауыздық шайнап, тік қарғып ойнақшыған күрең және қаракер сәйгүлікке мінген бір қыз, бір жігіт қолдарына ұстаған ұзын көк ала шағиды желбіретіп шыға келді де, *к ө ш е л е т і п* тігілген үйлердің ортасымен құйындата шапты (С.Әбілқасымұлы, Оспан батыр).

КӨШЕЛІ[1] с ы н. *Көшесі бар.* Артыма қарайлай түсіп, жалғыз *к ө ш е л і* орталықпен аяңдап барамын (Ә. Сәрсенбаев, Теңіз.). Әлі *көшелі* үлкен үйлер салынбаған, ұйымдасқанына екі-ақ жыл болған (С. Бегалин, Шоқан.).

КӨШЕЛІ[2] с ы н. **1.** *Байсалды, ой-өрісі кең, көпті көрген жон-жосықты білетін.* Неге десеңіз, «Бозінген» от басының әйелі емес, бір болыс елдегі әңгімені үйде отырып біліп отыратын, еркектердің партиясына да, дау-шарына да

кірісіп кететін, сақ құлақ, еті тірі *к ө ш е л і* кісі ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сырғабек ақылды, барынша *к ө ш е л і* адам екен (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.). Жігіт қашанда *к ө ш е л і* қарияның сөзіне күдік келтіріп көрген жоқ (С.Санбаев, Аруана). Күсеміс ауылына бардық... Күсекең жол-жобаны білетін, *к ө ш е л і* адам ғой (С. Шаймерденов, Әңгім.). **2.** *Қомақты, үлкен.* Қамбар жанына Қаражан бәйбішесін, екінші ұлы Шотан төрені, Қасқақты тағы біраз топ ертіп, *к ө ш е л і* топ болып жолға шықты (К.Сегізбаев, Беласқан).

КӨШЕЛІ[3] с ы н. ж е р г. *Дене тұрқы ұзын.* Астындағы аты *к ө ш е л і* ат екен, жарықтық! (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). *К ө ш е л і* аттың үсті өз үйіңнің төріндей; тұрқы келте ат мінсең, құрдым құздың ернегінде тұрғандайсың (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

КӨШЕСІЗ с ы н. *Көшесі жоқ. К ө ш е с і з* салынған қазақ үйлерінің маңдайларына бір-бір тақтай қағылды (Б. Майлин, Шығ.). Кең қойнауда жағалай қонған *к ө ш е с і з* ауыл көрінеді (З. Иманбаев, Қыран.).

КӨШЕТ з а т. *Көкөніс, гүл, жеміс, ағаш және кейбір техникалық дақылдар өсіруде көшіріп отырғызылатын өсімдіктер. К ө ш е т* отырғызу арқылы солтүстік облыстарда қырыққабат, қызанақ, бұрыш, ал оңтүстік облыстарда мұнымен қатар бақлажан, темекі өсіріледі (Қаз. тілі. термин. Тамақ.). Қазақстан үшін мәдени екпе орман жасауға ең қолайлы мерзім – ерте көктемде *к ө ш е т* отырғызу (Ө.Орынбаев, Қазақст. орман.). Февраль соңында ұрық шашылады, апрельдің аяғында *к ө ш е т т е р* отырғызылады (Самғау).

КӨШЕТЖАЙ з а т. *Көкөніс және гүл көшеттерін, сондай-ақ ерте пісетін көкөніс өсіруге арналған жабық құрылыс.* Құралмасына қарай *к ө ш е т ж а й* бір еңісті және екі еңісті болып ажыратылады (Қаз. тілі. термин. Тамақ.). Шұңқырға және тегіс жерге жасалады. Жыл маусымына қарай ерте, қалыпты және кеш пайдаланылатын түрлері бар. Ақпанның соңынан наурыздың басына дейін ерте *к ө ш е т ж а й*, наурыздың 2-жартысынан – қалыпты *к ө ш е т ж а й*, ал сәуірдің басынан кеш *к ө ш е т ж а й* пайдаланылады (Қаз. тілі. термин. Тамақ.).

КӨШЕТХАНА з а т. ***Көшетжай.*** Көшеттерді жылдың суық кезінде өсіру үшін *к ө ш е т х а н а л а р,* теплицалар пайдаланылады («Лен. жас»).

КӨШ-ЖӨНЕКЕЙ ү с т. **1.** *Жол үстінде, жолшыбай.* Жас жігіт *к ө ш-ж ө н е к е й* туғанын естігенде басын шайқап таңғалды (Ұ.Бағаев, Жан сұлу.). Мына дауыс оның есіне *к ө ш-ж ө н е к е й* болған бір оқиғаны түсірген еді (С.Санбаев, Аруана). Кездестің келе жатып *к ө ш-ж ө н е к е й,* Отырсаң үй тіккенше, кідіріңіз (Айтыс). **2.** *Арнайы емес, сөз арасында.* Полтавада... Мария мен Мазепаның арасындағы махаббат *к ө ш-ж ө н е к е й* айтылады да, оның орнына Мазепаның жауыздығы, отанын сатқандығы суреттеледі (С.Талжанов, Ұлдай.).

КӨШ-КӨЛІК з а т. *Көшіп-қонуға пайдаланылатын көлік.* Ойдан өрлеп шығатын жол *к ө ш-к ө л і к к е* қиын (Б.Нұржекеев, Шығ.).

КӨШКІ[1] з а т. к ә с. *Ауды суға батырып тұратын, ауға байланатын тас.* Балықшылардың бірі *к ө ш к і* бауларын ұзартып, бірі аудың қатарын жазып, біреулері ау көзін септеумен әуреленуде (Ш. Дәрмағамбетов, Менің замандас.). Үзілген аулар біріне-бірі ілініп, *к ө ш к і л е р д і* ылай алған (Ш.Дәрмағамбетов, Менің замандас.). «Шағала» да моторына от беріп, *к ө ш к і с і н* суырып жатыр (З. Шүкіров, Жас жесір).

КӨШКІ[2] з а т. ж е р г. *Тау басынан ылдиға қарай құлаған қар, көшкін.* Алатау, Сауыр тауларындағы *к ө ш к і* жыл сайын болып тұрады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

КӨШКІ[4] з а т. э т н. ж е р г. *Киіз үйдің (киізінің) іші-сыртын қаптауға арналып тігілген, ақ матадан жасалған жапқыш.* Уық пен кереге бойымен ішкі *к ө ш к і* жабады, ішкі көшкіні әртүрлі оюлармен безендіреді (Б.Кәмалашұлы, Моңғ. қаз. салт-дәстүрі.).

КӨШКІН з а т. **1.** *Тау басынан сырғып түсетін қар, мұз, құм-тас қиыршықтары.* Биылғы қыста қар көп жауды да, тау биігінен қар *к ө ш к і н і* жиілеп кетті («Соц. Қаз.»). Биік таудан құлаған *к ө ш к і н н і ң* астында қалып, сырғып тау өзеніне құлап түсті (Ж. Смағұлов, Адам.). Таудан құлап келе жатқан *к ө ш к і н* сияқты екпінді (С. Хайдаров, Теңіз.). **2.** а у ы с . *Көшпенді жұрт, босқын ел.* Менің ол кісіден сұрап білгім келіп отырғаным – анау қора толған *к ө ш к і н д е р* жайы (С. Бегалин, Замана). Мен құздан құлап, сай табанына бір-ақ түсіппін, ертеңіне *к ө ш к і н д е р* тауып алыпты (Б.Дәулетбаев, Сүмбілшаш). Қасқа жолда сиырын алдына салып айдаған жұрт көрінеді, бұл – ел *к ө ш к і н і* (Д. Досжанов, Зауал).

КӨШКІНДЕ= е т. *Жылжу, қалықтау.* Бұлт *к ө ш к і н д е п,* ауа райының өзгеретін сыңайы білінді (С.Қалиев, Еңбек.).

КӨШКІНДЕЙ с ы н. *Көшкін сияқты, көшкін тәрізді.* Тау төбесінен құлаған *к ө ш к і н д е й* боп, жотаны жапты да кетті (С. Мұқанов, Алып.

адым.). Өтті, кетті қаншама, Заманалар *көшкіндей* (С. Мәуленов, Найзағай.).

КӨШКІНДЕУ *Көшкінде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жоңкіле *көшкіндеу.*

КӨШ-ҚҰЛАШ: көш-құлаш қашты. *Атының аулақ салды.* Оның үстіне аудандағылар да... атын атап, жөнін жөндеп жүрген жерден *көш-құлаш қашады* (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

КӨШПЕЛІ с ы н. *Көшіп жүріп тіршілік ететін, отырықшы емес. Көшпелі* қазақ елінің тұрмысында арқан, бас жіп, ноқта үлкен рөл атқарған (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Мал шаруашылығымен ғана айналысқан *көшпелі* тұрмыс тұсында қазақ халқының ұлттық өнері қарыштап өсе бастады (І. Омаров, Серпін). Осы күні қазақты *көшпелі* халық деп айтуға болмайды (М.Дулатов, Шығ.). Енді бір-екі ауыз сөз *көшпелі* һәм отырықшы норма туралы (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

Көшпелі автошеберхана. *Жер жырту, егін ору науқаны кезінде комбайн және басқа да автошеберхана машиналарын жөндеуге пайдаланылатын арнайы автомәшине. Көшпелі автошеберхананы* жол салатын, жер қазатын машиналарды, түрлі қондырғыларды жөндеуге қолдануға болады (ҚСЭ). *Көшпелі автошеберхана* ГАЗ-63 автомобилі шассиіне орнатылған жабық қораптан және электрлі пісіргіші бар бір өсті тіркемеден тұрады (ҚСЭ). *Көшпелі автошеберханада* электр тоғын бөлетін қалқан, жүк көтеру қондырғысы, насос, гидравликалы пресс, қайрау станогы, электр бұрғы, құрастыру-ажырату, кесу, өлшеу, ұста аспаптары т.б. болады (ҚСЭ).

Көшпелі атыс. ә с к. *Бір немесе бірнеше зеңбіректен бірінен соң бірі, барынша жоғары қарқынмен, атыс режімін бұзбай және көздеу дәлдігіне нұқсан келтірмей жүргізілетін атыс* (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Көшпелі ауыл мектептері. *Көшпелі және жартылай көшпелі ауыл жағдайында елмен бірге көшіп жүріп бала оқытатын мектеп түрі.* Жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру енгізілген жылдары көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда *көшпелі ауыл мектептері* ашылды (Қаз. тілі. термин. Педагогика.).

Көшпелі батарея. ә с к. *Қорғаныста артиллерияның құрамы, орналасқан орны мен қорғаныстағы атыс жүйесі жөнінде қарсыласты шатастыру мақсатында алдын ала белгіленген бірнеше атыс позициясынан атыс жүргізетін артиллериялық бөлімше (жеке зеңбірек). Көшпелі батарея* бір атыс позициясынан екіншісіне жасырын көшеді және өз атысымен қарсыласты шығынға ұшыратады, сондай-ақ оның барлаушыларына теріс бағыт береді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Көшпелі зеңбірек. ә с к. *Артиллерияның қорғаныстағы құрамы, орны, атыс жүйесі туралы қарсыласты жаңылдыру мақсатында бірнеше атыс позицияларынан біртіндеп атуға арналған жеке зеңбірек (немесе артиллериялық бөлімше).* Атысты жүргізу үшін *көшпелі зеңбірек* (әдетте 4-5) атыс позицияларына арнайы дайындалады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Көшпелі кино. *Тұрақты кино қондырғылары жоқ жерлерде фильм көрсетуге арналған шағын қондырғы. Көшпелі кино* құрамында күшейткіш қондырғы, дауыс зорайтқыш, кино көрсеткі аппарат, ток кернеуін реттеуіш автотрансформатор бар (ҚСЭ). *Көшпелі кинонының* экраны да алып жүруге ыңғайлы (бүктемелі), мөлшері 2,6-1,9 м және 2,0-1,5 м болып жасалады (ҚСЭ). Электр желісі елді мекеннен шалғай тартылған жерлерде кино көрсететін *көшпелі кинонының* құрамында шағын электр станциясы болады (ҚСЭ).

Көшпелілер психологиясы. п с и х. *Көшіп жүріп тіршілік ететін халықтардың психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы. Көшпелілер психологиясы* алдымен көшпелі халықтың экстенсивті мал шаруашылығымен айналасуына байланысты табиғатпен етенелік жағдайымен ерекшеленеді (Қаз. тілі. термин. Педагогика.).

Көшпелі салон-дүкен. *Ел аралап сауда жасайтын және тапсырыстар қабылдайтын автодүкеннің бір түрі.* Сондай-ақ *көшпелі салон-дүкен* ұйымдастырмақшымыз, ол облысты аралап жүріп, қалдық материалдарын сататын және ақылы қызметке заказдар қабылдайтын болады («Алматы ақшамы»).

Көшпелі сюжет. ә д е б. *Ауыз әдебиетінде бір елден екінші елге, бір әдебиеттен екінші әдебиетке ауысып жүретін, ортақ оқиғалық желі.* ≈ *Көшпелі сюжет* желісі.

Көшпелі театр. *Елді мекендерді аралап, спектакль көрсететін театр [Ол профессионалдық ойын-сауық орнының ерекше түрі ретінде 19 ғ-да Европа мен Американың көптеген елдерінде пайда болды].* Россияда П.П.Гайдебуров құрған *көшпелі театр* кең танылды (ҚСЭ). *Көшпелі театр* көптеп (Москваның А.Н. Островский атынд. обл. драма театры, Новосибирь обл. *көшпелі театры* т.б.) құрылды (ҚСЭ).

Көшпелі үй. *Шопан, малшы қауымының жазы-қысы көшіп-қонып жүруіне қолайлы, бір орыннан екінші орынға ауыстырып отыруға*

болатын құранды үйі. Көшпелі үйдің моделімен танысып шықтым. Бүгінгі шопанға киіз үймен бірге мұндай көшпелі үй де қажет деп ойлаймын («Білім және еңбек»). Егер бұл *көшпелі үйдің* жобасы жүзеге асып, жаппай шығарылса, тұрмыс жағдайы бүгінгі заман талабына сай өркендеп келе жатқан шопан малшы қауым, әсіресе кейінгі жастар үшін жайлы үй болар еді («Білім және еңбек»).

Көшпелі электр стансысы. *Конструкциясы кез келген қашықтыққа жеткізуге мүмкіндік беретіндей болып жасалған электр стансысы.* Кейбір *көшпелі электр стансысы* тасымалдану кезінде де жұмыс істейді (ҚСЭ). *Көшпелі электр стансысының* құрамында агрегат, кабельдік желі, қосарлы бөлшектер, аспаптар мен құрал-жабдықтар жиынтығы, тасымалдау көлігі т.б. болады (ҚСЭ).

КӨШПЕЛІЛІК з а т. *Көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметік-экономикалық даму жүйесі, шаруашылық-мәдени типі. Көшпелілік* б.з.б. екі мыңыншы жылдықта еуразиялық және афроазиялық аридтік аймақта жайылымдық мал шаруашылығын жетілдіру негізінде қалыптасты (ҚҰЭ).

КӨШПЕНДІ с ы н. с ө й л. ***Көшпелі***. Халқымыз – әнқұмар, сауықшыл, әнші халық. Бұған *көшпенді* өмір, кең өріс, таза ауа, шалқар дала себепші болған (Д. Әбілев, Арман.). Біздің түбімізге жетіп отырған – көшпенділік, *көшпенді* тағылық; бүйтіп тіршілік ете беруге болмас (Д.Әбілев, Арман.). *Көшпенді* елдің көбі дұрыстап орын теуіп, кәсіпке кірісті (Б.Майлин, Шығ.).

Көшпенді құстар. з о о л. *Азық іздеп, қолайсыз ауа райы, жаңбырлы, қуаңшылық, көктем мен күз кездерінде және т.б. кезеңдерде қоныс аударатын құстар. Көшпенді құстардың* тіршілігі белгілі биологиялық ырғаққа байланысты. Биологиялық ырғақ – тіршілік жағдайының өзгеруіне және түрдің ортаға бейімделуіндегі тұқым қуалаушылық сипатына байланысты (Қаз. тілі термин. Биология).

КӨПШЕНДІЛІК з а т. *Көшпенді өмір, көшпелілік.* Қазақтың надандығына себеп көшіп жүргендігі ғана дер едік, егер қазақты ілгері сүйреймін, жұрт қыламын деушілер болып, *көшпенділігі* себепті ғана дегеніне жете алмай отырғанын көрсек (М.Дулатов, Шығ.). Қазақстан ғасырлар бойы дәстүрге айналып кеткен *көшпенділікті* әлдеқашан тоқтатып, отырықшы елге айналды (Ә. Шәріпов, Алыс жағалау.). *Көшпенділік* – қалың сор, отырықшы болмай, оңбайды ел (Д. Әбілев, Ақын.). Мәдениетке жырақ *көшпенділіктің* негізі шайқалып, отырықшылық өмір жаңа нышан көрсетті (Т. Әлімқұлов, Абай.).

КӨШТЕЙ с ы н. *Көш сияқты, көш тәрізді.* Астық тиеген бір топ арбашы *көштей* тізіліп бара жатты (М. Иманжанов, Адам тур.). Қалың қол *көштей* тізіліп, Омардың қыстауына қарай бет алды (Б. Тілегенов, Аққайнар).

КӨШУ *Көш етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Орын ауыстыру.* Ел-елдің бәрі де түйесін қомдап, үйлерін жығып, *көшуге* кіріскен еді (М.Әуезов, Қилы заман). Жайлау мен қыстауға *көшу* мезгілі келгенде, содан жақсылықтың басын көргендей болатын (Қ. Исабаев, Өткелде). Үйдегі жүктерін сыртқа шығарып, *көшуге* дайындалуда (Б. Жетпісбаев, Жорық.). **2**. а у ы с. *Жаңа тәртіпке өту, жаңа бағытта жұмыс істеу.* Жаңа оқу жоспарына *көшуге* мектеп толығынан дайын («Халық мұғ».).

КӨШІ-ҚОН з а т. қоғ.-әлеум. <лат. migratio> *Адамдардың тұрғылықты мекенінен әртүрлі себептермен басқа жерге қоныс аударуы, көшіп-қонуы.* Мәжілісте халықтың *көші-қон* және демография саласындағы жағдайы қаралды («Егемен Қазақстан»). *Көші-қон* адамдардың белгілі бір аумақтың шекарасынан асып, тұрақты немесе уақытша тұрғылықты мекенге қоныс аударуы арқылы жүзеге асады (ҚҰЭ).

Көші-қон департаменті (басқармасы). *Облыстар мен үлкен қалалардағы көші-қон жұмысымен айналысатын орган.* Ертесіне *көші-қон департаментіне* барды («Жас Алаш»).

Көші-қон заңы. қ ұ қ ы қ. *Көші-қон саясатын жүзеге асыруға арналған нормативтік құқықтық актілер. Көші-қон заңында* «Оралман мәртебесін алғандар үшін, Қазақстан Республикасына келуге виза бергені үшін консулдық алымдардан босатылады» деп белгіленген («Алтын бесік»).

Көші-қон квотасы. *Көші-қон үлестемесі, атажұртқа келуші шетжұрттық қазақтардың үкімет белгілеген жыл сайынғы мөлшерлі саны.* Содан бері қазақтарды шетелдерден бірте-бірте қайтарудың мемлекеттік бағдарламасы жасалып, жүзеге асырылып келеді. Алайда бастапқыда сол өңірлерге *көші-қон квотасымен* көшіп барып, көп ұзамай оңтүстік жаққа ат басын бұрғандар аз емес («Жас қазақ»).

Көші-қон комитеті. *Көші-қон саясатын іске асырумен айналысатын комитет. Көші-қон комитеті* өзіне жүктелген қызметтеріне сәйкес аймақтық органдардың халықтың көші-қон саласындағы қызметін басқару мен

үйлестіруді, мемлекет басшысы белгіленген оралмандардың көшіп келу квотасына сәйкес этникалық қазақтарды қабылдауды жүзеге асырады («Алтын бесік»).

Көші-қон тәртібі. *Уақытша немесе тұрақты мекендеу және еңбек ету үшін ел аумағына қоныс аударатын шетелдіктермен азаматтығы жоқ адамдардың көшіп келуінің, сондай-ақ ел аумағынан қоныс аударатын жеке тұлғалардың шетелге көшіп кетуінің немесе әртүрлі себептермен ел ішінде тұрғылықты мекенінен қоныс аударушылардың көші-қонуын реттейтін заң жобасы. К ө ш і-қ о н т ә р т і б і н* белгілейтін нормативтік-құқықтық актіде көшіп келушілердің шекті саны мен түрлері анықталған, көшіп кетушілердің қоныс аударатын елдері көрсетілген, көшіп келушілерді қабылдау, жайғастыру, жерсіндіру үшін қолданылатын қажетті шаралар, олар қоныс тебуге тиіс аймақтар, тағайындалған жәрдемақылар және оралмандар мен қайтып келушілерге арналған жеңілдіктер жүйесі айқындалған (ҚҰЭ).

КӨШІ-ҚОҢ з а т. с ө й л. ***Көші-қон.*** Кең қоныс, атамекен кеткен жоқ па? Орнына «хахол» сұмырай жеткен жоқ па? Мал болса бар сенгенің о да азайып, Заманы *к ө ш і-қ о ң н ы ң* өткен жоқ па? (М.Дулатов, Шығ.).

КӨШІМПАЗДЫҚ з а т. *Көшуге әуестілік, құмарлық.* Меніңше, қазақтың *к ө ш і м п а з д ы ғ ы* көшқұмарлықтан емес, лажсыздықтан... енді тек отырықшы болса ғана жариды (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

КӨШІН з а т. к ө н е. ***Көші-қон.*** Ұрлап алып он үйді, Елсіздетіп *к ө ш і н г е*. Болмаса жеңіп алдың ба, Ерекше шауып көсіле? (Шора батыр).

КӨШІП-ҚОН= е т. *Бір жерден екінші жерге қоныс аудару; көшіп жүру.* Соның көбі шәһәрден орын алып, Сахарада біздің қазақ *к ө ш і п- қ о н ғ а н*. Бағынып еш падишаһқа қарамастан (М.Дулатов, Шығ.).

КӨШІП-ҚОНУ *Көшіп-қон етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жыл сайын *к ө ш і п-қ о н у*.

КӨШІР[1] [ор. кучер] з а т. *Ат айдаушы, делбе ұстаушы.* Оқас дейтін *к ө ш і р і* бар еді, о да мен сияқты әумесерлеу жігіт болатын (Б. Майлин, Шығ.). Жасынан Омбы көпестерінің қолында *к ө ш і р* боп жүрді (Б. Серкебаев, Өткенде). *К ө ш і р* атының басын тежей тартып, сар желіспен жүріп келеді (І. Есенберлин, Қатерлі.). Кейде ат айдаушы *к ө ш і р* де болып кетеді (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

КӨШІР[2]= е т. **1.** *Мекенжайын ауыстырту.* Гүлжанды баласымен қалдырып, Шолпанды қала ішіне *к ө ш і р і п* алды (А. Хангелдин, Қараторғай). Құдалар келіп, Шынардың шешесін *к ө ш і р і п* әкетті (Н. Сералиев, Ыстық күлше). Жеңешемді *к ө ш і р і п* алу жайлы туыстармен ақылдаса келген едім (Т.Дәуренбеков, Біз әлі.). **2.** *Бір жазғанды екінші қайталап жазу немесе қайталап басу.* Бұл хатты қазақ-қырғыз тілінде шығып тұрған өзге газеттер, журналдар *к ө ш і р і п* басуын өтінемін. Мен де өлеңдерді өте құмартып отырып *к ө ш і р і п* аламын (Ғ. Мүсірепов, Суреткер.). Ғалымдардың қолжазбаларын көрсек, олардың бір жазуды сан рет *к ө ш і р і п* жазатынын біледі (Қ. Жарықбаев, Психология). Ол бос уақытының барлығын қағаз *к ө ш і р і п* жазуға арнайтын болған (Қ. Жарықбаев, Психология).

КӨШІРГІШ з а т. **1.** к ө н е. *Көшіріп жазушы адам.* Самарқанд – көрнекті ғалымдар мен дәрігерлердің, құрылысшылар мен кітап *к ө ш і р г і ш т е р д і ң* ордасы саналды (Шарапат). Ол қағаз *к ө ш і р г і ш* болды да, шах сарайының кәрі писарі оны өзіне көмекші етіп алды (Ә. Әлімжанов, Отырар.). **2.** *Көшірме түсіретін қағаз. К ө ш і р г і ш* қара қағаз салып, жазғандарымды екі дана етіп машинкаға бастырып алдым (Ауызекі).

КӨШІРЛІК з а т. *Көшірдің қызметі.* Он жыл бойы малшы болған екен, кейінгі екі жылда *к ө ш і р л і к к е* қолы жетіпті (С. Омаров, Қызыл арай). Көп ұзамай оны өзіне *к ө ш і р л і к к е* алды (Ж. Шәкәрімов, Әміре).

КӨШІРМЕ[1] з а т. **1.** *Түпнұсқа жазудан көшіріліп алынған дана.* Бас редактордың секретары маған бұйрықтың *к ө ш і р м е с і* мен жолдама қағазды ұсынды (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Экспедицияның хабарламасын және баяндаманың да *к ө ш і р м е с і н* жіберіпті (С. Бегалин,Шоқан). **2.** и н ф. <ағыл. copy> *Көшірме алу нәтижесі* [MS DOS- та көшірме алу командасы]. *Көшірме* тікелей алғашқы түпнұсқадан жасала береді (ҚҰЭ). *К ө ш і р м е л е р д і ң* толық дәлдігін қамтамасыз етеді (ҚҰЭ).

КӨШІРМЕЛЕУ з а т. и н ф. <ағыл. copying> **1.** *Алғашқы мәліметтерді сақтай отырып олардың көшірмесін алу.* **2.** *Графикалық пайдаланушылық интерфейсте – объектіні таңдау.* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КӨШІРМЕЛЕУШІ с ы н. *Белгілі бір үлгі бойынша көшірме жасайтын, көшірме жасауға арналған.*

Көшірмелеуіш құрылғы. т е х. *Бұйымдар бетін (әдетте, беті тегіс емес) өңдеу процесі кезінде өңделіп шығарылатын бұйымның аналогы болып есептелетін көшірмелеуіші бар металл немесе ағаш кескіш станоктардың тетігі. К ө ш і р м е л е у і ш қ ұ р ы л ғ ы* механикалық, электрмеханикалық, гидравликалық болып ажыратылады (ҚҰЭ).

Көшірмелеуіш станок. т е х. *Нұсқа (үлгі, модель, чертеж) бойынша әртүрлі бұйымдардың көшірмесін жасауға арналған станок. К ө ш і р м е л е у і ш с т а н о к т ы ң* жазық, контурлы, көлемдік және бұлар аралас пайдаланылатын механикалық, гидравликалық, электрлік, фотоэлектрлік, қадағалауыш жүйелі т.б. түрлері бар (ҚСЭ). *К ө ш і р м е л е у і ш с т а н о к п е н* мебельдердің, құйма модельдердің күрделі пішінді элементтері (жұдырықша, эксцентрик, матрица т.б.) жасалады (ҚСЭ).

КӨШІРМЕШІ з а т. *Көшіріп жазушы*. Аудармашы деген жалаң *к ө ш і р м е ш і* емес (С. Мұқанов, Үркер.). Ол бұрынғы мекемелерде аудармашы, *к ө ш і р м е ш і* болып қызмет еткен (С. Бегалин, Замана.).

КӨШІРТ[1]= е т. *Қоныс аударту*. Жас келіншек жақында ғана әке-шешесін *к ө ш і р т і п* алған (М. Дүзенов, Ант.).

КӨШІРТ[2]= е т. *Қайта жаздырту*. Өзі күнде жаздырып жүрген жаттанды сөздерін қайта *к ө ш і р т е д і* (М.Дүзенов, Ант.). Шәкіртімді жіберіп, көзбе-көз отырып *к ө ш і р т і п* алайын (Д. Досжанов, Тұлпар.).

КӨШІРТУ *Көшірт етістігінің қимыл атауы; орын ауыстыру*. Бала таппайтын қатынды молаға түнету, кей ауруларды бақсыға сарнату, *к ө ш і р т у*, тұмар тақтыру, ішірткі беру секілді (М.Дулатұлы, Шығ.).

КӨШІРУ *Көшір етістігінің қимыл атауы*. **1.** *Мекенжайын, үйінің тұрған жерін, малдың жайылымын ауыстыру*. Елден бұрын Ақмаралдың отауын *к ө ш і р у* керек (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Малды жайлауға *к ө ш і р у*, пішен шабу сияқты жұмыс кезеңі басталды (С.Бегалин, Әңгім.). **2.** э т н. *Ауруды қуу, аластау*. Бәдік «*к ө ш і р у*» салты кезінде орындалған. *К ө ш і р у* – көп тайпаларға, көп халықтарға ортақ және магиялық ғұрып (Б.Абылқасымов, Телқоңыр). Жын қайыру, арбау, дуалау мен аластау, ауруды айналдыру немесе *к ө ш і р у д і* әдетте өзіне белгілі сөздерді және ән-әуендерді айта жүріп бақсы ғана орындайды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

КӨШІРІЛ[1]= е т. *Мекенжайы ауыстырылу, басқа орынға қоныстандырылу*. Алғашқыда біздің Қазақ Республикасының орталығы Орынборда болды, одан соң астана Ақмешітке – қазіргі Қызылордаға *к ө ш і р і л д і* (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.).

КӨШІРІЛ[2]= е т. *Қайта жазылу; көшірмесі алыну*. Менің алдымда архивтен *к ө ш і р і л і п* алынған бірнеше документ жатыр (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

КӨШІРІЛУ *Көшіріл етістігінің қимыл атауы; ауыстыру*. Екіқабат әйелдер ауыр жұмыстардан босатылып, жеңілдеу жұмыстарға *к ө ш і р і л у і* керек («Соц. Қаз.»).

КӨШІРІС= е т. *Бірге көшіру*. Ешбір жамандығын көрмеген ел директорды қош-қош айтысып *к ө ш і р і с і п* салды (С. Адамбеков, Көсе.). Сағымбай су жаңа трактор алып, көшіп жатқан шопандарды *к ө ш і р і с е* кетті (Д.Досжанов, Тұлпар.).

КӨШІРІСУ *Көшіріс етістігінің қимыл атауы*. Ожар Оспанның жігіттері Әлібидің үйін *к ө ш і р і с у д і* сылтау етіп, кетпей қойды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер). Қаншай бишара әбден солған, біткен; ол да үйді *к ө ш і р і с у г е* келді (М. Мырзақұлов, Ақық).

КРАБ [гол. crabe] з а т. з о о л. *Теңізде өмір сүретін шаян тәрізді жәндік*. Күннің қай жақта екенін тез білетін қасиет құмырсқа мен қоңызда, өрмекші мен *к р а б* шаянында бар (Ж. Әбиев, Биология.).

КРАН[1] [нем. kran] з а т. *Әр алуан жүктерді көтеруге, тиеп-түсіруге арналған күрделі техника*. Үлкен *к р а н д а р* түйедей мойындарын иіп келіп, жүкті іліп әкетеді («Лен. жас»). Тобыл өзенінің жағасына қуатты *к р а н д а р* көктен тәкаппар қарайды (С. Мәуленов, Жер нәрі).

КРАН[2] з а т. [гол. kraan] з а т. *Су не басқа сұйық зат жүретін трубалардағы, жүйелердегі бұрандалы шүмектер. К р а н д ы* бұрап [ашып], су ағызып (Ауызекі).

КРАНИОЛОГИЯ [грек. kranion – бас сүйегі, logos – ілім] з а т. а н т р. *Антропология ғылымының бас сүйек құрылысын зерттейтін саласы*. Ертедегі және қазіргі халықтардың антропологиялық құрамын анықтауда *к р а н и о л о г и я н ы ң* маңызы өте зор (ҚҰЭ). Ғылымда жалпы адам бас сүйегін – cranium, бас сүйектің төменгі жақсүйексіз түрін – calvarium, ми сауытының бет сүйексіз түрін – calvaria деп атайды (ҚҰЭ).

КРАНШЫ з а т. *Кранмен жұмыс істейтін маман*. Ол *к р а н ш ы* мамандығын үйренетін оқуға түсті (Ш. Мұртазаев, Интернат.). Қаланың әр тұсындағы күмбезді үйлерді салуға *к р а н ш ы* қыз Нұрила қосып жүрген еңбек үлесі мол («Қаз.әдеб.»).

КРАТЕР [грек. krater] з а т. **1.** *Жанартаудың басындағы немесе беткейіндені шұңқыр, жанартаудың аузы*. Жапония – жанартаулар елі. Онда сөнген *к р а т е р л е р д і* есептемегенде, үнемі сары ала қойыртпақ төгіп атқылап

жататын *к р а т е р* отыз бес (F. Мүсірепов, Достық.) «Тихо» *к р а т е р і н і ң* түбіндегі жарықшақтар едәуір аз болады («Лен. жас»). *К р а т е р д і ң* түбіндегі жарылымдардан жер қойнауындағы магмалық жыныстар атқылап шығады. Кейде *к р а т е р д е* лавалық көлдер орналасады (ҚҰЭ). **2.** *Ай бетіндегі сақина тәрізді таулар.* **3.** *Ежелгі Грекияда шарапты сумен араластыруға арналған екі тұтқалы терең тостаған тәрізді ыдыс* (ҚҰЭ).

КРАТОЛОГИЯ [лат. kratos – билік, logos – ілім] з а т. *Билік туралы ілім. К р а т о л о г и я* жалпы билік түрлері, билеу өнері жайлы білімге негізделеді (ҚҰЭ).

КРАХМАЛ [нем. Kraftmehl] з а т. **1.** х и м. *Өсімдіктен алынатын ұнтақталған көмірсу.* Балаға тамақ наннан, жармадан, картоптан *к р а х м а л* түрінде беріліп отырғаны дұрыс (Семья тәрбиесі). Гипо орнына картоп *к р а х м а л ы н* және сүйық шыныны пайдаланады (Е. Оразақов, Дәрігер.). Картоп *к р а х м а л ы н* алақанға салып үйкегенде, ерекше бір сықырлаған дыбыс шығады («Лен. жас»). **2.** биол. *Амилоза және амилопектин фракцияларынан тұратын күрделі полисахарид. К р а х м а л* бидай, қара бидай, күріш, жүгері, сұлы, картоп сияқты дақылдар құрамында болады (ҚҰЭ). Суда ерімейді, бөртеді, ыстық суға салғанда клейстер түзеді. *К р а х м а л* молекуласы глюкоза қалдықтарынан тұрады (ҚҰЭ).

Крахмал өндірісі. х и м. *Өнеркәсіптің түрлі салаларына қажетті крахмал өндіру. К р а х м а л ө н д і р і с і н е* қажетті шикізат сапасына қарап іріктеліп, арнаулы машиналармен жуылып, майдаланып, қоймалжың массаға айналдырылады (ҚСЭ).

КРАХМАЛДЫ с ы н. *Крахмалданған.* Бейшен *к р а х м а л д ы* ақ көйлегін шешті, тым жүдеу екен (І. Жақанов, Қайта орал.). Салынған *к р а х м а л д ы* ақ жағаға, Тағылған галстук те қатып түсті (Т. Жароков, Шығ.).

КРЕАТИВТІЛІК [лат. creatio] з а т. п с и х. *Адамның шығармашылық дарын деңгейі, шығармашылық қабілеті.* Айрықша идеялар беруге, ойлаудың дәстүрлі схемаларынан басқа жол табуға, проблемалық жағдаяттарды тез шешуге қабілеттілік, зияттылық қабілеттерінің арасында ерекше тип деп сараланып, *к р е а т и в т і л і к* деп аталады (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Креативтілік тестілері. п е д. *Тұлғаның шығармашылық қабілеттерін зерттеп, бағалауға арналған әдістемелер жиынтығы.* Осыған орай *к р е а т и в т і л і к т е с т і л е р і н і ң* практикада қолданымдылығы да тиісінше сенімді емес (Қаз. тілі. термин. Педагогика.).

КРЕБС: кребс циклі. б и о л. *Көмірсулары, май қышқылдары және амин қышқылдары сияқты энергетикалық заттар үшін тотығудың жалпы жолы. К р е б с ц и к л і* әртүрлі биомолекула синтезі үшін аралық өнім береді. Бұл цикл лимон қышқылы циклі немесе үш карбон қышқылы циклі деп те аталады (Қаз. тілі. термин. Биология.).

КРЕДИТ[1] [лат. credit] з а т. э к о н. *Бухгалтерлік шоттардың оң жағы,* шығыс бөлігі. Активте *к р е д и т* шығыс бөлігі болып табылады, оған осы шот бойынша жұмсалған барлық шығыстар жазылады, ал пассив шоттарда – кіріс бөлігі болып табылады, онда шот бойынша түскен барлық түсімдер топтастырылады (Қазіргі эконом. анықтама.).

КРЕДИТ[2] [лат. creditum] з а т. э к о н. **1.** ***Несие*** *(тауар не ақшалай қаражатты белгілі бір мерзімге пайыз төленетін несиеге беру). К р е д и т т і ң* ерекше түрі–халықаралық кредит (Қазіргі эконом. анықтама.). **2.** *Сметаға енгізілген сома. К р е д и т* белгілі бір мақсатқа жұмсауға рұқсат етілген (Қазіргі эконом. анықтама.).

Кредит блокадасы. э к о н. ***Несие блокадасы*** *(жекелеген мемлекеттердің немесе олардың халықаралық қаржы ұйымдарының кейбір елге немесе бірнеше елге кредит беруден бас тартуы).* Бұл – кредит дискриминациясының неғұрлым қатаң бір түрі. *К р е д и т б л о к а д а с ы* әдетте экономикалық блокадамен тығыз байланысты, оны кредит беруші ел кредит алған елге экономикалық және саяси қысым жасау үшін пайдаланады (ҚСЭ). 2-ші дүниежүзілік соғыстан кейін американ финаст капиталы мен Батыс Европаның кейбір елдері социалистік елдермен қарым-қатынастарында *к р е д и т б л о к а д а с ы н* қолдануға тырысып бақты (ҚСЭ).

Кредит дағдарысы. э к о н. ***Несие дағдарысы*** **(***несие жүйесінің қожырауы).* *К р е д и т д а ғ д а р ы с ы,* әдетте, өнімді артық өндіру дағдарысымен ұласады және кейбір жағдайда онымен байланыссыз да туындайды (Қазіргі эконом. анықтама.).

Кредит желісі. э к о н. ***Несие жүйесі*** *(қаржы-несие мекемесінің қарыз алушының алдында оған белгілі бір уақыт кезеңінде келісілген лимит шегінде кредит беру жөнінде заңды түрде ресімделген міндеттемесі)* (Қазіргі эконом. анықтама.).

Кредит жүйесі. э к о н. ***Несие жүйесі*** *(Бір ел шеңберіндегі несие нысандары мен әдістерінің*

және оларға сай келетін несие мекемелерінің (банктер, ломбардтар, сақтандыру қоғамдары т.б.) жиынтығы) Қазақстанда *к р е д и т ж ү й е с і* банктік және бейбанктік қаржы-кредит ұйымдарын қамтиды (ҚҰЭ).

Кредит карточкасы. э к о н. ***Несие карточкасы*** (*банк мекемесі немесе өзге мамандандырылған эмитет – мекемеде иеленушінің шоты бар екенін куәландыратын және тауарлар мен қызметтер көрсетуді түрлі сауда желісінің кәсіпорындарында қолма-қол ақшамен төлемей-ақ сатып алуға құқық беретін атаулы ақшалай құжат)* (Қазіргі эконом. анықтама.).

Кредит өтеу қабілеті. э к о н. ***Несие өтеу*** *қабілеті* (*несие алу үшін алғышарттардың болуы, оны қайтару қабілеті)* (Қазіргі эконом. анықтама.).

Кредит реформалары. э к о н. ***Несие реформалары*** *(кредит жүйелерінің құрылымын, кредит түрлері мен кредит беру тәсілдерін өзгертуге бағытталған мемлекеттік шаралар жиынтығы)*. Мыс., АҚШ-та жүргізілген 1913 жылғы *к р е д и т р е ф о р м а л а р ы* бүкіл елдегі шашырап кеткен кредит ресурстарын біртұтас банк орталығына шоғырландырды (ҚСЭ).

Кредит шарты. э к о н. ***Несие шарты*** (*несиегер мен қарызгердің арасындағы шарт)*. Бұл шартта кредит мөлшері мен оны беру талаптары, *к р е д и т т і к* қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттері айқындалады (Қазіргі эконом. анықтама.).

КРЕДИТ-АҚША: кредит-ақша саясаты. э к о н. ***Несие-ақша саясаты*** (*мемлекет экономикасында ақша мөлшерін реттеу мақсатында қолданылатын шаралар кешені)*. *К р е д и т - а қ ш а с а я с а т ы* жалпыұлттық өнім, баға деңгейі және ұлттық табыс сияқты аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштерге айтарлықтай әсерін тигізетіндіктен мемлекеттік экономикалық саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде қаралады (ҚҰЭ).

КРЕДИТОР [лат. creditor] з а т. э к о н. ***Несиегер.*** **1.** *Азаматтық құқықта: міндеттеуші тарап, яғни қарызға (несиеге, борышқа) ақшалай қаражат, тауар және басқа құндылықтар беруші жеке немесе заңды тұлға. К р е д и т о р* басқа тараптан – борышкерлерден белгілі бір әрекетті жасау (мүлікті беру, жұмысты орындау, ақша төлеу т.б.) не белгілі бір әрекеттен қалыс қалу міндетін орындауды талап етуге құқылы. Екіжақты келісімшартта екі тарап та *к р е д и т о р* болып табылады (ҚҰЭ). **2.** *Бухгалтерлік есепте: кәсіпорын (азамат) ақшалай қаражат берешек болған жеке немесе заңды тұлға. К р е д и т о р д ы ң* борышы кредиторлық берешекті құрайды (ҚҰЭ). **3.** *Кредиттік келісімшарттың қарызгерге қайтарылу және өсім төлену шартымен ақшалай қаражат (кредит) беруші тарабы* (ҚҰЭ).

КРЕДИТОРЛЫҚ с ы н. э к о н. ***Несиегерлік*** (*кредиторға тән, кредиторға қатысты)*.

Кредиторлық берешек. э к о н. *Несиегерлік берешек* (*заңды немесе жеке тұлға уақытша таратқан, несиеге алған мерзімді уақыты біткен соң тиісті заңды тұлғаларға немесе азаматтарға қайтарылуға тиіс ақшалай қаражат). К р е д и т о р л ы қ б е р е ш е к* шоттар мен міндеттемелерді төлеудің қолданыстағы шегінде қалыпты (заңды) деп есептеледі (ҚҰЭ).

КРЕДИТТІК с ы н. э к о н. ***Несиелік*** (*кредитке тән, кредитке қатысты)*.

Кредиттік ақша. э к о н. *Несиелік ақша кредиттің дамуы және ақшаның төлем құралы ретіндегі атқарымы негізінде пайда болған төлем құралдары (банкноттар, чектер, вексельдер). К р е д и т т і к а қ ш а* айналыстағы алтын мен қағаз ақшаның орнына жүреді (Қазіргі эконом. анықтама.).

Кредиттік билеттер. э к о н. ***Несиелік билеттер*** (*эмиссиялық банктер шығаратын және кредиттік ақша рөлін атқаратын құн белгілері). К р е д и т т і к б и л е т т е р* ұғымы банк билеттері ұғымымен мәндес (Қазіргі эконом. анықтама.).

Кредиттік шектеу. э к о н. ***Несиелік шектеу*** (*кредит мөлшерін банктер мен мемлекеттің шектеуі немесе қысқартуы)*. Есеп-несие операциялары бойынша пайыздық мөлшерлеме және кредит көлемін тікелей қысқарту *к р е д и т т і к ш е к т е у* әдістері болып табылады (Қазіргі эконом. анықтама.)

КРЕЙСЕР [гол. kruiser] з а т. ә с к. *Шапшаң жүзетін үлкен соғыс кемесі.* «Аврора» *к р е й с е р і н е н* оқсыз зеңбірек атылып, шабуылға белгі берілді («Соц. Каз.»). Қан майданға тартқан жол, Көк болатты *к р е й с е р* – Үйіміздей еді сол (С.Мәуленов, Өлеңд.). Отан үшін мұхиттарда *к р е й с е р л е р* баптаулы тұр (М.Жансаева, Ана.).

Крейсер қимылдары. ә с к. *Теңіз коммуникациясындағы ұшақтардың, суүсті кемелері мен қайықтардың қарсылас кемелерін жою және оның теңіз тасымалдарын бұзу мақсатында өз бетімен жүргізетін ұрыс әрекеттерінің жиынтығы. К р е й с е р қ и -*

мылдарын кейде крейсер операциялары деп атайды, ал тек суүсті кемелеріне ғана қатысты болса, крейсерлеу деп атайды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КРЕЙСЕРЛІК с ы н. ә с к. *Крейсерге тән, крейсерге қатысты.* ≈ *К р е й с е р л і к* шама.

Крейсерлік жылдамдық. ф и з. *Ұшақтың нақты тапсырманы орындау үшін ең пайдалы ұшу жылдамдығы. Крейсерлік жылдамдық,* әдетте, 0,7-0,8 максимальды құрайды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КРЕМ[1] [франц. crême] з а т. т а м а қ. *Торттың бетін әшекейлеп өрнектеу үшін пайдаланылатын қою, тәтті тағам түрі.*

КРЕМ[2] [франц. crême] зат. **1.** ***Иісмай*** *(беттің өңін әрлендіру, терісін жұмсарту үшін жағылатын иіс май).* Сақалын күн сайын қырып, сосын *к р е м* жағып жылмитқанмен, бетінің тарғылы кетер емес (Ж. Тілеков, От кешу). Майлы *к р е м,* вазелин, әтірді үнемі жаққаннан да секпіл пайда болады («Лен. жас»). **2.** ***Аяқмай*** **(***аяқкиімді күту үшін қолданылатын қоңыр, қара, қызғылт түсті, не түссіз май).* Аяққиімді су өтпеу үшін *к р е м м е н* жиі майлап тұру қажет (С. Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Аяғымда – қонышы брезент, өмірі *к р е м* көрмеген көнетоз етік (С. Жүнісов, Өшп. іздер).

КРЕМАТОРИЙ [лат. crematorium] з а т. *Өлікті күл қылып өртеп жіберетін арнаулы пештері бар орын.* Фашистер тұтқындарды атты да, асты да, *к р е м а т о р и й л е р д е* өртеді де, суға да тұншықтырды («Соц. Қаз.»).

КРЕМАЦИЯ [лат. crematio] з а т. *Мәйітті арнаулы тәсілмен өртеу әдісі.*

КРЕМЛЬ з а т. т а р. **1.** *Орыс қалаларының ескі бекіністері.* ≈ *К р е м л ь г е* енді. **2.** а у ы с. *Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкіметі орталық мекемелерінің тұрағы, орны.* Ол кезде барлық мәселені *к р е м л ь* арқылы шешпесе болмайтын («Ана тілі»). (ҚҰЭ). Сақшымын құдіретті *кремльде, Кремль* жаңа дәуір жүрегі де (Қ.Бекхожин, Қайран жас).

КРЕМНИЙ [лат. silicium] з а т. х и м. *Құрамында тас, шыны, құм, тау жыныстары кездесетін химиялық элемент.* Мүйізден, сүйектен, *к р е м н и й д е н* жасаған құралдар әртүрлі оюмен әшекейленген (Биология). Биік тау суында *к р е м н и й* көп кездеседі (Ж. Жатқанбаев, Су.). Қайнарлардың көбінде известь, *к р е м н и й* шөкпелері бар (Б. Таубаев, Жасыл әлем).

Кремний карбиді. х и м. *Кремнийдің көміртекпен қосылысы. К р е м н и й к а р б и д і н* электр пешінде кварц құмын көкспен 2000-2200^0 С-та тотықсыздандыру арқылы алады (ҚСЭ). *К р е м н и й к а р б и д і* – техникада аса маңызды карбидтердің бірі (ҚСЭ). Қола, қалайы, шойын т.б. қатты қортпаларды өңдеуге қолданылады. Қатты болғандықтан ұнтақ *к р е м н и й к а р б и д і н е н* қайрақ тастар, тегістейтін дөңгелектер, отқа төзімді плита жасайды (ҚСЭ).

Кремний қостотығы. х и м. *Табиғатта b-кварц түрінде өте кең тараған минерал. К р е м н и й қ о с т о т ы ғ ы н ы ң* табиғатта сирек ұшырасатын, яғни жоғары температуралар жағдайында жасанды түрде ғана алуға болатын көптеген түрлері бар. Минералогияда өте жиі қолданылатын синонимі: кремнезем (ҚҰЭ).

Кремний қышқылдары. х и м. *Кремний ангидридінің SiO_2 туындылары, өте әлсіз, суда нашар еритін қышқылдар.* Оларды ерімтал силикаттардың біреуін қышқылмен әрекеттестіріп және төрт хлорлы кремнийді немесе*кремний қышқылдарының* эфирлерін гидролиздендіріп алады (ҚСЭ). *К р е м н и й қ ы ш қ ы л д а р ы н ы ң* полимерлену жылдамдығы ерітінді температурасына, сутектік көрсеткішке, қышқыл концентрациясына байланысты (ҚСЭ). Қалыпты температурада ерітінді концентрациясы 12% болса, *к р е м н и й қ ы ш қ ы л д а р ы н ы ң* золь күйі тұрақты болады (ҚСЭ).

КРЕМНИЙЛЕ= е т. г е о л. *Ыстыққа, тозуға төзімді, жемірілмейтін қасиеттерін күшейту үшін материалдардың бет жағы мен көлемін кремниймен қанықтыратын химиялық-термиялық процесс.* ≈ Беткі жағын *к р е м н и й л е д і.*

КРЕМНИЙЛЕН= е т. з а т. г е о л. *Таужыныстардың кремнезем түрлерімен (опалмен, халцедонмен, кварцпен) молығу процесі.* ≈ Ұзақ *к р е м н и й л е н д і.*

КРЕМНИЙЛЕНУ *Кремнийлен етістігінің қимыл атауы. К р е м н и й л е н у* процесі көбінесе метасоматоз процесімен орайлас өтеді, таужыныстардағы жарықтар мен қуыстардың кремниймен дәнекерленуі сирегірек құбылыс (ҚҰЭ).

КРЕМНИЙЛЕУ *Кремнийле етістігінің қимыл атауы. К р е м н и й л е у* материалды кремнийдің буында немесе газында өңдеу арқылы орындалады (Қаз. тілі. термин. Геология).

КРЕМНИЙЛІ с ы н. г е о л. *Кремнийі мол, кремний қосылған.* Жүгері сегіз түрге бөлінеді: сүйір дәнді, *к р е м н и й л і,* крахмалды, қантты... (Агроном.).

Кремнийлі жыныстар. г е о л. *Түгелдей, дерлік немесе басым көпшілігі кремнийдің бос не сулы тотығынан түзілген шөгінді жыныстар тобы. К р е м н и й л і ж ы н ы с т а р д ы* құрушы минералдар – опал, халцедон, кварц (ҚСЭ). Бұлардың бірінің мөлшері басым болуына сәйкес *к р е м н и й л і ж ы н ы с т а р* опалды, халцедонды, кварцты, ал бұл минералдар жыныс құрамында аралас кездессе, аралас құрамды деп аталады (ҚСЭ). *К р е м н и й л і ж ы н ы с т а р* құрылымы жөнінен өте ұсақ түйірлі, жасырын түйірлі болады да, пішіні жағынан қабатты, қабатсыз (конкреция, ұя, желі, линза т.б.) болып келеді (ҚСЭ).

Кремнийлі тақтатастар. г е о л. *Жұқа тақташалы, көбінесе жарғақты, қатты, тығыз, омырылым беткейі кедір-бұдыр болып келетін шөгінді кремнийлі таужыныстардың жалпылама атауы. К р е м н и й л і т а қ т а т а с т а р* азын-аулақ метаморфтанған күйде ұшырасады, байырғы жік-жапсарлы бітімді болуға бейім; құрамындағы темір тотықтары мен гидрототықтарының, марганец қосындыларының, органикалық заттардың, сазды материалдардың боялуына орай, түрлі-түсті болуы ықтимал (ҚҰЭ).

Кремнийлі шөгінділер. г е о л. *Аморфты кремнеземге молыққан (SiO_2>10-30%), аз кремнийлі (20-30% SiO_2 аморфты), кремнийлі (30-50% SiO_2 аморфты), аса кремнийлі (>50% SiO_2 аморфты) шөгінділер. К р е м н и й л і ш ө г і н д і л е р,* негізінен, биогендік, кремнийлі организмдердің опалды қаңқа (губкалардың спикулалары, диатомей жарғақтары, радиолярийлер) қалдықтарынан тұрады (Қаз. тілі. термин. Геология.).

КРЕМНИЙЛІЛІК з а т. х и м. *Кремнийлену деңгейлік мөлшері.*

Кремнийлілік индексі. г е о л. *Негізді метаморфтық таужыныстардың бастапқы табиғатын химиялық талдаулардың нәтижелері бойынша (тотықтардың салмақ %-ы) анықтау үшін енгізілген петрохимиялық параметр. К р е м н и й л і л і к и н д е к с і* = SiO_2 %- 47 (Na_2O+K_2O) : AI_2O_3 (Қаз. тілі. термин. Геология).

КРЕМНИЙСІЗДЕН = е т. г е о л. *Силикатты таужыныстардың химиялық моруында кремнийдің еріп әкетілуі.* ≈ *К р е м н и й с і з д е н е* бастады.

КРЕМНИЙСІЗДЕНУ *Кремнийсізден етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жыныстардың *к р е м н и й с і з д е н у і.*

КРЕОЛДАР [исп. criollo] з а т. *Американдағы испан, португал, француз отарларында туған еуропалық отаршылдардың ұрпақтары; негізінен Латын Америкасындағы испан және португал басқыншыларының тұқымдары.* Вест-Үндістан аралдары мен Бразилиядағы құл зәңгілердің ұрпақтары, Аляскаңы қоныстанған (18 ғ.-19 ғасырдың 2-жартысы) орыстардың үндістер, эскимостар, алеуттермен некелерінен туған ұрпақтарды да *к р е о л д а р* деп атаған (ҚҰЭ).

Креол тілдер. [ағыл. creole languages] *Пуджин тілдердің қызмет аясын қажетінше кеңейтіп, құрылымын реттеп, қандай да бір тілдік қауымдастық үшін ана тіліне айналдырылуы арқылы пайда болған тілдер.* Үнді мұхиты аралдарында, Африка мен Америкада таралған *к р е о л т і л д е р* аралас жаргондар ретінде, жазбасыз немесе кенже жазбалы тілдер қатарына жатқызылады (Тіл білімі сөздігі).

КРЕП [франц. crepe] з а т. *Қара түсті жұқа мата. К р е п* негізінде: креп-жоржет, крепдешин, креп-марокен, креп-сатин, т. б. маталар жасалады (ҚҰЭ).

КРЕПДЕШИН [франц. crêpe de Chine] з а т. *Креп негізді жібек матаның бір түрі.* Мен сәнденіп, таранып, көк *к р е п д е ш и н* көйлегімді кидім (І. Жақанов, Қайта орал.). Үстінде белін қиып тіккен кең етек көк ала *к р е п д е ш и н* көйлек (З. Ақышев, Достарым.). Гүлді *к р е п д е ш и н* көйлектің сыртынан қынай буынған қынама белбеу (Ж. Мусин, Үміт).

КРЕПЬ ор. зат. *Шахтаның рудасы алынған жерінің төбесін, қабырғаларын ұстау үшін қойылатын тіреу, аша.* Төбелерін көк шалған, *к р е п ь т е р і* шөккен аласа забойды аралап келеді (F. Мұстафин, Шығ.). *К р е п ь к е* ілген керосин фонарьдың күңгірт жарығындағы шахтердің өнімсіз енбегіне жаның ашиды («Лен. жас»).

КРЕСЛО з а т. *Арқасы және шынтақ тіреітін екі жақтауы бар кең, жұмсақ, сырты қапталған сәнді отырғыш.* Құрметті кісі отыруға өте қолайлы, көне стильмен жасалған *к р е с л о ны* қолыммен сипап көрдім (Ә. Шәріпов, Қапаста.). Асан шатырының жанына былғарымен қаптаған *к р е с л о* әкеп қойды (Ә. Әлімжанов, Махамбет.). Көзәйнегін асықпай сүртіп киді де, жұмсақ *к р е с л о ғ а* жайғасып отырды (З.Жәкенов, Таң самалы).

КРЕСТ з а т. ***Айқыш*** *(христиан дінінің қосу белгісіне ұқсас бұйымы).* ≈ *К р е с т* алып жүру.

КРЕСТГҮЛДІЛЕР з а т. б и о л. <лат. cruciferae> ***Айқышгүлділер*** *(бір, екі және көпжылдық шөптесін, бұта, бұташық өсімдіктер тұқымдасы). К р е с т-*

гүлділердің ішінде тағамдық көкөністер көп. Малазықтық, дәрілік, бояулық, әсемдік, балдық және т.б. өсімдіктер (Қаз. тілі. термин. Биология.).

КРЕТИНИЗМ [франц. cretinisme] з а т. м е д. *Қалқанша бездерінің нашар дамуына байланысты туатын ауру. Кретинизм* – ақыл-естің алжасуы (ҚҰЭ).

КРИЗ [франц. crise] з а т. м е д. *Аурудың кенеттен асқынуы.* Аурудың түріне қарай *кризд*ің бірнеше түрі болады: церебралды криз – ми қызметінің зақымдануы; гипертоникалық криз – гипертония ауруының асқынуы (әсіресе, артериялық қан қысымының шамадан тыс көтеріліп кетуі); тиреотоксикалық *криз* – қалқанша без секрециясының ыдырауынан тиреотоксиннің (жемсау уы) жалпы организмге тигізген әсерінен адамда психикалық өзгерістердің (сандырақтау, галлюцинация) пайда болуы; катехоламиналды *криз* – артериялық қан қысымының кенеттен көтерілуі және организмде метаболизм процесінің бұзылуы (ҚҰЭ).

КРИЗИС [грек. krisis] з а т. э к о н. ***Дағдарыс*** *(қиыншылықтың асқынған шегі).* Сауда *кризистерінің* кезінде тіпті бұрын аса қажетті өндіргіш күштердің де едәуір құртылады (К. Маркс... Таңд. шығ.). Соғыс – аса зор *кризис* (В. И. Ленин, Шығ.).

КРИЗИСТІК с ы н. ***Дағдарыстық***. ***≈ Кризистік*** сипат.

Кризистік күй. ф и з. ***Дағдарыстық күй.*** *Екі фазалы жүйенің физикалық қасиеттері бірдей болып, олардың арасындағы фазалар айырмашылығы түгелдей жойылатын тепе-теңдіктің шекті күйі.* Күй диаграммасында *кризистік күйге* фазалардың тепе-теңдік қисығында шекті нүктелер – кризистік нүктелер сәйкес келеді (ҚҰЭ).

Кризистік құбылыстар. ф и з. ***Дағдарыстық құбылыстар*** (*кризистік нүктелер мен штекті фазалық ауысу нүктелерінің төңірегінде байқалатын ерекше құбылыстар). Кризистік құбылыстарға* сұйық-бу тепе-теңдігі кризистік нүктесінің маңайында заттың сығылғыштығының өсуі, ферромагнетиктер мен сегнетоэлектриктердің Кюри нүктесінің төңірегінде магниттік алғырлығы мен диэлектрлік өтімділіктерінің артуы, гелийдің асқын ағыс күйге өту нүктесіндегі жылу сыйымдылығының аномалиясы, қабаттасатын сұйық қоспаларының кризистік нүктелері маңындағы заттардың өзара диффузиясының баяулауы, ультрадыбыстың таралуындағы, жарықтың шашырауындағы аномалиялар т.б. жатады (ҚҰЭ).

Кризистік қысым. ф и з. ***Дағдарыстық қысым*** *(заттың кризистік күйіндегі қысымы).* Таза заттар үшін *кризистік қысым* – сұйық пен оның буы қатар байқалатын ең жоғарғы қысым (ҚСЭ).

Кризистік нүкте. ф и з. ***Дағдарыстық нүкте*** (*сұйық пен оның буының арасындағы айырмашылық жойылатын нүкте).* ***≈ Кризистік нүктеге*** жетті. *Кризистік нүкте* – күй диаграммасындағы нүкте (ҚҰЭ).

Кризистік температура. ф и з. ***Дағдарыстық температура*** (*төпе-теңдік қалыпта тұрған сұйық пен оның буының арасындағы айырмашылық жойылатын температура).* Газдарды сұйылту үшін, оларды *кризистік температурадан* төмен температураға дейін суыту керек (ҚСЭ).

КРИЛЬ [гол. kriel] з а т. *Киттерге, балықтарға, құстарға, планктонмен қоректенетіндерге және т.б. ағзаларға азық болып табылатын, теңізде тіршілік ететін ұсақ шаянтәрізділердің (бүйірлеп жүзгіштердің) көсіптік атауы. Крильден* азықтық ұн, май, бірқатар азықтық өнімдер алынады (ҚҰЭ).

КРИМИНАЛ [лат. criminalis] з а т. *Заң, қылмыстық іс.* ***≈ Криминалға*** қатысты.

КРИМИНАЛИСТИКА [нем. Kriminalistik] з а т. з а ң. *Қылмысты ашу және тергеу үшін қылмыстық процесте қолданылатын, азаматтық не қылмыстық істерді қарағанда пайдаланатын техникалық және тактикалық тәсілдер, бұлтартпайтын дәлелдерді жинау және зерттеу әдістері мен құралдары туралы ғылым. Криминалистика* жаратылыстану және техника ғылымдарының табыстарына сүйене отырып, дәлелдерді табу, сақтау, жинау, баянды ету және зерттеудің техникалық, тактикалық әдістерін өңдейді, жетілдіреді (ҚСЭ). *Криминалистика* ғылымы – қылмыстың нақтылы түрлерін (кісі өлтіру, қоғам мүлкін талан-таражға салу т.б.) тексергенде қолданылатын тәсілдер жинағы, тергеу методикасы (ҚСЭ). Қылмыстың жасалу жолдарын, оның себептерін зерттеу, сот-тергеу органдарының тәжірибелеріне талдау жасау арқылы *криминалистика* қылмысты болдырмауға бағытталған профилактикалық шараларды өңдеп, жетілдіре түседі (ҚСЭ).

Криминалистикадағы дыбыс және бейнежазба. з а ң. *Жасалған тергеу әрекетін, процессуалдық ережелердің нәтижелерін бекітудің қосымша ғылыми-техникалық құралы. Криминалистикадағы дыбыс және бейнежазба* тактикалық әдіс ретінде қарастырылады (Қаз. тілі термин. Заң).

Криминалистиканың жалпы теориясы. з а ң. *Криминалистика ілімінің теориялық*

және әдіснамалық негіздері, криминалистік түсініктер, категориялар және терминдер (Қаз. тілі термин. сөздігі).

КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ с ы н. *Криминалистік. К р и м и н а л и с т и к а л ы қ* техника криминалистикадағы ғылыми-техникалық әдістер мен құралдар туралы ілім (тергеу чемоданы, салыстырмалы микроскоп, арнаулы конструкциялы фотоаппарат т.б.) (ҚСЭ).

КРИМИНАЛИСТІК с ы н. з а ң. *Криминалистикаға тән, криминалистикаға қатысты.*

Криминалистік автортану. з а ң. *Криминалистік техниканың саласы, құжаттардың криминалистік идентификациясының құрамдас бөлігі. К р и м и н а л и с т і к а в т о р т а н у д ы ң* зерттеу объектісі қолжазбамен, баспамен орындалған мәтіндер болады. *К р и м и н а л и с т і к а в т о р т а н у* идентификациялық және дентификациялық емес міндеттерді шешу мақсатында мәтіндерді зерттеу бойынша ұсынымдарды дайындайды (Қаз. тілі термин. Заң.).

Криминалистік әдістеме. з а ң. *Қылмыстың жеке түрлерін тергеу әдістемесі. К р и м и н а л и с т і к ә д і с т е м е* қылмыстың алдын алуға және оған тергеу жүргізуге және тергеуді ұйымдастыруға қатысты ғылыми қағидалар және оларды жетілдіруге негізделген ұсыныстар жүйесі (Қаз. тілі термин. Заң.).

Криминалистік балластика. з а ң. <нем. Kriminalistik лат. ballista, грек. balo – лақтырамын> *Криминалистік техниканың саласы, криминалистік қарутанудың құрамдас бөлігі. К р и м и н а л и с т і к б а л л а с т и к а* атылатын қару-жарақты, оқ-дәріні, ату іздерін зерттеп, атылатын қару-жарақты қолданумен байланысты іздерді анықтау, алу, зерттеу бойынша ұсынымдар дайындайды (Қаз. тілі термин. сөздігі).

Криминалистік болжау. з а ң. *Тергеушінің (сарапшы, маман, сот, прокурор, адвокаттың) тергеудің белгілі бір кезеңдерінде туындаған жағдайларға, жиналған айғақты дәлелдемелерге негізделген қылмыстың түрі, оның болу тетігі және қылмыстың басқа да мән-жайлары жөніндегі ой-пікірі. К р и м и н а л и с т і к б о л ж а у д ы ң* типтік, жалпы, жеке және т.б. түрлері болады (Қаз. тілі термин. Заң.).

Криминалистік габитоскопия. з а ң. *Адамның бейнесін зерттеп, оны суреттеу бойынша ұсынымдарды дайындайтын криминалистік техниканың саласы.*

Криминалистік диагностика. з а ң. *Материалдық объектінің жаратылысын және күйін анықтау. К р и м и н а л и с т і к д и а г н о с т и к а* арқылы іздердің қай қолдан және қай саусақтан қалдырылғаны, құжатта химиялық реактивтерді қолдану белгілерінің бар-жоғы, боялыш зат құйылған құжаттың алғашқы жазылған мәтіні қандай болғаны, қарудың бекіткіш құрылысында бөтен заттар іздерінің бар-жоғы, зерттеуге түскен заттың оқ ататын қару бола алатыны және т.б. мәселелер шешіледі (Қаз. тілі термин. Құқық.).

Криминалистік есеп. з а ң. *Криминалистік маңызы бар объектілерді немесе мәліметтерді бекіту, жүйелеу бойынша ғылыми негізделген жүйені білдіретін криминалистік техниканың саласы* (Қаз. тілі термин. Құқық.).

Криминалистік жарылыстану. з а ң. *Жарылыс құрылғыларын қолданумен байланысты объектілерді анықтау, бекіту, алу, зерттеу бойынша ұсынымдарды дайындайтын криминалистік техниканың бағыты* (Қаз. тілі термин. Құқық.).

Криминалистік идентификация. з а ң. *Криминалистиканың теориялық білімдерінің негізі. К р и м и н а л и с т і к и д е н т и ф и к а ц и я н ы ң* негізгі міндеті – жекелей сәйкестілікті анықтау (Қаз. тілі термин. Құқық.).

Криминалистік коллекция з а ң. *Жедел іздестіру, идентификациялық және диагностикалық мақсатпен әртүрлі нысандарды, үлгілерді (қару-жарақ, атыс құралы, аяқкиім өкшесінің, қалам сиясының бөліктері және т.б.) жинау* (Қаз. тілі термин. сөздігі. Құқық.).

Криминалистік қарутану. з а ң. *Криминалистикалық баллистикадан және суық қаруды зерттеуден құралған криминалистік техника саласы* (Қаз. тілі термин. Құқық.).

Криминалистік қолжазбатану. з а ң. *Криминалистік техникада құжаттарды криминалистік зерттеу саласының құрамдас бөлігі. К р и м и н а л и с т і к қ о л ж а з б а т а н у д ы ң* объектісі жазбаларда және қолтаңбаларда бейнеленген адамның қолжазбасы болып табылады, идентификациялық және идентификациялық емес міндеттерді шешу үшін адамның қолжазбасын зерттеу бойынша ұсынымдарды дайындайды (Қаз. тілі термин. Құқық.).

Криминалистік құралдар мен әдістер. з а ң. *Сот зерттеуін жүзеге асыру үшін криминалистика тұрғысында әзірленетін арнаулы аппаратуралар, материалдар, құрал-саймандар, әрекет ету тәсілдері* (Қаз. тілі термин. Құқық.).

Криминалистік одорология. з а ң. *Зерттеу нысаны иістік іздер болып табылатын, иістік*

іздерді анықтау, бекіту, алу, зерттеу бойынша ұсынымдар дайындайтын криминалистік техникадағы бағыт (Қаз. тілі. термин. Құқық.).

Криминалистік сараптама. з а ң. *Адамды, жануарды, көлік құралдарын, құрал-жабдықтарды, материалдарды, заттар мен бұйымдарды олардағы немесе бүтіннің бөліктеріндегі бар із-көріністері бойынша теңдестіру; сондай-ақ теңдестірілмейтін мәселелерді шешу мақсатында заттай дәлелдемелер мен басқадай іс материалдарын зерттеуде криминалистика деректері мен әдістерін пайдаланумен сипатталатын сараптамалар тобы* (Қаз. тілі термин. Құқық.).

Криминалистік сәйкестендіру теориясы. з а ң. *Дәлелдеме алу мақсатында объектілерді теңдестірудің (айырудың негізінде, олардың көрінісі бойынша) принциптері, әдістері мен құралдары туралы ілім* (Қаз. тілі термин. Құқық.).

Криминалистік тактика. з а ң. *Криминалистиканың бір бөлімі; қылмысты жасауға мүмкіндік туғызатын жағдайларды анықтауға, дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге бағытталған жеке тергеу әрекеттерінің тәсілдерін, алдын ала және сот тергеулерін ұйымдастыру және жоспарлау жүргізетін адамдардың іс-әрекетін анықтауға ғылыми жағдайлар және оның негізінде оларды жетілдіруге негізделген ұсыныстар жүйесі* (Қаз. тілі термин. Құқық.).

Криминалистік техника. з а ң. *Криминалистиканың бір бөлімі; қылмысты ашуда және алдын алуда басқа шаралар мен дәлелдемелерді жинауға, зерттеу мен пайдалануға арналған ғылыми жағдайлар және оның негізінде жетілдірген техникалық әдіс, тәсіл және тәсілдемеліктердің жүйесі. К р и м и н а л и с т і к т е х н и к а* криминалистік фотография, кинотүсіру және бейнежазу, құжаттарды зерттеу, трасология (із туралы ілім), сот (криминалистік) баллистикасы, адамды сыртқы бейнесі бойынша ұқсастыру (габитоскопия және габитология), криминалистік тіркеу, криминалистік одорология, криминалистік фоноскопия салалары болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Құқық.).

Криминалистік трасология. з а ң. *Криминалистік техника саласы, криминалистік ізтанудың құрамдас бөлігі. К р и м и н а л и с т і к т р а с о л о г и я н ы ң* заңдылықтары зерттеліп, іздерді анықтау, бекіту, алу, зерттеу бойынша ұсынымдар дайындалады (Қаз. тілі термин. Құқық.).

Криминалистік тіркеудегі дактилоскопиялық жүйе. з а ң. *Он саусақ, бес саусақ, бір саусақ бойынша жүргізілетін дактолоскопиялық тіркеу жүйесі (*Қаз. тілі термин. Құқық.)

Криминалистік ұсыныстар. з а ң. *Тергеу жүргізу кезінде техникалық тәсілдер мен әдістемелерді таңдау мен қолдануға қатысты тәжірибелік және ғылыми тұрғыдан негізделген және мақұлданған кеңестер* (Қаз. тілі термин. Құқық.).

Криминалистік фотография және бейнежазба. з а ң. *Криминалистік техниканың саласы. К р и м и н а л и с т і к ф о т о г р а ф и я ж ә н е б е й н е ж а з б а* – тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қолданылатын ережелердің және соларға негізделген түсіндіру тәсілдерінің әдістері мен түрлерінің жүйесі (Қаз. тілі термин. Құқық.).

Криминалистік ізтану. з а ң. *Криминалистік техниканың саласы. К р и м и н а л и с т і к і з т а н у* криминалистік трасологияны, материалдарды және заттарды криминалистік зерттеуді, криминалистік одорологияны және басқа бөлімдерді қамтиды. *К р и м и н а л и с т і к і з т а н у* зерттеу объектілері – кең мағынадағы қылмыстың іздері (Қаз. тілі термин. Құқық.).

КРИМИНОГЕНДІК [ағыл. criminogenal] с ы н. з а ң. *Қылмыс тудырушы.*

Криминогендік жағдай. *Қылмыс тудыратын, қылмыстың өсуіне ықпал ететін, қылмыстық іс-қимылдармен сипатталатын жағдай* (Қаз. тілі термин. Құқық.).

КРИМИНОЛОГИЯ [лат. crimen – қылмыс, грек. logos–ілім] з а т. з а ң. *Қылмыс, қылмыскердің тұлғасы туралы ілім. К р и м и н о л о г и я* фактілерге негізделген эмпирикалық ғылым болып табылады (Қаз. тілі термин. сөздігі. Заң).

КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ с ы н. з а ң. *Криминологияға тән, криминологияға қатысты.*

Криминологиялық жоспарлау. з а ң. *Қылмыстылықты болжаудың негізінде жүргізілетін қылмыстылықпен күрестің мақсаттары мен міндеттері, оларды шешудің бағыттары, жолдары* (Қаз. тілі термин. Құқық.).

Криминологиялық болжам. з а ң. *Болашақта қылмыстардың жасалу мүмкіндігі, соның ішінде қайталану (рацидивизмнің болжамы) немесе адамның жәбірленуші болу мүмкіндігі туралы ғылыми болжам.* Қылмыстық мінез-құлықты *к р и м и н о л о г и я л ы қ б о л ж а м* жаза шараларын анықтауға, бас бостандығынан айыру орындарындағы режимді белгілеуге, шартты соттауды және мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды қолдануға әсер етеді (Қаз. тілі термин. Құқық.).

КРИО [грек. kryos] *Төменгі температураға, мұзға қатысы бар күрделі сөздің бөлігі (мыс. криосфера).*

КРИОБИОЛОГИЯ [грек. kryos – суық, аяз, мұз, bios – өмір, logos– ілім] з а т. б и о л. *Төмен және аса төмен температуралардың (0°С-тан абсолют нөлге жуық) тірі ағзаға тигізетін әсерін зерттейтін ғылым, биологияның бір бөлігі. К р и о б и о л о г и я н ы ң* негізгі міндеттері: суық жағдайдағы тіршіліктің төмен температура шекарасын анықтау, организмнің салқындауға және тоңазуға, үсуге төзімділігін; суықтың клетка мен ұлпа қызметтерін бүлдіру әсерін және клетканың, тіннің суықтан қорғану тәсілдерін зерттеу; тіршілікке қажетті температураның төменгі шегін анықтау; табиғи жағдайда суықта орын алатын организмнің анабиоз күйіне өту миханизмін анықтау (ҚҰЭ). *К р и о б и о л о г и я н ы ң* ғылыми негізін 19 ғасырдың соңында орыс ғалымы П.И. Бахметьев (1860 - 1913) қалаған болатын (ҚҰЭ).

КРИОБИОНТТАР [грек. krуos – мұз, аяз, bion – тіршілік етуші] з а т. с у ш а р. *Қарда немесе мұзда тіршілік ететін ағзалар* (Қаз. тілі термин. сөздігі. Биология).

КРИОГЕНЕЗ [грек. kryos – суық, genesis – тек] з а т. ф и з. *Криосферада (тоң қабатында) өтетін және мұз қалыптасуы қоса жүретін физикалық, химиялық, биохимиялық басқа да процестердің жиынтығы* (Қаз. тілі термин. Биология).

КРИОГЕНДІ: криогенді зымыран [ракета] отыны. *Құрамдас бөлігінің бірі не екеуі бірдей сұйытылған газдар (сұйық оттек, фтор, сутек т.б.), яғни криогендік деп аталатын температураға дейін суытылған зымырандық сұйық отын. К р и о г е н д і р а к е т а о т ы н ы* тез буланатындықтан (әсіресе космос кеңістігінде) ұзақ сақталмайды (ҚСЭ). Сондықтан *к р и о г е н д і р а к е т а о т ы н ы* ұзақ уақыт сақталатын ракета отындарымен салыстырғанда меншікті тарту күші тиімді болатын жағдайларда ғана пайдаланылады (ҚСЭ).

КРИОГЕНДІК [грек. Kryos – суық, аяз, genes – тудырушы] с ы н. *Төмен температураға қатысты, төмен температураға тән.*

Криогендік құрылым. г е о л. *Мұз керішпен бекітілген тоңған дисперсиялық таужыныстарға және органогендік-минералдық түзілімдерге тән* (Қаз. тілі. термин. сөздігі. Биология).

Криогендік бітім. г е о л. *Тоңданған таужыныстардағы мұз шлирлерінің іріліг і, пішіні және орналасу ерекшелігі. К р и о г е н д і к б і т і м н і ң* шомбал, қабатты және торлы деп аталатын 3 типі бар (Қаз. тілі. термин. Биология).

Криогендік сорғы. г а з. *Газдарды аса төменгі температураға дейін (0,5 К-тан төмен) салқындатылған заттарға сіңіру арқылы сіретін конденциялы немесе сорбциялы вакуумдық сорғы. К р и о г е н д і к с о р ғ ы* 10^{-1}-10^{-5} н/м^2 аралығында газ сирете алады (ҚСЭ).

Криогендік техника. ф и з. *Криогендік температура (яғни 120 К-нен төменгі температура) алу және оны пайдалану мәселелерін зерттейтін ғылым мен техника саласы. К р и о г е н д і к т е х н и к а* газды сұйылту, оны сақтау және тасымалдау, төменгі температуралық тәсілдер негізінде газды қоспалардан арылту (мыс., өндірістік тәсілмен ауадан таза азот, оттек, аргон, гелий, т.б. бөліп алу), криогендік тоңазытқыштар жасау, асқын өткізгіштік, т.б. электртехникалық құрылғылар (трансформаторлар, кабельдер, гироскоптар, т.б.) мен электрондық аспаптар, биологиялық объектілерді криогендік температураға дейін суыту т.б. мақсаттар үшін пайдаланылады (ҚҰЭ).

КРИОЛИТОГЕНЕЗ [грек. krytos – суық, lithos – тас, genegis – тек] з а т. с у ш а р. *Көпжылдық тоңның, мұзды таужыныстардың қалыптасу процестерінің жиынтығы. К р и о л и т о г е н е з* эпигенетикалық (климаттың өзгеруі барысындағы тоңдану мен мұздың бөлінуі бұрыннан бар жыныстарға өтуі) және сингенетикалық (литокриосфера, шөгінді жиналу барысындағы) типтерге, (мыс. арктикалық белдемдегі өзен жайылмаларында) бөлінеді (Қаз. тілі термин. сөздігі. Биология).

КРИОЛИТОЗОНА [грек. krytos – суық, lithos – тас, zone – белдеу] з а т. с у ш а р. *Жер қыртысының үстіңгі қабаты шегіндегі криосфераның бір бөлігі. К р и о л и т о з о н а н ы ң* төменгі шекарасы -0°С температурадағы изотермиялық үстіңгі бет. Оның орташа ендіктегі жатыс тереңдігі бірнеше метр, ал биіктік ендікте бірнеше км-ге дейін созылады (Қаз. тілі термин. Биология).

КРИПТИКАЛЫҚ: криптикалық бояу [грек. krybtis] з о о л. *Кейбір жануарлардың түсі мен рең өрнегінің тіршілік ортасы жағдайына ұқсастығы. К р и п т и к а л ы қ б о я у* организмді жауыннан жасырады не жемін аулағанда оны байқатпайды (ҚСЭ).

КРИПТОГРАФИЯ [грек. kryptos – құпия, graphф – жазамын]з а т. з а ң. *Құпия жазу, іске қатысы жоқ адамдарға мәтін түсініксіз болу үшін қолжазуды өзгертіп жазу жүйесі* (Қаз. тілі термин. Геология).

КРИПТОЛАЛИЯ [грек. kryptos – құпия, lolia – сөз] з а т. *Белгілі бір әлеуметтік топқа*

тән, қоғамның басқа топтары түсінбейтін құпия тіл (Тіл білімі сөздігі).

КРИПТОЛОГИЯ [грек. kryptos – құпия, logos – ілім] з а т. *Құпия тілдерді зерттейтін және олардың оқылу тәсілін табатын ғылым* (Тіл білімі сөздігі).

КРИПТОН [грек. kryptos] з а т. х и м. *Менделеевтің периодты системасының VIII тобындағы химиялық элемент; инертті газ, рет нөмірі 36, атом массасы 83,80. К р и п т о н ды* 1898 ж. ағылшын химиктері У.Рамзай, М.Траверс сұйық ауаны буландырғаннан қалған бөлігінен тапқан (ҚСЭ). *К р и п т о н* табиғатта негізінен атмосферада (салмақ бойынша 0,0003%) кездеседі. Сыртқы электрондық қабатының 8 электроны тұрақты, сондықтан ол реакцияласпайды (ҚСЭ). *К р и п т о н* молекула аралық күштері әсерінен қосылыстар түзеді (ҚСЭ).

КРИОСКОПИЯ [грек. kryos– суық, skopeo – қараймын] з а т. х и м. *Таза еріткішпен салыстырғанда, ерітіндінің қату температурасының төмендеуін өлшеу. К р и о с к о п и я* әдісі ерітіндідегі еріген заттың молекулалық массасын, активтілігін, ерітіндінің осмостық қысымын, еріткіштің қанық бу қысымының төмендеу мөлшерін немесе ерітіндідегі әлсіз электролиттің диссоциациалану дәрежесін анықтауда қолданылады (ҚСЭ). *К р и о с к о п и я* әдісімен тәжірибе жүргізгенде қату температурасын Бекман термометрімен (дәлдігі $0{,}002^0$C) өлшейді (ҚСЭ).

КРИОСФЕРА [грек. kryos – суық, sphaira – шар] з а т. *Жер шарының атмосфера, гидросфера және литосфера тоғысатын белдеріндегі мұзды қабаты. К р и о с к о п и я н ы ң* жоғарғы шегі плюстерде 8 км. Экватор маңында 17 км биіктіктен өтеді (ҚСЭ).

КРИОТРОН [грек. kryos – суық, ағыл. electron – электрон] з а т. ф и з. *Асқын өткізгіштердің кризистік магнит өріс әсерінен өздерінің өткізгіштігін өзгерту қасиетіне негізделген айырып-қосқыштық криогендік элемент* (ҚСЭ). *К р и о т р о н н ы ң* іс-әрекеті кілтке не релеге ұқсас. *К р и о т р о н* асқын өткізгіштік немесе өте нашар өткізгіштік күйдің бірінде ғана бола алады (ҚСЭ). *К р и о т р о н* сым және пленка тәрізді жазық түрде де бола алады (ҚСЭ).

КРИПТОФИТТЕР [грек. kryos – суық, phyton – өсімдік] з а т. с у ш а р. *Қайта тұлеу бүршіктері топырақ астындағы пиязшығында, түйнегінде, тамыр сабағында болатындықтан, ортаның тікелей әсерінен қорғалатын көпжылдық шөптесін өсімдіктер* (Қаз. тілі термин. Су).

КРИСТАЛДАЙ с ы н. *Кристалл сияқты таза, кіршіксіз.* ≈ *К р и с т а л д а й* таза.

КРИСТАЛДАН= е т. г е о л. *Кристалдың алғаш пайда болуы және бірте-бірте өсу процесі* (Қаз. тілі. термин. Геология.).

КРИСТАЛДАНУ *Кристалдан етістігінің қимыл атауы. К р и с т а л д а н у* кезінде кристайдың жақтары өзіне-өзі параллель жылжиды (ҚҰЭ).

Кристалдану аулашығы. г е о л. *Өсуші кристалды қоректендіретін аса қаныққан ерітіндінің шекара белдемі* (Қаз. тілі. термин. Геология.).

Кристалдану дифференциациясы. г е о л. *Магманың кристалдану кезінде әртүрлі себептерден (гравитациядан, конвекциялық ағындардан) минералдық фазаларының жылжып, жекеленуі. К р и с т а л д а н у д и ф ф е р е н ц и а ц и я с ы* магмалық балқымалар дифференциациясының негізгі механизмі (Қаз. тілі. термин. сөздігі Геология).

Кристалдану индексі. г е о л. *Бір-біріне байланыссыз қатар дамыған екі минералдық серияның магмалық дифференциация дәрежесінің п е т р о х и м и я л ы қ к ө р с е т к і ш і. К р и с т а л д а н у и н д е к с і н* вариациялық бинарлық диаграммада ординатаға, ал кварцты (массалық %) абсциссаға салады (Қаз. тілі. термин. Геология). *К р и с т а л д а н у и н д е к с і н* магмалық таужыныстардың барлық серияларына қолдануға болады (Қаз. тілі. термин. Геология).

Кристалданудың сабақтастық заңы. *Балқымалар мен ерітінділердің, минералдардың белгілі ретпен кристалдануы. К р и с т а л д а н у д ы ң с а б а қ т а с т ы қ з а ң ы* кристалдану дифференциациясы құбылысын түсіндіруге қолданылады (Қаз. тілі. термин. Геология.).

КРИСТАЛДАУШЫ: кристалдаушы су. г е о л. *Минералдардың кристалдық торларын түзуде өзіндік орны бар су молекулалары.*

КРИСТАЛДЫ с ы н. х и м. *Кристалы бар.* Шынының *к р и с т а л д ы* заттардан айырмашылығы оның балқуынан көрінеді (Н.Нұрахметов, Синтетика.). *К р и с т а л д ы* қатты денелер белгілі бір температурада балқиды және қатаяды (Физика).

Кристалды керамика. х и м. *Құрылымы тығыз поликристалды керамикалық заттар. К р и с т а л д ы к е р а м и к а* көбінесе техникалық, кейде арнайы керамика деп те аталады (ҚСЭ). *Кристалды керамиканың* ерекшелігі оның құрамындағы кристалды заттардың қасиетіне байланысты (ҚСЭ).

Кристалды тақтатастар. г е о л. *Орта, кейде жоғары дәрежелі метаморфизм жағдайында*

қалыптасқан метаморфтық таужыныстардың үлкен тобының жалпылама атауы. Кристалды тақтатастардың гнейстерден айырмашылығы – құрамында кварцтың, дала шпаттарының және түсті минералдардың бір-біріне мөлшерлік қатынасы сан түрлі болып келуі (Қаз. тілі термин. Геология.)

Кристалды таужыныс. г е о л. *Кристалл түйірлерінен тұратын кез келген таужыныстың жалпылама атауы* (Қаз. тілі термин. Геология.)

КРИСТАЛДЫҚ с ы н. *Кристалға тән, кристалға қатысты. Кристалдық* күй – жекелеген бөлшектері (атомдары, иондары, молекулалары) нақтылы кристалдық тор бойында геометриялық заңдылықтар бойынша орналасатын заттың болмыс-бітімі (Қаз. тілі термин. Геология.)

Кристалдық тор. ф и з. *Кристалдағы атомдардың не иондардың кеңістіктегі кезеңдік орналасуы. Кристалдық тордың* атомдар не иондар орналасқан нүктелері кристалдық тордың тораптары деп аталады. Синонимі кеңістік тор (Қаз. тілі. термин. Геология.).

Кристалдық тор спектрі. ф и з. *Кристалдық тор түйіндеріндегі атомдардың әлсіз тербелісі нәтижесінде байқалатын тербелістер жиынтығы* (Қаз. тілі термин. Геология.)

Кристалдық тор энергиясы. ф и з. *Кристалдық тор құрушы бөлшектерден (иондардан, атомдардан, молекулалардан) кристалл түзілгенде бөлініп шығатын энергия.* Кристалл түзуші иондар зарядтарының және олардың радиустарының шамасына қарап *кристалдық тор энергиясын* есептеп шығаруға болады (ҚСЭ).

КРИСТАЛЛ [нем. Kristall] з а т. г е о л. *Табиғи пішіні дұрыс көпжақтардан құралған қатты денелер. Кристалл* атомдары үш өлшемді периодты кеңістікте орналасып, кристалдық тор түзеді. *Кристалдар* қатты денелердің тепе-теңдік күйі болып саналады (ҚСЭ). Бұл құрылым атомдардың орналасу симметриясына сәйкес *кристалдардың* сыртқы симметриясын және олардың анизотропиялық қасиеттерін бейнелейді (ҚСЭ). Мен *кристалға* ұқсас тастардан қаланған іргеге жақын келдім (Т. Шаханов, Жоғалған.).

Кристалдар ақауы. г е о л. *Кристалдық торды құраушы атомдардың қайталамалы периодтық орналасуынан ауытқуы.* Идеал кристалда атомдар кристалл торының түйіндерінде белгілі бір тәртіппен пероидты, симметриялы түрде орналасады. Реал кристалда осы периодтық орналасудың бұзылуынан *кристалдар ақауы* пайда болады (ҚСЭ). Геометриялық өлшемдері мен тордағы орнына байланысты *кристалдар ақауы* нүктелік (нөл өлшемді), сызықтық (бір өлшемді), беттік (екі өлшемді), көлемдік (үш өлшемді) болып бөлінеді (ҚСЭ).

Кристалдар габитусы г е о л. *Қарапайым пішіндердің бірте-бірте дамып жетілуі нәтижесінде минерал кристалдары иемденетін пішіндердің жиынтық атауы* (Қаз. тілі термин. Геология).

Кристалдардың қалыпқа келуі. г е о л. *Ішінара мұжылған не еріген кристалдардың өзімен құрамдас аса қаныққан ортада қайтадан қалпына келуі не дұрыс пішінге келуі* (Қаз. тілі термин. Геология).

Кристалдар жүйесі. г е о л. *Кристалдардың симметриясына байланысты таңдап алынған координаталық жүйе* (Қаз. тілі термин. Геология).

Кристалл құрылымы. ф и з. *Кристалл құратын бөлшектердің нақтылы кеңістікте орналасуы* (Қаз. тілі термин. Геология).

Кристалл қырлары. ф и з. *Кристалл жақтарының бір-бірімен тоғысу сызығы* (Қаз. тілі термин. Геология).

Кристалл өсімі. ф и з. *Кристалды көпжақтың әрбір жағы бетінде қаныққан ерітінді, балқыма, газ немесе қатты зат түріндегі қоршаған орта есебінен қалыптасқан жаңа заттардың жұқа қабаттшалары* (Қаз. тілі. термин. Геология).

Кристалл пішіндері. *Кристалды денелерді құрайтын жақтар, қырлар және ұштар жиынтығы* (Қаз. тілі термин. Геология).

КРИСТАЛЛИЗАТОР з а т. т е х. *Ерітіндіні буландыру немесе қаныққан ерітіндіні салқындату тәсілдері бойынша кристалдандыруға арналған аппарат.* Ерітінді құйылған *кристаллизатор* сыртынан ағынды салқын сұйықпен, қар, мұз, т.б. салқындатқыш заттар арқылы суытылады (ҚСЭ). *Кристаллизатор* ішінде араластырылғыштары, ал сыртында салқындатқыш қабаты бар жай ыдыс немесе айналмалы барабан пішінді болып жасалады (ҚСЭ).

КРИСТАЛЛОБЛАСТ з а т. х и м. *Өзгерген таужыныстар құрамында қайтадан кристалдануы нәтижесінде қалыптасып, толық кристалды құрылымды иеленген минерал түйірлерінің жалпылама атауы* (Қаз. тілі. термин. Геология.).

КРИСТАЛЛОГИДРАТ зат. хим. *Құрамына су молекулаларын қосатын кристалдар.* Термодинамикалық жағдайға байланысты бір заттың өзі судың бірнеше молекуласын қосып

алып кристалданады. *Кристаллогидраттардың* құрамындағы суды кристаллогидраттық су деп атайды (ҚСЭ).

КРИСТАЛЛОГРАФИЯ [нем. Kristall – кристал, грек. grapho – жазамын] з а т. ф и з. *Заттың кристалдық күйі туралы ғылым. Кристаллография* геометриялық, физикалық және химиялық кристаллография болып үш түрге бөлінеді (Қаз. тілі термин. Геология). Геометриялық *кристаллография* симметриялар мен кристалды денелердің түрқы туралы және сол денелердің кеңістік торлар (құрылымдар) құрауының геометриялық заңдылықтары туралы ілімдерді біріктіреді (Қаз. тілі. термин. Физика.).

КРИСТАЛЛООПТИКА з а т. ф и з. *Жарықтың кристалдарда таралуын зерттейтін физиканың саласы. Кристаллооптика да* оптика мен кристаллофизикаға ортақ мәселелер қарастырылады (ҚСЭ). *Кристаллооптика* негізінен, сәуленің қосарланып сынуы, жарық поляризациясы, поляризация жазықтығының бұрылуы т.б. кристалға тән құбылыстарды зерттейді (ҚСЭ).

КРИТЕРИЙ [грек. kriterion] з а т. **1.** *Бір нәрсені айқындаудың, тұжырымдаудың негізгі өлшемі, шегі.* Педагогикада белгілі бір құбылыстардың *критерийлерін* талдап-белгілеу қиын, өйткені педагогика пәнінің өзі күрделі және көріністері сан алуан (Қаз. тілі. термин. Педагогика). Чернышевский ақиқаттың *критерийі* практика деп танып, саяси іс-әрекеттерді де практикаға жатқызды (ҚСЭ). Сайып келгенде, Абай саналы бол, адал бол дейді. Абайдың адамгершілік, өнегелік *критерийі* осы (С.Мәуленов, Үркер.). Айтыс – ақындықтың басты *критерийі* («Қазақст.мұғ.»).

КРОКИ [франц. croquis] з а т. г е о г р. *Көзбен өлшеп түсіру тәсілімен орындалған, жергілікті жердің ең маңызды элементтерін көрсететін жергілікті жер өңірінің сызбасы.* Әдетте, *крокиі* жергілікті жерді барлау нәтижелерін үлкен масштабта беру керек болған жағдайда дайындалады (Қаз. тілі термин. География.)

КРОКЕТ [франц. croquet] з а т. с п о р т. *Кішкене сым қақпаларға ағаш шарды ұрып өткізіп ойнайтын ойын.* Онда гимнастикалық жаттығулар жасайтын, волейбол, теннис және *крокет* ойнайтын алаңдар салынған («Спорт»).

КРОКЕТТЕР з а т. т а м а қ. *Үгітілген мусс, балық, картоптан не жармалардан дайындалатын, көбіне цңга аунатып алып, қайнап тұрған майға қуырылған үлкендігі жаңғақтай өнім.* Тек қана еттен не картоптан дайындалған крокеттер де болады. Барлық жағдайда да *крокеттер* гарнирмен не олардың құрамымен үйлесімді тұздықпен беріледі (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КРОКОДИЛ [франц. crocodile] з а т. з о о л. ***Қолтырауын*** *(ыстық жақтардың суларын мекендейтін, бауырымен жорғалайтын ірі жыртқыш жануар).* Абыржыған балықшы абайлап қараса, ауындағы бір жарым метр *крокодил* екен («Лен. жас»). *Крокодилдер* Африкада, Азия мен Американың ыстық жерлерінде мекендейді (Зоология).

КРОМЛЕХ [бретон. crom – шеңбер, lech– тас] з а т. т а р. *Неолит және қола дәуірінің табыну құрылыстары.* ТМД ғалымдарының археология әдебиеттерінде *кромлех* деп тастан жасалған қорғандар айналасындағы сақинаша түзілген тас қоршауды атайды (ҚҰЭ). *Кромлех* мегалиттік құрылысы Солтүстік Франция, Ұлыбритания т.б. елдерде кеңінен тараған (ҚҰЭ).

КРОНА [нем. Krone] з а т. **1.** *Францияда (14-17 г-лар), Англияда (16-17 г-лар), басқа да елдерде шекілген көне алтын ақша.* **2.** *Ұлыбританияда 1871 жылға дейін айналыста болған ағылшын күміс теңгесі.* **3.** *Австрия-Венгрияның, кейіннен Австрияның және Венгрияның 1924 ж. дейінгі ақша өлшемі.* **4.** *Данияның, Гренландияның, Норвегияның, Швецияның (бұл елдерде 100 эреге тең), Чехияның, Словакияның (бұл елдерде 100 геллерге тең), Эстонияның (100 центке тең) ақша өлшемі* (ҚҰЭ).

КРОСС [ағыл. tocross] з а т. с п о р т. *Жаяу жарысатын, яки тосқауылы бар ұзындықтан жүгіріп не атпен шауып өтетін жарыс түрі.* Мың метрлік *кросс,* қашыққа секіру, граната лақтыру т. с. с. нәтижесі оқу-тәрбие жұмысының тәуір де нашар жақтарын аңғартты («Қазақст. мект.»). Кейінгі кезде республикамызда суға жүзу, *кросс,* ат жарысы, нысана көздеумен айналысып жүрген жастар көп («Соц. Қаз.»). Күз айларындағы соңғы жарыстар *кросс* және эстафета сайыстарымен аяқталады («Спорт»).

КРОСС-АССЕМБЛЕР [ағыл. cross assembler] з а т. и н ф. *Бір дербес компьютердің мәшинелік кодтағы командасын басқа дербес компьютерге өзгертетін аударғыш* (Қаз. тілі термин. Информатика).

КРОССБАР [ағыл. crossbar] з а т. и н ф. *Матрицалы коммутатор. Кроссбар* процессорлар мен енгізу-шығару арналары жиынынан жадтың ішкі жүйесіне өзаралық тосқауылсыз қатынас құруды жүзеге асырады (Қаз. тілі термин. Информатика).

КРОССВОРД [ағыл. cross–word] з а т. ***Сөзжұмбақ.*** Оның «тәртіп бұзбаймын» деп берген уәдесі сызу тілінде, *к р о с с в о р д* түрінде жазылыпты («Қазақст. мұғ.»). Әскери тақырыпқа арналған үзінділері бар *к р о с с в о р д* әзірлеу керек («Қазақст. мұғ»). «Далалы ел» десе *к р о с с в о р д,* Жауабы Қазақстан болар тек (Ж. Молдағалиев, Қыран дала).

КРУЖКА ор. з а т. ***Саптыаяқ*** *(ұстайтын тұтқасы бар, стақан тәрізді не одан үлкенірек ыдыс).* Вася көрші бөлмеден екі *к р у ж к а* сұрап әкелді(А. Жақсыбаев, Менің дос.). Фурманов қағаз үйіліп жатқан столдың жанында *к р у ж к а м е н* шай ішіп отыр (Қ.Әміров, Революция.). Пияз араласқан ыстық ет, темір *к р у ж к а ғ а* құйылған сорпа әкеліп қойды (Н.Көшекбаев, Қарулас.).

КРЭКЕР [ағыл. cracker] з а т. и н ф. *Қорғаныштың компьютерлік жүйесін бұзуға талпынатын адам.* Мысалы, *к р э к е р л е р* кейін астыртын түрде тарату үшін компьютерлік ойындардың парольдерін алып тастайды немесе компьютерлер жүйесінің рұқсат етілмеген мәліметтер аймағына кіреді (Қаз. тілі. термин. Информатика).

КСЕНО [грек. xenos] з а т. г е о л. *Нақтылы магмалық тау жынысқұрамында мүлдем бөгде тау жыныстардың көптеп кездесетіндігін (50%-ға шейін) білдіру үшін қолданылатын қосымша* (Қаз. тілі термин. Геология.)

КСЕНОГЕНДІК: ксеногендік минералдар. г е о л. *Магманың қоршаған тау жыныстарды сіңіруінен кездейсоқ пайда болған минералдар (мыс., гранат, волластонит және т.б.).*

КСЕНОКРИСТАЛЛ [грек. xenos – бөтен, жат, krystallos – кристалл] з а т. г е о л. *Осы магмалық тау жынысқа жат минерал. К с е н о к р и с т а л д ы* магма жылжу кезінде іліп алады (Қаз. тілі. термин. сөздігі. Геология).

КСЕНОЛИТ [грек. xenos – бөтен, жат, lithos – тас] з а т. г е о л. *Магмалық тау жыныстар құрамында ұшырасатын, бірақ осы тау жыныстарға мүлдем жат кесектер мен түйірлер* (Қаз. тілі. термин. Геология).

КСЕНОМОРФТЫ с ы н. г е о л. *Өзіне тән кристаллографиялық пішіні жоқ минералдарға қолданылатын термин. Ксеноморфты* минералдар басқаларынан кейін кристалданып, олардан қалған аралықтарды толтырады (Қаз. тілі. термин. Геология).

КСЕНОТИМ з а т. х и м. *Фосфаттар табына жататын минерал. К с е н о т и м* гранит пен пегматиттерде ұсақ шашыранды кристалдар болып кездеседі (Қаз. тілі. термин. Химия).

КСЕНОФОБИЯ [грек. xenos– бөтен, phobos – қорқу] з а т. *Қоғамның өмір салтына жат нәрсенің бәрін жек көру, қабылдамау, басқа ділдегі адамдардан, шетелдерден қорқу, үрку сезімі.* Бір жағынан либералдық қағидаларды қолпаштай жүріп, екінші жағынан кеңістікті таптық қырбайылық пен *к с е н е ф о б и я* тенденцияларын асқындыратын саяси миналармен ластап бақты («Егемен Қазақстан»).

КСИЛЕН з а т. г е о л. *Көмірдің гельденген топтағы микроқұрамбөлігі.* Микроскопта өтетін жарықта *к с и л е н н і ң* көмірлену дәрежесі төмен көмірлерде қызыл немесе сары түсті, ал шағылған жарықта – сұр (Қаз. тілі. термин. Геология).

КСИЛЕН-ФЮЗЕН з а т. г е о л. *Тін құыстары тіндік қабырғалардың қалыңдығынан аз, қара түсті, ал шағылған жарықта ақ түсті болатын фюзенделген топтағы көмірлердің микроқұрамбөлігі* (Қаз. тілі термин. Геология).

КСИЛОВИТРЕН з а т. г е о л. *Жасушалық құрылысы айқын емес, өтетін жарықта қызыл немесе сары, ал шағылған жарықта сұр түсті болып келетін гельденген көмірлер тобындағы микроқұрамбөлік* (Қаз. тілі термин. Геология).

КСИЛОГРАФИЯ [грек. xylon – ағаш, grapho – жазамын] з а т. ө н е р. *Алмұрт, самшит, құрма сияқты қатты да серпімді ағаш кесінділеріне ойып салынған гравюра. К с и л о г р а ф и я* алғаш рет Қытайда (6 ғ.) пайда болып, кейіннен Еуропаға (16 ғ.) жетті. Оның айтулы шебері ағылшын графигі Т.Бьюик болды (ҚҰЭ). Орыс суретшілерінен *ксилографиямен* В.Фаварский, А.Остроумова-Лебедева т.б. айналысты (ҚҰЭ).

КСИЛОЛИТ [грек. xylon – кесілген ағаш, lithos – тас] з а т. қ ұ р. *Ағаш ұнтақтары, магнезиялы цемент, талшықтас т.б. қоспаларынан тұратын жасанды құрылыс материалы. К с и л о л и т* өте қатты, дыбыс өткізбейді, сондықтан аралық қабырға және еден жабуға қолданылады (ҚҰЭ). *К с и л о л и т т е н* төселген еден қышқыл және сілті ерітінділеріне, ылғалға төзімді (ҚҰЭ).

КУӘ [ир. گواه] з а т. **1.** *Болған істің ақиқатын растаушы, шындығына айғақ болушы.* Өтірік көрмегенін көрдім деуші *к у ә л а р* да әлдеқашан дайындап қойылған, бағанағы жақсы адам сайлауға жарамасы үшін (Абай, Тол. жин.). Зәбір көргенді, *к у ә л а р д ы* қазбалап сұрап алып, заң бойынша үкім шығаруға тырысады (М.Қаратаев, Дала.). Аққірпік сылбыр мінезімен жай сөйлеп, *к у ә л а р д ы ң* көпшілігі осында екенін айтты (Д.Әбілев, Арман.). **2.** з а ң. *Азаматтық немесе қылмыстық іс*

бойынша анықталуға тиіс қайсыбір мән-жайлардан хабардар адам. Көрінеу жалған айғақ бергені үшін және заңда көзделмеген негіздер бойынша айғақ беруден бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін *к у ә* ҚР ҚК-нің 352, 353-баптарында көзделген жауаптылыққа тартылады (Заң. термин. анықт. сөздігі). Сот *к у ә л а р д ы ң* төндіруімен ұры деп тауып, Қапанды үш жыл түрмеге салуға қаулы алды (Б.Майлин, Шығ.). **3.** а у ы с. *Айғақ, дәлел.* Геологиялық білімнен де аздаған хабары бар Шоқанның шамалауынша, бұл қатпарлар – тектоникалық өзгерістердің *к у ә л а р ы* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Сенсің досым жібек мінез, жібегім. Сені ғана сүйем – *к у ә* жүрегім. Суық жолдан сақтайтын сен періштем, Сен болмасаң азып-тозып өлемін (М.Жұмабаев, Шығ.). Бұған бүкіл ауыл *к у ә*, Келестің жұмсақ толқындары *к у ә*, Көдесай да *к у ә*, аспандағы жұлдыздар *к у ә* (Т.Бердияров, Солдат сыры).

Куә болды. *Өз көзімен көрді, айғақ болды.* Мен өзім екі заманның *к у ә с і б о л ғ а н* адаммын (Ы.Жақаев, Менің бақытым). Ол Москва мен Ленинград түбінде, Сталинград көшелерінде, Севастополь мен Одессада болған соғыстардың *к у ә с і б о л д ы* (С.Қирабаев, Октябрь.). Жақсылыққа *б о л а м к у ә*, Шырақ етсең сөзімді. Іздемеңдер моламды да, Іздемеңдер өзімді (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Куәға тартты. *Куә етті, айғақ қылды.* Мені *к у ә г а т а р т ы п* сөйлемесе, мұның іші кебеді (Ә.Қалмырзаев, Ар). Мұхамедті сендіре алмай, інжілді оқыған адамдарды *к у ә г а т а р т ы п* отыр (М.Тоқжігітов, Құран.).

Куә қылды. *Айғақ қылды, куәға тартты.* Соның анығын біліп, сіздермен кеңесіп, реті келсе, өздеріңізді *к у ә қ ы л с а қ* па деп ойлап едік (М.Дулатов, Шығ.).

КУӘГЕР з а т. **1.** *Болған оқиғаны көзбен көрген айғақшы; куәлікке жүретін адам.* Баубек Мұқаннан артық білсе, ал біздер Иманжановтың өзінің телегей-теңіз білімділігінің *к у ә г е р і* болып едік (М.Әлімбаев, Қалам қайраты). Небір сөз «қара қағаз» – жаманат жоқ, *К у ә г е р* жолдасымнан және хат жоқ, Әйтпесе күтер ме еді осыншама, Ол түгіл айтпай келген азамат көп (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Сол бір бақытты шақтың *к у ә г е р і* мына қара қайық оған аса ыстық тартып кетті (М.Сүндетов, Ескексіз.). Рудакидің адамдық, ақындық, ойшылдық келбетін тануға көмектесетін нағыз қымбатты *к у ә г е р* – оның шығармалары (Р.Бердібаев, Гүлстан). **2.** *Ер адам мен әйел адамның некелесуіне куә болушы күйеу жолдас пен қыз жолдас.* Неке суын қалыңдық та, күйеу де, *к у ә г е р л е р* де ішті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **3.** з а ң. *Қылмыстық ізге түсу органдарының тергеу іс-әрекеттерін жүргізу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін куәландыру үшін куәға тартылған адамдар.* Өздерінің қатысуымен болып жатқан іс-әрекеттерді толық және дұрыс қабылдауға қабілетті, іске мүдделі емес және қылмыстық ізге түсу органдарына тәуелсіз қәмелеттік жастағы азаматтар ғана *к у ә г е р* бола алады (Заң. термин. анықт. сөздігі). **4.** з а ң. *Азаматтық немесе қылмыстық іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді иеленуші; айғақкер; растаушы. К у ә г е р д і ң* қауіпсіздігін қамтамасыз етуге (*к у ә г е р д і ң*, оның отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының өміріне қауіп төнгені, зорлық-зомбылық, өзге де заңға қайшы әрекеттер жасалатыны мәлім болған жағдайда) алдын ала анықтау органының, тергеушінің, прокурордың және соттың міндеттілігі заңмен белгіленген (ҚҰЭ). Сот ісі әдеттегідей адвокаттардың қатысуынсыз, *к у ә г е р л е р* шақырылмай қаралды («Парасат»).

КУӘГЕРЛІК з а т. *Куә болушылық, куә екендік.* Майор Николай Соломонович Мартынов аз уақыт түрмеге ілігіп қалғанда, оның *к у ә г е р л і г і н* дәлелдеп, еріксіз босаттырған (Ғ.Мүсірепов, Достық).

КУӘ-КУӘ: куә-куә куәдүрміз, куәлікке жүрәдүрміз. э т н. *Ескі дәстүр бойынша екі жастың некелесуін растау, айғақ болу.*

КУӘЛА= е т. с ө й л. ***Куәландыр.*** Менің сақам сол еді, Бүкіл ауыл сөзімді, *К у ә л а п*-ақ береді (Қ.Тәңіріқұлиев, Тауыс.).

КУӘЛАНДЫР= е т. *Растығына кепіл болу, айғақтау.* Трибунал Бойковтың қылмыстарын зерттегенде ауыл-село кедей-жалшылары қолдарын қойған, совдеп *к у ә л а н д ы р ғ а н* арыз-шағымға сүйенді (С.Омаров, Қызыл.). Куәлік шала сауатты жазылыпты, дегенмен Гүлсімнің жасы биыл он жетіде деп *к у ә л а н д ы р ы п т ы* (Т.Ахтанов, Боран). Пакетте олардың кімдер екенін *к у ә л а н д ы р а т ы н* документтер бар екен («Қаз. әдеб.»). Сені бөтен жұрт білмейді, ол үшін сен екендігіңді *к у ә л а н д ы р а т ы н* қағаз керек (Т.Дәуренбеков, Кездес. осы)

КУӘЛАНДЫРУ *Куәландыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Растау, айғақтау.* Жоғарыда айтылғандарды *к у ә л а н д ы р у* ретінде саған осы грамота берілді (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Олардың араларындағы алыс-берісті *к у ә л а н д ы р у д а н* басқа істе біздің жұмысымыз жоқ (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Вавилондағы, Мысырдағы, сондай-ақ минойлық және микендік өркениеттердегі

секілді Грецияда да әрбір заттың түпнұсқа екендігін әрі соларға қатысты құжаттардың төл дүние екендігін *куәландыру* мақсатында бедерлі мөрлер пайдаланылды («Парасат»). **2.** з а ң. *Қылмыстық іске қатынасы бар кейбір мәселелерді анықтау үшін адамның денесін, киген киімін қарап тексеруді қажет ететін тергеу әрекеті. Куәландырудың* өзі тергеу және медициналық болып екі топқа бөлінеді (Заң. термин. анықт. сөздігі).

КУӘЛАНДЫРЫЛ=ет. *Расталу, айғақталу.* Ол айтқан өсиеттің *куәландырылған* көшірмесін түсіріп алды (С.Мұқанов, Шығ.). Заңды тұлғалар жарғының, статистикалық карточканың және заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің нотариалды *куәландырылған* көшірмелерін қосымша ұсынады («Егемен Қазақстан»).

КУӘЛІК з а т. **1.** *Заңдық мәні бар әлдебір деректі (туу туралы, неке туралы, оқу орнын бітіргені туралы т.б.) тұлғаның құқын (авторлық, иеленушілік т.б.) немесе дайындалған материалдардың (бұйымдардың, құрылымдардың) стандарттарға не техникалық шарттарға сәйкестігін дәлелдейтін ресми құжат.* Балам он жетіде, нанбасаң, ауылнайдың мөр басып берген *куәлігі* бар (Т.Ахтанов, Боран). Завод басқармасына кіре берісте есікші Ермектен *куәлік* сұрамақ болып ұмтыла түсті де, танып, қоя қойды (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). Білім туралы *куәлікте* жетінші, сегізінші бітірді деген сөздер рим цифрымен жазыла салған (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Мұқанның өз басының *куәлік* қағаздары ғана өзінде (С.Шарипов, Бекболат). **2.** з а ң. *Заң органдарының тінту іс-әрекеттерін жүргізу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін растау үшін куә болушылық.* Тінту кезінде *куәлікке* қатысқан Наташа мынаны хабарлады (Е.Оразақов, Дәрігер.). **3.** *Белгі, айғақ, дәлел.* Сол үшін жиналдық біз мына бүгін, Осы күн – қасиетті күн, дуалы күн, Алланың өз қолынан алу үшін, Бірліктің, тұтастықтың *куәлігін!* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Оны айғақтайтын бірден-бір *куәліктер* – Санкт-Петербургтің Эрмитажында, Ұлыбритания, Париж, Берлин мұражайларында сақтаулы тұрған алтын және күміс теңгелер болып табылады («Парасат»). Ғажап та, әсерлі. Санаға әсер берудің тамаша үлгісі. Танымның қуатты бастауын көрсететін ғажап *куәлік*! («Егемен Қазақстан»).

Авторлық куәлік. *Технологиялық мақсаттарды шешетін әдістер мен қандай да бір құрылғыларды ойлап шығару құқығын куәландыратын құжат.* Аталған зерттеулердің нәтижелері *авторлық куәлік,* патенттер, монографиялар мен ғылыми мақалалар түрінде республикалық және шетел, соның ішінде Ресей басылымдарында да жарық көріп, республиканың барлық түкпірлерінде енгізілуде («Егемен Қазақстан»). Беріктендіру мен қайта қалпына келтіру технологиясындағы авторлардың жаңалықтарына КСРО *авторлық куәліктері* мен Қазақстан Республикасының патенттері берілген («Егемен Қазақстан»).

Жеке [бас] куәлік. *Жеке тұлғаның аты-жөнін, туған күні мен жылын, тұратын жері мен ұлтын куәландыратын құжат.* Бірнеше құжатты (*жеке куәлік,* жүргізуші куәлігі, салық төлеушінің куәлігі, жерге деген құқығы туралы құжат және тағы басқа) уақытты үнемдеп, бір орталықтан алу кімге болмасын өте тиімді («Егемен Қазақстан»). Кейбір аудармашылардың *жеке куәліктің* түпнұсқасын бұрмалап, қате аударатын жағдайлары да кездеседі («Қаз. әдеб.»). Олар 10058 шетелдік адамды төлқұжатсыз және *жеке басқуәлігінсіз* тұрғызғаны үшін айыпты болып саналады («Егемен Қазақстан»).

Кепілхаттық куәлік. *Борышкердің мүлікті кепілге салғаны туралы құжат. Кепілхаттық куәлік* борыш мерзімінде төленбеген жағдайда несиегердің кепілге салынған мүлікті сатуына құқық береді (ҚҰЭ).

Куәлікке жүрді. а) *Некелесушілердің некесіне айғақ болды, куә болды.* Сол жолы ол да куәлікке жүрді («Жалын»). ә) қ ұ қ ы қ. *Бір іске куә болды, растады.* Мен де *куәлікке жүре* аламын, – деп, бәрін жайып салды (Т.Дәуренбеков, Біз әлі.).

Куәлікке жүру. *Айғақ болу, растау.* Ешкімге қиянат болмас үшін кейде *куәлікке жүруге* тура келеді (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл.).

Неке [қию] куәлігі. *Жұбайларды заңды түрде некеленгендігін білдіретін ресми құжат.* Бұлар да жиналған қауымның ақ ниетін, тілегін алып, қолдарына алтын неке сақиналарын салысып, *неке қию куәлігін* ақ қайнармен жуды («Қазақст. әйелдері»). Жаңа қосылған жастарға *неке куәлігі* көпшіліктің басы қосылған жерде, салтанатты түрде тапсырылды («Мәдениет және тұрмыс»). Той үстінде жас жұбайларға салтанатты түрде *неке куәлігі,* бағалы сыйлықтар табыс етілді («Лен. жас»).

Сақтандыру куәлігі. *Сақтандырушы сақтандыру шартын жасау кезінде полис берілген сәтке дейін жүретін уақытша сақтандыру құжаты. Сақтандыру куәлігі* – сақтандыру шартының жасалғаны туралы түпкілікті құжат (ҚҰЭ).

Салым туралы куәлік. э к о н. *Клиенттің салым салғанын қуаттайтын және түсімдердің кейінгі түсуі, осы шоттан алу, сондай-ақ пайыздар төлеу шарттарын айқындайтын банк сертификаты* (ҚҰЭ).

Тауарлардың шығарылған елі туралы куәлік. *Тауардың шығарылған елін анықтайтын, осы елдің кеден органдары беретін құжат* (ҚҰЭ).

Туу туралы куәлік. *Жаңа туған сәбидің аты-жөнін, туған уақытын, туған жерін т.б. куәландыратын құжат.* Аспанбай он тоғызға келсе де әлі паспорт алмаған, *т у у ы т у р а л ы к у ә л і г і* де жоқ, мына келіншекке соны түсіндірудің өзі азап (Ә.Тарази, Тас жарған).

Тіркеу туралы куәлік. *Заңды тұлға ретінде тіркелген ұйымдарға құзыретті мемлекеттік орган беретін белгіленген үлгідегі құжат* (ҚҰЭ).

КУӘЫ з а т. е с к і к і т. ***Куә***. Ол киік Зарлық ханның пірлері екен, Гайыперен қырық шілтеннің біреуі екен. Зарлық пенен Шаншарды қоспақ үшін, *К у ә h і* боп арасында жүреді екен (Мұңлық-Зарлық).

КУБ [грек. kybos] з а т. **1.** г е о м. ***Текше*** *(алты жағы да квадрат болып келетін тузу бұрышты геометриялық фигура). К у б т ы* кейде гексаэдр деп те атайды. *К у б т ы ң* қырлары квадрат болады, әрбір төбесінде үш қыры (олар өзара бір-біріне перпендикуляр) түйіседі (ҚҰЭ). Егер дененің сыртқы формасы *к у б*, цилиндр, шар тәрізді болса, көлемі белгілі формулалар арқылы есептеліп табылады (К.Әбдіғапаров, Қызық. физ.). *К у б т а р д ы ң,* балкалардың және цилиндрдің көлемін табу үшін мысырлықтар олардың табандарының аудандарын биіктіктеріне көбейткен (О.Жәутіков, Математика). **2.** м а т. *Санның үшінші дәрежесі.* Олар мұндай теңдеуді шешу әдісіне сандардан жуықтап квадрат, *к у б* т.б. дәрежелі түбір табу алгоритмін жасау жолымен келсе керек (А.Көбесов, Математика.). Сандық *к у б* және одан жоғары дәрежелі теңдеуді шешу ашық түрде тұңғыш рет қытай математиктерінде кездеседі (А.Көбесов, Математика.). **3.** м а т. *Көлем өлшеуіш бірлігі.* Дүниежүзілік мұхиттардан 519 мың *к у б* км су буландыруға жұмсалады (Жалпы биология).

Куб теңдеу. м а т. *Үшінші дәрежелі алгебралық теңдеу. К у б т е ң д е у д і ң* жалпы түрі мынадай: $ax^3+bx^2+cx+d=0$, мұндағы a, b, c, d – кез келген сандар, $a\neq0$ (ҚҰЭ). *К у б т е ң д е у д і ң* түбірлері Кардано формуласы бойынша (1545, итальян математигі Дж.Кардононың есімімен аталған) анықталады (ҚҰЭ). Егер әл-Хорезми бірінші және екінші дәрежелі (квадрат) теңдеулерді алты канондық түрге келтірген болса, Омар Хайям оларға басқа да түрлер және *к у б т е ң д е у л е р д і* қосып, барлығы 25 түрлі теңдеуді қарастырады (А.Көбесов, Математика.). *К у б т е ң д е у д і ң* не бір, не үш нақты түбірі болатыны мәлім (Геометрия).

Кубты екі еселеу. м а т. *Берілген кубтан көлемі екі есе үлкен болатын кубты салу туралы ежелгі классикалық есеп. К у б т ы е к і е с е л е у* есебінің (дөңгелек квадратурасы мен бұрыш трисекциясы сияқты) сызғыш пен циркуль арқылы шешілмейтіндігін француз математигі П.Ванцель (1837) дәлелдеді (ҚҰЭ). Галуа теориясында кез келген дәрежелі алгебралық теңдеулерді шешумен қатар бұрышты трисекциялау, *к у б т ы е к і е с е л е у* және биквадрат теңдеулерді шешу сияқты ескі проблемалар да табиғи орын тапқан (А.Көбесов, Математика.).

КУБАНКА[1] о р. з а т. *Айналасы елтіріден тігілген дөңгелек пішінді бөрік; баскиім.* Басында төбесі қызыл мәуітімен тысталған *к у б а н к а с ы* бар (Б.Момышұлы, Жауынгер.).

КУБАНКА[2] о р. з а т. е г і н ш а р. *Жаздық ақбидайдың о баста Кубаннан тараған дәні, ірі сұрпы.* Бір дорба ақ бидайды ап күлімдепті, Көріп пе ең *к у б а н к а н ы* бұрын депті. Көктемде бір бөлтекке ек осыны, Достыққа болсын біздің ырым депті (Қ.Жармағамбетов, Баллада.).

КУБИК[1] з а т. *Төртбұрышты етіп жасалған әртүрлі түсті кішкентай ойыншық текшелер.* Екі-үш жастан асқан балаларға *к у б и к,* қуыршақ, доп, машина, аң сияқты ойыншық сатып әперу керек (Келіншектерге.). Мысалды тез есептеп шығару үшін балалар счетты, есеп таяқшаларын, *к у б и к т е р д і* пайдаланады («Халық мұғ.»). *К у б и к т е р д е н* үй жасап, Қызық ойын бастаймын (Ө.Тұрманжанов, Менің кітабым).

КУБИК[2] з а т. ә с к. с о в е т. *1943 жылға дейін Кеңес Армиясының кіші командалық құрамының нысанды киімінің жағасына тігілген төртбұрыш пішінді айырым белгісінің атауы.* Кішкене гимнастеркасының жағасында қызыл эмаль жалатқан төртбұрышты жалғыз *к у б и г і* бар (Т.Ахтанов, Шырағың.).

КУБОК з а т. **1.** *Сәндеп жасалған ыдыс.* Осы күні де көркіне көз тоймас вазалар, *к у б о к т а р* жасалып, жұртшылық тұтынуына беріліп келеді (Н.Нұрахметов, Синтетика). **2.** с п о р т. *Жеңімпаз спортшыға, озған командаға жүлдеге берілетін әшекейлі ваза, сыйлықтың жоралғысы (атрибуты).* Волейболшылары *к у б о к т ы* жеңіп алғанда команда капитаны Сауранбаевқа «Спортқа еңбек сіңірген мастер» атағы берілді («Спорт»). Волейболшы жігіттеріміз екі жыл қатарынан Европа чемпиондарының *к у б о г ы н* жеңіп алды («Спорт»). Шымкенттің «Металлург» футбол командасы «Еңбек» ерікті спорт қоғамының *к у б о г ы н* жеңіп алды («Лен. жас»). **3.** с п о р т. *Белгілі бір спорт түрі бойынша бәйге, спорт жарысы.* Алматыдағы орталық

стадионда республика *к у б о г* үшін финалдық сында Алматының «Қайраты» мен Қостанайдың «Тобыл» командалары өзара бақтарын сынады («Түркістан»). Кеше «Қайрат» Эстонияның чемпионы «Левадиямен» кездесті. Бүгін Достастық *к у б о г ы н ы ң* ширек финалдағы ойындары өтеді («Егемен Қазақстан»). Он жылдың ішінде еліміздің боксы керемет қарқынмен өсіп, былғары қолғап шеберлерінің арасынан әлем *к у б о г ы н ы ң* жеңімпазы, әлем чемпионы, олимпиада чемпиондары және Азия ойындарының чемпиондары шықты («Жас Алаш»).

Ауыспалы кубок. с п о р т. *Тұпкілікті емес, көшпелі жүлде.* Спартакиада қорытындысында жүлделі орындарға ие болған командалар мен жеке спортшыларға аудандық халық ағарту бөлімінің *а у ы с п а л ы к у б о г ы* мен дипломы тапсырылды («Қазақст. мұғ.»).

КУБОМЕТР з а т. *Текше көлемін анықтайтын өлшеуіш бірлік, текшеметр.* Европаның ең көркем қаласы жиырма миллион *к у б о м е т р* сынық кірпіш үйіндісіне айналды (Ж.Тілеков, От кешу). Күніне бәлен *к у б о м е т р* жер қазу керек (І.Есенберлин, Айқас). Кеңгірдің суы тоғандалып, қала мен заводтың керектігіне мол жететіндей 135 миллион *к у б о м е т р* су ұсталынады (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.).

КУБРИК [гол. koebrug] з а т. к ә с. *Кеме командасына арналған тұрғын жай, демалатын орын.* 18 ғасырда кіші-гірім желкенді кемелердің палубасы да *к у б р и к* деп аталды. Кейінірек *к у б р и к* кеменің тұмсық жағына палубаның астына орналастырылып, төсек-орын, стол, шкафпен жабдықталатын болды (ҚСЭ). Мен енді ғана өзімнің трюм емес, кемедегі теңізшілер демалатын орын – *к у б р и к т е* отырғанымды аңғардым (С.Жұбатыров, Алыста.). Тез жуынып, *к у б р и к к е* кірсем, дастарқан үсті ауқатқа толы (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). – Капитан жолдас, Сізді радиотелефонға сұрап жатыр, – деді Николай *к у б р и к* жанында тұрған Ізтұрғанға (С.Хайдаров, Теңіз.).

КУБШЫЛДЫҚ <франц. cubisme> з а т. ө н е р. *20 ғасырдың басында пайда болған бейнелеу өнеріндегі модернистік ағымның бір түрі. К у б ш ы л д ы қ* өзінің тамырын сол кездерде Еуропаға әкелінген африкандықтардың жасаған мүсіншілеріне еліктеуден және п о с т и м п р е с с и о н и с т суретші П.Сезанн еңбектеріне қызығушылықтан алады (ҚҰЭ). *К у б ш ы л д ы қ* суретшілеріне басқа ағымдағы суретшілердей бай колоритті бояу тән емес, олардың бояулары, көбінесе, солғын қоңырқай, көкшіл-жасыл болып келеді (ҚҰЭ).

КУЗОВ ор. з а т. *Жүк мәшинесінің қорабы, шанағы.* Шофер қабинадан шығып *к у з о в т ы* ақтарып, ауыр бір нәрселерді жерге түсірді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Қайсар *к у з о в т а н* қарғи бергенде, аузындағы сигареті кузов ішіне түсіп қалды (Е.Өтетілеуов, Бос шелек). *Кузовты* тазалап болып, қабинаның терезесін қақтым (А.Жақсыбаев, Менің дос.).

КУКУМОВИРУСТАР з а т. б и о л. *Өсімдік вирустары. К у к у м о в и р у с т а р д ы ң* негізгі типі – қияр теңбілі вирусы (Қаз. тілі термин. Биология).

КУЛАЖ з а т. э к о н. **1.** *Сұйық заттар тауарыны ағып, ысырап болуындағы салмағына жасалатын жеңілдік.* **2.** *Материалдардың, еңбектің, уақыттың өнімсіз шығындары* (К.Оразалин, ... Орыс.-қаз. эконом. сөздік).

КУЛАК з а т. т а р. с о в е т. ***Құлақ*** *(мүліктік жіктелу нәтижесінде шаруалар ортасынан туындайтын деревня буржуазиясының өкілі).* Жергілікті *к у л а к т а р ғ а* байлықтан басқа дүниенің қажеті жоқ, қаруды қандай жауға болса да сатып жіберуге олардың беттері шылп етпейді (М.Дүзенов, Ант). Оспан қаршадайынан әкесінің соңына еріп, орыс қаласының малын бақты, *к у л а к т ы ң* суын тасыды (С.Омаров, Дала қызы). Байлардан кейін жалдандым, Бірер жылдай *к у л а к қ а* (С.Мұқанов, Шығ.).

КУЛИНАР з а т. ***Аспаз*** *(асты жақсы, дәмді пісіре білетін шебер).* ≈ *К у л и н а р* тамағы.

КУЛИНАРИЯ [лат. culinarius] з а т. ***Аспаздық өнері.*** Тамақ пісірудің өзі де өнер, оны ғылым тілінде *к у л и н а р и я* дейді (Е.Оразақов, Туберкулез). *К у л и н а р и я* жөніндегі аспазшы кеңесінің әрбір семья үшін де маңызы зор («Қаз. әдеб.»).

КУЛИНАРЛЫҚ с ы н. *Аспаздық өнерге тән, соған қатысты.* Кейбір ваниль түрлерінің жемістерінде хош иісті ванилин заты бар, *к у л и н а р л ы қ* өндірісте қолданылады (Х.Әбисатов, Қарын рагы). Алматыда 1970 жылдан бастап *к у л и н а р л ы қ* тағамдар заводы іске қосылды («Лен. жас»).

КУЛИСА[1] [франц. coulisse] з а т. **1.** *Театр декорациясының рампаға қатарлас немесе қиғаш сахнаның екі жақ қапталына орналасқан бөлігі. К у л и с а* алғаш рет 1619 ж. Пармадағы Фарнезе театрында (Италия) қолданылды (ҚҰЭ). Қазіргі театр сахнасы жұмсақ *к у л и с а м е н* жабдықталғандықтан, қатты құралымға орнатылған *к у л и с а* болмайды (ҚҰЭ). **2.** а у ы с. *Шымылдықтың сыртындағы театрдың бір бөлігі. К у л и с а* – сахнадан тыс өмір (ҚҰЭ).

КУЛИСА[2] з а т. э к о н. *Ресми биржа маклерлерінің делдалдығынсыз бағалы*

қағаздармен мәміле жасалатын бейресми биржа. К у л и с а д а негізінен ресми биржаға жіберілмеген қағаздар айналысқа түседі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

КУЛЛИЯТ з а т. ә д е б. *Бір жазушының не ақынның толық қолжазба шығармаларының жинағы, кейде бір шығармашының еңбегі деген мәнді білдіретін классикалық түркі тілдес әдебиетінің термині* (Әдебиет. термин.).

КУЛОН [франц. coulomb] з а т. ф и з. **1.** *Халықаралық бірліктер жүйесіндегі электр мөлшерінің (электр зарядының) бірлігі. К у л о н* қысқаша Кл не С таңбасымен белгіленеді (ҚҰЭ). 1 *к у л о н* – ток күші 1 *а* болатын өткізгіштің көлденең қимасы арқылы 1 секунд ішінде тасылатын зарядқа тең (ҚСЭ). **2.** *Электрлік ығысу ағынының (электр индукциясы ағынының) халықаралық жүйедегі бірлігі.* 1 *к у л о н* – ішінде 1 *к* еркін заряды бар түйық беттен өтетін электрлік ығысу ағынына тең (ҚСЭ). *К у л о н* мен бірліктердің СГС жүйесіндегі электрлік ығысу ағыны бірлігінің арасындағы қатыс мынадай болады: $1\ к \approx 4\pi \cdot 3 \cdot 10^9$ СГСЭ бірлігі (ҚСЭ).

Кулон заңы. ф и з. *Тыныштықта тұрған нүктелік екі электр зарядының арасындағы әсерлесу күшін анықтайтын электр статикасының негізгі заңы. К у л о н з а ң ы н а* бағынатын өзара әсерлер кулондық өзара әсерлер деп аталады (ҚҰЭ). *К у л о н з а ң ы* классикалық электродинамиканың эксперименттік негізі болып табылады (ҚҰЭ).

КУЛОНОМЕТРИЯ з а т. ф и з. *Электр мөлшерін өлшеуге негізделген талдаудың электрохимиялық әдістер жиынтығы. К у л о н о м е т р и я* электролиз кезінде бөлініп шыққан зат мөлшері мен электролиттен өткен электр тоғы арасындағы байланысты көрсететін М.Фарадейдің заңына сүйенеді (ҚҰЭ).

КУЛЬМИНАЦИЯ [лат. culmen] з а т. **1.** а с т р. *Жарық көзінің меридианды бойлап өтуі.* Күннің көрінерлік дискісі центрінің екі жоғарғы *к у л ь м и н а ц и я с ы* арасындағы уақыт аралығы шын күн тәулігі деп аталады (Астрономия). **2.** м у з. ***Шарықтау шегі*** *(дамудың, өрбудің, оқиға желісінің ең биік кезеңі, шиеленісудің ақтық нүктесі).* Күйдің *к у л ь м и н а ц и я с ы н д а* Құрманғазыға тән күш анық сезіліп тұр (А.Жұбанов, Құрманғазы). Бұл ария Абайға берілген лирикалық мінездеменің шоқтығы, бүкіл опералық шығарманың *к у л ь м и н а ц и я с ы* дейміз (Ж.Рсалдин, Ахмет Жұбанов).

КУЛЬТ [лат. cultus] з а т. к і т. ***Табыну.*** *К у л ь т т і ң* негізгі түрлері – магия (қоршаған ортаға бір тылсым күштің әсер етуі, арбау); тілек тілеп жалбарыну, шарапат күту (Құдайға, рухқа, Аллаға, аруаққа жалбарыну); қасиеттілер *к у л ь т і* (Мәдени-филос. энцик. сөздік). Осылайша пайда болған төрт түлік мал *к у л ь т і н е* қатысты танымның трансформацияланып, көне, тәңірілік дүниетаным үлгілері мен шамандық ритуалдармен астасып, көшпелілер мәдениетіндегі айшықты элементтің біріне айналды (Б.Хинаят, Жауырын. аспект.). Софылар Алланы ақыл, жүрек арқылы тануға болады деген пікірді негізгі қағида етіп алды. Шығыс әдебиетіндегі «ақыл *к у л ь т і*», «жүрек *к у л ь т і*» дейтініміз осыдан туындайды («Парасат»).

КУЛЬТИВАТОР [франц. cultivateur] з а т. т е х. *Топырақты қопсыту, арам шөпті отау, отамалы дақылдардың қатар аралықтарын тегістеу, түптеу, минерал тыңайтқыштарын шашу, егістік қатар аралықтарын сирету үшін қолданылатын құрал.* Атқаратын қызметіне қарай *к у л ь т и в а т о р* топырақты жаппай өңдейтін, өсімдік аралықтарын өңдейтін *к у л ь т и в а т о р* болып бөлінеді (ҚҰЭ). Егістік жерге арам шөп шығып кетсе, оны *к у л ь т и в а т о р* жүргізіп, азайту керек (А.Алманиязов, Қазақст. қауын.). Өсіп шыққан өсімдіктерді күтіп-баптау жұмыстарында көпшілік жағдайда қол құралдарын пайдаланамыз. Ондай құралдар: маркер, кетпен-шот, *к у л ь т и в а т о р* (Д.Әбілов, Помидор.). Бұл алаңды бірнеше рет *к у л ь т и в а т о р* арқылы қопсыту керек (А.Ажкеев, Қант.).

КУЛЬТИВАЦИЯ [лат. cultus] зат. егіншар. *Егістік жерді жұмсартып өңдеу, қопсыту, арам шөпті отау, минерал тыңайтқыштарын шашу, түптеу жұмыстары.* Жаз айларында екі бағытта салынған *к у л ь т и в а ц и я*, үстеп қоректендіру, ызалатып суару, қозалардың түп саны түгел плантацияны күн санап құлпыртты (Ақ бидай). Сәскеге жақын Сейітбек *к у л ь т и в а ц и я* салып жүрген қозалықтағы сушы Жұман картты көрді (О.Тәжиева, Қара қолғап).

КУЛЬТИВАЦИЯЛА= е т. е г і н ш а р. *Егіндік жерді өңдеу, қопсыту; арам шөптерді отау; түптеу; минерал тыңайтқыштарын шашу; егістік қатар аралықтарын сирету.* Тұқым сеппес бұрын *к у л ь т и в а ц и я л а п*, арам шөптің тамырын құртып алу керек (Абзал жан.).

КУЛЬТИВАЦИЯЛАН = е т. е г і н ш а р. *Өңделу, қопсытылу, түптелу.* Ағаш тұқымы егілген алқап неғұрлым терең *к у л ь т и в а ц и я л а н с а*, топырақ ылғалды мол сақтайды (А.Балтабаев, Шөлде.). Екінші рет өсімдік гүлдеген кезде 8-10 см *к у л ь т и в а ц и я л а-*

надұы. Бұдан кейін картопты домбықтап үйеді (М.Ерлепесов, Суармалы.). Қара пар ретінде өңделген питомник жері бірінші жылы 2-3 рет *культивацияланадұы*, қыста қар ұсталынады (А.Балтабаев, Шөлде.).

КУЛЬТИВАЦИЯЛАУ етістік. *Культивацияла етістігінің қимыл атауы; егіндік жерді қопсыту; арам шөптерді отау; жерді өңдеу, минерал тыңайтқыштарын шашу.* Топырақты егіс алдында өңдеу жұмысы бірта-лай негізгі операциялардан: тегістеу, *культивациялау*, дискілеуден тұрады (Ауыл. шаруаш. машина.). Жер түрлі жағдаймен кеуіп кетсе, не арам шөп шықса, оны алдымен *культивациялау* керек (Ы.Жақаев, Менің бақытым). Егісті *культивациялау* кезінде өсімдіктерге азот тыңайтқыштары беріледі (Ботаника).

КУМАРИН [франц. coumarine] зат. бот. *Кейбір өсімдіктердің құрамында кездесетін хош иісті зат.* Жарықдәрінің шебінде *кумарин* және оның туындылары умбеллиферон, герниарин фиовонондтар – кверцетин, рутин, терпенді сапониндер болады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

КУМУЛЯТИВТІК [лат. cumulatio] сын. **1.** терм. *Жиынтықты, шоғырланбалы; жиналған, топталған.* ≈ *Кумулятивтік* сан. **2.** лингв. *Тіл бірліктерінің ақпаратты жинақтаушы, сақтаушы қызметіне тән.* Осы тектес қағидаға сай қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығындағы зерттеулер мәдениеттің өзін метатіл деп анықтап, оның коммуникативтік, *кумулятивтік,* әлеуметтік қызметтерін талдауға қазақ тіл білімінде ерекше назар аударылуда («Тілтаным»). *Кумулятивтік* қызметін жүзеге асыра отыра, топонимдер мен антропонимдер аталмыш объект жөнінде бүкіл ақпаратты қамтиды («Қаз. тілі. әдебиеті»).

Кумулятивтік акция. эк он. *Бірнеше жыл бойы алынбаған дивиденттердің жинақталған акциясы. Кумулятивтік акция* иелеріне корпорация өзінің нашар қаржы жағдайына байланысты төлей алмай, бірнеше жыл бойы жиналып қалған дивиденттер төленуі мүмкін (К.Оразалин, ... Орыс.-қаз. эконом. сөздік).

Кумулятивтік әдіс. эк он. *Есеп айырысу коэффициентін (кумулятивтік санын) анықтайтын әдіс.* Бухгалтерлік есепте негізгі құрал-жабдықтың өтемпұлын есептеудің үш әдісінің бірі – бұл *кумулятивтік әдіс* (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Кумулятивтік снаряд. әск. *Нысананы жою үшін кумулятивтік қозғалыстың заряды қолданылатын негізгі бағыттағы артиллериялық снаряд. Кумулятивтік снарядты* бірінші рет 1934 ж. С.Н.Дядичев тәжірибеден өткізген (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Кумулятивтік снаряд* корпустан, жарғыш зарядтан, кумулятивтік ойықтан, жарғыштан және трассерден тұрады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КУМУЛЯЦИЯ [лат. cumulatio] зат. **1.** мед. *Дәрі-дәрмектер мен улы заттардың тірі жан ағзасында жиналуынан олардың тигізетін зиянды әсерінің күшею құбылысы.* Адам организмінде биологиялық активті заттардың жиналуын материалды *кумуляция,* ал сол жиналудың салдарынан организмде пайда болған түрлі құбылыстар жиынтығын функционалды *кумуляция* деп атайды (ҚҰЭ). Мысалы, мысықтарға ұзақ уақыт қорғасын препараттарымен әсер еткенде, оларда материалды *кумуляция* болмағанымен, булбарлы салдану ауруынан өлетіндері анықталды (ҚҰЭ). **2.** физ. *Жарылғыш заттың арнайы нысандағы оқтамының жарылыс нәтижесін күшейтетін әсері.* **3.** қар жы. *Сақтандырылған нысандардың белгілі бір шектеулі кеңістікте (бір кемеде, бір айлақта, бір қоймада) жиналып қалуы.* **4.** лингв. *Тіл бірліктерінің ақпаратты жинақтаушы, сақтаушы қызметі* («Тілтаным»)

КУНА зат. көне. тар. *Моңғол шапқыншылығына дейінгі кезде көрініс тапқан ескі орыс ақшасының (соғылған, металдан жасалған ақша, құнды ақ терілері) жинақтама атауы* (К.Оразалин, ... Орыс.-қаз. эконом. сөздік).

КУНСТКАМЕРА [нем. Kunstkammer] зат. *Түрлі тарихи, көркем, ғылыми-жаратылыс т.б. сирек ұшырасатын коллекциялар және оларды сақтайтын орын* (Мәдени-филос. энцик. сөздік).

КУПЕ [франц. coupe] зат. *Жолаушы пойызының вагондарындағы жеке бөлмелер.* Біз біраздан соң, ауызға шығып, өз *купелеріміздің* тұсындағы терезелерді ашып тастап, ендігі сәскеге жақындап келе жатқан күннің, көк жасыл даланың омырауына түгел жайылған сары салқын сәулесіне көз үйретіп, көкірек кере дем алып тұрдық (Ғ.Қайырбеков, Ақ желкен). Поезд алыстаған сайын оның көңілі сынып, көзіне жас алды да, *купесіне* кірді (Е.Оразақов, Дәрігер.). Бір *купеде* келе жатыр екен екеуі, сөздері жарасса, адамның бөтені бар ма (Ж.Қыдыров, Нұр). Біздің *купеміздегі* үшінші жолаушы ақ бурыл шашты қара кісі (З.Шүкіров, Ізгілік.).

КУПЕЛЕС с ы н. *Бір купедегі, купесі ортақ.* Менімен *к у п е л е с* ерлі-зайыпты екі жас терезеден көз алмайды («Лен. жас»).

КУПЕЛІ с ы н. *Купесі бар.* Билеттің қалғаны жай *к у п е л і* вагондар екен (Т.Ахтанов, Үндістан.). Ол *к у п е л і* вагонның жоғарғы сөресінде жатты («Лен. жас»).

КУПЕЛЯЦИЯ [франц. coupelle] з а т. к е н. *Тотықтыра балқыту арқылы қорғасыннан асыл металдарды ажыратып алу әрекеті.* Металлургияда *к у п е л я ц и я* қорғасын өндіруде қорғасынмен қорытпада болатын асыл металдарды бөліп алу үшін қолданылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

КУПЕЦ о р. з а т. ***Көпес.*** Қаланың *к у п е ц т е р і*, қала маңындағы помещиктер, бұрынғы оязнайдың чиновниктері Плотников отрядына жиналды (З.Ақышев, Ақбел.). Қызылжардағы ет заводына өгіз айдаған Ақмоланың *к у п е ц т е р і* келе жатқанын естіді (С.Мұқанов, Шығ.).

КУПОН [франц. coupon] з а т. э к о н. **1.** *Бағалы қағаздың (облигацияның, акцияның) пайыз немесе дивиденд алу кезінде жыртып алынып, қолхатпен бірге табысталатын бөлігі.* Купондық парақ жекелеген *к у п о н д а р д а н* тұрады, оларда төлем төлеу мерзімі көрсетілген (ҚҰЭ). **2.** *Куәлік болып табылатын негізгі бағалы қағаз бойынша табыс алу құқығын беретін көмекші бағалы қағаз.* Бұл қазыналық міндеттеме бойынша табысты төлеу жыл сайын *к у п о н м е н* немесе міндеттемені өтеу кезінде проценттерді номиналға жыл сайынғы төлемсіз есептеу жолымен жүргізіледі (Б.Жүнісов, ... Нарық. экон. негіз.). **3.** *Бірқатар ТМД мемлекеттерінде рубль орнына жүретін құн белгісі* (ҚҰЭ).

КУПОНДЫҚ с ы н. *Купонға тән, купонға қатысты.* ≈ *К у п о н д ы қ* парақ.

Купондық облигация. э к о н. *Облигацияларды шығару шарттарына сәйкес акционерлік қоғам төлейтін сыйақыны алуға облигацияны ұстаушының құқығын куәландыратын қағаз.*

КУПРИТ [лат. cuprum] з а т. г е о л. *Оксидтер класына жататын минерал. К у п р и т* мыс кендерінің тотығу белдемінде кездеседі (Қаз. тілі термин. Геология). *К у п р и т т і ң* сирек кездесетін мөлдір түрлері асыл тас ретінде, синтетикалық *к у п р и т* тоқ түзеткіш және фотоэлементтер дайындауда, керамика өндірісінде пигмент ретінде пайдаланылады (ҚҰЭ). *К у п р и т* Қазақстанда Жезқазған, Ақшағыл, Берікқара мыс кен орындарында кездеседі (ҚҰЭ). *К у п р и т т і ң* түсі түрлі реңді: қызыл, кейде қорғасындай сұр, алмастай жылтыр (ҚСЭ).

КУПЮРА [франц. coupure] з а т. э к о н. *Қағаз ақшада, банкноттарда, облигациялар мен басқа да бағалы қағаздарда көрсетілетін белгіленген құн, сондай-ақ осы ақшаның, банкноттардың, бағалы қағаздардың немесе облигациялардың өзі.* 1992 жылдың 27 тамызында ақша айырбастауға бір жыл қалғанда ҚР Ұлттық банкінің басқармасында теңге *к у п ю р а л а р ы н ы ң* үлгілері бекітілді («Түркістан»). Бағаның өсуі жалғаса берді, қолма-қол ақша жетіспеді. Еріксіз, 1994 жылдың басында екі жүз теңгелік *к у п ю р а н ы* басып шығаруға тура келді («Түркістан»).

КУРАНТ [франц. courant] з а т. *Сағат сайын музыкалық қоңырау соғатын мұнаралы немесе қабырғалы сағат.* Кремль *к у р а н т т а р ы* – Отанымыздың дүрсілдеп соғып тұрған жан жүрегі (С.Мәуленов, Жер нәрі). Жұлдызды аспан, жарық түн, Ай әйнектен қарады. Күмбірлеп *к у р а н т*, қоңыр үн Эфирді еппен қарады (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.). Кремльдің *к у р а н т т а р ы* күндізгі сағат үшті соқты («Соц. Қаз.»).

КУРАТОР [лат. curator] з а т. **1.** *Жоғары оқу орындарындағы әр курсты жеке өз қамқорлығына, бақылауға алатын жетекші ұстаз.* Декан студентке ұрсып-ұрсып, *к у р а т о р ғ а* жіберді, куратор ұрсып-ұрсып, Тоқаға жіберді (Е.Домбаев, Ғашықтық). Оқу жылының басында әрбір *к у р а т о р* тәрбие жұмысының жоспарын жасайды («Қазақст. мект.»). Қиындықтарды топтың жетекші ұстазы – *к у р а т о р д ы ң* шеберлігі арқылы ғана жеңуге болады («Қазақст. мект.»). **2.** *Берілген жұмысты бақылайтын адам* (Орыс.-қаз. түсін. сөздік. Ғылымтану). **3.** м е д. *Ауруханада жатқан аурудың денсаулығын қадағалайтын медик-студент* (Орыс.-қаз. түсін. сөздік. Ғылымтану).

КУРВИМЕТР [лат. curvus, грек. metron – өлшейтін қисықтар] з а т. г е о л. *Топографиялық карталар мен жоспарлардағы қисық сызықтардың ұзындығын анықтайтын құрал. К у р в и м е т р* қашықтығын өлшеуде доңғалақтарды маршрут бойымен жүргізіп, оның сантиметрмен өлшенген есебін масштаб көлеміне көбейтіп, нәтижесінде жергілікті жердің нақты қашықтығын анықтайды (Қаз. тілі термин. Әскери.). *К у р в и м е т р д і ң* циферблаты қозғалмайтын, ал стрелкасы (не индексі) жылжымалы немесе циферблаты жылжымалы да, индексі қозғалмайтын етіп жасалған екі түрі бар (ҚСЭ). Сызықтың ұзындығын өлшеу кезінде *к у р в и м е т р д і ң* дөңгелегі сол сызық бойымен жылжиды (ҚСЭ).

КУРОК о р. з а т. ***Шүріппе.*** Нұрлан жалмажан мылтығын оңтайлап, әлгі байғыз секілдіні тұспалдаған бойда мылтықтың *к у р о ғ ы н* басып жіберген еді (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

КУРОРТ [нем. Kurort] з а т. *Ауа райы қолайлы, минералды суы, емдік балшығы және табиғи шипалы қасиеттері бар жерлерге салынған емдеу-профилактикалық мекемелер кешені.* Емдеу әдісіне қарай *к у р о р т т а р* бальнеологиялық, шипалы балшықпен, климатпен, қымызбен емдейтін болып бөлінеді (ҚҰЭ). Қаламыз *к у р о р т* болғандықтан, онда өнеркәсіп орындары жоққа тән (А.Бекбосынов, Ауылым.). Ордалиев бір айлық демалысында емделіп, күш-қуат жиюы керек еді, бірақ ол *к у р о р т т а н* бас тартты (Е.Оразақов, Дәрігер.). Елімізде өкпе ауруларын емдеуге арналған *к у р о р т т а р* мен санаторийлер көп (М.Сисекенов, Өкпе ауру.).

КУРОРТОЛОГИЯ [нем. Kurort – емдеу орны, грек. logos – ілім] з а т. т е р м. *Емдік қасиеті бар табиғи факторларды зерттеп, оларды пайдалану жолдарын қарастыратын медицинаның бір саласы. К у р о р т о л о г и я* микробиология, химия, физика, биофизика, физиология т.б. ғылым салаларымен тығыз байланысты (ҚҰЭ). *К у р о р т о л о г и я* ғылымының жетістіктері нәтижесінде курорттық факторлардың (климаттық, минералды сулардың, емдік балшықтың т.б.) адам организміне әсерінің механизмдері анықталды (ҚҰЭ). Қазақ ССР Ғылым академиясында зерттеушілер, әсіресе, республикамыздағы бірсыпыра жұқпалы ауруларға қарсы күресу шараларын табуға, сол сияқты, республикамыздың *к у р о р т о л о г и я* мүмкіншіліктерін, кейбір неғұрлым қауіпті жұқпалы аурулардың табиғи ошақтарын зерттеуге баса көңіл бөлді (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.).

КУРОРТТЫҚ с ы н. *Курортқа тән, курортқа қатысты.* Ұлтуған жеңгейдің үш мезгіл беретін тамағы, Ғабит екеумізге *к у р о р т т ы қ* жағдайдан кем болған жоқ (С.Мұқанов, Есею жыл.). Кейбір курорттарда *к у р о р т т ы қ* емханалардың жанында балаларды амбулаториялық емдейтін арнаулы бөлімдер ұйымдастырылған (Семья тәрбиесі).

КУРОРТШЫ з а т. *Курортта демалып жатқан адам, демалушы. К у р о р т ш ы л а р д ы ң* мұндай дағдысын мен де әдетке айналдырып алған едім (Ә.Көпбаев, Мақтаныш). Күн ваннасын, Тау ауасын осында *к у р о р т ш ы л а р* қабылдайды мәз бола (Ә.Ахметов, Өшп. жалын). Тоқта! – деген жіңішке дауысқа мәшине күтіп отырған бір топ *к у р о р т ш ы* жалт қарадық (М.Иманжанов, Адам.). Қала теңізге біршама жақын болғандықтан әрлі-берлі өтуші *к у р о р т ш ы л а р* көп (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

КУРС [лат. cursus] з а т. **1.** *Беталыс, бағыт, бағдар.* Капитан сол қолын штурвалдан алды да: – Компасты бақылап тұр, манағы *к у р с т а н* аударма, – деді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). **2.** *Арнаулы және жоғары оқу орындарында білім беру жүйесінің жекелеген жылдық оқу сатысы.* Сақыш пен Гүлжан институтқа бірге түсіп, бір *к у р с т а* оқып жүр (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Білді ол тек құралда істің еркі, Жетуге жаңалыққа күшті серті. Қазір жүр, сырттан оқып Орал жақтан, Ақырғы *к у р с т ы ң* ол студенті (Қ.Бекхожин, Үш кезең). Инабат пен ғылымның әр тарапынан хабардарлық жағынан алғашқы күннен көзге түсуге ала бөтен тырысып жүрген бірінші *к у р с т ы ң* екі студенті қызыл кеңірдек (М.Қабанбаев, Кермек.). **3.** *Қысқа мерзім ішінде белгілі бір мамандық беретін немесе білімін жетілдіретін орын, мекеме.* Бәлкім өнерпаз композиторлар үшін арнайы *к у р с т а р* ашу керек болар (І.Омаров, Серпін). Әбдірәсіл 1945 жылы алты айлық агрономдық *к у р с т а н* өтіпті (Абзал жандар). *К у р с қ а* кетті Шекер де, Трактор айдап қайтады, Көргенін ол да, Теке де, Аңыз ғып ертең айтады (Ж.Молдағалиев, Жесір.). **4.** *Белгілі бір ғылымның немесе оның жеке бөлімінің баяндалған жүйесі.* Электромагниттік, э л е к т р о д и н а м и к а л ы қ, и н д у к ц и я л ы қ релелер туралы мәліметтер электротехника *к у р с ы н д а* берілу керек (К.Айманов, Физика.). Функция ұғымы мектептің бүкіл математика *к у р с ы н д а* кездеседі, алайда ол балалардың жас ерекшеліктеріне орай ұзақ уақыт ішінде біртіндеп енгізіледі («Қазақст. мект.»). **5.** м е д. *Емдеу жүргізудің толық мөлшері; емдеудің толық циклі, процедурасы.* Емдеу теріге және тері астына инемен дәрі жіберу *к у р с ы* жүргізу арқылы істеледі (Б.Айтқожина, Бронх демікпе.). Антрабиялық вакцинамен егуді дер кезінде жүргізу керек және егудің толық *к у р с ы н* өткізу керек (Ж.Сұлтанов, Аурулар.). Сүртінудің 1-1,5 айлық *к у р с ы н* бітіргеннен кейін, суды құйынып немесе душтың астында тұрып шынығуға көшу керек (Б.Хабижанов, Бала.). **6.** ә с к. *Әскери қызметкерлердің дайындығының тәртібі мен мәнін анықтайтын басшылық құжат (құрал)* (Қаз. тілі термин. Әскери.). **7.** э к о н. *Құнды қағаздардың сатып алу және сату құны.* Ол кездегі ділдәнің салмақтық мәні бізге белгісіз, ал ақша *к у р с ы* бойынша бұл алтын монеттерді орыс ақшасына шаққанда төрт сомдық күміс ақшаға жуық болады

(М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). Мысалы, 1994 жылы мамырдың 19 жұлдызында Қазақстан валюта делдалханасындағы кезекті сауда-саттықта шетел валюталарының *курстары* төмендегідей болып белгіленді (Б.Жүнісов, ... Нарық. экон. негіз.). Тіркелген айырбас *курсы* – бұл ұлттық валютаның шетел валютасына қатынасын орнықтыру және өзгермейтін жағдайда қалыптасатын жүйе болып табылады (Б.Жүнісов, ... Нарық. экон. негіз.).

Биржалық курс. э к о н. *Биржада құралған бағалы қағаздардың (акциялар, облигациялар) сатылу бағасы.* Акцияның нақтылы бағасы *биржалық курсқа* әсер етпейді, өйткені акция шығаратын кәсіпорынға қатысы болмайды (К.Оразалин, ... Орыс.-қаз. эконом. сөздік). Биржада бағалы қағаздарды сатып алу, сату *биржалық курс* негізінде жүзеге асырылады (Б.Жүнісов, ... Нарық. экон. негіз.).

Валюталық курс. э к о н. *Валюта бағамы (бір елдің басқа елдерде көрсетілетін ақша бірлігінің бағасы).* Валюталық нарықта, *валюталық курстардың* айырмасы есебінен пайда табу мақсатымен қаржыларын бір валютадан басқа валютаға аударып отыратын трансұлттық компаниялар маңызды рөл атқарады (Б.Жүнісов, ... Нарық. экон. негіз.).

КУРСАНТ з а т. **1.** *Қысқа мерзімде мамандық беретін курс тыңдаушысы.* Бір күні Костенко екеуміз *курсанттардың* жатақханасына бара қалдық (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз). **2.** *Әскери училище оқушысы.* Маңдайшада Нұркеннің *курсант* кезінде түскен суреті ілулі тұр (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Кремльде жиылды, Бұл күні бар *курсанттар,* іс болар бұл тиімді – Темір тәртіп бір салт бар (А.Асылбеков, Әлем.). Алексеевтің қол-аяғы қандай қысқа, бойы қандай мықыр болса, мінезі де сондай шапшаң, ақылы да сондай шолақ еді, *курсанттарға* әкіреңдеп, жоқтан өзгені желеу етіп, тиісіп, шегірткенің айғырындай шелтеңдей беретін (Ә.Тарази, Нұрлы дүние).

КУРСИВ [лат. cursiva] з а т. б а с п а. *Әріптердің негізгі штрихтары оңға қарай көлбеген және қолжазба қаріптеріндей қаріп. Курсивтің* негізгі штрихтары бұрышының көлбеуі 150-ге жуық (Орыс.-қаз. түсін. сөздік. Журналистика). *Курсив* тік шрифтермен (баспа әріп) терілген текстің нақты бір бөлігіне (не бір сөзге) назар аударту үшін қолданылады (ҚСЭ). *Курсив* біздің заманымыздың 1-2 ғасырында латын және грек жазуларында шапшаң жазу мақсатынан туған (ҚСЭ).

КУРСОГРАФ з а т. ә с к. *Кеме немесе ұшақ бағытын қағаз таспаға автоматты түрде жазуға арналған навигациялық құрал. Курсограф* гидрокомпаспен жұмыс жасайды (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Курсографтың* алғашқы нұсқасы М.В.Ломоносовтың 1759 жылы ойлап тапқан өздігінен жазатын компасы болды (ҚСЭ).

КУРСТАС с ы н. *Бір курста оқитын.* Қыз Москваға Рязаньнан келіпті, оқып жүріп қыз өзімен бір *курстас* үнді жігітіне күйеуге шығыпты (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Елден бұғып, *курстас* жолдастарымызбен той өткізбестен, айдаладағы лашыққа қашып кететінімізді де білгенім жоқ (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Қыздар университет пен Казинпроста оқиды, Саймасай өзімен *курстас* (К.Сейдеханов, Түркістан.).

КУРТАЖ [франц. curtage] з а т. э к о н. *Биржа мәмілесін жасасу кезіндегі делдалдығы үшін тауарларды немесе бағалы қағаздарды сатудан делдал алатын сыйақы. Куртаж* мөлшерлемесі бағалы қағаздар санатына байланысты, ал мөлшері биржалардың жарғыларымен айқындалады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

КУРТКА [лат. curtus] о р. з а т. ***Күрте*** *(жүріп-тұруға ыңғайлы, кеудеге киетін шолақ сырт киім).* Жол адамына етік пен шалбар, шолақ *куртка* жақсы болды (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Қарсы алдымнан *куртка* киген бір жігіт кездесті (С.Мәуленов, Үркер.). Түркістанның аптабы тоздырды, Фрунзенің былғары *курткасын* (Т.Бердияров, Дауыл.).

КУРЬЕР [франц. courrier] з а т. **1.** *Мекеменің іскери іскағаздарын таситын адам.* Контордан *курьер* келіп, Холмицкийдің құлағына сыбырлап, Сизухиннің демалуға жатқанын айтты (М.Қаратаев, Далада.). Бірде *курьер,* бірде арбакеш, бірде жүн-жұрқа жинайтын агент болды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Ол қызметін орынбасарына беріп, думанның көбірек жері волисполкомда *курьер* болып қызмет істейді (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар). **2.** р е с м и. *Асығыс, маңызды тапсырмамен (дипломатиялық, құпиялы) жіберілетін адам.* Халықаралық экспрестің купесінде екі адам – Совет елінің дипломатиялық *курьерлері* Теодор Нетте мен Иогани Махмасталь («Лен. жас»).

КУТИКУЛА [лат. cuticula] з а т. **1.** б и о л. *Жәндіктердің денесін жауып тұратын сыртқы қатты қабаты; жануарлар ағзасының эпителий тінін қаптап тұратын тығыз қабық. Кутикула,* әсіресе, буынаяқтыларда күшті дамыған, өйткені ол тіректік қызмет те атқарады (Қ.Нұғыматжанов, ... Гистология.). Ересек шыбынның бас бөлігі қатты қабық

к у т и к у л а м е н қоршалған (Т.Досжанов, ... Зиянды насеком.). Қолайлы сыртқы ортада жатқан личинкалардың сыртындағы *к у т и к у л а с ы* жібек құртының сыртындағы құты сияқтанып қатаяды (Ж.Сұлтанов, Шыбын-шіркей.). Омыртқалыларда *к у т и к у л а* нашар дамыған, ішкі органдарда (мысалы, ішекте, тыныс алу, зәр шығару жолдарында) эпителий клеткаларын астарлап жатады (ҚҰЭ). **2.** б о т. *Өсімдікте жапырақ пен жас сабақ эпидермисінің сыртын қаптап жатқан мөлдір, құрылымсыз жұқа қабық.* Кактус түгелдей *к у т и к у л а м е н* жабылған (Ж.Жатқанбаев, Су.). Эпидермис клеткаларының қалыңдап кеткен сыртқы бетін *к у т и к у л а* қабаты жауып жатады (Ботаника). Жапырақ тақтасының сыртқы бетін *к у т и к у л а* жауып жатқанымен, осы устьицалар арқылы үздіксіз газ және су буы алмасады (Ботаника).

КУТИКУЛАЛАН= е т. б о т. ***Сүректену***. Клетка қабықшалары *к у т и к у л а л а н а д ы* (Ботаника).

КУТИКУЛАЛАНУ б о т. *Кутикулалан етістігінің қимыл атауы. К у т и к у л а л а н у* кезінде де клетка қабықшаларының өзгерісі, жалпы алғанда тозаңданғандағы тәрізді болады (Ботаника).

КУТИКУЛАЛЫ с ы н. б о т. *Кутикуласы бар, сүректенген. К у т и к у л а л ы* қабаттың беріктігінен қазба қалдықтарда өсімдіктің бөліктері жақсы сақталады (Ботаника).

КУТИКУЛДЫ с ы н. б и о л. ***Кутикулалы.*** *К у т и к у л д ы* жамылғының ерекшелігі сол, ол омыртқасыздардағыдай тұтас қабат емес (Қ.Нұрыматжанов, Гистология.).

КУТИН з а т. б о т. *Кутикула қабатын құрайтын балауыз тәріздес зат.* Кутикула – балауызға ұқсас, структурасыз болатын *к у т и н* дейтін заттан тұрады (Т.Мұсақұлов, Өсімдік анат.).

КУТТЕР [ағыл. cutter] з а т. т е х. *Шұжық өндірісінде етті, етті шикізаттарды біртекті етіп майдалап, оны басқа құрауыштармен араластыратын мәшине* (Қаз. тілі термин. Тамақ).

КУХНЯ [лат. coguina] з а т. **1.** ***Ас бөлме*** *(ас әзірлейтін бөлме).* Біз кірген бөлме, іші жылы *к у х н я* екен (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Ваннасы мен *к у х н я с ы н* қоспағанда, шағындау үш бөлмеден құралған кәдімгі қоңырқай пәтердің екі бөлмесі осы (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). *К у х н я д а* пышақ, вилка даусы естілді (С.Шаймерденов, Болашақ.). **2.** *Ас дайындайтын жер.* Қалада не көп, жекелеген тағамдарды дайындауға маманданған арнайы *к у х н я л а р* көп (Ә.Кекілбаев, Тырау-тырау.). **3.** *Аспаздық тағамдар жиынтығы.* Қытай *к у х н я с ы н ы ң* сұйық тамағын ішуге қасық, қою тамағын жеуге куайзэ (сапқы) аталатын, ұзындығы бір қарыстай ғана жіңішке екі шыбық беріледі (С.Мұқанов, Алып. адым.).

Сүт кухнясы. ***Сүтхана*** *(нәрестелерге арнайы сүт тағамдарын дайындайтын орын).* Журналистер Балықшы ауданының *с ү т к у х н я л а р ы н а* рейд жасап, балалар мекемелерін сүтпен қамту ісінің барысымен таныста («Мәдениет және тұрмыс»). Қазір селода 50 төсектік балалар бақшасы мен яслиі, 35 төсектік аурухана, емхана, дәріхана, аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының филиалы, екі қатарлы 461 орындық мектеп, 5 дүкен, *с ү т к у х н я с ы,* монша село тұрғындарына қызмет етеді («Мәдениет және тұрмыс»).

Жол кухнясы. т е х. *Ұзақ жол жүру кезінде тамақ дайындауға ыңғайландырылған мәшине-жабдық. Ж о л к у х н я л а р ы м ы з д ы ң* мұржалары ғана сорайды (Арулар.).

КУЧЕР [нем. Kutscher] з а т. ***Көшір.*** Қасым кеше записка жазып, исполкомның *к у ч е р і н е н* беріп жіберсе, Рақила жауап қайырыпты (Б.Майлин, Шығ.). Шай құйып отырған қызға *к у ч е р д і* үйге киргіз дегендей ишарат істеді (С.Талжанов, Ұлдай.). *К у ч е р* болып отырған шал жолдасына үн қатпады (Б.Шалабаев, Өмірде.).

КУШЕТКА [франц. couchette] з а т. *Бас жағы көтеріңкі, арқалығы жоқ, кішігірім диван.* Ақсары стол, кіршіксіз ақ халат, ақ жайма жапқан *к у ш е т к а* дәрігердің көңілін орнықтырды (З.Шашкин, Өмір.). Профессор Есімбекті бөлме ортасындағы *к у ш е т к а г а* отырғызып мән-жайды сұрастыра бастады (Е.Оразақов, Дәрігер). Олар қара былғарымен тысталған *к у ш е т к а г а* отырды (З.Шашкин, Теміртау).

КУЭСТА [исп. cuesta] з а т. г е о л. *Екі жақ бөктері бір-біріне мүлдем ұқсамайтын, яғни бір жақ бөктері таужыныс қабаттарын тілкемдеп тік құлайтын, ал екінші жағы таужыныс қабаттарының еңістену бұрышына сәйкес біртіндеп ылдиланатын қыраттар тізбегі. К у э с т а л а р* құрамы жағынан бір-бірінен анық дараланатын таужыныстардың бірқалыпты еңістене астасуы нәтижесінде қалыптасады (Қаз. тілі термин. Геология). Көбінесе *к у э с т а* ірі геологиялық қатпарлардың немесе күмбез тәрізді көтерілулердің шеттерінде байқалады (ҚСЭ).

КҮБЕЖЕКТЕ= е т. *Күбжеңдеу, жасқаншақтау.* Өзі Арайданның бетіне *к ү б е ж е к-*

т е п қарай алмайды (Е.Домбаев, Ғашықтық.). Біздің тұрған жұртқа жер беретін закон жобасын шығара алмай, *к ө б е ж е к т е п* тұрғанымыз осы деді (Ә.Бөкейханов, Шығ.)

КҮБЖЕҢДЕ= ет. **1.** *Күйбеңдеу, күйбіжіктеу.* Ақан төсегін қопарып, бірдеме іздеген болып, *к ү б ж е ң д е й* берді (З.Шашкин, Өмір.). Ши жанында *к ү б ж е ң д е п* жас келіншек жүр (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Бастапқы сөзден беті қайтып қалған үй иесі *к ү б ж е ң д е п,* сөйлескісі келген пішін көрсетті (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). **2.** *Түсініксіз бірдеңе айту, күбіжіктеу, күмілжу.* Қазір де сөзінің аяғын *к ү б ж е ң д е п* барып түйді («Қаз. әдеб.»).

КҮБЖІҢДЕ= е т. с ө й л. ***Күбжеңде***. Нұржанның *к ү б ж і ң д е г е н* сөзін естіген Мақыш жоқ (З.Шашкин, Өмір.).

КҮБІ з а т. **1.** э т н. *Айран, іркіт, қымыз пісуге, қаймақтан май түсіруге арналған түбі кеңдеу, ауыз жағы тарлау, піспегі бар ағаштан жасалған ыдыс.* Бір күні басшы тышқан кезіп жүріп, Аузын мықтап бекіткен *к ү б і* көрген. Тәтті ірімшік иісі мұрнын жарып, Тесік жерін таба алмай болған ғаріп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бұл ауылдың қазақтары қымыз ашытатын *к ү б і н і* арша ағашынан қиып, киік отымен ыстайды (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). *К ү б і* тобылғымен ыстасла керек, көженің бетінде көбіктеніп май жүзіп жүр (А.Нұрманов, Құлан.). Айта берсең, жетпейсің, Ердің арғы түбіне. Бір айналмай кетпейсің Құт құйылған *к ү б і г е* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** *Сұйық зат құюға, бал сақтауға, балық, көкөніс т. б. заттарды тұздауға лайықталған ағаш кеспек, бөшке.* Қырық шелектей су сиятын төрт үлкен *к ү б і,* сегіз кісілік шабынары болсын (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Топырақ шығарып тұрғандар құдықтың аузына жеткенше барлық лай түбіне шөгіп, бет жағына мөлдіреп су тұнған емен *к ү б і н і* төге салды да, былай алып қойды (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Ау шеткі жақтағы бір *к ү б і г е* келсе, ішінде бал түгіл түк те жоқ, бос тұр екен (Ф.Дінисламов, Көл жағасы). **3.** к ә с. *Балық, су шаянын ұстау үшін тордан жасалған дорба, үлкен торкөз сүзгі.* Вентерьге түскен балық қайтадан шығып кетпеуі үшін, *к ү б і* ішіне кішкене қалта торлар жасайды (Қ.Күленов, Қазақст. балық.).

Күбі бел [кеуде]. *Жұп-жуан, добалдай.* Осындай кертік мұрын, дудар шаш, *к ү б і б е л* әйел қайда жоқ (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). – Бірден байқай алмайсың! – дейді, өңі тотыққан, шарық бет, *к ү б і к е у д е* қожырайған малшы (Ә.Көшімов, Қысталаң.).

Күбі шелек. *Май пісетін, айран, шұбат ашытатын темір белдеуі бар ағаш шелек.* Нан мен майдың артынан *к ү б і ш е л е к т і* пісіп-пісіп, кісі басы бір аяқ ашқылтым ақ көже әкеп берді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Мұндайда Айымжан іріген сүтті біріне-бірін қоспай, *к ү б і ш е л е к к е* пісіп, майын алатын да, сарсуын ежігей ғып қайнатып, есік алдындағы сөреге жая қоятын (З.Ақышев, Ақбел.).

КҮБІДЕЙ с ы н. **1.** *Күбі сияқты, күбі тәрізді.* Өзінен үлкен еді домбырасы, *К ү б і д е й* шанағы да өңгерілген (Х.Ерғалиев, Көбік шашқан). *К ү б і д е й* сары жұртта қалған қаңсып, Жақсыға көз жетпейтін жалған таңсық. Қарамды батырайын медиенге, Өлімін көрсетпейді арлан қаншық (Т.Әлімқұлов, Боз жорға). **2.** *Үлкен, жуан, семіз.* Ол *к ү б і д е й* тырсылдаған қарнын сипап, екі-үш рет қатты кекірді (З.Жәкенов, Таң самалы).

Айрандай аптап, күбідей күптеді. *Еш нәрседен іркілмей, емін-еркін билеп-төстеді.* Ұлық аз, халық, көп жер болған соң, *а й р а н д а й а п т а п, к ү б і д е й к ү п т е п* жүрген халі бар екен (К.Оразалин, Көктем.). Жаным-ау, *а й р а н д а й а п т а п, к ү б і д е й к ү п т е п* болды ғой. Жуантаяқты қуды. Әнеттен алатынын алды. Енді кім қалды! – деді Сүйіндік (М.Әуезов, Шығ.).

КҮБІЖІКТЕ= е т. **1.** *Қорғаншақтап қипақтау, имену, қысылып-қымтырылу.* Бектай батылы бармай, біраз *к ү б і ж і к т е п* тұрып еді, аналар жеме-жемге алып болмады (М.Иманжанов, Менің махабб.). Өгіз бағуға кіріскен кезде Майлық бұдан да иеніп, *к ү б і ж і к т е п,* жағынуға тырысып жүрді (А.Нұрманов, Құлан.). Сүйіндік үйге кіргенде, ол *к ү б і ж і к т е п,* бірдемеден сасқалақтанған секілденді (Т.Сағымбаев, Кездесу). **2.** *Кібіртіктеп сөйлей алмау, күмілжу.* Әкесі абыржып қалған тәрізді *к ү б і ж і к т е п,* мұртын тістеп отырды (А.Нұрманов, Құлан.). Оспан бірдеңе айтайын деп *к ү б і ж і к т е п* еді, Шарипа одан бұрын кірісті (Б.Майлин, Шығ.). Ажарға Бүліктің сөзі жетпейді, тілі күрмеліп, мылқау адамдай *к ү б і ж і к т е п* теріс айналады (Б.Шалабаев, Өмірде.).

КҮБІЛЖІ = е т. с ө й л. ***Күмілжі.*** Бір мезгілде көп шуылдың ішінен *к ү б і л ж і г е н,* күрмелген қылдырықтай бір созалаң дыбыс естілгендей болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). *К ү б і л ж і п* үндей алмай түйді қабақ, Су құйылды, ет келді табақ-табақ, Суырып жандарынан бір-бір пышақ, Қонақтар келген етті алды қамап (С.Торайғыров, Шығ.). Енді қайт дейсіңдер? Мен көргенімді айттым, – деп,

Ұлтарақ *күбілжи* берді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ақбілек не дерін білмей *күбіліжіп*, міңгірлеп қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮБІЛЖІҢКІРЕ= ет.сөйл. ***Күмілжіңкіре.*** – Көшінбай қайда? – десем, ауыл адамдары *күбілжіңкіреп*, шала жауап береді (С.Сейфуллин, Тар жол.).

КҮБІЛСІЗ үст.сөйл. *Күбіжіктемей, күмілжімей.* Ол өз ойларын еш *күбілсіз* дүйім жұрттың назарына ұсынды («Өркен»).

КҮБІЛІ сын. *Күбі толы.* Айранға той *күбілі*, Қымызға той сабалы, ініге той сабырлы, Ағаға той жағалы (Ә.Тәжібаев, Аралдар).

КҮБІН= е т. **1.** *Мақтану, көкірек керу, өзін мықтымын деп санау, масаттану.* Қанша дардайсып *күбіне* түскенімен, көңілі күпті, алабұрта береді (Б.Тілегенов, Аққайнар). Бір досым бар – құс мамықтан төсегі, Қызметі жылдан-жылға өседі. Көре қалсаң, қара желдей *күбініп*, Байлығы мен барын айтып бөседі (А.Асылбеков, Көкорай). Тақ үстінде кеуде қағып *күбініп*, Зұлымдыққа, шырақ жағып құбылып (Қ.Мұқашев, Құзар.). **2.** *Ыза кернеп ісініп-кебіну, ашулану.* Ұрды-соқты, пәлен-пәштуан, милицияға көрінем деп *күбініп* жатты (М.Сүндетов, Ескексіз.). **3.** жер г. *Бір жаққа баруға дайындалып жүру.* Алмастың Алматыға барам деп *күбінгеніне* бірталай уақыт өтті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮБІНУ *Күбін етістігінің қимыл атауы; ыза кернеу, ашулану. Күбіну де* күн бойы сөйлеп қару, Асығыс әр полкқа хабар салып (Қ.Жұмалиев, Қырда.).

КҮБІҢ зат. *Кірбің, реніш.* Кеше кеткеннен бері көңілінде бір *күбің* бар (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

Абың кіріп, күбің шықты. *Абыр-сабыр болды, қарбалас қимылдады.* Қара түнде *абың кіріп, күбің шыққан* бір үйге диуанадай жетіп бардым (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

КҮБІР[1] зат. **1.** *Өзара сыбырласқанда еміс-еміс естілетін сөз.* Қыз-келіншектердің күлкісі саябырлап, *күбірлері* сыбырға айналды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Қараңғылық құшағынан мың сан ауыздың сыбырлап сөйлеген *күбірі* естіледі (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **2.** *Дыбыс.* Аяқтарын басып алшаң әсем, тез, Кезегіне келіп қалды сақшылар, Ауыр жүкті көтергендей сәл аттап, Жылжыдық біз, бір *күбір* жоқ, тыныш түн (Қ.Бекхожин, Мамырстан). **3.** ауыс. *Сыр, құпия, астыртын әңгіме, іс-қимыл.* Күн артынан күн өтті. Тірі қалған төбеттер есін жия бастады. Тоғызыншы күн түнінде кірісті олар *күбірге:* «Мынау Жүсіп шошқаны қойғанымыз ба осылай, қорлық көріп осындай?» (М.Жұмабаев, Шығ.). Зинаның жүзін тақай, сыбырлап сөйлегенінің өзі сиқырлы дүниедей сезілуші еді. Құпиялас *күбірі* де қымбат ләззатты (Қ.Қазиев, Иманжапырақ).

Бұлақ күбірі. бей н. *Мүлгіген тыныштық кезінде естілетін бұлақтың сылдыры.* Бетховен музыканы сазды *бұлақтың* құпия *күбірінен* іздейтін болған (Т.Жармағамбетов, Нәзік.). Тосамын құлақ бұрқаған қара желге мен, Тұрамын төніп дөңбекшіп жатқан көлге мен. Жапанда *бұлақ күбірін* тыңдап бейуақыт, Жаным тұр сусап үніңе сенің шөлдеген (Ж.Қалиев, Армысың.).

КҮБІР[2] зат. жер г. **1.** *Мал астында тапталған шөп-шар, қалдық.* Бір үлкен кісі қорадан *күбір* шығарып жүр екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Аулалардағы *күбірлерді* үйіп, олардың керексізін әдейі орындарға төгу керек («Екпінді жол»). **2.** *Көңнің майдаланған ұсағы, қорда. Күбір* әкеп, түтін салып барып жатпасақ, маса ұйықтатпас (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Өзі ауланың күн жағында *күбір* жайып жатыр (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

КҮБІР-ЖЫБЫР зат. *Өсек сөз, ғайбат әңгіме.* Шәкірттер арасында *күбір-жыбыр* осылай басылып, қайта туып жатты (Д.Әбілев, Ақын.). // *Астыртын, құпия.* Құралай мен Кеңесбектің әке-шешесінің арасында *күбір-жыбыр* әңгіме көбейген (Ж.Жұмақанов, Махаббат.).

КҮБІР-КҮБІР елік. *Қайта-қайта сыбырлап, еміс-еміс естілетін сөзді, тынымсыз күбірлеген үнді, дыбысты білдіретін сөз.* Сол күні түстен кейін кеңсе жақ *күбір-күбір*, жыбыр-жыбыр боп кетті (К.Қазыбаев, Ызғар). // *Түсініксіз; естілер-естімес, күбірлеген.* Қағазға үңілген Гүлжан қасындағы әйелдердің *күбір-күбір* сөзіне құлақ аспастан өзімен-өзі болып отыр (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Ботаның құлағына тағы да өз иесінің түсінікті *күбір-күбір* сөздері шалынды (О.Бөкеев, Қамшыгер). // *Күбірлеп, дауысын естіртпей.* Аттың пысқырған, алыстағы біреудің *күбір-күбір* сөйлескені болмаса, жат нәрсе білінбейді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮБІРЛЕ= ет. **1.** *Төмен дауыспен ақырын сөйлеу, дауысты естілер-естілмес етіп бәсеңдетіп айту.* Дейді Айдар, *күбірлейді* ақырын, Оңашада шақырады ақылын, Ақылдың да бар болғаны жақсы екен, Әйтпесе ғой, таяқ жейді «батырың» (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Біреу-міреуді оятпау үшін ол баяу ғана *күбірлеп* сөйледі (М.Тиесов, Дала.). Қырдан ойға дүбірлеп,

Жас балалар шуласты. Күншуақта *күбірлеп,* Кемпір-шал да сырласты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ет піскенше Досан екеуі оны-мұны айтып, *күбірлей* сөйлесіп отырған (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). **2.** *Бұрқылдау, күңкілдеу.* Сусыны қанып шай ішіп, Тәуір тамақ жемейді. Құдағи жүр *күбірлеп,* Бүлкілдетіп көмейді. Ұстап алар дегендей, Қасына адам келмейді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Желдің жаймен соғуы.* Ыстық құшақ, отты сүйіс, балды тіл... Бірдеңе деп *күбірлейді* жібек жел. Бұл жастық қой, жасыра гөр жібегім, Айтып қойсаң амал қанша өзің біл! (М.Жұмабаев, Шығ.).

КҮБІРЛЕҢКІРЕ= е т. *Дауысты бәсеңдету, күмілжу, сөзінің аяғын жұту.* – Біреу ауыр жараланыпты, – дейді сөзінің соңын *күбірлеңкірей* бітіріп (Т.Жанкелдин, Партизан.). Жаңағы сөздердің барлығын мен естімесін дегендей, *күбірлеңкіреп* айтып тұрды (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім).

КҮБІРЛЕС= е т. *Өзгеге естіртпей, өзара сыбырласып сөйлесу.* Оның төбесінде, қорғанның үстінде, қарауылшылар ақырын ғана *күбірлесін,* мылтықтың оқтары қорғанның тас тістерін тістеп, тістерін шықырлатқандай (М.Жұмабаев, Шығ.). Ағайынды екеуі ауыз бөлмеде *күбірлесін* отыра берді (А.Жақсыбаев, Бозарал). Күміс шолпы, күй сыңғырын, Алмап па едің сонда қазып. *Күбірлескен* жанның сырын, Кетпеп пе едің бойға тағып (С.Бегалин, Таңд. өлең.). Екеуі түн ортасына дейін ұйықтамай *күбірлесті,* дөңбекшіді, үнілесті (Ә.Тарази, Қиян-соқпақ.).

КҮБІРЛЕТ= е т. *Дауысты естілер-естілмес етіп бәсеңдетіп айтқызу, төмен дауыспен ақырын сөйлету.* Әлі *күбірлетіп* келеді («Жалын»).

Ернін күбірлетті. *Естілер-естілмес сөйлеп, ернін жыбырлатты.* Жүніс бұған жауап берудің орнына *ернін күбірлетіп,* тілін қалимаға келтіріп жатыр (О.Дастанов, Мұрагер.). Шери *ерін дерін күбірлетіп,* бетін сипады (Р.Тоқтаров, Ертіс.). *Ернін күбірлетіп,* қағып қасын, Көтерді көзін жұмып молда басын. Қос адам қуә тартып қиды неке, ішіп-жеп молда, ақсақал тарады асын (Д.Еркінбеков, Шығ.).

КҮБІРЛЕУ *Күбірле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Төмен дауыспен ақырын сөйлеу.* Таңбай *күбірлеуін* доғарып, Орынбайға қарады (К.Баялиев, Нөсер.). **2.** *Күңкілдеу, бұрқылдау.* Бәкен шешініп жатып қалып еді, ол барма деп *күбірлеумен* болды (Б.Майлин, Шығ.)

КҮБІРСІП-КҮҢІРСІ= е т. *Тым көңілсіз болу, күйкі тірлік ету.* Кейде мынау тым *күбірсіп-күңірсіп* кеткен тыныш-тірлікке ыза болады (Ә.Кекілбаев, Дала.).

КҮБІРТКЕ з а т. м е д. <лат. panaricium> *Аяқ-қолдың тырнақтарының астына түсетін іріңді жара. Күбіртке* орналасу тереңдігіне қарай тері, теріасты, буын, сіңір және сүйек күбірткесі болып бөлінеді (ҚҰЭ). *Күбіртке* қолдың саусақтарының басына шығатын іріңді ауру (Е.Оразақов, Дәрігер.). Бармағыма *күбіртке* шыққанда мен де сырмада жүргенмін, – деп Рақат қарсы шықты (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Жасында тырнағын *күбіртке* жеп, бір буыны шіріп түскен шолақ бармағымен қалың мұртын сипап қойып, Әбіл сөйлеп келеді (З.Ақышев, Ақбел.).

КҮБІТ= е т. ж е р г. **1.** *Үйін тастау, толтырып тастау.* Тақыр қырманға моншақтай таза бидайды лезде *күбітіп* жіберген Отарбекке қызыға қараған Шалбайға осы сәтте жел Отарбектің өз қолынан есіп тұрған секілді (Ғ.Орманов, Жүрек.). **2.** а у ы с. *Өндіріп тастау, тындыру.* Не істедім сонда *күбітіп?* Тындырдым келер өткенде? Жүрегін жұрттың жылытып, Тиді ме себім көпке әлде (Ғ.Орманов, Көгілдір.). **3.** а у ы с. *Көпіріп, лепіріп сөйлеу.* Мен махаббат жайлы хикаяларды *күбітіп* келемін (Ә.Омарбаев, Кәрлен.). Ойларында түк жоқ, асфальт жолдың қақ ортасында әңгімені *күбітіп* келеді (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). Полиэтилен, капрон, нейлон дегендеріңнен өзім білетін қасиеттерін *күбіттім*-ай келіп («Қаз әдеб.».).

КҮБІШЕ үс т. *Күбі сияқты, күбіге ұқсап.* Төсектен *күбіше* төңкеріліп Қарасай түскенде, іш киімімен Ағашқа да жетті есікке (С.Жүнісов, Жапанда.)

КҮБІШЕК зат.көне. *Ішіне жанармай құйып, соғысқа пайдаланылған құрал.* Шыңғысханның қарамағында, қамал бұзатын техникасының ішінде жанып кететін мұнайлы *күбішектер* болатын (ҚазССР тарихы).

КҮБІШЕКТЕЙ с ы н. *Күбішек сияқты, күбішек тәрізді. Күбішектей* жуан Байсақал жөңкеріліп отыра кеткенде Ұмсындық оның күпісін шешіндірді (С.Талжанов, Үлдай.).

КҮДЕ[1] з а т. *Шошайта жиналған шөп, үйме.* Қойға азық берудің үш әдісі бар: шарбақ арқылы тікелей маядан, *күдеден,* шөмеледен жегізу (А.Еламанов, Қой шаруаш.). *Күденің* көлемін есептеп шығару үшін, оның шеңбері мен биіктігін өлшеу керек (Р.Әбуғалиев, Қой өсіруші.). Жылдағыдай шалғынды шөп жоқ биыл орып-орып тастап, сөлімен *күдеге* басатын (С.Әлжіков, Дала.). Жаз өте ыстық болды – Иакобуш Лингдел уақыты айламен таңдалған екен – дерт *күденің* өртіндей қаулады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮДЕ[2] з а т. э т н. **1.** *Тебеген биені сауғанда бір ұшын артқы аяғына, бір ұшын мойнына байлап қоятын арқан. К ү д е* – бие сауғанда бір ұшын мойнынан, бір ұшын артқы аяғынан байлап қоятын арқан (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** ж е р г. *Қоржын аузының ілгегі.* Қоржынның *к ү д е с і н* ілмеп пе едің? (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

КҮДЕК: ала күдек. *Аумалы-төкпелі, алақұйын мінезді (адам).* Құртқан қу шешеңді мал-ау деймін, Әкеңнің түрған бойы сол-ау, деймін. Не келсе аузына соны сөйлеп, Ақ көңіл, *а л а к ү д е к* жан-ау деймін (Айтыс).

КҮДЕЛЕ[1]**=** е т. *Шөпті шошайта жинап, бір жерге ю.* Шөгірлідегі шөпті жинап *к ү д е л е й м і з* деп, тыныш таппай ертелетіп кеткендердің бәрі осында отыр (Т.Тобағабылов, Тағдыр). Күзеліпті жазығың, Күзде ойлап қыс қамын. *К ү д е л е п* мал азығын, Бүтіндеп жұрт қыстауын (Т.Шопашев, Бәйтерек).

КҮДЕЛЕ[2]**=** е т. *Сауын малын, тебеген биені сауғанда, артқы аяғын жіппен тартып байлап қою.* ≈ Биені *к ү д е л е д і.*

КҮДЕЛЕУ[1] *Күделе*[1] *етістігінің қимыл атауы; пішенді, астық бауларын бір жерге қою.* ПСШ-0,3 механизмі пішен мен сабанды ысырып, жинап, *к ү д е л е у* т. б. жұмыстар үшін пайдаланылады (С.Тілеубергенов, ... Малшаруаш.).

КҮДЕЛЕУ[2] *Күделе*[2] *етістігінің қимыл атауы. К ү д е л е у* екі түрлі: біреуінде арқанның бір ұшын малдың мойнына күрмей байлайды да, екінші ұшын артқы оң аяғының шашасынан іліп, мойнындағы арқанға сәл тартып байлайды. Екінші түрінде кәдімгі тұсаумен малдың тірсегінен жоғары екі аяғын қоса матайды (ҚҰЭ).

КҮДЕЛЕУІШ з а т. т е х. *Шөпті және қи, сұрлемді мәшинеге, арбаға тиейтін механизм (мәшине).* СШР-05Б топсалы рычагты *к ү д е л е у і ш п е н* өткелекке шығарылған көңді жинастырып алады (Мал. бордақылау.). Қазақстанда тракторға орнатылған аспалы универсалды *к ү д е л е у і ш* қолданылады (ҚСЭ). *К ү д е л е у і ш* бір алғанда 700 кг жүк көтереді, сағатына 12 т шөп тиейді (ҚСЭ).

КҮДЕР з а т. *Үміт, сенім.* Осындай зілді-зілді сөздер шығарып, райсыздық білдіруіне қарағанда, *к ү д е р і* әбден таусылып, бітеу жараға іштей жұқарып болғанға ұқсайды (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Күдер үзді [күдері үзілді]. *Орындауға болмасына көзі жетті, үмітін үзді, тұңілді.* Қатын қалса бай табар, Қарындас қалса жай табар, Артымда қалған ақсақал, Алқалай кеңес құрған күн, Ақылменен ой табар. Кейін қалған жас бала, *К ү д е р ү з і п* біздерден, Көңілі қашан жайтабар (Махамбет, Өлеңд.). Халық ханнан *к ү д е р ү з д і* (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Ықылас *к ү д е р ү з і п,* қайтуға ыңғайланғанда, іштен сақал-шашы өсіңкі адам шықты (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). Қыз айтты: «Мақұл болсын тілегіңіз, Өмірде жалғыз нәрсе тіледіңіз. Жалғыз-ақ бұл жұмыстың бір шарты бар, Әрқашан *ү з і л м е с і н к ү д е р і ң і з* (Ә.Найманбаев, Шығ.).

КҮДЕРІ з а т. *Әбден иі қанып жұмсартылған тері.* Мен еркек көйлектің бірнешеуін, *к ү д е р і* шалбардың екеуін қатарынан тігіп берейін, – деді Айшешек (М.Мағауин, Аласапыран). Келгендер іс орнына мақтанып жүр, Бұл күнде білім, өнер шақталып жүр, Шаң жұтқан *к ү д е р і с і н* не саңылақтар Межелі жерге жетпей тоқталық жүр (Нұржан Наушабаев). Аяғына салғаны, Оқтығы таза *к ү д е р і,* Көрген жан қайран қалады Тиегі күміс шідері (Батырлар жыры). Күлдір-күлдір кісінетіп, Күреңді мінер ме екенбіз, *К ү д е р і д е н* бау тағып, Киреуке тон киер ме екенбіз (Алдаспан).

Күдері бел. *Біріне-бірі сілемденіп, ұласып, жалғасып жатқан ұзыннан-ұзақ қайқаң қырқа, асу.* Сол теңіздің бетінде *к ү д е р і б е л і м е н* кесіп алғандай боп бөлек-бөлек боп орнаған көк биіктер көк кемелердей (М.Әуезов, Шығ.). Мініс аты ұзақ жолға, *к ү д е р і б е л д е р д е н* асуға қайқаңсыз шығар мініс аты (Ауыз әдебиеті). // ж е р г. *Белі мықты, қарымды (жылқы жайында).* Әбеннің ақ құйрығы – *к ү д е р і б е л* жылқы (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Күдері су. ж е р г. *Ағыл-тегіл, мол су.* Қоқыр орпаның суы – күн ұзаққа сарқылмайтын *к ү д е р і с у* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮДІК з а т. *Сезік, сенімсіздік, секем, күмән, шүбә, шек.* Оның көңілінде жанын жегідей жеген бір *к ү д і к* туған (І.Есенберлин, Қаһар.). Құрмаш *к ү д і г і н* айтпай, жатақханадан шығып кетті (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Кей жігіт жүреді ылғи *к ү д і к п е н е н,* Адамды алға сүйрер үміт деген. Қайыспай қабырғасын желге тосып, Қиынға қарсы тұрсын жігіт деген (М.Әшірбеков, Кербез.). Мына топ олардың ісіне де сенімсіздік *к ү д і к п е н* қарайды (М.Әуезов, Қилы заман).

Күдігін қоюлатты. *Одан әрі күмәндана түсті; сенімсіздігі өсті.* Малдың ажары көңіліндегі *к ү д і г і н қ о ю л а т а* түсті (Т.Ахтанов, Шығ.).

Күдіктің бұлты айықты. *Шүбәсіз болды, сенімсіздік сейілді.* Тек көптен бері көңіл көгіне үйіріліп келген *к ү д і к т і ң б ұ л т ы а й ы ғ ы п,* үміт шұғыласы орын тепті (Ә.Әбішев, Шығ.).

КҮДІКСІЗ с ы н. *Еш нәрседен секем алмай, қаперсіз, алаңсыз.* Жүдеу офицер ештеңеден

хабарсыз, *күдіксіз* келе жатыр (М.Жұмағұлов, Қыран.). Ешбір *күдіксіз* бейқам келе жатқан жау өзара даурыға сөйлеп, қарқылдап күліп, кең жолмен еркін жүріп келеді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Қаперсіз қандай адамсыз, Еш нәрседен *күдіксіз*. Жорықта жүрсіз түн кезіп Күн көріп азық-түліксіз (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

КҮДІКТЕН= е т. *Сезіктену, секем алу, күмәндану*. Сәлкен шындықты жасырғысы да келмеді, ертең сөз боп кетер ме екен деп, *күдіктеніп* те қалды (М.Дүзенов, Әке.). Қол жетпес алшақ жатыр арамыз көп, Айта алмай тұрмын бірге боламыз деп. Ал жырдан адасам деп *күдіктенбе,* Отты жыр өзі-ақ сені табады іздеп (Қ.Мұқашев, Дүбір). Үлкен жерден ұлық боп келген кісі бізді менсініп сөйлесер ме екен? Ұрсып тастай ма? – деп *күдіктенді* (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Күдіктенсе* де: «Айт, осыған айтып ал! Басыңды кесіп алмас. Қазақтың баласы ғой» – деп, ішінен біреу түрткілегендей болды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮДІКТЕНГІШ с ы н. *Секем алғыш, күмәнданғыш*. Кінәмшыл, әрнеге *күдіктенгіш* арты бос адам боп көрініп қалуы ғажап емес (А.Байтанаев, Қансонар).

КҮДІКТЕНДІР = е т. *Сезіктендіру, шек келтіру, секем алдыру*. Ботакөзге Сарыбастың көз қарауы, бет құбылысы, дене қимылдары *күдіктендіре* түседі (С.Мұқанов, Ботагөз). Оның сирек жұмсалатын сұйық шыныны сұрауы бастықты *күдіктендіреді* (Е.Оразақов, Дәрігер.). Несіпханды күннің реңі *күдіктендіреді* («Соц. Қаз.»).

КҮДІКТЕНУ *Күдіктен етістігінің қимыл атауы*. Ана бір күні Сәкен туралы сөйлескенде құлағымның құрышы қанса да, үнемі *күдіктенуге* дағдыланған жүрек бір жерге тоқырап дауаламап еді (С.Талжанов, Ұлдай.). Бірінші рет *күдіктену* дегеннің не екенін ұқтым (З.Шашкин, Өмір.). Жасы ұлғайған адамның жүрегі ауырғанда ең алдымен, жүрек етінің қансыздануы жағынан *күдіктену* керек (Б.Омарұлы, Жүрек. ауру.)

КҮДІКТЕНУШІ з а т. *Күмәнданушы, шүбәланушы*. Дін басылары құранға *күдіктенушілерді* қатты қудалады (З.Ақназаров, Ғылыми атеизм.). Ызғырық сүйектен өткен мына қара суықта «жұмыс бола қояр ма екен» деп *күдіктенушілер* де бар («Лен. жас»).

КҮДІКТЕНІҢКІРЕ= е т. *Күмән білдіріңкіреу, шүбә келтіріңкіреу*. [Мақсұт қарайғанға] Ит-құс бола ма? – деп *күдіктеніңкіреді* (Б.Шалабаев, Өмірде.). Алғаш қабылдағанда: «Кім білсін, күйі ала-құла мал екен», – деп *күдіктеніңкіреп* жүр еді, қазір біркелкі болып теңеліп кетті (Дала шұғыласы).

КҮДІКТІ с ы н. *Сезікті, шүбәлі, күмәнді*. Оны да енжар ой күйзелтіп, үрейін ұшырған *күдікті* күндердің отбасындағы күйкі күйбеңі шөжітіп тастаған (З.Жәкенов, Таң самалы). Мен қалай қайталайын от күйікті, Жүдедім күннен-күнге боп *күдікті*. Қырылып жау оғынан көп азамат, Саған да қаңғыған бір оқ тиіпті (М.Әшірбеков, Белестер).

КҮДІКТІЛЕУ с ы н. *Күмәнділеу, сенімсіздеу*. Осы залдан арнаулы мектепте оқитын жастарды қайдан аламыз деген *күдіктілеу* дауысты естідім (С.Бақбергенов, Кентау). Алақанына түкірініп, келсапты ұстады, ат жақты, ашаң жүзі күлімсіресе де, *күдіктілеу* (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

КҮДІКТІЛІК з а т. *Күмәнділік, шүбәлілік, сенімсіздік*. Мещандықтың үшінші ерекшелігі – адам баласына қастық істеушілік, *күдіктілік* жағы байқалады (Семья тәрбиесі).

КҮДІКШІЛ с ы н. *Сезікшіл, күмәншіл, шүбә келтіргіш*. Соңғы оғаш хабарға қорқақ Әбдібек ақсақал мен *күдікшіл* Рақымберлі елең ете қалысты (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Сәл кешіксе Сұңғат та кегі кетіп, қорланатын секілді. Қызғанышқа жеңгізген *күдікшіл* көңілі құйын соққандай ұйтқыды (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Құдықшы неғұрлым көпті көріп, жер ортасына жақындаған сайын *күдікшіл*, құдықтың түбіне жақындаған сайын үрейшіл болыңқырайтын секілді (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

КҮДІКШІЛДІК з а т. *Күмәншілдік, сезікшілдік*. Сыздық өзінің *күдікшілдігін* ішінен сөгіп, көңілі азырақ тыныштанғандай болып, үйге кірді (М.Әуезов, Қараш.).

Күдікшілдікке бой алдырды. *Күдіктенді, күмәнданды. Күдікшілдікке бой алдырған* адам болар істің, айтылған сөздің, түрлі хабарлардың шындығын көзімен көрмейінше, сенімсіздік білдіріп оған күмәндана береді (ҚҰЭ).

Күдікшілдігіне басты. *Күмәнданды, шүбәланды*. Ырымбек өзін кім не үшін жақтырмайтынын бұрыннан білетін, қазір де ол сол бір *күдікшілдігіне басты* (Ә.Көшімов, Қысталаң.).

КҮДІР[1] з а т. з о о л. *Бұғы тұқымдас мүйізсіз Сібір жануары*. Елік пен *күдір* де көп еді, қары қалың қыста көпшілігі қырылып қалды (Ә.Асқаров, Мұнар тау.). Баласының күз түсе аулап әкелген елік, *күдір* сияқты семіз аңдарының етіне Әймен құныгып та алған болатын (С.Бегалин, Жеткіншек.). – Осының өзі анық *күдірдің* ізі емес, еліктікі, – деді Көксеген (С.Бегалин, Уақыт.). *Күдірдің*

ұрық безінде иіс суға қосатын ерекше сұйық зат болады. Аса қымбат бағаланады (Ә.Асқаров, Мұнар тау.).

КҮДІР[2] з а т. **1.** *Тегіс емес, ылди-ор болып келген шоқы-жота.* Мұндай *к ү д і р д е* тазы түлкіге өлсе де алғызбайды (М.Юсупов, Табиғат.). Неше күндер жол жүріп, Азғана емес мол жүріп, Күдірден *к ү д і р* асады, Белдерден белдер басады (Көрұғлы). Талай *к ү д і р д е н* асқанда, көз ұшында бұлдырап бір қара көрінген болады (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Кедергі, тосқауыл, қиындық.* Қартқожа бір *к ү д і р д е н* асқандай болып қалды. Бірақ «қанның»жуынып, киініп, таранғаны бір ай болды (Ж. Аймауытов, Қартқожа).

Күдір желке. *Шығыңқы, күжірейген желке.* Быртық бет, қисық көзді, істік мұрын. Төрінде бір-ақ үйдің отыр қырын. Мес қарын, *к ү д і р ж е л к е,* қолы қысқа. Бір қарыс шыққан түгі қабағының (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

КҮДІР[3] е л і к. *Қатты заттарды шайнағанда немесе оларды бір-біріне соқтырғанда шығатын күтірлеген, қытырлаған дыбыстарды білдіретін сөз.* Құйқылжытып құбылтса, Кім қалады сүйінбей, Бұралып тұрып майысып, Даусында *к ү д і р* білінбей (Пернедегі терме.).

КҮДІРЕ с ы н. **1.** *Төзімді, мықты, шыдамды.* Я, бердім, *к ү д і р е* бел күреске сән, күресуге жарамадың, Күресемін, алысамын деп сенің қамың, өз қамым үшін бердім антын (Ш.Хұсайынов, Таныс адам). Біздегі *к ү д і р е* бел жүйрік атаулы солардан туған (Жастар эстрадасы). **2.** *Белі шығыңқы.* Түнеріпті түсіміз, Түн ұйқыны бөлгендей. *К ү д і р е* бел, күпшек сан, Үдете жортып желгендей (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Күдіре жал [күдері жал]. *Қалың өскен, қайратты жал.* Сипалай оң қолымен *к ү д і р е ж а л д ы,* Қыз шапшаң Кермаралға мініп алды, Домалап қара көзден мөлдір моншақ, Туған жер топырағына бір-бір тамды (С.Омаров, Сәукен). Атасы тұрған алғыр оқшау-дағы, Жылқының *к ү д і р е ж а л* көк саураны, Бөкен жон, жекен жетпес шын сәйгүлік, Оқ жетпес шапқан шақта атсаң-дағы (Т.Жароков, Шығ. жин.).

КҮДІРЕЙ= е т. **1.** *Күжірею, дөңкию.* Күшіктің жүні қара көк, жотасы *к ү д і р е й і п,* ауыз омыртқа мен құйрығына шейін түп-тұтас болып күлдіреуіштей бүгіледі (М.Әуезов, Көксерек). Желкесі *к ү д і р е й і п,* бұғағы әукеше салбырап, қарны шермиген біреу, барбиған сұқ қолын шошайта сөйлегенде, даусы қыр-қыр етеді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). **2.** а у ы с. *Сес көрсету, айбат шегу.* Қарт келгенде *к ү д і р е й м е й,* томсармай, бұрынғыдай қарсы алайық (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес). – Осы тұлғаңмен қабағыңды түйіп, қасымда *к ү д і р е й і п* тұршы, сол жетеді, – деді Аман (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

КҮДІРЕЙТ= е т. *Күжірейту, дөңкиту.* Бусанған ат жалын *к ү д і р е й т е,* сулығын шайнап барып тоқтады (Х.Ерғалиев, Шындық.). Мысық тамның көлеңкелеу бұрышына қарап, белін *к ү д і р е й т е,* айбат шегіп ырылдай қалды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Көк жорға да қазіргі минуттан Сәлімге нық бол дегендей белін *к ү д і р е й т к е н* сияқтанады (С.Қамалов, Әңгім.).

КҮДІРЕЙТУ *Күдірейт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Желкесін *к ү д і р е й т у.*

КҮДІРЕЙІҢКІРЕ = е т. *Күжірейіңкіре, дөңкиіңкіре.* Шашы желкесіне дейін жететін, арты көтеріліп, *к ү д і р е й і ң к і р е п* тұратын, онысы өзіне ерекше өң беретін (М.Мағауин, Ақша қар).

КҮДІРЕЙІҢКІРЕУ *Күдірейіңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сәл *к ү д і р е й і ң к і р е у.*

КҮДІРЕҢКІ с ы н. *Шығыңқы, күжірейіңкі.* Қасқыр бөксесін *к ү д і р е ң к і* түп қарағанға тығып алды (С.Елубаев, Ойсыл қара).

КҮДІР-КҮДІР[1] с ы н. *Бұжыр-бұдыр, қожыр-қожыр, кедір-бұдыр.* Олардың өңешінен өткен толық дөңдер сап алтындай жарқырап, *к ү д і р-к ү д і р* жалдана көрінеді (Ғ.Сланов, Замана.).

КҮДІР-КҮДІР[2] е л і к. *Қатты заттарды шайнағанда немесе олар бір-бірімен соқтығысқанда шығатын қайта-қайта күтірлеген, қытырлаған дыбыстарды білдіретін сөз.* Ауызындағы бидайын *к ү д і р-к ү д і р* шайнады («Жалын»).

КҮДІРЛЕН= е т. *Жоталанып, жондану.* Ақ қасқаның жоны құйрықтан ауыз омыртқаға шейін дөң сияқтанып, *к ү д і р л е н і п* дүңкиіп тұрады (М.Әуезов, Қараш.).

КҮДІРЛЕНУ *Күдірлен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жонның *к ү д і р л е н у і.*

КҮДІРЛІ с ы н. *Тегіс емес, кедір-бұдырлы, дөңкиген.* Аймақты көмкерген буалдыр сағым қойнауға қашып, *к ү д і р л і* шыңдар келбеті аршылып салған (Ә.Асқаров, Құтмекен).

КҮДІС с ы н. **1.** *Кемістігі бар, бүкір, қыңыс.* Арт жағы тегенедей жұмыр келген, ақ жал, сары жорға ат көп жорғадай *к ү д і с* емес. Қабырғалы, жазаң және зор болатын (М. Әуезов, Таңд.). Аттың саны күпшектей, қысқа бақай, құйма тұяқ, бауыры тартыңқы, төсі сала құлаш жануардың, сірә, белі *к ү д і с* болса керек (Ғ.Сыланов, Домбыра.). Ондай кезде *к ү д і с* арлан күдірейіп тоқтай қалып, көзінің астымен жақтырмай қарайды (С.Жүнісов, Ақан сері). **2.** *Дөңес, шығыңқы.*

К ү д і с көк желе түсті, ат екпінімен сөз де үдей түсті. Сен де қайтпа (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Әлгі белдіктің сырт жағы *к ү д і с* екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮДІСТЕН= е т. *Сәл күдірею, шығыңқылану.* Кішкене денелі кемпірдің жауырыны ғана *к ү д і с т е н г е н,* өзге денесі ып-ықшам, пып-пысық (С.Мұқанов, Саяхат.). Жүні құлпырып, арқа тұсы *к ү д і с т е н і п,* ірі тұлғалы кәдімгі қара жағал қораз торғай кейпіне келді (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Зейіннің желбезегі сәл шеңберлілеу қыр мұрнының шеміршегі не *к ү д і с т е н б е й,* не батпай, маңдайдан бастап, дәл ұшына дейін түзу бітіпті (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

КҮДІСТЕУ с ы н. *Жауырыны шығыңқылау, күдірейіңкілеу.* Кәмен шағын денелі, шүңірек көз, жар қабақ, *к ү д і с т е у* келген кісі (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Ескі тулақтың үстінде аяғын көсіліп, бақа бас барақ сақал, жауырыны *к ү д і с т е у,* қара сұр кісі отыр (Б.Аманшин, Көкжар). Шалабай Аманға жауырынды, *к ү д і с т е у,* қатқан қара жігіт көрінеді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

КҮДІСТІ с ы н. *Күдірейіңкі, шығыңқы.* Бүгін де сондай жынданып, Сары тұлпарын мініпті, Ерге басып төстігін, *К ү д і с т і* белін бүгіпті (Батырлар жыры).

КҮЖ е л і к. *Қатты, жуан, құлаққа дөрекі естілетін қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

Күж етті. *Құлаққа жағымсыз, дөрекі естілетін дыбыс шығарды.* Ой, шай үстінде әзіл үшін айтқан әңгімені шынға жорып, – деп Байсалбай *к ү ж е т е* қалды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Әдхам үзіп-үзіп *к ү ж е т е* түседі (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

КҮЖБАН с ы н. с ө й л. ***Құжбан.*** Қап-қара *к ү ж б а н* денесіне жұдырықтай бас бітіпті (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Шайдоллалар кескен томар сықылды да, ал отағасы, сен, бейне бір дәу терек секілдісің, кәдімгі төбесіне қарасаң бөркің түсерлік *к ү ж б а н* терек (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Холмогор бұқасындай әукесі салбырап, тыныстап жатқан бұл *к ү ж б а н* өгіз жай өгіз емес (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

КҮЖБАНДАЙ с ы н. *Еңгезердей, үлкен, денелі. К ү ж б а н д а й* дәу қара қонақ ақ жастықты шынтаққа бүктей басып, нақ бір осы үйдің арнап келген сыйлы қонағынша емін-еркін отыр (Б.Бақбергенов, Қайран шешем). Мен осы тұста Кәрібай ағайды еске түсірдім. Ол кісі *к ү ж - б а н д а й* бір қара дәу болатын (Ә.Сәрсенбаев, Шығ.).

КҮЖБЕҢДЕ= е т. *Күйбеңдеу, күбіжіктеу.* Ораз *к ү ж б е ң д е п,* төмен тұқырайды (З.Шашкин, Теміртау).

КҮЖДЕЙ с ы н. *Жуан, толық.* Оның желкесі *к ү ж д е й,* қарны жанторсықтай (Б.Аманшин, Жар мұңы). Жүзі демекші, зор денелі, етжеңді, жалпақ беттеу, мойны *к ү ж д е й* ақсары кісі өзге көздің назарын бірден аударады (Р.Хайруллин, Офицер.).

КҮЖДИ= е т. с ө й л. *Күжірею, дүрдию.* Арыстан жалы қызыл күрең, *к ү ж д и і п* кеуде басы зор көрінеді (С.Елубаев, Ойсыл қара).

КҮЖ-КҮЖ е л і к. *Қайталанып шыққан қатты, жуан, құлаққа дөрекі естілетін дыбысты білдіретін сөз. // Бірді-бірге қайрап салу, егестіру үшін айтылатын сөз. К ү ж-к ү ж* – деп, келемеждеді оны біреу (С.Сейфуллин, Әңгім.). *// Ығы-жығы, бықсынаған, құжынаған.* Түс мезгілі болғансын ба, адам футбол ойынына жиналғандай *к ү ж-к ү ж* (Н.Серәлиев, Қанат). *// Қатпар-қатпар, қыртысы мол.* Денесі түйенің жарты етіндей, беті сиырдың қарынындай *к ү ж-к ү ж* Анар бәйбіше «шұнақ тоқал» мен «көйлекшең қызға» аюдай ақырып, тасқаяқтай қағыстырады (С.Омаров, Қызыл арай). *// Қатты тасыған, тасқыны күшті су, ағын.* Тасыған табанда өзен, түксиген құз, Тесіп өтіп атылған тастан *к ү ж-к ү ж* (Д.Еркінбеков, Шығ.).

Күж-күж етті. а) *Жуан дауыспен қатты сөйледі, күжілдеді.* Қора жақтан естілген дауыс біртіндеп ұлғайып, *к ү ж-к ү ж е т е д і* (Р.Тоқтаров, Терістік). Терентьев *к ү ж-к ү ж е т е д і,* кейде жұдырығын түйіп, шынтағының астына салған мамық жастықты ұрғылайды (З.Ақышев, Ақбел). ә) *Мәшине, трактор т.б. нәрселер күрілдеген дыбыс шығарды, салдырғылдір етті, тарсылдады.* Сыңар мүйіз сүзеген бұқалардай, *К ү ж-к ү ж е т к е н* танкісін еттің тандыр! Талай тартыс, тар кезең, қиын жолда; Су шайқалмас үстіңнен болып жорға (Біздің Мәлік).

КҮЖҚАРА с ы н. *Толық денелі, еңгезердей.* Қапар елеусіз ғана жүріп, Щербаковты да сыртынан көрді. Қапсағай денелі, көкшіл көзді, *к ү ж қ а р а* көрінеді («Лен. жас»).

КҮЖІ з а т. қ о л ө н е р. *Көріктің аузы. К ү ж і д е* «ұста» деген борпылдақа тас болады (Г. Райымханова, Ата кәсіп).

КҮЖІЛ з а т. **1.** *Күж-күж еткен тұрпайы дыбыс.* Быр-быр ұйықтап жатқан жылқышыны, төбеттің анда-санда маңқ еткен даусы, үйде қымызға тойғандардың *к ү ж і л і* дамыл-дамыл аунақшытып қояды (Ғ.Мұстафин, Өмір.). Сонымен қыз байлады, сөз үзілді, Сандалды күйші, ішекте күй бұзылды. Қыңсылап домбыра да дауыс қылмай, Мыңқылдап салып кетті құр

к ү ж і л д і (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** а у ы с. *Ұрыс, балағат.* «Әке», – деді Бейнет мені мүжіді, Өршіп барад байдың лебі, *к ү ж і л і.* Бай бүйірді шығармайды көз жетті, Үйде отырып кәсіп істеу қызық-ты (Б.Майлин, Шығ.).

КҮЖІЛДЕ= е т. **1.** *Күж-күж еткен дыбыс шығару, жуан дауыспен дабырлап қатты сөйлеу, өлең айту.* Арыс домбыраны әйтеуір сабалап, даусы *к ү ж і л д е п,* екіауыз өлең айтты (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). *К ү ж і л д е п* отырғанда кеңес құрып, Шегір көз Шери бала келді кіріп, «Әнеки, көсем жеккен екі адам – Ақ банды келе жатыр», – деді тұрып (А.Нұртазин, Орман.). Жігіт біраз ішіп алса керек, енді даусын бұза, *к ү ж і л д е й* сөйледі (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). **2.** *Гүрілдеген, дүрілдеген дыбыс шығару.* Мәшинелер *к ү ж і л д е п,* төңіректі бензин исі алып кетті (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Сары самауыр *к ү ж і л д е й д і* (С.Шаймерденов, Мезгіл). **3.** а у ы с. *Күш көрсету, қожаңдау, қоқан-лоқы жасау.* Поселкеде мұжықтар бар екен, соның бір-екеуі бізге қожаңдап, *к ү ж і л д е й* бастады (С.Сейфуллин, Тар жол.).

КҮЖІЛДЕК с ы н. *Күж-күж етіп, дабырлап сөйлейтін.* – Кескініңді көрсем, – деп қорқытады *к ү ж і л д е к* (С.Мұқанов, Өмір мектебі). – Ей, мынаның жатысын қара, – деген *к ү ж і л д е к* дауысқа селт ете түстім («Лен. жас»).

КҮЖІЛДЕС= е т. *Дабырлап сөйлесу. К ү ж і л д е с к е н* топ су сепкендей басылды (І.Есенберлин, Қатерлі.). Бір рет, репетициядан соң, жігіттер далада тұрып көп *к ү ж і л д е с т і* (Ә.Тарази, Асу.). Стол басындағы жігіттер бұл екеуінің сөзіне мән бермей, өзара *к ү ж і л д е с і п,* бірінің сөзін бірі қақпайлады (К.Тоқаев, Түнде.).

КҮЖІЛДЕТ= е т. **1.** *Гүрілдету, дүр-дүр, күж-күж еткен дыбыс шығарту.* Ауыл адамдары таңертең ертемен трактордың гүрілдетіп, комбайнды *к ү ж і л д е т і п* жұмысқа аттанып бара жатады (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). **2.** *Қатты, жуан дауыс шығарту.* Едіге күйшім еліңе есен қайтасың! Нұрды қалай көргеніңді, еліңе жыр ғып айтасың. Нұрдың күйін, Сен соқпағанда, Кім соқсын! *К ү ж і л д е т,* шіркін, күжілдет, шіркін! Дүрілдет!!! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Құр құйысқан, жіп тізгін, киіз етік, Айдалада келемін *к ү ж і л д е т і п.* Қыз сүйгендей күлемін ыржың етіп, Тебінемін шолақты күржіңдетіп (К.Әзірбаев, Шығ.).

КҮЖІЛДЕУ *Күжілде етістігінің қимыл атауы; қожаңдау, қоқақтау.* Бұрын күндей көрінген жарының жанын жаралап, күнде келіп *к ү ж і л д е у* адамгершілікке де, заңға да сыймайды («Лен. жас»).

КҮЖІЛДЕУІК с ы н. с ө й л. ***Күжілдек.*** Шар етіп жылаған баланың даусы, қуанышты күлкі-дабырлар, әлдекімнің *к ү ж і л д е у і к* жат үні бар екенін, тірлігін мойындатқандай еді (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

КҮЖІР с ы н. *Күдірейген, шодыр.* Баранов күйдіру цехының *к ү ж і р* желке бастығын дедектетіп Вераның алдына алып барды (Ө.Қанахин, Дәмелі).

КҮЖІРГЕЙ з а т. з о о л. <л а т. philomachus pugnax> *Тұрқы кептерден кішілеу, аяғы ұзын, арқасы сарғылт, қара қоңыр, төсі сарғылт сұр, бауыры ақ тундрадан дала өңіріне дейінгі аймақты мекендейтін балшықшылар отрядына жататын құс. К ү ж і р г е й* Қазақстанда Жайық өзенінің орта бойындағы далада, Ертіс-Обь аралығында, ал түлеу кезінде Маңғыстау, Сырдария, Сарысу, Шудың төменгі жағында, Балқаш-Алакөл, Зайсан өңірінде кездеседі (ҚСЭ). *К ү ж і р г е й д і ң* еті дәмді, бірақ кәсіптік маңызы жоқ (ҚСЭ). *К ү ж і р г е й д і ң* қораздарының мойнында жазғытұрым қара, ақ, сарғылт реңді жаға тәрізді ұзын қауырсындары болады (ҚСЭ).

КҮЖІРЕЙ= е т. **1.** *Дөңкию, күдірею.* Арбада *к ү ж і р е й і п* теріс қарап отырған нағашым әжеме мойнын бұрды (А.Жақсыбаев, Бозарал). Дүйсекеңнің астындағы жалы шошқаның жалындай *к ү ж і р е й г е н* күйлі қара көк ат оның жекеменшігі (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Адырлардың *к ү ж і р е й і п* арқасы, Қарауытып түр биік жар қаңқасы. ГЭС жақтан көрінеді көп жарық, Ол – теңіздің мойнындағы алқасы (С.Асанов, Алматым.). Оны мен түсімде көргенім бүгін бе? Биыл ма? Есімде бар: өткен жаз осы қалаға келерде де көрдім. Онда ол үстінде күпісі бар, *к ү ж і р е й і п,* қырындап өте беріп еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Айбаттану, сес көрсету.* Невский генералмын деп *к ү ж і р е й м е й т і н* де, Бағлан майормын деп кішіреймейтін (Ә.Әбішев, Ғаламат). Атылатын арыстандай *к ү ж і р е й і п* тұрған Аралбай екі қолын бірдей ербеңдетіп, Кәрін тіге бажылдады (С.Омаров, Дала қызы). *К ү ж і р е й д і,* кіжінді, Жөтелді де қасынды. – Олай болса, Күжіңнің, Мылжалайын басын бір (М.Жаманбалинов, Батыр.).

КҮЖІРЕЙТ= е т. *Күдірейту, дөңкиту.* Сары шегір оның өз жөнін білмей шақырып бермесімді ұқты да, мойнын *к ү ж і р е й т і п,* теріс айналды (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). Айналдырдым тонымды, *К ү ж і р е й т і п* жонымды, Тымақ киіп басыма, Барып едім қасыңа (Қ.Мырзалиев, Күміс.).

КҮЖІРЕЙІҢКІРЕ= е т. *Дөңкиіңкіреу, күдірейіңкіреу.* Қоспан малдасын құрып, жауы-

рыны сәл *күжірейіңкіреп* ірі тұлғасымен теңкиіп отыр (Т.Ахтанов, Дала сыры).

КҮЖІРЕЙІҢКІРЕУ *Күжірейіңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жоны *күжірейіңкіреу.*

КҮЖІРЕЙІС= е т. **1.** *Күдірейісу, дөңкейісу.* Кешеден бері мойны босап тыңайған қос өгіз ақ жарғақ желкелері *күжірейісіп* екпіндеп шыға келді (Н.Сералиев, Ыстық күлше). **2.** а у ы с. *Айбаттасу, сес көрсетісу.* Екі балуан да сөйтіп, әуелі *күжірейісе* жақындасты (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КҮЖІРЛЕС= е т. *Шүйіркелесіп сөйлесу.* Мәшинеңің көлеңкесінде отырып, Кәріммен біраз оңаша *күжірлескен* қарт, ауыл жаққа қолын көлеңкелеп қарады (С.Адамбеков, Атылған қыз.).

КҮЗ з а т. **1.** *Дала мен ағаш жапырақтары сарғайып, жемістер мен көкөністер пісетін уақыт, жаздан кейін келетін жылдың төрт мезгілінің бірі.* Аңызақ жел басылып, *күздің* алғашқы демі сезіле бастаған (М.Дүзенов, Әке.). Төр алдында *күздің* сары қымызын жалқау тартып, жәй әңгімені гулетіп, мәзмейрам құда-құдағиларының арасында төсекке сүйеніп Зуқа отыр (Б.Құсбегин, Зуқа батыр). Көп ұзамай соғыс басталды да, сол жылы *күз* Оспан әскерге кетті (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Әне қырман тасып жатыр сел болып, Диқан *күзін* меңгермекші ел болып. Өмір өзі туып жатыр осыдан, Диқан текке тырбанбаған сан ғасырлар жер қорып (Н.Оразов, Шұғыла.). **2.** *Дала қоңырқай тартып, күн суытып, жер қатып, мал жайлаудан күзеуге түскен кез.* Сұр бұлт, түсі суық, қаптайды аспан, *Күз* болып, дымқыл тұман жерді басқан. Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма, Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан (Абай, Тол. жин.). Жаздыгүні жапырақтың Бірінде тамақ, бірінде үй. Жапырақ кетті, жаз кетті, *Күз* болған соң, кетті күй (Абай, Тол. жин.). Ол кезде ызғырығы ызылдап, бойды мұздатып, сабалақ қара бұлттан тон жамылған *күздің* көзсіз қара түтіні ақ бас Алтайдың үстіне қара бурадай шөгіп, сай-салаға бауырын төсеп, дүние қарауытып келе жатыр еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** г е о г р. *Жер шары өз орбитасының күн мен түннің күзгі теңелу нүктесінен Күннің қысқы тоқырау нүктесіне дейінгі аралығында болатын жыл мезгілінің бірі.* Астрономиялық тұрғыдан *күз* – 90 күнге созылады (ҚҰЭ). Қазақстан жерінің *күздегі* сипаты біркелкі емес, солтүстік облыстарда егін піскенде, оңтүстік облыстар егіндерін жинап болады (ҚҰЭ). Жер шарының солтүстік жартысында *күз* болғанда, оңтүстік жартышарда (Оңтүстік Америка, Австралия, Антарктида) көктем болады (ҚҰЭ). **4.** а у ы с. *Егде тартушылық, кәрілік.* Жас кезімізден бері қарай еккенімізді жиып-теріп алатын өміріміздің *күзі* келді (Қ.Көпішев, Тәйімбет Көмекбаев). Лаулаған тұла бойым қызыл өлең, Өлеңнің жалынына жүзіп өлем. Көктеммен көріскенше асығам мен, Өмірімнің келе жатып *күзімен* (Т.Әлімқұлов, Боз жорға). Жылап, зарлап көрген түстей, Жылы жазым өтеді, Бау-бақшаның жемісі піспей, Өмірімнің *күзі* жетеді (Б.Күлеев, Таңд. шығ.).

Алтын [сары] күз. п о э т. *Әртүрлі өсімдіктердің жапырақтары сарғая бастаған кез.* Тамылжып тұр Отанның *алтын күзі,* Сәл ғана сарғылт тартқан жердің жүзі (Ә.Сәрсенбаев, Отан.). Көктемді, жазды ұзатып, Келді бүгін *алтын күз.* Көкірегімнен жыр атыла, Құшақ жая шықтық біз (М.Хакімжанова, Партия тур.). *Сарыкүз* салқын түсті, қолхозшылар, Шымырлап тоңазыды шымыр денем (И.Жылқайдаров, Жастар.).

Жылауық күз. *Күн салқындай бастаған кездегі жауын-шашынды мезгіл.* Бұл салпы етек, *жылауық күз* емес, гүілдеген желді күз еді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Күзге салым. *Күз түсер шақта, күзге қарай. Күзге салым* сарықұлақтанып қалған терек жапырағының бірі Рәзияның иығына қонды (Б.Тәжібаев, Қараторғай). Хамит орманға, далаңқайларға, *күзге салымғы* жер үстінің – барлық жаратылыстың қазіргі тұрмысына қарап, ат үстінде кеудесін керіп дем алды. (С. Сейфулин, Шығ.).

Қара күз. *Күн бұлыңғыр тартып, қара суық түскен кез, күздің аяқ шені.* Капустаны *қара күзде,* негізгі ауылшаруашылық жұмыстары аяқталғаннан кейін жинайды (Малшыларға кеңес). Келесі жылдары судың бос кезінде егістікті *қара күзде,* қыста немесе көктемде сіңіре суарады (Агроном. анықтама.).

Қоңыр күз. *Ызғар, суығы жоқ, қара күзге дейінгі шақ.* Міне, дәл осындай өзгеше өнімі бар, жемісі мол *қоңыр күзде,* тағы бір шаңқай түсте ойда жоқ өзгеше суық хабар жетті (М.Әуезов, Шығ.). Күн шақырайса да, дене қыздыра алмайды. Жанға жайлы *қоңыр күз.* «Қатал қыс келді, қамдан», – деп түрған сияқты (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Смоленск облысында *қоңыр күздің* басталып қалған кезі. Сарғыш тартқан жапырақтар селдіреп, орман ағаштары сиреп қалғандай (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.).

Мырза [жомарт] күз. *Дәнді дақылдар мен жемістің пісіп молайған мезгілі.* Жаз өтіп *мырза күздің* жетері шын, Күз мұнда алтын қабақ өседі шың. Көңіліме қорқынышты сурет келер, Ойласам осы өлкенің кешегісін (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын.).

КҮЗГІ с ы н. **1.** *Күз айындағы, күз мезгіліндегі.* Жаздың екінші жартысында жаңбыр-шашын мол болып, *к ү з г і* суық кеш түскен жылдары жазда егілген картоп әдеттегідей көктемде егілген картоптан да көп өнім береді (Б.Шағыров, Картоп.). Жатақханаға кіреберістегі үлкен стол үстінде хаттар қобыраған *күзгі* жапырақтай төсек боп жатыр (Н.Серәлиев, Қаңтар). Жылы жаққа жол тартып, Сезілген соң *к ү з г і* ызғар. Туған жерге қош айтып, Тыраулайды тырналар (Ө.Тұрманжанов, Бозша.). **2.** *Күзге арналған, лайықталған.* Жауынгердің үстіндегі *к ү з г і* киім болатын (М.Жұмағұлов, Қыран.). Жолаушының аяғында *к ү з г і* етік (Ғ.Мұстафин, Қыр жігіті).

Күзгі сын. п е д. *Бір-екі пәннен нашар баға алған оқушының сол сабақты күзде қайта тапсыруы.* Егер оқушы *к ү з г і с ы н ғ а* қалған болса, онда баланың жаз кезіндегі дайындалуы мен демалуын дұрыс ұйымдастыру қажет (Семья тәрбиесі).

КҮЗГІДЕЙ с ы н. к ө н е. *Айнадай.* Егер ондай ой басына келе қалса, документті құрғырды сұлудың жүзі көрінер *к ү з г і д е й* жалтыратып қоймас па еді (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

КҮЗДЕЙ[1] с ы н. *Күз сияқты, күз тәрізді.* Демесе, жай, әншейін «қыстың аты», Тек қана салқын *к ү з д е й* бар қуаты, – Боп қысы бұл маңайдың жайма-шуақ, Қалыпта тұратын бар табиғаты (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Медреседен қолын үзбей-ақ, Ол ашты орыс мектебін. Жаз болды күні *к ү з д е й* нақ, Сарғайтып келген текке дін (І.Мәмбетов, Дос.). Жүрмейді еркелесіп бізбен өмір, Кей кезде күңгірт тартар *к ү з д е й* көңіл (Ғ.Қайырбеков, Қанатты.).

КҮЗДЕЙ[2] ү с т. *Күз бойы.* Нариман сол жылы жазда экономика факультетін бітіріп, *к ү з д е й* дайындалып, аспирантураға емтихан тапсырып біткен (Б.Аманшии, Жар мұңы). Сол үшін жаздай пішен шаптырды, *к ү з д е й* қора жөндетті (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Бұл маусымда жаздай, *к ү з д е й* жинаған малдарын қыдыртатын көпестерге жалданып, әке мен шеше мал сойыста жүретін (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.).

КҮЗДЕ= е т. э т н. *Күз айында қыстауға бармай, уақытша күздеуде қоныстану.* Бабаларымыз баяғыда осы тауларды күз *к ү з д е й д і* екен, қыс қыстайды екен (М.Тиесов, Дала.). Құмды қыстап, қоңыр адырды *к ү з д е п,* ат ерін алмай, түйе қомын шешпей, көшіп-қонып жүре берген (К.Әзірбаев, Аңыз.). Мен келдім, солар үшін сені іздеп, Теріңді тілдіремін тасқа ізеп. Қаланды қамаймын да жатып алам, Асықпай, әскеріммен қыстап, *к ү з д е п* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

КҮЗДЕУ з а т. э т н. *Жаз жайлаудан қайтқан елдің күзде отыратын жері, қонысы.* Бүгін ел көктеуде, ертең жайлауға көшеді, оның күні өтсе, *к ү з д е у і* бар, онан соң қыстауға қонады (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). *К ү з д е у д е* ауыл маңының қара отын қуалап, сырғи-сырғи қыс алдында жетіп, тұрақтаған жері осы – Тұяш басы (Бал дәурен). Саралап көрсетейін түріменен, Жақсыбай, құлақ салып тыңдап алғын. Кең өріс, қыстау, *к ү з д е у* көрсетелік, Тағы санап берелік шаруа малын (Айтыс).

КҮЗДІГҮНІ ү с т. *Күз айларында, күзде, күз кезінде.* Екі жыл болды. Әміржан *к ү з д і г ү н і* елден баратын екі-үш баламен қосылып кетеді, сонан жазғытұры майдың ішінде келеді (С.Мұқанов, Аспаз). Бұл жігітті бұрнағы жылы *к ү з д і г ү н і* Елекажыда көрген (Б.Аманшин, Көкжар). Жылында он алтыншы *к ү з д і г ү н і,* Алтыншы ноябрьге қарсы түні. Жер қатқан, шөптің басын қырау көмген, Көлдердің көк айнадай қатқан мұзы (О.Шипин, Екі дастан).

КҮЗДІК з а т. **1.** э т н. ***Күздеу.*** Көшпелі ел жайлауға бармақ, *к ү з д і к к е* келмек, мал иесі қайда айдаса, иесі соған ере бермек (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Құттыбай ауылы *к ү з д і к к е* екі жарылып қонды (С.Мұқанов, Ботагөз). Мал өрісінің жаздық, *к ү з д і к* жайылымы жағдайына қарай қоныс қуалап, көшпелі өмір сүрген қазақ ауылы өнеркәсіп орталығынан қашық болды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** э т н. *Күзде сойылатын сойыс.* Түсіптің қысқы соғымы тағы арқар, *к ү з д і г і* қоян мен құс еті (Ш.Айманов, Қыран.). **3.** *Күзде жыртылатын жер, егістік.* Оның әкесі көрші колхозда *к ү з д і к* жыртып жүр (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). *К ү з д і к т і* аяқтаған механизаторлар басқа участокке кеткен (С.Сарғасқаев, Сынған тіс).

Күздік бидай. е г і н ш а р. *Күзде егілетін бидай.* Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік шығыс аудандарында бақашықтың осы жастағы личинкасының жаппай жетілуі *к ү з д і к б и д а й д ы ң* масақтану кезеңіне тура келеді (Ә.Тілменбаев, Бақашық.). *К ү з д і к б и д а й д ы ң* түптенуі көктемде аяқталады (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). *К ү з д і к б и д а й* түптену кезеңінде өзіне қажет азот пен калийдің жарты мөлшерін, фосфордың үштен бірін пайдаланады (М.Ерлепесов, Суармалы егін.).

Күздік дақылдар. е г і н ш а р. *Күзде егіліп, өнімі келесі жылы орылатын біржылдық астық тұқымдас өсімдіктер (күздік бидай, күздік қара бидай, күздік арпа, күздік сұлы т.б.). К ү з д і к д а қ ы л д а р д а н* көп өнім алу үшін күзде және ерте көктемде егіске тыңайтқыш шашылып, тырмаланады, қыста қар тоқтатылады (ҚҰЭ).

Суармалы егіншілік аудандарда *к ү з д і к д а қ ы л д а р* аралық дақылдар егістігінде жиі пайдаланылады (ҚҰЭ).

Күздік пәлте. *Күзде киетін сырт киім.* Құралайдың үстінде қара шұбар *к ү з д і к п ә л т е* (Ж.Жұмаханов, Махаббат.).

Күздік тері. *Жүні әбден жетіліп, қалыңдаған кезде сойылған мал терісі. К ү з д і к т е р і* – октябрь, ноябрь айларында сойылған малдың өңі қалың терілері (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КҮЗДІКТЕ= е т. *Күздік қоныста отыру.* Байдың баласы, шешемді алып қайтпақ болып, Қызбелді *к ү з д і к т е р* отырған біздің ауылдың үстін жанап өтеді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

КҮЗЕ[1]= е т. **1.** э т н. *Жылқы малының жал-құйрығын қырқу, шағындау, қысқарту.* Құйрықты түбінен бастап ұшына дейін сыпыра *к ү з е й д і* де, дәл ұшына «шыбын қағар» қалдырады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Ауылдың еркек кіндік атаулысы сонда жиналып, тай-құнандарды *к ү з е й д і* (С.Мұратбеков, Жабайы.). Ертең біздің ауыл жылқы *к ү з е й д і,* қысырақ алады (С.Бегалин, Шоқан асу.). Тайдың жалын *к ү з е г е н д е,* көбіне «кекіл», «шоқтық» қалдырмайды, осыны «тұтқыл күзеу» дейді, өйткені бала-шаға болмаса, онда да ауыл арасында, мал өрістік жерге болмаса, қазақта тайды ұзақ сапарға, жиынға міну салт болған емес («Қазақст. мект».) **2.** *Сақал-мұртты қысқарту, қию.* Бұрын мұқият *к ү з е п* жүретін суағарындағы бармақтың тырнағындай төрт бұрышты [Панфиловтың] қара мұрты бұрынғыдан гөрі тікірейе өсіп кетіпті (Б.Момышұлы, Москва.). Әзімхан қара сақалын *к ү з е п,* иегіне шоқша ғана сақалшық қойған (С.Сейфуллин, Әңгім.). **3.** *Мүлде кесіп тастау, қыру.* Болды сөйтіп масқара, Орынсыз дау бастады. Сақал-мұртты ұстара, *К ү з е д і* де тастады (Қ.Мырзалиев, Күміс.). **4.** *Сәндік үшін өсірілетін кейбір өсімдік, бұталарды әдемілеп кесу, шырту.* Шоғырмақ бұта болып өсетін жап-жасыл самшит ағаштарын әрқилы айуанат кейпіне келтіріп *к ү з е п* қойыпты (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Қу бұтағын *к ү з е п,* қырқып, Құрт, қоңыздан аршып, сілкіп. Тазалатып алма бойын, Бұған бөліп Асан ойын (Ө.Тұрманжанов, Бозша). **5.** а у ы с. *Талқыға салып сынау.* Тез көріп, тез түзеді, Еткенді зиян халқына, Күлкі ғып елге *к ү з е д і* (С.Мұқанов, Алдабергенов.).

Жал-құйрығын [құйрық-жалын] күзеді. а) *Тып-типыл етті, барынан айырды.* Өткен сұрапыл соғыс талайлардың *ж а л-қ ұ й р ы ғ ы н к ү з е п* кетті («Қаз. әдеб.»). ә) *Алды-артын жинақтап, тап-түйнақтай етті.* Жуан сары осы бір шүйкедей шалдың мұндай нәрсені қолға алса шегедей екеніне сүйсінеді. Жылына бір бала әкелсе де, соңынан сөз ертпей *қ ұ й р ы қ-ж а л ы н к ү з е п,* істің мән-мағынасын түзеп әкеледі (Е.Домбаев, Ғашықтық.).

КҮЗЕ[2]= е т. э т н. *Күзеуде отыру, күзеуді қоныстау.* Күз *к ү з е п* қонған жерім Дендер еді, Аралас Беріш деген елдер еді. Тар жерде абайсызда шығып кеттік, Апырым-ау, қашан бізге жөн береді (Ақберен). Жайықтың бойы көк шалғын, *К ү з е р м і з* де жайларымыз. Күлісті сынды күреңді, Күдірейтіп күнде байлармыз (Махамбет, Өлең.).

КҮЗЕ= е т. э т н. *Жылқының жал-құйрығын және түйенің шудасы мен жүнін қырқу.* Саяқтың ғана жалын *к ү з е п,* құйрығын аздап қысқартып кеседі (ҚҰЭ). Жүні көтерілген түйені де (әсіресе, шудасын қайшымен қырқу қиын болғандықтан) пышақпен *к ү з е й д і* (ҚҰЭ).

КҮЗЕГЕР с ы н. ж е р г. ***Күзелген***. *К ү з е г е р* байталдай шұнтиып киінген, шетен қалпақты ашаң қараторы жігіт, мойнындағы фотоаппаратын оңтайлап, қарбаласып жатыр (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

КҮЗЕК з а т. **1.** с ө й л. ***Күзеу.*** Ауыл *к ү з е к к е* қонысымен Шоқан қалаға оқуға жүруге әзірленді (С. Бегалин, Бала Шоқан). Ең тұрған қалың *к ү з е к т е р* , бұлақ, бастау, қоныстар осы бауырда көп қой (М. Әуезов, Абай жолы). *К ү з е к т е* отырғанда қара інген шығып кетіп, оны қарай қоятын көлік болмай, жеті шоқпарлар бір жұмадай шөп тасуға салып, бота тастатыпты (Ж. Аймауытов, Қартқожа). Ел жайлаудан түсер кезде *к ү з е к к е,* Мен де шығам сары таңда күзетке, Сол кезде де ебін тауып, соға кет, Елеусіз боп қасыңа бір қыз ерт те (Р.Нұрпейісов, Туған өлкем). **2.** *Күзем алатын мезгіл, уақыт.* Абырой болғанда бұл демалыс соңы еді, ел *к ү з е к к е* кіріскен-ді (Қ.Мұханбетқалиев, Жұлдызды.). Бүгін сәске кезінде егделер *к ү з е к* көңдердің жай-күйін байқастаймыз деп аттанғалы жатқан (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

Күзек оты. *Күздіктің айналасындағы шөп.* Күз суық болмай, *к ү з е к о т ы* әлі де мол болғандықтан, лепіріп іркіліп отыр (М.Әуезов, Абай жолы).

КҮЗЕКТЕ= е т. *Күздікте отыру, мекендеу.* Құттыбай ауылы мен Байтөбеттің арасы күзге қарай алыстап, екеуі *к ү з е к т е й т і н* Есілдің тоғайлары он шақырымға жақын жер болатын еді (С.Мұқанов, Ботагөз). Данияр «Бөрілі Торанғұл» аталатын көлді *к ү з е к т е п* отырған Шоқан аулына кезіге қалады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КҮЗЕКТІК с ы н. *Күздікке арналған.* Күз кезінде тігілетін *к ү з е к т і к* жай (М.Әуезов, Ақын аға).

КҮЗЕКІ з а т. с ө й л. ***Күздеу***. Жайлауынан ел көшіп, *к ү з е к і г е* жылысып жатқан кезде

Ақтоғайдан Жантас дүниеден қайтты деген хабар жетті (Е.Тұрысов, Ақбақай.).

КҮЗЕЛ= е т. **1.** *Қысқартылу, қырқылу.* Қыл жалаулы қалмақтан. Дүркін-дүркін қуалап, Келіп тұрған көп жылқы Қашан келіп *күзелер?* (Батырлар жыры//Ер Тарғын). Қолына құрығын алып қызығып тұрған Жақып, бір құла тай *күзелініп* жүре бергенде құрығын сермеп кеп қалды (С.Бегалин, Бала Шоқан). Азамат Азаматычтың түрі: орта бойлы, қызыл шырайлы, қыр мұрынды, қырқа *күзелген* мұртты жас жігіт (Б.Майлин, Азамат.). **2.** *Тып-типыл болу, жойылу.* Қара орман өртпен *күзелді,* Боздақтар құшты қара жер. Пилотка киген қыз енді, Жауды өзің қарсы ала бер (Ж.Қыдыров, Сәуір.).

КҮЗЕЛУ *Күзел етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сақал-мұрттың *күзелуі.*

КҮЗЕМ з а т. э т н. **1.** *Күздігүні қой қырқатын мезгіл. Күзем* өтті. Ауылды айналып, қиқулап, қош айтысып, тырна да кетті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мезгіл күзгі *күзем* екен. Қырқып жатқан қойдың жүні мая-мая (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** *Күздеуге түскен соң қырқылатын, жаз бойы өскен жүн.* Көктемгі қырқудан алынатын жүнді жабағы, күзгі қырқудан алынатын жүнді *күзем* дейді. Көктемгі жабағы жүн ұйысып жататындықтан оны жылы киімнің астарына салады (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). *Күземді* сабап жүндейді, Ұйтқытып кейде ұн елер. Шаршауды өзі білмейді, Жұмысы бірақ сілелер (Т.Шопашев, Көңіл.).

Күзем алды. э т н. *Күздеуге түскен соң қойларды қырықты.* Шаруалар күзгі *күземін алып* жатқанда тағы да бір дүркін ағайындары келіп қосылды (С.Шарипов, Бекболат).

Күзем [жүн] алу. э т н. *Қойдың жаз бойы өскен жүнін қырқу.* Содан кейін, ел күздеуге түскенде, жаз бойы өскен жүн қырқылады. Бұл *күзем алу* деп аталады (ҚҰЭ). Сонда орайы келіп қойлы ауылдарды араладым. Отар-отарда *күзем жүн алу* қызу жүріп жатты («Лен. жас»).

Күзем алу думаны. э т н. *Күзем алу маусымында өткізілетін мереке, қазақтың ұлттық ойын-сауығы. Күзем алу думанында* алтыбақан, ақсүйек, айгөлек, орамал тастамақ, серек құлақ, қара бие тәрізді көңілді ойындар ойналып, әншілік, айтыс, би, күй тарту сынды өнер жарыстары, жұмбақ шешісу, түрлі спорттық ойындар өткізу кеңінен пайдаланылады (ҚҰЭ).

Күзем жүн. *Күзде қырыққан жүн. Күзем жүн* киіз басуға пайдаланылады (ҚҰЭ). Күзем жүн жіп-шуға, өрмекке, киіз басуға пайдаланылады (С. Мұқанов, Қазақ қауымы). *Күзем жүннен* киіз, байпақ, қалпақ т.б. бұйымдар жасалады. Көрпе жасауға болмайды. Себебі тірі қылшықтары шығып кетеді. Тірі жүнді қылшықтары көрпе тысына шықпас үшін тайқазанға қарып алады да, көрпе жасай береді (М.Әуезов, Абай жолы).

Күзем үсті. *Күзгі жүнді қырыққан шақ.* Тіпті, былтыр боқырауда, *күзем үстінде,* қалаға оқуға кеткенде дәл осы қоныстан, Есембайдан кеткен болатын (М.Әуезов, Шығ.).

Күзем шай. э т н. *Күзем алған үй иесінің науқанға көмектескендерге арнап әзірлеген дастарқаны.* Әр үйге күзем алынып болған соң киіз басысқандарға берілетін ас-суы *күзем шай* деп аталады (Д.Шоқпарұлы, Ата салт.).

КҮЗЕМДЕ= е т. *Қырқу, күзем алу.* Совхоз қойшылары қойларды ерте *күземдеді* (Ауызекі).

КҮЗЕМДЕТ= е т. *Қырқыту, күзем алдырту.* Абай қоңсылас үш-төрт отарға барып еді, ерте *күземдетіп* алған секілді («Лен. жас»).

КҮЗЕМЕ с ы н. *Күзеп тасталған, күзелген, қырқылған; қысқа, қатты.* Тікендей қатты, өскелең *күземе* қылдың түбіндей қобдиланған қалың май саусақтарының басын тып-тығыз боп кере түсті (М.Әуезов, Қараш.). *Күземе* байтал кекілді, Жетекшіл түйе секілді, Шеше айтса кейін деп, Жеңгесі айтса бейімдеп, Киімін тастап қыз кетті (Үш ғасыр.).

КҮЗЕН з а т. з о о л. <л а т. mustela> **1.** *Сусар тұқымдас терісі бағалы жыртқыш аң. Күзен* – денесінің шағындығына қарамастан, мейлінше долы, уытты жыртқыш аң (Ә.Көшімов, Жас аңшы). *Күзен* терісі өте бағалы (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). **2.** *Күзен терісі.* Онымен де тұрмай, Күре бай Балташқа пәлте қылатын *күзен* жиып берген (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Күзен* табылар, ақшаға кім әкелмес дейсің (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күзен бел. а) *Белі ұзынша келген жылқы.* Үш ретте де іргеден кейін келгенмен, бала білек тірсегі бар, домбыра сағақ, *күзен бел* Қара алаға бармақтай өкпе бүгіп қалып едім (А.Сүлейменов, Бесін). ә) *Нәзік, ашаң бел.* Оқшауырақ шетте манағы почтальон – ашаң жүзді жылтыр қара жігіт газетке көз салып тұр. *Күзен бел,* қапсағай. Кішкентай көзі мақаланы тесіп барады. Оқыған сайын жаны кіріп, жымыңдай күле бастады (Т.Ахтанов, Шығ.).

Күзен ішік. э т н. *Күзен терісінен тігілген сырт киім.* Еркек киімдерінің ең қымбаттысы аң терісінен істелген ішіктер: бұлғын ішік, жанат ішік, түлкі ішік, қасқыр ішік, *күзен ішік* болып бірнеше түрге бөлінген (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Байдың бәйбішесі төсек үстінде *күзен ішігін* жамылып, жанған отқа тесіле қарап қалыпты (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.).

КҮЗЕНДЕЙ с ы н. *Күзен сияқты, күзен тәрізді.* Бауыры қарға тиер-тимес боп, *күзендей*

бүктетіліп шапқан бөрі, өзінің күшін байқайын дегендей түс ауғанша тоқтамады (С.Жүнісов, Ақан сері). Қайқы бас жыңғыл таяқты, қардың біресе астымен, біресе үстімен қашқан *күзендей,* сырғанатып ойнаймыз (Ө.Қанахин, Жер бас.). Бөрідей жортақтап, *күзендей* бүгіліп жол тору – лайық емес алшаңдай басып жүретін азаматқа (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Аш күзендей бүгілді. п о э т. а) *Әлі кетіп, бауырын жаза алмады.* Меңтай *аш күзендей бүгіліп* бір жұма бойы төсектен тұрмады (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Қақырғаны қан татып, түкіргені жын татып, Ерлер жаннан түңілді, *Аш күзендей бүгілді* (Батырлар жыры). ә) *Қаншырдай қатып жарады.* Алыстан қара көрінсе, *Аш күзендей бүгіліп,* Қарақұлан шабар көсіліп (Ауыз әдебиеті). б) *Қайғы батып, құсалық көрді. Аш күзендей бүгіліп,* Томаршаға сүрініп, Жақындап Назым келгенде, Ақ өткелдің өзінен, Өтіп кетті ер Қамбар (Қамбар батыр). Бала келді жүгіріп, *Аш күзендей бүгіліп* (Қыз Жібек).

Аш күзендей бүгілтті. *Жанын азапқа салды, қинады.* Күшіктей даусын қыңсытып, *Аш күзендей* белін *бүгілтіп,* Әділ жаннан түңілтіп, Ат көтіне үңілтіп, Артыма салсам деп едім (Махамбет, Өлең.).

КҮЗЕНШЕ үс т. *Күзен сияқты, күзенге ұқсап.* Омақаса барып тұра берген Басараланың үстіне сасық *күзенше* атылып жабысқан бөрінің аузы желкеге тиді (С.Жүнісов, Ақан сері).

Аш күзенше шақылдады. б е й н. *Шаптығып бет бақтырмады, шабаланды.* Тулақтың мұндайда *аш күзенше шақылдап,* қарсы жақтың күші талапкер, айғақтарына байбалам салып, тап-тап бергеніне де қарсы әдіс қолданды (Б.Аманшин, Көкжар).

КҮЗЕР з а т. *Мұз үстінен тұскен жол.* Мен мұндай өте алмаймын *күзеріңнен,* Қиқылдап бұған түссем жүземін мен. Рас, түйе палуан мақтанғаның, Парқы бар тізенің де тіземенен (XX ғ. қаз. ақын.). Бұлар мұз қатқанда *күзер* жасап, соның үстімен аралдың төріне жетіп алмақ болады («Егемен Қазақстан»).

Күзер салды [жасады]. *Мұздың үстіне шөп-шалам төсеп, адам, көлік өтетін жол, өткел жасады.* Дарияға қызыл су жүріп, мұз сөгіле бастады. «Қызыл диханмен» қатысу қиындап тұр. Әр жерден *күзер салып* еді, одан жаяу болмаса, ат-көлік өте алмайды («Лен. жас»). Бұлар мұз қатқанда *күзер жасап,* соның үстімен аралдың төріне жетіп алмақ болады («Егемен Қазақстан»).

КҮЗЕРЛІ с ы н. *Байланыстыратын, жалғастыратын.* Түркістан Россия мен Орта Азияны қосатын болат магистральдің, Арқа мен Ташкентті жалғастыратын *күзерлі* қара жолдың бойында (К.Сейдеханов, Түркістан.).

КҮЗЕТ з а т. *Қарауыл, сақшы.* Қазір қаланың бар жерінде *күзет* көбейді (А.Сатаев, Ақын.). Нордманның қайда жүретіні белгісіз, түнгі *күзетке* үнемі кешігіп келеді (Е.Оразақов, Дәрігер.). Тақырды асып бет алды Байшуаққа, Сонымен *күзет* қойды екі жаққа. Қалжырдан Қаратау тас қиып өтті, Сары тау, Бұқат дейтін келді шатқа (И.Байзақов, Құралай.).

Күзет бекеті. ә с к. *Бөлімшелер мен бөлімдерді тұрақты орналасқан орындарындағы күзеттік қорғау органы. Күзет бекеті* күзет жасақтарынан бөлініп, оның күзет жолындағы қарсыластарды дер кезінде байқап, ол жөнінде күзетілген әскерді ескертіп, қарсыластың шабуылынан өз иемденген позициясын табандылықпен қорғау міндеттерін атқарады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Күзет жасағы. ә с к. *Қарсыласты уақытында байқауға, ол туралы күзет әскерлеріне ескертуге, олардың ұрысқа дайындалуы мен кірісуін қамтамасыз етуге арналған, бір орынға орналасқан күзет әскерлерінің бөлімі. Күзет жасағы* өз күзетіндегі әскерлерді ұрысқа дайындалуы мен кірісуін қамтамасыз ете отырып, ұстап тұрған шебін табанды қорғайды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Күзет иті. ә с к. *Мемлекет шекарасын, жеке нысан, мүліктерді (кәсіпорын, қойма, мал қорасы т.б.) күзетуге әдейі үйретілген ит. Күзет итінің* ішінде көп тарағаны – Шығыс Еуропа овчаркасы (ҚҰЭ). *Күзет иті* – шекара сақшысының, қорықшының, бақташының серігі (ҚҰЭ). *Күзет иті* күзетілген жерге бөтеннің келгенін сездіреді, оған тап береді, қуып жетуге, іздеп табуға көмектеседі (ҚСЭ).

Күзет кемесі. ә с к. *Ұрыс кемелері мен көліктерді теңіздегі сүңгуір қайықтардың шабуылынан теңізде және аялдау сәтінде қорғау міндетін атқаруға арналған шағын әскери кеме. Күзет кемесі* жақсы гидроакустикалық және радиолокациялық аппараттармен, сүңгуір қайыққа қарсы мықты қару-жарақпен, кіші калибрлі зениттік автоматты зеңбіректермен және торпедалық аппараттармен жабдықталады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Күзет қарауылы. ә с к. *Бөлімдер мен құрамалардың зат және азық-түлік қоймаларын, казармалық жиһаз, отын, көмір, көкөніс сақтайтын, тұрмыстық сауда кәсіпорындары қоймаларын қорғауға арналған күзет қызметі органы. Күзет қарауылы* жеке құрамы

қарауылдың киім үлгісінде, автоматпен немесе сүңгілі карабинмен, бірақ оқ-дәрісіз қаруланууы керек (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Күзет қызметі. ә с к. *Әскери-шаруашылық обьектілерді сенімді күзетуге арналған әскердің ерекше қызметі. Күзет қызметін* жүргізу үшін күзет қарауылдары немесе күзет постылары жасақталады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Күзет қызметіндегі* бағыныс тәртібі Қарулы Күштер жарғысымен белгіленген (ҚҰЭ).

Күзет посты. ә с к. *Жергілікті жерде орналасқан бөлімшені тікелей қорғауға арналған, бөлімшеден тұратын күзетпен қорғау органы. Күзет постылары* бақылауды күндіз-түні жүргізеді (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Күзет посты* жеке болуы да, қарауылдар құрамына кіруі де мүмкін (Қаз. тілі термин. Әскери.)

КҮЗЕТ= е т. **1.** *Қарауылдау, сақшылық ету.* Бырдай болып жатқан бір қора қойды өзі *күзеткен* Қаратай түс көріп жатқан секілді (А.Жүнісов, Өмір.). – Сыздеке, бүркітті бүгін түнімен *күзетіп* берсем қалай? – деген еді Қасым (А.Сейдімбеков, Ақиық.). **2.** *Ауыр халде жатқан науқасты қарау, басында отыру.* Есімбек шаршаса да түнімен Рабиғаны *күзетті* (Е.Оразақов, Дәрігер.). Қасымда мені *күзетіп* атам мен енем отыр, Ауру екенімді сонда ғана білдім (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Бұлар Қошмәмбетті түнімен *күзетті* (М.Қуанышбаев, Кек қылышы). **3.** *Аңду, із бағу, тору.* Түнімен жол *күзетіп* жүріп, Павлодарға кетіп бара жатқан Қарабасты ұстап, көпке алып барып тапсырды (С.Шарипов, Бекболат). Автомобильдер күнде бір қабат қатынап тұратын болған соң, күнде елең-алаңнан келіп кейде біреуі, кейде екіншісі біздің қақпаны *күзетін* болды (С.Шарипов, Бекболат).

Арын күзетті. *Ар-ұятын, намысын сақтады.* Адал, көпшіл боламын, ізетті жан! Адамдық пен *арыңды күзет,* ұлан! (Ә.Табылдиев, Атымтай.). Адал ұлың *арыңды* мың *күзетті.* О, жер-ана, сен үшін білсең еді, – Шешкен жоқпыз әлі біз керзі етікті, Шешкен жоқпыз әлі біз сұр шинельді (Қ.Мүсірепов, Раушан).

Босағасын [ошақты] күзетті. а) *Тұтінін тұтетті, үйге ие болды.* Еркек пе, әйел ме, бәрібір, қара *босағаны күзететін* бір адам керек (Р.Тоқтаров, Ертіс.). ә) *Біреуге кіріптар болды, қолына қарады.* [Әбуғали Жарқынға] Eh, қызды қарақтап, күйеуге алақтап, *босағасын күзет* дегенің бе (Ш.Хұсайынов, Таныс адам). Қашанғы *күзетсін* ол қу *ошақты,* Арманын бала жастан қуа шапты. Жау таптап туған елін жатқан соң ба, Аналар содан батыр туа сапты (Р.Ниязбеков, Келер күн.).

Көптің аузын күзетті. *Сөз аңдыды, сөз бақты.* Төңкеріліп құбылған, жұрт – бір сағым, Шынға шыдап, қоса алмас ынтымағын. *Көптің аузын күзетсең,* күн көрмейсің, Өзіңді-өзің күзет, кел, шырағым! (Абай, Тол. жин.).

Түн күзетті. *Түнді ұйқысыз, кірпік ілмей өткізді.* Бұл кім? – дедім. Айдын суды омырып, Маған қарай тұрды сұлу бұрылып: – Жапан түзде *түн күзетіп* отырған Өзің кімсің? – деді маған қыз тұрып (Б.Күлеев, Шығ.). Түн болса-ақ қатын-қалаш, кемпір-шал топ-тобымен әр үйге жиналып, *түн күзетеді* (С.Омаров, Шығ.).

Шілдехана күзетті. ә т н. *Қазақтың салты бойынша, жаңа босанған әйелдің үйінде тақ атқанша ойын-сауық құрды.* Есімі уайым емес деп, Қуандық біз балаға, Атын қойып «Кеңес» деп. *Шілдехана күзетіп,* Қош айтысып Нұршайға, Қалған едік кетісіп (І.Жансүгіров, Шығ.). Бала туса, *күзетер шілдехана* Олар да өлең айтар шулап жаңа, Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған, Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара (Абай, Тол. жин.).

КҮЗЕТКІЗ= е т. *Қарауылдатқызу, қаратқызу.* Қырық-елу жігіттен Мұқанға болысатын он екі жігітті бір бөлек қораға жөнелтіп, *күзеткізіп* қойды (С.Шарипов, Бекболат).

КҮЗЕТСІЗ с ы н. **1.** *Күзет қойылмаған, күзеті жоқ.* Бұл кезде, боз үйдің оң жағындағы қоңыр үйде де аналы-балалы екі адам отыр, бұлардың есігі *күзетсіз* (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). **2.** а у ы с. *Бос, еркін. Күзетсіз* киік қана жайылады дейді ғой халық (А.Сатаев, Ақын.).

КҮЗЕТТІР[1]= е т. *Қараттыру, сақшылық еттіру, бақылаттыру.* Керуенді алып келе жатқан он адамға *күзеттірін* қойды (Қ.Исабаев, Соңғы.). Қалкен мен Омарды жау алатындай, адамның ұйқысын бөліп, өңшең жатыпішер байларды *күзеттірді* де қойды (Б.Тілегенов, Аққайнар). Ол Бейсенге есікті *күзеттірін* қойды (А.Жақсыбаев, Бозарал).

КҮЗЕТТІР[2]= е т. *Жылқының жал-құйрығын қырқу.* Жылпос жігіттер тайларды құлағынан жымыра тұқыртып *күзеттірін* жатыр (С.Бегалин, Бала Шоқан).

КҮЗЕТУ *Күзет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Малды я затты аман сақтау үшін қарауылдау, байқау, бағу.* Мықтыбай үстіне түйе жүн шекпен киіп, тақымына шоқпар қысып, мая *күзетуге* кеткен (Ә.Әлішев, Батыр.). Қос *күзетудегі* Қыпшақтың жүзге таяу жігіттерін ертіп Қара

Қыпшақ Қобыландыға Қазтуған қосылған (І.Есенберлин, Алмас.). Жаздың жылы айлы түнінде қыз-бозбала болып жылқы *к ү з е т у* – қазақтың ескі салтының, бір қызық дәстүрі (І.Есенберлин, Алмас.). **2.** ә с к. *Жеңісті қарсыласының басты күштерге тұтқиылдан тап беруіне, оның барлауының кіріп кетуіне жол бермеу, басты күштердің ұрысқа үйымдасып алып кіруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында ұрыстың барлық түрлерінде, ілгерілеу не бір жерге жайғасу кезінде жүргізілетін шаралар кешені. К ү з е т у* ұрыстық, жорықтық, күзет қорғауы болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КҮЗЕТУШІ з а т. с ө й л. ***Күзетші***. Қазір ұлы Россияның тәртібін *к ү з е т у ш і м і з* (Ә.Тәжібаев, Жартас). Түні бойы пір ақынның денесін *к ү з е т у ш і л е р д і ң* бірі болдым («Қаз. әдеб.»). Батырмұрат ауыл арасында оны күзетпейтін, мұндайда сұлтанды бақылаушы, *к ү з е т у ш і* Қараүлек (І.Есенберлин, Қаһар).

КҮЗЕТШІ з а т. **1.** *Бір нәрсені күзететін адам, сақшы, қарауылшы.* Әлгі ағайынның ері мектепте *к ү з е т ш і,* әйелі үй сыпырушы болып жүре береді (Б.Аманшин, Көкжар). Бәрінен де қиыны, Төлегенді *к ү з е т ш і л е р* көзіне түсірмей шығару (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Қақпаның ар жағынан біреу келді, *К ү з е т ш і с і* сол екен, дыбыс берді. Қақпаны саған ашар рұқсат жоқ, Бұл – Құдайға бастайтын қақпа, – деді (Абай, Тол. жин.). **2.** а у ы с. *Қорған, қамқоршы, пана.* Қазаққа *к ү з е т ш і* болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек (Абай, Тол. жин.). Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі. Ар, ұяттың бір ақыл – *к ү з е т ш і с і*, Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық, Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі (Абай, Тол. жин.).

КҮЗЕТШІДЕЙ с ы н. *Күзетші сияқты, күзетші тәрізді.* Бозбала кірді Ленин музейіне, Көз ғана *к ү з е т ш і д е й* өз күйіне. Қозғала жайлап басады аяқ, Толғана, зәулім залға көз сүйіне (С.Сейітов, Жаңғырық). Мұнаралар теңіз бойлай тігіле, *К ү з е т ш і д е й* тұра қалған іңірде, Бірін-бірі қуалаған шабақтай, Миллион жұлдыз жатыр Каспий түбінде (С.Мәуленов, Жаңа арна).

КҮЗЕТШІЛІ с ы н. *Күзетшісі бар.* Сарэнжап екінші көшемен қайта оралып келе жатып, тағы бір *к ү з е т ш і л і* қақпаны көрді (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

КҮЗЕТШІЛІК з а т. *Күзетші болып жұмыс істеушілік; қарауылшылық.* Биыл кемпір жайлауға көшуді қойып, осы Сәменнің *к ү з е т ш і л і г і н* қалап алды (А.Нұрманов, Аққу.). Бір кісіге қол байлау болатын *к ү з е т ш і л і к* міндеті Шынтайға жүктелген («Лен. жас»). Сайқымазақ жұртқа ат қойғыш Өтелбай, Қалатынбыз қанша қусақ жете алмай, *К ү з е т ш і л і к* – қолым, – дейді Науқанбай. Үш жыл бойы үшіншіге өте алмай (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн).

КҮЗЕТШІСІЗ с ы н. *Қараусыз, бағусыз, күтусіз. К ү з е т ш і с і з,* ескерусіз иман тұрмайды, ықыласыменен өзін-өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды (Абай, Тол. жин.).

КҮЗЕТІЛ= е т. *Бір нәрсе аман сақталу, қорғалу.* Қой күндіз төлінен бөлек өрісте бағылса, кешке қотанда түнімен көз ілмей *к ү з е т і л е т і н* (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Күзеткен нәрсесі қайда кетеді? Мақсат *к ү з е т і л г е н* нәрсенің амандығы, тазалығы емес пе? (Абай, Тол. жин.). Бала туып, шілдехана *к ү з е т і л с е,* қыз ұзатылып, келін түссе, қыз-бозбаланың ән сауығы болады (М.Әуезов, Әр жыл.).

КҮЗЕТІС= е т. *Бақылау, қарауылдасу, бағысу, сақшылық етісу.* Үш бала қырдағы ашық қырманды *к ү з е т і с і п* отырды (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Қанипа түнде Қайшамен бірге мал *к ү з е т і с і п,* күндіз брынза ұйытатын сүттерді қабылдайтын (К.Оразалин, Ақ жазық). Лауламас қайтіп қана арман оттай, Аймалап жел де еседі қалбалақтай. Айнала таулар қоршап тұра қалған, Қос қақпай *к ү з е т і с і п* шаң жолатпай (Т.Қызықбаев, Темір.).

КҮЗЕТІСУ *Күзетіс етістігінің қимыл атауы; қарауылдасу, бағысу.* Бүгін қой *к ү з е т і с у і м* керек екен (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

КҮЗЕУ з а т. с ө й л. ***Күздеу***. Бағыттарын батысқа түзеді ме? Құстар енді қарасын үзеді де... Кісінесіп, мөңіреп, маңырасып, Жамырасып мал жатыр *к ү з е у і н д е* (М.Мақатаев, Шығ.). Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай, Қыстың басы, бірі ерте, біреуі жәй. Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп, Ықтырмамен *к ү з е у д е* отырар бай (Абай, Тол. жин.). Биыл Құнанбайдың өз ауылдары да, жақын ағайындары да күзеуді елден ерекше ерте алды. Және бұрын *к ү з е у д е н* бір қар жаудырмай көшісуші еді. Қазірде қарашаның ортасында жетер-жетпес қыстауға қарай тартты (М.Әуезов, Абай жолы). Қазақстанның әр өңіріндегі рулы ел, бір ата ұрпақтарының өздеріне тиесілі *к ү з е у і* болған (ҚҰЭ).

Арқа күзеу. *Арқа сүйер, сенімді тірек.* Өзіміз сені Алатаудай көреміз, *а р қ а к ү з е у* етеміз, – деп мырс-мырс күлді Құламерген (С.Талжанов, Ұлдай.). Қазақтан асқан бұл Қаныш *А р қ а к ү з е у* бел еді, Біліміне ақыл сай, Дария тасқын сел еді (Ж.Жолдинов, Ойлар).

КҮЗЕУ *Күзе етістігінің қимыл атауы.* Қазіргі уақытта түйе *к ү з е у г е* де электр қырықтығы пайдаланылады (ҚҰЭ).

КҮЗЕУЛІ с ы н. э т н. *Жал-құйрығы қырқылған. К ү з е у л і* жирен байталға мінген жылқышы жігіт өзенге келіп, жастау құлындарды құрығымен жайқап суға түсіріп жүр (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Астындағы *к ү з е у л і* күрең байталын тебініп, топтың ортасына Әріп кірді (С.Сейфуллин, Шығ.). Жал-құйрығы *к ү з е у л і* тайға мінген, он төрт-он бес жасар қараторы қыз бала көрінді (І.Есенберлин, Қаһар).

КҮЗЕУСІЗ с ы н. *Қырқылмаған, қиылмаған, қырылмаған.* Көз алдына *к ү з е у с і з* құйрықтарын суға сүздіріп, жүзіп барып, тұнықтан ішіп жатқан жылқылар елестеді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). *К ү з е у с і з* мұрты мен қалың өскен қара сақалын жіберер бір жүрді [Нысанбек] (Қ.Сәрсекеев, Кілт).

КҮЗЕУШІ з а т. *Күзеу кезінде жылқының жал-құйрығын күзейтін адам.* Үйірі қалың Ардакөктің үйірі *к ү з е у ш і л е р* тобына ығыстырыла берді (С.Бегалин, Бала Шоқан).

КҮЗУ з а т. **1.** қ о л ө н е р. *Өрмек тоқылғанда үстіңгі жіптерді көтеріп тұру үшін пайдаланылатын кергіш ағаш. К ү з у* жіңішке қатты ағаштан жұмырлап жасалады. *К ү з у д і ң* ұзындығы өрмектің жалпақтығына байланысты болады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Өрмек жібі *к ү з у г е* байланғаннан кейін *к ү з у д і ң* ұшындағы кертпелерге жуан жіптің екі ұшы байланып, оның ортасы мосының тіліне іліп қойылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). **2.** қ о л ө н е р. *Өрмектің өре жіптерін тіземтін аспа жіп. К ү з у д і* түйе жүнінен екі қабаттап пысық иіріп, қыл-қыбыр жібермеу үшін таяқшаға орап ызбалап (ыспалап) тазартады (ҚСЭ). *К ү з у* тоқылмайды, тек тоқылатын өрмек жіптерін бір-біріне ауыстырмай бөлектеп тұрады (Х.Шобай, Қаз. ұранқай. қолөнері). **3.** ж е р г. *Жылқы шоқтығының алдыңғы жағы.* Содан ба екен, әйтеуір торы аттың *к ү з у і* күрт түсіп кеткен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮЗІР з а т. с ө й л. ***Көзір***. Қолындағы жалғыз *к ү з і р д і* де сақалды шалмен ұра салады (С.Бақбергенов, Адам.).

КҮЗІРЛІ с ы н. *Тұрмысы жақсы, күйлі.* Ұланбелде күтімді едім *к ү з і р л і,* Осында кеп күш-қуатым үзілді. Қаратай ма, қарайтұғын үйіне, Үйден шықса, ай көрмейді жүзіңді (Б.Адамбаев, Аманат). *// Дәулетті, күйлі адам.* Ол осы қаланың бір *к ү з і р л і с і* Тынышбайдың самауыршысы болатын (М.Қуанышбаев, Кек қылышы). Ол заманда қошқаршы малшы біткеннің ең *к ү з і р л і с і* («Егемен Қазақстан»).

КҮЙ[1] з а т. м у з. э т н. *Халық аспаптарында ойнауға арналып жазылатын музыкалық шығарманың бір түрі. К ү й* – қазақтың музыкалық шығармаларының ішіндегі ең ірі жанры; композициялық құрылымы жағынан халық музыкасының күрделі бір саласы саналады (ҚСЭ). Домбыра, қобыз, сыбызғы *к ү й л е р і* әуендік құрылысы, орындау өзгешелігі жағынан сан алуан болып келеді (Әдебиеттану термин.). *К ү й* аяқтала берген кезде жұмысқа шақырған еңбек дабылы жаңғырығып, жұрт орындарынан тұра бастады (Т.Ыдырысов, Жалынды жыл.). Ол бармағынан *к ү й* төгілген, көмейінен ән әуелеткен жыршы екен (З.Шүкіров, Ғажайып.).

Домбыраның құлақ күйін [құлағын] [күйге] келтірді. *Домбыраның құлағын бұрап, үнін тартуға бейімдеді.* Абыржығандықтан ба, әлде қысылғандықтан ба, *д о м б ы р а н ы ң қ ұ л а қ к ү й і н к е л т і р е* алмай, ұзақ әуреленді (Бәйшешек). *К е л т і р і п д о м б ы р а н ы ң қ ұ л а қ к ү й і н,* Бала Естай бола қалды – бір-ақ түйін. Жүрегі тайдай тулап әуелінде, Дауысы әзер шықты қинап қиын (М.Әлімбаев, Өшпес от). *Д о м б ы р а н ы ң қ ұ л а ғ ы н* бұрап, *к ү й г е к е л т і р і п* отырған Ахмет деген патсайы тысты ақ елтірі тымақты жігіт домбырасын құданың алдына сұлата тастады (С.Сейфуллин, Әңгім.). Рүстембек қария *д о м б ы р а с ы н ы ң қ ұ л а ғ ы н* бұрап, *к ү й г е к е л т і р е* бастады («Қаз. әдеб.»).

Күй аңызы. ә д е б. *Қазақ фольклорындағы өзгеше бітімді жанрлық тур. К ү й а ң ы з ы н* басқа аңыздардан ерекшелендіретін белгісі – оның тартылмақ күйге кіріспе ретінде баяндалып, тек қана күймен қоса айтылатын синкретті сипатынан байқалады (Әдебиеттану термин.). Ертеден келе жатқан классикалық *к ү й а ң ы з д а р ы н а* мысал ретінде «Аңшының зары», «Ақсақ құлан» күйлерінің аңыздарын атауға болады (Әдебиеттану термин.).

Күй аспабы. м у з. *Күй орындалатын домбыра, қобыз, сыбызғы т.б. сияқты аспап.* Кәрім жасынан *к ү й а с п а б ы н* тартып үйреніп, әнші, биші көнизәктердің арасында өсіп еді (Мың бір түн). Сотқарлар көзі алақтап, тілі салақтап, түнекте *к ү й а с п а б ы н* тұрса мақтап. Бабаның сонда жатқан қу басы да лажсыз күлер еді ырсалақтап (Х.Ерғалиев, Күй.). Мүсіреп екі құрайды таңдап алды да, көшпелі елдердің ең бірінші *к ү й а с п а б ы* – сыбызғы жасады (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

Күй қайырды. ж е р г. *Күй тартты, домбырамен күй орындады.* Балам, бір-екі *к ү й*

қ а й ы р ы п жібер, – деді Орынбай Сұраханға (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Күй тартты [шертті]. *Күй орындады.* Кенен өлеңді ұзақ айтты, тамылжыған нелер *к ү й л е р д і* де *т а р т т ы* (Қ.Әміров, Жастық.). – *Ш е р т к ү й і ң д і!* Күй шертетін заман (Б.Майлин, Шығ.).

Күй төкті. *Күйді үсті-үстіне шертті, төгілтіп тартты.* Кемпір көрем көк өзендей *к ү й т ө к к е н,* Шалды көрем жыр ұшырған көкіректен, Қызымыз бар құралай көз, қара шаш, Күлкісі – күн, сайрап кетсе – сандуғаш, Жігітіміз бара-бар жас түлекпен (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Күйі тасыды. *Шабыттанды, шабыт алды.* Жас Жанай жалғыз қалды әнге салып, Өзгелері шығыстың жабырласып, Боздатты домбырасын боз інгендей, Көңіліне келгеннен соң *к ү й і т а с ы п* (И.Байзақов, Таңд. шығ.). Шыққандай тұлпар бәйгеге, тасқындап *к ү й т а с а д ы.* Ұлан-байтақ аймағым, Колхоздың алтын аңғары (Қаз. әндері).

Мың түрлі күйге салды. *Құбылтты, құйқылжытты.* Өнерге салды бұлбұл сонда аңыратып, Шыңғыртып, шымырлатып, сорғалатып, *М ы ң т ү р л і к ү й г е с а л ы п* толқындады. Маңайда жан біткенді таңырқатып (Абай, Тол. жин.).

КҮЙ[2] з а т. **1.** *Адамның өмірді сезінуінің тұтас қалпы, күн көрісі, жай-жағдайы, тұрмысы.* Тіршілікте адам баласы нелер *к ү й г е* түспек, бейнет жекпек, рақат таппақ; өкінбек, үміт етпек; адаспақ, түзелмек; талай ажалға да басын байламақ, талай соққы жемек («Абай».). Бір күнде сәби болдық қайран дүние, Бұлғақтап жүруші едік үйден үйге. Жеткізіп бой түзеген уақытымда, Деп пе едім жолығам деп мұндай *к ү й г е* (Ж.Жамхаев, Өлеңмен өрілген.). Жалғыз еді үйіміз, Жаман еді *к ү й і м і з.* Балалар жоқ ойнайтын, Ойнар жер де болмайтын (Ө.Тұрманжанов, Таңд. өлең.). Адам баласы бәрінен де артық *к ү й* таңдайды (М.Дулатұлы, Шығ.). **2.** *Малдың күтімі, жай-жапсары.* Малдың қалыпты қозғалуы оның жалпы *к ү й і н* жақсартты (З.Сейітов, Сүт. өндеу.). **3.** *Іс-әрекеттің белгілі бір сәттегі қалпы, түрі, кескіні.* Домбырашы жігіт Пушкинге қадала қараған *к ү й і* домбырасын тарта берді (А.Сатаев, Дала.). Пішеншілер сол *к ү й і* топталып тұр (М.Сүндетов, Ескексіз). **4.** ф и з. *Заттың, энергияның т.б. орналасқан орны, жағдайы, күйі.* Агрегатты күй – заттың қатты, сұйық және газ *к ү й і н і ң* бір түрі. (Қаз. тілі термин. Кен). Олардың бір *к ү й д е н* екінші *к ү й г е* ауысуы бірқатар физикалық қасиеттерінің секіртпелі өзгеруі арқылы жүреді (Қаз. тілі термин. Кен.). **5.** а у ы с. *Мұң, шер, қайғы, зар.* – Жай ішімдегі бір *к ү й* ғой, аға, іші бардың бәрінің *к ү й і* бар дейді Ербол (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Бейжай күйге түсті *Көңілі жабырқады, көңілі алаң болды.* Шау тартқан денесімен бірге ойы да *б е й ж а й к ү й г е* түсіп, астан кейін маужырап дем алудың орнына әлденеге сіркесі су көтермейді (Т.Ахтанов, Шығ.).

Бұлдыр күй. *Түсініксіз жағдай.* Онда біз ертеңіден де азғын қиялға кетерміз де, *б ұ л д ы р к ү й г е* жетерміз. Сәуегейлікке ауысып кетерміз, – деп ол екі жолдасымен қоса күлді де, алға қарай бұрылды (М.Әуезов, Шығ.).

Жабулы қазанды жабулы күйінде қалдырды. *Сырды жасырды; шетке сыр білдірмей, не болса да өзі біліп қоя салды; істі әрі қарай қоздырмады.* Жан керек болса, өмірден үміт қылса, Күреңбай ең әуелі Нұртайдан бөлініп келсін. Оған шейін *ж а б у л ы қ а з а н д ы ж а б у л ы к ү й і н д е қ а л д ы р а* тұрайық (С.Омаров, Шығ.).

Көңіл күйі. *Адамның ішкі жан дүниесі, көңіл қошы, зауқы. К ө ң і л д і ң к ү й і* тағы да Өмірсіз жанның алды ішін. Аударды өлең жағына, Нәпсінің сынған қайғысын (Абай, Тол. жин.). Түн түндігін түріп ашып, Түнекті сен серпесің. Алтын таңның нұрын шашып, *К ө ң і л к ү й і н* шертесің (Ж.Молдағалиев, Өлең.). Сыр мінез дос мұның *к ө ң і л к ү й і н* анық ұғынған екен («Лен. жас»).

Күй кетті [тайды]. *Халі төмендеді, жағдайы болмады, бабы келмеді; сәні кетті.* Жаздығүні жапырақтың Бірінде тамақ, бірінде үй. Жапырақ кетті, жаз кетті. Күз болған соң, *к е т т і к ү й* (Абай, Тол. жин.). *К ү й л е р і т а й ы п* бара жатқан соң, Мөңке екеуі былқылдақ жас тал кесіп қабадан тоқыды (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Күй таңдады. *Бап іздеді, күтім қажет етті.* Өз үйіңде қипаңдап, Кісі үйінде *к ү й т а ң д а п,* Ақылы бар кісіні, Айбаттайды, даттайды (Абай, Тол. жин.).

Күй теңдеуі. ф и з. *Термодинамикалық тепе-теңдік күйдегі физикалық біртекті жүйенің қысымын, көлемін және температурасын байланыстыратын теңдеу. К ү й т е ң д е у і* термодинамикалық заңдарды толықтырып, нақты (реал) заттарға қолдануды мүмкін етеді (ҚҰЭ). Қатты денелер үшін Гук заңындағы серпімділік модульдерінің температура мен қысымға тәуелділігі *к ү й т е ң д е у і* болып табылады (ҚҰЭ).

Күйіне келді. *Бабына келді.* Жүйріктер мінген озбай ма, *К ү й і н е к е л с е* жарауы. Ақиық

бүркіт мұз балақ. Қаңтарда қарсы желге ұшар, Қабақтан түспей қырауы (XX ғ. қаз. ақын.).

Күйін қашырды [кетірді]. *Берекесін кетірді, мазасын алды.* Балалар шулап, бақырды, Ынтасы – даусын білдірмек. Қонақтың *күйін қашырды,* Басты ауыртты көп дүрмек (Абай, Тол. жин.). Бұл тоқсан дәулетімде киім киді, Жалғыз кісі *кетірді* біздің *күйді* (Қозы Көрпеш.).

Сол күйі. *Ешбір өзгермеген, бұрынғы қалпында.* Хат газеттің бір подвалын түгел алып, *сол күйінде* басылып шықты (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Облыстық соттың коллегиясы істі қарай келіп, халық сотының соңғы үкімін өзгеріссіз, *сол күйінде* қалдырды (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Горький болмыстың үстірт құбылыстарын, шикі фактілерді *сол күйінде* көшіре салуға бүкіл жан-тәнімен қарсы тұрды (И.Габдиров, Шабыт.).

КҮЙ= е т. **1.** *Оттың, ыстықтың т.б. нәрселердің әсерінен қарылу, күлдіреу. Күйген* адамға қан құю медицинада көп жылдан бері қолданылып келеді (А.Даиров, Хирург.). *Күйген* өңеш әдетте 20-40 жыл өткізіп барып раққа айналады (Р.Сәтбаева, Өңеш рагы). **2.** *Жану, өртену.* Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой, «Бас-басыңа би болсаң, манар тауға сымайссың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа *күймессің*» – деп, мал айтып тілеу қылып, екі тізгін бір шылбырды бердік саған (Абай, Тол. жин.). Кереку өртенгенде адам былай тұрсын, ит пен мысыққа шейін *күйіп,* далаға безді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Өлгені өліп, өлмегенін ауылға айдап әкелгенде, *күйген* жылқыны көріп, тұла бойы түршіккендердің арасында Фани да бар еді (А.Хангелдин, Фани.). Соғыс бір сұмдық өрт, Тас жанды, Жер *күйіп,* Көк топан-құдірет, Өшірді сел құйып (С.Мәуленов, Таңд. шығ.). **3.** *Ыстықтың, қуаңшылықтың әсерінен өсімдіктің, дақылдың құрап қалуы.* Кеш құлындаған биелер жайылым шөбі *күйіп* кететіндіктен оның сүті азаяды (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы). Жаз айларында қуаңшылық болып, шөп *күйіп* кетсе, жайылуына жағдай болмай, мал ашығып қырылатын да, жұт басталатын («Халық мұғ.»). Аяқ астынан су тапшылығына ұрынып, күріш *күйіп* кетті (Ә.Ибрагимов, Нағыз қайнар). **4.** *Аурудың ыстығы көтерілу, дененің қатты қызуы.* – Қалижан, басың *күйіп* барады, қай жерің ауырады? – деді Тояш (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **5.** *Күннің қатты ысып кетуі, шақыраю.* Жаздың орта кезінен ауысып кеткенмен, бүгін де күн *күйіп* тұр (І.Есенберлин, Айқас). Әлгінде ғана шақырайып, *күйіп* тұрған күннің бетін қанжар-бұлт түйреп, кесіп өтті (С.Нарымбетов, Тентек.). // *Ауасы тар, қапырық, шыжыған.* Бала шағында байқамағанымен, есейе келе бұл тұрмыстың кермек дәмін үй ішімен бөле татқан Нұрмағамбет ауыр тұрмысты жеңілдетуге көмегін қалай тигізуді білмей жүр еді, әкесіне *күйген* қаладан жұмыс табылған соң, ерді де кетті (С.Мұқанов, Шығ.). **6.** а у ы с. *Қатты ашулану, терісіне сыймау, ыза кернеу, ашуға булығу, қаны қайнау.* Мына иттікке Сұлтанмахмұт *күйіп* кетті (Д.Әбілев, Арман.). Сырбай Анатолий Кондратьевичтің бетіне қараса, долығып *күйіп* жатыр (С.Мұқанов, Танд. шығ.). Теміржан зығырданы қайнап *күйіп* кетті (Т.Жармағамбетов, Нәзік.). *Күйгендігім* сондай осы хатыңды тура сыдырғым келді, қатты-қатты сөз айтқым да келді (Б.Майлин, Шығ.) **7.** а у ы с. *Жаны ашу, күйіну.* Ақын осы өлеңінде де «Жүрегін жау ұрлап жатқан» үнді халқына жаны ашып, жалындап *күйеді* (С.Мәуленов, Үркер.). **8.** а у ы с. *Пайдаға аспай қалу, зая болу.* Ақыры, он алтыға тұрып қала алмай, тағы бір қарта ашты да: *«Күйдім»* – деп, қап-қара болып кетті (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Кекілдің балаларының сауданың басында арзанға *күйіп* кеткен малының ішінде Махмұдтың да он қойы кете барған ғой (Б.Аманшин, Көкжар). – Ақшам бекерге *күйдім* ғой, обал болды ғой, обал (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). **9.** а у ы с. *Біреу үшін залал шегу, басы пәлеге қалу.* – Өзім аттым, өзім берем жауабын, Темір аға, мен үшін сіз *күймеңіз,* қош (Ә.Тәжібаев, Жартас). Дойыр шал, айт тезірек, досың қайда Досыңа тіккен кигіз қосың қайда?! Жаныңнан болса үмітің, жасырмай айт, *Күйесің* біреу үшін осындайда (А.Нұртазин, Орман.). **10.** а у ы с. *Махаббат сезіміне қатты берілу. Күйесің,* жүрек, *күйесің, Күйгеніңмен,* не пайда? Дүниеде нені сүйесің, Өмір қайда, дос қайда (Абай, Тол. жин.). Әлімше мен де ұялып, білдірмен дедім өлсем де, Шыдар ем *күйіп* мен жанып, Айында бірер көрсем де (Абай, Тол. жин.). Бойым тұр дал болып иіп, Көңілім жүр құс болып шүйіп. Есіркеп сүйгізіп еді, Кетіппін жүз есе *күйіп* (Абай, Тол. жин.). Сен үшін әлі болса жанам, *күйем,* Көңіліңе қайырым салсын мейірімді ием. Өзің біл, танам десең уағдадан, Өмірімше ұмытпаймын, мен шын сүйем (Б.Күлеев, Таңд. шығ.). **11.** а у ы с. *Қиналу, қапа болу, азап шегу.* Менің сырым, жігіттер, емес оңай, Ешкімнің ортағы жоқ, жүрсін былай! Нені сүйдім, дүниеде неден *күйдім* Қазысы оның – арым мен бір-ақ Құдай (Абай, Тол. жин.).

Аузы күйді. *Бір істі енді қайтып істеместей болып опық жеді, запыс болды, беті қайтты.* – *Аузың күйді* аулақтан, Енді жақын

салсаңшы. Қабаған біздің мойнақтан. Бір күшікті алсаңшы (Абай, Тол. жин.). Ақтоқтыдан *а у з ы к ү й г е н* Қорамса, баласын бірдемеге соқтығар ма екен деп, іштей күйзеліп, аяғына бұғау салуды ойлады (С.Жүнісов, Ақан сері). Бір адам ақ шалмалы іздеп келді, Бек зарланып тілегін тіле деді. *А у з ы к ү й г е н* бишара, жазған Баян, Тілегін көп тілемей аз тіледі (Қозы Көрпеш.). Бұл қалай сыпайы емес, сөзің кесек, Байқашы, лайық па өзіңе өсек? Қалған ба *а у з ы ң к ү й і п* ауылыңнан, Нанбайсың «қотанымыз аман» десек (Айтыс).

Бағы күйді. *Бақытсыздыққа ұшырады.* Әйелдің күйеуі өлсе де, күйеуден шықса да – *б а ғ ы к ү й г е н і* (С.Омаров, Өмір.). Соғыс кімнің көкейін өртемеді, кім қан жұтпады, талайдың *б а ғ ы к ү й д і* (Бәйшешек).

Бетің күйгір. қ а р ғ. *Қарабет болғыр, ар-ұяттан ада болғыр деген мағынада.* Сал кісемді! Табанын тіліп күң қылыңдар! *Б е т і ң к ү й г і р,* қайтып шыдап тұр мына бетің (М.Әуезов, Шығ. жин.).

Беті күйді. *Ұятқа батты, ел бетіне қарағысыз болды.* – Сен еңкейіп кірген жерге, мен шалқайып кірем. Жүзім ашық, *б е т і м к ү й е д і* екен деп қорықпайым (М.Сүндетов, Ескексіз.). Шыға алмай ойдың шетіне, Менің де *б е т і м* бір *к ү й г е н.* Сол үшін оның бетіне, Жаққызам күйе қырық үйден (М.Сатыбалдиев, Күн шуағы).

Дертіне күйді. *Уайымдады, қайғысына өртенді.* Қоймады *д е р т і ң к ү й д і р м е й,* Не салсаң да тартамын (Абай, Тол. жин.).

Жаны күйді. *Қатты қайғырды.* – Жұрттың *ж а н ы к ү й і п* тұрғанда, бұл ерігіп сурет салады (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). *Ж а н ы м к ү й д і,* сезді миым, Жанған шырақ сөнгенін. Бұл өмірде зарланғаннан, Артық екен өлгенім (С.Машақов, Жыл.).

Жүзі күйгір. қ а р ғ. *Қарабет болғыр.* Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын. Бір атқа жүз құбылған *ж ү з і к ү й г і р,* Өз үйінде шертиген паңы құрсын (Абай, Тол. жин.).

Жүзі күймеді. *Шімірікпеді, ұялмады.* Зияда сол тілегін *ж ү з і к ү й м е й* қалай жеткізе алар (З.Иманбаев, Кең аймақ).

Күйіп кеткір! қ а р ғ. *Жанып, құрып кеткір.* Жүзтайлақ: *К ү й і п к е т к і р д і ң* зілдісін... Тілімді қайырайын деп пе едің? (М.Әуезов, Шығ.).

Күйіп кетті. а) *Ұтылды, ұпайы босқа күйді; зая кетті.* Бытық бет, семіз қара жігіт Ордабайға әдейі ұттырғысы келіп, оңай *к ү й і п к е т і п* отыр (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). ә) *Ызаланды, қатты ашуланды.* Тоқтамаймын, ау, мен неге тоқтаймын! – деді, қалтылдақ шал *к ү й і п к е т і п.* – Анау Нағима деген қызыл көз пәлесін соңыма салып қойды (Т.Ахтанов, Шығ.).

Күнге күйіп, пісті. *Дандайсыды, мақтанды, бөсті.* «Сіз білесіз» дегенде, *К ү н г е к ү й і п, п і с і п п і н,* Мақтанбасқа мақтанып, Деп жүріппін, «пысықпын» (Абай, Тол. жин.).

Құс қанаты күйгендей ыстық. *Күннің әбден қайнап тұрған кезі, аспан айналып жерге түскендей аптап.* Ол Судыр Ахмет пен Тәңірбергенге, өзіне, осы бар әлемге лағнет қарғысын айтып, байдан да, байлықтан да безіп, талақ дегісі келді. Мойнына бұршақ сап, *қ ұ с қ а н а т ы к ү й г е н д е й* осы *ы с т ы қ т а* жазықсыз жас сәбиін ... жетім лағын іздеп кеткісі келді (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Отына күйді. *Азабына түсті, бейнет көрді.* Талай шабуылда қаза көрген, азап шеккен талай кедей жылқышы, нелер сіңірі шыққан кедейдің «сойыл соғар» деп атанып, Оразбайдың *о т ы н а к ү й і п* жатқан мұңын Абай айтып кетті (М.Әуезов, Шығ.).

Үйің күйгір. қ а р ғ. *Жамандыққа ұрынғыр деген мағынада. Ү й і ң к ү й г і р,* Шарбақбай, ақырында мені ұры деп, өкіметке ұстап бергізіп, дуанның түрмесінен шығып келем (А.Нұрманов, Құлан.).

Ыстығына [отына] күйіп, суығына тоңды. *Жақсы-жаманына, азап-қиыншылығына, қуаныш-қайғысына ортақ болды.* Ол содан бері осы ауданның *ы с т ы ғ ы н а к ү й і п, с у ы ғ ы н а т о ң ы п* келеді (Б.Тоқтаров, Қыран.). Солардың ішінде бес жыл бойы *о т ы н а к ү й і п, с у ы ғ ы н а т о ң ғ а н* Ұлы Отан соғысы кезінде көргендері бір төбе еді (Ақ бидай).

Іші күйді. *Қызғаныш білдірді, іштарлық етті.* Директор болам деп бола алмай, *і ш і к ү й і п* жүр ғой (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Сенің қай әкең мұндай солқылдақта отырып еді, *і ш і к ү й г е н д е р* мейлі түз жаласын (С.Жүнісов, Ақан сері).

Іші оттай күйді. *Балқыды, елжіреді.* Етің етке тигенде, Демің тиіп сүйгенде. Тән шымырлап, бой еріп, *і ш і м о т т а й к ү й г е н д е* (Абай, Тол. жин.).

КҮЙБЕЖЕКТЕ= е т. *Қыбыжықтау, қипақтау, кібіртіктеу.* Михайлов қалуға айналып, *к ү й б е ж е к т е п* жүр еді (І.Жансүгіров, Шығ.). Бағила не істерге білмей *к ү й б е ж е к т е п,* жан-жағына жалтақтады (М.Иманжанов, Көк белес). Бектай батылы бармай, біраз *к ү й б е ж е к т е п* тұрды (М.Иманжанов, Алғашқы.).

КҮЙБЕЖЕҢДЕ= е т. *Қыпықтау, қыбыжықтау.* Ақбілек тура қарай алмайды; күнәлі кісіше, *к ү й б е ж е ң д е п,* сасқалақтай береді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮЙБЕЛЕКТЕ= е т. *Күйбіңдеу, сипақтау.* Жол берген болып Аманқұл *к ү й б е л е к т е й* бастап еді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Нұрлан да *к ү й б е л е к т е п* жүріп, ештеңе таба алмады (Е.Қонарбаев, Түнгі от). Секілді ат төбелі алпауыттар, Сорғанын қанын қақ қып халықтардың. Ол күнде қараңғы еді жас та, қарт та, Күн өткен *к ү й б е л е к т е п* ескі салтта (Ақын жырлары).

КҮЙБЕЛЕҢ с ы н. *Тынымсыз, ұсақ тіршілікті.* Шаһар күнделікті *к ү й б е л е ң* өмірде екен (Д.Досжанов, Тұлпар.). // *Күнделікті ұсақ-түйек тірлік.* Гүлнаштың ендігі өмірі отбасының *к ү й б е л е ң і м е н* өтеді де (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

КҮЙБЕЛЕҢДЕ= е т. *Ұсақ-түйекпен айналысып, мардымды ештеңе бітірмеу.* Ысқақ *к ү й б е л е ң д е п* трактор маңында жүреді (О.Сәрсенбаев, Даңқ). Түйілген қара бұлттай билегендер, Иленген күбісінде *к ү й б е л е ң д е р.* Солай бір мал соңында қатқан әке, Көмілген құм кебінге тимеген көр (Қ.Бекхожин, Дала.).

КҮЙБЕЛЕҢДІ с ы н. *Неше түрлі күйбелеңі бар, күйбеңі мол.* Жалынға бояп кеткен нұр денемді, Жарқын жаз жайдары бір күндер еді. Гүлстан, Арайстан, Арманстан, Думанды, *к ү й б е л е ң д і,* дүрбелеңді (Ә.Ахметов, Жеруйық).

КҮЙБЕҢ з а т. **1.** *Ұсақ-түйек, күйкі тірлік.* Күні бойы *к ү й б е ң і* таусылмайтын апам әлдеқашан жатып қалған еді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). // *Тынымсыз, ұсақ-түйекті.* Ерекеңнің күнделікті *к ү й б е ң* тіршілігінің әр минуты, шотқа тізгендей, әрқашан есептеулі (Қ.Ыдырысов, Ел жатса.). **2.** *Әуре, әлек.* Ауылдағы адамдар да әрқайсысы өз шаруасымен *к ү й б е ң* (А.Сатаев, Дала.).

Күйбең қақты. *Күйбеңдеді.* Үйқысыз ояу жатқанадатұрып,*күйбеңқақты*(Қ.Қамбаров, Алтай). Қатыны *к ү й б е ң қ а қ т ы,* отын жағып, Көп адам мәз болады сөзін бағып. Сөзіме менің айтқан таңырқайды. Сауап деп, Әубәкірге ашуланып (К.Әзірбаев, Той бастар).

Күйбең тартты. *Бүгежектеп артқа тартты.* Мұндайда *к ү й б е ң т а р т ы п,* бел шешер азамат жоқ. Алдындағысын алмай қоймайтын қырандар ғана бар (Т.Құрманғалиев, Теңіз.).

КҮЙБЕҢДЕ= е т. **1.** *Ұсақ, күйкі тіршілікпен жүру.* Бір сөз айтпа «бұл нең?» деп, Жаман қатын қаптағы Жүніңді таусар *к ү й б е ң д е п* (Бес ғасыр.). Балбөпе көбіне үй ішіндегі шаруасымен *к ү й б е ң д е п* жүріп тысқа шықпайды (М.Әбдіхалықов, Алыста.). Гүлайым үй шаруасын тауыса алмай, *к ү й б е ң д е п* көп жүрді (О.Бөкеев, Үркер.). **2.** *Бүгіжіктеу, кібіртіктеу.* Қабыл *к ү й б е ң д е п* ештеңе айта алмады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). – Келмегені несі? – деген сұрауға қыз *к ү й б е ң д е п* жауап бермеді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Болат соғып жіберді, Сасып қалып *к ү й б е ң д е п:* – Тамақты ма... тамақты, ішіп тұрдық үйден кеп (Е.Елубаев, Көкпар). Қара мұрт төмен қарап, *к ү й б е ң д е й* берді, бір мезгілде тысқа шығып кетіп, тілмашын алып келді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮЙБЕҢДЕҢКІРЕ= е т. *Кібіртіктеңкіреу, қипақтаңқырау.* Батыр ұялыңқырағандай *к ү й б е ң д е ң к і р е п* барып шинелін шешті (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

КҮЙБЕҢДЕС= е т. *У-шу болып, не істерін білмеу, абыржысу.* Балуандарды ауылдастары шешіндіріп, жақындары дабырласып, *к ү й б е ң д е с і п* абыржуда (С.Сейфуллин, Шығ.). Мұныңды кім көрген? Соған үш күн, япырай! *К ү й б е ң д е с т і* құр қолмен, Текке омалып отырмай (Б.Аманшин, Маңғыстау.).

КҮЙБЕҢДЕТ= е т. *Ұсақ-түйек шаруамен айналыстыру.* Жаналы анда-мында жол шыққанда атының делбесін ұстататын болды бұған, енді мынау – *к ү й б е ң д е т і п* қазан ұстатып қойғаны (Б.Аманшин, Көкжар).

КҮЙБЕҢДЕУ *Күйбеңде етістігінің қимыл атауы;* **1.** *Мардымсыз тірлікпен жүру, уақытын ұсақ-түйекпен өткізу.* Тепсем темір үзетін шағымда жылы кеңседе *к ү й б е ң д е у і м е* жол болсын (Ж.Еділбаев, Бүгінгі ауыл.). Оразғали түн ортасына дейін *к ү й б е ң д е у м е н* болды («Лен. жас»). **2.** *Бүгіжіктеу, кібіртіктеу.* Мұнан кейін сыр бүгіп *к ү й б е ң д е у* қажетсіз еді (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы).

КҮЙБЕҢ-КҮЙБЕҢ е л і к. *Тынымсыз, мардымсыз, ұсақ-түйек нәрсемен айналысатын әрекетті бейнелейтін сөз.*

Күйбең-күйбең етті. *Мардымсыз, ұсақ-түйек бірдеңемен айналысты.* Алдыңғы орындықта орта жасқа келіп қалған біреу *к ү й б е ң-к ү й б е ң е т і п,* байыз таппады (Ө.Күмісбаев, Жапырақ.). Шайзада әуелі колхоз орталығындағы *к ү й б е ң-к ү й б е ң е т к е н* жұмысты міне тұтпады (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

КҮЙБІЖЕҢДЕ= е т. *Бүгіжіктеп, астыүстіне түсу.* Балам-ау, қаланың тура қожайын орыстарындай боп қалыпсың ғой – деп, *к ү й б і ж е ң д е п* жүр (М.Қуанышбаев, Кек қылышы).

КҮЙБІЖІКТЕ= е т. *Қайымғып қипақтау, сипақтау.* Қызым оқуға түсті деп түсініп қалған байғұс қуанышын қалай білдірудің ретін таба алмай, *к ү й б і ж і к т е й* берді (М.Дүйсенов,

Мейман.). Тізімдегілердің аттарын айтып жіберейін десем, манағы кірген кісі *күйбіжіктеп* әлі тұр («Қаз. әдеб.»). Аңшының мінезі ұстап қаны сұйық, Ол ақылға сынатпас ойын тыйып. Әр немені сылтау ғып *күйбіжіктеп,* Кеткісі келмей-ақ тұр қызды қиып (Ш.Әбенов, Ортақ арал).

КҮЙБІҢ з а т. с ө й л. ***Күйбең.*** Қайша шаруашылықтың *күйбіңімен* қолының тимейтінін де түсінеді (К.Оразалин, Ақ жазық). Шаруа баққан жұрттың ертеден қара кешке *күйбіңі* бітпейді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). *Күйбіңмен* жүріп күн батты, Білмедім неге, сескендім. Беттеген ана қыр жаққа, Беткейден шыққан күш көрдім (М.Құттықов, Ар-намыс.).

КҮЙБІҢДЕ= е т. с ө й л. ***Күйбеңде.*** Күлжәмила хат оқытуға адам ізденіп айнала көз салып еді, үйінің төңірегінде *күйбіңдеп* жүрген Орынбай шалдан басқа ешкімді таппады (К.Қазыбаев, Ызғар).

КҮЙГЕЛЕК с ы н. *Қызуқанды, күйіп-пісуге дайын тұратын ұстамсыз, сабырсыз, тағатсыз.* Саудагер көрсеқызар, шыдамсыз, *күйгелек* болды-ақ, ұрынады, ұтылады. Өткір сезім, күшті қиялдың саудагерге түкке керегі жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ерінің соңғы жылдары тіпті *күйгелек,* бұрынғыдан да қатыгез хәлге душар болғанын Күлпаш білетін (З.Жәкенов, Таң самалы). Андрей Семенович кейінгі кезде аяқ астынан ашуланып, *күйгелек* мінез көрсететінді шығарды (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). Бір сөз айтсаң кимелеп, Он сөз айтар үймелеп, Күйіп-пісіп отырар. Қашан көрсең *күйгелек* (М.Рашев, Бұйымтай).

КҮЙГЕЛЕКТЕ= е т. *Жоқтан өзгеге ашу шақыру, сабырсыздану, мазасыздану.* Ақбай абыржығанынан аяғына етігін де кие алмай, *күйгелектеп* қалды (А.Сатаев, Дала.). Генералдың осынша мейіріммен қарсы алғанына түсіне алмай, имене жалтақтап *күйгелектей* барып, орындыққа отыра кеттім (Б.Момышұлы, Москва.). Құлынды биең құнға кетті ме, Тайлы биең тасқа түсті ме, Орынсыз *күйгелектеме* (Бозінген).

КҮЙГЕЛЕКТЕН= е т. *Сабырсыздану, мазасыздану.* Тілеуқорлар мазасызданып, *күйгелектеніп* отыр (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Өміркүл *күйгелектене* есікке барды да, кілтті тағы бір рет бұрап қойды (І.Жақанов, Қайта орал.). Болымсыз нәрселерге уайымдамай, *күйгелектенбей,* өмір ағысымен ілесіп, жүре берсең қандай жақсы (Б.Тілегенов, Көктем.).

КҮЙГЕЛЕКТЕУ с ы н. *Сабырсыздау, шыдамсыздау, тағатсыздау.* Орта бойлыдан төмен, қатпалау қара кісі төрге шықты, өзі жүйкесі тозған *күйгелектеу* адам тәрізді (Т.Ахтанов, Үндістан.). Өзі *күйгелектеу,* жұмысын жанындай жақсы көретін жас соңғы кезде қатты жүдеп кетті (К.Сақабаев, Өткел.).

КҮЙГЕЛЕКТІК з а т. *Белгілі бір істің, оқиғаның, құбылыстың байыбына бармай, келеңсіз салдарын ұлкейте көрсетіп, оған қатысты өзінің жасауға тиісті әрекетін жасай алмай, негізсіз абдырауы; сабырсыздық, тағатсыздық. Күйгелектігі* шын құрыстаған кезде қызған табаға тірі түскен балықтай шоршып тулайды (З.Жәкенов, Таң самалы.). Тергеуде *күйгелектік* зиян екенін Әмір талай естіді (С.Сарғасқаев, Сынған тіс). Қиындықтан қорқу, үрей шақырып *күйгелектік* жасау деген Төлегеннің бойында болмаған қасиет («Қаз. әдеб.»).

КҮЙДЕЙ с ы н. *Күй сияқты, күй тәрізді.* Көктемнің күміс көлі толқын әні, Көңілді қуанышқа толтырады. Алматы – жасыл бақша, жас дәуренім, Төгілген *күйдей* шалқып мол шуағы (Қ.Ыдырысов, Жолық.). Дүние сөйлетті де азат ұлын, *Күйдей* боп күмбірледі қазақы үнің (С.Асанов, Күндер.).

КҮЙДІМ-ПІСТІМ с ы н. с ө й л. *Жоқ нәрсеге күйіп-пісетін, мазасыз.* Әшекең ашушаң, *күйдім-пістім* мінезді, дәйім асығып жортып жүретін адам (О.Сәрсенбаев, Сағым).

КҮЙДІР= е т. **1.** *Жағу, жандыру, өртеу.* Снаряд жарықшақтары түскен жерін *күйдіре,* бықылдап шашырайды (К.Тоқаев, Көмескі.). Жер бетін от *күйдіріп,* оқ кесті (С.Мәуленов, Шыңда.). Атылған совет зеңбіректері, Ақтарып отты снарядтарын. Тізесін Берлин, бүккен күн еді, Қаралы туын *күйдіріп* жалын (Ә.Тәжібаев, Шығ.). **2.** *Бір нәрсені шамадан тыс жандырып жіберу, отқа көп ұстау.* Табаға нан пісірген екен, қап-қара ғып *күйдіріп* жіберіпті (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Шешініп төрге оздым мен енді, Ол жылап – сырын да байқатты: Ері сыпырмай қойыпты еденді, *Күйдіріп* жіберген құймақты (М.Хұсаин, Мен. перзент.). **3.** т е х. *Түрлі материалдарға қажетті қасиеттер (мыс., қаттылық, беріктік) берілуі үшін немесе оларды зиянды қоспалардан арылту үшін жоғары температурада қыздырып, шынықтыру; арнайы пештерде белгілі бір нәрселерді өңдеуден өткізу, бабына жеткізу.* Ертеде отқа *күйдіріп* өңдеген белгілері бар бұғының мүйіздері, көптеген ірі жануарлардың бас сүйектері табылған (Жалпы биология). Кірпіш *күйдіретін,* цемент шығаратын орындар ашу керек

(С.Шаймерденов, Сыбызғы.). Ендігі басты жұмыс көмірдің жабық қоймасы мен кокстық құрғақ *к ү й д і р е т і н* мұнара салу болмақ (С.Хайдаров, Азамат сыры). **4.** *Денені қарып, зақым ету.* Кейбір заттар теріге зақым келтіреді, *күйдіреді* (Химия). Егер құрғақ мұздыжалаңаш қолыңмен ұстасаң, *к ү й д і р і п* жіберуі ықтимал (Ғалам ғажап.). **5.** *Қару; қыздыру.* Дала жонын жазғы аптапта *к ү й д і р г е н,* Туған жердің оттай жалқын күні ыстық Бозінгеннің тас емшегін идірген, Екі жұртта қалған тұнып тыныштық (Ө.Жайлауов, Жарқын). Күн *к ү й д і р і п* тұрса да, су салқын екен (С.Баязитов, Күтп. кездесу). **6.** а у ы с. *Нақақ кінәлау, жазғыру, айып тағу.* Ақан Мақсұтты орынсыз *к ү й д і р д і,* олар үшін бұл жұмбақ (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Зылиқаны баласына *күйдірген* Қамбар бұрынғыдай жылы кеңесіп отыруын да азайта бастады (К.Оразалин, Ақ жазық). **7.** а у ы с. *Бір нәрсені өз бағасынан төмен бағамен сату, зиян шегу.* Мұжықтар жұмысымен қоса айырбасын істегенде, қазақтар жұмыссыз, барық *к ү й д і р і п* өткізуді ғана біледі (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Маңдайға біткен малды *к ү й д і р і п* сатуға бола ма, мал көрмей кетерміз, – деушілер бар (З.Ақышев, Ақбел.). **8.** а у ы с. *Жанына тиіп ыза қылу, шымбайына батыру, ашындыру.* Сіңірмей ішкен шайымды, *К ү й д і р г е н* соң шыдатпай, Көре тұрып жайыңды, Кім айтады мен айтпай (Шәкәрім, Өлеңд.). Ақын кейде *к ү й д і р е,* кейде күлдіре жазады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Ауыл өсегінің бір тарауы мені мықты *к ү й д і р д і* (Б.Майлин, Шығ.). Бопсасы бәрі түгел шығарғаның, Шаба бер, тағы ат мін де, ерсіз жайдақ. Ей, Омар, *к ү й д і р д і ң* де көп сөйлеттің, Сөзіңді жаза алмадың өлшеп шапшақ (Айтыс). **9.** а у ы с. *Қызықтырып, қызғаныш тудыру.* Мал жияды мақтанып білдірмекке, Көзге шұқып малменен *к ү й д і р м е к к е,* Өзі шошқа, өзгені «ит» деп ойлар, Сорпа-сумен, сүйекпен, сүйдірмекке (Абай, Тол. жин.). Ішкен асы шіркіннің, тамағынан көрінген, Алпыстағы шалдардың, Өзегін өртеп, *к ү й д і р г е н* (Батырлар жыры). **10.** а у ы с. *Өңменінен өткізе қарау; қадала қарау.* Қадамаңыз көзіңіздің қарасын, Өткір екен *к ү й д і р і п*-ақ барасың. Кремльдің кең сарайын қыдырып, Жүргенде кеп қолымды өзің аларсың (М.Хакімжанова, Таңд. өлеңд.) **11.** а у ы с. *Жан-дүниені алаулату, өртеу.* Махаббат оты құлпырып, Жас жүрегін *к ү й д і р с і н.* Өзгермес ой, шын қалып, Сәулеме мені сүйдірсін (ХХ ғ. қаз. ақын.).

Киіз күйдіріп басу. э т н. *Жарақатқа қан тоқтату үшін киізді қыздырып басатын халықтық ем.* Бұған *к и і з к ү й д і р і п б а с у* керек (Ауызекі).

Қолын күйдірді. а) *Қолын қарып алды.* От *қ о л ы м д ы к ү й д і р м е к* түгіл, маңайлаған да жоқ (К.Қазыбаев, Ызғар). ә) *Тосқауылға кездесіп, зиян шекті.* Отпен ойнап, *қ о л ы н к ү й д і р г е н* жау бар күш-қуатын, ақырғы мүмкіндігін жанұшыра жұмсап жатқан (К.Сегізбаев, Ашыл. сыр.).

Ішін күйдірді. *Біреудің қуншілдігін күшейтті, қызғанышын арттырды, ішін ашытты.* Өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының *і ш і н к ү й д і р і п,* өзінен кейінгілерге «әттең, дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім киген не арманы бар екен?!» дейтұғын болмаққа ойланбақ (Абай, Тол. жин.). Жұрт күндер жұрттан артық байлық үшін. Бұлдайды біреу күшін, біреу түсін, Не қылса да, надандар алмақты ойлар, Мал ант ұрған *к ү й д і р і п* елдің *і ш і н* (Абай, Тол. жин.).

КҮЙДІРГІ з а т. **1.** м е д. *Денені қатты күйдіріп-жандырып шығатын, адамға ауру малдан жұғатын іріңді жара. К ү й д і р г і* микробы жұққан жер 2-3 күн өткен соң, қызара күлбіреп, кейін оған қанды сұйық зат жиылып жарылады (М.Исамбаев, Мед. анықтама). Екі жыл мұнан кейін заман өтті, Қыршын жас Жақан өлді, ажал жетті, Ауруы *к ү й д і р г і* еді, докторға айтпай, «Құдай сақтар өзі» – деп, қапы кетті (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Естіген жоқ па едіңіз, *к ү й д і р г і* шығып төрт-ақ күн ауырыпты (М.Дулатов, Шы .). **2.** а у ы с. *Жанды жегідей жейтін ауыр қайғы, өкініш.* Сыртта түн. Үйде жым-жырт әлсіз жарық, *Күйдіргі* кеудемізде жатыр жанып, Өшкен соң шырағданы көңіліміздің, Кетіпті безіп шаттық біздің үйден (Ә.Тәжібаев, Жастық.).

Күйдіргі мінез. *Аяқ астынан ашуланып, мазаны алатын мінез.* Күйеуінің осындай *к ү й д і р г і м і н е з і н е н* әбден мезі болған Теңгегүл думанды топтан ерте қол үзді (Р.Райымқұлов, Қыз – айна).

Күйдіргі ой. *Жанға батар ауыр ой. Күйдіргі ой* қарып өткенде, кейде төсегінен қарғып кете жаздайды (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Күйдіргі сөз. *Жанға ауыр тиетін ащы сөз.* Өлді деген *к ү й д і р г і с ө з,* Кетті қарып нәзік жанды, Үлгірмеді жылап та көз, Мұздап денем, тас боп қалды (Ә.Тәжібаев, Поэма.).

Тіліңе күйдіргі шыққыр. қ а р ғ. *Тілі ащы адамдарға айтылатын қарғыс.* [Төкен] – Сумаңдама, *т і л і ң е к ү й д і р г і ш ы қ қ ы р* (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

КҮЙДІРГІДЕЙ с ы н. *Күйдіргі сияқты, ауыр.* Іштей *к ү й д і р г і д е й* жеген бар наза

жаспен шайылғандай, Құлазып қуыс кеудесі ғана қалыпты (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.).

КҮЙДІРГІШ с ы н. **1.** *Тиген жеріне зақым келтіріп, күйдіретін.* Шағанның жапырақтары мен сабағының сыртындағы түктері тез буланатын *к ү й д і р г і ш* зат шығарады (Б.Мұханов, Қазақст. өсімдік.). **2.** *Сәл қарып, залалсыздандыратын.* Ауыз ішіндегі жараны жазу үшін ляписпен, йодпен және басқа да *к ү й д і р г і ш* заттармен майлайды (С.Баймақанова, Ауыз. рагы). // х и м. *Құрамында металға алмаса алатын сутектің бір немесе бірнеше атомы бар химиялық қосылыс, қышқыл.* Натрий нитриті – иіссіз, құрғақ ұнтақ, *күйдіргіш,* залалды қасиеті жоқ (Қ.Құсайынов, Химия). **3.** а у ы с. *Ащы, улы тілді (адам).* Бақыт деген тұрақсыз ұшқын бу ғой, Күншіл адам *күйдіргіш* ол біреу ғой. Айламен, арсыздықпен өмір сүрген, Ағып жатқан керексіз ащы су ғой (М.Әшірбеков, Белестер).

КҮЙДІРТ= е т. *Кінәлату, жазғырту.* Бижамал апай нақақ *к ү й д і р т п е й д і* кісіні (З.Жәкенов, Таң самалы).

КҮЙДІРУ *Күйдіру етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күннің көзіне тотығу, күнқақты қылу.* Денені күнге бес минуттық *к ү й д і р у д е н* емдеу басталады (Б.Айтқожина, Бронх. демікпе.). **2.** *Денені қарып, зақым ету.* Жалын, қызған металл, қайнап тұрған су, сілтілер, қышқылдар және басқалар теріні *к ү й д і р у і* мүмкін (Адам анатом.). **3.** м е д. *Жараның бетін йодпен сүртіп, сәл қарып алу; залалсыздандыру.* Адамды құтырған ит қапса, жараланған жерін йодпен *к ү й д і р у* керек (М.Исамбаев, Мед. анықтама.). **4.** к е н. *Кенді немесе байыту өнімдерін әртүрлі газды ортада жоғары температурада өңдеу. К ү й д і р у* кеннің балқу температурасынан төменірек температурада қыздырылатын әртүрлі газды ортада (ауа, хлор, көміртек оксиді, күкіртті газ т.б.) жүргізіледі (ҚҰЭ). *К ү й д і р у* темір кенін күкірттен, көміртектен, ылғалдан арылту және тығыз кендерді шағын домналық пештерде балқыту алдында қопсыту үшін пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Кен.). **5.** а у ы с. *Күрту, жою.* Тұра сап таңғы шақта жар саламын, Бейбіт күн арманым да, аңсағаным. Тамырын *к ү й д і р у г е* бұл соғыстың, Қып-қызыл от өзен боп қарсы ағамын (Р.Ниязбеков, Келер күн.).

Күйдіру пеші. т е х. *Әртүрлі материалдарды күйдіруге арналған пеш.* Оттөзімді балшықтарды, әктасты, магнезитті, доломитті, цемент шикіқұрамды, металл рудаларын күйдіруге арналған, жұмыс температурасы 700–1300°С *к ү й д і р у п е ш т е р і* құрылымы жағынан шахталы, көптабанды, құбырлық, айналмалы болады (Қаз. тілі термин. Кен.). Оттөзімді кірпіштерді, фарфор және фаянс бұйымдарын, мәшинелер мен аппараттардың тетіктерін күйдіруге арналған жоғары температуралық (1000°С және одан артық) *к ү й д і р у п е ш т е р і* құрылымы жағынан камералық, сақиналық, туннельді, конвейерлі және т.б. болады (Қаз. тілі термин. Кен.).

КҮЙДІРУШІ з а т. *Негізгі кәсібі белгілі бір нәрсені күйдірумен, өртеумен, балқытумен байланысты адам.* Шамалап айтқанда, тас уатушылар, *к ү й д і р у ш і л е р,* 20 жыл жұмыс істеген адамдар арасында силикозбен ауырушылар сирек кездеседі (М.Сисекенов, Өкпе ауру.).

КҮЙДІРІЛ= е т. *Жоғары температурада қыздырылып, шынықтырылу; өңдеуден өткізілу.* Балшықтан жасалған жаңа ыдыстардың қабырғасында *к ү й д і р і л г е н* әктің қалдығы болады (С.Тұрдиев, Үй өсімдік.). *К ү й д і р і л г е н* кірпіштен салынған жалпақ үй анадайдан көз тартады (А.Әуезов, Бала Мұхтар).

Киіз күйдіріліп басылды э т н. *Қан тоқтату үшін жарақатқа киізді қыздырып басады.* Мал болады-ау деген жылқының санына *к и і з к ү й д і р і л і п б а с ы л ы п*, байланды (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

КҮЙДІРІС= е т. *Жойысу, құртысу.* Осы адам табиғаты да қызық-ау, нервтерін *к ү й д і р і с і п,* шаштарын ағартысып, бірін-бірі бұл дүниеден ертерек жөнелтуге әзір тұрады (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

КҮЙЕ з а т. **1.** *Жанған оттың маңайындағы заттарға жұқтыратын қарағұрым дақ.* Ұста дүкеннің іші өте ыссы, әрі шаң-топырақ, *к ү й е* (С.Шарипов, Бекболат). Қазанның түп *к ү й е с і* жұққан Сапақтың бет-аузы әлем-тапырақ (С.Талжанов, Ұлдай.). **2.** х и м. *Органикалық заттар толық жанбағанда немесе термиялық айырылуға ұшырағанда түзілетін ұнтақ тәрізді, негізінен, көміртектен (94,5-99,8 %) тұратын өнім; К ү й е н і ң* сыр ретінде пайдаланылатын себебі – сырлағыштық қасиетінің жоғары болуы (Химия өнімдері.). **3.** з о о л. *Көбелектер отрядындағы ұсақ, реңі тартымсыз, адам мекендейтін жерлердің бәрінде кездесіп, жүннен, теріден жасалған бұйымдарды бүлдіретін зиянды жәндік.* Жүнді *к ү й е* жемес үшін қаптарға нафталин я жұқа темекі қабыршақтарын сеуіп тастаған дұрыс (М.Ермеков, Қой жүні.).

Күйе жағу. *Жазғыру, жазықсыз қаралау.* Ұят қой бұл заманда пыш-пыштаған, Жүн түтіп өтіріктен тыс тыстаған. Ұят қой *к ү й е ж а ғ у* жолдасыңа, Өзіңмен жаз жайлаған, қыс қыстаған (Б.Әукебаев, Таң шапағы).

Күйе жақты. *Нақақтан кінә тақты, айыптады; масқаралады, беделін түсірді; жазықсыз қаралады.* Оның сары ала сандықты ашқызбауы да өтірік болатын, осының бәрі жапқан жала, *жаққан күйе* (С.Талжанов, Ұлдай.). Бұл кез жеті болыс елдің байлары мен болыстары Мәдидің соңына өшпенділіктің барлық шырағын жағып, жаланың барлық *күйесін жағға* түскен күндері мен түндері болатын (Ә.Әбішев, Найзағай).

Күйе саңырауқұлақтары б и о л. <л а т. ustilaginales> *Екпе және жабайы өсімдіктерді қара күйе ауруына шалдықтыратын базидиялы саңырауқұлақтардың бір тобы. Күйе саңырауқұлақтарының* жержүзіне кең тараған 42 туысы, 700 түрі бар (ҚСЭ). *Күйе саңырауқұлақтарының* жіпшелері өсімдік денесіне таралып кететіндіктен, өсімдікке күйе түскені көпке дейін байқалмайды, спора түзерде ғана анық байқалады (ҚСЭ). *Күйе саңырауқұлақтарының* әр түрінің хламидоспоралары өсімдіктің белгілі бір органдарын, мысалы, қатты қара күйе спорасы бидайдың тек гүл түйінін, қара бидайдың сабағын, қалампыр тұқымдасының гүл тозаңын зақымдайды (ҚСЭ).

Қазанның [түп] күйесіндей. *Қап-қара, өте қара. Қазанның күйесіндей* қара Бөкпенбайдың баяндылығына сенбеген ол, ақ сары Мәденнің заттылығынан дәмеленеді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). *Қазанның күйесіндей* үш-төрт бала жағада ұзақ қарғаша шуылдап, асыр салып жүр (Н.Серәлиев, Қаңтар). Сұлтанмұраттың атын естігенмен, өзін көрмеген, даусын естімегендер, *қазанның түп күйесіндей* қара жігітті қорашсынып, іштей мысқылдай қараған (С.Жүнісов, Ақан сері).

КҮЙЕДЕЙ с ы н. *Күйе сияқты, күйе тәрізді.* Жақыптың, ата-енемнің Айгүліме жақтырмай қарағаны көңіліме жұққан *күйедей* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Лезде қара *күйедей* түтігіп кеткен Қаражан әйеліне зілдене ақырды (Н.Серәлиев, Қаңтар). Алыптығым – түйедей, Қаралығым – *күйедей.* Көтеремін ауырды, Ешкім демеп, сүйемей (Ә.Тәжібаев, Шығ.).

Күйедей жабылды. *Қаптады, опыр-топыр басып кетті.* Кейбір үй салған кісілер ағаш десе, қара *күйедей жабылды,* ұрлады (Д.Досжанов, Зауал).

Күйедей жалады. *Тып-типыл етті, тұқ қалдырмады.* Әп-сәттің арасында жас жігіттер отырған төменгі жақ алдын жапырып, *күйедей жалап,* ойсыратып барады (Б.Тілегенов, Көктем). – Бір Шоқбикенің өзі-ақ ол кілемдерді *күйедей жалайды* (С.Адамбаев, Көсе.). Соғыс деген ажалды патша егіп, қанша халықты қыруда. Осыдан туған ұлы сойқан Тайбөріні *күйедей жалағалы* отыр (Ғ.Сыланов, Шығ.).

Күйедей жұқты [жұғысты]. а) *Жұғымды, сіңімді болды.* Осы қырқылжың шөпті киікжүн дейді, өзі ағып тұрған сүт, малға *күйедей жұғады* (Қаз. көркем. очерк). ә) *Жабысты, айырылмады.* Пайдасы жоқ кісілер осы үйге қара *күйедей жұғысып,* ақыры құтыла алмастай бәлеге қалды (С.Досымов, Жаңғырық).

Күйедей соқты. *Түгін қалдырмай жеді, көзіне көрінгенді жеді.* Торшолақ көзіне көрінгенін *күйедей соға* бермегенде, не бітірсін: үйірі иесіп қап бара ма? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Майлы күйедей жабысты. *Іші-бауырына ене жылпылдап, айырылмай қалды, қыр соңынан қалмады.* Есіңде болсын, әйел затына батыл болмай, ештеңе өндірмейсің. Жасқанбасаң, өзіңді еркін ұстап, *майлы күйедей жабыса* түссең ғана дегеніңе жетесің (М.Иманжанов, Шығ.).

КҮЙЕЗ з а т. **1.** м е д. *Бұлшық ет қабынуынан болатын, мойынды бұрғызбай ауыртатын ауру. Күйезді* орысша миозит ауруы дейді, бұл грек тілінде бұлшық ет деген мағынада (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Дәрігерлер оның сұйық экстрактысын *күйез,* тері ауруларын емдегенде де қолданып жүр (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). **2.** а у ы с. *Кербез, сәнқой.* Енді біреу, бойында жоқ *күйезі,* Таза жарқын «сегіз қырлы» кісі деп (А.Тоқмағамбетов, Агроном.).

КҮЙЕЗДЕ= е т. *Қойдың, қылшының ыстық күн көзінен бой тасалап, көлеңкелеуі.* Үй-үйдің көлеңкесінде *күйездеп,* бастарын бір-бірінің бауырына тыққан қойларды Қайша үркітіп келе жатыр (К.Оразалин, Ақ жазық). Түске жақын қой *күйездегенде* ғана сирек шоқ жыңғылдың көлеңкесіне дамылдады (С.Хайдаров, Теңіз.). Ақ ауылдың сәні жоқ, Топтанып жылқы үйездеп, Ноқталы құлын *күйездеп,* Тартқан желі болмаса (XVIII–XIX ғ.ғ. қаз. ақын.).

КҮЙЕЗДЕН= е т. *Мойынды бұрғызбай, ұстап қалу.* Көлеңкеде қағаз бетіне қарасаң, мойның *күйезденіп,* талып қалады (А.Нұрманов, Аққу.).

КҮЙЕК з а т. э т н. **1.** *Қойдың қашу мерзімі.* Қойшылар *күйек* бітісімен-ақ ылдиға түсіп кеткен (Д.Досжанов, Зауал). Енді аз күнде *күйек* басталады, мал төлдету дегеніміз – егін орағымен бірдей науқан ғой (С.Байжанов,

Сыр.). **2.** *Қойды мезгілінен бұрын қашырмау үшін қошқардың беліне байлайтын арнаулы киіз.* Жаз бойы қошқарға байлап, тек октябрьдің не ноябрьдің басында ғана *к ү й е к* алынады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

Күйек алды. *Саулықтарды ұрықтандырды.* Алайда қойды бірінші, кейде бесінші, кейде оныншы сәуірден бастап қоздату есебімен *к ү й е к а л а м ы з* (М.Тиесов, Шығ.). Олар қорақопсыларын жөндеп, жем шөбін әзірлеп, *к ү й е к а л д ы* (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

Күйек байлады. э т н. *Қойды мезгілінен бұрын қашырмау үшін қошқардың беліне киіз байлады. К ү й е к б а й л а ғ а н* тоқты қошқарша қыдыңдап, киіз сөмкелі біреулер жүр (Ғ.Мұстафин, Өмір.).

Күйек кенже. э т н. *Мезгілінен кеш туған қозы. К ү й е к к е н ж е* қозысын әкелді (Ауыз-екі).

Күйекке түсті. *Қой қашты.* Қойдың ұрғашы төлі 1,5 жасында *к ү й е к к е т у с е д і* (М.Ермеков, Тарту).

Күйекке түсірді. *Қашырды, шағылыстырды.* Жаңа отардың күйі шетінен жадау, *к ү й е к к е т ү с і р е р* қоңы жоқ (Дала қырандары).

Күйек майы. э т н. *Қошқарды күйекке салғаны үшін иесіне берілетін азын-аулақ ақы.* Оның жарасы жеңіл ғой, тек *к ү й е к м а й ы н* берсе болды (Қ.Ысқақов, Қараорман).

Күйек сақал. *Сақалы күйек тәрізді, қауқиған, қалың.* Мурашка атанған көкек бас, *к ү й е к с а қ а л* жігіт бір қолына бөтелке ұстаған бойы бұлардың алдына келді (С.Адамбеков, Көсе.). *// Қалың сақалды, сақалы күйек тәрізді адам.* Стол жанында көзін ашқан *к ү й е к с а қ а л* есік алдында топырлап тұрған адамдардан шошынды (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Оған қатарласа *к ү й е к с а қ а л,* адырақ көз қара Лұқпан дейтін отыр (Б.Майлин, Шығ.).

КҮЙЕКАСТЫ с ы н. **1.** *Білдірмей, сездірмей (етекасты).* Күнтай жесір қалды. Байға ашық түрде тимегенмен *к ү й е к а с т ы* біреусіз отыра алмайды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** *Жасырын, астыртын. К ү й е к а с т ы* көп жол тауып ақша, пұл би, болыс, атқамінерлердің көмейіне жүріп жатқан (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Күйекасты болды. а) *Мезгілсіз қашты.* Кейбір *к ү й е к а с т ы б о л ғ а н* қойлар қозылап жатыр екен (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). ә) *Астыртын, жасырын түрде байланысты.* Қатынсыз кедейдің көретін күнінің көбі-ақ *к ү й е к а с т ы б о л а д ы* (І.Жансүгіров, Шығ.).

КҮЙЕКТЕЙ с ы н. **1.** *Қауқиған, қалың.* Дәукеңнің әңгімесін тыңдауға ыңғайланып, ол *к ү й е к т е й* қара сақалын сипап қойды (Т.Ахтанов, Дала сыры). *К ү й е к т е й* сақалын иегінің астына тығып Түйебай келеді (А.Әбішев, Терең тамыр.). **2.** *Ебедейсіз үлкен.* Ақша жинаушылар бар, бірақ *к ү й е к т е й* сөмкемен хат тасушылары жоқ (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

КҮЙЕКТЕНДІР= е т. *Қойды қашыру, ұрықтандыру.* Мына қойды жаңа қошқармен *к ү й е к т е н д і р с е к,* дұрыс бола ма деп ойлаймын (С.Бегалин, Уақыт.).

КҮЙЕКТЕНДІРТ= е т. *Қойды қашырту, ұрықтандырту.* Ана будандарды осы отарға қосып, жаңа қойдың қошқарына *к ү й е к т е н д і р т т і* (С.Бегалин, Уақыт.).

КҮЙЕКТЕНДІРУ *Күйектендір етістігінің қимыл атауы; саулықты ұрықтандыру.* Тауатар, аламүйіз ұрпағынан өрбіген жаңа қой тұқымын, өз қошқар саулығымен *к ү й е к т е н д і р у* арқылы жаңа төл алынды (С.Бегалин, Уақыт.).

КҮЙЕ-КҮЙЕ: күйе-күйе болды. *Әбден күйе басты, күйелештенді.* Нұркеш мырза үлкен қазанды қалай орнатудың амалын таба алмай, бет-аузы *к ү й е-к ү й е б о л ы п* жүр (С.Шарипов, Бекболат). Қымбатты қонақтарын қарсы алуға, ол *к ү й е-к ү й е б о л ы п,* тура ұста дүкенінен келіпті (З.Шашкин, Ұядан ұш.).

КҮЙЕ-ҚОЖАЛАҚ с ы н. *Кір, лас, қап-қара.* Екі жігіт үсті-бастары шаң-топырақ, *к ү й е қ о ж а л а қ* болып шыға келді (Б.Тілегенов, Көктем.).

КҮЙЕЛЕ= е т. **1.** *Күйе жағу.* – Үсті-басыңды *к ү й е л е м е й,* орнына қой шамын, – деді шешесі (Ж.Өмірбеков, Елеусіз.). Сұлу қыздың бетін қазақ *к ү й е л е п,* Адам көрсе киіз үйге сүйреген (Пернедегі терме.). **2.** *Ластау, қап-қара қылу.* Алдарында көк қорғасын, Жапырлаған ұясы, *К ү й е л е г е н* қолы-басын, Қара бояу сиясы (С.Сейфуллин, Өлеңд.). **3.** а у ы с. *Біреуге жала жабу, пәле салу.* Өз баласын еріп келген бала деп, *К ү й е л е й д і* ақ қағазды қара деп. Қорғалайды жетім торғай панасыз, Айта алмайды, жала деп – бұл қара бет (Е.Ибраһим, Көкше).

КҮЙЕЛЕН= е т. **1.** *Күйе жағылу.* Біткенім сәл кідірсем, білем енді. Орнынан Кежек атып түрегелді, Жалақтап жан-жағында жалын жауыз, Қас, қабақ күйді ме әлде, *к ү й е л е н д і* (І.Мәмбетов, Тарланбоз). **2.** *Ластану; қап-қара болу.* Газеттің *к ү й е л е н і п* кір басып, кейбір жері жыртылып, жазуы да өшіп қалып еді (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.). Орындық үстіндегі шамның пиясласы *к ү й е л е н і п,* жарығы қызғылт тартқан (К.Оразалин, Көктем.).

КҮЙЕЛЕШ с ы н. **1.** *Шамадан тыс жанған, күйген.* Тілемеймін ашық сөзде мен егес, Менің сырым – үйтқып соққан жел емес, Көңілімнің

жомарт дастарқанында, Бір түйір де бауырсақ жоқ *күйелеш* (Қ.Мүсірепов, Раушан). **2.** *Күйе-күйе, қап-қара; кір.* Аян арық қолын отқа тығып жіберіп, шала пісіп қалған *күйелеш* масақты лып дегізіп суырып алатын (С.Мұратбеков, Көкорай). Енді бір сәтте дүкеннің есік-терезелері үңірейіп, *күйелеш* қабырғалары ырсиып шыға келді (С.Сарғасқаев, Сынған тіс).

КҮЙЕЛЕШ-КҮЙЕЛЕШ с ы н. *Әбден күйе болған.* Екі есекке күйік жыңғыл артқан *күйелеш-күйелеш* отыншы қайыққа асығып келеді (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Әйелдер есік алдында құммен ысып *күйелеш-күйелеш* шәйнек, жез шылапшындарын тазалап отыр (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Бет-аузым *күйелеш-күйелеш* (С.Омаров, Қызыл арай).

КҮЙЕЛЕШТІК з а т. *Күйе-күйе болушылық, күйеленушілік.* Баяғыда шахтердің *күйелештігі* есімде қалған ба, әйтеуір забойдағы кісі қап-қара болатын шығар деймін («Қаз. әдеб.»).

КҮЙЕЛІ с ы н. **1.** *Күйе басқан, күйеленген.* Көзіне құйылған ащы терді *күйелі* саусағымен анда-санда бір іліп тастап, Балқия келе жатты (Ә.Әбішев, Замана.). Үлкен қара шәугімнің жыртық қақпағынан май сіңген *күйелі* тамшыларды аңғарасың (К.Оразалин, Көктем.). **2.** ауыс. *Кінәлі, ұятты.* Балам деп жанын пида ғып отқа да, суға да тартынбай түсетін анаға, кірлі жаны, *күйелі* бетіммен көріну маған ауыр азап қой (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

КҮЙЕНТЕ з а т. **1.** ж е р г. *Екі жағында шелек ілетін ілгегі бар, иыққа салып су таситын құрал, ішінағаш.* Иығына *күйенте* салып, шыға келген Күлән Ақжолды кенет көріп, жалт берді (Н.Ғабдуллин, Өмір.). Рақила *күйентесін* былғаңдатып, аяғын санап басып кетіп барады (Б.Майлин, Шығ.). – Ойбай, қу шешек! – деп, Күнзила *күйенте*ні ала ұмтылды (Ж.Молдағалиев, Торғай.). **2.** т е х. *Центрлік біліктен теңселетін қос ішінді тетік, теңгергіш. Күйенте* көптеген приборлар (таразы) мен машиналарда, атап айтқанда, паровоздың рессорлар аспаларында, газ таратқыш клапан механизмдерінде, іштен жанатын двигательдің кривошипті-шатунды механизмінде, материалдардың беріктігін сынауыш машиналардың конструкциясында т.б. пайдаланылады (ҚСЭ).

КҮЙЕНТЕЛІ с ы н. *Күйентесі бар.* Ай бетіндегі *күйентелі* сұлудың бейнесі Баршағүлге сұқтана қалғандай көрінді (Ғ.Сланов, Шалқар).

Күйентелі таразы. т е х. *Қымбат бағалы металдарды, асыл тастарды, химиялық реактивтерді өлшейтін таразы.* Тәждің салмағы *күйентелі таразының* көмегімен табылады (К.Әбдіғапаров, Қызық. физ.).

КҮЙЕУ з а т. **1.** *Әйелдің ері, жұбайы.* Әлима *күйеуінің* орнына сатушы боп істеп жүр (М.Дүзенов, Ақәже). Лекциядан келген Гүлжан *күйеуінің* неге бүк түсіп жатқанын білген жоқ (М.Дүйсенов, Гүлжан.). **2.** э т н. *Қызды айттырған және алған жігіттің қыз еліне туыстық қатысы.* Жаман Жанбай өзі осы ауылға *күйеу* болып келеді («Қаз. әдеб.»). Ол бізге *күйеу,* Айтқожа шалдың кіші қызын алып отыр (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Мен сізден жәрдем сұрап тұрғаным жоқ, Бұйырсын өздеріңе көмегіңіз. Кентауға *күйеу* ме едің ұялатын, Қайсы еді бармай жүрген себебіңіз (Айтыс).

Айттырған күйеу. э т н. *Қалыңдығы белгілі болған соң, баталасып қойған соң, жігітке таңылатын жанама ат.* Сол сияқты *айттырған күйеу* Тоғжанда да бар (М.Әуезов, Шығ.).

Күйеу аттандырар. э т н. а) *Қайындап барған жігіт аттанар кезде қолтығынан демеп, атқа отырғызғаны үшін берілетін сый, кәде.* ≈ *Күйеу аттандырарын* ұстатты. ә) *Қызды ұзатар алдында жастардың жиналып, ойын-сауық құруы.* Сонымен, қызды беретін уақыт та болады. *Күйеу аттандырар* той жасап 2-3 адам, күйеу жолдасымен 3-4 адам болып, құда аулына бесін кезінде келеді (Қаз. әдет-ғұрып.).

Күйеуге тиді [шықты]. *Тұрмыс құрды, ерге шықты.* Дәмешке бір атақты художник: «Ақыл-ақыл деп өзің ақылдың құлы боп кеткен... сорлысың ғой, ...ертең *күйеуге тимей* отырып қаласың!» – деп, реніш те білдірген (З.Шашкин, Шығ.).

Күйеу жолы. э т н. *Қайындап барған күйеудің киім кию үлгісі, қалыңдық аулында ұстанар ізет.* Қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу, бұл өңірдің бар *күйеуіне жол* болатын (М.Әуезов, Шығ.).

Күйеу жігіт. э т н. а) *Қыздың атастырылып қойған болашақ жары. Күйеу жігіт* қалыңдығын бір жыл бойында қайын жұртында қалдырып, түн баласы қайын атасы мен қайын енесінің көзіне түспей, ұрланып барып түнеп тұратын әдетті ақыр аяғына дейін ұстануға әлденеден тәуекелі жетпеді білем, той өткен соң бір аптадан соң-ақ келіншегін өз үйіне алып кетті (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). – Осындай әзілдің не керегі бар? – Әзіл емес, *күйеу жігіт* біздің үйге бересілі қалыңмалын да өткізіп қойғанға ұқсайды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). ә) *Некелесіп жатқан жігіт,*

қалыңдықтың жұбы. Кешегі ұяң Дария қыз бүгін келін атанды, Енді адал ана болсын, адал сүйсін Отанды. *Күйеу жігіт* он бес ұлға әке болсын сақалды. Сол ертеңгі ұрпақ үшін көтерейік бокалды! (М.Шаханов, Ғасырлар.). *Күйеу жігіттің* киім-кешегінде кездесетін зермен кестеленген, алтын жолақпен әдіптелген, бірінің үстіне бірін киетін көкірекше бешпет шапаны сәнді болған (Ө.Жәнібеков, Қазақ киімі). Той бастарда қалыңдық пен *күйеу жігіт*, олардың ата-анасы мен руластары мадақталады және жаңа үйленген жастарға бақыт пен ақ тілеу тіленеді (Х.Досмұхамедұлы, Таңд. шығ.).

Күйеу күрке. э т н. *Күйеу жігітке арналып тігілетін үй, күрке.* Шеткі қыстаудың арт жағында үш қанат *күйеу күркеге* тігіліп қалыпты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күйеу қазық. э т н. *Үй сыртында, іргесінде жел арқан байлайтын қазық.* Қазақ жел арқан байлайтын қазықты *күйеу қазық* дейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Күйеу қосшы. э т н. *Күйеудің айналасындағы жора-жолдас. Күйеу қосшысының*, бозбалалардың ырымын әперіп, ойынды тарқатайық, – деп, Нұрыш, Түркеш барып ырым сұрады. *Күйеу қосшысы* Әлімбай деген бір тіс қаққан жігіт еді. – Жарайды, берейік, «Орамал тойға жарамағанмен, жолға жарайды» деген мақал бар еді, кәне не аласыңдар, жігіттер? – деді (С. Көбеев, Қалың мал). Арбалардан *күйеу қосшылар*, құдалар түсіп жатыр (З.Иманбаев, Дала.).

Күйеу табақ. э т н. *Төс пен асықты жілік салынып, күйеу жігіт пен күйеужолдасқа тартылатын арнаулы табақ.* Қонақтармен тамақтану кезінде тартылатын еттің олардың қоғамдық дәрежесіне байланысты бөлінісіне қарай – бас табақ, сый табақ, орта табақ, аяқтабақ, сондай-ақ құдағи табағы, келін, *күйеу табақ* деген түрлерге бөлінеді (Д.Катран, Қазақ. ас-тағам.). Жастар жағы күйеу-күйеужолдас, қалыңдық, жолдас қыз т.б. қыз жолдастары өздерінше ойын-сауық қойып, *күйеу табақ* ырымын жасайды (Қаз.әдет-ғұрып.).

Күйеу түсті. э т н. *Күйеу жол-жосығын жасап, қыздың үйіне келді. Күйеу* бір айдан кейін *түседі* (М.Қаратаев, Далада.).

Күшік күйеу. э т н. *Қалыңдығының ата-анасының қолына келіп кірген жігіт.* Оның ойы үйіне *күшік күйеу* кіргізіп, немере сүймек екен (Ж.Тілеков, Шалғай.). Тәжібай «Сен *күшік күйеусің*, намысың жоқ», – деп інісін азғырды («Қаз. әдеб.»).

Өкіл күйеу. к ө н е. э т н. а) *Қыз әкесіне емес, қызды қолынан алған бөтен кісіге жігіттің қатысы.* Батыр-ау, сізден тартып кісі ала ма? Алысқан асын жөндеп іше ала ма? Алушы *өкіл күйеу* болар сізге, Жазғанын біз көреміз пешенеге (М.Әуезов, Шығ.). ә) *Жасы үлкен кісі мен жасы кіші кісі арасында болатын тамырлық.* Сенің әкең Мамай ішінде Жамантаймен көңілдес болып жүріп, *өкіл күйеу* болғанда, екі жүз қой киіт киген. – *Өкіл күйеуі* қалай? – *Өкіл күйеуі*, шын күйеу емес, тамыр есепті нәрсе. – Онда «тамыр» деп неге атамайды? – Тамыр құрбылас кісінің арасында болады. Ал жасы үлкен кісімен жас жігіт тамырласам десе, кейде осылайша *өкіл күйеу* боп аталады (М.Әуезов, Шығ.).

КҮЙЕУБАЛА з а т **1.** ***Күйеужігіт*** *(болашақ күйеу, қалыңдығы бар жігіт). Күйеубала* мен күйеужолдас қалталарына қызға лайықты иіссабын, айна, тарақ, иіссу, жүзік білезік т.б. заттар салып бару керек (Қаз. әдет-ғұрып.). Бұдан кейін *күйеубаланы* көрмегендерінен көргендері көрімдік алады (Қаз. әдет-ғұрып.). **2.** э т н. *Бір елдің қызын алған жігіттің қайын жұртындағы әйелінен жасы үлкендерге қатысы.* Қасында *күйеубаласы* бар екен (Ауызекі).

КҮЙЕУБАЛАЛЫҚ с ы н *Күйеубалаға тән, күйеубалаға қатысты* Нағашыларыңыздан *күйеубалалық* жолыңыз жақынырақ шығар,– деді күле тіл қатып («Жас Алаш»).

КҮЙЕУЖОЛДАС з а т. э т н. *Қалыңдықты алып келуге барғанда, күйеу жігіттің қасына еріп баратын серігі.* Тойға қаладан *күйеужолдас* болып үш-төрт жігіт ере келді (М.Дүйсенов, Мейман.). Болыстың мырзасын қайнына ертіп апаруға шыққан *күйеужолдастары* келді (М.Тиесов, Әңгім.).

КҮЙЕУЖІГІТ з а т. *Болашақ күйеу, қалыңдығы бар жігіт.* Осы уақыт ішінде *күйеужігіт* қалыңдығының үйінде болып, қызбен танысуына да болады (Қаз. әдет-ғұрып.).

КҮЙЕУЛЕТ= е т . *Күйеу ету, күйеу ретінде қабылдау.* Қырық қыз құрмет етіп өлең айтып, Кіргізді *күйеулетіп* оңаша үйге (Бабалар сөзі).

КҮЙЕУЛІ с ы н. *Күйеуі бар. Күйеу отырған* ≈ *Күйеулі* күйме. // *Күйеуі бар әйел.* Жел сөзден намыс сізге қалғаныңыз, Тереңге ұятырақ барғаныңыз. Қайынды, *күйеулінің* парқы болмас. Кетпейді әзіл сөзге арманыңыз (Айтыс).

КҮЙЕУЛІК з а т. *Күйеу болушылық.* Қыз әкесі *күйеулікке* осы соңғы жігітті қолайлайды («Қаз. әдеб.»). Капитан Дубровты бұрыннан білетінмін, әрі өзінің *күйеулік*

жағынан жақындығы бар (К.Тоқаев, Көмескі.). Бір қызыңыз бар екен жақсы көрдік, *Күйеулікке* бізді сіз қабыл көрсең, Алтын, күміс, елжұртты сізге бердік (Батырлар жыры).

КҮЙЕУСЫМАҚ з а т. э к с п р. *Күйеуді қорашсыну, кемсіну мағынасында.* – Ертеңнен бастап есіктен кіргеннен *күйеусымағыңды* тергеуге ал (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

КҮЙЕУСІЗ с ы н. *Күйеуі жоқ.* Меруерттен бала туған жоқ, жап-жас сұлу әйелді *күйеусіз* жүргізер ме екен (С.Шарипов, Бекболат). Әкесіз қалған болар-ау бала жаутаңдап, *Күйеусіз* қалды-ау, жүрген бір ару той қамдап, Тіршілік демі таусылып орыс жерінде, Қыршын жас кетті арманын өзі-ақ талқандап (Ж.Қыдыров, Жұлдыз.). Қалыңдық қалды *күйеусіз,* інісі қалды сүйеусіз. Аузынан шыққан соңғы арыз, Мойнымда деген мол парыз (М. Әлімбаев, Таңд. өлең д.).

КҮЙЕУСІН= е т. **1.** *Өзін күйеу деп санау, күйеу болғансу.* Қос өзен – қосарланған қос келіншек, Жалғанда жан біткенді дос көруші ек. Атаның ғұрпын сақтап, *күйеусініп,* Кезкелген кедейің де төс беруші ед (М.Мақатаев, Дариға.). **2.** а у ы с. *Кісімсіну, бәлдену, өзінше болу, қожасыну.* Кешегі жүрген шәкірт-сүйеусынды, Ол неге сәлем бермей *күйеусіндің.* Айырылған арыстаннан Кәкимасы, Отыр ма барыс тұтып сілеусінді (Е.Ибраһим, Гаккү.).

КҮЙЕУСІРЕ= е т. *Күйеу іздеу.* Бір жыл болмай жатып, *күйеусіреген* қалса, мен қайтпек екем? – деп Сүйеу, мысқылды ащы дауысы шаңылдап, үзіп-үзіп сөйлеп отыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

КҮЙЕУШЕ ү с т. *Күйеу сияқты, күйеуге ұқсап.* Атамның қартайғаны ма бұл! *Күйеуше* қырындап жүргені қалай? – деп, келіншек тыз ете қалды (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

КҮЙЕУШІЛЕ= е т. *Қыздың аулына күйеу болып аттану, бару.* Әлмағамбет Ақылбайдың бір інісімен бірге алыстан Матай деген елге *күйеушілеп* бара жатады (М.Әуезов, Әр жыл.). Жапарлар *күйеушілеп* бес-алты күн ойын-тойдың қызығымен жата берсін (Ж.Мұзапаров, Қаби карт.). *Күйеушілеп* жүретін Боранбайдың баласы Шәкір жас жігіт емес, қатыны өлген кісі (С.Сейфуллин, Әңгім.).

КҮЙЕУШІЛЕУ *Күйеушіле етістігінің қимыл атауы; күйеу болып бару.* Тегі *күйеушілеудің* ең қиын кезеңі бұдан бұрын өтсе керек (М.Әуезов, Индия очерк.).

КҮЙ-ЖАЙ з а т. *Хал-ахуал, жай-жапсар, жағдай.* Нұрланның *күй-жайын* сұраған ешкім болған жоқ (Ж.Молдағалиев, Сарарқа.). Бижамал Нұржанмен де біраз шүйіркелесіп, малшылардың *күй-жайын* сұрап білді (З.Жәкенов, Таң самалы). Емес еді дүние қайғы, үй жайғы, Бірақ та өзің түсінбедің *күй-жайды.* Амалым не ауызға да алмас ем, Естен ешбір кетпейтінің қинайды (Т.Айбергенов, Өлең д.).

КҮЙЗЕЛ= е т. **1.** *Қиналу, қайғыру, қажу.* Шынашақтай баланың тоқшылық пен жоқшылықтың мән-мағынасын тым ерте ұғынып, есейгеніне *күйзелдім* (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Құты қашып, *күйзеліп* отырған баласына тіл қатуға дауаламаған Ақлима абыржыды (Б.Тілегенов, Көктем.). Келеді бала ілгері, *Күйзелді* сәби көңілі, Табылар ма екен інгені, Табылар ма екен көлігі? (Ә.Дүйсенбиев, Көңілді.). Балжанды ойлап, күні-түні ата-анасының жаны *күйзелді (*Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.***Азап шегу, жүдеп-жадау.* Ауру әбден *күйзелді,* ыңырану жиіленді (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). Байдың малы таусылып, Мұратбек пен шешесі әбден *күйзеледі* (Бозінген). Төңкеріліп тұрды аспанда сұр тұман, Ел *күйзелді* соғыс-індет, жұтынан, Жыл құсындай болды ғайып жан жездем, Гүлдеріне бір қайрылмай құлпырған (Ә.Шалабаева, Тау бұлағы).

КҮЙЗЕЛДІР= е т. *Қиналдыру, қайғырту, азап шектіру.* Қуанып қоңыр ене, ауыр ана, Естіртіп Әсемге де сөз жалғасты. Кісідей кісісі өлген *күйзелдіріп,* Үш күндей еңіретті есіл жасты (С.Керімбеков, Өлең д.). Төңкерістің заңы шығып, Елге орнатты тыныштықты, Момындарды *күйзелдірген,* Ұрлық, пара, оба бітті (Ғ.Малдыбаев, Балға.).

КҮЙЗЕЛТ= е т. *Қиналту, қажыту.* Халықты жылдарға созылған соғыс, ауру, апат бір жағынан, өз ішіндегі бұзықтары екінші жағынан *күйзелтті* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Қыр астындағы қыс ызғары бұл маңның күйзеу қауымын бұрынғыдан да бүрістіріп, *күйзелте* түскен (З.Жәкенов, Таң самалы). Күйдіріп досым жанымды, *Күйзелтпің* сөйтіп жарыңды. Нөсер жауса сөндірмес, Кеудемдегі жалынды (С.Әлімбетов, Өлең д.).

КҮЙЗЕЛТКІШ с ы н. *Жанды қиналтатын, қайғыртатын.* Жастан машық бояуға түс, Үміт, күндеу, сырын бүккіш, Сенім жойғыш, сөндіргіш, Жабырқаусып, жан *күйзелткіш* (І.Жансүгіров, Шығ.).

КҮЙЗЕЛТУ *Күйзелт етістігінің қимыл атауы; қажыту, азап шектіру.* Мынау соғыс жұртты *күйзелтуге* айналды (С.Мұқанов, Ботагөз).

КҮЙЗЕЛУ *Күйзел етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қажу, жадап-жүдеу.* Қоғамдық нұсқаушы Нұрмағамбет ақсақалдың *күйзелуі* заңды (С.Байжанов, Сыр.). **2.** *Налу, қамығу, қайғыру.* Гүлшәрі бойынан назалану, *күйзелу* сияқты жайсыз күй танып тұр (А.Байтанаев, Қайнар.). **3.** *Дағдарысқа түсу.* Шығыннан шығынға ұшырап, шаруашылық *күйзелуде* (К.Серікбаев, Қастек.).

КҮЙЗЕЛУШІЛІК з а т. **1.** *Қиналушылық, назаланушылық.* Сайфтың түсі суық, қабағында терең кейіс, *күйзелушілік* бар (Д.Досжанов, Тұлпар). Шоқан 1850 жылдың аласапыран болып жатқан көктемінде іштей үлкен бір *күйзелушілікке* ұшырап қалды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** *Азап; дағдарыс.* Соғыс совет халқын аса зор құрбандыққа, *күйзелушілікке* ұшыратты (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

КҮЙЗЕЛІҢКІ с ы н. *Мұңайыңқы, жабырқаңқы.* Баяу желден бәйтерек басы шайқалып, жер бетіне жайылып ұшып кеткен мамығын жоқтап тұрғандай *күйзелің кі* күйде («Қаз. әдеб.»).

КҮЙЗЕЛІҢКІРЕ= е т. *Азып-тозыңқырау, жабырқаңқырау. Күйзелің кіреп* қалған колхоз шаруашылығын қалпына келтіруге көп күш, қаражат керек болды (Б.Жамалов, Торғай.).

КҮЙЗЕЛІС з а т. п с и х. **1.** *Дағдарыс, қатты қиналыс, жан азабы.* Ауыр *күйзеліс* үстінде жүргенде жеткен мына хабарға Сұлтанмахмұт балаша қуанды (Д.Әбілев, Арман.). Жұман үй ішінің әлпетінде бір *күйзеліс* барын байқады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Көңілімде *күйзеліс,* Жүрегім жүз құрау. Балдан соң у берген, Дүние қызық-ау (Т.Бердияров, Көгілдір.). **2.** *Қиналып қайғырушылық, қажығандық.* Еңсемді басқан *күйзеліс* шыдатпай, көзімнен жас боп парлады (О.Тәжиева, Жетім қыз). *Күйзеліс* атаулы қарт жүрекке ауыр із тастап кетеді (А.Байтанаев, Қайнар).

Күйзеліс шекті. *Қиналды, қажыды.* Наукастың халін бір мысқал болса да жеңілдетер дәрменім жоқтығына жаныммен, тәніммен *күйзеліс шеккендеймін* («Қаз. әдеб.»).

КҮЙЗЕУ с ы н. *Жабырқау, шерлі.* Мырзаның көңілі сонда да селт етпеді, қатты *күйзеу* (З.Жәкенов, Таң самалы). *Күйзеу* жан, күңіренген жұрт бәрі осы үйде (С.Бегалин, Таңд. шығ.). Қар астынан қара тас, Қадам басса қаққанда. Осындай *күйзеу* кезінде, Қараңғыны қақ жарған, Бір жалынды от жанады (Пернедегі терме.).

Күйзеу тартты. *Мұңды, шерлі болып күйзелді, жабырқады.* Езілді тұтқынның да жан жүрегі, Күйіктен қарсы айырылды көкірегі. Күңіренді, күрсініп ол *күйзеу тартты,* Тек қана жылағанын сездірмеді (Ә.Тәжібаев, Шығ.).

КҮЙЗЕУЛІК з а т. *Залал, нұқсан.* Бүкіл облыс шаруашылығына олқылық, *күйзеулік* келтірген жиырма тоғыз мың бас қой өлтірген екі ауданға салмақты наразылық айтысты (М.Әуезов, Өскен өркен).

КҮЙЗЕУШІЛІК з а т. *Жабырқаңқылық; шерлі, налы болушылық.* Қыс *күйзеушілігі* әлдеқашан ұмытылған (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

Күйзеушілікке ұшыратты. *Күйзелтті, құлдыратты.* Бұл жерде Бейсен арқылы Салиқаның берген хабары да жұртты зор *күйзеушілікке ұшыратқан* болатын (К.Оразалин, Ақ жазық). Іле ауданындағы қой шаруашылығын *күйзеушілікке ұшыратып* алыпты (Ғ.Сланов, Замана.).

КҮЙКЕНТАЙ з а т. з о о л. <лат. falco vespertinus>**.** *Тұрқы 290-330 мм, салмағы 140-190 гр шамасындағы жыртқыш құс, ағашы аз орманды алқаптарды мекендейтін құс; сұңқар тұқымдасының бір түрі. Күйкентай* топтанып ағаш басына ұялайды, 3-5 бұрыл дақты сарғылт жұмыртқа салады (ҚСЭ). *Күйкентай* – ителгі тұқымдасына жататын қыран, жыртқыш құс. Ителгі – қыран құстардың үшінші тобының басын құрайды. Олардың аттары: сұңқар, ителгі, пәрім, *күйкентай* (Саятшы). Биік ағаштарда кезкүйрық, *күйкентай* сияқты жыртқыш құстар мекендейді (Б.Мұханов, Қазақст. өсімдік.). Сары далада сары уайым жамылып, Ақбілек келеді толарсағы бұлтылдап. Тышқан аулап *күйкентай* жүр, қыранымсып шықылдап (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Күші жоқ, әлсіз адам.* – Мәмбеттің шынашағына тұрмайтын *күйкентай,* сыртынан жұдырық көрсетуін көрдің бе? – деп, Пазыл жерге түкірді (Х.Есенжанов, Тар кезең). Сен – *күйкентай,* мен түйғын, Тұр жайыңа бұдан да, Әліңді білмей асылып, Аптығып сөйлеп асығып, Жолықтың қырсық ылаңға (Жамбыл, Шығ.). // *Әлсіз, күші жоқ.* Жүзден аса *күйкентай* онбасылар, Қағып жеген тышқаны тиын екен. Хан, қара, би, болысты сипаттаған, Жұмбағың ақиқатқа сыйымды екен (Айтыс).

КҮЙКЕНТАЙДАЙ с ы н. *Күйкентай сияқты, өте кішкентай.* Нысанның *күйкентайдай* қатқан қара қатыны да түтүгіп, шаптығып кімге соқтығарын білмей, қарғап-сілеп жүр (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Бәзікен *күйкентайдай* ғана боп алып төбелесе кетуден де тайынбайды (С.Мұратбеков, Көкорай). *Күйкентайдай* ғана кәрі досы – жан-

жолдасының артынан апам «алпамсадай арысым-ай», – деп көп жоқтады (О.Бөкеев, Үркер).

КҮЙКИ= е т. *Бір уыс болып шөгу.* Көңіліне Құлагердің құйылып мұз, *к ү й к и і п* отыр таста Ақан байғұс. Жан тынышын елден емес, жерден тапқан, Сондай бір адал бопты жаны жалғыз (І.Жансүгіров, Поэм.).

КҮЙКІ с ы н. **1.** *Көзге қораш, тартымсыз.* Көз тояр көркі жоқ, *к ү й к і* Садуақастың бұл сөзі Сарыбалаға әсер еткені сонша, беті қызара бөртіп, жүрегі тулай қапты (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Біздің мырзаның көкбестісі, жай бір *к ү й к і* ғана шобыр тәрізді болып көрінді (С.Бегалин, Шоқан асу.). Күздің бір *к ү й к і* күні еді, Айнала жайсыз ала қар. Ананың тынды жүрегі, Зарладық тынбай балалар (І.Мәмбетов, Өсиет). **2.** ж е р г. *Кішкентай.* Сол арада үйге *к ү й к і* сақал бір кісі келіп қалды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Біздің мыжырайған *к ү й к і* мұғалімміз бұл үйдің қожасынан гөрі есігінде жүрген қызметшіге көбірек ұқсайды (Б.Соқпақбаев, Бақыт.). **3.** а у ы с. *Тапшы, кем.* Бейілі шикі, Ақылы *к ү й к і.* Осы жұрт па тапқаның (Абай, Тол. жин.).

Күйкі тіршілік [өмір]. *Мардымсыз, тынымсыз, өнбес, қораш тірлік.* Кедейлердің *к ү й к і т і р ш і л і г і н е* Нартайлақ кейіген сайын, әкесі Шабанбайды есіне түсіріп Нағым келеді (А.Жүнісов, Өмір ізі). Отаным, уа, ғазез Русім! Русім-Жүрегім, тынысым. Сергілші, бұрқана сілкінші, Күйресін *к ү й к і ө м і р,* құрысын? (М.Мақатаев, Шығ.).

Күйкі шөп. *Жұғымдылығы аз шөп.* Тоғай арасында өскен *к ү й к і ш ө п* малға ас болмайды (І.Есенберлин, Алмас.).

КҮЙКІ-КҮЙБЕҢ з а т. *Күнделікті тынымсыз тіршілік, ұсақ күйбің.* Көп жылдардың отбасындағы *к ү й к і-к ү й б е ң і* әкесін де, өзін де әбден жасытып, жалықтырған еді (З.Жәкенов, Таң самалы).

КҮЙКІЛЕН= е т. *Жоқтан өзгені көңілге алу, мазасыздану.* Кінәлап, *к ү й к і л е н і п* жата алмаспын, Базарға сезім гүлін сата алмаспын. Базар түгіл қимайтын қияметке, Сыры болар, сол кезгі сапарластың (Ө.Нұрғалиев, Кәмелет).

КҮЙКІЛЕУ с ы н. *Көзге қораштау. К ү й к і л е у* Үшірәлі анау-мынау жай-жапсарларды сұрастырып, Сәкендердің көңілін аулағандай ыңғай көрсетіп отыр (Ә.Көшімов, Лашын). Айналасында көз тартар еш нәрсесі жоқ *к ү й к і л е у* ғана Қызылорда қыс күндері маған тым-ақ көңілсіз көрінді (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). *К ү й к і л е у* кішкентай кемпір шалының әмірімен шапшаң түрегеле берді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.).

КҮЙКІЛЖІҢ с ы н. э к с п р. *Сүреңсіз, күйкі тірлігі бітпейтін.* Нағымасыз жерде күнделікті *к ү й к і л ж і ң* өмірдің бәрі қызығы жоқ қуыс дүние (М.Дүзенов, Ақәже).

КҮЙКІЛІ с ы н. *Ұсақ-түйекті, сүреңсіз.* Көрген қорлықтарын, аш-жалаңаш, *к ү й к і л і* тірліктің жанды сыздатар қасіретін айтады («Қаз. әдеб.»).

КҮЙКІЛІК з а т. *Күйкі тірлігі, ұсақ қарекеті бітпейтін, ілдалданған тіршілік.* Ол өмір мына өздерінің өміріндей бар мен жоқтың арасындағы *к ү й к і л і к* емес (Н.Оразов, Достар.). *К ү й к і л і к т і ң* ол қиыр тастап түнін, Ауылымды өрлікке бастап мығым. Жер-тұғырда сестене тұр бейнелеп, Жапан туған жанымның асқақтығын (Ж.Қалиев, Армысың.). *К ү й к і л і к* мүддені кейін серпіп, ірі мақсаттар үшін өмір сүретін адамгершілік осыдан туады (Е.Омаров, Серпін.).

КҮЙ-ҚОҢ з а т. **1.** *Күй-жай; тұрмыс жағдайы.* Байғазы Әбдірашитов баққан бойдақ сиырды аралап *к ү й-қ о ң ы н* байқады (Ақ бидай). **2.** *Күйлілік, қоңдылық.* Осындай күннің бірінде, Қыр бетке киіз үй қонған. Жүдеулік басып түрінде, Мал-жаны ада *к ү й-қ о ң н а н* (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

КҮЙ-ҚУАТ з а т. *Күш-қайрат, әл.* Жау жалаңдап артымда, Кетті бойдан *к ү й-қ у а т.* Кетті ағып толқында, Хан тұлпары – жүйрік ат (С.Мәуленов, Бала.).

КҮЙЛЕ= е т. **1.** б и о л. *Аналық жасушаның жетіліп, ұрғашы малдың жыныстық шабытының келу кезеңі. К ү й л е г е н* қызыл құнажынның соңында «көптікі, көптікі» деп, өгіздер өңкеңдейді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Кейбір шағын түйесі барлар жараған бураларды байлауда ұстап, *к ү й л е г е н* інгендерін қолынан қайытатын (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Қоңды саулық тез *к ү й л е й д і* (Тарту). **2.** а у ы с. *Бозбалашылыққа салыну, қызықтау.* Той болса, тон киелік, жүр баралық, Бірімізді біріміз аударалық. Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер, Күлкіні онша *к ү й л е п,* шуламалық (Абай, Тол. жин.). **3.** а у ы с. *Ойлау, көксеу.* Бәрінің *к ү й л е й т і н і* баяғы – гөй-гөй (О.Сәрсенбаев, Сағым). Көк шинель гимназистер кигендері, Жарқырап алты қатар түймелері, Маңдайға фуражкенің герб қадап, Болады киім ғана *к ү й л е г е н і* (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). **4.** а у ы с. *Қызулану, кәріне міну.* Ол да бір ғалым екен сөйлейтұғын, Өзіне қарсыларды сүймейтұғын, Ғұлама мәжілісінде орын алып, Құрайы келіскенде *к ү й л е й т ұ ғ ы н* (Ақмолла ақын, Күндер.).

КҮЙЛЕ²= е т. **1.** *Домбыраның құлағын бұрап, күйге келтіру.* Домбырасын *к ү й л е п,*

екпіндетіп бір-екі сарындатып алды да, айғайға басты (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әнші асыққан жоқ, домбыраны ұзақ *к у й л е д і* (С.Бақбергенов, Алтынемел.). Досай ақын жайлап домбырасын *к у й л е п,* жөткеріліп алып, шырқай жөнелді (М.Жұмағұлов, Қыран.). **2.** а у ы с. *Шаттық кернеу, күйге толу.* Барлық жерде бірдей астық жинау басталған күндерде бар атырап гүмбірлеп, гуілдеп, *к у й л е п* тұрады (Р.Райымқұлов, Қыз–айна). Кеуде шіркін бұлбұл құстың бағына айналып, күмбір-күмбір *к у й л е п* кетті (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). **3.** а у ы с. *Желігу, есіру.* Әркімді заман сүйремек, Заманды қай жан билемек? Заманға жаман *к у й л е м е к,* Замана оны илемек (Абай, Тол. жин.).

КҮЙЛЕ[3]**=** е т. **1.** *Жағдайын табу, бабына келтіру.* Күйін тауып егіннің, Тырма тартқан тегістеп, Жерді *к у й л е п* айдасаң, Кәсібің тасар өрістеп (Н.Байғанин, Шығ. жин.). **2.** ж е р г. *Жөнге келтіру, реттеу.* Мен сіз келгенше ертоқымды *к у й л е п* қоярмын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮЙЛЕН[1]**=** е т. *Күйдің ойналуы.* Бағзы бір мезет домбыраға да кезек тиіп, күйлер *к у й л е н д і* (Ғ.Сланов, Асау арна).

КҮЙЛЕН[2]**=** е т. *Әлдену, ауқаттану, оңалу.* Тайқы бұрынғысынан да *к у й л е н і п* алғанын аңғартады (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). Көксерек тағы да бұрынғысынша *к у й л е н і п,* нық семіріп, енді орасан боп өсе бастады (М.Әуезов, Көксерек.). Қошқарлар қарап жатпады, Біраз тынығып алғасын *К у й л е н і п* қарнын салғасын, Сүзісті-ай, үрит соқ-соқ! (С.Сейтенов, Бойжеткен).

КҮЙЛЕНДІР[1]**=** е т. *Домбыраның құлағын бұрап, күйге келтіру.* Кенжетай домбырасын даусына лайықтап *к у й л е н д і р і п* алды (Д.Әбілев, Арман.).

КҮЙЛЕНДІР[2]**=** е т. *Оңалту, жағдайын жақсарту, әлдендіру.* Ерекше күтім де оның көңіл күйін өзгертіп, *к у й л е н д і р е* алмады (С.Досанов, Қыран.).

КҮЙЛЕНУ *Күйлен етістігінің қимыл атауы; оңалу, әлдену.* Бұл соңғы *к у й л е н у і* шынымен үлкен қасқыр боп ұлғаюының белгісі еді (М.Әуезов, Көксерек). Сөз боп па, май – ұлымызға, Баю менен *к у й л е н у,* – Июнь дейтін жылы қызға, Енді қалды үйлену (Ө.Нұрғалиев, Нөсер.).

КҮЙЛЕМЕ с ы н. *Қызық қуған, бозбалашылыққа салынған. К у й л е м е* жігітпін деп үнемі ойнас, Салынсаң салдауырлық қадір қоймас Ер жігіт таңдап тауып, ешпен жүрсін, Төбетке өлекшіннің бәрі бір бас (Абай, Тол. жин.).

КҮЙЛЕС= е т. *Қызықтасу, әуейілікке салынысу.* Ат жараттық, Сән жараттық, Әуейілік *к у й л е с т і к,* Бозбалалық, Қыз қарадық, Қалжың, әзіл сөйлестік (Абай, Тол. жин.).

КҮЙЛЕТ= е т. **1.** *Домбыраны күйге келтіру.* Дәрменнің өз басы домбыраны *к у й л е т е* алмайды (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Саусағын перне бойлап шаптырмасқа, Жаңа бір ән сарайын аштырмасқа, Сайратып мың әуенмен *к у й л е т п е с к е,* Қос шектің үстін басқа, атын басқа (Е.Ибраһим, Гәкку.). **2.** а у ы с. *Қозғау, ояту, түрткілеу.* Көкейге түйтпектеліп, тығырықтай кептелген сауал әр нәрсені *к у й л е т е д і* (К.Ахметбеков, Сый орамал).

КҮЙЛЕУ б и о л. <лат. libido sexualis> *Күйле етістігінің қимыл атауы. Аналық жасушаның жетіліп, ұрғашы малдың жыныстық шабытының келуі.* Малды *к у й л е у* кезінде ғана шағылыстырады не қолдан ұрықтандырады. Төрт түлік малда *к у й л е у* әртүрлі уақытта өтеді (ҚҰЭ). Азотты қоспалар малдың *к у й л е у і н е,* оның өсіп-көбеюіне әсер етеді (Қ.Құсайынов, Химия.).

КҮЙЛІ[1] с ы н. **1.** *Жағдайы жақсы, бақуатты, ауқатты.* Көктөбедегі бір-екі *к ү й л і* тұратын семьяның біреуі осы Батырқандікі (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Естайдың бақытына бір ағасы *к ү й л і* болып, Естай жас басынан соның қолында болады (А.Жұбанов, Замана.). Зизәшім, *к ү й л і* жүрмісің, Жақсы ма, қалқам тұрмысың (Е. Бердин, Қанды асу). Өзіңіз де *к ү й л і с і з* бе? (М.Дулатов, Шығ.). **2.** *Семіз, қоңды.* «Шұқырбұлақ» келмеді ме деп отыр ма екен? Кешігіңкіреп қалдық, – деп, ат басын ұстаған Мәмет парлап жегілген торы дөнен мен көк дөненді ығыстыра айдап қойды. Еттері *к ү й л і,* тың тұяқ қос дөнен жеңіл басып, ентелей жөнелді (М.Әуезов, Шығ.). Дүйсекеңнің астындағы жалы шошқаның жалындай күжірейген *к ү й л і* қара көк ат оның жекеменшігі (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). *Күйлі,* күйсіз бәйгеге Қажыды көңілім көп шауып. Көп қинамай әрнеге, Енді семірт жем тауып (Абай, Тол. жин.). **3.** а у ы с. *Орынды, жөнді, келісті.* Бұған Абай аудармасындағы ерекше ірі көркемдік пен ақындық шеберліктің өзгеше боп құрылған *к ү й л і* келісімдері себепші боп отыр (М.Әуезов, Шығ.).

Баққан малы [баққаны] күйлі болды. *Малы семіз, қоңды болды, еңбегі еш кетпеді.* Қуанам, *к ү й л і б о л с а б а қ қ а н м а л ы м,* Сен менің майы жүзген «бес бармағым». Мен сені жел-дауылдан қорып едім, Сен менің үстімдегі тоным едің (М.Хұсаин, Мен. перзент.). *Б а қ қ а н ы к ү й л і б о л м а й,* Бақташы сыйлы болмайды (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

КҮЙЛІ² с ы н. *Күйге толы, әуезді.* Көктемнің *күйлі* әуезі әсерлі-ақ (С.Мәуленов, Жұлдызды.). Кеудем *күйлі* домбыраға айналды, Айтты тілім адамға дос ойларды. Әнмен бастап, аяқтадым әніммен, Ғашықтарды табыстырған тойларды (Ә.Тәжібаев, Өленд.). Менің жаным *күйлі* жан, Күңіренген күйден жаралған, Төгілген жастан миллион жыл (И.Байзақов, Құралай.).

КҮЙЛІ-ЖАЙЛЫ с ы н. *Ауқатты, жай-күйі жақсы. Күйлі-жайлы,* балалы-шағалы болып отырғанымыз да өкіметтің арқасы («Соц. Қаз.»). Амандық, есендігің бәрі бітсін, Өзің дағы, жүрмісің *күйлі-жайлы* (Айтыс).

КҮЙЛІ-ҚУАТТЫ с ы н. *Денсаулығы жақсы, әлді, мықты.* Аман-сау, *күйлі-қуатты мысың дар,* ардақты ата-анам (Е.Оразақов, Қайта соқ.). Шеше, *күйлі-қуатты* отырсыз ба? (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

КҮЙЛІЛЕУ с ы н. *Тұрмысы жақсылау, қуаттылау.* Әйелі қыңқылдап қоймаған соң «қол ұшын берер» деп *күйлілеу* қайын жұртына барды (С.Алдабергенов, Асу).

КҮЙЛІЛІК з а т. **1.** *Тұрмысы жақсы болушылық, ауқаттылық.* Байсұлтан өзінің *күйлілігіне* мәз (Ауызекі). **2.** *Семіздік, қоңдылық.* Сиырдың тұмсығы мен аузы тоқтық, *күйлілік* белгісімен бусанып тұр (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ақылов Қапсадық малдың *күйлілігіне,* малшының көңілділігіне масаттанды (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.).

КҮЙЛІРЕК с ы н. *Хал-жағдайы жақсырақ.* Бомбейде сценарийдің өзін жазатын проза жазушылары *күйлірек* көрінеді (М.Әуезов, Индия очерк.). Кейбірі мұғалімдік қылса да, үй ішімен *күйлірек* тұратын жағдай бар ма деп соны іздеп кетті (М.Әуезов, Шығ.).

КҮЙМЕ з а т. э т н. *Үстін, жан-жағын былғарымен, жібекпен қаптап қоршаған, сәнді жеңіл арба.* Жұрт айтатын темірлі *күймесі* бар, Қозы Көрпеш дегенде дүниесі тар (Қозы Көрпеш.). Үш күреңді қоңыраулата жеккен *күйменің* ішінде түйе кенедей дөңкиген, ботқа бет, май желке біреу келеді (Ә.Әбішев, Найзағай). *Күйме* көбіне бойжеткен қызға, жас жұбайларға, бәйбішеге тек көліктің ғана емес, жол үйдің де қызметін атқарған (ҚҰЭ).

КҮЙМЕ-БЕСІК з а т. о к к а з и о н. ***Бесікарба***. *Күйме-бесік,* әдемі велосипед қашан көбейеді? («Лен. жас»).

КҮЙМЕДЕЙ с ы н. *Күйме сияқты, күйме тәрізді.* Арқат тауындағы құздың биік басы мен төмені әдейі қырлаған *күймедей* болып біткен (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КҮЙМЕЛЕ= е т. **1.** *Күйме орнату.* Пәуеске мінер байлар *күймелеген,* Үстіне киді мақпал түймелеген (Пернедегі терме.). **2.** *Күйме тәрізді етіп, жан-жағын көмкеріп қымтау. Күймелеген* жеңіл шананың жетегін Бейсен қаңтара көтеріп тастапты (С.Бегалин, Бала Шоқан). Қашаваның алдын киізбен көмкере жауып, *күймелеп* тастау керек (Д.Әбілев, Арман.).

КҮЙМЕЛЕН= е т. *Көмкерілу, қымталу.* Почтаның жүк мәшинесі көне болғанымен, шанаға брезентпен *күймеленген* отырғышы бар (Ж.Тілеков, От кешу.).

КҮЙМЕЛІ с ы н. *Күйме орнатқан, күймесі бар.* Жорғадан жегіп қара көк *Күймелі* арба мінгізді, Көзі түскен бенденің Жүрегін оттай күйгізді (Қамбар батыр). Даладан *күймелі* арбаның қоңыраулатқан дыбысы естіледі (Б.Тәжібаев, Қараторғай). *Күймелі* арбадан қарғып түскен Ақжігіт алды-артына қарамады (С.Жүнісов, Ақан сері).

КҮЙМЕҢДЕ= е т. ж е р г. *Бүгежектеу, күйбеңдеу.* Сен мұнда *күйменде п* неге келдің (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮЙМЕСГҮЛ з а т. ө с. <лат. dictamnus>. *Гүлі күлгін қызғылт, қосжынысты, бес тостаған-шасы бес күлтесі, он аталығы, бес ұялы аналығы болатын рута тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік. Күймесгүл* Қазақстанның далалы шалғындықтарында, бұталардың арасында және тау етектерінің бұталы беткейлерінде өседі (ҚҰЭ). Егер өсімдік отқа жағылса, жалын өшкеннен кейін өсімдік сабағының өртенбегенін байқауға болады. Себебі жалын беретін – тек қана эфир майы. Осы ерекшелігіне қарай *күймесгүл* аталған (ҚҰЭ).

Тасжапырақ күймесгүл. ө с. <лат. disitamnus angustifolius> *Сабағы бұтақты, қалың, ұзын түкті болып келген күймесгүлдің бір түрі. Тасжапырақ күймесгүлдің* биіктігі 50-100 см.

КҮЙМЕШІ з а т. *Күйме жасайтын шебер. Күймешінің,* зергердің жұмыстарының ортақ өнімі болады (К.Маркс, Капитал).

КҮЙПАЗ з а т. *Күйді сүйетін, күйқұмар.* Құлмалының аулында *күйпаз,* өлең-жырды сүйген сауықшыл, өзгеге айрықша таныс Шыңғыс, Құлыбай әнші болды (Ғ.Сланов, Замана.).

КҮЙРЕ= е т. **1.** *Құлдырау, дағдарысқа ұшырап, құру, құлау.* Фашизм талқандалып, социализмнің қуатты лагері құрылғаннан кейін отаршыл империялар *күйрей* бастады (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Ал ең бастысы мен Мемлекеттің қаржылық жүйесі *күйреп*

жатқан қиын жылдары Отанымызға әйтеуір бір пайда әкелдік деп санаймын («Түркістан»). **2.** *Бұзылу, қирау, сыну.* Өзеннен өткен соң, – деп жазады Рубрук, – біз әлдебір алаңқайға тап болдық та, сол тұстан *к ү й р е г е н* замокты кездестірдік, оның қабырғалары саз топырақтан тұрғызылыпты, айналасындағы жерлер өңделген екен («Парасат»). **3.** а у ы с. *Іштей таусылып жер болу, жасу.* Тынышбай Гүлбаршынға шын пейілмен көмек көрсеткісі келіп еді, онысынан ештеңе шықпай қалды. Соған да *к ү й р е п* жер болып келеді (Б.Тілегенов, Аққайнар). Қатты демігіп, әлсіреп жатқан денесі одан бетер *к ү й р е й* түскен Кенжебектің өңі қуарды (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). **4.** а у ы с. *Әлсіздік, осалдық көрсету, имену.* Өткір тілмен кемістікті сынадың, Әділ болса оған *к ү й р е п* сынар кім? – Болып келген азын-аулақ кемшілік, Келешекте бола қоймас, шырағым (Айтыс). Қорқытса бірақ *к ү й р е м е д і,* Аздан кейін үйренеді. Үйренген ел сыры мәлім, Сипалады жүнін, жалын (Ө.Тұрманжанов, Бозшаторғай).

КҮЙРЕК[1] с ы н. *Жігерсіз, осал, боркемік.* Мирас өмір бойы қиындық көрмей, бұла боп өскен жігіт екен, күрт сынып, жүнжіп, *к ү й р е к* болып кетті (Ә.Тарази, Үлкен ауыл.). Құрымбай балам өзіме тартқан, өмірімнің мақтанышы да, сәні де осы деп жүрсе, *к ү й р е к,* жасық боп шыққан ба (З.Шашкин, Теміртау). // *Жігерсіз адам.* Жеңіс деп небір *к ү й р е к* қайраттанды, Құлпырды қайраттының қайнап қаны. Осымен өз бақытын жасады адам, Халықтың қайта атты жайнап таңы (Т.Әбдірахманова, Көгершін.).

КҮЙРЕК[2] с ы н. *Қытырлақ, құрғақ.* ≈ *К ү й р е к* печенье.

Күйрек тары. *Биылғы жылғы тарының дәні, сапалы, қытырлақ түрі.* ≈ *К ү й р е к т а р ы* әкелді.

КҮЙРЕКСІТ= е т. *Жасыту, босаңсыту.* Ол Самалды тым *к ү й р е к с і т і п* жасыта беруді жөн көрмей, бір үміт ұшқынын әдейі аңғарта сөйледі (З.Жәкенов, Таң самалы).

КҮЙРЕКТЕН= е т. *Босаңсу, жасу, боркеміктену.* Ару ана іштей *к ү й р е к т е н і п,* күйіп, өшіп барады (Д.Досжанов, Тұлпар.).

КҮЙРЕКТЕУ с ы н. *Жасықтау, боркеміктеу.* Оның мінезі *к ү й р е к т е у* (Ауызекі).

КҮЙРЕКТІК з а т. *Босаңдық, жасықтық.* Оспан қиын сәтте, сын сағатта, солқылдақтық, *к ү й р е к т і к* жасады (М.Жұмағұлов, Қыран.). Жанжігіт әншейінде қамыға, қайғыра білмейтін досының тосын *к ү й р е к т і г і н е* қайран қалды (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Күле бер, ой-сезімсіз жаралғаның, Мен бұдан *к ү й р е к т і к т і* таба алмадым. Онда емес, өкінішім от сапардың, Сақадай солдаты боп бара алмадым (Ә.Сәрсенбаев, Баспалдақ.).

КҮЙРЕЛ= е т. **1.** *Жеңілу, бас көтере алмау.* Инелік қалды *к ү й р е л і п,* Белінен бір-ақ түйреліп. Инелік болды келеке, Созыла берді мереке (Ө.Тұрманжанов, Сұңқар.). **2.** *Қаймығу, шегіну, жеңілісін мойындау.* Тәкаппар аспан құшып көкті тіреп, Жасаған мыңдап жылдар Карпат тауы. Аспанға көбігі атып, толқын сүйреп, *К ү й р е л г е н* айбатынан дүлей жауы (Украина жырлары).

КҮЙРЕҢДЕ= е т. *Күйректік, жасықтық көрсету.* Әлгің қайда деп айтсаң, Бәлеге қояр сүйреңдеп, Белге соққан жыландай, Амалың құрғыр *к ү й р е ң д е п* (Үш ғасыр.). Белге соққан жыландай Амалсыз құрғыр *к ү й р е ң д е п* Маңлайыңа салған соң Соған күнің қалған соң (Бес ғасыр.).

КҮЙРЕТ= е т. **1.** *Қирату, сындыру, шағу, бұзу.* Байқап отырсақ, олар әдейі қиратылған секілді, оның үстіне уақыт та өз таңбасын қалдыра түбегейлі *к ү й р е т і п,* үйіндіге айналдырған, сондықтан бұлар барынша бүлінген («Парасат»). **2.** а у ы с. *Сағын сындыру, жасыту.* Мақұлбекті туған перзентінің күйігі *к ү й р е т т і* (Д.Досжанов, Зауал).

КҮЙРЕТКІШ с ы н. *Бұзып-жойғыш, зиян келтіргіш.* Шылым жастар денсаулығын *к ү й р е т к і ш* келеді (Е.Оразақов, Қайта соқ.). Кох таяқшасы жүдеу, осал денені *к ү й р е т к і ш* келеді (Е.Оразақов, Дәрігер.).

КҮЙРЕТУ *Күйрет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Талқандау, жою.* Алдымыздағы мақсат – жауды *к ү й р е т у* (Б.Момышұлы, Москва.). **2.** *Бұзу, шағу, қирату.* Оңай-ақ екен *к ү й р е т у,* Ежелгі ескі ауылды, Қиын-ақ екен үйрету, Жасауды жаңа қауымды (Ә.Тәжібаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Қаймықтыру, жасыту.* Соңғысын *к ү й р е т у г е* болар, сөндіруге болмас (Ж.Молдағалиев, Самал).

КҮЙРЕТУШІ з а т. *Бұзып-жоюшы, талқандаушы.* Империализмнің отаршылдық бұғауынан құтылған халықтар жаңа өмірді орнатушы, империализмді *к ү й р е т у ш і* революциялық күш екенін көрсетті (Қысқ. саяси экон.).

КҮЙРЕТІЛ= е т. *Талқандалу, қиратылу.* Ескі қоғам *к ү й р е т і л і п,* жаңа қоғам орнады (Н.Ғабдуллин, Өмір.). – Тоғыз жүз жиырма бірдің өтті қысы, Жан-жақта өшті жаудың өрт соғысы. Азуы Колчактардың *к ү й р е т і л і п,* Басталды елдің жаңа бейбіт ісі (Қ.Бекхожин, Қайран жас.).

КҮЙРЕТІЛУ *Күйретіл етістігінің қимыл атауы.* Түс ауа неміс гарнизонының *к ү й р е т і л у і* жөніндегі хабар Москваға берілді (Т.Жанкелдин, Партизан.).

КҮЙРЕУ *Күйре етістігінің қимыл атауы; қирау.* Моңғолдар шапқыншылығы түптеп келгенде кейінірек ұсақ ұлыстарға ыдырап кеткен аса ауқымды еуразиялық империяның орнығуына, сонымен бірге Азия мен Шығыс Еуропадағы қуатты мемлекеттердің *к ү й р е у і н е* әкеліп соққан еді («Парасат»).

КҮЙРЕУІК[1] з а т. ө с. <лат. salsola rigida>. *Алабұталар тұқымдасына жататын шөлді аймақтарда өсетін көпжылдық бұташық өсімдік; көктемде ерте шығып, ерте құрайтын, малға өте жұғымды, көбіне қой жейтін малазықтық шөп.* Бетпақдалада қара жусан, боз жусан, қой жусан, изен, баялыш, теріскен, *к ү й р е у і к,* ебелек, бұйырғын және басқа түп-түп ақ шөптер шығады (А.Балтабаев, Жасыл орман.). Ірі қосаяқ шөлді және шөлейт аймақтарда жусан мен *к ү й р е у і к* сияқты өсімдіктер өсетін ойпаң және сортаң топырақты жерлерде жиі ұшырасады (Х.Қыдырбаев, Зиянкес кеміргіш.). *К ү й р е у і к* деген бір шөп бар, оның да бойы сорлы емес, мал аузына түскенде ұн болып желініп, май болып сіңеді (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы). *К ү й р е у і к* шөлді аймақтарда өседі (Қаз. тілі термин. Биология). *К ү й р е у і к т і ң* биіктігі 15–60 см, түбінен бастап қатты қисық біткен бытыраңқы бұтақты. Жапырақтары кезекті орналасқан, жіңішке, бірақ ұшы мұқыл, қалың түкті (ҚСЭ).

Майда күйреуік. ө с. ж е р г. *Күйреуіктің қой-ешкі жейтін ұсақ түрі.* Күйреуіктің өзін *м а й д а* және түйе *к ү й р е у і к* деп бөледі. Майдасын мал жейді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Түйе күйреуік. ө с. ж е р г. *Күйреуіктің мал азығына жарамсыз ірі түрі. Т ү й е к ү й р е у і г і н* отқа жағамыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮЙРЕУІК[2] с ы н. *Уайымға берілгіш, күйінгіш.* Сырға сыр ұласып, Каспийге құйған Жайықтай сапырылып жатыр еді, нақ осы кезде Сармаев өзінің *к ү й р е у і к* жанды екенін жолдасына сездіріп алды (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). «Қарғаш» әні *к ү й р е у і к* мұңға біржола өзектелмей, әмсе шырқап жүрер өміршең әуезге құрылған («Лен. жас»).

КҮЙСАНДЫҚ з а т. муз. *Музыкалық шығарма орындалатын клавишті аспап, рояль.* Зурә әке-шешесін қолдарынан жетектеп, өзінің бөлмесіне алып барды, үлкен қара *к ү й с а н д ы қ т ы ң* пернелерін екі қолымен бірдей басты (І.Есенберлин, Қатерлі.). Дастарқан жиылған соң қыз *к ү й с а н д ы қ қ а* барып, бір-екі қазақ әнін орындады (С.Хайдаров, Құрыш білек.).

КҮЙСЕ= е т. **1.** *Жылқыдан басқа төрт түлік малдың және ақбөкен сияқты басқа да жануарлардың жеген жем-шөбін қайта лоқсып шығарып, шайнап бойына сіңіруі, күйіс қайтару.* Қақ жолдың алдында төңкерілген төрт аяқ арбасымен, *к ү й с е г е н* қос қоңыр өгізінің құйрығын жастана, шидемін айқара жамылып, бір адам жатады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұзаулы сиырлар көшенің машина жүріп жатқан бөлігінде теріс қарап, өзі тар жолдың жартысын жауып, қаннен-қаперсіз бананның қабығын жеп *к ү й с е п* тұра береді (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Құлақ салыңдаршы, сонау сайдағы сайғақтың *к ү й с е г е н і* де естілгендей емес пе? – деді Мәди (Ә.Әбішев, Найзағай.). **2.** а у ы с. *Аузы тыным таппай шайнаңдау, жей беру, күрсілдетіп соғу.* Төлеубек ешкімге дәм татырмайды, жұрттың көзінше теріс қарай салып, үйінен келген сары май мен жентті қара нанға жағып, *к ү й с е й д і* де отырады (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Қонаққа шақырған үйіңе бара қалсаң, қасыңа ертіп келгендерің, есебі, кілең бір шетінен арақты судай сіміретін, тамақты күйедей *к ү й с е й т і н* өңкей мешкей, көк қарын біреулер болсын. (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). **3.** а у ы с. *Орынсыз сөз сөйлеу, жағымсыз бірдеңе деу.* – Ки, ки, ки... Рақа-ау, қалыңмалым төлеулі емес пе... Құдай бұйыртса енді басы бос... – Әй, сен осы не *к ү й с е п* отырсың? (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Өкіл орнынан атып тұрды: «Әй, жігіт, мал бағу қол жетпеген арман емес, ә?» Теріс *к ү й с е г е л і* тұрсың ғой (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

КҮЙСЕТ= е т. *Шөпке жаю, оттату.* «Үй арасына ат мінгені не қылғаны мынаның, жын ұрған ба өзін? Қарашы қызыл іңірден *к ү й с е т і п* қоюын», – деп, ашуланған Ұрқия жылқының жүгеніне жармасты (С.Алдабергенов, Асу.).

КҮЙСЕУ *Күйсе етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күйіс қайтару.* Қозылар енді жалыққандай жағалай жатып, быртбырт *к ү й с е у д е* (Қ.Әжікеев, Саят). Егер ауру ұзаққа созылса, алдымен малдың асқазаны зақымданып, ірі қара *к ү й с е у і н* тоқтатады, сауын сиырлардың сүті тартылады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). **2.** *Шайнау.* Жақ сүйектерінің *к ү й с е у* қызметін атқаратын бұлшық еттерін, сыртқы жағынан екі рет, ішкі жағынан бір рет тіліп қарап, финнозға тексереді (Т.Телеуғалиев, Ет. экспер.).

КҮЙСІ= е т. *Ауқатты болу, әлді, күйлі болу.* Мәмбеттің үйі қазір де *к ү й с і п* тұрған бай үйдің біреуі (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

КҮЙСІЗ с ы н. **1.** *Хал-ахуалы төмен, жүдеу.* Жасыратын несі бар, ерте кезде мен өскен Аманкелді атындағы колхоз тым *к ү й с і з* еді-ау. Міне, жетпіс жастағы палуан денелі Ыбыш қарттың үйі менің әлі көз алдымда тұр (С.Шаймерденов, Сыбызғы.). Дінмұқан бәрін естіп-біліп, жесір әйелді аяйтын. *К ү й с і з* шаңырақтың астындағы қырсыз тіршілікке, жалғыз баланың жалқау мінезіне кейитін (Д.Досжанов, Тұлпар.). **2.** *Қолайсыз, жайсыз.* Сұлтанмахмұттың өзі елегісі келмегенмен, түбі елетпей қоймайтын түрі бар сырқат пайда болғалы келе жатқан *к ү й с і з* жайын айтты (Д.Әбілев, Арман.). Жиырма үш жасымда Бұл өлең жазылған. Табылмай басында Өзіңе лайық ән. Мұңлы, *к ү й с і з,* жесір боп жатыр еді, Мінеки, ойланып, өз әні табылған (Шәкәрім, Өлең. поэм.). Әмірхан осы кеште үйде болмай, Күтпеген *к ү й с і з* мезгіл болған солай. Арыстан алыс қалып алысатын, Арманда кеткен ару жылайжылай (И.Байзақов, Құралай.).

Күйсіз шықты. *Малдың жайы болмады, арық болды.* Өткен қыстан совхозымыздың малы *к ү й с і з ш ы қ т ы.* Өзге отарларда едәуір шығын болды (Ғ.Сланов, Замана.). Қыста қорада тұрып, шөпке жарымай, қыстан *к ү й с і з ш ы қ қ а н* қатпалары әлі оңала қойған жоқ (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

КҮЙСІЗДЕН= е т. *Күйі кету, жадап-жүдеу, жағдайы болмау.* Бұрын әжептәуір қоңды едім, тек осы аурудан кейін-ақ *к ү й с і з д е н е* бастадым, – деді Сейтқали («Лен. жас»).

КҮЙСІЗДЕНУ *Күйсізден етістігінің қимыл атауы.* ≈ Титықтап *к ү й с і з д е н у.*

КҮЙСІЗДЕУ с ы н. *Жағдайы нашарлау, жүдеулеу.* Тұрмысы *к ү й с і з д е у* екен (Ауызекі).

КҮЙСІЗДІК з а т. *Жағдайы жоқтық, жүдеулік.* Дарқан ақ қар, көк мұзда үйсіздік, *к ү й с і з д і к* басына қайтадан туып қаңғырып, қайтып Екібастың шахтасына келді (І.Жансүгіров, Шығ.). Сұр бұлт та жүдеулік пен *к ү й с і з д і к т і,* аса ауыр сорлылыққа жеткен кедей ауылды бейнелейді (М.Әуезов, Әр жыл.). Алай-түлей боранда кейбір топ бұғылар желдің өтіне кездесіп, *к ү й с і з д і к к е* ұшырайды (С.Бегалин, Уақыт.).

КҮЙТ[1] з а т. *Жан-жануарлардың шағылысуға дайын болған кездегі жайы. Ұрғашы малдың* шағылысуы *к ү й т і н е* байланысты (Ауызекі).

Күйті келді. *Жан-жануарлардың шағылысу кезеңі келді, күйледі.* Күйектің жақсы өтуі, саулықтардың түгел *к ү й т і к е л і п* шағылысуы алдымен олардың қоңдылығына, күй-күтіміне байланысты (Шопан сырласы). Август, сентябрь айларында өрісте құнарлы шөп таусыла қоймайды. Бұл кезде саулықтардың *к ү й т і* қай уақыттағыдан болса да тез *к е л е д і* (К.Баялиев, Жер.).

КҮЙТ[2] з а т. *Жағдай, күй-жай.* Ол жас жігерін, іштегі алау, ыстығын салқындатар, іңкар болар күйеу іздегенде, миын оқу жеп, ойын тұрмыс *к ү й т і* жүдеткен осы Мүлкаманға кезікті (Д.Досжанов, Зауал). Бесті бұқа жалпақ сұлу сауыры, Кім толықпас келсе *к ү й т і,* дәуірі? Тұрғандарға «мынаны ұстап сой» – депті Тап осының тынжылы деп бауыры (Көрұғлы).

Көңіл күйті. *Көңіл күйі, көңіл хошы.* – Домбыра түгіл гармонға да басып жіберетінім бар еді. *К ө ң і л і м н і ң к ү й т і* келмей отырғаны, – деп үй иесі күмілжіп қалды (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Несі бар күзді жазса май айында, Ой салып көктем сүйгіш ағайынға! Әр мезгіл әр *к ө ң і л д і ң к ү й т і* басқа, Ен салып жырға тұмар тағайын ба (Ғ.Қайырбеков, Қанатты.).

КҮЙТАБАҚ з а т. м у з. *Радиоқабылдағыш құрылғысында ойналатын дыбыс жазылған дөңгелек табақша.* Бейсекең жөнді қанбаған ұйқымен мазаны алып, құлақ етін жеген музыкадан дәңгірлеген басын ұстаған күйде орындыққа отырды. *К ү й т а б а қ* зар қақсап, әлгі әнді қайталай береді. Ас үйде шәйнек ысқырады (Ә.Бөриев, Алматы.). Міне, таяуда Бүкілодақтық «Мелодия» фирмасы Қорқыт күйлерін жеке *к ү й т а б а қ* етіп шығарып, өнерсүйер қауымның тілегін қанағаттандырды («Лен. жас»).

КҮЙТАБАҚША з а т. м у з. *Шағын күйтабақ.* Симфониялық оркестр концерттерін олар жоғары оқу орындарында оқыған кездерінде немесе үлкен қалаларға барған уақыттарында көреді, ал ауылда *к ү й т а б а қ ш а л а р* арқылы тыңдайды («Соц. Қаз.»).

КҮЙТЕҢДЕТ= е т. с ө й л. *Ойын жасыру, бүкпелеу.* Түйген ойым: «Көңілдегісін *к ү й т е ң д е т п е й* бетке айтатын адам болды ғой бұл кісі» (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

КҮЙТЕҢДЕТУ *Күйтеңдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Кібіртіктеп, *к ү й т е ң д е т у.*

КҮЙТ-КҮЙТТЕ= е т. *Біреуді біреуге қарсы қою, айдап салу.* – Былтырғы бір жиналыста Омар екеуміз шекісіп қалып, соның кегін алғысы кеп Көрпебайды *к ү й т-к ү й т т е п,* онымен қоймай елдегі жеті бұзықтың біреуін қасына тағы ертіп алған, – дейді Нұрмағамбет (А.Нұрманов, Құлан.).

КҮЙТКІ з а т. с ө й л. ***Күйт***. – Көңіл *к ү й т к і с і* көміліп қалған ба, сірә? Сенде не жазық

бар? – деді қарт кемпіріне (О.Тәжиева, Қара қолғап).

КҮЙТОЙНАҚ з а т. *Дуадақ, жек, қырғауыл, құр т.с.с. құстардың қоразы мен мекиендерінің жұптасар алдындағы ойнағы. К ү й т о й н а қ* кезінде жектің еркегі мекиеннің қасында есі кеткенше билейді, кейде айдалада өсіп тұрған бір-екі түп құрайды айналып жүгіреді, дауыс шығарып, ғашығын биге шақырады («Жас Алаш»).

КҮЙТСІЗ с ы н. *Жайсыз, жағдайсыз.* Тілім сенде айып бар, *К ү й т с і з* күні күйледің. Аяғым сенде айып бар, ілгері жүр деп сүйредің (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

КҮЙТТӘЙ с ы н. ж е р г. **1.** *Кішкентай, титтей, құрттай.* Бәрібір, *к ү й т т ә й* трактор жібергеніңізбен тележканы балқаштан шығара алмайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **2.** *Аз-маз, сәл ғана.* Мына қамысты, қалқам, *к ү й т т ә й* ұстап тұршы (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮЙТТЕ[1]= е т. **1.** *Күйі келу, күйлеу.* Саулықтар өз бетімен де қолдан қаша береді. Жайлауда жүргенде, қошқар *к ү й т т е г е н* саулықтарды ғана қашырады (Жазық жерде.). **2.** а у ы с. *Қамын ойлап әрекет ету.* Қасымбек сырт қараған адамға ел басқарудан қалып, тек өзінің шаруасын *к ү й т т е г е н,* қой аузынан шөп алмайтын момын көрінеді (З.Ақышев, Ақбел.). Әр ақын өз тұсының мұрат-мақсатын, мұң-мұқтажын *к ү й т т е с е* де, адамзат тіршілігінің тозбас, тұрақты фәлсафасын сөз еткен жоқ. (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). **3.** а у ы с. *Аялап күту, қадірлеу.* Ол Ожарбайдың қисық-қыңыр мінезін де теріс демейді, өз қатары, үзеңгі жолдастары пенсияға шығып денсаулық *к ү й т т е г е н д е,* олардың тіліне азбай, қара күректі қолдан тастамай жүргені де сол бірбеткей мінезінен (Ф.Оразаев, Басты.).

КҮЙТТЕ[2]= е т. *Музыкалық аспапты күйге келтіру.* Ойын қызу жүріп жатқан кезде, сахнаға шыққан Оразжан көрермендерге инабат жасап сәл иілді де, кішкене домбырасын *к ү й т т е й* бастады («Лен. жас»). Домбыраны оң жамбасыма дөп келердей *к ү й т т е п* алып әлдебір тосын күйді шерте жөнелдім (С.Сматаев, Армысың).

КҮЙТТЕЛ= е т. *Күйге келтірілу.* Тартылып жағалауда шырқаған ән *К ү й т т е л г е н* құстардың күй сырнайы. Күн нұрын қарсы алуға қамданғандай Табиғат көк торғын мен киген шайы (С.Мәуленов, Магниттау).

КҮЙТТЕН= е т. *Күйі келу, жарау.* Губернатордың түсі жазғытұрғы *к ү й т т е н і п* шабынған бура тәрізді. Түсі суық. Өте қаһарлы (С.Сейфуллин, Тар жол.). *К ү й т т е н і п* жарап, Қырымға қарап, Еш аңға қыран тоймайды. «Мұратқа жетсем, Теп-тегіс етсем, – Көңілім тілеп қоймайды» (С.Сейфуллин, Шығ.).

КҮЙТТЕС= е т. *Қаракеттесу, қамдасу.* Ұлы айқай түсеміз деп ұлы шаңға, *К ү й т т е с і п* ат сайыстар атын баптап, Аулаққа шығып кетті жатпай маңға (Батырлар жыры).

КҮЙТТЕУ *Күйтте етістігінің қимыл атауы; жанын күту, жағдайын, қамын ойлау.* Биікбек мінезге осыншалықты шабан бола тұра іске соншалықты шапшаң. Онда бой күтіп, жан *к ү й т т е у* деген әдет жоқ (С.Досанов, Қыран.). Сәнді үйге салтанатты қарамапты, Жасынан жан *к ү й т т е у д і* қаламапты. Жататын жаздай істеп, қыста тыныш, Жұмысқа жеңіл-желпі жоламапты (Пернедегі терме).

КҮЙТІҢ с ы н. *Күйбең.* Күн-күн сайынғы бір сарынды сарылған қимылдардың, күн-күн сайынғы *к ү й т і ң* тіршіліктің күйсіз күйбеңі апырау анамды неге жалықтырмайды деп таңданатынмын мен (Ә. Асқаров, Құт мекен).

КҮЙШІ з а т. **1.** *Күй авторы; домбыра, қобыз бен сыбызғыда күй орындаушы-музыкант. К ү й ш і н і* домбырашы, қобызшы, сыбызғышы деп те атай береді (ҚҰЭ). «Ой, қасқа! Құрманғазы қайда, мен қайда? Ол – *к ү й ш і,* ал мен – домбырашымын!» – дедім («Жас Алаш»). Нардың... мүсәпір бейнесі, әсіресе, телміре қараған жасқа толы үлкен мөлдір көзі екі *к ү й ш і г е* қатты әсер етті (Т.Ахтанов, Боран). **2.** а у ы с. *Шығармашылық өнердің майталманы, шебері.* Соғыстан бұрын да лирикалық өлеңдерімен көзге түсіп жүрген Әбу ақын «Балатон жырлары» циклінде шын мәнісінде жетіле, шеберлігін арттыра түскенін, сырлы сезім шектерінің *к ү й ш і с і* екенін көрсетті (С.Мәуленов, Үркер.).

КҮЙШІДЕЙ с ы н. *Күйші тәрізді, күйші сияқты.* Бұл әйел маған керемет *к ү й ш і д е й* болып танылып, тыңдаушыларын күйінің күшімен ұйытып, шалқытатындай тағы да лыпып сөйлей кеп жөнеледі (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Сабындап мал желінін жуып таза, Құрғата сүртіп жұмсақ орамалға. *К ү й ш і д е й* перне қуған ақ саусақтар Анардан көз ілеспей көшті анарға (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.).

КҮЙШІЛ[1] с ы н. **1.** *Күйге құмар, күйге жаны тебірентіш.* Тиянковский *к ү й ш і л* жанды поляк, өлерінде де күймен өліпті (С.Сейфуллин, Тар жол.). **2.** *Үні тамаша, сазды.* Ораз да жуан ортада, Қолында *к ү й ш і л* сырнайы, құлаштап ділмар тартады, Татарша әсем жырлайды (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

КҮЙШІЛ[2] с ы н. *Ерекше күтім іздейтін, бапшыл.* Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан? *К ү й ш і л* деп бабын білмей кінә таққан, Құл

табан, кексіл тұмсық Бөстекбайым, Кісіге бос берермін бір мін тапқан (Абай, Тол. жин.).

Күйшіл бүркіт. ж е р г. *Бүркіттің күй таңдайтын түрі* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮЙШІЛІК з а т. *Күйге жаны тебіренгіштік, күйге сезімталдық.* Абайдың әндерінде де біралуан сыршылдық, сезімшіл *к ү й ш і л і к* айқын тұрады (М.Әуезов, Әр жыл.). *//Күй тарту.* Академик Ахмет Жұбанов Тәттімбеттің *к ү й ш і л і к* өнерін зерттеп, оны танытуда айтарлықтай еңбек сіңіріп, ол жайында еңбек жазды («Қаз. әдеб.»).

КҮЙІК[1] з а т. **1.** *Орт шалған, өртенген жер.* Жұмағұлдың адам болуы екіталай болғасын, Абақаң оны Баян лазаретіне жөнелтіпті. Жапаштың қора-қопсысының қара *к ү й і к* орны ғана қалды (Д.Әбілев, Арман.). Ғали ақын жау ісін қара *к ү й і к* қала мен қанды қолдың жолақ-жолақ ізінен таныса, Қалижан Освенцим лагерін көргендегі кекті ашуды өлеңмен сыртқа шығарады (С.Қирабаев, Октябрь.). **2.** б и о л. <лат.combustio> *Жоғары температураның, химиялық заттардың, электр тогы мен радиоактивті т.б. сәуленің әсерінен ағза тінінің зақымдануы.* Марганец ерітіндісі – *к ү й і к т і* емдеуге таптырмайтын өте күшті дәрі (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Үсік пе *к ү й і к т і* қаз майымен сылайтынды да білетінбіз (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.). Қайырбектің көйлегі жалба-жұлба қарақұрым күлге айналған; мойын, иықта күйген алақандай-алақандай қап-қара *к ү й і к;* балтыр, тізеде сау жер қалмаған, өзінде ес жоқ, сұлық жатыр (З.Шашкин, Сенім). **3.** а у ы с. *Қайғы-қасірет, күйініш.* Ана байғұс бала *к ү й і г і н е* төзе алмай төсек тартып жатып алды, қан құсып, күзгі жапырақтай семіп қалды (С.Омаров, Дала қызы). Әйтсе де ұзақ жылғы *к ү й і к т і ң* жан күйдірген зардабы әлі өше қоймаған екен, ұзақ жылдар бойы маған көз қырын салмай келген Ақбаянның кенет былай сөйлеуі маған бір жалған сезімді аңғартқан секілді (І.Есенберлин, Алтын құс). Жалғыз-ақ Тәшкен аллеясына жақындай бергенде, кемпір аздап есін жия бастап, көк қойдың *к ү й і г і н* енді сезе бастады. – Соғымға деген жалғыз қойымыз еді (М.Әуезов, Шығ.).

Көзге күйік. б е й н. *Қызғаныш, қызғаншақтық, әсіре қызығушылық.* Бұл себеп әр адам өзінің балалық күніне көз салса, бар қазақтың баласының анасынан болатын тағлымы мына түрде болады: Әуелі, ана – балаға байлық, барлықтың өзінде болғандағы бағасы, дәмі қандай, өзгеде болғандағы *к ө з г е к ү й і к т і ң* пайдасыздығы қандайын үйретеді (М.Әуезов, Шығ.).

Көзге күйік болды. *Қайғы-қасірет, уайым болды.* Айбарша мен Дәулеттің құрылыс басында жұптарын жазбауы *к ө з і н е к ү й і к б о л а* беретін Самарқан оған қуанған (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Күйік тартты. *Қайғырды, қасіретін шекті. К ү й і к т і* қатты *т а р т ы п* жүрген басым, Жазым болса күйермін онан бетер (Қыз Жібек). Есіркегіш екенсің, – деді шілік. – Онша сорлы емеспін, *т а р т п а к ү й і к*! Сынбаймын, майыссам да, солқылдаймын, Желден маған келмейді еш кемшілік (Абай, Тол. жин.). Қапыда қан жоса болды. Қамшы тиген арқасы да дуылдап ашып барады. Күйініп *к ү й і к т а р т ы п*, күңіреніп барады (Қ.Құттыбаев, Шығ.). Еске мені алмадың, Соңымнан іздеп бармадың. Досыма бар деп айтпадың, Мен үшін *к ү й і к т а р т п а д ы ң* (Ғашық-наме).

Күйік татыды. *Күйік дәмі шықты.* Мен қазір өзіміздің батальонның *к ү й і к т а т ы ғ а н* ботқасын да жеуге құштармын. Тап қазір бәрі де таңсық, бәрі де қымбат (Т.Бердияров, Солдат.).

Күйік үстіне күйік [күйік-жалқын]салды. *Қайғыға қайғы жамады, уайымын күшейтті.* Бір күні Қамар өзіне-өзі қайрат беріп, «Қой, бүйтіп *к ү й і к ү с т і н е к ү й і к - ж а л қ ы н с а л м а й ы н,* өзімдікі, қабірге бірге түсетін күйік қой, енді тағы Ахметті күйдіріп, кәрі әке-шешесінің обалына қалмайын. Бірдеңеміз елге сезіліп қалса, Ахмет байғұстың талқанын шығарады ғой, сонда олардың көз жасы, қарғысы менің мойныма болмағанда кімге болады?» – деп ойлады (С.Торайғыров, Шығ.).

Тірі күйік болды. *Тірідей қайғы-қасірет шектірді, уайым болды.* Оның бұған дейін ізі-қайым жоғалғаны *т і р і к ү й і к б о л м а й ы н* дегені шығар. Бұл да ақылдылық, адамшылық емес пе? Өзі батқан су түбіне мені ала кеткісі келмегені ғой (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Тірі күйік тартқызды [тарттырды]. *Азапқа батырды, қасірет шектірді.* Менің, сәулем, сұрауым – Сенің дәурен сүруің. Кандай күні кездесті, Жасамағыр Ауғанбай *Т а р т қ ы з д ы-ау т і р і к ү й і г і н* (О.Шипин, Екі дастан.). *Т а р т т ы р ғ а н* жасқа жетпей *к ү й і г і ң д і,* Бар еді не жазғаным бұл Құдайға? (Қ.Тоғұзақов, Сібір Омар.).

КҮЙІК= е т. **1.** *Ысып кету, қызу.* Аспанда күн *к ү й і г і п,* күйді қатты, Өкіріп жел мен жер де жылап жатты. Ереймен бұлақтары көлге жылап, Серіге көл күрсініп көңіл айтты (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** а у ы с. *Ашу шақыру, ызаланып, күйіну.* Қарабай әуел бастан *к ү й і г і п т і,* Ақ бұрышын, көк бұрышымен мойығыпты. Салқа жортып келген ер Қозыкем, Тағы да бір кемпірге жолығыпты (Қозы Көрпеш.).

КҮЙІКБАС з а т. з о о л. *Дәнді дақылдарды зақымдайтын ұсақ жәндік, күйе.* Астық дақылдарына тараған *к ү й і к б а с,* дат саңырауқұлақтары бар (Т.Таубаев, Жасыл әлем.).

КҮЙІКСАРЫ з а т. с а я т. *Бүркіттің нашар тұқымдарының бірі.* Ал қарға түсті қара, сукөз, мұзкөз, *к ү й і к с а р ы* , сабалақ – бұлар жасық тұқым. (Ж. Балшенов, Білмейді құс қадірін.)

КҮЙІКТЕН= е т. *Жалын шалып, қошқылдана күю.* Бұрылып Байғазыға қарасаң, қас-кірпіктерін жалын шалыпты. Тіпті мұрты да *к ү й і к т е н і п* селтеңдейді (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Көктен тамшы тамбаған жылы жер беті өрт шалғандай қара *к ү й і к т е н і п,* қатпарланып жатады («Соц. Қаз.»).

КҮЙІКТІ с ы н. *Қайғылы, шерлі, мұңды.* Кемпір Жұмағұлдың ниеттерін естіген соң, бірекі күннің ішінде *к ү й і к т і* ойдың салмағынан езіліп, бөлекше ауруға ұрынды (М.Әуезов, Қараш.). Жастайынан жесір қалып, тұрмыс тауқыметін көп тартқан *к ү й і к т* і адамның мінезі де құбылмалы (О.Сәрсенбаев, Сағым).

Күйікті етті. *Қатты қызықтырып, қызғандырды.* Алмауыт саны бір жүз алты ерлі Зүһаққа тарту қылып Кіршаш берді. Жүз шоры жүздері Айдай және берді, Кететін *к ү й і к т і е т і п* көргендерді (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

КҮЙІКШІЛ с ы н. *Уайымшыл, қайғышыл, қамыққыш.* Әдетте, өз өмірін баласыз, оңаша өткізген кәрі әйел *к ү й і к ш і л,* мұңдар болмақ (К.Тоқаев, Тасқын).

КҮЙІН= е т. **1.** *Әділетсіз іске, жауыздыққа т.б. қарсылықпен ашу-ызаға булығу, кею, ренжу.* Хасен Ольганың сөзін бөліп: «Бұл қанды уақиғаға әбден қанықпын, айтпай-ақ қой, – деді күрсініп, – сенің мақалаңды да оқыған: *к ү й і н е* отырып шын жүректен жазған екенсің, сондай күшті шығыпты» (І.Есенберлин, Қатерлі.). – Оспан-ау, – деді Гүлжан, *к ү й і н г е н і* болса керек, өмірі атамайтын байының атын атап, – ойласаңшы? (А.Хангелдин, Қараторғай). **2.** *Қынжылу, қиналу.* Өлімін оның естігендер, Бар дос-жаран *к ү й і н е р.* Троицкіде мүддаристер, Айырылдық-ау, дариға-ай (Ақмолла, Күндер.). **3.** *Іші күю, қатты қызығу, қызғану.* Ағайын сағынады алыс болса, Болады жат та жақын таныс болса, Досың түгіл, дұшпаның *к ү й і н е д і,* Байыпта тәңірім берген тәжің болса (Ақмолла, К ү н д е р.).

КҮЙІНДІ з а т. *Күйген, өрт шалған жер.* Жау жүректер, *к ү й і н д і л е р* , жастар, бір кісілік әлі бар даңғойлар, өжеттер, ұр да жықтар, ұрылар «соғысамыз» деді (Ж. Аймауытов, Қартқожа). «Темір жоса» аталатын тотыққан сульфитті кеннің темірге бай қабатының құрамы жоғарыда айтылған пирит *к ү й і н д і л е р і м е н* бірдей (М.Бақенов, Қазақст. ресурс.).

КҮЙІНДІР= е т. *Қынжылту, қиналту, өкіндіру.* Әке өлімі қатты *к ү й і н д і р д і* Ақжаңылды. Дүние төңкеріліп, бүкіл тірлік біржола күйреп біткендей сезінеді (Д.Әбілев, Арман.). Мұратты әлгінде Садықтан тапқан жеңілісі титықтатып, намысын шоқтай қарып, *к ү й і н д і р і п* отыр (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек.).

КҮЙІНУ *Күйін етістігінің қимыл атауы (адамның өз ісіне немесе өзге адамға көңілі толмай мазасызданууы, бойын қайғы, мұңға алдырып, уайымға салынуы). К ү й і н у* – адамның орынсыз қиянат көргенінде, әділеттілікті дәлелдей алмағанында, адалдыққа келтірілген қысастыққа шарасыздықтан туындайтын сезім (ҚҰЭ).

КҮЙІНУЛІ с ы н. *Ашынулы, ренжулі, ашулы.* Ол күйеуіне *к ү й і н у л і,* «Қатын-баладан командировка қымбат оған! Командировка ақша береді, қатын-бала не береді?!» (Ғ.Қабышев, Мінездеме).

КҮЙІНШЕ үс т. *Сол бойынша, сол қалпынша.* Жамбас та әп-сәтте жоқ болды. Еті ет *к ү й і н ш е,* сүйегі кемік *к ү й і н ш е* жөнелді. Жаңағы еттің бәрі қарнына түскен соң, денесі жеңілдеп кеткендей, ширап қоя берді (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

КҮЙІНІС= е т. *Қайғырысу, қамығысу.* Бұл дүниедегі көңіл ашары, ыстық демі – күй атаулымен соңғы рет *к ү й і н і с е* қауышып, күңіренісе, біржола қоштасқаны болар (С.Нарымбетов, Тентек.).

КҮЙІНІШ з а т. *Қайғы-қасірет, мұң-шер. К ү й і н і ш і* басылмаған мұңды әйелдің жүзіндегі аз жымию суретші үшін, ақын үшін, ең өзекті мәселе (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Сәуленің жүрегінде темірдей қарыған *к ү й і н і ш* бар да, қорқу, үрейлену жоқ еді (Ә.Әбішев, Жас түлек.). Әйелде де қуаныш бар, *к ү й і н і ш* бар; оған да жақын жар, жат бар; оның да туған жерге, өскен елге арнаулы тілегі, сүйініші бар (М.Әуезов, Шығ.).

КҮЙІНІШ-СҮЙІНІШ з а т. *Қайғы мен қуаныш, бейнет пен зейнет.* Мақал-мәтел кейде көңіл күйін, *к ү й і н і ш - с ү й і н і ш,* қуаныш-қайғыдан сыр аңдатады (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Оқушы жұртшылықтың сезімдеріне ең үлкен әсер ететін нәрсе – адамның басында болатын *к ү й і н і ш - с ү й і н і ш т е р д і* суреттеу (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.).

КҮЙІНІШСІЗ с ы н. *Ренішсіз, ашу-ызасыз, қынжылыссыз.* Кейбір шығармаларда ақын көрген-сезгендерін кексіз сөйлеп, *к ү й і н і ш с і з* айтады, әрбір заттың өз орнындағы келістіктерін, адам мен жаратылыстың жай-

дары, жарықшақсыз кездерін жырлап кетеді (Ә.Тәжібаев, Өмір.).

КҮЙІНІШТІ с ы н. *Қайғылы, қасіретті.* Көңілінде тағы да Абай сөздері. *К ү й і н і ш т і* арманға толған ақын өлеңдері есінен шығар емес, бұның да өкініші, арманы бола бастаған (І.Есенберлин, Қатерлі.). Бүркіт те қазір осы жан серігіне үнін қосып, іштегі уайымын сыртқа шығармақ. Енді ол «Елім-айды» тастап, бөтен әнге көшті. Ән *к ү й і н і ш т і,* зарлы (І.Есенберлин, Қатерлі.).

КҮЙІҢКІРЕ= е т. *Азырақ күйіп кету.* Затон маңындағы жайпақ жағаның қиыршық құмы оты қатты боп *к ү й і ң к і р е п* піскен ұсақ ірімшік сияқты, күреңітіп жатыр (З.Ақышев, Ақбел.). Біз *к ү й і ң к і р е п* піскен дөңгелек ыстық нанды алып жатып, оған: «Құдайыңыз қабыл болсын» – деп бата береміз (Т.Әбдіков, Күз.).

КҮЙІП-ЖАН= е т. **1.** *Әбден жанып кету, күл болу.* Барлығын үйге сала қойды өртті, Қалмастан *к ү й і п-ж а н ы п* күл боп кетті. Күлдерін көлбағына салып алып, Үрледі оқып әпсун үшті-төртті (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** *Денесі қызып, ыстығы көтерілу.* Аузымның дәмі қашып, тамаққа көңілім соқпай, етім *к ү й і п-ж а н ы п* қатты ауырдым (С.Бегалин, Уақыт.). Ол қызуы көтеріліп, денесі жалынға оранғандай *к ү й і п-ж а н ы п,* бір-екі түнді кірпік ілместен ұйқысыз өткізді (З.Қабдолов, Өмір.). Өйткені бала емізбеген соң, емшегін сүт кернеп, жарылып кете жаздап, тастай боп тырсылдап, денесі *к ү й і п-ж а н ы п,* көп бейнет тартты. Көркембай көпті көрген әккі байғұс қой, суық суға орамалын малып тарта берді. Содан барып сүті қайтып тәуір болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Ынтызары ауып, құштар болу.* Ғашықтық келсе жеңер бойыңды алып, Жүдетер безгек ауру сықылданып. Тұла бойды тоңғызар үміт үзсе, Дәмеленсе, өртенер *к ү й і п-ж а н ы п* (Абай, Тол. жин.). Сезіммен ыстық, тәтті *к ү й і п-ж а н ы п,* Бақшаға келді тұрған гүлге оранып. Жайдары жазғы түннің лебін жұтқан Қарсы алды қызғалдақтар шешек жарып (Т.Жароков, Таңд. шығ.). **4.** а у ы с. *Күйіп-пісіп ашулану.* Мен ағайыма тартпаппын, тез ысып, тез суимын. Ыза болсам, *к ү й і п-ж а н ы п* дызақтап кетем (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

Күйіп-жанып бара жатқан. *Өте асығыс, шұғыл, қауырт.* – Жолдас подполковник, өзіңіздің *к ү й і п-ж а н ы п б а р а ж а т қ а н* бірдеңе сезбесең, анау-мынауларды маған баяндай берме деген тапсырмаңыз бар. Мен мұны әншейін хат шығар деп ойладым, – деді қарамағындағы адам (Б.Тоқтаров, Тауда.). – Әй, *к ү й і п-ж а н ы п б а р а ж а т қ а н* ештеңе жоқ. Бір қабырғаны саған қалдырдық. Мектептің етегін түгел жосамен майлап шығасың. Біз енді үйге кетеміз, – деді келіншек (С.Жүнісов, Өшп. іздер.).

КҮЙІП-ЖАНУ *Күйіп-жан етістігінің қимыл атауы; ынтызары ауып, құштар болу.* Бұл не, махаббат па? Махаббат болса, Ақбаянға ғашық болғанымдай *к ү й і п-ж а н у ы м* керек қой (І.Есенберлин, Алтын құс). Талай қызық оқиғалар болып еді-ау. Әсіресе, сол бір кездегі алғаш рет *к ү й і п-ж а н у ы м* есімнен кетпейді (А.Жақсыбаев, Бозарал).

КҮЙІП-ПІС= е т. *Қапа болып күйгелектену, берекесі кетіп ренжу.* Әкемнің бойы ортадан төмен, иықты. Өзі құсатып сөлбіретіп қияқ мұрт қояды. Уайымсыз адам, *к ү й і п-п і с к е н д і* білмейді, жайбарақат (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Туған жердің қадірін әлеумет ісіне басын байлап жегілген, қағаз кемірген, *к ү й і п-п і с і п,* көбелек боп, еңбегінің жемісін көрсем-ау деп телмірген, тар көше мен тар үйде бойы бір сергіп көрмеген азамат білмей, кім білсін? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Анда-санда ауылда сиырын ауқаулаған қатындар дауысы, *к ү й і п-п і с і п* сөйлеген бала сөздері, әмірмен ақырып жұмсап тұрған шешелер дауысы да танылады (М.Әуезов, Шығ.).

КҮЙІП-ПІСУ *Күйіп-піс етістігінің қимыл атауы.* Міне, қазір де Құлахметке бір түрлі сүйсіне, ет бауыры елжіреп кетіп, өзін қиял биледі. Басқа жұрттың қамын ойлап, жаманына жаны пида боп *к ү й і п-п і с у* де бұған қызық (А.Байтанаев, Асан.).

КҮЙІРКЕ з а т. ж е р г. *Сырластық, мұңдастық.* Жұмсақ үн қатқыл тартқан, жылы жүз суық тартқан, әңгіме сарыны *к ү й і р к е д е н* гөрі әмір-бұйрыққа бейімдеу («Соц. Қаз.»). – Астронавтың сөзі тізгінші роботтың аузынан шыққандай: төсті балғамен соққан сияқты тақ-тақ етеді. Оның үстіне *к ү й і р к е г е* келетін адамның даусы емес, өктем шығады (А.Мархабаев, Ғарышта.).

КҮЙІРКЕЛЕС= е т. *Шүйіркелесіп әңгімелесу, сырласу.* Осы өңір талай-талай шаттықтың да, қайғының да, *к ү й і р к е л е с к е н* татулықтың да, кескілескен қырғынның да айғағы болған (Ж.Арыстанов, Жалын.). Біз де өзімізше бас қосып, *к ү й і р к е л е с і п* отырдық (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі). Біз келсек Барақ пен Шақат *к ү й і р к е л е с і п* отыр екен («Қаз. әдеб.»)

КҮЙІРКЕЛЕСУ *Күйіркелес етістігінің қимыл атауы; сырласа сөйлесу, шүйіркелесу.* Келгелі бері *к ү й і р к е л е с у м е н* болды (Ауыз-екі).

КҮЙІС[1]= е т. *Бірге күю, бірге ренжісу, кейісу.* Талаймен мен де жауластым, Талаймен дос боп

сүйістім. Талаймен көңіл ауластым, Талаймен бірге *күйістім* (С.Сейфуллин, Өлең.).

КҮЙІС[2] з а т. **1.** *Жылқыдан басқа малдың жеген шөбін шығарып, қайталап шайнауы.* Атан түйе *күйісін* тоқтатып, наразы дыбыс береді. Жауыр жамбасына су шашылғанда баж ете қалады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Қой *күйісінен* айырылса, шөпті қойдың аузын ашып, оң жақ аузының астына салып байқау керек (Б. Қанарбаева, Қаз. наным-сенім.). **2.** а у ы с. *Мән-жай, жағдай.* Елдің *күйісін* білмеген ханнан, жердің иісін білетін мал ақылды (С.Қасиманов, Сиқырлы.).

Күйіс қайыратындар. з о о л. <лат. ruminantia> *Ұзын сирақты, төрт, өте сирек екі саусақты тұяғы бар сүтқоректілер, жұптұяқтылар отрядының тармағы. Күйіс қайыратындардың* жоғары күрек тістері жоқ (оның орнына қатты сүйелді қызыл иек пайда болған). (Қаз. тілі термин. Биология). *Күйіс қайыратындардың* төрт түрі (қарақұйрық, тоғай бұғысы, үстірт арқары, арқар) және арқарлардың барлық түршелері Қазақстанның «Қызыл кітабына» тіркелген (Қаз. тілі термин. Биология).

Күйіс қайырғыш. *Күйіс қайыратын (жылқыдан басқа мал).* Алпамсадай алып сыртқы пошымына қарап, дүние өртеніп кетсе де, елең етіп ескеріп санаққа да, санатқа да парықтамайтын төрт аяқты *күйіс қайырғыш* түлікті ғана елестете алар едің көз алдыңа (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Күйіс қайырды. *Жылқыдан басқа малдың жегенін қайтадан шайнап бойына сіңіруі туралы.* Түс кезінде ай мүйізді ақ ешкі бастап барып бұлақтан су ішіп, жар қабақтың көлеңкесінде жатып тынығып, *күйіс қайырады* (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Белінен жүгі түскен түйелер пысқырып қойып, бейжай *күйіс қайырып* жатыр (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Қанат қотанда пыс-пыс *күйіс қайырып,* ұйлығысып жатқан сиыр, қой-ешкі ара-арасымен ауыл шетіне шықты (Н.Серәлиев, Ыстық күлше). Жаңыл енді *күйіс қайырған* түйедей өткен бақытын көз алдына қайта елестетіп өмір сүрді (Т.Ахтанов, Шығ.).

Күйіс қайырмайтындар. з о о л. *Жұптұяқтылар отрядының тармағы, терісі қалың, аяқтары қысқа сүтқоректілер. Күйіс қайырмайтындардың* жыртқыш тістері үлкен, үнемі өседі, азу тістерінің үсті кедірлібұдырлы (Қаз. тілі термин. Биология). *Күйіс қайырмайтындар* Еуразия, Африка, Оңтүстік және Орталық Америкада кең тараған (Қаз. тілі термин. Биология).

Күйіс қайыру. з о о л. *Күйіс қайыратын малдарға (мүйізді ірі қара, қой, ешкі, түйе т.б. жұптұяқтылар) тән физиологиялық, күрделі рефлекторлық процесс. Күйіс қайыру* белгілі бір ретпен, малдың азықтануы аралығында өтеді (ҚСЭ). *Күйіс қайыру* мерзімі келгенде, малдың қабырғалары көтеріліп, көк ет жиырылады да, мес қарын жұмыршақты қысады (ҚҰЭ).

Күйіс малы. *Жылқыдан басқа, күйіс қайыратын мал. Күйіс малы* қара мал деп аталса, қыста қорада бағылмай, далада жайылатын жылқы баласы ақ мал делінген («Қаз. әдеб.»).

Күйіс таппады. *Тыным таппады, тыныштық көрмеді.* Өзім дұрыс деп ойыма алғанымды айтпасам, өз арымның алдында бір қылмыс істегендей жаным *күйіс таппайтын* әдетім бар-ды (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

Күйістен жаңылу. в е т. *Күйіс қайыратын малдардың жұмыршақ, жалбыршақ және таз қарындарының бұлшық еттері жиырылуы әлсіреуінен болатын ауру.* Бұл, көбіне сиырда, сиректеу түйе мен қойда байқалады. *Күйістен жаңылу* жом, күнжара, қырман қалдықтарын көп бергеннен болады, базданған дән, бұзылған сүрлем, үсіген шырынды азықтарды малға беру де осы ауруға ұшыратады (ҚҰЭ).

Күйісінен жаңылысты [жаңылды]. *Қателесті, бұрынғы әдетінен айырылып қалды.* Дүниеде адам қапыл өзіне риза, Деп айтып: «Қатам жоқ-ау бір ісімнен!» Бармаймыз қиянатқа, баспаймыз деп, Тағы да *жаңылысадыау күйісінен* (Шәді Жаңгіруұлы// Екі мыңжылдық.). Бойларын діріл билеп, ойларын қорқыныш үрей шырмайды. Енді қайтпек, қайда қашып құтылады. Дала күндегі *күйісінен жаңылғандай.* Қызығынан қалған жұрт дел-сал (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

КҮЙІСТЕ= е т. *Күйіс қайыру, жем-шөбін бойына сіңіру.* Қой жусап, тыныштықпен *күйістеген,* Тау самал ессе, дүние гүл иіскеген. Сыңқылдап шерткен күйдей түнгі бұлақ Ағады арманымдай түйіспеген (Еңбек күйі).

КҮЙІСТІ с ы н. *Ыңғайлы, жайлы, қолайлы.* Отарды оңынан қайырдым да жатқыздым. Мұны біздің шопандар тілінде *күйісті* кезең деп атайды (Қ.Әжікеев, Саят).

КҮЙІСТІК: күйістігін алды. *Мал жеген шөбін күйіс қайырып, бойына сіңірді.* Мәрия иіріліп тұрып қалған малды *күйістігін алсын* деп ымырт жабылғанға дейін жайды (Дала қырандары). Неше күндей шашып берген шөпті қаужап, *күйістігін* ғана *алып* тұрған көп қой қорыққа жетісімен-ақ кенеше қадалды («Лен. жас»).

КҮЙІСТІЛЕР з а т. з о о л. ***Күйіс қайыратындар***. *К ү й і с т і л е р д і ң* үлкен қарынында микробиологиялық ферменттеу әсерінен өте көп мөлшерде органикалық қышқылдар пайда болады (Н.Рақышев, Күйіс малы).

КҮКІРТ з а т. х и м. <лат. sulfur> *Иіссіз, сарғыш түсті тұтанғыш химиялық зат, элементтер периодтық жүйесінің алтыншы тобындағы химиялық элемент.* Мұнайдың негізгі химиялық құрамы – көміртегі мен сутегі. Олармен қатар мұнай құрамында оттегі, азот және *к ү к і р т* кездеседі (М.Маташев, Қара алтын.). Елімізде Баку мұнайынан өте сапалы май алынады, майда ұшпалы заттар көп, *к ү к і р т* аз (СССР экон. геогр.). *К ү к і р т* металдармен реакцияласқанда өте көп жылу бөлініп шығады (ҚҰЭ).

Күкірт айналымы. х и м. *Табиғатта күкірттің үздіксіз айналу құбылысы.* Сонымен қатар табиғата *к ү к і р т а й н а л ы м ы н а* көп мөлшерде темір, қорғасын, мырыш т.б. металдардың сульфидтері қатысады (ҚҰЭ).

Күкірт ангидриді. х и м. *Күкірттің оттекпен қосылысы; түссіз, өткір иісті газ.* Қатты күйінде *к ү к і р т а н г и д р и д і* полимер текті болатындықтан, суда нашар еріп, баяу тотықтырады (ҚҰЭ). *К ү к і р т а н г и д р и д і* көптеген органикалық заттарды сульфиделуші ретінде, сусыз азот қышқылын дайындауда қолданылады (ҚҰЭ).

Күкірт бактериялары. б и о л. *Күкірт қосылыстарын белсенді түрде тотықтыратын тион бактериялары. К ү к і р т б а к т е р и я л а р ы* табиғатта күкіртті бұлақтарда, ағыссыз суда, топырақ арасында таралған (ҚҰЭ).

Күкірт кентастары. г е о л. *Құрамынан күкірт ажыратып алынатын минералдық шикізаттар. К ү к і р т к е н т а с т а р ы н а н* бос күкірт, күкірт қышқылы, әртүрлі өндіріс салаларында қолданылатын күкіртті қосылыстар алынады (ҚҰЭ).

Күкірт қосылыстары. х и м. *Күкірт элементі түзетін химиялық қосылыстар. К ү к і р т қ о с ы л ы с т а р ы н д а* -2-ден +6-ға дейін тотығу дәрежелерін көрсетеді (ҚҰЭ).

Күкірт қышқылы. х и м. *Екіегізді күшті қышқыл, май тәрізді, түссіз минералды сұйық зат.* Ақтөбе мен Жамбылда пиритті өртеп өңдеу арқылы *к ү к і р т қ ы ш қ ы л ы* алынады («Халық мұғ.»).

Күкірт рудалары. х и м. *Құрамында сап күкірт, түрлі металдардың күкіртті қосылыстары бар минералдық шикізаттар тобы. К ү к і р т р у д а л а р ы н а н* элемент күйіндегі күкірт, күкірт қышқылы, әртүрлі өндіріс салаларында қолданылатын күкіртті қосылыстар алынады (ҚҰЭ). *К ү к і р т р у д а л а р ы н ы ң* минералдарында сап күкірт, мыс, полиметалл, колчедан, алтын және сирек металдар рудаларында едәуір мөлшерде кездесетін сульфидтер мен сульфарсенидтер, шөгінді жыныстарда шоғырланатын сульфаттар жатады (ҚҰЭ).

КҮКІРТКӨМІРТЕК з а т. х и м. *Көміртек сульфиді. К ү к і р т к ө м і р т е к,* вискоза, тетрахлоркөміртек өндірісінде және майлар мен шайыр еріткіші ретінде қолданылады (Қаз. тілі термин. Химия).

КҮКІРТОРГАНИКАЛЫҚ: күкірторганикалық қосылыстар. х и м. *Молекуласында C-S байланысы бар органикалық қосылыстар.* Кейбір *к ү к і р т о р г а н и к а л ы қ қ о с ы л ы с т а р* табиғатта L-цистеин және L-метионин түрінде кездеседі (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Химия).

КҮКІРТСУТЕК з а т. х и м. *Жағымсыз иісті (шіріген жұмыртқа иістес), суда аз еритін, түссіз, жанғыш улы газ. К ү к і р т с у т е к* табиғатта жанартау газдарында, кейбір минералды суларда, мұнай газдарында болады және нәруызды заттар шірігенде түзіледі (Қаз. тілі термин. Химия). *К ү к і р т с у т е к т і* алу үшін сульфиттерге сұйытылған минерал қышқылдарын қосып әрекеттестіреді (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Химия).

КҮКІРТСУТЕКТІ с ы н. х и м. *Құрамында күкіртсутегі бар, күкіртсутектен тұратын. К ү к і р т с у т е к т і* су – құрамындағы күкіртсутек (күкірт) мөлшері 10 мг/л-ден кем емес су (ҚСЭ).

КҮКІРТСІЗ с ы н. х и м. *Күкірті жоқ, күкірт қоспасынсыз.* Ембі бассейні мұнайынан коррозияға төзімді қымбат аппаратураны қолданбай-ақ *к ү к і р т с і з* бензин мен жоғары сапалы майлар алуға мүмкіндік туғызды (М.Бакенов, Қазақст. ресурс.).

КҮКІРТСІЗДЕНДІР= е т. х и м. *Балқыған металл құрамынан күкіртті шығару.* Түсті металдарға өте бай аралық өнім алу үшін сульфидті мыс, никель, қорғасын, мырыш және т.б. концентраттарды күйдіру және балқыту арқылы, олардың күкірттерін қос тотық ретінде ұшырып, *к ү к і р т с і з д е н д і р е д і* (Қаз. тілі термин. Кен.).

КҮКІРТСІЗДЕНДІРГІШ з а т. х и м. *Күкіртсіздендіру процесін жүзеге асырушы.* Күкіртсіздендіру үшін тиімді *к ү к і р т с і з д е н д і р г і ш* ретінде магний, сода пайдаланылады (ҚҰЭ).

КҮКІРТСІЗДЕНДІРУ х и м. <лат. de – жоқ, болмау, sulphur – күкірт> *Күкіртсіздендір етістігінің қимыл атауы. К ү к і р т с і з д е н-*

д і р у д і кейде десульфурация деп те атайды. *К ү к і р т с і з д е н д і р у* сол сияқты қышқылда ерімейтін металл сульфидтерін еритін оксидтер қосылыстарына түрлендіріп, одан оларды шаймалап, ерітінділерден бөліп алуға пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Кен.). Сода, алюминий, сабын, жуушы заттар, бояулар алуда, шойынды *к ү к і р т с і з д е н д і р у д е,* сусындар даярлауда кеңінен қолданылады (Қ.Нұрымбетов, Метал. хим.).

КҮКІРТТЕЙ с ы н. х и м. *Күкірт тәрізді тұтанғыш, от алғыш.* Қайың қабықтары *к ү к і р т т е й* тұтанып, лезде-ақ от маздап қоя берді (Ө.Қанахин, Дәмелі).

КҮКІРТТІ с ы н. х и м. *Күкірт қосылған, күкірті бар.* – Ту-у, мынаның иісін-ай, бұл дәрінің аты не еді, шырақ? – деп сұрайды Қырықбай. – *К ү к і р т т і* көміртегі, – деп жауап қатты Күләйша, жұмысын тоқтатпай (К.Баялиев, Жер.). Мысалы, *к ү к і р т т і* мұнай шайынды сулар мен химиялық ерітінділерді тасымалдауға пайдаланылады (Н.Нұрахметов, Синтетика.).

Күкіртті ангидрид. х и м. *Күкіртті газ, күкірттің қостотығы, күкірттің оттекпен қосылысы. К ү к і р т т і а н г и д р и д* қышқылдық тотықтарға тән барлық реакцияларға қатысады (ҚҰЭ). *Күкіртті ангидридті* лабораторияда, өнеркәсіпте оны күкіртті қышқыл тұздарынан не күкірт қышқылын тотықсыздандыру, күкіртті не күкіртті металдарды жағу арқылы алады (ҚҰЭ). *К ү к і р т т і а н г и д р и д* көбіне күкірт қышқылын алуда, сондай-ақ тоңазытқыш, ағартқыш және консервілеуші зат ретінде т.б. қолданылады (ҚҰЭ).

Күкіртті көміртек. х и м. *Күкірттің көміртекпен қосылысы; түссіз, қопарылғыш, тұтанғыш, улы сұйық. К ү к і р т т і к ө м і р т е к т е* өсімдік, мал майы, шайыр, каучук т.б. жақсы ериді (ҚҰЭ). *Күкіртті көміртек* суда нашар ериді, күшті тотықтырғыш. *К ү к і р т т і к ө м і р т е к т і ң* құрамындағы күкіртті көміртекке алмастырып тиофосген, төрт хлорлы көміртек т.б. алуға болады (ҚҰЭ).

Күкіртті қышқыл. х и м. *Екі негізді, әлсіз қышқыл. К ү к і р т т і қ ы ш қ ы л* суда күкіртті ангидридтің еруінен түзіледі, сондықтан ерітіндіден күкіртті газ иісі шығады (ҚҰЭ). *К ү к і р т т і қ ы ш қ ы л* және оның тұздары жүн, жібек т.б. заттарды ағарту үшін қолданылады (ҚҰЭ).

Күкіртті сутек. х и м. *Күкірттің сутекпен қосылысы; сасық иісті түссіз газ. К ү к і р т т і с у т е к* суда жақсы еріп, әлсіз күкіртті сутек қышқылын түзеді (ҚҰЭ). *К ү к і р т т і с у т е к* күкірт қышқылын, күкірт, әртүрлі сульфидтер, тиоқосылыстар алуда т.б. қолданылады (ҚҰЭ).

КҮЛ[1] з а т. **1.** *Отын жанып біткеннен кейінгі пештегі т.б. қалдық.* Жаққан қамыстың бұрқыраған *к ү л і* ауызынан шығып, үйге төселген шөптің үстіне лықсып төгіледі де жатады (Ғ.Мүсіреров, Тулаған толқын.). Жерошақтың *к ү л і н* бұрқыратып, шаңдақ тақырдың шаңын аспанға ала қашқан жел күшейе түсті (Қ.Сәрсекеев, Кілт.). **2.** х и м. *Отындардың толық жануы кезінде олардың құрамындағы минералдық қоспалардан түзілетін жанбайтын қалдық.* Тас көмір мен қоңыр көмірдің 1–45%-ы, жанғыш тақта тастың 50–80%-ы, шым тезектің 2–30%-ы, ағаш отынның 1% мөлшері *к ү л г е* айналады (ҚҰЭ). Кейбір көмір *к ү л д е р і н е н* сирек кездесетін элементтер (галлий, германий) өндіріледі (ҚҰЭ). *К ү л* – өте бағалы тыңайтқыштың бірі (Химия).

Ағаш күлі. м е д. *Отыз пайыз күл, жетпіс пайыз өсімдік майы бар дәрі. А ғ а ш к ү л і* қышыма қотырды емдеу үшін жеті күн бойына жағылып сыланады (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

Бұл [бұл] болмаса, күл болсын. *Не болса, о болсын.* – Менің міндетім осымен біткен шығар. Енді Ердәлінің малы *б ұ л б о л м а с а, к ү л б о л с ы н.* Мен бара алмаймын, – деді Сәлмен бойын аулаққа салып (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Күл болды. а) *Быт-шыты шықты, күл-талқан болды. К ү л б о п* кеткен қара тас, Аспанға ұшқан бөрене, Орны қалған жымжылас (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). ә) *Ештеңесі қалмай бүлінді, істен шықты.* Бір нәрсе заты тастан, іші қуыс, Ұсталар істеуіне құнды жұмыс. Өтпейді балға-пышақ, өткір қылыш Қатерден *к ү л б о л а д ы* қылсаң жұмыс (Айтыс).

Күл болмаса, бұл [бұл] болсын. *Не болса, о болсын, білгенін істесін.* Ол енді төңірегінің бәріне *к ү л б о л м а с а, б ұ л б о л с ы н* деп қарай алмады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Күлге айналды. *Күл-талқан болды, быт-шыты шықты.* Соғыс әлдеқашан басылған, жаудың *к ү л г е а й н а л ғ а н* жерлерінде жаңа қалалар салынды («Қаз. әдеб.»). Үміттен басқа таянышы да, талшығы да жоқ, сонда да ол қажитын емес: «Балам болса, басқа бақыт тілемес едім», – деп жүргенде, әйелі өліп, қара жерден басқа құмары қалмай, күткені *к ү л г е а й н а л д ы* (Ә.Әбішев, Терең тамыр.).

Күлге аунаған [шөккен] түйедей [түйеше]. *Үсті-басы шаң-шаң, ұйпалақ-ұйпалақ. К ү л г е а у н а ғ а н т ү й е ш е,* Бейне қара күйеше, Күресінге жатқандай, «Хәлім мынау көргін! –

деп, Көкелер-ау, өлдім» деп Көрінгенге айтқандай (І.Жансүгіров, Шығ.).

Күлге шөккен түйедей болды. *Омадай боп отырды.* Кемпір үндемеді. Осындайда бала-шағаға сыр алдырмай, сыртын суық ұстап, сазарып отыратын тәкаппар мінезі болушы еді. Қазір де ағаш кереует үстінде *күлге шөккен түйедей боп* бөксе жағын көрпемен қымтап ап, өңін бермей отыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер.).

Күлге шөккен кәрі бура. *Қаруы қайтқан, қуаты тайған адам.* – Е-е, *күлге шөккен кәрі бура* болдық қой (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер.).

Күл күндес. *Бәсекелес, бірін-бірі көре алмайтын көршілестер.* Өздерінің *күл күндесі* Зуқаны оның асау жамбасына алатындығына сүйінді (Б.Құсбегин, Зуқа батыр).

Күл қылды [етті]. а) *Ештеңесін қалдырмай өртеді, жағып жіберді.* – Жүрегімде тұтанған кек ұшқыны өрт боп лаулап, жаудың талай қоймасын *күл етті,* – дейді қарт Петров (М.Иманжанов, Адам.). Сен екі елдің арасын шаңдатып, шамаң жетсе шімірікпестен жайлауын өрт, қонысын *күл ететін* ең, – дейді екінші бір адам (С.Жүнісов, Ақан сері). ә) *Жоқ қылды, жоғалтты.* Әбішті алып *күл қылдық,* Қызылды гүлді жасылдан. Тым болмаса қызмет қып, Өткізбедім қасымнан (Абай, Тол. жин.). – Нұржаным шын жоқ болса, қара жерге мені қағып жіберсеңші, *күл қылып* жіберсеңші, – дейді Зерен (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Күл септі. а) *Аққан қанды тоқтату үшін аққан жеріне күл салды.* Мұрат: тамырын тазыңыздың қиған болар. *Күл сеуіп* аққан қанын тыйған болар, бір шерік іске метар, күкірт, сынап қайнатып, көк дәріні құйған болар (М.Әуезов, Шығ.). ә) э т н. *Соғымға жылқы сойғанда соғым шүйгін болсын деген ырыммен күл себіледі.* Ақпан менен қаңтарда, Соғым шүйгін болсын деп, Ырым етіп *күл сеуіп,* Соямысың кім білсін. (Жамбыл, Шығ.).

Күлмен ұшықтады. э т н. м и ф. *Ауырған жеріне күлді жағып, ауруы күлмен ұшып кетсін деп ем-дом жасады.* Күлмен, е-ей қарағым-ай! Сабыр қыл, сабыр қыл! Бибатимаңа, піріңе сиын! – деп кемпір байқұс күбірлеп, үшкірген боп, *күлмен ұшықтаған* сайын, Бибатима боп, ішін сипап дамыл көрмей жүр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күл топырақ болды. *Талқаны шықты, ештеңесі қалмады.* Төбеңнен түскен зеңбіректің бір добына ұшыраған аттың да, адамның да, арбаның да *күл топырақ болып* кеткенін білмей де қалады, – дейді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Күл тозаңдары. г е о л. *Өте ұсақ жанартау атындылары – жанартау шыныларымен кристалдарының сынықшалары, лава түйіршіктері және т.б. Күл тозаңдары* құрамындағы жанартау шыныларының ұсақ сынықшалары микроскоппен қарағанда, көбінесе байырғы үтірге ұқсап иілген «тозаңдар» жиынтығын құрайды (Қаз. тілі термин. Геология.).

Күл тұту. т е х. *Түтін газдарын ұшпа күлден тазарту процесі. Күл тұту* механикалық жолмен және электрлік аппарат – күл тұтқыштармен іске асырылады (ҚҰЭ).

Күл шығару. т е х. *Бу қазандарының шанақтарын қатты отынның (көмір, шым тезек, жанғыш тақта тас) жануынан бөлінетін күл мен шлактан тазарту.* Электр станцияларында *күл шығарудың* гидро тәсілі жиірек пайдаланылады. (ҚСЭ). Өндірісте қазан оттықтарынан *күл шығару* жұмысы механикалық тәсіл бойынша арнаулы механизмдермен (көтергіштер, транспортерлер) жүзеге асырылады.

Күлі аспанға ұшты. *Күл-талқаны шықты, жоқ болды.* [...] Қорғанысы күшті екендігін сезді де, әлде бірнеше танкілерінің *күлі аспанға ұшып,* жанып кеткендігінен бе, жау бөлімдері кейін шегінуге мәжбүр болды (Ә.Шәріпов, Партизан.). Болысқа айтып, *күлің ді аспанға ұшырамын,* – деп едім, қорыққанынан жылмаңдап атын алып шығып берді, – деді Раушан (Б.Майлин, Таңд. шығ.).

Күлін аспанға ұшырды. *Тас-талқанын шығарды бытшыт қылды, көзін құртты.*

Күлін желге ұшырды. *Күлін көкке ұшырды, қырып-жойды.* Деп Ъуман ағасының алмай тілін, «Олардың *ұшырам,* – деп, – *желге күлін*». Ізінен ерегісіп кейін қайтты, –Ал, маған еріңдер, – деп, – аға-інім (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Күлін көкке шығарды. *Тас-талқанын шығарды, қиратты, жойды.* Болған оқиғаны жорықтан қайтқан ел азаматтары естіп, қандары қызды, қаһарларына мінді, хан аулының, *күлін көкке шығарып,* тал түсте шаппақ болды (І.Есенберлин, Алмас қылыш).

Күлін сабады. *Үйінде отырып қарғап-сіледі, тілдеді.* Бірақ оның отбасында отырып, *күлін сабап,* ашуланғанын кім білер еді (М.Дулатұлы, Шығ.).

Күлің шашылмасын, түндігің ашылмасын [төңірегің жаншылмасын]. қ а р ғ. *Балаң болмасын, малың болмасын деген мағынада.*

Күлі сөнді. *Бәрі де су сепкендей басылды, қызық қалмады, көңілі құлазыды.* Бозбалаға сауық ем, Сауығым кетіп, *күл сөнді*... Алмай ма, Құдай шешеңді! (Ш.Қанайұлы, Өлеңд.).

Күліңді суырармын! *Отыңның басына ойран салармын. Күліңді суырып*, ошағыңа ойран салмасам көр де тұр (Ауызекі).

Құрым іліп, күл шашу. *Жұрт алдында, масқаралау, жазалау.* Келген соң қалың өрттей қаптап ашу, Кездіріп көшелерді *құрым ілі п*, Керегі – қыз бетіне *күлді шашу* (Т. Ізтілеуов, Рүстем.).

Отымен [суымен] кіріп, күлімен шықты. а) *Үй шаруасының барлық азабын, бейнетін тартты, зыр қақты.* Мен сорлы қайсысының үйіне барсам да: «Келіндерім ренжімесе екен», – деп *отымен кіріп, күлімен шығам* (С.Мұратбеков, Жабайы.). Ол не тапты – *отпен кіріп, күлмен шықты.* Зыр қақты, көре алған жоқ тыныштықты. Сан рет әкесіне сыр білдірмей, Көзінің мөлдіретіп жасын сықты (Қ.Тоғызақов, Сібір Омар). ә) *Барлық қиындығын көрді, ауыр жұмысын, қарекетін түгел атқарды.* Тәуелсіздіктің жауапты жылдары білім-ғылымның «*отымен кіріп, күлімен шықтыңыз*». Даму институтын басқардыңыз, бірінші вице-министр болдыңыз... («Жас Алаш»).

Соңынан [артынан] күл шашты. *Жамандық тілеп қарғады.* – Мен сіздің не айтайын деп отырғаныңызды түсінбеймін, учитель. Бұл уалаят басшыларының істеп отырған игі ісін жерлеу ме, әлде хүкімет көшінің *соңынан күл шашып* қалу ма? (Х.Есенжанов, Тар кезең). Әлжан Балқашқа: – Біз осылай боясақ, Балуан Шолақша сотталсақ, қатындарымыз *артымыздан күл шашып* табалар еді, – дейді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

КҮЛ[2] з а т. <лат. dipterion> **1.** м е д. *Балаларда кездесетін өте қауіпті, жұқпалы ауру, дифтерия.* Тыныс мүшелері *күлге* шалдыққанда, мұрыннан қанды ірің ағып, кейде бітеліп қалады. Ал кеңірдек *күлінде* баланың тынысы тарылып, қырылдап тұншыға жаздайды (ҚҰЭ). Аурудан алдын ала сақтану үшін *күлге* қарсы иммунизация жасалады (ҚҰЭ). Асқынған кеңірдек *күлінің* емі жедел операция жасау, оттекпен тыныс алдыру (ҚҰЭ). **2.** в е т. *Малда болатын аурудың түрі, малдың денесіне бөртіп шығатын жара.* Қойға *күл* түсіп, әбігер көбейіп кетті. *Күлмен* ауырған қой жарасының пәті қайтқанша көпке дейін жайылмай жүреді (Қазақ тілі аймақ. сөздігі). *Күл* ауруымен қой, ешкі, мүйізді ірі қара мал, түйе және жылқы да ауырады (Ш.Қалықов, Қой. ауру.).

Күл шыққан кісідей. *Жападан жалғыз, елден бөлек, оңаша, жырақ.* Бағана келе жатқанда байқамадыңыздар ма, теңіз жағасында жалғыз жаппа тұр ғой! – Ол кім өзі, *күл шыққан кісідей* жалғыз үй отырған? – деді Тәңірберген (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

КҮЛ[3]**: қара күл.** э т н. *Өте үлкен, піспегі күмістелген, әшекейлі саба.* Шұбыртпалы Ағыбай асында Қарағанды, Қайрақтыда 16 айғыр терісінен екі мойны бар, үйдің жабығынан шығарып, атпен піскізіп, күмістеген қырғауыл орнатқан піспек-сабаны 12 қанат ақ орда тігіп, «Бошанның *қара күлі*» атандырып, үш жүз баласына дәм таттырған («Жұлдыз»). Құдасы-андасы, тамыры – танысы емес, *қара күлдің* құрметіне батырдың Аманжол деген баласы нар түйе бастатқан тоғыз апарған. Екі өркешінің арасына кілем салып, екіқұлағына: біріне бесік, біріне тайтұяқ, кекіліне қойтұяқ жамбы байлап, алдыңғы өркешіне құндыз іліп, артқы өркешіне орман ішік жауып («Жұлдыз»).

КҮЛ = е т. **1.** *Адамның дауыс шығару немесе езу тартып жымию арқылы көңіл күйінің көтеріңкі болуын, қуануын, шаттануын білдіруі.* – Рахмет. Жағдай жаман емес. Сталинградтағы жеңіс шабуылынан кейін көңілді боп тұрмыз. Бүркіт жан-жағына қарап *күлді* (І.Есенберлин, Қатерлі.). **2.** *Әзіл-сықақ айналдыру, мысқылдап әжуалау.* – Ой, жолың болғырлар, неге *күлесіңдер?* – деді Жақия қарт. – *Күлсең,* көріге күл деген ғой, Жақа, – деді Сәтен (М.Иманжанов, Көк белес). **3.** а у ы с. *Өмірді қамсыз-қаракетсіз, бақытта, шаттықта, сауықта өткізу.* Ішелік те, киелік, Мінелік те, түселік. Ойналық та, *күлелік.* Ойласаңдар, жігіттер Мынау жалған дүние Кімдерден кейін қалмаған (Махамбет, Өлеңд.). Жолдастың бәрі бірдей бірге жүрсең, Былайша өте жақсы ойнап, *күлсең.* Басыңа қиын жағдай болған кезде, Қарамас жаман жолдас өлсем десең (Ж.Жамхаев, Өлеңмен өрілген.). **4.** а у ы с. *Сәуле шашып жарқырау, жарық түсу.* Жарқырап баурайында жұлдыз *күліп,* Дірілдеп зеңгір көкте ұшты сүйіп. Нұры мен шұғыласы шомылдырған Алтын күн, мөлдір аспан оны сүйіп (Т.Жароков, Таңд. шығ.).

Ақсия күлді. *Тістерін түгел көрсетіп, аузын кең ашып күлді.* Кейбіреулер жымияды, тағы бір тұстар томсарады, өзге совхоздан келген сөйлеуік Шақабаев Әзімхан сияқты өзі шешен, өзі озат шопандар шешеннің жүзіне ажырая қарап, *ақсия күліп*, қадалып отыр (М.Әуезов, Шығ.).

Жағына күлді. *Өтірік жағымпазданып, күлген дыбыс шығарды.* – Кешіріңіз, ол тіпті жуас, мен неден қорқатынымды айтайын, мына Сергей Петровичпен преферанс ойнаудан қорқам; кеше Беленицина үйінде бұл кісі мені тұттай тонады. Гедеоновский шықылдап,

жағына күлді Петербургтың көрікті чиновнигі, губернатордың сүйіктісі болған жас жігітке ол жорғалап тұратын (М.Әуезов, Шығ.).

Жаны күлді. *Мәз болды, қуанды.* Күн асса үзілдіріп, сарылдырып, Арманы алыстағы сағындырып. Күн ана аяғы ауыр, күні таяу, Бақытын күтті асыға, *жаны күліп* (М.Әлімбаев, Лирика.).

Көзі күлді. *Жымыңдап күлімдеді.* Қаматайдың ақ жүзі бал-бұл жанып, еті жұқа әдемі ат жағында, оймақ еріндерінің құйылысында нұр ұялап, *көздері күліп* отыр екен (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек.). Оһо! – деді ол бұларды көріп таңданып: – Қашып жүрсең де қуып жеттік қой! – деді Раушанның өзі күлмесе де, *көзі күліп* (З.Шашкин, Сенім).

Күле кіріп, күңірене шықты. *Өтірік көлгірсіді, екіжүзділік көрсетті, өтірік күлді. «Күле кіріп, күңірене шыққаннан* без», көзіне күліп тұрып, артынан топырақ шашатындардың жымысқылығын танымаған кісі орға құлайды екен (Қ.Толыбаев, Қайдасың.). Бұл өлең – *күле кіріп, күңірене шығатын,* өтірік сөйлеп, көлгірситін көңілі тар, іші қызғаншақ, екіжүзді сұрқияларды қанжардай сілтеп тұрған өткір өлең («Қаз. әдеб.»).

Күндей күлді. *Жайраңдады, көңілденді.* Еңбекшілер мейрамы – жержүзілік Май күнін қарсы аламыз *күндей күліп.* Көреді жеңістерін Отанымның, Жыл сайын гүл жамылған Майым келіп (К.Әзірбаев, Өлеңд.). Қоса шыңдап құрыштай қуат-күшін Қайғымұңсыз жасауға *күндей күліп* (З.Қалауова, Таңд. шығ.).

Күле қарады. а) *Езу тартты, жымиды.* Мұғалима Алуаш, *Күле қарап* қарсы алды. Бала деген балбұлақ, Бала көңіл кәусарлы (О.Шипин, Өмір өрнегі). Долговтың жүзіне Абай шын сеніскен аға-інідей бауырлық жүзбен *күле қарады* (М.Әуезов, Ақын аға). ә) *Мазақ етті, мысқылдады.* Заман кімге *күле қарап* жүр: Мыңды айдаған байды, үріп ішкен мырзаны, керіле басқан кербез сұлуларды табанына салып илеп, жүн қылып, ішер ас, киер киімге зар қылып жүр (Б.Майлин, Таңд. шығ.).

Миығынан [мұртынан] күлді. а) *Езу тартып, жымиып күлімсіреді.* Айнабек ақсақалдың қатты ашуланғаны осы. Жаңа ғана бурыл мұртын ширатып, *миығынан күліп,* мәз болып отыр еді («Лен. жас»). ә) *Кекесінді мысқылмен табалай күлді.* Жауды көре қуанған, Тұлпар мініп ту алған. Дұшпанды жерді көргенде *Миықтан күліп* қуанған (Жамбыл, Шығ. жин.).

КҮЛӘ [ир. كلاه] з а т. к ө н е. *Жаңбыр, күн, желден қорғану үшін киілетін жамылғы тәрізді баскиім.* Қыз айтқанындай, пердемен бетін жасырып, ханға амалын асырып, басына *күлә* киіп, астына есек мініп, қоржын салып, қолына аса алып, ханның ордасына келді (Алпамыс). *Күлә* киіп басына, Досын ертіп асына, диуаналық қылады (Дастандар). Осыны ойлап көтерді, Патшаны бастағы *күләсін* (Дастандар).

КҮЛӘБІ [ир. گلابی] з а т. к ә с. *Қабығы қатты, еті қалың, суық күзге жақын пісетін хош иісті, көк ала, қара ала түсті тәтті қауын.* Тау-тау болып үйілген, сатуға арналған өрік, мейіз, піскен әңгелек, қара көк *күләбі,* сары ала Бұқар қауындарынан аяқ алып жүргісіз (І.Есенберлин, Қаһар). Қауын сатып алсаң *күләбісін* ал, күләбі ең тәтті қауынның бірі (Қазақ тілі. аймақ. сөзігі).

КҮЛӘБІДЕЙ с ы н. *Күләбі тәрізді, күләбі сияқты.* Кеше ғана осы алқапты гүжілдеген тракторлар олай-бұлай ойқастап, қара ала *күләбідей* тілгілеп жүр еді (Н.Серәлиев, Ақбөпе.).

КҮЛӘҢКЕР з а т. ж е р г. *Киімілгіштегі киімдерді жауып тұратын ақ мата.* Аспан көгаштап жуған *күләңкердей* тап-таза екен (Қазақ тілі. аймақ. сөзігі). Әр жерде *күләңкердің* қиындысындай боп бозарған қар мен түбіт шәлі әйел бастарынан өңге ақшыл іштеңе шалынбайды (Қазақ тілі. аймақ. сөзігі).

КҮЛӘПАРА [ир. كلاه بارانی] з а т. **1.** э т н. *Су өтпес үшін тымақтың сыртынан киетін баскиім. Күләпара* бастырған пұшпақ тымақ, ішкі бауын өткізген тесік құлақ. Тобылғыдан инесі ақ жіппен қадап, Артын белге қыстырған бәрі құрысқақ (Абай, Тол. жин.). Қазанғап *күләпарасын* жаңа киді басына (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Уәлихан брезент шекпеннің шашақты *күләпарасын* қалқайта киіп алып, қуана дауыстайды (Н.Ғабдуллин, Өмір.). **2.** *Сырт киімнің жағасына қосып тігілген баскиім, жамылғы. Күләпараңды* киіп ал (Ауызекі).

КҮЛӘПАРАЛЫ с ы н. э т н. *Күләпара киген, күләпарасы бар.* Баланың кірпігіне кірбең жуымапты. Қой жаюға киген, *күләпаралы* кішкене сулығы да өзіне құп жарасып тұр (Ғ.Орманов, Жүрек.).

КҮЛӘСІН з а т. ж е р г. к ә с. *Сары ала түсті, үсті тор-тор қауын.* Сырдария ауданынан әрі *күләсін* қауынды патсайы деп айтады (Қазақ тілі. аймақ. сөзігі).

КҮЛБАДАМ с ы н . *Күрең, қызыл қоңыр.* Қараман дәу мен Қамбар бек Қарсыласып қылыш шабысты. Ақ найзалар айқасып Нар бурадай алысты. Шанышқанына шыдамай Астындағы *күлбадам* шөге жата қалысты (Қобыланды батыр).

КҮЛБЕТТЕН= е т. **1.** *Сұп-сұр болу, бетінен қаны қашу.* Байлардың қан-сөлі қашып, *к ү л б е т т е н і п,* еңсесі түсіп, не істеуге айла таппай, ажалын сезген есектей құлақтары салпиып отырады (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.). Дәйқараның зығырданы қазандай қайнап, *к ү л б е т т е н і п* күңірене күрсінді (З.Жәкенов, Таң самалы). **2.** а у ы с. *Қарабет болу, жүзі төмен болу.* Ертеңінде жеңгелер төсек жинай келе, қыздың адал, арам екенін шүберектен біліп, адал болса сүйінші сұрайды. Ал керісінше болса, бәрі *к ү л б е т т е н е д і* (Б.Кәмалашұлы, Моңғ. қаз. салт-дәстүрі.).

КҮЛБЕТТЕНУ *Күлбеттен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Еңсесі түсіп, *к ү л б е т т е н у.*

КҮЛБІЛТЕ з а т. *Жасырын іс-әрекет.* Тұрсын менің Меңдешпен кездескенімді жаратпайды. Жасынан бұла өскен тәлпіш қыз *к ү л б і л т е ң д і* де білмейді (Б.Аманшин, Жар.).*//Көмескі, бұркемелі, бүкпелі.* Қазақстанға Байқоңыр қаншалықты қажет деген сауалға осыған дейінгі үкіметіміздің ешбірі нақты, шын мәнінде жанжақты ғылыми, медициналық сарапталған жауап берген жоқ. *К ү л б і л т е,* көмескі жауап, сырғытпа сөздер («Түркістан»).

КҮЛБІЛТЕЛЕ= е т. *Жасырып-жабу, бұркеу, кұмілжу.* Жәке, өзіңіз айтыңызшы? Расым осы дей аласыз ба? *К ү л б і л т е л е й т і н і* жоқ, Тайыр мен Қажым, өздері өзі болғалы бір үлкен азаматтық жасай алды ма (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Ол енелі-келінді Аңқылдақ пен Жібекті ашығын айтпай *к ү л б і л т е л е п* шығарып салғанмен, сол бойда-ақ Аққемпірдің келісімін күтпестен ортаншы келіні Қоңыршаны топырақ жұмысына жазды (Ә.Сараев, Ақ тымық түн). Аға лейтанант та енді көп *к ү л б і л т е л е м е д і.* Осы жерде оның бір беткей солдаттығы ұстады (Р.Хайруллин, Офицер.).

КҮЛБІЛТЕЛЕТ= е т. *Бұркемелету, бүкпелету.* Ол әңгіме *к ү л б і л т е л е т е* айтылса да, әзіл-оспақтың көлеңкесі көрініп тұрды (С.Талжанов, Адам тур.).

КҮЛБІЛТЕЛЕТУ *Күлбілтелет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ар жағын *к ү л б і л т е л е т у.*

КҮЛБІЛТЕСІЗ с ы н. *Бүкпесіз, құпиясыз.* ≈ *К ү л б і л т е с і з* сыр.

КҮЛБІРЕ= е т. **1.** м е д. *Дененің күйген жеріне су жиналып күлдіреу, қолдырау.* Кварц шамдарының ультракүлгін сәулелерін көп шығаратындығы соншалық, егер бұл сәулелерді денеге шамадан тыс жіберіп қойса, теріде кәдімгі күн көзіне күйгендей *к ү л б і р е г е н* жаралар пайда болады (Б.Хабижанов, Бала.). Есекжем [крапивица] кенеттен қалақай шаққандағыдай *к ү л б і р е п* шығатын қышымалы тері ауруы (М.Исамбаев, Мед. анықтама.). Тұла бойымды ара талап жатқандай. Дуылдап қышыған басыма ұшы *к ү л б і р е п* суы шыққан саусақтарымды тигізе алмай әлекпін (Н.Серәлиев, Қаңтар). **2.** *Күлтілдеп ісу, көлкілдеу.* Шай үстінде бұрынырақ тұрып сыртқа шығып кеткен баласын қайта шақырып алып, Дәулет өзінен-өзі қысылып, көзінің алды *к ү л б і р е п* өңі қуаң тартыпты (Ә.Кекілбаев, Дала.).

КҮЛБІРЕТ= е т. *Дененің күйген жерін суландыру; теріні қажап күлдіретy, қолдыратy.* Тоған аршуға қатысқан отыз кетпеннің қалғандары басқа тоғандарда қалды. Сенбесеңіздер, бізбен бірге тоған аршып, алақандарын *к ү л б і р е т і п* ойғандардан сұраңыздар, не дер екен (М.Рашев, Бетің қисық.). Сипайды әр масақты дір-дір етіп, Саусағын күйдірердей *к ү л б і р е т і п.* Айырылып қалатындай – бос ұстаса, Сықылды қатты ұстаса – бүлдіретін (Ж.Нәжімеденов, Мезгіл.).

КҮЛБІРЕУ *Күлбіре етістігінің қимыл атауы. К ү л б і р е у* немесе ауыз уылу (афты) – ауыздың кілегей қабығының қызарып, күлбірей бөртіп қабынуы (М.Исамбаев, Мед. анықтама.).

КҮЛБІРЕУІК з а т. в е т. *Ми құрты, паразит.* Ценуроз ауруын мида тіршілік ететін *к ү л б і р е у і к т е р* қоздырады. Оның таспа тәрізді ересек түрі иттің ішегінде тіршілік етеді (Х.Қашағанов, Қой. құрты.). Семейдің санитарлық қасапханасында сойылған 103 қойдың басын жарып көргенде, мидың ішінен *к ү л б і р е у і к т е р* мен көптеген кеңсірік құрттары табылды (Х.Қашағанов, Қой. құрты.).

КҮЛГЕНСУ *Күлгенсі етістігінің қимыл атауы.* ≈ *К ү л г е н с у і н* қарашы.

КҮЛГЕНСІ= е т. *Күлген болу, өтірік күлу.* – Танымай тұрсың ба, Қазизаш. Көріспегелі көп болды ғой, – деп Күлшебай ыржалақтай *к ү л г е н с і п* еді: – Неге танымайын, – деді Қазиза салмақпен (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). – Ой, сен бе едің? Сонша айқайлап зәремді алғаның не? – деп *к ү л г е н с и д і* Ағабек (О.Сәрсенбаев, Сағым). Қатайсын деп кеуілі, *К ү л г е н с и д і* еркелеп (Дастан).

КҮЛГЕШӨГЕР з а т. т ү й е ш а р. *Біртума мен аруанаға айналған будандардың ұрғашысы мен қоспаққа шатыс айыр буралардың не ақта етілмеген жөңбай, көйін сияқты т.б. будан нар буралардың бірінен туылған ең азғын түйе.* Азғын, күш-қуаты нашар түйені *к ү л г е ш ө г е р* дейді (Эксп. матер.).

Күлгешөгер бура. т ү й е ш а р. *Азғындаған нарлардың 7–8 будан ұрпағының ақта етілмеген*

еркегі. К ү л г е ш ө г е р б у р а ақта етілмей қалды (Эксп. матер.).

КҮЛГІЗ= е т. *Көңілдендіріп, езу тартқызу, күлдіру.* Ақын жоқ бұл өңірде сенен өткен, Самғайтын сан салаға тілді безеп. Өтініп сөйлер сөзден отырғанда, *К ү л г і з і п* кетпеймісің бірдеме деп (Айтыс). Әзілімен *к ү л г і з і п* Көңіліңді ашады. Ертектерді тым қызық Газетке көп басады (Ш.Мұхамеджанов, Жыл.).

КҮЛГІН [ир. گلگون] с ы н. **1.** *Ашық емес, солғын түсті.* Асқабақтың жемісі толық піспегенде ақшылдау боз түсті, піскеннен кейін *к ү л г і н* боз түске айналады (А.Алманиязов, Асқабақ). Көкқарғаның қанаты қара көк, *к ү л г і н* көк, одан көгілдір, одан жасыл тартып, құлпырып, ойнап тұрады (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Жасыл, сары, көгілдір, көк, *к ү л г і н* қызыл түсті сан сәулелер жалақтанып келіп ақ сәуле шашты (Қ.Сәрсекеев, Кілт.). **2.** *Буалдыр, бұлыңғыр.* Сәл бұлт шалған *к ү л г і н* ашық аспан астындағы кең далада Жанкелдин отряды созыла шұбап келе жатады (Қазақст. бейн. өнері). Мен бар шоқпытымды үстіме іліп, құрым киізден істелген байпағымның сыртынан шарығымды шандып байлап, сыртқа шықтым. Күннің беті *к ү л г і н,* жоғарылап келеді екен (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Күлгін тартты. а) *Бұлыңғырланды, күңгірт тартты.* Аспанды дымқыл қара қоңыр бұлт торлап, дөңестің жиегі сәл *к ү л г і н т а р т қ а н* аспан реңкінен бөлініп қарауытып көрінеді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). ә) *Түсі бұзылды, өңі қашты.* Бағанағы қырман басындағы бұрқасын ба, денесі дірілдеп, онсыз да күнге күйген өңі *к ү л г і н т а р т ы п* кетті («Лен. жас»). Дегенде сұлу қыз да бір күрсініп, *К ү л г і н т а р т ы п* ажары кетті сынып. Лезде қайта нұры шалқып-толқып, Мөлдіреп тұра қалды судай тұнып (Ш.Әбенов, Кейпін.).

Күлгін топырақ. г е о г р. *Қылқанды және қылқан жапырақты ормандар астында, қоңыржай-салқын климат жағдайында, шайылмалы жерасты ағысы қамтамасыз етілген аймақтарда кездесетін топырақ түрі. К ү л г і н т о п ы р а қ* Солтүстік және Орталық Еуропаның, Америка мен Канаданың, Ресейдің салқын орманды аймақтарына кеңінен таралған (ҚҰЭ). Қазақстан аумағында *к ү л г і н т о п ы р а қ* жоқтың қасы. Тек Алтайдың таулы қылқан жапырақты ормандарында біршама күлгін типтес топырақтар кездеседі (ҚҰЭ).

КҮЛГІНДЕН= е т. **1.** *Солғын тартып бозару. К ү л г і н д е н г е н* қара топырақтардың өзіне тән ерекшелігі бар (Агроном. анықтама.). Жол жиегіне тақау тұстардағы шөптерді шаң басып, түсін бұзып тұр. Бұл маңайлар жолдың түсіндей *к ү л г і н д е н і п,* сұрғылт тартқан (Б.Тілегенов, Көктем.). Қызыл жалқын сәлден кейін *к ү л г і н д е н і п* барып өңінен айырылды да, біртіндеп қараңғылық түсті (Ә.Сараев, Ақ тымық түн). **2.** *Қошқылданып қарауыту, күңгірттену.* Алыстан біртүрлі *к ү л г і н д е н і п,* қара қошқылданып, кейде жылтырап көрінеді. Аға лейтенант кейде осыған қарап көп ойланады (Р.Хайруллин, Офицер.). **3.** а у ы с. *Түсі бұзылып, өңі қашу.* Жағыпардың тізесі дірілдеп, шұбар беті *к ү л г і н д е н і п,* түз көзденіп барады (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Дәмелі аналық жүрегін ашқан сайын Қаншайымның өңі *к ү л г і н д е н е* түседі. Ал осы аптаның ішінде Қаншайымның қиялы қырық құбылды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

КҮЛГІНДЕНУ *Күлгінден етістігінің қимыл атауы; күлгін тарту.* Топырақтың *к ү л г і н д е н у і н і ң* негізгі себептері – топырақ ортасы қышқылдығының әсерінен топырақтың беткі қабаттарындағы сазды бөлшектердің, негіздердің және жартылай оксидтердің кеміп, керісінше кварц пен кремнийдің артуы (ҚҰЭ).

КҮЛГІНДЕУ с ы н. *Бозғылдау, түссіздеу.* Жемісі – *к ү л г і н д е у* реңі бар, күңгірт қызыл түсті, қабығы – тығыз. Жұмсағы – ақшыл сары, шырынды, талшықты, қышқыл-тәтті (Ш.Хабибуллин, Алхоры.).

Күлгіндеу тартты. *Солғындады, күңгірттенді.* Ол жырланған поэманы қағазға түсіргенде кешегі көркемдік сапа *к ү л г і н д е у т а р т ы п,* эмоциялық әсері де бәсеңдеу тартты («Қаз. әдеб.»).

КҮЛГІНТАС з а т. г е о л. <грек. amethystos> *Күлгін немесе көкшіл күлгін түсті кварц кристалы. К ү л г і н т а с* асыл тастарға жатады (Қаз. тілі термин. Геология).

КҮЛГІР[1] с ы н. с ө й л. ***Күлгін.*** Сай салдырап, салдыр-күлдір өзенің, Көкпеңбек су – ел қонатын өзегің. Белес басы *к ү л г і р* сағым мұнартқан, Қатындар жүр қырдың теріп тезегін (Б.Майлин, Шығ.).

КҮЛГІР[2] с ы н. с ө й л. ***Көлгір.*** – *К ү л г і р* дұшпанның сөзін қарашы, балаларға қорған болған кісімсіп отырғанын, – деді Қайша (М.Әуезов, Қараш.). Серіктің бүгін үстіне кигені сұр костюм, сұр көйлек, бұдан басқа өзгеріс жоқ. Тек шашы күндегіден жылтыр, сөзі күндегіден *к ү л г і р* (О.Сәрсенбаев, Даңқ).

КҮЛГІРЛЕН = е т. с ө й л. *Күле сөйлеп, көлгірсу.* Бай отыр үй сыртында кеңес құрып, Бәйбіше *к ү л г і р л е н і п,* жұмыс қылып. От алған, су тасыған қатындар да, Есіктен кезек-кезек өтед жүріп (Б.Майлин, Шығ.). Күле сөйлеп,

күлгірленіп жағынсаң, Шандымаңдар, қайсың кірген араңа? – Көрдік, көрдік, қызараңдап жасырма. Не әлемет екеуіңнің басында (Б.Майлин, Шығ.). Шәкет те көзін сатып *күлгірленіп* отырғаны – күнелтудің қарасы (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮЛГІРСУ *Күлгірсі етістігінің қимыл атауы.* Сәкен не айтқысы келсе де, бетке айтатын. *Күлгірсу,* жалтақтау дегенді білмейтін, өсекшінің мінін тура бетке басатын (С.Мұқанов, Өсу жол.). Қаржауовтың қылығын бетке айтып, қарсы бару лайықсыз көрінгенмен, зұлымдық ісін көрмегенсіп *күлгірсу* де учительге өліммен тең сияқтанды (Х.Есенжанов, Тар кезең).

КҮЛГІРСІ= е т. с ө й л. ж а ғ ы м с ы з. ***Көлгірсі***. Жауыздық құ болады бір зымиян, Өмірге күле қарар миығынан. Әділет қарлығашын жұтар арбап, Жауыздық *күлгірсіген* бұл бір жылан (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). *Күлгірси* күліп өзі үшін, Құшағын жайып дос болар. Қапысын тапса өзге үшін Ор қазатын шошқалар (А.Тоқмағанбетов, Дария.). Құс ішінде ұнайды қыран маған, Күрт құлаймын құласам, бұраңдаман. Іштей сүйем, сүйсем мен, іспен сүйем, *Күлгірсімен,* көзіңше ұрандаман (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес.).

КҮЛГІРСІН= е т. ж а ғ ы м с ы з. *Өтірік жағына сөйлеу, жағымпаздану.* Хаж батыр Саянның тағдырын іштей шешсе де, сырттай *күлгірсіне* сөйледі (І.Есенберлин, Алмас.).

КҮЛГІШ с ы н. *Әжуалағыш, мысқылшыл.* Кісімсіп белгілі білгіш, Біреуге, сондай-ақ *күлгіш.* Бұлықсып, бұлданып босқа, Өзімшіл, оңбаған шерміш (Абай, Тол. жин.).

КҮЛГІШТІК з а т. *Күле бергіштік, күлегештік.* Оның, әсіресе, кісіге *күлгіштігі,* кісінің мінін көргенде, соған қуанғанын жасыра алмайтыны ызаны келтіретін (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

КҮЛДӘРІ з а т. э т н. *Үлбіреген, жұмсақ жібек мата.* Кім екен деп келіп ем түйе қуған, Қатын ғой *күлдәрімен* белін буған. Төркініңнің бергені жауыр айғыр, Бауырыңды ұрайын бірге туған (Абай, Тол. жин.).

Күлдәрі белбеу. э т н. *Үлбіреген, жұмсақ, жібек матадан жасалған әйелдер белбеуі.* Үй ішінің қайғысынан туған жоқтау өлеңнің екіншісі Бопы төренің қарындасының жоқтауы: «*Күлдәрі белбеу* белімде, азалы болдым елімде. Бопекем жарлық берген соң, жүре бер ойым жөніме» (М.Әуезов, Шығ.).

КҮЛДЕ= е т. *Күлмен ысып тазарту, жуу.* Мына кесені ғой бөлек қойып, мен кеткен соң *күлдеп* жуасың, Жұманың қатындарының бәрінен жиренетін болсаң, Балымайды неге төріңе отырғызып қойдың? – деді Зейнегүл Қаншайымға тікірейе қарап (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

КҮЛДЕЙ с ы н. **1.** *Мап-майда, өте ұсақ.* Ол саусағымен нұқыды да: – Оқышы мына жерін, – деді Жанайға. Хат көк сиямен *күлдей* ұсақ етіп жазылыпты (С.Мұратбеков, Көкорай.). **2.** *Боп-боз, құп-қу.* Бәйшеннің түсі *күлдей* болып, ерні көгеріп, бір жағы менің келгенімді жақтырмады ма, теріс қарап сұлық жатып алды (И.Жақанов, Қайта орал.). Киінген күйі төсегінде жатқан қыздың жүзі *күлдей* көрінді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). – Үйге атам келіп, батасын беріп кетті. Қызым келгенде қолын қысып сәлем айт деп еді. – Әскердің түсі *күлдей* боп Талбикеге тақала түсті (С.Досымов, Жаңғырық.).

КҮЛДЕМЕШ з а т. с ө й л. ж е р г. ***Көмеш***. Күйік күлше, *күлдемеш* Қойынға қойшы орады. Жеген адам жетісті, Нан екен бар болғаны («Қаз. әдеб.»).

КҮЛДЕН= е т. *Заттың түгел жанып кетуі, күлге айналуы.* Тезектің шоғы *күлденіп,* оттың жанындағы үлкен қара шәугімнің жыртық қақпағынан май сіңген күйелі тамшыларды аңғарасың (К.Оразалин, Көктем). Табадағы тезек шоғының беті *күлденгені,* түбі әзір қызулы (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

КҮЛДЕНУ *Күлден етістігінің қимыл атауы.* ≈ Түгел *күлденуі.*

КҮЛДЕУІШ з а т. с ө й л. *Темекі күлін түсіретін, қалдығын салатын ыдыс.* Маған *күлдеуіш* берсеңіз (Қаз. лексикасы. қолд.).

КҮЛДІ с ы н. *Күлі бар, күл салынған. Күлді* туф – өте ұсақ жанартау күлдерінен (жанартау шынылары мен минерал сынықшаларынан) тұратын, көбінесе қат-қабатталған таужыныс (Қаз. тілі термин. Геология.). *Күлді* құрылым – жанартаулық шынының майда және ұсақ сынықтарынан тұратын пирокластық таужыныстың құрылымы (Қаз. тілі термин. Геология.).

КҮЛДІБАДАМ с ы н. **1.** *Анық, ашық емес, күлгін, көмескі.* Біріншісі, батыс жақтағы жалғыз терезенің көмескі көрінген *күлдібадам* шынысы да, екіншісі, Назгүлдің аққұба жүзі (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). **2.** а у ы с. *Арзанқол, шала-шарпы, нашар.* Серке еш уақытта да, еш спектакльде де алақұла ойнап, көруші жұртшылыққа *күлдібадам* өнер танытып көрген емес («Қаз. әдеб.»).

КҮЛДІБАДАМДА= е т. *Бұлыңғырлану, бозғыл тарту.* Жастар келе жатқан жазықтың бетегелі, көделі көп аймағы қылаңытып, ай

сәулесі астында ақ желеңдеп, *күлдібадамдап,* айқындамай бұлың береді (М.Әуезов, Абай жолы).

КҮЛДІБАДАМДАН= е т. *Бұлыңғырлану, бозғылдану.* Бұл маңайда жан иесі жоқ сияқты. Төңіректе ұйытқыған боран арасынан *күлдібадамданып* болмашы жарық жылтырайды (Дала қырандары.).

КҮЛДІБАДАМДАУ с ы н. *Түсі келіспеген, ажары нашарлау, көмескілеу.* – Әбді, тыныштық па әйтеуір? Насыбайыңыз тым ащы ғой, Мүсеке, түсі *күлдібадамдау* екен (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас.).

КҮЛДІК з а т. х и м. *Заттың белгілі бір мөлшері жанғанда пайда болатын күлдің мөлшерімен өлшенетін жанғыш заттардың сипаттамасы.*

КҮЛДІ-КӨМЕШ з а т. **1.** *Отқа, күлге пісіретін көмбе нан.* Тамақ дегенде, кебек аралас шеті күйік, отқа көмген қара қожалақ *күлдікөмеш* немесе қазан түбінде кешеден қалған, борсыған сорпа (Б.Серкебаев, Өткенде.). **2.** *Асығып-үсігіп пісірген жеңіл-желпі тағам.* Жұмабике Сәбира көшіп келгелі *күлдікөмеш* бірдеңе татырғаны болмаса, үй ішінің басын қосып жөні түзу ерулік те берген жоқ-ты (Р.Әутәліпов, Қыр әңгім.). **3.** а у ы с. *Олпы-солпы, өңсіз, түссіз.* Әуелде *күлдікөмеш,* жыртық көйлек қызға көз қырын салмайтын Қалдыбек қожа, пісіп-тола бастаған кезде «әттең-әттең» деп таңдайын қағып, түкірігін жұтына, тамсана бастады (М.Мырзақұлов, Ақық.). Өйткені *күлдікөмеш* жерде әсемдікке орын жоқ («Лен. жас»). **4.** а у ы с. *Арзанқол, құнсыз.* Осылардың бәрі шын талант қолынан шыққан нағыз өнер дүниелері ме? Жоқ, әлде *күлдікөмеш* нәрселер ме? – делінген («Қаз. әдеб.»). Осыған орай жас талапкерлердің де редакциямен санасқаны мақұл, өлеңді жаза салып, *күлдікөмеш* күйінде газетке қарай тоғыта беру ағаттық болады («Қаз. әдеб.»).

КҮЛДІ-КҮЙЕЛЕШ с ы н. *Кір-кір, күйе-күйе.* Тәңірбергеннің ақылымен жас қыз, сұлу келіншектер үстіне ескі-құсқыларын киіп, бетіқолдарын жумай, *күлдікүйелеш* боп жүр (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Халық көзін тіккен күнбатыс жақтан соңына жалғыз қызыл вагон тіркеген *күлдікүйелеш* паровоз көрінді («Қаз. әдеб.»).

КҮЛДІЛІК з а т. х и м. *Күлдік, отынның жанғаннан кейін қалатын қалдық мөлшерін сипаттайтын шама.* Қызы Әсия – әкесімен бірге көмірдің *күлділігін* анықтайтын лабораторияда істейді және Таукен институтына сырттай оқуға түсу үшін емтихан тапсырып жүр (Самғау). Қазіргі уақытта жаңа аудандарда өндіріліп жүрген көмірдің *күлділігі* жоғары болып отыр, осыған байланысты өткізілген бір тонна көмірге есептегенде түсетін табыс кеміді («Соц. Қаз.»).

КҮЛДІР[1] = е т. *Күлкі тудыру.* Селдей тасыған қуаныш арасында ауық-ауық ән де естіліп қояды. Жүртты *күлдіріп,* мәз-майрам етіп жүрген Күндебай (О.Бодықов, Бұлбұл.). Әзілдеп айтылған әсем сөз екеумізді де еріксіз *күлдіріп* жібереді. – Айдар әділ махаббатты сүйеді, ол оған қосылады, – дедім мен Алтынға тіке қарап (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім.). Шайға қанып құрыс-тырысы жазылып алған соң, Әлдекей қайдағы жоқ күлдіргі, қулық тауып алып, бәйбішесі өлгелі езу тартпаған ақсақалды *күлдірді:* тоқтының етін ақтап жеу керек қой (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮЛДІР[2] е л і к. *Күңгірлеген, салдырлаған дыбысты бейнелейтін сөз.* Салдыр да *күлдір* тау іші Жез қоңырауларын шайқады. Ақ бас әншінің дауысын Ақ бұлақтардан байқадым (Ө.Нұрғалиев, Нөсер).

Күлдір етті. *Салдыр еткен немесе салдырға ұқсас дыбыс шығарды.* Қаңсыған, қажыған, қаусаған қара кебежені айғыз тақтайы опырылып, *күлдір етті* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮЛДІРГІ с ы н. **1.** *Қу тілді, әзілқой, қуақы.* Дәулеткелді құр ғана қалжыңшыл, *күлдіргі* емес. Ол Абайдың өзінің де өлеңін жатқа біліп, ел ортасында ағыл-тегіл айтып жүреді екен (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бұл адамның бойындағы тамаша бір қасиеті – *күлдіргі,* әзілқойлығы. Айналасын күлкіге тоғытып, басқалардың ойына келмейтін неше алуан қызықты әңгімелерді жанынан шығарып, айтып жүреді (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). // *Күлдіргі, әзілқой, қуақы кісі, адам.* Мұсылман күн шығысында осыларға ұқсайтын бір адам Қожанәсір. Ол аңқау, қу. Аңқау *күлдіргі,* барлық өмірі түгелімен *күлдіргінің* қулық әңгімесі болып кеткен. Жиренше мен Алдар көседе бар өмірі бір-ақ тараулы мінездің соңында кеткен (М.Әуезов, Шығ.). **2.** *Күлкілі, әзілді.* Алдар жайындағы өте өткір, *күлдіргі,* шебер әңгіменің бірі осы. Мұнда көпшілік бұқара шірік, арам қорда байдың сұм құлқынын өлтіре мазақ етеді (М.Әуезов, Шығ.). Сабырлық, ерлік белгісін бір білдіру үшін адамның өз басының ең ауыр минуты өлім алдында болса, соған да не өлең, не ән шығарып, не болмаса *күлдіргі* қалжың айтып, бой кеңдігін білдіріп кету керек. Өлерде өлеңмен, әнмен қоштасу көбінесе ақындардың әдеті (М.Әуезов, Шығ.).

КҮЛДІРГІЛЕУ с ы н. *Күтілділеу, қуақылау.* Ол кексе тартып қалған, жақсы киініп, жақсы майланатын, құлығы, орамы мол *к ү л д і р г і л е у* жігіт еді (М.Әуезов, Қараш.).

КҮЛДІРГІЛІ с ы н. *Күлкілі, қуақы.* Өнерлі жігіттің қазақ әндеріне деген ынтасы күнненкүнге арта түсті, Орыстың *к ү л д і р г і л і* «Частушкаларынан» соң қазақтың «Сәулемайын» ойнайды (Ә.Әлішев, Батыр.). – Біздің есепсанақ жұмысымызды жүргізетін – Үкілі. Барлық ақпар соның қолында, – деп *к ү л д і р г і л і* жауап берді (С.Мәуленов, Жер нәрі.).

КҮЛДІРГІШ з а т. ө н е р. *Әртүрлі трюк, көріністер арқылы жұртшылықты күлдіретін цирк әртісі, сайқымазақ.* Жер астынан шыққандай боп, күтпеген жерден ұзындығы екі метр ағаш аяққа мінген біреу тап бола кетті. Үстіндегісі ала-құла қызыл киім, басындағы *к ү л д і р г і ш т і ң* (клоунның) қалпағы (Ә.Шәріпов, Алыс.). Алуан түрлі костюм киген *к ү л д і р г і ш т е р* (клоун), биікте шарықтайтын гимнастар, неше алуан акробаттар бас айналарлық биікте ойын көрсетіп, жарнамалардан елге қарап, жұртты шақырып тұрды (М.Танекеев, Қажымұқан). // *Күлдіргі, қуақы, әзілқой.* Нұрлан – *к ү л д і р г і ш,* қуақылау жігіт еді (З.Шашкин, Сенім). Атшабарды осындай еркін мінезі үшін де, күтілді *к ү л д і р г і ш* көңілділігі үшін де, тура айтатын бір беттілігі үшін де Сұлтанмахмұт тіпті жақсы көреді (Д.Әбілев, Ақын.).

КҮЛДІРЕ[1]= е т. **1.** *Жарақат түскен жері суланып қолдырау, ойылу.* Қайырбектің алқымы, кеудесі толған күйік – суы шығып, *к ү л д і р е п* қалғанда, балтыр-санның қара еттері қап-қара, терідей тырысып, жалбырап, кей жері ырсиып, қызыл шақа майы шығып тұр (З.Шашкин, Сенім). Рай Елеманға ере алмады. Әсіресе, былайырақ шыққасын қайыс етік құрысқан аяғын қажап, өкшесі *к ү л д і р е п* алынып қалды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). **2.** *Ісініп күлтілдеу, күлт-күлт ету.* Жамал бір күн, бір түн ішінде жүзі солғын тартып, көзінің алды *к ү л д і р е п,* жүдеп шықты (С.Алдабергенов, Асу). Жамалбек қарны қампиған семіз көрінсе де, сопиған солғын бетінде қансөл жоқ, сұп-сұр. Көзінің астында көгіс көлеңке *к ү л д і р е п* тұрады (О.Сәрсенбаев, Сағым). Ол ауылға барса, оған ағайынды екі жігіт тап болады, екеуі де обаға шалдыққандар. Бет-аузы қызарып, көздері *к ү л д і р е п* тұр (С.Мәуленов, Шыңда.). **3.** *Тозығы жету, үлбіреу.* Ол тысы *к ү л д і р е п* күл-күл жыртылған ескі қызыл пұшпақ бөркімен маңдайының терін сүртті («Қаз. әдеб.»).

КҮЛДІРЕ[2]= е т. *Салдыр-күлдір ету.* Ең соңғы кезеңге шыққанда, жолаушылар арбасы ойға қарай *к ү л д і р е й* құлай берді (М.Әуезов, Ақын аға). Ыдыс-аяқтарын ұстасаң, сынып кететіндей *к ү л д і р е г е н,* салдыраған бірдеңе. Әрбір рюмканы көтерген сайын сөз сөйлейді екен (Б.Аманшин, Жар мұңы).

КҮЛДІРЕК з а т. с ө й л. ***Күлдіреуік.*** Вакцина дұрыс егілген жағдайда еккен жерде ақшыл *к ү л д і р е к* пайда болады (Ж.Сұлтанов, Аурулар.).

КҮЛДІРЕТ= е т. *Жарақат түскен жерін сулатып, қолдырату, ойылту, күйдіру.* Ол шалқалаған күйінде насыбай атты. Қызылшаның күліне араластырған ащы темекі ернін *к ү л д і р е т і п,* басын айналдырды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Алаулаған жалынның ішінде астаушаны сүйреген жігіт он саусағын *к ү л д і р е т і п* алды («Лен. жас»).

КҮЛДІРЕТУ *Күлдірет етістігінің қимыл атауы.* Сенің мына қолыңды көмірге салып *к ү л д і р е т у* кімге мақсат, – деді Ахмет (А.Хангелдин, Өткен күн.).

КҮЛДІРЕУІК з а т. м е д. *Күйіктен, тері ауруларынан т.б. салдарынан пайда болатын теріге шығатын сұлы бөртken.* Аусылға шалдыққан малға *к ү л д і р е у і к* шығады. Олардың уыты денеге тарайды, ерніне, тілдің үстіне, қызыл иекке, екі ұртына қосалқы *к ү л д і р е у і к т е р* шығады (Т.Телеуғалиев, Ет. эксперт.). Терідегі *к ү л д і р е у і к* жарылғаннан кейін оның орнына бозарған жұқа қабыршық пайда болады (Ш.Қалықов, Қой.).

КҮЛДІРЕУІШ з а т. э т н. *Шаңырақ тоғынының үстінен түндікті көтеріп тұру үшін және киіз үйдің төбесіне жауын-шашын іркілмеу үшін айқастыра бекітілген күмбез тәрізді ағаш.* Түндік тез ашылып, аспанның белтүстігінен *к ү л д і р е у і ш* арқылы сығалап қараған күн көзінен үйдің іші жарқырады да кетті (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Тұруға мұршасы келмей жатқан шал шаңырақка қараса, шаңырақтың *к ү л д і р е у і ш і н д е* ілулі тұрған кер биенің төстігіне көзі түседі (Қаз. ертег.). *Күлдіреуіштен* түскен өткір күн отжағарда отырған керттеш келіншектің көзіне шағылды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮЛДІРЕУІШТЕЙ с ы н. *Күлдіреуіш тәрізді, бүгілген, иілген.* Көксерек арлан еді. Жотасы күдірейіп, ауыз омыртқа мен құйрығына шейін тұп-тұтас болып, *к ү л д і р е у і ш т е й* бүгіледі (М.Әуезов, Қараш.). Сөйткенше болған жоқ, белі *к ү л д і р е у і ш т е й* бүгілген, кішкентай қарагер аң, айқыш-ұйқыш, тапыртұпыр еткен аяқтардың арасынан тысқа атыла шықты (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

КҮЛДІР-КҮЛДІР: күлдір-күлдір кісінеді. п о э т. *Бабына келген, жараулы ат ұзақ-ұзақ ащы дауыспен кісінеді. К ү л д і р-к ү л д і р к і с і н е т і н,* Күреңді мінген жиырма бес, Күрек тісін қасқайтып, Сұлуды құшқан жиырма бес (Алдаспан). *К ү л д і р-к ү л д і р к і с і н е п,* Күн батарда күрең жал, Ойнақтап басып, есінеп Жүйткиді, шіркін, жануар (Д.Әбілев, Алтай.).

КҮЛДІРЛЕ= е т. *Күлдірлеген дыбыс шығару, қаңғыр-күңгір ету.* Жазира – Сары жазықта Күреңбелім, Малға жай, жанға сая самал желің. Көксу мен Қараталды гүлдендіріп *К ү л д і р л е й* сай-салаңнан аққан селің (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.). Мінгенде ерге мінгессем (Шарасыз қалса шабандық), *К ү л д і р л е п* көшкен мың көшпен, Жотамда жүрсе тамам жүк (Ө.Нұрғалиев, Кемпірқосақ).

КҮЛДІРЛЕТ= е т. *Салдырлату, сыңғырлату.* Біздің Сағындық ағай қоңыраулатып, *к ү л д і р л е т і п* жүрмесе сәні келмейді. Текке келді деймісің, кетейікші тезірек (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Боздауын қобыз боздап, аңырауын Қыл сарнап, керуеннің дабырауын Ұғасың андасанда ойнақы үннен, Кей қағыс *к ү л д і р л е т і п* қоңырауын (І.Жансүгіров, Поэм.).

КҮЛДІРМАМАЙ з а т. к ө н е. *Аузынан оқталып, білте арқылы от алатын білтелі мылтықтың бір түрі.* Мылтықты атқанда жерге тіреп қоятын жинамалы сирағы болады. *К ү л д і р м а м а й д ы* қазақтар 19 ғасырға дейін қолданып келген (ҚҰЭ).

КҮЛДІРТ= е т. *Күлкі тудырту.* Сол ортада жас жігіт, Көтеріп көңіл серпілтіп. Достарға қайрат енгізіп, Қояды кейде *к ү л д і р т і п* (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

КҮЛДІРУ *Күлдір*[1] *етістігінің қимыл атауы. К ү л д і р у* жазушыға, көбінесе, жылату үшін, өкіндіру үшін, безіндіру үшін керек болады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Жылату не *к ү л д і р у* ол ақынның дарындылығына, өлеңнің эстетикалық күшіне байланысты (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Бұл қыздың тойын қызық қылу үшін, жиылған жұртты *к ү л д і р у* үшін ғана айтылатын өлеңдер емес, бұлардың әрқайсысында арнаулы терең мағына бар, көздейтін арнаулы сұлу мақсат бар (М.Әуезов, Шығ.).

КҮЛЕГЕЙЛЕ= е т. с ө й л. ***Көлегейлеу.*** Ұйқымнан оятады-ау, шіркін арман! Өнерлі халықтан *к ү л е г е й л е п* (І.Қажытай, Тасжарған).

КҮЛЕГЕН с ы н. с ө й л. ***Күлегеш.*** Болмайды иттің жаман үрегені, Әйелдің мәз болмайды *к ү л е г е н і.* Сөзінде он тиындық құн болмаса, Кесірдің неге керек үдегені (Айтыс.).

КҮЛЕГЕШ с ы н. *Көп күлетін, күлкішіл.* Бұл кезде толықша тартып, семіре бастаған жігіт ағасы Тәкежан қалжыңқой, *к ү л е г е ш* болатын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қойшы бала Жапал тапқыр, ақылды, әзілқой, елгезек. Алайда ол осы спектакльде ессіздеу, алаңғасар, *к ү л е г е ш* болып көрінеді («Қаз. әдеб.»).

КҮЛЕГЕШТЕ= е т. *Орынсыз күле беру, мәз болу, ыржалақтау.* Асылханның қасына келген қыздар да салмағынан айырылып, жеңілтек боп кетеді екен. Орынсыз *к ү л е г е ш т е п* езулері жиылмайды (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

КҮЛЕГЕШТЕУ с ы н. *Көп күлетін, күлкішілдеу.* – Жақыпбек нағашымның қасында сақал-мұртын қырған, алтын жақтаулы көзілдірік киген, жылпылдап сөйлейтін, *к ү л е г е ш т е у* біреуі болды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Фамилиясы Ненайшвили, орта денелі, жалтыр басты, *к ү л е г е ш т е у* адам, сонысына қарағанда, «жігерсіздеу болмаса не қылсын» деп қалдым (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КҮЛЕГЕШТІК з а т. *Күлкішілдік, күлкіқұмарлық.* Жинақы, аққұба Әзімбай Лекеровтың ақ жарқын ашықтығына қоса *к ү л е г е ш т і г і* де бар еді (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). Оның тағы бір қасиеті – осы *к ү л е г е ш т і г і.* «Ehe-he-he, қырғын-ай» дегенде екі қасы шекесіне шығып кетеді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

КҮЛЕКЕШ с ы н. с ө й л. ***Күлегеш.*** Жас балалық албырт мінез билеген Мақсұт пен Нұрлан, шот маңдай Сәт пен Болат *к ү л е к е ш т е р г е* қосыла бірін-бірі итермелей, қағыса, жұлқыса алысып кетті (Р.Райымқұлов, Қыз – айна). Гүлсім оқуға ықылассыздау, күнделікті сабақты әрең үлгіретін, ұшып-қонған *к ү л е к е ш* қыз еді (С.Алдабергенов, Асу.).

КҮЛЕМ з а т. к ө н е. *Қас-дұшпан, жау.* Таң боларсың әлемге, Сөз боларсың *к ү л е м г е.* Ақылсыз достан Ақылды дұспан артық-ты (Алдаспан).

КҮЛЕҢКІР [ор. клеёнка] з а т. ж е р г. *Жылтыр, су өткізбейтін материалдан жасалған дастарқан.* Біз үстелге жабатын *к ү л е ң к і р* таба алмай әуре болдық (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮЛЕШЕК с ы н. *Күлегеш, күлкішіл.* Ақынға біткен жүрекке Айтады достым бір өкпе: Со жүрек от өртенген Сәнді жетпей ертеңге... О! Жо-жоқ досым, Бұл – өсек. Болмашы, білмей *к ү л е ш е к* (Т.Нұрмұхамедов, Күн.).

КҮЛ-КҮБІР з а т. **1.** *Шаң-тозаң, қоқыр-соқыр.* Мына жерден тура екі-үш шелектей *к ү л-к ү б і р,* қара смола алдық, – деп Сағынай қазандықтың жоғарғы жағы алынып қайта сы-

ланса да, төрт бұрыштанып тұрған кірпіштің орнын көрсетті (М.Сүндетов, Ескексіз.). Таудың бұлты мен дауылы соқтығысып, қаланың қара топырағы мен *күл-күбірін* көкке ұшырып, артынан нөсер төкпесе не қылсын (Ж.Тілеков, Жоңғар.). **2.** а у ы с. *Ұсақ-түйек, өсек-аяң, былық.* Жұбан тақырып талғайды. Жаны тебіренбейтін *күл-күбір,* қоқыс жайларды жыр етуді ар көреді («Қаз. әдеб.»).

КҮЛ-КҮЛ: **күл-күл болды**. а) *Өртеніп күлге айналды.* Қаланың бір кезде өртенген қабаты *күл-күл боп,* өз алдына қабаттанып ол жатыр (С.Бақбергенов, Кентау.). ә) *Быт-шыты шықты, күл-талқан етілді.* Мен қолымның ұшымен итеріп қалып едім, терезенің шынысы *күл-күл боп* жерге түсті (С.Омаров, Дала қызы). Қырандай көз айырмай Дауыл қақты, Көк найзам *күл-күл болды* күміс сапты. Ол салды айбалтамен, мен сермедім Сынығын найзасының аспанға атты (И.Байзақов, Құралай.). б) *Жарақаттанды, жараланды.* Кеткенін білмеді ешкім оның қайда, Кеудесі *күл-күл болып* қалды ол жайда. Әскері екі жүз мың үріккен қойдай, Қамалып қала берді терең сайда (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Күл-күлі шықты. *Быт-шыт болды, күл-паршасы шықты.* Кемпір асығыс келе жатқан біреуге қағылысып, шыны банкінің *күл-күлі шықты* (О.Дастанов, Мұрагер.).

КҮЛКІ з а т. **1.** п с и х. *Адамның шаттық, қуаныш күйіне байланысты шығатын ұн, дыбыс; эмоциялық сезімін көрсететін қимыл (жымию, езу тарту, дыбыс шығару және т.б.).* Баланың күлкісіндей *күлкісі* қандай сүйкімді еді (К.Асанов, Сағыныш). Бақытжанның жымиып отыратын әдемі бір *күлкісі* болушы еді, онысын жоғалтпапты әлі (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Естісем *күлкі,* назыңды Аспаным сергіп қалатын. Әкелші менің жазымды, Әкелші аққу қанатын (Н.Шәкенов, Айгүл.). **2.** *Әжуа, мазақ, келеке.* – Ойланып қалғаным рас, Асеке. Сіздің жаңағы сөзіңізді айтам, сіз тұрғанда біздің директор болуымыз ұят, *күлкі* (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Бұл – қарсы топтың *күлкі,* сықақ, келеке, тәлкегіне шыдай алмай келе жатқан колхоз председателі Байсал Адасов (Ш.Хұсайынов, Қызыл жалау.). Лаврецкий өзін еркін сезіне алмайтын, іштей ойланғанда өзін-өзі *күлкі* адамдай көретін. Ағылшынқұмар әке ұлын мазақ еткендей із қалдырды: айнымалы тәрбие өзінің жемісін бермей қойған жоқ (М.Әуезов, Шығ.). Елубайдың оң жамбасы көбінесе, ерекше мінезді (характерный) рольдерге бейім. Ол не қыса, небір сорақысы сойдиып шығып тұрған я *күлкі,* я алыпқашпа, я бір құныс, не маймақ біткен тұлғалар болады (М.Әуезов, Шығ.).

Доскa күлкі, дұшпанға таба болды. *Абыройынан айырылды, ұятқа қалды, масқара болды. – Доскa күлкі, дұшпанға таба болып* жүрме. Тілімді алсаң, барма аулыңа. Қал осында, – деп, әкесі иығынан кері тартады (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Күлкі бақты [күйледі]. *Тамашаға салынды, сауық-сайран құрды, қызық қуды, ойын-күлкінің соңына түсті.* Жастықта бір күлгенің бір қаралық, *Күлкі баққан* бір көрер бейшаралық. Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе, Ең болмаса, еңбекпен мал табалық (Абай, Тол. жин.). Той болса, тон киелік, жүр баралық, Бірімізді біріміз аударалық. Ат арықтар, тон тозар қадір кетер, *Күлкіні* онша *күйлеп,* шуламалық (Абай, Тол. жин.).

Күлкі болды. *Масқара болды, ұятқа қалды.* Қыз барлық өз өмірінің біткенін,Тоқанның мұны алдап кеткенін, жұрт алдында *күлкі боп* қалғанын түсінді (Е.Домбаев, Ғашықтық.). Бауырым! Алдымен түлкі болма, Түлкі болсаң да жұртқа *күлкі болма* (М.Неталиев, Сағыныш.). *Күлкі боп* көргенге, Құрбыға кәдірсіз. Ас қылып бергенге шыдамас сабырсыз (Абай, Тол. жин.). Ол сөзге тез қилікпесе, әкесі тағы да *күлкі болғалы* тұр (Ә.Әбішев, Шығ.).

Күлкіге айналдырды. *Мазақ қылды, келеке етті.* Шешесі мүдіргенге Гауһар қызарып, жиналысты басқара алмай, жұрт шешемді *күлкіге айналдырып* кетер ме екен, – деп қысылды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Күлкіге айналдыру. *Қиын жағдайда еңсесін түсірмей, өз-өзін, жұртты жігерлендіру үшін қиналса да, күлкі тудыратындай әзіл-қалжың айтып т.б. көңілді күй таныту.* Қиын, қысталаң жайды *күлкіге айналдыру* – қазақ халқының, әсіресе, Шаншардың ежелгі мінезі (М.Әуезов, Әр жыл.).

Күлкіге [қыран күлкіге] батысты. *Әбден мәз болысты, ішек-сілесі қатқанша күлісті.* Ұшқыр сөз жүйріктері бірінің аузынан шыққанды бірі қақпақылдап, кейде *қыран күлкіге батысып* та қалады («Лен. жас»).

Күлкіге кенелтті. а) *Әбден күлдірді, көңілдендірді.* ≈ Бәрімізді *күлкіге кенелтті.* ә) ж а ғ ы м с ы з. *Әбден мазақ қылды, масқаралады.* Ер түріктің бесігі, екі дүниенің есігі – Түркістанды Мекке десек, шетелдіктер шек келтіреді екен. Түптеп келгенде, «тәуелсіз мемлекетіміз тарихын жаңадан тасқа басқанда мифтер мен аңыздарға ғана арқа сүйеуде» – дегенді Гончаров мырза анықтап айтқан. Оның

ойынша, жазған тарихымыз көршілерімізді *күлкіге кенелтіп* тұр («Жас Алаш»).

Күлкіге қалдырды. *Ұятқа қалдырды, масақ етті.* Жұмбақбай: «Кәне, балаларым, мына Аяз қарттың алдында *күлкіге қалдырып* жүрмеңдер мені, не деп кетті мына кісі?» (Қ.Ыдырысов, Ойлап тап.).

Күлкіге салынды. *Қызық құды, ойын-күлкінің соңына түсті.* Бұлай болғанда, *күлкіге салынған* кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек (Абай, Тол. жин.).

Күлкіге шаптырды. *Келекеге айналдырды, масақ қылды.* Алдаберген сопы өзінің сауалын балықшы жігіттің қиқарланып, *күлкіге шаптырып* отырғанын ұнатпады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Күлкі етті [қылды]. а) *Ойынға, қалжың мен әзілге айналдырды.* Жас дәурен неткен қызық. Болмашыны *күлкі етеді,* сәл нәрсені ермек қылады (О.Бодықов, Бұлбұл.). Сары қымыз сапырылды, қызды думан, Жұлдызша көздер жайнап, жүз құбылған. Жарасып әзілдері құрбылардың, Бір-бірін жөніменен *күлкі құллған* (Ш.Смаханұлы, Айға ұш.). ә) *Масақтады, келеке етті.* Жігіт: «Қонағың астанадағы мақтаулы бір газеттің қызметкері және бөтен елдің баласы, бізді ертең сынап-мінеп, көпке *күлкі етіп* жүрмей ме?» – деді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Сонан соң кетті шығып қасқыр, түлкі, [Шығудан қасқырдың көп алған мүлкі] – Жануар қызыл аяқ, қайда жүрдің? Деп күлді: қасекеңді *қылды күлкі* (С.Дөнентаев, Шығ.). Атаңнан қалған байтақ ел бүлдірер деп қорқамын. Қанікейдей көрікті қыз, Тінікейдей текті қыз *Күлкі етер* деп қорқамын (Қобыланды батыр).

Күлкі қысты. *Күлкі кернеді, күлкіге булықты.* Әлжан *күлкі қысып,* қорадағы қатты көкке құлай кетті (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). *Күлкі қысып* булыққан Сәуле қазанға қарай бір аттады да, оттың басына ойысты (С.Талжанов, Ұлдай.).

Күлкімен табалады. *Ел алдында келекелеп, масақ қылды, масқарасын шығарды.* Түлкі келіп ұраны жағалады, Мазақ қылып арсылдап абалады. Мықтысың ғой, секіріп шығарсың деп, *Күлкіменен* қасқырды *табалады* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Күлкісі көмір болды. *Ойы іске аспады, жоққа шықты.* Абырой бергенде, кейіреулердің «Осы қыз қой бағып не жарытар дейсің» – деген күңкіл сөздерінің күлі көкке ұшты, *күлкілері көмір болды* («Лен. жас»).

Күлкі сияқты. *Ыңғайсыз, біртүрлі тәрізді.* Мұның жасында студент мундирін кию *күлкі сияқты,* бірақ ол сескенбеді. Жасынан алған қаталдық тәрбиесі бұл жерде керекке жарап, ол жұрттың сынын еске алған жоқ: ұялмай-ақ студент мундирін киді (М.Әуезов, Шығ.).

Қыран [қыран-топан] күлкі. *Уда-ду, жаппай күлкі.* Байсейіт бұл келеке-мазақ өлеңді айтқанда, күлмей, төсін керіп, қоқырайып әртісше айтады. Біз *қыран күлкі* боламыз (С.Сейфуллин, Тар жол.). *Қыран-топан күлкіден* автобус жарылып кететіндей көрінді маған. Өлгенім-ай («Қаз. әдеб.»).

Өз күлкісіне өзі қарық болды. *Өзінен-өзі мәз болды, масайрады.* Қу өмір жолдас болмас әлі-ақ өтер, *Өз күлкіңе өзің қарық болма* бекер (Абай, Тол. жин.).

Тәтті күлкі. *Тартымды, сыр жасырғыш, қызықтыратын күлкі.* Марья Дмитриевна сөзге араласып: – Неге кейін? Қазір болса қайтеді? – деді бұйырыңыз! – деп, Паншин жарқыраған *тәтті күлкімен* жымия түсті, (М.Әуезов, Шығ.).

Түнде үйқы, күндіз күлкі көрмеді. *Тыным таппады, күндіз-түні күнкөріс қамымен шапқылады; мазасы болмады.* Дертіміздің баршасы – дүние-мүлкі, Дүние үшін жер қазып, болдың түлкі. Қанағат қылмағанның – қарны аш, *Түнде үйқы көрмедік, күндіз күлкі* (Ақмолла ақын, Күндер.).

КҮЛКІ-ДУМАН з а т. *Ойын-күлкі, қызық,* Блиндаж іші көңілсіз. Манағы *күлкі-думанды* жігіттер ала кеткендей, қаңырап қазір бос қалған (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

КҮЛКІЛ з а т. э к с п р. *Кібіртіктеген, ойын ашық айта алмай күбірлеген күй.* Осыдан кейін өзге ру басылары да *күлкіл,* күмілжуды қойып, өз адамдарын атап-атап берген-ді (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Ернің емеуріне зорға келіп, әлі көмейінде *күлкул* бар ма? Неге айтпайсыңдар? – деді (М.Әуезов, Таңд.). Көмейіңе тақап тұрған бір *күлкілің* бар ғой (М.Әуезов, Таңд.).

КҮЛКІЛДЕ= е т. *Күлк-күлк ету, көлкілдеп қатты ісіну.* Бруцеллездің ауыр және созылмалы түрінде адамның көзінің алды кей кезде *күлкілдеп* ісіңкі болады (А.Дайыров, Хирург.). Жолшыбай Молша ауырып, тұла бойы *күлкілдеп* ісіп кетіп, жігіттер оны кезекпен арқалады («Қаз. әдеб.»). Райхан инені суырып ап, аспазшының білегін басып қараса, қол терісі *күлкілдеп* шыға кепті (З.Шашкин, Өмір.).

КҮЛКІЛДЕ= е т. *Көлкілдеу, әрлі-берлі толқындана қозғалу, желбіреу.* Шәмшидің күйеуі келгенде жұрт масайрап, Күнікейдің құрбы-құрдастары атлас, торғын, жібек, бәтес, мақпал, барқыт киіп, күміс баулы, сандық шомбал шолпылары күнге шағылысып, құйымшағын созып, қызылды-жасылды, оқалы,

зерлі тақиялардың шоқпардай үкілері үлпілдеп, күлтелі қосетектері *күлкілдеп*, он кез бәтесті аяғымен теуіп, бұлғаңдап, сәнденіп жүргенін көргенде, Шекердің іші қазандай қайнайды, оларды көргенде Шекердің көзі мұзға тайғандай сырғанап өте шығады да, көрмегенсіп, қырын қарап кетеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮЛКІЛІ с ы н. **1.** *Жайдары, шат көңілді.* Шолпан досының да, дұшпанының да алдында көңілді, *күлкілі* күйінде, бұрынғысынан бетер жадырай түседі (А.Хангелдин, Қараторғай). Жамау тонға оранып, жыртық кітапты құшақтаған сол бір кезгі жүдеу оқушылар емес, жүздері балбұл жанған шат *күлкілі,* бақытты оқушылар еді бұл мектепте (О.Тәжиева, Жетім қыз.). **2.** *Күлдіргі, қызықты, тартымды.* Көбінде ол өзін мейлінше жұпыны ұстауға тырысып, ойыны-шыны аралас әңгімелерден ауыз жаппайтын және *күлкілі* кеңестерді көбірек айтуға тырысатын (С.Мұқанов, Есею жыл.). Құдіретті таяқ қасиетімен екі жарылып бара жатқан теңіз суының сарылын тыңдамақ болғандай, кәрия әңгімесі маған әрі *күлкілі,* әрі қызықты әсер ететіндей (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз әуен.). Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, *күлкілі* жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп жетектейді (М.Әуезов, Шығ.). **3.** *Ыңғайсыз, қолайсыз.* Абай үшін опасыз жігіттің қайғылы, *күлкілі* халінен гөрі, оның шынымен қателесіп, бар жанымен шын қамығып, өкінгені қымбатырақ (М.Әуезов, Шығ.).

КҮЛКІ-МАЗАҚ з а т. *Әжуа-сықақ, келемеж.* – Пікірі жат жандардың *күлкі-мазақ,* ажуа-сықағын да көрдім, – деді Сәруәр (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Дүшпанның *күлкі-мазақ* жалалары, Қиналған тәніміздің жан-жарасы. Кедергі ісімізге бола алмады, Мың қолдың түспеді бір сом балғасы (Украина жырлары).

КҮЛКІ-ОЙЫН з а т. *Сауық-сайран, қызық.* Толқытып біз келеміз теңіз бойын, Көңіл шат арамызда *күлкі-ойын.* Мәлімсіз әр жүректе бір түйін бар, Қай түрлі болар деген алдағы ойын (Ғ.Малдыбаев, Желдірме.)

КҮЛКІРПІШ з а т. қ ұ р. *Құрылыс материалы, құрамында күл қоспасы бар кірпіштің түрі.* Өкінішке орай, жылына 25-30 мың осындай *күлкірпіш* шығаратын цех бүкіл республикамыз бойынша тек Қарағандыдағы қабырға материалдарын шығаратын өндіріс бірлестігінде ғана іске қосылды («Соц. Қаз.»).

КҮЛКІ-СЫҚАҚ з а т. *Әжуа, әзіл-оспақ, мысқыл.* Сәкен еңбектерінде *күлкі-сықақ* аз кездессе де, ауызша жасаған мінездемелері езу жидырған жоқ (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Сырттан шақырылатын әншілеріміз Әміре Қашаубаев, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбеков, Қалибек Қуанышбаевтың да *күлкі-сықағына* жұрт құмар («Соц. Қаз.»).

КҮЛКІСІЗ с ы н. **1.** *Көңілсіз, жабырқаңқы.* Көптен ұйқысыз өткен түндер мен *күлкісіз* өткен күндер ғылым тереңіне бойлатқанды (К.Туғанбаева, Алтын.). **2.** *Қуанышсыз, шаттықсыз.* Күлкі де ортақ ұққанға, *Күлкісіз* бізге күн қайда, Күлімдеп адам шыққанда, Жадырап жаның тұрмай ма (Ә.Тәжібаев, Кеше.). **3.** *Әзіл-қалжыңсыз, салқынқанды, салмақты.* Кейбір қоғамдық жай-күйлерді, сорақы мінез-қылықтарды көп жерде *күлкісіз,* салқын жүзбен, жиренумен, ашумен айтатын болса, сонымен қатар, көп жерде осы Алдар Көсе әңгімелері сияқты сынағыш, мінегіш, мазақ еткіш сөздермен айтатыны да болады (М.Әуезов, Шығ.).

КҮЛКІШЕК с ы н. *Әзілқой, қылжақбас.* Маған не сый бересің?.. Оң көзіңдей көресің. Осыны айтып түлкішек, Жайдары жан, *күлкішек* (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

КҮЛКІШІ с ы н. *Күлдіргіш, ойын-сауықшыл.* Қызықты, қызуды, қыздырманы ғана айтатын *күлкіші,* сауықшыл Дулат емес. Кешкі кездерде, ол бір үлкен өсиетші, кейде шерлі де қарт сияқтанады (М.Әуезов, Абай жолы)

КҮЛКІШІЛ с ы н. *Күлкіге әуес, күлкіқұмар.* Басында ми жоқ, Өзінде ой жоқ *Күлкішіл* кердең наданның, Көп айтса көнді, Жұрт айтса болды – Әдеті надан адамның (Абай, Тол. жин.). Еңбексіз ыржаң, *Күлкішіл* қылжаң, Еріншек, масыл, шағым, дау. Жұмыссыз адам, Санасыз надан; Саналы – саған болды жау (Ж.Сыздықов, Асу.).

КҮЛКІШІЛДІК з а т. *Күлкіқұмарлық күлегештік.* Үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін, Көп надандар езіне тартар бейім. Арылмас әдет болды *күлкішілдік,* Ыржаң-қылжаң ит мінез деген дейін (Абай, Тол. жин.). Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық ойыншы, *күлкішілдік* (Абай, Тол. жин.).

КҮЛ-ҚОБЫР з а т. с ө й л. ***Күл-қоқыр***. Мына жердегі ойран боп жатқан *күл-қобыр* ертеңдері қызыл төмпешікке айналады да, жер боп кетеді (Ә.Кекілбаев, Дала.).

КҮЛ-ҚОҚЫР з а т. *Күл-қоқыс, қоқсық.* Әзім оқуға кеткен жылдары бұл ауылда жиырма шақты үй ғана болатын. Жел тұрса төбесінен *күл-қоқыр* борайтын шатырсыз еді (Р.Тоқтаров, Терістік.). «Түрмесі халықтардың» күйре, өрген! Сыпырып *күл-қоқырын,* біздер ертең,

Орнында орнатамыз бақыт сарай, Болады әрі биік, әрі ол кең (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

КҮЛ-ҚОҚЫС з а т. *Қоқыр-соқыр, шаңтозаң.* Фашист көсемсымақтарының портреттері жол жиегіндегі *к ү л-қ о қ ы с п е н* араласып кетіпті (С.Омаров, Дала қызы). Ол соғыстан кейінгі жылдарда *к ү л-қ о қ ы с қ а* айналған қалалар мен селоларды қайтадан қалпына келтіруге қатысты («Соц. Қаз.»).

КҮЛЛІ [ар. كل] е с і м. **1.** *Барлық, бүкіл, тұтас, бүтін.* Біздің қарыштап өскен өнеркәсібіміз бен ауыл шаруашылығымызға, ғылымымызға қазіргі *к ү л л і* дүниежүзі тануда (І.Омаров, Серпін.). Шешендік пен өз ойын ырғақ әуенмен жеткізу қабілеті *к ү л л і* қазақ халқына тән қасиет, бұл тұрғыдан әсіресе өлеңші, ақын, халық билері ерекше көзге түседі (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). – *К ү л л і* жұрт сені санайды, Бақыты асқан адам, – деп, – Есімі – күн деп арайлы, Есімі нұрлы заман! – деп (Ғ.Мүсірепов, Алау.). **2.** *Неше түрлі, алуан түрлі.* Ньютон кәдімгі ақ жарықтың түрлі түсті сәулелерден тұратынын анықтап берді. Кәдімгі Күн сәулесінде *к ү л л і* түстің бәрі бар (А.Қалығұлов, Сан сырлы.). *К ү л л і* аспаптардың ішінен, әсіресе, домбыра орындаушылық дәстүр жақсы сақталып, айтарлықтай жетістікке жеткеніміз баршаға аян («Лен. жас»).

КҮЛМАН: күлманын ашты. *Қылмысын, айыбын әшкереледі, әйгіледі, жария етті.* Жазатайым жұмыс болса, қорғаушы да осылар болмақ. Қорғамаса, қолға түскен ұры ерегісіп, бәрінің *к ү л м а н ы н а ш у ы н д а* сөз жоқ (Б.Майлин, Шығ.) Түйредік найза қаламды *К ү л м а н ы н а ш т ы қ* әлемге. Қорқынышты қадамды Әйгіледік бар әлемге (Б.Майлин, Шығ.).

КҮЛМЕҢ: **күлмең қақты.** а) *Күлім қақты, күлімдеді.* Зүбәйраны өлді деуге ауыз бармайды. Ойда жоқта, бір күні *к ү л м е ң қ а ғ ы п* қасына жетіп келетін секілді (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). ә) ж а ғ ы м с ы з. *Ыржия кетіп, өзіне-өзі мәз болды, масаттанды. К ү л м е ң қ а ғ ы п,* қасқайып, Салынып ап мақтанға. Таң қаламын, қампайып жоқты-барды шатқанға (Абай, Шығ. жин.).

КҮЛМЕТ: күлметі ашылды. *Қылмысты ісі, айыбы әшкереленді, білініп қалды.* – Жездемнің ашуы басылар, тіпті тентектігін қоймаса, *к ү л м е т і а ш ы л а р*, мен де ел қатарына қосылармын (С.Омаров, Өмір.). Самат топқа: – Ал, жолдастар, мұндай-мұндай қиыншылықтар бола береді, бірақ бәрінің де төркіні табылып, *к ү л м е т і а ш ы л а р*, – деді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КҮЛПАРА з а т. ж е р г. *Тері бояу үшін шөптен алынатын бояудың бір түрі.* Терілердің иін қандырып болған соң, *к ү л п а р а м е н* бояуға қалады (Қазақ тілі. аймақ. сөзігі).

КҮЛПАРА: күлпарасын шығарды. с ө й л. ***Күлпаршасын шығарды***. Ол әлі жаны шығып бітпей, ақырын ғана діріл қағып жатқан абжыланның денесіне қанжардай сояу тырнақтарын салып жіберіп, әп-сәтте *к ү л п а р а с ы н ш ы ғ а р д ы* да, бөлшектенген етімен қомағайлана тояттана бастады (І.Есенберлин, Алмас қылыш).

Күлпара қылды. с ө й л. ***Күлпарша қылды***. Трактормен аттай желем, Техниканы билеп келем. Ескілікті *к ү л п а р а қ ы п*, Езіп, жаншып, илеп келем (Б.Майлин, Шығ.).

КҮЛПАРАН з а т. ж е р г. *Иіссу.* Кіргізсе ақ үйіне есік ашып, *К ү л п а р а н* иіс майын қойған шашып (Қазақ тілі. аймақ. сөзігі).

КҮЛПАРША: **күлпарша болды**. *Быт-шыты шығып сынды, қиратты.* Тұқымбайдың ойы бейберекет. Құмалақтай тасқа шарт сынып, *к ү л п а р ш а б о л ғ а н* әйнек секілді (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

Күлпарша қылды. *Быт-шытын шығарды, қиратты.* Бүтін затты *к ү л п а р ш а қ ы п* бүлдіру Зұлым үшін бұйым ба?! Ал еңкілдеп жылағанды Күлдіру түспек оған қиынға (С.Оразбаев, Дала.).

Күлпаршасын шығарды. а) *Быт-шыт қылды, күл-талқанын шығарды, қиратты.* Адам жас күнінде қиялшыл келеді де, қарсы алдында тұрған қандай қамал болсын *к ү л п а р ш а с ы н ш ы ғ а р ы п* бұзардай сезінеді (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.). ә) *Пәре-пәресін шығарды, дал-дұл етті.* Бәтеске айыпты өзім емес, қалам мен қағаз сияқтанып, талай қаламды быт-шытын шығарып сындырам, талай қағаздың *к ү л п а р ш а с ы н ш ы ғ а р ы п* жыртам (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Бұл өлеңді сендерге қор қылғанша өзім-ақ көзін құртайын, – деп Сәден дәптердің өз қолында қалған бөлігінің *к ү л п а р ш а с ы н ш ы ғ а р а* жыртты (Ә.Нәбиев, Ауыр апта.).

Күлпаршасы шықты. *Быт-шыт болды, күл-талқаны шықты.* Жігіттің жұқа ерні кемсеңдеп, қолындағы стақаны салдыр етіп еденге түсіп, *к ү л п а р ш а с ы ш ы қ т ы* (З.Шашкин, Өмір.).

КҮЛСАУЫТ з а т. *Күл салатын ыдыс.* Әр тұста *к ү л с а у ы т т а р* толы жартылай тартылған, мыжырайған, кірлеген папирос қалдықтары, ал үй ішінде айғай-шу (М.Әуезов, Шығ.).

КҮЛ-ТАЛҚАН: **күл-талқан болды**. а) *Быт-шыты шықты, сынып қирады.* Резинка допты

минус 200°-қа дейін суытып лақтырсаңыз, шыны тәрізді *күл-талқан болады* (Қ.Әбдіғапаров, Қызық. физ.). ә) *Быт-шыты шығып талқандалды, жеңілді.* Бүкіл соғыстың салмағын өзінің еңсесімен көтерген осы қаланың іргесінде фашистік армия *күл-талқан болды* (С.Мәуленов, Жер нәрі). б) *Ойы іске аспады, орындалмады.* «Жүрттың Оспанды сайлаған ақ шар отыз болмаса да, соны алқымдар!» деген үміті *күл-талқан болды* (М.Әуезов, Ақын аға). Сол сәтте-ақ Балқашқа дейін кең жазылып жалпиып жатқан бұл тау жайындағы түсінігімнің бәрі *күл-талқан болды* (Ә.Әбішев, Замана.). в) *Шала бүлінді, бұлқан-талқан болып ашуланды.* Мәнсия, жұбайымен бірге істейтін адамдардың үй алғанын естігенде, одан бетер бұрқанып, *күл-талқан болды* (А.Шамкенов, Толқын.). Адвоқаттың сөзін естіген Үсен шал аяқ астынан *күл-талқан боп* ашуланды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш.).

Күл-талқан етті [қылды]. а) *Быт-шытын шығарып талқандады, құртты.* Бір досының самолеті аспанда жарылған снаряд ортасында қалды. Нүркен оны атқылаған оқ ұясына төмендеп барып бомба тастап, *күл-талқан етті* (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Күл-талқанын шығарды. *Бүлдірді, быт-шытын шығарды.* – Нүркеге өзінің істегені аз болғандай, енді, міне, жалғыз баласының қызығының да *күл-талқанын шығарып* отыр (І.Есенберлин, Айқас).

Күл-талқаны шықты. а) *Быт-шыт болып қирады, ештеңесі қалмады.* Бөтелке шалдың басынан асып барып, арбаға тиіп *күл-талқаны шықты* (Б.Майлин, Шығ.). Жауапты тапсырма орындалды. Жау бронепоезының *күл-талқаны шықты* («Қазақст. мұғ.»). ә) *Тас-талқан болып жеңілді.* Петров уезінің, Афросим разъезінің жанында Попов бандысының *күл-талқаны шығыпты* (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік).

КҮЛТАРТҚЫШ з а т. ж е р г. ***Көсеу***. Ошақтың күлін шығарайын десем *күлтартқышты* таба алмай отырмын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮЛТЕ[1] з а т. **1.** *Шоқталып түйілген бір буда жіп, қыл т.б.* Жаңа ғана қызыл керегесі көрініп тұрған жалаңаш үйлер уығы тегіс шаншылып болған соң, айқұш-ұйқыш айқара тартылған қызыл ала бауларға, уықтан салбыраған *күлтелерге* көміледі (Ә.Кекілбаев, Дала.). **2.** б о т. [лат. corolla] *Гүлтостағаншасының ішіне орналасқан, саны бірден бірнешеге дейін жететін түрлі түсті ашық реңді гүлсерік.* Бақбақ, қырмызыгүл, өгейшөп, бөртегүл, түймедағы өсімдіктерінің *күлтелері* медицинада дәрі дайындау үшін пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Биология). Аталық тозаңды пайдалану үшін, аталық гүлдің гүл *күлтелерін* жұлып тастап, қалған гүл тозаңдарын аналық гүлдің үстіне қояды да тозаңдатады (А.Алманиязов, Қазақст.). Гүл серігінің бірі – *күлте.* Күлтенің реңі өсімдік түріне қарай әрқилы болады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

Күлте белбеу. э т н. *Шоқталып түйілген белбеу.* Тақтайдай жауырыны кең, көкіректі, Жоталы жолбарыстай сом білекті, Келте тон, *күлте белбеу*, қырым балақ, Жез қалпақ, жырма қоныш көк етікті (Н.Ахметбеков, Шығ.).

Күлте жалды. *Жалы күлте, күлте жалы бар. Күлте жалды,* қамыс құлақты, алшаң басқан мама биелерді ауыл маңынан ұзатпайды (С.Әлжіков, Дала.).

Күлте құйрық [жал]. *Жылқының т.б. сәндікпен тарамдалған қалың, тығыз қыл будасы.* Іші пысқан құлыншақтар асыр салып ойнап, *күлте құйрықтарын* көкке шаншып, енелерінің қасында шапқылап жүр (С.Жүнісов, Жапанда.).

КҮЛТЕК з а т. ж е р г. *Бұлталақ, бұлғалақ.* Мерген, сен ондай *күлтекті* қой, жүретін болсаң, оныңды айт, қаламын десең, тағы өзің біл (А.Нұрманов, Құлан.). *//Жағымпаз, жарбақ.* Азулы байлар әлі бар, Байға *күлтек* дос-жарлар. Пара алып, үкімет пұлын жер, Сабаздар бар тапқан мал (Б.Майлин, Таңд. шығ.).

КҮЛТЕКТЕ= е т. **1.** *Бұркемелеп, бүкпелеу.* Нағыз дос адам кемшілікті қымтап *күлтекте-мейді,* Раббастың бұл сыны да сол кездің ақиқат болмысын бейнелеп еді (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). **2.** а у ы с. *Жағымпазданып жарбақтау.* Өмірде бір жарыған күнің бар ма? Жаритын, сірә, сенің түрің бар ма? *Күлтектеп* анаған да, мынаған да, Күркелеу, мен білмейтін сырың бар ма (Б.Майлин, Шығ.).

КҮЛТЕКТЕТ= е т. *Бұркемелету, бүкпелету. Күлтектетпей* турасын айтшы, шырағым. Мен білетін жөнді өзің де білмейсің бе, аңшы болсаң (А.Нұрманов, Құлан.).

КҮЛТЕКТЕУ *Күлтекте етістігінің қимыл атауы; бұркемелеу, бүкпелеу.* Есіркеп: Мен *күлтектеуді* білмеймін. Бетке тура айтатын жігітпін (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

КҮЛТЕЛЕ= е т. **1.** *Жібек пен қыл тәрізді заттарды тегістеп шоқтау, біркелкі етіп кесу.* Тамызықпын жолдасқа, пілтедеймін, Жалқұйрығын атының *күлтелеймін.* Өз үйімде тимеймін жауыма да, Жығылғанға жұдырық сілтемеймін (Ж.Молдағалиев, Таңд. шығ.). Ол

жүгіре барып, қарагердің жалын сипап, қалың кекілін *күлтелеп* тұр (О.Бодықов, Бұлбұл.). **2.** а у ы с. *Киіндіру, жасандыру.* Мұндайда ақылды әкелер әр баланы бар болса да бет-бетіне *күлтелемей,* үлкенінің ескі киімін бір-біріне ауыстырып киіндірген («Ақ желкен»). **3.** а у ы с. *Бұлтарып бұкпелеу, кібіртіктеп бөгелу.* Ойлаған ойын *күлтелемей,* төтесінен тура түсетін, адамды адастырмайтын Сәкеннің сөзі құлағыма әлі анық естіліп тұрғандай (С.Талжанов, Ұлдай.). Жауап сөзінің оқыс өркештеніп кеткеніне Сәруардың өзі таңданды, сөз аяғын, бірақ кешірім сұрап *күлтелеген* жоқ (А.Сүлейменов, Бесін).

КҮЛТЕЛЕН[1]= е т. *Біркелкі шоқтану.* Кер биенің *күлтеленіп* қалың біткен құйрығы жерге төгіліп тұр (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Құба тал мен қызыл қайың балапан жапырағын жайып *күлтеленіп* тұр (З.Шүкіров, Қиын түйін).

Күлтеленген жібектей. *Сүйкімді толқын шашақтай.* Жалың сұлу, Гүлсары ат, *Күлтеленген жібектей* (Мұңлық-Зарлық). Жалыңнан сенің болайын *Күлтеленген жібектей,* Омырауыңнан болайын, Оралып жатқан түбектей (Ер Төстік).

КҮЛТЕЛЕН[2]= е т. *Күлт-күлт ету, ісіну, қолдырау.* Алуа келгенде, ауру есінен айырылып жатыр еді: бет-аузы *күлтеленіп* ісініп кеткен («Лен. жас»). Операция столында жатқан балапанын ойлап, келіншектің екі көзінің айналасы *күлтеленіп* іскен («Қаз. әдеб.»).

КҮЛТЕЛЕНДІР= е т. **1.** *Тегістеліп шоқталу, біркелкі етіп кесілу.* Мына бір өне бойын *күлтелендіріп* қойған күрең қасқа ат, дәу де болса дүкенші Шүреннің аты (Ә.Кекілбаев, Дала.). **2.** а у ы с. *Түрлену, сәндену.* Сұңғақ, ұзын қыздар бұрымдарын құлынның құйрығындай *күлтелендіріп* бос жіберген (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

КҮЛТЕЛІ с ы н. **1.** *Күлтеленген, күлтесі бар.* Топтан таңдап тұлпар мін *Күлтелі* құйрық, сұйық жал. «Жолын қыл!» деп баламның Қарт атаң жасын төкпей ме (Үш ғасыр.). Тораңғылдың басын тұжырып қоятыны – елден ерек сереймесең, өзге ағаштармен тең өссін дегені: сояу болмай, жапырақты, *күлтелі,* паналы болсын дегені (Ж.Аймауытов, Шығ.). *// Күлтеленген тұр.* [Аттың] Құйрық ұшындағы күлтенің қарасы да кездесіп қалып жүрді, демек, қара *күлтелісі* де болады екен (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.). **2.** *Біркелкі етіп кесілген, желбіреген.* Шәмшидің күйеуі келгенде жұрт масайрап, Күнікейдің құрбы-құрдастары атлас, торғын, жібек, бәтес, мақпал, барқыт киіп, күміс баулы, сандық шомбал шолпылары күнге шағылысып, құйымшағын созып, қызылды-жасылды, оқалы, зерлі тақиялардың шоқпардай үкілері үлпілдеп, *күлтелі* қос етектері күлкілдеп, он кез бәтесті аяғымен теуіп, бұлғаңдап, сәнденіп жүргенін көргенде, Шекердің іші қазандай қайнайды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күлтелі көйлек. э т н. *Желбіретіп салған қос етекті көйлек* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КҮЛТЕМЕ-СҮЛТЕМЕСІЗ с ы н. с ө й л. ж е р г. *Салған жерден, бірден.* Ожарбайдың *күлтеме-сүлтемесіз* «ішпеймін» дегені де іліп-қақпайға түсті («Қаз. әдеб.»).

КҮЛТЕҢДЕ= е т. *Кібіртіктеп кідіру, бөгелу. Күлтеңдеп* әкем көрген жоқ, Сөйлейтін сөзден қысылып, Таңырқатқан талайды, Қызыл тілдің қызығын зеңбіректей көшіріп (XX ғ. қаз. әдеб.).

КҮЛТЕСІЗДЕР з а т. б о т. *Желмен анемофильді тозаңданатын, гүлдерінде күлте жапырақшалары болмайтын өсімдіктер. Күлтесіздерге* қызылша, алабұта, қарасора, қымыздық, шамшат қайыңдар, талдар, астықтұқымдастар, қияқ, өлеңдердің және т.б. тұқымдастардың түрлері жатады (Қаз. тілі термин. Биология).

КҮЛТЕШЕК з а т. с ө й л. ж е р г. ***Күлте***. Өсімдіктердің *күлтешегі* ашық, айқын түсті келеді, гүлдің түбіне тәтті су-шырын жиналады (Мақта).

КҮЛТ-КҮЛТ е л і к. *Көлкілдеп ісінген тұрпатты бейнелейтін сөз.*

Күлт-күлт етті. *Күлтілдепісті, көлкілдеді.* Оң жақ көзімнің айналасы күптей. Қабағымның үсті *күлт-күлт етеді* (С.Жүнісов, Өшп. із.).

КҮЛТӨБЕ з а т. э т н. *Ортағасырлық бекініс орындары.* Қазақстанда *күлтөбе* атты жер атаулары (төбелер) көп кездеседі. Кейбіріне археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген (ҚҰЭ).

Күлтөбенің басында күнде кеңес. *Жиі-жиі болған жиын туралы айтылады. [Қазақ аңыз-әңгімесінде: «Тәуке хан қазақтың басын жиып, Күлтөбенің басында кеңес құрып, атақты «Жеті жарғысын» тізген екен деген аңыз бар. Бұл фраза бертін келе жалпылық мәнге ие болды].* Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», әз Тәуке ханның *Күлтөбенің басындағы күнде кеңес* болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек (Абай, Тол. жин.).

КҮЛТПАЙ з а т. ж е р г. *Тышқан індерінің аузына шығарылып тасталған бос топырақ.* Бұл тышқан *күлтпайының* көп жері, аяңдап жүруге тура келеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮЛТҰТҚЫШ з а т. т е х. *Түтін газдарын ұшпа күлден тазартқыш құрылғы.* Күл тұту механикалық жолмен және электрлік аппарат – *к ү л т ұ т қ ы ш п е н* іске асырылады (ҚҰЭ). Механикалық *к ү л т ұ т қ ы ш* пен электрлік сүзгіні аралас қолдана отырып, тазалау дәрежесін арттыруға болады (ҚҰЭ).

КҮЛТІ = е т. ж е р г. *Қолдың терісі сулануын қолдырау, күлдіреу.* Мына айырдың сабы жаман екен, қолым *к ү л т і п* қалыпты (Диал. сөздік.).

КҮЛТІЛ з а т. ж е р г. *Табансыздық, бұлталақтық. – К ү л т і л д і* қоям. Жанар менікі... менікі деп ашық айтам, – дей беріп еді, қыз оның құшағынан жұлқынып шықты, түсі бұзылып, Сәрсенге ызалана қарады (Т.Ахтанов, Дала сыры).

КҮЛТІЛДЕ= е т. *Күлт-күлт етіп ісіну.* Құрдас-құрбыларының іліп-қақпай әзіл-оспағын елемей, Ожарбайдың екі бетінің ұшы дуылдап, ернінің *к ү л т і л д е п* ісініп бара жатқанын сезінді («Қаз. әдеб.»).

КҮЛТІЛДЕК с ы н. *Күлт-күлт еткен, күлтілдеген.* Болмайды деймін, – деп күшене сөйлеп еді, онсыз да, баттиған қара сұр бетінің қос алқымы ісініп, көзінің алдындағы *к ү л т і л д е к* майға көзілдірігі батып кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

КҮЛТІЛДЕҢКІРЕ= е т. *Күлтілдей тұсу, ісіниңкіреу.* Ұйықтамағаннан болса керек, Нәубетжанның көз еті *к ү л т і л д е ң к і р е п* кетіпті (З.Иманбаев, Дала.).

КҮЛТІЛДЕТ= е т. *Бүкпелету, жасыру.* Оның бейтаныс қыздың бәріне де айтатын сөзі осы. – Сәлима, осы жолы шын айтам. – Білеміз, білеміз, *к ү л т і л д е т п е* й-ақ қой, – дейді қыздар (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

КҮЛУ *Күл етістігінің қимыл атауы.* Күлгеннің артықшылығы жоқ. Күлген жақсы, бірақ жөнімен *к ү л у* керек (М.Дүзенов, Ақәже). Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба. Құмарланып шаттанба, Ойнап босқа *к ү л у г е* (Абай, Тол. жин.).

КҮЛШЕ[1] з а т. **1.** э т н. *Қоламтаға көміп пісіретін, дөңгелекше нан.* Үйде бір түйір дән қалмады. Бір кішкене ұн бер, балама *к ү л ш е* пісіріп берейін,– деді шешем (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Ақыл айтып жүрмесе қасымызда, Сонда орнайды жетімдік басымызға. Жалаңашқа шекпенін шешіп беріп, Бір *к ү л ш е с і н* бөліскен ашымызға (М.Мақатаев, Шығ.). «Наннан үлкен ештеңе жоқ, алдымен өз қолыммен пісірген осы *к ү л ш е н і* жесін», – деді, – деп, сап-сары *к ү л ш е н і* ұсынды (С.Жүнісов, Ақан сері). **2.** ж е р г. *Шелпек.* Кейде уақыт болса, майға *к ү л ш е* пісіріп жейміз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Күлшесіне күл тартты. *Өзі жақын көретін нәрсеге бүйрегі бұрды.* Отырып өлем ғой деп қайғыланды, Шақырып уәзір, бегін қасына алды. *К ү л т а р т қ а н к ү л ш е с і н е* күң қатындай, Оларға осылайша кеңес салды (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

КҮЛШЕ[2] з а т. к ә с. қ о л ө н е р. *Мәсінің артына салатын өкше сірісі ретіндегі өрнекті былғары* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КҮЛШЕДЕЙ с ы н. *Көтеріліп пісіп, қабарған, күлше тәрізді.* Маңдайынан мұздай тер бұршақтап, таңдайы кепті. Тілі қозға көмген *к ү л ш е д е й* ісініп, аузына сияр емес (А.Мекебаев, Жезтырнақ).

КҮЛШЕЛЕП ү с т. *Бөліп-бөліп, бөлшектеп.* Баяғыдан дайын тұрған қамырды *к ү л ш е л е п* қазанға салды (Ә.Әлішев, Батыр). Атанияз мырза жасқанды ма, әлде айқасуды өзіне лайық көрмеді ме, менің арызымды *к ү л ш е л е п,* әкемнің бетіне лақтырды да жалт берді (Ә.Сәрсенбаев, Толқында).

КҮЛШЕЛІ с ы н. *Күлшесі бар.* Күлше – наннан жасалатын тағам. Кей жерде тоқаш деп те атайды. Оны қамырды қатты илеп, домалақтап немесе сопақшалап алған соң қызуы мол қоламтаға көмеді. 15–50 минутта пісіп шығады. Ол – балалардың қолына ұстап жүріп жейтін сүйікті наны. «*К ү л ш е л і* бала сүюге жақсы» деген мәтел осыдан шыққан («Парасат»).

КҮЛШЕЛІК с ы н. *Бір күлшеге жетерлік.* Ұн илеп жатқан шешемнен жылағандай боп, *күлшелік* қамыр сұрап алатынмын (Ө.Қанахин, Жер бас.).

КҮЛШЕТАЙ з а т. э т н. *Кішкене күлше, тоқаш.* «Көргенше аман бол, десті олар: қош тұрғай, Жолыма ірімшік, салды құрт, *к ү л ш е т а й.* Арнап бір домбыра, дорбаға салды да: – Ал енді зымыра,– деп жатыр – көкетай» (А.Тоқмағамбетов, Көгілдір.). «Қазақша ет және тәтті шай, Бір жапырақ *к ү л ш е т а й,* Болса... жылқы жаясын әкеліңіз»,– деп едім,– Түнере қалды даяшым (Ш.Смаханұлы, Ұр.).

КҮЛ-ШЫПЫР с ы н. ж е р г. *Едел-жедел, үйелмелі-сүйелмелі.* Азаматтың алты ұлы ылғи *к ү л - ш ы п ы р,* алды комсомолға биыл ғана өтті (З.Қабдолов, Жалын).

КҮЛШІК з а т. *Темекінің күлін салатын ыдыс.* Шылымын құшырлана сорып, тұқылын *к ү л - ш і к к е* нығарлап өшірген Қанат тамағын кенеп жөтелді де, секретарьға бұрылды (З.Жәкенов, Таң самалы). Аласа дөңгелек стол үстіндегі *к ү л ш і к* сигарета қалдығына толы (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.).

КҮЛШІН з а т. қ о л ө н е р. *Өкше сірісінің орнына салынған жылтыр былғары.* Қаю киімдердің етек-жеңін, жағасын, кимешек-жаулықтарды, аяққиімдердің *к ү л ш і н д е р і н,* кебістің шажамайын тігуге қолданылады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КҮЛІК з а т. **1.** *Сәйгүлік, саңлақ, жүйрік ат.* Жүйріктің алды – *к ү л і к* деп, Кекілін, жалын жыр еттік. Өмірге біздер күліп кеп, Өмірдің жолын бір өттік (Х.Ерғалиев, Дәуір.). Ол да мендей шолжаңдап жүріп пе еді? Саяқ па еді, болмаса *к ү л і к* пе еді? Болмаса дүйім елді дүбірлеткен Бағзы біреулердей бүлік пе еді? (М.Мақатаев, Шығ.). Күңірентті ойды, қырды өңшең *к ү л і к,* Арқаны дүбірлетті дүбір қылып. Көшіріп жерді, көкті аттар, Керілген кең даланы бүліндіріп (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** а у ы с. *Әйгілі, атақты.* Би хан барда ғана жүйрік, Сұлтан ел барда ғана *к ү л і к* (І.Есенберлин, Аласапыран). // *Сән, салтанат.* Күреңімді мінемін *к ү л і к* үшін (Халық өлеңі).

Күйсіз күлік. *Бабы келмеген жүйрік. К ү й с і з к ү л і к* жүгірмес. – Күйсіз жүгіретін көлік бар ма, құнтсыз үйде түңлік бар ма, – деді Жанғозы Далабайдың үйсіз жалқы жігіт екенін қағытып (А.Лекеров, Шығ.). Дертім бар, тілім шолақ баяндауға, Майданда қолым шолақ аянбауға. Жортқанмен *к ү й с і з к ү л і к* ұзамайды, Түседі біраздан соң аяңдауға (Ақмолла ақын, Күндер.).

КҮЛІМ: **күлім бел.** б е й н. *Сағым ойнаған асу, бел.* Қызыл-жасыл, ақ-көкшіл бейне кілем түріндей, гүлдер гүл-гүл жанады, күлкілдеген гүл-жапырақ, сағымданған *к ү л і м б е л* терезеден көз салса, Күнікейдің көңіліне жазылмас жара салады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күлім көз. *Күлімдеген ойнақы көз.* Хасенге *к ү л і м к ө з,* оймақ ауыз, қыр мұрын жас сұлу қараған сайын ұнап барады (І.Есенберлин, Қатерлі.). Жас келіншектің *к ү л і м к ө з д е р і* жайнаң қағып, ерке күлкісі ақ құбаша жүзіне әдемі бір шырай беріп тұрады («Лен. жас»).

Күлім қақты. а) *Жайдарылана жымыңдады, күлімсіреді.* Дәл осы шақта жас сұлу, жан дүниесінің аса бір көз тоймас қызығын тапқандай жан-жағына әлсін-әлсін қуана қарап, ұйқылы-ояу күйінде *к ү л і м қ а ғ а д ы* (І.Есенберлин, Қатерлі.). Дарағүлдің екі езуінде күлкі үйіріліп, қарақат көздері *к ү л і м қ а ғ а д ы* («Лен. жас»). ә) *Құлпырып жайнай түсті, жарқырады.* Ақбеттаудың айыр өркеш шыңында *к ү л і м қ а қ қ а н* ақ жарқын күн көктем лебін өзімен бірге ала келгендей бүгін (З.Шашкин, Сенім). Алматы Алатаудың бөктерінде Гүл тағып жасыл барқыт шекпеніне. Көктемде *к ү л і м қ а ғ ы п* тұрар жайнап, Алтын күн төбеден нұр төккенінде (Қ.Тәкежанов, Қария.).

КҮЛІМДЕ= е т. **1.** *Жымия қарап күлімсіреу, жымыңдау.* Базаркүлдің келіні Айжамал биязы, артық сөзі жоқ, үнемі *к ү л і м д е п,* жайраңдап жүргені («Лен. жас»). «Жақсы лепес – жарым ырыс», – деген мәтел ойына оралған Нұрлыгүл: – Айтқаныңыз келсін, апатай – деді қуана *к ү л і м д е п* (З.Жәкенов, Таң самалы). Әрине, кешікпеймін, – Маржанкүл ағасына тағы да еркелеп, *к ү л і м д е п* қарады да, үйден асығып шығып кетті (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). **2.** *Жайнап-жарқырау, құлпыру.* Күнікей түйені тіркеп, тақиясын түзеп киіп, оң жағына қарағанда Ордабай айналасының барлық шаңырағынан да үлкен, *к ү л і м д е г е н* қызыл-жақұт күн көктің бір өңірін сары алтынға малып, екі түйенің арасынан абажадай боп адырдан суырылып келе жатыр екен (Ж.Аймауытов, Шығ.). Туды жаңа май айым, Алқызыл гүл маңайым. *К ү л і м д е д і* күн көзі, Алатау алтын шаңырақ (Қ.Бекхожин, Мамырстан.). *К ү л і м д е п* тосқан гүл ме деп, Қырлардан сені іздеймін. Жолында, сірә, жүр ме деп, Жырлардан сені іздеймін (Ә.Абайділданов, Маржан.). Мұзды құзға тіл бітіп мұздап қалған, Атақ әкеп алдына бас иіп тұр. Алыстағы сағым боп жүрген арман, Жаз құшағы *к ү л і м д е п* ашылып тұр (А.Тоқмағамбетов, Көгілдір.).

Күлімдеп кіріп, сырыңды алды. *Өзіне сендіріп алып, құпияларын біліп алып, алдап кетті.* Аждаһа алты басты жаудан қорқам, Бүлдірген ел арасын даудан қорқам. *К ү л і м д е п к і р і п, і ш к і с ы р ы ң д ы а л ы п,* Құрылған аяқ асты аудан қорқам. Ертеден кешке дейін бір іс етпес, Жатып іш жалқау – дені саудан қорқам (Ғұмар Қараш//Екі мыңжылдық.).

КҮЛІМДЕС= е т. *Бір-бірімен жылы шырайымен жүздесу.* Ботажанның бұл сөзінен кейін, жаңа ғана жауар бұлттай күркіресіп келген әкелі-балалы екеуінің көздері *к ү л і м д е с е* бастады (Ә.Әбішев, Ғаламат.). Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, *К ү л і м д е с і п,* көрісіп, құшақтасып (Абай, Тол. жин.).

КҮЛІМДЕТ= е т. *Жымия қарату, жымыңдату.* Орта бойлы, толық қара торы әйел үлкен қой көзін сыпайылықпен *к ү л і м д е т е* қарап, кіріп келген екі келіншекті қарсы алды (С.Бегалин, Уақыт.). Михаил Антонович Усов, әсіресе, балаларды көргенде, кішкене көк көзін *к ү л і м д е т і п,* баурына бірден тартады (Т.Оразов, Қаныш.). Әбекең семіз бетіндегі қысыңқы көздерін *к ү л і м д е т і п,* Танакөзге қарай берді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

КҮЛІМДЕУ *Күлімде етістігінің қимыл атауы; жылы шыраймен жымию.* Михаил көзін Айдынғалидан алмастан *күлімдеумен* тұр (Ғ.Сланов, Шалқар.). Кішкентай көзінің қуақы *күлімдеуіне* қарағанда, ішінде өзіне аян қулық-сұмдығы да бар сияқты (Т.Ахтанов, Үндістан.).

КҮЛІМ-КҮЛІМ: **күлім-күлім етті**. *Күлім қақты, жымыңдады, қуанды.* Мәделіхан келе жатқан түнмен бірге өзін зор-қуаныш күтіп тұрғандай екі көзі *күлім-күлім етеді* (І.Есенберлин, Қahар). Әлжанның көңілді, шүңірек, өткір әдемі көздері *күлім-күлім етеді* (О.Бодықов, Бұлбұл.). Жақсыларды қарашы, Алдаспанын суырып, *күлім-күлім етеді,* Ақырет үйге барғанда (Ерубай ақын).

КҮЛІМПАЗ с ы н. *Күлегеш, күлкішіл.* Екі келіншек өз сөздеріне өзі сылқ-сылқ күлді, бірақ жолаушы ыққан жоқ. *Күлімпаз* жас келіншектерге қызыға, ынталы қарады (С.Бақбергенов, Қайран шешем).

КҮЛІМСІ с ы н. *Жағымсыз сасық иіс.* Бөлме жаралыларға лық толы, үйдің ауасы *күлімсі* сасып, тынысты тарылтады (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Күлімсі иіс. *Қолқаға ұрар қолаңса жағымсыз иіс.* Үйдің ауасы ауырлап, балық шырышы мен тер сіңген киімнің *күлімсі иісі* қолқа атып барады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

КҮЛІМСІЛЕУ с ы н. *Сасықтау, күлімсі тартқандау.* Мырзаның *күлімсілеу* ыстық демі бетін шарпығанда, жүрегі айығандай жиіркене тітіркенген Нәзигүл қабағын шытып, бетін бұрып әкетті (З.Жәкенов, Таң самалы). Бір көзі соқыр, жалғыз әйнекті, тапалтақ кішкене үйінің дымыққан, *күлімсілеу,* терсымақ иісі мұрнына жып-жылы тиді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮЛІМСІРЕ= е т. *Езу тартып сәл күлімдеу, ақырын күлім қағу.* Хасеннің жайшылықта адамды тартып *күлімсіреп* тұратын жарқын өңі, бүгін біртүрлі қуарып кеткен (І.Есенберлин, Қатерлі.). Оспан Шолпанға жарқын жүзбене, *күлімсірей* қарады (А.Хангелдин, Қараторғай). Тыңдайды ол, *күлімсіреп* ойлы көзі, Белгілі жолдасына ол мінезі. Дейді оған көңіліне дем бергендей: – Көкектің мына әншіңіз нағыз өзі (Ғ.Орманов, Көгілдір.).

КҮЛІМСІРЕТ: көзін күлімсіретті. *Сәл езу тартып, күлім қақты.* Саржалдың бар аязын ала кірген кім десем, сен екенсің ғой, Тоқбике, – еді Кенжетай, қысық *көзін күлімсіретте* әзілдеп (Д.Әбілев, Арман.). Аралбаев шүңірек кішкене қара *көзін күлімсіретте,* қалың қабағын ойнақшыта маған қарады (С.Мұқанов, Мөлдір махаббат).

КҮЛІМСІРЕУ *Күлімсіре етістігінің қимыл атауы.* Осындай ауыр ойға душар болған сорлы басым Ақбаянға қарай бердім, ал қыз маған мойын бұрмай, әлденеге *күлімсіреумен* келеді (І.Есенберлин, Алтын құс).

КҮЛІҢ-КҮЛІҢ е л і к. *Күлім қаққан, қайта-қайта күлімдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

Күлің-күлің етті. *Күлім қақты, күлімдеді.* Ә, құрдас, сенбісің? Кел, шелегіңді суға толтырып берейін... – деп, Бердінің көзі *күлің-күлің етті* (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

КҮЛІҢКІРЕ= е т. *Аздап күлу, езу тарту.* Гүлия *күлің кіреп* иығын теңселтті: – Ер болсаңдар, жібермессіңдер, – Ой, Бұзаубақау, мына Гүлия не дейді! – десіп, жігіттер қалжыңдап күлісті (С.Сейфуллин, Шығ.). Тісі ақсиып *күлің кіреп* отырған Шери алаша жіптерін қолымен салалай бастады (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

КҮЛІП-ОЙНА= е т. *Әзіл-қалжың айту, күлісу; сауық-сайран кешу.* Мен Қасым Аманжоловпен танысқан соң, оп-оңай табысып, *күліп-ойнап* бірге жүретін болдық (Ғ.Сланов, Замана.). Алматы тұрғындары әдеттегіше *күліп-ойнап* көшелерге шықты, жер қойнауында болған дүмпуді сезбей де қалды (Ж.Жұмаханов, Адам.). Қодар келгенде қыздар ілтифат қылмайды. Бос қайтады. Содан кейін Қозы келіп, оншақты күн қыздың қасында *күліп-ойнап* жылқыға қайтады. Қодарды мазақ етеді (М.Әуезов, Шығ.).

КҮЛІС з а т. *Үш карталы карта ойыны.* Қалай деріңіз бар ма, жастар қыдырады, карта ойнайды. Преферанс, кинг, *күліс,* алпыс алты сияқты ойын түрлері аз ба («Лен. жас»).

КҮЛІС= е т. *Бірігіп күлу, бірге немесе бір-біріне қарап күлу.* Үшеуі Ақтастың түбінде, күншуақта мәз-мәйрам болып *күлісіп* тұрғанда, Қарадөңнен көрінген атты да келіп жетті (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Ақық қарт әженің көңіліне қарайтын және мінезін қызық көріп, *күлісетін* де қоятын (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Қайқы тұмсық қара қатын өсекші байлауын жасап жатыр екен. Ондайды да тегін болмайды мұндай қыздың. «Іздегенім сендей емес шілтиген. Еркек болса серкесі керек» дегені ғой, білдің бе? – деп тағы да құптаса *күлісті* (М.Әуезов, Шығ.).

КҮЛІСТІК з а т. ж е р г. *Күлкі, әжуа, келеке.* Жиеке, әзіл сөзді кектедің бе, Шығарып сен де өлең,ептедің бе? Тойында Нарыбайдың сыртта тұрып, Сөзіме бір *күлістік* ет дедің бе (Айтыс). Сөйлеген сөзім ыңғайлы, Құмартып халқым тыңдайды. Шайырдан шатақ сөз шықса, *Күлістік* етіп көбісі, Бір-біріне ымдайды (Т.Ізтілеуов, Назым.).

Күлістік ату. ж е р г. *Кемсіну, күлу, мазақтау.* Біреуді біреу *к ү л і с т і к а т у д ы ң* керегі не? (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮЛІСУ *Күліс етістігінің қимыл атауы.* Орысшалау, түтін салысу, *к ү л і с у* мидай араласты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮЛІСІП-СЫҚҚЫЛДАС= е т. *Күліп-ойнасу, әзіл-қалжың айтсу.* Еріккен қыз-келіншек екіден-үштен қосылып қалжыңдасып, *к ү л і с і п с ы ң қ ы л д а с ы п,* су жаққа барып, біресе топтанып ойнап, дөң асып кетіп жатыр (М.Әуезов, Қараш.).

КҮЛІШ: күліш етек. *Етегі кең, төмен жағы жалпақ.* Басы тиіп жатқан *к ү л і ш е т е к* самырсыннан бетіне саулап қар түсті – бұтақтан-бұтаққа секіріп билеп жүрген ақ тиін құлатқан қар (О.Бөкеев, Көшкін).

КҮМӘЖНІК [ор. бумажник] з а т. с ө й л. *Ұсақ-түйек қағаздар мен ақша салып жүретін былғарыдан істелген қалта, бұйым.* Жарқайық елінің болысы Мақзым Балбекұғлына күміс *к ү м ә ж н і к* берілді («ДУГ»). Мен қылқылдап болмаған соң, Әуекең қойын қалтасындағы *к ү м ә ж н і г і н е* қол салды (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Қойбағар, Түнғатар, Майпалау дейтін үш жігіт жолаушылап келе жатып «Құдайдың десбересі» – бір *к ү м ә ж н і к* тауып алды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қалтасын ақтарып қарап еді, *к ү м ә ж н і г і н д е* бір буда кесек ақша жүр екен (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

КҮМӘН [ир. گمان] з а т. *Сенбеуден туған сезікті ой, шүбә, күдік.* Рамазан Тоқтаров Мемлекеттік сыйлыққа ие болған «Абайдың жұмбағы» (1999) атты бес кітаптан тұратын роман хамсаға ұзақ дайындықпен келді. Оқырман тарапынан *к ү м ә н* да көп болды («Егемен Қазақстан»). *К ү м ә н* ашылғалы келеді! Айтыңызшы, бақытсыз Дон Жуан сізбен таныс емес пе? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күмән болды. *Сезік тудырды, дұрыс-бұрыстығы шүбәлі, негайбіл деген ой тудырды.* Бұлжымай осы сөзім келер анық, *Б о л с а* да сізге *к ү м ә н,* маған қанық. Қабірге кіріп өлсе, қозғамаңыз, Сыртынан жаназа оқып, қайтсын халық (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Күмәнға салды. *Күмән тудырды, сенімсіз деп пікір қалыптастырды.* Тым болмаса өзге Орта жүз дауы емес, Қараменде мен Кеңгірбай тобықтының бес тайын таба алмай, *к ү м ә н г а с а л ы п т ы* дегенге жанның бәрі күлмей ме (М.Әуезов, Шығ.).

Күмән келтірді. *Сезіктенді, күдіктенді.* Абайдың «Мәсғұт» поэмасы, «Ескендір» поэмасы анық шығыспен байланысты екеніне кім *к ү м ә н к е л т і р е д і* (М.Әуезов, Шығ.). Қасымды Әкпардың өлтіргеніне онсыз да сеніп тұрған Бүркіт енді тіпті *к ү м ә н к е л т і р м е д і* (І.Есенберлин, Қатерлі.).

Күмән келтіру. *Сенбеу, иланбау, нанбау.* Қазақ халқы жалпы түркі әлемінің бір бөлігі екені белгілі. Сондықтан оның түркілік негіздері мен философиясы бар екеніне *к ү м ә н к е л т і р у г е* болмайтын сияқты. Түркі халықтары осы қисындағы мақсатта ынтымақтастық таныта алды ма? («Жас Алаш»).

Күмәнмен қарады. *Сенбестікпен қарады, күдіктенді, шүбәланды.* Қазақстан өз еркімен Семей полигонын жапты, КСРО-дан мұраға қалған ядролық қарудан бас тартты. Біреулер қалай болар екен деп *к ү м ә н м е н қ а р а ғ а н ы н а* қарамай, КСРО күйреп, өз алдына тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақстан бейбітшілік пен тұрақтылықты бұлжытпай сақтап, бүкіл әлемге этносаралық келісімнің өнегесін көрсетті («Егемен Қазақстан»).

Күмәні жоқ. а) *Даусыз, сөзсіз, еш шүбәсіз.* Жеңуіне *к ү м ә н і ж о қ* жаудың қуанышты әндері қалаға айқын келіп түрды (М.Жұмабаев, Шығ.). ә) *Сөз жоқ, дау жоқ, талас жоқ.* Газеттің бір подвалына жетерлік очерк дайын екенінде *к ү м ә н ж о қ* (Р.Райымқұлов, Қыз – айна). б) *Күдік, секем, шүбә жоқ.* Ойында ешбір *к ү м ә н ж о қ* Гүлжанды аяқ астынан абдырату қиянат болмай ма? (Д.Дүйсенов, Гүлжан.).

Күмәні қалмады. *Күдігі сейілді, секемі тарқады.* Қанипаның келешекте жау-жарағын асынып, ер-азаматтармен бірге қандай да болса қиын жорыққа аттануға сақадай сайланып алғанына Оспанның *к ү м ә н і қ а л м а д ы* (С.Омаров, Дала қызы).

Куәсіз істі күмән табады. *Айғақ болатын адам немесе зат жоқ болса, істің дұрыстығына күдік туады.* Куәлі істі куә табар, *К у ә с і з і с т і к ү м ә н т а б а р* (Мақал).

КҮМӘНДАН= е т. **1.** *Шүбә келтіру, күдіктену.* Осы өлеңдерде не әулие-әнбие, не әлдеқандай зарзаман болмаса машхар немесе тәубе-табыну, сиыну дегендерден иненің жасуындай белгі бар ма? Бұл өлеңдер Абайдың анық жастығына тән, ыстық жалынды, еркін сезімді, уыз жастық өлеңдері екеніне ешкім *к ү м ә н д а н а* алмайды (М.Әуезов, Шығ.). – Мәселе өз совхозың жайлы болып отырғанда, сөйлер сөз, айтар пікір таппағаның қызық екен,– деп оған әрі таңдана, әрі *к ү м ә н д а н а* қараған Мерген енді сұрақ қойды (М.Хасенова, Тұлпар). Төреханды білетін әйел бұл жолы оған ілесіп келген мұғалиманы көргенде, өз көзіне өзі сенбей, оған ойлана, *к ү м ә н д а н а* қарады (Ж.Жұмаханов, Махаббат.). **2.** *Сенімсіздік білдіру, өзіне сенімді болмау.* Мен *к ү м ә н - д а н с а м,* иығыма қонғалы тұрған алтын құс ұшып кетуі мүмкін, Ақбаян секілді жандар тек күмәнсіз, мөлдір таза махаббатты ғана бағалай алады (І.Есенберлин, Алтын құс).

КҮМӘНДАНУ *Күмәндан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күдіктену, сенбеу.* Бөтен адамның пікіріне, берген ақылына сынмен қарау керек дегеніміз оған сенбей *к ү м ә н д а н у* емес (М.Мұқанов, Бақылау.). Бір кезде жанындай жақсы көріп, сүйген жардың жиырма жыл ішінде сол сезімін сақтап жүрмеді деуге қандай күмәным бар? Жоқ, *к ү м ә н д а н у ғ а* қақым жоқ (І.Есенберлин, Алтын құс). **2.** п с и х. *Әлдебір қағидаларға немесе пікірлер жүйесіне сезіктене қарап, сенімсіздік білдіру, күдіктену. К ү м ә н д а н у* арқылы мәселенің мән-мағынасына тереңдеп, шындығына жеткеше талпынуға болады, бұл – ізденгіш адамның жан дүниесіне тән ерекшелік (ҚҰЭ). *К ү м ә н д а н у* көбінесе, танымдық мәселелерге, әсіресе, ақиқат мәселесіне орай кездеседі. Адам оны өмірлік ұстаным қалпына айналдырса, жағымсыз сипат алып, ондай адам ешкімге, еш нәрсеге де сенбейтін, бәріне де күдікпен, сенбестікпен сезіктене қарайтын болады, ештеңеге де бой алдырмай, рухани құндылықтарды (салт-дәстүрлерді, мақсат-мұраттарды, қол жеткен жетістіктерді) жоққа шығарып, әуре-сарсаңға түседі (ҚҰЭ).

КҮМӘНДАУ с ы н. *Екіштылау, күдіктілеу.* Әділбек сәл ойланып қалды да, бұрын естімеген ел аңызының өзіне *к ү м ә н д а у* жерін тез бүркеу үшін Сырымға енді қайтып соқпай, әңгімені баланың кім екенін білуге бұрды (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

КҮМӘНДІ с ы н. **1.** *Дерегі, дәлелі аз, сенімсіз.* – Бұл еңбектер өздерінің ғылыми дәлелдігі жағынан көп жағдайда *к ү м ә н д і* болса да, Отырардың арғы-бергі тарихынан біршама мағлұматтар бере алады (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). **2.** *Даулы, біржақты емес, толық дұрыс емес.* Ал енді «И» бөлшегі [саяси, мәдени] иран тілінен ауысқан, бірақ оны қазақ тілінде сөз тудыратын жұрнақ деудің өзі *к ү м ә н д і* (Қазіргі қаз. тілі). **3.** *Күдікті, шүбәлі.* Нәпсісі таза адам дүниеде жоқ, ішін бір *к ү м ә н д і* оймен толтырмаған, Тура сөзден менмендер ыршып түсер, Шытынаған шынылардай шытырлаған (Ақмолла ақын, Күндер.). Сонда бұл сыншы өзінің ішін, шыны, бәлки толық түгел аша түседі. Ол үшін де жинаушыларға айып таға түсіп, өзіне сол дәлелсіз жалақорлық, айыпкершілік [қараборандату] арқылы *күмәнді* олжа таба түсетін болар (М.Әуезов, Шығ.).

Күмәнді борыштар. э к о н. *Кәсіпорындардың шарттарында белгіленген мерзімде өтелмеген және тиісті кепілдіктермен қамтамасыз етілмеген дебиторлық берешегі* (Қаз. тілі термин. Экономика).

Күмәнді күндер атқарды. *Аман қалды, қалмауы екіталай қиын-қыстау кезеңдерді басынан өткерді.* Сол үйлердің ішінде *к ү м ә н д і к ү н д е р а т қ а р ы п,* жұмбақ тағдырлы адам өтті. Атадан нәсіл, нәсілден ұрпақ, ұрпақтан қарға тамырлы халық өсті (М.Әуезов, Шығ.).

Күмәнді несие. э к о н. *Мерзімінің өту ұзақтығы 60 күннен 90 күнге дейін жеткен несие* (Қаз. тілі термин. Экономика).

Күмәнді талаптар. э к о н. *Өнімді өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету нәтижесінде туындаған және табыс алынған сәттен бастап, екі жыл бойына қанағаттандырылмаған (салық салу мақсатында) талаптар немесе үмітсіз борыштар.* Бухгалтерлік есеп мақсаттары үшін *күмәнді талаптар* қуыну мерзімі бойына, яғни 3 жыл бойына талап етілмеген борыштар деп есептеледі (Қаз. тілі термин. Экономика).

КҮМӘНДІЛЕУ с ы н. *Күдіктілеу, шүбәлілеу, сезіктілеу.* Былай шыға Нәдір: «Япырай, жаңағы жырық қайдан жүрген адам? Өзінің қимыл-қылығы да біртүрлі *к ү м ә н д і л е у* ма, қалай?» – деп ойлады (Б.Тоқтаров, Тауда.).

КҮМӘН-КҮДІК з а т. *Екіштыі ой тудыратын күй, сенімсіздік.* Тұрмыс құруларыңа үзілді-кесілді қарсылық білдіріп отырған сенің анаңның *к ү м ә н - к ү д і г і н* сейілтіп, сендіре алар дәлелдерің берік болса, ана жүрегінің жібімеуі мүмкін емес («Қазақст. әйелдері»). Бір мезгілде *к ү м ә н - к ү д і к* аралас бұлыңғыр ой оның басына үйіріле қалып, жүрегін қобалжытып жіберді (С.Омаров, Күншуақ).

КҮМӘН-КҮДІКСІЗ с ы н. *Шүбәсіз, сеніммен, таза көңілмен.* Даңқты ұшқыштың [Владимир Лавриненков] есімі майданда ғана емес, жау тылында да белгілі болып, біздің комиссарларымыз бұларды ешбір *к ү м ә н - к ү д і к с і з* қарсы алды (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

КҮМӘНСІЗ с ы н. *Даусыз, шүбәсіз, айдан анық.* Жүрек әрекетіндегі өзгерістерді бақылап отырғанда, жүректің ойнақшуы нерв жүйесіндегі кемшіліктен болатыны *к ү м ә н с і з* (Б.Омарұлы, Жүрек. ауру.). Үн қосуың *к ү м ә н с і з* Жержүзінің бар халқы. Мұддесі бір екі елміз. Қорға бақыт құсыңды (Ақын жырлары). Рас, бұл әңгімелер күреске ашықтан-ашық шақырмайды. Бірақ олар объективті түрде соған үндейтіні *к ү м ә н с і з* (М.Әуезов, Шығ.). Нарын (нар ун) – от Ананың белгісі. Ыстық болғанмен, жайлы қонысқа айналған алқаптың осылай аталуы *к ү м ә н с і з* болса керек («Зерде»).

КҮМӘНШІЛ с ы н. *Күдіктене қарайтын, қауіпшіл.* Қара көзілдірігі бас сүйегіне шұңғыл

біткен көк көзін жауып тұр, жүзі суық, әрбір нәрсеге сенімсіздікпен қарайтын *күмәншіл* адамға ұқсайды (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Тәпелтек Омар осындай сыншыл, қыңыр мінезді де, әр нәрсеге көңілі толмайтын *күмәншіл* да (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

КҮМӘНШІЛДІК з а т. *Күмән келтіргіштік, сенімсіздік.* Қаржау жүре-жүре тіпті әйеліне деген *күмәншілдігі* насырға шауып, өзінше бір ауру сияқты боп кеткен (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.).

КҮМБЕЗ [ир. گمبذ] з а т. **1.** *Мешіт, сарай т.б. құрылыстардың сәнді өрнектермен әшекейленген шаңырақ тәрізді төбесі.* Сүйінқара батырдың соңғы айтқаны есіне түскен Махамбет аспанға көз тастап, мешіттердің *күмбездері* мен мұнараларына ұзақ қарады (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Қарашы, Қарағанды *күмбезіне* Бойлаған мұнарасы күн көзіне; Құрбыжан, қасиетті ол бір қазына, Қуантып, тартпас сірә кімді өзіне (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). **2.** қ ұ р. *Жалпы жобасы шеңберленіп келген (кейде көп қырлы, эллипске ұқсас т.б.) гимараттар мен құрылыстардың төбесін жабуда қолданылатын құрылымдық бөліктің бір түрі. Күмбез* ғимарат төбесін құрсаулай бүріп тұрумен бірге үстіңгі салмақтың қабырғаға біркелкі таралып түсуін қамтамасыз етеді (ҚҰЭ). *Күмбездің* ежелгі дәуірде тастан немесе қызыл кірпіштен салынған түрлері белгілі (ҚҰЭ). **3.** а у ы с. *Бас киімнің төбесі.* Малшы жазда басына шұғадан немесе сәтеннен тымақ үлгісімен астарсыз үш бұрышты етіп пішілген, *күмбезінің* алдында арнайы күнқағары бар жалбағай, далбай, күлпәра киген (Ө.Жәнібеков, Қазақ киімі).

Басына күмбез орнатты. *Қайтыс болған адамның зиратын тұрғызды, басына тас қойды.* Сарыбайдың өлімін балталы, бағаналының хан, қарасы болып жоқтайды. Қалың ел жиылып, жылап-сықтап, *басына күмбез орнатады* (М.Әуезов, Шығ.).

Жарты күмбез. *Жартылай шеңберлене салынған ашық күмбез.* Бөлменің төр жағын *жарты күмбез,* басқа жерін арқа түрінде қаланған кесекпен жапқан («Парасат»).

Күмбез тәрізді жанартау. г е о л. *Экструзиялық жаралым, биіктігі 700-800 м, беткейлері қия жанартау түрі. Күмбез тәрізді жанартау,* мысалы, Мартиника аралындағы Мон-Пеле, Явадағы Мерапи, Камчаткадағы Безымянный және т.б. Синонимі жанартау күмбезі (Қаз. тілі термин. Геология).

КҮМБЕЗДЕ = е т. *Күмбез тәрізді етіп салу, төбесін шеңберлеп сәндеу.* Аулаға кірген беттен оңға қарасаң, жаңағы қызыл тас, әсем қабырғаның қақ ортасында мешіт тәрізді *күмбезделген* сұлу бір сарай көресіз (Т.Ахтанов, Үндістан.). Тартылып жібек белдеу, шым зерлеген, Ақ киіз оймышталған күн көрмеген. Алтындап шаңырағына шоқ орнатып, Шеңбері шымқай күміс *күмбезделген* (Н.Ахметбеков, Жасауыл.).

КҮМБЕЗДЕЙ с ы н. *Күмбез сияқты, күмбез тәрізді.* Бұлт қойнына сүңгіп, буалдыр тартқан Қаратау адырларына қарасаң, ертедегі батырдың *күмбезіндей* төңкерілген ескі дулығасын, шың басынан алқапқа аңқау қарап тұрған арқарды көргендей боласың (С.Мәуленов, Жер нәрі). Самолет қанатының астындағы аппақ қардай бұлттар, кейде алыстан аппақ *күмбездей* мұнартса, кейде жал-жал болып сіресіп қалған көк мұзды көзге елестетеді (С.Мәуленов, Жұлдыз.).

КҮМБЕЗДЕЛ= е т. *Төбесі күмбезбен жабылу, шеңберленіп, дөңгелектеніп тұру.* Мексика жайылмасының биіктігі мен кеңдігі үлкен көшедей, қос туннель салынған. Төбесі *күмбезделген,* іші күндізгідей жарық (Б.Момышұлы, Шығ.). Мұнаралардың, күмбездердің жоғарғы жағы *күмбезделіп* келетін өрнектері – архитектураның әбден жаттанды жауыр болған детальдары (Т.Ахтанов, Үндістан.).

КҮМБЕЗДЕН= е т. **1.** *Төбесі дөңгелектеніп жасалу.* Шынында да, театр киіз үй сияқтандырылып, жұмыр *күмбезденіп* салынған үй еді (А.Хангелдин, Қараторғай). **2.** *Күмбезі алыстан ерекшеленіп көріну.* Айнала орап жатқан қалың орман, Кім екен күші жетіп еккен қолдан? Көрінген күншіліктен *күмбезденіп,* Секілді сауыт киген болат қорған (М.Хакімжанова, Намыс.).

КҮМБЕЗДЕТ= ет. *Айналдыра дөңгелектету, шеңберлеп төбесін шығару.* Шығыс шеберлері күйген кірпіштен *күмбездетіп* салған бірнеше хан сарайларын санамасақ, қала шымнан құйған, тастан қалаған екі жүздей ғана үйден тұрады (І.Есенберлин, Алмас.).

КҮМБЕЗДЕУ *Күмбезде етістігінің қимыл атауы.* Қазақ халқының архитектуралық өнерінде ұшырайтын: тастан еден төсеу, таспен *күмбездеу,* тас діңгектер қалау әдістері ертеден келе жатқан шеберліктің дәлелі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КҮМБЕЗДІ с ы н. *Күмбезі бар, күмбезбен өрнектелген.* Сарайлары *күмбезді,* үйлері қызыл шатырлы, көшелері сәулетті колхоз қаласын салғалы жатырмыз, – депті (Ә.Тәжібаев, Гүлден.). Европалықтар қаладан асқан мәдениет белгісін: *күмбезді* биік сарайлар, соборлар, мешіт, медреселер, тағы басқаларды көреді (Н.Баяндин, Геогр. ашу.).

КҮМБЕЗШЕ үс т. *Күмбез тәрізді, күмбезге ұқсас.* Ту сырты *күмбезше* қаланып біткен құлама, тік, көш жолы бұралаң ирек салып шығады (Ұ.Доспанбетов, Кәрі қобыз.).

КҮМБІР сын. *Домбыра үніне ұқсас қоңыр дыбысты білдіретін сөз.* Толқын Наурызының қаз даусын, қоңырау үнін ести бергісі келіп елегізеді. Бірақ әлгі *күмбір* үн қайта жалғаспай қойды (Ө.Қанахин, Жас дәурен). *//Домбыра үніне ұқсас дауыс.* Төкен «Жеңеше-ай» әнін перненің әр жерінен бір іздеп, бір әннің басы, екінші әннің аяғы бірімен-бірі шатасып, көп дауысты түсініксіз *күмбірге* айнала берді (М.Дүзенов, Әке.). Төңірек сілтідей тұнып тұр: тек күй *күмбірі* шалқып көтеріліп, мамыр қалықтайды («Лен. жас»).

КҮМБІР-ДҮМБІР елік. *Кейде бәсең, кейде көтеріңкі, күрделі қоңыр дауысты білдіретін сөз.* Күннің аптабы қайтатынын бабына келген домбыраның *күмбір-дүмбір* үні де аңғартып тұр (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

Күмбір-дүмбір етті. *Күмбірлеп ән шығарды.* Түнгі салқында бабына келіп тұрған саңлақ домбыра *күмбір-дүмбір етті* (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

КҮМБІРЕ= етс өйл. ***Күмбірле***. От пен оққа жанын байлап, алыста жаумен айқасып жүрген ер азаматтың көкірегіндегі *күмбіреген* әні, асықтырған үміті болса, кімде арман бар дегендей сол күңіреністері (Ш.Құмарова, Қос шынар). Ыңыранған бейтаныс *күмбіреген* үн сегіз қанат ақ үйдің мол ауасын тек бір өзі жайлап, қалықтап жүр (Ә.Кекілбаев, Дала.).

КҮМБІРЕТ= етс өйл. ***Күмбірлет***. Келген үйіміздің қымызы тәтті; асы мол, тойлы ауылдың *күмбіретіп* тіккен ақ үйінде Сеңгір бір кіріп, бір шығып, тіпті тыным таппай қойды (Ә.Кекілбаев, Дала.).

КҮМБІР-КҮМБІР елік. *Бірқалыпты күңгір-күңгір еткен шерткен домбыраның қоңыр үнін білдіретін сөз.* Гүл алқабын жайнатқан Өмірде бар жылылық. *Күмбір-күмбір* күй тартқан, Көңілде бар жылылық (Кел, шырқайық.).

Күмбір-күмбір еткен дала. поэт. *Шексіз, шетсіз, жазық сағым ойнаған дала, қоңыр белдер.* Мына мың сан дыбыспен сөйлеп, *күмбір-күмбір еткен даланы*, арманына арман жалғаған көгілдір аспанды төрт бұрышты қағаз бетіне сыйғызғысы келгендей (Т.Шаханов, Жоғалған.).

КҮМБІРЛЕ= ет. **1.** *Домбыраның жай қоңыр ән шығаруы, күмбір-күмбір етуі.* Қазақ халқы өнер, білім, музыкалық сауаттылық жоқ кездің өзінде-ақ небір *күмбірлеген* күйлер мен асқақтаған әндер шығарып айтып жүрді («Соц. Қаз.»). Октябрьден кейін қазақтың ұлттық операсында шырқалған ән, ырғалған би, *күмбірлеген* күй бастарын біріктіре отырып, адамның жан дүниесін қозғайтын сезімнің серігі, рухани азығы болды (С.Мәуленов, Жер нәрі). **2.** ауыс. *Шабыттану, әсерлену.* Алғаш ат жалын тартып мінип, бөркіне үкі тағып сән түзегенде, бойын балауса шабыт билеп, күйге толы көкірегі *күмбірлеп,* жыр дариясын тасытардай кеудесі толып, толқып, жас сері толғана түскен еді (М.Хасенов, Алғашқы ән). Колхозды Киров атты кім білмейді. Еске алсам жүректе жыр *күмбірлейді* Ерлердің зор еңбегі көзге елестеп, Құлақта той-думаны дүбірлейді (Айтыс).

КҮМБІРЛЕК сын. *Күмбір-күмбір еткіш, күмбірлегіш.* Бос күбі *күмбірлек* келетін еді, осы іниіңіз де сол сияқты! – деп әзілін қайта жалғастыра берген еді, сөзге партком секретары Қалтан араласты (Саржайлау).

КҮМБІРЛЕН= ет. *Күмбірлеген дыбыс шығару.* Домбыраның пернесін басып, шегін бір-екі қақты да: – Кәне, қандай әнді тартайын деді, – *күмбірленіп* кәдуілгі домбырашы адамдай (А.Сарбөпин, Аспалы бесік).

КҮМБІРЛЕП-САМБЫРЛА= ет. *Даурығу, дабырлау.* Бір күні түн ортасында ашылған есіктен кірген адамдардың *күмбірлеп-самбырлап* сөйлеген дауыстары естілді (С.Сейфуллин, Тар жол.).

КҮМБІРЛЕТ= ет. *Домбыраның әсем, қоңыр ән шығарту.* Жоламан Бұғыбайдың қоңыр домбырасын қолына алып, ең әуелі «Қосбасар» күйін *күмбірлете* шертті (С.Омаров, Өмір.). Той шеруі Шу өңірінің мөлдір аспанын ән-күймен *күмбірлетіп,* еңбек жемісінің салтанатын құрып барады (Қ.Баялиев, Жер.).

КҮМБІРЛЕТУ *Күмбірлет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Домбыраны *күмбірлету.*

КҮМБІРЛЕУ *Күмбірле етістігінің қимыл атауы.* Келгендей өмір шіркін сынды жерге, Көкірек күйіп-жанып *күмбірлеуде* (Ж.Өмірбеков, Батыр.).

КҮМБІРЛІ сын. *Күмбір-күмбір еткен, күмбірлеген.* Көп күлкі ішінен өзгеше бір күміс *күмбірлі* Әсия күлкісі, Әсия даусы жігіт құлағына ерекше айқын естіледі (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.). Күн қандай күлімдеген көгіндегі. Құбылған жібек түстес өңір көгі. Сыр шертіп тынбай аққан өзен, бұлақ Секілді *күмбірлі* күй көңілдегі (Ғ.Орманов, Жан.).

КҮМП елік. *Ауыр зат, дене суға сүңгіп түскенде шығатын қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

КҮМБІР-САМБЫР е л і к. *Салдыр-гүлдір етіп күмбірлеген дыбысты білдіретін сөз.* Құдыққа тас тастап еді, *к ү м б і р - с а м б ы р* ете түсті (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

КҮМП е л і к. *Терең суға бірден, тез батып кеткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз* ≈*К ү м п* етті.

Күмп берді. а) *Тереңге батып, көрінбей кетті, қойып кетті.* Нұрлан балағын түріп алып, беттен сабалаған қамысты кейін сырғып, шалқар көлдің мөлдір суын тізесінен кешіп, *к ү м п б е р і п* сүңгіді де кетті (З.Шашкин, Сенім). Қазанғап бір кезде қалың қарға *к ү м п б е р і п* жоқ болып, ыңқ еткен дыбысы қатты естілді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). ә) *Ойланбай төуекел деді.* Асқар өзіне: – Әуел баста алды-артымды меңзеп, неге ой жүгіртпедім? Көзді жұмып, *к ү м п б е р і п* қойдым да кеттім, – дейді (З.Шашкин, Теміртау.). – Есеп-қисапсыз көз жұмып, *к ү м п б е р і п* түсіп кетпеспіз, қадірлі бас инженер! – деді Дәмеш Мүсілімнен көзін алмай (З.Шашкин, Теміртау.). б) *Қарық болып кенелді, байлыққа батты.* Европадағы бай клубтардың бірімен шартқа отыра қойса болғаны, ақшаның ортасына *к ү м п б е р і п* түседі де кетеді (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.).

КҮМПЕҢ е л і к. *Қоңпаңдаған, құнжыңдаған қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Күмпең қақты. *Құнжыңдады, қомпаңдады.* – Сатан, сен жеген қойыңнан құтылған болсаң, сенімен осы сиязға түсіп арамтер болып жүреміз бе, – деп Мұқажан кекей күліп еді, билер: – Отырғыз! Отырғыз! – деп *к ү м п е ң қ а қ т ы* (І.Жансүгіров, Шығ.).

КҮМПИ= е т. **1.** *Дүрдиіп ісіну, қабыну.* Беті көнектей *к ү м п и і п,* Көкпеңбек боп көзі істі. Ерін кетсе дүрдиіп, Сынып күрек тіс те ұшты (Қ.Мұқышев, Поэма.). Туберкулин енгізілген жер *к ү м п и і п* ісіп кетеді, ісік қамыр тәрізді былқылдап тұрады (Малды туберк. сақта.). **2.** а у ы с. *Өз-өзінен ісіп-кебу, кісімсу.* Қанша *к ү м п и і п* ісінгенімен, ілмиген арық бойына қораздану, маңғаздану жараспай-ақ тұр (Б.Тілегенов, Көктем.). «Қап, мына кісіден ұят болды-ау! Қанша айтқанмен еліміздің белгілі журналисі, атағы бар, өзі ескі досымын» деп *к ү м п и і п* жүретінін ол есіне алды (А.Шамкенов, Толқын.). – Ей, сен кіммен сөйлесіп тұрғаныңды білемісің? – деді Қаусат Қанашқа *к ү м п и е* зілденіп (Ә.Әбішев, Найзағай.).

КҮМПИТ= е т. *Күржиту, қожырайту.* Сендердің жандарың менің жанымнан артық па, күмәнденуды қойыңдар! – деді ол арыс кеудесін сонау қорқынышқа күні бұрын қарсы қойғандай *к ү м п и т е* (І.Есенберлин, Алтын құс).

КҮМПИЮ *Күмпи етістігінің қимыл атауы.* Жаңағы жарлықты жайбарақат берген сабырлы салмақтың, паңдықтың сыртқы *к ү м п и ю і* екен, ат дүбірі жақындаған сайын оның қампиған қапшық денесі қаңбақ болып қалбаңдап кетті (Ә.Әбішев, Найзағай).

КҮМПИИҢКІРЕ с ы н. *Көзге үлкенірек көрініп, күмпие түсу, күржиіңкіреу.* Ыраш үстіне тік жаға, қыпша бел, ақ көйлегінің сыртынан кеудеше киген, қалың қара сукнодан тігілгеннен бе, қалай, әлгінің жауырыны *к ү м п и і ң к і р е п* тұр (М.Сүндетов, Ескексіз.).

КҮМП-КҮМП е л і к. *Іркіт, қымыз сияқты сұйық заттарды піскенде шығатын дыбысқа ұқсас бірнеше рет қайталанған дыбысты білдіретін сөз.* Той дастарқаны жайылып, колхоздың қара сабалары *к ү м п - к ү м п* пісіліп, түн асқан сары қымыз түйіршік майлары бетінде қалқып, быж-быж қайнап, сырлы аяқтарға құйылып жатты (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім.). Бір үйде іркіт, бір үйде қымыз пісіліп, күбі шелек пен қара сабаның даусы *к ү м п - к ү м п* естіліп жатады (З.Ақышев, Ақбел.).

Күмп-күмп берді. *Бірден суға қойып-қойып кетті.* Жейдемізді жүген сыпырғандай, басымыздан асыра бір-ақ ытқытып, шашымыз үрпиген күйі, жарыса келіп, суға *к ү м п - к ү м п б е р і п* кетеміз (Ө.Қанахин, Жер бас.). Тер сіңіп, шаң басқан мундирлерін асыға шешіп, салқын суға *к ү м п - к ү м п б е р і п* жатқан көп ішінде қара мұртты, ат жақты, қара көзді ротмистр Шоқан Уәлиханов та болатын (С.Бақбергенов, Біздің колхоз).

Күмп-күмп етті. *Өрекпи сөйледі, бөсті.* – Е, ағайын-туысқандар, шүкірлік пе? Жат-жаладан қалтпысыңдар? – дегенде, үні *к ү м п - к ү м п е т е д і* (Ә.Көшімов, Қысталаң).

Күмп-күмп түсті. *Қардан жүре алмай малтықты, омбылап батып кетті.* Жол бойы біреу «шөк-шөк» деп келе жатқандай етпетінен жығылып, ол қалың қардың көтере алмаған жерінде *к ү м п - к ү м п т ү с і п* кетеді (К.Қазыбаев, Ызғар).

КҮМПІЛ з а т. *Күмп етіп естілген қатты дыбыс; гүрсіл.* Жер беті жан түршігерлік әлем-тапырық сұрапыл, оған алыстан атылған ауыр гаубицалардың *к ү м п і л і* қосылады (І.Есенберлин, Қатерлі.). Шаңқ етіп анда-санда түнде оятқан, Зеңбірек гүрсілдейді ауық-ауық. Жаңғырып тау менен көк үштасқандай, *К ү м п і л і* әлдеқайда кетеді алып (О.Малқаров, Менің ізім.).

Күмпіл қақтырды. *Күмп-күмп етті, күмпілдетті.* Күбіні *к ү м п і л қ а қ т ы р ы п,* Құлаштап бірер сапырып. Қымызды құйды шақ тұрып, Ол үшін бұл үй қапырық (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес.).

КҮМПІЛДЕ= е т. **1.** *Күмп-күмп еткен дыбыс шығару, күмп-күмп ету.* Көрші киіз үйден *күмпілдеген* піспек даусы шықса да, «тоқтатыңдар, миымды шағып бара жатыр» – деп кейиді (С.Жүнісов, Ақан сері). Оқтын-оқтын көл жағасындағы әупілдектің *күмпілдеген* үні мен өгіз шағаланың өкірген айқайы естіледі (І.Есенберлин, Қаһар). Жаңа жыл кеші болып, клуб іші у-шу, дабыр-дүбір. *Күмпілдеген* оркестр үні. Шат-шадыман қыз бен жігіттер (Н.Сералиев, Қаңтар). **2.** а у ы с. *Мақтанып бөсу, масаттану.* Ауданың мұндай күйге түсер ме еді, Етсеңдер адал еңбек Сырға асылмай? Мастанып аз табысқа жүргендер бар, *Күмпілдеп* күні бұрын үйге сыймай (Айтыс). *Күмпілдейді* ол солай, Кейде өтірік соғады. Өтті, міне, қаншама ай, Шөпке шыққан жоқ әлі («Ара»). Ертең атшабыс болады деген күні іңірде Тілеш жорта *күмпілдеп* асып-төгіліп отырды да, «Ертең Әжібектің аты ұсталады», – деді («Қаз. әдеб.»).

КҮМПІЛДЕК с ы н. *Алыпқашпа мақтаншақ, бөспе.* Бәрі де ұйқысызды ойлатады, Күнімен толған жырды ми қатады. Есіңе келіп түнде бір *күмпілдек,* Жүйкеңді жұлқиды да ширатады (Қ.Бекхожин, Шардара). Малға мықты күтім деп, Мүмкін бе, сірә, мүмкін деп, Қой біткен қоңды, оңды деп Есеп берді *күмпілдек* (М.Рашев, Бұйымтай).

КҮМПІЛДЕС= е т. *Күмпілдеп сөйлесу, күбірлесу.* Күні бойы әр үйде *күмпілдескен* ауыл аға, ел ағалары бірін-бірі шақырғыштап, сұхбат құрысып, шымшыласқан әзілмен уақыт өткізісті (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Біреулер жарлыққа қол қойылыпты, оны атты шабарман-дар далаға әкеле жатыр екен деп *күмпілдесті* (М.Қаратаев, Дала.).

КҮМПІЛДЕТ= е т. *Күмп-күмп еткізу.* Зүбайра төсектің аяқ жағында тұрған кішірек торсықтың піспегін *күмпілдете* түсіп, ашуға булығып, тырсылдап тұрған Үмияға сыбырлайды (К.Оразалин, Абай.). Ұлы еңбектің көрігін *Күмпілдете* басқан күн. Қыза қайнап өмірім Қайрат шалқып тасқан күн (Қ.Аманжолов, Шығ.).

КҮМІЛЖІ = е т. *Нақтылы ойын анық айтпай қипақтау, кібіртіктеп сөйлеу.* Сөзін дұрыс бастағанмен, аяқ жағын бүлдіріп алғанын енді аңғарған Түнқатар күреңіте қызарып, не дерін білмей, қипақтай *күмілжіп* тұрып қалды (М.Хасенов, Тұлпар.). Неге екені белгісіз, Әлекең қойылған сұраққа нақпа-нақ жауап қатпай, сәл мүдіріңкіреп, *күмілжіп* қалды (С.Байжанов, Сыр.).

КҮМІЛЖІМ с ы н. с ө й л. ***Күмілжіңкі.*** Меңдеш бұрынғы әңгімені қалған шығар деп, ойында *күмілжім* күдік бар да анық қауіп жоқ, жол жүрудің қамына кірісті (Б.Аманшин, Жар мұңы).

КҮМІЛЖІҢДЕУ с ы н. *Көмескілеу, кібіртіктеп мүдіріңкіреу.* Қарт ана солар деп солғын жауап бере салды. Оның даусының *күмілжіңдеу* шыққанын Бақыт байқаған жоқ (Т.Жанкелдин, Партизан).

КҮМІЛЖІҢКІ с ы н. *Көмескі, кібіртік.* – Өз анаңыз ба? – Жоқ, майданшының анасы, – деп, Меңдігүл *күмілжіңкі* жауап берді (Ж.Жұмаханов, Солдат.).

КҮМІЛЖІҢКІРЕ = е т. *Іркіліңкіреу, бөгеліңкіреу.* Біздің ешбір қарсылығымыз жоқ, – деді ол *күмілжіңкіреп* (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). Бала аз ойланып, әлденеден қысылғандай бөгеліп, *күмілжіңкіреп* барып жауап берді (С.Жүнісов, Ақан сері).

КҮМІЛЖІТ= е т. *Кібіртіктету, бөгеліңкіретү.* Сорлы қызға суық тиген бе, немене! – деп Айғаным сөз аяғын *күмілжітеле* салды (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

КҮМІРЕМ з а т. ж е р г. *Уайым, қайғы.* – Сендерге күлкі, – деді аздан соң Степан, – ал маған *күмірем* (Қ.Ұябаев, Қырда.).

Күлмей күмірем қап. қ а р ғ. *Біреудің орынсыз күлкісіне т.б. қатты ашуланғанда, күлкің тосылсын, күлкің көмір болсын, күлкің құрысын деген мағынадағы қарғыс сөз.* Өкпе тұсымда ойынға қарап тұрған біреу: – Ой, *күлмей күмірем қап*! – деді маған (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.).

КҮМІС з а т. х и м. <лат. argentum> *Сапа жағынан құнды ақ түсті қымбат металл, химиялық элемент.* Алюминий және басқа металдарға қарағанда, *күмістің* электр тогы мен жылу өткізгіштігі артығырақ (Қаз. тілі термин. Химия). Табиғатта саф күміс түрінде, күкірт және хлор қосындылары түрінде кездеседі. *Күмістің* өнеркәсіптік минералы: саф күміс, электрум, аргентит, прустит, пираргирит, кераргирит, сондай-ақ құрамында күміс бар галенит, энаргит, халькопирит, пирит. Арсенопирит және басқаларының маңызы зор (Қаз. тілі термин. Химия). Малдырып сап алтынға үзеңгіңді, Тағаңды шын *күмістен* қақпадым ба? (А.Байтұрсынов, Шығ.). Алтын, *күміс,* қорғасын, Мұнай, көмір, жез бен мыс. Жылдан-жылға көбейіп, Кеңейтіп келеді көлемін (Жамбыл, Шығ. жин.). // *Күмістен жасалған.* Бұдан он шақты күн бұрын алты қанат ақ отаудың жанында емен тұғырлы, *күміс* балақ баулы бүркіт отыр еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Үлкен қамыс тегенеден сылдырмақты *күміс* ожауменқұйылған көпсырытостағандағы

қымыз Абайдың өзінен бастап, үй ішіндегі қонақтың бәрін жағалады (М.Әуезов, Таңд.). *Күміс* тістің қызыл иегін бұзылудан сақтайды, түрлі бактерияларды жоя отырып, ішек-қарын жолдарын тазалайды (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). // б е й н. *Мөлдір, тұнық, жарқыраған, көзге шағылысқан жалтыр.* Ләйлінің Жайық қызы екені рас. Жайық десе ай астында тынып ағып жатқан *к ү м і с* өзен келеді көз алдына (Ә.Тарази, Асу). Телміре қарап тау да оған Тіге ме деймін құлағын. Күйінен соның аумаған Құйып тұр *к ү м і с* бұлағын (Ғ.Орманов, Көгілдір.). Ми дала, меңіреу шөлдер, *к ү м і с* көлдер Мекенім, Ертісте елім ірге жайған (Ақын жырлары). Күміс таң жерге *к ү м і с* сәуле шашты, Сәуле мен қараңғылық араласты. Алыспас адал, арам бекерге ұзақ, Жеңіліп қараңғылық жылжып қашты! (М.Жұмабаев, Шығ.). // б е й н. *Ақ шалған, ағарған. К ү м і с* сақалы желбіреген, жалпақ жаурынды, қалың қабақты қарттың соңында әрқашан қара тазы, қолында ақиық бүркіт жүреді («Қаз. әдеб.»). Маңдайына түскен екі-үш әжім сызаты мен самайындағы күзгі ақ таңдақ қырау тәрізді *к ү м і с* шаштары да тұңғыш рет байқалды (С.Жүнісов, Өшп. іздер.). Сонда әжесі сипап *к ү м і с* самайын, Күлімдеді шола қарап маңайын. Аспан кілтін ашқан менің ұлқызым, Солар тақты көктің алтын жұлдызын (М.Хакімжанова, Гүл.).

Асылдай ақ күмістен айырулы. п о э т. *Ақ күмістен айырып алған таза асылдай; көп жақсының ішінде ерекше биік тұлғадай. А с ы л д а й а қ к ү м і с т е н а й ы р у л ы-а й,* Қасиетті бір мінезің Абиұлы-ай. Ақ бетің ақ жауқазын айға меңзес, Бұқардың бұлы қымбат ақ ұнындай (Нұрым Шыршығұлұлы).

Күміс ақша [теңге]. *Күмістен жасалған ұсақ, майда тиын.* Мектеп жасындағы балалардың көпшілігі маркалар, *к ү м і с а қ ш а* мен сіріңке қорабының этикеткаларын, значоктар жинауға әуес келеді (Семья тәрбиесі).

Күміс теңге. *Күмістен жасалған ақша.* Хан Қоқан шаһарына кіргенде, *к ү м і с т е ң г е д е н* шашу шашып, келер күні сарайына Қоқанның үлкен моллаларын жинап, өзін Әмір Әлмұсылман деп халыққа естіртіпті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күміс бромиді. х и м. *Бромды күміс, күмістің броммен қосылысы; сары түсті кристалды зат. К ү м і с б р о м и д і* аммиак, бромды сутек қышқылы, натрий тиосульфаты және калий цианидімен әрекеттесіп, суда еритін комплексті қосылыстар түзеді (ҚСЭ). *К ү м і с б р о м и д і* жарық әсерінен ыдырайды. Табиғатта ол күміс хлоридімен бірге кездеседі (ҚСЭ).

Күміс жүлдегер. с п о р т. *Спорт жарыстарынан екінші орын алған спортшы.* Біріншіліктің ең ақтық ойынын қостанайлықтар өз алаңында Талдықорғанның «Жетісу» командасымен өткізіп, 1:0 есебімен жеңіп, 32 ойыннан 76 ұпай жинап, еліміздің биылғы 12-ші біріншілігінің *к ү м і с ж ү л д е г е р і* атанды. «Тобылдан» екі ұпайды артық жинаған Павлодардың «Ертісі» бесінші рет чемпион тәжін киіп отыр («Түркістан»).

Күміс жалату. з е р г. т е х. *Бұйымдарының бетін тот баспаудан, сәуле шағылысатын етіп және электрлік өткізгіштігін арттыру, оларға әсемдік беру мақсатында жұқа күміс қабатымен қаптауға негізделген технологиялық процесс. К ү м і с ж а л а т у* ерте заманнан бері әшекейлік мақсаттарға пайдаланылып келді (ҚҰЭ). *К ү м і с ж а л а т у* химиялық, гальваникалық, қабаттастыру, катодтық тозаңдату және күмісті вакуумда буландырып, қайтадан сұйылту әдістері бойынша іске асырылады (Қаз. тілі термин. Кен.). *К ү м і с ж а л а т у* үшін қолданылатын гальваникалық әдіс кезінде көбінесе цианды электролиттер пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Күміс иодиді. х и м. *Иодты күміс, күмістің иодпен қосылысы, ақшыл сары түсті кристалл. К ү м і с и о д и д і* суда ерімейді, спирт, тиосульфаттарда ериді (ҚСЭ). *К ү м і с и о д и д і н* күміс нитратының ерітіндісіне иодты сутек қышқылымен немесе оның тұздарымен әсер ету арқылы алады. *К ү м і с и о д и д і* сурет түсіруде т.б. қолданылады (ҚСЭ).

Күміс көмей, жез таңдай. б е й н. *Әнші, таңдай қақтыратын табиғи дауысы бар.* Тойда Арқаның атақты әншілері, Қали Байжанов, Ғаббас Айтбаев бастаған бұлбұлдай сайраған *к ү м і с к ө м е й, ж е з т а ң д а й л а р* бас қосады (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар). Ақылды, дана, кемеңгер де, тауларды төңкеріп асау өзендерді бұғалықтап, табиғатты табындыратын алып та, *к ү м і с к ө м е й, ж е з т а ң д а й* әнші де, буыны жоқ сұлу мүсінді биші де – бәрі сол адам деген жаратылыстан шығады екен (С.Байжанов, Құрыш.).

Күміс күлкі. *Құлаққа жағымды, ақжарқын сыңғырлаған күлкі.* Тап-таза *к ү м і с к ү л к і* жас үнің шат, Кетер ме ек бала күннің асырын сап. Тоғайда балаусаны белден орап, Ақ түннің құшағына жасырынсақ (Т.Сүлейменов, Бұлақ). Мен Алматының жасыл жапырақты зәулім терек саясындағы көшелерімен келе жатқан сәбилердің *к ү м і с к ү л к і с і н* естігенде, өзімнің бақытсыз өткен балалық шағымды еріксіз еске түсіремін, – дейді Құсайынбек (Қ.Әміров, Жастық.).

Күміс қанатты. *Қанаты тегіс, жылтыр, ақ. К ү м і с қ а н а т т ы* алып лайнер бұлтты тіліп, биікке көтеріліп, астанаға сапар тартты (С.Мәуленов, Жер нәрі).

Күміс медаль. а) с о в е т. п е д. *Кеңестік білім беруде онжылдық мектепті екі «4» бағасымен үздік бітіргені үшін берілетін күміс қосып жасалған медаль.* – Бұл бала мектепті *к ү м і с м е д а л ь м е н* бітірді, – деді Жайынбай Бектұрсынға (М.Дүйсенов, Мейман.). – Балам, мектепті *к ү м і с м е д а л ь м е н* бітіре тұрып, физкультура институтына барғаның не? – деді әкесі баласына (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім.). ә) *Күміс металдан жасалған төске тағатын марапат, төсбелгі.* Есіктен саулап алдымен пристав, онан кейін бір омырауында *к ү м і с м е д а л і* бар полицейский, жез қадаған Бұзаубақ, һәм Қамбар кіреді (М.Дулатов, Шығ.). б) с п о р т. *Екінші орын алған спортшыға берілетін марапат.* ≈ *К ү м і с м е д а л ь* алды.

Күміс той. *Ерлі-зайыптылардың үйленгендеріне 25 жыл толуына арналып өткізілетін той.* Қабдыраш келіп: – Зейнепті алғаныма 25 жыл толғанын білмеуші ме едің? *К ү м і с т о й* өткізбекпіз, – деді («Лен. жас»). Осы рюмка *к ү м і с т о й ы м ы з д а* бал шарап құйып ішерміз деген асыл шыны еді (С.Омаров, Өмір асу.).

Күміс хлориді. х и м. *Хлорлы күміс, күмістің хлормен қосылысы, ақ түсті кристалды зат. К ү м і с х л о р и д і* аммиак, тұз қышқылы, натрий тиосульфаты және калий цианидімен әрекеттесіп, суда ерімтал комплексті қосылыстар түзеді әрі жоғарыдағы аталған заттардың судағы ерітінділерінде жақсы ериді (ҚСЭ). *К ү м і с х л о р и д і* жарық әсерінен ыдырап, ұсақ қара түсті күміс бөлініп шығады (ҚСЭ).

Күміс шабу. з е р г. *Темірге күміс қақтау, ағаш, мүйіз, сүйекті күмістеу. К ү м і с ш а б у* әдісі негізінен белдік, айбалта, семсер, ердің қасы, т.б. батырлық және тұтыну құралдарын әсемдеу үшін қолданылады (ҚҰЭ). *К ү м і с ш а б ы л а т ы н* заттың өңін түрпілеп, күміс жіпті үлгі бойынша ұрып сіңдіреді. Өнердің бұл түріне зергерлер ою-өрнектің кез келген түрін қолдана береді, Күмістелген бұйымдар биязы, нәзік өрнектелуімен ерекшеленеді (ҚҰЭ).

Тат шықпайтын күмісінен таза жоқ. п о э т. *Еш нәрсе таза, басқамен араласпаған күйінде болмайды. Т а з а ж о қ т а т ш ы қ п а й т ы н к ү м і с і н е н,* Өзінің әркім риза жүрісінен. Бір шаттық, бір қапалық – екеуі егіз, «Нені ексең, соны орарсың» деген нақыл, Таппай ма әркім өзі тірісінен (Шәді Жаңғірұлы//Екі мыңжылдық.).

КҮМІСАЛУ з а т. о й ы н. э т н. *Орамалға түйілген күмісті шауып келе жатып аттың үстінен жерден іліп әкетіп ойнайтын ұлттық спорт ойыны.* Халық арасында *к ү м і с а л у,* жамбы ату сияқты ұлттық ойындарда ат үлкен орын алады (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы.). Ат шабыс, атпен ойнап *к ү м і с а л у,* Сынасып, көрсетісін қайрат-қару. Теңге атып мергендері бәсекелесіп, Би билер қыз бен жігіт әсем ару (И.Байзақов, Қавказ). *К ү м і с а л у* – ұлттық ат спорт ойыны. Ертеде келін түсіру, қыз ұзату салтанатында қалыңдық орамалға күміс теңге түйіп беретін. Оны шабандоз шауып келе жатып жерден іліп алатын. Озып шыққан жігіт беташар айтатын (ҚСЭ).

КҮМІСТЕ= е т. *Күміспен әшекейлеу, әсемдеу.* Ол ерінің қасын қара ала қавқаздатып *к ү м і с т е г е н,* айыл-тұрманы жарқ-жұрқ еткен ақ боз атқа ер балаша лып етіп отырды (С.Жүнісов, Ақан сері). *К ү м і с т е г е н* ертұрман, саудыраған сауыт-сайман күн көзіне шағылысып, бет қаратпайды (О.Сәрсенбаев, Сағым.). Алыстан *к ү м і с т е г е н* қанжарының сабы жақындап келгенде жылтырап көрініп қалады (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ).

КҮМІСТЕЙ[1] с ы н. **1.** *Күміс сияқты; келісті.* Үйінен мешітке біржола киініп шығып, Асқарды қасына мінгізіп, Бүркітбайға божы ұстатып, ширығып тұрған *к ү м і с т е й* екі ақ боз атты ойнақшытып, Итбай мешіт алдына кеп тоқтады (С.Мұқанов, Ботагөз). **2.** *Сыңғырлаған, сыңғырсыңғыр еткен.* Бекайдар өлеңнің алғашқы сөздерін айта бастағаннан-ақ Дәмелі де өзінің *к ү м і с т е й* таза, әдемі жіңішке даусымен қосылып кетті (І.Есенберлин, Айқас). **3.** *Аппақ, жылтыр.* Құдықтың суы аппақ *к ү м і с т е й* болып жалтырайды (Ә.Қалдыбаев, Шаншар).

Алтындай шайып, күмістей еледі. *Барынша қадірлеп, қастерледі. А л т ы н д а й ш а й ы п, к ү м і с т е й е л е п,* өз бойына шаң жұқтырар емес (Б.Аманшин, Көкжар.).

Аршыған күмістей. б е й н. *Тап-таза, сүйкімді, әдемі.* Қазір Шолпанның өзі де бұрынғыдан бетер ширақы. *А р ш ы ғ а н к ү м і с т е й* ақжарқынданып алыпты (А.Хангелдин, Қара торғай).

Сымға [сымша] тартқан күмістей. п о э т. *Жіптіктей, келісті, сымбатты, сүйіктей.* Анна Ивановна *с ы м ғ а т а р т қ а н к ү м і с т е й,* балқыған, нәзік, сұлу денесімен түгелдей бұрылып, мысқылмен күлген Жайынбекке салқын қарады (С.Жүнісов, Ақан сері). *С ы м ғ а т а р т қ а н к ү м і с т е й* Он саусақтың саласы (Қыз Жібек). Қызы екен Априсяптың аты Минша, Сүмбіл шаш, құралай көз, белі қыпша. Мар-

жан тіс, оймақ ауыз, пісте мұрын, *Күмістей* саусақтары *тартқан сымша* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

КҮМІСТЕЙ[2] үс т. *Күміс ақшалай.* Әр шаңырақтан *күмістей* бір сом елу тиын салық алынады (І.Есенберлин, Қаһар).

КҮМІСТЕЛ= е т. *Күміспен әшекейлену, күміспен күптелу.* Қымбат ішіктердің ішін, тысын үңіле қарап болып, пристав бетін есіктің екі жақ босағасына бұрса, төгіліп тұрған әртүрлі аттың саймандары екен. Бәрі де *күмістелген* (С.Мұқанов, Жұмбақ жалау). Күміс ердің үзеңгісі де *күмістеледі* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КҮМІСТЕЛУ *Күмістел етістігінің қимыл атауы.* Ердің күміс мәнеріне қарай, үзеңгісі де сол мәнермен өрнектеліп *күмістелуге* тиіс (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КҮМІСТЕН[1] **=** е т. *Күміспен безендірілу, әшекейлену.* Есік алдына *күмістенген* кебісін тастап жатып, хан әйеліне сұқтана қарады (І.Есенберлин, Алмас.). Өңшең *күмістенген* ер-тұрман, жүрістері суыт (К.Сақабаев, Өткел аузында).

КҮМІСТЕН[2]= е т. **1.** *Күміс сияқтану, жалтырау.* Жарқабақтағы қалың көгалдың астынан күлгін түстес жер көрінеді, шөп бейне жасыл *күмістеніп,* сол жерді жиектеп әсем көрініс береді (М.Жұмағұлов, Қыран.). **2.** *Ағару.* Нұра жақтан көлге қарай келе жатқан автомобильден түскен екі адамның бірі – шықшыттарына нар *күмістеніп* ақ кірген, айналасын қырыққан қара бүйра сақалды, түкті қою қабақ, түзу мұрынды, орта бойлы, талпақтау денелі, қара торы кісі (С.Сейфуллин, Әңгім.).

КҮМІСТЕНДІРІЛ= е т. *Күміспен қапталу, күміспен өрнектел.* Неше түрлі сырмен боялып, сағанақтары *күмістендірілген* кереге көздері мен құлпырған құр-таңғыштарға... ши жалпы түр беру ретінде өте үйлесіп-ақ тұрады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КҮМІСТЕТ= е т. *Күміспен аптату; күміспен зерлету, күмістеп тіктіру.* Кілем-көрпе төсеулі, *күмістеткен* сары ала тегене сапырулы, керектінің бәрі бар, артық еш нәрсе жоқ (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Шатырдың іші толған асыл бұйым, Кім көрген салтанаттың мұндай күйін? Алтындап, *күмістеткен,* жарқыраған Жан-жақта ілулі тұр түрлі киім (К.Райбаев, Жаңа толғау). Міндіріп бір Бедеуге жүрді ашып, Аяғын жүрді бедеу ырғап салып. Отырып кебежеге *күмістеткен* Перділеп Пәрәмікті күтті халық (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

КҮМІСТЕТУ *Күмістет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ер-тұрманын *күмістету.*

КҮМІСТЕУ *Күмісте етістігінің қимыл атауы. Күмістеу* – күміспен өрнектеу, күміс жүргізу, күмістеп тігу; күміспен қаптау (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Біріншіден, ершілердің ер қосу шеберлігіне қоса ердің басқа жабдықтарын түгелдей жасай білуіне және оларды *күмістеу,* сүйектеу өнерін толық меңгергендігіне байланысты (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.).

КҮМІСТІ с ы н. *Күміспен қапталған. Күмісті* ертоқымды көш аттары ауыздығын қарш-қарш шайнап, қалмақша байланған (І.Жансүгіров, Бадырақ). *Күмісті* сауыт болсам, Қорқаққа орғып қашқан, Киілместен тот басуды қалаймын (Р.Ниязбеков, Келер күн.).

КҮМІСШЕ үс т. *Күміс тәрізді, күміске ұқсап.* Тек алыстағы биік шыңдардың төбесіндегі қар ғана ай сәулесіне шағылып, *күмісше* жалтырайды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

КҮН[1] з а т. **1.** а с т р <грек. helios> *Әлемге жарық, қызу беретін, күн жүйесінің орталық денесі, Жерге ең жақын жұлдыз. Күн* – спектрлік класы G2V, абс. жұлдыздық шамасы +4,83 сары ергежейлі жұлдыз. (ҚҰЭ). *Күн* дегеніміз – диаметрі 1 миллион 400 мың км өте зор газ-шар (Ғалам ғажап.). Ол секундына 35 километр жылдамдықпен *Күнді* айналады, кейде Жерге 40 миллион километрдей жақындайды, бұл кезде бізге ол үлкен болып көрінеді, бізден алыстағанда кішкентай болып көрінеді (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.). Ол оқып жүріп қай уақытта *Күн* бетінде қара дақ пайда болса, сол уақытта табиғатта әртүрлі қауіпті құбылыстар болатынын, егер Күннің беті таза болса, онда Жерде де ешқандай құбылыстардың болмайтынын байқаған (Т.Омаров, Күн. құбылыс.). **2.** *Жаз кездерінде шақырайып, көз қарықтырып қаратпайтын күн табағы. Күн* нарттай қызарып, алауланып барып ұясына отырды (С.Бақбергенов, Күй). Биіктен көк теңбіл, Күліп *күн* қарады. Жылытып төккен нұр, Біздің жер-ананы (І.Мәмбетов, Табантал). **3.** а у ы с. *Күн сәулесі тіке түсетін ашық жер; күншуақ. Күнде* отырып қалдың ғой (Ауызекі).

Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар. *Асқан сұлу, көрікті.* Бағдад, Мысыр шәһәрінің бірінде бір ер жігіт, Хасен деген, бір *ай десе аузы бар, күн десе көзі бар,* ай маңдайлы, жұлдыз көзді сұлуға ғашық болған (С.Сейфуллин, Шығ.). Қиял-ғажайып ертегілерде батырлардың, *ай десе аузы бар, күн десе көзі бар* сұлулардың ізгі ерліктері хикая болады (ҚазССР тарихы). Оның *ай десе аузы, күн десе көзі жоқ* бойжеткен қарындасы бар екен (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Атар таң, батар күн. *Көресі, тағдырдың жазғаны, жазмыш.* – Әй, жарықтығым, әркімнің *атар таңы, батар күні* бар ғой (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Атар таң, көрер [шығар] күн жоқ. *Қиын күнкөріс, ауыр азап, бейнет.* Мені бүйтіп күң етіп, ол сорлыны, Бәшібекті, құл етіп қойған соң, *атар таң, көрер күн жоқ* болған соң, не дейін!— деп, қазан астындағы ыстық жалынды көсей түсіп, Есбике кемсеңдеп жылап қояды (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Атпайтын таң, батпайтын күн. *Ауыр өмір, қиын күнкөріс.* Қойшының сол күндерін өзі басынан өткізген халық ақыны Кенен ақсақал бұл жөнінде ел арасына көп тараған «Боз торғай» атты әнінде қойшы үшін *атпайтын таңды, батпайтын күнді* және онымен ешкімнің ісінің болмайтындығын суреттейді (Тарту).

Атпас таң, шықпас күнге тап болды. *Арылмас бәлеге кез келді.* Айналайын шырағым! Осындай бір *атпас таң, шықпас күнге тап болдық* (Қаз. ертегі).

Басынан күн, аяғынан ай туды. *Болып-толды, бақытқа кенелді.* Қазанқап бір күні ұйықтап жатып түс көрді. Түсінде *басынан күн, аяғынан ай туып,* қасында екі қозы қошқар соғысып жатыр екен (Қаз. ертегі).

Басын күн шалды. *Басына бақыт қонды, дәуірледі.* Жаман дос көлеңке: *Басыңды күн шалса,* Қашып құтыла алмайсың. Басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың (Абай, Шығ. жин.).

Батар күнмен батты. *Дүниеден өтті, өлді.* Құдіреті күшті, Құдай-ай, *Батар күнмен батайын,* Өзінен бұрын атайын (Батырлар жыры).

Бетін жел қақпау, маңдайын күн шалмау. *Қиындық, бейнет көрмеу*. Айбар бұл ерке сұлудың *бетін жел қақпауын, маңдайын күн шалмауын* тілейтін (З.Қабдолов, Жалын).

Күн активтілігі. а с т р. *Күн бетіндегі тұрақсыз (стационар емес) құбылыстардың жиынтығы: күн дақтары, оталу, жалын шудалары, талшықтар мен протуберанцтер, тәждің ұйытқу орындары т.б.* Бұл құбылыстар бір-бірімен өзара тығыз байланысты, әдетте олар Күннің кейбір облыстарында бірге пайда болады, мұндай облыстарды *күн активтілігінің* центрі деп атады (ҚҰЭ).

Күн асты. *Күн жақ, көкжиек.* Күлшежаны *күн астына* көз салды (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Күн астынан* шаң көрінсе, шаң ішінен жан көрінсе, жарылар ма еді жүрегі! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күн арқан бойы көтерілді. э т н. *Күннің сәскеде жақындаған сәтін, шағын білдіретін халықтық өлшем.* Міне, түн көрпесі серпіліп, таң атты. *Күн арқан бойы көтеріліп,* ала бұлтты шарлап жүр (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Ал күн ашылса, қардың қалыңдығына қарамай-ақ малдың бәрін *күн арқан бойы көтерілісімен* жайылымға шығарады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

Күн тұсау [қазық] бойы көтерілді. э т н. *Күннің ұясынан жаңадан көтерілген шағын білдіретін халықтық өлшем.* Ол (Судыр Ахмет) *күннің тұсау бойы көтеріліп* қалғанын көрді де, шап етіп қатынымен ұстаса кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Күн найза бойы көтерілді. э т н. *Күннің маңдай тұстан жоғарғы көтерілген шағын білдіретін халықтың өлшем.* Ояна кетсем, *күн найза бойы көтеріліп* қалыпты (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.).

Күн байыды. э в ф е м. *Күн ұясына кірді, күн батты.* Сол үміт дамыл бермеген Ұлпан күндегі дағдысымен *күн байыр* шақта, Той сайының жағасына түйе шөгерісуге барды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Кешкі көкшіл тұманға Кеткенінде *күн байып,* Қызметші бұларға Болып жүрді бір қайың (С.Мәуленов, Таңд. өлең.).

Күн бата [батыра, байырда]. *Күн батып бара жатқан кезде.* Жыл мейрамын бітіріп жүріп кеттім, *Күн бата* бір бекетке келіп жеттім. Тамақтанып жайланып болғаннан соң, Түн ішінде ат жек деп әмір еттім (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ал енді Төлеген Қосабаның түбінде *күн бата* аттан құлап, қас қарая жан тапсырады (М.Әуезов, Шығ.). Кідірмей *күн батыра* кетті жүріп, Шөлінен Әндариман бетті бұрып. Сәскенің шамасында жетейік деп, Аттарын ұйықтамастан отырады ұрып (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Қыз әр кеш *күн байырда* қырға шығып, Ғашығын күтуменен тұрды асығып, Қиылып қара қасы, толқын ұрған Тұлымы тобығында ширатылып (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын).

Күн батқанша. *Кешке дейін, күні бойы.* Бір кептірмей төрімді, *Күн батқанша* шабамын Әрлі-берлі далпылдап (Абай, Тол. жин.).

Күн батареясы. ф и з. *Күн сәулесінің энергиясын электр энергиясына айналдыратын шала өткізгішті фотоэлектрлік түрлендіргіштен (ФЭТ) тұратын ток көзі.* Көптеген тізбектей-параллель қосылған ФЭТ-тер *күн батареясын* қажетті кернеу және ток күшімен қамтамасыз етеді (ҚҰЭ).

Күн батты. *Күн ұясына кірді, күн байыды.* *Күн батып* кетіпті. Ауыл үстінен осы

сәтте жарқ етіп, электр шамдары да жанды (С.Бақбергенов, Біздің колхоз). Күн де батты, бір жерге Әзім жатты, *Күн батқан* соң жанжағы салдыр қақты. Қараса қаптап жүрген бәрі айдаһар, Сонда да біраз жатып ұйықтап қапты (Абай, Шығ. жин.).

Күнге күйіп-пісті. *Асып-тасты, дандайсыды.* «Сіз білесіз» дегенге *Күнге күйіп-пісіп-пін*; Мақтанбасқа мақтанып, Деп жүріппін «пысықпын» (Абай, Тол. жин.).

Күнге күю. *Күн сәулесінің әсерінен меланин пигменті көбеюінен терінің қоңыр түске боялуы.* Ультракүлгін сәуленің әсерінен тері тез қызарып, терінің зат алмасуы, қан айналысы жақсарады. Терідегі минерал заттарының алмасуын қалыптастыратын «D» витамині молаяды. Сондай-ақ *күнге күю* әртүрлі тері ауруларын (терлегіштік, қабыршақты теміреткі безеу т.б.) емдеуге пайдалы (ҚСЭ).

Күнге қақтау. *Күннің көзіне ұзақ уақыт қойып, кептіру.* Айсанның діңіндегі орыс адам ішегін *күнге қақтауды* Шыңғыстың моңғолдарынан, Ақсақ Темірдің түрікпендерінен алған (М.Жұмабаев, Шығ.).

Күн дақтары. а с т р. *Жерден телескоппен қарағандағы күн табағының бетіндегі әртүрлі дақтар.* Көп жылғы ғылыми бақылаулардың нәтижесінде *күн дақтары* әрбір 11 жыл сайын көбейіп, әрі күшейіп (максимум) тұратындығы байқалған. Ең соңғы максимум 1957-1958, 1959 жылдары болды. Күн бетінде болып тұратын мұндай максимумдар – радио толқындардың берілуі, поляр жарқылы, магнит дауылы, ауа райы, климат т.б. көптеген атмосфералық құбылыстарға әсерін тигізді (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.). Фотосфераның ең негізгі заты – Күн бетіндегі дақ 150 миллион километр жерден өте кішкене болып көрінеді. Негізінде *күндегі дақ* өте үлкен, оның көлемі көлденеңінен 10-15 мың километрге барады, бұл жердің көлденең ұзындығымен тең. Кей кездерде 200 мыңнан асатын дақ жиі-жиі кездеседі (Т.Омаров, Күн. құбылыс.).

Күн дауылы. а с т р. *Күн бетіндегі дақтар, т.б. сияқты тұрақсыз құбылыстар.* Соңғы жылдары Қазақстанда ауа райының бірқатар өзгеруі және поляр жарқылының байқалуы осы *Күн дауылынан* болған болуы да мүмкін (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.).

Күн елі. *Шығыс елдері.* Орыс тілін үйренуге осынша талаптанса да, қиынырақ соғады. «Қатып кеткен *күн елі* тілі сәби баланың шолжаңына келтіру онша жеңілге соғатын емес. Бірақ талабымның талқандамайтын нәрсесі жоқтығына сеніп, іс қылып жатырмын», – дейді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күнді етегімен жапты. *Шындықты жасырды, бүркемеледі. Күнді етегімен жаба* аласың ба, әйтеуір, шындық байқұс мені бұл жолы да құтқарып кетті (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Күн екіндіге таяды. *Кеш боп қалды, күн батуға жақындады.* Осындай шым-шытырық ойда келе жатқан Есіркеген *күннің екіндіге таяп* қалғанын жаңа аңғарды (І.Есенберлин, Алмас.).

Күн еңкейді. *Күн кеш болуға айналды, ымырт үйірілді. Күн еңкейіп* бара жатты. Сол кезде тысқа шыққан Оспан өз қыстағының айналасында, қорықта қаптай жайылып жүрген өңшең ерттеулі аттарды көрді (М.Әуезов, Абай жолы). Жанай колхоз басқармасына келген кезде, *күн еңкейіп,* батуға барып қалған болатын (С.Бегалин, Таңд. әңгіме.). Қайғылы тіршіліктен өлген артық, Алдыңда жоқ болған соң ешбір алаң. Барады *күн еңкейіп* енді кешке, Ұзамай істің соңы болсын тамам (Дастандар).

Күн жалады. *Ыстық, аптап ұрды, күйді.* Қайта бу боп, тағы су боп, Кетті тамшы домалап, Тағы келіп қонды егінге, Шөлдеп тұрған *күн жалап* (С.Бегалин, Өлеңд.).

Күн жеді. *Күн күйдіріп, киімнің т.б. түсі оңды.* Шалдың басында *күн жеп,* шаң басқан, өз өңінен айырылған боз шалма, үстінде сол түсті шапан, аяғында ақ жұлық мәсі бар еді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Күн желі. а с т р. *Күннен үздіксіз шығатын квазибейтарап плазма ағыны. Күн желі* планетааралық ортада плазма ағынының бар екендігі ғарыштық зерттеулерден де бұрын, көптеген бақылаулар нәтижесінде алынған фактілер негізінде байқалған (ҚҰЭ). *Күн желіне* магниттік дауыл, полярлық шұғыла, Күннен тысқары бағытталған газ құйрықты кометалар, ғарыштық сәуле вариациялары, зодиактік жарық поляризациясы т.б. жатады (ҚҰЭ).

Күн жоқта. *Түнде, қараңғыда. Күн жоқта* кісімсінер жұлдыз бен ай, Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай (Абай, Тол. жин.).

Күн жүйесі. а с т р. *Күннен, оны айнала қозғалатын үлкен ғаламшарлардан, ғаламшар серіктерінен, мыңдаған кіші ғаламшардан (астероидтардан), шамамен 10^{11} кометадан және толып жатқан метеорлық денелерден құралған ғарыштық денелер жүйесі.* Жер мен *Күн жүйесінің* пайда болуы жөніндегі мәселе – жаратылыстанудың аса маңызды және күрделі мәселелерінің бірі (К.Сапарбайұлы, Геология.). *Күн жүйесі* – Күннен және тартылыс әсерімен оны айналып жүретін

9 үлкен планета мен олардың серіктерінен, ондағы мың шағын планеталардан, кометалардан, жасынтас денелерден және планетааралық газдан тұратын аспан денелер жүйесі. Ірі планеталар – Меркурий, Шолпан, Жер, Марс, Есекқырған, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон (Қаз. тілі термин. Геология).

Күн жылт етті. *Күннің көзі көрініп, нұр шашты.* Бауырыңда еңбек еткен қанша халық, Келешек қызығына құмарланып, Тал бойың толған байлық, меруерт суың, Сумаңдар, *к ү н ж ы л т е т с е,* асыр салып (Қ.Қуанышбаев, Өлеңд.).

Күн зауал ауды. ж е р г. *Күн жартысынан ауды* (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

Күн кетті. ж е р г. *Күн цясына батты, кеш түсті. К ү н к е т к е н* соң үйге қайтамыз (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

Күн кешкірді. *Күн батуға таянды, кеш болды.* Әңгімемен *к ү н н і ң к е ш к і р г е н і н* де байқамады бұлар (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). *К ү н к е ш к і р е* жел бәсеңдеп, бұрынғысынан ішін сәл тартса да, боз жаңбыр сылбырап жауа берді (Ә.Нұрпейісов, Құрляндия).

Күннің көзі. *Күннің сәулесі, нұры.* Сәске түсте тұман сейіліп, *к ү н к ө з і* сығалап еді, аспанда жүрген самолеттер көрінді (Б.Момышұлы, Москва.). *К ү н к ө з і* сары үрпек балапандай, Күзгі аспан ала шабыр, ала таңдай, Әр тұста бытыраңқы қорғасын бұлт, Ырғиды долы ашуын тарата алмай (Д.Әбілев, Алтай.). Жанжануар, адамзат анталаса, Ата-анадай елжірер *к ү н н і ң к ө з і* (Абай, Тол. жин.).

Күн [көзі] күңгірт. *Күн бұлтты.* Салқын күз айы. *К ү н к ө з і к ү ң г і р т.* Менің қарсы алдымда сүреңсіз жадағай өлке жатыр созылып (Ә.Көшімов, Жас аңшы). *К ү н і к ү ң г і р т,* түн қараңғы Айы да жоқ жұлдызы (Б.Майлин, Шығ.).

Күн көк өгізден түсіп, көк жорғаға мінді. *Жазғы уақыт тез өте шықты.* Қысқа *к ү н к ө к ө г і з д е н т ү с і п, к ө к ж о р ғ а ғ а м і н і п т і* (М.Юсупов, Табиғат тағылымы).

Күн көтерілді. *Күн цясынан шықты.* Таңертең ерте оянуға да бұл жер жақсы. *К ү н к ө т е р і л е* сала қызу сәуле төгеді де, бұларды (Айсұлуларды) тез оятатын (М.Әуезов, Өскен өркен). Есімбек жастықтан басын көтерді. *К ү н к ө т е р і л і п* қалған (Е.Оразақов, Дәрігер.). *К ү н к ө т е р і л е* аупарткомның құла «Волгасына» мініп, қасында Айжан, Раушан асығыс жетті отарға (З.Шашкин, Сенім).

Күн күйді. а) *Күн барынша ысыды, шыжыды.* Көшеге шығуға болмайды, *к ү н к ү й і п* тұр (Ауызекі). ә) с ө й л. *Күн тұтылды. К ү н к ү й д і* күрсінгендей күлмей көктен, Алатау ауырғандай ауыр шөккен. Тарылып тамырлары тартылғандай Келмейді жұпар иіс жерде шөптен (І.Жансүгіров, Шығ.).

Күн қақтады. *Күн күйдірді, күннің табы өтті.* Енді біреулер: «*К ү н қ а қ т а ғ а н* шөлейтке күріш түгілі шөп те шықпас, дүрлікпей-ақ көлеңкеде күн кешейік», – десті («Қаз. әдеб.»). Ыстықтан жасқанғаннан жерге кіріп кетердей болып тырбиып жатқан шөл дала шөптері. *К ү н қ а қ т а п,* шаң басып бозарып кетіпті (М.Жұмабаев, Шығ.).

Күн қақты. *Күн өтті, күнге күйді, тотықты.* Бетін *к ү н қ а ғ ы п,* тобылғы түстеніп кеткен әдеміше қара торы Роза отты көздері мөлдіреп төмен қарады (С.Бақбергеков, Алтынемел.). – Ұзақ жолда *к ү н қ а ғ ы п,* ат соғып қатты шаршаған едім. Мына Әміре інішектің әнін тыңдалық, – деп Жұмат домбырасын жас әншіге ұсынды («Қаз. әдеб.»).

Күн қия. ж е р г. *Кешке жақын, күн батарда, кеш түсе.* Оспанбек Алматыға *к ү н қ и я* кетті (Қазақ тілі аймақ сөздігі). Жұмысшылар *к ү н қ и я* алдында малға шөп әкелді (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

Күн құлады. *Түс қайтып, кеш болды.* Еңкейіп екіндіге *к ү н қ ұ л а с а,* Көріксіз көрінбей ме дүние бір? Осының бәрі мысал ойлағанға Кәмшат қыз, ойлан, ойланба, оны өзің біл (Жамбыл, Шығ. жин.).

Күн құлақтанды. *Күннің айналасы отауланды, қызыл күрең түске боленіп, мұнарланып тұрды. К ү н қ ұ л а қ т а н ы п,* жарылып кеткендей шатынап алған. Мұндай нышан беріп сыр айту «сақ бол, қиып, үзіп түсер қызыл шұнақ аяз ұзақ аялдап, сүріндіріп жүрмесін» дегендей еді (Ж.Бозымбеков, Шопан.). Қарашада қар жауып, Суық түсті зымыстан. *Қ ұ л а қ т а н ы п к ү н* шықты, Долданғандай шығыстан (О.Шипин, Екі дастан). *К ү н қ ұ л а қ т а н ы п* шаңытқан ақ пердеге жасырынып, Жаңа түскен келіндей ақ дидарын көрсетпеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күн қыза. *Күн арқан бойы көтеріле, сәскеде, күн ысыған кезде. К ү н қ ы з а* Есіл бойындағы иесіз бір қораға келдік. Бәтіш шаршайын деді. Жанторсықта сусыным бар еді (Ж.Аймауытов, Қартқожа).

Күн қызметі. *Күнді жүйелі бақылау қызметі. К ү н қ ы з м е т і н і ң* негізгі міндеті – Күнде болатын құбылыстарды зерттеу (ҚҰЭ). Сондықтан бұл жұмысқа белгілі бір жоспар бойынша көптеген астрономиялық мекемелер қатыстырылады да, олардың бақылау нәтижелері

Күн қызметінің ұйымдастыру орталығына хабарланып тұрады (ҚСЭ).

Күн магниттілігі. ф и з. *Күн плазмасының қозғалысын реттейтін, күндегі жарқылдың, протуберанцтардың т.б. тууына себепші болатын Күн бетіндегі магниттік өріс. Күн магниттілігінің* периодты түрде күшейіп отыруы күн активтілігін анықтайды (ҚҰЭ). *Күн магниттілігінің* көзі – Күн қойнауындағы плазмалардың күрделі қозғалысы (ҚҰЭ).

Күнмен бірге тұрды. *Ерте оянды. Күнмен бірге тұрып,* келер түн жарымда жатып жүрмін (С.Шарипов, Шығ.).

Күн мен түн тарағы тең күн. п о э т. *Төрт құбыласы түгел, қуанышты, бақытты шақ.* Бүгін халықтың қуанышы кең күні, *Күн менен түн тарағының тең күні* (М.Дулатов, Шығ.).

Күн мен түннің теңелуі. а с т р. *Күннің көзге көрінерлік жылдық қозғалысында эклиптика бойымен жылжып келе жатқан Күн табағы центрінің аспан экваторынан өтетін кезі.* Біріншісі көктемгі (жазғытұрғы) теңелу, екіншісі күзгі теңелу деп аталады. *Теңелу* кезінде *күн мен түннің* ұзақтығы жуық түрде 12 сағат болады (ҚҰЭ). *Күн мен түннің теңелуі* кезінде Күннен Жерге түскен жарық пен көлеңкенің шекарасы жер меридианымен беттеседі (ҚҰЭ).

Күн нұрына шомылды. п о э т. *Күн көзіне түрды, күн сәулесінен рақаттанды.* Екеуі де үнсіз сөйлер еді, біреуі *күннің* жомарт *нұрына шомылып*, бірі аласа ағаштың саясына тығылып (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күн өтті. а) *Күннің қызуы өтті, күн аптабы күйдірді.* Бір мезгілде оянса, шекесіне *күн өтіп* барады (Қаз. ертегі.). Құлық бие құлыны, Табанынан тас батса, Маңдайынан *күн өтсе,* Алты күнге жарамас (Қаз. ертег.). ә) *Басынан күн қызуы өткеннен, ыстығы көтеріліп, лоқсиды, басы айналып, құсып, әлсіреді.* Кеше дәрігер ана: «Еркебұланға *күн өтеді* ғой, *күн өтеді* ғой!» – деп қорықты (М.Тиесов, Дала.). б) *Қартайды, жасы жетті.* Әринемен ел кетті, Қоқиланды, мақтанды. Қуат бітті, *күн өтті,* Жарылқа, Құдай жатқанды (Абай, Тол. жин.). в) *Уақыт босқа өтті.* Әуелгі жылы «сені біз сайламадық па?» деп елдің бұлданғандығымен *күні өтеді* (Абай, Тол. жин.). Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп *күн өтеді* (Абай, Тол. жин.).

Күн өту. м е д. *Ашық күннің ыстығында ұзақ жүргендіктен немесе ұйықтап қалғандықтан, адамның басы айналып, қызуы көтерілуі, лоқсып құсуы, әлі кетуі.* Дала жұмысындағы адамдар *күн өтуден,* ыстық соғудан сақтану керек (Е.Оразақов, Дәрігерлік.). *Күн өту* салдарынан адамның басы айналып, әлі кетіп қалжырайды. Жүрегі айнып, тыныс алуы жиілейді. Дененің қызуы көтеріліп (38-40^{0}С-қа дейін), лоқсып құса бастайды, кейде талып, сіңірі тартылуы да мүмкін. *Күн өту* көбінесе, ыстық қапырық ауадан болады (ҚҰЭ). *Күн өту* кезінде мидағы қан айналысы бұзылады (ҚСЭ).

Күн пеші. т е х. *Күн энергиясы арқылы алынатын жылытқы пеш, құрал.* Қазіргі кезде *күн пештері* арқылы тотықтанбайтын рудаларды балқытуда, олар электр өткізгіш және электр оқшаулағыш материалдар (Т.Омаров, Күн. құбылыс.). Сонымен қатар осы *күн пешінде* баяу балқитын және қызуға төзімді материалдардың физикалық және физика-химиялық қасиеттері зерттеледі (Т.Омаров, Күн. құбылыс.).

Күн радиациясы. ф и з. *Күннің электромагниттік және корпускулалық сәуле шығаруы.* Бұған, сонымен қатар жоғары су өсімдіктерінің өмір сүру жағдайы, *күн радиациясының* әсерімен жүретін фотосинтез нәтижесінде суды оттегімен қанықтыруы арқылы ықпал етеді (Табиғат сулары.).

Күн сағаты. т е х. *Көлеңке түсіретін сырықтан және циферблаттан тұратын Күн арқылы уақытты анықтайтын құрал.* Циферблат жазықтығының орналасуына байланысты *Күн сағаттары* экваторлық, горизонталь және вертикаль болып бөлінеді (ҚҰЭ). Ол *Күн сағатын* орнатып, жұлдыздарға, Темірқазық жұлдызына бақылау жүргізеді (А.Көбесов, Математика.). Осы негізде Мысыр күнпарағы жасалады. Мысырлықтар *Күн сағатын,* кейіннен су сағатын (клепсидра) жасайды (А.Көбесов, Математика.).

Күн сақинасы. т е х. *Өзіне сәйкес келетін биіктіктер методы бойынша Күнді бақылау арқылы сағатқа түзету енгізетін қарапайым құрылғы. Күн сақинасы* вертикаль қалпын сақтайтын үшкір денеге ілінген металл сақина түрінде жасалады (ҚСЭ). *Күн сақинасының* үшкір денеге ілінген жерінен 45^0 қашықтықта шағын тесік, ал оған қарама-қарсы жақтағы ішкі бетінде шкала орналасқан (ҚСЭ).

Күн сала қарады. ж е р г. *Көзді қолмен көлегейлеп қарады.* Жақын алыс Албыртқа *күн сала қарады* (Қазақ тілі аймақ. сөздігі). Көк шөптің басын жұлып тұрған атқа *күн сала ұзақ қарады* да, көзі бағжаң ете қалды (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

Күн сәулесі. ф и з. *Күннен бөлінген жарық, қызу толқыны.* Күн бізге таяу тұрған нейтрино көзі. *Күн сәулесі* Жер бетінің әрбір миллиметр квадратын секунд сайын 7 миллиардқа таяу осы бөлшектер «бомбалайды». Оның әрбірі біздің алып жұлдызымызды жарық қылатын ядролық синтез реакциясы кезінде пайда болады («Жас Алаш»).

Күн системасы. ***Күн жүйесі***. Сол ерте заманнан бері қарай шешуі табылмай келе жатқан көкейкесті проблемалардың бірі – *Күн системасының* қозғалысы еді. Мұнда *Күн системасы* деп отырғанымыз Күннің өзі және тоғыз планета: Жер, Юпитер, Шолпан, Марс, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон, Меркурий, олардың көптеген серіктері, ондаған мың кішкентай планеталар мен кометалар (О. Жәутіков, Жаратылыстану.). Күн және оны айналып жүретін аспан денелерінің жинағын *Күн системасы* деп атайды (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). Үлкен планеталар мен олардың серіктері, кіші планеталар, кометалар мен метеорлық денелер бәрі *Күн системасын* құрайды (Х.Әбішұлы, Халық астрон.).

Күн сүйіп, жел үрді. б е й н. *Ыстыққа күйді, аңызаққа тотықты.* Енді ол бида орамалмен *күн сүйіп, жел үріп* қатпарланған күсті маңдайынан сорғалаған терін сыпыра сүртті (І.Есенберлин, Шығ.).

Күн табағы. а с т р. *Телескоппен қараған жердегі бақылаушыға көрінетін Күннің шары, аумағы.* Шолпан Жер мен Күн арасына келгенде кейде *Күн табағының* бетінде Меркурийге ұқсап көрінеді, кейде мүлдем көрінбейді (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.). Шолпан күн бетінен өткенде, оның *Күн табағына* енбеген және одан шыға бастаған бөлігі жарық жиектеніп көрінеді. Бұл оның бетінде қалың атмосфералық қабаттың бар екендігінің белгісі (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.).

Күннің табы. *Күннің қызуы.* Май мерекесі қарсаңында ғана сырланған болса керек, қызыл күрең бояуын *күн табына* әлі алдыра қоймаған (Ө.Қанахин, Дәмелі). Бүйірінен Арқаның самал желі желпи бастаған соң, төбесінен *күннің табы* өтіп, қабырғасы аңызақ, қуырған қапырық вагон ішінің тынысы кеңіп сала берді (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

Күн тәжі. а с т р. *Күн толық тұтылған кезде Күнді айнала қылақтанып қоршаған біркелкі сәуле, жарқыл. Күн тәжі* Күн толығымен тұтылған кезде, Ай жауып қалатын Күн дискісін қоршаған күміс түстес жарқыл ретінде байқалады (ҚҰЭ). Күн тұтылғандағы жиегіндегі сәуле – *күн тәжі*, яғни Күннің атмосферасы болып табылады (Т.Омаров, Күн. құбылыс.). Қазіргі кезде *күн тәжін*, протуберанцты және хромосфераны Күн толық тұтылған кезде ғана емес, арнаулы аспаппен кез келген уақытта бақылауға болады (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.).

Күн термоэлектр генераторы. т е х. *Күн сәулесінің әсерінен қызатын және жылуды электр энергиясына түрлендіретін термоэлементтер жинағы түріндегі құрылғы. Күн термоэлектр генераторының* ыстық дәнекер жапсарлары тікелей түскен күн сәулесінің әсерінен не болмаса гелиоконцентратор көмегімен қызуы мүмкін (ҚҰЭ). *Күн термоэлектр генераторын* қуаты жүздеген ВТ-қа дейінгі дербес (автономды) тұтынушыларды энергиямен қоректендіру көзі ретінде қолдануға қолайлы (ҚҰЭ).

Күн тиді. *Ашық күн сәулесінің астында көп жүріп қалғандықтан, басы ауырып, жүрегі айнып, қызуы көтерілді, күн өтті.* Үйге бар, дем ал! Сыртқа шықпа, *күн тиеді.* Мен қазір келем (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Өзінің азды-көпті дәрігерлік тәжірибесінде *күн тиген* адамды емдеп көрмеген-ді (М.Әбдіхалықов, Ленин.).

Күн тимеген, жел тимеген. *Нәзік, аяулы, ардақты.* Деуші еді, *күн тимеген, жел тимеген,* Қасыңда әлдебіреу бар ма, Жібек? (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Күн тоқырау. а с т р . *Күннің көзге көрінерлік жылдық қозғалысында Күн табағы центрінің эклиптиканың дәл солтүстік нүктесінен немесе дәл оңтүстік нүктесінен өтетін кезі.* Шамамен алғанда біріншісі – *Күннің* жазғы *тоқырауы* 22 маусымға, екіншісі – қысқы *тоқырауы* 22 желтоқсанға сәйкес келеді (ҚҰЭ).

Күн толық тұтылды. *Ай Күннің көзін тұтас көлегейледі. Күн толық тұтылған* кезде хромосфера қабатының үстінде Күнді айнала құлақтанып қоршаған біркелкі жарқыл байқалады (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.).

Күн төбеден ауды [кетті]. *Түс ауды, күннің райы қайтты. Күн төбеден ауғанда* Түзеді буырыл шабысты (Қобыланды батыр). *Күн төбеден ауған* кез болғандықтан, асханада кісі аз екен (М.Гумеров, Хазірет.). *Күн төбеден кеткен* кезі сәл тойып, Екі-үш сырқат күншуаққа марқайып, Әлдеқандай әңгімені шертеді, Зембілінде шолақ жатыр жантайып (Ә.Ахметов, Өшп. жалын.).

Күн тұрақтысы. ф и з. *Күн атмосферасынан тыс, Күн сәулесіне перпендикуляр бірлік ауданнан*

бірлік уақыт ішінде өтетін Күннің сәуле шығару ағыны. Күн тұрақтысының мәні Күнге дейінгі арақашықтыққа байланысты; Жер орбитасының радиусына тең қашықтықта *Күн тұрақтысының* 1370 Вт/м²-қа тең (ҚҰЭ). Жердің Күннен қашықтығына байланысты *Күн тұрақтысы* жыл бойына өзгеріп отырады (ҚҰЭ).

Күн тұтылды. *Ай Күннің көзін көлегейледі, күн қарауытты. Күн тұтылып,* қараңғылық түскен сияқты (F.Мүсірепов, Оянған өлке). Кейімеші, жар ізгі. Кейісең нұр қашады. *Күн тұтылған* тәрізді Қараңғылық басады (Қ.Мырзалиев, Домбыра). Егер жолы тура келіп, Ай Күн бетін басып өтетін болса, оны жұрт *күн тұтылды* дейді (Х.Әбішев, Аспан сыры).

Күн тұтылу. астрон. *Айдың Күн мен Жердің аралығына кез болып, Күннің көзін көлегейлеуі.* Бізге жеткен деректерге қарағанда, Фалес вавилондықтардың астрономиялық бақылау тәжірибелеріне сүйеніп және өз тарапынан дәл есептеулер жүргізе отырып біздің заманымызға дейінгі 585 жылғы 23 мамырда болған *Күннің тұтылуын* алдын ала болжап білген (А.Көбесов, Математика.). Ол астрономиялық еңбегінде 320 жылы қазан айының 18 жұлдызында *Күннің тұтылуын* қалай бақылағанын жазады (А.Көбесов, Математика.). *Күннің тұтылуы* немесе тұтылмауы Жердің гравитациялық күшіне байланысты (Т.Омаров, Күн. құбылыс.). *Күн тұтылуы* заңдылықпен болып отыратын табиғи құбылыс екенін осы кезде елдің көпшілігі біледі (Х.Әбішұлы, Халық астрон.).

Күн ұясына кірді. бейн. *Күн табағы көкжиектен көрінбей кетті, күн батты. Күн ұясына кіріп* барады. Күнбатыс сары алтынға боянғандай, жарқырап тұр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күн фотосферасы. астр. *Күннің көрінерлік жарық бетін құрайтын Күн атмосферасының төменгі қабаты. Күн фотосферасындағы* ұсақ дақтар ұзақ сақталмай, қысқа мерзімнің ішінде жойылып кетіп отырады (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.). 1610 жылы Италия ғалымы Г.Галилей (1564-1642) өзі жасап алған бақылау трубасымен *Күннің фотосферасында* қара дақтардың барлығын байқады (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.).

Күн шақты. жер г. *Күннің қызуы өтті.* Ешкімнің арқасын *күн шағып,* маңдайынан тер моншақтамаған, ешкім тамағы кебірсіп шөлдемеген, ешкім күн соқты болып ауырмаған сияқты («Лен. жас»). *Күн шағып* тастайды ғой, айнам-ау, басыңа бір нәрсе жапсаңшы! (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

Күн шалды. *Күнге күйіп, тотықты.* Сөйлесе сөзі әдепті, әм мағыналы. Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды. Жұп-жұмыр ақ торғындай мойыны бар, Үлбіреген тамағын *күн шалмайды* (Абай, Тол. жин.). Омарханов көзі көмірдей қара, бетін *күн шалып* тотыққан, ашық сөйлейтін ақ жарқын кісі (М.Қаратаев, Далада.). Төртпақ, жалпақ кеудесі, Төсі батыр төсіндей. *Күн шалмаған* денесін, Жүргендіктен шешінбей (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

Күн шуағымен емделу. мед. <грек. helios – күн, therapeia – емдеу> *Күн сәулесін аурудың алдын алу, ағзаны шынықтыру және емдеу үшін пайдалану.* Ұзақ аурудан әлсіреген адамдарға, жүрек қан-тамыр, нерв жүйесінің аурулары, туберкулезі бар адамдарға *күн шуағымен емделуге* болмайды (ҚСЭ).

Күн шуағымен емделді. *Күн сәулесінің көмегімен ауруын емделді.* Ал қан аздыққа ұшыраған, құяң, буын аурулары және терісінде жазылмай жүрген жарасы бар адамдарға өте пайдалы *күн шуағымен емделгенде* дәрігердің рұқсаты және кеңесі керек (ҚСЭ).

Күн шұғыласы. *Күннің сәулесі, қызуы. Күн өз шұғыласын* Алатаудың күнгей бетіне елжірей төгіп тұр (М.Тиесов, Әңгім.). Сасық үйлерден кең, жарық далаға шығамын, еркін жүріп таза ауаға қанамын, *күн шұғыласына* жылынамын деген үміт кімге де болса қуат, қуаныш қосады (Ә.Тәжібаев, Өмір.).

Күн шыға. *Күн қасына көтерілгенде, айнала жарық болған кезде.* Әрі-бері жатты-дағы, ұйықтап қалды, Шаршаған ғой *күн шыға* зорға оянды. Қараса басқа айдаһар жоғалыпты, Өзі шапқан таныды айдаһарды (Абай, Тол. жин.). Төлеген Жібектің көшіне *күн шыға* ілесіп, Жібекпен Жиренбай отауында тапа-тал түс шағында жолығады (М.Әуезов, Әр жыл.).

Күн шыққаннан батқанша. *Ертеден кешке дейін, күні бойы.* Айбалтасын қолына алып, *Күн шыққаннан батқанша.* Қайтты ауылға отын шауып Сілесі әбден қатқанша (Т.Жароков, Шығ. жин.).

Күн шыжыды. *Күн қатты ысыды.* Бәйтеректің көлеңкесі үш елі, *Күн шыжыған* жаздың ыстық түсі еді (Ә.Ахметов, Өшп. жалын.).

Күн шықпайын десе де, таң қоймайды. *Болуға тиіс нәрсе еріксіз болады.* Қыс қанша қатты болса да, мезгілі келген соң еріксіз босаңси түсті, *Күн шықпаймын десе де, таң қоймады* деп, көктем жақындағаны ғой («Қаз. әдеб.»).

Күн шықты. *Күн қасынан көтерілді. Күн шықты, күн шықты,* Мен көрдім шымшықты. Шымшық! Шымшық! Ұяңнан сен шық! (Ж.Смақов, Қарақат).

Күн электр стансысы. ф и з. *Гелиоэлектрлік стансы – электр энергиясын өндіру үшін Күн радиациясын пайдаланатын электр стансысы. Күн электр стансысының* негізгі екі түрі (термодинамикалық және фотоэлектрлік) бар (ҚҰЭ). Фотоэлектрлік *күн электр стансысында* күн энергиясы фотоэлектрлік генератордың көмегімен тікелей электр энергиясына түрленеді (ҚҰЭ).

Күннің көзіне жайды. *Күн сәулесі тіке түсіп тұрған, көлеңке емес жерге қойып кептірді.* Қайнағаннан бұзылатын-бүлінетін заттарды, жібек киімдерді, киіз кілем секілді заттарды сыртқа шығарып, үш-төрт күндей жел қақтырып, *күннің көзіне жайып* қою керек (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

Күннің хромосферасы. а с т р. *Күн атмосферасының қызғылт-сары түсті бір қабаты.* Қызғылт-сары шеңбер – *Күннің хромосферасы,* жалын сияқты зат – протуберанец – Күннің бетіне қайнап шыққан газ (Т.Омаров, Күн. құбылыс.).

КҮН[2] з а т. **1.** *Таңның атуы мен күннің батуы аралығындағы уақыт; күндіз.* Соңғы бес *күн,* бес түн бойы мен осындай қатал да болса әділ үкімді естуге өзімді-өзім дайындап едім (Б.Момышұлы, Москва.). Алдымда талай түндер бар Бұл өмір жайлы ойланған. Алдымда талай *күндер* бар Жақсылықтарға тоймаған (Ж.Қыдыров, Жұлдыз.). **2.** т е р м. *Күннің жоғарғы жиегінің шығуы мен батуы аралығындағы күн тәулігінің жарық болатын бөлігі. Күннің* ұзақтығы географиялық ендік пен күннің ауысуына байланысты өзгеріп отырады (ҚҰЭ). Жер экваторында *күннің* ұзақтығы жыл бойына өзгермейді деуге болады (ҚҰЭ). **3.** *24 сағатқа тең уақыт, тәулік.* Колхоздар даласында бригадалар, сан Зүлпіштер, бір *күн* емес, бір апта бойы саңлақтай самғап барады (М.Әуезов, Алғы шеп.). Жаудың шабуылы іркіліп, Панфилов дивизиясы екі-үш *күн* тыныс алды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). *Күндер* өтті, айлар өтті Алыстады көлеңкең, Сөндірмедің жанған өртті Өкпеледің неге, еркем? (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). **4.** *Белгілі бір оқиға атап өтілетін күнтізбелік уақыт.* Бұл – 9 май, Жеңіс *күні* еді. Санаторий тәртібін сақтап, бүгін мереке күні болса да қалаға бармай, осында қалған біздің корпусқа, ондағы қоңыр салқын палаталарға кіргіміз келмеді (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Мемлекет басшысы награда тапсырар алдында осы мәселелерге қысқаша тоқталып, марапатталушыларды Конституция *күнімен* және наградаларымен құттықтады («Егемен Қазақстан»). 30 тамыз – Конституция *күні* Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада солардың бір тобына мемлекеттік наградаларды салтанатты жағдайда табыс етті («Егемен Қазақстан»). **5.** с ө й л. *Күн райы, бір күндегі табиғат құбылысы. Күн* тымық, әлдеқандай бір әдемі түрге көшкен (С.Шарипов, Шығ.). Бірақ ол *күн* бұлыңғыр, боз тұманды болды да ештеңе көре алмады (С.Бақбергенов, Белгісіз солдат). Еш уақытта *күн* жылы деп жеңіл-желпі, күн суық деп баланы қымтап, орандырып киіндірудің қажеті жоқ (Н.Нұрғожаев, Бала ауруы). *Күн* суық, қатты аяз, шыдар емес, Қар борап соққан желмен қылып егес («Қаз. әдеб.»). **6.** с ө й л. *Аптаның жеті күнінің бірі.* Екінші *күні* сабаққа бармай-ақ қойсаң қайтеді (Ауызекі). **7.** а у ы с. *Уақыт, мезгіл, кез, дәуір.* Жас шағымның – албырт *күннің,* Елестеп құр көлеңкесі, Қол бұлғайды тек алыстан, Тарқағандай жәрмеңкесі (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). Тоқсанға келген жасым бар, Көпті көрген басым бар, Аман жеттім бұл *күнге,* Ойды, қырды аралап (Жамбыл, Шығ.). **8.** а у ы с. *Өмір, тіршілік.* Көптің *күні* осылай, құл боп кетіп барады (М.Әуезов, Абай жолы). Бұрынғы *күнім* күн бе еді? Күн емес, қара түн еді (Жамбыл, Шығ. жин.). **9.** а у ы с. *Жай, қалып, күй, хал.* Айта бер, Ділда сұлу, мінім болса, Шын сөйле, жалған айтпа, дінің болса. Бетіме қаратпастай қылар едім, Өзімнің елімдегі *күнім* болса (Айтыс).

Ажал күні болды [жетті]. *Дәмі таусылды, жарық күні бітті, өлер сағаты таянды.* Көп ішінде жалғызға *Ажал күні болған-дыр* (Батырлар жыры).

Айдың күні аманда. *Бәле-жаладан аулақ, бас аманда.* Әр жерде әйел бостандығы деп, қыздар кетіп жатыр, балам ер жетті, *айдың күні аманда* баламды ағаңа әпере ғой, – дедім (Қ.Әбдікадыров, Әңгім.).

Айы асып, күні өтті. *Мезгілі өтті. Күні өтіп, айы асқан* соң, дәрігері дарын болса да, Ауруына ем қонбас (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.).

Алдыңнан ақ күн тусын! т і л е к. *Жолың болсын!* Мен адассам адасайын, Мен әуелден жалғыз жан, Жұртпен не деп таласайын, *Ақ күн тусын алдыңнан* (Б.Күлеев, Айтшы.).

Ақырет күні. а) д і н и. *Ақырзаман орнағанда өлген адамдардың тіріліп, іс-әрекеттері таразыланатын күні.* Адамзат өлшеусіз ұзақ заман көр азабын шегіп жатып, *ақырет*

күні кебіндерін жамылып, көлеңкедей қалт-құлт етіп бой көрсетеді деуші еді ғой. Мына жылда тегіс сондай екен (М.Әуезов, Шығ.). *Ақырет күні* адамдар қайта тіріліп, мәңгі өмір сүреді, сол күні жақсы-жаман іс-әрекеттер таразыланып, әділ жаза беріледі (ҚҰЭ). ә) *Өлетін мезгіл, ақырзаман. Ақырет күні* болғанша, Ойымда сені көрмек жоқ, Ойнап-күліп жүрмек жоқ (Батырлар жыры).

Алдағы [алғы] күн. *Болашақ, келешек.* Әлденеге төнген пәле серпілгендей, *алдағы күнге* үмітпен қараудың керектігі сезілгендей болды (Б.Майлин, Шығ.). *Алғы күн* ашсын жастың бешенесін, Көгертсін көп алғысы көсегесін. Қос шыбық, балғын жастар балдан тату, Айқасып құлын, тайдай өсе берсін (І.Жансүгіров, Шығ.).

Алдыңғы күні. *Бір күн бұрын, кешенің алдындағы күні. Алдыңғы күні* осы Алшынбаймен бірталай сөйлесіп кеп, аяқ кезде Құнанбай Бөжейге арнап бір қатты суық сөз айтты (М.Әуезов, Абай жолы). *Алдыңғы күні* хоккейден Әлемдік біріншіліктің кезекті туры өтті («Лен. жас»).

Ана күн. *Өткен уақытта, бұрынғы кез.* Кісі алдында кірбеңдеп, Шабан, шардақ және шау. Мұндай ма едің *ана күн*, Мұның қалай, батырау? (Абай, Тол. жин.).

Арғы күні. *Арада бір күн салып, бір күн өткен соң, ертеңнен кейін.* Бүгін Махамбет пен Тәни, ертең Қаби мен Төлеген, *арғы күні* Исатай... демекші ғой (Қ.Жұмалиев, Айқас). Алматыны қойып, асықпай *арғы күні* үйіңе қарай жүргенің жақсы, – деді Айдабол (М.Гумеров, Үш күн.).

Ат басына күн туды. *Қиын-қыстау жағдай, жаугершілік заман болды, сыналар шақ келді. Ат басына күн туса,* Көксімдегі күй болар. Көңіл азып, тон тозса, Берген көйлек кез болар (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.).

Ат үстінде күн көрді. *Тынымсыз жортуылда, жорықта жүрді. Ат үстінде күн көрмей,* Ашаршылық шөл көрмей, Өзегі талып ет жемей, Ер төсектен безінбей... Ерлердің ісі бітер ме (Махамбет, Өлең.).

Әлі күнге. *Осы уақытқа дейін.* Нанымы жоқ, анты бар, Ел нұсқасы кетті ғой, Елмін деген салты бар. *Әлі күнге* уайым қылған жан жоқ, ұялмай (Абай, Тол. жин.).

Барар күн болды. ф о л ь к. *Жүретін мезгіл келді; дәм-тұзы таусылды, о дүниеге кететін сәт таянды.* Бізге *барар күн болды,* Сізге қалар күн болды (Батырлар жыры).

Басына күн туды [түсті]. *Қиын-қыстау кез болды, өмірінің шырқы бұзылды, басына қиыншылық іс түсті.* Адам *басына күн туғанда* есіне не түспейді дейсіз? (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). *Басыңа күн түскенде* бәрін де көтереді екенсің (С.Жүнісов, Жапанда.).

Басына туған күн. *Болған жағдай, мұшкіл хал.* Айтқан жерден аулақ деп сөйлейік, бүгінде Вавилон, ежелгі Рим, Париж секілді «әлем астанасы» аталып отырған Нью-Йорктің *басына туған күн* Мәскеу секілді алып қалаларға да тууы мүмкін екен («Жас Алаш»).

Бес күн жалған. ф о л ь к. *Қысқа өмір, опасыз дүние. Бес күн жалғанда* тату-тәтті тұрғанға не жетсін (Ауызекі).

Бұрнағы күні. *Екі күн бұрын, арғы күні; әнеу күні. Бұрнағы күні* Қазақстан Жазушылар одағының клубында әлемдік поэзияның алыбы – А.Дантенің туғанына 700 жыл толуына арналған әдебиет кеші болып өтті («Қаз. әдеб.»). *Бұрнағы күні* Алматының орталық стадионында «Динамо» (Тбилиси) және «Қайрат» командаларының қосалқы құрамдары кездесті («Лен. жас»).

Бүгінгі күні. *Қазіргі уақытта. Бүгінгі күні* шағын кәсіпкерлікті қаржыландыруды ұлғайтуға мүмкіндік беретін микрокредиттік ұйымдарды дамыту ерекше маңызды («Егемен Қазақстан»). *Бүгінгі күндері* біздегі банк жүйесі ТМД-дағы ең жедел дамыған жүйе болып табылады («Егемен Қазақстан»).

Бір бес күн. *Аз уақыт, қысқа ғұмыр.* Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма, *Бір бес күннің* орны жоқ аптығарға! Қай қызығы татиды қу өмірдің, Татуды араз, жақынды жат қыларға (Абай, Тол. жин.).

Бір күні [күн]. *Күндердің күнінде, бір уақытта, әйтеуір бір кезде.* Осылай зарығып, сарғая күтіп, Омар аулына қарап қойып жүргенде, *бір күні* бір топ салт атты сау ете қалды (Б.Тілегенов, Аққайнар). Байғұс ешкі бәріне көнеді, Бәрін де көрді, Жылы сөз бірақ ас бола ма? Ешкі *бір күні* аштан өлді (А.Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). Шаныш-қыдай жыр тілі, Айттым саған бірер сын. Көп иілсең *бір күні,* Сынып кетіп жүрерсің (С.Сейітов, Бетпе-бет). Қу тілменен құтыртып, Кетер *бір күн* отыртып, Қызмет қылған кісісін Құрытуға таяйды (Абай, Тол. жин.). Ірімшікті құдайым Кез қылды *бір күн* қарғаға. Алып ұшып барды да, Қонды бір биік ағашқа (Абай, Тол. жин.).

Демалыс күн. а) *Жексенбі. Демалыс күні* балалар үй жұмысынан мүлдем босатылады («Халық мұғ.»). ә) *Жұмыстан қол бос күн. Демалыс күн, демалыс күн,* Есімде жоқ

ұмыттым. Қай күні мен демалыппын, Дер едім-ау, тынықтым (Ж.Өмірбеков, Ана мейірі).

Екіталай күн туғанда. *Қиын-қыстау кезде, қауіп-қатерлі шақта.* Өмірге *екіталай күн туғанда* ғана берілетін дәріні ішкізді (М.Тиесов, Әңгім.). Сен жауға бұрын жеткенді батыр деп ойлама, *екіталай күн туғанда* бекінісін бермегенді батыр деп ойла (Ол күндер.).

Ел басына туған күн. *Қиын жағдай, екіталай заман. Ел басына туған күннің* тым қатерлі, қазақ жеріне қызыққан көршілерінің қауіпті екенін ойлағандар да табылды (І.Есенберлин, Жанталас).

Ер басына күн туды. *Қиын-қыстау кез болды, сын сағаты келді. Ер басына күн туса,* етігімен су кешер, Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер (Мақал). Көпке тентек ез қисық, Қамшыменен би болар. *Ер басына күн туса,* Бұта түбі үй болар (XVIII-XIX ғғ. қаз. әдеб.).

Ерте күнді кеш қылды. *Кешікті, сылбыр, шабан қимылдады.* Беретін болсаң *ерте күнді кеш қылмай* бер (С.Нарымбетов, Тентек).

Жас күн. *Балалық шақ, қайғысыз, ойсыз жастық кез.* Есіңде бар ма *жас күнің,* Көкірегің толық, басың бос. Қайғысыз, ойсыз, мас күнің? Кімді көрсең – бәрі дос (Абай, Тол. жин.). Мен – сен емес, *жас күнім* жайнап тұрған, Жүректе түрлі талап қайнап тұрған. Сендер сүрдің, мен де өмір сүрмес пе едім? Бір шырақ сөнер, кетер саулап тұрған (Абай, Тол. жин.).

Алты күн. дін и. *Алла тағаланың он сегіз мың ғаламды жаратқан уақыты.* Құдайым жексенбі күн жер жаратты, Жексенбі, дүйсенбімен бұл екі күн жержүзін тегіс қылды түгел сайлап. Сейсенбі – жер, сәрсенбі күн көкті қылды, Екі күн – жер, екі күн көкті қылды. Ырзық, несіп – керекті ішіп-жейтін Жаратты бейсенбі күн бәрін тегіс. Жұма күні адамзатты жаратты, Он сегіз мың ғаламды *алты күнде* жаратты (М.Көпеев, Шығ.).

Жұмыс күні. *Аптаның дүйсенбіден жұмаға дейінгі күндері.* Бір аптада бес *жұмыс күні* бар. Бұл күндерді жақсы пайдаланып, еңбек қарқынын үдете түсуіміз керек («Мәдениет және тұрмыс»).

Жылау күндер, бұлау күндер. *Қайғы-қасіреті көп ауыр кез.* Ұзақ өмірінің ішінде қилы-қилы замандарды басынан өткізіпті. *Жылау күндерді, бұлау күндерді* көп көрген (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

Зауалды күн. дін и. *Істеген күнә үшін жауап берер сәт.* Және жазмыштағы *зауалды күннің* осыншалық тақау қалғанын сезбейтінсің (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Келер күн. *Болашақ, алдағы өмір.* Барасың қайда, қайда, болмай маған, Жас өмір алтын-күміс жарқылдаған. *Келер күн* келеді екен не дайындап, Қараңғы қарағанмен болжай алман (Абай, Тол. жин.).

Кемді күн. *Қысқа өмір. Кемді күн* қызық дәурен тату өткіз, жетпесе біріңдікі бірің жеткіз (Абай, Тол. жин.).

Кесімді күн – кесілген ет. *Өлшеулі күн, қысқа өмір. Кесімді күн – кесілген ет* деген ғой, міне, күн біткен сияқты (Шешендік сөздер).

Көксеген күнді көрді. *Аңсаған мезгілге жетті.* Көбелек-шыбын өрді Көк құндық көлдер толып, *Көксеген күнді көрді* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Көңілдің күні өшті. *Үміт үзілді, қызығы таусылды.* Қараңғы түнде қапалық, Жүректі басты, шықпас күн. Қолдан келген қайратым – Барымды айтып шыққан үн. *Көңілімнің күні өшкен* соң, Қайғылы қара болар түн (Абай, Тол. жин.).

Көрген күні. *Өмір, тіршілік.* Албан аға болғанда, Дулат іні, Сөзінде Құлмамбеттің бар ма міні. Албан, Дулат бәрі кеп айғай салса, Шапыраштының не болар *көрген күні* (Айтыс). Мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың *көрген күні* не? (Абай, Тол. жин.).

Көрген күні күн болмады. *Тіршілігі оңбады, қиындап кетті.* Онымен балаларымның да, өзімнің де *көрген күнім күн болмады* (А.Нұрманов, Аққу.).

Көрген күні қараң болды. *Басына қиындық түсті, қорлық көрді, азап шекті.* Әкесі өлгеннен кейін оның *көрген күні қараң болаастайды* (Қаз. ертег.).

Көрген күні құрысын [көрген күнін итке берсін]. *Ауыр тұрмыс, қорлық өмірге байланысты айтылатын реніш сөз.* Бүйтіп *көрген күн құрысын,* Жапырақтай қалтырап! Таусылғандай тынысың, Күнде жүрек қансырап (Жамбыл, Шығ. жин.). Қалыңмал беріп қатын алатын хал менде жоқ. Қолыммен от көсеп *көрген күн құрысын* (А.Лекеров, Түз гүлі). Байқан молданың екі-үш жылдан бері *көрген күні,* өзінше айтқанда, *итке берсін* дерлік еді (Б.Майлин, Шығ.).

Күйі бірдің күні бір. *Тұрмысы, жағдайы шамалас адамдардың көретіні де бірдей, мұңдас.* Енді біріңе-бірің сүйеніс те, осы арада өлмес

күніңді көр түге! *Күйі бірдің күні бір*, ...берекеңнен айырылма! – деп өсиет айтыпты Базаралы кедейлерге (М.Әуезов, Абай жолы).

Күн айықты. *Күн райы жақсарды, күн ашылды.* Бүгін *күн айығып* кетті. Терістік желі де бағытын өзгертіп, оңтүстікке ауысып бәсеңси бастады. Кешегі ызғар суығы да қайтып қалған (С.Шаймерденов, Мінез). Мастықпен қылған болсаң, кештім саған, Кәрі ит те: «шырағым» деп арсаңдаған. Жел тынып, *күн айығып* баяғыдай, Хикметімен тоқтатты бір жасаған (Абай, Тол. жин.).

Күн алды. *Жұмыстан, әкімшіліктен рұқсат сұрап, демалыс алды*. Сен жұмысыңа неге бармайсың, әлде *күн алғансың* ба? (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Күн аралатып. *Араға бір күн салып, күнара.* Ораз *күн аралатып* бір соғып кетеді (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Күн артынан күн [ай артынан ай, жыл артынан жыл] өтті. *Көп уақыт, талай мезгіл өтті.* Осылай *күн артынан күндер өтіп* жатты. Жанашыр жолдастардың қамқорлығы да Төлегенді түзетпеді (Ө.Қанахин, Мұрагер). *Күн артынан күн, ай артынан ай, жыл артынан жыл өтеді.* Екі қыз өсіп, бой жетеді (Қаз. ертег.). *Күндерден күн, жылдардан жыл өтіп*, бір күні Қаншайым жүкті болып, туар халге келді (Мұңлық-Зарлық).

Күн асқан сайын. *Күн өткен сайын, уақыт өте келе. Күн асқан сайын* Қартқожа жасақтың қалыпты бір азаматы болды (Ж.Аймауытов, Қартқожа).

Күн аттары. *Аптадағы күндердің тарихи қалыптасқан атаулары (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі).* Қазіргі *күн аттары* төмендегі ретімен қолданылады: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі (ҚҰЭ).

Күн [шайдай] ашық. *Күн райы жақсы, жауын-шашын жоқ.* Ертең де *күн ашық* болады, – деді Нарым (М.Дүзенов, Ақәже). Ақын ба, бұлтты күні торланбаса, Ақын ба, *күн ашықта* нұрланбаса, Ақын ба, аспанға адам ұшқан күні Тебіреніп толғанбаса, тым болмаса?! (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). Мен келемін *күн ашық* Табиғатпен сырласып, Ал гүліне даланың Аспандағы күн ғашық (Н.Көбенов, Дала самалы).

Күн ашылды. *Жауын-шашын толастап, бұлт сейілді, аспан тазарды.* Күн батқан соң *күн ашылмаса* деп едім, ашылмады (М.Әуезов, Қараш.). Ертеңіне жауын басылды, *күн ашылды* (Қаз. ертегі.). Ауған соң түн ортасы *күн* де *ашылды,* Толастап бірте-бірте жел басылды. Екі күн, екі түнде көрген бейнет, Басынан өткізгендей бір ғасырды (А.Нұртазин, Көк тоғай).

Күн бермеді [берер емес]. *Қысым жасады, күн көрсетпеді.* Досқа – дос, дұшпаныма *күн бермеп* ем (Б.Аманшин, Өлеңд.). Ал, туман, кім сені олай жәбірлеген? Бөгендік (Шешей солай әзірлеген). *Күн берер емес* олар Ақтілеске (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

Күн бойы. *Кешке дейін, ұзақ күн. Күн бойы* күтемін Келер деп хабарың, Қайғырмай не етемін, Бізде жоқ назарың (Абай, Тол. жин.).

Күн болды. *Бір кездер, бір уақыттар болды деген мағынада. Күн болған* көңілімде сенің сәулең, Болып ем өмірімше сорлы әурең. Міне, мен сені тастап кетпекшімін, Қош енді, жанып-күйіп сүйген сәулем (М.Жұмабаев, Шығ.).

Күн бұзылды. *Күн райы бұзылып, жауын-шашын болды.* Аздан соң *күн бұзылды* (М.Әуезов, Абай жолы). Ел жатқалы біраз уақыт болса да, *Бұзылған күн* береді оған ой сала. Қосымтайлар келетұғын кез өтті, Енді неге кешікті екен соншама (Ә. Ахметов, Өшп. жалын).

Күн бір жауса, терек екі жауды. *Соры қалыңдады, қайғысы артты.* Мың асқанға бір тосқын деген. *Күн бір жауса, терек екі жауып*... Онсыз да елдің жылауы, дерті аз боп тұрған жоқ бұл күнде (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Біз қарсы болғанда *күн бір жауса, терек екі жауғанына* қарсымыз (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Күнге көннен қатырған сабадай болды. *Қаңсып кеткен терідей болып, қартайды, сүйкімсіз болды.* Жетім Жамал тоқалдыққа сатылған, Теперішті ...көрген күндес қатыннан. Қойнына алып Қожағұл шал жататын, *Сабадай боп күнге көннен қатырған* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Күн демей, түн демей. *Күні-түні, дамылсыз, тоқтаусыз.* Совхоздың барлық механизаторлары мол өнімнің негізін қалайтын бұл шараны (егістік жерлерге қар тоқтатуды) *күн демей, түн демей* тыңғылықты жүргізіп жатыр («Лен. жас»).

Күн де өтер, айлар өтер, жыл өтер. *Уақыт, мезгіл, жастық – бәрі де мәңгі емес деген мағынада.* Зар жылар да, булығар да – от жанар. Жылай, жоқтай көр басыңа көп барар. *Күн де өтер, айлар өтер, жыл өтер.* Тағы өртенер үміт үзер ...тоқталар (Б.Күлеев, Өлеңд.).

Күндерде бір күн. фольк. *Бір кезде, бір күні. Күндерде бір күн* Кендебай аң аулап,

алысқа ұзап кетіпті (Қаз. ертегі.). *Күндерде бір күн* шал қатты ауырып, төсек тартып жатып алады (Қаз. ертегі.). *Күндерде бір күн* хан алыс жолға әскер жүргізбекші болды, бүкіл елге жар салып жігіт жинайды (Қаз. ертегі.).

Күндерден күн өтті. ф о л ь к. *Талай мезгіл, көп уақыт өтті. Күндерден күн өтті.* Жұмакелді бір шәһәрге жетті (Қаз. ертегі.).

Күндердің күні болғанда. ф о л ь к. *Бір күні, бір кезде.* Көтере берме бұтыңды, Көптірте берме ұртыңды, *Күндердің күні болғанда,* Өзіңнен мықты жолықса, Ту сыртыңнан жармай алар өтіңді (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.). Қартайсаң, қарт бабаңды сыйлай бер, *Күндердің күні болғанда* Кімдерде кімнің дейсің белі бүгілмес (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.). Байеке «Сұлтан» ақ сүйек, Қыларың болса қылып қал, *Күндердің күні болғанда,* бас кесермін, жасырман! (Махамбет, Өлең.).

Күндердің күнінде. *Түбінде, сын сағатта, толғағы жеткенде.* –Түбінде онымен дауласам ба. *Күндердің күнінде* сүйеу болатын жерлерді әдейі ашқам жоқ (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *Күндердің күнінде* жаман айтпай, жақсы жоқ, Мақыштың қызын алып, онымен қас-қабағың жараспай жүрсе, осыны алуыма құрғырлардың сөзі қамшы болып еді деп, өкінбесіңе жақсы (М.Әуезов, Қараш.).

Күндердің күні үшін. *Болашақ үшін, керегі болар алдағы күндер үшін.* Күндердің күні Болыс боп тұрған күнінде Күнту *күндердің күні үшін* деп, бүкіл Шығыстың барлық старшынынан өзіне қараған Бөкеншінің елу үйін ертіп, Мұқыр болысына шығуға пірғауар алған екен (М.Әуезов, Шығ.).

Күн жадырады. *Күн райы ашылып, жылы болды. Күн жадырап,* көк шығып, Жан-жануар қуанар. Жапырақтары жайқалып, Ырғалып желмен шайқалып, Түрленіп гүлдер қызарар (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.). Кезінде жәдігөйдің басын кескен, Айырыла жаздады. Риһам ақыл-естен. Жаз болып жайма-шуақ, *жадырап күн,* Басылып борасындар, бұлттар көшкен (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Күн жазды. *Еңбеккүн есептеді.* Бухгалтер Айдар кейбір адамдарға артық *күн жазып* жіберіпті (Ғ.Мұстафин, Миллионер.). Жүсіп тәбілшік, жұмысшыларға *күн жазады.* Соның жазуынша контор есеп жасайды (Ғ.Мұстафин, Миллионер.).

Күн жайланды. *Жаңбыр, жел басылып, күн ашылды.* Бастан бұлт кетпейді *күн жайланып,* Сақау озды шешеннен тіл байланып (Мәделі).

Күн жайлатты. э т н. м и ф. а) *Жай тасы, жада тасын дұға оқып, күн жаудырды.* «Жай тасы» деген, *«күн жайлатады»,* «жауын жаудырады» дейтін тас ақ қылаң жылқының ішінен шығады деп наным қылатын (С.Сейфуллин, Шығ.). ә) *Тасаттық берді.* Қайсыбір кемпірлер шөміш қағып, су шашып *күн жайлатып* жатса, Жәшкен молда имам болып, бір үлкен топ намаз оқып жатыр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Адам қалмай жиынға жұрт кетіпті, Ала тайға, жігіттер, тіл бітіпті. *Күн жайлатып* бір амал таба гөр деп, Қозыекеме сол жерде үйретіпті (Қозы Көрпеш.).

Күн жайлату. м и ф. *Тасаттық беру.* «Тасаттық беру» – құрғақшылықта тәңірден жаңбыр тілегенде жасалады. Бұл *күн жайлату* деп аталады (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.).

Күн жарқылдады. *Найзағай ойнады.* Алыстағы бұлт жиі-жиі күркіреп, *күн жарқылдады* (М.Әуезов, Қараш.).

Күн жауды. а) *Жаңбыр жауды.* Көк ала бұлт сөгіліп, *Күн жауады* кей шақта, Өне бойың егіліп, Жас ағады аулақта (Абай, Тол жин.). *Жауған күнмен* жаңғырып, Жер көгеріп күш алар. Аққан жасқа қаңғырып Бас ауырып, іш жанар (Абай, Тол. жин.). ә) *Қиындыққа тап болды, қиын-қыстау кез болды.* Әркімде-ақ бар ғой туысқан Қайсысы жауды қуысқан. *Күн жауғанда* қойыңда, Күн ашықта мойыңда (Абай, Тол. жин.).

Күн жаумай су болған. *Жасық, былжыр, бейшара; көңілсіз.* Өзімен бірге оқитын төрт-бес қазақ қыздарының біріне де көңілі толмайды. Кілең бір *күн жаумай су болып* жүрген сорлылар (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Олжайдың ұнжырғасы бұрынғыдан бетер түсіп кетіпті. Сәуле оның *күн жаумай су болып* тұрған түсін ұнатпаса да, жылы шыраймен қарсы алды (Ә.Әбішев, Замана.).

Күн жебеледі. *Әрең күн көрді, тарықты.* Көктемнің көк өзек уағында бұ да оңай тиген жоқ. Онсыз да тірнектеп, тіс қағып, *күн жебелеп* отырған үй тіршілік көзі тұтқан бір үмітінен біржола айырылды (М.Қуанышбаев, Кек қылышы).

Күн жетті. *Мезгілі болды, уақыты келді.* Толқын шашып, от шалып, Ақша беттен нұр кетті. Жас шағының жазынан Айырылатын *күн жетті* (С.Мәуленов, Таңд. өлең.).

Күн [күні] жоқ. а) *Тыныштық, маза жоқ.* Жауқашар сияқтыларға олардан тіпті *күн жоқ.* Қылғандарының бәрі де ақымақ баланың ісі (С.Шарипов, Бекболат). ә) *Тәуелді, өмір сүре алмайды.* – Меніңше, колхоздың да мектепсіз *күні жоқ* (М.Иманжанов, Көк белес). Жігіт

ләм-мим деместен қыздың қолынан гүл буатын алып жерге қойды. Зәру ештеңе деген жоқ, селтиіп тек тұр. – Зәру нансаң, сенсіз менің *к ү н і м ж о қ!* (Ө.Қанахин, Жүрек.).

Күн кеспеді. *Алдын ала дәл уақытын, нақты мерзімін анық етіп айтпады.* Орманды өлкем, қарт анам, Жауда қалған мекенім, *К ү н к е с п е й м і н,* мен барам, Барамын даңғыл жолменен (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

Күн кешті. *Өмір сырды, тіршілік етті, уақыт өткізді.* Біздің қыстауларымыздың үстінен көп ауыл күзекке қарай көшіп өтеді, солардың малынан сескеніп жер қорумен *к ү н к е ш т і к* қой (М.Әуезов, Абай жолы). Үйім бар ма отыратын қалқалап, Қайырылған шатты күнгі бар талап, Ақбораңда ел аралап *к ү н к е ш т і м,* Екі жасар Нұрғалиды арқалап (Қ.Сыдықов, Теңіз лебі). Шағатай хандары дәйім барымтамен мал қумақ, ауыл шаппақ, бірде бұл ел, бірде ол елмен жауласпақ, қырқыспақпен *к ү н к е ш і п,* еш шаруа, өнерге үйрене алмай, өздері кедей болған һәм өспеген (Абай, Тол. жин.). Ой кіргелі тимеді ерік өзіме, Сандалмамен *к ү н к е ш к е н* түспе ізіме. Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті, Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме! (Абай, Тол. жин.).

Күн көргені. *Тіршілігі, күнкөрісі.* Қазақтың тіршілігі, *к ү н к ө р г е н і* – мал (М.Дулатов, Шығ.).

Күн көргіш. *Тіршілік етуге арналған (мал, дүние-мүлік).* Үйінде азын-аулақ *к ү н к ө р г і ш* малдары болса да, Әзімхан әр жерде жүріп үйренген еді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Күн көргіштік. *Өмір сүруге, тіршілікке бейімділік, икемділік, пысықтық.* Айранбайдың Кемелбаймен туысы бірге, Кемелбайдың *к ү н к ө р г і ш т і г і* жақсы (Б.Майлин, Шығ.).

Күн көрді. *Тіршілік етті, өмір сүрді.* «Алда сорлы, мүсәпір балалар-ай! Жасынан өлген екен балалары-ай! Көбелек, шыбын аулап *к ү н к ө р е т і н* Жоқ екен пақырлардың шамалары-ай! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Елсіз болғандықтан осы өңірде, тау сыртында, күшіктеген қасқыр ел келгенше тышқан, суыр аңдумен *к ү н к ө р і п* жүрсе, енді мал қаптаған уақытта, түн баласында тыным бермей құйындай соғатын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Тірегім, тіршілігім, Зейне балам, Есітсем, маған өлім, өсек жаман. Мен жасымнан жетім едім көңілі сынық, Өнерім артық емес ондай ұлық: Еңбекпенен көз сүзбей *к ү н к ө р е м і н,* Харекетім – суретші, бояушылық (Абай, Тол. жин.).

Күн көрсетпеді. *Тыныштық бермеді, мазасын алды, зорлық, қорлық көрсетті.* Енесі *к ү н к ө р с е т п е й,* мұндықа түскен Халима бейбақ, бір жағынан күйеуін жақсы көреді, екінші жағынан қорлыққа шыдай алмайды (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). Бала тұрмайтын болған соң, бәйбіше *к ү н к ө р с е т п е й т і н* болды (С.Сейфуллин, Әңгім.). *К ү н к ө р с е т п е й* не қылдық? Ішкеннен, жегеннен кенде болдың ба? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күн күркіреді. *Найзағай жарқылдады, аса күшті дыбыс, жаңғырық естілді, шартылдады.* Алыста *к ү н к ү р к і р е й д і.* Жаз шыққалы *к ү н н і ң к ү р к і р е г е н і* осы (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Сілкінте қара бұлтты *к ү н к ү р к і р е п,* Кешкі күн күркірінен жер тітіреп. Аспанды қарауытып бұлт қылаңдап, Бастады жауын жауа сәл сіркіреп (Т.Жароков, Құмда).

Күн күркіреу. ф и з. *Найзағай жүріп өткен жолдағы қысымның кенет жоғарылауы нәтижесінде ауада тербелістердің таралу процесі. К ү н к ү р к і р е у* 15-20 км қашықтықтан естіледі (Қаз. тілі термин. Су.). Келе-келе алғашқы адамдар жаратылыстың құбылыстарынан найзағай шартылдап, *к ү н к ү р к і р е у д е н,* жер сілкінуден, жанар таулары атқылаудан қорқып, табиғатта үлкен күш иесі бар деп Құдайға сенген (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.). Найзағай жарқылы өткен жолдағы қысымның кенет жоғарылауы нәтижесінде ауада тербелістер туады. Осы тербелістердің таралу процесі *к ү н к ү р к і р е у* болып естіледі (ҚҰЭ).

Күн қабағы. *Күн райы, бұлтты күн. К ү н қ а б а ғ ы н* ол да ұнатпай, түнерген бұлтты аспанға қайта-қайта қарап тұрды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Күн қабағын бақты. *Күн райын байқады, бақылады.* Қысы-жазы далада, мал соңында жүріп, *к ү н қ а б а ғ ы н б а ғ ы п* өскен малшы жігіт бүгін аса мазасыз (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Күннің қабағы түйіліңкі [салыңқы]. *Күн райы нашар, бұлтты. К ү н қ а б а ғ ы т ү й і л і ң к і,* Аспанды жапқан қара бұлт әлем-тапырық көшуде. Болмашы жел бар (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). «Ызғар болады» деп мазасыздана күбірледі қарт. Жәй ызғар емес, қарасуық болып, қатырып тастауы да ғажап емес – *к ү н н і ң қ а б а ғ ы с а л ы ң қ ы* (Ә.Сараев, Қараша.).

Күн қайда? *Сондай кез, уақыт, мезгіл қашан болады, көзден бұл-бұл ұшты ғой деген мағынада.* Рүстем келді үстіне мұндай болған, Қуана қыран құстай атқа қонған. «Біздерге бұлар келді, *к ү н қ а й д а*?!» деп, Жау біткен жантайысты шөптей орған (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Еділ қайда, ел қайда, Елге жетер *к ү н*

қайда, Жайық қайда, жай қайда, Жайға жетер күн қайда? (Шора батыр // Бабалар сөзі).

Күн қиямға барды. *Кеш болуға айналды, күн ұясына қонды.* Сай-салаға құйылып, Қызыл қан әбден толған соң, *Күн қиямға барған соң,* Тоқтады Әли демін ап. Арқабасы жадырап (Бабалар сөзі).

Күн құйды. с ө й л. *Жаңбыр қатты жауды.* Кешке қарай *күн құйды* да, жер-дүние су болып кетті (Ауызекі).

Күн құрғатпай. *Араға күн салмай, күн сайын, жиі.* Завод кітапханасы, ондағы оқу залы металлургтердің сағат сайын, *күн құрғатпай* келіп тұратын ең бір сүйікті орнына айналған (Ә.Жәмішев, Дала.). Бірде орман арасынан көк теректің жас шыбығын қазып алып, осы төбенің басына отырғызғам. *Күн құрғатпай* су құйып, мәпелеп күткем («Қаз. әдеб.»).

Күн май тоңғысыз жылы. *Ауа райы жылы, жанға жайлы.* Ішірде басталған жаяу борасын басылып қалыпты. *Күн май тоңғысыз жылы* көрінеді («Лен. жас»). Бүгін *күн май тоңғысыз жылы* (Т.Сағымбаев, Кездесу).

Күннің қалай өткенін білмеді. *Уақыты тез өтіп кетті.* Біріміздің қабағымызға біріміз қарап, *күннің қалай өткенін білмей қалатын* болсақ қайтеді, – деді (Қаз. ертегі.).

Күн озды. *Уақыт өтті.* Бұл *күн озған* сайын оқшау қалып бара жатқан тәрізденеді (М.Иманжанов, Менің махабб.). Оқушым *күн озып ты* күйбеңменен. Өзіңмен көп жүздесіп үйренбеп ем. Мархабат айта отырдым сапарымды: Тағы сол Өлең деген үйден келем (Б.Аманшин, Бұтақта.).

Күн өткерді [өткізді]. а) *Уақыт озды, өмір өтті, күндер жылжыды.* Қызығыңды көп көрдім, Қарабастау құлан саз. *Күндерімді өткердім,* Сенде жүріп ұзақ жаз (Жамбыл, Шығ. жин.). Енді өз ауылында, өз үйінде көбірек *күн өткізетін* болды (М.Әуезов, Қараш.). ә) *Тіршілік етті, өмір сүрді, күн көрді.* Жарық қас, қара табан, жалақ ерін, Толтырған кеудесіне қайғы-шерін. Жеті атасы құлдықта *күн өткізген*, Кірме деп, кемітетін ата тегін (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Қашан құда болып ең Балғалымен? *Күн өткізген* түрің бар сандалумен. Балғалының батасы бұйырмайды, Қол қусырып келсең де мал-жаныңмен (Жамбыл, Шығ.). б) *Уақытты босқа жіберді, итшілеп өмір сүрді.* Адамзат тірлікті дәулет білмек, Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек. Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп, Не қорлық құр қылжаңмен *күн өткізбек*? (Абай, Тол. жин.). Мен көрдім ғашық жардан үәдесіздік, Өмірдің қызығынан күдер үздік. Жылы жүрек уынды, жара түсті. Шықпаған шыбын жанмен *күн өткіздік* (Абай, Тол. жин.).

Күн райы. *Атмосфераның бір күндік құбылысы (аспанның ашықтығы, бұлтты, тұманды, бұлыңғыр болуы, жел тұру, жаңбыр, қар жауу, ыстық, суық, аяз болуы, температура мөлшері).* Жұт боларды ойлаған, *күн райынан* сескенген, малға жаны ашыған адамда мұндай күнде қабақ жадырай ма? (М.Әуезов, Өскен өркен). Үшінші, биыл жұртқа мәлім – *күн райы* қолайсыз болды, – деді (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Дауыл алдында *күн райы* әрдайым ашық болдының кері келіп жүрмесін (Б.Момышұлы, Москва.). Ол *күн райын* ғана болжамайды, жер бетіндегі құбылыс-өзгерістерді ғана бақыламайды, жер астындағы қазба байлықтардың қайда, қалай орналасқанын да анықтайды («Егемен Қазақстан»). Мәселен, бір ауданның аумағында жүріп, екі түрлі *күн райын* көруге болады («Жас Алаш»).

Күн райын бақты. *Ауа райының ыңғайына қарады.* Шыңғыстың бөктері мен қойнауындағы ауылдар бұл уақытта қыстау-қыстауына мінбелей қонып, *күн райын бағып* отыр (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Күн режімі. п е д. *Әр күні істелетін жұмыстың реті, тәртібі.* Оқушының сабақ кестесін, *күн режімін* жасап беріп, түсіндіріп, үнемі байланыс жасап отыру пайдалы («Халық мұғ.»). Одан балалар *күн режімін* көшіріп алып, үйлеріне қойды («Халық мұғ.»).

Күн сайын. *Әр күні, күнде, күніне.* Мектепте оқитын біздер *күн сайын* сабақ бітісімен көрші колхоздарға жәрдемге шығамыз (З.Асабаев, Ар соты). О, достар, шынымды айтсам, сол жандарға, *Күн сайын* іздеп жүріп сәлем берем (Б.Әбдіразақов, Тұңғыш.).

Күн санады. *Асықты, күткен нәрсесінің тез болуын қалады.* Қоңыр қаладан ораламын деген күні Шынар да орақтан ауылға қайтып келді. Қоңырдың келетін *күнін* мен де *санап* жүргенмін (Н.Сералиев, Қаңтар).

Күн санап. *Күннен-күнге, уақыт өткен сайын.* Еламан бұрын-соңды жас адамда дәл мұндай дініне берік кісіні көрген емес, қанша ұққысы келсе де, *күн санап* өз әйелі өзіне жұмбақ боп, алыстап бара жатты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Күн сүрендігі. ***Күнрайы***. *Күннің сүреңдігі* жаманға айналды. Жол Темірқазыққа шығып, ызғырайын деді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күн сынайды, күдері бел шыдайды. *Қиындық ең шыдамды адамның ғана басына түседі.* Ағайын! *Күн сынайды, күдері бел шыдайды.* Күйсіз белге кезігіп отырған күнім жоқ (М.Әуезов, Шығ.).

Күн сынды. *Күн жылынып, суықтың беті қайтты.* Көктем сағындырып келді. Тек апрельдің аяғында ғана *к ү н с ы н ы п,* өкпек жел соқты. Қар күрт ери бастады («Қаз. әдеб.»). *К ү н с ы н д ы,* ызғырық жел жоқ. Жаймашуақ. Ауылдың кемпіршалдары үйлерінің алдында күншуақтап отыр (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Күн табылды. *Мезгілі жетті.* Сіздерге *к ү н т а б ы л а р,* бұрынғыдай боларсыз (Батырлар жыры).

Күн тәртібі. а) *Жиналыс, мәжілістерде қаралатын мәселелердің тұрлері мен өтілу реті.* Жомарт *к ү н т ә р т і б і н* жариялады (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Ол *к ү н т ә р т і б і н* жариялағаннан кейін сөзді әскери дәрігер Оразалиевке берді (Е.Оразақов, Дәрігер.). ә) әск. *Әскери бөлімде (кемеде) жеке құрамның күнделікті қызметін, оқуы мен тұрмысын регламенттеу мақсатында тәуліктік уақытты бөлу.* Бөлім (құрама) командирі белгілейді. Кемеде *к ү н т ә р т і б і* құрама штабы тағайындайтын апталық ережеге сәйкес түзіледі. Арнаулы құжат түрінде қатталады (ҚҰЭ). б) *Ендігі кезек, жақын ара. К ү н т ә р т і б і н д е* Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес өткізу тұр. Азия сахарасында тұрақты бейбітшілік орнатуға Шанхай ынтымақтастық ұйымының ықпалы арта түсуде («Егемен Қазақстан»).

Күн тәртібіне қойды. *Белгілі бір мәселені уақыт күттірмей, тез арада шешу үшін талқылауға ұсынды. К ү н т ә р т і б і н е қ о я т ы н* мәселелер көбейіп тұр (Ауызекі).

Күн тәулігі. ***Тәулік***. Жер өз білігінен 24 сағатта бір рет айналып өтеді, осы уақытты біз бір *к ү н т ә у л і г і* дейміз (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.).

Күн туды. *Кезі келді, мезгілі жетті.* Соған бекінген тәуекелің рас болса, сарапқа салар *к ү н і м т у д ы* (М.Әуезов, Абай жолы). *К ү н т у а р* бұл теңсіздік болмауға да, Әйел түспес айламен торлауға да. Ер, әйелдің салмағы бірдей болып, Күн жетер оларды да қолдауға да (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

Күн тыншу. ж е р г. *Бұлыңғыр, бұлдыр, тымырсық.* Сол уақытта, бірнеше күн бойы *к ү н т ы н ш у* (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

Күн ұзағына болатын топ. п е д. ***Ұзартылған күн тобы*** *(бастауыш сынып оқушыларының сабақтан кейін педагогтардың бақылауымен түстеніп, ойнап, үй тапсырмаларын орындайтын, жұмыс уақыты біткенше болатын тобы). К ү н ұ з а ғ ы н а б о л а т ы н т о п т а р* оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде кітаптарды пайдалануға тоқталған пайдалы («Қазақст. мұғ.»).

Күн ұзарды. *Күннің шығуы мен батуы аралығындағы уақыт алшақтады.* Марттың 22-сінде Күн мен Түн теңеледі де, содан кейін *к ү н ұ з а р а* бастайды (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз. әдеб.).

Күн ұзатты. *Уақыт өткізді.* Олар да көзбен арбасумен *к ү н ұ з а т қ а н д ы* тәуір көре бермейді, дегенді сездірді-ау, ә? Өйткені жастық өмір өтіп барады (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Күн ұзынғы. ү с т. *Күні бойғы, ертеден кешке дейінгі.* Шаршағанын жаңа сезді. *К ү н ұ з ы н ғ ы* ауыр ойдан қалжырап қалған бойын ұйқы жеңіп барады («Лен. жас.»).

Күн үшін. *Тіршілікке, күнкөріске бола. К ү н ү ш і н* аярлық етеді (М.Әуезов, Абай жолы). Қарғаның түсті әбден жүрісіне, Кім білсін, шыны сол ма, *к ү н ү ш і н* бе? Болыпты іс пен түсі айырғысыз ішімен онда жұрттың жұмысы не? (С.Дөнентаев, Таңд. шығ.).

Күн шайдай ашық. *Аспанда бұлт жоқ. К ү н ш а й д а й а ш ы қ,* құм ішіне шуағын молынан төгіп тұр («Қаз. әдеб.»). Таңғы ауа салқын. *К ү н ш а й д а й а ш ы қ* («Қаз. әдеб.»).

Күн шіліңгір. *Шілденің аптабы.* Шаң көкке өртенгендей шумақталды, Ат терге шомылғандай суды ақтарды. *К ү н ш і л і ң г і р,* адам, айуан судан кеуіп, түтігіп талай аттар құлап қалды (І.Жансүгіров, Өлеңд.).

Күні батты. *Заманы, дәуірі өтті, күні қараң болды.* Бірақ соңыма салып қойған адамдарың қазір менің қолымда отыр. Тағы да ойыңды іске асыра алмадың. Қайтесің, сенің *к ү н і ң б а т қ а н* (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік). Не пайда күнің шығар, *к ү н і ң б а т а р.* Бай қызы жетектер қатар-қатар. Мен сорға қара күндер көп туғыздық. Қайғыға шыдай алмай жылап жатар (М.Сералин, Шығ.).

Күні [күн] бойы [бойына]. *Таң атқаннан кешке дейін, күндізақ.* Жарасов та ендігі сенетіні шопандар екенін ойлады да, кеше *к ү н і б о й ы* өзі көріп өткен он отардың көп есті, сабырлы, төзімді Бәйтендей шопандарын есіне алды (М.Әуезов, Өскен өркен). *К ү н і б о й ы* сіркіреген сілемік жаңбыр, осы қазір тыйылған (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). *К ү н б о й ы* күтемін Келер деп хабарың, Қайғырмай не етемін, Бізде жоқ назарың (Абай, Тол. жин.). *К ү н і б о й ы н а* дамылсыз еңбектенгенде, балта тұмсықтың қорек ететіні, міне, осы екен ғой («Балдырған»). Сол кезде Базаралы бүгін *к ү н б о й ы* отырыстан өзгеріп, өркештене көтерілді (М.Әуезов, Абай жолы).

Күні бүгін. *Дәл бүгін.* Жолаушылар *к ү н і б ү г і н* келуге тиіс (Ауызекі).

Күні бүгінге дейін [шейін]. *Осы уақытқа дейін, дәл бүгінге дейін.* Осы адамдардың кейбіреулері *күні бүгінге дейін* көзі тірі (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). *Күні бүгінге дейін* оған ауылын жайлаудан көшіргенін де айтқан жоқ (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Сонда да қазақтар *күні бүгінге дейін* «Урал» демейді, Жайық дейді (С.Мұқанов, Есею жыл.). Біз *күні бүгінге шейін* көп тереңдемей, лиро-эпостардың қатарында атап келдік (Қ.Жұмалиев, Қаз. эпосы.).

Күні бір уыс болды. *Жағдайы қиындады, берекесі кетті, күні қараң болды.* Жетті Тоқалың да, оның шашбауын көтерушілер де, ана отауына барып қошеметтеңдер! Тойдырып болды мені тоқалдың тойы! – деп, Ұлдай ханға қатерін тікті. *Күні бір уыс болған* хан уәзірлері мен билеріне қарады (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

Күні бітті. *Ажалы жетті, ризығы таусылды.* Рахим *күні біткен* өліп кетті, Және бір еститұғын жері жетті. Зәһира көңіл көтермек тауға шығып, Қараңыз тағдыр ісі қалай епті (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.). Өлтіріп Ибраһимді Жүсіп кетті, Тағдырдағы өлшеулі *күні бітті.* Екі күнде кездескен біреу көріп, Өлгенін Ибраһим мәлімдепті (Дастандар). Ер жігіт *күні біткен* өлгенінде, Саз төсек қара жерге көмгенінде, Аяныш еш адамнан таба алмаймын, Ойға алып жақындарын тергенімде (С.Сейфуллин, Шығ.). Ассыз, сусыз, дерт жеңіп, Өзі де әбден жүдепті. Тоғыз миллион сапарда Ажал жетті, *күні бітті* (Абай, Тол. жин.).

Күні ертең. а) *Таяу уақытта, көп ұзамай. Күні ертең* құдалар келген кезде Бұл қалпында көрсетем не бетіммен, Масқаралап жүрмесін бәрімізді, Айттым, қойдым, құтылдым міндетімнен (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). *Күні ертең* ел-жұртым екеумізді екі айырып жібереді (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Па, шіркін, қуанамын, көңілім жарқын, Бақытты таң астында менің халқым. *Күні ертең* мынау шалқар көк теңіздің Түбінен сарқылмайтын сүзеді алтын (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын.). ә) *Түбінде бір, келешекте. Күні ертең* бір көрінсең, Сорлы асықтың көзіне, Тәңірі үшін шапқатыңмен нан ғаріптің сөзіне? (Абай, Тол. жин.).

Күні жақын [жуық, таяу]. *Әйелдің босанатын мезгілі болған.* Әлгінде үлкен үйдің келіні, біздің тұңғыш жеңгеміз Мақпал, өрістен қоңыр қашарын айдап қайтқан. Өзінің *күні жақын* еді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Күні жетті. а) *Мерзімді уақыты, мезгілі жетті.* Шарықтап аспан өлемін, Жаймақшы көкке қанатын, *Күні жетіп* толды құс, тоятын түзден алатын (С.Бегалин, Өлеңд.). ә) *Босанатын мезгілі болды. Күні мен жетіп* қыз тудым (Б.Нұржекев, Күй толғақ). *Күні жетіп* отырған әйелін аяған күйеуі ит өлген жердегі базарға қайта жүгірді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

Күні жоқ. *Көргені азап, қиыншылық.* Сөзінің жөні жоқ, Ақылсыз томырық, Қатынның *күні жоқ* – Қамшы мен жұдырық (Абай, Тол. жин.).

Күні кеше. *Таяуда, жақында, осыдан аз уақыт бұрын.* Капитан Скориков *күні кеше* ғана Долгушевтан көрген зәбірін айтып, қатты ширығып кетті (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Қате айтасыз, оның өлгені *күні кеше,* мен оның қасынан, Германиядан келе жатырмын, әйеліне берген хаты бар еді (Ж.Жұмаханов, Майдан.). О, дала! Мұхит дала, неткен кеңсің! Ақынның ойынан да сен тереңсің. Сар дала, сараң едің *күні кеше,* Япырай, бүгін неткен берегенсің! (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

Күні кеткен. *Дәурені өткен, қартайған.* Кейбірің жалдану мен мал табам деп, Әртүрлі ауыр бейнет шегіп жүрсің. Азғындап жылдан-жылға кері кетіп, *Күні кеткен* кемпір, шалдай шөгіп жүрсің (Айтыс).

Күні көкте жүзсін. а л ғ ы с. *Бағы жансын, жолы болсын, дегеніне жетсін; бақыты ашылсын, күні тусын.* Су ішсем де, суан ішсем де халқыммен бірге боламын. Тек соның *күні көкте жүзсін,* соның ғана сәулесі жарқырай түссін (І.Есенберлин, Шығ.).

Күні күн емес. *Тіршілігінің сәні жоқ, рақат, қызығы жоқ.* Алатаусыз менің *күнім күн емес* деп ұрыңдар, Қайда жүрсем Алатауды алдыма әкеп тұрыңдар (Т.Молдағалиев, Жүрек.).

Күні қараң. *Көргені азап, тұрмыс-тіршілігі ауыр, жағдайы қиын, халі мүшкіл.* Әкем Сейткемел – ту Тәшкеннен қаңғып келген сарт. Қазаққа кірме. Кірменің *күні қараң* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Көктем шықты дегенше, шофердің *күні қараң.* Екі ауылдың арасына жете алмай, жолда түнеп жатқанымыз (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Ар қайда, ақыл қайда, намыс қайда, Өңкей итке жалындың, табыс қайда? Ана байға ит кетсе – *күнің қараң.* Онда қашып тығылар қамыс қайда? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Қазақтың еңбектеген баласының *күні қараң* ғой. Ол баланы қараушы болмайды (М.Жұмабаев, Шығ.). Надан жұрттың *күні қараң,* келешегі тұман (М.Дулатұлы, Шығ.).

Күні құрыды. *Жағдайы төмендеді, амал-айласы таусылды, дәрменсіз болды.* Бізге қайбір бауыры бітіп барады дейсің. *Күні құрыға-*

сын амалсыздан келіп жатыр (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Күні құрысын [күнін итке берсін]. *Ауыр тұрмыс, қиын жағдайға байланысты басқа салмасын, беті аулақ деген мағынада.* Жасқаншақ боп өскен жетімнің *күні құрысын* (С.Омаров, Әңгім.). Жастықта білінбегенімен, есейген шақтағы жетімнің *күні құрысын* (К.Тоқаев, Тасқын). Қажеке, *күні құрысын* ұрғашының, Билігі болмаған соң бір басының, Берген соң тері-терсек ит те алады, Пұлындай берекесіз арбашының (Ақын жырлары). Баяғыда біреу: «Хан алдына барғанда, хан кеспеді тілімді, халық алдына барғанда, халық таппады мінімді, өз үйіме келгенде, *итке берсін күнімді»,* – деген екен (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

Күніне жарады. *Қиын кезде қол ұшын берді, қарасты, жәрдемдесті.* Андреев «дұрыс айттым ба» дегендей Әбенге қарады. Ол Андреевті мақұлдап, бас изеді де, небір *күніне жарап,* «қара судан қаймақ» алатын досын есіне түсіріп, ауыр күрсінді (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

Күнін жоқтады. *Өткенін көкседі, аңсады.* Монтекең осыны айтып, қалды тоқтап, Күрсініп қатты деммен *күнін жоқтап,* Бір жігіт босағадан түрегеліп, Сөйледі биге қарап сөзді нықтап (И.Байзақов, Таңд. шығ.).

Күнін көп қылды. *Осы күнге зар қылды.* Ей, Әлім, байқап сөйле, тарт тіліңді, Өзіңе *көп қылармын* бұл *күніңді!* Атымды, затым түгіл жаңа есіттің, Сен менің біліп едің не мінімді? (Айтыс).

Күнін салды [қаратты]. *Біреуге ісі түсті, тәуелді болды.* «Құдай *күнімді* оларға *салмасын»,* – деді шешем (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Заманның бұзылғаны сол емес пе. Кешегі соқыр ұры Сәлменге *күнімізді салып* қойған соң, Құдайға не айтарсың (Б.Тілегенов, Аққайнар). Бай екен деп осынша көпшілік саған *күнін салмаса* болмай ма?! (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы). Бай, Құдай *күнімді* саған *қаратып*, қойыңды баққалы отырмын (Қаз. ертегі.).

Күнін тар қылды [тарылтты]. *Қиындық көрсетті, екі аяғын бір етікке тықты.* Тоқтат сөзді осыдан! Кеш те босат орынды. Енді қайта бөгелсең, *Тар қылармын күніңді* (М.Әуезов, Шығ.). Шынымен-ақ, жан балам, Кетірермісің сынымды! Жалынса жақсы кетеді, *Тарылтпа* менің *күнімді* (Мұңлық – Зарлық).

Күні өтті [солды]. а) *Уақыты босқа өтті, зая кетті.* Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па?», – деп, елдің бұлданғандығымен *күні өтеді* (Абай, Шығ. жин.). Қайғылы қысқа өмір *күнім өтіп*, Жан мен тән айырылысар уақыт жетіп, Не сырмен, қандай күймен айтқанымды, Кім білер қалғанда сен өзің кетіп (С.Сейфуллин, Шығ.). Тау кезіп, тасқа өрмелеп жалғызымның *күні өтеді* (F.Мүсірепов, Таңд. шығ.). ә) *Мезгілі, дәуірі өтті, қартайды.* Әринемен ел кетті, Қоқиланды, мақтанды. Қуат бітті, *күн өтті,* Жарылқа, Құдай, жатқанды (Абай, Шығ. жин.). Ауыл үйдің әлегімен менің де *күнім өтіп* барады (М.Әуезов, Қараш.). б) *Өмірі таусылды, өлді.* Қырғи сал торғай сөзі бітер-бітпес, «Сабыр қыл!» – деді, тоқта, еш нәрсе етпес, Қазірде қол бос емес, жұмыс қатты Аз күтсең, жаның шықпас, *күнің өтпес* (С.Дөнентаев, Таңд. шығ.).

Күні солды. б е й н. *Бағы тайды, дәурені өтті.* Баянның осы күнде *күні солды* (Қозы Көрпеш.).

Күні толды. *Іштегі бала жетіліп, әйелдің босанатын уақыты жақындады.* Ол байғұсқа не сын бар, тұңғыш көтерген баласы. *Күні толған* сайын аяғы ауырлай береді ғой (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Күні толған* жүкті қатындай... әй-әй, ана біреудің вагонға кеудесімен асылып мінгені қалай? – деп кіжінді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Күні туды. а) *Заманы келді, дәуірі жүрді.* Қызылдар жеңсе, біздің *күніміз туады,* – деді ана (С.Омаров, Әңгім.). Е, ертең не болады екен? *Күнім* қайта *туады* деп тұрмысың? Жо-о-оқ, Әуелбай! Заман енді біздікі. Қолға тиген тізгіннен өлсек те айырылар ма екенбіз! (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). Ал, қазақ, *күнің туды* қарманатын, Қарманбай ел емес пе ең арланатын (Пернедегі терме.). ә) *Ісінің сәті түсті, жолы болды.* Сол кезде (балық үркіп, судың шетіне шыққан кезде) балықшылардың *күні туады,* олар белшесіне бата сүзекіні салады (Қазақст. өсімдік.).

Күні түсті [қарады]. *Біреуге ісі түсті, кіріптар болды.* Бүгін Есбергеннен Абай сұрастыра келсе, қаланың үлкен байына *күні түскен,* кіріптар болған көп Есбергендер шығарған семейлік мәтел де бар екен (М.Әуезов, Абай жолы). Мына шіркін қайтеді деп, Раушан азырақ шегіншектесе де, онсыз Мариямды таба алмайтын болған соң, *күні түскен* адамның қалпын істеп, жігіттен алыстауды қойды (Б.Момышұлы, Шығ.). Фани сығыр көзін тайдырғанша асығып, тіл қатпастан іске кіріп кеткен. Енді, міне, сол бір сүйкімсіз, кәрі жеңгейге амалсыз *күні түскелі* отыр (М.Иманжанов, Көк белес).

Қабылдау күні. а) *Белгілі бір мекеме басшысының, лауазым иесінің қоғамдық немесе жеке мәселелер бойынша сұрауларды тыңдап, өтініштерін қарайтын белгіленген уақыт.* ≈ Аудан әкімінің *қабылдау күні*. ә) *Тәрбие, білім беру мекемелеріне т.б. құжаттарды қабылдау үшін белгіленген уақыт.* ≈ Құжаттарды *қабылдау күні*.

Қабырғасынан [құлағынан] күн көрінеді. *Өте арық, жүдеу*. Ойын баласы емес пе, *қабырғасынан күн көрінеді*. Тамақ ішуге уақыты жоқ (Ауызекі).

Қайырлы күн. к і т. *Радио, телевизия хабарларында күндізгі уақытта айтылатын сәлемдесу түрі. Қайырлы күн*, құрметті көрермендер (Ауызекі).

Қара күн туды. *Қиын-қыстау кез болды, жамандыққа душар болды*. Түн жолдасы байғыздың басына бір кезде *қара күн туады* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Қаралы күн. *Қайғылы, азалы күн*. Өтті *күндер қаралы*, Жанды өзен, жанды бұлт, Жапырақтар жанады. Жану үшін мәңгілік (С.Мәуленов, Таңд. өлең.).

Қиямет күні. а) д і н и. ***Ақырет күні***. *«Қиямет күнінің* иесі», – деп, Алланы дәріптесе, екінші бөлімде: «(Әй, Алла!) Саған ғана құлшылық қыламыз, әрі сенен ғана жәрдем тілейміз! Бізді тура жолға сала гөр! Нығметке бөлендіргендеріңнің жолына! Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес!» – делінген («Жас Алаш»). Бір хадис шәріпте Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Өкіметтің малын тарату үшін бір адамды тағайындасақ, ол кісі бізден бір ине немесе одан да үлкен бір затты жасырып қалса, аманатқа қиянат еткен болады. *Қиямет күні* сол нәрсені өзімен бірге әкеледі...», – дейді («Парасат»). ә) *Қиындық, пәле, азап*. Біздің басымызға *қиямет күн* туды, біз осы зынданда жеті жыл жатамыз (Қаз. ертегі.).

Қуанышты күн. *Қуанышты хабар алған, қуанған, ерекше күн*. Бағыт, Сағыт шырағым. Ақ жарылқап күн туды, Хасыл болып мұрадың. Қамығып бұған жылама, Өмірлерің сұрағың, *Қуанышты күн* бүгін, Жанғанда өшкен шырағың (Бабалар сөзі).

Құбылаға қарап, күн өткізді. *Бекер, босқа өмірін өткізді*. – Сонда қалай, балам, біз секілді кәрілер енді үйде қол қусырып отырып, *құбылаға қарап, күн өткізбек* пе (О.Сәрсенбаев, Шығ.).

Құдайдың құтты күні. *Күн сайын, қайта-қайта, ылғи, үнемі*. Бәтестен хат келмегелі *Құдайдың құтты күні* почтаға барам, кей күні әлденеше рет барам, бірақ хат жоқ (С.Мұқанов, Шығ.). *Құдайдың құтты күні* іргесіне кеп, ат ойнатқан қиық аламанға абай-құқай болар ма екен деп дәметеді (Ә.Кекілбаев, Үркер).Өзің көше баласы емессің, дырдай мамансың, бір күн емес, *Құдайдың құтты күні* жабуы тартылмаған тайлақтай жалп-жалп етіп бізге жармасасың («Лен. жас»).

Қырық күн қырғын, мың күн сүргін. *Қысылтаяң, қиын-қыстау жағдай, тар кез*. Бұл жолда *қырық күн қырғын, мың күн сүргін*, Иықта жатты жүгі талай жылдың. Сол күн бір ескерткіші сықылданып, Қағазда қалды ізі ізгі жырдың (О.Шипин, Шығ.).

Қырық күн шілде. *Жаздың нағыз ыстық кезі, 22-24 маусымнан 2-4 тамызға дейін 40 күнге созылатын ыстық шақ*. Түскендей әуе жерге *қырық күн шілде*, Ішкен мас, жегендер тоқ күнде-күнде. Қысқа түн қымқырылды, таң көрінді. Кел, шық деп, иек қағып жарық күнге (С.Торайғыров, Шығ.). Бадам кедей, Бадам кедей! Майлыны ағызасың адам демей, *Қырық күн шілде* кезінде тасың құрттап, Жатар ең дәрет суға шамаң келмей (Майлықожа, Нақыл).

Қысқа күнде қырық жерге қойма қойды. *Үсті-үстіне құлық-сұмдық ойлады*. Ант ішіп, күнде берген жаны құрсын, Арын сатып, тіленген малы құрсын. *Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып*, Су тілмен құлық сауған заңы құрсын (Абай, Тол. жин.).

Қысқа күнде қырық өлді. *Үсті-үстіне қорлық-зорлыққа тап болды, ұятқа қалды*. «Құдіреті жүріп тұрған кісілер оған қойды ма, – деп, ол деміккендей боп тоқтады да, – *Қысқа күнде қырық өле* бергесін, тым болмаса, бірін өлтіріп, жастығымды алып жатқым келді. Қадірлі ана, біздің жайымыз осы», – деді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Қысқа күнде қырық рет шапты. *Тыныштық бермей, қайта-қайта мазасын алды, мезі қылды*. Егер Кене шын қазақ елінің қамын ойласа, маңайындағы қазақ руларын *қысқа күнде қырық рет шауып*, неге маза бермеді (С.Мұқанов, Өсу жол.).

Қысылтаяң күн туды. *Қиын-қыстау кез болды, сын сағаты туды. Қысылтаяң күн туса*, бірігіп кетерліктей жағдай жасады (І.Есенберлин, Шығ.).

Мақшар күні. д і н и. ***Парасат майданы***. *Мақшар күні* болғанда, Сауал сұрай келгенде, Жауап таппай тұрғанда, Тар лахатқа кірген соң (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.). Мағынасын біліп

түсінген, Сөйлейді демес неге артық таразы *мақшар күнінде* кім артық (Н.Наушабаев, Шығ.).

Маңдайы күнге күйді. *Азап көрді, мехнат шекті, қиналды. Маңдайың күнге күйген* соң, Табаның жерге тиген соң (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.).

Маңдайынан күн өтті. *Азап, мехнат шекті, қиналды. Маңдайынан күн өтті,* Табанынан сыз өтті (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.).

Мереке күн. *Белгілі бір мейрамға, айтулы, белгілі күндерге байланысты демалатын, аталып өтетін күн.* Женттің құны да, құнары мен қасиеті де сары майдан жоғары болады. Сондықтан оны құрметті қонақтарға арнап немесе той, *мереке күндерінде* ғана дастарқанға қоятын болған («Парасат»).

Мұнар күн. *Ауыртпалығы мол, қиын-қыстау шақ. Мұнар* да *мұнар, мұнар күн,* Бұлттан шыққан шұбар күн, Буыршын мұзға тайған күн... Бұландай ерді кескен күн (Махамбет, Өлең.).

Не басыңа күн туды. *Осыншама мазаланатындай нендей жағдай болды деген мағынада.* Сап-сап, көңілім, сап көңілім! Саяламай, сай таппай, *Не күн туды басыңа* Күні-түні жай таппай? (Абай, Тол. жин.). Астыңа мінген ерің жоқ, Қол берген мықты пірің жоқ, *Не басыңа күн туды,* Бір жаныңда тыным жоқ? (Айтыс).

Оңынан айы, сол жақтан күні туды. *Бағы жанды, жолы болды, заманы туды.* Теңдік тиер бізге де күн келер ме? Бізден соңғы еркін күнді көрер ме? Адам болмай, осы көрім жансын деп, Надандықтың жаққан оты сөнер ме? *Оңнан айым, күнім туып сол жақтан.* Алашыма айнадай сәуле берер ме? (Б.Күлеев, Шығ.).

Осы күн [күнде]. *Қазіргі кезде, бұл заманда. Осы күн* өмірімнің Ешбір жоқ қызығы, Жаралы көңілімнің Жазылмай сызығы (Абай, Тол. жин.). Шын жүрек елжіреп, Алладан тілеймін. Шын қалқам *осы күн* Болып тұр керекті (Абай, Тол. жин.). Сөзді ұғар *осы күнде* кісі бар ма? Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар. Жазған соң жерде қалмас тесік моншақ, Біреуден біреу алып елге тарар (Абай, Тол. жин.).

Отыз күн ойын, қырық түн [күн] тойын қылды. фольк. *Бірнеше күн той-думан жасады деген мағынада.* Енді айталық төтесін, *Отыз күн* ұдай *ойын қып, Қырық түн* ұдай *тойын қып,* Құралайды Зарлыққа Молдалар қиды некесін (Мұңлық-Зарлық).

Өгізге туған күн бұзауға да туады. *Жасы, жолы үлкен адамның басында болған жағдай басқа адамның да басына түседі, соның кебін киеді деген мағынада. Өгізге туған күн бұзауға да туар.* Бүгінгі менің басыма түскен лаң ертең көп жұрттың төбесіне төнер (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Өз күнін өзі көрді. *Өз бетінше тіршілік етті, басқаға масыл болмады.* Қазір олар *өз күнін өзі көріп,* тапса ішіп, таппаса аш халге жетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Өлместің [өлімшінің] күні. *Қалт-құлт еткен тіршілік.* Лаңсыз сүрген бұл өмір – қайғылы қапас форымда. *Өлмешінің күні* ғой – Төбесі ашық қорымда (Үш ғасыр.).

Өлместің [өлмешінің] күнін көрді. а)*Қалт-құлт етіп өмір сүрді, амалдап күнелтті.* Лагерьдегі адамдардың тамақпен қамтамасыз етілу жағы оған белгілі – *өлместің күнін көріп* жүретінін білетін (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Ш.Уәлиханов жалшы болған тапты еңбегінің барлық табысын қожасына сыпырып беріп, өзі тек *өлмешінің күнін көретіндер,* сөйтіп, мәңгі еңбектенуге мәжбүр болғандар деп білді (М.Елеусізов, Шығ.). ә) *Тіршілік қамын жеді, өз бетімен әрекет етті.* «Бәлен жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ» дей-дей болмадың ба? Енді біріңе-бірің сүйеніс те, осы арада *өлмес күніңді көр,* түге! – депті Базаралы (М.Әуезов, Шығ.).

Өлшеулі күні бітті. *Ризығы таусылды, ажалы жетті.* Өлтіріп Ибраһимді Жүсіп кетті, Тағдырдағы *өлшеулі күні бітті.* Екі күнде кездескен біреу көріп, Өлгенін Ибраһимнің мәлімдепті (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.).

Өмірге жеткен күн. *Түбіне жеткен күн, құртқан, келешегін жойған оқиға, кез.* Есінде, ел ерлері, өткен күн, ұрпағыңның *өміріне жеткен күн.* Кесік құлақ, тілік табан талайсыз, Жарыңды күң, жаныңды құл еткен күн (Б.Күлеев, Шығ.).

Сандалмамен күн кешті. *Өмірі сергелдең, күйкі тіршілікпен өтті.* Ой кіргелі тимеді ерік өзіме, *Сандалмамен күн кешкен* түспе ізіме, өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті, Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме (Абай, Тол. жин.).

Тазалық күні. а) *Кітапхана, мұражай, мұрағат сияқты кейбір мекемелердегі толық тазалық жұмыстарын жүргізетін, алдын ала белгіленген күні, келушілерді қабылдамайтын уақыт.* Бүгін Ұлттық кітапханада *тазалық күні,* жұмыс істемейді (Ауызекі). ә) *Орта мектептерде тоқсанның, оқу жылының аяғында және т.б. кездерде оқушылардың сабақтан*

кейін өз кабинеттерінде тазалық жұмыстарын жүргізетін күн.

Таң атып, күн батқанша. *Ертеден қара кешке дейін, күні бойы, күнұзақ. Таң атып, күн батқанша,* Диірмен тартып, су тасып, Отынменен сайысып, Қалушы едік толғатып (Ақын жырлары).

Таңды таңға, күнді күнге ұрды. *Күні-түні дамыл таппады.* Науқасы күн санап үдей берді, ішетін асы – күнара сүтке басқан күріш пен қара су; *таңды таңға, күнді күнге ұрып,* дамылсыз қысылады (Б.Шалабаев, Өмірде.).

Таңы атып, күні шықты. *Арманына жетті, дегені болды.* Ақын Өрікбай мен Шырынкүлдің көрген азабы мен жас қыздың бірнеше жыл бай мен бәйбіше қолында жылап-еңіреп өскенін кезек әңгімелеп, ақырында олардың да *таңы атып, күні шыққанын* баяндайды (М.Базарбаев, Шығ.).

Тарихи күн. *Елдің, мемлекеттің тарихындағы, өміріндегі ерекше айтулы күн. Тарихи күн* қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті теледидар арқылы халыққа алда болатын акцияны түсіндіре отырып, сөз сөйледі («Егемен Қазақстан»).

Таусыншақ күн. *Лезде өте шығатын қысқа ғұмыр.* Ол күндер – өткен күнмен бәрі бір бәс, Келер-кетер, артына түк қалдырмас. Соның бірі арнаулы *таусыншақ күн,* Арғысын бір-ақ Алла біледі рас (Абай, Шығ. жин.).

Туған күн. а) *Адамның дүниеге келген күні.* Президентті *туған күнімен* құттықтауды да естен шығарса керек («Жас Алаш»). Осы жерде халық жазушысына Ұлттық кітапхананың бас директоры Роза Бердіғалиева құрмет билетін, ал Парламент Мәжілісінің депутаты Амангелді Айталыға оның *туған күнінің* кітапхананың ашылу салтанатымен тұспа-тұс келіп отырғанына байланысты «Астана» кітабын табыс етті («Парасат»). Биыл қыркүйектің 22-жұлдызында қазақтың көрнекті жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов 80 жасқа толады. Бұған дейінгі 50-ге, 60-қа, 70-ке, 75-ке толған меретойларын саналы түрде атап өтпеген қаламгер бұл жолы да *туған күнін* тойламайтын сияқты («Ана тілі»). ә) *Қаланың т.б. құрылған, іргесі қаланған мәртебесі өзгертілген күн.* Астананың *туған күні* қарсаңында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Еуразия жүрегінде» атты кітабының тұсаукесер рәсімі болды («Егемен Қазақстан»). б) *Кез, жағдай.* Осы Жезқазғанның құлдырап, жабылып қалу қаупі *туған күнін* де көрдік («Жас Алаш»).

Ұзақты күн. *Күнұзақ, күні бойы.* Панна *ұзақты күн* фермадан оралмады. Маған әбден сенген сияқты (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап). Кеше емес пе ед, кеше ғана, Жастық шақпен сырласқаны, Тіл қатпады *ұзақты күн,* Бүгін неге сырласпады (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын.). Қатты жүрсе, қатты, ақырын жүрсе, ақырын шиқылдап, *ұзақты күн* оның құлағының ішін кемірді (М.Тиесов, Әңгім.).

Ұлыстың ұлы [ұлыс] күні. а) *Дәстүрлі мәдениет бойынша жыл басы тойланатын мереке, 22 наурыз; жаңа жыл.* Көшіп келе жатқанда (қазақтар) Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той, тамаша қылады екен. Сол күнін «*ұлыстың ұлы күні*», – дейді екен (Абай, Тол. жин.). Көгілдірік дегенге, көгілдірік, Көк дөненге жарасар өмілдірік. *Ұлыстың ұлы күні* кез келіппіз, Әріптес, өлеңіңді айт төгілдіріп (Халық өлеңі). *Ұлыс күні* қазан толса, Ол жылы ақ мол болар, Ұлы кісіден бата алсаң, Сонда олжалы жол болар (С.Сейфуллин, Шығ.). ә) *Жалпыхалықтық мереке, мейрам.* Биыл күз Қазақстанға келіп отырмыз. Бұл онкүндіктің айрықша бір ерекшелігі – *ұлыстың ұлы күніне,* елу жылдық тойына әзірлік жүріп жатқан кезде өткелі отыр («Қаз. әдеб.»). Оның бер жағында бүкіл прогрессіл адамзат мақтанышын атап өтетін *ұлыстың ұлы күндері* келе жатыр («Лен. жас»).

Күннің шағылы. *Күннің табы, қызуы. Күннің шағылы* жоқ, құр көлемді, түсі суық, сұр бұлттан сүңгіп шығып, жарық қана түсірді (Қ.Тайшықов, Шығ.).

Шөлмек мың күн сынбай, бір күн сынады. *Аяғыңды абайлап бас, оңды өмір сүр, жақсының қадірін біл, ақты-қараның бір сәтте-ақ үзілер шегі бар деген мағынада.* Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек, Ұрлық, қулық қылдым деп, қағар көлбек. Арамдықтан жамандық көрмей қалмас, *Мың күн сынбас, бір күні сынар* шөлмек (Абай, Тол. жин.).

КҮНАЙЫМ з а т. к ө н е. ***Бала***. Киік: – Бар еді кішкентайдан көп *күнайым,* Көп даусым шығармай бір жылайын. Жабаның отына жүргенімде, Түсірді тұзағына бір Құдайым (Бабалар сөзі).

КҮНАЛДЫ үст. жерг. *Алдын ала, күнілгері.* Сақып, егер ауданға баратын болсаң, маған *күналды* ескерт (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮНАЛҚЫ зат. көне. *Ұрыс, шайқас кезіндегі сәл дамыл, кідіріс.* Олар ұрыс арасындағы *күналқыны* пайдаланып, арттағы еру елге барған екен (Қазбек).

КҮНАРА үст. *Араға күн салып.* Сөйтіп Шәмшуәли молла біздің үйге алғашқы кезде *күнара* келіп жүрді де, соңғы күндері мүлдем жатып алды (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Содан бастап өзім де әлі күнге түсінбейтін бір іс басталды. Төлеген *күнара,* кейде тіпті араға күн салмай келеді (М.Мағауин, Ақша қар).

КҮНӘ [ир. گناه] зат. **1.** дін и. *Сөзі, ісі, ойы, ниеті арқылы дінге, шариғатқа қайшы жасалған іс, теріс әрекет.* Өлсем де, атып берші бір тояйын, Мағшардағы *күнәсін* мен тартайын (Қозы Көрпеш.). Е, жұртым! Нәпсімізді тыя алмадық, Не түрлі жаман істен ұялмадық. *Күнәміз* көп болған соң, қаһар етіп, Жіберді бізге Құдай ауыртпалық (А.Байтұрсынов, Шығ.). Шырағым, ренжітпе атаңызды, Бұзбаңыз Құдай дескен батаңызды, Сүннетін пайғамбардың қабыл қылмау – Зор *күнә:* мен айтайын қатеңізді (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Құдай кешер алда – деп *күнә* қылмақ, Ар кетіріп, ант ішіп, жан сатылмақ (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **2.** дін и. *Ислам дінінде – рұқсат етілмеген, тыйым салынған, харам іс-әрекет.* Вадим де іздегенін тапты мына, Жоғары қарап, түсті ойға азғана. Шеркеудегі сертті ойлап, айтқан сөзі. «Әділет қайда болса, сонда *күнә*» (Абай, Тол. жин.). Домбыра тарту, ән салу, өлең айту сияқты халықтың үйреншікті зауықтарына дейін *күнә* деп тыйғысы келген (А.Байтұрсынов, Шығ.). Қорғаушы қол біраз кеңесті де, мынадай сөзге келді: Ұлыңның *күнәсі* үшін сені өлтіруіміз – адамшылыққа жатпайды (М.Жұмабаев, Шығ.). Залым кісі кірмейді тіпті санға, Сынайтұғын бір сыншы табылғанда. Білімдігің бит шаққан құрлы болмас, Тамам *күнәң* жиылып жабылғанда (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **3.** *Мін, кемшілік, қателік.* «Қағаздың тасасынан өмірді көрмеу», – суреткер үшін үлкен мін, кешірімсіз *күнә* деп көрсетіп отырды ұлы көсем әр кезде (Қ.Нұрмаханов, Дос лебізі). «Менің жұмысымда не жай болды? Жұмыстан қалып жүргенім жоқ». Ол қанша ойласа да, өз бойынан еш *күнә* таба алмады (М.Әбдіхалықов, Алыста.). Туған жер ғой, бәрін, Бәрін өсірген, Сен шешінсең, ол да белін шешінген. Гүл боп жайнап, Тау боп биік өспесең, Уа, ұрпақтар, *Күнә* өзіңде, Кешірмен (Ә.Есмұрзаев, Арман.).

Бар күнә. *Бар жазығы, айыбы деген мағынадағы қолданыс.* Бар жазғаным теңімді тапқаным, *бар күнәм* – сүйгеніме қосылмақ болғаным (О.Бодықов, Бұлбұл).

Жапқан [жабылған] күнә. *Жала, бәле.* Оның үстіне Есімбектің ізін аңдыған Бақжановтар Доңғалбайдың кешіккенін сөз қыла бастаған еді. Есімбекке *жапқан күнәсінің* бірі – Доңғалбайға шартпен төленген стипендия болды (Е.Оразақов, Дәрігер.).

Күнә артты [тақты]. *Күнәлады, айып тақты, жазғырды. Артқанда күнә* маған көп, Ақиқат сырым аңдар кім! – Өзгенің тілін табам деп, Өзімді қалай алдармын?! (Б.Аманшин, Маңғыстау.).

Күнәға [белшесінен] батты. а) дін и. *Дін, шариғатқа қайшы іс қылды, күнәлі болды.* Жетімегім-ай, жетім қозым-ай! Мен жаза бастым, айыпсыз анаңды өлтіріп, қанын жүктедім, *күнәға белшемнен баттым* (С.Талжанов, Ұлдай.). Шариғат бойынша намазды асырып оқығандардың дұғасы дұрыс болмай, ондайлар зор *күнәға батады-мыс* (А.Құрманғалиев, Ислам діні.). Не айтсаң да болмайды, тек *күнәға батасың.* Енді айтар сөзім жоқ, Зар заманның аяғы (Дулат Бабатайұлы, Замана.). ә) *Қылмыс жасады, жазықты болды.* – Алматыдан келген ревизор... *белшесінен күнәға батқан,* архи-арами намаз оқып, мешіт ұстап отырған Қасымғали имамды тоңқалаң астырып, орнынан аунатып түсірер деген Оспан қалпенің ойы бір көрген түстей жоқ болды (С.Адамбеков, Көсе.). Балаң жігіт қос *күнәға батпады.* Осы ағаңыз, ақын досын арқалап, Лазареттің босағасын аттады (Қ.Жармағамбетов, Дәурен.).

Күнәдан аузын сақтады. *Гайбат, өсек, өтірік, былапыт, сөзді айтпады. Күнәдан аузын сақтаса,* Әуеме демей не дейді, Жақынына бұрылмай, Тура сөзін айтқан соң (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Күнәдан пәк. *Жас баладай күнәсіз, жаңы таза.* Ернінен ешкім сүймеген осы бір *күнәдан пәк* жас қыздың тұңғыш ғашығы біреу-ақ: ол – өмір! (З.Қабдолов, Өмір үшқ.). Көргенде алғаш періште деп ойладым. Қылығына *күнәдан пәк* тоймадым. Қысылғандай әлденеден жаудырап, Мүләйімсіп, еркін сөйлей қоймадың (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн).

Күнәдан тазарды. дін и. *Күнәсінан арылды, күнәсін жуып-шайды. Күнәдан* жаны-тәні *тазарсын* деп, Апарып, жанып жатқан отқа салды (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Күнә жасады. *Шариғатқа қайшы келетін, рұқсат етілмейтін нәрсеге барды, күнәға қалды.* Айт күнінде аузы берік адам *күнә жасайды,* ораза ұстау – қонаққа барудан бас тарту болып саналады (ҚҰӘ).

Күнәнің күнәсі. *Ең ауыр күнә, қылмыс.* Баянауыл сияқты таулы-тастақты жерде егін шықса, оның қақ жартысын ысырап қып, не машина жолшыбай жолға шашса, не жауын шірітіп, жинай алмай қар астында қалса, *күнәнің күнәсі* емес пе? (З.Шашкин, Сенім).

Күнәні сатып алды. *Өзіне-өзі қылмыс тілеп алды, нәпсісін жеңе алмады.* Таяндың енді

өлімге, Алты табан көріңе *С а т ы п а л ғ а н к ү н ә ң н і ң* кемуі болмас күнінде (Шортанбай Қанайұлы, Шығ.).

Күнәсін ақтады. *Айыбын жуып-шайды, күнәдан арылды.* Жатқызбадың, болып ем тыныш жатпақ. Тәубамен шұғылданып, *к ү н ә м д і а қ т а п.* Шексіз еткен құлшылық тәңіріме Қалмады тыныштықта мені сақтап (Ш.Әбенов, Ортақ арал.).

Күнәсін кешті. д і н и. *Алла тағала пендесінің біліп-білмей істеген, шариғатқа қайшы келетін істерін кешірді, кешірім жасады.* Ағаш үй от жаққаным қобылан пеш, Құдай-ау, ғапу етіп, *к ү н ә м д і к е ш*! Теміртас, Асыл, Ақық қарақтарым, Байлаулы арқандағы қолымды шеш (Біржан сал, Өлең.д.). Алла тағала мұсылманның барлық *к ү н ә с і н к е ш е д і.* Бірақ өз баласын шоқындыру – ақыретте де кешірілмес күнә (М.Тиесов, Әділбек Майқотов).

Күнәсін [мойнына] көтерді. *Біреудің жасаған айыбын, жазығын өз мойнына алды.* Жиылған кісілер: Біз сенің *к ү н ә ң д і к ө т е р і п* аламыз», – дейді (М.Дулатов, Шығ.). Малы болса, *к ү н ә с і н к ө т е р м е к* түгілі, қара кемпірдің маңынан жүрер ме еді? Осылай ойлап, оның жүні жығылып келе жатыр еді (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Ол қазір сексенге келген кемпірдің *к ү н ә с і н м о й н ы н а к ө т е р м е к.* Тым болмаса, орта жастағы кісі емес, сексенге келген кемпірдің күнәсі (Ж.Аймауытов, Қартқожа).

Күнәсін мойнына алды. *Мойындады, өздігінен күнәсін айтты.* Құтырмай енді тек отыр, *К ү н ә ң д і* өзің *м о й н ы ң а а л с а ң,* сол жаза саған жазалыққа татыр (М.Жұмабаев, Шығ.).

Күнәсіна кірді. *Біреудің кінәсіна, айыбына ортақ болды.* Ел мінезін білдің ғой, Талай-ақ бірге жүрдің ғой. Итпен бірге ит болып, *К ү н ә с і н а к і р д і ң* ғой (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Күнәсін тартты. д і н и. *Күнәсін көтерді, күнәға қалды.* Өлсем де, атып берші, Бір тояйын Мағшардаға *К ү н ә с і н* мен *т а р т а й ы н* (Батырлар жыры).

Өз күнәсін өзі көтерді. *Күнәсін мойнына алды, мойындады. Ө з к ү н ә ң д і ө з і ң к ө т е р г е н і ң м е н* тұрмай, балаңның күнәсіна тағы да ортақ боласың (Абай, Тол. жин.).

Үлкен күнәлар. д і н и. *Жасаған күнәсі үшін шариғат заңы бойынша бұл дүниеде жазаланатын, адамның өзімен бірге тозаққа ала баратын, Аллаға серік қосу, зинақорлық, кісі өлтіру, жала жабу, жетімнің несібесін жеу сияқты т.б. күнәлар.*

КҮНӘГЕР с ы н. с ө й л. ***Күнәкар***. Бәрі Жатыпатар сөзінің ақиқаттығына қол қойған. Осыншама шытырман-шиенің *к ү н ә г е р і* Мүсіркеген ағайдың өзінде ешбір күмән барға ұқсамайды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

КҮНӘЙ з а т. к ө н е. *Күнә, міп.* Бар шығар бір *к ү н ә й і м* ұнамаған, Құдайым беріп те дәулет сынамаған (Серәлі Еруәліұлы). Көрсетеді кәрілік *к ү н ә й і ң д і,* Қатпар-қатпар қылады шырайыңды. Тегіндікпен кәрілік келмейді екен, Қасына ертіп жүреді уәйімді (Майлықожа, Нақыл.).

Күнәйі бастан асты. *Күнәға белшесінен батты, көп күнә жасады. А с т ы б а с т а н к ү н ә й і м.* Қалай сабыр қылайын?! Мейірімі мол, Құдайым, Бір өзіңе жылайын!.. (М.Жұмабаев, Шығ.).

Күнәйі көп болды. *Күнәға батты, күнәсі көбейді.* Не қылса да еркі бар, Он сегіз мың ғаламның Жаратқан жалғыз Құдайы, Адамзат атамыз *К ө п б о л ғ а н* жазық, *к ү н ә й і* (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.).

КҮНӘЙІМДІ с ы н. э в ф е м. к ө н е. *Екіқабат, жүкті.* Қатыны айтады: «Сенің мұның қате, құлақ сал, айтайын», – дейді, – «Мен сіз кеткенде, өзіңізге мәлім, *к ү н ә й і м д і* емес пе едім, кеткеніңізге недәуір жыл болды, есептеп қараңыз», – дейді (Ә.Диваев, Шығ.).

КҮНӘКАР [ир. گناهکار] с ы н. **1.** д і н и. *Құран қадистеріне, шариғатқа қайшы іс-әрекет жасаған (адам).* Менің кеудем сендерге сандықпен тең, Мүмкін болса, қақ жарып ашып көрсең, ішін түгел көрген соң өз көзіңмен Тахқиқ мені *к ү н ә к а р* қу демес ең (Абай, Тол. жин.). Нәпіл, түгіл, намазы Бәрі желге кетеді. «Еннатайына кәлкәусар» Пошол дереу *к ү н ә к а р,* Аяғын ойлап айтқаны, «Әні-шаны құлаптар» (Абай, Тол. жин.). Кек болсын, не болсын – кісі өлтірген бәрібір күнә, қылмыс. Сондықтан ол *к ү н ә к а р* адам. Бәрібір Құдай жазасын береді (М.Жұмағұлов, Қыран.). // *Күнәлі адам.* Аққұл әкеме адам жіберіпті. Мына қақтығыстың билігін өзі айтып, ұлы мен келінін ажыратып берсін, адал некені былғаған *к ү н ә к а р л а р ғ а* үкім шығарсын деп сәлем айтыпты (Б.Момышұлы, Шығ.). **2.** *Айыпты, кінәлі, жазықты.* Осындай едік дәл кеше мектепте, Қырыққұдықта, Өзгердік қалай ендеше? *К ү н ә к а р* әлде қырық па? (Ж.Молдағалиев, Кісен ашқан).

КҮНӘКАРДАЙ с ы н. *Күнәкар сияқты, күнәкар тәрізді.* Сағит әлдеқалай ыңғайсыздана берді, өзін Насима алдында *к ү н ә к а р д а й* көрді (Қ.Қамбаров, Алтай.). Профессор үн-түнсіз отырған күйі бет орамалымен көзін сүртті: өзін өмір бойы кешірілмес *к ү н ә к а р д а й,* адамзат алдында айыптыдай ұстады (Қ.Мүсірепов, Гүлжазира).

КҮНӘКАРЛА= е т. *Күнәкар ету, айыптау, жазғыру.* Оған өзін кінәлі санамайды. Жеңгейді *к ү н ә к а р л а й д ы* (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

КҮНӘКАРЛЫҚ з а т. д і н и. *Күнәға батушылық, шариғатқа қайшы істермен айналысушылық. К ү н ә к а р л ы қ т а н,* көрсеқызар жеңілдіктен, нәпсі шайтанның азғыруынан құтқаратұрғын мен емес пе, – депті қайрат (Абай, Тол. жин.). Мен сізді тыңдағым да келмейді, Бұлай деу *к ү н ә к а р л ы қ,* мұндай сөздер үшін Құдай жазасыз қоймайды (Қ.Жарықбаев, Психология). Ислам діні Құран уағыздарының шегінен шығатын істердің бәрін *к ү н ә к а р л ы қ* деп жариялайды (ҚҰЭ).

КҮНӘКАРША ү с т. *Күнәкарға ұқсап, күнәкар сияқтанып.* ≈ *К ү н ә к а р ш а* төмен қарады.

КҮНӘЛІ с ы н. **1.** д і н и. *Күнәға батқан, шариғатқа қайшы істермен шұғылданған.* Ием қабыл алды-ақ деп, Көңіліме қуат біткен-ай! Қуаттанып бақсам да, *К ү н ә л і* нәпсім түтпеді-ай! (Абай, Тол. жин.). Мұңлы шайтан – Құдайдың қуған жаны, *К ү н ә л і* жер кез келіп бір ұшқаны. Өткен жақсы дәурені ойында оның, Сондағы не көргені, не қылғаны (Абай, Тол. жин.). Сенің көмейің жансыз жіберіп қой демекпісің? Жоқ, олай етіп жұрт алдында да, Құдай алдында да *к ү н ә л і* болатын жайым жоқ, у ішсең де көппен бірге деген (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **2.** *Жазықты, айыпты.* Сендер айыпты емессіңдер. Мұны бәрі де түсінуі керек. Ағаңа да, ағаңның ісіне де сен *к ү н ә л і* емессің, – деді Меңдіқыз еңкілдеп (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Қараңдаршы, – деді ол толқып, қасында тұрған қазақ студенттеріне, – Мен сіздердің далаларыңызда болып едім. *К ү н ә л і м і н...* Көрмеппін. Сырын ұқпаппын. Қазақ даласын енді ғана көріп тұрмын (Т.Ахтанов, Дала сыры). Берсе әке де, Шалқау әже де өмірден кетіп, енді өзі шал болған Шығанақ ертең бар ма, жоқ па – соғысқа жіберер алдында Махмұдты «балам» деп қалу үшін өзіне туыс жасы үлкен ақсақалдар арасына барып, «осым дұрыс па, *к ү н ә л і* болмаймын ба», – деп алдарынан өтуі не деген адамдық белгі десеңші?! («Парасат»). Тозған – нашар михроп тозағына шұлғып, тіземді бүге алмаймын. Маған ренжіме, маған өкпелеме, әке! Мен дінсіз. Сіздіңше, мен *к ү н ә л і,* таупықсыз, солай деп атаңыз (Міртемір). Сәрсенбай өзі надан, «молданың өкшесі қисық деген кісі де *к ү н ә л і* болады» деп жүрген кісілердің бірі болғандықтан, тек молда есімін көтерген кісі болып, біліп-білмей айтса да, мынау шариғат деген сөзге көз жұмып нанушы еді (М.Дулатов, Шығ.).*//Құдай алдында күнәлі, күнәкар адам.* Бұрын да мұндай індет талай болған, Жұрт таңдап *к ү н ә л і с і н* құрбан шалған (А.Байтұрсынов, Шығ.). Кінәлілар бар әлі, *к ү н ә л і л а р* Сақ болмасаң, салатын ылаңы бар. Алып жердің бір бұрышын мекендеген, Жұмыртқасын шайқаған жыланы бар (М.Мақатаев, Өлеңд.). **3.** а у ы с. *Жымысқы, арам, астыртын әрекет жасайтын.* Бірақ шынында, ол тігіп отырған жоқ. Үш айдан бері аруақтай артынан қалмай жүрген *к ү н ә л і* ойларын ойлап отыр еді (М.Жұмабаев, Шығ.).

КҮНӘМШІЛ с ы н. ***Кінәмшіл.*** Жылауықсың, сұрауықсың, Шүбәшілсің, *к ү н ә м ш і л с і ң .* – Тырбиған тырнақша, Сен бейпіл бір лақса. Сөзді де қамайсың, Бізді де қамайсың (М.Әлімбаев, Балдәурен.).

КҮНӘПА [ар. كنافة] з а т. к ө н е. *Шаймен ішетін, бал араластырып жасалатын тағам түрі.* Фатима *к ү н ә п а ғ а* шекер араласқанын бірден байқады. – Мен саған балмен пісіргенді әкел дегенім қайда? Менің айтқаныма қарсы жүрмесең, ішің кебе ме, мынауың бал емес, шекер ғой, – деді бұлданып (Бабалар сөзі.). – Менде еріткен май баршылық. Бірақ бал болмай тұр. Сондықтан шекер араластырдым. Бұл балдан әлдеқайда тәуір. *К ү н ә п а ғ а* шекер араластырғаннан оның дәмі кемімейді, солай емес пе? – деді (Бабалар сөзі.).

КҮНӘ-СҰМДЫҚ з а т. *Теріс әрекет, жаман қылық.* Манап: «Тіршілікте қылған *к ү н ә с ұ м д ы ғ ы м* көп еді, солардан арылмасам, тозаққа кетемін», – дейді (М.Дулатов, Шығ.).

КҮНӘСІЗ с ы н. *Күнәсі жоқ, айыпсыз, жазықсыз.* Көріп ем бір кезде мен сансыз Батысқа шұбап жол тартқанын, Батқан күн қойнында *к ү н ә с і з* Баладай ұйқыға батқанын (М.Әлімбаев, Таңд. өлеңд.). Неше заман бұрында, Сор айдаған жылында. Сораңдаған немістер *К ү н ә с і з* елді қыруға Темір сауыт жамылып, қара кірес тағынып, Қараған орыс жеріне, Қадаған туын жұлуға (Ә.Тәжібаев, Шығ.). Қорғасын жас жүрекке оғы батты, *К ү н ә с і з* таза қаным судай ақты. Қансырап, әлім құрып, естен тандым, Қараңғы абақтыға берік жапты... (М.Жұмабаев, Шығ.). Осы дүние тозғанша жазсамдағы. Бітіре алман ерніңнің сырын біліп. Нәресте, жас, *к ү н ә с і з* күн мен айым, Етегіңе қол тисе, адаспайым (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *К ү н ә с і з* екі жасты өлтіргенше, Өлмедім ішіп уын удың неге?! Сұлу-ай, қалмай маған ердің неге, Жыландай бауырыма кірдің неге? (М.Жұмабаев, Шығ.).

КҮНӘСІЗДАН-КҮНӘСІЗ ү с т. *Нақақтан-нақақ, текке, бостан-босқа, еш кінәсіз,*

жазықсыз. Ал бітім жасайтын болса, Мұхамед – Шайбани хан талаған мал-мүлкімізді, құлдыққа, күңдікке әкеткен ұл-қызымызды қайтарсын. Хан лашкарларының сойыл-шоқпарларынан *күнәсіздан-күнәсіз* қаза тапқан мейірбан ерлеріміздің құнын төлесін. Сонда бітімге ораламыз (І.Есенберлин, Алмас.).

КҮНӘСІЗДІК з а т. *Күнәсі жоқтық, айыпсыздық, жазықсыздық; пәктік.* Бірақ жас шағында қиыспай айырылысар *күнәсіздік* қақпасы әлі жабық тұр еді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Қызыл гүл жапырағындай жұқа ернінен нәресте күлкісі арылмаған сүйкімділік – періште *күнәсіздігін* елестеткендей! Сұлтанмахмұт көзіне де, өзіне де сенбегендей (Д.Әбілев, Арман.).

КҮНӘҺАР с ы н. е с к і к і т. ***Күнәкар***. Құдай тағала бенделерін қанша *күнәһар* болса да қаһар етуден һәр дайым рахым етуге жақынырақ (Ы.Алтынсарин, Шариат.). *Күнәһар* болмағанда не болады, Біреуінен біреуін кем ұстаса? Пайғамбар көп қатынды алуы рас, Бәрінің ризашылығын табуы рас (М.Дулатов, Шығ.). Кейбіреу көтере алмай жүрсе көнін, Кейіген сағатында тілейді өлім. Болады надандықпен зор *күнәһар*, ісінің, құдіреттің сол, білмей жөнін (А.Байтұрсынов, Шығ.).

КҮНӘҺЫ з а т. е с к і к і т. ***Күнә***. Көбейді қылған *күнәһым*, Кешіргей Тәңірі, Құдайым (Бабалар сөзі.).

КҮНБАҒАР з а т. ө с. ***Күнбағыс***. Әрбір үйдің иесі өз есігінің алдындағы ширек гектар жеріне жүгері, *күнбағар*, бұршақ егіп, қыстық азығын содан жинап алады (З.Асабаев, Ар соты). Сенің қаймақты жақсы көретінің сықылды, торғайлар да *күнбағардың* дәнін, нанның уағын жақсы көреді (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Бір түп *күнбағар* жаз бойы 250-350 литр суды буландырады (Т.Таубаев, Жасыл әлем.). Биыл азғантай жерге *күнбағар* егіп едім, әжептәуір ақша болды (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

КҮНБАҒАРДАЙ с ы н. *Күнбағар сияқты, күнбағар тәрізді.* Басына орамал тартпастан, бұйралатқан шаштарын *күнбағардай* қауқитып, босоножкадан өкшелеріне дейін жылтылдап, капрон жасырмайтын балтырлары қашқан қара құйрық танадай жалт-жұлт ағараңдап бара жатсын. Кім қызықпас! (Ғ.Сланов, Домбыра).

Күнбағардай құбылды. *Тұрақты болмады, неше түрлі өзгерді.* Іші күйген мұз жалар дегендейін, Қызғыш пен безгелдектей бебеу қаққан. *Күнбағардай құбылып,* шыр айналып, Екі сөзді шерменде арын сатқан (К.Әзірбаев, Шығ.).

КҮНБАҒЫС з а т. ө с. <лат. helianthus> **1.** *Өсіп жетілген кезде биіктігі бір жарым-екі метрден асатын, ірі жапырақты, сары гүлді, дәні майлы, күрделігүлділер тұқымдасына жататын бір жылдық мәдени өсімдік. Күнбағыстың* биіктігі 2 м-дей, сабағы тік, жуан өзегі қуыс, сырты қалың түкті, кіндік тамыры тармақты, 2-3 м тереңдікке бойлайды (ҚҰЭ). Диқан қауындыққа келгенде таныс *күнбағыстың* түбінде жүрелеп отырған баланы көрді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Әзірге таулы аудандардағы негізгі сүрлемдік дақылдардың бірі – *күнбағыс. Күнбағыс* таулы жерде жақсы өседі, кей жылдары жап-жақсы өнім береді (К.Боранғазиев, Жем шөп.). Көк қалпағын *күнбағыс* Сары оқамен көмкерген. Бабын білсең, тіл алғыш, Табақтап май көтерген (Ғ.Орманов, Таңд.). **2.** *Осы өсімдіктің дәні; пісте, шекілдеуік. Күнбағысты* күнге жайып, қағып, желге ұшырып дегендей ертеден кіріскен жұмысынан әлі қол үзе алмапты (Ш.Құмарова, Қос шынар).

Күнбағыс майы. *Күнбағыс дәнінен сығып алынған өсімдік майы, пісте май.* Жуындырып, сүрткеннен кейін баланың екі құйрығының аралығына, шабына қайнатқан *күнбағыс майын* немесе абрикос майын жұқалап жағып қойған жөн (К.Өтегенова, Бедеулік.). *Күнбағыс майынан* эмульсия алып, жөтел және асқазан ауруларын емдейді, тіндердің қатаюын жұмсартады және аурудан алдын ала сақтандырады (Халық мед. пайд.). Майды ұнтақталған күнбағыс дәнінен мұздай және ыстық сығымдау әдісі арқылы алады. Ыстық сығымдап, тазартылып алынған майды тамақ өнеркәсібінде пайдаланады, ал медицинада қолданылатын тазартылмаған жоғары және бірінші сортты *күнбағыс майы* мұздай сығымдау жолымен алынады (Халық мед. пайд.).

КҮНБАҒЫСТАЙ с ы н. *Күнбағыс сияқты, күнбағыс тәрізді.* Сұрауымды қостағандай Нұрланады жанар – күн, *Күнбағыстай* – тостағандай, Жылы қадап жанарын (Ә.Ахметов, Ашық аспан).

Күнбағыстай құбылды. *Тұрақсыз болды, неше түрлі теріс қылыққа, ұшқалақтық, көрсекызарлыққа салынды.* Елге келген соң бірақ білдім... Асыл қыз ба дегенім әсіре қызыл *күнбағыстай* тез құбылатын ең осал жан боп шықты... (Т. Қойшыманов, Тынымсыз.).

КҮНБАҒЫСША үс т. *Күнбағыс сияқты, күнбағысқа ұқсап.* Күннің көзі гүл жарған *күнбағысша* сарғайып, алтын сәулесі шашырап, шығып келеді екен (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен).

КҮНБАТЫС з а т. **1.** *Батыс, жердің төрт тарабының Шығысқа қарама-қарсы жағы, күн бататын жақ.* Түріктің жіктелген рулары Орта Азиядағы Алтай тауынан, Ыстықкөл маңынан шығып, жайлы мекен, кең қоныс қуалап, күншығыс пен *к ү н б а т ы с қ а* тараған (С.Сейфуллин, Шығ.). Селоның *к ү н б а т ы с* жақ шетіндегі Александра Ивановна дейтін әйелдің үйіне келдік (М.Иманжанов, Адам.). Енді бүгін біржола Күрсілдеген тынды атыс. Күрсінді де демін алды, Күркіреген *к ү н б а т ы с* (С.Мәуленов, Таңд. өлең.). **2.** *Батыс, Батыс Еуропа елдері, жұрты. К ү н б а т ы с т ы* қараңғылық қаптаған, Күні батып, жаңа таңы атпаған. Түнеріп жүр күннен туған перілер. Тәңірісін табанында таптаған (А.Байтұрсынов, Шығ.). Қаптап тұр *к ү н б а т ы с т ы ң* қара бұлты, Адасып сәуле көрмей қазақ жұрты. Әсир боп жол іздеген жортуылшы, Жол бөгеу жол тосқанның болып ғұрпы (М.Дулатов, Шығ.). Жетеді *к ү н б а т ы с қ а* жұмасында Оқиға күншығыста болған анық. Һәр жұрттың күзетшісі, көз-құлағы, Айнадай оқушыға бәрі жарық (М.Дулатов, Шығ.). **3.** ж е р г. *Батыс жақтан соғатын теңіз желі.* Мұнда күні бойы *к ү н б а т ы с* болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Күнбатыс Европа. *Батыс Еуропа елдері, жұрты.* Бірінші майды бастапқы жылдарда *к ү н б а т ы с Е в р о п а* һәм Америка пролетариаты ғана мейрам қыла алды. Себебі олардың пролетариаты ерте оянған, ерте ойланған (М.Жұмабаев, Шығ.).

КҮНБЕ-КҮН ү с т. *Күн сайын, күнде, күніге.* Ұлы Отан соғысының тұсында алып Жамбыл атағын *к ү н б е-к ү н* әлемге жайып тұрған орыс ақындары Павел Кузнецов, Алтайский, Тарловский, тағы басқалары (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Ендеше тілді білу – құр өмірді білу емес, тіл құрылысының процесін тырнақтап зерттеуден туады, олай ету үшін тіршіліктің әртүрлі саласында жүрген адамдар мен *к ү н б е-к ү н* араласып, қарым-қатынас жасау қажет болады (І.Омаров, Шабыт.). Жаным тұр менің бір сенде, Ұмытар мұндай шағын кім? *К ү н б е-к ү н* көріп жүрсем де, *К ү н б е-к ү н* сені сағындым (Ә.Абайділданов, Алыс.).

КҮНБЕ-КҮНГІ с ы н. *Күн сайынғы, күндегі, әр күнгі, күнделікті.* Абайдың шешелерінің аулы асқа әзірленіп жатқан қалың елдің *к ү н б е-к ү н г і* қамдарын ертелі-кеш сұрастырып, есітіп отыратын (М.Әуезов, Абай жолы). Елдің әлі өзгерген ештеңесі көрінбейді; әке-шешесінің *к ү н б е-к ү н г і* көріп жүрген бейнеті – Әміржан ес білгеннен бері келе жатқан бейнет (С.Мұқанов, Аспаз). *К ү н б е-к ү н г і* кеңсе жұмысы, мәжіліс, науқан, табан тоздырған жүгірістер барлық уақыттың еріксіз иесі болып жүрген жәй бар (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Баспасөздің қадірін білген жұрттың адамдары онсыз тұра алмайды: орнынан тұрған соң, бетіқолын жумастан бұрын есіне шай ішу түспейді, алдымен жабысатыны, қолына алатыны газет, журнал, олардың көзі алдымен соған қадалады; пәлен жүз, пәлен мың шақырым жердегі кешегі күні болған оқиғаны бүгін таңертең оқып көрмесе көңілдері көншімейді; дүниеде не болып жатқанды біліп отырмаса, бәрібір өзін соқыр, саңырау сияқты бақытсыз адам есебінде санайды; неге десеңіз баспасөзді жалғыз қызық, таңсық үшін ғана оқымайды, баспасөз жүзінде саясат, тіршілік, ғылым, шаруа, сауда, соғыс, бітім, төңкеріс, ізгілік, жауыздық, елдің *к ү н б е-к ү н г і* жай-күйі табылады; күнбе-күн өзгеріп, құбылып отыратын тұрмыс ағымымен танысып, әркім өзіне керегін біліп, хабарланып, сақтанып, қамданып отырмағы керек (М.Дулатов, Шығ.). Замана замандасқа жағын дейді, *К ү н б е-к ү н г і* тағдырға бағын дейді. Бүгінгі ой ертеңгіге жарамайды, Таппасаң мезгіліңнің бабын дейді (М.Дулатов, Шығ.).

КҮНБЕ-КҮНДІК с ы н. *Әр күндік, күнделікті.* Сондықтан да олардың көркемдік қасиеттерінен гөрі *к ү н б е-к ү н д і к,* науқандық, үгіттік мәні басымырақ (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

КҮНГЕБАҒАР з а т. ө с. ж е р г. ***Күнбағыс***. Колхозшылар алдымен *к ү н г е б а ғ а р* егеді, өйткені одан май жасайды (Қаз. тілі аймақ. сөздігі). Үйдің алдына *к ү н г е б а ғ а р д ы ң* пашағын тастап едік, қалың боп шықты (Қаз. тілі аймақ. сөздігі). Әркімнің бақшасының шекаралары кісі бойы қол ұсыным жүгері, *к ү н г е б а ғ а р м е н* бөлінген (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Бақша деп қауын, қарбыз, буылдық, сәбіз, қияр, пияз, капосте, помидор, қабақ, *к ү н г е б а ғ а р* сияқты жемістер егетін жерді айтады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮНГЕЙ з а т. **1.** *Күннің шуағы мол түсетін жер.* Осы қуанышты айтайыншы, семьясы алдында қалай қабылдар екен деген ой келді. Келсем, Дөңкең малын жайғап, қора шетіндегі *к ү н г е й д е* бәз-баяғы маңқиған қалпы тұр екен (Е.Тұрысов, Келіншектау.). Қара жер тағы бусанды, *К ү н г е й д і* көрдік еріген: Аязды түндер қысқарды Көршілес көктем лебінен (Ә.Тәжібаев, Жастық.) *//Күннің сәулесі мол түсіп тұратын, шуақты.* Теріскейдегі ұзын қораның *к ү н г е й* беті жағалай есік, мұның бәрі қойға, түйеге, сиырға, ботаға,

тайыншаға арнап соғылған бөлек-бөлек мал қора (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қыстауға дейінгі екіара шамамен үш шақырымдай, майда қыратты жер *күнгей* болып келетін (Саржайлау). **2.** *Таудың үнемі күн сәулесі түсіп тұратын бір жағы, етегі, баурайы.* «Бір ай деген – бір күн» деп қазақ айтқандай, ел *күнгейге* келіп те қалды. Тамыздың тамылжыған ыстық қыр шөбін сарғайтса да, балаусалар әлі өңді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жайлауға қарай жаңада беттеп көшкен ел Шыңғыстауынан асып келіп, *күнгейде* отыр (М.Әуезов, Қараш.). Қазақтың ежелгі мәдениет мұраларының көп жағынан сақталған жерінің бірі – Қаратаудың *күнгейі* мен теріскейі («Қаз. әдеб.»). Малым жоқ, шаруа болып баруыма, Пайда жоқ, еңбек етіп табуыма. Жылында он үшінші *күнгейге* астым, Түк таппай айналған соң тарығуға (Пернедегі терме.). **3.** а у ы с. *Күн сәулесі, қызуы.* Эмма қатты қуанды. *Күнгей* тотықтырған реңінің қызыл шырайы қоюлана түскендей («Лен. жас»). Көлеңкеден *күнгейге* Шыға алмастай жан ұзап, Оттай шалқып тұр бейне Әуе айналған аңызақ (С.Мәуленов, Таңд. өлең.).

Көңілдің күнгейі. б е й н. *Шат-шадыман, бақытты шақ.* Желпимін жанымды бір осындайда, Үңілер жүрегіме досым қайда, Кездесіп *көңілімнің күнгейінде* Әніме асыл құрбым қосылмай ма (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

Өмірдің күнгейі. б е й н. *Тіршіліктің мәнді, сәнді, адамның бақытты кезі.* Өткен *өмірдің күнгейі* ғана балуанның көз алдында. Басқа ағайынды іздемей, Битабар, деп келуі де содан ғой (С.Шаймерденов, Жыл құсы.). Рас, Бота, өткен өмірдің көлеңке жағын сөйлесек мұңаятын да көп нәрсе бар шығар, бірақ тап бүгін екеуміз жоғалып табылғандай арсаңдап, қуанып отырғанда *өмірдің күнгей* жағын көбірек еске алғанымыз жөн емес пе? (С.Талжанов, Ұлдай.).

Пейілдің күнгейі. б е й н. *Қамқорлық, үлкен жүректілік, жақсылық.* Ақ ниетте болды. Ақ *пейілдің күнгейі* өзіңізге, маған көлеңкесі де жетеді (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

Сезімнің күнгейі. *Көтеріңкі, көңілді шақ.* Өз терезесінің әйнегінен қарап, адам *сезімінің күнгейі* мен теріскейіне тебірене емін-еркін араласып жатпайтын өлеңдер шекара кедергілеріне ұрынып, жолда қалады (С.Мәуленов, Үркер.).

КҮНГЕЙЛЕ= е т. *Күн сәулесін қолымен қалқалау, көлегейлеу.* Жайғасып алған соң шал Сұлтанбек назар да аудармастан, оның қасында отырып келе жатқан жігітке қарап: – Осы сен қай баласың? – деді, қолын көзіне *күнгейлеп* (Қ.Қазыбеков, Тұсау.).

КҮНГЕЙЛЕТ= е т. *Күнгейге шығару, шуақтату.* Таңертең «осы қалай» деген бір топ саулықты ауылға бөліп қалдырып, өзгесін «жайылып, бойын жазсын» деп, қары кеткен төбелерді сағалай *күнгейлетіп,* өріске шығарған-ды (Дала шұғыласы).

КҮНГЕЙЛЕУ ү с т. *Күнгейге, оңтүстікке таман.* Бұлар Көкжыңғылдың теріскей жағындағы құм арасындағы құба жолмен өтіп кеткендей. Найман мен Керейдің қалқаны *күнгейлеу* жатыр (І.Есенберлин, Алмас.).

КҮНГЕЙЛІ с ы н. *Күн сәулесі мол түсетін, шуақты.* Бұлар кіріп барған отау іші қызыл-жасыл гүлге толы *күнгейлі* қойнау сияқты әсем киінген қыз-келіншек, жігіт-желең (Д.Әбілев, Ақын.).

КҮНГЕЙЛІК[1] з а т. ж е р г. ***Күндік.*** Дегенмен, әйелдердің де киімінде көп өзгешеліктер бар. Кіші жүз кимешек орнына *күнгейлік* киеді (І.Есенберлин, Қаһар).

КҮНГЕЙЛІК[2] с ы н. *Күнгей жақты мекендейтін, оңтүстіктік.* Көккасқа таза сәйгүліктен емес, *күнгейлік* будан (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). // *Оңтүстікте, күнгей жақта тұратын адам.* Осынау *күнгейлік тер* мен сонау теріскейліктер түрлі тіршілігі, жыл құсындай қатынасы, шілдедей сағынышы әңгімеленді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

КҮНГЕЙТАС з а т. г е о л. *Минерал, гематит не слюда қабықшалары бар, жартылай мөлдір плагиоклаз; гематиттің өте ұсақ талшықтарын кіріктіретін алтын түстес құлпырмалығы бар әшекей тас* (Қаз. тілі термин. Геология).

КҮНГЕЙШЕ з а т. *Күн түсіп тұрған жер, күнгей.* Сонау тастақтан арғы *күнгейшеде* жылқы айдап келе жатқан атты адам көрінді (Т.Сыдықбеков, Біздің заман.).

КҮНГЕЛЕ= е т. ж е р г. *Аудың шетін арқанға бекіту.* Аудың шетін белгілі бір жіпке екі басынан, үш бастан *күнгелеймін* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮНГЕШЕ: бұл [осы] күнгеше. с ө й л. *Бұл [осы] күнге дейін.* Ес білгендей болсам да күні кеше, Одан бері жыл өтті әлденеше. Содан бастап бір бөлек өмір сүріп, Өзге түрмен жасаппын *бұл күнгеше* (ХХ ғ. қаз. ақын.). *Бұл күнгеше* Бәкірің қалай аман, Мәнісін баян қылшы деп сұрады (С.Тасмағамбетов, Ғашықтық.).

КҮНГІ с ы н. *Күндік, белгілі бір күнге, кезге, уақытқа тән.* Өткен *күнгі* қызығым, ұйықтап

көрген түстен кем, Қараңғы түнде қапалық Жүректі басты, шықпас күн (Абай, Тол. жин.).

Аз күнгі қызық. *Болмашы қуаныш, бақыт, дәурен. А з к ү н г і қ ы з ы қ* көрген түсі секілденіп, енді шықпас шыңырауға батып жатқан тәрізді (Б.Майлин, Шығ.).

Бала күнгі. *Балалық шақтағы, бала кездегі.* Құясың көкірегіме самалыңды; Қалпыма түсіресің *б а л а к ү н г і;* Жүгірем жалаңаяқ құмдарыңда Түріп ап екі бірдей балағымды (С.Сейітов, Бетпе-бет).

Бұл күнгі. *Осы кездегі.* Һәммаға мәлім, әуелде адам балалары *б ұ л к ү н г і* орындарына екі жақтан толқынып келгендігі: бірі – Үндістан тарапынан (Абай, Тол. жин.).

Осы күнгі. *Бүгінгі. О с ы к ү н г і* Нәсіридден шаһ Қажардан шыққан кісі. Кім жетсе, табады, өнеріменен жетеді (Абай, Тол. жин.).

Өткен күнгі. *Бұрынғы кездегі, осыған дейінгі уақыттағы.* Сыбыр мен талап беріпті, Ақылың, рақымың қиынды. *Ө т к е н к ү н г і* қызығым, Ұйықтап көрген түстен кем (Абай, Тол. жин.).

КҮНГІДЕЙ: бір күнгідей. *Тез, шапшаң.*

Бір күнгідей болмады. *Тез өте шықты.* Көрген бейнетіңіз *б і р к ү н г і д е й* д е *б о л м а й* ұмытылар әлі. Енді көп кешікпей өзіңіз қайта-қайта оқи беретін хаттар мен кестелі қалтаның иесімен де қауышарсыз, жолдас аға лейтенант, – деді Катя назданып (С.Омаров, Өмір.). Қайран, дүние-ай! Жеті атадан келе жатқан ен дәулет, жұрт алдындағы абырой, атақ, бедел қайда? *Б і р к ү н г і д е й б о л м а й* қалай ғана сусып шығып кетті қолдан?! (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.). Дүние-ай, көз жетпейтін кең екенсің, Сен менің саржайлауым, берекемсің. Білдіріп қайта-қайта қадіріңді, *Б о л м а с с ы ң б і р к ү н г і д е й* сен өтерсің (З.Шүкіров, Сағыныш.).

КҮНГІСІН-КҮНГЕ ү с т. с ө й л. ж е р г. *Күнбе-күн, күндегісін күнде.* Сол кезде ол *к ү н г і с і н - к ү н г е* шайға келіп тұратын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮНҒАЛАҚ з а т. ж е р г. *Тесік ожау, кепсер.* Жеңгей қазанның қақпағын ашып, етті *к ү н ғ а л а қ п е н* түсіре бастады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮНДАҚ з а т. *Жақсылық, жетістік.* Ей, адамдар. Мені ғапу ет, кейісеңдер білмесем, Кешіріңдер *к ү н д а ғ ы ң д ы* күндесем. Бір жылы сөз сыйласаңдар жадырап, Төбем көкке тиеді де күнде өсем (Ө.Күмісбаев, Ақ шолпан).

КҮНДЕ[1] з а т. э т н. ***Күде***[2]. Аяққа салды кісенді, Мойнына салып *к ү н д е н і*, Томарға мықтап байлады (Бес ғасыр.).

КҮНДЕ[2] з а т. ж е р г. *Ағаш соқа. К ү н д е м е н* жер жыртуды да осылардан үйренген болар қазақтар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮНДЕ[3] ү с т. **1.** *Күн сайын, араға күн салмай, күнігe.* Ақық күнде сабаққа келгенде, молданың оң жағында жататын екі көк шыбыққа *к ү н д е* көзі түскенде, оны ылғи сол үрей билейтін-ді (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Ол *к ү н д е* жаман киініп, жабайы кісі болып шәһәрді, базарды аралап жүреді екен (Қаз. ертег.). **2.** *Жиі, үнемі.* Замана, шаруа, мінез *к ү н д е* өзгерді, Оларға кез-кезімен нәби келді. Қағида шариғаты өзгерсе де, Тағриф Алла еш жерде өзгермеді (Абай, Тол. жин.). Қараңғы саңырау қайғы ойды жеңген, Еркелік пен достықты ауру көрген. Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты. *К ү н д е* көріп, тұл бойы жиіркенген (Абай, Тол. жин.). Тағы сене бастаймын, *К ү н д е* алдағыш қуларға. Есім шығып қашпаймын, Мен ішпеген у бар ма? (Абай, Тол. жин.). Домбыра алып сөйлеймін, *К ү н д е* жасап мереке, Мерекелі болған соң Елде болар береке (Жамбыл, Шығ. жин.). **3.** *Етістіктермен тіркесіп, жағдайда, өзінде деген мағынада жұмсалады.* Хан болып шыққан биігі – құлаған құзы екенін Кенесарының өзі түсінбеген *к ү н д е* де оның жанында Таймас, Сидақ қожа секілді ақылды адамдар бар емес пе, олар неге түсінбейді? (І.Есенберлин, Қаһар.).

Күлтөбенің басында күнде кеңес. *Жиі-жиі болған жиын туралы айтылады [Қазақ аңыз-әңгімесінде «Тәуке хан қазақтың басын жиып, Күлтөбенің басында кеңес құрып, атақты «Жеті жарғысын» тізген екен деген аңыз бар. Бұл фраза бертін келе жалпылық мәнге ие болды].* Бұған бұрынғы Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның *К ү л т ө б е н і ң б а с ы н д а ғ ы к ү н д е к е ң е с* болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек (Абай, Тол. жин.).

Қайткен күнде де. *Қайтсе де, қалай да, сөзсіз.* Олар *қ а й т к е н к ү н д е д е* программаны бұзбауға тиіс (Т.Шаханов, Көгілдір.).

КҮНДЕ= е т. **1.** *Байырғы кезде бәйбіше, тоқал, абысындардың бірін-бірі көре алмай, іштарлық жасауы.* Қарақатын секілділер Ақбаланың ажарын да *к ү н д е д і* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Менің көңілімді шығарғалы, оны *к ү н д е г е н д і к т е н* айтып отыр ғой деп ойладым. Балташ өкпелеп кетті. Көпке дейін жолыққан жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тілеулес қатындар: «Байғұсқа болсын» деп, Мамырбайдікіне араласқанын *к ү н д е й т і н д е р і:* «Ә, қойшы!.. Ол бала тапса, біздің сұр төбет те күшіктер» – десті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бірақ үлкен қатыны *к ү н д е п,* ұрлап алып, құдыққа тастапты. Кіші қатынға: «Сен күшік таптың», – депті (Қаз. ертег.). **2.** *Бәсекелес, бақталас адамдардың бірін-бірі көре алмауы.* Мәселен, анау артық тауып кетсе, Бірімізді

біріміз *күндейміз* ғой. Көре алмасақ мүбтәла көп хафаға Сүйгеннен айырылып жүрмейміз ғой (М.Дулатов, Шығ.). Менің де көп жаралы жүрегім бар, Надандықтан қираған сүйегім бар. *Күндемей*, шын міндесең, разымын, «Қайта, жастар сөйтсін» деп тілегім бар (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жұрт *күндер*, жұрттан артық байлық үшін, Бұлдайды біреу күшін, біреу түсін. Не қылса да, надандар алмақты ойлар, Мал ант ұрған күйдіріп елдің ішін (Абай, Тол. жин.). **3.** *Қызғану, бергісі келмеу*. Көріп жүрсем, күндеймін, Көрмей жүрсем түндеймін. Қимақ тұрсын, жат жаннан Көлеңкеңді *күндеймін* (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

КҮНДЕБАУ з а т. э т н. **1.** *Жылқыны күнделеу үшін қолданылатын жіп, күде. Күндебауын* іздеп жүр (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Байырғы қазақ қоғамында жер дауы, жесір дауынан туған ұрыс-қақтығыстарда екі жақты бітістіру үшін күн төлеуден басқа айыпты жақтың қалыңсыз беретін қызы.* Қалдан Серен Абылайға өз ұрығынан бір қызды *күндебауға* береді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). *Күндебау* дауласушы екі жақты да қанағаттандырып, ұзақ уақыт ел арасындағы бітімгершілікті сақтады (ҚҰЭ).

КҮНДЕГІ ү с т. *Күн сайынғы, әдеттегі, күнделікті, қалыпты.* Сармолланың өлімін ең алдымен *күндегі* сабаққа келген шәкірттері білген (М.Әуезов, Абай жолы). Мен оған «жазылдым» деймін. Ол маған басын шайқап тұрып, «өзім уақыты жетті, енді ал деймін, сонда бір-ақ шешесің», – дейді. Міне, дәрігер мен біздің арамыздағы *күндегі* тартыс осы (Н.Габдуллин, Қызық дәурен). Нұрқаттың *күндегі* қылжағының бірі ме деп, Айжан жауап қайырмай, жүре беріп еді, ол шап етіп қолынан ұстай алды (З.Шашкин, Сенім).

Күндегісін күнде. *Күн сайын, арағa күн салмай. Күндегісін күнде* осылай жазып отыруға көп уақыт та кетпейді, қиын да емес. Бір комплексті өткеннен кейін мұғалім дәптерінің екі-үш бетіне жұмыстың танымын (тегін) жазып отыру керек (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮНДЕГІДЕЙ с ы н. *Әр күнгідей, әдеттегідей. Күндегідей* емес, жатақхана іші даң-дұң, абыр-сабыр. Біреулер күледі. Біреулер таласады (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Жауатар *күндегідей* газет те оқыған жоқ, жарты сағат ерте жатты (І.Жансүгіров, Шығ.). Өмір бірақ өтпейді күнде бірдей, Көрінгенмен көзіңе *күндегідей*... Қайта оралмас шағыңды шашып алып, Қай жерде тек қалғанын жүрме білмей (Ғ.Орманов, Жер.).

Бала күндегідей. *Жас шағындағы сияқты.* Нұрлан әкесіне сүйсіне қарайды, *бала күндегідей* еркелеп арқасына мініп, атшулап, ойнар ма еді, шіркін (З.Шашкин, Сенім).

КҮНДЕГІДЕН ү с т. *Әдеттегі қалыптан, дағдыдағыдан.* Не қылса, сол күн бала шала ұйықтады. Өтірік, расын ойланып таба алмады. Мысалы, бақырын қолына алды-дағы Лапкеге *күндегіден* ерте барды (Абай, Тол. жин.).

КҮНДЕГІШ с ы н. *Өзгенің жақсылығын көре алмайтын, қызғаншақ, күншіл.* Ол от бізге белгілі Майдельден тұтанды. Өзінен өзгені *күндегіш* ол, Атбасар жәрмеңкесінен абыройлы қайтқан... (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Сұлтанмахмұттың өнерін *күндегіш* Есдәулет манадан бері тыжырынып отыр еді (Д.Әбілев, Ақын.).

КҮНДЕГІШЕ ү с т. *Күндегі әдетінше, әдеттегідей, дағдысы бойынша.* Қарашаш атқа мініп, қойды *күндегіше* жыңғылды сайға айдап апарып иірді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Көшенің ернеуінде тұрып, *күндегіше* күлімдеп қол көтердім. Амандасқаным еді. (Ә.Қалдыбаев, Су тасушы.). *Күндегіше* жау штабын барладым Бір үлкен тіл іліктірді қармағым (М.Әлімбаев, Көңіл күйі).

КҮНДЕЙ[1] с ы н. *Күн сияқты (қуатты, жарық).* Күн қуатты, атом да *күндей* қуатты, Кемітер оны, танымас оны біз емес. Олар да бірақ махаббаттан туатын Ең құдіретті достыққа біздің тең емес! (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.). Туған айдай дер едім, Түнде бар да, күндіз жоқ. Жанған *күндей* дер едім, Күндіз бар да, түнде жоқ (Жамбыл, Шығ.). Сен қандай жақсы, қандай ғазиз, қаншалық айдай таза, *күндей* нұрлысың... – дейді Әсия Айсұлуға жазған хатында (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ғайыптан тайып, ... ажары *күндей* бір қыз кезіге кетті (Ә.Тарази, Асу.).

Ай мен күндей. б е й н. *Келісті, көрікті.* Әр күнгі әдеті бойынша пештің отын маздатып қойып, оң жақта Қаратайдың *ай мен күндей* Күләні отыр (А.Жүнісов, Өмір.). Байдың *ай мен күндей* қызы болады. Аты – Ләйлі (Ә.Тарази, Асу.). *Ай мен күндей* екі әйелдің ортасында буынын баса алмай былқылдап келе жатқан жігітті көріп патшаның іші күйеді (Қаз. ертег.).

Ай мен күндей, әмбеге [әлемге жарығы] бірдей. ф о л ь к. *Аса көрікті, асқан сұлу.* Сарайға кірсе, сарайдың қақ төрінде *ай мен күндей, әмбеге бірдей* бір перизат отыр екен (Қаз. ертег.). Ағаштың түбінде – көрген кісі сүт боп

ұйып, қымыз боп іріп, ынтығып, ah-үh деп, күйіп-пісіп, өліп-тіріліп қалар *ай мен күндей, әлемге жарығы бірдей* асқан көрікті бір жан отыр екен (Қаз. ертег.).

Бір күндей болмады [болған жоқ]. *Әне-міне дегенше тез өтіп кетті.* Біз күтуге үйренген адамбыз ғой. Ақыры қайырлы болса, *бір күндей болмай,* ертең бәрі ұмытылады, – дейді Ақәжем Жаңыл екеумізді жұбатқан болып (М.Дүзенов, Ақәже). Екі-үш күн тамақ жей алмаған күндері де болды. Кейде аяғындағы етігі де жыртық болып қалады. Соның бәрі *бір күндей болған жоқ.* Өте шықты (С.Шарипов, Бекболат).

Жауар күндей күркіреді [торланды, түнерді]. *Қаһарланды, тұйілді, қатуланды. Жауар күндей күркіреп,* Тисек өрт боп әр тұстан, Қашты фашист дүркіреп, Қашты-қашты қас дұшпан (Қ.Көпішев, Кезеңдер). Шын қаһары келгенде, *Жауар күндей торланған,* Ұшар құстай қомданған (Батырлар жыры). Ел қонысынан ұзап, болыс пен песір, урядник отырған қонысқа жақындаған сайын, шаңдатып, бұрқылдатып, *жауар күндей түнере* бастады (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Күндей балқып, майдай еріді. *Ұнамды қылық, жақсы мінез танытты.* Жақындап Жұпар ханым шалға келіп, Күлімдеп *күндей балқып, майдай еріп,* Ей, ата, сізден бір сөз мен сұраймын, Ғажайып қайран қалдым бір зат көріп (Н.Ахметбеков, Амангелді).

Күндей балқып, судай тасыды. *Дегені болып, көңілі өсті.* Ажары бұрынғыдан артық болды, Отырады *күндей балқып, судай тасып.* – Келер, – деп күйеу қашан бұл араға, – Сұлулар мұнарадан тұр қарасып (Көрұғлы).

Күндей жанды. *Құлпырды, ажарланды.* Өзі де байқамады қуанғанын, Білмеймін жүрек соғып не қылғанын. Шын ба деп, *күндей жанып* жалт қарады, Еріксіз бір жұмбақ күш билеп жанын (И.Байзақов, Құралай.).

Күндей күркіретті. *Дүркіретіп, дабырлатты, у-шу қылды.* Шекердің қабағы, еріні аттай тулап келе жатқанда, бай балалары көп жылқыны *күндей күркіретіп,* қиқулап айдап, сиырды басып кете жаздап, үстінен өтті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮНДЕЙ[2] үс т. **1.** *Есептік сан есімдерден кейін тұрып, «күнге жуық, күнге тарта» деген мағына білдіреді.* Ноғай аулына Әбіш күйеушілеп барғанда жиырма *күндей* думан-сауық жақтары өткен (М.Әуезов, Абай). «Тасбұлақ» совхозына алып келген қошқарларын Әбдіжан екі *күндей* орын таппай төбесі ашық иесіз қорада ұстады (С. Бегалин, Уақыт.). Үш *күндей* жатты үйінде елең етпей, Көзінен сорғалаған жасы кеппей. Мақпал да еріменен болды бірге Көрінбей күндегідей көршілерге (Ә.Тәжібаев, Шығ.). **2.** *Мезгіл, уақыт секілді.* Сенің өмірің гүлденіп тұр, Есігін тап, көр, қызық! Менің өмірім – бір суық сұр, Күзгі *күндей* тұр бұзық (Абай, Тол. жин.).

КҮНДЕЙІН үс т. ф о л ь к. ***Күндей***. Әкем, өзің кеткен соң Атаңа нәлет тоғыз би, Үш *күндейін* кеңесіп, Басылмады, құлқынығай (Үш ғасыр.). Үш *күндейін* шабуыл, Ат үстінде алысты, Сол ұрыстың ішінде, Хан мен өлді қарасы (Батырлар жыры).

КҮНДЕЛЕ= е т. с ө й л. ***Күделе***[2]. Үй басы құрт қайнатқан, өре жайып, *Күнделеп* бие сауған келін, зайып, Дауылда жел қапсырған арқаны жоқ, Кедейдің қауешегі тұр қисайып (І.Жансүгіров, Шығ.).

КҮНДЕЛЕУ *Күнделе етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Күнделеуді* қойды.

КҮНДЕЛІК[1] з а т. **1.** *Жеке адамның өз басынан өткен-кеткенін немесе әр күнгі оқиғаны, жай-жағдайды тізіп жазып отыратын дәптері.* Қарапайым *күнделіктерде* көбіне жеке адамның өміріне қатысты деректер сөз етіледі (ҚҰЭ). *Күнделік* болған уақиғаның ізімен күнбе-күн жазылатындықтан нақтылық, деректілігі мен адамның өзі көрген-білген нақтылы жай-жағдайдан, болған істен алған әсерін танытатын сыршылдық сипатымен де айрықша құнды болады (Әдеб. терм. сөзд.). Жолында кездескен алғашқы автомат-телефоннан Зәурешке телефон соғып, дереу өз күнделігін қайтарып алатынын, Зәурештің *күнделігін* қайтарып беретінін айтты (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **2.** ә д е б. *Жазушының, ғалым не саяхатшының өз көзімен көріп-білген жайларын есте сақтау үшін жазатын публицистикалық шығарманың бір түрі.* Алғашқы *күнделік* үлгілерін жазғандар – орта ғасырлардағы саяхатшылар, елшілер, жылнамашылар. Дүниежүзінің көптеген жазушылары өз шығармаларында *күнделік* түрін қолданды (мыс., И.С.Тургенев, М.Е.Салтыков-Щедрин, В.Г.Короленко т.б.) (ҚҰЭ). Әдеби шығармада кейіпкердің атынан берілетін *күнделік* оның көңіл-күйін, мінез-құлқын, сырлы әлемін, ішкі сезімін неғұрлым терең ашып, әсерлі бейнелеу үшін қолданылатын әдіс (ҚҰЭ). **3.** *Мекемеде орындалған жұмыстардың тізімін, нәтижесін белгілейтін журнал.* Лаборатория *күнделігіне* таңертеңгі орындалған жұмыстар тізімін белгіледім де, асықпай далаға шықтым

(Т.Шаханов, Көгілдір.). **4.** п е д. *Оқушының үй тапсырмаларын жазатын, алған бағаларын қоятын дәптері.* Пионерміз саналы, *К ү н д е л і к т е* – кіл бестік. Біздер ата-ананы Қуантамыз күнде өстіп (Ә.Дүйсенбиев, Қайырлы таң.).

Күнделік тексеру. п е д. *Сынып жетекшісінің оқушының үлгерімін, сабаққа қатысын, ата-аналармен байланысын орнату үшін қол қойып, ескертулерін күнделікке жазуы.*

КҮНДЕЛІК² ү с т. *Күнделікті, күн сайынғы, әр күнгі.* Сейіт кедей болса да, *к ү н д е л і к* еңбегімен таба жүріп, сол аз табысын келген-кеткеннен аямайтын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *К ү н д е л і к* жүргенінде күйбеңменен Әр жайды көңіліңе түйгенменен, Адам бір жез шәйнек қой отқа қойған Ыстығын ұзақ сақтап үйренбеген (Ғ.Жұмабаев, Жомарт.).

Күнделік газет. *Күн сайын шығатын газет. К ү н д е л і к г а з е т* жөнінде тезірек хабарлаңыздар (В.Ленин, Шығ.).

Күнделік дәптер. а) ***Қойындәптер*** (*басынан өткен оқиғаларды, күнделікті өмірін жазып отыратын жеке дәптер*). *К ү н д е л і к д ә п т е р* 1914 жылғы оқиғадан басталады (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Осы бір күнгі көрген барлық жайды Шоқан өзінің *к ү н д е л і к д ә п т е р і н е* жазып, «Мүсәпір мен Мұсағұлдың бір күні» деп астын сызып қойды (С.Бегалин, Бала Шоқан). ә) *Мектеп күнделігі. К ү н д е л і к д ә п т е р д е* күнде қандай сабақ оқылғаны, сабақтың қысқаша мазмұны, ең керектісі жазылып отырылады (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

Күнделік жазба. *Жазушы, ғалым не саяхатшының өз көзімен көріп-білгендерін белгілеп жазып отыратын әңгіме, очерк түріндегі жазбалары.* Орыс достарының өзара хаттары, естеліктері, *к ү н д е л і к ж а з б а л а р ы* да Абай жөнінен қымбат қызық жаңалықтар айтса керек (М.Әуезов, Әр жыл.).

Күнделік жоспар. а) т а р. с о в е т. *Жұмысшының бір күнге жоспарлаған міндеті.* Осы тұрғыдан алып қарағанда, Әлжанның басына екі жамандық туды. Бірі «Кәне! Кәне! Кенді бер» деп тек қана *к ү н д е л і к ж о с п а р д ы* орындаудың соңында жүргенде (әрине, кезінде бұл өте керек іс еді) ол ойлану, инженерлік білімін өндірістің келешегін көркейтуге пайдалану деген қасиеттерден айырылды (І.Есенберлин, Алтын құс). ә) *Әр күнгі сабақ барысы көрсетілетін мұғалім жоспары.* Мұндағы минуттарды мұғалім *к ү н д е л і к ж о с п а р ы н д а* өзі межелейді («Қазақст. мұғ.»).

Күнделік норма. т а р. с о в е т. *Жұмысшының бір күнде орындауға тиісті нормасы.* Өндірістік жоспар белгіленіп, *к ү н д е л і к н о р м а* тағайындалды (С.Бегалин, Мектеп.).

Күнделік режім. *Күн режімі.* Қосымша сабақтарды алған кезде, *к ү н д е л і к р е ж і м д е р м е н* санасып, баланы соған байланысты кейбір тапсырылған міндетінен босату жөн (Семья тәрбиесі).

Күнделік тіл. с ө й л. *Қарапайым, ауызекі сөйлеу тілі.* Олай болса, Шкловскийдің шеттен кірген тіл – әдебиет тілі деуі, *к ү н д е л і к т і л* – халықтың өз тілі деуі қате (С.Мұқанов, Өсу жол.).

Күнделік тіршілік. с ө й л. ***Күнделікті тірлік***. Әркімнің *к ү н д е л і к т і р ш і л і г і*, үйреншікті дағдысы бар. Ал Галя болса – бөлек. Не қазан-ошаққа араласа алмай, не серуенге шығар серік таппай, селтиіп жалғыз жүр (Т.Ахтанов, Дала сыры).

КҮНДЕЛІКТІ с ы н. **1.** *Күн сайынғы, күнбе-күнгі.* Жалпы сақтаған ақшаны өзі ұстайды. Әйеліне *к ү н д е л і к т і* тамаққа ғана жетерлік пұл беріп, қалғанын өзі алады (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). **2.** *Қалыпты, дағдылы, әдеттегі, үйреншікті.* Бұл қарасөз Абайдың өз тұсындағы *к ү н д е л і к т і* өмір шындығына қолма-қол қатынасып, жәрдем етсем деген талабын көрсетеді (М.Әуезов, Әр жыл.). Ерлік – ердің өмірі, *К ү н д е л і к т і* жұмысы, Көншімейді көңілі, Шала қалса бір ісі (М.Әлімбаев, Балдәурен.). **3.** *Үнемі, әрдайым, күн сайын.* Кейбіреулер тістерін *к ү н д е л і к т і* тазартпайды (Е.Оразақов, Дәрігерлік.).

Күнделікті су өтімі. с у ш а р. *Табиғи жағдайдағы ашық су ағынының қалыптасуы. К ү н д е л і к т і с у ө т і м і* өсімдіктің өніп-өсуі, дамуы кезеңінде өзен суынан су қабылдағышта, каналда қажетті су деңгейі болуы, сонымен қатар жерасты суының да деңгейі көтерілмей, бір қалыпта болуы тиіс (Қаз. тілі термин. Су.).

Күнделікті сұранымға ие тауарлар. э к о н. *Тұтынушы жиі сатып алатын, күнделікті пайдалануға қажет тауарлар.* Маталардың, киімнің, аяққиімнің қалыптасқан түр-түрінің және *к ү н д е л і к т і с ұ р а н ы м ғ а и е* басқа да көптеген *т а у а р л а р д ы ң*, сондай-ақ мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсаттағы негізгі товарлардың, соның ішінде ыдыс-аяқтың, телевизорлардың тұратын жері басқа болу керек («Лен. жас»).

Күнделікті тірлік. *Күн сайын қайталанып отыратын үйдің шаруасы, үйреншікті тірлік.* Бір қарағанда, В.Распутиннің шығармасы қазіргі орыстардың *к ү н д е л і к т і* күйбең *т і р л і г і н* суреттегендей көрінеді. Тереңіне үңілсеңіз, шығарманың әр сөйлемінен, әрбір қайырым-иірімінен төмендегідей сауал сыңсып үн салып тұрады: «Бізді кім құтқарады?..» («Жас Алаш»).

КҮНДЕМЕЛЕП үс т. *Бір-бір күндеп, күн сайын.* Бір айда *күндемелеп* ақша тапқан, Үй болып өз алдына отын жаққан, Ұлы бар Қайрат деген екі жаста, Ырымгүл оны әлпештеп бағып-қаққан (Қ.Тәкежанов, Қария.).

КҮНДЕП үс т. *Бір не бірнеше күн бойына.* Каплан ол жүкшіні жүгіне қарай жалдап та алады, *күндеп* те салады. Ал Мәмбет осы астықты тасыған мезгілде Капланның өз жігіті есебінде түседі (І.Жансүгіров, Шығ.).

КҮНДЕС зат. **1.** эт н. көне. *Екі немесе одан да көп әйел алған еркектің бір-біріне қызғанышпен қарайтын әйелдері.* Өзара қызғанышын, бірін-бірі күндеуін аңғартатын *күндес* атауы түркі тілдердің көпшілігінде қолданылып келген (күну, күндөш, күндәш, т.б.) (ҚҰЭ). *Күндестің* балалары бірігіп алып, Есендік пен Қайшаның басын жарды де! Өлтіргелі сабап жатыр де. Үш, ойбай, үш! (М.Әуезов, Қараш.). – Үш қатынның бірімін. Жасым жиырма бесте. Әкем нашар адам еді; жастай малға сатты. Атағы «бәленшенің қатыны» болғаным болмаса, жас болып, жеке базар, қызық көріп, жарық сәуле көргенім жоқ. Көк аю *күндестердің* шеңгеліне түстім, – деді (І.Жансүгіров, Шығ.). Қанша таяқ, Қалдырды аяп, Жарық, түгіл, *күндесің!* Талай түнде, қашып үйге, Табаныңды тілгенсің (С.Дөнентаев, Шығ.). **2.** *Бақталастық, көре алмаушылық.* Қазақтың жайнар даласы, Жетілер оқып баласы. Шошытатын мені сол – Олардың *күндес*, таласы (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жасынан көрсе оны ақылы сасқан, Не сұрқия жандарың жұрттан асқан. Жеңуге, қор қылуға тағы да ұста. Өзіне *күндес* шықса, жол таласқан (Абай, Тол. жин.). // *Бірін-бірі көре алмайтын, бақталас, күншіл, қызғаншақ.* Жалпы бақталасушы, көре алмаушы, күншіл адамның іс-әрекетіндегі ерсі сипатына байланысты оны *күндес* деп атайды (ҚҰЭ). Аттарды қатарластырып қаңтарып тастағанбыз. Бір-бірімен *күндес* байдың көшірі де *күндес* (І.Жансүгіров, Шығ.). Іші күйіп қараса *күндес* пенде, Егіз гүл боп тұрамыз гүлдескенде. Қақ жарылған бір тұтас денедейміз, Қиюласа қаламыз тілдескенде (Қ.Мырзалиев, Домбыра).

Күндестің күлі күндес. *Күндес әйелдердің бір-біріне өшпенділігі, арақатынасы туралы.* Абай осыны аңғарып, анасының жүзіне қарағанда, Ұлжан бұған біраз көз салып тұрып: «Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін «*Күндестің күлі күндес*» дегенді сен білмей-ақ қой», – деді (М.Әуезов, Шығ.).

Күндес қатын. *Бір еркектің бірін-бірі көре алмайтын бақталас әйелдері. Күндес қатындар*... сотқар етіп асыраған балалар жетім балаға жекіп, жер тезектей тепкілеп, әрқайсысы бір сабай берген (К.Әбдікәдіров, Шығ.).

Күндес шеше. эт н. *Анасының күндесі, өгей шеше.* Бұл күндері Әмірбайдың үш әйелі – үш ауыл. *Күндес шешелерің*... қабағын бағып өскен Шөпіш ертерек үйленгенде де кісілікті аңсап, Құнанбай ұрпағынан өзін оқшау ұстай бастағанына талай уақыт өткен-ді (К.Оразалин, Абай.). Отырайын десем үйде Жұрт жиналған жерге бармай *Күндес шешем* күн бермейді, Шашып зәрін оқжыландай (Ә.Тәжібаев, Жастық.).

КҮНДЕС= ет. **1.** *Көре алмау, бақталасу, қызғаныштан бірін-бірі күндеу, алға шыққанын қаламау.* Қазақтың бір жаман әдеті, бір атадан екеу атқа мінсе, бірімен-бірі *күндесіп* өтеді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Әлсізі соларға жарамсақтанам деп бірімен-бірі *күндесіп,* ала көз боп өтеді (Б.Тілегенов, Аққайнар). **2.** а у ы с. *Таласу, өзінен жоғары затқа, қолынан келмейтін нәрсеге ұмтылу.* Шың басына кеп шықтық Көк аспанмен тілдескен. Биіктікке таласып Бұлттармен *күндескен* (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

КҮНДЕСТЕЙ с ы н. *Күндес сияқты, күндес тәрізді. Күндестей* күншілдігі қозып кетті, «Ол найсап қалай менен озып кетті?». Деп түртіп мансапқорлық табиғаты, Ой тұрқын соғысуға созып кетті (К.Райбаев, Жаңа толғау). // *Күндес адамдардай.* Екі ішек бір-біріне үндеспейді, Ән сазын белуарлап бір кешпейді. Бейне бір бақастардай, *күндестердей,* Жауыққан, ынтымағы бірлеспейді (Е.Ибраһим, Гәкку).

КҮНДЕСТІК зат. **1.** эт н. *Байырғы кездегі ер адамның екі немесе бірнеше әйелдерінің бірін-бірі қызғанудан туған көре алмаушылық. Күндестік* ер адамның – ортақ күйеудің өзгелерден артық ілтипатына бөлену бақытын көздеуден туындаған бақталастықтан бастау алады (Қаз. тілі термин. Психология.). Қазір бұл үйдің сойысы Ұлжан үйінен көп болғанға Күнке, әсіресе, күйінеді. Ол да *күндестіктің,* бәсекенің бір қиын, шытырман жері болатын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қазақ әйелдерінің өміріндегі бір күйінішті хал – *күндестік.* Күндестің арбасуынан қатал, одан терең дауды іздеп табу қиын болар (І.Омаров, Шабыт.). Марқұм Жарас молла тірі уақытында Шолпанды өзі оқытып, Құраннан екі шығып, азырақ хат та танып қалған еді, Қалампыр һәр уақыт Шолпанды *күндестікпен* сөзімен де, қолымен де ренжітіп жүрді (М.Дулатов, Шығ.).

Айсұлу бұл жалғаннан сөйтіп өткен, Өгейлік, *күндестікпен* түпке жеткен. Әйелдер ол кездегі мал есепті, Кім сатса, қайда айдаса, сонда кеткен (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **2.** *Бәсекелес адамдардың бірін-бірі көре алмаушылығы, бақталастығы.* Өзіңде бармен көзге ұрып, Артылам деме өзгеден. *Күндестігін* қоздырып, Азапқа қалма езбеден (Абай, Тол. жин.). Баста ми, қолда малға талас қылған, Күш сынасқан *күндестік* бұзды-ау шырқын (Абай, Тол. жин.). Күншіл кісі жалғанда елге сыймас, Жақсылықты адамға тіпті қимас, *Күндестік,* күншілдікте не пайда бар, Жай отырып, одан да елмен сыйлас (М.Әшірбеков, Белестер). Не *күндестік* немесе кек қуған жоқ, Ел бұзбауға ойлаған бұл – айласы. Осы күнгі жақсының бірталайы – ұры, қары, қу, сұмның жан жолдасы (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

КҮНДЕСТІР= е т. *Бірін-біріне күндес ету, алакөз етіп қою.* Жан сырын жүрсе де әркім ілкі ұқтырып, Еліктей шыға қаштың үркіп тұрып, Барлығын өлтірдің-ау *күндестіріп,* Барлығын өлтірдің-ау ынтықтырып (С.Мәуленов, Найзағай.).

КҮНДЕСУ *Күндес етістігінің қимыл атауы.* Бұл бейбақ кәрі қажысын сүйіп тиді дей ме екен! Не *күндесудің* жолы осы деп ойлай ма, байынан ала алмаған өшін менен алады (Ж.Арыстанов, Таңжұлдызы).

КҮНДЕТ= е т. *Күндес ету, бақталастыру.* Ішің бір аяз, сыртың – от, Білмейсің оны мін деп те. Ей, өмір, сенен бір тілек: Соларды маған *күндетпе!* (С.Иманасов, Ақ айдын).

КҮНДЕУ *Күнде етістігінің қимыл атауы; бәсекелес, бақталас, адамдардың бірін-бірі көре алмауы. Күндеу* де жоқ, енжарлық та жоқ, кең көңіл, дос көңіл, қанат бітірер көңіл (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Досым озса, сүйсінем де шаттанам, әрқашан да тілейтінім сәт қадам. Қайтіп қана алға түсіп кетті деп, *Күндеу* оны жат маған (Т.Қызықбаев, Алтай.).

КҮНДЕУШІ з а т. *Күндейтін адам, күншіл.* Оспанды *күндеушілер:* «Ол секілді қолымда машинам болса, мен де көрер ем», – деп, сырттан кіжінеді (С.Жүнісов, Жапанда.).

КҮНДЕУШІЛІК з а т. *Көреалмаушылық, күншілдік, бақталастық, қызғаншақтық.* Дінге емес, көзінің оты бар адамда сұқ болатынына сенемін. Ал сұқ деген шын *күндеушілікten* шығады (С.Бақбергенов, Қарға там.). Сыртынан тең құрбыны *күндеушілік,* Ойласаң, өз басыңнан кетпес жырақ. Нақыпқа үндемесең, күндемесең, Дұрыс па жыр-өлеңді машық қылмақ? (Айтыс).

КҮНДЕШІК з а т. ө с. <лат. elatine> *Күндешік тұқымдасына жататын бір, екіжылдық су немесе су жағалық ұсақ өсімдіктер.* Қазақстанда 5 түрі (дымқыл *күндешік,* имекдәнді *күндешік,* саздақ *күндешігі,* ұш аталық *күндешігі,* мадьяр *күндешігі*) кездеседі. Олар суда 30-40 см тереңдікте, құмда, балшық-батпақты жерлерде өседі (ҚҰЭ).

Күндешік тұқымдасы. б о т. *Қос жарнақты, бір, екі және көпжылдық шөптесін өсімдіктер.* Кейде бұта түрінде де кездеседі. Қоңыржай аймақтарда тропиктік белдеулерге дейін тараған, 2 туысы – *күндешік* тұқымдасы және бергияның (18 ғасырда өмір сүрген швед жаратылыстанушы П.Бергиустың құрметіне аталған) 40 түрі бар (ҚҰЭ).

КҮНДЕШІКТЕР з а т. ө с. <лат. elatinaceae> *Жапырақтары қарама-қарсы немесе шоғырлана орналасқан, тықыр немесе түкті гүлдері қос жынысты, сағақсыз немесе гүлсағақты, шоғыр, шатыршаға топтанған, жемісі – көп тұқымды қорапша болып келетін бір, екі және көпжылдық шөптесін өсімдіктер тұқымдасы, су және сужағалық өсімдіктер тұқымдасы* (Қаз. тілі термин. Биология).

КҮНДІЗ ү с т. *Тәуліктің күн шыққаннан батқанға дейінгі аралығы, күні бойы. Күндіз* маңайдағы сортаңдарға жайылатын түйелер кешке ауылға қайтатын еді де, Той сайына шөгерілетін еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Күндіз* штабқа Қара Торғай болысының бұрынғы екі сарбазы кеп, Аманкелдіге Ыбырайдан хат әкелді (М.Жұмағұлов, Қыран.). Сырдың бойын *күндіз* көру ғанибет, Көз алдыңа тұрады өмір бәрі кеп, Сыр бойының суреті, қырғауылы Сыр жайынан береді көп мәлімет (С.Мәуленов, Шалқар). Өзімдікі дей алмай өз малыңды, *Күндіз* күлкің бұзылды, түнде ұйқың. Көрсе қызар келеді байлауы жоқ, Бір күн жыртың етеді, бір күн – бұртың (Абай, Тол. жин.).

Күндіз баласы [баласында]. *Күні бойы, күндізгі уақытта.* Қызды алып шыққанда, үн шығаратындай болса, *күндіз баласы* жол жүрмеңдер (Ұ.Доспанбетов, Кәрі қобыз.). Қоналқы жерде бөгелгені болмаса, түстікке аялдамай, *күндіз баласында* үнемі суыт жүріп отырған топ, Қарқаралыдан шыққанына жетінші күн дегенде, Шыңғыс тауының батыс жақ тұмсығына кеп ілікті (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылды. *Қапаланды, қайғырды, уайымдады.* Жалғыз ұлының тағдырын ойлап, *күндіз күлкі-*

д е н, т ү н д е ү й қ ы д а н а й ы р ы л д ы (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Күндіз күлкі, түнде ұйқы жоқ [көрмеді]. *Әбден мазасызданды, тыныштықтан айырылды.* Адам біткеннің бәрінен бүккен сырым бар, сол менің сорым болды. *К ү н д і з к ү л к і м, т ү н д е ү й қ ы м ж о қ* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Қалаға Серке кеткелі *к ү н д і з* менде *к ү л к і ж о қ, Т ү н д е* менде *ү й қ ы ж о қ* (Қ.Байсейітов, Беу, қыздар.). Қарның ашады, өзегің талады. *К ү н д і з к ү л к і, т ү н д е ү й қ ы к ө р м е й с і ң.* Шаршайсың, зарығасың, талығасың (І.Жансүгіров, Шығ.). Астық дайындаудың сол қауырт шағында, осы директорлардың барлығы да *к ү н д і з к ү л к і, т ү н д е ү й қ ы к ө р м е с т е н,* дамылсыз қарбалас күйде жүрді (Ә.Нұршайықов, Жомарт.).

КҮНДІЗГІ с ы н. **1.** *Ертеден кешке дейінгі аралықтағы, күні бойғы, күнұзақтағы.* Ай, жұлдыз, ағарған таң, жарық күн бар, Жазғы құс, жапырақта қандай мін бар? *К ү н д і з г і* харекеттен босағанда, Өзіңе-өзің тиген тәтті түн бар (Абай, Тол. жин.). **2.** *Күндізгі уақыттағы. К ү н д і з г і* біз көрген жолаушылар күн батып, қой қоралаған мезгілде осы қораның алдына келіп тоқтады (М.Әуезов, Қараш.). Бір кезде діріл қағып *к ү н д і з г і* ауа, Мұңлы бір үнге толды байтақ дала. Сол бір үн аралайды әлем жүзін, Тыңдаған жан біткенді мұңға мала (Ә.Әленов, Әлімқара).

Күндізгі жарық шам. ф и з.*Электр энергиясын ультракүлгін сәулеге, соңынан бұл сәулені көзге көрінетін жарыққа түрлендіретін жасанды жарық көзі.* Сынап буы (1н/м^2 шамасында) толтырылған шыны түтіктен *к ү н д і з г і ж а р ы қ ш а м ы н ы ң* адам көзі жақсы көре алатындай сарғылт жасыл сәуле шығаратын түрлері көп тараған (ҚСЭ). *К ү н д і з г і ж а р ы қ ш а м ы н ы ң* жарық шығарғыштығы 40-50 лм/вт, 3000 сағат жұмыс істеуге шыдайды (ҚСЭ).

Күндізгі кезек [смена]. *Күндіз жұмыс істейтін ауысым.* Өзгесі *к ү н д і з г і к е з е к к е,* жер астына жұмысқа кетіп еді. Жұмысқа кеткен жігіттерді тексеріп сұрады (С.Сейфуллин, Шығ.). Бұған бөлген адамы жас оқушы екен де, *к ү н д і з г і с м е н а ғ а* жарағанмен, түнгі сменаға жарамайтын көрінеді (Б.Тоқтаров, Қыран.).

КҮНДІЗГІДЕЙ с ы н. **1.** *Күндізгі сияқты. К ү н д і з г і д е й* ол құдық жарық болып, Құдықтың һәммә іші нұрға толды (Ғашықтық дастан.). Машина электрический және келді, Жарық боп май мен отсыз жана берді. Түн болса шәһар іші *к ү н д і з г і д е й,* Әлбетте, бұл әсері ғажап енді (М.Дулатов, Шығ.). Жусап жатқан шоқыдан, Жарқырайды түнде оттар. *К ү н д і з г і д е й* жақыннан Көрінеді курорттар (С.Мәуленов, Жолдас). **2.** *Жап-жарық, ап-айқын, жарық.* Қақпаның алды электр жарығынан *к ү н д і з г і д е й* екен (С.Мұқанов, Ботагөз). Андыздаған көп жұлдыз бен ай жарығы *к ү н д і з г і д е й* (Ж.Тілеков, Қайнар).

КҮНДІЗДЕЙ с ы н. с ө й л. *Күндіз тәрізді, күндіз сияқты.* Жарық қып түнді *к ү н д і з д е й,* Келгендей етіп таң кіріп, Жолдас Май, сенің өзіңдей Жасаймыз көктем мәңгілік (Ж.Молдағалиев, Таңд. шығ.). Көңілді екен кім біздей! Жүзі жарқын жайнаған! Көшем, үйім *к ү н д і з д е й,* Түнім айқын айнадай (А.Хангелдин, Қыз жүрегі).

КҮНДІЗДЕТІП ү с т. *Күндіз, жарық барда; күндіз жүріп.* Келеді құба жонмен *к ү н д і з д е т і п,* Етекке түсеміз деп бүгін жетіп, Бір сайдан бөкен деген аң көріпті, Қуады бәрі соны қызық етіп (С.Әлімбетов, Өлеңд.).

КҮНДІЗ-ТҮНІ ү с т. **1.** *Күндіз де, түнде де, тәулік бойы.* Амандық екеуміз екі атты жаратып мініп, *к ү н д і з - т ү н і* жүрдік те отырдық (Б.Майлин, Шығ.). Сары түнге сарылып, кірпік ілмей, Салқын күзде бір жылы үйді көрмей. Сахарада салпақтап *к ү н д і з - т ү н і,* Бұралқы ит пен малшының сиқы бірдей (Жамбыл, Шығ.). **2.** *Үнемі, дамылдатпай, тынымсыз, қайта-қайта.* Қазіргі шақта Базаралы келгелі бір жұмадай болса да, оны қала ішінде қарсы алған көңілдес ағайын *к ү н д і з - т ү н і* қонақ етеді. Қаумалап, қоршап, мәз-мереке етісіп жүр (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Талай сыр ертегіні ел айтады, Ызыңдап, таудан соққан жел айтады. Жасырын сыбырласқан жапырақтар, *К ү н д і з - т ү н і* күңкілдеген көл айтады (С.Сейфуллин, Шығ.).

Күндіз-түні дамыл жоқ. *Тыным таппады, жанын аямады.* Қазақ жүр мұсылмандық жаласында, Сайрандап сахараның даласында. Файда деп *к ү н д і з - т ү н і д а м ы л ж о қ,* Ғибадат қылмай хаққа шамасында (М.Дулатов, Шығ.).

Күндіз-түні ойлайды. *Жатса, тұрса үнемі жадында, есінде болды, ұмытпады.* Көп болған өз жұртына шын мейірімі Ел қамын *о й л а й д ы* екен *к ү н д і з - т ү н і.* Өз басына келгендей есептейді, Халқына біраз ғана зияндыны (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

КҮНДІК[1] з а т. **1.** э т н. *Кимешектің үстінен жалпақ етіп орайтын ақ мата, әйелдің баскиімі. К ү н д і к* күннің аптабынан, желдің өтінен қорғайды (ҚҰЭ). *К ү н д і к* – әйел жаулығы (үлкендігі 3 метрден 5 метрге дейін келетін шүберек, оны басқа шалмамен орап тастайды)

(С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Бүркенген шәлісіне тұмшаланып татар байларының қыз-келін, ханымдары отырса, қазақтың кимешек киіп, *күндігін* қоқырайтқан әйелдерінің де бастары әр жерден ағараңдайды (І.Жансүгіров, Шығ.). Бәйбіше шекесіне салып *күндік*, Азырақ сығырайтып ашып түндік. Кеудесін көйлегінің желпе түсіп, ішіне шым көйлектің отыр сүңгіп (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Көйлек киіп, басына салды *күндік*. – Қылығына Құдайдың бізлер көндік, Бір молданы алып кел халалдыққа, Саған тиген диуанам бұл бір теңдік! (М.Көпеев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Таудың басы, жоғарғы жағы.* Алатаудың *күндігін* Алтын бұлт арда еміп, іргесі жаз, түндігін Мұз бен жатыр қар көміп (Т.Жароков, Шығ. жин.). Анамыздай Қазығұрт Оранған күннен *күндігін* Өлкеміз – жайнап өскен жұрт Бақытпен ашқан түндігін (О.Малқаров, Менің ізім).

Алақанын күндік қылды. *Алақанымен күнді көлегейледі.* Күн қаратпай көзіне *Алақанын күндік қып,* Қарап қырдың жүзіне Тұрған қарттан сыр ұқтық (Т.Жароков, Шығ. жин.).

Күндігі қарқарадай. б е й н. *Биік, әдемі көрінетін күндік.* – Жоғары шық, айналайын! – деп, әлпетінде міні жоқ, нағыз бота көз, қиғаш қабақ, сәл толықтау болғанмен, онысы соншалықты жарасатын, *күндігі қарқарадай* аққұба әйел орнынан баппен қозғалып барып, отағасыдан төмендеу жерге көк мауыты тысты көрпеше төсеп, теңкиген көк жастық тастады (К.Сегізбаев, Беласқан.).

КҮНДІК[2] с ы н. **1.** *Бір күнге жетерлік; бір күнге созылған.* Қайғысы не десең мақалдарынан танырсың: әуелі «түстік өмірің болса, *күндік* мал жи» (Абай, Тол. жин.). Бірақ олар 27 *күндік*, 11 жылдық және ғасырлық циклдардай әбден анықталған емес (Т.Омаров, Күн. құбылыс.). **2.** *Күнделікті, күнбе-күнгі.* Енді оқуды сағатқа бөлудің не керегі бар? *Күндік* (3,4 сағаттың) сабақтың жобасы көрсетілді ғой (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). Сөйтіп комплекспен оқытуға көптен-көп керегі – *күндік* жұмыстың жоспарын жасап алу екен (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

Аз күндік. а) *Болмашы нәрсе. Аз күндікке* алданып, Аз нәрсеге жалданып, Адасқанын алаштың Түзу жолға түсір, Хақ! (А.Байтұрсынов, Шығ.). ә) *Қашық емес, жақын.* Бір мезгілде шал айтты: – Балам, тоқта, Мысты алтын қылатын дәрі осы жақта. Алыс емес, *аз күндік* жақын жерде, Болмай ма молықтырып, ап қайтсақ та? (Абай, Тол. жин.).

Бес күндік. а) *Азғана, қысқа, келте, уақытша.* Уайым – ер қорғаны, есі барлық, Қиыны бұл дүниенің – қолы тарлық. «Ehe-ehe»-ге елірме, бозбалалар, Бұл – *бес күндік* бір майдан ер сынарлық (Абай, Тол. жин.). Махаббат достық қылуға, Кім де болса тең емес. Қазір дайын тұруға, *Бес күндік* ғашық жөн емес (Абай, Тол. жин.). ә) *Жалған (дүние), келте (ғұмыр).* Алпыс табақ діллә үшін Бұл *бес күндік* дүниеге, Тастайын десем, бұл суға Сендерді көзім қимайды (Батырлар жыры).

Бір күндік. *Азғана, шамалы уақыт.* Өмірді жарамсыз қылықпен қор етіп өткізеді де, таусылған күнде *бір күндік* өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды (Абай, Тол. жин.).

Күндік жалақы. қ а р ж ы . *Бір күнгі істеген жұмыстың ақысы.* Мысалы, тас аударып жүрген орыстардың *күндік жалақысы* 2-2,2 сом шамасында болса, сондай жұмысты орындап жүрген қазақтардың алатыны 1 сом 60 тиын–1 сом 70 тиыннан аспайтын еді (Ж.Дүйсекеев, Гүлден.).

Күндік жер. э т н. *Шамамен атпен жүргендегі 50-60 шақырым қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Мәжит үйі отырған жерден атпен суыт жүрген кісіге Қыпшақ екі-үш *күндік жер* екен (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Күндік жерде. э т н. а) *Алыста, жырақта.* – Не дейді, батыр-ау? Е, ауыл көшіп ұзап барады, көштің соңында *күндік жерде* ошақ темір, үзеңгі, көр-жер өңгеріп жүреміз бе, бишара? – деп қақсады (С.Шарипов, Бекболат). ә) *Маңайда, жақын жерде.* Сол аты шулы Қалманбайдың баласы Жақияда 22 үйдің ортасында 45 мал бар. Жан-жағында *күндік жерде* ауыл жоқ (С.Шарипов, Бекболат). Бұл орманның *күндік жерде* Мен білмейтін қуысы жоқ. Орман кесті кіндігімді, Тек сол қалды туысым боп (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

Күндік жерден. э т н. *Анадайдан, алыстан.* Антоновты елдің итіне дейін *күндік жерден* таниды, керек болса елден бұрын иттер таниды (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Тоғайы солтүстікте Тілеуберген. Мұнартып көрінеді *күндік жерден.* Жалғасып қашқан құлан, арқар, киік Алапты қайыстырып қойдай өрген (К.Қайырбеков, Қосбасар).

Күндік норма. *Бір күнде істелетін жұмыс мөлшері, күнделікті норма.* Әбдиев Дәку бетон құюда *күндік нормасын* екі еседен орындап жүрді (Ш.Мұртазаев, Құрылысшы.).

Күндік істеді. *Жеке адамның шаруасын, жұмысын істеп, күнделікті төлемін алып отырды.* Батырақпын. *Күндік істеп* күн көрем (І.Жансүгіров, Шығ).

Талай күндік. *Мол, біразға жететін.* Біреу маған от жақ деп қылды бұйрық, Жағайын деп ұмтылдым,көңілжүйрік. От жаққалы жатқаным– бір үлкен үй, Отын жиып қойыпты *т а л а й к ү н д і к* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

КҮНДІККЕ ү с т. *Күні бойы, таңертеңнен кешке дейін, ұзақ уақыт. К ү н д і к к е* желең жүріспен еті қызған жарау торы ә дегеншеақ межелі жерге жетпей, арланды қапталға алып, бүйірлей бастады (С. Әлжіков, Дала.). – Айналайын, ағатай-ай, – деді, сол кезде *к ү н д і к к е* үндемей отырған қыз, жайнаған көзіндегі жасын іркіп (Ж.Арыстанов, Жалын.). Егінге мал түсіп, *к ү н д і к к е* маза берген жоқ (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Бір күндікке. *Бір күнге, бір күн ішінде. Б і р к ү н д і к к е* біреуін Табарсың да тастарсың, Сүйте-сүйте «сұлуым» Бұл дүниені ластарсың (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

КҮНДІКПЕН ү с т. с ө й л. *Күні бойы.* Жолдасым *к ү н д і к п е н* әуре болып еш нәрсе шығара алмады (С.Ерубаев, Менің құрдас.).

КҮНДІКТЕ ү с т. ж е р г. *Күн шамасында, күн аралығында.* Секретарь мен орынбасар ордын тапсыруға осы екі-үш *к ү н д і к т е* осында келеді (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

КҮНДІКТЕП ү с т. *Әр күнгі істейтін жұмысына жеке, өзара келісіп, көтерме жұмыс қылып.* Жұмысты *к ү н д і к т е п* берген соң, подрядчик мейлінше қысады. Таң қылаңнан тұрғызады. Қас қарайғанда қайтарады (І.Жансүгіров, Шығ.).

КҮНДІКШІ з а т. *Тұрақты кәсібі жоқ, күн сайын әртүрлі жұмысқа жалданатын адам.* Қалған екі-үш жігіттердің біреуі бойнада, біреуі диірменде, біреуі *к ү н д і к ш і* болып істейді (І.Жансүгіров, Шығ.).

КҮНДІКШІЛІК з а т. ж е р г. *Күндіктеп істейтін жұмыс.* Олардың кімі *к ү н д і к ш і л і к*, кімі малдаршылықпен кеткен (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

КҮНЕЛТ= е т. **1.** *Өмір сүру, тіршілік ету, күн көру.* Жасынан әке-шешеден жетім қалып, жоқшылық тауқыметін тартқан жетім бала байлардың қойын бағып, қозысын жайып *к ү н е л т к е н* (С.Жүнісов, Ақан сері). Жүректе қайрат болмаса, Ұйықтаған ойды кім түртпек? Ақылға сәуле қонбаса, Хайуанша жүріп *к ү н е л т п е к* (Абай, Тол. жин.). Оқытушыға да, жазушыға да, білімдіге де, білімсізге де, шешенге де, ақынға да жат сөзсіз *к ү н е л т е* алмайтын заман туды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). **2.** *Қоректену, талғажау ету.* Егіншілікпен шұғылданып бидай, тары, арпа егетін, мал шаруашылығымен шұғылданып, оның етімен *к ү н е л т е т і н* скифтер, Қара теңіз жағалауындағы грек қалалармен байланыс жасап, сауда-саттық жүргізіп тұрған (Н.Баяндин, Шығ.). Шілдер қайың өскен жерлерді мекендеп, олардың бүршіктерін қырқып жеп *к ү н е л т е д і.* Қыста осындай қорек шілдің жемсауына жиналған азықтың негізі (Р. Әлімбаев.., Құстар.). Ғалымдар бұларды мұқият зерттеу арқылы Кавказда ең алғашқы адам өмір сүріп, өсімдік дәнін, тамырын жеген, одан соң аңшылықпен *к ү н е л т к е н*, кейінірек жер шаруашылығымен шұғылданған деген қорытындыға келіп отыр (Н.Баяндин, Ғасырлар қойнауы.).

Амалдап күнелті. *Ілдалдалап тіршілік етті. А м а л д а п к ү н е л т п е с е ң* – уақытың жоқ. Жайрасып алды-артыңды болжайтұғын. Бәрі сол жоқшылықтың кесапаты, Ұрлықта нем бар дейсің қоймайтұғын! (А.Байтұрсынов, Шығ.).

КҮНЕЛТТІР= е т. *Күнкөріс қамына салу, өмірін өткізу.* Қара қазан қамымен күн өттіріп, Күйкі тірлік күйбеңі *к ү н е л т т і р і п* (Ә.Абайділданов, Маржан).

КҮНЕЛТУ *Күнелт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күн көру.* Бір үйлі жанның *к ү н е л т у і н е* кемі екі бұзаулы сиыр мен 20-30 шақты жылқының болуы өте қажет (Ж.Дүйсекеев, Гүлден.). **2.** *Өмір сүру, тіршілік ету.* Қарашұнақ сорлыда, Жалғыз-ақ қара болды ма? Жалданып байға *к ү н е л т у* Басқан таңба жарлыға (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). // *Күнкөріс, күнелтіс.* Европаның пролетариясы үшін қанды жастар төгуіңіз пайдалы, бірақ өз халқыңыз – қазаққа артық назар салыңыз, орыстың қара халқы мазлұм, *к ү н е л т у і* ауыр, сонда да алды ашық (М.Дулатов, Шығ.).

КҮНЕЛТІС з а т. ***Күнкөріс***. Келгендердің жаңа қонысы, *к ү н е л т і с і* бастапқы әзірде жаман болыпты. Бірақ көп кешікпей-ақ бұл жерлерге купецтер, алыпсатарлар, саудагерлер де келіп жеткен (Х.Ермұратов, Октябрь.).

КҮНЕЛТІС= е т. *Бәрі бірге күн көру, тіршілік қамын жеу.* Бәрі де киік атып әкеліп *к ү н е л т і с т і* (Ауызекі).

КҮНЕС с ы н. *Күн сәулесі, қызуы мол түсетін.* Бай үйінің сыртын жағалап, жүк жиылған *к ү н е с* жақта ақырын күбірлеп ойнайды (М.Әуезов, Абай жолы). Шаршағанда, жол бойындағы *к ү н е с* жердің біріне қылжиып жатып немесе отырып демалам (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). // *Күншуақ, күнгей; күн сәулесі қызуы мол түсетін жер.* – Жұбандық демекші, – деп Бекен өзінің көмекшісі жайлы айтып кетті, – бүгін таңертең қой жайылған *к ү н е с к е* барсам, Жұбандығым ыңылдап әлгі әнді салып тұр (С.Бақбергенов, Қоянкөз). Көктемде кейде

балбырап Отырам ұзақ *күнест* е. Онсыз да жүзім албырап Жүретін кездер тұр есте (F.Орманов, Ой қанаты).

Көңілдің күнесі. б е й н. *Қуанышты, жарқын шағы.* Мадияр әрі ойлап, бері ойлап, Айнаштың бұл тосын қадамын жақсылыққа жорамалдады. *Көңілінің күнес* жағы молая түскендей, бір әсер пайда болды оған (С.Омаров, Өмір.). Шығар күн, атар таңымнан, Аз емес алар үлесім. Көремін бақты бағынан *Көңілдің* шуақ *күнесін* (Ө.Жайлауов, Жарқын жаз).

КҮНЕСКЕЙ с ы н. ж е р г. *Шуақты, күнгей.* Өзеннен әрең өттім. Тағалы аттың өзі Ловатьтың *күнескей* қабағына қатқан көк тайғақ мұздан әлденеше сүрініп өтті (С.Бақбергенов, Қарға там.). Жалдың *күнескей* бетіне көтерілгенде омырыла құлап жатқан көрі сексеуілдің түбінен жотасы қызыл, ақ бауыр дәу қоян ата жөнелді (С.Бақбергенов, Қарға там.).

КҮНЕСТЕ= е т. *Шуақтау, жылыну, күн көзіне қыздырыну.* Молдақымның дөңгелек қара торы бетінде қыс ызғарынан құтылып, арқасы *күнестегендей* кең шырай бар еді (С.Бегалин, Уақыт.). *Күнестеп* басын исе жас жауқазын, Бөбек гүл жинар бойға тәтті шырын (F.Игенсартов, Тың дала.). *Күнестеген* жерден қылтиып көк шыға бастаған. Төмпештің күнгейінде мен *күнестеп* жаттым (С.Сейфуллин, Тар жол.).

КҮНЕСТЕУ с ы н. *Шуақтау, күнгейлеу.* Беткейдің *күнестеу* жағының қары кете бастады (Ауызекі).

КҮНЕСТЕТ= е т. **1.** *Жылыту, шуақтату.* ≈ Біраз уақыт *күнестету.* **2.** а у ы с. *Бөлендіру, шаттандыру.* Келдің күннің шұғыласына, Ерітем деп жүрек мұзын, Сүйген жанның ықыласына *Күнестетіп* өмір сырын (С.Бегалин, Өлеңд.).

КҮНЕСІН з а т. с ө й л. ***Күнес***. Қай мезгіл еді сонда, білесің бе, Сәске ме, бесін бе әлде, есімде жоқ. Әйтеуір жайғасып ап *күнесінге,* Екеуміз бір алманы кесіп жеп ек (С.Оразаев, Дала.).

КҮНЖАРА [ир. کنجاره] з а т. **1.** *Күнбағыс тәрізді майлы өсімдіктердің майы сығып алынған қалдығы.* Үлжан поезға отырып, қалаға барып, *күнжара* алып қайтқан көрінеді (Ж.Тілеков, Шалғай шепте). Нәр татып күнара: – Нан! Нан! – деп жыладың. Нанымыз – *күнжара,* Асымыз – быламық (Т.Бердияров, Көгілдір.). **2.** м а л ш а р. *Мал азығы.* Сондықтан майды неғұрлым толық сығып алу үшін ұсақталған әрі кептірілген дәнді май еріткіштерімен араластырып сығып *күнжараны* ұнын дайындайды (ҚҰЭ). Дәнінен өсімдік майын сығып алғаннан кейін *күнжарасын* малдың азығына пайдаланады (К.Боранғазиев, Жемшөп.).

КҮНЖАРАҰНТАҒЫШ з а т. т е х. *Малға берер алдында күнжараны ұнтақтайтын мәшине. Күнжара ұнтағыштың* білікті және барабанды түрі болады (ҚСЭ). Білікті *күнжараұнтағыштың* жұмыс өнімділігі сағатына 2-3 т, ал барабанды *күнжараұнтағыштың* өнімділігі 0,5-0,7 т (ҚСЭ).

КҮНЖІТ [ир. کنجد] з а т. б о т. <лат.sesamum> **1.** *Сезам тұқымдасына жататын, дәнінен май алынатын, ыстық жақта өсетін біржылдық не көпжылдық өсімдік туысы.* Бидай мен арпаны орып алыпты, кендір, *күнжіт,* бұршақ әлі көк қалпында көрінеді, дала бетін көгертіп, толқып тұр (С.Айни, Шығ.). *Күнжіт* егісіне қолайлы алғы дақылдар – күздік бидай, бұршақ (ҚСЭ). *Күнжіт* – ауыспалы егіс, оның ішінде күздік бидай егісіне жақсы алғы дақыл (ҚСЭ). Революциядан бұрын Қазақстан қант қызылшасы, темекі, *күнжіт* дегендерді білген емес (А.Дауылбаев, Қазақст.). **2.** с ө й л. ***Күнжара***. Бір гектар су алаңынан мұндай өнім алу үшін табиғи азық балыққа толық жетпесе, онда колхоз мұны құнарлы азықпен, мысалы, шит *күнжітімен* толықтыра алады (К.Күленов, Қазақст. балық).

Күнжіт майы. *Күнжіттен алынатын өсімдік майы. Күнжіт майының* түсі ашық сары; тығыздығы 0,922г/см^3; –3 – 6^{0}С-та қатаяды; сұйық күйінде жартылай кебеді; суда ерімейді, органикалық еріткіштерде ериді (ҚҰЭ). *Күнжіт майына* алоэ (жапырағы) және жүзім (жемісі) шырындарын қосып дайындалған препаратпен қышымалы тері ауруларын және тыныс демікпесін емдейді (ҚҰЭ).

Күнжіт тұқымдасы. өс. <лат.pedaliaceae>. *Шөп, кейде бұта түрінде кездесетін қосжарнақты өсімдіктер. Күнжіт тұқымдасының* дүниежүзінде 12 туысы, 90-ға жуық түрі, ал Қазақстанда күнжіт туысы, оның бір ғана – үнді күнжіт деген түрі бар (ҚҰЭ). *Күнжіт тұқымдасы* май алу үшін өсіріледі (ҚҰЭ).

КҮНКӨРІС з а т. **1.** *Адамның тіршілік етуіне қажетті материалды (тамақ, киім, жағдай).* Өйткені оның тіршілігі, *күнкөрісі,* қорегі өзін қоршаған дүниемен тығыз байланысты еді (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.). Жұмыссыз жүрген ауылдағы ағайындар оны өткізіп, тиын-тебенге жаратып, *күн көрісін* жақсартайын десе, оған мүмкіндік болмай отыр («Қаз. әдеб.»). Қала маңындағы көп кедей, бейнетқор, еңбек елінің *күнкөрісін* аңдап, аса көп аралапты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Біреу аңға серілікпен

шығады, біреу оны *к ү н к ө р і с і н е* жамаужасқау етеді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **2.** *Тіршілік, тірлік.* Солай болған соң, мектеп, медресе, газет, журнал, кітаптарымыз көбейіп, Европадағы адам баласының ауыр *к ү н к ө р і с т е н* құтылып, бақытты болуына себеп болатын ғылымдарды үйрене беруі керек (Абай, Тол. жин.).

Күнкөріс минимумы. э к о н. *Бір адамның тұрмыс мұқтажын өтеуге қажет қаржының ең аз мөлшері. К ү н к ө р і с м и н и м у м ы* азық-түлік қоржынының ең төмен деңгейдегі бағасы мен қажетті тауарларға және қызмет көрсетулерге жұмсалатын ең төмен деңгейдегі шығыны өкілетті статистика органы мен еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органында белгіленген үлесіне көбейтіліп есептеледі (ҚҰЭ). Статистикада, ғылыми зерттеулерде, болжауларда *к ү н к ө р і с м и н и м у м ы н ы ң* көрсеткіші кедейлік шегі ретінде қаралады (Қаз. тілі термин. Экономика). Ең төмен деңгейдегі *к ү н к ө р і с м и н и м у м ы* жыл сайын кедейлік шегін анықтау; әлеуметтік саясат бағытын айқындау және халықты әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыру; жалақы, зейнетақы, жәрдемақы және өзге әлеуметтік төлемдердің соңғы анықталған ең төмен мөлшерін белгілеу үшін негіз болып табылады (ҚҰЭ).

Күнкөрісінен айырылды. *Азық-түліксіз, малсыз қалды.* Сан кедей алдындағы *к ү н к ө р і с і н е н а й ы р ы л ы п,* сан бейшара қан жылады (І.Есенберлин, Қаһар).

Күнкөріс тіршілігі. *Күнделікті тірлік, шаруа.* Шағын болсын, көп болсын әр ауылдың өз тіршілігі болатыны секілді, бұл ауылдың да ұзақты күнге жетерлік *к ү н к ө р і с т і р ш і л і г і* жетіп-артылып жататын («Қаз. әдеб.»).

КҮНКЕЛДІ ө с. <лат. trollius> з а т. ***Отгүл*** (*биіктігі 5-80 см, түбінде өткен жылғы жапырақтары болатын, тамыры көптармақты, жарық гүл туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік*). *К ү н к е л д і* альпілік, субальпілік шалғындықта, тундра, орманды дала аймақтарында, ылғалды жерде өседі (ҚҰЭ).

КҮНҚАБАҚ з а т. ж е р г. ***Күнбағыс***. *К ү н қ а б а қ т ы ң* басқа өсімдіктерден бір өзгешелігі – күнге қарай жүріп отырады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮНҚАҒАР з а т. *Адамның маңдай тұсын күннен қалқалап тұратын баскиімнің алғы жағындағы қалқан.* Малшы жазда басына шұғадан немесе сәтеннен тымақ үлгісімен астарсыз үш бұрышты етіп пішілген, күмбезінің алдында арнайы *к ү н қ а ғ а р ы* бар жалбағай, далбай, күләпара киген (Ө.Жәнібеков, Қазақ киімі.). Астындағы жирен, қаншырдай қатқан атын сипай қамшылап, басындағы қара қалпағының *к ү н қ а ғ а р ы н* көтеріңкіреп қойды (М.Сүндетов, Ескексіз.). Бочкин төмен қарап, кепкасының *к ү н қ а ғ а р ы н* сипалап, қабағы түсіп қиналғанын көрсетті (К.Тоқаев, Тасқын).

КҮНҚАҚТЫ с ы н. *Күнге күйген, тотыққан, қарайған. К ү н қ а қ т ы* жүзіне, шымыр тұлғасына ақ көйлек айрықша өң беріп тұр (К.Баялиев, Дегелек.).

Күнқақты бота. ж е р г. *Күнде көп жатқандықтан, күн өтіп, іші кеткен, аза бастаған бота. – Б о т а ң ы з к ү н қ а қ т ы* болған екен: құмалақтамай, тышқақтайды екен. Мұны мал дәрігеріне көрсетіңіз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮНҚАЛҚА з а т. *Жеке үйлердің алдында, саяжайларда жаңбырдан, күннен қорғануға арнап салынған төбесі жабық орын.* Әңгіме балалар тамақтанатын *к ү н қ а л қ а н ы ң* астында өткен (Ә.Тарази, Бұлтқа сал.).

КҮННЕН-КҮНГЕ ү с т. *Күн өткен сайын, уақыт өте келе.* Нұрила Қазизаны *к ү н н е н - к ү н г е* тек сырлас апай ғана емес, ұстаз тұта бастаған (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Зерікпес кім көріпті ондай жанды Үстелге әлде мықты ол байланды. Қолынан осы қыздың шыққан қағаз, Қалыңдап *к ү н н е н - к ү н г е* томға айналды (З.Шүкіров, Арал толқын.). Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі *к ү н н е н - к ү н г е* артылар, «Бірінші ақынымыз» деп қабіріне халқы жиі-жиі зират етер, халық пенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар (М.Дулатов, Шығ.). Мұстапа – бойдақ, кедей біраз тұрған, кәсібін *к ү н н е н - к ү н г е* Тәңірі оңғарған. Аздан соң қатын алып, үй салғызып, Шаһарда сенімдінің бірі болған (Абай, Тол. жин.).

КҮНПАРАҚ з а т. **1.** *Бір жылдың барлық мезгілі, айы мен аптасы белгілі бір жүйемен көрсетілген, белгіленген уақытта орындалатын істер көрсетілетін анықтама кітапша.* – «Шәке, жетіде жиналысымыз бар ғой, ұмытқан жоқсыз ба?» – деді жігерлі қоңыр дауыс. – Міне, *к ү н п а р а қ т а* жазулы тұр, ұмытып кететіндей не көрініпті («Жұлдыз»). **2.** ***Күнтізбе***. Ежелгі үнділерде кемелденген *к ү н п а р а қ* болған (А.Көбесов, Математика.). Өйткені өмір қажеттері мен талаптарын қанағаттандыратын *к ү н п а р а қ* жасау үшін тек аспан денелеріне бақылау жүргізу жеткіліксіз, едәуір астрономиялық білім-

тәжірибелерді де жинақтау керек болады (А.Көбесов, Математика.).

КҮНСА= е т. *Күнге қыздырыну, күншуақтау.* Күн сынды, ызғырық жел жоқ. Жайма-шуақ. Ауылдың кемпір-шалдары үйлерінің алдында *к ү н с а п* отыр (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

КҮНСОҚТЫ: күнсоқты болды. *Күн өтті, күннің қызуы денесіне дарыды. К ү н с о қ т ы б о л ғ ы н ұ* келмесе, қалың ки, көйлекшең кісі ыстыққа тез ұшады, қалың киінсең, әрі күн өтпейді, әрі денең салқын болады (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Ешкімнің арқасын күн шағып, маңдайынан тер моншақтамаған, ешкім тамағы кебірсіп шөлдемеген, ешкім *к ү н с о қ т ы б о л ы п* ауырмаған сияқты («Лен. жас»).

КҮНСІ= е т. **1.** *Күнге күю, күн тұсу.* Жабық машиналарда тұншығып, ашық машиналарда *к ү н с і п,* қаталап келе жатқан көп жаралылар бар (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты). **2.** *Күн өту, шөлдеу.* Көлеңкеде жайылған қой *к ү н с і м е й д і,* тойына жайылады, біріне-бірі үйлықпайды (Б.Мәдиев, Өрендер.). **3.** *Күнге оңалу, тұсін жоғалту.* Жаңбырдың мол селдетерін білгесін, Жүгірісіп үйді-үйіне жиды есін. Жоғалды ұлт жабыстырып үстіне Шөпшілердің *к ү н с і п* кеткен жейдесін (Қ.Мырзалиев, Күміс.).

КҮНСІЗ с ы н. *Күн жоқ, қараңғы.* Қашан дос болғаны өздерінің де естерінде жоқ, мына даланың *к ү н с і з* өмірі жоғындай, олардың да бір-бірінсіз тірлігі жоқ еді (М.Жұмағұлов, Қыран.). Түн ортасы ауған мезгіл, Жатыр ұйықтап дүние тілсіз. Жас сұлудай жалғыз-ақ ай Тек аспанда жүзген *к ү н с і з* (Ә.Тарази, Асу-асу). Жылсыз өмір өлшеуі жоқ, Өлшеуі жоқ айсыз, *к ү н с і з.* Қаңғыр-күңгір құр жаңғырық Мылқау дүние қалды тілсіз (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын.). Қыз айтты, енді үш *к ү н с і з* дию келмес, Кетер деп қашып-пысып дию сенбес (Ғашықтық дастан.). *// Күнкөрісі қиын, тұрмысы ауыр, панасыз кісі. К ү н с і з д е р г е* күн болған, Жержүзіне нұр болған, Ақылдың кені данышпан, Кемтарларға жол берген. Заманның ері арыстан (Жамбыл, Шығ.). Бола қалса, күңкілдеп күндемес ем, Көріп тұрып күндізді түн демес ем, Мен өзгемін, мен Ленин жерлесімін, *К ү н с і з г е* күн, үнсізге үн боп өсем (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

КҮНСІРЕ= е т. *Күнсу, күн астында журу.* Тамағыңды ішіп ал да, босқа *к ү н с і р е м е й* үйге қайқай, – дедім балама (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

КҮНСІТ= е т. *Күннің астында қалдыру, шөлдету, күн өткізу.* Сәтжан биыл төлдерін өте жақсы бақты. Бұзауларын қашан есейгенше *к ү н с і т п е й,* талдан шарбақ тоқып, көлеңкеге жатқызды (С.Бегалин, Уақыт.). Мен де бір ұланыңмын анам сенсің, Сарқылмас ақ сүтің мол шалқар шөлсің. *К ү н с і т п е с,* шөліркетпес миуа бағың, Жайып түр көк шатырдай көлеңкесін (О.Малқаров, Өлең д.).

КҮНТАЙЫМ з а т. э к с п р. *Кішкентай баланы еркелеткенде, еміренгенде жаным деген мағынада айтылатын атауыш.* Кереуеттің төменгі жақтауында екі шынтағын төсеп, кеудесін алға ұмсындыра шалқиып тұрған Саурық осы тұста өз қуанышының тасқынын сыртқа шығарды. – Көрерсің. Менің *к ү н т а й ы м* әлі құралайды көзге ататын мерген болады, – деді (С.Омаров, Өмір.). – *К ү н т а й ы м* -ау, мұның не? Стол астына тығып қойған кім? (Ш.Хұсайынов, Таныс адам).

КҮНТАҚА з а т. с ө й л. ***Көнтақа***. Жол бойы елсіз. Қара-құра өте сирек көрінеді... Жұтаған дала, жұтаған ел қожыраған *к ү н т а қ а,* қоңыр саулық тәрізді (С.Сейфуллин, Тар жол.).

КҮНТАРТҚЫШ з а т. <франц. loupe> *Күн сәулесін шоғырландыратын ойыс шыны.* Егер сонда *к ү н т а р т қ ы ш ы н* Қанатқа бере салса, қазір оның компасын қыңқ еткізбей алатын сияқты (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

КҮНТИМЕС з а т. с ө й л. *Мал құйрығының асты.* – Е, ек, ит жалаған шылапшын бет! Ақ байталдың *к ү н т и м е с і н і ң* жүні! – деді (С.Сейфуллин, Шығ.).

КҮН-ТҮН[1] з а т. о й ы н. ж е р г. *Бір жағы «күн», екінші жағы «түн» болып, екі топқа бөлініп ойнайтын ер балалар ойыны. К ү н-т ү н* ойынында басқарушы «күн!» не «түн!» деп біреуін атап, оқыстан алақанын қағып қалғанда, аты аталмағандары сөреге қарай жүгіреді де өзгелері тұра қуып, қолға түскендерді өз тобына әкеп қосады (Қаз. тілі аймақ. сөздігі). *К ү н-т ү н* ойнап жүргенінде жығылып қалып, баламыз тобығын шығарып алыпты (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

КҮН-ТҮН[2] ү с т. *Күндіз-түні, күні-түні.* Ақыры *к ү н-т ү н* мал бағуға шыдамадық, менен үлкен Жұмабай Арық баласы екеуміз бір түнде елге қашып кеттік (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Патша Хасанның өлгенін естіп, қатты қайғырып, басын көтермей *к ү н-т ү н* жатып алады (Қаз. ертег.). Бөлдірмеуге түн ұйқысын, Төндірмеуге қайғы бұлтын. Сөндірмеуге жас күлкісін, Отаны сақ тұрды *к ү н-т ү н* (А.Тоқмағамбетов, Өмір.).

Күн-түн демей. *Ерте демей, кеш демей, үнемі уақытпен санаспай, тыным көрмей, дамылсыз.* Шоферлар жайы белгілі. Көбіне *к ү н-т ү н*

демей сапар шегеді. Уақытымен ас ішу, режим сақтау бұларда жоқ (Е.Оразақов, Қайта соқ.). *Күн-түн демей* қызылша басында кетпенін көтеріп, дамылсыз еңбек етіп жүргенінде, жалғыз баласы Алтынбек аяқ астынан ауырды (М.Мырзақұлов, Ақық.).

Күн-түн қатты. *Дамыл таппады, тыным көрмеді.* Бас еркі өзіне тиген жұмысшы батальоны да *күн-түн қатып,* Трапезундқа жетті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Ұрыста қылыш шауып, мылтық атқан, Жаңбырдай оқ жаудырып бұрқыратқан. Қарамай күннің ыстық, суығына, Майданда қарулы ерлер *күн-түн қатқан* (Қ.Тастайбеков, Өлеңд.).

Күн-түн қату. *Дамыл таппау, тыным көрмеу.* Соңғы жылдары ақысыз-пұлсыз Оралбайға қызмет көрсетіп, бел шешпей *күн-түн қатуды* көтере алмай, көтерем болды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

КҮНТІЗБЕ з а т.<лат. calendarium> *Ұзақ уақыт мезгілін есептеудің аспан денелерінің көрінерлік қозғалысының ауық-ауық қайталану ерекшелігіне негізделген жүйесі. Күнтізбе* Ежелгі Римде әрбір айдың 1-күні календы деп аталған (ҚҰЭ). Шаруашылық күрделеніп, еңбек бөлісу аясы кеңейген кезде дәлдігі нашар, құбылмалы ауа райына тәуелді табиғи *күнтізбелер* халық қажетін қанағаттандыра алмады (ҚҰЭ). Ақыры, адамзат уақыт есебін дүркін-дүркін дәйекті түрде қайталанып тұратын аспан құбылыстарына негізделген *күнтізбелер* бойынша жүргізетін дәрежеге жетті (ҚҰЭ).

КҮНТІЗБЕЛІК с ы н. *Күнтізбеге сай, күнтізбе бойынша.* ≈ *Күнтізбелік* істер.

Күнтізбелік жоспар. п е д. *Мұғалімнің тоқсан, жыл көлемінде өткізетін сабақтарының тақырыбы, мерзімі көрсетілетін жоспары. Күнтізбелік жоспар* – күнтізбе бойынша белгіленген жұмыстың істелу бағытын, мерзімін айқындау (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Күнтізбелік жоспарлау. э к о н. *Жалпы кәсіпорын және оның жеке құрылымдық бөлімшелері (цехтар, телімдер, бригадалар, жұмыс орындары) үшін қысқа мерзімге (айға, тәулікке, мауысымға, сағатқа) арналған нақты өндірістік тапсырмаларды әзірлеуді қоса оралымды-өндірістік жоспарлаудың бір бөлігі. Күнтізбелік жоспарлау* тапсырмалар, нормалар мен нормативтердің, шарттық міндеттемелер мен мемлекеттік тапсырыстардың негізінде әзірленеді, мұнда сондай-ақ оларды іске асырудың сол сәтте қалыптасқан нақты жағдайлары ескеріледі (ҚҰЭ).

Күнтізбелік жыл. э к о н. *Күнтізбе бойынша дәл есептелетін біржылдық уақыт кезеңі, сондай-ақ онымен сәйкес келетін есептік және есеп берілетін жыл.* Шаруашылық, қаржы, салық жылы *күнтізбелік жылмен* сәйкес келмеуі мүмкін (Қаз. тілі термин. Экономика).

Күнтізбелік суару жоспары. с у ш а р. *Суару маусымының әр он күні сайын суарылатын жердің ауданы, қажетті суару мөлшері көрсетіліп жасалған күнтізбелік жоспар. Күнтізбелік суару жоспары* бойынша әрбір шаруашылық суаруға қажетті суға сұраныс береді (Қаз. тілі термин. Су.).

Күнтізбелік суару кестесі. с у ш а р. *Шаруашылықта ауыспалы егістікті суару тәртібі. Күнтізбелік суару кестесі* күнделікті неше гектар егістік суарылады, қандай каналда қандай су өтімі қажет, суару уақыты, тәулігіне қанша сушы қажет, сушылардың жұмыс өнімділігі, каналдардың кезектесіп жұмыс істеу тәртібі және т.б. көрсетіледі (Қаз. тілі термин. Су.).

КҮНҰДАЙ ү с т. *Ертеден қара кешке дейін, күні бойы.* Тағы да Ильич үстінде істің, Зырлайды уақыт құйындай. Тағы да шұғыла кең маңдайға түсті Ауырлаған оймен *күн ұдай* (Достық).

КҮНҰЗАҚ ү с т. *Күні бойы. Күнұзақ* дала кезеді, ауыл аралайды, қымыз ішеді, ет жейді (М.Қаратаев, Далада.). Тал шыбықтай бұралған жалғыз қарындасын қара жұмысқа салып қойып, *күнұзақ* төр алдында қорылдап жатуға қалай шыдайды дәті? («Қаз. әдеб.»).

КҮНҰЗАҚҚА ү с т. *Ертеден қара кешке дейін.* Жалбыр шашты орыс Раушанды столға отырғызып қойып, суретін түсіріп аламын деп *күнұзаққа* қағазды шимайлаған (Б.Майлин, Шығ.). Мен *күнұзаққа* аурухана терезесінен Өзеннің көше-көшесіне көз жүгіртемін (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

КҮНҰЗАҚТЫ ү с т. с ө й л. ***Күнұзақ***. *Күнұзақты* жұмыстан шаршаған Абзал тіс жарып, ештеңе деген жоқ («Лен. жас»).

КҮНҰЗЫН ү с т. *Күні бойы.* Омбыны *күнұзын* аралап, Сейдахмет үйіне келсем, Қазы дем алып жатыр екен (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Сіміріп салқын қымызын, Серпіле сөйлей бастадық; Шаршаған тайды *күнұзын* Сыпырып дереу тастадық (Ғ.Орманов, Таңд.). Жер алыс болмаса да, Құнанбай *күнұзын* ат үстінде жүріп, кешке ғана қайтты (М.Әуезов, Абай жолы). Қойшы етіп, *күнұзын* лыпасыз күйде қой шетіне салып қойды ғой! – деді (М.Әуезов, Шығ.).

КҮНҮЗЫНҒА үс т. *Күнүзын, күні бойы. Күнүзынға* [Үлжанның] есіне әлденеше рет Майдан түсті («Лен. жас»).

КҮНШЕ үс т. **1.** *Күнге ұқсап, күн сияқтанып.* Қамыс шуылдап тұр. Айқын нұрың көрмесем, Айтқаныңа ермесем, Жолыңа жанды бермесем, Көрінбей маған *күнше* бат! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сағынсам да алыстан, Жүруші ем *күнше* жылынып, Қызықтың заңғар басынан Қорлыққа кеттім жығылып (Абай, Шығ.). **2.** *Тәулік шамасы, күндей.* Бұл хабар құлағына қаққан шеге – Секілді тітіркеніп түгел дене, «Бір *күнше* ойланайын» – деді Жұпар, Зорға ап демін, сөзін айтып бөле (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Өтінеміз сіздерден, Бір *күнше* бізбен болыңыз (Дастандар).

Күнше күркірейді. *Күндей күркіреді.* Құлақ түрген адамға: біресе *күнше күркірейді*, тау суындай бұрқырайды, сыбырласқан, сырласқан адамның үнін береді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

КҮНШУАҚ з а т. **1.** *Күннің сәулесі, қызуы. Күншуаққа* көп болуға, теңіз суына көп түсуге болмайды. Ол зиян (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Қыс та өтті, туды көктем, Төкті жаз да *күншуақты,* Сұр құлыншақ, Серік күткен, Көз таңдайтын тай боп шықты (Т.Жароков, Шығ. жин.). **2.** *Күн қызуы мол түсетін ықтасын, шуақ жер, күнгей жақ.* Мен көрдім сынық қанат көбелекті. О да білер өмірді іздемекті. *Күншуаққа* жылынар қалтқұлт етіп, Одан ғибрат алар жан бір бөлек-ті (Абай, Тол. жин.). Әдемі реңді, әлденеше түсті балапан қозылар, лақтар *күншуақта* секіріп, дамылсыз маңырайды (М.Әуезов, Абай жолы). Жақсыбайдың шешесі Күнтүлім *күншуақта* жамау жамап отырушы еді (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Айқай салып қол бұлғап, Ұшқан құсқа жырақта, Жас балалар жымыңдап, Жылынды *күншуақта* (С.Мәуленов, Құлыншақ.). **3.** с ө й л. ***Күншығыс.*** Адам баласына естіртіп айтпаған мұңы бар, зары бар. Жоқ, жоқ, ол сол шерінің бәрін бүгін *күншуақ* елінен келген жігіттерге айтып отыр. Ақтарылып отыр (Т.Шаханов, Көгілдір.).

КҮНШУАҚТА= е т. *Күн көзіне жылыну.* Су сылдырап, жел гүлеп, *күншуақтап,* Жылылық пен достықты тұрсын мақтап. Өнген, өскен жақсы деп емен ағаш, Теңселіп айтып тұрса ол шайқақтап (Абай, Тол. жин.). Шал-кемпір *күншуақтап*, көңілі жай боп, Өткен күн, өмірін айтып, күбірлесіп. Бота, құлын, бұзау, лақ, қозы туып, Қуанып ойнақтайды, олар да өсіп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Көлден балық сүземіз, Жалтылдатып тіземіз. Көгалда жатып көсіліп, *Күншуақтап* шешініп, Ән шырқаймыз шешіліп (С.Қасиманов, Өс-өс.). Қара өгіз күні бойы *күншуақтады,* аузы алғаш рет санамалы болса да көкке тиді, қардың суын ішіп, қарны қампайды (З.Ақышев, Ақбел.).

КҮНШЫҒАР з а т. қ о л ө н е р. *Күннің шығу сәтін бейнелейтін өрнек, үлгі.* Әсіресе көбірек кездесетіндер: айшық гүл, жұлдыз гүл, *күншығар* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КҮНШЫҒЫС[1] з а т. **1.** *Шығыс, жердің төрт тарабының күн шығатын жағы.* Дін исламға кіре алмай қалған, Осы күнде *күншығыс* Сібірінде қазақтың ағайындары бар (Абай, Тол. жин.). Аттылар үйдің сыртына келе бергенде алдарында, сол үлкен үй мен *күншығыс* жағына тігілген қонақ үйдің екі арасында бұларды күткен бір топ жан тұр екен (М. Әуезов, Таңд.). Күтеді не де болса жалғыз хақтан, Қауіпсіз Мерген үш күн ұйықтап жатқан, Өткенде үш күн, үш түн сол мезгілде Ағарып, *күншығыстан* таң да атқан (Құламерген). **2.** *Шығыс ел, мемлекет.* Қайсыбір *күншығыс* жазушылары, қазақ Айсадан бұрын өз алдына жұрт болған деулері қаншалық дәлелді екендігін сыпаттау қиын болса да, «қазақ» аты қазақтың өз алдына жұрт болғаннан бері өзгерілмей келе жатқандығы, еш уақытта қазақ өзін өзге атпен атап көрмегендігі анық (М.Дулатов, Шығ.). Өткен март айының ортасында арасына бір жеті салмастан *Күншығыс* жұрттары екі бірдей кемеңгер көсемінен айырылды (М.Дулатов, Шығ.). Үшінші қол шақырып, Тастайтындай жапырып, Құтты болғай деп қадам, *Күншығысқа* қол алып, Азық-түлік мол алып, Шықты өзі хан Дадон (А.Байтұрсынов, Шығ.). **3.** ж е р г. *Шығыс бағыттан соғатын теңіз желі.* Оған жалғас екі-үш күннен кейін *күншығыс* болды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Аузы күншығысқа қарап қалды. *Мас болды, есінен танды.* Брага ашытуға Агаша әбден спадияр болып алған. Үш-төрт стаканын жұтқан адам *аузы күншығысқа қарап қалады* (С.Жүнісов, Жапанда.).

КҮНШІ с ы н. с ө й л. ***Күншіл***. Ал адамның сәл нәрседен сүрінетін кезі де болмай ма? Ондайда жаны ашитын адам сүйейді. Көре алмаған *күншілер* кері итереді («Лен. жас»). – Обал жоқ бізге! – деді өзіне-өзі. – Поселке болмадық. Болғанды күндеудің керегі не? *«Күншінің* күні қараң...» (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

КҮНШІЛ с ы н. *Іштар, қызғаншақ, көре алмайтын, күндегіш.* Дәлелсіз сөз — соққан жел, ұшқан тозаң, Таза ақылдың алдында жоқ қой құны. Мисыз, *күншіл*, бірезу,

өзімшілдер Аласұрсын, асқақтап, қозса жыны (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жарым *к ү н ш і л*, көз салдырмайд жан-жаққа, Жібермейді жұмысқа да, мансапқа. Сондай ерке, оны құшып, керіліп, Күндіз-түні күңірене бер тек жат та (М.Жұмабаев, Шығ.). Шын шын бар, қате шын бар, улы шын бар, Әлгі айтқан өтірікте қандай мін бар? Елді сынап, өз мінін елемейді Өлі жүрек, өзімшіл, *к ү н ш і л* мұндар! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Замандастар, тұстастар әділ болуы қиын, өйткені не заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеуішпен өлшейді; сыншылардың көбі не ақынды жақтаушылар, не жамандаушылар, не бықсыған *к ү н ш і л д е р*, не сол ақынды ат қылып мініп алып, әбүйір-атақ іздеп, көзге түсем деушілер болуға мүмкін (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күншіл дүние. п о э т. *Опасыз өмір.* Көп жасамай көк орған, Жарасы үлкен жас өлім. Күн шалман жерді тез орған. *К ү н ш і л д ү н и е* қас өлім (Абай, Тол. жин.).

КҮНШІЛДІК з а т. **1.** *Іштарлық, көреалмаушылық, бақастық.* Халық *к ү н ш і л д і к т і ң* жағымсыздығын әр алуан мақал-мәтелдермен бейнелеп берген (ҚҰЭ). *К ү н ш і л д і к* адамды ашу-ызаға, қатыгездік пен мейірімсіздікке жетелейді (ҚҰЭ). Жексеннің сөзін естігенде, *Күншілдікпен* айтып отыр ма? Кезі келсе, өзің де сүйтер едің деп ойлаймын (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). Бәрінің ортасынан аяқтап келгенде, *к ү н ш і л д і к* деген мінез туып күшейді, оның ішкі сыры: өзгені бойынан асырмай, аяққа таптау, ол ойын іште сақтау (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). **2.** *Бәсекелестік, бақталастық.* Көре алмай біреуіңнен бірің ассаң, Өзді-өзің *к ү н ш і л д і к п е н* болма ащы. Бірінен бірі тәғлим алмақ үшін Бұл күнде жердің жүзі араласты (М.Дулатов, Шығ.).

Күншілдік етті. *Көре алмады, іштарлық етті. К ү н ш і л д і к е т т і* бұған Маймыл надан, (Мақтауды Маймыл түгіл, сүйеді адам). «Осындай жұрттан мақтау алмайтұғын, – Ойлады: – мен кеммін бе, – деп, – анадан?!» (А.Байтұрсынов, Шығ.).

КҮНШІЛДІКТІК з а т. с ө й л. ***Күншілдік*** *(бәсекелестік).* – *К ү н ш і л д і к т і к* деген кейде жаман да әдет емес. Пушкин: «*К ү н ш і л д і к т і к* бәсекенің сіңлісі, демек, тегінде, сонау шыққан тегінде онша жаман нәрсе емес» – депті (С.Бақбергенов, Қарға там.).

КҮНШІЛІК[1] з а т. с ө й л. ***Күншілдік***. Әрбір мақтан біреуден асамын деген *к ү н ш і л і к т і* бітіреді де, күншілік күншілікті қозғайды (Абай, Тол. жин.).

Күншілік қылды [етті, жасады]. *Қызғанды, көре алмады, іштарлық көрсетті.* Біреудің дәулеті мол Құдай берген, Мал іздеп нашарлар көп елде жүрген. *К ү н ш і л і к қ ы п* масқара болмаңыздар, Біледі жамандығын оқып көрген (ХХ ғ. қаз. ақын.). Бала келгенсін патша оған көп алтын береді, бала үйіне қуанып қайтады. Оны естіген патша санаттары *к ү н ш і л і к е т е д і* (Қаз. ертег.). Бәйімбетті өз ағайындары патшаға бардың деп, *к ү н ш і л і к ж а с а п* өлтіріпті деген сөз бар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮНШІЛІК[2] з а т. э т н. *50-60 шақырымдай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Ақыным, айтқан сөзің бәрі жүйе, Лебізді арам қылар кейбір неме. Ауылым үш *к ү н ш і л і к* Қарақұмда, Үйге барсаң, бір тоғыз ал, басы түйе (Айтыс).

Күншілік жер [жол]. э т н. *Атпен жүргендегі 50-60 шақырымдай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Еламан бір кіндіктен жалғыз, әке-шешесінен ерте айырылды, әкесімен бірге туған Есбол деген ағасы бар, бірақ бұл арадан бір *к ү н ш і л і к ж е р д е* тұратын баласыз жалғыз жетім шалдан қайыр жоқ (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Апырай, – деді қарт бармағын шайнап, – осындайда мылтығым болар ма еді. Мылтығым барда менен *к ү н ш і л і к ж е р д е н* қашатын еді-ау, бұл иттер! Құр қол жүргенімді сезіп, басынуын қарашы (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Қараменді ойы – екі *к ү н ш і л і к ж о л ғ а* баласын ала кету (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

КҮНШІЛІКСІЗ с ы н. *Бақассыз, талассыз, күншілдіктен аулақ.* Кемді күн қызық дәурен тату өткіз, Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз! *К ү н ш і л і к с і з* тату бол шын көңілмен Қиянатшыл болмақты естен кеткіз (Абай, Тол. жин.).

КҮНШІЛІКТЕН ү с т. *Алыстан, сонадайдан.* Аян атасы мен Баянның қызылшадан қайтқан, қайтпағанын *к ү н ш і л і к т е н* аңғаратын (Қ.Жұмаділов, Қаздар). Айнала орап жатқан қалың орман, Кім екен күші жетіп еккен қолдан? Көрінген *к ү н ш і л і к т е н* күмбезденіп, Секілді сауыт киген болат қорған (М.Хакімжанова, Таңд.).

КҮНШІЛІКТЕЙ: бір күншіліктей болмады. *Бір күнгідей болмады, тез, лезде өте шықты, тез ұмытылды.* Жарылқаймын десе, құдіреттің кеңшілігі аз ба! Көрісеміз деген кімнің ойында бар. Енді бәрі *б і р к ү н ш і л і к т е й б о л м а д ы!* – деді Әбу (О.Сәрсенбаев, Даңқ.).

КҮНІБҰРЫН ү с т. *Ертерек, алдын ала, мерзімінен бұрын.* Астыңа жел жетпесті мініп алып, *К ү н і б ұ р ы н* мал өрісін біліп алып, Жабысып ат жалына ай жарықта Кететін қолдар мынау іліп алып (М.Дулатов, Шығ.). Газет арқылы болсын, хатпен болсын, *к ү н і б ұ р ы н* хабарласпай, сөйлесіп келіспей кездесудің түбі

өкінішке соғу ықтималы бола берер (М.Дулатов, Шығ.). Құдай тамыр-таныстан айырмасын!.. *Күнібұрын* есіне сап қояйыншы, Қала жүзін көруден ойым бар ед (Ж.Аймауытов, Шығ.). Олжаның аз-көбіне *күнібұрын* сендіру қиын. Ал жездейдің ынсаптылығына *күнібұрын*-ақ сене беруге болады (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

КҮНІГЕ үс т. *Күнде, күн сайын.* Абай сөзін әр қазақ *күнігe* бір рет ауызға алатыны – ақиқат шындық (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). *Күнігe* қойды үш рет аралап шықпаса, Әміржанның көңілі көншімейді (З.Шашкин, Ақбота). *Күнігe* таңмен ұзақ сырласамын, Дірілдеп үн қатпайды қырда сағым, Сендағы сол сағымдай жеткізбейсің, Қайтейін қызығымды ұрласа мұң (Ж.Сәтібеков, Сырлы.).

КҮНІЛГЕРІ үс т. *Алдын ала, мезгілінен бұрын, ертерек.* Елеусіз Шынармен бас қосқан да *күнілгері* әзірлеген сөзінің бір де бірі кәдеге аспай қалады (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Уақыт, уақыт өзгеріпті, түлепті, Қайтеміз біз оны енді сөз қылып. Кеудедегі жұдырықтай жүректі, Алыпсыз ғой *күнілгері* тоздырып (Ж.Сәтібеков, Сырлы.). Мұнан былайда, бұ күнгі күнді жыл сайын осындай қуанышпен қарсы алып, ойнап-күліп өткізу үшін қазақ елі ерінбей еңбек сіңіріп, мезгілін өткізбей егін егіп, пішен шауып, *күнілгері* қамыңды же (М.Дулатов, Шығ.). Олай болғанда көрші патшалықтар өзді-өзі *күнілгері* хабарласып, бірінің мұқтаждығынан бірі пайдаланбай, шекарадан өткізген астыққа, тауарға арзан баж салдыруға келісу керек (М.Дулатов, Шығ.).

КҮНІМ з а т. э к с п р. **1.** *Баланы жақсы көріп еркелеткенде, еміренгенде жаным деген мағынада айтылатын атауыш.* Газиза ана соны айтып, *Күнім,* деді Ермегін. Әңгімемен үйіне Бірақ сезді келгенін (Торы тайым). Күні кешеге дейін «айым, *күнім»* деп, мұның бетінен қақпайтын өмірдегі жалғыз аяулы анасын Дәмежан қалай жерге қаратып, тайып отырмақ (Ә. Қалмырзаев, Ар.). **2.** *Сүйген адамын жақсы көретіндігін, еркелеткенін білдіргенде айтылатын атауыш.* Қайдан тигем, Қайдан сүйгем? Тіпті маза бермеді... Жаным, *күнім,* Қызыл гүлім, Анна, Анна! Кел бері! (Б.Майлин, Таңд. шығ.).

КҮНІМЕН үс т. **1.** *Күні бойы, күнұзақ.* Сонымен бұлар Үшқамысқа аттанды. *Күнімен,* түнімен жүріп отырып, ертеңіне түсте жетті (Д.Әбілев, Арман.). Осы күй әсерінен Болат сол күні *күнімен* арыла алған жоқ (З.Шүкіров, Ізгілік). **2.** *Ұзақ уақыт.* Түнеріп қабақ *күнімен,* Түйіліп нені ойлайды! Домбыра зарлы үнімен Нені айтып бүгін қоймайды (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

КҮНІНДЕ үс т. **1.** *Күнде, күн сайын, кезінде.* Жаманды күнде азғырса, жан демейді, Жақсы жаннан кей-кейде таяқ жейді. *Күнінде* неше бүлік шығарса да, Еңбегі жанған жан боп сүйінбейді (Абай, Тол. жин.). Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, *күнінде* бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен-өзің есеп ал! (Абай, Тол. жин.). **2.** *Бір кездерде, өз заманында.* Сөзбенен бұзушы едім таудың басын, Өтті ғой тамашамен талай жасым. Отырмын мүгедек боп, серпіле алмай, *Күнінде* ат пен шапан тапқан басым (Айтыс). *Күнінде* айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен (Абай, Тол. жин.).

Күндердің күнінде. *Әйтеуір бір күні, түбінде, ақыр аяғында. Күндердің күнінде* жаман айтпай, жақсы жоқ, Мақыштың қызын алып, онымен қас-қабағың жараспай жүрсе, осыны алуыма құрғырлардың сөзі қамшы болып еді деп, өкінбесіңе жақсы (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КҮНІНЕ үс т. *Күн сайын, күнде.* Сұлтанмахмұт медреседегі өзімен сабақтас шәкірттер ішінде орыс тіліне алғыр да қомағай, зейінді жас екенін Якуп жақсы таныды. *Күніне* бір сағат кешкілікте сабақ беріп тұратын боп келісті (Д.Әбілев, Ақын.). Бар еді бір қатында жалғыз тауық, *Күніне* бір жұмыртқа тұрды тауып. Жем көп берсем *күніне* екеу табар Дегенге кетті әйелдің көңілі ауып (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш).

КҮНІС= е т. с ө й л. ***Күнсі***. Шеше сағынған баланың ыстық басы бала сағынған ана кеудесіне *күнісіп* жатқан жерге тиген жылы жаңбырдай еміренте де тебіренте тиді... (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Кеудесіне оттай ыстық тиген Қартайдың басын айқара құшып алып, *күніскен* төбесінен сүйе берді, сүйе берді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

КҮНІ-ТҮН үс т. с ө й л. ***Күні-түні***. Әйтеуір бір шығып мін, Жанбаушы еді бұл еңбек. Жүретінбіз *күні-түн* мал соңында сүмеңдеп (А.Шамкенов, Сағат.). Арманың көп, біту қайда, Айта берсең, *күні-түн*. Тек мен білем-ah, не пайда, Менен басқа тыңдар кім (XX ғ. қаз. ақын.).

КҮНІ-ТҮНІ үс т. **1.** *Күндіз де, түнде де, күндіз-түні, тәулік бойы.* Енді бұлар Кенесары Қарақұмға өтіп кетпесін деп *күні-түні* жүріп отырып Торғайға жетті (І.Есенберлин, Қаһар). Кемпір шалының аузына су тамызып, *күні-түні* қасынан шықпады (Қаз. ертег.). **2.** *Күні бойы.* Кедей өлсе үйіне Күңіреніп бармаған. Аттана

шауып бай өлсе, Қирағаттап құранды, *Күні-түні* сарнаған (Жамбыл, Шығ.). **3.** *Үнемі, әрдайым, ылғи, әрқашан.* Көркің хор, періште еді сенің жаның, Ойлаушы ең *к ү н і-т ү н і* көк аспанын. Мінезін адамзаттың сынамаққа Мезгілді орын ғып ең бұл жалғанын (М.Жұмабаев, Шығ.). Болған соң уәделі күн, жауын жауды. Судан ішкен жынды боп, ақылы ауды. *К ү н і-т ү н і* шуласып, таласады, Ұмытты тамақ жеумен және ұйықтауды (Абай, Тол. жин.). Көп отырды, қозғалды сөйлегелі. Құлағымда бүгін тұр соның үні. Сендерге не жұмыс бар тағдырменен. Ойнай бер де, күле бер *к ү н і-т ү н і* (Абай, Тол. жин.).

Күні-түні дем алмады. *Дамыл көрмеді, тыным таппады.* Көйлегін ақтан тіккіштеп. *К ү н і-т ү н і дем а л м а й.* Бітіруге тұр күштеп. Асыққансып тоқтамай (Абай, Тол. жин.).

КҮҢ з а т. к ө н е. *Олжаға түскен не сатып алған, бас бостандығы, құқығы жоқ, төменгі әлеуметтік жікке жататын әйел адам.* Байлардың есігінде жүрген мына жалшылар мен *к ү ң д е р д і ң* ұсқыны аса жүдеу еді (С.Жүнісов, Ақан сері). Өзіңді-өзің *к ү ң* қыласың (Ж.Аймауытов, Шығ.). «Ойлама, – деді, – Күңді, сен – мал, *к ү ң с і ң*, Сөксем де, соқсамдағы шыда, көн сен. Шыдамасаң, қарсы «лəм» деуші болма, Тұншығып көз жасыңа көміл, өл сен!» (М.Жұмабаев, Шығ.). Мен оларға ене емеспін, жалдап алған бір *к ү ң м і н.* Баяғыда бай ауылдарының жалдап алатын сондай бір *к ү ң д е р і* болушы еді (С.Мұратбеков, Жабайы.).

Күң болды. *Күңдікте жүрді, қорлық, зорлық көрді. К ү ң б о л* е з і л і п, егіліп Жылағанды жақтады. Суырылып топта сөз сөйлеп, Әйел мұңын жоқтады (М.Жұмабаев, Шығ.).

Күң қылды. *Күңдікте ұстады.* Өз қолымен отқа салған ата-анасына, аяу білмеген тасбауыр жақынына, жансыз ойыншық қылған, намыссыз *к ү ң қ ы л ғ а н* мұңдарларға қанды жас төгіп, лағынет айтады әйел... (М.Жұмабаев, Шығ.).

Күң құрлы жоқ. *Ең төмен, қорлықта жүрген адамның да бір айтары болады деген мағынада.* Оның бәрі – бірін-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып зор болғандық əсері. Орысқа айтар сөз де жоқ біз құлы, *к ү ң і қ ұ р л ы* д а *ж о қ п ы з* (Абай, Тол. жин.).

Күңің болайын. *Айтқаныңды екі етпейін, айтқаныңнан шықпайын.* – Қалқаман, қас қаққан жеріңнен табылайын, *К ү ң і ң б о л а й ы н.* Тек тастамашы мені, сүйем деші, сұңқарым, – деген қыздың ыстық үні кешедей əлі жадында («Қаз. әдеб.»). Осы тілегімді орындасаң өмір бойы *к ү ң і ң б о л ы п* өтейін. Өмір бойы бір сені сүйіп өтейін. Не жаның қалды, ағатай, енді, – деп зарлап қоя берді (Ə.Тарази, Асу-асу). – Қайдасың, сұлу! – деп енді Бұзау тіс қайта ысқырды. «*Б о л а й ы н к ү ң і ң* көгенді, Ұрма», – деп Зүлгүл ышқынды (Д.Әбілев, Алтай асу.).

Қатынын күң қылды. *Жаугершілік заман туып, жау қолына түсті, әйелдерін қорлады.* Түңлігін сүңгі түріп, туырлығын жебе түйрейтін; азаматын опат етер, *қ а т ы н ы н к ү ң қ ы л а р* күн туарын болжады (Д.Досжанов, Жібек.).

Қара күң. *Қара жұмыста жүретін күң.* – Жамал! Қайда жүр əлгі Жамал?! *Қ а р а к ү ң д і* жұмсашы. Тел күреңді тез ерттеп əкелсін! *Қ а р а к ү ң* – баяғы Оңды байдың артында қалған жесір келіншек... (З.Шүкіров, Қиын түйін). Əй, Балта, білемісің, нағыз ұлды? Сенің шешең есіктегі *қ а р а к ү ң д і,* Қара күң шырақ көрмей жүрген шақта, Атаңыз Қаракесек содан туды (Ақын жырлары).

Қыздарын күң, ұлын құл қылды. *Жау бейбіт халықты басып-жаныштьі, ұл-қыздарын құлдықта ұстады.* Қаласынан халқын қуып, Көшелерін қанмен жуып, Көрмегенін көрсетіңдер, *Қ ы з д а р ы н к ү ң, ұ л ы н құ л қ ы п* (Көрұғлы).

КҮҢГІР з а т. **1.** *Алыстан не іші құыс нəрсенің түбінен жаңғырығы шығып, күңгірлеп, дүңгірлеп, түсініксіз естілетін дыбыс.* Маған, əсіресе, ұзақ созылатын, ұзаққа кететін осы түнгі қоңырау *к ү ң г і р і* аса бір сазды, қызық күй боп танылатын (Ə.Нұршайықов, Махабб.). Əлгі музыка *к ү ң г і р і* құлағын тұндыра басын айналдырып ала жөнелгенде, одан құтылуға асыққандағы тапқаны осы еді (А.Байтанаев, Қансонар). Бұдан соң жер күңіренткен *к ү ң г і р* қайталай берді де, ат пен мола аралығынан қара діңгектер аспанға көтеріліп жатты (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.). Үңгірге келіп үңіліп, Есітті құлақ дүңгірді. Адам ба, жын ба, пері ме, Байқады аңдап *к ү ң г і р д і* (Ү.Кəрібаев, Таңд. шығ.). **2.** *Ақырын, күмбірлеп шығатын жағымды дауыс, қоңыр ун.* Көбінесе ән басы келеді ащы, «Кел, тыңда!» деп өзгеге болар басшы. Керім толған, тауысар қоңыр *к ү ң г і р.* Сол жеріне ойыңмен араласшы (Абай, Тол. жин.).

Күңгір дауыс. *Қоңыр ун, жағымды баяу дауыс. К ү ң г і р д а у ы с* құлағыма келеді, бірақ маған жауап қайтарған ешкім жоқ (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Құлақ болмаса, не қаңғыр, не *к ү ң г і р д а у ы с*, жақсы үн, күй, ән – ешбірінен ләззат ала алмас едік (Абай, Тол. жин.). – Райхан! – деді ақырын, *к ү ң г і р д а у ы с п е н* ол (З.Шашкин, Өмір.). –Ораз! – деді əлден соң тағы да *к ү ң г і р* баяу *д а у ы с п е н,* – Ажармен бақыттысың ба? – деді (З.Шашкин, Теміртау).

Күңгір етті. а) *Күңгірледі, жаңғырықты.* Әлдеқайда алыстан су шылпылдайды. Артынша жар опырылып, шыңырау іші *күңгір ете* қалды (Ә.Сараев, Бозқырау). Күйсандық *күңгір ете* қалып, әлдекім онда ойнай жөнелді («Қаз. әдеб.»). ә) *Күбірледі.* Шал бірдеме деп *күңгір етті,* онысын анық есті алмай қалдық. Маған боқтау сөз секілді көрінді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

КҮҢГІРДЕЙ с ы н. *Күңгір сияқты, күңгір тәрізді.* Болады естілгендей ғажайып үн, Бейуақта бұлтты күннің *күңгірінде й* (Ж.Өмірбеков, Батыр.).

КҮҢГІР-ДҮҢГІР е л і к. *Күмбір-күмбір, дүмбір-дүмбір еткен дыбысты білдіретін сөз.* Арғы-бергі жай-күйлерді сұрасып, жалпы көп сөзден жалыққан қауым қазір Жақаштың қолында *күңгір-дүңгір* еткен ескі қарағай домбыраның үніне құлақ тігеді (Ә.Көшімов, Қысталаң.).

КҮҢГІРЕ= е т. с ө й л. ***Күңгірле***. Орман *күңгірей* кетті («Лен. жас»).

КҮҢГІРЕНТ= е т. *Күңгірлету, даңғырату, дүркіретy.* Қанша малың болса соларға шамалап, *күңгіренті п* сонша қора-жай сал («Айқап»).

КҮҢГІР-КҮБІР ү с т. *Естілер-естілмес күбірлесіп.*– Мұнда келіңіз, – деп, Төлепберген дәрігерді ауызғы үйге шақырды. Екеуі *күңгір-күбір* сөйлесті (С.Бақбергенов, Кентау).

КҮҢГІР-КҮҢГІР е л і к. *Қайта-қайта күңгірлеген үлкен қоңыраулардан шығатын дыбысты және соған ұқсаған жаңғырықты білдіретін сөз. Күңгір-күңгір* қоңырау Соғылғандай, салып ой... Таныс әуез – Ой мынау Құрманбайдың даусы ғой! (А.Шамкенов, Жасыл жайлау). Бір кезде дауыс шықты *күңгір-күңгір,* Бұралды қара құлағы салдыр-гүлдір. Есігі қараңғы үйдің жарқ еткенде, Көрінді дүниенің бәрі бұлдыр (Қ.Тоғызақов, Таңд.). 1966 жылы қаланың қай шетінен болса да естілетін көне сағат қоңырауына қайтадан тіл бітіпті. Оның дабылы алысқа жетеді. *Күңгір-күңгір* күміс сылдыры әр сағат сайын қала үстін шарлап кетеді (А.Сатаев, Ақын.). // *Сөзі түсініксіздеу, көмескі ұн.* Сөз аяғын қараңғылық бүркеп, орман жұтып жатыр. Алысқа бармай, табан астында мағынасыз бір *күңгір-күңгірге* айналады (С.Бақбергенов, Қарға там.).

Күңгір-күңгір етті. *Күңгірлеп кетті.* Бұлар ақырын сөйлесе де дауыстары *күңгір-күңгір ети п* алысқа жетіп тұр (Р.Тоқтаров, Терістік.).

Күңгір-күңгір кісінеген. *Бабына келген, жарау (қазанат туралы). Күңгір-күңгір кісінеген* Алтын жалды арғымақ, Шапса жерді қуырған, Ескен желдей ағындап (Жамбыл, Шығ.). *Күңгір-күңгір кісінеген.* Таңдайынан есінеген. Күреңді мініп ән шырқап, Тұлпарды емін өсірген! (Қаз. әндері). *Күңгір-күңгір кісінескен,* Бірін-бірі иіскескен, Құлыншақтың атасы Айғыз бассын үйіңді (С.Сейфуллин, Шығ.).

КҮҢГІРЛЕ= е т. **1.** *Бір нәрсенің түбінен шыққан дыбыстың кеңістікке жаңғырып барып естілуі, күңгір-күңгір етуі.* Айжан үңгірге бас сұғып, сығалауға бата алмай, сексиіп тұр еді, әлгі бір жаңғырық *күңгірлеп,* арғы түбінен тағы естілді (З.Шашкин, Сенім). Дабылды қамшының сабымен қаққыласаң, *күңгірлеген* даусы маңайды шулатып жібереді (С.Мұқанов, Өмір мектебі). «Дың-дың» деп мыс қоңырау *күңгірлей* бастағанда, істеп отырған шаруамды тастап, аяғына дейін тыңдай қалатынмын (Ә.Нұршайықов, Махабб.). **2.** *Дауыстың алыстан көмескі естілуі, түсініксіз болуы.* Нияздың даусы *күңгірлеп,* алыстан естіледі (Т.Ахтанов, Дала сыры). Әкесінің даусы көрден шыққандай *күңгірлейді* (С.Жүнісов, Жапанда.). Сөз оған сөз емес, *күңгірлеген* бірдеме боп естілді (С.Мұқанов, Ботагөз). **3.** а у ы с. *Даңғырау.* – Биыл жаңа үй болады, Аса жақсы күй болады. *Күңгірлеген* сәнді сарай Малшыларға сый болады (С.Кенжеахметов, Қуырдақ). Құлшылыққа жиылған көп жамағат, Сыбдыр қағып тосып жүр, сол-ақ қымбат. Тас күмбезде сыбдыры *күңгірлейді,* ішкі үйіне кіруге тимей рұқсат (Абай, Тол. жин.).

КҮҢГІРЛЕК с ы н. *Күңгірлеп тұратын (іші бос, қуыс, жан-жағы жабық, ағаштан жасалған затты ұрғанда шығатын дыбыстың сипаты).* Бар болмысы – саптаяққа ұқсас, бірақ одан гөрі жебелірек *күңгірлек* қарағай, – жұпыны аспапта тұрған көз тартар ешқандай сәнділік жоқ (Ә.Көшімов, Қысталаң.).

КҮҢГІРЛЕН= е т. *Даңғырлау.* Русаков Ақанменен келді міне, Забойдың *күңгірленген* кеңдігінде, Қадалып қабырғаға қос бұрғышы, Бұрғысы тасты тесіп кеміруде (Қ. Бекхожин, Ақан Ақтаев).

КҮҢГІРЛЕС= е т. **1.** *Күбірлесу, естілер-естілмес етіп сөйлесу.* Қараңғы жер астындағы тарам-тарам үңгірлерге шамдары жылт-жылт етіп, *күңгірлесіп* жұмыскерлер тарады (С.Сейфуллин, Шығ.). Кешқұрым соңынан шұбатылып жолдас орыстары жетті. Түннің бір уағына дейін әлгілермен *күңгірлесті,* күбірлесті, ақырында жаман даурықты

(Д.Досжанов, Тұлпар.). **2.** *Кумбірлеу, жағымды қоңыр ун естілу.* Ғажап сыр жұрттан өзін тасалайды, Пернеден ол да енді аса алмайды. Қос ішек *күңгірлесіп,* сыңғырласып, Әуенді әлде нендей қосарлайды (Қ.Көпішев, Кезеңдер.).

КҮҢГІРЛЕТ= е т. *Дүңгірлету, даңғырату.* Еркебұлан шынжырларын қатты *күңгірлетіп,* терезенің темір торын жұлқылай бастады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Күн күркіреуі бос бөшкені баяу *күңгірлеткендей* ұзай түседі (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Кел, достар, көтерелік, *күңгірлетіп,* Ал, досым, көңілді күй жібер шертіп, Жаңа жыл, жаңа мейман, жаңа ырыс, Көл болып, көңіл шіркін жатсын көлкіп (Қ.Аманжолов, Шығ.).

КҮҢГІРТ с ы н. **1.** *Жарығы аз, қарауытқан.* Буалдыр *күңгірт* күздің қазіргі күні кірлегендей болып салбырап, кіржиіп тұр (М.Әуезов, Қараш.). *Күңгірт* көше бойында адам аз, автомашиналар жоқтың қасы (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Парламент үйінің іші *күңгірт,* күн сәулесі мүлде түспейді. Тегі Англияның барлық жерлерінде де осындай (Ә.Шәріпов, Алыс.). **2.** *Қара қошқыл, қара сұр.* Аласа бойлы, қара да емес, торы да емес, шабдар деуге келетін *күңгірт* түсті адам екен (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Малға қолданар алдында ерітінді *күңгірт* ыдыста әзірленіп, шыны ыдыста сақталады (Ө.Қарамендин, Бұзау. ауруы). Балапандарының денесін бозғылт немесе сарғыш мамық қаптап тұрады. Мамықтарында *күңгірт* жолақ және дақ болады (Б.Мұханов,... Қазақст. өсімдік.). **3.** *Әлсіз, көмескі, анық емес, бұлыңғыр.* Егерде бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады, я қисық, я *күңгірт* көрсетеді (Абай, Тол. жин.). Түсім ғой деп біраз жаттым, күңіренген, ызыңдаған, жылаған дауыс құлағыма *күңгірт* естілді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Мұқажанның үнемі мұрын астынан шығатын *күңгірт* даусы бұл жолы жарқын естілді (С.Бақбергенов, Адам.). **4.** *Түсініксіз, белгісіз, жұмбақ, айқын емес.* Жауабы түсініксіз, *күңгірт,* бүркеулі жатқан бір астардың барлығын еріксіз сездірерлік еді (Б. Майлин, Шығ.). Көп жылдар желдей заулап есті ме екен, Алатау өсті ме екен, өшті ме екен?! Қияның қыранындай қайсар елдің Басынан *құңгірт* күндер көшті ме екен?! (М.Жұмабаев, Шығ.). Өткен іс – ойға *күңгірт,* көзге танық, Көрмесе де білгенге бәрі қанық. Мың жеті жүз жиырма екінші жыл Қазақтың Сыр бойында жүргені анық (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бірақ мотивтердің кез келгені осындай пәрменді болып келе бермейді. Мән-мәнісі адамға онша айқын емес, көмескі, *күңгірт* болып көрінетін мотивтер де толып жатыр (Қ.Жарықбаев, Психология). **5.** а у ы с. *Көңілсіз, жабырқаңқы, сұрықсыз, тұнжыраулы.* Бекайдар кәзір сонау тұманды *күңгірт* заманда ата-бабасы көшкен сол бір сұрғылт даламен сау желіп келе жатты (І.Есенберлин, Айқас). Айта берсе оның зары көп тағы, Сырнай даусы үзіліп бір тоқтады. Көзі кеткен аяп көрдей соқырды, Жұрт вагонда *күңгірт* болып отырды (С.Мәуленов, Таңд. өлең.). *Күңгірт* көңілім сырласар. Сұрғылт тартқан бейуаққа. Төмен қарап мұңдасар, Ой жіберіп әр жаққа (Абай, Тол. жин.). **6.** а у ы с. *Арам, теріс пиғылды.* От кемелер кетіп жатыр қиялдай Болашаққа, жұлдыздарға жол ашып. *Күңгірт* жандар қалды естерін жия алмай Жарық күнде жер бетінде адасып (Ә.Тәжібаев, Жартас).

Ала күңгірт. *Жарығы әлсіз, бозамық.* Жылтырақ жыртық қалбыр, қой қарыны, Үй іші *ала күңгірт,* жоқ жарығы. «Келген кім, қай баласың?» десіп жатыр, Тек қана көксеу жеңгей, сол таныды (А.Тоқмағамбетов, Көгілдір.). Жанжағымыз *ала күңгірт,* Ұйықтап кетті бір жауынгер. Кәрім отыр ойға сүңгіп, Көз алдына кеп ауыл-ел (Қ.Көпішев, Кезеңдер).

Аспан [дүние] күңгірт. *Бұлт торлаған, бұлтты.* Шошына басып келемін. *Аспан күңгірт.* Күнде мектепке жалғыз барамын, жалғыз қайтамын (Ж.Аяшев, Алақан). Жәния сыртқа шықты. *Дүние күңгірт.* Аспанды қалың бұлт торлап алған. Тынымсыз жаңбыр бүркеді (С.Шаймерденов, Мінез).

Күңгірт жасыл. *Ашық емес, қара сұр жасыл түс.* Көктем кезінде кілемдей болып өскен барвиноктың *күңгірт жасыл* жапырақтарының бетін көгілдір түсті гүлдер басып, шұп-шұбар болып кетеді (Б.Мұханов,... Қазақст. өсімдік).

Күңгірт көзілдірік. *Көзді күн сәулесінен қорғайтын көзілдірік.* Әуелгі кезде мен оны танымай да қалдым. Күннің сәулесінен қорғайтын *күңгірт көзілдірігін* алып, бетіме жымия қарағанда барып әрең шырамыттым (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). Кей сәт Гүлсара көзін ашып, *күңгірт көзілдірік* арқылы дәл төбедегі ақ бұлтқа қарайды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

Күңгірт көк. *Ашық емес, қара көк түс.* Дала таңсәріде қызғылт тартып тұрса, түсте не *күңгірт көк,* не жасыл көк келеді де, қыстың қысқа күнінің кешінде үстінен гүл-гүл көк сәуле ойнай бастайды (Көктем лебі).

Күңгірт қоңыр. *Ашық емес, қара қоңыр түс.* Қызыл қоңыр қозының жүнінің түбі қоңыр немесе (көбінесе) *күңгірт қоңыр,* ал беткі жағы қызғылт немесе ақшыл (Р.Әбуғалиев,.... Қой өсіруші.).

Күңгірт сары. *Ашық емес, қоңырқай сары түс.* Сақал-мұрты *күңгірт сары* (І.Есенберлин, Қаһар).

Күңгірт тартты. а) *Күңгірттенді, қарауытты, қара қошқылданып, бұлыңғырланды.* Қара көз қарап маған көп қадалған, Құпия қайғы өртеніп бойын алған. Болатша дірілдеген жалын көрген, Бір *күңгірт тартып* және оттай жанған (Абай, Тол. жин.). Мұнартып, көк айдын боп түрған Қарақия ойпаты енді ғана өз реңін өзгертіп, *күңгірт тартты* (Дала қырандары). Ай суға сүңгігендей қара қошқыл бұлттың арасына күмп берді. Дала *күңгірт тартты* (Ш. Мұртазаев, Мылтықсыз.). ә) *Мұңайды, тұнжырады.* Ол бірақ Құнанбайдан гөрі арырақ ойлап, ойына әртүрлі жайсыз күдіктер түсіп, *күңгірт тартып* отырған (М. Әуезов, Таңд. шығ.). б) *Естен шықты, ұмытылды.* Ертең бұл көріп отырғаны да ішке түсіп, біртіндеп *күңгірт тартады* (Р.Тоқтаров, Терістік.). Бұл өлең махаббатты, сағынышты, Тез ұғып, тез сезіндім, бастан кешті, Көргенім *күңгірт тартып* қалып еді, Шын сөзі өткенді ойлап толғантты ішті (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.). в) *Бәсеңдеді, әлсіреді.* Тасыр-тұсыр тұяқ даусы *күңгірт тарта* берді де, кенет пышақ кескендей тыйылды («Лен. жас»).

Қара күңгірт. а) *Қара қошқыл.* Өсуі тоқтаған ұрық *қара күңгірт,* пішінсіз, қозғалмайтын нәрсеге ұқсайды (Құс өсіруші.). ә) *Қарауытқан, қараңғы.* Төңірек *қара күңгірт.* Жүз қадамнан арғы жердің бәрі теңселіп бұлдырап тұр (Т.Ахтанов, Боран). *Қара күңгірт* қораның төр жағына барып Мырзағұл жүресінен отырды (Б.Майлин, Шығ.).

КҮҢГІРТСІЗ с ы н. *Бүкпесіз, анық, шын мәнінде.* Күйеуінің ықыласты үнін *күңгіртсіз* ұққан Күлшат салмақпен басып есік алдына шықты (Д.Әбілев, Арман.).

КҮҢГІРТТЕ= е т. **1.** *Күңгірт ету, қараңғылау.* Пештің көмейі де үңірейіп, бөлмедегі онсыз да көмескі көріністі тіпті *күңгірттеп* тұр (А.Сатаев, Ақын.). **2.** *Әрін алу, көмескілеу.* Меңдеген кесел жайнап тұрған көздің нұрын *күңгірттепті* (А.Хангелдин, Қараторғай.). **3.** а у ы с. *Түсініксіз етіп жұмбақтау.* Көп *күңгірттемей-ақ* көңіліндегі күдікті ақтарып салды (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

КҮҢГІРТТЕЛ= е т. *Күңгірт тарту, қарауыту, көмескілену.* Компас тұманның ішінде *күңгірттеліп,* сығырайып азар-азар көрінеді; оны дайым зерттеп, үзбей бақылап отыруға жел алып қашқан аэропланмен күресіп, мойын бұра алмадым (І.Жансүгіров, Шығ.).

КҮҢГІРТТЕН= е т. **1.** *Күңгірт тарту, қарауыту, көмескілену, қара қошқылдану.* Күздің таңы *күңгірттеніп,* көмескіленіп атты (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). Атмосферадағы су буын өзіне тартатын кейбір минералдар соның әсерінен ыдырайды (карналлит), кейбіреулерінің беті *күңгірттенеді* (галит), ал кейбір минералдардың (сазды минералдар) сырт көрінісінде айтарлықтай өзгерістер байқалмайды (К.Сапарбайұлы, Геология). Ал созылмалы түрінде қабықтың асты іріңдеп, көздің сыртқы мөлдір қабығы *күңгірттенеді* (Құс өсіруші.). **2.** а у ы с. *Қабақ шыту, сұрлану.* Алтайдың жүзі лезде *күңгірттене* қалды (К.Сақабаев, Өткел.).

КҮҢГІРТТЕУ[1] с ы н. *Анық емес, көмескілеу, бұлыңғыр, әлсіз.* Елден ерек сергек жататын Жамағат қана ертегіде айтылатын сақ құлақтай тап жастығының астынан шыққан тәрізді жерді күңірендірген *күңгірттеу* бір мылқау сарынды естіп, басын көтерді (F.Сланов, Асау арна.).

КҮҢГІРТТЕУ[2] *Күңгіртте етістігінің қимыл атауы, күңгірт ету, қараңғылау.* Шындықты көріктеу шыныны әдемілеймін деп бетін шимайлап, жарығын *күңгірттеу* болады (А.Байтұрсынов, Шығ.). Гу-гу болған әңгімеге қарап, ел-жұрттың көбі көлік терезелерін *күңгірттеу* мәселесіне қарсы шығып жатыр деу дұрыс бола қоймас («Алматы ақшамы»).

КҮҢГІРТТІ с ы н. *Күңгірт тартқан, сұрықсыз, жабырқау, қара қошқыл.* Айып жиырма жыл. Өмірінің ең қымбат шағын еріксіз *күңгірттігі* көлеңкеде өткізуге тиіс (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

КҮҢГІРТТІК з а т. *Жарық еместік, көмескілік, қараңғылық.* Қол алып амандастық. Дәліз ішінің *күңгірттігінен* бе, жоқ, өзі жүдеген бе, қара торы өңі солғын көрінді (Н.Сералиев, Қаңтар). Өмір бойы *күңгірттікке* айқындықты, қараңғылыққа білімділікті, күмәнділікке кәміл сенімді қарама-қарсы қойды («Соц. Қаз.»).

КҮҢДІК з а т. к ө н е. *Әйелдердің бас бостандығы жоқтық, еріксіздік.* Қысқасы, бір кездегі айбынды елдің дүшпандары талантаражын шығарып, ұлын ұрымға, қызын қырымға шұбыртады. Қазақтың батыр жігіттерін топтап құлдыққа, мүсінді қыз-келіншектерін

үйірлеп *күңдікке* сата бастайды (І.Есенберлин, Алмас.). – Мынау өртеніп жатқан менің үйім. Немістер бір келінімді Германияға *күңдікке* жіберді, кіші ұлым мен шалымды атып тастады (М.Әбдуллин, Сұрапыл.). Жас басымыздан малға сатпай-ақ қойса, аштан өліп бара ма екен... Батасыз кеткірлер, баталарың бұзылмақ түгіл тас-талқан болсын... Өмірімше *күңдікте* жүрерім жоқ (М.Дулатов, Шығ.).

Күндері күңдікте өтті. *Біреудің басыбайлы құлы болды. Күңдікте өтіп күндерің*, Шықпады бір кез үндерің. Еркіндік тиіп бүгінде Көктемгі гүлдей гүлдедің (М. Әшірбеков, Белестер).

КҮҢК е л і к. *Қысқа айтылған түсініксіздеу көмескі дыбысты бейнелейтін сөз.* Сол жақтан *күңк* деген дыбыс шықты (Ауызекі).

Күңк демеді. *Дыбыс шығармады, үндемеді.* Бір Жарастың қас-қабағына қарап, Гүләйша да *күңк демей* шыдап бақты (Ш.Құмарова, Қос шынар).

Күңк етті. *Келіспейтінін, қарсы екенін, наразылығын бәсең дауыспен көмескілеу, түсініксіздеу етіп, қысқа айтты, мыңқ ете қалды.* «Тымақ кепті даладан... Ұшып кепті қаладан...» Деген хабар дүңк етті, Тымақ біткен *күңк етті*, Шуылдасты, жиылды, Алласына сиынды (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Елге қайтпасаң болмайтын шығар, – деп *күңк ете қалды* Күндебай (О. Бодықов, Бұлбұл). Үш-төрт саудагер аттың жанынан өте беріп «қоңы тәуір мал екен» деп *күңк ете түсті* біріне-бірі (З.Ақышев, Ақбел.).

КҮҢ-КЕБЕШ з а т. к о н е. *Жарлы-жалшы, жоқ-жітік.* Мұнда да жыртық киім, жүдеу жүздер көп. Бірақ бұлардың бәрі қызметші *күң-кебеш* болса керек (О. Сәрсенбаев, Сағым).

КҮҢКЕШТІЛІК з а т. *Қиыншылығы мол, жоқшылықпен күн көру, зардапты өмір сүру.* Таяққа да, тараққа да сауырын төсеп үйренген есектің жүгін артсаң ыңқ етпейтін көмпістігі күнкөріс үшін емес, *күңкештілігін* аңғартқан сияқты (Қ.Ысқақов, Қара орман).

КҮҢКИГЕН с ы н. *Елеусіз, бар-жоғы белгісіз, көптің бірі ретінде тіршілік ететін, топ жарып ортаға шықпаған қарапайым.* ...Жиырма төрт жасқа келгенше өзін томаға-тұйық, өз шаруасынан басқа ештеңе білмейтін, аузынан сөзі түскен, ебедейсіз, жұртқа жағымсыз *күңкиген* жандардың бірі санайтын Николай Иванович әлгі жерде өзін-өзі танымай қалсын, әлгі жерде ол жүрегінен жалын атқан, көздерінен от шашқан, тілінен май тамған ділмәр шешенге айналсын! (Ә.Тарази, Нұрлы таң.).

КҮҢК-КҮҢК е л і к. *Келіспеушілік, қарсылық білдірген жағдайда немесе бір жаңалықты өзара талқылай бастағанда туындайтын адамның ренжу, наразылану, таңғалу күйін жеткізетін түсініксіз дыбысты бейнелейтін сөз; пыш-пыш.* Апам *күңк-күңк* сөйлеп орнына жатты (Т.Бердияров, Солдат.). – Ыдырыстың баласының көзі ілелі көрінеді. Былтыр далада соғып кетіпті, – деп, ауыл арасы *күңк-күңк* әңгіме ете бастады (С. Жүнісов, Өшп. іздер). Өзі тіпті күлмеуші еді: *Күңк-күңк,* Мыңқ-мыңқ. Үндеуші еді. Әлдекіммен сөйлескендей, Оттың басын үрлеуші еді (І.Жансүгіров, Шығ.).

Күңк-күңк етті. *Түсініксіз, баяу ұн қатты, пыш-пыш етті.* Ол теріс қарап *күңк-күңк етті* (Ауызекі).

КҮҢКІЛ з а т. **1.** *Ақырын ғана, естілер-естілмес етіп айтылған сөз.* Кеш еді. Түрменің іші қараңғы. Сықсиған, кей кезде жағатын жаман шамын жаққан жоқ еді. Қараңғы бөлмелерден ақырын *күңкілдер* естіледі (С.Сейфуллин, Тар жол.). Мұндайда үнсіз бос отыру қиын ғой, «қонақ кәде айтылсын», – деген *күңкіл* басталды босаға жақтан (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Құлағы ауру кемпір екеуінің бұл өзара *күңкілін* қайдан естісін, әлі сол ызалы қалпында келініне тыржиып отыр (О.Дастанов, Мұрагерлер). **2.** *Өсек-аяң, қаңқу сөз.* Естіген *күңкілге* көңіл бөлмей, өз ақылыңа сал, Ал әкеңе мен өзімақ жауап беремін (Ж.Молдағалиев, Жүрек.). Әуелгі күні *күңкіл*, сыбыр зорайып, елдің пікірі әшкереленеді, ел арасында бірнеше жиылыстар болады (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Күдік пен *күңкілге* құлақ салсаң, жұмыс істеуге бола ма, тың игерушілер мойыған жоқ (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). **3.** *Наразылық, реніш.* Қыздардың келіспейді сізге түрі, Сен дегенде, бәрінің *күңкілдері* (Қозы Көрпеш.). Молла болсаң өсек көп ерген артқа, Хакім болсаң *күңкіл* көп және халықта. Ьүнерлінің дұшманы көп болады Сол себепті шықпайды ісі жарыққа (М.Дулатов, Шығ.).

Күңкіл қылды. *Бетіне айтпай, сыртынан реніш білдірді, сөз етті.* Біздің балаларымыз тұрғанда, малшының баласымен шығарғаны несі? – дегендей айтып, үәзірлер күндеп, *күңкіл қылады* (Қаз. ертег.). Кім байдұр, кім жарлыдұр тәңірге аян, Көрші сен қарсы шығып, келсе шамаң, Сыртымнан қатыншылап *күңкілмай,* Көзіме еркек болсаң қылшы баян (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.).

Күңкіл сөз. *Наразылық, реніш, даурықпа әңгіме.* Өзінің жайлауларының бәрінен айырылып, енді мал бағатын қоныстың да қалмағандығынан, басар тауы, барар жері

тарыла түскен Қыпшақ, Арғын, Шекті, Шөмекей руларының басты би, ақсақалдарының арасында да *к у ң к і л с ө з* шыға бастаған (І.Есенберлин, Қаһар). Онжылдықты бітірген Қуандықтың ауылда қалғанын естігенде, жоражолдастарының арасында *к у ң к і л с ө з* көбейді («Лен. жас»).

Күңкіл шығарды. *Ұрыс шығарды, наразылық білдірді.* Балкүміс сияқты әйелдер *к у ң к і л ш ы ғ а р а* бастады.– Аузымызды кептіріп қойды ғой. Мұнан келмегеннің өзі жақсы еді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). – Өзімізде осындай колхоз председателі болатын адамдар толып жатқанда мұның несін Москвадан шақыртып алдырған, – деп кейбіреулер *күңкіл шығарды* (С.Мәуленов, Шыңда.).

Сыртынан күңкіл жасады. *Көзінше айтпай, сырттай ренішін білдірді, сөз таратты, өсек айтты. С ы р т ы н а н ж а с а п к у ң к і л д і,* Мақтау айтсаң көзіне, ұстап алып «түлкіңді» Бүркіт боп төнер өзіңе (О.Малқаров, Мен ат үсті.).

КҮҢКІЛДЕ= е т. **1.** *Ақырын сөйлеу, түсініксіздеу, естілер-естілмес етіп айту.* Болса да қанша ғайып бетке айта алмай, *К у ң к і л д е п* ұсақ аңдар жүрген шеттен. Арыстаннан ұсақ аңдар не көрмеген – Терісін төсек қылып, етін жеген (М.Дулатов, Шығ.). Ойбай-ау, сол Әзімбайдың өзі үш жылдан бері Шолпанға «жеңге» деп *к у ң к і л д е п* жүрген жоқ па еді? (М.Жұмабаев, Шығ.). Тек жұмыскерлер жатағының үйшіктерінің жандарында, жылтыраған оттардың маңдарында ғана ақырын *к у ң к і л д е г е н,* ақырын күлген дыбыстар естіледі (С.Сейфуллин, Шығ.). Қой шетінде Күреңді мықты арқандап, *К у ң к і л д е п*, тазша болып жатып алды (Қозы Көрпеш.). **2.** *Реніш білдіру, мыңқылдап мұрнының астынан сөйлеу, жақтырмаған күй таныту.* Ол күйеуіне өкпелегендей көзін тайдырды. *К у ң к і л д е п,* қабақ шытып, пешке сүйенді (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). «Қайдағы қайдан келетінін білмейсің» – деп қатыны *к у ң к і л д е п* жүрді (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Таңертең жүрсең нетті? – деді самауыр жанында ыдыс-аяқ жуып отырған кемпірі *к у ң к і л д е п.* Нұқы ақсақал үндеген жоқ (Ә.Сараев, Қараша.). Келте-келте жауап тасып, жұдырықтарын білесіп қара мұрт өңі сұрланып шығып кетті. Ол кеткен соң жирен орыс та құшырланып, *к у ң к і л д е п,* боқтаған іспетті болды да, тысқа шықты (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** *Кеңкілдеп жылау, жоқтау айту.* Аулынан келген екі жігіт бірінен соң бірі көрісіп, *к у ң к і л д е п,* Күмсінайдың жаман үйін басына көтерді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮҢКІЛДЕГІШ с ы н. *Не болса соны сөз етіп жүретін, ренжігіш, пәлеқор.* ≈ Көп *к у ң к і л д е г і ш* әйел. // *Әр нәрсені сөз ететін, пәлеқор адам.* Бірақ Нұрланға көргіш, байқағыш, естігіш, кекеткіш, көп білгіш, сынағыш, *к у ң к і л д е г і ш т е р д е н* пайда аз еді (Ж.Молдағалиев, Самал).

КҮҢКІЛДЕК с ы н. *Ұсақ сөзді, пәлеқор.* Арызды құлаштай жазатын, Ақ адамды ластай жазатын, Сырдаң, суайт, *к у ң к і л д е к* Сөз сөйлейтін күмпілдеп (Қ.Бекхожин, Дала комисс.).

КҮҢКІЛДЕС= е т. **1.** *Ақырын сөйлесу, өзара сыбырласу.* Кешікпей қорадан біреу шықты. Терезе түбінде жүргеннің қасына келіп, екеуі *к у ң к і л д е с і п,* сөйлесіп, қолтықтасып жүріп кетті (С.Сейфуллин, Шығ.). Айтқан соң уәзір барып бұл бұйрықты Ұлықтар қатты қорқып көп ұлықты. Аздан соң ақылдарын жиып алып, Кеңесіп, *к у ң к і л д е с і п,* сыбыр шықты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **2.** *Өкпе-наздарын әңгіме ету, өзара сөз қылу.* Бұрын мықтылардан, қожалардан қорқып үндемейтін, өзара ғана *к у ң к і л д е с і п* жүретін құлдар енді халық алдында дауыс шығарып, өздерін құлдықтан азат етуін сұрай бастаған (М.Дулатов, Шығ.).

КҮҢКІЛДЕСУ *Күңкілдес етістігінің қимыл атауы; сөйлесу, кеңесу, өзара сырласу, талқыға салу.* Ал қазір Қаншайым Сұлусарымен суға баруды да, бірге шығып тезек теруді де, ошақ басына отыра қалып *к у ң к і л д е с у д і* де қойды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Қатындар «құрып қалсын!» деп шымшысып, бүгін-ақ жеткізеді. Еркектер *к у ң к і л д е с у м е н* оны расқа шығарады (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

КҮҢКІЛДЕУ *Күңкілде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ақырын естілер-естілмес етіп сөйлеу.* – Еркемнің сабағы біткен екен ғой, шайы даяр болмады-ау! – деп, Айбаланың өзіне-өзі *к у ң к і л д е у і н* Асқар естіп қалды (С.Мұқанов, Ботагөз). **2.** *Жақтырмай наразылық білдіру, ренжіп, сөз қылу.* Жұрттың өз пайдасы табылып тұрған соң, бұған *к у ң к і л д е у,* наразылық білдіру жоқ (М.Дулатов, Шығ.).

КҮҢКІЛ-СҰҢКІЛ з а т. с ө й л. *Өсек-аяң, күңкіл-шұңкіл, пыш-пыш әңгіме.* Бұл үйден шыға бере-ақ *к у ң к і л-с ұ ң к і л* әңгіме тірілді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Сол-ақ екен, *к у ң к і л - с ұ ң к і л* көбейіп кетті (І.Есенберлин, Алмас.). Орталықтың енбизмімен аянбай айқасқан басшы өзгелердің алалауы аз болғандай, өзімізді, өзіміз аяқтан шалатын *к у ң к і л-с ұ ң к і л д і* де ит етінен жек көріпті («Егемен Қазақстан»).

КҮҢКІЛСІЗ с ы н. *Күбір-сыбырсыз, өсек-аяңсыз.* Қызықты қимылымды көрсеңіздер,

Оқсыз-ақ таспен ұрып түсірер ем, *Күңкілсіз* көп ұлықсат берсеңіздер (Батырлар жыры).

КҮҢКІЛ-ШҮҢКІЛ з а т. с ө й л. *Күбір-сыбыр, ұсақ әңгіме, күңкіл-сүңкіл.* Күн батқанда Шәуке жеңгесімен *күңкіл-шүңкіл* сөйлесіп отырды. Көшіп келер үйін күту керек пе немесе ізінше қайтқаны жөн бе? Осыны ақылдасты (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Үй иесі мен әйелінің *күңкіл-шүңкіл* сөзі құлаққа шала-шарпы шалынып жатты (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). Наразы жақ мақтаса, тағы арыз жазып, жоғарыға шапқылап, кейде құр *күңкіл-шүңкілмен*-ақ әңгіме бітеді (Б.Аманшин, Көкжар).

КҮҢКІЛШІЛ с ы н. *Өсекқұмар, өсекаяңшыл, сөз тасығыш.* Жасыдым, кейде жыладым Ыза-кекпенен тіршілік салған Наламұндарға Өмір жоқ мұнсыз, *күңкілшіл* Жердің бетінде жалашыл кейбір Жылмаң көз адамың барда («Қаз. әдеб.»).

КҮҢСІ = е т. *Жағымсыз іс шығу, көңірсу.* Бір қонақ келеді деп осынша тыраштандық, өзіміз осылай қара шыбынсыз, *күңсіген* бұзау исінсіз тұрмыс құрсақ, неміз кемиді екен деймін-ау, тегі (Е.Қонарбаев, Түнгі от).

Күңсіп жүре берді. *Жайылды, тарады, етек алды.* Осы әңгіме сол күннен бастап әйел біткеннің көкірегін кеулеп, ел арасына *күңсіп жүре берді* («Лен. жас»).

КҮҢШАШ з а т. э к с п р. ***Күң.*** – Өзі де соны айтады, – деді Нұртаза, – «Менің қызым дағдылы *күңшаштардың* бірі емес», – дейді. «Қызым елге атағы шыққан қыз» – дейді (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КҮҢШІЛДІК з а т. с ө й л. ***Күңшілік.*** Мұнымызды басшыларға шағамыз. Оқу оқып, өнер-білім табамыз: Өзіміздей *күңшілдікте* жасаған Қараңғы елге теңдік шамын жағамыз (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

КҮҢШІЛІК з а т. *Күңдік, еріксіздік, қорлық, бас бостандығы жоқтық. Күңшілік* өмір кешкен қазақ әйелі үшін бас азаматтығынан артық не бар, жас болсам да, жұртпен бірге колхозға жазылғандардың бірі болдым (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). *Күңшілігі* кетпеген, Бетін жумай ас берген, Ер Қанайға қас келген, Жатпаса да қойнына, Құр бойына мас көрген (Ақын жырлары).

Күңшілік көрді. *Күңдікте жүрді, бас бостандығы болмады, біреудің басыбайлы малайы болды.* Кеше, әйелдер, күндікте жүрмеп пе едің? Кеше қорлық *күңшілік көрмеп* пе едің? Кеше еріксіз шалға тиіп, Кеше көңілің қайғымен тілмеп пе едің? (Т.Жароков, Шығ. жин.).

КҮҢІРЕН= е т. **1.** *Қайғылы, мұңды ән шығару, сай-сүйегін сырқыратып зарлы күй тарту.* Ысқақтың қобызының күйі әуелі ақырын ырғалып созылып отырып, бірте-бірте *күңіреніп* кеп зарлап жөнелді (С.Сейфуллин, Тар жол.). **2.** *Күйініп зарлану, азалану, қапалану.* Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ Көлінде жатып көркеймес, Ортайса көлдің қоғасы. Аруана мая *күңірener,* Бауырынан өлсе баласы (Махамбет, Өлеңд.). Жаман үйде жалғыз шал, Өзі – кедей, *күңіренді.* Өзі көрген байлардың Мінезінен жиренді (Абай, Тол. жин.). ...Аксинья етбетінен жерге сылқ етіп құлап, сар даланы зарға толтырып, шырағынан, үмітінен айырылған анадай *күңіреніп* дауыс қыла бастады (М.Жұмабаев, Шығ.). Сол досты сая таппай іздейді жан, Жоқтайды *күңіреніп,* қозғалып қан. Жау жабылса бұзылмас жан көрмедім, Артық жолдас таппадым татулықтан (Абай, Тол. жин.). **3.** а у ы с. *Күшті ән шығу, жаңғырығу, төңіректен даңғырлаған, дүңгірлеген дауыс естілу.* Төбенің басына көтерілгенде байқады, үлкен мешіт желмен гүілдеп *күңірenіп* тұр екен (Д.Досжанов, Жібек.). Дүние астан-кестен. Атылған оқ, жарылған бомбадан аспан асты *күңіреніп,* жер тітіреп, құлақ тұнып тұр (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **4.** а у ы с. *Азан-қазан, у-шу болу.* Табысқа *күңірenген* жер мен аспан. Халықтың қуанышы жүрегінде Осы еді ұлы тойды көптен тосқан (Айтыс). Жер *күңіреніп,* жұрт шулап Ағайын түгел жеткені-ай! Жамиғат тоңбай күн жылып, Тәңірім рақым еткені-ай! (Абай, Тол. жин.). Сірә, нөсер болар ма екен? Қайтер екен... Қара жолмен жұрт азан-қазан болып, *күңіренін* кетіп жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). **5.** а у ы с. *Қалың бұлт торлау, тұнеру.* Таң алдында қара бұлт *Күңіреніп* көкті жабады, Бөбегінің бетіне Ананың жасы тамады (М.Жұмабаев, Шығ.). Тәңірі – көктің тәңірісі, *Күңіренсін,* көгін билесін! Жер тәңірісі Темірмін, Жеріме тәңірі тимесін! (М.Жұмабаев, Шығ.). Қавказға бір қап-қара бұлт мінді, Естіп тұрған кісідей тау *күңірendі.* Жер-дүниені шаң, тұман қабат басып, Ойнақ қағып, құтырып дауыл келді (Абай, Тол. жин.).

Күле кіріп, күңірене шықты. *Сенімді ақтамады, опасыздық етті, екіжүзділік жасады.* Сен *күле кіріп, күңірене шығатын,* ауыл үйді ара қондырмайтын қу екенсің. Апалы-сіңлілі екеуін жұлыстырып қойдың ғой (С.Адамбеков, Көсе.). *Күле кіріп, күңірене шығатын,* Сақта тағдыр, доссымақтан, туыстан. Күліп тұрып қойнына тас тығатын, Сақта тағдыр, жауыздарға жуыссам (Ж.Аманов, Жастық.).

КҮҢІРЕНДІР= е т. *Қайғылы, зарлы үнге толтыру, азалandыру, жаңғырту.* Сайдақ басқа бір мұңлы әнді зарлатып, құлазып жатқан кең даланы *к ұ ң і р е н д і р і п* жіберді (Ә.Әбішев, Замана.).

КҮҢІРЕНТ= е т. **1.** *Қайғылы, мұңды үнге бөлеу (күй тарту).* Күнде кешке тап осылай *к ұ ң і р е н т і п* күй тартып отырғаны (Д.Досжанов, Тұлпар.). Сыбызғысын алады, *К ұ ң і р е н т і п* даланы, Қиқаңдатып арқасын Шырқап әнге салады (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **2.** *Зар қақтыру, зарлату.* Әзелде Тәңірім сорлы етті. Арсыз елмен әуре етті. Жалғыз үйде *к ұ ң і р е н т т і* (Абай, Тол. жин.). **3.** а у ы с. *Күшті ұн шығарту, жаңғырықтыру, даусы дүр сілкінту.* Сол әнші даусын жерді сілкінткен, аспанды *к ұ ң і р е н т к е н* артиллерия снаряды да, не жарылған бомба да өшіре алмады (З.Шашкин, Өмір.). Аралап, көңілін жайлап, жүр ед бауды, Рүстем қояр ма ондай алмай жауды! – Кеттің, – деп, Әкуан қайда? – ақырғанда, *К ұ ң і р е н т і п* қасындағы кетті тауды (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Аруақты күңірентті. *Аруаққа тіл тигізді, шектен шықты.* Тірісін тепкілегені аз болғандай, өлі *а р у а қ т ы к ұ ң і р е н т і п,* олардың молаларын таптамай көңілі көншімейді (Т.Ахтанов, Үндістан.). Атаңның *а р у а ғ ы н к ұ ң і р е н т п е й і н* десең, тарат мына жын-ойнақты (М.Ақынжанов, Ыбырай.).

КҮҢІРЕНУ *Күңірен етістігінің қимыл атауы; күйініп зарлану, азалану, қапалану.* Салт атпен шоқытып келе жатқан Әлжанның құлағынан Имаштың үйіндегі *к ұ ң і р е н у* көпке дейін кетпей қойды (С.Алдабергенов, Асу.). Қазір күңіренген апасы. Мана да осындай *к ұ ң і р е н у* жеткен. Қатты айқайламай, былдыр-былдыр етеді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). «Сұңқардың осынша *к ұ ң і р е н у і н е* қарағанда, көкке шығу тегінде жақсы болуға тиіс-ау» – деп ойлады сары бас жылан (М.Жұмабаев, Шығ.).

КҮҢІРЕНІС[1] з а т. *Қайғы, шер.* Шипа таба алмады. Қайта үсті-үстіне талай үйдің босағасынан суық хабар сумаңдап аттай бергенін көріп, қайғысына қайғы жамады. Күйзеліс *к ұ ң і р е н і с к е* ауысты (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Басталды *к ұ ң і р е н і с* «Қош болдағаң», Ажалдың қан шеңгелі қос қолдаған, Айқасып келе жатты әне, міне... Таң тұрды жаңа ғана аспандаған (Ғ.Қайырбеков, Сарыарқа.).

КҮҢІРЕНІС[2]= е т. **1.** *Қайғы-мұңдарын шағысу. К ұ ң і р е н і с т і,* жыласты, Жыласқанда кіміне Жетім, жесір мұң ашты? (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** а у ы с. *Сай-сүйегін сырқыратып зарлы күй тарту.* Бұл енді, бұ дүниедегі көңіл- ашары, ыстық демі – күй атаулымен соңғы рет күйінісе қауышып, *к ұ ң і р е н і с е,* біржола қоштасқаны болар (С.Нарымбетов, Тентек).

КҮҢІРЕТ= е т. с ө й л. ***Күңірент.*** **1.** *Қайғы-мұңға толы зарлы күй тарту.* Сүйгеніне қолы жетпей, айттырғанды алып: «Болғанша жарың жаман алсын Құдай!» – деп, мұңын домбыраға *к ұ ң і р е т к е н* жігіттер (Келіншектер.). **2.** а у ы с. *Күшті ұн шығару, жаңғырықтыру, даңғыра қағу.* Күнбатысқа жүрелік Желкілдеген туменен, Жер *к ұ ң і р е т к е н* шуменен Қаласына кірелік (М.Жұмабаев, Шығ.). **КҮҢІРЕУ** з а т. с ө й л. ***Күңгір.*** Шыңғырған көлде бұлан, шөлде –құлан, Шыңқылдап көл сақшысы сорлы қызғыш. Мазасыз меңіреу түбек тым үрейлі, Естілген көктен *к ұ ң і р е у,* көлден сыбыс (Қ.Бекхожин, Мариям.).

КҮҢІРСІ= е т. с ө й л. ***Көңірсі.*** Басымызға қапталған жарғақ резинаның *к ұ ң і р с і г е н* иісі, аузымызға құйылған тердің ащы дәмі, салақтаған противогаздың қорабы, қолкүрек, мылтықтың құндағы – бәрі де жанымызға әбден бататын-ды (Х.Бердияров, Солдат.). Мынау ауадан, жерден, шөптердің ашқылтым жұпарынан, қызған құмның *к ұ ң і р с і г е н* алабынан, көлбеңдеген көбелегінен, кесірткесінің шырынан туысқандық, бауырлық иісті, бабаңның, ата-анаңның, өз қаныңның иісін сезесің (Ә.Сараев, Бозқырау). Беткейге жеткен соң, даланың *к ұ ң і р с і г е н* иісі мұрынды жарып, көкірегімізді кере-кере соны ауаны алғашқы көрген уыз қымыздай сімірдік (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮҢІРСІК с ы н. с ө й л. ***Көңірсік.*** Күн жеп тастаған кенеп пен таң атқалы өзі тартқан темекінің *к ұ ң і р с і к* исін енді сезді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Тастай қылшық бетіме тиіп, *күңірсік* жүн исі қолқамды көмеді (Н.Сералиев, Қаңтар).

КҮҢІРСІТ= е т. с ө й л. ***Көңірсіт.*** Қонақтарды тыңдап отырғанда жаман Моржанның ауыл арасына *к ұ ң і р с і т і п* жүрген лақабы Балпанбайдың шымбайын тызылдатты (Ә.Кекілбаев, Дала.).

КҮП[1] з а т. **1.** *Қауіп, күдік, күмән.* – Япырай, етемін, – деп, – нендей істі, Барзу мен Рүстем бе? – деп шошып түсті. Бұйырды «біліңдер» деп бектеріне, Болған соң көкірегінде *к ү п і* күшті (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

КҮП[2] з а т. ж е р г. *Көктемгі қар суы сақталатын жер. К ү п т е н* су әкел бар болса (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Бірақ та ...су *к ү п к е* құйылмай, халық сусыз отыр. Шамасы жаңбыр жауғанда су ұстайтын не *к ү п,* не тұран болса керек (Ә.Кекілбаев, Үркер.).

КҮП[3] е л і к. *Суға сұңгігенде, шұңқырға, топырақққа т.б. секіріп не құлап түскенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. К у п* деген дауыс естілді (Ауызекі).

Күп берді. *Тереңге іркілмей секіріп кетті, сұңгіп кетті.* Баяғы түнгі от басында қорқып қашқан арлан бастаған бір топ қасқыр *к у п б е р і п* дарияға түсіп, жылжып жүзе жөнелді (Қаз. ертегі.). Қайрат қылар деген бәйге жирен алдыңғы тобын тоқтатпақ болып кісіней жүріп, малдың алдын орай бергенде, әлдекандай бір опқа *к у п б е р і п* түсіп кетті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Сырғанаған өгізді ол қайдан тоқтата алсын. Өгіз *к у п б е р і п* құдыққа түсті де кетті (С. Мұқанов, Таңд. шығ.).

Күп болды [болып кетті]. *Барынша ісінді, быртиды, торсиды, күпшектей болды.* Жаяулап зорға жетіпті, Қолына ұстап тал таяқ. Денесі *к у п б о п к е т і п т і,* Бет-аузы да жалқаяқ (С.Мұқанов, Алдабергенов.).

Күп боп істі [семірді]. *Торсиып істі, быртиды, талды, бойына ет, май жинады.* Машина Марданның аяғына түсіп кесіп кеткен екен, түрмеде ол аяқ *к у п б о л ы п і с і п* кетті (І.Жансүгіров, Шығ.). Май шабаққа тойынған тарғыл мысық он шақты күннен кейін *к у п б о п с е м і р і п* алды (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Күп дегізді. *Күмп еткізді, тез салып жіберді; шұғыл, жедел.* Өгізбас қара бақырды Қайнар қара бұлаққа *К у п д е г і з і п* малады, Шайқалтып су алады (Манас).

Күп ете түсті [күп ете қалды]. а) *Суға құлады, күмп етіп түсіп кетті.* Ат, арба сырғып аунақшыған бетімен суға барып *к у п е т е т у с т і* (С.Бегалин, Ана.). ә) *Кенеттен тап болды, үстінен түсті, дәл төбесінен түсті.* О пері де осында ма еді! Мен өзім, Сайра, ненің үстінен *к у п е т е т у с к е м.* Ұлығы анау, Мыналары мынау (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). Бұрын мұншама мал ұстап көрмеген кедей ауыл бірден мол байлыққа *к у п е т і п т у с е қ а л ғ а н* соң, оның ретін тауып та жұмсай алмады (С.Жүнісов, Жапанда.). Бір түкпірге барып, қайтуым мұң боп қалмасам игі еді деген ойлар келді. Жоқ, олай болмады, дәулеті шалқыған колхозға келдім де, *к у п е т е қ а л д ы м* (К.Қазыбаев, Дәуір.).

КҮПӘЙКЕ [ор. фуфайка] з а т. с ө й л. *Сырылған қысқа сырт киім.* Екеуі төбешіктің топырағы кепкен күңгей жақ беткейінде отыр. Айтқұл *к у п ә й к е с і н* шешіп, қыздың астына төседі (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). Сүрлем шөптің қышқылтым иісі сіңген халатын, *к у п ә й к е с і н* ауызғы үйге тастап, беті-қолын жуды (Ш.Құмарова, Қос шынар).

КҮПӘНЕ ор. з а т. с ө й л. ***Шөмеле***. Бір кезде үйілген *к у п ә н е* шөпке тап болдық. Оған таяу астылы-үстілі ағаш үй тұр (З.Шашкин, Теміртау). Бокин үйдің қасындағы үюлі *к у п ә н е* шөптің көлеңкесіне көрпе салдырды (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

КҮПЕК з а т. **1.** а н а т. <лат. preputium> *Ер адамның жыныс мүшесінің басын жауып тұратын тері.* Дер кезінде ем қолданылмаған қылкүпек пен таркүпек жағдайларында қасаның басы мен *к у п е к т і ң* ішкі бетіндегі қабыну процесінде баланопостит деп аталатын ауру пайда болады («Жас Алаш»). *К у п е к т і ң* вируссыз папилломалары (кондиломалар) қатерлі ісікке бейім аурулардың қатарына жатады (ҚҰЭ). **2.** *Еркек малдың жыныс мүшесін қаптап тұратын тері.* Терінің молырақ қатпарланатын жерлері – ірі қараның әукесі, кейбір қой тұқымының бұғағы, еркек малдың *к у п е г і* сияқтылар (С.Омаров, Мал терісі.). Шіркей көбіне малдың желініне, ұмасына, *к ү п е г і н е,* тақымына, құлақ қуысына, бүйіріне, танауларына жабысады (С.Омаров, Мал терісі.).

Күпек аурулары. м е д. *Ер балалардың жыныс мүшелеріндегі ұрпі аузының қабынып, зәр шығаруды қиындататын ауру. К у п е к а у р у ы н ы ң* екінші түрі таркүпек парафимоз деп аталады («Жас Алаш»). *К у п е к а у р у л а р ы н а* баланит, фимоз (күпектің тарылуы), парафимоз (жыныс мүше күпегінің қысылуы), баланопостит (күпек пен оның ішкі қабығының қабынуы), герпес (күпек ұшығы) және күпектің қатерсіз ісіктері жатады. Күпектің қатерсіз ісіктері: вирусты және вируссыз папилломалар (кондиломалар) болып бөлінеді (ҚҰЭ).

КҮПЕ-КҮНДІЗ ү с т. *Күндіздің өзінде, нақ күндіз, тал түсте.* Қарайғанның жігіттер, Бәрін кісі демеңіз, *К у п е - к у н д і з* тайраңдап Түзге шықпас ерлер бар (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Көрінгеннің бәрін де кісі демеңіз, *К у п е - к у н д і з* тал-түсте Тайраңдап түзге кетер кісі бар (Алдаспан).

КҮПЕКШЕ з а т. з е р г. *Іші құыс, сырты төңкерілген қазан, күмбез тәрізді күміс әшекей. К у п е к ш е* шашбауда болады (Р.Шойбеков, Қаз. зергер. сөздігі). Жас кезімізде *к у п е к ш е н і* талай тағып едік, енді қартайдық қой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮПЕН з а т. к ө н е. *Күрке, лашық.* Барлық әскери және шаруашылық қосындыларында, бақташылар *к у п е н д е р і н д е* түтін шалқып, сарбаздар мен қызметшілер ет жеп, сорпа ішіп жатқан (Ш.Айтматов, Шыңғысханның ақ бұлты).

КҮПЖІКТЕ= е т. с ө й л. ***Күбіжікте***. Әбіш іле сауал қайырмай, бір терең ойға батқандай, *к у п ж і к т е п* қалды (Б.Шалабаев, Өмірде.).

КҮПИ= е т. *Өзінше ісіп-кебу, мардымсу, күмпию, әлдеқандай болу.* Он кісілік күшім бар деп *к ү п и і п* жүретін Қанай Қамқордан сезіктенетінін аңдатпайтын (К.Оразалин, Көктем.). «Естелік» дейін десем, ол отбасында отырып өткен-кеткенді еске түсіретін шалдардың шаруасы боп кетер, «очерк» десем, қара мақалаға ұқсар да, мына *к ү п и г е н* әдеби қызметкердің алдында беделім түсіп қалар деп ойладым (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Мана бүгін кешке қазысы бес елі семіз жайынға тойдырамын деп *к ү п и і п* отыр еді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

КҮПИТ= е т. *Әлдеқандай ету, дардиту, күмпиту, лепірту.* Геройдың әрекетін дәуірінің шындығына сай етіп сипаттамай, құр *к ү п и т і п,* қабартып бейнелеу де романтика емес («Қаз. әдеб.»).

КҮПКЕ [ор. купка] з а т. *Қышыма, қотыр сияқты ауруларды болдырмау мақсатымен қойды дәрілеген суға тоғытатын жер, шұңқыр.* Колхоз қой шомылдыруға арнап *к ү п к е* жасады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮП-КҮҢГІРТ с ы н. *Тым күңгірт, түнерің-кі, қою қараңғы.* Сол-ақ екен, қара нөсер бөшкелеп құйды да кетті. Дүние біткен қап-қараңғы, *к ү п-к ү ң г і р т* бірдеме. Бір аттам жер көрінбейді (Ә.Шәріпов, Алыс.). Таудың жүзі *к ү п-к ү ң - г і р т* Тап осындай еді бұлт. Тап осылай ететін Ойнақы жел желігіп (С.Мәуленов, Жаз ерке).

КҮП-КҮП е л і к. *Күбі піскенде естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.* Балқаш көлге барайық Балығын ұстап алайық. Суына салқын түсейік, Күбідей *к ү п-к ү п* пісейік (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

Күп-күп етті. *Мақтанды, ісіп-кепті, өзіне-өзі сыймады.* Барақ өзінше батырсынып, *к ү п-к ү п е т і п* отыр (Ауызекі).

КҮП-КҮРЕҢ с ы н. **1.** *Барынша күрең, қызыл күрең, қою күрең.* Ол сыңсыған орманның ішінде, биіктеу жардың басында өзгелерден ірге айырып, балтырынан бастап бұтағына дейін *к ү п-к ү р е ң* болып ерекшеленіп тұратын (Ә.Сараев, Қараша.). Жазылған биік еңсемен, Бір досым үйге келсе мен. *К ү п-к ү р е ң* шайды ұсынам, көңілдей кірсіз кесеммен (Қ.Бұғыбаева, Қараторғай). **2.** *Тотыққан, қарауытқан, тұтыққан.* Жапанның көлеңкесіз даласында, Тыпыршып бүгелектен алас ұрған, Жылқының жүретұғын Жылқыбай шал, *К ү п-к ү р е ң,* терлеп-тепшіп арасында (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

КҮПСЕ[1] с ы н. с ө й л. ***Күпсек.*** Перен болғандығы сонша – Ағарыс екі-ақ күнде көзі жылтырап *к ү п с е* қардың астында қалды (О.Бөкеев, Қамшыгер).

КҮПСЕ[2]= е т. с ө й л. ***Күпте.*** Керегені сырмен бояп, бастарын, көздерінің әр жерін күміспен *к ү п с е п* те жасайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КҮПСЕК[1] з а т. э т н. *Қалың, өсік жүнді теріден жасалған төсеніш.* Мал терілерінен істелетін үй іші жабдықтары – төсеніш, бөстек, тайтері, *к ү п с е к,* тулақ, тұлып қап, талыс, сапсалғы, қоржын, дорба, қап, шанаш т. т. (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КҮПСЕК[2] с ы н. *Үлпілдек, жұмсақ, бос, мамық.* Шудадай созылған *к ү п с е к* шөпке айырын бойлата түйреп, төбесіне тік көтеріп алғанда, құрысқан жауырыны күтірлеп, белі жазылып, бұлшық еттері болат серіппедей тартылады (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Омбы қар қорықтың шет-шетінде қалың болғанмен, дәл шилердің ішіне кіргенде оншалық қатты емес, *к ү п с е к* екен (М.Әуезов, Абай жолы). Бұл қырқаны біздің таңдап алғанымыздың бір сыры: желі аз, қары *к ү п с е к* бос болады (С.Бегалин, Ана.).

Күпсек қар. *Қалың жауған үлпа қар.* Бар үйдің төбесін *к ү п с е к қ а р* әппақ болып басып алған (М.Әуезов, Қараш.). Жаңа толастаған *к ү п с е к қ а р* тізеге таяу (Д.Рамаданов, Тас түлек.). *К ү п с е к қ а р* шапқан көп аттың тұяғынан ақ боран боп, аспанға атқуылдады. Барлық жұрттың «кеу-кеу!» «қапта-қапта!» деген айғайы мен ақ сойылдарын сатырлатып, қағысып шапқан ағыны етекте жатқан жылқыны қатты үркітті (М. Әуезов, Таңд.),

КҮПСЕКТЕЙ с ы н. *Күп боп іскен, быртиған.* Гүлнардың күп боп іскен жаралы аяғы *к ү п с е к т е й* боп кетіпті (С.Мұқанов, Шығ.).

КҮПСЕКТЕ= е т. *Босату, қопсыту.* Қатты қарды *к ү п с е к т е т е* кесек-кесек етіп оя бастады (С.Мұратбеков, Шығ.).

КҮПСЕР[1] з а т. к ө н е. *Судан өткенде пайдаланылатын үрленген тері торсық.* Олар өзеннен *к ү п с е р м е н* өтті (Ауызекі).

КҮПСЕР[2] з а т. э т н. ж е р г. **1.** *Ұзындығы тіземен түсіп тұратын сырмалы сырт киім. К ү п с е р* деп қаптал шапанды айтады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **2.** *Әйелдер киетін мақталы шапанның түрі.* ≈ *К ү п с е р* киген келіншек.

КҮПСЕРДЕЙ с ы н. *Қалың, күмпіген. К ү п - с е р д е й* күпі-шекпенділер мен шұбалған көйлек, жаулықтылар үй арасында жиі-жиі көрінді (Ғ. Орманов, Жүрек).

КҮПСУ *Күпсі етістігінің қимыл атауы; ісіп-кебу, күпіну.* Айтайын айтарымды соқыр, Шөже, Тигізбей содырыңды отыр, Шөже, Артыңнан еркін жеткен мен бір жүйрік, Ойыңнан бос *к ү п с у д і* кетір, Шөже (Айтыс).

КҮПСІ с ы н. с ө й л. ***Күпсек.*** Ізсіз көшіп келем. Еспе *к ү п с і* қар қонышқан. Көкжиекке

дейін бүкіл алаптың аузы-мұрны байқалмайды (Н.Сералиев, Қаңтар).

КҮПСІ= е т. **1.** *Ісіп-кебу, күпіну, әлдеқандай болып дардию, дандайсу.* Басқасын былай қойғанда, өзінің кезекті емтиханынан күзге қалып, «құйрығына қалжуыр байлап жүрген» екінші курстың «майталмандарына» дейін бәрін білемсіп *к ү п с и д і* (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). **2.** *Жетісу, болып-толу, асып-тасу.* Ыбырай аға сұлтан боп *к ү п с и* бастаған кезде Шауышкелге кездесе қалады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). – Михаил болмағанда, Қанипа саған жоқ еді, бүгін *к ү п с і п* отырғаның соның арқасы (С.Омаров, Қызыл.). **3.** *Көку, бөсу, лепіру.* Сондықтан батырсынған комендант «партизан» деген «әншейін бір ертегі, қорқақтар шығарған лақап» деп *к ү п с и д і* екен (Ғ.Сланов, Замана.). **4.** *Қызбалана даурығу, желік біту, елігу.* Ауыл іші абыр-сабыр. Ақбаланы қуантпақ боп жүріп желөкпе жұрттың өзі *к ү п с і п* барады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **5.** *Маңғаздану, тәкаппарлану, асқақтау.* Қарабай төргі бөлмесіне бұрынғы қалпымен көпесімсіп *к ү п с і п* енген еді (Д.Әбілев, Арман.).

Күндей күпсіді. ф о л ь к. *Асып-тасты, болып-толды.* Сонда қалмақ келеді желдей есіп, Батыр деп Қарабекті күңкілдесіп, Баланы жалғыз жүрген өлтірем деп, Келеді өңшең батыр *к ү н д е й к ү п с і п* (Батырлар жыры).

КҮПСІК с ы н. **1.** с ө й л. ***Күпсек***. *К ү п с і к* қар киізденіп қатып жатыр (З.Камалиденов, Ферма.). **2.** а у ы с. *Мылжың, көпірме.* Аңшымыз, аңшымыз дейсіңдер! Не көрдік осы сіздердің *к ү п с і к* мақтандарыңыздан! Адыра қалсын бүйткен аңшылық (С.Елубаев, Ойсыл қара). *// Күлкі тудыратын сөз.* Бұл – өзінше, қулығы, жағынған түрі. Осылайша сөз аралатып барып, тағы да *к ү п с і г і* келіп, орайын күтті (С.Жүнісов, Ақан сері).

КҮПСІН= е т. *Өз-өзінен ісініп-кебіну, күпіну, әлдеқандай болып дардию.* Ондайлардың орынсыз мақтанға тұрпаты, өздерін-өздері әлдеқандай қылып *к ү п с і н г е н* мінездері өзгеге тек күлкі екендігін, жалған білгіштік екендігін мүмкін өздері сезбейтін шығар (С.Сейфуллин, Шығ.). Біреу мұзды алаңда, Ызғып коньки жүр теуіп. Бәйгі тимес далаңға, *К ү п с і н е т і н* құр кеуіп (Ө.Жайлауов, Шопан.).

КҮПСІНУ *Күпсін етістігінің қимыл атауы; паңдану.* Он бес күн қағаз ақтару кімнің қолынан келмейді. Кез келген адамның қолынан келеді. Оған бола соншама *к ү п с і н у д і ң* реті жоқ (М.Мағауин, Көк мұнар).

КҮПСІТ= е т. *Өсіре айту, көпсіту, барынша әсірелеп айту.* – Естімесеңіз, хабардар болыңыз. Густав Христианович сияқты ұлы адамдар жүрген жерінде ұлы із қалдырмаса аты мәңгі жасай ала ма...– деп Гасфорттың мақтауын *к ү п с і т і п* қойды (С.Бегалин, Шоқан асу.). Дейді ол: «Кімнен қалмаған дүние боқ», – Көңіліңді *к ү п с і т і п* аларман боп. Бермесең жағын сағын сындырғаның, Сенен дұшпан жат та жоқ, жаман да жоқ (Д.Әбілев, Уақыт.).

КҮПТЕ= е т. к ө н е. э т н. **1.** *Кебеже, сандық, киіз үйдің сүйегін т.б. сыртын жез қаңылтырмен, мыспен айналдыра қаптау.* Одан асса қалатыны шатраш бедерлі қаңылтырмен *к ү п т е г е н* дәу қара ала сандық, тағы бір кішкене шай-сандық, сосын самауыр мен қазан (Б.Аманшин, Көкжар.). **2.** *Киіз үйдің сүйегін, ертұрманды мыс, күміспен т.б. әшекейлеу.* Бірақ өз қолыммен әшекейлеп, күміспен *к ү п т е п* жасаған алақандай ашамай ердің өзі-ақ атымды ешбір байдың атынан артық болмаса, кем етіп тұрған жоқ (С.Бақбергенов, Қарға там.). Бұл күнде мыспен *к ү п т е п* босағамды, Шынтақтап Бектау-ата, Босағаңды, Жастанып шалқар көл мен Дөресінді Байлығым басып жатыр осы араңды (Айтыс).

Айды аптап, күнді күптеді. *Болып-толды, ісіп-кепті, асыра сілтеді.* – Көктегі жұлдызға қол созып, *а й д ы а п т а п, к ү н д і к ү п т е п* жатқанда, жердегі жұлдыздан үміттенбегеніміз жарай ма, Қонеке? (Ұ.Бағаев, Дала.). Сол қиялмен *а й д ы а п т а п, к ү н д і к ү п т е п* жүрген інілеріңнің бірі – мынау Балға (З.Камалиденов, Ферма.).

Айрандай аптап, күбідей күптеді. *Бар білгенін жасады, емін-еркін масайрады.* –Жаным-ау, *а й р а н д а й а п т а п, к ү б і д е й к ү п т е п* болды ғой. Жуантаяқты қуды. Әнеттен алатынын алды. Көкшені де сырып салды. Енді кім қалды! (М.Әуезов, Абай жолы). Ұлық аз, халық көп болған соң *а й р а н д а й а п т а п, к ү б і д е й к ү п т е п* жүрген халі бар екен (К.Оразалин, Көктем.).

Алтынмен аптап, күміспен күптеді. қ о л ө н е р. *Алтын, күміспен әулап, өрнектеді, әшекейледі, қаптады.* Екеуі де ғажап, әдемі болғанмен, жарғақты қымбатырақ көріп генералға тартпақ. Шоқанға *а л т ы н м е н а п т а п, к ү м і с п е н к ү п т е г е н* ер-тоқым да жетіп жататын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ханның үстіндегі *а л т ы н м е н а п т а п, к ү м і с п е н к ү п т е г е н* әсем тоны бұрын көздің жауын алып, мың құлпырып тұрады екен дейді (С.Омаров, Өмір.).

Күміспен күптеді. э т н. *Қақталған жұқа күміспен қаптады, күмісті түгел жапты.* ≈ *К ү м і с п е н к ү п т е г е н* тәж.

КҮПТЕЙ с ы н. **1.** *Күмпиген қалың.* Сәруардың көмейінің қайтадан бүлкілдей

бастағанын байқап қалды ма, Төрехан, қолтығындағы *күптей* жастық сырыла-сырыла іргеге қашқан ендігі тұста: – Немене, соншама шыбжыңдап, – деді (А.Сүлейменов, Бесін). **2.** *Үлкен, семіз, күпшектей, етжеңді.* Мен білсем бұл жұмыс Әбеннен келді, – деп *күптей* көк тұмсық, тарғыл бет адам сар шақшасын сермеп, бір қозғалып қойды (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Күптей* зор тұлғалы, бұлтық көз, ақ құба адам – Далдабек біздің ауыл қатарындағы салдыр-салақ шаруалы, ынжық, бірақ қиқар пенде – Ешмұраттың қотан төріндегі алты қанат боз үйіне жайғасты (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Жайлауы біздің елдің – Еділ, Жайық, Еліміз бір табия кетті байып. Қарайған қара *күптей* сіз отырсыз, Бұ жерден шығар ма деп кімнен айып? (Айтыс). **3.** *Быртиып ісіп кеткен, кылтілдеген.* Құрысқан етікке жабысқан *күптей* аяқтан адам шошынарлық (С.Жүнісов, Жапанда.). Бала ісіңкі *күптей* аяқтарын әрең басып цехқа жыламсырап кірді (Ә.Бектемісов, Майдангер.). Оң жақ көзімнің айналасы *күптей*, қабағымның үсті күлт-күлт етеді (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

Күптей болды. *Быртиып істі, қампиды, торсиды.* Көзі ілініп кеткен екен, әбден маса талап, күн батар алдында *күптей болып* бір-ақ оянды (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.). Мұқатай екі иінінен демін алып, *күптей болып кетіпті* Ызаға қақалып, сөйлей алмайды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Көрсетті де иттерді, Тебеді деп қорқытты Тепсе қарның *күптей боп,* Кебеді деп қорқытты (М.Жаманбалинов, Менің інім).

КҮПТЕЛ= е т. *Сырты айналдыра қаптау, күміс т.б. бағалы заттармен әшекейлену.* Алтынмен, күміспен, піл сүйегімен *күптелген* зеңгір биік қабырға мың сан құбылады (О.Сәрсенбаев, Сағым). Жол жиегіндегі құба талдар мен қараған бұталар тегіс мысық құйрықтанып, күміспен *күптелген* (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

КҮПТЕН[1]= е т. *Күдіктену, іштей қобалжу, уайымдау.* Бағанадан бері үндемей отырған Бүркіт енді өзінің *күптенген* ойын ортаға салды (І.Есенберлин, Қатерлі.). *Күптеніп* ішім толғанмен, аулақта жүрсем сол жеңіл. Қайтатын жол бар болғанмен, Қайта алмас қайтқан сор көңіл (Н.Шәкенов, Толқын.).

КҮПТЕН[2]= е т. *Мақтану, ісініп-кебіну, күпсіну.* Кейбір топас қызыл қарындашпен қағаз бұрышына қиғаштама жасап, үлкен жұмыс атқардым деп *күптенеді* («Лен. жас»). Әр атты әркім мақтасып, Күпілдеп кеуіп *күптенер.* Бірінен-бірі жатты асып Дүрлігіп бәйгі күткен ел (Ә.Абайділданов, Алыс.).

КҮПТІ с ы н. **1.** *Шектен тыс, мейлінше тойған.* Бақшаны, бауды, барлық егіндікті Емізіп, болған кезде суға *күпті,* Жетісу жөнеледі шөлді кезіп Нұр сипат, солғын ажар, тікен түкті (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). **2.** а у ы с. *Күдікті, дұдамал; көңіл күйіне әсер етіп мазалайтын, қобалжытатын.* Баяғы бір *күпті* сұрақ оның ойына қайта келді (І.Есенберлин, Алмас.). *Күпті* ойдан кенет серпіліп, Байлауын айтып үндеді. – Құлекен, қазір сен тұрып, Қалаға жылдам жүр, – деді (І.Мәмбетов, Тарланбоз).

Жүрегі [көңілі] күпті. *Қобалжулы, уайымды, күдікті, көңілі алаң.* Уайымымыз – Нұржан. Күзден бері хабар жоқ. *Жүрек күпті* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Алғаш жер астына түсетінде *жүрегім күпті* болып жүрді (С.Сейфуллин, Шығ.). Сары уайым жегідей жеп, *көңілің күпті* жүрген соң ба, әйтеуір, не болса содан секем алады екенсің, не болса содан үміттенеді екенсің (К.Баялиев, Дегелек.). Хатыңды тым кеш алдым. Не болды деп алаңдап, *көңілім күпті* болып жүргенде келді хатың (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

Жүректі [көңілді] күпті етті [қылды]. *Бей-жай етті, қобалжытты, алаңдатты, ойды мазалады.* Болды міне бір жеті, Бұл табиғат айлалы. *Күпті қылып жүректі,* Үйге жіпсіз байлады (Ш.Мұхамеджанов, Назқоңыр).

Күпті болды. а) *Майлы, күшті тамақты жегеннен кекірігі азып, ас қорыту жүйесі бұзылды.* Кекірігі азып *күпті болған* шонжарлар желпінісіп, шай үстінің әңгімесіне кірісті (Ғ.Сланов, Дөң асқан). «Май балық» десе май балық, балықты асып жеген балалар *күпті болып,* екі күн басқа тамаққа беттемепті (М.Тиесов, Дала.). Дүние-ай, маған берсе бар билікті Күштіні етер едім көзге түрткі. Не керек, бар байлықты байлар көріп, Кекіріп, *болып* отыр майға *күпті* (С.Мұқанов, Таңд. өлең.). Қазақ аулында майды жеп-жеп *күпті болып* қапты (Ж.Аймауытов, Шығ.). ә) *Қобалжыды, уайымдады, алаң болды.* Қашан қуғыншы келеді, қашан майданға айдап кетеді деп, жігіттер *күпті болып,* бір аяғы көрде, бір аяғы жерде жүреді (І.Жансүгіров, Шығ.). Сәлмен жаңа біраз үйлерді аралап шығып еді, әлі де *күпті болғанмен,* артельге бірігуге тілек білдірді (Б.Тілегенов, Аққайнар). Дүние тілемеймін сенен тіпті, Алар деп мені дүние *болма күпті.* Ақыл ауыс дегендей, ырыс жұғыс, Сен-дағы көрінесің өлеңге епті (Алдаспан).

Күпті болу. *Майлы, күшті тамақты шамадан артық жегеннен асты сіңіре алмау, іші, қарны тырсию. Күпті болу* немесе жемге бөгу – малдың жем-шөпті шамадан тыс жеуінен болатын ауру. Қолда жемдеп, бордақылаған қой, сауын сиырлар жемге бөгіп «күпті болса» кекіруі жиілейді, аузынан сасық иіс шығады, бірақ тышқақтамайды (Эксп. матер.). Ашығу, шөлдеу, тою, *күпті болу*, жүрек айну сезімдері ас өзегіміздің қызметіне байлаулы (Ж.Аймауытов, Шығ.). Өте көп жеп, ас сіңбей қалғанды *күпті болу*, сасық кеңірдек болу, кекірігі азу, – деп атайды (Д.Қатран, Қазақ астағам.).

Күпті етті [қылды]. а) *Майлы, күшті асты аямай, мол беріп, денсаулығын бұзды, қарнын қампиайтты, тойдырды.* Иә, семіз етке Нұрмақтың қара балапанын *күпті ет пек* болған еді Баймұқан. Бірақ қансоқ толы мол жемді ол шатасып, Бектемірдің сары құсына ұсынған-ды (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). ә) *Мазалады, бейжай етті, тынышын алды, қобалжытты.* Әуелі әкелген жауабыңды айтсаңшы *күпті қылмай,* күпті қылуларың жеткен жоқ па? – деді (М.Әуезов, Қараш.).

Күпті көңіл. *Күмәнды, күдікті көңіл.* Бірақ мына қараңғы түн, *күпті көңіл* айнала дүниені үрейге толтырып тұр (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

КҮПТІГЕЙ с ы н. **1.** *Қамығыңқы, жабыраңқы, күпті, мазасызданған.* Ол соңғы кезде ылғи бір *күптігей* халде жүретін (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Екі жүрек *күптігей,* маңдай ашық, Иә сәт! ...Берік жатыр құйысқаны (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). **2.** *Күдікті, дүдәмал, жұмбақ, екіұшты.* Сағаға келген бойда Қабен Ізбекті тауып жолықты. Көңіліндегі *күптігей* жайлардың бәрін түгел ашып айтты (З.Қабдолов, Жалын).

КҮПТІЛЕУ с ы н. *Күмәнділеу, күдіктілеу.* ≈ *Күптілеу* көрінді.

Көңілі күптілеу. *Көңілі бейжай, мазасы жоқ, қобалжулы, күдікті.* Жел сарынына орай *көңіл күптілеу.* Совхоздың бас зоотехнигі Сағат Жұмағұловтың да көңілінің қошы жоқ («Лен. жас»).

КҮПТІЛІ с ы н. *Күпті, күдікті болған.* Боламын сабырсыз бір – *Күптілі* сәтің шығар. Мендегі дамылсыз жыр – Сендегі шат үн шығар (Т.Иманбеков, Бұлақ.).

КҮПТІЛІК з а т. *Күдіктілік, екіұштылық, күмәнділік, толқушылық.* Қабыштың денесі сергігендей болса да, көңілде жатқан сенімсіздік, *күптілік* те бар (М. Әуезов, Қараш.). Қалтай аз аңырып тұрып қалды. Азанғы ашуы аздап тараса да, көңіл *күптілігі* әлі кете қоймаған (Бал дәурен).

КҮПШЕК з а т. **1.** *Арба дөңгелегінің білік кигізілетін шабақтар қондырылатын тесіктері бар ортан бөлігі.* Анадай жерде ұзын қой қораның алдында арбаның *күпшегін* жөндеп жатқан біреу ісін қоя салып, бізге қарап жүрді (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.). Арба иесі *күпшек* дер, Киіз иесі білек дер (Қаз. мақал.). Құмға батып *күпшегінен* Арба жексе сорлаған. Тер сүмектеп пұшпағынан Ат аяғын зорға алған (С.Машақов, Жылдарым.). **2.** т е х. *Механизмдер мен аспаптардың білік немесе басқа бір деталь сұғылатындай өзектік тесігі бар әрі цилиндр не конус пішінді бөлшегі.* Пайдалану мақсатына сәйкес *күпшек* подшипникті, бекітпелік, өткелдік, т.б. болып ажыратылады (ҚҰЭ). Ашықта қазір әр жерде соқа сырылдап, трактор гүрілдейді. Дүрілдеген ұста көрігі, турбина *күпшегі* бұларға үнін қосады (Ғ.Сланов, Шалқар). – Самолет жерден көтеріле алмайтынын ұқсаңызшы, генерал жолдас. Машиналардың *күпшегіне* дейін сазға батып тұрғаны анау (Т.Бигелдинов, Аспан.). Су күшімен күпшегі жіті айналған турбинаға дүрс-дүрс, *күпшекпен* жалғасқан темір белдік генераторға жан салып, ол да күрс-күрс айналды (Ғ.Сланов, Шалқар).

Күпшек сан [санды]. *Саны жуан, жұмыр.* Қыздардан оқшаулау қалған сәтте жағадағыларға, әсіресе, жусаған қойдай қыздырынып жатқан ақ балтырлы, *күпшек сан,* қаз омырау қыз-келіншектерге ұрлана қарағыштаумен болған (Ө.Қанахин, Жүрек.). Осы сапарынан кейін Жәкең, жер құртындай жыбырлаған көк есекке мінген жоқ, *күпшек санды* күреңге мінді («Қаз. әдеб.»). Аман болсын таудан аққан бұлақтар, Бұйра қозы, бөртең жүнді лақтар. Аман болсын жайлауда еркін жайылған Жалбыр жалды, *күпшек сандықұр* аттар (С.Мәуленов, Қызыл арша.).

КҮПШЕКТЕ= е т. *Күпшектің жерге тиіп қалуы, көліктің бір батып, бір шығып, ақырындап жүруі.* Өзеннің бұл тұсы едәуір енді болғанмен де өте таяз, ат бауырына жетер-жетпес еді, бірақ асты ұйыма екен, арбаның артқы дөңгелектері *күпшектеп,* алдыңғы дөңгелектер бейне бір желді күнгі қармақтың қалтқысындай қылтылдай бастады (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

КҮПШЕКТЕЙ с ы н. *Өте үлкен, жуан, күптей.* Мен қабырғаны жарып салған *күпшектей* қаңылтыр пешке таяу орындыққа келіп отырдым (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Сақа күйші Шәмшиден саға жағы *күпшектей* қара домбырасын алып қоңырлатып күй

тартқанда үміт оты оянып, қиялыңды алысқа жетелеп, көңіл жайлауының көгілдір кенерелері кеңейіп жүре берді (Н.Әбуталиев, Сахара.).

Күпшектей болып істі. *Быртиып істі, күптей болды.* Оң аяғым бөрене сияқты жансыз сезіледі. *Күпшектей болып ісіп,* етіктің қонышын кернеп барады (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты). *Күпшектей болып ісіп* кеткен басын тағы да салқын сумен шайып, қостың алдында мең-зең болып, біраз отырады (Б.Аманшин, Көкжар).

КҮПШЕКТЕН= е т. *Жуандау, жұмырлану, толу.* Құлын сауыр құндыздай, Қос тана көз жұлдыздай, Күлтеленіп, жалдары, *Күпшектеніп* сандары, Қағында жусап тұр еді (Т.Жароков, Шығ. жин.).

КҮПІ[1] з а т. **1.** э т н. *Матамен тысталған тері тон.* Қазақ төрт-бес қойдың терісінен кең қолтық *күпі* кимесе, сақиған сары аяз бен орай соққан боранда үсіп өлмей ме? («Айқап»). Бата қылуды да ұмытып, дастарқанды аттай, *күпісін* жүре кие тысқа шықты (М.Дулатов, Шығ.). Қолындағы қамшыға, тізгінге ие болмай, қолбағын кие алмай келе жатқаны, Күләннің қазақша ықшам *күпі*, түлкі тымақ киіп, атқа ерекше қаздиып отырып, атын шаужай қақтырып аяңдатқаны, жарысқанда тақымы қозғалмай, етегі шашырамай, артымыздан жетіп, басып озып, бірдеме деп тісі ақсиып күліп өткені (Ж.Аймауытов, Шығ.). Күлдір-күлдір кісінетіп, Күрең мінген бар ма екен? Күдеріден бау тағып, *Күпі* киген бар ма екен? (А.Байтұрсынов, Шығ.). **2.** э т н. *Ішіне жабағы, жүн салып тігілген сырт киім, шапан.* Жыртық *күпілерінің* жабағасын жел жұлып ұшырып әкетіп жатыр. Түйе жүн тұмақтарының жабағасы да түте-түте болып түтіліп түсіп жатыр (М.Жұмабаев, Шығ.). Шілікбайдың жүрегі су ете түсті. Бата қылуды да ұмытып, дастарқанды аттай, *күпісін* жүре кие тысқа шықты (М.Дулатов, Шығ.). Айтжан үстіндегі тер сіңген ескілеу түйе жүнді ауыр қара *күпісін* шешіп желпінді (С.Сейфуллин, Шығ.). **3.** э т н. *Жеңіл сырт киім, жағасы бар, етегі ұзын жұқа шапан, плащ.* Жеңіл *күпі* кие сап, шарт буынып, қолына қамшы алды да, есікті қатты ашып, атқып жөнелді (М.Әуезов, Абай жолы). Батсайы *күпі* жамылып, Бұралып шыққан ақ саусақ. Күлгір көзді Дөсет-ау, Сөзін қара: так, так, так (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Бұрын кигенде бойына қабыса қалатын биқасап *күпісі* белін буғандықтан ба, біреудің киіміндей боп қолпылдай қалыпты (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.). **4.** э т н. *Ішіне түйенің жүні салынған көрпе, жамылғы.* Түйенің үстіндегі жабағы жүннен *күпі,* жамылғы жасайды. Бастың, мойынның, өркешінің ұзын жүнінен (шуда жүн) киіз, жабағы, саба, торсық, қалта, көнек т.б. заттар салатын жасау үшін жіп алынады (Мұса Шорманов, Шығ.). **5.** а у ы с. *Жүн.* Қойлар жақында ғана қысқы *күпісін* қырықтыққа алдырған екен (І.Жансүгіров, Шығ.). **6.** а у ы с. *Ұлпа қар.* Ол бұл даланы бес саусағындай біледі. Сонау қыс *күпісін* жамылған Қарадыр шоқысынан бастап, мына жағы Ай-Таңсық, Ақшатауға дейінгі ұлан-асыр жазықты жас күнінде сан шарлаған («Лен. жас»). Ақ *күпіге* оранып ты тау, дала, Төңірекке көз тігемін таңдана. Көкірегім ашты айқара қақпасын, Қандай жақсы мөлдіреген таңғы ауа (Ш.Мұхамеджанов, Ана.).

Күпі көрпе. э т н. ж е р г. *Ішіне түйе жүні салынған көрпе.* Күпі, *күпі көрпе* деп, ішіне түйе жүнін салған жылы көрпені айтады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Күпісіне сыймады. *Терісіне сыймады, асып-тасты, шіренді, болып-толды.* Омин-омин, – деп, аузын толтырып, бетін сипап, мықтап тастаған кісіге ұқсап, әйтеуір тілеулес болып оқыта беріңізші деп, маңызданып, *күпісіне сыймай* қорбиып шығады (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

КҮПІ[2]= е т. *Лепіру, бөсу, мақтану.* – Түсе алмады оқуға, Молдаш. Қаладағы препесір атаулы өз қалтасында жүргендей *күпіп* еді мына жігіт. Жазып берген қағазына қараған да ешкім жоқ (З.Ақышев, Достар.).

КҮПІ[3]**: апы кіріп, күпі шықты.** *Асып-састы, абыржыды, сасқалақтады.* Мария Ивановна *апы кіріп, күпі шығып,* ауыз үйдегі арбиған қара пешке жалма-жан от жағып, сыртында қара күйеден ине шаншар сау жері жоқ жез шәйнекпен шай қойды (С.Омаров, Дала қызы). Вагон іші абыр-сабыр. Түсуге асыққан жұрт *апы кіріп, күпі шығып* жатыр (Н.Сералиев, Ақ қайың). Артельдің бар ісін бір өзі тындыратындай *апы кіріп, күпі шығып* жүргені (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

КҮПІЛ з а т. *Бөспе сөз, мақтаншақтық.* Сендердің бос *күпілді* қоятын кездерің жетті («Лен. жас»).

КҮПІЛДЕ= е т. **1.** с ө й л. *Дыбыстың қатты шығуы, сампылдап анық естілу.* Кейде өзінше құпия бірдеңені айтып сыбырлап сөйлеген болады, бірақ түнгі ауада сол сыбырының өзі бүкіл ауылға естілгендей *күпілдеп* шығады (С.Мұратбеков, Көкорай). **2.** а у ы с. *Лепіру, бөсу, мақтану, ісіп-кебу.* – Күні бұрын *күпілдемей-ақ* қояйық, – деді Абрек. – Ерлікті тыңға барғанда көрсетейік, қазір мына мәселені шешіп алайық, жолдастар! (С.Омаров, Өмір.). Тиіп-

шығып, ызғып, ұстатпаса, Қуанар иелері сонда ыржақтап. Не таптық мұнымменен деген жан жоқ, Түні бойы *к у п і л д е р* құсын мақтап (Абай, Тол. жин.). Әрқайсысы өз үйлерінде отырып *к у п і л д е г е н д е*, түндіктері желпілдеп тұрар еді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). **3.** а у ы с. *Қобалжу, лүпілдеу.* Көңілім басылсайшы *к у п і л д е г е н* Жүрегім тынысташы лүпілдеген. Алмашы мазаны, ой құтым қашып Тұрады дір-дір етіп бүкіл денем (І.Есенберлин, Адамгершілік.).

КҮПІЛДЕК[1] з а т. с ө й л. *Піспектің басына бекітілген тесік-тесік тақтайша.* Піспектің *к у п і л д е г і* сынып қалып, қымыз пісе алмай отырамыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮПІЛДЕК[2] с ы н. *Мақтаншақ, лепірме, бөспе.* Бұл жайлауда жұрттың қымыз буы секілді *к у п і л д е к* әңгімесі де көп болады. Тұнып тұрған жер дәулеті жетпегендей, аспанның құсын да әңгіме етеді (Ғ.Орманов, Жүрек). Байсалбай өз жөнін білетін адам. Жігіттің арыстаны, керек болса лауазымы бар. *К у п і л д е к* әкесі Құлмағамбетке мінезі тартпаған (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). // *Лепірме, бөспе адам.* Естілер де ісіне қуанбай жүр, Ел азды деп надандар мұңаймай жүр. Ала жылан, аш бақа, *к у п і л д е к т е р* Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр (Абай, Тол. жин.).

КҮПІЛДЕС= е т. *Екпіндеу, күшею, қоқилану, ісініп-кебінісу.* Ат қызуымен желігіп алған Сармантайлар гу-гу етеді, қырып жіберетіндей *к у п і л д е с е д і* (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Күші тең болған соң шабуылды ешқайсысы бастай алмай, алыстан шаптығып *к у п і л д е с і п* тұр (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

КҮПІЛДЕТ= е т. *Күбідегі айранды піспекпен жоғары-төмен сапырып қозғап пісу.* Бүркітбай даладан біреуді шақырып алып, күміс піспекті иіндеп тұрған қара сабаны үйді басына көтере *к у п і л д е т і п* пісті де, күмістеген үлкен сары ағаш тегенге көбігін бұрқыратып құйды (С.Мұқанов, Ботагөз).

КҮПІЛДЕУ *Күпілде етістігінің қимыл атауы; лепіру, бөсу, мақтану.* Кейбіреу кейде осылай шалқымай ма, Соғады *к у п і л д е у д і ң* арты қайда. Жалт етер, бір көрінер көп болғанда Өзіңде нұр болмаса жарқырай ма? (З.Шүкіров, Арал.).

КҮПІЛДІК з а т. *Бос сөз, мақтан, күпілдек.* Ырғызбайдың, әншейінде жуансыған, қолшыл болып мықтысыған үргөппе, даңғойлары бұл тұста құр *к у п і л д і к т е н* асқан жоқ (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КҮПІЛІ с ы н. **1.** *Күпі киген, күпісі бар.* Оның артынан көлеңкесіндей сып етіп, қоңыр *к у п і л і,* қоңыр тымақты Омар кірді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Ақ *к у п і л і,* тымақты, Ақ сақалын қар басқан. Үсітіп бетті, құлақты, Қызартып аяз жармасқан (Т.Жароков, Шығ. жин.). **2.** *Жүні қалың.* – Ой сарамас, – деп алдына өңгерген бойында лақтың тырсиып тұрған ішін сипалады. Қазір күз. Өзі бойшаң, *к у п і л і* лақ (М.Әуезов, Білекке білек).

КҮПІН= е т. *Мақтану, күпілдеу, ісініп-кебіну, лепіру.* Даңғой Әсілбек шалдардың алдында *к у п і н і п* самбырлай бастады (Қ.Әжікеев, Саят.). Жамбыл-ау, *к у п і н е с і ң* неге сонша? Құтқарып қыз біткенді қалған жанша. Қолдағы қаршығаңнан неге айырылдың Тұтқасы дүниенің сенде болса?! (Айтыс).

КҮПІНІҢКІРЕ= е т. *Мақтаныңқырау, бөсіңкіреу.* «Ақылдасатын шаруа бар» деген сөзді әкесі аузын толтырып, *к у п і н і ң к і р е п* айтты (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

КҮПІР [ар. كفر] з а т. **1.** д і н и. *Құдайға иланбаушылық, иманы жоқтық. К у п і р* қатарына елеулі қателіктер мен қылмыстар да қосылады; көпқұдайшылық, намаздан бас тарту, сиқыршылық, зинақорлық, өзін-өзі өлтіру, маскүнемдік, құмар ойындары т.б. (Ислам энцикл.). Растың бір аты – Хақ, Хақтың бір аты – Алла, бұған қарсы қаруласқанша, мұны ұғып ғадаләтпен тәптештеуге керек. Мұндай фиғылдардан *к у п і р* хаупі де бар (Абай, Тол. жин.). **2.** діни. *Исламды мойындамау немесе оның талаптарын бұзу, кәпірлік.* Адамды алдағанмен, Тәңіріні қалай алдаймыз, Алла тағала өзің кешіре гөр, Сұбхан Алла... Жоқ, мұныңыз пайғамбар жолына қайшы, *к у п і р, к у п і р і* (С.Жүнісов, Ақан сері). Әзәзілден сабақ ап Бүлдіріпсің сөзіңді. Құранға тіл тигізсең, *К у п і р* деймін өзіңді (Жамбыл, Шығ.). **3.** а у ы с. *Теріс, қате.* Кешір *к у п і р* айтсам тек, Болғыр марқұм иманды, «Үйбай, қыз-ау, қайттім» деп, Көп ойланды қиналды (Қ.Мұқышев, Поэм.).

Күпір болды. а) д і н и. *Діннен шықты, дін жолынан адасты, күнәға батты.* Надандарға бой берме, Шын сөзбенен өлсеңіз. Аят, хадис емес қой, *К у п і р б о л д ы ң* демес қой, қанша қарсы келсеңіз (Абай, Тол. жин.). Алланы құрсын деме, *к у п і р б о л а д ы,* қарағым (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Құдай ма? Егер Құдай болса... деген ойға тірелді де, Қартқожа *к у п і р б о л д ы м* ба деп тәуба келтірді (Ж.Аймауытов, Шығ.). ә) *Күнәлі, жазықты болды.* Өзім білмеген қолхоздың жігіттері туралы долбар айтып, *к у п і р б о л а р* жайым жоқ (С.Бақбергенов, Алтынемел.). Атаңыз байлықпенен хат барды ма? Махшарда қайырсыздық зиян еткен. Атаңды мақтаймын деп Айға ұқсатып, Жүрмеңіз *к у п і р б о л ы п* бұл реттен (Ақан сері, Шығ.).

Күпір мінез. *Шәлкес, теріс қылық.* Алдыңнан адам шығар болмаған соң, Үйрендің қатар шауып ылди-өрден. Тірі жан, менен өзге туған жоқ деп Алыпсың *к ү п і р м і н е з* әзәзілден (Айтыс). Амантай өзінің *к ү п і р м і н е з і н* тастай алмады (Қазақ. тілі. аймақ. сөздігі).

КҮПІРЕ з а т. ж е р г. ***Кебек***. Осы алған астығымыз онша дұрыс болмады, *к ү п і р е с і* тым көп екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮПІРЛІ с ы н. д і н и. *Құдайға, дінге қарсы, күнәлі.* – Тәйт, найсап? Өйтіп тіл тигізбе ағзамға, Құдайға *к ү п і р л і* болайын демесең. Ағасы ақымақ болса, інісі бар емес пе? (Ө.Қанахин, Жас дәурен). // *Жазықты, айыпты адам.* Күнәсын *к ү п і р л і н і ң* төгіп босқа, Көтердің көкірегіңді зор пәлекше. Өзіңе өз мінезің білінбейді, Әзәзіл болған мысал сен әлекше (Айтыс).

КҮПІРЛІК з а т. *Құдайға, дін жолына қарсы іс, күнә. К ү п і р л і к* зайырлы өмірде – жалған сөйлеу, арам істерге бару, дінде – иманға шек келтіру, күнәһарлық жасау (ҚҰЭ). – Ендеше не бар таласатын. Патшаны кәпір деудің өзі *к ү п і р л і к*. Дұрыс па, молда? (С.Мұқанов, Ботагөз). Жүрер жолдың уақытын кесіп айтуға болмайды. Ол Құдайға астамшылық, *к ү п і р л і к* болады (Қазақы. тыйым.).

Күпірлік етті [келтірді]. *Ислам талаптарын бұзды, күнә жасады.* Қазірет бастаған діншілдер тобы Сырбайға *к ү п і р л і к е т т і ң* дегендей үрке қарап қалысқан (М.Әуезов, Өскен өркен). – Бірақ өмірден үміт үзіп, *к ү п і р л і к к е л т і р у г е* болмайды екен (Қ.Жұмаділов, Тағдыр.).

КҮПІР-СҮПІР з а т. с ө й л. *Дін жолына теріс әртүрлі іс, қылмыс.* – Сіз мені түсініңіз, Молдеке. *К ү п і р - с ү п і р і ң д і* қоя тұр, – дейді Тәйтік шарта жүгіне қалып (С.Әлжіков, Кәрі сайтан).

КҮПІРСІ = е т. с ө й л. *Күпірлену, күпір болу.* – Неге керегі болмайды, саған тарту жасамағанда кімге жасаймын, бұл ақшаны босқа сақтай бергенде мағынасы қанша, онымен самауыр қайнатамын ба? – деп Ақылбай тіпті *к ү п і р с и* сөйледі (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.).

КҮПІРШІЛІК з а т. *Күнәға батушылық, күпірлік.* Сарман екеуміз кейде Сәуленің жалғыздығын айтып уайымдаймыз. Бір ойдан, сонымыз – *к ү п і р ш і л і к* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Мен мана бір сөзімде: адамның мықтымын деуі ағаттық дедім ғой... Иә, мықтымын, менен қайратты, менен жүректі ешкім жоқ деу – жалғыз басты пендеге *к ү п і р ш і л і к* болады екен (Ә.Әлішев, Батыр.).

КҮПІС= е т. *Мақтанысу, лепірісу, ісіп-кебу.* Олар Шевченкоға дейін, тіпті Жетібайға дейін жұптарын жазбады. Бір экспедицияда істейтін болғандарына қуанысып, мүмкіншілік болса, бір участокке сұранамыз деп *к ү п і с і п* келе жатты (Ә.Сараев, Бозқырау).

КҮР з а т. к ә с і б. *Теңіз жағасында пайда болатын мұз шоғыры. К ү р* аралас қатқан мұз дауыл екпінімен жиекке тығылыпты. *К ү р* қатпары да қалың. Аралығына қайық енбейді. Жаяуды көтермейді (Ш.Дәрмағамбетов, Менің замандас.). Қайықты *к ү р г* е енгізу әрекетінен еш нәрсе шықпады (Ш.Дәрмағамбетов, Менің замандас.).

КҮРБЕЛДЕУ с ы н. ж е р г. *Жастау, жасырақ, жасы кіші.* Жыртық көрпе астынан бір баланың басы қылтиды. Онан гөрі кішірек тағы екі бала басын көтереді. Бұл екеуі анадан гөрі *к ү р б е л д е у* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Тек есін білмейтін *к ү р б е л д е у* бала күндегі әдетімен «апалап» жүгіріп кеп, Ақбаланың етегіне жармасты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

КҮРБЕЛЕКТЕ= е т. *Күйбежектеу, тартыншақтау, сасқалақтау.* Алдымнан айғақ болып шығады-ау деп, Жүрмесең *к ү р б е л е к т е п* қорқып сұқтан (Жамбыл, Шығ.).

КҮРБИ= е т. *Күржию, күжірею, қорбию.* Аяғында ақ пима, Үстінде жарғақ *к ү р б и г е н.* Тағдырдан келген «жат сыйға» қасарып Зүлгүл шықты үйден (Д.Әбілев, Алтай асу.). Күдірейген, *к ү р б и г е н,* Бедірейген, дүрдиген, Келсе үйіңе мұң кірген, Жеті жылда бір күлген (Ж.Өмірбеков, Ана.).

КҮРБІК з а т. к ә с. *Қабығы қалың, еті жұқа тәтті қауын.* Қауынқақты көбінесе *к ү р б і к т е н* жасаймыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

КҮРБІН= е т. *Күйбежектеу, тартыншақтау, қорыну.* Жас тілеу күдік басып *к ү р б і н г е н д е й,* Тар үйге сыймай арман сілкінгендей. Жөтеліп тық-тық қана, сырын айтты, Достары тыңдап қалды сүйсінгендей (А.Тоқмағамбетов, Көгілдір.).

КҮРГЕЙЛЕ= е т. **1.** *Көлегейлеу, тасалау, буркеу.* Таскүркені шыр айнала бұғып-бұғып жатқан бөртектер *к ү р г е й л е п* алған... (О.Бөкеев, Қайдасың.). Бағанағы күнді *к ү р г е й л е п* тұрған ұзынша бұлт едәуір ұлғайып, күнбатыс жақты торлап алған (О.Бөкеев, Қайдасың.). Мәуелеп иіліп тұрған үйеңкі мен қайың жапырағы, шамның жарығын *к ү р г е й л е п,* тас тротуарға жолбарыс терісіндей шұп-шұбар көлеңке түсіреді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Көркіне құп жарасып торғын көйлек, Жасырмай әсем жүзін ол *к ү р г е й л е п.* Төгіліп тал бойынан жыр сәулесі, Ән болып ағыл-тегіл, кетті сөйлеп (Ғ.Орманов, Таңд.). **2.** *Қамалау, қоршау, жан-*

жақты қоршалау. – Маған таман *к ү р г е й л е п* қайыра беріңдер! – деді (І.Жансүгіров, Шығ.). Жемтікке шүйілгендей қалмақтар Қозыны найза ұшымен *к ү р г е й л е п* көтеріп кетті. Өз қанымен жуылған батыр төңірекке биіктен ақырғы рет көз тастады (К.Ахметбеков, Сый орамал). Кешкісін қойшының жәрдемшілері төлдерді енелерінен бөліп, *к ү р г е й л е п* әкеп, төл қораға кіргізді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮРГЕЛЕ= е т. *Бүркемелеу, жасыру.* Әлде өз сөзіне өз жаны толқыды, әлде айтарын сабақтап, шын *к ү р г е л е й д і*, бірақ сөзін байырқалатқан қонағын төре асықтырған жоқ, жігіт жанын түсінгендей (К.Сегізбаев, Беласқан).

КҮРД з а т. *Еуропалық нәсілдің алдыңғы азиялық тобына жататын халық. К ү р д т е р* ассимиляцияға ұшырағандықтан, олардың нақты санын көрсету өте қиын. *К ү р д т е р д і ң* басым көпшілігі ислам дінінің сүннит тармағын ұстанады (ҚҰЭ).

Күрд тілі. *Үндіеуропа тілдері шоғыры иран тілдері бұтағының солтүстік-батыс тобына жататын тіл. К ү р д т і л і* диалектілері ішіндегі ең ірілері – курманжи, сорани диалектілері (ҚҰЭ). Бұлардан өзге гурани, лури, заза аталатын диалектілер де бар. ТМД елдерінде *к ү р д т і л і н і ң* әдеби нұсқасы курманжи диалектісіне негізделген (ҚҰЭ).

КҮРДЕ з а т. э т н. *Асау биені сауарда мойын жіпке артқы аяғының бірін тірсегінен іліп қоятын арқан. К ү р д е* (күде) жіптің ұзындығы үш метрдей болады. Ол ылғи желі басында сақталады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Асау биені саууға үйретуде бүкпе не *к ү р д е* (күде) салу әдістері де қолданылатын (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

КҮРДЕК[1] з а т. ж е р г. *Жас төл мен арық малға арналған қора.* Қой туған уақытта жас қозыларды, қойдың нашарын *к ү р д е к к е* салып қоямыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮРДЕК[2] с ы н. *Қауқиған, аумақты.* Арқаның қызыл изені Басы *к ү р д е к,* түбі – арал, Қыдырып шалар аруана (Махамбет, Өлең.д.). – Балам, – дедім, бірде Шыңдауға тура қарамай. – Осы жерден қоныс аударып, анау үйінді *к ү р д е к* мұздың жанына барайықшы (М.Дәрмағанбетов, Менің замандас.).

КҮРДЕК-КҮРДЕК с ы н. *Топ-топ, шоқ-шоқ. К ү р д е к - к ү р д е к* қызыл изен арасынан пыр-пырлап бұлдырықтар ұшқаны... (Ш.Мұртазаев, 41-ші жыл.).

КҮРДЕКШЕ з а т. с ө й л. ***Күртеше*** (*дене жылуын сақтап тұратын және қимылдауға қолайлы жеңсіз кеудеше*). *К ү р д е к ш е* суықта тон, шапан астынан киетін, ертеден келе жатқан киімнің түрі. Астарына мақта салып, сырылып, қалың матадан тігіледі. Жанына немесе алдынан түймеленеді (ҚҰЭ). Баймырза *к ү р д е к ш е с і н і ң* жағасын көтеріп, мойнын ішіне тартып, басын екі тізесінің арасына тұқыртып алды (Ә.Сараев, Бозқырау).

КҮРДЕЛЕ= е т. э т н. *Жылқының мойнына арқан байлап, арқанның екінші ұшын шоқтығынан асырып немесе қолтығының астынан, яғни бақайынан түйықтап өткізіп, күшпен тартып, артқы аяғын көтеруіне мәжбүр ету.*

Күрделеп жығу. э т н. *Жылқыны жығудың тәсілі.* Аттың мойнынан арқанды қос қабаттап салып күрмеп байлаған соң, бір ұшын түйықтап байлап алады да, қамшылар жақ артқы аяғының (бақайынан) шідерлігінен іліп алып қусыра тартады. Екінші адам ноқтаның шылбырын шоқтығынан асырып, оған қарама-қарсы бағытына тартқанда артқы аяғы бауырына тықсырылған ат өздігінен шоңқайып отыруға мәжбүр болған. Мұнан соң аяқтарына кеудесіне қарай жапсыра тартып мойнындағы арқаннан тартып шалып байлайды. Бұл – *к ү р д е л е п ж ы г у* тәсілі (Эксп. матер.).

КҮРДЕЛЕН= е т. **1.** *Арту, көбею, күшею, молаю.* Техниканың және онымен байланысты жаратылыстану ғылымдарының күннен-күнге өршіп дамуының нәтижесінде есептеу жұмыстары *к ү р д е л е н е* бастады (О. Жәутіков, Жаратылыстану.). Бұрынғы наубайхана 1951 жылы завод болып құрылды, осыған орай міндет те, жауапкершілік те *к ү р д е л е н е* түсті («Қазақст. әйелдері»). Жеміс байлау кезеңінде тамырдың жұмысы *к ү р д е л е н е* түседі (Помидор.). Екіқабат кезінде әйел организмінің барлық органдарының (мүшелерінің) қызметі *к ү р д е л е н е* түседі (Келіншектер.). **2.** *Ауырлау, қиындау, ірілеу.* Оқу материалы *к ү р д е л е н е* бастаған сайын оны бірнеше жолдармен түсіндіре білу керек (М.Мұқанов, Педагогика. очерк.). **3.** *Өсіп-жетілу, даму, өркендеу.* Құрылықта қалып қойған өсімдіктердің бірқатары түгел жойылып кетті. Сонымен қатар олардың кейбіреулері *к ү р д е л е н е,* жетіле түсті (Жалпы биология). Үшінші, төртінші класс оқушыларының сезімдері бірте-бірте *к ү р д е л е н е* түседі, олар көңіл күйін бірқалыпты етіп ұстауға үйренеді (Қ.Жарықбаев, Психология).

КҮРДЕЛЕНДІР= е т. **1.** *Қиындату, ауырлату.* Су жүру жолдарының тоңазуы мен жібуі сияқты тоңдық факторлар бұлақтар режимін *к ү р д е л е н д і р е д і* (К.Сапарбайұлы,

Геология.). **2.** *Жетілдіру, дамыту.* Олай болса, әр мектепте жаңа қолданыла бастаған осындай тың бастамаларды қолдай отырып, оны толықтыра, *күрделендіре* түсу – мұғалімдер қауымының міндеті болмақ («Қазақст. мұғ.»). Ақынның алғашқы жылдарындағы (1911-1917) поэзиясында бұл образ сөз-экспресасема дәрежесінде болды. Оны ақын өңдей отырып, толықтырып, *күрделендіріп* ілгері дамыта түседі («Қаз. әдеб.»).

КҮРДЕЛЕНДІРУ *Күрделендір етістігінің қимыл атауы; жетілдіру, дамыту.* Режиссер мен әр топ басшылары бұрынғы бар нөмірлерді *күрделендіру,* жаңа нөмірлерді іздестіру, ойлап табу қамында жүр («Лен. жас»).

КҮРДЕЛЕНТ= е т. *Әр құрамды, жан-жақты ету, жетілдіру.* Әр алуан тіршілік жағдайында пайдалы болатын және организмнің жалпы құрылысын *күрделенте* түсетін жалпы маңызы бар бейімділіктерді А.Н.Северцев ароморфоз деп атады (Жалпы биология).

КҮРДЕЛЕНУ *Күрделен етістігінің қимыл атауы; өсіп-жетілу, даму, өркендеу.* Қоғамдық қатынастардың дамуы мен *күрделенуі* жеке адамның рухани талап-тілектерін байытады, түрлендіреді (Ш.Әмірәлиев, Жақсы мінез.). Градация – тірі организмдер дене құрылысы *күрделенуінің* өсу процесі (Жалпы биология).

КҮРДЕЛЕНУШІЛІК з а т. *Дамушылық, қиындаушылық.* Техниканың және онымен байланысты жаратылыстану ғылымдарының күннен-күнге өршіп дамуының нәтижесінде есептеу жұмыстары күрделене бастады. Бұл *күрделенушілік* есептеп шығаратын немесе есептегіш машиналарды ойлап табуды талап етті (О. Жәутіков, Жаратылыстану.).

КҮРДЕЛЕНІЛ= е т. *Іріленілу, әр құрамды, жан-жақты етілу, дамытылу.* Драматургиядағы ой тайыздығы, адам характерлерінің жеке дараланбауы, оқиғаның *күрделенілілп* іріленбей, ұсақ-түйек айналасында қалып қоюы секілді бірсыпыра келелі мәселелер кеңінен сөз болды (С.Мәуленов, Үркер.).

КҮРДЕЛЕУ *Күрделе етістігінің қимыл атауы. Күрделеу* мінезі шәлкес асау жылқымен қатынасқанда артқы аяғымен теуіп жібермес үшін артқы аяғының бірін көтеріп тұруға мәжбүр ету (Экспед. матер.).

КҮРДЕЛІ с ы н. **1.** *Неше түрлі бөліктен тұратын, көп құрамды.* Күллі жан-жануарлар мен адам денелері алуан түрлі мүшелерден, *күрделі* жүйелерден құрылады (С.Табынбаев, Жемсау.). Паровоз – *күрделі* машина, оны жөндеу жұмысы да күрделі (Н. Габдуллин, Қызық дәурен). Диаммофос – *күрделі* тыңайтқыш, құрамында 25% азот және 50% фосфор бар (Б. Шағыров, Картоп). Үлкен комбинаттың ұлан-байтақ, *күрделі* шаруасын бес саусағындай білетін (К.Сақабаев, Өткел.). **2.** *Негізгі, басты, көрнекті, ірі, қомақты.* Іле – үлкендігі жағынан Қазақстанда үшінші орын алатын *күрделі* өзен (Н.Баяндин, Өзен алқабы.). Сол жылдардың ішінде Тайырдың бірсыпыра кітаптары шықты, олардың ішінде «Нефтстан» сықылды *күрделі* еңбектері де бар (С.Мұқанов, Өсу жол.). **3.** *Елеулі, маңызды, қиын, өзекті.* Өз кезіндегі *күрделі* оқиғалардан Бейімбет қаламы қалыс қалған жоқ (С.Мәуленов, Үркер.). Кеше ол еліміздің ертеңіне бағыт нұсқайтын *күрделі* мәселелерді шешуге белсене атсалысты (А.Жолдасбеков, Әке.). Шынында да, ой мен өнер шарықтап, тіршілік құпиясының тереңіне үңілген біздің дәуірімізде адамды тәрбиелеуден *күрделі* іс бар ма? (А.Жолдасбеков, Әке.). **4.** *Оқиғаға толы, ауыртпалығы мен қиыншылығы көп, шымшытырық.* – Міндетті түрде жазыңыз. Ол кісінің тағдыры – *күрделі* тағдыр. Шамам келсе, мен өзім де осы тақырыпқа музыкалық поэма жазар едім (Н.Габдуллин, Сар. жапырақ). **5.** ж е р г. *Қалың, мол.* Енді *күрделі* жерінен бір мәшине сексеуіл түсіріп алсаң жетеді ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **6.** а у ы с. *Оңай емес, қиын.* Қазір *күрделі* сабақ болушы еді, соған дайындалып жатырмыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **7.** а у ы с. *Ауыр, қауіпті. Күрделі* науқастарды ауруханаға алып, емдейтін де кезіміз жиі кездеседі (Ақ бидай). Тері асты оқырасының личинкалары адамның басындағы нерв жүйелерін, қан тамырларын, сезім органдарын жаралап, *күрделі* зақымдар жасауы мүмкін екендігі белгілі (Т.Досжанов, Зиянды насеком.). **8.** а у ы с. *Кең, іргелі. Күрделі* қоныс қайда Күреңбелдей, Құр жатпас Қора мұзбен жүгенделмей, Тегерез төңкерілген тегеш, Шажа, Шамқой шал қабақ жаба түнергендей (І.Жансүгіров, Шығ.).

Күрделі еңбек. *Еңбеккерлердің мамандануын, арнайы даярлайтын қажет ететін еңбек. Күрделі еңбек* дегеніміз – көбейтілген (бірнеше еселенген) жай еңбек (ҚҰЭ). *Күрделі еңбектің* бір сағаты жай еңбектің бірнеше сағатына тең (ҚҰЭ).

Күрделі жанартау. г е о л. *Бірнеше шошағы мен кратері бар жанартау құрылысы. Күрделі жанартау* таскөмейдің ығысуынан немесе ескі жанартау қалдығында, кальдерасында жаңа жанартау конусының көтерілуінен пайда болады (Қаз. тілі термин. Геология).

Күрделі жиынды командалары бар компьютер. и н ф. <ағыл. complex instruction set computer> *Күрделі мәшинелік командаларды жүзеге асыратын процессор. К ү р д е л і ж и ы н д ы к о м а н д а л а р ы б а р к о м п ь ю т е р д і ң* күрделілігіне байланысты әрбір команданың орындалуы процессордың бірнеше ырғағын алады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Күрделі жөндеу. *Толық, түгелдей қайта жөндеу.* Әдетте, *к ү р д е л і ж ө н д е у* барысында негізгі құрал-жабдық жаңғыртылады (Қаз. тілі термин. Экономика.). Азамат бригадасы Қабен еңбекке араласқан соңғы аптада Мұнайлының Басқұдық учаскесіндегі бұзылған скважиналарды *к ү р д е л і ж ө н д е у д е н* өткізіп жүрген (З.Қабдолов, Жалын). Қазір жаңа оқу жылына әзірлік толық аяқталды. 31 мектеп үйі *к ү р д е л і ж ө н д е у д е н* өтті («Қазақст. мұғ.»).

Күрделі жұмсалым. э к о н. *Негізгі және айналым қорларының көлемін ұлғайтуға және құрылымын жақсартуға жұмсалатын бір жолғы шығынның сомасы. К ү р д е л і ж ұ м с а л ы м н ы ң* едәуір бөлігі өндіріске пайдаланылатын жаңа негізгі қорларды жасауға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге, жаңғыртуға және техникалық жағынан қайта жарақтандыруға жұмсалады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Күрделі жұмсалымды қорғау. э к о н. *Мемлекетаралық деңгейде ресімделетін шетелдік инвесторлардың мүдделерін қорғау жөніндегі экономикалық, құқықтық және ұйымдық шаралар жүйесі. К ү р д е л і ж ұ м с а л ы м д ы қ о р ғ а у* шетелдік кредит ресурстарын тартуға жәрдемдеседі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Күрделі жұмсалымның ұдайы өндірістік құрылымы. э к о н. *Күрделі жұмсалымның негізгі қорлардың ұдайы өндірісіне жұмсалатын шығындардың сипатына тәуелді құрамы. К ү р д е л і ж ұ м с а л ы м н ы ң ұ д а й ы ө н д і р і с т і к қ ұ р ы л ы м ы* кәсіпорынды жаңадан салу, ұлғайту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру және жұмыс істеп тұрған қуаттарды қолдау түрлеріне бөлінеді (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Күрделі жұмсалымның экономикалық тиімділігі. э к о н. *Негізгі құрал-жабдықты құруға немесе дамытуға арналған күрделі жұмсалымдардың шамасы мен алынған нәтижелердің арасалмағы* (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Күрделі жүйе. и н ф. <ағыл. informalized system> *Дәл сипаттамасы ғылыми мәселені білдіретін жүйе.* Әдетте, мұндай *к ү р д е л і ж ү й е л е р д і* формальдауға қарағанда ұсыну жеңілдеу (тірі организмдер, әлеуметтік және экономикалық жүйелер, адамдық интеллект және т.б.). (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Күрделі зат. х и м. *Молекулалары әртүрлі элементтердің атомдарынан құралған заттар.* Су H_2O молекуласы сутектің екі, күкірттің бір және оттектің төрт атомдарынан құралған. *К ү р д е л і з а т т ы* химиялық қосылыстар деп те атайды (ҚҰЭ).

Күрделі зерттеу. *Жан-жақты, толық түрде терең, байсалды зерттеу.* Ұлы Октябрь революциясының 50 жылдық мерекесі қарсаңында институт коллективі *к ү р д е л і з е р т т е у л е р* жүргізуде («Қазақст. мұғ.»).

Күрделі кен жұмыстары. к е н. *Ашық әдіспен қазу кезінде ашатын (күрделі орлар) және жарма (жарма орлар немесе қазаншұңқырлар) кен қазбаларын жүргізу, пайдалы қазылым шоғырын жауып жатқан және жанар таужыныстарды әкету және алғашқы үйінді тұрғызу жөніндегі бүкіл жұмыс кешені. К ү р д е л і к е н ж ұ м ы с т а р ы н ы ң* көлемі үңгілеу (күрделі және жарма орлардың көлемдері) мен карьерді пайдалануға беруге дейін беткейлерді кеңейту мақсатында жүргізілген аршылым жұмыстары бойынша жеке анықталады (Қаз. тілі. термин. Кен.).

Күрделі қазба. к е н. *Жер астында қазылған кенді сыртқа шығару, жұмыс орындарын жер үстімен және шахта оқпанымен байланыстыру, жұмысшылардың және кен қазғыш, тасығыш мәшине-механизмдердің қатынасы үшін жүргізілетін қазбалар. К ү р д е л і қ а з б а л а р* кеннің жатысына және көлеміне байланысты бірнеше тік, көлбеу және жатық қазбалардан тұрады (ҚҰЭ).

Күрделі қаражат салымы. с у ш а р. *Суармалы жерге жұмсалатын ақша қаражаты жаңа суармалы жерді пайдалану кезінде су құрылыстарын қалпына келтіруге арналған қаржы* (Қаз. тілі термин. Су.).

Күрделі қаржы. э к о н. *Негізгі капиталға (негізгі құрал-жабдыққа) жұмсалатын инвестиция, экономика салаларында негізгі қорларды жасауға, ұдайы қалпына келтіруге жұмсалатын материалдық, экономикалық және қаржы қорларының (құндық, ақшалай бағамен) жиынтығы.* Облыстың құрылыс ұйымдары екі жыл тоғыз айда 7 миллион сомның *к ү р д е л і қ а р ж ы с ы н* игерді («Соц. Қаз.»). *К ү р д е л і қ а р ж ы н ы ң* әрбір нышанының пайыз түрінде көрсетілетін үлесі олардың технологиялық құрылымын сипаттайды (ҚҰЭ).

Күрделі құрылыс. а) қ ұ р. *Өндірістік және бейөндірістік негізгі қорлардың қайта жаңғыртылуын қамтамасыз ететін әзірлік*

жүйесі, өзінің барлық нышандарында мемлекет тарапынан барынша қатаң тәртіпке бағындырылған құрылыс түрі. 1967 жылғы 1 ноябрьге дейін *күрделі құрылыстың* жылдық жоспарын орындаймыз («Соц. Қаз.»). ә) э к о н. *Экономиканың өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы негізгі қорлардың ұлғаймалы ұдайы өндірісін қамтамасыз ететін саласы. Күрделі құрылысқа* қаржы бөлгенде шаруашылықтардың қандай кәсіпке бейімделгенін ескеріп отыру керек («Соц. Қаз.»). *Күрделі құрылыс* жұмсалымның едәуір бөлігін пайдалана отырып, халық шаруашылығының барлық салалары мен буындарында жобалар мен сметалардың, тапсырыс берушілердің тапсырмаларды негізінде жаңа құрылысты, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғыртуды, техникалық жағынан қайта жарақтандыруды, ұлғайтуды, сондай-ақ өндірістік емес мақсаттағы объектілер салуды жүзеге асырады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Күрделі минералдық тыңайтқыштар. х и м. *Қатты немесе сұйық кешенді минералдық тыңайтқыштар. Күрделі минералдық тыңайтқыштардың* барлық бөлшектері, кристалдары немесе түйіршіктері бірдей, сондай-ақ химиялық құрамдары бір-біріне ұқсас болып келеді (Қаз. тілі термин. Су.).

Күрделі сөз. л и н г в. *Сөзжасамның аналитикалық тәсілі арқылы жасалатын екі немесе одан да көп түбірден құралған сөз. Күрделі сөз* жасалу жолына қарай біріккен сөз (мыс., асатаяқ, беташар), қос сөз (мыс., ата-ана, қыз-келіншек), тіркесті сөз (мыс., он алты, сары ала), қысқарған сөз (мыс., ҚазМУ, АЭС, АҚШ) болып бөлінеді (ҚҰЭ). *Күрделі сөз* құрамындағы түбірлер біртұтас лексикалық мағына беріп, бір бүтін лексикалық бірлік жасайды (ҚҰЭ).

Күрделі тас. с п о р т. *Шахматтағы фрезь бен ладья фигураларының жиынтық аты.* 64 шаршылы шахмат ойынының *тастары* негізінен *күрделі* [ауыр] және жеңіл болып екі түрге бөлінеді (Қаз. лексикасы қолд.). *Күрделі,* ауыр *тастарға* фрезь бен ладья, ал жеңіл фигураларға піл мен ат жатады (Қаз. лексикасы. қолд.).

КҮРДЕЛІГҮЛДІЛЕР з а т. б о т. <лат. compositae> *Қос жарнақты өсімдіктердің бір тұқымдасы. Күрделігүлділер* дүние-жүзіне көп тараған. 20000-нан астам түрінің Қазақстанда 700-дей түрі өседі (Қаз.тілі термин. Биология). Күрделігүлділердің ұсақ гүлдері себет гүлшоғырына топтанған. (Қаз. тілі термин. Биология.) Әсіресе *күрделігүлділер* тұқымдасына жататын өсімдік түрлерінде көптеп кездеседі. Мысалы, шашыратқы, шоңайна, лаңса, өгейшөп туыстарына жататын өсімдік түрлерінің тамырларында (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

КҮРДЕЛІ-КҮРДЕЛІ с ы н. *Өте күрделі, мәнді, маңызды.* Бұлардың кейде *күрделі-күрделі* операциялар жасап жүргені тіпті таң қалдырады (Т.Жанкелдин, Партизан.).

КҮРДЕЛІЛЕН= е т. *Ірілену, жетілу, қиындау.* Бұлардың көбінің негізгі нұсқасы мүйіз тәрізді болып келсе де, өрнектеу мәнеріне қарай *күрделілене* түсіп, әрқилы мазмұнда сюжет жасап тұрады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Жаттығу барған сайын *күрделілене* түсті (Ғ.Тәшімбаев, Топжарған.). Ғылым мен техника дамыған сайын электрониканың алдында тұрған міндеттер де *күрделілене* түсті («Лен. жас»).

КҮРДЕЛІЛЕНУ *Күрделілен етістігінің қимыл атауы; ірілену, жетілдірілу, даму, өркендеу.* Кейіннен, қоғамдық өндірістің *күрделілену ине* байланысты нарықта анархия орын ала бастады (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.).

КҮРДЕЛІЛЕУ с ы н. *Қиындау, күрделірек, ауырлау.* Би өнерінің тағдыры бұларға қарағанда біршама *күрделілеу* болғандай (І.Омаров, Шабыт.). Әрбір баланың қалай оқитынын жақсы білетін мұғалім оқушылармен дербес жұмыстар жүргізуге мүқият қарайды. Қабілетті балаларға *күрделілеу* тапсырмалар беріледі («Қазақст. мұғ.»).

КҮРДЕЛІЛІК з а т. **1.** *Қиындық, шымшытырықтық.* Ұзын металл трубадан жасалған бұл «арбаның» ешқандай *күрделілігі* жоқ, бірақ әркімнің ойына келе бермейтін жаңалық (Абзал жандар). Ал мен болсам, өмірдің *күрделілігі* жайлы, адам махаббаты жайлы ойлап келемін (С.Шаймерденов, Өмір.). **2.** *Маңыздылық, мәнділік, жауаптылық.* Алайда өмір қойған міндеттердің *күрделілігін* ұғынуға барлық әдебиетшілердің қабілеті жете берді деуге болмайды (М.Қаратаев, Туған әдеб.). *Күрделіліктің* бірінші түріне мысал: білімнің әрбір зат нәрселері, әрбір көмірлі, көмірсіз заттар, физиканың яки химияның әрбір құбылыстарын, уақыт жүзіндегі *күрделілікке* әрбір тарихи уақиға, ақылының әрбір құбылыстары кіреді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** и н ф. <ағыл. complexity> *Өңделетін мәліметтердің көлеміне байланысты осы алгоритм сипаттайтын бағдарламаның орындалу уақытына тәуелділікті анықтайтын алгоритм сипаттамасы. Күрделілікті*

программаның мазмұны бойынша бағалауға болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КҮРДЕЛІРЕК с ы н. **1.** *Көп құрамды, әр жақты, сан қырлы.* Қарапайым заттардан *к ү р д е л і р е к* заттар, кіші молекулалы заттардан үлкен молекулалы заттар түзіледі (Жалпы биология). **2.** а у ы с. *Қиынырақ, ауырлау.* Жүрек ауруларына жасалатын операция жүрек жарасын тігуден не жүрекке қадалған оқ, снаряд жарықшақтарын алып тастаудан *к ү р д е л і р е к* (Е.Оразақов, Қайта соқ.). **3.** а у ы с. *Жетілген, дамытылған.* Бейімбеттің келесі әңгімелерінде коммунист бейнесі «Айранбайдағыдан» *к ү р д е л і р е к* (Ф.Оразаев, Басты.).

КҮРЕ[1] с ы н. *Негізгі, басты, өзекті, маңызды.* Мал басын көбейтіп, өнімдерін арттыра түсу – бүгінгі күннің *к ү р е* міндеттерінің бірі (С.Ысқақов, Табиғат.). Жайылымдар мен шабындықтарды дұрыс пайдалану бүгінгі таңда қолға алатын *к ү р е* мәселенің бірі (С.Ысқақов, Табиғат.).

Күре жол. *Үлкен жол, даңғыл жол.* Кедей ауылдар жазалаушылардың көзіне түсе бермеу үшін қоныстарын *к ү р е ж о л д а н* аулақ салып, құм ішін бойлай отыратын болды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Көз ұшындағы *к ү р е ж о л д а* анда-санда олай-бұлай өткен машина шамы көрінеді. Сол *к ү р е ж о л ғ а* тарттым (Ғ.Қабышев, Мінездеме). Күз айы. Күн бұлыңғыр, Жел жоқ қою бұлтты қуалаған. Бір түрлі әсер береді бұ да маған. Зайсанның *к ү р е ж о л ы* үстінде, Көзінде жас. Қол бұлғап тұр әлі анам (Т.Қызықбаев, Алтай.).

Күре із. *Қар бетіне түскен айқын, анық із.* Саятшылар іздің келген жағын «өкше із», бара жатқан жағын «маңдай із», көп іздің ішінде аңшы өзі сабақтап келе жатқан ізін *к ү р е і з* дейді (С.Қасиманов, Аңшылық.).

КҮРЕ[2]**=** е т. *Күрекпен жинау, ысыру.* – Әй, жігіт! – деді ол шарбақ ішінде түйеге жеккен шананың қорабына қар *к ү р е п* салып жатқан біреуге, – Бері келіп кетші! (С.Мұқанов, Ботагөз). Маған қызық бәрі де – Қиын *к ү р е п* сиырдың, Ат суарып сәріде, Аязға бет сүйдірдім (Қ.Бекхожин, Ардагер.).

Күреп алды. *Мол алды, шаш етектен, белшеден батты, молшылыққа тап болды.* Қазір Ниагара су құламасы – капиталистердің ақшаны *к ү р е п а л ы п* жатқан жері (І.Омаров, Серпін). Әзім кезді базарды аз тентіреп, Әртүрлі ішкілікті *а л д ы к ү р е п.* Алтынды көргеннен соң, анасы да Кетті көрші үйіне, сеніңкіреп (Абай, Тол. жин.). Ерке желдер тоқтамайды бұрылып, Мен тұрамын бірде ысып, бір суып. Дән толқынын төкпей *к ү р е п а л а м* деп, Комбайншы тұр ескегін суырып (Р.Нұрпейісов, Туған өлкем).

Жыр күреді. о к к а з и о н. *Жыр жазды.* Мен келемін *ж ы р к ү р е п,* Мазмұн сенде керемет. Екеумізде бір жүрек, Екі кеуде не керек! (Ж.Нәжімеденов, Мен.).

КҮРЕГЕЙІЛЕ= е т. с ө й л. ***Күргейле.*** Ымырт үйіріле жел тұрып, бағанағы әр тұста іріп-іріп жүрген бұлт қауымдаса келіп, аспанды шымқай қара сұрлап, *к ү р е г е й л е п* алды (О.Бөкеев, Үркер). Қырау басқан батыс жақтағы жалғыз терезені, оның үстіне ағаш діңі *к ү р е г е й л е п,* қараңғылап тұр (А.Нұрманов, Аққу.).

КҮРЕК з а т. **1.** *Үш жағы жұқа, жалпақ темірден не ағаштан жасалған, қазуға, күреуге арналған шаруашылық құралы. К ү р е к* қандай жұмысқа қолданылуына және сабының ұзын-қысқалығына, жалпақтығына байланысты әртүрлі болады (ҚҮЭ). Сермесе қыз *к ү р е г і н,* Қырманда шаң бұрқаған. Тулатып тайдай жүрегін Ұшырған дән, шырқап ән (С.Машақов, Жылдарым.). Менің әкем көп шалдардың бірі еді, Қолынан бір түспеуші еді *к ү р е г і.* Жүруші еді өз жұмысын біліп тек, Ертелі-кеш балалар боп тілегі (Еңбек күйі). **2.** *Ескек.* Сейіл үн қатпай, салмақпен басып, жағаға түсті. Екі жолдасына қайықтан түсіп, *к ү р е к т е р і н* алуды бұйырды. Олар бөгелместен үлкен қайықшының дегенін орындап, ескектерін көтеріп, алысып жағаға секіре-секіре түсті (М.Әуезов, Абай жолы).

Алтын күрек. *Қыстың соңғы айында тұратын, қарды еритетін жылы жел.* Түстіктен *а л т ы н к ү р е к* соқты да, су сіңген науат қант сияқты қар күресіндері біртін-біртін төмендеп шөге берді (А.Нұрманов, Аққу.). Күн найза бойы көтеріліп қалыпты. Күнгей беттен аз-кем *а л т ы н к ү р е к* жел үрлеп тұр (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

Бел [қол] күрек. *Сабы қысқа, кішкене күрек.* Күзетші күймедегі *б е л к ү р е к т і* алып, шұңқырға келді («Лен. жас»). От шашқан күн жан-жақтан, Күркіреп күндей зеңбірек, Баспаналар жер тапқан, Тоңды аударып *қ о л к ү р е к* (Т.Жароков, Шығ. жин.).

Күрек аршысты. *Қар тазаласты.* Бар малына ауылдың Бірге *к ү р е к а р ш ы с ы п.* Қарауытып Жұмат жүр. Бейне көптің жалшысы (С.Сейфуллин, Өленд.).

Күрек алу. *Қар күреу, қар тазалау.* Боз қойым өліп қалдың шөбің болмай, Мен кішкентай көлден саған шөп шаба алмай, Өліп қалған жасығыңды жеп отырмыз, Тәтеммен

бірге *күрек алуға* әлім келмей (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

Күрекке боқ табылды. *Қайратың болса далада қалмайсың, екі қолға бір жұмыс табылады деген мағынада.* Одан да сөзді қойып қолхозға көшеміз. *Күрекке боқ табылмайды* деп қорқасың ба? (Т.Ахтанов, Шығ.).

Күрек сақал. *Үш жағы сүйір қауға сақал.* Сүйіннен солға таман бес саусағын бауырсақ пен майға созып, Батпаққараның мешкей ишаны Жәлеледдин отыр, беті қып-қызыл шиқандай, ірі денелі, қырықтар шамасындағы *күрек сақал* кісі – басында татар тақиясы (М.Жұмағұлов, Қыран.). Өзге Жайық бойының казак-орыстарында бар *күрек сақал,* жебелі мұрт мұнда жоқ (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Күрек тіс. а н а т . <лат. dentes incisivi> а) *Ауызды ашқанда алдымен көзге түсетін үстіңгі екі тіс.* Қазанғаптың бір *күрек тісі* сынған, мұрны қанаған, сорғалаған қанын тыймастан, Шәкендердің артынан шапты (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). ә) *Малдың алдыңғы тістері.* Олар тұмсық және төменгі жақ сүйектерінің тіс ұяшықтарында орналасады. Алдыңғы екі *күрек тістер* ұстағыш, одан кейінгі *күрек тістер* – ортаңғы, ал екі шетіндегі *күрек тістер* – шеткі күрек тістер деп аталады (Қаз. тілі термин. Биология). Ересек қойдың 32 тісі болады, оның 24-і азу тіс, 8-і *күрек тіс* (Р.Әбуғалиев, Қой өсіруші.). Он алты тістің ішінде алдыңғы төртеуі *күрек тіс,* күрек тістің артында бір-бірден шошақ тіс бар. Арт жақта бес-бестен азу тіс бар (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Жылқы түлігінің асты-үстінде алты-алтыдан он екі *күрек тісі* болады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

Күрек тісін көрсетті. *Күлді, ыржиды.* – Қандай мәселе? – деп, Арынғазы да әлденені долбармен топшылап, *күрек тісін көрсетті* (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).

КҮРЕКАЯҚТЫ: күрекаяқты ұлу. з о о л. <лат. scaphopoda> *Моллюскілер типінің бір класы. Күрекаяқты ұлудың* өкілдері барлық теңіздерде, әсіресе, тропиктік аймақтардың теңіздерінде кездеседі (ҚҰЭ). *Күрекаяқты ұлу* ордовик кезеңінен белгілі, эволюцияның даму барысында аз өзгерген (ҚҰЭ).

КҮРЕКТЕ= е т. *Күрекпен қазу, күрекпен жинау, лақтыру.* Күрек ұстаудың да әдісі болады. Бабымен біртоға *күректесең,* ентігу аз да, өндіру көп (М.Мырзақұлов, Ақық). Ақша жүзі қоңырқай, Күйдіргендей күн епте, Арбасына ақ бидай, Артып жатыр *күректеп* (С.Мәуленов, Таңд. өлең.).

Күректеп алды [тапты]. с ө й л. ***Күреп алды.*** Балық сатып, пайданы *күректеп алмаса* да, бала-шағаның тамағына жеткендей аулайды (С.Шарипов, Шығ.). – Мамандығы құрылыс болса, одан қастерлі жұмыс бар ма, отағасы? Шар ақшаны *күректеп табады!* – дедім мен сөзге араласып («Қаз. әдеб.»).

Күректеп шашты. *Беталды жұмсады, ысырап етті.* Тырнақтап жинағанымызды *күректеп шашып* отырсың. Пай-пай, батыр-ай! Тәуір-ақ мұрагер екенсің! (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

КҮРЕКТЕЙ с ы н. *Күрек сияқты, күрек тәрізді, күрек пішіндес сүйір.* Таң қараңғы тартқанда Қорқау қасқыр жалақтап, Төнетінді қотанға, *Күректей* тілі салақтап (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Кең жауырынды, бадырақ көз қара жігіт *күректей* қолын бір-ақ сермеді (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Секретарь көк тұқыл қып қырған *күректей* иегін шығар есікке қарай көтеріп, балаларға көзін алартты (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

Табаны күректей. а) *Сақадай, сайдың тасындай, таңдаулы.* Отрядымызда *табаны күректей* қырық жігіт бар (С.Омаров, Қызыл.). – Ал сөздің қысқасы, маған *табаны күректей* сегіз жігіт керек. Және анау-мынау емес, кілең ығай мен сығай болсын (Т.Ахтанов, Дала сыры). Осы Ақшалов мені өзіне көмекші бұрғышы етіп алды. – Бір айдан кейін сенен *табаны күректей* нағыз бұрғышы шығарамын, – деді (І.Есенберлин, Алтын құс). ә) *Дәл, нақ, аттай, бақандай.* Мадияр Асайынды көрмегелі *табаны күректей* жеті жыл өткен екен (С.Омаров, Өмір.).

КҮРЕКШЕ з а т. *Кішкене күрек.* Күрек жасаған әкеме еліктеп, жаңадан кішкентай *күрекше* жасап жүрдім (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.). Бала қолындағы кішкене ойыншық *күрекшесімен* жерді шұқып, топырағын одеял үстіне үйіп отыр (А. Мұздыбаев, Тағдыр).

КҮРЕКШІ з а т. *Күрекпен жұмыс істейтін адам, күрекпен тиеуші, қазушы.* Тақтай үйдің бір бөлмесі қызыл мүйіс. Онда екі жүзге тарта адам жиналған. Дені қайлашы, тіреуші, *күрекші,* вагоншылар (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). *Күрекші* Жұманжаным жолбарыстай, Қарқынға қойған емес, қарқын қоспай, Планын сегіз айдың жарты жылда Орындап, зымырайды ұшқан құстай (Айтыс).

КҮРЕЛ= е т. *Күрекпен жиналу, ысырылу, тазалану.* Қар бір *күрелмегендіктен,* қораның үстіне шығып, біржолата басып

алған (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қалың жауған қардың бірі-біріне қосылмай, түгел *күрелігін,* дуалдан асыра үйіліп тасталыпты (F. Орманов, Жүрек).

КҮРЕҢ с ы н. **1.** *Қызыл қоңыр, қошқылтым.* Үйді айнала салынған жемісті бақшада сырғадай салбырап *күрең* шиелер өсіп тұр (F.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Екі көзіміз алдымыздағы шаңы шыққан айғыз-айғыз *күрең* топырақта (С.Бердіқұлов, Егеулі найза). Жанды ой орайды. Жүректі шер шертеді. *Күрең* құм біздің келген ізімізді күбірлеп сүйіп көміп тастайды (М.Жұмабаев, Шығ.). // *Қызыл қоңыр, қошқылтым түс.* Жұқарып күннің де реңі, Мүлгиді қыбырсыз жас тал да. Бояудың қызылы, *күрең і,* Шашырап жайылды аспанға (С.Сматаев, Астана.). **2.** *Түгінде қызғылт-қоңыр қылшығы басым* (*жылқы*). Шыққыр көзім шықпаса мен танылдым, Дейтұғын бар атың бар *күрең* бесті (Батырлар жыры.). Ескі пәуескеге қос *күрең* жегіп, күреңдердің оң жағына шұжықтай қара байталды бос байлаған біреу ауласы кең, еңсесі биік бір қабат ағаш үйге бұрылды (F.Мұстафин, Дауыл.). // *Түгінде қызғылт-қоңыр қылшығы басым жылқы.* Қой өрді таң сәріден үдеріле, Қара отты, түйе мойнақ түбегіне. Келеді қой соңында Қыстаубай шал, Ақырын қамшы сипап *күрең іне* (С.Мәуленов, Таңд. өлең.). *Күрең ді* талға байлап мінген қандай, Қалқамен күліп-ойнап жүрген қандай? Аулыңа осы жолы бармақ едім, Қайтейін бара алмадым, жерің шалғай! (Қаз. әндері). **3.** а у ы с. *Жабығыңқы, қуаң, тұнжыр.* Бұрылтпай оңға, солға да, Үйіріп жолды оқ демі. От болып қонды орманға, Соғыстың *күрең* көктемі (С.Мәуленов, Таңд. өлең.). Мән-жайын, мұндағысын қайдан білем, Байқасам күйеудің де түсі *күрең.* Үйіне қарындастың он күн қондым, ішінде ықылас жоқ ашық ірең (Айтыс).

Ал күрең. а) *Ашық күрең, қызғылтым.* Үзілмей, қатаймай бірқалыппен желпіп соққан әдемі салқын қоңыр жел қандай рахат. Осы желмен құлпыра толқып, су бетіндей жыбыр қағып шалқып жатқан *ал күрең* көде мен селеу далалары... дала емес, теңіздері қандай! (М.Әуезов, Абай жолы). Оның беті қуанса да, қорықса да қызарып, балбыраған *ал күреңге* айналатын (Ж.Арыстанов, Жалынды.). ә) *Жарқын, қызықты.* Бұрын бірігіп үн шығарып көрмеген ауыл балалары, енді саппен жүріп, әскер өлеңін шырқаймыз. Өніміз солғын, өміріміз *ал күрең* (Ж.Арыстанов, Естен кетпес.).

Күрең жол. *Кең, даңғыл жол.* «Соқырдан» өткен соң Қарағанды қайқаңына шыға бірсыпырасы тоғысады да, кең *күрең жол* боп, қасқиып жатады (F.Мұстафин, Қарағанды). Алдымызда қазақ ақындарының ұлы көші салып кеткен *күрең жол* жатыр (F.Мүсірепов, Суреткер.).

Күрең күз. п о э т. *Жабығыңқы, қуаң, тұнжыр күзгі уақыт.* Қош енді, қош бол, *күрең күз!* Ақ қысты тездеп жібергіз. Ақ қыстай аппақ бір елміз, Шымшылап аяз шытынып, Ширығып біраз жүрерміз, Шынығып өмір сүрерміз (М.Мақатаев, Шығ.). Қарасаң жердің жүзіне Қуаңқы тартқан реңсіз. Мөлтілдеп жасы көзінде, Келіп те қалған *күрең күз* (С.Мәуленов, Жаз ерке).

Күрең қабақ. *Көңілсіз, реніштi, тұнжыр, тұнерген.* Ойын да, күлкі де бір жаққа жолаушы кеткендей, жүрт *күрең қабақ,* тек ауыр-ауыр күрсіну, уһлеу (І.Жансүгіров, Шығ.). Жасынан адам қабағына қарап өскен Дәмешке үй қожасы *күрең қабақ* сықылды көрінді (З.Шашкин, Теміртау). *Күрең қабақ* күз келді, Кенет өмір өзгерді. Сарғайды бар атырап, Сиреп қалды жапырақ (Қ.Баянбаев, Ильич.).

Күрең қабақ [қабақтау] болды. *Ұрысты, ренжісті.* Ол неге екені белгісіз, әйтеуір кешелі бері *күрең қабақ болып* жүр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Жұмыстан шығысымен тура біздің үйге тарт! – деді көптен *күрең қабақ болып* жүрген досына баяғысындай өзімсіне тіл қатып (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Сонымен іштей *күрең қабақтау болып* жүргенде жақсылық Ақөзектің өзге елімен бірге Әбіштің қарсысына шығып қалды (М.Әуезов, Шығ.).

Күрең қабақтанды. *Тұнжырады, ренжіді, налыды.* Қанын ішіне тартып *күрең қабақ танған* Мейіз де Гайнимен бірге тамақ әзірлесіп, шырай бермеген күйінде келіп Мәукілмен қатар отырды (С.Бегалин, Уақыт.).

Күрең қошқыл. *Қошқылданған қою қызыл (түс).* Игіліктің шойындай *күрең қошқыл* бетінен еш нәрсенің елесі байқалмайды (F.Мүсірепов, Оянған өлке).

Күрең қызыл. *Күреңденген қызыл түс.* Мұрны, екі бетінің ұшы *күрең қызыл* боп бөртіп кеткен (Ә. Тарази, Асу.). Өте піскен шиедей *күрең қызыл* еріні бүлкілдеп тұрған сияқты (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

Күрең мұң. *Реніш, жабырқаңқы көңіл күй.* Қош енді, қош бол, күрең күн! *Күрең мұң* саған жібердім. Күлермін деп ем, түнердің, Білермін, қалай білермін?! (М.Мақатаев, Шығ.).

Күрең сары. *Күрең тартқан қою сары түс.* Томар бояуға тұз қоспайды. Бояу сұйық

кезінде ашық сары, қоюланғанда *күрең сары* тартады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Күрең тартты. *Күреңденді, күреңітті.* Ермектің ақ сұр өңі *күрең тартып,* оң жақ езуі амалсыз ұяң жымиыспен тартыла бастады (К.Сақабаев, Өткел.).

Күрең тау. *Қызғылтым түсті, қоңырқай тартқан тау.* Күрең жер – тозған кілемдер. *Күрең тау,* анау күрең бел (М.Мақатаев, Шығ.).

Күрең төбел. *Маңдайында төбелі бар күрең жылқы.* Ұзын сақалды қара кісі мінген *күрең төбел* қос құлақты қайшылап, ауыздығын қарш-қарш шайнайды (С.Бақбергенов, Қайран шешем).

Күрең төбелденді. *Күрең тартып өзгерді, құбылды.* Жас инженердің қоңырқай, ашық жүзі лезде *күрең төбелдене* қалды («Лен. жас»).

Күрең [қозы күрең] шай. *Қаймақ сүт қатқан (құйған) қою шай.* Ертеңіне Салиха шешейдің сүт қосып дайындаған *күрең шайын* асығыс ішіп болып, жұмысқа кетуге жиналдым (Д.Исабеков, Таңд. шығ.). Төрдегілердің *шайы күрең,* қаймағы кесек боп құйылады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ыстықтан пысынап, қымыздың бойға тепкен қызуынан балбырап отырған жұртқа *қозы күрең ыстық шай* дәл кезінде келді (С.Бегалин, Бала Шоқан). Нұрбаланың *қозы күрең шайы* мен қызыл қуырдағы аса бір орны мен мезгілін тауып жасалды (Көктем лебі).

Қара күрең. *Қара қошқыл тартқан, қоңырқай.* Дөңгелек келген *қара күрең* өңіне бояуы қайтқанмен, қайраты таймаған ақ шашы тым жарасып-ақ тұр (С.Бақбергенов, Біздің колхоз). Сонда Сәттің күнге тотыққан *қара күрең* жүзі алабарқын тартар еді (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық.).

Қоңырқай күрең. *Солғын, күңгірт күрең.* Неоцидрак ісігіне қарсы қолданылатын *қоңырқай күрең* түсті, сұйық дәрі (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Шын мәнісінде, *қоңырқай күрең* түсті шынылар жалпы күн спектрінің сәулесін біркелкі бәсеңдетеді екен (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

Қызғылт күрең. *Қызылдау түсті күрең.* Йод тұндырмасы – *қызғылт күрең* түсті сұйық дәрі (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Жеміс өнімді шыққан жылдары бір-бір түбінен мыңдаған сом табыс келтіретін, қос жұдырықтай көлемі бар, *қызғылт күрең,* қышқыл дәмді қайран апорт! (Ғ.Сланов, Әңгім.).

Қызыл күрең. *Қызылы басым күрең түс.* Ер үстіне сол Бөжейдің осы өткен қыстағы Қарқаралыға киіп барған *қызыл күрең* ішігі жабылыпты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Немесе сонау көк жүзінде көшіп жатқан күн батар алдындағы *қызыл күрең* бұлттар да оқиға орайына, кейіпкерлердің қатты тебіреніс, күйзеліс сәттеріне соншалық қиюласады («Қаз. әдеб.»). *Қызыл күрең* нұр қонып, Құлпырып тұр өңдері, Аппақ бұйра бу болып Бұрқырайды демдері (Қ.Баянбаев, Ильич.).

Сары күрең. *Сарғыш тартқан күрең түс.* Қазір оның өңі де өзгеше: төңкеріле түскен мезгілде бауыры – *сары күрең* барқыттай, қаптал қабырға тұсы – қоңыр ала патсайыдай құлпырады (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

Тобылғы күрең. *Тобылғы түстес, қызғылт.* Сұңғақ бойлы, толықтау келген, бетінен қаны тамған *тобылғы күрең* әйел жайраңдап келіп күйеуінің қолындағы портфелін алды (І.Есенберлин, Алтын құс).

КҮРЕҢДЕ = е т. *Күрең түске ену, күреңіту.* Күн қызарып, *күреңдеп,* алаулап батса ертеңінде жылы болады (Х.Нүркеұлы, Ұлттық мирас.).

КҮРЕҢДЕН = е т. *Күрең тарту, күрең түске ену.* Өзі туралы сөз болғанда Береннің беті *күреңденіп,* әлденеге төмен қарап кетті (Б.Майлин, Шығ.). Аймағын көк жасыл төбелер қоршаған шағын село күн нұрына шомылып, *күреңденеді* (М.Иманжанов, Менің махабб.). Дария беті бірте-бірте *күреңденіп,* тұнжырап келеді (Н.Сералиев, Ыстық күлше).

Қара күреңденді. *Қарауытты, қара қошқылданды.* Айыптаушы болып алғаш сөз алған Жанболат сөзін салмақпен сөйлеп, байсалды бастаса да, қыза келе, қызыл шырайлы беті *қара күреңденіп,* мойылдай мұрты мен шоқша сақалы, қалың қасы мен қайқы кірпігіне дейін тұтас тотығып, тұтылған күн көзіндей түтігіп алыпты (А.Хангелдин, Қараторғай). Маңайдағы жер *қара күреңденіп* қалған, көк қылтия бастаған (Б.Тоқтаров, Қыран.). Нақ алдымызда көлденең сұлап, *қара күреңденген* Қаратау жатыр (Е.Тұрысов, Келіншектау.).

Қызыл күреңденді. *Қызыл қошқылданды, қызарды.* Оттың ыстығынан ба, күннің ыстығынан ба екі беті *қызыл күреңденіп,* алаулап кетіпті (Б.Шаханов, Ғашық.). Мәдіханның жүзі ашулы адамдай *қызыл күреңдене* қалды (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Қой еті, бал татыған балық та сөз боп, ат басындай қант *қызыл күреңденіп* бабымен піскен ақ нан да араға түсті (М.Сүндетов, Ескексіз.).

КҮРЕҢДЕНДІР= е т. *Күрең тарттыру, күрең түске енгізу.* Алаулаған қызыл жалын

бүкіл аспанды *күрең денділік* тұрған секілденеді (Б.Соқпақбаев, Алыс. ауыл).

КҮРЕҢДЕТ= е т. *Түсін күрең ету.* Біз жуынып болғанша, Егізбай көк шәйнекке *күрең дәтік* шай демдеп әкелді («Лен. жас»).

КҮРЕҢДЕУ с ы н. *Күрең тартқан, солғын күрең түсті.* Елуге жетпеген шығар, *күреңдеу* сақалына аздап ақ кірген, ажары өте қызыл көрінді, киімі де ана екеуіне қарағанда бөлектеу (С.Шарипов, Шығ.).

КҮРЕҢКЕЙ с ы н. ***Күреңдеу***. Алдымызға бандуралы, бусанған, *күреңкей* тартқан жуан қазақ шықты да, мыс ішектерді бұрай бастады («Соц. Қаз.»).

КҮРЕҢОТ з а т. ө с. <лат. epilobium> *Күреңот тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптесін өсімдік немесе шала бұта. Күреңоттың* 14 түрі бар Ең жиі тарағаны – Түкті күреңот. Биіктігі 50-180 см, тамыры жуан (Қаз. тілі термин. Биология). *Күреңот* орман, орманды аймақта, таудың орманды алқабында, субальпілік белдеуінде көп өседі, орманды тундрада сирек кездеседі (ҚҰЭ). Алтайдың кейбір жерлерінде олардың арасынан атты кісі көрінбейді. Ну болып өсетін *күреңот* (иванчай) тамаша өсімдік (Б.Мұханов,Қазақст. өсімдік.). Алғашқы 1-2 жылда кесілген шырша және өрт орнындағы шөптер – *күреңот,* айрауық және басқа өсімдіктер тамаша өседі (Жалпы биология).

Күреңот тұқымдасы. б о т. <лат. onagraceae> *Қос жарнақты, бір не көпжылдық шөптесін, бұташық өсімдіктер. Күреңот тұқымдасының* қоңыржай және субтропиктік аймақтарда өсетін 20 туысы, 650-дей түрі бар. Қазақстанда күреңот, иваншай, есекшөп және цирцея туысына жататын 21 түрі өседі (ҚҰЭ). *Күреңот тұқымдасының* көптеген түрлері (мысалы, жіңішке жапырақты иванша) шірнелі өсімдіктер, олардың жапырағын медицинада дәрі-дәрмек жасау үшін пайдаланады және кептіріп шай орнына да ішеді (ҚҰЭ).

КҮРЕҢОТТАР з а т. б о т. <лат. onagraceae> ***Күреңот тұқымдасы.*** *Күреңоттардың* көп тараған 700-ге жуық түрінің Қазақстанда 4 туысы, 18 түрі өседі. Жапырақтары бүтін. Гүлдері – қос, дара жынысты. Жемісі – көп тұқымды қорапша, жаңғақ, кейде жидек. Тағамдық, дәрілік, әсемдік өсімдіктер (Қаз. тілі. термин. Биология).

КҮРЕҢСЕ[1] з а т. ө с. <лат. beckmannia> *Астық тұқымдасы, бекмания туысына жататын саздау жерге шығатын шабындық шөптесін өсімдік.* Жүгін түсіріп, атын отқа қояды. Аты бетеге мен *күреңсені* гүрт-гүрт еткізіп оттап тұр еді. Ердос көгалға баурын төсеп жатқан (М.Етекбаев, Алтын.). Мына киіздей тұтасқан раң мен *күреңсе,* қоңырбас пен қырықбуын – қой атаулының осы кезде қалап жейтін азығы (Е.Тұрысов, Келіншектау.). Ауыздың дәл үсті жалпақ жазықты, тықыр *күреңсе* өсетін шым-ды (О.Бөкеев, Қайдасың.). Жауқазыны қарды жарып та шыға беретін тау бөктерінің былтырғыдан қалған *күреңсесі* күлтеленіп, қаулап тебіндеп келе жатқан көкпен араласып, алашабырланып жатыр (О.Бөкеев, Ардақ.).

КҮРЕҢСЕ[2] с ы н. *Күреңдеу, күреңіткен.* Көк *күрең се* бетегенің арасынан шоқтай қызарып, мөлтілдей қалған қызғалдақтарды ап-анық көріп келеді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

Кіреңсе тартты. *Күреңітті, күреңденді.* Қойдың аяғымен есілген ұлпа қар ақ мақтадай түтіліп, *күрең се тартқан* жатаған шөп бетін жалаңаштайды (С.Әлжіков, Дала.).

КҮРЕҢСЕЛІ с ы н. *Күреңсе өскен.* Ай астында: марғауланып ер мен елдің осыншама еркелігін, осыншама қасіретін мамырстан кеудесіне сыйғызып, қазақтың *күрең селі* даласы жатты (О.Бөкеев, Қамшыгер). Күреңбел күйіксары, *күрең селі,* Жоңғар тау жонын төсеп тұр еңселі (Р.Нұрпейісов, Туған өлкем).

КҮРЕҢШЕ з а т. с ө й л. ***Күреңсе***[1]. Шөп көп шығыпты. Өте-мөте *күрең ше,* жусан, баялыш (С.Байжанов, Жастық.).

КҮРЕҢІТ= е т. *Күрең тарту, күреңдену.* Малқардың сарғылт, жалпақ бетіне қан жүгіріп, *күрең ітте* қалыпты (Д.Мұстафин, Дауыл.). Жазда оны жаңбырлы бұлт суарған, Күзде оны күн пісіріп шығарған, Жатыр алда *күрең ітіп* таба нан Қазақ үшін қасиетті құраннан (С.Мәуленов, Таңд. өлең.). Байқамаған бұрын қалай Бұл бір әсем құбылысты; Бояп бір сәт сәуле арай, *Күрең ітті* қырдың үсті (С.Сейітов, Жаңғырық).

КҮРЕС з а т. **1.** *Екі адамның белдесіп, бірін-бірі жығуды, жауырынын жерге тигізуді мақсат етіп күш сынасуы.* Ырғызбайдың өзге бір ерекшелігі – жас кезінде үлкен ас, ұлы дүбір жиында *күреске* түсетін үлкен балуан болған (М.Әуезов, Әр жыл.). Ат бәйгесінде қойшының аты озып келіп бірінші бәйге алады. *Күрестe* қойшы ханның балуанын жығып, абыройлы болады (Қаз. ертег.). Қазақтың қаны қызар *күрес* десе, ішкені ас болмайды күреспесе. Ауылдың сауын айтқан тойларынан, Бұл жиын асып кеткен әлденеше (Ғ.Малдыбаев, Желдірме). **2.** с а я с и. *Бас бостандығы, ұлт азаттығы үшін қарама-қарсы көзқарастағы топтар арасында болатын тартыс, қақтығыс,*

шайқас, соғыс. К ү р е с үшін, еркін, шаттық еңбек үшін туған сендер, Шақырыңдар, арттағы ұйықтаған, именшек, Бақыт жолын білмейтін бауырларыңды! (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Әскерлерге еріп ауылдан Естеміс бастаған он шақты азамат аттанды. Дуан түбінде жатқан он жеті ер – сол жолғы *к ү р е с т е* қаза болған ел боздақтары (М.Дүзенов, Ақәже). Бақытты туып, батыр боп, *К ү р е с т е* Нүркен өлгенін Бұлар да жақсы біледі, Жалынмен жауды көмгенін (М.Әлімбаев, Биікке.). Ер Бөкше тұрып ақырды, *К ү р е с к е* кел деп шақырды. Астына мінген кер торы ат Жер тепкілеп шарқ ұрды (Батырлар жыры). **3.** ф и л о с. *Алуан түрлі қарама-қайшылықтардың арасындағы талас, тартыс, дау, бірін-бірі жеңу жолындағы қимыл, әрекет.* Былайғы жұрттың ішінде ескі мен жаңалық *к ү р е с і,* өскелең индустрияны бауырау *к ү р е с і* жүріпжатыр(Ғ.Мұстафин, Қарағанды). *К ү р е с* – құбылысқа «тыныншсыздық» енгізіп, оның жансыз болуына, қозғалмайтын болуына жол бермейтін, оның өзгеріп түруына, дамуына себеп болатын, ескі формалардың жаңа формаларға мәңгі ауысып отыруына жағдай туғызатын творчестволық қозғаушы күш (Маркстік филос.). **4.** *Адамдардың табиғатты қорғау, азық-түлік молшылығын жасау, бақытты өмір сүру жолындағы қимыл-әрекеті, еңбегі, шара қолдануы, алдын алуы.* Соңғы жылдары ауыл-шаруашылық дақылдарының арам шөптеріне қарсы *к ү р е с т і ң* химиялық әдістеріне көп көңіл бөлінуде (М. Н.Ерлепесов, Суармалы егін.). Бұл әңгіменің үстінде Почивалов: Жоқшылыққа қарсы *к ү р е с т е,* халықтың хал-жағдайын жақсарту үшін күресте үнді жазушыларының іс-әрекеті қандай? – деген сұрақ қойды (Т.Ахтанов, Үндістан.).

Азаттық [бостандық] күрес. с а я с и. *Ұлт бостандығы, азаматтық құқық үшін күрес. Б о с т а н д ы қ к ү р е с і н е* ел азаматтары түгел көтерілгенін, ел азаматының енді ат басын кері бұрмасын таныған адамның сөзі бұл (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Еркін күрес. с п о р т. *Күрестің қалаған жерден ұстап, аяқ-қолды еркін пайдаланып, әртүрлі айла-тәсіл қолдануға болатын түрі.* Спорт секцияларының ішінде бокс, велосипед, *е р к і н к ү р е с,* шаңғы спортының түрлері жақсы дамыған (Е.Жәкенов, Тұғырлас.).

Классикалық күрес. с п о р т. *Күрестің белден төмен ұстауға, аяқпен айла-тәсіл қолдануға болмайтын түрі. К л а с с и к а л ы қ к ү р е с т і ң* шеберлері қазір ірі жарысқа дайындық үстінде («Лен. жас»). Қалалық біріншілікте *к л а с с и к а л ы қ к ү р е с т е н* жүлделі екінші орынға, штангадан бірінші орынға ие болыпты («Спорт»).

Күрес асты. *Шара қолданды.* – Қиын түгі де жоқ. Өзіміз арақ ішпейміз, ал ішетіндерге қарсы *к ү р е с а ш а м ы з* (С.Мұратбеков, Көкорай).

Күрес жүргізу. *Шара қолдану, қарсы амалдар жасау.* Америка Құрама Штаттарында «Дефендер» деп аталатын жоба жасалған. Оны іске асырудағы мақсат – баллистикалық ракеталарға қарсы *к ү р е с ж ү р г і з у д і* күшейту (О. Жәутіков, Жаратылыстану.). Осының нәтижесінде, туберкулездің көрсеткіші кеміп, ауруға қарсы пәрменді *к ү р е с ж ү р г і з у г е* жан-жақты мүмкіндік туды, – дейді облыстық туберкулезге қарсы диспансердің бас дәрігері Досберген Төлепбергенов («Жас Алаш»). ДДТ – зиянды жәндіктерге қарсы *к ү р е с ж ү р г і з у* үшін қолданылатын дәрі (Шопан кітабы).

Күреске түсірді. *Күрестірді, күш сынастырды.* Дәмелі дейтін бұнымен жасы құрбы үш жігітті Айса бастаған достар шақырып әкеп, Сейітпен *к ү р е с к е т ү с і р г е н*-ді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Қазақша күрес. с п о р т. *Белден ғана ұстасып, аяқты пайдалана, түрлі айла-тәсіл қолданып белдесетін күрестің бір түрі.*

Тап күресі. т а р. *Езілуші таптың (жұмысшы, шаруа) ұстем тапқа қарсы біріккен қимылы, қозғалысы, наразылығы.* Феодалға тәуелді шаруалар мен феодалдар арасындағы *т а п к ү р е с і* шиеленісе түсті (ҚазССР тарихы). Қалада *т а п к ү р е с і* күшейіп тұр, – деді бұған Сәкен, – бірге істейтін жұмысшыларының көңіл күйі қалай, күресті қолдай ма? (Ә.Қалмырзаев, Ар).

КҮРЕС= е т. *Бірге күреу, ысырысу.* Есік алдының, қораның қарын *к ү р е с е м.* Ақ қала соғысам. Бір мезгіл ойын ойнаймын (Ө.Қанахин, Жер бас.).

КҮРЕСКЕР з а т. **1.** с ө й л. *Күреске түсетін адам, палуан.* Ол (Қарымбай) жеткен кезде *к ү р е с к е р д і ң* тапалдауы енді қайырып соғып жығылғанның үстінен аттап шыға беріп еді (М.Қуанышбаев, Кек қылышы). **2.** *Халық мүддесі үшін күресуші адам, қайраткер.* Пьесаның орталық образы – Абай үлкен гуманист, *к ү р е с к е р,* жаңашыл ақын болып көрінеді (С.Қирабаев, Октябрь.). Бірақ *к ү р е с к е р* болып туған Мұхаммед Әли, Құранның қасиетті сөзінен қуат алған ұлы боксшы рингке қайта-қайта шыға берді, шыға берді (С.Абдрахманов, Елдік сыны).

КҮРЕСКЕРЛІК[1] з а т. *Аянбай күресушілік, қайраткерлік. К ү р е с к е р л і к,* адалдық, білім-

ділік болсын саған мәңгі серік! (К.Қазыбаев, Дәуір.). Еліміздің *күрескерлігін* жырға қосқан достарымызға шексіз ризамыз («Қаз. әдеб.».).

КҮРЕСКЕРЛІК[2] с ы н. *Күрескерге тән, күрескерге қатысты.* Ақынның барлық *күрескерлік* күш-қуаты, ой-арманы тек осыңызда болды да тұрды (І.Омаров, Серпін). Алғашқы жинақтардағы *күрескерлік* рух мұнда ішкі толғанысқа, сезім ырғағына ауысса, өткір сатира табиғаттың тамылжыған тамаша суреттеріне, салқын ой мен салмақты толғаулар лирикада ақынның ыстық сезімімен суарылған ішкі күйдің сазына орын берген (М.Дулатов, Шығ.).

КҮРЕССІЗ ү с т. *Күреспей, тартыссыз.* Табанды *күрессіз* баянды жеңіске жету мүмкін емес (С.Бегалин, Жас бұтақ). *Күрессіз* тимейді ерге үлес деген, *Күрессіз* тақыр жерге гүл өспеген, Ұға білсек бүгінгі қызық күн де, Келген ғой дүниеге күреспенен (С.Әлімқұлов, Жайсаң жер).

КҮРЕСТЕС с ы н. *Қиын-қыстауда бірге болған, бірге күрескен, мүдделері бір, майдандас.* Сөйтіп, бұл безгек барлық жұмыстың ыстық-суығын бірге көріп, жақын боп кеткен достан, *күрестес* жолдастан айырды (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). Хасен ауыл жастарымен өзінің *күрестес* серіктеріндей әңгімелесті («Лен. жас»).

КҮРЕСТІР= е т. *Бірін-бірі жығуды мақсат етіп, күш сынастыру.* Хан ертеңіне ел-жұртын жиып, балуан *күрестіреді* (Қаз. ертег.). Досыммен, ұстасуға ұялғанмен, Қыстады, қоймады жұрт, *күрестірді* (З.Шүкіров, Сағыныш).

Сөз күрестірді. с ө й л. *Сөз таластырды, жарыстырды.* Осы жерде арбап екеуміз бір жағы қалжың, бір жағы шын бірталай *сөз күрестірдік* (С.Шарипов, Бекболат). Екеуміз тағы да бірталай *сөз күрестірдік.* Анау жалынып қоймады, мен қалжыңымды қоймадым (С.Шарипов, Бекболат).

КҮРЕСТІРУ *Күрестір етістігінің қимыл атауы; күш сынастыру, алыстыру.* Ағылшын байының еріккендегі ермегі кішкентай балаларды жинап алып *күрестіру* болатын (С.Хайдаров, Құрыш білек.).

КҮРЕСТІРІЛ= е т. *Күш сынастырылу, күреске түсірілу.* Рабиу-Сұлтан-Бегім Мұқамет-Жөкінің келуіне арнайы қыз-келіншек, бозбалалар жинап, ұлан-асыр той істеді. Ат шаптырылды, балуан *күрестірілді* (І.Есенберлин, Алмас.).

КҮРЕСУ *Күрес етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шайқасу, алысу, қарсы әрекет ету, қарсыласу.* Езілген еңбекші халықты байларға қарсы *күресуге* төңкеріске шақырып отыр. Теңдікті қолдарыңа алыңдар деп отыр. Мінекей, бұл өлеңде қаншама жасырын мағына жатыр (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). **2.** *Шара қолдану, қарсы амалдар жүргізу.* Қазақстан даласындағы зиянкес насекомдармен, әсіресе, жау шегірткелермен *күресуде* шағалалар да көп пайда келтіреді (Р.Әлімбаев,.. Құстар.). Венгрия мен Чехословакияда бұл құстарды әдейі өсіріп, егістіктердегі, әсіресе қызылша плантациясында және жоңышқа егістігіндегі зиянкестермен *күресу* үшін пайдаланады (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

КҮРЕСУШІ з а т. ***Күрескер.*** – Адамдар, сендер, өздеріңді азат етуші, бақытты болашақ үшін *күресуші,* еркіндік туын тігуші батырларды көрдіңдер ме? Олар міне, менің қасымда отыр! (К.Тоқаев, Көмескі із). Ол өзін халық игілігі үшін жанашыр, ымырасыз *күресуші,* тамаша ұйымдастырушы әрі насихатшы ретінде көрсете білді (От ортасы.).

КҮРЕСШІ з а т. *Күрескер, халық мүддесін қорғау мақсатымен тынымсыз еңбектеніп, әрекет жасаушы қайраткер, күрес жүргізуші.* «Дауылпазда» социалистік революцияға хабаршы болған Максим Горький, одан кейін ұраншы, *күресші* болды (С.Мұқанов, Өсу жол.). Бурса түрмесінде Назым Хикмет он екі жылдан артығырақ отырды. Тереземде темір тор, тас қапаста қамаудамын деп, *күресші* ақын мойыған жоқ, өзін үнемі күрестемін деп есептеді (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

КҮРЕСШІДЕЙ с ы н. *Күресші сияқты, күресші тәрізді, палуандай.* Қара қаншық жығылған палуанның басынан күш алған, жеңген *күрескіше* *дей*-ақ жатқан қасқырды қорлағандай боп, үстінен бір шалып, белінен баса қарғып өтті (С.Бақбергенов, Қарға там.).

КҮРЕСШІЛ с ы н. *Күресті сүйетін, күресқұмар.* Патриотизм, халықтық, шынайы өмір шындығы проблемалары қашан да осы *күрескіл* жаңа күштің жағында болды (С.Қирабаев, Октябрь.). Өрісшіл ойына жүрт иген басын, Жел тарап желкілдете бұйра шашын. *Күрескіл* гректерге рух беріп Жүр ме екен британдық замандасың (Ә.Сәрсенбаев, Өлең.).

КҮРЕСШІЛДІК з а т. *Күреске берілгендік, күресқұмарлық.* Ақынның Отан сүйгіштігі, *күрескілдігі,* қиындыққа мойымай төзе білетін ер жүректігі революция жылдары жазған өлеңдерінде айқын көрінеді («Қаз. әдеб.»).

КҮРЕСІН з а т. **1.** *Күрелген қардың үйіндісі, күртік үйінді.* Қалтай *күресінге* таман шығып еді, гүілдеп, екпіндеп соққан қатты жел дедектетіп, бетіне ұсақ қар себелеп ығын

кетірген соң қайтадан қораға кірді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ақ төбет *күресінге* шығып алып, мойнын созып жіберіп, жаңа көтерілген айға қарап ұлып отыр екен (А.Нұрманов, Аққу.). Қарулы екі жігіт – Дарубай мен Далданбай құшағында шөп топан, су кешкендей *күресінге* бір батып, бір шығып қораға әзер жетеді (Тоғызыншы шежіре). **2.** *Қары күрелген жер.* Шолпанның бұл үйге бас сұққаны осы еді. Басқа үйлерге ұқсамайды екен. Есік алды *күресін,* асық ойнарлық (F.Мұстафин, Дауыл.). *Күресінде* жатқан қой азан-қазан болып, дүрліге бастады (Саржайлау). **3.** *Күл, қоқсық үйілген жер. Күресін* сыртындағы кішкене қабақшаның кенересіндегі жас талдардың жасыл сабақтары тарбия өсіп, алақанын жая бастаған (С.Бегалин, Бала Шоқан). Балтасы бар мойнында, Сүйегі бар қойнында, Белін құрмен тартқандай. Күлге аунаған түйеше, Бейне қара күйеше, *Күресінге* жатқандай (І.Жансүгіров, Шығ.).

КҮРЕТАМЫР з а т. **1.** а н а т. <лат. vena және jugularis – мойындырық> *Қан жүретін үлкен тамырлар, негізгі қан жолы.* Бас пен мойыннан вена қанын жинайтын көк тамыр. *Күретамыр* жалпы үйқы артериясымен бірге иық-бас және төс-бас бұлшық еттері арасындағы мойындырық сайында орналасады (Қаз. тілі термин. Биология). Жүп-жұмыр аппақ мойнында көгілдір тартып тұрған екі *күретамырдың* да лып-лып соққаны көрініп тұр (F.Мүсірепов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Негізгі тетік, өзек.* Патриотизм дегеніміздің *күретамыры* Отанды сүю сезімінде жатқан тәрізді (Ж.Саин, Жол үсті.). Кез келген жұмыстың *күретамыры* бар. Сол тамырды таба білсең, басқасын табу қиын емес («Қазақст. мұғ.»).

Жаны күретамырына таянды. *Жаны мұрнының ұшына келді, өлуге жақындады.* Күз таянды. Колчактың *жаны күретамырына таянғаны* сезіле бастады (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Күретамырын адырайтты. *Қызараңдады, қызбалық көрсетті.* Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, *күретамырымызды адырайтып* кетеміз (Абай, Тол. жин.).

КҮРЕУ *Күре етістігінің қимыл атауы; күректі пайдаланып қарды, малдың қиын т.б. нәрселерді ысырып тазалау.* Әр үйдің есігінің алды жанталас: қар *күреу,* аққала соғу (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Мен сықылды әкелсең тағы біреу, Өз көзіңе қоймайды о да тіреу. Аяғында өзіңе келген жоқ па Мал бағып, күл шығарып, боқтық *күреу* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

КҮРЕУКЕ з а т. с ө й л. ***Кіреуке.*** Күндіз жүрген ақ жолынан жаңылып, Қараңғылық *күреукесін* жамылып. Ұят деген ұлы сөзді ұмытқан, Қалады ұсақ пенделер де табылып (Ө.Жайлауов, Жарқын жаз).

КҮРЕУЛІ с ы н. *Күреп, тазалап қойған.* Ақан үй шаруасына ұқыпты. Қашан көрсең қора *күреулі,* үйдің айналасы сыпырулы, тап-таза болып тұрады (Ауызекі).

Орны күреулі. *Орны дайын.* Байбол: –Оқыған иттің *орны,* қайда болса да, *күреулі* ғой. Аманды үлкен жарысқа салайық. Ауыл арасындағы шолақ бәйгеге өзіміз де ақ-мылтық! – деді (F.Мұстафин, Дауыл.). Арғы бетте де баяғы Жаныбек батыр ертіп кеткен он екі абақ, керей бар, керейден басқа қалың найман, қызай, қызайдан басқа 1916 жылы барған байлар тағы бар онда. Барсақ, *күреулі* тұр біздің *орнымыз* (А.Жүнісов, Өмір.).

КҮРЕШ о р. з а т. ж е р г. *Ақша, теңге.* Сан тапсырмамен бұл елдерді талай аралағанда, хал-қадары беретін асына еш жерде көк тиын *күреш* алған, не жамбасақы сұраған жанды жолықтырған емес (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ақ келін, көк келін деп дәсерсітеді жұрт сол көк айылды. Маған бір тиын *күрешке* қажеті жоқ, бірақ ішіңнен шыққан балаңның осындай кемдікте жүруі батады (С.Талжанов, Ұлдай.).

КҮРЕШКЕ [ор. кружка] з а т. *Тұтқалы, қолайлы қаңылтырдан жасалған су (шай) ішуге арналған шағын ыдыс.* Сайым оның қолынан қалайы *күрешкені* көрді. Темірбек кеме қабырғасына арқасын тіреп, жайғаса отырды. Қалайы *күрешкені* жерге қойып, тонының қалтасынан бір шишаны суырып алды (Ә.Сараев, Бозқырау).

КҮРЖЕҢДЕ= е т. *Қалбалақтау, бүрсеңдеу, бүкірейіп, күжірейіп жүру.* Анадайдан *күржеңдеп* асыға басқан сақалды күзетші көріп, қап бұта түбінен пыр етіп ұшқан шіл үйіріндей дүрліге жөнелді (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Ауылдан шығып *күржеңдеп,* Ата-анасын жүр-жүрлеп, Баласы жылап келеді; Жайлаудағы жылқысы Дүркірей шауып желеді (Манас).

КҮРЖИ= е т. **1.** *Желке, жауырын тұсының күжіреюі, томпаюы.* Тышқанмен арбасқан жүндес мысықша *күржиіп,* алқа-салқа боп тұрған Бөдігүл тесіле: – Дәм-тұзымызға түкіріп кетіп бара жатқан кісіге осынша жағынып, не күн туды саған, – деді (С.Омаров, Қайырлы жаз). Ал әдетте басқа қаршығалар алған құсын шеңгелдеп қысып алып, *күржиіп* шыр айналып, иесіне бермеуге тырысатын (Ш.Айманов, Қыран.). Өзі әрдайым ұялшақ адамдай басын төмен салып жүреді, сол себепті мойны салбырап, жауырыны ерекше *күржиіп* көрінеді (Ә.Сараев, Бозқырау). **2.** *Қорбию, оралымсыз, үлкен болып көрінү.* Шофердің жанына *күржиіп* отырып

алған Дүйсен әлі де үнсіз келеді (Н.Сералиев, Ақ қайың.). Өзі қара көлеңкеде қазақы сары тонға оранып, *күржиіп* тұрған біреуді мен деп қайдан ойласын (Б.Шаханов, Ғашық.). Өзінің де киімі (жылқышының) *күржиген,* қалың болса керек (С.Жүнісов, Ақан сері).

КҮРЖИТ= е т. *Желке, жауырын тұсын күжірейту.* Осы кезде жергілікті комитеттің председателі қабағын түйіп, жауырынын *күржитіп,* қозғалақтап қойды («Қаз. әдеб.»). Төңірегіндегі ұсақ бұлттарды өзіне тартып, желкесін Кабановскийдің желкесіндей *күржите* түседі, мен осы бір реңсіз бұлтты Кабановскийдің дәл өзіне ұқсатамын (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

КҮРЖИІҢКІРЕ= е т. *Күржие тұсу.* Қыз *күржиіңкіреп* киініп алыпты (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

КҮРЖІ[1] з а т. с ө й л. ***Күрзі.*** Бірақ бұлар орыс халқы емес, орыс халқы түгіл саналы оқығандарына да жатпайды, бұлар Николай Палкин секілді отаршыл патшаның ауыр *күржілері* (І.Есенберлин, Қаһар).

КҮРЖІ[2] з а т. ж е р г. *Қоржынның аузындағы ілгек* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮРЖІК с ы н. *Бүкір, құныс, жауырыны томпайған.* Айттырып қойған *күржік* күйеуі Жиенқұлдың аты шыққанда Сара еркін жүрісінен жаңылып, кібіртіктей берді де, бір кезде қалт тұрып қалды («Қаз. әдеб.»). Өз жақындарына үйлене бергендіктен бе, олардың *күржік* балалары көп болды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Күржік жауырын. *Томпақ жауырын.* Рульде отырған Қалтай. Жанында Жақан. Кеспектің бүйіріндей *күржік жауырыны* күжірейіп қалғып отыр (Бал дәурен). Осы күн жолдас болдым сексенменен, Кез болды көрілік, шіркін, сескенбеген. Қартайсаң күнің қандай аянышты, Талтақ бұт, ойық желке, *күржік жауырын,* Тартылып бауыр шандыр бүкшеңдеген (Ақберен).

КҮРЖІКТЕУ с ы н. *Бүкірейген, еңкіш тартқан, жауырыны томпақтау.* Бір *күржіктеу* жас жігіт: – Оллаһи, бағанадан бері тіліне түсінбей тұрсам, қазақ екен ғой, – деді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Бұзау жалағандай жылмита тараған қоңыр шашы қақ маңдайдан екі айырылып өрілген екен; *күржіктеу* жауырынына құлап түсіпті (М.Сүндетов, Ескексіз.).

КҮРЖІКТІК з а т. *Жауырыны томпақтық, еңкіштік.* Әне бір жауырын *күржіктігі,* балалық, шикілік белгісі де жым-жылас (М.Сүндетов, Ескексіз.).

КҮРЖІЛЕ= е т. ж е р г. *Қоржынның аузын бекітіп байлау, ілгектеу.* Қоржынын толтырып, аузын *күржілеп* тастаған екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮРЖІҢДЕ= е т. *Күржің-күржің ету, мықшыңдау, құржыңдау.* Міне, осы қараңғының қоюында Күржұман *күржіңдейді* таста-шыңда. Естемес тоғызымен қала берді, Салдырлап темір көген мойынында (І.Жансүгіров, Шығ.)

КҮРЖІҢДЕТ= е т. *Күржің-күржің еткізу, мықшыңдату, құржыңдату.* Құр құйысқан, жіп тізгін, киіз етік, Айдалада келемін күжілдетіп. Қыз сүйгендей күлемін ыржың етіп, Тебінемін шолақты *күржіңдетіп* (К.Әзірбаев, Шығ.).

КҮРЗІ[1] [ир. گرز] з а т. к ө н е. *Салмақты болу үшін бір басына қорғасын құйып жасалған шоқпар тәрізді қару.* Бетіңе біреу қараса *Күрзімен* ұрып сабайын Төтесінен секіріп (Батырлар жыры). Қолындағы *күрзімен* Кетті салып басына. Осы ұрған *күрзіге* Құлар еді шапқанша, Қойқаптың тауы, тасы да (Алпамыс). Екі аяғы жер тіреп, Қырық батпан *күрзімен* Қарабайды салады. Басында болат қалқаны Сонда дал-дал болады (Көруғлы).

КҮРЗІ[2] з а т. с ө й л. ***Күрсі.*** Алдияр, датқа, осы отырған *күрзіңді* менің әкем емес пе еді қорғап қан төккен? (Д.Досжанов, Тұлпар). Алдындағы *күрзі* үстінде қағазы сары, үлкен кітап жаюлы. Кітап пен шыбықтың ызбарынан өз ызбары басымырақ (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

КҮРЗІДЕЙ с ы н. *Күрзі сияқты, күрзі тәрізді.* Садақбайдың қарысып қалған *күрзідей* жұдырығын Қаратайдың мұқым жігіті болып аша алмаған (О.Бөкеев, Қамшыгер). Басқан ізі *күрзідей* салмақты, жүріс-тұрысы тым ауыр (С.Бақбергенов, Кентау).

КҮРЗІКЕШ з а т. *Күрзі жұмсаудың шебері.* Батыр Сайысты салт бойынша ескі қарудың иелері бастамақшы. Жұрт назары *күрзікешке* ауған. Кілең балтыры жуан, қапсағай жауырынды, төртбақ келген жігіттер көрінді (Д.Досжанов, Жібек.).

КҮРЗІЛЕС= е т. *Күрзі сілтесу, күрзі жұмсап шайқасу.* Онан кейін екеуі *Күрзілесіп* ұрысты, Неше айла қылысты (Бабалар сөзі // Діни дастан.).

КҮРЗІЛІ с ы н. *Күрзісі бар, күрзімен қаруланған.* Сары Кикки жапон емес жуас, баяу, Әзір тұр келтірем деп маған таяу. Тамұқтан шыққан, отты *күрзілі* жан Аманда өзіне ажал ондайды аяу (Ғ.Малдыбаев, Желдірме).

КҮРЗІ-МҮРЗІ з а т. с ө й л. *Күрзі және т. б. қару-жарақ.* Бірақ ойындағысы болмады, қарсы алдынан шойын қара жігіт көрінді, соңында

соның *к ү р з і-м ү р з і с і н* көтерген таусоғар баласы бар (Д.Досжанов, Тұлпар.).

КҮРК е л і к. *Тамақты қырнай жөтелгенде шығатын қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.*

Күрк етті. *Қысқа, келте ұн (жөтел т. б.) шықты.* Аузында шылым, ара-тұра *к ү р к е т і п* жөтеліп те алады (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Қапас күркесінде қалғып отырып аяғы оқыста тайып кетіп, *к ү р к е т і п* қалған тауық үні секілді. Үйдің басқа бір тасасынан тағы бір «тауық» *к ү р к е т е* түсті (F.Сланов, Дөң асқан).

КҮРКЕ з а т. **1.** *Көшуге өте қолайлы, икемді, шағын баспана, лашық, шайла, итарқа.* Бұл шетте жыртық, шоқпыт лашықтар, құрым қара қостар, кішкене *к ү р к е л е р* де бар (М.Әуезов, Абай жолы). Дәу қараның жапандағы жалғыз үйі осы еді. Төбесі шошақ, кішкене қамыс *к ү р к е* (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). **2.** *Малға, құсқа жасалған қора, ықтасын. К ү р к е с і н е н* шыққан тауықтар қыт-қыттап, қораның түкпір-түкпірін түрткілеп, дызақтайды (Н.Сералиев, Ақбөпе). Шабдар айғырдың *к ү р к е с і н і ң* жанында жалпыға бірдей қазандық бар (С.Сейфуллин, Әңгім.). Оперативтік қызметкерлер топталып қораға кіргенде, шошқа *к ү р к е с і н е н* шыққан Столетов қатты шыңғырып үйге қарай жүгірді (К.Тоқаев, Тасқын). **3.** с ө й л. *Дүкен.* Осы аллеялардағы көлеңкелі *к ү р к е л е р д е* сатылып тұрған түрлі сусындар, газет-журналдар (І.Жансүгіров, Әңгім.).

Күркесі құлады. *Тұтіні өшті, үйі иесіз қалды.* Ана өлімімен бірге біздің жағып отырған от сөнді, біздің *к ү р к е қ ұ л а д ы* (Ж.Саин, Жол үсті.).

КҮРКЕДЕЙ с ы н. *Күрке сияқты, күрке тәрізді. К ү р к е д е й* – көрсең алыстан, Қолыңда бір тал қамыстан. Төбеден су сорғалар, Түбінде адам қорғалар (Қ.Мырзалиев, Алуан.).

КҮРКЕ-КҮРКЕ с ы н. *Топ-топ, шоқ-шоқ.* Кішкене өзеннің өн бойын өрлей біткен *к ү р к е-к ү р к е* көрінген құба талдар да, түп-түп тобылғы мен қараған да дүниеге осы көк жамылған күйінде бүгін ғана пайда болғандай қызықтырады (F.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

КҮРКЕЛЕ= е т. **1.** *Күрке сияқты ету.* Қақтап кептірген тезекті әр үйдің сыртына үш-төрт жерге *к ү р к е л е п* үйіп қойыпты (С.Омаров, Дала қызы). Қаршығаны ұстап алу әдісі мынадай: кендір жіптен тор жасайды, төрт шыбықты не жерге, не қарға шаншып, бұл шыбықтарды айналдыра *к ү р к е л е й* жабады (Ш.Айманов, Қыран.). Қалтайдың қасына жүгіріп жеткенімізде, құйрығымен, тұяқтарымен жер тіреп, қанаттарын *к ү р к е л е й* сатырлата соғып шегінген қоңыр ителгі шалқасынан түсті (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). **2.** а у ы с. *Қорғаштау, бүркемелеу, жан-жағынан қымтап бастырмалау.* Тоқаштың бар әрекеті қолымен басын *к ү р к е л е п,* көзін қорғап бақты (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). **3.** а у ы с. *Жасыру, байқатпау, көрсетпеу.* Еңбекші тап әдебиетіндегі «жолбикелер» дегендерінің... көбі – осы күнге шейін ескі тілектерін бүркеп, *к ү р к е л е п* майданға алып келе жатқандар (С.Сейфуллин, Шығ.).

КҮРКЕЛЕН= е т. *Күрке тәріздену, күрке сияқтану.* Жолдың екі жағындағы ағаш бұтақтары үштасып, *к ү р к е л е н е д і* (З.Шашкин, Ұядан ұш.). Құстың *к ү р к е л е н г е н* қос қанатының астынан иттің тек құйрығы ғана шошаңдайды (Ә.Көшімов, Екі бүркіт.). *К ү р к е л е н г е н* желегі Өзгермес те қуармас, Табылып тұр керегі – Тамыры бар суалмас (Ж.Өмірбеков, Кешкі ән.).

КҮРКЕЛІ с ы н. *Күркесі бар, күрке тіккен.* Аққаймақ та сол төрт-бес *к ү р к е л і* ауылда тұрады (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Ол жарлы да жаралы жатқан Алатау елін ғана емес, Сыр бойының қамыс *к ү р к е л і* жатақтарын да көрді (С.Бақбергенов, Қайран шешем). Түйе жегілген *к ү р к е л і* арба тоқтап, түйені жетелеген Жәкең шал мұрнын сіңбіріп, жеңімен сүртті (F.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

КҮРКЕЛІК с ы н. *Күрке жасауға жететін, күрке боларлық.* Ғұзырыңызға мәлім етейін, кереге көзінен қозылардың өзі тұрсын, басы да өтпестей етіп, бір *к ү р к е л і к* шетен жасадым («Лен. жас»).

КҮРКЕТАУЫҚ з а т. з о о л. *Тауық тәрізділер отряды, күркетауық тұқымдасына жататын тауықтан гөрі мойын, сирағы ұзындау, ірілеу үй құсы.* Сай-салалы жайылымдық жерлері мол аудандарда *к ү р к е т а у ы қ* өсіру қажет (Құс өсіруші.). Үйрек, қаз және *к ү р к е т а у ы қ* өсіретін фермалардың әрқайсысында 2000-2500 құс болады (Құс өсіруші.). *К ү р к е т а у ы қ* балапандарын алғашқы күндері науалы оттықтан азықтандырады немесе азықты қалың қағазға салып береді (Қазақст. етті молайту). *К ү р к е т а у ы қ т ы ң* арғы тегі – оңтүстік Америкада кеңінен таралған жабайы күркетауық (ҚҰЭ).

Жабайы күркетауық. з о о л. <лат. meleagris gallopavo> *Тауық тәрізділер отряды, күркетауық тұқымдасына жататын Оңтүстік Америкада кеңінен тараған құс. Ж а б а й ы к ү р к е т а у ы қ* үй құстары ішіндегі ең ірісі (ҚҰЭ).

КҮРКЕШЕ з а т. *Күркенің кішірек, шағын түрі, күркешік.* Штабқа қайтып келдім, сайдың бір жағасына жігіттер *к ү р к е ш е* түргызып қойған екен (Б.Момышұлы, Таңд. шығ.). Тіккендері *к ү р к е ш е* киіз жапқан, Қырық-отыздан көресің әрбір шаттан. Сандалмалы өмірмен көшіп жүріп, Аз қалмақ Алтайды өрлей қоныс тапқан (И.Байзақов, Құралай.).

КҮРКЕШІК з а т. *Кішкене күрке, күркеше, пана болардың шағын ықтасын.* Жататынымыз – жіңішке талдардан иіп, төбесіне шөп-шалам жапқан *к ү р к е ш і к т е р* (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Гүлшаш күшігіне *к ү р к е ш і к* жасап бермек болып, еңістe алабота шауып жатқан (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Ала ат тұр, Ұйқылы-ояу *к ү р к е ш і к т е,* Ол да тұтқын, басы байлау, кілт есікте. Қара тағдыр үшеуін ұмар-жұмар. Әкеліп қамағаны-ай бір тесікке (М.Мақатаев, Қарлығаш).

КҮР-КҮР е л і к. *Күрілдеген, күркіреген дыбысты бейнелейтін сөз. К ү р-к ү р* кетті аралап, Аспанның күмбез шатырын. Жаңбырдың бірер тамшысы Тырс етті жерге ақырын (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.). Қар суы жардан ағып *к ү р-к ү р,* сыр-сыр, Кіріп жүрміз қойнына күлдір-сылдыр. Тас атпай, суға шалп-шүлп, мұзға сарт-сүрт, Мұндайда тиыш жүре ме, балалар құр (С.Дөнентаев, Шығ.).

Күр-күр еткізді. *Күрілдеген, күр-күр еткен дыбыс шығарды.* Тұмарбай сыбызғы тартқан кісіше, ұзын кеңірдегінен *к ү р-к ү р,* дыр-дыр *е т к і з і п* бір әуез шығарды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күр-күр етті. а) *Күр-күр еткен дыбыс шығарды, гүрілдеді, бұрқ-сарқ етті.* Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, *к ү р-к ү р е т к е н* Күршім бар (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ырым-сырым дегенге бағынбайды, Байға, бекке, кісіге жалынбайды. Серпіні, түйе менен атты ағызып, Өзендей *к ү р- к ү р е т і п* ағындайды (С.Әлімбетов, Өлеңд.). ә) *Гүж-гүж етті, арпылдады.* Қоян жымындай жолдар болмаса, кісі адасатын, шарбақ ішін күзеткен дәу, сұр овчарка жан жуытар емес. Көзінен от шашып, тықыр сезсе, *к ү р-к ү р е т е д і* (F.Мұстафин, Миллионер).

КҮРК-КҮРК е л і к. *Күркілдеген дыбыстың дүркін-дүркін қайталануын бейнелейтін сөз.* Будақ-будақбу, түтін. Шыңғырған немесе *к ү р к-к ү р к,* пыс-пыс дыбыс. Бұндағы адамдардың үсті-басы баттасқан май мен күйе (F.Мұстафин, Көз көрген). Міне, бұның жатысы. Көкірегі *к ү р к-к ү р к.* Одан түсіп жатқан анау қап-қара дымқыл қай қаланың күлі? (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

Күрк-күрк етті. *Күркілдеген дыбыс шығарды.* Күні бойы жөндеп жайылмастан, *к ү р к-к ү р к е т і п,* түйелерді айнала тайрақтаған қара бураның әрекетін жұрт енді ғана аңғарған (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Әуелі Бершін, сонан қалған екеуінің де мылтықтары жай отындай *к ү р к-к ү р к е т е* қалды (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

Күрк-күрк жөтелді. а) *Өкпе, тыныс жолдары қабынған адам, мал дүркін-дүркін жөтелді.* Ауыздағы үйден ұзақ *к ү р к-к ү р к ж ө т е л і п,* көртең үнмен ыңырanып алқынған дауыс келді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ауру көкесінің түрі анау, *к ү р к-к ү р к ж ө т е л і п,* екі иығынан дем алып жүргені (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Қойлардың халі тіпті нашар. Мойны ырғайдай саулықтар *к ү р к-к ү р к ж ө т е л д і* (С.Жүнісов, Жапанда.). ә) б е й н. *Зеңбірек т.б. дүркін-дүркін атылды.* 1941 жылдың 6 декабрінің таңы әлі бозарып атқан жоқ. Шығыс жақ нажағайдай жарқ-жұрқ, сатыр-күтір. Жер солқылдап, *к ү р к-к ү р к ж ө т е л е д і* (Б.Момышұлы, Москва.).

КҮРКІЛ з а т. *Жөтелгенде шығатын жағымсыз, ащы дыбыс.* Біреуінің *к ү р к і л і* естіледі. Адамдар бірте-бірте ұйқыларынан оянып, далаға шыға бастады (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Көмекейінен *к ү р к і л* оянып, ен даланы жалғыз өзі бөрліктіріп келеді (С.Елубаев, Ойсыл қара). Сәл қозғалып әлсіз ана кірпігі, Бір тамшы жас көз алдына іркілді... Кенет осы қымбат, қымбат елесті Кетті көміп көкіректің *к ү р к і л і* (І.Мәмбетов, Дос.).

КҮРКІЛДЕ= е т. **1.** *Өкпе, тыныс жолдары ауырған адамның, малдың дүркін-дүркін, күрк-күрк етіп жөтелуі.* Ауру адам *к ү р к і л д е п* жөтеле береді, тіпті ұйқысы бұзылады, жөтелген сайын жалқаяқ тастайды (Е.Оразақов, Туберкулез). Соңғы күндері балалардың тымауратуы жиілеп кетті. Сабақ үстінде біреуі жөтелсе болғаны бәрі бірдей *к ү р к і л д е й д і* (С.Алдабергенов, Асу). Аяғы құрттаған ақсақты, *к ү р к і л д е п* жөтелген көксауды бағып-қағып, жұттан аман, жаудан түгел келесі жәрмеңкеге сатылуға дайындап тұруға Тәжи міндеттенді (І.Жансүгіров, Шығ.). Сол дүрмекпен, қызумен жүріп, Махмұт науқасын мүлдем асқындырып, шыңына жеткізіп алғанын білмей қалады, етінен айырылып, жағы суалып, көзі үңірейіп, *к ү р к і л д е п* жөтелуге айналады (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Бураның шабынуы, жарау.* Тыншымай тұрған жалғыз бура ғана. Құйрық сабап *к ү р к і л д е п* тым мазасыз (С.Елубаев, Ойсыл қара). Боран басталғанда төбе басында аузынан көбік атып *к ү р к і л д е п* тұрған қоңыр бура маңғаз қалпынан таймап еді («Лен. жас»).

3. *Тауықтың шөжелеріне ұн қатуы, дыбыс білдіруі.* Қанаты салбырап, ақ үрпек балапанын ерткен мекиен *к ү р к і л д е п,* қызыл жалбақ айдары, мың құбылған сапары, күлтеленген қанат-қауырсынды әтештер айғайлап, аспан әлемін жаңғырықтырды (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). **4.** *Судан гүрілдеген шу шығу.* Мана жағада іркілдеген толқын енді *к ү р к і л д е й,* құтырған бурадай шабынып жатыр (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Олардың сол кез алдынан, Өрмелеген тауынан, Екі тасқын *к ү р к і л д е й,* Орден тасып бүлкілдей, Толқыны тулап, тасқа ұрып, Ақ көбігі *к ү р к і л д е й* Тауды орай аққаны (Жамбыл, Шығ.). Қазір міне етігі *к ү р к і л д е п* су кешіп келе жатқанда көптен кернеген ой еріксіз ақтарылып кетті (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). **5.** *Мотор үнінің толқынданып естілуі.* Сықырлаған, қаршылдаған, *к ү р к і л д е г е н* танкілер отын сөндірмей, үйір-үйір болып тұр (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Сонан соң тележке тіркеген «Беларусь» тракторы *к ү р к і л д е п* кеп, есіктің алдына тұра қалды (Т.Нұрмағамбетов, Қош бол.). Шет жақтағы бір қорадан движок *к ү р к і л д е п* қоя берді де, терезелер жарқ ете түсті (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

Зеңбірек күркілдеді. *Зеңбіректер гүрс-гүрс атылды, гүрсілдеді.* Осташеводағы совет әскерлерінің қорғаныс шебін ауық-ауық самолеттер жіберіп бомбылапты, алыстан ататын *з е ң б і р е к т е р і к ү р к і л д е п* жатты (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Күндізгіден түн жаман. Тышқанның қыбыры сезілсе, немістің ауыр *з е ң б і р е к т е р і к ү р к і л д е п* қоя береді (З.Ақышев, Жесірлер.). Өткен күнде белгі жоқ, Зуылдады талай оқ, *К ү р к і л д е д і з е ң б і р е к*, Лаулады талай жалынды от (Ж.Сыздықов, Асу.).

КҮРКІЛДЕК с ы н. *Күркілдей беретін, көп жөтелетін.* Сал ауруына ұшырап, төсек тартқан *к ү р к і л д е к,* кәрі шалдай күн қабағы ашылмай қойды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш.).

КҮРКІЛДЕС= е т. *Күбірлесу, күбір-күбір етісу, өзара сыбырласу.* Сопылар «әдіретте» *к ү р к і л д е с і п,* Моласын Ясауидің қылды кәсіп. Датқалар, талтаң басқан бекзадалар Құлдардың қатар қойып, мұрнын тесіп (Ж.Сыздықов, Өлеңд.).

КҮРКІЛДЕТ= е т. **1.** *Күрк-күрк еткізіп жөтелдіру.* Қылышын сүйретіп қыс келеді. Кемпір-шалды *к ү р к і л д е т і п,* баланың жағынан боздағын шығарып, қашанғы отырамыз (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Зеңбіректі гүрсілдетіп ату.* Зеңбірегін құрып жіберіп *к ү р к і л д е т і п* атушы еді, жапырушы еді (Д.Досжанов, Зауал).

КҮРКІЛДЕУ *Күркілде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күрк-күрк жөтелу, адамның не малдың қолқасын, тамағын қырып шыққан жағымсыз дауыстың естілуі.* Жақыпбек тынысын ішіне тарта қойғандықтан ба жөтеле бастады. Оның *к ү р к і л д е у і* бірталайға дейін басыла қоймады (Ә.Көшімов, Қысталаң.). **2.** *Тауық, кептер т.б. құстардың күрк-күрк еткен дыбыс шығаруы.* Мұндай «күй ойнаққа» ұзақ, қарғалардың мекиендері алдындағы келбеті, көкектердің көкектеуі, тоқылдақтардың «барабан сарыны», кептерлердің *к ү р к і л д е у і,* көптеген торғай тәрізді құстардың «жырлары» жатады (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

КҮРКІН з а т. к ә с. *Көлдің, өзеннің жағаларында жүретін ұсақ балық.* Қазіргі кезде *к ү р к і н д і* балықшылар көп ауламайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Мұнда майда сазанды *к ү р к і н* деп атайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮРКІР з а т. **1.** *Бұлтты күндері найзағай жарқылдағанда пайда болатын жаңғырыққан дыбыс.* Жөнелді *к ү р к і р* аралап, Аспанның түнек шатырын. Алғашқы моншақ үзіліп, Тырс етті жерге ақырын (Ә.Сәрсенбаев, Шығ.). Күн *к ү р к і р і н* сәби бала бірінші рет естіп, таңсық көріп таңырқай тұрып қалды (С.Мәуленов, Жер нәрі). Келбетін көріп кең дала Көктемнің сұрғылт бұлтының Күткендей тұңғыш жер-ана, Аспаннан күннің *к ү р к і р і н* (Т.Жароков, Шығ. жин.). **2.** *Тасқындап аққан өзен суының шуылы.* Көрінбей өз *к ү р к і р і* өзін көміп, Әлемнің айтсам деген сөзін бөліп, Тасқындап ағады өзен, Тыңдайды тау – Жаралған жақпар тастан төзім берік (Т.Есімжанов, Осы жақ.). **3.** *Мотор үні, техникалық құрылғылардың гүрілі.* Қас қарайып, ымырт жабылып барады. Батыстан ұшқан самолеттердің *к ү р к і р і* бірден-бірге айқын естіле бастады (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). **4.** *Оқ атылғанда пайда болатын жаңғырық.* Жау зеңбірегінің *к ү р к і р і* үдей түсті. Жерді сілкіп тұр (Ә.Шәріпов, Орманда.). Лаулаған от жоқ жоңында, Басылған оқтың *к ү р к і р і.* Тек қана менің қолымда Қалыпты соғыс тыртығы (С.Мәуленов, Таңд. өлеңд.).

КҮРКІРЕ = е т. **1.** *Найзағай жарқылдаған кезде жаңғырыққан күшті дыбыстың естілуі.* Жазғытұрым әуел бұлт *к ү р к і р е г е н д е,* қатындар шөмішімен үйдің сыртынан ұрып, «сүт көп, көмір аз» деген секілді (Абай, Тол. жин.). Арай шыныны тастай беріп, орнынан атып тұрды. Күн қайталай *к ү р к і р е д і* (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Аспанда оттар ойнайды, Қара бұлттар *к ү р к і р е п.* Жаңбырмен торғын жайнайды, Көктемнің көгі дүркіреп (С.Сейтенов, Сапар.). Ай тұтылып, күн күйіп,

Көк *к ү р к і р е п,* жер иіп, Шың-құз біткен бас иіп, Дірілдеді тау мен тас (Б.Күлеев, Айтшы.). **2.** *Бұрқырап-сарқырау, күрілдеу, сарылдау.* Жаздыгүн шілде болғанда, Көкорай шалғын, бәйшешек Ұзарып өсіп толғанда; *К ү р к і р е п* жатқан өзенге Көшіп ауыл қонғанда (Абай, Тол. жин.). Шідерті бұрынғысынан да ашулы, *к ү р к і р е п* ағады (Д.Әбілев, Арман.). Айнала жымжырт, меңіреу. Тек таудан төмен *к ү р к і р е й* аққан су сарылығанаестіледі (С.Байжанов, Сыр.). Тасып, бірде арнасы аласарып, *К ү р к і р е й д і* көктемде Талас ағып. Сары саумал сапырған сабасында, Өр толқынын билеп тамаша ғып (Ө.Жайлауов, Шопан.). **3.** *Күжілдеу, барқырау, қолқа тамақты қырып, кернеп шыққан жуан дауыстың естілуі.* Дәуренбек қызынып сөйледі де, оның *к ү р к і р е г е н* даусы бәріне естілді (М.Жұмағұлов, Қыран.). Бұл әнді салғанда оның жуан дауысы айбат шеккен арыстандай *к ү р к і р е п,* аяғына келгенде вокзалға таяп қалған паровоздай азынап тоқтады (Ж.Тілеков, От кешу). Домбыра, қобыз құйқылжып, Алатаудан асады. Жорға мінген ақсақал, *К ү р к і р е п* әнге басады (F. Малдыбаев, Қырым қызы). **4.** *Оқ атылып, гүрсілдеу, жаңғыру.* Олардың бір оғына ондаған оқпен жауап беріп, кейінгі жақтан біздің катюшалар жауға жалын бүркіп, астан-кестен *к ү р к і р е й* жөнеледі (Ж.Жұмақанов, Солдат.). Күнде таң алдында *к ү р к і р е г е н* зеңбірек үнін Кемалдың өзі де естіп жүр (Х.Рахимов, Полк. туы). Қанатын өрт шарпыған Қара ормандар жалаңаш. *К ү р к і р е г е н* майданға Кіріп кетті екі жас (С.Мәуленов, Таңд. өлеңд.). **5.** *Мотордың жұмыс істеуі, гүрілдеу.* Самолеттің моторлары *к ү р к і р е п,* бетон төселген алаңға жайлап барып қонып, доңғалақтарымен зымырай жөнелгенін бір-ақ сездік (Ә.Шәріпов, Алыс.). Қазір бұл маңайда қызу да қарбалас шақ. Күні-түні *к ү р к і р е г е н* мотор үні, самаладай самсаған оттар («Лен. жас»). Жетті бір күн далама, Паровоз да *к ү р к і р е п,* Кемпір мен шал, бала да Шықты сыртқа дүркіреп (М.Әшірбеков, Белестер). **6.** а у ы с. *Асып-тасу, болып-толу, дәуірлеу.* Кісі елінде *к ү р к і р е г е н ш е.* Өз еліңде дүркіре (Қаз. мақал.). Бәрі қалды ұмыт боп, Жыл шаңының астында. Мен де бір кез жігіт боп *К ү р к і р е д і м,* тастым да (Т.Молдағалиев, Ескерткіш).

Күн күркіреді. *Найзағай ойнаған кезде жаңғырыққан күшті дыбыс шықты. К ү н н і ң к ү р к і р е г е н і н* бір тірі нәрсе істеп тұр деп ойлады. Сондықтан жұрттың көбі бала мен тағының қиялы жай я мәдениетті кісілердікінен жоғарырақ, жақсырақ деп біледі (Ж.Аймауытов, Шығ.). Алыста *к ү н к ү р к і р е й д і.* Жаз шыққалы *к ү н н і ң к ү р к і р е г е н і* осы (F.Мұстафин, Дауыл.). «Өс!» деді *к ү н к ү р к і р е п.* Жаңбыр жауды сіркіреп. Жаңбыр мен күн жар болып, Өсті гүлдер дүркіреп (Ө.Тұрманжанов, Бозша.).

КҮРКІРЕК з а т. *Күркіреп тұратын, тынымсыз күркілдейтін дыбыс.* Егер үйде отырғанда сондай *к ү р к і р е к* болса, істеп тұрған электр приборды... тоқтан айырып тастау керек (Е.Оразақов, Дәрігерлік.). Осып-осып өткенде, *К ү р к і р е г і* бір тынып, Ұқсайды аспан кеткенге Қақ айырыла жыртылып (С.Сейітов, Жаңғырық).

КҮРКІРЕП-САРҚЫРА= е т. *Неше түрлі үнмен күркіреу, ерсілі-қарсылы сапырылысып сарқырау.* Түске дейін көк теңізінде ерсілі-қарсылы көшкен ұшпа бұлттар, енді сеңдей соғысып, *к ү р к і р е п-с а р қ ы р а п* түнере тұтасып алды (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

КҮРКІРЕС= е т. **1.** *Жаңғырыққан күшті дыбыс шығарысу, күркілдесу.* Осы кезде манағы екі үлкен бұлт біріне-бірі тиісіп, қаруларын жарқылдата сайысып, көк көбесін сөге *к ү р к і р е с і п* жатты (Қ.Исабаев, Арман.). **2.** *Өзен суының тасқындап ағуы, сарылдап, сарқырасу.* Адамзат сайран етер көңілі жай, Секіріп ойын салар құлын мен тай Қой маңырап, сиыр мөңіреп шат болады, Тасиды *к ү р к і р е с і п* өзен мен сай (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.).

КҮРКІРЕТ= е т. *Жаңғырыққан күшті дыбыс шығарту, гүрілдетіп жаңғырықтыру.* Келеді штурмовиктер қырқып өтіп, Қалады аспанға атқыш сыр-сыр етіп, Танктер колоннасын қуып жетті От шашқан айналасын *к ү р к і р е т і п* (Партия тур.өлеңд.).

КҮРКІРЕУ *Күркіре етістігінің қимыл атауы; күшті дыбыс шығару.* Бекет күшті жарқылдан кейін шаңқ ететін ащы *к ү р к і р е у д е н* сескеніп, құнысып бұға түскен (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Күн күркіреу. *Шақпақ шағып, найзағай ойнаған кезде жаңғырыққан дыбыстың шығуы. К ү н к ү р к і р е у і* бос бөшкені баяу күңгірлеткендей ұзай түседі (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

КҮРКІРЕУІК с ы н. **1.** *Күр-күр еткен, гүрілдек.* – Ағай! Ағай! Тоқтаңыз, – дейді шыдай алмаған Хасболат *к ү р к і р е у і к* даусымен («Қаз. әдеб.»). **2.** *Күрілдеген, ағыны күшті.* Бірде бойың кешкілік көлеңкедей ұзарып, Бірде атар таң құсап алаулайсың қызарып. *К ү р к і р е у і к* өзенің болайыншы онда мен, Ақбас таудың басынан қашатұғын мұз алып (Е.Ибраһим, Жас ғұмыр). // *Сарқырама, құлама.* Осы бүгін бір ретін тауып, сұпының ақ тоқалымен ауыл

сыртындағы *күркіреуікте* кездеспек боп уәделесіп еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Сол жағынан *күркіреуікке* кеткен шығар, ұзамай келіп қалар (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.).

Күркіреуік газ. х и м. *Екі көлем сутек, бір көлем оттектен тұратын газ. Күркіреуік газ* от немесе электр ұшқынынан қопарылды. Бұл газдардың қоспасы қопарылғанда, сондай-ақ, сутек оттекте жанғанда су түзіліп, реакция нәтижесінде көп жылу бөлінеді (ҚҰЭ). Сутегі ауамен қосылып, қопарылғыш қоспа түзеді. Ең күшті қопарылыс беретін екі көлем сутегі мен бір көлем оттегінің қоспасы *күркіреуік газ* деп аталады (ҚСЭ).

Күркіреуік сынап. ф и з. *Жылудан немесе механикалық әсерден жарылатын және өз детонациясы арқылы басқа жарғыш заттардың жарылысын туғызатын бастамашы жарғыш зат. Күркіреуік сынап* капсюль-тұтанғыштарда және капсюль-детонаторларда қолданылады. Ол азот қышқылымен, этил спиртімен өңдеу арқылы сынаптан жасалады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КҮРЛЕ= е т. ж е р г. **1.** ж е р г. *Күрілдеу, күркіреу*. Ол кезде жазғытұрым болды. Жайық *к ү р л е п* ағатын еді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **2.** а у ы с. *Дәуірлеу, дүрілдеу, қолы журу*. Бес бөлме, жағалай кілем, бір қабырға түгелдей кітап, шетелден келген қымбат гарнитур. Берайда танып отыр, бай тұрған, *к ү р л е п* тұрған адамның үйі (Е.Домбаев,Ғашықтық.). «Бұл жерге өнегелі өмір үлгісін көрсететін егіншілік ісіне жетік ел қондырсаң, *к ү р л е г е н* өлкеге айналар еді» деп көксеген кәрі Бақытжан Екінші думаның мәжілісінде (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

КҮРЛЕН= е т. ж е р г. *Жұқа қабыршақтану, қаймақшу*.Теңізжағасынакелді. Жиек *күрленіп* қата бастаған (Т. Ахтанов, Дала сыры).

КҮРМЕ з а т. ж е р г. *Костюм ішінен киетін жеңсіз киім, көкірекше*. Костюмнің ішінен *к ү р м е* киетіндер де болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮРМЕ= е т. **1.** *Арқан, жіпті, бауды ілгектеп байлау*. Бұзауды бас жіптің бір ұшымен мойнынан *к ү р м е п,* екінші ұшымен қазыққа қазықбау шалып байлайды (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Арқан салып мойнына, Бала *к ү р м е п* алады. Сары ат шошып кетеді. Аспанға көзін тігеді (Батырлар жыры). **2.** а у ы с. *Қарым-қатынасы ажырамастай етіп байланыстыру*. Араларындағы дәнекер боп тұрған соңғы қылдай байланыс та үзіліп түсті. Енді не болмақ? Сол үзілген жерді қайта іліктіріп, қайта *к ү р м е й т і н* Нәзира ғана (Б.Тілегенов, Аққайнар). **3.** а у ы с. *Тежеу, кедергі жасау, еркіне жібермеу*. Бұлар музыка уақиғасының негізгі желісін *к ү р м е п,* кісінің әсерін аздап бәсеңдетеді, негізгі кейіпкерлердің сахнада толық көрінуіне бөгет жасайды (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Арбарында жынмен бір ғой қыз деген, Кім бар екен бұл мінезін білмеген? Болмаймын деп жүрген талай сабаздың Әйел шіркін қол-аяғын *к ү р м е г е н* (Б.Күлеев, Айтшы.). Туралықты білмеді, Әділдік пен адалдық санасына енбеді, Жауыз патша Николай, Бақыт жолын *к ү р м е д і* (Н.Байғанин, Өрісте.).

Күрмеп байлау. э т н. *Арқан, жіпті қолдың басына орап барып әрі берік, әрі тез шешілетін етіп, ілмектеп байлау*. Құландар асау және үркек келеді, сондықтан оларды ноқтаға үйреткенде *к ү р м е п б а й л а у* жолымен үйрету керек (А.Сыздықов, Жылқы өсіру.). Ал *к ү р м е п б а й л а у д ы ң* ерекшелігі сол, мұндай байлау, малдың аяғын еш уақытта қыспайды не өзөзінен сусып шешілмейді (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

Тілін күрмеді. а) *Еркін сөйлетпеді, тілін байлады, үнін шығармады, кедергі жасады*. Біреудің қарғадай баласы ұшып кетсе, не бетімді айтамын деген күдік *т і л і м д і к ү р м е п* тұр (Н.Қазыбеков, Тұсаукесер.). Жалғыз Ақынғұл емес, Гаухарға талай жігіт тамсана қарайды. Бірақ қыздың сыр бермеуі олардың *т і л д е р і н к ү р м е й т і н* (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Ұлым жоқ, жалғыз қызым артымдағы, Ашылмай амал қанша жүр ғой бағы. Аманат, Айдай саған, – деген кезде, Сұм ажал *т і л д і к ү р м е п* алқымдады (Д.Еркінбеков, Шығ.). ә) *Дұрыс айта алмады, тілі келмеді*. Құран тілін жақсы білмегенмен, ол нобайын келтіріп, Құранның басын жарып, көзін шығарып, *т і л і н к ү р м е п* әйтеуір айтып шығатын (М.Дүйсенов, Меймандар).

Ұзынды күрмеп, қысқаны жалғады. *Епті-септеп, өйтіп-бүйтті, амалдады*. Қашан жетілеміз дегенше желкеміз үзіліп кететін де түрі бар, жолдас секретарь, *ұ з ы н д ы к ү р м е п, қ ы с қ а н ы ж а л ғ а п* күнелте тұруды бәріміз де білеміз, бірақ күрмеуге де, жалғауға да жеткізбей жатқан жайлар бар (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр).

КҮРМЕК з а т. ө с. <лат. echinochloa macrocarpa> **1.** *Астық тұқымдасы, қонақ туысына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік; күріш арасында өсетін арам шөп. К ү р м е к* Қазақстанда Қызылордада, Түркістан маңында, Қаратауда, Алматы облыстарының кейбір жерлерінде өседі (ҚҰЭ). *К ү р м е к т і ң* биіктігі 50–150 см. Сабағы тік, түбінен бастап бұтақталған. Ашық көк түсті, жылтыр.

Жапырағы жалпақ, таспа пішіндес (ені 1,5 см), жалаң, кейде түкті, жиектері бұдырлы келеді (ҚҰЭ). Күріштің басты екі жауы бар: олар шиін мен *к ү р м е к* (Ы.Жақаев, Менің бақытым). Күріштің арасында жасырынып, Өскен бір қара *к ү р м е к* айтты тұрып: – Егер де бұл атызда мен болмасам, Кетер еді әлдеқашан күріш құрып (С.Сейтенов, Сапар.). **2.** *Күріштің арасында араласып жүретін дәні.* Күріштің арқасында *к ү р м е к* су ішеді (Мақал).

КҮРМЕКСІЗ с ы н. *Күрмегі жоқ, күрмек араласпаған. К ү р м е к с і з* таза күріш табыңдар, коньяктың бес жұлдызынан болсын, – деді шайхана бастығы (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Тонналап поезд тиеген Арпа, сұлы, тары мен Ақ бидайдың дәні алтын. Күріші бар *к ү р м е к с і з* – Уысында бәрі алтын (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.)

КҮРМЕКТЕ= е т. *Шандып байлау, күрмеу.* Қарт келте тонның етегін көтеріп жіберді де, қалтасынан аузын *к ү р м е к т е п* байлаған дорбасын суырып алды (К.Тоқаев, Көмескі із).

КҮРМЕЛ= е т. **1.** *Ілмектеп байлану, шиелену, түйінделу.* Қаратаз бір ашуланса көпке дейін шешіле алмай, *к ү р м е л г е н* жіптей түйіле беретін (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Дегендейін өлтірмей қоймай тірі, Ұзын дене орап ап бірін-бірі, Шиеленіп, *к ү р м е л і п,* ширатылып Түйін жіптей домалап қалды, міне (Т.Әбдірахманова, Көгершін.). Шешетін сені жұмбақ бар, Қан тамырлардан *к ү р м е л г е н* Жұлқынып ақсын ырғақтар (Т.Медетбеков, Сапар.). **2.** а у ы с. *Бөгелу, іркілу, тосылу, кедергіге кезігу.* Неге екені белгісіз, Сүгір көнетоз күйді жаңғыртпақ болады. Бірақ күй төгіліп кетпей, *к ү р м е л е* береді («Лен. жас»). Ауылдың ақсақалы Әлімжан шал, Жастарға атқа мінген айтты ақыл: – Қорқатын, *к ү р м е л е т і н* дәнеңе жоқ, Малым жоқ деп бәрің де отырып ал! (К.Әзірбаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Тұтығу, күмілжу, ашық айта алмау, сасқалақтап булығу.* Әлдекімдердің үзіле, *к ү р м е л е* шыққан қарсылық үндері ескерілген жоқ (М.Әуезов, Абай жолы). Сөйлеген кісілер көбінесе *к ү р м е л і п,* малтығып, айналшықтап сөйлейді. Көбінесе тура ұсыныс киргізе алмайды (С.Сейфуллин, Тар жол.). Қазір Назықеш қасына келгенде жас жігіт *к ү р м е л і п* қалды. Аузына бір мәнді сөз түспей қойды (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Сол кезде Балағазы тұра алмады, *К ү р м е л і п* не дерін де біле алмады, Құшақтасып, дос көріп жыласын ба, Жас жүрегі қайтерін ұға алмады (И.Байзақов, Құралай.). **4.** а у ы с. *Бүркелу, көмілу, тұншығу, бастырылу.* Бір мезгілде көп шуылдың ішінен күбілжіген, *к ү р м е л г е н* қылдырықтай бір созалаң дыбыс естілгендей болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұлбұл күйі көкейде *к ү р м е л і п,* көмекейде ғана бүлкілдеп қала берді (С.Бақбергенов, Күй). *К ү р м е л д і* тозаң басып күннің көзі, Айғайға ән қосқандай жердің жүзі. Айтбайды қиып тастап кете алмастан, Әмірхан қырғын қылды жалғыз өзі (И.Байзақов, Таңд. шығ.). Ағажан, айтшы шыныңды? Қалмайын өксіп, құр сөніп... Сол сөзбен Дәурен тыйылды, ып-ыстық жасқа *к ү р м е л і п* (Н.Шәкенов, Толқын.).

Тілі күрмелді. а) *Тілі байланды, сөйлеу қабілетінен айырылды.* Анам бірақ жұмған көзін ашпады. Тым болмаса жалғыз ауыз сөзге де келе алмады. Жүрегі сөйлеп, бірақ *т і л і к ү р м е л і п* жатты ғой деп өзім ылғи ойлаймын (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Әуелі жүрегі айнып, лоқсыды, содан соң дірілдеп-қалшылдады. *Т і л і к ү р м е л і п,* ессіз жатты (С.Алдабергенов, Асу.). Келіншектің Сәкенге көзі түсті. *Т і л і к ү р м е л і п* қалғандай ыммен ишарат жасап, үйге кіріп кетті (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). – Не болды, Құрмаш? – Тағы да үн жоқ. Екі қолын ербитіп, аузын нұсқайды. Қасым шын ойланып қалды. Тілі жоқ! Дәрігер енді түсінді, бала бірдемеден қатты қорыққан да, *т і л і к ү р м е л г е н* (З.Шашкин, Өмір.). ә) *Тұтықты, кекештенді, ойын еркін айта алмады.* Ықылас басқа сұраулар бере алмай *т і л і к ү р м е л і п,* кекештеніп қалды (С.Ерубаев, Менің құрдас.). б) *Ойындағысын жеткізе алмады, көп ойланып, бөгеле берді, сөз таба алмады.* Жақсыға құмар жездеңе Естірткі бүгін үніңді. Бір көргеннің бірімін, Мұндай гүлді кім көрген? Мадақтауға сипатың Бармай *т і л і м к ү р м е л г е н* (М.Дулатов, Шығ.). Қайсыбір физика-математика мұғалімі өз пәнін қандай жақсы білсе де, білгенін шәкіртіне жеткізуге келгенде шорқақ, *т і л і к ү р м е л е* береді емес пе? («Қазақст. мұғ.»). Әрине, біз ұғамыз. Дәл сондай бір түрге еніп, Өзіміз де тұрғамыз Кей кезде *т і л к ү р м е л і п* (А.Шамкенов, Сырларым.).

КҮРМЕЛДІР= е т. *Нәшіне келтіру, ой ерекшелеу.* Қазақ орыстың әскерлік қызметі жиырма бес жыл екенін, оны өтегенше үйленуге хақы жоғын білесің, Қанаш, – деді Потанин, «Қазақ сөздерін ұмытқан жоқпын»дегенді білдіргісі келгендей, «қ» әрпін әдейі көмейіне *к ү р м е л д і р е,* байырғы қазақтай шығарып (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КҮРМЕЛЕ= е т. *Күрмеп байлау, шанду. К ү р м е л е п* белді шарт буып, Айсыз бір тұнық түндерде Найзаны көкке лақтырып, Найзамен шаншып жүргенде (С.Жиенбаев, Таңд.). Қос

жабдығы болса да, Қорқып бұғып таймайық. Аяқтарын *к ү р м е л е п,* Артына қолын байлайық (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

КҮРМЕЛУ *Күрмел етістігінің қимыл атауы; тұтығу, күмілжу, шатасу.* ≈ Аяқтарының *к ү р м е л у і.*

Тілінің күрмелуі. *Тұтығуы, күмілжуі, анық сөйлей алмауы. Т і л і н і ң* сәл *к ү р м е л у і н е н* ішіп алғанын білдім (І.Есенберлин, Алтын құс).

КҮРМЕЛУЛІс ы н. *Күрмеліп байланған.* Ой, мынауың ауыр зеңбірек снарядының жарылысы ғой. Иә, иә, мен соғыста емес пе едім? Аяғым неге *к ү р м е л у л і* (Ж. Мусин, Үміт).

КҮРМЕЛІҢКІРЕ= е т. *Тұтығыңқырау, кекештеніңкіреу, күмілжіңкіреу.* Орынғали тағы да дәке құндағында екен. Құлағы жаңа ғана ашылып, *к ү р м е л і ң к і р е п* болса да сөйлей бастапты (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.). Буыны босап, қызыңқырап алған Шегебай, аузы *к ү р м е л і ң к і р е п,* көңілдегісін айтып, қоятын емес (Б.Тілегенов, Көктем.).

КҮРМЕТІЛ= е т. с ө й л. ***Күрмел.*** Тек тірі келдім үйге сүйретіліп. Сөйлеуге тілім келмей, *к ү р м е т і л і п.* Кімге айтам, не деп айтам бір мылқаумын, Бастықтан шыққан солай «үйретіліп» (Қ.Ыдырысов, Жолық.).

КҮРМЕУ[1] з а т. **1.** э т н. *Арқан, жіп байлау тәсілі, қазақша жіп байлаудың бір түрі.* Қазақ халқының арасында арқан-жіптерді байлаудың: *«к ү р м е у»,* «қазық бау», «шие», «өткерме», «ілмек», «тиектеп байлау» деген сияқты түрлері бар (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Жылқыны байлау мен матауға, арқандау мен бекітуге тек *к ү р м е у* ғана қолданылады (Ж.Орманбаев, Қос басшы). Қаз, қаз, балам, қаз балам, Қадам бассаң, мәз болам. *К ү р м е у і ң д і* шешейік, Тұсауыңды кесейік (С.Қасиманов, Өс-өс.). **2.** а у ы с. *Кедергі, тосқауыл, қол-аяққа оратылған қиындық.* Оның көз алдында техника жағынан артта қалған, қиыншылық *к ү р м е у і н е н* шыға алмаған фабрика-заводтар тұрды (С.Мәуленов, Шыңда). Кешегі өткен күндерде, Зарлаумен өткен қызыл тіл, *К ү р м е у і ң д і* күйреткен Елді біл де ерді біл (Н. Байғанин, Өрісте.). **3.** а у ы с. *Түйткіл, түйін, еңсені көтертпейтін шырғанақ кедергі.* Көңілі жұмсақ адамның *К ү р м е у і н* тағдыр шешеді. Рахымсыз, пейілі жаманның Орны дайын деседі (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Іштегі ауыр жараның аузын ашсаң жаның саябыр тауып, көңілден *к ү р м е у,* бойдан сырқау кетеді (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Бейбіт әңгіменің совхоз экономикасына негіз алып тұрған мал шаруашылығынан басталып, *к ү р м е у і* алдағы өз жұмысына келіп түйілгенін аңғарды (М. Дүзенов, Әке.). Автобус сірә тоқтар ма, Ағыза берді ілгері, Түскендей өртеп шоқ жанға, Кетті іште ойдың *к ү р м е у і* (Ә.Жәмішев, Сағым.).

Күрмеуге келмеді. *Келте, шолақ, қысқа болды. К ү р м е у г е к е л м е й,* қысқа қайырылып тұрған бір тұтам өресіз ақылдың барар жері де жоқ болмады. Ақыры келіп, қисық жолды таңдады (А.Байтанаев, Асан). Он бес-жиырма күн дегені әншейін көз қылғандары шығар, әйтпесе осындай *к ү р м е у г е к е л м е с* қысқа уақыт ішінде біткен тірлікті көрген емен (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). *К ү р м е у г е к е л м е й т і н* жаздың қысқа таңы да жақын қалған сияқты (Е.Домбаев, Ғашықтық.).

Күрмеу салды. а) *Бұғалық, тұзақ салды, күрмеп байлады.* Танадай көзі жайтаңдап Жығылып жатқан Сары атқа Шал байпаңдап барады, Арқан *к ү р м е у с а л а д ы* (Батырлар жыры). ә) *Кедергі болды.* – Күн жауып, *к ү р м е у с а л м а с а* нетті (Т.Тобағабылов, Жазира).

Қол-аяғына күрмеу түсті. *Еркінен айырылды, бұғауға түсті.* Ары айт, бері айт, өмір бойы, мәңгі-бақи *қ о л - а я ғ ы ң а к ү р м е у т ү с і п*, қайтып енді тырп етіп аузыңды ашып, жазып ем, жаңылып емдеуге шамаң келмесе, шаруаңның біржола біткені ғой («Лен. жас»).

Қысқа жіп күрмеуге келмеді [қайдан келсін]. *Қолы қысқалық, кедейлік, жоқтық ырық бермеді.* Көктемде тоңып, қыста арып, Титықтап о да болдырды. *К ү р м е у г е к е л м е с қ ы с қ а ж і п,* Осы үйді ағаш қондырды (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Әйткенмен *қ ы с қ а ж і п к ү р м е у г е қ а й д а н к е л с і н,* бір қора жанға бір адамның тапқаны жетпей, Әділбек жоқшылықтан бір құтыла алмай-ақ қойды (І.Есенберлин, Қатерлі.). Ақшасын әне қайтып беремін, міне қайтып беремін деп жүргенде, *қ ы с қ а ж і п к ү р м е у г е к е л м е й,* уақыт өте берді (С.Баязитов, Айдарлы.).

Тілі күрмеу. *Мылқау, ұн-тұнсіз.* Қараса бір жас жігіт өңі жүдеу, Сөйлеуге шамасы жоқ, *т і л і к ү р м е у.* Өң де жоқ, тілі де жоқ, киім де жоқ Батырға лайық па мұны білмеу (С.Әлімбетов, Өлеңд.).

Тілі күрмеуге келді. *Сөйледі, ұн қатты.* Бірақ дәл сол минутта о да қысылды. Соңғы рет *т і л і к ү р м е у г е к е п,* соңғы рет даусы шықты (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Күйген *т і л і м к ү р м е у г е к е л м е й д і.* Даусым да басқаша – қарлығып, тарғыл-тарғыл шығады (Ж.Тәшенов, Алғашқы.).

Тілінің күрмеуін шешті. *Сөйлеуге мүмкіндік берді, сөйлетті.* – Айта ғой, күнім. Тайсалма, – деген ана сөзі Рүстем *т і л і н і ң к ү р м е у і н ш е ш т і* (М.Гумеров, Хазірет.).

КҮРМЕУ[2] *Күрме етістігінің қимыл атауы; бөгеу, тежеу, еркіне жібермеу.* Өмірді өлім

к ү р м е у м е н е н, Өтпек пе екен мәңгі заман? Жоқ, өзіне ақырғы рет Өлім бір күн айтар азан! (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын).

Тілді күрмеу. *Айтпау, үндемеу.* Болар еді аса жайлы маған да Баурым бүтін, қара басым аманда Көзді жұму, *т і л д і к ү р м е у,* үндемеу, Бүліктерін басшылардың тілдемеу (Ә.Тәжібаев, Жартас).

КҮРМЕУЛІ с ы н. **1.** *Күрмеп байланған, байлаулы, шырмаулы, шандулы.* Бекет байқамай жүр екен, шешесі орысша киінуді шығарыпты. Үстінде қысқалау сиса көйлек, оның жағасы шытырма емес, орыс әйелдері құсап әдемі, шашақты жіппен *к ү р м е у л і* (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **2.** а у ы с. *Жағдайы, шамасы жоқ, әлі кеткен.* Екі ай жатып ауырып, Қайғымен қарт өледі. Қысқа қолы, *к ү р м е у л і* Арманда өткен ер еді (Н.Байғанин, Шығ. жин.).

Тілі күрмеулі. *Сөйлемейтін, үнсіз.* Көбелектің тіліндей менің *т і л і м* де *к ү р м е у л і* (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Ол сүйеді, мен де сүйем. Бірақ ғашық *т і л і к ү р м е у л і.* Көз бен көңіл бәрін сайрап айтып беріп тұр (А.Байтанаев, Қайнар.).

КҮРМЕУСІЗ с ы н. *Күрмелмеген, күрмеп байланбаған.* Біздер бір-бірімізге тұсаусыз қосылып, жіпсіз, *к ү р м е у с і з* байланған адамдармыз ғой (Б. Тілегенов, Аққайнар).

КҮРП е л і к. *Бие, сиыр сауғанда ағарғанның шұңғыл ыдысқа құйылуынан шығатын дыбысты және қалың қарды салмақпен басқанда естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.*

Күрп етті. а) *Күрк еткен дыбыс шықты.* Аяғындағы саптама етік біресе көдеден тайғанап, біресе *к ү р п е т і п* қалады (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). ә) *Олжаға белшеден батты, даярға тап болды.* Жәрмеңкешілердің биыл еңселері көтеріңкі. Осы жолы қолдары *к ү р п е т к е л і* тұрған тиімді сауданың еліртіп буына бәрі де әлден семіріп алғандай (Б.Аманшин, Көкжар). – Өмірбаяныңды қоя тұр,– деді Клавдия Петровна – кім басынан қиыншылық өткізбеді дейсің. Рас, мол тұрмысқа *к ү р п е т е* түскен кейінгі жастар білмеуі мүмкін, бірақ тарихта жазылып жүр ғой (Абзал жандар).

КҮРП-КҮРП е л і к. **1.** *Ыдыс толы көпіршіген сүттің үстіне онан әрі мал сауғанда, айранды, қымызды піскенде, су шайқалғанда естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.* Бижамал үндемеді. Сүт шелекке *к ү р п-к ү р п* құйылып жатыр (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Жарау төре енді – Сәруар көрінеу қысылып қалғанда – ұзын тұра денесін жеңіл көтеріп, қаба сақалдың тамағын ісіре жаздаған сабаға барды, соңсоң сабадағы қымызды бес-алты рет *к ү р п- к ү р п* пісіп жіберді (А.Сүлейменов, Бесін). **2.** *Ішіне су кірген аяққиіммен, кең етікпен жүргенде естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.* Тәнзила жеңешем керзі етігін *к ү р п-к ү р п* сүйретіп қырманды айналып жүр (Тұлпар). Үстінде телогрейкасы бар, керзі етігін *к ү р п-к ү р п* басқан ол, кешеден тұрған жуындыны төкпек боп тағы да сыртқа шығып кетті (Ө.Қанахин, Жүрек). **3.** *Омбы қарды, топырақты, құмды салмақ сала басқанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.* Жарқабақты айналып, омбы қарға *к ү р п-к ү р п* түсіп кетіп, Рясниковтың бұғылары келеді (Р.Тоқтаров, Терістік.).

Күрп-күрп етті. *Күрпілдеді күрпілдеген дыбыс шығарды.* Шелек біртін-біртін *к ү р п-к ү р п е т е* бастады. Сөйткен сайын көбік көбейіп, шелек ернеуіне таяп келеді (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.).

КҮРПІК с ы н. *Етженді, мыртық, быртиған.* Жастыққа жантая жатқан молда *к ү р п і к* алақанын Кембаштың иығына сылқ еткізді (Т.Иманбеков, Үш ай.).

КҮРПІЛДЕ= е т. **1.** *Мал сауғанда сүттің ыдысқа күрп-күрп етіп құйылуы, ыдыстағы сүттің шайқалуы.* Фермада *к ү р п і л д е й д і* сауылған сүт, Ол ылғи бұлақ құсап құйылған күт; Кілкіген кілегейлер күбі-күбі, Қайырған сары майлар, неше мың пұт (Ғ.Орманов, Ой қанаты). **2.** *Сабадағы қымыз, күбідегі айранды піскен кездегі күрп-күрп ету.* Моторы бардай, кең саба Түнімен шықты *к ү р п і л д е п,* Жеңгейге енді шаршаған Айып па терін сүртінбек?! (М.Әлімбаев, Балдәурен.). Әр үйде қысыр сауылып, жылтыр қара сабалар ертеңді-кеш *к ү р п і л д е п* пісіліп жататын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **3.** *Қорпылдау, қолп-қолп, күрп-күрп ету.* Сұлтанмұрат іштен айғайлаған соң, сырттағы жігіт етігі *к ү р п і л д е п,* жүгіріп кірді (С.Жүнісов, Ақан сері). Басына орағаны дастарқан ба, әлде ескі одеялдың тозығы ма, аяғында *к ү р п і л д е г е н* баяғы керзі етік (З.Ақышев, Жесірлер). Бекбауыл төрге қарай өрлеп *к ү р п і л д е г е н* көн етігін шешіп, ішіндегі отыны күрілдеп жанып жатқан пештің жанына тастады (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). **4.** *Борпылдау, борау.* Қош кепсің ақ дуана зіркілдеген, Демі аяз, күрсінсе қар *к ү р п і л д е г е н.* Алдыңнан сексендегі құрбың шықты Өзіңмен сырласудан іркілмеген (Пернедегі терме).

КҮРПІЛДЕТ= е т. **1.** *Күрп-күрп еткізіп мал сауу.* Төрт түлікті төлдетіп, *К ү р п і л д е т і п* мал саусақ, Сүт бұлағын селдетіп, Ағызатын он саусақ (М.Тоқбергенов, Жыл.). **2.** *Сабадағы қымызды, күбідегі айранды пісу.* Абайдың артын ала, ілесе келіп жатқан қымызшылар

үлкен-үлкен мес пен сүйретпелерді толтырып әкеп, жаңағы сабаларды кезек-кезек *күрпілдетіп* пісіп жатыр (М.Әуезов, Абай жолы). **3.** *Күрп-күрп еткізіп суды шайқау, малту.* Өзеннің жоғарғы жағынан ғана пароходтың күрп-күрп еткен дыбысы білінеді. Ескек қанат *күрпілдетіп* таянып қалған сияқты (Ғ.Сланов, Замана.). **4.** *Қалың қарды, топырақты, құмды күрп-күрп басып жүру, борпылдату.* Қырлықтың шаңды жолына *күрпілдете* басқан жалпақ табандар, керуен соңынан жеті түнде көзге ілінер-ілінбес боз тозаң – арқан сүйретіп келе жатқандай (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Отамалы жалаң аяғымен *күрпілдетіп* қар кешіп келеді (Т.Жармағамбетов, Екі жүрек). **4.** *Мыжылып, тапталып қалған жастықты, көпшікті т.б. қағып, ішіндегі жүнін кептіру, көпсіту.* Қыз Алмастың парықсыз қобырап жатқан мамық жастығын *күрпілдете* жөндеп қойды (С.Омаров, Қызыл.).

КҮРС елік. *Салмақты нәрсе т.б. құлағанда шығатын гүрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* Нұрғали тұра қашты. Жолындағы қазанға *күрс* жығылды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Сол сәтте зорға тұрған шаңырақ жігіттің үстіне *күрс* құлай, жалтара берген оның шекесін соғып өтті де, жалаңаш бесікті құшағына алғандай сақырсұқыр зар шеге жауып қалды (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.).

Күрс берді. *Күп берді, қойып кетті.* Қараңғыға *күрс беріп* жан-жағына қармана құлағанда қолына еш нәрсе ілінбей, жамбасымен ұшып түсті (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Күрс етті. а) *Гүрс етіп құлады.* Аяғын өзі тұрған тақтайдың бойымен баса беріп еді, *күрс етіп* төменге құлап түсті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жау тепсініп келіп, қамшысымен тартып қалғанда, ежелден бойға біткен жасқаншақтықпен өз ісін өзі тентек, өрескел көргендей, оп-оңай жасып қалып, шошып барып аттан *күрс ете* түсті (М.Әуезов, Қараш.). ә) *Тарс етті, атылды.* Сол уақытта асығып тұрған саусақ, жіңішке суық темірді нығыздап қысып қалғанда, қарғыс оғы *күрс етті* (М.Әуезов, Қараш.). Оқ *күрс ете* қалғанда, Теміртай естен жаңылды. Кең дүние сол кезде Ол сорлыға тарылды (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

КҮРС-КҮРС елік. **1.** *Салмақты зат бірінен соң бірі жалп-жалп құлағанда естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.* Қандай епті, шапшаң адам болса да *күрс-күрс* құлап түрған мынау қомақты балшықтардан толас тауып, шығар ауызға өтіп болар емес (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім). Бұл ыстықта, от-азапта қай тірі жан шыдайды, Күн өткесін басы айналып *күрс-күрс* жерге құлайды. Түске дейін қырық мың адам түгел құлап бітеді, Түстен кейін қырық мың адам орнына кеп тұрады (Ж.Қыдыров, Нұр жаусын.). **2.** *Оқ атылғанда шығатын тарс-тырс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* Айнала оқ зуылдап, снарядтар түн қараңғысын қақырата қақ жарып, *күрс-күрс* жарылып жатыр (Б.Момышұлы, Москва.). **3.** *Ауыр затпен (кетпен, балға т.б.) күш сала ұрғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.* Ұсталардың көрігіне шейін машина басады, электр балғасы *күрс-күрс* ұрып тұр (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім). Қара кетпенді *күрс-күрс* ұрады құлаштап (А.Нысаналин, Алыста.).

Күрс-күрс етті. а) *Күрсілдеді, гүрсілдеген дыбыс шықты.* Пісілді *күрс-күрс етіп* қара саба, Даусына жаңғырықты мидай дала, Құйылып сары қымыз сапырылып, Шүпілдеп көбіктене толды шара (С.Мұқанов, Таңд. өлең.). ә) *Ырс-ырс етті, ентігіп дем алды.* Бәйбіше қайда? Ақбілек қайда? – деп көзі шарасынан шығып, Мамырбай отағасы *күрс-күрс етті* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮРСІ [ар. كرسى] зат. көне. **1.** *Орындық, жайғасып отыруға арналған жиһаз.* Әртүрлі тастар оюласу-қиюласуынан құралған әсем сарайдың алтынмен, күміспен, асыл тастармен безелген тақтары, төсектері, сандықша отырыс, *күрсілері* көп бояулы көріктерімен көз тұнжыратады (М.Әуезов, Индия очерк.). *Күрсі* – орындық (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** *Тақ, мінбе.* Шатырда алғашқы табысқа көңілі тасығандай, патшасы алтын *күрсіде* жан-жағына сардарларын жинап, шарап ішіп отыр еді (Мың бір түн). Ертеңді-кеш ақылдан адасады, Қай түрлі қып айтсам да, жарасады. Ауызынан «аһ» дегенде, шыққан түтін, Ғаршы менен *күрсіге* таласады (М.Ж. Көпеев, Шығ.). Орын сайлап қойыпты тақсыр ерге, *Күрсі* орнатқан жоғары, жақсы жерге (Бабалар сөзі// Діни дастан.). **3.** *Құран т.б. діни кітаптарды қоятын қойғыш.* Енді мұсылман діні араласып, *күрсіге* мініп Құран келді (С.Талжанов, Сейфулла.). Астымызға тоқым төсеп, алдымызға *күрсі* құрып, әптиекті түрткішпен түртіп, таңның атысынан, күннің батысына шейін оқимыз (М.Тоқжігітов, Құран тур.).

КҮРСІЛ зат. *Күрс-күрс еткен дыбыс, кенеттен жаңғырған күшті дыбыс, гүрсіл.* Көз ұшында, Қожыр тауының түбінде, тар сағада *күрсіл* естіледі. Сеңмен кәрі дүлей күш пен өнер күші алысып жатыр. *Күрсіл* үдеп, су төмендеп барады (Ғ.Мұстафин, Миллионер).

Ол түнгі уақиғаның басталып қалғанын шамалап үлгергенше болмай винтовканың қатар шыққан қос *к ү р с і л і* қара түнді қақ жарып, мызғып қалған даланың көзін ашып жібергендей, отты демі жарқ ете қалды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

КҮРСІЛДЕ= е т. **1.** *Күрс-күрс ету, гүрсілдеу, тарсылдау.* Майданда *к ү р с і л д е д і* зеңбіректер, Көк жүзін қаптап құрыш самолеттер. Қап-қара бұлт басқандай күннің көзін, Қаптады жан көрмеген кереметтер (С.Машақов, Жылдарым.). Енді бүгін біржола *Күрсілдеген* тынды атыс. Күрсінді де дем алды, Күркіреген күнбатыс (С.Мәуленов, Таңд. өлеңд.). Музыкалар ойнайды, Күңірентіп жерді сайрайды, *К ү р с і л д е й д і* барабан (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **2.** *Ауру адамның қиналып дем алуы, ыңқылдау, ентігу.* Ол сол әдетіне басып ыңқылдап, *к ү р с і л д е п,* ыңырсып, өлім халіндегі адамдай бола қалды (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Көкем ыңқылдап, *к ү р с і л д е п,* ауру адамға ұқсап үздігіп, қайта-қайта кейіп отырып, осы үйдегі топырлаған баланың жыртылған аяққиімін жамайды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). **3.** *Ырсылдау, ырылдау, арсылдау.* Бірақ екі тазының жүгірісі үдей түскендей, тілдері салақтап, анда-санда арс етіп, *к ү р с і л д е п* ұмтылғанда, қасқыр жан қоярға жер таба алмай далбаңдайды (З.Ақышев, Жесірлер). Алты ұлы бар еді, Алтауы бірдей бөрі еді, *К ү р с і л д е г е н* неме еді (Қамбар батыр).

КҮРСІЛДЕК с ы н. *Күпілдек, мақтаншақ.* Қайырлы Байбұландай байың қайда? Бұлардың нұры балқыр туған айдай. *К ү р с і л д е к* омырау соқпа неме екенсің, Мұнымен жеңемін деп ойламағын. Дәметкен сенің дағы кеудең қайда? (Жамбыл, Шығ.)

КҮРСІЛДЕТ= е т. **1.** *Қатты күшпен ұрып, күрс-күрс еткізу, жер-дүниені жаңғыртып гүрсілдету, тарсылдату.* Тістенген бойы басын көтеріп, белін жазды, тағы да *к ү р с і л д е т і п* шаба берді кетпенді, арши берді көне жерді шіріген қауашағынан (Тоғызыншы шежіре). *Күрсілдеткен* зеңбірек Сартылдаған пулемет, Өлтірді нелер боздақты (Қаз. әдеб. хрестом.). **2.** *Сабадағы қымызды пісу, сапыру.* «Болыстың сабасы осылай пісіледі» дегізгендей құлашын кере-кере, түйіп-түйіп, түбін түсіре, *к ү р с і л д е т е* піседі (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** *Қытыр-қытыр еткізіп, күтірлетіп жеу. К ү р с і л д е т і п* алма жеп отырған кішкентай қарындасым мұрнын бір тартып қойды (С.Мұратбеков, Жабайы.). Үш ақбоздың мына *к ү р с і л д е т к е н і* – Мұқағалидың сұлысы (А.Сүлейменов, Бесін).

Күрсілдете соқты. с ө й л. *Күтірлетіп, сүйсінің жеді.* Жұмыскерлер жайласып, нанды *к ү р с і л д е т е с о ғ ы п,* шайларын ұрттап отырды (С.Сейфуллин, Шығ.). Шанаға жегіп келген күрең ат жылы жабуланып, ақырдағы көкпеңбек пішенді *к ү р с і л д е т е с о ғ ы п* тұр екен (Ғ.Орманов, Жүрек).

КҮРСІН= е т. *Адамның өз қайғы-қасіретін, өкініш-ренішін, сағынышын т. б. дем алысы арқылы білдіруі, аһылап-үһілеу, көкірегі қарс айырылу.* Әжесі ұқты да, *к ү р с і н і п,* Абайдың бетіне таман төніп кеп маңдайынан ұзақ иіскеп отырды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Міне, сол мұңын, өз басының бітеу қайғысын бұл Кавказға толық айтты. Айтты да, ауыр *к ү р с і н д і.* Кавказ қоса күрсінді (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Айсұлудың *к ү р с і н г е н і,* Күрсінгенде алған демі, Адам тұрсын, тауға батты (Ә.Тәжібаев, Шығ.). Камила елін бір көруді арман қып *к ү р с і н г е н д е,* Ақбілек ұялып, «өтірік мақтанып отырмын-ау» деп ойлады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮРСІНДІР= е т. *Қайғы-қасіретке батыру, тұнжырату, аһылап-үһілету, көңілін күпті ету.* Балалық өмірдің біраз кезеңдерін көзге елестетіп, *к ү р с і н д і р е т і н* жер (Б.Майлин, Шығ.). Жүректегі тылсымды ұқ, мені ізде, Көкірегімде тұрсың күліп, тек ізде. Арманымның гүлі етейін өзіңді, Бар жігітті *к ү р с і н д і р і п* мені ізде (С.Иманасов, Ақ айдын). «Жар дегенде жалғыз әкем мені жек көрсе, енді мен кімге сиямын?» деп қайғырды. Міне, ендігі ауыр *к ү р с і н д і р е т і н* жаңа қайғы осы еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮРСІНТ= е т. **1.** *Әр нәрсені ойлап күрсінуге мәжбүр ету, көңіліне қаяу салу.* Нәзік үнді, биік көмей Қасымнан үзілтіп әнін бітіргенде, талайды *к ү р с і н т е д і* (Ш.Құмарова, Қос шынар). **2.** а у ы с. *Қапы қалдыру, сан соқтыру, сағын сындыру, өкіндірту.* Достарды жақсы қуантып, Дүшпанды мықтап *к ү р с і н т т і м.* Ойлаған ойым мың артып, Маңдайдан терді бір сүрттім (І.Мәмбетов, Өсиет).

КҮРСІНУ *Күрсін етістігінің қимыл атауы; қайғыру, мұңаю, аһылап-үһілеу, қамығу.* Ғаббастың көптен күтіп, нысанаға алған жеріне Ғайша күлкі, қалжың, *к ү р с і н у* арасында созылып келіп, жаңа ғана жеткендей (М.Әуезов, Қараш.). Қол созып бірде жыр-сұлу, Жүгіріп өттім белеңнен... Арқамда күлкі, *к ү р с і н у,* Соқпақпен жылжып келем мен (Ж.Сәтібеков, Далада.). Адам сезімнің ішкі қайшылығы, өте нәзік психологиялық өрнек, аһ ұра *к ү р с і н у,* шексіз ынтығу, сағыну, жеру, қайта аңсау,

жаның қылбұрауға түскендей ышқыну – бәрі-бәрі шағын әңгіменің өн бойына шебер өрілген («Қаз. әдеб.»).

КҮРСІНІС з а т. *Қайғы-қасіретке, өкініш, ренішке, сағынышқа толы дем алыс, ah-уһ.* Азаматтар кеткен ауылда не көрік болсын, *к ү р с і н і с* көбейіп, көңілсіздік басты (А.Хангелдин, Қараторғай). Екеуі де ішкі толқыныстарын бір-біріне сездіргісі келмей, ұйықтаған болып жатады, бірақ әлсін-әлсін кеудеден шыққан *к ү р с і н і с* ояу жатқанын білдіріп қояды (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Уа, тыныштал, ол кім, көзге жас алған? *Күрсіністер* тынсын мүлде, зар өшіп. Асқақ үнмен бізге таныс қашаннан «Жырлай бермек, жолдас Тайыр Жароков!» (Ә.Сәрсенбаев, Баспалдақ.).

КҮРСІНІС= е т. **1.** *Ауыр дем алып, аһылап-ұһілеп қамығысу, мұңайысу.* Жұрт базар құрып біраз әңгімелесіп, салдары суға кеткендей, ауыр-ауыр *к ү р с і н і с і п* бірте-бірте тарай бастады (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Екеуі де бір-біріне қарап, ауыр бір *к ү р с і н і с т і* де, Төлеухан қойды өргізе жөнелді (А.Хангелдин, Алғыс). **2.** а у ы с. *Мән-жайды түсінбеу, аң-таң болу.* Жаны бар ма?.. Қалай қозғалып тұр? – деп тамсанысқан, *к ү р с і н і с к е н,* ішін тартқан бір топ елдің ортасында көзі жайнаңдап, етті ернін анда-санда бір жымырып, ақсарылау жаңа өспірім қыз ауыз жаппай сөйлеп тұрды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮРТ[1] зат. мал шар. *Жоңмен үлектен туған түйе.* Нар маяны үлекпен шағылыстырудан туған бірінші ұрпақты жоң, екінші ұрпақты *к ү р т* деп атайды (Малшыларға кеңес). *Күрт* – нар маяны үлек бурамен (сыңар өркеш түркімен түйесі) будандастыру арқылы алынатын түйе буданы (ҚҰЭ). Оңтүстік Қазақстанның түйе шауашылықтарында нар маяға үлек шөгеріп, онан жоң, ал жоңға үлек шөгеріп *к ү р т* алады (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). *К ү р т* пен жоңдердің сүттілігі аруанаға, ал жүндестігі мен сүтінің майлылығы қос өркеш түйеге тартқан (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру).

КҮРТ[2] ү с т. **1.** *Бірден, тез, кенет, лезде.* Осы жерге келгенде шал кенет демігіп кетті де, бейне көмейіне бірдеме тұрып қалғандай *к ү р т* тоқтады (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Бәрі де бұлай ойламаған жерден *к ү р т* бітеді деп кім білген (М.Жұмағұлов, Қыран.). Кірген емес түк ішіме Отырамын босқа тыңдап. Бір қараңғы түн ішінде Шешілді *к ү р т* әлгі жұмбақ (Ә.Оңалбаев, Өсиет). **2.** *Шұғыл, жедел.* [---] Еліміздің өнеркәсібі *к ү р т* дамыды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Алқапты сумен жеткілікті қамтамасыз ете отырып тыңайтқыштарды пайдалану картоптың шығымдылығын *к ү р т* арттырудың күшті құралы болып табылады (Б.Шағыров, Картоп). Егер топырақ құрамы *к ү р т* төмендеп кетсе, бір жылдан соң-ақ топырақ ауыстыру керек болады (Д.Әбілев, Помидор). **3.** *Ерекше, тосын.* Ал «Талпақ танау»— коллективтік шаруашылық жағдайындағы шаруалардың сана-сезімдеріне ене бастаған *к ү р т* жаңалықтарды бейнелеуге құрылған әңгіме (С.Қирабаев, Октябрь.). **4.** *Күтпеген жерден, төтенше, аяқ астынан, оқыс.* Келді бір күн *к ү р т* індет, қойға тиді топалаң. Ұшты сиыр дүркіреп, Бұтадай, тез отаған (Қ.Бекхожин, Ардагер.). Жанұзақ жалғыз. Кейінгі кезде мұрт-сақалы өсіп, жағы да сорайып, оңі жүдеу тартты. Мүмкін, бұл ауыр жұмыстың, *к ү р т* қимылдың әсері шығар (Т.Есімжанов, Дала.). **5.** а у ы с. *Морт, оғаш, тоң.* Әрине, ол қайсар, бір бет, *к ү р т* мінезді адам екені белгілі болатын. Бірақ ол мінезін себепсіз көрсеткен емес (С.Бақбергенов, Кентау). Қатты толқыған Махамбет өзін-өзі билей алмай, айналаның бәрін ұмытқандай, орнында әлі тұр. Жүзінде кезек алмасқан *к ү р т* ашу, мысқыл ыза бар (Б.Аманшин, Жар мұңы). Көк долы, дейді, мені жұрт, Мойындау керек, дұрыс сын. Кейде ашуым тым-ақ *к ү р т,* Алайда елге ырыспын (Ә.Сәрсенбаев, Миллиард.)

Күрт кетті. а) *Тез, жылдам кетті.* – Көп жатқан қар *к ү р т к е т е т і н* болды, – дедік Қазанғап екеуміз Пішенбайға, – су келіп қалып, біз бер жақта қалып қоймалық, кетейік (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.). ә) *Бірден ашуланды, дөрекі мінез көрсетті.* Бұл арада ол мінезі жақсылыққа бастамайтынын білсе де, бұрын әртүрлі адамдармен істес болмағанын, ысылмағанын көрсетіп, шыдай алмай, жігітіміз *к ү р т к е т т і* (М.Иманжанов, Көк белес). Ұзын сөздің қысқасы: сүттей ұйып отырған екеуінің арасына әлгідей жарықшақ түскеннен кейін Үміт дегенде еш қиянат ойламайтын Меңдеш жаман жүдеді, бірден *к ү р т к е т т і* (Б.Аманшин, Жар мұңы).

Күрт сынды. а) *Морт кетті, бірден сынды.* Сол қолының сүйегі *к ү р т с ы н ғ а н* сержант Нечипорды сүйемелдеп, ол медсанбатқа кетті (Ж.Тәшенов, Алғашқы.). ә) *Бірден мойыды, қатты жасыды, жүні жығылды.* Өмір бойы қиындық көрмей бұлан боп өскен жігіт күйрек екен. *К ү р т с ы н ы п,* жүнжіп кетті (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). – Саша, қысылма! Шыныңды айт. Қандай ауырлық болса да көтеруге алдыңда ант етемін. *К ү р т с ы н а т ы н* кісің мен емес, – деді Бақыт (Т.Жанкелдин, Партизан.).

Күрт түсті. *Бірден мойыды, жүні жығылды, жасыды.* Әсіресе, Құдай қосқан қосағының ауруы әбден дендеп, беті бері қарамасына көзі жете бастағалы *к ү р т т ү с і п* кетті (М.Дүйсенов, Мейман.).

Күрт түсу. *Бірден жасу, жүні жығылу, мою, көкірегі тұсу.* Қара көсенің мұншама қажып *к ү р т т ү с у і* неліктен? Кеудесіне нан пісіп жүрген адам емес пе еді? (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

КҮРТ[3] е л і к. *Қатты нәрсе морт сынғанда, бірден, тез үзілгенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.* Ал қағы мұз боп қатқан *К ү р т* егерде Жарылып қала берер жүрт өтерде. Тұратын сияқты ғой Алматыда Жаз бен Күз, Қыс пен Көктем Бір пәтерде! (Қ.Мырзалиев, Ақ отау).

Күрт етті. *Күрт еткен, тырс еткен дыбыс шығарды.* Алып ағаш туған жерін соңғы рет басып жатыр. Күре тамыры *к ү р т е т і п* үзіліп кеткенше өмір бойы сапта тұрып, соңғы деміне дейін адам баласына қызмет еткен қарт солдат сияқты (Бәйшешек).

КҮРТЕ з а т. *Былғарыдан не сырттық матадан астар салып тігілген қысқа сырт киім.* Үстінде сырмалы шолақ *к ү р т е,* басына қара қалың шәлі жамылып алған екен (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Райхан терезе жарығына жақындап, жуан тебен инемен брезент *к ү р т е с і н і ң* түймелерін өзіне шақтап қайта қадап отыр екен (Р.Әутәліпов, Той тарқар). Аяғына етік, үстіне мақталы *к ү р т е,* басына құлақшын киген Әсемқұл сырт қарағанда ат жақты, қызыл шырайлы жігіт бопты да қалыпты (С.Алдабергенов, Асу).

Күрте көйлек. *Қалың, жылы көйлек, гимнастерка.* Жағасыз бешпеттер, қарапайым *к ү р т е к ө й л е к т е р* жақсы талғаммен көңілге қонымды пішіп-тігілген («Лен. жас»). – Күнтайым-ау, *к ү р т е к ө й л е г і ң д і* кимейсің бе? – Жағасын тігіп болсаңыз, киейін, – деді де, әжесінің қолынан алып гимнастерканы дереу киіп алды (С.Омаров, Өмір.).

КҮРТЕ: **күрте қар**. с ө й л. ***Күртік қар.*** – Әлі де алда біраз жол бар. *К ү р т е қ а р* болса, аяқбайлау болып келеді («Лен. жас»). Деп Сергей түрте басты *к ү р т е қ а р д ы* Екеуі сыр кеңесін кілт доғарды, Кездесіп жүк тасыған машинаға Отырды, қар боратып кете барды (Қ.Бекхожин, Ақан Ақтаев). Сары аяз – бейне шуақ жаз, *К ү р т е қ а р* – көрпе, құс төсек (Д.Әбілев, Таңд. өлеңд.).

КҮРТЕҢ: **күртең қақты**. ж е р г. *Жедел қимылдады.* Кешкі көлеңкеде *к ү р т е ң қ а қ қ а н* көп жасақшы жетіп жығылып, сай сағасына тығылды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

КҮРТЕШЕ з а т. *Қысқалау, кішірек күрте.* Көйлексіз, жеңсіз *к ү р т е ш е* тонды жалаңаш етіне киіп алып, Айранбай ескілеу етікті бастап жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Үстіне мақталы *к ү р т е ш е* киіп алыпты. Өзіне үлкендеу, кемпір апасынікі болу керек (Т.Тобағабылов, Жазира).

КҮРТКЕ [лат. curtus] з а т. с ө й л. ***Күрте***. Жол айырығына екі әйел шығады. Бірі аяғына жайдақ етік, үстіне былғары *к ү р т к е* киген Ажар, екіншісі – Бойжеткен (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Сол әйел сұңғақ бойы тік, Үстінде *к ү р т к е* түймелі. Шолақ қоныш қара етік Аяғына кигені (Т.Жароков, Шығ. жин.).

КҮРТ-КҮРТ е л і к. **1.** *Қатты нәрсені, шөпті шайнағанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.* Бурыл жас шөпті *к ү р т-к ү р т* күйсейді (О.Бөкеев, Үркер). Өгіз айдаушысының сөзін құптағандай, мүйізін шайқап қойып, көктем шөбін *к ү р т-к ү р т* жұла берді (Қ.Исабаев, Соңғы.). Қайқайып пиман басы көлік айдап, Салдырап қатқан тоның сорың қайнап, Жайланып ас ішуге шамаң келмей, Суықта қатқан нанды *к ү р т- к ү р т* шайнап (И.Байзақов, Құралай.). **2.** *Беті қатайыңқырап, ныгыздалып қалған қармен жүргенде естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.* Қалың табан қызыл етігімен қарды *к ү р т-к ү р т* басып, қалаға баратын тура жолға түсті (С.Бақбергенов, Адам.). Таптаурын сүрлеу-соқпақтай емес, тұяғы батып, *к ү р т-к ү р т* ойылған сүрі қарға шығысымен, атым әлгідей шаба алмады (Ф.Дінисламов, Көл жағасы.). Іле тас түйін кейіптегі ықшам ширақтықпен қаңтардың үрінді қарын *к ү р т-к ү р т* басып, жүгіріп кетті («Лен. жас»). **3.** *Құраған заттың, бұтаның сынған, үзілген кезінде естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.* Қараған-бұта жалпақ табан астында *к ү р т-к ү р т* сынады (К.Сегізбаев, Ашыл. сыр). Сарғайып құрап кеткен изен, адыраспан, жусандар аяқ басқан сайын *к ү р т-к ү р т* үзіліп түседі (Т.Әбдіков, Көкжиек).

Күрт-күрт етті. *Қайта-қайта күртілдеген дыбыс шықты.* Ағаш арасында дым дыбыс жоқ. Тек ұзақ жатқан қар ақырын басқан аяғының салмағымен ойылып, *к ү р т-к ү р т е т е д і* (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Бірқалыпты *к ү р т-к ү р т е т к е н,* оқта-текте осқырынған дыбыстар естіледі («Қаз. әдеб.»).

КҮРТКІ з а т. с ө й л. ***Күрте***. Қолпаңдаған *к ү р т к і,* етік, Әкесінің киіміндей. Бірақ бала бұлт-бұлт етіп, Келеді оны, бұйым демей (Ж.Молдағалиев, Поэма.). *К ү р т к і,* шалбар кигені, Қара бөркі басында. Жігіт емес, қыз екен, Келген соң білдім қасына (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

КҮРТПАН з а т. ж е р г. *Төртбақ, жүндес келген будан түйенің азғындаған түрі.* Кешкісін әлгі кісі *к ү р т п а н* мініп, ауылға жетіпті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮРТТІК з а т. *Дөрекілік, тоңмойындық, бірбеткейлік.* Мінезінің *к ү р т т і г і н е* қарамастан, осы бір сұңғақ бойлы, жас жігіттей ширақ қимылды ақ бас адамды жұрттың бәрі де жақсы көретін, сыйлайтын, талантына бас иетін («Қаз. әдеб.»).

КҮРТІК[1] з а т. *Нығыздалған, соқталанған қар; қар үйіндісі.* Алыс жиек қана емес, жақын жерлердің өзінде де ирек-ирек *к ү р т і к т е р* үстінде түтіндей, құйындай бұралып шалқи түсіп, жаяу боран – ақ жорға жүре бастады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Белден батып *к ү р т і к к е* Енді ізде қызыл су. Баланы күміс дауыстан Кім тоқтатар, кім тыяр? (М.Жұмабаев, Шығ.). Сәндендер Тілегенді ақ кебінді, қалың орманның ортасына алып барды да, белдеріндегі қалақтарымен *к ү р т і к т і* ойып, Тілегенді тыға сап, бетін жауып жүре берді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Сықырлайды дала қар, Өкшең тисе ойбайлап, Ойнайды, дөңде балалар, *К ү р т і к к е* малтып борбайлап (Д.Әбілев, Алтай асу.).

Күртік қар. *Қалың омбы қар.* Ықтасын жақтағы терезені *к ү р т і к қ а р* белуардан көміп тастады (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Дала боран, сақ-сақ күліп, Жол үстінде салды ойнақты. Қалың *к ү р т і к қ а р д ы* үйіріп, Кәрленеді кейде қатты (Ө.Жайлауов, Шопан.). Жеті түн тынымсыз соққан боран бүкіл қаланы *к ү р т і к қ а р м е н* көміп салды (Ә.Әбішев, Замана.).

КҮРТІК[2] з а т. ж е р г. *Етке салатын нан, жайма. К ү р т і к* бидай, жүгері, тары ұнынан илене береді. Осыған байланысты бидай *к ү р т і к*, жүгері *к ү р т і к* деп аталады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮРТІКТЕН= е т. *Нығыздану, соталану, тығыз қабатталу.* Жел үріп айдап кеткен қар *к ү р т і к т е н і п,* сай-сайды бітеп тастаған (О.Бодықов, Бұлбұл). Қар да едәуір қалыңдап *к ү р т і к т е н і п* қапты, кей жерде тілерсектен келсе, кей жерде аяқ тізеге дейін кіріп кетеді (С.Мұратбеков, Көкорай).

КҮРТІКТІ с ы н. *Күртік қар басқан.* Күн шуақта бетін құм сипаған *к ү р т і к т і* тұстардан бу көтеріледі. Қар жауған кезде-ақ, жел айдап әкеткен шағылдардың басында дембіл-дембіл құм шұбырады (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

КҮРТІЛ з а т. *Күрт-күрт еткен дыбыс.* Түнгі жол – ұзақ, жеткізбейді. Ат тұяғының *к ү р т і л і,* шана сырылы, жел үілі (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Күртіл қақты. *Күртілдеді.* Партком жігіт айғайлап еді, *к ү р т і л қ а қ қ а н* мұз дариясының ортасында кеткен Дәулетханға дауысы жетпеді (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.)

КҮРТІЛДЕ= е т. *Күрт-күрт ету, мұз ойылғанда тырс-тырс етіп дыбыс шығу.* Осы жылдың алғашқы жауған ақша қары беті мұздақтап, жалтырап, ат аяғына *к ү р т і л д е п* ойылып келеді (М.Қаратаев, Далада.). Сеңді ұрып сең *к ү р т і л д е п,* Ақ бурадай күркілдеп Кейде көбік атады, Кейде шатырлатады Мұзды жарып талқандап! (Т.Жароков, Мұз.).

КҮРТІЛДЕК с ы н. *Кіртілдек, күрт-күрт сынатын, морт сынғыш.* Уақ мал үшін қорада берген тау-тау шөп пен астау-астау жемнен гөрі өз аяғымен бір-бірлеп теріп жеген *к ү р т і л д е к* жусаны мың есе артық (Д.Исабеков, Мазасыз күн.).

КҮРТІЛДЕТ= е т. *Күрт-күрт еткізу, күтірлету.* Әлсіресін деп түлкіні аяқпен қабырғадан басып қап, *к ү р т і л д е т і п* қабырғаларын сындырдым (Ш.Айманов, Қыран.).

Күртілдетіп жеді. *Күртілдетіп, құшырланып, бұралақтатып жеді.* Роберт рюмканы ауызына төңкере салды да, сосисканы *к ү р т і л д е т і п ж е й* бастады (Қ.Исабаев, Соңғы.). Күрке сыртында аттар құрғақ пішенді *к ү р т і л д е т е ж е п* тұр (Б.Момышұлы, Шығ.).

КҮРТІЛДЕТУ *Күртілдет етістігінің қимыл атауы, күтірлету, күрт-күрт еткізу, шайнау, жеу.* Алдында келе жатқан екі адамның жандүниесіндегі құбылыстан бейхабар тор төбел баяғы сол шөп басын ернімен шүйіріп алып рахаттана *к ү р т і л д е т у м е н* келеді («Лен. жас»).

КҮРТІНЕН ү с т. с ө й л. ***Күрт.*** Кенеттен жылынған көктем күні қарды *к ү р т і н е н* ерітті (Көктем лебі).

КҮРТІС ү с т. с ө й л. *Күрт, тез, жедел.* Неше күндей қасарысып, терісінен соққан жел саябырлап, енді бүгін оңынан шығып, өкпек жел қарды *к ү р т і с* ерітті (Х.Әбішев, Аспан сыры).

КҮРШЕК[1] [ор. крючок] з а т. *Ілгішек, ілгек.* Осы бойымен кіріп келмекші ме? «Қой енгізбеймін!» – деді Мәлике *к ү р ш е к т і* іліп (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Әлгі кісі барды да есіктің *к ү р ш е г і н* салып қойды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮРШЕК[2] [ор. горшок] з а т. *Құмыра, қыштан жасалған тұрмыста пайдаланылатын ыдыс.* Үлкен қара *к ү р ш е к к е* ет асыпты (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Картоп қабы үстінде Бөрене жатқан сенекте, Көмірі *к ү р ш е к* ішінде, Тауығын қамап шелекке (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

КҮРШЕКТЕ= е т. *Күршегін салу, ілгішектеу.* Шолпан бөгелмей төргі бөлмеге өтті де, есікті *к ү р ш е к т е п* жауып алды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

КҮРІК: күрік болды. *Тауықтың, күркетауықтың жұмыртқа басатын уақыты жетті.* Осында *к ү р і к б о п* жүрген бір тауық бар еді, он шақты балапанды бөліп алып, соның бауырына салдым (О.Әубәкіров, Сиқыр). Ол тұрған кезде *к ү р і к б о л ғ а н* уақытта түсіп қалған жұмыртқаны бауыр жүнімен жауып кетеді (Ж.Әбиев, Биология.) Көзі қызарып, *к ү р і к б о л ғ а н* күркетауық көз алдына балапан елестеп, денесі жаздырмай құрысып тұрғанда, жұмыртқа талғауға шамасы да келмеген (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.). Кәдімгі мекиен тауық Көп жұмыртқа тауып, Жазға дейін жүріп-жүріп, Бір күндері *б о л д ы к ү р і к* (Ш.Смаханұлы, Ұры.).

КҮРІЛ з а т. *Күр-күр еткен дыбыс, гүріл.* Жер мен көктің жапсарында, сонау алыстағы қара түнектің ішінде нажағай жарқылдайды, *к ү р і л* естіледі (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Гармонь сазына ілескен солдат әні әлдеқайда ұзай түскен ауыр артиллерияның *к ү р і л і н е* барып ұласады (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

КҮРІЛДЕ= е т. **1.** *Найзағай ойнаған кезде аспан жаңғырықкан күшті дыбыс шығу, күркіреу.* Күн іш тартып *к ү р і л д е п,* Көкте ойнатты жасынын, Құя салды дірілдеп, Ақ сөлі мен ашуын (С.Мәуленов, Қызыл арша). Жел күшейгеннен күшейді. *К ү р і л д е д і,* дүрілдеді. Секіріп биледі. Өкіріп тулады. Пысқырынып, ысқырынып, қарды бұрқыратып боратты. Алай-дүлей қылды (М.Жұмабаев, Шығ.). Көктемдегі бозторғайдың үнінде *К ү р і л д е г е н* күннің даусы, Дірілдеген гүлдің даусы тұрады. Ұсамайды ол өзінен өзге мың үнге, Ұнатпайды ол басқа үндердің бірін де (С.Мәуленов, Найзағай). **2.** *Мотордың гүрілдеуі, оталу.* Күндегідей қызыл шапақтанбай, әуелгі кезде көгілжім тартып, енді бірден-бірге қарауытып бара жатқан батыс аспанынан *к ү р і л д е г е н* мотор даусы естіледі (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Электр жарқылдап, трамвай *к ү р і л д е п,* көк ұшқын атып терезені, қабырғаны дірілдетеді (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Жер жиегін ысырып, экскаватор *к ү р і л д е п.* Тасты шайнап түсіріп, Ыршытып жатыр біріндеп (З.Қалауова, Таңд. шығ.). **3.** *Сарқырау, күркіреу.* Сарқыраманың *к ү р і л д е г е н* даусы 25 километр қашықтықтан естіледі (С.Орынбаев, Геогр. ғажайып.). Желсіз түнде жарық ай. Сәулесі суда дірілдеп. Ауылдың жаны – терең сай. Тасыған өзен *к ү р і л д е п* (Абай, Тол. жин.). Бара жатыр жас Абай Соғады жүрек «Жүр! Жүр!» – леп, Ағады тулап, құлап сай, Қарауыл – өзен *к ү р і л д е п* (Д.Әбілев, Ой. толқын.). **4.** *Жуан дауыспен ұн қату, гүжілдеу.* Халалға ойламайды шыдайын деп, Арамның түбі болар уайым деп. Күнде жау боп, *к ү р і л д е п,* жұлысады, Тек отырған бір жан жоқ Құдайым деп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Анда-санда дуананың *к ү р і л д е г е н* дұғасы естіледі, «Япаяз, яппай, ая» деп бір қояды. Сазамбай «иләки әумин», – аузын толтырып, ерні қыбыр-қыбыр етеді (Ж.Аймауытов, Шығ). Ал бағанағы өзі келген үлкен үйде де толған кісі. Кісілердің *к ү р і л д е п* сөйлеген даусы естіледі (І.Жансүгіров, Шығ.). Шелестов *к ү р і л д е п,* күліп ала жөнелді (С.Бақбергенов, Қарға там.). **5.** *Ырылдау, айбат шегу, ақыру, қырқырау.* «Жаныңнан безгенің келе бер», – дегендей, етпетінен түсіп, көзінен от шаша *к ү р і л д е п* жатыр көкжал (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Үйқы көрмей екі көз іріңдеген. Ет жүрегің қан басып дірілдеген, Сұрақшы, сұры суық сұрқиялар, Аюдай аузын ашып *к ү р і л д е г е н* (С.Мұқанов, Алып. адым.). Екі көкжал *к ү р і л д е п* Аударысты ат үсті. Бірін-бірі жұлып жеп, Көздерінен от ұшты (С.Мәуленов, Бала.). Ақбілек дөңгелейді... Қасқыр *к ү р і л д е й д і,* Ақбілек шырылдайды. Қасқыр қырқырайды. Ақбілек шырқырайды... Сөйтіп Ақбілек көп қасқырмен көп соғысты... (Ж.Аймауытов, Шығ.). **6.** с ө й л. *Күркілдеп жөтелу, күрк-күрк ету.* «Әттең, әттең...» Несі әттең? Көзің алды іріңдеп, Көкірегің *к ү р і л д е п,* Сары суға толып барлық буының Сыртылдап қалған шалмысың (Қ.Байсейітов, Беу, қыздар.). Әртүрлі тілек, мақсұт бар болған соң, Тірлікте сөйлер тілің нар болған соң, Жігіттер, дер кезінде сөйле де қал, *К ү р і л д е п* отырарсың шал болған соң (Ы.Сандыбайұлы, Әндер). **7.** а у ы с. *Шалқу, екпіндеу, тасу, дәуірлеу.* Көрдің бе әне, совхоз *к ү р і л д е г е н,* қаулаған, Арымас, талмас жас арғымақ Турксиб те заулаған, Күшті қарқын, міне осындай, өскен сайын *к ү р і л д е п,* Шет капитал қорқып, бұғып, айбатынан дірілдеп (Қаз. сов. әндері).

КҮРІЛДЕК с ы н. *Күр-күр еткен, жуан дауысты, барылдақ.* Айна алдында галстугін тағып жатқан Қазыбай өзінің әдеттегі мінезділігі, ақ көңілділігіне бағып *к ү р і л д е к* даусымен үйді басына көтере сөйледі (С.Шаймерденов, Сыбызғы.).

КҮРІЛДЕС= е т. *Гүжілдесу, даурығысу.* Барсақ, ет пісуіне тақалған, жерошақ басын айнала қамап алған қатын-қалаш, үй ішінде де аяқ басарға орын жоқ; пышақтарын алақандарына жанып, кеңірдектерін соза *к ү р і л д е с і п* отырған сақалдылар (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

КҮРІЛДЕТ= е т. *Күркіретy, сарқыратy, сарылдатy.* Алтайдың түс-тұсынан өзен тулап Биіктен құлап түсіп төмен құлап. Көпіріп, *к ү р і л д е т і п,* тас тербетіп, Ойнайды бейне үстінде жел шуылдап (И.Байзақов, Құралай.).

КҮРІЛДЕУІК с ы н. *Күрілдеп шығатын, барқыраған.* Ызыңдаған желмен бірге *к ү р і л д е у і к* таныс дауыс келе бастады (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

КҮРІҢ-КҮРІҢ ү с т. ж е р г. *Күбір-күбір.* Мардан, Шалғымбайлар майданнан келген жігіттермен бөлек топтанып өзара *к ү р і ң - к ү р і ң* сөйлесті де, әлденеге әзірленгендей болды (І.Жансүгіров, Шығ.). Отыз бес жігіт өзара бірнеше топ болып, *к ү р і ң - к ү р і ң* кеңеске кеткен-ді (F.Сланов, Асау арна).

КҮРІШ зат. бот. <лат. oryza> *Жылылықты сүйетін, суда өсетін, ас-тағам ретінде қолданылатын дәнді дақыл және соның сопақша келген дәні.* Дүниежүзінде *к ү р і ш т і ң* 20-дан астам түрі негізінен Оңтүстік Шығыс Азия, Африка, Америка, Австралия құрлықтарының тропиктік аймақтарында өсіріледі (ҚҰЭ). Қазақстанда *к ү р і ш* егістігі көлемі жылдан-жылға артуда. *К ү р і ш* егілетін жердің айналаларына топырақ үйіп, жал-атыз салады және оған су жібереді (Б.Мұханов, Қазақст. өсімдік.). Бұл жерлерге негізінен *к ү р і ш* егіледі, *к ү р і ш* өндіру жөнінен облыс республикада жетекші орын алады (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). Секілді қиялдағы қызық арман, Төсінде талай ердің ізі қалған. Атанған ақ *к ү р і ш т і ң* астанасы, Армысың, айналайын, Қызылордам! (М.Құрманалин, Көңілім.).

Күріш жүйесі. е г і н ш а р. *Күріш дақылын өсіру үшін арнайы салынатын суару жүйесі. К ү р і ш ж ү й е с і* ашық және жабық түрде болады. Ол топырағы ауыр жерлерде салынады. Қазақстанда *к ү р і ш ж ү й е с і* Қызылорда, Алматы облыстарында кездеседі (Қаз. тілі термин. Су.). *К ү р і ш ж ү й е с і н е* суару картасы, карталы суландырушы, карталы су қашыртқы, суландырушы қашыртқы және т.б. қамтылады (Қаз. тілі термин. Су.).

КҮРІШБАС з а т. ө с. <лат. piptatherum> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. К ү р і ш б а с т ы ң* сабағы тік, тегіс, жіңішке әрі сынғыш келеді. Жапырақтары жіңішке ұзын. Дара гүлді, қос қабыршақты масағы сыпыртқы гүлшоғырына топталған. Гүл қабығы да, аталығы да – үшеу (ҚҰЭ).

КҮРІШКЕ [ор. кружка] з а т. с ө й л. ***Күрешке***. – Ала бер, мен қазір, – деді анау қараңғылау қуыстан темір *к ү р і ш к е л е р* алып шығып (Р. Тоқтаров, Ертіс.). – Менің жерлестерім, – деді Асқар қалайы *к ү р і ш к е г е* толтырып жатып, – Мехматта оқиды (Т.Әбдіков, Күз.). Іштен қолдарына кесе, *к ү р і ш к е л е р і н* ұстап, кішкентай балалар да талтаңдай жүгіріп шығып жатыр (Р.Тоқтаров, Терістік.).

КҮРІШТЕЙ с ы н. *Күріш сияқты, күріш тәрізді.* Енді бірде қыз ерні сұлу жымиып, ақ, *к ү р і ш т е й* тістері тізіле қалды (Бәйшешек). Мұндай шынайы сезім тек қана көңілі *к ү р і ш т е й* таза адамынан – еңбек адамынан шығады (І.Омаров, Шабыт.). – Келін қалай? – Қауызын алған *к ү р і ш т е й* аппақ, әп-әдемі, ақылды (Д.Досжанов, Зауал.).

КҮРІШТІ с ы н. *Күрішке бай; күріш егетін.* Байқоңыр тұрағы, адамды ұшырған аспанға, Жерім бай: астықты, *к ү р і ш т і,* қапталған құрышқа. Болжағыш, қанатты замандас жастарға, Дүниені өзгерту, гүлдену жұмыс па?! (А.Тоқмағамбетов, Көгілдір.). Достарға Қызылқұм мен Қырдан сәлем, Алқабы ақ *к ү р і ш т і* Сырдан сәлем! Белгілі Тұрмағамбет, Жүсіп, Омар, Кейінгі тастап кеткен жырдан сәлем! (Айтыс).

КҮРІШТІК з а т. *Күріш егілген немесе егілетін алқап, танап.* Ал өзім *к ү р і ш т і г і м д і* өлердей сағындым. Егістік жерімнің әр топырағы түсімнен шықпайды (Ы. Жақаев, Менің бақытым). Ал арғы күні *к ү р і ш т і к к е* тыңайтқыш тасу жерек (Балдәурен). Ерағаң трактормен жер жыртып, *к ү р і ш т і к т і ң* атыз-жалдарын тартты («Лен. жас»).

КҮРІШШІ з а т. *Күріш өсіруші, күріш өсірудің маманы.* [---] Сыр бойының атақты *к ү р і ш ш і с і* коммунист Ыбырай Жақаевтың өмірі мен қызметін мысалға келтіруге болады (Қ.Әбділдаев, Коммунист.). Герман Титовты осы үлкен жиынға, облыс жас *к ү р і ш ш і л е р і н і ң* слетіне, арнайы шақырған да Ыбекеңнің өзі (Октябрь өрендері). Бүгін күн жексенбі. Менен басқа қос басында қыбырлаған ешкім жоқ, *к ү р і ш ш і* серіктерім ауылда қалған (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

КҮС[1] з а т. **1.** *Ыстық-суықтан, күтімсіздіктен теріде пайда болатын қатпар-қатпар, сатпақ кір.* Болғанмен беті күйе, *к ү с,* Жандарын күйе баспайды, Біз сүйсек адал сүйеміз, Мұндағы адам таспайды (F.Қайырбеков, Таулар.). Ішіп-жеп жылтылдайды шүңірек көзі, Келіссіз, кісінегендей күңгірт сөзі. *К ү с* білек, қара сирақ қап-қара түк, Секілді жан алғыштың нағыз өзі (Ә.Әленов, Әлімқара). // *Кір, лас, жуылмаған.* Шаң-шұң шіңкілдесіп, көндегі ақшаға таласып, бет жыртысып, лото салынған

к ү с дорбаны көкпар тартқандай жұлқыласып, сілкініп жатқан жеңгейлер айналаны бастарына көтерді (М.Рашев, Бетің қисық.). **2.** *Қажалу, ойылудан көбіне алақан, табан терілерінің қалыңдауы; қасаң, мүйізгек.* Боқай үндеместен төмен қарап, табанының *к ү с т е р і н* сыдыра түсті (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Епетейсіз қол беріп сәлемдесті. Қолынан да *к ү с* кеткен, алақаны жұмсақ (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Күс басты. *Күс пайда болды, күстенді.* Бұғанасы қатып, балғын денесі ширығып, алақанын *к ү с б а с ы п,* күш ала бастады (Сауыншы шамшырақ.). Қолдарымыз көмірдей қап-қара әлі, *К ү с т е р б а с қ а н,* тілімдеп сүйел басқан, Көкірегіңнің үзілмей жыр-күй, әні, Күлімдесін деп жүрміз көгінде аспан! (Қ.Мүсірепов, Раушан). Өзің ғана аяқ-қолың *к ү с б а с қ а н* Қымбат едің маған бүкіл тұстастан. Сенің анаң келмей қалсам кезінде, Маған алып қоятұғын түскі астан (Қ.Мырзалиев, Бұлбұл.).

КҮС[2] з а т. ***Кіс***. Сайын сынды батырды Қара *к ү с к е* бөлетті Қара *к ү с т і* қатты деп, бала *к ү с к е* бөлетті (Ер Сайын).

КҮС[1]**=** е т. *Киімнің арасына, астарына жүн тарту.* Күпіге жабағы *к ү с т і* (Ауызекі).

КҮС[2]**=** е т. **1.** *Безу, тұқылу, тану.* Ер Әзім тәуекел қып жаннан *к ү с і п,* Арқаннан ұстады да кетті түсіп. Қарақат жеп, мойыл жеп, судан ішіп, Өзенді қуалады да, жүгірді ұшып (Абай, Тол.жин.). Осы күнде арамның жолдасы мол, Қу мен сұмды кім жиса, шын мықты сол. Мақтан, атақ іздесең Құдайдан без, Ардан *к ү с і п,* арамның біреуі бол (Ш.Құдайбердиев, Өлеңд.поэма.). Үлкендер де мінез жоқ таңданарлық, Олардың қылған ісі ұрлық-қарлық. Арам ойды ақыл деп ардан *к ү с і п,* Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **2.** *Мезі болу, жеру.* Мен-дағы жүргенім жоқ, малдан *к ү с і п,* Айттым, балам, басыңа мейірім түсіп. Ертең ерте мысыңмен дайын болып, Көңіліңнің дәркүмәнін алшы шешіп (Абай, Тол.жин.). **3.** ж е р г. *Сыру, қабу.* Қойдың жабағысын шекпеннің ішіне *к ү с е м і з* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Қой жүнінің талдырмасын шидем қылып *к ү с е д і* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **4.** ж е р г. *Ұру, соғу, сабау.* Айтқанға көнбеген соң әкесі бәлемді оқсатып тұрып *к ү с т і-а й* дерсің (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **5.** ж е р г. *Ұрсу, сөгу.* Өзін Мұсаның моласынан қалаға жеткенше *к ү с і п* едім, бір сыр берген жоқ (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Ниет сыбанды жұрт алдында ал келіп *к ү с т і,* ал келіп *к ү с т і* деңіз (Қазақ тілі.аймақ. сөздігі).

Күсіп алды. ж е р г. *Сыпырып, сиырды, жиып алды.* Саудагер дүкеннен арзан затты *к ү с і п а л а д ы* да, қымбатқа сатады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Күсіп жүрді. ж е р г. *Толып жүрді, қаптап жүрді.* Қойлар Қарабұтақ өзенінің бойында *к ү с і п ж ү р* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Күсіп қалды. ж е р г. *Соқты, ұрды.* Қара түйені қамшымен *к ү с і п қ а л* едім орнынан атып тұрды (Қазақ тілі.аймақ. сөздігі).

КҮСЕ= е т. *Жүйкелеу, қартаю.* Өзі менімен құрдас. Бірақ маған қарағанда боркемікте неме екен, *к ү с е п* отыр («Қаз. әдеб.»).

КҮСЕТ с ы н. ж е р г. *Жақсы, тәуір.* Бүгін базардағы сауда *к ү с е т* болды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Сауда күсет болсын! т і л е к. *Саудаң жүрсін деген мағынада айтылатын оң тілек.* – М-м-м... *с а у д а ң к ү с е т б о л с ы н!* – деді Жүсіп күлімсіреп (Б. Майлин, Шығ.). – *С а у д а к ү с е т б о л с ы н!* – деген дауысқа Шанабай: «Айтқаның келсін!» – деді әдетінше (Х.Мұстафин, Қыр жігіті). – Жаңа жыл ырыс, берекесі мол болсын! Ерлердің *с а у д а с ы к ү с е т,* жолы ашық *б о л с ы н*! Маңдайы жарық, еліне сыйлы, халқына қалаулы, абыз ақ шашты, ақсақал болсын («Жас Алаш»).

Саудасы күсет болды. *Саудасы жүрді, табысты болды.* Ғалия босағасын аттаған соң-ақ, *с а у д а с ы к ү с е т б о л а* бастады (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Саудасы күсет болу. *Қолы жүру, жолы болу.* «Киіз кімдікі болса, білек сонікі» дегендей, оның баспа иесінің бар ойы көрменің сәтті өтіп, *с а у д а н ы ң к ү с е т б о л у ы* екені айдан анық (Ә.Шәріпов, Алыс.).

КҮСКЕНТАЙ с ы н. ж е р г. *Мығым, шымыр, шаққал.* Кішкентай болсам да, *к ү с к е н т а й* екенімді саған жүдә ұқтыра алмай қойды-ау, – деді Сақпан (С.Мұқанов, Сырдария).

КҮС-КҮС з а т. *Қаптаған, қалың (күс), қабатталған, кір-кір.* Аяқтарына туғалы су тимеген болу керек, қазанның қара күйесіндей *к ү с-к ү с* (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Соны айтты да, неге екені белгісіз, өзінің *к ү с-к ү с* екі алақанына қарады (Б.Аманшин, Көкжар).

Күс-күс болды. *Күс басты, күс қаптады.* Менсінбей кедей қызын байдың ұлы, Жүйкесі жүрсе құрып құм болыпты. *К ү с-к ү с б о п* екі қолы, қара сирақ, Ақ беті айғыз-айғыз кір болыпты (Айтыс).

КҮСПЕН з а т. *Кеменің желкен орнататын діңгегі.* Қара бас *к ү с п е н* шалдырып, Көк теңіздің үстінде Көтеріп желкен аштырып, Жүк тиедің кемеге, Ниет еттің тәңірінің үйі кебеге! (Шалкиіз // Алдаспан).

КҮСТАНА[ир. خستو]: **күстана болды.** а) *Кінәлі, жазықты болды.* Өте алмасақ тарих сыны қатты сын, бетің-жүзің демейді, *к ү с т а н а б о п* қалғаның (Ғ.Сланов, Жанартау). ә) *Ренжіді, қапаланды, құсаланды.* Бекет еншілеспей жекедара шапқан, *К ү с т а н а б о п* қалған екеуін елемегендей аузын аппақ орамалмен бипаз сүртініп, табақтың өзі жақ ернеуіндегі кепкен бауыр мен кеберісіп кеткен өкпені бастық пен бригадирдің алдына төңкеріп тастады (Қ.Ысқақов, Қараорман.). Жо-жоқ, мені *к ү с т а н а б о п* жүр екен деп баладан Ойлап қалма, бала менің өмірімде дара адам (Т.Иманбеков, Бұлақ.).

Күстана қылды. *Жала жапты, кінә тақты, жазықты етті.* Әуелде менің, тегіме, затыма, әкем марқұмның жалшылығына қарамай, *к ү с т а н а қ ы л д ы ң* (С.Жүнісов, Жапанда.). Сөзімді жүре тыңдап, әрі-беріден соң өзімді *к ү с т а н а қ ы л д ы ң ы з* (М.Хасенов, Тұлпар.).

КҮСТАНАЛА= е т. *Кінәлау, айыптау, жазғыру, жала жабу, қаралау.* Бір көрген адамның ішіне терең сүңгімей жатып, *к ү с т а н а л а й* қоюды ағаттық деп есептеді (С.Жүнісов, Жапанда.). Лизаның басқа пәтерге кетіп қалғанын *к ү с т а н а л а й* қойған жоқ. «Мейлі, қалауы білсін» деп түйді (С.Алдабергенов, Асу). Екеуден бөлініп әр тұсқа тарап, Қамады, қолдан келсе ұстап алмақ. Бәрі де Мырзағұлдың, қол шоқпары Серіні жүрген бірге *к ү с т а н а л а п* (І.Мәмбетов, Тарланбоз).

КҮСТАНАЛАН= е т. *Айыпталу, кінәлану, жазғырылу, кінәлі саналу.* Мезгілсіз шақта бейкүнә *к ү с т а н а л а н ы п,* Итжеккенге асып кеткен Есен соңғы түнді ұмытпайды (Р.Нұрғалиев, Күретамыр).

КҮСТАНАЛАУ *Күстанала етістігінің қимыл атауы; кінәлау, жазғыру.* Әйтсе де шылғи өтірік айтып отырсың, ұялмай-қызармай неге ұлтыңды жасырасың деп *к ү с т а н а л а у ғ а* дәлелі қайсы (С.Омаров, Өмір.).

КҮСТӘНА с ы н. с ө й л. ***Күстана.***

Күстәна қылды. с ө й л. *Жазғырды, айыпталды, кінәлі деп табылды.* Ал Жаңыл болса, әзірге *к ү с т ә н а қ ы л а* қоярлық қылығы көрінбесе де, алғашқы кездесудің өзінен тыныштығынан айырылып, кең дүниенің үстінен орын таба алмай жүр (М.Дүзенов, Ақәже).

Күстәна қылу. с ө й л. *Кінәлау, жазғыру, кінәлі деп табу, айыптау.* Егер бұл ініні түсіп, жүнжи бастаса, былайғы ағайын мүлде жасып кетуі, онымен қоймай тағы да мұны *к ү с т ә н а қ ы л у ы* хақ (А.Нұрманов, Құлан.).

КҮСТӘНАЛА= е т. с ө й л. ***Күстанала.*** Соған төзе алмай, өзінен басқаның бәрін жамандап, *к ү с т ә н а л а п* жүрген жоқ па (М.Сүндетов, Құмда.).

КҮСТӘНАЛАУ с ө й л. *Күстәнала етістігінің қимыл атауы.* «Әйтсе де ылғи өтірік айтып отырсың, ұялмай-қызармай ұлтыңды жасырасың» – деп, *к ү с т ә н а л а у ғ а* дәлелі қайсы (С.Омаров, Өмір.).

КҮСТЕ= е т. *Күс басу, күстену.* Жымиып келіп, жылатып кетер күндердің аңсарыңды *к ү с т е п,* жүрек пен маңдайыңды тыртықтары әмсе рас (О.Бөкеев, Қамшыгер).

КҮСТЕМЕ з а т. *Тұрып қалған судың бетінде болатын өңез.* Мазмұнның жетегіне ермеген түр – шалшық судың бетіндегі қойыртпақ *к ү с т е м е* ғана («Қаз. әдеб.»).

КҮСТЕН= е т. **1.** *Күс басу, мүйізгектену.* Жаубасар жуына бастапты. Өмір бойы сабын көрмеген, *к ү с т е н і п,* жарылып кеткен қолдары қара сабын тигенде шыдатсын ба, жанын қоярға жер таппаған (І.Есенберлин, Алтын құс). Тек ыстық-суықты бірдей көріп, *к ү с т е н г е н* жалаңаяқ аяғы ғана түк сезетін емес (Қ.Исабаев, Арман.). Ол *к ү с т е н г е н* алақанына, алдында отырған шат көңілді балаларға қарады (Ақ бидай). Әне бір тұста, шағылда Тың егін оқшау танылар. Сол үшін жауын, дауылда *К ү с т е н г е н* қолдың табы бар (Н.Шакенов, Айгүл). **2.** а у ы с. *Қалыңдау, қасаңдану.* Жүрттың бәрі өзен жағасында. Қыс бойы *к ү с т е н і п* кеткен кірдің жуа берсең кететініне таңданатындай, қолдарына, тізелеріне ұзақ қарап тұрады (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Тілі күстенді. м е д. *Тіліне жара шықты.* Адамның денесі қалтырап тоңады да, қызуы 40 градусқа дейін көтеріледі, басы, бұлшық еттері, белі ауырады, *т і л і к ү с т е н і п* кетеді (Кеңіншектер).

КҮСТЕНУ *Күстен етістігінің қимыл атауы; мүйізгектену, күс басу.* Егер жарық, тілік ауру әсерінен емес, аяққиімді дұрыс таңдап, өлшеп алмау нәтижесінде көбірек құрғауы немесе *к ү с т е н у і* салдарынан болса, одан құтылу онша қиын болмайды (О.Сейкетова, Тері. ауру.).

КҮСТІ с ы н. *Күсі бар, күс басқан, мүйізгектенген.* Әкесінің ажым басқан, тамырлары білеу-білеу, *к ү с т і* қолынан Нұрлан көзін алмайды (З.Шашкин, Сенім). Қимылынан *к ү с т і* қолдың, Қала бүгін өскен көп. Дәл тақтадай үсті жолдың, Мәуелі ағаш көкке өрлеп (С.Машақов, Жылдарым.). Үлкен завод салуда барлық жұмыс салмағы құрылысшылардың *к ү с т і* білегі мен сүйелді алақанына түскен («Қаз. әдеб.»).

КҮСУ ж е р г. *Күс етістігінің қимыл атауы; сыру, қабу. К ү с у* – киімнің арасына, астарына жүн тарту (күпіге жабағы *к ү с у*) (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

КҮТ= е т. **1.** *Біреумен кездесуді, бір нәрсенің (хабардың, күннің, істің, оқиғаның, әңгіменің т. б.) келуін, басталуын не аяқталуын тосу, қарайлау.* Алты ай бойы бұл ауыл *К ү т і п т і* бізді армандай. Айғағы соның мына бір Гүл бағы – қызыл ормандай (Ж.Молдағалиев, Таңд. шығ.). Күні бойы *к ү т е м і н* Келер деп хабарың, Қайғырмай не етемін. Бізде жоқ назарың (Абай, Тол. жин.). Бәрі батырдың сөзін *к ү т і п* тұр. Батыр – он үшінші болыс – Тосын болысының адамдарын *к ү т і п* отыр (М.Жұмағұлов, Қыран.). Бақтығұл шайдан соң жирен атты ертеді де, болыстан бір жауап естіп кетпек боп, киініп алып үндемей отырып, үйдің бір оңаша болатын кезін *к ү т т і* (М.Әуезов, Қараш.). **2.** а у ы с. *Жағдайын жасау, қошеметтеу, құрметтеу.* Ысмайылдың үй іші сыйлас құдасының жақсы көрген оқымысты баласы келген соң, қуанысып хал-жайын сұрап, барынша құрметтеп *к ү т е* бастады (М.Әуезов, Қараш.). **3.** а у ы с. *Күтімдеу, баптау.* Біреулер қора-қора *к ү т т і* табын, Біреулер екті егін, *к ү т т і* бағын. Келіні Оңғарбайдың Салиха апай Ағызды колхозында сүт бұлағын (Т.Әбдірахманова, Көгершін.). **4.** а у ы с. *Бағып-қағу, қарау.* Ауру баланы *к ү т і п* жүрген шешесі үстіне халат киюі керек (Е.Оразақов, Дәрігерлік.). **5.** *Әлпештеп өсіру, мәпелеп бағу.* Үкі тақтық, Күлкі бақтық, Жоқ немеге сүйініп. Күйкентай *к ү т т і,* Құс етті, Не бітті? (Абай, Тол. жин.). Оқытарсың молдаға оны, Үйретерсің әрнені. Медеу етіп ойы соны, Жаны тыныштық көрмеді. Жасында *к ү т т і*, Дәме етті, Босқа өтті (Абай, Тол. жин.). **6.** а у ы с. *Бабында ұстау, күтімдеу.* Енем ғана үйде болады, есесіне екі қолына тыным жоқ: тамақ пісіреді, үй *күтеді.* Бекжанның өзі-ақ ол кісіге едәуір жұмыс (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Ересек адамдар да тісін *к ү т і п,* жатар алдында порошокпен щеткалап тазартып жатқаны жақсы (Е.Оразақов, Дәрігерлік.). Уақыт аз, бітпеген іс көп дейсіз, Кешке дейін кластан сәл кетпейсіз. Таза ауада серуендеп бір мезгіл, Неге ғана денсаулықты *к ү т п е й с і з?* (М.Құрманалин, Аспан).

Бойын күтті. *Өзін-өзі баптады, сыланды.* Бұл Қалампыр дейтін орта жаста, *б о й ы н к ү т і п* сыланып жүрген кісі болмаса да, қыр әйелдерінің ажарлысы (Х.Есенжанов, Көп жыл.). *Б о й ы н* да *к ү т е т і н* болды, басында қара шұға кепка, үстінде тәп-тәуір костюм, аяғында жаңа бәтеңке (М.Гумеров, Хазірет.).

Дін күтті. *Дін ұстады, Құдайға құлшылық етті.* Сенен хандық кетті. Менен жыл қуған жастық кетті. Енді *д і н к ү т т і,* Жан бағатын уақыт жетті (Ш.Қошқарбайұлы, Сөйле, Шашеке).

Кезек күтті. *Ретін тосты.* Сатушымен, *к е з е к к ү т к е н д е р м е н* ықыластана амандасып, кімнің соңы екенін сұрап білді (С.Шәймерденов, Шығ.).

Күткен жерден шықты. *Ойлаған жерден шықты, ойдағыдай болды.* Әзім рөлінде өз бейнесін түсіну жағынан да, ойыны мен әндауыс жағынан да әртіст Мүсілім Абдуллин *к ү т к е н ж е р д е н ш ы қ т ы* (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

Күтпеген жерден. *Кенеттен, ойламаған жерден, аяқ астынан.* Сонау бір қырық бірінші жылдың жазында *к ү т п е г е н ж е р д е н* соғыс дауылы бұрқ ете қалды (С.Мәуленов, Үркер.). Этаж бен этаж арасы. Емін де еркін алдым дем. *К ү т п е г е н ж е р д е н,* қарашы, Сол қызға кез боп қалдым мен (С.Асанов, Алматым.).

Күтіп алды. *а) Қарсы алды, тосып алды.* Клубқа біраз жер қалғанда, Оразбай мені *к ү т і п а л д ы* (Бәйшешек). ә) *Асты-үстіне түсті, бәйек болды.* Болған жоқ атыс түгел бітіп әлі, Кеткен жоқ оқ-дәрі исі, түтін әлгі. Сонда да қала халқы нан-тұз ұстап, «Әкелеп», Пугачевті *к ү т і п а л д ы* (І.Мәмбетов, Тарланбоз).

Күтіп ұстады. а) *Бабында ұстады.* Бірақ та мұндай адам бір жыл өткенше, кейде одан да көбірек уақыт ішінде өзін-өзі *к ү т і п ұ с т а п,* қатты-қайырым жұмысқа салынбауы керек (Б.Омарұлы, Жүрек.). ә) *Ұқыпты, таза ұстады.* Сәбира киімін *к ү т і п ұ с т а й т ы н* (Р.Әбутәліпов, Қыр.). Осы кластағы мүліктерді *к ү т і п ұ с т а й ы қ.* Мектеп мүлкі – қоғам мүлкі («Халық мұғ.»).

Қадір түніндей күтті. *Біреуді немесе бір нәрсені зарыға тосты.* Сүлекең өзінің баяу қимылымен мұртын сылап, сақалын тарап, жауап қайтарғанша, жүрт *қ а д і р т у н і н д е й к ү т к е н* Есқали да шықты (М.Жұмалиев, Қырда.).

Қайыр күтті. *Жақсылық тіледі, үміт етті.* «Пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді» деп, тірі жанға сендірмей жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан *қ а й ы р к ү т е с і ң* бе (Абай, Тол. жин.).

Сарыла күтті. *Ұзақ тосты.* Нешеме күндер мен түндер *с а р ы л а к ү т і п* басымда отырған, минут санап, бері қарауымды күткен сестра қуанып кетті (Ж.Жұмаханов, Солдат.).

Тәңірі жарлығын күтті. б е й н. *Тағдырдың жазғанын, Құдайдың бұйырғанын тосты.* Петерборда-ақ кідірмей, біліпті дерттің барлығын. Тәуекел қып білдірмей, *К ү т і п т і Т ә ң і р і ж а р л ы ғ ы н* (Абай, Тол. жин.).

[Төбесінен] тік тұрып күтті. *Шын пейілімен сый-құрмет көрсетті.* Бас жарылса бөрік ішінде, ішегің шықпайды... дауласпай, *төбелеріңнен тік тұрып күтіңдер* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Пар-парымен неше түрлі тамақ даярлап, қонақжайлылықтарын көрсетіп, *тік тұрып күтті* (Ш.Смаханұлы, Шығ.).

Уағда күтті. *Уәдеде, сертте тұрады деп сенді.* Көптің бәрі осындай мисал етсең, Көп айтты деп алданып, *уағда күтсең.* Ғапіл боп көп нәрседен бос қаласың, Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең (Абай, Тол. жин.).

КҮТЕ-КҮТЕ үс т. *Сарыла, ұзақ (күту).* Талпынып, өнер іздеп шетке кеттім, Кеткенде, аз күнге емес, көпке кеттім. «Жолдағы жарым қашан келеді?» – деп, Сен сорлы *күте-күте* қасірет шектің (М.Жұмабаев, Шығ.).

КҮТКІЗ= е т. **1.** *Бір нәрсенің (істің, оқиғаның, әңгіменің, күннің т.б.) басталуын, келуін, біреумен кездесуді кешіктіру, тостыру, қарайлатқызу.* Әртүрлі қиял мені түнімен ұйықтатпай, ноябрь таңын асыға *күткізді* (С.Мәуленов, Жер нәрі). Әбігерлікпен өткізіп Күндізін де, түнін де, Екі-үш күндей *күткізіп,* Бір күні соқты іңірде (С.Мұқанов, Замандас.). Екінші топ келеді, Сағындырған *күткізіп.* Тал жамылып тасада, Батырлар жатыр тістеніп, Бойларында қан қызып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Жағдайын жасап, баптау.* Мақұл деді Төкетай Енді болды көңілі жай. Ақжелек үйді тіккізді, Боз бие сойып *күткізді.* Сары қымыз сапырды, Ақжелек елін шақырды. Алдындағы бір тауға, Шығып алып ақырды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

КҮТКІЗУ *Күткіз етістігінің қимыл атауы; тостыру, қарайлатқызу.* Тірі қалдым, өлтірсе де өлмедім, Сенің жылы бір сөзіңе шөлдедім. Өмір бойы *күткізуін* күткізіп, Жолға тастап кетеді деп сенбедім (Т.Молдағалиев, Жүрек.).

КҮТКІШ с ы н. **1.** *Үміт артқыш, тосқыш.* Жұмақ *күткіш* наданның орны дозақ әрқайда (С.Торайғыров, Мағынасыз.). Білесің ауданыңның басшыларын Қаладан көмек *күткіш* «жақсыларың» (Айтыс). **2.** а у ы с. *Жақсы күтетін, баптағыш, қамқор.* Тәрбие бақшасында балаларын, Олардың көрсең *күткіш* аналарын, Алмадай екі беттен нұры тамып, Өлеңмен қарсы алады ағаларын (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Орындап қарт әмірін жас түрікпен, Босатып тұтқын қолын темір кілттен. Шетінен жібек кілем ұсынды орын, Сыпайы, қонақ *күткіш* кішіліктен (Ә.Тәжібаев, Тарту.).

КҮТПЕЛЕ= е т. с ө й л. *Күту, тосу.* Жалғыз кіріп баруды ретсіздеу көргендей, апасының үйге кіруін *күтпелеп* пәуеске қасында тұрып қалды (С.Бегалин, Шоқан асу.).

КҮТТІР= е т. **1.** *Тостыру, қарайлату.* Жамандық тұрмас *күттіріп,* Ел есітті, қыз білді. Ақ көйлекті бітіріп, Кебінім деп киді, өлді (Абай, Тол. жин.). Кешігіп қалып, сіздерді *күттіріп,* уақыттарыңызды алғаныма өзім де өкініштімін (С.Мәуленов, Жер нәрі). *Күттірмей,* дереу Күлпәш қыз Қасына келді аурудың. – Шыдаңыз, – деді,– шыдаңыз, Шыдаған жақсы, иә, құрбым (Т.Молдағалиев, Алатау.). **2.** а у ы с. *Баптату, бақтыру.* Шомрай жүріске деген оншақты атын салқын қорада жеммен *күттіріп,* семіз күйінде тоқжарау ғып ұстайтын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Кезек күттірмейтін мәселе [іс, жұмыс, міндет]. *Шұғыл шешуді, жедел қолға алуды қажет ететін (мәселе, іс, жұмыс, міндет).* – Жолдастар, күн тәртібіндегі *кезек күттірмейтін мәселе* – егін жинау мәселесі (А.Сатаев, Аққу.). – Ендігі бір *кезек күттірмейтін іс* – қырман жасау (А.Сатаев, Аққу.). Отанға қорғасын беру міндеті *кезек күттірмейтін жұмыс* болғандықтан, Ащысай руднигі соғыстан бұрынғы бесжылдықтардың екпінді құрылысы деп жарияланды (Б.Тоқтаров, Қыран.). Қытайдағы, Моңғолиядағы қазақтардың ауыз әдебиеті мұрасын жалпы ұлттық көркемдік байлыққа қосудың да *кезек күттірмейтін міндеттері* алда тұр («Қаз. әдеб.»).

КҮТТІРУ *Күттір етістігінің қимыл атауы; қарайлату, тостыру.* Рас, ірі еңбек оңай тумайды, көп уақыт керек етеді, әйтсе де *күттірудің* де шегі бар, баса қимылдайтын уақыт жетті (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Ол тез ашыла ма, жоқ па, үлкен кісінің «сенбілік» үшін уақытын алу, *күттіру* бізге тым орынсыз көрінді (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

КҮТУ *Күт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсенің басталуын не аяқталуын тосу, біреу қарайлау.* Бір қиын нәрсе – *күту,* не нәрсені болса да күткен қиын (З.Қабдолов, Жалын.). **2.** *Қонаққа жағдай жасау, баптау.* Шоқанды және оның қонақтарын қалай *күту* жабдығын Аппас Аңғалмен ақылдаспақ болды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Бала күту. *Бағу, өсіру, қарау.* Оған кіретін тауарлар мен қызметтерге азық-түлік өнімдері, киімдер, аяққиім, ішкиімдер, төсек-орын, санитарлық және гигиеналық заттар, дәрідәрмектер, үй жиһаздары, ыдыс-аяқ, мәдениағарту шаралары мен демалыс, тұрмыс қызметі, көлік, байланыс, мектепке дейінгі *балаларды күту,* адамдарға қажетті басқа да әлеуметтік мұқтаждықтар жатады (Б.Жүнісов, ... Нарық. экон. негіз.).

Дін күту. *Дін жолын ұстану, Құдайға құлшылық ету.* Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, *дін күтуге* де шыдайды (Абай, Тол. жин.).

Күту ауданы. ә с к. *Бөлімшелердің, мотоатқыштар мен танк бөлімдерінің шабуылға шығар алдында алып жатқан жергілікті жер аумағы. Күту ауданынан* шабуылға шығу нақты ұрыс жағдайына байланысты (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Күту ауданы* бөлімшелер мен бөлімдердің орталықтанған орналасуын, қарсыластың жер үсті, әуе және радиолокациялық бақылау құралдарынан бүркемеленуін, жаппай жою құралдарынан қорғануын, сондай-ақ әскерлердің жазылу шебінде дер кезінде болуын, бастапқы қалпына немесе шабуылға шығуын қамтамасыз ету керек (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Күту бекінісі. ә с к. *Ұрыс техникасы мен бөлімшелердің жеке құрамдарының, ракета бөлімдері мен реактивтік артиллерияның атыс бекінісіне шығу алдындағы аз уақыт жасырынуға арналған жергілікті жер учаскесі.* Танк бөлімшелері *күту бекінісінде* шабуыл алдында жабдықталып, бүркеледі (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Күту уақыты. и н ф. <ағыл. waittime, latency> *Орталық процессор немесе сыртқы құрылғы кезекті тапсырманың, сұранымының түсуін тосатын уақыт аралығы. Күту уақыты* – жалпы қызмет көрсету жүйесіндегі талап-тілектің пайда болу сәті мен осы талаптың орындала басталу сәтінің арасындағы уақыт (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КҮТУЛІ с ы н. **1.** *Күту үстінде, тосулы.* Жауынгерлер қабақтары қатулы болса да, іштері жылып, жеңіс сағатын асыға *күтулі* (А.Мұздыбаев, Тағдыр). Бұл сияқты қысымды Байғұл көптен *күтулі* еді ғой (Б.Майлин, Шығ.). **2.** а у ы с. *Таза, мұнтаздай, сайлы.* – Жанғозы келгенде үйі *күтулі* болсын! (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). **3.** а у ы с. *Баптаулы, күтімді. Күтулі* аты бардың бірталайы, Соңынан Әмірханның кетті қалмай. Бөкенді басқалары көре алмады, Әмірхан келе жатыр көз айырмай (И.Байзақов, Құралай.).

КҮТУСІЗ с ы н. *Күтімсіз, қараусыз.* Үстелсіз, орындықсыз балабақша, *Күтусіз* балалардың көзі былшық. Сол үйде киетұғын киімдерін Жатады бірін қағып, бірін сілкіп (Айтыс). // *Күтпей, тоспай, қарайламай.* Махаббат бар мұңаю мен күлкімде, Мен *күтусіз* батқан емес бір күн де. Қара жерге ноқат болып түскенше, Сүймей, күтпей өмір сүру мүмкін бе (Қ.Баянбаев, Ақ шағала).

КҮТУСІЗДЕУ с ы н. *Күтімсіздеу, қараусыздау, жұпынылау.* Осындай адамның қабірі *күтусіздеу* тұрғанына жергілікті адамдар ұялады (С.Мұқанов, Алып. адым.).

КҮТУШІ з а т. **1.** *Қызмет етуші, күтетін адам.* Қора ішінде *күтушілер,* асбасшылар болмаса, өзге жүргіншілер жоқ (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** *Кішкентай баланы немесе ауру адамды қарайтын адам.* Қарап отырып қырылсын ба, шешесі қаланың ауруханасына *күтуші* болып орналасты (Д.Досжанов, Тұлпар.). Майданға барып, жаралы солдаттарға *күтуші* болады (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** *Қызметші.* Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында, Хан да жанын қияды қыз жолында. Алтын-күміс кигені, қамқа, торғын. *Күтуші* қыз-келіншек жүр соңында (Абай, Тол. жин.). Шоқанды өз қасына отырғызған Айғаным *күтуші* әйелін ғана отырғызып, Құсмұрыннан шығатын керуен жолына түсіп тартып берді (С.Бегалин, Бала Шоқан). Бұлар батыр, бидің *күтуші,* атқосшылары еді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Ойлашы сол аштыны кімдер көрмес, Жанына тамашалап жақын келмес. Егерде *күтушісі* ерік берсе, Жемісін қандай адам қолмен термес (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). **4.** с ө й л. *Қарауыл, күзетші.* Қалалық совет оны сол қаладағы он жылдық қазақ мектебіне *күтуші* қып орналастырды (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Көкөзектің бір қойнауына тауық фермасын ұйымдастырып, онда Майлыбастың шешесі әрі меңгеруші, әрі *күтуші* боп, екі қызметті бірдей атқарып тұрған (С.Адамбеков, Атылған қыз.).

Ат күтуші. *Атты күтіп, баптайтын адам.* Әуелі *ат күтуші,* одан ат айдаушы болып, әбден сенім артқан соң, сауда-саттығына да араластыра бастаған (М.Дүйсенов, Мейман.).

Дін күтуші. *Діндар, дін ұстанушы.* Отыз бесінші, отыз алтыншы сөздерде Абай қазақтың *дін күтушілерін* және сол дін жолының өзіндегі өрескел мінді мінездерін шенейді (М.Әуезов, Әр жыл.).

Кезек күтуші. *Кезекте тұрған адам. Кезек күтушілер* ойынды аяқтайтын «бақытты» шарлардың торкөз қоржындарға түсуін тілейді (Қ.Қамбаров, Тауда.). Шаштаразда *кезек күтушілер* көп (К.Тоқаев, Түнде.).

КҮТУШІДЕЙ с ы н. *Күтуші сияқты, күтуші тәрізді.* Баяғы бала кезде осынау кәрі терек бейне бір *күтушідей* мұны иығынан түсірмейтін (Х.Ерғалиев, Майдан). Қыз оңаша өз қиялын шертеді, Тақалары тыныш түнді түртеді; Биыл еккен жоңышқаның бастары Қыз аяғын *күтушідей* сүртеді (Х.Ерғалиев, Біздің ауыл.).

КҮТУШІЛІК з а т. **1.** с ө й л. ***Күзетшілік.*** Колхозға аралассам, уысты-құлақ бірдеңе аламын деп қызықпай-ақ бір айдан бері күтушісіз тұрған мектептің *к ү т у ш і л і г і н е* өзі сұранып келді («Қазақст. мұғ.»). **2.** *Малайлық, даяшылық.* Үйіне жазған хатында ол әкесінен шешесін ерте келуін өтінген еді, ондағы дәмесі – *к ү т у ш і л і к* қызметін атқарады деп естіген Айжанды ерте келер деп дәмеленгендік еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КҮТУШІСІЗ с ы н. *Күтушісі жоқ.* Колхозға аралассам, уысты-құлақ бірдеңе аламын деп қызықпай-ақ бір айдан бері *к ү т у ш і с і з* тұрған мектептің күтушілігіне өзі сұранып келді («Қазақст. мұғ.»).

КҮТІЛ= е т. **1.** *Бапталу, жақсы жағдай жасалу.* Тойға қала тұрғындарының бірсыпырасы шақырылған екен. Сержанның алты бөлмелі үйіне сыймағандар көрші үйлерінде *к ү т і л і п* жатты (М.Тоқжігітов, Ән атасы.). **2.** *Қаралу, күтім жасалу (суарылу, тыңайтылу, түптелу т.б.).* Егін уақтылы егілді, *к ү т і л д і,* одан соң ұқыпты жиналды (Ә.Жәмішев, Дала.).

КҮТІЛУ *Күтіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қарайлау, тосу.* Болжамшылардың деректеріне сүйенсек, күннің көзі қайтадан суытып, қаңтар айының соңғы күндері қатты суық басталады деп *к ү т і л у д е* («Түркістан»). **2.** а у ы с. *Бағылу.* Ірі қараның жарақаттануына олардың, әсіресе қыс айларында, байланбай, бос *к ү т і л у і* себепші болады (Ғ.Әбішев, Мал. жарақат.). Тебеген, тістеуік, қияңқы жылқылар, сүзеген сиырлар бөлек байланып, *к ү т і л у і* керек (Ә.Әбішев, Мал санитары.).

КҮТІМ[1] з а т. з о о л. <лат. rutilus frisii kutum> *Негізінен теңіздің тереңдігі 20 метрге дейінгі жерлерінде тіршілік ететін, өзендерге уылдырық шашу үшін шығатын, дене пішіні мен түсі торта мен қаракөзге ұқсас, тұқы тұқымдасына жататын ойықтіс балығының тұр-тармағы. К ү т і м* негізінен Қара, Азов және Каспий теңіздерінің су алаптарында таралған (ҚҰЭ). *К ү т і м* – кәсіптік маңызы бар бағалы балықтардың қатарына жатады (ҚҰЭ). Қазір *к ү т і м н і ң* жылдан-жылға азаюына байланысты Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (ҚҰЭ).

КҮТІМ[2] з а т. *Жан-жануар, өсімдік т.б. жақсы өсіп-өнуі, дұрыс сақталуы үшін жасалатын жағдай, бап.* Сол күні сол үйге қонған жолаушылардың *к ү т і м і* жаман болған жоқ (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ал бұл түйенің *к ү т і м і:* шөбі, жемі, қорасы, бағу тәртібі бұрынғыдан әлдеқайда артық (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Өсімдіктің гүлдеуі оның *к ү т і м і н е* байланысты (С.Тұрдиев, Үй өсімдік.). Салып қақты, түн қатты, «Мал-мал» деді, мал тапты. Байыған сайын *к ү т і м* жоқ, Бейлі кетті, ант атты (Абай, Тол. жин.). Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, *к ү т і м і,* сыпайылығы, тазалығы төмен болған (Абай, Тол. жин.).

Күтімге алды. *Баптады, жақсы күтті.* Көпке дейін төлін жарытпағандарын жаз бойы *к ү т і м г е а л д ы* (Дала шұғыласы).

Күтімде болды. *Ерекше күтілді, қаралды, бабы жасалды.* Бомба түсіп, есі ауған екен. Содан үнемі *к ү т і м д е б о л ы п,* ақылы орнына келіпті де, елге қайтамын депті (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Күтім жасады [көрсетті]. *Жақсы күтті, бақты, қарады.* Ал комсомолец Нілдібаев болса, малға жақсы *к ү т і м ж а с а ғ а н ы* үшін мал өсірушілер съезінде сыйлыққа сағат алды (Ж.Арыстанов, Естен. кетп.). ә) *Баптады, асты-үстіне түсті.* Не керек, олар келген ауыл ішпей-жемей ықыласты, төбесімен жүріп дегендей *к ү т і м к ө р с е т е д і* (А.Хангелдин, Қараторғай).

Күтім көрді. *Бабы жасалды, ерекше күтілді.* Шынында да, *к ү т і м к ө р г е н* бақша секілді. Былтырғыдан әлдеқайда көтеріліп қалған (С.Шаймерденов, Сыбызғы.).

КҮТІМДЕ = е т. **1.** *Бапта у, күтімін жасау.* Нұрәлінің мініс атын *к ү т і м д е й д і* (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Көлігіңді *к ү т і м д е п,* жем-шөппенен қамдарсың (Ү.Көрібаев, Өлең д. поэм.). **2.** *Асты-үстіне түсу, бәйек болу.* Түні бойы Сейдахмет пен әйелі ұйықтамай, Нұржанды *к ү т і м д е д і* (Б.Сопақбаев, Жекпежек).

КҮТІМДІ с ы н. *Күтімі жақсы, бапты, күйлі.* Су тапшылығына қарамастан, бағы *к ү т і м д і* көрінді (Ж.Өмірбеков, Замандас.). Өзгеге тентек Иса оған жуас еді, сондықтан үй ішінде *к ү т і м д і* де болды (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КҮТІМДІЛІК з а т. *Ұқыптылық, бапшылдық, қамқоршылық.* Жұмағұлдың шешесі Қамария – жас күнінен шаруақорлықты сараңдыққа жеткізген, *к ү т і м д і л і к т і* пайдакүнемдікке жеткізген, мінезі қатты, дүниеге пысық бәйбіше болатын (М.Әуезов, Қараш.). Әйтпесе, Айшаның жинақтығы, *к ү т і м д і л і г і,* бірін мыңға балап ұстайтындығы бүкіл ауылға мәлім (Б.Майлин, Шығ.).

КҮТІМДІРЕК с ы н. *Жағдайы жақсылау, баптылау, күйлілеу.* Жанды күттік мәпелеп, Жыр қиын деп зар илеп: Бала бізде әкеден *К ү т і м д і р е к,* әрине (Ж.Нәжімеденов, Ұлым.).

– Е, алдияр, байдікі болса, жақсы болды ғой. Таныс ауыл ғой, тамағымыз *күтімдірек* болар, солай қарай жүрелік (С.Шарипов, Бекболат).

КҮТІМСІЗ с ы н. **1.** *Күтімі жоқ, бапсыз, күйсіз.* Уәлихановтың үнемі қауіп-қатер үстінде және *күтімсіз* жағдайда ұзақ жол жүруі оны мейлінше жүдеткен (С.Бегалин, Шоқан асу.). Біздің байқауымызша, *күтімсіз* мал бір айға дейін қалпына келе алмайды (С.Сыбанбаев, Мал қаны.). **2.** *Бейқам, қамсыз.* – Бұл – менің үйім ғой. Қатыны құрғыр *күтімсіз* еді, үйде не бар, не жоғын да білмеймін (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Күтімсіз қалды. *Қараусыз, назардан қағажу қалды.* Айта берсе, әрідегі Бабай, Құласу қорықтары да қазір *күтімсіз қалған* деседі (Д.Досжанов, Зауал). Бір мезгіл кино көріп, бой көтерейік десек, ешқайда бара алмаймыз. Клуб жабық. *Күтімсіз қалған* («Лен. жас»).

КҮТІМСІЗДІК з а т. *Бапсыздық, күйсіздік, қараусыздық.* Қасым ашулы болып, қаны бұзыла бастады. Оның үстіне үнемі аштық, *күтімсіздік,* ауыр жұмыс қосылып, ойын шатастыра берді (М.Әуезов, Қараш.). Бірақ *күтімсіздіктің* салдарынан көпшілігіне қойылған құлпытастар құрып кеткен (О.Дастанов, Әулие.). Ал бұрын мәуелеп өскен ағаштар *күтімсіздіктің* салдарынан қурап қалыпты («Лен. жас»).

КҮТІМШЕҢ үс т. *Ұқыпты, мұқият.* Менің оның бойжетіп қалғанын осылай бір үсті-басына тыраштана, *күтімшең* қарай бастағанынан ішіме түйіп жүруші едім (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

КҮТІМШІЛ с ы н. *Жақсы күтетін, қамқор, бапшыл.* Әлдеқандай қамқор, *күтімшіл* жанның Аяжанды бұл сапарға құнттап, майпаздап шығарып салғаны көрініп тұр (Б.Соқпақбаев, Аяжан).

КҮТІҢ= е т. **1.** *Өз-өзіне қарап, жағдай жасау.* Курортқа барып тынығып, жалпы *күтіңгеніңіз* дұрыс (З.Жәкенов, Таң самалы). *Күтіңгенге* кәрілік жоқ (Мақал). **2.** *Тосу, қарайлау.* Енді болды, дәм-ырзық таусылған шығар деп, өз ары ең ауыр қатал жазаны *күтіпті* еді, ойда жоқта Салехардқа жер аударылды (Р.Тоқтаров, Ертіс.). – Отырыңдар, – деді, Алтай Қабағын аз шытынды, Солдаттар көз айырмай, Не айтар деп *күтіпті* (Ж.Саин, Таңд. шығ.). **3.** *Қамдану, әзірлену, дайындалу, сайлану.* Сұмдықпен әскер жиып қаруланды, Жақын жерге жау алып тұра аттанды. Көп елді *күтінбеген* қырды, жойды, Ханды өлтіріп, қаласын тартып алды (Абай, Тол. жин.). Старшын биді жиғыздым: «Береке қыл» деп, «бекін» деп. «Ат жарамды, үй жақсы, Болсын, бәрің *күтін*» деп (Абай, Тол. жин.). Шырағым-ау, жол жүретін болғасын ерте бастан *күтініп,* атыңды тағалатып қоймайсың ба (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Атака шебінде *күтініп* жатқан жаяу әскерлер аспанға жасыл ракета атылысымен «уралап» алға ұмтылды (С.Сейітов, Сөз сұра.).

КҮТІНДІР= е т. *Қонақ күтуге жағдай жасаттыру, қамдандыру, әзірлеттіру.* Әлібек жолына үй тіктіріп, бие байлатып дегендей ауылын *күтіндіріп,* қарсы алуды Шоқанға, құрбы Ақбұзау мен Ережепке тапсырған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КҮТІНУ *Күтін етістігінің қимыл атауы; өз-өзіне қарау.* Гүлшәрінің өз бойын сылап-сипап *күтінуі* де жаңалық нышан (А.Байтанаев, Қайнар.). Әрине, алғашқы екіқабат айларында өзі құмартқан – жерік тағамдарын ішуі, *күтінуі* әбден орынды (Х.Нұрғалиев, Жас ана.).

КҮТІНУЛІ с ы н. *Дайын, сай, қамданулы.* Малшылар *күтінулі* көрінеді (Ғ.Сланов, Шалқар). Олар [гитлершілдер] бізді байқамай өтіп кетті, енді қаусыра бір соғып көрейік десіп, *күтінулі* болатын (С.Сейітов, Сөз сұра.).

КҮТІНІС з а т. *Үміт, дәме, талап.* «Қой, қашқынның қасында жүргеннен, халқымның қасында жүрейін. Қайтып оралғанды аздырмас», – деген ақтық табан тіреген ой оны үлкен *күтініске* жетеледі (Ә.Әзиев, Оянған ар).

КҮТІҢКІРЕ= е т. *Тосыңқырау, қарайлаңқырау.* Сенің әкең бізді *күтіңкіресін* деп, әдейі келмей жатыр ғой (М.Дүзенов, Ақәже.). – Көлік болмай *күтіңкіреп* қалдыңыз ба? – деп, темекісін орай бастады (Е.Оразақов, Дәрігер.).

КҮТІП-БАҚ= е т. *Жан-жануардың, малдың, өсімдіктің т.б. өсіп-өнуіне қамқорлық жасау, баптау.* Өнім үшін қосымша ақы малдың әрбір тобы бордақылаудан алынғаннан кейін малды *күтіп-баққаны* үшін тарифтік ставка бойынша есептелген жалақысына сай төленеді (Мал бордақылау.). Күрішін жүрді диқан *күтіп-бағып,* Күрмекті қалды сонда көзі шалып. Ежелгі егін жауы – арам шөпті, Тастады тамырымен жұлып алып (С.Сейтенов, Бойжеткен.).

КҮТІП-БАҒУ *Күтіп-бақ етістігінің қимыл атауы.* Ұрпақты дұрыс азықтандырып, *күтіп-бағу* арқылы керекті төл өсіріледі (А.Сыздықов, Жылқы өсіру).

КҮТІП-БАПТА= е т. **1.** *Қарау, жақсы күйге келтіру, өсіп-өнуіне жағдай жасау.* Балалар қуана-қуана үй жинайды, іс тігеді, шеберлік жасайды, өсімдік пен үй жануарларын күтеді, бау мен бақшаны *күтіп-баптайды* (Семья тәрбиесі). **2.** *Ұқыпты, мұқият ұстау.* Өзіме

бекітілген құрал-саймандарды өз мүлкімдей *күтіп-баптаймын* («Лен. жас»).

КҮТІП-БАПТАЛ= е т. *Өсіп-өнуіне қамқорлық, күтім жасалу.* 1967 жылы 61 мың оқушыны қамтыған ауыл мектептерінің 743 бригадасы және 1900 жекелеген звенолары жұмыс істеді. Олардың қолымен 119 гектар егістік *күтіп-бапталды* («Қазақст. мұғ.»).

КҮТІП-БАПТАУ *Күтіп-бапта етістігінің қимыл атауы; қарау, баптау, өсіп-өнуіне жағдай жасау.* Қант қызылшасын *күтіп-баптау,* арасын сирету, қатар аралығын қопсыту, тәтті тамырдың қанттылығын арттыру жайында пікір білдіріп, ой жарыстырады (Ж.Мусин, Қанат.). Жүгерінің тұқымы да бізге кем жетіп, асығыс ектік, оны *күтіп-баптауда* да олқылықтар болды («Қаз. әдеб.»). Бұлар жер ананы қасиет тұтып, оны қамқорлықпен *күтіп-баптау* арқылы ен даланы егін мұхитына айналдырған нағыз творчестволық еңбек ерлері (Н.Ғабдуллин, Өрлеу.).

КҮТІР[1] з а т. ж е р г. *Аумағы алты-жеті үйден тұратын шаруалар мекені, қыстақ.* Үлкен ағасы Жамансайда қой бағады. Әкесі де малда, басқа *күтірде* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Жолаушылар иек артпалы мұзтұмсықты айналып шыға келгенде, *күтір* болып салынған 7-8 барақ қарсы алды (С.Камалов, Әңгім.). Мәмбет, сен біздің қырдағы *күтірге* бар да жат. Іші таза, өзі оңаша, көзден таса жер (Х.Есенжанов, Тар кезең).

КҮТІР[2] е л і к. *Бұтақты, бидайды, мұзды, қарды т.б. құрап қалған немесе қатты, морт нәрсені сындырғанда, шайнағанда, соқтырғанда, басқанда т.б. шығатын қытыр, сықыр, сатыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз. // Құраған шөптің сынғандағы сытыр еткен дыбысы.* Күзгі даланың құраған құ шөбінің *күтірін* де, ақырғы шуақтарға арқасын қыздырған дала тышқандарының шық-шық үнін де ап-анық естіп келеді («Лен. жас»).

Күтір етті. *Қытыр, сықыр еткен дыбыс шығарды.* Еламанның уысында қысып отырған кесе кенет *күтір етіп* сынып кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Бұрын да күннің амалында тұла бойы құрыстап ауыратын Байбосын, оқыс шалқайып қалып еді, бел омыртқасы *күтір етті* (С.Жүнісов, Ақан сері).

КҮТІРЛЕ= е т. **1.** *Күтір етіп жарылу.* Тау өзені бұзылып, тентек құла су шарасынан шығыпты. Кейде тас сатырлап, кейде мұз *күтірлеп,* сусылдай түсіп, жоңкіліп кетіп жатыр (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **2.** *Сықыр еткен дыбыс шығару.* Шоқанның денесін қатты қысқанда, нәзік бойындағы әлсіз сүйектері *күтірлеп,* сынып жатқан тәрізденді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Терезенің түбінен күртік қардың *күтірлегені,* ат тұяғының тықыры білінгенде Қаңтарбай үстіндегі көрпесін жұлып тастап, төсектен басын жұлып алды (З.Ақышев, Ақбел.).

КҮТІРЛЕК с ы н. *Күтір-күтір еткіш, қатырлақ.* Қыстығүнгі қар әлі кеткен жоқ, беті қатып қалған *күтірлек* қар бар (С.Шарипов, Шығ.). Ағашқа пайдалы заты түгел кеткен қаңқиған бұтақтың құр сүлдесі ғана қалады; оның салмағы – жеңіл, сүйегі *күтірлек* болады (Б.Мұханов, Қазақст. өсімдік.).

КҮТІРЛЕТ= е т. *Сықырлату; қытырлату, сытырлату.* Аттар қалың қарды *күтірлетіп* басып, омбылап келеді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Шөптің бір жағында кебеже қарын ала сиыр пішенді *күтірлете* күйсеп тұрған (С.Елубаев, Ойсыл қара).

КҮТІРЛЕУІК с ы н. с ө й л. ***Күтірлек***. Көп ұзамай қайыра оралған Сәттің қос уысындағы *күтірлеуік,* қара топан тәрізді сухарьларды Ырымбек етегіне қотара салды (Ә.Көшімов, Қысталаң.).

КҮТІС= е т. **1.** *Тосысу, қарайласу.* Отырғандар бірі-біріне қарап әлденендей әңгіме, сөз *күтісті* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл.). **2.** а у ы с . *Қарасу, күтім жасасу.* Шай артынан қора ішіне шығып, Бейсенмен бірге аттарды *күтісіп,* Ертіске суаруға апарысты (С.Бегалин, Шоқан асу.).

КҮТІСУ *Күтіс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жақсы қарсы алып, жағдай, күтім жасасу, бабын табысу.* Атамбай алыстан келетін қонақты *күтісу* қамын да ойластырмай қойған жоқ (Қ.Оразалин, Абай.). **2.** *Қарасу, бағысу, өсіп-өнуіне жағдай жасасу.* Сабағы бітісімен ол жас боталарды *күтісу* жұмысына ынтасын сала қимылдады (С.Бегалин, Жеткіншек.).

КҮШ з а т. **1**. *Әл, дәрмен, қуат, қайрат.* Лиза бар *күшін* жинап, жоғары еңбектеді (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Белдесуге *күш* керек, теңдесуге жол керек («Абай»). Ұйықтаған кезде организм *күші* әрдайым қайта қалпына келеді (С.Жұмабаев, Ұзақ өмір.). **2**. ф и з. *Бір заттың не бір нәрсенің өзгеге етер физикалық т.б. әсері, ықпалы.* Желдің *күші* – сегізбалл («Қаз. әдеб.»). Соңғы дәрілердің *күшімен* дененің еті босайды, сол мезгілде кеңірдекке арнаулы құралмен резинка түтік тығады (А.Даиров, Хирург.). **3**. ф и з. *Энергия, сол энергияның қуаты.* Тау биіктеген сайын күн сәулесінің *күші* күшейе түседі (Б.Шағыров, Картоп).

Электрдің *к ү ш і м е н* істеліп жатыр байқасам, Сан жұмыстың саласы (Пернедегі терме.). **4**. ф и з. *Бір дененің екінші денеге еткен әсерін сипаттайтын шама. К ү ш* – векторлық шама және ол әрбір уақыт мезетінде сандық мәнімен, кеңістіктегі бағытымен және түсу нүктесімен сипатталады (ҚҰЭ). *К ү ш т і* статикалық немесе динамикалық әдіспен өлшейді (ҚҰЭ). *К ү ш т і ң* өлшем бірлігі – 1 ньютон (1 Н); ол массасы 1 кг денеге 1 м/с^2 үдеу беретін *к ү ш к е* тең (ҚҰЭ). *// Қиын, ауыр.* Қиын болды жұруым, Жығылсам *к ү ш* тұруым. Көрем десең топқа кір, Қазір мен де, доп та бір (Қ.Мырзалиев, Күміс.). Аттестат толы «үш», оны көтеріп астанаға бару маған *к ү ш* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). **5.** а у ы с. *Армия, әскер, қол.* Жау екі күннен бері соғысқа барлық *к ү ш і н,* қару-жарағын салды (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Қай жерде қандай *к ү ш т е р* тұрғанын белгілеп алдық та, төртке бөлініп станцияның төрт жағынан шықтық (Ә.Әбішев, Замана.). Жинап жатыр неміс *к ү ш і н,* Алдағы үлкен шабуылға, Сол ойларын бұзу үшін, Ұшыратып қырғын ашуға (С.Бегалин, Өлеңд.). **6.** а у ы с. *Өзгелердің көзқарасына, сеніміне, идеологиясына ықпал ете алатын, өзіндік ерекшеліктерімен жақындасқан, біріккен қоғамдық топ; жалпы адамдардың тобы.* Соңғы бірер жылдың ішінде әдебиет майданына: шаруадан, жалшылардан, малшылардан, жұмыскерлерден жаңа *к ү ш т е р* қосылды (С.Мұқанов, Өсу жол.). Қырымызда қаулап қарқын, Біріккен *к ү ш* жүзі жарқын, Дүшпанға оқ – дәні мір. Анамыз – жер дегізетін, Иіп емшек емізетін, Мәңгі қарыз сенде тұр (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.). Мен қисайған ауыздарды емес, соны қисайтқан *к ү ш т і* көрсетуді мақұл көрдім (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). **7.** а у ы с. *Ауыр салмақ.* Үстінен басқан зіл *к ү ш* төмен тұқыртып тастады (Т.Шаханов, Жоғалған.). **8.** а у ы с. *Алып, зор күш иесі.* – Мынауың кім, қарағым-ау? Жатқан бір *к ү ш* қой (А.Тоқмағамбетов, Әке.). **9.** а у ы с. *Зорлық, өктемдік.* Біреуге өктем іс қылса, Өз *к ү ш і м* деп ойлайды. Егер күші жұрмесе, Бағанағы жақсының Қылғаны деп қоймайды (Абай, Тол. жин.). Шара қолданайын, керек болса, қайтадан *к ү ш п е н* апарып салайық! (З.Шашкин, Сенім.). **10.** а у ы с. *Шама-шарық, мүмкіндік.* Жат айбынар ісі жоқ, Жау айдынар *к ү ш і* жоқ, Өз еркіне жіберсең, Еш нәрсеге тоймайды (Абай, Тол. жин.). Бай көріп аң-таң қалды мұның *к ү ш і н,* Еш адам қылар емес қылған ісін. «Өз қорама алайын, өзің көнсең, Боласың ба қызметші, менің кісім?» (Абай, Тол. жин.). Баспасөз конференциясынан кейін Қазақ ССР өнер қайраткерлерінің *к ү ш і м е н* үлкен концерт болды (Ә.Шәріпов, Алыс.). Аттарыңды ауыстыр, Тұрғанша бос тартыспен. Сонда өз атым қалсын деп, Шабасыңдар бар *к ү ш п е н* (Е.Елубаев, Көкпар). **11.** а у ы с. *Шама, күй, бап.* Ол күнде нұрлы бейіс ішінде екен, Өзі де періштелер түсінде екен. Жылы жүзбен жұлдыздар жылжып жүріп, Сәлемдесер, сөйлесер *к ү ш і н д е* екен (Абай, Тол. жин.). **12.** а у ы с. *Құдірет.* Қазақ оқушылары Пушкин өлеңдерінің *к ү ш і н,* музыкасын, өмірлік мағынасын, сезімділігін түсінді (М.Қаратаев, Туған. әдеб.).

Бар күшін салды. *Аянбады, бар жігерін салды.* Дененің барша қуаты өнерге *с а л а р б а р к ү ш і н.* Жүректің ақыл суаты махаббат қылса тәңірі үшін (Абай, Тол. жин.).

Белінің күші, бетінің қызылы бар. *Бойда қуат, бетте әр бар; беделді.* Сен де қор болмас жағыңды ойла. *Б е л і ң н і ң к ү ш і, б е т і ң н і ң қ ы з ы л ы б а р* кезде қатарыңды тауып ал! (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Білектің күші, найзаның ұшымен. *Зорлықпен, белден басып, әлімжеттік жасап.* Жемежемге келгенде бостандық та, азат өмір мен шын мәніндегі тәуелсіздік те көп жағдайда *б і л е к т і ң к ү ш і м е н, н а й з а н ы ң ұ ш ы м е н* орнаған ғой (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Екпін күші. ф и з. *Денелердің сыртқы күш әсері тимеген жағдайда (немесе бірін-бірі өзара теңгеруші күштер әсер еткен жағдайда) өзінің қозғалысын өзгеріссіз күйде сақтайтын, ал сыртқы күш әсер еткен жағдайда өз қозғалысын біртіндеп өзгертетін қасиеті* (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Физика).

Күш айтты. *Мықтылық білдірді, өктемдік етті.* Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр, Қолдан беріп, қор болып, ала алмай жүр. Ел аулақта *к ү ш а й т қ а н,* топта танған, Арсыз жұрттан көңілі тына алмай жүр (Абай, Тол. жин.). Менің атым хан Қорен, неден үміт қыласың, – деп бір *к ү ш а й т а д ы,* оның үстіне келген жерден аңырып, Сансызбайды жекпе-жекке күшпен бақ сынауға шақырады (М.Әуезов, Әр жыл.). Батыраш селкілдетті көк сақалды: Бір жылқы жығылды да, өлді ажалды, Осыған ұры бізді қыласың! – деп, *К ү ш а й т ы п,* керейлерге зіркіл салды (І.Жансүгіров, Шығ.).

Күш алды. а) *Жетілді, әлденді, күшейді.* Республикада жаңа құрыла бастаған колхоздар мен совхоздар әлі де *к ү ш а л ы п* кете қойған жоқ еді («Жаңарған өлке»). Жас жігер жер бетінде *к ү ш а л ы п т ы,* Көктеп тұр көз алдында ісі алыптың. Барлығын баян етіп көгеріштің Рульде отыр өзі Нышановтың (Ә.Абайділданов, Маржан). ә) *Нәрленді, қуаттанды.* Жауған

күнмен жаңғырып, Жер көгеріп *күш алар* Аққан жасқа қаңғырып, Бас ауырып, іш жанар (Абай, Тол. жин.). б) э т н. *Күресте жыққан адам жығылған адамның басынан аттап кетті.* Көрім жығып, Шоқпарбайдың баласынан *күш алады.* Уай, неге *күш алады?* Кімді қорлайды мына қыпшақ? (Б.Майлин, Шығ.). – Өзімде де бар ғой, – деді Ыбырай, – Бір ерегісте түсіріп кетіп ем. Басынан *күш алып* ем. Және қыздар бар еді, солардың көзінше күлкі болды (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Күш алу. *Әлдену, қуаттану.* Мұндай жаттығулар оқушылардың әрбір дене мүшелеріндегі бұлшық еттердің шығып, *күш алуына* әсер етеді («Халық мұғ.»).

Күш бермеді. *Бой бермеді, ырыққа көнбеді.* Қалай болғанда да бүгінгі түні жаудың шебін бұзып өтуге әрекет жасауымыз керек. Әйтпесе, олар ертең тыңайып алып, *күш бермей* кетуі мүмкін (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.). Құлаша аттай тұлпардың Бүйірі қызып алған соң, Ауыздыққа *күш бермей,* Тізгінімен алысты (Батырлар жыры).

Күш болды. *Қиыншылыққа түсті, қиын болды.* Үйқы, тамақ қалды дым-ақ, Керегі жоқ іс болып: Жай жатпағым, Тыныш таппағым, *күш болып* (Абай, Тол. жин.). Қармақ үшін керекті Үшеуі ақыр бір кетті. Сағат деген үш болды. Жолда жүру *күш болды* (Қ.Мырзалиев, Күміс.).

Күш енді. *Қуаттанды, әлденді, қайраттанды.* Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ер жеткен соң, *күш енген* соң, оған билетпедік (Абай, Тол. жин.).

Күш жиды. *Әлденді, қуаттанды, күшейді, қайраттанды.* Әлдене уақытта *күшін жинап,* қайта тартқанда жердің бір қабат қыртысы ұртталды (Қаз. ертег.). Ерсі емес қой, еркешім Ұйықтасаң да қаншама, *Күш жинап* ал, бөпешім, Ержеткенде шаршама (М.Әлімбаев, Таңд. өлең.).

Күш импульсі. ф и з. *Күштің денеге қайсыбір уақыт аралығында еткен әсерін сипаттайтын шама. Күш импульсі* – векторлық шама және ол $F_{орт}$ күш тәрізді бағытталған (ҚҰЭ). *Күш импульсі* түсінігі механикада кеңінен қолданылады, әсіресе соққы теориясында (ҚҰЭ).

Күшке басты. *Мықтылық көрсетті, зорлық етті.* Мен бұл қадамының қисынсыз екенін айттым, ұялғандай болды, зорлыққа, *күшке баспады* (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.).

Күшке мінді. *Қайраттанды, қаһарланды, күшейді.* Орыс байының ұзап кеткенін көрді ме, енді Құлтума *күшке мінді* Мені жаратқан жалғыз Құдай қарашекпеннің байы емес еді ғой. Бұл қай қорлағаның? (Ә.Нұрпейісов, Шығ.). Көзіне ана кернейлеткен, Күн шығыстан көш көрініп, Бір кезде ана *күшке мінді,* Қос көзінен от төгіліп (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын.).

Күшке салды. *Қара күш жұмсады.* Жас бақшашы – Еркін, Марат Тұрмай босқа кірісті іске. Күрекпенен жердің шымын Аударды олар *салып күшке* (Т.Жабаев, Із.).

Күшке тиді [түсті]. *Қиындыққа түсті, ауыр болды, қинады.* Өзі үлкен кісіге жөтелудің қаншалықты *күшке тиетінін* олар түсінбейді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). *Күшке түсетін* қара жұмысқа қауқарым шамалы (Ғ.Сланов, Домбыра).

Күш көрді. *Қиналды, азап көрді.* Бір күні тақта жатып түс көріпті, Түсінде сұлу, көркем қыз көріпті, Сипаты жаннан артық бір қыз көріп, Мұны қайдан табам деп *күш көріпті* (Батырлар жыры). Күнікей бір күн жатып түс көріпті, Түсінде көп тамаша іс көріпті. Шаһаріне алты адам келген екен, Тамам жұрт алтауынан *күш көріпті* (Батырлар жыры).

Күш көрсетті. *Мықтылық танытты, қайрат-жігерін білдірді, сес көрсетті.* Зор кеуде адамзаттың айласына, Көнбей, бүгін *күшімді көрсеткенмін.* Екі езуім көпіріп, айқайласам, Шын құтырсам, шың тасты тербеткенмін (Абай, Тол. жин.). Құлшабайды сұраса: «Апақайды бер, бермесеңдер, Құлшабай зынданда жатады» – деп, *күш көрсетеді* (К.Әзірбаев, Аңыз.). Біздің көкем Қисықтың үйіне барып, *күш көрсетіп* қайтыпты (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Жылы сөйлесу, түсіндіру орнына *күш көрсетесің.* Адамдармен олай араласуға болмайды (С.Алдабергенов, Алға.).

Күш көрсету. а) *Айбат көрсету, зорлық қылу.* Тіпті кейбір ірі байлар ауыл белсенділеріне *күш көрсетуден* де тайынған жоқ (Ш.Өтепов, Өшп. жалын). ә) с а я с и. *Бір мемлекеттің (мемлекеттер тобының) екінші мемлекетке қарсы саяси, экономикалық, әскери қысым көрсету мақсатында қауіп төндіру. Күш көрсетудің* бейбіт жағдайдағы әдістәсілдеріне қарсыласқа қарсы ақпараттық шабуыл жасау, өзінің геосаяси жағдайы мен әлемдік қауымдастықтағы орнын пайдалана отырып, жан-жақты экономикалық қысымға алу, қажет болған жағдайда әскери күш қолдану жатады (ҚҰЭ). *Күш көрсетудің* қандай түрі болсын, халықаралық тұрақтылыққа, аймақтық қауіпсіздікке қатер төндіреді (ҚҰЭ).

Күш кірді. *Мықтымсыды, жігерленді, қайраттанды.* Отырасың үйінде Өз-өзіңнен *күш кіріп.* Босқа-ақ түсіп қаларсың, Біреу кетсе үшкіріп (Абай, Тол. жин.).

Күш қолданбау принципі. құқық. *Мемлекеттер арасындағы қатынастарда күш қолдануға немесе күш қолданамын деген қоқан-лоққыға тыйым салу ұстанымын қамтитын қазіргі заманғы халықаралық құқықтың іргелі принциптерінің бірі*. БҰҰ Жарғысының қабылдануы *күш қолданбау принципін* дамытудың маңызды қадамына айналды (ҚҰЭ). БҰҰ 1970 ж. қабылдаған Халықаралық құқық принциптері туралы декларация *күш қолданбау принципі* ұғымына басқа мемлекеттің шекарасын бұзу мақсатымен немесе халықаралық дауларды, соның ішінде аумақтық дауларды және мемлекеттік шекараға қатысты мәселелерді шешуде күш көрсетіп, қоқан-лоққы жасаудан немесе оны қолданудан мемлекеттердің тартынуға міндеттілігі туралы ережені енгізді (ҚҰЭ).

Күш қосты. *Демеді, көмектесті, жәрдемдесті*. Пікір алысып, *күш қосып* отыратын жолдасың болса, қанша жұмыс істесең де жалықпас едің (Б.Майлин, Шығ.). Жетісу облыстық әскери-революциялық комитетіне мүше болып, революция жетекшілеріне *күш қосады* (Ж.Арыстанов, Естен кетп.).

Күш қылды. а) *Қайрат қылды, айбат жасады*. Сүйінбай ақын ұстазым, Сөз қанжарын суырып, Дұшпанға осылай *күш қылды* (Жамбыл, Шығ. жин.). ә) *Қиынсынды, қиналды*. Жаман жігіт оңай істі *күш қылар* (Қаз. мақал.).

Күш моменті. ф и з. *Күштің айналдырғыш әсерін сипаттайтын шама. Күш моменті* центрге (нүктеге) және оське қатысты болып екіге ажыратылады (ҚҰЭ). О центріне қатысты *күш моменті* – векторлық шама. Оның модулі $M_0=Fh$ (ҚҰЭ). *Күш моменті* механиканың негізгі түсініктерінің бірі болып табылады (ҚҰЭ).

Күш пен құралдарды топтастыру. ә с к. *Қарсыластан шешуші басымдылықты қамтамасыз ету үшін, оны талқандап, операцияның (ұрыстың) мақсатына жету үшін күш пен құралдарды (негізгі күш-жігерді) басты, шешуші бағыттарға (іс-қимыл аудандарында) шоғырландыру. Күш пен құралдарды топтастырудың* көрсеткіші шабуылда соққы беру бағыттарындағы және қорғаныста ең маңызды бағыттардағы күштер мен құралдардың тығыздығы болып табылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Күш салу. *Барынша тырысу, ықпал ету, аянбай еңбек қылу*. Әсіресе, мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартып, онда білікті мұғалімдердің баруына, білім сапасының жақсаруына *күш салу* қажет («Егемен Қазақстан»). 1916 жылдары айдалып келген орыс интеллигенттерінің *күш салуымен* Өскеменде тұңғыш рет қазақ балаларына арналған мектеп-интернат ашылады (Ж.Исмағұлов, Адам.).

Күш сызықтары. ф и з. *Қандай да бір күш өрістерін (электрлік, гравитациялық, магниттік) кескіндеу үшін ойша жүргізілетін сызықтар. Күш сызықтары* кеңістіктегі өрістің таралуын көрнекі түрде бейнелейді: *күш сызықтарының* қоюлығы мен олардың бағыты өріс кернеулігі векторының шамасы мен бағытын сипаттайды (ҚҰЭ). Алғаш рет электр және магнит өрістері үшін *күш сызықтары* туралы ұғымды ағылшын ғалымы М.Фарадей (1791-1867) енгізді (ҚҰЭ).

Күш сынасты. *Бәсекелесті, салғыласты*. Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ. Сапырылды байлығың, бақкан жылқың. Баста ми, қолда малға талас қылған, *Күш сынасқан* күндестік бұзды-ау шырқын (Абай, Тол. жин.).

Күш таластырды. *Өктемдікті, мықтылықты салыстырды, бәсекелесті*. Кей бай өзі біреумен *күш таластырамын* деп, жүз кісіге қорғалақтығынан жалынып, малын үлестіріп жүр (Абай, Тол. жин.).

Күштер мен құралдар. ә с к. *Белгілі бір әскер бөлімшесіндегі (бөлімдегі, құрамадағы) жеке құрам саны мен бөлімшенің (бөлімнің, құраманың) қару-жарақтары мен әскери техникасы*. Мысалы, Н. қаласын қорғаушы әскердің *күштер мен құралдар* саны – 20 мың адам, 40 ауыр және 80 орташа танк, 60 орташа калибрлі зеңбірек болды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Күштер мен құралдардың арасалмағы. ә с к. *Екі жақтың бірінің күштері мен құралдарының артықшылығын (үстемдігін) анықтауға мүмкіндік беретін, өз әскерлері мен қарсыластың әскерлерін сипаттайтын сандық және сапалық мәліметтердің жиынтығы. Күштер мен құралдардың арасалмағы* жалпы әскерлік бөлімшелердің сандық қатынасынан немесе олардың жеке құрамалары мен негізгі қару-жарақ түрлерінің санынан көрінеді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Күштер мен құралдардың шоғырлану тығыздығы. ә с к. *Күштер мен құралдардың 1 км майдан шебіне орта есеппен келуімен саналатын ұрыс әрекетіндегі ауданның (бағыттың, учаскенің) әскермен және әскери техникамен толықтырылу дәрежесі. Күштер мен құралдардың шоғырлану тығыз-*

д ы ғ ы әскерлердің шабуылда шешуші соққы бағытында күштері мен құралдарын жинау, ал қорғаныста негізгі күштерді шоғырландыру, сондай-ақ майданның қосалқы бағыттарындағы (учаскелеріндегі) ұрыстық мүмкіндіктері деңгейінің көрсеткіші болып келеді және қолбасшының (командирдің) операцияға (ұрысқа) деген ой жоспарын көрсетеді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Күш топтастыру. *Жаңа күш, әскер жинау, оларды қажетті қару-жарақпен қамтамасыз ету.* Талиб басшыларының: «Қайта оралып, Кабулды босатамыз, қазіргі шегініс – *к ү ш т о п т а с т ы р у»,* – деген мәлімдемелері де негізсіз («Егемен Қазақстан»).

Күш түсті. *Салмақ, ауырлық түсті.* Жөтел ген кезде жүректің оң жақ қабағына *к ү ш т ү с і п,* қанның қысымы төмендейді (М.Сисекенов, Өкпе ауру.). Баста ми жоқ болса, екі аяққа *к ү ш т ү с е р* (Қаз. мақал.).

Күші келмеді. *Әлі жетпеді, шамасы келмеді.* Қалмақтан жеңіліп, ақтабан шұбырындыға тап болған елдің бөтендермен жауласуға *к ү ш і* көп *к е л м е й т і н* болды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

Күшін жойды. а) *Заңсыз, жарамсыз деп табылды.* Сенім қағазға белгілі мекеме қол қойып, мөр баспаса, *к ү ш і н ж о я д ы* («Жаңа өмір»). ә) *Өз мәнінен айырылды.* «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деген нақыл о жақта да *к ү ш і н ж о й м а ғ а н* екен (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай).

Күшін сатты. *Қызметін бұлдады.* Бай алады кезінде көп берем деп, Жетпей тұрған жерінде тек берем деп. Би мен болыс алады *к ү ш і н с а т ы п,* Мен қазақтан кегіңді әперем деп (Абай, Тол. жин.).

Қара күш. а) *Бойдағы мол қуат, зор қайрат.* Ол өзінің *қ а р а к ү ш і,* зілі сияқты болатын осындай бір Майбасардың жүруін мақұл көрді (М.Әуезов, Шығ.). Өзбек жігіті бастаған өзге топ би билеп жөнелді. Алып күш, аюдай қолбаң қаққан *қ а р а к ү ш,* көрі күш пен майысқан епті жастық күшінің алысуын көрсететін би (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жайылған жердүниеге менің ісім, Адамзат таңдандырған *қ а р а к ү ш і м*. Ойлаған өлтірмек боп Сар-Кек-Кидің Сыпырғам түлкідей ғып бас терісін («Мәдениет және тұрмыс»). ә) *Аяқ-қолдың күш-қуаты; дене еңбегі.* Ғылым мен техниканың дамуы, адамдарымыздың ой-санасының өсуі, олардың тиісті білімі мен дағдысының жан-жақты қалыптасуы – еңбектегі *қ а р а к ү ш т і ң* маңызын біртіндеп кеміте береді (Қ.Жарықбаев, Психология). Біздің ғылыми медицина женьшень тамырын орталық нерв жүйесін қоздыратын, ақыл-ой және *қ а р а к ү ш* жұмыстарында қалжыраған, қан қысымы төмендеген адамдарды жақсы сергітіп, жігерлендіретін құнды емдік қасиеті бар дәрі ретінде қабылдады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). б) *Ожарлық, зорлық.* Өнер ішінде ән – нәзік нәрсе, ол *қ а р а к ү ш к е* көнбейді (М.Тоқжігітов, Ән атасы). Тасболат қимаса да болыстықты, Тіл білмесе қоймайтын закон шықты. Не баласы, не өзі оқымаған, Болғанмен *қ а р а к ү ш к е* сонша мықты (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). в) *Дөрекілік, нойыстылық, анайылық, озбырлық.* Қазір Сіздердің жабайылығыңызды пайдаланып, Сіздерді бассыздық жолына салып тұр. *Қ а р а к ү ш* жұмсауға азғырып тұр (С.Сейфуллин, Шығ.). г) *Дүлей күш* (*албасты, пері, жын-шайтан).* Бұл ертегіде жалмауыз адам баласына қастық ойлаушы мол жауыздықтың, *қ а р а к ү ш т і ң* бейнесінде алынады (М.Fабдуллин, Қаз. ауыз. әдеб.).

Қара күшке салды. а) *Әдіс-айласыз жай күшке, дене қайратына салды. Қ а р а к ү ш к е с а л с а,* баяғыда-ақ жығып салар еді, балуанның мысын құртып жүрген – күрес ережесі (Қаз. тілі фразеол. сөздігі). ә) *Зорлық жасады, белден басты.* Зорлықшы зорлықтан қаза табады. Ал бірақ бүгін олар *қ а р а к ү ш к е с а л ы п,* қол қайратын етер болса, сенің де қолың қайратсыз емес, менің елім (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Өзім [өзімдікі] дегенде өгіз қара күші бар. *Өзі үшін, өзіне келгенде жанын аямады, бар қайратын салды.* Әрқайсысы өзін-өзі дәй санайтын, *ө з і м д е г е н д е ө г і з қ а р а к ү ш і б а р* әр рудың би, батырларын бір ханға бағындыру оңай болып па? (І.Есенберлин, Шығ.). *Ө з і м д і к і д е г е н д е ө г і з қ а р а к ү ш і м б а р,* өзгенікі дегенде болар-болмас ісім бар (Мақал).

КҮШАЛА[1] з а т. **1.** ө с. <лат. eminium> *Шаянот тұқымдасына жататын улы түйнекті көпжылдық шөптесін өсімдік.* Қазақстанда өсетін *к ү ш а л а н ы ң* түрі бір-бірінен жапырақ құрылыстары арқылы ажыратылады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). Қазақтар малы құрттаса, карболқаның бір шынысына бір қой береді, өзіне шаншу қадалса, үш *к ү ш а л а ғ а* мен бір серкеш алам (F.Мұстафин, Көз көрген). Ең соңғы жүйрік тазысын күндестер *к ү ш а л а* беріп өлтірді (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

Ит күшаласы. б о т. *Биіктігі 15-40 см, жапырақ тақтасы ұшбұрышты, қандауыр пішінді, ұзын сағақты болып келетін түйнекті өсімдік. И т к ү ш а л а с ы* – өте сирек кездесетін түр болғандықтан, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізіліп, ерекше қорғауға алынған (ҚҰЭ).

КҮШАЛА[2] з а т. х и м. <лат. arsenicum> ***Күшән.*** *К ү ш а л а н ы* бос күйінде алу әдісін 13 ғасырда алхимик Альберт Магнус ашқан (ҚҰЭ). *К ү ш а л а* табиғатта таза күйінде сирек, көбіне күкірт не металдармен қосылыс түрінде кездеседі (ҚҰЭ). *К ү ш а л а* қорытпаларға қаттылық және коррозияға тұрақтылық қасиет беру үшін қоспа, медицинада дәрі ретінде, ауылшаруашылығында зиянды жәндіктерді құрту үшін т.б. қолданылады (ҚҰЭ).

Күшала кентастары. х и м. *Құрамында бөліп алуға тұрарлықтай күшән және оның қосылыстары шоғырланған табиғи минералдық шикізат. К ү ш а л а к е н т а с т а р ы,* негізінен, түрлі түсті металл кендерінде және бағалы металдар кешенінде кездеседі (ҚҰЭ). Өндіру үшін *к ү ш а л а к е н т а с т а р ы н д а ғ ы* күшәла мөлшері 2% -дан, кешенді кентастарда 0,1-0,5%-дан кем болмауы керек (ҚҰЭ). *К ү ш а л а к е н т а с т а р ы* гравитациялық, флотациялық әдістермен байытылады (ҚҰЭ).

Күшала қосылыстары. х и м. *Күшән элементі түзетін химиялық қосылыстар. К ү ш а л а қ о с ы л ы с т а р ы* +5, +3 және – 3 тотығу дәрежелерін көрсетеді (ҚҰЭ). *К ү ш а л а н ы ң* оттекпен *қ о с ы л ы с т а р ы* – As_2O_3 және As_2O_5 (ҚҰЭ).

КҮШАЛАЛЫ с ы н. *Құрамында күшәні бар, күшән қосылған.* Ваннадағы *к ү ш а л а л ы* натрий тікелей кенені улайды (С.Сыбанбаев, Мал қаны.).

КҮШӘЛА з а т. ө с. ***Күшала.*** Қазақстанда Мойынқұм мен Қызылқұм шөлінде, Қаратауда және Тянь-Шаньнің батысында өсетін 2 түрі бар: ит *к ү ш ә л а с ы* мен Регел *к ү ш ә л а с ы* (ҚҰЭ).

Күшәла жеді. ж е р г. *Ашуланды, ызаланды.* Бастық Бесқалаға барып келгелі *к ү ш ә л а ж е п,* мені қысып жатыр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮШӘН з а т. х и м. *Қалыпты жағдайда гексагональ торлы сұр кристалдар түрінде келетін улы зат, химиялық элементтерінің периодтық жүйесінің V тобындағы элемент (мышьяк).* Неғұрлым тұрақты аллотроптық модификациясы метандық не сұр *к ү ш ә н* деп аталады (Қаз. тілі термин. Кен.). *К ү ш ә н* табиғатта негізінен сульфидтер мен сульфоарсенидтер түрінде кездеседі (Қаз. тілі термин. Кен.). Мыс пен қорғасынның кейбір қорытпаларына *к ү ш ә н* қосады (мыс., бытыра жасауда) (Қаз. тілі термин. Кен.).

КҮШЕ з а т. ж е р г. к ә с. *Қазылып алынған ақ тастан тілініп дайындалған бірінші сұрыпты кірпіш. К ү ш е л е р д і* ірі құрылыстар үшін даярлаймыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮШЕЙ= е т. **1.** *Бастапқы қалпына қарағанда нығаю, жақсару, түзелу.* Былтырдан бері Айшаның шаруашылығы мүлде *к ү ш е й д і* (Б.Майлин, Шығ.). Күнделікті спортпен айналысқан адамның денсаулығы *к ү ш е й е д і,* жұмыс істеу қабілеті артады («Жаңұя тәрбиесі»). **2.** *Асқыну (ауру туралы).* Ақырында ауру адам жүдеп, әлсірейді, ауруы бұрынғыдай емес, *к ү ш е й е д і* (Л.Иншаков, Тік ішек.). Жөтел *к ү ш е й і п* барады (Д.Әбілев, Арман.).

КҮШЕЙТ= е т. **1.** *Арттыру, нығайту.* Абай әмір жүргізуші жуандардың барлық іс-әрекетіне бұрынғыдан да өткір, қатал сынмен қарауды *к ү ш е й т е д і* (М.Әуезов, Әр жыл.). Жүсекең тым салқын, үнілеуді *к ү ш е й т і п,* әңгіменің өрісін тарылта түседі (Б.Майлин, Шығ.). Ол екі бағыттың екеуі де реформаға ынтаны *к ү ш е й т п е й д і,* тәуелсіздікті бекемдей түспейді, демократияны нығайтпайды («Егемен Қазақстан»). Осыны пайдаланып, реформадан ұтылғандардың ашу-ызасын *к ү ш е й т і п,* әлеуметтік кекшілдік өртіне тамызық тамызып, тезірек биікке жеткісі келетіндерді де құптау қиын («Егемен Қазақстан»). Қазақы салт-дәстүрді бұрынғыдан әрі *к ү ш е й т п е с е,* әлсіретпей жалғастырып келеді («Егемен Қазақстан»). **2.** *Үдемелеу, үстемелеу.* Драмада бір уақиғадан екінші уақиға, бір себептен екінші бір себеп туып отыратын, бірін-бірі *к ү ш е й т е т і н* белгілі байланыс болмақ, сондықтан байланыс, күшейіс, айырылыс деген үш жікке бөлінбек (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮШЕЙТКІШ[1] з а т. т е х. **1.** *Дыбыстың, қысымның, электр кернеуінің, токтың т.б. күшін арттыратын құрылғы.* Сырттан берілетін энергия түріне қарай *к ү ш е й т к і ш т і ң* электрлік, магниттік, гидравликалық, пневматикалық т.б. түрлері болады (ҚҰЭ). Бұл *к ү ш е й т к і ш т е р* теледидар, радиолокация, радиобайланыс, ақпараттарды жазу мен жаңғырту аппаратураларында, автоматика, өлшеуіш және есептеуіш техникасы құрылғыларында т.б. кеңінен пайдаланылады (ҚҰЭ). Бекназар қолы магнитофон *к ү ш е й т к і ш і н* дәл тапты (А.Мархабаев, Ғарышта.). *К ү ш е й т к і ш т і ң* үстіңгі жағында лампаның торы және конденсатор арқылы қосылатын екі розетка бар («Халық мұғ.»).

КҮШЕЙТКІШ[2] с ы н. *Арттырушы, үдемелеуші, үстемелеуші.*

Күшейткіш буын. л и н г в. *Заттың белгісапасын, сынын асыра көрсетіп тұратын үстеме буын.* Тек, «ақ», «көк» сөздері *к ү ш е й т к і ш б у ы н* үстелгенде «аппақ» (ап-ақ емес), «көкпеңбек» (көп көк емес) болып бірігіп жазылады (Қаз. грамм.).

Күшейткіш үстеу. л и н г в. *Заттың сындық қасиетін және қимыл, іс-әрекеттің белгі-сапасын, мөлшер-көлемін күшейтіп не солғындатып көрсететін сөз. К ү ш е й т к і ш ү с т е у л е р* негізінен сапалық сын есіммен тіркесіп қолданылып, сын есімнің күшейтпелі шырай түрін жасайды (Қаз. грамм.). Морфологиялық құрылысы жағынан *к ү ш е й т к і ш ү с т е у* тек негізгі түбір болып келеді (Қаз. грамм.). Қазақ тіліндегі *к ү ш е й т к і ш ү с т е у л е р* (өте, тым, тіпті, аса т.б.) үнемі екпінге ие болып тұрады (Қазіргі қаз. тілі).

КҮШЕЙТПЕЛІ с ы н. *Үдемелі, асырмалы, үстемелі.* Асырмалы деп жүрген шырай түрі де *к ү ш е й т п е л і* мәнді білдіреді (Қаз. грамм.).

Күшейтпелі буын. л и н г в. ***Күшейткіш буын.*** Ол, біріншіден, *к ү ш е й т п е л і б у ы н* арқылы жасалады (Қаз. грамм.).

Күшейтпелі үстеу. л и н г в. ***Күшейткіш үстеу.*** Екіншіден, «өте», «аса», «ең», «тым», «тіпті» т.б. *к ү ш е й т п е л і ү с т е у л е р* арқылы жасалады (Қаз. грамм.).

Күшейтпелі шырай. л и н г в. *Заттың бастапқы сынын, белгісін күшейтіп, асыра түсетін сапалық сын есімнің шырай түрі. К ү ш е й т п е л і* және асырмалы деп аталатын *ш ы р а й* түрлерін біріктіріп қарайтын болсақ (асырмалы деп жүрген шырай түрі де күшейтпелі мәнді білдіреді: өте жақсы – жап-жақсы, аса биік – біп-биік т.б.), шырайдың сапалық сын есімнің лексика-грамматикалық категориясы ретінде екі-ақ түрін көрсетуге болады: салыстырмалы шырай және *к ү ш е й т п е л і ш ы р а й* (Қаз. грамм.).

КҮШЕЙТУ *Күшейт етістігінің қимыл атауы; нығайту.* Қазақстандағы, ең алдыменЕмбі, Маңғыстау өңіріндегі мұнай және жанғыш газ түрлерін зерттеуге байланысты геофизикалық зерттеу, геологиялық барлау жұмыстарын барлық жағынан *к ү ш е й т у г е* тиістіміз (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.). Қазіргі таңда, әсіресе, елдің рухын көтеріп, отаншылдық сезімін ояту, *к ү ш е й т у* қажет деп санаймыз («Егемен Қазақстан»). Президент өз Жолдауында 2005 жылы экономиканы дамытудың негізгі бағыттарын нақтылап берді. Олар – экономиканы одан әрі ырықтандыру; бәсекелестікті дамыту мен бюрократиясыздандыру; экономиканың ашықтығын *к ү ш е й т у*; индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру; ауылды дамыту бағдарламасын іске асыру; инфрақұрылымды дамыту («Жас Алаш»). Ұйымды *к ү ш е й т у м е н* бірге клубты түзету, ішіне керекті жабдықты жинау деген мәселе келіп шықты (І.Жансүгіров, Шығ.).

КҮШЕЙТІЛ= е т. *Нығайтылу, арттырылу.* Егіншілердің өз ісіне деген жауапкершілігі *к ү ш е й т і л д і* (К.Баялиев, Жер тынысы). Хан қонысының айналасында күзет *к ү ш е й т і л д і* (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Құрылыс қаламасы металл бөліктер (бумалар) арқылы *к ү ш е й т і л е д і*, беріктігі жоғарылатылады (К.Сапарбайұлы, Геология.). Ауылшаруашылық жерлерінің сақталуын жақсарту, егістіктерді қорғайтын орман алқаптарын жасау жөніндегі жұмыс *к ү ш е й т і л с і н* (Т.Қалыбеков, Экология.).

Күшейтілген радиациялық оқтұмсық. ә с к. *Дағдылы атом бомбасына қарағанда өз энергиясын көп мөлшерде нейтронды радиация түрінде босатуға арналған атомдық оқтұмсық. К ү ш е й т і л г е н р а д и а ц и я л ы қ о қ т ұ м с ы қ* әдетте «нейтронды бомба» деп те аталады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

КҮШЕЙТІЛУ *Күшейтіл етістігінің қимыл атауы.* Бірінші басшылардың еңбек коллективтеріндегі экономикалық оқуды ұйымдастыруға жауапкершілігі *к ү ш е й т і л у г е* тиіс («Қазақст. комм.»).

КҮШЕЙТІҢКІРЕ= е т. *Үдетіңкіреу, көтеріңкіреу.* Ілкі әуезді *к ү ш е й т і ң к і р е п* қана, мұңды жерді дірілдетіңкіреп қана салды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

КҮШЕЙІҢКІРЕ= е т. *Арта түсіңкіреу, үдеңкіреу.* Қора ішіндегі адамдардың дүбірі *к ү ш е й і ң к і р е д і* (С.Шарипов, Бекболат). Ескіден бар жөтелі кейінгі жылдары *к ү ш е й і ң к і р е п,* қайта-қайта жатып қалып жүр еді (К.Қазыбаев, Ызғар).

КҮШЕН з а т. ж е р г. э т н. *Киізден, теріден жасалған қамыт. К ү ш е н д і* аттың мойнын қажамас үшін кигізеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Аттың *к ү ш е н і н* ал да, суарып кел (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КҮШЕН= е т. **1.** *Бойға қатты күш салу.* Оның ар жағы терең көлдің жағасы, кейбір тұстарына тырмысқан ат *к ү ш е н і п* әрең шығады, жаяу кісі жүре алмайды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жақпар тастың астына қолын сұғып жіберіп, *к ү ш е н е* тартып еді, ауыр екен (С.Жүнісов, Жапанда.). **2.** *Өзін-өзі зорлап ышқыну. К ү ш е н д і* кеп кіжініп, Келгенінше Шамасы, «Өстім ғой» – деп ісініп, Дейді: «Енді бір қарашы!» (Абай, Тол. жин.). Тырқыл қағып, тыпырлап, *К ү ш е н д і* де, бөртінді. Іш жарылды сытырлап, Мақтанам деп өзі өлді (Абай, Тол. жин.). Өз-өзінен бір бақа *К ү ш е н д і* де, бөртінді. Қарны үлкейді қампайып, Өгіздей болам деп ісінді (Абай, Тол. жин.).

КҮШЕНУ *Күшен етістігінің қимыл атауы; ышқыну.* Бірақ шамадан тыс *к ү ш е н у д і ң* арты ұятқа соғады (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.).

КҮШЕНШЕК с ы н. *Қолдан келмеске әлек, тыраш.* Асыл ғой отты әр адам! Өкініш бізде жоқ онша: Әттең-ау, әттең! Арадан *к ү ш е н ш е к,* күншіл жоғалса! (Х.Ерғалиев, Жайық). Әдебиет дегеніңіз дәрменсіз жазушы, *к ү ш е н ш е к* ақындар аса алмас асқар шыңға айналмақ! («Қаз. әдеб.»).

КҮШЕНІҢКІРЕ= е т. *Бойға күш салыңқырау.* Ықаң тұрудың да, отырудың да есебін таба алмай: «Е», – деп *к ү ш е н і ң к і р е п,* орындықтан бөксесін тиер-тимес көтеріп бүкшиді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮШЕЮ *Күшей етістігінің қимыл атауы; арту, нығаю.* Халық тұрмысының жақсаруы, медициналық көмектің *к ү ш е ю і* адам өмірін ұзартып келеді (М.Сисекенов, Өкпе ауру.). Лобачевский геометриясы эвклидтік геометрия өзгеше геометриялардың дамуына себепші болды, мұның нәтижесінде кеңістік зерттеліпті, әйгілі салыстырмалық теориясы дүниеге келді және математикада аксиомалық әдістердің кең өріс алып *к ү ш е ю і н е* әсер етті, мұның нәтижесінде абстракті математикалар дамыды (О. Жәутіков, Жаратылыстану.).

КҮШ-ЖІГЕР з а т. *Бойдағы әл, қайрат, қуат.* Бізбар *күш-жігерімізді* Отанымыздың қуатын арттыруға жұмсауымыз керек (Ж.Дүйсекеев, Гүлден.). Партия – қанат, жалым, *к ү ш ж і г е р і м,* Жақыным болмайды одан ешбір менің. Ұлы заң – Программасы біздер үшін, Уставы қолымдағы іс-тірегім (С.Машақов, Жылдар.).

КҮШ-КӨЛІК з а т. **1.** *Күнделікті шаруашылықта ауыр жұмыстарға пайдаланылатын мал.* Ақын осы атты еңбекші көпшіліктің күнделік тіршілігіне қажет болған *к ү ш-к ө л і г і* есебінде жырламайды (М.Әуезов, Әр жыл.). Солардың бірі жауыр, бірі қатпа, Сұр жорға ат қазір тулақ, ол енді ат па? Мұнымыз *к ү ш-к ө л і к* қой, десе шаруа, Зиянкес деді зекіп: «Әкел!... Шатпа!» (С.Сейфуллин, Өлеңд.). **2.** т е х. *Күнделікті шаруашылықта ауыр жұмысты орындау үшін қолданылатын құралдар.* – Әй, сен де бір жылампаз екенсің! Неге сонша зарлайсың?! – деді председатель, – Колхозда *к ү ш-к ө л і к* жеткілікті, өздерің ретін тауып жұмсай алмайсыңдар (О.Сәрсенбаев, Жиде.). Трактордың, жылқының және басқа *к ү ш-к ө л і к т і ң* едәуір бөлегі майданның керегіне берілген болатын (Партия).

КҮШ-КӨЛІКТІК с ы н. *Күнделікті шаруашылықта ауыр жұмыстарды орындау үшін пайдаланылатын.* Теміржол мен автомобиль транспорты кең өріс алған Моңғолияда түйенің *к ү ш-к ө л і к т і к* маңызы әлі де кеміген жоқ (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру).

КҮШ-ҚУАТ з а т. **1.** *Шама-шарық, қайрат-жігер.* Енді мұндай халықты еріксіз қорқытып көндірерлік *к ү ш-қ у а т* ешкімге бітпейді (Абай, Тол. жин.). Осылай арада өтті біраз заман, Күн санап ғашықтық артып, болдым жаман. Қаншама *к ү ш-қ у а т* жұмсасам да, Түгестім сабырымның бәрін тамам (М.Сералин, Шығ.). **2.** ф и з. *Энергия.* Бұл – осы қалаға *к ү ш-қ у а т* беріп тұрған электростанция (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

КҮШСІЗ с ы н. *Күші аз, әлсіз, әлеуетсіз, жігерсіз.* Өзен жағасындағы поселкеден құралған бұлардың отрядтары құрал жағынан тым *к ү ш с і з* еді (Б.Майлин, Шығ.). Бір кезде тауға шықты өліп-талып, Қия тасты, қырқаны бетіне алып. Дамыққан ой, дамылсыз тұншығуда, Көлеңкесі жүргендей *к ү ш с і з* қалып (И.Байзақов, Құралай.). // *Әлсіз, дәрменсіз адам. Күшсіздер,* сорлыларға атар таң жоқ, Көрінген бақ-дәулеттен ұшқан шаң жоқ. Жиғаны, бар тапқаны – басқанікі, Керек десе, тәнінде жалғыз жан жоқ! (М.Жұмабаев, Шығ.).

КҮШТЕ= е т. *Күш жұмсап, дегеніне көндіру; зорлау, қыстау, мәжбүрлеу.* Кешікпей бұларды *к ү ш т е п* қара жұмысқа жіберген еді (Ә.Қалмырзаев, Ар.). Көйлегін ақтан тіккіштеп, Күні-түні дем алмай, бітіруге жүр *к ү ш т е п,* Асыққансып, тоқталмай (Абай, Тол. жин.). Сұр ерін, өзі жұқа жиі тістеп, Ызамен тұрған жандай бойын *к ү ш т е п.* Кең жауырын, білегі бұлшық етті, Үйренген жан секілді қызмет істеп (Абай, Тол. жин.). Ағайынға іс түспек – Ол бір үлкен қарғыс қой. Аларың сонда ең *к ү ш т е п* – «Бишара» менен «байғұс» қой (Абай, Тол. жин.).

Күштеп әкелу. з а ң. *Заң органдарының айыпталушыны, сотталушыны, сезіктіні, куәгерді және басқа кейбір адамдарды шақыру бойынша дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда сотқа, алдын ала анықтау органына, прокурорға немесе тергеушіге мәжбүрлеп әкелуі (жеткізуі).* Іске қатысушының шақыруға келмеу себептері *к ү ш т е п ә к е л у* туралы шешім қабылданбастан бұрын анықталуға тиіс (ҚҰЭ). Тергеуден жасырынған немесе белгілі мекен-жайы жоқ айыпталушыға ғана алдын ала шақырусыз *к ү ш т е п ә к е л у* қолданылуы мүмкін (ҚҰЭ).

КҮШТЕН= е т. **1.** *Өз-өзін мәжбүр ету.* Дағды қалыптасқаннан кейін *к ү ш т е н і п,* зорланып, қиналып істеу жойылады (Қ.Жарықбаев, Психология). **2.** *Бойға қатты күш салу.* Қарымбай да *к ү ш т е н е* басып нарға шықты (М.Қуанышбаев, Кек қылышы).

КҮШТЕУ *Күште етістігінің қимыл атауы; қыстау, мәжбүр ету.* Көктемде Сардар қызының *к ү ш т е у і м е н* тағы да докторға қаралды (З.Қабдолов, Жалын).

КҮШТІ с ы н. **1.** *Бойында күші мол, әлді, қуатты, қайратты.* Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті, Қабырғалы, жотасы болса *к ү ш т і.* Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы, Тояттаған бүркіттей салқы төсті (Абай, Тол. жин.). Үш бірдей ірі, *к ү ш т і,* сау адамдардың қосыла күлген күлкісі қар жамылған ақ даланы жаңғыртып, аязды күнді жылытып жібергендей болды (Ә.Нұршайықов, Жомарт.). Түйенің *к ү ш т і* болуы мойын, қол, аяқ және сан еттерінің жақсы жетілуіне байланысты (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). Туысқаның, достарың – бәрі екіұшты, Сол себепті досыңнан дұшпан *к ү ш т і.* Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған, Бұл не деген заманға ісім түсті (Абай, Тол. жин.). **2.** *Қатты, екпінді, пәрменді, мықты, зор.* Екпіні *к ү ш т і* ер үшін, Еңбек қылды жем үшін, Ұядағы балаға (Абай, Тол. жин.). Жайына біреу келсе кез, Белгілі жұмыс, сор қайнар. Қуаты *к ү ш т і* нұрлы сөз. Қуатын білген абайлар (Абай, Тол. жин.). Дым-ақ даусы *к ү ш т і* екен, Бекер де емес сенікі. Сүйтсе де арақ ішпеген, Есті ұлдар ғой менікі (Абай, Тол. жин.). Сөйлесе кетсе, бір жерде Ағыны *к ү ш т і* аңқылдап. Оязға кірсе өзгеден Мерейі үстем жарқылдап (Абай, Тол. жин.). // *Әлді, өктем, дәулетті адам.* Сүйтсе дағы елімді Ұстай алмадым мығымдап. *К ү ш т і л е р і м* сөз айтса, Бас изеймін шыбындап (Абай, Тол. жин.). Мұнымен мал шашылып ар кетеді, *К ү ш т і* әлсіреп, нашардан хәл кетеді (М.Дулатов, Шығ.). **3.** *Берік, нық.* Ырғызбай, Құнанбай жақтарының өздеріне сенімі соншалықты *к ү ш т і* еді (М.Әуезов, Абай жолы). **4.** а у ы с. *Артықшылығы ерекше, үлгілі, үздік, озық.* Абайдың *к ү ш т і* ақын, үлгілі ақын болуына себеп – аулына жер аударылып барған Долгополов болған (С.Мұқанов, Өсу жол.). Оқыдым. *К ү ш т і* жазылған кітап (А.Жақсыбаев, Менің дос.). «Күн тіл қатты» тұтас алғанда, қазақ поэзиясындағы ірі, *к ү ш т і* шығарманың бірі (Е.Ысмайылов, Сын.). **5.** а у ы с. *Айрықша мол, басым, көп.* Бірақ Қозының, ақ бейілдік, сенгіштік сипаттары *к ү ш т і.* Өзінің ата жауы Қодармен ол дос болады (М.Әуезов, Әр жыл.). Мұндай жағдайда астындағы оты *к ү ш т і* болса, қазан тез қайнағанмен, тез суалатын еді (І.Есенберлин, Қаһар). Сөзден гөрі оқытушының өз басының үлгісі шәкірттерге *к ү ш т і* әсер етеді («Халық мұғ.»). **6.** а у ы с. *Әдемі, әсем шыққан, қатты (ән).* Ерекше таза, *к ү ш т і,* мөлдір үн анық әнші өнері келе жатқанын паш етіп тұр (М.Әуезов, Абай жолы). Міне, мына жақтан *к ү ш т і* музыка шықты (І.Жансүгіров, Шығ.). **7.** а у ы с. *Жедел, тез, күрт, шұғыл.* Төрт жасқа дейін балада еріксіз ес *к ү ш т і* дамиды (Қ.Жарықбаев, Психология). Осындай мәліметтерді салыстыра отырып, түрге қолайлы мөлшерден жиі және *к ү ш т і* өзгеретін, демек популяция санын тежейтін қоршаған орта факторларын табуға болады (Жалпы биология). **8.** а у ы с. *Сақ, сайлы.* Қазақ жағының қарауылы өте *к ү ш т і* (С.Шарипов, Бекболат). **9.** а у ы с. *Әсері ерекше, қатты.* Бұл дәрі *к ү ш т і,* бұған өте сақ болған жөн (Ш.Айманов, Қыран.). Жас пияз бастарының иісі *к ү ш т і* болады да, кескен кезде көзден жас ағызады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Қысы қандай тамаша біздің жердің: *к ү ш т і* аяз! Мен ондай аязды сүйем! (С.Мұқанов, Ботакөз). Теріскейден соққан желдің екпіні әрі *к ү ш т і,* әрі суық (С.Мұқанов, Өмір мектебі). **10.** а у ы с. *Ауыр, қиын, азапты.* Күңіренді күздің күніндей Қасірет болды тым *к ү ш т і,* Аядым ағаш түбінде Жығылып жатқан бір құсты (С.Мәуленов, Найзағай.). Күн мұнар көк түтін боп майдан үсті Сұрапыл соғыс сонша болды *к ү ш т і.* Қиратып жаудың шебін алған шақта, Жаралы жатқан жанға көзім түсті (Ж.Молдағалиев, Жыр.). **11.** а у ы с. *Тамаша, керемет.* – *К ү ш т і!* – деді бір жас жігіт, бірдеңені мақтағанда қолдана салатын жаргонмен (Жүлдегерлер).

Күштінің арты [к .. і] диірмен тартады. *Мықтының дегені болады, айтқаны орындалады.* – Үмітсіз тек шайтан ғана... Әлі де болса Орынборменен тіл табу керек, – деді Таймас. – Мен тіл таппаймын деп жүрмін бе? Тіл тапқысы келмейтін өздері емес пе? – *К ү ш т і н і ң а р т ы д и і р м е н т а р т а д ы,* тіл табу біздің жақтан болу керек (І.Есенберлин, Алмас.). – *«К ү ш т і н і ң к ...і д и і р м е н т а р т а д ы»* емес пе? – деп, ақсақал төмен қарап, бір күлімсіреп қойды (С.Торайғыров, Шығ.).

Күшті өзара әсер. ф и з. *Элементар бөлшектердің төрт іргелі өзара әсерлерінің бірі.* Қалған үш өзара әсер (әлсіз өзара әсер, электромагниттік өзара әсер және гравитациялық өзара әсер) *к ү ш т і ө з а р а ә с е р г е* қарағанда әлдеқайда әлсіз (ҚҰЭ). Кәдімгі орнықты заттарда қалыпты температурада *к ү ш т і ө з а р а ә с е р* ешқандай процестер тудырмайды (ҚҰЭ). Ғалымдар қазіргі кезде *к ү ш т і ө з а р а ә с е р д і*, әлсіз өзара әсерді, электромагниттік әсерді біріктіретін бірыңғай теория жасау жолдарын қарастыруда (ҚҰЭ).

КҮШТІК з а т. с ө й л. ***Күш.*** Жыландар ысқырып айбат шеккенде қорықпаса, жылан

қас *к у ш т і к т е н* дос *к у ш т і к к е* айналады (Е.Ысмайылов, Ақындар). Импортты алмастыру үшін ең қарапайым дискреттік құралдан (*к у ш т і к* диодтары, транзисторлары, теристорлары және т.б.) бастап, технологиялық тәуелсіздіктен елімізді сақтап қалатындай мүмкіндік бар («Егемен Қазақстан»).

КҮШТІЛІК з а т. *Қуат, мықтылық.* «Арыстан заманында қазақ хандығының *к у ш т і л і г і* сондай, соғысқа бірден 400 мың әскер аттандыруға шамасы келеді екен. Осылай деп Индияда белгілі Моңғол мемлекетін құрған Бабыр патша жазады», – дейді Левшин (М.Дулатов, Шығ.).

КҮШТІСІН= е т. э к с п р. *Күшті болып көріну, мықтысыну.* ≈ Қайта-қайта *к у ш т і с і н д і.*

КҮШТІСІНУ *Күштісін етістігінің қимыл атауы.* – Көрерміз әлі кімнің әлсіз, кімнің жыққанын... Ойбай тіпті *к у ш т і с і н у і н* (М.Сүндетов, Балық аула.).

КҮШІГЕН з а т. з о о л. <л а т. algypius monachus> **1.** *Мойнының жоғарғы жағы қауырсынсыз, төменгі жағында ұртиген, жаға тәрізді қауырсындары бар, салмағы 2-2,5 кг шамасындағы қаршыға тұқымдастарының бір түрі. К у ш і г е н* негізінде тау қияларына, жартастарға, биік ағаш басына ұялайды, қызғылт қоңыр дақты ақ 1 жұмыртқа салады (ҚСЭ). Қазір кілең қара киінген, айдары тоқпақтай асау топ мына қалпында жемтікке үймелеген қалың қара құс, *к у ш і г е н д е р д і* еске салады (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Бүркіт, *к у ш і г е н* және кондор дейтін жыртқыш құстар 6–7 мың метр биіктікке ұшады (Шопан сырласы). Ағаш бастарында мүлгіп гриф аталатын жауыр мойын *к у ш і г е н д е р* отыр (Т.Ахтанов, Үндістан.). Бір сексеуілдің басында *к у ш і г е н* отыр. *К у ш і г е н н і ң* бауыр жүні ұйпалақ, кей жері түлеп түскен (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Обыр, парақор.* – Не жегеніңді тамағыңнан өтіп кеткен соң ұмытып кететін *к у ш і г е н с і ң*-ау сен (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** а у ы с. *Қаныпезер, озбыршы.* Солдатым, дерсің мұндай кісі кімдер? Кісі емес, қандыбалақ *к у ш і г е н д е р.* Солардың қолдан шалған құрбандары Түрмеде аштан өлген, үсігендер (Қ.Жармағамбетов, Баллада). **4.** а у ы с. *Қолайлы сәтті күтіп, осал жерінен соғатын, әлсіздікті, қорғансыздықты пайдаланып, тән мен жанды жаралайтын адам.* – Неғылушы еді! Күшігің жерге қаратты! Күлкі етіп, мені *к у ш і г е н д е р г е* талатты. – Түңіле бермей, туралап айтшы мәнжайын, Білейін мен де, естиін мен де, аңдайын (М.Мақатаев, Шығ.).

Күшіген жүнді оқ. к ө н е. *Қанатына жыртқыш құстың 2-4 қауырсыны бекітілген садақ оғы.* Қазақтар оқтың қанатына жыртқыш құстардың (бүркіт, күшіген, құмай, т.б.) құйрық және қанат қауырсындарын пайдаланған... Осыған байланысты қазақ ауыз әдебиетінде *к у ш і г е н ж ү н д і о қ* атауы жиі ұшырасады (ҚҰЭ).

КҮШІГЕНДЕЙ с ы н. *Күшіген сияқты, күшіген тәрізді.* Мәжікен мұрнын қос-қосынан тартып, алая бір қарады да, *к у ш і г е н д е й* қоңқиып шығып кетті (С.Омаров, Қайырлы.). Сонда сұлу қыз Құртқа... Сауулы інгендей ыңқылдап, *К у ш і г е н д е й* сыңқылдап, Сүмбіледей жылтылдап, Буыны түсіп былқылдап, ... Көтеріп басын сөйлейді Естеміс құлға былқылдап (Қобыланды батыр).

КҮШІГЕНШЕ ү с т. *Күшіген сияқты, күшігенге ұқсап.* Жаңа ғана *к у ш і г е н ш е* күжірейіп отырған оязымыз бөденеге ұқсап кетті (Ә.Әбішев, Найзағай). Мына уыздай үлбіреген сұлу қызға қызыл көрген ақбас *к у ш і г е н ш е* етпеттеп құлап түсер-ау (З.Жәкенов, Таң самалы).

КҮШІК з а т. **1.** *Иттің және ит тұқымдас жыртқыш аңдардың баласы.* – Аузың күйді аулақтан, Енді жақын салсаңшы. Қабаған біздің мойнақтан Бір *к у ш і к т і* алсаңшы (Абай, Тол. жин.). Бір *к у ш і к т і* сіз үшін Берейін, құда, келтіріп. Жылда талай *к у ш і к т і* Бос қырушы ем өлтіріп (Абай, Тол. жин.). Бауырында кішкентай көк *к у ш і к т е р і* қыбырлайды (М.Әуезов, Қараш.). Бес арқан бойы түпсіз құздардан Бекболат үшін Ақберген түлкінің *к у ш і г і н* алған (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. э в ф е м. *Көз өтпес, тіл тимес үшін кішкентай баланы еркелете атайтын сөз.* Жүр, балам. Үйге кір. Қолыңдағы кішкентайыңды маған бере ғой... Өй, *к у ш і к т і ң* әп-әдемісін (М.Дүзенов, Әке.). Ағасының мойнынан қысып жатқанын көрмейсің бе, мұның, *к у ш і к!* Бар, әкеңнің қасына (Т.Тобағабылов, Жазира.). **3.** қ а р а п. э к с п р. *Адамды кемсітіп, қорлау мақсатында қолданылатын жағымсыз мәнді сөз.* Тарт, кәрі *к у ш і к!* Әйел бостандығына қол сұғып... Бойжеткен қыздың не істеймін десе де еркі (Б.Майлин, Шығ.). Қоясың ба-ай, *к у ш і к?* – деді Оспан қалтырап (Б.Майлин, Шығ.).

Күшігін аузымен тасығандай. ж е р г. *Мейірбан, мінезі жұмсақ, елжірегіш, ақкөңіл* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Күшік асырап ит еттім, ол балтырымды қанатты. *Жастайынан бағып-қаққан, үміт артқан адамым опасыздық жасады. К у ш і к а с ы р а п и т е т т і м, О л б а л т ы р ы м д ы*

қ а н а т т ы. Біреуге мылтық үйреттім, Ол мерген болды, мені атты (Абай, Тол. жин.).

Күшік ата. э т н. *Күйеу баласының үйінде не аулында тұратын қайын ата.* Дешті Қыпшақты билеген Бұрындық Мұхамед-Темір сұлтанды күшік күйеу етіп, өз ордасына кіргізудің орнына, ата жауы Әбілқайырдың ордасына өзі *к ү ш і к а т а* болып кірмек (І.Есенберлин, Алмас.).

Күшік күйеу. э т н. *Әйелінің ата-анасының үйінде немесе әйелінің елінде тұратын жігіт.* Жақында қоймашының қызы осы ауылдағы жас дәрігер жігітке тұрмысқа шықты. Дәрігер жігітті *к ү ш і к к ү й е у* етіп қолдарына кіргізіп алды (Д.Досжанов, Тұлпар.). Жалғыз атты жолаушы қара қасқа, Адуынды неме екен ала қашпа. Елімде *к ү ш і к к ү й е у* болам десе, Атын әкеп байласын мама ағашқа (М.Мақатаев, Қарлығаш.).

КҮШІКЕЙ с ы н. *Әлсіз, болар-болмас.* Қазақ атаулыны ылғи да табанында тауып үйренген ақ патшаның жас офицері және де погонын көргесін, көп шапан қалайша дір етпес екен деген *к ү ш і к е й* үмітке малданды (А.Сүлейменов, Бесін).

КҮШІКЕШ с ы н. **1.** с ө й л. ***Құшыкеш***. Ол – жайдары, *к ү ш і к е ш* жігіт (З.Шашкин, Теміртау). **2.** а у ы с. *Қу, алдамшы, суқит.* Алла мына кейпінде жоқтан бар жасаушы қожаның рөлінде емес, жай адамдарға түрлі айла жасап, оларды тек алдайтын *к ү ш і к е ш,* пысық кісінің рөлінде ғана көрсетіліп отыр (М.Тоқжігітов, Құран тур.).

КҮШІКТЕ= е т. *Күшік туу, балалау.* Елсіз болғандықтан, осы өңірде, тау сыртында *к ү ш і к т е г е н* қасқыр... енді мал қаптаған уақытта, түн баласында тыным бермей құйындай соғатын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Мен қағілез қаншықтың жуырда *к ү ш і к т е г е н і н* елестетіп, алып кетудің қисыны келмейтін болды-ау деген оймен үйге кірдім (А.Сейдімбеков, Ақиық). Тағы бір күндерде нағашысының үйінде Құмарлан деген ит *к ү ш і к т е й д і* дегенді естіп, Әлібек қайта келеді (Қаз. ертег.). Тілеулес қатындар: «Байғұсқа болсын» – деп, Мамырбайдікіне араласқанын күндейтіндері: «Ә, қойшы! Ол бала тапса, біздің сұр төбет те *к ү ш і к т е р»,* – десті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Шыбық күшіктеді. *Бұршік жарды.* Шыбын шықпаған, *ш ы б ы қ к ү ш і к т е м е г е н* шақ (Қ.Ысқақов, Қараорман).

КҮШІКТЕЙ[1] с ы н. *Күшік сияқты, күшік тәрізді.* – Түйеден лақтырып жіберейін бе?.. Тыныш отырыңдар! *К ү ш і к т е й* қыңсылап, бір жағынан сендер де жан алып біттіңдер ғой. Барды бермей отыр дейсіңдер ме? (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Айтқожаның қулығы сені еліртken, Бір дем салса, *к ү ш і к т е й* соңына ертken. Менің терім тарылып келе жатыр, Бұрын кісім емес ең жалғыз шерткен (Абай, Тол. жин.). Ителгі көзін төңкертіп, *К ү ш і к т е й* даусын қыңсытып, Аш күзендей белін бүгілтіп... Артыма салсам деп едім (Махамбет, Өлең.).

Жұрттан [көштен] қалған күшіктей. *Елеусіз, жападан-жалғыз, дәрменсіз. Ж ұ р т т а н қ а л ғ а н к ү ш і к т е й* мең-зең болып қаңғып келгені болмаса, Торжанда теміржолшылықтан не қалды (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Жуан ата ожарлар тігісінен сөгіле, Шынжырбалақ шонжарлар – Аласталып қалып тұр. Іштен түскен түсіктей Енді олардың жоқшысы, *К ө ш т е н қ а л ғ а н к ү ш і к т е й* Көй-көй күйін салып тұр (І.Жансүгіров, Шығ.).

Сүтке тиген күшіктей. *Жазықты, кінәлі, айыпты.* Құдай күнімізді Серғазыға салмасын. Күніміз бұған қараса, баяғыда қаңғыртып жіберуден де тайынбайды. Шетімізден *с ү т к е т и г е н к ү ш і к т е й* қылғанын ұмыттыңдар ма (Б.Тілегенов, Көктем.). Қазақша білетін орысым әлгі қатынды ала көзімен атып жіберді. Сол-ақ екен ол *с ү т к е т и г е н к ү ш і к т е й* сүмірейіп бөлмеден шыға жөнелді (К.Қазыбаев, Ызғар).

КҮШІКТЕЙ[2] үст. *Күшігінен, жастай.* Қойды қотырдың дәрісіне шомылдырғанда да иттермен қамалап тоғытады. Ол үшін итті *к ү ш і к т е й і н е н* үйретеді (Тарту). Ұялас – Тұрастың *к ү ш і к т е й* асыраған иті («Балдырған»).

КҮШІКТЕУ *Күшікте етістігінің қимыл атауы; күшік туу, балалау.* Үш күн бойы көрінбей жатып *к ү ш і к т е у і* тегін емес (С.Мұратбеков, Жабайы.).

КҮШІКТІ с ы н. *Күшігі бар, күшік тапқан.* Бір аю осы қыс, Болған-ды *к ү ш і к т і* – Көргенбіз оны біз, Әлгі... сұр ішікті (Ә.Ахметов, Жерұйық).

КҮШІКШЕ ү с т. *Күшік сияқты, күшікке ұқсап.* Сұлтандарды *к ү ш і к ш е* қасыңа ертіп жүрсің (Б.Аманшин, Жар мұңы). Қорамсаның ұлы қырындады екен деп, құйрығын шабына тыққан *к ү ш і к ш е* ауылға зыттық (С.Жүнісов, Ақан сері).

КҮШІМ з а т. э к с п р. с ө й л. ***Күшігім***. – Қауып алып жүрмей ме? – деді Көлен сескеніп, – Ұмытып қалуы мүмкін ғой. Ақтөс *к ү ш і м* (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.).

КҮШІМ-КҮШІМ о д. *Итті еркелеткенде, шақырғанда айтылатын сөз.* Иттің мінезі Абайға белгілі: *«К ү ш і м-к ү ш і м»,* – деп әуелі жаясынан, одан жотасынан, одан мойнынан сипап кеп, маңдайынан әлденеше сипағанша, ол алған аңын босатқан емес (С.Мұқанов, Аққан

жұлдыз). Кә! Кәһ! *Күшім-күшім!* сияқты одағайлар итке айтылады (Қазіргі қаз. тілі).

КҮШІРЛЕ= е т. ж е р г. *Күшею, дәуірлеу.* Болжық ол кезде жаңадан ауылнай сайланып, байларға теріс ыңғай беріп, *күшірлеп* тұрған кезі (А.Нұрманов, Құлан.).

КҮЮ *Күй етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өртену, жану.* Отқа *күюге* сәл-ақ қалды (Ауызекі). **2.** *Күннің қатты ысып кетуі.* Мына күннің *күюін-ай* (Ауызекі). **3.** а у ы с. *Қатты ашулану, терісіне сыймау, ыза кернеу, ашуға булығу, қаны қайнау.* Оны бүгінгі күннің қырсығының бірі деп біліп, қарғап-ұрсып *күюмен* жүр (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **4.** а у ы с. *Махаббат сезіміне қатты берілу.* Өмірде сен едің аңсаған, Енді не орны бар *күюдің.* Мен енді, Әлемге айқайлап жар салам, – О, қыздар, біліңдер қадірін сүюдің! (О.Әубәкіров, Көктайғақ).

КҮЮЛІ с ы н. *Тотыққан, күйген.* Содан бері қыз қабағы түюлі, Күнге беті бұрынғыдан *күюлі;* Қосқа келсе үңіледі қағазға, ішер асы көп тұрады құюлы (Х.Ерғалиев, Біздің ауыл.).

КІБІР з а т. с ө й л. ***Қыбыр***. Менде де *кібір* жоқ. Ойымды кәрі сұрау кернеді. Әкем түртіп қалғанда оянар ма екем? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІБІРТ= е т. *Күйбеңдеу, кібіртіктеу, қыбыжықтау.* Ақбала сияқты әдемі сөйлемеді. *Кібіртіп,* кібіртіктеп, ыңылдап қояды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІБІРТІК з а т. **1.** *Баяу қимыл, сылбыр жүріс.* Көк есек өзі-өзі болғалы иесін мұндай ауыр жолға алып шыққан емес. Соны сезгендей *кібіртігі* көп (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз). // *Баяу, жай, шабан.* Мәжит мұңайыңқы. Қимылы *кібіртік,* отап ештемені оңдырмады (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Аяқ басуы да соқыр адамдай тым *кібіртік* (Ө.Қанахин, Жүрек.). **2.** а у ы с. *Кемістік, сенімсіздік.* Алма орыс тіліне жүйрік еді. Тілінде бір ақау, *кібіртік* дейтін болмайтын (Аяулы жандар). **3.** а у ы с. *Кірбің, қаяу.* Сәт пен Бәдігүлдің арасындағы *кібіртік,* кірбің жадырамай, шиеленісе түскеніне көңілі дауаламай отырған Әлтай орнынан атқып түрегелді (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Менің үріккен аттай мүлде өзгеріп салғаным оны тағы *кібіртік* күйге түсірді (О.Тәжиева, Жетім қыз).

Кібіртік қақты. *Кібіртіктеді, баяулады.* Астындағы сары аты да шаршағандай, бүлкіл желістен жаңылып, *кібіртік қаға* бастады (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Торы ат кейде жанжағына қарап *кібіртік қақса,* кейде арындап, аршындай түседі (С.Хайдаров, Теңіз.).

Көңіліне кібіртік түсірді. *Ренжітті, налытты.* Оның жанын күйдіріп, көңіліне *кібіртік түсіре* бергені де сол сөздер болды (Б.Тоқтаров, Тауда.).

КІБІРТІКСІЗ с ы н. *Мұдірмей, еркін.* С.Мұқанов – суреткерлік сапардың ауыр, алыс жолында *кібіртіксіз* шауып келе жатқан жүйрік («Қаз. әдеб.»). Толықша, биіктеу бойлы, ақшыл сұрғылт жүзді Әсия сөзін қысылмай, бөгелмей, жатық, *кібіртіксіз* сөйлей бастады (М.Әуезов, Өскен өркен).

КІБІРТІКТЕ= е т. **1.** *Еркін қимыл, қозғалыс жасай алмау, баяу жүру.* Анау жалаң аяқ табанымен шабындық үстін *кібіртіктей* басып, үлкен жолға қарай тарта жөнелді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Өгізі құрғыр тастақты жерге жүріп көндікпеген ғой, баяғы аяңнан да қалып *кібіртіктеп,* әрең басып келеді (М.Қуанышбаев, Кек қылышы). **2.** *Кідіру.* Бірекі қол мүдіріп, *кібіртіктеп,* болар-болмас қана көтерілді (Б.Майлин, Шығ.). **3.** *Мұдіру, күмілжу.* Гүлжанның даусы шықпай, *кібіртіктеп* сөйледі (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

КІБІРТІКТЕН= е т. *Мұдіру, күйбежектеу.* Бірақ әңгімені неден бастауды таба алмай, *кібіртіктеніп* отырмын (І.Есенберлин, Алтын құс). Вернер шешініп болғаннан кейін де біз жаққа көзінің астымен қарап, *кібіртіктеніп* қалды (Қ.Исабаев, Жұмбақ үй).

КІБІРТІКТЕҢКІРЕ= е т. *Қипақтаңқырау, мұдіріңкіреу.* Алғашқыда *кібіртіктеңкіреп* бастағанмен, бір минуттан кейін жүрегін тоқтатып, көсіле жөнеледі (З.Ақышев, Біздің шамш.).

КІБІРТІКТЕТ= е т. *Еркін қимыл жасаттырмау, бөгеу, бәсеңдеттіру.* Үлпа қар ұйтқи соғып, аттарды да *кібіртіктетіп* жүргізбей келеді (А.Әуезов, Бала Мұхтар).

КІБІРТІКТЕУ *Кібіртікте етістігінің қимыл атауы; еркін қозғала алмау, баяу жүру.* Қараңғыға көзі үйренгенше ол жол жиегін байқап басып, *кібіртіктеумен* келе жатты (Ғ.Сланов, Шалқар).

КІБІРТІКШІЛ с ы н. *Кібіртік қаққыш, кібіртіктегіш.* Үй іші әрі-сәрі ыңғайсыз, *кібіртікшіл,* алакөбең тыншу жайға ұшырады (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы.).

КІБІРТІҢДЕ= е т. с ө й л. ***Кібіртікте.*** Айт, боразна! Бауыздалғыр көкшолақ! *Кібіртіңдеп* шегінуін... тоқтамақ! Өк!.. Өк!.. Арам қатқыр көк сиыр! Неге ентігеді? Енді неге тоқталады? (Б.Майлин, Шығ.).

КІБІСЕ: кібісе жыл. *Толық 366 тәуліктен тұратын күнтізбелік жыл.* Саны төртке бөлінетін жылдар осындай *кібісе жыл*

болады. Мысалы, 1960, 1964, 1968, ... жылдар – *кібісе жылдар*. Бірақ Лилий ережесі бойынша 1700, 1800, 1900 жылдар – жай жылдар, 2000 жыл – *кібісе жыл* болып есептеледі. Ғасыр аяқталатын жылдар *кібісе жыл* болу үшін оның ғасырының саны (мысалы, 20) 4-ке қалдықсыз бөлінуі керек (М.Ысқақов, Халық календары). Бұл календарь бойынша бір жылда 365 күн бар да, ал әрбір төртінші – *кібісе* (высокос) *жыл* болып саналады (О.Жәутіков, Математика.). Хайям наурызды әрдайым 22 мартына келетін етті, ол үшін *кібісе жыл* енгізілді (М.Исқақов, ... Математика.). Бұл жоба бойынша Омар Хайям әрбір 33 жылда 8 *кібісе жыл* болуы тиіс: 7 рет әрбір 4 жылдан кейін, 1 рет 5 жылдан кейін (А.Көбесов, Математика.).

КІБІТ зат. **1.** көне. *Үй, баспана.* «Құлшылық етсін атаң қадір жаққа» – деп, Дәуіт етті мақсат: «Көр *кібітін*» (Т.Ізтілеуов, Ата.). **2.** жер г. *Қойма, қамба.* Қасым *кібіттің* алдында тұр еді, шамасы астық алатын шығар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). *Кібіттте* астық тұрады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КІДІ сын. **1.** *Сәл нәрседен секем алғыш, қылт етпе, қыңыр.* Бұлар сәл бір нәрседен секем алатын *кіді* тұқым еді, – деп ойлады Әбілқайыр (Ә.Кекілбаев, Үркер). Шашалғыштар бір-біріне қарасты да, үндескен жоқ. Мінезім *кіді*, өзім ұнамсыз көріндім білем (F.Мүсірепов, Қазақ солдаты). Ораз-Мұхамед өзінің *кіді*, шамданшақ, кекшіл болып бара жатқанын білетін еді (М.Мағауин, Аласапыран). Ақындар – ерке халық, *кіді* халық, Шамдансаң, бүркіт сөзбен бүруі анық. Абайлап сөйлескен жөн адуынмен Аңқылдап, құлар жерін біліп алып (М.Әлімбаев, Көңіл күйі). Кәрілік – *кіді* келеді (Мақалнама). // *Секемшіл, шамдангыш адам.* Ғалия, менде қазір бұрынғы мінездің бірі жоқ. Шамшылмын. Сөз көтере алмаймын, *кідімін* (С.Жүнісов, Өшп. іздер). **2.** ауыс. *Өкпек; оқыс, күтпеген.* Ызғарлы, *кіді* жел ышқына соғып тұр («Лен. жас»). Тіке қойылған *кіді* сұрақ үшін айыпқа бұйыра көрмеңіздер («Қаз. әдеб.»). // *Кілт, шорт, шұғыл.* Қашқын атын *кіді* бұрып, шығысқа қарай тартты (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). *Кіді* бұрылып, профессордың кабинетін шолды (Т.Әлімқұлов, Уақыт сыры).

Көңіліне кіді алып қалды. *Өкпеледі, ренжіді, жабырқанды.* Шай қаймағымен екен, бірақ *көңіліме кіді алып қап*, оны ішуден де бас тарттым (Ә.Омарбаев, Кәрлен.). Райхан қызаранда, *көңіліне кіді алып қалды* (З.Шашкин, Өмір.).

КІДІК зат. сөйл. ***Күдік.*** Ол қатты толқу үстінде. Бір нәрседен *кідігі* бар (Майдан).

Көңіліне кідік алды. *Секем алды, кәдіктенді.* Шоқан Семейден әкелген хабарлардың көбіне көңілі көншіген Гасфорт бір хабарды *көңіліне кідік алды* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КІДІКШІЛ сын. *Кілт етпе мінезді, өкпелегіш.* Кем-кетік көңілі жарым адам *кідікшіл* болады (Т.Ахтанов, Боран).

КІДІЛЕН= ет. *Кею, ренжу, өкпелеу, наразылық білдіру.* Мінезім де шатақтау, жоқ нәрсеге *кіділенем* (Б.Майлин, Шығ.). Басым ауырып тұр, – деді доктор *кіділеніп* (Т.Сүлейменов, Жұлдыз.). Ашуланба, қарындас, «Күледі, – деп, – бұл неге?». Әзілкештер арымас, *Кіділенбе*, үндеме, Әзілі ғой әншейін (Ж.Кәрбозин, Бір шоқ.).

КІДІЛЕУ сын. *Кейігіштеу, өкпешілдеу, тіктеу.* Менің бір мінезім – *кіділеумін* (Н.Сералиев, Қаңтар). Қарт қойшының мінезі *кіділеу* екенін Александр Антонович енді ғана ұқты (Көктем лебі).

КІДІЛІК зат. *Кірпияздық, тікмінездік.* Бұйракрат емес, *кіділігі* жоқ. Тамақ талғамайтын бір айналайын екен ғой! – деді төбенек келген қара шал (М.Мырзақұлов, Ақық). Кемеңгер, *кіділік* жоқ мінезінде, О сақшы, бұл мәртебе, біл өзіңе! Басшысын державаның бөгедің сен, Киелі Кремльдің күмбезінде (Қ.Бекхожин, Қайран жас.). Орыстың ұлықтарын да, Қазакең илеп алатын. Бұ да үйренеді ғой. *Кіділігі* болмаса, өзіміздің бала ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІДІҢ ел. *Құрт, үздік-создық қимылды бейнелейтін сөз. // Кірбің, кикілжің.* Шамасы, Балымай екеуіңнің араңда бұрыннан да *кідің* бар ғой? – деді Михаил Жұмаға сынай қарап (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Кідің алды. *Көңіліне алды, жаратпады.* Жақыптың сөздерін *кідің алған* Шоқан, оған түйіле бір қарады да үндемеді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Кідің мінез. *Қыңыр, кілтетпе.* Шоқанның тікшіл, *кідің мінезін* аңғарып үлгерген Григорий бөлмесіне бірден кіріп баруға бата алмады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КІДІҢДЕ= ет. *Қожаңдау, едіреңдеу, зіркілдеу.* Сонымен күйеуі әр кез *кідіңдеп*, қоразша қоқиланады (Т.Есімжанов, Дала.).

КІДІҢ-КІДІҢ ел. *Бірнеше дүркін қайталанған құрт, үздік-создық қимылды бейнелейтін сөз.* Кес-кестей бүлкіл бөксе, біздей өкше, Жалт қарай жайындай боп жылмың етсе. Тұсаулы аттай басып *кідің-кідің* Кертеңдей жылмың етсе, қылмың етсе (Б.Майлин, Шығ.).

Кідің-кідің етті. *Кідіңдеді, қоқиланды, кіжіңдеді.* Болмашы нәрседен бала қоразша *к і д і ң к і д і ң е т і п,* шекісе қаламыз (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

КІДІР з а т. ж е р г. *Кідіріс, іркіліс, мұдіріс.* Сөйлегенде ешбір *к і д і р* жасамай, екпіндете жылдам сөйлеу керек (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Кідір тартты. *Сарғайды.* Ілкі құлаған, бұйра басы *к і д і р т а р т қ а н,* ұзын бір қарағай болатын (Ғ.Сыланов, Шалқар).

КІДІР = е т. **1.** *Аялдау, бөгелу, мұдіру, сәл тоқтау.* Петербурда-ақ *к і д і р м е й,* Біліпті дерттің барлығын. Тәуекел қып білдірмей, Күтіпті тәңірі жарлығын (Абай, Тол. жин.). Сол кеткеннен кетіп ем, Ауылға келіп жетіп ем, Азғана күн *к і д і р м е й,* Елсізге қарай өтіп ем (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Барлық даярлықтары әзір болғанмен, Юмсун жасамақ болған той төрт-бес күнге *к і д і р і п* қалды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Серікбай әңгіменің кім туралы екенін білмегенсіп, әрине, *к і д і р м е й* оқи берді (С.Бақбергенов, Кентау). **2.** *Күту, тосу.* Пансионаттың төменгі қабатындағы меймандар тосатын кең залға келіп, сәл уақыт *к і д і р д і к* (Ә.Шәріпов, Алыс.).

КІДІРЕЙ= е т. с ө й л. ***Күдірей***. «Мына күшік неге *к і д і р е й і п* тұр-ей!» – деп, тіксінді Әмір Лұғманович (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

КІДІРТ= е т. *Бөгелту, тоқтату.* Оразбай сәл ойланып қалды да, есікке таянған қара баланы қайта *к і д і р т т і* (С.Алдабергенов, Асу). Осылайша шұбыртып, Қойып жатыр сауалын, Азғана сәл *к і д і р т і п,* Бердім қысқа жауабын (Октябрь өрендері).

КІДІРТУ *Кідірт етістігінің қимыл атауы.* Қанатты почтаны ешкімнің *к і д і р т у г е* қақысы жоқ (М.Жұмағұлов, Қыран.). «Енді *к і д і р т у* –баланы ажалға ұстап беру», – деп түйді ғалым, шұғыл байлам жасады (Е.Оразақов, Қайта соқ.).

Кідірту пернесі. и н ф. <ағыл. pause key>. *Кеңейтілген пернетақтаны басқаратын перне. К і д і р т у п е р н е с і н* басқан уақытта кейбір операциялардың орындалуы тоқтатылады, мысалы, дисплейге шығару (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КІДІРУ *Кідір етістігінің қимыл атауы; кешігу, бөгелу, сәл тоқтау.* Тойдың *к і д і р у і* Шоқанға залал болған жоқ (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Өзгелерге мәлімсіз Десе болар есебі, *К і д і р у д і ң* сәл үнсіз Себебі әлгі осы еді (А.Шамкенов, Сырларым.).

КІДІРУСІЗ с ы н. *Тоқтаусыз, дамылсыз, мұдірмей.* Тәулік бойы еш *к і д і р у с і з* жер айдап жүрген жігітке разы болғанын тап қазір білдіргісі келмеді (Д.Досжанов, Тұлпар.). Зейінді тез аудара білу көлденеңнен кез келген әсерлерге *к і д і р у с і з* жауап беруде аса қажет (Қ.Жарықбаев, Психология).

КІДІРІҢКІРЕ= е т. *Бөгеле тұсіңкіреу, тоқтаңқырау.* Келіншек жүрегі аянышпен дірілдей түседі, сәл *к і д і р і ң к і р е п,* ақырын ғана дыбыс беріп жөтеліп қалды (З.Шүкіров, Ізгілік.). Гауһар Ақынғұлға тағы да елжірей қарап, *к і д і р і ң к і р е п* барып, есікке бұрылды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Зылиханың етегінен ұстап, артында келе жатыр дегенше, Мария *к і д і р і ң к і р е п* қалған соң, артына қарап Зылиха (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

КІДІРІС з а т. <лат. pausa>. **1.** *Іс-әрекет, қимыл-қозғалыстағы уақытша дамыл, бөгеліс.* Добров аз *к і д і р і с т е н* кейін қайта сөйледі (С.Шаймерденов, Болашақ.). Бір жақсы жері, әйтеуір, егіс жұмысында *к і д і р і с* жоқ (И.Салахов, Көкшетау.). Жүріс те жүріс, жүгіріс, Аптыққан көңіл баяғы. Болсашы бір сәт *к і д і р і с,* Болсашы істің аяғы (Т.Молдағалиев, Қош. көктем). **2.** *Сөз арасындағы үзіліс.* Кісінің ұзақ сөйлемді аяқтауға тынысы жетпегенде *к і д і р і с* пайда болады (ҚҰЭ). **3.** л и н г в. <лат. pausa> *Аяқталған сөйлемдерден соң, құрмалас сөйлемдер құрамындағы жай сөйлемдер аралығында, кейде сөйлем мүшелерін айырып, дәлме-дәл айту үшін немесе сөз ырғағын келістіріп, мәнерлеп айту үшін жасалатын дауыс үзілісі.* Қара сөзді, өлеңді тиісті жерінде *к і д і р і с* жасамай, шұбыртып айтаберу жарасымды болмайды, сөздердің мағыналық байланысы айқын сезілмейді (Әдебиет. термин.). Өлең сөзде *к і д і р і с* көбінесе әр тармақтың соңында келеді (Әдебиет. термин.). Дәлме-дәл айту керек болғанда, грамматикалық әрі мағыналық *к і д і р і с* қажет болады (ҚҰЭ). **4.** с ө й л. ***Аялдама.*** Мен Сегізінші март пен Гоголь көшесінің түйіскен жеріндегі троллейбус *к і д і р і с і н е* келсем болды-ақ, бір танысым есіме түсе кетеді (М.Иманжанов, Адам.). Жұмабек трамвай *к і д і р і с і н е* барды (Ә.Көпбаев, Мақтаныш). **5.** и н ф. <ағыл. delay> *Сұрату жасалғаннан бастап оның орындалуына дейінгі өткен уақыт; процестің тоқтап тұру уақыты* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КІДІРІС = е т. *Бөгелісу, мұдірісу.* Ақынғұл да, Гауһар да, Бәтима да ыңғайсызданып сәл *к і д і р і с т і* (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

КІДІРІС-МҰДІРІССІЗ с ы н. *Үзіліссіз, тоқтаусыз.* Мұнда автор өлеңді *к і д і р і с - м ұ д і р і с с і з* сөби тіліне оралымды жасайтынын танытқан («Қаз. әдеб.»).

КІДІРІССІЗ с ы н. *Бөгетсіз, мүдіріссіз.* Қолында: «Ешбір *к і д і р і с с і з* балалар үйіне қабылдансын», – деген қағазы бар (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз). Манадан бері *к і д і р і с с і з* шапшаң сөйлеп отырған Ағабек ентігіп тұтыққандай тоқтап қалды (О.Сәрсенбаев, Сағым). Шабуылшы допты *к і д і р і с с і з* қақпаға соқты («Спорт»). Жаз өтті, *к і д і р і с с і з* күз де келді, Жұмылтып қыс қамына дүздегі елді (І.Мәмбетов, Тарланбоз).

КІДІРІСТЕ= е т. *Аялдау, бөгелу, сәл тоқтау, мүдіру.* Аттылы адам шеткі үйдің жанында сәл *к і д і р і с т е п* қалды (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Поезд қырық минуттай *к і д і р і с т е й т і н* болғандықтан, Шәуке суға шомылып шықты (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

КІДІРІСТЕТ= е т. *Бөгеу, тоқтату.* Қия беткейде балбыраған қызыл шиелер сансыз шоқтай жанып, екеуін көп *к і д і р і с т е т т і* (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

КІЖІКТЕ= е т. *Кіжіңдеу, орынсыз тиісу.* Жігіт болсаң, мықты отыр ерде. Немене *к і ж і к т е п,* ашу шақырасың? – деді Раушан бас сап, тілдеп (З.Шашкин, Сенім).

КІЖІН= е т. *Ызалану, тістену, ашулану.* Күшенді кеп *к і ж і н і п,* Келгенінше шамасы, «Өстім» ғой – деп ісініп, Дейді: «Енді бір қарашы» (Абай, Тол. жин.). Жәмила әлденеге *к і ж і н і п,* тістеніп ап зәрін шашады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *К і ж і н і п* қолын көтере берді де, енді ұрады-ау дегенде тағы бір күш тежеп, өзінөзі ұстап қалды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Әңгіменің қалды арқауы үзіліп, Қожа кетті жерді сабап *к і ж і н і п.* Тіл қатпастан түсі суып әкей тұр, Көрсетпеді артық мінез қызынып (Қ.Жармағамбетов, Дәурен).

КІЖІНДІР= е т. *Зығырданын қайнату, ызаландыру.* Кербикенің бұл сөзі Аяшты одан бетер *к і ж і н д і р д і* (Л.Хангелдин, Табыс. тағдыр.). Ерді есінен айырып, *К і ж і н д і р і п* теңселткен Өткен заман құрысын (Н.Байғанин, Өрісте.).

КІЖІНУ *Кіжін етістігінің қимыл атауы.* Дауысында тағдырына *к і ж і н у,* лағнат айту бар, өксік дірілі бар (Қ.Қуандықов, Серке Қожамқұлов).

КІЖІНУШІЛІК з а т. *Ашу-ыза.* Кедейлер жүзінде қуаныш пен сүйсінушілік, ал байлар өңінен өшпенділік пен *к і ж і н у ш і л і к* байқалады («Лен. жас»).

КІЖІНІС з а т. *Реніш, ашу, ыза.* Бастық жоқ екен, үй жинап жүрген әйел бұл екеуіне адырая қарады, «бүлдірдіңдер ғой, жаңа ғана сыпырып қойған еденді!» дегендей бетінде *к і ж і н і с* бар (З.Шашкин, Сенім). Даусында қызыл, *к і ж і н і с* бар (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Ермековтің *к і ж і н і с і* көп болғанмен, килігу жоқ («Қаз. әдеб.»).

КІЖІНІС = е т. *Зығырданы қайнау, сес көрсету, ыза болысу.* Көптен *к і ж і н і с і п* келген елдер биылғы жылдың жазында бір-біріне қолдарын батырмақ болып, қыза қимылдасып еді (М.Әуезов, Қараш.).

КІЖІНІСУ *Кіжініс етістігінің қимыл атауы; сес көрсетісу.* Таяқты жеп-жеп, сусыны қанған кезде, шегінісіп, *к і ж і н і с у г е,* дауласуға айналды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІЖІҢ з а т. *Ашу, ыза, кіжініс.* Әуелі ренішпен жай бастаған сөзінің соңын *к і ж і ң м е н* аяқтады (С.Мұратбеков, Жабайы.).

КІЖІҢДЕ= е т. *Қожаңдау, қоқаңдау, күш көрсету.* – Бір дәндеп алғасын, бұлар елге *к і ж і ң д е й д і* де тұрады, – десті көпшілік. – Күнде өлгенше, бір-ақ өлейік (С.Мұқанов, Ботагөз). Кейбір білмейтіндер оған еркек балаларша *к і ж і ң д е п,* жұдырық жұмсамақ болса, бәріміз Ақжолтайды жақтайтынбыз (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

КІЖІҢДЕУ *Кіжіңде етістігінің қимыл атауы.* «Кеше мен болмадым. Үйірмеде сабақ өтпей қалыпты. Сосын ертерек келдім» – деп, бұларға бірдеңені түсіндіріп өтті. Салық қылу, *к і ж і ң д е у* жоқ. Әшейін айта салғандай болады (С.Хайдаров, Азамат сыры). Ығы-жығы көпшіліктің қалың ортасында жүрген таңбалылар оңашаланса, әр топты күндеп, *к і ж і ң д е у м е н* болды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

КІЖІҢДЕУІК с ы н. *Қожаңдағыш, қоқаңдағыш.* Ол – қара күшке сүйенген, орынсыз *к і ж і ң д е у і к,* оспадар емес, салмақты, күшті қайраткер (І.Омаров, Шабыт.).

КІЖІРЕЙ= е т. с ө й л. *Қыжыраю, қыржию, кіржию.* Оның бүгін көңіл күйі жоқ, бір нәрсеге *к і ж і р е й і п* отыр (Бал дәурен).

КІЖІРЕЙТ= е т. с ө й л. ***Күжірейт.*** – Мынау кім өзі? – деді Дәулет, желкесін *к і ж і р е й т е* түсіп (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

КІЗНЕ= е т. к ө н е. *Тығу, жасыру.* Өз малын *к і з н е г е н,* Кісі малын іздеген Түбінде өз малына ие болмас! (Алдаспан).

КІЛ[1] з а т. к ә с. *Желді күндері толқында ауып кетпес үшін қайық ортасынан шығарылатын құыс. К і л д і ң* ұзындығы 140-150 см, ені 40-50 см болады (Қ.Айтазин, Кәсіби лексика.).

КІЛ[2] ү с т. *Үнемі, ылғи, әрқашан, кілең, бірыңғай.* Ол бұл үйдің үстіңгі бөлмелеріне пулемет құрып, *к і л* сенімді адамдарды топтады (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.). Қарызынан Отанның құтылайын, Отан деген – маған да, саған да Ана! Қи мені, Отаныма алаңдама.

Сен – менің жаратушым құндақтаған, Мен сенің ұлыңмын деп *кіл* мақтанам (М.Мақатаев, Шығ.). Сойқанды соғыс – өрт, *кіл* апат, Ол – қайғы, ол – үрей, алапат. Бейбіт күн береке баршаға Тыныштық, тыныштық – бір рахат! (М.Мақатаев, Шығ.). Бір тақыттың үстінде Шаһбал патша, Айнала жүз мың жатқан *кіл* палуандар (Қисса-дастан.).

КІЛӘБІР з а т. ж е р г. *Қайықтың алдыңғы жағында болатын кішкене желкен.* Қайықтың *кілә бірі* желдің әсерінен діріл қағып келеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КІЛӘМКЕР з а т. ж е р г. *Киімілгіштегі киімдерді жауып қоятын ақмата. Кілә м - кер мен* киімді жауып қойыңдар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КІЛӘТ з а т. ж е р г. *Үй төбесіне көлденең салынатын арқалық.* Үлкен бөлменің *кіләті* қисықтау екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КІЛӘШ з а т. к ә с. *Жылымның қалтқы мен су түбінде жатқан тастар арасын қосып тұратын жібі.* Сүзекіде екі *кілә ш* бар. Сүзекінің *кілә шынан* балық көрінді дегенше қалтада балықтың мол екенін байқауға болады (Қ.Айтазин, Кәсіби лексика.). Серік қайықпен барып, *кілә шқа* арқан байлап қайтты (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КІЛБИ= е т. *Ілмию, шілмию.* Он талдан азақ асатын шоқша сақалы бар, тыртиған арық саусақтары *кілбиген,* жауырыны құшық, ақ құба – Салқамбай (Ғ.Мүсірепов, Тула. толқын.). Қою қасы ілмиген Қанатындай қарлығаш. Арық емес *кілбиген,* Денесі бірақ, талдырмаш (С.Мұқанов, Алдабергенов тур.).

Көзі кілбиді. *Жанары әлсіреп, көзі жұмылды.* Томпақ *көзі* кішірейіп, ұйқысы келген адамдай *кілбиіп* кеткен (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Дивизия штабының оперативті бөліміне кіргенімде капитан Гофман ұйқысы қанбай, *кілбиген көзін* уқалап отыр екен (Б.Момышұлы, Шығ.).

КІЛБИТ= е т. *Кілмиту, кіртиту.* Бірі көзін *кілбитіп* алып, молаға телміріп, ұзақ бірдемені соғып отыр да, бірі ашуға булығып мұның қашан тоқтарын күтіп тұр (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Сымбатты еркек басын әсем изеп, қабағын *кілбиткен* қалпымен езу тартып, әсерлі мінезбен жақын келді (З.Шашкин, Өмір.).

КІЛГІР= е т. с ө й л. ***Кілби.***

Көзі кілгірді. с ө й л. ***Көзі кіртиді.*** Қатираның *көзі кілгірін,* ұйқысы келіп тұр (Ғ.Сланов, Шалқар). *Көзі* қып-қызыл, ішкендіктен бе, әлде жылаған ба, кім білсін, *кілгірін* тұр (С.Мұратбеков, Жабайы.).

КІЛГІРТ= е т. *Көзді жұму.* Сәнді домбырасын ырғала күйлеп, көзін сәл *кілгірте* түсіп, машықпен әндетті (Ғ.Сланов, Замана.).

КІЛГІТ= е т. *Айыту.* Жылымшы... Аздап жүрек *кілгітеді.* Әйтпесе, әтірдің жанында ішімдіктің төресі ғой (М.Сүндетов, Ескексіз.).

КІЛДІ с ы н. *Ортасында қуысы бар.* Моторкінің шығуымен байланысты Балқаш көлінде қазіргі кезде *кілді* қайық өте аз қолданылады (Қ.Айтазин, Кәсіби лексика.).

КІЛЕГЕЙ з а т. **1.** т а м а қ. *Шикі сүттің бетінде пайда болатын майлы қабат; сүттің маңызы. Кілегей* алу үшін жаңа сауылған жылы сүтті кең ыдысқа құйып, салқын жерге қояды. Сонда сүттің бетіне сары түсті маңызы шығып, қаймақ жиналады (ҚҰЭ). *Кілегейге* тары, талқан, қуырған бидай, кептірілген қызыл ірімшік пен ақ ірімшік былғауға да болады (ҚҰЭ). Жатарда қара бұжыр аяқты ащы қара сабынмен тырнап отырып жуады. Сосын қалың етіп сүттің *кілегейін* немесе вазелин жағады (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Шикі сүттің бетіне түскенді *кілегей* деп атайды (Д.Қатран, Қазақ ас-тағам.). *// Қоймалжың, қоюланқы.* Көнек бас пима суырылған шақта киіз қоныш толып тұрған *кілегей* қара қан жерге лақ етті (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Мөңкенің уылдырығы қоймалжың, *кілегей* келеді (Т.Мұсақұлов, Аквариум.) **2.** *Сұйық, қатыңқы нәрсенің бетінде пайда болатын жұқа қабат.* Сірескен ақ қардың бетінде бір сәтке жұқалаң қызғылт *кілегей* тұрды (С.Мұратбеков, Көкорай). Осынау кәрі шал – ол кезде кексе кісі – әккілікке басып көженің бетін қалқып ішкенде *кілегейдің* өзінен аузы күйіп қалады (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен.). *// Жұқалаң, кірбік.* Желкендері қозғалмай, қайық *кілегей* мұзға қатып қалғандай ұзақ бір мелшию (С.Хайдаров, Теңіз.). *//Селдір, сирек, жұқа, әлсіз.* Қара қошқыл *кілегей* бұлттың жоғарғы шетін ала кірген ай бір көрініп, бір сұңғіп, машығынан тыс жылдам жүріп, дәл жасырынбақ ойнағандай құбылды (М.Әуезов, Абай жолы). Көз шарасын *кілегей* кіреуке тұтқан, нұры тым солғын (З.Қабдолов, Жалын). Қой бастаған ақ серке жүгіріп отырды. Сыртылдаған көп тұяқ көк майсаның *кілегей* тозаңын шығарды (Қ.Қамбаров, Алтай.). **3.** а н а т. *Өсімдік, адам және жануар ағзасында болатын жабысқақ сұйық зат, сілекей, сөл. Кілегей* жоғары сатыдағы өсімдіктердің тамырында, тұқымында (зығыр, тартар жапырақ, айва, қара бидай, арпа, бидай), төменгі сатыдағы өсімдіктерден кейбір қызыл балдырларда кездеседі (ҚСЭ). *Кілегей* органдарды, жабын

тканьдерді механикалық жарақаттанудан қорғайды, ас қорыту жолдарынан (мыс., өңештен) тағамның жылжуына, сондай-ақ түтікті органдардан түрлі заттардың өтуіне жағдай туғызады (ҚСЭ). Төлдің шарана *к і л е г е й і н* енесінің жалағаны жақсы (Ә.Әбішев, Мал санитары.). Мал өзінің несебімен, нәжісімен, сілекейімен, танауынан ағатын *к і л е г е й і м е н,* сүтімен көптеген мөлшердегі микробтарды сыртқа шығарады (Р.Әбуғалиев, ... Қой өсіруші.). **4.** а у ы с. *Кірбің, кілтипан.* Өмірде құмар тасқындай, Бір келіп өтсең бірегей. Сайрап бір өтсе бал таңдай Көңілде болмай *к і л е г е й* (М.Құттықов, Ар-намыс).

Кілегей қабық. ***Кілегейлі қабық.*** Қарынның қабырғасы үш түрлі: *к і л е г е й,* бұлшық және сірі *қ а б ы қ т а р ы н а н* тұрады (Х.Әбисатов, Қарын рағы). Қаны көп кеткен жағдайда малдың әлі кетеді, ауыз, танау, көз *к і л е г е й қ а б ы қ т а р ы* көгілдірленеді (Ғ.Әбішев, Мал. жарақат.).

Кілегей тартты. *Қатыңқырады, қабыршақтанды.* Түстен кейін жер беті *к і л е г е й т а р т ы п* тоңазыған (С.Сарғасқаев, Сынған тіс).

КІЛЕГЕЙЛЕ= е т. *Жұқа қабат басу.* Қорағытқан балапандай қылжиып, көзін ақшел *к і л е г е й л е п,* елегізіп қалған титтей көмескі шоқ құрғақ мақтаға тигені сол екен, ащы иіс бұрқ ете қалды (Ш.Мұртазаев, 41-ші жыл.).

КІЛЕГЕЙЛЕН= е т. **1.** *Жұқа қабат пайда болу, қабыршақтану.* Қайнатынды шырыштанып, *к і л е г е й л е н і п,* асқазан-ішек жолына біркелкі жайылады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). Биылғы жел біртүрлі есірік, жағалау қаймақтанып, *к і л е г е й л е н е* бастасақ арқадан шыққан жел әлсіз мұзды бет ашыққа айдап, қуып кетіп тұрған (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ой-шұқырдағы сулар *к і л е г е й л е н і п,* қабыршықтанып қата бастаған (Б.Момышұлы, Москва.). Жер беті сәл тоңазып, *к і л е г е й л е н е* қататын түрі бар (Т.Жармағамбетов, Екі жүрек). **2.** *Қоймалжыңдану, іркілдеу.* Қан қара жердің бетінде қаймақтай *к і л е г е й л е н і п,* көп тұрады екен (С.Бақбергенов, Қарға там.). Үлкен астауда *к і л е г е й л е н і п* қатып қалған қаймақтай қорғасынды былғап араластырып жүрген, өздері де қорғасындай шымыр денелі жандарды көргенде қимылына қызыға қарап, ұзақ уақыт тұрғаныңды аңғармай қалғандайсың (С.Мәуленов, Жер нәрі). Жүрек, көз айналасындағы және шелдегі май *к і л е г е й л е н і п* кетеді (К.Қашағанов, Қой. құрты.). **3.** а у ы с. *Дымқылдану, сулану.* Маңдайына Айжан апайдың, аз дірілді майда демі тигесін Қабеннің ойына анасы түсіп, жүйкесі босады, кірпігі *к і л е г е й л е н е* қалған көзін орамалымен бір сипап, буланған көзілдірігін сүртті (З.Қабдолов, Жалын). Көзіме жас *к і л е г е й л е н і п* келіп те қалған екен, жеңіммен бір сүйкеп тастадым (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Көзі кілегейленді. а) *Көзі бұлдырады, тұмандануды, мұнарланды. К ө з і* жыланның көзіндей *к і л е г е й л е н і п,* ілгіштеніп қояды (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). *Көзі кілегейлене* киртигенімен, көңілі көтеріңкі (З.Жәкенов, Таң самалы). Люданың кезере бастаған сұрқай қызыл ерні мен *к і л е г е й л е н і п,* тұмандана беретін қоңырқай көк *к ө з д е р і* жігітті бұл арадан жіберер емес (Ә.Тарази, Үлкен ауыл.). ә) *Көзі дымқылданды, суланды, жасаурады.* Сәруар жеңешемнің де *к ө з і к і л е г е й л е н і п* тұр екен (Т.Иманбеков, Үш ай.). Жас, жақсы шағында ортасында шайқап өскен ел-жұртқа қартайған уақытыңда кемтар боп оралу қайдан оңай болсын, еңсем түсіп, *к ө з і м* күні бойы *к і л е г е й л е н е д і* де жүреді (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). б) *Көзі кіртиді.* Таутанның *к ө з і к і л е г е й л е н і п,* аузы қисайып кетіпті (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

КІЛЕГЕЙЛЕНДІР= е т. *Тұмандандыру, бұлдырату.* Ахмедияр қатты қысылулы. Екіақ жұтым мына бір бар болғыр, бұрын татып көрмегендіктен бе, аш өзекке түскен астай, буындарын босатып, көзінің алдын *к і л е г е й л е н д і р і п,* басын кәдімгідей зеңітіп бара жатқанға ұқсайды (Ө.Қанахин, Жүрек.).

КІЛЕГЕЙЛІ с ы н. *Сулы, ылғалды, шырышты.* Кейде кеңсірік құрты танаудағы қою *к і л е г е й л і* затқа оралып, біраз уақытқа дейін аурудың клиникалық белгілері байқалмай кетуі мүмкін (Х.Қашағанов, Қой. құрт.). Егерде көктемде жас тал бұтағының қабығын сыпырып тастаса, қабық пен ағаштың арасынан сулы *к і л е г е й л і* ақ сұйықты көруге болады (Мақта). Пысылдайды көріктей *К і л е г е й л і* танауы. Төбелерге бөріктей Самарқау көз салады (Қ.Баянбаев, Ақ шағала).

Кілегейлі жасуша. а н а т. <mucocytus, лат. mucosa – кілегей, грек kytos – жасуша> *Кілегейлі секрет бөлетін безді жасуша. К і л е г е й л і ж а с у ш а н ы ң* пішіні призма тәрізді, сопақша келген ядросы негіздік жарғаққа жақын орналасады (Қаз. тілі термин. Биология). *К і л е г е й л і ж а с у ш а* өңештің кілегейлі асты негізіндегі бездердің, жақасты және тіласты сілекей бездерінің соңғы секреторлы бөлімдерін құрайды (Қаз. тілі термин. Биология).

Кілегейлі қабық. а н а т. <лат. tunika mucosae, tunica – қабық, mucosa – кілегей>. *Адам мен омыртқалы жануарлар ағзасындағы*

тұтікше ішкі мүшелерінің ішкі қабығы. Кілегейлі қабықтың тері және ішек тәріздес екі түрі болады (Қаз. тілі термин. Биология). *Кілегейлі қабықта* қан тамырлары, жүйке ұштары көп болады. Кейде *кілегейлі қабықтың* үстіңгі қабатында лимфоциттер болады (ҚҰЭ).

КІЛЕГЕЙСІЗ с ы н. *Таза, мөлдір.* Кіршіксіз, *кілегейсіз* «Қошқар ата», Қартаймас ғасыр бойы жас балаша. Тынбайсың, секіресің, жүгіресің, Тарписың табаныңа тас құласа (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ).

КІЛЕМ з а т. *Еденге төсеу, қабырғаға тұту т.б. үшін түрлі-түсті жіптерден өрнек сала тоқылған үй мүлкі. Кілем* тоқылу ерекшелігіне (түкті, тақыр), материалына (жүн, жібек, мақта, кендір талшығы), көлеміне (қос күмбезді, бес күмбезді), ою-өрнектеріне қарай түрліше аталады (ҚҰЭ). Әр халықтың, әр елдің қалыптасқан дәстүр ерекшелігіне қарай *кілемнің* түр-түсі, ою-өрнегі, оны дайындау тәсілі әртүрлі болып келеді, сондықтан *кілемдер* тоқылған жердің немесе халықтың, тайпаның атымен аталады (ҚҰЭ). Жерде көнелеу *кілем,* жаңа жақсы алаша, қалың қызғыш, қоңыр текеметтер бар (М.Әуезов, Өскен өркен). Көлеңке қылып басына, *Кілем* төсеген астына. Салтанатты байлардың Самаурыны бұрқылдап (Абай, Тол. жин.).

Жасыл кілем. б е й н. *Көк майса, көгалды жер.* Қыр қызғалдағы құлпырып, жер ана *жасыл кілемін* жайып тастаған тамаша бір мезгіл еді (Ж.Рсалдин, Ахмет Жұбанов). Машина жүйткіп келеді, Жерде жұлдыз аққандай. Мына бір *жасыл кілемді* Бүктеп келе жатқандай (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар).

Кілем қоржын. э т н. *Кілемнен жасалған аспалы қоржын.* Оның бір қолында *кілем қоржын,* бір қолында жуан таяғымен қоса ұстаған қаңылтыр шәйнегі бар (С.Шарипов, Бекболат).

Кілем тоқу. *Қолмен немесе мәшинемен кілем өндіру процесі. Кілем тоқу* халықтың өте ертеден келе жатқан қолөнері (ҚҰЭ). Қолдан тоқылған түкті *кілемді тоқуға* жүн (қой, ешкі, түйе жүні), мақта-мата, жібек, зығыр, кендір жіптері пайдаланылады (ҚҰЭ). *Кілем тоқу* машиналарын жасауда қыжым тоқу әдісін пайдаланудың ерекше маңызы болды (ҚСЭ).

Қалы кілем. э т н . *Жүннен тоқылған қалың түкті, бағалы кілем.* Шынында да, сарайдан кем емес еді бұл үй, іші тола *қалы кілем,* жылтырақ қаңылтырмен қапталған сандықтар екен (Ә.Нұршайықов, Шығ.). Нар біткенге *қалы кілем* жауып, қызың-шу боп жұрт жайлауға көшті (С.Жанғабылов, Тоқсан.). Жас шеберлер Октябрьдің 50 жылдығын қастерлеп, «Ерлікке толы елу жыл» деген жазуы бар *қалы кілем* тоқып шығарды («Лен. жас»).

Қалы кілем, қара нар. э т н. *Байлықсалтанаттың, көрсетер сый-құрметтің, берілер айып-таралғының бас белгі-заты. Қалы кілем, қара нар* Жарасады қатарға, Қаумалаған қарындас Қазақта бар да, менде жоқ, Арызымды айтарға (Махамбет, Өлең.). *Қалы кілем, қара нар,* Тайтұяқ жамбы және бар (Қамбар батыр). *Қалы кілем, қара нарға* балап, Біржанның жеткіншектері тағы бір ән қалап келіпті (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

Масаты кілем. *Жібектен тоқылған кілем.* Табалдырықтан төрге дейін төселген *масаты кілем,* басуға аяйсың (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Сөйлейді Маман батыр ауық-ауық, Байлатты бес жүз інген түйе сауып. Саба артып тоғыз нарға Маман келді, Он атын *масатыдан кілем* жауып (Айман – Шолпан).

Нар кілем. *Үлкен кілем.* Қарасайдың ұлымын, Айтулының бірімін, *Нар кілемнің* түрімін (Жамбыл, Шығ.).

Тұс кілем. *Қабырғаға тұтылатын [ілінетін] кілем.* Тартып күнге желісін, Тоқыса олар *тұс кілем,* Жаз көркіндей келісім – Жайнап шығар түс кілең (М.Әлімбаев, Көңіл күйі). Оралдың бір сілемі, Қасында тау Тағанай. Секілді *тұс кілемі,* Жан-жағында қарағай (С.Мәуленов, Жаз ерке).

Түкті кілем. *Түктің ұзындығы 3 мм-ден 18 мм-ге дейін болатын мықты, қалың, жұмсақ кілем. Түкті кілем* бірнеше қабаттан тұрады, мұндай кілемнің негізгі арқауы жекелеген жіптерден және бір-біріне тығыз орналасқан түйіндерден құралады (ҚҰЭ). Кең бөлменің төрінде бүкіл қабырғаны жауып, үлкен *түкті кілем* ілінген (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Асыл жиһаз–дүниеге толған ақ ордада *түкті кілем* үстінде, ақ мамық жастықтарды шынтақтай он шақты кісі отыр («Қаз. әдеб.»).

Тықыр [тақыр] кілем. *Бетінде түгі жоқ тегіс кілем. Тықыр кілем* (палас, сумаха, шпалер, терме алаша т.б.) бір өріс жібінен бір қабатты екі жақты тығыз етіп тоқылады (ҚҰЭ). Жолаушы астындағы төсек көрпенің бұрышын түріп жіберіп, көнетоз *тақыр кілемге* әуелі оң қолын, сосын перне басатын сол қолын үйкеп-үйкеп жіберді («Лен. жас»).

КІЛЕМДЕЙ с ы н. *Кілем тәрізді: құлпырған, әдемі, әсем.* Байтақ даланың туырлығын көкорай шалғыны жасыл *кілемдей* (Ақ бидай). Мінеки, даламыз *Кілемдей* жайнаған. Әнге біз саламыз, Жігермен қайнаған (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес).

КІЛЕМДІ с ы н. *Кілемі бар, кілем жайылған.* Үлкен үйдің іші сыртындай жұпыны емес, жасаулы, *к і л е м д і,* алашалы екен (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Көкшағыр винтовканың түбін *к і л е м д і* еденге тіреп, мойнын иығына сүйеп, қамшының сабымен мұртының мұзын қақты (Д.Әбілев, Арман.).

КІЛЕМДІК с ы н. *Кілем тоқуға қажетті, кілем тоқитын.* Әр түсті қаракөл елтірісінің түр-түрін көбейту, *к і л е м д і к* жүнді көп өндіру үшін республикада он қаракөл совхозы құрылды (Жаңарған өлке). Сараджа қойлары *к і л е м д і к* жүн алу үшін өсіріледі (И.Жұмағұлов, Қой шаруаш.).

КІЛЕМ-КІЛШЕ з а т. *Кілем және сол сияқты мүліктер. К і л е м-к і л ш е,* асыл бұйымдарыңды буып-түйіп, ептеп ыңғайлана бер (З.Жәкенов, Таң самалы).

КІЛЕМШЕ[1] з а т. *Шағын, кішкене кілем.* Кіреберістен төрге дейін алаша төселіп, төрге *к і л е м ш е* жайылған (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Жерге төсеп *к і л е м ш е н і* Үйде жалғыз отыр едім. Бір құш келіп соқты мені Алғандай қатты дүние демін (М.Хакімжанова, Жыр асуы). Есік алдында шағын *к і л е м ш е н і ң* үстінде сарай иесі Ақрамбай шарт жүгініп отыр еді (С.Айни, Шығ.).

КІЛЕМШЕ[2] ү с т. *Кілем сияқты, кілемге ұқсап.* Дала шаңын сілкіп алған түкті *к і л е м ш е* құлпыра қалыпты (Қ.Исабаев, Арман.).

КІЛЕМШІ з а т. *Кілем тоқитын адам. К і л е м ш і* қолмен жылына 10-12 м^2 кілем тоқыса, мәшинемен сағатына 4-5 м^2 кілем тоқылады (1 м^2-ның массасы 1,8-2,5 кг) (ҚҰЭ). Аудан орталығы Аманкелді, Торғайда *к і л е м ш і* мен кестешіні, ою-өнершіні әр үйден кездестіруге болады («Қаз. әдеб.»). Бағбандарға бұлбұлдар таң жайынан Сыр айтады бал төгіп таңдайынан. Жұмысына беттеген *к і л е м ш і н і ң* Таң самалы сүйеді маңдайынан (Қаз. әндері).

КІЛЕҢ ү с т. *Ылғи, кіл, өңшең.* 1770 жылы Австралияға ағылшын отарлаушылары келгенше мұнда *к і л е ң* жергілікті австралиялық тұратын (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.). Журналға *к і л е ң* мінсіз жақсы шығармалар түсіп тұрса, құба-құп (С.Мәуленов, Үркер.). Шіркін, қазір келсе ғой, Балалығым оралып! Қайтар едім мектептен *К і л е ң* бестік баға алып! (Қ.Мүсірепов, Раушан). Мен атып әкелген үйректер әкемнің асына жұмсалды. Үйректерді *к і л е ң* кекілдері көзіне түскен казак-орыс жеді (М.Жұмабаев, Шығ.).

КІЛЕТ о р. з а т. **1.** *Сойылған малдың (соғымның) етін, басқа да азық-түлік түрлерін сақтайтын салқын бөлме.* Абай оң жақта қысқы ас тұратын екі *к і л е т т і* және төбесін шатырша биіктеп жапқан шошаланы қарап шықты (М.Әуезов, Абай жолы). Нұрбет *к і л е т* үйдің есігін ашты да, кілтін Торғынның қолына берді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). *К і л е т* үйде күйбеңдеп бірдеңе істеп жүрген Балжан мен Торғында ес қалмады (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). **2.** *Қойма, қамба.* Басшы болсаң, міндетің, Шаруаның біл ретін. Көзін тапсаң жұмыстың Бидайға толар *к і л е т і ң* (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.). **3.** *Сым темірден, шыбықтан торлап жасалған үйшік, орын.* Қызметші *к і л е т* ішіне жаңа жемтік тастады. Көкбөрі иіскеп те алмады (К.Ахметбеков, Сый орамал). Бүркіт отырған *к і л е т і н і ң* аузын ашқанда, Ақиық тағы бір шаңқ етіп, құшақ толар қанатын дүр-дүр сілкіді («Қаз. әдеб.»). **4.** к ә с. *Шахтаға түсіп-шығуға арналған қорап.* Стволшы бұларға шам берді. Электр қоңыраудың түймесін басып қалды. *К і л е т* бір көтерілді де, төмен сырғи бастады (С.Ерубаев, Шығ.).

КІЛЕТШІ з а т. ж е р г. *Қамбашы, қоймашы.* Ақан, *к і л е т ш і н і* көрдің бе, ұн алайын деп ем (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Колхоздың *к і л е т ш і с і* қолдағы 336 центнер егіс тұқымын тазалау жұмысын аяқтады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КІЛЕШ з а т. к ә с. *Аудың екі басына байлайтын кішкене келте ағаш.* Әр ауда *к і л е ш* болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КІЛЖІҢ: кілжің етті. с ө й л. *Кіржің етті, кіржиді.* Фойеге кіріп, зал есігіне қол ұстасып бұрыла беріп едік, *к і л ж і ң е т і п* басын көтеріп қап, шылбырды қолынан жұлып алған шәлкеш жылқыдай, кілт етіп тоқтай қалды (І.Есенберлин, Ғашықтар).

КІЛК е л і к. *Сұйық немесе қоймалжың заттың шылпылдаған, тербелген, шайқалған, былқылдаған үздік-создық қозғалысын бейнелейтін сөз.*

Жүрегі кілк етті. *Жүрегі айныды, көтерілді.* Еттің майдағы семізін, майлысын теріп асағанда, жемей қарап отырған менің *ж ү р е г і м к і л к е т і п,* май тигендей болады (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

КІЛК-КІЛК е л і к. *Сұйық немесе қоймалжың заттың қайта-қайта шылпылдаған, тербелген, шайқалған, былқылдаған үздік-создық қозғалысын бейнелейтін сөз.*

Кілк- кілк етті. а) *Шылпылдады, шылп-шылп етті.* Жер-дүние тұтас су болып кетті. Қайда бассаң да *к і л к-к і л к е т е д і* (Дала шұғыласы). ә) *Қалың, бітік өсіп, жел лебіне жайқалады.* Әй, Қалау, байқайсың ба, ана қарашы, ала бұтасы, ащылық сораңы *к і л к-к і л к е т е д і.* Нағыз түйе ұстайтын жер екен (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Жоқ, шық үсті керім от, іріп тұр екен. Несін

айтасың, бой алып өскен сарбалақ бұйырғын *кілк-кілк етеді* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

КІЛКІ з а т. ж е р г. *Майшабақ.* Мезгіл *кілкі* жүретін кезге жақындап қалған (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КІЛКІ = е т. **1.** *Сорпа, көже сияқты т.б. сұйық тағамдардың бетінде қалың май қабатының қалқуы, майдың шылқуы.* Мұнысы құрт көже екен, майы *кілкіп* тұр, ішпей жатып қышқылтым исі адамның сілекейін ағызғандай (А.Нұрманов, Құлан.). Балқаш *кілкіген* майлы тұздықты табақтың шетінен ұрттап қойды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). **2.** *Іркілдеу, толу, жайылу.* Маған да қызмет табылып, қайықтың жарығынан жылап кірген су *кілкі* бастағанда, екі алақаныммен көсіп ап төгіп отырдым (С.Мұқанов, Есею жыл.). Жақын сияқтанған бұл үйге, *кілкіген* лайы қоймалжыңдана тұнып тұрған көшелерді бойлап, болдырған аттармен жету қиынға соқты (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Теңізге шел, қырға сел Фашистің қаны *кілкіді.* Мұрнын басты аспан, жер, Сасық исі мұңкіді (С.Мұқанов, Біз жеңеміз). Тораңғы бойы Аякөз өзенінің арнасымен ұштасып жатқанын білесіздер. Осы араға көктемде *кілкіген* су жайылып кетеді (Дала шұғыласы). **3.** *Қалқу, қаптап, тұнып тұру.* Құрбан ақсақалды қайта-қайта қасына шақырып, көкжиекте *кілкіп* тұрған қалың мұнардың ішіндегі буалдыр елестердің не екенін неше мәрте сұрағанмен, құлағына кірмей қойды (Ә.Кекілбаев, Дала.). Ертеден қара кешке дейін *кілкіген* шаң, қоңырсыған иісті түтін қаланы басып тұрады (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Басы айналып, көзінің алды бұлдырап, айнала көк түтін *кілкіген* тәрізденді (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Жүрем бір бақтың ішінде Көгілдір сәуле *кілкіген*... Гайып боп кенет түсімде, Оянам нәзік күлкімен (С.Жиенбаев, Оркиік).

Жүрегі кілкіді. а) *Жүрегі айныды, жүрегі көтерілді.* Ожарбайдың аузы мыс татып, сәл *жүрегі кілкігендей* болды («Қаз. әдеб.»). Ықсан жанқалтасынан шылым алып, газет қиындысына орамақ боп бір оқталды да, онысынан айнып қалды; түнімен тартқаннан ба, *жүрегі кілкіп* беттетпеді (М.Сүндетов, Ескексіз.). ә) *Жүрегі күдік, қауіпке не қуанышқа толды.* Түпсіз тұңғиықтың жағасына келіп тірелгендей *жүрегім кілкіді.* Жаман ойдың желісін үзейін деп екінші жамбасыма аударылып түстім (Ж.Еділбаев, Тергеуші.). Айгүл өзінің музыканың ордасында жүргеніне *жүрегі кілкіп* қуанып, масайрап келе жатыр еді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Көңілі май ішкендей кілкіді. *Қобалжыды, көңілі дауаламады.* Тіпті хат алып тұрғандарының да «ертең қандай болады» деп, *көңілдері май ішкендей кілкитін* көрінеді (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Тіпті баласы жақсы келе жатқандарының *көңілінде май ішкендей кілкиді* (М.Дүйсенов, Мейман.).

КІЛКІЛДЕ= е т. **1.** *Шұпілдеу.* Шен таққан биі шіреніп Қонса байдың аулына, Қайнады қазан бүлкілдеп. Отырды бай ақ үйде, Алдындағы керсенде Сары қымыз *кілкілдеп* (Жамбыл, Шығ. жин.). Қазан толды *кілкілдеп,* Қайнайды жәй бүлкілдеп (Қ.Мырзалиев, Күміс.). **2.** *Қалқу.* Теңіз жағасына келді. Жиек күрленіп қата бастаған. Кей тұста қабыршақ мұз *кілкілдейді* (Т.Ахтанов, Дала сыры.). **3.** *Кілегей, қою сүт майының іркілдеуі.* Ол қалмақтың беті *кілкілдеген* майлы шайын, өзбектің сұйқылт көк шайын, ұйғырдың қоймалжың күрең шайын да ішкен (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). **4.** *Іркілдеу.* Өр суы мұнда да жағадан асып, кішкене қоңыр төбенің бауырын сағалай қонған қыстаулардың іргесіне тақалып, *кілкілдеп* тұр екен (Ә.Сараев, Қараша.). Жауынгерлер сәл жүгіре түсіп, *кілкілдеген* батпаққа бауырын төсеп құлайды (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.). Ұйыған қанның үстіне *кілкілдеген* сарғыш сұйық зат пайда болады (А.Даиров, Хирург.). **5.** *Быртию, білеулену. Кілкілдеп* ісінген қабағының астынан көзі әрең жылтырайды (Т.Ахтанов, Боран). **6.** а у ы с. *Бітік өсу, тұнып тұру.* Айрықша, бір-бірімен таласа өскен сарысалма, изен, тапса боз, кер жусан бойшаң, балғын; бәрі де баурына көлеңке сақтап, қош иісі аңқып, *кілкілдеп* тұр екен (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Бөксе басып отырған жері *кілкілдеген* көк жусан, қоңыр бас, жоңышқа болатын («Қаз. әдеб.»).

Жүрегі май ішкендей кілкілдеді. *Көңілі күпті болды, жүрегі қобалжыды.* Ақбала мұз үстінде жүрген күйеуін ойласа, *жүрегі май ішкендей кілкілдеп* қоя береді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Жүрегім май ішкендей кілкілдеп* тұрса да, сыр бермеуге тырыстым (Ж.Еділбаев, Тергеуші.). Әлденеге *жүрегі май ішкендей кілкілдейді* (З.Шүкіров, Ізгілік).

КІЛКІЛДЕК с ы н. *Кілкіп тұратын, кілкілдеген.* Қаңқа бұлшық еті мен өкпе, бауыр, бүйрек сияқты органдарында май клетчаткалары болмайды және үлпершек пен жүрек қабында *кілкілдек* май клетчаткалары болады (С.Сыбанбаев, Сиыр. көкцид.).

КІЛКІЛДЕТ= е т. *Лық толтыру.* Жұлдыз бір табақ етті *кілкілдетіп,* буын бұрқыратып

ап келген Алтыншашқа да ыңғай бермеді (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

КІЛКІМЕ з а т. м е т а л л. *Түсті металдарды тазарту кезінде пайда болып, балқыма бетіне қалқып шығатын және механикалық жолмен бөлініп алынатын түсті металдардың қатты қосылысы.* Катодты мырышты 500-520^0 С температура аралығында балқытқанда, балқыманың бетінде үнтақ тәріздес өнім – *к і л к і м е* пайда болады, оны жинап пештен түсіріп алады (Қаз. тілі термин. Кен.). *К і л к і м е* құрамында 80-90 % мырыш, 1-2,5 % хлор болады (Қаз. тілі термин. Кен.).

КІЛКІН: кілкін кескен. *Жайнаған, балғын.* Шыққанын да, қалғаны да күледі. Күлерлік ештеңе жоқ, әйтеуір мәз. Айдарбектен басқасы *к і л к і н к е с к е н* жастар (F.Мұстафин, Көз көрген).

КІЛКІНДЕЙ с ы н. *Өрімдей, жайнаған, жайсаң.* Жас өрім бір қалыпты *к і л к і н д е й* жас, Талайы тасқа түскен бейне алмас. Сенісіп мезгілінің әдетінше, Ант айтып төбесіне қойысты тас (Ш.Әбенов, Кейіпін.).

КІЛКІНДЕЙ-КІЛКІНДЕЙ с ы н. *Келісті, әдемі. К і л к і н д е й-к і л к і н д е й* кілең ақ қайыңдар қырауға малынып, жолдың оң жағында сызылып майыса қалыпты (А.Нысаналин, Алыста.).

КІЛКІТ= е т. **1.** *Қалқып алу.* Сапырулы сары қымыз бетінен май *к і л к і т і п* қызықтырмағанда, сөз желісін үзбеген де болар еді (Қымыз.). **2.** а у ы с. *Шашырау.* Зәл-зәле боп жер мен аспан, Соқты ұйытқып ақ бораны Қан *к і л к і т е* қара тастан Түткіледі кең даланы (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.).

КІЛМИ= е т. *Жудеу, әлсіреу, кіртию, әлжуаздану.* Сен соған елігіп, ораза ұстағандай *к і л м и і п* кетіпсің (Д.Досжанов, Тұлпар.). Ол не жыламайды, не күрсінбейді, іштей сарғайып майы таусылған шамдай *к і л м и і п* сөнуге қалған (Ш.Құмарова, Қос шынар.).

Көзі кілмиді. *Көзі кіртиді.* Қырбық мұртты, *к і л м и г е н* қысыңқы *к ө з д і* жұқалтаң нәзік Қасымқанның жаны да егіліп түр (Ш.Құмарова, Қос шынар). Оның үлкен қара *к ө з і к і л м и і п,* кішірейе берді (С.Шаймерденов, Өмір.).

КІЛМИТ= е т. *Кіртіту, кілбіту.* Қызыл Туды саған-ақ бердім! – деді Ақатай көздерін кенет *к і л м и т і п* (З.Камалиденов, Ферма.).

КІЛМІК с ы н. *Кілмиген, күлімсіреген.* Көбірек көз қадаған Жоламановқа жансыз жүзінде езу тартқан тәрізді *к і л м і к* шырай пайда болды (Х.Есенжанов, Тар кезең).

КІЛТ[1] з а т. **1.** *Құлыпты ашып-жабуға арналған темір құрал.* Ермек қалтасынан бір шумақ *к і л т* суырып, Щербаковқа ұсынды (F.Мұстафин, Қарағанды). Ақан әйеліне машинаның *к і л т і н* берді (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). **2.** *Белгілі бір нәрсені бұрап бекіту не босату үшін жұмсалатын құрал.* Шпильканың төменгі жағын конустың үстіне келтіріңіз, оны *к і л т п е н* бұрап киргізу үшін егеп, өзек жасаңыз (Трактурист.). **3.** с ө й л. ***Құлып.*** Күншығыста көзді тартқан Мызғымайды алтын қақпа, *К і л т і* берік Кремль де Ашылмайды бейлі жатқа (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.). **4.** м у з. *Нота жолының бірінде тұрып, оның аты мен биіктігін анықтайтын, нотаға түскен дыбыстың мәнін білдіретін нота жазуындағы белгі.* Тенор партиясы әдетте скрипка *к і л т і н д е* жазылып, октава төмен естіледі (Хормен жұмыс.). **5.** и н ф. <ағыл. key>. *Бағдарламаларға, жадтың берілген блоктарына немесе басқа да объектілерге ұқсастыру және тез қатынас құру, сондай-ақ оларды қорғау үшін пайдаланылатын символдардың немесе кодтардың жиынтығы.* Индекстік-тізбекті файлда *к і л т* жазбаның міндетті элементі болып саналады (Қаз. тілі термин. Информатика). *Кілт* ретінде объект атауының алғашқы бірнеше символдарын пайдалануға болады (Қаз. тілі термин. Информатика). **6.** а у ы с. *Бір нәрсені түсіну, білудің, орындау, іске асырудың тиімді жолы, тетігі.* Мұхтар романын шын түсінем деген кісінің қолына романның *к і л т і н* де берген. Бірақ үстірт қарасаң, ол *к і л т т і* таба алмайсың. Ол *к і л т* мынау: «Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» деген әрбір бөлімнің аттары (F.Мүсірепов, Суреткер.). Ұсақ оқиғаның бірден-ақ ұлы уақиғаға себеп болатын жерлері де бар. Үлкен үйге кішкене *к і л т* жол ашатын сияқты, үлкен іске көбіне кіші іс *к і л т* болады, кіп-кішкене үшқыннан үп-үлкен өрт шығады (А.Байтұрсынов, Шығ.). Мақтап өлең айтпаған нәрсе алуға Ғажайып хикметтің *к і л т і н* ашқан. Бұлардан басқа ақын көп сөз бұлдаған, Бергенді мақтап, сараңды жамандаған (М.Дулатов, Шығ.). Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің *к і л т і,* оны білгенге дүние арзанырақ түседі (Абай, Тол. жин.).

Бұранда кілт. т е х. *Бұранда мен сомынды бұрап тартуға не болмаса босатуға арналған қол аспабы. Б ұ р а н д а к і л т т і* біржақты және екіжақты, ашық және жабық басты, қырлы және жұмыр бұрандалыққа арнап жасап, пайдалану сипатына қарай бірнеше түрге бөледі: сүзеген кілт, киме кілт, ажыратпа (разводной) кілт, ұштақ кілт, шытырлауық кілт, динамометрлік кілт т.б. (ҚҰЭ).

Кілттерді қорғау жадының блогы. и н ф. *Тікелей қатынас құра алатын, аса тез әрекет жасайтын сыйымдылығы шағын арнайы сақтауыш құрылғының процессорына жататын блок. К і л т т е р д і қ о р ғ а у ж а д ы н ы ң б л о г ы* жазу мен оқудан негізгі жадты қорғау үшін пайдаланады (Қаз. тілі термин. Информатика).

Кілттер менюі. и н ф. <ағыл. key menu>. *Дербес компьютердің дисплей экранының бөліктерінің бірінде көрсетілетін жүйе мүмкіндіктерінің жинағы* (Қаз. тілі термин. Информатика).

Телеграф кілті. т е х. *Морзе коды бойынша түзілген телеграф дабылын таратқыш. Т е л е г р а ф к і л т і н* негізінен құлақпен тыңдайтын радио-телеграф байланысында қолданады (ҚҰЭ).

КІЛТ² ү с т. *Кенет, шұғыл, тез, шапшаң.* Төрекелді *к і л т* жуасып, аяғын салып тұрған орындыққа отыра кетті (М.Иманжанов, Жастық.). Алдыңғы келе жатқан жолаушының астындағы қызыл қоспақ көзіне оттай басылған жүргінші тізгінін *к і л т* тежеңкіреді (Р.Райымқұлов, Түйелі адам.). Үлкен алғыс алдым мен Нәшәндіктен жоғарғы, – Деп қария әңгіме Аяғын *к і л т* доғарды (Ә.Дүйсенбиев, Көңілді.).

КІЛТ³ е л і к. *Оқыс қозғалғанда дене буындарының шытыр, сықыр еткен қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

Кілт еткендей. *Буыны тайғандай.* Олжай жұлыны үзіліп, белі *к і л т е т к е н д е й* сегіз көздің тұсынан ұстай алды (Ә.Әбішев, Заман.).

Кілт етпе. *Көбіне оқыс,ыңғайсыз қимылдағанда білінетін буын ауруы.* – Профессор келетін болса, мен де барып көрініп, белімнің *к і л т е т п е с і* барын айтсам ба екен? – деді Меруерт (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Оның белінің *к і л т е т п е с і* бар (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). *//Жоққа өкпелегіш, тез ренжігіш.* Әдетте, өз өмірін баласыз оңаша өткізген кәрі әйел күйікшіл, мұңдар болмақ. Әрі *к і л т е т п е,* кінәмшіл келеді (К.Тоқаев, Түнде.).

Кілт етті. а) *Буыны сынды.* Ол киіктей бола алмай, Терең сайға сылқ етті, Бел омыртқа *к і л т е т т і* (Т.Шопашев, Бәйтерек.). ә) *Жоққа өкпеледі, босқа ренжіді.* Ол баласының неге *к і л т е т е* қалғанын түсінбеді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Жөнсіз жерге араласып, болмашы бірдеңеге *к і л т е т е* түсетін анасына аз да болса басу айтып, үй ішіндегі қикілжіңнің алдын орай отырады (М.Хасенов, Тұлпар.).

КІЛТЕН з а т. *Бұралаң, қалтарыс.* Қоғамның өсу жолын, дәуірдің келбетін, кезеңнің *к і л т е н д е р і н* оқиға, тартыс, тағдыр арқылы жеткізетін көркем прозаның табиғаты, тәсілі өзіне барабар түсіндірме, талдау тілейді (Т.Әлімқұлов, Шығ.).

КІЛТЕҢ з а т. **1.** *Қаяу, кірбің, шер, күйініш.* Өтіп кеткен өкінішті өмірі есіне түсті ме, яки болмаса көңілінде басқа бір *к і л т е ң і* бар ма, – Габриш Пали мұңая қалып, тебірене терең күрсінді (С.Омаров, Қызыл.). Кірбең, *к і л т е ң і* аралас мазасыз ой (С.Омаров, Өмір.). **2.** ж е р г. ***Кілтипан.*** Осы кісінің бір *к і л т е ң і* бар шығар, болмаса ол қолхозға неге бармайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **3.** а у ы с. *Рет, сәт.* Ақыры айналсоқтап жүріп, бір ыңғайлы *к і л т е ң і* келгенде, шап беріп, жирен аттың жалына жармаса кеттім (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

КІЛТИ= е т. *Өкпелеу, бұртию, тымыраю.* Қатар балалардың әзілін көтермей *к і л т и е* қалатыным бар еді ауылда. Біреу ол жынымды қағып алғандай, қазір ыржаң-ыржаң етемін (З.Шүкіров, Ізгілік.).

КІЛТИМЕ с ы н. *Өкпешіл, ренжігіш, кілт етпе.* Содан ешкім жоламай, Сорайып тұр *к і л т и м е.* Саудаға да обал-ай, Жұрт алмайды бір түйме (Ә.Ахметов, Жеруйық).

КІЛТИПАН з а т. **1.** *Кемістік, ақау, мін, шалағайлық, шикілік.* Көмір шауып жатып, орта жолда тоқтаған «Украинаны» айналдыра қарап шыққан Сағат бар *к і л т и п а н* төменгі моторда екенін анықтады (С.Хайдаров, Құрыш білек.). Кезекші сестра келіп: – Сізді кочегар телефонға шақырады. Жылыту жүйесінде бір *к і л т и п а н* бар-ау деймін, – деп еді, Махмұт асыға шығып кетті («Лен. жас»). **2.** *Гәп, сыр.* Анау-мынауға жалпақтамайтын тәкаппар Қаражанның қарғадай балаға елпеңдеуінің де *к і л т и п а н ы* бар еді (Н.Сералиев, Қаңтар). Барлық *к і л т и п а н* – ауылдық жерлерде кітап саудасын ойдағыдай жүргізуге қолайлы шарттар жоқтығында («Қаз. әдеб.»). Торшолақты неге сөз қып отыр деп мұңаймаңыз, оның кішкене *к і л т и п а н ы* бар (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІЛТИПАНСЫЗ с ы н. *Кемістіксіз, мінсіз.* Есімбек те препаратым *к і л т и п а н с ы з* өтсе екен деп, сестрадан бастап әрқайсысының қас-қабағына қарап бәйек болды (Е.Оразақов, Дәрігер.).

КІЛТСІЗ с ы н. *Кілті жоқ.* Чемоданның аузы *к і л т с і з* екен (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). Істер айла-амал жоқ іштен тынып, Не боларын тағдыры жатыр біліп. Хан шеңгелі белгілі *к і л т с і з* қақпан, Құтылу жоқ дүниеде тірі жүріп (Т.Әбдірахманова, Көгершін.).

КІЛТТЕ= е т. **1.** *Құлыпты кілтпен бұрап жабу, құлыптау.* Басқа адамдар сөзімізді бөлмесін деді ме, полковник кабинеттің есігін ішінен *к і л т т е п* алды (Қ.Исабаев, Соңғы.). Ақшаны сөмкесімен қара абдыраға салдым да аузын *к і л т т е п,* жұмысқа барғалы үйден шықтым (М.Хасенов, Алғашқы ән). **2.** а у ы с. *Білдірмеу, құпиялау, жасыру.* Сезімтал, сергек қыз ішкі құпиясын *к і л т т е п* ұстағандай (С.Алдабергенов, Асу.). Аша алмадың *к і л т т е г е н,* Ашылмаған сырларыңды, Жоғалттым үмітпенен Ең жақсы жылдарымды (С.Мәуленов, Шалқар.).

КІЛТТЕГІШТЕ= е т. *Қайта-қайта кілттеу.* Ықсан Тоқберлин әдетінше көзілдірігін бір алып, бір киіп, папкасын *к і л т т е г і ш т е п* мазасы кетті (Ә.Ипмағамбетов, Жайық.).

КІЛТТЕН= е т. *Құлыптану.* Кісен дегеніміз *к і л т т е н і п* салынатын темір тұсау (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.).

Кілттеніп қалды. *Құлыптанды, кілтсіз ашылмастай жабылды.* Есік тарс жабылып, көзді ашып-жұмғанша *к і л т т е н і п қ а л д ы* (Е.Домбаев, Ғашықтық).

КІЛТТЕУ *Кілтте етістігінің қимыл атауы; құлыптау.* Түнге қарай сақтана, Есік, қақпа біткенді Ұсынақты Москвада Ұмытпаған *к і л т т е у д і* (М.Әлімбаев, Балдәурен.).

КІЛТТЕУЛІ с ы н. *Құлыптаулы, кілттелген, бекітулі.* Әрі-бері жатып ұйқы келтіре алмаған соң орнымнан тұрып, төрде *к і л т т е у л і* тұрған сандықты аштым (Т.Тобағабылов, Тағдыр). Екеуі жүгіріп қайыққа келсе, *к і л т т е у л і* екен (З.Иманбаев, Нажағай.).

КІЛТТЕУСІЗ с ы н. *Құлыпсыз, кілттелмеген, бекітілмеген.* Абырой болғанда, есік *к і л т т е у с і з* екен, ашылып кетті (З.Шүкіров, Қиын түйін). Ызыңдаған шыбын жоқ... қотанда мал, *К і л т т е у с і з* «Волга», «Газик», ат-арбалар (М.Әлімбаев, Балдәурен).

КІЛТТІ с ы н. *Кілті бар, құлыпты.* Бірі *к і л т т і,* бірі кілтсіз сандығым бар, соның *к і л т т і с і н* бер (Қаз. ертег.).

КІЛТТІК з а т. ж е р г. *Есіктің құлып салатын шынжыры.* Есіктің *к і л т т і г і* нашар екен, оған сенуге болмайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КІЛТШІ з а т. с ө й л. **1.** *Күзетші.* Ефремов ақыры қашуға бел байлады. Даниярбектің *к і л т ш і с і* парсы қызының көмегімен жолдама қағазды қолға түсірді (Н.Баяндин, Геогр. ашу.). Бір күні біздің бөлмені ашып, *к і л т ш і* мен әлгі есігі ашық жататын бөлмедегі ұрлықпен жатқан қазақтардың біреуі үлкен құшақ жап-жаңа шапқан көк шалғын алып келді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Ыбырай келесі күні қайта оралған балуан денелі, сыпайы жігіт Күдеріні шәкірттеріне бас-көз қып, әрі аға, әрі *к і л т ш і* етіп жұмыс тапсырды (Ж.Молдағалиев, Самал.). **2.** *Қоймашы, қамбашы.* Колхоздың *к і л т ш і с і* пар өгізге жеккен бричкаға қажетті астықты тиеді де жөнелтті (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Босаға жаққа стол қойып алған қойма меңгерушісі Ишан көбінесе осында болады, ауыл адамдары оны *к і л т ш і* дейді (М.Гумеров, Сүйе ме?). Жұмыс кезіндегі бос уақытты арылту үшін тиеуші, түсіруші, *к і л т ш і л е р д і ң* уақыт пайдалануын үртіс бақылауға алған («Жаңа өмір»).

КІЛТШІЛІК з а т. с ө й л. *Кілтші болушылық, қоймашылық.* – Сіз келердің аз-ақ алдында *к і л т ш і л і к к е* ауысқан, – деп, Ақжолға қасындағы есепші бала түсінік берді (М.Габдуллин, Өмір.). – Иә, жаңа мақтадым. Мақтамасам, бригадирлікке ұсынам ба? Әлде *к і л т ш і л і к т е н* айырылғыңыз келмей ме? (М.Гумеров, Хазірет.).

КІЛТІЛДЕ= е т. *Кілт-кілт ету, шаншып ауыру.* Ревматизммен ауырғанда адамның буындары сырқырайды, *к і л т і л д е й* береді (Шопан. кітабы). Ол орнынан көтерілгенде қара саны сырқырап, белі *к і л т і л д е й д і* (А.Нұрманов, Аққу.).

КІЛТІҢ[1] з а т. *Асу, кезең.* Бұлттар түйдектеле жоңкіп, аракідік ұласып, көлеңкесі қоюланған кезде, Мәлке түнеугі күнгі Бегайдарға қапылыс ұшырасатын *к і л т і ң н е н* өтті (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

КІЛТІҢ[2] з а т. *Кірбің, реніш, дық.* Оның көңілінде бір *к і л т і ң* бары анық болды («Жалын»).

КІМ е с і м. *Адамға байланысты қолданылатын сұрау есімдігі.* – Атың *к і м?* – деді жолаушы жігіт Тасмағамбетке (Б.Майлин, Шығ.). Әзімбай асқан ақылды, Желмаядай бақырды: «Он екі баулы өзбекте Келмей қалған *к і м* бар?» – деп, шақырушыны шақырды (Қамбар батыр). *К і м* айтар тазамын деп Хақ қасында? Күнәлі үлкен-кіші, қарт-жасың да. Жасырмай, аз ба, көп пе, айтып шықсын, Қылмысын болған әркім өз басында (А.Байтұрсынов, Шығ.). Олар осы ескі моланың *к і м н е н* қалған көне белгі екенін білмеуші еді (М.Әуезов, Абай жолы.). Сізге ғылым *к і м* берер, Жанбай жатып сөнсеңіз? Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз (Абай, Тол. жин.).

Кім білсін. *Белгісіз, түсініксіз.* – Е, *к і м б і л с і н,* өзіміз көрген емеспіз – деп, Жүсіп дүдәмал жауап берді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). *К і м б і л с і н,* қайтадан іске қосылатын шығар деп дәмеленіп жүрміз (Б.Тілегенов,

Аққайнар). Осы жерін түсінбей Ойға шомды шал қайғы. Неге екенін *кім білсін!* Кітап ашты, бал жайды (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш.).

Кім де болса. а) *Әркім-ақ.* Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі, *Кім де болса* тұрғысын көксемек-ті. Мезгілі өткен дәуренді қуалаған Неғылсын бір қартайған қу сүйекті? (Абай, Тол. жин.). ә) *Кім болса, ол болсын.* Шал байғұс айғайлайды аттан салып, Айырып алған жан жоқ оны барып. *Кім де болса* бір ерлік қылайын деп, Масғұт ұшты ұрыға оңтайланып (Абай, Тол. жин.).

Кім көрінген. *Кез келген адам, әркім.* Ақбөкенді аулауға тыйым салынған кейбір аудандарда *кім көрінген* бұл аңды кездескен жерде атып, құртуға дейін барған (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). Жердің халі не болар *Кім көрінген* таптаған? Елдің халі не болар Таңы бір тыныш атпаған (Манас).

Кім ұрды? о й ы н. *Көзін бір қолымен қалқалап, екінші қолын қолтығының астынан өткізіп, теріс қарап тұрған ойыншы алақанын ұрған адамды табуды қажет ететін жасөспірімдер ойыны. «Кім ұрды»* ойыны балаларды жылдамдық, алғырлық, қырағылық, сезімталдық секілді қасиеттерге баулиды (ҚҰЭ).

КІМДЕ-КІМ е с і м. **1.** *Кез келген адам, біреу.* Кәрі, жас дәурені өзге тату емес, Епке көнер ет жүрек сату емес. *Кімде-кім* үлкен болса екі мүшел, Мал беріп алғанмен, қатын емес (Абай, Тол. жин.). Адам баласын заман өсіреді, *кімде-кім* жаман болса, замандасының бәрі виноват (Абай, Тол. жин.). Іздесе мені *кімде-кім,* Шырағдан етсін жырымды. Жырымның жайса өрмегін, Табар да, ұғар сырымды (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Осы топта *кімде-кім* күресіп, жығып, күші асса, қызымды соған беремін (Қаз. ертег.). **2.** *Әркім, барлық адам.* Адамдарға жедел қызмет көрсетіп, ықыласпен шығарып салу, әрине, *кімде-кімді* қуантпай қоймайды («Жаңа өмір»).

КІМДІК с ы н. *Кімдікі болса да.* Әйел боп салмай тұрып басқа күндік, Болатын болсадағы мейлі *кімдік,* Байласқан серт бойынша әуелі қыз Әлгі ерге әйел болмақ бір-ақ түндік (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

КІМ-КІМ е с і м. ж е р г. *Әркім, барлығы.* Мен осы мәселе туралы *кім-кімге* айттым (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КІНӘ [ир. گناه] з а т. *Айып, жазық, ағаттық.* Адамның әдейі (ықтиярымен) жасаған, лажсыздан (еріксізден), абайсыздан және әдейі емес жасаған қылықтары үшін *кінәсі* сараланады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Бала өз *кінәсін* мойындай қоймағанымен, сүйікті оқытушысына неліктен жақпай қалғанын ұғып жүр (М.Иманжанов, Менің махабб.). Жазығым қайсы, жан салып Жақсылық үшін ұмтылсам? *Кінә* бар менде қаншалық Мезгілден қалмай бір тұрсам? (F.Қайырбеков, Таулар.). Талақ етіп бұл ғаламды, Болды мәлім кеткенің. *Кінәсі* жоқ жас адамды, Қатты соққан не еткенің (Абай, Тол. жин.).

Кінә аударды [қойды, тақты]. *Жазғырды, айыптады, жазықты етті.* Япырай, ғибратың тисін, *Кінә аудармай* сабайсың, жаның күйсін (Қозы Көрпеш.). Тексерсек мұжық ісін байқап, ойлап, Оған да дұрыс емес *кінә қоймақ.* Асықты базар күнге, пайда көп деп, Қаздарды ұрды ма ол босқа ойнап? (А.Байтұрсынов, Шығ.). Жүрегіңнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла. Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым, *кінә қойма* (Абай, Тол. жин.). Инеш Женяға сәл бұрылып, салқын ғана езу тартып, *кінә қоя* сөйледі (С.Шаймерденов, Болашақ.). Бөстегім құтылдың ба Көтібақтан? «Күйшіл» деп бабын білмей *кінә таққан.* Құл табан, кескіл тұмсық Бөстекбайым, Кісіге бос берермін бір мін тапқан (Абай, Таңд. шығ.).

Кінәсін кешті [салауат қылды]. *Айыбын кешірді.* Азар болса, күзетшілер ұйықтап қалып қазынаны ұрлатқан шығар. Не де болса, тазша, сенің үшін күзетшілердің *кінәсін кештім* (Қаз. ертег.). Бірақ бір тапсыратын ісім бар, соны орнына келтірсе, бұрынғы *кінәсін салауат қылып,* қызымды беріп, күйеу қыламын! – депті (Қаз. ертег.).

Кінәсін мойындап келу. з а ң. *Қылмыскердің анықтау, тергеу органдарына, прокуратураға, сотқа ерікті түрде келіп, өзін сот төрелігіне жығу ниетімен істеген қылмысы туралы мәлімдеме жасауы.* ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес *кінәсін мойындап келу* дерегі де қылмыстық іс қозғауға негіз болады (117-бап) (ҚҰЭ). ҚР Қылмыстық кодексінде (53-бап) *кінәсін мойындап келу* қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларға жататыны көзделген (ҚҰЭ). *Кінәсін мойындап келу,* сондай-ақ, қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескірген мерзімін қалпына келтіру үшін де негіз болып табылады (ҚҰЭ).

КІНӘДАЙ с ы н. *Кінә сияқты, кінә тәрізді.* Бір жалған ой іліксе сөйлеміңе, Кішіреймес *кінәдай* дейді еліңе. Әрбір жаман жырыңа қынжыласың, Жаңа жамау түскендей көйлегіңе (Ж.Нәжімеденов, Мезгіл.).

КІНӘЗ[1] ор. з а т. т а р. *Князь, қолбасшы, билеуші.* Үшеуі бас қосқан соң Әскер қашты даңғырап, Алдынан шығып қайырды, Дұшпанның көңілін майырды, Ұстап алып өлтірді, Жанарал, *к і н ә з,* майырды (Қамбар батыр).

КІНӘЗ[2] с ы н. *Бипаз, кербез, сәнқой.* Тегінде әкесі табиғатынан *к і н ә з* адам. Қимыл-қозғалысы, жүріс-тұрысы, киім киісі кербез-ақ. Кәрі жеңгелері әлі күнге «кербез жігіт» дейді өзін (С.Мұратбеков, Көкорай.). Шіркін-ай, өзінің *к і н ә з і н*-ай, есіктен аққаны төрге дейін шұбап, көшкен үйше жайрап жататын Мәликенің үйін қазір көрсең, айна ма дерсің (Е.Қонарбаев, Түнгі от).

КІНӘЛА= е т. *Біреудің кемшілік-мінін айтып мінеу, айыптау, жазғыру. К і н ә л а м а,* достар, мені, Бар жүйріктен озбасам, *К і н ә л а ң д а р,* достар, мені Үмітке қол созбасам (Ш.Мұхамеджанов, Көңілашар). Бұл орыс жаңағы өзін сүйрелеп әкелген полицейден бастап, бұның Құдайдай санап жүрген жандаралын ақ патшамен қоса *к і н ә л а й д ы* (Н.Оразов, Достар.). – Көкетай, той дегенді айтпаңыз! Оны жасамады деп кінәлайтындар *к і н ә л а й* берсін. Тойдың керегі аз (С.Бақбергенов, Кентау).

КІНӘЛАҒЫШ с ы н. *Кінә таққыш, айыптағыш, міншіл.* – Оны мен өлтіргем жоқ, соғыс өлтірді. *К і н ә л а ғ ы ш* болсаң, соғысты кінәлағын (Б.Момышұлы, Москва.).

КІНӘЛАН= е т. *Айыптау, жазғырылу.* Бала қылығының жақсысы құпталып, жаманы үшін *к і н ә л а н а д ы* (Семья тәрбиесі.).

КІНӘЛАС= е т. *Бір-бірін жазықты етісу, айыптасу, жазғырысу.* Ұзақ *к і н ә л а с қ а н* қырғыз манаптары көптен шемен болған шерлерін айтыса отырып, татулыққа бет алды (С.Бегалин, Шоқан асу.). Дәл осы арада Шырынкүлмен *кінәласа* қоюдың жөні келмес деп ойлаған Балзия жалтарып кетті (С.Омаров, Өмір.).

КІНӘЛАСУ *Кінәлас етістігінің қимыл атауы.* Ендігі пікір алысуымыздың мақсаты – кімнің кімге қандай өкпесі барын айтып, *к і н ә л а с у* емес (І.Омаров, Серпін).

КІНӘЛАУ *Кінәла етістігінің қимыл атауы.* Әдетте адам өзгелерді айыптап, оларды *кінәлау* үшін, ең алдымен, өзінің кім екеніне де сын көзімен ой жүгіртіп қарауға тырысады, осылай әдептілік пен адамгершіліктің жағымды жағын игерген жан кінәмшілдіктен аулақ болады (ҚҰЭ). Бюро Райханды *к і н ә л а у* орнына, Алакөзовтің өзін сипай қамшылап кетті (С.Жүнісов, Жапанда.). Кейпінде соншалық бір реніш, *к і н ә л а у* бар (С.Мұратбеков, Көкорай).

КІНӘЛАУШЫ з а т. *Кінә тағушы адам, айыптаушы.* – Мені *к і н ә л а у ш ы* менен гөрі мықты болса, оның қарасы да ақ, ағы да ақ боп кете беретін болар (С.Бақбергенов, Қарға там.). Автор мұнда *к і н ә л а у ш ы,* айыптаушы, қатал қазы («Қаз. әдеб.»).

КІНӘЛЫ с ы н. с ө й л. ***Кінәлі.*** – Бізден ұялып жүрген шығарсың. *К і н ә л ы м ы н* деп ойлайсың ба? Жоқ, сен *к і н ә л ы* емессің. Сенің атыңды үркіткен Нұртай екен ғой. Бәріне *к і н ә л ы* сол Нұртай (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен.). Бойдақ болып жүрмін әлі, Барады өтіп жас дәурен. Айтшы бұған кім *к і н ә л ы,* Кім *к і н ә л ы,* жан сәулем!? (Қаз. әндері).

КІНӘЛЫДАЙ с ы н. с ө й л. ***Кінәлідей.*** Бригаданың басқа талай жауынгерлерін білгеніммен, бұл солдат жайында ештеңе айта алмағаныма өзім де өкініп, *к і н ә л і д е й* болып үнсіз отырып қалдым (Ә.Нұршайықов, Алтын.).

КІНӘЛІ с ы н. *Кінәсі бар, айыпты, жазықты.* Ол өз қылықтары үшін қоғам алдында жауапты, сондықтан өзіне жүктелген жауаптылықтан жалтарса, қабылданған моральдық құндылықтарды елеусіз қалдырса, *к і н ә л і* болып шығады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Шолпаным деуші ем бір кезде сені, Алыстап кеттің, арамыз шалғай, Мүмкін мүлде ұмыттың мені, Алдыңда үлкен *к і н ә л і* жандай (Ә.Сәрсенбаев, Шығ.).

КІНӘЛІДЕЙ с ы н. *Кінәлі, айыпты адамдай.* ≈ *К і н ә л і д е й* сезіну.

КІНӘМПАЗ с ы н. с ө й л. ***Кінәмшіл.*** Үлкен кісінің көңілі де жас баланың көңіліндей кіршең де, *к і н ә м п а з* да келеді (С.Бақбергенов, Алтынемел.).

КІНӘМШЫЛ с ы н. с ө й л. ***Кінәмшіл.*** Төре тұқымдарының бәрі де *к і н ә м ш ы л,* ақсүйек, жиіркенімпаз ғой (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жеңгесіне арзанқол шыттан көйлек, жаулық әперіп, аз нәрсемен *к і н ә м ш ы л* ағасын ырза қып аттандырып еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *К і н ә м ш ы л* сол қыз бұлтыңдап, Күнұзын мені қинайды. Жүрегім сонда мың тулап, Кеудеме тіпті сыймайды (З.Шүкіров, Арал толқын.).

КІНӘМШЫЛДЫҚ зат. с ө й л. ***Кінәмшілдік.*** Елжас бойдағы *к і н ә м ш ы л д ы ғ ы н* басып, Өтешті ақтап шықты (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Қадірін туысқанның алыста ұғып, Артатын тарыққанда танысқа үміт. Қазақпын, *к і н ә м ш ы л д ы қ* мінезіммен Қалатын болмашыға намыс қылып (Ә.Жанәділов, Үміт).

КІНӘМШІЛ с ы н. *Кінә таққыш, кірпияз, қыңыр. К і н ә м ш і л* адам өзгенің тіршілігі мен мінезінің кем-кетігін байқап, әсірелей үстемелейді де, оны кінәлай кетеді (ҚҰЭ). *К і н ә м ш і л* адам өз мінезінің кем-кетігіне жете мән бермей, өзгелерге орынсыз талап қояды (ҚҰЭ).

КІНӘМШІЛДАН= е т. *Кінә тағу, өзгені айыптау.* – Осы істің өндімеуіне сіз мені кінәлағандайсыз ба, қалай? – деп, Қасен артына біраз *к і н ә м ш і л д а н ы п* қарады (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КІНӘМШІЛДІК з а т. *Адамның бойындағы басқаға айып тағуға бейім тұратын жағымсыз қасиеті. К і н ә м ш і л д і к* адам мінезіндегі көңіл күйінен туындайтын орынсыз тілек пен өкпелі ойды да білдіреді (ҚҰЭ). Әдетте адам өзгелерді айыптап, оларды кінәлау үшін, ең алдымен, өзінің кім екеніне де сын көзімен ой жүгіртіп қарауға тырысады, осылай әдептілік пен адамгершіліктің жағымды жағын игерген жан *к і н ә м ш і л д і к т е н* аулақ болады (ҚҰЭ). Орынсыз *к і н ә м ш і л д і к* адамның ақыл-ойының өресіздігін білдіреді (ҚҰЭ).

КІНӘРАТ з а т. **1.** *Кемістік, мін, ақау.* Біздің оқулықтарымыздан арылмай келе жатқан бір *к і н ә р а т* – образдарды талдаудағы схематизм («Қаз. әдеб.»). Нұрбектің ойынша, бір адамның іші мен сырты екі дай болып, қаққа бөлінуі – өмірдегі кереғарлықтың, қоғам бойындағы *к і н ә р а т т ы ң* белгісі (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Байыбына жете түсінгендер Нұраханды кінәлауға титтей *к і н ә р а т* таппай отыр («Лен. жас»). Есеев *к і н ә р а т* қайсы тетіктен болған себебін іздей бастады. Ол әрбір механизмді тексерді («Соц. Қаз.»). **2.** *Сын, кінәлаушылық, мінеушілік.* ХХ ғасырдың елуінші жылдарында эпос туралы дискуссия кезінде әлгіндей *к і н ә р а т т а н* құлан таза шыққан жырдастан некен-саяқ еді («Қаз. әдеб»). Осының салдарынан редакторлық даңқы аспандап тұрған С.Мәуленовке түрлі *к і н ә р а т т а р* тағылып, орнынан босатылғанын көргенбіз («Қаз. әдеб.»). **3.** а у ы с . *Ауру, сырқат.* Өз айтуынша, бұл *к і н ә р а т* күрестен болған. Баяғыда атақты Қажымұқанның өзімен күресем деп, белдемесін тайдырып алыпты (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Зерттеу қорытындысы жас жігіттің өкпесінде дақ бар екенін көрсетеді. Бүйрегі мен баурында да *к і н ә р а т* бар сияқты (З.Шүкіров, Ізгілік.). Шалдың кінәлай сөйлеуін Айгүл орынды көрді. План да, есеп те дұрыс еді, бірақ соның орындалуына *к і н ә р а т* араласқанын айтты (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

КІНӘРАТ-ҚЫЛМЫС з а т. *Соңы қылмысқа апаруы мүмкін кінәрат.* Бұл күнде байлық дегеніңіз адамның бойындағы мінге, *к і н ә р а т қ ы л м ы с қ а* айналып отыр (Қ.Жұмаділов, Шығ.)

КІНӘРАТСЫЗ с ы н. *Кемшіліксіз, мінсіз, ақаусыз.* Бәрі де *к і н ә р а т с ы з,* қитықсыз жақсы өтіп жатыр (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Хабар шашсын мені бар деп, Сені бар деп жұпар иіс. *К і н ә р а т с ы з* егіз жан деп, Жүрсін тегіс, білсін тегіс (С.Баймолдин, Қызыл іңір). Жас әдебиеттің *к і н ә р а т с ы з,* ақаусыз өсуі үшін жақсысы мен жаңылысын көрсетіп, дұрыс бағыт сілтеп отыратын қырағы, адал сын керек («Қаз. әдеб.»).

Кінәратсыз өмір салты. *Қоғамның адамгершілік, моральдық нормаларын берік дәстурге айналдыру. К і н ә р а т с ы з ө м і р с а л т ы* жолында құлаш жайып келе жатқан қозғалысқа сіздердің қатысуларыңыздың дәлелі ретінде 7 апрельде темекі тартудан аулақ болыңыз («Соц. Қаз.»). Шылым шегуге қарсы күрес – салауатты және *к і н ә р а т с ы з ө м і р с а л т ы* жолындағы күрес, ұзақ ғұмыр кешуге бастайтын жол («Соц. Қаз.»).

КІНӘРАТТА= е т. *Біреуді кінәлау, сөгу, айыптау, жазғыру.* «Олар бізді *к і н ә р а т т а п* жатыр, жұрттан көп ақша жинап алып, өз пайдаларына жұмсап жүр, бір тиындық бітірген ісі жоқ», – дейді (М.Дулатов, Шығ.).

КІНӘРАТ-ТАЛАП з а т. э к о н. <лат. praetensio> *Шарт міндеттемелерінің бұзылуына байланысты дауды ерікті түрде, сотқа жеткізбей шешу мақсатында несиегердің борышқорға қоятын талабы. К і н ә р а т - т а л а п т а* несиегерге тиесілі соманың есебі және міндеттемелердің орындалу мерзімі көрсетіледі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

КІНӘРАТТАН= е т. *Ауыру, сырқатқа шалдығу.* Нерв жүйесіне токсоплазмоз паразиті орналасқан малдың не жабайы жануарлардың, тышқандардың кейбірі токсоплазмозбен ауырмайды немесе жеңіл түрде ғана *к і н ә р а т - т а н а д ы* (З.Сырғабаева, Токсоплазм.). Ал белдеме тұсының жүйкесі *к і н ә р а т т а н с а,* белуардан төменгі жақтың бәрі қозғала алмайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ми *к і н ә р а т т а н с а,* жан күйін де кешіре алмаймыз. Олай болса, барлық жан күйінің кілті ми қолында екен (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІНӘРАТТАУ *Кінәратта етістігінің қимыл атауы.* Елдің өсегін де естідім – босқа далбаса, құр күндеу, *к і н ә р а т т а у* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). *К і н ә р а т -*

т а у үшін оспақпен сұрау қоюға жарамайды (К.Тоқаев, Түнде.). Бетховен өзімен-өзі боп жатыр. Енді жан-дүниесін әлдекімді *к і н ә р а т т а у д а н* аулақ сезім билеген («Лен. жас»).

КІНӘРАТТЫ с ы н. **1.** *Кемшілік-міні бар, ақауы бар.* Кемістік болған ретте олар *к і н ә р а т т ы* агрегатты запас агрегатпен ауыстырады да, орталық басқару пунктіне дереу хабар береді (Қысқ. саяси экон.). **2.** а у ы с. *Айыпты, кінәлі.* Толқын құрбыласы алдында *к і н ә р а т т ы* болды («Лен. жас»). **3.** а у ы с. *Нашар, әлсіз, ауырлы.* Балаларымыздың денсаулығы *к і н ә р а т т ы,* ой-өрісі тар, мінезі шәлкем-шалыс болатын болса, оған көптен-көп кінәлі осы бала тәрбиесіне деген самарқаулығымыз екенін ұғыну абзал (С.Байжанов, Сыр.).

КІНӘРАТТЫҚ з а т. *Кемшілік, ақаулық.* Бөлімше қарамағындағы қоздайтын төрт отар саулықтың жай-күйінде *к і н ә р а т т ы қ* болды («Лен. жас»).

КІНӘРАТШЫЛ с ы н. *Ауруға тез шалдыққыш; әлсіз, нәзік.* Ол дегенің жас шағында өте *к і н ә р а т ш ы л,* нәзік келеді ғой (М.Иманжанов, Менің махабб.). Мақта – ең *к і н ә р а т ш ы л,* еңбекті көп тілейтін өсімдік (А.Жолдасбеков, Ботабай Садықов). Күріш *к і н а р а т ш ы л* дақыл, көп мәпелеуді қалайды («Соц. Қаз.»).

КІНӘРАТШЫЛДАУ с ы н. *Әлсіздеу, нәзіктеу, көп күтімді қажет ететін.* Жеріміз *к і н ә р а т ш ы л д а у* ғой, бабын таппасаң оңай өнім бере қоймайды (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты).

КІНӘСІЗ с ы н. *Кінәсі жоқ, айыпсыз, жазықсыз.* Рай отырғанда Ақбала сыр алдырмай, *к і н ә с і з* жанша көзін төмен салып, монтиып қана жүреді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Болсам егер *к і н ә с і з,* безіне ме?! Оңбаймын ғой, обал жоқ өзіме де. Шолжаңдаған еркімен шортан байғұс, Тасқа соқпай тұмсығын сезіне ме (М.Мақатаев, Шығ.). *К і н ә с і з* қазір нәресте, Қатыгез болма, ей, өмір! Іңгәсі – күй ғой ерекіде, Үілі тәтті өлең-жыр! (Ғ.Мүсірепов, Алау). // *Қараптан-қарап, бостан-босқа.* Қапан болыс Баранқұлдың бес баласын бірдей ұлыққа *к і н ә с і з* ұстап беріп жазалайды (М.Әуезов, Әр жыл.).

КІНӘСІЗДІК з а т. **1.** *Кінәсі жоқтық, жазықсыздық.* Бір кезде қатал әрі мейірімсіз болып көрінген Молдаш менің ісімді өз қолына алды. Байқаймын, жігіт менің *к і н ә с і з д і г і м е* ма сенетін сияқты (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Бастыққа қыздың *к і н ә с і з д і г і н,* оны тонаған, аласа бойлы томпақ мұрын өзімнің серігім екенін айттым (К.Тоқаев, Тасқын). Орыс тілін нашар білетін Кейкі өзінің *к і н ә с і з д і г і н* айтып түсіндіре алмаған (М.Жұмағұлов, Қыран.). **2.** з а ң. *Айыбы жоқтық, қылмысқа қатысы жоқтық.* Бұл – айыптау үкімін қабылдау кезінде сотталушының әрекетін дәрежелеу, жазаны белгілеу, *к і н ә с і з д і к т і* анықтау және т.б. мәселелер. Осы айтылғандардың бәрі сот шешім қабылдарда үлкен рөл атқаратыны анық («Егемен Қазақстан»).

КІНӘШІЛ с ы н. *Кінә таққыш, кінәмшіл, міншіл.* Жас бала *к і н ә ш і л* да талғамшыл келеді (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Әрі кілт етпе *к і н ә ш і л,* кесапат келеді (К.Тоқаев, Тасқын). Өкпем де жоқ емес-ау саған менің, Жосықсыз *к і н ә ш і л с і ң* – жаман Жерің. Төзгісіз қылығыңды қырқып тастап, Төзімді мінезіңмен қалар ма едің (М.Мақатаев, Шығ.).

КІНӘШІЛДІК з а т. *Кінә таққыштық, кінәмшілдік, шамшылдық.* Өкпешілдік, *к і н ә ш і л д і к,* ашқарақтық, жалқаулық, салақтық, еріншектік, сотқарлық тәрізді балалар өмірінде кездесетін келеңсіз қылықтарды ақын жылы юмор арқылы күлкі шақыратын дәрежеде көрсете білген («Қаз. әдеб.»). Көз алмасын көздесін Оқыс келіп қалмасын! Көбіктідей кеп ару Хан сұлтанның мықтысы *К і н ә ш і л д і к* кектісі Тәу етіп күтіп алмасаң Келіп пәле салмасын! (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КІНДІК з а т. **1.** а н а т. *Адамның, жануарлардың іште жатқан баласы қоректенуге және дем алуға әрекет жасайтын тұтік тәрізді мүше.* Бала жолдасымен *к і н д і к* арқылы жалғасады (А.Дайыров, Хирург.). Қозы жерге түскеннен кейін, әдетте *к і н д і г і* өздігінен үзіледі, егер үзілмесе немесе өте ұзын үзіліп, шұбатылып тұрса, оны кесіп қысқарту керек (С.Омаров, Қой бағу.). От жағып, үйді жарық еткен кемпір, Бұл не деп Айсұлуға жеткен кемпір. Қараса бір ұл тауып, талып жатыр, *К і н д і г і н* баланы орап кескен кемпір (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **2.** а н а т. <лат. umbilicus> *Қарынның орта тұсындағы шұқыр жер, кесілген кіндіктің орны. К і н д і г і м н е н* төмен қарай сырқырап, екі асықты жілігімнің шыбықтары сыздап шойырылып ақсап қалам, – дейді Елшібек (Қ.Тайшықов, Окт. үшқыны). Үстінде *к і н д і к т і* жаппайтын қысқа шыт көйлегі. Жаңғақ ағашының шыбығынан өзі істеп берген сыбызғысы да қолында (Х.Рахимов, Қызғалдақ). «Менің әкемді айламенен өлтірмесең, күшпен өлтіре алмассың, әкемнің үстіндегі ақ сауытты өзім соғып едім, *к і н д і к* тұсынан үш көзін кем соғып едім, сол жерінен болмаса, өзге жерінен оқ өтпейді» деді (Батырлар жыры). Төрт күн сонда өтеді, Бес күнге таман жетеді. *К і н д і к-*

т е н асып су сонда, Кеудеге таман жетеді (Батырлар жыры). Өткір селебесін Сырбай жайынның жұтқыншағына сұғып жіберіп, тулаған жайынның *к і н д і г і н е* қарай есе жөнелді (С.Мұқанов, Шығ.). **3.** *Арбаның төстігі мен бел темірдің, сондай-ақ сағат, дөірмен тастарының ортасындағы өзектік темір.* Жәшік сумен ағып келіп, бір шалдың диірменінің *к і н д і г і н е* оралып, диірмен жұрмей қалды (Қаз. ертег.). Жәукенің оң жақ тізесінің астында арбаның *к і н д і г і* жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Сағатшы барлық доңғалақты, *к і н д і к т і,* пружинаны білуі керек (З.Шашкин, Өмір.). **4.** а у ы с. *Әлдененің ортасы, басы, байлауы, желісі.* Ми – дегеніміз күллі денедегі қызметтерді басқарып тұратын бір *к і н д і к* (орда). Жүйкенің бәрі мидан тарайды. Кейбір жүйке сырттан алған хабарын миға жеткізіп тұрады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Басқаша айтсақ, химиялы өзгеріс сыртқы мүшелерден басталады да жүйкелерді қуалап, мидағы өзіне тиісті *к і н д і к к е,* ал *к і н д і к т е н* басқа *к і н д і к т е р г е* таралады (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Кіндігі* өзімізде болған, яғни біздің не әлсіздігімізді, не күштілігімізді көрсететін ішкі сезімдер деп аталады. Ұялу, қорқу, батырлық, ашу, жек көру, тәкаппарлық, күншілдік сықылды (М.Жұмабаев, Шығ.). **5**. а у ы с. *Мекен, жайлы жер.* Құтты қоныс. Аягөз, сенің бойыңда Несібе, ырыс тегіс қой, Сай-салаң – толған жеміс қой. Қырың – малдың *к і н д і г і,* Ойың – өнім егіс қой (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Кең дала, шаңсыз ауа, таза қоныс, Исі аңқып, бетім сүйген самал желім. *К і н д і к* болып мал менен жанды өсірген Жаз жайлау, күзгі күзек, қысқы тебін (С.Торайғыров, Алаш ұраны). **6.** а у ы с. *Ұйытқы, шоғыр.* Орынборда *к і н д і к* үкіметтің тілі «Еңбекші қазақ» газеті бар (С.Сейфуллин, Шығ.). «Патшаның саясатына қала айыпты емес, – деп ойлады ол, – Омбы – мәдениет *к і н д і г і*» (С. Мұқанов, Ботакөз.). Себебі – бес түлік малдың алғашқы тегі, түрлері болып саналатын тарпаң, құлан, арқар, құлжа, таукешкі, нар секілділері *К і н д і к* Азия жерінде, оның ішінде Моңғолия өңірінде өмір сүрген, әлі күнге дейін осы жерлерді мекен етеді («Парасат»). *// Негізгі, басты.* Біз соның бәрін бір арнаға тоғыстырып тұрған *к і н д і к* пікір – «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген қағиданың ұлттық тәжірибенің де, әлемдік тәжірибенің де тұрғысынан қаншалықты дәйекті екендігіне тоқталғанды жөн көрдік (Ә.Кекілбай, Тіл және тәуелсіздік). **7.** а у ы с. *Орта тұсы, бел ортасы.* Чехославакия ыдырағалы тұрғанда Вацлав Гавелдің «Мемлекеттің мықтылығы оның жер көлеміне байланысты емес, азаматтарының дәулеттілігінде» дегені бар-ды. Мүмкін, Еуропаның *к і н д і г і н д е г і* дамыған, жері сұлу Чехия үшін солай да шығар («Түркістан»). **8.** а у ы с. *Орталық үкімет ұйымдары.* Бәрінің де қызметі *к і н д і к т е н* келген бұйрықтар, заңдармен бітіп тұрады (С. Шарипов, Бекболат). *// Орталық.* Ер Едіге асыл рухын қолдаңыз, Көш құрастық ел боларлық жолда біз. Қарт Ұлытау – *к і н д і к* төрі қазақтың, һәм табиғи, һәм тарихи ордамыз (К. Салықов, Жезкиік).

Бір кіндіктен. *Бірге туған, бір атадан туған.* Еламан *б і р к і н д і к т е н* жалғыз, әкешешесінен ерте айырылды, әкесімен бірге туған Есбол деген ағасы бар (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Құдайға шүкір, *б і р к і н д і к т е н* сегізіміз бармыз (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

Еркек кіндік. *Ер атаулы, ер адам, ұл бала.* Он бесте қабырғама түсті салмақ, Нан тауып, үй асырап, жаным жалдап, Бір оттан үш азамат аттанғанда, Мен қалдым *е р к е к к і н д і к* – жалғыз бармақ (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Құрыды десеңші онан да. Бетіне қарап отырған жалғыз *е р к е к к і н д і к* осы ғана еді, айналайын (Ш.Мұртазаев, Интернат.). Сондықтан да мынау аламан жиынға әр рудың *е р к е к к і н д і г і н і ң* ең сүлейі, қыл құйрықтысының ең дүлділі келген (Ә.Кекілбаев, Үркер).

Жердің кіндігі. *Жердің беткі қабаты мен жердің айналу өсінің тұйіскен нүктесі, полюс.* Ол *ж е р д і ң к і н д і г і н е* (полюс) әсер етіп, соның әсерінен көктемгі күн мен түн теңесуі жыл сайын 16 минөт ерте келеді екен (Ә.Кекілбай, Тіл және тәуелсіздік).

Жер кіндігін ұстады. *Басқарды, биледі, басшылық етті.* Егер қазір қайта туса ұлы Абай, Ол да сағаң қалар еді ұнамай. Ойлан, қалқам, ертең *ж е р д і ң к і н д і г і н Ұ с т а й т ы н д а р* сағаң жақын жүр бүгін (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Кеңірдегін Күнге, кіндігін Айға ілді. *Күпінді, ісіп-кебінді, мардымсыды.* Қазақтың бағы жүрсе – кәукілдеген мақтан әңгімесі, гулеген өсегі, *к е ң і р д е г і н К ү н г е, к і н д і г і н А й ғ а і л г е н* кердең жүрісі көбейіп, қараптан-қарап іші жарылып, бұтқа толып болады (Ә.Кекілбаев, Үркер).

Кіндігі бір. а) *Бір анадан туған, туысы бір.* – Молдамен *к і н д і г і ң б і р* ме еді? Кет, әрі, сықсимай? – деп Айтолқын Женттің бетінен ала түсті (Б. Майлин, Шығ.). Шатырғүлді халық күнмен *к і н д і г і б і р* – «күн сүйгіш» деп те атайды. Шынында ол күн сүйгіш десе, күн сүйгіш. Күн сәулесін ғана сүйеді. Оның бетін күн ашады (Ө.Тұрманжанов, Адам.). – Ал, кеттік, Қареке! – деп ол да орнынан тұрды. – Менімен *к і н д і г і ң*

б і р ме, шыға бермеймісің (Ж.Молдағалиев, Самал). ә) *Пікірлес, бірігіп тізе қосқан.* Бүгін Оразбайдың... шашбауын көтеріп отырған әр рудың жуандары бұл есептерін ұмытқан емес. Олар Оразбайдың айғайымен өздерінің *к і н д і г і б і р* екенін жете білді (М.Әуезов, Таңд.).

Кіндігінен жарады. *Бауырын тартып жарады, бабына келді.* Жамандатқыр Тарлан ат Құйрығын құстай тарады, *К і н д і г і н е н ж а р а д ы,* Шекесінен қарады (Қобыланды). Ардақтаулы тұлпарлар басы көкке қараған, *К і н д і г і н е н ж а р а ғ а н,* Ардақтап барып сейістер Құйрық, жалын тараған (Н. Байғанин, Шығ. жин.). Жау екенін білгесін шекесінен қарады, *К і н д і г і н е н ж а р а д ы,* құйрығын сыртқа салады (Батырлар жыры).

Кіндігінен жаратты. *Бабына келтірді, бабын жасады.* Атыңды көкке қаратып, *К і н д і г і н е н ж а р а т ы п,* Жата бергін, сұлтаным (Қобыланды батыр).

Кіндік ата [әке]. а) *Жаңа туған нәрестенің кіндігін кескен ер адам.* – Атын Алпысбай қойдық. Бірақ бала сіздікі де, Екеуіңізді *к і н д і к а т а,* кіндік шеше деп отырмыз, – деді ана (Е.Оразақов, Қайта соқ.). – Сенің *к і н д і к а т а ң* кім? – Мұхтар ата, – деді ол іркілмей (С.Шаймерденов, Өмір.). ә) *Белгілі бір істің бастаушысы, негізін қалаушы, негізгі бас ие.* Ұлт оркестрінің *к і н д і к а т а с ы* – Ақаң! (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

Кіндік аурулары. м е д. *Жаңа туылған нәрестелер кіндігінің түрлі жарақаттардың не жұқпалы аурулардың салдарынан болатын кеселдері. К і н д і к а у р у л а р ы н ы ң* қандай түрі болсын, негізінен хирургиялық операция жасалынады (ҚҰЭ).

Кіндік бала. *Туған кезде кіндік шешесі кіндігін кескен ұл я қыз бала.* – Мынау – өзіңнің *к і н д і к б а л а ң.* Осында оқитын еді («Қаз. әдеб.»). Орекеңнің ұлы Үсеновтің *к і н д і к б а л а с ы* екен (Дәрігер.).

Кіндік бау. а н а т. < лат. funiculus umbilicalis> *Адам мен барлық плацентады жануарлардағы ұрық пен плацентаны байланыстыратын анатомиялық құрылым.* Күні жетіп туылған нәрсетенің *к і н д і к б а у ы н ы ң* қалыңдығы 1–1,5 см, ұзындығы 50 см-дей болады (ҚҰЭ).

Кіндік бойы. *Белуарға дейінгі деген ұғымды білдіретін халықтық өлшем.* Күн *к і н д і к б о й ы* көтерілді. Лүп еткен жел жоқ, тым-тырыс (Ә.Жылқышиев, Айтолқын.). Ал келесі жылы қыста қар *к і н д і к б о й ы* түсті. Қой түгіл түйелер азар көшіп жүрді (Саржайлау).

Кіндік ене. ***Кіндік шеше***. – Бір сөз айтсам, балам-ау, күлермісің, Біздікінде аял қыла жүрермісің. Баян қыздың күйеуі сен болғанда, *К і н д і к е н е ң* мен едім білермісің (Қозы Көрпеш.).

Кіндік жарығы. м е д. *Нәреста кіндігінің айналасындағы тіндер тығыздығының әлсіреуінен, кіндік сақинасының толық жабылмай және құрсақ бұлшық еттері арасының ажырауынан болатын кіндік ауруы.* Кіндік ауруларына: кіндіктің жұқпалы аурулары: *к і н д і к ж а р ы ғ ы*; кіндіктен қан кету, түрлі ісіктер, жыланкөз т.б. жатады (ҚҰЭ).

Кіндік жұрт. *Атамекен, ата қоныс, туған жер.* Мұстафа Шоқай кітаптарынан түрік аталған елдердің ешқашан туы жығылмаған, шаңырағы шайқалмаған *к і н д і к ж ұ р т ы* – Түркияның халықаралық жағдайы, оған дұшпандарының жасап келген сан алуан қастандығы туралы Түркістан жұртшылығы біле бермейтін мол мағлұмат табылады («Парасат»).

Кіндік кесіп, кір жуған жер. *Өсіп-өнген, туған ел, атамекен.* Бұл жарыққа аяқ басып туған жер, *к і н д і к к е с і п, к і р і м* сенде *ж у ғ а н ж е р.* Жастық-алтын, қайтып келмес күнімде, ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер (Ж.Аймауытов, Шығ.) Қонғаны ауылымның Талды-ау деймін, Жағалай ел жайлауға бардыау деймін. *К і р ж у ы п, к і н д і к к е с к е н* туған *ж е р л е р,* Артыма бір қарамай, қалды-ау деймін (Мәди // Екі мыңжылдық.).

Кіндік қазық. *Ортадағы нағыз мықты, бел қазық.* Желінің екі басына екі, ортасына 1–2 *к і н д і к қ а з ы қ т ы* орай байлап, белгілі тәртіппен желі қағу ісіне кірісетін (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

Кіндік қаны тамған жер. *Туған жер, өскен ел.* Аяулы ана қызын қасына отырғызып, сыр шертеді. Көз салшы, қызым – мынау *к і н д і к қ а н ы ң т а м ғ а н ж е р* («Қаз. әдеб.»). Бауырыңнан өр, дауылпаз дана шығып, Атыңды айғақ етті, алаш ұғып. Сәкеннің *к і н д і к қ а н ы т а м ғ а н ж е р і* – Есен бол, қасиетті Карашілік (К.Салықов, Жезкиік). Ата-бабаңнан бері талай үрім-бұтағы өсіп-өнген, *к і н д і к қ а н ы т а м ғ а н* қайран *ж е р,* қандай жақсы сенің ыстық құшағың! («Қаз. әдеб.»).

Кіндік темір. *Арбаның, диірменнің т.б. құралдардың тетігін қосып, жалғастырып тұратын өзек темір, оқ темір.* Көш ұзап кетіп барады, *к і н д і к т е м і р і* үзіліп, бәйбішенің арбасы далада қалып қойды (С.Шарипов, Бекболат). Соғым союға қажетті жабдықтар: мықты арқан, өткір де қарулы пышақ, шарқ қайрақ, балта, *к і н д і к т е м і р,* астына төсейтін қамыс, ілеген, су құятын ыдыс (Қ. Салғарин, Қасапшылар).

Кіндіктен жалғыз. *Атадан бір өзі ғана, өзінен басқа туысы жоқ, жалқы.* Сегізбек *кіндіктен жалғыз.* Бертін келе әке-шешесі де дүние салды (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

Кіндіктен төмен ұру. *Қалыптасқан қарым-қатынас ережесіне (салтына) жат, жігіттікке жатпайтын әрекетке бару, әдепке кірмейтін тәсілді қолдану.*

Кіндік тұстан. *Тура, дәл, орта тұсынан.* Қызылқұмға *кіндік тұстан* сұғынуы керектін («Қаз. әдеб.»).

Кіндіктің тұсы. *Белуарға дейінгі, белге дейінгі жер.* Алтынсары қазған шұқырды *кіндік тұсына* келтірген кезде ол қасына барды (С.Мұқанов, Аспаз).

Кіндік шеше. а) *Жаңа туған жас нәрестенің кіндігін кескен әйел адам.* Баланың мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, ақылы, адамгершілігі, еңбеккорлығы *кіндік шешеге* тартады деп ырымдаған (Қазақстан энц.). Шынар аман-есен босанғанда, Ұлпан барлық жан-тәнімен қуанды. Әйел докторын шақыртып алды. Жас нәрестенің *кіндік шешесі* болды (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Анадай атадан, мынадай әкеден туған Саттардың анасы Бапа да айтыскер ақын. Ал *кіндік шешесі* – бүкіл Сыр өңірінің кәделі ақыны Молда Мұсаның жары («Түркістан»). ә) *Жаңа туған нәрестені перзентханадан алып шығып, салт-жоралғысын орындайтын әйел адам.*

Кіндік үзіп кетті. *Арақатысты жоғалтты, ат ізін салмай, қол үзді.* Жер-анадан *кіндігің* бір *үзіп кеткен* соң, жалғана ма сол кіндік қайтадан? (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.).

Қос кіндік. *Малда, көбінесе бұзауда болатын ауру.* Құлжұмырдың бойында он жеті түрлі өнер бар: айғыр, бұқа пішеді, бұзаудың қылауын, *қос кіндігін*, қойдың көнтақасын емдейді (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Мықты кіндік. *Бір ортадан басқаратын билік, орталық.* Он тоғызыншы әсірдің ортасына дейін қазақтың мәдениеті ақсақал дәуірінде болды. Әр рудың, әр тайпаның адамдары өзінің ақсақалдарына ерді. Ру бастықтарын жүгендейтін *мықты кіндік*, берік күш болмады. Ру ақсақалдары өте күшті болып, бүтін қазаққа бас болған (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.).

Су кіндігі. *Құдық қазып келе жатқандағы мол су көзінің орны.* Осынша азаптанып қазғанда жөнді су шықса жақсы, ал *судың кіндігі* бір көш бұру қалуы да мүмкін ғой (Ә.Кекілбаев, Шынырау).

Сулы кіндік. м е д. *Нәрестенің кіндігі уақытында түспей, кіндік бауға микроб түсіп, кіндік суланып, иістеніп, ірің ағып жара болатын кіндік ауруы.* Бірте-бірте кіндік түседі, оның орны қабықшаға айналып, жара пайда болады. Мұны – *сулы кіндік* деп атайды (ҚҰӘ).

КІНДІККЕСЕР з а т. э т н. *Жас нәрестенің кіндігін кескенде берілетін кәде, сыйлық. Кіндік-кесердің* кәдесіне де жарытпады. Өмір осылай оза берді, Жадыра мұны да елемеді (С.Талжанов, Сейфулла.).

КІНДІКСІЗ с ы н. *Ұрпақсыз, ұрықсыз, тұқымсыз.* Марқұм көп жасаса да, *кіндіксіз* кетті ғой (Ауызекі).

Еркек кіндіксіз. *Ер баласы, ұлы жоқ.* Есіл ер *еркек кіндіксіз* еді ғой. Айтқанындай үш қызы үш жаққа кетті. Есігі жабылып, оты сөнген жоқ па? (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

КІНДІКТАМЫР з а т. б о т. *Жуан боп өскен негізгі білеу тамыр.* Қайбір өсімдік түрінің негізгі тамыры өте жақсы жетіледі. Ондай тамырды білеу тамыр немесе *кіндіктамыр* деп атайды (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Өрік ағашының *кіндіктамыры* және көп тараған шашақты тамыр жүйесі бар. *Кіндіктамыры* топыраққа 5–6 метр тереңге кетеді (Ш. Хабибуллин, Алхоры.).

КІНДІКТЕС с ы н. **1.** *Бір анадан туған, туыстас.* Шешем менімен *кіндіктес* ұл болмаған соң, атымды Ұлтуған қоямын деген екен, жәкем көнбепті (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). Сенен басқа *кіндіктес* жаны ашитын кісім жоқ! Үш күн ұйықтап оянсам Семетей кірген түсім жоқ (Манас). Бір анадан туған адамдар. Бәрі де бір анадан туған, *кіндіктестер.* Өзге анадан туған ең үлкен ұлы алыста (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). **2.** а у ыс. *Төркіндес, ұштас, жалғас.* Әдебиеттің образдық табиғаты, дара сипаты тілмен *кіндіктес* (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Өлеңдегі тыныс қоғам өзгерістерімен *кіндіктес.* Өлеңде ой-қимылдың өрістеуі бар («Қазақст. мект.»). Кіріс пен Шығыс – *кіндіктес* туыс (М.Әлімбаев, Мақалнама). *//Пікірлес адам.* Ол – шындық. Бұза алмайды шындықты ешкім, Шындық пен тірлік кештім, бірлік кештім. Бір ақын қазақтағы Ғафу деген Уа, Тоқа, мен сеніменен *кіндіктеспін*! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

КІНДІКТЕСТІК з а т. *Белгілі бір нәрсемен байланыстылық, ортақтастық, тұтасқан бірлестік.* Бұл образ әсемдіктің гармонияға, симметрияға, тұтастыққа *кіндіктестігін* тағы да тиянақтай түседі (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Қазақ совет әдебиетін кезеңге бөлу мәселесі қоғамымыздағы маңызды, іргелі құбылыстармен *кіндіктестікте,* заңды байланыста алынған («Қаз. әдеб.»).

КІНДІКТІ с ы н. **1.** *Ұрпақты, тұқымды, нәсілді.* – Қайнағаның малының басы еді,

бағы қайтады, сойма! – деп болмағаны Әнипа марқұм. Қан кіндікті адамнан шөп *кіндікті* мал артық болып па? (Ә.Бектасов, Мәди). Назарқерден кісі екен, Бір шаһарға хан шығар. Нәріктен жақсы болып па, Шөп *кіндікті* Байшұбар? (Шора батыр // Бабалар сөзі). **2.** а у ы с. *Өзекті, өзегі бар.* Бірақ қателеспес үшін *кіндікті* немесе мембраналы стетоскопты пайдаланса тіпті жақсы (Тракторист.).

Бір кіндікті. ***Біркіндікті*** *(бір орталықтан басқарылатын). Бір кіндікті* дүние орнату пиғылына ешкім жарқылдай қарап жатқан жоқ (Ә.Кекілбай, Тіл және тәуелсіздік).

Еркек кіндікті. *Ер адам, ұл бала, азамат.* Әгәрки, ақылдың тұрағы әдемілік болса, күллі ауылдың ақыл-ойы әйелден Алмаға, *еркек кіндіктіден* Ұлғазарға қонақтаған болар еді (М.Гумеров, Шыңғырлау). Амал не, табиғат *еркекіндіктіе*тіп жаратқан соң! (І.Есенберлин, Ғашықтар). Үй-үйдің ортасында *еркек кіндіктіден* менен төрт-бес жасы үлкен ағай бар (Б.Тұрсынбаев, Айнымас дос.). Ауыл жүдеу екен. Бірен-саран әскерден жараланып келген жігіттер, болмаса, *еркек кіндікті* шамалы, қатын-қалаш, егде қарттар, ең жас дегені Ақтайлар қатарлы (Б.Әшімов, Қаражал). Олар Итбай аулына барып түсті. Қызылдардың келе жатқанын естіген Итбай тұқымдарында үрей жоқ екен, *еркек кіндіктісі* тығылуда екен (С.Мұқанов, Ботагөз).

Көп кіндікті. *Бірнеше жерден басқарылатын, орталығы көп.* Ол *көп кіндікті* дүние жасаймыз деген ұмтылысты шабыттандырғандай (Ә.Кекілбай, Тіл және тәуелсіздік).

КІНДІКТІК с ы н. **1.** *Кіндікке қатысты, соған тән.* **2.** а у ы с. *Орталықтық, астаналық.* Тілшілердің *кіндіктік,* аймақтық жиылыстары болып отырсын (С.Дөнентаев, Таңд. шығ.).

КІНДІКШІ з а т. *Босану кезінде медициналық жәрдем көрсететін әйел адам.* Бұлардың қасында бір фельдшер, бір *кіндікші* әйел һәм бірнеше шешек егушілер болушы еді (М.Дулатұлы, Шығ.).

КІНЕГЕ [ор. книга] з а т. с ө й л. ***Кітап.*** Оқыған оқуымыз турасында бұл күнде ұстаттарымыз. Сонша разы; жаңда да әң жақсы оқыған балалардың әсебіне қосып, *кінегесіне* жазып қойды (Ы. Алтынсарин, Қырғыз хрест.). Темірмен қадақталған терезесі, Қара тас қабатталған керегесі, Ұлықтың толып жатқан *кінегесі*, Құдайдан дұшпаныңа тілемеші!.. (Ақмолла ақын, Күндер.).

КІНЕК з а т. к ә с. *Желкеннің арқанын бойлайтын ағаш.* Баршының құйрығында шошайған *кінекке* бөксе басып, буы бұрқыраған темір күрішкеден ысылдап-пысылдап шай ішіп отырған Ахтан оған «я, сенбісің» деген жоқ (Ә.Сараев, Еділ-Жайық).

КІПАРАТ [ар. كفارة] з а т. к ө н е. *Кемшілік, мін, ақау.* Иншалла, болар осы хайриятым, *кіпарат* күнәһыма неше мың сан (Т.Ізтілеуов, Мәрді дихан). Төбеңе пияздай-ақ сәлде орап, Отыру керек соған тымырайып. «Жазушы Шәби қари» деп айтыпсың, *Кіпарат* түрлі сумен ауыз шайып (М.Құлмырзаұлы, Шығ.).

КІП-КІШКЕНЕ с ы н. *Тым кішкене, титімдей.* Бұл араның қояны біздің жақтың қоянының көжегі сияқты *кіп-кішкене* (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Қылығым жоқ кемісімді бүркейтін, Қыбыр-жыбыр ұсағыңды тіркейтін. Көзім бірақ *Кіп-кішкене* ерлікті Көре алады екі-үш есе үлкейтіп! (Қ. Мырзалиев, Мәңгі майдан). *Кіп-кішкене* оқушының 4-5 жылдың ішінде жүзім өсіруші шебер бағбан болып шыққандығы бізді өте қуантты («Халық мұғ.»).

КІП-КІШКЕНТАЙ с ы н. **1.** *Өте кішкене, шүйкедей, жұдырықтай.* Әскербек түгін де түсінген жоқ. Бірақ *кіп-кішкентай* жүрегін үп-үлкен үрей шалықтады (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Көзінің фокусы бұзылды ма, ағылшын концессионері оған *кіп-кішкентай* қуыршақ адам болып көрінді (Р.Тоқтаров, Терістік.). Тәттірек оған айтар сөзім балдан, Сөзім – бал билегенде өзімді арман. ...О, сенің *кіп-кішкентай* суретің-ай, Құр ғана бақырайып көзің қалған (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). **2.** *Азғантай, шап-шағын, шамалы.* Алты ай бойы *кіп-кішкентай* Отырарды ала алмау Алты ай бойы Отырардың осал тұсын таба алмау... Менің алғыр ұрпағымның сүйегіне зор таңба, Намысыма сызат түсті мына сенің арқаңда,– деп Шыңғысхан Шағатайға оқты көзін қадады (М.Шаханов, Ғасырлар.). *Кіп-кішкентай* ел ғой мынау – байқасаң, Сенде жатыр байтақ дала, байлық сан. Ғасырлардан қалған мұнда дәстүр бар, Қарасаң да көрінетін қай тұстан! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **3.** *Тіптен жас, бүлдіршіндей.* Таныстырмақ болғаны – *кіп-кішкентай* қыз. Қысылар, ұялар емес (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). *Кіп-кішкентай* боп қиқарын қарашы жетпегірдің, – деп өзін желкеден бір түйіп, күшігін таяқпен көміп өткеннен кейін ғана Әділ ақылға түсті (М.Мағауин, Таңд.).

КІПІ: кіпі алды. ж е р г. *Бір нәрседен сезіктенді, көңіліне күдік алды, секемденді.* Шолпанның көз қарасынан, Оспанның мына сөзінен *кіпі алған* Нүсіп қалжыңды одан әрі өрістете алмады (А.Хангелдин, Қараторғай.).

Әділбек жүрегі бір нәрседен *к і п і а л ғ а н д а й* (З.Шүкіров, Қиын түйін).

КІР[1] [ор. гиря] з а т. **1.** *Белгілі бір заттың ауырлық я жеңілдік салмағын өлшейтін түрлі нұсқада жасалған таразы.* Лепес бір жағына тақтай сәкі қақтырып, оның үстіне *к і р* орнатты. Ұсақ-түйек өлшейтін екі табақшалы кішкентай *к і р* (З.Шүкіров, Сарша.). Жүрегін пайдасы үшін жұрт ұсатпақ, *к і р м е н* өлшеп базарға ұстап сатпақ. Оны сатып, ол кімді уатады? Оның өзін тағы да кім уатпақ (Абай, Тол. жин.). Ағаштан көшіп-қонуға ыңғайлы кебеже, жүк аяқ, керует, асадал, адалбақан, аяқ-табақ, шөміш, *к і р,* шомбал сияқты заттар жасалды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері.). **2.** *Таразыға салынған зат салмағын белгілейтін әртүрлі салмақтағы темір тасы.* Таразыға *к і р* салды (Ауызекі). **3.** с п о р т. *Ауыр атлетика жаттығуларына пайдаланатын түрлі салмақтағы темір тас.* – Балуан Шолақ күшінің көптігін *к і р* көтеріп көрсетсін, – десті шулаған жұрт (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Кірге тартты. а) *Салмағын өлшеді, таразылады.* Үйілген маяны, әрине, ешкім *к і р г е т а р т ы п* жатпайды (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). ә) *Ойланды, ақылға салды.* Менің көрген жайымды сендер білсең, ғылым үшін жүрер ең тыным таппай. Адамнан адам озар немен артып, Бұл сөзді ақылға сал, *к і р г е т а р т ы п* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Кір көтеру. с п о р т. *Халық арасында кең тараған шойыннан құйылған кірді бір қолмен көтеріп жарысатын спорт түрі.* Атақты Балуан Шолақ, Қажымұқан *к і р к ө т е р у* арқылы талай той-думанда өнер көрсеткен (ҚҰЭ).

КІР[2] з а т. э т н. *Міністе, жұмысқа пайдаланатын мал күшінің ақысы, тер майы.* Сөзді ашып айтқан жақсы, мен өз басым малымның *к і р і н* беремін, басқалар өзі біледі, ал кемпірмемпір құлап қалса, өз талайынан, – деп күлді (М.Дулатов, Шығ.).

КІР[3] с ы н. **1.** *Таза емес, былғаныш, лас.* Ол шалбарының қалтасынан *к і р* орамалын алды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). «Қолың *к і р,* мойның *к і р,* жуып келмесең, класқа кіргізбеймін» деп Майра мені талай қуып еді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). *К і р* жеңді жуған сайын *к і р* шығар (Мақалнама). *// Түрлі кір-қоқ, кірлеген киім-кешек.* Қолына су құйсаң да жаратпайды, *к і р і* жаман жуылса тағы пәле, ішкен асың бойыңа таратпайды... Құдай-ау! Бұған енді, қалай жағам? (Ж.Аймауытов, Шығ.) *// Жуылған киім.* Қап, шайдай ашып қойған *к і р і м д і* мына рақымсыз желдің бүлдіргенін қарашы (А.Байтанаев, Болат.). Үй төбесінде жуылған *к і р л е р* ілінген (С.Ерубаев, Менің құрдас.). **2.** а у ы с. *Жаман ой, көңілдің алақұлалығы, сенімсіздік, күдікшілдік.* Жүректің көзі ашылса, Хақтықтың түсер сәулесі. Іштегі *к і р д і* қашырса, Адамның хикмет кеудесі (Абай, Тол. жин.). Жазған хаттың сырымен,жарқыраған нұрымен, таза жүрек *к і р і н,* қайғыдан басым болды азат (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Жаманат.* Советтің жасы бол сен дәл осындай, өрлей бер өміріңе бір тосылмай. Нағыз адам отына сен де ие бол, Еңбегің мен арыңа *к і р* қосылмай (М.Хакімжанов, Гүл тур. аңыз).

Арына кір шалдырды. *Ұят келтірді, дақ түсірді.* Мен оның дақ түспес *а р ы н а к і р ш а л д ы р д ы м.* Менің өз есебім болды (Т.Тілеуханов, Өзге.).

Арын кірге шалдырды. *Намысқа кір келтірді, дақ түсірді, намысты аяққа бастырды.* Тау тұрсын, мейлі, алдыңда, Жау тұрсын, мейлі, долданып, *А р ы ң д ы к і р г е ш а л д ы р м а,* Жалтарып, бұғып қорғанып (Р.Нұрпейісов, Туған өлкем).

Жүрекке кір салды. *Көңілге қаяу, дақ түсірді. Ж ү р е к к е к і р с а л д ы ң,* Шын айтпай, іс болмайды (Б. Майлин, Шығ.).

Көңілге кір сақтады. *Жүректе дық ұстады, кектенді.* Бір жақсылық жасады деп, Достар, мені мақтама. Бір қателік жасады деп, *К ө ң і л г е к і р с а қ т а м а* (Н.Көбенов, Дала самалы).

Көңілге кір түсірді. *Жүрекке қаяу, реніш салды, дақ қалдырды.* Қадірле мәңгі жарыңды сен, Аяма достан барыңды сен. *К і р т ү с і р м е й к ө ң і л г е* ешбір, Шаттықпен өткіз әр күніңді сен (М.Әшірбеков, Ақ селеу). Жүзге де ептеп жетерміз, Түрсақ қазір елуде. Бұрынғыша өтерміз, *К і р т ү с і р м е й к ө ң і л г е* (С.Мәуленов, Найзағай).

Көңілдегі кірді тапты. *Ойындағы сырды, іштегі реніштi дәл білді.* Айтшы маған сырыңды, Тірі болсам *т а б а м ы н К ө ң і л д е г і к і р і ң д і* (Қ.Жармағамбетов, Дәурен.).

Көңілден кір кетті [арылды, ашылды]. *Көңілде жүрген өкпе-реніш, араздықтың, наразылық пен қаяудың ізі өшті.* Баланың көкірегіне нәр құйған бір, – Детдом, – деп ел айтатын ақ үйден бұл. Шықты да талабымен ұшты биік, Самғасаң *к е т е д і* екен *к ө ң і л д е н к і р* (Т.Молдағалиев, Қамила).

Көңілдің кірін жуды. *Көңілдегі реніш-өкпесін кетірді, өзін тоқтатты.* – Мен сені кінәламаймын. Әшейін *к ө ң і л і м н і ң к і р і н ж у ы п* тұрғаным ғой, – деп қайырды сөз аяғын Сабау (С.Омаров, Дала қызы). Сонда аспан төрінен Жұлдызымдай көріндің. Кездестім де сенімен, *Ж у д ы м к і р і н к ө ң і л д і ң* (С.Мәуленов, Шалқар).

Көңіл кірі. *Көкейде, ойда жүрген реніш, дық.* Құдай берген бұл достық кәннің бірі, Мұңдасқанда қалмайды *көңіл кірі.* Қолдан достық жасап ем болар-болмас, Ит мұрындай наданның жыртты бірі (Абай, Тол. жин.). Бірі – ауру, бірі – күншіл ғадауаты Болмаса *көңілдің* жоқ титтей *кірі.* «Жанынан – жаман ұста» дегендей-ақ, Әзірге Омекеңнің шын пікірі (О.Шораяқов, Шайыр.).

Көңілі кір. а) *Көңілі жабырқаңқы, қайғылы.* – Жоқ, жаман дегенде аяғы ақсақ, көзі соқыр кемсіндерді айтып түрғам жоқ, жаны жадағай, *көңілі кір,* мінезі тік, ойы таяз мүгедектерді айтам, – деп Ақан ұғындыра сөйледі (С.Күнісов, Ақан сері). ә) *Ниеті жаман, арам.* – Күлме, – деді нағашым ұнатпаған кескінмен бетіме алая қарап, – дастарқаны кір болғанымен, *көңілі кір* адам емес (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

Көңілін кір басты. *Жаны жүдеу тартты, жабырқады; сары уайымға салынды.* Мәуленсіз жүрсе *көңілін кір басатындай* көретін; Одан келген әрбір хат бір қуаныш (Х.Әдібаев, Таңбалы). Сәукен қыз тезек теріп қыр асқанда, Шақшиып тұрып алды күн аспанда, Қабағын қарс жауып мұңаяды, *Көңілін* бейшараның *кір басқан* ба? (С.Омаров, Сәукен).

Кір айналдырмады. ж е р г. *Шаң жуытпады, еш нәрсе жұқтырмады, таза жүрді.* Қандай әдепті, үстіне *кір айналдырмайды* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Кір басты. а) *Әбден кірледі. Кір басқан* төбеден өрмекші төмен жорғалап, дәл Сәттің алдына кеп тұрып алды (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Ол кішкене астауша тауып, *кір басқан* бет орамалдарын жуып отыр (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). ә) *Қайғы меңдеді, уайым көбейді.* Аспанда ай болмаса адасады, Көңілді көтермесе *кір басады.* Кеудесі жақсылардың алтын сандық, Сандықты кілт болмаса кім ашады (Қаз. әндері). – Иә, айнаны ұстамаса шаң басады. Көңіл шіркінді көтермесең *кір басады* деген, – деді Сәлима масаттана (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Кір боқша. ж е р г. *Кір салатын қалта.* Жуатын кір *кір боқшада* тұр (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). *Кір боқша* керегеде ілулі тұр екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Кір етек етті. *Екі қабат етті, жүкті қылды, бала көтергіш етті.* «Жауырыншы» атамыз болжап білгенін, көзіне елестегенін, түсіне кіргенін жұртына бағыштады; батырын қатерлі жолдан қорғады, қатынын құрсақ көтергіш *кір етек етті* (Д.Досжанов, Жібек.).

Кір жақты. *Қаралады, даттап, жала жапты.* – Қара бет адам неге келдің. Жөніңе кет. *Кір жақпа!* (Р.Әбутәліпов, Қыр әңгім.). Біржанның Ғалия көңіліне қая салу, айы мен күнінің бетіне *кір жағу* сияқтанады (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Кір жуып, кіндік кескен жер. *Өсіп-өнген, атамекен, туған ел.* Ата менен анадан Мүлдем безді екі қыз. Іні менен ағадан, *Кіндік кесіп, кір жуған Жерден* безді екі қыз. Кемпірдің «дос» екенін, Енді сезді екі қыз (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Алыс Қиыр Шығыстан қарт әкемді, *кіндігімді кесіп, кірімді жуған* туған *жер,* туысқан елді аңсап келуші едім (Б.Момышұлы, Москва.).

Кір жуытпады [жұқтырмады]. *Жаманат келтірмеді, дақ түсірмеді, қиятқа қалдырмады.* Шыда, шыда! Шыдай түс, тағы шыда! Тау құлатқан тасқынның ағысына, *Кір жуытпай* кіршіксіз намысыңа Қарысуға болады, алысуға... (М.Мақатаев, Шығ.). Абай Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың, Щедриннің, Толстойдың мұрасын *кір жуытпай* қадірлеуші болып алды (ҚазССР тарихы). Ондайлар жер бетінде көп тұрмайды, Көп тұрып, атына *кір жұқтырмайды.* Жүргендер Құдайды да күнде боқтап Қадірін әулиенің ұқтырмайды (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Кір келтірді. *Ұят жасады, жаманатқа қалдырды, басын қорлады.* – Уәде берген екенсің, берік бол! Өзіңнің де, біздің де атымызға *кір келтірме!* – деді Мариям Османға (С.Бақбергенов, Алтынемел.). Жылқышы Әлімжанов өз мамандығына ешбір *кір келтіріп* көрген емес («Лен. жас»). Ұрындым деп тіршілік кесіріне, *Кір келтірме* біреудің есіміне. Салмағы ауыр өмірдің сауалы көп, Жауапкері өзіңсің шешіміне (Қ.Салықов, Жезкиік).

Кір көңіл. *Арам, пасық, топас, надан.* Әсіресе, ел мақтаған, кірсіз адамды кірлеуге жаны өш болады. Өйткені *кір көңіл* адам кірсізді көре алмайды, күндейді; өзіндей қылуға тырысады (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Кір көңіл,* көлгірсіген өңшең мыстан, Мезгілсіз қаза таптың жау қолынан, Айырылып қалдым сенен қапылыстан (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Ақылың болса ойлан сен, Адамдық жайлы, ар жайлы, *Кір көңіл* мен болма сен, Барша жұрт онда қарғайды (М.Әшірбеков, Кербез.).

Кір тарқады. *Көңілдегі ыза-кек, ашу басылды, уайым-қайғы жоғалды, қаяу кетті.* Кісі емес екеуі де жөбшеңді, ... Қан жауып ат өкпесін, жесір келін, *Кір тарқап,* кінә кетті, кегі сөнді (І. Жансүгіров, Шығ.). Бұл сырды көңілі байқады, Іштің *кірі тарқады.* Бәйбіше қайта түрленіп, Мойнына салды алқаны (Алпамыс).

Кір шалды. *Кірленді, ластанды.* Қашанда жақсы нәрсені таза қолмен ұстап, еппен қойып, *кір шалмасын,* тозаң қонбасын дейсің ғой (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Таңдап тоят татын, Талғап жерді жататын, Қиырдан болжап көретін, Қызылшылар еретін, Көз тойғандай сымбаты, *Кір шалған* жемді жемейтін Құстардың мен бекзаты (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Кір шалмас (шалмаған). *Пәк, адал.* Мен әкеңнің махаббатын сақтап қалдым мәңгілік, Мен әкеңнің *кір шалмаған* арымын (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Кірі бес елі [батпан]. *Баттасқан кір, өте былғаныш.* Құтым қашады деп аяқ-табақты жумай, *кірін бес елі* қылып қоятын адам біздің қазақтың бір қатарынан әлі қалған жоқ. Бұл дұрыс емес (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Ол қыздың көзге түсті жүдегені, Басқа емес, жалғыз тамақ тілегені, *Бес елі* бетіндегі беттің *кірі,* Түйенің секілді үсті түлегені (О.Шипин, Дастан.).

Кірі сіңді. *Жерсінді.* Бұл жерге неше атадан бері қарай бабаларымыздың, өзіміздің еңбегіміз, теріміз, *кіріміз сіңген* жоқ па? (Ә. Бөкейханов, Шығ.).

Тырнақ астынан кір іздеді. *Аяқ астынан пәле құды, арамдық істеді, жала жапты.* Үнемі *тырнақ астынан кір іздеу* ұят, білсеңіз. Ер басыңызбен қатын сөзін айтасыз (М.Сқақбаев, Қырық қыз). Қойсаңшы, Темірәлі, *тырнақтың астынан кір іздейді* екенсің сен де (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Үнемі басқаларға билік айтып, үстемдік еткісі келіп тұратын өзімшіл Америка өзгелердің озып кеткенін көре алмайды. Сондықтан да *тырнақ астынан кір іздеп* қай нәрсені де теріске шығаруға тырысады («Зерде»).

КІР= е т. **1.** *Ену, келу.* – Геннадий Петрович үйде ме? – деді ол. – Үйге *кіріңіз!* – деді қызметкер әйел (С.Сейфуллин, Шығ.). Үстібасы малмандай су болып, Жамал үйіне *кірді* (Б.Майлин, Шығ.). Дүниеде *кірер* есік те, шығар есік те бар үмітіңді үзбе дейтіндей (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Ол кезде қорасанды хабарлап, басқаларға белгі беріп, адам *кірмес* үшін түндікті шошайтып қоятын (С.Мәуленов, Үркер). **2.** *Жолығу, кездесу.* Тез киін де, аудандық партия комитетіне бар. Исмайлов жолдастың тікелей өзіне *кір* (Ж.Бектенов, Қызылшашы). **3.** *Сұғылу, бату.* Тікен сияқты бүртіктер денесіне аяусыз *кіріп,* қан сорғыш жылан мойнынан орап алып қылғындыратындай болды (Б.Майлин, Шығ.). **4.** *Суға түсу, бойлау.* Батыр көздеп атқанда, Жолмен шапқан солдаттың Бесеуі бірден оққа ұшып, Қалғандары жалт беріп, Өзенге *кірді* қашып кеп (О.Шипин, Дастан.). Ол жел үрленген резеңке дөңгелегін қыстырып, әлгіндегі Бәтимаша секіре адымдап суға *кірді* (М.Сқақбаев, Сұлутөр.). Жан алқынып кетеді, зауқың тасып. Сылдыры мен сыңғыры таң қалдырар Ыстық шайға *кіргенде* алтын қасық (К.Салықов, Жезкиік). **5.** а у ы с. *Пайда келу, олжа түсу.* Басқасын айтпағанда, тек шошқа фермасының өзінен өткен жылы үш жүз мың сом ақша *кіріпті* колхоз кассасына (Б.Тоқтаров, Қырандар). **6.** а у ы с. *Белгілі бір ұйымға мүше болып өту, қабылдану.* Сол жылы мына Рабиға партияға *кірмекші* болды (Б.Майлин, Шығ.). Ол мұнда комсомолға өтеді. Ленин партиясының қатарына *кіреді* (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.). Мен де келісімен 1920 жылы осы комсомол ұйымына *кірдім* (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев). **7.** а у ы с. *Жоғары оқу орнына, мектепке түсу, орналасу.* – Бірсыпыра уақыт болды. Әуелі Мәскеуге оқуға бір вузға келіп *кірдім.* Ол вузды бітірген соң сонда қызметке тұрып және институтқа *кірдім* (С.Сейфуллин, Шығ.). Сауатсыздар мектебіне *кіріп* біреңсаран әйелдер оқи бастады (Б.Майлин, Шығ.). **8.** а у ы с. *Араласу, қатысу.* Қайраттанып қатулы еңбекке де өзі тіленіп *кіріп* кеткен-ді (С.Бегалин, Ана қайраты). **9.** а у ы с. *Басталу, түсу, келу.* Сезбей қалды да үскірікті қар жауғанын Қыстаубаев, қораларға қыс *кіріпті,* Қиқулаған құстар ғайып (М.Рашев, Біле қойдым). **10.** а у ы с. *Белгілі бір нәрсеге тән болу, соның қатарына жату.* 1867 жылы июльде патша Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына *кіретін* Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы «Уақытша ережеге» қол қойды (ҚазССР тарихы). Сарысу жазығына, негізінен, Сарысу өзенінің бойымен бірге, оған жақын жатқан жерлер де *кіреді* (М.Исмайлов, Зорман.). Белок дене клеткалары мен тканьдерінің құрамына *кіреді* (Е.Оразақов, Дәрігерлік.).

Ажары кірді. а) *Әрленді, әдемиленді, өңі нұрланды.* Мырзатай Рәзияның қасына келді. Рәзияның *ажары кіріп,* жүзі күлім қаққандай еді (Б.Майлин, Шығ.). ә) *Сәні кіріп, жарасты, құлпырды.* Қаз қаңқылдап, үйрек ұшып, Сұлу аққу көлінде. Табиғат бай түрге түсіп, *Ажар кірген* жеріне (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Ақыл кірді. *Есі толды, есейді.* Сен қалайсың? Мен дәйім Көмектесем мамама. Босқа қарап тұрмаймын, *Ақыл кірді* санама (А.Шамкенов, Сағат).

Апы кіріп, күпі шықты. *Асығыс-үсігіс қимылдады, асып-састы.* Сол сәтте *апы кіріп, күпі шыққан* қимылмен Аза кіріп келді («Жұлдыз»).

Аузынан ақ ит кіріп, қара [көк] ит шықты. *Аузына келгенін айтып балағаттады. Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығып,* Елемеске тиісе бастап еді, қолыммен кес-кестеп сөйлетпей қойдым (С.Омаров, Қайырлы.).

Әдетке кірді. *Дәстүрге айналды.* Тазалық *әдетке кірді,* жолдас-жора көбейді. Жоғарғы курстың балаларымен де араласып жүретін болды (Б.Майлин, Шығ.).

Әл кірді. *Қуаттанды, әлденді, күш пайда болды.* Жасарып, кәрі тамыр *әл кіргенде,* Бас алып бар бастаудан қан жүргенде. Жарылып кетпей көктем қалай жатыр Қадірін адам түгіл, аң білгенде (С.Тұрғынбеков, Қобыз).

Баса-көктеп кірді. *Ай-шайға қарамай, батыл енді, киіп-жарды.* Басын қатерге шын тіккен Кәлен ол кәдені белінен басып, екі жолдасын бастап, ұлық үстіне *баса-көктеп кіріп* барды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Басқа діндердің біздің елімізге *баса-көктеп кіріп,* төрге озып, өз дегенін істей бастағанының бір себебі – исламның шебін қорғайтын білімді мамандардың аздығынан шығар, бәлкім («Парасат»).

Басып кірді. *Жаугершілікпен күштеп енді, жаулап алды.* Әңгімеде Орта Азияның аса бір қатерлі жауы Тоқтамыс Ясы қаласына *басып кіргені* айтылады (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Левитанның даусымен соғыстың басталғаны, фашистік Германияның бейбіт елге *басып кіргені* естілді («Егемен Қазақстан»). Біздің жыл санауымызға дейінгі 2 мыңыншы жылдары көшпенді еврейлер Палестинаға *басып кіріп,* ханаанейлердің бірқатар діни әдет-ғұрыптарын қабылдады («Парасат»).

Бір кіріп, бір шықты. *Бір жерде отыра алмады, мазасызданды, мазасы кетті.* Хат бір күн кешіксе болды, қыз үйіне *бір кіріп, бір шығып* мазасы кетеді (Қ.Мәшһүр-Жүсіпов, Бір әйел.). Келмей жатып бұған не болды деп, шал екеуміз *бір кіріп, бір шығып* үйде отыра алмадық (А.Жақсыбаев, Егес).

Дінге кірді. *Дінді қабылдап, Құдай жолына түсті. Дінге кір,* мұсылман бол тілімді алып, Өлген соң қор боларсың отқа жанып. Имансыз күпірліктен өткен адам, Отпенен ғазаб тартар мәңгі қалып (Бабалар сөзі//Діни дастан.).

Ел [кісі] қатарына кірді. *Жұрт қатарына қосылды, ел қатарлы өмір сүрді.* Сол аталарымыздың екі ғана мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де *ел қатарына кірер* едік (Абай, Тол. жин.). Қора-қора қойлардың арқасында Қапаз да *кісі қатарына кірді* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Есі кірді. а) *Ақылы толды, есейді. Есі кіргеннен* бері өзінің сезуімен, бір жағынан, жеңгелерінің айтуымен – жақсы, бай күйеуге тиюді арман қылатын (Б.Майлин, Шығ.). Баланың тілі шыға бастауы – ақыл-ойының ояның, *есінің кіре* бастағаны дейді медиктер («Парасат»). ...Сәби кезім саңылаулап *еске кіргем.* Сыртқа шықтым. Аспандағы алаулаған бұлттарға, Аңырдым мен аңтаң қалған кескінмен (Ұ.Есдәулет //Екі мыңжылдық.). ә) *Талып, қатты есеңгіреп қалып, есін жиды, өз-өзіне келді. Есім кіргеннен* кейін ақ халат киген доктордан неге жатқанымды сұрадым (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Жалбағайдың союға Жүгіргенмен қойына, Түспеді пышақ ойына, Біраздан соң *ес кіріп,* Ақ жіп алды қолына (О. Шипин, Дастан.).

Жан кірді. *Тірілді, қан жүрді.* Сол уақытта Шалқұйрыққа *жан кіріп,* оқыранып түрегелді (Қаз. ертег.). Ұзақ уақыт қар астында жатқаннан кейін Тілегеннің тоңазыған денесіне *жан кіре* бастады (С.Мұқанов, Шығ.).

Жаны кірді. *Рақаттанды, ләззаттанды.* Шөншік базардың қымбатшылығын айтқанда, тіпті қиналмай, қайта соған *жаны кіріп,* сүйсіне әңгімелейді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Жерге кіре жаздады. *Қатты қысылды, ұялды.* Құлтума *жерге кіре жаздады,* айрықша өзінен көз алмай тұрған жолдастарының алдында жігері құм болып, қорланып кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жер қойнына [қара жерге, көрге] кірді. *Қайтыс болды, о дуниеге кетті.* Туғанда дүние есігін ашады өлең. Өлеңмен *жер қойнына кірер денең.* Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен, Ойлансаңшы бос қақпай елеңселең (Абай, Тол. жин.). Қимай байтақ әлемді, Көктің шолып көлемін. *Жер қойнына кірерде* Айтты ақтық өлеңін (С.Мәуленов, Алыс кет.). Мойныңа бұғау ілдірдің, Өлмеймін деп келдің бе? *Қара жерге* тікеңнен *Кірмеймін* деп білдің бе? (Көруғлы). Ақпады теріс су-дағы, Арыз да жазды күнде елше. Мұсаның күні тумады, Мұстафа *көрге кіргенше...* (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

Жұмысқа кірді. *Қызметке тұрды, жұмысқа орналасты.* – Шын, жаз шыққалы *жұмысқа кірмей,* осы пароходқа кірсем деп күтіп едім (І.Жансүгіров, Шығ.). Сондықтан да болса керек, университетті аяқтаған соң көп ойланбай-ақ Қазақ Ғылым академиясының ұйғыр секторына *жұмысқа кіріп,* ұйғыр тілі бойынша аспирантураға түстім («Парасат»).

Жүрегінің түбіне кір жасырмады. *Көңіліне дық қалдырмады.* Ойлы жас! Өлең менің сырласымдай, Сырлассам да құмарым жұр басылмай. Айтып өткен ақында арман бар ма, *Жүрегінің түбіне кір жасырмай* (М.Мақатаев, Қарлығаш.).

Кеш кірді. *Ымырт жабылды, қараңғы түсті. Кеш кіріп,* құз қойындарының көлеңкесі ұзара бастаған кезде, Есімнің әжесі төңірекке түңіле тағы бір қарады (А.Лекеров, Түз гүлі).

Кикілжің кірді. *Реніш, келіспеушілік пайда болды.* Ол үйде *кикілжіңнің кіргеніне* бір жеті болып қалған (Б.Майлин, Шығ.).

Көрге ала кірді. *О дүниеге бірге әкетті.* – Оны сен істесең де, сенің балаң істемейді. Ет жеудің бұл түрін сендер *көрлеріңе ала кіресің дер,* – деп Шайқара қалжыңдады (І.Жансүгіров, Әңгім.).

Көрге кірді. *Ұятқа қалды, масқара болды.* Қалғанымыз үшеу едік, Өлмей тұрып *кірдік көрге.* Екі інімді жер жұтты да, Тек мен қалдым жансыз кеуде (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын).

Күн ұясына кірді. *Күн батты, кеш болды.* Шыңғалиевтің түстен кейін бастаған жиналысы *күн ұясына кіргенше* аяқталмай қойды (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Күш кірді. *Әлденді, қуат пайда болды, қайраттанды.* Отырасың үйіңде, Өз өзіңнен *күш кіріп,* Босқа-ақ түсіп қаларсың, Біреу кетсе үшкіріп! (Абай, Тол. жин.). Сөзінен жаным семіріп, Көркіне көңілім марқайып, Лебінен бойға *күш кіріп* Өмірге қанат кең жайған (С.Бегалин, Өлеңд.).

Кірерге көр [жер, тесік] таппады [қалмады]. *Барар жер, басар тауы болмай қысылды; қатты қиналды, ұялды, жұрттың бетіне қарай алмады.* Бет-бетімен шұбады, Паналарға жер таппай Кемпір-шалдар жылады, *Кірерге* тірі *көр таппай* Жаннан халық түңілді, Жан саялар жер таппай (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ұлықтан мұндай ақыру есіткен болыстар, *кіре рге көр таба алмай* күн ұзын шапқылады (І.Жансүгіров, Шығ.). Аспан асты тарылып, *кірерге көр қалмаған* сияқты болды (Б.Майлин, Шығ.). *Кірерге жер таба алмай,* кісі бетіне қарай алмай, бір түрлі қысымға түсесің (Абай, Тол. жин.).

Кірсе шыққысыз. *Жайнап тұрған, келіскен, әшекейлі.* Клуб іші *кірсе шыққысыз* әшекейлі, әрі таза («Лен. жас»).

Кірісінен жаңылды. в е т. *Малдың ұрт етті салданып ауырды.* Малдың жұқпасыз ауруларын емдеуде қан алу тәсілін кең қолдану қазақ отаршылар практикасында кең қолданылған. Олар *кірісінен жаңылған* малдың көз ұясының керме тамыры мен көз ойдымының 3 қатар майда батқы барлауынан қан алады (ҚМДҒЗИ ғылыми еңбектер жин.).

Құлағына кірмеді [кірген жоқ]. а) *Тыңдамады, елең қылмады.* Жұрттың әңгімелеген сөзі де оған ешбір қатысы жоқ, *құлағына кірмей* отырған сияқты (Б.Тілегенов, Аққайнар). Қыз сөзінің ар жағы Қасеннің *құлағына кіргенде* жоқ (І.Есенберлин, Көлеңке.). ә) *Мән бермеді, керек қылмады. Құлағына кірмеді* Ағайынның сөккені, Мұны айтқанның бәріне – Жасы менен кәріге Ішінен жиды өкпені (Дулат Бабатайұлы, Замана.). – Шөлді игерейік, егін салайық, мекен орнатайық, – деген сөз көпке дейін ел *құлағына кірмеді,* жүрек жауабын алмады (Ә.Жәмішев, Армысың.).

Құшағына кірді. *Бауырына, қойнына енді.* Көк шалғынды Шаған бойы – Жасыл орай, жұпар жел, *Кіргеніңде құшағына* Деуші едің жар: келші, кел! (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). Өлеңге баратын жол Кезікпей құса-мұңға. *Кіргендей* болатын жол Әкенің *құшағына* (F. Қайырбеков, Көнсадақ).

Қыбына кіріп шықпады. *Елең қылмады, алаң болмады.* Алдоңғар «басмашы» дегенде мен қорқып қалып едім, бірақ ол сөз Дәукеңнің *қыбына кіріп шықпаған* соң, жүрегім орнына түсті (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Мастық кірді. *Көңіл өсіп, мастанды, дандайсыды, есерленді.* Басы айналды қарғаның Сұмның айтқан сөзіне, Қуанғаннан бөртініп, Бір *мастық кірді* өзіне (Абай, Шығ. жин.).

Ой кірді. *Ақыл-есі, сана-сезімі өсті. Ой кіргелі* тимеді ерік өзіме, Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме. Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті, Сен есірке, тыныш ұйықтап, бас сөзіме (Абай, Шығ. жин.). Бір күні басына оның бір *ой кіріп,* Қалайда мергендіктен үміт қылып, Атылған киіктердің терісінен Өзіне шақтап бала тікті тұлып... (О.Шипин, Дастан.).

Ойына кіріп те шықпады. *Қаперіне де ілмеді, керек қылмады, мән бермеді.* Мұндай болары *ойларына кіріп те шықпаған* жігіттер аң-таң қалып, не байларын, не бос алып жүрерін білмей тұрғанда, Айша: – Мен мінетін ат осы ма? – деді (С.Шарипов, Шығ.). *Ойына кіріп шықпайды* Зылиқаның мұң-зары, Тоқал етіп бір құшу Жүректегі арманы (О.Шипин, Дастан.).

Отымен кіріп, күлімен шықты. *Бар азапты көріп, тапсырған істің бәрін орындады, құрдай жорғалады. Отымен кіріп, күліменен шығып* жүргенімізде, керек десе дұрыстап тамағын да бермейтін (Б.Майлин, Шығ.). Бәйбішеге беріліп, Жұмыс істеп жүрдім мен. *Отымен кіріп* сол үйдің, Сыпырған

шықтым күлімен (О.Шипин, Дастан.). ...Бұл қарт ғұмыр бойы колхозда істеп еді. Обалы не, осы шаруашылықтың *отымен кіріп, күлімен шыққан* адам (Ж.Нәжімеденов, Аспан шақырады).

Өңі кірді. а) *Тәуір болды, оңалды. Өңі* де әзір *кірер* емес. Сең соққан балықтай меңзең (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). ә) *Ажарланды, нұрланды.* Көрген жұрт алыста бір қарайғанды – іркіліп, Сәл азырақ қарай қалды, «Жәмила, Жәмила» деп жүгірді олар, Таңнында *өңі кіріп,* арайланды (Қ.Аманжолов, Шығ.). Қартайған кемпір-шалдың өміріндей Даланың тұрушы еді *өңі кірмей.* Қар жауып түніменен жайнап қапты, Достарға менің аппақ көңілімдей (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Самайына [шашына] ақ кірді. *Жасы ұлғаю я уайым, қайғы т.б. себептермен шашы ағарды, егде тартты.* Қанша әженің мезгілсіз *Самайына ақ кірді.* Қанша ананың мезгілсіз Өзегін өрт қақ тілді (Жас қанат). *Шашына ақ кіргені* болмаса, кескін-келбеті әлі жас, жүрісі де пысық («Халық мұғ.»).

Сән кірді. *Өңі қалпына келіп, көркейе түсті.* Жыл өтті, келер солдат келіп болды, *Сән кірді,* талай үйге көрік қонды. Жейдешең жазға шықты жалаң аяқ, Қыстағы шешіп тастап бөрік, тонды (F. Қайырбеков, Көнсадақ).

Соғысқа кірді. *От майданға тікелей қатысты, ішінде болды.* Оқ Шайкеновтың үстінен зуылдап өтіп жатыр. *Соғысқа* алғаш *кіргендіктен* болар, ол кейін шегіне бастады (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

Сүйекке кірді. э т н. *Қайтыс болған кісіні арулап, ақ жууға қатысты. Сүйегіне кіретін* адамдарды марқұмның өзі де айтып кетуі мүмкін. Бұған шариғат заңы бойынша әр рудан (атадан, ата ұлынан) бес не жеті кісі түседі. Олардың міндеті – аруақты жуып, тазарту. Бұдан кейін марқұм әйел болса бес қабат, еркек болса үш қабат ақ матаға ақиретке оралады («Парасат»).

Түсіне кірді. *Ұйықтап жатқанда түсінде көрді, елестетті.* Баласы өткен күні *түсіне кіргені* еді. Бір түрлі ренжіп жүрген секілді, кескіні сынық (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). «Үшке шыққан кезің, дейді, сонда...» – Анам, Бүгін міне отыздамын!.. Толғанам... Анам кеше тағы *кірді түсіме,* Қолын созып, жете алмай тұр Ол маған... (Ұ.Есдәулет //Екі мыңжылдық.).

Үш ұйықтаса түсіне кірмеді. *Ешқашан ойына кіріп-шықпады, ойланбады.* Бұлай болар деп *үш ұйықтаса түсіне кірмеген.* Айғай-шу, қиқу күлкіден оянды (Ә.Тарази, Асу). Ырыс өзенін пайдалану не заман өткенше ешкімнің *үш ұйықтаса түсіне де кіріп* көрген емес (А.Байтанаев, Қайнар).

Іші-бауырына кірді. *Жік-жапар болып, бәйек қақты, баурап, ішке тартты.* Шамасы сен ренжітіп жібергенсің ғой. Сәуле деген адамның *іші-бауырына кіріп* тұратын мейірімді бала (Т.Ахтанов, Дала сыры). Судыр Ахмет көңілі жақын қатар құрбы сияқты қам көңіл келіншектің *іші-бауырына кіріп,* баурап әкетіп бара жатты (Ө.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қызмет жағы сабақтас болғандығынан шығар, – ол кісі біздің редакцияға күн құрғатпай келіп тұратын. Кісі жатырқамайтын мейірімі бар, жатырқап, жатсынбай бірден баурап, *іші-бауырына кіріп* кететін адам екен («Парасат»).

КІРАЗА [ир. گراز] з а т. е с к і к і т. *Қабан, азбан, шошқа.* Ұшқалы үш жыл болды берекеміз, Бұл күнде жұрт біткенге келекеміз. *Кіраза* деген мақұлық пайда болып, Құрыды ойын-күлкі, мерекеміз (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

КІРАНДАС [ор. граница] с ы н. с ө й л. *Шекаралас, шектес.* Жеріміз – бір шеті сіздің азғана Күрлеуіт отырған «Қаршығалыға» шектес, бір шеті Стап жерімен *кірандас,* алақандай ғана жер (F.Мүсірепов, Ұлпан).

КІРАУАТ [ор. кровать] з а т. с ө й л. ***Кереует***. Шернияздың пәтері: орындықтар, үстел, *кіравуат,* айна. Түс кезінде (М.Дулатов, Шығ.).

КІРӘ з а т. ***Кіре***. Қазалы жақпенен жөнелткен мамық Оренбургке май айында әрең деп барып жетіпті. Оренбург *кірәсі* пұты үш сом, Қызылжар кірәсі екі сом 80 тиын («ТУГ»).

КІРӘЖІ= е т. *Кейіп сөйлеу.* Оған *кірәжігең* Сері жоқ. Күзде Октябрь тойында етікшең күресіп, Төкебайды тағы жықты (М.Мағауин, Өмір жыры).

КІРӘНЖІЛІК [ор. кренделик] з а т. ж е р г. т а м а қ. *Наубайханада пісірілетін ширатпа тоқаш.* Қолымда жіпке тізген *кірәнжілік,* Беруге жүгіріп ем соны ұмтылып, Қатыгез милиционер қолым қақты, Сөйткенше кете барды вагон жылжып (F.Қайырбеков, Көнсадақ).

КІРӘП с ы н. *Кіріптар, тұтқындалған.* Жаны ашыса да, ашуланса да әлденеден көңіліне дік алып жиіркеніп отырған кісідей басын ақжыландай тіктеп алып: «и, и...» деп ышқына ыңырanып барып тіл қататын түлкідей сығырандап, мысықтай сыланып-сипанған *кірәп* діндардың қасына Қойбағар Көбекұлын ертіп жіберді (Ә.Кекілбаев, Үркер).

КІРБЕЛЕҢ[1] з а т. с ө й л. *Реніш, кейіс, кірбің.* Дарқан көңілді-ақ. Талай күндердің жегідей жеген *к і р б е л е ң і н і ң* бәрінен қазір-ақ арылғандай, асқақ бір сезімде жүр (Р.Райымқұлов, Жасыл белес).

Көңіліне кірбелең түсірді. с ө й л. *Көңіліне кірбің түсірді, ренжітті.* – Ораздың *к ө ң і л і н е к і р б е л е ң т ү с і р і п* алдық-ау. Жақсылықтың бәрін желге жіберді (Б.Дәулетбаев, Сүмбілшаш).

КІРБЕЛЕҢ[2] с ы н. **1.** *Күңгірт, көмескі, алақұла.* Осындай *к і р б е л е ң* кеште, осындай оңаша үйге кіріп барушы еді-ау! Бұрқылдап қайнап тұрған қазанды аударып, жарықты өшіріп, етін ала қашушы еді-ау! (Т.Әлімқұлов, Сырлы наз). **2.** а у ы с. *Жайсыз, көңілсіз, орынсыз.* Атаның берген ақ батасы келіннің жүрегін елжіретіп, бұрын болып келген арадағы *к і р б е л е ң* жанжал-жайларды қайын атасының батасы жуып өткендей болды (Б.Дәулетбаев, Парыз).

КІРБЕЛЕҢДЕ= е т. *Кірбіңдеу, қипыңдау, күмілжу.* – Қарағым Нұрсұлу, іш емдейтін жерге қалайша келіп жүрсің? – деп сұрады. Нұрсұлу ұяң *к і р б е л е ң д е п* тұрды (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

КІРБЕЛЕҢСІЗ ү с т. *Ойланбастан, бірден, сол бойдан.* Соғыстың аяқталар шағындағы өліспей-беріспейтін сілкістерде *к і р б е л е ң с і з* жандарын қиды. Ата-аналары мейірімді ыстық құшағына қысып, емірене маңдайларынан сүйе алмады бауыр еті ұлдарын (Ж.Самұратов, Мәңгі есте).

КІРБЕҢ з а т. **1.** *Реніш, кейіс, қаяу.* Аңқылдақ, аққөңіл балаң жігіттің көңілінің *к і р б е ң і,* қабағының қатуы жоқ еді. Мына сапардан түйткілденіп қайтқандай сыңайы бар (С.Сматаев, Елім-ай). Мұқажанның да әңгімеге оншалық зауқы соқпайды. Қабағында бір *к і р б е ң,* көңілінде бір қаяу бар (Б.Тілегенов, Аққайнар). Қыран құс, жүйрік тазы босағамда, Көңілдің тарқатуға әр *к і р б е ң і н.* Ақ сәуле күлімдетіп, қарсы қарап, Назданып тізесіне сүйенгенім. Солайша төсім қыстау, төбем жайлау, Қаладан керегі жоқ дәнеңенің (С.Торайғыров, Алаш ұраны). **2.** *Күдік, сенімсіздік, үмітсіздік.* Өзінің де ішінде жүрген бір үлкен күдік *к і р б е ң і н* Оразбай, енді досы Әзімқан төреге анықтап ашып, ақылдаспақ болды (М.Әуезов, Шығ.).

Көңілі кірбең тартты. *Көңіліне қаяу түсті, қабағы кіржиді.* Міне, бүгінгі (Павловпен) кездесуден Абайдың алған ой азығы осындай бір үлкен қуанышты сый болды. Талайдан *к і р б е ң т а р т қ а н к ө ң і л д і,* жабығып кеткен қабақты селт еткізіп, қуантып ашқан асыл кеңес болған-ды (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КІРБЕҢДЕ= е т. **1.** *Жақтырмай тыржию, кіржіңдеу.* Газизаның ылғи шытынған, *к і р б е ң д е г е н* қабағында қалың уайымның салған ізі бар (М.Әуезов, Шығ.). – Қойыңызшы, жезде, қайдағы жоқты айтпаңызшы, – деп Балзия *к і р б е ң д е п,* қынжылыс білдірді (С.Омаров, Өмір.). **2.** *Кібіртіктеу, күмілжу.* Өз үйінде өзендей, күркірейді, айтса дау. Кісі алдында *к і р б е ң д е п,* Шабан, шардақ және шау (Абай, Тол. жин.). – Тұрсын, сен *к і р б е ң д е м е.* Көңілдегі жерден шықсаң, мына менің астымдағы құбақан ат сенікі (Ә.Көшімов, Лашын). **3.** *Ербеңдеу, шоқаңдау.* Түтін шыққан шаңырақтар неке-саяқ. Жаз бойы жайлауда жадыраған жан-жануар күздің бір лайсаңында-ақ *к і р б е ң д е п* қалды (F.Мұстафин, Дауыл.). Аң түскен қызыл ала қан болған қақпан да ...мұнымен қатар мал бағушы жаңа өлген түлкіге кездесіп, жидімеген терісіне қызығып сойғанда, жолаушы *к і р б е ң д е п,* жүгіре алмай жүрген қоянға кездесіп, оны қолымен ұстап алғанда, аурудың аңшыға жұғуында күмән жоқ (М.Тілеуқабылов, Чума ауру.). **4.** а у ы с. *Көлеңке тарту, көмескілену, қоюлану.* Самалы көктем ессе де, қабағы аспан *к і р б е ң д е п,* Жаздың айы десе де, Сәріде тұрдық дірдеңдеп (О.Малқаров, Менің ізім).

КІРБЕҢДЕТ= е т. *Көмескілендіру, реңін бұзу.* Сен ғана қайғы жауып көлеңке еткен, Сен ғана шаттық күнді *к і р б е ң д е т к е н* (І.Жансүгіров, Шығ.).

КІРБЕҢДЕТУ *Кірбеңдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қабағын *к і р б е ң д е т у.*

КІРБЕҢДЕУ *Кірбеңде етістігінің қимыл атауы; кібіртіктеу, күмілжу.* ≈ Кісі алдында *к і р б е ң д е у.*

КІРБЕҢДІ с ы н. *Реніштi, кейістi.* Дәмелінің *к і р б е ң д і* сыңайын көрген Күнтуар байсалды кейіпке ауыса қойды (С.Омаров, Тастағы жазу).

КІРБЕҢДІК з а т. **1.** *Реніш, кейістік, көңіл толмаушылық.* Нұрлыгүл мен Бекарыс та жақсы жадырап, аз сәт болса да өзге *к і р б е ң д і к т і* оңай ұмытатын (З.Жәкенов, Таң самалы). Анатолийдің дауысында *к і р б е ң д і к* жоқ еді (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). **2.** *Күдік, сенімсіздік.* Құс иесі сол тұқылға асыл темірден жарма тұяқ жасап жалғастырды. Осы бір жасанды тұяқтың кемістігі *к і р б е ң д і к* көрсетпесе, баршын қыранның биылғы бабы келісіп-ақ баққан еді (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Саятшылардың көңілінен барлық *к і р б е ң д і к* атаулы көтерілген еді (Б.Құсбегин, Зұқа батыр).

КІРБЕҢ-КҮЙБЕҢ с ы н. *Сиықсыз, сұрқай, мәнсіз, ұсақ-түйек, қыбыр-жыбыр.* Кіртің-

бұртың, *к і р б е ң - к у й б е ң,* күйкі өмірден бәрі де жалыққан, іші пысқан (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІРБЕҢСІЗ с ы н. **1.** *Ренішсіз, ешбір кейістігі жоқ, көңілі қаяусыз.* Көңілі кірсіз, көзі де мұңсыз, *к і р б е ң с і з* Мына бір қызға қарап кім? дерсіз (Партия тур. өлең д.). Оразымбет ұстазын аяп кетті. Қабағы *к і р б е ң с і з,* көңілі ашық көрінген ұстазын іштей кемірген зор уайым бар екен (Т.Ахтанов, Дала сыры). Төрт баланың бақытты ұйқысы, *к і р б е ң с і з* жүздері және бірдей соққан жүректері – бір семья емес, бүкіл Отанның образына айналып тұр (Ә.Тәжібаев, Өмір.). **2.** *Кіршіксіз, таза, ашық.* Күн жылы, тымық. Қыс дейтін емес, қыстан гөрі жаздың бір шаңқан ашық күніне ұқсайды. Май тоңғысыз жұмсақтық, *к і р б е ң с і з* жайлылық (Н.Сералиев, Қаңтар). Аспан айнадай таза, *к і р б е ң с і з* бұлтсыз. Жомарт күздің балбырап, бабында тұрған шағы еді (О.Бөкеев, Қайдасың.). Кіршігі жоқ, күнәсіз көктің көкірегі де *к і р - б е ң с і з,* бусанған жерге махаббатпен қарайды (Ә.Тәжібаев, Өмір.).

КІРБИ= е т. *Кіртию, ештеңені жақтырмау, тыржию.* Кеше мына араға шешінген сияқты едім, – деп, *к і р б и і п,* өзі әрең отырған аурушаң шешемнің мазасын алады әкем (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Оның жұмыс үстінде ешбір *к і р б и і п,* қабақ шытқанын көргенім жоқ (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Апыл-ғұпыл киініп, азығымызды құйып аламыз да, шала ұйқы, бей-жай қабақпен *к і р б и і п* тысқа шығамыз (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

КІРБИІҢКІРЕ= е т. с ө й л. ***Кіртиіңкіреу.*** Сұлу суыққа тоңыңқырап, екі бетінің ұштары қызарып, көздері *к і р б и і ң к і р е п* қояды (С.Сейфуллин, Тар жол.).

КІРБИТ= е т. *Кіржиту, тыржиту.* ≈ Қабағын *к і р б и т т і.*

КІРБИТУ *Кірбит етістігінің қимыл атауы.* Мәруа мәселесі – бәрін қосқанда, бір кісінің қабағын *к і р б и т у г е* жарайтын. Келгендер бір-біріне қарап қозғалақтай береді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

КІРБИЮ *Кірби етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қабағының *к і р б и ю і.*

КІРБІК с ы н. *Жұқа ғана түскен қырбық (қар).* Жолдың *к і р б і к* қарын шаңғыта машинамыз жүйткіп келеді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Егін орағы аяқтала бергенде түскен азғана *к і р б і к* қарды қара дауыл әлдеқашан үріп әкеткен (Ер есімі.). Күз түсіп жерге *к і р б і к* қар жауды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Кірбік басқызбады. *Тапжылтпады, сол қалпында көрсетті.* Сол жер күңіренткен оқиғалардың есімізде бірі бар, бірі жоқ. Өткен өмірдің бетін *к і р б і к б а с қ ы з б а й,* есіне салып беріп отыратын өмір шежіресі – көркем әдебиет (І.Омаров, Шабыт.).

КІРБІКТЕН= е т. *Кірбік түсіп, қату.* Аяқ астындағы қардың беті *к і р б і к т е н і п* қатып, табанға жабысып сықырлай бастағанын аңғарды (Ә.Сараев, Қараша).

КІРБІҢ з а т. **1.** *Бір нәрсеге разы болмау, көңіл толмау я көңілі қалумен байланысты туатын реніш, кейіс, қаяу, кикілжің.* Екі қартпен қолдаса көрістім. Еркожаның жүзіне қарап, бір *к і р б і ң д і* байқадым (Ғ.Сыланов, Домбыра.). Жүр олар әр қалада, әр ауылда, Бағы боп арудың да, ананың да... Бәрінің – сонау кезден қалып қойған *К і р б і ң* бар әлі күнге қабағында (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Ай өтпей бұл *к і р б і ң* ұмытылып, екеуі бұрынғы егіздің сыңарындай ыстық татулық қалпына түсті (Бәйшешек). **2.** *Күдік, көңілге түскен дақ.* Бұл ғазиз жандардың ақ көңілінде, пәк көңілінде *к і р б і ң,* күдік дегеніңіз жоқ еді ғой, япыр-ау? Бұл сонда ненің салқыны (И.Жақанов, Қайта оралған.). Кеудесінде инедей *к і р б і ң і* жоқ, ешбір ақаусыз қарсы алады. Қалжың-күлкісі араласа жүреді (С.Бақбергенов, Қарға там.). Сол сияқты адам тағдырында да күннің көлеңкесіндей *к і р - б і ң і* болады да, кейде адам өмірінде шалыс та басатын жағдай болады (Б.Қожабеков, Көктөбе.). **3.** *Қайғы, уайым, мұң.* Драмада белгілі байланыс бар. Адамды ойландыратын, толғандыратын терең мағына бар. Жүрекке сырластырады, әсер береді. Ішкі өмірдің *к і р б і ң і н* жақсы көрсетеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Менің байқауымша, оның өңінде *к і р б і ң* бар сияқты, әлденеге қобалжып тұрғандай (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Бұл өмірде бір күн қызық бір күннен, Көңілдердің қылауы жоқ *к і р б і ң н е н.* Жер-дүниені желпіндіріп ойменен, Тоқсан таудың ортасында тұрмын мен (Т.Айбергенов, Мен саған.). **4.** а у ы с. *Жай ғана ілбіп қимылдаған кібіртік, баяу қимыл.* Әзелден-ақ дүспаны көп жаңаның. Аман жүргей... бар уайым – алаңым. Кәріліктің *к і р б і ң і н е* мың көніп, Қайсарымды бір көріп (М.Әлімбаев, Өшпес от). Алты құлаш ала арқан Жібектен есіп сүйреткен. «Шабысы *к і р б і ң* болар» деп, Жадағай жерде үйреткен (Манас). **5.** а у ы с. *Бұлыңғыр, мұнартқан жай, күңгірт көрініс.* Биіктей түскен төбелер... Жоқ еді көкте *к і р б і ң* де. Қалтылдап жүрген көбелек Қонақтай берген бір гүлге (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Оқ жолындай түп-түзу жүйектерге түсіп аяңдап келеміз. Көктем кеші, қандай тамаша! Күн көзінде *к і р б і ң* жоқ (А.Жолдасбеков, Әке қуанышы). Ауа райына қарағанда Алматы аспаны қар шақыртқандай. Кеше ғана ашық күннің қабағында бүгін *к і р б і ң* бар (С.Мәуленов, Жер нәрі).

Көзі кірбің тартты көзі. *Көзі кіртиді, ілмиді.* Түні бойы көз ілмегендіктен қой *көздері кірбің тартқан,* өңінен шаршау білінген (Дәрігер.).

Көңілге кірбің түсірді. *Жүрекке қаяу салды, ренжітті.* Ру салыстырып, шен-шекпенді бетке ұстайтындар және бар. Міне, осының бәрі *көңілге кірбің түсіреді.* Сонан да ауылдастарыма ренжимін («Мәдениет және тұрмыс»).

Көңілге кірбің тастады. *Көңілін қалдырды, ренжітті.* Адаммен жайдары сұқпаттасып, кетерінде де *көңілде кірбің тастамай,* қатты жауыннан кейінгі шуақтай бір әсерге бөлеп өте шығатын осындай кісілерге өмірінше Сұлтан қарт қайран қалатын (М.Сүндетов, Қызыл ай).

Көңілі кірбің тартты. *Бір нәрсеге мұңайды, жабырқады, уайымдады, абыржыды.* Ажардың кіршіксіз таза *көңілі кірбің тарта* түсті. Аманды іштей айыптап та алды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Жаналы *көңілі* бір түрлі *кірбің тартқандай* болып, сол орнында тұрып қалды (М.Етекбаев, Жомарт жаз).

Көңіліне кірбің алды. *Ренжіді, өкпеледі, дық санады.* Жоқ, тәтетай, *көңіліңізге кірбің алмаңыз,* қазір мен үшін сіз бірге туғаннан да қымбатсыз (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім). Аз да болса *көңілім кірбің алып* қалғандай. Қазбалап ештеңені сұраған да жоқпын (С.Мұратбеков, Дос.).

Кірбің басты. *Ақырын, жай ғана ілбіп жүрді.* Бектай мен Сейтен еңселерін төмен салып, аяқтарын *кірбің басып* алға шықты (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Кірбің қабақпен қарсы алды. *Жақтырмады, жаратпады.* Өз үйінің азабы аз болғандай, көңілі жарым, жаны шуақ іздегенде, Гүлбаршынның *кірбің қабақпен қарсы алғаны* қатты батты (Б.Тілегенов, Уақыт.).

Кірбің қақты. *Қабақ түйді, қабақ шытты, жабырқады.* Мен күлсем, сен де бірге күлімдедің, Көзімнің қарашығы, нұрым дедің. Сәл ғана *кірбің қағып* қабақ шытсақ, Ауырып қалды ма деп дірілдедің (А.Асылбеков, Әлем.).

Кірбің тартқызды. *Шаршатты, дің келетті.* Көзінің астына түскен ұсақ сызықтар мен үлкен қара көздерді *кірбің тартқызған* түнгі жүріс зардабы да табиғи сұлулықты ықтыра алмапты (М.Иманбаев, Сұлу).

Кірбің шалды. *Ренжіді, налыды, кейіді, қаяу түсті.* Кешегі күні *кірбің шалып,* бүгін тату-тәтті жарасқан жолдастарымыздың адал дәм, ақ дастарқанында бас қосып отырмыз (Ғ.Сланов, Замана.).

Қабағына кірбің түсірмеді. *Көңілін қалдырмады, ренжітпеді, жабырқатпады.* Жетектеп қызды әкелген соң да сен үйге, Міндеттісің ұлым, сүюге және сенуге. Міндеттісің сен *қабағына кірбің түсірмей,* Сексенге, тоқсан, жүзге де бірге келуге (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем).

КІРБІҢДЕ= е т. **1.** *Тыржию, кіржіңдеу.* Мұндағы өлеңдердің әуенділігі күйлі емес. «Онша әсерлі болмай жүрмесе не қылсын?» деп *кірбіңдейді* (Ә.Көшімов, Лашын.). **2.** *Өз ойын айқын, анық айта алмай кемілжу, кібіртіктеу, міңгірлеу.* Бір күні Қапар, Әмина, көкесі үшеуі жайылымдағы үйлеріне қайтып келе жатқан. Сонда Қапар, жолда, үйге жеткенше, кінәлі пішінмен *кірбіңдеп* отырып, баяу сөйлеген (А.Жағанова, Еркежан). Ағайымыз аздап *кірбіңдеп* үнсіз отыра берген, қанша жүргеніміз есімде жоқ (Т.Иманбеков, Үлкен үй).

КІРБІҢДЕТ= е т. **1.** *Кемілжіту, кібіртіктету.* ≈ *Кірбеңдетіп* сөйледі. **2.** а у ы с. *Бұлыңғыр тартқызу, күңгірттендіру.* Жабырқау қыз көңілімен таласқандай суық жел құғынынан қалған ала бұлт та, ақша қарлы жерге қоңырқай өң беріп, күн сәулесін сүзіп, *кірбіңдетіп* тұр (К.Тоқаев, Тасқын). Сен ғана қайғы жауып көлеңке еткен, сен ғана шаттық күнді *кірбіңдеткен* (І.Жансүгіров, Шығ.).

КІРБІҢДЕУ[1] с ы н. *Жабырқаңқы, қабағы қатыңқылау, жүдеулеу.* Қабағы іші өткен баланың қабағы тәрізді *кірбіңдеу* екен. Кешке қарай су орнына бір шелек сүт пен он-оннан екі рет жұмыртқа бер, – деді (С.Бақбергенов, Қарға там.).

КІРБІҢДЕУ[2] *Кірбіңде етістігінің қимыл атауы; жақтырмай тыржию, кіржіңдеу.* Түс ауғаннан бері Талап еш нәрсені жақтырмай *кірбіңдеумен* жүр. Себебін сұрасам айтпайды (Ш.Дәрмағамбетов, Менің замандас.).

КІРБІҢДІК з а т. *Кейістік, реніш, налушылық, кикілжіңдік.* Осы қызметтер дұрыс жүрмесе, көңілге *кірбіңдік,* жабырқау туады, қызмет дұрыс жүрсе, дененің саулығына бола жұмыс істеліп жатса, көңіл көтеріледі, сая табады (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.). – Міне, бұл ниетің, дұп-дұрыс, құптаймын. – Әлгі *кірбіңдіктен* тез айығып, жадырай сөйледі Нұржан (З.Жәкенов, Таң самалы).

КІРБІҢДІ с ы н. *Қайғылы, мұңды.* Сол *кірбіңдіуақиға* есіме түссе, ет жүрегім қан жылап, өзім де шошынамын (О.Бөкеев, Ұйқым.).

КІРБІҢ-КІРЕУКЕ з а т. *Уайым-қайғы, мұң.* Ол Жұпаргүлдей қартайған үстіне қартая бермейді. Бетіне *кірбің-кіреуке* түспеген,

көзінен күлкісі қашпаған (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

КІРБІҢСІЗ с ы н. **1.** *Кейістігі жоқ, қаяусыз, ренішсіз.* Араларында ештеңе де болмаған сияқты, *к і р б і ң с і з* сөйлеседі (Т.Тобағабылов, Тағы бір күз.). Қабағымды ашып *к і р б і ң с і з* Қайғы алып туған жоқ едім. Өсірген анам бір мінсіз, Өсірген оның шоғы едім (Г.Сейілжанова, Ұлар). Жол үстінде Сейпілмен кездессе, *к і р б і ң с і з* амандасыпты. Сол баяғы оған деген ізет-ілтипатын өзгертпепті (Д.Жанботаев, Жер жылуы). **2.** *Кіршіксіз, бүкпесіз, адал, таза.* Халық кіршіксіз, қылаусыз таза жандылықты, бүкпесіз, *к і р б і ң с і з* адал мінезділікті айтқысы келсе, «ақ пейіл», «ақ көңіл» деп жатады (С.Байжанов, Сыр). Ол екі жастың *к і р б і ң с і з* бақытты өмір сүруін қалайды – ол үшін өзінің кәмелетке келгенін күтеді (М.Гумеров, Сүйе ме.). **3.** а у ы с. *Бұлтсыз, бұлыңғырсыз.* Жазғытұрымның *к і р б і ң с і з* ашық аспаны мөлдіреп, көлде көрініс беріп тұр (О. Бөкеев, Үркер). Таудан ескен салқын ауа *к і р б і ң с і з* сергек бойын одан сайын ширатып, шыршық атқызып жіберген (Х.Әдібаев, Таңбалы.).

КІРБІҢШІЛ с ы н. *Ешбір зіл я әзілді көтермейтін ашушаң, не болса соған кейігіш.* – Кейістен арылмайтын *к і р б і ң ш і л* қабағы ашылып, айналасына жалт-жұлт мамыражай көз тастап, буын-буыны былқылдап, неше алуан «твистерді» де жандырып жібереді (О.Сәрсенбаев, Сағым).

КІРГІЗ= е т. **1.** *Әлдененің ішіне өткізу, енді-ру.* Қор қылар абайсызда заман алдап, Пендесін неше түрлі күйге салмақ, *К і р г і з д і* есік ашып Жәмиланы, Күзетіп абақтыны тұрған солдат (Ә.Найманбаев, Шығ.). Мәрукей оны қолынан ұстап, қораның ішіне *к і р г і з і п* жіберді де, өзі үйге кіріп кетті (І.Есенберлин, Қатерлі.). Қазақ жеріне мұжықтарды шақырып *к і р г і з г е н*, хүкіметтен бұрын, қазақтардың өздері емес пе? (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам). **2.** *Әлденені тықпалау, тыққыштау.* – Айттым ғой сізге тіпті толқуға, қобалжуға болмайды... – деді Жанат енесінің басындағы орамалынан шығып кеткен шашын қолымен қайта *к і р г і з і п* жатып (І.Есенберлин, Маңғыстау.). **3.** *Әлдененің құрамына енгізу, қосу.* Қазаққа істеп отырған жолсыздық емес, әдісіміз бар – қазаққа тиісті жер беріп, орналастыру турасында думаға закон жобасын *к і р г і з б е й* тұрғанымыздың мәнісі мынау (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам). «Қара қарын ел бұзады» деп жат рулардың адамдарын арасына өте сақтықпен *к і р г і з г е н і н д е й*, шет сөздерді де сынап, терген, тексеріп, екшеп, өзгертіп, өз тілінің әдетіне лайықтап кіргізеді (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). **4.** а у ы с. *Жөн-жоралғысын жасамай-ақ, әйелдікке әкеліп алу, үйлену, келін әкелу.* Ит-шошқа... Үйленбей ылғи соны күтіп жүрсең, апаңның не айтады деп уәжін бағудың қажеті не еді? Тіпті біздің үйге *к і р г і з і п* алмайсың-ей? (М.Сүндетов, Қызыл ай). Ал енді әлгі баласының бір күні ігір де жоқ, мігір де жоқ білегінен жетектеп әкеп *к і р г і з е т і н* шүйке басы қайда? (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты).

Әскер кіргізді. *Шабуылдады, соғыс, ұрыс қимылдарын бастады.* Бұрынғы Кеңес Одағы Ауғанстанға өз *ә с к е р і н к і р г і з і с і м е н*-ақ осы жағдайды өз мүдделеріне шебер пайдалануға тырысқан хизбутшылар «кәпірлерге қарсы жиһад» жариялап, әлем мұсылмандарының назарын өздеріне аудара білді («Парасат»).

Қара жерге кіргізді. *Көзін құртты, жоқ қылды.* – Қарсы келгенді *қ а р а ж е р г е к і р г і з б е й* бетімнен қайтпаспын. Сен, шал, жөніңді біл, – деді (С.Сматаев, Елім-ай).

Қолына кіргізіп алды. *Өз үйінде тұрғызды, күшік күйеу етті.* Клара өзі тәрізді тақыр жетім бір өзбек жігітке тұрмысқа шығып, *қ о л ы н а к і р г і з і п а л д ы* (Қ.Жойқынбеков, Азамат.).

КІРГІЗУ *Кіргіз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсенің ішіне енгізу, өткізу.* Ал жолбарысты қайтадан темір торға *к і р г і з у* үшін қаншама күш керек, айла керек! (І.Есенберлин, Алмас.). **2.** *Әлдененің құрамына енгізу, қосу.* 15 жылдан соң барлық Индияға хинди тілін жалғыз тіл ғып *к і р г і з у* оңай емес (М.Әуезов, Ұядан.). Түсінікті. А, сіздің мына тізімге Қарағандыдан деп ешкімді *к і р г і з б е у і ң і з* қалай? (Ә.Әбішев, Сәуле.). V ғасырда Ирландияда жергілікті тұрғындарды христиан дініне *к і р г і з у* жаппай етек алды да, осыдан кейінгі үш ғасыр бойы бұл ел Еуропаның солтүстік-батысындағы аса маңызды діни орталыққа айналды («Парасат»).

КІРГІЗУЛІ с ы н. *Кіргізілген, кіргізіп қойылған.* Ақбала күйеуі келгенше ойын бөлетін ермек тапқысы келді, бірақ отын *к і р г і з у л і,* су әкелулі (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

КІРГІЗІЛ= е т. *Енгізілу, өткізілу.* Күсемістен арашалағаннан кейін, есін еркін жиған Ташат үйіне *к і р г і з і л д і* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қолға үйрету үшін биелер өткелекке *к і р г і з і л д і*, мұнда оларға шылбыры мықты ноқта кигізіледі, сонан соң биелерді өткелектен жетектеп алып шығып желіге әкеліп байлайды (А.Иманғалиев, Адай жылқысы). Есік ашылып, ішке алдымен Өтеберген *к і р г і з і л д і* (Т.Жармағамбетов, Ақ жауын).

КІРГІЗІЛУ *Кіргізіл етістігінің қимыл атауы; құрамына қосылу, енгізілу.* Барлық орта мектептерге бастауыш әскери дайындықтың *кіргізілуі,* олардың туристік жорықтарға белсене қатысуын талап етеді («Қазақст. мект.»).

КІРГІЗІС= е т. **1.** *Енгізісу, ішке өткізісу.* – Қойды *кіргізісін,* сиырларды байла. Қонақтардың аттарын апарып күт (К.Оразалин, Абай.). **2.** *Тасысу, көмектесу.* Мен де қолғабысымды аямаймын: бала тербетем, от жағысам, ішке отын *кіргізісем,* күл шығарысам (Ө.Қанахин, Жер бас.).

КІРГІЗІСУ *Кіргізіс етістігінің қимыл атауы.* Балам, мына заттарды *кіргізісуге* көмектесші (Ауызекі).

КІРГІЛЖІҢ з а т. с ө й л. ***Кикілжің.*** Жалпы семья арасында *кіргілжің* болмай тұрмайды. Солай емес пе? (К.Тоқаев, Түнде.). Ол енді үй иесін жақтай бастады. Мәденмен екеуінің арасындағы болмашы *кіргілжіңді* пайдаланбақ болды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

КІРГІН з а т. е с к і к і т. ***Кірме.*** – Әбес іс етпеңдер, – деп, – асып-сасып, – Хат жазып, аяғына мөрді басып, *Кіргінді* Қануж ханға қоя берді: – Тапсырып қайт, – деп, – мұны хабарласып (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

КІРГІЛІК з а т. *Қиянат, қиямпұрыстық, қысастық, залымдық, зымияндық.* Мұнан хабары болғай, бұқараларыңызға көрсетіп жатқан *кіргілігі* онан да сорақы (Б.Құсбегин, Зұқа батыр).

КІРДЕЙ с ы н. *Кір сияқты, кір тәрізді.* Гүлімді осында егем, шетте өндірмей, Жамандық жоғалады кеткен *кірдей.* Жау жарған атом күші, салыстырсаң, Мендегі жүрек жарған кекпен бірдей (Р.Ниязбеков, Келер күн.). Сопының дүние малын жуған *кірдей,* Жау шауып алып кеткен түгін қоймай (Бозінген). Зымырап жолдар өтер, күндер өтер. Шайылған, ақ жібектен шыққан *кірдей,* Жүректің сағат санап, кірі кетер (Б.Бұлқышев, Адамзатқа хат).

КІРДІЛІ-ШЫҚТЫЛЫ с ы н. с ө й л. ***Кіресілі-шығасылы.*** Ылғи апиын ішкен адамдай немесе өлердей мас есірік біреудей *кірділішықтылы* есі бар ғана жағдайда отыр да қой, – дейді (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

КІРДІҢ з а т. ж е р г. *Көңілге түскен қаяу, кірбің, реніш.* Өзінен өзгені артық ойлаушы еді, Көңілінде бір *кірдіңі* болмаушы еді. Ақ көңіл аңқылдаған бойыменен, Тындырмай қолға алғанын қоймаушы еді (Қ.Ыдырысов, Жолық.).

КІРДІР= е т. ***Кіргіз.*** Пәндеден ол ұстаның өнері жат, Ұстаны мақтады екен, Шам мен Бағдат. Хайламен неше түрлі жел *кірдірін,* Жасады резіңкеден бір ағаш ат (Ә. Найманбаев, Шығ.).

КІРЕ[1] [ар. كراء] з а т. к ө н е. **1.** *Жалдамалы күш көлігі, лау.* Көптеген қазақтар *кіре* кәсібімен айналысты (Қаз. ССР тарихы). *Кіреге* айдалған түйенің жартысы жолда қалып, жартысы елге арықтап келіп қырылған (С.Шарипов, Бекболат). **2.** *Бір қала мен екінші қала арасына түрлі тауар, жүк таситын керуен.* Жақында Төлебай мырзаның *кіресімен* қалаға барып қайтып едім, бір жақсы сыбыс естіп келдім (І.Есенберлин, Қатерлі өткел). Серіққали әскери күзет қоршаған ұзын *кірені* Таловка жолына шығарып салған еді (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік). Қожасы оның Бектас бай, Бос айдаған түйені. Самарқаннан Бұхараға, Көп жүргізген *кірені* (О.Шипин, Екі дастан). **3.** ***Кірепұл.*** Бұрынғы ауыл шаруасына түскен салықтар (мәселен, разверетке, ақшамен алмай, затпен алынған налог (салық), ылау, *кіре,* еңбек салықтары) жаңа орнаған үкіметтің халыққа салған жаңа салықтары (С.Сейфуллин, Шығ.).

Кіре айдады. *Кіре тартты, жүк тасыды.* Сонау Қызылжарға, онан әрі Омбыға *кіре айдады* (Ә.Нәбиев, Шолпан).

Кіреге салды. *Кіреге пайдаланды, күш көлігі ретінде жекті.* Оған отын да артады, шөп те тасиды, қыста *кіреге салады* (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Кіреге шықты. *Жүк тасуға аттанды. Кіреге шыққан* керуендей Наруанға буып, нарға артып, Сүрелеп жүкті тайлаған (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Кіре көтермейді. *Күш көлік шығынын өтемейді.* Базарда қорғасын бағасы *кірені көтермейді* (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

Кіре салды. *Жалға жүк тасыды, күш көлік жалдады.* Мал баққан, кен қазған, тері илеген, *кіре салған,* сауда қылған, егін салған – өлі қазынаны адамның қызметімен бала қылған (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Күн сайын осы жолмен мың сан ат-арбалы *кіре салған,* керуен тартқан жандар өтеді (С.Бақбергенов, Адам.). Жалы кетсе мойнынан, Арғымақ ат шаба алмас, Айырдан туған жамбозға, Арыса *кіре сала* алмас (Шернияз Жарылғасұлы // XIX ғ. қаз. поэз.).

Кіре тартты. *Жалға жүк тасыды, керуен айдады. Кіре тартып* жүрген алпыс түйесінің отызы Дүрімбайдікі, екеуіне пайда ортақ, осы Черновқа Бекболат барып отыр (С.Шарипов, Бекболат). Ташкентке, Қоқанға *кіре тартқан* саудагерлерге жалданып күнелткен кедей шаруа екен әкеміз (Д.Досжанов, Тұлпар.).

КІРЕ[2] з а т. к ө н е. *Жебені садақтың адырнасына салып тартқанда кіргізетін кертік.* Қорамсақ ішінде құс қауырсынын бекіткен қос жебенің *к і р е с і* қылтияды (Д.Досжанов, Жібек.).

КІРЕ[3] з а т. *Шабылған шөптің әрбір жолы, жал-жал боп үйілген дестесі.* Ол төңкеріліп түскен жоңышқаның дірілдек *к і р е л е р і н е* қызыға қарап, ыңылдап әндетіп қояды (З.Иманбаев, Солма. гүл). Кең құлашты тырма тіркелген жүрдек трактор бозғылт шабындық бетін жал-жал *к і р е г е* толтырып жіберді («Лен. жас»).

КІРЕБЕРІС з а т. **1.** *Үй, гимарат т.б. жайлардың есік алды, киретін жері. К і р е б е р і с* жер аласа, құр тақтай, одан арғы жер төрдегі үлкен әйнектерге шейін киіз, алаша, көрпе, бөстек төсеулі биіктеу сәкі (Ж.Аймауытов, Шығ.). Кешке жақын үйіне келген Асқар, *к і р е б е р і с т е* бірінің үстіне бірін қойған екі үш көлемді түйін көрді (Қ.Исабаев, Өткелде). Ғимараттарға *к і р е б е р і с т е* тамбуры бар қосар есік салып, оларды дыбыс сіңіретін материалдармен қаптайды (Т.Қалыбеков, Экология.). Белеулідегі тас қашау өнерінің ескерткіштерінің ішінде біз үшін маңыздысы *к і р е б е р і с* босағасындағы арқаның тимпандарында бейнеленген атақты арыстандар (Р. Бекназаров, Қаз.тас қашау.). **2.** *Дәл алды, кірген бойда көзге түсетін жер.* – Мен енді сіздерді қаламыздың ең жас тұрғындарымен таныстырайын, – деді секретарь паркке *к і р е б е р і с т е* («Қаз. әдеб.»). Қазақстанның Тараз, Өскемен, тағы басқа қалаларындағы андағайлап қарсы алатын *к і р е б е р і с т е г і*, іші-сыртындағы толып жатқан шіркеулер аздық етті ме? («Жас Алаш»). Ресейдің бас қалаларының бірінде *к і р е б е р і с т е* зәулім мешіт тұрғанын көрдіңіз бе? («Жас Алаш»).

Кіреберіс дәліз. *Көп қабатты тұрғын үйлердің кіруге арналған алдыңғы бөлігі, подъезд.* Үй басқармаларының қызметкерлері осындай элементтердің кешкі мезгілде, түнгі уақытта үйлердің *к і р е б е р і с д ә л і з і н е* паналауын тыю керек («Соц. Қаз.»).

КІРЕЙ з а т. ж е р г. *Құш көлігін жалдап табатын пайда. К і р е й і н* берсең, апарам депті (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Кірей салды. *Кіре салды, жалға жүк тасыды.* Күнкөріс үшін *к і р е й с а л ғ а н* керуенші саудагер өзбекке жалданып, Үргеніштен кездеме, неше түрлі қымбат заттар тасыпты (Ә.Әлішев, Батыр.). Мал тапсаң *к і р е й с а л* да, Бұқара бар, мыңқ етпес, Көп жүк артсаң бір қызыл нар, Молдеке, қозы жесең сояйын мен, Пышақты көтермейтін бір қозым бар (Айтыс).

КІРЕКЕЙ з а т. з о о л. *Аюдың ұрғашысы.* – Аңшылар біріне-бірі қарасып жауап қата алмады. – Аюдың ұрғашысын *к і р е к е й* дейді (С.Жүнісов, Ақан сері). Өзге де кеміргіштердің етімен қоректенетін ақ аю балық аулап, күн жылынғанда теңіз жағалауындағы жидектерді де теріп жейді. *К і р е к е й і* алғаш рет жалғыз қонжық туады да, осыдан соң әрбір үш жыл сайын екіден ұрпақ әкеледі («Парасат»). *«К і р е к е й д і* өлтірме, қонжығы қор болмасын» – деген мақалдағы *к і р е к е й д і ң* – ұрғашы аю, қонжықтың – күшік деген сөздер екенін алғаш естігенім құлақтан кетпейді («Қаз. әдеб.»).

КІРЕКЕСТЕН = е т. *Бәлсіну, кейкию, кекірею.* Сондай-ақ үкімет әлгі ұранды салып, бастап отырғанда, халық шегіншектеп «бір күнде мені жарылқай қоймады» деп *к і р е к е с т е н е* берсе, ...жұмыс та өндірмек емес, ұран да бос сөз болмақ (С.Дөнентаев, Таңд. шығ.).

КІРЕКЕСТЕНУ *Кірекестен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аяқ астынан *к і р е к е с т е н у.*

КІРЕКЕШ [ар.+ир. كراكش] з а т. *Кіре тартушы, жүк тасушы. К і р е к е ш* едік жолаушы. Қалаға кіріп барамыз. Байсын деген еліміз, Жиделі – байтақ қаламыз (Алпамыс.). Арбакеш, *к і р е к е ш* сұрайсың. Сұрауың-ақ мұң екен, құдықтан суарған қойдай топырлап төбеңе шығып кетеді (І.Жансүгіров, Шығ.). Өте алмайд жүргіншілер қайық бармай, Өткізіп жігіттері жүред талмай. Жолаушы *к і р е к е ш п е н* көшпелі елдің Өткізді біреуінен тиын алмай (О. Шипин, Дастан.).

КІРЕКЕШТІК з а т. *Кірекеш қызметін істеушілік, кірекеш кәсібімен шұғылданушылық.* Біздің әкеміз отызыншы жылдарға дейін *к і р е к е ш т і к п е н* айналысқан еді (Ауызекі).

КІРЕЛЕ = е т. **1.** *Кіремен жүк тасу, тасымалдау.* Сол арадан тұз *к і р е л е д і.* Кірекеш басы Қалдыбай қария Жанботаға өз түйесінің басын жетектетіп қойды (С.Омаров, Қиыр жол). Небір асыл қазынаны шалғайдағы өз еліне *к і р е л е п* жөнелткен кездер де болған (С.Хайдаров, Құрыш). **2.** ауыс. *Топтап айдап алу, жинап әкету.* Әке балаға қимайтұғын малыңды *к і р е л е п,* сол айдап кетіп тұрады ғой (Абай, Тол. жин.).

КІРЕЛЕУ *Кіреле етістігінің қимыл атауы; кіремен жүк тасу.* Кірепұлды төлеу тәртібі және оның мөлшері *к і р е л е у* шартында белгіленеді, яғни тараптардың (кеме иесінің, жолға берушінің, жалдаушының) келісуімен әрбір нақты мәміле үшін кірепұл ставкасы белгіленеді (ҚҰЭ).

КІРЕЛІ с ы н. *Кіресі бар, кіресі мықты.* Сексен қадамдық қашықтық, тобылғы сапты,

қайыс *к і р е л і* қыпшақ садағы үшін онша алыс жер емес (Д.Досжанов, Жібек.).

КІРЕЛІ-ШЫҒАЛЫ с ы н. с ө й л. ***Кіресілі-шығасылы***. Сейіттің көзі жарқ етіп, жас денесіне күш кіріп, *к і р е л і-ш ы ғ а л ы* боп тұрған ақыл-есі де қалпына келді (Р.Райымқұлов, Болат).

Есі кірелі-шығалы. а) *Ақыл-ойы толып жетпеген, әлі жас.* Мен болсам *е с і м н і ң к і р е л і-ш ы ғ а л ы* уағы, Түннің жарымына дейін көз ілмей, шешемнің келуін күтемін («Қаз. әдеб.»). ә) *Есеңгіреген, аурудан не ауыр соққыдан есін жия алмаған.* Қошмамбет содан түс ауа әрең көзін ашты. Сонда да *е с і к і р е л і-ш ы ғ а л ы* (М.Қуанышбаев, Кек.).

КІРЕҢКЕ з а т. *Сүт құю үшін жасалған ұзынша келген қыш құмыра.* Жолда Бәтес жесін деп, бір *к і р е ң к е* піскен қаймақ та салған, «ашып кетпей жегізерсің» деп (С.Мұқанов, Мөлдір махаббат). Сөйтсем, ол әлгі үйдің терезесінен *к і р е ң к е м е н* сүт алып ішіп тұр екен (С.Бегалин, Замана.). Ыстық сүт берсем тәуір бола ма деймін де, – деді қолындағы *к і р е ң к е н і* көрсетіп («Жұлдыз»).

КІРЕПҰЛ з а т. к ө л і к. <нем. Fracht> *Әртүрлі көлікпен жолаушыларда немесе жүктерді тасымалдау қызметін көрсеткен үшін көлік құралдарының иесіне төленетін төлемақы.* Кейде келісімшарт талаптары *к і р е п ұ л* сомасына жүк тиеу, жайғастыру және түсіру үшін төленетін төлемақы қосылады (ҚҰЭ). Үш күннен кейін парторг келді: «Тана деген қыз оқуға кетуге сұранады. Жібереміз бе?» – деп. ...Барсын. Қажет болса колхоз атынан қаражат бөлінсін. *К і р е п ұ л* берілсін (Ә.Тарази, Асу).

КІРЕР-КІРМЕСТЕН ү с т. *Кірмей жатып, келер-келместен.* Үйге *к і р е р-к і р м е с т е н* біреу Қаншайымды қапсыра құшақтап ап сүйреп барады (Ш.Құмарова, Қос шынар). Етегіне сүрініп, *к і р е р-к і р м е с т е н* сөйлеп Қалтылдақ шал келді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Ауласына *к і р е р-к і р м е с т е н* жатып аңқылдап сөйлеп кеткен Тәшмәт аға Сейітті қонақүйіне ертіп кірді (Р.Райымқұлов, Болат.).

КІРЕРЛІ-ШЫҒАРЛЫ с ы н. с ө й л. ***Кіресілі-шығасылы***. Сейіттің *к і р е р л і-ш ы ғ а р л ы* есі бар. Есі кірген сәттерде бәленің бәрі Кенжеден болғанын іші құрғыр сезеді («Мәдениет және тұрмыс»). Оның (Үдердің) *к і р е р л і-ш ы ғ а р л ы* есінде не барын кім біліпті? (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

КІРЕР-ШЫҒАР с ы н. *Кіріп-шығатын, кіреберістегі.* Қолыңда жылдық паспортың болғанымен, әлгі қағазды алмасаң, шәһардан шыға алмайсың. Әр шәһардың *к і р е р-ш ы ғ а р* аузында ажал тұрады (С.Шәріпов, Бекболат).

КІРЕС[1] з а т. с ө й л. ***Кіріс***. Толған тартып қарады. *К і р е с т е н* оғы кетеді. Сансызбайға жетеді (Батырлар жыры). Тілейтұғын тілек бар, Бір тілегім бер дейді. *К і р е с і* бос сол әкем, Ардақты қызы мен дейді (Батырлар жыры).

КІРЕС[2] [ор. крест] з а т. ***Айқыш***. Осы соғыстың тұсында Ыстамбұлды алмақ болып, Аясофияның басына *к і р е с і н* де даярлап қойды (М.Дулатов, Шығ.). Үлкен етік аяқта, көк пешпентті, таққан *к і р е с* төсінде жарқ-жұрқ етті. Жүргені тарс-тұрс еткен тәкаббарлау, Жайған тасқа басқаны жанды үрпитті (Абай, Тол. жин.). Онда Атилланың Рим Папасын алдына келтіріп, Тәңірі дінінің таңбасы болған *к і р е с т і* Рим депутациясының үстіне көтергізіп жатқан сәті бейнеленген («Астана ақшамы»).

КІРЕСІ з а т. *Пайда, олжа, кіріс.* – Шығасыға қарай *к і р е с і* деген. Қолда барыңды аямай, оқыта көр, тең құрбысынан кем болмасын, – деді ана (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Мақсұт екі жүз атарбамен жазғы егіске шейін Кереку қаласынан жүк жеткізбекші болған, *к і р е с і н е* колхозға керекті машиналар алмақшы (Б.Шалабаев, Өмірде.).

КІРЕСІЛІ-ШЫҒАСЫЛЫ с ы н. **1.** *Кірмелі-шықпалы.* Сандырақ пен сана аралас *к і р е с і л і-ш ы ғ а с ы л ы* қалыпта жатқан жарадар бұл жолы дәрігерге тіксіне қарады (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.). *К і р е с і л і-ш ы ғ а с ы л ы* жаны бар денесі әп-сәтте-ақ әл жинап, іштей түлеп кетеді (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** а у ы с. *Тұрақсыз, өзгермелі, құбылмалы, екіжүзді.* Анық «іші-тыс-ты», *к і р е с і л і-ш ы ғ а с ы л ы* дейтін, «бүгінгі дос, ертең жау» деп Абай өзі болжау аралас сын айтып жүретін ағайын-туыстың бірі – Шұбар (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Шұбардың өзі, тегінде Абайды жағалап жүргенмен, *к і р е с і л і-ш ы ғ а с ы л ы* адам,... – деді Жиренше (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Аумалы-төкпелі, аласапыран.* Дәл осындай аума-төкпе, *к і р е с і л і-ш ы ғ а с ы л ы* заманда өз мүддесін толық, өз мақсатын анық білетін қауымдар ғана аяқ-жөніне мұқият бола алмақшы (Ә.Кекілбай, Тіл және тәуелсіздік).

КІРЕУ[1] с ы н. *Қалың, көп.* Оның өз көкірегінде де нақ осы кезде бұлыңғыр бір сағым ойнап, жүрегін *к і р е у* мұң басқандай еді (С.Бақбергенов, Қоянкөз). // *Қабат, қатпар.* Бұл қайғының кетер ме Көкіректегі *к і р е у і?* Жаяулық пен жалғыздық. Азамат ердің жүдеуі (Ақберен).

Көзін [көз алдын] кіреу басты. *Көзінің нұры тайды, бұлыңғыр тартты.* – Түу, қарттық деген, міне осы. Нәлқараның бетінен нұры тайып, қызыл жүзі қоңырлана түсіпті. *К ө з а л д ы н к і р е у б а с ы п т ы* (С.Бақбергенов, Қарға там.).

КІРЕУ[2] з а т. к ө н е. *Сенімдік белгісін білдіретін кепіл.* Аспанға алты жерден тіреу қойдым. Борышыма қатынымды *к і р е у* қойдым. Жүрегін құрқылтайдың төрт бөліп жеп, Нансаңыз өмірімде бір-ақ тойдым (Қырық өтірік).

КІРЕУЕТ [ор. кровать] з а т. с ө й л. ***Керует.*** Жүктің бір шеті мен *к і р у е т т і ң* арасында жерде тағы бір төсек.Оның үстінде қызылды-жасылды әйел киімдері ілулі (М.Дулатов, Шығ.).

КІРЕУКЕ з а т. **1.** к ө н е. *Жаугершілікте жорыққа киетін жейде түрінде дөңгелек шығыршықтары өрілген торлы темір сауыт.* Ортада үлкен көк шатыр, төбесінде қыпшақ туы – тамтығы қалмаған *к і р е у к е,* сауыт ілулі тұр (Д.Досжанов, Тұлпар.). *К і р е у к е н і ң* басқа сауыттардан айырмасы кеудесінде, арқасында, білек үстінде темірден немесе көзеден істелген шарайналары болады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *К і р е у к е* киген батыр күрең байлар, Теңіз боп кетті бүгін бірер қайнар. Тамаша өзгерістің көптігінен Ақындар нені айтарын біле алмай дал (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). **2.** к ө н е. *Алтын жіппен тігілген, жібектен жасалған қымбат шапан.* Қан сарқыты – сары бал, Сұраусыз ішсем деп едім, Ханның киген *к і р е у к е,* Үстіме кисем деп едім (Махамбет, Өлеңд.). Айта бар, барсаң сәлем атамызға, Ақ *к і р е у к е* сыймаған жотамызға! Ақ *к і р е у к е г е* сыймаған қайран жотам, Қара жердің астында жатамыз ба? (Батырлар жыры.). **3.** а у ы с. *Буалдырланған, бұлыңғыр күңгірттік.* Түнімен дүрліккен қара дүлей ақ түтекке айналды да, аспан-жердің арасы сабындай көпіріп, көз байлаған *к і р е у к е* өзгеріссіз қалды (Ә.Сараев, Бозқырау). Алдымыз ақ сәуле. Ақ тамшыдан *к і р е у к е. К і р е у к е* арасынан қарсы беттің алпамса тастары қарауытып көрінеді (Т.Иманбаев, Үш ай.). Айдың беті *к і р е у к е* Қарауытқан меңі бар. Піскен нандай дөңгелек. Бір шеті мүшік, кемі бар (Батырлар жыры). **4.** а у ы с. *Көмескі көлеңке, шіркеу.* Қазақтың мұң-мүддесіне дегенде көзі *к і р е у к е,* құлағы тосаң, тілі жұтаң тартып көрген жоқ («Егемен Қазақстан»). Сонау бір қиын соғыс күндерінде, Шыққанда екі дүние бірме-бірге. Сыпырып қара түннің *к і р е у к е с і н* Көтеріп тұрдың сонда күнді өмірге (С.Мәуленов, Таңд. шығ.). **5.** а у ы с. *Көңілдегі қаяу, уайым, мұң.* Жүзінде бір *к і р е у к е* бар. Жалтақ-жалтақ қарап қояды, інісіне айтары да көп сияқты (М.Сүндетов, Құмдағы ауыл). Бұрынғыша аяқ-қолы балғадай екен, бірақ қабағында *к і р е у к е* мұң бар секілді еді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Мұнан былай арамызда көлеңке, *к і р е у к е* түрмасын десең, серпіл, ашыл, айт (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Ақ кіреуке шымылдық. *Кіршіксіз таза, аппақ перде. А қ к і р е у к е ш ы м ы л д ы қ* сәлғана сетінегендей болып еді, әредікте жылт ете қалған қалтырауық күн бұлтқа сүңгіп жоқ болды (Қ.Ысқақов, Түйық.). Қайсар да қайраттана, қанаттанып, Жамал да көзін ашты жатқан талып. Таң түрді *а қ к і р е у к е ш ы м ы л д ы ғ ы н* Серпілте түн түндігін бұзып-жарып (Т.Жароков, Шығ.).

Бадана көзді кіреуке. к ө н е. *Шығыршықтарының тесігі үлкендеу, кең көз кіреуке түрі.* Аш беліңе ілсейші *Б а д а н а к ө з д і к і р е у к е* Мұны саған береді Баса келіп кисейші (Батырлар жыры). *Б а д а н а к ө з д і к і р е у к е,* Шар айнасы бес қабат, Тоғыз қабат көк сауыт, Саған арнап соқтырып, Будырып кеттім кілемге, Оны үстіңе кигенсің (Қыз Жібек). Шығыршығы шираған *Б а д а н а к ө з д і к і р е у к е* Шараппасы бес қабат, Жау қарысы жетпеген (Ер Тарғын).

Көздерді [көзінің алдын] кіреуке шалды. *Көзі қарауытты, күңгірттенді, бұлыңғыр тартты.* Әншінің не айтып отырғанына біреу түсініп, біреу түсінбесе де, қабақтар тұнжырап, *көздерді* күңгірт *к і р е у к е ш а л а д ы* (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). *К ө з і н і ң а л д ы н к і р е у к е ш а л ғ а н.* Поездың артынан ұзақ, тесіле қарады («Лен. жас»).

Кіреуке басты. *Күңгірт шалды, бұлыңғыр тартты, буалдырланды.* Оның көзінің алдына тұман үйіріліп, дүниені жеңіл *к і р е у к е б а с қ а н д а й* еді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.). Мұның да көзін *к і р е у к е б а с қ а н,* тізеге сары су үймелеген (С. Бақбергенов, Мен сүйем.).

Кіреуке етті. *Медеу қылды, сүйеніш етті.* Ендігі азғана таусыншақ күнді жүрек түкпірінде бұғып қалған азғана қуатқа *к і р е у к е е т е й і н* десе, оған да болдырмайтын түрі бар (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Кіреуке кежім. к ө н е. *Ежелгі дүние мен орта ғасырларда ауыр қаруланған әскердің жорыққа мінетін аттарына жабылған болат шығыршықтардан өріліп жасалған торлы сауыт.* Археологиялық зерттеулер *к і р е у к е к е ж і м н і ң* сармат заманынан бері қолданыла бастағанын көрсетеді (ҚҰЭ).

Кіреуке салды. *Тоқауыл, бөгет жасады.* Мұхит өзін-өзі қайраса да, Баршағұлмен жүзбе-жүз келгенде қорқақ. Бірақ бойдағы жылы қуат көкіректің көзіне *к і р е у к е с а л а* алған жоқ-ты (Ғ.Сланов, Шалқар). *К і р е у к е с а п* думанды елге, Хан үкімі орындалды, не керек, Тұтқын жігіт туған жерге Көзсіз досын ертіп келді желеп (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Кіреуке тартты. *Бұлыңғырланды, күңгірт шалды, қарауытты.* Айнала *кіреуке тарта* бастады. Зейнегүл жан-жағына қарады (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Әуелі *кіреуке тартқан* төңірек біраздан соң қара барқын көрпесін айқара жамылып алды (Ө.Қанахин, Жер басып.). *Кіреуке тартқан* жасты көздің аясында бұлдырап келіні ғана тұрып қалды (М.Иманжанов, Жастық).

Кіреуке тон. э т н. *Әсемдеп, сәндеп тігілген бағалы сырт киім, құнды тон.* Жігітінде жүруші ең *Кіреуке тонды* жамылып. Жеті жылдай жүріпсіз Балаңызды сағынып (Алпамыс). Күлдір-күлдір кісінетіп, Күреңді мінер ме екенбіз? Күдеріден бау тағып, *Кіреуке тон* киер ме екенбіз? (Үш ғасыр.). Хан салтанат қадірлеп Боқмұрынға тақ құрды. Елеместің еркесі Ер Төстікті құрметтеп *Кіреуке тон* жаптырды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Кіреуке түсірді. *Қылау салды, реніш тудырды, қаяу түсірді.* Әлде сүттей ұйыған тіршілігіне *кіреуке түсірген* мынау жағдай мазасын кетірді ме екен? (З.Шүкіров, Ізгілік). Ал жол проблемасы осындай жақсы көңілге қылау салар, *кіреуке түсірер* қиын жай болып отыр (Ұ.Бағаев, Дала.).

КІРЕУКЕДЕЙ с ы н. *Кіреуке сияқты, кіреуке тәрізді.* Су тамшылары күміс *кіреукедей* жылт-жылт етеді (Ә.Тарази, Құйрықты.). Сенен қалып не боламын о, жаным, Киілмеген *кіреукедей* тозамын (О.Иманәлиев, Сәуір.).

КІРЕУКЕЛЕ= е т. **1.** *Бұркемелеу, көлегейлеу, торлау.* Жер үстінен сәл мұнарта *кіреукелеген* жұқалаң бу торғыны шымылдығын сәскеде ғана түреді. Бірақ күн көзі отты, бет қаратпай биіктей береді (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Жотаның үстінде бетін тұман *кіреукелеген* жаңа туған жарты ай қызарып тұр (С.Әлжіков, Дала.). Көз алдымды *кіреукелеп,* көлегейлеп тұрған шымылдықты батылырақ сырғытып, қолымды создым (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). **2.** а у ы с. *Күңгірттеу, бұлыңғыр тарту, бұлдырлау.* Күлгендерінде аппақ тістері ғана жарқырайды. Кірпіктерінде *кіреукелеп* шаң қырауы тұрады (С.Мұратбеков, Алма.).

КІРЕУКЕЛЕН= е т. *Күңгірттену, бұлдырлану.* – Уа, қайдағы балаларсыңдар? – деп, *кіреукеленген* көзін қадай қалды (Б.Майлин, Шығ.). *Кіреукеленген* көзінде сәуле жоқ, жараның орнындай шүңірейеді де, қоңқақ мұрыны мен өрескел аузы ол да жансыз, ағаштан ойып жасай салғандай ебдейсіз (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Жанарында бір *кіреукеленген* перде бар. Мұң пердесі (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Күн кірпігі *кіреукеленіп,* дала кеші күреңіте түсті (Самғау).

КІРЕУКЕЛЕНДІР: қабағын кіреукелендірді. *Қабағын түйді, қабақ шытты.* Меніңше, жетіскен ой оралмаған секілді санасына. Өйткені *қабағын кіреукелендіріп* Таңатар тасына қараған (О.Бөкеев, Қайдасың.). Жігіт шағын ғана ауылдың жүдең қалпына көз жүгірте тұрып, *қабағын кіреукелендіре* тық-тық жөтеледі (Бәйшешек).

КІРЕУКЕЛЕНДІРУ *Кіреукелендір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қабағын *кіреукелендіру.*

КІРЕУКЕЛЕНУ *Кіреукелен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көзі *кіреукелену.*

КІРЕУКЕЛІ с ы н. **1.** *Кіреукесі бар, сауыт киген.* Ең алдында құла қасқа айғырға мінген *кіреукелі* жігіт ұшырып келеді. Ол Ноян еді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **2.** а у ы с. *Қиындығы бар, тосқауылы күшті.* Кейбір *кіреукелі* кедергісі бар қиындықты албырт жастық алмас қылыштай қиып өтетін (Д.Жанботаев, Шыңда.). **3.** а у ы с. *Көңілінде реніші бар, кейісті, мұңды.* Қыз көзінде ұзын кірпіктері сұлық жығылып, дым жүгіре бастаған *кіреукелі* кірбің күй бар (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). *Кіреукелі* ол соншалықты мұңдана қарайды (К.Ахметбеков, Сый орамал).

КІРЕУКЕСІЗ с ы н. **1.** *Кіреукесі жоқ.* ≈ *Кіреукесіз* келу. **2.** а у ы с. *Кіршіксіз, таза.* Сейітжанның *кіреукесіз* адалдығын, ары таза азаматтығын молырақ әңгімелемек болдық («Қаз. әдеб.»). **3.** а у ы с. *Ашық, тұнық. Кіреукесіз* мөлдір аспандай көкшіл, желсіз түнгі тұнық көл бетіндей тұңғиық жанары от шашады (М.Неталиев, Үлкен жол.).

КІРЕУЛЕН= е т. *Жұқа боп қатып, кеуіп қалу, кіреукелену.* Қан жер бетінің қаймағы тәрізді бет жағы *кіреуленіп,* кебіреген. Бет жағына әйнекке түскен мұз тәрізді әшекей түскен (С.Бақбергенов, Қарға там.).

КІРЕШЕК з а т. с ө й л. ***Кіреші.*** Ғабдолла жан-жағына қараса, бір бұлақтың қасында қырық-елу есектері бар, бірталай *кірешектер* көліктерін суғарып тұр екен (С.Шарипов, Шығ.).

КІРЕШІ з а т. *Кіре тартушы, кірекеш.* Қарамайлы арбасы шиқылдап жүре алмай келген *кірешіі* керуендерге сатты; қырдың кедейлеріне сатты; кебекті атқа жем керек қылған бержебайшы жемшіктерге сатты; ұнды жұттан қырылып жатқан қырдағы ағайындарына сатты («Абай»). Игілік енді Жұмабекке айтары жоқтай, *кірешіі* Ыбырайға бұрылды (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Төрт-бес өгізді, түйелі *кірешілер* үйілген

көмірді тиеп алып жатыр (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім). Қара қазық басына Қарақшы туын байлады, *К і р е ш і* шығып әр таптан Шығарып атты айдады (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

КІРЖАҒАЛ с ы н. *Кірлеген, саталданған, кір-қожалақ.* Көше жиегінде қыстан қалған *к і р ж а ғ а л* күртік қар іріген айранға ұқсап, төменге жоңкіген селмен қосыла көшеді (Н.Серәлиев, Қаңтар).

КІРЖАМБАЗ с ы н. *Кіржағал, кір шалған, кірлеген. К і р ж а м б а з* көйлегінің сыртынан шидем шекпен киген жырауға, былайша айтқанда, жарлы ақынға Маңы әзіл-оспақ айтты (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). *К і р ж а м б а з* кепкасын қолына ұстап ентігіп тұр. – Ия, Василий Антонович, жәй ма? – деп сұрады Орынбай (К.Баялиев, Нөсер). Ауыл дүкендерінде тұздалған балықты орап беретін арзанқол әрі *к і р ж а м б а з* қағаз болмаушы ма еді... («Жас Алаш»).

КІРЖИ= е т. **1.** *Біреудің айтқан сөзін я істеген ісін жаратпай ренжіген түр көрсету, жақтырмай тыржию.* Өкілдің қабағы *к і р ж и д і.* – Жалпы жиналыс шақырып, кімнің қанша астық беретіндігін жариялаңдар! Тез! (Б.Майлин, Шығ.). Жоламан жаңа-жаңа шырланып шелтие бастаған қозы қарнын сипап қойып, алты қанат ақ үйдң төрінде Әсемкүлдің бөртпе шайын сораптап, жақтырмаған қабақпен *к і р ж и і п* қойып отыр еді (М.Қуанышбаев, Жалғыз). Білісбай ертеңгі тойды әңгіме етіп еді. Бақдәулет *к і р ж и і п* сөзін бөле берді (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). **2.** *Кіртию, кіржіңдеу, салбырау.* Бекжан аузын арандай ашып, өрескел бір есінеп алды да: *к і р ж и г е н* көзімен бұған ежірейе қарады («Лен. жас»). – Ыбыраш, бұ не?! Ауырып жүрмісің? Қабағың *к і р ж и і п* кетіпті ғой,– деді (М.Сүндетов, Ескексіз.). **3.** а у ы с. *Тұнжырау, бұлттану.* Буалдыр күңгірт күздің қазіргі күні кірлегендей болып салбырап, *к і р ж и і п* тұр (М.Әуезов, Қараш.).

КІРЖИТ= е т. *Жақтырмаған түр көрсету, тыржию.* Мұсекең әлденеге қабағын *к і р ж и т т і.* Әлдекімге реніші бар секілді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Көздері сығырайып, тәшпек мұрындарын *к і р ж и т і п*, қи шоғының иісімен қуана деп алды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Тиын санаған капиталистер емес пе? Тіфу! – деп Негипор мұрнын *к і р ж и т і п,* тісінің астынан шырт еткізіп түкірді (Ж.Тәшенов, Алғашқы.). Мынау бөксесін түбіт орамалға орап ап, тісі ауырып, қабағын *к і р ж и т і п* отырған қажыққы бойқүйез әйелдің тұлға-тұрпатында кісіні қаралай айбындыратын бір жұмбақ күдіретін барын Кирилов сонда барып байқады (Ә.Кекілбаев, Шығ. жин.).

КІРЖИТУ *Кіржит етістігінің қимыл атауы.* Ненің ұнамағанын кім білсін, әйтеуір қара көзілдірік киген бір кісі оларға қабағын *к і р ж и т у м е н* болды («Білім және еңбек»).

КІРЖИІҢКІ с ы н. *Еш нәрсені жаратпаған реніштi, тыржиыңқы.* Басының сақинасы ұстаған адамдай *к і р ж и і ң к і* түрпетке енді. Бұны басқаша жорыған тыңдаушылар қобызшыны қайтадан қолпаштай бастады (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

КІРЖИІС з а т. *Ренжіс, кейістік, қытымырлық.* Іске орынсыз *к і р ж и і с і* әрі қытымырлығы жоқ Ахаң жігіттердің мұнысын теріс көрген жоқ (Саржайлау).

КІРЖУҒЫШ з а т. т е х. *Автоматты және механикалық тәсілмен кірлеген бұйымдарды, киім-кешек т.б. заттарды жуып-шайқайтын мәшине, тұрмыстық техника.* Орталықта бес бөлмелі үйіміз бар. Онда телевизор, үлкен радиоқабылдағыш, жаңа гарнитур, *к і р ж у ғ ы ш* және үй жиһаздарымыз бар (Қ.Серікбаев, Қастек.). Қазір жұрт телевизор, шаңсорғыш, *к і р ж у ғ ы ш* алуға үйір (С.Байжанов, Сыр.).

Кіржуғыш мәшине. т е х. ***Кіржуғыш.*** *К і р ж у ғ ы ш м ә ш и н е л е р* құрылымына қарай, бір мезгілде 1 кг-нан 4 кг-ға дейін кірді жуып, сыға алады (Шаңырақ). *К і р ж у ғ ы ш м ә ш и н е* өндірістік және тұрмыстық болып екі түрге бөлінеді (ҚҰЭ). Анасы алты жасар баласына: – Қарағым, *к і р ж у ғ ы ш м ә ш и н е н і* алып келе қойшы, – деді (Ғалам ғажап.).

Кіржуғыш ұнтақтар. *Кір жууда қолданылатын синтетикалық ұнтақтар. К і р ж у ғ ы ш ұ н т а қ т а р д ы ң* әсерін күшейтетін қойылған фосфаттар, сілтілер және бейтарапты электролиттер, ағартатын, хош иіс беретін, көгертетін және т.б. активті қоспалар (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

КІРЖІК с ы н. *Қыржиған, кіржиген, тыржиған.* Түу, деп бар ашуын есектен алғысы келгендей *к і р ж і к* мойнын темір қазықтың ұшымен түртіп-түртіп жіберді (Т.Иманбеков, Үш ай.).

КІРЖІКТЕ= е т. *Кібіртіктеу, күржіктеу.* Бригадир *к і р ж і к т е п,* ұсталған өтіріктің тұтам құйрығын Великановтың уысынан жұлып алғысы келді (С.Ерубаев, Шығ.).

КІРЖІҢ з а т. **1.** *Жақтырмаған, жаратпаған нышан, белгі.* Күн өткен сайын *к і р ж і ң і* көбейіп барады (Қ.Найманбаев, Үміт өткелі). Жақтырмай тыржиған. Жақсы күнді *к і р ж і ң* қабақпен өткізу де бейне жақын тұтатын кісінің көңілін қалдырумен бірдей (Д.Досжанов, Зауал). **2.** *Күйбең, кібіртік қимыл.* Редактордың алғашқыдай емес, көңілі

тыншығайын деді. Жұмыс бабының күнделікті *к і р ж і ң і* екенін түсінді («Лен. жас»).

Кіржің етті. *Жақтырмаған пішін білдірді, жаратпады.* Әкпар қадет корпусын атағанда, Қаражан ұнатпай *к і р ж і ң е т е* қалды (І.Есенберлин, Қатерлі өткел). Әйелінің жаңағы сөзін естігенде үй иесі арқасына ер батқан жауыр аттай *к і р ж і ң е т е* түсті (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Бір мәрте тіпті *к і р ж і ң е т і п,* күреңге тісін ақситып, құлағын жымитып тістемекші де болды, тұра қалып артқы екі аяғын арбаңдатып тоңқып та көрді (Ш.Мұртазаев, Интернат.).

КІРЖІҢ-КІРЖІҢ е л і к. *Жақтырмай, ұнатпай, қайта-қайта тыржиған, кіржіңдеген қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Кіржің-кіржің етті. *Жақтырмай, тыржыңтыржың етті.* Дүрияны көргелі Бекбауыл *к і р ж і ң-к і р ж і ң е т і п* үрпиіп шыға келді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Арқасы удай ашып тұрған болу керек, *к і р ж і ң-к і р ж і ң е т е д і.* Жұдырығын түйіп тістеніп алған (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.).

КІРЖІҢДЕ= е т. *Жақтырмау, тыржыңдау, тыжырыну.* Екеуі қайта келіп, сапарының бағдарын айтқанда, жұлдызды кісі *к і р ж і ң д е п,* кірпікшешендей тыжырынды (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). – Әй, апа, қойшы... сен тыныш отыршы! – деп Төлеу *к і р ж і ң д е п* қалды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Араз кісі болғансып, Сылтау етер бекерді. Үйренбейді кісіден *к і р ж і ң д е п* жүріп кекерді (Абай, Тол. жин.). Едіге шешіліп көп сөйлемегенімен, ақпейіл, кешірімді жан-ды. Көрінгенге *к і р ж і ң д е п,* мінеп-сынап қарайтын кіділігі жоқ (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

КІРЖІҢДЕС= е т. *Тыржыңдасу, кірбіңдесу.* Үйдің іші екі ұдай болып кәдімгідей *к і р ж і ң д е с і п,* қырқылдасып алды да сол қызумен далаға шықты (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

КІРЖІҢДЕСУ *Кіржіңдес етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бір-бірімен *к і р ж і ң д е с у.*

КІРЖІҢДЕТ= е т. *Жақтыртпау, түрін тыржыңдату.* Бозарған сұрғылт қабағын сәл *к і р ж і ң д е т і п,* қан-сөлсіз жата береді (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

КІРЖІҢДЕТУ *Кіржіңдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қабағын *к і р ж і ң д е т у.*

КІРЖІҢДЕУ *Кіржіңде етістігінің қимыл атауы.* Үй иесі, салауатты мосқал жан екенін де мүлде ұмытып, әлдеқайда кеткісі кеп, әйеліне *к і р ж і ң д е у м е н* болады (М.Сүндетов, Құмдағы ауыл).

КІР-КҮЙЕЛЕШ с ы н. *Кір-қожалақ.* Қозышы көз алдына келді. Төлеш, қап-қара қасы-көзі, *к і р-к ү й е л е ш.* Жүректі жұлмалады «Жетім Бөгей» Бір үзім күйік нандай күлді-көмеш (Б.Адамбаев, Ақбөбек).

КІРКІЛДЕ= е т. с ө й л. ***Күркілде***. Шылым тартушылар өмір бойы көкірегі *к і р к і л д е п,* қара қақырық тастап, жөтелден арылмайды (М.Қайрақбаев, Рақтан сақтан.).

КІРКІЛЖІҢ з а т. с ө й л. ***Кикілжің***. Екеуміздің арамыздағы *к і р к і л ж і ң* жаңа ғана басылып, бір-бірімізді дұрыс түсінісе бастаған едік қой (И.Салахов, Көкшетау). Арамыздағы болған анадағы *к і р к і л ж і ң н е н* кейін Махамбеков екеуміздің жүзіміз бір-бірімізге жылымай-ақ қойды (Д.Исабеков, Мазасыз күн.). Тауып ем ғой жап-жаңа кілтімді мен, Көре-тұра неге алмай іркілдім мен. Жоғалттым-ау тағы да шіркінді мен күйгелектеп жүргенде *к і р к і л ж і ң м е н* («Қаз. әдеб.»).

КІР-КІР с ы н. *Әбден кірлеген, өте лас, сатал.* Тұтқындар сол сәкіге жатады. Сәкілері *к і р-к і р* (С.Сейфуллин, Әңгім.). Оның артынан не жуан, не айдынды кісілер кіріп, *к і р-к і р* Сатанға үйге кіруге қисыны қиындап сала берді (І.Жансүгіров, Шығ.). Үсті-басын таза ұстамайтын *к і р-к і р* боп жүретін оқушыны тазалықшыға ұсындым («Халық мұғ.»).

КІР-КІРБЕҢ з а т. *Көңілдегі кіржің, кейіс, реніш.* Сөзің ақ, ойың адал болса, кешіре гөр, Балықбай. – Имандай сырым, саған деген *к і р-к і р б е ң і м* жоқ (С.Бақбергенов, Адам.).

КІРКІРЕ= е т. *Қыр-қыр ету, қырылдау.* Жаралы біздің көңілге. Бір тамбайды сіркіреп. Таянды ғой өлімге Қақырық басты *к і р к і р е п* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Аяқ жақта жатқан төбет басын көтеріп, кәнігі әдетінше тамағы *к і р к і р е п* арс ете түсті (Ә.Әлімжанов, Отырар.).

КІР-КІРЕУКЕ з а т. *Жиреніште кір-қоқыр; жат пікір, теріс ой.* Ардың әміріндей әсем талап! Бұл талапты бұлжытпай орындау адам атаулыны өмірдің шаң-тозаңынан тазартады, оның сана-сезімін *к і р-к і р е у к е д е н* арылтады (З.Қабдолов, Сыр.).

КІР-ҚОЖАЛАҚ с ы н. *Әбден кірлеген, сатал-сатал, кір-кір.* Тұрдыбектің бет-аузы қап-қара, *к і р-қ о ж а л а қ* (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Әлгі *к і р-қ о ж а л а қ* баланы екеуі кесек дуалдың бұрышында қуып жеткен (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). Таңертең ұлымды мұнтаздай таза ғып киіндіріп-ақ жіберемін. Ал үйге үсті-басы шаң-тозаң, *к і р-қ о ж а л а қ* болып қайтады («Лен. жас»).

КІР-ҚОЖАЛАҚТАН= е т. *Кір-сатал болу, әбден кірлеу.* Кілең шоққа бауырын төсенген

құман қарайып, *к і р-қ о ж а л а қ т а н ы п* кетіпті (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

КІР-ҚОҚЫР з а т. *Әртүрлі кір, лас, қоқыс заттар.* – Жақсы бала болам десең, енді мына шелекте толып тұрған *к і р-қ о қ ы р л а р д ы* анау сыпырынды төгетін жәшікке апарып төгіп кел, – деп қолына берді (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

КІР-ҚОҚЫС з а т. **1.** *Кір-қоқыр, кір-қолаң.* Оның көзі отын базар, көже базар, тауық базарларға түсті. Мұның бәрі де азып-тозып, *к і р-қ о қ ы с* боп бара жатқанын байқап отыр (А.Тоқмағамбетов, Жыр.). *К і р-қ о қ ы с,* бит-бүрге дегендеріңіз Николай патшадай әмір жүргізеді екен. Түрлі аурудың көп болуы да осыдан (С.Омаров, Қызыл арай). Көгілдір тасты ғасырлар бойы жаз жауын бетін жуып, жел ерке қойны-қоншын аралап, *к і р-қ о қ ы с* жуытпай, мұнтаздай ғып тазалап тұратын (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық.). **2.** а у ы с. *Жаман әдет, бықсық қылық, ұсақ-түйек сөз.* Жас махаббатқа нәр беріп, көріктендіріп отыратын әсем көріністердің орнын жағымсыз мінез, оғаш қимыл, *к і р-қ о қ ы с* басса, жақын көңілге дақ түсе бермегенде қайтеді (Л.Сергазина, Келіншектер.). Ал содан бастады Ахаң, тілден бәрін, Алғандай Айдан қуат, Күннен жалын, Тазартты лас сөзден, *к і р-қ о қ ы с т а н,* Нәр құйды, тіл емдеудің білген заңын (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Бірақ сол береке кейде көзге ілінбей, *к і р-қ о қ ы с п е н* араласып, қадірін түсіргендей боп көрінеді (М.Хасенов, Нартәуекел).

КІР-ҚОЛАҢ з а т. **1.** *Кір-қоң, қоқыр-соқыр, лас нәрселер.* Шоқынатын орынға кіре беріп, тағы да сүп-сүр телпектерін алып, қолдарына ұстап тұр. *К і р-қ о л а ң,* тер иісі шығып, бөлме ішінің берекесі одан сайын қаша берді (Ғ.Сланов, Дөң асқан) Аурулас, *к і р-қ о л а ң* Ауыртып еді мазаны ап, Арылта жуып, сабындап, Алайын бәрін тазалап (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жаман қылық, теріс пікір.* Коммунизмге анаумынау *к і р-қ о л а ң,* лас та нас қалдықтармен бара алмаймыз (Ғ.Сланов, Замана).

Кір-қолаң шалмады. *Былғанбады, настанбады, бүлінбеді.* О, құдірет, албырт шақта тот-тозаң баспаған көңіл, *к і р-қ о л а ң ш а л м а ғ а н* пәк ой, арамдық-қулық қаппаған жүрек қандай қасиетті десеңші (С.Бақбергенов, Мен сүйем.).

КІР-ҚОҢ з а т. *Кірлеген киім-кешек, кір-қолаң, анау-мынау зат.* Киімім кірлеп кетті, жеңім тозық. *К і р-қ о ң ы м д ы* жуғызып тез келейін (Батырлар жыры). Құсайын аулында жол жүруге жабдықтанғанда Сатан да үйіне келіп қонып, *к і р-қ о ң ы н* жуғызып, аунап-қунап қалды (І.Жансүгіров, Шығ.). Бөкежан екеуміздің *к і р-қ о ң ы м ы з д ы* жуып, киімкешегімізді даярла, аманшылық болса, аз күнде сапар шегеміз (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Асанның әйелі ас пісіріп, *к і р-қ о ң д а р ы н* жуады (З.Шашкин, Ақбота).

КІР-ЛАС с ы н. *Кір-қожалақ, салтақ-салтақ.* Өкпелейді ол көрсе егер, *К і р-л а с* жүрген кезіңде. Ауырмағың келсе егер, Ақылын ал өзің де (Қ.Мүсірепов, Менің апам.).

КІРЛЕ[1]= е т. **1.** *Лас болу, әбден кір басу.* Төр үйдің іші... көп тұрғандықтан, май болып *к і р л е п,* қарайып кеткен (М.Әуезов, Қараш.). Бір күн емес, бір апта емес, ай жатасың пішен шауып, *к і р л е й с і ң.* Кір-қоңыңды кім жуады? (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Бір-екі рет ол Сережаның *к і р л е п* кеткен киімдерін алып қалып, жуып, жыртықтарын жамап-жасқап берді (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). **2.** а у ы с. *Даттау, жамандау, былғау, дақ түсіру.* Енді жала жабам, *к і р л е й м і н,* Отқа салам дегендерге Тірі көнбеймін (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Боржай басқаша келді. Айдаболды не тілдемеді, не *к і р л е м е д і* (Д.Әбілев, Арман.). – Қой әрі! Біреудің жалғыз қарындасын *к і р л е м е. – К і р л е п,* мен оның бетіне күйе жағыппын ба? (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **3.** а у ы с. *Бөтен ой, теріс пиғыл келу, қулық-сұмдық ойлау.* Жас кезіңде білмейсің, Күншіл дертім бар-ау деп. Өсе келе *к і р л е й с і ң,* Озып кетті анау! – деп (Ғ.Қайырбеков, Алтын бесік). Бала едім көп нәрсені аңғармаған, Жаңа едім – *к і р л е м е г е н,* шаңданбаған (Ә.Ахметов, Жеруйық).

Аспан кірледі. б е й н. *Аспанды бұлт басты, бұлттанды.* Күз *а с п а н ы к і р л е п,* мұнарт алыстағы қарлы биіктердің басына сәлдедей бұлт оралып, томсарып, сұрланып тұр (М.Әуезов, Қараш.).

Көңіл кірледі. б е й н . *Көкіректі қайғы, уайым басты.* Дүние үнемі бірқалыпта тұрған ба? Күмісті де тот басады, *к ө ң і л д і ң* д е *к і р л е й т і н* кезі болады ғой (Н.Әбуталиев, Құрдастар). Басына бір бұлт қонғалы *К ө ң і л* де, көз де *к і р л е г е н,* Өзіндей қара қолғабын Үш жылдан бері кимеген (С.Жиенбаев, Таңд.). Көп замандар тарығып *К ө ң і л д е р і к і р л е п т і,* Бірін-бірі жаны ұғып Билеп, ойнап бір кетті (С.Мәуленов, Жолдас).

КІРЛЕ[2]= е т. э т н. *Пісіріліп болған киізді орап, буып тастап, үстіне су құю.* Киіз қатайғанға дейін білектейді. Осылайша киіздің алғашқы пісірілуі болған соң су жағасына апарып, ұзынынан екі қабаттап бүктеп орап, белінен байлап, суық сумен *к і р л е й д і.* Суық су мол құйылады (Х.Нүркеұлы, Ұлттық мирас.).

КІРЛЕГЕН з а т. ж е р г. ***Легеп***. Кәдімгі, апасының мыс *к і р л е г е н і* дерсің, құммен ысып

жуғанда, алтындай жарқылдап шыға келетін *кірлегеннің* өзі дерсің (Ә.Тарази, Жаңбырлы түндер).

КІРЛЕН з а т. ж е р г. *Мыстан не темірден істелген, ыңғайлы, жеңіл шылапшын, леген.* – Қол жуыңыздар, – деді Монтай ет келген соң. Ол *кірленді* бір қолына, құманды екінші қолына ұстап, мойнына орамалды асып тұр (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). Ол *кірлен* сұрап келген көрші әйел килігіп кеткендіктен, Матренамен сөйлесе алмаған (К.Тоқаев, Тасқын). Айша босаға жақта ыстық суға суық су араластырып, томыртқылап жылытып, қаңылтыр *кірленге* менің көйлегімді атып ұрып, үстіне томыртқылаған суды құйып, мен базардан әкелген сабынның біреуін «бісіміллә» деп жібіген көйлекке сүйкеп кеп қалды (Ш.Мұртазаев, Жүрек.).

КІРЛЕН= е т. **1.** *Әбден кір болу, ластану.* Бәрі де қойын қалталарынан *кірленген,* бүктелген, термен суланған арыз қағаздарын шығарды (Б.Майлин, Азамат.). Ақырын ғана өз бүктеуіне келтіріп, оны ішкі қалтасындағы *кірленген* үлкен орамалына түйіп, қалтасына салды (А.Тоқмағамбетов, Жыр.). Мінез-әрекеттері де қазақтың былық-шылығымен *кірленбеген* (Д.Әбілев, Ақын.). **2.** а у ы с. *Былғану, жаман болу, күнәсі көбею.* Мал бітіп қонса бақыт, Көркейесін түрленіп. Жұртың азған жолықса, Қалар басың *кірленіп* (Ақмолла, Күндер.). *Кірленіп* барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым (М.Дулатов, Шығ.). Менің де соңғы кезде *кірлене* тоттана бастаған сарайым тазарғандай, бойым біраз сергіді (Ғ.Сапаев, Гүлдана). **3**. а у ы с. *Бекерге әуре болу, сөзге қалу.* Мен – сынық жан, жамағанмен Түзеле алмай түрленіп, Теңің емес, біл, саған мен. Не қыласың *кірленіп*? (Абай, Тол. жин.).

КІРЛЕҢКІ с ы н. *Кір шалған, кірленген, кір түскен.* Айтмағамбет енді жүресінен отырған қалпы, жағалары *кірлеңкі,* сақал-мұрттары өсе бастаған болат дулығалы жандарды мүсіркей қарады (Ә.Сәрсенбаев, Батыр.).

КІРЛЕҢКІРЕ= е т. *Кір басыңқырау, кір шалыңқырау.* – Көптен моншаға түскен жоқ ем, денем *кірлеңкіреп,* қышынып жүр еді, – деді Нұрбек (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). *Кірленкіреген* ақ жейдесінің жағасы көнетоз мақталы шапанының ішінен шығып тұр (Р.Райымқұлов, Жасыл белес).

КІРЛЕТ= е т. **1.** *Кір қылдыру, ластату.* «Қалай азып кеттім. Тым құрыса үстімді *кірлетпей,* жуып тұруға болады ғой», – деп ойлады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Май терінің тесіктерін бітеп тастайды. Еңсені көтертпейді, ауру етеді, *кірлетеді,* терлетеді (М.Жұмабаев, Шығ.). Тер жұғып, ішкиімді де *кірлетеді* (Е.Оразақов, Дәрігерлік.). **2.** а у ы с. *Көмескілендіру, ескірту.* Жылдан жылға сүйрей-сүйрей *кірлетті,* Сол бір қызға аша алмаған бұл сырын, Көлденеңдеп ұят деген қырсығың (Ж.Нәжімеденов, Ұлым.).

Жүректі кірлетті. *Көңіліне жаман ой алды. Жүректі* мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық – бұл төрт нәрсемен *кірлетпей* таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық рәушан болып түседі (Абай, Шығ.).

КІРЛЕТУ *Кірлет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кір қылдыру, ластату.* Айтылмас қыздың жаз әні, Мұнда тек жанның азабы, келеді мұнда ластар, *кірлету* үшін тазаны (Қ.Мырзалиев, Домбыра.). **2.** а у ы с. *Жамандау, айыптау.* Барлыбай Әділбектің басын *кірлетуге* татитын факт тауып беруі керек, аудан жақта сүрінтуді мойнына алып отырған бір мықтылар бар (З.Шүкіров, Қиын түйін).

Жүрегін кірлету. *Қулық-сұмдық ойлау, теріс ой келу.* Тыраштанып сендердей тірнектеуге, Жібермесе қайтсін-ау бірбет кеуде, Кетіп жатса бар тапқан-таянғаны, Ақ періште *жүрегін кірлетпеуге* (С.Иманасов, Ғашық.).

КІРЛЕУ[1] с ы н. *Кір шалған, кірлей бастаған.* Төрде отырған кісінің үстінде қоңыр күпі, жағасы түлкінің пұшпағы. Басында ескілеу, *кірлеу* түлкі тымақ. Өзі шарта жүгініп отыр (С.Сейфуллин, Шығ.). *Кірлеу* халатын шешіп, ала телпегін киді. Айнаға қарап, теке сақалын тарап, біраз тұрды (Е.Оразақов, Дәрігер.). Ақ көйлек, қырлы шалбарымды көргесін, *кірлеу* қолдарын әдейі ұсынысып, ығымнан қағысып қалады (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

КІРЛЕУ[2] *Кірле етістігінің қимыл атауы; даттау, жамандау, былғау, дақ түсіру.* Әсіресе, ел мақтаған, кірсіз адамды *кірлеуге* жаны өш болады. Өйткені кір көңіл адам кірсізді көре алмайды, күндейді; өзіндей қылуға тырысады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Кінәсіз, адал адамдарды даттап, *кірлеу* – адамгершілікке жатпайтын пасық қылық екені былай тұрсын, қылмыспен төркіндес жатқан өрескел нәрсе (С.Байжанов, Сыр.).

КІРЛЕУ[3] э т н. *Кірле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Пісіріліп болған киізді орап, буып тастап, үстіне су құю.* Киіз пісіріліп болғаннан кейін, екі шетін ортасына тиістіріп бүктеп, бір ұшынан домалақтап орайды да белінен бір буып ағынды судың жағасына биік дөңестеу жерге қойып, шелектеп сумен жанжағына соғып шашады, үстінен құяды. Мұны

к і р л е у дейді (Х.Шобай, Қаз. ұранқай. қолөнері). **2.** *Пісірілген киіз, текеметті бүктеп, су құйып, жылылап жауып булау.* Киіздің тебуі жетті-ау деген кезде, 3-4 рет шиыршықтап бүктейді де, ыстық су құйып сығымдап, үстін тонмен жылылап жауып тастап булайды. Мұны булау немесе *к і р л е у* дейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері.).

КІРЛІ с ы н. **1.** *Лас, былғаныш, таза емес.* Өрім-өрім *к і р л і* сиса көйлекті жөндеуге келгенінше жөндеп қойды (М.Жұмабаев, Шығ.). Аманжолдың жағасынан сорғалап *к і р л і* су қойнына құйылды (А.Тоқмағамбетов, Әке.). Миша көз жанарына іркілген жасты *к і р л і* алақанымен сүртіп, тағы да сөйлеп кетті (С.Омаров, Әңгім.). Қойдың қырқылған, бірақ тазаланбаған жүні *к і р л і* күйінде – оригинал деп аталады (М.Ермеков, Қазақст.). Жабықтым мұңшылықты ойлай-ойлай, Бұл жерде ешбіреуге сезім қонбай, Үстімде *к і р л і* көйлек, жөндігі көп, Биттері өрмелейді, тегіс бойлай (Ақмолла ақын, Күндер.). **2.** а у ы с. *Айыпты, кінәлі, жазықты, адал емес.* Қатты қысым қылған соң, Басым сотқа айналар. *К і р л і* болып түскен соң, Көрген күнім не болар? (Абай, Тол. жин.).

Ар-ұяты кірлі. *Адал емес, жаны таза емес.* Хасен секілділердің ойынша соғысқа бармай, ел арасында жүріп көтерілген азамат адамдардың бәрінің де *а р-ұ я т ы к і р л і* (І.Есенберлин, Айқас).

Етегі кірлі болды. *Бала көтерді, екіқабат болды.* – Шай соңынан көсе шал бата жасады. Келінінің *е т е г і к і р л і б о л ғ а н ы н* тіледі (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Жаны [жүрегі] кірлі. *Қулық-сұмдығы көп, арам пиғылды.* Егер жүрегі таза болса, дене кірін жуып кетіруге болады ғой. Тек *ж ү р е г і к і р л і* болмасын (І.Есенберлин, Алтын құс). Шаңдатып жүретұғын *к і р л і ж а н ы н*, мұндайлар бар-ау әлі бірлі-жарым (Е.Әукебаев, Таң шапағы).

Кірлі көңіл. *Мұңды, шерлі жүрек, уайым, қайғы басқан көңіл күй.* Уа, дүние! Былым қуып жете алмадың, Құр ойбай, көзден аққан қан тыя ма? Тырбанғанда тырнақтай ғылым таптың, Мұнымен *к і р л і к ө ң і л* шалқия ма? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жүрген екем жұрт бар деп өзімді-өзім кірлеп мен, *К і р л і к ө ң і л* іс етсем – қолым жетпей жүр деп пе ең (Ж.Нәжімеденов, Аспан шақырады). Раушан бұрынғыдан жүдеген. Солыңқы сарғыш жүзінде *к і р л і к ө ң і л* байқалады («Қаз. әдеб.»).

КІРЛІК з а т. *Кірлеушілік, кір болушылық.* Тұтқынға түскелі үш ай болып, аштықты, *кірлікті,* бит талауын басынан өткізіп, фашистердің зәбіріне төзді (С.Шәкібаев, Үлкен Түркістан).

КІРМЕ[1] з а т. *Атамекенін тастап, басқа бір руға, елге, ортаға ауып келген, келімсек адам, топ, отбасы немесе ру.* Қазақстанға өз бетімен келген немесе кеңестік заманда зорлап көшіріліп әкелінген халықтар да *к і р м е* болып саналады (ҚҰЭ). Ата-ата ретімен осы күні қай болысқа қарайтынын жерін, суын, мекенін айтыңыз. Араларыңыздағы *к і р м е л е р* қай рудың, қай болыстың ішінде екенін көрсетіңіз (М.Дулатов, Шығ.). Әр ауыл негізінде бір атаның баласы бола тұра, ішінде өзге, кейде алыстағы аталар мен рулардан келетін *к і р м е* дейтіндер де болды. Оларды «қоңсы» деп те айтады (С.Мұқанов, Халық мұрасы). Күнпейіс шал бір әңгімесінде көрші-қоңсы отырған жиырма шақты үйдің өзін біреуін *к і р м е,* біреуін ауып келген, біреуін шатыс деп бөлектеп, мүйіздеп болды (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Кірме жол. к ө л і к. а) *Теміржол стансыларындағы жол тарамдары.* Қысқа жол тармақтарын, станциялардағы *к і р м е ж о л д а р д ы* салу, өндірістік және азаматтық құрылыс объектілері қаншама (К.Сейдеханов, Түркістан.). Бөлімше коллективі *к і р м е ж о л д ы ң* бәрін, таразы шаруашылығын тәртіпке келтірді («Лен. жас»). ә) *Өнеркәсіп орындарына жүк көлігі кіретін жолдар.* Өнеркәсіп орындарының *к і р м е ж о л д а р ы н д а* вагондардың босқа тұруы белгіленген нормадан артық («Соц. Қаз.»).

Кірме сөз. л и н г в. *Басқа тілден енген бөгде сөз. К і р м е с ө з д е р д е н* негізінде жаңа сөздерді білдіретін жаңа ұғым пайда болады. Ол – халықтардың экономикалық, мәдени қарым-қатынастың нәтижесінде орын алып жататын заңды құбылыс (Қаз. тілі энцикл.). *К і р м е с ө з д е р* шаруашылық және соған негізделген қоғамдық, тарихи ерекше жағдайлармен сабақтас келеді (Әдебиеттану термин. сөздігі). Басқа *к і р м е с ө з с і з,* таза тілмен айтылған өлең Кененнің ақындық жағынан да жоғары екенін көрсетеді (А.Жұбанов, Замана.).

КІРМЕ[2] з а т. г е о г р. *Мұхиттар мен теңіздерде және көлдердің кіреберісіндегі шығанақтар.* Мезен *к і р м е с і н д е* теңізден шыққан тасқын толқыны тар шығанақтарға қысылып енді де, тасқынның биіктігі 7 метрге дейін барды (СССР геогр.). *К і р м е н і ң* суы тұщы, кемелер тоқтауға қолайлы болады (ҚСЭ).

КІРМЕДЕЙ с ы н. *Кірме адамдай, келімсектей.* Бөтен ел, бөтен мектепке келген кезде өзіңді *к і р м е д е й* сезінетінің болады (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

КІРМЕЛЕУ с ы н. *Кірмедей, келімсек сияқты, келімсекке ұқсас.* Дегенмен бұлар онша өсіңкіремегендіктен, бұл елге *к і р м е л е у* саналады (С.Сейфуллин, Шығ.). Осы елдер ішінде ең азы – Бөкеншінің інісі. Мал-дүниеге шағыны да осылар. Бөкеншінің *к і р м е л е у* туысы Борсақ (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

КІРМЕЛІК з а т. *Басқа елден, бөтен жерден келгендік, келімсектік.* Гүлнаш айтыста Мүсірәлінің Жолдыбайға *к і р м е л і г і н* мін қып тақты (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Ауыл итінің құйрығы қайқы, мұндағы бұрыннан оқитын балалар шекелерінен қарап жүреді. Барақ бұл уақытша ғана. Сабақта жақсы оқып, өзіңді таныта білсең, *к і р м е л і г і ң* тез жойылады (Б.Соқпақбаев, Өлегендер.). Мына екі атаның баласы қалың қаракесекке *к і р м е л і к т е р і н* айтып, жолға таласқанын, кімнің жолы үлкен екенін анықтай алмай Жақсылыққа келді (С.Бегалин, Замана).

КІРМЕМБАС с ы н. *Ну, қалың (қорыс), самсаған, көдік, жыныскан, сырым.* Сере, сере, сере қар, Асты кілең, үсті мұз. Күн-түн қатса жібімес, Мен көлікке қосымды артқамын, Көмбідей ару жаларға Күректей мұзды тоңдырып, *К і р м е м б а с* ауыр қолға бас болып, Күңіреніп күн түбіне жортқанмын (Доспамбет жырау // Алдаспан). *К і р м е м б а с қ а* кіріспе, басың қалар ішінде (Мақал).

КІРНЕ з а т. м е д. *Құрсақ қуысындағы ішек, соқырішек, тік ішек, кілегей қабық, бауыр, бүйрек т.б. мүшелердің кенеттен қатты асқынуынан болатын ауру. К і р н е н і ң* пайда болу себептері әртүрлі. Ішек кірнесі ас қорыту органдары жолындағы ісіктен, жарадан, жағымсыз тағамнан, кейбір микроорганизмнің ішекке өтуінен пайда болады (ҚСЭ). Сәби түнімен мазасызданып жылай берді. Құданың құдіреті, біздің балалардың *к і р н е с і* бар (А.Жұмаділдин, Сең). Қашан өлтірінің етін жұртқа таратқанша қыз қалыңмалды көрсе, оған іш ауру – *к і р н е* жабысады (С.Жүнісов, Ақан сері). Зәржан ойда жоқта ауырады. Қазақтар ондай ауруды *к і р н е* дейді. Ол – кәдімгі соқыршек (А.Жұбанов, Замана.).

КІРНЕДЕЙ с ы н. *Кірне сияқты, кірне тәрізді.* Бүйрекке қадалған тас *к і р н е д е й,* Севастополь қаласы алдырмастан қалып барады (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты).

КІРНЕЛЕ= е т. *Кірне ауруына шалдығу, құрсақ қуысындағы мүшелердің ауруы.* Еңгезердей Тұрысжан екі иығы түсіп, қой көздері шүңірейіп, *к і р н е л е п* қалған адамдай кіртиіп кіріп келді (Б.Қыдырбекұлы, Алатау).

КІРПИ= е т. с ө й л. *Кірбию, кіртию.* Айналасы дөңгелек шеңбердей *к і р п и і п* қалқыңқы тартқан көздерімен менің түр-түсімді бағдарлап қарайды (Ұ.Доспанбетов, Кәрі қобыз). Біреу жүрер күні-түн арақтатып, Көз *к і р п и і п,* ұрт солып, қабақ қатып (Ә.Жәмішев, Сағым.).

КІРПИЯЗ с ы н. ж а ғ ы м с ы з. **1.** *Меменшіл, асқақ, өзін-өзі жоғары ұстайтын тәкаппар, кердең.* Жаңабай *к і р п и я з* кісі болатын (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дүниежүзілік соғыс ағылшындардың отар және доминондарымен байланысын тым *к і р п и я з* күйге түсірді (М.Шоқай, Таңд.). **2.** *Талғампаз, кербез.* Кірқоқыс үйге жоламайтын, тумысынан *к і р п и я з* кінәз Ақан мына мұнтаздай таза үйге көңілі көншіді (С.Жүнісов, Ақан сері). Не ұзын, не келте емес, қара өзіне өзгеше жарасады. *К і р п и я з* сері талғампаздық жағынан бірдей (О.Бөкеев, Қамшыгер.). Бойынан *к і р п и я з* серіліктің де жұқанасы арылмаған. Үстінде шолақ жең барқыт бешпет, барқыт шалбар. Аяғындағы мәсі мен галошы да жып-жылтыр (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті).

КІРПИЯЗДАН= е т. *Асқақтау, тәкаппарланып кердеңдеу, паңдану.* – Осындай аристократтықты қайдан үйренгенсіңдер осы? Қит етсе танауларыңды көтеріп, *к і р п и я з д а н а* қаласыңдар, – деді ол ашуға булығып (С.Шаймерденов, Өмір.). Қуырдақты жемей, шайды әм ішпей *к і р п и я з д а н ы п* қалғаным екеуіне де оңай тимеді ғой деймін (Ә.Омарбаев, Кәрлен кесе). Цехқа бір топ кіре берді. Алдында Енудсеннің өзі. Шала ұйқы көздер зәр шашып, *к і р п и я з д а н ы п* қадалады (С.Сматаев, Алау). Мына қасқаның кердеңдеуін қарашы Шофермын деп *к і р п и я з д а н а д ы* өзі (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

КІРПИЯЗДАУ с ы н. *Кінәмшілдеу, кердеңдеу. К і р п и я з д а у* күйге орап жарқын тақты Кенет қылыш жарқ етті алтын сапты (М.Шаханов, Ғасырлар.).

КІРПИЯЗДЫҚ з а т. **1.** ж а ғ ы м с ы з. *Әсірекінәмшілдік, кердеңдік.* Десем де: «бар мезгілді құп алдыңдар», Апрельге айрықша құмарым бар. Жасаса да қаншама *к і р п и я з д ы қ,* Апрельден қаймығып тұрады ызғар («Қаз. әдеб.»). **2.** *Талғампаздық, кербездік.* Дәстүрлі қазақ қоғамында жүйрік ат, алғыр ит, қыран бүркіт ұстап, өнер оздырған ел еркесі – сал-серілер де осы *к і р п и я з д ы қ* мінез-қылықтарымен белгілі болған (ҚҰЭ). **3.** а у ы с. *Күтімді қажет ететін.* Шойын жолдың осы бір *к і р п и я з д ы ғ ы,* әсіресе нөсерлі күндерде қолбайлау болатын, сондықтан рельсшілер

түгелдей дерлік топырақ, қиыршық тас тасып, жол биіктету жұмысына көмекке аттанған (О.Бөкеев, Өз отың.). Ұланғайыр кеңістіктегі ашық аспан астындағы үздіксіз қозғалыс үстіндегі көшпелі күн көріс ауа райы мен табиғат өзгерістерін алдын ала болжап, биоценез *кірпияздығына* оңай бейімделіп тұрмыс пен шаруашылық икемділігін барынша арттыра түсуге итермеледі (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

КІРПІ з а т. **1.** *Терісін тікенек тәрізді инелер басқан кішігірім жәндік.* Ал анау домаланған мақұлық – тікенек тонды *кірпі* екен (Ә.Көшімов, Жас аңшы). **2.** з о о л. <лат. erinaceidae> *Сүтқоректілер класы жәндік қоректілер отрядының бір тұқымдасы. Кірпінің* негізгі қорегі – әртүрлі насекомдар, құрттар, шырышты және жай ұлулар. Тышқан тектес кемірушілерді, бақаларды, кесірткелерді жейді, жерде ұя салатын құстардың жұмыртқасымен қоректенеді (Шаңырақ энцик.). Насеком қоректілер отрядындағы жануарлардың кірпілер тұқымдасына жататын кәдімгі *кірпі* деген өкілі Қазақстанның батыс және солтүстік-батыс өлкелерінде мекен етеді («Қазақст. мект.»).

Кірпі балық. з о о л. <лат. diodontidae> *Пішіні кірпіге ұқсас домалақтау келген терісінде 5 см-ге жететін көптеген тікені болатын, суы жылы мұхитта тіршілік ететін балықтың түрі.* Бұлар Атлант, Үнді, Тынық мұхиттардың тропик және қоңыржай аймақтарында таралған. *Кірпі балықтың* еті улы (ҚСЭ).

Кірпі көрді. *Шошыды, жиренді.* Уәкіл аларып жалт ете қалды. – Қорықпаңыз, мені *кірпі көретініңіз* қалай? – Кешір, інім... Жақсылыққа – жақсылық деген (Ж.Молдағалиев, Тыңдағылар).

Кірпі қабақ. *Тұксиген, ашулы кейіп, түр.* Айыр сақал дайыр қара ғана *кірпі қабағынан* ашу шақырып, көкжиекке түйіліп қалған (Ә.Кекілбаев, Дала.).

Кірпі шаш. а) *Инедей қадалып тік тұратын, қайратты шаш.* Полковник *кірпі шаш* басын иіп, екеуінің де маңдайына кезек-кезек ернін тигізді (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жар қабақтау, *кірпі шаш*, қырыс маңдай, қара сұр жігітпін (Ж.Аймауытов, Шығ.). ә) *Қайратты, қалың шашты машинкамен тұқыл етіп қиып, тікірейтіп «кірпі» етіп қою тәсілі, сәні. Кірпі шаштың* жараспайтынын әрең түсіндірдім. Енді әне, қарашы, көрікті емес пе! (К.Баялиев, Жер тынысы). *Шашын кірпі* ғып қырықтыратын бұл жігіт менімен түйдей құрдас (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Кірпі шыбындар. з о о л. <лат. tachinidae> *Қосқанаттылар отрядына жататын қысқа мұртты шыбындар тұқымдасы. Кірпі шыбындардың* көпшілік түрлері алғашқы және жәндік паразиті ретінде зиянды жәндіктерді (мыс., астықтың аса қауіпті зиянкестері: бақашық, бізтұмсық, қандалалар) жойып пайда келтіреді, бірақ ауыл және орман шаруашылығының зиянкестері болып табылатын түрлері де көп (ҚҰЭ).

Теңіз кірпісі. з о о л. *Теңізде тіршілік ететін жәндік.* Африка жағалауындағы хайуанаттар дүниесін зерттеп жүрген неміс ғалымы *теңіз кірпісінің* жаңа түрін тапты (Ғалам ғажап.). Олардың кейбіреулері үлкен болған, маржан полиптері – коралдар, *теңіз кірпісі,* теңіз жұлдыздары, теңіз лилилері, медузалар еркін өсіп-өнген (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.).

КІРПІБАС з а т. ө с. <лат. sparganium> *Шабындық, жайылымдыққа жататын шөптесін өсімдік туысы.* Қазақстанда барлық жерде өсетін жалғыз туысы – *кірпібас*, оның 4 түрі өзен жағалауында, су басқан шалғында өседі (ҚҰЭ).

Кірпібас тұқымдасы. ө с. <лат. sparganiaceae> *Негізінен субарктикалық, қоңыржай және субтропиктік аймақтарда таралған, суда және батпақта өсетін көпжылдық өсімдіктер. Кірпібас тұқымдасының* сабағы бұтақтанып біткен (ҚҰЭ).

КІРПІДЕЙ с ы н. *Кірпі сияқты, кірпі тәрізді.* Күзенді іннен қуып шыққан *кірпідей,* – менің де бір жайсыз отырып қалатын әдетім бар (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Жүйткіп жүрген мотовоздар алып плотинаның тасасында жорғалап жүрген *кірпідей* болып көрінеді (Ш.Мұртазаев, Интернат.).

Кірпідей жиырылды. а) *Бүк түсіп, бүрісіп жатып алды.* – Шайды жина, – деп ол жеңгесіне әмір етті де, дастарқанның бір шетінде қабағын ашпай, *кірпідей жиырылып* жатқан ағасына бұрылды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Жаратпады, ұнатпады, тыжырынды, тыржиды.* Жар дегенде Өрік Ұрқиямен ұстасты: Ақбілекті азғырып, өзіне қаршыға қып салатын Ұрқия деп ұқты, Ұрқия келсе, бас терісі аузына түсіп, *кірпідей жиырылды* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұлар Төреханның жүрісінен іштей қауіптенетін де. Сол келсе, *кірпідей жиырыла* қалады (Т.Жармағамбетов, Екі жүрек.). Қаһан жорғалап келе жатқан ноянды танығаң. Қабағы түсіп, *кірпідей жиырыла* қалды (Д.Досжанов, Жібек.).

Кірпідей көрінді. *Жеккөрініштi болды, сүйелдей батты.* – Ертеректе жоқшылықты көп көрген себепті аурулы болған, әрі менен басқа

сүйенері жоқ әзиз әкем мен анам оның көзіне *кірпідей көрінеді* (Х.Ерғалиев, Шындық.).

Кірпідей қадалды. *Жанына қатты батты, көңіліне алды.* Сәлім онан сайын тыжырына түсті. «Бақытжан» деген сөз оған *кірпідей қадалып,* естіген сайын кіржиіп, бет-аузы жыбырлап бұзылып кетеді (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Кірпідей тыжырынды. *Еш нәрсені ұнатпады, жаратпады.* Қайта *кірпідей тыжырынып,* одан жұрт теріс айнала бастады (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

Кірпідей тікірейді. *Кірпінің тікеніндей едірейіп тұрды.* Көптен бері алынбаған бурыл сақал-мұрты *кірпідей тікірейіп* кеткен адам бейжай жауап береді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Әлгі осы өзіміздің ауылға келе беретін комбайн, трактордың иесі. Шашы *кірпідей тікірейген* егделеу келген қазақ отыр (К.Қазыбаев, Ызғар).

КІРПІК[1] з а т. а н а т. <лат. cilium> **1.** *Көз қабының жиегіндегі тұқ, қылшық.* Қамшат ұзын *кірпігін* ұйқылы-ояу қағып «тағы айт» дегендей қыңқылдай бастайды (М.Әуезов, Абай жолы). Қыз ұзын *кірпіктерін* жыпылықтатып, серіге жаутаң-жаутаң қарай берді (А.Сатаев, Дала.). Үйден жүгіріп Әскербек шықты. Ұзын *кірпігіне* лезде-ақ ақ ұлпа ілінді (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Қырауды қуып кеп, Бетке ұрды суық леп. Ақ *кірпік* қыс атам, қалған-ау жуық кеп (Р.Тышқанбаев, Тоқылдақ). **2.** а у ы с. *Қылтанақ, ұшы.* Сарғайған жүзі дірілдеп, *кірпігі* шөптің суланады. Ағарған шаштай біртіндеп, көресің таудан тұманды (К.Шілдебаева, Бойжеткен). **3**. а у ы с. *Жарық сәулесі, шапақ.* Дала. Көкжиектен көтерілген күн күміс *кірпіктерін* қозғап күлімдеп қарайды (Т.Шаханов, Жоғалған жауһар). Алтын *кірпік* ашылып, Жамырай сәуле жүгірді. Жүгірді, жетті асығып, гүлдердің шағын сімірді (Ә.Жәмішев, Сағым толқын). Күлімдеп күміс *кірпік* күншығыстан, Әлемге сәуле беріп келеді таң. Жолына жас баланың бәйек болып, Бәйбіше ерте оянған ұйқысынан (О.Шипин, Дастан.).

Алтын кірпік. э к с п р. *Кірпігі аса көркем, тым сұлу.* Ару ма әлде *алтын кірпік,* Ұйқысынан жаңа ғана оянған?! Ақын ба әлде жүзі алаулап Шабытпен елі жайлы, жері жайлы ойланған?! («Қаз. әдеб.»). Ай қабақ, *алтын кірпік,* қызыл ерін, Кел десең, неге аяйын аттың терін, Сары ағаш сазға біткен секілденіп, Қай жерде отыр екен бұраң белім (Қаз. әндері).

Кірпігі айқаспады. *Түні бойы ұйқы көрмеді, көз ілмеді.* Бірнеше күн бойы елсізде елегізіп *кірпігі айқаспаған* сорлы Сайдақ басы жерге тиісімен қор етіп еді, тұяқ серіппестен әлі серейіп жатыр (Ә.Әйтиев, Замана). Ұзақ түнге *кірпігі айқаспады.* Таңертеңгі планеркадағы Есентайдың айқайы, Гарушиннің пенсияға шығу жиналысы, жатар алдындағы Тұрсынбайдың әңгімесі қабаттасып келіп Батырбекті көп ойға салды (А.Жақсыбаев, Егес).

Кірпігі қатты. *Ұйқыдан қалып, мазасы кетті.* Карта ойыншылары түнімен ұйықтаған жоқ. *Кірпігі қатып,* қаны қашып жын ұрғандай болып отыр (І.Жансүгіров, Шығ.).

Кірпігі [әрең, зорға] қимылдады. *Шалажансар, әл үстінде, өлім алдында жатты.* Виктордың халі мүшкіл еді. *Кірпігі* ғана *қимылдайтын* («Қаз. әдеб.»). Үш күн жаттым ыңылдап, *Кірпігім* жатты *қимылдап,* Денем мен жаным таласып, Құдай сізді кез қылды, Қарасам көзді бір ашып, Өлсем сонда өлмес пе ем, Өз қолыңнан көмбес пе ең (Болат-Жанат // Бабалар сөзі). Сергей Сергеевичтің *кірпігі әрең қимылдап,* бір шыбындай жанынан күдер үзіп жатты (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Келсе, Шойынқұлақтың *кірпігі зорға қимылдайды,* болар-болмас қана демін алып жатыр екен (Қаз. ертег.).

Кірпігін бақты. *Қас-қабағына қарады.* Досы Баубек жарасын таңып, Сүйейді басын, *кірпігін бағып.* Бір кезде досы ес жиып алып: Япыр-ау, – дейді, – кеткем бе талып (Д.Әбілев, Жүрек.).

Кірпігіне мұз [қырау] қатты. э к с п р. *Ашуланды, қаһарланды, қатуланды.* Қарамандай батырдың Қабағына қар қатты, *Кірпігіне мұз қатты,* Қазанның естіп хабарын Ұйқы көрмей түн қатты (Қобыланды батыр).

Кірпігінен мұз тоңды [тамды]. *Қаһарланды, қатуланды.* Қабағынан қар жауып, *Кірпігінен мұз тоңып,* Жауырыны жазық, мойны ұзын, Аттарына қолы ұзын Құланды қақтан қайырған, Егескен жанды елінен, Алтын тақтан айырған (Ер Тарғын). Қабағынан қар жауып, *кірпігінен мұз тамып,* қалмаққа шауып келіпті Ашу қысып қалтырап (Көрұғлы).

Кірпігін шылады. *Жылап алды, көзіне жас алды.* Сәбиге бұл сәт ұқсап қап, Көңілім әзер тұр шыдап. Ақ әжем мені құшақтап, *Кірпігін* алды бір *шылап* (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Кірпік астынан көз тастады [қарады]. *Ұрлана, көз астымен қарады.* Гауһардың *кірпік астынан көз тастап,* өзін бақылап отырғанын сезіп қалды Серәлі (Т.Ахтанов, Боран). Қиын сөз тұсында, оның үлкен көзі жігітке ұзын *кірпік астынан қарап,* жаутаңдап қалады (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

Кірпік жұлу. э т н. *Боталайтын түйелерге мүйізкөк ауруымен ауырмас үшін ем, шара қолдану.* Халық мүйізкөкке қарсы түйенің *кірпігін жұлу,* көз алдынан қан алу сияқты шараларды қолданған (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

Кірпік қадады. *Көз тікті, назар аударды.* Көк төрінен жерге *кірпік қадаған* қыз сымбатты күміс күн де қарап қалғандай (Т.Тобағабылов, Тағдыр). *Қадай* қалды *кірпігін,* Сол да аңшыға сөз бе еді? Қолына алып мылтығын, Қашқан аңды көздеді (А.Асылбеков, Әлем.).

Кірпік қаққандай [ашып-қаққандай]. а) *Азғантай, азғана.* Тек *кірпік қаққандай* тыныс алғанда ғана бас көтеріп,... қайта бұғамыз (Б.Момышұлы, Офицер.). ә) *Тез, лезде, көзді ашып-жұмғанша.* Ұзын талды ат қылып, Қабықтан қамшы қолға іліп, Бәйге шапқан күн өтті. *Кірпікті ашып-қаққандай* (Н.Баймұратов, Ер Төлеген).

Кірпік қаққанша. *Тез, лезде, демде, көзді ашып-жұмғанша.* Екі-үш сағат *кірпік қаққанша* өтіп кетеді (Т.Ахтанов, Боран). Қонақ *кірпік қаққанша* табақты тазалап, тағы да ет сұрай бастайды (Қаз. ертег.).

Кірпік қақпады. а) *Ұйықтамады, көз ілмеді.* Көп ойладың тыншымай, Түнде де *кірпік* бір *қақпай* Талмай көзің жұмбайсың Ағарып сүттей таң атпай (М.Жұмабаев, Шығ.). Таңменен таңға *кірпігін қақпай* Дөңбекшіп, Тулап, Бір тыным таппай, Жасаған емі қонбапты. Қанталап көзі қабынып ісіп, Артынша жерді қармапты (М.Шаханов, Ғасырлар.). Түні бойы от жағып, қыз-келіншек *кірпік қақпай* мал күзетті (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). ә) *Көз айырмай қарады, түйілді.* Екінші жаяу күректі қолтығына қысып, теріс қарап, *кірпік қақпай* қырға қадалып қарап тұр (М.Жұмабаев, Шығ.). Елімізде жәдігерлерімізді суық қолдан сақтап, қорғайтын заңның жоқтығын ескерсек, ондай құндылықтарымызды әлі де біраз уақыт *кірпік қақпай* қарауылдау қажеттігін айқын сеземіз («Жас Алаш»). б) *Тапжылмады, міз бақпады.* Жылқыны шашыратпай қоғамдаңдар, Боран болса, бұйығып оранбаңдар. Биылды ат мініп, қайрат қып, *кірпік қақпай* Шыдаңдар, шырақтарым, тұтам таң бар (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ол расында да Мавзолей алдында *кірпік қақпай* тіп-тік боп тұрған сақшыға ұқсайды (Ә.Нұршайықов, Алтын.). в) *Тыным таппады, тыншымады.* Кете алмаймын аса сілтеп, еркінсіп, Мін тағуға халықтың біліп сынарын, Күзетуде *кірпік қақпай* әуремен, Хақ пен нахақ – қайсысы жеңіп шығарын. Біздің тілек кім жағында, белгілі, Дүшпан туын сұрау хақтан құларын (М.Дулатов, Шығ.).

Кірпік қақты. а) *Көзін жыпылықтатты.* Галя бозғыл *кірпіктерін* жиілете *қағып,* Зейнегүлге ойлы пішінмен қарап өтті (Көктем). Елжас ағасының бауырында буыны босап, жылағысы келді. *Кірпіктерін* тез-тез *қақты* (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). ә) *Белгі берді, мақұлдады.* Қарт Бөгембай *қағып* қалды *кірпігін.* – Ей, түксиген батыр, Жырауға сөз бар, Жырлаған мұңын жұртының (Қ.Бекхожин, Қайран. жас.).

Кірпік қақтырмады. *Қозғалтпады, тапжылтпады, қимылдатпады.* Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, *кірпік қақтырмай* отырғанымыз (Абай, Тол. жин.).

Кірпік санайды. м и ф. *Ескі ұғым бойынша, Айда кемпір бар, ол сиқырлайды, жадылап өлтіреді деген наным.* Қазақтар айға ұзақ қарамайды, өйткені айдағы кемпір *кірпік санайды* деп қорқады, егер ол кемпір кісінің кірпігін санап қойса, ол кісі өледі, – деседі (Ш.Уәлиханов, Мақалалар.).

Кірпік ілмеді [ілген жоқ]. *Ұйықтамады, түні бойы сарылып, көз жұмбады.* Қыз *кірпік ілген жоқ.* Бәрін, бәрін есіне қайта түсіріп шықты (С.Бақбергенов, Кентау). ә) *Тыным таппады, мігір көрмеді.* Жүре бердік түк үнсіз, Үзіліссіз, тынымсыз. *Кірпік ілмей* ұйқысыз, Жүре бердік шылымсыз (С.Мәуленов, Таңд. өлең.). б) *Таусыла күтті, сарылды, тағатсызданды. Кірпігімді ілмей* тосып ем отызға толған күнімде, Қарақшы көрген киіктей ғайып болды ол да бүгінде (Т.Айбергенов, Мен саған.).

КІРПІКСІЗ с ы н. *Кірпігі түскен, кірпігі жоқ.* Нәубетжан ісінген *кірпіксіз* көздерімен қыр жақтан келе жатқан машинаның жолына қарап тапжылмай тұр (З.Иманбаев, Кең аймақ). Негізінде, Шарбақбайдың *кірпіксіз* көзінің терісі жыланның көз қабығындай жып-жылтыр (А.Нұрманов, Құлан.). Тек ақ сабан түсті қас-қабағы, *кірпіксіз* көзі жігіт шырайына біртүрлі репетсіз өң беріп тұр (А.Нұрманов, Құлан.).

КІРПІКТІ с ы н. *Кірпігі өсік, кірпігі бар.* Ол ұзын *кірпіктің* үлкен көздерін жаутаң-жаутаң етқізіп, аналы-балалы екеуіне алмакезек қарады (А.Сатаев, Аққу.). Ертеңіне қарсы қайырған қара шашты, қою *кірпікті* еркек пішінде жас лейтенант (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Есік ашылар-ашылмастан зып етіп ұзын *кірпікті,* ақ сұр қыз үйге кіріп келді (Ә.Әбішев, Замана.).

Алтын кірпікті. э к с п р. *Нұр шапақты, сәуле шашқан.* Шығып келе жатқан *алтын кір-*

пікті көктем күні де күлді (З.Иманбаев, Дала көктемі). *Алтын кірпікті* алтын ұясына қызара батып дала қоңырланып, кең тыныстайды (С.Досымов, Жаңғырық).

КІРПІКШЕ з а т. б и о л. <лат. cilia> *Бір жасушалы ағзалар – инфузорияда және көп жасушалы жануарлардың кейбір жасушаларында қозғалыс органоидтарының қызметін атқаратын талшықтар.* Желбезектер сансыз ұсақ *кірпікшелермен* қапталған, олар қозғалып суды үздіксіз ағызып тұрады (Зоология). Эпителийдің *кірпікшелері* бірінен соң бірі қозғалып, үнемі бір бағытта ырғақты толқып отырады (Қ.Нұғматжанов, Гистология.). Мирацийдің формасы ұзынша, сырты өте жиі *кірпікшелермен* жабылған (Қ.Уәлиева, Мал ауру.). Ол *кірпікшелерінің* жәрдемімен тым шапшаң қозғалады, сондықтан да «зымырақ деп» аталған (Қ.Қайымов, Суасты.).

КІРПІКШЕЛІ с ы н. *Кірпікшесі бар, талшықты.* Жануарлар денесіндегі көптеген қуыстар мен шырышты қабықтар *кірпікшелі* эпителиймен төселінеді (Қ.Нұғматжанов, Гистология). *//Кірпікшесі бар жәндіктер. Кірпікшелілер* денесінің сыртында кірпік сияқты қылшықтармен қоршалған қабағы бар (Н.Шоқанов, Топырақтану).

Кірпікшелі құрттар. з о о л. <лат. turbellaria> *Денесі созылыңқы, жапырақ тәрізді келген теңіз, тұщы су, кейде ылғалы мол топырақты мекендейтін жалпақ құрттар типінің бір класы. Кірпікшелі құрттардың* ұзындығы 1 мм-ден 60 см-ге дейін жетеді. Денелері түссіз немесе ақ сұр, қара түсті, тек кейде терісіндегі пигменттерінің әсерінен түрлі түсті келеді (ҚҰЭ). Байкал көлінде, өзге ешбір жерлерде кездеспейтін *кірпікшелі* жалпақ *құрттардың* түрлері кездеседі (Жалпы биология).

КІРПІКШЕШЕН з а т. с ө й л. з о о л. ***Кірпі***. Насеком жеуші сүтқоректілерге көртышқан, *кірпікшешен,* жертесерлер мен кейбір басқа да уақ жануарлар жатады (Зоология). Саршұнақтардың балаларын *кірпікшешен,* бозжылан және сұржылан да жейді (Х.Қыдырбаев, Зиянкес кеміргіш.). Ия, адам біткеннің бәрі кеңпейіл жаратылмаған. Біреулер басқалардың жақсы ісін көрсе *кірпікшешен* тәрізді жиырыла түседі (І.Есенберлин, Маңғыстау.).

КІРПІКШЕШЕНДЕЙ с ы н. с ө й л. *Кірпікшешен сияқты, кірпікшешен тәрізді.* Үміт есіме түсіп кетсе, қайғы деген *кірпікшешендей* инесін жүрегіме түйреп алғандай, селк етіп оянам (І.Есенберлин, Ғашықтар).

Кірпікшешендей жиырылды. *Тыжырынды, жақтырмады.* Қыз *кірпікшешендей жиырылып* барады. Сөзді Дәмелінің өзі бастады (Ө.Қанахин, Дәмелі). Жұбайқан *кірпікшешендей жиырылып,* тұла бойы құрыса қалды (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ). Ана *кірпікшешендей жиырылған* кемпірі құрымай, Нартайдың үйіне жарық сәуле орнамайды (С.Досымов, Директорлар).

КІРПІЛЕН= е т. *Тікенектену, тұқтену.* Залалы көп, пайдасы жоқ тікенек, Ұрынды екен қызға неге тікелеп; Құриды ғой тамыры да таңертең Басындағы *кірпіленген* түк емес (Х.Ерғалиев, Біздің.).

КІРПІЛЕНУ *Кірпілен етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Кірпіленуін* қоймады.

КІРПІШ з а т. **1.** *Күйдірілген я балшықтан қалыпқа салып құйған, тік бұрышты параллелипед пішінді, төзімді әрі берік жасанды құрылыс материалы.* Үйдің жақсы-жаман болып шығуы балшығынан да, *кірпішінен* де болады. Бірақ көбінесе *кірпіштерінің* қалауынан болады (А.Байтұрсынов, Шығ.). Мыс балқытатын пештерді салу үшін керекті *кірпіштің* ерекше сорттарын дайындауға қолданылатын отқа төзімді саздар және ол пештерді ремонттауға керекті материалдар Жезқазғаннан 7 километр жердегі Ақши деген жерден алынады (Қ.Сәтпаев, Қазақстан.). Өте көп *кірпіш* дайындап алған соң ол ханға келіп мешіт салуға рұқсат сұрайды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Төбе-төбе боп үйілген тақтай, *кірпіштер* қаншама жерді алып жатыр (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). **2.** а у ы с. *Адамның қоғамдағы орны, қоғамға тән мүше.* Әсемпаз болма әр неге, Өнерпаз болсаң арқалан. Сен де бір *кірпіш* дүниеге, Кетігін тап та бар, қалан (Абай, Тол. жин.). Мақсаттың ең үлкені білім алу, қоғамнан лайықты орын тауып, кетігіне *кірпіш* болып қалану (Ы.Тиқин, Жомарт.). Бес саусақ бірдей емес: «бірі – білім алсам, өмірден өз орнымды тапсам, дүниеге бір *кірпіш* болып қалансам» деген мақсатпен келсе, енді бірі – тек диплом алуды желеу етіп келеді («Түркістан»).

Кірпіш зауыты. *Кірпіш құятын өндіріс орны.* Қарағандыда ол кезде кішкене *кірпіш зауыты* жұмыс істейтін (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз). Ауылдың терістік шығысына шыға бере көзіміз *кірпіш зауытына* түсті. Колхоздың *кірпіш зауыты* (С.Ақтаев, Дала.).

Кірпіш күйдірді. *Шикі балшықтан құйылған кірпішті отқа салып пісірді.* Ол ентігіп, *кірпіш күйдіріп* жатқан армандарға қарай кетіп бара жатқанын хабарлады (М.Дүзенов, Әке.).

Кірпіш қалау. қ ұ р. *Кірпішті бірінің үстіне бірін қойып, құрылыстық ерітіндімен байланыстыра тұтастыра өру. К і р п і ш қ а л а у* әртүрлі құрылыс конструкцияларын (тірек, күмбез, арка т.б.) және үй қабырғаларын салуда қолданылады (ҚСЭ). Алғашқы күні қыздардың қолы *к і р п і ш қ а л а у ғ а* үйлеспей-ақ қойды (Ш.Мұртазаев, Құрылысшы.).

Кірпіш қалаушы. *Құрылыста кірпіш қалайтын шебер, маман.* Ол әрі *к і р п і ш қ а л а у ш ы,* әрі бетон құюшы, әрі арматуршы болды (Ш.Мұртазаев, Құрылысшы.). *К і р п і ш қ а л а у ш ы* болып колхоз-совхоз құрылысында жүргеніңіз тегін емес шығар, – деп сұраймыз да (К.Баялиев, Жер тынысы).

Кірпіш құйды. *Балшықтан қалыпқа салып кірпіш дайындады.* Сапар *к і р п і ш қ ұ й ы п* жүрген жастарды жұмысқа алып кеп, алып қайтып тұратын (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Ағайынды екеуі ақылдасып, жаңадан үй салмақ болып... балшықтан илеп *к і р п і ш қ ұ й д ы* (Ф.Дінисламов, Намыс.). Тұтқындардың бір бөлігі бұл күнде қорғанысқа қажетсіз деп табылған бекініс қорғанының ақ керіш топырағынан *к і р п і ш қ ұ й ы п*, 2 тобы кепкен кірпіштерді құрылысқа тасып жатқан-ды (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Кірпіш үй [там, қора]. *Күйдірген яки шикі кірпіштен қалап салынған үй, баспана.* Қатарласып *к і р п і ш ү й л е р* салынып жатыр (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Ол Осташовоның шетіндегі *к і р п і ш ү й і н і ң* тасасында, бақылау пункттерінде тұр (Б.Момышұлы, Москва.). Киіз үйден *к і р п і ш ү й г е* кіру де оған бір үлкен іс болды (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.).

Кірпіш шай. т а м а қ. *Тақта шай. К і р п і ш ш а й д ы* ерте солған ірі жапырақтарды жинап, арнайы әдіспен өңдейді де, сонан соң салмағы 2 кг мөлшерінде кірпіш формасында престейді. Оның ауыз қуыратын дәмі және сәл хош иісі болады (Шаңырақ энцикл.). Бірақ ол алған үәдесін орындамайды, ылауланған товардың орнына мың тақта *к і р п і ш ш а й* ғана әпереді, оның да жүз тақтасын параға алады (С.Мұқанов, Өмір мект.). Кешке қарай қостың алдында отты маздатып қойып, *к і р п і ш ш а й д ы* құрғақтай тартып отырғанбыз (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

Кірпішін қалады. *Алғаш рет үйымдастырды, негізін салды.* Қазақта бұрын жоқ пролетариат әдебиетінің *к і р п і ш і н* алғашқы *қалаған* ақын – Сәкен Сейфуллин (С.Мұқанов, Өсу жол.).

Кірпіш ірге. *Кірпіштен қаланған негіз.* Қонақ үйдің де *к і р п і ш і р г е с і* қаланып қалыпты (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

Шикі кірпіш. *Күйдірілмеген, өңделмеген қыш, кірпіш, құрылыс материалы. Ш и к і к і р п і ш т е н* соғылғандықтан, біздің үй сақталмапты, жауын-шашын шайып, құлап, жерге шөгіп кеткен (Ж.Жұмақанов, Қаракөз.).

КІРПІШЕ[1] з а т. *Тікен сияқты ұсақ тұқтер.* Моллюсканың организміне енген соң, ішіндегі жұмыртқадан мирацидий шығады да, ол ішек арқылы бауырға өтіп, *к і р п і ш е л е р і н* жоғалтады (Қ.Уәлиев, Мал ауруы.).

КІРПІШЕ[2] ү с т. *Кірпі тәрізді, кірпіге ұқсап.* ≈ *К і р п і ш е* бүктетілді.

Кірпіше жиырылды. *Жақтырмады, жаратпады.* Көшеннің арақ ішкендерін көрсе, *к і р п і ш е ж и ы р ы л ы п,* олардан құтылғанша асығатын әдеті (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш.). Ол жымыңдаған сайын мен *к і р п і ш е ж и ы р ы л а м* (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Мәлике *к і р п і ш е ж и ы р ы л ы п* қалды, астыңғы ернін үстіңгі ернінен оздыра сүйреңдетіп алды да сөйлеп кетті (С.Сматаев, Армысың.).

КІРПІШӨП з а т. ө с. <лат. echinaria> *Астық тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік.* Қазақстанда *к і р п і ш ө п* туысының 14 түрі өседі, оның жетеуі тек республикада ғана кездесетін – эндемик (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Басты кірпішөп. ө с. <лат. echinaria capitata> *Астық тұқымдасына жататын биіктігі 5-25 см, сабағы түбінен бұталанған, жапырақ қынабы тықыр, гүлшоғыры домалақбас болып келетін кірпішөптің түрі.* Қазақстанда Батыс Тянь-Шань тауының құрғақ, тастақты тау беткейлерінде өсетін жалғыз түрі – *б а с т ы к і р п і ш ө п* (ҚҰЭ).

КІРПІШТЕЙ с ы н. *Кірпіш сияқты, кірпіш тәрізді.* Қалаған *к і р п і ш т е й* тіп-тік боп өрілген шоқы, үстіңгі етегінен, шамасы елу құлаштай биік сияқты (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Әр нүктесі сызықтың Қаланған бір *к і р п і ш т е й.* Сезіп оны бой жылып, Сүйінеді ол іштей (С.Сейітов, Болшевиктер.). Мына сөздің шымбайына батқаны соншалық Сарыбайдың өңі *к і р п і ш т е й* қызарып кетті (Қ.Жұмаділов, Саржайлау).

КІРПІШТЕН= е т. *Төрт бұрыштану, кертпештену, қатпарлану.* Сатыбалды шошқаның *к і р п і ш т е н г е н* қыртыс майларын кесек-кесегімен асайды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КІРПІШТІ с ы н. *Кірпіштен салынған, кірпіші бар.* Қызыл *к і р п і ш т і* үйдің төрт қабырғасы бар. Екі қабырғасына осында Ғалымжан Ибрагимовтың сабақ бергенін жазып қойыпты (С.Мәуленов, Үркер.).

КІРПІШШІ з а т. *Кірпіш құюшы, кірпіш даярлаушы.* ≈ *К і р п і ш ш і* жұмысы.

КІРСІЗ с ы н. **1.** *Кірлемеген, кір емес, таза.* Биікте жарық күнмен шағылысқан ашық түсті, *к і р с і з* аппақ қар (М.Әуезов, Қараш.). Жан сезімінің тазалығын көрсетіп, *к і р с і з,* мөлдір, көгілдір аспан тұнып тұрған тәрізді (І.Есенберлин, Қатерлі.). **2.** *Дақ түспеген, мінсіз, кіршіксіз.* Тұнық судай таза боп, Жақсы жолды тап, келін! Бойыңды *к і р с і з* таза қыл, Жұмыртқадай ақ келін (Ә.Найманбаев, Шығ.). Түседі көкте сәулесі қағаздай *к і р с і з* ажары (Қамбар батыр). **3.** а у ы с. *Пәк, бөтен ойы жоқ.* Батады Ай, Батады. Ай, Мен батам. *К і р с і з* Айым, Еркетайым, ақ батам Өмір-сағым. Сен, қарағым, сағым қу, Сағым сумен, Алтын бумен жаның жу! (М.Жұмабаев, Шығ.). Әсіресе, ел мақтаған, *к і р с і з* адамды кірлеуге жаны өш болады. Өйткені кір көңіл адам кірсізді көре алмайды, күндейді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл дертті Күлпаштың *к і р с і з* таза жүрегіне салып отырған – сіңлісі Раушан (Б.Майлин, Шығ.).

КІРСІН= е т. *Бір нәрсені кір санау, лас деп жирену.* Әлде осы тағдыр соққан «гүрзі» ме еді, Ізгі адам өз еңбегін *к і р с і н е д і,* Сыртынан қойшы үйінің тыңдасаң да, Түн бойы күрке бейне күрсінеді (Х.Ерғалиев, Көбік шашқан). Қиналды кейде ауыр күрсінеді, Күрсінеді – өз қолын *к і р с і н е д і.* Тумысында жақсылық қайтпапты одан Қайтіп оның тәніне нұр сіңеді (Р.Ниязбеков, Темірқазық).

КІРТ[1] з а т. е с к і к і т. *Белгілі бір дінге кірген, ұйыған адам немесе жұрт.* Азау, Азау дегенің Әл-Fұсман-паша жұрты екен, Дін ісләмнің *к і р т і* екен. Азаудың ер Доспамбет ағасы, Азаудың бір бұрышындай нарты екен! (Доспамбет жырау // Алдаспан).

КІРТ[2] е л і к. *Кенеттен бырш ете түскен, кірш еткен дыбысты бейнелейтін сөз.* Сол-ақ екен, батыр да *к і р т* еткізіп жыланның басын тістеп бөліп алып, «қақ тіпу» деп атып жіберіпті (А.Нұрманов, Құлан.).

Кірт етті. *Кірш ете түсті, қырт етті.* Кенет бір нәрсе *к і р т е т е* түсті. Қарасам, шұңқырға жапқан қақпақты тесіп өткен, мылтықтың сүңгісі екен («Қаз. әдеб.»). Ат *к і р т е т і п* шөп жемей, Ер қылт етіп су ішпей, Еркіндеп бір бел шешпей, Ер үстінде езіліп (Манас).

КІРТАС з а т. *Тастан қашалып жасалған салмақ өлшеуіш құрал.* Бірінші бағыттағы үлгі ретінде көптеп табылған *к і р т а с т а р д ы* атауға болады. Олар шетінде бұйымды тасымалдауға арналған тесігі бар жұмыр тас табақша тәрізді істелген. Мұндай *к і р т а с т а р* құмтас, әктас, алебастрдан жасалып, Орта Азияда, Иранда, Ауғанстанда кеңінен таралған (Р.Бекназаров, Қаз. тас қашау.).

КІРТИ= е т. *Көзі кірбию, жүзі солғын тарту.* Ханзада жыпық қолынан ұстай алды. Күлкісін тас тыйып, салқын сұспен *к і р т и е* қарады (З.Жәкенов, Таңд.). Бұл жолы көзі құр сұлдедей *к і р т и і п,* ерні көгерген, сағы сынған (Б.Момышұлы, Ол күндер.). Арбаның тасасынан Күләнда шықты. Өңі қашып, көзі *к і р т и і п* кеткен (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Қабағы кіртиді. *Қабағы түйілді, ашуланды.* Үйдегілер менің *к і р т и г е н қ а б а ғ ы м а* қарады ма, әйтеуір бұдан әрі бөтен әңгімеге бармады (І.Есенберлин, Ғашықтар).

КІРТИТ= е т. *Көзін кірбиту, жүзін солғын тартқызу.* Сәлден соң ғана көзін *к і р т и т і п* ашып ыңырсыды (Н.Мұраталиев, Үміт).

КІРТИТУ *Кіртит етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көзін *к і р т и т у.*

КІРТИІҢКІ с ы н. *Қабағы түсіңкі, жүзі жабыңқы, қатыңқы.* Майлы белдемшені мойнына асып, қолында жуан балға, төс жанында Өмірбек. Түсі жабық, қабағы *к і р т и і ң к і* (Б.Майлин, Шығ.). Неден екен, Қарлығаш көңілсіздеу көрінді. Өңі сынық, қабағы *к і р т и і ң к і* (Қ.Жұмаділов, Көкейкееті).

КІРТИІҢКІРЕ= е т. *Кірбіңкіреу, қабағы солғындап жүдеу тарту.* Шаршағандікі болу керек. Мұхиттың көзі сәл қызарып, *к і р т и і ң к і р е п* кетіпті (М.Дүйсенов, Ант). Самалдың балғын өңі лезде *к і р т и і ң к і р е п* құқыл тартты да, терең тыныстады (З.Жәкенов, Таң самалы). Ол Пазылдың қызыл тамырланған бетін, көсе иегін, *к і р т и і ң к і р е г е н* көзін бір шолып өтті (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

КІРТИІҢКІРЕУ *Кіртиіңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қабағы *к і р т и і ң к і р е у.*

КІРТИІС= е т. **1.** *Бет-жүзі, көздері кірбию, солғын тарту.* Беттерінде бес елідей шаң тұрып, түтігіп кетіпті. Қып-қызыл болған көздер *к і р т и і с і п* қалыпты (С.Fаббасов, Ана.). **2.** а у ы с. *Ренжісу, келіспеу, ашулану.* Көңіл қосып келген қыз бен жігіт Мыңбұлаққа келгеннен кейін *к і р т и і с т і* де қалды («Қаз. әдеб.»).

КІРТИЮ *Кірти етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қабағы *к і р т и ю.*

КІРТ-КІРТ е л і к. *Қайта-қайта кұрт-кұрт, қарт-құрт етіп естілген, қыртылдаған дыбысты білдіретін сөз.* Көксерек көк күшікті жерге жұлқып-жұлқып соғып, қабырғаларын *к і р т-к і р т* сындырып, өлтіріп тастады (М.Әуезов, Көксерек). Меңдігерей үндемеді. Жолдың тапталған қарына, *к і р т-к і р т* басқан аттың аяғына қадала қарап, тұнжырап отыра берді

(Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Қалың қар *кірт-кірт* езіліп, аяқ тайғанақтай береді. Ғимран таңырқанды (М.Қаназов, Жер.).

КІРТІК[1] с ы н. *Іріметік, іртік-іртік.* Ал апам десе жұмыртқаның шала піскен *кіртік* уызындай бетіне күлкі ойнап шығып, екі езуі сәбидің жаялығындай болып кететін (Ө.Күмісбаев, Жапырақтар.).

КІРТІК[2] с ы н. *Бітік, жімсік, қысыңқы, кішкене.* ≈ *Кіртік* көз.

КІРТІЛДЕ= е т. *Кірт-кірт ету, қытырлау, күртілдеу.* ≈ Қайта-қайта *кіртілдеді.*

КІРТІЛДЕК с ы н. *Кірт-кірт ететін, қытырлақ.* Шай үстінде де майға илеп, ашытпай пісірген *кіртілдек* жұқа нан жеп отыр (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Сыртында жылтыр, жұқа сұр қабығы, одан соң *кіртілдек* қызыл қабығы бар – сәбіз тәрізді, сопақ бірдеме (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

КІРТІЛДЕТ= е т. **1.** *Кірт-кірт еткізу, қытырлату, қатырлату.* Орман іші дымқыл. Әне бір топ ешкі жүр. Итмұрынға қарғып, басын иіп алды да, *кіртілдетіп* жей бастады («Лен. жас»). **2.** *Қыршылдату, қырш-қырш еткізу.* Шалғы *кіртілдете* тураса, комбайнның жыбырлаған темір саусақтары умаждап бункерге салып, езгілеп, дәнін шүмекте жинайды (З.Шашкин, Сенім).

КІРТІҢ-БҰРТЫҚ с ы н. *Ырың-жырың, қылтың-сылтың. Кіртің-бұртығы,* кірбеңкүйбең, күйкі өмірден бәрі де жалыққан, іші пысқан (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІРТІҢДЕ= е т. *Кірбіңдеу, кіржіңдеу.* Қойшы әрі, *кіртіңдемей,* тиіп-қашып Сезсейші, Әлім отыр жанталасып. Немене, «сүйем» дей ме, «күйем» дей ме Құрғырдың жіберіпті әрі мауқын басып (Б.Майлин, Шығ.). Кейбір тазы бір күн жүрген соң ертеңінде *кіртіңдеп,* керенау тартады (Саятшылық).

КІРУ *Кір етістігінің қимыл атауы; ену, өту.* – *Кіруге* ұлықсат па? – Болады! Кіріңіз! – деген даусы естілді (Е.Оразақов, Дәрігер.). Бақ есігі ашылғанда, Ақбілектің беті де ұялып, *кіруге* жүрексініп, әнтек кідіріп қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Митра деген әулиелі храмға бірі даусыз оң аяқпен *кіру* керек десе, екіншісі – жоқ, сол сяқпен кіру керек десіп, жақжақ айтысады (О.Бөкеев, Мұзтау).

Дінге кіру. *Дінді қабылдау.* Көшпелілер мұсылман *дініне кіруіне* байланысты және одан кейінгі оқиғалардың әсерімен ежелгі ұрандары мен еншілерін, таңбалары мен айырым белгілерін өзгертіп отырған (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

Қол астына кіру. *Бағыну, тәуелді болу.* Россия *қол астына кіру* деген сөз – орыс халқымен бір болу деген сөз (І.Есенберлин, Қаһар).

Соғысқа [ұрысқа] кіру. *Майданға қатысу, ішінде болу, соғысу.* Таңертең тағы *ұрысқа кіру* керек (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Сүйекке кіру. э т н. *Қайтыс болған кісіні арулап, ақ жууға қатысу. Сүйекке кіру* деп қайтыс болған кісінің ақ жуып, арулауды айтады. Бұған сүйекті жуудың жөнін білетін аруақтың өзі қатарлы адамдар кіреді («Парасат»).

КІРУШІ: кіруші снаряд. ә с к. *Ядролық оқтұмсығы бар және траекторияның соңғы бөлігінде атмосфераның тығыз қабатына кіруге арналған баллистикалық ракетаның бөлігі* (Каз. тілі термин. Әскери.).

КІРХАНА з а т. *Кір-қоң жуатын орын.* Әуелгі кезде сабын болмай, аз жуып, кейін бір шал арбалап, ащы алабота әкеп, содан қара сабын қайнатыпты. Қазір бүтін бір *кірхана* ашыпты (М.Жұмағұлов, Қыран.).

КІРШ е л і к. *Өткір, үшкір нәрсе тез кірген кезде шығатын дыбысты білдіретін сөз.*

Кірш етті. *Бырш етіп кіріп кетті.* Кездігі Есетке емес, үй қабырғасына *кіршете* қалғанын да байқады (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Орғып келе жатқанда қарағаштың сояудай мықты шоңгесі май өкшеге *кіршетіп* кіріп кететіні бар (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

КІР-ШАҢ з а т. *Кір-тозаң, шаң-тозаң.* Кітельді қайтадан қолына алады. Сүртеді, *кіршаңын* кетіреді («Қазақст. мұғ.»).

КІРШЕҢ с ы н. **1.** *Кір, былғаныш, лас.* Тебіндеп келе жатқан ақшыл күрең сақалмұртына шаң араласып *кіршең* көрінеді (Қ.Исабаев, Жолдас). Өзеннің көше-көшесіндегі кешелергі кілкіген *кіршең* қар суының қайда жұтылғаны белгісіз (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Әбдіжаппар – киімі *кіршең,* шарудан шаршаған жабылдау жігіт (Қ.Ысқақов, Қарорман). **2.** *Кірлегіш, кір көтермейтін.* Кісі аты тершең, Кісі киімі *кіршең* (Мақал.). Қоңыры жақсы болар, ана ақшылы *кіршең* (Х.Есенжанов, Көп жыл.). **3.** а у ы с. *Ренжігіш, кінәмшіл, босаң.* Үлкен кісінің көңілі де жас баланың көңіліндей *кіршең* де кінәмпаз келеді (С.Бақбергенов, Алтын емел.). Мақтан етіп жомарт жұрт, өз ортаны, Ақын жырдың талайын жазар тағы. Кейде *кіршең* көңілді күйе басса, Сенің ауаң, туған жер, тазартады (Қ.Мырзалиев, Көш.). Қыз намысы *кіршең,* шаң қонбағаны жөн (М.Қаназов, Арна.).

Кіршең тартты. *Кірленді, былғанды.* Қар суынан кейінгі *кіршең тартып*

жатқан дала қаққан алашадай тазарып қалған (С.Мұратбеков, Дос іздеп).

КІРШЕҢДЕУ с ы н. *Кірлеу, кір басыңқыраған.* Сылауы қопсып, теңбілденген *кіршеңдеу* бұрыштан өрмекшінің ұясын көре алмады Елжас (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Қара затта кір білінбей көбіне. Ал аппағың – Болады екен *кіршеңдеу* (Т.Нұрмұхамедов, Көкемарал).

КІРШЕҢДІК з а т. *Кір жұққыштық, тез кірлегіштік.* «Салқын әрі күн өтпейді, бала, – деп күледі, – Әдейі тіккіздім». Енді *кіршеңдігінен* пайда болмай тұр (М.Қаназов, Сонар.).

КІРШЕҢСІЗ с ы н. *Кір жұқпайтын, кір көтеретін. К і р ш е ң с і з* ақпен жабылған дөңгелек столдың үстінде манты, самса, лагман, бұрама сияқты дәмді өлшеулі тамақ бар (С.Шаймерденов, Болашақ.).

КІРШ-КІРШ е л і к. *Қайта-қайта қарш-қарш, қашыр-құшыр, кірт-кірт етіп естілетін дыбысты білдіретін сөз. К і р ш-к і р ш,* тақтақ, дүрс-дүрс, сырт-сырт, *к і р ш-к і р ш!...* Міне, бұл дыбыстар, шынында, би емес пе? (С.Сейфуллин, Шығ.). Қасқырдың жоғарғы азулары Аққасқаның тұмсығының екі жағынан жоғарғы ұрттарына келіп, *к і р ш-к і р ш* кірді (М.Әуезов, Қараш.). Жолбарыс әуелі жас сырбаздың жұмсақ етіне ауыз салып, шертеу сияқты балдырған сүйектерін *к і р ш-к і р ш* шайнап, бусанып бітеу жұтты (Т.Рысқелдиев, Ұлы көш.).

КІРШІ ор. з а т. с ө й л. *Астық, мал салмақтарын өлшейтін таразышы, таразы ұстайтын адам.* Сіз біраз демалып алыңыз да, біздің қырманға келіңіз. Біздің *к і р ш і м і з* ауырып қалып еді, соның орнына сізді берді (Ә.Әбішев, Терең тамыр). Ермаков әуелі көз жеткізіп алу үшін *к і р ш і д е г і* түбіршектен астық дайындау пунктіне кеткен астықтың салмақ өлшемін көріп алып еді (Б.Тоқтаров, Қырандар.).

КІРШІК з а т. **1.** *Кірбің, қаяу.* Не бір *к і р ш і к,* не бір дақ табалмайсың көңілінен, дау-жанжалдан ат-тонын ала қашады, сөзге сараң (З.Шашкин, Өмір.). Жан-жүрегінде бір *к і р ш і к* бар ма екен, сірә? Үзіле қарайды екен (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Аяққа түсау болған кемкетіктер, көңілге қаяу салған *к і р ш і к т е р* қыз көңілін құлазытып жібергендей жабырқады осы кез (Ж.Мусин, Таң.). **2.** *Ақау, мін, кемшілік.* Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін. Кірі жоқ, *к і р ш і г і* жоқ мағыналарын. Жасырмай, жастықпенен, нанғыштықпен. Айтышты шыншыл тілің бар іңкәрін (Абай, Тол. жин.).

Ақ кіршік. *Маржандай аппақ, таза.* Соның бәрі осы шағылдардың, *ақ к і р ш і к* құмдардың арасында болған еді («Қаз. әдеб.»).

Көңілінде [көкірегінде] кіршік жоқ. *Адал, пәк, арамдығы жоқ. – К ө ң і л і н д е* титтей де *к і р ш і к ж о қ,* совхоз шаруасының нағыз жанашырын жазықсыз беттен алдың (М.Хасенов, Нартәуекел). *К ө к і р е г і м д е к і р ш і к ж о қ,* ойым ізгі, Үміт үлкен, талабым таудай еді. Не де болса болмас іс жоқ көрініп, Жүйрік қиял дүниенің бәрін кезді (Б.Күлеев, Таңд. шығ.).

Кіршік жоқ. а) *Кірі жоқ таза, мұнтаздай.* Есік көзіне дейін созылған жол кілем. Стол, орындықтарында *к і р ш і к ж о қ* (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). *К і р ш і г і ж о қ* күмістей аппақ қар ақша бетті жар жүзін ұқсатады (Ж.Мусин, Үміт). ә) *Мінсіз, кемшіліксіз.* Дос тұттым, болдым жақын, тіліңе ердім, Басқадан сырт түсіңді артық көрдім. Көрініс шырайында еш *к і р ш і к ж о қ,* Өзіңмен жүрегіңді хаққа бердім (С.Дөнентаев, Шығ.). Баяндамада олқылық бар. Онда ешбір *к і р ш і к ж о қ* деуің дұрыс (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен).

Кіршік жұқпады. *Кірлемеді, кір шалмады.* Шери Қалимадан артық, *К і р ш і к ж ұ қ п а й т ы н* ақ жаулығымен екі үйдің арасында мамырлай басып жүргенде біртүрлі сәнді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Тістері *к і р ш і к ж ұ қ п а ғ а н,* ірі екен (А.Әлішеров, Ауыл.).

Кіршік жұқтырмады [жуытпады, жолатпады]. *Дақ түсірмеді, жаманат келтірмеді.* Жазушының ардақты атына *к і р ш і к ж ұ қ т ы р м а й,* өздерінің бүкіл қызметімен үлгі-өнеге көрсетіп жүрген қаламгерлеріміз аз емес («Қаз. әдеб.»). Мен Жанатқа деген жүрегіме *к і р ш і к ж ұ қ т ы р м а й,* жоғары көтеретін сияқтымын (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Көп жылдар көкірегінің бір бұрышында *к і р ш і к ж у ы т п а й* сақтаған қастерлі сыры бар (З.Жәкенов, Таңд.). Сонымен қатар ол өзінің басшылық атына да *к і р ш і к ж у ы т п а й д ы* (С.Омаров, Шабыт.). Бәрі адамға тән қасиетке *к і р ш і к ж о л а т п а й,* биік ұстай білмегендігінен де (Т.Шаханов, Жоғалған.).

Кіршік шалды. *Кірледі, былғанды.* Адамға жарасымды мінезіңнен, адал пейіліңнен айырылма. Азырақ *к і р ш і к ш а л ғ а н* болса, тазарарсың (Ө.Тұрманжанов, Адам.). *К і р ш і к ш а л м а ғ а н* нәзік сезімді бала жүрегі қандай тамаша (Ж.Саин. Жол үсті.).

Тал бойында кіршік жоқ. *Мінсіз, таза.* Ұлы суреткерлер аңсаған, *т а л б о й ы н д а к і р ш і к ж о қ,* жүрегі таза сұлулықтың, көркемдіктің тұрған өзі (І.Омаров, Серпін).

КІРШІК-КІРБІҢ з а т. *Жаман зат, былғаныш, лас, көкір-шүкір.* Махаббатыңа берік бол. Оны көзіңнің қарашығындай қорғап, оның

мөлдір тұнығын лайлама, *к і р ш і к-к і р б і ң* жұқтырма (И.Жақанов, Қайта орал.).

КІРШІКСІЗ с ы н. **1.** *Кірлемеген, кір жұқпаған, қылаусыз, таза.* Қырдың жігіттері *к і р ш і к с і з* тістерін жарқыратып күлген кезде, қаланың қыздары тұрса, «ah!» деп таңқалар еді (С.Сейфуллин, Шығ.). Үстінде мол пішілген қара костюмі, *к і р ш і к с і з* ақ көйлек, қара галстук (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). *К і р ш і к с і з* ақша қардың үстінде күлгін тартып, түтінін сызаттап шығарып жатқан шылым қалдығына ұзақ қарадық (С.Бақбергенов, Қарға там.). Ұлпа қар кеше ғана жауып өтті, *К і р ш і к с і з* аққа орап төңіректі. Жүзіңді бейне сұлу нұрға бөлеп, Жабысад шытқыл аяз қарып бетті (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Мұнтаздай, мұлтіксіз.* Сәкен жүретін, Сәкен отыратын жерлерге шаң жуытпай, еш нәрсені ыбырсытпай, бар нәрсені *к і р ш і к с і з* ұстауға тырысатын (С.Мұқанов, Есею жыл.). Кітапхананың *к і р ш і к с і з* таза оқу залының қабырғаларына ілінге фотостенділер мен плакаттар ерекше көз тартады («Қазақст. әйелдері»). **3.** *Дақ түспеген, мінсіз.* Мұндай *к і р ш і к с і з* ақ жүздің тамаша сипатын мен бұдан бұрын ешқайда ұшыратқан емеспін! (Ж.Саин, Жол үсті.). Жұпардың денесінің *к і р ш і к с і з* ақтығы, аса бір шебердің қолынан шыққандай мінсіз сұлулығы бір түрлі сиқырмен баурайды (Ө.Қанахин, Жүрек.). **4.** *Саф, мөлдір, былғанбаған.* Болат құшырлана кеп *к і р ш і к с і з* таза ауаны үстін-үстін жұтып жатыр (А.Байтанаев, Болат.). Ол тау суындай *к і р ш і к с і з,* тау тасындай таза болады (С.Бақбергенов, Алтынемел.). Бүгінгі таңертеңгі ауа тап сол бір майдан толасындай тыныш еді. Көгілдір аспан да *к і р ш і к с і з* ашық (Қ.Исабаев, Арман.). Дүние түнімен сүтке шомылғандай, *к і р ш і к с і з* таң тамылжып тұр (Т.Иманбаев, Тұт ағашы.). **5.** а у ы с. *Адал, пәк, ешбір күдіксіз, бүкпесіз.* Ұмытылған ізгі жолда тілегіңе, Түссе де темір шынжыр білегіне, Қасіретті, қара күнді жанды сүйген Қонған жоқ *к і р ш і к с і з* таза жүрегіне (М.Жұмабаев, Шығ.). *К і р ш і к с і з* таза Зейнепті көре-біле тұрып, отқа салуға өлімге басын байлауға мен шыдай алмаймын (М.Дулатов, Шығ.). Әйгерім жігіт пен қыз арасында *к і р ш і к с і з* адамгершілік достығы болуы мүмкін екенін ойламады (М.Әуезов, Абай жолы). Мұхтар шалдырмас шебер еді ғой, тіпті шебер емес, жас баладай *к і р ш і к с і з* таза ақтарылушы еді ғой (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

КІРШІКСІЗДІК з а т. *Тазалық, пәктік, адалдық.* Тайырдың шығармаларында саяси қате жібермеуі, ең алдымен көңілінің советтік дәуірге *к і р ш і к с і з д і г і н е н* болуы керек (С.Мұқанов, Өсу жол.).

КІРШІКТЕЙ с ы н. **1.** *Тап-таза, мұнтаздай.* Киген киімдерінің бәрі судай жаңа, үсті-басында *к і р ш і к т е й* кірдің ізі жоқ (Б.Тұрсынбаев, Ауыл.). Қарды қозғайтын жел жоқ, бірақ қайдан сая болғанын білмейсің, төңірегінде ұшқан қардың аппақ *к і р ш і к т е й* үп-ұсақ жылтылдаған шаңын көресің (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Аязда, сақылдаған суықтарда, Беті-қолды *к і р ш і к т е й* жуып қарға. Ел жоқ, күн жоқ жапанда жылқы бақтым, Үскірік, ұзақ, жылға жуық таңда (С. Мұқанов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Адал, ақ.* Бабаң (Зағипаға) *к і р ш і к т е й* таза малымды бүлдіріп-бүлдіріп аман кетпек пе? (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес). Онан да мені таяқпен ұрып жыққаны жеңіл еді. *К і р ш і к т е й* таза жүрегіме кір жұқтыруын (Ә.Жылқышиев, Айтолқын). 14 жасынан балықшы болған Мөңке кең пейілді, *к і р ш і к т е й* таза еңбек адамының бейнесін бере алады (І.Омаров, Шабыт.). **3.** а у ы с. *Зәредей, титтей.* Ойларында *к і р ш і к т е й* ештеңе жоқ екі бала Иван Михайловичтің жанына отырып, бірдеңе естігісі келгендей құлақтарын түре қойысты (Ә.Шәріпов, Партизан.).

КІРШІЛ[1] з а т. *Өткір пышақ, біз, найза тәрізді заттардың белгілі бір затқа, денеге кіргенде шығатын дыбысы.* Бір-бірінің денесіне қос қолдап ырғап кіргізген болат найзалар *к і р ш і л і,* басқа, жауырынға тиген дүмдер дүңкілі де естіледі (Ә.Нұрпейісов, Курляндия).

Кіршіл қақты. *Кірш-кірш етіп кесіп түсті.* Сол кезде қылыштар да *к і р ш і л қ а ғ ы п,* Дірдектеп арық еттен жосып ағып. Қан шапшып айналаға аласұрған Шал тәні жаңқаланды қылыш дарып (С.Бегалин, Таңд. шығ.).

КІРШІЛ[2] с ы н. **1.** *Кірлегіш, былғанғыш.* Оның ақ матадан киген көйлегі тым *к і р ш і л,* жетісіне үш рет жуамыз (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Кінәмшіл, дікшіл.* Бір секунд. Табанға мыжғыланып дала гүлі. Суынды *к і р ш і л* көңіл тез ысыған. Бір секунд. Советтер Одағының қораблі. Әнекей, кетті алыстап көз ұшынан (С.Оразаев, Дала.). Өмір шалқар шаттығыңды шайқамай, *К і р ш і л* көңіл көлі таза мұң шайып. Балалықпен қоштасыппын байқамай, Арман енді келе жатыр ұлғайып (А.Нысаналин, Көзайым).

КІРШІЛДЕ= е т. *Кірш-кірш ету, қаршылдау.* Кейде шақыр ете түсіп, кейде *к і р ш і л д е г е н* күрек, кейде дүңкілдеген сүйменнің дыбысы шығады (Ғ.Сланов, Замана.). Әне, балға дүрсіліне қиыршық құмға *к і р ш і л д е й* қадалған болат қайланың үні келіп қосылды («Қаз. әдеб.»). Алаңсыз жатқан жерден араласты, Қапыда құлатқандай қара тасты. *К і р ш і л д е п* қылыш пенен айбалталар, Ұшырды кеудесінен талай басты (К.Әзірбаев, Шығ.).

КІРШІЛДЕК с ы н. *Кіршілдеген, қыршылдақ, жұмсақ.* Егер түбінен бір кетпен топырақ алып тастап, басын қайырып, *к і р ш і л д е к* тамырынан шаппасаң, сабағынан қиып ала алмайсың (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.).

КІРШІЛДЕТ= е т. *Кірш-кірш еткізу, қаршылдату.* Бұзаубақ қара жерді өткір күрегімен *к і р ш і л д е т і п* ойып тастап тұрды (С.Сейфуллин, Әңгім.). Қарақшылар Елібайдың шымыр денесіне шімірікпестен *к і р ш і л д е т і п* найза шаншады (М.Сатыбалдиев, Жартас).

КІРШІЛДЕУ с ы н. *Кірлеу, ластау.* Толып жатыр... Купец Савельев, дәрігер Петров тағы біреулер...– деп письмоводитель *к і р ш і л д е у* орамалын алып, тершіген мұрнын сүртіп қойды («Қаз. әдеб.»).

КІРШІМЕ [ор. корчемо] з а т. *Тарыдан ашытқан бал сыра.* Дәмі қышқылт қорчемо денені тәп-тәуір қыздырады екен. Омбыға келетін қазақтар «*к і р ш і м е* ішеді» дейтін еді. Қазақтың *к і р ш і м е с і* осы қорчемо екен ғой деп ойлады Шоқан (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бұл күнде қаланы көп жағалайтын, өздері саудагер жас болыстар: Темірғали, Айтқазы, Өлі, Рақыш, Оспан – бәрі де, мәжілісті қызу, көңілді ету үшін *к і р ш і м е* ішеді (М.Әуезов, Абай жолы).

КІРІГУ *Кірік етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ширау, тартылу.* Киіз білектегенде, алдымен киіздің екі басына тиянақ қояды. Мұны киіздің шеті біркелкіленіп, ішіне *к і р і г у і* үшін жасайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** л и н г в. *Екі яки үш сөздің өзгеріске түсіп жымдасуы, бірігуі.* Шығыс халықтарының тілдерінен ауысқан сөздердің фонетика-морфологиялық *к і р і г у і н е* келсек, олардың ауысу процесі ерте басталған (Қазіргі қаз. тілі).

КІРІК= е т. **1.** *Бірігу, тұтасып кету.* Ыстық су жүннің талшықтарын жібітеді де, оның өзара *к і р і г і п,* тез киізденуіне жағдай жасайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Мықты *к і р і к к е н* бетонның сыртқы смоласы ылғалдан да жақсы сақтайтын болады («Лен. жас»). Тостағанша өсімдік түріне қарай кейде өзара *к і р і г і п* кеткен, кейде бірнеше жеке бөлімшелерден тұрады (Т.Мұсақұлов, Ботаника). **2.** *Ширау, тартылу, отыру.* Су сіңіп, *к і р і г і п* қалған етігі аяғына сыймай біраз әуреледі (Ә.Сараев, Бозқырау). **3.** *Қатты боп байланысу, нығаю, бітісу.* Мұз әлі жұқа. *К і р і г е* қоймаған (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.). Ең болмаса үлпілдек жұмсақ қар да емес, *к і р і г і п* қатып қалған тіпті (Ә.Жылқышиев, Айтолқын). Бірақ екі күннен кейін-ақ суық күнде жөндеп *к і р і к п е г е н* цементтер жырылып түсіп қалды («Лен. жас»). **4.** л и н г в. *Екі не үш сөзден құралған сөздердің фонетикалық өзгеріске түсу арқылы жымдасып, бірігіп кетуі.* Сонымен, екі не одан да көп сөздер бірігіп, жаңа лексикалық мағынада айтылып, фонетикалық өзгеріске түсу арқылы *к і р і г е* біріккен сөздер бүгін, ашудас, белбеу т.б. («Қазақст. мұғ.»). «Қарғаның жүзіне бір кесек, жаманның жүзі бірге есеп» – дегенде алғашқы ұйқас оқылғанда «бір гесек» боп жұмсарса, екінші ұйқаста «біргеннің» аяғындағы және «есептің» басындағы екі «е» дыбысы *к і р і г е д і* де, «біргесіп» боп айтылады (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). **5.** а у ы с. *Сіңу, кіру, жақындау.* Әлде жаңа ортаға *к і р і г е* алмай жүр ме? Есенжол содан кейін сыр тартып көрді (С.Хайдаров, Құрыш.). Олардың жаңа орынға қалай тұрақтап, жаңа коллективке қалай *к і р і г е р і н* жіті қадағалап, жастардың тағдырына көмектесу керек («Қазақст. мұғ.»). Академик М.Қозыбаевтың Еуразия мен Орталық Азияның сайын даласында қазір айтылып жүргендей, таза көшпелілік емес, «қала мен дала одағы, отырықшылық пен көшпелілік өзара ұштасып, біріне-бірі *к і р і г і п* байланысып» жатқаны туралы жасаған жоғарыдағы тұжырымына тоқтауымыз қажет («Парасат»).

Кіріккен адаптер. и н ф. <ағыл. integrated adapter> *Жеке контроллерді пайдаланбастан, процессорды нақты құрылғымен қосатын процессордың құрамды бөлігі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кіріккен дәсте. и н ф. <ағыл. integrated package> *Өзара байланысты мәселелерді шешуге (есептерді шығаруға) бейімделген қолданбалы бағдарламалар дәстесі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КІРІККІШ с ы н. *Біріккіш, жымдасқыш, тұтасқыш.* Ақшыл тартқан шоғырлар май сияқты жұққыш, іріткі тәрізді кілкіп жатады. Олар бір-бірімен *к і р і к к і ш* келеді (Малды туберк. сақта.).

КІРІКПЕ с ы н. *Байланысқан, біріккен.* Асу белі омырылып қопарылғаннан кейін арада өткен төрт-бес күн бұрынғы *к і р і к п е* іргелері сөгіліп, күлпаршасы шығып, босап қалған тас, топырақ атаулыны аулаққа шығарып тастапты (Ғ.Сланов, Шалқар).

КІРІКТІР= е т. **1.** *Біріктіру, жымдастыру.* Қаңсыған ағаш бөшкелерді *к і р і к т і р і п,* ыдыстарға су толтырды (Қ.Сәрсекеев, Қараша қаз.). Соза қапталған көп кебе келе ер кірісін онан әрі *к і р і к т і р е* түседі (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.). **2.** *Тұтастыру, ұластыру.* Үндес үш дыбыс ұштаса келе ассонанс тудырды, мақалдың бүкіл конструкциясын *к і р і к т і р д і* (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). **3.** а у ы с. *Байла-*

ныстыру, бітістіру. Онды дейтін себебіміз бұл үдерістер әлем халықтарының мәдениетін, экономикасын, саяси және ақпараттық жүйелерін барынша жақындата, *к і р і к т і р е* түсетін қасиеті бар құбылыстар қатарына жатады («Жас Алаш»).

КІРІКТІРУ *Кіріктір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жымдастыру, біріктіру. К і р і к т і р у* – қаңсығандықтан аралары ашылып кеткен ағаш ыдыстарды суға салу арқылы қалпына келтіру әдісі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** *Тұтастыру, сыйыстыру*. Педагогикалық білім берудегі орын алатын мұндай кемшілікке өткен ғасырдың 70-жылдары басында-ақ Б.Ананьев өзінің еңбегінде ерекше назар аударып, мұғалімнің кәсіби даярлығын жетілдіру үшін педагогикалық білімдерді *к і р і к т і р у* қажеттілігін негіздеп бергені белгілі («Егемен Қазақстан»).

КІРІКТІРУШІ з а т. **1.** *Байланыстырушы, бітістіруші, жарастырушы*. Махаббат, ұлт достығы жастар жарастығының да *к і р і к т і р у ш і с і* боп шықты ғой! (Дәрігер мерейі). **2.** *Темір я бетонды дәнекерлеуші маман.* Ол темір *к і р і к т і р у ш і,* экскаваторшы, бетоншы болып істей берді (Ж.Өмірбеков, Замандас.).

КІРІКТІРІЛ= е т. *Біріктірілу, тұтастырылу*. Яғни техникалық және кәсіптік білім беруді жетілдіру арқылы 12 жылдық білім беруге көшуді ескере отырып, жалпы орта білім берудің *к і р і к т і р і л г е н* білім беру бағдарламаларын әзірлеп, іске асыру міндеті тұр («Айқын»).

КІРІКТІРІЛУ *Кіріктіріл етістігінің қимыл атауы.*

КІРІЛ= е т. **1.** *Кіргізілу, енгізілу*. Бүркіттей бүрсе қызыл ер, Өлігі жаудың үйілер. Жай оғындай Шартылдап, Қызыл әскер түйілер. Қыран қуған шілдей боп, Көріне жау *к і р і л е р* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** *Сұғылу, бойлау*. Алқыны күшті асаулар Ноқтаға басы *к і р і л д і* (Абай, Тол. жин.).

КІРІЛДЕ= е т. *Қырылдаған дыбыс шығару, күркілдеу*. Көкірегің *к і р і л д е п,* Көздің алды іріңдеп, Қаз-қаз басқан баладай Буындарың дірілдеп (Жамбыл, Өлең д.). Таяқтарын таянып, Сақалы аққа боянып, Қамаймыз деп оянып, Көкірегі *к і р і л д е п* (Қамбар батыр). Үйлесіп қатпарланған түріңменен, Қызарып, көздің алды іріңдеген. Көктемгі шиқылдаған бозторғайдай, Жөтелсең, көкірегің *к і р і л д е г е н* (Мәделі Жүсіпқожаұлы // Екі мыңжылдық.).

КІРІЛДЕУ *Кірілде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көкірегі *к і р і л д е у*.

КІРІМДЕН= е т. *Кіріңкіреу, сұғыныңқырау*. Емін-еркін көсілген кең дала, жоталы жақпар тасты тау сілемдері кесе-көлденең *к і р і м д е н е,* иіріле шөге қалыпты (Жарық жұлдыз.).

КІРІМДІ с ы н. *Іші-бауырға кіріп кететін, көпші л, жұғымды, тіл тапқыш*. Қонақ *к і р і м д і* екен. Үй иелерінің қабағына, қалжыңына рахаттанып, бұрын көрісіп жүрген адамдай, әңгімеге араласып кетті (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). *К і р і м д і,* жағымды мінезі не сойқанды қылығы жоқ. Елеусіз жүр. Сонда да паң (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

КІРІҢКІ с ы н. *Ішке қарай кіре түскен, батыңқы*. Оның көзі басқа балалардікінен гөрі *к і р і ң к і,* шүңірейгендеу болатын (Ауызекі).

КІРІҢКІРЕ= е т. *Еніңкіреу, сұғыңқырау*. Ұшып келемін, Тау ішіне *к і р і ң к і р е г е н* сайын күн райы бұзыла бастады (Т.Бигелдинов, Аспандағы айқас). Ғалия серпіле қашып, үйдің ашық тұрған есігіне *к і р і ң к і р е п* кетеді, сосын қайта шығады (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Осыдан кейін Қасымбектің қолтық астына *к і р і ң к і р е п,* біраз уақыт үнсіз жатты (Т.Ахтанов, Шырағың.).

Ажары кіріңкіреді. *Нұрлана, ажарлана түсті*. Әбдірахманның *а ж а р ы к і р і ң к і р е й і н* деді (Б.Майлин, Шығ.).

КІРІҢКІРЕУ *Кіріңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әрі қарай *к і р і ң к і р е у*.

КІРІПТАР [ир. گرفتار] с ы н. **1.** *Тәуелді, бағынышты, мәжбүр, басыбайлы*. – Түу, бұл неткен адам еді, өз есігіме өзімді *к і р і п т а р* етіп қойды, – деді Керітарт (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Ендеше, *к і р і п т а р* кісі қайтып пақыр болмайды (Ә.Кекілбаев, Үркер). **2.** а у ы с. *Қиын халге ұшырағаң, шатысқан*. Баласы Сандыбайдың Ерден қазы, Құтқарды сан қыранды түскен тордан. *К і р і п т а р* бір мұсылман болса көрген, Сүйрейді иыққа сап батыр Ерден (Шеген). *// Тәуелді, бағынышты адам*. Бәрі мұқтаж: Малшы да, Кеншілер де: Балаларды қоя бер енші бер де! Кітап жазсаң – баспаға *к і р і п т а р с ы ң,* Кіріптарсың ауырсаң – емшілерге! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Кіріптар адамдар. т а р. *15-17 ғасырлардағы Ресейде феодалдық тәуелдіктегі адамдар тобы.* 1586, 1597 ж. жарлықтар бойынша *к і р і п т а р а д а м д а р* қарыздарын өтеген жағдайда да өз мырзаларына өле-өлгенше жұмыс істеуге, ал жұмысқа кірген азат адамдар 6 айдан кейін кіріптарлықты мойындауға міндетті болды (ҚСӘ).

Кіріптар болды. *Тәуелді, міндетті болды, басына күн туды*. О не дегеніңіз, Басыңды байлап біреуге *к і р і п т а р б о л м а й,* еркін жүргенге не жетсін, – деді әзілге сайып (М.Хасенов,

Алғашқы.). Олар өз алдына дербестікке, ең болмағанда, ортақ мемлекетте тұрса да, ешкімге *кіріптар болмайтын* шынайы теңдікке қол жеткізуді көкседі (Ә.Кекілбай, Тіл және тәуелсіздік). Бірақ саған үш түрлі Қоятұғын шартым бар: Бірінші, менен басқаның Әсте де шашын алмайсың, Аламын деп жазаға *Кіріптар болып* қалмайсың (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Кіріптар қылды. а) *Қолға түсірді, тұтқын қылды.* Жау жағадан алғанда, *Кіріптар қылып* пәлеге, Кетпейін тастап сені, аға (Қаз. эпосы). Шошқаның етін қақтаған, Құбылаға бақпаған, Атасының малындай Арақты ас қып сақтаған – Кәлимасыз көпірге *Кіріптар қылдың*, Құдіреттім! (Шортанбай Қанайұлы // Екі мыңжылдық дала жыры). ә) *Тәуелді етті, міндетті етті,*. Болмаса мұнда олар қорқатын еш нәрсе жоқ. Палата шығын кескенмен, бәлки кеспесе де, закон бойынша, егер прокорор протист қылмаса, олардың ісін қайта қарап жазаға *кіріптар қылмайды* (М.Дулатов, Шығ.). Сен ағашта піскен алма, Қазір едің алмадым. Құп *кіріптар қылды* Алла, Әлде мені қарғадың (Абай, Тол. жин.).

КІРІПТАРЛЫҚ з а т. **1.** *Тәуелділік, бағыныштылық, мәжбүрлік, басыбайлық.* Қазақ ауылында қанаудың кең тараған формасы *кіріптарлық* болды (ҚазССР тарихы). Өзі де сол дүниеде *кіріптарлықтан* асқан қорлық жоғын біліп, қаршадайынан билікке таласпап па еді (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). *Кіріптарлық* істетпейді. Есіңде болсын. Ақыры саған да, маған да жақсылықпен бітпейді (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). 1920 жылғы 10 тамызда Севрде Антанта державалары мен сұлтан үкіметінің арасында бейбіт шартқа қол қойылды, осы арқылы Түркияның бөлінуі мен *кіріптарлық-қа* түсуі құжатталды («Егемен Қазақстан»). **2.** *Қиыншылық, мұқтаждық.* Бұрын бірде тұз жетпей, енді бірде балығын жөнелте алмай, *кіріптарлық* басына күнде түсетін. Марковпен құда болғалы қысқа қолы ұзарды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). «Бала ата-анасын асырау керек. Бұл оның құрметті парызы емес пе? Мұнда тұрған қандай *кіріптарлық* бар?» – деп наразылық айтып қалдым мен (Қ.Наменгенов, Біздің ауыл). Өз бетімен ешкім тырп ете алмайтын технологиялық *кіріптарлық* жағдайында бұндай бостандық экономикалық истеблишменттің суық қолдылығы мен бейбастығын заңдастырып бергеннен басқа ештеңе бітірмеді (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

КІРІПТАРСЫЗ с ы н. *Тәуелсіз, басыбайлықсыз, бағынышсыз.* Әлбетте, әдеби салада саралау, тақырып таңдау – қаламгер атаулының төл ісі, *кіріптарсыз* үлесі («Қаз. әдеб.»). Әдейі іздеп келген жазушы мен тілшіге сын көзімен қарайды. *Кіріптарсыз* еңбектің тамырын тартады (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

КІРІП-ШЫҚ= е т. **1.** *Бір кіріп, бір шығу.* Жалшылар іңір бастала-ақ балшық үйге сапырылысып *кіріп-шығып* жатқан (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Шынтағыңда қос жастық, манаурайсың, Біреуіңді іздеген таба алмайсың. *Кіріп-шығып* жүрген бір құдашаға Бұрынғыдай көз тастап қадалмайсың (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Сағила шай жасап *кіріп-шығып* жүр (С.Көбеев, Орынд. арман). **2.** *Келіп-кету, барып-қайту.* Бұл үйге сапырылысып *кіріп-шығып* жатқан ешкім жоқ (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Бұл үйге *кіріп-шығатын* адам ауылда бірен-саран ғана (М.Дүзенов, Ақ әже). Әдет-ғұрып бойынша ұзатылатын қыз өзінің дос-жаран қыздарымен өз аулының, жақын ауылдардың әрбір үйіне қоштасу жырын айтып *кіріп-шығады* (М.Әуезов, Абай жолы). Игнат келіп арбасына отырды. – Ал, Степан, жүр, үйге *кіріп-шық*, – деді Игнат баласына (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Ойына кіріп-шықпады. *Ешқашан еске алмады, ойламады.* Бірақ бұл соғыс басымызға келеді деген біреуіміздің де *ойымызға кіріп-шықпады* (С.Шарипов, Бекболат). Металлург мамандығын меңгеру еш уақытта да Тұңғатардың *ойына кіріп-шыққан* нәрсе емес еді (Т.Жанұзақов, Азамат.).

Үш ұйықтаса түсіне кіріп-шықпады. *Ешқашан ойына келмеді.* Гано қашқынды осы үйге әкеп жасырып жүрмесін деген ой *үш ұйықтаса түсіне* бір *кіріп-шықпаған* (Қ.Исабаев, Ажал).

Ішіне кіріп-шықты. *Көңілдегі бар сырын, ойын білді.* Бәйтек Сабанбаевқа: – Мен қай жерлесімнің *ішіне кіріп-шығыппын*, қайдан білейін, – деді (М.Иманжанов, Шығ.).

КІРІС[1] з а т. к ө н е. **1.** *Садақтың керме бауы.* Он атқа алған бұхаржа, Ата алмасам – маған серт, Ашуыма шыдамай *Кірістен* кетсең – саған серт (Батырлар жыры). Садағына сары жебені салдырған, Садағының *кірісін*, Сары алтынға малдырған. Тереңнен көзін ойдырған. Сұр жебелі оғына Тауықтың жүнін қойдырған (Махамбет, Өлең.). Ай, қалмақ, нақ ажалың енді келді, Аузыңа қаратыпсың тамам елді. Мұны айтып садағымен тартып қалды, *Кірістен* тесіп өтіп оқ жөнелді (Дотан батыр). **2.** *Жақ, садақ.* Толғанып тұрған Тарғынды

Толғап алып салады. *Кірістен* шығып кетеді. Тарғынға таман жетеді (Ер Тарғын.).

Кірісі жұмсап егілді. *Жүйесі босады.* Түзелді бүгін желісім, *Егілді жұмсап кірісім* (Қаз. ертег.).

КІРІС[2] з а т. *Ердің қастарының қиысқан тұсы.* Соза қапталған көп кебе келе ер *кірісін* онан әрі кіріктіре түседі (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-турман.).

КІРІС[3] з а т. э к о н. **1.** *Табыс, пайда.* Жомарттың есебінше, колхоз кассасына кемі бір-екі миллион сом *кіріс* енгізбек (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Кірген *кіріс* болмаса, шыққан шығынымыз жоқ, әйтеуір (С.Шаймерденов, Өмір нұры). Баланс екі бөліктен – *кіріс* және шығыс кестесінен тұрады (ҚСЭ). **2**. э к о н. *Белгілі бір зат өнімінен не сауда жолымен түсетін ақшалай-заттай түсім.* Салық негізінде құрылатын мемлекеттік бюджеттің *кірісіне* қарай, мемлекеттің кәсіпкерлікпен айналысуының және әлеуметтік-кепілдік қызметінің мүмкіндігі белгілі болады (Б.Жүнісов.., Нарық. экон. негіз.). Мемлекеттік *кірісті* қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заңдардың жобалары Республика Үкіметінің оң қорытындысы болғанда ғана енгізілуі мүмкін (ҚР Конституциясы). **3**. и н ф. <ағыл. entry, input> *Өңдеуге арналған мәліметтерді қабылдау орны.*

Кіріс арнасы. и н ф. <ағыл. input channel> *Компьютерлік жүйеге енгізілген (кіретін) хабарлар келіп түсетін арна* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кіріс буфері. и н ф. < ағыл. input buffer> *Сыртқы құрылғылардан енгізілетін мәліметтерді уақытша сақтауға арналған буфер* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кіріс келтірді [кіргізді]. *Пайда түсірді, табыс кіргізді.* «Тімтуір» совхозының 1970 жылға дейін пайдалы шаруашылық болмай келгені, ал соңғы жылдары үнемі миллиондаған сом *кіріс келтіріп* отырғаны ойға оралады (Тербеледі тың дала). 1965 жылы «Темір» совхозы түйе шаруашылығынан 38 мың сом *кіріс кіргізуі* тиіс (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру).

Кіріс кірді. *Пайда келді, табыс болды.* Сәкен осыдан кейін жаңа баға бойынша тек жүннің бір өзінен миллиондаған сом *кіріс кіретіндігін* айтты (С.Шаймерденов, Мінез).

Кіріс құжаты. и н ф. <ағыл. intput document> *Белгілі бір үлгі бойынша даярланған және компьютерге енгізуге арналған мәліметтері бар құжат* (Қаз. тілі термин. Информатика.). ≈ *Кіріс құжатын* дайындау.

Кіріс мәліметтері. и н ф. <ағыл. input date> *Өңдеу немесе сақтау үшін жүйеге енгізілетін мәліметтер тобы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кіріс нүктесінің атауы. и н ф. <ағыл. entry name> *Бағдарламаға, ішкі бағдарламаға немесе оның үзіндісіне кіріс нүктесін анықтайтын атау* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кіріс пен шығыс балансы. э к о н. *Белгілі бір кезең ішіндегі кіріс пен шығыс көздері, шамасы көрсетілетін қаржы балансы. Кіріс пен шығыс балансында* баланстың бір бөлігінің екінші бөлігіне сәйкестігі немесе олардың бір-біріне асып түсуі белгіленеді (ҚҰЭ).

Кіріс салығы. э к о н. ***Табыс салығы***. Бұған корпоративтік *кіріс салығының* және кедендік төлемдердің жақсы жиналуының арқасында қол жеткізілген екен («Айқын»).

Кіріс тілі. и н ф. <ағыл. source language> *Автоматтандырылған жобалау жүйелерінде жобалық процедуралар мен жобалау бағдарларын компьютерде орындауға қажетті бастапқы ақпаратты енгізу үшін пайдаланатын тіл* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КІРІС[4] з а т. ф и з. *Басқарушы тізбек не эмиттер – база тізбегі.* Мұндай релелерде *кірістегі* кернеу белгілі бір шамаға жеткенде, ток мөлшері бір тұрақты шамадан кенет екінші шамаға көшеді (К.Айманов, Физика.). Макеттің *кірісіндегі* екі розеткаға детекторлы диаполь антеннасы орнатылады («Халық мұғ.»).

КІРІС[5] к ө м. е с і м. *Басы, қарсаңы.* Бұрын Алмас хан тасбақаның дауылы мен қазанның *кірісінде* жолға шықпаушы еді (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Жетпіс өтіп сексеннің *кірісінде,* Залал күнәм боласың үй ішіне, Саған сырын айтарлық бір адам жоқ, Тірлік пенен көңілдің тиісіне (Майлықожа, Нақыл).

КІРІС= е т. *Белгілі бір істі, шаруаны орындауға дереу араласу, тікелей жұмылу, соны орындауға қатысу, қолға алу.* Қаладан келген өкіл баяндамаға *кірісті* (Б.Майлин, Шығ.). Ұлықтар енді сайлауға *кірісті* (М.Әуезов, Шығ.). Гу-гу әңгімемен отырып, тамақ жеуге *кірістік* (Ә.Сәрсенбаев, Толқында туған.). Екі күндей демалып, тынығып қалған балалар пішен шабуға құлшына *кірісті* (С.Бегалин, Таңд. әңгім.).

Жан-тәнін салып кірісті. *Бар ынтасымен, барын аямай араласты, атсалысты.* Ала-бөле кейінгі күндері Қаратаз басқа жұмыстың бәрін тастап, болыстыққа *жан-тәнін салып кірісіп* еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Кіріспеске кірісті. *Араласпас іске араласты. – Кіріспеске кіріспе* дедім ғой мен саған,

алжыған қақбас, – деп бай бүйірге тепкілеп жатыр (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Қамға кірісті. *Өз тіршілігін, шаруасын істеуге қам жасады, кірісіп кетті.* Құнанбай Ызғұттыға қарап, *қ а м ы ң а к і р і с* дегендей белгі етті (М.Әуезов, Абай жолы). Шәкен сол тұрған жерінен қораға шығып, әлдекандай бір *қ а м ғ а к і р і с і п* кетті де, Байдәулет жоғарғы бөлмеге барып, шешіне бастады (Қ.Исабаев, Өткелде).

Сөзге кірісті. *Әңгімеге араласты, сөйледі.* Айша қабағын жауып, томсарып *с ө з г е* де *к і р і с п е й* жалғыз отыр (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Іске кірісті. *Белгілі бір шаруаны, тапсырманы істеуді дереу қолға алды, бастап кетті.* Уфимский отрядын бастап, Торғай уезінің жігіті, руы қыпшақ Әліби Жанкелдин келіп *і с к е к і р і с т і* (С.Сейфуллин, Тар жол.). – Ал, енді, комбат первый, *і с к е к і р і с е л і к*, – деді Елин алдына картасын жайып салып (Б.Момышұлы, Москва.). «Бәрі де болашақ үшін!» деп жалаң ұрандатпай, сол болашаққа инвестицияны аямай құйып, бар мүмкіндікті, қажыр-қайратты жұмсап, жұмыла *і с к е к і р і с с е к*, әлі де талай Төстік пен Қожалар, Толағай мен Тауасарлар, Жалмауыз бен Мыстандар туар...(«Айқын»).

КІРІСКІШТІК з а т. *Бір нәрсеге кірісу, орындау қасиеті.* Өзіне-өзі ұстамды, бойына беріктік, қарсылыққа қарсы тұруға, алысып тартысуға бейімділік, күшіне сенімділік, іске белсеніп *к і р і с к і ш т і к,* міне, осындай сипаттардың бәрі – өзгелерді билеп, өмір, ықпал жүргізуге үлкен себеп (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІРІСПЕ з а т. **1.** *Бастама, беташар.* Сол кеште, сол үйлену тойының *к і р і с п е с і н* бір жігіт қара сөзбен ашты (Ү.Уайдин, Ендігісін айт.). – Уһ!.. Болдың ба ақыры? – деді Әнуар. – Су әкеңдерші, бетіне бүркейік. – Бұл – *к і р і с п е с і*ғана, – деді Мұхамед-Шәріп. Жұрт ду күлді (М.Мағауин, Көк мұнара.). Сахна ашылардағы *к і р і с п е* музыка көрермендерді бірден баулып, билеп әкетеді емес пе? (С.Мыңжасарова, Замандас.). **2.** *Кітапқа не белгілі бір жинаққа жазылған алғы сөз, сөз басы.* Кітап *к і р і с п е* мен алты тараудан тұрады. *К і р і с п е д е* ауыз әдебиеті туралы түсінік берілген (К.Сейдеханов, Қаһарман.). Нұрпейіс қазақ даласының көп жерлерін аралап жүріп, мол батырлар жырын жатқа айтқанда, оған арнаулы *к і р і с п е* беріп отырған (Е.Ысмайылов, Ақындар). **3.** ғ ы л. *Белгілі бір ғылым туралы мәлімет не негізгі түсініктерді беретін тарау немесе оқу курсы.* ≈ Тіл біліміне *к і р і с п е*. **4.** и н ф. <ағыл. preamble> *Мәліметтер дестесін жеткізуде уақыт үйлесімділігі үшін арналған өріс* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кіріспе әңгіме. *Белгілі бір ұзақ шығарманы, оқиғаны айту алдындағы қысқаша сөз. К і р і с п е ә ң г і м е* кезінде оқушылардан Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрын қандай оқу болғанын, оларды қалай, кім оқытқанын сұрап білдік («Қазақст. мект.»). «Чапай» өлеңін өткенде, ең алдымен, Чапаев туралы *к і р і с п е ә ң г і м е н і* жүргіземіз («Қазақст. мект.»).

Кіріспе сабақ. п е д. *Жоспарлы сабақты өткізер алдындағы бастама сөз. – К і р і с п е с а б а қ т ы* осында бастаймыз. Ең алдымен, өздеріңіздің ұстаздарыңыздың бірімен танысып қойыңыздар, Салық Рысқалиев, бұрғылау мастері, – деді ол (Жарық жұлдыз.).

Кіріспе сөз. *Сабақ өткізу, лекция оқу яки белгілі бір тақырыпта әңгіме айту алдындағы, бастама ретіндегі қысқаша мәлімет.* Музыкалық шығарма оқушыға ой туғызып, оны терең түсінуге, ұмтылуға, белсенділігін арттыруда, мұғалімнің *к і р і с п е с ө з і н і ң* маңызы зор («Қазақст. мект.»). Мұқаң жайласып отырып алып, қысқаша *к і р і с п е с ө з д е н* кейін лекцияға кірісіп кетті (Ж.Ысмағұлов, Адам мерейі).

КІРІСПЕСІЗ с ы н. *Кіріспесі жоқ, кіріспе айтпай.* – Меніңше, әдеттегі әдеп дегендерді жиып тастап, көкейдегіні көп сөзбен, *к і р і с п е с і з* ақтарып айтып шығуым керек (З.Қабдолов, Жалын.).

КІРІССІЗ с ы н. с ө й л. ***Кіріспесіз***. Құрманғазы екі шекті тез бұрады да, ешбір *к і р і с с і з* бір импровизацияны басын бір жағына кішкене бұрып алып ойнап кетті (Л.Жұбанов, Құрманғазы).

КІРІСТІ: кірісті қоспақ. к ә с. *Түйенің әлсіз, суыққа шыдамсыз, я тоңғақ, қисық төс, «күлге шөгер» деп аталатын түрі.* Қазақ бұларды «соқпақ, қылағай, *к і р і с т і қ о с п а қ* не қисық төс, күлге шөгер» деп те атайды (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

КІРІСТІК: кірістік блок. и н ф. <ағыл. input block> *Мәліметтердің сыртқы көзінен немесе тасуышынан жедел жадқа мәліметтерді жеткізу кезінде біртұтас бүтін ретінде қарастырылатын және адрестелетін мәшинелік сөздер жиынтығы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кірістік буфер. и н ф. <ағыл. input butter> *Сыртқы құрылғылардан енгізілетін мәліметтерді сақтауға арналған буфер* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кірістік параметр. и н ф. <ағыл. input parameter> *Сырттан алынатын бағыныңқы*

бағдарламаның формальды параметрі, бұл параметр мәні қабылдаушы бағдарламадан беріледі (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кірістік сигнал. и н ф. <ағыл. entrance signal> *Жүйенің кірісіне берілген сыртқы әсер* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кірістік файл. и н ф. <ағыл. input (source) file> *Қолданбалы бағдарлама үшін алғашқы мәліметтері бар болатын файл* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кірістік хабар. и н ф. <ағыл. the entrance message> *Терминалдан немесе абонент бөлімінен компьютердің кірісіне келетін хабар* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КІРІСТІР= е т. *Бір іске араластыру, қатыстыру.* Сыртқа айтатын дәлелі дайын. «Мені *к і р і с т і р м е й* істеген жұмысы ғой, шоқ-шоқ, жаны шықсын!» – дейді (Б.Майлин, Шығ.). Акцияны шығара отырып кәсіпорын екі жақты пайдада қалады: біріншіден, мол пайда алу мақсатында тұрғындардың қосымша қаржыларын жұмылдырады, екіншіден, жұмыскерлерді басқару процесіне белсендірек *к і р і с т і р е д і* (Б.Жүнісов.., Нарық. экон. негіз.).

КІРІСТІРУ *Кірістір етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Араластыру, қатыстыру.* Бұл оқиғаға Сапарды *к і р і с т і р у д і ң* реті қанша? – Қате менен, – деді Гүлсім Алмаға (З.Шашкин, Өмір.). **2.** *Енгізу, кіргізу, қосу.* Алуаның әкесі Сатайды еске түсіруі – қызықты ұзақ монолог арқылы сәтті берілген, Сапардың хатын *к і р і с т і р у* – орынды пайдаланылған эпикалық тәсіл (Р.Нұрғалиев, Күретамыр).

КІРІСТІРІЛ= е т. *Енгізілу, кіргізілу, қостырылу.* Тарих пәндерінің орнына көркем әдебиеттік маңызы бар географиялық, тарихи және табиғат жөніндегі мақалалар *к і р і с т і р і л і п* оқылады («Халық мұғ.»).

КІРІСУ *Кіріс етістігінің қимыл атауы;* Күні ертеңнен бастап қамал алу тәсілін үйренуге *к і р і с у і м і з* керек (І.Есенберлин, Қаһар). Енді ұрықтандыру жұмысына *к і р і с у і м і з* керек, – деп Қадишаның көмегін сұрады (С.Бегалин, Уақыт.). Қабен бүгін күндізгі сменада жұмысқа таңертеңгі сегізден *к і р і с у г е* тиіс (З.Қабдолов, Жалын).

КІРІС-ШЫҒЫС з а т. э к о н. *Пайда мен шығын; табыс пен жұмсалған қаражат.* Үкіметтің қазына жинау, ол қазынаны халықтың түрлі керекті істеріне жұмсау ісін, қысқартып айтқанда, *к і р і с-ш ы ғ ы с* ісін бюджет дейді (С.Сейфуллин, Шығ.). Сонымен Нәби ресторанның *к і р і с-ш ы ғ ы с* документін тексеруге кірісті (Ж.Еділбаев, Тергеуші.). Бұл комиссия колхоздың *к і р і с-ш ы ғ ы с ы н* 45 күн тексерген (С.Төлешев, Түрлі. бас.).

Кіріс-шығыс журналы [кітабы]. *Пайда мен шығынды, кіріс пен зиянды тіркеп, жазып отыратын кітап.* Ондай *к і р і с-ш ы ғ ы с ж у р н а л д а р ы* бар (С.Мұқанов, Өмір мект.). Журналды ашып қарасам, тізім емес, қағаз тіркейтін *к і р і с-ш ы ғ ы с ж у р н а л ы* екен (Ш.Өтепов, Өшп. жалын).

КІРІСІЛ= е т. *Қолға алыну, жұмылу.* Оларды СССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы мемлекеттік комитеті бекітіп, 1968 жылдан бастап орындауға *к і р і с і л д і* (Ө.Орынбаев, Қазақст. орман.).

КІРІТІ ор. с ы н. *Жасырын, жұмбақ.* Хатты алып Зәйіт екен келген *к і р і т і,* Ысылған мұндай іске талай жүріп. Мәжнүннің жазып берген сөзі мынау, Айта алсам дәл өзіндей қисындырып (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

КІРШ з а т. *Ақ бор, аппақ балшық.* Топырағы дымқыл *к і р і ш,* қой тұяғы орнына оймақтай таңба тастап отырады (Ұ.Доспанбетов, Кәрі қобыз.).

Ақ кіріш. *Ақ балшық, әк.* – Бекер дауластым, деп ойлады, төбедегі ширатылған ұзын шнурына *а қ к і р і ш* жұққан электр шамына қарап жатып (М.Мағауин, Көк мұнар).

Кіріш тұтты. *Бөгет болды, тосқауыл жасады.* Қайғымен көкірекке сана салған, Сұм балам санаменен болған алаң. Ен дария, емшек сүтім *к і р і ш т ұ т а р,* Өтерсің онан нағып жазған балам (Қозы Көрпеш.).

КІРІШТЕЙ с ы н. *Кіріш сияқты аппақ.* Болаттың *к і р і ш т е й* ақ тістері ақсиып тұр (А.Байтанаев, Болат). Балауса қыз, бал мінез – шығатындай ойыңнан. Беті аппақ *к і р і ш т е й,* Тісі аппақ күріштей (Манас).

КІС з а т. з о о л. *Орман-тоғайларда тіршілік ететін терісі бағалы аң, бұлғын.* Ормандағы құстар мен кішірек хайуандардың ақ тиін, *к і с,* күзеннен кейінгі қырғын жұты – түлкі (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Мынау – үш аяқтап жортқан сары *к і с* (М.Мағауин, Ақша қар).

КІСӘПІР з а т. **1.** *Қалтаға түсетін ұры.* Мен адам емес, айуан болдым. *К і с ә п і р,* оңбаған, жауыз да атандым (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім.). **2.** а у ы с. *Өз құлқынын көздейтін арам ниетті қу, сұм, залым адам.* Жаптас жатқан жалпақ ел бұларды «қаныпезер», «қанішер», *«к і с ә п і р»* деп те атайды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Енді міне бір *к і с ә п і р г е* кіріптар болып, бөлмесін жалдап отыр (Қ.Қараманұлы, Алтын.). Хақ жолында, жайнамаз үстінде тұрғанда жармасқан әнебір дінсіз *к і с ә п і р* (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). // *Арам, теріс.* Көгем таудың тусыраған

төл жоталарына, мол сулы Келестің момын иірімдеріне қырыс қабақ танытып, *к і с ә п і р* мінез көрсетті ...(О.Бөкеев, Қайдасың.).

КІСӘПІРДЕЙ с ы н. *Қалтаға түсетін ұры адамдай; сұм, залымдай.* Осындай сыйластығы бола тұра, Маңы оған сенбейді. Қойнына сапы тыққан *к і с ә п і р д е й* көреді (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

КІСӘПІРЛІК з а т. **1.** *Қалтаға түсушілік.* – Тілеш-ау, бұл қай қорлығың? Ташкендегі *к і с ә п і р л і г і ң д і* біздің тойға жасадың ба?! – деп дауыс сап қоя берді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). **2.** а у ы с. *Арамдық, залымдық, астамшылық.* Ал адамның азғындауы, *к і с ә п і р л і к к е* жақын тұруы Құдайға да, адамға да сенбегендіктен барып шығатынын ұмытпа, қызым (К.Ахметбеков, Ақдала.). Ауыл менің де ауылым ғой, әлдекім оның жақсылығын айтып жатса, тырнақ астынан кір іздеп не *к і с ә п і р л і г і м* бар, менің де көкірегімді біртүрлі қуаныш кернеп, таң атқанша кірпік ілмей шықтым («Жас Алаш»).

КІСЕ [ир. كيسه] з а т. э т н. **1.** *Белбеуге шытыра қадап бекіткен былғары қалта.* Базаралы үлкен *к і с е с і* бар, күміс белдігін белінен шешті (М.Әуезов, Шығ.). Сатанның алдында есіктен итермелеп кіргізген *к і с е с і* салбыраған, тоны жалбыраған, жайын ауыз қара шалды жүгініске алды (І.Жансүгіров, Шығ.). Мықшима аяғымда былғары етік, Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп. Үлкен *к і с е* жанымда жез салдырған, Шақпағым, дәндәкуім жарқ-жұрқ етіп (Абай, Тол. жин.). Белдеріндегі алтын жалатқан күміс *к і с е,* он құлаш торғын белбеу («Қаз. әдеб.»). **2.** *Адамның әлеуметтік дәрежесін танытатын, ұсақ-түйек зат салып жүруге арналған күміспен, алтынмен, жезбен әшекейленген қалтасы бар жалпақ былғары белбеу.* Ағыта тастап *к і с е с і н,* Алпамыс өзін танытып, Мінекей қал деп шығарды (Алпамыс жыры). Ана кебежедегі күпіңді, тымағыңды алып берейін, *к і с е ң д і* буынып, ажарлы болып бар, – деді кемпірі (С.Бегалин, Сәтжан). Мәуия *к і с е с і н* буынып, тымағының бауын байлап есіктен шықты (З.Ақышев, Жесірлер). Кемітерлік міні жоқ, *к і с е ң к і с е-а қ,* Не қылса да бір шебердің соққаны хақ. Тұрманы сонда түгел болар еді, өзіне сай қын менен болса пышақ. (Жанақ Сағындықұлы // XIX ғ. қаз. поэз).

Кісе белдік. э т н. *Кісе қалтасы бар белдік, кіселі белдік.* Қазақстанның батыс аймақтарындағы дәулетті адамдар 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында *к і с е б е л д і к т і* барқыттан, оқа жіптермен кестелеп, алтын, маржан тастардан көз салдырып жасатқан (ҚҰЭ). Белінде *к і с е б е л д і к* емес, жасыл түсті кәріс белбеу. Бұл да анық бозбаланың белгісі (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Кісе кемер. а) э т н. к ө н е. *Оқ-дәрі, қаружарақ қажетті басқа да ұсақ-түйекке арналған қалтасыз, күміспен кемерленген, әшекейлі күміс белбеу.* Қосымша қалта салмай, күміспен кемерленіп, әшекейлеп, күміс кісе, *к е м е р к і с е* деп аталады (ҚҰЭ). ә) ә с к. *Әскери адамдардың портупейі.* Жаңа комсостав киімін (костюмін) жазғы демалысқа қарсы түзетіп алғанмын, бір кем жерім *к і с е к е м е р і м* (портупейім) (Б.Момышұлы, Шығ.).

Кісе қоспақ. к ә с. *Екі өркешінің арасы өте жақын қоспақ түйе. К і с е қ о с п а ғ ы м н ы ң* болғаны рас, бірақ оны жақында бір буаз қашарға айырбастап, үстіне жүз сом алдым (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Кісесінен басты. *Белінен басты, белін үзді.* Жауым көп деп жасқанбай, *К і с е с і н е н б а с қ а н д а й,* Келген ерді таң көрді (Жамбыл, Шығ.).

Кісесінен белгілі. *Тұмысынан, жетесінен әйгілі, анық.* – Кісі болар бала *к і с е с і н е н б е л г і л і,* ал болатын құлын мүшесінен белгілі деуші еді (М.Дүйсенов, Меймандар).

Мойнына кісесін салды. *Аллаға, Тәңірге сиынып жалбарынды, өтінді.* Сарыбай хан екен табында енді, Бәйгіден жүріп келер бабында енді. Ақ сары Аллаға қойын айтып, *М о й н ы н а к і с е с і н с а п* жалынды енді (Қозы Көрпеш.). Әлімқұл екі көзден жосып жасы, *К і с е с і м о й н ы н д а,* қалт-қалт басы, Тұлданып, бір қуарып, бір қызарып, Кененің ішке сыймай мына арасы (І.Жансүгіров, Шығ.). Қысылған әскер басының Қасына барып тұрғанда, Ақ боз атты шалғанда, *М о й н ы ң а к і с е с а л ғ а н д а*, Бабайтүкті шашты Абыз Содан бата алғанда. Тілеуін қабыл болғанын, Басыңа қыдыр қонғанын Ұмыттың ба соны, Абылай! (Ертедегі әдеб. нұсқа.).

КІСЕГЕ з а т. к ө н е. *Жылқы қарнының майлы бөлегі.* Оны жігіттер татарлар кетісімен қарға соғып тазалап алып, боқ қапшығын пісіреміз деп жылқының майлы *к і с е г е с і н е* қарық болады (С.Бегалин, Замана.).

КІСЕЛІ с ы н. *Кісесі, қалтасы бар.* Үстінде қара күпі, басында түлкі тымақ, беліндегі былғары күміс *к і с е л і* белбеуі ағараңдап келеді (С.Сейфуллин, Тар. жол.). *К і с е л і* белбеуін ағытып, түйе жүн шекпенін шешіп, шөпке қақты (А.Нұрманов, Құлан.). Үй толы дүйім жұрт Ахмет алып шығып бара жатқан қос қабат былғарыдан қойылған, екі оқшантайы бар, бір қынды *к і с е л і* белбеуі мен қара барқытпен қапталған құс қалтаға қарап қалды («Жұлдыз»).

Кіселі белдік. э т н. *Кісе қалтасы бар белдік, кісе белдік.* Кісе – «қалтасы» болғандықтан, оны кейде қалталы белбеу деп те атайды. Өйткені *кіселі белдікте* пышақ, оқ-дәрі, шақпақ тас және оның білтесін салатын «қын», «оқшантай», «дәндәку» сияқты әртүрлі қалталар болады («Абай»). Қазақша *кіселі белдік* жаса, Базаралы үлкен кісесі бар күміс белдігін белінен шешті (М.Әуезов, Абай жолы).

Кіселі түйе. м а л ш а р. *Бураға шөгерілгендіктен, бота тастап немесе бойына біткен төлін ағызып жібермес үшін мойнына кісе салынған түйе.*

КІСЕН з а т. к ө н е. **1.** *Темірден келістіріп иіп, жылқының сирағына киілетін, жылқыны матау әбзелі. К і с е н* тек арнайы кілтпен ашылып-жабылады (ҚҰЭ). Шеберлер *к і с е н д і* аттың аяғына темірден иіп, аяққа тиетін жеріне киіз салып, сыртын былғарымен қаптап тігіп жасайды (Шаңырақ). **2.** *Темірден соғылған, адамның аяқ-қолына салынатын, кілті бар тұсау, темір бұғау.* Баязитті маған кісендеп алып келгенде, Баязит *к і с е н н і ң* салмағына шыдай алмай тұрғанда, осылай деп едім мен оған (М.Жұмабаев, Шығ.). Әр елде қолға түсіп, аяқ-қолы *кісен* қызығын көрген жалаңаш батыр (М.Дулатов, Шығ.). Ендеше қолдарына *к і с е н* керек, аяғына да *к і с е н* сал, Шатақан әпкел, *к і с е н* әкеліңдер мына иттерге! (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Бөгеу, оралғы.* Жақып аяққа *к і с е н* болды ғой (Ғ.Мұстафин, Миллионер).

Ақылға кісен салды. *Ойландырмады, ойлануға мүмкіндік бермеді, айтқанын істетпеді. А қ ы л ғ а,* жан-жүрекке *к і с е н с а л д ы,* Көрмейтін көзді көр ғып артты алды. Үйретіп, дін деп құлдық, қорқақтықты, Қандай құл бізге молда бола қалды?! (М.Жұмабаев, Шығ.)

Аяғына кісен болып түсті. *Байлау, кесір, кедергі болды.* Әлі түк көрген жоқсың. Енді сенің *а я ғ ы ң а к і с е н б о л ы п т ү с е* алмаймын (Х.Әдібаев, Таңбалы.).

Аузына [тіліне] кісен салды. *Еш нәрсе айттырмады, аузын аштырмады, сөйлеуге тыйым салды.* Құпияны тап қазір Ерғалиға айтайын десе, Сасан «сен пионерсің ғой» деп, *а у з ы н а к і с е н с а л ы п* қойған жоқ па?! (М.Гумеров, Шыңырау). Жиналысқа бармасқа ант бердім, *т і л і м е к і с е н с а л д ы м,* кісіге сенуден қалдым (З.Шашкин, Сенім).

Кісенге түсті. *Шынжырланды, байланды.* Темір енді «пері соғып, жын қаққан, жынды» атанып байлауға, *к і с е н г е т ү с т і* (С.Әлжіков, Кәрі сайтан).

Кісенде шіріді. *Қамауда, абақтыда өлді.* – Гүлнаш, мен сені тастап кетпеймін. Жүрмейтін болсаң, қолға түсіп, *к і с е н д е ш і р и м і н,* – деді Орал (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

КІСЕНАН з а т. т а м а қ. *Ішіне ет, картоп, капуста салып пісіретін нан тағамы.* Ашытқан қамырдан: *к і с е н а н* (пирожки), самса, пирог, тоқаш, тағы басқа тағамдар пісіруге болады (Шопан сырласы). – Бүгін біздікіне қонасың. Рұхсат жоқ. Машаға *к і с е н а н* пісіртеміз (Е.Домбаев, Менің туыс.). Майға пісірілетін *к і с е н а н ы ң* қамырын бостау илейсіз және бұған нәрлі нәрселер де аз қосылады (Ж.Байжанова, Қызым, саған айтам).

КІСЕНДЕ= е т. **1.** *Тұсау, шынжырлау.* Ақшаңды шашып қара, иә, сенбесең, Құлан жылқы бола ма *к і с е н д е с е ң*? Ағайынның аздығы бос тұрғаным, Болмаса мен де осал кісі емес ем (Орынбай // Екі мыңжылдық дала жыры). **2.** *Кісен салу, бұғаулау.* Онда өзіме ерік беріңдер. Бес күнде Шыңғыстың қолаяғын *к і с е н д е п,* Омбыға айдап әкелейін, – деді Есеней (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). *К і с е н д е п* Шаһарға бір күн Мәжнүн келді қаңғып, Ойы бар бір жолықпақ Ләйліні аңдып. Бір шалды біреу ұрыға жетелеп жүр, *К і с е н д е п* тепкілейді бетін шаңғып (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ұрыларды жуандармен қоса *кісендеп,* бөлек үйге қаматып тастады (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). **3.** *Матау, байлау, тұтқындау.* Жеті күн өтіп, сегізінші күні бір судың бойында екі жақтың әскері қарсыласып, басында бұлар жеңсе де, аяғында жау жеңіп, өзін бас қылып, қанша батырларын *к і с е н д е п* алып, оныншы күні Нейнува қаласына апарып, әлігі Лаэлимін деген Асархидонды абақтыға жапты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). – Өзіміз қашып жүріп, бұл жеңгеңді қалай *кісендеп* ұстаймыз деп қойды (К.Оразалин, Көктем). *К і с е н д е р* ме еді мұндай сұмдарды! – дейді трактористі әйел (М.Әуезов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Тоқтау салу, тоқтату.* Тату болса ағайын, Сап алтындай жарқылдар. Кесапатты *к і с е н д е п,* Ақымақты алқымдар (Қабан жырау, Алтын қазық).

Кісендесең де тұрмайды. *Байлап, матасаң да тұрақтамайды, көнбейді, шыдамайды.* «Өз балаң өзекке тепсең кетпейді, кісі баласы *к і с е н д е с е ң т ұ р м а й д ы*» деген сөзді жиі айтатынды шығарды (Ө.Қанахин, Жер басып.).

КІСЕНДЕЙ с ы н. *Кісен сияқты, кісен тәрізді.* Арлан төбет жұлқынып шығып, мойнындағы *к і с е н д е й* сылдыраған ауыр шынжырды сүйрете тартып, қылқынып, таптап берді (Б.Тілегенов, Аққайнар). Сұп-суық қысқа күзгі түн, Тұтқынға салған *к і с е н д е й* Тиыштық салтын бұзды түн, Түн өтпейді кісі өлмей (Ж.Молдағалиев, Жыр). Ақша деген

пішендей, Жаза бердім «күшенбей». Сүріндірді сол арақ Аяқтағы *к і с е н д е й* (Ө.Нұрғалиев, Ай астында.).

КІСЕНДЕЛ= е т. *Кісен салыну, бұғалану.* Бірақ күштің басын құш алады ғой, Махамбет те *к і с е н д е л д і* (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Сынған бұғана, жарылған бас, *к і с е н д е л г е н* қол – мен үшін қайталанбас ғанибет (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). Қасындағы үшеуі ұсталып, қол-аяғы *к і с е н д е л і п,* абақтыға қамалды (Б.Тілегенов, Аққайнар).

КІСЕНДЕТ= е т. *Біреуге кісен салғызу, бұғаулату.* Бұл жолы бұйрықсыз да болса, осы екі тіленшіні ұстатып *к і с е н д е т е м і н* (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.).

КІСЕНДЕУЛІ с ы н. **1.** *Аяғына кісен салынған, тұсалған, шынжырланған.* Аяғы *к і с е н д е у л і* болса да, атқа мықты қыр адамы лезде қаланың қараңғы тұсына сіңіп, көрінбей кетті (А.Сатаев, Дала күйлері). Шарбақ ішінде, шанаға салған шөпте, *к і с е н д е у л і* екі ат жусап тұр екен (С.Мұқанов, Шығ.). **2.** *Аяқ-қолы кісенделген, бұғауланған.* Қол-аяғы *к і с е н д е у л і* құлдар осы арада кемелерге тиеліп, метрополияға жөнелтілді (Ә.Шәріпов, Алыс жаға.). Зынданда *к і с е н д е у л і* жатыр ерім, Сарнайды сағынғаннан айтып елін. Болсаңдар сол Иранна өздерің де, Қаламын бөтен емес, болып келін (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Ерікті қалай, кімнен сұрарсың. Біздің қол-аяғымыз *к і с е н д е у л і* емес пе? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІСЕНДІ с ы н. *Кісендеулі, шынжырлы.* Біріміз қозғалсақ, темір шынжырлар *к і с е н д і* аттардың кісендеріндей сылдырлайды (С.Сейфуллин, Тар жол.). *К і с е н д і* қолмен арестанттар етті жаңа жей бастағанда, сырқатты жігіт жан тәсілім қылды (С.Мұқанов, Ботагөз).

КІСЕУ з а т. ж е р г. *Суық тию салдарынан пайда болатын жөтел.* Не болар күнсіз көкте ай шырағы, Су тасыса шың жерден сай шығады. Болса да құлында *к і с е у,* тайда тісеу, Тай құнан, құлын ертең тай шығады (Т.Жароков, Шығ.). Тау жайлап жылқышымын, қыр қыстаған, Қарына іліп, баулы құрық ұстаған. Жоқ *к і с е у* құлында да, тайда тісеу Жылқымен ермін қыста бір қыстаған (Т.Жароков, Шығ.).

КІСІ з а т. **1.** *Адам, пенде, жан.* Жоқ, енді сен, сенбей *к і с і н і* күйдіріп жібересің, оқыған кісі мұндай сөзді айтпайды. Сен оқымағандықтан айтасың (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ауылдың орта шеніндегі бір үйдің алдында үйме-жүйме болған *к і с і* (Б.Майлин, Шығ.). Таң атқалы бұл бөлменің есігі ашылып, *к і с і* кіргені осы еді (М.Әуезов, Абай жолы). Жанбота осы ма еді өлген жерің, Көкшетау боқтығына көмген жерің? *К і с і с і н* бір болыстың біреу сабап, Бар ма еді статьяда көрген жерің?! (Ақын жыр.). **2.** *Барлық адам баласы, адам атаулы.* Кім білсін, осы күні *к і с і г е* сенуден қалған заман емес пе, мүмкін, ол бізді қолға түсіру үшін жүрген фашист болар деп жасқандық (Ә.Шәріпов, Қапаста.). **3.** *Адамдық қасиеттердің нақты бір тұлғада жүзеге асу деңгейін көрсететін шама.* 1637 жылы шыққан «La geometrie» атты кітабында геометрия мәселелерін координат методын қолданып, алгебра (анализ) жолымен қалай шешуге болатындығын баяндаған; сондықтан Декарт аналитикалық геометрияның негізін салған *к і с і* деп аталады (Ә.Ермеков, Ұлы матем. курсы). – Әттең, қайтейін... сенің сондағы төрең *к і с і* емес екен, сөзінен танып кетті ғой, – деді Тәуке (І.Жансүгіров, Шығ.). Нұрғали Троицк қаласында оқып келген, жаңаша оқыған *к і с і* екен (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). **4.** ф и л о с. *Дүниемен тікелей немесе жанама қатынаста болып, іс-тәжірибелік және рухани мәселелерді шешу барысында өз болмысын өзгерте алатын адам, субъект. К і с і* тек тарихта, қоғамда ғана субъект бола алады, сондықтан оның бүкіл қабілеті мен мүмкіндігі практика қалыптастыратын қоғамдық мәнге ие болады (ҚҰЭ). **5.** *Бөтен біреу, бөгде адам.* Жұрттың 16-дағы баласы *к і с і г е* жалданып я үйінде кәсіп істеп, әке-шешесін асырап отыр (Б.Майлин, Шығ.). Өз елін аямаған адам, *к і с і* елін қорлағыш келеді (М.Тиесов, Әңгім.). Кешегі Оспан ағасы *К і с і н і ң* малын жемепті. Мал сұраған *к і с і г е* Жоқ, қайтемін демепті (Абай, Тол. жин.). **6.** а у ы с. *Қонақ, мейман.* Нұрқасым, бар, атаңды шақырып кел, *к і с і л е р м е н* әңгімелесіп отырсын, – деп күңк етті үй иесі (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). – Мен жетейін. Үйге *к і с і л е р* келуші еді. Біздікіне барсаң, жүр, – деді Байтас сағатына қарап (А.Жақсыбаев, Егес). Келін жақсы болса – Үйіңе көп *к і с і* келеді, келін жаман болса – Келген *к і с і* кеткісі келеді (Алдаспан). **7.** а у ы с. *Қол, әскер.* Елін жауға бермеген, Сөзін дауға бермеген. *К і с і с і* жоқ батырдың Сөзіне ешкім ермеген (Жамбыл, Тол. жин.). Ат қойды Көлқамысқа үш мың *к і с і,* Патшаның солдаты екен тамның іші. Мылтық пен қалың елге оқ жаудырды. Ойсырап кейін қашты топтың күші (К.Әзірбаев, Өлеңд. даст).

Ауқатты кісі. *Шаруашылығы күшті, әлді, бай адам.* Нұржан *а у қ а т т ы к і с і н і ң* баласы болады, жасынан діни оқуды көп оқып жетіледі (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

Бар кісі. *Барша адам, адамзат.* Қарыштайды *б а р к і с і* – Алғы буын, жас буын... Келер кімнің

қалғысы, Кім бұзады дәстүрін?! (І.Мәмбетов, Тұңғыш).

Басынан базары өткен кісі. *Асарын асап, жасарын жасап біткен адам. Басынан базары өткен кісінің* ендігі қалған тірліктен ешқандай қызық күтпейтін, үмітсіз халін Еламан танитын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Біздің кісі. э т н. *Ертедегі қазақ дәстүрінде әйелдердің ерлерінің аттарын айтпай, «үй иесі» деп атайтын тыйым сөзі.* – Ау, *біздің кісі,* бармысың? Үйде қонақ жалғыз қалды. Сен неғылып отырсың? (Х.Есенжанов, Көп жыл.). – Ауыл кеңес жақын жерде ғой, өздері бір жиналыс істеп жатыр деген. *Біздің кісіде* сонда кеткен, – деді (С.Бегалин, Уақыт.).

Бір кісі. *Біреу, әлдекім.* Қарапайым *бір кісі,* Сөйлегені көңілді... Біле қойды мейманын, Тани кетті Ленинді (А.Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). Сол қызықтың ішінде, Қызықтым *бір кісіге,* Көрдім «жаңа туғанды» (І.Жансүгіров, Шығ.).

Бір кісіден кем істемеді. *Ешкімнен де олқы атқармады, өзгеден қалыспады.* Әттең, осы балалар қолымды байлап жүр, Әйтпесе жұмысты *бір кісіден кем істемес* едім, – деді (Ә.Әбішев, Жас түлектер).

Бір кісіден туғандай. *Бір анадан тарағандай, бір ата-ананың баласындай. Бір кісіден туғандай,* Колхоздағы бар адам, Еңбек десе кім озад, Нұрила мен Сарадан (Пернедегі термелер).

Екі иығына екі кісі мінгедей. *Еңгезердей, өте тұлғалы.* Тракторист *екі иығына екі кісі мінгендей* алпамса тұлғалы адам екен (Қ.Исабаев, Соңғы.).

Иманды кісі. *Ұяты, әділ-қалыстығы бар адам, таразысы тең ақыл иесі.* Ақылы жоқ кісіге ақыл болдың, Дүниенің бәріне мақұл болдың. Құдай берген *иманды* бір *кісісің* Медресе мен мешітке жақын болдың (Шөже ақын, Айтыс).

Көпті көрген кісі. *Көрген-білгені мол, көпті білетін көнекөз адам.* Қайным *көпті көрген кісі* ғой, ондай әйелшілікті сөге қоймас (Ж.Қосыбаев, Әншi Мұхит.).

Көрген кісі шыққысыз. *Сән-салтанаты, жиһаз-мүлкі көз тартатын, көздің жауын алатын, әдемі.* Мейманханаға *кірген кісі шықпысыз,* жалғанның жаннаты екен (Ш.Смаханұлы, Шығ.).

Кісі ақысын жемеді. *Біреудің еңбегінің төлемін берді, еңбегін жеп, қиянат қылмады.*

Кісі алатын бурадай бұрқылдады. *Шымбайына жете қатты ашуланды.* Оның соңында *кісі алатын бурадай бұрқылдап* Түйебай келеді (Ә.Әбішев, Терең тамыр).

Кісі алдына барды. *Ісі түсіп біреуге жүгінді, тәуелді болды.* Бар өмірін еңбекпен өткізіп келе жатқан Шәрипа қайырым тілеп, *кісі алдына барып* көрген жан емес (Ө.Қанахин, Мұрагер).

Кісі алдында. *Біреудің көзінше, бөтен адам тұрғанда.* Өз үйінде өзендей, Күркірейді, айтса дау, *Кісі алдында* кірбіңдеп, Шабан, шардақ және шау (Абай, Тол. жин.). *Кісі алдында* сүйреңдемеу, өзі аз сөйлеп, өзгені көп тыңдау бүкіл шығыс адамдарының ата дағдысы болу керек (С.Мұқанов, Алып. адым.).

Кісі аты. *Адам есімі.* Сондай-ақ мал бағып кәсіп еткен халық, *кісі аттарын* да төрт түлік жайынан қойып отырған (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Қазақта Шоң деген *кісі аты* да бар (М.Әуезов, Абай жолы).

Кісі аяғы басылды. а) *Адамдардың жүріс-тұрысы азайып тыныштанды, тоқталды.* Айтқанға көнбегенің осының нең? Күйеуің келеді деп тосып отыр. *Басылды кісі аяғы* опыр-топыр, Бәлсініп бүгін бармай қойғанменен, Ертең-ақ күйек молда некеңді оқыр (С.Торайғыров, Шығ.). Оқуға түскендер жақын жердегі колхоздарға аз күнге жұмысқа кетіп, қабылданбағандар үйді-үйлеріне тарап, *кісі аяғы басылды* (С.Жүнісов, Өшп. із.). ә) *Беймезгіл уақыт болды, кешірді.* Кешке қарай, *кісі аяғы басылғансын* Ебейсін өздері түскен үйдің ірге жағын түргізіп қойды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Кісі аяғы саябыр. *Тыныштық кез.* Мұнда жұма сайын кәрі-құртаңдар жиналады. Басқа уақытта *кісі аяғы саябыр* («Лен. жас»).

Кісі басы. *Адам сайын, әр адамға.* – Он бестен *кісі басы* десятина жер берсе, сонда қазақ нешік хәлің? (М.Дулатов, Шығ.). Осы өңірдегі бай бәсентиіннен *кісі басы* бір-бір ат мініп кетпеген соң, біз өмірі елдің шетін көре алмаймыз (І.Жансүгіров, Шығ.). Күбі шелекті пісіп, *кісі басы* бір аяқ ашқылтым ақ көже әкеп берді Танакөз (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Кісі бетіне күліп қарап көрмеген. а) *Әдепті, ибалы, жеңілтек емес, мінезі байсалды, салмақты. Күліп кісі бетіне қарап көрмеген* ибалы, атақты асыл Қамарымыз... Қайғыра-қайғыра сүзектен тұрған кісідей, құр шыбын жаны ғана бар еді (С.Торайғыров, Қамар.). ә) *Үнемі қабағы ашылмайтын, мінезі тұйық, ешкімге тура қарамайтын.* Қолынан жарты күміс жұртқа қайыр бермеген, *кісі бетіне күліп қарап көрмеген* дозақы ғой бұл («Қаз. әдеб.»).

Кісі бетіне қарамады. *Ұялды, қысылып-қымтырылды.* Ұят деген – адамның өз

бойындағы адамшылығы, иттігінді ішіңнен өз мойныңа салады. Ол уақытта көзің *кісі бетіне қарамақ* түгіл, еш нәрсені көрмейді (Абай, Тол. жин.).

Кісі бойы. *Кісінің бойымен бірдей биіктік, тереңдік сияқты ұзындықты білдіретін халықтық өлшем.* Төрт бұрышы кең бөлме, терезелері *кісі бойы* бар (Б.Майлин, Шығ.). Жалғыз жігіт өрлеп барады. Ордың тереңдігі *кісі бойы* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Тас құрылғыларды (қолдиірмен, малатас, құлпытас) өңдеу барысында тас өңдеуші шеберлер белгілі бір өлшем жүйесін, зергерлік істе салмақ өлшемін пайдаланған сияқты. Мұндай өлшем түрлеріне – құлаш, *кісі бойы*, қарыс, елі, т.б. жатады (Р.А.Бекназаров, Қаз. тас қашау.).

Кісі болады. *Келешегі бар, жөні түзу, адам болады.* «Мына шіркінді *кісі болады* деп жүрсек, қаңғырып жүрген лөктір қатынның шапанын қағып жатыр ма, немене өзі!» (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). «Кісі болмас кісіні мүшесінен танимын, *кісі болар* кісіні кісесінен танимын» деп те айтылған аталы сөздер бар (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). *Кісі болар* баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар. Ақыл қуып сөз бастайын деген бала екенсің, атқа мініп, ел бастайын деген бала екенсің, – депті Малайсары Сырымға («Лен. жас»).

Кісі босағасы. *Біреудің есігі, жат адамның үйі.* Тек әйтеуір *кісі босағасына* барып, жатқа көз сүзіп, қайыр-мейірім сұрап, қол созғанымыз жоқ (М.Әуезов, Абай жолы).

Кісі болып қалыпты. *Көзінің еті өсіпті, өзі туралы пікірі жоғары болып, кісімсіді.* – Бұртидың неге, су мұрын, *Қалыпсың* сен де *кісі боп!* Осыдан алты жыл бұрын Әйтішке келдім ісім боп (М.Әлімбаев, Балдәурен).

Кісі ғұрым [құрлы, орнына] көрмеді. *Адамға санамады, адам деп есептемеді, менсінбеді.* Барлық түстеріне, жөніне қарағанда, бұл екі жігіт Бақтығұлдың *кісі ғұрым көрмейтін* әлсіз, жөндекілеу жігіттері екен (М.Әуезов, Қараш.). Оларға Қамардың Ахметке іш тартып, сөйлесіп, басқасын *кісі құрлы көрмегенді ғі-ақ* батушы еді (С.Торайғыров, Шығ.). Екі-үш рет берген адамдарды *кісі орнына көрмеген* соң Бөлтірік Сыпатайға өзі келіпті (К.Әзірбаев, Аңыздар).

Кісі елі. *Бөтен жер, бөгде жұрт. Кісі елінде* сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол (Мақал). Өзбекстаннан өз күштерімен көшіп келіп, 10 сотықтан жер үлесін алып құрылысты бастап жіберген бауырларымыздың қабағы ашық, көңілі көтеріңкі. Өйткені, *кісі елінде* емес, өз жерінде жүр («Егемен Қазақстан»).

Кісі еңбегін қанады. *Біреудің ақысын жеді, қиянат істеді.* Жеке шаруалар мен қолөнершілердің *кісі еңбегін қанамайтын,* өз еңбектеріне сүйенген ұсақ жеке шаруашылықтары болуына заң жол береді (ҚазССР Конституциясы).

Кісі есігін ашып көрмеген. *Біреудің үйіне бармаған, бас сұқпаған, қатыспаған. Кісі есігін ашып көрмеген* жас әйел баланы жиылысқа не бетімізбен әкелмекпіз? – деп, өзінің басын арашалады (Б.Майлин, Шығ.).

Кісі есігінде жүрді [өтті]. *Біреудің үйінде жалшылықта болды, басқа біреуге жалданып еңбек етті, біреу үшін жұмыс істеді.* Алғаш *кісі есігінде жүрген* жас жалшыда қақас ой, қалықты мінез бола ма? (І.Жансүгіров, Шығ.). Ал Тойсызды алсаң, ата-бабасынан бері *кісі есігінде жүріп* күн көрген адам (С.Көбеев, Орынд. арман.). – Туған әкем Томай өмір бойы *кісі есігінде өтті* дейді Сәмет әңгімесінде (С.Омаров, Қайырлы жаз).

Кісі жұтып қойғандай. *Сүп-сүйкімді, өте әдемі, келісті, әрлі.* Ақ Мәни десе, ақ Мәни, *кісі жұтып қойғандай* сұлу еді. Әлгі әңгімедегі қыздай. Бұл екеуінің де серттері қатты болса керек (С.Торайғыров, Шығ.).

Кісі қолына қарады. *Өз бетімен күн көре алмай, басқаның жәрдеміне сүйенді, тіленді, сұрамсақтанды.* Абайдың түскен үйі Есберген ұсақ алыпсатар, *кісі қолына қарағаң* дейтін қала саудагері екен (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Кісі қызығарлық [қызығатын]. *Адам қызықтайтындай, назар аударарлық.* Осыған қарағанда да дастанда *кісі қызығарлық,* назар тартарлық бір қасиет барлығы сезіледі (М.Қаратаев, Туған әдеб.). – Жоқ, сол кәрі апаңда *кісі қызығатын* не қалды дейсің (Т.Ахтанов, Боран).

Кісімен шағыстырды. *Араға от салып, басқа біреумен ұрыстырды.* Дей берме, «өзім білем», өзеуреме, Тұралық бір Кәмилдің айтуына-ақ. Аппазды қаралаған қайсы сөзім? Түрің бар сол *кісімен шағыстырмақ* (Айтыс).

Кісіні өлтіріп жіберді. *Адамды қатты ұялтты, жер қылды.* – Әлгі *кісіні өлтіріп жібердің* ғой. Аямайсың ба? – Мен турасын айтып өлтірем. Сендер іздеріңді білдірмей жүріп өлтіресіңдер (М.Дүзенов, Ақ әже).

Кісі өлтірді. *Адам өмірін қиды, о дүниелік етті. Кісі өлтірген* айыпкердің де ақтың сөзін тыңдаушы еді ғой, тым болмаса, анығына жетсеңші, көке, – деді Балқия Айдосқа (Ә.Әбішев, Пьесалар). *Кісілеріңді өлтірген,* соққыға жыққан біз бе екенбіз? (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Кісі өлтіру. з а ң. *Адамның өміріне қарсы жасалған қылмыстың ең ауыр түрі.* Барлық жерде ұйымдасқан қылмыстылықпен, жемқорлықпен, қасақана *к і с і ө л т і р у м е н* байланысты қылмысты істерді айқындау жөніндегі тергеушілерді мамандандыру ісі қолға алынды («Егемен Қазақстан»). Адам өмірін қорғауға бағытталған совет заңында *к і с і ө л т і р у д і ң* қандай түріне болсын қатаң жазалау шаралары белгіленген (Заң термин. орысша-қаз. түсінд. сөздігі). Сот-медициналық сарапшылар штатының аздығы *к і с і ө л т і р у* туралы істер бойынша барлық оқиға орындарын тексеруге қатысуға мүмкіндік бермейді («Егемен Қазақстан»).

Кісі өлтіруші. *Тірі адамды жоқ қылушы, жендет.* Ханға Сырымның сөз алғырлығы мен турашылдығы ұнамайды да, хан оған *к і с і ө л т і р у ш і* жіберіп, у беріп өлтіртеді (ҚазССР тарихы).

Кісі салды. *Араға адам жүргізді, басқа біреуді жұмсады.* Уай, тобықтының баласы... бітім сұрап *к і с і с а л с а м,* бақайыңнан келтірмейсің (М.Әуезов, Шығ.). Осындай ойға келген Жәнібек моғол, жағатай хандары Сидаң – Айбақ ханға, Бүреке сұлтанға, Жаңбыршыбекке, «бәріміз бірігіп Шах-Хайдарға қарсы шығайық» деп *к і с і с а л д ы* (І.Есенберлин, Қаһар). Ысман атайға *к і с і с а л ы п,* арамызға дөңбек болып түсу де соның ісі емес деп қалай айтасың? («Қаз. әдеб.»).

Кісі санатына кірді. *Адам қатарына қосылды.* – Қора-қора қойлардың арқасында Қаратаз да *к і с і с а н а т ы н а к і р д і*... Қатарға қосылды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Кісі соттау. *Адамды жазалау, жаза кесу, айыптау.* Ел ішінде *к і с і с о т т а у д ы ң* алды бір қақтығыс емес, талай пәле боп келеді (М.Әуезов, Әр жыл.).

Кісі сыртынан тон пішу. *Біреудің үстінен өзінше сөйлеу, міну.* Енді аңғарса, *к і с і н і ң с ы р т ы н а н т о н п і ш у г е* болмайды екен. Сақтаған бір емес, әлденеше рет осы үйдің шыныкер досы екенін танытты емес пе? (Б.Тоғысбаев, Асыл адам).

Кісі тонаушы. *Қарақшы.* Торға түскенін *к і с і т о н а у ш ы н ы ң* өзі де сезді («Лен. жас»).

Кісі тіліне ерді. *Басқа біреудің сөзіне сенді, жетегінде кетті, айтқанына көнді.* Мінайдар кішкене үндемей отырды да, ашуының тарқай бастағанын білдіргісі келген адамдай *к і с і т і л і н е* көп *е р е с і ң,* соңына ашуым келеді деді (Б.Майлин, Шығ.). *К і с і т і л і н е е р м е с к е,* Қазақшылыққа көнбеске, Аштан өлсем адамға Намысымды бермеске Кәміл уағда етілді (С.Торайғыров, Шығ.).

Кісі үйі. *Біреудің үйі, бөтен үй.* Өз үйінде қипаңдап, *К і с і ү й і н д е* күй таңдап. Ақылы бар кісіні Айбаттайды, даттайды (Абай, Тол. жин.). Бұрын-соңды *к і с і ү й і н е* жатып әдеттенбегендікі болар, әшейінде түске дейін бас көтермей рахаттанып ұйықтайтын ем (С.Жүнісов, Өшп. із). «Міне, *к і с і ү й і* деген осы! Не айтса, соны істеуің керек», – деп ызаланды Рүстем (М.Гумеров, Хазірет.).

Кісі шақырды. а) *Адам әкелді, басқа жерден кісі келтірді.* Біз өзіміз баққан 5000 саулықты төлдеткенде, сырттан *к і с і ш а қ ы р м а й м ы з* (С.Бегалин, Ана қайыр.). ә) *Үйіне қонақ шақырды.* Әрсен жұма күні *к і с і ш а қ ы р ы п* отыр (Ауызекі).

Кісі шаптырды. *Тез хабар беру үшін адам жөнелтті, хабаршы жұмсады.* Бөкенші болса, жігітекке кісі салумен қатар,... көлденең арағайынға да *к і с і ш а п т ы р ғ а н* (М.Әуезов, Абай жолы). Бұл өңірдің жетелі қазағы алдын кеспейтін, мына Созақ үстіндегі Мәлік батырға *к і с і ш а п т ы р у* керек (А.Сүлейменов, Бесін).

Қор кісі. *Адам қатарына қосылмаған, бейшара адам.* Бұрын ел ішінде кім көрінгенге ит түрткі болып жүрген *қ о р к і с і л е р* де астыққа бір шығып кеп, ауызға ілікті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Қырық кісі. *Көп адам. Қ ы р ы қ к і с і* бір жақ, қыңыр кісі бір жақ (Мақал).

Сырт кісі. *Бөтен, бөгде адам.* Үйде *с ы р т к і с і* болса тіпті жаман (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *С ы р т к і с і* осы жігітті көргенде, тұйық мінез, қытымыр адам-ау деп ойлап қалады («Лен. жас).

Үйінен кісі үзілмейтін. *Келімді-кетімді қонағы көп, адамдар келіп-кетіп жататын.* ...Бәйбішесі Гүлстан екеуі де аса қонақжай, *ү й і н е н к і с і ү з і л м е й т і н,* дастарқаны жиналуды білмейтін адамдар еді («Парасат»).

Үлкен [жасы үлкен] кісі. а) *Жасы толған егде адам.* Мазақтайды өкпелетіп кішіні, Сыйламайды *ж а с ы ү л к е н к і с і н і,* Достарымен төбелесіп, Сотқардың шекесінен тарымен ісігі (О.Әубәкіров, Сықақ.). Екен бір *ү л к е н к і с і* бала мінез, Тәкаппар кей шалдарға ұқсамаған (Ә.Ахметов, Өшп. жалын.). Моңғол балалары әке-шешелерімен, жасы үлкен ағаәпкелерімен, жалпы *ж а с ы ү л к е н к і с і л е р м е н* сөйлескенде «та» (сіз) дейді («Парасат»). ә) *Өте беделді, әмірі екі болмайтын адам.* Сол бойда *ү л к е н к і с і г е* жеткізді (Ауызекі).

КІСІДЕЙ с ы н. *Кісі сияқты, кісі тәрізді.* – Гүлнар, тоқташы, судан дәм татпадың ғой. Ол естімеген *к і с і д е й* (Т. Иманбеков, Үш ай).

«Шіркін, мен де осы *кісідей* дәрігер болар ма ем» дегендей бір тәтті арман жылт етіп тамсандырып өтті (М.Сүндетов, Құмд. ауыл.). Қақпадан сұлу қатын шыға кепті, *Кісідей* түк қылмаған болып аңғал (Дастандар). Келтірді бишараның қолын байлап, Кісі өлтірген *кісідей* арттан айдап (Қисса-дастандар). Күнқақты сұр шолақсың шыр бітпеген, *Кісідей* өрт өшірген түр бітпеген. Араққа апиынды езіп ішіп, Бір қусың мал-басыңды өрбітпеген (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Бір кісідей. а) *Бір адамдай, жан-жақты, жап-жақсы.* Иә... Бәйекең бұл елді *бір кісідей* ақ біледі (Қ.Мұхаметжанов, Тоғай.). Байтастың жұмысты *бір кісідей* істей алатыны рас (А.Жақсыбаев, Егес.). Біраз тілді үйренгем жоқ тегіннен, *Бір кісідей* білем барлық мұраны. Шоң кеңсеге ертең барар едім мен, Сені көргім келеді де тұрады (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). ә) *Бәрі бірдей, түгелдей.* Француз футбол құрамасында этникалық француз аз болса да, француз халқы әлгі команда үшін *бір кісідей* жаны күйеді. Дәл осы мағынасында ұлтшылдық – жағымды құбылыс («Жас Алаш»). Рас, халық пен партия біртұтас деген ұранды ту етіп ұстап, Одақтың өсіп-өркендеуі үшін барлығымыз *бір кісідей* жұмылып, еңбек еттік, табыстарға да жетіп жаттық («Егемен Қазақстан»).

Үлкен кісідей. *Ересек адамша.* Нәркес өзінің сол ұқсастығын сезініп, әп-әдемі кішкентай басын *үлкен кісідей* ерек, батыл, тәкаппар ұстайды (Р.Тоқтаров, Ертіс).

КІСІКИІК з а т. **1.** м и ф. *Тұлғасы адам тектес, бүкіл денесін жүн басқан мақұлық тәріздес тіршілік иесі. Кісікиік* туралы аңыз-әңгімелер көптеген халықтарда жиі кездеседі («Түркістан»). 18 ғасырдың басында *кісікиікті* алғаш ғылыми тұрғыдан «Home troglodites» (үңгір адамы) деп сипаттап жазған швед ғалымы К.Линней болды (ҚҰЭ). **2.** *Кісіге араласпай, өзімен-өзі, жұрттан қашып, саяқ жүретін, қияли адам.* Құдай ата-анасына қарғысқа бола бергенін Балжан бала жасынан сезді ғой: *кісікиік* болып, оңаша күнелтіп үйренді (Ж.Аймауытов, Шығ.). // *Тағы, жабайы.* Мұрат шешесінің етегіне оралып, арт жағында тығылып отыр. Шеткері қонғандікі ме *кісікиік* тағы көрінеді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). – Өрісте тағы өсіп, *кісікиік* болған жылқылар, көздері үйренген жылқышылар ғана болмаса, басқа адам көрсе үрке қашады екен (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КІСІКИІКТЕЙ с ы н. *Кісікиік сияқты, кісікиік тәрізді.* Көңілі көбең, көтермес сіркесі суды, *Кісікиіктей* күнсізден іркесің сырды. Кеудесі қаптай жазғыштың ниеті жаман, Жазбаханасы етікші күркесі-сынды (Ж. Жақыпбаев, Ләйлә).

КІСІКИІКТЕН= е т. *Кісіге араласпай өзімен-өзі, жұрттан қашқақтап, саяқ жүру.* Айжанға да Сақа аң-таң: бұған дейін *кісікиіктенің,* маңына бозбала атаулыны жолатпайтын ол, – «Шоқан» дегенде, неге жұрдай бола қалды сақтық қылықтарынан (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Балалары үшке толғанда жас келіншегін қара жердің қойнына берген Әбдірәсіл тез қартайып, екі иіні салбырап, *кісікиіктенің,* мүжіліп бара жатқан-ды («Егемен Қазақстан»).

КІСІКИІКТЕУ с ы н. *Өзімен-өзі боп жұрттан саяқ жүретін, қиялилау.* Ермек – *кісікиіктеу* жігіт, үйреніскенше сырға сырдақ, бойын аулақ ұстайды (F.Мұстафин, Қарағанды).

КІСІ-ҚАРА з а т. *Кісі-қолаң, қараңдаған әртүрлі адам.* Ет жегісі келгенде, софы ағасының дәл осылай қасына *кісі-қараны* молырақ ертіп, шұбалып жүретін жайын білуші еді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Күн ерте болғанмен райком маңында *кісі-қара* көп екен (З.Ақышев, Жесірлер).

КІСІ-ҚОЛАҢ з а т. *Адамдар, қалың көпшілік.* Және дәл етегінен осыдан бір ай бұрын тереңдігі үш жүз метр скважина жүргізіп, *кісі-қолаң* көп болғандықтан, бұл ара жылан-шаяннан қауіпсіз (І.Есенберлин, Айқас).

КІСІЛЕ= е т. *Кісілік істеу, кісілік жасау. Кісіледі* ғой, *кісіледі* ғой, – деп Ақжарқын кісімсіп, күлімсіреп Имақанға таман бір кесіп тастады да, өз аузына тағы бір нығытып қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІСІЛІ с ы н. *Адамдары, кісілері бар.* Біраздан соң 70–80 *кісілі* атты қосын аяңдап, ауылға келді. Көбі – ересек жігіттер (С.Сейфуллин, Шығ.).

КІСІЛІК[1] з а т. **1.** *Имандылық, ізгілік қайырымдылық, рахымдылық, ақылдылық, әділдік, жауапкершілік т.с.с. адамшылық қасиеттердің жиынтығы. Кісілік*– мықтылық, адами қасиет дәрежесі. Оның үстіне «Керейдің белді екі биін үйге шақырып, дауынды сөйлетпекші болдың» деп Зұқа олардың *кісілігін* қозғап қойды (Б.Құсбегин, Зұқа батыр). Шын ел қамқоры болған адамгершілік, *кісілік* тұтқасы Абай болады (М.Әуезов, Әр жыл.). «Ғалымдығының үстіне, *кісілігі* де бар еді» деседі, білетіндер. Мен де солай естідім (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). «Кедейлігіне қарама, *кісілігіне* қара» (Мақал). **2.** *Адамдық игі қасиет.* – Сайдалының атағы байлықпен шыққан, – деді Әлиәкпар.

– Ал, Аққошқардың аты – *кісілікпен* шыққан (С.Мұқанов, Есею жыл.). – Ағалар, бұларың *кісілік* емес. Ар қайда? Ұят қайда? (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). – «Шегірткеден қорқып егін екпейміз бе?» Сенің анаңның алдын бір көрмей кетуім *кісілік* болмас (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Уақастың әкесі Дүйсенбай *кісілігі* мол, ауыл-аймағына сыйлы азаматты (М.Мағауин, Ақша қар). Екеуі де тау секілді мықты адам, Бірін-бірі жыға алса да жықпаған. Екеуі де бірін-бірі сыйлаған, *Кісіліктен* күшті әулие тұтпаған (С. Мәуленов, Алыс кет.). **3.** *Кісімсіген, дандайсып, өзін жоғары ұстаған мінез.* Атасы адам болмаған – *Кісілікке* жетіссе, Қызғаншақ, көңілі тар болар. Не нәрсені қор тұтса, Пенде соған зар болар (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Кәдімгідей *кісілік* пайда болып, Қозыбағар кеудесін кере, аяқты кердең басуды шығарды (С.Алдабергенов, Қанат.). Алдоңғар үлкенсіп, Мәулен болыс пен Қасымбекке қолы жететінін сілет қып, *кісілік* көрсетпек боп еді, Нұрекең оны ақырып қуып шықты (З. Ақышев, Ақбел.).

Кісілігі жоқ. *Менменсінген тәкаппар, адамгершіліктен жұрдай.* «Менің де көңіліме бір аяқ ас сияды, малды екен деп *кісілігі жоқ* сасық кеуделерге есемді жіберем бе?» – деп Далдабай да тебініп қалды (М.Дүзенов, Меймандар).

Кісілігі ұстады. *Тәкаппарлығы келді, менменсіді.* Аяқ астынан *кісілігі ұстады* ма, жоқ әлде жайланып бір шалқып отырғысы келді ме, малдас құрғысы келіп, әрлі-берлі қопаңдады (Б.Тілегенов, Көктем.). Бағанағыдан бетер *кісілігі ұстап,* соңғы кезде пайда болған кішкентай ғана қозы қарнын одан сайын ілгері шығарып, белін қайқайта түседі (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Кісілік дәуір. *Есейіп, кемелденген кез.* Жігіттік дәуір өткен соң, *Кісілік дәуір* келеді. Отыз-қырықтың ішінде (Майлықожа, Нақыл).

Кісілік жасады. а) *Адамгершілік істеді, адамдық көрсетті.* Десятник Битабардың қысылғанын сезіп, әрі қазбаламады. *Кісілік жасады* (С.Шаймерденов, Жыл құсы). ә) *Кісімсіп мінез көрсетті, әлдеқандай болды.* – Мана бір әзірде шығып едім, жауын жауса осы жердің миы шығып, езіліп кететіні жаман екен, – деп топырағына аунап, өскен жеріне енді *кісілік жасап* отыр (К.Тоқаев, Көмескі із).

Кісілікке ілінді. *Адам болды, есейді.* Бұндағы үгіттеп отырған оқушылар да, бала жастар емес. Жігіттікке, үй іші тірлікке, *кісілікке ілініп* қалған, өскелең жастар (М.Әуезов, Әр жыл.).

Кісілік құру. *Басшылық ету, басшы, ақылшы болу.* – Биеке, жасыңыз болса жетті, орныңызды ұстап *кісілік құруға* қай балаңызды ұйғарып жүрсіз? Көзіңіздің тірісінде құрметтеп, бата берейін деп едік, – дейді (Ә.Бектасов, Мәди).

Кісілік қылды. *Жақсылық істеді, шарапат жасады.* – Не қылғанмен өзі бізге *кісілік қылды.* Өйтпегенде бізді анау қасындағы өңшең ұрылары аямайтын еді, – деді Сатан да сөзге кірісіп (І.Жансүгіров, Шығ.).

Кісілік танытты [білдірді]. *Адамшылық істеді, адамдық көрсетті.* Мен олардың атамзаманнан қалыптасқан қазақы салт-дәстүр, жол-жоралғыны тәрк етпей, жөн біліп, *кісілік таныту қандарына* тәнті болдым... («Жас Алаш»). Мен ақын болғасын, ақындығымның арқасында ел басқарып отырғасын, кішкене *кісілік білдірдім* (Ү.Уайдин, Ендігісі.).

КІСІЛІК[2] с ы н. **1.** *Кісіге тән, кісіге қатысты.* Әңгімемізді бекерден-бекер Мардекеңнің алысжақын таныстарының бәріне жәрдемдескісі келіп тұратын *кісілік* мейіріммен бастап отырған жоқ едім («Парасат»). **2.** *Кісіге татитын, жететін.* Әлі мың *кісілік* халім бар (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ). – Мен бүгін туған күнімнің құрметі үшін алты *кісілік* той жасамақпын (Ә.Әбішев, Жас тұлпар). Ақсиған азу тісі бар, Салбыраған ерні бар. Қырық *кісілік* күші бар. Құла бие астында, Қырым тұмақ басында, Құлдырап кетіп барады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** *Кісіге арналған, лайық.* Біз қайта келсек, тәтем төргі бөлмедегі түнде мен жатқан екі *кісілік* темір кереуетті Танаға дайындап, маған еденге жер төсек салып қойыпты (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). Алысқа бар, бауырым, алысқа бар, Кез келген материкке, ғарышқа бар. Жақсы адамға орын бар бір *кісілік,* Жадам тартса, көңілің де таныс табар. Бірақ... Бірақ Алматың алыс қалар... (М.Мақатаев, Шығ.). «Өзі жақсыға бір *кісілік* орын бар» демей ме қазақ атаң. Гәп солай болуда ғой, солай бола білуде ғой (М.Әлімбаев, Көңіл.).

КІСІЛІКТЕН= е т. *Кісімсіну, көкірегін көтеру, менменсіну.* Старшинаның қағазы да болмай ма? Көрінген кісіге анықтама жазып, мөр басып бере берсе, болыстың мөрі ойыншық болмай ма? – деп *кісіліктене* қалды (С.Бегалин, Замана.). *Кісіліктене* шіренген ол мойнын шұғыл толған теріс қарап алды (З.Жәкенов, Таң.).

КІСІЛІКТІ с ы н. *Адамгершілігі мол, адамдық қасиеті бар.* Жұмабай – *кісілікті* кісі, о да күлкі бола бергісі келмейді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). – Сенің Сардар Сұлтанов жайлы түсінігіңде мықты қате бар. Меніңше, ол –

к і с і л і к т і кісі (З.Қабдолов, Жалын). Бөген ауданынан келген құдағи көрген-түйгені мол, *кісілікті,* арналы адам көрінеді (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

КІСІМӘШІН з а т. *Адамның сұмпайысы, қорғы.* Аңшы: «Мен аңды ауламаймын, күзетемін. Сосын *к і с і м ә ш і н* болғаннан кісікиікке айналған әлдекайда рахат-ау деймін (О.Бөкеев, Мұзтау).

КІСІМСУ *Кісімсі етістігінің қимыл атауы.* Корней шалдың бүгін *к і с і м с у і н* қара (С. Омаров, Қызыл арай). – Ия, тілің болса қайтейін!.. Қара *к і с і м с у і н* бездельниктің (М.Иманжанов, Көк белес). – Құдай-ау, *к і с і м с у і н* қарашы мұның. Мә, кәмпит (А.Жағанова, Еркежан).

КІСІМСІ= е т. *Өзін-өзі жоғары, асқақ ұстап дандайсу, паңсыну, адамсу. К і с і м с і п* белгілі білгіш, Біреуге сондай-ақ күлгіш. – Бұлықсып, бұлданып босқа, Өзімшіл оңбаған шерміш (Абай, Тол. жин.). Жарлыны жалдаған байлар айран, қымызын аямаған *к і с і м с і п.* Бәлем, тұра тұр! Пішен мен егін уақыты келсін! Ащы теріңді алармын! – деп ішінен жымыңдап жүр!.. (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Оны елеп сөзге ала берсек, болыстықты тұтқасын өзі ұстаған *кісімсіп,* мүлде құтырып кете ме деп қорқамын (Ж.Аймауытов, Шығ.). *К і с і м с і п* найқалмаймын, Шайқалмаймын. Шөпілдеп көңілімде Байқал қайғым (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

КІСІМСІН= е т. *Өзін-өзі жоғары, асқақ ұстап дандайсыну, паңсыну, меншенсу.* Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ, Оларға жөн адамның сөзін ұқпақ. Қас маңғаз малға бөккен *к і с і м с і н і п,* Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ (Абай, Тол. жин.). Мақтанды жетілген *к і с і м с і н і п,* Құлыққа қалыппын деп қатты ысылып. Ел мінезі қолымда санаулы – деп, Жан біткеннің айласын өзі біліп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).Олар бізге қыр көрсетіп, *к і с і м с і н с е,* біз оларды күшпен илеп алатын едік (С.Бегалин, Замана.). *К і с і м с і н і п* Жұман қатынымен қатты ұрысқанда: «Қақ басқа салып жіберейін бе?» – деп еркекше *к і с і м с і н і п,* қоқиланатын (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІСІМСІНУ *Кісімсін етістігінің қимыл атауы.* – Әй, өзің тәштиіп ап, *к і с і м с і н у д і* қайдан шығарғансың, – деді кемпірлер (С.Жүнісов, Жапанда.). Қарақанның өзімен сөйлеспей *к і с і м с і н у і н е* күйініп Әуез ақырғы ойын тағы айтты (К.Оразалин, Абай.). – Әй, мынаның *к і с і м с і н у і н* қарай көр! – деген сөзді құлағым шалып қалды (С. Көбеев, Орынд. арман).

КІСІМСІТ= е т. *Кісі болғансыту, кісі санату.* Әкем ергежейліні ылғи есіркеп-мүсіркеп, ұшпақты сөзін аямай, *к і с і м с і т і п,* қоқайтып жүретін («Лен. жас»).

Жақын кісімсітті. *Жақын көрді, іш тартты.* Мақыш ауылдың күйеуі болған болып, адамдарын өзіне *ж а қ ы н к і с і м с і т і п,* емексітіп жүргендігін де өз бойынан төмен істей санай бастады (М.Әуезов, Қараш.).

КІСІМШІК з а т. *Кішкентай адам, кісісымақ.* Кең қоныш етік, кең қолтық қаптал киіп, дамбалының ауы салақтап, семіз болмаса да, семіз адамдай талтаң-талтаң басатын жаңа атқа мініп келе жатқан *к і с і м ш і к т е р*... (М.Жұмабаев, Шығ.).

КІСІМШІЛІК з а т. *Кісімсіген, дандайсыған мінез, паңданушылық.* Дүрия мына кісілерге арқа сүйеп, *к і с і м ш і л і г і н* көрсетіп қалғысы келіп айта салған, байы сүп-сүр болып, ақиып шыға келген соң жым болды (М.Қаназов, Жер.). Бұлар ақылшы ағалар еді. Өмірде кездесіп жүргендей, *к і с і м ш і л і к* көрсетіп, мұқатып, қазымырланып жатпайтын («Қазақст. мұғ.»).

КІСІ-МІСІ з а т. *Біреу-міреу, әлдекім, кездейсоқ адамдар.* Сен үйде бол. *К і с і - м і с і* келіп қалуы мүмкін. Дастарқаныңды жасатып, дайын отыр. *К і с і - м і с і* көрінер ме екен деп, Қартқожа төбеге шықты. Көрінбейді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІСІНЕ= е т. **1.** *Жылқы малының оқыранып ұн, дыбыс шығаруы, шұрқырауы.* Жүйрік аттың дауысы, отауы мен су ішу т.б. қылықтары өзгеше болады: олар арқырап немесе сыңғырлап *к і с і н е й д і.* Шөп шүйгінін таңдайды, суды «кербезденіп» аузын шаймай, ағыс бетіне тұмсығын малмай, ернін ғана тигізіп ішеді (Қ.Сартқожаұлы, Сәйгүліктер). Сен неге, тұлпар атым, *к і с і н е й с і ң* ? Жабығып неден көңілің, түсті еңсең? Ерігіп ауыздығың қарш-қарш шайнап, Бұ қалай бұрынғыдай сілкінбейсің? (А.Байтұрсынов, Шығ.). Көк маужырап, көтеріліп жерден бу, Қыз, бозбала ән шырқасып гуде-гу, Жылқы *к і с і н е п,* түйе боздап, қой маңырап, Иттер үріп, балалар да у да-шу (Ақмолла, Күндер.). Енесіне түскен ажал құрығы, Жетім лақтың жетті аяныш шырылы. Жай оғынан жан анасы мерт болған *К і с і н е й д і* құлық бие құлыны (С.Мәуленов, Алыс кет.). **2.** а у ы с. *Сылқылдап, қатты ұн шығару.* – Мырза десе, мына маубас Қоңқақ Нәзигүлді ал деген әзіліңді малданып жүріпті ғой, – деп *к і с і н е й* күлді ақ тоқал (З. Жәкенов, Таң.). Шам сөнгесін бәрібір емес пе? – деп Шахмет өзгеше, *к і с і н е й* күліп қойды (М.Сүндетов, Ескексіз.). Ана жақта: артистердің бақ, мұңы, *К і с і н е г е н* саксофондар шаттығы. Мына жақта: қора-қопсы, ақ күшік, Бар және бір ақылестің Ақ гүлі (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

КІСІНЕС= е т. *Жылқылардың ұн шығарысып, шұрқырасуы.* Аттар қатар *к і с і н е с і п,* шұрқырасып, секіре қарғи өрттен өте шықты (Т.Жармағамбетов, Сентябрь). Жылқылардың *к і с і н е с і* әр тұстан да естіле бастады (Ә.Әбішев, Найзағай). Сол маңда аттар да *к і с і н е с і п* қалды (Ж.Молдағалиев, Торғай). – Түйе қалар боздасып, Жылқы қалар *к і с і н е с і п,* Жан айрылып шығады, Денеменен қоштасып (Ғашықтық дастан.).

Алыста жүрсе кісінесіп, жақында жүрсе тебіскен. *Бөлек жүрсе сыйласып, бірге болса ренжіскен.* Ағайынды екеуінің *а л ы с т а ж ү р с е к і с і н е с і п, ж а қ ы н д а ж ү р с е т е б і с е т і н* дәстүрінде бар еді (Р.Тоқтаров, Ертіс).

КІСІНЕТ= е т. *Шұрқырату, ұн шығарту.* Қобызға үй хайуандарының бәрінің де даусын салып, қойларды маңыратады, сиырларды мөңіретеді, жылқыларды *к і с і н е т е д і* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Күлдір де күлдір *к і с і н е т і п,* Күреңді мінер ме екеміз – Күдеріден бау тағып, Ақ киреуке киер ме екеміз! (Алдаспан).

КІСІНЕУ *Кісіне етістігінің қимыл атауы; жылқының қатты дыбыс шығаруы, шұрқырау.* Оның сыңғырлаған назды *к і с і н е у і н е н* айғырлар бірін-бірі аяусыз шайнап бітіспес соғысқа кіріседі (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Ана жақтан, мына жақтан *к і с і н е у* көбейіп, екі-үш үйір жылқы азан-қазан болды да кетті (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

КІСІСІЗ с ы н. *Адамсыз, қонақсыз. К і с і с і з,* таңғажайып қайран қалды. Азырақ күріш жейін деп, ойға да алды (Қисса-дастандар). Ауыл әншейінде де *к і с і с і з* болмайтын еді. Ал бүгін бір топ сәйгүлік аттар сыртта кермеде тұр (Ш.Айманов, Қыран).

КІСІШЕ ү с т. *Кісі сияқты, кісіге ұқсап.* Қонағын жоқ жерде ренжітіп алдым ба деген *к і с і ш е,* қыз кенет «Ақ Айшаны» айтады (А.Жұбанов, Замана.). – Бізге жиен, Гүлжиһан ғой. Білмеген *к і с і ш е* сұрайсың-ау, әдейі, – деді Меңдіқыз (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Әдейі түк білмеген *к і с і ш е* кетіп бара жатады (Р.Хайруллин, Офицер). Шідербай үйінің арбасының астынан қойшының сойылшасын тауып әкеліп, қирататын *к і с і ш е* атына мініп одыраңдатып жөнелді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жынды [есалаң] кісіше. *Ақылынан, есінен ауысқан адамша.* Есер кісілер ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, екі көзі аспанда, *ж ы н д ы к і с і ш е* шаба беруді біледі екен, соны көрдім (Абай, Тол. жин.). – Сен, *е с а л а ң к і с і ш е* сөйлейсің ғой! (С.Сейфуллин, Шығ.).

Үлкен кісіше. *Ересек, естияр адамша.* Өзі ауылдың, үйдің жайын сұрап, әкесімен *ү л к е н к і с і ш е* сөйлеседі (С.Мұқанов, Аспаз). Қален ең кіші шәкіртінің *ү л к е н к і с і ш е* сөйлейтін мінезі мен сөзіне таңғалып, басын шайқады (Х.Есенжанов, Тар кезең).

КІТАБИ [ар. كتابى] с ы н. **1.** *Кітапқа тән, кітаптық.* Қыдырып, қырға дарытты Қыдыр Ту бәрі, Көрмек пен білмек ол жақта ғұмырдың мәні. *К і т а б и* сурет секілді Қызылбас салған Дешті қыпшақтың, пай-пай, гүлі ырғын бағы (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). **2.** *Ауызша тілге емес, жазбаша тілге ғана қатысты.* – Тоқта, тоқта... Сен *к і т а б и* сөздерге жетік екеніңді білеміз. Осы ойларыңды іске асыру үшін не істедің (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Менің *к і т а б и* сөздерім жанына жағып кеткені көрініп тұр (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). «Қысса Жүсіп» сюжеті, мотивтері қазақтың ұлттық фольклорына, XIX ғасырда қалыптасқан дастаншыл *к і т а б и* жазба әдебиетке де үлкен әсер етіп, ұлт мұрасының қайнар көздерінің бірі болды («Айқын»).

Кітаби ақын. ә д е б. *Шығыс әдебиетінің араб, парсы, түркі тілдес халықтар поэзиясының озық үлгілерін өзінше жырлап, қазақ арасына таратып отырған, шығыс тілінде шыққан кітаптар сюжетін қайта өңдеп, қисса-дастандар шығарған ақын-жыршы. К і т а б и а қ ы н д а р* деген негізінен алғанда шартты термин. XIX ғасырдың аяқ тұсы мен XX ғасыр басында өмір кешкен, белгілі бір бағытты нысана етіп алған іздемпаз, білімпаз, қазақ көркем әдебиетіне елеулі үлес қосқан топтың өзіндік соқпағы бар (Әдебиеттану термин. сөздігі). Кейбір зерттеушілер *к і т а б и а қ ы н,* қиссашыл ақын деген терминдерді тым жиі қолданатын болып жүр (XX ғ. бас. қаз. ақынд.).

Кітаби білім. *Нағыз өмірден қол үзген, кітапқа ғана сүйенген білім.* Жаңа атаулының жанашыры болып, жастарды қанатының астына алатыны, олардың *к і т а б и б і л і м і н* тұрмыс тәжірибесімен зерлеп отыратыны қандай (С.Ақтаев, Дала.).

Кітаби лексика. л и н г в. а) *Жазба әдеби тілге тән, әдеби тілдік сипаты бар лексика. К і т а б и л е к с и к а* деп жалпылама лексикадан мүлдем алыстап кетпеген, бірақ өз алдына жіктеліп, аздаған ғана лексикалық стильдік қана айырмашылығы бар сөздерді айтамыз (Қазіргі қаз. тілі). ә) *Өткен дәуірдегі жазба әдеби тіл дәстүрінде қолданылған сөздер.* ≈ *К і т а б и л е к с и к а* элементтері.

Кітаби тіл. л и н г в. а) *Жазба әдебиетте өзіне тән тілдік дәстүрі қалыптасқан әдеби тіл*

үлгісі. Кітаби тілдің дәстүрі оның лексикасы мен емлесінен, тұрақты сөз оралымдары мен грамматикалық тұлғаларынан айқын көрінеді (Ғ.Қалиев, Тіл білімі термин.). ә) *Ертедегі жазба мұраларға тән стиль.* Оларда көптеген *кітаби тіл* қолданыстары, сол сияқты ауыз әдебиетіне жат, тек жазба мұраларға ғана тән сөз орамдары кездеседі («Қазақст. мект.»). *Кітаби тіл* деген термин өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап қолданыла бастаған, «кітаби өлең», «кітаби ақын» деген атаулармен байланысып жатыр (Қаз. тілі энцикл.).

КІТАБИЛЫҚ с ы н. *Жазбалық, кітаптық.* Оңтүстік ақындары ауызша да, жазбаша да сайысқа түскенде әдептен озбай, сыпайы айтысқан әрі адамзат баласына ортақ жайларды толғаған, *кітабилық* дәрежеде қалып қоймаған (Ө.Күмісбаев, Тіршілік). // *Жазба дәстүр. Кітабилық* пен еліктеушілікті тек Т.Медетбеков қана бастан кешірген жоқ («Қаз. әдеб.»).

КІТАП [ар. كتاب] з а т. **1.** *Мерзімсіз баспасөз басылымы көркем-әдеби, қоғамдық саяси, ғылыми-практикалық мазмұндағы туынды.* Өйткені оның әрбір тасы үлкен тарих айнасы, сырлы сандық, жұмбақ, қаттап-қаттап қойған қалың *кітаптар* іспетті (Н.Баяндин, Атамекен). Бұл өмірге қараушы едің, биіктен. Көп оқыдың, Сонымен де сүйікті ең. «Бес чемодан *кітап* және күйтабақ, Бір гастрит әкелдің деп Киевтен!» (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). «Орысша оқыған қазақтың ең есті, артына *кітап* қалдырғаны осы Шоқан», – деп еді (М.Дулатов, Шығ.). Абай әлі де *кітап* бетіне үңілуде (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** *Есеп-қисап, мәлімет т. б. мағлұматтарды тіркеп, жазып отыратын түптелген таза ақ қағаз, қалың дәптер.* Баймұрат атайдың тілімен айтқанда, арамызда болған артық-ауыс сөздерді есеп-қисап *кітабынан* шығарып тастасаң қайтеді? (Р.Райымқұлов, Жасыл белес). Қысқасы, жергілікті жылқыларға асыл тұқымды мал *кітабын* жүргізудің экономикалық маңызын естен шығармаған жөн (К.Дүйсенбаев, Жылқы тұқымы.). Сын әдебиеттің сыйқын көрсететін құр айнасы, яки соның не барын тіркеп қана отыратын есеп *кітабы* емес (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Айбарлы поп кірес сілтеп, Өшірді атын атаның да, *Кітабына* қойды тіркеп Коля Степанов атануға (Қ.Бекхожин, Дала комисс.). **3.** *Мектеп оқушыларына арнап, белгілі оқу бағдарламасына негізделіп жазылған оқулық.* Зеншенко *кітаптарының* артықтығын, қазіргі мектептерге артықша пайдалы екенін аз сөзбен айтып бітіруге болмайды (М.Дулатов, Шығ.). *Кітап* – мәдениеттің негізі емес, мәдениеттің негізі – қол еңбегі, олай болса, кітап әншейін көмекші болып, мектеп басынан аяғына шейін қол еңбегі негізіне, яғни мануалистический негізге құрылсын депті Диюби, Зидель (М.Жұмабаев, Шығ.). Жанар *кітап,* дәптерлерін жинастырып, қаламы мен сиясын дайындап қойды (А.Байтанаев, Болат). **4.** а у ы с. ***Құран***. Құдайшылық қалыбыңды сонда таза сақта, Құдайтағала қалпыңа әрдайым қарайды деп, *кітаптың* айтқаны осы депті (Абай, Тол. жин.). Елден алғыс алмайсың Көтеріп *кітап* Құранды. Меніменен ұстасып, Білмейсің Құдай ұрарды (Жамбыл, Тол. жин.). Сонда да ешбір дауа келіспейді, Құлаққа көрінесіз алмағандай. Бұл айтқаным *кітапқа* қайшы емес – Сіз ойлайсыз Ақмолла алдағандай (Ақмолла ақын, Күндер.). Исламның діни уағыздары Құранда баяндалады. Бұл *кітап* Жаратушы Алладан Мұхаммед пайғамбарға түскен («Парасат»).

Алтын кітап. *Құрметті еңбек озаттары, үлгілі, табысты азаматтар тіркейтін кітап.* «Қой өсірудің шебері» деген атақ беріліп, республиканың *Алтын кітабына* жазылдым (Береке бастауы).

Анықтама кітап. *Сөздік энциклопедия, арнаулы мәселелер жөніндегі анықтамалар, кунтізбелер т.с.с. Анықтама кітап* сатып алды (Ауызекі).

Әдебиет кітаптары. *Көркем шығармалар.* Мұстафа соңғы кезде *әдебиет кітаптарын* оқуға әуестеніп алды (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.). Әр бригадаға қырық-елуден әртүрлі *әдебиет кітаптарын* бергізіп жібердім есепшіден (Б.Тоқтаров, Қырандар).

Діни кітаптар. *Наным-сенімге, құдіретті күш иесіне сенімді уағыздауға, имандылық тақырыбына арналған шығармалар.* Олар *діни кітаптарын* шағатай және татар тілдерінде таратты (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

Жер кітап. *Үй іргесіндегі жер телімін тіркеген кітап.* Әрбір колхозшының үй іргесіндегі участогының көлемі колхоздың *жер кітабында* жазылған мөлшер бойынша анықталады (А.Әбішев, Ауыл.).

Жылжымалы кітап дүкені. *Көшпелі кітап саудасы, кітап сататын дүкен. Жылжымалы кітап дүкені* келсе, қай ауылдың да бір қуанып қалары даусыз («Лен. жас»).

Кітап айлығы. *Көпшілік оқырмандарға кітаптарды насихаттап, тарату ісінің бір түрі. Кітап айлығы* кітап саудасы ұйымдары мен орындары, баспалар мен кітапханалардың

ұйымдастыруымен республика, облыс, қала, аудан көлемінде өткізіледі (ҚҰЭ).

Кітап ашты. м и ф. *Біреудің тағдырын біліп беру үшін кітапқа қарап сәуегейлік жасады.* Қайдан келдің, сұм балам, түсің қашып, Не көрдің сен сұмдықты *к і т а п а ш ы п.* Кішкентайдан жиылған дүниелігің, Қайда кетіп барасың, жерге шашып (Айдос батыр). Дәрігерміз дегендер бұ күнде халыққа көп залал келтіріп тұр. Бұлардың есі-дерті – мал алу. Малды құмалақ салып алады, *к і т а п а ш ы п* алады, садақа деп алады, ауруды бағамын деп алады (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Молда *к і т а п а ш т ы.* «Еркек болып жарала тұрып, әйелден қорлық көрген екенсің», – деді (С.Қасиманов, Сиқырлы.).

Кітап ашушылар. м и ф. *Кітапқа қарап адамның тағдырын біліп, болжайтын сәуегейлер.* Үшінші емдеушілер өзін-өзі дәрігерміз деп атайды, халық оларды *к і т а п а ш у ш ы л а р* дейді. Бұлар кітапқа қараған болып ем етеді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

Кітап басу. б а с п а. *Қолжазбаны дайын кітап етіп шығаратын полиграфиялық өндіріс процестерінің жиынтығы. К і т а п б а с у* термині әдетте оның тарихына байланысты қолданылады, осы заманғы кітап басу өндірісінде полиграфия, полиграфиялық өнеркәсіп деген терминдер жиі пайдаланылады (ҚСЭ).

Кітап белгісі. *Кітаптың қажетті бетін белгілеп қою үшін қатты қағаздан ақпараттық жарнама мәліметтері немесе әртүрлі бейнелері бар жіңішке ұзын етіп қиып алынған қиықша. К і т а п б е л г і с і* кітаптың қажетті беттерін белгілеп қою үшін қызмет атқарады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздік. Ғылымтану).

Кітап дүкендері. *Баспа өнімдерін сату, тарату ісімен шұғылданатын сауда орындары.* Қазіргі уақытта *к і т а п д ү к е н д е р і* арнайы кітап саудасын жүргізетін мемлекеттік және жеке құрылымдардың, баспалардың («Атамұра», «Жазушы», «Жалын», «Санат» т.б.) меншігінде жұмыс істейді (ҚҰЭ). Бұл туынды *к і т а п д ү к е н д е р і н і ң* сөрелеріне түспей жатып, зиялы қауым өкілдерінің пікірталасына тақырып болып үлгерді («Егемен Қазақстан»).

Кітап көрмесі. *Жұртшылыққа баспа өнімдерін ұсынып, таныстыратын мәдени шара.* **…**Балалар мен жасөспірімдер кітабының Алматыда өткен бүкілодақтық апталығына (1973) және Азия, Африка жазушыларының V конференциясына (Алматы, 1973) байланысты ашылған *к і т а п к ө р м е л е р і* жалпы кітап өнімдерінің үздік үлгілерін көрсетті (ҚҰЭ). Келушілер жаңа кітапхананың материалдық-техникалық базасымен, онда қойылған *к і т а п к ө р м е л е р і м е н* және басқа да кітапхананың оқырмандарға ұсынатын қызмет түрлерімен танысты («Егемен Қазақстан»).

Кітапқа қарады. м и ф. *Құран кітабын алып, дұға, сүре оқып, емдеді.* Үшінші емдеушілер өзін-өзі дәрігерміз деп атайды, халық оларды кітап ашушылар дейді. Бұлар *к і т а п қ а қ а р а ғ а н* болып ем етеді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

Кітап қоймасы. *Кітапхана, кітап дүкені жанындағы кітап сақтайтын ғимарат.* ≈ Ұлттық кітапхананың *к і т а п қ о й м а с ы.*

Кітап қоры. *Мемлекет меншігіндегі кітапханалардағы кітаптар мен баспасөз шығармаларының жиынтығы. К і т а п қ о р ы* жалпы және жеке есепке алынып, сөрелерге негізінен алфавиттік (авторына, атауына қарай), жүйелік (мазмұнына, тақырыбына қарай) тәсілмен қойылады (ҚСЭ). Кейде *к і т а п қ о р ы* терминінің орнына «кітапхана қоры» деген термин қолданылады (Орыс.-қаз. түсінд. сөздігі. Ғылымтану).

Кітап саудасы. а) *Жұртшылыққа кітаптар мен кітапшалар, энциклопедиялық басылымдар, плакат, ноталар, портреттер мен бейнелеу өнері т.б. мерзімсіз баспа өнімдерін сатып шұғылданатын сауда түрі. К і т а п с а у д а с ы* – Үкімет тарапынан өзінің шешілуін күтіп отырған күрделі мәселелердің бірі. Қазақ әдебиетінде поэзияда да, прозада да жақсы шығармалар баршылық, тек солар халыққа жетпей жатыр («Айқын»). ә) *Баспа өнімін тұтынушыларға жеткізу қызметін атқаратын кітаптардың қоғамдық өндірістегі айналым аясын ұйымдастыратын сала. Әлемдік к і т а п с а у д а с ы н а* қосылудағы мұндай үрдістер Қазақстанның ақпараттық жаһандану процесінен шет қала алмайтындығын көрсетеді (ҚҰЭ).

Кітап сөзі. *Кітапта жазылған нақыл, ақыл сөз. К і т а п с ө з і м е н е н* іздеген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек (Абай, Тол. жин.). Софы Аллаяр кітаптан сұрап көрің сонымды. *К і т а п с ө з і н* тұтпасаң, Тәңірім ісі қиын-ды (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақынд.). Тәртіптеп *к і т а п с ө з і н* тәржіме еттім, Алтынды араластырмай жез бен мысқа (Атымтай жомарт// Бабалар сөзі).

Кітап сөресі. *Жиылған кітаппен басқа да құжаттар тұратын, оларды қатар-қатар тізіп сақтауға арнайы жасаған сөре.* Ол бөлмесіне барды да, *к і т а п с ө р е л е р і н* ақтарып жүріп, бір журналдың арасынан бүктеулі тұрған қызыл шүберекті алды (Е.Өтетілеуов, Бос шелек).

Кітаптан бас алмады. *Кітаптан басын көтерместен, құныға көп оқыды.* Суретші бір қызық *кітаптан бас ала алмай* қалған адамша құмартып, зор плотинадан көз алмады (Ш.Мұртазаев, Интернат.).

Кітаптың бетін ашпады. *Тұк оқымады, дайындалмады.* Бүгіндікке *кітаптың бетін ашпадың* ғой (Ауызекі).

Кітап ұстады. д і н и. а) *Құран оқыды.* Нәпсіге ерген молдамыз Кітапты жақсы білмейді. *Кітап ұстап* айтқан соң, Жалған, сөзі шынмен тең (Айтыс). ә) *Қолына Құран алып ант берді, шынын айтты.* Айтқан соң *кітап* сөзін керек *ұстау.* Келіспес қолға алған соң, қайта тастау! Бас бұларды сақтады Хақ тағала Күнінде қияметтің қиын-қыстау! (МәшһүрЖүсіп, Шығ.).

Кітап шифры. *Кітапхана каталогінде қолданылатын кітаптарға қойылатын шартты белгі. Кітапхана шифрына* ғылым салаларына белгіленген индекс пен автор фамилиясының немесе кітап атының басқы буынына берілген авторлық белгілер жатады (ҚСЭ).

Құрмет кітабы. *Еңбектегі озат адамдарды жазатын кітап.* Қызылорда қалалық комсомол ұйымы және 5 комсомол жастар коллективі ВЛКСМ Орталық Комитетінің *Құрмет кітабына* жазылды (Т.Бейісқұлов, Әке.).

Қызыл кітап. *Көне дәуірлерге тән, бұл күнде сирек ұшырайтын аң-құстарды тіркейтін кітап.* Қазақстанның өсімдіктеріне арналған бірінші *Қызыл кітап* 1981 жылы жарық көрді («Парасат»). *Қызыл кітапқа* кірген Қазақстан аң-құстарының бірі – бүркіт («Соц. Қаз.»).

Оқу кітаптары. *Оқулық, оқу және оқу-әдістемелік құралдар.* Басылып шыққан *оқу кітаптары* болсын, ойын, өлең кітаптар болсын, жер-жерге әлі тарап үлгірген жоқ (С.Сейфуллин, Шығ.).

Сөзі кітап сөзіндей. *Айтқан ойы, сөзі айқын, анық, тиянақты.* – Пай, пай, Тоқаңның *сөзі кітап сөзіндей* ғой, – деді Тілеукен (М.Мағауин, Ақша қар). – *Сөзің кітаптың сөзіндей* көрінеді... Іздегенің енді табылуға қалды (М.Қаратаев, Далада.).

Тас кітап. *Көне жазбалар мәтіні қашап жазылған балбал тастар.* Тоныкөктің «Күлтегін» *тас кітабы* бастап келген үлгіні Жүсіп Баласағұнның «Құдатқу білік», Махмұт Қашқаридің «Дивани лұғат ит-түрік» Қожахмет Ясауидің «Дивуни Хикмет» қолжазбалары жалғастырып әкетті (Ә.Кекілбаев, Үш белес). Нинавия мен ескі Вавилон жұртынан табылған алғашқы мәдениет жазбалары, *тас кітаптар* әлемді таңғалдырған тұңғыш жазба мұра болды (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.).

Төрт кітап. д і н и. *Көктен төрт пайғамбарға түскен төрт кітап: 1. Тәурат, 2. Зәбур, 3. Інжіл, 4. Құран [Діни аңыз бойынша Тәурат – Мұса пайғамбарға, Зәбур – Дәуіт пайғамбарға, Інжіл – Иса пайғамбарға, Құран – Мұхаммед пайғамбарға Алладан түскен. Діни аңызда Адам ата арқылы 10 кітап, Шис (Сиф) арқылы 50 кітап, ЫдырыС пайғамбар (Енох) арқылы 30 кітап, ЫбрайыМ (Абрам) арқылы 10 кітап көктен түсіпті].* Алланың өзі де рас, сөзі де рас, рас сөз еш уақытта жалған болмас. Көп *кітап* келді Алладан, оның *төрті.* Алланы танытуға сөзі айырылмас (Абай, Тол. жин.).

КІТАП-АЛЬБОМ з а т. *Мазмұны әртүрлі фото, көркем суреттермен безендірілген кітап түрі.* Қолымызда елімізде мұнай кәсіпшілігімен айналысатын «Теңізшевройл» компаниясы шығарған «Қазақтың киіз үйі» атты көркем суретті *кітап-альбом* («Егемен Қазақстан»).

КІТАП-ЖУРНАЛ з а т. *Кітап, журналдардың жиынтық атауы; кітаптар мен журналдар.* Суретші-графикшілер графика саласында, эстамп, *кітап-журнал* көркемдеу, плакат жазу саласында әртүрлі жанр мен техникада жұмыс істейді (Қазақст. бейне.).

КІТАПҚАП з а т. с ө й л. *Кітап салатын боқша, сөмке.* Мектептен келген бойдан үйден бірдеңе ішіп жүрек жалғап алам да, *кітапқабымды* мойнына асып, егін басына барам (Ө.Қанахин, Жер бас.).

КІТАПҚҰМАР с ы н. *Кітапты көп оқитын, кітапты бар жанымен сүйетін, әуес.* Сенің бір жақсы жерің – *кітапқұмар* екенсің, бауырым (С.Ақтаев, Қапшағай). Өзі кіп-кішкентай болып *кітапқұмар* (З.Шүкіров, Шығ.). Кітапхананың ашылу салтанатында Қазақстанның халық жазушысы Ә.Кекілбайұлы сөз алып, жаңадан ашылып отырған осынау кітапхананың маңызы, оның еліміздің мәдени өмірінде алатын орны мен *кітапқұмар* қауымға беретін пайдасы туралы ойларымен бөлісті («Егемен Қазақстан»). // *Кітапты көп оқитын, кітапқа әуес адам.* Кітап оқушылар конференциясы боларда алдын ала селодағы *кітапқұмарларды* түгел қамтып, сол кешке қатыстыруды ұйымдастырамыз («Мәдениет және тұрмыс»). Съезге қатысушылар *кітапқұмарлардың* Бүкілодақтық ерікті қоғамының уставын бір ауыздан бекітіпті («Соц. Қаз.»).

КІТАПҚҰМАРЛЫҚ з а т. *Кітапты көп оқушылық, кітапқа әуестік.* Оның беріле бір сүйетін әдеті – *к і т а п қ ұ м а р л ы қ.* Қайда жүрсе де қолынан кітап түспейді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Бізді қуантқан бір нәрсе – ауыл-село тұрғындарының кітап оқуға деген ынтасы, *к і т а п қ ұ м а р л ы ғ ы* болды (Т.Беркімбаев, Ана мейірі).

КІТАП-МІТАП з а т. *Әртүрлі кітаптар, тағы басқалар.* Үйде *к і т а п -м і т а п* жатыр (Ауызекі).

КІТАПСЫЗ с ы н. **1.** *Кітабы жоқ.* Клубтан *к і т а п с ы з* шыққандар ілуде бір-ақ кездеседі (Ә.Шәріпов, Алыс.). Мектеп *к і т а п с ы з* болмас, колхоз есепсіз болмас (Мақалнама). *К і т а п с ы з* қалған сөресің, Жырыңды жоқтай бересің. Бір көзің еді ол, Бір көзсіз Барлығын қалай көресің?! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Тәрбиелі жан еді, Қуаттай түсті жұбайы Деп: – Өмір мен көңілдің *к і т а п с ы з* болмас шырайы (Ш.Смаханұлы, Тотияйын). **2.** *Кітаптың қатысынсыз.* Театр *к і т а п с ы з* түрленбейді, көгермейді. Театр кітаптары онға да жетпейді. Оның өзі де әлденеше айналып, жұртқа әбден таныс болған, мезі қылған кітаптар (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

КІТАПСЫМАҚ с ы н. *Кітап сиқы жоқ, кітапқа татымайтын.* Ол «Түркістан XX ғасырда» деген *к і т а п с ы м а қ* жазып, Орта Азия республикалары мен Қазақстан тарихының шындығын бұрмалаған (С.Сейітов, Жылдар). Индия адамдарының арасына ең көп тарайтын Америка макулатурасы – *к і т а п с ы м а қ т а р ы* екен (М.Әуезов, Индия очерк.).

КІТАПТАЙ с ы н. *Кітап сияқты, кітап тәрізді. К і т а п т а й* ашық тұрған жазық дала, Келемін сипатыңды жазып ала. Құдала құлазыған бір кездегі, Сарқылмас айналыпты қазынаға (М.Хакімжанова, Таңд. шығ.). Көріп ем ғой өзіңді күні кеше, Тани кеттім ашқанда-ақ газет бетін. *К і т а п т а й* боп оқыған әлденеше, Қарсы алдымда сүйкімді тұр суретің (С.Сейітов, Жаңғырық). Мынау дала ашық жатқан *к і т а п т а й*, Сонау таулар көрі жырау ғұлама (С.Мәуленов, Алыс кет.). Жақсы *к і т а п т а й* оқыласың, апа, Сәл нәрсеге де ah ұрасың, апа, Ойдың түбіне жететіндей бір, Ойланып ұзақ отырасың, апа (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

КІТАПТАНУ з а т. ғ ы л. *Жазба және баспасөз туындыларының туылу, таралу және пайдалану процесін зерттейтін кітап және кітап ісі жөніндегі ғылым.* Сондай-ақ тас бітіктің бүгінгі күні дербестеліп, өз алдына отау тіккен тіл білімі, жазу тарихы, әдебиет һәм *к і т а п т а н у* ғылымы, баспасөз тарихы, тасты өңдеудің декоративтік өнері, педагогика, психология, философия және басқа сан алуан саланы тұтас қамтыған синкретті туынды («Жас Алаш»).

КІТАПТЫҚ с ы н. *Кітапқа тән, кітаппен байланысты.* Шоқанның байқауынша, *к і т а п т ы қ* мәліметтерді бұдан әлдеқайда көп біледі деп шамалайтын Банзаровтың бір ғана жетпейтін жері бар сияқты (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КІТАПХАНА [ар.+ир. كتابخانه] з а т. **1.** *Баспа өнімдерін пайдалану ісін ұйымдастырып, оқырмандарға мәдени-ағарту және ғылыми бағытта көмек көрсететін мекеме. К і т а п х а н а* тарихы 4-5 ғасырларда Қаңлы патшалығы сарайындағы кітапханалардан, 11-12 ғасырлардағы Отырар кітапханасынан басталды (ҚҰЭ). Қазақстанның *к і т а п х а н а л а р ы н а н* көптеген әдебиеттің шығармаларын табуға болады (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Ресей Мемлекеттік *к і т а п х а н а с ы н д а* Қазақстанның раритеттері болып табылатын, сонау XII ғасырдан бергі тарихты, мәдениетті, өнерді қамтитын кітаптар көрсетілді («Егемен Қазақстан»). **2.** *Жеке адамның үйіндегі кітаптар жинағы.* Профессор Есімбекке иін тірескен екі бөлмедегі бай *к і т а п х а н а с ы н а н* қалаған кітабын оқуға беретін (Е.Оразақов, Дәрігер). Марқұмның *к і т а п х а н а с ы* жайлы сұрадым (М.Мағауин, Бір ата.). 1903 жылы Петропавл, Көкшетау, Павлодар және Семей уездерінде белгілі-белгілі қазақтардың үйінде тінту жүргізілді. Соның барысында алынған *к і т а п х а н а л а р* әлі күнге дейін иелеріне қайтарылмай отыр («Ана тілі»). **3.** и н ф. <ағыл. library> *Атаулары бойынша тікелей қатынас құруға сәйкестендірілген тараулар мен бөлімдерден тұратын мәліметтер жинағы. К і т а п х а н а ғ а* және оның бөлімдеріне қатынас құру тікелей, ал бөлімдерден мәліметтерді таңдау тізбектік түрде іске асырылады (Каз. тілі термин. Информатика.).

Ғылыми және арнаулы кітапхана. *Ғылым салалары мен белгілі бір ұйымдарға қызмет ететін кітапхана. Ғ ы л ы м и к і т а п х а н а л а р ғ а*: мемлекеттік, академиялық, университеттік және салалық кітапханалар, *а р н а у л ы к і т а п х а н а л а р ғ а*: техникалық өндірістер жанындағы, ғылыми-зерттеу институттарының, жоғары оқу орындарының кітапханалары кіреді (ҚҰЭ).

Көпшілік кітапхана. *Кітап қорының құрамына қарай оқырманға қоғамдық-саяси, кәсіптік, жалпы білім беретін басылымдар ұсынатын кітапхана. К ө п ш і л і к к і т а п х а н а л а р* типіне Мәдениет министрлігі жүйесіндегі

қалалық, ауылдық кітапханалар, кәсіпорындар жанындағы кәсіпшілер одағы кітапханалары, мәдениет үйлері және клуб кітапханалары жатады (ҚСЭ).

Кітапхананы қайта ұйымдастыру. и н ф. <ағыл. library reorganization> *Мәліметтердің кітапханалық жинағының физикалық ұйымдастырылуын өзгерту. Кітапхананы қайта ұйымдастыру* ертеде жойылған бөлім мәліметтерін алып тастаудан және босаған жад есебінен қалған бөлімдерді тығыздаудан тұрады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КІТАПХАНАЛЫҚ с ы н. *Кітапханаға тән, кітапханаға қатысты. Кітапханалық* ой жүйесі қолжазбалық және баспа кітаптарды, басқа да ақпараттық тасымал құралдарын жинайтын, сақтайтын және пайдаланатын мекеме ретінде кітапханалардың пайда болуымен бірге қалыптасты (ҚҰЭ).

Кітапханалық қызмет. и н ф. <ағыл. library function> *Стандартты бағдарлама (ішкі бағдарламамен) орындалатын қызмет* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кітапханалық таспа. и н ф. <ағыл. library tape> *Есептеуіш жүйенің бір немесе бірнеше бағдарламалық құраушыларының кітапханалық мәліметтер жинағы бар ақпараттың дистрибуттық тасуышы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кітапханалық іздестіру. и н ф. <ағыл. library search> *Кітапхананың тақырыптарын қарап шығу және бөлімнің адресін анықтау арқылы атауы бойынша қажетті кітапхана бөлімін іздестіру. Кітапханалық іздестіру* кітапхана бөлімін оның атауы бойынша кітапхана тақырыбын тізбектік қарап шығу жолымен іздестіру (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кітапханалық элемент. и н ф. <ағыл. library item> *Атауы мен тарау басының адресі бар мәліметтердің кітапханалық жинағы тақырыбының элементі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КІТАПХАНАТАНУ з а т. ғ ы л. *Кітапхана ісінің теориясын, тарихын, әдістемесі мен технологиясын зерттейтін ғылыми пән. Кітапханатанудың* негізгі салалары: жалпы кітапхана, кітапхана қоры, кітапхана каталогы, оқырмандармен жұмыс, кітапхана жұмысын ұйымдастыру, кітапхана ісінің тарихы (Қазақст. энцик.).

КІТАПХАНАШЫ з а т. **1.** *Кітапхана қызметкері.* Шолпан – әрі тәрбиеші, әрі *кітапханашы.* Қазақша кітаптарды Шолпан баяғыда оқыған (Ә.Нәбиев, Шолпан). *Кітапханашы* болу мен үшін үлкен абырой. Мамандықтың жаманы жоқ («Мәдениет және тұрмыс»). Соня – қалалық кітапханада *кітапханашы* (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). **2.** и н ф. <ағыл. librarian> *Кітапхананы құру мен қайта ұйымдастыруға, кітапхана модульдерін қосуға, алып тастауға, табуға, алмастыруға және анықтамалық ақпарат беруге арналған бағдарлама. Кітапханашы* кітапханаға элементтерді енгізуге, жоюға, атауларды ауыстыруға және басқа операцияларды орындауға мүмкіндік береді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КІТАПША з а т. **1.** *Көлемі шағын, жұқа кітап; брошюра.* Бұл съездің қаулысы бөлек *кітапша* болып басылып, қазақ-қырғыз жастарының бар ұйымдарында қаралады («Абай»). Нанбасаңыз, міне, оның күнделік дәптері, – деп омырау қалтасынан бір кішкене *кітапшаны* суырып алды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ол қаулы қазақша һәм орысша бөлек *кітапша* болып басылып шықты, һәм ол губерния-губернияларға жіберілді (С.Сейфуллин, Шығ.). Академик В.Бартольд Қожа Ахмет Ясауи мен оның шәкірттерінің көшпелі халық арасында беделдерінің зор болғандығын, олардың ел аралап, Құран уағыздары мен шариат заңдарын насихаттағанын, діни тақырыптарға арналған *кітапшалар* таратқанын айтады («Егемен Қазақстан»). **2.** *Арнайы жазба үшін жасалған дәптерше.* Тәбіш Қошақбаевтің мергендік өнеріне жетілген кезінен бастап, жүргізіп келе жатқан жұп-жұқа *кітапшасы* бар (С.Сейітов, Сөз сұра.). Ол Қәкен отарының санақ *кітапшасын* сұрап алып, жаңа бетті толтыра бастады (Саржайлау). Мен орден *кітапшасына* көз жүгіртемін. Екінші «Қызыл Жұлдыз» ордені 1944 жылы 15 апрельде берілген (Ш.Есмұрзаев, Ильич.).

Еңбек кітапшасы. *Еңбек өтілін көрсететін, істеген қызметін жазып отыратын құжат. Еңбек кітапшамды* қолыма берді. Ақтарып қарасам, «тілегі бойынша шығарылды» деп жазылыпты (А.Жақсыбаев, Менің дос.). Октябрь мерекесінде үлкендермен бірге жас жұмысшы – бұған да алғыс жарияланып, *еңбек кітапшасына* жазылды (А.Жақсыбаев, Егес). Ол машиналардың базасына барып, шоферлардың *еңбек кіташасымен* танысты (З. Иманбаев, Солма. гүл).

Жинақ кітапшасы. *Сақтық кассасына салған ақшаны жазып, есебін жүргізіп отыратын заңды құжат.* Санап болды да тиісті документті толтырып, Тоқаның *жинақ кітапшасын* өзіне ұсынды (Е.Домбаев, Ғашықтық.).

Қойын кітапша. с ө й л. *Қойын дәптер.* Бұрыннан қалыптасқан әдетімен сөз ұстар қарияларына жолығып, жер, су, елді-мекендердің ежелгі атауларын *қ о й ы н к і т а п ш а м а* елеусіздеу етіп жазып алдым («Түркістан»). Сафура *қ о й ы н к і т а п ш а с ы н* алып, Сәуле «әкеліп бер» деп өтінген әдебиеттерді дауыстап оқи бастады («Қазақст. әйелдері»).

КІТАПШЫЛА= е т. с ө й л. *Жай адам түсіне қоймайтын кітаби тілмен сөйлеу.* Хазіретпен не деп жауаптасудың бабын таба алмаған және тіпті, шүлдіреген, *к і т а п ш ы л а ғ а н* тілін ұға алмаған Жұмабай тағы бір ойдағы әңгімесін бастап еді (М.Әуезов, Абай жолы). «Қатын» деген сөзі шаншудай қадалады. Бірақ Лепес ағамның тілі солай; *к і т а п ш ы л а п* сөйлеуді білмейміз (З.Шүкіров, Шығ.).

КІТАПШЫЛДЫҚ з а т. *Жазба тілді халық тілінен жоғары қоюшылық. К і т а п ш ы л д ы қ* деп аталатын мектеп батыс әдебиетінің ықпалына шығыстық дәстүрлерді қарсы қойды (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

КІТӘБИ с ы н. с ө й л. ***Кітаби***. Нұржан ақынның тілі негізінде жатық, көркем болумен бірге *к і т ә б и* сөздердің де біраз әсері бар (Үш ғасыр.).

КІТІРЛЕ= е т. *Кітір-кітір ету, қытырлау. К і т і р л е г е н* қияқтар, Қызықтырып балқурай, Тық-тық етіп тұяқтар, Сытырлайды жаңбырдай (А.Шамкенов, Сырлар).

КІТІРЛЕК[1] з а т. т а м а қ. *Майға пісірілген тәттіқытырлақнан. Кітірлектің* бірнешеуін арасын қашықтау етіп салады, өйткені қуырған кезде *к і т і р л е к т і ң* көлемі ұлғаяды; майға *к і т і р л е к* батып тұруы керек (Шаңырақ энцикл.).

КІТІРЛЕК[2] с ы н. *Кітір-кітір еткен, қытырлақ.* Бөлкенің бірін жұқа қып тіліп, пешке кептірді де, күйеуінің дорбасын *к і т і р л е к* нанға толтырып берді (С.Ерубаев, Менің құрдас.).

КІТІРЛЕТ= е т. *Кітір-кітір еткізу, қытырлату.* – Ештеңе емес, *к і т і р л е т і п* бидайларын жей тұрсын (Б.Тілегенов, Аққайнар).– Төкежан жарты стакан ақ арақты көмейіне құя сап, кепкен құртты *к і т і р л е т е* шайнады (З.Шашкин, Өмір.).

КІШКЕНЕ с ы н. **1.** *Үлкен емес, кішкентай, титімдей.* Ағат сөйлесем, кешір, – деді қария өз қырындағы күйме есігінің *к і ш к е н е* терезесіне жаутаңдай қарап (А.Сатаев, Дала.). Денеге теміреткі түскенде, дөңгелек, *к і ш к е н е* қызғылт дақ көріне бастайды (О.Бердібаев, Таз.). **2.** *Азғантай, аздап, сәл.* Тоқан «бұлары несі!» деп таңырқаған тәрізденді де: – *К і ш к е н е* кідірейік, – деді (Б.Майлин, Шығ.). *К і ш к е н е* жүрек жалғап алсақ қайтеді, жолдас генерал, – деді адъютант (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Жұмекең *к і ш к е н е* кідіре тұрсын, – деді Нұржан мазасызданып, жан-жағына қарай берген Михаилға (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **3.** *Биік емес, аласа, қысқа.* Селоның оңтүстігіндегі *к і ш к е н е* дөңес басында тұрған күмбезді биік минаретті көрді Сәдірбек (С.Бегалин, Мектеп). Тайман жон үстінде, жолдан жырақ қылтиып көрінген *к і ш к е н е* сырықшаға қарады: – Ие, – е... Мынау қазық па еді? (З.Қабдолов, Өмір.). *К і ш к е н е* столдың қасында телефон трубкасын ұстап Галя отыр (Жастар эстрадасы.). **4.** *Шағын ғана, шамалы.* Мен тұрған *к і ш к е н е* бөлменің терезесі қора жаққа қарайды (С.Мұқанов, Есею жыл.). 1773 жылы 16 сентябрьде Толкачево хуторында Пугачев *к і ш к е н е* отряд құрған (ҚазССР тарихы). Бөрібай вагоннан секіріп түсіп, *к і ш к е н е* ғана азық-түлік базарына келді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). **5.** *Ұсақ, майда.* Осы айтылған топтардың әрқайсысы ерекшеліктеріне қарай өз алдына *к і ш к е н е* топтарға бөлінеді (Н.Шоқанов, Сапалы сүрлем.). Барлық элементтердің атомы мейлінше *к і ш к е н е* бөлшектерден құралғанын білуге мүмкіндік туды (Б.Айдарханов, Атом.). **6.** *Жасы кіші, жас.* Бір күні соқыр қозының менімен еріп мектепке бара жатқанын көрген *к і ш к е н е* балалар: «Соқыр қозы да оқи ма?» – деді маған (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Бұл кітап *к і ш к е н е* балалар үшін жұмыс жасап жүрген жақсы жазушыларды білуге әбден көмектеседі (Семья тәрбиесі). Сол үйдің Сәуле дейтін *к і ш к е н е* қызы болатын (С.Жүнісов, Өшп. іздер). // *Нәресте, сәби, бөпе.* – *К і ш к е н е н і ң* атын мен Құдайберген қоямын ендеше! – деді бір кезде күле сөйлеп (Ж.Жұмаханов, Махаббат.).

Кішкене бөбек. э т н. *Балалардың қуырмаш ойындағы бесінші саусақтың атауы, шынашақ.* Алдымен бас бармақ. Одан кейін балалы үйрек. Ортан терек. Шылдыр шүмек. *К і ш к е н е б ө б е к. К і ш к е н е б ө б е к т і* қыршып тістеп алдым (М.Мағауин, Өмір жыры).

Кішкенеден кейін. *Сәлден кейін, аздан соң.* Ол Жанбай екен. Енді *к і ш к е н е д е н к е й і н* сылқылдап күліп жіберетін түрі бар (Т.Жармағамбетов, Сентябрь).

Кішкене кез [күн]. *Жас, балаң уақыт.* Балалардың *к і ш к е н е к е з і н д е* өзін-өзі бақылауы әлі нашар дамыған болады (Семья тәрбиесі). Бұл әйел маған *к і ш к е н е к ү н і м н е н* шеше сияқты болған адам (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КІШКЕНЕ-КІШКЕНЕ с ы н. *Шағын-шағын, майда-майда.* Мұнан басқа тағы да *к і ш к е н е - к і ш к е н е* бөлек үйлері бар (С.Шарипов, Бек-

болат). Үстірттің үстінде *кішкене-кішкене* ойлы-қырлы жерлер де кездеседі (Н.Баяндин, Топырақ.).

КІШКЕНЕЛЕУ с ы н. *Кішіректеу, кішілеу.* Мұндай кездерде алпысты еңсерген адамның әжімді жүздеріне жылы шырай пайда бола қалады, *кішкенелеу* көздері күлімдеп сала береді (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы толқын). Өзеннің тап жағасындағы ойпаңды *кішкенелеу* кетпенмен қопсытып, мөлдек салдым (Ө.Қанахин, Жер бас.).

КІШКЕНЕЛІ с ы н. *Жас нәрестелі, бөпелі. Кішкенелі* болғаннан бері Данагүл уақытша жұмыстан қол үзді («Лен. жас»). Неге үндемей жүрсің. *Кішкенелі* болыпсың ғой, бауы берік болсын! («Лен. жас»).

КІШКЕНЕЛІК з а т. *Аласалық, қысқалық, мықырлық.* – Он сегіз-он жетіге келіп калды, тек бойының *кішкенелігі* болмаса... (І.Жансүгіров, Әңгім.). – Күйкентаева! – дейтін мұғалімдер, Бірақ қыз өз фамилиясына қарамақарсы жаратылғандай, өңкиіп орнынан тұратын. Күйкентай –кішкентай құс. Сондықтан ол *кішкенеліктің* белгісі іспеттес (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

КІШКЕНТАЙ с ы н. **1.** *Титімдей, титтей, шүйкімдей, құрттай.* Менің *кішкентай* жүрегімді сенің білегіңе шынжырлап байлап қойғандай (І. Есенберлин, Жанталас). Кең жазиралы кеңістікте көрінген арба толқынды дариядағы *кішкентай* қайық секілді (А.Сатаев, Дала.). Отыз шамалы арық тоқты тұр екен. Әсіресе *кішкентай* екі көк қозы көзге ерекше шалынды (F.Сланов, Замана.). **2.** *Шағын, шамалы.* Көресіз бе, *кішкентай* вокзалымыз поезд күткен жолаушыға толы (Ә.Сәрсенбаев, Батырлар.). **3.** *Азғантай, қысқа.* Ағай, Ыбырай атам балаларға қандай қайырым жасағаны жөнінде *кішкентай* әңгіме айтып бермейсіз бе? – деп пионерлер Мырзахметке өтініш жасады (С.Мәуленов, Үркер). Тынымсыз көбелегі шамды айналған, *Кішкентай* бақыт едім жанбай, жанған. Ақ бұлттың арасынан қалқып ұшқан Аққудай арман едім әнге айналған (Ә.Дәуренбеков // Екі мыңжылдық дала жыры). **4.** *Аласа, мықыр.* Атабекке келсем, ол ауласында *кішкентай* бір кәнден итті үйретіп жүр екен (С.Сарғасқаев, Тәмпіш.). Бұрыштағы *кішкентай* стол үстінде тұрған шамның жарығы бөлмені қызыл-күрең түске бөлеген (Қ.Найманбаев, Үміт.). Қыс ауылды қалың қар басып салады: көше де, қора да, үй төбесі де қардан көрінбейді; күртік онсыз да *кішкене* терезелерінің орта белінен қылып көміп салады (А.Байтұрсынұлы,.. Оқу құралы). Бойы тіптен *кішкентай* Жетер-жетпес тақтаға. Ұлықпан кеп отырды Ең алдыңғы партаға (О.Шипин, Дастан.). **5.** *Тіптен жас, бүлдіршіндей.* – «Р»-ға тілі келмейтін *кішкентай* бала не білуші еді, тәйірі. Мизан ғой үйретіп қойған (М.Гумеров, Шыңырау). Кешегі жүгіріп жүрген *кішкентай* ғана бала еді мына Ерiктер. Енді үлкен азамат болған (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.). – Балам, сен әлі *кішкентай-сың,* өскенде барасың, – дейтін (Қ.Әміров, Өшпе.жұлдыз.).

Кішкентай адам. *Қызмет дәрежесі кіші кісі.* Склюев – жергілікті биліктің басында отырғанмен, ол жоғарыдан келген бұйрықты орындаушы *кішкентай адам* (М.Дүзенов, Ант).

Кішкентай күнінде. *Жас кезінде, балалық шағында. Кішкентай күнінде,* Абай өзі де кеш сайын осы жырдың тербеуімен ұйықтайтын (М.Әуезов, Абай жолы).

Кішкентай саршұнақ. з о о л. *Егінжайға зиян келтіретін басқа саршұнақтардан дене бітімі жағынан кішірек аң. Кішкентай саршұнақ* басқа саршұнақтарға қарағанда кішірек келетін аң, дене тұрқы – 21, құйрығы 4,5 сантиметрден аспайды (Х. Қыдырбаев, Дала.).

КІШКЕНТАЙЛАУ с ы н. *Кішіректеу, шағындау.* Тоған сияқты *кішкентайлау* екі өзен қуысқа келіп құйып жатыр (Ауызекі).

КІШКЕНТАЙЛЫ с ы н. *Сәбилі, бөпелі.* Көп ұзамай *кішкентайлы* болдық. Мен мектепте мұғаліммін (Б.Тәжібаев, Қараторғай). Жылдар жылжып өтіп жатты. *Кішкентайлы* болдық (Л.Жұмаділдин, Сең.).

КІШКЕНТАЙЛЫҚ з а т. *Кішкенелік, шағындық, майдалық.* – Қандай керемет! Адам өзінің *кішкентайлығын* мына биік тауларды көргенде, тіпті айқын сезінеді екен (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Көлбақалар денесінің *кішкентайлығына* қарамай, дауыстары зор келеді (Ш.Қожахметов, Ғалам ғажап.). Әр клетканың көлемінің *кішкентайлығы* соншалық, оны тек жүздеген мың есе үлкейтіп көрсететін микроскоп арқылы ғана көруге болады (М. Қайрақбаев, Ескерме. ауру.). Бактериялар мұндай *кішкентайлығына* қарамастан, өміршең және өсімтал келеді (Т.Омаров, Күн. құбылыс.).

КІШКЕНТАЙСЫ= е т. *Кішкене санау.* Баламды дүкенге сіріңке әкел деп жіберсем, сатушы оны *кішкентайсып* сіріңке бермей жіберіпті (Ауызекі).

КІШКЕНТАЙСЫН= е т. **1.** *Кішкентай санап, мән бермегенсу.* Мақан әңгімесін аяқтағанша асықты. Әрі балаларды *кішкентайсынып,*

айтқан сөзіне түсінбей отыр деп қорқып еді (З.Шүкіров, Жас жесір). Үлкендердің *кішкентайсынып* бізге жасамақ қорлығына өлердей наразы боп жатырмын (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** а у ы с. *Олқысыну, кемсіну.* Ауыл тірлігін *кішкентайсынған* жоқ. Әр жерде осы ортақ мақсатқа құлай берілген өзімдей жандар көп деп сенді (Т.Тілеужанов, Өзге. бақыты.).

КІШКЕНТАЙЫНАН ү с т. *Кішкене уақытынан, бала кезінен, титтейінен.* Қанат өз әке-шешесін ата-анам бар екен деп есептемейтін. Өйткені *кішкентайынан* осы үлкен әкесінің қойнында бірге жатып өсті (А.Ханкелдин, Біздің от.). Есжан *кішкентайынан* өзінің еңбегімен күн көріп, азаптың ауыр жүгін арқалайды («Қаз. әдеб.»). Ол өзі мал көрмей өскен елдің қызы емес еді. *Кішкентайынан* көгенге үйір, атқа мінуге әуес болатын («Қаз. әдеб.»).

КІШ-КІШТЕ= е т. **1.** *Ұсақ малды айдау я қайыру үшін дауыс шығару.* Бұл күнде Тілеш қызметсіз. *Кіш-кіштеп* қой бағуға немесе кетпен шауып, орақ оруға желігіп қалған, көкірек жібермейді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Мына біз сияқты шаруа болмаса – малды *кіш-кіштеп* өріске шығарып жіберіп қалаға соға кететін (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Малшының жөні бір басқа – тебіндегі отарын қыстаққа *кіш-кіштеп* қайырып, үй-үймен қоралап біткенше қас қараяды (О.Бөкеев, Ән салады.). **2.** а у ы с. *Біреуді біреуге өшіктіру, айдап салу.* Ал оны анау Тоқа онан сайын *кіш-кіштеп,* айтақтап отыр емес пе? Ойлары сонымен қызды қорқытпақ (С.Мұратбеков, Көкорай).

КІШ-КІШТЕУ *Кіш-кіште етістігінің қимыл атауы; ұсақ мал қайыру үшін кіш-кіш деп дыбыс шығару.* Жалба-жұлба, ерді салып торыңа, Бір шабан мал тап болғандай сорыңа. – *Кіш-кіштеуші* ең көзге үйқың тығылып, Құрықшаңды іліп алып қарыңа (Б.Майлин, Шығ.).

КІШМІШ [ир. كشمش] з а т. **1.** *Сүйексіз майда жүзімнің бір сорты.* ≈ *Кішміш* жүзімі. **2.** *Кептірілген сүйексіз майда жүзім.* Керней-сырнай тарттырды, Даңғыр-дабыл қақтырды. *Кішміш,* мейіз жегізіп, Шұбар атын бақтырды («Қаз. әдеб.»).

КІШМІШТЕЙ с ы н. *Кішміш сияқты, кішміш тәрізді.* Қасырдың алпыс қысын, жазын көріп, Қасыңнан қашты сенің әзіл, көрік. Бет-аузың бір-ақ уыс боп барады, Қайтейін, *кішміштей* әжімденіп (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

КІШІ с ы н. **1.** *Үлкен емес, кішкене.* Алдымен Әзірет Сұлтанның мешітін сөз қылайық. Тапалдақ тамдардың ортасында Әзірет мешіті алыстан таудай бір заңғар боп көрінеді. Төбесінде ерейген-сорайған еш нәрсе жоқ, үш керттеш: 1) маңдайы, 2) ұлы күмбезі, 3) *кіші* күмбезі. Таянып келсең, күйген кірпіштен қаланған, биік шомбал болады да кетеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Азғантай, шағын.* Сол жақ шетіндегі *кіші* денеліні Кирсанов деді ғой деймін (С.Мұқанов, Өсу жол.). Қазіргі заманда, дүниежүзінде ұлы державалардан басқа жүзден астам орта және *кіші* мемлекеттер бар (Ә.Шәріпов, Қапаста.). **3.** *Жолы яки қызмет бабы, лауазымы жағынан төмен, кішірек.* Ойбай, *кіші* басқарма келіп қалды – Түрулі іргеден бәрі жапырыла қарады (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Үлкен ұры *кіші* ұрыға сенбейді (Мақал). *Кіші* ақынды шымшиды Нән министр Нұрбаев, Жыр мінезі әрқилы Жеңілдете жырлайық (Қ.Аманжолов, Шығ.). **4.** *Жасы кіші, кенже, жас.* Қонақтарды тыста Ысмайылдың *кіші* баласы – Қасымжан екі-үш жігітпен қарсы алып, үйге кіргізді (М.Әуезов, Қараш.). Алдында ақсақалдың бітіспесе, Белгісі болушы еді жаудың ісі. Аға айтса тыңдаушы еді жасы *кіші,* Болмайды тіл алғаннан басы кіші (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Ұлы Жәкең Ұлы Абайдан бір-ақ жас *кіші* (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). // *Жасы кіші, жас адам.* Лашын өрлеп ұша алмай, Ер майданға түсе алмай, Үлкеннің тілін *кіші* алмай, Елдегі жақсы бұзылды (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Сол адамның бірі — мен Көп нәрсеге сүйінем, Көп нәрседен түңілем. Сәл *кішіге* шалқайып, Сәл үлкенге жүгінем! (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Кіші айналу шеңбері. а н а т. *Қанның оң жақ қарыншадан өкпе арқылы жүректің сол жақ жүрекшесіне баратын жолы.* Оң жақ қарыншадан өкпе арқылы жүректің сол жақ жүрекшесіне баратын жолды қанның *кіші айналу шеңбері* деп атайды (А.Даиров, Хирург.).

Кіші аққу. з о о л. <лат. cugrus bewickii> *Қаз тәрізділер отрядының үйрек тұқымдасына жататын, кішілеу, салмағы 6,2 кг болатын құс.* Саны азайып кеткендіктен, барлық жерде *кіші ақ құлар ды* аулауға қатаң тыйым салынған. Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (Батыс Қаз. обл. энцик.).

Кіші ата. *Әрқайсысының ұрпағы өсіп, бір-бір елге айналған ағайынды екі немесе одан да көп балалардың кішісі және одан тараған ұрпақ.* Ол *кіші атасын* шақырды (Ауызекі).

Кіші әйел [қатын]. *Бәйбішеден кейінгі кенже әйел, тоқал.* Мөлке Аманның *кіші әйелінен* Бердібек, Мықтыбек туады (К.Әзірбаев, Аңыз.). Базарбай сексенге келгенде, оның *кіші қатынынан* қырық төртке келгенде бір ұл тауыпты (Қыз Жібек).

Кіші әріп. <ағыл. lowercase letter, small letter> л и н г в. *Орфография мен пунктуация жүйесі жазба әріпті талап етпейтін жағдайдағы барлық сөздерді жазу үшін пайдаланылатын әдеттегі әріп* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кіші бесін. *Күн төбеден ауып кешкірген кез. К і ш і б е с і н* кезінде әйелдер шөлдедік деген соң, өзен бойындағы бір ауылға бұрылды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дүрілдетіп, жарыс салған жастар *к і ш і б е с і н* кезінде, бір мол қара судың жанына жетті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бұлар қақпа тасты қашаның құз-қиясын керлеп, Текшенің үстіне шыққанда, күн де *к і ш і б е с і н г е* таман еңкейіп қалған еді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Кіші болды. *Кішіпейіл, кешірімшіл болды.* – Ой азама... а..т! Кісі болсаң, *к і ш і б о л* деген, әне сол! – деп, мол жатқан ақ сақалын ақырына дейін бір сипап шықты Сәттіғұл (Х.Ерғалиев, Шындық.).

Кіші ғылыми қызметкер. *Ғылыми-зерттеу жұмысына лайықты мамандығы барларға берілетін ғылыми атақ.* Ғылым кандидаты дәрежесі бар бар *к і ш і ғ ы л ы м и қ ы з м е т к е р* дербес тақырыпты зерттейді және ғылыми қызметкерлер тобына басшылық ете алады (ҚСЭ). Сақыш лаборанттықтан *к і ш і ғ ы л ы м и қ ы з м е т к е р* болып, институттың ғылыми кеңесінде тақырыбы да бекіді (М. Дүйсенов, Гүлжан.).

Кіші дәрет. *Зәр, несеп.* Осы ауру созылмалы түрге айналса, ер балада үнемі жалған *к і ш і д ә р е т к е* бару сезімі пайда болып, кейбір жағдайларда ұйықтап жатып төсекке зәр жіберіп қоятын энурез ауруына шалдығуы мүмкін («Жас Алаш»).Ойылған жер шетінде, Жұрт көзінде бұл тұрады. Снарядқа бурылып, *к і ш і д ә р е т* сындырды («Қаз. әдеб.»).

Кіші елші. д и п л. *Тұрақты кіші елші, Сыртқы істер министрі басқа елдің Сыртқы істер министрі жанында аккредиттеген, кіші шендегі дипломатиялық уәкіл* (Саяси сөздік.).

Кіші жап. ж е р г. *Егін ішімен су жүргізетін үлкен арықтың тарауы, кішкене арық. К і ш і ж а п қ а* су көтерме жап арқылы барады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Кіші жүз. э т н. *Қазақты үш жүзге бөлгендегі кішісі, негізінен Батыс Қазақстандағы рутайпалар бірлестігі.* Шежіре бойынша *К і ш і ж ү з* рулық бірлестіктері Әлімұлы, Байұлы, Жетіру тайпаларынан тарайды (Қазақст. энцикл.). Бірақ далалық жерде сақталып қалған ескерткіштердің өзі *К і ш і ж ү з д е г і* қазақ руларының тас қашаушы және тас кесуші ұсталарының асқан шеберлігінің куәсі болып табылады (Р.Бекназаров, Қаз. тас қашау.). Батыс Қазақстанның, яғни *К і ш і ж ү з д і ң* халқы саяси әрі экономикалық жағынан Еділ бойындағы хандықтармен, орыс мемлекетімен, әсіресе Алтын Орда, Дешті Қыпшақ кезеңінде етене араласты (Батыс Қаз. обл. энцик.).

Кіші инженер. *Атақ, дәрежесі, лауазымы төмен инженер. К і ш і и н ж е н е р* болып мұнда келгелі жылдан асты, қызметтен соң ермегі – дойбы (Д.Әбілев, Өлеңд.).

Кіші калибрлі артиллерия. ә с к. *Көбінесе әуедегі нысаналар мен шағын кемелерге қарсы күрес жүргізу үшін қолданылатын, калибрі әдетте 76 мм дейін болатын қару. К і ш і к а л и б р л і а р т и л л е р и я н ы ң* көп жүйесінің бастапқы жылдамдығы мен оқталған оқшасы болады. *К і ш і к а л и б р л і а р т и л л е р и я* қаруының басым бөлігі автоматты болып табылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Кіші калибрлі винтовка. ә с к. *Атысқа үйрену, бұқаралық спортта және атуда жоғары көрсеткішке жету үшін қолданылатын 5,6 ммлік калибрлі винтовка. К і ш і к а л и б р л і в и н т о в к а* КСРО кезінде ДОСААФ ұйымдарының атыс секцияларында жастарды атысқа үйрету үшін, шараларды өткізу үшін қолданылды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Кіші командир. әс к. *Шені, дәрежесі жағынан төмен командир*. Баян батареядағы *к і ш і к о м а н д и р л е р д і ң* ішінде Романовты артықша сыйлайтын еді (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). *К і ш і к о м а н д и р д і ң* осынау сөздері бүкіл рота шебін аралап, енді алысқа тарап жатқандай әсер қалдырды (С.Сейітов, Сөз сұра.).

Кіші қабыршөп. ө с. < лат. vinca minor> *Сабағы жайыла өсетін, жапырақтары эллипс тәрізді қарама-қарсы орналасып, сопақтау келген, үнемі көгеріп тұратын, биіктігі 60 см-ге жететін, аласа, бұталы өсімдік.* Дәрілік мақсат үшін *к і ш і қ а б ы р ш ө п т і ң* жер үстіндегі бөлігін май-июнь айларында пышақпен кесіп немесе орақпен орып алады (Ә.Іскендіров, Қазақст. дәрілік өсімдік.). 1934 жылы А.П.Орехов *к і ш і қ а б ы р ш ө п т е н* вини мен пубесцин деген алкалоидтерді бөліп алып және бұл заттардың қан қысымын төмендетіп, мидың қан тамырларын кеңейтетіндігін анықтады (Ә.Іскендіров, Қазақст. дәрілік өсімдік.).

Кіші қосаяқ. з о о л. *Қосаяқтардың ең кіші түрі. К і ш і қ о с а я қ* – қосаяқтардың ішіндегі ең кішісі. Денесінің ұзындығы 9–12, құрығы 14–18 сантиметр, салмағы 50–80 грамдай (Х.Қыдырбаев, Зиянкес кеміргіш.).

Кіші лейтенант. ә с к. *Әскери училищені бітірген соң берілетін кіші командирлік әскери атақ.* Содан кейін оны Фрунзе қаласындағы әскери училищеге жіберді. Оны бітіріп шыққанда, *кіші лейтенант* атағына ие болып шықты («Лен. жас»). Біздің Армияның негізгі күшімен хабарласуға *кіші лейтенант* Голубев бастаған екі адам даярланды (Ж.Саин, Жол үсті.).

Кіші офицерлер. ә с к. *Қарулы күштердің барлық түрлерінің кіші лейтенанттары, аға лейтенанттары, капитандары. Кіші офицерлерді* шақырды (Ауызекі).

Кіші ғаламшарлар [планеталар]. а с т р о н. *Диаметрі 1-ден 1000 шақырымға дейінгі Күн жүйесінің денелері.* Барлық *кіші планеталардың* қосынды массасы Жер массасының 1/700 бөлігінен кем (Қазақст. энцик.).

Кіші сарытұңғиық. ө с. < лат. Nuphar pumilum> *Көпжылдық, етті, жерасты сабақты өсімдік* (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Кіші сержант. ә с к. *Атағы төмен әскери лауазым. Кіші сержант* Семеновтың мына сөзіне жауынгерлер ойланып қалды. – Кәне, болыңдар! – деп Нұрмағамбетов шыдамсызданды (Т.Тобағабылов, Жазира). Осы батырларымның ішіндегі ең ересегі Алшағыр Жабаев деген *кіші сержант* (А.Хангелдин, Өткен күн.).

Кіші сұлтан. т а р. *Ертеде болысты басқарған феодалдардың әкімшілік лауазымы, атағы.* Өткен ғасырда бұл өлкеге Шыңғыс Уәлиханов аға сұлтан болып тұрған ғой. Аққошқар соның қарамағында *кіші сұлтан* болып қызмет атқарған (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Кіші үй. э т н. *Деңгей, мәртебесі кішілеу отау иелері.* Үлкен үйдегі күлсе, *кіші үйдегі* езу тартады (Мақал).

Кіші шілде. ж е р г. *Жаз кезіндегі ең ыстық күндердің, шілденің алғашқы кезі.* Шырағым, сендер *кіші шілдеде* келмей, ұлы шілдеде келіңдер (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

КІШІГІРІМ с ы н. **1.** *Ұсақ-түйек, анаумынау. Кішігірім* нәрсеге ұнжырғасы түсе қоймайтын Фольбердің бүгінгі жүзі өрт сөндіргендей (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Қайта осындай *кішігірім* мәселені ферма бастықтарының, зоотехниктердің өзі шешіп, өзі жайғастырып жатпай ма? (С.Бақбергенов, Адам). Әбілқас кейбіреулердің әлгіндей *кішігірім* бұлтағына төзе алмайды. Ашуланып, ренжіп қалады (С.Байжанов, Сыр.). **2.** *Шағын, орташа, кішкентай.* Мен шыққан күнмен бір туғанмын, Өйткені, менде оның көз нұры бар. Әуелде үлкен қала Отырардан Кейін нен *кішігірім* шоқы қалған. Өртеніп өзі күл боп кетсе-дағы, Қаланың көкіректе оты қалған (С. Мәуленов, Алыс кет.). Түбегейін айтсақ, ол бөлімше *кішігірім* бір совхозға татиды (Ғ.Сланов, Замана.). Өлең сөздің дестесімін, Өнерде әлі тірімін. Менделеев кестесінің *Кішігірім* түрімін! (Қ. Мырзалиев, Мәңгі майдан). – Күшті қайуан ғой, ол! Ту қойларды, *кішігірім* өгізшелерді құшақтай көтеріп әкете береді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Кішігірім компьютерлер. и н ф. <ағыл. notebook> *Көлемі 210х297 мм (А4 пішімі) және одан да кем болатын, қоректендіру элементтерімен жұмыс істейтін шағын есептеу мәшинелері. Кішігірім компьютерлерді* блокноттық, қалталық компьютерлер немесе блокнот-компьютер деп те атайды (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Кішігірім өзендер. с у ш а р. *Ұзындығы 200 км-ге дейінгі өзендер.* Су ресурстарын басқаратын мемлекеттік органның ұсынуы бойынша: екі және одан да көп облыстар аумағы бойымен ағып өтетін *кішігірім өзендер* тізбесін – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді (Қаз. тілі термин. Су.). ...*Кішігірім өзендердің* ластануын, былғануы мен сарқылуын болдырмау және жою жөніндегі шараларды, өзендердің қолайлы су режімін сақтау жөніндегі жұмыстарды су ресурстарын басқаратын мемлекеттік органның ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы органдар белгілейді (Қаз. тілі термин. Су.).

КІШІГІРІМДЕУ с ы н. *Кішірек, шағындау, шамалылау.* Сөйтіп, қалбырды шегірткеге толтырдым. Үйден *кішігірімдеу* шелек ала шыққандайымын (Ө.Қанахин, Жер бас.).

КІШІК с ы н. **1.** *Кіші.* Өзіңнің жынысың – *кішік*, атың – шымшық, Қарашы тұмсығыңа, титтей мұрның (Т.Ізтілеуов, Көккұтан.). Өлең үшін – Боламыз қызыл оңеш. Арамызда аға жоқ сендей дара, Жасымызда Көкбайдай *кішік* емес (Қ.Бекхожин, Шардара). // *Мәртебесі, дәрежесі кіші адамдар.* Сонда елін Шын-Темірхан жиып алды, Ұлық, *кішік* бәріне ақыл салды. Басындағы азғырып ақыл айтқан Қасына Орман дейтін биін алды (Батырлар жыры). Ұлық та анадан туады, *кішік* те анадан туады (М.Дүзенов, Ант). **2.** а у ы с. *Кішіпейіл, қарапайым.* Иван Митрофанович нағыз көпшіліктің адамы. Колхозшылардың арасында *кішік* бола кетеді. Бірақ одан ол кішірейіп жатқан жоқ (Т.Ахтанов, Боран). Ол сонда да жусаннан биік, бетегеден аласа *кішік* қалпынан бір танбайды (С.Омаров, Қиыр жол). // *Кішіпейіл, қарапайым адам.* Өмір оңай болмайды *кішіктерге.* Ұмтылмадым мен өзім ішіп терге. Арыстанмен айқассаң арманың жоқ, Таланғанда кез болды күшіктерге! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Кішік болды. *Өзін-өзі қарапайым, кішіпейіл ұстады.* Қазақта бір қағида бар ғой, аға алдынан шықпайтын. Ұлық болсаң, *кішік болдеп* те, бізге екінің бірі ескерту айтады (С.Бегалин, Бала Шоқан). *Кішік боп* өт, шыңдарды алсаң дағы, Қолдаса да бабаңның қанша аруағы. Тірі болшы алдымен, тіршіліктің Иығына түседі бар салмағы (Т.Молдағалиев, Шақырады.). – Ашу үстінде әлдекімнің тілі тисе, төзіңдер, қол жұмсаса, оған да көніңдер, *кішік боп* құрдай жорғалап атқарыңдар (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

КІШІКТІК з а т. **1.** *Кішілік.* Ол жасының *кішіктігін* пайдаланып, Сәкеңе еркелеп көрген емес (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Кішіпейілділік, қарапайымдылық.* Әншейінде кешегі жауы түгілі, бүгінгі досына атынан түсіп көп иліге бермейтін Қасқақ батыр да төресінің *кішіктікті* көбірек тапсырғаны есіне түскендіктен амалсыз атынан түскен соң, басқалары да ұзақ жолдан сіресіп қалған аяқтарын үзенгіден босатысты (К.Сегізбаев, Шығ.). Анайы адам алып қарасады, *Кішіктік* жақсыларға жарасады. Шығар деп оңашада жатып қалған, Тұс-тұсқа, табайық деп, тарасады (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Кішіктік қылды [жасады]. а) *Кішілік, кішкентайлық істеді.* Шеризат жауап берді қызға жайлап, «Бағыңды отыр екен әкең байлап. *Кішіктік қып* көрмеген ерке басым, Жүрем бе қызға бола қарыз байлап» (Ә.Найманбаев, Шығ.). ә) *Кішіпейілдік көрсетті, іземділік таныттды.* Болат қанжарды жалаңаштайтын жерде орынсыз *кішіктік жасап*, қынабының өзін жасырады (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

КІШІЛЕУ с ы н. **1.** *Кішірек, кішкентайлау.* Үш бала биыл көктемнен бері бір *кішілеу* қайыққа ие болыпты (М. Әуезов, Абай жолы). *Кішілеу* келген шүпек сары жігіт тым қызып алыпты (Ақ бидай). Ойың – нұр, азамат ең жаның өршіл, Көңілің көл екен бір және көпшіл. «Қазақтың *кішілеуі* Сіз болғанда, Үлкені қандай екен» – депті Черчиль (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** *Шағындау, шамалылау. Кішілеу* екі бөлмелі үйдің төргісінде, биік төсектің үстінде қатты ыңқылдап Мақсұт жатыр (М.Әуезов, Қараш.). Сонан кейін бізді *кішілеу* залға алып келді (Ә.Шәріпов, Алыс жағалау). Едені жақында төселген к *ішілеу* бөлмеде сабақ өтіп жатыр (Р.Тоқтаров, Ертіс). **3.** *Қысқалау, аласалау.* Тұрқы *кішілеу* бала ғой, бұрын мен оның бойынан ештеңе аңғарған жоқ едім (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Ол бір *кішілеу* төбешікке шығып тұр. Жер аппақ қар («Лен. жас»). Енді біреулері жақын жердегі *кішілеу* және бір ағашқа шығып алды (Ғ.Сланов, Замана). // *Жасы кішірек адам.* Ол *кішілеуіне* сыбыр етті. Қатты күлмегенмен екеуі езу тартты (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

КІШІЛІК з а т. **1.** *Кішкентайлық, жасы кіші болушылық.* – Қабен жасы *кішілігіне* қарамай, бұған талай ренжіп те көрді (З.Қабдолов, Жалын). Талаптың Қалимадан бір-екі жас *кішілігі* бар (З.Шүкіров, Ізгілік.). **2.** *Шағындық.* Колибри денесінің *кішілігіне* қарамастан, егер салыстырмалы түрде алса, ол пілден 1000 есе артық қорек талап етеді (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). **3.** а у ы с. *Кішіпейілдік, іземділік, адамгершілік.* Қызы едім мен Зұлқия Оспанбайдың, Ол Қасым қол астында Болсынайдың, Тақсыр-ау, мизамыңа мүмкін болса, Өтініп, *кішілікпен* жол сұраймын (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұрынғы мықтылықты былай қойып, Тырнаға сөз сөйлейді. *Кішілікпен*: «Шырығым, дүниеде ұмытпайын, Құтқарсаң мені қазір осы дерттен» (А.Байтұрсынов, Шығ.). *Кішіліктен* еш нәрсе кемімейді Аңдып жүрген дұшпан бар, еш сенбеңіз (Батырлар жыры). Ағадан кетті ағалық, Ініден кетті *кішілік*, Інісі болып терең жар, Жүре алмай аға сүрініп (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Кішілік қылды [етті]. *Ілтипат, іземділік көрсетті. Кішілік қып,* Әтиім келгендермен қол беріп амандасыпты (Б.Нұржекеев, Күй.). Өзінен жоғары адамға кез болса, сонадайдан қолын қусырып, сәлем беріп, *кішілік қылады* (С.Шарипов, Бекболат). Әдепті бол, шырағым, Көптен алғыс табам деп. Өз бағаңды кетірме, Өсек-аяң бағам деп. Некеленген жарыңа *Кішілік қыл*, жағам деп (Ә. Найманбаев, Шығ.). Біз келіп есік қаққанда, кешегі орысша киінген әйел есік ашып, қазақшалап *кішілік етіп*, әкемді қарсы алды (С.Бегалин, Замана.).

Кішілікке алды. *Кіші әйелі, тоқалы етті.* Дүниеден перзентсіз өтемін бе деген қауіпінен Темірхан түрікпеннің Қараман деген ханының Қарашаш деген қызын елшілікпен *кішілікке алады* (Бабалар сөзі).

Кішілікке берді [қалдырды]. *Кіші әйелдікке берді.* Содан кейін Айғанымға өлердей қызыққан Уәлі, Сарғалдаққа: – Сүйек жаңғыртайық, қызын маған *кішілікке берсін!* – деп беделді біреуді жұмсайды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қыз бар ед Пәрәнде де Ғарира атты, Қыпша бел, құралай көз, hүр сипатты. Оны да *кішілікке беріп* Пәрәң, Байласты бір-біріне махаббатты (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Есеней қосын артқалы жатқан Артықбайға: – «Қызын маған *кішілікке қалдырып* кетсін!» деп кісі салды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КІШІМСІН= е т. *Кіші болғансу, кішірейгенсу.* – Әлі балалығы қалмаған! – деп сары келіншек, құрдас болса да Перизатқа *к і ш і м с і н е,* мүсіркей қарайды (Ә.Тарази, Құйрықты.).

КІШІМТАЙЛЫ с ы н. *Шағын, болмашы.* Сондай еркіндеп алып, елтіген кезде Ысқаққа болсын, басқа *к і ш і м т а й л ы* көрші қонаққа болсын, үнемі асқақ сөйлеп дағдыланған (М.Әуезов, Абай жолы).

Кішімтайлы болды. *Кінәлі болып, кішіріп, қорғанып, жасқанып қалды.* Жоқшылық кімді аясын, Бадыма байғұс өз-өзінен *к і ш і м т а й л ы б о л ы п,* босаға жаққа отыра кетті («Жалын»).

КІШІМІШ з а т. с ө й л. ***Кішміш***. Қарға бұтты Қараазбан *К і ш і м і ш п е н* жемдегем. Тартып едім ішімді Ел шетіне келгеннен (Едіге).

КІШІПЕЙІЛ с ы н. **1.** *Инабатты, сыпайы. К і ш і п е й і л* адамдай, Басын изеп жалбырап, Сай мен сала қосылып, Тойға жүрді жосылып, Күжілдесіп күлесің. Шапшаң тойға жүр дейсің (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Тойға келді ер Төлеген, Нұркен де, Батырларым, ағаларым күн кеуде. Дастарқанның төр жағына отырды *К і ш і п е й і л* кішілер де, үлкен де (Т. Молдағалиев, Шақырады.). *К і ш і п е й і л* де ақжарқын, бауырмал Темір аз күннің ішінде біздің бәрімізді баурап алды (Ж.Молдағалиев, Майдан). **2.** *Өзін өзгеден жоғары ұстамайтын, кішік, қарапайым.* Атадан жаман болып туған бала Саны бар, сапасы жоқ құлменен тең. Жолдасың *к і ш і п е й і л* жайлы болса, Ішіңнен жарып шыққан ұлменен тең (Ә. Найманбаев, Шығ.). Осы мысалдардан-ақ Горькийдің қандай *к і ш і п е й і л* жазушы, қандай *к і ш і п е й і л* адам болғанын аңдасақ керек (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

КІШІПЕЙІЛДІК з а т. *Әдептілік, инабаттылық, сыпайылық.* Балаға қайырымдылықты, қаттылықты, *к і ш і п е й і л д і л і к т і,* үлкен көңілдікті, әдептілікті, әдепсіздікті, шыдамдылықты, күйгелектікті, шыншылдықты, өтірікшілікті беретін кім? Ол, әрине, ата-ананың тәрбиесі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІШІПЕЙІЛДІЛІК зат.сөйл. ***Кішіпейілдік***. Оған адамдарға қамқоршы болу, *к і ш і п е й і л д і л і к,* сонымен қатар істе қатал, бірбеткей қасиеттер тән еді (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.).

КІШІР е л і к. с ө й л. ***Қышыр***. Әуелі жалғыз күректің жер қабатына ептеп қана қадалған *к і ш і р і* құлаққа шалынғандай болды (Ә.Сәрсенбаев, Батырлар.).

КІШІР= е т. **1.** *Кішірею, кішкентай болып қалу. К і ш і р,* наздан, жорғала бөденедей, Мен жасық қыз емеспін бөгелердей. Сұмдықты жан танырлық жинап келдім, Тоқтама торыққанша төге бермей (Ж.Еркінбаев, Шаншу). Сен мына жанарымның ішіндесің, Жанардың білесің ғой *к і ш і р м е с і н.* Ішіне жанарыңның сақта мені, Біреулер көлеңкесін түсірмесін! (М. Мақатаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Біреуден кем болу, төмен ұстау.* Мен сені сыйламасам, түсінбесем, Жүрмес ең әр жырымның ішінде сен. О, менің пайғамбарым! Сен болмасаң, Тірі пенде алдында *к і ш і р м е с е м* (М.Мақатаев, Дариға). Мен жүрмін бойым делсал, ішімде мұң. Тәкаппар жаның әлде қалай ма екен. Алдында біреулердің *к і ш і р г е н і н.* Көрмеймін енді деп-ақ қатуланам, Жетпей жүр бірақ соған күшім менің (Ф.Оңғарсынова, Асау толқын). – Болсаң да үлкен Самайыңды ақ шалған, Алдымда менің баладай Болып маған *к і ш і р д і ң* (Х.Талғаров, Шыңда.). **3.** а у ы с. *Беделі, абырой-атағы, дәрежесі кему, төмендеу.* Сонда да мейлі сөйлейін, *К і ш і р д і м* бақтан демейін, Халықтың болсын хабары (Үш ғасыр.). Киінерсің, тоярсың, ішінерсің, Біреуден зор, біреуден *к і ш і р е р с і ң.* Хан көтеріп алса да, Алматыңды Амалсыздан есіңе түсірерсің (М.Мақатаев, Шығ.). Редактордан асқан бізде қор бар ма, Жылан ба деп қарайтын кей жолдарға. «Құримыз ғой» деген сөзден сескеніп, Сәл *к і ш і р д і* сары ұл қара болғанда (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

КІШІРЕЙ= е т. **1.** *Кішіру, кішкентай болу, құртақандай болып қалу.* Үлкен үйге кірген соң бәрі де *к і ш і р е й і п* кеткендей, отырғандар құландай ғана болып қалысты (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Қарасы барған сайын *к і ш і р е й е* мұнартып, Сапар бірте-бірте алыстап кетті (М.Иманжанов, Алғашқы ай.). Әжігерей қарт та осынау қара жон, қайратты әйелдің көріне көзге *к і ш і р е й і п,* шөгіп бара жатқанын сезіп, бағып отырған (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). **2.** *Әдеттегі қалыптан, шамадан азаю, кему.* Су мол тасыған жылдары көлтабанның аумағы кеңейеді, су тасымаған жылдары *к і ш і р е й е д і* (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). Қайта үлкен қалаларға көзі үйренген адамға бұрынғыдан үйлері аласарып, аумағы *к і ш і р е й і п* кеткен тәрізді (Т.Ахтанов, Махаббат.). Құлақ тұндырған айқай-күлкілері де заматта алыстап *к і ш і р е й і п* бар дыбыс өшіп, сап тынып қалған (Р.Тоқтаров, Ертіс). **3.** *Белгілі бір заттың көлемінің үлкендік, кеңдік жағынан тарылуы, жиырылу, сему, сығыраю.* Мұнда жолдардың мөлшері, яғни кадрдың ені *к і ш і р е й і п* кетеді. Экранға жарық мүлде түспей де қалады (М.Бекбауов, Көгілдір экран). Қыздың көзі *к і ш і р е й і п,* бет еттері жиырылып, езу

тартып күлді (Қ.Исабаев, Соңғы тәулік). Алтыншы күні өкпе пайда болады, ақуыз қорекке пайдаланып, оның көлемі *к і ш і р е й е д і* (Құс өсіруші.). **4.** *Қысқару, аласару, шөгу.* Қорыққаннан маған оның бойы *к і ш і р е й і п* кеткендей көрінді. Өз ойыма өзім езу тарттым да қойдым (І.Есенберлин, Алтын құс). Бар денем кәріліктен қуырылған, *К і ш і р е й г е н*, сиық кеткен, күш құрыған. Дірілдеп, төгіп алар қолым асты, Сүлдемін құлайын деп қурап тұрған (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Әр аттаған сайын адымы *к і ш і р е й і п*, төмен қарай тартып жұтып бара жатқандай (С.Досымов, Жаңғырық). Жүзі алабұртып отырса оның қасында өз бойың *к і ш і р е й і п* кеткендей еңсеңді көре алмайды екенсің (Ұ.Доспанбетов, Сырғалы.). **5.** а у ы с. *Өзін біреуден төмен ұстау, кіші санап ибадат қылу, кішіпейілдік етіп иілу.* Сен онымен күш салыстырмай-ақ қой, өзің *к і ш і р е й і п* бар да татулығын сұра, – деді Ботакөз (С.Мұқанов, Жұмбақ жалау). Үлкен басыммен *к і ш і р е й і п*, Жұмабектің алдында бас иейін, – деді Омар мүләйімсіп (Б.Тілегенов, Аққайнар). Жалғыз туған соң, ағайын іздеп әуресің, Қам көңіліңе түсірмейді ешкім сәулесін. *К і ш і р е й м е й д і* ешкім іні болам деп өзіне, Сенбейді ешкім шын айтқан сенің сөзіңе (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **6.** а у ы с. *Қызмет дәрежесі, лауазымы жағынан төмендеу.* Басыңнан бақыт тайып, лауазымың *к і ш і р е й г е н д е*, беделің түскенде көретін күнің осы екен (С.Омаров, Өмір.). Әділін айтсаң, сіз де *к і ш і р е й е т і н* жерді білесіз, ол қызметі жоғары ағаларымыздың алды ғана (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). – Екеуің де үлкен орденмен наградталған соң *к і ш і р е й м е й* келе жатырсыңдар ғой, – дедім мен (Ер есімі.). – Онымен *к і ш і р е й г е н* жоқ қой Рыскұлов. РСФСР Халық Комиссарлар кеңесінің Председателіне орынбасар болды ғой, – деді Сапар (С.Мұқанов, Есею жыл.).

КІШІРЕЙЕ-КІШІРЕЙЕ ү с т. *Кішірейте түсіп, бір уыс болып.* Енді шаналар елбелектеп қара нүктеден *к і ш і р е й е-к і ш і р е й е* ғайып боп кетті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІШІРЕЙТ= е т. **1.** *Кіші ету, кішкентай қылу.* Алты қанат ескі киіз үйді *к і ш і р е й т і п* тіккен екен Бірмаған (С.Шарипов, Шығ.). Желкелік арқылы жүгенді үлкейтіп не *к і ш і р е й т і п* отырады (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.). **2.** *Әдеттегі қалыптан тарылту, кеміту, сығырайту.* Қума толқындар өзінің қозғалу бағыттарында тау жыныстарын бірде босаңсытып ұлғайтып, бірде сығымдап *к і ш і р е й т і п* отырады (К. Сапарбайұлы, Геология.). Бұл құстың мекиені көбейер кезде қолайлы бір ағаштың кеуегін тауып алады да оның аузын балшықпен сылап *к і ш і р е й т е д і* (Р.Әлімбаев.., Құстар.). **3.** а у ы с. *Төмен етіп көрсету, кіші санау.* Кешегі ер Мұқанның бүгін құнсыз бенде болып, өзін-өзі *к і ш і р е й т к е н і* Бекболатты жеркендірді (С.Шарипов, Шығ.). Ризамын, ынсап қылып қарасаңыз, Біз байғұс биіктерден аласамыз. *К і ш і р е й т с е ң* кішірерге мен жараймын, Өзіңіз үлкендікке жарасаңыз!.. (Ақмолла ақын, Күндер). **4.** а у ы с. *Қызмет дәрежесін, лауазымын төмендету.* Оны *к і ш і р е й т і п*, рота командирінің орынбасары етіп тағайындадық (Б.Момышұлы, Москва.).

КІШІРЕЙТУ[1] з а т. и н ф. <ағыл. minimization> *Сапасын немесе пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында жүйені сипаттайтын белгілі бір көрсеткіштің мәнін азайту процесі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

КІШІРЕЙТУ[2] *Кішірейт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кіші ету.* Ісіктің қатерлі жараға ұласуынан оны *к і ш і р е й т у і* мүмкін, мұны жұрт ем жақсы нәтиже берді деп қателеседі (Х.Әбисатов, Қарын рагы). **2.** *Әдеттегі қалыптан тарылту, көлемін кеміту.* Сығымдалғыштық – сыртқы күш әсерінен тау жынысының көлемін *к і ш і р е й т у* қабілеті. Құмдар тез сығымдалады және сығымдалу ылғалдылыққа байланысты емес (К.Сапарбайұлы, Геология.). **3.** *Жасын кіші қып көрсету.* Белгілі бір алуан жұрнақтар арқылы зат есімдерден *к і ш і р е й т у*, еркелету ұғымдары да жасалады (Қазіргі қаз. тілі).

КІШІРЕЙТІЛ= е т. *Көлемін кіші қылдыру.* Жобадағы бөлшек кәдімгі нақты бөлшектің елу есе *к і ш і р е й т і л г е н* нұсқасы («Білім және еңбек»). Осы сияқты гигант құрылыстар *к і ш і р е й т і л і п* бейнеленген физикалық модельдерде зерттелді («Қазақст. мект.»).

КІШІРЕК с ы н. **1.** *Үлкен емес, кішкенелеу.* Асқар *к і ш і р е к* келген қара көзін газеттің жалпақ бетіне бұрып, қадала қалады (С.Мұқанов, Жұмбақ жалау). **2.** *Азырақ, шамалырақ, кішкентайлау.* Жүннің мықтылығын білу үшін *к і ш і р е к* бөлек жүнді жеке алады (М.Ермеков, Қазақст.). Бұқарға аттанарда имам дінге шын берілген мұсылмандардан *к і ш і р е к* отряд құрды (З.Шашкин, Ұшқан ұя). **3.** *Шағынырақ, орташарақ.* Ағаштан қиған *к і ш і р е к* бір шіркеу мен бір мешіт бар еді (С.Мұқанов, Менің мектеп.). Әсет қайта шығып кетті. *К і ш і р е к* шарамен қымыз әкелді (Ә.Тарази, Асу.). Бір бұрылыста, сол жағымыздан *к і ш і р е к* көл ұшырасты («Лен. жас»). **4.** *Бойы қысқалау,*

аласалау. Класс ішіндегі Гена, Сережа дейтін екі *кішірек* бала мүлде сабақтарын нашарлатып алды (С.Бегалин, Шоқан.). **5.** а у ы с. *Жасы кішілеу.* Жасы Абайдан *кішірек* болса да, Есентай Абайға «сен» деп сөйлейтін (М.Әуезов, Абай жолы).

КІШІРЕКТЕУ с ы н. **1.** *Кішкентайлау, кішкенелеу.* Әсіресе, *кішіректеу* оң көзінде талай сыр жатқан секілді! (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). **2.** *Шағындау, шамалылау, орташалау.* Ноғайқанның *кішіректеу* екі бөлмелі үйі құба төбел мүлкімен онша көңілсіз де емес еді (С.Бегалин, Уақыт.). Төрде – *кішіректеу* келген жазу столы, оның бір жағында кітап шкабы, бір жағында радиоқабылдағыш (З.Ақышев, Біздің шамш.). **3.** *Қысқалау, аласалау.* – Шынында да, өздері орыстың үш батырына ұқсайды екен, – деді Қайырбаев, залға қарай әзілдей күліп. Бірақ Бейсеновтің бойы *кішіректеу* сияқты (Ә.Нұршайықов, Жер.). – Ағай, сізге кім керек еді? – деді алдыңғы партада отырған *кішіректеу* екі қыздың аққұбасы орнынан көтеріліп (Ә.Нұршайықов, Махаббат.).

КІШІРЕЮ *Кішірей етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тарылу, сығылу.* Қуыстылықты *кішірею і* және судың ығыстырылуына байланысты жыныс үлгісінің сығымдалуы мессурада 0,01 мм дәлдікпен белгіленеді (К.Сапарбайұлы, Геология.). **2.** а у ы с. *Кішіпейілділік етіп иілу, өзін төмен ұстау.* Мынауың теріс деуге бата алмайды. Баяғы өзінің қаталдығын ойлағанда, өзінен-өзі ұялады. Кешірім сұрасам қайтер еді деп бір ауық ойланады. Бірақ әке басымен балаға *кішірею ді* лайық көрмейді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КІШІРТ= е т. ж е р г. *Кішірейту, сығымдау.* Туған жер аты соның да Емшекке ерін тигізген, Бабаңның жалбыр тонын да *Кішіртіп* сағаны кигізген (Х.Ерғалиев, Дәуір). Мынау сегіз қанат үй еді, осыны *кішіртіп,* алты қанат үй жасадым (Қазақ. тілі. аймақ. сөздігі).

КІШІРТУ с ө й л. *Кішірт етістігінің қимыл атауы.* Киім пішсең, мол піш, *кішіртуің* оңай (Мақал).

КІШІСІН= е т. *Кіші көру, кіші санау.* Әлімбек кеп үлкен кісілердің қолын алды. Содан кейін *кішісінбей* баламен де қол алысып амандасты (А.Байтанаев, Қайнар.). Сырттай үлкен кісі санайтын, басшы қызметтегі аға бала жігітті *кішісінбей* бірден әңгімеге тартты («Балдәурен»).

КЭШ [ағыл. cache] з а т. э к о н. *Нақтылы ақша формасындағы заңды төлеу құралы, банкнот және монета.*

КЮВЕТ [франц. cuvette] з а т. *Теміржол, автомобиль жолының екі жанынан қазып жүргізілетін ұзыннан-ұзақ ор. Кювет* жер беті суларын бұзып кетпеуі үшін жасалады (Қаз. тілі термин. Су.).

КЮРИ [франц. Curie] з а т. ф и з. *Француз физиктері П.Кюри мен М.Склодовская-Кюри есімімен аталған, радиоактивті көздердегі нуклидтер белсенділігінің бірлігі. Кюри* – радиоактивті изиотоп активтілігінің жүйеден тыс бірлігі. Ол: *кюри* (орысша) не Сі (халықар.) таңбамен белгіленеді (ҚСЭ).

КЮРИ [лат. Curium] з а т. х и м. *Француз физиктері П.Кюри мен М.Склодовская-Кюри есімімен аталған, радиоактивті химиялық элемент. Кюри* табиғатта кездеспейді (ҚСЭ). *Кюри* үшфторидті барий буымен тотықсыздандыру арқылы алынады (ҚСЭ).

КЮРИТЕРАПИЯ [франц. curie, грек. therapeia] з а т. м е д. *Кюриді емдік мақсатта қолдану.*

Қ

Қ з а т. **1.** *Қазақ әліпбиінің он бесінші әрпі. Қ* әрпінен кейін Л келеді (Ауызекі). **2.** л и н г в. *Тіл артының тілшікке тоғысуы арқылы жасалатын қатаң дауыссыз дыбыс және оны таңбалайтын әріп. Қ*-ны айтқанда фонациялық ауа ауыз қуысы арқылы үзіліп, шұғыл шығады (Қаз. тілі энцикл.). *Қ* дауыссыз дыбысын айтқанда, дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай қатаң дауыссыз дыбыс болып табылады (Қаз. грамм.).

ҚАБА с ы н. *Қалың, тығыз, қою (сақал, жал).* Аққұйрық гну Оңтүстік Африкада тіршілік етеді, оның құйрығы айғырдың құйрығындай *қаба,* жалы тік тұрады (М.Исқақов, Соқыр сенім.). Жал-құйрығы *қаба* деп Жабыдан айғыр салмаңыз! Қалың малы арзан деп, Жаман қатын алмаңыз! (Алдаспан). Қырғауылдың қанатындай түрлі түспен құбылған... *қаба* шапан тек осы әмірде ғана бар (Л.Машанов, Әл-Фараби.).

Қаба жал. *Қалың жал.* Алдымен жабағылы қос торы бие көрінді, содан кейін ай маңдай *қаба жал* торы айғыр, бедеу көк бие... шұбала береді (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Үлкен бір *қаба жал* торыға Асылқан мінді. Жатаған келген жарау қара атқа Кәмен мініп алыпты (Ғ.Мүсірепов, Боранды түнде).

Қаба жалды. *Қалың жалды, қалың жалы бар.* Қу қанжыға жүйріктен *Қаба жалды* берік артық. Жылуы жоқ тымақтан Баса киген бөрік артық (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Қаба сақал. *Жақты тұтас қаптап шыққан қою, қалың сақал.* Құнанбайдың қасында тұрған *қ а б а с а қ а л,* қара Қамысбай еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *Қ а б а с а қ а л ы* ақ бұйра тартқан шал сүйеніп отырған таяғын алдына тарта, кеудесін көтерді (К.Баялиев, Жер.). *Қ а б а с а қ а л* қарт Ауған Таянып тұрып кетпенін: «Шал боп, балам, шалқамнан Әзірге шүкір, кетпедім» (М.Мақатаев, Шығ.).

Қаба тұяқ. *Жуан, дөңгелек тұяқ.* Табаны дөңгелек *қ а б а т ұ я қ* есекте ғана. Қандай асыл тұқымды жылқылардың тұяқ бітімі есекке әлі жете алған жоқ, тұяқтары жайылып, көп кесіледі және сүріншек болады (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы.).

ҚАБАҒАН с ы н. *Кісі талайтын, қапқыш.* Бұзыларда ойламас бет көрем деп, Ант ішуді кім ойлар дерт көрем деп. *Қ а б а ғ а н* итше жігіт шыға келер, Мен қапсам, бір жеріңді бөксерем деп (Абай, Тол. жин.). Мөңірей жүртқа ой қайтты Бұзауы өлген сиырдай. Ләпсі – төбет *қ а б а ғ а н*: Жемтік көрсе тұра ма Ырылдап танау жиырмай (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Сол сәтінде-ақ тесіктен екі езуіндегі өткір тістері ақсиған, көздері қанталаған *қ а б а ғ а н* иттің басы қылтиды (М.Мағауин, Бір ата.). Өткен жылы жазда ұйқышыл Жәкең *қ а б а ғ а н* итін дүкеннің алдына байлап, өзі үйдің төбесіне жатады (Ж.Тәшенов, Алғашқы.).

ҚАБАҒАТ ү с т. *Орасан, өте керемет.* Әр мүшесі *қ а б а ғ а т* қатты ауырады. Маңка ауруы жылқыдан кісіге жұқса, көбінесе ол кісі маңқадан жазылмайды (М.Дулатов, Шығ.). Мұнан соң бар бітімімен алға құлай ұмсынып, соншалық *қ а б а ғ а т* шапшаңдықпен жүгіре жөнелген (О.Бөкеев, Қайдасың.). Бұл кенеттен болған оқиға қала халқын *қ а б а ғ а т* састырды (С.Дөнентаев, Шығ.). Бір перзенттің зарынан, Қапалы болды *қ а б а ғ а т*. Жас иісін көре алмай, Болмады құрсан, көңіл шат (Қарқабат //Бабалар сөзі).

ҚАБАДА з а т. к ә с. с ө й л. ***Қабадан***. Мәселен, қарабалық карп тұқымдас балықтар тобына жатады, оны құрма аулармен, вентерь, *қ а б а д а,* катештермен аулайды, сүзекіге аз түседі (Қазақст. балық.). Балықшылар оны сүзекімен, аумен, *қ а б а д а м е н* және катөштермен аулайды (Саятшылық).

ҚАБАДАЙ с ы н. *Үлкен, қауғадай.* Сол бір құйрық-жалы *қ а б а д а й* кезде сүріну дегенді білуші ме еді?! (Ә.Сараев, Бозқырау).

ҚАБАДАН з а т. к ә с. *Талдан тоқып жасалған балық аулайтын құрал.* Күйлері тайып бара жатқасын бір күні Мөңке екеуі Талдыбекенің бойынан былқылдақ жас тал кесіп *қ а б а д а н* тоқыды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Елуінші жылдары Дунай жақтан келген балықшылар Балқашта *қ а б а д а н* және қамыс қорап арқылы сазанды жақсы аулай бастады (М.Тайыров, Балқаш.).

Қабадан қайық. ж е р г. к ә с. *Қабаданды суға салып, балық аулауға арналған қайық. Қ а б а д а н қ а й ы қ* көбіне қара суда, көлдерде қолданылады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ҚАБАДАНШЫ з а т. к ә с. *Қабаданмен балық аулаушы.* Изенді участогында Батыс Балқашта отызыншы жылдарда «Балық тыңын» игеруді бастаған су қоймасындағы атақты *қ а б а д а н ш ы л а р* тұрып жұмыс істейді (М.Тайыров, Балқаш.).

ҚАБАЖАҚ з а т. ж е р г. *Даладан терілген жұқа тезек.* Мал бағып жүріп *қ а б а ж а қ* теріп әкелдім (Ауызекі).

ҚАБАЖАҚТАЙ с ы н. *Қабажақ тәрізді, жұқа.* Отынға барғанда көрдім. Жағалаудың мұзы *қ а б а ж а қ т а й*-ау, *қ а б а ж а қ т а й*... Жас баланың еңбегі сияқтанып, аяғының асты былқ-былқ етіп, ойыла жаздап жатыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Екі бөлме. Бастауақ, *қ а б а ж а қ т а й* етіліп сапасыз салынғаны көзге ұрады (М.Қаназов, Жер.). Асқа салатын нандарының иі қануы өз алдына, сонымен қатар жұқалығын қағаздайын *қ а б а ж а қ т а й* қылар еді («Мәдениет және тұрмыс»).

ҚАБАЖАУЛА= е т. *Қоршау, қамалау.* Қашқанда көкше қоян қасқарады, Қамаса *қ а б а ж а у л а п* бас салады. Құтылып көптен кесір кеткен емес, Бір салса көп талқыға тасталады (Айтыс.).

ҚАБАҚ[1] з а т. < лат. palpebra> **1.** а н а т. *Қас пен көздің арасындағы шығыңқы сүйек.* Қарамандай батырдың, *Қ а б а ғ ы н а* қар қатты. Кірпігіне мұз қатты, Қазанның естіп хабарын (Батырлар жыры). Ине керек, қылмайды, киім тамақ, Ұйықтаймын деп ешқашан жаппас *қ а б а қ*. Жылпылдатып бұйымды тігесіз ғой, Тұлымдары өткізген жіптен сабақ (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Қай жаққа *қ а б а қ* көтерсе де, қаптап тұрған жұлдыздарды көрді (А.Мекебаев, Жезтырнақ.). **2.** а у ы с. *Жар мен сайдың не жыраның үстіңгі жиегіне жақын жері.* Мұқанның осы ақылымен жігіттер екі бөлініп, бір бөлегі *қ а б а қ п е н* келе жатты да, бір бөлегі Сарысудың табанына түсіп жүрді (С.Шарипов, Бекболат). Киреберіс алаңда биік жарқабақ бар, *қ а б а қ*, бетінде үйме-жүйме орналасқан қуыршақ үйлер. Дәл осы киреберіс алаңда төбеге ілген жұмсақ ақ шынылы шам бар (Ә.Тарази, Құйрықты.). Бүгін бір қонақ келер деп *қ а б а қ қ а* анау ең биік Ұмтылып шығып бір жаман атымен тұр ғой шал

қарап (Ж.Нәжімеденов, Таңд.). **3.** а у ы с. *Адамның бір нәрсеге байланысты байқалатын көңіл-күйі, мінез-құлқы.* Ағасының қатыны жаман *қ а б а ғ ы м е н* қарсы алған соң, қайтадан заводқа барады (С.Сейфуллин, Шығ.).

Ай қабақ. *Көтеріңкі біткен керме қабақ.* Сәл шытынап *а й қ а б а ғ ы* Ең соңғы рет келді тілге (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.). Аяулы ерке, *а й қ а б а қ,* Жігітке қонған бақ болып, Арудың бетін аймалап, Күледі самал шат болып (Ә.Нілібаев, Қоңыр.). *А й қ а б а қ,* алтын кірпік, қызыл ерін, Кел десең, неге аяйын аттың терін (Қаз. әндері).

Алтын қабақ. к ө н е. э т н. *Күміс ақшаны нысана етіп, той-думанда мергендік сынасатын ойын.* Күресте, ат бәйгесінде, *а л т ы н қ а б а қ* атуда, жаяу жарыста озып шыққа алсын, әйтпесе Күнікейді беруге болмас,– дейді (Қаз. ертег.). Балуан қолдар белдесіп, Атылды *А л т ы н қ а б а ғ ы.* Бәйгіден аттар келді есіп, Тартылды тойдың табағы (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Тұрған соң құшақ жайып, ашып төсті, Артықша Кей-Қауыстың көңілі өсті. Аттырып *а л т ы н қ а б а қ,* ат шаптырып, Той қылып тамашалап қызын қосты (Т.Ізтілеуов. Рүстем.).

Ашық қабақ. *Жайдары, ақ көңіл, ақ жарқын.* Бірақ онысын ешкімге білдірмей, халін сұрауға келген әйелімен, қызымен, тіпті дәрігерлермен де *а ш ы қ қ а б а қ п е н* сөйлесіп... мақтап жатты (Қ.Мұқанбетқалиев, Жұлдызды.). Ағыңыздан жарылып, *а ш ы қ қ а б а қ* бере алдыңыз ба? (М.Әлімбаев, Тәрбие.).

Бөкен қабақ. *Бөкеннің қабағындай биік, көтеріңкі қабақ.* Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ, Қой мойынды қоян жақ, *б ө к е н қ а б а қ.* Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды, Ой желке, үңірейген болса сағақ (Абай, Тол. жин.). Ешкі бас, *б ө к е н қ а б а қ* бұл айғыр серкесанның нақ өзі (А.Жағанова, Еркежан).

Бөрі қабақ. *Тұксиген қалың қабақ.* Ол тек біртүрлі таңданған кескінде тұсынан өтіп бара жатқан Тәңірбергенге салбыраған *б ө р і қ а б а қ* астынан салқын ғана көз тастады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Бүркіт қабақ. *Түсі суық.* «Сұңқар жігіт, мықты жігіт, жұмыс десе жойқын жігіт» деген сөздерге қарай, күнілгері көз алдымызға кеудесіне құлаш жетпейтін, палуан білекті, жүрістұрысы ірі, *б ү р к і т қ а б а қ,* өткір көз алыпты елестеткен едік («Лен. жас»). Рүстемге және де ертіп төрт мың кісі, Бәрі де *б ү р к і т қ а б а қ,* суық түсті (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Жар [қыр] қабақ. *Биік, дөңес қабақ. Ж а р қ а б а қ,* қой көз, қара шашты балаң жігіт емтихан тапсырып отыр («Лен. жас»). Қара мұрт, сұрғылт сұлу, қырлы мұрын, *Қ ы р қ а б а қ,* кең жауырын айтсам түрін. Алланың әмірімен туған жігіт, Жеткізіп айта алмаймын мыңнан бірін (Үш ғасыр.).

Жау қабақ. *Түсі суық, тұксиген қабақ.* Қияқтай қара мұрты құлағына жеткен, зор денелі, *ж а у қ а б а қ* қара кісі қаламсапты екі шынтағының арасына қысып ап, алдындағы қағазға цифрды тарыдай шашыратып жазып жатыр («Қаз. әдеб.»).

Жылы қабақ білдірді [танытты]. *Жылы шырай, ілтипат көрсетті.* Айша сонан кейін *ж ы л ы қ а б а қ б і л д і р г е н* емес (М.Сүндетов, Құмда.). Шабындыққа келгендердің бәрі оның жағдайын сұрап, *ж ы л ы қ а б а қ т а н ы т а д ы* («Қазақст. әйелд.»). Алайда сұлтан Халил әмір Байсарыны шақырып алып, оған *ж ы л ы қ а б а қ т а н ы т а д ы* («Парасат»).

Күн қабағы. *Күн райы. К ү н қ а б а ғ ы* қатулы, аспан бұлтты (С.Мәуленов, Үркер.). Зарығып баққаны осы *к ү н н і ң қ а б а ғ ы* еді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Далаға шығып тұрып, *к ү н н і ң қ а б а ғ ы н* байқады (Ә.Ибрагимов, Нағыз.).

Күннің қабағы бір жадырамады. *Күн ашылмады, бұлттанып тұрып алды. К ү н н і ң қ а б а ғ ы б і р ж а д ы р а м а й д ы.* Ажары бір кірмейді**.** Артында тағы зілі бар ма, әлде немене (Ж. Аймауытов, Шығ.).

Кірбің қабақ. *Реніш, түсінбестік. К і р б і ң қ а б а қ* ошақ басынан шықпай-ақ қойсын деп ем («Лен. жас»).

Қабағы ашылды [жазылды]. *Көңілі көтеріліп жадырады, көңілденді.* Ал Әлия болмағаннан бері оның бірі жоқ, папасының *қ а б а ғ ы а ш ы л м а й д ы,* мамасынан көреді (Ә.Нұрмаханова, Шығыс.). Істің тынымды, таза істелгенін, әсіресе өзінің аяқ басатын жолына қиық тақтай төсегенін көргенде ғана аз-кем *қ а б а ғ ы а ш ы л ы п,* үш пленге майор болымсыз болса да жадырай қарады (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек).

Қабағы жабылды. *Көңілсіз, ықылассыз болды.* Ондай адам жұрт қуанып жатса, қуана алмайды, күліп жатса, күле алмайды, ас ішіп жатса, іше алмайды; *қ а б а ғ ы ж а б ы л ғ а н,* түсі қуарған, жағы суалған, түріне қараған кісінің көңіліне қайғы салады («Абай»).

Қабағы жылынды. *Ықыласы, мейірімі түсті.* Солдаттардың бұл екеуіне деген *қ а б а ғ ы ж ы л ы н ы п,* аз да болса Петька мен Алешаға жылы шырай білдіретін болды (Ә.Шәріпов, Қапаста.).

Қабағы кірбің тартты. *Көңілсізденді, реніш пайда болды.* Әлгіде *қ а б а ғ ы к і р б і ң т а р т ы п,* түсі қашқандай көңілсіз келе жатқан жас жігіт

сәттің арасында-ақ құлпыра жайнап шыға келген екен (Ғ.Сланов, Әңгім.).

Қабағы кіржиді. *Ұнатпады, жақтырмады.* Ауыл кеңес ағасының *қабағы кіржіп,* Таутанның сөзін жақтырмай отырған сыңайы бар еді (О.Сәрсенбаев, Бақыт).

Қабағы қалыңдады. *Қабағы түйілді, тұнжырады.* Батырдың түсіп еңсесі, *Қалың-дады қабағы,* Көмескі шықты дыбысы, Қарлыққандай тамағы. Айқара ернін тістеді, Осы деп өмір сабағы (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Қабағы қатыңқы [қату, түйіліңкі, салыңқы]. *Көңілі жабырқаңқы, қапалы, ұнжырғасы түскен.* Ұсталғандардың бірі аласа бойлы, *қабағы қатыңқы* орта жасқа келіп қалған адам екен (Ә.Шәріпов, Партизан). Әлде бүгін сабағы көп болып шаршаған» ба, әлде бір нәрсеге ренжіген бе, әйтеуір *қабағы қатыңқы* («Қаз. әдеб.»). Түн ұйқысы қалғандай *Қабақтарың қатыңқы,* Тыңшы болып жүргендей Атыңның жалы жатыңқы (Қамбар батыр). Әні түнеріп келе жатқан Жүністің *қату қабағы* зарлауықтың өзінен бұрын жеткен үнінен [Дәмештің] шайдай ашылып кетті (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Капитанның *қатыңқы қабағына* қарап, «Сірә, бір маңызды іс тапсырғалы тұр-ау» деп Өміртай ойлағанша болған жоқ, Черкасов сөз бастады (Ә.Нәбиев, Ауыр апта.). *Қабағы түйіліңкі* сүйінбейді, Алла бөлек жаратқан түрін дейді. Жиырма сегіз жасында ажым түскен, Көк тамырда қан ойнап дірілдейді (Абай, Тол. жин.). Анада бір күні әкесі де түсіне еніп жүр. *Қабағы салыңқы* ма, қалай (Қ.Мұханбетқалиев, Жұлдызды.). Әлтай бүгін кезекші емес, содан ба, *қабағы салыңқы* («Қаз. әдеб.»).

Қабағы қатты. а) *Қабағы түйілді.* Оның гүлдей солған жүзі, мұздай *қатқан қабағы,* терең қайғылы көзі бір ноқатқа қадалып қалған секілді (С.Сейфуллин, Әңгім.). ә) *Көндікті, бейімделді.* Алғашқы күн ғана ауыр боп еді. Содан әрі *қабақ қатып* алған соң ұйқы да дәнеңе емес екен (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Қабағымен ұқтырды. *Айтпай, көзқарастан түсінді.* Айтпақ асыл сөздерімізді *қабағымызбен ұқтырып,* бірімізге-біріміз мейірім төге қарай бердік (Ол күндер.).

Қабағына кірбің түсірмеді. *Көңілін қалдырмады, ренжітпеді, жабырқатпады.* Осы уақытқа дейін *қабағына кірбің түсірмеді* (Ауызекі).

Қабағына кірбің іліпті. *Ренжіді, тұнжырады.* Инештің *қабағына* аздап *кірбің іліпті* (С.Шаймерденов, Инеш).

Қабағына қарады. *Жай-жағдайына қарады ренжітпеді, көңілін аулады.* Үйленгенше өліп-өшкенмен, ғұмыр бойы жарын құрметтеп, *қабағына қарап* өтетін жігіт біздің қазақта кемде-кем (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Бұл оның *қабағына қарап* отырған жоқ, өзі ізденіп жүрген ісі әділ де шын болғандықтан іркілген жоқ (С.Бақбергенов, Кентау). *Қабағына қарағаң,* Жәрдеміне жарағаң Жолаушы болып келгенде Сағынып келсе даладан (Майлықожа Сұлтанқожаұлы // XIX ғ. қаз. поэз.).

Қабағына қар қатты. *Қабағы түйілді, қатуланды.* Қарамандай батырдың, *Қабағына қар қатты,* Кірпігіне мұз қатты, Қазанның естіп хабарын (Қобыланды батыр).

Қабағынан қар [қан] жауды. бейн. *Қабағын түйіп тұнерді.* Ол мұнымен бұрыннан ашу-араздығы бар адамдай *қабағынан қар жауып,* дұрыс амандасқан жоқ (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). *Қабағынан қар жауып* тұратын апам да жадырайды (С.Мұратбеков, Жабайы.). Сыздық сонда көрмен қабақ түйеді, Сұлу келіншек босатпады жүйені. Көзінен от, *қабағынан қар жауды,* Бір көз салып, кім екенін түйеді (М. Жұмабаев, Шығ.). Қайғысына ортақтасқан болып *қабағынан қан жауа* отырып, Кессель де, басқалар да оны арбап бақты (Ә.Әбішев, Замана.). Біздің собалақ өмір бойы кісі өлтірген кісіше *қабағынан қан жауып* отырғаны (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Қабағын бақты. *Ыңғайына қарады, ретін байқады.* Абай басында үндемей барлап, жұрттың *қабағын бақты* (М.Әуезов, Абай жолы). Бірақ Базаралы бұл келісінде Құнанбайдың *қабағын бағайын* деп келген жоқ (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Шашын тарап та, стол жанына келіп отырып жатып та, ол Гүлжиһанның қимылы мен *қабағын бақты* (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Қабағында кірбің бар. *Көңілсіз, реніштi.* Алайда Күнтуардың қайратқа біткен қалың *қабағында кірбің бар* (С.Омаров, Күншуақ).

Қабағын жазды. *Көңілденді, жадырады. Қабағын* да *жазып* жіберді, Жүзіне де жарқын шырай жүгіртуге тырысты (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Тірі қалғандар мүлдем *қабақ жазып* тік сөйлеуден қалды (Р.Хайрулин, Офицер.).

Қабағын көтерді. *Ашуын басты, көңілі жайланды.* Қоя қой енді, Шекешім! Киімі түскір құрысын! Қоймағанда не дейін... Айтқаныңа көнейін, Сен өлген жерде өлейін. *Қабағыңды көтерші* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Қабағын кірбің шалды. *Тұнжырады, көңілсізденді. Қабағын кірбің шалса,* көңілімді қорғасын қайғы езеді («Лен. жас»).

Қабағын қарс жапты. *Қатты ашуланды, тұнерді, тұксиді.* Кеудесін керіп, *қабағын қарс жауып* тұр. Шалбарының балағы қолқылдаған кең. Етігінің басы көрінбейді. Үстінде төрелердің түймесіндей жалтыр түймелі шолақ шапаны бар (М.Жұмабаев, Шығ.). *Қабағын қарс жауып* Қарады сонда батыр қайғы батып, Тұқымдас тауларына назар атып. Түсіріп дәл көзіне киіп бөркін. *Қабағын қарс жауып* қалды қатып (М.Дулатов, Шығ.).

Қабағын тастай [тарс] түйді. *Қатты ашуланды, ашуға булықты.* Ашудан көкпеңбек боп, булығып алған еді. Ернін тістеп, *қабағын тастай түйіп* ап, шыдай бермек болды (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Қабағын түйді. *Ашуланды, жақтырмады, тұнерді.* Шығанақ *түйілген қабағын* әлі жазған жоқ (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Сонда сен, көрі Шыңғыстау! Жазғытұрымдай, *қабағыңды түйіп* көрлене қарамай, шалқая сүйеніп: «Барыңдар, барыңдар! Анау көгеріп тұрған Көксеңгір, Шақпақ, Ақшатаудан да асыңдар» – дегендей, күн жақтағы жылы жүзіңмен жымия қарадың-ау! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жапжас бала келе сала, *қабағын түйіп*, тартқан екі жаққа садағын. Тастан қайтқан оғы тиіп өзіне, Қан майданда қайтыс болған қарағым! (М.Жұмабаев, Шығ.).

Қабағы сынды. *Тұнжырады, еңсесі түсті.* Мұқатайдың *қабағы сынып,* еріндері салпия қалды, не дәмі, не беделі өтпеді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Қабағы тастай түйілді. *Тұнжырады, тұнерді.* Ол өзінің мұндай шешендігімен оны риза еттім деген ниетпен қарап еді, олай емес, Темірдің *қабағы тастай түйіліп,* көздері ұшқын атып тұр екен (Ә.Әбішев, Замана.).

Қабағы түсті. *Тұнжырады, тұнерді.* Дәрменнің *қабағы түсіп,* түсі сазарып кетті (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). «Қаштық» деген сөзді естісе, Айқынның *қабағы түсіп* кететін еді (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). *Қабағы түсіп,* сәні кеткен кісіше салбырап қалды Шәтен (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

Қабағы тырысты. *Жақтырмады, ұнатпады.* Оның арқасы құрыстанған сияқтанып, *қабағы тырыса бастады* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Қабақ ашпады. *Тұнжыратты, мұңайтты. Ашпадың,* Алла, *қабақты,* Қылмадың қабыл тілекті. Өле алмай шыдап отырмын Зор Құдайым салған соң (Абай, Тол. жин.).

Қабақ білдірді [берді]. *Сыр берді, сездірді.* Ербол оған жаны ашығандай *қабақ білдірсе* де, жігітті қостай алмайды (М.Әуезов, Ақын аға). Ашынған адамның сөзінің жаны бар. Әйтсе де әдейі *қабағымды бермей* отырмын (С.Жүнісов, Жапанда.).

Қабақ көрсетті. *Жақтырмады, жаратпады.* Осыған ілесе кірген әдемі ақ келіншек менің сәлемімді қабылдаудың орнына *қабақ көрсетті* (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

Қабақ қаққанша [қаққандай]. *Тез, жылдам, көз ілеспейтін жылдамдықпен. Қабағыңды қақққанша* Жарқ етші де, сарт етші, Бірінің жанды еңбегі, Бірі күшін сарп етті (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Осы кештің қалай шапшаң өткенін сезбей де қалыппын, *қабақ қақ-қандай* лезде өткен сияқты (М.Әуезов, Абай жолы).

Қабақ қақпады. *Сескенбеді, тайсалмады, міз бақпады. Қабақ қақпай* қадалып ұмтылған Базаралы, енді тебініп кеп жирен айғырлы жылқышы мен Әзімбайдың екі арасынан ағындап кіре берді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Қабақ қақты. *Ымдады, белгі берді.* Ай, айналайын орыс баласы жолдасын жауға бермейді-ау, әйтеуір. Қарашы, *қабақ қағысымнан* түсіне қойды (С.Адамбеков, Атылған қыз.).

Қабақпен имендірді. *Бетін қайырды, тайсалдырды.* Үйіңе тату құрбы келсе кіріп, Сазданбасын *қабақпен имендіріп.* Ері сүйген кісіні о да сүйсін, Қызмет қылсын көңілі таза жүріп (Абай, Тол. жин.).

Қабақ танығыш. *Білгіш, түсінгіш, аңғарғыш.* Көкпай әдеттегіауызбаққыш, *қабақ танығыш* қалпымен Абайдың жаңағы сөзін көтерген кісі болды (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Қабақ танытты. *Сыңай білдірді, ыңғай көрсетті.* Қаладан шығар ауызда Тұрақазы таныс біреулердікіне түсіп, қалмақтай *қабақ таныта ды* (Б.Нұржекеев, Күй.).

Қабақ шытты. *Ашуланды, кейіді.* Қағазбай нағашым бір нәрсеге *қабақ шытып,* дауыс көтеру дегенді білмейді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Ол қай жерде істесе де, ешкіммен шәй десіп, *қабақ шытып* көрген емес (Қ.Ыдырысов, Ел жатса.).

Қабақ шытысты. *Ренжісті, келіспеді.* Әйгерім мен Абай арасында бұл шаққа шейін бірде-бір *қабақ шытыскан* кінә-реніш болып көрген жоқ-ты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қаншама жыл *қабақ шытыспаған* әйелімен бұдан әрі сөз таластырмады (Тербеледі тың дала).

Қас пен қабақ арасында. *Жылдам, тез, лезде. Қас пен қабақтың арасында* қыздың көзінен бір ұшқын жарқ ете түскендей көрінеді маған (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Ажал дегенің *қас пен қабақтың ара-*

сындай-ау (Б.Серкебаев, Өткенде.). Осындай ішкі монологтер екеуінің арасында азғантай *қас пен қабақ арасында* ұшқыр ойлар арқылы айқасып, үлкен паузада сөзсіз айтылып жатыр (Қ.Бадыров, Өткендер.).

Қасы мен қабағын аңдыды. *Көңілін аулады, бәйек болды.* Шыбын жаныңды көбелек етіп, бір соның *қасы мен қабағын аңдып*, бір сол үшін бәйек болып жүрсең де, ол сені сүймейді (М. Дүйсенов, Гүлжан.).

Қату қабақ. *Қиналған, қажыған түр.* Ой, кер заман, кер заман! Талан-тараж қан жылау. *Қабақ қату,* қансырау (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Құ қабақ. *Тапқыр, амал-айлашыл.* Ағылтегіл ағып жатқан пенделердің арасынан ішіндегіңді айтқызбай білетін өзі іспеттес *құ қабақ* кісі іздеп келеді (О.Әубәкіров, Сиқыр).

Қырғи қабақ. *Араз, ала көз.* Бұрынғы *қырғи қабақ* араздың араларын суытып, алыстан ғана хабарластырып жататын (С.Сматаев, Елім-ай). Ел болған соң, алалық та, ашуараз, *қырғи қабақ* мінездер де болмай қоймайды (С.Омаров, Өмір.).

Қырғи қабақ көрсетті. *Жақтырмады, жаратпады.* Екі талант иықтасып, бір-біріне қызметке бола *қырғи қабақ көрсетпей*, екі езулері екі құлағына жетіп кіріп келе жатқанда, жүрегім жарыла қуандым («Жас Алаш»).

Қырғи қабақ соғыс. с а я с и. *Әлемдегі екі саяси жүйеде қалыптасқан мемлекеттер арасындағы бақталастық саясат.* Нәтижесінде социалистік жүйе дағдарысқа ұшырап, 1991 жылы КСРО-ның тарауымен *қырғи қабақ соғыс* аяқталды (Қазақст. энцик.). *Қырғи қабақ соғыс* аяқталып, екі дүние тайталасы тоқталар тұстағы аса қиын кезеңде Қазақстанның тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін мұндай жұмыс жүргізбей болмайтын еді (Н.Ә.Назарбаев, Ғасырлар тоғ.).

Қыңыр қабақ. *Жат мінез, теріс қылық.* Талай жылдан бері шаруашылықты мінсіз басқарып келе жатқан, қиын жағдайда еңсесі түспей, түйықтан шығар жолды іздейтін, тәжірибелі директор қазірде *қыңыр қабақ* көрсетпей, жарқылдай сөйлеп сергек отыр («Лен. жас»).

Қырын қабақ. *Бірін-бірі аңдыған, араз.* Іздегені болмайды жалғыз тамақ, Басқа да жұмысы бар байқастамақ. Келген кезде бай менен қонақ тату, Қайтарында болады *қырын қабақ* (Ш.Құдайбердиев, Өленд.). Ордадағы жиылыста сөйлеген сексен алтыдағы шал Тастайбек, көтеріліске қатысы болмаса да, жергілікті әкімдермен *қырын қабақ* (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Жаңа жылға арналған балда Лермонтов патша әулетіне *қырын қабақ* екендігін ашық білдірді (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

Қырыс қабақ. *Кірбің қабақ, реніш, кейіс.* Оқытушының *қырыс қабағы* студентті ойдан тайдырып, жеңіл сұрақтың өзін ауырлатып жібереді («Қазақст. мект.»).

Оң қабағы тартты. *Халық ұғымында жақсылық боларын сездіретін белгі.* Оң болып маған деген пәк тілегің, Онда сен сырқатымның таптың емін. Өзің кеп бөлермісің қуанышқа, Неліктен *оң қабағым тартты* менің! (Ш.Мұхамеджанов, Назқоңыр.).

Оң қабақ көрсетті [таныты]. *Жылы шырай білдірді, ықыласы түсті.* Бүкіл колхоздағы жалғыз шопан қыз деп қарай ма, бұған әр кез *оң қабақ көрсетіп* тұрады (Б.Шаханов, Ғашық.). Соңғы кезде ата-аналардың да бұл жүйеге *оң қабақ танытып* отырғандығын қабылдау емтихандары кездерінде байқадық («Түркістан»).

Салқын қабақ. *Көңілсіздік, немқұрайлылық. Салқын қабақтарының* арғы жағынан қайғының табы сезіледі. Олар маған, мен оларға тосырқай қараймын («Түркістан»). Сұлуға сұмырайлар сұқтанғыш-ақ Жаяды, өліп-өшіп, сырттан құшақ. Өткір сөз, *салқын қабақ*, паң мінезбен Талайын Хорлан өзі шыққан «тұсап» (М.Әлімбаев, Өшпес от).

Теріс қабақ білдірді. *Жаратпады, ұнатпаған пішін көрсетті.* Ноғайбай мырза шіренген, – Домбыра алған бұл кім? – деп, *Теріс қабақ білдірді* (К.Әзірбаев, Өленд.).

Түкті қабақ. *Қасы қалың.* Терең көз, *түкті қабақ*, қалың ерін, Айтпайды айдалаға не тілерін. Ұрланып кеуде ғана күрсінеді, Төге ме ыстық демі әлде шерін? (Х.Ерғалиев, Құрманғазы).

ҚАБАҚ[2] з а т. **1.** ө с. <лат. lagenaria> *Асқабақ тұқымдасына жататын жемісі қатты, су өткізбейтін, пішіні құмыра, алмұрт т.б. тәрізді біржылдық шөптесін өсімдік.* Бақша деп қауын, қарбыз, буылдық, сәбіз, қияр, пияз, капосте, памедор, *қабақ,* күнге бағар сияқты жемістер егетін жерді айтады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ал Орта Азияда ежелден *қабақтың* жемісін кептіріп, шақша жасайды (ҚҰЭ). **2.** *Жеуге жарамайтын, асқабақ тәрізді өсімдіктен жасалған ыдыс.* Кіп-кішкентай Сейіт бидай көже құйған *қабағын* қазір бір қолына ұстап, екінші қолымен әкесінің таяғын желкесіне салған (Р.Райымқұлов, Жапанда.). Бір жағында бір қазан сүт, екі күбі, бір *қабақ* айран тұр («Соц. Қаз.»).

ҚАБАҚАТ үст. ескі кіт. *Қатты, бек, өте. Қабақат* болып түнеріп, Ашуланып қабақат. Ыза болып бұл сөзге, Қасында қырық жамағат (Бабалар сөзі//Діни дастан.).

ҚАБАҚТАЙ с ы н. *Үлкен, дәу, семіз. Қабақтай* екен өзі (Ауызекі).

Қарны қабақтай. *Іші үлкен, мес қарын. Қарны қабақтай* полк командирінен бастап, уряднниктерге дейін түгел екі-үш күн бойы қолды-аяққа тұрмай жүгірумен болды (А.Нұрманов, Құлан.). Бір айнатаз секілді төбесі жап-жалтыр, сақал-мұртының орны көкпеңбек, көктұқыл, *қарны қабақтай* бір шал екен (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

Тас қабақтай қағыстырды. а) *Апшысын қуырып, жанын алып, есті шығарды, аяғынан тік тұрғызды.* Үйіне қонақ келгенде бала-шағасын *тас қабақтай қағыстырып,* ыдысын салдырлатып бұрқылдайтын жаман қатынның мінезіне бастық-ау, – деді (Ғ.Сланов, Домбыра.). ә) *Тарсылдатып, сартылдатып аударыстырды, қопарып тастады.* Асаубай, бүкіл дүниені *тас қабақтай қағыстырып* бір нәрсені іздеп жүр (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Мағрипа жұмасына бір рет *тас қабақтай қағыстырып* үй жинайтын (Р.Тоқтаров, Тұлпар.).

ҚАБАҚТАУ с ы н. *Қабақтылау келген.* Төкең төмен қарап қағаз оқып отырғанда қалың *қабақтау,* суық түстілеу көрінеді (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Экскаваторшы болсаң не қылайын, – деді кекетіп, ісік *қабақтау* сары жігіт, теплоход жүргізушісі (Бәйшешек).

ҚАБАҚТЫ с ы н. *Қабағы қалың, қою.* Ала көз, алпамсадай, *қабақты* жан, Айдалып балға келді абақтыдан (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). *Қабақты,* қалың кірпік көзін жапқан, Келбетті көрген адам сұқтанғандай (Ж.Саин, Күлөнда). Без белді қара бүркіттей, айыр сақал, қылыш мұрт, *қабақты,* қасты, мұрынды, айбынды, арғымақ ақсары кісі; келбеті бұрынғының батырындай (Ж.Аймауытов, Шығ.). // *Сұсты, қаһарлы, сесті кісі.* Қап-қара жарлауланған *қабақтылар,* Қисық-қисық қолында таяқтылар. Олар да жалбаңдасып ойнап жатыр, Жыртылған оңкей тері тымақтылар (Бабалар сөзі//Діни дастан.).

ҚАБАҚТЫҚ з а т. *Қабырғаның, терезенің үстінен шығып тұратын өрнекті тұсы.* ≈ *Қабақтығына* көзі түсті.

ҚАБАҚША з а т. *Кішігірім жарқабақ.* Сен мына бір жылғамен ана қалың қарағайға барып, арғы *қабақшаға* шық (С.Бегалин, Уақыт.). Олар аласалау кереге жалдың көк бүйра қарағайға бөленген етегін ала тартып отырып бір *қабақша* белестен аса берді (С.Бегалин, Бала Шоқан.).

ҚАБАЛА з а т. д і н и. *Мемлекетке қатысты қаржылық міндеттеме.* Кейін орта ғасырларда *қабала* салықтан құн төлеу ретінде пайдаланылды (ҚҰЭ). *Қабала* сөзі мұсылман халықтарының тілінде «борыштық міндеттеме» мағынасында енген, осыдан орыс сөзі «кабала» шығады (ҚҰЭ).

ҚАБАЛАҚТА= е т. **1.** *Қалбақтау, қалбалақтау, асып-сасу.* Бөлекбас Сәуленің мұндай мінезді қазір не оймен көрсетіп отырғанын сезбей, *қабалақтап* өзінің жаңа ғана сіресіп тұрған қалпынан айырылып қалды (Ә.Әбішев, Жас түлек.). **2.** с ө й л. *Жапалақтап қар жауу.* Ақыры демалысқа қарсы кештердің бірінде *қабалақтап* қар жауа бастағанын көргенде, бәрі де қуанған (М.Мағауин, Бір ата.).

ҚАБАЛАҚТАУ *Қабалақта етістігінің қимыл атауы.* ≈ Есі кетіп *қалбақтау.*

ҚАБАЛАН= е т. *Тығыз өсу, қалың болып біту.* Онда Достоевский инженер формасында сәнді киінген, мұрты қырылған, қырма сақалы қысқа ғана тебіндеген, толықша денелі, қалың бетті жас жігіт; мына көріп тұрғаны оған ұқсамайды; сақал-мұрты *қабаланып* еркіне кеткен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ақ сақалы *қабаланып* қалың өскен сықылды (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Бірден суырып айтқан өлеңдерім қалың себіліп *қабаланып* кеткен егін секілді (Е.Ысмайлов, Ақындар).

ҚАБАЛАНУ *Қабалан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үйпаланып *қабаланды.*

ҚАБАЛАУ с ы н. *Қалыңдау, тығыздау.* Сондай бетінің кем-кетігін *қабалау* боп қалың біткен сақалы бүркеп тұратын еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ҚАБАН[1] з а т. з о о л. <лат. sus scrofa> *Сүтқоректілер класының жұптұяқтылар отрядына жататын жабайы шошқаның еркегі.* Кәрия оның *қабан* екенін танып, иығынан қос ауызын түсіріп, қос ұңғысын қатар оқтады (Ә.Сараев, Қараша.). Орманда *қабан,* аю, сілеусін һәм құт ұшырып, ылғи жер сүзіп жүретін бұқалар ұшырады (М.Жұмабаев, Шығ.). Қуанышты үй иесі табан арасында бөшкедей нән *қабанды* жарып тастайды (Т.Бердияров, Солдат.). Сентябрьдің ішінде Ақтөбе деген айналасы қамысты, *қабаны* көп жерде сен дүниеге келдің (С. Мәуленов, Үркер.).

Қабан ақыртқан. *Мықты, күшті, дегені болып тұрған.* Есіктен *қабан ақыртқан* Төріне сұңқар шақыртқан Қара арғымақ қатырған, Қара лашын қашырған (С.Сейфуллин, Шығ.).

Қабан қанжар. э т н. *Қанжардың үлкен түрі.* Үйдің оң жақ қапталындағы жасыл кілемнің бетіне сирақты мылтық, қынына күміс қаптырған қайқы қылыш пен *қ а б а н қ а н ж а р* ілініпті (А.Сүлейменов, Бесін.).

Қабан құлақ. *Тік құлақ.* Мен *қ а б а н қ ұ л а қ* қара атты Қатырып тұрып мінермін, Мен көрмеген алаш жоқ, Бәріне де тиермін (С.Сейфуллин, Шығ.).

Қабаннан жаман Қарынбай. *Ішетін асын, құлқынын, қарнының тоқтығын ғана ойлайтын мешкей адамдар жайлы.* Бір азамат ерде дәулет кем болса, *Қ а б а н н а н ж а м а н Қ а р ы н б а й*, Жан екен деп оны білмеді, Көзіне тіпті ілмеді (Қашаған, Ақберен).

Қабан тісті. *Қабанның тісіндей екі жағынан ырсиып шығып тұрған; аюдай ірі, салалы.* Құртамын деп, Тұтамын деп, Жұтамын деп, *Қ а б а н т і с т і* Ауыздарын жалмасты (С.Сейфуллин, Өленд.). Fуаждың ұрпағы еді бұлар күшті, Бойлары мұнарадай, бұзық түсті. Көргендер түрпатынан тұра қашар, Қалың бет, қыртыс қабақ, *қ а б а н т і с т і* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ҚАБАН[2] з а т. ж е р г. *Төрт-бес арба шығатын шоп үйіндісі.* Біздің колхоз бір айдың ішінде 80 *қ а б а н* салды. Ағаш арасынан қайтарда бір *қ а б а н* шоп үйдім, бұл қысқа шоп жетеді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ҚАБАНДАЙ с ы н. *Қабан тәрізді семіз, ірі.* Қараса ауыз үйдің есігінен ашық полға көлденең созылып түскен үлкен көк қасқыр жатыр. Мол қылшықты, қалың түбітті *қ а б а н д а й* көкшулан, арлан қасқырдың өзі (М.Әуезов, Шығ.). Ал, сен *қ а б а н д а й* болып, жас ет пен жас қатының рахатын көріп, жылы төсекте жатасың (Ж.Тәшенов, Алғашқы.). *Қ а б а н д а й* тоң мойын, бөрене қолды, сары сақал, кең жауырын екен, қолы тиген жерін мұздай күтірлетіп, қайыстай бүктеп иіледі (С.Камалов, Әңгім.).

ҚАБАНДЫ с ы н. *Қабаны көп.* Сыр бойындағы қамысты жерлер *қ а б а н д ы* болады, абайлап жүру керек (Ауызекі).

ҚАБАНДЫҚ з а т. *Зұлымдық, жауыздық.* Асып кейде Герейден *қ а б а н д ы ғ ы,* Әйгі болып ханына «адалдығы», Азбанқұлдан шығыпты сақ құлақтар, Қайғысы – тек ішер ас, амандығы (Т.Әбдірахманова, Көгершін.).

ҚАБАНЖОН с ы н. *Дөңдеу, бүйірлі, мая жон.* Үстіне жас талдан иіп, *қ а б а н ж о н* етіп қаз-қатар уықшалар орнатып қойған (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ҚАБАНША[1] з а т. *Әлі өсіп жетілмеген, кішкентай қабан. Қ а б а н ш а д а* қайын жоқ, Мегежінде төркін жоқ, Біле алмас қайдан келгенін (Ақберен).

ҚАБАНША[2] ү с т. *Қабан тәрізді, қабанға ұқсап.* Тістенгенде ернінен қан сорғалап, *Қ а б а н ш а* қырылдаған үні шықты (Дастандар). *Қ а б а н ш а* қарсы шапты да, бала тұра қашты, қорсылдап қуған шошқадан шошына шырылдап қашты (Ж.Тілеков, Хинган асуы.).

ҚАБАР = е т. **1.** *Көтерілу, ісіну, дүрдию.* Ебейсіннің беті балшықтан құйғандай боп *қ а б а р ы п* тұратын-ды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең.). Көптиіп, *қ а б а р ы п* кеткен қалың ерніне дамыл бермей жалай береді (Б.Тілегенов, Көктем.). **2.** *Үсік шалу, домбығу.* Зембілге аз-аздап салыңдар. Қолдарың *қ а б а р м а й д ы.* Әрі шаршамайсыңдар, – деп қояды (Т.Иманбеков, Үш ай.). **3.** *Ашытқымен иленген қамырдың ашуы, көтеріліп, бет жағы жұқаруы.* Тандыр *қ а б а р ы п* көтерілгенше бетін жылы орап жауып тастады (С.Мұқанов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Тұтігу, ашуға булығу.* Батыраш беті *қ а б а р ы п,* қолын бір сілтеп, Жолдастарын ертіп, ішіне арам ой түйіп кете барды (С.Жүнісов, Ақан сері). Кейде сынаптай сырғып, іші-бауырыңа кіріп кетеді, кейде қалың жүндес қабағына қан қатқандай *қ а б а р ы п* жүреді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Оспан болыс теріс азу, қара қабандай болып, *қ а б а р ы п* кетті (М.Әуезов, Абай жолы). Барып келсе Ертістің суын татып, Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып, Елді алып, Еділді алып есіреді, Ісіп-кеуіп *қ а б а р ы п* келе жатып (Абай, Тол. жин.).

Ашыған қамырдай қабарды. *Добалдай болып, торсиып ісінді.* Іркілдеген төртпақ денесі *а ш ы ғ а н қ а м ы р д а й қ а б а р ы п,* оған бұғақты қысқа мойын тұтасып, шар тәрізді домаланып қалған (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

Көңілі қабарды. *Қам көңіл, пәс, не болса соған ренжи берді.* Шырағым, бас иесі кетіп, *к ө ң і л і қ а б а р ы п* жүрген жанбыз ғой. Әшекейінде еленбес еді, қазір жоқ нәрседен көңілге кірбің ілінеді (Қаз. тілі фразеол. сөздік).

ҚАБАРДА з а т. *Қабарда-Балқар Республикасының негізгі халқы. Қ а б а р д а л а р* адыгей, черкес халықтарымен туыс, бәрі адығтар деген ортақ атаумен аталады (ҚҰЭ). Солтүстік Кавказды мекендейтін бірқатар туыстас халықтармен *қ а б а р д а л а р д ы ң* материалдық және рухани мәдениеті, тұрмыс-салты тамырлас (ҚҰЭ).

Қабарда тілі. л и н г в. *Иберий-Кавказ тілдері шоғырының абхаз-адыгей бұтағының адыгей тобына кіретін қабарда халқының тілі. Қ а б а р д а т і л і н і ң* алғашқы жазба ескерткіші XVII ғасырдан басталады (ҚҰЭ).

Морфологиялық құрылымы жағынан *қ а б а р д а т і л і* жалғамалы тілге жатады (ҚҰЭ).

ҚАБАРЖУ *Қабаржы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ренжу, налу, қынжылу.* **2.** ж е р г. *Қобалжу, толқу, мазасыздану* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ҚАБАРЖЫ= е т. **1.** *Қобалжу, толқу, мазасыздану.* Сатан үйінің мұндай аманат малды азайтып алғанына көңілдері қатты *қ а б а р ж ы п,* байға қалай есеп берерін білмей қысылатын еді (І.Жансүгіров, Шық.). Жаным, неге *қ а б а р ж ы п* тұрсың? Қалқам, сенің осы екі-үш күннен бері неге мазаң жоқ? («Соц. Қаз.»). **2.** *Ренжу, налу, қынжылу.* Қарашы мынау *қ а б а р ж ы п* жатқан пішінге, Ыза мен ашу қайнайды келіп ішінде (М.Мақатаев, Қарлығаш.).

ҚАБАРЖЫТ= е т. *Ренжіту, қынжылту.* Бірақ бұрын «әже» дейтін Нұрбектің «кемпір» деуі қарт көңілін қатты *қ а б а р ж ы т т ы* (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.).

ҚАБАРЖЫТУ *Қабаржыт етістігінің қимыл атауы; ренжіту, қынжылту.* ≈ Көңілін *қ а р а р ж ы т у.*

ҚАБАРТ= е т. **1.** *Ісіну, домбығу.* Суық сорған әжімді жүзі *қ а б а р т ы п,* түтігіңкірей кірді (Н.Сералиев, Қаңтар.). **2.** а у ы с. *Түсі бұзылу, түтігу, түнеру.* Күрең жүзі *қ а б а р т ы п,* таңқы танауға ызбармен қараған Мағжан оның сөзін бөліп жіберді (М.Хасенов, Нартәуекел.). Күнімжан, жүзіңді *қ а б а р т п а ш ы.* Неге жүдейсің соншама. Мен алыстан саған бола келдім, – деді Досжан (А.Байтанаев, Жаңғырды.). Не қыласың бикешжан, Күйеудің көңілін *қ а б а р т ы п* (Дастандар).

ҚАБАРТУ *Қабарт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жүзін *қ а б а р т у.*

ҚАБАРУ *Қабар етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бетінің *қ а б а р у ы.*

ҚАБАРУШЫЛЫҚ з а т. к е н. *Температураның, ылғалды және басқадай жағдайлардың әсерінен таужыныстар көлемінің ұлғаюы* (Қаз. тілі термин. Кен.).

ҚАБАРЫҢҚЫ с ы н. *Дүрдиген, көнтиген, ісініп қалыңдаған, домбыққан.* Мынаның қанталаған қызыл көздері ісіңкі, *қ а б а р ы ң қ ы,* оттың да, мейірдің де ізі жоқ (Х.Әдібаев, Таңбалы.).

ҚАБАТ[1] з а т. **1.** *Қат-қат болған заттың бірқатары, бір қаты.* Шығыршығы шыраған Бадана көзді кіреуке, Шарайнасы бес *қ а б а т,* Жау қарысы жетпеген (Батырлар жыры). Сүйекке кіру – деп қайтыс болған кісінің ақ жуып, арулауды айтады. Бұған сүйекті жуудың жөнін білетін аруақтың өзі қатарлы адамдар кіреді. Сүйегіне кіретін адамдарды марқұмның өзі де айтып кетуі мүмкін. Бұған шариғат заңы бойынша әр рудан (атадан, ата ұлынан) бес не жеті кісі түседі. Олардың міндеті – аруақты жуып, тазарту. Бұдан кейін марқұм әйел болса бес *қ а б а т,* еркек болса үш қабат ақ матаға ақиретке оралады («Парасат»). **2.** *Бөлік, бөлім.* Амалдан туған Набат-ты, Дүния екі қабатты. Бір *қ а б а т ы н* тәрк етіп Амал қыл деп жаратты (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Телескоппен қарағанда хромосфераның үстіңгі *қ а б а т ы* ұдайы толықсып, сансыз көп жалын шудалары жоғары шапшып, ұйтқып араласып жатады (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). **3.** *Дүркін, рет.* Әй, Ержан-ай, ол бір емес, саған бірнеше *қ а б а т* жазықты, мектебіңе де барды, үйлеріңде де болды, бірақ (Қ.Ыдырысов, Ойлы.). Ұлық түнерген қалпымен екі-үш *қ а б а т* қолын соқты да, сұлық отырып қалды (А.Сатаев, Дала.). Бір кезде үсті-үстіне екі *қ а б а т* атылған мылтық дауысы гүрс-гүрс ете қалды (А.Хангелдин, Өткен күн.). Қылығында жоқ оғат, Қарап тойман жүз *қ а б а т* (Абай, Тол. жин.). **4.** *Үй, ғимараттардың бірінің үстіне бірі салынған бір бөлігі.* Қысқасы әлі күнге дейін Желтоқсанның сан сыры толық ашылмағандықтан, батыр жастарымызға лайықты атағын беру кешеуілдеп келеді. Мәселен, Ләззаттың 5-*қ а б а т т а н* не үшін секіріп кеткені беймәлім күйінде, тарих қойнауына жауқазынның жасын арқалап еніп барады («Түркістан»). Өскемен қаласында да ұласқан ереуілге шығып, ақырында 5-*қ а б а т т а н* секіріп мерт болған Сәбираның өлімінің Ләззат өліміне ұқсастығы («Түркістан»). **5.** и н ф. <ағыл. layer> *Нейрондық желілерде – араларында жалғастыру жоқ, бірақ оған «кіріс-шығыс»-тың жалпы әдісін қолдануға болатын жасанды нейрондар тобы. Қ а б а т т а р* сыртқы және ішкі, кірістік және шығыстық болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Информатика.). **6.** б и о л. <лат. strata> *Бірлестікті сабақ, жапырақ, тамыр, бадана, жуашық сияқты өніп-өсу мүшелері орналасқан құрылым сатылары.* Кейбір өсімдіктерде эпидермис құрылысы көп *қ а б а т* болып та кездеседі, бұған мысал үшін біз фикус өсімдігінің жапырағын көрейік, – деді ол (Т.Мұсақұлов, Өсімдік анат.). *Қ а б а т* негізгі және қосалқы бөлімдерден тұрады (Қаз. тілі термин. Биология). **7.** б и о л. *Фитоценоздың бір-бірінен бөлектенген құрылым бөлігі. Қ а б а т* тек морфологиялық, флоралық, экологиялық емес фитоценозда да болады (Қаз. тілі термин. Биология). **8.** г е о л. *Біртекті тау жыныстарынан құралған жалпақ геологиялық дене.* Бірнеше жұқа *қ а б а т т а р* бір-бірімен алмасып келіп, шөгінді жыныстар қат-қабатын

құрайды (ҚҰЭ). Күрішті суғарудың бастапқы кезінде топырақтың беткі *қ а б а т ы н ы ң* тұзын шайдыру қажет (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). *Қ а б а т т ы ң* үстіңгі беті оның жабыны, ал астыңғысы – табаны деп аталады (Қазақстан энц.). **9.** к е н. *Кен орындарын жерасты әдісімен игеру кезінде қазуға арналған, параллель екі жазықтықпен шектелген кен шоғырының бөлігі. Қ а б а т қ а* бөлу тәсілі қалың шоғырларды қазғанда қолданылады (ҚҰЭ). Кертпешті *қ а б а т қ а* бөлу кенжарды тігінен жоңқалап қазатын роторлы экскаваторлар жұмысына тән (ҚҰЭ). **10.** а р х е о л. *Археологиялық қазба жұмыстары кезінде жер бетінен төмен табылған ескерткіштердің орналасқан реті, қаты.* Хосроу тиынының VIII ғ. басында соғыла бастағаны белгілі, яғни № 12 бөлме орналасқан мәдени *қ а б а т* та сол ғасырда қалыптасқан болып шығады («Парасат»). **11.** *Қабатталған, сыртынан жабылған зат т.б.* Қиын тұтанатын көбікті политироддың технологиясы электрлік кабельдер мен ағаштан және металдан жасалған құрылыстарды өрттен сақтау үшін жетілдірілді. Осы жылу өткізбейтін *қ а б а т* өрт кезінде құрылыстың беріктігін 1 сағатқа дейін сақтайды («Зерде»). **12.** а у ы с. *Жік, топ.* Үшінші топ – бұрынғы коммунистік номенклатураның жоғарғы *қ а б а т ы н ы ң* бәсеңшілдік бағыттағы өкілдері («Егемен Қазақстан»).

Алты қабат ала арқан. э т н. *Ақ, қара қылдан алты қабат етіп ескен арқан.* Құнан жаста арда емген, Дөнен жаста үйреттім *А л т ы қ а б а т а л а а р қ а н* Жібектен өріп сүйреттім (Батырлар жыры). *А л т ы қ а б а т а л а а р қ а н,* Жеті қабат желі арқан. Жібектен есіп ширатып, Мойныңа тағып сүйреттім (С.Сейфуллин, Шығ.).

Атмосфера қабаты. г е о г р. *Жер бетін жауып тұратын ауа қоршауы.* Бұл жайды *а т м о с ф е р а н ы ң* әртүрлі *қ а б а т ы н д а ғ ы* желдердің бағытымен түсіндіруге болады («Қазақст. мект.»). *А т м о с ф е р а н ы* шартты түрде үш *қ а б а т қ а*: тропосфера, стратосфера, ионосфера деп бөледі (Х.Әбішұлы, Халық асторн.).

Жалаң қабат. *Болуға тиісті қабатының біреуі салынбаған, бір ғана қабат, жұқа. Ж а л а ң қ а б а т* кенеппен сен де жүрсің ғой, тарта бер, – деді Қазыбек Мұратқа есік жаққа иек қағып (Ә.Әбішев, Шығ.). Шам сөнді, *ж а л а ң қ а б а т* терезесі, Қатты қорқып шығыпты байдың есі (Ш.Құдайбердиев, Өленд.).

Жер қабаты. г е о г р. *Жердің бірнеше құрамдас бөліктерден тұратын бөлігі.* Жер сілкінуге *ж е р қ а б а т т а р ы н ы ң* қозғалыс бағытының өзгеруі де тән: жер қабаты төмен түсіп, жоғары көтеріліп жатады («Қазақст. мект.»).

Жеті қабат жер асты. а) м и ф. *Адам аяғы баспаған жер.* – Сізбен бірге *жеті қабат жер астына* түсуге де әзірмін (С.Омаров, Дала қызы). *Ж е т і қ а б а т ж е р а с т ы н а* түсіп кетпесе, Жер бетінде жоқ, әйтеуір, – деді Сәлмен (Б.Тілегенов, Аққайнар) ә) *Алыс, жырақ. Ж е т і қ а б а т ж е р а с т ы н д а ғ ы* тозақтан да, тоғыз қабат көк жүзіндегі жұмақтан да Айғырбайдың жанын көре алғаным жоқ (Шағын пьесалар).

Жеті қабат жер астындағыны ойлады. *Ел ойламағанды, басқаның ойында жоқты ойлады. Ж е т і қ а б а т ж е р а с т ы н д а ғ ы н ы о й л а й т ы н* жауыз екендігіне осы жаз әбден көзім жетті (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

Жеті қабат көк. а) д і н и. *Алла тағаланың аспанды жеті қабаттан етіп жаратқандығы туралы мифологиялық түсінік; [Жалпы мұсылмандық астрономиялық танымдағы Ай, Меркурий (Ғұтрад), Шолпан (Зуһра), Күн, Марс (Миррих немесе Қызыл жұлдыз), Юпитер (Мұштари), Сатурн (Зухал) жеті жұлдызының жалпы атауы].* Кітаби түсіндірме бойынша, *ж е т і қ а т к ө к* дегеніміз – жалпы мұсылмандық астрономиялық танымдағы белгілі жеті жұлдызға байланысты атау (ҚҰЭ). Достыққа достық қылмақ болып, Хасенді арқасына мінгізіп, *ж е т і қ а б а т к ө к к е* «жұлдыз көзді, ай маңдайлы» сұлуға алып ұшады (С.Сейфуллин, Шығ.). ә) м и ф. *Түркі-моңғол мифологиясындағы аспанның күмбез сияқты төңкеріліп, тесігі – Темірқазық тығын арқылы аспанның басқа қабаттарын көруге болатын 16-18 қабаттан тұратын көк.*

Жеті қабат тау үсті. *Қол жетпейтін жер, алыс.* Қаламым талпынады жазайын деп, Бұйырсаң, хақ жолына жарайын деп, Керегің *ж е т і қ а б а т т а у ү с т і н д е,* Көмілсе жібер мені, қазайын деп (М.Қалтаев, Шығ.).

Жоғары қабат. с ө й л. *Жоғарғы қабат, үстіңгі қабат.* Жүннен тоқытып кеудеше, қалың белдемше, тізеқап киіп жүретін. Палатиндегі қарапайым ғана шағын үйде тұрады, қырық жылдан астам бір ғана жатаған һәм қатты төсекте жатып ұйықтады. *Ж о ғ а р ғ ы қ а б а т т а ғ ы* үйшіктей шағын бөлмеде жұмыс істеді («Парасат»).

Қырық қабат. а) *Қалың, бірнеше қабат.* ≈ *Қ ы р ы қ қ а б а т* киім. ә) *Бірнеше рет.* Қаңтарда аңға аранын аша ұшқандай Бүктелді қара толқын *қ ы р ы қ қ а б а т* (Т.Жароков, Шығ. жин.). б) э к с п р. *Өте биік, басты айналдыратын.* Өтсең сен егер көшелерге күн түсірмейтін *Қ ы р ы қ қ а б а т* үйлер қасынан Өз сәулетшілеріңнің көзімен Қара таулардың мұзарт басынан (М.Сатыбалдиев, Шула. толқын).

Сан қабат. *Әлденеше рет, қайта-қайта.* Атағы бар, даңқы бар талай жерде, Салғыластым *сан қабат* бұлбұлыңмен (Жамбыл, Шығ. жин.). Әзіл, жыр, ақыл, дана сөз – Алдында жатыр соңғы хат. Түн қатып ару қара көз, Үңілді соған *сан қабат* (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

Тоғыз қабат торқа. б е й н. *Үлде мен бүлде. Тоғыз қабат торқадан* Камзол киді қынама, Таңдап Назым тимесе Толқыған көңіл тына ма? (Қамбар батыр). *Тоғыз қабат торқадан,* Тоқтышақтың терісі артық (Мақал).

Тоқсан қабат. б е й н. *Қалың, түнерген, сіреskен, қап-қара.* Ерсі деме, ағайын, *тоқсан қабат* бұлт болып, тоқсан түрлі ой миымда жатып алды бүктеліп. Бұлтсыз ашық тұрады кейде Алатау шоқтығы, бірақ менің басымның ойсыз тұрған жоқ күні (Ж.Нәжімеденов, Ұлым.).

Төрт қабат көрпе. *Қабатталып қалың төселген көрпе.* Жақып Омардың үйінде, қонақтан жаман сыйлайды, *Төрт қабат көрпені* астынан үзбейді (Б.Майлин, Шығ.). Сәрсенбек төрге төселген *төрт қабат көрпенің* үстіне барып малдасын құра отырған (Х.Мұстафин, Қыр жігіті). Бет-аузын қара бұзаушықпен жуындырып, төрдің алдына *төрт қабат көрпе* салып, Сапақты Құдайберген өзі әкеліп отырғызды (С.Талжанов, Ұлдай.).

Үзеңгі бауы алты қабат. *Тәкаппар, өркөкірек, менмен кісі туралы айтылады* (Қаз. тілі. фраз. сөздігі).

ҚАБАТ[2] үс т. **1.** *Бірге, қатар, қоса.* Оқумен *қабат* ұйым жұмысын дұрыстап алғанша тыным таппады (С.Бегалин, Уақыт.). Бірақ үш ай бойы құлақ, тілден *қабат* айырылып, өмір мен өлімнің арасында жатқанын, бір құлағы алдыңғы күні ғана ашылып, тілі бүгін, осы жаңа ғана шыққанын білмейтін (М.Мағауин, Бір ата.). Ауыр жүктен арылғандай енем екеуміз *қабат* күрсіністік (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Жер-дүниені шаң, тұман *қабат* басып, Ойнақ қағып, құтырып дауыл келді (Абай, Тол. жин.). **2.** *Жаны, қасы.* Үйдегі екі кәрімді: Оған да назар саламын *Қабатымма* аламын (Батырлар жыры). Менің *қабатымма* жатсын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

ҚАБАТ[3] о д. ж е р г. *Асық ойнағанда айтылатын сөз.* Асық ойнағанда бір ойыншының сақасы тігулі тұрған асыққа жақын жатса, екінші кісі асықты атарда *қабат* деп айтып отырады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

ҚАБАТАРАЛЫҚ: қ**абатаралық су.** г е о г р. *Жоғарыдан және төменнен су өткізбейтін немесе суды нашар өткізетін қабаттар арасында орналасқан таужыныстардың кеуек құыстарындағы арынсыз жерасты қабаты аралық сулары* (Қаз. тілі термин. Су.).

ҚАБАТ-ҚАБАТ с ы н. **1.** *Бірнеше қабат, қалың.* Сырттан келген Қаратаймен біраз сөйлесіп барып, төр алдындағы *қабат-қабат* төсекке жатып қалды (А.Жүнісов, Өмір.). Бәрі де сап-сары ала шенді киімдерінің үстінен *қабат-қабат* ішік жамылған (С.Шәріпов, Бекболат). Байлардың *қабат-қабат* киімдері сандықтарында (С.Шарипов, Бекболат.). **2.** *Көп қабатты, биік.* Түнмен қарауытқан *қабат-қабат* үйлер вокзал алаңын тарылтып қоршап тұр (Қ.Исабаев, Соңғы.).

ҚАБАТТА= е т. **1.** *Бірінің үстіне бірін салып қалыңдату.* Едендегі алашаны құс қанат сыпырғышпен тазаладым да, төрге қос *қабаттап* көрпе төседім (С.Омаров, Қиыр жол). **2.** *Қабат-қабат етіп қалың киіну.* Денсаулығына байланысты ыстыққа да, суыққа да төзімсіз болды. Қыста төрт бірдей ішкиімді *қабаттап* киіп, қалың көйлек, күпісін тастамады («Парасат»). Шидем мен тон *қабаттап* киген малшы Бет қарауға шыдамай теріс айналды (Абай, Тол. жин.). **3.** *Қаттау, бүктеу.* Қаптағы туды үш *қабаттап* бүктеп беліне айналдыра орап қапсыра тігіп, үстінен гимнастеркасын киді (Х.Рахимов, Полк туы). Төрт шиді бірден салып *қабаттап*, ширатылған жіппен айқастыра крест тәрізді байланыстыруды атайды (С.Бегалин, Бала Шоқан).

ҚАБАТТАЛ= е т. *Қатталу, қалыңдатылу.* Шиді тоқуға арналып иірілген жіп екі *қабатталып* ширатылып, бірнеше домалаққа төгіледі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Сөйтіп сүрленетін жүгері мен сабан бірінің үстіне бірі *қабатталып* салынады да, олар трактормен тығыздаған кезде әбден араласады (Қ.Құсайынов, Сабан.).

ҚАБАТТАЛУ *Қабаттал етістігінің қимыл атауы.* Майтөбеде 10-15 м тереңдікке дейін шөгінді жыныстардың горизонталь *қабатталуы*, құм, малта тастардың көп мөлшерде жиналуы – осыны көрсетеді («Халық мұғ.»).

ҚАБАТТАН= е т. **1.** *Қабатталу, қабат-қабат болу.* Олар қатқанда жеке металдар қабат-қабат болып, химиялық құрамы жағынан бірдей болмай, құйма *қабаттанып* жатады (Қ.Нұрымбетов, Металдар). **2.** *Үйілу.* Қаланың бір кезде өртенген қабаты күл-күл боп, өз алдына *қабаттанып* ол жатыр (Тоғызыншы шежіре).

Қырық қабаттанып отырды. б е й н. *Құрысып-бырысып, ренжіп отырды.* Жолшыбай,

соңыра қызды алып барғанында, *қ ы р ы қ қ а б а т т а н ы п о т ы р с а* тағы қиын-ау деген ойға да келдім (Ә.Әбішев, Шығ.).

ҚАБАТТАС з а т. к е н. *Қабатты құрылымды алюмосиликат минералы; электр тогын және жылу өткізбейтін материал. Қ а б а т т а с т ы ң* құрамының негізгі элементі – үш қабатты бетше (Қаз. тілі термин. Кен.).

ҚАБАТТАС= е т. **1.** *Қатарласу, қатар келу.* Екі кемпір *қ а б а т т а с а* кеп, құшақтап сүймек еді, Ырысбек оларды сүйгізбеді (С.Мұратбеков, Жабайы.). **2.** *Бірнеше оқиға, іс қат-қабат келіп тоқайласу.* Одан кейін Айбаланың қайтыс болуымен, Ботагөздің жоғалу қайғысы *қ а б а т т а с т ы* (С. Мұқанов, Ботагөз). **3.** *Қосамжарласу, қалыспау.* Сол сенім Тәжібек қой соңына ергелі *қ а б а т т а с ы п* қалыспай бірге келеді (Ж.Еділбаев, Бүгінгі ауыл.). Сұлтекең Дәулетпен *қ а б а т т а с ы п,* өрешеге өзі де кіріп кетті (Б.Соқпақбаев, Шығ.).

ҚАБАТТАСТЫҚ з а т. г е о л. *Шөгінді тау жыныстарының көлденең қимасында байқалатын бір қабаттың басқа қабатпен алмасуы.* Пішініне қарай *қ а б а т т а с т ы қ* параллель, қиғаш және диагональды болып жіктеледі (ҚҰЭ). Түзілуі бойынша *қ а б а т т а с т ы қ* арналық, тасқындық, теңіз жағалаулық т.б. болады (ҚҰЭ).

ҚАБАТТАСТЫР= е т. **1.** *Бірінің үстіне бірін қою.* Екі аяғын оң жағына *қ а б а т т а с т ы р а* көсіліп, көйлегімен балтырын қымтап, оң қолымен жер таяна отырды (Ж.Еділбаев, Түркістан.). **2.** *Үстемелету, қосу.* Оған «кімдекім шындықты жасырса – тілсіз шайтан» деп Мұхаммед пайғамбардың хадисін *қ а б а т т а с т ы р а* басыпты (Т.Кәкішев, Сәкен Сейфуллин). **3.** *Қосарлау, араластыру, тықпалау.* Олар осындай болмашы нәрселерге *қ а б а т т а с т ы р ы п,* ешбір көкейге қонбайтын мәселелерді таңғысы келеді (Қ.Тұрсынқұлов, Алыста.).

ҚАБАТТАСТЫРУ *Қабаттастыр етістігінің қимыл атауы; қосарлау.* Қос сөздер, негізінен, екі сөзді бірге қосақтау, бір сөзді қайталау арқылы, я оның бір буынын *қ а б а т т а с т ы р у* арқылы жасалады (Қазіргі қаз. тілі).

ҚАБАТТАСТЫРЫЛ= е т. *Қатарластырылу, иін тіресті рілу. Қ а б а т т а с т ы р ы л а* тігілген үйлер иін тіреседі (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

ҚАБАТТАСТЫРЫЛУ *Қабаттастырыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өзара *қ а б а т т а с т ы р ы л у ы.*

ҚАБАТТАСУ *Қабаттас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қосамжарласу, кимелеу.* Шешей амандасып жатқасын оның *қ а б а т т а с у ы н ы ң* қажеті де жоқ (А.Хангелдин, Қараторғай). Қолына қыран құс ұстаған адамды қаумалауға, оның алдына шығуға, *қ а б а т т а с у ғ а* да болмайды, одан недәуір кейінірек отыру шарт (Ә.Көшімов, Жас аңшы). **2.** *Араласу, бірге жүру.* Мұндай тұздың *қ а б а т т а с у ы* омыртқалардың арасындағы нерв талшықтары шығатын тесіктерді тарылтып, оларды басып қалады (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). **3.** и н ф. <ағыл. interleaving> *Ақпараттық тізбектерді кадрлардың кезектесетін сериялары түрінде сақтау және осы тізбектерді лезде өзара ауыстырып қосу арқылы қарап шығу әдісі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ҚАБАТТАСУШЫЛЫҚ з а т. *Кимелеп, ретсіз араласушылық.* Бірақ жұмыстағы осы *қ а б а т т а с у ш ы л ы қ* әбден менің мазамды кетірді («Қаз. әдеб.»).

ҚАБАТТАУ *Қабатта етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үсті-үстіне *қ а б а т т а у.*

ҚАБАТТЫ с ы н. *Қабаты бар, қабаттан тұратын, биік (үй).* Қарлығаш заводтың жас жұмысшылары мен қызметшілері тұратын төрт *қ а б а т т ы* үлкен жатақхананың бір бөлмесінде тұрады екен (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Ғимарат екі *қ а б а т т ы.* Үстіндегі қабатта ер кісілер, төменгісіне әйелдер намаз оқиды. Имамның татымды уағызын жұма намазында әлденеше жүздеген жамағат тыңдайды. Тәжік жігіті Н.Нұров қазақ тіліне жетік, таза сөйлейді. Жамағаты риза, Мешіт ауласы кең. Енді оған тас кілем мен жасыл газон төсеу алдағы уақыт еншісінде. Білімді де білікті имамның дініміз үшін сіңіріп жатқан еңбегі осындай («Түркістан»).

Көп қабатты. *Биік, көп қабаттан тұратын.* Мұқаң аузынан ағытылған эпитет, метафоралар кейде көкке бойлаған *к ө п қ а б а т т ы* үйлерді көз алдыңа алып келетін (С.Мәуленов, Үркер.). Көшенің екі жағында иін тіресken *к ө п қ а б а т т ы* үйлер сығылысқан қалпымен сұр бояуымен мелшиген жартасқа ұқсайды (Қ.Исабаев, Жұмбақ үй).

Қырық қабатты. *Өте биік, заңғар.* Жапонияның «Пента Оушен» фирмасы 1995 жылдан құрылыс ісін толық автоматтандыру жүйесін жасауға күш салып келеді. Қазіргі кезде бұл жүйе Сингапурда *қ ы р ы қ қ а б а т т ы* аспанмен тілдескен зәулім үйді салуда сынақтан өтуде («Зерде»).

ҚАБАТТЫЛЫҚ з а т. б о т. *Өсімдік бірлестігіндегі (фитоценоз) өсімдіктердің тік бағытта өсу биіктігіне қарай жерүсті және жерасты мүшелерінің орналасу қабаты. Қ а б а т т ы л ы қ т ы ң* түзілуі өсімдіктің

тіршілік нысанына байланысты (Қаз. тілі термин. Биология). Бұл айырмашылықтарды жыныстардың минералдық және химиялық құрамынан, құрылымдарынан, *қ а б а т т ы л ы ғ ы н а н,* құрамы мен қасиетінің климатқа байланыстылығынан, органикалық қалдықтардың мөлшерінен байқауға болады (К.Сапарбайұлы, Геология.).

ҚАБАТША з а т. геол. *Қат-қабат таужыныстардың басты-басты қабаттары мен қойнауқаттары аралықтарынан өзіндік бояу немесе құрам өзгешеліктерімен даралануып көрінетін жұқа қабат. Қ а б а т ш а л а р* нақтылы қойнаудың қатты құрамбөліктері рөлін атқарады (Қаз. тілі термин. Геология).

ҚАБАТЫНАН ү с т. *Қоса қабат, үстіүстінен.* «Жиып кел», «Қырып сал» деген аттарға *қ а б а т ы н а н* ие болатын да сол. Сәндер оны күнде көріп жүр. Салқынбек орта ғана шағын денелі жігіт ағасы. Ол ондай атаққа ие болғанда қылыштың жүзіндей қылпылдаған жас жігіт Сәндердің одан озбайтын тіпті, реті жоқ емес пе! (Ғ.Сланов, Замана).

ҚАБДЫЛ з а т. е с к і к і т. *Дәрмен.* Құдіреттің әзалда, Әркімге болса тағдыры. Сол тағдыры біткенше, Пенденің Қалмас *қ а б д ы л ы* (Бабалар сөзі//Діни дастан.).

ҚАБИ: қаби етті. к ө н е. *Табыс етті.* Ол құлшы мені сатып алып кетті, Бағдатқа неше күнде келіп жетті. Мені мұнда ол құлшы алып келіп, Сеида Зүбайдаға *қ а б и е т т і* (Бабалар сөзі//Хикаялық дастан.).

ҚАБИЛА [ар. قبيلة] з а т. *Тайпа, ру.* Өте көнеге бармай-ақ соны тоғызыншы, оныншы ғасырларда бұл өңірді оғуз, қыпшақ *қ а б и л а л а р ы* жайлағанын айтсақ та жеткілікті (Р.Бердібаев, Терме.). Мұнан соң Балажой біреу кетті, Май *қ а б и л а с ы н ы ң* осында жолын тұтты (Бабалар сөзі//Хикаялық дастан.).

ҚАБИРА [ар. كبيرة] з а т. д і н и. *Үлкен, ауыр күнә.* Әдетте *қ а б и р а ғ а* кісі өлтіру де, зинақорлық, ішімдік т.б. жатқызылады (Ислам энцикл.).

ҚАБУ[1] э т н. *Қабы етістігінің қимыл атауы; ішіне жүн, мақта салынған көрпе, көрпешені қалың жіппен әр жерден бір іліп жапсыра тігу, көктеу.* Оның даусын, көтеріп айтқан әнін тыңдамағанмен, кейде өзінен-өзі жүн түтіп отырғанда, не көрпе *қ а б у* үстінде кеудесінен толған ыңырсыған үнін естігемін, – дейді (А.Лекеров, Қырда.). Ол көрпені сөгіп, қайта *қ а б у* машақатын жеңілдетеді (Келіншектер.). *Қ а б у ғ а* шақырып кетіп еді, келетін де уағы болды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ҚАБУ[2] *Қап етістігінің қимыл атауы; иттің шабаланып ұруі, адамға ұмтылып, тістеп алуы.* Төбет *қ а б у* түгілі үрген де жоқ, бұған қарап қойды да, жата берді (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Көк төбет, неге мұнша арсылдайсың, *Қ а б у д а н* басқа шапшып тартынбайсың, Үйір боп, күнде көріп жүрсеңдағы Өшігіп, өршеленіп, барқылдайсың (С.Дөнентаев, Таңд. шығ.).

ҚАБЫ= е т. э т н. *Ішіне салынған мақтасы жылжып кетпес үшін көрпенің тысы мен астарын жапсырып тігу.* Еденді тарсылдата басып төргі бөлмеде көрпе *қ а б ы п* жатқан әжемнің алдына құлай кеттім (Ә.Жақсыбаев, Бозарал). Мейірімді анам Шұға алты қанат ақ үйдің көлеңкесінде алдындағы қызыл атлас көрпені сүйіктей саусақтарымен *қ а б ы п* отыр (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.).

ҚАБЫ: қабы қанды. ж е р г. *Айызы қанды.* Барақты төтеден тойтарып, тұқыртып тастағанына іштей *қ а б ы қ а н с а* да, артынан іле-шала өзі де дәл соның кебін кием деп ойламап еді (Ә.Кекілбаев, Үркер).

ҚАБЫЗ[1] з а т. ж е р г. **1.** *Ерік, ықтияр.* Жатпай қайда барар дейсің, мен енді сенің *қ а б ы з ы ң д а м ы н* ғой (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк). **2.** *Қарауы, қарамағы.* Соның *қ а б ы з ы н д а* бірнеше ай болып келді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ҚАБЫЗ[2] з а т. *Тұқым, ру.* Сіз бен біз бір *қ а б ы з д а н* тарағанбыз ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ҚАБЫЗ[3] с ы н. ж е р г. *Қапырық, ыстық.* Бүгін күн *қ а б ы з* екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ҚАБЫЗДА[1] **=** е т. ж е р г. **1.** *Қоршап орап алу, қаптау.* Көзінде нұрдан гөрі ақыл басым, жуас мұң *қ а б ы з д а ғ а н* (О.Бөкеев, Қамшыгер). Жүрегімді қайғылы қуаныштың жұқалаң сәулесі *қ а б ы з д а п* алды (О.Бөкеев, Үркер.). Бағанағы сазған жүрегімді әдемі мұң *қ а б ы з д а п* баяу ғана соғады (О.Бөкеев, Қайдасың.).

ҚАБЫЗДА[2] **=** е т. *Пысынау, ыстықтау.* Үй тіпті ысып кетті ғой, *қ а б ы з д а д ы м-а у* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ҚАБЫЗДАН = е т. ж е р г. *Пысынау, ыстықтау.* Ыссыда неге мұнша қалың киініп, *қ а б ы з д а н ы п* барам (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ҚАБЫЗДАТ= е т. *Ыстықтату, пысынату.* Күпіні қате киген екен, *қ а б ы з д а т ы п* жіберді, шешіп қораның үстіне тастады (М.Қаназов, Жер.).

ҚАБЫҚ з а т. **1.** *Белгілі бір заттың сыдыруға келетін жұқа қабаты.* Сәл ғана шақпақ шақсаң... *қ а б ы қ т а р ы* тілім-тілім аласа тарбық пальма ағаштар лап ете түскелі тұр (Ә.Әлімжанов, Отырар.). **2.** а н а т. <лат. cuticula> *Жүрек, өкпе*

сияқты ағзалардың сыртқы қабы, қапшығы. Бұл түйіршіктер жүректің оң жақ *қ а б ы ғ ы н а н* өкпеге қан құйылуына кедергі жасады (А.Даиров, Хирург.). **3.** б о т. < лат. cortex> *Өсімдіктің сыртқы қабаты, қабыршағы.* Өсімдіктің басқа түрлерін – тамырын, тамыр-сабағын, *қ а б ы қ* пен құрғақ жемістерін және тұқымын күн көзіне кептіре беруге болады. Бұл үшін жерге қойылатын брезентті пайдаланады немесе металл тор, дәке, сирек матамен керілген ағаш раманы пайдаланады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

Географиялық қабық. г е о г р. *Жер қабығынан, атмосфераның төменгі бөліктерінен тропосфера мен стратосфераның бөлігінен, гидросферадан, өсімдік пен топырақ жамылғысынан, жануарлар дүниесінен тұратын жер шарының кешендік қабығы* (Ж.Әубәкіров,.. Орыс.-қаз. географ. түсіндірме сөздік).

Жас талдың қабығындай. *Нәзік, талдырмаш, жас.* Жейдешең отырған Сейілхан, *ж а с т а л д ы ң қ а б ы ғ ы н д а й* бірнеше жиырылып бұралды (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.).

Жылан қабық *Жыланның түріне ұқсас өрімді*. Төңірек оған деген тұманданып Қамшысы сынып кетті *ж ы л а н қ а б ы қ* (Д.Әбілев, Өлеңд.).

Қабық қоңызы. з о о л. <лат. ipidae> *Ағаш сүрегін зақымдайтын, дене тұрқы 0,8-12 мм, пішіні цилиндр тәрізді, түсі күрең қоңыр не қара ағаш зиянкесі; қатты қанаттылардың бір тұқымдасы. Қ а б ы қ қ о ң ы з д а р ы* – ағаштың қауіпті зиянкесі (ҚҰЭ). *Қ а б ы қ қ о ң ы з ы* ағаш сүрегін зақымдайды, соның нәтижесінде ағаш құрап, басқа зиянкестердің мекендеуіне қолайлы жағдай туады (ҚҰЭ).

ҚАБЫҚТА= ет. *Ағашты қабығынан аршып тазарту, шапқылау.* Күндіз шөп үйетін сарай салмаққа [Бекбосын] сырғауыл қиып, *қ а б ы қ т а п* жүреді (К.Оразалин, Ақ жазық). Шағында қараңғы боп шапақ батқан, Естілді балта даусы тамыр шапқан. Ағаштар жүз жыл тұрған құлап жансыз, Балалар *қ а б ы қ т а д ы* түс-түс жақтан (ХХ ғ. қаз. ақын.).

ҚАБЫҚТАЙ с ы н. **1.** *Қабық сияқты, қабық тәрізді.* Плащының етегі түлеген жыланның үстінен түскен *қ а б ы қ т а й* сусылдап, вагонның жанына Зайкүл жетіп келді (Ә.Нұршайықов, Махабб.). **2.** а у ы с. *Қаймыжықтай, өте жұқа.* Жұманың өңі көгеріп, шүңірек көзі кішірейе, *қ а б ы қ т а й* жұқа ерні жымырылып, шеке тамыры адырайып кетті (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **3.** а у ы с. *Нәзік, әлжуаз.* Бір сәт алдыңғы қатардан қатқан *қ а б ы қ т а й* лейтенант келді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Алыптай алты баланы *қ а б ы қ т а й* бір ана асырайды (Мақалнама).

ҚАБЫҚТАН = е т. *Жұқа қабат, қабыршақ пайда болу.* Өкпенің шіріген жерінің орны қуыстанып, кейін іші *қ а б ы қ т а н ы п* қалта (капсула) пайда болады (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Жара жарылғаннан кейін бір тәуліктей уақытта беті *қ а б ы қ т а н ы п,* түсі қарайып кетеді де, жараның жиегі қызарып ісінеді (А.Даиров, Хирург.).

ҚАБЫҚТАНУ *Қабықтан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үсті-үстіне *қ а б ы қ т а н у.*

ҚАБЫҚТЫ с ы н. *Қабығы бар, қабықтан тұратын.* Қыз тыққан жерінен жігіттің *ж ы л а н қ а б ы қ т ы* қасиетті киімін ұрлап алып, төсектің астынан шыға келіпті (Қаз. ертег.).

ҚАБЫҚТЫЛАР з а т. б и о л. <лат. tunicata> *Теңіздерде тіршілік ететін хордалылар типінің бір тип тармағы. Қ а б ы қ т ы л а р* бірнешеуі бірігіп топтасып немесе жеке жүріп, кейбіреулері су түбіндегі заттарға бекініп тіршілік етеді (Қаз. тілі термин. Биология). *Қ а б ы қ т ы л а р* ұсақ жәндіктер, балдырлар және судағы органикалық қалдықтармен қоректенеді (ҚҰЭ). *Қ а б ы қ т ы л а р д ы ң* жүрек қапшықтарынан тұратын ашыққан айналу жүйесі бар (ҚҰЭ).

ҚАБЫҚША з а т. **1.** *Белгілі бір затты орап тұрған жұқа қабат, қабыршақ.* Ақырында өкпе кеудеге жабысып қана қоймай, жұп-жұқа плевра *қ а б ы қ ш а л а р ы* онан сайын ісініп, қалыңдап, өлі етке айналады (М.Сисекенов, Өкпе ауру.). Бұдан кейін әрбір ядроның сыртына *қ а б ы қ ш а* пайда болып клеткаларға айналады (Т.Мұсақұлов, Ботаника). **2.** *Арақашықтығы басқа өлшемдерімен салыстырғанда айтарлықтай аз болатын екі қисық бетпен шектелген кеңістіктік құралым.* Бетінің геометриялық түріне байланысты *қ а б ы қ ш а л а р* әртүрлі қисықтықта болады: оң, теріс және нольдік (ҚҰЭ). *Қ а б ы қ ш а н ы ң* негізгі артықшылықтары материалдарының үнемді жұмсалуы, қаттылығы мен беріктігі (ҚҰЭ).

ҚАБЫҚШАЛЫ с ы н. *Қабықшасы бар, қабықшадан тұратын.* Міне, осы арадағы либриформ клеткалары екі топқа бөлінеді, оның бірі – қалың *қ а б ы қ ш а л ы,* екіншісі – жұқа *қ а б ы қ ш а л ы* либриформ (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ҚАБЫЛ: **беті қабыл.** *Бағыты дұрыс, орынды.* Иә, Сақтаған сөзінің *б е т і қ а б ы л.* Бүгін бір тамаша болсын! — деді манадан бері

үйдегілердің сөзіне үнсіз қосылып, қызықтай отырған мыңбасы да (Қ.Сәрсекеев, Қараша.).

Көз жасы қабыл болды. *Тілегеніне жетті, тобасы қабыл болды.* Жан едім жүртқа зиянсыз, қалдым жалғыз тоғайда, *Көз жасым қабыл болмаса,* Бибі Фатима, Қадиша Жақсылық назар салмаса (Мұңлық-Зарлық). Зар етсе бендесі, Бермей ме Алласы. Тән саулық қалқала, *қабыл боп көз жасы* (Абай, Тол. жин.).

Қабыл алды. а) *Мақұл көрді, қош көрді.* Ұзын сөздің қысқасы, ақырында Жамал Ғалидың жазған сөздерін *қабыл алып,* қарсы жауап та жазып, ертеңінде манағы жігітке тапсырды (М.Дулатов, Шығ.). Ием *қабыл алды-ау қ* деп, Көңіліме қуат біткеніай! (Абай, Тол. жин.). ә) *Қабылдады, құлақ асты.* Қысым көрсең, *қабыл ал* жәрдемімді. Осы сөзге уәде бер, тілегім сол (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Арыстан Түлкі ақылын *қабыл алды,* Бөріден өңшең көкжал қойшы салды (А.Байтұрсынов, Шығ.). Нарқыздың айтқан арызын Мәмбет *қабыл алмады,* Сөзіне құлақ салмады (Н.Байғанин, Шығ. жин.). Ол мені түсінеді, айтқанымның бәрін екі етпей *қабыл алып,* арманымды келер күнге жалғағандай болады (Т.Шаханов, Жоғалған.). б) *Құрметтеп қарсы алды.* Қарт Махараджа бұл күндерде ауру екен. Бізді төсегенде жатқан қалпында *қабыл алды* (М.Әуезов, Шығ.). Әйгерім орнынан тік тұрып *қабыл алды* (М.Әуезов, Шығ.). Бастан-аяқ оқиғаны Ғали Фатихолла байға айтқаннан кейін, Фатихолла бай әуелінде осындай қазақтың қызды жастай құда болып, біреуге беріп қоятын жаман әдетін жек көргендігі себепті және де Ғалиды һәм тәуір көретіндігінен, бұл екі мүсәпірді *қабыл алды* (М.Дулатов, Шығ.).

Қабыл алғандық. *Қош көргендік, мойындағандық, келіскендік.* Ол *қабыл алғандығын* білдіріп басын изеді де, машинасын от алдыра бастады (Н.Қазыбеков, Шалғайда.).

Қабыл болды. *Қабылданды, тілегі, сұрағаны орындалды. Қабыл болып* құрбаның – Алашты Құдай оңдасын (М.Дулатов, Шығ.). Ылайықат сүйегіңе сәндік қылып, Меккеде *қабыл болған* жеделіңіз (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Қабыл болсын. тілек. *Ниеттенген іс-шара, тілек, ой орындалсын, Алла тағаланың құлағына шалынсын деген мағынада.* – Аузына келгенін айтып отыр ғой. – Әйтеуір жақсы ниет қой. *Қабыл болсын!* (Б.Кенжебаев, Асау.).

Қабылға алынбады. *Тыңдалмады, құпталмады.* Ыстық-суық басылып, Сүйтесүйте айтқаның *Алынбай* қалар *қабылға* (Шешендік сөздер).

Қабыл көрді. *Мақұл көрді, келісті, ұнатты. Қабыл көрсең,* көңілім жай, Тастап кетсең, япырмай. Ит қор адам болар ма, Бұл жалғанда сорлыдай (Абай, Шығ. жин.). Айтқанын оның *қабыл көрмеген-ді,* Қызым жас, қоя тұр деп бермеген-ді (Н.Ахметбеков, Жасауыл.). Дәм жазбады, бара алмадым бұл жолы, Сәлемімді *қабыл көріп* алыңыз (М.Жұмабаев, Шығ.).

Құдай [Алла] қабыл етті [қылды]. *Шариғат жолымен жасалған іс, әрекет, тіршілік дұрыс, ақ болады, қабылданады деген мағынада.* Адалды сатсақ арамға, *Құдай қабыл етер* ме? (Абай, Тол. жин.). *Алла қабыл етпеді,* үмітім кесілді, Ғали (М.Дулатов, Бақытсыз Жамал). Ашпадың *Алла* қабақты, *Қылмадың қабыл* тілекті. Өле алмай шыдап отырмын, Зор құдайым салған соң (Абай, Тол. жин.).

Лепесі қабыл болды. *Дегені қабыл, айтқаны ем болды, айтқаны келді.* Нұрым тек ауылға басына шалма ораған біреу келсе: «Қырықтың бірі қыдыр деп еді, *лепесі қабыл болмас* па екен?» – деп, жанына мейіз, тағы сондай тәтті нәрселер алып, жүгіріп, үшкіртіп жүруші еді (С.Торайғыров, Шығ.).

Ниетің қабыл болсын! алғы с. *Ойың, ниет, ықылас қойғаның, көңіліңе алғаның орнына келсін деген мағынада.* Той істеймін дейсің. *Ниетің қабыл болсын,* балам! Ойдағы-қырдағы ағайын-жекжатты шақыртсаң мына кәріңді бір көтеріп тастағаның! Ниетіңе жет (Қаз. тілі фразеол. сөздік).

Тәубесі [тобасы] қабыл болды. діни. *Тілегі орындалды.* Перзентке өлсе құрбан боп, Қаншайымның *тәубесі* Сірә да *қабыл болмаса,* Айналайын құдайым (Мұңлық-Зарлық). Тоқсан үйлі тобырдың *Қабыл болып тәубесі,* Сақтады Құдай батырды (Қамбар батыр).

Тілегі [тілеуі] қабыл болды. *Ойлаған, аңсаған арманы орындалды, дегені болды. Тілегі қабыл болғандай,* Жайнақ алысырақ тасаға тұсап қойған аттарға жеткенше, аспанды ала-шұбар бұлт бүркеп, жарық сәуле көлеңкелене бастады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бұл айтқан *қабыл болмас тілегіңіз,* Елдегі жақсы адамның бірі едіңіз. Тіл алсаң, молда маған жақындама, Жарылар жазым болып жүрегіңіз (Қаз. ақын.). Міне, енді ата-ананың *тілегі қабыл болып,* ақ түйенің қарны жарылды (С.Жүнісов, Өшп. іздер.). Сәбидің *тілегі қабыл болатынына* ешкім шек келтірмейді (Т.Ахтанов, Шырақ.).

«Жолын қыл!» деп баламның, Қарт атаң жасын төкпей ме? Қарт *тілеуі қабыл боп*, Қанына ұрық екпей ме? (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ҚАБЫЛАН з а т. **1.** з о о л. <лат. acinonyx jubatus> *Мысық тұқымдас түсі теңге шұбар, сұтқоректі жыртқыш аң.* Қалың ормандарды күңірентетін, арыстан, *қ а б ы л а н*, жолбарыс гүрілдерін баса-жаныша естілетін там-там гүрсілін сақтап қалған (Ғ.Мүсірепов, Достық.). Екінің бірі атып ала қоятын анау-мынау емес, тура жолбарыс пен *қ а б ы л а н н ы ң* терілері жатыр (Т.Ахтанов, Үндістан.). Бұл аралды ол кезде жолбарыстар, *қ а б ы л а н д а р* күзетеді екен (С.Мәуленов, Үркер.). *Қ а б ы л а н* – жыртқыштар отрядындағы мысықтар тұқымдасына жатады (М.Шаймарданова, Зоол. қаз.-орыс. сөздік). *Қ а б ы л а н д а р* қолға тез үйренетін жыртқыш, сондықтан хайуанаттар саябағында ұстауға бейім аң (ҚҰЭ). **2.** а у ы с. *Ержүрек, қайтпас қайсар, батыр адам.* Күні кеше, *қ а б ы л а н* деп, Абылайды хан көтерген Жәнібек еді (Ж.Молдағалиев, Сарарқа.). // *Жүрек жұтқан, батыр.* Қарсы біткен емендей қайғыны да қабақ шытпай қабылдайтын *қ а б ы л а н* ер бүгін түсінен шошып қабырғасы қайысып, уайым жегені несі (С.Досанов, Қыран.).

Қабылан қабақ [келбетті]. *Сұсты, айбатты, түсі суық.* Кешікпей Кіршит бану болып жүкті, Ұл туды *қ а б ы л а н қ а б а қ*, қасқыр түкті (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Артымыздан құдырдың, Айдап кел деп жендетке. Түсі суық бәрінің, Жолбарыс, *қ а б ы л а н к е л б е т т і* (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

ҚАБЫЛАНДАЙ с ы н. *Айбатты, қаһарлы, қайратты.* Абайдың көңіліне, әлдебір жолбарыстай, *қ а б ы л а н д а й* қайратты, жансебіл жандар елестеді (М.Әуезов, Абай жолы). Жолбарыстай Жағыпар батырға, *қ а б ы л а н д а й* Өгіз батырға: «Қорғанның астын үңгі!» – дедім (Д.Досжанов, Жібек.).

ҚАБЫЛАНДЫҚ з а т. *Батырлық, ерлік.* Мен мойнымды бұрайын, Алладан дәрмен сұрайын, Өзімдей құлға мал берсем, *Қ а б ы л а н д ы ғ ы м д ы* ұрайын (Батырлар жыры).

ҚАБЫЛДА = е т. **1.** *Бір нәрсені өзінің қарамағына, қол астына өткізіп алу.* Соның он төрт, он бес мыңы Бөрібек Телібаевтың 1932 жылы *қ а б ы л д а п* алып, бағып келе жатқан малынан өсіп, өнген тұқым (Б.Тоқтаров, Қыран.). Малды *қ а б ы л д а п* алғаннан кейін ірі малға таңба салынып, олардың тізімі жасалады (Т.Телеуғалиев, Ет. эксперт.). **2.** р е с м и. *Мекеме басшысының қызмет бабында келушілердің мәселелерін, сұрақтарын тыңдап, жүздесуі.* Бұрын артта қалған елдің жас ақыны, бүгін совет әдебиетінің мәселесімен келіп отырған Сәбитті үкімет басшысының бірі *қ а б ы л д а й д ы* (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Мен оны күндізгі үште *қ а б ы л д а й м ы н* (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Пан комендант енді ешкімді *қ а б ы л д а м а й м ы н* деді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **3.** *Белгілі бір мәселе бойынша айтылған, ұйғарылған ұсыныс, пікір, қаулы, қарар, заңдарды көпшілік дауыспен қабыл алу.* Ленин жазып, съезд *қ а б ы л д а ғ а н* «Партияның бірлігі туралы» қарарда барлық фракциялық топтар дереу таратылсын деп нұсқау берілді («Соц. Қаз.»). **4.** *Алу, қолдану, пайдалану.* Эллинизм дәуірінде Греция мәдениеттерге де тән қолданбалы өнер түрлерін *қ а б ы л д а д ы*, сонымен бірге басқаларға да өздерінің істіктерін таратып отырады («Парасат»). **5.** *Қойылған, берілген сұрақтар бойынша жауабын тыңдау.* Емтиханды екі адам *қ а б ы л д а п* отыр. Бірі айна таз секілді төбесі жапжалтыр, сақал-мұртының орны көкпеңбек, көктұқыл, ерні қаймиған, мұрны пістиген, қарны қабақтай бір шал екен (С.Жансүгіров, Өшп. іздер).

Ем қабылдады. *Ауруға қарсы қажетті дәрі ішті, емделді.* Ауыра қалған күннің өзінде, дәрігерлермен кеңесіп, ақылдасып *е м қ а б ы л д а ғ а н* оңды («Мәдениет және тұрмыс»).

Қаулы [шешім] қабылдады. р е с м и. *Белгілі бір мәселе жайында қорытынды ұйғарымға келді.* Оны біз үстіміздегі жылы *қ а б ы л д а ғ а н қ а у л ы л а р* мен жүзеге асырылған шаралардан да айқын көре аламыз («Қазақст. мект.»).

Міндеттеме қабылдады. *Жоспарды, жоспарда көрсетілген тапсырмаларды орындайтындығы туралы жазбаша түрде уәде берді.* Осы шарттармен таныса отырып, олар да көрсетілген межелерге жетуді мақсат ете отырып, нақты *м і н д е т т е м е л е р қ а б ы л д а й д ы* (А.Байболатов, Жарыс.). Бұлар көп жылғы тәжірибелерін ортаға салып, жаңа жылдағы *м і н д е т т е м е л е р і н қ а б ы л д а м а қ ш ы* («Қазақст. әйелдері»).

Салқын қабылдады. *Ықылассыз кейіп білдірді, жақтырмады.* Отан да, Әсемгүл де Наржан сәлемін *с а л қ ы н қ а б ы л д а п* қабақ ашпады, сұсы басым күй ауқымында екеуі екі жақтан жиырыла түсті (Т.Байтанаев, Қансонар). Профессор өте *с а л қ ы н қ а б ы л д а д ы* (М.Мағауин, Көк мұнар).

Шешім қабылдады. а) *Ұйғарды, шешті.* Осы жерде мен өзімше *ш е ш і м қ а б ы л д а д ы м* (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім.). Кейбір ата-ана баласын алдын ала, мысалы, фигурист болады деп

ш е ш і м қ а б ы л д а п, оның спорттағы орнын анықтайды (Семья тәрбиесі). ә) *Келісімге келді, тоқтамға келді, келісті.* Колхозшылардың жалпы жиналысы мен уәкілдер жиналысы оның көлемін азайтуға *ш е ш і м қ а б ы л д а д ы* (Ә.Стамқұлов, Үй іргесі.).

Ішіртқідей қабылдады. *Бірден мақұл көрді, дұрыс деп тапты.* Зердеңе тоқы дегенді *і ш і р т к і д е й қ а б ы л д а п*, жан-жағынан саналы жүзбен қарай бастап еді, кешікпей үйреншікті салғырт-салақ әуеніне басты (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ҚАБЫЛДАҒЫШ[1] з а т. **1.** т е х. *Арнаулы стансылардағы қашықтықтан электромагнит толқындары арқылы дыбыстар мен белгілерді қабылдайтын және сымсыз хабар беретін аспап.* Мен әдемілеп буылған 40 метрлік *қ а б ы л д а ғ ы ш т ы ң* жылтырауық жез сымын ала салдым да, Хадишаны ертіп қораға шықтым (С.Сейтхазин, Хадиша.). **2.** т е х. ***Радиоқабылдағыш***. Вагнер *қ а б ы л д а ғ ы ш* құлағын кері бұрап, орнынан тұрды (Қ.Исабаев, Соңғы.). **3.** б и о л. *Сыртқы әсерді қабылдап, оны қуатын жүйке жүйесіне ауыстыруға жоғары дәрежеде мамандынған сенсорлық жүйенің құрылымы. Қ а б ы л д а ғ ы ш т а р* әсерге өте сезімтал келеді (Қаз. тілі термин. Биология).

ҚАБЫЛДАҒЫШ[2] с ы н. **1.** *Алғыр, зейінді, қабілетті.* Олар өте сезімтал және тез *қ а б ы л д а ғ ы ш* көрермендер еді (Семья тәрбиесі). Ескі ауыл адамының жаңалықты тез *қ а б ы л д а ғ ы ш* та қасиеті бар (І.Омаров, Шабыт.). **2.** *Құптағыш, қостағыш.* Кейін колхозға кіріп, қыруар жұмысты тындырып тастамағанмен, жаңа заманды *қ а б ы л д а ғ ы ш*, ұққыш қария атанған (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

ҚАБЫЛДАМПАЗ с ы н. с ө й л. ***Қабылдағыш.*** Не шаманды, не исламды мықтап ұстамай, оларды бірде басына көтерсе, бірде аяғымен таптап кете баратын қазақы мінез – жаңалықты *қ а б ы л д а м п а з* мінез сияқты (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Шоқанның өзі мақтаныш тұтқан *қ а б ы л д а м п а з* қасиеті (Т.Әлімқұлов, Кертолғау.).

ҚАБЫЛДАН= е т. **1.** р е с м и. *Жиын, мәжіліс, жиналыстарда ұсынылған пікір, шешім, заң, үйғарылған қаулы, қарар қаралатын мәселе ретіндегі өтініш, арыздың т.б. көпшілік дауыспен қабыл алынуы, құпталуы, қолданысқа енуі.* Мәжіліс аяқталып қалғанда, Тұрлыбектің сүйемелдеуі арқылы Ұлпанның екі ұсынысы амалсыз *қ а б ы л д а н д ы* (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). 2004 жылғы шілде айында *қ а б ы л д а н ғ а н* «Мәдени мұра» бағдарламасы орайында ұстазым Қожаназарова Ұлпат апайдың жетекшілігімен тарихи ескерткіштерді қорғау және өлкетану жұмыстарымен айналысып жүрмін. Туған жер тарихын жазуға үлес қоссам деген арманым бар (*«Зерде»*). **2.** *Мектеп, бала-бақша сияқты мекеменің құрамына алыну.* Әйелі мен балалары оған Махметтің бірден екінші класқа *қ а б ы л д а н ғ а н ы н* қуана хабарлады (Ә.Нұршайықов, Батыр.). **3.** *Түсінілу, жету.* Морзе әліппесімен берілген нүкте мен сызықша 8 минут бойы үздіксіз қайталанып тұрған және түсініксіз сигнал түрінде *қ а б ы л д а н ғ а н* (О.Жәутіков, Жаратылыстану.).

Заң қабылданды. р е с м и. *Шығарылған заң қолданыста болатыны шешілді.* 1989 жылды 22 қазанында Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің XIV кезектен тыс сессиясында «Қазақ ССР-індегі тілдер туралы *з а ң*» *қ а б ы л д а н д ы.* Онда Қазақстандағы тілдердің дамуына жаңа бағыт ұсталды (*«Егемен Қазақстан»*). Еңдемократияшыл елде терроршылдықпен күрес туралы *з а ң* бірауыздан *қ а б ы л д а н д ы* (*«Егемен Қазақстан»*).

Шешім қабылданды. *Үйғарылды, шешілді.* Бір күннің ішінде портреттер сериясын Сүйінбай ақынның бейнесімен толықтыруға *ш е ш і м қ а б ы л д а н д ы* (*«Егемен Қазақстан»*). 1917 жылы Орынборда Бірінші Бүкілқазақтық съезд өткені белгілі. Онда ұлттық саяси партия құру жөнінде *ш е ш і м қ а б ы л д а н д ы* (*«Егемен Қазақстан»*).

ҚАБЫЛДАНУ *Қабылдан етістігінің қимыл атауы; жиын, мәжіліс, жиналыстарда көтерілген ұсыныс, шешім, үйғарылған қаулы, қарар, заңдардың көпшілік дауыспен қабыл алынуы, құпталуы, қолданысқа түсірілуге үйғарылуы.* Ол өтініштері орынды болатын болса, *қ а б ы л д а н у ы* да мүмкін екендігін білдірдім (Ш.Уәлиханов, Мақалалар.). Келесі жылдың 26 мартында Қазақ ССР-інің Конституциясын *қ а б ы л д а н у* құрметіне арналған жарыс өтті (Ғ.Тәшімбаев, Топжарған.).

Заң қабылдану. р е с м и. *Шығарылған заңның қолданысқа түсетіні туралы шешім шығару.* Жоғарғы Кеңестің басшылығы парламентті мұндай құрылымның жақсы жақтарынан гөрі кемшіліктері көбірек деп ұйғарды және қос палаталы Парламент кезінде рәсім күрт күрделіленіп, *з а ң* жобаларының *қ а б ы л д а н у* мерзімі ұлғайып кетеді (*«Егемен Қазақстан»*). 2000 жылғы желтоқсанда «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық *з а ң ы ң қ а б ы л д а н у ы* үлкен оқиға болды (*«Егемен Қазақстан»*).

Мемлекеттік рәміздердің қабылдануы. с а я с и. *Белгілі бір мемлекеттің ұлттық рәміздері болып табылатын ту, әнұран, елтаңбасы жобаларының нақтыланып, көпшілік дауыспен құпталуы, бекітілуі.* Қазақ ұлттық мемлекетінің шаңырақ көтеруі, оның ата-баба армандаған ұлттық ордасының жаңғыруы, бүкілхалықтық Президент сайлауы, Президенттік институтыны қалыптасуы, тегеурінді мемлекеттің тұлғасының айқындалуы, Ата Заңының, ұлттық *м е м л е к е т т і к р ә м і з д е р д і ң қ а б ы л д а н у ы,* мемлекеттік билік органдарының орнығуы, кәсіби парламенттің дүниеге келуі, Армияның жасақталуы, мемлекеттің бас ордасының Астанаға көшуі, көрші елдермен шекара проблемасының шешілуі сияқты мемлекеттік құрылысты өзекті мәселелерін шешудегі Елбасының, Қазақстан өкіметінің саяси толыққандығы, парасаттылығы өз алдына әңгіме желісі боларлығы сөзсіз («Егемен Қазақстан»).

ҚАБЫЛДАНЫЛ= е т. **1.** *Түсінілу, ұғынылу.* Мұндағы алманың жерге түсуі тұтас бір образ ретінде, тұтас бір-ақ сөз ретінде ғана *қ а б ы л д а н ы л а д ы* (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). **2.** *Өткізілу, алыну.* Етке өткізілген малдардың 90 проценті жоғары қоңдылықпен *қ а б ы л д а н ы л д ы* («Лен. жас»).

ҚАБЫЛДАНЫЛУ *Қабылданыл етістігінің қимыл атауы.*

ҚАБЫЛДАС= е т. *Қабыл алысу; құп көрісу, мақұлдасу.* Еңбекті еселеу, майдан қажетін өтеу туралы жарыссөзге шыққандардың ешқайсысы да председательдің пікірінен шет кетпей, оның тапсырған міндеттерін *қ а б ы л д а с т ы* (Ж.Тілеков, Хинган асуы.). Дәрменнің жаңағы өлеңін де, кейін айтқан ойын да тегіс қостай, мақтай *қ а б ы л д а с т ы* (М.Әуезов, Ақын аға.).

ҚАБЫЛДАСУ *Қабылдас етістігінің қимыл атауы.*

ҚАБЫЛДАТ= е т. **1.** *Қабыл алғызу, белгілі бір ұсыныс, пікірге құлақ астыру, мойындату, келісімін алу.* Жұрттың арызын *қ а б ы л д а т ы п,* коллективтесудің бастамасын азды-көпті ұғынған болдық, – деді үйінің жайын ойланып қалған Назым (А.Жүнісов, Өмір.). **2.** *Мектеп, балабақша сияқты мекеменің құрамына алдырту.* Ол оқудан едәуір кеш қалып қойса да, Илья Николаевич жаны ашып, оны мектепке *қ а б ы л д а т а д ы* (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

ҚАБЫЛДАТҚЫЗ= е т. *Қабыл алғызу, қабылдату, алдырту.* Ендігі жерде арнайы редколлегия алқасы арқылы *қ а б ы л д а т қ ы з а м ы н* (М.Рашев, Бетің қисық.).

ҚАБЫЛДАТҚЫЗУ *Қабылдатқыз етістігінің қимыл атауы.* Дәрігерлер дәрідәрмектер жағын беру, физиотерапиялық процедуралар *қ а б ы л д а т қ ы з у л а р ы м е н* қатар еңбек пен демалыс тәртібін жөнге келтіруді ұсынды (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

ҚАБЫЛДАТТЫР= е т. *Қабыл алдырту, қабылдатқызу, тілек, өтініштеріне құлақ астырту; өткізу.* Аудандық әскери комиссариатына қайта-қайта барып жүріп, ақыры тілегін *қ а б ы л д а т т ы р д ы* (Ә.Жәмішев, Армысың.).

ҚАБЫЛДАТТЫРУ *Қабылдаттыр етістігінің қимыл атауы.*

ҚАБЫЛДАТУ *Қабылдат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өтініш, тілектеріне құлақ астырту, өткізу.* Жігіттердің біреуі *қ а б ы л д а т у д ы* өз міндетіне алған (З.Шүкіров, Қиын түйін.). **2.** *Ұғындыру, таныту, түсіндіру.* Текстi көз, көңіл жіберте оқыту – көркемдік эстетикалық мақсаттарды жүзеге асыру, оларға әдеби туындының терең *қ а б ы л д а т у* деген сөз («Қазақст. мект.»).

ҚАБЫЛДАУ[1] з а т. **1.** *Адамдарды бір нәрсенің немесе әлдекімнің құрметіне орай шақыру, жиналыс, кездесу.* Сондайақ, мәскеулік белгілі қазақтармен, атап айтқанда, Н.Оңдасыновтың баласы, ғалым Е.Нұртасовпен, түркітанушы К.Мұсаевпен, тағы басқа тағдыр-талайы елді елең еткізер қандастарымызбен де осы *қ а б ы л д а у* кезінде пікірлестік («Жас Алаш»). **2.** р е с м и. *Үкімет басшыларының, ресми тұлғалардың, Президенттің бір нәрсенің не біреудің құрметіне немесе белгілі бір айтулы күнге байланысты қонақтарды қабылдауы, шақырылғандармен жиналыс, кездесу жасауы.* Қазақстан Президенті *қ а б ы л д а у ы н а н* шыққаннан кейін олар БАҚ өкілдерімен кездесіп, онда қозғалған мәселелер туралы хабардар еткен («Егемен Қазақстан»). Совет елшілігінің үш қабатты оңаша үйінде М.Н.Смирновский жолдас СССР Жоғарғы Советі делегациясының құрметіне *қ а б ы л д а у* ұйымдастырды (Ә.Шәріпов, Алыс). Түс ауа бес күндік сапардан оралған балықшыларды *қ а б ы л д а у* салтанаты болды (Т.Әбдіков, Күзгі.). **3.** псих. *Сезім органдарының рецепторлық беттеріне физикалық тітіркендіргіштердің тікелей әсері кезінде пайда болатын заттардың, жағдаяттар мен оқиғалардың тұтас бейнесі.* Екі тілді қатар үйрену баланың ой-өрісін кеңейтіп, тіл байлығын арттырады, *қ а б ы л д а у,* ойлау қабілетін күшейтеді (Қ.Жарықбаев, Психология). Шындық болмысқа барабар *қ а б ы л д а у* мен иллюзияны ажырата білу керек

(ҚҰЭ). *Қабылдау* (восприятие) лездік әсерді енжар көшіру ғана емес, ол танымны ширақ, шығармашылық процесі (Қаз. тілі термин. Педагогика). **4.** п с и х. *Заттар мен құбылыстардың мида тұтас бейнелену процесі. Қабылдау* – ми қабығының күрделі анализдік қызметінің нәтижесі (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Қабылдау* барысына адам мамандығының тікелей қатысы бар (ҚҰЭ).

Қабылдау актісі. *Белгілі бір жұмыс түрін немесе ғимаратты сарапшылардың қабылдап алу құжаты.*

Қабылдау бөлмесі. р е с м и. *Белгілі бір мекеменің келушілерді қабылдайтын, мекеме т.б. басшысының, әкімшіліктің орналасқан бөлмесі.* Есенәлі секретарьдың *қабылдау бөлмесіне* кіріп келсе, Қалдыбай мен Зұлқарнай, тағы бір жас жігіт сонда отыр екен (Ж.Тілеков, Шалғай шепте). Кең *қабылдау бөлмесінде* кішкентай сары қыз отыр (З.Шүкіров, Қиын түйін.). *Қабылдау бөлмесінде* біреулер өзара шапылдасып жатыр (С.Хайдаров, Жүрек.).

Қабылдау емтиханы. п е д. *Жоғары оқу орнына түсушілерден алынатын сынақ.* Асқар *қабылдау емтихандарын* еш қиындықсызақ тапсырды («Лен. жас»). *Қабылдау емтихандарының* ережесі туралы өзінің де ойлап жүрген жайлары бар (М.Дүйсенов, Мейман.).

Қабылдау комиссиясы. п е д. *Жоғары оқу орнына құжат тапсырған талапкерлерден емтихан алып, конкурс қорытындысын шығаратын оқытушылар тобы.* Ұзын бойлы, алып денелі бұл жігітпен *қабылдау комиссиясында* ғана таныскәнбыз, одан бұрын көрмеген, білмеген адамым еді (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Мен де *қабылдау комиссиясы* қойған қиын сынақтардың бәрінен мүлтіксіз өтіп, аспан жиһаңкездерінің бірі болдым (Т.Шаханов, Жоғалған.).

Қабылдау күндері. *Мекеме басшысының т.б. келушілерді арнайы мәселелері, сұрақтары бойынша сөйлесіп, жұздесетін уақыты.*

Қабылдау пункті. *Белгілі бір тапсырылатын, өткізілетін затты алатын орын.* Сол күні астық *қабылдау пунктінде* кезек күткендердің саны көп болып, бұлар біраз іркілген (Ә.Әлішев, Батыр.). Бірінші бөлімшенің қырманынан астық *қабылдау пункттеріне* баратын машиналар дәл директордың үйінің іргесінен өтеді (Ш.Мұртазаев, Интернат.).

Ресми қабылдау. с а я с и. *Мемлекеттік деңгейдегі жоғары басшылардың барлық заңдылықтар мен формалдылықтарды сақтай отырып, белгілі бір тұлғамен, тұлғалармен ашық жұздесуі, кездесуі.*

ҚАБЫЛДАУ[2] *Қабылда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Белгілі бір мәселе бойынша айтылған, ұйғарылған ұсыныс, пікір, қаулы, заңдарды көпшілік дауыспен қабыл алу, келісу, құп көру.* Тіпті меншіктің жаңа формаларын заңды түрде *қабылдау* – шын мәніндегі бәсекенің негізі болып табылатын жан-жақты дамыған кәсіпкерлікті автоматты түрде енгізе алмайды (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.). **2.** *Бір нәрсені өзінің қарамағына өткізу.* Банктегі менің қызметім – ірі көлемдегі салымдарды *қабылдау* («Жас Алаш»). Балықшыларды ірі участоктарға бұлай орналастыру... ауланған балықты *қабылдау* оңайланады, еңбектің өнімділігі де артады (С.Қаженбаев, Балық.).

Шешім қабылдау. а) *Келісімге келу, келісу, тоқтау.* Мәселені ақылдасудың, талқылаудың, кеңесу мен дәйектеудің, келісудің, *шешім қабылдауды* өркениетті тәсілдерін білу – парыз («Егемен Қазақстан»). ә) *Әрекеттер, нақты жұмыстар жасау.* Бұл жағдайда маркетингтің міндеті – қолайсыз тенденцияны тоқтату, тауарлардың сапасын жақсарту мен оны жарнамалау, жаңа нарықты іздеу және басқа да *шешімдер қабылдау* болып табылады (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.).

ҚАБЫЛДАУШЫ з а т. **1.** *Қабылдап алатын адам.* Бұл кезде таразы басында адам қарасы жоқ еді. *Қабылдаушы* да бір жаққа кетіп қалған (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). // *Қабылдайтын. Қабылдаушы* келіншек Фұмарға бірінші рет көз тоқтатып, үңіле қарады (Ә.Сәрсенбаев, Батыр.). Автоматтық, тетіктердегі *қабылдаушы* элементтер кез келген физикалық құбылысқа сезімтал болғанымен, олардың іс-әрекеті әрқашан да электрлік шамаларға айналдырылады (К.Айманов, Физика). **2.** и н ф. <ағыл. target> *Мәліметтерді қабылдап алатын бағдарлама немесе құрылғы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ҚАБЫЛДАУЫШ з а т. **1.** с ө й л. ***Радиоқабылдағыш.*** Кең бөлменің төр жақ бір бұрышында диван, екінші бұрышында *қабылдауыш* (Ғ.Сланов, Домбыра.). Қаржас қарсы алдындағы сағатқа көзі түсіп кетті де, орнынан тұрып, терезенің алдында тұрған *қабылдауышты* бұрады (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). **2.** и н ф. < ағыл. receiver> *Арна арқылы таратқыштан мәліметтер қабылдайтын түйін* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ҚАБЫЛ-ҚҰБЫЛ үст. сөйл. *Апыл-құпыл, тез, асығып-үсігіп, асып-сасып.* Жұмсақ жерді ба-

сымен бір сүзіп, *қ а б ы л-қ ұ б ы л* тұрып жатқанда Жәнібек дауыстады (Ғ.Мұстафин, Миллионер). Сол күні *қ а б ы л-қ ұ б ы л* қимылдап Ожардан кек алуды жөн көрмеді (І.Есенберлин, Қahap.). Әбулақап асығып пәтеріне келіп *қ а б ы л- қ ұ б ы л* нәрсесін жинай бастады (Б.Майлин, Шығ.). Бөлмеде қиярларды *қ а б ы л-қ ұ б ы л* асап, ауық-ауық тартылған мұрындардың дыбысы ғана естіледі (Ө.Қанахин, Шығ.).

ҚАБЫЛХАНА [ар.+ир. قبولخانه] з а т. с ө й л. ***Қабылдау бөлмесі.*** Әуесхан *қ а б ы л-х а н а д а ғ ы* дабыр-дұбырдан кілт ойын жия қойды (Қ.Ахметбеков, Жалауулы.). *Қ а б ы л х а н а д а* отырған кісіге: – Профессор Данаев мәжілісте отыр, – деді (Б.Қойшыбаев, Алтын.). *Қ а б ы л х а н а* – қабылдау бөлмесі, үй (Н.Оңдасынов, Парсы.-қаз. түсінд. сөздік).

ҚАБЫМА з а т. ж е р г. *Мақталы шапан. Қ а б ы м а н ы* үлкендер киеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ҚАБЫН= ет. **1.** м е д. *Адам денесінің бір жерінің жараланып не зақымданып ісінуі, ағзаның ауру туғызатын факторларға қарсы жауап ретінде қорғануы.* Әдетте *қ а б ы н ғ а н* ошақ біртіндеп көмкеріліп, тіннің ойылған немесе іріңдеп шіріген бөліктері ферменттер әсерінен тазарып, өлі тіннің орнына жаңа тін пайда болады (ҚҰЭ). Маскүнемдер араққа улана бергендіктен қарынның жұқа астары *қ а б ы н а д ы* (Е.Оразақов, Шығ.). **2.** *Ентігіп демалу, тынысы тарылу; сырылдау.* Осы адамға деген аяныштан кенет тынысы тарылып, ақ шыт көйлек астында қыз кеудесі *қ а б ы н ы п,* қатты көтеріліп, ентігіп дем ала бастады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең.). Мәлік арқасын Найза тасқа сүйеп қойып, көлеңкеде отырып, шылымын *қ а б ы н а* тартады (З.Шашкин, Сенім.). **3.** а у ы с. *Түнеріп, ісініп-кебіну, ашу қысу.* Әкпар кенет қап-қара боп *қ а б ы н а* қалды (І.Есенберлин, Қатерлі.). Айтқанынан қайтпасқа Арыстандай шабынып Жетіп келген Алмамбет Ортаға кірді *қ а б ы н ы п* (Манас). Қаракөзайым *қ а б ы н д ы,* Жүрегөр деп жалынды (Алпамыс жыры). **4.** а у ы с. *Іші ашу, өкіну.* Зейнеп өмірінің жарым-жартысы, алдағы үміт-тілегі осы жігітпен бірге кеткендей, жүрегі *қ а б ы н ы п* тұрып қалды (С.Омаров, Өмір.).

Өкпесі қабынды. м е д. < грек. preumon> *Өкпе тінінің қабынуынан немесе басқа аурулардың асқынуынан болатын өкпе ауруына ұшырауы.* Суық тиіп денесі қызған, *ө к п е с і қ а б ы н ғ а н* солдат... жатып қалады (З.Ақышев, Ақбел.).

ҚАБЫНА-СҮРІНЕ ү с т. *Сүріне-қабына, асып-сасып.* Біреулері қазан-ошақ көтерген, *қ а б ы н а-с ү р і н е* қашуда (С.Шарипов, Бекболат).

ҚАБЫНДА= е т. *Қаптап кету, қаулау; күшею.* Қанаттан құйрық айырылды Қанды көз қайқы қара кер. Қара бұлттай *қ а б ы н д а п.* Халықты басты қайғы-шер (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Одан әрі Тәлімнің ашуы *қ а б ы н д а й* түскен секілденіп, уысындағы хатты енді жырта берем дегенде, әлдекайдан гудоктың дауысы естілді (Б.Майлин, Шығ.). Жан-жаққа атқан ракеталарымыз танкінің қасында серейіп жатқан үш өлікті де көрсетеді, *қ а б ы н д а п* келе жатқан шабуылды да көрсетеді (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты). Галия оң жақтағы шалғыны *қ а б ы н д а п* өскен өзен алқабына, одан теріскейде көлбеп жатқан тастақты қыратқа қарайды (Т.Ахтанов, Дала сыры).

ҚАБЫНДАН= е т. *Күшею, үдеу.* Сүйтіп отырғанда *қ а б ы н д а н ғ а н* ашуы су сепкендей өзінен-өзі басылып, Медеудің сөзі Азаматқа ермек үшін, көңіл көтеру үшін айтылып отырған сөз тәрізді (Б.Майлин, Азамат.).

ҚАБЫНДАНУ *Қабындан етістігінің қимыл атауы.*

ҚАБЫНДАТ = е т. *Күшейту, үдету.* Ал өрт үстіне кездессе [құйып] оны үдетіп, ұлғайтып, *қ а б ы н д а т ы п* жібереді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Әңгімені ұлғайтып жіберсем, қайғысын онан сайын *қ а б ы н д а т ы п* алармын деп, тұжыра сөйледі Жортуыл (С.Омаров, Өмір.).

ҚАБЫНДАТУ *Қабындат етістігінің қимыл атауы.*

ҚАБЫНДАУ *Қабында етістігінің қимыл атауы.* Бұлардың негізгі ой-пікірден тарқатылып өрілуі өлең үнінің эстетикалық әсер-ықпалын, мағыналық *қ а б ы н д а у ы н* күшейте түскен («Қазақст. мект.»).

ҚАБЫНДЫР = е т. **1.** *Қабынтып ауырту, ісіндіру.* Қызық деп жүргендері жүрегін қысып, өкпесін *қ а б ы н д ы р а д ы* (К.Қазыбаев, Ызғар). **2.** а у ы с. *Ұшықтыру, қабынту, күшейту.* Екі елді бірдей *қ а б ы н д ы р ы п* кернеп алған араздық, енді болымсыз бір ілікке жете бере, астан-кестен жарылатын сияқты (М.Әуезов, Абай жолы).

ҚАБЫНДЫРУ *Қабындыр етістігінің қимыл атауы; қабынтып ауырту.* Тіс тазартуға паста пайдалы емес, өйткені ол кейбір тіс етін *қ а б ы н д ы р у ы* мүмкін (Е.Оразақов, Дәрігерлік.).

ҚАБЫНТ= е т. **1.** м е д. *Өкпе ауруына шалдықтыру.* Құрт кейде бронх жолдарын бітеп тастайды, өкпені *қ а б ы н т а д ы* (Шопан серігі.). **2.** а у ы с. *Ушықтыру, қағынту, күшейту.* Жатқанмен халықты әзір тұншықтырып, *Қ а б ы н т а р* кек жарасын ушықтырып, Халықтың бойындағы қаһарман күш Қопарып тамырымен тастар жұлып (Ғ.Орманов, Таңд.).

ҚАБЫНТУ *Қабынт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бұрынғыдан бетер *қ а б ы н т у .*

ҚАБЫНУ[1] з а т. м е д. *Ағзаның ауру туғызатын факторларға қарсы жауап ретінде көрсететін қорғаныс әрекеті. Қ а б ы н у д а н* сауығып кету – оның пайда болу себебіне, жалпы ағзаның жағдайына, органдардың қалыптасуына байланысты болады (ҚҰЭ). Мұндай дәрі өкпе *қ а б ы н у ,* жүрек ауруы, құяң сияқтыларға ем есебінде қолданылған (Қазақст. аң байлығы). Асқазан мен ішек-қарын жолының *қ а б ы н у ы* кезінде басқа дәрімен қосып ішеді (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

ҚАБЫНУ[2] *Қабын етістігінің қимыл атауы.* Соқыр ішекке енген кейбір бактериялардың әсерінен *қ а б ы н у* процесі (аппендицит ауруы) болады (Адам анатом.).

ҚАБЫР з а т. с ө й л. ***Қабір.*** Тар лахатқа кіргенде Раушан қылмас *қ а б ы р д ы* (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Біз Европаның газетасын алып, бұған қазақ ғұмырынан не түк жазбадық, не қарымбайдай, тілге, *қ а б ы р ғ а* сараң болдық (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

ҚАБЫРҒА[1] з а т. **1.** а н а т. <лат. costa> *Омыртқа мен төс сүйегін ұштастырып тұратын имектеу келген жіңішке сүйек.* Екі *қ а б ы р ғ а с ы* сынып, үш ай жатқанда, Жаппаржаным күнде зулап барып көңілін сұрап тұрды (Ж.Тәшенов, Алғашқы.). Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ, Шынтағы *қ а б ы р ғ а д а н* тұрса аулақ. Жер соғарлы, сіңірлі аяғы тік, Жауырыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ (Абай, Тол. жин.). Ауру *қ а б ы р ғ а м* сырқырап ауырғандай болды (С.Сейтхазин, Хадиша). Әлемге жалын шалқыған Маңайын лаулап шарпыған *Қ а б ы р ғ а д а н* қан ағып, Қызыл судай қалқыған (Қ.Тоғызақов, Таңд.). **2.** *Арқа, адам кеудесінің арты. Қ а б ы р ғ а н ы ң* астына Қара жер тиер мақпалдай (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Балуан қабырға. *Қой-ешкінің алтыншы қабырғасы.*

Бұғана қабырға. *Қой-ешкінің бірінші қабырғасы.*

Қабырғасы қайысты. *Қатты қайғырды, уайымдады, жаны қиналды.* Мұны естіген алаштың азаматы көз алдында бауырларының құлдыққа айналғанына, рулы ел ойран болып, іргесі бұзылғанына *қ а б ы р ғ а с ы қ а й ы с ы п,* қайғыға қалған еді (М.Дулатов, Шығ.). Күдерінің *қ а б ы р ғ а с ы қ а й ы с ы п,* көзіне жас алды (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Қайғыны *қ а б ы р ғ а с ы қ а й ы с ы п* көтермеген адам ол қайғының тауқыметін жете білмейді («Қаз. әдеб.»).

Қабырғасы [қабырғасынан] қақырады. *Берекесі кетті, быт-шыт болды.* Адал ниетті адамның миын уландыратын буржуазиялық идеология қазіргі Америка империализмінің өз саясатын іске асырудағы негізгі қаруының бірі. Бірақ тоқырған бұл саясат *қ а б ы р ғ а с ы н а н қ а қ ы р а й* бастаған империализмнің жігін жамауға септігін тигізер емес («Соц. Қаз.»).

Қабырғасы қатпаған [қатқан жоқ, қатаймаған]. *Жас, буыны қатпаған. Қ а б ы р ғ а с ы қ а т п а ғ а н* балапаныңды соншалық алысқа оқуға жіберіп, зарықтырғаның-ай! (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.). Қой, шырағым, жассың ғой, *қ а б ы р ғ а ң* сенің *қ а т қ а н ж о қ* Омыртқаң өсіп жеткен жоқ Жіберуге қорқамын (Қобыланды батыр).

Қабырғасы қатып, бұғанасы бекіді. *Өсіп-жетіп, кемеліне келді.* Жетіжылдықтың соңғы жылының перзенті, бесжылдықтың алғашқы жылдарында *қ а б ы р ғ а с ы қ а т ы п, б ұ ғ а н а с ы б е к і г е н* шаруашылық (Ж.Еділбаев, Бүгінгі ауыл.).

Қабырғасымен [қабырғасына] кеңесті [ақылдасты]. *Әбден ойланып, ақылға салды.* Жә, Нұржан да көз жұмып, күліп беретін әумесер емес, *қ а б ы р ғ а с ы м е н к е ң е с і п* байқайды (З.Шашкин, Темірқазық). Не істесе де өзінің бұрынғы машықты сақтығына бағып, алдын ала аңысын аңдып, *қ а б ы р ғ а с ы н а к е ң е с і п* істеп жүр (Ә.Нұрпейісов, Шығ.). Біздің Мариямға айтарымыз, адаспа, сабаңа түс. Жолдас-жорақ, *қ а б ы р ғ а ң м е н а қ ы л д а с ,* әлі де кеш емес демекпіз («Лен. жас»).

Қабырғасын жапты. *Жылқы семірді, майланды.* Арықты алты ай мінген қоя берсек, Аптада *қ а б ы р ғ а с ы н ж а б у ш ы* еді (Мәделі).

Қабырғасын қаусатты [күйретті]. *Сайсүйекті сырқыратып, жанға қатты батты, ауыр тиді.* Мынау кішкентай қозының өлімі *қ а б ы р ғ а м д ы қ а у с а т т ы* да, көзімді ашты ғой... (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қырқысқан қанды майданда өлім аз ба өкінер. Бірақ осылардың ішінде кейбір өлімдер *қ а б ы р ғ а ң д ы қ а у с а т ы п -а қ* жібереді (Ол күндер.).

Қабырғасына [қатты] батты. *Ауыр соқты, қиын тиді.* Басқасын айтса айтсын, қолынан келсе бауыздаса бауыздасын, бірақ

өлген адамды бетке салық етіп, жанды жегені *қабырғама қатты батты* (С.Бақбергенов, Кентау.). – ...Біраз әндеріңді естідік, қайным, менің *қабырғама батып* тұрғаны мына қайын сіңлілерімнің халі (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Кілт үзген осы жерде сапарды кім, Қазаңыз *қабырғаға батар* кісім (Б.Дүйсенбаев, Ақ пейіл.).

Қабырғасына қолы батпады. а) *Семіз, күйлі. Қабырға сына қол батп айтын дай* екен жануардың (Қаз. тілі фраз. сөздігі). *ә) Ешкімнің тісі батпады.* Байқашы өзіңді-өзің: кімнің *қолы батар* екен *қабырғаң*а? (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Қабырғасынан күн көрінді. *Арыған, жүдеген, инеге шаншым еті жоқ мал туралы айтылады.* Жануардың *қабырғасынан күн көрінеді*, тұяғы тұяғына сүрінеді (Қаз. тілі фраз. сөздігі).

Қабырғасынан қойды. *Күтпеген жерден, турасын айтты, көлденеңінен тартты.* – Әй, антұрған, сен осы бізді жолдасым, құрдасым деп санайсың ба, жоқ па? – деп, Тілек оған мәселені *қабырғасынан қойды* (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

Қабырғасы сөгілді. а) *Жаны ашыды, қайғырды, қабырғасы қайысты.* Ақын қазасына *қабырғасы сөгілді* («Қаз. әдеб.»). ә) *Жарысқа түсті, бар өнерін салды.* Түйе жарыс, ат жарыстың бәрі аяқталып, бүгін астың ең қызығы, талай жан өкінер, талайдың намысқа шауып *қабырғасы сөгілер* жыраулар айтысы басталған (І.Есенберлин, Алмас.).

Қара қабырға. *Қой-ешкінің 2-5 қабырғалары.*

Сүбе қабырға. *Қой-ешкінің 7-12 қабырғалары.* Астыңғы жіліктің тірсегін тіліп, оны бір қарулы жігітке ұстатып тартқызады, өзі *сүбе қабырғаның* арасынан тесіп, сол қолымен ұстайды да, оң қолындағы пышақпен қабырғаны сөгуге кіріседі (Қ.Салғарин, Қасапшылық).

ҚАБЫРҒА[2] з а т. **1.** *Үй, гимарат сияқтылардың еденнен төбеге барып тірелетін тік бөлігі, қанаты.* Сөйлеп отырғанда Моисеевтің көзі көбінесе *қабырғада* ілулі тұрған картада болатын (Ә.Нұрмаханова, Шығыс шынары.). Керамзит бетонынан жасалған *қабырға* әдеттегі кірпіш *қабырғаға* қарағанда екі есе жұқа, әрі екі есе жеңіл келеді (М.Бакенов, Қазақст. ресурс.). **2.** м а т. *Бұрышты фигуралардың бұрыштарын қосатын кесінді.* Мәселен, берілген шеңберге іштей алдымен квадратты сызып, содан кейін оның *қабырғаларын* екі еселеп сегіз бұрышты, онан кейін он алты бұрышты сыза берсе, яғни бұл процесті әрі қарай да орындай берсе, іштей сызылған көпбұрыштар тізбегі шығар еді (О.Жәутіков, Жоғары математика.). Мысалы, егер шеңберге іштей сызылған көпбұрыштың *қабырғаларының* санын шексіз арттырсақ, онда әр *қабырғаның* ұзындығы шексіз аз шама болып шығады (О.Жәутіков, Жоғары математика.). **3.** а у ы с. *Бір заттың қапталы, жаны, тұсы.* Жаудың бетін қайырғаннан кейін ғана мына алдағы мүйіске қоныс аудару керек. Жеке атқыштар мына *қабырғадан* ұратын болсын (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.). **4.** а у ы с. *Тірек, сүйеніш.* Баяғыда ол кісі бір колхоздың *қабырғасы* болды емес пе... (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Қабырға ағайын. *Жанама туыс.* Міне, сол ауылы көршілес отыратын *қабырға ағайын* Ақайдың Хасені Мәдидің кішкентай күнінен бастап бүгінге дейін осы Қақабайға қандай қарсы істер істеп жүргенін білетін (Ә.Бектасов, Мәди). *Қабырға ағайынның* қабырғасы қайысады, қайғыға ортақ болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Қабырға газеті. *Белгілі бір ұйымның я ұжымның шығаратын қабырғаға немесе арнайы стендке ілінетін қолжазба газеті.* «Айымжандағы» *қабырға газетінің* редакторы, облыстық «Ленин туы» газетінің белсенді тілшісі (Т.Нұртазин, Ауыл.). «Факел» атты *қабырға газетінің* соңғы саны анадайдан көңіл аударады (Ш.Есмұрзаев, Ильич.).

Қабырғадағы қанат. б е й н. *Қолдаушысы, сүйеніші. Қабырғада қанатым*, Артымдағы құйрығым (Қыз Жібек). Іні – *қабырғадағы қанат*. Қыз – маңдайдағы құндыз (Мақал).

Қабырғадан қан аққан, толарсаққа мұз қатқан. п о э т. *Қырғын ұрыс, қиын-қыстау кезеңдегі қиыншылықтар туралы айтылады.*

Қабырғадан қан кешті. *Қырғын соғысқа тап болды, басына қиыншылық күн туды. Қабырғадан қан кешсе*, Қастасқан жаудан қашпаған (А.Тоқмағамбетов, Өлеңд.). *Қабырғадан қанды кешпей* Қанды майдан атана ма?! Қарсыласқан жауын кеспей, Қас батырлар жата ала ма?! (М.Хакімжанова, Өлеңд.). Иранннан ерлер-дағы өзге келген, Кескілеп кездескенді екі бөлген. *Қан кешіп қабырғадан* қалды жүрмей, Адамнан аттар үркіп о күнгі өлген (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Қабырға жол. *Жалғызаяқ, ойыстау жол.* Далаға шыққанда, жалғызаяқ *қабырға жолмен* өзенге қарай кетіп бара жатқан Дүрияны көріп соңынан ілесті (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Бұлар бүгін Ақиректегі Айтым ауы-

лына қонбақ болып, *қ а б ы р ғ а ж о л м е н* төмен түсіп келе жатқан (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Қабырға өрнек. с ә у л е т. *Қабырғаға немесе күмбезге салынып, бедерленетін сурет және оларды безендіретін ою-өрнек.* Қазақстан жеріндегі *қ а б ы р ғ а ө р н е к п е н* көмкерілген сәулет өнерінің ескерткіштері тек ою-өрнектік *қ а б ы р ғ а ө р н е к п е н* нақышталған (ҚҰЭ). Майолика, мозаиканың қабырғаға жасалатын түрлері де *қ а б ы р ғ а ө р н е к к е* жатады (ҚҰЭ).

Қабырғасы жабық. *Жұртқа жариялана бермейтін, оңаша.* Сендердің осы *қ а б ы р ғ а с ы ж а б ы қ* сөздерің-ау! Қарағым-ау, менен басқаға айтсайшы! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Қабырға үй. ж е р г. *Моланың бір жағынан жанай қазылған, өлікті қоятын жер, лақат* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ҚАБЫРҒААРАЛЫҚ с ы н. *Қабырғалар арасындағы.* ≈ *Қ а б ы р ғ а а р а л ы қ* ет.

ҚАБЫРҒАЛА= е т. **1.** *Жағалап жүру, қапталдау.* Біршек тағы да бағытын өзгертіп, қайтадан қаншық кеткен жаққа *қ а б ы р ғ а л а й* салды (С.Жүнісов, Ақан сері). Қайтарда Делбегетейді *қ а б ы р ғ а л а й* жүреміз (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.). Көшті *қ а б ы р ғ а л а п,* бір үйір жылқысын айдап, бір бала мен ауыл бастығы келеді (С.Сейфуллин, Тар жол.). **2.** *Бір жағына қисаю, жантаю.* Ол оң жағымен *қ а б ы р ғ а л а п* жата кетті де, құлағын жерге тосып, басын тым тез алды (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек). **3.** *Үйдің белдеуіне жанасып, көлденеңдеп тұру.* Шідерлігі жуандау, бота тірсек, Бейне жел, тынышты, екпінді мініп жүрсек. Екі көзін төңкеріп, *қ а б ы р ғ а л а п,* Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек (Абай, Тол. жин.).

ҚАБЫРҒАЛАС с ы н. *Іргелес, қапталдас, қатарлас.* Бізге *қ а б ы р ғ а л а с* тұратын Бірқұлақ дегеннің үйінде бес бала бар (Қ.Сәрсекеев, Кілт.).

ҚАБЫРҒАЛАС= е т. *Қапталдасу, жанасу.* Алтыншы айналысқа шыққанда Сатым *қ а б ы р ғ а л а с а* шауып келіп, «айда, бала, айналайын бала, айда, аяма!» деп айқайлады (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл.).

ҚАБЫРҒАЛАСТЫР= е т. *Жанастыру, қапталдастыру.* Топ алдындағы үшеу аттарын *қ а б ы р ғ а л а с т ы р а,* үзеңгілес келеді (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ҚАБЫРҒАЛАСТЫРУ *Қабырғаластыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жарыса *қ а б ы р ғ а л а с т ы р у ы.*

ҚАБЫРҒАЛАТ= е т. с ө й л. *Қабырға тұсынан ұру.* Ол орнынан жүрелей көтеріліп, күрең атты *қ а б ы р ғ а л а т а* божымен қағып-қағып жібереді (Қ.Салғарин, Сол бір.).

ҚАБЫРҒАЛАТУ *Қабырғалат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Екпіндете *қ а б ы р ғ а л а т у ы.*

ҚАБЫРҒАЛЫ с ы н. **1.** *Қабырғасы кең, жазыңқы (аттың сыны).* Теке мұрын салпы ерін, ұзын тісті, *Қ а б ы р ғ а л ы* жотасы болса күшті. Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы, Тояттаған бүркіттей салқы төсті (Абай, Тол. жин.). Хамзаның астындағы асау қуып үйренген *қ а б ы р ғ а л ы* ат төрт тағандап жер тіреп тұрып алды (Ә.Әлімжанов, Отырар.). **2.** а у ы с. *Мықты, күшті, қарулы.* Қабынған қатын түгіл, *қ а б ы р ғ а л ы* еркегіңді де ерегісте тоңқалаң асырмады ма (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). Би кесті. Қара халық қабылдады, Қару алып, қол жимақ *қ а б ы р ғ а л ы.* Жорыққа өзірленіп жатты қауым, Қасынан Райымбек табылғалы (М. Мақатаев, Шығ.).

Қабырғалы би. *Беделді, ықпалы күшті, аты шулы би.* Ел бастаған *қ а б ы р ғ а л ы б и л е р і м,* қол бастаған батырларым, асқар белдерім (М.Әуезов, Шығ.). Басқарды Кіші жүзді осы хандар, Қазақтың арасынан қойды сардар. Хандардың *қ а б ы р ғ а л ы б и і* болып, Қасында бірге жүрді болған қардар (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Қабырғалы ел [халық]. *Күшті, ауызбірлігі мықты, көп халық.* Қазақ деген *қ а б ы р ғ а л ы* қалың *е л* ғой (Шешендік сөздер).

ҚАБЫРҒАЛЫҚ з а т. **1.** *Қабырға тұсы.* Арғымақтарының *қ а б ы р ғ а л ы ғ ы н а н* сауырына дейін серпе божылап... шірене отырып зулат атын (Д.Әбілев, Баянауыл.). Сол жақ *қ а б ы р ғ а л ы ғ ы н а н* қан ағып, онысы қатқан (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). **2.** *Кірпішті қабырғасының сыртқы бетіне өрнектеп қалау әдісі. Қ а б ы р ғ а л ы қ* кірпішті қабырғаның сыртқы бетіне бұрыштап орналастыру арқылы орындалады («Парасат»).

Қабырғалық материалдар. қ ұ р. *Үй, ғимарат тұрғызуға қолданылатын құрылыс материалдары. Қ а б ы р ғ а л ы қ м а т е р и а л д а р* шағын көлемді құрылыс материалдарға күйдірілген (кірпіш), күйдірілмеген (селикат кірпіш т.б.) және табиғи материалдар (пемза) жатады (ҚҰЭ).

ҚАБЫРҒАТІГІС з а т. қ о л ө н е р. *Қол инемен көркемдеп тігу әдісінің бір түрі. Қ а б ы р ғ а т і г і с п е н* ұзынды-қысқалы жарыса тігілген ұзын сызықтар арқылы ендірме, бастырма, қабырға өрнектері тігіледі (Х.Шобай Қаз. ұранқай. қолөнері).

ҚАБЫРЖУ *Қабыржы етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Қ а б ы р ж у ы* жаман.

ҚАБЫРЖЫ = е т. с ө й л. *Абыржу, қобалжу.* Осыған қалай шыдап барасыздар, – деп Мұсақ *қ а б ы р ж ы п* орнында отыра алмады (С.Бегалин, Сәтжан.). Етігім шаң, үстім қан, *қ а б ы р ж ы м а й* қағып, сүрт (Ғ.Орманов, Сәт сапары.). Жаным, неге *қ а б ы р ж ы п* тұрсың? (І.Жансүгіров, Шығ.).

ҚАБЫРЖЫТ= ет. *Абыржыту, қобалжыту. Қ а б ы р ж ы т п а й* көңілді кете ме ой бұл – Қозының қаны тамған екен қай гүл. Есі шыққан Еңлiктер еңіреген, Сара аналар сайраған мекен ғой бұл (С.Асанов, Алматым.).

ҚАБЫРЖЫТУ *Қабыржыт етістігінің қимыл атауы.*

ҚАБЫРЛАС с ы н. *Дос, туыс, бауыр деген мағынада.* Тамырласпын. *Қ а б ы р л а с п ы н.* Гундармен де Қарындаспын. Ауыр бастым. Дабырластым. Бұлғалармен Бауырласпын. Бұлан астым. Құлан астым. Орыстармен Құдаласпын (Қ. Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ҚАБЫРСТАН з а т. с ө й л. *Өлген адамдар жерленетін орын, қорым.* – Таласпа! – деді [Бәтеске] ишан жекіп, – осы *қ а б ы р с т а н д а* отырып, мен бәрін де біліп отырдым (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Үлкен ақ сарай деген бөлмені халық «Қазақтардың *қ а б ы р с т а н ы*» деп атайды (О.Дастанов, Әулие.).

ҚАБЫРСУ *Қабырсы етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қызара *қ а б ы р с у.*

ҚАБЫРСЫ = е т. *Қабару, ісіну.* Еркек қызара бөрткен көзін, білемдене *қ а б ы р с ы г а н* бетін сипалады (Х.Әдібаев, Таңбалы.).

ҚАБЫРТҚА з а т. с ө й л. ***Қабырға.*** Қай *қ а б ы р т қ а* қалай сынарын кім білсін. Соқтықпайтын жерге келіп соқтыңыз (С.Адамбеков, Көсе.). Келбетті құла келісті, Денесінің бәрі тең, *Қ а б ы р т қ а с ы* шеңберлі, Жоны тұтас тегісті (Н.Байғанин, Шығ. жин.).

ҚАБЫРТҚАЛЫ с ы н. с ө й л. ***Қабырғалы.*** Түбінде ат болатын құлындардың Танауы кең болады, *қ а б ы р т қ а л ы.* Ақылға ғылым серік деген сөз бар, Болады бір-бірінің азықтары (Пернедегі терме.).

ҚАБЫРШАҚ з а т. **1.** а н а т. <лат. squama> *Балықтардың, бауырымен жорғалаушылардың, құстардың, кейбір сүтқоректілердің бірінің шетін бірі басып, денесін жауып тұратын бөлек-бөлек жұқа қатты қабықша.* Күміс *қ а б ы р ш а қ т а р ы* жылт-жылт етіп, оқтын-оқтын шоршып тулайды (С.Хайдаров, Теңіз.). Қабырғалары бірін-бірі балықтың *қ а б ы р ш а ғ ы* сияқты басып тұратын үлкен плиталармен көмкерілген (О.Сәрсенбаев, Радио.). Балық *қ а б ы р ш а қ т а р ы н ы ң* барлық түрі де организмнің дамуына сәйкес циклды өседі, яғни жазда, қорегі мол кезде *қ а б ы р ш а қ* та тез ұлғаяды, ал қыста қорегінің аздығынан *қ а б ы р ш а қ* нашар өседі және жылдық сақина пайда болады (ҚҰЭ). **2.** *Ұлудың сыртындағы қорабы.* Қазір де олар серуенге шыққалы азы екі сағат болды, *қ а б ы р ш а ғ ы н а* бұққан ұлу құсап арқасына жабысып ап, тымтырыс отыр (Р.Тоқтаров, Тұлпар.). **3.** *Бір нәрсенің бетіне қатқан жұқа қабаты.* Бетінде берік тотық *қ а б ы р ш а қ* түзіліп, ол ары қарай тотығуынан сақтайды (Қ.Нарымбетов, Металдар.). **4.** *Жаңадан қата бастаған, суланып, ери бастаған мұз, қардың бетінде пайда болатын жұқа мұз қабыршағы.* Жүрістері баяу, тұяғымен *қ а б ы р ш а қ* қарды қазғылап, шөп тұқылын тауып үзеді (С.Мыңжасарова, Замандастар). **5.** м е д. *Мүйізденген органикалық заттан құралған, жараның бетіне қататын жұқа қабықша.* Бұл қосындымен емделген жараларда *қ а б ы р ш а қ т а р* пайда болып, тез жазылады (Ғ.Әбішев, Мал. жарақат.).

Қабыршақ мұз. а) *Өзендер қата бастаған уақытта пайда болатын жұқа мұз* (Ж.Әубәкіров,.. Орыс.-қаз. географ. түсінд. сөздік). ә) *Қардың үстіңгі жұқа қабатының күндіз еріп, еріген судың түнде қайта қатуынан болатын қар жамылғысының бетіндегі жұқа мұз қабыршағы* (Қаз. тілі термин. Су.).

Қабыршақ түзгіш. *Сұйық-газ бөлу шекарасында беттік активті заттардан (спирт, қышқыл) немесе қатты дененің бетіне жағылатын заттардан (бояу) тұратын қабат. Қ а б ы р ш а қ т ү з г і ш* ретінде төмен молекуласы термопластикалық материалдар (олифа т.б.) қолданылады (ҚҰЭ).

ҚАБЫРШАҚҚАНАТТЫЛАР з а т. з о о л. <лат. lepidoptera> *Екі жұп қанаттары болатын, олардың беттерін ұлпа қабыршақ басып жататын көбелектер, жәндіктер класының бір отряды. Қ а б ы р ш а қ қ а н а т т ы л а р* жақты көбелектер, теңқанаттылар және әртүрлі қанаттылар болып 3 отрядқа бөлінеді (Қазақст. энцик.). *Қ а б ы р ш а қ қ а н а т т ы л а р д ы ң* кейбір түрінің пілләсі жібек алу үшін пайдаланылады (ҚҰЭ). *Қ а б ы р ш а қ қ а н а т т ы л а р д ы ң* орман шаруашылығына зиян келтіретін түрлері де көп (ҚҰЭ).

ҚАБЫРШАҚСЫЗ с ы н. *Қабыршағы жоқ, қабыршақтанбай. Қ а б ы р ш а қ с ы з* нан піспес (М.Әлімбаев, Мақал.).

ҚАБЫРШАҚТА= е т. *Қабығын, қабыршағын аршып тазалау.* Бибіжамалдың кісідей сары

сазанды шыптаға салып, *қ а б ы р ш а қ т а п* жатқанын көріп, Судыр Ахмет... атып тұрды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Сонымен, бір шортан мен екі қылағайды *қ а б ы р ш а қ т а п* болған соң, әдемілеп тұрып жуып-шайдым (Ө.Қанахин, Өз ақылы.).

ҚАБЫРШАҚТАЙ сын. *Қабыршақ сияқты, жұп-жұқа.* Ол электр кедергісі өте аз қосындылардан жасалған. Өзі *қ а б ы р ш а қ т а й* жұп-жұқа («Лен. жас»).

ҚАБЫРШАҚТАЛ= ет. *Қабығы алыну, қабыршаққа айналу.* Қайың мен теректің қалыңдығынан қиянат көргендей [түн] ол судан безе қашып, қарағайдың *қ а б ы р ш а қ т а л ғ а н* қабығына, қарақошқыл бүршіктеріне саялайды (Ә.Әбішев, Найзағай.).

ҚАБЫРШАҚТАЛУ *Қабыршақтал етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тұтас *қ а б ы р ш а қ т а л у.*

ҚАБЫРШАҚТАН= е т. *Қардың үстіңгі жұқа қабатының күндіз еріп, еріген судың түнде қайта қатуы, қар жамылғысының бетінде жұқа мұз қабыршағының пайда болуы.* Ой-шұңқырдағы сулар кілегейленіп, *қ а б ы р ш а қ т а н ы п* қата бастаған (Б.Момышұлы, Шығ.). Орман арасы ала көлеңке тартып, күндіз жіпсіген қардың беті *қ а б ы р ш а қ т а н ы п* қата бастады (С.Бақбергенов, Қарға там.).

ҚАБЫРШАҚТАНУ *Қабыршақтан етістігінің қимыл атауы.* Көп ұзамай ол сарғыш түс жойылып, бала терісінің түлеп, *қ а б ы р ш а қ т а н у ы* да басылып қалпына келеді (Семья тәрбиесі).

ҚАБЫРШАҚТАС з а т. *Ұлутас, теңіз жәндіктерінің бүтін және үгілген қабыршақтарынан түзілген органикалық шөгінді жыныс.* Кеуектілігі, көлемдік салмағының жеңілдігі, жылуды аз өткізгіштігі, тілуге және жонуға икемділігі – *қ а б ы р ш а қ т а с т ы ң* бағалы құрылыстық қасиеттері (ҚҰЭ). Жетібай, Маңғыстау, Өзен, Форт-Шевченко, Қызылтұран т.б. карьерлерден қаптама тақталар, *қ а б ы р ш а қ т а с* блоктары алынады (ҚҰЭ).

ҚАБЫРШАҚТЫ с ы н. *Қабыршағы бар.* Бақалардың денесі жүнді, *қ а б ы р ш а қ т ы,* мүйізді емес, құр тері болатыны бәрімізге белгілі (Ғалам ғажап.). Бұлардың тамырлары өскен кезде, қабықтың сырт жағы қат-қат болып жарылады. Мұндай түрін *қ а б ы р ш а қ т ы* қыртыс дейді (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Себелеп жауып бұлттан жаңбыр шықты, Мұз қатқан жер бетіне *қ а б ы р ш а қ т ы.* Болғанда түн ортасы шамасында Бір жақтан айқайласқан дабыр шықты (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Қабыршақты теміреткі. м е д. <лат. psoriasis> *Орталық жүйке жүйесінің, зат алмасудың т.б. бұзылуынан, алғашқыда аяқ-қолдың терісінде, шаштың түбінде қызғылт түсті бөртпе ретінде пайда болатын, кейін олар үлкейіп, бетін қабыршақтар басатын, кейде бүкіл денеге жайылатын созылмалы, жұқпайтын тері ауруы. Қ а б ы р ш а қ т ы т е м і р е т к і м е н* ауырған адам диспансерлік есепке алынады (ҚҰЭ).

ҚАБЫРШАҚТЫҚ: қабыршақтық құрылым. г е о л. *Жапырақ және қабыршақ пішінді минералдардан тұратын сазды жыныстарға тән құрылым. Қ а б ы р ш а қ т ы қ қ ұ р ы л ы м н ы ң* ірі және майда қабыршақтық түрлері бар (Қаз. тілі термин. Геология).

ҚАБЫРШАҚТЫЛАР з а т. з о о л. <лат. sguamata> *Дене пішіні мүйізді қабыршақтармен жабылған бауырмен жорғалаушылар класының бір отряды. Қ а б ы р ш а қ т ы л а р д ы ң* дене пішіні әртүрлі мүйізді қабыршақтармен және қалқандармен жабылған (ҚҰЭ). *Қ а б ы р ш а қ т ы л а р д ы ң* жұмыртқаларының жұмсақ жарғақ тәрізді қабығы болады (ҚҰЭ).

ҚАБЫРШЫҚ[1] з а т. с ө й л. ***Қабыршақ.*** Оқ жылан тасбақаны сыртқы *қ а б ы р ш ы ғ ы м е н* жұтып жібереді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Қабыршық мұз. с ө й л. ***Қабыршақ мұз*** *(жылы ауа райынан кейін немесе жаңбырдан соң күн суыған кезде түзілетін қардағы мұз қыртысы).* Тау бұлағының ернеуін сан түрлі өрнек жасаған *қ а б ы р ш ы қ м ұ з* жырымдайтын («Лен. жас»).

ҚАБЫРШЫҚ[2] з а т. ж е р г. *Бидайдың қауызы* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ҚАБЫРШЫҚТАН = е т. сөйл. ***Қабыршақтан.*** Астауға құйған су заматында-ақ *қ а б ы р ш ы қ т а н ы п* қата бастайды (Н.Серәлиев, Қаңтар.). Үстінен жаяу борасын арылмайтын сірескен ақ қардың беті *қ а б ы р ш ы қ т а н ы п,* әр жері сетінеп, сөгіле бастаған (С.Жүнісов, Жапанда.).

ҚАБЫРШЫҚТАНУ *Қабыршықтан етістігінің қимыл атауы.*

ҚАБЫС[1] = е т. **1.** *Ішке қарай майысу, ойық түсу.* Шелектің бір жақ бүйірі *қ а б ы с ы п* қалды (Ауызекі). **2.** *Екі бүйірі жабысу, ішке тартылу.* Сырт түріне қарағанда әлді төбеттерге де, қарны *қ а б ы с қ а н* биік тазыға да ұқсайды (С.Жүнісов, Ақан сері). Іші тазының ішіндей *қ а б ы с ы п,* қашан болсын мөңіреп, тіміскілеп кеп жүргені (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Жоқ па бастан бейшарада тұр сиық, *Қ а б ы с ы п* тұр қабырғасы ырсиып. Бір керемет... іс бітіріп келгендей Айналаға әлсіз қарап, тұр сұлық (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **3.** *Екі түрлі*

нәрсенің бір-бірімен жымдасып бірігуі. Екі элемент жігі табылып *қ а б ы с ы п,* жымы білінбей кеткен деуге боларлық (Ф.Оразаев, Басты.). **4.** а у ы с. *Бір жерден шығу; сәйкес келу; пікірлес болу.* Бір нәрсе хақында сөйлессек, екеуміздің пікіріміз *қ а б ы с п а й,* таласып айырылатын болдық (М.Дулатов, Шығ.).

Қабыса байланысқан сөз тіркесі. л и н г в. *Сыңарлары бір-бірімен іргелес тұрып, жалғаусыз, орын тәртібі арқылы байланысатын сөз тіркесі. Қ а б ы с а б а й л а н ы с қ а н* есімді *с ө з т і р к е с і н і ң* басыңқы сыңары негізінен зат есім болып келеді (ҚҰЭ). *Қ а б ы с а б а й л а н ы с қ а н с ө з т і р к е с т е р і* басыңқы сыңардың ыңғайына қарай бөлінеді (ҚҰЭ).

Қарны қабысты. *Ашықты.* Мақсұт кешеден бері аш, *қ а р н ы қ а б ы с ы п,* бүйірі шаншады, су сорған денесі құрысып, жаны кетіп, тастай болып, аяз аймалағандай қатып қапты (Балуан Шолақ, Шығ.).

ҚАБЫС[2] = е т. *Көрпе көктесу, қабуға көмектесу.* Артынан іздеп барсаң, әлдекімнің көрпесін *қ а б ы с ы п* отырады (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

ҚАБЫСТЫР[1] = е т. **1.** *Жанастыру, қосу.* Жаратылысында тапқыр Дәрмен бала, жалма-жан шинельді шешті де, ...тамағы астындағы темір ілгекті *қ а б ы с т ы р ы п* кеп жіберді (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** а у ы с. *Қиюластыру, байланыстыру, түйістіру.* Партия комитеті ауылшаруашылығы өндірісі мен коллектив мүддесін *қ а б ы с т ы р а* жүргізуде (Ш.Есмұрзаев, Мәртебе).

ҚАБЫСТЫР[2] = е т. ж е р г. *Отырғызып кету, жер соқтыру.* Бізді *қ а б ы с т ы р ы п* кетті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ҚАБЫСТЫРУ *Қабыстыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Түйістіру, біріктіру.* Кереге *қ а б ы с т ы р у,* таңғыш таңу дегенді кім көрген (М.Тиесов, Дала.). **2.** а у ы с. *Үйлестіру, келістіру.* Қазір біз топырақ өңдеу жүйесін зерттеп, оны қабылдаған егіс жүйесімен *қ а б ы с т ы р у д а м ы з* («Соц. Қаз.»).

ҚАБЫСУ[1] з а т. л и н г в. *Сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарының басыңқы сөзбен жалғаусыз, қатар тұру арқылы байланысы. Қ а б ы с у* – синтаксистік байланыстың жиі қолданылатын түрі (ҚҰЭ).

ҚАБЫСУ[2] *Қабыс етістігінің қимыл атауы, сәйкес келу, үндесу.* Ол заман озды ғой. Әйткенмен де қазақ баласының тәрбиесі қазақ тұрмысына *қ а б ы с у ы* мақұл (М.Жұмабаев, Шығ.). Әңгіме ұлттық форманың сырттай *қ а б ы с у ы н д а* емес, өнердегі социалистік мазмұнның іштей табысуында болып отыр («Соц. Қаз.»).

ҚАБЫСУШЫЛЫҚ з а т. *Сәйкес келушілік.* Біздің жағдайымызда, ағылшын ғалымы Дж.Александр айтқан «бейнарлық дискурсты», немесе «дискурстар бейнарлығын» – социализм құндылықтарының «жаңадан орнығып жатқан капитализм» құндылықтарымен атымен *қ а б ы с п а у ш ы л ы ғ ы н* өрбітіп отыр («Егемен Қазақстан»).

ҚАБЫСЫҢҚЫ с ы н. *Бір-біріне жақын, жабысыңқы.* Артқы аяқтары да түзу, кейде тірсек буындары бір-біріне *қ а б ы с ы ң қ ы* және маймақ сирақтылары да болады (А.Иманғалиев, Адай жылқысы). Пішініне қарай: сабақ жұмыр, үш қырлы, төрт қырлы, көп қырлы, *қ а б ы с ы ң қ ы* да болады, – дейді (Т.Мұсақұлов, Өсімдік. анат.).

ҚАБІЛЕТ [ар. قابلية] з а т. **1.** *Адамның бір нәрсеге икемділігі, бейімділік қасиеті.* Осы *қ а б і л е т і н е* лайық білім алу үшін Әбдікәрім Ақбаев 1920 жылы мұғалімдік институтты тастап, облыстың партия мектебіне кіреді (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). **2.** *Адамның белгілі бір іске деген дағдылану деңгейі, дарыны.* Әрине, біреудің *қ а б і л е т і* артық, біреудікі кем, біреудің жұмысы өрге домалайды, ол жұмысты екінші біреу істесе, орнынан да мызғыта алмайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** п с и х. *Қандай да бір іс-әрекетті орындаудағы тұлғаның өзіндік ерекше икемділік, бейімділік қасиеті.* Енді азамат *қ а б і л е т і* күн көрістің күйбеңі, қара бастың қамы емес, қауым мүддесіне жұмсалды (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.). Ол өзінің ұйымдастырушылық *қ а б і л е т і* мен творчестволық ой-өрісінің кең, жаңашыл маман екенін көрсете білді (Дала қырандары.). Жанның орнына «сана» *қ а б і л е т т е р і н,* «жан *қ а б і л е т т е р і н»* я «жан құбылыстарын» алуы дұрыс емес (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Қ а б і л е т* – бір іс-әрекетті орындаудағы тұлғаның жекедара қасиеті (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Қабілеті жетті. *Бейімді болып шықты, икемділік көрсетті.* Өмір қойған міндеттердің күрделілігін ұғынуға барлық әдебиетшілердің *қ а б і л е т і ж е т е* берді деуге болмайды (М.Қаратаев, Шығ.). Қарлы Кавказ артып сағанұлы айып Аянышпен қарап тұрар мұңайып. Шын сүюге *қ а б і л е т і ж е т п е г е н* Әрбір адам мүсіркеуге лайық! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ҚАБІЛЕТСІЗ с ы н. *Қабілеті жоқ, икемсіз.* Осы сырт көрінісі көз тартқысыз болған соң, бір қараған ол *қ а б і л е т с і з* бос инженерге ұқсайды (Ш.Мұртазаев, Интернат.). Өмірде ешбір іске ыңғайсыз, *қ а б і л е т с і з* адам сирек болады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мағауиннің жас ғалымдар қарақеттерін сөз ете келіп, *қ а б і л е т с і з* кейбіреулердің ғылымды барынша малшына

мал табудың, жақсылап жан бағудың қайнар көзіне айналдырып жүргендігін орынды сынға алғандығын атап өткен жөн (С.Әшімбаев, Ақиқат).

ҚАБІЛЕТСІЗДЕУ с ы н. *Қабілеті аздау, икемсіздеу.* Баласы *қ а б і л е т с і з д е у* екен (Ауызекі).

ҚАБІЛЕТСІЗДІК з а т. *Қабілеті жоқтық, икемсіздік, бейімсіздік.* Адам кейде бір ғылымның шын жағдайынан гөрі толығырақ, жақсырақ, анығырақ, дұрысырақ деп қарауға бейім тұрады. Бұл ой-өрісі дамуының жетімсіздігінен немесе ғылым шындығына жетуге мүмкіндік бермейтін ғылымға деген табиғи *қ а б і л е т с і з д і г і н е н* болады (Әл-Фараби).

Қабілетсіздік көрсетті. *Икемі келмеді, бейімделе алмады, меңгермеді.* Көптеген жағдайда мұғалімнің өзі де жаңа программаны игеруге *қ а б і л е т с і з д і к к ө р с е т і п* жүр («Қазақст. мұғ.»).

ҚАБІЛЕТТЕН = е т. *Қабілеті молаю, қабілеті арту.* ≈ Жасынан *қ а б і л е т т е н д і.*

ҚАБІЛЕТТЕНДІР = е т. *Қабілетін арттыру, бейімдендіру.* Мұндай жұмыстар оқушыларды кейбір денелердің өлшемдерін есте сақтауына *қ а б і л е т т е н д і р і п,* өз болжамдарына сын көзімен қарауға баулиды («Қазақст. мект.»).

ҚАБІЛЕТТЕНУ *Қабілеттен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ерекше *қ а б і л е т т е н у.*

ҚАБІЛЕТТІ с ы н. *Қабілеті бар, икемді, қолынан іс келетін.* Назым жай көп дәрігердің бірі емес, аса дарынды, табиғи *қ а б і л е т т і,* тәжірибесі мол хирург (А.Тоқпанов, Бүгінгі.). Шәріпхан сен жайында көп айтады, – деді Гүлмайра, – *қ а б і л е т т і* жігіт деп қоймайды (С.Шаймерденов, Шығ.). Математикаға сендей *қ а б і л е т т і* жанды туа жүріп көргем жоқ (Т.Нұртазин, Үлкен жол.).

ҚАБІЛЕТТІК з а т. с ө й л. ***Қабілеттілік.*** Мұндай *қ а б і л е т т і к* біреулердің қолынан келеді, екінші біреулердің қолынан келе бермейді (М.Мұқанов, Бақылау.).

ҚАБІЛЕТТІЛІК з а т. **1.** *Икемділік, бейімділік, іскерлік.* Түпнұсқаны тауып оқу, ғылымның өзге саласындағы жетістіктерге де сүйену, кең көлемде салыстыруға *қ а б і л е т т і л і к,* қысқасы, ғылыми еңбектің классикалық үлгісі мен дәстүрін пір тұту Ә.Марғұланның бұлжымас дағдысына айналған (Р.Бердібаев, Гүлстан.). *Қ а б і л е т т і л і к т і ң* ойдағыдай дамуы адамға тиісті (Н.Оңдасынов, Араб.-қаз. сөздік). **2.** п с и х. *Адамның белгілі бір іс-әрекетке бейімділігі, осы іс-әрекетті оңай, әрі тез орындау мүмкіндігін танытатын, оның басқалардан өзгеше, жеке-дара психикалық ерекшелігі. Қ а б і л е т т і л і к* – тұлғаны жалпы бағыттылығымен, адамның белгілі бір қарекетке бейімділігінің орықтылығымен тығыз байланысты (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Қ а б і л е т т і л і к* – адамның мінез-құлқын реттеп отырады және оның тіршілік ету жағдайына қызмет етеді (ҚҰЭ). **3.** и н ф. <ағыл. ability> *Берілген уақыт аралығында есептеуіш жүйе орындайтын жұмыс көлемінің мөлшері, уақыт бірлігінде есептеуіш жүйемен өңделетін тапсырманың мөлшері* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Қабілеттілік тестілері. п е д. *Жалпы алғанда қайсыбір мақсатқа жетудің әлеуеттік мүмкіндігін өлшеу үшін құрастырылған кез келген тест. Қ а б і л е т т і л і к т е с т і л е р і н і ң* арнайы қабілеттерді, жалпы қабілеттерді және көпжақты қабілеттерді мөлшерлеп анықтауға арналған түрлері құрастырылады (Қаз. тілі. термин. Педагогика.).

ҚАБІР [ар. قبر] з а т. **1.** *Өлген адамды жерлеу үшін қазылған жер, көр.* Суық *қ а б і р* – қараңғы ұйқы орны ғой, Оңай ма жас өмірден айырылғаным (Абай, Тол. жин.). **2.** *Зират, мола, өлген адамның басына қойылған тас.* Кеш, қалқам! Әйел едім, нашар едім, Мауқыңды тірі болсам басар едім. Зарланып *қ а б і р і м е* келіп тұрсаң, Қойнымды әлім келсе ашар едім (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **3.** а у ы с. ***Өлім***. Сондықтан мен жалғызбен ермегім жоқ. Алдым *қ а б і р,* үміт қып сенгенім жоқ (С.Торайғыров, Шығ.). **4.** ***Қабірхана***. Түркістан қаласында Қожа Ахмед Яссауидің қызы – Гәуһар мен күйеу баласы Әли қожаның *қ а б і р л е р і,* Баба Арабтың мешіті және басқа да көптеген ескерткіштер бар (Т.Бәсенов, А.Ясауи мавзолей.).

Қабірден әрі өтті. *Жантәсілім етті, о дүниелік болды.* Шырақтар ынталарың «менікінде», Тән құмарын іздейсің күні-түнде. Әділеттік, аралық, махаббатпен – Үй жолдасың *қ а б і р д е н ә р і ө т к е н д е* (Абай, Тол. жин.).

Қабірдің басы. *Өлген адамның жерленген орны, зират, мола.* Тарас *қ а б і р і н і ң б а с ы н д а* кеудеден бұлт секілді ойлар шұбап көшіп жатыр (С.Мәуленов, Шыңда.). Ағайын менің өтінішімді орындап тауға, *қ а б і р д і ң б а с ы н а* алып барды (О.Бөкеев, Қайдасың.). Молла Құран оқып болған соң, Жамал Ғалидың *қ а б і р і н б а с ы н* құшақтап отырып, көзінен жас ағызып сөйледі (М.Дулатов, Шығ.).

Қабір кірпі. м и ф. *Қабірде жүретін мақұлық.* Сол уақытта кемпір айтады: - Сенің әйелің басында менен оқып еді, онан кейін ол барып жер астындағы *қ а б і р к і р п і д е н* оқыған еді (Ертегілер).

Қабір құшты. а) *Өлді, дүние салды.* Жырдан аппақ, тізіп қанат, Көкте болса ұшайын, Жерде болса, кеуіп солса, Салқын *қабір құшайын* (Б.Күлеев, Таңд.). ә) *Моласын құшақтап, зар жылады, жоқтады. Қабір құшты,* зар еңіреді не шара («Қаз. әдеб.»).

Қараңғы қабірі нұр болсын! т і л е к. *Жатқан жері жаннат болсын деген мағынада кісісі өлген адамға көңіл айтуда қолданылатын сөзқолданыс.* Қайғырар бұған туыс, дос, жетегі жаман жуыспас. *Қараңғы қабірі нұр болсын!* Шырылдап өткен қыршын жас (Шешендік сөздер).

ҚАБІРДЕЙ с ы н. *Қабір тәрізді, қабір сияқты.* Төрт бұрышты қамалдың ішінде ескі *қабірдей* томпайған құм төмпешіктен өзге еш нәрсе көзге түспейді (Т.Ахтанов, Дала сыры.).

ҚАБІРКІРПІ з а т. м и ф. *Қабірде жүретін мақұлық.* Сол уақытта кемпір айтады: – Сенің әйелің басында менен оқып еді, онан кейін ол барып жер астындағы *қабіркірпіден* оқыған еді (Ертегілер).

ҚАБІРЛЕ= е т. *Өлген адамды жерлеу.* Қоңырқұлжа үш күн жер құшып жатып, баласының денесін ел-жұрты боп *қабірлегеннен* кейін бір-ақ тұрды (І.Есенберлин, Қаһар). Сүйегін зираттың шет жағына, енесінің қасына *қабірледі* (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

ҚАБІРЛЕУ *Қабірле етістігінің қимыл атауы. Қ а б і р л е у* алаңы – байырғы бейіт орындары (ҚСЭ).

ҚАБІРСІЗ с ы н. *Қабірі жоқ, моласыз. Қабірсіз* қалды төбеде Түнеріп кім отырған? Әлдебір күбір келе ме Аманкелді батырдан (Қ.Бекхожин, Дала комисс.).

ҚАБІРХАНА [ар.+ир. قبرخانه] з а т. с ә у л е т. *Әдетте гимарат ішіне орнатылған өлген адамның мәйіті қойылған жабық бөлме немесе текше тас.* Ғимаратқа кірер бас қақпаға қарама-қарсы төргі бетте (қазандық пен зиратханадан) *қ а б і р х а н а* – А.Яссауидің бейіті орналасқан (Т.Бәсенов, А.Ясауи мавзолей.). Бұл – Ахмет Яссауи бейіті немесе *қ а б і р х а н а,* мешіт, Кіші және Үлкен Ақсарай, кітапхана, құдықхана, асхана, қызметшілер бөлмелері (Т.Бәсенов, А.Ясауи мавзолей.).

ҚАБІРШІ з а т. *Қабір қазушы адам. Қ а б і р ш і* кетіп қалды (Ауызекі).

ҚАҒАБЕРІС з а т. **1.** *Қалтарыс, таса.* Жеңгеміздің көзін бағып отырып, *қағаберісте* екі-үш тәттіні қалтаға да сүңгітіп жіберетін әдетіміз бар («Лен. жас»). Үлбосын есіктің *қ а ғ а б е р і с і н д е г і* қағаз салатын корзинканы көрсетті (І.Есенберлин, Ғашықтар). *Қ а ғ а б е р і с т е* біреуі шылтың етіп артыла кеткенде, құ мүйіздің бірі жайқап қалса, домалап ете түседі (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Шеттеу, бұрылыс, тасалау жер.* Ауыл үлкен жолдан *қ а ғ а б е р і с* (Ауызекі).

Көңілден қағаберіс қалды. *Көңіл бөлінбеді, ескерілмеді, мән берілмеді, назардан тыс қалды.* Осының өзі мал шаруашылығының *к ө ң і л д е н қ а ғ а б е р і с қ а л ғ а н ы н* аңғартады («Қазақст. комм.»).

Қағаберіс естіді. *Шала, дұрыс емес, қақас естіді. Қ а ғ а б е р і с е с т і с е м* керек, сөзіңді түсіне алмадым, дауыстап айтшы (Ауызекі).

ҚАҒАБЕРІСТЕ ү с т. *Сәті түскенде, реті келгенде.* Бір *қ а ғ а б е р і с т е* бай ауылына қайта оралып, өрістегі Мүсірәлінің қойын кеп аралады (М.Хасенов, Тұлпар.). Бір *қ а ғ а б е р і с т е* Әсия жігіттің кім екенін сұрады (Қ.Исабаев, Айқыз). Мұнымен қашаннан бері таныс едің? – деді Құдайменде *қ а ғ а б е р і с т е* (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

ҚАҒАЖАҚ с ы н. *Кішкентай, жұқа.* Кішкене суқоймаларда дене түрқы 3-4 мм *қ а ғ а ж а қ* дафниялар таралған, ал таяз және ерең тоспа сулардан ұзынжон дафниялардың сан алуан формаларын көре аламыз (Қ.Қайымов, Суасты.).

ҚАҒАЖАҚТАЙ с ы н. *Жұқа, әлжуаз.* Әсеннің ащы даусына селк ете түскен *қ а ғ а ж а қ т а й* қараға жұрт бұл жолы тұтас қарап еді, біреулер оның ұсқынына қарап күліп жіберді (А.Жүнісов, Өмір.).

ҚАҒАЖУ ү с т. *Тысқары, сыртта, шетте.* Шонжарлар өзара сілкілессе, *қ а ғ а ж у* жүрген сорлыларға сыбаға тиеді, басқа ауырлық жоқ қой (С.Талжанов, Ұлдай.). *Қ а ғ а ж у* тұр ғой, қалқиып, аман қалар деп ойлады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көптен көрмеген Хакімді ол көп әңгімеден *қ а ғ а ж у* қалды деп түсінді білем (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Қағажу болды. *Шеттетілді, сырт қалды.* Москва 1918 жылға дейін сән-салтанатты, жасаулы өмірден *қ а ғ а ж у б о л д ы* (С.Хайдаров, Азамат.).

Қағажу көрді [тартты]. а) *Тепкі жеді, қиыншылық көрді.* Киер киім, ішер асқа жарымай, тұрмыстан *қ а ғ а ж у к ө р і п* өстім (С.Омаров, Тастағы жазу). Тұрмыс *қ а ғ а ж у ы н т а р т п а ғ а н,* басы ауырып, балтыры сыздамаған адам еді, бүгінде шағымы көбейіпті (Қ.Ысқақов, Түйық). ә) *Шеттетілді, сырт қалдырылды.* Кеңестік кезе де *қ а ғ а ж у к ө р і п,* қалтарыста жүрген баптистер, адвентистер, бахаилар, христиан – евангелистер, иегова куәлері, тағы басқа діни ағымдар мен конфессиялар саңырауқұлақтай қаптап шыға келді («Егемен Қазақстан»). б) *Бетінен қақты, еркіне жібермеді.* Тәжігүлдің тәрбиесінде еш нәрседен *қ а ғ а ж у к ө р м е й* өсіп келе жатқан... Рахия – техникумның студенті («Қазақст. әйелдері»). Бұрын бұл бұлақ басында теректей еркін суырылып, жарық пен жемнен *қ а ғ а ж у к ө р м е й* өскендігі көрініп тұрған адам (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

ҚАҒАЖУЛА[1]= е т. *Шеттету, шетқақпайлау.* Қазір Құнанбай балаларына тимегендей, бұларды да *қ а ғ а ж у л а ғ а н* жоқ (М.Әуезов, Абай жолы).

ҚАҒАЖУЛА[2]= е т. *Қажалап талшық ету, талғажаулау.* Құрғақ асты *қ а ғ а ж у л а п,* қара торсықтағы қалған сусынды бөліп ішті де, қараңғыда сипалап жүріп жол шатырын қалқита салып жата кеткен-ді (М. Сәрсекеев, Туған жер.).

ҚАҒАЖУЛАН= е т. *Шеттетілу, бөлектену, шетқақпайлану.* Одан жоғарылағасын-ақ өгей баладай *қ а ғ а ж у л а н ы п* шеттей бересің (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.).

ҚАҒАЖУЛАУ[1] с ы н. *Сырттау, оңашалау, бөлектеу.* Қалың ауылдан *қ а ғ а ж у л а у* тұрған қыстақта үш үй ғана қарауытады («Қаз. әдеб.»).

Қағажулау ұстады. *Қинаққырады, қақпайлады.* Жезде, сен анау балаңды *қ а ғ а ж у л а у ұ с т а й д ы* екенсің (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ҚАҒАЖУЛАУ[2] *Қағажула етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒАЖУСЫЗ с ы н. **1.** *Еркін, кедергісіз.* Ылғал мен күн сәулесін *қ а ғ а ж у с ы з* алып, қаулай өсіп келе жатқан көкше егінді жарып өткен жолмен ақырын жылжып келеміз (С.Шаймерденов, Мінез.). Шалдырып Апрасиян кернейді енді, Шаңдатып шұқыр мен сай, шың мен белді, Қақпа ашық, *қ а ғ а ж у с ы з* болғаннан соң ішіне Асфаһанның келіп кірді (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** а у ы с. *Артық сөз, өсекаяңсыз.* Ақшалы, ең дәулетті жер дүшпансыз, *қ а ғ а ж у с ы з* болмайды екен ғой! (Б.Дәулетбаев, Қызылжар.).

ҚАҒАЖЫТ= е т. *Шеткерілету, бөлектету, шеттету.* Жұрттың өзін *қ а ғ а ж ы т у ы н а* қарамастан, жуандау келген кеспекті тікейтіп қойып, оған керзі етігін күшпен кигізе бастады (Ө.Қанахин, Ауыр күн.).

ҚАҒАЖЫТУ *Қағажыт етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒАЗ з а т. **1.** т е х. <итал. bambagia> *Өсімдік талшықтарын белгілі бір тәсілмен өңдеу, бір-бірімен ұйыстыра байланыстыру арқылы жұқа парақ түрінде жасалатын материал.* XIX ғасырдың ортасына дейін *қ а ғ а з д ы* шүберектен жасаған, бірақ ол өте қымбатқа түскен (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). Бұл автоматты аппарат тек тоқыма өнеркәсібінде ғана емес *қ а ғ а з* жасау кәсіпорындарында да пайдаланылады («Халық мұғ.»). **2.** *Әдетте ақ түсті парақ, дәптер, кітапша т.б. түрінде болатын жазу жазуға, өрнек, сурет т.б. салуға арналған жұқа зат.* Бұл құрап, киім түзеп, қарны тойған, *қ а ғ а з ғ а* өрнек жасап, сурет ойған (Абай, Тол. жин.). *Қ а ғ а з д а* тіл жоқ. Не жазса да шыдайды (М.Дулатов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Арыз, шағым.* Бұрынғыдай дәурен жоқ, Ұлық жолы тарайды. Өтірік берген *қ а ғ а з д ы ң* Алды-артына қарайды (Абай, Тол. жин.). Өз *қ а ғ а з ы* өз көзін, Жоғалтуға жарайды. Тауып алып жалғанын, Қылмысыңды санайды (Абай, Тол. жин.). **4.** ауыс. *Белгілі бір мекеменің мөр басқан анықтамасы т.б. құжат.* Ол Жарлыбайға МТС директоры Зұлқарнайдың қол қойып, мөр басқан *қ а ғ а з ы н* тапсырды (Ж.Тілеков, Шалғай шепте). Бұл күнде бір шәһардан шығарда пәлен шәһарға баратыныңды, онда не бітіретініңді айтып, полициядан *қ а ғ а з* алу керек (С.Шарипов, Бекболат). **5.** а у ы с. *Жазу, жазба мұра, тасқа басылып, тарихта қалған дүние.* Білімді өлсе, *қ а ғ а з д а* аты қалар (Мақал).

Ақ қағаз. *Сапасы жоғары ақ түсті жазуға арналған жұқа зат. А қ қ а ғ а з* таба алмаған соң, сыпайы болсын деп сары қағазға басып отырмыз (Абай, Тол. жин.).

Ақ қағаз бен қара сияны ермек қылды. б е й н. *Ойын қағазға түсірумен, жазба шығармашылықпен, ой еңбегімен айналысты. А қ қ а ғ а з б е н қ а р а с и я н ы е р м е к қ ы л а й ы н* (Абай, Тол. жин.).

Ақ қағаз жайылды. п о э т. *Ақ қар түсті, аппақ жамылғы жамылды.* Жөнелді жылы жаққа қаз көлінен қуып қыс деген. *Ж а й ы л д ы* жерге *а қ қ а ғ а з,* жазулар әлі түспеген (С.Мәуленов, Өлеңд.).

Бармақ басым қағаз. *Болмашы, титімдей сәлем хат қағаз.* Ортаға салмай сөздерін, *Б а р м а қ б а с ы м қ а ғ а з ы н,* Сәлемдескен заманай (Н.Наушабаев, Манзумат).

Домалақ қағаз. *Домалақ арыз, біреудің сыртынан жала жауып жазылған иесі белгісіз арыз.* Сірә, осындай *д о м а л а қ қ а ғ а з д а р* Шолпан ойынша сонау ру жуандарынан, мансапқор би-болыстардан қалған мұра болса керек-ті (Ә.Нәбиев, Шолпан). *Д о м а л а қ қ а ғ а з д ы ң* дүмпуінен шошыған мал иесі осы отардан соңғы үш ай ішінде өлген он үш қойдың ақтісін әдейі жанында сақтап жүр тапсырмай (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш.).

Куәлік қағаз. *Бір нәрсені немесе оның дұрыстығын растайтын құжат.* Стол үстіндегі шағын папкеде жатқан *к у ә л і к қ а ғ а з д а р д ы* алды (С.Бегалин, Мектеп.).

Қағаз ақша. а) *Қағаздан жасалған ақша.* Ақшалықты алып қарасам, ішінде бір топ бүктеулі *қ а ғ а з а қ ш а* (С.Бегалин, Мектеп түлек.). Әулие алдындағы *қ а ғ а з а қ ш а н ы* кемпірдің өзіне қайырып тастады (М.Дүйсенов,

Мейман.). ә) э к о н. *Атаулы құны бар ақша белгілері, яғни айналыста толымды ақшаны алмастыратын құн белгілері. Қ а ғ а з а қ ш а* – ықтиярсыз көрсетулі бағасы бар, әдетте, металға айырбасталмайтын және үкімет өзінің шығындарын өтеу үшін шығаратын ақша белгілері (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Қ а ғ а з а қ ш а* айналыс, төлем құралы; салыстырмалы тұрақтылық кезеңінде жинақ ақша қызметін атқарады (Қазақст. энцик.).

Қағаз алды. ж е р г. *Хат алды.* Мен бүгін *қ а ғ а з а л д ы м* (Қаз. тілі. диалект. сөздігі).

Қағаз беретін құрылғы. т е х. <ағыл. paper feeder> *Баспа құрылғысына кезең-кезеңімен немесе үздіксіз қағаз беріп отыратын басу мәшинесінің негізгі бөліктерінің бірі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Қағаз бетіне түсіру. *Жазу, тарихта сақталып қалатындай жазып тіркеп қою.* Менің мақсатым – Сәкең өміріне, Сәкең творчествосына байланысты кейбір өмір шындықтарын сүйе отырып, қуана отырып, *қ а ғ а з б е т і н е т ү с і р у* (Ж.Саин, Жол үсті.).

Қағаз бетіне түсірілу. *Жинақталып жариялану, кітап болып басылып шығу.* Қазақ күйлерінің *қ а ғ а з б е т і н е т ү с і р і л і п,* кітап боп жарыққа шыққанын есептеп көрсек, әлі күнге дейін саусақпен санарлықтай екен («Қаз. әдеб.»).

Қағаз білді. с ө й л. *Сауатты болды.* Екі қонып арада Орскіге тез келдім. *Қ а ғ а з б і л г е н* балалар Қонған жерде өтініп, Әрқайсына сөз бердім (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Қағаз жоқ. и н ф. <ағыл. paper end> *Принтерде қағазды таусылғандығын хабарлайтын белгі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Қағаз жүзінде. *Қағазға жазып түсірілген түрде, жазбаша. Қ а ғ а з ж ү з і н д е* болса да көріп, танысып ал (С.Омаров, Өмір.). Бригадир ұсынысын басқалар да қостап, барлығы келесі күні бұл тілектерін колхоз басқармасына *қ а ғ а з ж ү з і н д е* жеткізді («Лен. жас»).

Қағаз шай. *Үнтақталып қағаз қорапқа салынған шай. – Қ а ғ а з ш а й* тіреліп тұр, бірақ сатпайды («Қаз. әдеб.»).

Қатынас қағазы. *Мекемелер арасындағы бір-біріне жазатын арнаулы ресми құжат.* Ол қонышынан *қ а т ы н а с қ а ғ а з ы н* алып, батырға берді (М.Жұмағұлов, Қыран.). Тағы да *қ а т ы н а с қ а ғ а з д а р ы ң ы з* бар шығар (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

Пергамент қағаз. *Май мен ылғалды өткізбейтін қағаздың түрі.* Апиын заты қоймаға әкелінгеннен кейін *п е р г а м е н т қ а ғ а з ы н а* жағылып, күн көзіне кептіріледі (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

Сенім қағаз. қ ұ қ ы қ. ***Сенімхат*** *(ақша не басқа бір нәрсені алу үшін екінші бір кісіге мекеме не біреу тарапынан сеніп берілген куәлік (құжат).* Бір жапырақ *с е н і м қ а ғ а з д ы* қайта-қайта оқимын (С.Омаров, Қайырлы.).

Талақ қағаз. к ө н е. д і н и. *Мұсылмандық шариғат бойынша некенің бұзылуын растайтын куәлік.* Аз күннен кейін Ғалия Біржаннан *т а л а қ қ а ғ а з* алды (С.Мұқанов, Таңд.).

Шарт қағаз. с ө й л. ***Келісімшарт*** *(мекемелер не мекеме мен жеке адамдар арасында жасалған өзара міндеттері туралы жазбаша келісім).* Хатшымыз Қабай болды, Шабарман Жабай болды. *Ш а р т қ а ғ а з* жасаған, Бесалты-ақ малай болды (Ж.Сыздықов, Белестер.).

Шақыру қағазы. а) р е с м и. *Бір мекеменің немесе лауазымды тұлғаның шақырылатын жақты белгілі уақытқа келуін сұраған жазбаша хабар.* ә) *Тойға, салтанатты жиынға т.б. қонақ ретінде қатысуды жазбаша хабарлайтын қағаз.* – Бүгін шақырып бармақшы еді, – деді Сәндібала әкесіне баспаға басылған *ш а қ ы р у қ а ғ а з ы н* ұсынып (Ж.Арыстанов, Жалын.).

ҚАҒАЗБАСТЫ с ы н. *Қағазбен жұмыс істейтін, қолы босамайтын.* ≈ *Қ а ғ а з б а с т ы* болып кетті.

ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚ з а т. **1.** *Әртүрлі қатынас қағаздары мен қаулы-қарарлардың көптігі.* Мұның *қ а ғ а з б а с т ы л ы ғ ы* көп болса да, қажетті жұмыс еді (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.). **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Іске нақты іскерлік тұрғыдан басшылық жасаудың орнына нұсқаулармен, қағаз жүзіндегі бос әурешілікті көбейтумен жұмыс істеу стилі.* Көптеген институттар министрліктер аппаратының бір бөлігі болып қалып отыр, олар... кертартпалық пен *қ а ғ а з б а с т ы л ы қ қ а* белшесінен батуда («Соц. Қаз.»). Бұл күрестің формализмге, даңқұмарлыққа, *қ а ғ а з б а с т ы л ы қ қ а* қарсы күрес екенін бәріміз де жақсы түсінеміз («Лен. жас»).

ҚАҒАЗДА= е т. **1.** *Белгілі бір азаматтық іс-әрекетті заңды түрде жүзеге асыру үшін қағаз жүзінде бекітіп хаттау.* Осы кәрі кемпірін қызының қолына біржола көшіріп *қ а ғ а з д а п,* хаттап бөлініп алғаннан кейін де үйленуге рұқсат етпей ме? (Х.Есенжанов, Көп жыл.). **2.** *Біреудің жасаған қылмысты ісін актілеу.* Біздің балығымыз да, астық та сол жерде сатылған дейді. *Қ а ғ а з д а п* әкеп, қалғанын халық өзі шешеді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Жаңа кітап өз қолында қалыпты, сонымен жігіттерді *қ а ғ а з д а п* жатыр дейді-

мыс (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Мақұл, мақұл. *Қағаздайды,* – деді Қамқа оның сөзін бөліп. – Құдайын ұмытқан екен ол (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Тұрсынбайдың Орскіге айдалуымен іс бітпейтін түрі бар. Кеше тағы да көп адамды *қағаздады* (Ж.Молдағалиев, Самал.).

ҚАҒАЗДАЙ с ы н. **1.** *Қағаз тәрізді аппақ.* Былай да ақ жүзі *қағаздай* боп кеткен Жамал болар-болмас үн қатты (Р.Райымқұлов, Болат.). Көптен төсек тартып *қ а ғ а з д а й* ағарып біткен Қожахметтің даусы үздіге шығып, тез біте қалды (Т.Тобағабылов, Жазира). **2.** *Қағаз тәрізді жұқа.* Пәрменді дәріден укол жасалды, *қ а ғ а з д а й* тері астына физиологиялық ертінді шаншылды (Е.Оразақов, Дәрігер.). Күлгенде кішірек мұрнының *қ а ғ а з д а й* жұқа танауы дірілдеп, еріні сәл ғана ашылып, біркелкі ұсақ тістері ақсия көрінетін (З.Шашкин, Өмір.).

ҚАҒАЗДАС = е т. **1.** *Өтескен адамымен жоғарғы орындарға арыз жазу арқылы айтысу.* Түкке тұрмайтын нәрсеге араздасып, бірінің үстінен бірі жазып, *қ а ғ а з д а с ы п* жатыр, – дейді (Ауызекі). **2.** *Істеген істерді, не алған заттарды құжаттастыру, заңдастыру.* Сол жерде *қ а ғ а з д а с ы п* азық-түлік, жемшөп сатып алынды (Н.Баяндин, Құм асты.).

ҚАҒАЗДАСУ *Қағаздас етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒАЗДАТ= е т. *Қағазға түсірту, заңдастыру, куәландыру.* Сіздің аталарыңыздың жері, сіздің жер! Керек десеңіз, *қ а ғ а з д а т ы п* берейін, – деді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке.). Ал туысқандар, ата-бабамыздың адал кәсібі қолымызға қайта оралды, мына Нұрыш ағайынның шалқар көлін хүкіметке *қ а ғ а з д а т ы п* алыпты (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ҚАҒАЗДАТУ *Қағаздат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үсті-үстіне *қ а ғ а з д а т у д а.*

ҚАҒАЗДАУ *Қағазда етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒАЗКЕСКІШ з а т. т е х. *Қағаз және полиграфия өнеркәсібінде қағаз кесу үшін қолданылатын мәшине.* Бүгін *қ а ғ а з к е с к і ш* әкелді (Ауызекі).

Қағазкескіш мәшине. з а т. т е х. ***Қағазкескіш***. Полиграфия өнеркәсібінде негізінен *қ а ғ а з к е с к і ш м ә ш и н е н і ң* бірпышақты және үшпышақты екі түрі қолданылады (ҚҰЭ). Бірпышақты *қ а ғ а з к е с к і ш м ә ш и н е* негізінен көлемді қағаздарды кішірейтіп бөлуге және оларды қажетті форматқа сай кесуге қолданылады (ҚҰЭ).

ҚАҒАЗ-ҚАЛАМ з а т. *Қағаз бен қалам сияқты жазу құралдары. Қ а ғ а з-қ а л а м* сатып алу үшін мектеп жәрмеңкесіне бардық (Ауызекі).

ҚАҒАЗ-ҚАРЫНДАШ з а т. *Қағаз бен қарындаш сияқты жазу-сызу құралдары.* Балалар, *қ а ғ а з-қ а р ы н д а ш т а р ы ң д ы* салып алыңдар (Ауызекі).

ҚАҒАЗҚҰМАР с ы н. *Жазуға әуес.* ≈ *Қ а ғ а з қ ұ м а р* адам.

ҚАҒАЗҚҰМАРЛЫҚ з а т. *Әртүрлі қатынас қағаздары мен қаулы-қарар жазумен, бюрократияшылдықпен әуестенушілік.* Бірақ біздің барлық кеңседен қуып шыға алмай жүрген *қ а ғ а з қ ұ м а р л ы қ,* жазуқұмарлық үйір-үйірімен осында келіп орнапты (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

ҚАҒАЗ-МАҒАЗ з а т. с ө й л. ж а қ т ы р м а у. *Қағаз және сол тәрізді жазу-сызу құралдары.* – Мына Боздақ би *қ а ғ а з-м а ғ а з* болады дегенге сонау жайлаудан әдейі келіп отыр (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

ҚАҒАЗМӘШИНЕ з а т. т е х. *Қағаз және қағаз массасынан картондар алуға арналған үздіксіз әрекетті көп секциялы агрегат. Қ а ғ а з м ә ш и н е* торлы, престі, кептіру бөліктерінен, каландрдан және қысып-басып орау механизмдерінен тұрады (ҚҰЭ).

ҚАҒАЗПАЗ с ы н. *Қағазға әуес, қағазқұмар, қағазбасты* (Н.Оңдасынов, Парсы.-қаз. түсінд. сөздік).

ҚАҒАЗСЫЗ с ы н. **1.** *Жазатын қағазы жоқ.* Қазіргі әлеуметтік қоғамның *қ а ғ а з с ы з* өмірі әсте мүмкін емес (М.Ахметов, Егін қорға.). Санақ жүргізетін кісі қарындаш, *қ а ғ а з с ы з* келе ме? (Жастар эстрадасы). // *Қағазға жазып алмай, ауызша.* Алайда «жолдастар» деген сөзді *қ а ғ а з с ы з* айтуы мұң екен, Жақаң төтемен салды (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.). **2.** а у ы с. *Құжатсыз, куәліксіз.* Иран мемлекетін аралап, қалай болса, солай билетсіз бос, *қ а ғ а з с ы з* қалақаланың арасына кім болса сол жүре береді екен (С.Шарипов, Бекболат). Сәрсен жүрді байында, Бұрынғы хал бойынша, Сөзге көніп *қ а ғ а з с ы з* Байдың болып ойынша (С.Сейфуллин, Шығ.).

Қағазсыз кеңсе. и н ф. < ағыл. paperless office> *Мәліметтер тек қана дискілерде немесе жадта сақталатын кеңсе. Қ а ғ а з к е ң с е д е* ақпаратты қағазға түсіріп пайдалану барынша азайтылып, компьютерлер мен олардың желілері, техникалық байланыс құралдары, басқа да осы заманғы ұйымдастыру техникасы барынша көп пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Экономика).

Қағазсыз бағдарламалау. и н ф. < ағыл. paperless programming> *Интерактивті режімде, пернетақта мен дисплей экранын пайдаланып*

жүзеге асырылатын бағдарламалау (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Қағазсыз технология. и н ф. <ағыл. paperless technology> *Компьютерде мәселелерді шешудің бағдарламаларды стандартты бланкілерге жазуды талап етпейтін технологиялық процесі* (Қаз. тілі термин. Информатика).

ҚАҒАЗТЕСКІШ з а т. т е х. *Қағаз тесетін құрал.* ≈ *Қ а ғ а з т е с к і ш т і ң* жұмыс тетігі.

ҚАҒАЗШЫЛ с ы н. *Не болса соған дәлелді қағаз талап ететін, қағазқұмар.* – Сен *қ а ғ а з ш ы л с ы ң,* соғыс кезіндегі уақыт сенің қағазыңа қарап күтіп тұрмайды (Қоғамдық тәртіп.). – Кімге берілетінін білді ме? – Жоқ. – *Қ а ғ а з ш ы л ы н* жаман неменің (Ж.Молдағалиев, Сарарқа.).

ҚАҒАЗША ү с т. *Қағаз тәрізді, қағазға ұқсап.* Хаттарым айқас жекпе-жек, *Қ а ғ а з ш а* жанған «Жолбарыс». Құтырған жауды өкшелеп, Қуған кез сонау жолда алыс (М.Әлімбаев, Таңд. өлең.).

ҚАҒАН[1] з а т. т а р. *Ертедегі түрік тайпалық одақтары мемлекеттері басшысының титулы, хан.* Тамыз айында *қ а ғ а н ы м н а н,* ұлысымнан айырылдым (Д.Досжанов, Жібек.). Шонжарлардың, *қ а ғ а н д а р д ы ң,* тегіндердің және бектердің тұрмыс жағдайлары мен киімі еңбекші бұқараның тұрмысы мен киімінен мүлдем өзгеше болды (ҚазССР тарихы). *Қ а ғ а н* – ертедегі түркі халықтары тайпалар одақтарының көсемі немесе мемлекет басшыларының титулы (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Қ а ғ а н* билігі мұрагерлік жолмен ұрпақтан ұрпаққа өтіп отырды (ҚҰЭ).

ҚАҒАНА з а т. с ө й л. ***Қағанақ.*** *Қағанасы* жарылмай қайтып қана отыр екен, қу шеше!.. (Қ.Қазиев, Иманжапырақ).

ҚАҒАНАҚ з а т. **1.** *Малдың іштегі төлін орап тұратын, жұқаша қабық.* Бие құлындасымен құлынның *қ а ғ а н а ғ ы н* жарып, тұмсығын және төрт сирағын шаранадан тазартып, аузынан үрлеп, дем алуға мүмкіндік береді (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Іште жатқан төлдің сыртында сылау май қалың болады да, ал айналасындағы *қ а ғ а н а қ* су енгізбейді (С.Омаров, Мал терісі.). Елдес қорыққандай, тіл сонша шетін, тиіп кетсе жарылып қалатын *қ а ғ а н а қ* емес (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** <грек. amnion> *Эмбриональдық даму кезеңінде ұрықты қаптап жататын сұлы қабық. Қ а ғ а н а қ* ұрықтан тыс эктодерма мен мезодерманың париетальды жапырақшасынан түзіледі. Ең жоғарғы даму сатысында тұрған омыртқалы жануарлардың және адамның ұрық қабықшасы (Қаз. тілі термин. Биология). *Қ а ғ а н а қ* – адам мен жоғары сатыдағы омыртқалылар ұрығының сыртқы қабығы (ҚҰЭ). Әйелдің *қ а ғ а н а ғ ы н ы ң* ішінде ұрықты қоршап жататын қағанақ сұйықтығы болады (ҚҰЭ). **3.** ж е р г. *Қолшамның шынысы.* Осы күнде лампаның *қ а ғ а н а ғ ы* өте көп (Қаз. тілі. диалект. сөздігі). **4.** а у ы с. *Ашушаң, бұрқ етпе, шырт етпе.* Сенен артқан қасы жоқ, Мінін айтсаң шамалап. Мақтай берсең панаң-ақ, Мақтамасаң *қ а ғ а н а қ* (Ә.Тәжібаев, Шығ.).

Қағанағы қарқ болды. *Кенелді, молшылыққа батты.* Ол кезде, несін айтасың, бұл елдің *қ а ғ а н а ғ ы қ а р қ б о л а р* еді (Ер есімі.). Біраз күн жатып, *қ а ғ а н а ғ ы қ а р қ б о п* келіп еді (С.Алдабергенов, Асу.). Баяғыда бүгінгі күні қазан-қазан құрт көже істеп, үй басы жылқының басын асып, наурызды мейрам қылып, *қ а ғ а н а ғ ы қ а р қ б о л ы п* қалушы еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ. *Мәз-мейрам, уайым-қайғысы жоқ.* Адамы тоқ, малдары күйлі, егін-шөптері шығымды... дегендей, ауыл адамдарының *қ а ғ а н а ғ ы қ а р қ, с а ғ а н а ғ ы с а р қ* (С.Мұқанов, Есею.). Қорлық көріп жатыр-ау! – деп тыным алмай қалаға жетсем, ол болса, *қ а н а ғ ы қ а р қ, с а ғ а н а ғ ы с а р қ*! – деп кеп көргенінен артық та сөздер айтатын (М.Әуезов, Шығ.).

Қағанағын жуды. *Босандырды, тудырып алды.* Кет! Бар ана сырласыңа!.. Келімді-кетімді кісі бар... Сені жайратып отыра алмаймыз... Сенің *қ а ғ а н а ғ ы ң д ы ж у а т ы н* мұнда кісі жоқ... – деді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Қағанағын қақ жарып шыққан. *Іштен шыққан, өзі туған. Қ а ғ а н а ғ ы н қ а қ ж а р ы п ш ы қ қ а н* жалғызы еске түскенде сорлы ананың көкірегі қарс айырылып, жүрегі елжіреп көзінен жас шықты (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

Қағанағы тарс [қақ] айырылды [жарылды]. *Қатты ашуланды, тұлданды, жарылып кете жаздады.* Балдызым деп ойнап ем, *қ а ғ а н а ғ ы т а р с а й ы р ы л ғ а н ы* несі екен (Т.Дәуренбеков, Кездескен.). Ой, пәле-ай, қарай гөр-ей, немене сен десем, *қ а ғ а н а ғ ы ң ж а р ы л ы п* кете ме? (М.Рашев, Бетің қисық.).

Қағанақ жарды. *Туды, жарыққа шықты.* Жаңа бесінде *қ а ғ а н а қ ж а р ы п* еді, өздерін табыстыршы, әйтпесе жеріп кетуі мүмкін («Лен. жас»).

Қағанақ көйлегін сыпырды. *Төлдетті, қоздатты, тудырды.* Жаңа малдан келген жақсылықты осы қойдың тұңғыш төлінің аузын үріп, *қ а ғ а н а қ к ө й л е г і н с ы п ы р г а н* Манапбайға бердім, – деп отыра кетті (С.Бегалин, Уақыт.).

Қағанақ суы. а н а т. *Қағанақ ішінде ұрықты қоршап жататын сұйық.* ≈ *Қ а ғ а н а қ с у ы* кетті.

ҚАҒАНАҚСЫЗДАР з а т. з о о л. <лат. anamnia> *Ұрығында қағанағы болмайтын төменгі сатыдағы омыртқалы жануарлар.* Дөңгелек ауыздылар, балықтар, қосмекенділер *қ а ғ а н а қ с ы з д а р ғ а* жатады (Қаз. тілі термин.). *Қ а ғ а н а қ с ы з д а р д ы ң* кей түрлерінде үстіңгі және астыңғы жақ сүйектері болмайды (ҚҰЭ).

ҚАҒАНАҚТАЙ с ы н. *Қағанақ сияқты, қағанақ тәрізді.* Жарылған тиіп кетсе *қ а ғ а н а қ т а й,* Жаратқан бүйтіп шетін жаны құрсын Мінгізген қылдан тайсаң ағаш атқа, Өзімшіл еркектердің заңы құрсын! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ҚАҒАНАҚТЫЛАР з а т. з о о л. <лат. amniota> *Дамуының алғашқы кезінде ұрық қабықшасы – қағанағы болатын ең жоғарғы даму сатысында тұрған омыртқалы жануарлар. Қ а ғ а н а қ т ы л а р ғ а* құрлықта дамуға бейімделген бауырмен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер жатады (Қаз. тілі термин. Биология). *Қ а ғ а н а қ т ы л а р д ы ң* ұрықтанған жұмыртқасының құрылысы күрделенген (ҚҰЭ).

ҚАҒАНАТ з а т. т а р. к ө н е. *Ертедегі түркі тайпалық одақтарының басқарушысы, билеушісі қаған болып табылатын мемлекеті.* Біздің жыл санауымыздан бергі заманда түркілерден «шығыстық» және «батыстық» болып аталатын *қ а ғ а н а т т а р* осылар (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Ұлы дала көшпелілерінің бүкіл тарихы бірігулер ен ыдыраулардан тұратыны белгілі. Біріккен кезде далалық *қ а ғ а н а т т а р* құрылып, ондағы халық өз атауын тастап, сол бір қағанаттың атауымен аталады да, ыдыраған кезде бірі өзінің бұрынғы атауын қайта жаңғыртып, бірі жаңадан басқа бір атауға ие болып, әрқайсысы өзінше жеке хандықтарға бөлініп кетеді («Жас Алаш»). Орта Азияда, қазақ сахарасында түрік *қ а ғ а н а т ы н а н* бұрын жасаған түрік тілдес көшпелі тайпалардың арғы тегі (ҚСЭ).

ҚАҒАС[1] ү с т. *Шет, аулақ, тыс.* Өзін өзгелерден ылғи *қ а ғ а с* ұстайтын мінезі бір құпия сырдың шетін аңғартқандай еді (Т.Жармағанбетов, Екі жүрек).

Қағас етті [қылды]. а) *Шет қалдырды, аулақтатты, құтқарды.* Колхоз малын қауіп-қатерден *қ а ғ а с е т у* үшін қойшылар жанын жұмсаудан тайынбайды (Т.Нұртазин, Адам.). Жеуден көзіміз ашылса, шығыннан *қ а ғ а с қ ы л с а ң* – менің сұрайтыным сол (Ж.Аймауытов, Шығ.). ә) *Қабылдамады, қабыл етпеді.* Әкемнен өнген бар аулыма, Көрші, дос, құда, бай ұлына Сәлемім *қ а ғ а с қ ы л м а ғ а й* (Шәкәрім, Өлеңд. поэма.).

ҚАҒАС[2] ү с т. ж е р г. *Жаңылыс, қағыс.* Біреуден естіген нәрсе *қ а ғ а с* болар ма деймін (Қаз. тілі. диалект. сөздігі).

ҚАҒА-СОҒА ү с т. *Еш нәрсеге қарамай, баса-көктеп, ентелей.* Бірер күннен бері сыртқа шыға алмай тықыршып тұрған бергі қорадағы қойлар жолындағыларын *қ а ғ а - с о ғ а* лап берді (Б.Тілегенов, Аққайнар). Көпшілікті *қ а ғ а - с о ғ а* военкомның есігіне жетіп, кіруге рұқсат сұрады («Лен. жас»).

ҚАҒАСТАУ с ы н. *Көзге онша түсе бермейтін шеттеу, оңашалау, тасалау.* Қалада *қ а ғ а с т а у* бір көше бар, Келсе де кім қуанышпен қош алар. Әйгілі есім жазулы тұр әр үйде, Үйлер, үйлер... қимас бауыр, дос олар (С.Асанов, Шолпан).

ҚАҒБА [ар. الكعبة] з а т. д і н и. *Алла тағаланың құдіреттілігінің белгісі ретіндегі адамдарға жіберілген қара тас қондырылған мұсылмандардың Меккедегі қасиетті орны [әл-Қағба – Меккенің бас мешіті әл-Маджид әл-Харамның ортасында орналасқан, биіктігі 15 м, табан ауданы 12х10м тастан салынған ғимарат. Қағба бүкіл мұсылмандар намазын қаратып оқитын құбыла әрі жыл сайын қажылық жасаудың қасиетті зиярат орны].* Ал кейбір зерттеушілер оның Мыхрабы Меккедегі *қ а ғ б а ғ а* (құбылаға) қаратып салынбағанын аңғармағандықтан, ескерткішті мешіт деп, қателесіп жүр (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Қарсы алдарынан мысырлықтар алып келген су жаңа қара перде жабылған *қ а ғ б а* көрінді (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Сондықтан сізге келгенім *Қ а ғ б а ғ а* тауып еткендей иіліп сәлем бергенім (Бес ғасыр.). *Қ а ғ б а* қара мата – Қисуамен жабылған (Қазақст. ықшам энцикл. сөзд.). *Қ а ғ б а* құбыла болып жарияланған соң оның исламдағы мәні ерекше арта түсті (ҚҰЭ).

ҚАҒИДА [ар. قاعدة] з а т. **1.** *Қалыптасқан заңдылық, белгілі ұстаным, ереже.* Елдос шыдамы тоза, берекесі қашқанмен бар адамгершілік *қ а ғ и д а л а р ы н* еске ала тырп етпеді (А.Байтанаев, Қансонар). «Соғыс жарақат індеті...» деп орыстың ұлы хирургі Николай Иванович Пироговтың бұдан жүз жыл бұрын айтқан данышпандық *қ а ғ и д а с ы.* Есімбектің есіне түсті (Е.Оразақов, Дәрігер.). «Ақыр заманда бір жылдық бір күн болар» дегенде, сахаба- и кәрәмлар» бұл бір жылдық күнде намаз нешеу болар деп сұрағанда, оның

пәтуасын сол заманның ғалымдары білер деген сөзінен ғибратланып қарасаң, заман өзгерумен *қ а ғ и д а л а р* өзгерілмеген білдіргені мағлұм болады (Абай, Тол. жин.). Мұндай қызмет нысанын практикаға енгізе отырып, мынадай талассыз *қ а ғ и д а н ы* сақтау керек: сауал нақты бір ғана лауазымды адамға сұрақ қоюмен шектелмеуі тиіс («Егемен Қазақстан»). **2.** д і н и. *Діни ережелер, заңнамалар, әдеп бекіткен, соларда белгіленген ұстанымдар, тәртіп.* Хат жазып, түркі танып, Құран оқып, Қираәт *қ а ғ и д а м е н* жүргізуің (М.Дулатов, Шығ.). Кәкітай айтқандай кей кеңесте, бұлар мұсылманшылық исламият *қ а ғ и д а л а р ы н а н* шалғай да шығатын (М.Әуезов, Шығ.). Діни сипаттағы әдебиет ісләмнің негіздерін, шариғаттың *қ а ғ и д а л а р ы* мен талаптарын, тамұқтың азабын, жұмақтың рахатын және о дүниелік өмірдің көріністерін суреттейді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Замана, шаруа, мінез күнде өзгереді, Оларға кез кезімен нәби келді. *Қ а ғ и д а* шариғаты өзгерсе де, Тағриф Алла еш жерде өзгермеді (Абай, Тол. жин.). **3.** ғ ы л. <лат. principium> *Дүниені тану мен өзгерту процесінде немесе өнер мен ғылымның белгілі бағытын бірізге салуға қызмет ететін, олардың жиынтығының түп негізі ретінде көрінетін ғылыми танымның ерекшелік нысаны.* Педагогикада «дидактикалық *қ а ғ и д а*» деген ұғым бар. Мыс., білім берудің жүйелілігі, көрнекілігі, ғылымилығы, теорияның тәжірибемен, өмірмен байланыстылығы, жеңілден біртіндеп ауырға, нақтыдан абстракциялық ұғымға көшу қағидалары басшылыққа алынады (Каз. тілі термин. Педагогика.). Ғылыми танымда *қ а ғ и д а,* идея, теория, әдіс сияқты таным түрлерімен өзара байланыста тұжырымдалады (ҚҰЭ). Ежелгі Қытай философиясындағы даосизм ілімі Дао *қ а ғ и д а с ы н а* негізделген (ҚҰЭ). **4.** а у ы с. *Әдет-ғұрып, ахлақ әдебі т.б.* «Қазақтың *қ а ғ и д а с ы н* біз білмейміз, қандай уақиғаға қазақтың қай қағидасын алып, қандай мағына беріп, хүкім салу билердің ықтиярына берілген» деген («Қазақ»).

ҚАҒИДАЛА = е т. *Түйіндеу, қорытындылау, белгілі бір ережелер, ұстанымдар шығару.* Осының бәрін неге *қ а ғ и д а л а п* келеді (Т.Тілеуханов, Өзге.). Қазіргі кезде, теориялық мәселелерде органикалық дүниенің эволюциясы мутацияларға ғана негізделеді, сыртқы орта жағдайларының рөлі жоққа тән деп *қ а ғ и д а л а п* жүргендер бар («Қазақст. мұғ.»).

ҚАҒИДАЛАУ *Қағидала етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒИДАЛЫ с ы н. **1.** *Белгілі ұстаным, заңдылыққа сүйенген.* Бұл – *қ а ғ и д а л ы* пікір. Мұны Қажекең тек айтып қана қоймай, өз ісімен дәлелдеп те келе жатыр (З.Қабдолов, Сыр.). **2.** а у ы с. *Әдет-ғұрпы, әдебі белгілі. Қ а ғ и д а л ы* қазақтың Содан қалған мақалы (Пернедегі терме.).

ҚАҒИДАЛЫҚ с ы н. **1.** *Қағидаға тән, қағидаға қатысты.* Бұл қоғамдың тілектталаптарды, *қ а ғ и д а л ы қ* ерекшеліктерді жете зерттей келіп, ең айқын, ең тұрақты сипаттарын табудың жолы (F.Мүсірепов, Суреткер.). **2.** *Қағидаға, ережеге айналған.* Леонардо да Винчидің *қ а ғ и д а л ы қ* сөзі бойынша: «Механика – математикалық ғылымдардың ең асылы» (О.Жәутіков, Математика.).

ҚАҒИДАТ з а т. **1.** д і н и. *Діни, ереже қалыптасқан тәртіп, заң.* Молда айтқанының бәрі шариғат емес, бұрынғылар айтқанның бәрі *қ а ғ и д а т* емес (Ш.Смаханұлы, Ұры тіс). **2.** *Қағида, ұстаным, принцип.* Гендерлік моногамия және гендерлік теңдік *қ а ғ и д а т ы* түрік қоғамының рухына көп өзгеріс әкелді («Егемен Қазақстан»). Қоршаған ортаны перевентивтік қорғау немесе қоршаған табиғи ортаға теріс антропогендік әсердің алдын алу *қ а ғ и д а т ы* әлемнің көптеген елдерінде кең қолдау тапқан («Егемен Қазақстан»). Платон, Аристотель, Кант, Гегель сияқты философияның ғұламалары қазақ тілінде сөйлейді. Бұл таңдаудағы негізгі *қ а ғ и д а т* – ұлы философтардың шығармаларындағы тәуелсіздігімізге демеу болатын, рухани жетілуімізге көмек беретін идеяларды жас ұрпаққа барынша төлтумаға жақын нұсқада жеткізу болып табылады («Жас Алаш»).

ҚАҒУ[1] з а т. м и ф. *Бір нәрсенің кесірінен аурудан айықтыру үшін қолданылған наным-сенімдік қимыл ишараты. Қ а ғ у* рәсімі қағынды деп аталатын ауру түрлеріне қарсы қолданылатын (Б.Абылқасымов, Телқоңыр).

ҚАҒУ[2] з а т. ж е р г. *Қақпатас ойыны* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ҚАҒУ[3] с ы н. *Салқын, желді.* Киіз үйдің ішіндей емес, дала салқын, *қ а ғ у* екен (М.Сүндетов, Құмда.). Бір кезде оянып бас көтерсе, апан ішін *қ а ғ у* жел соғып тұр екен (С.Елубаев, Ойсыл қара). ... Түс ауғанның бір белгісі тәрізді *қ а ғ у* жел пайда болды (Қ.Жұмалиев, Айқас.). Күн бүгін *қ а ғ у* екен, азырақ жел бар. Күн кешегіден гөрі *қ а ғ у* (Каз. тілі. диалект. сөздігі).

ҚАҒУ[4] *Қақ етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Енгізу, кіргізу.* Бірақ мәшинеңің бір шегесі шығып қалса, оның орнын тауып қайта *қ а ғ у* ешкімнің қолынан келмеді

(З.Ақышев, Жесірлер). **2.** а ң ш. *Аулау, алу.* Көкшолақты іздеп жота-жотадан қасқырды *қ а ғ у ғ а* шықты (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.).

Домбыра қағу. *Домбырада ойнау, шерту.* Сәруар бұл күнде *д о м б ы р а қ а ғ у д а н* қалған (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

Қағу көрмеді. *Беті қайтпады, еркін өсті.* Үйден шыға сотқарлыққа басатын, *қ а ғ у к ө р м е г е н* ерке баланың өтірік жуасыған, қуланған түрі (А.Жақсыбаев, Қайырлы.). Үлкендер тарапынан *қ а ғ у к ө р м е г е н* баланың еркелігі мінездің тұрақты түріне айналады (Семья тәрбиесі).

ҚАҒУЛАУ с ы н. *Салқындау.* Түндігі тұйық жабулы, Батпайды күннің мүйізі. Көлеңке бетте *қ а ғ у л а у* – Түрілген етек киізі (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ҚАҒУСЫЗ с ы н. **1.** *Шектеусіз, ағылып-төгілген, ен, мол.* Мына бір *қ а ғ у с ы з* мол дүниеге Алқабайдың арқасында ернім тиді де, жағдайымды түзетіп алам ба деп едім (С. Бегалин, Уақыт.). **2.** *Емін-еркін, тежеусіз, ерке, қайтару көрмей.* Өзі де жасынан *қ а ғ у с ы з* өскен бала өткір тілді әзілқой... еді (Қ.Тайшықов, Окт. үшқыны.). Қайырусыз, *қ а ғ у с ы з* өскен басым, Бұлқындым шу асаудай мойны қатты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **3.** *Бетімен кеткен, есірген, артық кеткен, шектен шыққан.* Анығында, жындылардың қайраты күшеймейді. Тек *қ а ғ у с ы з,* бетімен кетеді, қайта солғындайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Зор моңғол неғып билесе өз еркі – шектеусіз билік – *қ а ғ у с ы з* хакім (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

ҚАҒУШЫ з а т. а ң ш. *Аңды үркітіп, қақпалап аңшының ұстауына оңай болуы үшін айдап шығушы.* Сонарды күткен үлкен аңшы мен *қ а ғ у ш ы л а р* ерте аттанған (М.Әуезов, Әр жыл.). Қолдарына бүркіт қондырған, соңдарына үш-төрт ит ерткен аттылар тоспашы, *қ а ғ у ш ы л а р* болып жіктелгенше... жылғаларынан үш қоян қашты (Ә.Көшімов, Екі бүркіт.). Бүркітші тау басында, *қ а ғ у ш ы* ойда, Іздің бетін түзетіп аңдағанда (Абай, Тол. жин.).

Қағушы қауырсындар. з о о л. *Құстардың екі қанатының артқы жиектеріне орналасқан ұзын қауырсындар. Қ а ғ у ш ы қ а у ы р с ы н д а р* қанаттың арт жағындағы сүйектерге бекиді (Қаз. тілі термин. Биология). Екінші дәрежелі *қ а ғ у ш ы қ а у ы р с ы н д а р* тоқпан жілікке, дәлірек айтқанда, шынтақ сүйегіне бекиді. Саны 6-38 аралығында болады (Қаз. тілі термин. Биология).

ҚАҒУЫЛДА = е т. **1.** а ң ш. *Қақпайлап, құып айдау.* Алыстан биікте *қ а ғ у ы л д а п* жүрген қолдарында бүркіті бар, ерткен иттері бар бір топ аңшылар көрінді (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.). **2.** *Тұруға мәжбүр ету, зорлап тұрегелту.* Оңаза төлге жер сызы оңай өтіп кететіндіктен, төлдің сары тоңғағы түсіп, іші тазаланғанша бір орында ұзақ жатқызбай *қ а ғ у ы л д а п* орнынан жиі тұрғызып қимылдатады (Ж.Бабалықұлы, Төрт түлік.).

ҚАҒУЫЛДАУ *Қағуылда етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒЫЛ= е т. **1.** *Ұрылу, дыбыс берілу.* Сыртан тықыр естіліп, ақырын есік *қ а ғ ы л ғ а н д а* Зайра қуанып кетті (А.Байтанаев, Қансонар). **2.** *Ұстатылу, іліну.* Қарт әр тақтаның жиегіне *қ а ғ ы л ғ а н* кішкентай тақтайшаларды көрсетіп, әңгіме шертеді (Ұ.Бағаев, Жан сұлу.). **3.** ж е р г. *Тігілу.* Ростов қайтадан Советтік болды, онда қызыл ту *қ а ғ ы л д ы* (Қаз. тілі. диалект. сөздігі). **4.** а у ы с. *Құр қалу.* Қойшылар баяғыша көшіп-қонып, өмірдің бар рақатынан *қ а ғ ы л ы п,* киіз үйде түтіндетіп отыра берсін бе? (Ғ.Сланов, Шығ.). Орта жасқа келгенде белінен құяң болып... байлардың малын бағудан *қ а ғ ы л ғ а н* (С.Жүнісов, Ақан сері). **5.** а у ы с. *Шеттетілу, аулақтатылу.* Қауымнан қаштым *қ а ғ ы л ы п,* Оңаша өмір сағынып, Жасымда біткен тағылық, Осы екен ғой асыл да (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ҚАҒЫЛҒА з а т. **1.** ж е р г. *Ағаш үйдің есігі.* Бұрын киіз үйдің есігін *қ а ғ ы л ғ а* дейтін. *Қ а ғ ы л ғ а* таба алмай отырмын (Қаз. тілі. диалект. сөздігі). **2.** *Қақпа бекітілетін жақтау* (Қаз. дәст. мәд. энц. сөздігі).

ҚАҒЫЛЕЗДЕН = е т. с ө й л. ***Қағілезден.*** – Телеграмма дейсің бе? – деген Жақсыбай дембелше денесімен *қ а ғ ы л е з д е н е* қозғалып, жұқалтаң өңі жадырай күлді («Қаз. әдеб.»).

ҚАҒЫЛЕЗДЕНУ *Қағылезден етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒЫЛЕЗДЕУ с ы н. с ө й л. ***Қағілездеу.*** Беймезгіл болса да, жасы отыздарға жуық, *қ а ғ ы л е з д е у* бір жігіт шығып есік ашты (Е.Тұрысов, Құралай). Босаға жақ бұрышта ескі тоқымның үстінде *қ а ғ ы л е з д е у,* ақ төс қара қаншық жатыр (А.Сейдімбеков, Ақиық).

ҚАҒЫЛЕЗДІК з а т. с ө й л. ***Қағілездік.*** Әкесінің сергек екенін, естіген-көргенін есінен шығармайтын *қ а ғ ы л е з д і г і н* білетін Қайран онымен сөз жарыстырған жоқ (Ұ.Бағаев, Дала.). Қалт еткенді қағып түсер *қ а ғ ы л е з д і к т е н* де құралақан емес сияқты (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.).

ҚАҒЫЛЖУ *Қағылжы етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒЫЛЖЫ = е т. *Шет, қағыс қалу, шеттеу.* Әуелде қалдым абыржып, Не істеуді мүлде біле алмай. Әрекет, істен *қ а ғ ы л ж ы п,* Қолдарым қойды тіл алмай (Қ.Көпішев, Әке.).

ҚАҒЫЛЖЫҢ с ы н. ж е р г. *Басқаға қосылмай шеттеп, бөлектеніп, жеке жайылатын (түйе)* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ҚАҒЫЛ-ҚАҒЫЛ з а т. *Құрғақ, кепкен жер.* Адамы сирек бір оңаша көшемен, аяғымыздың астына жиі қараңқырап, *қ а ғ ы л - қ а ғ ы л м е н* келе жаттық (Н.Сералиев, Қаңтар). Әйтеуір, жердің беті ала дақ болып, аяқ басып жүрерге құрғақ *қ а ғ ы л - қ а ғ ы л д а н* түк қалмай, жіліншікке дейін батпақ болатын (М.Мырзақұлов, Өмір.).

ҚАҒЫЛУ *Қағыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұрылу, соғылу.* Иттің үруіне, қақпаның *қ а ғ ы л у ы н а* қарап, олар жат біреу барын жобалайды да, астарын доғарып, шыраларын сөндіре қойды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз.). **2.** *Тартылу, керілу.* Ұшқалақ та емес, шабан да емес, тізгіннің *қ а ғ ы л у ы н а н* үстіндегі адамның ойын білетін жануар қамшы салдырмайды (З.Ақышев, Ақбел.).

ҚАҒЫЛШАҢ з а т. *Қары жоқ немесе жұқалау жер. Қ а ғ ы л ш а ң ғ а* қарай жайылмай, малтығып омбы қарда не жұмысы бар екен? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ҚАҒЫЛЫС= е т. **1.** *Соқтығысу, қақтығысу.* Бала есік алдында әкесімен *қ а ғ ы л ы с ы п* қалды (Ауызекі). **2.** *Сығылысып, ығысып орнынан қозғалу.* Отырған көп адам *қ а ғ ы л ы с ы п* төрден бізге орын берді (С.Шарипов, Шығ.). Тастекенді көргенде Сартай қарт, Нарқыз әже, Манап сияқты ауылдың үлкен-кішісі *қ а ғ ы л ы с ы п* төрден орын ұсынды (А.Әлсеров, Алыстағы.).

ҚАҒЫЛЫСУ *Қағылыс етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒЫМ: **қас қағымда.** *Көзді ашып-жұмғанша, лезде.* Сонда Дәмелі *қ а с қ а ғ ы м д а* есікті теуіп ашып, қолындағы тоқпақты сыртқа атып жіберді (С.Омаров, Қиыр жол).

Қас қағымның арасында. *Әп-сәтте, лезде. Қ а с қ а ғ ы м н ы ң а р а с ы н д а* екі отар қой өзара араласып, сапырылысты да кетті (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ҚАҒЫМДАЙ: **қас қағымдай**. *Сәл ғана, аз уақыт, азғана.* Сұлу көрініске *қ а с қ а ғ ы м д а й* уақ аңырып қалған тазы келер сәтте-ақ аяғының астындағы ұлпа қарды бір-ақ серпіп, ағыза жөнелді (М.Мағауин, Ақша қар).

ҚАҒЫМДЫҚ: **қас қағымдық.** *Лезде біметін, аз уақыттық.* Арызың мен аттестатың болса, одан арғысы – *қ а с қ а ғ ы м д ы қ* жұмыс (Береке бастауы).

ҚАҒЫН з а т. к ө н е. ***Қаған***. Қадірлі ханның заты еді Кетеген ұлан *қ а ғ ы н н а н* (Қиссадастан.).

ҚАҒЫН= е т. **1.** *Үстінің шаң-тозаңын кетіру, тазалау.* Төлен *қ а ғ ы н ы п,* соғынып, қайтадан киінді, малақайының құлағын түсірді (Ж.Жұмаханов, Махаббат.). Нартай орнынан тұрып, тізесін *қ а ғ ы н ы п* үйге қарай беттегенде, Айманкүл баласын жетектеп... төсегіне жата кетті (М.Дүйсенов, Мейман.). **2.** а у ы с. *Өздігінен біреуге тиісу, ұрыну, соқтығу.* Қымызға тойып алған соң, Сөз сөйлейсің *қ а ғ ы н а* Қымызы бар құтыртса, Соқтығасың, әркімге Қарамай қара, ағына (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қыжыртпай мені сырттан жүре алмайды, Кім желігіп қай шеттен *қ а ғ ы н с а* да (Абай, Тол. жин.). Жанында жүрген аламан Жақтасып бақты жағынып – Бастарың аман, мал аман, Не болды сонша *қ а ғ ы н ы п?!* (І.Мәмбетов, Тарланбоз). **3.** а у ы с. *Әдеттегіден басым түсіп, күшею.* Жұлдызды мен тон-монымен көтеріп әкетейін... – Құдайдың күні *қ а ғ ы н ы п* тұрды (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). – Жұмыстан көк жұлын болып өлер болдым, – деді Темірбек насыбайды молырақ қып ерініне атып, – биыл Құдайдың қысы да *қ а ғ ы н ы п* кетті (С.Мұқанов, Ботагөз). **4.** а у ы с. *Бүлінү, бұзылу, желігу.* Ел *қ а ғ ы н д ы,* мал сабылды, Ұрлық, өтірік гуде-гу. Байы – баспақ, Биі саспақ, Әулекі аспақ сыпыра қу (Абай, Тол. жин.). Түсімде [жаман] іс көрдім, Заманам менің *қ а ғ ы н д ы* (Алпамыс).

Аузынан [тілінен] қағынды. *Өз сөзі өзіне бәле болып жабысты, сөзінен тапты.* Жұмаға сені мақтаймын деп *а у з ы м н а н қ а ғ ы н д ы м* (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). – Мен шыныменен дурақпын ба? *Т і л і м н е н қ а ғ ы н ы п* кейбір жолдастарға бүгін айтып қойып едім (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.).

Етегінен қағынған. *Жеңіл мінезді, бұзық жолға түскен.* Қатынды үйірлеп алған, қоралап бала туғызған араб пен түріктің *е т е г і н е н қ а ғ ы н ғ а н* патшалары мен уәзірлерінен күтіңіз (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

Жөргекте қағынған. *Жастайынан бұзылған.* Жә, айтайын дегенім ол емес, әлгі Қапсағайдың *ж ө р г е к т е қ а ғ ы н ғ а н* Нұржан деген жындысы алдыңғы күні өрісте бақандай он екі саулықты қозысымен жоғалтты (З.Жәкенов, Таң самалы).

Қағанағынан қағынған. *Тумай жатып бұзылған.* – Жарайды, айтқаның келсін, қырқылжың шал... *Қ а ғ а н а ғ ы н а н қ а ғ ы н ы п* туған дүнгеніңе қатын әпер (О.Бөкеев, Қайдасың.).

Қағынып өлді. *Есі ауып кетті, алжып кетіп дүние салды.* Бала сүйіп қызық көрем бе деп едім,

Құдай о тілегімді бермеді. Менің балам аттан жығылады – мойыны үзіледі, не суға кетеді. Не *қ а ғ ы н ы п ө л е д і*... (Ж.Аймауытов, Шығ.). Екі айдан кейін Қағазбай *қ а ғ ы н ы п ө л д і* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Қағынып өлсін. қ а р ғ. *Қатты ашуланғанда тентіреп алжып өлсін деген мағынадағы қарғыс сөз.* Егер кісіге кегімді жіберіп қойсам, басыма шаш бітпесін... Қатын-балам *қ а ғ ы н ы п ө л с і н,* – деп қарғанатын да солар (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ҚАҒЫНҒЫР= е т. **1.** *Жасы үлкеннің мазасыз бала-шағаға айтатын зілсіз қарғысы.* – *Қ а ғ ы н ғ ы р л а р,* жертүйнек келгірлер, кім шақырды сендерді, – деп балалардың сыйын Жаппасбайдың қожыр бет қара қатыны да беріп жатты (Б.Майлин, Азамат.). **2.** *Қатар-құрбылар немесе қайын мен жеңгейлердің арасында айтылатын зілсіз сөз.* Әрі отыршы, *қ а ғ ы н ғ ы р!* – деп, бір әйел оны жаурынынан нұқыған болды (Б.Майлин, Шығ.). – Не десін... «Әй, *қағынғыр,* жақсы қайным-ай», деп бүйірімнен бір шымшып алды да қойды (Е.Қонарбаев, Түнгі от). **3.** *Бас бермей, асаулық жасаған малға қаратыла айтылатын қарғыс сөз.* – Ойбай-ай, *қ а ғ ы н ғ ы р,* бұзау қайда, бұзау? Мал келетін уақыт болып қалыпты ғой (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

ҚАҒЫНДЫ з а т. **1.** *Өкпені талауратып қабындыратын ауру.* Болат науқасы тәуіптер айтқандай *қ а ғ ы н д ы* емес, қаһарлы полиемиелит екен (З.Шүкіров, Ізгілік.). **2.** *Қағынғыр деген мағынадағы зілсіз атауыш сөз.* – Әй *қ а ғ ы н д ы л а р-а й,* – деп бақырып қалды да, Дуня әлгі келдек ағаштан секіріп өтті (С.Омаров, Өмір.). Тоқта, *қ а ғ ы н д ы!* Атымды алайын, – дегенге қаратқан жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жағың қарысып қалсын, *қ а ғ ы н д ы!* Кеуіп қалғанының көжесін берейін бе? – Екіақ қылдым ұн қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Құдай атқан, оңбаған адам.* Кілең бір *қ а ғ ы н д ы л а р* мен соғындылар келмеуші ме еді мұнда әдетте (Б.Мәдиев, Өрендер).

Тілінің қағындысы бар. *Сөзді ұшындырып, біреуге тиісе сөйлейтін.* – Е, бәсе, – деді Нәркес кемпір дәл тапқан кісімсіп, – *т і л і н і ң қ а ғ ы н д ы с ы б а р* сияқты (Н.Қазыбеков, Шалғайда.).

Қағынды келгір [тигір]. қ а р ғ. *Жетпегір, жаның шыққыр деген мағынадағы қарғыс сөз [қағынды – өкпені талауратып кететін ауру].* – Менімен «ғұшына» болуға қалайсың? – Көкшешек! Қара *қ а ғ ы н д ы к е л г і р!*.. (Ж. Молдағалиев, Айналайын.). – Бұл *қ а ғ ы н д ы к е л г і р д і* қазына сағап мінуге берді ме, жоқ жетектеп жүруге берді ме (Б.Тілегенов, Көктем.). ...*Қ а ғ ы н д ы т и г і р,* үйде екенсіңдер ғой (Х.Рахимов, Қызғалдақ).

Қағынды келгірледі. *Жетпегірдің астынан алды, қарғады. «Қ а ғ ы н д ы к е л г і р л е п»,* Алтынай баласын қарғап тұр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ҚАҒЫНДЫР= е т. **1.** *Үдету, асыра сілтеу.* Бір машина кіріп, бір машина шығып, Қаз қаңқылдап, ит үріп жатпаған соң, – деп Хамаев тағы да үйді *қ а ғ ы н д ы р а* жамандады (С.Адамбеков, Қожанасыр.). **2.** *Желіктіру, бұзу.* Біздің балаларды ауылдағы кемпір-шал әбден *қ а ғ ы н д ы р ы п* жіберген де, осы күні бүкіл ауланы қан қақсатады (Ә.Тарази, Асу.).

ҚАҒЫНДЫРУ *Қағындыр етістігінің қимыл атауы; бұзу, қоздыру.* Осындай жағдайда, микроблың қанды *қ а ғ ы н д ы р у ы н ы ң* салдарынан, қан тамырлары мен жүрек жұмысының нашарлауынан адам 1-3 тәуліктің ішінде өліп кетеді (Аса жұқпалы.).

ҚАҒЫНТ= е т. **1.** *Күн райын бұздыру.* – Құдайдың күнін *қ а ғ ы н т ы п* қойған мен бе екем? – деп аспазшы күңк етті (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). **2.** *Желіктіру, құтырту.* Апта бойы тастасаң, Сағынтады ішкілік. Қайтып іше бастасаң, *Қ а ғ ы н т а д ы* құстырып (А.Асылбеков, Түрлі. бала.).

ҚАҒЫНТУ *Қағынт етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒЫНУ *Қағын етістігінің қимыл атауы; қағып-сілку.* Есік алдына отырып шешініп, үстібасын *қ а ғ ы н у д ы ң* өзі сүт пісірім уақыт алды (Б.Майлин, Шығ.).

ҚАҒЫП-СОҒУ *Қағып-соқ етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒЫП-СОҚ= е т. **1.** *Бір-бірімен қағысып, соқтығысып қалу.* Бірін-бірі *қ а ғ ы п -с о ғ ы п,* жұрт орындарынан түрегелді (Т.Нұрмағамбетов, Қош бол.). Ары-бері өткендер *қ а ғ ы п-с о ғ ы п,* басып кете жаздап, берекесін ұшырды (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). **2.** *Тазартып, сілкіп жинастыру.* – Үйін *қ а ғ ы п - с о ғ ы п*... сен келеді деп, әбігер, ес жоқ! — деді (З.Шашкин, Теміртау.). Барлықтың жұмысқа баратын уақыты таяу қалғандықтан, өз төсегін *қ а ғ ы п-с о ғ ы п,* Көрімге салып берді (Ж.Тілеков, Жоңғар.). **3.** а у ы с. *Епсеп-сепсеу, қағыстыру.* Сол айтқандай-ақ, қолыма өз «Волгам» түскенше, қоныс таппадым-ау. *Қ а ғ ы п-с о ғ ы п* ақша қарастырып жүрмін («Лен. жас»).

ҚАҒЫП-СІЛКІ= ет. *Қағып тазарту, реттеу.* Өзінен-өзі аяқ астынан бұлан-талан болған Салиха кемпір орнынан шаршай көтеріліп, үстібасын *қ а ғ ы п-с і л к е* бастады (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Үй ішіңді бір *қ а ғ ы п-с і л к і п* алсаң, бір жұмаға жетеді (Қ.Исабаев, Айқыз).

ҚАҒЫП-СІЛКУ *Қағып-сілкі етістігінің қимыл атауы.* Аулау құралдарын кептіргенде... қыртыстанған тігістер арасын түгелдей кептіруге ерекше назар аудара отырып, жақсылап *қ а ғ ы п-с і л к у* керек (К.Күленов, Қазақст. балық.). Бар қаракеті тамақ әзірлеу, үйді *қ а ғ ы п-с і л к у*, көзінің жасын ірке отырып Ыбықанға хат жазу... осымен тамамдалады (Д.Досжанов, Тұлпар.).

ҚАҒЫР с ы н. **1.** *Су тиіп қатып қалған, қаудырлаған. Қ а ғ ы р* боп қалған, қайқы бас пимасының өкшесінің жыртығынан жел үрлеп барады (Самғау). Қойлары бүрсең қағып кетті ықтап, Баланың қайраты жоқ қарсы шықпақ. *Қ а ғ ы р* тон, қатқан шалбар суға балқып, Басылды аяғына жүрсе мықтап (А.Нұртазин, Көк тоғай). **2.** а у ы с. *Көп жұмсалып әбден арықтаған.* О да жанға бататын мал емес, қыстай кіре тасып, көп жұмсалған *қ а ғ ы р* атандар (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Менде *қ а ғ ы р* атандар бар. Қыста қалаға кіре сал, пайдасы шаш етектен (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ҚАҒЫРДАН ү с т. *Аяқ астынан, кенеттен. Қ а ғ ы р д а н* бұрқ етіп жынды құйын көтерілді де қызыл топырақ шаңды қуалап апарып жатақтардың жұртына тықты (Қ.Ысқақов, Қараорман).

ҚАҒЫРЛА= е т. *Шаршап-шалдығу, әбден титығына жету.* Аз өмір қараңғы үйдің шамындайсың, Қуарсаң алма ағаштың бағындайсың. Өткенді, өмірді ойлап, үлкенді ойлап, Әл кетіп өлеріңде *қ а ғ ы р л а й с ы ң* (Айтыс).

ҚАҒЫРЛАН = е т. *Шаршап-шалдығу.* Бетінің өңі қашып *қ а ғ ы р л а н ы п*, Қазылып саусақтары тамырланып, Селдіреп сақалдары аппақ болып, Шақшиып екі көзі шағырланып (Н.Ахметбеков, Жасауыл.).

ҚАҒЫРЛАНУ *Қағырлан етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒЫРЛАУ[1] с ы н. *Қоңы жоқ, арықтау. Қ а ғ ы р л а у* қара мал, Ық іздеп паналар, Мұрынын көтеріп, Тайынша-таналар (Пернедегі терме.).

ҚАҒЫРЛАУ[2] *Қағырла етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒЫС[1] з а т. м у з. *Ішекті музыкалық аспаптарды тарту кезіндегі белгілі бір тәртіппен жоғарылы-төмен қағу әдісі. Қ а ғ ы с т а р* үлкен екі топқа бөлінеді: қара шертіс және ілме («Жұлдыз»).

ҚАҒЫС[2] з а т. *Өтірік, жалған.* ≈ *Қ а ғ ы с* сөз. «Бұл сөзімде *қ а ғ ы с* жоқ» деп сусындап, Өте шықты әдетінше қутыңдап. Елең етті естіп кімнің сыбырын Түн күзетіп тұрған төңірек тың тыңдап (А.Хангелдин, Қыз жүрегі).

Қағыс естіді. *Анық емес, жаңылыс, басқаша естіді.* Әмірші қатты шошынды, *қ а ғ ы с е с т і д і м* бе деп қалды (Д.Досжанов, Жібек.). *Қ а ғ ы с е с т і д і м* бе дегендей, төне түсіп, қайталай сұрады (С.Сматаев, Алау).

Қағыс сөз. *Ынғайсыз, қолайсыз әңгіме.* Менен бір *қ а ғ ы с с ө з* естіп қалам ба деп қаймықты ма, қайдам, сөзді өзі бастады (С.Шаймерденов, Өмір нұры).

Бір сөзін қағыс қалдырмады. *Әр сөзіне ерекше мән берді, зейін қойып тыңдады.* Ол да үш-төрт жылдың алдында арғы беттен асып келген, – деді Жаңғабыл, аналардың *б і р с ө з і н қ а ғ ы с қ а л д ы р м а й* ентелеп (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

ҚАҒЫС[3] з а т. *Көзден таса, қағаберіс.* Гүлбаршын үйден шығып, *қ а ғ ы с т а ғ ы* қызыл отауға келгенде, үш-төрт адам отыр екен (Б.Тілегенов, Аққайнар.). – *Қ а ғ ы с қ а,* қуысқа қашар қоян емеспін, – деп Оспан оны қайтарып тастады (А.Хангелдин, Қараторғай).

Көзге қағыс жер. *Көрінбейтін қалтарыс жер.* Бар өнерім қырағылдық, жердің астүстінде менің *к ө з і м е қ а ғ ы с ж е р* жоқ, қандай нәрсе болса да, анықтап қарасам, бәрін де көремін (Қаз. ертег.).

Қағыс жібермеді [жіберген жоқ]. *Мұлт жібермеді, шашау шығармады.* Алдындағы екеудің бір сөзін *қ а ғ ы с ж і б е р г і с і* келмейтіндей, ілгері ентелей түседі (З.Шүкіров, Жас.). Күтпеген «олжаны» ол *қ а ғ ы с ж і б е р г е н ж о қ* («Білім және еңбек»).

Қағыс қалды. *Шетте, бос, назардан тыс қалды.* Құрылыста секретарь көзінен *қ а ғ ы с қ а л ғ а н* ешқандай учаске жоқ сияқты (З.Иманбаев, Айналайын.).

ҚАҒЫС= е т. а ң ш. **1.** *Аң ауласу.* Сары атқамінерге ілесетінін, жол-жөнекей аң *қ а ғ ы с а т ы н ы н*, қоянның терісінен, түлкінің пұшпағынан дәмелі екенін айтты (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Атамандар іздеп кеп, Бірге түлкі *қ а ғ ы с т ы.* Қымыз ішіп, сиын жеп Үйінде дем алысты (Жамбыл, Шығ.). **2.** *Орнынан қозғалып ығысу, сырғу.* Терезе алдында тұрғандар *қ а ғ ы с ы п*, оған орын берді (Ы.Тникин, Жомарт.). Төрден *қ а ғ ы с ы п* орын беріп, бәрі назар аударысты (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл.). **3.** а у ы с. *Бір нәрсеге таласып сөзге келісу, айтысу.* Тілінің уының күшті екенін Ақан өзі де білген. *Қ а ғ ы с қ а н д ы* қыламын под надзором, Патшаның мизамындай мен де сотпын, – дейді Ақан (М.Жұмабаев, Шығ.). Мұнда біз сөз таластырып *қ а ғ ы с қ а л ы* жиналғанымыз жоқ (С.Жүнісов, Ақан сері). Сол екеуі он жеті ақынның ішінде өмір бойы өзара *қ а ғ ы с ы п*, айтысып өткен екен дейді (Ә.Нұршайықов, Махаббат.).

4. а у ы с. *Соғысу, жекпе-жекке шығу.* Атеке, ажалым жетсе өлейін, Амалым жетсе осымен *Қ а ғ ы с ы п* бір көрейін (Манас). **5.** а у ы с. *Қан майданға шығып белдесу, қырқысу.* Намысы күшті ел едік, жаумен талай *қ а ғ ы с қ а н* (А.Тоқмағамбетов, Шығ.). **6.** а у ы с. *Ұстасу, төбелесу, таласу.* Балалардың *қ а ғ ы с ы п* қалған сәттегі істеріне салмақпен қараған сары бәйбіше Шоқанға бір, мысыққа бір қарады (С.Бегалин, Шоқан асу.).

Қабақ қағысты. *Ыммен түсіністі.* Жігіттер әне тұр дегендей бір-біріне жалт қарасып, *қ а б а қ қ а ғ ы с ы п* алды (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Қамшы қағысты. *Көкпар тартысуға қатысып, бірге болды; бірге жүріп, бірге тұрды деген мағынада.* Талай рет осылармен *қ а м ш ы қ а ғ ы с қ а н,* білек созысқан (Д.Досжанов, Зауал.).

Қанжыға қағысты. *Соғысты, ұрысты.* Көресің *қ а ғ ы с қ а н д ы қ а н ж ы ғ а д а* Тоқталмас қарсыласқан жанды құртпай (Ғ.Малдыбаев, Қалдырған).

Қол қағысты. *Серттесті, уәделесті, пәтуаласты.* Ұрыға жібермедім мен намысты, Кім бұлдар мұндай-мұндай қылған істі. Алла хақы деген соң амал да жоқ, Барайын деп уәде етіп *қ о л қ а ғ ы с т ы* (Абай, Тол. жин.).

Таңдай қағысты. *Таңғалысты, таңданысты.* Оның қасынан өткен үлкен де, кіші де саусақтарын шытыр-шытыр еткізіп, *т а ң д а й қ а ғ ы с т ы* (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Алты сұлуды көргенде бәрі де таңырқасып, *таңдай қағысты* (Тербеледі.).

Тіл қағысты. *Сөйлесті, пікірлесті.* Ол екінші қырдың астындағы жас офицерлерге жеткенше бұл бір көрген адаммен шешіліп сөйлесе алмады, *т і л қ а ғ ы с ы п* қалған шақта сыр бермеуге тырысты (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Үзеңгі қағысты. *Қатарласты, теңесті, қалыспады.* Түйдегі жазылмай төрт-бес ат *ү з е ң г і қ а ғ ы с ы п* бара жатыр екен (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ). Қарагер мен Шаңқанбоз *ү з е ң г і қ а ғ ы с ы п,* сылбыр аяңдайды (О.Бодықов, Бұлбұл). Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі, қазақ басқа жұртпен *ү з е ң г і қ а ғ ы с ы п,* тең халық болып жасай алмауы тарихи әдебиеті жоқтықтан (М.Дулатов, Шығ.).

ҚАҒЫСТА= е т. *Қағып тазалау.* Бейтаныс шофер қызға қарады, оның үрпиген шашын, шашына жабысқан шөп-шалаңды *қ а ғ ы с т а п* шықты (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.).

ҚАҒЫСТАУ[1] с ы н. *Көзден тасалау, қағаберістеу, шеткері.* Ақжанды *қ а ғ ы с т а у* бір жерге орналастыр да, сен де қолға түспеудің қамына кіріс (Ш.Хұсайынов, Таныс адам). Жолдан *қ а ғ ы с т а у* ақырғы шеткі үй терезесіне телмірген күйі үнсіз қалды («Қаз. әдеб.»).

ҚАҒЫСТАУ[2] *Қағыста етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒЫСТЫР = ет. **1.** *Ары-бері қозғау.* Апам жерошақтың отын темір көсеумен *қ а ғ ы с т ы р ы п,* еселеп тезек тастады (С.Омаров, Қиыр жол.). **2.** *Соғыстыру, түйістіру.* Асаба сөзін сөйлеп болып жұртпен стаканын *қ а ғ ы с т ы р ы п* шықты («Парасат»). **3.** *Қаққылап, соққылау, тінту.* Сол кезде исправник тағы келді, малайды *қ а ғ ы с т ы р ы п* көп тексерді, Шатпақтап малай жөн сөз айтпаған оң, Есерсоқ жынды ғой деп қоя берді (Шәкәрім, Өлеңд. поэма.). **4.** а у ы с. *Есебін табу, ретін келтіру.* Анау жылқышыларыңнан *қ а ғ ы с т ы р ы п,* ретін өздерің келтіріңдер (М.Хасенов, Тұлпар). Ананы-мынаны *қ а ғ ы с т ы р ы п* пайда табады, үйдің тамағын айырады (Б.Тілегенов, Көктем.).

ҚАҒЫСТЫРУ *Қағыстыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ары-бері қозғау.* Нағима күйбеңдеп, ошақтағы отынды *қ а ғ ы с т ы р у ғ а* кірісті (М.Гумеров, Хазірет.). **2.** а у ы с. *Есебін табу, ретін келтіру.* – Қолайлы жұмыс табылмайды ғой, жеңіл-желпі қызметтер *қ а ғ ы с т ы р у ғ а* болады (З.Шүкіров, Жас жесір).

ҚАҒЫСТЫРЫП-СОҒЫСТЫР= ет. **1.** *Қағып-соғу, түйістіріп-тоғыстыру.* Қашанда *қ а ғ ы с т ы р ы п-с о ғ ы с т ы р ы п* жүреді (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Үзіп-жұлу, ебін табу, реттеу.* Жұрттың еркегі құсап, *қ а ғ ы с т ы р ы п-с о ғ ы с т ы р ы п,* бір тиын болса да кіріс кіргізуге тырысса, қайтеді? («Қаз. әдеб.»).

ҚАҒЫСЫП-ЫҒЫС= е т. *Орнынан қозғалып жылжу.* Құрамыс көрпе үстінде құрдай жорғалап, бұрын келгендері соңғыларына *қ а ғ ы с ы п-ы ғ ы с ы п* орын беріп жатыр (Ө.Қанахин, Дәмелі).

ҚАҒЫСУ *Қағыс етістігінің қимыл атауы, сөз таластыру, айтысу.* Жаңағы Абай мен жеңілтек чиновник арасында болған өткір *қ а ғ ы с у д ы* да түгел естіген болатын (М.Әуезов, Абай жолы). Ақиреттен сөйлеп, шариғат айтатын шамаларыңыз болса *қ а ғ ы с у ғ а* мен даяр (С.Жүнісов, Ақан сері).

ҚАҒЫТ = е т. *Сөзбен шалып кекету, тиісу.* Маған тікелей тиісуге бата алмай, анда-

санда Қарынбайды оқты көздерімен атып, өткір сөздермен *қ а ғ ы т ы п* өткен болады (С.Мәуленов, Шыңда.). Бойлары жылынып жадырай бастаған жұрт бірін-бірі *қ а ғ ы т ы п* әзілқалжыңға ауысып, әр жерден тамақтарын кеңеп әншілер де ыңғайлана бастады (С.Ғаббасов, Ана.). Тобырдың ортасына түссек үлкен түгілі, інілеріміз де байқамайды екен, – деп Нартайды *қ а ғ ы т а* сөйледі Әлжан (О.Бодықов, Бұлбұл). Бименденің үлкен қатыны қалжың-шынын араластырып байын *қ а ғ ы т а д ы* (С.Сейфуллин, Шығ.).

ҚАҒЫТҚЫШ с ы н. *Қағытып сөйлейтін.* Әзілқой *қ а ғ ы т қ ы ш* біреу: – Жәкеңнің әмиянынан осындайда подарок алмасаң, қолға түсе бермейді ғой, – деді (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл.).

ҚАҒЫТПА з а т. **1.** *Сықақ пен әзілі аралас айтылатын қалжың.* Шалдар шай үстінде сарабдал сөйлейді, ... ара-кідік *қ а ғ ы т п а* қалжың айтады (С.Омаров, Қиыр жол). Тегінде мына *қ а ғ ы т п а* сөздердің әсері әпкемді қамшылап кетіп жатқаны хақ (О.Тәжиева, Жетім қыз). Бет ашысқан алғашқы жүздесудің ақыры осындай *қ а ғ ы т п а* қалжыңмен тынып еді (Ә.Сараев, Тосқауыл.). **2.** ә д е б. *Қарсы пікір айту, сөз қайыру, шығармадағы кейіпкерлердің сұхбаты кезіндегі орнын тауып қарсы айтылатын өткір жауап сөз. Қ а ғ ы т п а* драмалық шығармадағы, сондай-ақ, романдағы кейіпкерлердің диалогын ширатып, жандандырып тұрады (Әдебиеттану терм. сөзд.). Өткір жауаптың, тосын *қ а ғ ы т п а* сөздің қазақтың шешендік сөз өнерінің түйінді жері, өзегі іспетті болып келеді (ҚҰЭ).

ҚАҒЫТПАЛА = е т. *Қайырып жөнге салып жіберу, реттеу.* Ол транспортер бұрылыстарына кідіре қалған мырыш астаушаларын қамшы сабындай темірмен *қ а ғ ы т п а л а п* жөнелтіп тұр (Ж.Ыбыраев, Алтай.).

ҚАҒЫТПАЛАУ *Қағытпала етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒЫТПАЛЫ с ы н. *Қытығына тиетін, кекесінді.* Мәдихан жайлауға аттанар кезде Алда тағы да *қ а ғ ы т п а л ы* сөздер айтты (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.).

ҚАҒЫТУ *Қағыт етістігінің қимыл атауы; сөзбен шалып кекету, тиісу.* – Қойыңдар енді: қалжың бір басқа, *қ а ғ ы т у* бір басқа, – деп Ахмедияр екі серігін басып тастады (Ө.Қанахин, Жүрек.). Төлеудің ойы мұны *қ а ғ ы т у* емес, сөз астарын танығыш «сезімталдығын» білдіргісі келгені (Т.Тілеуханов, Шарапат.).

ҚАҒЫТЫЛ = е т. *Шалыну, қағылып-соғылу.* Мақтасаң Мұса мырза сауда мықты, Сыймайды мұнша мақтау бір кер атқа. Жүргенде қараңғыда *қ а ғ ы т ы л ы п* Жүрмесін түсіп кетіп шұқанаққа (Айтыс).

ҚАҒЫТЫЛУ *Қағытыл етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒЫТЫҢҚЫРА= е т. *Қағыта түсіңкіре, кекетіңкіреу.* Қапы қалдым деп жүрерсің кейін, – деді Есім құрдасы болғасын қалжың айтса да *қ а ғ ы т ы ң қ ы р а й* айтқансып (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.). Бекбауыл кейде шешесін *қ а ғ ы т ы ң қ ы р а п,* тіпті әжуалап тастаушы еді (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

ҚАҒЫТЫС= е т. *Сөзбен шалысып, айтысу.* Мәжіліс құрған жас-желең бірін-бірі аңдып, жарасымымен *қ а ғ ы т ы с а д ы* (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Міне, тағы да көшенің арғы бетінде топталып темекі тартып тұрған екі-үш жігіт жанынан өте берген Үмітжанды көріп *қ а ғ ы т ы с ы п* қалды («Қаз. әдеб.»).

ҚАҒЫТЫСУ *Қағытыс етістігінің қимыл атауы.*

ҚАҒІЛЕЗ с ы н. *Ұғымтал, ширақ қозғалатын, әр нәрсеге икемді.* Ол кезде жасы елудің үстіне шықса да, сақал-мұрты қап-қара, денесі *қ а ғ і л е з* әдемі кісі болатын (Т.Ахтанов, Боран). Бұл кезде қазақтың осынау *қ а ғ і л е з* жігіті ысылған, бойы өскен, соғысу тәжірибесіне кенелген (Т.Ыдырысов, Жалынды.). Кішкентай ғана *қ а ғ і л е з* әйелдің бойындағы осынша мол күш оның балаға деген аналық махаббатында еді (М.Дүйсенов, Мейман.).

ҚАҒІЛЕЗДЕУ с ы н. *Ширақтау, икемділеу.* Әкесіне тартқан кесек денелі Нартай азырақ бөгеле берді де, азғана жұқарақ та *қ а ғ і л е з д е у* көрінетін Әлішерді алға қарай итеріп қойды (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

ҚАҒІЛЕЗДІК с ы н. *Ұғымталдық, ширақтық, икемділік.* Күржиіп шомбал денесі ауыр көрінген аюдан мұндай *қ а ғ і л е з д і к т і* жас жігіт күтпеп еді («Қаз. әдеб.»). Мұндай сәтте парасаттылық, *қ а ғ і л е з д і к,* ұйымдастырушылық қасиеттері бойынша тоғысқан адам ғана жан-жақты игере алады («Лен. жас»).

ҚАДА[1] з а т. **1.** *Бірдемені байлау я ілу, тіреу үшін жерді қазып орнататын діңгек.* Шоқандар жүріп келе жатқан ұзын көшенің екі жағында қатарластыра қадаған биік сырық *қ а д а л а р* тұр (С.Бегалин, Шоқан асу.). Бектұрған қарт сол кезде күтімсіз жермен-жексен болып бара жатқан мүрденің орнын жоғалтпас үшін екі *қ а д а* қағып, белгі қалдырған екен («Білім және еңбек»). Мұқаш ақырын: «Мен» деді де, атын қораға кіргізіп, *қ а д а ғ а* байлап, үйіне кірді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Есік алдындағы тақыр күресінде *қ а д а ғ а* байлаулы ер-тоқымды

аттар түр (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). *Қ а д а ғ а* атты байлай салып ендім. Түп-тура тапты барып бұрылмастан, қазық қып *қ а д а н ы* да қағып басқан (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** қ ұ р. *Имараттардың жүктемесін грунты іргеге беру үшін түгел немесе жартылай жерге қағылған өзекті элемент (бөрене, брус).* Ағаштан, бетоннан, темірбетоннан және темірден дайындалады. Грунтқа (жерге) дайын күйінде қағып енгізілетін қақпа *қ а д а* және алдын ала үңгіленген ұңғымаларда дайындалатын толтырма *қ а д а* бөліп қарастырылады (Қаз. тілі термин. Су.). Мелиорациялық құрылыста көбінесе толық қималы шаршы темірбетон, қуыс дөңгелек қуысты шаршы қақпа *қ а д а* пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Су.). *Қ а д а л а р м е н* жабдықталған гидрологиялық бекеттерде қадалар бір сызықтың бойына, өзендегі ағыстың бағытына көлденең, бастары шамамен, бір-бірінен 0,6-0,8м биіктікте орналастырылады (Қаз. тілі термин. Су.). **3.** с у ш а р. *Табиғи су көздерінде (көл, бөген, өзен, канал) су деңгейін өлшеуге арналған жабдық. Қ а д а л а р д ы ң* жер бетінен биіктігі, әдетте, 0,2-0,4м-ден аспайды, ал жоғары қаданың басы судың ең биік деңгейінен 0,25-0,5м жоғары орналасуы керек, ал төменгі қада судың төменгі деңгейінен 0,25-0,5м төмен болуы шарт (Қаз. тілі. термин. Су.). **4.** ж е р г. *Арбаның төрт бұрышындағы қазығы.* Қолына *қ а д а* ұстаған сотқар жігіттер аналарды азғантай малына дейін суартпай құдық басында сіресіп тұрып алды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ҚАДА[2] [ар. قضاء] з а т. д і н и. *Мұсылман әдебиетінде әлемде болып жатқан құбылыстардың, оның ішінде адамдардың іс-әрекетін түсіндіретін сөз. Қ а д а* мен Қадар сөздерінің мағынасы бірдей. Бірақ философиялық жүйеде олар тәңірлік анықтаманың әртүрлі деңгейін білдіретін болды (Ислам энцикл.). *Қ а д а* дегеніміз уақыт пен кеңістікті мойындайтын, эмпириялық әлемдегі Алланың ықтиярымен, «әлемдік тірліктің» ықпалымен фаласиф болатын жазмыш деп қабылданды (Ислам энцикл.).

ҚАДА= е т. **1.** *Бір нәрсені жерге кіргізу, орнату, енгізу.* Сол жерге ырғай шыбықтарды *қ а д а й д ы* да, кендір торды айналдыра кереді (Ә.Жылқышиев, Айтолқын). **2.** *Бір нәрсені ілу, тағу.* Орамалдың дәл маңдай тұсына үш тиындық бақыр ақшаның көлеміндей қызыл жұлдыз *қ а д а ғ а н* (С.Омаров, Қызыл.). Күләпәра басымда, пұшпақ тымақ, Ішкі бауын өткізген тесік құлақ. Тобылғыдан кесіп ап, жіптен *қ а д а п,* Артын белге қыстырған бар құрысқақ (Абай, Тол. жин.). **3.** а у ы с. *Қажырлы еңбегі, көрсеткен ерлігі үшін медаль, орден беріп марапаттау.* Бүгінгі шайқаста ерекше көзге түскен гвардия батырларының өңірлеріне өз қолынан орден *қ а д а м а қ* (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

Көзін қадады. *Қадалып қарады, кірпік қақпастан қарады, көзін тікті.* Болыс... түсіп тұрған күн сәулесіне *к ө з і н қ а д а п* отырып, дауысын өзгертпестен сөйлей жөнелді (М.Дүзенов, Ант.). Алдынан келген асты аузына апаруға дәрмен жоқ, сестраның қолындағы қасыққа *к ө з і н қ а д а п,* ернін қимылдатады (З.Ақышев, Жесірлер). О да тартымды күлкісін жимай маған қарай *к ө з д е р і н қ а д а п,* қуанып тұрды (Х.Рахимов, Қызғалдақ).

Қадап айтты. *Қайта-қайта қадағалап, нығарлап, дәлдеп түсіндірді.* Бұл екі ауылдың арасынан тірі адам қатынасуға болмайтынын Назыкештің шешесіне де *қ а д а п а й т т ы* (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Оқтай қадады. *Зәрлі, қаһарлы жүзбен қарады. О қ т а й қ а д а п,* Тұрды қарап, Өлім көрдім көзінен (Б.Күлеев, Таңд.).

Соңына сұғын қадап түсті. *Аңдыды, ізін бақты.* Осы күні Мөңке қажып жүр... Тәңірберген *с о ң ы н а с ұ ғ ы н қ а д а п т ү с і п* алды (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Сұғын қадады. *Телміре қарады, сұқтанды, қызғана көз тікті.* Мысық мұрт енді сол жалғыз сиырға *с ұ ғ ы н қ а д а д ы* (З.Жакенов, Таң самалы). Жүз қараға екі жүз кісі *с ұ ғ ы н қ а д а п* жүр ғой, бірін-бірі құртпай, құрымай тыныш таба ма (Абай, Тол. жин.).

Тілін қадады. *Сөзбен шаншыды.* Князь, жендет патшаға *т і л і ң д і* мірдей *қ а д а д ы ң* Ханға, биге, манапқа, Патшаға, байға, санатқа Сегіз қырлы жебедей Мен де *т і л д і қ а д а д ы м* (Сәлем саған.).

ҚАДАБЕЛГІ з а т. к е н. *Жер топырағында, негізгі таужыныстарда, құрылыстарда немесе кен қазбаларында олардың жылжуын бақылау үшін қойылатын белгіленген нүктелі белгі. Қ а д а б е л г і н і ң* негізгі, сүйеулік және жұмыстық түрлері болады (Қаз. тілі термин. Кен.).

ҚАДАҒАЛА = е т. *Белгілі бір істің орындалу барысын мұқият бақылау, тәптіштеп тексеру.* Ашқан жаңалықтары мен зерттеу жұмыстарының өндірісте қалай жүзеге асып жатқанын ұдайы өз көзімен көріп, *қ а д а ғ а л а п* отырады (С.Аққошқаров, Бақыт.). «Тамды» совхозындағы торайларды бағып, күту үшін звенолар бөліп, солардың жұмысын да *қ а д а ғ а л а й д ы* («Қазақст. мект.»). «Дыбысыңды шығарма, аузыңа ие бол, мұны Жанысбай естіп қалса

екеумізді де құртады» деп *қ а д а ғ а л а п* ескерткен (С.Омаров, Қиыр.). Шәмшидің кебісінен асырмасаң, кем қылма... – деп тақымдап, қайрап, *қ а д а ғ а л а п* отыр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Қадағалайтын жүйе. и н ф. <ағыл. watchind system> *Шығыстық сигнал кері байланыстың көмегімен белгілі бір дәлдікпен алдын ала белгісіз заң мен еркін өзгеретін кірістік басқару әсерін жаңғыртатын автоматтық басқару жүйесі.*

ҚАДАҒАЛАН= ет. *Істің барысының бақыланып тексерілуі.* Әрбір бригадада жиналыстар өткізіліп, егін жинауды қысқа мерзімде ысырапсыз өткізу үшін істелетін істер *қ а д а ғ а л а н д ы* (А.Байболатов, Жарыс.). Адамға тиісті талап қойылмаса, тапсырылған іс *қ а д а ғ а л а н б а с а,* берекесіздік туады (Қ.Жарықбаев, Психология).

ҚАДАҒАЛАНУ *Қадағалан етістігінің қимыл атауы; бақылану, тексерілу.* Мұның бәрі жоғары жақтан *қ а д а ғ а л а н у ы* керек (Ауызекі).

ҚАДАҒАЛАС = е т. *Істің барын бақылау, тексерісу.* Жеңіл, жылы киінген зеңбірекшілердің қимылына *қ а д а ғ а л а с қ а н* көз шақ ілеседі (Ә.Нұрпейісов, Құрляндия).

ҚАДАҒАЛАСУ *Қадағалас етістігінің қимыл атауы.*

ҚАДАҒАЛАТ= е т. *Істің орындалу барысын бақылату, тексерту.* Бастапқыда осындай тәртіппен бірнеше сөзді мұғалім өзі тауып көрсетеді, дауыстап оқиды, оны оқушыларға қолдарындағы сөздіктер бойынша *қ а д а ғ а л а т а д ы* («Қазақст. мект.»).

ҚАДАҒАЛАТУ *Қадағалат етістігінің қимыл атауы; бақылату, тексерту.*

ҚАДАҒАЛАТТЫР = е т. *Бақылаттыру, тексерттіру.* Әкесі «Қазандағы» шойынның «қайнау» сатыларын көзіне күнде көрсетіп *қ а д а ғ а л а т т ы р а т ы н* (Ө.Қанахин, Дәмелі).

ҚАДАҒАЛАТТЫРУ *Қадағалаттыр етістігінің қимыл атауы.*

ҚАДАҒАЛАУ *Қадағала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Белгілі бір істің орындалу барысын бақылау, тексеру.* Полк штабының бастығы капитан Мамоновқа барып, полк командирінің бұйрығын батальон командирлерінің мүлтіксіз орындауын *қ а д а ғ а л а у д ы* өтіндім (М.Габдуллин, Сұрапыл.). **2.** з а ң. *Мемлекеттік органдардың заңдылықты қамтамасыз ету және жоғары тұрған орталық атқарушы органдар шығарған актілерді орындау жөніндегі қызмет нысанасының бірі. Қ а д а ғ а л а у* сот қадағалауы, конституциялық қадағалау, прокурорлық қадағалау, әкімшілік қадағалау, авторлық қадағалау болып бөлінеді (ҚҰЭ).

Қадағалау жүйесі. т е х. *Шығу шамасы, кері байланыс арқылы өзгеру сипаты алдын ала белгісіз болатын кіру шамасын белгілі бір дәлдікпен қайталап отыратын автоматты басқару жүйесі. Қ а д а ғ а л а у ж ү й е с і н е* поезды автоматты жүргізу жүйесі – автомашинист, поездар қозғалысының автоматты басқару жүйесі – автодиспетчер, ұшақтың ұшуын басқару жүйесі – автопилот жатады (ҚҰЭ).

ҚАДАҒАЛАУШЫ з а т. *Істің барысын тексеріп отыратын бақылаушы. Қ а д а ғ а л а у ш ы л а р* келді (Ауызекі).

ҚАДАҒАНДАП ү с т. *Бірлі-жарымдап, жекелеп-даралап.* Әр үйден *қ а д а ғ а н д а п* шығып жолға беттеген адамдар, арқаланған нәрсе, әйелдердің қойнында ораулы жас балалары (Б.Майлин, Шығ.).

ҚАДАҒАНДАЙ ү с т. *Бірлі-жарымдай, жекелей, даралай.* Маңайдағы бірді-екілі *қ а д а ғ а н д а й* отырған үйлер көшіп келіп қоныс салды (Б.Майлин, Шығ.).

ҚАДАҒАШЫ з а т. *Қадағалаушы, бақылаушы.* Газет – өкіметтің жазу қайраты, әлеумет жұмысының *қ а д а ғ а ш ы с ы* (І.Жансүгіров, Шығ.).

ҚАДАҒЫШТА = е т. *Қадап-қадап алу.* Темір өкшесін аттың аш өкпесіне *қ а д а ғ ы ш т а п,* сыртта қалған әлгі біреуі қатты шауып еді (А.Сүлейменов, Бесін).

ҚАДАҒЫШТАУ *Қадағышта етістігінің қимыл атауы.* **≈** Қайта-қайта *қ а д а ғ ы ш т а у.*

ҚАДАДАЙ с ы н. *Қада сияқты, ірі, үлкен.* Әп-сәтте ақ болып қалғаның ба? – деп *қ а д а д а й* тістері жарқ етіп күліп, Рәш мені ажуа қылды (А.Нұрманов, Құлан.).

ҚАДАҚ[1] з а т. **1.** э т н. *Екі жүз грамға тең болатындай халықтық салмақ өлшемі.* Бұрын ел аман, жұрт тыныштa бір мұжық бір жолда 50 *қ а д а қ* ет жейтін еді, соғысқа барған солдат күніне бір *қ а д а қ* ет жейтін болды («Қазақ»). «Пайғамбардың сілекейі» деп құм кәмпиттің *қ а д а ғ ы н* бір қойдан сатады (М.Дулатов, Шығ.). Нашар, аурулы бала 6 *қ а д а қ* шамасында, нағыз сау, таза бала 10-11 *қ а д а қ* шамасында салмақты болады (М.Жұмабаев, Шығ.). Бидай, тары, жүгері, арпа, майкенелердің қадағына неше *қ а д а қ* шығатынын шамалап (орташа, бітік болуын алып) төрт бұрышты ұзыншақ сызықпен диаграмма салдырам (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Салмақ, ауырлық.* Бақ қонып бастарыңа ықпал орнап, Әркімнен ауыр болар *қ а д а қ т а р ы ң* (Т.Ізтілеуов, Шәкірттерге).

Қадақ тас. ж е р г. *Таразының тасы* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ҚАДАҚ[2] з а т. ж е р г. *Арба дөңгелегінің шабағы.* Дөңгелектің екі *қ а д а ғ ы* сынық екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ҚАДАҚ[3] з а т. *Қатты салқын тигендіктен өкпенің қабынып ауруы.* Бірде молда *қ а д а қ* боп ауырған баланы ішірткімен емдеймін деп өлтіріп ала жаздаған (Ш.Құмарова, Қазбауыр.). Ер жетіп қалған бір баласы бар екен, *қ а д а қ т а н* қайтыс болыпты (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Келесі жылы кіші інісі Сыдық *қ а д а қ т а н* қайтыс болғанда да бұл оқиға бұлжымай қайталанды (Тоғызыншы шежіре).

ҚАДАҚ-ҚАДАҚ с ы н. *Жеке-дара, бөлек-бөлек, сирек.* Қатты жел қарын үрлеп, тақырлап кеткен төбе бауырларынан және жол көбелігінен баялыш кездеседі, *қ а д а қ-қ а д а қ* сексеуіл кездеседі (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.). Осыдан елу жыл бұрын шыған тоғайда бір кездесетін *қ а д а қ-қ а д а қ* жеке бір бәйтеректер болатын ғой («Қаз. әдеб.»).

ҚАДАҚ-ҚҰДАҚ с ы н. *Аз-аз, сирек-селдір.* Мектеп, школа жағы былай тұрсын, ескіше оқытатын молданың өзі *қ а д а қ-қ ұ д а қ* әрең кездеседі (С.Мұқанов, Ботагөз). Шашында *қ а д а қ-қ ұ д а қ* көкшіл талдар бұрыннан да бар тұғын (Е.Мырзахметов, Медет). Өзенніңекі беті *...қ а д а қ -қ ұ д а қ* өскен жусандар, ербиген тікендер (Абзал жандар).

ҚАДАҚТА= е т. *Қадақпен өлшеу, мөлшерлеу.*

ҚАДАҚТАЙ с ы н. *Қадақ сияқты кішкентай, аз.* Оның қайшылығы өз басында жатыр. Өзінше, ол батпандай безбенге түссе, *қ а д а қ - т а й* салмағы жоқ (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). Келген қалмақ көп еді, Көп те болса қалмақтан, Алты күн айғай салғанда, Азғантай қалды *қ а д а қ т а й* (Ер Тарғын).

ҚАДАҚТАП ү с т. **1.** *Аз-аздап, шамалап.* Барлы-жоқты жиған-тергенін қара өгіз бен қасқа сиырға *қ а д а қ т а п* бергендей болды Қаңтарбай (З.Ақышев, Ақбел.). Әкелген ұнды жұрттың *қ а д а қ т а п* талап алып жатқанын көргенде біздікі пендешілік екен деген (К.Қазыбаев, Ызғар).

ҚАДАҚТАУ *Қадақта етістігінің қимыл атауы.*

ҚАДАҚТЫҚ с ы н. *Қадақ болармық, қадаққа тең.* Бірақ ол құлардың жандарында пышақ, мылтық және екі *қ а д а қ т ы қ,* үш қадақтық шойын кірлер болады, содан ғана қауіп қыламын (С.Сейфуллин, Шығ.). Текей таразының дұрыс-бұрысын тексеріп көрмек болып тақтай табақшасына сексен *қ а д а қ т ы қ* үлкен кір тасын салды (Х.Рахимов, Сеңгір.).

ҚАДАЛ= е т. **1.** *Кіру, шаншылу, сұғылу.* Кірпігің тізіліп, Миыма *қ а д а л а р,* Нұр көзің сүзіліп, Ойыма от салар (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сонда сонау көк жүзіне қарадым, Жалғыз ноқат – боз торғайы даланың Бір орында мық шегедей *қ а д а л ы п,* Төкті дейсің көмейдегі бар әнін (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** а у ы с. *Көзін алмай тесіле қарау, телміру, сұқтану.* Аяздың қасына келіп, қағаз-қаламын қолға алып *қ а д а л а* қарады (Ә.Тарази, Қиян-соқпақ). Сәуле оның көзіне *қ а д а л ғ а н* көзін алмастан, өзінөзі күшпен тежеп алды (Ә.Әбішев, Жас түлек.). Аспандағы жарық ай тұнық сәулесін Әділ мен Марияның қуанышты нұрлы жүзіне түсіріп *қ а д а л а* қараса да, екі жастың бұл кездегі махаббатының ішкі сырын сипаттай алмай, маңқиды да қалды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Тамсану, қызығу.* «Сағындым-ау, қайтейін!» деген кезде, келіншектің қарсы алдынан өте беріп, бетіне *қ а д а л а* қарады да, тамсанып тоқтады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әнуар мен Василий күнде көріп жүрсе де... бір сәт *қ а д а л а,* қызыға қарап тұрды (Достық нұры). Қара көз қарап маған көп *қ а д а л ғ а н,* Құпия қайғы өртеніп бойын алған. Болатша дірілдеген жалын көрген, Бір күңгірт тартып және оттай жанған (Абай, Тол. жин.).

Бармасаң бадал [бадалып қал], қара жерге қадал [қадалып қал]! қ а р ғ ы с. *Байланып қал, барусыз қал деген мағынада.*

Жүрегіне тікен қадалғандай. *Жайсызданып мазасынан айырылғандай, жанына батқандай.* «Осы іске менің де қатысым бар-ау!» – деп бір қойды. Сол сол-ақ екен, *ж ү р е г і н е* жіңішке *т і к е н қ а д а л ғ а н д а й,* мазасыз сезімнің құшағына енді (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

Кенедей қадалды. *Қадалған жерден қан алды, жабыса кетті.* Мал жарықтық жер қадірін адамнан артық біледі-ау. Қорықтың сонысына *к е н е д е й қ а д а л ы п,* жабысып қапты, – деді Дарқан Осапнаға (М.Әуезов, Шығ.). Тұмсығын тіреп тұра қалды. Қасқа-ай! Бір жабыссаң, *к е н е д е й қ а д а л а с ы ң*-ау. Бол дегенім қайда саған, – деді Сұлтан әйеліне (Т.Ахтанов, Шығ.).

Кірпіктері найзадай қадалды. *Кірпіктері тікірейді, тесіле жақтырмай қарады.* Ұзын *к і р п і к т е р і н а й з а д а й қ а д а л ы п,* Смайылға жалт етіп бір қарады да, теріс айналып кетті (Т. Дәуренбеков, Біз. кездес.).

Қадалған [жерінен, қадалғаннан] қан алды. *Айтқанын істетпей қоймайды. Қ а д а л ғ а н ж е р і н е н қ а н а л м а й* неғып қалсын, Есекең! – деп маңындағы жуан садырдың бәрін ду күлдірді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *Қ а д а л ғ а н ж е р і н е н қ а н а л ғ а н* Қаден болмастан отырып оны ұзақ сапармен Семейге мал айда-

тып қоя берді (С.Ғаббасов, Ана.). Адуакат *қ а д а л ғ а н н а н қ а н а л ғ а н* Шор деген еурей (М.Дулатов, Шығ.).

Қадалып сұрады. *Өтініп, қиыла сұрады.* Қоймай *қ а д а л ы п с ұ р а ғ а н* соң, шешесіне оңаша ғана: «Апа-ау, уайымдама! – депті Әтіке (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Ол неге *қ а д а л ы п с ұ р а п* келеді. Әлі жұмбақ (М.Қаназов, Сонар).

Найзадай [шегедей, инедей] қадалды. *Өте қолайсыз, жайсыз тиді, жанын қинады.* Бұл хабар жиналған жұрттың жүрегіне *и н е д е й қ а д а л д ы* (Е.Оразақов, Дәрігер.). Егер бір бұрқ етсе онда жаман. Тіпті қатты кетеді де, *ш е г е д е й қ а д а л а д ы* (Р.Райымқұлов, Жасыл.).

Сөзі шаншу болып [шаншудай] қадалды. *Өңменінен өтті, өте жайсыз тиді.* Аманға айтылған жаман *с ө з д е р* оған *ш а н ш у б о п қ а д а л д ы* (Ғ.Мұстафин, Таңд.). Тәрбиешісі оңбағанда шәкірті қайдан оңсын, «Бер, берден» басқаны біле ме бұлар, – деді председатель Байсалға. Председательдің мына *с ө з і* Жақыпбекке *ш а н ш у д а й қ а д а л а к е т т і* (М.Иманжанов, Шығ.).

Сүлікше қадалды. *Қыр соңынан қалмай жабысып алды.* Жігіттің бойы қыздан сәл тапалдау еді, мойны жетпей, оның алқымына *с ү л і к ш е қ а д а л д ы* (З.Шашкин, Теміртау).

Табанына кірген шөгір [тікен, шөңге] маңдайыма қадалсын! *Ең жақын, жақсы көретін адамына жақсылық тілеу, қорғау мағынасында, оған келген ауырлық т.б. маған келсін деген мағынада айтылады.* Хадишаның *т а б а н ы н а к і р г е н ш ө г і р м а ң д а й ы м а қ а д а л с ы н*! (М.Ақынжанов, Қаз ағартушы). Сенің *т а б а н ы ң а к і р г е н ш ө г і р* біздің *м а ң д а й ы м ы з ғ а қ а д а л с ы н* деген еріміз сен емеспісің (М.Әуезов, Шығ.).

Шаншу қадалды. *Суық тиген т.б. науқастанған жері үшкір зат тығып алғандай ауырды. Ш а н ш у қ а д а л ы п* әрең отырған жұртты мазалай бермей, жөнімізді тапқанымыз дұрыс (О.Бодықов, Бұлбұл). Суық тиіп, *ш а н ш у қ а д а л ғ а н* адамдарға аспирин таптырмайтын ем (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

ҚАДАЛА= е т. *Қада қағу.* Білегін сыбанып, кетпен алып Қазар жерді *қ а д а л а п,* белгі салып. Жан-жақтан жаяу-жалпы жиналған жұрт Лаулатып жұртшылықтың отын жағып (Ө.Тұрманжанов, Жауқазын).

ҚАДАЛҒЫЗ = е т. *Көз алмай, тесіле қаратқызу, телміртy.* Неге өттің махаббаттың ұшқынымен Қарақат қара көзді *қ а д а л ғ ы з ы п* (Т.Жароков, Шығ. жин.).

ҚАДАЛҒЫЗУ *Қадалғыз етістігінің қимыл атауы.*

ҚАДАЛДЫР= е т. *Тіретy, мұрнын тыққызу.* Бір кезде кірдік тымық қараңғыға, Тұмсығын тұңғиыққа *қ а д а л д ы р а,* Келеді «Ил-18» кедергіні Көретін жарқын көзі бар алдында (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

ҚАДАЛДЫРУ *Қадалдыр етістігінің қимыл атауы.*

ҚАДАЛТ= е т. **1.** *Кіргізу, шаншылту.* Ол жүрекке бұқпантай найза түгіл, тікенекті де *қ а д а л т а* алмайды, ондайды түп-тамырымен қопара жұлып тастайды (Д.Әбілев, Баянауыл.). **2.** а у ы с. *Тесіле қарату, телміртy.* Сырттың көңілсіз көрінісі Мұхтарды да жүдетіп, назарын сарғайған жапырақтарға *қ а д а л т а д ы* (К.Оразалин, Абай.).

ҚАДАЛТУ *Қадалт етістігінің қимыл атауы.*

ҚАДАЛУ *Қадал етістігінің қимыл атауы; көз алмай тесіле қарау, телміру.* Дәл осы шақта екеуі екі жерден әбден мазасы кетіп, екі көзі төрт болып есікке *қ а д а л у д а н* жазбады (А.Байтанаев, Қансонар). Жігіттің де ұзақ *қ а д а л у ғ а* дәті шыдамайды, төбеден бірдеме тапқандай жоғарыға шұқшияды (Б.Тілегенов, Ақ қайнар).

ҚАДАЛЫҢҚЫРА= е т. *Көз алмай тесіле қарау.* Сөйтті де әлденеден сескенген адамша, әлденені есіне түсіргендей маған *қ а д а л ы ң қ ы р а й* қарап, кідіріп қалды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Бектай есепші кішкене *қ а д а л ы ң қ ы р а п* тұрып алған екен (С.Мұратбеков, Жабайы.).

ҚАДАЛЫС= е т. *Бір-біріне тесіле қарасу, бір-бірінен көз айырмау.* Ұзын шашты артистка қыздың көзі Нияздың көзімен қарсы атысқан садақтың оғындай *қ а д а л ы с т ы* (С.Сейфуллин, Шығ.). Екеуінің де көзі мөлдір қара еді, сол мөлдір көздер біріне-бірі от шаша *қ а д а л ы с ы п* қалды (Ә.Әбішев, Жас түлек.).

ҚАДАЛЫСУ *Қадалыс етістігінің қимыл атауы.*

ҚАДАМ [ар. قدم] з а т. **1.** *Адамның жүру кезіндегі екі аяқтың аралық қашықтығы, адым.* Машинадан түсіп жол қараймын деген кісі бес *қ а д а м* ұзап кетсе машинасын таба алмай адасатын болды (Р.Өтесінов, Ақиқат.). **2.** а у ы с. *Іс-әрекет, шешім.* Бізге өтпелі процестердің мәні мен бағытын ой елегінен өткізу, жаңа қоғамды құру жолындағы нақты практикалық *қ а д а м д а р* мен әрекеттердің бағдарын анықтау қажет болды («Егемен Қазақстан»). «Әйел теңдігінің алғашқы *қ а д а м ы* осыдан басталсын!» –

деп түйген Ғани алдында отырған Аймақанға еңсеріле қарады (А.Хангелдин, Ғани.). **3.** а у ы с. *Әлдененің дамуы, қозғалысы (ілгері қарай), алға жылжу, жетілу; даму баспалдағы, сатысы.* Бұл халықаралық жәрмеңке екі облыс арасындағы сыртқы сауда саласындағы тағы бір маңызды *қ а д а м ғ а* жол ашары сөзсіз («Егемен Қазақст.»). Қазақстанның тәуелсіз ел болуының бастапқы сәтіне *қ а д а м* басу еді («Егемен Қазақстан»).

Бір [қырық] қадам. *Ұзақ, алыс емес, қол созым, өте жақын жер.* Бұрын үйден *қ ы р ы қ қ а д а м* ұзап көрмегендікі ме, ауылды қатты сағынып, жеткенше асықтым (С.Жүнісов, Өшп. іздер.).

Бір қадам шықпады. *Алысқа бармады, ұзап кетпеді.* Мен келгенде Үмітжанның қуанғанын қайтерсің... содан бері қасымнан *б і р қ а д а м ш ы қ п а й д ы* (С.Сейтхазин, Хадиша).

Екі дүние бір қадам. *Сырдың суы сирағынан келмейді, айтқаны қаперіне кірмейді деген мағынада* (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Қадам баспады. *Бас сұқпады, кірмеді, мүлде келмей қойды, ат ізін суытты.* Әр халық алға кетіп жатса дағы, Біздің жұрт шегінеді, *қ а д а м б а с п а й* (М.Дулатов, Шығ.). «Енді неге кірмейді» деп тағатсызданған жігіттің алабұртқан ойын сезе қойғандай, қыз үйге *қ а д а м б а с п а д ы* (А.Сатаев, Дала.).

Қадам басты. а) *Адымдап жүрді, аттады.* Жарықшадан қарғып өтіп, жағалауға жабыса қатқан мұз үстіне *қ а д а м б а с т ы қ* (М.Мұсабаев, Антарктида.). Қақпадан кірді ішкері *қ а д а м б а с ы п*, Бір үйінен өрледі бір үйге асып. Тілдесерге еш адам жолықпады, Төрдегі үйге кірді есік ашып (Абай, Тол. жин.). ә) *Іске кірісті, қолға алды.* Жүгірді қолдан-қолға жасырын күш, Тайынбай махаббатқа *қ а д а м б а с т ы қ* (М.Жұмабаев, Шығ.). Қазақ балалар әдебиетінде кейінгі жылдар ішінде ертегі мен мысалдан ауысып, заманымыздың ірі тақырыптарына қарай *қ а д а м б а с қ а н д ы қ* байқалады (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). б) *Талаптанды, ниет қылды.* Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім *қ а д а м б а с т ы*, ол таза мұсылман, толық адам делінеді (Абай, Тол. жин.). Құрметің Хақ қасында артық болып, Топырағың дертке дауа *қ а д а м б а с қ а н* (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Қадамды қайта бастау. и н ф. <ағыл. step restart> *Автоматты түрде немесе кідіріспен орындалатын тапсырма қадамын қайтадан орындау* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Қадамды қайталау. и н ф. <ағыл. step restart> *Тапсырма қадамын қайталап орындау* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Қадамы қабыл болды. *Жолы болып, тілегі орындалды.* – Мен ақсүйек патшазадамын, қайда барсам, *қ а б ы л б о л ғ а н қ а д а м ы м.* Жолбарыстың жиенімін, Арыстанның теңімін (Ө.Тұрманжанов, Жауқазын.).

Қадамы құтты болды. *Жолы болды, келісі қуаныш әкелді, мақсат-мұратына жетті.* Олардың *қ а д а м ы қ ұ т т ы б о л д ы!* Цезий мен рубидий металы табылды (А.Қалығұлов, Жарық.). Шүкір, әйтеуір, Марфуғажан да осы үйдің ырысына келді, *қ а д а м ы қ ұ т т ы б о л д ы* (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.).

Қадамыңа гүл бітсін [нұр жаусын]. а л ғ ы с. *Ісің сәтті болсын, бақытқа жет.* – Талабың таудай бала деп естиміз, Зейнолла, *қ а д а м ы ң а г ү л б і т с і н* (Ұ.Бағаев, Жан.). Естіп жатырмыз, Жетісуды жерім етемін, бізді елім етемін, деп келген көрінесің... *Қ а д а м ы ң а г ү л б і т с і н,* жолың құтты болсын, талабыңа нұр жаусын, Шоқанжан! – деді («Жұлдыз»). – Еңбек етем десе мен неге қарсы шығайын, *қ а д а м ы ң а н ұ р ж а у с ы н* – деді Мұқаш қарт (Ә.Қалмырзаев, Ар).

Қадамың қайырлы болсын. *Біреу бір жақтан келгенде, не бір жаққа аттанғанда, не бір істі бастағанда айтылатын ізгі тілек.* – Иә, аман-сау келіп қалдың ба? *Қ а д а м ы ң қ а й ы р л ы б о л с ы н* (М.Хасенов, Нартәуекел.). Сендер де солардың жолын қуған балалар екенсіңдер, *қ а д а м д а р ы ң қ а й ы р л ы б о л с ы н,* – деп сақалын сипады (Е.Өмірзақов, Ұстаздарым.).

Қадамың құтты болсын. т і л е к. *Ісің сәтті басталсын, келуің бақыт әкелсін деген мағынада.* – Ал, құрылысшы жолдас, алғашқы *қ а д а м ы ң қ ұ т т ы б о л с ы н!* – деп құттықтағанда төбем көкке аз-ақ тимей қалған. Ол мені ағаш шабуға өзі баулып үйретті, – дейді (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

Қадамы тайды. *Мерт болды, өлді; сәтсіздікке ұшырады. Қ а д а м ы ң т а й д ы*, шырағым, Тағдырды Құдай тез беріп (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Қадамы түзелді. *Шаруасы оңға басып, ісі оңғарылды.* Міне, содан жігіт *қ а д а м ы т ү з е л д і.* Қазір ат-тонды азамат (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Қадамы ұлғайды. *Өрісі кеңейді, өресі өсті.* Халық ішін аралап, Өнерді өлшеп шамалап, *Ү л ғ а й с а* деймін *қ а д а м ы м* (Майлықожа, Нақыл).

ҚАДАМДА = е т. *Аяқты кере басу, адымдау.* Қалың ағаштың арасынан сыңқылдап шыққан дауысты, шолпылдаған судың сыбды-

рын тыңдап алып, ақырын *қ а д а м д а п* жүріп келеді (А.Тоқмағамбетов, Жыр.). Жалғыз өзі торға түскен арыстандай бөлме ішінде әрі-бері *қ а д а м д а п* жүрді де қойды (К.Баялиев, Нөсер.).

ҚАДАМДАЙ с ы н. *Қадам сияқты, адым шамасындай.* Түрмеден жүз елу *қ а д а м д а й* жерде өзенді жағалаған жол жатыр (F.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Қару ұстаған жігіт тұра қалып, он-он бес *қ а д а м д а й* жердегі ұрыны басынан асырып, басып салды (Ә.Әзиев, Оянған ар.).

ҚАДАМДАУ *Қадамда етістігінің қимыл атауы; аяқты кере басып жүру, адымдау.* Бірақ келесі сәтте-ақ әлгі елестерді есінен қағып тастағандай болып, ұзын қонышты офицер етігімен ақшаңдақ жолды қайтадан қажымай-талмай *қ а д а м д а у ғ а* кіріседі (С.Санбаев, Аруана).

ҚАДАМДЫ с ы н. *Ісі өрге басқан, талапты.* Ерке өсірме балаңды, Болсын десең *қ а д а м д ы* (Қ.Әміров, Қызыл.). *//Талапты адам.* Жайындай өрге жүзген *қ а д а м д ы с ы ң* Әр жерден атағың бар хабарлысың, Дулатта мойны озған жігіт дейді, Алпысбай, Мәкеңменен аманбысың (Жамбыл, Шығ. жин.).

ҚАДАҢДА= ет. *Қаздаң қағу, қаздаң-қаздаң етіп жүру.* Рәуіш бедірейіп аз тұрды да, аяғын *қ а д а ң д а п* басып, Айқүміске жақындады (F.Сланов, Жанартау). Саяуыш шыға берді оңып түсі, Караса қасында бар он мың кісі. Асынған барлығы да қару-жарақ, *Қ а д а ң д а п* барды лаж жоқ қорқып іші (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ҚАДАҢДАТ = е т. *Қадаң-қадаң еткізу, қаздаң қақтыру.* Қуанып қыз-бозбала той дегенге, Жүр сонда *қ а д а ң д а т ы п* өкшелерін (С.Керімбеков, Еңбек – ата).

ҚАДАҢДАТУ *Қадаңдат етістігінің қимыл атауы.*

ҚАДАҢДАУ *Қадаңда етістігінің қимыл атауы.*

ҚАДАР [ар. قدر]з а т. **1.** *Адамның қолынан келетін мүмкіндік.* Қолымыздан келген *қ а д а р ы* халық үшін тырысайық (М.Сералин, Гүлқашима). Кейін 1918 жылдың мартында Верныйда Совет өкіметі орнағанда ол өзінің білген *қ а д а р ы н* халық арасында жүргізді (Б.Қыдырбекұлы, Мазда.). Әз қария, бар *қ а д а р ы н,* Неге шат, неге дүрміз. Сендердің арқаларың, Жарқылдап жүргеніміз (Ө.Жайлауов, Арай). **2.** *Белгілі бір мөлшер, шама.* Біз Алла тағаланы өзінің білінгені *қ а д а р* ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес (Абай, Тол. жин.). Олай болған хикімет құдаға, пенде өз ақылы жетерлік *қ а д а р і* ғана білсем деген әрбір істің себебін іздеушілерге хаким ат қойған (Абай, Тол. жин.).

ҚАДАРИҚОЛ ү с т. ж е р г. *Әдейі, арнайы. Қ а д а р и қ о л* барсаңыз бес-он күн жатып қайтасыз ғой (Қаз. тілі. диал. сөздігі).

ҚАДАРИ-ХАЛІНШЕ ү с т. *Шамасы келгенше, мүмкіншілігіне қарай.* Құлтай елінен бір саба қымыз алдырып, *қ а д а р и-х а л і н ш е* той ырымын жасаған (С.Омаров, Қызыл.). – Әуезовтен астроном жасайын деген екенсің деп күліп алдым да, өз білгенімше, *қ а д а р и - х а л і м ш е* Исаға аспан әлемі жөнінде түсіндіріп бердім (М.Әлімбаев, Тәрбие.). Әркім өз қызығын өзінше, *қ а д а р и-х а л і н ш е* базарлайды, несіне иіліп, есің шығып әулекілене бересің (С.Жүнісов, Ақан сері).

ҚАДАРЛЫ с ы н. *Сол мөлшерде, соған жете қабат, сондай.* «Сен мақтанып келіп тұрсың, Мен тұрмын бұл ісіңе қайран қалып. Егерде сол *қ а д а р л ы* жаусаң жерге, Су берсең шөлдеп тұрған егіндерге, Көк шығып, жер отайып, егін өсіп, Қандай зор тиер еді пайдаң елге (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ҚАДАРЫНША ү с т. *Бар мүмкіндігінше, шамасынша.* Әркім өз *қ а д а р ы н ш а* жауды жеңуге жалынды жырларымен үлес қосты (С.Мәуленов, Үркер.). Әйтсе де мүмкін *қ а д а р ы н ш а* біраз байқағанымызды ортаға салалық (А.Тоқпанов, Бүгінгі.). – Ауа райының бұзылып кетуі ықтимал, мүмкін *қ а д а р ы н ш а* тұқым себуді тездетіңдер, жолдастар, – деді (И.Салахов, Көкшетау.). Білген *қ а д а р ы н ш а* Ғали мен Жамалдан басқа бозбалалар өлең айтып жатса да, өлеңдері қашаннан бері айтып келе жатқан ескі өлеңдер еді (М.Дулатов, Шығ.).

ҚАДАС = е т. *Бір-бірінен көз айырмай қарау, қадалысу.* Жұрт анталап, «қайтер екен?» дегендей, көздерін *қ а д а с ы п,* демдерін іштеріне тартқандай бола қалды (С.Сейфуллин, Тар жол.). Енді екі зәрлі жылан арбасып қалғандай, көздерін *қ а д а с ы п* алып, бедірейісіп, қатып қалды (F.Мүсірепов, Оянған өлке).

ҚАДАСУ *Қадас етістігінің қимыл атауы.*

ҚАДАТ= е т. **1.** *Тақтыру, ілгізу.* Ұзақ күнге комбайн артында күпене салған сары қазақ баласы қара көз орыс қызына түймесін *қ а д а т ы п* отыр (З.Шашкин, Өмір.). **2.** а у ы с. *Марапаттату, мадақтату; еңбегі не ерлігі үшін құрмет белгісін беру.* Генерал менің кеудеме «Қызыл Жұлдыз» орденін *қ а д а т ы п,* госпитальға жібертті (Ә.Нұршайықов, Алтын.).

ҚАДАТУ *Қадат етістігінің қимыл атауы, жерге қақтыру.* Соғылатын сарайдың,

салынатын көпірдің, тігілетін үйдің, орнайтын қора-қопсының бірінші қадасын ең аяулы кісіге *қ а д а т у* әр елдің тұрмысында да бар әдет (С.Мұқанов, Сырдария).

ҚАДАУ[1] з а т. **1.** *Темір не ағаш тесетін үшкір құрал.* Бұл шойынқұлақты тесу үшін үшкір *қ а д а у,* батпан балға керек (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). Бүйіріне *қ а д а у* батқандай жанын қажаған әйтеуір бір кібіртік бар (К.Ахметбеков, Ақдала). **2.** *Тіреуіш.* Станицаның орта тұсындағы екі жағында *қ а д а у л а р ы* бар ұзынша ақ көпірден өткеннен кейін кездесетін үйлердің бәрі де көзге оттай басыла берді (Б.Тоқтаров, Қыран).

ҚАДАУ[2] с ы н. *Сирек, селдір.* Көзі көк, жалаң иек, *қ а д а у* сақал қарны шертік, жауырын жоқ, бойы тапал (С.Торайғыров, Өленд.).

ҚАДАУ[3] *Қада етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қаданы жерге қағу.* Осы араға *қ а д а у* керек (Ауызекі). **2.** *Тағу, ілу.* Қазақтарда балалардың киіміне есектас пен күміс *қ а д а у* ғұрпы осы парсылардың ғұрпынан шыққан (М.Ысқақов, Соқыр сенім.). **3.** *Сұғу, шаншу, ату.* Партизандар оқтарын фашистердің қақ жүрегіне *қ а д а у ғ а* асығып, жар қабақтың тасасында мылтықтарын кезеніп отыр (Н.Көшекбаев, Қарулас дос). **4.** а у ы с. *Марапатталу, құрмет белгісін (орден, медаль) алу.* Сұрағаным, әуелі бригадир болып кеудеге мықты бір орден *қ а д а у д ы,* содан кейін қыз жөнінде ойлауды саған бердім (Ө.Ахметов, Алда күн.).

ҚАДАУБАС з а т. к ә с. **1.** *Шеберлердің темір тесетін құралы. Қ а д а у б а с* – темір тесетін құрал; асыл тескіш (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Құрал-саймандарға қосымша егеудің түрлері, шапқының түрлері, *қ а д а у б а с,* мәймөңке, мәстемір, жүзік қалып, т.б. көптеген құралдар болады (Қаз. ұлт. қолөнері). **2.** к о л ө н е р. *Темірдің бетіне түрлі өрнек салуға арналған құрал.* Темір пластинкалардың бетіне күміс шауып, оның үстіне үшкір біз және дөңгелек бедерлі *қ а д а у б а с п е н* әртүрлі гүлжапырақтың бейнесі жүргізілген (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.). Аяз шалып, буалдырланған темір жалаңаш алақанды қарып, ұстататын емес, *қ а д а у б а с т ы* олғабына орап, лекерлеп көріп еді, ... қимылы бұрынғысынан батылсыз болып шықты (С.Еркебаев, Жолдар.). *Қ а д а у б а с* – ұстаның қызған немесе отқа салып қыздырған темірді ұстауына пайдаланылатын, тар ауыз өрнек салатын темір (Г. Райымханова, Ата кәсіп).

ҚАДАУДАЙ с ы н. *Қадау сияқты, ұзын, салалы.* Жағалы татар көйлегін бипаздап қайып үлгіргенше, *қ а д а у д а й* қос саусағына ілінген алтынды портсигарды өзінің қалтасына лып сүңгітіп жіберді (Б.Тоқтаров, Тауда.).

ҚАДАУ-ҚАДАУ с ы н. **1.** *Қалың, жиі емес, әр жерде біреу, сирек.* Түн тастай қараңғы. Жұлдыздар сирек; тұңғиық түбінде *қ а д а у - қ а д а у* жылтырап сөнер шырақтай боп діріл қағып тұр (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Көздері жаутаңдап, ауыздары бұлтаңдап дастарқанның әр жеріндегі *қ а д а у - қ а д а у* бауырсаққа, құрт пен ірімшікке қырғидай тиеді (З.Ақышев, Ақбел.). Анда-санда жерде кішірек үйілген шөмеле сияқты *қ а д а у - қ а д а у* баялыш шоқтары көрінеді (Ә.Омарбеков, Қәрлен.). Әңгімеден жалығып, жігіттер саябырлаған кезде жолдың екі жағында *қ а д а у - қ а д а у* қарайғандар көріне бастады (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Үлкен, ірі, зор.* Құзар таудың сандық тасынан кескілеп жасағандай, аяқ-қолдары алпамсадай *қ а д а у - қ а д а у* ірі жануар екен (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). **3.** а у ы с. *Күрделі, маңызды.* Космонавтика ілкі-әуел өріс алған кезде-ақ оның алдында *қ а д а у - қ а д а у* проблемалар тұрды («Білім және еңбек»).

ҚАДАУША з а т. *Көп қабатты тұрғын үйлерде болатын жуыну бөлмесіндегі ұзын труба.* ≈ *Қ а д а у ш а ғ а* көзі түсті (Ауызекі).

ҚАДАУШАБЫР с ы н. *Жұтаң.* Дастарқанның кеспірі тым жәйсіз *қ а д а у ш а б ы р* болған соң, көп айналмай, бағана ойнап кетіп еді балалар (О.Бөкеев, Қайдасың.).

ҚАДӘРЛІ с ы н. е с к і к і т. *Шамалас, дәрежелі.* Халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен *қ а д ә р л і* орысша образования алған кісі болсын (Абай, Тол. жин.).

ҚАДЕ з а т. с ө й л. ***Кәде***. Қонақты кісінің ежелгі *қ а д е с і м е н* ас алуға ұсындым (Мың бір түн). Қонақ кетер, *қ а д е с і н е* Ән-әңгіме қалдырып. Сол сақталар дала есінде, Секілді әсем жаңғырық (Ж.Молдағалиев, Қызыл.).

Қадеге жарады [асты]. *Іске асты, пайдалануға жарады.* – Тәуірмін-ау, – деді әлден уақытта. – Бірақ жуық маңда *қ а д е г е ж а р а й* қояр ма екенмін (С.Алдабергенов, Қанат.). Қазір бүтінің қапелімде қарап, *қ а д е г е а с п а й* қалып жатқан жоқ па? (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). – «Мына қалғанын да мен алып кетейін, енді бұл не *қ а д е г е ж а р а й д ы?*» – деді (Қ.Әміров, Революция.).

ҚАДЕ-ҚАУМЕТ з а т. с ө й л. ***Кәде-қаумет.*** Тойдың толып жатқан *қ а д е - қ а у м е т і н* шашау шығармай орын-орнымен атқару оңай ма? (Ө.Ахметов, Алда күн.).

ҚАДЕЛЕ = е т. с ө й л. ***Кәделе.*** Қараймын азығына алғанмен де Жолыма жарай ма сол, әлде кем бе? Жастарға жетер ме деп толғанамын, *Қ а д е л е п* солар қолқа салған жерде (Ғ.Орманов, Жан.).

ҚАДЕЛІ с ы н. с ө й л. ***Кәделі*** **(***қымбат, бағалы***).** Ежелгі сақ өнерінің алтын мен қоладан құйылған үздік туындылары Қазақ елінің ғана емес, сондай-ақ дүниежүзі музейлерінің *қ а д е л і* экспонаттарының қатарынан орын алады («Жетісу»).

ҚАДЕТ з а т. е с к і к і т. ***Әдет.*** Бағанадан басқыш үстінде отырған Абдолла бала күннен қалған *қ а д е т і м е н* бас бармағын сорып, айналасына жай ғана қарап отырған (С.Ғаббасов, Ана.). Бас тартпаса қазақтың *қ а д е т і* өлетіндей қыстан қалған сүрді місе тұтпайды (Н.Сералиев, Қаңтар).

ҚАДЕТТЕН= е т. е с к і к і т. ***Әдеттен.*** Сермей тастап секіре аттап жүруге де *қ а д е т т е н і п* қалған тәріздес (С.Ғаббасов, Ана.).

ҚАДЖАРИ ү с т. *Қажарлар әдісімен, қажарлар стилін қолданып.* Мұндай тоқу әдістері Қырғызстанның оңтүстігінде көп кездеседі. Оны олар кейде *қ а д ж а р и,* кейде «бұқари» деп атайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ҚАДИ з а т. д і н и. *Әкімнің билігімен тағайындалатын, шариғат қағидаларының негізінде үкім шығаратын мұсылман қауымның діни төрешісі, әділқазысы.* Алғашқы *қ а д и л а р д ы* Медине, Басра, Куфа қалаларында халифа Омар Б. әл-Хаттаб (634-644) тағайындады (Ислам. энцикл.).

ҚАДИМ [ар. قديم] с ын. е с к і к і т. *Ежелгі, ескі. Қ а д и м* замандарда түріктер һәм қарақалпақтар һәм Сыр тарапынан ауса керек (Б.Өтебеков, Ауғ. қаз. тілі. ерекшелік.). Әрбір хадиске айтылатұғын бір *қ а д и м г е* тағриф болмайды (Абай, Тол. жин.). Егер барлыққа келтірмегі бір өз алдына сипат болса, Алла тағаланың сипаты өзіндей *қ а д и м,* һәм әзәли, һәм әдеби болады да, һәмишә барлыққа келтіруден босанбаса, бір сипаты бір сипатынан үлкен я кіші болуға жарамайды (Абай, Тол. жин.).

Кадим мектеп. д і н и. *Ислам насихатшыларын ғана даярлауға бағытталған, оқу араб, парсы тілдерінде жүретін мектептер мен медреселер.* Қазақ даласына тараған *қ а д и м м е к т е п т е р і н д е г і* оқу иман-шарт, әптиек, Құран, діни ахлақ, ғибадат шеңберінен аспады (ҚҰЭ).

ҚАДИМИ [ир. قديمی]: **қадими [қадим] мектеп.** д і н и. ***Кадим мектеп.*** *Қ а д и м и м е к т е п т е р д е* оқу араб, парсы тілдерінде жүреді, барлық жұмысы исламның білікті насихатшыларын даярлауға бағытталады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

ҚАДИМШІЛДІК з а т. т а р. *XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде мұсылмандар арасындағы ескі білім беру жүйесін қолдаушылар бағыты.* XIX ғасырдың соңында Ресей түркі мұсылмандары мәдени даму туралы өрбіген пікірталастар бойынша реформаторлық бағытты жақтаушы жәдидшілдік пен оған қарсы ескішілдік-дәстүршілдік ұстанымда болған *қ а д и м ш і л д і к* бағытқа бөлінді (ҚҰЭ).

ҚАДИС [ар. حديث] з а т. д і н и. ***Хадис*** ***(Мұхаммед пайғамбардың сөзі).*** Бұл *қ а д и с т е* пайғамбарымыз һар кімнің сыртқы түрін айтқан (С.Сейфуллин, Шығ.). «Әл әдеп нес пұл иман» деп еді ғой Бұл *қ а д и с* негізінде болар шеге. Мен жазсам, артынан жаз жауабыңды, Орынсыз отқа түсіп қайғы жеме (Ақан сері, Шығ.). Мінеки, соны айтқанға бірнеше жыл, Уақыты өткен нәрсенің бәрі де тұл. «Оқымаған заманнан оқиды» деп, Пайғамбар *қ а д и с* айтқан, оны да біл (М.Дулатов, Шығ.).

ҚАДИС-АЯТ з а т. д і н и. ***Хадис-аят*** ***(Мұхаммед пайғамбар мен Құранның сөзі).*** Енді оңашада Айып ишанды шақыртып, Фәни жалған алаңын мүлде ұмытқандай, *қ а д и с-а я т* тыңдайтын әдет тапты (О.Сәрсенбаев, Сағым).

ҚАДЫМ[1] з а т. с ө й л. ***Қадам.*** Боран майса шалғандай аяғыма оралып, *қ а д ы м ы м д ы* бөгейді (Н.Сералиев, Қаңтар). Шығыр тартқан атанның жалғыз аяқ сүрлеуінің қанша *қ а д ы м* екенін өлшеді (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

ҚАДЫМ[2] с ы н. с ө й л. ***Қадім.*** Молдалардың ескі *қ а д ы м* оқуына қарсы шықты (Х.Ермұратов, Октябрь). – Жәдитімді тықпасам, Бұқардағы *қ а д ы м г а,* өмірге қарсы шыққан кім? (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы).

Қадым заман. *Баяғы, ертедегі уақыт, өткен дәуір.* Мейрам-қала әйелдері осындай ибалы келеді, қазақтың *қ а д ы м з а м а н н а н* қалған сыпайы салтын ұстайды (Д.Досжанов, Дария). *Қ а д ы м з а м а н д а* өмір кешкен қазақтың ұлы жырауы Шалкиіз жырларында толғағы жеткен ауыр ойлар, бұрауы қатты күйлер бар (Р.Нұрғалиев, Күретамыр).

ҚАДЫМИ с ы н. *Қадімге негізделген. Қ а д ы м и* мешіттің өзіне жарымаған байғұстар жәдитті қайдан білсін, – деп тақ ете қалды (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы).

ҚАДЫМША ү с т. с ө й л. ***Қадімше.*** Бала шағында аздап қана *қ а д ы м ш а* оқыған ел, сапар шегіп жүрген шақтарында тәжіктің және өзбектің тілдерін үйреніп алыпты да, ол тілдерде жазылған кітаптарды түсініп еркін оқитын боптыы (С.Мұқанов, Есею жыл.). Құлпытасындағы жазу арабша, жазуды оқымақ болған. Бірақ жазу *қ а д ы м ш а* екен, оның үстіне түгелге жуық өшкен (М.Мағауин, Бір ата.).

ҚАДЫМШЫ з а т. *Моншада су таситын және моншаға тұсушілерге қызмет көрсететін адам.* Шығыс және Орта Азия мемлекеттерінде, Қазақстан аумағында және Ұлы жібек жолы бойында орналасқан Тараз, Түркістан, Ақтөбе т.б. қалалардағы моншаларда *қ а д ы м ш ы* ұстаған (ҚҰЭ).

ҚАДЫМШЫЛ с ы н. с ө й л. *Қадімді жақтаушы, сол бағытты ұстанушы.* Мұптақаттен *қ а д ы м ш ы л* (қадімшіл) молда болғанмен, ескіше оқудың көзін тапқан, оқуды Тройцкіге барып бітірген адам еді (С.Мұқанов, Теміртас.).

ҚАДЫР з а т. с ө й л. ***Қадір.*** Жаратқан жүмлә жанды *қ а д ы р м е н е н* Бұрынғы сөйлеймін өткен ханнан. Жылынан алпыс сегіз бермен қарап Айтайын өзгергенін закон-заңнан (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Қадырын білді. *Бағалады, құрметтеді.* Енді ойладым қайратқа мінейін деп, Білімдінің *қ а д ы р ы н б і л е й і н* деп. Ақыл сөзбен арқама күнде ұрғызып, Талаппен түзу жолға кірейін деп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ҚАДЫРДАН с ы н. е с к і к і т. ***Қадірдан.*** Саламат қыз қасына жетіп келіп, Сүйікті есенбісің деді жолдас. Қыз айтты мың кісінің қылышынан, Қалайша *қ а д ы р д а н ы м* болдың қалас (Кете Жүсіп, Өлең. толғ.).

ҚАДЫРМАНДЫ с ы н. е с к і к і т. ***Қадірменді***. Ойыннан жиылған ақша 817 сом болды (шығын 277 сом). Мұның үстіне *қ а д ы р м а н д ы* ақсақалымыз Жақия хажы Бейсекеев жастарымыздың алғашқы талап еткен жолы еді ғой, біз көтермегенде кім көтереді деп 100 сом сый қылды (М.Дулатов, Шығ.).

ҚАДІ [ар. حد] з а т. ж е р г. *Әлі, халі.* Әр нәрсе *қ а д і н е н* артық болмайды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ҚАДІМ [ар. قديم] с ы н. *Ежелгі, арғы, бұрынғы, өткен, ертедегі.* Атақты әдебиет мамандарының көрсетуіне қарағанда, түркмен әдебиетінің алғашқы нұсқалары *қ а д і м* ғасырларда пайда болған (Р.Бердібаев, Гүлстан.). Қаратаудың теріскейіндегі *қ а д і м* заманда ойран болған көп қаланың бірі – Құмкент (Алғы шепте.).

Қадім жазуы. *Көне араб жазуы.* Бірақ менің ойымша, революциядан бұрын қазақтар пайдаланған, біз арабша деп жүрген *қ а д і м ж а з у ы* – қазақ жағдайына сәйкес, жаңа түрде қалыптасқан (М.Мағауин, Көк мұнар).

Қадім оқуы. *Көне араб тілінде білім беру.* Ал *қ а д і м о қ у ы* араб, парсы тілінен басқаны үйретпеді («Жалын»).

ҚАДІМШЕ ү с т. *Ескіше, көне арабша.* Баласы *қ а д і м ш е,* жәдитше бірсыпыра оқып тастаған (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Әлдекімнен *қ а д і м ш е* оқып, түрікше ғана хат таныған ол туғандарының және маңайындағы ауылдардың балаларының «тілін сындыруды» кәсіп еткен (Б.Ізтөлин, Шығ.).

ҚАДІР [ар. قدر] з а т. *Сый, құрмет, бедел, баға; қасиет.* – Қасыңда жүрген кісінің *қ а д і р і* бола ма, оның ақылды жігіт екенін осы күнге дейін аңғармаппын ғой (Бал дәурен). *Қ а д і р і ң* дос-жарларға болсын сондай, Сыртыңнан көрмегенде сағынатын (М.Дулатов, Шығ.). Алтын үсте жүргенде, Сол *қ а д і р м е н* көп жүрген. Өз ойында көк есек: Өзгеше тудым деп жүрген (Абай, Тол. жин.).

Қадір Жаппар. д і н и. *Алла тағаланың 99 есімінің бірі.* Ағашқа өрлей берді бір айдаһар, Медет бер мен ғаріпке *Қ а д і р Ж а п п а р* (Қисса-дастан.).

Қадір тұтты. *Қадірледі, қастерледі, құрметтеді.* Ғаниды барлық жастарымыз да, қалың көпшілік те өте жақсы көретін, сыйлап, *қ а д і р т ұ т а т ы н* (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев). – Ардагерім, азаматым деп, ерекше туған замандасым деп *қ а д і р т ұ т ы п* ем (С.Сматаев, Алау). – Дәмді *қ а д і р т ұ т а т ы н* ел едік, сыйлы қонағымыз болыңыз, дәм ішіп кетіңіз (Т.Қойшыманов, Тынымсыз.). Сыйласын десең жұртың *қ а д і р т ұ т ы п*, Айғырсып момындарға ақыр, інім (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Қадір түні. д і н и. *Рамазан айының 27-де Мұхаммед пайғамбарға көктен Құран Кәрім аяттары түскен қасиетті түн* [*Бұл түнде Алла тағала адамдардың біржылдық тағдырын белгілейді деп есептеген, Құран бойынша мың айдан да қымбат бұл түнді мұсылмандар Алла тағалаға ғибадат етумен көз ілмей өткізеді*]. – Дәурен, *Қ а д і р т ү н і н д е* Құдай адам не тілесе, сол тілегенін береді деген рас па? – деді Нүрке (І.Есенберлин, Айқас).

Қадір түніндей күтті. *Бір нәрсені (біреуді) асыға күтті, зарыға тосты.* Сүлекең өзінің баяу қимылымен мұртын сылап, сақалын тарап, жауап қайтарғанша, жұрттың *Қ а д і р т ү н і н д е й к ү т к е н* Ескалиы да шықты (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

Қадір түнін күтті [күзетті]. *Қадір түнін ұйықтамай, көз ілмей өткізді.* Кейбіреулер отыз күн ораза соңынан *Қ а д і р т ү н і н к ү т і п* отырғандай көздерін жұма күбірлейді (Ж.Тілеков, Жоңғар.). *Қ а д і р т ү н і н к ү з е т к е н* әулие бір мезетте: Айлап тамшы татпайды, Арақты өзі даттайды (М.Әлімбаев, Ту тіккен.).

Қадірі артты [асты]. *Абырой-атағы өрледі, беделі өсті.* Уақыт мұндай жандарды тарих

шаңына көмдіріп, көнелендірмейді, қайта адамзат неғұрлым ілгеріге ұмтылған сайын олардың *қадірі арта* түседі (І.Омаров, Серпін). Оқу оқып өнер біл, Оқысаң *артар қадірің*. Қайтарарсың оқумен Байдың берген жәбірін (О.Шипин, Екі дастан). *Қадірің асқан* Қарлыға, Қайда кеттің, қайда кеттің, қимасым? Ұқтым ғой мен, жаңа ұқтым ғой, Неге кеттің, не деп кеттің? (М.Әуезов, Шығ. жин.).

Қадірі бар. *Қадірлі, сыйлы, беделді.* Жаның сенің өзгеше. Жүрегің таза айнадай, Жұрт көзінде *қадірің бар,* Өнерлісің, ақынсың! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Халық сөзіңді алмаса, Көп те болсаң қаңғысың. *Қадірің* жұртқа *бар* болса – Жалғыз да болса оңдысың (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Қадірі жоқ. *Сыйсыз, беделі жоқ.* Біз едік *қадірі жоқ* ұл әкеге, Көп жатқан мешел болып келекеде. Әл бітіп, жаңа ғана аяқ басып, Іліндік біз де жетіп мерекеге. Тойыңа шашу алып шаттанамыз, Білдіріп жүрек лебін Грекеңе!!! (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Қадірі кетті. *Абыройдан айырылды, беделі түсті; құны қалмады.* Хан екі айтса *қадірі кетеді,* қара екі айтса ары кетеді (Ел аузынан). Қалдырған уын бай терең. Кей жағдай жаяу майдан дер. Сен болсаң, Ораз, қайтер ең? *Қадірі кетті-ау,* қайран ер! (Ж.Молдағалиев, Жесір.). Жиырма жетіге жаңа толған Әлжанның енді *қадірі кете* бастағаны ма? (Е.Қалиев, Рудный.). Тентек болма балаға, Безер болма келінге *Қадірің кетер* еліңе, Қарауыл қой сөзіңе (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.). Мен келгелі көп болды, бұ да жетер, Жата берсе қонақтан *қадір кетер* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ақылдасар досы көбейсе, *қадірім кетіп* қалады деп, бар оңбаған жауапты үйретеді (Абай, Тол. жин.).

Қадірі [не қадір қалмақ] қалмады. *Қадірі кетті, қасиетінен айырылды.* – Бұл кәсіптің де *қадірі қалмай* барады-ау, – деді ол ойын онан әрі жалғастырып (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). – Бүйткен тірлігі құрсын. Кеше ұрсысқан әйеліңе бүгін барып жалынсаң, *не қадір қалмақ,* қорлық та (Д.Досжанов, Зауал).

Қадірі қашты. *Қадірі кетті, сый-құрметінен айырылды.* Жұртқа қарасам, қасында қосағы, алдында қызы, артында ұлы. Соларды көріп *қадірімнің қашқанына* қиналамын (М.Дүйсенов, Ант.). Бұл бақас сөйлей берсе ұзап кетер, Тіл – зәһәс еттен әрмен Бүйрекке өтер. Біріңнің біріңізге *қадірің қашып,* Көңілдің аясына зиян жетер (Айтыс).

Қадірін білді [түсінді]. *Қадір-қасиетін түсінді, бағалай алды.* Біздің Әлихан дос *қадірін білетін* сырбаз жігіт еді ғой, шіркін (С.Омаров, Өмір.). Сембай сондай әйелдің де *қадірін білме й* жүре беріпті-ау! (Ә.Нәбиев, Ауыр.). Ер *білер* ер *қадірін* деген сөзбен Бір сәлем жаза қалдым сізге таман (Кердері Әбубәкір, Қазағым). – Әлгі келін осындай қазақтың қызы болса ғой, ата-ананың *қадірін түсінер* еді (Д.Досжанов, Зауал.).

Қадіріне жетті. *Қастерледі, қадірледі; құрметтеді, сыйлады; бағалай білді.* Келмембет айтты: «Әзімбай, Арызымды жақсы тыңдадың, Бұл сапарда бұрынғы әдетіңді қылмадың. *Қадіріме* бек *жетіп,* Құрметтедің, сыйладың» (Қамбар батыр). Өткен өмірге көз жібермей, жаңаның *қадіріне жетпек* жоқ («Қазақст. әйелдері»). Ол кездерде көбеген бір жас едім, Емшек сүті ернімде әлі кеппеген. Балалықтың қызығына мас едім, Ештеменің *қадіріне жетпеген* (С.Сейітов, Сапар.). Михрабым сен, бас ұрамын, Тіл жете алмас ғұзірім. *Жетпедім,* не жасырамын, Гауһәрімнің *қадіріне* (Абай, Тол. жин.).

Қадірін кетірді [түсірді]. *Абыройынан айырылды, беделі қалмады.* Ау, Тәке, мынау сұмдық қой. Қартайғанда *қадірімді кетіріп* отыра алмаймын (Т.Иманбеков, Үш ай.). Алманың шешесі де баласын жаман болсын деп жүрмеген болар. Бірақ ол кісі өз баласының алдында *қадірін түсіріп* алған сияқты («Білім және еңбек»).

Қадірі өтті. *Зарын тартты, құнын білді.* Бишанның еңіреді өзі онан бетер, Дос-достың осындайда *қадірі өтер.* – Ішіме қабат-қабат қан ұйысты, Күн бар ма, о, дариға, елге жетер! (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Қадірі түсті. *Қадір-қасиетінен айырылды, беделі қалмады; бағасы түсті.* – Бұдан он жыл бұрын жер астындағының дыбысы елден бұрын маған жетуші еді, – деп ойлады Есеней. – Елде *қадірім түсе* бастағаны ма екен? (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Кейінірек Торсанға қарсылар күш алып, Торсанның ішінде де, өкімет алдында да *қадірі түсе* бастайды (С.Мұқанов, Менің мектеп.).

ҚАДІРДАН [ар. +ир. قدردان] с ы н. е с к і к і т. *Қадірлі, құрметті, сыйлы; қадірменді.* Айтайын, – деді, – онда кешсең қанын, Ол еді о басында *қадірданың,* Артықша айыпкер боп қорқып сенен, Сасып жүр, «сау қалад, – деп, – қайтсем жаным» (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Көрұғлы тағы айтады: – Хасанханым, Мирасхор сіздер едің *қадірданым.* Дарияның аржағында көп Қызылбас бар еді Көһи патша дүшпандарым (Көрұғлы). *Қадірдан* халық

билеген ақсақалдар, Бұл іске фәһім назар саласың ба? (М.Дулатов, Шығ.). Сүйкенер көңілі сүйген сүйгеніне Осындай келер сөзі *қадірданың* (Бес ғасыр.).

ҚАДІРДЕН с ы н. с ө й л. ***Қадірдан.*** Ұлбике, Бақтияр ма тегі атаң, Жайылған алты алашқа Ұлбике атың. Аузыңнан шыққан сөзің шекер мен бал, *Қадірден,* қайдан жүрсің, перизатым (Айтыс).

ҚАДІР-ҚАСИЕТ з а т. *Сый-құрмет, абырой-атақ; бедел, баға.* Туған жердің, кіндік кесіп, кір жуған жердің сұлулығы мен *қадір-қасиеті* бөлек қой, шіркін (Т.Қаупынбаев, Жазира). Сыр бойының жері жер-ақ қой, шіркін! Оның ыңғайын тауып, сырын ұққан Ыбекеңдер *қадір-қасиетін* жақсы біледі (Ә.Ибрагимов, Нағыз.).

ҚАДІР-ҚҰРМЕТ з а т. *Ықылас-ынта, сый-сияпат.* Жорықтан қайтқан жігіттерді түсірген үйлердің бәрінде де осындай молшылық, ағайын арасында әшейінде бола бермейтін ерекше бір *қадір-құрмет* (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Ол ел қадірін біліп, халқына, партияға адал қызмет еткен, аз өмірін, жас өмірін солардың мүддесіне арнаған адам. Демек, ол – халықтың *қадір-құрметіне* лайық адам (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев). Украинадан келген детдомға жергілікті халықтың аса зор *қадір-құрмет* жасауы керектігін айтып шықты (С.Мұқанов, Шығ.).

Қадір-құрметке бөленді [ие болды]. *Елдің, халықтың сый-құрметіне кенелді, сүйіктісі болды.* – Бірақ дәл мұндай атақ-даңқ, *қадір-құрметке бөленген* шопанды білмейміз, – деседі, Ақтүбек ауылының адамдары (С.Байжанов, Сыр.). «Солардың арқасы емес пе, атақ-абыройға ие болып, *қадір-құрметке бөленіп* жүргенім», – деп ойлады Кәмшат (Ер есімі.). Бұл заводтың өнерпаз жастары поселкеде ғана емес, аудан еңбекшілерінің *қадір-құрметіне ие болып* жүр («Лен. жас»).

Қадір-құрмет көрсетті. *Ардақтап құтті, сыйлады, құрметтеді.* Шоқанға екінші кластан бастап көңіл аударған ол жолыққан жерде сөйлесіп, үйіне шақырып дегендей, *қадір-құрмет көрсете* бастаған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жантастың ендігі ойынша: Нылқының қарулы қолмен келген жаңа болысын Асқар қарсы алып, *қадір-құрмет көрсетпесе,* жатқан жерінде үстінен түсіп, бас салады (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

Қадір-құрмет тұтты. *Қадірледі, қастерледі, құрметтеді.* Отанымыздың жауларына қарсы ұрыстарда ерлік пен батырлық көрсеткен ата-бабаларымызды үнемі есте ұстап, оларды *қадір-құрмет тұтамыз* (Қ.Аманжолов, Қасиет.). Содан бері «іш-әй» дескен жан емеспіз. Бірімізді-біріміз *қадір-құрмет тұтумен* келеміз (Ә.Нұршайықов, Алтын.).

ҚАДІРЛЕ = е т. *Қастерлеу, сыйлау, құрметтеу; қадір тұту.* Әрі десе 4-5 жас үлкен болғандықтан көбіміз, оны аға тұтып, *қадірлейтінбіз* (Б.Момышұлы, Москва.). «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» дегендей, кейбіреулер көзі тірісінде ата-ананы *қадірлей* алмайды (К.Баялиев, Дегелек.). *Қадірлеңдер* әр сағатын уақыттың, Әр сағатты бір өмір деп қараңдар, *Қадірлеңдер* бір-біріңді, аяңдар, Бір-біріңді бауырым деп санаңдар (Ә.Тәжібаев, Жартас). Мырзаларды *қадірлейін* десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза елде көп (Абай, Тол. жин.).

ҚАДІРЛЕН = е т. *Құрметтелу, қадір тұтылу, сый-құрметке ие болу.* Бірақ сол қарапайым адамдар осыншалықты құрметтеледі, осыншалықты *қадірленеді* деп, әсте ойламаушы едім (Бал дәурен). *Қадірленген* қонаққа Қос қазы қабат келеді. Алдына ет келгенде Қонақ сөйлей береді (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.).

ҚАДІРЛЕНУ *Қадірлен етістігінің қимыл атауы.*

ҚАДІРЛЕНУШІ з а т. *Құрметтелуші, қастерленуші адам.* Ал екінші жағынан *қадірленуші* тым көп болса, қадірдің де құны кетеді (І.Есенберлин, Алтын құс).

ҚАДІРЛЕП-ҚАСТЕРЛЕ = е т. *Сыйлау, құрметтеу, қасиеттеу.* Өнерді түсініп, сүйе білу, *қадірлеп-қастерлей* білу де зиялы адамның, мәдениеттіліктің бір белгісі (С.Байжанов, Сыр.). Шын жанашыр қауым, Абайды *қадірлеп-қастерлейтін* үлгілі ортаға Зәкеннің өзі тоқтау айтады (К.Оразалин, Абай.).

ҚАДІРЛЕП-ҚАСТЕРЛЕУ *Қадірлеп-қастерле етістігінің қимыл атауы.* Бұл тұста медресе, мешіт салған зергер жандардың таңғажайып өнерін *қадірлеп-қастерлеумен* қатар, сол орындардың таптық астарын, оны иеленушілердің қайшылығын да ескермеуге болмайды (Д.Досжанов, Құм жұтқан.).

ҚАДІРЛЕС с ы н. *Бірін-бірі қадірлейтін, сыйлас.* Сыбаға әкелген *қадірлес* абысынажын, бәйбіше-келін Ұлжан ауылын басып жатқан болу керек (М.Әуезов, Абай жолы). Жан аяспайтын туыс-бауыр, *қадірлес* жора-жолдастардан тапқысы келеді оны (С.Омаров, Өмір.). Қатар-құрбы *қадірлес* замандасты сағындым. Қатаған мен Кедейбай – Мақамдасты сағындым (К.Әзірбаев, Тойбастар). Тыңдаушы асыл сөзді табылғанда Айтушы тартынар ма және тағы. *Қадірлес* құрбыларың

жиналғанда, Тарқасын разы болып сынбай сағы (М.Дулатов, Шығ.). // *Дос-жаран, жора-жолдас, қатар-құрбы.* Мүмкін мына Ұмсынай айтқандай, Хадиша да ең ардақты *қ а д і р л е с і м н і ң* бірі болып кетер, кім біледі (С.Сейтхазин, Хадиша). Кешкі салқын самалмен еңсесі көтерілген *қ а д і р л е с т е р* енді отауда әр алуан сөздер сөйлеп, әзіл-қалжыңдар айтып отыр (Ә.Көшімов, Лашын).

ҚАДІРЛЕС = е т.*Сыйласу, қадір тұтысу, сіз-біздесу.* Осы 17 жыл бойы біріне-бірі сүйемел болып, өзара тату-тәтті *қ а д і р л е с к е н* анасы тап бүгін қызын, ал қызы анасын түсінбеді (Ө.Қанахин, Мұрагер). – Қадірлеріңді көбейтіп тұрыңдар, *қ а д і р л е с к е н г е* не жетсін (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.).

ҚАДІРЛЕСУ *Қадірлес етістігінің қимыл атауы; сыйласу.* Жанболаттың Күнженмен тек руластығы болмаса, туыстық жақындығы жоқ. Әйтсе де бір-бірімен сыйласудан, *қ а д і р л е с у д е н* кенде емес (А.Хангелдин, Қараторғай).

ҚАДІРЛЕТ = е т. *Сыйлату, қадір тұтқызу, құрметтету.* Алдырып ескі серік домбырамен, Шалдарды отырған кім *қ а д і р л е т і п?* Жеткенде тоқсан жасқа шөккен нардай, Жүрекке дем берген кім дүбірлетіп? (Жамбыл, Шығ. жин.).

ҚАДІРЛЕТУ *Қадірлет етістігінің қимыл атауы.*

ҚАДІРЛЕУ *Қадірле етістігінің қимыл атауы; қастерлеу, бағалау.* Итті бұлай *қ а д і р л е у* малшаруашылығымен шұғылданған көшпелі елде қажет-ақ (С.Мұқанов, Халық мұрасы). Адам мен адам арасындағы сыйластық, достық, бірін-бірі *қ а д і р л е у,* қастерлеу – бәрі сол қасиеттің көрінісі (Ұ.Бағаев, Жан сұлу).

ҚАДІРЛЕУШІ зат. *Қадірлейтін, құрметтейтін адам.* Қадірлі болмақ, – әзелде, Еліңе жақсы ісіңмен. Қадірлі болмақ – кей-кейде *Қ а д і р л е у ш і* кісіңнен (Ғ.Қайырбеков, Большевик.).

ҚАДІРЛЕУШІЛІК з а т. *Құрметтеушілік, сыйлаушылық.* Адамды *қ а д і р л е у ш і л і к* – ең алдымен... Отанын, оның даңқты асыл адамдарын ыстық сезіммен жақсы көру (Семья тәрбиесі).

ҚАДІРЛІ с ы н. **1.** *Құрметті, сыйлы; беделді, ардақты (адам).* – Сәке, алыстан *қ а д і р л і* қонақ келіп тұр, үйге енуге рұқсат сұрайды (С.Жүнісов, Ақан сері). Келінімнің жұртқа *қ а д і р л і* екенін сонда білдім (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.). Абайды қолымыздан келген *қ а д і р л і* жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз (А.Байтұрсынов, Шығ.). *Қ а д і р л і* басым, Қайратты жасым Айғаймен кетті, амал жоқ. Болмасқа болып қара тер, Қорлықпен өткен қу өмір (Абай тілі сөздігі). Жайылхан ұлы Майқы би Билігі асқан ер екен, *Қ а д і р л і* жұртқа жан екен (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** *Қадірі бар, құнды, қасиетті, бағалы (зат).* Бұл қыш көзе Сейілбек үйінің асаа *қ а д і р л і* бұйымы еді (Д.Досжанов, Дария). Ұстаз берген кітап [_ _ _] өлеңдер жинағы екен. Үрмеш сол кітапты *қ а д і р л і* мүлкіндей сақтап жүрді (Ә.Әлішев, Батыр.). Бірақ соңғы заманда пән, ғылым өсіп, адамзат өнерленген сайын педагог деген ат *қ а д і р л і,* қасиетті болып барады (М.Жұмабаев, Шығ.).

ҚАДІРЛІК з а т. с ө й л. ***Қадірлілік.*** Сөзді шағындай отыра оның ағалық, үлкендік *қ а д і р л і г і н* бағаламасқа да болмайды (І.Омаров, Шабыт.).

ҚАДІРЛІЛІК зат. *Сыйлылық, құрметтілік, беделділік, бағалылық.* Абайдың өз заманында жұрттан асқан даналығы, бүгінде бізге *қ а д і р л і л і г і* – оның халықты сүюшілігінде (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Құл қожа алдында тұрмақ – бұқара патша алдында тұрғаннан артық Алланың *қ а д і р л і л і г і н е,* өзінің ғажиздығына ықрарының беріктігін көрсеткен ишараты (Абай, Тол. жин.).

ҚАДІРЛІРЕК с ы н. *Қадірі молдау; сыйлырақ, құрметтірек; құндырақ, қымбаттырақ.* Қораптың ішінде өзінен гөрі *қ а д і р л і р е к* бір нәрсе кеткен екен ғой (Ә.Сәрсенбаев, Толқындар.).

ҚАДІРМЕН [ар.+ир. قدرمند] с ы н. *Қадірлі, құрметті, сыйлы; қадірдан.* Мен жарты жылдан кейін Ұзынағашқа қайта соқтым. Бұл жолы көшелерден Тоқаш Бокин, Абдулла Розыбақиев сияқты *қ а д і р м е н* кісілердің есімін кездестірдім (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.). Бұл кісі Ғанидың *қ а д і р м е н* досы, Түркістан комсомолын алғаш ұйымдастырушылардың бірі еді (Ж.Арыстанов, Естен кетп.).

ҚАДІРМЕНДІ с ы н. *Құрметті, сыйлы, ардақты.* Магнитка құрылысшылары қарапайым да *қ а д і р м е н д і* картты Қарағанды облыстық Советіне депутат етіп сайлаған (Ш.Мұртазаев, Интернат.). Осының бәрін Асқар білетін және де ол Сапар ағайдың бүкіл ауылға сол бұрынғысынша *қ а д і р м е н д і* екенін де көріп, танып отыр (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Жанындағы анау бұйра шаш жігіт *қ а д і р м е н д і* ақсақал Мұрын жыраудың немересі (Береке бастауы). Еліңе барған жерде елеулі боп, халқыңа *қ а д і р м е н д і,* қалаулы бол («Айтыс»).

ҚАДІРМЕНДІК з а т. с ө й л. ***Қадірменділік.*** Үкеннің бұнысы Хамитке күнім түседі екен деп көлгірсу емес, жастай бір өскен құрбылықтың, *қ а д і р м е н д і к т і ң* сый-құрметі (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр).

ҚАДІРМЕНДІЛІК з а т. *Құрметтілік, сыйлылық, ардақтылық.* Комсомол жас ұрпақты еңбекке деген сүйіспеншілікке, еңбек адамына деген *қ а д і р м е н д і л і к к е* тәрбиелеуіміз керек (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев).

ҚАДІРСІЗ с ы н. *Қадірі жоқ; сыйсыз, құрметсіз.* – Шешең саған *қ а д і р с і з* болғанымен, маған қадірлі (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Бұрынғы қазақ ақындарының мақтау, құттықтау өлеңдерінің көбі *қ а д і р с і з* болып кетуі шын көңілден, шын толғау болып шықпағандықтан (А.Байтұрсынов, Шығ.). Күлкі боп көргенге, Құрбыға *қ а д і р с і з.* Ас қылып бергенге, Шыдамас сабырсыз (Абай, Тол. жин.).

ҚАДІРСІЗДЕН = е т. *Қадір-қасиетінен айырылу, сыйы кету.* Нартай осыған ызалы. *Қ а д і р с і з д е н і п,* ұмытылып қалғандай сезініп, кімге өкпе айтарын білмей күйінді (А.Жақсыбаев, Егес).

ҚАДІРСІЗДЕНУ *Қадірсізден етістігінің қимыл атауы.*

ҚАДІРСІЗДІК з а т. *Қадірі жоқтық.* Оның әжесінен естіген әлгі секілді сынын домбыраның, күйдің *қ а д і р с і з д і г і* деп ұққан (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). Әдебиетке атаққұмарлар келмейді. Оған жанның қызметшілері, саналысы, биігі келеді. Парықсыздық, ойсыздық – ол *қ а д і р с і з д і к* («Лен. жас»).

ҚАДІС ар. з а т. д і н и. е с к і к і т. ***Хадис.*** Аят пен *қ а д і с т е н* кем көрмейді (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Қ а д і с т і* Қожа қолды сермеп, тамақты қатты бір кенеп: «Сонда қазірет Ғәли Рази аллаһу Ғанһи айтқан екен», – деп бір *қ а д і с т і* жіберді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ҚАЖ з а т. д і н и. ***Қажылық*** (*Меккеге барып, Құдайға құлшылық ету).* Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған *қ а ж* ешбір ғибадат орнына бармайды (Абай, Тол. жин.). Кейбірі қажыға барып жүр, Болмаса да *қ а ж* парыз. Мұсылмандық ол ойлап, Өтеген қашан ол қарыз? (Абай, Тол. жин.).

ҚАЖА = е т. **1.** *Қатты заттың сұйкеліп, ұйкеп, теріні сыдырып кетуі, тәнді жарақаттауы.* Тақымым, үзеңгі бау *қ а ж а ғ а н* сирағым ду-ду ашиды (С.Мұратбеков, Жабайы.). Қоңылтаяқ киген өкшесі қисық етігім аяғымды *қ а ж а п* жанымды көзіме көрсетіп келеді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Осы сәтте ол киімдері *қ а ж а п,* тер ашытып ауырған жараларын да ұмытқан (Р.Райымқұлов, Болат.). **2.** *Бір нәрсені кеміру, мұжу, қабығын сыдыру.* – Қазы шайнап, қабырға *қ а ж а ғ а н* менің әкем, ішін кебек тескен сенің әкеңнен кем болып па?! (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Жидесін қайта-қайта келгіштеп, *қ а ж а п* жей берген соң, өз ағасының қара ешкісінің бір мүйізін ұрып та сындырды (Ө.Тұрманжанов, Адам.). **3.** ауыс. *Біреудің жанына тие сөйлеу, мазалау; тынышын алу.* Менің де, мен ұстаған діннің де шама-шарқы белгілі емес пе, несіне *қ а ж а й с ың* (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). – Шырақтарым, маған қарамаңдар, ас алып отырыңдар. Бұл сорлының қит етсе, *қ а ж а й т ы н ы* мен (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). – Қойшы, жалғыз ұлды *қ а ж а й* беріп, кетесің түгі (О.Бөкеев, Үркер).

ҚАЖА з а т. с ө й л. ***Қожа*** *(малға байланысты айтылады).* Шопан қойдың *қ а ж а с ы* (Қаз. тілі. диалект. сөздігі).

ҚАЖАҒЫШ с ы н. *Қажай беретін, мыжыма.* Ақсары маманның мына сияқты *қ а ж а ғ ы ш* мінезін жете білетін Қаныш ажарлана қабағын көтерді (С. Бегалин, Уақыт.).

ҚАЖАЙ-ҚАЖАЙ ү с т. *Әбден қажап, көп қажап.* Көтеріп қараса, мойнына білезік салынған екен. Құс мойнын *қ а ж а й-қ а ж а й* қиып түсуге қалған (Д. Досжанов, Зауал). Енді бір мәурітте желқом *қ а ж а й-қ а ж а й* ақжемін шығарған қапталын ағаш үйдің бұрышына үйкеп алды да, Тасшоқыға бет алды (О.Бөкеев, Қамшыгер).

ҚАЖАҚ з а т. г е о л. *Металдардан, тастардан, шыныдардан, ағаштардан және т.б. қатты материалдардан жасалған бұйымдарды өңдеу мақсатында пайдаланылатын өте қатты минералдар мен таужыныстардың немесе жасанды заттар жиынтығының жалпылама атауы* (Қаз. тілі термин. Геология).

ҚАЖАҚ-ҚҰЖАҚ з а т. **1.** *Азын-аулақ тіске басар ас-су, мардымсыз азық.* Мына қоржында котелок, шай, оны-мұны азық бар, осы арадақ *қ а ж а қ- қ ұ ж а қ* жасармыз (Ж.Қосыбаев, Әнші Мұхит).

Қажақ-құжақ қылды [етті]. а) *Талғажау етті, місе тұтты.* Енді осы жетім малтаны *қ а ж а қ-қ ұ ж а қ қ ы л а* түрмаса, оған үйде ас әзірлеп отырған да ешкім жоқ (А.Нұрманов, Аққу.). ә) *Керегіне жаратты, пайдаға асырды.* – Әуре болма, Егеу. Мына Күләй мен Сараның әкелген бірдеңелері болу керек, соны *қ а ж а қ-қ ұ ж а қ е т с е к* болды да (Ж.Алтайбаев, Ұятай). Олар «Қазақконцерт» пен филармония әншілеріне *қ а ж а қ-қ ұ ж а қ е т е р л і к* программа тауып беріп жатыр ғой («Қаз. әдеб.»).

ҚАЖАҚТА= е т. **1.** *Бір нәрсені қажалау, кеміру; талғажау ету.* Құртты *қ а ж а қ т а й* бергенде: – Енді түсейік аттан, – деді Нұртас (Т.Тобағабылов, Тағы бір.). **2.** а у ы с. *Көп сөйлеп біреуді мазалау, мыжу.* – Сабыр ет, Байекесі, мені қайтесің *қ а ж а қ т а п,* әуелі сені жайғастырып алайық та (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай).

ҚАЖАҚТАС = е т. **1.** *Бір нәрсені қажалысу, талғажау етісу.* ≈ Өзара *қ а ж а қ т а с т ы.* **2.** *Қажақтап әр нәрсені бір айтып сөйлесу.* ≈ *Қ а ж а қ т а с а* береді.

ҚАЖАҚТАСУ *Қажақтас етістігінің қимыл атауы; қажақтап, әр нәрсені бір айтып сөйлесу.* – Үйге кіргесін де *қ а ж а қ т а с у ғ а* сөз керек (К.Ахметбеков, Қыранқия).

ҚАЖАҚТАТ= е т. *Бір нәрсені қажалатып, кемірту, талғажау еткізу.* Әкесі мен шешесі таудан қараған-бұта шауып әкеліп, қойларға *қ а ж а қ т а т қ а н* болады («Жұлдыз»).

ҚАЖАҚТАТУ *Қажақтат етістігінің қимыл атауы.*

ҚАЖАҚТАУ *Қажақта етістігінің қимыл атауы; талғажау ету.* Тоймаса да *қ а ж а қ т а у д ы ң* өзіне едәуір жұбанды балалар (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

ҚАЖАЛ= е т. *Үйкеліп сыдырылу.* Екеуінің де бөкселері бастырмай қалыпты. *Қ а ж а л ғ а н* бұттары удай ашиды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда *қ а ж а л м а с ы н* деп кірпік жасады (Абай, Тол. жин.).

ҚАЖАЛА = е т. *Көп қажау, кеміру, мұжу.* – Қолдарыңа бір-бір шақпақ қант ұстатам. Еркін ағам әкеп берді деп, *қ а ж а л а п* жеп жүріңдер (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Құ қамысты *қ а ж а л а й д ы,* шалшық сіміріп, батпаққа толарсақтап, үй айналасын кезеді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Бұрын шүмек орнатқан бір жері бар, Әрқашан тырмалайды соны барып. Неше күндей *қ а ж а л а п* тескен соны, Іздеген мақсұтына жеткен қолы (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ҚАЖАЛАТҚЫЗ = е т. *Кемірту, мұжіттіру.* Қызыл иегімен *қ а ж а л а т қ ы з ы п* балаға нан беріп, ет беріп, сорғалатып май беріп қойған ана – баланың досы емес, қасы (М.Жұмабаев, Шығ.).

ҚАЖАЛАУ *Қажала етістігінің қимыл атауы; кеміру, мұжу.* Бұйыққан мал да дүрліге сілкініп, бой жазып, қылтиған сұламық жұрнақты *қ а ж а л а у ғ а* кірісті (Х.Әдібаев, Таңбалы.). Алақанын сарт-сұрт соғып жіберіп, жас сүйекті *қ а ж а л а у* үшін ындыны ауған иттей үстіңгі ернін бір-екі рет жалап қойды (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

ҚАЖАЛУ *Қажал етістігінің қимыл атауы.* Жол жүргенде аяқтың *қ а ж а л у ы* азап екенін менен кем білмейсің ғой (Т.Жанкелдин, Партизан.). Сыздауықтың шығуына – *қ а ж а л у,* жарақаттану салдарынан теріге тітіркенткіш микробтардың енуі себепші болады (С.Омаров, Мал терісі.).

ҚАЖАЛЫС з а т. *Үйкеліс.* Мүлгіген түн тыныштығын шақыр-шұқыр тасқа тиген аттар тұяғының тарсылы, тас пен темір тағалар *қ а ж а л ы с ы н а н* пайда боп, жылт-жылт еткен ұшқындар жарқылы ғана бұзып тұр (Р.Райымқұлов, Болат.).

ҚАЖАҢ-ҚҰЖАҢ з а т. с ө й л. ***Қажақ-құжақ***. Болса соғым артының сар бауыр-құйқасы, болмаса үсіп өлген малдың жасығы, әйтеуір тіс шұқытар *қ а ж а ң-қ ұ ж а ң* қалай да келеді («Лен. жас»).

ҚАЖАҢҚЫРА= е т. *Қажай түсу; мазасын алу.* – Апыр-ай, Алпысбай-ай, ауылды сағынып қалғансың ба? – дейді о кісі шоферді *қ а ж а ң қ ы р а п* (Саржайлау).

ҚАЖАҢҚЫРАУ *Қажаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ҚАЖАР[1] з а т. *Иран Ислам Республикасында тұратын түркі тілдес халық. Қ а ж а р л а р* мал өсіріп, егін егумен шұғылданады (ҚҰЭ).

ҚАЖАР[2] з а т. к ө н е. е с к і к і т. *Күш-қуат, қайрат-жігер; қажыр.* Ақыл менен ілім дүр – Жаһандағы ажарың. Ошал сайман сай болса, Неден қайтсын *қ а ж а р ы ң* (XX ғ. қаз. ақын.). Шеше, мұнша мұқаттың *қ а ж а р ы м д ы* Мен білгенмін-ді Аллаға жазарымды (Қозы Көрпеш.). Батырларым жөндіккен, *қ а ж а р* етіп көндіккен. Аман қалды айаттан, Ақылға салып ерлікпен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Қажары қайтты. *Беті қайтты, қарқыны қайтты.* Мұз үстіне шығарда жоқ нәрсені сылтауратып, *қ а ж а р ы қ а й т ы п,* ырылып қала беретін (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Қажарын мұқатты. *Қорлады, меселін қайырды.* Шеше, мұнша *м ұ қ а т т ы ң қ а ж а р ы м д ы* Мен білгенмін-ді Аллаға жазарымды. Енді бұлай болған соң кеткенім Құлдан көрермін ажалымды (Қозы Көрпеш.).

ҚАЖАРЛЫ с ы н. ж е р г. ***Қажырлы***. Қиындыққа мойымайтын *қ а ж а р л ы* адам екен. (Қаз. тілі. диалек. сөздігі) Сейсенбі бейнет көрді талай-талай, Белгілі үйреніскен оған маңай. Жылқы бағу қиын деп халық айтады, *Қ а ж а р л ы* Сейсенбіге болды оңай (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ҚАЖАРЛЫҚ с ы н. *Қажарға тән, қажарға қатысты.* Үш жүз жыл өтіпті, содан бері қарай

осы *қ а ж а р л ы қ* нәсілі патшалық дәуірін құрып келіпті (С.Шарипов, Бекболат).

ҚАЖАС= е т. **1.** *Үйкелісу, соқтығысу.* Өздерің жақсы білесіңдер, тіпті тауда құлаған тас та *қ а ж а с п а й* барып қиюласпайды ғой (Б.Шалабаев, Өмірде.). **2.** а у ы с. *Айтысу, сөз таластыру.* Құрдас шалдар біраз *қ а ж а с ы п* алған соң, сөз бағыты басқаға ойысты (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). – Бәйбіше, – деді Қабекең мейірлі үнмен, енді қартайғанда – сен екеуміз *қ а ж а с ы п* қайтеміз. Балаға сенен кем күйінбейтінім өзіңе аян ғой (З.Жәкенов, Таң самалы).

ҚАЖАСТЫР= е т. *Үйкелістіру, соқтығыстыру.* Судың түбіндегі кесек-кесек жұмыр тастарды осы күнгі ағынның өзі-ақ сатыр-сұтыр айдап, біріне-бірін *қ а ж а с т ы р ы п* жатыр (М.Әуезов, Қараш.).

ҚАЖАСТЫРУ *Қажастыр етістігінің қимыл атауы.*

ҚАЖАСУ *Қажас етістігінің қимыл атауы; айтысу, сөз таластыру.* Енді Асылмен *қ а ж а с у д ы ң* не реті бар? Жұмысын істей берсін (М.Ысқақбаев, Қырық қыз.). Бірақ көпшіліктің *қ а ж а с у ы,* қағысуы қалған ба? Әзілдеген болады, тұспалдаған болады, бірақ бәрібір көмейіндегісін айтып тынады (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

ҚАЖАТ м о д. ж е р г. ***Қажет.*** Жақында болып өткен колхозшылар жиналысында совет председателі Мадиярова жолдас қатынасып колхозшыларға Қазақстанның 20 жылдық мерекесіне дейін сауаттанудың *қ а ж а т т ы г ы н* айтты («Еңбек туы»).

ҚАЖАТ= ет. *Үйкелдіру, сүйкенту.* – Ағаш жерден найза бойы көтерілгенше көмектесіңдер, малға *қ а ж а т п а ң д а р,* бейәдеп, сотанақ балаларға сындыртпаңдар (Ө.Тұрманжанов, Менің кітабым).

Тақымын қажатты. *Шаршап-шалдықты, бейнет көрді.* Білегін байқап созып, *т а қ ы м ы н* аса *қ а ж а т п а ғ а н* жігіттің бірі – осы Ошақбай (Д.Досжанов, Жібек.).

ҚАЖАТСЫЗ с ы н. с ө й л. ***Қажетсіз***. Олар бұл маңызды зор істі *қ а ж а т с ы з,* артық жұмыс деп білген («Ленин туы»).

ҚАЖАТТЫР = е т. *Жаралату, терісін сыдырту.* Аяғын етігіне *қ а ж а т т ы р ы п* алыпты (Ауызекі).

ҚАЖАТТЫРУ *Қажаттыр етістігінің қимыл атауы.*

ҚАЖАТУ *Қажат етістігінің қимыл атауы; мазалау, шаршату, жүйкесін тоздыру.* Мәселен, осынша адамды қабылдап, олардың әрқайсысымен нервімді *қ а ж а т у ғ а* дәрігер рұқсат етпеген болар еді (Т.Нұрмағанбетов, Қарлығаш.).

ҚАЖАУ *Қажа етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Мұжу, кеміру.* Ақырды Бишан тұрып: – Кел, – деп, – Татау, Ұят қой жау келгенде сүйек *қ а ж а у.* Ер болсаң, атың мініп, алдыма кел, Қозғалма қатын болсаң, ұста да ожау (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** а у ы с. *Тынышын алу, мазалау.* Кузьменко бұдан әрі құр сұрақпен мұңды әйелді *қ а ж а у д ы* қажетсіз деп тапты (Қ.Тоқаев, Тасқын). «Не дейсің, ойын ба осың, шын ба, Тырна? *Қ а ж а у ғ а* мәжнүн жоқ сағаң мұнда. Ақы алып өзгелерден дәндеп қапсың, Қой, Тырнам, ойнап мені әуре қылма! (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ҚАЖАУЛА= е т. **1.** *Азын-аулақ азық ету, қорек жасау: қажақтау.* Басқаларымыз қосымша әлденені *қ а ж а у л а п* жүргенде, үй жағдайы тақыр төбел, тек стипендияға иек артатын Құрман шырылдап, ылғи аш жүретін (Х.Әдібаев, Таңбалы.). **2.** а у ы с. *Мазасын алып мыжу, көп сөйлеу* – Жігіттер біркелкі, ал ақсақалдардың *қ а ж а у л а й* беретіндері бар. Төлеутай мен Ыбырай менде есебі кеткендей екіленеді (Т.Тілеуханов, Өзге.).

ҚАЖАУЛАУ *Қажаула етістігінің қимыл атауы.*

ҚАЖЕКЕ з а т. э т н. *Қажыны құрметтеу, сыйлау нышанымен айтылатын атауыш.* – Сендер дүниеде *қ а ж е к е,* молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниең мұнда жоқ (Абай, Тол. жин.).

ҚАЖЕТ[1] з а т. ж е р г. ***Қарыз.*** Жұмашқа жүз сом *қ а ж е т п і н* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Сексен сомды біреуден *қ а ж е т* әперіп, зорға құтылып еді (Б.Майлин, Шығ.). Біз аудандық жер бөлімінен *қ а ж е т* алғалы отырмыз (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Қажет әперді. *Зәрулігін өтеді, қарызға қаражат тауып берді.* Сексен сомды біреуден *қ а ж е т ә п е р і п* зорға құтылып еді (Б.Майлин, Шығ.).

Қажет берді. ж е р г. *Қарыз берді.* Біреуге *қ а ж е т б е р с е ң,* соңынан жүгіресің (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ҚАЖЕТ[2] [ар. حاجة] м о д. **1.** *Зәрулік, ділгірлік, мұқтаждық.* Бұл маған не қылғаның, Жаратқаным, Бір шалға үйлі жанды қаратқаның? Төлермін салық ақша қайдан тауып, *Қ а ж е т і м* бірін сай ғып та жаратпадың? (А.Байтұрсынов, Шығ.). Соның үшін мұндай оқитын школдар да патшалық *қ а ж е т і н е* жатады. Мұндай *қ а ж е т т е р д і* өтеуге облыстың күші емес, патшалық күшін жұмсау керек (М.Дулатов, Шығ.). Ғұмырға сәлемет бер, ақырда – иман, Өлгенше халәл нығмет бұл *қ а ж е т і м.* Қайырын сұрап хақтан тәмам еттім, Кердері Әбубәкір менің

атым (Кердері Әбубәкір, Қазағым). *Керек.* – Мен Нүкеңді қоштар ем. Сондай батылдықтар *қ а ж е т-а қ* (Т.Тілеуханов, Шарапат.). Бетонды қабылдайық десек, кемі әлі үш кісі *қ а ж е т* (А.Жақсыбаев, Менің дос.). Жол жұрт үшін ғана емес, жалпы совхоз шаруасын алға апару үшін де *қ а ж е т* («Қазақст. әйелдері»).

Ауадай қажет. *Өте зәру, аса ділгір, мұқтаж.* Алайда Қазақстан газеттері бізге *а у а д а й қ а ж е т* (Т.Жанұзақов, Азамат.). Қойшыға да білім *а у а д а й қ а ж е т* (М.Сатыбалдиев, Жартаста.). Өйткені, техникамен айналысатын адам үшін бұл *а у а д а й қ а ж е т* қой («Қазақст. әйелдері»).

Қажет деп тапты [санады]. *Керек деп білді.* Сондықтан да бұл жинаққа қазір тоқталып жатуды *қ а ж е т д е п т а п п а д ы қ* (С.Мәуленов, Үркер.). Егер жаттықтырушы *қ а ж е т д е п т а п с а,* жаңа партия басталар алдында алаңдағы ойыншылардың орналасу жүйесін өзгертуіне болады (О.Жарылғапов, Волейбол.). Шабдалының қысқа төзімділігін күшейту үшін, оны үй алхорысының қысқа төзімді сорттарымен будандастыру *қ а ж е т д е п с а н а д ы қ* (Ш.Хабибуллин, Алхоры.).

Қажет етті. *Керексінді, мұқтажсынды.* Егіс дақылдарының әрқайсысы суды әртүрлі мөлшерде *қ а ж е т е т е д і* (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). Қарбыз, қауын өсімдігі топырақ және ауа райына қарай түрлі мөлшерде су *қ а ж е т е т е д і* (А.Алманиязов, Қазақст. қауын.).

Қажетке [қажетіне] жарады [асты]. *Керекке жұмсалды, пайдаға асты.* Мұқтардың орысша білетін аздаған сөздерінің бұл тұста *қ а ж е т к е ж а р а ғ а н ы* бар (К.Оразалин, Абай.). Әкем мынаны ұстап жібер, ананы әкеле ғой десе, *қ а ж е т к е ж а р а ғ а н ы м а* мәз болып, қуанышым қойнына сыймай жүгіремін (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.).

Қажет көрмеді. *Керексінбеді, қажет деп таппады.* Қазақтың не себептен алаш, не себептен қазақ, үш жүз атанғанын баяндайтын бұлардан басқа да ертегілер бар, оларды жазуды *қ а ж е т к ө р м е д і к* (М.Дулатов, Шығ.).

Қажеті жоқ. *Керек емес.* Шынында, бұл сұраққа жауап берудің *қ а ж е т і* де *ж о қ* еді (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). – Онда келістік. Әзірше үндемей-ақ қойыңыз. Алдын ала жар салудың *қ а ж е т і ж о қ* (М.Гумеров, Хазірет.).

Қажеті қанша [не]. *Керегі шамалы, қажеті жоқ.* – Оның саған *қ а ж е т і қ а н ш а* еді? – деді Бейсен, басын көтеріп алып (М.Дүйсенов, Гүлжан.). – Сен жерге қаратсаң маған бұл өмірдің *қ а ж е т і қ а н ш а?* (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Бар болса *н е қ а ж е т і ң* менен алып (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Қажетін ашты. *Мұқтажын өтеді, керегіне жарады.* Осыдан жолдасым *қ а ж е т і м д і а ш п а с а* мәңгі жолдастықтан айырылып, жатқа, дұшпанға айналып кететін жағдай тұрса, мен қалай сұрар едім (А.Тоқпанов, Бүгінгі күн.).

Қажетіне асты [жарады]. *Пайдаға асты, керегіне жарады; мұқтажына жаратты, көдесіне асырды.* Тап қазір осы атпен соғысқа ендіріп жіберсе, сөз жоқ, бір *қ а ж е т к е а с а р* едім-ау деп ойлады (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

Қажетіне жұмсады [жаратты, пайдаланды]. *Керегіне жаратты, мұқтажына жұмсады.* Оған сенің бағасы баяғыда тозған жиһазыңнан өздеріне керекті, әзірге *қ а ж е т і н е ж ұ м с а й т ы н* зат сатып алғаны әлдеқайда тиімдірек қой (Р.Тоқтаров, Терістік.). Оларды адам еңбек құралдарымен өндеп өзгерту арқылы *қ а ж е т і н е ж а р а т а д ы* (ҚСЭ). Ол кез келген затты *қ а ж е т і н е* дұрыс *п а й д а л а н а д ы* («Қазақст. мект.»). Таяудағы жылдары салынатын Жезқазған-Арал теміржолы осы өңірдегі көптеген кен орындарын жедел игеріп, халықшаруашылығы *қ а ж е т і н е ж а р а т у ға* кең өріс ашады (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.).

Қажетінен шықты. *Мұқтажын өтеді, керегіне жарады.* – Жарайды, апа, болсын. Бірақ әкемнің айтқанындай болмасын. Тоймырза ағамның *қ а ж е т і н е н ш ы ғ а* алмасам несіне тудым (А.Хангелдин, Қараторғай).

Қажетін өтеді. *Қажетінен шықты, керегіне жарады.* «Үшарал» колхозының еңбеккерлері жылма-жыл жемшөп қорын молайтып, облыстың басқа да шаруашылықтарының *қ а ж е т і н ө т е п* отыр (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.). Үйім бітпей тұр деп қиналған соң бишараның *қ а ж е т і н ө т е й і н* дедім (К.Тоқаев, Түнде.). Қолөнерші жатақтар сахара тұрғындарының *қ а ж е т і н ө т е у г е* керекті әртүрлі нәрселерді шығарды (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

Қажеті шамалы. *Зәрулігі жоқ, керек емес.* – Мен ауданға көшемін. Ханымның да, малының да маған *қ а ж е т і ш а м а л ы* (Т.Жармағанбетов, Ақ жауын). Мұның соңы немен аяқталатынын түсіндірудің *қ а ж е т і ш а м а л ы* (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық).

Соқыртеке ойнаудың не қажеті [керегі] бар. *Алдарқатып, бүкпелеудің қажеті қанша?* Шырағым-ай, *с о қ ы р т е к е о й н а у д ы ң н е к е р е г і б а р*, ашығынан келейікші (Ауызеки).

ҚАЖЕТСІЗ с ы н. *Керегі жоқ, керексіз; қажет емес.* Бұл мақалаға бұдан әрі тереңдеу *қ а ж е т с і з* деп ойлаймын (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Оның ақылынсыз сенің жазғаның Құдайға да, адамға да *қ а ж е т с і з* бірдеңе боп шығуы мүмкін ғой (С.Бақбергенов, Мен сізді.).

ҚАЖЕТСІЗДЕУ с ы н. *Онша керек емес, қажеті шамалылау.* Тіпті кейде *қ а ж е т с і з д е у*

жерге басшы қызметкерлерді араластырып алып, аяқсыз тастап кететін жерлері де ұшырасып қалады (Ф.Оразаев, Басты.).

ҚАЖЕТСІЗДІК з а т. *Керек еместік, қажеті жоқтық.* Серіктің алдында ақталып жатудың *қ а ж е т с і з д і г і н* Күләйім бұрыннан-ақ көңіліне түйген-ді (Ж.Еділбаев, Түркістан). Достықтың зияндылығына және *қ а ж е т - с і з д і г і н е* әбден көзі жеткеннің өзінде ғана ата-ана бұған тыйым салуына болады (Семья тәрбиесі).

ҚАЖЕТСІН = е т. *Қажет ету, керексіну.* Мәдениет жұмысы қажымас қайрат, талмас жігерді, өнерпаздықты, үздіксіз ізденісті *қ а ж е т с і н е д і* (І.Омаров, Серпін). Түйсік дамытуды баланың өзі *қ а ж е т с і н с е* тіптен жақсы (Қ.Жарықбаев, Психология). Топырақта калийдің жетімді формалары неғұрлым аз болса, солғұрлым ол калий тыңайтқыштарын енгізуді *қ а ж е т с і н е д і* («Қазақст. мект.»).

ҚАЖЕТСІНУ *Қажетсін етістігінің қимыл атауы; жан-жануарлардың, жеке адамның, әлеуметтік топтың, қоғамның өмірлік қарекеті мен дамуын қолдау үшін объективтік тұрғыдан қажет дүниелерді керексіну.* Малдың фосфатты *қ а ж е т с і н у і* өте-мөте қыс кезінде арта түседі (Мал. азықтары). Кітапқа деген құмарлық, *қ а ж е т с і н у* ой-өрістің, мәдениеттің өркендегенін танытады («Қаз. әдеб.»).

ҚАЖЕТСІНУШІЛІК з а т. *Қажет етушілік, керексінушілік.* Сонымен, барлық оқушыларды да еңбекті *қ а ж е т с і н у ш і л і к к е* тәрбиелеу мектептің айбынды міндеттерінің бірі («Қазақст. мект.»).

ҚАЖЕТТІ с ы н. *Қажеті бар; керекті.* Ауылдан шыққанда *қ а ж е т т і* документтерді түгелдеп алған сияқты едім ғой, асып-сасып жүріп ұмытып кетіппін (Ә. Әлішев, Батыр.). Өткізілген астық үшін өздеріне *қ а ж е т т і* заттар мен құралдар сатып алынбақшы (Т.Оразов, Қаныш.). Тұтқындардан *қ а ж е т т і* мәліметтер алынып, олар дивизия штабына жіберілді (Б.Жетпісбаев, Жорық.). Шынайы еңбек демократиясына етер *қ а ж е т т і* баспалдақ — пролетариат пен жартылай пролетариаттың толық саяси және экономикалық билігі сипатындағы адамзаттың еңбекші қауымының диктатурасы болып табылады (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Қажетті қорғану з а ң. *Қылмыстық құқықта: қорғалатын құқықтық мүдделерге қатер төндіріп, қастандық, озбырлық жасаушыға қарсы күш көрсету, оның озбырлығын тыюға әрекет жасау. Қажетті қорғану* жағдайында жасалған іс-әрекет, қылмыстық қылық нышандары бола тұра, *қ а ж е т т і қ о р ғ а н у* шегінен асып кетпесе, қылмыс ретінде қаралмайды және ол үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды (ҚҰЭ).

ҚАЖЕТТІК з а т. *Керектік, мұқтаждық, зәрулік.* Алдағы күнде жаумен табан тіресе күресу үшін алдын ала не істеу *қ а ж е т т і г і н* түсіндіріп берді (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Енді көп сөз ете берудің онша *қ а ж е т т і г і* жоқ қой деп ойлаймын (С.Бегалин, Уақыт.). Мәселен, түрлі ауруларға қарсы күресте – медицина ғылымы, санау, өлшеу *қ а ж е т т і г і н е н* – математика ғылымы, табиғат құбылыстарының заңдылықтарын білу жолында – физика ғылымы пайда болса, ерте кездердің өзінде-ақ адамдардың аспан денелерінің қасиеттері мен құрылымын біліп-тану жолында астрономия ғылымы пайда болды (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.).

ҚАЖЕТТІЛІК з а т. **1.** *Керектілік, қажеті болушылық, мұқтаждылық.* Ізденудің қандайы болса да белгілі бір *қ а ж е т т і л і к т е н* туады (Н.Нұрахметов, Дарқан.). Ұйқының *қажеттілігі* адамның жасына, дағдысына, өмір бейнесіне, денсаулығына, тағы сондайларға байланысты (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру). Өзін-өзі тарату туралы шешім он екінші сайланған Жоғарғы Кеңес депутаттарының объективті *қ а ж е т т і л і к т е н* туған, ойланып жасаған батыл қадамы болғандығы айқын еді («Егемен Қазақст.»). Жануарлардың *қ а ж е т т і л і г і* қорек пен өзін-өзі қорғаумен шектеледі, адамның *қ а ж е т т і л і г і* әлеуметтік заңдылыққа тәуелді (Қаз. тілі термин. Педагогика.). **2.** ә л е у м. *Жеке адамның, әлеуметтік топтың, қоғамның тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін объективті түрде керек нәрсеге мұқтаждық; белсенді әрекеттің ішкі қозғаушысы. Қ а ж е т т і л і к* іс-әрекет талабына сәйкес еңбек етуге, танып-білуге, қарым-қатынас жасауға *қ а ж е т т і л і к;* объектісіне қарай: материалдық және рухани *қ а ж е т т і л і к;* субъектісіне қарай: жеке бастық, топтық, ұжымдық, қоғамдық *қ а ж е т т і л і к* болып бөлінеді (ҚҰЭ). **3.** ф и л о с. *Құбылыстардың ішкі мәнінен туатын байланысу тұрпаты. Қ а ж е т т і л і к* пен кездейсоқтық – материалдық әлемнің объективті байланыстарын көрсететін, құбылыстың негізіне оның жекелеген түрлерінің қатынасын білдіретін философиялық категориялар (ҚҰЭ). *Қ а ж е т т і л і к* – заң, заңдылық, тәртіп ұғымдарымен бір тектес (ҚҰЭ).

ҚАЖЕТТІРЕК с ы н. *Қажеті молдау, зәруірек.* – Мүмкін осы бұзаубас өмірге сенен гөрі *қ а ж е т т і р е к* шығар? Соны білдің бе? (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Ертең мен,

мысалы, бұдан гөрі де кәтірек және *қ а ж е т т і р е к* нәрсеге ақша жұмсайтын шығармын (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). Жүрген сайын дәп қазір адамдар қай жерде *қ а ж е т т і р е к* болса, бұл да сонда баруы керек деген ойға беки түсті (С.Санбаев, Аруана).

ҚАЖЕТІНШЕ үс т. *Қанша қажет болса сонша, керегінше.* Және дағы маңайдағы кедейлерді ақы алмай емдеп, дәрі-дәрмекті *қ а ж е т і н ш е* беріп тұратынбыз (С.Шарипов, Бекболат). Қазақстан майдан үшін азық-түлік пен стратегиялық материалдарды *қ а ж е т і н ш е* беріп тұрды (Д.Айдаров, Дәуір.). Екеуі рауғашты тойғанынша жеді, *Қ а ж е т і н ш е* жинап алып, әрі кетпек (Ж.Тұрлыбаев, Аңшы.).

ҚАЖУ[1] з а т. *Шаршағандық, қалжырағандық.* Ашаң, арық, жадау жүзінде *қ а ж у* бар, ол бір күннің, бір бұл жолдың *қ а ж у ы* емес (М.Жұмағұлов, Қыран). *Қ а ж у* – организмнің дене және ақыл-ой жүктемелері ұзақ уақыт әсер еткенде қалыптасатын және жұмыс қабілетінің төмендеуімен сипатталатын күйі (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Қажу [дегенді] білмеді. *Шаршамады, шалдықпады, тыным таппады.* Ол өмірінің соңғы күніне дейін *қ а ж у д ы б і л м е й* алға ұмтылды (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). Сонымен қатар, ол – өзін-өзі қатал ұстайтын, алған жолынан таймайтын, *қ а ж у д ы б і л м е й т і н* өжет революционер (Қ.Сиранов, Кино тур.). Мен – жыршы ағаң, ешбір уайым білмейтін, *Қ а ж у б і л м е й,* қолды көкке сермейтін (М.Жұмабаев, Шығ.).

Қажу көрді. *Қалжырады, қажыды, шаршады.* Тек ол оның осы бір сөздерді аса бір шаршаған, *қ а ж у к ө р г е н* кісіше айтқандығына ғана мән берді (Т.Нұрмағанбетов, Қарлығаш.). Зәрін тартқан қиянаттың, жоқтықтың, Сол составта *қ а ж у к ө р г е н* көп тұтқын. Кейі сарнап қос жанардан жас төксе, Кейі ыңырсып, жырын шертер достықтың (С.Сейтхазин, Біздің Сәкен).

ҚАЖУ[2] *Қажы етістігінің қимыл атауы; шаршау, болдыру, діңкелеу, әл-дәрмені кету, қалжырау.* Ұйқы қашу қатты *қ а ж у д ы ң,* ауыр қасіреттің салдарынан болады (Ғ.Қыдырниязов, Шопан.).

ҚАЖУШЫЛЫҚ з а т. *Қажығандық, шаршағандық, шаршап-шалдыққандық.* Үшіншіден, жұмысқа қатысы жоқ, жай үй іші, тұрмыс жағдайына байланысты болатын шаршап *қ а ж у ш ы л ы қ* (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

ҚАЖЫ[1] [ар. حاج] з а т. д і н и. **1.** *Меккеге барып, Құдайға құлшылық етіп, қажы атағын алып қайтқан кісі (мұсылман); әжі.* Алғашқы кеселерін алғаны сол еді, Серке *қ а ж ы* бастаған ауылдың үш-төрт кісісі сау етіп кіріп келді (Қ.Салғарин, Жанында.). Атасы Тастан Тоқсанбай *қ а ж ы н ы ң* қойын бақты (И.Салахов, Көкшетау.). Мырза менен *қ а ж ы н ы ң* Ауылының да мәні жоқ. Бұрынғыдай мыңғырған Оннан бір де малы жоқ (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Оны ақылдасу керек. Оның ішінде әлгі *қ а ж ы* да бар шығар (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** ***Қажылық*** *(Құдайға құлшылық ету үшін, қажы атану үшін Меккеге бару ісі).* Қартайған шағында Қаржанға дәулет бітіп, *қ а ж ы ғ а* барған деседі (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Хазірет Сұлтанға барғыш тақуалар, софылар хазірет Сұлтанға барып қайтқандар *қ а ж ы ғ а* барып қайтқаннан аз-ақ кем болады (М.Дулатов, Шығ.). *Қ а ж ы ғ а* келгендер мазар алдында жатқан үлкен тастың шұңқыр-шұңқырына таңырқай қарайды, өйткені олар бұны Махмұд әулиенің саусақтарының ізі деп ойлайды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ҚАЖЫ[2] з а т. ж е р г. *Есік.* Үй ыстық боп кетті ғой, *қ а ж ы н ы* ашып жіберші, ауа шықсын (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ҚАЖЫ = е т. *Шаршау, діңкелеу, қалжырау.* Күн ұзақ мал соңында, ат үстінде жүреді, *қ а ж и д ы* ғой (М.Мағауин, Ақша қар). *Қ а ж ы ғ а н* қарттың ажал сағатында қырылдап сыбырлағанындай. Қараңғы түнде алдындағы қойын қасқыр қырып кеткен қойшының есі адасып, қырылып қалған қойын шәйшәйлап қарлыққан дауыспен қырылдағанындай (М.Жұмабаев, Шығ.). Қар тепкенге *қ а ж ы м а с* қайран жылқы, Титығы құруына аз-ақ қалды (Абай, Тол. жин.).

ҚАЖЫҒЫШ с ы н. *Қажи беретін, шаршап-шалдыққыш.*

ҚАЖЫҒЫШТЫҚ з а т. *Қажи бергіштік, шаршап-шалдыққыштық.* Сол мұқтаждықты тек темекі түтіні ғана өтейтіндей көрініп, шылымқорлар жалған сезімнің жетегіне ереді. Олардың тез алқынып, тез *қ а ж ы ғ ы ш т ы ғ ы* да содан (Е.Оразақов, Қайта соқ.).

ҚАЖЫЛЫҚ з а т. д і н и. **1.** *Қажы болушылық, қажы атанушылық.* Бірақ әлі де жұрт қажы дегенмен Бақаңның *қ а ж ы л ы ғ ы н а н* гөрі байлығы басым болып жүреді (С.Сейфуллин, Шығ.). Поштаев жүр бұл жақта, Ақылы, зейіні қонақта. *Қ а ж ы л ы қ т ы* тілейді, Көңілі болып талапта (XX ғ. қаз. ақын.). **2.** *Ислам ай күнтізбесі бойынша, Зулхиджа айында Аллаға құлшылық ету үшін Мекке-Мәдинеге барып орындалатын мұсылмандардың бес парызының бірі. Қ а ж ы л ы қ* – хаж жасау – мұсылманның бес парызының бірі (ҚҰЭ). Сақталған құжаттарға қарағанда, қажыға бару 1897 жылы басталған да арада үзілістер болған, яғни 1901-1902, 1905 жылдар, содан кейін

1911-1913 жылдар *қ а ж ы л ы қ қ а* бару қайта басталған (Ислам. энцикл.). Шариғат бойынша кәмелетке толған, ақыл-есі дұрыс, денсаулығы жақсы, дәулеті жетерлік, өзгеге қарызы жоқ мұсылман ғана *қ а ж ы л ы қ* парызын өтеуіне болады, мұның үстіне *қ а ж ы л ы қ* уақыты әрі жолы қауіпсіз болуы шарт (ҚҰӘ).

Бәдел қажылық. д і н и. *Басқа біреудің қажылық шығынын түгел өз мойнына алған адамның атынан баруы.* Қазір де өз әкесінің немесе жақын туыстарының орнына *б ә д е л қ а ж ы л ы қ қ а* барып келген қазақ азаматтарын кездестіруге болады (Қазақстандағы исалм діні: қажылық).

Қажылық құрды. *Қажылық етті, қажы болды.* Мақыш қазіргі Ақмола, Көкшетау облыстарында ескіше бала оқытып, *қ а ж ы л ы қ қ ы р ы п* жүрген (Б.Кенжебаев, Каз. дем. жазушы.). Заманында ешбір *қ а ж ы л ы қ қ ы р м а с а* да, аяқ астынан қажы атанып кетуі де қызық (Ш.Құмарова, Қазбауыр бұлт.).

ҚАЖЫМАЙ-ТАЛМАЙ ү с т. *Шаршамай, шалдықпай.* Сіз бен біз білетін аудан басшыларының бәрі де аман-есен, *қ а ж ы м а й - т а л м а й* қызметтерін атқарып жүрген көрінеді (Ж.Тілеков, От кешу).

ҚАЖЫМАС с ы н. *Қайтпас, қайсар; талмас.* – Мен мына Әлекеңдердің, жалпы мұғалімдердің *қ а ж ы м а с* қайратына, өршіл талабына сеніп айтқан шығармын (С.Омаров, Өмір.). Қырағы, қия жазбас, сұңқарым-ай! *Қ а ж ы м а с* қашық жолға, тұлпарым-ай! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Әр тасты бір сүздірдің, Мұз дарияға жүздірдің, Нұрдан үміт үздірдің, *Қ а ж ы м а с қ а - а қ* бекіп ем (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ҚАЖЫҢҚЫРА= е т. *Аздап шаршау, қалжыраңқырау.* Көптен ұйқы көрмеген генерал карт *қ а ж ы ң қ ы р а п - а қ* қалған екен (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Бесін ауа қарындары ашып, *қ а ж ы ң қ ы р а п* барып бір еру ауылға кез болды (С.Шарипов, Бекболат).

ҚАЖЫҢҚЫРАУ *Қажыңқыра етістігінің қимыл атауы; шаршап-шалдығыңқырау, қалжыраңқырау.*

ҚАЖЫП-ҚАЛЖЫРА = е т. *Арып-ашу, болдыру, шаршау.* Әбден *қ а ж ы п - қ а л ж ы р а - г а н д ы қ т а н* үйдің тек бір бұрышына жүремнен отыра кеткенімді ғана білемін (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ҚАЖЫП-ҚАЛЖЫРАУ *Қажып-қалжыра етістігінің қимыл атауы; арып-ашу, болдыру, шаршау.*

ҚАЖЫП-МҰҚАЛ= е т. *Титығы бітту, шаршау; беті қайту.*

ҚАЖЫП-МҰҚАЛУ *Қажып-мұқал етістігінің қимыл атауы.* Күндіз-түні жұмыстың ауыртпалығынан *қ а ж ы п - м ұ қ а л у д ы* білмеген Мәкең 1939 жылы КПСС қатарына өтіпті (С.Аққошқаров, Бақыт.).

ҚАЖЫП-ТАЛ= е т. *Қажу, шаршау, титықтау, болдыру.* Сонда да өз жұмысына көңілі қалып, *қ а ж ы п - т а л ы п* кейістік білдірген жан емес (Береке бастауы). «Қой үстіне бозторғай ұя салған», Заманды іздеп атамыз *қ а ж ы п - т а л ғ а н.* Арман шыңы олардың Отанымда, Күннің өзі бізге кеп тыным алған (Н.Оразов, Шұғыла).

ҚАЖЫП-ТАЛУ *Қажып-тал етістігінің қимыл атауы.* Дұрыс ұйқы организмді *қ а ж ы п - т а л у д а н* сақтайды (С.Жұмабаев, Ұзақ өмір.).

ҚАЖЫР[1] з а т. *Қайрат, күш, қуат, жігер.* Қалай ойыссаң да жер жетеді, тек үзеңгің берік, қайтпас *қ а ж ы р ы ң* болсын (І.Есенберлин, Қаһар). Қапаста қан азайып, *қ а ж ы р* мұқап, Қалашының итіндей қаңғырттың ба? (М.Жұмабаев, Шығ.). Ақберген ондай бейнетті *қ а ж ы р ы м,* ерлігім, артық болғаннан істеп жүрмін, менен басқаның қолынан келмейді деп ойлаушы еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ҚАЖЫР[2] з а т. ж е р г. ***Қашар.*** *Қажыр* мініске мықты болады (Каз. тілі. диалек. сөздігі).

ҚАЖЫРАЙ= е т. *Қажыраю, тыншу.* Бұ күнде ондағы ызбарын төгіп отыратын Мәжекең де, бет-аузы ақпандағы алабас бураша сорағытып, ақ сабауға қош айтысып, *қ а ж ы р а й ы п* төсегінде жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ҚАЖЫРАЮ *Қажыра етістігінің қимыл атауы.*

ҚАЖЫР-ҚАЙРАТ з а т. *Күш-қуат, жігер.* Оған білімім де, ақылым да, *қ а ж ы р - қ а й р а т ы м* да жететін еді (М.Мағауин, Бір ата.). Денеден *қ а ж ы р - қ а й р а т* тараған кез, Қолына келін кемпір қараған кез. Көңілін кемпір-келін таба алмасаң, Бәйгіге ішпей-жемей – жараған кез (Қ.Тәкежанов, Кария.). Жұмысшылар мен инженер-техниктер осы бір кішкентай қыздың бойындағы таусылмас *қ а ж ы р - қ а й р а т қ а* таңғалатын («Қазақст. әйелдері»).

ҚАЖЫР-ҚУАТ з а т. *Қажыр-қайрат; күш-жігер.* Ол кісіні Есенжол білетін-ді, ірі денелі, *қ а ж ы р - қ у а т ы* мол, жасы елуден жаңа ғана асқан адам болатын (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

ҚАЖЫРЛАН = е т. *Қайраттану, жігерлену, күш алу.* Осыныңа ерегіскенде осы... деп *қ а ж ы р л а н а й ы н* десе де, Несіпбай «пәлен етіп жіберейін бе?» дегенді айта алмады (М.Әуезов, Тастүлек). *Қ а ж ы р л а н ы п,* қатуланып жырыңнан, Сол жырыңнан талай ақын нәр алған. Ой-өрісін күйге бөлеп есейтіп,

Жібек желдей жырың елге таралған (Қ.Райбаев, Жаңа толғау). Тіршілікке тырмысып жауымен алысып *қ а ж ы р л а н ы п* қайсарланған сайын адамның жан қуаттары пісті, ержетті, неше түрлі айла құрды, ақыл тапты, неше алуан керемет ғажаптар жасады; тәжірибесі ұлғайды («Абай»).

ҚАЖЫРЛАНУ *Қажырлан етістігінің қимыл атауы; қайраттану, жігерлену.* Кейде өзіне-өзі ыразы болмағандай, томсарған пішін көрсетеді. Қабағын түйіп қатуланғандай. Бірақ қажу емес, *қ а ж ы р л а н у* (С.Сейітов, Сөз сұра.).

ҚАЖЫРЛЫ с ы н. **1.** *Күш-қуаты мол, қайратты, мықты.* Үкіметтің ұранын іске асыру үшін өзіңдей *қ а ж ы р л ы* азамат керек (А.Хангелдин, Ғани.). Шіркін-ай, Сұлтанбек қандай *қ а ж ы р л ы* еді: астындағы аты сүрінеқабына, тұмсығымен жер тірегеніне қарамастан, оның тақымы ерден, қолдары көкпардан жазылар емес (Ә.Көшімов, Жас аңшы). – Сен болсаң әлі күш-қуатың қайтпаған *қ а ж ы р л ы* әйелсің (А.Жағанова, Еркежан). **2.** *Қажымас, қайтпас; табанды, жігерлі.* – Бірақ ол сенің, анау қырмандағы қалың жұрттың күндіз-түні ұйқы көрмей еткен *қ а ж ы р л ы* еңбегінің нәтижесі екенін біліп қой (Ә.Нұршайықов, Жер тур.).

ҚАЖЫРЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Қажырлылық.*** Арыстанның жалындай бұйра толқын өзінің қайратымен адамды да қайтпас *қ а ж ы р л ы қ қ а* шақырып тұр ғой (К.Сегізбаев, Ашылм. сыр.). Ол өзі жетекшілік ететін класс оқушыларының толық үлгерімгежетуі үшінасқан *қажырлықпен* еңбектенді («Қазақст. мект.»).

ҚАЖЫРЛЫЛЫҚ з а т. *Жігерлілік, қайраттылық, күш-қуаты молдық.* Раушанның бұл жолы да көрсеткен *қ а ж ы р л ы л ы ғ ы н а,* ерлігі мен тапқырлығына қатты риза болды (С.Сейітов, Сөз сұра.). Шопан еңбегі қиын да қызық, сонымен бірге *қ а ж ы р л ы л ы қ т ы,* ал кейде ерлікті талап етеді (Х.Ермұратов, Октябрь.). *Қ а ж ы р л ы л ы қ* – адамның күш-қуатын, жігерін танытатын ұғым (ҚҰЭ).

ҚАЖЫРЛЫРАҚ с ы н. *Күш-қуаты молдау, қайраттырақ.* Ақберген Болаттан гөрі *қ а ж ы р л ы р а қ,* шыдамдырақ, айлакерлірек, қисығырақ, кекшілірек еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ҚАЖЫРСЫЗ с ы н. *Қайратсыз, қуатсыз; жігерсіз.* – *Қ а ж ы р с ы з* еркекті қайрағанмен не шығады (Т.Ахтанов, Дала.).

ҚАЖЫРСЫЗДЫҚ з а т. *Қажыр-қайраты жоқтық, жігерсіздік.* ≈ *Қ а ж ы р с ы з д ы қ* көрсетті.

ҚАЖЫТ= ет. *Шаршату, діңкелету, қалжырату.* Тұлықтастың атына міну мені әбден *қ а ж ы т т ы* (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). – Сен қазір қатты ойланбасайшы. Ой адамды *қ а ж ы т ы п* жібереді (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Күндізгі жұмыс, түнгі жүріс соңғы күндері *қ а ж ы т ы п* бітіп еді (С.Сматаев, Армысың.). Бақ қайда қиынсыз, Бос тілек сыйымсыз, Қазақ та *қ а ж ы т т ы,* Күнім жоқ жиынсыз (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). От түбі тоқтап қалған, жылжымайды, Аспанда жоқ бір жапырақ бұлт та көшкен. Сол кезде қара бұлттай қалың қалмақ *Қ а ж ы т т ы* жүз қыранды жаннан кешкен (М.Жұмабаев, Шығ.).

ҚАЖЫТУ *Қажыт етістігінің қимыл атауы; шаршату, діңкелету.* Бұндайлар аяғында батырды *қ а ж ы т у ғ а* айналды (М.Әуезов, Қилы заман). Сұлу жоқ па сүйген жарын найзалап, Жүрген тіпті: «келер пәле қайдалап»! Тән сұлуы *қ а ж ы т у ы* ықтимал, Жан сұлуы өтер мәңгі аймалап (Ә.Есмұрзаев, Мұрат).

ҚАЗ з а т. *Суда жақсы жүзетін, мойны ұзын, жабайы және үй құсы.* Су бетіндегі үйрек, *қ а з д ы ң* қоңыр үні тойға арналып тартылған домбыраның күйіндей күмбірледі (М.Дүзенов, Ақәже). Кішілеу көл мен өзендерде құс көп болса, бір түйғын бір жерде елуден жүз елуге дейін үйрек, үштен беске дейін *қ а з* ұстайды (Т.Оразов, Қаныш.). Көкорай шалғын шөп өспей, Жердің сәні келмейді. Үйрек ұшып, *қаз* қонбай Көлдің сәні келмейді (Қаз. әндері). Көл жағалай мамырлап қу менен *қ а з* Жұмыртқа іздеп жүгіріп балалар мәз (Абай, Тол. жин.).

Ата қаз. *Қаздың еркегі.* Алғашқы көтерілген құсқа жіберген бетінде бір *а т а қ а з д ы* іліп түскен Аутанның көк қаршығасы, қайта ұшып тағы бір үйректі қағып түсті (С.Бегалин, Бала Шоқан).

Қаз кеуде [омырау]. *Шығыңқы, көтеріңкі кеуде (омырау).* Оның сұңғақ бойы, сүмбіл шашы, кептер иық, *қ а з к е у д е с і* осы жасқа келгелі шал көрмеген перизатты елестетті (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.). Ұшырмаса арманының құстарын Сездіртпесе жас жүректің құштарын. *Қ а з к е у д е с і* көтеріліп от борап, Басылмаса, көрігіндей ұстаның (Е.Ибраһим, Көкше.). Сәл шалқақ келген *қ а з о м ы р а у,* сұлулық сықырын орайлай, жаурынын түгел жапқан мақпал қара қолаң шаш... (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Оның оң жағындағысы – дөңгелек жүз, *қ а з о м ы р а у,* бадана көз бірі әсем көркімен көз тартады екен (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Қаз мойын. а) б е й н. *Иіліп келген әдемі, ұзын мойын.* Астында қамыс құлақ, *қ а з м о й ы н,*

қатқан қара көк аты бар біреу қасындағы жолдасына бірдеңелер айтып тұр (Ә.Әбішев, Замана.). Қазанаттан туған *қ а з м о й ы н* Әл кетпесе қоңынан, Оның ашы артық тоғынан (Кердері Әбубәкір, Қазағым). ә) *Ұзындау, сопақша келген.* Бұрыштағы карнезді нар пешті қуысында *қ а з м о й ы н* жез шәугім, пешті алдында үлкен жез шылапшын. Төрдегі көлденең сырықта қызылала тек жайнамаз, екі сүлгі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Қараша қаз. *Жабайы қаздың қара қоңырлау келген түрі.* Ыстық жақ іздеп ұшқан *қ а р а ш а қ а з,* Демеймін «арқан тарт та, алаша жаз». Қонар болсаң жануар міне майдан, Қалыңдар болып бейне балаша мәз (Е.Дүйсенбаев, Ақ пейіл). Көздері көлдей жаудырап, *Қ а р а ш а қ а з д а р* қаптады (С.Мәуленов, Қызыл арша.).

Қоңыр қаз. *Өзен-суларда жүретін қоңыр түсті жабайы қаз.* Шалқайып ұшқан *қ о ң ы р қ а з* Тозаңынан адасты. Құбылып, ойнап, жер басып, Бірде шауып, желеді, Дөңгелентіп келеді (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).

ҚАЗ = е т. **1.** *Жерді бір нәрсемен ою, қопару; шұқырлау.* –Мама, дәл осы жер, – деп қолымен әлгі ағаштың түбін *қ а з а* бастады (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Сүлештің ротасы осы жерде окоп *қ а з ы п,* бекінуге бұйрық алған-ды (Р.Хайруллин, Офицер.). – Жарайсың жігітім! Бұл сенің жалғыз өзің *қ а з ғ а н* алғашқы шұңқыр ғой (Н.Баяндин, Ертіс.). **2.** *Тұлкі, суыр, қоян, тышқан тәрізді аңдардың ін жасау үшін жерді алдыңғы аяғымен тырмалап ұңғуі, қуыстауы.* Егеуқұйрық інді жардан түзу және жоғары қарай *қ а з а д ы* екен (С.Мұқанов, Шығ. жин.). Кілең қаракөк қоян там үйдің іргесін іш жағынан ұңғіп, ін *қ а з ы п* алған (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Суырдың *қ а з ғ а н* інінің Аузына шығып қалыпты. Қап-қара тас па әлде не? Жас қойшы қолға алыпты (Қ.Мұқышев, Поэм.). **3.** *Жерасты байлығын алу, өндіру.* Он шақты адамның бірі көмірді *қ а з ы п,* бірі күреп, бірі тіреу қойып, әп-сәтте тар забойды талқандай ала жөнелді (Ә.Әбішев, Замана.). Еңбегіңе мақтанам, шахтер ағам, жақсы ағам. Көмір *қ а з ы п,* кен *қ а з ы п,* Ел сенімін ақтаған (Ә.Дүйсенбиев, Көңілді.). Осыны ойлап қарт Иван, Сілтейді құлаш кең жазып. Жатқандай құмның қойнынан, Бұрқыратып кен *қ а з ы п* (С.Мәуленов, Жолдас). **4.** а у ы с. *Арғы-бергіні, өткен-кеткенді тәптіштеп айту, қазбалау.* – Арғы түбін *қ а з с аң,* моңғол Шыңғыс ханның ұрпағысың, ендеше, меніменен қандассың (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Не де болса, осы орынсыз өкпенің түпкі тамырын бұл арада *қ а з б а й-а қ* қояйын (С.Омаров, Өмір.). Ашу, араз, өкпе де жоқ Кінәлассақ тазамыз. Аз-кем нәрсе болды себеп, Оның несін *қ а з а м ы з* (Б.Майлин, Шығ.). Көпшілік бірін-бірі күндемеді, Қыз сөзін оғаш көріп міндемеді. Қыз одан қанша *қ а з ы п* сұраса да, Етікші енді қайтып үндемеді (Ж.Жолдинов, Ойлар).

Жерден қазамын ба? *Жоқты қолдан жасайын ба? деген мағынада.* Саудагер несиесін жия келгенде, «тапқаным – осы, бітті деп, алсаң, ал, әйтпесе сағаң бола *ж е р д е н* мал *қ а з а м б а!*» дейтұғын болушы еді ғой (Абай, Тол. жин.). – Мынауыңның ішінде бір түйір ет жоқ қой. – Жоқ болса *ж е р д е н қ а з а м ы н б а?* (Д.Досжанов, Зауал.). Жоқ таныста *ж е р д е н қ а з а й ы н б а,* – деді Сәруар шынына көшіп (А.Сүлейменов, Бесін).

Жерден қазса да. *Қайдан болса да, қалай болса да.* Енді *ж е р д е н қ а з с а д а* курортқа путевка тауып алып, бүткіл құрылыстың тағдырын парторгке артып кетуді ойлайды (М.Дүзенов, Әке бол.). Таң атқанша *ж е р д е н қ а з с аң д а* алты ат табасың (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

Инемен құдық қазғандай. *Өте қиын, азабы көп.* Әсіресе, *и н е м е н қ ұ д ы қ қ а з ғ а н д а й* боп, көбінесе күйініп, жалт еткен жақсылыққа қуанып жүрген, қолында билігі жоқ Байданға мәлім сыр бұл (М.Дүзенов, Әке бол.). Оқу *и н е м е н қ ұ д ы қ қ а з ғ а н д а й* деп тегін айтылмаған ғой (А.Сейдімбеков, Ақиық). *И н е м е н қ ұ д ы қ қ а з ғ а н д а й* Деп өлшеп қазақ қиынды. Құдық бар жерден қозғалмай, Сол жерге ел боп жиылды (Ж.Молдағалиев, Кісен ашқан).

Ор [көр] қазды. *Біреуге зиян ойлады, жамандық істеді, қастық жасады.* Қиянатпен іс қылсаң, Аласың бір жазасын. Көрінгенмен алыссаң, Өзіңе *о р қ а з а с ы ң* (М.Әшірбеков, Белес.). Біреуге *о р қ а з с аң,* кең қаз, өзің түсеріңе жақсы (Мақал). Антпенен тарқайды, Жиылса кеңеске. *О р қ а з ы п* байқайды Туа жау емеске (Абай, Тол. жин.). Артына қуә қалдырып, кеткен жағын, бағытын білетін адамды тірі жіберу өзіне *к ө р қ а з ғ а н м е н* бірдей деп ойлайды полковник (Б.Тілегенов, Аққайнар). – Жұртқа *к ө р қ а з а д ы,* ал өздері кімнен өледі? (К.Оразалин, Абай.).

Төбесіне құй қазды ма? *Не зияны болды, қандай қорлығы өтті? деген мағынада.* – Жетпегір боп ол саған не істеді? *Т ө б е ң е қ ұ й қ а з д ы м а ?* (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). – Немене, *т ө б е ң н е н қ ұ й қ а з д ы м б а?!* Кете бер, ендеше (Т.Дәуренбеков, Сүмбіле).

ҚАЗ: **қаз басты.** а) *Жас сәби қаз тұрып, аяғын апыл-тапыл басты, жаңадан жүре баста-*

ды. Кім білсін елес берді ме, *Қаз басып* алғаш тұрған жер, Қиыла сұрап жеңгеден Алтыбақан құрған жер (Т.Әбдірахманова, Көгершін.). Мен өйткені бұл жерде туылғанмын, Алғаш мөлдір суымен жуынғанмын, Алғаш мұнда аяқты *қаз басқанмын,* Алғаш мұнда құшақты қызға ашқанмын (Достық жыры). Тұңғышы *қаз басып,* былдырлап сөйлей бастағанда оның қуанышында шек болмады («Білім және еңбек»). ә) *Жаңадан қатарға қосылды, енді ғана қалыптаса бастады.* Тар кезеңде туып, тар кезеңде өскен аға ұрпақтың алуан-алуан соқпақтарына көз жіберсек, еліміздің *қаз басып,* қалыптасуына олардың қыруар күш-қайрат жұмсағанын көреміз (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.).

Қаз тұрды. а) *Сәби алғаш рет аяғынан тұрды.* Жас бала еңбекпен барып *қаз тұрып,* балдыр-бұлдыр сөйлей бастағаннан-ақ үлкенге еліктейді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Талпын, балғын бөбегім, Тәй-тәй басып *қаз тұрып.* Жүгірем бірден демегін, Адымыңды ал жаздырып (Ө.Жайлауов, Шопан.). ә) *Жаңа пайда болды, қалыптаса бастады; өзіне-өзі енді ғана келді.* Енді ғана *қаз тұрып* келе жатқан жас Совет өкіметін қас жаулар іштен де, сырттан да шалып құлатпақ болды емес пе (К.Сейдеханов, Түркістан.).

ҚАЗА[1] [ар. قضاء] з а т. **1.** *Өлім-жітім, ажал.* Соған қарағанда, Баубектің *қазасы* туралы хабар ешкімге ресми түрде жібірілмеген тәрізді (Р.Ыдырысов, Отты жыл.). Тірлік бар жерде *қаза* бар (Мақал). Бұлаққа су ішуге келді Қозы, Жанында серігі жоқ, жалғыз өзі. «Бөрі жоқ, десең шығар, бөрік астынан», Пәле мен *қаза* алыс па келсе кезі (А.Байтұрсынов, Шығ.). Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол, *Қаза* көрген жүрегі жаралы – ол Көзінің жасын тыймай жылап жүріп, Зарланып неге әнге салады ол (Абай, Тол. жин.). **2.** д і н и. *Күнделікті оқылатын бес намаздың уақтысымен өтелмей қалуы.* Таң намазын күн көтеріле оқыды, – намазы *қаза* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). – Сендер оралғанша осы үйде *қаза* намаздарымды оқып отырам, – деп қалды баласына (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Үйіңе барсаң оқисың Бес намаздың *қазасын.* Көрген жерден таныдым, Сүйегіңнің тазасын (Қамбар батыр). **3.** а у ы с. *Құрып кету, жоқ болу.* Құдуардан туған үш Қожа Тегіс айтсам іс таза, Кеміс айтсам сөз *қаза* (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Аза бойы қаза тұрды [болды]. *Жаны тыршікті, қатты қорықты, шошынды; төбе шашы тік тұрды.* Күйеуінің дауысын естігенде *аза бойы қаза тұрады* келіншектің (З.Шүкіров, Жас жесір). *Аза бойым қаза тұрып,* қалшылдап, өзімді қалай ұстарымды білмедім (Б.Нұржекеев, Күй.). Қожабекті үйіндегі тапал қара қатынды ойласа Ырысқұлды *аза бойы қаза болады* (А.Әлсеров, Ауыл.). Ала қойда кінә жоқ жүннен басқа, Қойдан қашып шығыпты патша тасқа. Көрсе, *қаза тұрады аза бойы,* Болмады бұған айла ойламасқа (Абай, Тол. жин.).

Қаза болды. *Қайтыс болды, дүниеден қайтты.* Соғысқа алынған екі ұлының біреуі майданда *қаза болды* деген хабар келді, екіншісінен сыбыс жоқ (З.Ақышев, Ақбел.). Үш жігітіміз ерлікпен *қаза болды* (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

Қазаға душар [тап] болды. *Кісісі өлді, қазалы болды.* Жанияның тұла бойы мұздап кетті. Орны толмас *қазаға душар болғанын* ет жүрек бірден сезді (С.Шаймерденов, Мезгіл). – Енді, міне, ойда жоқта мынандай *қазаға тап болды* (А.Байтанаев, Жаңғыр.). Бала жігіт орны толмас *қазаға тап болды* (Жарық жұлдыз.).

Қазаға ұшырады. *Қайтыс болды, о дүниеге аттанды.* Лавриенко кешегі оқиғаны айта бастасымен менің көз алдыма *қазаға ұшыраған* комбат елестеді (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Әкем әлдекашан Ленинград майданында *қазаға ұшыраптты* (Ә.Кекілбаев, Тырау-тырау.). Жауды шексіз соғыс күшіне төтеп бере алмаған деревня азаматтары кейін шегіне бастайды. Көп адам *қазаға ұшырайды* (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.).

Қаза жетті. *Ажал жетті, өлер шағы келді.* Үш-төрт күн болды, *қаза жетіп,* шалым дүниеден қайтты (Қаз. ертег.). Өлгенде ала кетпеуге Қалдырдым сөз артыма. *Қаза жетіп* көз жұмсам, Айтар алғыс қартына (Жамбыл, Шығ.). *Қазам жетсе* өлемін, Егер *қазам жетпесе,* Қасындағы Жүністі Айырып ала келемін (Ер Тарғын). Сол дәуреннің ішінде Өлмесе адам жылады. *Қазасы жеткен* адамзат Оған да жетпей өледі (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Қаза жібермеді. *Бір нәрсеге ылғи уақтысымен қатысып отырды; құр тастамады.* Үйірмеге Бағила да қатысатын. Өлең жазбайды, талқыға араласпайды. Сонда да бір мәжілісті *қаза жіберген* емес (Т.Ахтанов, Дала.).

Қаза қылды. а) *Бір нәрсені ылғи орындап отырды, қалт жібермеді.* Әсіресе терезе алдынан күнара өтетін жас аруды келіп-кетуін бақылауын еш *қаза қылмайды* (Т.Кәкішев, Сәкен Сейфуллин). ә) *Жойды, құлатты.* 1917 жылы большевиктер патша үкіметін *қаза қылды* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). б) ж е р г. *Өлтірді.* Олар баламды қорлап *қаза қылды* (Қаз. тілі. диалект. сөздігі).

Қазаның арты қайырлы болсын. э т н. *Артының қайырын берсін, соңынан жақсылық болсын деген мағынадағы көңіл айту.* – *Қ а з а н ы ң а р т ы қ а й ы р л ы б о л с ы н*, – деп Жанбота шал көңіліне демеу берді (С.Омаров, Қиыр жол).

Қаза тапты. а) *Қайтыс болды, көз жұмды.* Ол былтырғы қыста ұзақ ауырып жатып *қ а з а т а п т ы* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). ә) *Мерт болды, біреудің қолынан қазаға ұшырады.* – Рауымбай әкем Сталинград түбіндегі шайқаста *қ а з а т а п т ы* (Б.Қожабеков, Көктөбе). Ол жеңіс күнінен бір жұма бұрын ерлікпен *қ а з а т а п т ы* (С.Хайдаров, Азамат.).

Намазы қаза болды. д і н и. *Намазы уақтысында оқылмай, мойнына парыз болып қалды; парызы өтелмеді.* Танакөз дәрет алып, күні бойы *қ а з а б о л ғ а н н а м а з д а р ы н* жиыстырып бір-ақ оқыды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Молда *қ а з а б о л ы п* кеткен таң *н а м а з ы н* жаңа ғана оқып жатыр (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Қайта осындайда жас уақытта оқылмай *қ а з а б о л ғ а н н а м а з д а р д ы* өтеуін қайтарып тастағаны дұрыс қой (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

Намазын қаза жібермеді. д і н и. *Намазын қаза етпеді, ылғи уақтында оқып отырды.* Алдаберген соңғы кезде ораза, *н а м а з ы н қ а з а ж і б е р м е й,* Құдай жолына шын көңіл қойып, мүлгіп отыратын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). – Біз де Құдай деген жанбыз, ораза ұстап, *н а м а з ы м ы з д ы қ а з а ж і б е р м е й м і з* (М.Дүйсенов, Мейман.). Менің қарамағымдағы жұмыс істейтін шебер мыналар туралы ант-су ішу керек: 1) ол өмір бойы бес уақыт *н а м а з ы н* оқыған және бір рет те *қ а з а ж і б е р м е г е н;* 2) ешқашан шариғатқа сай дәрет алмай қара жерді баспаған және ешқашан жамандық ойламаған; 3) ешқашан зинақорлық жасамаған және әрқашан таза жүрген (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

Намазын қаза қылды. д і н и. *Намазын уақытылы оқымады, парызын өтемеді.* Ортаға жарар еді мешіт салсаң, *Н а м а з д ы қ а з а қ ы л м а й* барып тұрсаң. Бір ғалым фазыл заттан имам сайлап, Байлары жәрдем беріп уақыф қылса (М.Дулатов, Шығ.). Жұма сайын *н а м а з ы н қ а з а қ ы л м а й,* мешітке барады (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.). Аздап сопылығы да бар, әйтеуір *н а м а з ы н қ а з а қ ы л ғ а н* адам емес (А.Нұрманов, Құлан.). Сенің кесіріңнен ұйықтап қалып, таң *н а м а з ы м д ы қ а з а ғ ы п* алдым (Ә.Әлімжанов, Жаушы).

Уақытын қаза жібермеді. *Уақытын рәсуа етпеді, бос жүріске салынбады.* Түскі бір сағат үзіліс болмаса, таңертеңгі тоғыздан кешкі алтыға дейін меншікті столының басынан тапжылмайтын. *У а қ ы т ы н қ а з а ж і б е р м е й д і* (М.Мағауин, Бір ата.).

ҚАЗА[2] з а т. **1.** к ә с. *Балық ұстау үшін нар қамыстан қошқар мүйіздендіре кең ғып тоқыған қоршау; шыпта.* Мен келгенде олар балықты *қ а з а ғ а* қамап қана ұстайды екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Малды қарағаннан басқа кәсібі жоқ ауыл еркектері *қ а з а* құрып бір мезгіл өзектен балық ұстаумен айналысады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Ау, ветль, *қ а з а,* сүзгі түрлері, қақпан сорттары да, жым белгілерін де әкем сайрап береді (Ж.Молдағалиев, Тыңда.). *Қ а з а д а ғ ы* балық – қазандағы балық (Мақал). **2.** ж е р г. *Алқа.* Осы күні қыздар *қ а з а* тақпайды (Қаз. тілі. диалект. сөздігі).

ҚАЗАБАТ з а т. с ө й л. *Ауыр, қиын, азап.* Осы ой мені күні-түні мазалап, Әр күн сайын жүреді ылғи жазалап. Бұл тірлікте жақсылық көп, әрине, Бәрінен де ауыр ойлар *қ а з а б а т* (Н.Жанаев, Жаным.). Осылардың тамағын істеудің өзі Құдайдың *қ а з а б а т ы* (Қаз. тілі. диалект. сөздігі).

ҚАЗАБАТТАЙ с ы н. *Қиын, ауыр, азаптай.* Шынында, күнде дариядан өтіп барып, шөп шабу маған үлкен бір *қ а з а б а т т а й* көрінді (Т.Тобағабылов, Тағдыр).

ҚАЗАҒУАР с ы н. с ө й л. ***Қазақуар.*** Қасболат *қ а з а ғ у а р* жағымпаз бір орыс адвокатын тауып алып, оған бар дәлелдері мен деректерін тәптіштеп айтып, Бойков пен Аралбайдың үстінен уездік сотқа шағым жаздырып алған (С.Омаров, Қызыл арай). Степан *қ а з а ғ у а р,* өзіне ұнаған адамды ренжітпейтін үлкен жасты кісі еді (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.). Бірақ ауылға әп-сәтте бауыр басып кеткен *қ а з а ғ у а р* жастарды жұрт қимайды (С.Ақтаев, Дала.). «Бесмелай алла хекбар» деуді үйреніп алғандықтан жұрт мұны қазақшаға судай, *қ а з а ғ у а р* деп те дәріптеп кеткен (Ғ.Мұстафин, Оянған өлке).

ҚАЗАҚ[1] зат. **1.** *Қазақстан Республикасының ежелден келе жатқан түркітілдес негізгі халқы, сол халықтың, елдің өкілі, ұлт.* – Ұлты *қ а з а қ,* абақтыдан босап шыққан көрінеді, – деді Павел (Ә.Шәріпов, Қапаста.) *Қ а з а ғ ы м,* жерің қайда ата мекен, *Қ а з а қ қ а з а қ* болғалы мекен еткен (М.Дулатов, Шығ.). Кешегі шешек жарған *қ а з а қ* гүлі Сарғайып, бір су тимей солып жатыр (М.Жұмабаев, Шығ.). *Қ а з а қ* жылқыны, Құранды бірдей ұстап жүр: Құран «мұның қалай» демейді, молласы жұрт рәсіміне қарсы тұрып айтпайды (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Бір ауыз сөз үйреніпсің бүгін де Менің ана тілімде. *Қ а з а қ* болып туғаннан соң бөбегім, *Қ а з а қ* болып өлген жақсы түбінде (Т.Молдағалиев, Қош, көктем). // *Қазаққа тән, қазаққа қатысты.* Біздің *қ а з а қ* ғұрпында қай

заттан болса да ел ішіне келген адам нәсіліне қарамай, бәрі бірдей құрметте болады, бәрі бірдей қонақ болып көрінеді (М.Дулатов, Шығ.). Мұны көріп тұрған қазақ байларының санасы, намысы деген нәрсенің ұшқыны тамырларында бір тамшы *қ а з а қ* қаны болса ұяларға керек еді (М.Дулатов, Шығ.). Бұдан бұрын жазылған *қ а з а қ* романдарында едәуір олқылықтар байқалады (С.Қирабаев, Октябрь.). **2.** тар. көне. *Әміршісіне (ханға, бекке т.б.) ренжіп не кінәлі болып, одан алшақтап шетке (өзге хандыққа, өзге жерге) шығып кеткен адам не адамдар тобы (ауыл, туыс, рулы ел).* Жазыда мал іздеген *қ а з а қ т ы ң* Басы қайда қалмаған (Шалкиіз). Он сан ноғай ішінде Үш жүз алпыс отау *қ а з а г ы м* сені тағы алдырттым («Едіге»). Сірә, XI-XVI ғасырларда ноғайлы-қазақ одақтастығы кезінде ноғайлардан бөлектене бастаған рутайпалардың *қ а з а қ* деп атағандары байқалды («Тілтаным»). Менің ием Борақан Шатырын тауға көшірсін, Бізден кеткен *қ а з а қ т ы ң* бір қатесін кешірсін (Қарайдар мен Қызылгүл).

Аты қазақ. *Қазақ атаулы, қазақ ұлты.* Бірақ малы жоғалса анық ұрыдан көрмей, *а т ы қ а з а қ т ы* күйдіру осы күні мұжықтарға әдет болып кетті (М.Дулатов, Шығ.).

Иісі қазақ. *Дүйім қазақ.* Адамның көз жеткісіз қарасына, Дегендей *и і с і қ а з а қ* бәрі осында. Жауғандай Ерейменге жаңбыр кісі, Қусақтың тартты тура жағасына (І.Жансүгіров, Шығ.).

Қазақ арба. *Жайдақ, үлкен арба.* Ұл көрді келгенінде қырық жасқа Малы жоқ, күрең шолақ аттан басқа. Лашық үй, жыртық киім, *қ а з а қ а р б а,* Атанды сол себепті «қарақасқа» (Қ.Тоғұзақов, Сібір Омар). *Қ а з а қ а р б а* жеңіл болады (Қаз. тілі. диалект. сөздігі).

Қазақ ауыз әдебиеті. әдеб. *Қазақ тіліндегі ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы. Қ а з а қ а у ы з ә д е б и е т і* өлең, ертегі, мақал-мәтелдер, батырлық және лиро-эпос дастандар, айтыстар, толғау, арнау, т.б. сияқты 40-тан астам түрге бөлінеді («Қаз. әдеб.»).

Қазақ ауылын кеңестендіру. т а р. с о в е т. *Қазан төңкерісінен кейін қазақ ауылдарында жүргізілген саяси-әлеуметтік шара. Қ а з а қ а у ы л ы н к е ң е с т е н д і р у* жергілікті жерлердегі қазақ ауылдарына коммунистік билік орнатуды мақсат етті (ҚҰЭ).

Қазақ әдебиеттану ғылымы. ә д е б. *Қазақтың ұлттық көркем әдебиетін зерттейтін ғылым. Қ а з а қ ә д е б и е т т а н у г ы л ы м ы н ы ң* мақсаты мен міндеті – қазақ әдебиетінің туу, қалыптасу және даму жолдарын зерттеу (ҚҰЭ).

Қазақ әдебиеті. *Қазақ халқының ықылым заманнан бойы жасаған сөз өнері, әдеби қазынасы.* 1930 жылдар *қ а з а қ ә д е б и е т і н і ң* тақырып ауқымы кеңейіп, социалистік реализм принциптерін тереңірек меңгеру жылдары болды (Қаз. әдеб. тарихы). *Қ а з а қ ә д е б и е т і* – қазақ халқының ғасырлар қойнауынан ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани, мәдени мұрасы, сөз өнерінің асыл қазынасы (ҚҰЭ).

Қазақ әдеби тілі. л и н г в. *Көркем әдебиет пен бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылым салалары мен іскағаздарында қолданылатын жалпыхалықтық тілдің нормаға түскен нұсқасы. Қ а з а қ ә д е б и т і л і* – халық тілінің стильдік тармақтары сараланған жоғары формасы (ҚСЭ).

Қазақ әліпбиі [алфавиті]. л и н г в. *Жазуда қазақ тіліне тән дыбыстарды таңбалауға арналған әріптердің рет-ретімен тізілген жиынтығы.* Қазіргі *қ а з а қ ә л і п б и і* 42 әріптен тұрады (ҚҰЭ). *Қ а з а қ а л ф а в и т і н е* орыс алфавитіндегі 32 әріп және оған қоса орыс тілінде жоқ қазақша дыбыстарды таңбалайтын 9 әріп алынды (ҚСЭ).

Қазақ балалар фольклоры. әдеб. *Халықтың дәстүрлі бала тәрбиесінің негізінде туып қалыптасқан, мазмұны гибратты, тілі көркем жеңіл жатталатын, халық фольклорының арналы салаларының бірі. Қ а з а қ б а л а л а р ф о л ь к л о р ы* балалардың мінез-құлқын, көркемдік талғамын танытатын, шығармашылық қуат көзін ашатын асыл мұра (ҚҰЭ).

Қазақ баспасөзі. *Қазақ тілінде жазылып тараты латын мерзімді және мерзімсіз басылымдардың жиынтық атауы.* Бұ туралы қандай шаралар ұсынудан бұрын *қ а з а қ б а с п а с ө з і* жайынан аз сөз айтып өтсек орынсыз болмас (М.Дулатов, Шығ.).

Қазақ биі. өнер. *Бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін ұлттың сахна өнері. Қ а з а қ б и і н і ң* кейбір қимыл-қозғалыстары бақсы-балгерлердің ойындары арқылы қалыптасқан (ҚҰЭ). *Қ а з а қ б и і* халықтың тіршілік-тынысын, адамның табиғатқа көзқарасын, дүниетанымын айшықтайтын өнер ретінде өркендеуде (ҚҰЭ).

Қазақ диаспорасы. *Қазақстан Республикасынан шет аймақтарда тұратын қазақтар. Қ а з а қ д и а с п о р а с ы* сыртқы шекараларды кесіп өтіп, әуелі Қазақстаннан Қытайға, Орталық Азия мемлекеттеріне, Ауғанстан мен Иранға, одан әрі бүкіл дүниежүзіне тараған (К.Бикенов,.. Әлеуметтану. түсінд. сөздігі.). Қазақстанмен іргелес шет жұртта қалың шоғыр күйінде қалған және шалғай аймақтарда ша-

шырап жүрген *қ а з а қ д и а с п о р а с ы н ы ң* жалпы саны 5,4 млн. деп есептеледі (ҚҰЭ).

Қазақ ері. *Қазақы ер.* Ердің *«қ а з а қ е р і»*, «қоқан ері», «құранды ер», «ашамай ер», «қазық бас ер», «орыс ер» деп аталатын түрлері бар (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Қазақ ешкісі. м а л ш а р. *Ет, сүт өнімдерін, түбітті мол беретін ыстық пен суыққа төзімді, дене бітімі ірі ешкі тұқымдарының бірі. Қ а з а қ е ш к і с і н* асылдандыру жұмысын Қазақ қой шаруашылығы технологиялық ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары жүргізеді (ҚҰЭ).

Қазақ жазуы. л и н г в. *Қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әртүрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі.* Көне замандағы қазақ ру-тайпаларының түркі дүниесіне ортақ Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріне негіз болған «руна» жазуы, көне ұйғыр жазуы, VIII ғасырдан бастап күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан араб жазуы, бір кездерде қолданыста болған латын жазуы, кириллица жазуы – осылардың бәрі *қ а з а қ ж а з у ы н ы ң* негізі болып саналады (ҚҰЭ).

Қазақ жері. *Қазақ халқының тұрғылықты мекені, қонысы. Қ а з а қ ж е р і* мал кіндігі, мұнда бұрын қандай жұрт жүрсе мал баққан (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

Қазақ жылқысы. э т н. *Салт міну, жүк тасу, ет пен қымыз өндіру үшін өсірілетін жергілікті тұқым. Қ а з а қ ж ы л қ ы с ы* ұшқыр жүйрік болмағанымен, алыс жолға өте шыдамды (ҚҰЭ).

Қазақ күнтізбесі. э т н. *Табиғат құбылыстарын бақылаудан туған халықтың көпжылдық тәжірибелері қорытылған жылдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен білімдер жинағы.* Байырғы *қ а з а қ к ү н , т і з б е с і н д е* жыл басы көктемдегі күн мен түннің теңелуі күнінен басталады (ҚҰЭ).

Қазақ кілемі. э т н. *Қойдың жүнін түрлі-түсті етіп, бояп, иіріп ою-өрнек салып, төрт бұрышты етіп тоқылған ұлттық үй жиһазы.* Қазба жұмыстары арқылы белгілі болған байырғы сақ, ғұн, үйсін кілемдерінің тоқылу, көркемделу тәсілдері мен негізгі пайдаланған ою-өрнектері *қ а з а қ к і л е м* үлгілерімен өте ұқсас (ҚҰЭ). *Қ а з а қ к і л е м д е р і н і ң* түкті және тықыр түрлерінде негізгі үлкен гүлдері «күмбез, жиектеріндегі текшелі өрнектер «қорған» деп аталып, оны қуалай күлгін түсті «су» өрнегі жүргізіледі (ҚҰЭ).

Қазақ қолөнері. э т н. *Қолданбалы-безендіру өнерінің дәстүрлі ұлттық саласы.* Тарихын тереңнен алған *қ а з а қ қ о л ө н е р і* дәстүр сабақтастығын үзбеген рухани мәні мен мәдени құндылығын жоймаған (ҚҰЭ). *Қ а з а қ қ о л ө н е р і* өзінің ғасырлар бойғы мұраларын жаңжақты игеріп, көршілес халықтар мәдениетінің өзгеше үлгілерін бойына сіңіріп, үнемі жаңарып, үздіксіз дамумен отырды (ҚҰЭ).

Қазақ лақсасы. ө с. <лат. echinops kasakorum> *Күрделігүлділер тұқымдасы, лақса туысына жататын көпжылдық өсімдік. Қ а з а қ л а қ с а с ы* – өте сирек кездесетін, эндемик өсімдік (Қаз. тілі термин. Биология).

Қазақ мектебі. *Білім беру жүйесін қазақ тілінде оқытатын мектеп.* Егер мұнда *қ а з а қ м е к т е б і* қалада ашылатын болса, осында қалғым келеді (М.Дулатов, Шығ.). Бәрі де ауылда *қ а з а қ м е к т е б і н* бітірген балалар (М.Дүйсенов, Мейман.).

Қазақ оюы. э т н. қ о л ө н е р. *Үй жиһаздарын, сәндік, тұрмыстық бұйымдар мен киімдерді нақыштап безендіруге қолданылатын өрнектер. Қ а з а қ о ю л а р ы н а* ішінде жануарлардың сыртқы пішініне – мүйізіне, тырнағына, мойнына, табанына т.б. мүшесіне ұқсас ою-өрнектер (300 морфтық түр) халық арасына кең тараған (ҚҰЭ). Үй жиһаздарында кең пайдаланылатын *қ а з а қ о ю л а р ы н ы ң* келесі бір түрі – өсімдік сипатты ою-өрнектер (ҚҰЭ).

Қазақтың ақбас сиыры. м а л ш а р. *Сиырдың етті тұқымы.* Республикада *қ а з а қ т ы ң а қ б а с с и ы р ы н ы ң* 27,5 мың басы бар (ҚҰЭ).

Қазақтың арқар-мериносы. а у ы л ш а р. *Биязы жүнді қой тұқымы. Қ а з а қ т ы ң а р қ а р м е р и н о с ы* Алматы облысы, Райымбек ауданындағы асыл тұқымды «Ұзынбұлақ» шаруашылығында өсіріледі (ҚҰЭ).

Қазақтың дәстүрлі қару-жарақтары. э т н. *Қазақ халқын құраған ру-тайпалардың соғыс құралдары мен киім-кешегі. Қ а з а қ д ә с т ү р л і қ а р у - ж а р а қ т а р ы* ат үстінде соғыс жүргізуіне сәйкестендіріліп жасалған, олар шұғыл қимылға ыңғайлы, жеңілдігімен ерекшеленеді (ҚҰЭ).

Қазақтың қара домалақ баласы [жігіті, ұлы, ері]. э к с п р. ж а ғ ы м д ы. *Қарапайым қатардағы қазақтың бірі деген мағынадағы жақын тарту, жаны ашу, масаттану мәніндегі сөзқолданыс. Қ а з а қ т ы ң қ а р а д о м а л а қ б а л а л а р ы ,* міне, бүгін мәдениет ордасының төрінде отырмыз (С, Омаров, Дала). Мемлекет тарапынан орындалатын істі жүзеге асыратын өкілдігі бар әкім. *Қ а з а қ т ы ң қ а р а д о м а л а қ б а л а с ы ,* қарапайым қызы өкімет ісіне араласып, билік айтатын дәрежеге жетті

(С.Мәуленов, Жұлдыз.) Қазақстандағы тәй-тәй басып келе жатқан жас компаниялардың бірі. Кішігірім болса да компания алдына қойған биік мақсаттармен көрініп отыр. «Теңіздің дәмі тамшысынан білінеді» дегендей, *қазақтың қара домалақ жігіттерінің* әлемдік деңгейде, халықаралық стандарттарға сай, шетелдік компаниялармен иық тірестіріп жұмыс істеу оның шоқтығын биіктете түскендей («Зерде»). Әншейінде алысып-жұлысып тыныш отырмайтын *қазақтың қара домалақ ұлдары* жым болған. Өңдерінде өзгеше жуастық, салмақты сабыр бар (О.Бөкеев, Ауыл хикая.). Бауыржан әлі де сол жиреген көңілімен әйелдің басына көрпесін жаба салды да үйден шығып кетті. Бұл кезде Трашковоға мейлінше кіріп, кернеп алған лек немістің [сыбағасын сылқита беріп жатыр] еді. Шошып оянған неміс шоршып түсіп, төсек астына да, пешке де тығылып баққан, подвалға да ырғыған, бірақ *қазақтың қара домалақ ерлері* бар жерден суырып ап серейтіп жатыр. «Әкеңнің көрі...неміс» деп басып-басып салады (М.Әуезов, Шығ.).

Қазақ тілі. л и н г в. *Түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын әдеби тілі бай ауыз әдебиетінің жалпыхалықтық тілдің негізінде қалыптасқан қазіргі қазақ халқының ұлттық тілі; Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.* Моңғол тілі емес, моңғол дәстүрі емес, *қазақ тілі,* қазақ дәстүрі қалды (І.Есенберлин, Алмас.). *Қазақ тілі* Қазақстан жерін ерте заманнан жайлаған қаңлы, үйсін, қыпшақ, найман, арғын және басқа тайпалардың тілдері негізінде қалыптасқан (ҚазССР тарихы). Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі *қазақ тілі* болса, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы (М.Жұмабаев, Шығ.). 1898-ші жылғы есепте қазақ затынан *қазақ тілімен* сөйлейтін адамның саны 4 миллион 84 мың (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

Қазақ ұлты. *Тілі, діні ортақ қалыптасқан мәдениеті, мемлекеттілігі бар қазақ халқының әлеуметтік бірлестігі. Қазақ ұлтының* қалыптасуы үйсін, қаңлы т.б. ру-тайпалық одақтардың тарихымен мұралық байланыста болғандықтан, ол көне, орта және жаңа болып, басты-басты үш дәуірге бөлінеді (ҚҰЭ).

Қазақ үй. ж е р г. ***Киіз үй***. Үңгірдің төбесі *қазақ үйіндей* болып, күмбезделіп барып біткен (А.Лекеров, Түз гүлі.). Ақ шағаладай *қазақ үйді* қаз-қатар тігіп тастапты (Қаз. тілі. диалект. сөздігі).

Қазақ шежіресі. т а р. *Тарих ғылымында халқымыздың шығу тегін, таралуын баяндайтын тармағы. Қазақ шежіресін* жасауға Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, М.Сералин, М.Тынышбаев, Н.Наушабаев т.б. көп еңбек сіңірді (ҚҰЭ).

Қазақ шықты. к ө н е. а) *Іргелі ұлыстан бөлініп кетті, көбінесе сюзереніне (әміршісіне) өкпелі, наразы болып бағынбай кетіп қалды, кінәлі болып, бас еркіндігін ойлап қашып кетті.* Қазан деген ел бар деп Бой тасалар жер бар деп, Қазыналы Қырымды қалдырып, *Қазақ шыға* барамын (Шора батыр). Бүкіл Сібір жұртына тірек болған тайпалы ел тұтасымен *қазақ шығып* кетті (М.Мағауин, Аласапыран). ә) *Мал ізденіп (айдап кету, саяқ жүргек малды иемдену, шабуыл жасап олжалау сияқты) шетке шығып кетті.* Қаріп басым мол қайда *Қазақ шығып* кетпесем (Қарайдар мен Қызылгүл).

Қазақ халқы. *Қазақстан жерінде ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан тарихи халық. Қазақ халқының* социалистік ұлт болып қалыптасуы – 1917 жыл мен 1936 жылдың аралығын қамтитын терең мағыналы, аса күрделі процесс (ҚСЭ).

Қалың қазақ. *Бүкіл (көп) қазақ.* Сөзін тіпті бөтеннен бастады. Мен кеше бір түс көрдім... Біз, *қалың қазақ,* осы арадан босып Балқаш барып, Қамал аралында қыс өткізіп, одан мерекені алған екенбіз (І.Есенберлин, Шығ.).

Қара қазақ. а) *Қалың қазақ халқы. Қара қазақ* басына Қарақшы туын байсалды, Кіреші шығып әр таптан Шығарып атты айдады (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Құлеке, тәтті шәрип асыл едің, Асылдың артық туған нәсілі едің. Алшайып ат үстіне мінгеннен соң, Тасыған меһманды басып едің. Баласын *қара қазақ* былай қойып, Басыңды ақсүйекке қосып едің (Кердері Әбубәкір, Қазағым). *Қара қазақты* ажалға байлаудан Шыңғыс ұрпағынан шыққан қай хан тартынған (І.Есенберлин, Алмас.). Жиналып *қара қазақ* топыр болды, Бауыры Алатаудың толып шаңға. Ақырып ақ бөрте атпен төре Рүстем: – Тарт! – деді тұтқындарды қан майданға (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Хан, төре тұқымынан емес, қарапайым қазақ.* Оразбайдың әкесі Аққұлы тек қана *қара қазақ* болған, тіпті бай да болмаған (М.Әуезов, Танд. шығ.).

Мұқым қазақ баласы. *Күллі қазақ жұрты. Мұқым қазақ баласы* Тегіс ақыл сұрапты (Абай, Тол. жин.).

ҚАЗАҚБАЙ з а т. с ө й л. э к с п р. *Қазақы, қазаққа төндік. Қазақбайдың* баласымыз, алты алаштың ағасымыз (Мақал).

ҚАЗАҚБАЙЛАУ с ы н. *Қарапайымдау, жұпынылау.* Шалабайдың өзінде бесатар мылтық, қалғандарының қолында дойыр қамшы. Киімдері *қ а з а қ б а й л а у* (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.).

ҚАЗАҚБАЙШАЛА = е т. *Ескі әдетке салу, қазақы мінез көрсету (ұлттың өзіне-өзі сын көзбен қарап айтқандағысы).* Бұрын ол ешқашан жұбайының атын атап көрген емес. *Қ а з а қ б а й ш а л а п* «қатын-әй» деп шақыратын (Ш.Мұртазаев, 41-ші жыл.).

ҚАЗАҚБАЙШАЛАУ *Қазақбайшала етістігінің қимыл атауы.*

ҚАЗАҚБАЙШЫЛЫҚ з а т. э к с п р. с ө й л. *Қазаққа тән қасиет, ерекшелік.* Ол *қ а з а қ б а й ш ы л ы ғ ы* жоқ, әділ, тура мінезді адам (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.).

ҚАЗАҚИ с ы н. с ө й л. ***Қазақы.*** – Қалқам, өзің қазақ баласы екенсің, біздей *қ а з а қ и* адам бұндайға енді қайтып кез келеміз бе, жоқ па? Айып етпесең осыны мен былай киіп көрсем қайтеді? (Е.Домбаев, Ол. адам). Шет-шеті желінген оюлы кілем үстіне төселген дөңгелек *қ а з а қ и* столға тізерлей, мінбелеп отырған Сәнжан алдында жаюлы кішкене блокнотқа шұқшиып, үңіліп қалыпты (Ә.Тарази, Құйрықты.).

ҚАЗАҚНАМАЙ[1] с ы н. э к с п р. с ө й л. *Замана ығіліктерінен тысқары қалған, жадағай.* Ауылдың адамдары *қ а з а қ н а м а й,* жабайы, жадағай (С.Сейфуллин, Тар жол.). Аман қаладан тым қашық жатқан нағыз *қ а з а қ н а м а й* тау елдерін өз елімен салыстыра қарап, бірсыпыра өзгешеліктер тауып келеді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ҚАЗАҚСТАН з а т. **1.** *Қазақ Республикасы; қазақ жері, қазақ елі.* Поезд вагондарының есік, терезелерінен *Қ а з а қ с т а н н ы ң* шексіз, кең даласына құмарта, қызыға көз тікті (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). *Қ а з а қ с т а н!* Сүйікті туған елімсің. Асық атып, доп қуып, Асыр салған жерімсің (Ж.Молдағалиев, Жыр тур.). *Қ а з а қ с т а н* астығын Қабыл ал, Отан анамыз! Октябрьге арнаған Сый деп мұны санаңыз (Ақын жырлары). **2.** г е о г р. *Еуразия құрлығының ортаңғы бөлігіне орналасқан, батыстан шығысқа қарай 3000 шақырымға, солтүстіктен оңтүстікке қарай 1600 шақырымға созылатын, қоңыржай белдеудің негізінен ортаңғы және оңтүстік ендіктерін, қиыр оңтүстігінде субтропик белдеуді қамтитын мемлекет* (ҚҰЭ).

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ з а т. *Қазақстан тұрғыны, Қазақстан азаматы.* Кенигсберг шабуылына қатысқан жауынгерлердің арасында *қ а з а қ с т а н д ы қ т а р* аз болған жоқ (Б.Жетпісбаев, Жорық.). – Таяу арада полкымызға жаңа жігіттер келіп қосылады. Келетіндер *қ а з а қ с т а н д ы қ* жастар көрінеді (М.Ғабдуллин, Ел намысы.). // *Қазақстанда тұратын, Қазақстанға тән.* ≈ *Қ а з а қ с т а н д ы қ* жастар.

Қазақстандық тарихнама. *Қазақ елінің тарихы, өткен өмірі. Қ а з а қ с т а н д ы қ т а р и х н а м а д а* түрлі зерттеушілер «Алаш» партиясы мен оның бағдарламасының идеялық бағытын түрліше бағалап келді («Егемен Қазақстан»).

ҚАЗАҚСЫН = е т. *Қазақ деп білу, қазақ деп санау.* Шыңғыстың өзін *қ а з а қ с ы н а* атағанына Дабашинский аса разы болып, көңілденіп қалушы еді (С.Бегалин, Шоқан асу.).

ҚАЗАҚСЫНУ *Қазақсын етістігінің қимыл атауы.*

ҚАЗАҚТАС з а т. г е о л. *Қайта түзілген немесе туынды кварциттердің атауы* (Қаз. тілі термин. Геология).

ҚАЗАҚТЫҚ[1] з а т. к ө н е. *Ержүрек батыр жігіт.* Тумаластан несі кем *Қ а з а қ т ы қ т а н* бірге жүрген жан жолдас? («Қарайдар мен Қызылгүл»).

ҚАЗАҚТЫҚ[2] с ы н. *Қазаққа тән, қазаққа қатысты. Қ а з а қ т ы қ* өнердің бар жүйелері, Оларды көрсететін иелері. Сахнаға топталғанда, үй шатыры Болмаса, төбем көкке тиер еді (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Ақыры ғайып болды тарлан шұбар, Тарлан шұбар – сендегі ардан шұбар, Жарты қасық *қ а з а қ т ы қ* қаның болса, Құлағыңда дауысым қалған шығар (М.Мақатаев, Дариға.). // *Қазақ болушылық, қазаққа тән қасиет.* – Бірақ қазақ әдебиетін оқымайсың-ау деймін, ә? Жігіт ренжіп қалды. – Неге, аға... Туған әдебиетімізді оқымасақ, *қ а з а қ т ы ғ ы м ы з* қанша? (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

ҚАЗАҚТІЛДІ с ы н. *Қазақ тілінде сөйлейтін.* Орыстілді сектор жария, ашық саясатпен, *қ а з а қ т і л д і* сектор көлеңкелі саясатпен тығыз байланысқан («Жас Алаш»). Бұл топ шынтуайтында саяси мәлімдемелерді реттеп отыруды жүзеге асырып, орыстілді және *қ а з а қ т і л д і* ортаны өзара кіріктіріп жүретін («Жас Алаш»).

ҚАЗАҚУАР с ы н. *Қазақ өмірімен жақсы таныс, оның тілін білетін, әдет-ғұрпына, салтына қанық (басқа ұлт адамы).* Қазақ арасында көп жүріп, әбден *қ а з а қ у а р* болып алған Левенштерн қашқан да, қысылған да жоқ (С.Шаймерденов, Жыл құсы). Ақмоланың оязы Тройцкий деген қартаңдау, *қ а з а қ у а р,* қымыз бен сүрді жақсы көретін адам (С.Мұқанов,

Шығ. жин.). *Қ а з а қ у а р* – қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін бойына сіңірген, ұлттық мінез-құлқы, әдет-ғұрпы ерекше көрінетін тұлға (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Мұратов қазақ арасында көп жүріп *қ а з а қ у а р* болған (С.Мұқанов, Шығ.).

ҚАЗАҚША ү с т. **1.** э т н. *Қазаққа ұқсап, қазақ тәрізді. Қ а з а қ ш а* құшақ жая көрісіп, көңіл айтып, амандық сұрасты (С.Бегалин, Ана.). – Келші, Абрек! *Қ а з а қ ш а* төске төс тигізіп, дос болайық (С.Омаров, Өмір.). Мәз жанған отқа, мәз асқа, Көрсең-ау енді шешейді. Малдасын құрып *қ а з а қ ш а,* Жас орыс отты көсейді (З.Шүкіров, Арал.). **2.** *Қазақ тілінде.* Артымыздан *қ а з а қ ш а* сөйлеген біреулердің даусы естілді (Ә.Шәріпов, Алыс.). Өзі бұрын қазақ арасында тұрған болар, ептеп *қ а з а қ ш а* да біліңкірейді (Ж.Саин, Жол үсті.). Степанның сөзін Жүсіп *қ а з а қ ш а ғ а* аударды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Қазақшаға [қазақша тілге] судай. *Қазақ тілін жақсы білетін, қазақша ағып тұрған.* Аздан кейін баяғы өзімізге таныс *қ а з а қ ш а ғ а с у д а й* алтын сары шашты қызымыз шықты (Ө.Тұрманжанов, Меңің кітабым). Жеңгейдің есімі Марта, фамилиясы Шварц, ұлты неміс екен. *Қ а з а қ ш а ғ а с у д а й* («Лен. жас»). Оның аты-жөні Давид Богданов болатын. Жасынан жергілікті ел ортасында өскен, *қ а з а қ ш а т і л г е с у д а й* (Ә.Көшімов, Қысталаң.).

Қазақша күрес. с п о р т. *Белге байланған белбеуден ұстап, аяқтан шалып күресетін ұлттық ойын.* Осы жолы Қажымұқанның баласы да бір атақты палуанмен *қ а з а қ ш а к ү р е с к е* түсіп, оны жығып кеткені есімізде (А.Хангелдин, Қараторғай). Программаның ішінде мың метрлік эстафета, *қ а з а қ ш а к ү р е с,* кіші калибрлі мылтықтан оқ ату сияқты біріне-бірі жанаспайтын жарыстар бар (Қ.Тұрсынқұлов, Есіңде ме.).

ҚАЗАҚШАЛА= ет. **1.** *Қазақша айту, қазақ тілінде сөйлеу.* – Жоқ, атым Серік, партизандар Сережа деп атайды, – деді Серік *қ а з а қ ш а л а п* (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). – Ай, ақсақал, бұл кимдики лақ? – деді мал айдаушы Иван Литовкин шалға өзінше *қ а з а қ ш а л а п* (С.Адамбеков, Қожанасыр.). – Әй, тоқта! – деді ол Гауһарға *қ а з а қ ш а л а п* (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **2.** *Қазақ тіліне аудару, тәржімалау.* Мысалы, орыс халқының «Либо коры жалеть, либо лошадь» деген мәтелін алалық. Осыны «Не жемді ая, не атты ая» деп *қ а з а қ ш а л а с а қ,* қиюын таппаған құрғақ сөздер тіркесі болып шығар еді (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Ол Арал балықшыларына арнайы жазған көсем хатын оқып берді. Хатты *қ а з а қ ш а л а п* алған екен (Ш.Есмұрзаев, Ильич.). Міне, осы да қазақша ма? Бүйтіп *қ а з а қ ш а л а ғ а н ш а* орысшаласа біреу оқыр еді (М.Дулатов, Шығ.).

ҚАЗАҚШАЛАН = е т. *Қазақ тіліне аударылу.* 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналында «Бежин шабындығы», «Хорь мен Калиныч» сияқты әңгімелер *қ а з а қ ш а л а н д ы* (Р.Нұрғалиев, Өнер алды.).

ҚАЗАҚШАЛАНДЫР = е т. *Қазақ тіліне ыңғайлау, көшіру.* ≈ Тез *қ а з а қ ш а л а н д ы р д ы.*

ҚАЗАҚШАЛАНДЫРУ *Қазақшаландыр етістігінің қимыл атауы.* Шоқан бастап жиған осы Едіге батырдың әңгімесін де тарих, тіл, әдебиет жақтарынан қарағанда қазақ ескі сөздерінің ішінде маңызды орын алуға лайық деп білетіндігім үшін оның жыр уәзіндері мен толғауларын тізіп, жазу түрін *қ а з а қ ш а л а н д ы р у д ы* дұрыс деп таптым (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.).

ҚАЗАҚШАЛАНУ *Қазақшалан етістігінің қимыл атауы; қазақшаға аударылу.* Марксизм-ленинизм классиктері шығармаларының ана тілімізге аударылуына байланысты сол еңбектердегі көптеген қанатты сөздердің *қ а з а қ ш а л а н у ы* игі іс болды (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ҚАЗАҚШАЛАП ү с т. *Қазақ тәрізді, қазақ сияқты; қазақ дәстүрімен.* – Осы ма?! – деді, – матай бұлбұл құсы, Көп іздеп бүгін таптым жазы-қысы. Әуелі *қ а з а қ ш а л а п* көріселік, Жарқыным, берірек жүр, жасың кіші (Айтыс).

ҚАЗАҚШАЛАТ = е т. *Қазақшаға аударту.* Қажымұқан оның сөзін *қ а з а қ ш а л а т п а й а қ* ұқты (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ҚАЗАҚШАЛАТУ *Қазақшалат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бастан-аяқ *қ а з а қ ш а л а т у.*

ҚАЗАҚШАЛАУ *Қазақшала етістігінің қимыл атауы; қазақ тіліне аудару.* Бірақ, амал қанша, орысша кітаптарды *қ а з а қ ш а л а у ғ а* және конспект жасап беруге тура келді (Е.Оразақов, Дәрігер.). Көркем фильмдерді *қ а з а қ ш а л а у* ісі де биыл алға жылжыды («Қаз. әдеб.»).

ҚАЗАҚШЫЛ с ы н. э т н. *Қазақ ғұрпын сақтағыш, қазақтық қасиеті мол.* Жарықтық *қ а з а қ ш ы л* адам, ағасы өліп, соның қызын асырап алып, оны еркекше киіндіріп, енді қыз қалпына түсіре алмай әуре болып жүр (А.Тоқмағамбетов, Жыр.). Қалада *қ а з а қ ш ы л* боп жүретін Сарыбас қырға кеп елдің ауыр халін көргенде қайғырар деп ойлаған еді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

ҚАЗАҚШЫЛА = е т. с ө й л. ***Қазақшала.*** Ол теріс бұрылып кетіп *қ а з а қ ш ы л а п:* – Дұрыстап тыңда, біздің тілімізді ешкім түсінбейді, әйтсе де сақ бол (І.Есенберлин, Алтын құс).

ҚАЗАҚШЫЛАП ү с т. с ө й л. *Қазақ дәстүрімен, қазақ салты бойынша.* Жәуке *қ а з а қ ш ы л а п* көріспек боп Құрымбайды біразға шейін құлағынан босатпайды (Б.Майлин, Шығ.). Менің қызмет жайым, шешемнің қолына *қ а з а қ ш ы л а п* келін түсіріп, қасында болуға үйлеспейді (С.Бегалин, Замана.).

ҚАЗАҚШЫЛАУ *Қазақшыла етістігінің қимыл атауы.*

ҚАЗАҚШЫЛЫҚ з а т. **1.** *Қазаққа тән әдет-ғұрып, қалыптасқан дәстүр. Қ а з а қ ш ы л ы қ қ а* бармай, заңға жүгінсе қайтеді? (С.Мұқанов, Есею жыл.). Күнбала осы жаз басында ауылға әдейі барып, *қ а з а қ ш ы л ы қ* жолымен Жәукеге қолқа салды (С.Омаров, Қызыл арай). Жеңгетай ету жездені, *Қ а з а қ ш ы л ы қ* күні өткен. Шын махаббат тағдырын Жүрек шешпек жүрекпен (Д.Әбілев, Жүрек.). Әуелде *қ а з а қ ш ы л ы қ* қылмасақ, мұндай іске себеп болған секілді болар ма едік? (М.Дулатов, Шығ.). **2.** *Қараңғылық, артта қалғандық.* – Әй, *қ а з а қ ш ы л ы қ -а й,* – деп доктор өзіне-өзі сөйлеп жүр (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). – *Қ а з а қ ш ы л ы г ы ң д ы* қой, – деді сылаң қара жігіт Спанға зекіп (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). *Қ а з а қ ш ы л ы қ* деген наданшылық деген сөз ғой, Қайтып қана шыдарсың, осындай пұшыққа, Зейнепті бергелі жүрген қазақтың ісіне (М.Дулатов, Шығ.). 1914 жылы 7 жолдаспен өзімді *қ а з а қ ш ы л ы қ* айнасында көру үшін бардым (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ҚАЗАҚЫ с ы н. **1.** э т н. *Қазақ ұлгісі бойынша істелген, қазақ халқына тән.* Кейбір қызкеліншектер Гайниға еліктеп, бойға қонымды *қ а з а қ ы* киімдер тіктіріп киетінді шығарды (М.Хасенов, Нартәуекел). Аласа, дөңгелек *қ а з а қ ы* стол. Ортадамайшам (Ө.Ахметов, Алда.). **2.** а у ы с. *Қазақтық қасиеттері мол, қарапайым (кісі).* Раушанның жеңгесі – ескішілдеу, *қ а з а қ ы* әйел. Бұның әскерге алынғанын естіп, біраз жылапты (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Оның үстіне Мұхиттың әке-шешесі – *қ а з а қ ы* адам (М.Дүйсенов, Ант).

Қазақы арба. э т н. *Дөңгелегі аса үлкен емес, екі қанаты аласалау түйеге, өгізге, атқа жегілетін күш-көліктің түрі.*

Қазақы бесік. э т н. *Қазақ тұрмысына лайықталып жасалған сүйегі, түбегі, шұмегі бар, нәрестені бөлеуге арналған көшіп-қонуға ыңғайлы ағаш төсек.* Тіпті күні бүгінге дейін ауылды жерлерде балаларды *қ а з а қ ы б е с і к к е* бөлейді емес пе (Ә.Әлімжанов, Отырар.).

Қазақы бөрік. э т н. *Іші сырылған, сырты қамқа, пүліш тәрізді қымбат маталармен тысталған, құндыз, қамқа, қалтар, сасар тәрізді бағалы аң терілерінен жасалған, 6-8 сай етіп тігілген бөріктің түрі.* Сол қалың топтың арасынан қысыла, қымтырыла өтіп, киімілгіш тұрар деген жаққа беттеп едік, *қ а з а қ ы б ө р і к* киген бір-екеу алдымыздан көлденеңдей берді (С.Шаймерденов, Мінез).

Қазақы ер. э т н. *Сүйегі жұқа, ықшам, жеңіл (ер адамдарға арналған); сүйегі ауыр, алтын, күміс, асыл тас, сүйек, мүйізбен әшекейленіп, былғары, шұға барқытпен қапталған (әйелдерге арналған) ер.* Күміс қасты *қ а з а қ ы е р* кең екен, екеуі де сыйды (М.Мағауин, Бір ата.). Қазықтай қатып қалып *қ а з а қ ы е р г е,* Құйғытып, қамшы басып қаракерге. Ағындап, алағызып келе жатып, Шомылып боянады қара терге (Қ.Жұмалиев, Айнамкөз). *Қ а з а қ ы е р д і* түйенің көнімен қаптайды (Каз. тілі. диалект. сөздігі).

Қазақы етік. э т н. *Қонышы ұзын былғары етік, саптама етік.* Аяғына *қ а з а қ ы е т і к* киген, ақ сақалды шал үйге өзгелерден бұрын кірді («Қаз. әдеб.»).

Қазақы жылқы. *Жылқының қазақ жеріне бейімделген түрі; жабы, қарабайыр.* Қазақтың тәжірибесінде *қ а з а қ ы ж ы л қ ы* көшпелі тұрмыстың бар жағдайына да төзімді, көліктік жағынан да шыдамды, еті де, сүті де асыл (С.Мұқанов, Халық мұрасы). Етті көп өндіру үшін, әсіресе *қ а з а қ ы ж ы л қ ы н ы,* оның жабы, қарабайыр тұқымын көп өсіру тиімді («Қаз. әдеб.»).

Қазақы кереует. э т н. *Екі басы көтеріңкі, сүйек шауып әшекейлеп жасаған төрт не алты аяқты ағаш төсек.* Жарасбайдың үйі бір бөлме. Есігі біреу, терезесі екеу, төрде жүк жиылған, текемет, кілем, көрпе жайылған, есіктен кіргенде оң жақта *қ а з а қ ы к е р е у е т,* тұсында ұсталған кілем. Алдында құрылған шымылдық, жиюлы кереует алдында жерде сырмақ, оның үстінде қаптап төсеген көрпе (М.Дулатов, Шығ.).

Қазақы қауын. ж е р г. к ә с. *Түсі сары, кейде көкшіл келетін қауын түрі. Қ а з а қ ы қ а у ы н д ы* қыста сақтауға да болады (Каз. тілі. диалект. сөздігі).

Қазақы қой. э т н. *Ерте кезде қазақ жеріне көп тараған құйрықты қой.* Жазда, жүртқа белгілі, күн ыстық болады. Жай *қ а з а қ ы қ о й д а й* емес, биязы жүнді қойлар шыбыншыл, ыстыққа төзімсіз келеді (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.). Бұрынғы жүні аз *қ а з а қ ы қ о й д ы* «пере-

кос» тұқымымен ауыстыру бұл колхозда 1936 жылы басталған (К.Қазыбаев, Дәуір.). *Қазақы қойменен* будандастырып еділбай тұқымын көбейттік, ол суыққа төзімді әрі салмақты келеді («Қаз. әдеб.»).

Қазақы үй. э т н. *Төбесі қалыңдатылып сыланған жайпақ (шатырсыз), аласа үй.* Сол күні, тап сол сағатта жалпақ төбелі көп *қазақы үйлердің* бірінде екі жас жігіт сөйлесіп отырды (Х.Есенжанов, Тар кезең). Өзі ежелгі көршісі Ыбықанның әкесімен бірігіп, қаланың орталығынан қоржындап салған кішкентай *қазақы үй* сатып алды (Д.Досжанов, Тұлпар.). Сейіт: «Мына біреуің кім өзі? Алып кетіңдер анау үйге апарып киргізіңіздер», – деп *қазақы үйіне* жібереді (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

ҚАЗАҚЫЛАН= е т. **1.** *Қазақ арасында өсіп, оның әдет-ғұрпын, салтын, дәстүрін игеру; қазаққа сіңіп кету.* Оның қоңсылары әлдеқашан *қазақыланып* кеткен төрт-бес үй қалмақтар болушы еді (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). **2.** *Қазақы түрге ену, қазақы қасиетке ие болу.* Орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздерге жалғау мен жұрнақтар қазақ тілінің өз заңы бойынша жалғанып, *қазақыланып* кетеді (Қазіргі қаз. тілі). Бір жақсысы, солардың есебінен Екібастұз қаласы *қазақыланып* келеді («Егемен Қазақстан»). **3.** с ө й л. *Қазақ тіліне аударылу.* Қ.Аманжолов аудармалары – *қазақыланған* емес, өзіміздің төл тілімізде жазылғандай қазақша еңбектер (М.Әлімбаев, Қалам.).

ҚАЗАҚЫЛАНДЫР= е т. *Қазақшаға айналдыру, қазақ тіліне аудару, қазақ тіліне бейімдеу.* Орыс сөздерін әдейі *қазақыландырып* айтқан бұл өлең «Сүйген қалқа» деген атпен жалпақ елге тарап кетті (С.Жүнісов, Ақан сері). Міне, жұртым, мені Қазалының *қазақыландырғандағысы* осы! (М.Дулатов, Шығ.). Бірдемені бұтып-шатып жазды да, міне, сені *қазақыландырдық* дейді. Жақын арада Қазалы дейтін қалада «кәператив күні» деген бір күн болып, жұрттың бәрі желігіп көшеге шықты (М.Дулатов, Шығ.).

ҚАЗАҚЫЛАНДЫРУ *Қазақыландыр етістігінің қимыл атауы.* Аударғанда қазақ оқушысының ұғымына сай, лайықты балама табуға талпыну – өзге тілдің туындысын *қазақыландыру* емес, қайта түпнұсқаның бар қадір-қасиетін сақтаудың бір жолы (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Жасаған-ай, о мұндай да *қазақыландыру* болады екен! (М.Дулатов, Шығ.). *Қазақыландыру* бір пәлесі шықты да көрген күнім бұрынғыдан да қараң болды (М.Дулатов, Шығ.).

ҚАЗАҚЫЛАНДЫРЫЛ= е т. *Қазақы түрге енгізілу, қазақшаға айналдырылу, бейімделу.* Екіншіден, секретарь тым *қазақыландырылып* жіберілген. Сөйлесе Шығанақтан кем түспейді (Ф.Оразаев, Басты тұлға).

ҚАЗАҚЫЛАНДЫРЫЛУ *Қазақыландырыл етістігінің қимыл атауы.*

ҚАЗАҚЫЛАНУ *Қазақылан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Біржола *қазақылану.*

ҚАЗАҚЫЛАУ с ы н. *Қазақылық қасиеті молдау.* Розаның шешесі орта жастан асқан, *қазақылау* кісі екен (Т.Ахтанов, Көккұтан). Алма *қазақылау* келген бір жуас адам, үй шаруасынан бас көтермей таңертеңнен кешке дейін салпылдап жүреді де қояды (Б.Аманшин, Жар мұңы).

ҚАЗАҚЫЛЫҚ з а т. *Қазаққа тән мінез; қарапайымдылық, кеңдік.* – Әрине, *қазақылығыңда* дау жоқ. Мұқан дұрыс айтады (И.Жақанов, Екі жирен). Саядай сұлу қыздың құшағына енген соң, *қазақылық* та, жол да, жора да ұмытылып, кешірілмес тіршілік кешкенін енді білді (Д.Досжанов, Зауал).

ҚАЗАҚЫНАМАЙ с ы н. с ө й л. ***Қазақынамай.*** – Сәкенжан, біз *қазақынамай* адамбыз ғой, сөзіміз қара дүрсін, тұрпайы келеді («Қаз. әдеб.»).

ҚАЗАҚЫРАҚ с ы н. *Қазаққа жақын, қазақтау.* Романдағы қазақтардың бәрі де қазақ қой, бірақ Байжан солардың бәрінен *қазақырақ* (І.Омаров, Шабыт.).

ҚАЗАЛАН = е т. с ө й л. *Қаза болу, өлу.* – Бұл баланың кешегі күн ертемен шешесі *қазаланды* (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). Әкесі совет әскерінің капитаны екен. Москва түбіндегі шайқаста ерлікпен *қазаланыпты* (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

ҚАЗАЛАНУ *Қазалан етістігінің қимыл атауы.*

ҚАЗАЛЫ с ы н. *Өлім-жітімді, қаралы (ауыл, үй). Қазалы* ауылға таянғанда «ой, бауырымдап!» ат қою қазақ руларының сан заманнан келе жатқан көне дәстүрі (І.Есенберлин, Алмас.). *Қазалы* үйдің қайғысын серпілткісі келгенде «тумақ бар, өлмек бардан» бастап, маркұмды тозақ отына жуытпай, пейіштен бірақ шығарады (Т.Тобағабылов, Тағдыр). Мұның бәрі *қазалы* үйдің жүгін біраз жеңілдетіп тастайды (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). *Қазалы* адамдар өлексені айналып өткендей әйелді алыстан айналып өтіп жатты (М.Жұмабаев, Шығ.).

Қазалы болды. а) *Өлімге душар болды, қазаға кездесті.* – Оның үстіне *қазалы болыпп* отырмын. Қаралы қарындасымды

қайын жұртына қалай жіберем? (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). – *Қазалы болды м* деп жүрген Беласар жоқ. Астында дөтілдегі, көшені шаңға көміп ызғытады дерсің (Д.Досжанов, Дария). ә) с ө й л. *Қайтыс болды, мерт болды.* Көрші аудан орталығында тұратын Бекіш деген жолдасым бар еді, қапылыста *қазалы болыпты* (С.Шаймерденов, Өмір.). Ана да, бала да Әділді *қазалы болды* ғой деп қайғырды (А.Сарбөпин, Аспалы.).

Қазалы күні жетті. *Ажалы келді, тіршілігі таусылды.* – Мен сол тасты білуші едім. Бірақ арманыма жете алмай, *қазалы күнім жетіп,* кетіп барам (С.Қасиманов, Алтай.). Қайратым бойдан кеткенше, *Қазалы күнім жеткенше,* «Бір өзіңдей хандардың, Қарыны жуан билердің» Талайын әлі-ақ Найзаның ұшына түйрермін (Ж.Набиуллин, Таныс.).

ҚАЗАН[1] з а т. **1.** э т н. *Тамақ пісіруге арналып, шойыннан я мыстан жасалған ыдыс.* Жерошақ біткеннің көбінде асулы *қазан,* ақ көбігі бұрқылдап семіз ет қайнап жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Жарлауыт өзекті қабақтай қатарластырып қазған жүз шамалы жерошақ, әр ошақта бір *қазан, қазан* толы ет шымыр-шымыр қайнап жатыр (F.Мұстафин, Көз көрген). Кемпір *қазанды* бір шайып тастап, су құйып, сүр салды (Ә.Тарази, Құйрықты.). Алшайып атқа мінген соң, Өтпеген жоқ-ты базарым, Қайнады тіл мен *қазаным* (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** *Металл қорытатын үлкен шойын ыдыс; багранка.* Осы *қазанның* – багранканың әрқайсысы сағатына 40 тонна шойын қорытады (Б.Қожабеков, Көктөбе). – Жүсіпов Мұзапар, Құлжанов Ыбрай және тағы басқалар 1928 жылы май айында мыс қорытатын *қазанның* отын тұтаттық (Ж.Дүйсекеев, Гүлден.). **3.** к ә с. *Судың қыста қатпайтын, балық көп жүретін терең жері.* Мысалы, Жайық өзенін алайық. Домбыдан бастап сонау Орал қаласына дейін балықтың *қазаны* қаншама (С.Хайдаров, Теңіз.). Әдетте мұндай *қазанға* кішкене балықтар өте үйір болады (Х.Арғынбаев, Археология.). **4.** т е х. *Отынды жағу, электр энергиясын, ыстық газ, басқа да технологиялық процестер жылуын қолдану нәтижесінде өндірілетін үлкен қысымды бу немесе ыстық су алуға арналған қондырғы* (Қазақст. ықшам энцикл. сөзд.). **5.** э т н. *Дәстүрлі қазақ қоғамында отбасының ырыс-несібесінің берекесінің символы ретінде ерекше қастерленіп, қасиетті саналатын үй мүлкі, ас пісіретін ыдыс.* Дәстүрлі қазақ қоғамында *қазан* қасиетті саналады (ҚҰЭ). **6.** а у ы с. *Дәм, тағам.* Бір көрмеге тәп-тәтті *Қазаны* мен қалбаңы. Дөң айналмай ант атты, Бүксіп, бықсып ар жағы (Абай, Тол. жин.).

Ау қазаны. к ә с. *Қабадан аудың ең асты, түбі.* Рахметқалидың *ау қазанына* толық жеткен қолы тарғыл өгіздің кескініндей бір зор нәрсеге шап ете түсті («Қаз. әдеб.»). Бәрінің де назары *ау қазанына* ауған («Қаз. әдеб.»).

Бу қазаны. *Атмосфера қысымынан жоғары қысымда бу алу үшін пайдаланылатын қондырғы.* Олар қысқа мерзім ішінде заводтың қосалқы цехтары – құрылыс, механика, электр, транспорт және *бу қазаны* цехтарын қатарға қосты (С.Тәжіғұлов, Асау Ертіс.). Ұлы Отан соғысы жылдарында Балқашқа Мариуполь балық комбинатының консерві заводы жабдықтары мен *бу қазандары* көшірілген еді (М.Тайыров, Балқаш.). Құрылымы бойынша *бу қазандары* су құбырлы және газ құбырлы, ал судың таралу сұлбасы бойынша – көп айналымды және тік ағынды болып ажыратылады (ҚҰЭ).

Екі үйге бір қазан астырды. *Шаш ал десе, бас алды, асыра сілтеді.* Жұмамұрат бүкіл ауылды бидайықтай қуырып, *екі үйге бір қазан астырған* жоқ па («Лен. жас»).

Еңбек қазаны қайнады. *Ел еңбекке қызу кірісті, қауырт жұмыс басталды.* Күн шықты, *еңбек қазаны қайнады* (І.Жансүгіров, Әңгім.). Тереңдеп үңіле қарасаң, *еңбек қазаны қайнаған* шаруашылықтағы сөйлеп тұрған цифрлардың астында қаласың (Т.Қаупынбаев, Жазира).

Еңбек қазанында қайнады [қайнап пісті, шынықты]. *Еңбек етіп ысылды, шынықты. Қазанында еңбек тің қайнағанбыз,* Ұлы құрылыс үстінде – жайнағанбыз. Еңбек туын орнатып ен далаға, Ескілікті талқандап айдағанбыз (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). *Қазанында еңбектің Шынығып* өскен бір жансың. Советтік біздің өмірде Бақытты боп туғансың (С.Мәуленов, Таңд. шығ.).

Ешкімнің қазанын сындырған жоқ. *Біреудің отбасын бұзған емес; бұлік салған жоқ.* – Мен мас болып, *ешкімнің қазанын сындырған жоқпын,* сұра, пожалуйста (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.).

Жабулы қазанды жабулы күйінде қалдырды. *Ешкімге айтпады, сыр білдірмеді.* – Жан керек болса, Күреңбай ең әуелі Нұртайдан бөлініп келсін. Оған шейін *жабулы қазанды жабулы күйінде қалдыра* тұрайық, – деді Елемес (С.Омаров, Қайырлы.).

Жабулы қазан жабуымен [жабулы күйінде] қалды. *Ешкім білмеді, жария болмады; сол*

күйінде қалды. Осы отырған бесеуміз ғана біліп қояйық, *жабулы қазан жабуымен* осы жерде *қалсын* (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). – *Жабулы қазан жабуымен қалсын.* Кек тұтыспайық, қаны бір туыс едік қой (Ғ.Сланов, Асау арна.).

Қазан асқызды. *Тамақ жасатып, ет салдыртты.* – Кемпірдің қолынан дәм татасыңдар. Бағана *қазан аскызып* кеткенмін (М.Мырзақұлов, Ақық).

Қазан асты. *Тамақ жасады, ет салды.* – Қавказ-ау, оған мына Ысқақ пен Дәулеттің бірі барар, сен *қазан асып* жібер, Қаржыкең ет жеп аттансын (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.). – Кәне, *қазан асып,* қымыз әкелмейсіңдер ме? Қонақтардың қарындары ашқан шығар («Қаз. әдеб.»).

Қазан аузынан бөліп ішті. *Көрші-қолаңымен т.б. тату-тәтті тұрып, бар тамақты бөлісті.* «Қарға тамырлы қазақ» дегендей, Байқоңырда да біздің бір ілік-шатыс табылып, сорпа-суанын көрші үйлердің қатын-қалашы *қазан аузынан бөліп ішті* (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

Қазан аумағындай ғана көрінді. *Қазан көлеміндей, шағын болып көрінді.* Баян қаласында жүргенде, *қазан аумағындай ғана көрінетін* көкжиек қазір шың басынан қарағанда, шалғай қиырдай құшағына алып, мұхиттай толқиды (Д.Әбілов, Шығ.).

Қазан бас. *Басы қазандай үлкен (кісі).* Бойы қолындағы күрегінің сабымен бірдей, төртпақ, *қазан бас* қара жігіт сұңғақ денелі қызға ынтыға қапты (С.Сматаев, Алау.). Әсіресе, еліріп алған қара домалақ, *қазан бас* балаларды біреу таяқ алып қуса да кетер сыңайы жоқ (З.Асабаев, Ар соты).

Қазан көтерді. *Тамақ жасауға кірісті, ет асты.* – Қазір дүкенге барып келейін, шай қайнатайын, *қазан көтерейін* (С.Омаров, Қиыр жол). – Сейпілжан, үлкен апаңды шақыр, *қазан көтерсін* (Ә.Көшімов, Қысталаң.). – Бәтеш, *қазан көтеріп* жібер. Жал-жая, қазы-қартаңнан қайыңа сақтағаның бар шығар (Ш.Хұсайынов, Қызыл жалау).

Қазан құйрық қой. *Құйрығы қазандай, үлкен қой.* – *Қазан құйрық* қара *қой* кімдікі еді? О да ешкіден қалысар емес (Х.Ерғалиев, Шындық.). Көкемнің *қазан құйрық қойлары* бір-ақ рет қаужаңдады (М.Тиесов, Дала.). Бірақ осы үйдің *қазан құйрық* қара *қойы* маңырап маза беретін емес (Қ.Сатыбалдин, Шағын пьеса.).

Қазан құлағын [тұтқасын] ұстады. *Белгілі бір қызметке ие болды, билікке қолы жетті.* – Қалада істеп жүре берсем ғой, ендігі мен де бір *қазанның құлағын ұстаған* болмас па едім, – деп досына сәл қызғаныштық білдірді (С.Шаймерденов, Мезгіл). Мұндай жағдайда біздер: «Екеуі *қазан құлағын ұстау* үшін бәсекелесіп жүр», – деп күлкіге айналдыратынбыз (Н.Көшекбаев, Қарулас дос).

Қазанның көбігіндей үйірілді. *Бір жерге үймеледі, иін тіресті. Қазанның көбігіндей үйірілу* қотанда қой жатыр (Қ.Жұмаділов, Шығ.).

Қазанның қақпағындай. *Үлкен, дөңгелек. Қазанның қақпағындай* үлкен, дөп-дөңгелек әрі отқа балқыған темірдей қып-қызыл (М.Мағауин, Шығ.).

Қазанның түп күйесіндей. *Қап-қара, тіпті қара.* Бет-аузын түк басқан көк бет Керімберді сұмдық тұлданды. Беті *қазанның түп күйесіндей* қарайып кетті («Қаз. әдеб.»).

Қазан суыту. *Мініс атты кешкі (түнгі) тамаққа дейін тынықтыру; қаңтарып қою.* Мамандар *қазан суытумен* аттарын отқа қойды (Ж.Орманбаев, Қос басшы).

Қазан үстінен күн көру. *Біреудің даяр асын ішу; даярға әзір болу.* Отыздан аспай жатып ойлағаны – дүние жию, мансап қуу, *қазан үстінен күн көру* (Д.Досжанов, Дария).

Қазаны басқа. *Өз алдына жеке үй, бөлек отау.* Олардың бізден *қазаны басқа* болғалы қашан (Ауызекі).

Қазаны майланды. *Қазанына майлы ас пісірді.* Соғым сойып, *қазаны майланып,* бала-шағасы жетісіп қалды («Жетісу»).

Қазаны оттан түспеді. *Қазаны ылғи (үнемі) асулы тұрды; көп тамақ жасады.* Бір асхана істейді, *Қазаны оттан түспейді.* Мұнда да ешкім ішпейді. Бірақ құдайдың құтты күні Кілең борщ істейді (О.Әубәкіров, Көктайғақ). Бірі асып, бірі түсіріп, Әртүрлі тамақ пісіріп, Ертелі-кеш *қазаны Оттан түспей* қайнаған (XVIII—XIX ғғ. қаз. ақын.).

Қайнаған қазан бауырына төгілгір! қ а р ғ. *Күйіп қалғыр, күйіп өлгір. – Қайнаған қазаны бауырына төгілгір!* – депті (С.Төлешев, Түрлі. бас.). «Құлназаровтың отарларға тықтырып қойған жүз шамалы қойы бар» деп, *қайнаған қазаны бауырына төгілгір,* біреулер домалақ қағаз жүргізіпті үстінен («Лен. жас»).

Қара қазан. а) *Көптен бері ұсталып келе жатқан үлкен қазан.* Оған асылған төрт құлақты *қара қазан* сақырлап, буы бұрқырап қайнап жатыр (С.Бақбергенов, Қоянкөз.). Таңқы мұрын бұжыр келіншек аяқ-табақтарын әзірлеп, *қара қазанның* астына от салды (М.Дүзенов,

Әке бол.). ә) *Шықбермес шығайбай, сараң.* Адам арықтағанда терлеуік болып кетеді екен, әншейінде *қара қазан* Келгембайдың үйі жұтта тамаққа жарыта ма? (С.Бегалин, Уақыт.).

Қара қазан бай. *Кедейден байыған сараң бай, қатардағы кісілерден шықкан шықбермес шығайбай.* Жылқыбай жуырда ғана байыған *қара қазан бай,* қайырымы тек қаймығатын кісісіне тиетін (Ғ.Мұстафин, Шығ).

Қара қазанның қайғысы [қамы]. *Отбасының ішім-жемі, күнкөріс жайы.* Сонда ол кім үшін жүрді, өзінің қара басының қамы, *қара қазанның қайғысы* үшін бе? (Ә.Нұршайықов, Жомарт).

Қара қазан, сары бала. *Бала-шаға, отбасы, жақын-туыс.* Серпілер күн болар ма Елге түскен ауыр хал. Көз жасың да болмады, *Қара қазан, сары бала,* Жетім-жесір, кемпір-шал... (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Қара қазан, сары [сар] баланың қамы. а) *Тіршілік, күнкөріс, отбасы қамы.* Ен жерді мекен етем деп, Игілікке жетем деп, Кеңшілік сүтін ішем деп, Ойменен тон пішем деп, *Қара қазан, сары бала,* Кемпір-шалдың *қамы* үшін (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Қара қазан, сары баланың қамы* үшін сонау алты айшылық жонда жатқан Арқа қазақтарының осы Алатауға астық іздеп шұбырған ақмоншыларының кезерген еріндері, кейіпсіз түстері көз алдыңа келеді.(Ә.Әбішев, Замана). ә) *Бала-шаға өмірі өксімеуін, отбасы адамдығын қорғаштау мағынасында. Қара қазан, сары бала қамы* үшін қылыш сермедік (Махамбет, Өлеңд.). «*Қамы* үшін *қара қазан, сар баланың*» Деместен «бас кесіліп, қор боламын», Қаптаған көк қаруға ол да шықты Түбінде «Жасқұс» пенен Жанқаланың (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Ысқырып қыс келеді қылыш алып, Жан-жағың жаланған жау қаруланып. *Сар бала, қара қазан қамы* үшін, Қонысқа орнығыңдар қайтып барып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). – Керек болса, *қара қазан, сары баланың қамы* үшін түтеген оққа да қарсы баруға тура келеді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Қара қазан, сар[ы] баланың қамын ойлады. *Бала-шаға амандығын, отбасының өксімеуін ойлады.* Тобықты неге келді мұнда көшіп, Мұғаджардан Шыңғысты көзі тесіп. *Қара қазан, сар бала қамын ойлап,* Келді ғой жайлы қоныс табам десіп (Қаз. ақын.).

Құ қазан. *Үйінен ас-су татырмайтын сараң.* Сараны айтамысың... Ол – үйінен су татырмайтын *құ қазан* адам («Лен. жас»).

Қырық қазанның [қырық үйдің қазанының] құлағын тістеді. *Қыдырып жүріп, әр үйден тамақ ішті. Қырық қазанның құлағын тістеп* үйге қайтпасаң, Көншімейді көңілің (Қ.Байсейітов, Беу, қыздар.). Сүмеңдеп күнінеқырық *үйдің қазанының құлағын тістеп* қайтпаса көңілі көншімейтін (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Орта [ортақ] қазан. *Көпшіліктің бірігіп, бір жерден ішетін тамағы.* – Өзің қалаған жұмысыңды аласың. Маржаң *орта қазанды* ұстайды (Б.Дәулетбаев, Сүмбілшаш). Қалашылар базарға әкеле жатқан ұсақ малдары бар, орталарынан бір тоқтыны ақшаға шағып, *ортақ қазан* жасады, біз де тиісті ақша қостық (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек).

Өмір қазанында қайнады. *Күнделікті өмірде шыныкты, шыңдалды.* – Бауырым, сен әлі *өмір қазанында қайнап* піспеген жассың, тәжірибең де аз болар (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

ҚАЗАН[2] з а т. *Қыркүйектен кейін, қарашадан бұрын келетін ай.* Күрең қабақ күз. Мезгіл *қазанның* қақ ортасы (С.Досанов, Қыран.). Орман сыңсып шылайды, Гүлдер қурап бақтағы. *Қазан* дейді бұл айды, *Қазанымыз* – октябрь (С.Оңғарбаев, Дөңде.). Сонда желтоқсан демей-ақ қояйын, *қазан* мен қарашада жас балалары бар шопандар киіз үйде отыра ала ма? («Қаз. әдеб.»).

Қазан айы. *Күздің екінші айы, октябрь.* Бір ай-бір жарым ай айқасқа ол қайтсе де шыдайды, аржағында *қазан айы* келіп, жаңбыр басталады (І.Есенберлин, Қаһар). Ат екпінімен қарсы алдынан қара дауыл тұрып, *қазан айының* мұздай желі кеудесінен қарсы итереді (А.Мекебаев, Жезтырнақ). *Қазан айында* ауа райы құбылмалы келеді, күн үнемі бұлттанып, жаңбыр жиі жауады, жел көтеріліп, қураған шөптер салқын желдің әсерінен қарайып кетеді (Қазақст. ықшам энцикл. сөзд.). *Қазан* – күнтізбелік жылдың оныншы айы, күздің екінші айы (ҚҰЭ).

Қазан болды. *Бақшадағы қауын-қарбыз т.б. жеміс-жидек таусылды.* Содан бері талай жыл өтті, талай қауын *қазан болды* (Р.Райымқұлов, Болат.). Жаздай мына қауын ермек болып еді, енді ол да *қазан болып* келеді (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.).

Қазан етті [қылды]. *Көктей солдырды, құратты; құртты, жойды.* Өтті-ау жылдар, мінді иыққа қарттығың, *Қазан етіп,* бойда раушан гүлімді. Ойлаңдаршы, бұл жүкті әкеп артты кім. Сонда да мен мақтан етем бүгінді

(Ә.Есмырзаев, Арман.). – Жас өміріңді *қазан қылас ың* ба, әке-шешеңнің босағасында қашанғы отырасың (Н.Әбдікәрімова, Сенім).

Қазан соқты. *Аяз ұрды, суық шалды.* Егін сары болғаны – *Қазан соқты,* келді күз. Желге ойнақшып сар теңіз, пістік, пістік, – деп шулар (І.Жансүгіров, Шығ.). Дәмелі сол қаралы хабардан бері *қазан соққан* көк егіндей, келеге келе алмай-ақ қойды (Ө.Қанахин, Дәмелі).

Қазан төңкерісі. т а р. *1917 жылы 25 қазанда Петроградта болған әлеуметтік-саяси, тарихи ірі оқиға. Қазан төңкерісі* кеңестік тарихнамада жаңа заманды – капитализмнен социализмге өту дәуірін ашқан XX ғасырдың басты оқиғасы деп дәріптеліп келді (Қазақст. ықшам энцикл. сөзд.).

Қазан ұрды. *Қазанның қара суығы ұрып, көк біткенді үсітті; көктей солдырды.* Қабырға өзенінің етегінде бітік шыққан көк егіннің тең жарымын *қазан ұрып* кетеді (Қ.Сәрсекеев, Кілт). Әлгінде ғана гүл жайнап тұрған қыз өңі лездің арасында *қазан ұрған* дақылдай күрт өзгеріп, күреңітіп кетті (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Сіз бір гүл аман тұрған *қазан ұрмай,* Тездікпен сола көрме, бақта тұрмай. Көруге жамалыңды жиһаттамын, Басқаға хор да болса мойын бұрмай (Ә.Тәңірбергенов, Ұмытпа.).

ҚАЗАН[3] *Азан-қазан қос сөзінің екінші сыңары.* Ымырт үйіріле өрістен мал қайтып келді. Маңыраған қозы-лақтың үні, үрген иттің даусы. Азан-*қазан,* у-шу (Ш.Сариев, Арайлы.). Күн батардың алдында Азан-*қазан* болды ауыл. – Қойлар келіп қалды ма, Қозыларды ал, бол, Дауыл! (С.Қалиев, Сәлем.).

ҚАЗАНАҚ з а т. өс. <лат. ledum> *Сабағының ұзындығы 1-1,5 метрдей сарғылт түсті ірі гүлі бар улы өсімдік.* Сабақтарының ұзындығы бір жарым метрге дейін баратын қожакендір мен *қазанақ* ішін аралап жан жүре алмайтындай қою болып, биік өседі (Б.Мұханов.., Қазақст. өсімдік.). *Қазанақ* мәңгі-бақи көкпеңбек болып тұратын вереск тұқымдас тік өсетін өсімдік. (М.Қожабеков, Дәрілік өсімдік.). *Қазанақ* ғылыми түрде алғашқы рет 1911 жылы зерттелген (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). *Қазанақ* – көкбұта тұқымдасына жататын мәңгі жасыл, ащы иісі бар өсімдік (Қазақст. энцикл.).

ҚАЗАНАМА з а т. **1.** *Әскери адамның өлгендігі туралы хабар; қарақағаз.* Бозжанов қаза болғаннан кейін оның Алматыдағы туған ағасы Нұрмұхамедтің үйіне әскери бөлімнен мынандай *қазанама* келіпті (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.). **2.** *Дүниеден қайтқан адамның өмірі мен қызметі туралы айтылған мақала, мұнақып.* Бір-екі газетке жарияланған *қазанамаңы* өзіміз ұйымдастырдық («Егемен Қазақстан»). Бұл уақиғаны Ташкентте шығып тұрған «Ақжол» газетіндегі *қазанамадан* көрген Мәшһүр Жүсіп: «Қан түсті алпыс үште аяғыма, оқ тиді түзде жүрген саяғыма», – деп қатты күңіренген көрінеді («Алматы ақшамы»).

ҚАЗАНАС з а т. э т н. *Күзде соғымнан бұрын сойылатын мал.* Әлі соғым сойған жоқпыз, бұл *қазанасымыз* ғой (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ҚАЗАНАСАР: **қазанасар салығы.** к ө н е. *Біреудің қора-жайына мал-жанымен қонғанда берілетін алымның түрі. Қазанасар салығы* біреудің қорасына қонғаны үшін төленеді (мал-жанымен), қоралы малымен қонғаны үшін береді (М.Сұлтанияұлы, Ұрпақ.).

ҚАЗАНАСПА з а т. *Қазан асатын ошақ, қазандық. Қазанаспасында* әлі сөнбеген, жалындап жанған от бар (М.Әуезов, Абай жолы). Алма ас қамымен *қазанаспаның* қасында күйбеңдеп жүр екен (М.Гумеров, Шыңырау). Екеуі тастан қаусырып *қазанаспа* жасап, үстіне шелек қойды (Т.Тілеуханов, Өзге бақыт.). *Қазанаспада* маздаған оты, ыстық шайы Бақтығұлдың көңілін бір минутке болса да жылытып жібергендей болды (М.Әуезов, Тол. жин.).

ҚАЗАНАТ з а т. э т н. *Дене бітімі ірі (кеудесі кең, шоқтығы биік), ұзақ жолға шыдамды, мықты ат.* Ол шын *қазанаттың* тұқымы тәрізді шәлкес, бірақ біздің қолымыз осы, мұндай асауды үйрету – қанибет (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мінуге керек *қазанат* Беліне керек шар болат, Дегенге керек жалаңқат Жаппарға жан аманат (Батырлар жыры). Өзі Тайбурыл, өзі *қазанат* сымдай созылатын кітаптың басындағы суретте тіпті көрінбейді (Ә.Бөкейханов, Шығ.). Арғымақтан туған *қазанат,* Шабуыл салса нанғысыз. Қазанаттан туған қаз мойын Күніне көз көрінім жер шалғысыз (Махамбет, Өлең.д.). Мінсе берік, шапса жүйрік *қазанаты м,* Құлақ сал «Телқоңырға» жамағатым. Баласы Қожағұлдың Біржан салға, Жіберген хат пен қалам, аманатым (Біржан сал, Өлең.д.).

Қазанат дене. *Денесі келісті, мүсінді; шымыр.* Ояздық партия комитеті. Орта бойлы, иықты, бөкен қабақ, бүркіт көз, *қазанат дене* боз жігіт телефонмен сөйлесіп тұрды (Ғ.Мұстафин, Дауылда.). Күнтайдың *қазанат денесі* арық та, семіз де емес (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Баспаға А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының Ғалымдар
кеңесі ұсынған

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ

VIII том

Редакторы
Ш. ЖАМЫҚАЕВА

Суретші
Е. ҚОЖАБАЕВ

Техникалық редакторы
Д.ОМАРҒАЛИЕВА

Компьютерде беттеген
С.АЛТАЙБЕКОВА

Теруге 17.10.2011 берілді.
Басуға 20.10.2011 қол қойылды.
Пішімі 70x100 $^{1}/_{16}$. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі «Arys». Офсеттік басылыс. Есептік баспа табағы 80,5. Шартты баспа табағы 60,45.
Баспа табағы 46,5. Таралымы 10000 дана.
Тапсырыс № 1443.

Тапсырыс дайын файлдан басылды.

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

ISBN 978-601-7293-19-2

ЕСКЕРТПЕ УШІН